

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

ӘДЕБИ СЫН ТАРИХЫ



Алматы
2012

УДК
ББК

ЫСҚАҚҰЛЫ Д.

Әдеби сын тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «Таңбалы» баспасы, 2012.
– 580 бет.

ISBN

«Әдеби сын тарихы» – жоғарғы оқу орындарында жүргізілетін базалық пәннің теориялық әрі іс-тәжірибелік негіздемесі болып табылады. Оқу құралында қазақ әдеби сын өнерінің қалыптасуынан бастап, ХХІ ғасырдағы ұлттық әдеби сын проблемалары толықтай қамтылған. Кітапта баспасөздегі сын және әдебиеттің қоғамдық, әлеуметтік, саяси, теориялық мәселелері кеңінен талқыланады.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистрлеріне, докторанттарына, әдебиеттанушы ғалымдарға, сондай-ақ әдебиет сүйер көпшілік қауымға арналған.

УДК
ББК

ISBN

© Ысқақұлы Д., 2011
© «Таңбалы», 2011

КІРІСПЕ

Әдебиеттану ғылымының құрамдас негізгі үш саласы (әдебиеттің теориясы, әдебиеттің тарихы, әдебиеттің сыны) бар болса, осылардың ішінде оның сынының мәселелерін ғылыми тұрғыдан саралау басқаларына қарағанда кемшіндеу соғып келеді. Тіпті әдеби сынның не екендігі жөнінде де бір ізділік жоқ. Осы күнге дейін зерттеушілер әдеби сынды көркем әдебиеттің бір саласына, әдебиеттану ғылымының құрамдас бір бөлігіне, журналистиканың әдебиет мәселелерін қамтып жазатын тармағына, билік басындағылардың сойылын соғатын идеологиялық құралға, өнерді зерттейтін эстетикаға жатқызатын пікірлер айтуда. Шынында да әдеби сынның табиғаты аса күрделі. Сондықтан да оның осындай сан қырлы сыйпатын ескермей, білмей, оны мынаған жатады деп, біреуіне қоса салу жөн емес. Өйткені әдеби сын – тар көлемге сыймайтын, қоғамдық өмірдің күллі рухани әлеміне қатысы бар сан қырлы, сан сыпатты сала.

Әдеби сын дегеніміз – көркем әдебиет, оның ғылымы мен қоғамдық ғылымдардың, журналистиканың тоғысында пайда болып, күнделікті әдеби өмірді зерттейтін, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, бағалап отыратын, әдеби үдерісте болып жатқан құбылыстарды оқырманның дұрыс түсінуіне көмектесетін, рухани әлем аясында қызмет атқаратын әдеби, ғылыми, публицистикалық, әлеуметтік сыпатты шығармашылық түрі; қоғамдық ғылыми сананың бір саласы; көркем әдебиет жайлы дәуір үні.

Бұл оның қоғамдық рухани өмірдегі бейберекет құбылыс емес, керісінше, ғасырлар бойғы дамудың барысында қалыптасқан өзіндік құрылымы, жүйесі, заңдылықтары бар екендігін байқатады. Сондықтан да сынды зерттегенде, оның осындай сан қырлы ерекшеліктерін ескеріп отырған жөн. Әдеби сынның жүйесіне оның субъектісі (сыншы), нысаны (шығарма, жазушы, әдеби өмір), мазмұны (әдебиеттің өзекті мәселелері), әдіснамасы (талдау тәсілдері), құралдары (ғылым категориялары, жетістіктері), жанлары (рецензия, т.б.), бағыты (оқырман), қызметі (танымдық, бағалаушылық, т.б.), ұстанымдары (халықтығы, жауынгерлігі, т.б.) жатады. Осылардың әрқайсысы қоғамдық өмірдің, қоғамтанудың түрлі салаларымен тығыз байланысты. Мысалы, сынның әдіснамасы жалпы қоғамдық ғылымдармен, оның ішінде философиямен, жанлары журналистикамен, зерттеу нысаны көркем әдебиетпен, қызметі педагогикамен, бағыты әлеуметтанумен (социологиямен) тікелей қарым-қатынаста.

Қазақ әдеби сынының тарихын есте жоқ ескі замандардан бері қарай зерделегенде, оның осындай өзгешеліктері есте тұрды. Әдеби сынның алғашқы ұшқындары, қайнар бастаулары көшпелі өмір сүріп, сөзді аса жоғары бағалаған халықтың ұлттық дүние-танымы, талғамы негізінде жатыр. Одан кейінгі соқпақтары қазақ қоғамының тарихи даму жолдарымен қатар жүрген. Тұрмыс-тіршілікте болып жатқан елеулі оқиғалар, қоғамдық-әлеуметтік жағдай, саяси ой-пікірлердің, ғылымның, баспасөздің дамуы сияқты түрлі факторлар әдеби сынның да жетіле түсуіне өз әсерін тигізген. Бұл ретте әдеби сынның дамуы жалпы қоғамдық сананың өсуімен, халықтың рухани жағынан кемелденуімен қатар жүріп отырған. Қазақ әдеби сынының тарихын зерделегенде, осы мәселелерге көз жетеді.

Қазақ әдеби сынының тарихын жазу барысында осы салада бұрын атқарылған жұмыстардың тәжірибелері ескерілді. Мысалы, орыс әдеби сыны тарихының екі томдығы («История русской критики». М., 1958) академиялық басылым ретінде өткен ғасырдың орта шенінде-ақ жарық көрген. Одан бергі жерде орыс тілінде ғылыми зерттеулері, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтары бар, әдеби сынның тарихына қатысты көптеген еңбектер шығыпты. Мұндай ізденістер әзербайжан, өзбек халықтарында да бар.

Профессор Т.Кәкішевтің «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994, 2003) жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы ретінде екі рет басылды. Бұл еңбек осы мәселеге алғаш рет барып, тұңғыш рет жол салған іргелі жұмыс болды. Мұнда қазақ әдеби сынының тарихы, әсіресе жиырмамыншы ғасырдың алғашқы ширегі саяси-идеялық тұрғыдан егжей-тегжейлі зерттелінген. Ғалымның қазақ әдеби сынының тарихына қатысты басқа да бірсыпыра еңбектері жарық көрген.

Десек те қазақ әдеби сынының даму жолдарын ерте кездерден бастап, қазірге дейін бүгінгі күн биігінен ғылыми тұрғыдан тұтас бір қоғамдық құбылыс ретінде қарастыру қажеттілігі күн тәртібінде тұрған. Қолдарыңыздағы кітап осы бір қажеттілікті өтеу мақсатын көздейді.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ



1. ӘДЕБИ СЫННЫҢ ҚАЙНАР БАСТАУЛАРЫ

Қазақ халқының эстетикалық талғамының қалыптасуына оның өмір сүрген географиялық ортасы, айналысқан шаруашылығы, соған орай қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері тікелей әсер етті. Көшпелі тұрмыста ертеден кешке дейін мал соңында жүрген қазақтың ойы сан тарапқа шарықтап, көңілі көкке қалықтап, ән салып, өлең шығармайтыны жоқ-тұғын. Кешке ауылға келіп, жұмыстан қолдары босап, ел жиналғанда сол көрген-білгендерін майын тамызып әңгімелеу, жаңадан шығарған өлең-жырларын айтып беру дәстүрге айналған. Сөз өнеріне деген талғамы сұлу табиғаттың аясында төрт түлік малдың артында жүріп қалыптасқан, өзі де бір-екі ауыз өлең шығарудан құр алақан емес тыңдаушы алдында өлең, жыр-дастан, ертегі, аңыз, әңгімелер айту оңайға түспейтін. Сондықтан да халықтың арасынан сөзге икемі бар адамдар бірте-бірте сұрыпталып шығып, сөз өнерімен арнайы айналысып, кәсіп ете бастады. Олар тыңдарманның белгілі бір эстетикалық қажеттілігін өтеу үшін халық алдында шаршы топта өнер көрсетіп, халықтық эстетиканың тезінен өтті. Кез кеген өлең шығарушы ақын аталмаған. Ақын аталу үшін алдымен, халыққа танылу керек болған. Әдетте ақындық жолды мұрат тұтқан жас талапкер ел ақын деп таныған белгілі бір ақынның қасында жүріп, ақындық өнердің қыр-сырын меңгерген; көп алдында талқыға түскен. Осындай сабақтардан, сындардан өтіп пісіп жетілген, болашағы барларға ғана ұстаз ақын ақындық батасын берген. Содан кейін барып, жас ақын, шын мәніндегі ақын саналған; көштің алдында өзі жеке дара өнер көрсетіп, өзіндік ақындық мектебін бастаған. Ақындар ақындық батасын кім көрінгенге бере бермеген. Әсіресе елге танымал ақындардың сынынан өтіп, ақын атану екінің бірінің қолынан келе бермеген. Ақынның қандай екендігі ұстазына қарай бағаланған. Сөйтіп, қазақ арасында өлең шығара бергеннің бәрі ақын атала бермеген. Халықтың эстетикалық қажеттілігіне қызмет етіп, танымал ақындардың сөз өнеріне деген жоғары талаптарынан, сынынан өткенде ғана ақын атына ие болып, ел құрметіне бөленген. Сөйтіп, ғасырлар бойы жасалынған ауыз әдебиеті небір аумалы төкпелі заманалар бойында халқымыздың рухани қажеттілігін эстетикалық талғамына сай қанағаттандырып уақыттардың дауылынан, қаншама қатал сыннан өтіп бізге жетті; болашаққа да осылайша кете бермек.

Өзге де халықтар сынды қазақ халқы да сұлулық пен әсемдікті айрықша ардақтай білген. Халықтық эстетикаға негізделген ауыз әдебиетінде қаншама бедерлі бейнелер, көркем көріністер жасалынды десеңізші. Лиро-эпостағы қазақ қыздары қазақ сұлуларының тұтас бір галлалериясы дерлік. «Қазақтың сұлу қыздары қандай болады?» дегенде оған эталон ретінде Қыз Жібектің, Баян сұлудың, Ақжүністің арман бейнелерін ұсынуға болады. Бұлар – халықтың сұлу қызы туралы идеал бейнелерінің жиынтық көрінісі. Басқасын былай қойғанда, бір ғана Қыз Жібектің бейнесі неге тұрады. Қыз Жібек жырындағы көштің көрінісі, Қыз Жібекті іздеп келе жатқан Төлегеннің көш бойы кездестірген қыздарының бірінен бірі асқан сұлу бейнелері қазақ әдебиетінің ғана емес әлемдік сөз өнерінің де үздік үлгілерінің қатарында. Ал «Қобланды бағыр» жырындағы Тайбурылдың шабысы да – дүниежүзілік әдебиетте кездесе бермейтін көркем құбылыстардың бірі. Алдында көлденең жатқан көк тасты тіктеп тиген тұяғы саз балшықтай илеген, ошақтай тұяғынан оймақтай ғана қалған, үстіңгі ерні көк тіреп, астыңғы ерні жер тіреп, ертеден шапса кешке озған, кешке қарай жын қаққандай гулей түскен Тайбурылдай тұлпар әлемдік әдебиетте жоқ десе де болады. Тайбурыл сияқты тұлпарды аттың қадірін, сынын жақсы білетін қазақ ақындары ғана сомдай алады.

Сонымен бірге ауыз әдебиетінде ерлік пен ездік, адалдық пен арамдық, жақсылық пен жамандық, достық пен қастық, адамгершілік пен хайуандық сияқты адам өмірінде жиі кездесетін қасиеттер де сан мәрте сараланған. Осының барлығы да адамдардың бойындағы кемшіліктерді әйтеуір мінеу мақсатында ғана емес, оған қоса болашақ ұрпақтың адамгершілігі мол, білімді, парасатты, елін қорғап, халқына адал қызмет жасайтын абзал азамат болып өсуі

үшін жасалынды. Өйткені алдыңғы ата, аға ұрпақтар рухы биік елдің болашағының да зор екенін біліп, сол мақсатқа қызмет еткен.

Сыншылдық ой-пікірлердің барынша өткір көрінген жері ақындар айтысы болды. Басқа халықтар әдебиетінде онша кездесе бермейтін ақындар сайысы – қазақ әдебиетіне ғана тән ерекше құбылыс. Бірден суырып салып айтылған айтыс өлеңдерінде қарсылас жақтың түрлі кемшіліктерімен бірге сөз саптауларындағы селкеуліктер де қатал сынға ұшырап отырған. Орынсыз айтылған бір ауыз сөздің өзі қанша мықты ақын болса да жеңіліске ұшыратқан. Өткен ғасырларда небір классикалық үлгілері жасалынған айтыс өнері бүгінгі күндері де жемісті жалғасын тауып келеді.

Сұлулықты, әсемдікті танып білудің негізгі заңдылықтары барлық халықтар үшін ортақ болғанымен де кейбір тарихи, географиялық, шаруашылық, діни, наным-сенім жағдайларынан туындайтын ұлттық ерекшеліктері де болмай қоймайды. Мысалы, еуропалықтар мен азиялықтардың сұлулық категорияларында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Сол сияқты бір құрлықта көрші тұратын халықтарда да елеулі ерекшеліктер байқалады. Мысалы, барлық тұрмыс-тіршілігі малмен байланысты болған қазақтарда сұлулық атаулының дені төрт түлікке қатысты болып келеді. Қазақтар сұлу қыздың көзін ботаның көзіне теңеп, «ботагөз» атаса, еуропалықтар да түйеге қатыстының барлығы да керісінше ұғынылады. Сол сияқты қазақ баласын «құлыным», «қошақаным», «ботам» деп жатса, басқа ұлт өкілдері «малға теңегені несі» дегендей, таң қалып жатуы мүмкін. Ал қазақ үшін жесе тамақ, ішсе сусын, кісе киім, көссе көлік болатын төрт түлік малдан қасиетті, оның төлінен сұлу, сүйкімді нәрсе жоқ бұл тіршілікте.

Сондай-ақ көкөрай шалғын сайын дала, айдын шалқар көл, басына бұлт қонақтаған асқар тау да табиғи үйлесімділіктің асқан сұлулықтың нағыз өзіндей қазақтың жан дүниесімен сәйкестік тауып, көңілін шарықтатып көтереді; нәзік сезім пернелерін оятып, ән салдырады. Елін сүю, отанын қорғау – ер азаматтың басты парызы деп білген қазақ үшін тұлпар мініп, бес қаруын асынған жігіттен сұлу жігіт жоқ. Ауыз әдебиетінде «жігіт болсаң, осындай бол» деп үлгі тұтатын небір батыр, ақылды, өнерлі, тапқыр жігіттердің бейнесі асыл сөздермен сомдалды.

Жар сүю, өсіп-өну өмір сүрудің, бақытқа жетудің негізгі шарты деп санаған қазақ үшін жардың орны, ананың рөлі бөлекше. Ғашықтық жырларында, шіркін, қыздар осылай болсайшы деген армандардан туындаған Қыз Жібектей, Баян сұлудай, Ақжүністей, Құртқадай, Гүлбаршындай, Айман-Шолпандай арулар қазақ қыздарының биік эталонына айналды. Ұрпақсыз қазақ өмірінің мәні жоқ. Сондықтан да қазақ үшін бала емізіп отырған әйелден сұлу әйел жоқ.

Міне, осы сияқты сұлулықты сезінудің, ол туралы таным-түйсіктің өзі халқымыздың тұрмыс тіршілігінен өмір туралы түсінігінің болашақты ойлауынан барып туындап, ғасырлар бойы қалыптасып, тұтас бір халықтың ұлттық ерекшелігіне айналып, оның ауыз әдебиетінде шынайы көрініс тапқан. Сонымен көркем әдебиет, оның ішінде әсіресе ауыз әдебиеті – халықтың сөз өнеріне деген ғасырлар бойы қалыптасқан сыншыл көзқарасының, халықтық эстетиканың жемісі, көрінісі. Сондықтан да әдеби сынның қайнар бұлақ бастаулары халықтық эстетикада жатыр. Халықтық эстетика ауыз әдебиетінде бар болмысымен көрініс тапса, кейінгі жазба әдебиеті дамып, профессионал әдеби сын қалыптасқан кезде де өз ролін жоймайды. Шын мәніндегі әдеби сын өзінің ұлттық эстетикалық негізіне сүйенгенде, халықтың жүрегіне ғасырлар бойы жол тартып, эстетикалық; ләззат, рухани қуат беріп келген терең тамырлардан нәр алғанда барып өзінің қиын да құрметті миссиясын ойдағыдай орындай алады.

2. КӨНЕ ДӘУІРДЕГІ ӘДЕБИ СЫН

Көне дәуірдегі әдеби мұралар күллі түркі халықтарына ортақ болып келетін XV ғасырға дейінгі кезеңді қамтиды. «Қазақ» деген атаудың белгілі бола бастауы XV ғасырдан басталса, одан арғы түркі дүниесіне бірдей қатысы бар ең алғашқы әдеби ескерткіштер ретінде Орхон-Енисей жазбалары аталып жүр. Күлтегін мен Білге хандар қайтыс болғанда басына қойылған құлпытастарға олардың өмір жолдарын, халқына еткен қызметтерін сына жазуымен ойып салған жазбалардың әдеби сипаты бар. Бұл жазулардың жай ғана жазбалар емес, ел басқарған, халқына жақсылық жасаған азаматтардың өнегелі өмірін кейінгі ұрпаққа паш ету мақсатымен сол кездегі сөз өнерінің бар қуатымен жазылғандығы көрінеді. Өнер бар жерде оған деген пікірі

де бар. Түркі халықтары сөз өнерінің алғашқы үлгілері саналатын Орхон-Енисей жазбаларында көркемдік танымды таңытатын парасатты пікірлер мен бейнелі сөздер баршылық. Мысалы, «Табғаш халқының сөзі тәтті, бұйымы асыл еді. Тәтті сөз, асыл дүниесіне көп алданып, түркі халқы қырылдың, түркі халқы жойылдың». «Қол қосылса – күш өсер», «Жұқаны таптау оңай, жіңішкені ұзу оңай»¹ деген сияқты сөйлемдердің, көркемдік қуаты жоғары. Ауыз әдебиетіндегі жоқтау үлгісімен жазылған Күлтегін мен Білге хан жазбаларында осы сияқты көркем сөз кестелері баршылық. Осындай көркемдік сипаты айқын Талас-Шу ескерткіштерінде де ойлы сөз өрнектері жиі кездеседі.

Қорқыттың атына байланысты аңыздар кейінгі кездерге дейін ауыз әдебиеті үлгісі түрінде ұғынылып келсе, соңғы зерттеулер оның нақтылы өмір сүргенін, бірсыпыра шығармаларын, күйлерін анықтап, түркі халықтарына ортақ ойшыл екенін дәлелдеп отыр. Оның үстіне Қорқыт есімі түрік, әзербайжан, түркімен, өзбектерде біршама зерттелініп, олардың әдебиет тарихтарынан тиісті орнын алған. Қазақ әдебиетінде де Қорқытқа байланысты шығармалар баршылық. Халық қамын жеген кемеңгер бабаның өмір туралы «Қар қаншама жауғанмен – жазға бармас. Гүлденіп өскен бәйшешек – күзге бармас» деген сөздерінде терең философиялық толғамдар бар. «Жердің соны шөбін киік білер. Жайылым жердің көкорай шалғынын құлан білер. Айырым-айырым жол сүрлеуін түйе білер. Жеті бұлақтың хош иісін түлкі білер. Түнде керуен көшкенін қара торғай білер. Ұлдың кімнен туғанын анасы білер. Ердің батқанын ат білер. Ауыр жүктің салмағын тұлпар білер. Қай жерде сұлу саз барын бөкен білер. Қапелімде бастың ауырғанын ми білер... Ер жомартын, ер бақылын жырау білер»², – деген сияқты шешендік, жыраулық толғауларды нағыз қазақы философиялық ойларды тербеткен сұлу сара сөздердің құдіретімен құлпырта түскен. Сол сияқты «Ат тұяқты келеді, ақын тілді келеді», «Күйік үшін өлейін, тілің үшін өлейін құлыным», «Тізгінсіз тіл бас жұтқызар», «Ақын тілі – қақсауық» сияқты нақыл, өсиет түрінде айтылған тіркестерде де тіл құдіреті көркем кестеленген.

Екінші Аристотель атанған отырарлық әл-Фараби (870–950) сөз өнері жайлы да құнды еңбектер жазып қалдырды: «Сөз ғылымын жүйелеу», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме (поэтика, риторика, софистика)», «Өлең кітабы», «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат», «Поэзия туралы» т.б. Бар ғылымды беске жіктеген ғалым бірінші кезекте тіл туралы ғылымды айтады. «Сұлулықтың кілті: – сәйкестікте, бұл жоқ жерде сұлулық аз», «сұлулық сүйсіндірсе, ұсқынсыздық жирентеді» деп білген әл-Фараби поэтиканы өлең құрылысы мен оның өлшем түрлері, ұйқас, әуезділік деп үш тұрғыдан қарайды. Ол әсіресе араб-парсы поэзиясын зерттеп, олардың он бір заңдылық-талаптарын көрсетеді. Олардың ішінде қазақ өлеңіне де қатысты сөздің бейнелілігі, ұйқас, ішкі ұйқас, бунақ, ырғақ, әуенділік, буын, тармақ, шумақ хақында ғылыми пікірлер білдірді. әл-Фараби поэзияны өлең құрылысы, ұйқас, әуезділік тұрғысынан қарастырған. «Өлең – біздің сезімімізге, қиялымызға, ақыл-санамызға әсер ететін сыртқы дүниенің көрінісін қайта еске түсіре білу» – деп жазады ол.

Әл-Фараби сол кездегі грек поэзиясын 13 түрге жіктейді: трагедия, дифирамб, комедия, ямб, драма, эпос, диаграмма, сатира, поэмата, эпос, риторика, амфигеноссос, акустика. Осылардың әрқайсысына анықтама берген. Мысалы, «Трагедия дегеніміз, арнайы өлшемі бар, бәріне: тыңдаушыға, һәм айтушыға да ләззат беретін поэзия түрі. Онда еліктеуге тұрарлық, үлгі алар орайлы оқиға бар; онда билеушілер мен шаһар манаптары марапатталады. Орындаушылар әдетте оны патшазадлар алдында келістіріп айтып береді. Егер патша өлсе, олар трагедияның орнына кейбір әуен қосып, марқұмды жоқтайды»

«Эпос – мейлінше көркем, немесе, әдеттен тыс эмоциялық; күшімен ләззат беретін поэзия түрі»³. Әл-Фараби өзінің поэтика туралы еңбектерін араб, парсы, грек поэзиясына сүйене отырып жазғанымен, онда жалпы өлең теориясына, оның ішінде қазақ поэзиясына да тікелей қатысы бар маңызды пікірлер айта білген.

Жүсіп Баласағұнның (XI ғасыр) «Құтты білігі» түркі халықтарының ортақ асыл сөз қоймасы іспеттес. Талай ғасырдың тәжірибесінен туған даналық шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, ой-толғамдар «туысқан халықтармен қатар қазіргі қазақ тіліне де үндес. Осы кітаптағы «ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз», «таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», «сөз қалады, таяқ табы кетеді», «сөз ойдың көрінісі», «тіл мен сөз – көңілдің айнасы» сияқты сөз тіркестері мен

¹ Қорқыт ата. Энциклопедиялық жинақ. А., 1999.

² Әл-Фараби. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат. «Лениншіл жас», 20.06.1973.

³ Сонда, 596-бет.

«Естінің сөзі – хауаздық лебіндей есер,
 Есердің сөзі – сүйрендеп өз басын кесер,
 Айтар болсаң, әр ойынды қадап айт,
 Бір сөзінді мың толғамға балап айт.
 Тіл кісіні қадірлі етер, бақ қонар,
 Тіл қор қылар, кететұғын бас болар.
 Сөзінді бақ, басын кесіп алмасын,
 Тілінді бақ, тісің сынып қалмасын.
 Тілінді бақ, басың аман болады,
 Сөзді қысқарт, жасың ұзақ болады.

Бір сөзбен-ақ мылжаң мен күлкі болып тынарысың⁴ – сияқты өлең тармақтары сөз өнеріне деген биік талапты, жоғары эстетикалық талғамды, сыншыл ойларды аңғартады. «Құтты біліктегі»:

«Ауыздан бірде от, бірде су шығар,
 Бірі жанса, бірі сөндірер.
 Аққан су ол – жақсы сөз,
 Қайда ақса, сонда гүл өсер» – деген шумағы сөз құдіретін дұрыс түсінуге

үндейді.

Сонымен «Орта ғасырдың аса көрнекті ақыны, ғажайып сөз зергері, энциклопедист ғалым, көрнекті мемлекет қайраткері Жүсіп Хас Хажиб Баласағұнның «Құтадғу білігі» дастанының әдеби, тарихи, ғылыми мәні ерекше зор»⁵

Махмуд Қашқаридың «Түрік тілдерінің лұғаты» («Диуани лұғат ат Түрік») атты еңбегінде де сөз өнері жайлы ойлы өрнектер баршылық. «Әдептің басы – тіл», «Тілімен дастарханға жетер» (тілді адам бай дастарханға жетеді), «Ақылды сөз алтын табакқа жеткізер», «Тілмен түйгенді тіспен шешпес», «Ержігіттің сөзі бір(еу)»⁶, «Жақсы адамға сөз ереді» – сияқты тіркестерден түркі халықтарының өміріндегі тілдің маңызы айқын көрінеді. Сол кездегі түркі халықтарының тілі мен әдебиетінен, мәдениеті мен тарихынан мол мағлұматтар беретін бұл сөздікке, екі жүзден астам өлең, үш жүздей мақал-мәтел, көптеген қанатты, көркем кестелі сөздер енген. Өз кезінің шын мәніндегі энциклопедиясы дерлік бұл еңбекке кірген әдебиет үлгілері оның авторының сөз өнеріне деген сыншыл өресінің жоғары екендігін аңғартады. Сонымен бірге М.Қашқаридың түсіндірме сөздігінде қазақ өлеңіне ұқсас шумақтар мен жырлардың көбірек орын алғандығы байқалады.

Сопылық поэзияның негізін салушы Қожа Ахмет Йассауидың төрт жүз шумақтан тұратын «Диуани Хикмет» кітабы – күллі түркі әлемі қадір тұтатын аса бағалы еңбек. Өмір сүрудің жалпыға ортақ қарапайым қағидаларын ұсынған бұл кітап адамгершілік қасиеттердің асыл қазынасы іспеттес. Автор өмірде кездесетін түрлі әділетсіздіктерді аяусыз сынап, адамшылықтың ақ туын биікке көтереді. Өмірге сын көзімен қарап, терең ойлар түйе білген Йассауи оны оқырмандарға жеткізе білуде де сұлу сөзді саралап, сыншылық жоғары талғам көрсете білген; өлең шумақтары көбіне мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркестері тәріздес көркем де жинақы, түсінікті келеді.

Тағы бір түркістандық Ахмет Жүйнекидің (Югнаки) «Ақиқат сыйы» атты кітабы да дидактикалық сарында жазылған. Автор ақын болғандықтан да өмір туралы айтылар ойлар барынша айшықталып берілген. Сондықтан да мақал-мәтелде сатиралық өлең шумақтары жиі кездеседі. «Не келсе де тілден келер бір басқа, осы тілге табынбайды құр босқа», «Тіл мен жақтың көркі – шындық сөз» сияқты тіркестерде сөз өнерінің биік нысанасы анық айтылған. Әдептілік бастауы дұрыс сөйлеу. Сондықтан да

«Тілді тый – сонда тісің сынбайды,
 Жөнсіз шыққан тілден тісің қағылар.
 Сөз есепсіз – тілді тый, тарт, ұста,
 Тыймаған тіл басыңа сор әр тұста.
 Есепті сөз – ер сөзінің асылы,
 Мылжың тілді «жау» деп ұғын тартыста.

⁴ Н.Келімбетов. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. А., 1986, 138-бет.

⁵ Махмұд Қашқари. Түбі бір түркі тілі. А., 1993, 39-56 беттер.

⁶ Н.Келімбетов. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. А., 1986, 165-бет.

Ақылды ма көп сөйлеген күбіне,
Талай бастың тіл жетті ғой түбіне.
Оқ жарасы жазылады, бірақ та

Тіл жарасы жазылмайды, түбінде?» – деп адамдарды абайлап сөйлеуге мәдениеттілікке үндейді. Сөз құдіретін жоғары бағалаған ақын өзгеге де, өзіне де сын көзімен қарай біліп, артына өлмес өсиеттер қалдырады.

Алтын Орда дәуірінің XII–XVI ғасырлардағы әдеби мұралары айтарлықтай көп сақталмаған. Бұл кездегі әдебиет өкілдерінен біз Саиф Сарай, Хорезми, Құтб, Дүрбек, Лутфийи, Сайдахмад, Әли Атан, Рабғазы, т.б. Шығармаларын білеміз⁷. Тарих түнегінен біздерге С.Сарайдың «Гүлстан», Құтбтың «Хұсырау-Шырын», Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха», Хорезмидің «Мұхаббат-нама», Рабғузидің «Қисса-сұл Әнбия» сияқты шығармалары және қыпшақ тілінің жинағы «Кодекс Куманикус» жеткен. Бұларда тіл өнері жайлы арнайы айтылған пікерлер жоқ болғанымен де, көркемдіктің жоғары талаптары негізінде жазылғаны көрінеді.

XV ғасырда жеке хандық құрып, қазақ халқы тарих сахнасына шыққан кезден бастап, ұлттық сөз өнері биік асуларға бет алды. Халық арасынан іріктеліп шыққан тілі жүйрік, орақ ауызды ақын-жыраулардың, дуалы ауыз би-шешендердің беделі ел арасында аса жоғары болды. Ер азамат сөзімен бағаланды. Ердің екі сөйлегені өлгені саналады. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп білген халық әділдікті ту қып көтеріп, халықтың сөзін сөйлеген, билік тізгінін ұстаған билер, жыраулар ел ішіне кеңінен танымал болды. Қазақ хандары ел билеу істерінде сөз ұстаған беделді ақын-жырауларды, билерді қасына тартып, солар арқылы халықпен тіл табысып отырды.

Қазақ хандығы дәуірінде Асан қайғы, Сыпыра, Қазтуған, Доспамбет, Шалғез, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтанберді, Бұхар, Тәтіқара, Қожаберген, Үмбетай, Шал сияқты әрі ақын, әрі философ, әрі қайраткер жыраулар қазақ поэзиясы қазақ үшін өмірдің мәнін түсінудің философиялық әліппесі іспеттес. Ақын-жыраулар адамдардың моральдық болмысына айрықша назар аударып, үлкен талаптар қоюмен бірге сол адамдардың бір-бірімен негізгі қатынас құралы саналатын тілге де ерекше мән берген. Осындай ойларын мақал-мәтел дерлік поэтикалық шумақтар арқылы түйіндеп отырған. Бұл ретте дала философы Асан қайғының «Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатқан сөз шер толқытса шығады» – деген даналық сөзінің мәні тереңде жатыр. Шын мәніндегі сөз өнеріне, яғни терең ойды жеткізудің оңай еместігіне, шыңыраудан атқылап шығып жатқан тас бұлақтың мөлдір суындай жүректің түкпірінен жарып шыққан сөздердің ғана жарқырап жүрекке жете алатынына назар аударып, сөз өнеріне үлкен талаптар қойып отыр. Сөзге үлкен талаптар қойып, оны аса қадірлей білген ақын-жыраулар небір асыл үлгілерді артына мирас етіп қалдырды. Асан қайғы:

«Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтіп күн көрер?
Аяғы жоқ, қолы жоқ.
Жылан қайтіп күн көрер.
Хан менен билер қысқанда
Халық қайтіп күн көрер?
Онда халық түнерер.

Халықтың кегі күшке енер» – деп, халық қагуланса, ханның күні қиын болатынын ескерткен, Қазтуған жыраудың:

«Жабағылы жас тайлақ,
Жардай атан болған жер.
Жатып қалған бір тоқты
Жайылып бір қой болған жер.
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең» – деп тенеу, эпитет, метафора, дыбыс қуалаушылық сияқты

көркемдегіш құралдар арқылы ата қоныстың романтикалық бейнесін жасаған. Доспамбет жыраудың:

«Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым өкінбен.

⁷ Ай-заман-ай, заман-ай. А., 1991, 34-бет.

Толғамалы баста қолға алып
Топ бастадым өкінбен....
Ту құйрығы бір тұтам,
Тұлпар міндім өкінбен.
Туған айдай нұрланып,
Дулыға кидім өкінбен⁸»

Ақтанберді жыраудың:

«Күлдір-күлдір, кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз.
Күрек түсін қасқитып,
Сұлуды құшар ма екенбіз.
Күдеріден бау тағып,
Кіреукеден тон киер ме екенбіз
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай кез,
Сауыт киер ме екенбіз⁹ – деп, күндей күркіреген, Шалгез жыраудың:

«Алғаным ару болмаса,
Алдыма алып сүймен-ді.
Дулығамның төбесі,
Туған айдай болмаса,
Батыршылық сұрменді¹⁰ – деп, асқақтаған, Жиёмбет жыраудың:

«Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқының асау тайындай.
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре мен жайындай.
Беріктігім сұрасаң,

Қарағай мен қайындай¹¹ – деген, көркемдік қуаты толысқан өлең жолдары уақыт белестерінен өтіп бүгінгі күнге жетіп отыр.

«Бұқар – сөз қадірін білген шешен. Ол сөз өнерінің күдіретін жете танып, жоғары бағалайды¹². Ол өлеңді «сөздің данасы, шындықтың шырақ анасы» – деп бағалайды:

«Өлең – сөздің данасы,
Шындықтың шырақ анасы.
Жаныңның жайлы панасы,
Ойыңның өткір санасы...
Өлең ойлап есіме,
Түседі қазақ данасы».

Профессор Х.Сүйіншәлиев осы өлеңнің Абайдың «Өлең – сөздің патшасымен» үндестігін атап көрсетеді¹³. Тағы бірде жырау:

«Үлгісіз сөз болмайды,
Матасыз бөз болмайды.
Сөз ұғарлық ер болса,
Айтылмас шын сөз болмайды,
Алтындай асыл сөзінді,
Қадіріне жетіп бағалар,
Тыңдайтын ер болмайды», – дейді.

Айтылған асыл сөзді түсінудің өзі де ер-азаматқа үлкен сын екенін мегзеп тұр.

⁸ Сонда, 61-бет.

⁹ Сонда, 34-бет.

¹⁰ Сонда, 36-бет.

¹¹ Х.Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1997, 358-бет.

¹² Сонда, 359-бет.

¹³ Ай-заман-ай, заман-ай. А., 1991, 27-бет.

Шал ақынның «шешен сол – сөйлер сөзден жаңылмаса», Қобыланның «Сөзімді сом жібектей өріп айтам, Өлеңді жүйрік аттай желіп айтам, Ерікті қызыл тілге беріп айтам, Қайнаған тұтас денем күй менен жыр, Өнерге кеуде толған сеніп айтам», Абылдың «Қызыл тіл Жиреншедей тілім, тақсыр, Қызыл тіл – өнер алды, білім тақсыр», Дулаттың «Өнер алды – қызыл тіл, Оқып алса, керек сөз, Алтынға құйған балмен тең», «Шашудай болып шашылар, Меруерттей асыл сөз деген. Жыршылардың шәкірі, Асыл сөзді езбеген. Нысананы дәл басып, Қалаған жерден көздеген», Шернияздың «Қызыл тіл сөз сөйлесем безерілген. Осындай қызыл тілге шеберімнен», Мәделінің «Өлеңім – темір мылтық сегіз қырлы», Сүйінбайдың «Халықты тілмен қорғадым, сөз шындыққа келгенде, Бас кессе де болмадым» – деген жыр жолдарынан олардың өлеңді қасиетті өнер санап, биік талаптар қоя білгендігі көрнеді.

Майлықожа ақында өлеңді аса қадірлеп, оның қасиеті жайлы жолдарын қалдырған. Бір өлеңінде:

«Мәлім болған халыққа,
Өтірік емес анықта,
Өнер алды тіл еді»¹⁴ – өлең өнерінің өмірдегі орнын анықтайды да
«Шын жүректен шыққан сөз,
Тасқа таңба басқандай.
Өтірік сөз өркенсіз,
Майлы күйе жаққандай.
Ауыздан шыққан асыл сөз,
Жаһанға жауһар шашқандай,
Айтпайды нақлият сөз ақын бекер,
Өнеге алса халық нақыл етер» – деп сөз сиқырын аша түседі. «Ақынның анық

жүйрігі» атты толғауында:

Ақынның анық жүйрігі,
Жөнелсе сөзге құйылып.
Иіріміндей теңіздің,
Алдына жұртты үйіріп.

Майдай жағып маңызы,
Есіткен тұрса сүйініп.
Бір жағы жұрттың гүл ашса,
Бір жағы тұрса күйініп» – деп жырлайды. Дүлдүл ақын Майлының ойынша:
«Жайма шуақ қай ақын
Тұрмайды сөзге тыйылып...
Есіткен халық көктесе
Көктемгі егін еккендей
Сөзіне сөзі соғысса,

Дарияның аққан селіндей» – болуы керек. Сонымен біз мысалдар келтіріп отырған Майлықожаның «Тәтті жырым төгілсін», «Ақынның анық жүйрігі» атты өлеңдерінде қазақ өлеңінің қадір-қасиеті, оған қойылатын биік талаптар бейнелі көрініс тапқан.

Осы тектес өлеңді Базар жырау да жазған. Ол «Өлеңнің аққан көзі едім» атты өлеңінде:

«Қайыңның қатты безі едім,
Өлеңнің аққан көзі едім.
Сөйлер сөзге келгенде
Шебердің құрған тезі едім.
Есіткендерді емірентіп,
Өртедім оттай өзегін.
Талай жерді тындатып,
Қызыл тілді безедім»¹⁵, – деп, өзінің ақындық өнері жайлы толғанған.

Сөйтіп, жазба әдебиетке дейінгі ауыз әдебиетінің ірі өкілдері ақын-жыраулар поэзиясынан сөз өнеріне қойылған биік талаптарды көреміз. Сөзге тұрған «Көмекей әулие» деп тілге

¹⁴ Сонда, 111-бет.

¹⁵ Ш.Уалиханов. Таңдамалы. А., 192-194-беттер.

табынған халқымыз нағыз ақын-жырауларды, би-шешендерді барынша қадірлеген. Олардың өнеріне көркемдігі жағынан, халықтығы тұрғысынан қатал талаптар қоя білген. Халықтың ойынан шығып, тілдің қоғамдағы аса маңызды ролін жете түсінген оны қасиетті өнер санаған ақын-жыраулар қазақ поэзиясының классикалық үлгілерімен бірге жасады.

Ақын-жыраулар өлең сөздің теориясын білген жоқ; бірақ та өнердің көзге көрінбей өмір сүретін ортақ заңдылықтарын, нәзік те сиқырлы қасиеттерін сезіне білді; соған орай өздерінің ақындық жолдарын дұрыс бағытта ұстап, халықтық поэзияның биігінен көріне білді. Олар поэзия былай болуы керек деп түсіндіріп жатпағанымен де қалай болуы керектігінің шынайы үлгілерін жасап, көрсетті. Өлеңдерінде арақидік кездесетін тіл туралы толғаныстарының өзінен-ақ поэзияға қойылатын негізгі талаптарды дөп басып айта білгендігіне көзіміз жетеді. Әсіресе, поэзияның қоғам өмірінде алатын орнын жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп, адамгершілікке үндейтін құлақ құрышын қандырып, сұлулықты уағыздайтын тәрбиелік қызметтерін дәл айқындап берген. Сонымен бірге орақ ауызды, жалын сөзді тілмар шешендер сөз күдіретін адамдар арасындағы қарым-қатынастардағы әділеттілік үшін күрестің басты қаруы ретінде пайдалану үлгісін көрсетіп берді.

3. АҒАРТУШЫ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ ӘДЕБИ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

XIX ғасырға дейін қазақ әдебиеті негізінен ауызша ақындық поэзия түрінде болып келсе, енді жазба әдебиет өкілдері шыға бастады. Бұрыннан келе жатқан араб графикасындағы шығыстық үлгідегі кітаби ақындармен бірге орысша оқыған сауатты, білімді азаматтар көрінді. Жергілікті ұлт өкілдерінен кадрлар даярлаудағы отаршыл орыс үкіметінің басты мақсаты – өз саясаттарын жүргізетіндерді бодан елдің өз ішінен даярлау болатын. Бұл саясат белгілі бір дәрежеде жемісін де берді. Солай бола тұра, орысша білім алғандардың ішінен халқының қамын ойлаған ұлтжанды зиялы азаматтар да шыға бастады. Солардың ішінде, әсіресе, Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың жұлдыздары қазақ мәдениетінің көгінде жарқырап жанды.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов әдебиет жайлы да құнды пікірлер айта білді. Ол Жетісуға, Ыстықкөлге, Жонғарияға, Қашқарияға жасаған сапарлары кезінде ел ішінен әдебиет үлгілерін жинады. Қазақтың «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» жырын алғаш рет қағазға түсіріп, пікір айтты. Шоқанның қазақ халқының ақын жандылық қасиеті, дамыған поэзиясы жайлы білдірген пікірлері аса қызғылықты. Ол қазақ ауыз әдебиетін өзге халықтардан биік қояды: «Поэзияға құмарлығы, әсіресе, өлеңді шығарып айтуға құмарлығы – көшпенділердің айқын белгісі». «Дала көшпелілерінің поэзия мен шынайы сезімділікке бейім болуына өмір бойы табиғат құшағында жүруі, жасыл желекті даланың, ашық аспанның көріністері мен көшпенділік тұрмысы әсер етпесіне кім кепіл». «Өзінің поэтикалық дарындылығы жағынан қазақтар бірінші орынға ие екеніне дау айту қиын». «Импровизаторлық өнері жағынан қазақ ақындары көшпелі араб ақындарынан бір де бір кем түспейді». «Мұндай қасиеттің болуына көшпелілердің алаңсыз өмірі әсер етті ме, болмаса, ұшы-қиыры жоқ жасыл дала мен моншақтай тізілген жұлдызды көк ашық аспанды сұлу табиғат әсер етті ме – өл әзір бізге мәліміз». Ол «қазақ ақындарының импровизаторлық өнері көшпелі елдің салт-тұрмысына байланысты ғасырлар бойы қалыптасқан ақындық дәстүр негізінде туып, дамыды»¹⁶ – деген ой түйеді.

Әлемдік әдебиет пен мәдениеттен жан-жақты білімдар Шоқан туысқан қырғыз халқының атақты дастаны «Манас» жырын алғаш зерттеуші, оның «Семетей» тарауын тұңғыш рет жазып алушы болды. «Манас» – бір кезеңге және бір адамның – Манас батырдың төңірегіне топтастырылған барша халық ертегілерінің, хикаялары мен аңыздарының, география, дін және салт-сана, әдет-ғұрып жөніндегі түсініктерінің энциклопедиялық жинағы. «Манас – бүтін бір халықтың шығармасы, соның көп жылдық шығармашылығының жемісі – дала «Илиадасы» десе де болғандай» – деп, бұл жырда аса жоғары бағалайды. «Манастанудың» негізін салған Шоқанның бұл пікірлері кейінгі зерттеулердің сара бағытын айқындап берді десе де болғандай.

Шоқанның еңбектерінде қазақ әдебиеті тарихындағы Қорқыт, Асан қайғы, Ақтамберді, Шал ақын, Тәттіқара, Орынбай, Шөже, Жанақ, Түбек, Бұқар сияқты ірі тұлғалардың өнерпаздық

¹⁶ Сонда, 154-бет.

қырлары хақында азды-көпті пікірлер бар. Қазақ ақындары жайлы айтқанда негізгі мақсат ұлттық әдебиетімізді еуропалықтарға таныстыру болғандай. Өйткені Шоқан қазақ поэзиясы туралы әңгімелеп отырғанда, оны көбіне еуропалық әдебиетпен салыстыра отырып, түсіндіреді. Мысалы, қазақ ақын-жазушылары халқында пікір білдіргенде, оларды батыс әдебиетіндегі «бояндарға» теңейді. Сол сияқты «рапсод», «сага» терминдерін қолданады. Қазақ ақындарының бір түрін «бард» деген. «Боянға» Сыпыра жырауды, ал «Бардқа» Тәттіқараны жатқызған.

«Қазақ халық поэзиясының түрлері» атты еңбегінде Шоқан сол кездегі қазақ поэзиясын түрлерге жіктеп, әрқайсысына анықтама береді.

«Жыр – рапсодия, жырламақ деген етістік, мәнгерлеп айту деген ұғым білдіреді». «Жоқтау» – әдебиеттің ең ескі түрі. Оның шығуы үй ішінде, қауым ортасында болған игі адамдардың дүниеден көшкеніне өкініп, оларды еске түсіру ретінде айтылған жыр».

«Қайым өлең – төрт жолдан құралған әр шумағында жеке-жеке идея жататын өлең. Бұл өлеңдер дауыс ырғағына негізделіп айтылады».

«Өлең. Ол да төрт жолдан құрылып, әуелгі екі жолы мен төртінші жолы (а а б а) ұйқасына бағынатын бір ырғақпен аяқталатын силлабикалық өлеңнің бір түрі» – деп, әрқайсысына нақтылы анықтамалар берген. Сондай-ақ өлеңнің идеясы, дыбыс үйлесімділігі, құрылысы сияқты мәселелері де азды-көпті сөз болады. Сондай-ақ «белгілі өлеңшілер шығарған немесе бұрыннан бар өлеңдердің домбыраның, қобыздың, болмаса қимыл-қозғалыстың сүйемелдеуімен айтып берушілерді өлеңшілер дейді». Әрине. Ш.Уәлихановтың бұл жіктеулеріне, оған берген анықтамаларына бүгінгі күн ғылыми тұрғысынан келетін болсақ, кейбір тұстары хақында пікір жарыстыруға болар еді. Қалай болғанмен де Шоқанның «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» атты еңбегі сол кездегі қазақ әдебиеті жайлы ғылыми-сыншыл ойлар шыққан биік белес, алынған асқар асу, қазақ әдеби сынының тарихындағы алғашқы ғылыми-теориялық мақала болатын.

Ыбырай Алтынсарин (1841–1889 жж.) – қазақ халқының болашағы үшін халық ағарту саласында тарихи еңбек сіңірген XIX ғасырдағы аса көрнекті мәдениет, әдебиет қайраткері. Оның Торғай қаласында алғашқы қазақ мектебін ашуы, осы мектепке арналған оқулық ретінде «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясын» жазуы – қазақ даласы үшін үлкен тарихи оқиға. Қазақша, орысша, мұсылманша жан-жақты білім алған Ыбырай өзінің бар дарынын жас ұрпақты тәрбиелеуге арнағандықтан оның әдебиетшілдік қызметі де тікелей осыған байланысты болды. Сондықтан да «Қазақ хрестоматиясын» қарастырғанда оған екі тұрғыдан: көркемдік және педагогтік жағынан келген. Кітапқа кірген шығармалардың көбі Ыбырайдың төл тумасы, ауыз әдебиеті үлгілері, аудармалар. Оқулықтық мақсатты көздегендіктен де Ыбырайдың өз әңгімелерінің барлығы дерлік тәрбиелік ыңғайда жазылған. «Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітіретін зор нысанасы – қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, оны озық мәдениетті елдердің қатарына қосу»¹⁷.

Оның ұстаздық қаламынан шыққан «Кел, балалар, оқылық», «Өнер, білім бар жұрттар» сияқты өлеңдері мен «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Қыпшақ Сейітқұл» сынды т.б. әңгімелері – көркемдік қуаты, танымдық мәні, тәрбиелік маңызы аса жоғары шығармалар. Бұларда еңбексүйгіштікке, өнер-білімге ұмтылу насихатталса, жазушы әңгімелерінде көтеретін тағы бір өзекті тақырып – адамгершілік мәселелері.

Қазақтың бай ауыз әдебиеті ішінен, басқа да халықтар әдебиетінен аудармалар жасап, кітапқа саралап енгізілгенде Ыбырайдың сыншылығы педагогикалық бағытта көрінеді. Ол шығарманың тәрбиелік маңызын ғана емес, сонымен бірге оның оқушының санасына жетуіне тікелей әсер ететін жас ерекшелігі, ұлттық психология, жеке мүддесі сияқты мәселелерді де жіті ескеріп отырған.

Ыбырайдың шығармалары қазақ тілінің әдеби нормасын берік ұстанумен ерекшеленеді. Ол өзі ғана таза әдеби тілмен жазып қоймай өзгелерден де осыны талап етті. «Қазақ тілінің тазалығын сақтау жолындағы күрес Ыбырай Алтынсариннен басталған»¹⁸. Ол қазақ тіліне шет сөздерді орынды-орынсыз тықпалай беруге қарсы болды. «Қазақтың төл тілінде қажетті

¹⁷ Х.Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1997, 852-бет.

¹⁸ Т.Кәкішев. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А., 1997, 45-бет.

сөз табылмай қалған жағдайда, кейбір парсы, немесе араб сөздерін»¹⁹ пайдаланудың ерсілігі жоқ деп білді.

Сонымен ұлы ағартушы, жазушы Ы.Алтынсариннің бүкіл шығармашылық жолы оның ағартушылық қызметінен туындап отырған. Ол әдебиет жайлы арнайы мақала жазбағанымен де, оның еңбектерінде ағартушылық, педагогтік бағытта барынша жарқырап көрінген әдеби сыншылық көзқарастары айқын көрінеді.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев – XIX ғасырдағы ұлттық поэзияны асқар биікке шығарған аса ірі әдеби құбылыс. Поэзияның қоғамда алатын орнына, оның негізгі мақсаты мен міндетіне мүлдем жаңаша көзқараспен келіп, әдебиетті прогресшіл бағытқа бастады. Сөйтіп қазақ өлеңін идеялық және көркемдік жағынан қоғамдық рухани дамудың озық деңгейі дәрежесіне дейін көтерді. Қазақ поэзиясының ғасырлар бойғы дәстүрлі дамуына әлемдік әдеби үрдістердің ең үздік үлгілерін көрсетіп, қазақ поэзиясына жаңа сапалар әкелді; өркендеудің өнімді жолына түсірді. Жалпы, Абай – тумысынан сыншыл ақын. Тума талант дана Абай өлең түгілі, бүкіл өмірге сын көзімен қараған. Өмірдегі келеңсіздіктерді, жетесіздіктерді аяусыз сынап отырған. Абайдың шығармашылығын сыншыл реализмге жатқызып келгендігіміз де сондықтан. Абай поэзиясын биікке көтеріп тұрған басты қасиетінің бірі – осы өмірге, өнерге сын көзқараспен қарап, тіршіліктің мәнін, маңызын, мақсатын жаңаша көркемдік тәсілдермен кемел кестелей білу. Ақын өлеңдеріндегі өмірге туралы зерттеулер де біршама әңгіме болып жүр.

Ақынның жалпы сұлулық атаулыға, яғни эстетикалық көзқарастары да айрықша назар аударарлық. Абай өлеңдерінде қазақ ұғымының идеалды бейнелері түгелдей жасалынған. Абай жырлаған қазақтың сұлу қыздары, ер жігіттері – ұлттық талғамның биік эталондары. Нағыз тұлпар «шокпардай кекілі бар, қамыс құлақты» болып келеді. Қазақ поэзиясында «ер қанаты – тұлпардың» Тайбурыл сияқты әлемдік әдебиетте теңдесі жоқ классикалық үлгілері жасалынған. Солардың ішінде тұлпардың сыртқы тұрқын Абай суреттеген «аттың сыны» өлеңінің алатын орны ерекше. «Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл, ұқсайды қаса сұлу шомылғанға», «Сен жаралы жолбарыс ең мен киіктің лағы едім», «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы, аласы аз қара көз нұр жайнайды» деген сияқты бейнелі тіркестер Абай эстетикасының биік болмысын аңғартады.

Абайдың сөз өнері жайлы пікірлері бейнелілігімен ой тереңділігімен ерекшеленеді. Сондықтан да оны қазақ әдебиетінде философиялық-эстетикалық сынның негізін қалап, қалыптастырушы деп батыл айтуға болады.

Абай өмірде өзге де, өзгеге де қатал талаптар қойып отырған. Өнермен айналысқан ақынның інілері, балалары, туыстары – барлығы дерлік өлеңдеріне алғаш рет Абайдың сынына өткізіп отыру – дәстүр болған. Абайдың өзі де өз өлеңдеріне көңілі толмай түрлі тәсілдермен жұртышылықтың сынына салып отырған. Абай қырыққа дейін өлеңін өз атынан жарияламаған. Өлең жазбағандықтан емес, өлеңі өзіне ұнамағандықтан. Өлеңдерін досы Көкбайға «беріп», оны жұрттың қалай қабылдағанын бақылаған. Көпшіліктің пікірін ескеріп, өлеңдерін техникалық жағынан жетілдіріп, жалықпай жұмыс жасауының нәтижесінде барып, өлеңдері кемелдене түскен, ақын Абайдың өлеңдері сыншыл Абайдың көңілінен шыға бастаған.

Абай қазақ поэзиясының классигі болумен бірге сыншылық көркем ойды барынша биікке көтерген әдебиет сыншысы да бола білді. Оның поэзиясының шыңына шығуы өзіне дейінгі қазақ ақындарының өлеңдеріне, одан қалды әлемдік әдебиетке сын көзімен қарап, үздігінен үйреніп, соларды жаңаша ұлттық топырақта жүзеге асыруының нәтижесінде болды. Жалпы қазақ ақындарының ішінде сөз өнеріне Абайдай биік талаптар қоя білген ақын жоқ десе де болғандай. Керек десеңіз, Абай өзіне дейінгі қазақ поэзиясына, тіпті өзінің қырық жасқа дейін жазған бір де бір өлеңіне көңілі толмаған.

Абай оннан астам өлеңінде тілдің құдіреті, өлеңнің қалай болуы керектігі жайлы пікір білдіреді. Ол алдымен өнердің өмірдегі орнына, ақынның қоғам алдындағы парызы мен қарызына айрықша маңыз береді. Өлеңді кәсіпке, мал табудың, күн көрістің құралына айналдырып «Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап, мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап» – жүргендерге қарсы шығады.

«Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең, сөз айтқаннан.

¹⁹ Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы. А., 1955, 270-бет.

Сүйінерлік адамды құрмет қыл,
Аулақ боп жіп сағып, нәрсе алғаннан»²⁰.
«Өлеңі бар өнерлі інім сізге
Жалынамын мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіне пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге», – деп, ақындарға жалынғандай да болады.

Ал өзі болса:

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін
Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ»²¹, – деп өлең жазғанда, алдына қойған

әлеуметтік мақсатын ашық айтады.

Абайдың сөз өнері жайлы ой концепциясы «өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Туғанда дүние есігін ашады өлең», «Біреудің кісісі өлсе – қаралы ол», «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын», «Базарға қарап тұрсам әркім барар», «Сегіз аяқ», «Сәулең болса кеудеңде», «Адамның кейбір кездері», «Өзіңе сенбе жас ойшыл», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» сияқты өлеңдерінде мейлінше ашық айтылған. Әсіресе «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» қазақ поэзиясының өлеңмен жазылған теориясы іспеттес. Бұл өлеңді өлеңнің теориясын өлеңмен жазған атақты Буалонның «Поэтикасымен» ғана салыстыруға болады.

Абай өлең туралы тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін дөп басып, «өлең – сөздің патшасы» деген анықтама береді. Бұл жерде Абай Белинскийдің еңбектерін оқыды ма, оқымады ма білмейміз, әйтеуір оның орыс сыншысының «поэзия – өнердің жоғарғы тегі» деген пікірімен бір арнадан шығып, үндесіп жатқанын да айту лазым. Сонымен Абайдың өлең атаулыға берген анықтамасы, талғамы, талабы:

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмар келсін айналасы»²², – деген жыр жолдарда келісті кесте салған.

Өнер туралы өнердің тілімен бұлайша айта білу кез келген дарынның қолынан келе берер іс емес өлең туралы өлеңмен сын жазу – Абайдай ұлы ақынның ғана қолынан келер қиынның қиыны.

Абайша:

«Бөтен сөзбен былғанса сөз сарасы,
Ол ақынның білімсіз бейшарасы».

Нағыз өлең – «іші алтын сырты күміс сөз жақсысы». Ақындық өнерге осындай жоғары талаптар қойып, оның мақсаты мен мәнін терең түсінген Абай өзіне дейінгі және өз кезіндегі әдебиетке, сөз өнері арқылы қалыптасқан кейбір ой-пікірлерге батыл сын айтты.

«Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау.

Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,

Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау»²³ – деген Абайдың өлең шумағы кезінде

қоғамдық өмірдің барлық саласы қызыл саясаттанып кеткен Совет заманында ескішіл, ұлтшыл кертартпа саналған Шортанбай, Дулат, Бұқар сияқты ұлтжанды ақындарды қаралау үшін пайдаланып келгені де рас. Сөздің құдыреті сол бір ұлымыздың аузынан шыққан дуалы сөздің мәнін, бағытын басқаша түсіндіріп, басқа да ұлыларымызды кеудесінен ары игердік. Абай шындығында Шортанбайларды ақын емес деп, жоққа шығарған ба еді. Жоқ... Онда қалай? Өлең жолдарына үңіле түсейікші.

Абай өзіне дейінгі қазақ поэзиясын, оның ішінде Шортанбай, Дулат, Бұқар жыраулардың өлеңдері жайлы пікір айтқанда олардың ақындығын жоққа шығармайды. Өзіне тән нені айтса

²⁰ «Абай Құнанбаев». Бір томдық таңдамалы. А., 1961, 118-бет.

²¹ Сонда, 145-бет.

²² Сонда, 114-бет.

²³ Сонда, 118-бет.

да түбіне жеткізе кесіп айтатын әдетімен оларға жоғары талаптар қойып, өлеңдеріндегі бір сарындылықты, техникалық, көркемдік жақтарындағы кейбір жетіспеушіліктерді сынға алған. Дәстүрлі кара өлең, жыр үлгісіндегі бүкіл қазақ поэзиясында өлең құрылысына тән бағыл ізденістердің болмағанын оның аса көрнекті үш атын атап тұрып, сынап отыр.

Абайдың көркем сөзге қояр биік философиялық-эстетикалық талғамы оның қазақтың мақал-мәтелдері жайлы айтқан пікірлерінен де айқын көрінеді. Ол «Қазақтың мақалдарының көбіне іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтуғыны да бар»²⁴ деп білген. Халықтың ғасырлар бойы тәжірибесін «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» етіп, аз сөзбен, терең оймен кестелген мақал-мәтелдерді тілдік жағынан емес, онда айтылған ойлардағы кейбір ұшқары жақтарын қатал сынға алған. Абай «Жарлы болсаң, арлы болма», «Қалауын тапса, қар жанады», «Атың шықпаса, жер өрте», «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол», «Алтын көрсе, періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» деген мақалдарда айтылар ойдың адамгершілік нормаларына қайшы келетін тұстарын атап көрсетеді. Мысалы, «Жарлы болсаң, арлы болма» деген мақалды «Ардан кеткен соң, тірі боп жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенде жаныңды қинап, еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол ар кететін іс емес, тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол адамның ісі» – деп санайды. Сол сияқты «Қалауын тапса, қар жанады», сұрауын тапса адам баласының бермейтіні жоқ деген – ең барып тұрған құдай ұрған сөз. «Сұрауын табамын, қалауын табамын» деп жүріп қорлықпен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не терден сұрау керек қой»²⁵ – деп жазады Абай.

Мақал – сөздің мәйегі, халық даналығы. Кер замандар, өмірде кездесетін кейбір кер құбылыстар да адамдардың тұрмыс-тіршілігіне, таным-түсінігіне, моральдық өлшемдеріне әсер етіп, онда туындаған ой-пікірлер сәтті сөз тіркестеріне, мақал-мәтелге айналып, белгілі бір топтарға қызмет етуі әбден мүмкін. Бұл жерде Абай мәселеге белгілі бір топтың, немесе топтың тұрғысынан келіп емес, жалпы халықтың құндылықтар хақында ой қозғап, ұлттың болашақ кемелденуіне құрт аурудай кесел келтіретін, іштей жегідей жеп, елді біртіндеп аздыратын теріс зиянды пікірлерді аяусыз сынап отыр. Ақын Абайдың мұндай сыншыл пікірлері оны ұлттық болашағы үшін «күніне мың ойланып, мың толғанған» дана Абайға айналдырып отыр.

Абай – уақытынан озып туған ұлы ақын. Қазақ бойындағы кемшіліктерді Абайдай қатты айтқан ашық сынаған тағы да жоқ. Халқының қамын жеп, «толғауы тоқсан қызыл тілді» қару қылып, қанша қызмет етсе де елі кезінде ақынды өз дәрежесінде түсіне алған жоқ. Өйткені Абай өз оқырманьынан кеп алға кетіп қалған болатын. Ақынның көркем кестеленген көп мағыналы да терең өміршең ойлары көпшіліктің түсінуіне ауыр соғып жатты. Сондықтан да Абайды оқырман мәселесі қатты қанады. «Жартасқа бардым, күнде айқай салдым, одан да шықты жаңғырық» дейтіні де сондықтан.

«Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін

Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.

Ыржақтамай тындасаң, нең кетеді,

Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін» – деп, ыза болады. Абай қазаққа кез-келген сөзге құлағыңды тоса бер демейді,

«Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге

Көкірегінде болсын көз»²⁶ – деп, қажетті, пайдасы бар сөзді ойлы адамның тыңдағанын қалайды. «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» – деп, тыңдаушысын ойлы сөзді тыңдауға, яғни сөз қадірін түсінуге, сол сөз арқылы келетін білім, ғылым үйреніп, мағыналы өмір сүруге шақырады.

Сонымен, қазақ әдебиетінде сыншыл ойлардың дамуына ұлы Абайдың сөз өнері жайлы айтқан өнері жайлы өрелі ойлары әдеби сынды, кең өрістерге, бел-белестерге алып шығып, философиялық-эстетикалық сыннан биік асуларына бет алғанын байқатты. Сынның дамуы қоғамдық ой-пікірлердің дамуымен тікелей байланысты болса, данышпан Абайдың өмірдің мәні,

²⁴ Абай Құнанбаев. А., 1961, 462-бет.

²⁵ Сонда, 118-бет.

²⁶ Сонда, 135-бет.

поэзияның қоғамдағы орны, сөз өнері жайлы айтқан өнікті ойлары әдеби сынды да көркейтіп, оған жаңаша сипат, көзқарас берді. Сөйтіп қазақ халқының сөз өнері жайлы ғасырлар бойы қалыптасқан талғам-түсінігі Абай арқылы үлкен електен өтіп, кемелдені, толысып, жазбаша сипат ала бастады.

4. БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ СЫН

Әдеби сынның даму арнасы – баспасөз. Сондықтан да сынның дамуы баспасөздің дамуына тікелей байланысты. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жарымында қазақ даласында баспасөздің тууы шын мәніндегі жазба әдеби сынның пайда болуына тікелей қолайлы жағдай туғызды. Әдебиетке қатысты алғашқы сын мақалалар XIX ғасырдың соңғы ширегінде шыға бастаған «Түркістан уалаятының газеті» (1870–1882) мен «Дала уалаятының газеті» (1888–1902) беттерінде көрінді. Қазақ баспасөзінің қарлығаштары болған бұл газеттер әлеуметтік-рухани ойларды оятумен бірге әдеби ой-пікірлердің де кеш басында тұрды.

«Түркістан уалаятының газеті» алғаш Ташкентте шығып тұрған «Түркістанские ведомости» газетіне қосымшасы ретінде, кейіннен жеке бөлініп, айына екі рет қазақша жарық көріп тұрды. Газет бетінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне қатысты түрлі тақырыптағы мақалалармен қатар әдебиетке, тілге байланысты бірсыпыра материалдар жарияланды. Газет бетінде алғаш рет А.С.Пушкиннің, Л.Н.Толстойдың, И.А.Крыловтың аудармалары қазақ тілінде жарияланды.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уалиханов туралы алғашқы мақала осы газет бетінде жарық көрді²⁷. Онда Түркістан генерал-губернаторының Жетісуды аралап жүргенде Шоқанның қабірінің басында болғаны, басына белгі орнатуға бұйрық бергені айтылған.

1876 жылғы 29 санында «Қисса и Қожа-Ғафғанвәһәм Сәдуақас» деген кітапты Мұхамеджан Мұфтахиддиннің өз қаражатына бастырып шығарғанын хабарлап, оған біраз сын айтқан. Кітап «қазақ тілінде басынып шыққан болса да тілінің көбі ноғайша, кейбір жерінің сөзше түсініп болмайды. Қазақ тілін бұзып басып шығарыпты. Енді оқыған адам қазақ тілі осы деп ойласа керек. Қазақ тілі қандай жарасып бір-біріне жабысып тұрғанын білгіңіз келсе, бір-екі ауыз сөз жазалық» деп, мысалға Орынбай ақынның өлеңдерінен екі шумақ ұсынылған. Бұл мақаланы алғашқы қазақ рецензияларының бірі деп қарау керек.

Газеттің бетінде (1878, №11-12) қарақалпақ ақыны Әжінияз бен қазақ қызы Менештің айтысы басынған. 1878 жылғы үшінші санында Мәделіқожаның ел арасында болыстыққа таласуды сынаған өлеңі «Бір өлеңші адам елде үлкен жиылыс болғанда өлең шығарған екен» деген сөйлеммен басталатын кіріспе сөзбен берілген. Сондай-ақ «Шымкент оязына қараған Мәделқожа деген ақынның Сырдария обылысының әскери губернаторы Қалашовтың Хиуаға барғаны тақырыпта шығарған өлеңі» (1875, №17) берілген. Сондай-ақ Досанбай ақынның өлеңі (1878, №10)де басылған.

«Түркістан уалаятының газеті» әртүрлі тақырыптағы ауыз әдебиетінің үлгілерін беріп отырған. Әсіресе мақал – мәтелдер мол кездеседі. «Көп сөздің азы жақсы, аз сөздің өзі жақсы», «Ашу-дұшпан, ақыл-дос», «Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ», «Жаманға жалынғанша жат та жаныңды қарман» секілді мақалдарды оқимыз.

Қазақ мақал-мәтелдерін жинап бастырушы Қожа Садық Бабажанов туралы мәлімет берілген (1877, №10). Қ.Бабажанов «...Қазақтың мақал-мәтелдерін зерттеуде елеулі еңбек сіңірген адам. Қазақтың мақал-мәтелдерін «Түркістан уалаятының газетінде»²⁸ жариялауына қарай бағалап, осы саланы зерттеудің алғашқы бастамасы деп қараймыз» – деп жазады.

Сондай-ақ газет беттерінде жұмбақтар, айтыстар, өлең-жырлар, аңыз-әңгімелер, ертегілер үзбей жарияланып отырған. Шығыстық қисса-дастандар, әсіресе «Мың бір түннің» хикаялары, араб-парсы әдебиетінен келген қисса-дастандар едәуір орын алған.

Сөйтіп қазақ баспасөзінің тұңғышы саналатын «Түркістан уалаятының газеті» беттерінде қазақ ауыз әдебиетіне, әдеби тілге, жекелеген ақындарға қатысты материалдар алғаш рет тасқа басылып, оқырман қауымға тарады. Бұл шын мәніндегі профессионал жазба әдеби сынның алғашқы көрінісі, бастаулары еді.

«Дала уалаятының газеті». «Ақмолинские областные, ведомости» газетіне қосымша ретінде Омбыда 1888 жылдан 1893 жылға дейін орыс және қазақ тілдерінде шығып тұрған. Соның

²⁷ «Түркістан уалаятының газеті». 1870, №3; 1872, №1.

²⁸ Қазақ халқының атамұралары, А., 1999, 26-бет.

орыс тіліндегі «Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям» атты қосымшасы 1894 жылдан бастап, орыс тілінде «Кирзгизская степная газета», ал қазақ тіліндегісі «Дала уалаятының газеті» деген атпен жарық көре бастады. Газетте негізінен патіла үкіметінің бұйрық-жарлықтары, заңдары, хабар-ошарлары жарияланып тұрды. Сонымен бірге жергілікті қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, мәдениеті мен әдебиетіне қатысты материдар да жиі берілді. Орыстың Г.Потанин, А.Алекторов, А.Ивановский, А.Добромыслов, В.Обручев, Н.Пантусов, Н.Ильминский сияқты зерттеушілерінің қазақтардың тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, қатысты мақалалары жарық көрді.

А.С.Пушкин, Л.Н.Толстой, М.Ю.Лермонтов, Д.Н.Мамин-Сибиряк, Г.И.Успенский, И.А.Крыловтың шығармалары қазақша аударылып басылды. Атап айтар болсақ, Л.Н.Толстойдың «Дұрыс әзілдескені» («Старик сажал яблони»), «Бақыт пен мужик» («Мужик пошел косить луга и заснул»), «Құмырсқа мен көгершін» («Муравей и голубка»), «Бұғы» («Олень»), «Бұғы мен қарақаттың сабағы» («Олень и виноградник») сияқты шығармаларының аудармалары басынған. Газетке жарияланған «Қазақтың тәуір адамдарының қылар ісі» (1896, №43) атты мақаладан «Тургеневтің, Лермонтовтың, Толстойдың, һәм өзгелердің шығарған кітаптарын Өскенбайұлы еркін перуад қылып шығарған» – деген жолдарды оқимыз. Бұл жерде әңгіме Абайдың туысы Халиулла Өскенбаев жайында болып отыр.

Аударма шығармалар берік түрумен бірге газет бетінде оның мәселелерін көтерген мақалаларды да кездестіреміз. Сондай мақаланың бірінде газеттің бас аудармашысы Д.Сұлтанғазин «келістіріп, ұғымды анық қылып переуаттау бір зор жұмыс. Қиын сөздер келгенде қазақша балама сөздер болмаса да қазаққа ұғымды болса, орыс сөздерінің өзін қалдыру керек я қазақша екі-үш сөзбен айту керек. Сол себептен орысшада переуат қылғанда түп-тура сөз қалдырмай, орысша ретімен переуат қыламын деп әуре болу жарамайды» – деп, аударма ісінің аса бір маңызды мәселесіне өз пікірін білдіреді. Ол «қазақ тілінде жазу турадан», «Біздің қазақ тілі туралы бес-алты ауыз сөз» деген мақалаларында бүгінгі күн үшін де маңызды пікірлер айтып, «Қазақ тіліне кірген сөздерді жазғанда сөздердің қазаққа қанша ұғымдылығына қарау керек. Егер қазаққа ұғымды болса, орыстардың өз сөйлегендеріне ұқсатып жазуға тырысу керек. Мәселен, қазақтар «жандарал» «жанарал» дейді, һәм «генерал» дегенді де жақсы пайымдайды, сол себептен «генерал» деп жазу керек» (1896, №31, 32) – дейді. Жалпы газеттің аударма ісіне қатысты мәселелерді біршама дұрыс шешіп отырғандығы байқалады. Сұлтанғазин қазақ тіліне сырттан енген сөздерді екіге жіктеп, бұрындары еніп қазақ тілінің зандылықтарына сай айтылып жүрген сөздерді сол күйінде, ал кейін келі әлі сіңісе алмаған сөздердің сол тілдегі тұлғасын сақтап жазуды ұсынады. Дінмұхамедтің «Қазақ тілін таза сақтаймыз деп оны қатқан қалпында қалдырудың еш мәні жоқ және бұл біздің қолымыздан келмейді. Өйткені тіл – халықтың өзі сияқты өзгеріп, дамып, жетіліп отыратын организм. Бұған мәдениетті халықтардың әдеби тілінің тарихы дәлел болады. Бұл жалпыға бірдей лексикологиялық заң өз дамуының алғашқы фазасын басынан кешіп отырған қазақ тіліне де тән» – деп жазуы автордың тіл мәселелеріне біршама жетік екенін аңғартады.

Газеттің қазақ тіліндегі негізгі шығарушылары, әрі аудармашылары Дінмұхамед Сұлтанғазин, Асылқожа Құрманбаев, Рахымжан Дүйсенбаев болды. «Үшеуі де кезінде қазақ баспасөзінің тарихында елеулі орын алған білімді, ғалым, аудармашы болумен қатар, газет бетінде халқымыздың мәдениеті, әдебиеті, тілі, тарихы, шаруашылық мәселелері жөнінде сауатты да білімдар мақалалар жариялаған. Екі тілде бірдей аударма жасап, қазақ халқының әдет-ғұрып, заңы, дәстүрі туралы көптеген мақала-хабарлардың авторы болған»²⁹. Редакцияның атынан жарияланған мақала авторлары да осы үшеуі болатын. Сондай мақаланың «Мемлекеттік тіл» деген атпен жарияланып, онда әр халық алдымен өзінің ана тілін, екінші билеуші (орыс) тілін, үшінші сол кезден ғылым мен білім тілі француз тілін білуді ұсынады.

Тіл туралы газет аудармашыларының бірі Асылқожа Құрманбаевта маңызды пікірлер айта білді. Асылқожа: «Тіл қай халықтың болса да ғылым мен өнерге жетілуіне қажетті ең күшті құралдың бірі болып табылады. Тек өзінің тілін таза сақтай білген және дамыта білген халық қана жарқын болашағынан үміт күте алады және құрметке бөленеді» – деп жазады. Ол «Қазақ тілі хақында» атты көлемді мақала жазып, онда тіл тазалығын көтерді. Қазақ тілін араб, парсы, татар тілдерімен шұбарлауға қарсы шығып, сол кезде қалам ұстағандарды бай қазақ тілінде

²⁹ Ү.Сұбханбердина. «Дала уалаятының газеті». А., 1996, 45-бет.

жазуға үндеді. Дәлел ретінде «әйгілі Алтынсарин қазақ тілін мейлінше өте бай тіл деген, ол тілде қандай кітап болса да жазып шығуға болады деген» (1894, №27) – деп, оның шығармашылығын үлгі етеді. Автор өз ойларын «Алтынсарин қазақ тілінің қасиетін сөзбен ғана емес, іс жүзінде дәлелдеді. ол мысалы таза қазақ тілінде үп-үлкен «Қазақ хрестоматиясын» (орыс әрпімен) жазды... Қазақ халқын жене оның тілін сүкішілер марқұм Алтынсарин салып кеткен жолмен жүрулері керек және ол бастап кеткен істі, қазақ тілінің ережелерін жүйелеп, тәртіпке келтіру ісін жүргізе берулері керек... «Сөз басы», «Түлкі мен қарға», «Жаз» және басқа өлеңдері бөтен тілдерден құлан тазалығымен ғана қадірлі емес, оның үстіне қазақ тілінің, қазақ өлеңі мен қазақ поэзиясының тамаша үлгісі болуымен де қадірлі»-деп, түйінді ойларын тұжырымдаған.

Газет бетінде Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» кірген бірнеше өлең, әңгімелері жарияланды. «Балғожа бидің баласына жазған хаты да осы газетте басылды. Ы.Алтынсарин қайтыс болғандағы қаралы хабарда «Қырдың кең даласының артықша туған баласы» Ыбырайдың ерекше дарындылығы, білімпаздығы, В.Григорьев, Н.Ильминский сияқты орыстың білімді адамдарының көмегімен және өздігінен ізденіп білім иесі болғаны, өзінің туған халқы үшін пайдалы аса мол мұра қалдырғаны қайраткер деген баға берілді (1889, №33).

Көшпелі Қазақбайұлының «Қазақ билерінің жұмыстарды тексеретұғыны турасынан» деген мақаласында «Марқұм Алтынсарин деген қазақ биікірек адал, биікірек әділ, ғұмыры бойынша өзінің малын да, жанын да аямай халқына пайда келтірмек үшін ұмтылып, тиянақ қылған еді. Мұның артынан да балшық лақтырып былғау тоқталмаған еді. Себебі сол-дүр, бұл адам екі партия болып жауласқандарға тату болындар, сондай белгілі адамды сыйлаңдар деп ақыл қылып қамқоршылық айтқанынан басқа жазығы жоқ еді. Қазірде Алтынсариннің дүниеден көшкеніне көп уақыт өтті... Егерде арандары ашылған нәпсілеріне елігіп қазақтар өздерінің Алтынсариндей қадірлі адамына қарсы қол көтергенде, өзге жай адамдарға нешік»³⁰ – деп жазды. Ал «Қазақтарға пайдалы кітаптар» деген мақаласында О.Әлжанов «70 жылдардың ішінде атақты болған Алтынсарин қазақ кітаптарын орыс әріптерімен жазып шығарып еді. Бұдан соң ғылым оқып, өнерпаз болған қазақтардың баршасы қазақтарға жылдам ғылым үйренуге араб әрпінің орнына орыс әрпімен жазса жақсы болар еді деп ойлады. Мұндай бек үлкен пайдалы талаптың баянын кейінгімізде жазып шығарамыз»³¹ – дейді.

Ш.Уәлихановтың 60 жылдығына орай жазылған: мақалада оның адамгершілігі мол, жан-жақты білімдар болғанын айта келіп, «Шоқан Уәлиханов ғылым, өнер иесі, халықтың ғадет заңын біліп, даңғыл, биік жолға шықса да өзінің туған жайын жатырқамай, һәм ұмытпады. Тағы да ғалым өнерінің қымбат екенін біліп, құрмет тұтып, өзінің халқын бек жақсы көрген еді. Ләкін Россия халқының қорғап, қоршап болысқаныменен Азия халықтары ілгері басып һәм надандықтан құтылар ма деп ойлар еді» – деп жазылған (1894, №18).

Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өлеңі алғаш рет осы газет бетінде жарық көрді. Абайдың «Жаз» өлеңі «Семей оязы Шығыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбай ауылының Бақанас өзенінде Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» (1889, №7) деген атпен, «Кісіден үйреніп жаздым» деген Көкбай Жанатайұлының қолымен жарияланған. Ал «Күленбайға» атты өлеңі авторы көрсетілмей, «1888 жылда май айында Ақшатау деген жерде Семей облысы менен Жетісу облысының чрезвычайный съезі болғанда бір уездің ел билеушілерінің съездегі түрі» – деген атпен басылған (1889, №12). Абайдың көзі тірісінде жарық көрген өлеңі – осы екеуі-ақ. Бұларда ақынның өзі оқуы әбден мүмкін. Өйткені «Абай «Дала уалаятының газетінде» 1895 жылғы 3 санында басылған «Тәкәппар әскер басы турасында» деген аңыз әңгіменің сюжетін өзінің «Ескендір» поэмасында өзек етіп, дамыта жырлады дей аламыз»³² – деп жазады қазақ баспасөзі тарихының білгірі Ү.Сұбханбердина.

Абайдың өлеңдері алғаш осы газетте жарияланса, ол туралы тұңғыш пікір де осында жарық көрді. М.Ж.Көпеевтің мақаласы тікелей Абайға арналмағанымен де ол туралы айта кетеді. Мәшһүр Жүсіп Абайды Құнанбайға ас бермедің деп кінәлай отырғанымен де оның өлеңдеріне жыны лебіз білдіреді: «басылған бір тоқпақ өлең Құнанбай баласынкі деп естіген едік. Біз Ыбырай мырзаның өнерін Құнанбайдан артық деп естіген едік. Артында байлығы һәм келісті болып өлеңге қосылып тұрған соң, өлеңіне өнерін муафик қылып сөйлесе керек қой деп айтып

³⁰ Ү.Сұбханбердина. Дала уалаятының газеті. А., 1994, 364-бет.

³¹ Сонда, 607-бет.

³² Сонда.

жатырмын» (1889, №48). Сөйтіп, «Дала уалаятының газетінде» Абайтанудың алғашқы сүрлеуі осылайша салынды.

«Қыр баласы» деген бүркеншік атпен Ә.Бөкейхановтың редакцияға хаты жарияланды. Онда Шортанбай, Шернияз, Құнанбай сияқты қазақ билерінің сөзі мен өлеңдерін жариялауды көтереді (1889, №24).

«Дала уалаятының газетінде» жаңа шыққан кітаптар туралы мақалалардың дені «Жаңа кітап», «Басылып шыққан кітап туралы», «Жаңа кітап турасынан», «Тағы да бір кітап шықты» деген сияқты тақырыптармен беріліп тұрған. Мұндай материалдар көлемі жағынан көбіне шағын келіп, жаңа шыққан кітаптың не жайында, пайданы, немесе пайдасыз екендігін, жетістіктері, не кемшіліктері қысқаша тұжырымдап отырды. Сондай бір мақаланы Асылқожа Құрманбаев Неклюдовтың орыс-татар сөздігі туралы жазды. «Бір жаңа кітап турасынан» атты мақалада автор Неклюдовтың сөздігіне ноғай тілін қазақ тіліне жақын орыс тілін үйренемін деген қазақтар осы орыс-татар сөздігін алып оқысын дегенін сынай отырып, «Дала уалаятының газеті» қазақша газетін алып тұрғандарға күн бұрын сақтандырып жазамыз. Осы Неклюдовтың кітабын сатып алып, ақшаларыңды шығарып, уақыттарыңды өткізіп, бейнеттеніп оқып әуре болмай-ақ, қойыңыздар. Осы Неклюдовтың шығарған бұл переуаттай переуат болмағанын айта келіп, «қазақша тілінің ноғай тілінен онша бөлектігі жоқ, ноғайдың тілін үйренген соң, қазақтың тілін үйренбесе де болады, неге десеңіз қазақтар ноғайдың тілін де ұғады»³³ – деген. Осы сияқты «Киргизско-русский словарь», А.Е.Александровтің «Киргиз-казахи», А.Кенесариннің «Сұлтани Кенесары и Сыздық» деген сияқты кітаптарға пікірлер берілген.

«Дала уалаятының газеті» беттерінде шығыстың классикалық әдебиетінен келген аңыз-әңгімелер, қисса-дастандар жиі жарияланып тұрды. «Мың бір түн» (1895, №41-50), «Бозжігіт» (1900, №26, 30, 37; 1901, 2, 18, 20, 24, 26), «Шахнама», «Фархад–Шырын» секілді шығармаларға кең орын берілді.

Газетте қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері тұрақты орын алды. «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» жырының мазмұны, «Нәрік батырдың» ертегілік нұсқасы, «Ақсақ құлан Жошы хан», «Қалмақ толағай яғни қалмақтың басы», «Еңлік–Кебек», «Алдар көсе», «Жиренше шешен», «Асанқайғы», «Қожанасыр», т.б. туралы аңыздар жарық көрді. А.Е.Алекторов, М.Бельский сияқты орыс зерттеушілерімен қатар Ж.Айманов, О.Әлжанов, Б.Адықов, М.Ж.Көпеев, Қ.Жапанов, Б.Райымбеков, Т.Сейфуллин т.б. сияқты қазақ оқығандары қазақ ертегілерін жинап, бастырды. Сондай-ақ мақал-мәтелдер, жұмбақтар В.Раддовтың, А.Васильевтің, Ш.Ибрагимовтің, Ш.Уәлихановтың, Қ.Бабажановтың, П.Мелиоранскийдің, В.Катаринскийдің, Ә.Дибаеттың жинастыруымен жарық көрген.

Сөйтіп «Дала уалаятының газеті» қазақ әдеби тілінің қалыптасуына, әдеби-сыншыл ойлардың дамуына тарихи еңбек сіңірді.

5. ЖИЫРМАСЫНШЫ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ СЫН

Жиырманшшы ғасырдың бас кезінде қазақ кітаптарының шыға бастауы сыншыл ойлардың ояна түсуіне жағдай жасады. Әсіресе 1909 жылы үш бірдей кітаптың – Абай өлеңдерінің, Ахметтің «Қырық мысалының» және Міржақыптың «Оян қазағының!» – шығуы қазақ әдебиетінің ғана емес, сыншыл ойлар өрісін де кеңейте түскен айтулы оқиғаға айналды. Арғы-бергі әдебиет жайлы жазылған мақалаларда Абайға соқпай өтпейтін болды. Тіпті әлеуметтік-мәдени өмірдің түрлі мәселелеріне арналғандарының өзінде де ойға дәйек ретінде Абайға жүгіну жиі кездесті.

Қазақ әдеби ой-пікірлерінің дамуында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің шығып тұруы тарихи роль атқарды. М.Сералин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды ұлтжанды азаматтар шығарып тұрған бұл басылымдарда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, болашағына қатысты көтерілмеген мәселе болмады. Әсіресе әдебиет пен мәдениет айрықша назарда тұрды. Ұлттық бағыттағы өлеңдер жиі жарияланды. Қазақ әдебиетінің жай-күйін, болашағын айқындауға сол кездегі ұлт-азаттық бағыттағы қазақ қаламгерлерінің дені қатысты.

Қазақ әдебиеті, оның аса көрнекті өкілі Абай туралы пікірлер орыс тілінде қазақтар хақында жазылған еңбектерде көріне бастады. Солардың бірі – 1903 жылы атақты ғалым П.П.Семенов-

³³ Ү.Сұбханбердина. Дала уалаятының газеті. А., 1990, 41-бет.

Тянь-Шанский мен академик В.И.Ламанскийдің басқаруымен Петербургта басылып шыққан «Россия». Полное географическое описание нашего отечества» атты көп томдық еңбек. Соның «Қырғыз өлкесі» аталған 18 томы түгелдей қазақтарға арналған. Кітаптың қазақтар туралы тарауын жазуға А.Н.Седельников, А.Н.Бөкейханов, С.Д.Чазов жазысқан. Демек Ә.Бөкейханов қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті жайлы тарауды жазуға қатысқан.

Кітапта қазақтар Азия құрлығын мекендейтін барлық түркі халықтарының ішінде саны жағынан да, территориясы жағынан да бірінші орындарға (түріктерден кейінгі) халық екендігін ескерте келіп, оның әсіресе ойлау, есте сақтау қабілетін, тіл байлығын, мәдениетін бағалаған. Қазақ халқының рухани байлығы баяндағанда ауыз әдебиеті түрлеріне тоқталған. Әсіресе «Қозы-Көрпеш–Баян сұлу» дастанына көңіл бөліп, талдайды. Қазақ ақындарының Шортанбай, Ноғайбай сияқты ақындардың шығармаларына назар аудрады. Абайға ерекше көңіл бөліп, оны қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін салушы ретінде жоғары бағалайды: «Наконец как представителя нового течения в киргизской поэзии, следует назвать Кунанбаева – автора многих стихотворений, изящных по форме и поэтических по содержанию (особенно описания природы). Этому же автору принадлежат хорошие переводы «Евгения Онегина» и многих стихотворений Лермонтова (который оказался наиболее понятным для киргизов), таким образом у семипалатинских «Оленчи» (певнов) можно слышать, например, «Письмо Татьяны», распеваемое, конечно, на свой мотив» (204-бет).

Бұл кітаптың 1903 жылы, яғни Абайдың көзі тірісінде шыққаны ескерсек бұл жолдарды ұлы ақынның оқуы да, болмаса хабардар болуы да мүмкін. Ал Ә.Бөкейхановтың Абайдың шығармашылығымен ақынның тірі кезінде-ақ айналыса бастап, ол туралы алғашқы пікірді беделді орыс басылымы бетінде білдіргендігін атап өткен жөн.

Ә.Бөкейханов Абайдың ұлылығын алғаш танып, халыққа таныстыруға, насихаттауға айтарлықтай еңбек сіңірді. Абай қайтыс болған соң, ол семейде орыс тілінде шығып тұратын «Семипалатинский листокта» ақынның өмірбаянымен таныстырған қазанама жариялады. Некролог үлгісінде жазылған мақалада тұңғыш рет Абайдың шығармашылық болмысы жасалынды. 1904 жылдың 23 маусымында Семей уезі Шыңғыс болысында туған даласына танымақ қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанын хабарлаудан бастап, оның ата-тегімен, өскен ортасымен, алған білімімен таныстырған. Оның араб, парсы тілдерін жетік біліп, шығыс әдебиетімен еркін сусындағандығын айтады. Абай өзінің бар қабілетін, дарынын ел арасындағы дау-дамай мен кемшіліктерге қарсы күреске жұмсауға мәжбүр болған «самородок» еді дейді автор.

Сексенінші жылдардан бастап Абайдың өмірінде үлкен бетбұрыс болады. Ол саяси айдаудағы жүрген Гроспен, әсіресе Михаэлиспен танысқаннан кейін, орыс, еуропа әдебиетімен айналыса бастайды. Абай Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың, Толстойдың, Тургеневтің, Салтыковтың, Достоевскийдің, Белинскийдің, Добролюдовтың, Писаревтың шығармаларын оқиды. Кейіннен Спенсердің «Тәжірибелерін», Льюистің «Позитивті философиясын», Дрепердің «Еуропа ойлауының дамуы», Чернышевскийдің «Современникте» жариялаған мақалалары сияқты еңбектермен танысады, әсіресе Лермонтовты сүйіп оқиды. Сонымен бірге Абай Пушкиннің «Евгений Онегинін», Крыловтың мысалдарын аударады. Қазанамада «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Адамның бір қызығы бала деген», «Жан көрінбес көзіме», «Жүрегімді құм қылды» деп басталатын өлеңдерінің мәтінін келтіріп, Абай ақындығының сипатын аша түскен. Абайдың өлеңдерін оның баласы Тұрағұлдың жинап, дайындауымен, Ә.Бөкейхановтың жалпы редакциясымен жуырда Орыс География Қоғамының Семей бөлімшесі бастырып шығарғалы жатқанын хабарлаған. Мақалада «Абай, как это покажут стихи, представлял недюжинную поэтическую силу и составляет гордость киргизского народа. Еще не было киргизского поэта, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай. Чудные его стихи, посвященные четырем временам года (весна, лето, осень и зима) сделали бы честь знаменитым поэтам Европы»³⁴ – деген тұжырым жасалған. Автор мағлұматтарды Абайдың немересі Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаевтың алғанын ескертеді.

Осыдан екі жыл өткен соң, яғни 1907 жылы «Записки Семипалатинского подотдела западно-сибирского отдела императорского русского географического общества» деп аталатын кітапта Абайдың өмірбаяны суретімен бірге екінші рет басылып шықты. Бұл басылымдардың негізінен

³⁴ Қараңыз: «Абай», 1992, №2, 27-бет.

ғылыми сипатта және орыс тілінде шығып тұрғанын ескеріп, Абайдың ақындығы туралы алдымен орыс тілді оқырмандар толығырақ таныс болғанын айта кеткен жоқ. Жаңадан шығып жатқан кітаптарда оның авторымен, мазмұнымен, идеологиясымен таныстыру мақсатымен беріліп тұрған алғысөз соңғысөз, әдеби ой-пікірлердің дамуына атқарған рөлі айтарлықтай болды.

1909 жылы Абайдың Петербургтегі Илияс Бораганскийдің баспаханасынан жарық көрген тұңғыш жинағын дайындаған ақынның немере інісі Кәкітайдың мақаласы Абайтану ілімінің іргесін берік қалаған аса маңызды еңбек болды. Өйткені Ә.Бөкейхановтың «Семипалатинский листокта» орыс тілінде жариялаған қазанамасы 1905 жылы, яғни бұдан 4 жыл бұрын шыққанымен де автордың өзі соңында ескерткеніндей, барлық материалдарды Кәкітай Ысқақұлының осы мақаласынан алған.

Екеуін салыстыра Қарағанда Әлихан жазған некролог Кәкітай жазған Абай өмірбаяны бірінші бөлімінің орысша еркін аудармасы іспеттес. Кәкітайдың көлемді мақаласын жариялауға мүмкіндіктің болмауы ол ертерек жазылғанымен де соңғысөз ретінде жарық көрген.

Кәкітайдың соңғысөзі негізгі екі бөлімнен тұрады. Біріншісінде Абайдың өмірбаяны, ақындық бет-бағдары толық ашылған. Мақала өмірбаяндық материалдарды келістіріп айта білгендіктен де қызықты оқылады. Абайдың толығырақ көрсету мақсатымен оның ата-тегімен таныстырудан бастайды. Арғы аталары Ырғызбай, Өскенбайлардың ел билеген атақты би болғандарын «өз әкесі Құнанбай жұрт аузына қараған, қатты есті кісі болып, бөтен елдерді де билеп, ел ішіне бір ғана төре тұқымы сұлтан болып жүрген кезде, солармен таласып, Қарқаралы оязына әуел қазақтан сұлтан болған кісі еді»³⁵ – деген сияқты қысқаша таныстырып кеткен. «20 жасында Абай халық ортасында маңдай басы шешен болды», «30 жасында барша халық ортасында атағы жайылып білікті болды», «заманның ретімен Абай ғарабша, парсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымнан үлкен хабардар болды» – деп жазады автор. Әлихан жазған қазанама Абайдың тек араб, парсы тілдерін білгендігі айтылса, Кәкітайда бұларға қосымша түрікше де кітаптар оқығандығы жазылған. Бұл жерде орыс оқырмандарына арнап жазған Әлиханның саяси себептермен саналы түрде «түрікше» деген сөзді қалдырып кеткендігі көрінеді. Сондай-ақ Кәкітайдың мақаласында келтірілген «Алла деген сөз жеңіл», «Әуелде тәңірім сорлы етті», «Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап», «Батырды айтсам ел шауып алған талап», «Патша құдай сыйындым, тура баста өзіңе», «Менсіңбеуші едім наданды» деген жолдармен басталған өлең мысалдары Әлиханда жоқ. Ал Кәкітай мақаласының екінші бөлімінде Әлихан мүлдем тиіспеген. Бірінші бөлімде Абайдың өмірбаяны сөз болса, екіншісінде өлеңдері талданылған. Онда да ақынның бүкіл поэзиясын емес, өзі қажет деп тапқан кейбір қырларын ғана. «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» – өлеңінің екі шумағы түгел берілген. Мақала Абайдың «Махаббатсыз дүние бос» атты өлеңінің екі шумағымен аяқталған. Бір Қарағанда мақала аяқталмай қалғандай әсерде қалдырады.

Сонымен Әлиханның орысша жазылған «Абай (Ибраһим) Құнанбаевы» мен Кәкітайдың «Абай (Ибраһим) Құнанбайұғлының өмірі» екеуі арасына төрт жыл салып екі кезде жарияланғанымен де негізі бір, бір материалдың екі (орысша, қазақша) жағы сияқты. Бұл екеуі де ұлы Абайдың ақындық жолымен, ортасымен алғаш рет кеңірек таныстыруымен де құнды. Әсіресе, Кәкітайдың мақаласы қазақ әдебиеттану ғылымында мықтап қағылған Абайтану ілімінің берік темірқазығы іспеттес. Бұдан кейінгі Абайтанушылар Кәкітай мақаласына аяқ тіреп, өрісті ойларға бет алды.

Зейнелғабиден Әмриннің 1909 жылы Уфа қаласында басылып шыққан «Насихат қазақия» атты кітабында Абай өлеңдеріне орын берілген. Автор «өлеңнің іші-алтын, сырты – күміс болып, үлгі-өрнекпен болсын» деп, соған үлгі ретінде «Жақұт қазақ әдебиеті» деген тақырыппен Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңінің мәтінін толық келтірген. «Тобықты Ыбырай марқұмның сөздері» атты бөлімде «Қартайсаң, қайғы ойлайсың, ұйқың сергек», «Бай алады кезінде кеп берем деп» деген өлеңдері берілген.

Татар-башқұрт қаламгерлерінің жылы лебіз білдірген пікірлері Абайдың абыройын асыра түсті. Солардың бірі башқұрт ақыны Шаихзада Бабич 1913 жылы-ақ «Мен Құнанбаев жырларынан керім әсемдікті, абзал сұлулықты көркем де рахат сезімге бөленсем, мен оның орнын татар ақыны Тоқай мен араб ақыны Имраилькаис тұрған биікке апарып қойдым»³⁶ – деп жазған екен.

³⁵ Қараңыз: «Абай», 1992, №3, 17-бет.

³⁶ Қараңыз: «Қазақ әдебиеті», 26.10.1962 ж.

Татар әдебиетінің классигі Ибрагимов Ғалымжан да қазақ сахарасын өлеңмен өрнектеген Абайдың ақындығын жоғары бағалаған.

Абай туралы жазылған тағы да бір құнды еңбек – 1914 жылы Мәскеуде шыққан «Әлшархият» жинағында жарияланған Н.Рамазановтың «Абай Құнанбаев» атты мақаласы. Кітапта академик А.Н.Веселовскийдің 70 жылдығына арнап Лазарев атындағы Шығыс тілдері институты шығарған болатын. Мақаланың авторы – «Нұқ Рамазанов – Керекү уезінің қазағы. Абайдың өмірбаяндық алғаш рет орыс тілінде жазып, 1914 жылы «Әлшархият» жинағында жариялаған Петроград қаласының студенті»³⁷. Мақалаға қосымша «биография» деген анықтама беріліп, Ә.Бөкейхановтың «Записки Семипалатинского подотдела западно-сибирского отдела Русского Географического Общества» (1907, стр. 1–8) жарияланған материалын пайдаланылғаны ескертілген.

Екі мақаланың өзара ұқсастықтары болғанымен де бірдей емес; бір деректерді пайдаланған екі түрлі екі мақала деп қарау керек.

Мақалада Абайдың өмірбаянымен қысқа ғана таныстырылған. Әлихан сияқты оның шыққан тегіне, өлеңдеріне тоқталып жатпайды. «Тобықты руынан шыққан ақын Абай Құнанбаев Шыңғыс тауында туылған» – деп бастаған Н.Рамазанов: «В нем ярко олицетворяется переломная пора в духовной жизни киргизского народа... Первый из киргизов испытал он на себе силу русской школы, а знакомство с политическими ссыльными в 80-х годах расширило его умственный горизонт – он горячо любил русскую литературу»³⁸ – деп, бірден Абайға орыс әдебиетінің ықпалын көрсетеді. Ақынның Пушкиннің «Евгений Онегин», Крыловтың мысалдарын аударғанын, өлеңдерінде Л.Толстой мен Салтыковты келтіргенін алға тартады. Абай өлеңдерінде қазақ халқының кемшіліктері оны жою мақсатымен көп сыналғаны дұрыс аңғарылған.

Н.Рамазанов қазақ поэзиясы, Абай өлеңдерінің тақырыптық бағыттары жайлы айта келіп: «В стихах Абая нет лишних слов, как у других киргизских поэтов, которые в погоне за рифмой загромождают тему стихотворения вставочными эпизодами и мотивами. У Абая слова на своем месте; каждое слово имеет свой глубокий смысл, Киргизы прекрасно понимают достоинство его произведений, поэтому слушают с интересом, хотя Абай беспощадно высмеивает и порицает их, иногда даже проклинает за беспечный образ жизни» – деп, сипаттайды. Абайдың көп өлеңдерінің жоғалып кеткендігіне реніш білдіреді.

Р.Қарашев «Шаир, яки қазақ ақындарының басты жырлары» (1912) атты жинаққа жазған алғы сөзінде әдебиет дегеніміз, сөз өнері екенін еске салып, тіл мәселесіне ерекше назар аударады. Ұлт тілінің халық өміріндегі аса маңызды фактор екендігін баса айтады: «Белгілі, бақ иесі адамдар айтады: «жыр, өлең һәм билік сөздерін сақтамаған халық жансыз деп. Бұл сөз бек дұрыс, неге десеніз әр елдің елдігі, мысалы қазақтың қазақтығы, татардың татарлығы, орыстың орыстылығы ата-бабаларынан қалған айырым тілдерін жоғалтпай қолданумен сақталады. Әр ел өз тілін сақтау – ол елдің жыр һәм ескі сөздерін сақтамай мүмкін болмайды. Мұның үшін де өнерлі, ғылымды халықтарда бұл «тіл сақтау» жайында бек мұқияттық бар. Медреселерінде балаларға қалдырмай оқытады, ешбір жыршы я шешен, ділмәрлардың аузынан шыққан сөзі жазылмай-басылмай далада жоғалып қалмайды» – деп, әдебиеттің тілді, ұлттықты сақтаудағы маңызды ролін ұғындыра түседі.

Ғұмардың «соңғы замандарда біздің халыққа басшылық еткен надан адамдар біздің халқымызды (қазақтығымызды) сақтайтын қымбатты жыр һәм билік сөздерді ескеріп айтуды күнә деп көрсеткен мектептегі балаларымыз «Бөзжігіт», «Зарқұм» оқып, құлақтарын бұзып, рухтарын (қазақшылығын) жоюға айналған» – деп, ащы шындықты ашып айтуынан ұлттың шын сүйген оның болашағы үшін қам жеген үлкен азаматтық тұлғасы көрінеді. Ұлтты сақтау үшін тілді сақтау, ұлтты дамыту үшін тілді, оның барлық қадір-қасиетін жарқырата түсетін әдебиетті дамыту қажет екендігін сол кездің өзінде-ақ Ғұмар сынды ұлтжанды азаматтар барынша айта білді, халқына елдікті сақтаудың жолын айтып жар салды.

Р.Қарашевтің «Жыр шығарудан бірінші дәреже мақсұт: әр елдің ана тілін һәм ондағы шешендікті жоғалтпай сақтау болады. Екінші дәреже мақсұт: ол тәтті жыр арқылы оқушыларға әсер беріп, «батыршылық» «жомарттық», «ғылымға қызығу» секілді «көркем сипаттарға үндеу

³⁷ Қараңыз: «Абай», 1993, №7, 38-бет.

³⁸ Сонда.

болатындығын» айта келіп, әдеби шығармаларды бағалағанда «бірінші – шешендік, тәттілік жағына көз жіберу, екінші – анау соқғыларға назар салу керек» – деп түйеді өз ойларын. М.Дулатовтың қазақ мектебіне арналған «Қирағат» (1914) атты әдеби оқу кітабында да көркем әдебиеттің табиғаты жайлы көрікті ойлар баршылық. «Әрбір жазылған сөз жазушының сезінуімен естуімен, көруімен (табиғаттан хәм адамның тұрмысынан) шыққан нәрсе. Өзінің қоршап тұрған табиғат хәм тұрмысты сезу, көруі жазушының ойында ретке келіп, мағынаға айналғаннан кейін сөз болып сөйленіп, жазу болып жазылып шыққан хикаялар, мысалдар, ертегілер, өлеңдер жазушының ойы, табиғаттың, тұрмыстың көңіліне түскен суреті, соның үшін оқушысы да жазушының сезінгеніндей сөзін, ойлағанындай ойлап хәм сол ойлаған өз ретімен, өз мағынасымен түсінерге хәм жадында бағалағанда «бірінші – шешендік, тәттілік жағына көз жіберу, екінші – анау соқғыларға назар салу керек» – деп түйеді өз ойларын.

М.Дулатовтың қазақ мектебіне арналған «Қирағат» (1914) атты әдеби оқу кітабында да көркем әдебиеттің табиғаты жайлы көрікті ойлар баршылық. «Әрбір жазылған сөз жазушының сезінуімен естуімен, көруімен (табиғаттан хәм адамның тұрмысынан) шыққан нәрсе. Өзінің қоршап тұрған табиғат хәм тұрмысты сезу, көруі жазушының ойында ретке келіп, мағынаға айналғаннан кейін сөз болып сөйленіп, жазу болып жазылып шыққан хикаялар, мысалдар, ертегілер, өлеңдер жазушының ойы, табиғаттың, тұрмыстың көңіліне түскен суреті, соның үшін оқушысы да жазушының сезінгеніндей сөзін, ойлағанындай ойлап хәм сол ойлаған өз ретімен, өз мағынасымен түсінерге хәм жадында қалдырарға керек...» – деп, жазушы әлгі ойларын қалай тізді, басқаларға қалай сөздіргісі келеді, соның бәріне жазушының өз кезімен қарап, өз ойымен ойлауы керек. Жазушы қайғырса қайғырып, күлсе күлу керек. Оқыған нерсенің ішкі мағынасымен бірге оның сөзін хәм қалауын есінде қалдыруға керек» – деп, әдеби шығармашылықтың қыр-сырлары түсіндірілді. Мектепте ана тілінде оқып, ұлттың рухы сіңген бала «кейін қай жұрттың мектеп-медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де сүйегіне сіңген ұлт рухы жасамайды. Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық, өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады» – деген тұжырымдарында бала тәрбиелеудің, мектепте оқытудың аса маңызды, принципті мәселесін орынды көтеріп отыр. Міржақыптың көркем әдебиеттің әлеуметтік мәні туралы ой-пікірлері педагогикалық, бағытта өрбіп, өміршендік танытқан.

Сонымен ХХ ғасыдың басындағы қазақ әдеби ой-пікірлерінің жандана түсуіне ұлы Абайдың поэзиясы негізгі қозғаушы күш рөлін атқарды. Абай қайтыс болғанда жазылған қазанамаларда, 1909 жылы шыққан тұңғыш кітабына соңғы сөз ретінде берілген Кәкітайдың ғұмырнамалық мақаласында, сондай-ақ орыс, басқа да тілдерде шыққан түрлі жинақтардағы мақалаларда, деректерде Абай поэзиясы жайлы бағалы пікірлер айтылып, ақындық даңқы жайлы бастады. Орысша жазылған еңбектерде Абайдың орыс әдебиетімен байланысына назар көбірек аударылды. Абайдың досы В.П.Михаэлис қайтыс болғандағы қазанамға «Ертістің арғы жағынан Ибраһим (Абай) Құнанбаевтай поэзияның таза алтынын ашқанын» оның үлкен еңбегі ретінде атап өткен.

Сыншыл ойлардың тағы бір өрісті арнасы сол кезде шығып жатқан көркем шығармалар мен оқулық мақсаттағы кітаптар болды. Бұлардың дені педагогикалық бағытта ұстанып, әдебиеттің табиғаты мәні жайында айтылған құнарлы ойлардың көзіне айналды.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде Абай жұлдызының жарқырап көрінуімен қазақ қоғамының рухани өміріндегі жаңа кезең басталды. Абай поэзиясында дала өмірінің ең бір өзекті өңірлері көрініс тапты; келесі мәселелері көтеріліп, кеменгерлік ой-пікірлерін ұсынды. Абай идеялары бүкіл көзі ашық қазақ зияларының ой-санасын билеп алып, рухани күшке айналды. Ұлтжанды қазақ оқығандары Абайды құрметтеп, оның идеяларын насихаттау мақсатымен «Абай» атты журнал шығаруды қолға алды. Оның алғашқы саны 1918 жылдың 4-ші ақпанында жарық көрді де сол жылдың соңында жабынып қалды. Журналдың қазақ зияларының көмегімен Ж.Аймауытов пен М.Әуезов шығарып тұрды. Журнал шығардың алдында «Сарыарқа» (1917, №26) газетінде: «Абай» атты қазақша ғылыми, әдеби, шаруашылық журналына жазылу ашылды. Журналдың жобасы кең. Жазушылары сай, нағыз қазақ тілінде. Айына екі рет шығады. Білгі жазып тұрушылар: Мінән Тұрғанбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Дөнентаев, Сейітбеттал Мұстафин» – деп жарнамаланды.

Барлығы он екі саны шыққан журналдың бірінші нөмірінде Ж.Аймауытовтың «Журнал туралы» деген бас мақаласында Абайдың:

«Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,
Иіліп, екі басын ұстаған хақ.
Имек жолда тиянақ тегістік жоқ,
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ» —

деген өлең шумағын эпиграф қылып алған.

Бас мақалада журналдың бет-бағдары толық ашылған. Автор: «Тұс-тұсынан жау қысып, мал мен басқа дау түсіп, дағдарып қазақ сасқан соң орысқа келіп бағынды... Бұрынғы дәурен көзден бір-бір ұшты... енді партия, барымта, өтірік, ұрлық – не түрлі әрекет керней бастады. Сөз сыбырға, іс жыбырға айналды. Береке кетіп азды, тозды. Сол кезде қалың надан, қара тұманды қақ жарып, тас жарып шыққан бұлақтай жарқ етіл Абай туды» – деп, сол дәуірді сипаттайды.

Абай қазақ әлеміндегі халық қамын жеген ұлы тұлға, философ деп сипатталады.

Абайдың қазақ әдебиетіндегі ерекше орны төмендегіше анықталған: «Ақылды дана, рақымды әділ, шынға сусаған, қиырды женге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықпен алысып өткен Абай еді. Қазақтың әдебиетіне жан берген: сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген өлеңнен өрнек шығарған ақындық сыншылдық бірдей дарыған Абай еді».

Журналдың атын «Абай» көйғандығын; «Абай жалғыз танс акын (литератор) болды деуге болмайды. Әдебиетімізге де негіз салған – Абай, адамшылық тәрбие, ғылым, өнеркәсіп деген сөздерді терең ойлап, тексерген де – Абай. Солай болған соң журналды Абайға арнадық.. Абайды қай жөннен болмасын ұстаз қылып, бетке ұстап, жастар шәкірт болып, соңынан жүруге талаптанғандығын көрсетеді» – деп түсіндіреді.

«Қазақ мәдениет жүзінде ерте туып, кеш қалған халық. Кенже қалғандығымызда, әрине, көп себеп бар: жер, тұрмыс, ғұрыл, әдет надандық жалқаулық діни адасқандық (фанатизм), саяси биліктің болмағаны, тепкі көргендік, жасқаншақтық партия, өтірік мақтаншақтық – міне, бізді ілгері бастырмаған осы сияқты себептер. Ал халықтың өнерлі болып, жетіліп кетуіне де әлгідей көп себеп, көп шарттар бар. Көп шарттың бірі – баспасөз: газета, журнал, кітаптардың көбеймегі, баспасөздің қандай керек екені газеталарға талай жазылып келеді... Өнер, ғылым қаражатпен табылады. Өнер, ғылым қаражат табады. Қаражат жан асырайды, халықтың өнерлі болып жетілуіне де байлық керек. Жалаңаш кедейге өнер үйрен деу, өгізбен жарысып бәйге ал деген сияқты» – деп, қоғам алдында тұрған көкейкесті мәселелерді білімдарлықпен көтереді. Мақала «Адамның адамшылығы істі бастағаннан білінеді. Қалай бітіргеннен емес» – деп Абай айтқандайын, талабым-таяғым, жігерім-азығым, маңдайыма ұстаған акын Абай – қазағым деп үмітпен шығарып отыр» – деп тамамдалған.

Ұлы ақынның есімін ардақтап, «маңдайыма ұстаған ақын Абай» деп шығарып тұрған «Абай» журналы ақын мұрасын зерттеуге, насихаттауға ерекше мән берді.

Абай туралы жазылған еңбектердің ішінде «Екеудің», «Абайдың өнері хәм қызметі» мен «Абайдан соңғы ақындар» деген екі мақала айрықша көзге түседі. «Абайдың өнері хәм қызметі» ұлы ақынның өнерпаздық жолын сызып, шығармашылық портретін жасауымен де құнды.

«Екеудің» «Абайдан соңғы ақындарында» ғасыр басындағы қазақ поэзиясының жай-күйі шолынады. Авторлар сол кездегі өлеңдердің көпшілігіне көңілдері толмайтындығын ашық айтады. Олардың біразына ортақ мін деп, «табиғаттың әртүрлі түрімен сырласып, мұндаса алмайды. Өлеңдерін оқып отырғанда көңіл жоғарылап, қиял шарықтап, басқа бір дүниеге кіріп кеткендей болатын қуат аз, ... сыршыл еместігі. Әркімнің жүрегінде бір жасырын сыр бар. Ақынның ақындығы сол жасырын сырды тауып, жүректі тербетіп, қуантып, мұңайтып, жасырын күйдің шегін шертіп, әр бір пернесін тап басу. Ондай өлеңді оқығанда оқушының шері қозғалып, ой-көзі жүрегіне үндесетін бір әсер пайда болады... тілдердің шебер, кестелі еместігі, сөздерінің сырты тоқылдап, үйлесіп келсе де, нәзік сипаттарды жетік суреттей алмай, жадағай үстірт кетіп, айтық суретін көңілге берік қондыра алмайды»³⁹ – деп көрсетеді.

Авторлар сол кездегі поэзияны қатал сынға алғанымен де оның барлығын мүлдем жоққа шығармайды. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін», «сезімге әсер беретін суретті өлеңдер» де баршылық. Ондай өлең иелері – Мағжан, Міржақып, Сұлтанмахмұт. Ал «сырты төгілген,

³⁹ «Абай», 1918, №5, 2-бет.

сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл» А.Байтұрсынов, С.Дөнентаев, Ш.Құдайбердиев, Б.Өтетілеуов өлеңдерін жоғары бағалайды.

Мақаланың соңында қол қойған «Екеудің» кімдер екендігі жайлы түрліше пікірлер бар. С.Мұқанов «Екеудің» Абдолла Байтасов пен Даниял Ысқақов екенін жазса, Б.Кенжебаев «Бүркеншік аттар сыры»⁴⁰ атты мақаласында, Қ.Сыздықов «М.Әуезов – әдебиет сыншысы» кітабында (А., 1993, 44–45-беттер), Ж.Аймауытов пен М.Әуезов екенін айтады.

Журналда Жүсіпбек пен Мұхтармен қатар Шәкәрімнің, Сұлтанмахмұттың, Сәбиттің (Дөнентаев), Ғұмардың, Смағұлдың, Халелдің, т.б. түрлі тақырыптағы мақалалары жиі жарияланып, оқырмандар жүрегіне жол тауып жатты. Әдебиетке тікелей арналмағанымен де осылардың біразында қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, тіліне қатысты жол-жөнекей, жанама түрде болса да пікірлер айтылып жатты. Мысалы, М.Әуезов осы журналдың нөмірі сайын (тоғызыншыдан басқа) бір-екіден кейде үшеуден мақала жариялап отырған. Мұхтардың алғашқы публицистикасында мәдениет, ғылым тақырыбы басым жатыр. Солардың ішінен күні бүгінге дейін маңызын жоймаған «Ғылым» (№1), «Ғылым» (№7), «Философия жайынан» (№3), «Мәдениет хәм ұлт» (№10) сияқты мақалалары ой сонылығымен көзге түседі. Мұхтардың батыл да көрегендікпен айтқан мына бір пікірінде ұлттың болашағын тереңінен ойлаған ұлы жүректің мазасыз соғысы жатыр «Қытай оқуы Жапонияда ешбір пайдалы оқу емес, жалғыз-ақ ерте уақыттағы Жапонияның басшыларының ойланбағандығынан өз оқуларын Қытай оқуына араластырып алып, өз оқуын өзінікі қылып әкете алмағандығынан керексіз бір нәрсені жамап алып отыр. Міне, осындай халге қазіргі бетімізбен жүре берсек, біз де бір күні ұрынатын секілдіміз»⁴¹ – деуі күні бүгінге дейін маңызын жойған жок.

«Абай» журналының жалпы ұлттық бағытта жүргізген жұмыстары Совет Үкіметінің мақсат-мүддесіне мүлдем қайшы еді. «Алашорда» үкіметі құлап, билікке большевиктер келген соң журналға ұлтшыл, байшын көзқараста болды деген жаламен қуғындалып, ақыры жауып тынды.

Сонымен Қазан теңкерісіне дейінгі кезеңде қазақтың әдеби ой-пікірлері өзінің даму, қалыптасу жолында үлкен адамдар жасады. Қазақ кітаптарының шыға бастауы, әсіресе 1909 жылы Абайдың, Ахметтің, Міржақыптың өлең кітаптарының жарық көруі, «Айқап», «Абай» журналдарының, «Қазақ» газетінің шығып тұруы сыншыл ойларға кең өріс ашты. Әдеби сынға Ә.Бөкейханов, С.Торайғыров, Р.Қарашев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Сералин сынды қоғам, әдебиет қайраткерлері белсене араласып, қазақ әдеби сынының өресін биіктете түсті. Бұл кездегі әдеби сын қазақ әдебиетінің ұлттық болмысын, тіл тазалығын қорғауымен болашақ дамуының даңғыл болуы үшін халықтық мүддені жоғары көтерген күрскерлік қасиетімен ерекшеленеді.

6. «АЙҚАП» ПЕН «ҚАЗАҚТАҒЫ» ӘДЕБИ СЫН

«Айқап» (1911–1915) журналының қазақ баспасөзінің тарихындағы орны айрықша. Ағартушы-демократ жазушы Мұхамеджан Сералиннің басшылығымен шығып тұрған бұл басылым жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлттық, әлеуметтік санасының оянуына айтарлықтай қызмет етіп. Журналдың тақырыптық аясы өте кең. Сол кездегі қазақ қауымын толғандырған әлеуметтік, экономикалық мәдени мәселелердің ішінде басылым бетінде көтерілмегені жоқ десе де болғандай. «Айқаптың» қанатын кең жайып, кеңінен тарауына А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Н.Құлжанова, С.Торайғыров, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Малдыбаев, С.Ғаббасов, Ә.Ғалымов, О.Сатыбалдин, Р.Мұсағалиев, М.Тұрғанбаев, Ж.Тлеулин, Ғ.Қарашев, Ж.Мәмеков, Н.Сатыбалды, С.Нұржанов, Ж.Басығарин, Қ.Кемеңгеров, Ш.Құдайбердиев, т.б. сынды қаламгерлер айтарлықтай үлес қосты.

«Айқапта» көтерілген мәселелердің қомақтысы әдебиет пен тіл болды. 1911–1912 жылдары Әкірам Ғалымов пен 1913–1914 жылдары Сұлтанмахмұт Торайғыровтың журналдың хатшысы, тілші, қызметкер болып С.Көбеев, С.Сейфуллин

Б.Майлин, С.Дөнентаев, М.Жолдыбаев сияқты ақын-жазушылардың шығармаларының басылып тұруы, оның үстіне редакторы М.Сералин сынды әрі жазушы, әрі публицист демократтың басқаруы да басылым бетінде әдебиет, мәдениетке қатысты материалдардың мол көрінуне септігін тигізген.

⁴⁰ «Қазақ әдебиеті», 13.08.1965.

⁴¹ М.Әуезов. Ғылым тілі. «Абай», 1918, №7.

Журналда М.Сералиннің әдеби-публицистикалық материалдары үзбей жарияланып тұрды. Редакциялық мақалалардың денін өзі жазды. Солардың бірінде ол: «Тіл, әдебиет – бір ұлттың жаны мен рухы-дүр әдебиеті болмаған миллет тілі шықпаған жас бала кебі-дүр. Себебі өзінің басындағы қайғы, һәм шаттықтарын басқаларға айтып түсіндіре алмас. Бір ұлт пен екінші ұлт халіне келтірген себептердің ең зоры да тіл және әдебиет. Өз ана тілінің, әдебиетінің бағасын біліп, дәмін сезген ұлт балалары өз тілін ата-анасының артық құрмет етер. Тіл, әдебиет дүниедегі ғылым, өнердің, мәдениетінің ең асылы, ұрығы. Бұл нәрселердің әдебиеті болмаған ұлт арасында таралып жаюы мүмкін емес. Біздің де өзімізше тіл, әдебиетіміз бар... көміліп қатан қазынаны дүние жүзіне шығаруға үлкен-кіші баршамыз борышты қарыздармыз»⁴² – деп бүгінгі күнде де маңызын жоймаған ойлар айтты.

Басылым бетінде жаңа шыққан кітаптар жайлы пікірлер «Кітаптар жайынан» атты бөлімде тұрақты беріліп тұрды. Ұзын саны отыздан астам өлең кітаптарына, жиырмадан астам оқу құралдарына, аударма әдебиеттерге пікірлер шықты. Олардың қатарында Д.Байтұрсыновтың «Маса», Ш.Құдайбердиевтің «Қалқаман–Мамыр», Ғ.Қарашевтің «Бала тұлпар», «Өрнек», «Қарлығаш», Ә.Ғалымовтың «Жастық жемістері», С.Көбеевтің «Үлгілі бала», «Үлгілі тәржіме», «Қалың мал», С.Дөңентаевтың «Уақ-түйек» кітаптары және «Қара қыпшақ Қобыланды» жыры бар. Көпшілігінің аннотациялық сипаты басым.

Мысалдар келтірейік:

«Жаңа шыққан кітаптар».

«Жастық жемістері» қазақша өлеңмен басылған. Шығарушысы-«Айқап» оқушыларына белгілі Әкірам Ралымов. Ішінде әдемі-әдемі өлеңдер бар. Өлең оқуды сүйшілердің алып оқулары тиіс.

Ұмытылған «Қалқаман–Мамыр» қазақ тіліндегі тарихи хикая. Шығарушысы, һәм басты-рушысы Шәкәрім Құдайбердіұлы. Бұл кітапта қазақта мұнан 190 жыл бұрын болып еткен бір уақиғаны қисса қылып, өлеңменен жазған. Оқушыларға әсерлі көркем кітап. Алдырушыларға Семипалатта «Ярдам» кітапханасынан алдыруға болады»⁴³.

Бұл шағын материалдардың жарнамалық, хабарламалық сипаты айқын. Талдау жоқ. Жақсы бағалап, оқырманға үгіттеген.

Ал ақын Нұржан Наушабаевтың өлеңдерін дұрыс бағалай отырып, ішінара дәлелді сындар да айтқан:

«Алаш» – Нұржан Наушабаев сөзі. Бұл кітап назымға бөлініп жазылған. Наушабаевтың кәдімгі жүйріктігі мұнда да көрініп тұр. Ликин бізге бір ұнамаған жері: бағзы бір назым басында өз есімін қосыңқырап жазған. Мысалы, бірінші назым: «Сөзінді әркім, Нұржан сүйер сенің» – деп. Тағы бір міні, әуелгі назымында: «Қимылда қалған жоқ па бірер тамшы» – деген сөзді қалдыру тиіс еді, боқауыз сөз екендігі білініп тұр.

Өрнешікте осынай жақсы кітаптардың шығып тұрған жақсы, алушылар, оқушылар табылса керек»⁴⁴.

А.Байтұрсыновтың 1909 жылы жарық көрген «Маса» жинағына «Айқап» шағын пікір беріпті (1912, №1). Онда былай делінген:

«Жаңа кітап.

«Маса» – Ахмет Байтұрсынов шығарған Орынборда. «Дін уа мағиш» мұтбағасында басылған бағасы жиырма тиын.

Бұл кітаптың шығарушысы жүйрік жігіт екендігі әрбір сөзінен көрініп тұр. Әсіресе «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Достыма хат», һәм «Жиған-терген» нағыз сап-дүрлер.

Жалғыз-ақ біздің айтатұғынымыз жазу емлесін біразырақ түзеп жазу керек еді. Жазушысы қара халықтың түсінуіне жақындатып жазбақшы болғандай көрінеді. Иликин ол о кітапты қара халықтан да көбірек оқығандар оқиды ғой. Олар емленің бұзылғанына дым-ақ риза болмаса керек және тағы ондай кітаптарды оқитұғын бір ғана қазақ емес, былайғы түркі туғандарымыз да оқиды. Соның үшін де ортақ сөздерде ортақ емлені ұстау керек еді. Кітап жазушыны біз білсек те өзі кітапқа тура есімін қоймаған соң, біз де атын атамадық Иликин біздің білуімізше атын жазу керек еді»⁴⁵.

⁴² «Айқап», 1995, 115-бет.

⁴³ «Айқап». Құрастырушы Ү.Сұбханбердиева. А., 1995, 58-бет.

⁴⁴ Сонда, 65-бет.

⁴⁵ Сонда, 122-123-беттер.

Мәтінді А.Байтұрсыновтың кітабында жазылған алғашқы пікір болғандықтан және де жаңадан қалыптасып келе жатқан рецензияны көру үшін де толық келтірейік. Мұнда рецензия жанрына тән негізгі белгілері көрініс тапқан. Кітаптың не жайында екенінен хабардар етіп, оны жақсы бағалаған. Талдау болмағанымен де оның емлесіне қатысты ескертпелер айтылған.

Жалпы «Айқап» журналындағы сыни материалдарда шығармаға баға бергенде көбіне объективті түрде келіп отырғандығы көрінеді. Ағын ақ, қарасын қара деп айтуға тырысқан. Мұны И.Лихановтың қазақ өмірінен жазған «Манап» драмасы төңірегінде өрбіген пікірлерден анық көреміз. Журнал «Манаптың» қазақша аудармасын оны аударушы Мұхаметқали Есенгелдиннің алғысөзімен толық жариялаған. Артынша осы драма туралы С.Сейфуллиннің сыни пікірі шықты. Сәкен бірден негізгі Есенгелдиннің алғысөзімен толық жариялаған. Артынша осы драма туралы С.Сейфуллиннің сыни пікірі шықты. Сәкен бірден негізгі ойды айтудан бастайды: «Манапты» бұл қалыппен кітап қылып шығаруға әуре болмаңыз. Оны жазушы уездный начальник қазақтың тұрмысын білмегендіктен бе, жоқ қазақты мазақ қылып жазған ба қалай? «Манаптың» уақиғасы рас, қаһармандары осы күнде тірі деп жазғанымен драма қазақтың тұрмыс қалпына тіпті де келмейді»⁴⁶. Сынның негізгі мақсаты шығармада өмір шындығының көркем шындыққа қаншалықты сәйкес келетіндігін анықтау болса, автор рецензиясын бірден осы маңызды мәселеден бастайды. Әрі қарай ойларын дәлелдейді. Содан кейін оның қазақшаға аудару сапасын әңгімелейді. «Манаптың» тағы бір зор кемшілігі, оны қазақшаға аударғандар сөзбе-сөз аударды. Соның үшін сөздерінің тәрітібі нағыз қазақша болып шықпаған»-дей келіп, оған мысалдар келтіреді..

Сәкеннің «Манап» драмасы туралы сыни пікірін кейін М.Дулатов «Қазақ» (1914, №82) газетінде жариялаған рецензиясындағы одан әрі күшейте түсті. Ол тіпті осындай шығарманы басып отырған «Айқап» басқармасы да адасқан деп білемін» деп, қатты кетті.

Жаңа кітаптарға пікір айтылғанда олардың тіліне басты назар аударылып отырған. Мысалы, Р.Қарашевтің «Бала тұлпар» жыр жинағын ақынның бұдан бұрынғы кітаптарына Қарағанда оқу үшін бұнысы көп жеңіл-дүр» (1912, №1), ал «Өрнек» атты кітабын С.Байсейітов «өзі аз болса да сөзі жақсы, терең ойға түсіреді» – деп жоғары бағалайды. С.Көбеевтің «Қалың мал» романының да тілі жақсы бағаланған: «Бұл романның бет алысы жақсы, жазуы да әдемі, бірақ емле жағынан ақсаңқырайды. Спандияр мырза қазақтың қалыңмал алу турасындағы бірсыпыра әдеттерін өте ажарлы қылып жазып көрсеткен. Итбайдың Тұрлықұл байға қызын беріп, қалыңмал алғандағы, малды алып келіп бағып жүргендегі ойлары, мақсаттары өте жіңішке, өте әдемі көрсетілген. Бұл романды кімге де болса алып оқуға кеңес береміз» (1914, №4).

«Айқапта» хатшы болып қызмет істеген С.Торайғыров, журналдың мазмұнды шығуына көп еңбек етті. Оның осында жарияланған «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» (1913, №19, 20, 22, 24) және «Өлең мен айтушылар» (1913, №13) атты мақалаларының орны ерекше. «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» атты мақаланың құндылығы сол – ол қазақ едеби сыны тарихындағы алғашқы шолу мақалалардың бірі, әрі бірегейі. Сыртқы түрі шолу сияқты көрінгенімен де мақаланың проблемалық сипаты басым. Мұнда сол кездегі қазақ әдебиетінің ең бір өзекті мәселесі – тіл тағдырына батыл бара білген. Мақалада тіл тазалығы өткір көтерілген. Сол кезде шығып жатқан кітаптардың тіліне көңіл толмайтындығын ашық айтады.

«Нағыз, шынын айтқанда қазақ тілінде деп бастырылған кітаптардың көбінде қазақтың иісі де жоқ. Неге десең, тілдері быт-бырық, быт-бырық болғандарының ағыны теріс, рухын тексерсек баяғы айтылған «қатын ойбай». Ал енді қазақтықты сіріге жамаған былғарыдай қай жеріне апарып жапсырамыз? Мен тілімізге шала тілдердің шатасуынан тілдің ағыны теріске бейімделіп, орыс алып бара жатқанынан қорқамын. Біз бұралқы сөз кірмей ұйысқан сөз болса, «ойбай мынау қазақша екен» дейміз. Екі сөздің қыспағына жаңа сөздің қаймағын апарып қатарластырып қарасаң, ол ағын мен бұл ағынның арасы алты айшылық алысқа кеткендігі көрінеді» – деп жазды. Өлең кітаптарында «кейіп жоқ, келісім жоқ, құр қатын ойбай», «құр зарланған ойбайдан басқа дым да шықпаған» тілі – шүлдір» – деп сынайды. Бұған мысалдарды И.Бейсенұлының «Әдебиет өрнегі» (Қазан, 1910), Б.Бисенбиновтің «Мили шығыр» (Қазан, 1913) атты кітаптарынан келтірген.

Сұлтанмахмұттың «Қазақ әдебиеті – қазақ жұртының жаны. Жаны жақсы тәрбиеленіп, әлпештеніп өсірілген кісі тез жоғарылыққа жетіскені секілді, шата тілдер араласпай, әдебиеті

⁴⁶ Сонда, 232-бет.

өріс алған жұрт та тез алға басады. Бақ қонып, қыдыр дариды. Мұратына жылдам жетеді. Неге десең, қай жұрт болса да бастан-аяқ өнерлі, білімді болу қара бұқара арасына оқудың тез таралуымен болады. Бір жұрттың жабайлары арасында оқудың тез таралуы үшін жазылған кітаптар нағыз сол жұрттың тілінде болу керек» – деген жолдарында әдебиеттің ұлттық дамуға алатын үлкен орны, әлеуметтік мәні дәл көрсетілген.

С.Торайғыров халық өміріндегі әдебиеттің орнын аса жоғары бағалаған. Өлең – жыр, ән-күй – қазақ тіршілігінің, аса бір маңызды бөлігі. Онсыз өмірдің сәні жоқ. «Өлең мен айту-шыларға» негізінен осы ойлар өзек болған. Ол «бір халықтың сүтпен бірге байланысқан ірік-шірік қара кеуілдерін аршып, жаңа рухпен қандандыратын, таза бейілмен жандандыратын машина, шын жүректен шып-шып шырқырап шыққан өлең-жыр, әдебиет деген нәрсе болады. Көңілді түзейтін машина – өлең жыр», ол «шын жүректен шып-шып шырқырап шыққан» – деп жазады. Негізгі ойын «Қысқаша бір халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе жаны кетеді. Қазақты жансыз ағаш қылып, отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар» – деп түйіндейді.

Сұлтанмахмұттың тағы да «Заманның айдауменен күн асқан сайын қазақшылықтың «шылығы» жылжып кетіп барады. Байқаймын сірә, «шылық» кеткенменен жай кетпесе керек. Қазақтың бұрынғы сән-сәулетінің бәрін тік көтере ала кетсе керек. Айқай! Көк шалғынға боз үйді шаңқайтып тастап, шалжиып жататын сән-салтанат қайда? Оған аузымды ауырtpасам да белгілі, ол енді көрген түс есебінде, жер бауыры суық деп қоюға лайық нәрселер. Көрдің бе? Ең арты домбыра, сауық, тәтті-тәтті әндерімізге дейін азайып, қара күңгірт қапаға, булыққан заманға қарай дедектеп барамыз» – деген жолдары көп ойларға жетелейді.

Ғ.Мәмековтің «Өлең-жырларымыз туралы» мақаласы да Сұлтанмахмұттың ой арнасынан шығып жатқандай, өлең-жырдың қоғамдағы маңызды орнын нығарлай түседі. Ғалиолла да «өлең-жыр кетсе, бізде ана тіл де азаяды» дегенді қадап айтады.

Журналда жарияланған «Роман жарысы туралы» атты мақаладан «Былтырғы жылы Жетісу елінің атақты байларынан Есенқұл Маманов жақсы роман жазған адамға екі жүз сом ақша беремін» деп бәйгі жариялағанын, енді соның қорытындысын шығаруға «сыншылыққа мына мырзаларды лайықтаймын: Өлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов (екеуінің бірі), Мұхамеджан Сералин, Райымжан Мәрсеков, Шәкәрім Құдайбердиев, Жақып Ақбаев, Нармамбет Орманбетов һәм Нұрғали Құлжанов» – деген жолдарды оқимыз. Осында Есенқұл Мамановтың бұл ісін атақты Альфред Нобельдің сыйлығымен теңейді, «тіпті Нобель жұмысынан да артық деп айтқымыз келеді. Құдай тағала әрқашанда Есенқұл секілді ер көңілді байлардан қазақ жұртын кенде қылмасын деп тілейміз» – деп аяқтаған.

И.Гаспринскийдің қайтыс болуына орай «Айқапта» М.Сералиннің мақаласы жарияланды. Онда «отыз бес жылдан бермен қарай бүкіл Россия мұсылмандарына жолбасшы болып, ғылым шырағын қолына алып, жұрттың жүрек жолын жарық қылып келе жатқан бір данамыздан, бір маңғаз серкемізден айрылды. Күні кеше ғана жұрт қамы үшін қайғырып жүрген бір Асан қайғымыз арамыздан жоғалды... Россия қол астына қараған жиырма миллион мұсылмандар оқымыстыларының барлығына да Гаспринский ұстаз еді... «Тілсіз жұрт дүниеден тіршілік ете алмайды» – деп, жұрттың өз тілінің өзіне қадірлі екендігін аңдатқан марқұм И.Гаспринский еді. Біздер марқұм И.Гаспринскийдің арқасында өзімізді тани бастадық... Тілсіз жұрт – жансыз жұрт екендігін аңғардық. Біз бұрын жансыз өлі кеуде едік. Гаспринский бізге жан бітірді, өлі дүниеге ұрық кіргізді, соның үшін оны біз ешбір заманда ұмытатұғын емеспіз»⁴⁷ – деген жолдар бар. Кезінде пантүркішіл деп қудаланған түркі әлемінің үлкен қоғам, ғылым, мәдениет, әдебиет қайраткеріне жоғары баға берілген.

«Айқапта» жарияланған материалдардың ішінде М.Сералиннің аудармасымен, сөзбасымен шыққан Ә.Фердоусидің «Рустем–Зораб» дастаны көзге түседі. Сөзбасыдан автордың Ә.Фердоусиді, оның ұлы шығармасы «Шахнаманы» біршама зерттегені көрінеді. «Шахнаманың» бір саласы «Рустем–Зорабты» Ринокерттің неміс тіліне аударғанын оны Жуковскийдің орысшалағанын, содан қазақшаға тәржімалағанын ескертеді. «Болдыра алдым ба, алмадым ба, оны оқушылар сынар» – дейді. Мақаланың зерттеушілік сипаты анық. Қазақ оқырманына парсы ақыны Фердоуси кім, оның «Шахнамасы» қандай шығарма, «Шахнаманың» көздеген мақсаты, «Шахнаманың» басқа тілдерге аударылуы және оның әсері, дастанның әлемдік даңқы

⁴⁷ Сонда, 234-бет.

сияқты мәселелер бойынша мәліметтер берілген. «Шахнаманың» қазақ әдебиетіне қатысы жайлы. «Біздің қазақ тілінде өлеңменен жазылып жүрген «Хазірет ғали менен Дариға қыз һәм баласы Мәді» киссасы да осы «Шахнамадан» алынған»⁴⁸ деген болжам айтады.

Журнал бетінде көтерілген тағы бір маңызды мәселе – жазу, графика, әліпби. Мысалы, журналдың 1912 жылғы сандарында жазу тәртібі жайлы қызу пікір алысу болып өтті. Ш.Жияшев деген автордың «Бірге қозғалайық» (1912, №6) атты мақаласында Ахмет Байтұрсыновтың «жазу тәртібіне» қатысты пікір білдіріп, бірсыпыра даулы ұсыныстар айтқан. Өңгіме-арқауы – дыбыстарды әріптермен белгілеу. Автор Гаспринский ұсынған төте жазу жүйесін дұрыс көреді. Жияшевтің пікіріне қарсы «Алашұлы Азамат» деген атпен М.Дулатов қарсы мақала жазды. Онда Міржақып Ш.Жияшевтің мәселенің байыбын түсінбей, «Бұл кісі Ахмет Байтұрсыновтың жазу тәртібінің дұрыс, терісіне дұрыс тексеруден бұрын ноғайлардың әліппе жазушыларынан басқа жол іздегені үшін қатты ренжігенін»⁴⁹ – сөз етеді.

Көп ұзамай-ақ А.Байтұрсыновтың «Шахзаман мырзаға» көлемді жауабы шықты. Мұнда Ахмет өзі ұсынған алфавиттің қазақ дыбыстарын белгілеудегі өзіндік ерекшеліктерін түсіндіреді.

«Қазақ» газеті (1913–1918) А.Байтұрсыновтың редакторлығымен Орынборда шығып тұрған. Газет туралы М.Әуезов «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын» – деп жазған болатын. Осы себептерден де бұл газет егеменді ел болғанға дейін қалың жұртшылыққа белгісіздеу болып, жабық күй кешіп келді. «Қазақ» хақында Қазақ Совет Энциклопедиясында «ұлтшыл-буржуазияшыл басылым», «Қазақтың шаруашылық және мәдени өмірінің келелі мәселелерін үстем таптық мүддесі тұрғысынан сөз етті», «1917 жылдың июлінен газет контрреволюцияшыл Алаш партиясының ресми органына айналды. Газет Торғай облысы Советтерінің шешімімен жабылды»⁵⁰ – делінген. Шындығында да бұл жолдардағы таптық тұрғыдан берілген пікірлерді алып тастап, фактілерге жүгінсек шындықтың сілемдері жатыр. «Қазақ» газеті халқымыздың рухани өмірінде терең із қалдырған саяси-әлеуметтік жағынан жетіліп, ұлттық сана-сезімінің оянуына айтарлықтай үлес қосқан халқының қамы үшін отқа түсірген, болашағы үшін күресе білген, кезінде қазақтың мүлгіген даласында шамшырақтай жанып болашаққа бағыт көрсеткен айтулы басылым болатын. Ауыр отарлық езгі салдарынан ішкі қайшылықтары барынша шиеленіскен қазақ қоғамы жағдайында «Қазақ» газеті жалпұлттық мәселелерді, халықтың талап-тілегін мақсат-мүддесін, арман-аңсарын ту етіп көтеріп, ұлттық ой-пікірдің қайнаған қазанына айналды.

Газет сол кездегі ұлтжанды қазақ зиялылары топтасқан рухани орталық еді. Мұны газет авторларының құрамынан да байқауға болады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Дөнентаев, Б.Майлин, С.Торайғыров, Р.Қарашев, А.Мәметов, Б.Серкебаев, Р.Малабаев, Қ.Қоңыратбаев сияқты бүкіл елге танымал қайраткерлердің мақала-шығармалары басылым бетінде үзбей жарияланып тұрды. Сондай-ақ Л.Толстойдан, А.Чеховтан, М.Лермонтовтан, В.Короленкодан, И.Крыловтан аудармалар басылған.

«Қазақтың» шығарушылары әдебиетшілер болғандықтан да газет бетінде әдебиетке қатысты материалдар айтарлықтай орын алған. Газетте сынның барлық жанрларында дерлік, мақалалар беріліп, жетіліп-жетігіп, айқындала түсті.

Газетте А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны», М.Дулатовтың «Абай», «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан», «Әбу Бәкір Ахмеджанұлы Диваев», «Ахмед Ясауи», «Тоқай», «Исмаил Гаспринский», Мұстафа Шөкдевтың «Әбубәкір Диваев» сияқты мақалалары жарық көрді. Бұлар шығармашылық портрет жанрының жанрлық талаптарына жауап бере алатын алғашқы үлгілері еді.

А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» – абайтанудың іргесін бекіте түскен берік қазылған темір қазығы болды. Ахмет бірден «Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған

⁴⁸ Сонда, 248-бет.

⁴⁹ Сонда, 111-бет.

⁵⁰ Қазақ совет Энциклопедиясы. А., 6-том, 220-бет.

жоқ»⁵¹ – деп бастап, негізгі ойды айтып салады. Абайдың «сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойлап дағдыланған адамдар болмаса, біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік... айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын ішкі сырын қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың бәріне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді, сөз оқушыларды да сынайды» – деп, Абайдың ұлылығын, поэзиясының құдіретін қадір-қасиетін аша түседі. Абайдың өмір жолымен, шығармашылық мектебімен, ақындық ортасымен таныстыра келіп, «Абай сөздері дүниеда қалғаны – қазаққа зор бақ» – санайды.

«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де бар. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған» – деген жолдардан Абайдың сөз өнерін қасиет тұтып, оған үлкен жауапкершілікпен, биік талғаммен қараған үлкен интеллектуал болғандығын түсінеміз. Автор Абайдың екі өлеңінің мәтінін толық келтіріп, негізгі ойларына дәйек етсең, олар: «Өлең – сөздің патшасы» мен «Көк тұман алдындағы келер заман». Ахмет Байтұрсыновтың «Абай өлеңдеріне қояр «жалғыз-ақ міні бар. Ол мін – өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандық» – деп, мұның әнге салғанда кемістігі болатынын ескертеді.

Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай жазылған М.Дулатовтың «Абай» атты мақаласы да Ахмет ойларының жалғасы іспеттес. Мұнда сол кезге дейін Абайды қазақтың тануы мәселесіне көңлі толмайтындығын ашық айтады. Осы ретте Абайды тануда айрықша еңбек сіңіріп, ақын қайтыс болған соң оның өмірбаянын орыс тілінде жазып, Семейде шығып тұрған «Семипалатинский листок» (1905) газетінде, одан араға екі жыл салып өмірбаянын суретімен бірге «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества» кітабында мақала жариялаған ыждаһатымен Абай кітабы Петербуртта Бұраганский баспаханасында басылып шыққан Ә.Бөкейхановтың еңбегі аталып өткен.

Міржақыптың мақаласы Абай поэзиясы, қазақ әдебиеті, ұлт мәдениеті, ұлт тағдыры туралы терең ойларға толы: «Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды. Себебі қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, кең халық болып жасай алмауы тарихы, әдебиеті жоқтықтан. Тарихы әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлықтығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны-әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайда өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл талас-тартыстар заманында арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан есейіп де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей... Бәлкі мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай...»⁵².

Мақалада «қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөз атадан балаға немереден шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз». «Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасаң, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмыс, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар. «Бірінші ақынымыз» деп, қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...»⁵³ – деген болашаққа артқан үлкен сенімге толы, оптимистік жолдармен аяқталады. Абайдың ақындық тағдыры туралы Міржақыптың көрегендік жасағаны көрініп тұр. Қазір Абай – қазақ халқының ұлттық мақтанышы, ұлттық рухының қайнар көзі..

⁵¹ «Қазақ», А., 1998, 71-бет.

⁵² Абай. А., 1998, 103-104-беттер.

⁵³ Сонда.

Абай туған топырақта, қабірінің басына үлкен кесене бой көтеріп, бар қазақтың зиярат етер қасиетті жеріне айналды. Абайдың 150 жылдық тойын туған халқы әлемдік деңгейде дүркіретіп өткізді...

Сонымен Ә.Бөкейхановтың 1905 жылы жазылған шағын таныстыру мақаласынан бастау алған Абайтану ілімі «Қазақта» жарияланған. А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны», М.Дулатовтың «Абай» атты мақалалары арқылы кең арнаға шықты; жаңа биіктерге бет алды; Абайдың ұлы ақын екенің бар қазаққа жарик етіңің; Абайтану саласындағы бөлашақ іздетстердің бағыт-бағдарлары айқындалды.

М.Дулатовтың «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан» мақаласында: «Шоқанның кім екенін көп қазақтың білмеу себебі оның опатына биыл 49 жыл өтті... Қылышынан қан тамған батыр болмаса, Қарымбайдай ертегі болып қалған бай болмаса, оқушысы жоқ біздің қазақ ғылым жолында еңбек сіңірушілерді тез ұмытқыш келеді. Бірақ заман өткен сайын халықтың көзі ашылып, әдебиеті гүлденіп, мағбұғаты жайыла бастаған кезде естен шыққан Шоқандардың артында қалдырған сөзі тіріліп кім екендігін білдірмей қоймайды»⁵⁴ – деп, алдына Шоқанның өнегелі өмірімен таныстыру мақсатын қойған. Ш.Уәлихановтың түлеп ұшқан білім-тәрбие алған ортасымен атқарған қызметімен жазған еңбектерімен таныстырған. Оның жазғандары тақырыптық жағынан сараланып, соның бірі «қазақтың ертегі, өлендері, ақындары жайынан» болғандығы көрсетілген. Автор Шоқанның қандай адам болғандығынан оның замандастарының естеліктерін пайдалана отырып, бірсыпыра мағлұматтар берген. Әсіресе Шоқанмен бірге оқыған Г.Потанинге көбірек жүгініп отырған. Оның «орысша оқыған қазақта ең есті кітап қалдырған – осы Шоқан». «Шоқан өз жұртын өте сүйуші еді. Қолынан келсе, қазаққа жақсылық қылу, қазақ халқының келешегі үшін қызмет ету оның бар мақсаты еді. «Мен ең әуелі қазағымды жақсы көремін, онан кейін бүтін адамзатты жақсы көремін... Орыс қазақты сабап жатса, мен қазаққа болысамын. Егер орысты француз сабап жатса, менің жүрегім орыс жағында» деуші еді» – деген сөздерін келтіру арқылы Шоқанның адамдық ғалымдық болмысын аша түсен.

М.Дулатовтың жекелеген қалам қайраткерлері хақында жазған еңбектерінің қатарында «Ғабдолла Тоқаев» (1913, №9) пен «Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев» (1915, №155) атты таныстыру мақалалары да атап өткен ләзім.

Алғашқысында өмірден ерте кеткен татардың атақты ақыны Р.Тоқайдың қиындыққа толы тағдыры, шығармашылығы жайлы әңгімеленеді. «Өткір, терең мағыналы өлеңімен ноғай ғылымына өзін жастай танытқан Ғабдолланы... білмейтін жазу таныған ноғай жоқ. Біздің қазақ халқына марқұм Ыбырай Құнанбаев қалай құрметті болса, Ғабдолла әфенді ноғайларға да сондай еді» – деп келіп, бір өлеңінің мәтінін берген.

«Әбу Бәкір Ахмеджан ұғлы Диваев» қазақтың ауыз әдебиетін жинап, зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан башқұрт ғалымының 85 жыл толған құрметіне жазылған. Этнограф, фольклортанушы Ә.Дибаеттың шығармашылығына арналған мақала құнарлы ойларға толы: «Тарихын жоғалтқан жұрт – жоғалған жұрт» – дей келіп, ұлт өміріндегі әдебиеттің үлкен орнына тоқталады. Бізде сөз өнері дамығандығы сонша – «мақаласыз сөз сөйлемеген халықпыз». «Бірақ заман өтіп, заң өзгерген сайын бұрынғы қымбат ұлт қазынамызды сақтамасақ жоғалтамыз» – дейді автор. Осы жолда қазақ халқына үлкен еңбек сіңірген Ә.Дибаетты қошеметтейді. Оның еңбектерін «Ертегі-хикаялар», «Мысалдар», «Тарихи қағаздар» деп жүйелеп, тізімін келтірген. Осы газетте Ә.Дибает туралы Мұстафа Шоқайдың мақаласы да басылған.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының тек қазақ көлемінде қалып қоймай, туысқан түркі халықтарына да көз салып отырғандығы көрінеді. Татар Р.Тоқай, башқұрт Ә.Дибай, қырым татары И.Гаспринский жайлы мақалалар осыны аңғартады. Кейіннен пантүркішіл атаған И.Гаспринский қайтыс болғанда «Қазақ» газеті «Гаспринский оғат» деген атпен қазанама жариялады. Онда Гаспринский «түрік руының ұлы кісісі еді. Түрік ұранды халықтың бәріне бірдей ұлт көзімен қарап, ол еш бірімізді атасы басқа, аты басқа демеді. Бәріміздің жақсылығымызға сүйінуші, жамандығымызға күйінуші еді; мұқтажымыз болса, қайғырып жәрдем қолын сөзуші еді» (1914, №78) – деген жолдар бар. «Бүгін күллі түркі қауымдары қараңғыда жарық болған жолбасшысынан айырылып дағдарғандай түрі бар» – деп, түркі халықтарының бірлігі, болашағы үшін аянбай қызмет жасаған осындай еңбегі үшін кеңес үкіметі тарапынан қатты қуғындалған ардагер азаматтың қазасына қатты қайғырады.

⁵⁴ Сонда, 106-бет

Әлихан Бөкейханұлының «Кәкітайы» да қазаға байланысты жазылған. Мұнда Әлихан Кәкітай өмірінен қысқаша мағлұматтар бере келіп, өзінің 1904 жылы оған Абайдың өлең кітабын бастырыңдар деп хат жазғанын, 1905 жылы Кәкітайдың кітапты дайындап, алып келгенін, содан кейін аралас-құралас болғанын еске алған. Кәкітайдың зор адамгершілігі, ұлтжанды азамат екендігі айтылған.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі елеулі оқиғаның бірі Есенғұл Мамановтың романға бәйге жариялауы болды. Газеттің 1914 жылғы №52 нөмірінде Есенғұлдың «Бәйге тігемін» атты хабарламасы мұнда ол өлген баласының құрметіне қазақ романына бәйге жариялайтынын мәлімдеген. Бір жылдан соң Есенғұл тағы да газетке шығып (1915, №117), «роман жарысының мезгілі жақындағанын», енді оның қорытындысын шығару қажеттігін айтып, «сыншылыққа мына мырзаларды лайықтаймын: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов екеуінің бірі, Мұхамеджан Сералин, Райымжан Мәрсеков, Шәкәрім Құдайбердиев, Жақып Ақбаев, Нармамбет Орманбетов һәм Нұрғали Құлжанов. Ардақты азаматтар! Жаңа бас көтеріп келе жатқан әдебиетімізге бір қызмет бола ма деп басталған ниет еді, бұған әрқайсыңыз ілтипат етіп, ұлт әдебиеті құрметіне сыншылықты қабыл етулеріңізді өтінемін» – деген. Осы хабарламаның соңынан «газета жұмысынан босанып, Ахмет пен Міржақыптың қайсысы болса да Семейге бара алмайды» – деген анықтама берілген.

Осы хабарламада есімі бірінші аталған Әлихан Бөкейханов «Роман бәйгесі» (1915, №120) атты мақала жариялап, онда Ресейде және шетелдердегі ғылым мен әдебиет саласындағы үздік шығармаларға Альфред Нобель, Уваров, Пушкин атындағы сыйлықтар берілетіндігінен оқырмандарды хабардар етіп, романға бәйге жариялаған Есенғұл қажының бұл ісін жоғары бағалаған. «Бізде мұнан бұрын роман жазылған емес. Міржақып романы «Бақытсыз Жамал» – кішкентай ғана кітап. Мен мұны «Қазаққа» сын жазбақ болып, қолға алып едім. Екі жұма отырдым. Бұл менің бұрын қылмаған ісім еді. Сонан ба, жоқ сын өнері менде жоқтықтан ба» – деп киналады. Осы романдарға пікір білдіре алатын «мәдени жұртқа көркем кітап жазып отыратын Ахмет, Міржақып газетаның уақ ісіне есіл ғұмырды байлап отыр» – деп қынжылыс білдірді.

«Сын өнері менде жоқтықтан ба» дегенімен тұр Ә.Бөкейханов әдеби сын саласында бірсыпыра мақалалар жазды. Жалпы Әлиханның түрлі тақырыптағы мақалалары баспасөз бетіне жиі көрініп, өзін өткір публицист ретінде таныта алғанын айта кеткен жөн. Бөкейхановты әдебиет сыншысы ретінде қолтаңбасын танытатын мақалалары – оның «Қара қыпшақ Қобыланды», Ш.Құдайбердиевтің «Қалқаман–Мамыр», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбектеріне жазған рецензиялары. «Қара қыпшақ Қобыландының» Махмұтсұлтан Тұяқбаев Біржан Толымбаевтың айтуынан жазып алып, Орынбордағы «Үміт» баспасынан 1914 жылы шығарған нұсқасын талдаған. Абайдың өлеңдеріне Шәкәрімнің шежіресіне, Шоканның ғылыми деректеріне сүйене отырып, жырдың көркемдігі, тарихи негіздері хақында бірсыпыра толымды пікірлер білдірген. Жырдың жетісігіне Тайбурылдың суреттелуін келтірген. «Тілге жеңіл жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келген» жерлерінің кітаптағы беттері көрсетілген. «Дәмсіз өлеңдер қосақталғанға» да мысалдар келтірген.

«Қалқаман–Мамырды» (1915, №1211) талдауды оның авторы Ш.Құдайбердиевпен таныстырудан бастаған. Шәкәрімнің «Қазақ пен хандар» шежіресін жазғандығы, «Абайдың ағасы Құдайбердінің баласы, Абай барда таласып ақындық қылып, жарыққа шықпай, көлеңкеде жүре бергендігі» айтылған. «Өленді ақын сынаған жөн. Оқушы жазушы, ақын болмаса да ақын сөзінде бұларға сынға салатын мүшелер болатын. Орыста Пушкин, Лермонтовты сынға салып, жұртқа жайған Белинский сөзге ақын емес, ойға ақын еді. Шәкәрім Пушкин болмас, біз Белинский болмаспыз» – деген сияқты сөздерден кейін дастанды талдауға кіріседі. Автор «Қалқаман–Мамырды» Пушкиннің «Борис Годунов патша», Лермонтовтың «Калашников көпес туралы ән» поэмаларымен үндес екенін атап өтеді. Солармен салыстыра отырып, жырда халықтың мінез-құлқын әдет-ғұрпын көрсету аз. Бұдан 190 жыл бұрын түгіл, қазір де қазақ қызының өз еркімен күйеуге шығуы болған емес» – деген сияқты ескертпелер айтқан. Автор жалпы «Қалқаман–Мамырды» жақсы бағалаған. «Жұрт көзін ашуға «Қалқаман–Мамыр» сияқты өлең өте керек. Рас біздің қазаққа осы бойымен де «Қалқаман–Мамыр» айтулы жақсы өлеңнің бірі болар. Бірақ «көп бергеннен көп сұралады» деген. Мұны Шәкәрімнен көп сұрап жаздым».

«Қазақта» К.Тоғысовтың «Манап» драмасына және «Надандық құрбанына» жазған рецензиялары жарық көрген. Бұл екеуі де Міржақыптың қызуқандылығына сай өткір жазылып, қатты сындар айтқан. «Манаптың» аудармасы «Айқапта» жарияланып, оған С.Сейфуллин ащы сындар айтқан болатын. М.Дулатов та осы Сәкеннің пікірлерін тереңдете түсіп, драманы іске алғысыз етіп тастайды.

«Манап» драмасы үлгілі қазақ әдебиеті қатарына қосыларлық емес... «Манап» басынан аяғына дейін жеке сөздері болсын, айырым бөлімдері болсын, һәм түгел мағынасы болсын, қазақ тұрмысына һәм ғұрып-ғадетіне мыңнан бір нұсқасы жанаспайды – дей келіп, белгілі бір ұлттың өмірінен шығарма жазу үшін я сол ұлттың өзінің адамы, я сол елге сіңісіп кеткен адам болу керек екендігі баса көрсетеді.

М.Дулатов К.Тоғысовтың «Надандық құрбаны» атты драмасына пікір білдірді. Рецензия өткірлігімен, нақтылы пікірімен көзге түседі. Шығарманы талдамастан бұрын автор сол кездегі қазақ әдебиетіне қысқаша сипаттама берген: «Әдебиетіміздің жаңа дәуірі енді басталды. Әлі жас, түсі солғын еркін төселіп кеткен жоқ. Тұрмысымызды, салтымызды айнадай ашық түгел көрсетерлік суретті әдебиет әлі туған жоқ. Проза (қара сөз) әлі дәуірлей алмай тұр. Әдебиетіміздің байырақ жағы өлең. Бірақ өлеңіміздің санына қарағанда, өлеңіміздің мағына жағынан өте аз. Соңғы жылдарда шыққан ақындардың көбі бір-біріне еліктеп, бірінің ізін бірі басып, өз бетімен жол сала алмай, кестесіз, рухсыз «ұйқасты сөз» шығаруды таңсық қып кетті». «Жылқы біткен дүлдүл болмайды, құс біткен бұлбұл болмайды. Адам баласы да солай. Жұрттың бәрі шешен, әнпаз ақын, данышпан болып туа бермейді... Дүлдүлге де күй керек, бұлбұлға да жайлы орын, көңілді бақша керек. Адам баласы бәрінен де артық күй таңдайды»⁵⁵ – деп жазады Міржақып. Содан кейін барып шығарманы талдауға кіріседі.

Автордың пікірі анық: «Мұнда «Көлбайлық» көзге түртіліп, «мен мұңдалап тұр». «Надандық құрбанының» негізгі үш кемшілігін нақтылап көрсетеді: оларға: 1. «Кітабындағы өлеңдері әркімнің өлеңінен құралған құрақ, байқап оқыған кісі, ақ шүберек кімдікі екенін танырлық». 2. Алты қатыны бар байдың суреттелуі, ол өзі оқиғаны көрдім дегенмен де сенімсіз, «Көлбай ол шалдың үйіне қондым десе де, бұл уақиғаның рас болуы өте шүбәлі. Өйткені кедей адам алты қатын ала алмайды, бай болып алты қатыны болса, бәрі бір үйге қамап отырмайды. Ал қамағаны рас болсын сонда Көлбайдың өзі қайда жатты екен?» 3. Драмда Зайсан өңіріне аты белгілі адамдар кейіпкер болып, барлығы да «ақымақ», «надан» деп сөгілген. «Бұлардың көбі Көлбаймен дәм-тұзы жараспаған адамдар, сондықтан Көлбай оларды «кітапқа шығарып, жұртқа маскара қылып, мұқатқаны»⁵⁶.

«Бірнеше кісіні сөйлестірумен біреуді үйден шығарып, біреуді үйге кіргізумен, біреуді ауырттып, біреуді өлтірумен драма болмайды. Жазушы да – суретші. Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанында көріп тұрғандай боласын. «Надандық құрбанында» мұның бір нұсқасы жоқ»⁵⁷ – деп, осы ойларын дәлелдеу үшін тағы да жеті түрлі кемшілгін санамалап берген. Рецензия «Сөйтіп, тұңғыш көрген театр кітабымыз өлі туды. Мұны әдебиет кештерінде қоюға жарайды деп айтуға ауыз бармайды.

Ұзын сөздің қысқасы, Көлбай драма жазудың орнына өзі драманың батыры (геройы) болып кірсе, көркемірек болар еді» – деген қатқыл, кекесін сөздермен аяқталған. Міржақып «Біреудің кітабын сынағанда шығарушысының кім екенінде жұмыс болмауға тиіс» деп дұрыс айтып отырғанымен де өзі де байқамай артық-ауыс, адамның намысына тиетін («Көлбайлық») сөздерді айтып жібергені көрініп тұр. Бұл сол кездегі саяси күрестің, жекелеген адамдар арасындағы салқын қарым-қатынастардың әсері болса керек. Қалай десек те, бұл мақаладан өз халқының жарқын болашағы үшін күрескен ардагер азамат М.Дулатовтың негізгі мақсаты К.Тоғысовты мұқату емес, қазақ драматургиясы, қазақтың театр өнері жақсы болса екен деген игі ниетпен атойлап тұр.

М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» атты мақаласы «Оқушыларға мағлұм, «Оян, қазақ!» атты өлең кітабымды ескі үкімет шам көріп, «қазақ оянып кетеді» деп қорқып, 1911 жылы мені судқа берді, сол себепті жыл жарымнан артық абақтыда жатып шықтым» («Қазақ», 1917, №233) –

⁵⁵ «Қазақ», А., 1998, 282-бет.

⁵⁶ Сонда.

⁵⁷ Сонда.

деген жолдармен басталады. Автор 1916 жылғы 25 июнь жарлығынан кейін «қазақ халқы қан жылады, бәрімізден артығырақ қырғыз бауырларымыз қырғынға ұшырады» дей келіп, соларға қаржылай көмек көрсету мақсатымен «Оян қазақтың!» қалған 1000 данасын сатып, одан түскен қаражатты қырғыздарға көмек ретінде беруді шешкенін айтады.

«Қазақ» газетінің 1915 жылғы 110 нөмірінде Семейде өткен әдебиет кеші туралы хабар басылған. Сонда «Қазақ әдебиеті жайынан» баяндама жасаған Р. Мәрсековтің сөзі газеттің 112–113 нөмірлерінде берілді. Мақала бүкіл қазақ әдебиетінің тарихына шолу түрінде жазылған. Автор мәселеге кіріспестен бұрын «әдебиетке». «Әдебиет сөз» деген мағынада. Сөз дегенмен сөздің сөзі болады. Сөздің сырты шырайлы, сынды болып, іші мағыналы, ойлы болса, сонда ол әдебиет болып табылады»⁵⁸ – деген анықтама беріп, «халықтың ойлаған ойын пікірін білдіретін, мұнын, мұқтажын көрсететін – осы әдебиет. Бұл – жұрттың айнасы. Халықтың түрі, қалпы, салты бәрі сонда көрініп тұрады» деп көрсетеді.

Р. Мәрсеков қазақ әдебиетінің тарихын үш дәуірге бөлген. «Бірінші дәуірі – ескі замандағы қазақ арасына жазу таралмай тұрғандағы кез». Бұл кездің әдеби үлгілеріне «Қалқаман–Мамыр» аңызын күй аңыздарын Орынбай, Кеншімбай, Өтеұлы, Айман, Шолпан, Болық қыз сияқты ақындарды, үш жүздің ұлы билері Төле, Қазыбек, Қаражігіт билерді келтірген. Екінші дәуір «жазудың халық көбірек таралған заманы делінген. Бұған Абайға дейінгі кезең жатқызылған. «Өстіп әдебиетіміздің төмендеп, тіл болса кедейленіп бара жатқан уақытта ардақты Абай марқұм шығады. Қазақ әдебиетін көркейттіп, түрлендіріп, сөз қадірі кетіп бара жатқан уақытта сыртына өң беріп, ішіне жан кіргізіп, сөз қадірін танытқан осы Абай болады»⁵⁹ – деп жазады автор. Абайдан кейінгі кезеңді үшінші дәуірге жатқызылған. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», Ыбырайдың (Алтынсарин) «Өнер, білім бар жұрттар» өлеңдерін осы кездің үздік үлгілері ретінде мәтінін толық келтірген. Шолу «Енді мұнан былай сөз қадірі ұлғайып, өлең керектігі байқалып, өзге жұрттар да қандай болса, бізде де сондай болар деген үмітпен сөзді аяқтаймыз» деген сөздермен біткен.

«Қазақтың» 1916 жылғы 64 нөмірінде жарияланған «Әдебиетімізге көз салу» атты мақаланың тақырыбы әдеби шолу сияқты көрінгенмен де проблемалық мақалаға жатады. Мұнда негізінен екі мәселе – қазақ тілі мен әдебиеті қай бағытта дамуы керек – көтеріледі. Автор «Әдебиетіміз үшін жаңа тіл, жаңа қазақша әдеби тіл тұрғызу ләзім» дейді де «Қазіргі қазақ тілі үшін жаңа сөздер, жаңа түрлер, жаңа кестелер жетпейді, дұрыс, қазақ тіл басқа түрік тілдеріне қарағанда самобытность – өздік жағынан байырақ һәм тазарак. Қазақ тілі анықтағанда, гибкость – икемділігіне, плавность – ағымы тегістігінде. Радлов секілді түрікшілдердің ойынша, еуропа тілдерінен франк тілімен тең» – санайды.

Ал «Әдебиет әрқашан тұрмыстан айрылмай, қол ұстасып бірге кетсін. Тұрмыстың әрбір сазына әдебиет жаңғырық – сөз қайтарсын халықтың әрбір қайғысын әдебиет айнадай көрсетсін. Сөздің қысқасы, әдебиет тұрмыспен берік байлаулы болсын» – дей келіп, басқалардан үлгі алу мәселесін қояды. «Еліктеу дәуірін басымыздан кешірмей кете алмаймыз, бірақ кімге еруіміз мақұлырақ? Кімге ерсек заманға, логика-мантикаға да тура келер? Бұл мәселені мен орыс-Еуропа мәдениетіне еру мақұлырақ болар деп шештім» – дейді автор. Өйткені Тоқай, Гаспринский, Абайлар орыс әдебиетінен үйреніп барып, даңқы шықты. «Еуропа мәдениетінің бір асылы дух критицизма – рух сыны, бұл бізді жүре алмайтын тұйыққа, шыға алмайтын шыңырауға алып кетпес. Еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны бізді жаңа көзімізді ашып, қатамызды көрсетер. Әдебиетіміздің атасы Абай бұл жолдың қорқынышсыз, біздің үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Өйтпесе Абай үшін араб-парсы жолы да ашық еді» – деген сияқты өз ойларын ортаға сала отырып, оқырманды осы мәселе төңірегінде пікірлесуге шақырған.

Қазақ ауыз әдебиетін жинап, зерттеушілердің алғашқы легінде болған Ахмет Баржақсин Г.Н.Потаниннің әдебиет үлгілерін жинау экспедициясына (1913) қатысып, екі мыңдай (1710) мақал-мәтел жинап, соның ішінен іріктеп «Мың мақал» (1915) атты кітап шығарған. Ол «Қазақ» газетінде жариялаған мақаласында ауыз әдебиеті, оның ішіндегі мақал-мәтелдерге арнайы тоқталған. Ахметтің «Мақалдарын» қазақ фольклортануындағы алғашқы теориялық мақалалардың бірі деп қарау керек. Өйткені мұнда артық-кем айтылған тұстарына қарамастан ауыз әдебиетін, оның жанрларын анықтауға әрекет жасалды. «Халық әдебиеті дегеніміз –

⁵⁸ «Қазақ», А., 1998, 154-бет.

⁵⁹ Сонда, 156-бет.

ертегілер, Өлендер, жұмбақтар, мақалдар һәм мәтелдер» – деген анықтама береді де, осылардың әрқайсысын нақтылай түседі: «Ертегі – кеңес қылып айтылатын сөздер. Онда халықтың жоқ нәрселерді бардай қылып айтатындығы көрінеді. Өлең – домбыра, әнмен қосылған әдебиет. Бұл халықтың ішіндегі қайғы-шерін һәм қуаныш-сүйінішін көрсетеді. Жұмбақ – бір нәрсені өзіне ұқсаған екінші бір нәрсе арқылы аңғартқан сөздер. Бұл ақын – ойды молайтады. Мақал – қысқа, тегістеліп айтылған халық аузындағы өсиет. Онда қай жағынан болса да дұрыстық айтылады... мақалдар мен мәтелдер халықтың бірнеше ғасырлық данышпандығын көрсетеді. Мәтел – қысқа һәм қай түрмен айтылған халық өсиеті. Оның ішінде бар анықтық, ойды қысқа ғана айтады»⁶⁰. Мақал-мәтелдің басты қасиеті деп, оларда «пікір сонша тығыз айтылған өлеңнен сөзді тастау сондай қиын. Мақалдарда артық сөз болмайды. Олар әбден қысқартылып, әдеміленіп айтылған сөздер. Өсиет қосып айтылған мақалдар көбіне екі бөлім болып, бір-бірінің аяғы ұйқасатынын» – айтқан. Мақал-мәтелдерді әлем халықтарының барынша қадірлейтінін араб, парсы, түрік т.б. тілдің гүлі, немістер «кеше арасындағы данышпандық», италяндықтар «халық мектебі», ағынлық, француздар «көп көргендіктің жемісі», орыстар «қанатты сөз, әдемі сөз» дейтінін келтіру арқылы аңдатқан. Басқа халықтарға қарағанда қазақтардың мақал-мәтелді жиі айтатындығы, соларды жиі қажеттілігі көтерілген.

Осы газетте жарық көрген елеулі мақалардың бірі – «Роман не нәрсе?» (31.1.1914). А.Баржақсиннің «Мақалдарында» ауыз әдебиеті үлгілері алғаш рет жүйелеуге әрекет жасалынса, Арысұлының бұл мақаласында жазба әдебиеттегі романға жанрлық тұрғыдан түсініктер берген. «Роман не нәрсені?» қазақ әдеби сынындағы алғашқы теориялық мақалдардың бірі деп қарау керек.

Автор алдымен «роман» терминінің шығу төркінін анықтайды: «осыдан 150 жыл бұрын Италия французды билеп тұрған заманда екі тіл қатысып, ортадан дара роман тілі туған. Осы тілмен (француз жазушылары сол заманның кемшілік, таршылығын көрсетіп, кітап жазған. Барлық кітаптарын роман тілімен жазған сосын «роман» деп атаған).

Мақалада роман жанрына қойылатын талаптарға тоқталған. «Романның ішкі мағынасы тіршіліктің жарық һәм күңгірт жағын бейне өзіңдей айтып суреттеп, адамның өзіне көрсету... бір адамның, иә бір әулеттің, иә бір нәсілде, бір тілде халықтың өмірін, иә кейбір қалыптағы қатардағы иә қилы-қилы замандарда болып өткен халықтардың өмір халын суреттеп көрсетеді» – деп жазады. XVIII, XIX ғасырлардағы атақты романшылар қатарында Вальтер Скотты, Диккенсті, Теккерейді, Пушкинді, Гогольді, Лермонговты, Толстойды айтады. Роман үлгісіне Л.Н.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігін» келтіріп, онда «алуан-алуан адамның мінез-құлқын бірін қалдырмай тізін, адам өмірінің жіңішке қылдай жерін суреттеп көрсетеді» – деген. Қазақта бірінші роман Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» 1910 жылы басылып шыққан деп, оған жақсы пікір білдірген.

Бұл мақаланың 1914 жылдың 31 қаңтарында жарияланғанына, ал Е.Мамановтың романға бәйге тіккені жайлы хабарды газеттің 28 ақпанындағы нөмірінде шыққанына назар аударсақ, газеттің бүтін мәселені алдын-ала ойластырғаны көрінеді. Алдымен роман жайлы қаламгерлерге, оқырмандарға жалпы түсініктер беріп алып, содан кейін жарыс жариялауы осындай ойларға жетелейді.

Арысұлының тағы бір мақаласы «Ән, өлең һәм оның құралы» (1914, №67) деп аталады. Онда Гете, Шопен, Бетховен сияқты өнер алыптарына сүйене отырып, қазақтың сыбызғы, домбыра, қобызғы сияқты музыка аспаптары жайында әңгіме қозғайды.

Газет түрлі тақырыптағы әдеби шығармаларды, олар туралы зерттеу-пікірлерді жүйелі түрде беріп тұрды. Тіпті жер-жерлерде өтіп жататын әдебиет кештері жайлы хабарлар да жиі көрініп тұрды. Мысалы, 1914 жылғы №51 және 1915 жылғы 114 нөмірлерінде Семейде («Әдебиет кеші», «Қазақ әдебиет кеші»), 1915 жылғы 119 нөмірлерінде Орынборда («Әдебиет кеші»), 1917 жылғы 253 және 254 нөмірлерінде Ақмешітте, Ақтөбеде, сондай-ақ Торғайда, Томскіде өткен әдебиет кештері жайлы хабарлар мен оның бағдарламалары қоса басылған. Кейбіреуі қысқа хабар жанрында жазылса, енді біреулері көлемді мақала, репортаж іспеттес. Мысалы, Семейде өткен қазақ әдебиеті жайлы кештен жазылған материалда жиынның қалай өткені егжей-тегжейлі баяндалған. Онда Райымжан Мәрсеков қазақ әдебиеті жайлы көлемді баяндама жасаған (газеттің 112, 113 нөмірлерінде жарияланған «Қазақ әдебиеті жайынан»

⁶⁰ «Қазақ», А., 1998, 183-бет.

атты материалға жоғарыда тоқталып өттік). Онан соң Нұрғали Құлжанов шығып, Біржан–Сара туралы әңгімелеп береді. Сараның ролін Тұрар Қозыбағова, Біржанды Жүсіпбек Аймауытов ойнайды. «Бұлардың шыққан түрі, отырып өлең айтқаны әлгі жиылған жұртқа Біржан сал мен Сараның өздері отырып айтысқандай-ақ көрінді». Содан соң Абайдың, Ыбырайдың өлеңдері оқылып, Жүсіпбек, Әли, Қайқабай бала, Әлмұхамет сияқты әншілер ән салады. Үшінші бөлімде Жанак пен Баланың айтысы, төртіншіде казактың бұрынғы киімдері көрсетіледі. Осының барлығы тәптіштеліп баяндалған.

«Қазақтағы» тұрақты тақырыптың бірі тіл мәселесі болды. Мысалы, А.Байтұрсыовтың «Жазу мәселесі» (1913, №34), «Жазу жендеу» (1913, №43), т.б. мақалалар жарық көрді. Бұларда қазақ тілінің жазылуы, араб графикасындағы әріптердің сөздің басында, ортасында, соңында келу емлесі айтылған. Сондай-ақ қазақ тілінің қазіргі күйі, болашағы сияқты өзекті мәселелер төңірегіндегі материалдар үзбей жарияланып тұрды. Соның бірі – аты-жөнді қалай жазу керектігі жайлы пікірталасу. Енді «Ов» туралы» («Қазақ», 1915, №12) мақалаға назар аударайық. Бұл мәселе күні бүгін де күн тәртібінен түспей тұрғандықтан да мақаланың өзін тыңдайық:

«Газетіміздің 102 нөмірінде студент Ыдырыс Оразалыұлының осы күні фамилия жазғанда қосылып жүрген орысша «ов» «ова»-ны тастап, оның орнына «ұғлы», «қызы» деп жазу тиіс деген пікірі басылған еді. Басқарма бұл пікірді мақұл көрсе де, фамилия орнына үлкен әке, яки бабаның аяғына ешнәрсе қосылмай-ақ жазылса, қалай болар деген пікірді көрсеткен еді. Сонан кейін басқармаға бұл туралы мына кісілер өз пікірлерін жазып отыр.

1. К.С. «ов» орнына «и», «ова» орнына «ие» жазу тиіс. Мысалы, Әлихан Бөкейхани, Назифа Құлжание. Өз әкесін жазғанда «ұғлы», «қызы» деген сөздер жазылар.

2. Жармұхамед Болатұғлы жоғарғы пікірде. Бірақ «и» мен «ие»-ні арабша, жат тіл десек түрікше «лу», «ли» дегенді алу лайық болмас па? Мысалы, Әлихан Бөкейханлу, Назифа Құлжанли.

3. Желкек «ов пен «ованы» қалдыру тиіс. Еркек әйелді айыру үшін біреуінің аяғына ешнәрсе қоспай айтармыз. Назифа Құлжан секілді. Екіншісінің аяғына «и»-ді жазармыз. Әлихан Бөкейхани секілді.

4. Нағметолла Күзембаев. Әкені жазғанда «ұлы» (ұғлы емес), «қызы» деу керек. Үлкен әкені, яки бабаны жазғанда аяғына еш нәрсе қоспау лайық.

5. Кенжеғали Абдулұғлы. «ов» орнына «дан», «нан»-ды жалғау керек. Мысалы, Әлихан Нұрмұхамедұғлы Бөкейханнан «ова»-ның орнына еркектен айыру үшін «ның», «дың»-ды қосу тиіс. Мысалы, Назифа Сағызбайқызы Құлжанның.

6. Ыдырыс Оразалыұғлы. Ал енді үлкен ата жазылғанда «ұғлы», «қызы» деп жазу тиіс. Ал енді үлкен ата, яки баба жазылғанда олардың аяғына еш нәрсе жалғаудың қажеті жоқ. Қазақтың тілінде түбінде еркек пен ұрғашы айрылмағандықтан мұнда да оның керегі жоқ. Біреудің еркек ұрғашылығы өз атынан-ақ білінеді.

7. Әлихан Ыдырыс Оразалыұғлының пікірін мақұлдайды»⁶¹

Редакцияға келіп түскен пікірлерді қорытқан мақаланың соңына газет басқармасының ұсынысы да қоса берілген: «Шын қазақша айтқанда, Оразалының Ыдырысы деп жазу керек еді, бірақ біз өзге халықтарға еліктеп, әуелі атымызды, онан кейін фамилия жазып жүрміз. Сондықтан бұл үйреністі бұзбай-ақ орысша «ов», «ова», «ин», «ина»-ны тастап, мұнан кейін «ұғлы», «қызы», «қатыны» деп жазуды лайық көреміз». Редакция осымен пікір алысуды доғаратынын мәлімдеген. Газет бетінде жаңа шыққан әдебиеттерді қысқаша оқырмандарға таныстырып отыру тұрақты түрде жүргізілді. Олар кітаптың не жайында, кімдерге қажет, қай жерден қанша бағаға алуға болады деген сияқты хабарламалық-жарнамалық сипатта болды.

Сонымен «Қазақ» газеті ұлттық әдеби сынның қалыптасып, дамуына тарихи еңбек сіңірді. Сол кездегі бүкіл қазақ аузына қараған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, А.Баржақсин, Р.Мәрсеков сынды мандайалды зиялыларымыз осы газеттің маңына топтасып, ұлттық әдебиетіміздің дұрыс жолда дамуы үшін ұлтжанды пікірлер айтып, қызмет етті. Ұлттық әдебиетіміз, мәдениетіміз, тарихымыз, тіліміз, дініміз жайлы осыдан 90 жыл айтылған пікірлер әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ.

⁶¹ «Қазақ», А., 1998, 184-185-беттер.

7. АЛАШШЫЛ ӘДЕБИ СЫН

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде ұлт азаттығын көтеріп шыққан Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, С.Торайғыровтың, М.Жұмабаевтың, М.Әуезовтің, т.б. ой-пікірлері өміршеңдігінің, әдеби дамудың даңғыл жолын дұрыс көрсете білуінің арқасында жетекші бағытқа айнала бастады. Сынның жай-күйі әдебиеттің дамуына тікелей байланысты. 1909 жылы үш бірдей кітаптың Абайдың өлеңдер жинағының, А.Байтұрсыновтың «Қырық мысалының», М.Дулатовтың «Оян, қазағының» басылып шығуы қазақ әдебиетіндегі жана бір дәуірдің де басы болғандай еді. Идеялық бағыты, көркемдік сапасы бұрынғы дәстүрлі қазақ позициясынан мүлдем жаңаша бұл шығармалар әдеби ой-пікірдің жандануына да негізі себеп болды. Әсіресе, Абай өлеңдері кітабының жариялануы ұлттық әдеби сын дамуының қозғаушы күшіне айналды. Ұлы ақынның поэзиясындағы ұлттық болмыстың барынша шынайы жырлануы әдеби ой-пікірді де ұлттық арнаға қарай бұрғандай болды.

Жалпы, Абай туралы алғаш пікір білдірген белгілі қоғам қайраткері, алашорда серкелерінің бірі Әлихан Бөкейханов тұғын. Орыстың атақты ғалымы П.П.Семенов-Тянь-Шанский мен академик В.И.Ламанскийдің басқаруымен шыққан көптомдық «Россия. Полная географическое описание нашего отечестваны» 18-томы қазақтарға арналып, «Киргизский край» деген атпен 1903 жылы Петербуртта жарық көрді. Кітап авторларының ішінде жалғыз қазақ Ә.Бөкейханов та бар. Осы томның қазақ халқына арналған екінші бөлімін жазуға Әлихан қатысқан. Соның «Қырғыз өлкесінде халықтың орналасуы, этнографиялық құрылымы, тұрмысы мен мәдениетінің аталатын бесінші тарауында қазақтың мәдениеті, әдебиеті туралы сөз болды. Қазақтың бай ауыз әдебиетін айта келіп, «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» жырына талдау жасайды. Ақындық поэзияны әңгімелегенде Шортанбай мен Ноғайбай жырларына сипаттама бере келіп, Абайдың поэзиясына тоқталған. Ә.Бөкейханов Абайды қазақ поэзиясындағы жаңа ағымның өкіліне жатқызған. Оның өлеңдері формалық жағынан да, поэтикалық мазмұны бойынша да көркем келетінін (әсіресе табиғат лирикасы) айтқан. Ақынның А.С.Пушкиннен «Евгений Онегин» романын М.Ю.Лермонтовтан көптеген өлеңдер аударғанына мән берген. «Татьянаның хатына» Абайдың ән шығарып, ел ішінде айтылып жүргендігін орыс оқырманына жеткізген.

Абай туралы арнайы алғаш мақала жазған да – Ә.Бөкейханов. Ақын қайтыс болған соң Әлихан оның өмірбаянын қазанама түрінде жазып, Семейде шығып тұрған «Семипалатинский листок» атты басылымда жариялады. Осыдан екі жыл өткен соң (1907) «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества» деп аталатын кітапта Абайдың өмірбаяны суретімен қоса басылды. Ақынның өмір жолы, шығармашылығы кеңірек қамтылып, баға берілген бұл мақала абайтануға салынған алғашқы ғылыми сұрлеу де еді. «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» деп аталған мақалаға «некролог» сөзі қосымша тіркелген. Әлихан Абайдың ақындығын аса жоғары бағалайды. Автор Абайды сирек кездесетін «самородок» деп, аса қуатты поэтикалық дарын иесі атаған. Мақалада орыс әдебиетінен Абай аударған шығармаларға едәуір орын берілген. Оның Еуропа әдебиеті мен ғылымымен де таныс болғандығы нақтылы фактілермен аталып өтеді. Негізгі ой «Абай, как это покажут стихи, представлял недожинную поэтическую силу и составляет гордость киргизского народа. Еще не было киргизского поэта, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай. Чудные его стихи, посвященные четырем временам года (весна, лето, осень и зима) сделали бы честь знаменитым поэтам Европы» – деген сөйлемдермен түйінделген. Бұл жолдардан Әлиханның Абайды әлемдік әдебиеттің озық өкілдерімен қатар қойғандығы көрініп тұр.

Мақаланың соңында Абайға қатысты мәліметтерді оның немересі Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаевтан алғандығын, ақынның өлеңдерін ұлы Тұрағұлдың жинап, дайындағанын, оны алдағы уақыттарда Ресей географиялық қоғамының Семей бөлімшесі Ә.Н.Бөкейхановтың редакциясымен бастырып шығарғалы жатқандығын да ескерте кеткен.

Ә.Бөкейхановтың бұл мақаласы Абайдың 1909 жылы Петербуртта Ілияс Бораганскийдің баспаханасында жарық көрген тұңғыш кітабына берілген жинақты құрастырып әзірлеген, Кәкітай Ысқақұлының соңғы сөзі бірінші бөлімнің еркін аудармасы іспеттес. Кәкітай Абайдың өмір жолына қатысты материалдарды көбірек қамтып, он шақты өлеңімен таныстырса, Әлихан ақынның орыс, Еуропа әдебиеттерімен байланысына назар аударыңқырап, төрт-ақ өлеңін мысалға келтірген. Ә.Бөкейхановтың орыстың зиялы оқырмандарына Абайдың ұлы ақын екендігін көрсетуді дәлелдеуді мақсат тұтса, К.Ысқақұлы ақынның өмір жолы мен шығармашылығын қазақ қауымына таныстыруды негізгі нысана еткен.

Ә.Бөкейханов – қазақтың әлеуметтік жағдайы, тарихы, мәдениеті, әдебиеті жайлы көптеген мақалалар жазған жан-жақты білімдар ғалым да. Оның қаламынан шыққан Абай, «Қара қыпшақ Қобыланды», «Қалқаман–Мамыр» турасында жазған мақалалары тарихи деректерді терең қамтуымен, ой тереңдігімен, ғылыми нақтылығымен ерекшеленеді. Қазақтың атақты эпосы «Қобыланды батыр» жайлы әңгімелегенде жырдың тарихи шығу негіздеріне үніледі. Мақаланың басты ерекшелігі – жырдың гносеологиялық тұрғыдан зерттелуі. Мұнда бүгінгі эпос зерттеушілердің кәдесіне жарарлық деректер, қызғылықты ойлар, үлгі боларлық тұстар баршылық.

Әлихан Ш.Құдайбердіұлының «Қалқаман–Мамыр» жырын жоғары бағалаған. «Өлеңді ақын сынағаны жөн. Оқушы жазушы, ақын болмаса да, ақын сөзінде ұлар сынға салатын да мүшелер болатын. Орыста Пушкин, Лермонтовты сынға салып, жұртқа жайған Белинский сөзге ақын емес, ойға ақын еді. Шах Кәрім Пушкин болмас, біз Белинский болмаспыз» («Қазақ», 1915, №121) – дей келіп, жырдың Пушкиннің «Борис Годунов патша», Лермонтовтың «Калашников көпес туралы ән» поэмаларымен үндес екендігіне назар аударады. Автор «көп бергеннен көп сұраладың деген. Мұны Шах Кәрімнен көп сұрап жаздым» – деп, жырда «халықтың мінез-кұлқын, әдет-ғұрпын көрсету аздығын сынап өткен.

Жан-жақты білімдар Әлихан Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» атты көлемді еңбегіне пікір білдірді. Сондай-ақ, қазақ халқының тарихына, әлеуметтік, мәдени өміріне арнап, бірсыпыра мақалалар жариялады. «Ұят-ай» деген мақаласында орыстың Л.Н.Толстой, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, М.В.Салтыков-Щедрин, Ф.М.Достоевский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, А.И.Герцен сияқты әдебиет алыптарымен қазақ оқырмандарын таныстырады. Олардың халық үшін сіңірген еңбектерін, адамзаттық ой-пікірлерін үлгі етеді. Ол Абайдың немересі (інісі Ысқақтың баласы) Кәкітай қайтыс болғанда, арнайы мақала жазды («Қазақ», 1915, 18 қаңтар).

Әдебиеттегі алашшыл, азатшыл бағыттағы ой-пікірлердің өрістеуіне қазақ даласында шығып тұрған «Айқап» (1911–1915) журналы мен «Қазақ» (1913–1918) газеті айтарлықтай үлес қосты. Негізінен, ағартушылық-демократиялық бағытты ұстанған «Айқапта» қазақ әдебиетінің жай-күйі кеңінен әңгіме болып отырды. Журнал бетінде отызға тарта өлең жинақтарына сын жазылып, пікірлер білдіріліпті. Мысалы, М.Сералиннің «Жаңа кітап» деген айдармен А.Байтұрсыновтың «Маса» жинағының шыққаны туралы хабарландыруы беріліп, қысқаша сын айтылған. Мұхамеджан былай деп жазған: «Бұл кітаптың шығарушысы жүйрік жігіт екендігі көрініп тұр. Әсіресе «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», хәм «Жиған-терген» нағыз сап дүрлер. Жалғыз-ақ біздің айтатынымыз жазу емлесін біразырақ түзеп жазу керек еді» («Айқап», 1913, №1).

«Айқап» журналы белгілі публицист, ақын, қоғам қайраткері М.Сералиннің басшылығымен шығып тұрды. Редактор бола жүріп өзі де көптеген мақалалар жазды. Оларда халықтың әлеуметтік-саяси жағдайымен бірге қазақ әдебиеті мен тілінің де көптеген мәселелері көтерілді. Солардың бірінде: «Тіл, әдебиет – бір ұлттың жаны мен рухы, әдебиеті болмаған ұлт тілі шықпаған бала сияқты. Сәби өзінің басындағы қайғы, шаттықтарын басқаларға айтып түсіндіре алмас. Бір ұлт пен екінші ұлт халіне келтірілген себептердің ең зоры да тіл және әдебиет. Өз ана тілінің, әдебиетінің бағасын біліп, дәмін сезген ұлт балалары өз тілін ата-анасынан артық құрмет егер. Тіл, әдебиет дүниедегі ғылым, өнердің, мәдениеттің ең асыл ұрығы. Бұл нәрселердің әдебиеті болмаған ұлт арасында таралып тамыр жаюы мүмкін емес. Біздің де өзімізше тіл, әдебиетіміз бар, көміліп жатқан қазынаны дүниежүзіне шығаруға үлкен-кіші баршамыз борышты, қарыздармыз» («Айқап», 1995, 115-бет) – деген күні бүгінге дейін маңызын жоймаған салмақты пікір айтылды.

Қазақтың белгілі ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров «Айқап» редакциясында қызмет істеп (1913–1914), журнал беттерінде демократиялық, алаштық бағыттағы идеялардың жиі айтылуына көп еңбек сіңірді. Өзі де қазақ әдебиетінің ділгір мәселелеріне арналған бірнеше мақаласын жариялады. Сұлтанмахмұттың «Өлең хәм айтушылар» («Айқап», 1913, №13) атты мақаласында әдебиет пен көркемөнердің ел өміріндегі маңызды орнына тоқталған. Ән, күй, өлең – қазақтың рухани өмірінің ажырымас бір бөлігі. Әнсіз өмір – бұлдыр өмір. «Көңілді түзейтін машина – өлең-жыр. Ол машинаның тетігін біліп, сайрайтын, естігіндердің аузынан суын ағызып, көңілдерінің уын шығаратын кім? Ол – неше түрлі әуез білетін әнге ұста әншілер, жыршылар» – деп білетін автор соңғы кездегі ойын-сауықтарда әсем ән мен күмбір күйлердің

аз орындалып жүргеніне мазасызданады. «Байқаймысың, біздің қазақ – әнқұмар халық» – деп, жұртшылықты осыны түсінуге шақырады. Мақаланың негізгі ойы «Қысқасы, бір халықтың әні кетсе, жаны кетеді. Қазақты жансыз ағаш қылып, отқа жаққыларын келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар» – дегенге сайған. Өлең-жырды, ән-күйді халықтың жан-жүрегі деп білген Сұлтанмахмұт бұл аса маңызды мәселені сол кездің өзінде-ақ дұрыс көтере білді.

Арысұлының «Ән-өлең һәм оның құрамы» да осы тақырыпта әңгіме қозғайды. «Ән адамның ет, тамыр, сүйек-сүйегін қозғайды, бәрін ерітеді, елжіретеді» – деген жолдармен басталған мақалада ән өнерінің адам өмірінің ажарын келтірудегі мәні мен маңызына кеңірек тоқталған. Ән туралы Гетенің, Гордың, Бетховеннің, Лютердің пікірлерінің келтірілуі мақаланың сипатын танытады. Шыр етіп өмірге келгеннен бастап, бақилық болғанға дейін адамның жан серігіне айналатын ән жайында автор тебірене жазады: «Ән, өлең, күй адамның анық тілі, шын тілі; көпке бірдей ұғымды тіл – бұл тіл жанға қас. Жүрек тілі, сезім тілі, күй тілі: неше түрлі рахат тартқан адам жаны осы тілмен сөйлейді, әртүрлі әндерді осы тілмен сұлулап, майдалап құяды, қуаныш, шаттық рахатын сыртқа білгізеді, адам миқнатын, ауыр ісін жеңілдетеді. Қайғы-қафисін шығарады, мауқын басады. Сол себептен ән-өлең адамның жарыққа еніп, қараңғы жер астына кіргенге шейін айрылмас досы, жолдасы» («Қазақ», 1914, №67).

Төңкеріске дейінгі әдеби сында жаңадан шығып жатқан кітаптарға шолу жасау дәстүрлі әлі қолға алынбаған болатын. С.Торайғыровтың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» («Айқап», 1913, №19, 22, 23, 24) осы саладағы алғашқы қадам еді. Мақалада сол кездегі қазақ әдебиетінің жай-күйіне тілдік тұрғыдан мүлдем жаңаша көзқараспен келіп, батыл пікірлер айтылған. Автор «Зарқұм», «Сал-сал» сияқты қисса-хихаяттардағы «қырды, қиратты, жойды, жеті басты айдаһар, пері қызы, жалмауыз кемпір» сияқтыларға қазақтың қаны ұйып, ары мен жаны ұйықтап келгендігіне ашынады. Бұлардың тілінің таза қазақша еместігіне қынжылған Сұлтанмахмұттың сол кездерде басылып шығып жатқан кітаптарға да көңілі толмайды. Сөйтіп проблемалық мақала жанрында жазылған бұл еңбекте қазақ әдебиетінің ең бір өзекті мәселесі – тіл тазалығы көтерілген. «Нағыз шынын айтқанда, қазақ тілінде деп бастырылған кітаптардың көбінде қазақтың иісі де жоқ. Неге десен, тілдері бытбырық, бытбырық болмағандарының ағыны теріс, рухын тексерсек, баяғы айтылған «қатын ойбай». Ал енді қазақты сіріге жамаған былғарыдай қай жеріне апарып жапсырамыз? Мен тілімізге шала тілдердің шатасуынан, тілдің ағыны теріске бейімделіп, өріс алып кетіп бара жатқанынан қорқамын. Біз бұралқы сөз кірмей ұйысқан сөз болса, ойбай мынау қазақша екен дейміз. Екі сөздің қыспағына жаңа сөздің қаймағын апарып қатарластырып қарасақ, ол ағын мен бұл ағынның арасы алты айшылыққа кеткендігі көрінеді» – деген жолдарда ұлттық әдебиетке, ұлттық тілге деген шын жанашырдың жан айғайы шырылдап тұр.

Сұлтанмахмұт нақтылы мысалдар келтіре отырып, өлең кітаптарын «кейіп жоқ, келісім жоқ, құр қатын ойбай», «құр зарланған», тілі «шүлдір» – деп, сынайды. Автор «қайда қазақ тілі, қайда қиысқан назым? Қайда көңілге, тілге ойнау, теп-тегіс, өрескелсіз өлшеулі өлең?... – деген сауалды алға тартады. Ақынның іздейтіні – «Бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа» болар әдебиет. Сұлтанмахмұттың ойынша, нағыз өлең өмірдің өзінен туындауы керек: ұйқасқанның бәрі өлең емес. Нағыз өлең – «қайнаған қанның, қиналған жанның, толғатқан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы».

Ақын сол кезде шығып жатқан өлең кітаптарына көңілінің толмайтындығын, ашық білдіреді, өйткені олардың көпшілігінің рухы қазақтікі емес, тілі шұбар ала. Автор қазақ өлеңінің үлгісі ретінде ұлы Абайдың поэзиясын, А.Байтұрсыновтың «Қырық мысал», М.Дулатовтың «Азамат» жинақтарын атайды. Сұлтанмахмұт Міржақыптың «Азаматы» туралы арнайы рецензия да жазды. «Азамат» – Міржақып Дулатов жазған өнегелі өлең кітабы» деп, бірден жинақтық өзіне ұнағанын ашық айтады. Қысқа да нұсқа жазылған мына жолдарға автордың негізгі ойлары сыып кеткен: «Таспасы таза, бұрынғы жазғандарына қарағанда, бөтен тілден аршыңқы, мағынасы тереңірек, Әсіресе, қышуға тиетін жері «Иә, алла», «Қайтер едің?», «Газет-журнал» деп басталғандары». Міржақыптың поэзиясы Сұлтанмахмұтқа несімен ұнап отыр дегенде, күрескер ақынның өлеңдеріндегі азаматтық, ұлтжандылық сарын, халықтың басындағы жағдайды бар жан-тәнімен сезініп, жүрегімен жырлай білуі себепті екенігіне көзіңіз жетеді.

Төңкеріске дейінгі қазақтың рухани өміріндегі елеулі оқиғаның бірі белгілі меценат Есенқұл Мамановтың қазақ әдебиетінің дамуына серпіліс әкелу мақсатымен романға бәйге жариялауы болды (1914). Бұл туралы «Айқап» та, «Қазақ» та хабарландыру беріп, оның

шарттарымен түсіндірді. Екі басылым да бұл игілікті істі қолдап, жүзеге асыруға ат салысты. «Айқап» редакция атынан «Роман жарысы туралы» («Айқап», 1915, 7–8) мақала жазып, бұл істің ... жаңа ғана әдебиет жолында апыл-тапыл басып келе жатқан жұрт үшін – бұл ерлік» – деп бағалады.

«Қазақ» газетінде Ә.Бөкейхановтың «Роман бәйгесі» («Қазақ», 1915, №120) атты мақаласы жарияланды. Мұнда да көркем шығармаға бәйге жариялануын құптап, бізде алғаш рет өткізіліп жатқанымен де бұл дәстүрдің шет жұрттарда бұрыннан бар екендігін түсіндіреді. Швед Альфред Нобельдің, орыс граф Уваровтың, Пушкиннің атында үздік әдеби шығармаларға берілетін сыйлықтар бар екендігін айта келіп, жарысты өткізудің ұйымдық жағы туралы ұсыныстар жасайды. Мұның алдында Есенқұл Маманов «сыншылыққа мына мырзаларды атаймын» – деп, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан, Сералин, Райымжан Мәрсекөв, Шәкәрім Құдайбердин, Жакып Ақбаев, Нармамбет Орманбетов, Нұрғали Құлжанов сияқты алашшыл азаматтардың есімдерін жариялап, бұларды бәйгенің қорытындысын шығару үшін Семейге жиналуға шақырған болатын. Осыған байланысты Әлихан алдымен, келіп түскен кітаптарды оқып, жазбаша пікірлер жинап, содан кейін басып бас қосуды ұсынады. Автор «сыншы болмақ оңай жұмыс емес», «бірақ, бұл күнде қажы атаған соң, мұнан қашу маған жол емес» – деп, іске дайын екендігін білдіреді. «Әр шебер өз орнында іс атқарса, іс орнына келеді. Маған өлең айтқызса, мұнан түк пайдалы нәрсе шықпайды» – дей келіп, «Мәдени жұртта көркем кітап жазып отыратын Ахмет, Міржақып газетаның уақ ісіне есіл ғұмырды байлап отыр. Білгенді қылам дегенге жұрт керегі қойып жатыр ма» – дегендей, өкініш білдіреді. Амалдың жоқтығынан «Шәкәрім, Ахмет, Міржақып жеріме түсті демесе, мен сыншы қарымын өткеруге құл болдым» – дейді.

«Қазақ» газеті роман дегеннің не екендігін түсіндіру мақсатымен арнайы мақала жариялады. «Роман не нәрсе?» атты мақаланың авторы – Арысұлы. (Бұл бүркеншік аттың кімдікі екендігі жайлы түрліше пікірлер бар. Біреулер осы роман бәйгесін ұйымдастыруға, насихаттауға белсене қатысып, арнайы мақала жазған Ә.Бөкейхановты атаса, екіншілері осы газеттің редакторы А.Байтұрсынов әділ қазылар алқасының мүшесі ретінде жазды дейді). Мақалада автор «роман» деген сөздің шығу тегін, жанрдың ішкі мағынасын қарапайым халыққа түсінікті тілмен баяндап берген. Романның мақсатын «Тіршіліктің жарық хәм күңгірт жағын бейне өзіндей етіп суреттеп, адамның өзін көрсету. Роман – адамзатың өмірін, дәуірін бұлжытпай көрсетуші баға жетпес айна. Роман суреттеп көрсетеді бір адамның, бір ұлттың, я бір нәсілдес, бір тілдес халықтың өмірін, яки бір қалыптағы заманның қатардағы жай-күйі, яғни замандарда болып өткен халықтардың өмір халі. Романның асыл мақсұды: адамзаттың мінез-құлқын түзетпек, кемшілікті, қараңғылықты адамзаттан қумақ. Мұнан мұрат, ол адам баласына, үйретінді елге үлгілі тәрбие бермек («Қазақ», 1914, №48) – деп түсіндіреді. Атақты романшылар қатарында Скотт, Диккенс, Теккерей, Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Толстой есімдері аталған. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романын жоғары бағалап, «мұнда Толстой алуан-алуан адамның мінез-құлқын бірін қалдырмай тізіп, адам өмірінің жінішке қылдай жерін суреттеп көрсетеді» дейді.

Қазақ әдебиетінде бұрын романның болмағандығын, М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы» осы жанрдың тұңғышы екендігін айта отырып, оған жылы лебіз білдіреді. Роман өмір айнасы деп білетін автор «Бақытсыз Жамалда» қазақтың қазіргі халінен біразы көрінеді. Мұнда қазақтың қай жерінде болса да малға қызығып, я партияға қызығып, қыздарын жастай күйеуге беру жайы бар, ысырапқа ақша шашып жатқанымен араздасып, қызын сүймегеніне жылатып ұстап беру, шыдай алмай қыз теңін көкеспей қайғыға бату бар. Ата-анадан күдерін үзген соң, өз теңімен қашу бар» (сонда) – деп жазады. Мақала әдебиет тәрбие құралы, роман көпке арналған кітап, сондықтан да әрқайсымыз кітап оқып, «мінез-құлқымызды түзеп, романның халіміз жеткенше тәрбие алуымыз керек» деген ойлармен аяқталады.

Төңкеріске дейінгі сында әдебиетіміздің өзекті өңірлері ұлттық тұрғыдан көтерілген бірсыпыра материалдар жарық көрді. Ғалиолда Мәменовтің «Өлең жырларымыз туралы» («Айқап», 1913, №2) мақаласынан «Бір милеттің ілгері басына өлең-жырдың көптігі себеп емес, неғұрлым тәрбие болуы себеп» деген терең мағыналы жолдарды оқимыз. Автор сыннан гөрі сапаға айрықша мән беріп, аты өлең жыр дегендерді емес, елді жаңалыққа бастайтын, үлгі-өнеге көрсететін «тәрбиелі» өлеңдерді қадірлеу қажеттігін ерекше ескертеді. Шығарманың идеялық мазмұнының терең, айтары мол болуына үндейді; эстетикалық әсерінің қуатты

болуына шақырады. Сонымен бірге ақын-жазушының қоғамдағы орны туралы мәселе көтереді. Пушкин, Лермонтовтар өздерінің «тәрбиелі» өлеңдерімен елді ағарту, тәрбиелеу ісіне көп пайда келтіретіндіктен де кейінгі ұрпаққа қадірлі болып отыр, ал біздің қазақта ақын-жазушылар онша қадірлене бермей келе жатыр деген өз ойының шетін шығарады.

«Қазақ» газетінің 1915 жылғы 112–114 нөмірлерінде жарияланған «Қазақ әдебиеті жайынан» атты мақала көлемі жағынан да, көтерген мәселелерінің ауқымдылығымен де көзге түседі. Автор әдебиеттің көркем сөз деген мағынаны білдіретіндігін айта келіп, оны халықтың тұрмыс тіршілігі, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы түгел көрінетін «жұрттың айнасына» теңейді. Қазақ әдебиетінің тарихын үш дәуірге («жазу таралмай тұрғандағы кез», «жазудың халық арасына көбірек таралған заманы», «Абай марқұмнан бері қарай қазақ әдебиеті») бөліп қарастырған автор өзі елеулі деп тапқан ақын-жазушыларды атап өтеді. Бұл ретте Шәкәрімнің, Төле бидің, Қазыбек бидің, Қаражігіт бидің, Орынбай, Кеншімбай, Өтеұлы, Айман, Шолпан, Абай, Ыбырай сияқты ақын-билерге тоқталып өткен. Абайдың «Өлең – сөздің пағшасы, сөз сарасы», Ыбырайдың «Өнер, білім бар жұрттар» өлеңдерінің мәтіндерін толық келтіріп, «Осы айтқан Абайдың хәм Алтынсариннің өлеңдері қазақтан шыққан жас ақындарға үлгі болды. Сөз түзелді, үздік оңдалды. Қазақтың әдебиеті бүгін кеш жарыққа шығып, жұрттың сынына түсіп тұр. Әдебиет те жас баламен бірдей, сүйеу күтеді. Халық жақсы көзбен қараса, әдебиетке демеу болып, әдебиет өрге басады» деген.

Ахмет Баржақсіннің «Мақалдар» атты мақаласы қазақ фольклортану ғылымының бастапқы кезеңіндегі елеулі еңбектердің қатарында. Зерттеуші халық ауыз әдебиетіне ертегілерді, өлеңдерді, жұмбақтарды, мақалдар мен мәтелдерді жатқызған. Ертегілер – халық қиялынан туады, өлең – домбыра, әнге қосылған әдебиет», жұмбақ «бір нәрсені өзіне ұқсаған екінші бір нәрсе арқылы аңғартқан сөздер» екендігін анықтай келіп, бұлардың ақыл-ойды молайтатындығына назар аударады. Мақалға «қысқа, тегістеліп айтылған халық аузындағы өсиет» деген анақтама береді. Мақал мен мәтелдің айырмашылығын түсіндіреді. «Мақалдар халықтың әртүрлі іс жұмысында дұрыс жол көрсеткендіктен сүйкімді болып, көп тараған. Мақалдар мен мәтелдерде пікір сонша тығыз айтылған, өлеңнен сөзді тастау қандай қиын болса, бұлардан да сөзді тастау сондай қиын. Мақалдарда артық сөз болмайды. Олар әбден қысқартылып, әдеміленіп айтылған сөздер» («Қазақ», 1915, №120) – деп, мақалдың жанрлық сипаттарын дәл айқындап береді. Қазақ халқының мақал-мәтелдерге бай, онсыз сөз сөйлемейтіндігі айтылып, өзінің осы мол қазынадан 1710 шақтысын жинап, соның ішінен сұрыптап алып «Мың мақал» атты кітап шығарғанын хабарлаған. Әлі де көп мақалдарды қолға түсіре алмай жүргенін ескерткен.

Қазақ әдебиетінің аса зәру мәселесін көтерген мақаланың бірі – «Әдебиетімізге көз салу» («Қазақ», 1916, №64). Мақала «Н.» деген бүркеншік атпен жарияланған («Н.»-нің кім екендігі жайлы Нәзір Төреқұлов, Ахмет Байтұрсынов деген пікірлер бар). Сол кездегі қазақ зиялыларының, азаматтарының алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі халықтың мәдениетін арттыру, тілі мен әдебиетін дамыту болатын. Бұл үшін негізгі іргетас бай ауыз әдебиеті бар. Солай бола тұра қазақ әдебиеті өзінің осындай бай мүмкіндіктерін орынды пайдалана алмай келеді. Қазақ тілі түрік тілдерінің ішіндегі ең бай, ең икемді тіл. Тілдік қасиеттер жағынан Европа тілдерінен ешқандай кемдігі жоқ, терезесі тең. Солай екен деп, тағы да «тілімізді ескерусіз тастай алмаймыз. Әрдайым тіліміз үшін бар күшімізді жұмсап ажарлауымыз, байытуымыз тиістігін» естен шығармауымыз керек.

Мақалада әдеби ізденістерде кімнен үлгі алған дұрыс деген мәселе көтеріліп, осы уақытқа дейін қазақ әдебиетінің шығыстан (парсы) үйреніп келгендігі, енді жаңа дәуірде Еуропаға бет бұру керектігі ұсынылады. Өйткені батыс әдебиетінде «рух сыны» («дух критицизма») бар. Олардан үйренгенде, өз жолымыздан таймауымыз керек. Өз жолымызға түсу үшін әбден даярлануымыз, көп оқып үйренуіміз, бай ауыз әдебиетімізді жиып, тәртіпке салуымыз қажеттігін айтады. «Тек бір шарт болсын: әдебиет әрқашан тұрмыстан айрылмай, қол ұстасып бірге кетсін. Тұрмыстың әрбір сазына әдебиет жаңғырық – сөз қайтарсын, халықтың әр қайғысын әдебиет айнадай көрсетсін» деген сөздер әлі күнге дейін маңызды.

Түрік бірлігі идеологтарының бірі Ысмайыл Ғаспарлы қайтыс болғанда «Айқап» та, «Қазақ» та арнайы мақалалар жариялады. М.Сералин мақаласын «Жуырда орны толмастай өлім» деп атады. Мұнда бүкіл түркі, мұсылман халықтарын бірлікке, ынтымаққа шақырған, өнер-білімге үндеген, әлеуметтік дамудың дұрыс жолын көрсеткен ардагер азаматтың алпыс

бес жасында қайтыс болғанына қайғыра отырып, оның халық үшін жасаған ең бегін аса жоғары бағалайды. Ы.Ғаспарлының «Қаламға шебер, сөзге жүйрік, ойға терең, халқы-жұрты үшін шын қайғыратын» азамат болғандығын айта келіп, оның арқасында біз «өзіміздің ана тіліміз сүйкімсіз тіл емес, еңқадрлі тіл екендігін білдік. Тілсіз жұрт – жансыз жұрт екендігін аңғардық. Біз бұрын жансыз өлі кеуде едік. Гаспринский бізге жан бітірді, өлі денеге ұрық кіргізді, соның үшін оны біз ешбір заманда ұмытатұғын емеспіз» («Айқап», А., 1995, 234-бет) – деп, тебірене жазады.

Ы.Ғаспарлының қазасына байланысты «Қазақ» газеті бірінші бетінде үлкен әріптермен теріп «Гаспринский офат» («Қазақ», 1914, №78) деген, қазанама берді. Онда «Ислам бек хазіреттері түрік, ұлы түрік еді. Түрік ұруының ұлұғ кісісі еді. Түрік ұранды халықтың бәріне бірдей ұлт көзімен қарап, ол еш бірімізді атасы басқа, аты басқа демеді. Бәріміздің жақсылығымызға сүйінуші, жамандығымызға күйінуші еді, мұқтажымыз болса, қайғырып, жәрдем қолын созушы еді» деген жолдар бар. Қазанама «Гаспринскийдің кім екенін жақынан таныстыру үшін мұнан соң тәржіме халі «Қазақта» жазылады» деген ескертумен аяқталған. Көп ұзамай-ақ «Түрік баласының» Ислам бек Гаспринский (офатынан соң)» атты көлемді мақала «Қазақ» газетінің бірнеше (80, 81, 82) нөмірлерінде жарияланды. Мақалада түрік жұртының абзал азаматы болған Ы.Ғаспарлының өмір жолы, халқына сіңірген еңбегі, несімен құрметті екендігі кеңінен әңгімеленеді. Оның өлімі бүкіл түрік жұртына қатты әсер етті, ол бүтін мұсылман дүниесінің ұлы адамы еді, ол түрік халықтарын біріктіре түсу үшін олардың бәріне түсінікті ортақ әдеби тіл жасау жолында еңбектеніп, осындай мақсаттармен «Тәрджиман» газетін шығарып тұрды, жас ұрпақты мектепте ұлтжанды болып тәрбиеленуіне ерекше көңіл бөлді дей келіп, мақаласын «Ол тіл һәм әдебиет тұрғызды, мәңгі бітпес пікір, идея берді. Руссия мұсылмандарын тірі бір халық халіне қойды, кейінгісін ойлағандай, ілгерісін болжағандай ой берді. Сондықтан Исмаил мырза түрік ұлтының зор тәрбиешісі, ұлы ұстазы, ардақты атасы болып дүниеден қайтты» деген жолдармен аяқтаған.

Жалпы алашшыл идеяларды халық арасына насихаттауда «Қазақ» газеті тарихи рөл атқарды. Басылым беттерінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік, шаруашылық-экономикалық өмірімен бірге әдебиет пен мәдениеттің де түйінді мәселелерін көтерген көптеген материалдар жарық көрді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Дөнентаев, С.Торайғыров, Б.Майлин, Ғ.Қарашев, А.Мәметов, Р.Малабаев, т.б. ұлтжанды азаматтардың мақала, өлең, әңгімелері газетте үзбей беріліп тұрды. Солардың ішінде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев туралы алғашқы ғылыми мақалалар да осында жарияланды.

Ұлы Абайды алғаш танығандар да қазақтың біртуар азаматтары болыпты. Ә.Бөкейханов оның есімін атап, «самородоқ» ақын екендігін әлемге жария етіп, мақала жазса, А.Байтұрсынов пен М.Дулатов Абайдың ұлы ақын екендігін дәлелдеп, ғылыми тұрғыдан баға берді. Сөйтіп бүгінгі күні қазақ әдебиеттану ғылымының өрісті бір тармағы болып өркен жайған абайтанудың алғашқы қазығын Ә.Бөкейханов қақса, негізін қалаған А.Байтұрсынов болды.

А.Байтұрсыновтың мақаласының «Қазақтың бас ақыны» аталуының өзінен-ақ негізгі ой, мақсат айқындалып тұр. Автор бірден «Қазақтың бас ақыны» Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» («Қазақ», 1913, №43) – деп бастап, айтар ойын бірден білдіреді. Оның себебі «сөзі аз, мағынасы көп, терең» екендігінен. Сондықтан да көп адам осы күнге дейін Абайды онша түсіне бермейді. Оқушы сөзді сынаса, Абайдың өлеңдері оқушысын да сынайды. Өйткені «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған».

Мақалада Абайдың ұлы атасы Ырғызбайдан бастап кіші атасы Өскенбай, өз әкесі Құнанбай және нағашылары туралы деректер берілген. Ақынның ата-бабалары шетінен ел билеген би, «қарадан сұлтан болған» текті тұқымнан екендігін, «заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, таспен би болатын заманға қарсы туған. Білімі өптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туғандығын» айтады.

Ахмет «Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ» санайды. «Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген». Өлең жақсы болу үшін ол әрі ақын, әрі сыншы, әрі білімді болуы керек. Абайда осы үш қасиет те бар. «Бұлардың үстіне Абай көсем, үлгі шығарып,

өнеге жайғыш болған». Орыс әдебиетінен үйренген «Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады». Абайдың Еуропа мәдениетінен үйренгендігін, Спенсер, Льюис Дрипер сияқты білімпаздардың еңбектерін оқығандығын Ә.Бөкейхановқа сүйеніп айтқан. Әрі ақын, әрі сыншы, әрі ғұлама Абай өлеңдерінің үздік болатындығы «Әр нәрсенің асылын танығаны, білгенінен», «Әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен», «Сөзге шеберлігі, шешендігінен» деп көрсетеді.

Мақала Абай өлеңдерінің «Бәрі де дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік, ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек» деген ойлармен түйінделген.

Халқымыздың біртуар азаматы М.Дулатовтың «Абай» атты мақаласы да А.Байтұрсынов ойларының жалғасы іспетті. Мақала Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына орай жазылған. Міржақып Абайдай ұлы ақынды қазақтың тануына көңілі толмайтынын ашық білдіреді: «Егер Абай қазақтан өзге оразды жұрттардың бірінін ақыны болса, сегіздегі баласынан сексендегі шалына дейін түгел атына қанық, сөзімен таныс болар еді, есімін мәңгіге шейін қалдыруға өшпес белгілер орнатып, құрметіне неше түрлі ізгі жайлар ашар еді» («Қазақ», 1914, №67).

М.Дулатов Абайдай ұлы ақынның қадірін білмеу қазақ халқының үлкен кемшілігі санайды. Оның себебі қазақтың басқа халықтарға қарағанда мәдениет, білім-ғылым салаларынан артта қалып қоюынан. Міржақыптың «Тарихи әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайда өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл талас-тартыс тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмтылу ықтималы қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей» – деуін өткен ғасырдың басында жазылғанымен, бір ғасырдан соңғы ғаламдасу дәуірін өткізіп жатқан қазіргі ұрпақтардың да есінде ұстар ұлтын шын сүйген азаматтың көрегендікпен, білімдарлықпен, жанашырлықпен айтқан үлкен ескертуі деп ұққан жөн.

Автор орыстың мәдениетінде Ломоносов қандай орын алса, Абай да қазақ тарихында сондай орын алатындығына сенімді. Мақала оптимистік ойлармен тұжырылған. «Үнемі бұл күйде тұра бермес, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен күнге артылар, «бірінші ақынымыз» деп, қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы махаббатпен жалғасар» – деп болашаққа артқан үлкен сенімі бүгінгі күні жүзеге асып отыр.

М.Дулатов қазақ халқының тұңғыш ғалымы, ойшылы Ш.Уәлихановтың азаматтық болмысымен таныстыру үшін арнайы мақала жазды. Онда Шоқанның өмірге келгенінен бастап, ғұмыр, қызмет жолы, білім алуы, ғылымға қызығуы, саяси көзқарастарының қалыптасуы кеңінен әңгімеленген. Оның озық ойлы орыс азаматтарымен араласуы, азаматтық, саяси көзқарастарының қалыптасуына Потаниннің, Костылецкийдің, Гунсевскийдің, Дуровтың, т.б. тікелей әсер етуі егжей-тегжейлі сөз болады. Әсіресе Потаниннің Шоқан туралы пікірлерін көбірек пайдаланған. Шоқанның азаматтық болмысын аша түсу мақсатымен Потаниннің мына бір пікірін тілге тиек етеді: «Шоқан өз жұртын өте сүюші еді. Қолынан келсе, қазаққа жақсылық қылу, қазақ халқының келешегі үшін қызмет ету оның бар мақсаты еді. «Мен ең әуелі қазағымды жақсы көремін, онан кейін Сібірді, онан кейін Россияны, онан кейін бүтін адамзатты жақсы көремін. Орыс қазақты сабап жатса, мен қазаққа болысамын. Егер орысты француз сабап жатса, менің жүрегім орыс жағында» деуші еді» («Қазақ», 1914, №76). Потаниннің Шоқанды Пушкинмен, Лермонтовпен салыстырған, заманында туғанда ол қазақтың данышпан жазушысы болар еді деген пікірін де келтірген.

Ш.Уәлиханов орыс офицері болып, патша үкіметіне қызмет етті деген сияқты желбуаз сөздерге қарсы «Бұл өсектің Шоқанға жабылған жала екендігін Шоқан үкімет қолында құр жансыз құрал болмай, таза пікірлі ақ жүрек, ұлтын сүюші жігіт болғандығы, орыс әскерлерінде патшаға ант берген офицер бола тұрып, мұсылмандарға орыс әскері қылған залымдыққа шыдамай қарсы келіп, Черняевтен айрылғандығы зор дәлел болса керек. Шоқанның бар талабы ғылымға ұмтылу, қазақ халқына пайда келтіру, қазақ халқының тұрмысын, рәсімін, тарихын анықтау жолында болған» (сонда) – деп жазды. Сөйтіп, Шоқанның халқына адал қызмет етіп, адал ұлы болғанын дәлелдей түсті.

Міржақып Ш.Уәлиханов туралы мақаласын негізінен Г.Н.Потанинге сүйеніп жазғандығы көрінеді. Ол Шоқан жайында материалдар іздестіре жүріп, оның досы Потанинге қатысты да

біраз қызғылықты деректерге кезіккен сияқты. Нәтижесінде орыс ғалымы Потанин жайлы да мақала өмірге келді. М.Дулатов орыс ғалымының азаматтық тұлғасын, ғылымға сіңірген еңбегін жоғары бағалайды: «Жасынан ғылымға құмар, барлық ғұмырын туған Отанымыздың табиғаты мен тұрмысын үйретуге жұмсаған, ғылым жолында есепсіз көп қызмет еткен. Г.Н.Потанин – Сібірдің санаулы ұлының бірі һәм біріншісі. Жалғыз Сібір емес, оның аты Россияның оқымысты әулетіне таныс. Сібірде неше түрлі халық болса, Потанин бірдей қадірлі, бәрінің бірдей қамқоры, оның пайдалы қызметі бәріне де ортақ. Сондықтан бұл ғалым барлық халықтың ғалымы, һәм ұлы суретшісі «Потаниннің қазақ халқына қылған қызметі аз емес. Қызметіне қарай құрмет көрсету борышымыз» (М.Дулатов. Шығармалар. А., 1991, 274-бет). Бұл сөздерді жазған кезінде ұлтшыл, алашшыл атанып, халық жауы ретінде жазықсыз жазаланған М.Дулатов екендігіне амалсыздан сенесіз. Басқа ұлттың өкілінің атына мұндай сөздерді өз ұлтын шын сүйген, содан кейін барып басқа да халықтарды қадірлей алатын гуманистер ғана айта алады. М.Дулатов та – осындай адамзаттық, азаматтық биіктіктен көріне білген абзал азаматтардың бірі.

М.Дулатов бұлардан басқа Қожа Ахмет Иассауи, Әбубәкір Дибаяев, Ғабдолла Тоқай сияқты қалам қайраткерлері туралы мақалалар жазып, қазақ оқырмандарына насихаттады. Бұлардың ішінде Қ.А.Иассауи бүкіл түркі халықтарына ортақ тұлға болса, Ә.Дибаяев башқұрт, Ғ.Тоқай татар болатын. Міржақыпты мақала жазуға итермелеп отырған – бұлардың халқына сіңірген риясыз еңбегі мен түрікшілдігі.

Мұсылман мен түрік әлеміне белгілі Қ.А.Иассауидың есімі кешегі заманға дейін қазақ оқырмандарына онша таныс болмай келді. Ислам дінінде тұтас бір сопылық ағымды туғызып, оны сөз өнерінің құдірет күші арқылы өзінің өшпес шығармаларында негіздеп, айшықтап кеткен ұлы хазіретке атеистер, кәпірлер билеген қоғамда орын жоқ болатын. М.Дулатов соған қарамастан 1913 жылдың өзінде-ақ ол туралы «Әзірет Сұлтан» деген атпен мақала жазды. Мұнда Қ.А.Иассауидың бүкіл түрік жұрты, одан қалды қазақтар үшін аса қадірлі екендігі, солай бола тұра ол туралы «естісе де, көбі ол хақында анық еш нәрсе білмейтіндігі» себепті онымен жұртшылықты таныстыруды мақсат қылған. Алтынның сынығы сияқты тарихтың терең түпкірлерінде ұмыт қалып қойған ұлыларымызды, олардың өзінен кейінгі ұрпақтарына қалдырған өсиет-мұрасын халқына жеткізуді алға қоюы сол кез үшін де қазір де аса маңызды болды. Міржақыптың бұл мақаласы Иассауидей ақындық, ғұламалық, діни болмысы аса күрделі хазірет туралы қазақ әдебиетінде алғаш жазылған еңбек болуымен де аса құнды.

«Тарихын жоғалтқан жұрт – жоғалған жұрт» («Қазақ», 1915, №155) – деп жазады М.Дулатов белгілі этнограф, фольклортанушы, қазақ әдебиеті үлгілерін жинаушы Ә.Дибаяевтың 60 жасқа толуына орай жариялаған мақаласында. Халықтың шығуы, өсіп-өнуі, мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, мәдениеті мен әдебиеті – ұлттың тарихын, болмысын құрайтын компоненттер. «Басқа жұрттардың алдында біздің мақтанарлық артықшылығымыз бар десек, ол – ескілікті халық әдебиетіміздің байлығы. Кемеңгер билер, кеңойлы ерлер, топ жарған шешен, тайпалған ақын бізде болған. Тақпақсыз бізде сөз сөйленбеген. Бірақ заман өтіп, заң өзгертілген сайын бұрынғы қымбат ұлы қазынамызды сақтамасaq, жоғалтамыз» – деп, мәселе көтереді. Сондықтан тарихи, әдеби мұраларымызды сақтау – парыз: осы салада еңбек еткен «жиюшы, сақтаушылардың қадір-құрметі аса жоғары боларға керек». Міржақып осы тұрғыдан келіп, башқұрт нәсілінен шыққан Әбубәкір Ахметжанұлы Дибаяевтың қазақ халқының әдебиеті үлгілерін, оған қатысты деректерді жинауға сіңірген еңбегін аса жоғары бағалаған. Оның өмір жолымен таныстырып, әдебиет жинаушылық қызметіне келгенде еңбектерінің тізімі «Ертегі-хикаялар», «Мысалдар», «тарихи қағаздарға» жүйеленіп берілген. Автор осындай еңбектері үшін де Ә.Дибаяевты қошеметтейді. Мақала «Бұл күнге шейін өзімізден халық әдебиетін, сөздерін жинаушы жоқ еді, бұл туралы Дибаяев, Потанин қарттарға мәңгі борыштармыз. Бұлар жанып тұрған шырақ, жолын қуған талапкер жастар адаспас» – деген ризашылық сезімге, болашаққа деген сенімге толы сөйлеммен аяқталған.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ әдеби сыны барлық жанрларда дерлік көрініп, қалыптаса бастады. Әсіресе «Қазақ» газеті беттеріндегі әдеби сын өмір ұсынып отырған мәселелерді өткір көтеруімен, тақырып аясының кеңдігімен, жанрлық ізденістерімен көзге түседі. Басылымда әдеби хабар, шығармашылық портрет, әдеби шолу, проблемалық мақала сияқты сын жанрлары тұрақты орын ала бастады. Жаңадан шығып жатқан кітаптарға пікірлер ұдайы беріліп тұрды. Солардың ішінде А.Лихановтың «Манап», К.Тоғысовтың «Надандық құрбаны», Ш.Құдайбердиевтің «Қалқаман–Мамыр» шығармаларына жазылған рецензиялар

жанр мүмкіндіктерін толық көрсете алды (Ә.Бөкейхановтың «Қалқаман–Мамыр» туралы пікіріне жоғарыда тоқталып өттік).

А.Лихановтың қазақ тұрмысынан жазған «Манап» драмасының аудармасы «Айқап» журналында (1914, №83) жарияланып, қазақ оқырмандарының наразылық пікірін туғызған болатын. Бұл шығарма туралы баспасөз бетінде М.Дулатов пен С.Сейфуллин ащы сындар айтты. Міржақып осы пьесаны жариялаған «Айқап» журналының редакциясына реніш білдіреді. Журналдың мақсаты қазақ әдебиетін байыту, гүлдендіру болса, сонымен қазақ тілін түзетіп, сақтау болса, «Манап» драмасы үлгілі қазақ әдебиеті қатарына қосыларлық емес, «Манап» басынан аяғына дейін жеке сөздері болсын, айырым бөлімдері болсын, һәм түгел мағынасы болсын, қазақ тұрмысына ғұрып-ғадетіне мыңнан бір нұсқасы жанаспайды, белгілі бір ұлттың өмірінен көркем шығарма жазу үшін сол уақыттың өмірін жақсы білу керек, ал, «Манапты» шығарушы Лихановтың жазушылық қуаты қаншалықты екендігін қоя тұралық, бірақ қазақ жайынан еш нәрсе білмейді» – деп, пьесаны түкке алғысыз етіп тастайды. Орысшаға да, қазақшаға да жетік автор «Манаптың» екі тілдегі нұсқасына да ауыр сындар айтады. Әсіресе қазақша аудармасындағы кемшіліктер өткір, уытты сөздермен сыналған. Автор «бұрынғыдай емес, құдайға шүкір, енді біздің аз да болса матбұғатымыз бар, соның жүзінде һәр бір жарыққа шыққан жаңа сөздерді сынға алып, тәуіріне жол ашу керек» деп, өз ойын түйіндейді.

«Надандық құрбаны» – белгілі қоғам қайраткері, жазушы Көлбай Тоғысовтың драмалық шығармасы. Қазақтың бұрын театры, оған қойылуға арналып жазылған шығармасы болмағандығын ескерер болсақ, «Надандық құрбаны» бұл саладағы алғашқы адымдардың бірі болатын. Соған қарамастан М.Дулатов бұл пьесаны сын садағының нысанасына алып, қатты пікірлер айтқан. «Жазушы да – суретші. Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанында көріп тұрғандай боласың. «Надандық құрбанында» мұның бір нұсқасы жоқ» – деп, осы ойын пьесаның жеті түрлі кемшілігін санамалай дәлелдейді. Барлық уақытта да турасын, әділін айтып дағдыланған М.Дулатов бұл жерде де «сөйтіп, тұңғыш көрген театр кітабы өлі туды» деп төте бір-ақ қойды. Рецензияда қызды-қыздымен артықтау кетіп, пьесаның авторы К.Тоғысовтың жеке басына тиісетін, артық-кем сөздерге жол беріп алатын жерлері де бар.

Қазақ әдебиетінің ұлттық бағытта дамуына ұлы Абайдың поэзиясы жарық жұлдыздай әсер етті. Халқының тұрмыс-тіршілігін айнадай жарқыратып бейнелеген, жақсы жақтарын көрсетіп, кемшіліктерін аяусыз сынаған, алдағы уақыттарда қалай болуы керектігін күңірене жырлаған Абайдың ой-пікірлері сол кездегі көзі ашық қазақ зиялыларының ой-санасын билеп алды. Абайдың жолы қазақтың жолы, қазақтың жолы Абайдың жолы деп ұғынылды. Ұлтжанды зиялылар Абайды құрметтеп, оның атын мәңгіге қалдыру, идеяларын насихаттау мақсатымен «Абай» атты журнал шығарды. Оның алғашқы саны 1918 жылдың 4 ақпанында жарық көріп, сол жылдың аяғында жабылып қалды. «Абай» Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтей әдебиет алыптарының басшылығымен шығып тұрды. Бір жылдай шығып тұрған басылым бетінде Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтен басқа Мінән Тұрғанбаевтың, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Сәбит Дөнентаевтың, Сейітбаттал Мұстафиннің, т.б. әдебиеттің түрлі мәселелері жайлы жазылған материалдары тұрақты түрде жарияланып тұрған.

«Абайдың» алғашқы саны Ж.Аймауытовтың «Журнал туралы» деген мақаласымен ашылған. Абайдың «өмір жолы – тар соқпақ, иілген жақ» деп басталатын бір шумақ өлеңі эпиграф етіп алынған мақала «Қазақ хандық құрған заманда сөз бастаған шешендер, топ бастаған көсемдер, нелер жүйрік ақындар болған екен, жүйесін таппай, мін шығармай, қиыстырмай сөз сөйлемейді екен» деген сөйлеммен басталған. Заманы өтіп, тұс-тұстан жау қаумалаған кездерде қазақ орысқа келіп бағынды. Ынтымақ, береке кетіп, ел азды. Сол кезде жарқ етіп Абай шықты. «Қазақтың әдебиетіне жан берген: сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. Әдебиетімізге де негіз салған Абай, адамшылық тәрбие, ғылым, өнеркәсіп деген сөздерді терең ойлап, тексерген де Абай. Қазақтың тұрмысын, өмірін, мінезін айқын суреттеп, келешегін көрсеткен де Абай» – деп, ақынның қазақ тарихындағы орнына аса жоғары баға береді. Сол себепті де Абай жолын насихаттау мақсатымен осы журналды шығарып отырғандығын айтады.

«Абайда» жарияланған материалдардың ішінде «Абайдан соңғы ақындар» атты мақала ұстанған бағытының дұрыстығымен, көтерген мәселесінің маңыздылығымен, айтқан пікірлерінің өміршендігімен ерекшеленеді. Мақалада Абайдан соңғы қазақ поэзиясы шолынып,

ондағы хал-ахуал сараланады. Өлең жазушылардың көбеюін ұлттық оянумен байланыстырады. Сол кездегі өлеңдерде жиі кездесетін жадағайлық, үстірттік, суретсіздік сияқты кемшіліктерді қатал сынға алады. Ақындарды «кезекші өлеңдерден» сақтандырады. Сондай-ақ «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін», «сезімге әсер беретін суретті өлеңдер» иесі Мағжан, Міржақып, Сұлтанмахмұт пен «Сырты төгілген, сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл» А.Байтұрсынов, С.Дөнентаев, Ш.Құдайбердиев, Б.Өтетілеуов шығармашылығына зор маңыз береді. Әдебиетіміздің атасы Абайдан кейінгі ақындар әлеміндегі артық-кем тұстардың барлығы, өлеңшінің көп, ақынның аздығы нақтылы мысалдармен жүйелі түрде дәлелді сөз етіледі.

Мақала соңында «Екеу» деп қол қойылған. «Екеудің «кім екендігі жайлы түрлі болжам, пікір бар. С.Мұқанов «Екеудің «Абдолла Байтасов пен Даниял Ысқақов екенін жазды («Өсу жолдарымыз», А., 1960, 56-бет). Ал профессор Б.Кенжебаевтың «Бүркеншік аттар сыры» мақаласында («Қазақ әдебиеті», 1965, 13 тамыз), К.Сыздықовтың «М.Әуезов – әдебиет сыншысы» кітабында бұлардың Ж.Аймауытов пен М.Әуезов екенін айтты. Сонымен «Абайдан соңғы ақындарды» жазған авторлар кім екендіктері әлі де дәлелдей түсуді қажет ететіндігі көрініп тұр. Кім болса да «Екеудің» жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ поэзиясын дұрыс шолып, дұрыс бағалай алғандығын тағы да қайталап айтамыз. Бұған қосарымыз – мақалада өлеңдері жақсы жағынан бағаланған М.Жұмабаев, М.Дулатов, С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, С.Дөнентаев, Ш.Құдайбердиев, Б.Өтетілеуов сияқты ұлтжанды ақындардың жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдері болып, артындағы алашына өшпес мұра қалдыруы.

Ұлттық, алаштық бағытты ұстанған «Абай» журналында М.Дулатовтың «Алашқа» (1918, №3), Ж.Аймауытовтың «Қайтсек, адам боламыз?» (1918, №6), М.Жұмабаевтың «Күздікүні» (1918, №11), Ақылбай Абайұлының «Дағыстан» дастанынан үзінді (1918, №6), С.Дөнентаевтың «Абайға», «Қазақ әйелдері туралы», «Жазушыларға», «Бозторғай» (1918, №1, 2, 3), Ғ.Қарашевтың «Жүгенсіздік адамға жол ма еді» (1918, №4) сияқты көптеген қазақтық рухтағы өлең, мақалалар басылды. Осы басылым бетінде М.Әуезовтің он шақты мақаласы жарияланыпты.

Журналдың небәрі он екі-ақ саны шықты. Оның жабылып қалуына Семейде алашорда үкіметінің құлап, большевиктердің билік басына келуі себеп болды. Отаршылдықтың жанаша түрін жүргізген коммунистер алаштық бағыттағы қазақ зиялыларының үнін өшіру мақсатымен «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Алаш», «Жас азамат», «Ұлан» сияқты ұлттық-демократиялық басылымдармен бірге «Абай» журналын да ұлтшылдықпен айыптап, жауып тастады.

Кенес үкіметі қоғамдық-әлеуметтік өмірмен бірге мәдени-әдеби өмірге де үлкен өзгерістер әкелді. Өмірдің барлық саласында таптық принцип күшейе түсіп, ұлтжанды қазақ зиялылары түгелдей қуғын көрді. Алашордашыларға кешірім жасалғанымен де (1919), олар саяси өмірден күшпен шеттетілді. Соған қарамастан жиырмасыншы жылдардың алғашқы жартысында әдеби ой-пікірлердің негізгі қозғаушы күші бұрынғы алашшылдық идеялар болды.

Бұл кезде алашордашыл қоғам, мәдениет, әдебиет қайраткерлері түгелдей саяси өмірден аластатылып, оларға тек ағарту, ғылыми жұмыстармен ғана айналысуға рұқсат етілді. А.Байтұрсынов тіл білімі, әдебиеттану, М.Жұмабаев педагогика, Ж.Аймауытов психология салалары бойынша оқулықтар жазуға кірісті. Ал әдеби өмірдің ағымдағы мәселелері бойынша пікір айтуға бұларға баспасөз беті жабық болды.

Жиырмасыншы жылдардағы әдеби сында республика басшылығының түрлі қызметтерінде жүрген Н.Төрөқұлов, С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Қ.Кемеңгеров, Ы.Мұстамбаев, Ш.Токжігітов секілді азаматтар белсенділік танытты. Осы кездерде әдебиет майданына араласа бастағандардың дені дерлік алаштық идеялардың ықпалында болды.

Жаңа заман әдебиетке де жаңа талаптар қойып жатқанда белгілі қоғам қайраткері С.Сәдуақасов қазақ әдебиеті туралы көлемді сын-зерттеу еңбегін жариялады. Орыс тілінде жазылған (Киргизская литература (историко-критический очерк). «Трудовая Сибирь», 1919, №1) мұнда қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті төмен деп түсінетін орыс оқырмандарына ұлттық әдебиеттің, әсіресе ауыз әдебиетінің дамыған түрі болғандығын, өзіндік ерекшеліктерін таныстыруды мақсат еткен. Қазақ мәдениетіндегі импровизаторлық өнер, жазба әдебиет, қазіргі әдебиет біршама көрініс тапқан. Қазақтың жазба әдебиетін Мәшһүр Жүсіптен, Абайдан бастайды. Ұлттық әдебиеттің дамуындағы «Қазақ» пен «Айқап» ролін жоғары бағалайды. М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтың, С.Дөнентаевтың, Ғ.Қарашевтің, Ш.Құдайбердиевтің, С.Торайғыровтың, А.Мәметовтің, С.Сейфуллиннің, т.б.шығармаларын талдап, сипаттамалар берген.

Қазақ қаламгерлерінің басын қосып, құрылтай өткізуді ойластырған Ахмет Байтұрсынов «Қалам қайраткерлері жайынан» («Еңбекші қазақ», 8.VI.1922) атты мақала жазып, сол кездің біраз мәселесін ашық та қатты айтты.

1. Қазақ қалам қайраткерлері орыстан қорлық көрген, таяқ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған.

2. Қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау, тар заман түсіп, қайғы бұлты үстін торлап қаптаған шақта шыққан. Қазан баласын ұлтым-жұртым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері Қазан өзгерісі болғанда бірден интернационал (бейбауырмал) болып өзгере алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бейбауырмалдық үкімет хош көрмейтін болды. Сөйтіп қазақ қалам қайраткерлерінің халында дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындар қайтып, тартыңқырап қалды. Айтқанды тындамайтын, «жасасын бейбауырмалдық» дейтіндер ауызға қағып сөйлейтін болды, омырау қағып күш көрсететін болды».

А.Байтұрсыновтың «Жалғыз қалам қайраткерлері емес, қазаққа жаны ашитын басқа азаматтар да қазақтың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеу керек. Бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, бұған құлақ асып, ауыр алмасқа керек. Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп, теңелуіне керекті ісімізді қолға алайық. Қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы күреске күшін, ісін сарп етуі керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жармаса күнелтуге қазақ жеткен күні қазақты қасындағылар қаңсылатуды қояды. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе, кеміген жоқ. Жеуге жеңіл тұрғанда жеу-табиғи іс. Қазақты бұрын жегендер әлі де зорлық қылып отыр» – дегендерінде төңкерістен кейінгі әлеуметтік өмірдің ашы шындығы жатыр. Бұл сөздерді кеңес үкіметінің күшейіп, таптық, саяси қудалаулардың өріс ала бастаған тұсында айтылғанын еске ұстар болсақ, Ахандардың әлі де өздерінің бұрынғы алаштық пікірлерінен қайтпағандығы көрінеді.

Төңкерістен кейін большевиктер өткен замандарда жасалынған әдеби мұраның бәрі ескі, күні өткен, жаңа заманның жаңа әдебиетін жаңадан жасаймыз деп өрекіп, пролеткультшылдық саясат жүргізе бастады. Ендігі жердегі қазақ әдебиетінің жай-күйі қалай болмақ, қай бағытта дамиды деген сауалда ұлт қамын жеген азаматтарды ойландырады. Баспасөз бетінде осы мәселелер төңірегінде ой қозғаған мақалалар көрінді. Солардың бірі «Қоңыр» деген бүркеншік атпен жарық көрген М.Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» («Шолпан», 1923, №45) атты көлемді еңбегі еді.

Мақаланың сол кездегі бұрындары қазақтарда шын мәніндегі әдебиеті болды дегенге күмәнмен қарайтын нигилистік пікірге қарсы жазылғандығы көрінеді. Сондықтан да автор қазақ әдебиетінің тарихына барыңқыраған. Қазақ әдебиетінің өткенін үш дәуірге (ауыз әдебиеті, көшпелі дәуір әдебиеті, жазба әдебиеті) бөліп қарастырған. Бұрынғы кезде жасалғандардың барлығының күні өткен, социализмнің рухани қазынасын жаңадан жасаймыз деп жатқанда Мұхтар «бәріміз де өткен күннің өнеріне ішімізден бас игендей боламыз. Біз ескі әдебиетімізді сүйеміз» – деп жазды. Қазақ әдебиетінің соңғы дәуіріне Абайдан кейінгі кезенді жатқызып, оны жаңадан басталып келе жатқан сезімділік, сыршылдық (романтизм) дәуірі» деп сипаттады.

Заманмен бірге адамдар да өзгеріске ұшырады. Қазақ қаламгерлерінің арасына да жік түсіп, төңкерісшілдер шыға бастады. Замана ыңғайын тез аңғарып, кеңестік идеология жағына алғаш шыққандардың бірі С.Сейфуллин болды. Бірден революцияны жырлауға кірісіп кеткен Сәкен бір ғана 1922 жылдың өзінде үш бірдей кітап шығарды. Әдеби ойға қозғау салған бұл туындыларды пролеткультшылдар жағы жаңа әдебиеттің үлкен табысына санаса, көзі ашық зиялылар қатты сынға алып жатты. Әсіресе «Қызыл сұңқарлар» пьесасы сын садағына көбірек ілінді. Мысалы («Қоңыр» деген бүркеншік атпен мақала жазған) М.Әуезов бұл пьесаны «Қазақ пьесасы болып саналуы мүмкін емес, оларда қазақтан белгі де жоқ. Олай болса, пьесаны қазақтікі деп адасудың орны жоқ» («Шолпан», 1922, №2–3) деп сынаса, төңкерісшілдер жаңа бағыттағы қазақ әдебиетінің «жыл құсы» («Еңбекші қазақ», 2.2.1922) – деп, аспанға көтерді.

Мәскеуде шығып тұрған «Темірқазық» журналында (1923, №1, 2, 3) Н.Төрөқұловтың Сәкеннің «Асау тұлпар», «Тар жол, тайғақ кешу», «Бақыт жолында» туындыларын түкке алғысыз еткен үш бірдей мақаласы жарық көрді. Нәзір бұл шығармаларды өмір шындығынан алшақ, жалған схематизмге құрылған деп сынады. Бірнеше нөмірі ғана жарық көрген бұл журналда Ә.Бөкейхановтың «Керейдің ажалы», «Бекет батыр», «Мырза Едіге», Ғ.Тоғжановтың «Ұлт деген не?», «Ұлт мәселесі», Қ.Кемеңгеровтің «Қазақтың саяси-тарихи тұрмысы», М.Дәулетбаевтың

«Қазақ хәм музыка» сияқты материалдарының басылуынан-ақ бұл басылымның алға қойған мақсаты мен бағыт-бағдары айқын көрінеді.

1923 жылы Ахмет Байтұрсыновтың елу жылдығы болып өтті. Мерейтойды ресми билік орындары Қазақстанда атауға рұқсат етпей, Орынборда өткізуге мәжбүр болады. Салтанатты мәжілісті С.Сейфуллин кіріспе сөзбен ашып, С.Сәдуақасов баяндама жасаған. Осы жиын туралы С.Мұқанов, С.Сәдуақасов «1923 жылдың басында Орынбордағы ең үлкен зал – Свердлов атындағы клубтағы, мыңнан аса кісі орналасатын залға адам лық толғанда, Байтұрсыновтың елу жасқа толғанына арналған кеште. «Ахаңның алдында» деген баяндама жасады» (С.Мұқанов. Шығармалары. 10 том, А., 1976, 508-бет) деп жазды. Смағұл баяндамасында Ахметті қазақ халқы үшін тарихи еңбек сіңірген Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай істерін жалғастырушы қайраткер ретінде бағалады.

С.Сейфуллин А.Байтұрсыновты «оқығандардың арасынан өз заманында патшаның арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жырттып, даусын шығарған кісі. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірге жыртты, арын бірге жоқтады, өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар хәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, бірақ байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін адал жүрек таза ұлтшылы» (Бес арыс А., 1992, 180–182 беттер) – деп, бағалағанына бүгінгі күні сену де қиын. Бірақ факті осылай. Сәкеннің Ахмет туралы осы пікірлеріне белгілі революционер Ә.Әйтиев «Степная правда» газетінің бетінде «Фактические поправки» деген сын-ескертпе жазды. Сейфуллин «Тағы да Ахмет туралы» (Әйтиевке жауап) қарсы мақала жазып, өзінің Байтұрсынов хақын-дағы пікірлерін шегелей түсті.

Осыған орай жазылған «Ахаңның 50 жылдығы» атты мақаласында М.Әуезов негізінен А.Байтұрсыновтың халқына сіңірген еңбегімен таныстыра келіп, «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны, «Қырық мысалы», «Маса», «Қазақ» газетерінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайратын біз ұмытсақ та тарих ұмытпайтын істер болатын» деген тұжырымдар жасаған.

А.Байтұрсыновтың еңбегін ұлтжанды азаматтар осылай жоғары бағалап жатқанда, төңкерісшілер бұл оқиғадан совет үкіметіне, оның саясатына қарсылық, арандатушылық нышандарын көрді. Сол кездегі ресми биліктің пікірін С.Мұқановтың «Қара тактаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» («Еңбекші қазақ», I. III. 1923) атты атышулы мақаласы білдірді. Мұнда Ахметтің қызметі мүлдем теріс бағаланды. Смағұлдың баяндамасында Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абайлар қазақ халқының тарихи қайраткерлері, үлгі тұтар ардагер азаматтары қатарында аталса, Сәбең бұлардың барлығын да үстем таптың өкілдері, ұлтшылдар, халыққа жат тұлғалар деп бағалады. Солардың жолын жалғастырушы А.Байтұрсынов хақын-да «Ахметті алатын болсақ, ол жалпы қазақ халқының Ахаңы емес, қазақтың ақ жағалыларының, байларының Ахаңы, Ахмет Байтұрсыновты еңбекшілерге майлап өткіземін деуді қою жөн. Еңбекшіл қазақтар арасынан Ахметке орын жоқ. Ахмет байдың Ахаңы, «күле кіріп, күңірене шығып жүрген арамзалардың тірегі» – деп, жазды.

С.Мұқановтың осы мақаласынан бастап, қазақ әдебиетіндегі азатшыл бағыттағы ағымға қарсы таптық күрес бірден қарқын алып, күшейе түсті. Алашшыл атанған А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, М.Әуезов сынды қаламгерлер байшылдықпен, ұлтшылдықпен айыпталып, саяси қуғынға ұшырады. Қазақ әдебиетінің өткен кездерде жасаған бүкіл әдеби мұрасымен бірге сол кездегі ұлттық әдебиетіміздің көрнекті өкілдерінің барлығы дерлік халыққа жат, «халық жаулары» саналды. Ресми баспасөз бетінде ұлт жазушыларының «Қас-күнемдік әрекеттерін әшкерелеген» мақалалар қаптап кетті. Әдебиеттегі байшылдықты әшкерелеу науқанында сөз тек төңкерісшілерге берілді де алашорда әдебиетінің қайраткерлеріне мұндай мүмкіндіктер болмады. Солай бола тұра ұлттық әдебиеттің мәселелерін таптық тұрғыдан емес, өнер заңдылықтарына сүйене отырып дұрыс пайымдаған пікірлер сирек те болса көрініп қалып отырды. Мысалы, Мағжанға 1924 жылдың басында Орынборда, соңында Мәскеуде әдеби сот болып, оның өлеңдері идеялық жағынан зиянды, сондықтан оның өлеңдері басылмасын, оқылмасын деп қаулы қабылдап жатқанда Ж.Сәрсенбин М.Жұмабаевты қорғап сөз сөйлеп, араша түсті. Алашордашыларды саяси жағынан талқандау үшін оның аса көрнекті өкілі М.Жұмабаев негізгі соққының астында қалған қиын кезде Ж.Аймауытов

«Мағжанның ақындығы» («Лениншіл жас», 1925, №5) атты атақты мақаласын жазып, әдебиетті, поэзияны қалай талдау керектігінің үлгісін көрсетті. Жүсіпбек Мағжан поэзияның сыр-сыйпатын жарқырата ашып берді.

Осы кездерде жарық көрген Ж.Аймауытовтың «Әдебиет мәселесі» («Ақ жол», I.IV.1925), «Көркем әдебиетті саралау» («Ақ жол», 17.IV.1925), Ж.Сәрсенбиннің «Әдебиеттегі ұлтшылдық қашан қалады?» («Ақ жол», 18.IV.1925), С.Сәдуақасовтың «Қазіргі дәуір – іс дәуірі» («Лениншіл жас», 1925, №7) сияқты сын мақалаларында көркем әдебиеттің мәселелері дұрыс көтеріліп, алаштық рухта бағаланып жатқанымен де бұлар саяси науқанның айқай-шуының астында елеусіз қала берді.

Көркем әдебиет туралы пікірлесулер қызып келе жатқан кезде 1925 жылы маусымның 18-і күні РКП(б) Орталық Комитетінің «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» арнаулы қаулысы шықты. Онда әдебиет саласында да түбірлі өзгерістер жасау партия ұйымдарының алдына міндет етіп қойылады. Бұрынғы ма, енді төңкерісшілдер көркем әдебиеттен таптық принципті барынша қатал талап етті. Баспасөз бетіндегі әдебиет сындағы идеялық пікірталас енді саяси ұйымдық сипат ала бастады. 1926 жылы ҚазАПП ұйымы құрылып, төңкерісшілдерді маңына жинап, партияның әдебиет саласындағы саясатын ұйымдасқан, жоспарлы түрде жүргізуді қолға алды. Голощекиннің республика басшылығына келуі (1925) елдегі саяси-әлеуметтік жағдайды мүлдем ушықтырып жіберді.

Міне, осындай қиын жағдайда ұлтжанды жазушылар да қамсыз қарап жатпады. Олар да ортақ мақсат үшін бас біріктіріп, бірлесе әрекет жасаудың жолын ойластыра бастады. Ұлт әдебиетінің басына төніп келе жатқан қара бұлтты сезген алашордашылар «Алқа» атты жазушылар ұйымын құруға кірісті. «Алқаның» бағдарламасын М.Жұмабаев жасап, ол пікір алысу үшін қолжазба күйінде тараған. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ж.Тілеулин, С.Дөнентаев, М.Әуезов, С.Сәдуақасов, Е.Омаров, С.Қожанұлы, Е.Алдоңғарұлы, Ж.Сәрсенбіұлы сияқты алаш азаматтары бағдарламамен танысып, қолдаған. Бірақ сол кездегі билік органдары «Алқаның» құрылып, жұмыс істеуіне жол бермеді, керісінше оларға деген қуғынды күшейте түсті.

«Алқаның» бағдарламасы «Табалдырық», «Әдебиетіміз», «Бұл күнге дейінгі төңкеріс хәм әдебиетіміз», «Енді төңкеріс хәм әдебиетіміз», «Әдебиет не нәрсе?», «Әдебиеттің жалпы заңы», «Марксшылдық хәм әдебиет. Не жазуға?» атты тараулардан тұрады. «Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр. Артында бір жол, алдында мың жол» деп басталатын айқындаманың кіріспесінде сол кездегі саяси-мәдени жағдай шолынады. «Әдебиетіміз» аталатын бірінші тарауда қазақ әдебиетінің өзіндік сипатына, тарихына көз жіберген. Мағжан әдебиеттің даму деңгейі қоғамның дамуымен тікелей байланысты деген сынаржақ теорияны жоққа шығарып, қазақ әдебиетін бай әдебиетке жатқызған. Бар гәп оның зерттелінбей жатқанында. Арыға бармай-ақ «кешегі Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай, Ақан сері сықылды ақындардың елдің мұнын, зарын, ой-қиялын жырлай білген шын жыраулар екені анық. Бұлар-қазақ даласына бет алған Еуропаның, орыстың қара жүз отаршылдығының қарасын көріп, бірінші уланған ерлер» – деп жазады Мағжан. Отаршылдыққа қарсы шыққан ақындарды, орыс отаршылдығын «қара жүз» атауынан-ақ Мағжанның, «Алқа» ұйымының азаматтық-саяси бағыт-бағдары анық көрінеді. Бұлардың ішіндегі Базар жырау мен Ақан сері туралы Жұмабаевтың кезінде осы сарында мақала жазғандығы да белгілі.

Қазақтың ұлы ақыны А.Құнанбаевтың ұлылығын алғашқылардың қатарында таныған Мағжан «Алтын хакім Абайға» деп, өлең арнаса, «Алқаның» бағдарламасында да оған жоғары баға берді. Абай феодал ақыны, ескішіл, байшыл деп жатқанда, алашордашылардың «Алқасында» ол туралы: «Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп кіріп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа халықтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны. Ел билеп, елге ақыл айтудан бастап, өмірден үміт үзуге, тұңғыық ойға барып тірелген Абайдың өмірінің ақындығының трагедиясы да тереңдігі осындай. Абайдың алыптығы – қыл көпірдің үстінде тұрғандығы, екі қолмен, екі үмітпен алысқандығы, сондықтан қазақ әдебиетінің ескі мағынасын, бұрынғы бағытын тереңдеткендігі, әдебиетке жаңа түр кіргізгендігі» – деген баға берілді.

Бағдарламада қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық бағытты ақтау, оны занды құбылыс етіп дәлелдеу бар. Ал төңкеріс туралы «Үстіміздегі төңкеріс – бізге өз тарихымыз тудырған, өз тарихымыздың қатынасы болған таныс төңкеріс емес, Ауропа тудырған жат төңкеріс

«Сондықтан да әдебиетіміз төңкеріс тақырыбын игеріп кете алмады. «Төңкеріс туралы тез үндей қоймадық» деп, өзеурей бермей, «не себепті үндемегенін ұғуға міндеттіміз». Қазақ әдебиетінде төңкерістің жырланбауын, «топас тәжірибелердің теріс жағынан түсуінің тағы бір себебі: төңкеріс өзінің қазақ даласына күнгей бетінен емес, теріскей бетінен, оңынан емес, солынан кіруінен» – деп бағаланды. Мағжанның ойынша, қазаққа төңкеріс сырттан келген, тағылған. Төңкеріске орыс «пролетариаты зеңбірек, пулемет, машина, қайыс камзолымен кірсе, қазақ қамшы, сойыл, байпақ етік, малма тұмағымен жолдан қосылып отыр», сондықтан да «қазақ иісіміз шықпауға мүмкін емес, қазақтың мың жылдық тарихының, елтірі тұмағының иісі шықпауға мүмкін емес» деп, әдебиеттің ұлттық сипатын анықтап берді.

«Алқаның» аса маңызды жағы – мұнда көркем әдебиетке түсініктеме берілуі. Әдебиетті өнердің бір түріне жатқыза келіп, оның басты мақсаты «сезім арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылуы» деп көрсетеді. Мағжан «сұлу терең суреттер арқылы қандай болса, ондай болсын, әйтеуір терең сезім оята алса, ол – ақын. Оята алмаса, ақын емес» – деп біледі. Құрғақ ақыл, жалаң пәлсафа өнерге жат. Поэзияда сиқырлы сурет, жанды бейне болуы шарт. Уағыз айту әдебиет емес, ол сезімді оятып, жүректі қозғай білуі керек. «Ақынның міндеті – білім беру емес, терең сезім, асқар пікір ояту».

Ақын да белгілі бір қоғамда өмір сүретіндіктен одан тысқары қала алмайды. Сондықтан ақындық азаматтықпен ұштасуы керек. Ақын халқына қызмет ете алса ғана – азамат. Әдебиетте ақындық пен азаматтық екеуі қатар тең түсіп жатуы шарт. Осы екеуінің бір жағы кем соғып жатса, онда әдебиетке үлкен зиян дегенде сол кездегі жадағай ұрандарға, жалған идеяларға негізделген кеңестік әдебиетке деген көзқарас анық көрініп тұр.

Бағдарлама әдебиетті тап күресінің құрамына айналдыруға қарсы. Мағжан әдебиеттің таптық сипатта болуын мойындағанымен де оның қазақ әдебиетінде болғандығына, өріс алатындығына күмән келтірген. Өйткені қазақ қоғамында таптық жіктеліс жоқ. Айқындамада «әдебиет басынан бақайына дейін тап туралы ғана болса деп ұғу маркысшылдыққа да, әдебиетке де қиянат» – деп анық жазылған. Өйткені «жұмыскердің жайынан басқа нәрсені жазба деп, ақынды қамап қою» дұрыс емес. «Дұрысы бір таптың ақыны екінші тапқа жат болуға, шет болуға тиісті, бір тап екінші таптың ақынына жау болуға тиісті. Бірақ бұл шеттік, бұл таптық, бұл жаулық ақындық жағынан емес, азаматтық жағынан болуға тиісті» деп, заманға ептеп бейімделгендікті де байқатады. Мағжан әдебиеттің бір тап, не бір ұлт ауқымында ғана қалып қоймай, жалпы азаматтық мәселелерді көтеріп, әлемдік деңгейге ұмтылуын қалайды: «шын ақынның тар тапшылықтан қанша дегенмен жоғары болуы белгілі бір тап мүшесі болса, шын ақынның тапшылыққа қана қамалып қалмай, өз табының мойны озық жалпы таптық, жалпы адамзаттың жанындағы қайғылы, яки қуанышты шекті шерте білу». Бұл жолдардан Мағжанның ұлы ақын екендігін дәлелдей түсетін азаматтық, ақындық бағыт-бағдары айқын көрінеді. Осындай пікірді айтқан М.Жұмабаевтың өзі де тар шеңбердегі тап ақыны емес, елінің қамын ойлаған, қуанышы мен қайғысын жырға қосқан ұлттық деңгейдегі халық ақыны, жалпы адамзаттық құндылықтарды жырлаған әлемдік деңгейдегі ұлы ақын дәрежесіне дейін көтерілді.

Мағжан әдебиетті көп ішекті домбыраға теңейді. Күй тартқанда сол көп ішектің бәрі де басылып, іске қосылады. Әдебиет те солай. «Негізгі бағытымыз – төңкеріс арқылы ортақ шындық» болсын. Бірақ әдебиет тек пролетарлық қана болып қоймай, басқа бағыттарда ізденістер жасауға тиіс. Қазіргі қаламгерлер нені жазуы керек дегенде: «Өміріміздің күнді әм күңгірт дәуірлері болған әм бар. Қазақтың өзінің жаратылысқа, өмірге, тұрмысқа көзқарасы, өзінше философиясы, терең сезімі болған әм бар. Осылардың бірі туралы әлі айтарлық қалам тартылған жоқ. Өзінше елді қоғамдаған хан, қоғамды қорғаған бағыр, өзінше қоғамның қорғаны болған би, хан заманындағы құл, төре заманындағы төленгіт, бай заманындағы кедей, жауынгерлерге жолдас болған әйел, өткен ертегі күніміз, ертегідей күніміз кешегі капитализмге үнілеп кірген дәуірдегі азғындық, мұң, зар, бүгінгі кедейлік, бүліншілік, сонымен бірге жаңа өмірге бет алу – қысқасы қазақтың күні, ертегідей күні, кешесі, бұ күнгісі, бәрі де айтарлықтай суретке түскен. Осылар түспей, әдебиетіміз өз әдебиетіміз бола алмақ емес. Сондықтан, жас әдебиетіміздің осы күнгі мойынындағы жауапты міндеті қай жаққа болса да бір езу болмау» – деп, нақтылай түседі. Бұл пікірдің сол кездегі үкіметтің әдебиет тек партиялық болу керек деп тауып, жүргізіп отырған пролеткульттік саясатына мүлдем қайшы екендігі көрініп тұр. Кеңес үкіметі өткеннің бәрін ескішіл санап, бүгінгі күнді, яғни төңкерісті, социализмді жырла десе, Мағжан бұл мәселеде мүлдем басқаша бағыт ұстанған. Мағжан әдебиет пен саясатты

араластыруға қарсы. Әдебиетке саясат кіріп кетсе, онда ол өзінің көркемдік, бейнелілік сипаттарынан айырылып, үгіт-насихат құралына айналып кетеді дегенді ескертеді.

«Алқада» біз «ортақшылдық» бағытта бір болайық, бірақ та өмірді өзімізше – қазақша жырлайық, бәріміз баратын жерге әрқайсысымыз өз жолымызбен барайық» деген басты ой ұсынылады. Сөйтіп пролетариат әдебиетіне қойылатын талаптарды сол күйінде түгелдей қазақ әдебиетіне көшіре салуға қарсылық білдіреді.

Айқындаманың әдеби-теориялық деңгейінің аса жоғары екендігі сол кездегі әдебиеттің зәру мәселелері жайлы толғаған әрбір сөйлемінен, айтқан ойынан көрінеді. Әдебиеттің өнер ретіндегі өзіндік ерекшеліктері, оның қоғамдық-мәдени өмірмен тікелей байланыстылығы, ұлттық сипатта болатындығы жайлы айтқан пікірлері күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Қазақтың ұлтжанды қаламгерлерінің басын қосқан шығармашылық ұйымы болуға тиіс «Алқаның» Мағжан жазған бағдарламасы А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышымен» (1926) бірге қазақ әдеби сынының, ілімінің өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының өзінде-ақ әлемдік эстетикалық ой-пікірдің деңгейіне жетіп қалғандығын көрсетті.

Қазақ әдеби сынының қалыптасуында алашшыл әдебиет өкілдері қаншалықты роль атқарса, әдебиеттану ғылымы туралы да дәл осылай айта аламыз. Жоғарыда айтып өткеніміздей, әдебиетіміз жайлы алғаш ғылыми пікірлер білдіргендердің дені де алашорда әдебиетінің өкілдері болды. Әдебиеттің нақты мәселелері бойынша тұңғыш зерттеулер жүргізіп, ғылыми еңбектер жазған А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Х.Досмұхамедов есімдерін ауызға алдымен аламыз. М.Әуезов жиырмасыншы жылдардың өзінде-ақ қазақ әдебиетінің тарихына көз жіберіп, көлемді зерттеу жазды. Қытымыр заманның қырсығына ұшыраған бұл кітап баспадан шықпай жатып «қамауға алынып», бүкіл тиражы отқа өртелді. Соған қарамастан бір данасы әуірім-тәңіріммен бүгінгі күнімізге жетіп, қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуындағы тарихи еңбектердің біріне айналып отыр. «Әдебиет тарихы» (1927) негізінен ауыз әдебиетін қарастырған. Мұнда ауыз әдебиетіне анықтама берілді, үлгілері алғаш рет жүйеленіп, түрлері анықталды. Ауыз әдебиеті негізгі төрт түрге – сыршылдық салт өлеңдері, әңгімелі өлеңдер (батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер), айтыс-тақпақ, ертегі, мақал-мәтел, жұмбаққа бөлініп жіктелген. Оларды ары қарай тағы да таратып, оның үлгілерін талдаған. Әдебиет тарихына қатысты XIX ғасыр ақындарына бір тарау арналған. Бұл дәуірдің әдебиетін «зар заман» әдебиеті атаған. Қазақ әдебиетінің тарихын Асан қайғыдан бастап, Абайға дейін шолуынан, оның ішінде Бұқар, Махамбет, Шортанбай, Мұрат, Ыбырай, Абай, Ығылман, Нарманбет сияқты ұлт мүддесін барынша көтеріп, «зар заман» ақындары аталғандардың шығармаларына пікір білдіруі М.Әуезовтің әдеби әлеуметтік көзқарастарын анық байқатады.

Белгілі алашорда қайраткері Халел Досмұхамедовтің «Қазақ халық әдебиеті» (1928, орыс тілінде) туралы көлемді зерттеуі жарық көрді. Мұнда ауыз әдебиетінің табиғаты, жазба әдебиетінен ерекшелігі, халық өмірімен байланыстылығы кеңінен әңгімеленді. «Халық әдебиетінің қайсы бір үлгі нұсқасының із-түссіз жойылып кетуі мәдениетіміз үшін орын толмас өкініш болмақ» – деп білген Халел ауыз әдебиетінің 46 түрін көрсетеді. Қазақтың бай ауыз әдебиетін жан-жақты зерттеуге кешегі кеңестік кездерде мүмкіндіктердің шектеулі болғандығын ескерер болсақ, ұлтжанды азамат Х.Досмұхамедовтың зерттеу еңбегінің қазіргі қазақ фольклористикасын соны сүрлеуге бастары анық.

А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» (1926) – қазақ әдебиеттану ғылымының жиырмасыншы жалдардың өзінде-ақ билік белеске шыққандығын аңғарта алатын аса іргелі еңбек. Жалпы қазақ филологиясының атасы саналатын Ахаңның бұл еңбегі негізінен сөз өнерінің қисынына (теориясына) арналғанымен де онда қазақтың ауыз әдебиетіне, әдеби мұрасына, сынына, тіліне қатысты да аса құнды пікірлер баршылық.

Ахмет алдымен «өнер» дегеніміздің өзі не екендігін анықтайды. Әдебиетті өнердің бес түрінің (сәулет, сымбат, кескін, әуез, сөз) біріне, онда да ең негізгісіне жатқызған. Сөз өнерінің негізі сөз болса, көркем шығарманың тілдік жақтарын қарастыруға еңбекте едәуір орын берілген. Әсіресе тіл тазалығына, тіл әуезділігіне назар аударыпқыраған.

Еңбектің аса құнды жақтарының бірі мұнда әдебиеттану терминдері алғаш рет қазақ тілінде қолданылып, ғылыми айналымға түсті. Ахаң тіл көрнектілігін жасау жолдары дегенде көріктеу, меңзеу, әсерлеу, теңеу, ауыстыру, мезгеу, әсірелеу, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, кекесіндеу сияқты терминдерді қолданады. Айшықтау амалдары аталып жүрген осы атаулардың біразы бүгінгі әдебиеттануымыз-

да қолданылып жүр. Ал енді біреулерінің әлі күнге дейін орысша айтылып келе жатқандығы қынжылтады.

Көркем әдебиеттегі сөйлемдер «өрнекті сөйлемдер», «өленді сөйлемдер» деп екіге жіктелген. «Өрнекті сөйлемдерге» прозалық құрмалас, «өленді сөйлемдерге» поэзиялық өлең сөйлемдері жатқызылған. Құрмалас сөйлемдер іштей тағы да сегіз түрге бөлінген. «Өленді сөйлемдердің «екі түрі бар: «әнді өлеңдер», «мәнді өлеңдер».

«Әдебиет танытқышта» сөз өнерін жіктеудің, талдаудың бүгінгі күнге ұқсай бермейтін өзіндік жүйесі бар. Мысалы, жалпы тілді «Қара сөз», «дарынды сөз» деп, айырған. Өз кезегінде бұл екеуі ары қарай тағы да таратылады. Кітапта әдеби сын жайына едәуір тоқталған. Әдеби сында «пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі» дей келіп, оның міндеттерін айқындайды.

«Көсемсөз» термині соңғы кездерде публицистиканың орнына қолданылып жүр. Ахаң оған мынадай анықтама беріпті: «шешен сөз ауызша айтылады, көсем сөз жазумен айтылады. Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін болғандықтан да көсем сөз деп аталады. Көсем сөз күндегі мәселе жайын сөйлейтін сөз болған соң, кезіндегі шығып тұрған газет-журнал жүзінде шығады» (сонда, 223–224 беттер).

Еңбектің «Дарынды сөз» аталған екінші бөлімінде көркем әдебиеттің теориялық мәселелері кеңінен қарастырылады. Ахаң әдебиетті «айтылу түріне қарай негіздік үш топқа» бөлген. Олары: әуезе, толғау, айтыс. Мұны бүгінше айтатын болсақ, әдебиеттің үш тегі: эпос, лирика, драма. Айырмасы – Ахандікі қазақша да, бүгінгісі орысша.

А.Байтұрсынов жалпы әдебиетті ауыз әдебиеті және жазба әдебиет деп екіге бөледі. Ауыз әдебиетін жіктегенде бүгінгі жүйемізден өзгешелеу принцип ұстанған. Мысалы, ауыз әдебиетін жұмсалатын орнына қарай сауықтама, сарындамаға айырады. Ал сауықтаманы ермектеме, зауықтамаға бөледі. Ермектеменің ертегі, ертегісымақ, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш түрлерін анықтаған. Мұндағы ертегісымақ деп отырғаны – оқу-әңгімелер. Ауыз әдебиетінің басқа да түрлері осындай ретпен жүйеленіп, жанрлық ерекшеліктері айқындалған.

«Әдебиет танытқышта» қазақ жазба әдебиетінің тарихы екі кезеңге – «діндар дәуір», «ділмар дәуірге» бөлінген. Діндер дәуірге араб, парсы үлгісіндегі діни бағыттағы әдебиетті, ділмар дәуірге орыс әдебиетінен өнеге ала бастаған кезден бергіні жатқызған. Қазақ әдебиетінің дамуындағы Абайдан кейінгі кезеңді «сындар дәуір» деп атап, оны «қазақ әдебиетінің асылдануына, әсіресе әсері күшті болған Абай сөздері, Абай асыл сөздің нұсқаларын айқындап көрсеткеннің үстіне аз да болса асыл сөз сипаттарын айтып та жұртты хабардар қылды» (сонда, 277–278 беттер) – деп сипаттайды. Абайдан кейінгі әдеби дамуды әңгімелегенде оның түрлеріне де тоқталады. Мұндағы жіктеулер де негізінен бүгінгі әдеби жанрларға сәйкес келеді. Мысалы, Ахаң «ұлы әңгіме», «ұзақ әңгіме», «ұсақ әңгіме» десе, біз роман, повесть, әңгіме деп жүрміз. Сол сияқты Ахаңның әлектеніс, азаптаныс, әуреленіс дегендері де – бүгінгі драма, трагедия, комедия жанрлары.

Сонымен А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқышы» арқылы қазақ әдебиеттану ғылымының іргетасын берік қалады. Нақтылаңқырап айтар болсақ, біріншіден алғаш рет қазақ әдебиетін теориялық жағынан негіздеп, ғылыми тұрғыдан түсіндірді. Ахаңның ұлттық әдеби топырақтың табиғатына орай айтқан қисындарының ешқайсысы күні бүгін де өзінің маңызын жойған жоқ. Екіншіден, қазақ әдебиетінің тарихын тұңғыш рет кезеңдерге бөліп, оны дәуірлеудің өзіндік принциптерін ұсынды. Мұнда қазақ әдебиетінің тарихындағы көрнекті өкілдерінің шығармалары алғаш рет ғылыми айналымға түсіп, бағаланды. Үшіншіден, қазақ фольклортану ғылымының негізін қалап, қабырғасын көтерді. Ауыз әдебиетінің өзіндік сипаттарын айқындап, сала салаға бөліп, іштей жүйелеп, оның негізгі жанрлық түрлерін анықтады.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетінің қалыптасуында алашшыл әдебиет өкілдері аса маңызды роль атқарса, әдеби сынның дамуына да соншалықты еңбек сіңірді.

Әдебиеттің сөз өнері ретінде сыр-сыйпатын, қазақ әдебиетінің ұлттық даму ерекшеліктерін дұрыс саралаған сыни мақалалар өз кезіндегі әдеби процесте жетекші пікірге айналғанымен де кер заманның кереғар келеңсіздіктері салдарынан ұзақ жылдар бойы өмірден күшпен шеттетіліп келді. Еліміздің егемендік алуымен бірге алашшыл ой-пікірлер де қайта жаңғырып, рухани өміріміздің қайнар көзінің біріне айналып отыр. Алашшылдар пір тұтқан ұлттық рухпен суғарылған әдебиеттің болашағы зор. Өйткені қазақ өмір сүріп тұрғанда алашшыл рух аспандай береді.

КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕГІ ӘДЕБИ СЫН



1. ЖАҢА ЗАМАН – ЖАҢА ТАЛАП

1917 жылы ақпан айында Аврорадан атылған зеңбіректің үні дүниені дүр сілкіндіріп, әлемге жаңа дәуірдің басталғанын паш етті. Әлем қақ жарылып, ақ пен қызылдарға бөлінді. Ресейде жұмысшы табы қызыл тудың астына жиналып, үкімет билігін қолына алды. Ленин бастаған большевиктер партиясы елдегі барлық халықтарға бостандық, теңдік беремін деп жариялады. Ғасырлар бойы Ресейдің отары болып келе жатқан қазақ халқы да бодандықтан енді құтылдық, бостандыққа, теңдікке енді жеттік деп шын қуанды. Ақындар жаңа заманды шаттана жырлады. Ғасыр басындағы ұлт-азаттық күрестің көрнекті қайраткерлерінің бірі Міржақып Дулатовтың жаңа заманды:

– Бүгін халықтың қуанышты кең күні,

Күн менен түн – таразының тең күні.

Құт-береке болмаса екен кем күні, – деп тілейік, қолың жай, ау алашым, – деп жырлағаны да рас.

Ел қамын жеп, ұлт-азаттық күрес жолында жүрген қазақ зиялылары қолайлы жағдайды пайдаланып, ұлттық мемлекет құру жайын ойластыра бастады. Ол үшін саяси партия құру керектігін жақсы сезінген Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов сынды ұлтжанды азаматтар Алаш ұйымын құрды. Ақындар күллі қазақты Алаш туы астына жиылуға шақырды. Сұлтанмахмұттың:

«Алаш» туы астында

Күн сөнгенше сөнбейміз.

Енді алашты ешкімнің

Қорлығына бермейміз.

Өлер жерден кеттік біз,

Бұл заманға жеттік біз.

Жасайды Алаш, өлмейміз,

Жасасын «Алаш», жасасын! – деп жырлайтыны да осы кез.

Бірақ көп ұзамай бүкіл елде дағдарыс басталып, аяғы Азамат соғысына айналды. Ресейде басталған қызылдар мен ақтардың арасындағы соғыс кейіннен ұлт аймақтарына ауысты. Жеңіліп, шетелге қарай өтіп кетуге әрекет жасаған ақтар, оларды қуған қызылдар қазақ даласының ойранын шығарды. Бірде ақтар жағы, енді бірде қызылдар жағы жеңіп, қазақ елінің берекесін кетірді. Бірде олай, бірде бұлай құйғыта соққан замана желінің аңдысын аңдып, қалам иелері де аңтарылып қалды. Сұлтанмахмұт, Мағжан, Сәкен сияқты бірлі-жарым ақындар болмаса, көпшілігі нені, қалай жазарын білмей дағдарысқа ұшырады. Осы Азамат соғысы жылдарында әдебиетпен бірге оның сынында да айтарлықтай оқиға болмады дерлік. 1918 жылы шығып тұрған «Абай» журналының өзі саяси-әлеуметтік қысымға шыдай алмай, жылға жетер-жетпесте жабылып тынды.

Азамат соғысы саябырсыған соң барып әдеби ойлар қайтадан жандана бастады. Саяси билік большевиктердің қолына өтіп, алашшылдар жеңіліп, олардың алды саяси қуғын көріп, соңынан (1919) кешірім жасалынып, қоғамдық белсенділігі шектелгенімен де әдеби ой-пікірлердің негізгі қозғаушы күші бұрынғы алаш әдебиетінің өкілдері болды.

Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде үкімет басында жүрген Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Сәдуақасов сияқты қайраткерлер әдеби сынға араласып тұрды. Сондай-ақ түрлі қызметтерде жүрген Қошке Кемеңгеров, Ыдырыс Мұстамбаев, Шәймерден Тоқжігітов секілді азаматтар әдеби процесте белсенділік танытты. Әдеби сынның ауыр жүгін Ғаббас Тоғжанов, Әбдірахман Бәйділдин, Елжас Бекенов, Хамза Жүсіпбеков, Ерғали Алдоңғаров, Аманғали Сегізбаев, Әбдірахман Айсарин, Құлмырза Өтепов, Әлібек Қоңыратбаев, т.б. көтерісті. М.Әуезов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов сынды т.б. жазушылар да әдебиет майданының қақ ортасында жүрді.

Ескі үкімет құлап, жаңа билік аяғына нық тұра алмай жатқанда қазақ әдебиетінің жай-күйі жайлы ой толғап, қалам тербеген алғашқы азаматтардың бірі С.Сәдуақасов болды. Оның «Киргизская литература (историко-критический очерк)» атты зерттеу еңбегі «Трудовая Сибирь» (1919, №1) журналында орыс тілінде жарық көрді. Бұл еңбек қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті төмен деп түсінетін орыс оқырмандарына ұлттық әдебиеттің, әсіресе ауыз әдебиетінің дамыған түрі болғандығын, өзіндік ерекшеліктерін таныстыруды мақсат тұтқан. Еңбекте қазақ өмірінде әдебиеттің алатын орны импровизаторлық өнер, жазба әдебиет, қазіргі әдебиет, баспасөз мәселелері біршама көрініс тапқан. Қазақ поэзиясындағы ақындық, жыршылық, импровизаторлық дәстүрді жоғары бағалаған.

Смағұл қазақтың жазба әдебиетін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлынан, Абайдан бастап қарастырған. Қазақ әдебиетінің дамуындағы «Айқап» пен «Қазақтың» атқарған қызметін жоғары бағалаған. Мәшһүр Жүсіптің, Абайдың жолын қуған М.Дулатұлының, М.Жұмабайұлының, С.Дөнентайұлының, Ғ.Қарашұлының, Ш.Күдайбердіұлының, С.Торайғырұлының, А.Мәметұлының, С.Сейфоллаұлының, С.Шорманұлының, Б.Өтетілеуұлының шығармаларына тоқталып, әрқайсысының шығармашылық беттерін айқындап, сипаттамалар берген.

Бұл кезде «Қазақ», «Абай» сияқты басылымдарда оқта-текте бір көрініп қоятын жеке-леген кітаптар, қаламгерлер туралы жазылған шағын мақалалардан басқа қазақ әдебиетін тұтасымен алып қарастырған еңбектер жоқтың қасы болатын. Әдебиетті тұтастай тану үшін керекті осындай үлкен жұмысты алғаш рет С.Сәдуақасов жоғары, кәсіби деңгейде орындап шықты. Бұл турасында Смағұлдың шығармашылығын арнайы зерттеген Дихан Қамзабекұлы: «С.Сәдуақасұлының «Қазақ әдебиеті» еңбегінің қазақ әдебиет тануындағы орнының ерекшелігі оның бұл саладағы орыс тіліндегі алғашқы зерттеулердің бірі болуында ғана емес, қазақ әдебиетін осындай кең ауқымда, жанр-жанрға жіктеп тұңғыш саралауында» – деп жазуы өте орынды.

Осы кездегі елеулі оқиғалардың бірі А.Байтұрсыновтың қазақ жазушыларының құрылтайын шақыруы еді. Оған небары үш-ақ кісі келген. Осыған орай Ахмет «Қалам қайраткерлерінің жайынан» («Еңбекші қазақ», 8.VI.1922) атты арнайы мақала жазды. Сол кездегі қазақ қаламгерлеріне қатысты біраз мәселені ашық та қатты айтқан Аханның сөздеріне құлақ салайық:

«1. Қазақ қалам қайраткерлері орыстан қорлық көрген, таяқ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған. 2. Қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау, тар заман түсіп, қайғы бұлты үстін торлап қаптаған шақта шыққан. Қазақ баласын ұлттым, жұрттым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері Қазан өзгерісі болғанда, бірден интернационал (бейбауырмал) болып өзгере алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бейбауырмалдық үкімет хош көрмейтін болды. Сөйтіп қазақ қалам қайраткерлерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындар қайтып, тартыңқырап қалды. Айтқанды тыңдамайтын, «жасасын бейбауырмалдық» дейтіндер ауызға қағып сөйлетпейтін болды, омырау қағып күш көрсететін болды.

Жалғыз қалам қайраткерлері емес, қазаққа жаны ашитын басқа азаматтар да қазақтың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеу керек. Бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, бұған құлақ асып, ауыр алмасқа керек. Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп, теңелуіне керекті ісімізді қолға алайық... Қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы күшін, ісін сарп етуі керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жарамаса күнелтуге қазақ жеткен күні қазақты қасындағылар қаңсылатуды қояды, қазақ азаматтарының қазақ үшін айрықша қайғыруы, қан қызуы жоғалады, бауырмалдық сонда өзінен-өзі жоғалады. Бас өзгерді, бастық өзгерді, төбе өзгерді, төре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе, кеміген жоқ. Жеуге жеңіл тұрғанда жеу – табиғи іс. Қазақты бұрын жегендер әлі де зорлық қылып отыр. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң, жем болатыны сөзсіз. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады».

Заман өзгергенмен қазақтың жағдайы түзелмегенге күйінген ұлтжанды азамат жүрекжарды ойларын жайып салған. Мәдениетсіз, білімсіз теңдікке жету қиын деп білген автор «Кеңес үкіметі тарапынан қазақтың қазіргі күтетін көмегі – мәдениеті көтерілуіне қолдан келген жәрдемін аямау. Солай болған соң қазақ үкіметі құр декретті көбейте бермей, қазақтың

мәдениетін күшейту жағына көбірек көз салып, көбірек күш жұмсау керек. Мәдениет күшейеді – өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді – оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Әдебиетсіз оқу, қуаттану жоқ, мәдениет қуаттанбай қазақ қорлықтан, зорлықтан құтылу жоқ. Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі – оқу мен әдебиетте» – деп, әдебиеттің орнын жоғары қояды. Өткір де батыл жазылған бұл мақала, әрине, кеңес үкіметінің идеологтарына жақпады. А.Байтұрсыновқа саяси тұрғыдан айып тағылып, партия қатарынан шығарылуына, халық комиссары қызметінен босатылуына әкеліп соқтырды.

Жаңа заманда қазақ әдебиетінің жай-күйі қалай болмақ, қай бағытта дамиды деген мәселе күн тәртібінде тұрды. Өйткені большевиктер өткен кездегілердің бәрі де ескі, бүгінгі жаңа заманға жат, социализмнің рухани қазынасын тыңнан жасаймыз деп, әдеби мұра атаулыға қарсы шыға бастаған болатын. Міне, осы кезде М.Әуезовтің «Қоңыр» атты бүркеншік атпен «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» («Шолпан», 1992, №2, 3; 1923, №4, 5) атты көлемді мақаласы жарияланды. Мақалада сол кездегі қазақ әдебиетінің жайын бажайлау алға қойылғанымен де автор өткендегі әдебиеттің тарихына барыңқыраған. Оның себебі бұрын қазақтарда шын мәніндегі әдебиет болды дегенге күмәнмен қараушыларға тойтарыс беру, бүгінгі әдебиеттің өткеннің заңды даму жалғасы екендігін көрсету болған. Автордың әдеби мұраға көзқарасы айқын: «Бәріміз де өткен күннің өнеріне ішімізден бас игендей боламыз. Сөзінен туатын мағынасын, ішіндегі қайрат рухы сыртындағы кестесі мен келісім өзін еріксіз елеткендей болады. Біз ескі әдебиетімізді сүйеміз».

Мұхтар бүгінгі әдебиетті танып білу үшін оның тамыр-тарихын білу керек деп, оның жауабын оның өткен жолдарынан іздейді. «Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенде, жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін, бүгінгі қалпын, һәм келешегін де түгел түсіну керек» деп біледі автор. Көлемді мақалада көркемдік дамудың заңдылықтарына сүйене отырып, қазақ әдебиетінің тарихына шолу жасалынған. Әдебиеттің тарихын шартты түрде үш дәуірге – ауыз әдебиеті, көшпелі дәуір әдебиеті, жазба әдебиетіне бөліп қарастырған. Абайдан кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетін «Жаңа басталып келе жатқан сезімділік, сыршылдық (романтизм) дәуірі» деп сипаттайды. Соңғы кездегі әдебиеттегі жаңалықтар жайлы «құрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение)» күйі осы күнде терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді» – дегенде, Мағжанды мегзеп отырғаны байқалады.

С.Сейфуллин «Әдебиет және оның ағымдары» («Қызыл Қазақстан», 1923, №16) атты мақала жазып, онда әлемдік әдебиет дамуына көз жіберген. Әдебиет тарихындағы классицизм, романтизм, реализм ағымдарына түсініктемелер берген. Романтизм мен классицизмнің түрлі формалары мен ағындары ретінде модернизм, декаденство, символизм, мистицизм, натурализм, футуризм, имажинизмдерді атаған. Сәкеннің бұл мақаласы қазақ әдебиетін томаға тұйық емес, әлемдік әдеби даму арнасында қарастыру ниетінде жазылған сияқты.

Заман өзгеріп, соған байланысты көркем әдебиетке қойылар талаптар да өзгеріп жатқан кезде қазақ қаламгерлері арасына да жік түсті: бірсыпырасы кеңестік идеология жағына шыға бастады. Қазақ кеңес әдебиетінің туын алғаш С.Сейфуллин көтеріп шықты. Заманның аңдысын аңдып, оған тез бейімделген Сәкендер төңкеріс өкелген өзгерістерді шындығында да халықты бақытқа жеткізер дұрыс жол деп түсінді. Сөйтті де бірден революцияны жырлауға кірісіп кетті. Сәкен осы кездерде өнімді еңбек етіп, кітап үстіне кітап шығарды. «Оның әлеуметтік және мемлекеттік ісі мен беделі, 1922 жылы табаны күректей үш кітапты бірден шығаруы әрқилы ой-пікірге қозғау болды. Бұл кітаптар жайында жазылған 20 шақты мақала, қағытпа, құптаулардың бәріне белгілі идеялық, көркемдік нысана негіз болды» – деп жазады бұл жайында белгілі сәкентанушы Т.Кәкішев.

Революция дауылпазына айналған Сәкеннің әсіресе, «Қызыл сұңқарлар» пьесасы сын садағына көбірек ілінді. «Қоңыр» деген бүркеншік атпен пьесаға пікір жазған М.Әуезов драманың сюжеттік құрылымын, тіл кестесін сынап келіп: «Қазақ пьесасы болып саналуы мүмкін емес. Жоғарыда айтқан әлгі геройлары түгелімен бір-ақ кісі болудың үстіне оларда қазақтан белгі де жоқ. Олай болса пьесаны қазақтікі деп адасудың орны жоқ. Бұл кітаптың болашағына келгенде айтатыным сол, қазақ әдебиетінің жұрнағы болып, оның ішінен орын алуы неғайбыл» – деген қатқыл пікір білдірсе, төңкерісшілдер, ресми идеология жағындағылар пьесаны өмірге жаңалық әкелген «жыл құсына» теңеді: «Қызыл сұңқарлардың» әдебиет майданында жаңа жол көрсетіп, шығуы Қазан төңкерісімен байлаулы нәрсе, оны ұмытпасқа

керек. Қоңыр мырза бұл пьесаны қазақ әдебиеті тарихының бетінде орын алуына шектенсе де, біз шектенбейміз. Қазақ әдебиетінің бет алысын жаңа ағымға бұрып, жол салған – «Қызыл сұңқарлар». Сондықтан ол – жыл құсы» – деп, аспанға көтерді.

Бір жылда үш бірдей кітабының шығуы, үшеуінің де революция тақырыбына арналуы С.Сейфуллинді сол кездегі әдеби сынның басты қаһарманына айналдырды. Сәкенді төңкерісшілдер жағы жаңа советтік әдебиеттің басы деп, ресми басылымдарда насихаттап, марапатты күшейтіп жатса, ұлтшылдар жағы сынды барынша күшейте түсті. Осындай отқа май құя түскен мақаланың бірі Н.Төрешұловтың Мәскеуде шығып тұрған «Темірқазық» журналында жарияланған Сәкеннің «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағына жазған пікірі болды.

Нәзір Төрешұлов кезінде Түркістан республикасының басшысы болған, кейіннен ұлтшылдық, түрікшілдік пікірлері үшін Түркістаннан қуылып, Қазақстанға жол жабылып, Мәскеудегі «Күншығыс» баспасын басқарып жүрген еді. Ол осында жүріп, «Темірқазық» журналын ашып, қазақ, орыс, татар, башқұрт, өзбек, т.б. тілдерінде шығарып тұрды. Журналдың алғашқы санында Ғ.Тоғжановтың «Ұлт деген не?», «Ұлт мәселесі», М.Дәулетбаевтың «Қазақ хәм музыка», Ә.Бөкейхановтың «Керейдің ажалы», «Бекет батыр», «Мырза Едіге», Қ.Кемеңгеровтың «Қазақтың саяси-тарихи тұрмысы» сияқты материалдарының орын алуына бұл басылымның, оның редакторы Н.Төрешұловтың алға қойған мақсаты мен бағыт-бағдары айқын көрінеді.

«Сыншы (критик) әр уақыт шынын сөйлеуге міндетті. Шынын сөйлеу – сыншының парызы. Сыншының «өтірігі» жұртқа зиян, жазушы мейлі «өлетін» болсын, критикасы көңіліне тіпті ауыр тиетін болсын, жазушының мінезі жаман-ақ болсын, «аждаһадай жұтам» деп тұрған болсын, иә болмаса «жат туған бұл дүниеге мен бір ғаріп» деп көзіне жас алып, жалынған болсын, сыншы еш нәрсеге қарамай, өз міндетін атқаруға тиіс! Жазушының жазғанына сыншы би, сыншының сынына оқушы – би» – деп білген Нәзір «Темірқазық» журналының үш нөміріне Сәкеннің «Асау тұлпар», «Тар жол, тайғақ кешу», «Бақыт жолында» атты шығармаларына сыни пікірлерін жариялады. Нәзір бетің бар, жүзің бар демей, «шынын сөйлеу – сыншының парызы» деп, үш кітапқа да қатты сындар айтқан. Ол не айтса да жалпылама кетпей, нақтылы, мысалдармен сөйлеп, ойын өткір, ашық білдірген.

Сәкеннің «Асау тұлпар» (1922) атты жинағы туралы «Қарасам, «Асау тұлпар» шынында да «асау» екен, бірақ асау болғанда «білімсіз асау» екен! Дәлел керек пе?! Дәлел керек болса, мен үндемейін, Сәкеннің өзін сөйлетейін» – дейді де нақтылы мысалдар арқылы талдауға кіріседі. «Мысалы, қатын туралы жырласын» – деп, «Маржан» деген өлеңін талдайды. Өлеңнің кемшілікті жерлерін келтіріп, оған түсініктемелер беріп отырады. «Орынсыз жерде іс қылып жүрген бір қатынға барып жабыса кету таңқаларлық: бірақ ойлап қарағанда, таңқалатын дәнеме жоқ. «Жұмыста жүргенде» оның ісі бар ма? Сөйтсе, Сәкен «қайғысын» ойлап жүргенінде, есіне заман түсіп кетіп, ұялғаннан өлеңін былай аяқтайды» – деп, оған мысал келтіреді. Өлең туралы талдауын «Маржан білмейді енді: білегін ақынның мойнына артсын ба, жә болмаса, «бай қызындай керілмей, іс істесін бе?» Менің ойымша, ең жақсысы, іс уақытында келіп, «білегінді артшы мойныма» деп, қыңқылдап жүрген кісіні сол «күрекпен» басқа салып қалу керек. Болмаса, бұл өлеңде не бар? Революцияның бізге берген не көркемдік сезімі, не ақлақы, не ақылы! Бұлардың ешбірі болмаған соң, жауабы керек болады» – деп аяқтауында ащы мысқыл, қатқыл сарказм жатыр.

Осы сияқты «Марияға», «Жазғы түнде», «Надежда, Үміт, Омила» деген өлеңдерін де «Мен оны құшақтадым, ол мені құшақтады, бір-бірімізді құшақтадық» дегеннен басқа «білімді» білмейді. «Кейде сабаз жас қыздарға да кез келіп қалады» – деп сынаған. Сәкеннің махаббат тақырыбына жазылған өлеңдері жайлы ойларын «Кітаптағы 68 өлеңнің төрттен бірі әйел, махаббатқа арналған. Бірақ байғұстың білген әйелі осы. Бөтенін білмейді, көрмейді. Бірақ трагедия мұнда емес. Білмегендігін өзі сезбейді. Міне, трагедия қайда?» – деп, қорытқанда, сынның кара бұлтын қоюлата түскендігі көрініп тұр. Осындай тәртіппен Сәкеннің «Айт күні», «Азия» өлеңдері де өз «сыбағаларын» алған.

Нәзір: «Сөздің қысқасы: мұндай білімсіздікпен өлең жазып, әуре болып жүруінің өзі ұят. Білімсіз болғанда ұятты болу керек. Болмаса Еуропаны жамандау керек болса, ауылда жүрген әншейін бір қарт ақынға: «Базарбай, кәні, бір Еуропаны жамандап бер» – десең, сол да шамасы келгенше жамандап берер еді. Сол Сәкеннен өткізбесе, қалыспас еді. Бірақ не пайда?

Жамандағанда, біліп жамандау керек. «Уа, Еуропа, Еуропа» дегеннен болмайды. Әдебиет «митингі» емес. Біздің міндет – Еуропаның білімін, техникасын алып, капитализмнің бізге

керекті өнерін үйреніп, кеңес үкіметін көркейту, күшейту... Жаңа өлеңдерінен Сәкеннің өз ақылыменен жазғандары түкке жармайды» – деп, түгін қалдырмайды. Қыза-қыза келе тіпті Сәкенді түкке алғысыз етеді. «Не десең де байғұс Сәкен өзінен шығарып бір ұнамды, пікірлі өлең айта алмаған. Бір жақтан порнография жазған, бір жақтан Азия мен Еуропаны айыра алмай, басындағы ботқасын жұртқа үлестіріп берген, бір жағынан өзінен шығарып жазуға тура келгенде «білімсіздігін интернационализм қылып көрсеткен» кісіні революционер ақын деп, айта алмаймыз». Ащы мысқылға, кекесінге, ажуаға толы рецензияда кейде тым қатты кетіп қалатын жерлері де бар. Сәкенді «сабаз», «байғұс» деп кекетеді. «Сабаз жас қыздарға да кезек келіп қалады», «байғұстың білген әйелі осы» дегендердің сынның этикасына сия бермейтіндігі анық. Мұнысын Нәзірдің өзі де біліп отырған сияқты». Әдебиет – көптің малы. Аяқбай, Таяқбайдың малы болмайды. Бұл себепті әдебиет үйіне кіретіндер әр уақыт «қатты тергеуден» өтуі тиіс» – деп, қатты кету себебін түсіндіреді.

Көп күттірмей-ақ Нәзірдің бұл пікіріне қарсы Сәкенді жақтаған мақалалар қаптап кетті. Солардың ішінде Сәкеннің ізбасары С.Мұқановтың «Сынға сын» атты мақаласы ерекше көзге түседі. Онда: «Нәзірдің бұл сыны – қазақ совет әдебиетіндегі алғашқы сын мақалалардың бірі», «Нәзір Төреқұлұлының сын жаза бастауы жақсы беталыс» дей келіп, «Нәзір «Асау тұлпарды» қолына алғаннан-ақ, о жақ, бұ жағын сығалай қарап, ішінен сөкет нәрсе табуға тырысады. «Асау тұлпардағы» жақсы шығармалардың ешқайсысын көрмейді... тек бұл жинақтың қате-кемшіліктерін ғана тереді» – деп, Төреқұловты кінәлады. Нәзір айтқан пікірлерге партиялық тұрғыдан дау айтты. «Солай бола тұра «Асау тұлпар» төрт аяғынан түгел басқан шығарма деп, ешкім айтпайды. Тұлпардың сүрінген, жығылған жерлері де бар» – деп, Нәзір сынын түгел жоққа шығармай, жалпы негізімен келіскендей де болады. «Бірақ ол қазақ еңбекші табының мүддесінен туған бірінші көркем шығарма» екендігін қатты ескертеді.

Н.Төреқұлов С.Сейфуллиннің «Бақыт жолында» атты пьесасын да сәтсіз жазылған деп тапқан. «Бұл міндетін жазушы өз шамасынша жығыла-сүріне орындаған» – деп, ондағы кемшіліктерге, әсіресе махаббат тақырыбының қалай шешім тапқанына шүйіледі: «Сәкеннің айтатыны баяғы бір Қаратау, баяғы бір сөз «мен оны құшақтадым, ол мені құшақтады», «тіршіліктің мәнісі – сүю, құшу!»... деген – «терең» сөздерімен Сәкен «ақын» жүрегін айнытып бітірді».

Сәкен десе тілі қышып тұратын Нәзірдің тілі мұнда да мірдің оғындай діттеген жеріне қадалып жатады. «Темірқазықтың» өткен санында Сейфоллаұлының үлгілі дәмді өлеңдерін жырлағамыз. Өлеңдерінің қызық жерлерін оқушыларымызға тартқамыз. Сорлы «Асау тұлпардан» нені көрсек, «Бақыт жолында» да сол көргенімізді растап отыр» («Темірқазық», 1923, №2) – деген жолдардан Нәзірдің тіл құдіретін шебер меңгергендігі көрінеді.

«Тар жол, тайғақ кешу» туралы да Нәзірдің Сәкенге қояр талабы жеткілікті. Алдымен, шығарманың жанрын белгісіз деп кінәлайды. Оның сол кездегі қазақ қоғамының көркем бейнесі бола алмағанын сынайды: «Оның бар білгені – анық саяси айтыста есепке кіре алмайтын толып жатқан біртұтас бұқтық, сөгу, былапыт, балағат. Міне, төңкеріс қозғалысының тойын Сәкен осылай қылып, жұртқа осындай табақ тартады». Романда кейбір қайраткерлерге берілген бағамен келіспейтіндігін айтады. Шығармада «далада қонғаны, тоңғаны, не жылынғаны», Сәкеннің өзі домбыра шерткені, «кәрлен кесемен қымыз ішкені, қызбен қыдырғаны» суреттеле бергенін, яғни өзін марапаттауға құрылғанын қатты сынайды. Шығарманың олпы-солпы жерлерін, жанр талаптарына жауап бермейтіндігін қадап көрсеткен. Нәзірдің бұл пікірлерімен Сәкеннің өзі де келіскен, біраз арға тиетін артық сөздеріне реніш білдірген.

Жиырмасыншы жылдардың бас кезіндегі елеулі оқиғалардың бірі 1923 жылы А.Байтұрсыновтың елу жасқа толған датасының аталып өтуі болды. Ахаңның елу жылдығын ресми органдар Қазақстанда атауға рұқсат бермеген соң, жиын Орынборда өткен. Оған сол кездегі қазақ зиялыларының, қалам маңында жүргендерінің көпшілігі қатысқан. Салтанатты кіріспе сөзбен С.Сейфуллин ашып, А.Байтұрсыновтың өмір жолы, шығармашылығы жайлы С.Сәдуақасов баяндама жасаған. Осы жиынға қатысқан С.Мұқанов бұл турасында С.Сәдуақасов «1923 жылдың басында Орынбордағы ең үлкен зал – Свердлов атындағы клубтағы... мыңнан аса кісі орналасатын залға адам лық толғанда... Байтұрсыновтың елу жасқа толғанына арналған кеште... «Ахаңның алдында» деген баяндама жасады» – деп жазды.

С.Сәдуақасов баяндамасында А.Байтұрсыновты қазақ халқына айтарлықтай еңбек сіңірген Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай істерін жалғастырушы күрескер, аса үлкен қоғам қайраткері ретінде бағалайды.

С.Сейфуллин жиында сөйлеген сөзінің негізінде «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» («Еңбекші қазақ», 2.2.1923) деген мақала жазды. Онда негізінен Ахметтің саяси портретін жасауға тырысқан. «Ахмет Байтұрсынұлын қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан өз заманында патшаның арам құлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі... Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірге жыртып, арын бірге жоқтады. ... өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен... Ахмет Байтұрсынұлы ұлттын шын сүйетін ұлтшыл. ... бірақ байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін адал жүрек таза ұлтшыл» (Бес арыс. А., 1992, 180–182 беттер) деген сөздерді Сәкен айтты дегенге қазір сену қиындау. Бірақ факті солай. Ол аз десеңіз, Сәкеннің осы пікірлеріне белгілі революционер Ә.Әйтиев «Степная правда» газетінің бетінде «Фактические поправки» деген сын-ескертпе жазды. Онда Сейфуллиннің Ахмет туралы пікірлеріне келіспейтіндігін білдірген. Сәкен «Тағы да Ахмет туралы» (Әйтиевке жауап) қарсы мақала жазды. Мұнда өзінің А.Байтұрсынов туралы пікірлерін нығырлай түсті. Әйтиевтің пікірлерін сөзбе-сөз келтіріп, оларға нақтылы жауаптар берген. Оның бір де бір ескертпесін мойындамаған. Керісінше, Әйтиевтің өзін ашы тілмен түйреп-түйреп алады. Оның қазақ тілін жақсы білмейтіндігін үлкен айып ретінде бетіне басқан: «Әйтиев жолдас қазақша хатқа шоқрақтау болушы еді. Тегінде қате түзетпек болып, қисайтыңқырап жібергені сол хатқа шоқрақтығынан болар» (сонда, 184-бет).

Осыған орай М.Әуезов «Ахаңның 50 жылдығы» атты мақала жазды. Бұл оқиғаны Мұхтардың аса жоғары бағалағаны көрінеді: «... Ахаң арналған тұңғыш той-би ойлаған қазақ баласының жүрегіне жылы тиетін қуанышты істің бірі. Әркімнің қалғыған сезімін оятып, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі ірісі». Мұхқан А.Байтұрсыновтың қазақ халқына сіңірген еңбегін мөлдіретіп айта алған. «Қаламынан туған өсиет үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ... «Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң салған өрнекті біліп, Ахаң ашқан мектепті оқып шыққалы табылдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ахаңның бұл істеген қызметі қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Осы істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш» (сонда, 185–186 беттер) – дей келіп, Ахаңның әсіресе «Қазақ» газетін шығарудағы еңбегіне ерекше баға береді: «Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті аулынан келген сәлемдемедей болатын... «Қазақтың» еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын». Негізінен А.Байтұрсыновтың халқына сіңірген еңбегін көрсетуді мақсат тұтқан шығармашылық портрет «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны, «Қырық мысалы», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайратын біз ұмытсақ та тарих ұмытпайтын істер болатын» – деген оптимизмге толы, өршіл жолдармен аяқталады.

А.Байтұрсыновтың елу жылдық тойын алашшылдар, оның өкілі М.Әуезов «Ахаң арналған тұңғыш той – ой ойлаған қазақ баласының жүрегіне жылы тиетін қуанышты істің бірі. Әркімнің қалғыған сезімін оятып, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі ірісі» – деген тұрғыдан бағаласа, төңкерісшілер бұл оқиғадан совет үкіметіне қарсылық, арандатушылық нышандарын көрді. Олардың пікірін С.Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер» («Еңбекші қазақ», 1.ІІІ.1923) атты атышулы мақаласы білдірді. С.Мұқанов осы жиынға қатысқандықтан да «Жақында Орынбордағы шешен жолдастың біреуі оқыған лекциясының ішінде болдым» – деп, нақтылы адресі айтпай, бұлыңғырлатып, негізгі мәселеге ойысқан. Осы жиында Кенесары Қасымовтың, Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың қазақ үлгі тұтар азаматтардың қатарында аталуы авторды қатты шошындырған. Өйткені бұлар шетінен ұлтшыл болғандықтан да қазаққа үлгі бола алмайды. Сәбеңнің ойынша, бұлардың барлығы да халыққа жат тұлғалар. «Қанішер Кененің» орысқа қарсы соғысы қазақтың азаттығы үшін емес, өзінің шексіз билікке ұмтылып хан болғысы келгендігінен, ал Ш.Уәлиханов болса, «надан қазақтың мақтайтын төресінің біреуі». Ыбырай Алтынсарин туралы «Оның поп болып жүріп саясатшыл болғандығына...

сеніңкіремей күдіктене беремін. Поптардың бар саясаты надан елдің көзін алдап, қанын сораптың еді. Сондықтан да тоқсан тоғыз құдайдың ішінде» өлсе де Алтынсаринге қазақшылдық мың жылда да жанаспайды...

Сондықтан еңбекшіл тап өкілдері Алтынсариндей не қазақ болмай, не орыс болмай, не діншіл, не саясатшыл болмай, өлгендерді ауызға алуға арланады» – деп жазды.

Ал Абайды мүлдем оңдырмады. Солардың жолын жалғастырушы А.Байтұрсынов хақында «Ахметті алатын болсақ, ол жалпы қазақ халқының Ахаңы емес, қазақтың ақ жағалыларының, байларының Ахаңы. Егер Ахмет жалпы қазақ халқының Ахаңы болса, қазақтың жуан жұдырықтарының кедейлерге істеп келе жатқан қиянаттарын көріп, я сөзі, я ісімен жуандарға жұдырық көрсете алды ма? Жоқ...

Қысқасын айтқанда, ақ жағалы мырзалар, Ахметті Ахаң демей, құдай деп шоқынып отырса да еркі, бірақ қазақ еңбекшілері Ахмет ұранына қосылмайды, дүниежүзі еңбекшілерінің бірлік ұранына қосылады.

Сондықтан манағы шешендер тілмәрсып, Ахмет Байтұрсыновты еңбекшілерге майлап өткіземін деуді қоюы жөн. Еңбекшіл қазақтың арасынан Ахметке орын жоқ. Ахмет байдың Ахаңы, «күле кіріп, күнірене шығып жүрген» арамзалардың тірегі. Еңбекшілердің Ахаңы да емес, әкесі де емес, досы да емес. Еңбекшіл қазақтың әкесі – өздерінің қолын теңдікке жеткізген Октябрь революциясы» – деп, күллі қазақты бай мен кедейге бөліп, Ахметті байға меншіктеп береді.

Мақала «Ендеше, шешендерге айтарым: қисынсыз сайраймын деп, еңбекшілердің қара тақтайына жазылып қалып жүрмеңдер!» – деген сұсты ескерту сөздермен аяқталған. Совет үкіметі өзінің әдебиет, мәдениет саласында жүргізетін бағытын қалың халықтың арасынан шыққан С.Мұқановтың аузымен осылайша қатал ескертті. Осы кезден бастап, қазақ әдебиетінде таптық күрес бірден қызу қарқын алып, күшейе түсті. Алашшыл атанған А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, М.Әуезов сынды қаламгерлер байшылдықпен айыпталып, өткен кезеңдерде жасалған ақындардың еңбекші тапқа қажеті жоқ, өйткені олар феодализмде өмір сүргендіктен де сол дәуірдің жырын жырлайды деп танылды. Осындай солақай сындардың қаһарына көбірек іліккен ХХ ғасырдың басындағы қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев болды.

Еліне, халқына «Қазақ» газетінде жарияланған өлеңдері арқылы кеңінен танымал болған Мағжанның өлеңдерін Сұлтанбек Қожанов алғысөз жазып, 1923 жылы Ташкентте бастырып шығарды. Мағжанның өлеңдерін бастырмақ түгілі ол туралы әңгіме козғаудың өзі саяси тұрғыдан аса қауіпті болғандығын ескерсек, Сұлтанбектің бұл ісін ерлік деуге болады. С.Қожанұлы сол кездегі Мағжан дегенде жанып тұрған ресми саясатты ескерген болу керек, ақынның өлеңдерін талдамайды, идеялық жағын сөз қылмайды. Негізгі ойды сол кезде көтеріліп жатқан қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріп, оны қоғамдық өмірдің барлық саласында қолдану көтеріліп жатқандықтан осылай қарай бұрған. Солай бола тұра, С.Қожановтың Мағжан туралы ойы ашық. М.Жұмабайұлының өлеңдерінің «Қазақ әдебиетінде алатын орны зор, оқушыларға бұрыннан да таныс» негізгі ойын білдіріп алған соң барып, қойшылар тілі саналып келген қазақ тілінің бай, жатық, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңі көрсете алатындығын ескертіп, оның өлеңдерінің «Марксизм дүниетануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына, сыршылдық жағына көбірек көз салуы керек» – деп, пікірлерін саяси жағынан негіздей отырып білдіреді. Автор ақын өлеңдерінің саяси жағына емес, көркемдік сипатына, тіл кестесіне назар аудару қажеттігін ескертеді. Мағжанды Абайдан кейінгі қазақ әдебиетіндегі өзіндік орны бар ірі тұлға деп бағалайды.

Совет үкіметінің бел ала түсуімен қатар Мағжанды қудалау да күшейе түсті. Мағжанға 1924 жылдың басында Орынборда, соңында Мәскеуде әдеби сот болып, онда ақынның өлеңдері идеялық жағынан өте зиянды, сондықтан оның өлеңдері басылмасын, оқылудан алынсын деген қаулы қабылдады. Бұл екі жиында да Жұмабаевты қорғап сөйлеген, араша түскен Ж.Сәрсенбин болды. Бірақ биліктің соңынан ергендер, ығына жығылғандар көп еді де, жалғыз Жәкеннің даусы шықпай қалды.

Әдебиет туралы пікірлесу алашордашыларды саяси жағынан талқандауға бет бұрғанда, негізгі соққы оның көрнекті өкілі Мағжанға қарай бағытталды. Мағжанды сынау большевиктер үшін модаға айналды дерлік. Міне, осындай қиын кезде Ж.Аймауытов «Мағжанның ақындығы»

(«Лениншіл жас», 1925, №5) атты атақты мақаласын жазып, әдебиетті, поэзияны қалай талдаудың үлгісін көрсетті. Жүсіпбек Мағжанның поэзиясын ол өскен ортасымен, алған білімімен, көрген мектебімен байланыстыра қарастырып, ақын шығармашылығының сыр сипатын жарқырата ашып берді.

Әрине, Аймауытовтың бұл сыны сол кездегі ресми бағыттағы әдебиетшілерге ұнай қойған жоқ. Жүсіпбектің айтқан пікірлерін маркстік-лениндік тұрғыдан келіп, түтелге жуық жоққа шығарған Ғ.Тоғжановтың көлемді мақаласы кейін жеке кітап («Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны», 1926) болып та шықты.

Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде бір жағынан өзі сын жазып, екінші жағынан көркем шығармалары жұртшылық назарын өзіне аударып, сыни пікірлердің негізгі бір нысанына айнала бастаған дарын иесі М.Әуезов еді. Оның қаламынан шыққан публицистикалық, сыни мақалалары сол кездегі ұлттық бағытты ұстанған басылымдар бетінде жиі жарияланып тұрды. Оның әсіресе, «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» сол кездегі күллі қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінін дұрыс саралап берген кезеңдік мақала болғанын тағы да айта кеткеннің артықтығы жоқ.

Ал Мұхтардың өз шығармалары хақында «Еңлік-Кебек» сахнаға қойылған 1917 жылдан бастап пікірлер айтыла бастады. Солардың ішінде «Қорғансыздың күніне» («Қазақ тілі», 1922, №20) «Ж»-ның (Ж.Аймауытовтың) және Даниял Кәкітайұлының, «Бәйбіше тоқалға» («Сана», 1924, №2–3) С.Сәдуақасовтың жазған пікірлері елеулі. Алғашқы автор М.Әуезовтің үлкен дарын иесі, болашағы зор екендігін айта келіп, жазушыға үлкен талап қойған. Сөйтіп, «Қорғансыздың күніне» көңілі толмайтындығын ашық айтқан. Негізгі кінәсі: шығарма логикалық мұратына жетпеген, оқиғалар оқырманды сендіре бермейді.

М.Әуезовке «Сақа» (Таутан Арынстанбеков) ара түсіп, «Ж»-ның пікірлерін теріске шығарады. Жазушының көздеген нысанасын автор түсінбеген дейді («Қызыл Қазақстан», 1922, №10).

Ал Даниял болса – Абайдың баласы Кәкітайдың ұлы. Мұхтармен бірге өскен, құрбылас, Тәшкенде бірге тұрған. Кейін ұлтшылдық көзқарастары үшін қудаланып, түрмеге қамалған. Оның «Бәйбіше-тоқал» пьесасы туралы жазған «Қорғансыздар» («Сана», 1924, №2–3) атты мақала-рецензиясы көтерген мәселелерінің ауқымдылығымен, әлеуметтік талдауларының нақтылы да сауаттылығымен, айтқан пікірлерінің дәлдігімен, ойларының парасаттылығымен, тілінің көркемдігімен ерекшеленді.

«Қорғансыздарға» «Әуезұлының «Бәйбіше-тоқалына» тексеру» деген қосымша ат берілген. Іштей екі бөлікке бөлінген, оның алғашқысында әдеби сынның көркемдік процестегі орны, мақсаты мен міндеттері сияқты мәселелер төңірегінде біраз көсіліп алады. Автордың пайымдауынша, «сын – әдебиеттің айрылмайтын серігі», әдебиетке жол көрсетіп жүретін «жолдастық міндетін әдебиет сыны атқарады», сонымен бірге «әдебиет азығын қауымға сіңіру» де – оның міндеті. Қазақ әдебиеті сынға «ең құрметті қонақсың» – деп, оған «сыпайы, жемісті орнын» беруі тиіс.

Даниял қазақ даласының «ап-айқын болып көзге түскен жауыздығын Мұхтар Әуезұлының «Бәйбіше-тоқалында» көреміз» деп, шығарманың өмір шындығын шынайы суреттей алғанын атап айтады. «Мұхтар Әуезұлының бұл әсерін алдымен, шын қазақ тіршілігінен алынған, идеясы мен қазақ өмірінің ең бір қараңғы, жіңішке, терең жағын суреттемек болған әсер» – деп, жоғары бағалаған. Көркем шығармадай кестелі тілмен жазылған Д.Кәкітайұлының «Қорғансыздары» Мұхтардың шығармасын әлеуметтік тұрғыдан тамаша талдай отырып, оң бағалауымен құнды.

С.Сәдуақасовтың рецензиясы негізінен «Бәйбіше-тоқалдың» сахнаға қойылуына тоқталғанымен де пьесаның көркемдік жағына назар аударған. «М.Әуезов – әдемі, кестелі сөздің ұстасы. Мұхтардың тілі орамды, сөйлемдері маңызды» («Еңбекші қазақ», 31.1.1926) – деген жолдардан автордың негізгі ойы айқын көрінеді.

Жиырмасыншы жылдардың алғашқы жартысында қазақ әдебиетінің алдында сан алуан мәселе тұрды. Әсіресе ұлттық әдебиеттің даму жолдарын саралап, алда тұрған міндеттерді айқындау, қазақ әдебиетінің тарихы, бүгіні, болашағы сияқты мәселелер баспасөз бетінде зәру көтерілді. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге кіріскен С.Сейфуллин «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» («Еңбекші қазақ», 19.2.1924) атты мақала жазып, әдебиет тарихын жасау мәселесін көтерді, осыған қатысты ойларын ортаға салды. Осы мақалаға байланысты «Ақ

жол» газетінде бірнеше пікір шықты. Соның бірі Темірбайдың «Қазақ әдебиетінің тарихынан» («Ақ жол», 1924, №132) атты мақаласы еді. Онда Темірбай Сәкеннің пікірлеріне қарсы бес түрлі дау айтты; жеке басына тиіскен жерлері де бар. Темірбайдың осы мақаласына орай Ғ.Мүсірепов «Қисық сынға әділ төре» («Енбекші қазақ», 24.III.1924) атты ескертпе мақала жазды. Онда Темірбай айтқан сындарды түгел келтіріп, осының дұрыс-бұрыстығына өздерің төрелік етіндерші дегендей қылады. Ғабит: «Темірбайдың жұмысы әдебиетті сынауда емес, Сәкенді сынауда... бұл мақаладан Темірбайдың Сәкенге дұшпандығын, аяғынан қалай шалуды аңдып жүргендігін, оны көре алмайтындығын ұқтым» – деп, Темірбайдың дәлелсіз біреуге күйе жаққанын, осындай мақаланы жариялаған «Ақ жол» басшыларына қайран қалғанын білдірген.

Көп ұзамай-ақ «Ақ жол» газеті осы тақырыпты әрі қарай жалғастырды. С.Қожанұлының «Жақындық па, жалақорлық па?» («Ақ жол», 3.IV.1924) деген мақаласында тағы да Сәкеннің жоғарыдағы айтылған мақаласы сынға алынды. Сұлтанбек Сәкеннің «төңкеріске дейінгі әдебиет дәуірінде алға шығып бәйге алатын кісі қазақта жоқ. Абайды қазақ әдебиетінің ағасы деушілік қате» дегеніне «Бұл пікірді Сәкен айтты ма, жоқ тағы да Төңкерісұлының жаласы ма? Бұл өзі оза алмағанға ыза болғанның сөзі ме? Қазақ әдебиетінің ағасы Абай болмаса, Ахмет болмаса, аға жоқ болғаны ма? Бар болса кім?... ұлт әдебиетінің түп қазығын мықтап қағуға еңбегімен себеп болған, қазақ ұлт мәдениетінің бірінші қайраткері Байтұрсынұлы Ахмет емес пе?» – деп, дауыс көтереді. «Жұмабай баласы ноғай мен орыс ақындарының көшірмесі» дегенге қатты наразылық білдіріп, Мағжанның ірі ақын екенін атап айтты. Мақаланың соны «Жоқты жазып, бар әдебиет манайын былапыттап, басына бір, аяғына бір Сәкен жолдастың атын келтіріп, өзі жазушы болып қол қойған Төңкерісұлының бұл қылығы Сәкенге жақындық па, жоқ жалақорлық па?» Осы сұрауларға не лекция оқыған Сәкен, не көшіруші Төңкерісұлы, не мақаланы басып отырған «Енбекші қазақ» басқармасы берген жауабына қарай әдебиет тарихы һәм әдебиетшілердің жайынан білгенімізді ортаға салмақпыз» – деген сөйлемдермен аяқталған. Сөйтіп, «Ақ жол» газетінің редакциясы алдағы уақыттарда қазақ әдебиетінің тарихы, жалпы әдебиет мәселелері жайында пікірталасулар ұйымдастырмақ ниетін білдірді.

Көп ұзамай-ақ көркем әдебиет дегеніміз не, қазақ әдебиеті қандай бағытта дамуы керек, кімнен үлгі аламыз деген сауалдар төңірегінде пікір алысулар жүріп кетті.

Ж.Аймауытовтың «Әдебиет мәселесі» («Ақ жол», I.IV.1925) атты мақаласында сол кез әдебиеті алдында тұрған бірсыпыра өзекті мәселелерді қозғап, парасатты пікірлер ұсынған. Өткендегі қазақ әдебиетін «Төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиетінің бағыты – ұлт теңсіздігіне, мәдениетке талпыну, ішкі мазмұны – қазақтың халіне қайғыру, патша үкіметінің отаршылдық саясатына, қала берсе орыс атаулыға ереуіл жасау еді» – деп сипаттап, «Әдебиетіміздің ендігі беті төңкерісшілдік, бұқарашылдық болуы керек. Бұрын оянған ұлт сезімін тұншықтыру емес, тегістік, теңдік жолына икемдеп, дұрыс жүйеге, қалыпқа түсіру керек» – деп, алдағы даму бағытын айқындайды. Жүсіпбек сол кезде бас көтеріп келе жатқан тапшылдарға «тап ақыны әзірге қазақта жоқ» деп, үзілді-кесілді айтады. Қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшеліктері ескерілуі тиіс дейді.

«Әдебиет – өнер. Өнер азды-көпті еркіндік тілейді. Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен, не саясат көзімен қарап, сынаржақ кетпей, Марксше (диалектика әдісін қолданып) сынау керек. Әр нәрсенің себебін, жағдайын, арғы-бергісін, жақсы-жаман жағын түгел тексеретін кез, алдындағыны емес, алысты болжайтын қырағы көз. Әдебиетті сынауға жалаң саясатқа сауатты болу жетпес, әдебиетші де, ғылым иесі болу да керек» – дегенде әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін дөп басып айта білген. Автор әдебиетті бағалауға таптық тұрғыдан келуге қарсы. Оған кез келген адам, немесе саясатшы пікір айта алмайды, әрі әдебиетші, әрі ғалым ғана хұқылы дейді Жүсіпбек.

Жүсіпбектің «Көркем әдебиетті саралау» («Ақ жол», 17.IV.1925) атты мақаласы «Әдебиет мәселесінде» көтерілген проблеманың жалғасы іспеттес. Автордың не болса соны жазып жүргендерге көңілі толмайды. «Өлең мен жарамазан, өнер мен жамау-жасқау араласып, әдебиетті қоқытып жібермес үшін газет-журналдар баспа бетіне түскен сөздерді саралап, қылшықтап, тазалап отырғаны жөн болар еді» – деп сынды күшейтуге шақырады.

Ж.Сәрсенбин саяси қуғынға түскен Мағжанға ашық ара түскен, әдебиеттің өзекті мәселелері жайлы жиырмасыншы жылдары пайымды ойлар білдірген білікті әдебиетші болатын.

Төңкерісшілдердің қазақ ақындарын ұлтшылдықпен айыптауы күшейіп келе жатқанда, Жәкен «Әдебиетте ұлтшылдық қашан қалады?» («Ақ жол», 18.V.1925) деген мақала жазуға, сол кезде жанып тұрған мәселеге жауап береді. Жәкен де Маркстің адамды тұрмыс билейді деген қағидасынан шығарып, XIX ғасырдағы орыстың ұлы державалық шовинизмі, яғни ұлы орысшылдық ұлтшылдықты туғызды деп ашық айтады. Ұлтшылдықпен айыптай бермей, оның себептеріне үңілейік дейді. Ж.Сәрсенбиннің бұл пікірі Жүсіпбектің осыдан сәл бұрын айтылған «қазақ ақындарының екінші қанаты ұлтшылдықпен суарылып қалған». Ұлтшылдық сезім тез заманда қала қоюы мүмкін емес. Төңкеріске, коммунизм жолына көріну қылығы жоқ болса, ұлтшыл ақындарды да пайдалануға болады» («Ақ жол», I.IV.1925) – деген ойларымен бір арнадан шығып жатқанын аңғару қиын емес.

Көркем әдебиетті қалай бағалау керек дегенде, Жәкен негізгі шарттарға шығарманың сыршылдығын, кестелілігін, көркемдік шұрайлылығын, тіл орамдылығын жатқызады. Бағыты мен саясатын екінші шарт дейді. Ал егер шығарманың саясаты, бағыты түзу болса да көркемдік қисындары, тіл құдіреті келіспесе, оны әдебиет деп айтуға болмайды. Жәкеннің бұл айтқаны әдебиетті саясаттың қанжығасына байлап берушілерге қарсы айтылған батыл да орынды пікір еді.

«Әдебиетіміз қазір қандай дәуірде?» деген сауалға Жәкен «Қазақ әдебиеті қазір күйректік (сентиментализм), санашылдық (идеализм), сарындамалық (романтизм), нағыздық (реализм) сияқты көп «измнен» құралған қырық құрау дәуірде деуге болады. Мұның ішінде реализмді заманға үйлесі бар десек те, қазақтың салт-санасы, тұрмысымен әзірге қайшы келуі анық. Соның үшін романтизм мен сентиментализмді әдебиетте қолданбай отыруға әзірше мүмкін емес. Сентиментализмнің онша ұзаққа созылуы екіталай. Түбінде реализм романтизмді жеңуі мүмкін. Бірақ оған әлі көп уақыт керек. Әзірше әдебиетте романтизм үстемдік ете беруі анық» – деп жазды.

С.Сәдуақасов «Қазіргі дәуір – іс дәуірі» («Лениншіл жас», 1925, №7) деген мақала жазып, онда бүгінгі әдебиетті өткеннің заңды даму жалғасы тұрғысында қарастыру бәрі ескі, менікі ғана жаңа, сол жаңа өзіме жетеді, өзімді қанағаттандырады деп, біз ешуақытта да айта алмаймыз» – деп, сол кездегі әдебиет мәселесіндегі аса маңызды мәселе хақында турасын айтты.

2. ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ АЙТЫСТАР

Төңкерістен кейін Қазақстанда орын алған саяси-әлеуметтік өзгерістер қоғамның әр саласындағы күрделі мәселелерді іс жүзінде шешуге келгенде, қым-қиғаш пікірлер туғызды. Большевиктер барлық мәселеге таптық тұрғыдан келіп, пікір қайшылықтарын ушықтыра түсті. Оқыған зиялы қауым таптық принциптің қоғамдық-экономикалық-мәдени өмірдің мәселелерін шешудің әмбебап құралы ретінде қолданылуына ашық қарсы шыға бастады.

Қоғамның бай, кедей болып қажарылуы, мәдениет, әдебиет саласында көптеген қиындықтар, түсінбеушіліктер туғызды. Әсіресе халықтың ғасырлар бойы жасап келген ауыз әдебиетін, әдеби мұрасын таптық тұрғыдан жоққа шығарушылық, сөйтіп халықты рухани көзінен айырушылық ақылға сымайтын іс еді. Осыны түсінген көзі қарақты зиялы қауым өз пікірлерін көпшілік алдына ұсынды.

Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде қазақ әдебиеті жайлы «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Ақ жол», «Жаңа әдебиет», «Шолпан», «Сана», «Темірқазық», «Лениншіл жас» т.б. секілді басылым беттерінде қызу пікір алысулар болып өтті. Бұлардың ішінде «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан» сияқты ресми органдар негізінен большевиктердің көзқарасын қорғады да қалғандары еркін пікір айтып жатты.

Төңкеріс жеңгеннен соң-ақ партияның мәдениет саласындағы бағыты белгілі болды да сол кезде әдебиет жайлы айтылған пікірлердің барлығында дерлік белгілі бір бағыттың принципі жатты деуге болады. Сол кездегі әдеби сынның жалпы сипатын С.Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып қалмандар, шешендер» («Еңбекші қазақ», I.III.1923), «Әдебиет мәселесі» («Ақ жол», I.IV.1925), Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» («Лениншіл жас», 1925, №5), Ғ.Тоғжановтың «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны» (1926), «Көркем әдебиет туралы марксистілер не дейді? Жүсіпбек не дейді?» («Еңбекші қазақ», 22.X.1925), С.Сәдуақасовтың «Қазақ әдебиеті» («Трудовая Сибирь», 1919, №1), «Қазіргі дәуір – іс дәуірі» («Лениншіл жас»,

1925, №7), Н.Төрөқұловтың Сәкеннің «Асау тұлпарына» («Темірқазық», 1923, №1), «Бақыт жолында» пьесасына («Темірқазық», 1925, №2), «Тар жол тайғақ кешуіне» («Темірқазық», 1923, №3) жазған пікірлері, Ә.Бәйділдіннің «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ», 24, 25, 27.VIII.1925), С.Қожановтың «Жақындық па, жалақорлық па?» («Ақ жол», 19.2.1925), Д.Бабасұлының «Әдебиет жайынан» («Еңбекші қазақ», 21.V.1925), С.Сейфуллиннің «Әдебиет және оның ағындары» («Қызыл Қазақстан», 1923, №16), М.Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» («Шолпан», 1922, №3; 1923, 4, 5), Ж.Сәрсенбиннің «Әдебиетте ұлтшылдық қашан қалады?» («Ақ жол», 18.5.1925) секілді түрлі тақырыптарға, түрлі ыңғаймен жазылған мақалалардан анық аңғаруға болады. Тіпті жекелеген шығармаларға жазылған Д.Кәкітайұлының «Қорғансыздар» («Сана», 1924, №2-3), С.Сәдуақасовтың «М.Әуезовтің «Бәйбіше-тоқал трагедиясына сын» («Еңбекші қазақ», 31.1.1926), І.Жансүгіровтің «Абай кітабы» («Тілші», 8.V.1923) сияқты рецензиялардың өзінен-ақ концептуальды ойлардың өзегін көреміз.

Көркем әдебиет туралы пікір алысулар қызыл жатқан кезде ҚазАПП ұйымы құрылып, оған қарсылар «Алқаның» төңірегіне топтаса бастаған 1925 жылы маусымның 18-і күні РКП(б) Орталық Комитетінің «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» арнаулы қаулысы шығып, онда әдебиет саласында да мәдени революция жасау ауқымында партия ұстанған бағытта түбірлі өзгерістер жасауды ұсынды. Бұл оқиға жүріп жатқан әдебиет жайлы пікірталасқа май құя түсті де әдеби сын саяси сипат ала бастады. Төңкерісшілдер көркем әдебиеттен таптық принципті қатал түрде талап етті де ұлтжанды қаламгерлер бұл бағытқа барынша қарсы тұрды.

Әдеби айтыстар негізінен әдеби мұраға деген көзқарастан өрбіп, әдебиет дегеніміз не, оның табиғаты, тап ақыны бар ма, акын кім, ол кімдерден үлгі алуы керек, қазақта таптық әдебиет бар ма, бар болса, оның өкілдері кімдер, қазіргі әдебиет техникамен байланысты ма, қазақ әдебиетінде қанша бағыт бар, әдебиетіміз қай бағытта дамуы керек деген сияқты сан сауалдар төңірегінде қызу таластарға ұласты. Әдеби айтысқа С.Мұқанов, Ә.Бәйділдін, Ғ.Тоғжанов, Қ.Кемеңгеров, Ж.Сәрсенбин, С.Сәдуақасов, М.Дәулетбаев, Е.Алдоңғаров, Екеу, С.Сейфуллин, Ы.Мұстамбаев, Ш.Токжігітов, т.б. белсене араласып, пікірлерін ашық білдірді.

Осындай пікірталастың барысында әдебиет қоғаммен бірге дамып отыра ма деген мәселеде «Ақ жол» газетінде Тікен (№556), Жәкен (№558, 571), Пошан (№574, 576) «Әдебиет ісіне техниканың керегі жоқ, қиыстырып, кестелей білсең, онсыз-ақ түрленеді, күшейеді», Ж.Аймауытов «Техника (әдіс өнері) мен әдебиет қол ұстасып жүре бермейтін шағы да болады. Әдебиет озып кетуі де мүмкін. Көш бастауға да мүмкін. Қалып қоюға да мүмкін» («Ақ жол», 1.IV.1925) деген болатын. Осы пікір кейбір ресмилерге ұнамай қалды да, «Еңбекші қазақ» газеті артынша-ақ «Тікеннің мақаласы туралы» (30.V.1925) ескертпе басты. ҚазАПП-тың ұйымдастыру бюросының мүшесі Ә.Бәйділдін бұл пікірдің дұрыс емес екендігін дәлелдеп «Еңбекші қазақ» (24.25.27.VIII; 14.IX.1925) газетінің бірнеше нөмірінде сериялы мақала жазды. Онда «техникасыз-ақ әдебиет күшейеді деп жаңадан «Америка» ашқан. Техникасыз әдебиет күшеймейді. Әдебиет күшеюіне түпкі себепкер – техника» деп, қарсы шықты. Себебі «Әдебиет – салт-сананың бір түрі, салт-сананың түпкі сүйеніші – техника».

Әбдірахман әдебиеттің қоғамдағы орны, міндеті жайлы: «Көркем әдебиеттің әлеуметтік өмірде атқаратын міндеті зор. Көркем әдебиет «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиіп» оқушылардың сезімі мен ойын тәрбиелейді. Көркем әдебиет адамдардың мектеп пен тұрмыс тәжірибесінен алатын білімін бойға сіңіріп, қосымша білім береді» – деген. Автордың таптық позициясы айқын: «қазақты хан билеген, батыр бастаған, би басқарған замандағы» «көркемдік, әдемілік жаулығын бүркенген зиянды әдебиет жұрнақтарынан» сақтандырады. Кезінде Ә.Бөкейхановқа адьютант болған Ә.Бәйділдін төңкерістен кейін коммунист партиясына өтіп, өлкелік партия комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып жүріп, әдеби сынға белсене араласты. Қызмет бабына байланысты да болу керек, пікірлерінде көркем әдебиетті Маркс-Ленин ілімі тұрғысынан түсіндіру басым жатты.

Қазақта төңкерісшіл, байшыл акын жазушылар бар ма деген пікір алысудың барысында оған қатысушы пролетариат әдебиетін жақтаушылар және оған қарсылар болып, екіге бөлінді. Ресми орындар әдебиеттің таптығы принципін өмірге енгізу бағытындағы жұмыстарын өрістетіп жатқан тұста Ташкентте шығып тұрған «Ақ жол» газеті әдебиет жайлы пікір алысуды әдебиеттің таптығы мәселесіне қарай бұрып, көптің пікірін білдірді. «Ақ жолда» жарияланған

мақалалар негізінен қазақ әдебиетінде тап ақыны жоқ дегенге сайды. Жүсіпбек «Тап ақыны әзір қазақта жоқ. Бірақ болуға мүмкін. Қазақ жазушылары, ақындары төңкеріске жолдан қосылды. Бір қанаты төңкеріс рухымен суарылса, екінші қанаты ұлтшылдықпен суарылып қалғаны... «Әдебиетіміздің ендігі беті төңкерісшілдік, бұқарашылдық болу керек. Бұрын оянған ұлт сезімін тұншықтыру емес, тегістік, теңдік жолына икемдеп, дұрыс жүйеге, қалыпқа түсіру болу керек» («Ақ жол», 1.IV.1925) – деп жазған болатын. Байқап қарағанға Аймауытов жазушыларды тапқа бөлуді емес, бұқарашылдықты ұлтшылдықпен айыптау емес, теңдік жолын ұсынып отыр.

«Қазақта тап ақыны жоқ» деген Жүсіпбектердің пікірін Ә.Бәйділин қате, адасушылық деп тапты. Ол «қазақта тап бар, тап болғанда да бүгін, не кеше ғана туған жарымжан, белгісіз тап емес, ертеден бері бар, белгілі тап. «Қазақта тап жоқ» дейтіндер зауыттардағы, кендердегі, балық кәсібіндегі, тағы басқа өндіріс орындарындағы санасы жаңа өсіп келе жатқан жүздеген, мыңдаған жұмыскерлерімізді қайда жасырып қоймақ.

Қыр қазақтарында да тап бар. Қазақтың өз тұрмыс-тіршілік ерекшелігіне қарай шаруа теңсіздігі, зорлық-зомбылығы, бай-кедейі, жарлы-жалшысы бар... Міне, қаладағы, қырдағы осы таптардың өмірі, күресі әдебиетте өз көрінісін табуға тиіс.

Төңкерістен бұрын-ақ бұл тап тартысы, тап теңсіздігі әдебиетте өз елесін берген. Абайдан да, Сұлтанмахмұттан да өз суретін тапқан. Ендеше, кеше болған таптық әдебиеттің бүгін жойылып, жоқ болып кеткеніне жол болсын?! («Еңбекші қазақ», 25.VIII.1925)» – дейді де сол кездегі қазақ әдебиетіндегі қаламгерлерді үш топқа: байшылдарға (Мағжан), жұмысшы-шаруа (Сәкен, Сәбит, Бейімбет), жолбике-бұқарашылдарға (Жүсіпбек) жіктейді.

1926 жылы күзде С.Мұқановтың «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ», 14–15.X.1926) мақаласы шығып, жүріп жатқан пікірталасқа жаңа қарқын әкелді. Сол жылдың сәуір айында өткен өлкелік партия комитетінің пленумында партияның бірінші хатшысы Голошкеин жасаған «Қазақстанға Кіші Октябрь керек» деген авантюрлық ұсынысын қолдай отырып жазылған мақала «Кіші Октябрь керек болса, кіші үгіт те, кішкене айғай да керек» – деп, саяси мақсатты көздегені көрініп тұр. Сәбит осыған дейін әдебиет туралы болған пікір алысуларды «Бұл айтыс «сын» емес, ұрыс сықылды еді. Бұл жанжалдың арты тиянақты бір мәселеге тірелген жоқ» – дей келіп, «қазақта тап ақыны бар ма?» деген мәселеде «коменес ақындардың бетін айғыз-айғыз қылдық, тап ақынын жоқ қылып шығардық, ұлтшыл ақындарға жол аштық деп ұлтшыл сыншылар жүрді; «тап ақыны бар, ұлтшыл ақындарға кедергі салдық» – деп коменес сыншылар жүрді» – дей келіп, осы мәселенің маңыздылығын, сондықтан да тиянақты шешу керектігін алға тартқан.

С.Мұқанов «Қазақта тап ақыны барлығын біз көріп отырмыз. Оны жоқ дегендер – көргісі келмейтіндер» – деп, басқаларды пікір алысуға шақырған. Мақала тақырыбынан кейін «Айтыс ретінде» деген ескерту берген. «Еңбекші қазақтың» редакциясы да «Сәбиттің бұл мақаласын айтыс ретінде басып отырмыз» – деп, жазушыларды пікір алысуға шақырған.

Сонымен көркем әдебиет туралы үлкен айтыс қызу басталып та кетті. Бұған сол кездегі белгілі әдебиетшілер, идеология саласында жүрген ұлтжанды азаматтар қатысты. Бір жылдан аса уақытқа созылған айтыстың бір жағында бірлі-жарымдар болмаса, негізінен С.Мұқанов болды да қалғандарының дені оның пікірлеріне қарсы шықты. Осы айтыста Сәбит өз ойларын дәлелдеп, «Көркем әдебиет туралы», «Қошкеге жауап», «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікіріміз», «Байдың толғағы», «Өркім өзінше ойлайды» деген көлемді айтыс мақалаларын жазды. Пікір алысуда С.Мұқанов полемикалық мақаланың шебері ретінде көрінді.

Пікір алысуға Ә.Бәйділин, Қ.Кемеңгеров, Е.Алдоңғарұлы, Ж.Сыздықов, Екеу, Ы.Мұстафабаев, Ш.Тоқжігітовтер қатысып, келелі ойлар білдірді. Бұл айтыс жиырмамыншы жылдардағы әдеби-сыншыл ойлардың өрісін кеңейтіп, жаңа биіктерге шығарған елеулі оқиға болды.

С.Мұқановтың мақаласына алғаш үн қосқан Ә.Бәйділин еді. Ол «Еңбекші қазақта» (9.XI.1926) «Қазақ әдебиеті қазір қандай дәуірде» деген мақаласын жариялап, сол тұстағы әдебиетіміздің қандай бағытта, қандай сарынмен дамып келе жатқаны жайлы пікірлесті. Әбдірахман Жүсіпбек пен Тікеннің «Ақ жол» газетінде жарияланған «Қазақ әдебиеті қазір күйректік (сентиментализм), сарындамалық (романтизм) дәуірінде болуға тиіс. Ендеше, сыншылдықтан да құтыла алмайды. Нағыздық (реализм) дәуірі қазіргі тұрмысқа аналардай қабыса қоймас, қазақ табиғаты, жалпы тұрмысы жеке реализмді көтермейді. Қазір сенти-

ментализмнен, романтизмнен қол үзуге болмайды» – деген пікірлеріне қарсылық білдіреді. «Әдебиетімізді романтизм дәуірінде деушілердікі адасқандық. Әдебиетіміз романтизм дәуірінде емес, көшпелі дәуірде. Бұл дәуірде көбінесе нағыздық пен төңкерісші сарындамалық бағыттар есеюге тиіс... Осыны түсінген бірсыпыра жазушыларымыз сентиментализм, романтизммен әуейленбей, қазақ еңбекшілерінің қазіргі тұрмысын шынайы да дәл суреттеп, шындықты айқын елестететін, ашық тілек айтатын нағыздық (реализм) бағытта қалам тербеп жүр. Бұрынғы, соңғы, осы күнгі өмірлік деректерден туатын алдағы жетістік тұрмысты суреттейтін төңкерісшіл сарындамалық бағытындағы әдебиет журналдары да дамып келеді. Алдағы уақытта осы бағыттар үзеңгі қағыса көркеймек» – деген негізгі ой түйіндерін білдіреді.

Қ.Кемеңгеров Сәбиттің пікірлеріне мүлдем келіспейтіндігін білдірді. Қошқе алдымен Сәбиттің «Кеңес үкіметі орнағаннан бері алты жыл ішінде қазақ әдебиетінде ештеңе істелінген жоқ» деген үзілді-кесілді пікіріне «Басқаны байқамаса да, көрмесе де Бейімбет пен Сәкенді көру керек еді, басылған пьесаларды, әңгімелерді, газет-журналдардағы әңгімелерді көру керек еді» (Қ.Кемеңгеров. Көркем әдебиет туралы. «Еңбекші қазақ», I.XII.1926) – деп, бірден шабуылға шыққан.

Сәбиттің жазушыларға ұйым керек дегенін ғана қолдаған да басқа пікірлерін ұлтшылдық тұрғыдан жоққа шығарады. «Сәбиттің ұлтшылдардың көркем әдебиеті көп басылып кетті деген байбаламына ұлтшылдар газетте кінәлі болса да басылған кітаптарға кінәлі емес шығар деп жауап беруге болады. Шығарма ашықтан-ашық төңкеріске қарсы өтімді болмаса, оған бостаншылық беру керек» – деп, ұлтшыл әдебиетті, оның көрнекті өкілі Мағжанды орынсыз сындардан арашалайды. Қошқенің ойынша, «Қазақ әдебиетіне тойып секіретін күн әлі туған жоқ. Ұлтшылдардікі көп болса, көркемдігі үшін басылған шығар». Осындай ретпен М.Дулатовтың «Оян, қазағын» сынағанын да теріске шығарды. «Нені болса да орнына, заманына, жағдайларға қарай бағалау керек» – деп, тарихшылдық пікірін ұсынады.

Қошқе әдебиетке саясаттың араласуына қарсы. «Егер марксшіл суретші айтқандарын программа баптарына сәйкес жазуды ойласа, онда суреті жойылады, сөз мәнері бұзылады, үгіт жағы сорайып тұрады. Мұндай шығарма оңай жолмен әсер бермейді. Еліктіріп әкете алмайды... Кісішіл бол, еңбекшіл бол, еңбекшілермен оттас бол, бірақ жазған кезде өз жүрегіңмен жаз. Ел кедейін жандандыру, саналандыру үшін кішкене үгіттен де көркем жазу пайдалы».

Бұрынғы пікір айтушылар қазақ әдебиетін сентиментализм, идеализм, романтизм, реализм ағымдарына бөліп келсе, Қошқе «қалыптасқан екі ағым бар: біреуі – кедейшілдік – егіншілдік, екіншісі – бұқаралық» – деп көрсетеді. Осы екі бағыттағы ақын-жазушылардың негізгі пікірлері қосылмаса да бір ұйымға кіріп, жұмыс жасаса, еңбектерінің жемісті боларына сенімі мол.

Әрине, тасы өрге домалап келе жатқан С.Мұқанов өзінің адресіне айтылып жатқан сындарға келісе алмады. 1927 жылдың басында «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» («Қызыл Қазақстан», 1927, №2) деген мақала жазып, алдындағы мақалаларда айтылған ойларды терендете жалғастырды.

Қаламгерлердің шеберлік жағынан үйрену, жетілу жақтарына назар аударды. «Қазақ әдебиетінде үш бағыт бар: олар – еңбекшілдік, кеңес үкіметіне қарсы бағыт, шөре-шөреде жүргендер» – деп, бұрынғы жіктеуін нығырлай түсті. «Біз шөре-шөрелермен біріге аламыз. Ал, Мағжан, Қошқелер бізбен бірігер ма екен. Жоқ, олармен біріге алмаймыз» – деп, ұлтшылдарды кеудеден итерді. Сәбит «Күш, шаруа, саясат кімнің қолында болса, соның әдебиеті тез өседі. Қазақ байлары ажал аузында отыр. Олар құриды. Олар өлсе, жаршылары да өледі. Қазақтың еңбекші табы өркендеп келеді. Олай болса еңбекші таптың әдебиетшілері де өркендейді, келешек біздікі» – деп, ащы шындықты күш көрсете айтты.

Бұған Қошқе «Сәбитпен айтысты доғардым» («Еңбекші қазақ», 30.01.1927) деп жауап берді. Жеңілгендіктен, не пікір таластырудан қашқандықтан емес, «Мұндай адаммен айтысарлық менің уақытым жоқ. Білім жолымен айтысатындар болса, мен даярмын» – деп, Сәбиттің айтқан пікірлеріне көңілі толмайтындығын, білімге емес, саясатқа негізделгенін айтып, өрелі ойлар айтуға білімнің жеткіліксіз дегендей, менсінбеушілік танытты. Сәбит Қошқеге не десен, о дей бер, «Мен айтысты доғармаймын» – деп жауап берді.

М.Дәулетбаев (Сыншылар мен көркем әдебиет. «Еңбекші қазақ», 30.XII.1926) көркем әдебиетті дамыту үшін сынның қажет екендігін, «Әдебиет пен сынды бірізді қатар өсіру, қатар жүргізу керектігін» мәселе қылып көтерді. «Әдебиет жас болған сияқты сын да жас»,

«Осы күні әдебиетке сыншылар қолына қалам ала қит етсе сөгіп тастайтындар (сын бере салатындар) аз емес» – дейді де сында орын алған кемшіліктер жайлы Ерғали Алдоңғаровтың «Жазушылар мен көркем әдебиет» деген мақаласындағы айтылған ойларға сын көзімен қарай отырып әңгіме етеді.

«Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ», 2.2.1927) мақала жазған Ж.Сәрсенбин «Қазақта тап ақыны жоқ емес, бар. Бірақ нағыз таза жұмыскер таптың дара шыққан ақындары қазақта қазір жоқ... Осы күнгі қазақтың тап ақыны деп жүрген жолдастарымыз (Сәкен, Сәбит, Бейімбет) біздің мынау айтып отырған жеке жұмыскер табының дара ақыны емес. Бұлар кедей қара шаруа табының ақындары» – деп, негізінен С.Мұқановтың «тап ақыны бар» дегенін жақтады. Бес тараудан тұратын көлемді мақаланың дені Қ.Кемеңгеровтің Сәбитті сынаған пікірлерінің дұрыс еместігін дәлелдеуге арналған.

С.Сәдуақасовтың «Әдебиет әңгімелері» – қазақ әдебиеті жайлы пікір алысуда қамтыған мәселелерінің ауқымдылығымен де, айтылған ойларының тереңдігімен де ерекшеленетін, Смағұлдың сыншылық қырымын таныта алған елеулі мақаланың бірі. Автор «Айтыс жаңа пікір, жаңа ой туғызады. Қазақ әдебиеті өзгеден өлсе де айтыстан өлмейді. Қазақ әдебиетін сынау керек. Сынайтын уақыт жетті. Қазақ әдебиеті ақсаса, сынның көптігінен емес, дұрыс сынның жоқтығынан ақсап отыр» – деп, бірден пікірталастың әдебиет үшін пайдалы екендігін, қуаттайтынын білдіреді.

Смағұл нені болса да бүкпесіз, ойын жасырмай ашық айтады. Ғаббас, Әбдірахмандардың Мағжанды дұрыс атамай жүргендерін айта келіп, «Мағжанды күйдірсек, біз барына күйдіреміз. Қайткенде де мен Мағжанды «доңыздатып, қоңыздатушыларға» қарсымын» – деп мәлімдейді.

«Сәбит жолдас «Еңбекші қазақта» басылған мақаласында «қазақ әдебиеті өзінен өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ» деді. Неге жеткен жоқ? Жетпесе, қашан жетпекші?» деп, үлгіге ескі әдеби мұраны, Абайды алға тартады.

Мақалада «Көркем әдебиеттің білім жолынан айырма жері: көркем әдебиет ұғындыратын нәрсесін суреттеп, сипаттап айтады. Көркем жазушы көрген нәрсесін білімдінің зерттеп біліп айтқанындай көз алдына елестетеді» – деп, көркем сөз өнерінің басты қасиетін дәл көрсете білген.

Смағұл Абаймен, Мағжанмен бірге бүгінгі Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің шығармаларын да жоғары бағалаған. «Жүсіпбек те, Мұхтар да сөзсіз біздің ішімізде болу керек. Бұлар коммунист партиясы басқарып отырған жаңа жұртшылықтың дұшпаны емес, досы. Жүсіпбек пен Мұхтарды жоқ қылу осы күнгі қазақ әдебиетінің бір қолы мен бір аяғын кесіп тастаумен бір есеп» – деп, кесіп айтты. Смағұлдың айтуынша, Мағжансыз, Жүсіпбексіз болып келген егемендік алғанға дейінгі қазақ әдебиеті жарымжан болып келді деген сөз. Шындығында бұларсыз қазақ әдебиетін көзге елестету қиын.

Осындай ретпен С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің, И.Байзақовтың шығармашылықтарын да сипаттаған. Тапшыл жазушыларға үйрену, оқу керек дегенде «Орыс әдебиетінен үлгі алу керек, бірақ өзіміздің қазақтың тарихынан да жиренуге болмайды. Қазақ тарихы бізге үлкен үлгі» – деп, әсіресе ұлттық әдебиеттің аса маңыздылығын атап айтады.

«Әдебиет әңгімелері» «Қазақ әдебиетіне толық сын керек. Сынағаннан әдебиет ақсамайды, қайта сынның жоқтығынан әдебиет тот басады. Жазушының қайрағы – сыншы. Көркем әдебиет шын өмірді жазсын. Сыртқы түрі: көркем, әдемі болсын, ішкі маңызы: қазақ елінің ұлт теңдігі, еңбекші табының үстемдігі болсын» – деген ойлы сөйлемдермен аяқталған.

Ә.Мәметова бүгінгі әдебиетті білу «Көркем әдебиет деген не нәрсе? Қай заманнан қалайша басталған, не нәрсеге байланысты, бұған болатын сын қандай түрде болмақ» (Мәмет келіні Әмина. Көркем әдебиет туралы. «Қызыл Қазақстан», 1927, №5) – деген сауалдарға жауап беру арқылы ғана мүмкін деп, осы тақырып бойынша әлемдік әдебиеттің тәжірибелерін, белгілі ғалымдардың пікірлерін тілге тиек ете отырып, келелі әңгіме қозғаған. Әмина әдебиетті қоғаммен байланыста қарастырады. Өйткені әдебиет «сол қоғам тұрмысының зарын зарламай, мұның мұндамай өз бетіне жайылып кете алмайды. Неге десеңіз, сол қоғамға, сол тапқа да көркем әдебиеттің де бас-аяғы байлаулы» дей келіп, «ескі көркем әдебиеттерді де бастан-аяқ тексеру, оқу, білу керек... Олардан біздің пролетариат жазушысымын дегендеріміз де үлгі-өрнек алулары керек... Қысқасы, ескілерді тексермей, білмей, олардан үлгі алмай тұрып, айтып

жүрген «пролетариат әдемі өнері, көркем әдебиеті» деген нәрселер көктен түспейді» – деп, әдеби мұраны игеру, одан үйрену мәселесін көтереді.

«... Абайдың өзінің Пушкиннен, Лермонтовтардан несі кем еді... Ахаңның Чернышевскийден несі кем еді... Бұдан мен орыстарға еліктеп, ал Ахаңды мақтайық деуден аулақпын. Бірақ тарихтағы тиісті орнын берейік дегім келеді. Ахаң әдебиетке жұмыс етпеді ме? Қолынан келгеніңше заманына қарай, жалтыраған түймесін жұлып тастап, күл болған, тендіксіз» болған, жұрт екен деп есепке алынбаған қазақ жұртына, заманына көре, білгеніңше, түсінгенінше жөн сілтемеді ме?» – деген сөйлемдерден автордың бет алысы айқын көрініп тұр.

«Біздің қазақ ақындарында «пролетариат ақыны» туралы сөйлеуге де орын жоқ. Фабрика-завод тұрмыстарын қазір суреттеп жаза алмайды. Себебі тұрмыста жоқ» – дегенде, қазақ әдебиетінде «тап ақыны» жоқ дегенді дәлелмен айтып отыр.

Әдебиет саласында шоқтығы биік көрінген мақалалардың бірі – Екеудің (С.Мұқановтың айтуынша, Даниял Ысқақов пен Абдолла Байтасов. Кейінгі кездерде Ж.Аймауытов пен М.Әуезов деген пікір де Бұл – үлкен білімдарлықпен жазылған, мәселелерді кеңінен толғаған, қазақ әдебиетінің болашақ дамуына дұрыс жол сілтеген мақала. Қазақ әдебиетінің бүгінін тану үшін өткеніне көз жібереді. Түрлі көркемдік ағымдарды сөз ете келіп: «қазақ әдебиетінің бұл күнгі бағыты көбінесе сарындамалық, қала берсе нағыздық бағытта болуы тиіс» – дейді.

«Арманға жету үшін қиялға сүңгімей болмайды. Қиялға сүңгімей нағыз өмірді жазуға болмайды. Идеализм, романтизм деген осындайдан тұрады. Ал нағыздық қалыппен жазғанда бүгінгі тұрмыс нағыз қалпында суреттелуі керек» – дей келіп, «Біздің еңбекшіл бағыттағы тапшыл жазушыларымыз жабайы сұр өмірді жазуға әуестеніп, өнер болу жағын ескермей кету қаупі бар. Міне, осы себептен де әдебиетіміз, оның ішінде тапшыл әдебиетіміз жуырда аяқтана алмайды» – деп айтқан пікірін өмірдің өзі көрсетті. Әдебиетті жоғарыдан келген жарлықпен жазуға болмайды, ақын-жазушыға шығармашылық еркіндік керек, мынаны жаз, ананы жазба деуге болмайды, әдебиет тұрмысқа төуелді, сондықтан не жазу керек екенін өмірдің өзі көрсетеді дегенде, сол кезде басталған әдебиетке партиялық басшылыққа іштей қарсылық бар.

Екеудің таптық әдебиет жөніндегі пікірі де өзгешелеу. Ондай әдебиет болу үшін алдымен пролетариат табы болу керек. Ал шын мәніндегі пролетариат табы жоқ қазақ сияқты елде пролетариат әдебиетінің дамып кете алатынына күдікпен қарайды. Пролетариат әдебиетін басқа ағымдарға қарсы қоюға қарсы. Болашақта пролетариат әдебиеті жалпыхалықтық әдебиетке айналады деген сенімде.

Мақалада С.Мұқанов пен Ә.Бәйділиннің пікір алысу барысында айтқан кейбір сыңаржақ пікірлеріне дау айтады. Әсіресе, өткенді жамандауға қарсы. «Бұл тым оңар батылдық, бірлі-жарым жаман өлеңмен де, жақсы өлеңмен де бір дәуірдегі әдебиетке баға беру шетін пікір» – деген. Қаламгерлерді үрейлендіре бермей, еркіндік беріп, құрметтеп ұстайық дейді.

Ұлтшылдық туралы «Қазақтың ұлтшылдығы, үстемдігі, бағындыруды көкसेген, шегіне жеткен, озбыр ұлтшылдық емес, алдымен бас қорғауды, жансауға қылуға, жете алса теңдік алуға талпынған тіленші ұлтшылдық», «бұл – табиғи жол», сондықтан да сен «бірден тапшыл, бірден социалшыл болып кетпедің деп ұрсуға болмайтындығын» айтты.

Бұл мақала, әрине, С.Мұқановқа ұнамады. Екеудің мақаласына жауап ретінде «Байдың толғағы» («Еңбекші қазақ», 1927, №223–224) шықты. Мақала бастан-аяқ Екеуді жоққа шығаруға тырысқан. «Екеудің мақаласы әдебиет туралы ғана емес, әдебиетті бүркеншектеп, біздің ұстанған түпкі мақсатымызға түбімен қарсы пікір» – деп, саяси астар іздейді. Көркем әдебиет – идеология құралы. Ұлтшыл жазушылар әдебиетті пайдаланбақшы. Соның бірі Мағжан мен тоқсанмен біргемін деп жүр. «Мағжанның бұл боямасы қазақ байының өліп бара жатқанын сипаттайды». «Олар дамып келе жатқан жаңалықты көрмей, өліп, құрып бара жатқан ескілікті тірілтіп жандандыруға жан сала тырысуда». Өмірде болып жатқан жаңалықтарды «Екеу көргісі келмейді», сондықтан да «әдебиетте болсын, қай жұмысымызда болсын, ұлтшылдық бағытпен күресу керек». «Біздің мақсатымыз – негізгі боямаларын, байшылдық-ұлтшылдық сырларын, сол байшылдығын екіжүзділігімен бүркемелеуге тырысқанын әшкерелеу еді» – деп, ашық айтқан. Мақаланың әдеби сипатынан гөрі, саяси сипаты басым; әдебиет жайлы ой бөлісудің орнына ұлтшыл бағыттағы қаламгерлердің қайтсек түбіне жетеміз деген дұшпандық ой басым.

Қазақ әдебиетінің жай-күйі жайлы айтысқа Ыдырыс Мұстамбайұлы да қатысып, бірнеше мақала жазды. Партия қызметкері болғандықын да әсері болуы керек, ол «әдебиеттің болашағы –

кедейшілікте, көркем әдісі – нағыздықта, реализмде» дей келіп, «нағызшылдық жағынан кедейшіл жазушыларымыз тезірек жаттықса, көп кемшіліктерден өткен болар еді. Кедейшіл жазушыларымыздың өсіп келе жатқанын байқамай қалғанымыз рас. Сәкен мен Бейімбет екеуі де пікірі дөңгелектенген, ақындық беті өсіп, белгілі дәрежеге жеткен ақындарымыз», әдебиетке «азырақ үгіт те керек. Себебі әдебиетке саясат араласпай отырмайды. Бұл заман – күрес заманы. Сондықтан әдебиетімізде саяси күрестің әсері қайтсе де болады» («Қызыл Қазақстан», 1927, №2) – деген қорытынды жасайды. Солай бола тұра ол ескі әдеби мұраға, «ұлтшыл» атанған жазушыларға оң көзімен қарап, оларды айыптай беруге қарсылық білдіреді.

Ыдырыстың мақаласы «Қазақ елінің көркем ұлт әдебиеті қашаннан басталады?» деген сауалға жауап беруден басталған. Әдебиеттің табиғатына келгенде, «өнер, көркем әдебиет құрғақ қана қиялдың, сезімнің жемісі емес. Бұлардың анасы – тұрмыс, нағыздық» дей келіп, «қазіргі қазақ әдебиеті көшпелі дәуірде» деген пікірге қосылады да бүгінгі әдебиетте ұлтшылдық, кедейшілдік ағымдардың барлығын айтып, болашақта «кедейшіл ағым үстем болады» – дейді.

Ш.Тоқжігітов айтысқа «Әдебиет мәселелері» («Қызыл Қазақстан», 1927, №3–4) атты мақаласы арқылы қатысып, қазақ әдебиетіндегі бағыттар жөнінде С.Мұқановтың пікірін қостады. Ал ұйым жағына келгенде, саны онсыз да аз жазушыларды жілікке бөлмей-ақ бір ұйымға ұйыстырайық – «Бұлайша іріктелудің жөні жоқ. Ұйым жалпы болу керек», пікірлері қайшы келіп жатса, бір-бірін сынасын, сынап келіп түзелсін деген орынды пікір айтты.

Сол кезде «Тоқсанның тобы» деген өлең жазып, онда мен енді тоқсанмен, халықпен біргемін деп мәлімдеген М.Жұмабаев туралы қым-қиғаш пікірлер айтылып жатқан болатын. Біреулер мұны Мағжанның шын сөзі деп түсінсе, тапшылдар ол алдап ішімізге кіріп кеткелі жүр деп байбалам салды. Осы мәселеге қатысты пікірін коммунист Ш.Тоқжігітов «Қазақ ұлтшылдары пікірінен қайтпай отыр, Мағжанның қазіргі жолға пайдасынан найзасы көп. Мағжандарды пікірінен айыруға әлде болса да көп уақыт керек. Бір ғана «Тоқсанның тобын» жазғанымен Мағжан тоқсан жағына шыққан деп әйгілеп жариялап, айқайлауға болмайды. «Көн құрысса қалыбына тартады» дегендей, Мағжанның тиянақты бет алысына әлде болса да сене қоюға болмайды. Мағжан ішінен белін буып, қойнына тас тығып келіп отыр ма, оның жүрегін кім ақтарып көріп отыр. Бүгінгі Мағжан мен кешегі Мағжанның түбі бір, жолы бір емес пе? Еңбекші жұртшылығы у мен суды айыратын дәрежеге жетті. Құрғақ тілмен, әдемі жырмен алдауға болмайды» («Қызыл Қазақстан», 1927, №8–9) – деп білдірген.

Пікірталастың барысында С.Мұқанов төртінші рет мақала жазды. Өйткені пікір алысуға қатысқандардың негізгі әңгіме өзегі Сәбит еді де, ол қатты сындардың астында қалды. Алғашқы қарқынмен Қошкөмен бір ұстасып қалып, шарт та шұрт болған Сәбең енді Ы.Мұстамбаевпен қақтығысты. «Әркім «өзінше» ойлайды» («Жаңа әдебиет», 1928, №3) деген мақала жазып, оған қосымша «Шәймерден мен Ыдырысқа жауап ретінде» деген анықтама берген. Көлемді мақала іштей «Ұйым», «Тап», «Бұқарашылдық», «Буын», «Ұлтшылдық», «Ескілік» деген тақырыптармен тарауларға бөлініп, нақтылы мәселелер төңірегінде пікір таластырады.

С.Мұқанов Шәймерденнің «ұйым жалпы болу керек», оған барлығы кірсін деген пікіріне қарсы шығып, «ұйым деп бірін-бірі іреп соймайтын, алауыздық жасалмайтын, жаңылғанын түзететін, бір пікірлі, бір жерге адамның қосылған басын, жиналған күшін айтамыз» – деп, қатал тәртіпті ұйымды ұсынады.

Мақалада Ыдырыстың әсіресе, Абай туралы пікірлерін «талқандауға» едәуір орын берілген. Сәбиттің айтуынша, «Абай – байшыл тобының ақыны», «Абай байшылдықтан қашса да құтыла аламайды», «...байшылдық – ұлтшылдықтың түп қазығы» болғанымен де «Абай жаңашыл, онысында дау жоқ. Өз заманында пайдалы адам болды. Әлі де пайдасы бар. Онысында да дау жоқ. Бірақ ол өнерге ұмтылған қазақтың ақсүйектіліктен жаңалыққа ұмтылған жаңашыл байының тілегінен туған ақын. Онда да дау жоқ... Әркімге өз бойына лайықтап баға беру керек. Майлап өткіземін дегенмен әркімнің де аузының дәмін алатын тіл бар ғой» – деп, Абайды бірде былай, бірде олай сүйреледі.

Сондай-ақ Ғ.Тоғжановтың пікірін де сынады. «Ахаңның бауырында өстім деген еңбекшіні мен көрген жоқпын... Ахаң сықылды Абайды да орынсыз көретіндер де бар. Ол дұрыс емес... Аханды еңбекші сыйламайды. Өйткені еңбекшіге арнап өткізген еңбегі жоқ» – деп, Абайды да, Ахметті де кеудеден әрі итереді.

Ы.Мұстамбаев айтысқа қайта араласты. Оған себеп Сәбиттің пікірталас барысында Ыдырысқа таққан сындары болды. Ыдырыстың көркем әдебиет, әдеби мұра жайлы көзқарастары «Біздің таластарымызда» («Жаңа әдебиет», 1928, №5–6) барынша ашық көрінеді. Мақала негізінен С.Мұқановпен айтыс түрінде жазылғандықтан да бастан-аяқ тілге түрткі оның айтқан пікірлері болып отырған. Кей жерлерде ащы тілді аямай сұғып-сұғып алып, енді бірде ирония-сарказммен байқамағансып шымшылап отырады.

«Сәбиттің мінездері тым қызық, – деп жазды Ыдырыс:

1) Барлық жаңа әдебиеттің негізін жалғыз өзі қорғап отырған секілді болады. Өзгерлердің бәрі Сәбит басқан таңбамен жүруі керек.

2) Сәбит тым тәкаппар, басқа дүниеде өзім білмеген тесік қалған жоқ деп лепіреді де отырады. Екі ауыз ақыл айтып Сәбитке қатесін көрсеткен адам бәлеге қалады.

3) Сәбит тым қылжақ, қазан бұзар тентек».

Әдебиеттің тарихын «Сәбиттің сынына салсақ, қорқамын, бір тиынға жаратпас еді» – дей келіп, «Ертеңгі күн еңбекші бұқара тегіс ағарып жеткен күні Сәбитті тексергенде (жалғыз Сәбит емес, басқа жаңа жазушыларымызды да айтамын) Сәбит өлендерінің ішінде еңбекші деп, совет деп неше рет айтыпты деп, тексермейді. Алдымен, сол Сәбиттің өлендері еңбекші бұқараның мұңымен, тілегімен байланысы қанша, қозғай алады, сөздерінің сұлулығы, манызы қандай? Сәбит бағаны осылай алады» – деп, менікі ғана дұрыс деген ұр да жық мінезді қою керек, кімнің кім екенін, шығармашылығы қандай екенін, бағаны кейінгі ұрпақ беретінін еске салады.

«Ақындардың мінездері және Сәбиттің мінездері», «Пандық па, я көкірек пе?», «Тарих пен ақын» деген үш тараудан тұратын мақаланың алғашқы екеуінде С.Мұқановтың теріс қылықтары, жалпы ақын туралы айтып келеді де соңғысында онымен пікір таластырған, оның ойларын терістеген. «Қысқасын айтқанда, менің бұрынғы мақаламда ақын кім, әдебиет не деген сауалдарға берген менің жауаптарымынан Сәбит қанша іздесе де қате пікір таба алмайды» – деп кесіп айтады. Өзінің Абай туралы бұрын айтқан пікірін тағы да қорғап шықты.

Ы.Мұстамбаевтың «Абай» («Жаңа әдебиет», 1928, №7–8) атты мақаласы да осы айтыстың қызуымен жазылған. Тақырыптың астына жазған «Сын-айтыс» деген анықтама берілуі және мақаланың «Жаңа әдебиет» журналының үшінші, төртінші сандарындағы соңғы мақаласының («Шаймерден мен Ыдырысқа жауап ретінде» жазылған С.Мұқановтың «Әркім өзінше ойлайды» деген мақаласын айтып отыр. Д.Ы. «ескілік» деген бөлімінде Сәбит жолдас ескі мұраларды қалай тексеру керектігін айтқан. Қаншама мені түйремеңші болып орынсыз әуре болса да Сәбиттің дұрыс пікіріне еш қарсылығымыз жоқ... Бірақ, сол ескі мұралардың ішінде не бар, не жоғын білу үшін жақсылап оны тексеру керек. Таласымыз, ұғыспай жүргеніміз осы арада» – деп бастауынан-ақ алдына қойған мақсаты айқын көрінеді. Ол – Абайды Сәбит таққан нигилистік сындардан қорғап қалу. Көлемді мақалада Ыдырыс С.Мұқановпен пікір жарыстыра отырып, Абайдың ақындығы, ортасы, дүниетанымы жайлы толымды ойлар айта алған.

Ы.Мұстамбаев сол жолы Абайға тағы да ара түсті. «Советская степь» газетінде жарық көрген І.Қабыловтың «Философия казахского поэта Абая и ее критика» (2.VIII.1928) атты мақаласында айтылған идеология майданында буржуазияның өкілі Абайды талқандау керек деген пікіріне қарсы «Ақын Абай және оның философиясын» («Советская степь», 22.VIII.1928) жазып, ақынға жабылған тұрпайы әлеуметтік сындардан қорғады. Сөйтіп қазіргі әдебиет жайлы пікір алысу бастапқыда қазақ баспасөзінде жүрсе, енді орыс басылымдарын да қамтыды; басында ақын кім, әдебиет дегеніміз не деген сауалдар төңірегінде өрбіген әдеби айтыс енді әдеби мұраға, оның ішінде Абайға да қатысты өріс алды.

Сыншы Әйтке Мұсаұлының «Көркем әдебиет мәселесіндегі айтыстар туралы» («Еңбекші қазақ», 17.04.1929) пікірлерінде негізінде өзінің бастығы «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы Ғ.Тоғжановтың әдебиет жайлы көзқарастарының әсері анық байқалады. Әйтке де Ғаббас сияқты «Қазақта пролетариат әдебиеті түбінде болар, бірақ әзірге жоққа тән... Күні бүгін мынау біздің пролетарлық жазушымыз деп көрсете алатындай жазушымыз жоқ» – деп жазды. Осы кезде «Советская степь» газетінде белгілі сыншы Ғ.Тоғжановтың «Қазақ әдебиеті мен сынындағы ұлтшылдыққа, тоғышарлыққа және менмендікке қарсы» (Против национализма, обывательщины и комчанство в казахской литературе и критике. «Советская степь», 11–12.04.1928) атты көлемді мақаласы шықты. Онда қазақ баспасөзінде екі жыл бойы әдебиет жайлы пікір алысудың жүріп жатқанын, онда көп адамның пікір айтқанын, айтыс барысында

«оңшыл», «солшыл» коммунистердің пайда болғанын, бірақ мандырымды іс бітпегенін айта келіп, өзі саяси жағынан аса маңызды деп санайтын қазақ әдебиеті мен сынындағы ұлтшылдық пен обывательдік, менмендік жайлы ойларын ортаға салатынын ескертеді. «Ұлтшылдық» аталған бірінші тарауында қазақ даласындағы осы құбылысқа тоқтала келіп, соның коммунистер ішіндегі көрінісі деп С.Сәдуақасовтың пікір алысу барысында М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Қ.Кемеңгеров туралы жылы пікір білдіргенін сынады. Сол сияқты С.Мұқановтың «Мырзабегін» автор қазақтың орыстан әйел алуын дұрыс суреттемеген деп айыптайды. Осындай жүйемен С.Сейфуллиннің «Айт» өлеңінде бүгін күллі мұсылмандардың бақытты күні, мейрамы, ал «Азияда» Еуропаны қатыгез, қанаушы дегені үшін сынады. «Жұмсақ вагоны» да сыбағасын алады. С.Сейфуллинді, С.Мұқановты, Жанымбетті менмен, жікшіл деп айыптаған. Жазушылар ұйымында басшылықтағы Бәйділин, Жүсіпбековтер осындай кемшіліктерге қарсы күресті күшейтуі керек деп аяқталған мақала.

Ә.Бәйділин жауапты көп күттірген жоқ. Орыс, қазақ тілдерінде «Маркстік сын үшін» (За марксистскую критику. «Советская степь» 21.V.1928), «Сын Маркс жолымен болсын» («Жаңа әдебиет», 1929, №1) деген екі мақаланы бірдей жариялап, жауап берді. Бұдан кейін Ғ.Тоғжанов Әбдірахманға «Менің сыншыларыма жауабыммен» (Ответ моим критикам. «За партию», 1929, №7–8) үн қатты.

Әбдірахман біздің негізгі таластарымыз Байтұрсынов, Әуезов, Аймауытов, Кемеңгеров, «Тікен», «Екеу» сияқты ұлтшылдармен болып келді. Негізгі талас мәселе әдебиетіміздегі таптық сарындар болды да олар идеалистік-ұлтшылдық көзқарасты қолдады. Ұлтшылдық әдебиетін жоғары қойып, пролетариат-шаруалардың әдебиетін елемеді. Ғаббас әдебиеттегі ұлтшылдықты әшкерелемей, кедей-шаруа әдебиетін қолдамай, не онда жоқ, не мұнда жоқ болды деп сынады. Ғ.Тоғжановтың Сәкеннің, Сәбиттің шығармаларын сынағанын қолдады. Әсіресе Ғаббастың ұлтшылдық туралы айтқан пікірлерінен, сындарынан көп қателіктер табады. Мақаланың соңы «Ұлтшыл жазушылар мен сыншылармен күресіміз аяқталған жоқ», «біз идеалистік-ұлтшыл сыншыларға қарсымыз; біз Сәдуақасовтардың келісімпаз капитулянттық сынына қарсымыз; біз Тоғы жағындамыз» – деген ұраншыл сөйлемдермен аяқталған.

Осы айтысқа қатысқан С.Сейфуллиннің «Қызыл маскалы әсіре ұлтшылдық. Қазақстанның идеология майданында» (Неонационализм под красной маской. «За партию», 1929, №7–8) атты мақаласында қазақ әдебиетінде) ұлтшылдықтың бел алып бара жатқынын айтты. Сәкен де Ғаббастың жоғарыда әңгіме болған мақаласында ұлтшылдық туралы айтқан пікірлерінен көптеген қателіктер тапты.

Ғаббастың Әбдірахман мен Сәкенге жауабында қазақ әдебиетіндегі ұлтшылдықпен күресемін деп жазған мақаласы арқылы өзіне оқ жаудырып алған ол енді біреуді әшкерелемек түгілі, өз басын қорғауға көшті. Сәкен мен Әбдірахман оған бірсыпыра кінәлар артқан болатын. Соның ең бастысы – Тоғжанов неонационализм идеологы. Ғаббас қорғаныстың ең тиімді жолы деп, Сәкеннің өзіне қарсы шабуылға шыққан. Оның өзі бұрын да сынаған «Цжан-Цзо-Лин», «Жұмсақ вагон» сияқты шығармаларынан идеологиялық кемшіліктер табылды. Сөйтіп Сейфуллинге «Пікірлесіңіз С.Мұқанов айтып жүргендей, сіз «қазақ пролетарлық әдебиетінің атасы» түгілі сізге пролетариат ақыны болу үшін әлі көп бар» – деп, оның советтік ақын екендігіне күмән келтіреді.

Осы ретпен Сәкен Ә.Бәйділиннің өзі туралы айтқан сын пікірлерін де біртіндеп теріске шығарады. «Қазіргі жаңа қазақ әдебиеті – негізінен шаруалар әдебиеті. Біздегі пролетариат әдебиеті енді туып келе жатыр» деген пікірін тағы да қайталады. Сол сияқты «Орыстың пролетар жазушыларынан ғана емес, орыс классиктерінен, жолбикелерінен және қазақтың буржуазияшыл жазушыларынан да үйренуді қажет деп санаймын. Және бұл пікірімді бірден-бір дұрыс, партиялық пікір деп білемін» – деп мәлімдеді. Ол ерте ме, кеш пе, әйтеуір, Қазақстанда біз «Совет жазушылары одағын» немесе «Совет жазушылары одағы федерациясын» құрамыз, ал әзірше «пролетар-шаруа жазушылар одағымен» шектеле тұратын боламыз» деген пікірін білдірді. Бүгінгі қазақ әдебиетінің жай-күйімен танысқысы келетіндер өзінің осы мәселеге арнап жазған кітабынан толығырақ мағлұматтар ала алатынын ескертті (Сөз болып отырған 1929 жылы шыққан «Әдебиет және сын мәселелері» атты кітабы).

Пікірталасқа Ғ.Мүсірепов те «Әдебиет айтысына» деген мақаласымен қатысты. Мұнда негізінен Ғ.Тоғжанов пен Ә.Мұсаұлының «Қазіргі күннің өзінде ауызға аларлық пролетариат

әдебиеті бар дегенге қосыла алмаймыз. Бұлай деушілер өзін де алдайды, жұртты да алдайды» дегеніне қарсы пікірлер айтылған. Көптеген мысалдар, дәлелдер келтіре отырып Ғабит «пролетариаттың күнбе-күнгі ісіне атсалысып отырған көркем әдебиетті пролетариттік дейміз» – деген қорытынды жасайды.

Әдебиет туралы айтысқа Б.Кенжебаев (Әдебиет және сын мәселелері. «Еңбекші қазақ», 1929, №106), Ә.Тәжібаев (Әдебиеттегі Смағұлшылдық. «Еңбекші қазақ», 1929, №200) т.б. қатысып, әртүрлі ыңғайда ойлар өрбіткен. Б.Кенжебаев сол кездегі әдебиет жайлы ойларын Ғ.Тоғжановтың «Әдебиет және сын мәселелері» атты кітабын нысанаға ала отырып білдірген. Негізінен кітапты оң бағалай отырып, кейбір мәселелер төңірегінде ескертпелер айтқан.

1929 жылы сәуірдің 29-ы күні Тәшкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде қазақ әдебиетінде жүріп жатқан әдеби пікір алысуды талқылаған үлкен жиын болып өтті. Негізгі баяндаманы Ө.Тұрманжанов жасап, айтыста айтылып жатқан түрлі пікірлерді шолып, пролетарит әдебиетін жақтап шықты. Өтебай «Кейінгі жылға дейін ұлтшылдық-байшылдық үстем болып келгенін», олардың «байшылдықты бүркеп, қазақ тонын киіп алып, тап мәселесін бүктіріп қойып, қасқа жолға түскенін» айта келіп, олармен күресу міндетін алға қойды. Баяндаманың негізгі ойы «Біздің әдебиетіміз сыртқы жағы ұлт түрін алады да, ішкі мазмұны пролетар болады» – деген жолдарда жатыр.

Жиында Елтоқ, Дүйсенбайұлы, Саймасай, Сексенбайұлы, Мыңжасарұлы, Сәкен, Шайғали шығып сөйлеп, ойларын ортаға салған. Көпшілігі пролетариат әдебиеті бар деген баяндамашы Ө.Тұрманжановтың пікірін қостаған. Тек Сексенбайұлы әдебиет тап құралы болмайды, Қазақстанда тап жазушылары жоқ, «Осы күнгі жазып жүргендер – ұлтшылдар. Өздері пролетар емес. Тап әдебиеті болмақ емес» – дегенде, одан кейін шығып сөйлегендер «Сексенбайұлы лағып кетті. Егер әлгі сөзін білмей айтқан болса, надандық, біліп айтса, пролетар үстемдігіне дұшпандық» – деп қатты сөкті. Жиналыста сөйлеген С.Сейфуллин де Сексенбайұлын қатты сынаған.

Жиналыс «бізде пролетар ақын бар, жолбике бар, теріс пікірлі ақын бар» деген қорытындыға келген. Жиыннан жазылған есептің соңынан басқарманың ескертпесі берілген. Онда «пролетариат» терминін бір жерде «полетар» және бір жерде «пролетариат» деп жазып, әркім өзінше термин қолданыпты. Алынған термин бойынша пролетариат болып қалу керек» – делінген.

Сөйтіп үш-төрт жылға созылған әдебиет жайлы пікір алысу қыза-қыза келе өзінің ауқымынан шығып қаламгерлердің бірін-бірі ұлтшылдықпен айыптаудың саяси трибунасына айналды. Әдеби айтыс саяси айтысқа өзінен-өзі ұласып кеткен жоқ. Мұның артында оған саяси от тастап, ұйымдастырып тұрған өлкелік партия комитеті тұрды. «Қазақстанды Октябрь революциясы жанап өтіпті, қайтадан кіші революция жасау керек» деп мәлімдеген Голощекиннің өзі бірінші хатшы болып келген 1925 жылдан бастап жүргізе бастаған күйтырқы саясатының «жемісі» болатын. Қазақстанға лениндік идеяларды жүзеге асыру үшін Сталиннің арнайы тапсырмасымен келген өлкелік партия комитетінің басшысы ұлтжанды қазақ зиялыларын іштен іріту саясатын қолданды. Мысалы, партияны түрлі «оппортунистік элементтерден» тазарту науқанының барысында С.Қожанов, С.Сәдуақасов сияқты ұлтжанды қоғам, мемлекет қайраткерлері қуғынға ұшырады. Олардың ұлтшылдығын дәлелдеуге әдеби айтыстарда білдірген пікірлері алдымен пайдаланылды. Осы әдеби айтыстардың барысында ұлтшылдықпен, байшылдықпен, ескішілдікпен айыпталмаған қазақ жазушысы қалмады десе де болғандай. Алашшыл әдебиеттің Ахмет, Мағжан, Міржақып, Қошке сияқты өкілдері түгілі, «пролетариат әдебиетінің атасы» атанған С.Сейфуллин мен «тап» деп інгәлап туылған С.Мұқановтың өздері де қалай ұлтшыл, кертартпа, білімсіз атанғандарын білмей қалды.

Айтысты бастаған С.Мұқанов алашордашылармен алғашында бір өзі «шайқасты» десе де болады. Кейін оған Әбдірахман, Ғаббас, Сәкендер қосылып, күш алды. Алашордашылар қазақ әдебиетінің өткенін, бүгінін барынша қорғап, болашағы үшін, ұлттық болмысы үшін барын салып күресті. Күні бүгінге дейін маңызын жоймаған небір парасатты ойлар айтылды. Бірақ олар пікірталастың соңына қарай айтыстан шеттетілді. Күшейіп келе жатқан совет үкіметі Мәскеу жоспарлаған байларды тәркілеу, елді колхоздастыру шараларын жүзеге асыруға кірісіп, ауқаттыларды үстем тап ретінде жоюға бет алған еді. Енді оларды айтыстырып, баспасөз бетін беріп, коммунистік идеологияға қарсы пікірлерін тыңдап, еркінсітіп қоюды артық санап, шетінен ұлтшылдықпен айыптап, қуғындай бастады.

Алашордашылар болса да бас көтере алмай қалған. Енді пролетариат әдебиетінің көш басшысы аталып жүрген С.Сейфуллиннің өзіне құрық тастай бастағанда, басқалардың жайы өзінен-өзі-ақ белгілі болды. Сәкеннің өзі өзгелерге сын айтып жүргенде, оның өзінің үстінен де сын борап жатты. «Сәкен бай тұқымынан, бай балаларына партияға кіруге кепілдеме берді», «Сәкеннің сыры олай емес, бұлай» («Еңбекші қазақ», 16.IX.1929) деген мазмұндағы мақалалар үзілмей жатты. Солардың ішінде өлкелік партия комитетінің хатшысы Хамза Жүсіпбековтің «Сәкеншілдік және Сәкен туралы» («Қызыл Қазақстан», 1929, №6) мақаласы революционер ақынның басына қара бұлтты үйіре түсті. «Сәкеншілдік» деп бір кезде Сәкен бас болған, партия ішіндегі бір жікті айтамыз» – деп, анықтама беріп алған соң, оған бар кінәні үйіп-төгеді. «Қатеңді ашық жариялап, шыныңды айтып, партия жолына кел, не болмаса басқа жолыңды тап» – деп, өктем үн қатты.

1929 жылдың 15-қазанында С.Сейфуллинге де партиялық жазалау болып өтті. Сәкен де қателіктерін «мойындауға» мәжбүр болған. Жиналыс Сәкенге ескерту айтып, қателерін бетіне басты. Оған «Еңбекші қазақ» және «Советская степь» газеттерінде қателігін мойындағаны жайлы мақала жазу міндеттелді. Өзінің пролетариат жағында екенін әдебиетке, оның сынына белсене араласып, дәлелдесін деген мазмұнда қаулы қабылдады. Сонымен Сәкеннің «Менің қателерім туралы» мақаласы «Еңбекші қазақта» (2.09.1929) жарық көрді. Онымен де қоймай Сәкенді төмпештеу жалғасып жатты. «Еңбекші қазақ» «Сәкен жолдас жікшілдік қателерін мойнына алуға тырысқан. Алайда Сәкен жолдас көп қателерін айтпаған. Жазған хатында бар қателерін мойнына алудың орнына қателерін ақтауға тырысқан немесе, бәрін де жалпы жағдайдан болды деген. Әсіресе Сәкен жолдас Смағұл Сәдуақасұлы жігімен қосылғанын, ұлтшылдық пікірде болғанын, оны Е.Ярославский жолдастың 3-партия конференциясында сынап ашқанын мүлде айтпаған» – деп, ақынды қайтадан кінәлай бастады.

«Еңбекші қазақта» (1929, №180) редакция атынан жарияланған «Тазалау талқысында» деген мақалада «Мұстамбайұлы Ыдырыс қазақ коммунистерінің ішіндегі соңғы уақытқа дейін жікшілдігінен, қата пікірлігінен безбеген коммунистердің бірі» ретінде партиялық мәселесі қаралғаны хабарланған. Партия жиналысында Ы.Мұстамбаев өзінің С.Сәдуақасовтың жігінде болып, ұлтшылдық, тап тартысы, қазақыландыру, өнеркәсіпті күшейту, партия басшылығы, троцкийшілдік жөнінде қателіктер жібергенін «мойындаған».

М.Благиннің «Мұстамбайұлының «солшылдығы», «күдіктері» туралы» («Еңбекші қазақ», 1929, №244) атты мақаласы да әдеби айтыстарда белсенділік танытқан Ы.Мұстамбаевтың «қателіктерін» ашуға біраз үлес қосқан.

Осындай жолмен Ә.Тәжібайұлы да қоғам қайраткері С.Сәдуақасовтың қазақ әдебиеті жайлы айтқан ұлттық бағыттағы пікірлерін «смағұлшылдық» деп жариялады (Әдебиеттегі смағұлшылдық. «Еңбекші қазақ», 2.X.1929). Смағұлды алашордашыларды мақтадың деп айыптайды. М.Әуезовтің шығармалары туралы «Ендік-Кебекте» не бар? Мұнда да қобызды бақсы бар, сері жігіт, сылқым қыз бар. Міне, ұлтшылдар мақтап жүрген Мұхтар шығармаларының түрлері осындай» – дейді. «Смағұлдың ескі Біржан салдарды мақтап, олардың әрі қадірі мол, ел ынтасы солардың шығармаларында деуінде қулық бар... Бірақ оларды бүгінгі дәуірге үйлестірем деп ешкім де арамтер болмауы керек. Ондайды көксейтіндер ескішіл, кері кеткендер, Смағұлдар, Смағұлшылдар.

Мағжандардың Ленин томдарын аударуларында да бір гәп бар. Мағжандардың көсемі Әлихандалар да Ленин томдарын аударғыш болып жүріп, жастарды коммунизм ісімен сасытамыз деп соққан... Ленин деген немістің тыңшысы шығыпты деп төңкерістің алғаш кезінде айғай салған Әлихандалар Ленин кітабын басы ауырмай аударушы ма еді. Мағжанның да... «Иван есалан» деп жүргені де сол Ленин болатын. Қысқасын айтқанда, Смағұл сөзінде дұрыстық жоқ. Ұлтшылдық – өлгенше тал қармап өлейін деушілік. Көзі қарайған там сүзедінің кебін кигендік» – деген жолдар Әбділдәнің негізгі ойлары болған.

Міне, осындай саяси қуғындардың аяғы 1929 жылғы үстем тап аталған байларды, қазақ ақындарын халық жаулары ретінде жою зобаландарына апарып соқтырды. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды ұлтжанды жазушылармен бірге жиырмасыншы жылдары өткен әдеби таластарға белсене қатысып, ұлттық бағытта пікір білдірген қоғам, мәдениет қайраткерлерінің алды ұстала бастады. Бірақ та әбден қызып алған айтыс саябырсымады, қайта өрши түсті. Пікір таластырушылар бір-бірімен ұстасуын тоқтатпады.

Айтыс қызып, саясаттың қазаны қайнап жатқан 1929 жылдың желтоқсанында Ғ.Тоғжанов пен Ғ.Мүсірепов «Советская степь» газеті бетінде ілінісіп қалды. Ғ.Тоғжанов «Қазақ пролетарлық әдебиеті және пролетарлық жазушылар туралы» («Советская степь», 11.XII.1929) деген мақала жазып, Мүсіреповтің «Жаңа әдебиетіміз – пролетарлық әдебиет, ол болмаса, біздің одағымыз да болмайтын еді» дегеніне қарсы «Бұл – пролетарлық әдебиеттің мәнін түсінбеушіліктен туындаған адасушылық. Біріншіден, олар пролетарлық әдебиетті крестьяндық (шаруа) әдебиетпен шатастырады; екіншіден, пролетарлық әдебиетті қалыптасушы пролетарлық жазушылардың шығуымен байланысты». «Қазақ әдебиеті буржуазияшыл әдебиет, ал жаңа әдебиетімізде жолбике және шаруа әдебиеттері үстемдік құрып тұрғанда бізде қалыптасып болған пролетарлық жазушылар болмайды» – деп пікір айтты.

Артынша Ғ.Мүсірепов те үнсіз қалмай, «Қазақтың көркем әдебиеті жайлы» («Советская степь», 30.XII.1929) жауап мақала жазды. Ғабит: «Тоғжановтың өзі пролетарлық әдебиеттің мазмұны мен рөлін жете білмей, жұртшылықты шатастырады. ...пролетарлық әдебиетті үкіммен, бұйрықпен шығаруға болмайды. Тоғжанов жазушыларды «қаланікі» және «даланікі» деп бөледі, бұл мүлдем дұрыс емес, жазушы шығармасын зерттегенде оның мазмұнына қарау керек. Меніңше, пролетарлық әдебиет бар, алайда оның үстемдігі, басшылық рөлі жайлы ойдан аулақпын» – деп, өз пікірін дәлелдей түсті. Ғабиттің бұл пікірі сол кездегі пролетариат әдебиеті бар, пролетариат жазушысы болуды аса құрмет санайтын ресми биліктің де пікірімен ыңғайлас еді.

Сонымен жиырмасыншы жылдардың басында қазақ әдебиетінің даму бағыты қандай болмақ, қазір қандай дәуірдеміз, кімдерден үйренеміз, пролетариат әдебиеті дегеніміз не, ол бар ма деген тақырыптардың төңірегінде басталған пікір алысулар қыза-қыза келе бой бермей коммунист жазушылар мен алашордашылардың ара жігін ашып, кейінгілердің саяси тұрғыдан қуғындалып, әдебиеттен шеттетілуіне алып келді; жекелеген қаламгерлердің бір-бірімен есеп айырысу жолына айналды; алғашқы басталған кездегі шығармашылық сипаты саяси рең алып, идеологиялық құрал ретінде «жікшілдік» туралы айтысқа ұласты. Әдебиеттің шығармашылық мәселелері қағыс қалып, қаламгерлерді саяси тексеруден өткізетін идеологиялық сүзгі рөлін атқарды.

Сөйтіп қатты қарқын алған айтыс отызыншы жылдарға жетіп, бірде саябыр, бірде қатты Қазақстан жазушыларының тұңғыш құрылтайына шейін жалғасты.

3. ҚАЗАПП-ТЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Кеңес үкіметі орнап, бұғанасы беки бастаған соң пролетарлық бағыттағы жазушылардың басын біріктіріп, оларға социалистік бағыт-бағдарда басшылық жасап, советтік құрылысқа жұмылдырып отыратын ұйым қажет болды. Пролетарлық бағыттағы қаламгерлердің саяси-шығармашылық ұйымын құру жөнінде баспасөз бетінде пікірлер жиі көріне бастады.

Ж.Аймауытов «Бөле жарып келеміз, бәріміздің де көздегеніміз бір қазақтың қамы ғой, сондықтан бұқарашыл жазушылар ұйымын құрсақ қайтеді» – деді.

С.Сәдуақасов пен Ғ.Тоғжанов өлкелік партия комитетінде болған жиналыста «Қазақ кеңес жазушылар одағын» құру жөн деді.

Ал бұл кезде алашордашыл жазушылар да қарап жатқан жоқ еді. Жүсіпбек, Смағұлдар қазақ әдебиетінің болашағы үшін шырылдап, қанатымен су сепкендей әрекеттер жасап жатқанда, Мағжан «Алқа» атты ұлттық жазушылар ұйымын құруды ойластыра бастады. Бірақ күшейе бастаған большевиктер таптық идеологияның негізінде пролетарлық жазушылар ұйымын құруды тездетіп қолға алды. Ұйымды құру міндетін С.Сейфуллин жүзеге асырды. «С.Сейфуллин жаңадан өсіп келе жатқан жас күштерді біріктіріп, шығармашылықты өркендетуге мүмкіндік беретін және алашордашылар ықпалынан сақтандыратын жазушылар ұйымын құру үшін РААП және «Кузница» бірлестіктерімен байланысып, екеуінің платформасынан қазақ кеңес жазушыларына оңтайлы бағыт-бағдар жасауға кірісті». Көп ұзамай-ақ (12.VI.1925) ҚАЗАПП-тың ұйымдастыру бюросы С.Сейфуллин, Ә.Бәйділдін, Б.Майлин, Н.Феоктистов құрамында іске кірісіп кетті. Ұйым бірден таптық көзқарасты әдебиет майданына ту қылып көтеріп шықты. «Еңбекші қазақ» (16.VII.1925) газетінде Сейфоллаұлы С., Майлыұлы Б., Феоктистов Н. жасаған «Кеңестер одағының еңбекші тап жазушылары ұйымының сана (идеология) және

көркем сөз туралы жобасы» жарияланды. С.Мұқанов «ҚазАПП-тың маған тапсырылған платформасы жазылды да 1926 жылдың 4-қазанында еңбекші қаламгерлерінің жалпы жиналысында талқыланып бекілді. Сол күннен бастап ҚазАПП осы платформаның бағытында қызмет атқарды. ...негізге Москвадағы пролетариат жазушылар ұйымының (РАПП) бағыты алынды. Өзгертілген ұйымның аты: Қазақстандық пролетариат-қара шаруа жазушыларының одағы». «Платформасы қабылданған жиналыста ҚазАПП-тың ұйымдастыру бюросы құрылып, председателдігіне Сәкен, секретарлығына мен сайландым, мүшелігіне Б.Майлин, Ө.Бәйділин, Х.Жүсіпбеков, О.Беков өтті» («Өмір мектебі», 3 том, 1970, 197-бет) – деп жазды кейіннен.

С.Мұқанов жасап, кейін қабылданып, істе басшылыққа алынған ҚазАПП-тың платформа-сы 12 тараушадан тұрады. Алғашқы тарауларда сол кездегі дәуірге сипаттамалар бере келіп, билік пролетариат қолына көшкен таптық қоғамда, идеологиялық күрес заманында өмір сүріп отырғаны айтылады. Бесінші тараушадан бастап идеологиялық жұмыстың бір саласы ретінде әдебиет саласындағы саясатқа тоқталған. «Таптық дәуірде басқа жұмыстар таптан тысқары болмауы сықылды, тап тілегінен тысқары жайлайтұғын әдебиет те болмайды. Тапшыл әдебиет алдымен өз табының мақсаты мен жалпы адамзаттың бағытын көздейді. Соның үшін одақ қазақтың пролетариаты мен қара шаруасының санасын тәрбиелеуге жарайтұғын әдебиетті ғана өркендетуге күш жұмсайды. Жұмыскер мен қара шаруаның жаңа тұрмысқа қарай беттеген беталысына жәрдемдес болмаған әдебиетті керексіз деп табады» – деп, ұйымның алдында тұрған міндеттерді айқындап берген.

Платформада ҚазАПП ұйымының басты міндетінің бірі «Жұмыскер қарашаруа әдебиеті байлар әдебиетіне қарсы тұрады.

Еңбекшілік бағыттан теріс әдебиетпен күреседі. Соңғы кезде қазақтың байшыл жазушылары өздерінің пікірлерін астарлап, сөздерінің сыртын көбірек сырлап, білгізбей өткізуге айналып жүр» (сонда, 195-бет) – деп алашордашыл әдебиетпен күреске аса маңыз берген.

Сонымен бірге «Қазақтың еңбекшіл жазушыларының қаламы әлі төселіп болмағанын», олардың шығармаларында «мазмұн мен түрдің тең түспей тұрғандығын» мойындай отырып, оларды идеялық және шығармашылық жағынан тәрбиелеуге едәуір көңіл бөлінген.

Міне, осындай ұлт әдебиетінің басына қауіп бұлты қалыңдай бастағанын сезген алашордашылар да М.Жұмабаевтың бастауымен «Алқа» атты жазушылар ұйымын құруға кірісті. Тіпті кейбір деректерге қарағанда, «Алқаны» құру идеясы ҚазАПП-тан бұрын, 1924 жылы көтерілген. Ұйымдастырушылар 1925 жылы барып осы идеяны жүзеге асыруға кіріскен.

«Алқаның» бағдарламасын негізінен М.Жұмабаев жасап, оның қолмен көшірілген 16 данасын сол кездегі белгілі қаламгерлер А.Байтұрсынұлына, Ж.Аймауытұлына, С.Дөнентайұлына, М.Әуезұлына т.б. пікір алысу үшін таратқан. Бірақ сол кездегі ресми органдар «Алқаның» құрылып, оның бағдарламасының баспа бетін көріп, жүзеге асуына жол бермеді.

«Алқаның» бағдарламасы «Табалдырық», «Әдебиетіміз», «Бұл күнге дейінгі төңкеріс хәм әдебиетіміз», «Енді төңкеріс хәм әдебиетіміз», «Әдебиет не нәрсе? Әдебиеттің жалпы заңы», «Марксистік хәм әдебиет. Не жазуға?» атты тараулардан тұрады.

Бағдарламаның «Табалдырық» аталған кіріспесі «Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр. Артында бір жол, алдында мың жол» – деген бейнелі жолдармен басталып, «Табалдырықты» аттап, төрге шық, «Алқаға кір!» – деген шақырумен аяқталған. «Бұл құрғанымыз – сегіз қанат боз орда, алты қанат ақ отау емес – абылайша» – деп, ұйымның қазіргі жағдайға байланысты асығыс құрылып жатқанын, «боз орданың» келешекте тігілетінін ескерткен. Бағдарламада қазақ әдебиетінің тарихына қысқаша экскурс жасалып, әдебиет дегеннің не екендігіне түсініктер берген. Бұл ретте атақты әдебиетшілердің, философтардың, ғалымдардың айтқандарына сүйенген. Бағдарлама әдебиеттегі таптық принципке қарсы. «Өмірге қадам басқан елдің, яки таптың әдебиетінің алды – өр, үкімге басқан елдің, яки таптың әдебиетінің алды – көр. Бұл даусыз» – деп, әдебиеттің таптық болуының болашағы жоқ деп, көрегендік танытады. Саясатшы бүгінгі мәселемен айналысса, «ақынның алдында өткен, бүгін, келешек – үшеуі де тұруға тиісті. Ақын осы үшеуінің арасында көпір салуға тиісті» – дегенде, өткендегі әдеби мұраның бүгінгі күн үшін аса қажеттігін, өткен мен бүгін біртұтас, оны бөліп қарауға келмейтінін де ашып айтқан. Бағдарламадағы осы сияқты пікірлер ҚазАПП-тың ұстанған бағытына мүлдем қарама-қарсы болатын.

Ал ҚазАПП ұйымы болса, өзінің басты мақсаты етіп, «әдебиеттегі байшыл-ұлтшылдыққа қарсы күресті күшейте түсу, ол үшін әдебиет майданында жүріп жатқан айтыстарды қыздырып,

байлардың, байшылдықтың да таптық сырын айқындай түсу, сөйтіп тап жауына еңбекші таптың өшпенділігін күшейту» деп, жариялады. Сөйтіп көркем әдебиет, оның даму бағыты жайлы таным-түсініктері бір-біріне қарама-қарсы екі ұйымның өмірге келуі онсыз да арасы ажырап келе жатқан қаламгерлердің арасындағы қарым-қатынастарды одан сайын ушықтырып жіберді. Оның үстіне бұл Қазақстанның жеке отау тігіп, республика болған, оның басшылығына әсіре революционер Голощекиннің келген кезі болатын.

ҚазАПП-тың құрылуымен байланысты қазақ қаламгерлері екіге бөлініп, ұйымға пролетар-шаруа жазушылар кірді де, алашордашылар оның сыртында қалды; басқашалай айтқанда, ұлтшыл жазушыларды шетқақпай қыла бастады.

ҚазАПП-қа бар-жоғы он шақты-ақ адам мүше болғанымен де олар саяси биліктің қолдауымен негізгі скрипканы ойнады. ҚазАПП-тың тірегі С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Б.Майлин болды. Ассоциация пролетариттік болғандықтан көркем әдебиеттің барлық мәселелері де қоғамдық-шарушылық салаларындағыдай жұмысшы табының көзімен шешіліп отырды. Сол кездегі саяси өмірде «кім қай таптан шықса, ол сол өзі шыққан табының сөзін сөйлемей қоймайды» деген қағида бел алып, тек жұмысшы табының өкіліне кең жол ашылды да, басқаларға қақпа тарс жабылды. Әрине, Қазақстанда кедей таптан шыққан қаламгер жоқтың қасы болатын. Сондықтан да пролетариат жазушыларының ұйымына пролетариатты, совет үкіметін жырлағандар ғана мүше болды. Ал ауылдан шыққан жазушылардың дені пролетариат өмірін, қаладағы өндірісті білмейтіндіктен де бұл тақырыпты онша мандытып жаза алмайтын. Сонда да болса, коммунист, комсомол ақын-жазушылар революцияны, советтік құрылысты, компартияны «жаңаша» жырлап дуылдата берді.

Сол кездегі өдеби сынның сипатын белгілі сыншы Ғ.Тоғжановтың «біздің кедейшіл ақындарымыз көп жазғандарында коммунист көзімен көріп жаза алмай отыр. Геройлары ауыл кедейі – ауылдағы жылқышы, қойшы, ауыл коммунисі, ауыл әйелі. Пролетариат ақын дейтін Сәбиттің де көбінесе жазып отырғаны ауыл кедейі» – деген пікірлерінен айқын аңғаруға болады. Мақталатын шығармалар «Жасасын Совет!», «Жасасын Октябрь!», «Советстан», «Қызыл отау» тақылеттес болатын. Мұндағы басты мәселе шығарманың көркемдігі емес, тақырыбы, мазмұны еді. Мазмұн болғанда, әрине, революцияны, компартияны, совет үкіметін жырлау-тұғын.

ҚазАПП-тың бұл бағытына сол кездегі көзі қарақты қазақ қаламгерлерінің басым көпшілігі қарсы болып, басқаша ұсыныстар айтты. Бұл жөнінде осы ұйымның алғашқы ашылған күнінен бастап барлық мәселелерге араласқан С.Мұқанов «РАПП платформасы қазақтың жас пролетариат жазушыларына толық нұсқау бола алған жоқ. ҚазАПП-тың алдына не аз ғана пролетариат бағытындағылар болып жеке қалу, не еңбекші қара шаруа жазушыларымен қосылып, оларды «кеңесшілердің» ықпалына бермеу мәселесі туды. Осы мәселе ҚазАПП-та тартысқа түсті. 1927 жылдың қазанында ҚазАПП-тың жиналысы болып, онда бұрынғы «Қазақ пролетариат жазушылары ұйымы» енді «Қазақтың пролетариат-қара шаруа жазушылары ұйымы» болсын деп, қаулы қабылдады. Сол жиналыста жаңа атқа сәйкестендірілген жаңа платформа алынды. Платформаға 22 кісі қол қойды» («Жаңа әдебиет», 1931, №6–7) – деп жазады. Сөйтіп ұйымның ауқымы ұлғайып, мүшелері көбейе түсті. Бұрын пролетар жазушылардың ұйымы болса, енді шаруа жазушылар да (ауылдан шыққандар) мүшелікке алынды; алғашында он шақты ғана мүшесінің саны енді жиырмадан асты.

ҚазАПП-тың қызметі жиырмасыншы жылдардың соңына қарай, оның басшылығына М.Қайыпназаров келген соң, тіпті ушыға түсті. Әдеби, шығармашылық істерден хабары жоқ партия қызметкері Мұстафа ұйымның барлық жұмысын жоғарыдағы партия ұйымдарының тиісті тапсырмаларын мүлтіксіз орындауға лайықтап жүргізді. Сөйтіп, ҚазАПП шығармашылық емес, саяси әкімшілік ұйымға айналды. Ұйым, оның басшысы М.Қайыпназаров қазақ қаламгерлерін саяси жағынан қадағалап, отыратын партияның қырағы көзі болды. Әдебиетте таптық, партиялық принцип барынша қатал ұсталынды. Бұл кезде алашордашыл жазушылар әдебиеттен ығыстырылып, қайтсек халыққа қызмет етеміз деген мақсатпен аударма ісімен, оқулықтар жазумен айналыса бастаған болатын. А.Байтұрсынов қазақ тіл білімін, әдебиеттанудан, М.Жұмабаев педагогикадан, Ж.Аймауытов психологиядан оқулықтар жазды. Бәрібір олардың еңбектері бағаланбады. Керісінше, алашордашыл халық жаулары ретінде саяси қуғындаудан құтыла алмады. Тіпті жиырмасыншы жылдардың орта шенінен, әсіресе, ҚазАПП-тың тұсында әдебиетке арналған мақалалардың бірде-біреуі алашшылдарға сойыл

сілтеп өтпей, ресми басылымдар бетінде басылмайтын да болды. Сыншылардың «байшылдарды» соғып өтуі күнделікті дағдыға айналды. Тұзсыз тағамның дәмі кірмейтін болса, өткен әдебиетті, солардың құйыршықтары ұлтшылдарды сынамайынша, сынның «сәні кірмейтін» боды. «Отырса опак, тұрса сопак» дегендей, оларды сынау үшін сыныққа сылтаулар табылып жатты. Осындай тырнақ астынан кір іздеген мақаланың бірі А.Михайловтың Ж.Аймауытовтың «Психология және мамандықты таңдау» кітабына жазған «Бір оқулық туралы» («Советская степь», 28.2.1928) рецензиясы болды. Автор пікір айтудың орнына алдымен, кітаптың сапасыз басылғандығын, мұның өзінің пролетарлық идеологияға жат екендігін айта келіп, содан кейін Ж.Аймауытовтың өзіне тиіскен. Ол Жүсіпбекті қанша кітап жазғанымен де оған кітап тасыған мен отын тасыған бірдей, өйткені «есек барлық уақытта есек болып қала береді» деп, адамдық намысына тиіп, қорлайды. А.Михайлов кітапты талдап, пікір білдірудің орнына, оның авторына тиіскен. Мақаласын «Аймауытовшылдық сияқты құбылыстарды құрту керек» деген ұранды сөздермен аяқтаған.

А.Михайловтың жазушыны есекке теңеуі сол кездегі әдеби сын үшін тосын құбылыс емес, үйреншікті жағдай болатын. ҚазАПП сынының қақ ортасында жүрген С.Мұқанов «Біреу біреудің жеке қара басына сын тақты; жазуды сынаған жоқ, кісіні сынады: «соқыр, надан, ақымақ, есуас, сиыр» деген әдебиет сынауына лайықсыз сөздердің талайы айтылды» – деп, шынайдықты жазды.

«Жаңа әдебиетте» (1928, №1–2) редакцияның атынан жазылған «Қалай жазу керек?» деген мақалада «Біздің осы күнгі зор міндетіміз еңбекшіл таптың мұңын жоқтау, жырын жырлау, тіршілігін, тұрмысын суреттеу болса, ендеше, біз сол міндетті атқара білуге үйренуіміз керек» – деп жазды. Яғни, ҚазАПП-тың органы жазушыларға тек жұмысшы табын жырла деп бағыт беріп, жөн сілтеп отыр.

Ал «Үйрену айып емес» («Жаңа әдебиет», 1928, №3) деген мақала «Ұлтшылдар жеңілді: Пролетариат қара шаруа жазушылары ұлтшылдарды, Асанқайғы қобызына қосылып, ән салушыларды жеңді» – дейді де:

«Сарыарқа менің жерім-ай
Айдын шалқар көлім-ай

..... елім-ай!» – деп, иә болмаса:

«Арғы атам ер түрік
Біз қазақ еліміз.

Самал тау, шалқар көл

Сарыарқа жеріміз...» – деп, сып-сидаң ағаштың басына қонып, қарғаға ұқсап қарқылдайтын ұлтшылдардың, ұлтшыл жазушылардың ауанын «зарзаман» (?) күйін-жырын былай тастап:

«Еңбекші халықты көзіміз,
Айбынды арыстан разымыз»

(Т.Бітімбайұлы)

Және:

«Ынтамыз еңбек,
Болуға өрнек,
Дайынбыз уәде беруге»

(Жұмабек)

деген күнді бастадық. Сүй деп, жырлауға бет алдық»-деп, қуанышпен «шаттана» жазады.

Жақсы ақын болу үшін көп үйрену керектігін айта келіп Т.Бітімбайұлына, Жұмабек пен Нақыпбек дегендердің жоғарыдағы сияқты өлеңдерін үлгіге тартады.

«Еңбекшілер жұртшылығы ескі ертегі, өтірік әңгіме, атамзаманғы сарыннан қол үзіп, дәмдіден дәм іздеп отыр» – деп, жазды «Жаңа әдебиет» (1928, №5). Алда тұрған міндеттер дегенде, қазіргі әдебиетте ұлтшылдардың, жолбикелердің, солақай пролетарлық бағыттағы қаламгерлерді ұйымдастыру, ұлтшыл-байшылдарға қарсы күресу, үйрену мәселелеріне аса мән береді.

ҚазАПП-тың белсенді мүшелерінің бірі С.Мұқанов сол кездегі сыншылардың сынына қанағаттанбай, қалай сын жазу керектігін үйреткен «Сынаудың әліпбиін» («Еңбекші қазақ», 20.2.1928) жазды. «Қазақтан әзірге үлгі алатын күрделі сыншы шыққан жоқ. Жақсылы-жаманды

кейбір мәселелерге тиіп қашып, сын жазып жүрген Бәйділдәулы Әбдірахман» дей келіп, орыстың Белинский, Плеханов, Вронский, Авербах, Луначарский, Троцкий, Фрище сияқты сыншыларынан үлгі алуға шақырады.

Сәбит «Мен мынадай сын үлгісін көрсетер едім» деп, шығарма «жазылған кезде қоғам тұрмысы қандай еді», «ақын сүйген тап қай дәрежеде тұрды», шығарма «сойылын соғып отырған таптың шындығына жанаса ма», «саясаттың қандай әсері тиген», түр мен пішін, ақынның өмірді танып, түсінуі қалай, ақын еліктесе, еліктеуіне себеп не», «ақын қалай өскен», «тапшылық мәселесі», жолбике болса, »неге жолбике болды» деген сауалдарға жауап беруі керектігін ескерткен. Мұндағы талаптардың көпшілігі идеологиялық тұрғыдан екендігі көрініп тұр.

Сол кездегі өлкелік партия комитетінің хатшысы Хамза Жүсіпбекұлы да «Әдебиетті тексеру ережелерін» жазып, оған «Әдебиетті Маркс, Ленин жолдарымен сынаудың негіздері» деген қосымша тақырып тіркеді. Мақалада Хамза әдебиет дегенге маркстік-лениндік ілім тұрғысынан түсініктер бере келіп, қазақ әдебиетінде «байшыл» және «бұқарашыл» бағыттың барлығын айтқан. «Ақжол» газеті ұлтшылдар құралы болған». «Қыз Жібек», «Тарғын батырлардың» «жалпы еңбекші бұқарасына мазмұн жағынан пайдасынан зияны көп болды. Неге десеніз, сол айтылған «Тарғын», «Қыз Жібек» тағы сол сықылдылардың мазмұны не? Қазақтың батыры, қазақтың елі көшіп жүргені. Әдемі байдың қызы, шіркін-ай сондай болар ма еді деген сөздер. Одан елге не пайда?!» – деп, қалай сынаудың үлгісін өзі көрсетеді («Жыл құсы», 1928, №2).

Х.Жүсіпбекұлы әдебиетке баға бергенде, «Қандай әдебиет болмасын, түрі емес, мазмұнын тергеп алып қараймыз. Біз әрбір әдебиетті коммунистік бағытты алға ұстап, таптық көзбен қарағанда, әрбір жазбалы әдебиеттердің қандай маңызы мен мәнісі барын ашумен қатар төңкеріске қарсы мазмұнды әдебиетпен аянбай күресіп отыруымыз керек. Түс бояп, советшілмін деп отырып, мақсаты қарсы әдебиеттердің бет бояуын ашып отыру керек» – дегенді әдеби сында қатал ұстануды талап етеді.

Ескі әдебиетті алғанда, Абайды алсақ, мазмұн жағынан бізге пайдасынан зияны көп» болғанын айтып, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек, Мұхтарларды да осы үлгімен бағалайды. «Біздің міндетіміз солардың мазмұн жағынан теріс, ұлтшыл, байшыл бетін ашумен қатар, сөз үйлестіру жағынан пайдалы жерін пайдалана білу керектігін» тағы да еске салған. Яғни, ұлтшыл жазушылардың идеялары зиянды болғанымен шығармалары көркем, солардан үйрену керек деп отыр. Көркем шығарманы екі жарып, мазмұнын бөлек, идеясын бөлек қарау, сөйтіп өнер туындысының біртұтас табиғатын ескермеу сол кездегі ҚазАПП сынының басты ерекшелігі, турасын айтқанда, кемшілігі еді. Әдебиетті талдаудың мұндай дайын үлгісі қаламгерлерді шетінен шытырлатып сынай берудің дайын стандартына айналды. Хамзаның «Сәбиттің поэмалары мазмұн жағынан мүлтігі жоқ-ақ. Бірақ оларға көркемдік, түр жағынан ұялмай ескіден болса үйрен деуіміз керек» – деуі – осындай қалыппен сынаудың үлгісі болатын.

1929 жылдың 19-сәуірінде «Советская степь» газетінде О.Исаевтың, І.Құрамысовтың, Ғ.Тоғжановтың, С.Сафарбековтың, О.Жандосовтың, К.Жүсіпбековтің, Ә.Бәйділдиннің «Правда» газетіне және Мәскеуде шыққан «Әдеби энциклопедияның» редакциясына жолдаған қарсылық хаты жарияланды. Онда энциклопедияның I-томына енген М.Әуезов және А.Байтұрсынов туралы жазылған мақалаларда олардың шығармашылықтарына баға беруде үлкен қателіктер жіберілгенін атап өтіп, онымен келіспейтіндіктерін ресми түрде білдірген. Алдымен, Әуезов туралы энциклопедияда жазылған «Әуезов Семей губерниясында Колчакқа қарсы күресте белсенді түрде қатысты», «Ол шығармалары нәзік сезімдерді суреттей білуімен, тарихи шынайылығымен ерекшеленетін қазақ әдебиетінің аса көрнекті жазушысы», «қазақ әдебиетінде тұрмыс мәселесін алғаш рет көтерген суреткер» деген пікірлерге келіспейді. «Бұл – Әуезов шығармашылығын білмегендіктің салдары» – деп, өз түзетулерін ұсынады.

О.Исаевтардың ойынша, «М.Әуезов Колчакқа қарсы күрескен жоқ, ол керісінше «Алаш-орданың» белсенді мүшесі болды. Ал Алашорда Колчакпен одақтасып, большевиктермен соғысқаны анық. Совет үкіметі орнағаннан соң, М.Әуезов партия қатарына кіріп, КирЦИК-тің хатшысы қызметін атқарғанымен де ол саясатта болсын, әдебиетте болсын, қазақ байшылдығының ұлтшыл буржуазияшыл идеологы болып қала берді. М.Әуезов жазушы ретінде марксизм көзқарасы тұрғысынан еш уақытта ерекше талантымен көзге түскен жоқ. Оның шығармаларында тарихи шындық жетіспей жатты. Ол қазақтың тұрмыс-тіршілігін өткенді аңсаған қазақ байының көзімен көреді, қазақтың ескілігін, азияшылықты жырлайды, қазақтың

хандарын, аңызға айналған батырларын, «ақылман» билерін, құрметті ақсақалдарын, феодализм серілерін мадақтап, оларды бүгінгі күні құрметке, еліктеуге лайық жағымды типтер түрінде көрсетеді (Қараныз: «Қаракөз», «Еңілік-Кебек», «Ескілік көлеңкесінде», т.б.). Бұл аз дегендей, Әуезов өзінің «сындарында» өзінің реакцияшыл идеологиясын ашық насихаттап келеді. Ол жастарымызды феодализм серісі Ақан серіден, әнші Сарадан үлгі алуға үндейді. Әдеби сында «Қазіргі қазақ әдебиетінде реализм емес, орта ғасырлардың сентиментализмі мен романтизмі үстемдік құруы керек» дегенді айтып, онысын қазіргі қазақ аулында реализмге негіз жоқ деп дәлелдемек болды. Біздің ойымызша, осы фактілердің өзі-ақ «Әдеби энциклопедияда» Әуезовке берілген бағаның шындыққа сай келмейтін, дұрыс емес екендігіне, қазіргі қазақ әдебиетінің байшыл, консервативті идеологиядағы жазушысының бет пердесін ашып көрсете алмайтындығына жеткілікті дәлел болса керек».

«Жетеу» А.Байтұрсыновты да аямаған: «Әдеби энциклопедияда» А.Байтұрсыновқа берілген баға да дұрыс емес. Байтұрсыновтың революцияға дейін қазақтың ұлттық интеллигенциясы басшыларының бірі болып, патша саясатына қарсы күрескені, сөйтіп, объективті түрде қазақ шындығының прогресшіл, буржуазияшыл революционері болғаны рас. Сондай-ақ оның қазақ тілі мен грамматикасының орфографиясын жасаудағы кейбір еңбектерін де жоққа шығармаймыз. Бірақ мұның бәрі «Байтұрсынов – көрнекті қазақ ақыны» дегенге құқық бермейді. Революцияға дейін де, кейін де Байтұрсынов еш уақытта көрнекті ақын болған жоқ. Байтұрсыновтың революциядан кейін көркем шығармаға мүлдем қалам тартпауы жайдан-жай емес.

Ал оның идеялық және саяси бағыттарына келетін болсақ, Байтұрсынов қазіргі күнге дейін қазақ байшылдығының буржуазияшыл ұлтшыл идеологы болып келді. Ол совет үкіметі кезінде жазған барлық оқулықтары мен мақалаларында байшыл, реакцияшыл, контрреволюцияшыл идеологияны қорғап, насихаттап, өзінің бұрынғы идеологиялық көзқарасында қалып қойды. Сондықтан да бүгінгі қазақ жұртшылығы А.Байтұрсыновты біздің партияға қарсы күресіп келе жатқан және қазақ байшылдығын ашықтан-ашық қорғауға шыққан реакцияшыл алашорда интеллигенциясы көсемдерінің бірі санайды.

Қарсылық хат «Әдеби энциклопедияның» редакциялық коллегиясы жіберген қателерді жөндеу мақсатымен біздің осы пікірімізді «Правда» бетінде жариялауды сұраймыз» – деген өтінішпен аяқталған.

Қарсылық хаттың мазмұнына бұл бір сыншының немесе ресми адамның пікірі ғана емес, сол кездегі Қазақстан басшылығының (партияның бірінші хатшысы Голощекиннен басқасы түгел) әдебиет майданындағы бағыты болғандықтан да идеология майданындағы жағдайды толығырақ аңғарту мақсатында кеңірек тоқталдық. Қазақстан басшылығындағылардың аса қырағылығы таң қалдырмай қоймайды. Қазақстан басшыларының республика көлемінде емес, империяның орталығы болып жатқан оқиғаға Алматыда отырып араласуы көп нәрсені аңғартса керек.

1929 жылы желтоқсан айында өткен өлкелік партия комитетінің пленумында әдебиет майданындағы жағдай арнайы қаралды. Пленум «Қазақта пролетариат әдебиеті бар, бірақ ол жас. Қазақтың пролетарлық әдебиетін нығайту және дамыту, оның бүкіл ұлттық көркем әдебиетте жетекші рөлге ие болуы үшін қазақ және шығыс ұлттары коммунистері арасында қазіргі дәуірде пролетариат көркем әдебиетін жасаудың мүмкіндігіне сенбеушілік, күдіктенушілік атаулыны үзіліді-кесілді жою керек» – деген қаулы алды.

Сонымен бірге қаулыда «ҚазАПП – қазақ жазушыларының ғана орны емес. Бұл – тапшылдық негізіне құрылған ұйым. Бұған Қазақстан топырағындағы қай ұлттан шыққан еңбекші жазушылары да кіре алады. ҚазАПП оны бүгінге дейін істей алған жоқ. Бұл жүйедегі міндет:

а) Орыс жазушыларын ұйымдастыру.

б) Ұсақ ұлттардың жазушыларын ұйымдастыру» («Еңбекші қазақ», 18.IX.1930) – деп көрсетті. Бұл жерде ҚазАПП-тың қазақ жазушыларының ғана емес, көпұлтты Қазақстан әдебиетінің ұйымы, оның ішінде орыс жазушыларын ұйымдастыру бірінші кезектегі міндет екендігін партия өктем үнмен нұсқап тұр.

4. ТҮРПАЙЫ ӘЛЕУМЕТТІК СЫНДАР

Қазақ кеңес әдебиетінің алғашқы дәуірінде сын көтерген негізгі мәселелер «буржуазияшыл-ұлтшыл әдебиетке» қарсы күрес, ескі әдеби мұраларды дұрыс бағалау, әдебиеттің партиялылығы, халықтығы үшін күрес, пролетариат әдебиетінің туып қалыптаса бастағандығы жөнінде болды.

Бұл кездегі негізгі айтыстың бірі қазақта пролетариат әдебиеті бар ма, болса қандай, негізгі белгілері, даму бағыттары қалай деген мәселелер төңірегінде жүрді.

Бірсыпыра қазақ әдебиетшілері бізде пролетариат әдебиеті жоқ деп дәлелдеді. Ғаббас Тоғжанов, Әйткіе Мұсаұлы сияқты сыншылар да осы пікір жағында болды. Пролетарлық бағыттағы қаламгерлер бұған қарсы шықты. Бұл айтыста С.Мұқанов ерекше көзге түсті. Ол 1927 жылы осы мәселеге арналған көлемді екі мақаласын⁶² жариялайды. Бұл мақалаларында Қошмұхамед Кемеңгеров, Абдолла Байтасов, Даниял Ысқақов сияқты әдебиетшілердің қазақтың пролетариат әдебиеті туралы пікірлеріне қарсы шығады. Ғ.Мүсірепов 1929 жылы «Әдебиет айтысына» («Еңбекші қазақ», 1929, 4 тамыз) деген мақаласын жазды. Мұнда Ғ.Тоғжановтың («Әдебиет және сын мәселелері», Қызылорда, 1929), Ә.Мұсаұлының («Еңбекші қазақ», 1929. 17 сәуірдегі мақаласы) пролетариат әдебиеті жоқ дегеніне дау айтады. Пролетариат әдебиетіне түсінік берген. «Бізше пролетариат әдебиеті деп қай тақырыпты болса да пролетариат көзімен көріп пролетариат тілегіне дәл соқтырып жазса, соны айтамыз» деп жазды Ғабит.

Жаңа бағыттағы әдебиеттің, қай кезде болғандығы, оның қалайша дамып келе жатқандығы туралы әдеби айтыс соғысқа дейінгі онжылдықтың алғашқы жылдарына дейін созылды.

Отызыншы жылдардың бас кезіндегі сын әдебиетіміз бен мәдениетіміздің бірсыпыра өзекті мәселелерін көтерді. Осы кезде қазақ театрын өркендетуді алға қойған бірнеше көлемді мақалалар жарияланды. Қазақтың театр өнерінің негізін салушылардың бірі Жұмат Шаниннің мақаласы «Еңбекші қазақ» газетінде шықты⁶³. Мұнда Қазақстанда ұлттық театрды дамыту істері сөз болды. Театрға қажетгі бес түрлі шарттың бізде бар екендігін айта келіп, осы салада республикамызда істелуге тиісті шараларға тоқталған. 1931 жылы Ж.Шаниннің «Театрдың қысқаша тарихы»⁶⁴ деген көлемді зерттеуі жарияланды. Бұл мақалада театр өнерінің тарихын сонау ертедегі Грециядан бастап қарастырған. Театр «шаруашылыққа байланысты тойлардан (қазақтың қырман тойы) шыққан» деген пікір айтады. Трагедияның, комедияның шығу тарихын зерттеген. Театрдың шығуы, оның алғашқы түрлері, дамуы хақында күні бүгінге дейін мәнін жоймаған ғылыми пікірлер айтқан мақаланың ғылыми-танымдық маңызы бар. Сөйтіп, Ж.Шаниннің мақалаларында театр өнерінің теориясына, тарихына қатысты мәселелер қарастырыла бастады.

Тоғжанов пен Жансүгіровтің «Қазақтың театр өнері», Илиястың «Ән, әншілер жайында» деген көлемді мақалалары шықты⁶⁵. Бұларда алғашқы қазақ театрының жай-күйлері жан-жақты әңгімеленеді. «Жаңа пьесалар» деген тарауында сол кезде театрда жүріп жатқан «Кек», «Майдан», «Тартыс» сияқты шығармалардың сахнаға қойылуына қысқаша тоқталған. Жетістіктерімен бірге кемшіліктері де көрсетілген. Сол жылы осы екі автордың «Қазақстан ән-күйі туралы»⁶⁶ ұзақ мақаласы басылды. Мұнда қазақтың өлең-әндері жайлы, оның шығу заманы туралы соны деректер бар. Мұхтар, Орынбектің қазақ театр өнерінің түрлі жақтарын қозғаған мақалалары жарияланды⁶⁷. Сахнаға қойылған пьесалар хақында рецензиялар қаптап көріне бастады.

ҚазАПП-тың кезінде әдеби сын жанрларының ішінде реценция елгезектігін танытты. Сынның ең шағын, ыңғайлы жауынгер жанры күнделікті әдеби өмірде туып жатқан жаңа шығармаларға бірінші болып үкім айту қабілетінен тайған жоқ. Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Қ.Өтепов, Ә.Тәжібаев сияқты тағы да басқа әдебиетшілердің рецензияларында сол кездегі елеулі жаңа туындыларға пікірлер айтылды. Мысалы, Сәрсекұлы Жұмағали мен Өтепұлы Құлмырзаның мақалаларында Б.Майлиннің «Майдан» пьесасы рецензияланған⁶⁸. Бұл

⁶² С. Мұқанов. Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім. «Қызыл Қазақстан», 1927, №1, 33-58 беттер; Байдың толғағы. «Еңбекші қазақ», 1927, №223-224.

⁶³ Ж.Шанин. Қазақстанның коммунист әдебиетшілі азаматтарына. «Еңбекші қазақ», 1930, №251, 14 қараша.

⁶⁴ Ж.Шанин. Театрдың қысқаша тарихы. «Жаңа әдебиет», 1931, №4, 71-74; №5, 62-65 беттер.

⁶⁵ Ғаббас пен Илияс. Қазақтың театр өнері. «Еңбекші қазақ», 1931, №235-237. Жансүгіров.

⁶⁶ Ғаббас пен Илияс. Қазақстан ән-күйі туралы. «Еңбекші қазақ», 1931, №244-246.

⁶⁷ Мұхтар. Театр-музыка кадры. «Социалды Қазақстан», 1933, №125, 2 маусым; Орынбек, Мұхтар. Қазақстан Мемлекет театрының жеті жылдығы және алдағы міндеттері. «Әдебиет майданы», 1933, №8.

⁶⁸ Сәрсекұлы Жұмағали. «Майдан» туралы бір-екі ауыз сөз. «Еңбекші қазақ», 1931, №152, 12 шілде; Жайықтық. «Майдан». «Социалды Қазақстан», 1933, 12 қаңтар.

рецензияларда «Майдан» пьесаларына дұрыс баға берілген. Аздап кемшіліктерін де көрсеткен болады.

Әдеби сынның негізгі міндеттерінің бірі Пушкин сөзімен айтқанда «Сын – әдебиет пен өнер туындыларындағы сұлулық пен кемшіліктерді ашатын ғылым»⁶⁹. Осы тұрғыдан келгенде, отызыншы жылдардың бас кезіндегі сында, әсіресе рецензияларда көркемдік талдауларға көп бара бермейтіндігі байқалады. Шығарманың мазмұнын ғана баяндап шығатын құрғақ рецензиялар көп кездеседі.

«Жаңа әдебиет» журналының «Көркем әдебиет» рубрикасымен жарияланып тұрған рецензиялары бұл айтқанымызға мысал бола алады. Осы айдармен шығып тұрған рецензиялардың негізгі мақсаты оқушыларды жаңа туындылармен қысқаша таныстырып отыру болған сияқты. Сондықтан да бұларда аннотациялық сипаттар басым.

Осы кездің әдеби сынында мектептерде қазақ әдебиетін оқу туралы⁷⁰, балалар, жастар әдебиетін жасау хақында⁷¹, ауыз әдебиеті мұраларын жинау жайлы т.б. бірқатар мәселелер төңірегінде сын мақалалар жарияланды. Б.Майлиннің әдебиетке араласа бастағанына жиырма жыл толуы атап өтіліп, жазушы шығармашылығына арналған мақалалар жазылды.

1929 жылдан бастап, ҚазАПП қызметінің соңғы кездерінде бірқатар ірі қателіктер жіберілді. Бұл кемшіліктер ең алдымен, ұйымның сипаты мен оның басында отырған жекелеген адамдардың шалағайлықтарына байланысты еді. Осының салдарынан сында «жікшілдік» туып, тұрпайы әлеуметтік сындар барынша өріс алып кетті. Мұндай құбылыстар сынның, жалпы әдебиеттің ілгері дамуына кедергі тигізбей де қойған жоқ. «Расын айтсақ, 30–32 жылдардағы сын әдебиеттің өсуіне жәрдемдеспек түгіл, қайта әрі-беріден соңғы кедергі де болған жерлері болған»⁷². Өмір – талаптарына сай көркем әдебиеттің дамуындағы аса маңызды идеялық-көркемдік проблемаларды талдап шешудің орнына әдебиетшілер түкке тұрғысыз «жікшілдік» мәселесі жөнінде айтысып, бір-бірінің тырнағының астынан кір іздеп, кінәлап, босқа арамтер болып жатты.

30-шы жылдардың бас кезіндегі әдеби сында болған солақайлықтар сол кездегі пролетариат қаламгерлерінің шығармашылық жұмыстарына тікелей басшылық жасауға тиіс болған РАПП ұйымы қызметіндегі кемшіліктерге байланысты еді. Пролетариат бағытын ұстаған орыс жазушыларының көпшілігі бұл ұйымға мүше бола алмады. М.Горький, А.Толстой, М.Шолохов, К.Федин, Л.Леонов, И.Эренбург, М.Шагинян, К.Паустовский, В.С.Иванов, М.Пришвин сияқты белгілі жазушыларды РАПП-тың сыншылары «жолбике» немесе «одақтас» деп атады⁷³. Ұйымның аясы жазушылар үшін тарлық етті.

Ал, Қазақстан жағдайына келсек, «ҚазАПП» жазушыларының басын біріктіріп, одақтастырудың орнына көңілдес-пікірлес адамдардың ұйымына айналды. Алашордашылдарды былай қойғанның өзінде Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин тағы бірталай жазушылар ұйымға алынбай келді. Дұрысын айтсақ, «ҚазАПП» ұйымына тартылғандардан гөрі сыртында қалып келе жатқан жазушылар көп. Бұл жағдай жазушылар арасында жікшілдік тудырмасқа қандай шарасы бар? Көркем өнердің қай саласында болса да, оның қайраткерлерін бөліп-жарып ұстау деген қашанда жікшілдік туғызбай қоймайды⁷⁴. Көпшілік жазушылардың ұйымы болуға тиіс ҚазАПП-та 1929 жылы небәрі 9-ақ мүше болған. «ҚазАПП үш мәселеге ерекше көңіл бөлді: бірінші – әдебиеттегі байшылдық-ұлтшылдық бағытқа қарсы күресті күшейте түсу, ол үшін әдебиет майданында жүріп жатқан айтыстарды қоздырып, байлардың да, байшылдықтың да таптық сырын айқындай түсу, сөйтіп тап жауына еңбекші таптың өшпенділігін күшейту; екінші – еңбекші жазушылардың қатарын көбейту, олардың шығармаларын газет-журналдарда ғана жариялаумен қанағаттанып қоймай, топталған түрде де, жеке түрде де кітап қып жариялау; үшінші – еңбекші жазушылардың әдебиеттегі шеберлігін үздіксіз қолға алу»⁷⁵.

⁶⁹ А.С.Пушкин. Соч. Т. 7, М. 1964, 159-бет.

⁷⁰ Ө.Тұрманжанов. Қазақ әдебиетін оқыту туралы. «Әдебиет майданы», 1932, №4, 1-8 беттер; Ө.Тәжібаев. Қазақ әдебиетін оқыту туралы. «Еңбекші қазақ», 1930, №240, 30 қазан.

⁷¹ Молдағали Жолдыбайұлы. Балалар кітабын жазу – ҚазАПП-тың міндеті. «Жаңа әдебиет», 1931, №6-7; Жақан. Балалар әдебиеті туралы. «Еңбекші қазақ», 1930, 12 қаңтар; Темірбекұлы З. Комсомолдар әдебиеті және жазушылары. «Лениншіл жас», 1930, №34, 19 қыркүйек.

⁷² М.Қаратаев. Туған әдебиет туралы ойлар. А., 1958, 35-бет.

⁷³ Г.Ломидзе. Ленинизм и судьба национальных литератур. М., 1972, стр. 92.

⁷⁴ Ғ.Мүсірепов. Қырық жыл. «Қазақ әдебиеті», 1974, 11 қаңтар.

⁷⁵ С.Мұқанов. Таңдамалы шығармалар, XI том, А., 1977, 262-бет.

Төңкерістен кейін қазақ әдебиетінде негізінен үлкен екі ағым көрінді. Оның бірі С.Сейфуллин бастаған пролетарлық бағыттағы жазушылар тобы болды да, екіншісіне М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Әуезов сынды ұлттық, халықтық мәселелерді көтеріп шыққан жазушылар жатты. С.Сейфуллин тобындағы жазушылар ресми ұйым ҚазАПП-тың төңірегіне топтасты да, «ұлтшыл» атанған жазушылар «Алқаны» құруға кірісті. Соңғы топтағылар «қазақта «қанаушы», «қаналушы» деген топтар болған да емес, бірлік та емес, ендеше қазақта таптық әдебиет жоқ және болмайды да, олай болса, қазақ жазушылары тапқа бөлінуді қойып, таптық емес, жалпықазақтық әдебиетті өркендетуі керек. Ол үшін «байшыл», «кедейшіл» демей, қазақ атаулы жазушыны бірлестіріп, ұйымның атын «Алқа» қою керек» (сонда, 223-бет) деді. Оған ҚазАПП көнбеді. Керісінше, ҚазАПП «Алқаны» идеялық жағынан талқандап, құртуды өзінің басты міндетінің бірі деп білді. Айтысты өршіте түсті. «Мен айтысты доғардым» деп «Алқаның» өкілі Қошмұхамед Кемеңгеров мақала жазса, ҚазАПП-тың белсенді мүшесі Сәбит Мұқанов «Мен айтысты доғармаймын» («Еңбекші қазақ», 1927, 30 қаңтар) деп жауап жазды. Сөйтіп, жазушылар арасындағы айтыс өрши түсті. Қаламгерлер «сортталып», осы екі ағымның қайсысына жататындығы анықталып жатты. Жазушылардың көпшілігіне «ұлтшылдық», «ескішілдік» таңбалары тағылды. Осындай жағдайда І.Жансүгіров өзіне жағылған күйеден арылу мақсатымен «Бетім олай емес, былай» деп мақала жазуға мәжбүр болды.

Сол кездегі республика басшылығындағы кейбір адамдардың әдебиетте жік бар, соны әшкерелеп жою керек деген нұсқауына сәйкес 1930 жылдың басында баспасөз бетінде «жікшілдіктің» сырын ашу мақсатымен пікірталас (сайыс), айтыс ашылды. Бұл «жікшілдікті» жоймақ түгіл, қайта ушықтыра түсті. Сынды көркем шығарманы сынау үшін емес, жазушының өзін сынауға пайдаланып, сынамапаздыққа айналдырып жіберген кездері де болды.

1930-шы жылы «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде жікшілдікке арналған бірнеше материалдар жарияланды. Пікірталас Ғ.Мүсіреповтің осы газетте жарияланған «Әдебиеттегі жікшілдікке қарсы» деген мақаласымен басталған. Ғабит бұл мақаласында Өлкелік партия комитетінің пленумы әдебиетте жік бар деп көрсетті. Әдебиетіміздің кенжелеп келе жатқан бір себебі осы жікшілдік, оған кінәлілер ұйымның басындағы Сәкен, Сәбит сияқты кейбір жолдастар жікшіл болды деп сынаған. Мақалада Сәкенді қазақ әдебиетіндегі жікшілдік жасаушы етіп көрсеткен. Автор Сәкендегі «жікшілдіктің» негізгі белгілері деп оның болмысындағы кейбір мінездерін сөз еткен. Сәкен кейбір жазушыларды ұнатпайды, бұл кемшіліктерін жою керек дейді. «Сәбит, Сәкен саясатының, Сәкен жігінің жемісі»⁷⁶ деп, Сәбитті де қатты кінәлайды. Осы мақаладан соң «жікшілдік» жайлы Мұсаұлы Әйткенің, Илиястың, Сәбиттің мақалалары жарияланды⁷⁷. І.Жансүгіров «Жікке жол жоқ» деген мақаласында «жікшілдік әдебиетімізде де бар. Әдебиетіміздегі бұл жікшілдік Сәкеншілдік, Бәйділіншілдік. Бұл жік әлі де бар» деп дәлелдеуге тырысады. «Сәкеншілдік», «Сәбитшілдік» деген терминдер қолданып, бұрын келе жатқан «сәдуақасовшылық», «қожановшылық» деген атауларды көбейте түсті. Сәкен мен Сәбиттің шығармаларындағы қателіктерді қазбалап, «Жұмсақ вагон», «Пәуеске», «Мырзабек», «Сұлушаш» шығармаларын халыққа жат туындылар деп бағалаған, Илияс та әдебиеттегі «жікшілдіктің» тууы Сәкен мен Сәбиттің кінәсынан дейді. Әсіресе, Сәбитке қатты тиіскен.

Бұл мақалалар С.Сейфуллин мен С.Мұқановтың шығармашылық қарым-қатынасына, әдеби қызметіне арналғандықтан да осыған жауап ретінде Сәбит екі көлемді мақала жариялады⁷⁸. С.Мұқанов бұл мақалаларында Ғабит пен Илиястың көтерілген мәселелерінен де әрі кетіп, «жікшілдіктің тарихын» қозғаған. Сәбит те қазақ әдебиетінде «жікшілдіктің» болғаны рас, оған мен де қатысты деп мойындайды. Сонымен бірге І.Жансүгіров пен Ғ.Мүсіреповтің өздерін де «жікшіл» деп дәлелдейді. Олардың жеке басында болған кемшіліктерін қазбалайды, адрестеріне артық-кем сөздер айтады. Сәбит те Илиястан қалыспай «жансүгіровшілдік» деген термин қолданған.

Жалпы, осы «жікшілдікке» байланысты жарияланған мақалаларда бір-біріне орынсыз кінә тағу, тіл тигізу сипат алған. Әдеби сынның әлі де болса жетілмеген кездерінде кездесе беретін

⁷⁶ «Еңбекші қазақ», 1930, №20, 26 қаңтар.

⁷⁷ «Еңбекші қазақ», 1930, №39, 17 ақпан; «Жаңа әдебиет», 1930, №7, 56-бет; «Еңбекші қазақ», 1930, 13 желтоқсан; «Еңбекші қазақ», 1930, 22 көкек.

⁷⁸ С.Мұқанов. Ғабитке справка. «Еңбекші қазақ», 1930, 13 желтоқсан; Жікке қарсы жік. «Еңбекші қазақ», 1930, 22 көкек.

мұндай бір-бірін орынсыз сынау, қатты кетушілік туралы А.С.Пушкин 1836 жылы «Әрине, біздің сынымыз әлі балғын. Ол өзіне тән салмақтылық пен әдептілікті сақтай бермейді... Сорымызға қарай, құрметке бөленген кісілерге тіл тигізу (надандық пен жетесіздіктің бірінші белгісі) бізде үйреншікті әдет қана емес, мақтауға тұрарлық ерлік деп саналады»⁷⁹ – деп ашына жазған екен. Қазақ кеңес әдеби сынының алғашқы жылдарында осы жікшілдік туралы айтыстағы дәрежеліктің, жеке басқа тиісушіліктің көп кездесетіндігін де осы тұрғыдан түсіндіруге болады.

С.Мұқанов осы мақалаларында Сәкен туралы арнайы сөз қозғайды. «Сәкен жігі» болды дей отырып, оған тағылып жүрген көптеген кемшіліктерді жоққа шығарады. «Мен қазақпын» деген жазушыларда Сәкеннен көп талқыға түскен жазушы жоқ... Сыншылар Сәкеннің жақсы жағын жөнді көрмейді. Сәкеннің қателігін көрсеткендердің кейбірі Сәкенге жік көзімен қарады» – деп, ол туралы айтылған сындарды біржақтылыққа салды. Сол кездегі солақай сыншылардың көпшілігі «жікшіл» деп сынның зәрін Сейфуллинге қарсы төгіп жатқан болатын. Сәбит «Шынында қазіргі майданның зоры Сәкенге қарсы шығуда емес» деп, оны жазғырулардан қорғайды. Жоғарыда айтылған партия қаулысының «жікті» жою керек, өзара сынды өрістетіп, өзіне де сын көзбен қарау керек деген нұсқауларына сүйене отырып, сол кездегі сындағы солақайшылықтан көп соққы көрген тамаша туындыларының бірі «Сұлушаш» поэмасын өзі сынап тастады. Оған қойылған кінә «түрі жақсы, мазмұны нашар» дегенді мойындайды.

ҚазАПП қызметінің соңғы жылдарында кездескен бұл сияқты кемшіліктер негізінде оның Мәскеудегі РАПП ұйымының жұмыс істеу стилін қазақ топырағына көшіре салу нәтижесінде туған еді. Орыс кеңес әдебиетінің алғашқы даму кездерінде байқалған ұнамсыз құбылыстардың, теориядағы қателіктердің тікелей әсері болды. Мысалы, орыс әдебиетінде 20 жылдың аяғы мен 30-шы жылдардың бас кезінде түрлі әдеби бағыттардағы топтар мен үйірмелердің арасында әдеби айтыс күшейіп кетті. М.Горький, А.Б.Халатовқа 1930 жылы 30 қыркүйек күні жазған хатында «Үйірмешілік, топқа бөлінушілік, бірін бірі аямаушылық, толқушылық, шатаусушылық әдебиет майданының соры»⁸⁰ деп, қынжыла айтты. Әдебиетшілердің бір бағытта тұрып бір-бірін сынағанда шамадан тысқары аяусыздық, дұшпандық тонмен, жеке басты мұқату ниетімен тиісетіндігін аса көріксіз, ұнамсыз құбылыс деп көрсетті. Сыншыларды жалпы әдебиеттің келешегін ойлауға шақырады. Сындағы мұндай көріксіз құбылыс туралы 1930 жылы «Наши достижения» журналының желтоқсандағы нөмірінде былай деп жазды: «Сыншылар шағын топтарға бөлініп алып, аяусыз айтысуда, бет жыртқысуда... Басты мәселеде бір бағыттағы адамдардың айтысының дұшпандық тонмен, дәрекі балағаттармен жүргізілуі адам таң қаларлық, түсініксіз... Мен сыншы жолдастарға әдебиеттің жекелеген құбылыстарына емес, оған біртұтас күйінде көбірек назар аударуға дос көңілден кеңес берер едім»⁸¹.

ҚазАПП-тың әдеби-ұйымдастырушылық, басшылық қызметіндегі бүкіл ақын-жазушыларға тек қана Демьян Бедныйды үлгі ғып тартып, «Бедныйша жазу керек» деген шақыруы, «байлар әдебиетін басып озу» ұраны, әдебиет теориясындағы «жанды адамды» көрсету, «Плеханов ортодокциясы үшін», «төтен әсер» сияқты теріс қағидалар РАПП-тың теоретиктері ұсынған қате нұсқаулар еді. ҚазАПП-тың басшылары бұл жалған ұрандарға сын көзімен қарамай, қайта тереңдете түсті. С.Мұқанов «Блокшылдықтан Демьяншылдыққа» деген мақаласында «қазір орыс әдебиетінде күдікті блокшылдық емес, күдіксіз демьяншылдық үстем болып отыр» дей келіп, қазақ қаламгерлерін Демьян Бедныйша жазуға үндеген⁸². Бұл жазушылардың шығармашылық еркіндігіне, өнерпаздық қырларына нұқсан келтіретін, көркемдік сапаларға мән берілмей, барлық туындыларды бір ғана қалыппен шығаруға шақыратын теріс ұран еді. Бірнеше ғасырлық жазба әдебиет тарихы бар орыс әдебиеті мен одан өзгешелеу қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшеліктері ескерілмеуінің де теріс әсері болды.

Әдебиетшілер бір-бірінің шығармаларының ішінен «тырнақ астынан кір іздегендей», болмашы кінәраттар тауып алып, оны халыққа, партияға қарсы деп, «ұлтшыл», «халық жауы»

⁷⁹ А.С.Пушкин. ПСС в 10-ти томах, т. 7, 406-бет.

⁸⁰ П.А.Бугаенконың «А.В.Луначарский и советская литературная критика» (Саратов, 1972) деген кітабының 319 бетін қараңыз.

⁸¹ М.Горький. О литературе. М., 1953, 415-417 беттер.

⁸² С.Мұқанов. Блокшылдықтан Демьяншылдыққа. «Жаңа әдебиет», 1931, №2, 3-5 беттер.

етіп көрсетті. Сол кездегі әдеби сын туралы өзбек жазушысы Р.Мажиди КСРО Жазушылар Одағы ұйымдастыру комитетінің 1932 жылы 30 қазанда болған пленумында былай деді: «Әдеби сындағы жағдай кейбір ақындардың өлеңдеріне тиым салуға дейін жетті: өйткені онда жылаған бала жайлы айтылады – Кеңестер Одағында бала жыламауы тиіс. Көркем шығармалар онда пролетариат, колхоз, батрак сөздерінің бар-жоқтығына қарай бағаланды. Егер бар болса идеологияға сай, шығаруға болады. Жоқ болса, басылуға тиым салынды»⁸³. Осындай сындар басым болған тұрпайы социологизм шығармаларды талдағанда көбіне көркемдік жағына мән бермей, идеясын, саяси бағытын ашуды негізгі міндет деп білді. Тіпті, көркем туындыларды жазушылардың таптық шығу тегімен байланыстырып, сол тұрғыдан сынады. Пролетариат әдебиетін тек «таза» пролетар жазушылар ғана жасай алады деген пікір де айтылды.

Мұсаұлы Әйтiке жазушы шығармашылығын бағалауда «ең алдымен, бiздiң тексеретiн мәселемiз кiмнiң қандай жазушы екендiгi» дей келiп, оған негiзгi «өлшеу: жазушы әдет, салт-сана, әдет-ғұрыптуысында пролетариат болып тууы бiрiншi шарт»⁸⁴ деп жазды. Осы өлшеменiне сүйенiп, Сәкен мен Сәбиттi пролетариат жазушысы емес деп дәлелдеуге тырысады. Сәкеннiң «Экспресс», «Жер қазғандар» сияқты туындыларын осы тұрғыдан сынаиды. Сөйтiп Сәкендi «колына қалам алып жаза бастағаннан берi қарай пролетариат салт-санасынан аулақ болып, байлар, мешандар дүниесiнiң салт-санасының құлы болып келе жатыр» деген қорытындыға келген.

ҚАЗАПП сыны кезiнде сындағы солақайшылдықтың қаһарына көп ұшыраған Сәкен Сейфуллин болды. Пролетариат әдебиетi бар ма, жоқ па деген айтыс негiзiнен қазақ әдебиетiндегi жаңа бағыттың өкiлдерi Сәкеннiң, Сәбиттiң шығармашылықтары хақында жүрдi. Пролетариат әдебиетi бар деушiлер мысалға осы екеуiнiң шығармаларын алса, жоқ деушiлер ең алдымен С.Сейфуллиннiң шығармаларын қаралауға тырысты. Сәкендi пролетариат әдебиетiнiң емес, ескiшiл бағыттың ақыны деп дәлелдеп бақты. Садуақасұлы Жанайдар өлкелiк партия комитетiнiң 3 пленумында сөйлеген сөзiнде С.Сейфуллин жайлы «Бiздiң қолымыздағы деректер Сейфоллаұлының әлi пролетариат жазушысы бола алмағандығын дәлелдейдi. Бұған Сейфоллаұлының өзi, оның шығармалары айғақ. Сейфоллаұлының шығармаларында ескi ауыл, төңкерiстен бұрынғы ауылдар әлi қалған жоқ. Социалдық құрылыстың күнделiк мiндеттерiнiң маңына көпшiлiктi ұйымдастырып, партияға жәрдем етудiң орнына Сейфоллаұлы ескi бектiк, рушылдық мәдениеттi жырлады. Социалдық тұрмыс жасап жатқан, жаңа өмiр орнатып жатқан жана адамдарды социалдық құрылыстың жұмысшы табынан шыққан еңбек ерлерiн, колхозшыларды ол көрмейдi. Сейфоллаұлы коммунист бола отырып, көп реттерде байшылдық салдарынан шыға алмаған» – деп, саяси тұрғыдан айыптап алады да ойларын дәлелдеуге мынадай «кемшiлiктердi» алға ұсынады:

«Пионер» өлеңiнде «ол жасөспiрiмдердi өз руын басқа рудан жоғары көтерудi мiндетiм деп бiлген ескi батырлардың әдеми дене құрылысынан үлгi алуға шақырады. Дене шынықтыру жөнiнде пионерлерге өгiздей қара күшi бар Қажымұқанды үлгi етiп тартады. Сейфоллаұлы жолдастың ескi феодалдық ауылды сүйетiндiгi сонша, кiтабына Қажымұқанның суретiн де салдырған.

Сейфоллаұлы ескiлiк әншiсi Баянды да есiнен шығарған жоқ. Ескi ауылды жырлаған, ескiлiктi күйлеген, ескi бектiктi, байларды, қысқасы ру жырын жырлаған Баяннан пионерлердi үлгi алуға шақырады» («Әдебиет майданы», 1932, №3, 15 бет).

Сол кездегi республикадағы мәдени және насихаттық жұмыстарға жетекшiлiк жасап отырған Ж.Садуақасовтың бұл пiкiрлерiне түсiндiрменiң қажетi шамалы. Бiр ескерте кететiн нәрсе – көркем әдебиеттiң басы-қасында жүрген азаматтар мен сыншылардан осылайша «сынау» талап етiлдi.

С.Сейфуллинмен бiрге Ғ.Тоғжановтың да кемшiлiктерiн көрсетуге бiраз көңiл бөлген. Оны Ахмет Байтұрсыновты жеткiлiктi сынамады; сыни еңбектерiнде Плехановтың пiкiрлерiн пайдаланды деп кiнәлаған. «Мұның негiзi Тоғжанұлының әлi партияға жат ұлтшылдық-байшылдық әдеттен босана алмағандығынан шығады» (сонда) – деп, саяси сойылын тағы да сермеп өтедi. Ал, А.Байтұрсыновты қалай сынау керек үлгiсiн өзi көрсетедi:

⁸³ Г.Ломидзе. Ленинизм и судьба национальных литератур. М., 1972, 98-бет.

⁸⁴ Мұсаұлы Әйтiке. Жiкшiлдiк түбi жолбикелiк. «Жана әдбиет», 1930, №7, 56-63 беттер.

«Байтұрсынұлы ұлт бостандығы қимылының көсемі болғанда қазақ байларының мүддесін көздеді, қазақты орыс патшалығының қолынан шығарып алып, кедейлерді өз беттерімен езгісі келді. Қазақ байлары қазақ кедейлерін орыс саудагерлерінен қызғанды, қазақ кедейлерін өзі оңашалап сорғысы келді» (сонда).

Пленумде Ғ.Тоғжанов шығып сөйлеп, өзіне тағылған кінәларды «мойындаған». Мұндай кемшіліктердің болу себебін өзінің бір кезде Смағұл Сәдуақасовтың жігінде болуынан деп көрсеткен («Социалистік Қазақстан», 1932, 24 қаңтар).

Сол кездегі баспасөз бетінде осы «үлгімен» жазылған сын мақалалары жиі кездеседі. Х.Жүсіпбековтің мақаласынан «Ғаббас жолдастың қаталары оңшыл оппортунистік болса, Сәкен жолдастың қатасы «солшыл» сарындас»⁸⁵ деген жолдарды оқимыз. ҚазАПП-тың ұйымдастыру бюросының жазушы коммунист белсенділерімен біріккен фракцияның қаулысында «Сәкен жікшілдігін, қатесін ашық мойындап, мойнына алсын» деп талап етілді⁸⁶. Бұл сияқты «сындар» ол кезде аз болған жоқ.

ҚазАПП сынның өктемдігі соншалық – сынаған жазушыларынан жіберген қателіктерін мойындауды талап етті. Сол кездегі баспасөз бетінде бірсыпыра жазушылардың өз қателерін «мойындағандықтары» жайлы жазған мақалалары жарық көрді. Солардың бірі «ұлтшыл», «алашордашыл» деген кінәлар тағылып, көп қуғын көрген М.Әуезов те болатын. Оның хаты 1932 жылы 10 шілдеде «Социалды Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды. Ол ҚазАПП басшыларының сынын «мойындап» «Сол сынаған жайлардың барлығын еске алып келіп, мен барлық кеңес жұртшылығының алдында, менің өткен жолымды сынап шыққан ҚазАПП дауысына өзімнің де кінәларымды, өзім айтпаған жаңа сыным мен пікір жолындағы жаулық құралымды анық тастаған дауысымды қоспақпын» деп жазуға мәжбүр болды. Өз шығармаларына сын көзімен қараймын деп, «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» сияқты классикалық шығармаларын түкке алғысыз етіп тастайды: «Менің өткендегі жазушылық қызметімнің айқын белгілері «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» сияқтылар еді. Бұлар бүгінгі төңкеріс дәуірінен алыстағы қазақ салтын көрсетімен қатар, өздерінің екшеліп алынған тақырыптары бойынша төңкеріс тематикасынан әдейі аулаққа жайылып кеткендігі және ұлтшыл жазушылардың тобына кеткендікті білдіретін нәрселер». ҚазАПП сыншылары сынның нәтижелігін осылайша түсінді.

Суреткер қай дәуірді көрсетсе, сол дәуірді насихаттап отыр деп түсінілді. Отызыншы жылдардағы озық туындылардың бірі С.Мұқановтың «Сұлушаш», С.Сейфуллиннің «Көкшетау», І.Жансүгіровтің «Дала» поэмаларының көп сыналуын осы тұрғыдан түсінуге болады. Бұларда қазақтың өткен өмірі суреттелінетіндіктен де, ол ескі заманды уағыздап отыр, жазылу түрі жақсы болғанымен де мазмұны, идеясы нашар деп сыналды.

ҚазАПП-тың басшылары шығармашылық жұмысты әкімшілікке бағындырды. Әрбір қаламгерге жоспар беріп, пәлен уақытта пәлен роман, немесе повесть, поэма жазасың деп, оны орындау талап етілді. Сол кездерде «Жаңа әдебиет» журналындағы қай жазушының қандай шығармалар жазатындығы жөніндегі тізімдер, міндеттемелер осыны аңғартады. Ал, уақтылы орындай алмағандар сынға ұшырады. Мұның өзі туындыларды санына, көлеміне қарай бағалауға шейін апарды. Шығарманың идеялық, көркемдік сапалары қаға беріс қалтарыста қалып қойды. Форма мен мазмұн тұтастығын бөле қарап, «мына шығарманың түрі жақсы, мазмұны нашар» деп сынаушылық жиі орын алды. Поэзияда жалған жаңашылдықтың өріс алуынан оның көркемдік дәрежесі төмендеді.

Ескеретін нәрсе, ҚазАПП-тың басшылары да ұйым жұмысындағы негізгі кемшіліктерді білді. Ұйымның бастығы Мұстапа Қайыпназаров 1931 жылдың басында ҚазАПП-тың жұмысындағы 3 кемшілікті айтқан⁸⁷. Олар: «1. Пролетариат қара шаруа әдебиетіміз қазіргі қарқынға ере алмай, артта қалып келеді. 2. Жазушылар ұйымы ҚазАПП ұйымы болып көңілдегідей істеп жатқан жоқ. 3. Пролетариат қара шаруа жазушыларымыздың шығармаларында әлі саяси жағынан болсын, көркемдік жағынан болсын кемшіліктер көп».

⁸⁵ Жүсіпбекұлы К. Маркс-Ленин теориясының туы жоғары ұсталсын. «Социалды Қазақстан», 1932, №39, 18 ақпан.

⁸⁶ «Еңбекші қазақ», 1931, №44, 25 ақпан.

⁸⁷ Қайыпназарұлы Мұстапа. Көркем әдебиеттің кезектегі міндеттері. «Жаңа әдебиет», 1931, №1, 3-6 беттер.

Бірақ бұл кемшіліктерді жою қолдарынан келмеді, келсе де ұйым жұмысындағы негізгі тәсілдер кедергі жасады. Керісінше, ұйым басшылары әдебиетте саяси қырағылықты күшейтеміз, сын мен өзара сынды өркендеттеміз деп, сынды сынамапаздыққа айналдырып жіберді. Ұйымның түрлі жиындарында жазушыларды шетінен сынап шығуды ұйым басшылары негізгі міндет деп білді. ҚазАПП-та Мұстапа Қайыпназаровтың сыны үстемдік құрды. Ол «сынайтын шығармасының өзін көбіне оқымай, басқа біреулерден сұрап алып сынайды екен. Сынамайды-ау, таңба басады екен. ҚазАПП-тың ол таңбалары «пролетариат жазушысы», «байшыл жазушы», «жолбике жазушы» деп күні бұрын дайын тұрады. Кезегі келген жиылыста Қайыпназаров ҚазАПП-тың басшысы болғандықтан, сол себепті сыншысы болғандықтан жазушыларды тізіп қойып, әлгі таңбаларын жағалай шыжылдатып басып шығады екен. Сонымен, жазушылар «бағасын» алады екен де, оны Қайыпназаров партия жолы деп танытады екен. Ең «терең» кеткенде айтатыны «түрі жаман, мазмұны жақсы», «мазмұны жаман, түрі жақсы» деген қосымшалар жасайды екен.»

ҚазАПП-тың сынынан толығырақ хабар алу үшін осы ұйымның басшысы, әрі басты сыншысы М.Қайыпназаровтың Мәскеуде әдебиет сыншыларының жиналысында қазақ әдебиетінің жай-күйі жайлы сөйлеген сөзіне назар аударалық. Ол жас қазақ совет әдебиеті «партия басшылығымен өсіп келеді», «әдебиеттегі бай-алаш ықпалымен, оның жазушыларымен күресіп келеді» деп бастайды да атқарып жатқан нақтылы жұмыстарға тоқталады: «Жақында Сталин жолдастың хаты шыққан соң көркем әдебиетімізге тексеру жасадық. Көп қателердің барлығын байқадық. Мысалы: Ғалымның «Балға-орақ» деген өлеңдер жинағының 20-бетінде былай дейді:

«Қажымайтын, талмайтын
Ақ жүректер (?), ақ ниеттер (?)

Ауызға арам салмайтын» (?) дейді. Бұл не дегені? Бұл өлеңі не мағынасыз бір сөз, не бәлшебектерге қарсы айтылған сөз»⁸⁸.

Сыншы Ғ.Малдыбаевтың өлеңіндегі көркемдік кемшіліктерін емес, «ақ» деген сөздің екі рет жақсы мағынада қолданылуын сынап отыр. Сол кездегі ұғым бойынша, «ақтар» үстем таптың, «қызылдар» еңбекші таптың саяси атаулары болғандықтан да бұл сөздің жай мағынада қолданылуының өзінен үлкен идеялық кемшілік тапқан. Демек, «ақ жүректер, ақ ниеттер» деп отырғаны байлар, оларды «ауызға арам салмайтын» деп мадақтау – саяси қателік. Олар үстем тап өкілдері болуы себепті жаман тұрғыда жырлануы қажет еді. Міне, сыншы сынының логикалық жүйесі осылай. Әрі қарай:

«Хангелдин дегеннің «Шеге» дейтін кітабында 52-бетте «Сары арқаны» жырлайды. Қазақтың ескі ауылын, малының көптігін, байлығын, батырлығын жырлай келіп, «осылардан не қалды?» деп сұрау салады. «Дәнеңе қалған жоқ. «Жаңа ауыл» туды» деп қысқаша ғана жауап береді» (сонда) Тағы бір жерде осы кітап туралы ойларын қайталай келіп, сынын нақтылай түседі: «Бірақ «Жаңа ауылда» колхоз жоқ, совхоз жоқ. Социалдық жаңа шаруашылық қатынасы жоқ. Қаннен қаперсіз жатқан бір ауыл»⁸⁹.

Сонда сыншының негізгі шүйліп сынап отырғаны – ақынның «Сарыарқаны», оның өткен тарихын, көрінісін жырлауы. Ол феодалды қазақ даласын жырлап, өткенді дәріптеп, ансап отыр; бүгінгі заманды жақсы көрсе «Жаңа ауылдың» қазіргі жағдайын неге көбірек жырламайды; демек, ол ескішіл, байшыл, ұлтшыл деп сайрап тұр сыншы ойы.

ҚазАПП-тың сынының ушыға түсуіне сол кездегі өлкелік партия комитетінің әдебиетке саяси басшылығындағы солақайлықтар да тікелей әсер етті. «Бұл істе Сталиннің «Большевизм тарихының кейбір мәселелері туралы» хаты қатерлі роль атқарды»⁹⁰. Осы хат бойынша 1932 жылы 10 қаңтарда ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің мәдениет және насихат бөлімі мен Қазақстанның марксизм-ленинизм институты «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» түсіндірме хаты жарияланды. Идеология қызметкерлері басшылыққа алуға тиіс болған бұл нұсқау – құжатта әдеби сынның

⁸⁸ «Әдебиет майданы», 1932, №1, 17 бет.

⁸⁹ «Әдебиет майданы», 1932, №3, 15 бет.

⁹⁰ Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40 жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының қорытындылары. «Социалистік Қазақстан». 1989, 9 желтоқсан.

қай бағытта жұмыс істеу керектігі анық көрсетілген болатын: «Қазақстандағы социализм құру кезеңінің міндеттері мен талаптары дәрежесіне сай келмей, әлі де алашордашылардың ықпалынан шыға алмай келе жатқан қазақ көркем әдебиеті мен әдеби сынының мәселелеріне ерекше назар аударылсын»⁹¹.

Осы қаулыда С.Сейфуллиннің шығармаларында ескі феодалдық-рушыл қоғам дәріптелінеді; Ғ.Тоғжановтың әдебиет жайлы еңбектерінде маркстіл емес Плехановтың ықпалына түсіп, сорақы қателіктер жіберілді деп атап көрсетті.

Осы партиялық нұсқау-құжат шыққан соң, оны жүзеге асыруға шұғыл кірісті. ҚазАПП-тың 1932 жылы 26–30 ақпанда өткен бірінші құрылтайы тікелей осы қаулыны жүзеге асыру бағытында өтті. Онда өлкелік партия комитетінің хатшысы М.Хахиани сөз сөйлеп, әдебиет жөніндегі саясаттың қай бағытта жүруі керектігін айқындады. Ұлттық әдебиетіміздің дамуына кедергі жасап отырған байшыл-ұлтшыл көзқарастардың кесірі деп көрсетіп, сынның семсерін соған қарай бағыттады. Сөздеріне дәлел ретінде сыншы Ғ.Тоғжанов өзінің сын мақалаларында «алашордашыл» ақын-жазушыларды жеткіліксіз «әшкереледі» деп, оған «фактілер» келтіріп, қатты сынаған. Әдебиеттегі «ұлтшылдық» әлі зиянын тигізуде деген пікіріне С.Сейфуллиннің шығармашылығын, оның ішінде «Көкшетау» поэмасы мен «Пионер» өлеңіндегі «ұлтшылдықтарды» барынша мінейді. Сөзінің соңында «Біз Лениндік партияның сенімді басшылығымен біздің большевиктік баспасөз бен Қазақстанның пролетариаттық мәдениет қызметкерлері кемшіліктердің барлығын қатал сынап отырып, артта қалушылықты жояды; социалистік майданның барлық жерінде, бірінші кезекте идеология майданында большевиктерше күресіп, майданды қалыпқа келтіреді; Қазақстанда біздің ерлікке толы дәуірімізге лайық шығармалар жасайды деп сенеміз»⁹² – деп, әдеби сынның негізгі міндеттерін көрсетіп берді.

М.Қайыпназаровтың ұйымның жұмысы туралы баяндамасы да осы рухта жасалды. Сол кездегі қазақ кеңес әдебиетін шолып, оның ірі өкілдері жайлы «өткір пікірлер» айтты. Баяндаманың «Байшылдар ықпалы әлі де күшті», «Байшылдар-ұлтшылдар дәуіріндегі жазушылар» деген бөлімдерінде А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Қ.Кемеңгеров, О.Қарашев, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Б.Күлекеев, С.Дөнентаев шығармашылықтарындағы «ұлтшылдық-байшылдық» «кертартпа сарындарды» «әшкерелеуге» едәуір орын берілген. Мәскеуде шыққан «Әдеби энциклопедияға» осылар туралы мақалалардың енуін үлкен саяси қателік ретінде сынаған.

С.Мұқановтың шығармашылығын «Сәбиттің алған тақырыбы, айтқан мазмұны өте жақсы. Алайда көркемдік жағынан кемшілік көп». «Мәселен: «Мырзабек» ұлтшылдықты қоздырады; «Сұлушаш» санашылдыққа (мұратшылдыққа) шауып кетеді. «Елге барам» абибатылдыққа жатады»⁹³.

Сейфуллин туралы «Сәкен күні кешеге дейін ұлтшылдықты, ақсүйектікті жырлап келді. Әсіресе, «Домбыра», «Экспресс», «Азияларында», «Айт» түрік бірлігін көздеді.

Соңғы кезде Сәкеннің «Көкшетау» деген кітабы шықты. Бұл кітабы да салт-сана жағынан барып тұрған зиянды кітап. Толып жатқан өрескел қате пікірлерді айтады. Мәселен: ақсүйектік дәуірді жырлады; Қажымұқаннан өнеге ал, ескі Баян әнінен үлгі ал дейді. Қазір Көкшетауда болып жатқан колхоз, совхоз, өндірісті және социалдық қатынасты, партия туралы түк айтпайды» (сонда 12 бет) дейді.

Майлинді «Бейімбет әлі күнге Мырқымбайды колхозға кіргізе алмай жүр.

Бейімбетте кеңеске қарсы шығармалар да жоқ емес; «Алашты», бектік дәуірді, халықшылдық, ұлтшылдықты жыр қылған... Егер Бейімбеттің ойында толық пролетариат жазушысы болам деген талпыну болатын болса, біз мынадай шарт қоямыз: большевиктік өзара сынды қолға ұстап, қателерін мойындасын, жөндеуге тырыссын» (сонда).

Бұл үзінділерге түсініктеме беріп жату артық. Сонда да болса, бұл бағалардың бір ғана адамдікі емес, бүкіл жазушылар ұйымының атынан ресми түрде беріліп отырғанын ескерте кетеміз.

⁹¹ «Большевик Казахстана», 1932, №1, 89 бет.

⁹² «Большевик Казахстана», 1932, №2-3, 28 бет.

⁹³ «Әдебиет майданы», 1932, №3, 11 бет.

Сынның алда тұрған міндеттері дегенде «Біз осы уақытқа дейін «Абайды, Сәкеннің шығармаларын талдап, сынадық. Ертең Бейімбетті қолға аламыз. Ғаббастан басқаның жазғандарын да қолға алып сынауға кірістік» – деп өрекипиді.

Осы баяндама бойынша алынған қаулыда қазақ кеңес әдебиеті өркендеп келеді дегенге де күмән келтіреді. «Ғаббас, Сәбит және өзге жолдастардың қазақтың жаңа әдебиетінің бәрі пролетариат әдебиеті дегендері де дұрыс емес, бүкіл қазақ әдебиетінде пролетариат әдебиеті үстем болып отыр деушілік те дұрыс емес»⁹⁴ делінген қаулыда.

Сол кездегі қазақ жазушыларының көпшілігіне қойылған сынды толығырақ түсіну үшін осы қаулыдан үзінді келтіре кетейік. «Қазақ көркем әдебиетінің социалды құрылыс міндеттеріне ілесе алмай жүргенінің себебі: алдымен қазақ кеңес жазушыларының көбінде алашордалық, байшылдық салт-сананың ықпалы әлі күнге дейін күшті, жазушылардың көбі Маркс-Ленин ғылымына шорқақ, бұл жөндегі білімдері жеткілікті емес. Біркыдыру жазушылардың шығармаларында бай, феодал салт-санасы, жергілікті ұлтшылдық, төңкеріске қарсы троцкизм сарындары бар (Сәкен), қазақ қара шаруаларының артта қалған сарындарына еріп, қара шаруаның өрісі тар көзқарасына ғана ұсақ буржуазиялық санашылдыққа (идеализмге) салынғандық та бар (Лияс, Бейімбет, Сәбит, Өтебай)». Мұндай жалпылама сындар ақын-жазушылардың шығармаларын сынағанда әмбебап әдіс ретінде пайдаланылды.

Қаулыда сол кездегі әдеби сындағы жағдай төмендегіше көрініс тапты: «Сын да тіпті қанағаттанарлықтай емес. Алашордашыл, ұлтшыл және троцкийшіл сындардың (Аймауытұлы, Кемеңгерұлы, Әуезұлы, Екеу, Әмине және басқалар) сыры жөнді ашылып, толық әшкереленген жоқ; Сәдуақасұлы мен соны қолдаушылар, яғни алашорданың Қазақстан партия ұйымы ішіндегі агенттері де жөнді сыналған жоқ. ҚазАПП-тың басты мүшелерінің қателері толық ашылып, әшкереленіп жеткені жоқ».

ҚазАПП-тың съезі өтіп, негізгі жұмыс бағыттарын айқындап алған, оның басшылары іске қызу кірісіп кетті. Шығармашылық ұйымның жұмысында әкімгершілік өріс алды. Халық шаруашылығы секілді жоспарлар қабылданып, оны орындау талап етілді.

«Әдебиет майданы» журналының 1932 жылғы 4-ші нөмірінде ҚазАПП-тың 1932 жылғы іс жоспары жарияланған. Онда ең бірінші міндет етіп: «1. Байшыл-ұлтшыл әдебиетті ортаға салып, талқылап, ең соңғы түрде бетін ашып салу үшін – Ахмет Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Әуезұлы, Аймауытұлы, Садуақасұлы, Қарашұлы, Жұмабайұлы, Торайғырұлы, Күлейұлы, Кемеңгерұлы, Досмағанбетұлы және басқаларының шығармаларын тексеру» – қойылған.

«Шығармалар жүзіндегі айтыспен байланыстыра отырып Сейфоллаұлы, Майлыұлы, Мұқанұлы, Жансүгірұлы, Мүсірепұлы, Тұрманжанұлы, Тоқмағанбетұлы, Сыздықұлы, Дәулетбайұлы сияқты қазіргі жазушы-ақындарды және Тоқыбайұлының сын кітаптарын тексеруді» екінші пункт етіп белгіледі. Барлығы 14 пункттен тұратын жоспарда жастар әдебиетін қарау да бар. Осымен қоса «Кім не жазады?» деген ортақ тақырыппен І.Жансүгіровтің, Ғ.Мүсіреповтің, Б.Майлиннің, С.Сейфуллиннің, Т.Жароковтың, М.Дәулетбаевтың, Қ.Әбдіқадыровтың 1932 жылға алған міндеттемелері де қатар берілген. Сөйтіп, ҚазАПП-тың басшылары әдебиетті әкімгершілік күшпен «дамытуға» бар мүмкіндіктерін жұмсады.

Әдеби сында солақай сындар барынша өріс алды. Құрылтайдың артынша-ақ Ө.Тұрманжановтың «ҚазАПП-тың съезі не деді?» деген көлемді мақаласы жарияланды. Онда жазушылар жиынының қорытындылары және осыған байланысты алда атқарылуға тиісті міндеттер жайлы әңгімеленген. Қазақ әдебиетінің тарихы жайлы айта келіп, «Төңкерістен бұрынғы ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де байлар табының пікірі үстем болды»⁹⁵ – деп бірден кесіп айтады. Байтұрсынұлының «Қырық мысалы», «Маса», М.Дулатовтың «Оян, қазақ», «Азамат», «Бақытсыз Жамал», М.Жұмабаевтың «Шолпан», Ғ.Қарашевтың «Тұрымтай», «Бала тұлпар», «Аға тұлпар» сияқты шығармаларын «байшылдық, ұлтшылдықтың жемісі» деп бағалайды. Өз ойын «Сондықтан Алашорда оқығандары (жазушылары) төңкеріске дейін де, төңкерістен кейін де қазақ еңбекшілерінің, пролетариатының дұшпаны болды дейміз. Еңбекшілердің досы емес, қасы болды дейміз» – деп түйіндеп, әдебиеттегі «сынның өрістеуіне» өзіндік үлес қосты. Құрылтайда «таяқ жегені» аздай Ғ.Тоғжановқа тағы шүйілді. ҚазАПП-тың съезінде де, оның қарсаңында, соңында көркемдік дамудың жай-күйіне арналып жазылған

⁹⁴ ҚазАПП-тың кезекті міндеттері туралы. «Әдебиет майданы», 1932, №4, 13 бет.

⁹⁵ «Большевик Казахстана», 1932, №4, 3 бет.

мақалаларда да әдебиеттегі кемшіліктердің барлығы сынның нашарлығынан деп көрсетілді. Сол кездегі қазақ әдеби сынының басты өкілдерінің бірі Ғаббас Тоғжанов әдебиеттегі «бар бөлеге» жалғыз өзі кінәлідей, саяси айыптаулардың астында қалды.

Ол 1932 жылы ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің мәдениет және насихат бөлімі мен Қазақстанның марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» түсіндірме-нұсқауында, өлкелік партия комитетінің III пленумында, ҚазАПП-тың I құрылтайында барлығын бір Тоғжанов бүлдіргендей, саяси тұрғыдан ресми түрде айыпталып жатты. Көптеген мақалаларда оның еңбектеріндегі «зиянды пікірлері ашылды». Мысалы, М.Ақынжанов «Алашордашыл бір контрабанда туралы» мақаласында («Социалистік Қазақстан», 1937, 4 шілде) оның «Абай» деген кітабын «өте зиянды» деп табады: Ғ.Тоғжановтың «Абай» деген шығармасы – өте зиянды кітап. Бұл кітаптың авторы бұл жерде қазақ-ұлтшылдығының контрабандысын жасап отыр. Мұндай контрабандаға жол бермеу керек». Қ.Жүсіпбекұлы «Ғаббас жолдастың қаталары оңшыл-оппортунистік болды» («Социалды Қазақстан», 1932, 18 ақпан) – деп жазды. Оған «ұлтшыл, байшыл» деген саяси айдар тағып, тағдырын қыл үстіне қойды. Ол кез үшін «ұлтшылдықтан» ауыр қылмыс жоқ болатын. Олар «халық жауы» ретінде жойылатын.

Міне, осындай өмірі «картаға қойылған» қысталаң кезде Ғ.Тоғжанов та өз «қателерін мойындап», өлкелік партия комитетінің пленумында, ҚазАПП-тың I құрылтайында сөз сөйледі. «Еңбекші қазақ» газетіне хат жолдап, өзіне қойылған қателерді толық мойындайтындығын мәлімдеді (1932, 4 қаңтар). Жіберген кемшіліктерін жөндеу мақсатымен әдебиеттегі «ұлтшылдықты әшкерелеуге» шұғыл кірісті. «Большевик Казахстана» (1932, №2–3, 5) журналында «О Байтұрсынове и байтұрсыновщине» деген көлемді мақаласын жариялады. Онда Байтұрсынов жайлы бұрын айтқан бірлі-жарымды дұрыс пікірлерінің бәрін қате деп тауып, оның «байшыл» екендігін дәлелдейді. А.Байтұрсыновты «қазақ байшылдығының», «революция қарсаңындағы қазақтың ұлтшыл зиялыларының көсемі» болды; халыққа жат өз ойларын жүзеге асыру мақсатымен Алашорда ұйымын құрды деп кінәлайды. Ол шығарып тұрған «Қазақ» газеті патша саясатын жүргізіп, монархиялық қаражүзділік (черносотенная) газетке айналды деп бағалаған. Өзі айыптағанымен қоймай, Байтұрсынов туралы бұрынды-соңды дұрыс пікір білдіргендерді, әсіресе С.Сейфуллин мен Т.Рысқұловты барынша сынады.

«Қазақстанның ұлтшыл интелгенциясының революциялық рөлі», «Ұлт-азаттық қозғалыс және алашорда», «Алаш партиясы – жартылай феодал байшылдық партиясы», «Байтұрсынов туралы алашорда аңызы», «Қалайша Байтұрсынов революцияға дейінгі ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі болды?», «Байтұрсынов ақпан төңкерісінен кейін», «Байтұрсыновтың кеңес үкіметі тұсындағы контрабандалық ұлтшылдық «теориялары «хақында», «Байтұрсынов және ұлттық әдебиет» деген сегіз тараудан тұратын көлемді «еңбектің» «көтерген» мәселелері де сан алуан. Автор А.Байтұрсыновты, ол ұйымдастырған алашорда қозғалысын, ол редакторлық жасаған «Қазақ» газетін қаралауға барын салған. А.Байтұрсынов туралы ел арасында айтылып жүрген жақсы сөздердің бәрі алашордашылардың қолдан жасаған аңызы, ол ешуақытта да халықтың қамын ойлаған емес, ойласа, «байшылдықты» сақтап қалуды ойлады; осы мақсатпен төңкеріске, кеңес үкіметіне қарсы шықты дейді. Ол «ешуақытта социалист болған емес», «буржуазиялық реформатор» болды, қазақтарды патшаны құлату үшін революциялық күреске ешқашан да шақырған емес, 1916 жылғы халық көтерілісіне халықты бастап шықпады, мақсатына жету жолында Керенскиймен, Колчакпен, Дутовпен одақтасы, ол әрекеттерінен ештеңе шықпаған соң кеңес үкіметінен кешірім алып, партияға өтті, сөйтіп социалистік құрылысымызды іштей құрту әрекеттеріне кірісті деп бар айыпты үйіп-төккен.

Байтұрсыновтардың сұраған автономиясы кеңестік емес, байшыл автономия; ол бұрын орыстарды жақсы көруші еді, қазір жек көреді; ол барып тұрған ұлтшыл, қазақтарды орыстарға айдап салып, арандатады деген. Конфискацияны «қазақтарды жүдету» деп түсініп, жылаған А.Байтұрсыновты халықтық үкіметке қарсы шықты деп кінәлаған. Байтұрсыновтың шығармашылығы халыққа жат деп табылған: «ол байшыл мәдениеттің өкілі еді, кеңес үкіметі тұсында да сол күйінде қалды», «мәдени құрылысымыздың белсенді зиянкесі». Оның қазақша оқулықтар жазып, жаңа терминдер жасағаны, араб графикасын латын алфавитына ауыстыруға қарсы болғаны – бәрі қазақ халқына жасалынған зиянкестік деп табылған. Ол жазған оқулықтардан «барлық мысалдар қазақтың ескі өмірінен, ескі феодалдық алашордашыл

жазушылардан алынған. Қазақ еңбекші бұқарасының қазіргі өмірі Байтұрсыновтың кітаптарында мүлдем сөз болмайды» – деген сияқты қателер табады.

Ғ.Тоғжанов осы мақаласында өрбіткен ойларын «Қазақтың жаңа алфавитінің жасалу тарихы және оның жеңіп шығуы» («Большевик Казахстана», 1933, №6) деген мақаласында әрі жалғастырады. Араб жазуынан латыншаға көшуге қарсы болған Байтұрсыновты, Омаровты, Қожановты, Сәдуақасовты айыптайды. «Қазақ әдебиетіндегі сын туралы» мақаласында да («Большевик Казахстана», 1933, №9) әдебиеттегі алашордашыларды әшкерелеуге едәуір орын берілген.

Өлкелік партия комитетінің нұсқау-хатынан, ҚазАПП-тың I құрылтайынан кейін «ұлтшылдықты», әсіресе «алашордашыл ұлтшылдықты» әшкерелеуге айрықша мән берілді. Жаңа «саяси науқан» өріс алды. Ғ.Тоғжановтың «Байтұрсынов және байтұрсыновшылық» мақаласы осы істі бастап, оған жаңа қарқын қосты. С. Браинин мен Ш. Шафиरो қазақ ұлтшылдарын, алашордашылдарды әшкерелеуде ерекше «еңбек сіңірді». Екі автор бірігіп жазған «К вопросу о роли казахской националистической интеллигенции в 1917 г.», «Об истоках алашского движения» («Большевик Казахстана», 1933, №4, 6) мақалаларын жариялады. Олар «Алашордашылар Россияның империялық буржуазиясының жыртқыштық, отаршылдық саясатын жүргізуші, қазақ еңбекші бұқарасын қанаушы» деген пікірлерін дәлелдеп бақты. Осындай, «ізденістерінің» нәтижесінде «Очерки по истории Алаш-орды» (Алма-Ата–Москва, 1935) деген монография да өмірге келді. «Жеке адам, «Алаш» партиясы былай қалып, енді бүкіл қазақ халқына, еңбекші бұқараның патша үкіметі мен империализмге қарсы шыққаны, 1916-шы жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917-ші жылғы революцияларға қатысқаны түгелдей қараланып, жоққа сайылды, бәрі де «антимаркстік, антилениндік» болып шыға келді. Бүкіл ел теріс жолмен жүріп, оның қайраткерлері қысастықтан басқа ештеме ойламаған жандар болып шыға келді. Олардың қайшылықты өмірі, іс-әрекеті болмағандай бәрі де «ұлтшыл» болып тұды, осы көзқарастан ешуақытта айныған емес деп, тарихтың бетіне бадырайта жазылды»⁹⁶.

Алашорда қозғалысы жайлы тарихшы М.Қойгелдиев мынадай пікірлер айтады: «Осы уақытқа дейін бұл мәселеге қатысты еңбектерде қазақ демократиялық интеллигенциясының Октябрьге дейінгі және одан кейінгі кезеңдегі қызметіне баға беруде алынған басты өлшем олардың социалистік идеологияны қабылдауы немесе қабылдамауы болып келді. Қазақ демократиялық интеллигенциясы Октябрь революциясы жеңгеннен кейін алғашқы кезеңде социалистік идеологияны бірден қабылдай алмаса, ол оның қоғамның пргресті дамуына қарсылығынан емес болатын. Олардың ұстанған бағдары бар болмысымен сол кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани жағдайынан туындап жатты, сол шындықпен тікелей жанды байланыста болды». Қазақ зиялыларының қалыптасуына тікелей әсер еткен негізгі факторларды – Октябрь революциясы қарсаңында жұмысшы «тап қазақ қоғамында әлі жоқтың қасында еді», «Қазақ қоғамы алдында тұрған жалпыға ортақ негізгі міндет отарлық езгіден құтылу болды», «сол тарихи кезеңдегі тұңғыш интеллигенция буынының өзіне тән қалыптасу ерекшеліктері, оған сай әлеуметтік-психологиялық дүниетанымы болғандығын» атап көрсетеді. Осындай тарихи даму, ұлттық ерекшеліктердің нәтижесінде «ол отарлау мүддесіне қызмет етуші интеллигенциядан ұлттық, ұлт-азаттық қозғалысты бастаушы интеллигенцияға айналды. Сондықтан да оның дүниетанымында ұлттық мүдде, бостандық басым орын алды. Басқаша болуы мүмкін де емес еді» («Социалистік Қазақстан», 1990, 14 қаңтар) деп жазған пікірінде қатал да күрмеуі көп тарихтың шындық сілемдері жатқандай. Шындығында да алғашқы қазақ зиялыларын түгелге дерлік төңкерісті бірден қолдап кетпеді, ұлтшыл болды деп кіналаудың өзінен-ақ жеке адамға табынушылықтың ұлттық дамуға қаншалықты зиян келтіргенін анық байқауға болады.

Сонымен, қазақ әдебиетіндегі «алашордашылардың», ұлтшылдардың «зиянкестігін әшкерелеу» науқанының барысында ұлттықтың бәрі де ұлтшылдық болып табылды. Әсіреқызыл солшыл саясат ұлттық нигилизмге апарып соқтырды. Өткеннің бәрі зиянды, бізге қажеті жоқ деген солақай пікірлер үстемдік құрды. Мысалы, Ш.Әлжанов Қазақстандағы ұлттық мәдениеттің мәселелеріне тоқтала келіп, қазіргі кезде ескі заман домбырасы қажет емес дегенге дейін барды. Ол дәуір талабын айта отырып, «домбыра бүгінгі күн талаптарына жауап бере ала ма, оны ескіліктің ескерткіші ретінде музейге өткізер уақыт болған жоқ па? – деп жазды.

⁹⁶ Т.Кәкішев. Ақыл-парасатқа азаттық. «Лениншіл жас», 1987, 13-желтоқсан.

(«Болшевик Казахстана», 1933, №6, 22–30-беттер). Мұндай әсіреқызыл пікірлер әсіресе сол кездегі өлкелік партия комитетінің органы «Болшевик Казахстана» журналының бетінде жиі көрінді.

Сөйтіп, 1932 жылы ВКП(б) қазақ өлкелік комитетінің «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы үрес міндеттері туралы» түсіндірме хатының шығуы ұлттық әдебиетті дамытуға септігін тигізген жоқ, керісінше тежеу салды. Әкімгершілікпен, күшпен әдебиетіміздің ұлттық сипатын жоюға бағыт берді. Бүкіл қазақ әдебиеті «ұлтшылдықпен» айыпталып, қазақ қаламгерлерінің төбесінде саяси соқырлықтың нажағайы жарқылдады. Сахнада ілулі тұрған мылтық қойылымның соңына дейін міндетті түрде атылуы керек болса, 1932 жылы өлкелік партия комитетінің түсіндірме хатының әдебиетте басшылыққа алына бастауымен бірге көркемдік дамудың төріне «ұлтшылдыққа» қарсы мылтық та ілінген еді. Шүріппесі қайырылып, оқталған мылтықтың тек атылуы ғана қалған, бірақ оған өлкелік партия комитеті басшылығының ауысуы әсер етті; қандыбалақ Голошекиннің орнынан түсіп, Мирзоянның республика басшылығына келуі бұл мылтықтың атылуын уақытша болса да тоқтатқан еді. Оқтаулы мылтықты тоқтатам деп жүргенде кейіннен оның өзі де оққа ұшты...

М.Қайыпназаровтың 1932 жылы қазақ әдебиетіне арналған сын кітапшасы жеке басылып шықты⁹⁷. Сыншы сол кездегі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелелеріне жауап беруге тырысқан. Бірақ та ҚазАПП сынының негізгі принциптері бұл ниеттің үдесінен шығуға мүмкіндік бермеген. Мұнда да Қайыпназаров сынының бұрынғы сарындары айқын. «Мұқанов, Сейфуллин, Жансүгіров, Майлин, Мүсірепов, т.б. қазіргі пролетариат жазушыларының алғашқы тобын құрайды» деп келеді де, екінші бір жерінде С.Сейфуллинді «пролетариат әдебиетінің одақтасы» деп пікір қайшылығына ұшырайды. С.Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасын «идеализм» деген. Мәскеуде шыққан «Литературная энциклопедияның» 1, 2, 3, 4 томдарында жарияланған қазақ әдебиеті, оның өкілдері жайлы жазылған мақалаларды сынаған. Әдебиеттің партиялық принципі шағын тарауда арнайы сөз болады.

М.Қайыпназаров отызыншы жылдардың әдеби сынына мынадай талаптар қояды:

«1. Сын диалектика – затшылдық (диа-мат) дүние тануынан теріс жайылмасын.

2. Пролетариат жазушыларының шығармаларын сынағанда ол жазушының шыққан тегі, қай жікке жататындығымен сыналмасын, шығармасының бағасына, бұқараға социалдық тәрбие бере алуына қарасын.

3. Пролетариат жазушыларының шығармаларына большевиктік сын және өзара сын қатты болсын.

4. Шығармада сын екі жүйелі болсын:

1) Қаламы төселіп, әдебиет майданында беті ашылғандарға сын қатты болсын.

2) Жаңа қалам ұстай бастаған жас пролетариат жазушыларына сын сабақ ретінде жазылсын»⁹⁸.

ҚазАПП сынындағы мұндай өрескел жағдайлардың орын алуының тағы бір себебі біздің әдебиет сыны кадрларымыздың жастығы, аздығы еді. Олардың әдеби білімінің таяздығы, қоғамдық ғылымдардың әдебиет, мәдениет жайлы ілімдерімен жете таныс еместігі байқалды. Сол кездегі Өлкелік партия комитеті басшылығындағы кейбір адамдардың партия жолын бұрмалаған саясаты да әдеби сынның дамуына біршама нұқсан келтірді.

Жалпы, 30-шы жылдары пролетариат әдебиетінің дамуына басшылық жасаған негізгі ұйым РАПП, оның жер-жердегі ҚазАПП сияқты бөлімшелерінің қызметі өсіп бара жатқан өмірдің талаптарына сай әдебиеттің дамуын қанағаттандыра алмады. КирАПП-тың жұмысынан да осыны байқаймыз. Қырғыз әдеби сынының даму тарихын зерттеген К.Рысалиев «КирАПП-тағы топшылдық күрес жазушыларды жікке бөліп, ұлттық әдебиеттің дамуына кедергі келтірді»⁹⁹ деп жазады. Өзбек совет әдебиетінің тарихында ӨзАПП-тың сынындағы осы тақілеттес жағдайлар айтыла келіп, бұл сыншылар дәуірдің сұлулығы деп, әдебиеттен адам сезімдерін ығыстырып, жазушының қиялын, көркемдік жинақтауларын теріске шығарып,

⁹⁷ М.Қайыпназаров. Казахская литература в борьбе с буржуазными влияниями. Алма-Ата–Москва, 1932.

⁹⁸ «Еңбекші қазақ», 1931, №110, 20 мамыр.

⁹⁹ К.Рысалиев. Становление и развитие киргизской советской литературной критики (1926-1954 г.) Автореферат. Фрунзе, 1971, стр. 11-12.

жалаңаш фактілерді, машиналарды, жайларды жариялады¹⁰⁰ деп жазылған. Сөйтіп, пролетариат жазушылары ассоциациясының ұйымдық құрылысы, жұмыс істеу стилі, ұсынған кейбір теориялық қағидалары, бағыттары әдеби дамуға кәдімгідей кедергі келтіре бастады да, алға бұл мәселені жаңаша шешу міндеттерін қойды.

1931 жылы орталық «Правда» газеті әдебиеттегі жікшілдікті қатал сынаған мақалалар жариялай бастады. Бұларда РАПП сынындағы кемшіліктер, ондағы жікшілдік, өзара сынның болмауы көрсетіліп, ұйымды қайта құру мәселесі көтерілді¹⁰¹. Ұйым қызметіндегі негізгі кемшіліктер ашып айтылды. РАПП-тың жұмысына қанағаттанғысыздық білдірген белгілі қаламгерлер де баспасөз бетінде ашық пікірлер айта бастады. Мысалы, Серафимович (РАПП-тың белсенді мүшесі) «Писатель должен шагать вровень с жизнью» деген мақаласында РАПП-тың әдеби дамуға демеу болудың орнына кедергі келтіріп отырғандығы, оның басшылығында әдебиеттен гөрі топшылдық мүдделердің белең алғандығы, жікшілдіктің күшеюі, әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін ескермей әкімшершілікпен басқаруға ұмтылуы, әдеби сында пікір айтып, көмектесудің орнына «сойып салу», «соққыға жығудың» әдетке айналғандығы сияқты келеңсіз құбылыстар барынша ашып көрсетілді¹⁰².

Әдеби сында ҚазАПП-тың қызметі жайлы ондағы олқылықтар ұсыныс, пікір ретінде көрініп келсе, 31-ші жылдан бастап үлкен кемшілік ретінде аталып, қатты сындар айтыла бастады. Мұндай мақалаларға С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің¹⁰³ мақалаларын жатқызамыз. «Еңбекші қазақ» газеті «ҚазАПП-тың жұмысындағы кемшіліктері қателері туралы¹⁰⁴ редакциялық мақала жазды. Ә.Тәжібаевтың¹⁰⁵, Қ.Өтеповтің¹⁰⁶ т.б. мақалаларында да ұйым жұмысының қанағаттандырарлықсыз жақтары сөз болған.

Бұларда ҚазАПП-тың кемшіліктері, алда тұрған міндеттері айтылады. Оларды жинақтай әңгімелегенде төмендегідей. Бұл мақалалардың барлығында да қазақ әдебиетінің социалистік қоғамның алып қарқынына ере алмауы, бұған басты себеп «ҚазАПП ұйымының социалдық құрылыстың қазіргі қарқынынан артта қалып қойғандығы» (Ғ.Мүсірепов) көрсетілді. Ұйымның жұмыс тәсілінде әкімгершіліктің орын тепкені, жалпы әдебиет қозғалысына дұрыс басшылық көрсете алмауы жиі айтылды. Осыған байланысты өмір талабына толық жауап бере алатын шығармалардың көптеп көрінуіне нұқсан келтіріп отыр делінді. Партияның көркем әдебиет саласындағы саясатын жүзеге асыра алмауы, қаламгерлердің арасында айтыс-таргыстың көбейіп, бірігіп жұмыс істеудің болмауы, осының салдарынан әдеби сынның өрістемеуі, ескі әдеби мұраларды пайдаланудағы лениндік нұсқаулардың толық жүзеге асырылмауы т.б. мәселер кеңінен талқыланды.

ҚазАПП-тың әдеби ұйымдастырушылық қызметін талдап, ондағы негізгі емшіліктерді көрсетіп жазған сын мақалаларды қарастырғанда және сол кездегі жалпы әдеби процестің дамуына жіті көз жібергенде байқалатын нәрсе – ҚазАПП сынының көркем әдебиеттің дамуына лайықты жауап бере алмауы. Бұл кездегі сын әдебиеттің өркендеу бағытына ілесіп, оның жұмысына жөнді жетекшілік еге алмады. Сол кезге дейін, осы уақыттарда туған қазақ кеңес әдебиетінің озық туындыларына дұрыс бағалар беруге шамасы келмеді. Сәкеннің, Ілиястың «Көкшетау», «Дала» сияқты поэмаларына жазылған сындар бұл айтқандарымызға дәлел бола алады.

Ол кездегі сында әдебиеттің көркемдік дамуы бағытына толық мән берілмеді де, көбіне саяси бағдарды анықтау сынның негізгі міндеті деп саналды. Сынның басты мұраты көркем туындылардың кемшілік жақтарын ашып көрсету болған сияқты. Сондықтан да көптеген мақалалар сыңаржақты, бірыңғай даттау болып келді. Көркем әдебиеттің теориялық,

¹⁰⁰ История узбекской советской литературы. М., 1967, 96-бет.

¹⁰¹ М.Митин, В.Рельвич, П.Ндин, Таксеро. Пролетарскую литературу на высшую ступень. «Правда», 1931, 19 қараша.

¹⁰² Қараңыз: «Вопросы литературы», 1958, №11, 170-бет.

¹⁰³ С.Мұқанов. ҚазАПП алтыға толды. «Жаңа әдебиет». 1931, №6-7; Ғ.Мүсірепов. ҚазАПП Жаңа дәуірде. «Әдебиет майданы», 1932, №1.

¹⁰⁴ «Еңбекші қазақ», 1932, № 4, 4 қаңтар.

¹⁰⁵ Ә.Тәжібаев. Жазушылар жаңа құрылыс дәуірінде. «Еңбекші қазақ», 1931, №67, 25 наурыз.

¹⁰⁶ Өтепұлы Қ. ҚазАПП партия жүктеген міндетті орындай алмай отыр. «Еңбекші қазақ», 1931, № 286, 24 желтоқсан.

шығармашылық келелі мәселелерін қозғаған салиқалы сындар аз көрінді. Осы кездің сыны туралы Б.Кенжебаев пен К.Өтеповтің «Шынына келсек, бізде әдебиет сыны, әдебиеттің пәлсепелі сыны кейін қалып қойған жоқ, әлі де жоқ. Біздегі бұл күнге дейін болып келген сындар сын атағын алып келген сындар нағыз әдебиет емес, тек айтыстар (полемика), библиографиялар, рецензиялар ғана»¹⁰⁷ деуі қатты айтылғанымен де, болған фактілерден туған пікір еді.

Плеханов сынға мынадай талаптар қойған: «Сыншы шығарманың мазмұны туралы да, формасы туралы да пікір білдіруі керек. Ол эстет те, ойшыл да болуы қажет, қысқасы, сынның идеалы – философиялық сын»¹⁰⁸. Міне, осы Плеханов айтқандай, терең ойлы, философиялық сындар бұл кездерде көрінбеді. Дамуында кібіртіктеп қалған сынның өресі жете бермеді.

Отызыншы жылдардың бас кезіндегі сында болған мұндай кемшіліктердің түп негізі әдеби сын қолдаған негізгі методологиялық әдіске байланысты еді. Жиырмамыншы жылдары орыс әдебиетінің сынында Плехановтың әсері күшті болды. Бұл кездегі әдеби сын әлеуметтік талдау әдісіне сүйенді. В.Фричениң, П.Н.Сакулиннің¹⁰⁹ т.б. еңбектерінде әдебиеттану ғылымындағы негізгі әдіс ретінде социологиялық және формальды-социологиялық метод ұсынылды. 30-шы жылдардың бас кезіндегі қазақ әдеби сынында да осы әдістің басым болғандығын байқаймыз. Сол кездегі белді сыншы, бірнеше сын кітаптарының авторы Ғ.Тоғжанов интитуизмге негізделген Воронскийдің теориясына сүйеніп, «ақын көргенін көргенше, сезгенін сезгенше жырлауы керек» деген тезис ұсынды. Осының бәрі сынның дұрыс ғылыми негізде дамуына нұқсан келтірді. М.Қайыпназаровтың «Сәбиттің алған тақырыбы, айтқан мазмұны өте жақсы, алайда көркемдік жағынан кемшілігі көп» деген сияқты жалпылама қалыпты сындарға жол ашты.

А.Фадеев РАПП-тың әдеби ұйымдастырушылық қызметінің қабілетсіз болғандығын айта келіп Серафимовичке жазған хатында: «Біз жазушы мен әдебиеттен гөрі басқа мәселелермен көбірек айналысамыз, ал мұны жөндеу үшін тұтас төңкеріс жасау керек» (П.И.Плукштың «Формирование и развитие социалистического реализма» (М., 1973) деген кітабын қараңыз) – деп жазды.

5. ӘДЕБИ ӨМІР ЖӘНЕ СЫН

Қазан төңкерісі женгеннен кейін бұрын «халықтар түрмесі» атанған Ресейдің езіліп келген халықтары «бостандық» алып, дамудың социалистік жолына түскендей болған. Коммунистік партия мен кеңес үкіметі экономикалық және саяси-әлеуметтік қарым-қатынастар саласында ғана емес, сонымен қатар мәдениет пен әдебиетті дамытуға бағытталған бірсыпыра шараларды жүзеге асыруға кірісті. «Бұдан бұрын – деп жазды В.И.Ленин, бүкіл адамзаттың ақылы, оның бүкіл даналығы техника мен мәдениеттің барлық жаңалығын тек біреулерге беріп, басқаларды ең қажетті нәрседен – ағарту ісі мен дамытудан мақұрым қалдыру үшін жасайтын еді. Ал, енді техниканың барлық кереметтері, мәдениеттің барлық табыстары жалпы халық игілігіне айналады, сөйтіп бұдан былай адамзаттың ақылы мен даналығы еш уақытта да зорлық құралына айналмайтын болады»¹¹⁰.

Жиырмамыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдары Қазақстанда да ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, бай-қулақтардың жерлерін, малдарын тәркілеу, ірі өнеркәсіпті өндіріс орындарын мемлекет қарамағына алу, мәдени революция жасау сияқты саяси-экономикалық науқандар жүргізіліп, іске асырылды. Мұндай ірі-ірі шаралардың жүзеге асырылуы қазақ халқының қоғамдық, экономикалық, мәдени өмірінде елеулі өзгерістер туғызды.

Кеңес үкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ халықтың сауатсыздығын жою міндеті алға қойылды. Өйткені, елімізде жаңа социалистік қоғам орнату міндеттері бұқара халықтың сауаттылығымен тікелей байланыстырылды. «Мемлекет – деп жазды В.И.Ленин, – бұқараның саналығымен күшті. Бұқара бәрін біліп отырса, бәрі туралы өз пікірін айтып отырса және барлық іске біле тұра кірісіп отырса, мемлекет сонда күшті»¹¹¹.

¹⁰⁷ Кенжебайұлы Б. Өтепұлы К. Тағы да әдебиет сыны туралы. «Социалды Қазақстан», 1933, 30 маусым.

¹⁰⁸ Плеханов. Литература и эстетика. Т. II, 1958, 430-бет.

¹⁰⁹ П.Н.Сакулин. Социологический метод в литературоведении. М., 1925.

¹¹⁰ В.И.Ленин. Шығармалар, 26-том, 480-бет.

¹¹¹ В.И.Ленин. Шығармалар, 26-том, 246-бет.

Халықтың сауатсыздығын жою жөнінде Қазақстанда біршама жұмыстар жүргізілді. Оған төмендегі фактыларға көз жүгірткенде көзіміз жетеді. Қазақ халқының революцияға дейін екі-ақ (%-і) орысша хат таныса, 1932 жылы 40, ал 1939 жылы 77 процентке жетті¹¹².

Төңкерістен бұрын «Айқап», «Қазақ» сияқты бірлі-жарым ғана баспасөз орны болған Қазақстанда газеттердің саны 1932 жылы 120-ға, 1937 жылы 183-ке (оның 105-і қазақ тілінде), 1940 жылы 336-ға (126-ы қазақ тілінде) дейін өсті. Журналдар саны 1933 жылы 23-тен 1940 жылы 38, олардың 9-ы қазақ тілінде шығып, тиражы үш еседен артық көп¹¹³ болды. Бұрын жоғары оқу орны, театры болмаған Республикамызда 1937 жылы 16 жоғары оқу орны (оларда 6 мың студент оқыды), 97 техникум (оларда 12 мың жас қыздар мен жігіттер білім алды), 52 ғылыми-зерттеу институты, лаборатория, тәжірибе станциялары, 24, оның ішінде, 14 қазақ театры жұмыс істеді¹¹⁴.

Социализм құру ісіндегі аса маңызды міндеттердің бірі елімізде түбірлі мәдени өзгерістер жасау деп танылса, оның негізгі бөлігі көркем әдебиетті дамыту мәселелер де алға қойылды. Коммунистік партия мен қоғам мүшелерін социализм мен коммунизм мұраттары рухында тәрбиелеуде жаңа әдебиетке ерекше назар аударды. Әдебиет саласындағы саясат «Әдеби іс – жалпы пролетарлық істің бір бөлегі. ...Әдеби іс – ұйымдасқан жоспарлы, біріккен социал-демократиялық партиялық жұмыстың негізгі бөлімі болуға тиіс»¹¹⁵ деген лениндік нұсқауларды негізге ала отырып жүргізілді. Қазан социалистік төңкерісі ғасырлар бойы тұншығып езілуде келген халықтардың бойындағы таусылмас таланттардың бұлақ көзін ашып жібергендей болды. Ақын-жазушылар А.Блоктың «Жан дүниемізбен, жан жүрегімізбен төңкерісті тыңдайық»¹¹⁶ деген шақыруына үн қосты. Революцияның жеңісімен, коммунизмнің идеяларымен қуаттанған қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылар С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов сияқты ақын-жазушылар жаңа қоғамды, социалистік құрылыстың алғашқы жетістіктерін жырға қосты. Ұлттық әдебиеттердің дамуында РКП(б) Орталық Комитетінің 1925 жылы 18 маусым күнгі «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» арнаулы қаулысы белгілі роль атқарады. Бұл қаулыда мәдени революциядағы негізгі, қажетті шаралардың бірі ретінде көркем әдебиетті өркендетуге үлкен мән берілді. Пролетариат-шаруа жазушыларының өсуіне жәрдемдесу, жолбикелердің коммунистік платформаға ауысуына мүмкіндік тудыру, революцияға қарсы элементтерді әшкерелеп отыру, сөйтіп пролетариат әдебиетінің үстемдігін орнату қажет екендігі атап көрсетілді. Қаулыда пролетариат әдебиетінің негізгі міндеттері «құбылыстарды бар күрделілігімен камту, бір заводтың, не цехтық емес, артынан миллиондаған шаруаларды ерткен күрескен ұлы таптың әдебиеті болу»¹¹⁷ деп айқындалды.

Қазақтың «түрі ұлттық, мазмұны социалистік жаңа мәдениеті» 30-шы жылдары дами түсті. Қазақ кеңес әдебиетінің дамуында жиырмасыншы жылдардың орта кезінде (1925, 11 маусым) құрылған Қазақстан пролетариат жазушыларының ассоциациясы (ҚазАПП) белгілі міндеттер атқарды. Бұл ұйымға жаңа әдебиеттің жас кадрларын ұйымдастырып, күшін біріктіру, оларға идеялық бағыт беріп, саяси тәрбиелеу сияқты бірсыпыра жұмыстар жүктелді.

Қазақ кеңес әдебиетінің сын саласында алғаш қалам қозғағандардың қатарында осы әдебиеттің негізін қалаушы С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, І.Жансүгіров сияқты қаламгерлер болды. Қазақ оқығандарының көпшілігі сол кезде қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік өзгерістерді қолдамады. Сондықтан да жаңаша бағыттағы қазақ кеңес әдебиетінің басты жетістіктерін қорғап қалудың негізгі ауыртпалығы төңкерісшіл қазақ жазушыларының өз үлесіне тиді.

«Бізге бәрін істеу керек» дейтін Сәкен. Бұны Бейімбет, Сәбит, Илияс жақсы түсінетін. Роман жазу үшін туған Мұхтар қаршадайынан қазақ әдебиетінің ғалымына да айналды. Үйде отырып әдебиет тарихын зерттейді, институтқа барып, сабақ береді. Өйткені, «Бәрін істеу керек»¹¹⁸ – деп жазды кейіннен Әбділда Тәжібаев.

¹¹² Қазақ ССР тарихы. Социализм дәуірі. А., 1961, 450-452 беттер.

¹¹³ Сонда, 467-бет.

¹¹⁴ Қ.Бейсембиев. Победы марксистско-ленинской идеологии в Казахстане. А., 1970, 360-бет.

¹¹⁵ В.И.Ленин. Шығармалары, 10 том, 31-бет.

¹¹⁶ А.Блок. Собр. соч. в 8-и томах. Т. 7, М-Л., 1963, 335-бет.

¹¹⁷ О партийной и советской печати. Сборник документов. М., 1954, 354-346-беттер.

¹¹⁸ Ә.Тәжібаев. Өмір және поэзия. А., 1960, 3-4 беттер.

Бұл туралы С.Мұқанов өте түсінікті айтты: «Мен өзімнің әлеумет тұрмысымдағы негізгі қызметімді көркем шығарма жазу деп ұғатын адаммын. Солай ұға тұра, жазушылық майданына араласқалы әдебиет сыны, әдебиет тарихы дейтін мәселелерге де араласып келемін. Бұл араласу – көркем шығарма жазуға тема таба алмағандықтан емес, я қолы бос емес бұған мынадай себеп болды.

Қазақ совет әдебиетінің де, оның тарихының да шын мағынасындағы кадрлары Октябрь революциясынан кейін ғана жасалды.

Революцияның алғашқы жылдарында байшыл ұлтшылдардың халық әдебиетіне бұлай қастық ниетпен біржақты қарауына соққы беретін кісі өте аз еді. Сондай идеология майданында ұлтшылдарға қарсы шығатын еңбекші халықтың арасынан шыққан әдебиет кадрларының жастығын көрген ұлтшылдар уақытпен пайдаланып, батыл баса қимылдады.

Міне, осындай тартысы өткірленген уақытта «мен акын едім, жазушы едім, маған тарих, сын мәселесі неге керек» деп отыру жауға жәрдем беру сияктанды. Сондықтан, ... сол кезде ұлтшылдарға қарсы шыққан қазақ совет әдебиетінің әрі аз, әрі жас кадрларының қатарына қосылып, ұлтшылдыққа соққы беруге тура келді. Менің әдебиет тарихына, әдебиет сынына араласу себебім осы еді»¹¹⁹.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Лениннің тікелей нұсқауымен ұлттық интеллигенция егер, социалистік қоғам құрылысына қатысуға ерік білдірсе, оларды мүмкіндігінше пайдалануға болады деген шешім қабылданды. Ұлттық кадрларды пайдалану туралы мұндай саясаттың жүргізілуі нәтижесінде бұрындары білім алып, қызмет істеген көптеген мамандарға кешірім жасалынып, олардың еңбек етуіне мүмкіндіктер жасалды. Қазақстанда А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Қ.Кемеңгеров, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды қилы кезенді басынан өткерген зиялы азаматтар жаңа өмірге белсене араласып, туған халқының жарқын болашағы үшін барынша ат салысты.

Осы жерде мына бір жайтқа тоқтала кеткен жөн. 1919 жылы Ахмет Байтұрсынов Алашорда қозғалысының мүшелеріне кешірім жасауды сұрап, кеңес үкіметіне өтініш білдіреді. Бұл мәселені кеңес үкіметі қарап, қаулы шығарады. Онда Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 1919 жылғы 4-ші көкектегі қаулысы бойынша Алашорда үкіметінің бұрынғы мүшелеріне кеңес жұмыстарына қатысуға рұқсат етіліп, оларды бұрынғы қызметтері үшін қудалауға тиым салынған (Қазақ ССР Орталық Архиві ф. 14, оп. 3. Д. 4, л.п.). Алашорда жетекшілерінің бірі болған А.Байтұрсынов Ленин қол қойған мандат алып, қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитеттің жұмысына құлшына кірісті. Қазақ АССР-і құрылғаннан кейін 2 жыл бойы Халық ағарту комиссары, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің, Қазақ Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып қызметтер атқарды. Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстан академиялық орталығында еңбек етіп, ұлттық ғалымымыздың, оның ішінде, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының пайда болып, дамуына ұшан-теңіз үлес қосты.

Қазақ зиялылары әсіресе, әдеби мұраны игеруге баса назар аударды. Әдебиеттің ескі үлгілері жинастырылып, кітап болып шыға бастады. Бұл істерге бір кездерде Алашорда қозғалысының басында тұрған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедовтар араласа бастады. Әлихан Бөкейханов қазақ әдебиетінің ескі үлгілерін жинап бастырып шығарды. Онда әрбір шығарманың мәтінімен бірге оған түсініктемелер қоса беріліп отырған. Халел Досмұхамедов дәрігерлік қызметін қоя тұрып, баспасөз бетінде қоғамдық-әлеуметтік, мәдени мәселелерді қозғаған журналистік мақалаларымен жиі көрінді. Кітап бастырып шығару жұмыстарымен айналысты. Қазақ әдебиетінің тарихына арналған кітап жазды. Ахмет Байтұрсынов қазақ тілі мен әдебиетінің теориясы бойынша оқулықтар шығарды. Қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, араб графикасы негізінде қазақ алфавитін жасады.

Әдебиет істеріне бұрын «алашордашыл» атанып келген қазақ зиялыларының келіп араласуы көркем әдебиет туралы айтыстың басталуына себеп болды. Әдеби сын әдебиеттегі «ескішілдікті», «ұлтшылдықты» әшкерелеуге едәуір көңіл бөлді. Сонымен бірге пролетариат әдебиеті қандай бағытта дамуы керектігі жөнінде де қызу пікір-таластар жүрді. Тұрпайы әлеуметтік сындар барынша өріс алып, ұлттық мәдениет қайраткерлерінің көпшілігіне дерлік саяси кінәлар тағылды. Әдебиеттегі ұлттық сипатты «ұлтшылдық» деп танып, бірсыпыра ақындар мен жазушылар әдебиеттен шеттетілді. Сөйтіп, әдеби сын әдеби дамуға септігін тигізудің орнына зиянын да тигізе бастады.

¹¹⁹ «Халық мұғалімі», 1941, №6, 24-25 беттер.

6. СЫН ЖАНРЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Әдебиеттің дамуы үшін бірсыпыра шараларды белгілеген ВКП(б) Орталық Комитетінің 1932 жылғы 23-ші көкектегі қаулысының шығуы үлкен оқиға болды. Онда кеңес әдебиетінің қарқынды дамуына пролетариат жазушыларының ұйымдық құрылымы РАПП-тың аясы тарлық етіп, көркем творчествоның кең құлаш жаюына кедергі келтіре бастады деп атап көрсетілді. Орталық Комитет РАПП-ты жойып, оның орнына кеңес үкіметінің бағытын қолдайтын және социалистік құрылысқа қатысқысы келетін барлық жазушылардың басын біріктіретін кеңес жазушыларының бірыңғай одағын құру туралы қаулы етті¹²⁰. Қаулы жазушылар ұйымының тек құрылымдық формасын ғана емес, сонымен бірге идеялық шығармашылық жолын да көрсетіп берді.

Бұл қаулы барлық ұлт әдебиеттерінің дамуына даңғыл жол ашты. Пролетариат жазушылары ассоциацияларының орнына Республика жазушыларының одақтары құрыла бастады. 1932 жылы маусымда Қырғызстан Жазушылар одағы¹²¹, Өзбекстан Жазушылар одағы¹²² құрылды. Бұл оқиғалар Республика әдебиеттерінің өркендеуінде елеулі бетбұрыс болды.

Әдебиет ұйымдарын қайта құру жайындағы қаулыға сәйкес ҚазАПП 1932 жылы 18-ші мамыр күні кеңес жазушыларының ұйымы болып жаңадан құрылды. Осының артынша-ақ өлкелік партия комитетінің басшылығы ауысты. Жаңа басшылық ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің дамуына шындап көңіл қоя бастады. Әдебиеттің өркендеу жолындағы кедергілер айқындалып, оны жоюдың нақтылы шаралары белгіленді. Бұл екі үлкен оқиға әдебиетімізге, оның сынына қарқынды серпіліс әкелді.

Қаулыдан кейін жазылған сын мақалаларында ҚазАПП қызметінің кемшіліктері, олардан арылудың жолдары талқыланды. Б.Кенжебаев пен Қ.Өтеповтің мақаласында «әдебиет сынын дамытуымыз үшін алдымен оның методологиялық мәселесін шешіп алуымыз керек»¹²³ деп, әдебиет сынының ең өзекті мәселесін көтерді. Осы уақытқа дейін сында қолданылып келген методологиялық әдістің онды еместігіне, сыншылардың теориялық дайындықтарының төмен жатқандығына назар аударды. Ғ.Тоғжанов «Өткен сынның үлкен бір кемшілігі көркем әдебиеттің, жалпы искусствоның өзіне хас өзгешелігін ескермегендігі», «осыдан барып біздің көп сынымыз бірбеткей саясат сыны болып кетті»¹²⁴ деп жазды.

Көп ұзамай-ақ Қазақстан кеңес жазушылар одағы ұйымдастыру комитетінің бірінші пленумы болып өтті. Пленумда жасаған І.Жансүгіровтің, Ғ.Мүсіреповтің баяндамаларында қазақ әдебиетінің өсуі аталып өтумен бірге сынға қатысты біраз мәселелер де қозғалды. ҚазАПП сынында жіберілген кемшіліктер қорытылып, алға нақтылы міндеттер қойылды. І.Жансүгіровтің баяндамасында қазақ әдебиетінің жай-күйі әріден басталып, тарихи дамуымен байланыстыра қарастырылды. Ғ.Мүсірепов қазақ кеңес әдебиетінің дамуына шолу жасады. Баяндамада жеке қаламгерлердің шығармашылықтарына, осы уақыттарда туған күрделі туындыларға баға берушілік басым. Пленумда М.Әуезов сөз сөйлеп, өзінің барлық күш-жігерін, шығармашылық еңбегін туған халқына қызмет етуге арнайтындығын мәлімдеді.

Әдебиеттің дамуын қолға алып жандандыруда өлкелік партия комитетінің басшылығы қамқорлық көрсетіп отырды. 1934 жылы наурыз айында өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Л.И.Мирзоян қазақ жазушыларымен кездесіп, әдебиет саласында істеліп жатқан шаралармен танысқан. Онда дәуір талабына сай қазақ әдебиетін дамыту мәселесін басты міндет ретінде тікелей алға қояды. Әдеби сынды өркендетуге, әдебиеттің теориялық жағын меңгере түсуге назар аударған¹²⁵.

1934 жылы Қазақстан жазушыларының 1-ші құрылтайына дейінгі аралықта «Жазушылар съезі қарсаңында» деген рубрикамен бірқатар материалдар жарияланды. С.Сейфуллиннің¹²⁶,

¹²⁰ «О партийной и совесткой печати». Сборник документов. 431-бет.

¹²¹ История киргизской советской литературы. М., 1970, 128-бет.

¹²² История узбекской советской литературы. М. 1967. 96-бет.

¹²³ Кенжебай ұлы Б. Өтепұлы К. Тағы да әдебиет сыны туралы. «Социалды Қазақстан», 1933, №147, 30 шілде.

¹²⁴ Ғ.Тоғжанов. Қазақстан әдебиетіндегі сын туралы кейбір өзгешеліктеріміз. «Социалды Қазақстан», 1933, №195, 24 тамыз.

¹²⁵ Мирзоянның қазақ жазушыларымен әңгімесі. «Социалды Қазақстан», 1934, №58, 10 наурыз.

¹²⁶ Сейфоллаұлы Сәкен. Жазушылар съезінде. «Социалды Қазақстан» 1934, 12 маусым.

І.Жансүгіровтің¹²⁷, Ә.Тәжібаевтың¹²⁸ көлемді мақалаларында әдебиетімізді дамытудың өзекті мәселелері қозғалған. С.Сейфуллин «кенжелеп келе жатқан әдебиетіміз кергі құлаш салатын кезге жетті. Тұсалған аяғы, күрмелген тілі көсілетін уақыт болды» деп жазды. Әдебиет сыны туралы «Сын мәселесі – бізде артта қалып келе жатқан мәселе. Сын бұрын ұлтшылдардың ұлы дәрісі болды. Сын жікшілдердің қол шоқпары болды. Сын өсуге емес, өспеуге тартты. Сын қол ұшынан алып жетектеген жоқ. Етекпен оралып, кейін тартты. Үйретпеді, ұрысты, сөкті. Сапалы, терең әдебиет сыны болмады» деді. Мұнда әдебиет сыны болмады деген сөз емес, оның нашар жақтары баса сөз болып отыр. І.Жансүгіровтің мақаласында да «марксшыл сын төменгі сатыда» делінген. Илияс жазушылардың назарын тілдік сапаға аударған. «Сапамыздың нашарлығының да бір ұшы тілде... Тіл таңдап жазу сирек. Жазушылардың байы да кедейі де, колхозшысы да, жұмысшысы да, еркегі де, әйелі де, оқығаны да, оқымағаны да бір тілмен сөйлеп шығады. Бұл көркемдікке көңіл бөлмегендіктен алған дағдымыз. 2) Тілді тым жадағайлап, сөзді арзандату бар. Әңгіме, өлеңдеріміздің тілі тартпайды, жансыз. Тілді әдемілеп, кестелеп әдеби тілмен жазуға еңбек қылмаймыз. 3) Тілді қиындату дұрыс емес». І.Жансүгіровтің бұл айтқандары күні бүгінге дейін маңызын жоя қойған жоқ. Мақалада көпшілік қаламгерлерді шығармаларында кездесетін жалпы кемшіліктер (тақырыпты сұрыптай білмеушілік, схематизм, идеялық жағынан әлсіздік т.б.) орынды сөз болады.

Құрылтай алдында сын мақалаларының жаңа түрлері көріне бастады. 1934 жылы мамыр айында «Социалистік Қазақстан» газетінде «Ақындарға ашық хат»¹²⁹ деген «Екі оқушының» мақалалары жарияланды. Авторы С.Ерубаев пен Р.Жаманқұлов болатын. Үш мақала үш үлкен жазушымызға – Сәбитке, Бейімбетке, Сәкенге арналған. Мақалаларда осы жазушылардың шығармашылықтары жайлы айта келіп, олардың сипатты ерекшеліктеріне, олқылықтарына тоқталады. Үлкен жазушыларымызды осы мәселелер төңірегінде пікір алысуға шақырады. Бұл хат-мақалаларда әдебиет дамуының өзекті проблемалары сөз болды.

Сәбитке арналып жазылған мақалада негізінен поэма мәселелері қозғалады. Теңеу, салыстыру, эпитет, метафора туралы әңгімелеп, осылардың С.Мұқановтың өлеңдерінде қалайша қолданыс тауып жүргендігі жайлы пікір айтқан. Ақындар ескіні жақсы, жаңаны нашар жазады. Сіз де солайсыз дей келіп, ақынды осы мәселелер жөнінде пікірлесуге үндеген. «Екі оқушы» С.Сейфуллин шығармалары жайлы «Сіздің поэмаларыңызда ат, поезд, аэроплан, тау, аққу, құлан, киік, марал тағы осы сияқты нәрселер көп жырланады да, адам өте аз болады. Қандай шығарма болса да оның міндеті, мақсаты адам образын, әрекетін, ісін суреттеу емес пе?» дейді. Бұл, әрине, Сәкен поэзиясының өзіндік сыйпаттарын (романтикалық леп, бейнелеу тәсілдері т.б.) айқындауға ұмтылушылық еді. Сәкенге қойылған негізгі сұрақ оның поэзиядағы жаңашылдығы хақында болған. «Осы түрді бастаушы алғашқыда сіз болдыңыз». Қазір өлеңді бұзушылар көбейіп барады, осы жөніндегі пікірлеріңіз қалай дегенді сұрайды.

Осы хат түрінде жазылған сын мақалаларға Бейімбеттің, Сәбиттің жауаптары шықты. Б.Майлин мақаласында «Екі оқушының» «Сіз не үшін ауылдан айналсоқтап шықпайсыз?» деген сұрауына «мен жете таныспаған нәрсемді жазуға шорқақпын. Ауыл өміріне әріден таныспын» деп жауап берген. Өлеңді аз жазып жүрген себебін «қара сөз болмаса, сол бізде мешеулеп өріс ала алмай келеді», сондықтан проза жазып келемін деп түсіндірген¹³⁰.

С.Мұқановтың «Екі оқушыға» жауабында сол кездегі әдеби процестегі негізгі мәселелер қозғалған. Бұл мақалада автор «Екі оқушымен» әдебиет жайлы кең пікірлесіп, өзінің әдебиет жайлы ойларын тікелей ізденістерімен қабыстыра баяндаған. С.Мұқанов та поэзиямен бірге проза саласында да еңбектеніп келе жатқанын қазақ кеңес әдебиетінің міндеттерімен байланыстырған. Ол «қазақ жазушысының жүзден тоқсан тоғызы өлеңші. Қара сөзбен жазатын адамдар өте аз. Қазақ әдебиеті қара сөзге, қара сөзбен жазылған күрделі еңбекке кедей... Менің осы түрде тереңдігім келеді. Қара сөзбен көсіліп ұзақ нәрселер жазғым келеді»¹³¹ деп, өзінің 1927 жылдан бастап осы салада жазып келе жатқан себебін түсіндірген. Қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушылар С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің, С.Мұқановтың

¹²⁷ І.Жансүгіров. Съезд алдындағы сөз. «Социалды Қазақстан» 1934, 15 мамыр.

¹²⁸ Тәжібайұлы Ә. Жазушылар съезі алдынан. «Лениншіл жас», 1934, №108, 15 мамыр.

¹²⁹ «Социалистік Қазақстан», 1934, 12, 18, 30 мамыр.

¹³⁰ Бейімбет. Екі оқушыға жауабым. «Социалды Қазақстан», 1934, 12 маусым.

¹³¹ Мұқанұлы С. «Екі оқушыға» жауап. «Социалды Қазақстан», 1934, 1 маусым.

т.б. ақындардың поэзиямен бірге әдебиеттің прозасы, сыны сияқты салалармен де айналысуын М.Қаратаев уақыт талабын қанағаттандыру, әдебиеттің дамуына көп болып жағдай жасап, қамтамасыз ету қажеттіліктерімен түсіндірді¹³².

Автор өзінің «Сұлушаш» поэмасы туралы, жалпы поэма жанры жайлы ойларын білдірген. «Сұлушаш» жөнінде сын айтқан сыншылармен полемикаға барған. Тарихи тақырыпта жазудың дүниежүзілік, орыс әдебиеттеріндегі тәжірибелерін қорыта келіп, салмақты пікірлер айтады. «Көркем шығарманың шын болуы алған дәуірінде емес, сол дәуірді қалай, қандай, көзқараспен жазуында сықылды» деп, ой түйеді. Поэма жанрына түсініктер беруге тырысқан. Алғашында ауыз әдебиетінен көп үйренгендігін, кейіннен орыстың Маяковский, Безыменский сықылды ақындарына еліктей бастағандығын айтады. Өлеңнің буын, үйлес, ырғақ сияқты жақтарын қозғап, бөлшектеп (Маяковскийше) жазылған өлеңдерді түсінудің қиын болу себептеріне тоқталған. «Біздің шығармалардың көбі алып отырған тақырыптың ішіне сүңгу емес, сырттан көлденең қарауымен ғана бітеді. Заводтың түтінін, көп терезесін ғана көреміз. Кісісіне жөнді тимейміз. Тисек, әрі барғанда бұлшық етімен майланған денесін ғана көріп, ішкі жағына, сана-сезім, ақыл-ойына тереңдемейміз» деп жазды. Кемшіліктеріміздің негізгі себептері марксизм-ленинизмді жақсы меңгермегендігіміз, өз бетімізбен білім алуға салақтығымыз, ескі әдебиет мұраларымен, классиктермен, әдебиеттің теориясы, сыны, тарихымен шұғылданбайтындығымыз және әдеби сынның нашарлығы деп көрсетті.

«Ашық хат», «Жауап хат» түріндегі сын мақалаларының көрінуі сын жанрларының мүмкіндіктерін неғұрлым толығырақ пайдалану ниеттерінен туған еді. Қандай да бір сын мақала болмасын, оның өзіндік жанры, айтылу тоны, жазылу стилі, көлемі болады. Осылар дұрыс шешімін тапқанда ғана сын өз міндетін дұрыс атқарып, мақсатына жетеді. Сондықтан да сыншының ең алдымен шешетін мәселесі – мақаланы қандай түрде жазу керектігі. Ең қолайлы формада ғана әдеби пікірлер айту қалың оқушылардың ұғымына өте түсінікті. Осындай мақалалар формалық жағынан жұртшылық назарын өзіне аударады және жазушылардың, сыншылардың, оқырмандардың көркем әдебиет жайлы еркін пікір айтуына мүмкіндіктер туғызады. Бұл түрдегі мақалалар 30-шы жылдардың сынында аз да болса кездеседі. Әсіресе, С.Мұқановтың бірнеше сын мақалаларында бұл әдіс едәуір қолданылды. Көркем әдебиеттің шығармашылық, теориялық жақтарын, жалпы әдебиеттің қыр-сырларын оқушы жұртшылыққа түсіндіруде, әдебиетті насихаттауда сыншы мен жазушының, жазушы мен оқушының пікірлесуі ретіндегі сын мақалалардың көпшілікке жақын түсінікті, ыңғайлы екендігі байқалды.

1933 жыл мен 34-ші жылдың бас кезінде жаңадан жазылған бірсыпыра шығармалар төңірегінде қызу пікірлер айтылды. С.Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы, М.Әуезовтің Айман-Шолпан», «Хан Кене», Ф.Мүсіреповтің «Қыз Жібек» пьесалары жөнінде көптеген рецензиялар шықты. М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» драмасы туралы ғана он бес мақала баспасөз бетінде көрінді. Бұларда артық-кем айтылған пікірлер де жоқ емес. Кейбір рецензияларда әдеби сында бұрын орын алып келген тұрпайы әлеуметтік көзқарастар да кездесіп қалып отырды. Мысалы, Қ.Өтепов С.Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы туралы былай деп жазды: «Қызыл аттың» бүгінгі күнінен өткен күнін артық көрсетіп, сол күнді көкसेген қорытындыға келгеніні өзі де білмей қалған. Бұл – кешірілмес күн»¹³³.

33–34 жылдардағы әдеби сында пролеткультшілік көзқарастардан біртіндеп арыла бастап, сынның нақтылыққа, объективтілікке ұмтыла бастағандығы, тақырыптық жағынан кеңейіп, мазмұны тереңдей түскендігі көрінеді.

1933 жылғы сын мақалалардың ішінде С.Мұқановтың «Поэзия мәселесі»¹³⁴ көзге түседі. Бұл мақалада поэзияның теориялық жақтары біршама қозғалған. Поэзия ерте кезде-ақ адамның еңбек ете бастауымен қатар туып, қоғамның дамуымен бірге ол да дамуда, түр мен мазмұн жағынан үнемі жетіліп келеді, таптық қоғамда тап құралына айналған деп, поэзияның шығу, өркендеу жолдарын шоллады. Автор қазақ кеңес поэзиясындағы сол кездегі ізденістерге, әсіресе мазмұн мен түр жаңалықтарына кеңірек тоқталады. Бұл мақалада да байқалатын бір кемшілік – түр мен мазмұнның бөлініп, екі бөлек қарастырылуы.

¹³² М.Қаратаев. Некоторые вопросы творчества. М.О.Ауэзова, Вестник АН Казахской ССР. 1962, №11, 29-бет.

¹³³ Өтепұлы Қ. «Қызыл ат» туралы. «Социалды Қазақстан», 1933. 19 қараша.

¹³⁴ Мұқанұлы С. Поэзия мәселесі. «Социалды Қазақстан». 1933, 5 маусым.

Әрбір көркем шығарманың мазмұны мен форманың бірлігінен тұратындығы белгілі. Белинский Кольцов туралы мақаласында былай деп жазған болатын: «Форма мазмұнның көрінісі болғандықтан да, олардың бір-бірімен байланыстылығы соншалық – форманы мазмұннан бөлу оның мазмұнын жоюға, керісінше, мазмұнды формадан айырса форманы жоюға алып келеді. Бұл – жанды байланыс, немесе идея мен форманың, форманың идеямен органикалық бірлігі бір-біріне сай келуі»¹³⁵. Бұл – диалектикалық бірлік. Бірі жоқ болса, екіншісі де болмайды, демек, көркем шығарма да шықпаған деген сөз. Лениндік сыйлықтың лауреаты Л.Леонов «Өнердің шын шығармасы барлық уақытта да түрлік жаңалығымен, мазмұндық сонылығымен құнды»¹³⁶ деп жазды. Форма мен мазмұнның біреуін ескермеушілік не формализмге, не тұрпайы социологизмге апарып соқтырады. «Поэзияның негізі – түр» деген ақындар орыс әдебиетінде формалистер ағымын туғызды. Олар орыс әдебиетінің алыптары Пушкин, Достоевский, Толстойлардың бізге қажеті жоқ, жаңа заманды жырлау үшін жаңа формалы әдебиет керек деп, өздерінің өзгеше бағдарламаларын ұсынды. Издену, үйрену, жолында С.Сейфуллин, С.Мұқанов сияқты ақындар қазақтың өлең жүйесін байыта түсті.

Сәбит қазақ өлеңдеріндегі жаңа сонылықтарды әңгімелегенде түр жағынан, мазмұн жағынан деп, екі айырып сөз еткен. С.Мұқанов қазақ ақындарын үш жүйеге бөлген де, әрқайсысына сипатта берген. 1-ші жүйедегі Илияс, Асқар, Әбділда, Қалмақандарға «бұларда соңғы 2–3 жылда түр мен мазмұны қатар келеді» деген, 2-ші топқа Сәкен, Бейімбет, Тайырды жатқызып, «бұларда түр күшті кей кезде мазмұн жағынан мүдіріп қалады», 3-ші жүйедегі Өтебай, Жақан, Ғалымдарға «бұл жолдастар өлеңдерін түр жағынан белгілі стандартпен жазып, мазмұнында пәлендей қою пікірлер бере алмай жүр»¹³⁷ деп жазған.

ҚазАПП ұйымы жойылған кезден Қазақстан жазушыларының бірінші құрылтайына дейінгі аралықта қазақ әдеби сынының белгілі бір процесті басынан өткергендігі байқалады. Бұл дәуірде әдеби сын өзінің бойындағы тұрпайы социологизм әдісі тудырған кемшіліктерден арыла бастады. Өткен өсу жолдарына көз жіберіп, жіберілген қателіктерді көре білді. Жеткен жетістіктер мен жіберілген олқылықтарды сараптап, негізінде дұрыс қорытындылар жасалды. Әдеби сын атқарар басты міндеттер дұрыс айқындала түсті. Сөйтіп, жалпы көркем әдебиет дамуының негізгі мәселесіне сын дұрыс жауап бере бастады. Осы жылдардан бастап қазақ әдебиеті сынының көркемдік даму процесінің ішкі қыр-сырларына тереңірек үңіліп, теориялық тұжырымдар жасай бастаған кезеңі жалғасты.

Қазақ кеңес әдебиетінің тарихында 1934 жылы 12–18 маусымда болып өткен қазақ қаламгерлерінің бірінші құрылтайы аса маңызды оқиға болды. Онда қазақ әдебиетінің даму жолдары, жеткен жетістіктері мен кемшіліктері қорытындыланды. Сол кездегі әдеби хал-ахуал кенінен әңгімеленді. Алда тұрған міндеттер көрсетілді.

Құрылтайда «Қазақ кеңес әдебиетінің бүгінгі күйі, келешектегі міндеттері» деген тақырыпта негізгі баяндаманы І.Жансүгіров жасады. Табыстармен бірге әдебиеттің өркендеуінде кездескен қиыншылықтар да айтылды. Әдебиеттің дамуына нұқсан келтірген жағдайлардың түп негізі ашып көрсетілді. Ол Қазақстан басшылығында болған кейбір адамдардың қателіктері нәтижесінде әдебиеттің өсуіне мүмкіндіктік шектеулі болғандығына өкініш білдірген.

«Қазақстандағы қатенің салдарынан туған қиыншылық кезінде көркем әдебиетіміздің еңсесі көтеріле алмады, жазушылардың бірсыпырасы тереңдей алып, қызығып жаза алмады. Ал, жазам дегендері жалпылай, сырттан соқты. Бірқатар құрғақ «жасасындар», рапорттар жайылды. Колхоз, совхоз, тракторды жалпылап жасасындап, науқан жайында өлеңмен жазылған рапорттар, ұзын-ұзын поэмалар мен баталар беріліп жатты, ел сүйсініп оқыған жоқ, қайта жүрегін айнытты. Сөйтіп, біз сол екі жылда, 1930–32 жылдың ішінде әдебиетіміздің, әсіресе өлеңдердің құнын арзандатып, сапасын төмендетіп алдық»¹³⁸ деген сөздерді оқимыз баяндамадан. Баяндамашы әдебиетіміздің алдында тұрған негізгі міндет деп, жаңа қоғам құрылысшыларының, замандастың бейнесін жасауды алға қояды. Сондай-ақ қаламгерді тәрбиелеу, балалар әдебиетін жасау, қазақ әдебиетінің интернационалдық байланысын күшейту, жікшілдікті түбімен жою мәселелері де қозғалған. Проза, поэзия, драматургия салаларын

¹³⁵ В.Г.Белинский. ПСС Т. IX. М. 1955. 535-бет.

¹³⁶ Л.Леонов. Литература и время. М. 1967. 282-бет.

¹³⁷ Мұқанұлы С. Поэзия мәселесі. «Социалды Қазақстан». 1933. 5 маусым.

¹³⁸ Қазақстан кеңес жазушыларының тұңғыш съезі. ККӘБ, А., 1934, 11-12 беттер.

шолғанда, ондағы негізгі туындыларды сөз ете отырып, өз тұжырымдарын айтады. Илияс әдебиетіміздің ең қалыңқы саласы деп сынды атады.

Құрылтайда поэзия туралы С.Мұқанов, драматургия жайлы М.Әуезов пен О.Беков, сын турасында І.Қабылов қосымша баяндамалар жасады. С.Мұқановтың поэзия жайлы айтқан пікірлері ауқымдылығымен көзге түседі. С.Сейфуллиннің, С.Торайғыровтың, Б.Майлиннің шығармашылықтарына кең тоқталып, олардың әдебиетімізде алатын орындарын анықтайды. Шығармаларындағы бұқарашылдық, халықтық бағыттарды көрсетіп, партиялық принцип тұрғысынан бағалар береді. С.Мұқанов Сәкеннің көп сыналып жүрген «Советстан», «Қызыл ат» поэмаларына да тоқталған. «Советстан» түрі қазақ поэзиясында жаңадан түр ашты. «Қызыл ат» поэмасы тақырыбының маңыздылығы аталған. Мал шаруашылығын өркендету жұмысында жіберілген кемшіліктерді дұрыс, батыл ашып көрсеткен «күнбе-күндік міндетімізге жауап бере алатын поэманың бірі» деп бағалады. Сәкеннің қазақ поэзиясында мектебі бар дей келіп, орыс поэзиясында Маяковский қандай орын алса, қазақ поэзиясында Сәкен де сондай орын алады», «қазақта пролетариат поэзиясының тұңғыш ақыны Сәкен» деп, ақын шығармашылығын аса жоғары бағалады¹³⁹.

«Поэзиямызда күрделі орын алып жатқан жазушының бірі Бейімбет Майлиннің ауыл тұрмысын жырлаудағы шеберлігі, тілінің баршаға түсінікті екені ерекше аталады. Сол кезде оған тағылып келген терең ақын емес, «тілдері өте жабайы» деген сияқты тұрпайы сындарды қатал мінейді. «Майлыұлы Бейімбеттің өз алдына өзгеше стилі бар, ол сөздің жазба түріне сұлулығын көп қоймайды. Оның тілі түсінуге жеңіл, қара шаруаның тілі» деді. Бейімбетті пролетариат ақыны дей келіп, пролетариаттық салт-санаға жататын шығарманы біз тақырыбынан емес, мазмұнынан айырамыз, жазушының қай тақырыпта жазып отырғандығы. Гәп сол тақырыпты дәуірімізге лайықты шығарма етіп шығарғанда» деген пікір білдірді. С.Мұқанов «Кедейді» әңгімелей отырып, С.Торайғыровтың шығармасындағы бұқарашылдық, ағартушылық сипаттарды ашады. І.Жансүгіровті «қазақ кеңес поэзиясының көрнекті ақынының бірі» деп бағалады. Ақынның жетістіктерін, әсіресе тіл байлығын атап өтеді.

Сәбит те баяндамасында сынға тоқталып кеткен. Маркстіл сын өрістей алмай келді деп, оған дәлел ретінде Ғ.Тоғжанов пен М.П.Баталовтың сын мақалаларын тілге тиек етеді. Баяндамашы екі автордың сыншылдық қызметіне де қатты міндер таққан. С.Мұқанов Ғаббастың әдебиет сынында жіберген кейбір теориялық қателіктерін дұрыс сынап келіп, оның қазақ әдеби сынын өркендету жолындағы бүкіл қызметін жоққа шығарғандай болады. «Тоғжановшылдық» деген термин қолданады. Тіпті, Ғ.Тоғжановты кеңестік құрылысқа қарсы адам етіп көрсетуге дейін барған. М.П.Баталовтың қазақ тілін білмей, сол себепті қазақ жазушыларының шығармаларын оқымай, біреулердің айтуымен сын жазатындығы орынды сыналады. Оның «Қазақ фольклоры» атты кітабын фактіні жөнді білмей, зерттемей жазылған деп қатты мінеген.

М.Әуезовтің, О.Бековтің қосымша баяндамаларында драматургия, театр саласының нақтылы жағдайлары сөз болады. М.Әуезов драматургия жайлы терең ойлар айтты. Ол бірнеше пьесаларды талдай отырып, драматургиялық шеберлік жайлы парасатты пікірлер білдіреді. Әуезовтің 30-шы жылдардағы сыншылдық қызметін айтқанда оның осы кезде драматургия, театр саласында көп мақалалар жазғаны, бұл ретте теориялық жағынан берік негізделген білімді, толымды ойлар айтқаны есте болған жөн¹⁴⁰.

Илияс Қабылов «Маркс-Ленин әдеби сынының сабақты мәселелері» деген баяндамасында қазақ әдеби сынының алдында тұрған мәселелерді әңгімелейді. Кейбір шығармалар айналасында айтылған сындар төңірегінде пікір білдіреді. Баяндамашы «Қызыл ат» поэмасына баға береді. Көркем туындының міндетті түрде көркемдік сапаларға ие болуы қажет екендігін айта келіп, көптеген шығармаларда ұшырайтын сипатты кемшіліктерге тоқталған. «Біздің көркем сөзімізді көсем сөзден (публицистикадан) кейде айыруға болмайды¹⁴¹» деп, негізгі бір кемшілікті көрсетеді. Құрғақ, фотографиялық суреттеуден арылудың қажеттілігі ескертілген. Суреткерлерді шығармашылық жолда көп ізденуге, әдебиет теориясын терең оқып үйренуге шақырады. Жазушыларымызға көп әсерін тигізіп жүрген төрт түрлі нәрсенің (жікшілдік, білгірсіну, тар өрістілік, әдебиетті саясаттан тыс деушілік) жоюымыз керек дейді.

¹³⁹ «Қазақ әдебиеті», 1934, 1 тамыз.

¹⁴⁰ М.Әуезовтің сыншылдық қызметі жайлы Қ.Сыздықовтың «М.Әуезов – әдебиет сыншысы» (1973) атты зерттеу кітабында толығырақ айтылады.

¹⁴¹ «Әдебиет майданы», 1934. №7-8 бет.

І.Қабылов социалистік реализм әдісі туралы пікірлер айтты. Сыншыларды Маркс-Ленин әдеби сынын күшейтуге, оның негізгі принциптерін берік ұстануға үндейді.

Қазақ әдеби сынының өсіп-өркендеуіне тек әдебиетшілер ғана емес, мәдениет басшылығында жүрген партия, кеңес қызметкерлері де үлес қосты. Қызмет бабымен әдебиет ісіне тікелей қатысты болған І.Қабыловтың сын мақалалары назар аударады. Отызыншы жылдардың орта тұсында әдебиеттің партиялық бағытта дамуына өзінің сыни мақалаларымен болысқан қабілетті сыншылардың бірі. Оның Қазақстан жазушыларының құрылтайында сын туралы жасаған баяндамасы әдебиет пен сынның өзекті өңірлеріне бара білді. І.Қабыловтың 1934 жылы «Қазақ әдебиетіне маркс-лениндік сын керек»¹⁴². «Заманымызға сай әдебиет жасайық»¹⁴³, С.Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасына алғысөз мақалалары шықты.

Қазақстан жазушыларының І-ші құрылтайы әдебиетіміздің дамуында үлкен асу болды. Жасалынған баяндамалар әдеби сынның жаңа биіктерге бет алғанын, жаңа сапаларға ие бола бастағанын, әдебиетіміздің нақтылы жағдайларын айқын көрсетті. Бұрынғы ҚазАПП кезіндегі баяндамалардай шығармаларды тізбелеп емес, әдебиеттің жай-күйі көркемдік сапаларына қарай, әдеби талдауларға сүйене отырып анықталды. Әдеби сынның негізгі даму бағыттары айқындалды.

Осыдан кейін көп ұзамай-ақ Мәскеуде кеңес жазушыларының Бүкілодақтық Бірінші құрылтайы болып өтті. Онда кеңес әдебиетінің идеялық-көркемдік жетіктіктері қорытылып, алға үлкен міндеттер қойылды; әдеби күштерді топтастырып, жаңа биіктерге шақырды. Құрылтайда социалистік реализм әдісінің шығармашылық принциптері нақтылы түрде белгіленді. Қазақстан жазушыларының атынан С.Сейфуллин мен І.Жансүгіров сөз сөйледі.

Құрылтайдан кейін әдеби сынды өсіру жайлы бірнеше мақалалар көрінді. І.Жансүгіров жазушылардың 1935 жылы 30 қаңтардағы жиылысында жасаған баяндамасында қаламгерлер арасында өзара сынды өрістетуге баса назар аударған. Жиында шығып сөйлеген Шамғали Сарыбаев, Рахымжан Жаманқұлов «сын қайтсе жақсарады» деген өз ойларын ортаға салды. Сын қаруы өз орнына жұмсалмаса, көп залал келтірер, әдебиетке ауру таратып кетер қауіпті құрал. Сондықтан да оны барлық уақытта дұрыс қолданылуын қадағалап отыру ләзім. Ө.Тәжібаев сындағы осындай кейбір өрескел жағдайларға тойтарыс береді¹⁴⁴.

Отызыншы жылдардың алғашқы жарымындағы әдеби сынның жалпы сипатты ерекшелігі – көркем шығармаларды қарастырғанда идеялық, саяси сапасына баса көңіл бөліп, көбірек мән беріп, көркемдік-эстетикалық талдаулар жетіспей жатты. Өйткені, сол кезде жоғары саяси қырағылыққа ерекше мән беріліп, әдебиеттегі қоғамдық-саяси мәселелер алдыңғы қатарға қойылып, соны қатал талап етіп отырды. В.И.Лениннің әдебиеттің партиялылығы туралы айтқан қағидаларын қатал ұстауға тырысты. Бұл социалистік реализмнің негізгі талаптарының бірі әр бір шығарманы партиялық, таптық, тұрғыдан танып, бағалауға ұмтылушылық болатын.

В.Г.Плеханов сыншының ең бірінші міндеті көркем туындының әлеуметтік, таптық негізін ашу деп көрсетті¹⁴⁵. Мұны шығарманы талдау үстіндегі «бірінші акт» деп атаған. шығармаларды тек идеялық жағынан талдаудың әдеби сынның нашар дамыған кездерінде кенірек өріс алатындығын, ал көркемдік сапаларды танып білу үшін өсіп, өркендеген сынның қажет екендігін айтқан болатын. Отызыншы жылдардағы әдебиет сыны туралы А.В.Луначарский 1934 жылы «Қазіргі сынымызды алып қарайық. Ол эстетикалық талдауда әлсіз. Ал Плехановтың «бірінші актысын» тамаша орындап береді»¹⁴⁶ деп жазды. Әдеби сыншыл ой-пікірдің жетіліп қалыптасуындағы мұндай құбылыс басқа да социалистік елдер әдебиетінің алғашқы даму сатыларында байқалады¹⁴⁷.

В.Г.Плехановтың сындағы 1, 2-ші актілер туралы пікірінің қайшылықты жері де бар. Ол шығармалардың идеялық және көркемдік сапаларын анықтауды екі бөліп қарастырады да, идеялық мазмұнның көркем форма арқылы ғана өмір сүре алатынын ескере бермейді. Әдеби

¹⁴² «Социалды Қазақстан», 1934, 15 тамыз.

¹⁴³ «Социалды Қазақстан», 1934, 12 маусым.

¹⁴⁴ Әбділда. Сын қолжаулық емес. «Қазақ әдебиеті», 1935, 18 маусым.

¹⁴⁵ В.Г.Плеханов. Литература и эстетика. М., 1958, 128,430-беттер.

¹⁴⁶ А.В.Луначарский. Соч. Т. 8, 547-бет.

¹⁴⁷ Формирование марксистской литературной критики в зарубежных славянских странах (М., 1972) деген кітапты қараңыз.

сынның идеялық және көркемдік-эстетикалық сапаларды талдау міндеттерін бөліп тастауға болмайды. Ал, тек бір ғана жағы қарастырылса, ол – сынның кемшілігі. Отызыншы жылдардағы әдебиет сынында осы екі компоненттің 2-ші жағының – көркемдік талдаулардың жетіспей жататындығы оның әлсіз тұсы еді. Онжылдықтың өнбойында әдеби сын өзінің әлсіз жақтарын нығайта түсті. Осы дәуірдегі сынның негізгі даму жолы әдебиеттің халықтығы принципін берік ұстана отырып, көркемдік-эстетикалық талдауларды күшейтуге ұмтылу болды.

Әдеби сынның дамуы қоғамның, қоғамдық ой-пікірдің өсуімен тығыз байланысты. Халықтың рухани, мәдени дәрежесі сынға елеулі әсер етеді. Сын қоғамдық ғылымдардың жетіктіктеріне сүйенгенде ғана оның объективтілігі, ғылымилығы, парасаттылығы арта түседі. Сынды әдебиеттің айнасы дейтін болсақ, әдебиет өмірдің бейнесі. Сондықтан да, көркем шығармаларды бағалағанда сыншы қоғам өмірін жетік білуімен қатар, ол туралы ғылымға сүйенгенде ғана нәтижелі пікірлер айта алады.

Отызыншы жылдары республикамызда қоғамдық, экономикалық, мәдени салаларда елеулі ілгерілеулер жасалды. Қоғамдық ғылымдар дамыды. Көптеген саяси, ғылыми еңбектер қазақ тіліне аударыла бастады. Қазақ әдебиетшілері іздену, үйрену үстінде диалектикалық материализм ілімін меңгере түсті. Орыстың, Батыс Еуропаның озық әдебиет үлгілерінен көп үйренді. Бұлардың барлығы әдеби сынның дамуына игі әсерін тигізді. Осы жылдардағы сын мақалаларында Горькийдің, Белинскийдің, Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Пушкиннің, т.б. есімдеріне, айтқандарына сүйене отырып, сыншылар әдебиет жайлы толымды пікірлер айта бастады.

Соғысқа дейінгі жылдарда сынның ауыр жүгін көтеріскен, оны дамытуға үлес қосқан сыншылардың қатары молая түсті. С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сияқты сақа қаламгерлер бұл кезде де сын саласында өнімді еңбек етті. Ғ.Тоғжанов, І.Қабылов, М.Кахиани, Б.Кенжебаев, Қ.Өтепов, Е.Бекенов, Х.Жүсіпбеков, М.Жолдыбаев, Р.Жаманқұлов, Ж.Сәрсекөв, Е.Ысмайылов, К.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, М.Қаратаев, Ә.Тәжібаев, З.Шанин, С.Ерубәев, Ө.Тұрманжанов, О.Беков, Қ.Қуанышев, Р.Уәлиахметов, С.Қамалов, Ж.Шаини, Ш.Құсайынов, Ә.Мәметова, Ғ.Шәріпова, М.Дәулетбаев, Қ.Әбдіқадыров, Қ.Аманжолов, Қ.Жұбанов, Ш.Әлжанов, Ә.Үсенов, Р.Сүгіров, Х.Есенжанов, Ғ.Сланов, Қ.Сатыбалдин, Ж.Саин, Ж.Сыздықов, А.Тоқмағамбетов, Д.Әбілов, С.Сейітов, Ж.Жұмаханов, М.Ғабдуллин, Ғ.Орманов, М.Баталов, М.С.Сильченко, Т.Нұртазин, Б.Шалабаев т.б. әдебиетшілер сынның ыстық-суығына күйіп, өркендеуіне ат салысты.

Әдебиеттегі дамытуға бағытталған бірсыпыра, шаралар атқарылды. Бұрынғы «Жаңа әдебиет» журналы «Әдебиет майданы» деген атпен шықты. Орыс тілінде «Литературный Казахстан» әдеби журналы шыға бастады. 1934 жылы 10 қаңтарда «Қазақ әдебиеті» газетінің тұңғыш номері жарыққа шықты. Әдебиет газетінің шығуы мәдени, әдеби өміріміздегі елеулі оқиға болды. «Қазақ әдебиетінің» шығып тұруы Республикамызда әдеби ой-пікірдің дамуына үлкен жағдай жасады. Газеттің алғашқы нөмірінен бастап-ақ қазақ әдеби сынына айрықша көңіл бөлінді. «Қазақ әдебиетінің» бірінші санында М.Әуезовтың «Сыннан не тілер едім?» деген мақаласы жарияланды. Онда қазақ әдебиеті сынының алдында тұрған міндеттері жан-жақты қозғалған. «Ұлы дәуірге – үлкен әдебиет» атты бас мақаланы газеттің тұңғыш редакторы Ғабит Мүсірепов жазған. Газетте тағы да М.Әуезовтің рецензиясы, С.Сейфуллиннің «Кезектегі істерім» мақаласы орын алған.

«Қазақ әдебиеті» шығып тұруымен бірге сынның белсенділігі, объективтілігі, жауынгерлік сипаты, ғылыми негізділігі, әдеби процестегі ролі арта түсті. Ішкі мүмкіндіктері толығырақ пайдаланылып, сын жанрларының сипаттық белгілері артты. Сын жанрларының бұрын көрінбеген түрлері де көріне бастады. Сынның түрлі жанрларының газет бетінде көрінуіне назар аударылды.

«Қазақ әдебиеті» газетінің осы санында С.Ерубәевтың «Мәжит пен Өтебай» атты пародиясы жарияланды. Бұл қазақ әдебиеті сынындағы алғашқы пародиялардың бірі еді. Мұнда да сол кездегі қазақ поэзиясындағы негізгі кемшіліктер қатал сынға алынды. Олар не болса соны өлеңге қосушылық, поэзияға қажетті негізгі талаптардың орындала бермейтіндігі, Маяковскийше жазамыз деп өлең жолдарын орынсыз бөлшектеп, шұбатып жазушылық, өмір материалдарымен жете таныспай, зерттемей, тек сырттай ғана танысып жыр жазушылық, тағы басқалар болатын. Автор өз мақаласын ұтымды құра білген: екі ақын бірге әңгімелесіп жүреді

де, әр жерде өздерінің өлеңдерін оқиды. Олардың айтатындары автордың сынағалы отырған өлеңдері. Мақалада мына өлеңнің мынауы нашар, ана жері олай емес, бұлай болуы керек деген сықылды сындар автор тарапынан, не кейіпкерлердің аузынан айтылмайды. Сонда да болса, пародияда екі ақынның өлеңдері қатты сыналады. Оның себебі Ерубаев осындай кемшіліктердің туу сетептерін, өлеңдердің жазылу жағдайларын күлкілі қалыпта суреттеп көрсете білген. Автор екі ақынға жарыстырып өлең шығартқызады. Біреуі:

– Бір өзінде болыпты тоғыз жалшы,
Тоғыз жалшы мал баққан тоғыз алшы.
Тоғыз малшы тоғызы тоғыз жалшы,
Тоғыз жалшы болған соң тоғыз малшы... деп жырлайды. Екіншісі бұдан да

асып түседі:

– Кетіндер
Кетіндер
Сендер –
Тоғышарлар,
Мещандар,
Әбибатылдар,
Сұрбақпайлар,
Шылықтар,
Былықтар...¹⁴⁸

Екі ақынның осы өлең жолдарын шығарған сәттегі шабытын суреттеу арқылы автор осы тақілеттес өлеңдерді түйрей сынаған.

Мақалада кейбір ақын жазушылардың өндірісті сыртай ғана қызықтап жазатындықтарын өлтіре мінейді. Екі ақын өндірісті жазбақшы болып келіседі. Қалай жазады? Ақыл табылады. Біреуі «Сен анау төменге түс те, бір-екі тақтайды тақ-тақ еткіз, басынды жұдырығыңмен сақ-сақ еткіз, сіріңкені шағып, жылт-жылт еткіз, мен шахтыны суреттеп жазып алайын» дейді. Осылай етіп өлең жазады:

– Төмен түссе тақ-тақ
Тарс-тарс, тақ-тақ.
Салдыр-гүлдір, тоқ-тоқ,
Тырс-тырс... шақ-шақ.
Жылт-жылт еткен шырақ.

Үстеріне тағы бір ақын келіп қалып, ол да:

– Солкылдат, шақ, шақ, шақ,
Барылдат
Тақ-тақ-тақ
Ал, кәне!
Сарт, сарт, сарт.
Жол эне,

Тарт, тарт, тарт... деп, шабыттана «жыр жолдарын» төгеді.

Белгілі бір жүйемен шымыр құрылған оқиғаға бірнеше ақын араласып, олардың өлеңдері де аяусыз мінеледі. Автор ақындардың нашар өлеңдерін күлкілі жағдайда қатты сынамайын деп, кейбір жерлерде тым өрескелдеу кетіп қалатын жерлері де бар.

Жазушылар құрылтайынан кейінгі кездерде әдеби сын тақырып жағынан кеңейіп, кемелдене түсті, сапасы артты. Жаңадан көрінген көркем шығармалар хақында сын өз пікірін үнемі айтып тұрды. Кейбір елеулі туындылар төңірегінде пікір таластары да болып жатты. 1935 жылы желтоқсан айында Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» мен С.Мұқановтың «Теміртас» романы жайлы пікірталастар өткізілді. «Шұға» туралы айтыста Р.Жаманқұлов, Қ.Өтепов, Ғ.Тоғжанов, Е.Ысмайылов жолдастар пікір білдірген. Талқылаудағы негізгі мәселе Б.Майлиннің 1934 жылы жазылған «Шұға» пьесасы болды. Айтыста сөйлеушілердің бәрі де дерлік Бейімбеттің 1915 жылы жазған осы аттас әңгімесі мен кейінгі пьесасын дұрыс бағалаған. «Шұға» әңгімесі осы күйінің өзінде-ақ төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиетінің ішінде кедей бұқарашыл шығарма-

¹⁴⁸ Саттар. Мәжит мен Өтебай. «Қазақ әдебиеті», 1934, №1, 10 қантар.

лардың көрнектісі болып саналады¹⁴⁹. Шығарманы талқылаған жиында шығып сөйлегендер пьесаны, оның сахнада қойылуын жақсарту тұрғысында бірсыпыра ұсыныстар айтқан.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1935 жылғы 24 желтоқсандағы санында С.Мұқановтың жаңа романы «Теміртас туралы айтыс» деген үлкен тақырыппен материалдар берілген. Бұл кітаптың жарыққа шығуы қызу пікір туғызды. Оның себебі қазақ әдебиетінде роман жанрының кенжелеп келе жатқандығы еді. Бұрын да сында әдебиеттің жетекші жанры болып табылатын, романды дамыту мәселесі көтеріліп келген болатын. Қазақ әдебиетінде әрбір романның жарық көруі жаңалық та, сонымен бірге осы жанр проблемасын белгілі дәрежеде шешу де болды.

Газетте сегіз әдебиетшінің және Қазақ педагогика институты әдебиет үйірмесі мүшелерінің пікірлері басылған. Негізгі баяндаманы Ә.Лекеров жасаған. Баяндаманың байсалды әдебиетшінің емес жай оқушының ғана пікірі болып шыққандығы оның атынан-ақ («Теміртас» туралы оқушының заметкесі») көрінді. Жарыссөзде сөйлегендердің көпшілігі баяндаманың нашар жасалынғандығын атап өтті. Сөйлеушілер «Теміртастың» түрлі сипаттарын сөз етті. Романның композициялық құрылысындағы, кейіпкерлердің сомдалуындағы, суреттеудегі, оқиғалардың іріктелуіндегі жетіспеушіліктерді пікір айтушылардың көпшілігі атап көрсетті. Қ.Өтепов романдағы оқиғаның өте қоюлығын нұсқайды: «Романда әңгіме болмайтын мәселе жоқ. Әдебиет те, тарих та, басқа ғылымдар да қалмайды, бәрі де романда шолынып кетіледі. Жанама оқиғалар суретті көміп басып кеткен».

Осы орайда В.Г.Белинскийдің «Роман тарихи фактілерді баяндаудан бас тартып, оларды тек өзінің мазмұны болған жеке оқиғамен байланысты етіп қана алады. Бірақ, осы арқылы роман тарихи фактілердің ішкі жағын, былайша айтқанда, ішкі астарын біздің алдымызда байымдап береді, бізді тарихи адамның кабинетіне және төсегіне ертіп апарып, оның үй тұрмысымен, семьялық сырымен таныстырады, оны салтанатты тарихи мундирлерімен ғана көрсетіп қоймай, үйінде киетін шапанымен, қалпағымен жүрген күйінде де көрсетеді»¹⁵⁰ деген сөздері еске түседі. Қ.Өтепов «Теміртаста» жазушы көп жерде өзінің суретші екенін ұмытып, айтуға түсіп кетеді; идеяны сурет арқылы беру орнына жай сөзбен айтып шығады» деп сынаған.

Сонымен бірге «Теміртас» романы тек жазушы творчасындағы ғана емес, қазақ әдебиетінде күрделі, кесек шығармалар жасаудағы батыл адым, роман жанрын дамыту жолындағы ілгері басқандық деп бағаланды. Е.Ысмайыловтың, Қ.Жұмалиевтің, Ж.Сыздықовтың сөздерінде романның осы жанрды өркендетудегі жетістіктері баса айтылған. Кейбір асыра бағалаушылықтар да бар. Қ.Жұмалиев кітаптың жеті түрлі жақсы жақтарын айтып, бұл роман «тек қана салт документ емес, пролетариаттың философиясы» деп бағалаған. Шығып сөйлеуші Ж.Сыздықов бұл бағаның ұшқары екендігін айта келіп, романда «азын-аулақ кемшілік бар, бірақ еңбектің әлі толық бітпегенін ескерту қажет»¹⁵¹ деді.

Ғ.Тоғжановтың мәжілісті ашардағы сөзінде «Қазақ әдебиетінде сын жұмысы төрт аяғынан бірдей ақсап отыр деуге болады. Біз осы жұмысты қазір жалпы жазушылар жұртшылығы болып қолға ала бастадық» деген. Сол жылы баспадан шығып, артынша-ақ талқыланған «Теміртас» романы туралы сындардан сынның оперативтілігін, көпшілік сипат ала бастағандығын байқасақ та, екінші жағынан, пікір алысудың тым асығыстау өткізілгенін, науқангершілікті де көреміз. Осы желтоқсан айының ішінде екі үлкен пікірсайыстың Бейімбеттің «Шұғасы», Сәбиттің «Теміртасы» туралы өткізілгендігі сындағы науқаншылықты да байқағанды. Көп ұзамай-ақ І.Жансүгіровтың поэмалары туралы да пікір алысу болып өтті.

Талқылауды ашардағы кіріспе сөзінде С.Мұқанов Ілиясты Сәкенмен бірге «Қазақтың совет поэзиясының классигі» деп атады¹⁵². Пікірлесудегі мақсатымыз Ілиясқа көмектесу, көп болып кемшілігін табысып, алдағы еңбектеріне дұрыс жол салысу деді. І.Жансүгіровтің «Күйші», «Дала» поэмалары туралы баяндаманы Қ.Қуанышев жасады. Баяндамашы «Күйшінің» әрбір жолы, әрбір күйлері тартқан күйдей лепіріп, құлаққа майда тиіп музыкалық әсер етіп отырады. Ілиястың «Күйшісінде» құлақ жаратын дөкір балға дүрсілі, не құрғақ айғай жоқ. Өлеңнің музыкасы жағынан «Күйші» Пушкин, Лермонтов және Абай сияқты поэзия мастерлерінің кейбір өлеңдерімен қатар түсіп отырады»¹⁵³. Поэманың тіл өрнегіне Қуанышевпен бірге

¹⁴⁹ Жаманқұллы Рақымжан. Әңгіме мен пьеса. «Қазақ әдебиеті», 1935, 12 желтоқсан.

¹⁵⁰ В.Г.Белинский. Тандамалы шығармалары. I-кітап, А., 1948, 38-бет.

¹⁵¹ «Қазақ әдебиеті», 1935, 24 желтоқсан.

¹⁵² С.Мұқанұлы. Ілиястың поэзиясы туралы. «Қазақ әдебиеті», 1936, 10-қаңтар.

¹⁵³ Қ.Қуанышев. Жансүгіров ұлының екі поэмасы туралы. «Қазақ әдебиеті», 1936, 10-қаңтар.

Қ.Әбдіқадыров, Ө.Тұрманжанов, Ә.Қоңыратбаевтар ерекше назар аударған. Е.Ысмайылов сөзін «Дала» поэмасына арнаған. Поэманың әр тарауы бір дастан, барлық тараулары шал арқылы байланысып, көркем бүтіндік құрып тұр дей келіп, шығарманы жоғары бағалайды. «Далаға» кең көлемде дұрыс баға беру үшін оның әдебиеттік, тілдік жағын әлі де зерттей түсуіміз керек деген¹⁵⁴.

І.Жансүгіровтің «Күйші» поэмасы туралы одақтық баспасөз бетінде де пікір айтылды. К.Зелинский «Литературное обозрение» (1936, №21) журналында жарияланған мақаласында поэмаға дұрыс баға берді.

Қазақ әдебиеті сынының алғашқы қалыптасу жылдарында орын алған тұрпайы әлеуметтік солақайлықтан көп зәбір көрген шығармалардың бірі І.Жансүгіровтің қазақ халқының өткен өміріне арналып жазылған поэмалары да болатын. Ілияс поэмалары туралы болған пікір алысуда ескі тұрпайы әлеуметтік көзқарастар да көрініс беріп қалды. Қ.Өтепов те Ілиястың поэмаларынан көптеген «ірі кемшіліктер» тапты. «Далада» екі кемшілік бар: поэзияның образдық жағы мен символикалық жақтары (мысалы, шал, тарих). Мұның екеуі де кемшілік әдіс¹⁵⁵. Қ.Қуанышев «Күйші» поэмасын жақсы бағалай келіп, онда күй тақырыбының негізгі әңгіме болғандығы қалай деп, шүбәланған. «Міне, осы музыканы тап мәселелерін шешуге құрал етуден үлкен қате шықпай ма? Мүмкін, дүние жүзіндегі жақсы күйшілерді жиып күй тартқыза берсе, тап жауының бәрі де мейірімі түсіп, кедейлерді құлдықтан босатар»¹⁵⁶ дейді. Қ.Әбдіқадыров «сонында күйшіні босатып жіберуі сенімсіз» деп, күмәнданады. Пікір жарысында сөйлегендердің көпшілігі (Е.Ысмайылов, Ө.Тұрманжанов т.б.) мұндай пікірлерге дау айтты.

Отызыншы жылдардың орта шенінде орыс әдебиетінде формализм мен натурализм туралы пікір алысу болды. Бұл айтысты орталық «Правда» газеті қолдады. Онда кеңес әдебиетінің атасы М.Горькийдің формализм жөнінде мақаласы жарияланды. Шығарманың формалық және идеялық жағынан тұтастығын тамаша дәлелдеді¹⁵⁷. М.Горький формализм жөніндегі айтысты құптайтындығын білдіре келіп, қаламгерлерді әдебиетіміз жайлы пікір алысуға шақырады.

Қазақ әдебиетінде айрықша формализм ағымы болмағанымен де оның әсерлерінің барлығы байқалған еді. Тағы үлкен бір кемшілік өмір шындығын суреттеуде натурализм элементтерінің көп кездесетіндігі болды. Қазақ әдебиетшілері одақтық әдебиетте болған бұл айтысты әдебиетіміздің көркемдік сапалары үшін келелі пікір жарыстарына айналдырды. Қазақ әдебиетіндегі формализм, натурализм жөніндегі пікірталасу 1936 жылы 11-көкекте басталып, үш күнге созылды. Бұл айтыс тек формализм мен натурализм төңірегінде ғана емес, жалпы әдебиетіміздегі сырқаулы олқылықтар жайында кеңінен ойласқан келелі жиынға айналды. Бұл пікірталастың ерекшелігі мұнда әдебиетіміздің жетістіктеріне қарағанда кемшіліктері көбірек әңгімеленеді. Сыншылар әдебиетімізге жоғары талаптар қоя білді. Кемшін көріністер қатал сынға алынды. Сәбиттің «Альбатрос», «Социалистан», Асқардың «Уборщица», Әбділданың «Олқылық», т.б. шығармаларында азды-көпті формализм элементтерін ұшырайтындығы көрсетілді.

Осы мәселеге арналған пікірлесуде С.Сейфуллин қазақ әдебиетіндегі формалистік қателер іздену жолындағы кемшіліктер деп түсіндірді¹⁵⁸. Қазақ кеңес әдебиетінің ағасы ретінде әдебиетте орын алып келе жатқан кемістіктер жайлы байсалды пікірлер айтты. Сын туралы «бізде қазір сынап, сойып тастау жоқ... Сын байымды жолдастық, ісі жүзінде көмек берерлік нәтижелі қалыпқа көшіп отыр» деді. Осындай сынды қуаттайды. Сындағы асыра мақтап жіберушіліктің де әдебиетке зияннан басқа еш пайдасы жоқтығын ескерткен.

М.Әуезов те өз творчествосына сын көзімен қарай отырып, сонымен бірге әдебиет жайлы біраз ойларын ортаға салған. Нашар жағымыз ізденудің, үйренудің әлсіздігінде деп көрсетті. Фольклордан көп үйренуге шақырды. «Біз халық әдебиетінің барлық жақтарын, жақсы қасиеттерін өз бойымызға сіңіріп алуымыз керек» дей келіп, «халық фольклорының топырағына аяқты тіреп, алға секіру» қажеттігін еске салады.

¹⁵⁴ Есмағамбет Смайылұлы. Шын поэзияны қалай тану керек. Сонда.

¹⁵⁵ Өтепұлы Қалмұрза. Әдістегі қателік. «Қазақ әдебиеті», 1936, 15-қаңтар.

¹⁵⁶ Қ.Қуанышев. Жансүгірұлының екі поэмасы. Сонда.

¹⁵⁷ М.Горький. О формализме. «Правда», 1936, 9-көкек.

¹⁵⁸ «Қазақ әдебиеті», 1936, 5-мамыр.

Пікірталасында Ә.Лекеров, Қ.Қуанышев, Қ.Өтепов, Р.Жаманқұлов, Е.Ысмайылов, Ө.Тәжібаев, Ө.Тұрманжанов т.б. шығып сөйледі. Е.Ысмайылов Челюскин сапарына арналып жазылған поэмалардағы кем-кетіктерді көрсеткен. Олар асығыс жазылады да жалаң мақтауға құрылды, көркем образ, терең ой жетіспейді деді¹⁵⁹. Осы жылғы «Социалистік Қазақстан» газетінде басылған мақалаларында да әдебиеттегі формализм мен натурализм хақында біраз салмақты пікірлер айтқан. Луначарский: «Натурализмнің шындығы мен тереңдігі шектеулі, жарға соқтырады» деп жазған болатын. Айтыста шығып сөйлеушілердің көпшілігі құрғақ суреттеудің, жалаң баяндаушылықтың көркем әдебиетке пайдасы жоқтығын атап өтті. Өмірдің өлі күйінде құрғақ фотографиясын ғана көрсетпей, барлық байланысымен, болмысымен, тынысымен шынайы суреттеу қажеттілігі айтылды.

Әдебиеттегі формализм мен натурализм төңірегінде болған пікір алысуларда артық-кем сындар да айтылмай қалған жоқ. Поэзиядағы жаңашылдықтың бәрін формализм, прозадағы шынайы өмір көріністерін натурализм деушілік, осыларды көркем әдебиеттен қазбалай іздеушілік байқалып қалды. Ә.Лекеров «Б.Майлиннің «Мырқымбай» деген шығармалары натурализмге мысал бола алады» деді¹⁶⁰. Қ.Өтепов Өзімбайдың бұл пікірін орынды сынады да, І.Жансүгіровтің «Күйші» поэмасы туралы «Күйшіде» Ілияс сезімге түсіп кетіп, заманын шындық дәрежесінде суреттеуге жете алмаған»¹⁶¹ дейді. Күй тартылған кезде күн ұясына кірмей, бұлт қозғалмай қалатын кездерін, күйшінің құлдықтан күй тарту арқылы құтылуын сынаған. Дыбысқа еліктеушілік бар деп атайды. Осы сияқты Қ.Қуанышев та: «Поэмаңың негізгі кемшіліктері поэмада қазақ хандарының, ханның қыздарының музыканы бағалай білуі жан-тәндерімен сүйетіндігі мақталған»¹⁶² деп сынаған. Бұл айтылғандардан 30-шы жылдардың орта шенінде әдебиет сынында әлі де болса тұрпайы социологизм негізді сындардың кездесіп қалатындығын көреміз.

Бұл кездегі әдеби сын көркем әдебиеттің негізгі қасиеті көркемдік сапаларды анықтауға ұмтылды. Сынның құлашы, білімділігі арта түсті. Мұны осы әдебиеттегі формализм мен натурализм туралы болған дискуссиядан анық байқаймыз. Бұрындары болған жеке жазушылардың белгілі бір шығармаларды төңірегінде болған айтыстарға қарағанда соңғы пікір алысуда әдеби сын жалпы әдебиетіміз жайлы, ондағы сырқаулар туралы байсалды ойлар айтылды. Сын әдеби процесітегі жетекшілік қызметін атқара түсті. Әдебиетіміз жайлы салмақты пікірлер білдірген С.Сейфуллиннің, М.Әуезовтің, Е.Ысмайыловтың сөздері сыншы ойлардың жетіле түскендігінің айғағы еді.

1938 жылы С.Мұқановтың жаңа романы «Жұмбақ жалау» жарыққа шықты. Роман жұртшылық арасында қызу пікірлер туғызды. 1939 жылы 3-маусым күні әдеби қауымның осы шығарманы талқылауға арналған жиналысы болып өтті. «Жұмбақ жалау» романы туралы баяндаманы сыншы Есмағамбет Ысмайылов жасады.

Отызыншы жылдары өзінің ойлы, өткір сындарымен көзге түскен сыншылардың бірі Е.Ысмайылов. Алғашқы сын мақаласы 1931 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің 14-қаңтарындағы санында жарық көрген¹⁶³ сыншы осы тұстарда өнімді еңбек етті. Мысалы, 1938 жылы жиырма шақты, 1939 жылы он бестен астам сын мақалалары баспасөз бетінде жарияланды.

Е.Ысмайылов поэзияның, драматургияның елеулі мәселелеріне дер кезінде үн қосып, пайдалы пікірлер білдіріп отырды. Осы кездерде сыншы әсіресе поэзия туралы құнды пікірлер айтты. Қазақ әдебиет тану ғылымында алғашқылардың бірі болып жанрдың сипаттарына арнап қалам тартты. Е.Ысмайылов қазақ әдебиетінің жемісті жолда дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Ол С.Мұқановтың романы туралы «Жұмбақ жалау» бүгінгі, яғни отызыншы жылдардың ақыры мен қыркыншы жылдардың қарсаңындағы қазақ совет әдебиетінің ірі табысы болумен бірге, қазақ әдебиетінде роман жанрының туып, қалыптасу мәселесін творчестволық тәжірибенің үлкен сатысына көтеріп отыр»¹⁶⁴ деп, бағалады. Революция жылдарындағы аласапыран оқи-

¹⁵⁹ Есмағамбет Смайылұлы. Челюскин образы жасалған жоқ. «Қазақ әдебиеті», 1936, 25 көкек.

¹⁶⁰ Сонда.

¹⁶¹ «Қазақ әдебиеті», 1936, 1 мамыр.

¹⁶² Қуанышұлы Қадыр. Маяковскийдің творчасы және қазақ әдебиетіндегі формализм мен натурализмге қарсы. «Қазақ әдебиеті», 1936, 30-наурыз.

¹⁶³ Есмағамбет. Жаңа кітап. «Еңбекші қазақ», 1931, 1-қаңтар.

¹⁶⁴ Е.Ысмайылов. Сын мен шығарма. А., 1960, 281-бет.

ғалар романда қаншалықты суреттелді, басты кейіпкерлердің бейнесі қандай дәрежеде көрінді осы мәселелерге жауап береді. «Жұмбақ жалау» романын социалистік реализм әдісімен жазылған кесек шығарма деген. Романдағы басты кейіпкерлер бейнесінің сомдалуындағы, шығарманың тіліндегі кейбір ала-құлалықтарды көрсеткен. «Жұмбақ жалау» атының сай еместігін айтқан. «Жұмбақ жалау» романы туралы баспасөз бетінде Е.Аманжоловтың¹⁶⁵, Ж.Жұмақановтың¹⁶⁶, Б.Кенжебаевтың¹⁶⁷, З.Ескендіровтің¹⁶⁸, Е.Ысмайыловтың¹⁶⁹ және С.Мұқановтың¹⁷⁰ өзінің мақалалары жарияланды. Ж.Жұмақанов пен З.Ескендіровтің мақалаларында романның жетістік жақтарына баса назар аударылса, Б.Кенжебаев кемістік жақтарына көңіл бөлді.

«Жұмбақ жалаудың» авторы осы кітапқа байланысты оқырмандардан көп хат алған. Осы хаттарға жауап ретінде С.Мұқанов «Лениншіл жас» газетінде мақала жариялады. Мұнда «Жұмбақ жалау» романына байланысты жалпы көркем әдебиетке тән бейнелеу әдістерін көпшілікке түсіндіруге тырысқан. Осы тұрғыдан тарих пен көркем әдебиеттің, тарихи роман мен тарихи емес романдардың ара қатынастарына тоқталған. «Тарихи романда автор әлеумет тұрмысында болған нақтылы бір оқиғаны алады да, сол оқиғаға қатынасқан адамдардың аттарын өзгертпей, қимыл, міндеттерін сипаттайды. ...Автор болған оқиғаны болған күйінде беруге, тарихи адамдардың қимыл мөлшерінен шықпауға тырысады». «Тарихи емес романда автор әлеумет тұрмысының шындығына сүйене отыра, өз жанынан оқиға жасайды, өз фантазиясынан сүйкімді, сүйкімсіз геройлар туғызады». Романның осы екі түрлі түріне орыс, қазақ әдебиетінен мысалдар келтірген. «Жұмбақ жалау» романын соңғысына жатқызады. Жазушының шеберлігіне байланысты қолданып отыратын кейбір көркемдік тәсілдерге соғып, өзінің «Жұмбақ жалау» геройларымен кездесіп қалатын себебін түсіндірген.

Автор романның шығармашылық тарихымен таныстырады. Жазушылық тәжірибесіне сүйене отырып, көркем шығармалардың жасалу процесін, образдарды сомдау мәселелерін әңгімелейді. Жазушыларды өмір материалдарын зерттеп, әбден меңгеріп алған соң, оларды қорытып барып, сол негізде жаңа дүние көркем шығарма жасайтын инженерге теңейді. Әрбір жаңа туындының сәтті, сәтсіз шығуын жазушының шеберлік мәселелерімен байланыстырады. «Көркем әдебиет деген не?» деген сұрауға «ол жазушының фантазиясы арқылы еленіп шыққан тұрмыс шындығы» деп жауап берді.

Отызыншы жылдар әдебиетінде сын туралы әңгіме болғанда «сын артта қалып келеді» деген пікірді көп кездестіреміз. Сынның өткен тарихына көз жіберсек, қай дәуір болмасын оған жоғары талаптар қойып отырған. Диалектикалық даму жолы осылай. Биікке шақыратын жоғары талаптар болмаса, өсу де болмас еді. Ә.Қоңыратбаев та І.Жансүгіровтің поэмалары хақында болған пікір алысуда бізде «сын артта қалып келеді» дей келіп, оның басты себебі профессионал сыншыларымыз жоқ деген пікір айтты.

Жиырмамыншы жылдардың бас кезінде қазақ әдеби сынының ауыр жүгін көтеріскендер қатарында қазақ кеңес әдебиетінің іргесін қаласушы қайраткерлер болды. С.Мұқанов сияқты қаламгерлер осы кездері көркем әдебиет пен сынды қатар алып жүрді десе де болады. Сол сияқты басқа да қалам қайраткерлерінің сынды дамуына сіңірген еңбектері де айтарлықтай. Сонымен бірге, 30-шы жылдарда қазақ кеңес әдебиетінде тек сынмен айналысушы әдебиетші-сыншылардың көптеп көріне бастағандығын да айтуымыз керек. Ғ.Тоғжанов осы жылдардың өзінде-ақ сыншы ретінде танымал болды. Оның «Әдебиет және сын мәселелері» деген кітабы 1929 жылы Қызылордада басылып шықты. Т.Кәкішев, Ғ.Тоғжановтың қазақ әдеби сынын дамытудағы елеулі еңбегін айта келіп былай деп жазады: «Сонымен Ғаббастың «Әдебиет және сын мәселелері» атты еңбегі өзінің дұрыс ой-өрісімен де, қате пікірімен де қазақ әдебиет сынының жеке отау тігуге бет алғандығын, жанрлық сипатын айқындау үстінде екендігін аңғартқан, сондай-ақ профессионал сыншылардың дүниеге келе бастағанын дәлелдеген еңбек болды»¹⁷¹.

¹⁶⁵ Е.Аманжолов. Бізге «Жұмбақ жалау» сияқты роман керек. «Лениншіл жас», 1939, 5-қаңтар.

¹⁶⁶ Ж.Жұмаханов. «Жұмбақ жалау». «Социалистік Қазақстан», 1939, 3-көкек.

¹⁶⁷ Б.Кенжебаев. «Жұмбақ жалау». «Әдебиет және искусство, 1939, №10.

¹⁶⁸ З.Ескендіров, Теріс пікірлер. «Қазақ әдебиеті», 1940, 28 қаңтар.

¹⁶⁹ Е.Ысмайылов, «Жұмбақ жалау» туралы. «Лениншіл жас», 1939, 10-желтоқсан.

¹⁷⁰ С.Мұқанов. Роман туралы. «Лениншіл жас», 1939, 10-желтоқсан.

¹⁷¹ І.Кәкішев. «Қазақ әдебиеті» сынының туу және қалыптасу жолдары. Докторлық диссертация. А., 1971, 369-бет.

Сыншы, ең алдымен, білімді әдебиетші болуға тиіс. Әдебиетті жетік білмеген адам ол туралы парасатты пікір айта алуы екіталай. Сыншы әдебиет материалын жақсы білумен бірге тағы да сыншылық қасиеттерге ие болуы қажет. Қазақ сыншыны аса құрметтеп, жоғары бағалаған. Адамды, атты сынаған сыншылардың даңқы халық арасына кеңінен жайылып, есімдері аңызға айналып кеткен. Ал, әдебиет сыншысы өзінің әдеби тәжірибесіне, біліміне сүйене отырып, қара қылды қақ жарып, көркем туындының жақсы-жаман жетістіктері мен кемшіліктерін айыра білуі қажет. Мұндай қабілетті адамдар сирек кездеседі. Сондықтан да «сын атасы» Виссарион Белинский сыншыны «айрықша талант» деп білген.

Отызыншы жылдары әдебиеттің сынымен арнайы айналысқан Ғ.Тоғжанов, Б.Кенжебаев, Қ.Өтепов, І.Қабылов, Е.Ысмайылов, М.Қаратаев сияқты дарынды сыншылар сынды профессионалдық дәрежеге жеткізді. Осы кездерде сауатты сындарымен көзге түскен әдебиетшілердің бірі М.Қаратаев. Алғашқы мақаласы 1933 жылы жарияланған сыншы жастығына қарамастан білімді, принципті жазылған мақалаларында¹⁷² әдебиетіміздің маңызды мәселелерін қозғай білді. 1937 жылы сыншының жиырмаға жуық сын мақақалары баспасөз бетінде жарық көріпті. Бұлардың ішінде Қазақстан Жазушылар одағының 1937 жылы мамыр айында болып өткен сын туралы арнаулы пленумда «Қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттері» деген тақырыпта жасаған баяндамасы¹⁷³ көзге түседі.

Отызыншы жылдардың екінші жарымында сынға қамқорлық күшейе түсті. Бұрын сын туралы жол-жөнекей айтылып келсе, енді жазушылар одағының пленумында арнайы әңгімеленді. Оны өркендету туралы нақтылы шаралар белгіленді.

Пленумда жасаған баяндамасында М.Қаратаев сол кезге дейінгі қазақ әдеби сынының даму жолдарына көз жіберген. Әр кездегі сынның жағдайын тоқталып, жан-жақты талдайды. Өсу үстіндегі жетістіктермен бірге кемшіліктер де жете айтылған. Қазақ әдеби сыны туралы бағалы ғылыми тұжырымдар жасады. Баяндамашы қазақ әдеби сынының туын Абайдан бастап қарастырған. М.Қаратаев ҚазАПП сынының кемшіліктерін терең ашып көрсеткен. Әдеби сында көп уақытқа дейін орын алып келген методологиялық, теориялық қателіктерді сынайды. Сындағы сауатсыздықты мінейді. Баяндамада қазіргі сынның жай-күйін көрсетер жағдай ретінде Абай төңірегінде болып жатқан әртүрлі пікірлерге кеңірек тоқталған. Сындағы сырқауларды әңгімелейді. М.Қаратаев сынның өресі жетпей жатқан мәселелерге назар аударады. Олар: «Бірінші сын еңбектерінің көлемі де, қоятын мәселесі де рецензия шеңберінен шықпайды, мұнда жеке жазушыға кең, терең талдау беретін кітап түгіл, жөні түзу мақала да табу қиын. Екінші жалпы әдебиетіміздің ағымына, яғни оның ішіндегі жеке жанрға түйінді баға берерлік не жылдық, не дәуірлік шолу деген атымен жоқ. Жеке жазушылардың творчестволық жолын сызып шығармаларын бір жүйеге салып сынаған монография түгіл маңызды мақала да жоқ. Үшінші әдебиеттің теориялық проблемаларын қазақ материалдарына сүйеп түсіндіретін, социалистік эстетикалық мәселелері мен әдебиеттің социалистік реализм әдісін кең ұғындыратын, қазақ әдебиетінің тарихы мен фольклорына дұрыс талдау беріп, жүйеге түсіретін ғылыми еңбектері тағы жоқ». Сынның әдеби процесітегі роліне, оны күшейтуге қатысты бірқатар ойларын ортаға салған.

Пленумда І.Жансүгіров сынның екі түрінің әдебиетшілер және көпшілік сынының бар екендігін айта келіп, көпшілік сынының барынша әділ болатындығын атап өтеді. Осы жұртшылық сынының әлі де нашарлығына назар аударған.

Қазақстан Жазушылар одағының бірінші пленумы қабылдаған қаулысында сын туралы мынадай шараларды атқару міндеттелді: «Пленум бұдан былай сын мәселесін шынымен лайықты дәрежеге көтеретін кезіне жетті деп есептеп, әдебиет сыныларының жаңа кадрларының шыққанын еске алып енді жазушылар ұйымы партиялық мәнді, дәмді, іргелі, ғылыми сынды кезінде көтеріп бағалай білсін. Және осындай сынның санын, сапасын молайту үшін жазушылардың өздерін де сын мәселесіне қатынастыруға қам істесін. Әсіресе, көпшілік кеңесін үнемі пайдаланып отыру үшін өндіріс, колхоз-совхоздарда, мектепте, қызыл әскерлер ортасында әдебиет оқушыларының конференциялары жиі-жиі өткізіліп отырсын»¹⁷⁴.

¹⁷² М.Қаратаев «Қызыл ат» және социалды реализм. «Лениншіл жас», 1933, 6-қаңтар; Шоғырдан озған «Шұғыла». «Қазақ әдебиеті», 1934. №2, 21-қаңтар; Мұхтардың «Тартысы» және кейбір мәселелер. «Әдебиет майданы», 1934, №6, 63-67 б.

¹⁷³ Қазақ әдебиеті. 1937, №23; 24;16; 23 мамыр; 28-29, 30-маусым.

¹⁷⁴ Қазақ әдебиеті, 1937, 16 мамыр.

Бұл пленумның маңызы сол мұнда сынға әдебиеттің бір саласы ретінде үлкен көңіл бөлінді. М.Қаратаевтың баяндамасында сынның әдебиет дамуындағы роліне, орнына, міндетіне ғылыми тұрғыдан тұжырымдар жасалынды. Қазақ әдеби сынының тарихы ғылыми қорытындыланды. Социалистік реализм әдебиеті сынының негізгі методологиялық тәсілі кеңінен әңгімеленді.

Соғысқа дейінгі дәуірде сын әдебиеттегі жауынгерлік, көшбасшылық роліне ие болуға тырысты. Бұл міндетін өз дәуіріне лайық белгілі дәрежеде атқарды да. Осы жылдары қазақ әдеби сынының негізгі көркемдік, идеялық принциптерінің белгілі бір жүйесі қалыптасты. Сын жанрларының өзіндік ішкі мүмкіндіктері жетіле тиісті.

Әдеби сын өркендеуінің бір шарты оның жанрларының жан-жақты дамуы болып табылады. Осы кездерде қазақ әдеби сынында бұрыннан бар жанрлары жетілу үстінде жаңа сапаларға ие болды. Түрліше формада жазылған сын мақалалары көбейе түсті. Сын неғұрлым оқушылардың ұғымына түсінікті, қоян-қолтық болса, соғұрлым оның өміршеңдігі мен ықпалы да, беделі мен пәрменділігі де артады. 30-шы жылдардың әдеби сынының бір жағынан ғылыми сауаттылығы артса, екінші жағынан халықпен байланысы ұлғая түсті. Жазушылар одағының 2-ші құрылтайында Ғ.Мүсірепов атап көрсеткендей «Халықтың жүрегінің қалай соғуын көрсетіп отыратын» «халық сыны, көпшілік сыны»¹⁷⁵ кең өріс алды.

Әдеби сынның ең елгезек жанры рецензия күнделікті әдеби жаңалықтың барлығына дерлік ат салысып, өз пікірін білдіріп отырды. Жиырмасыншы жылдарда рецензияларда жеке шығарманың мазмұнын тұжыра баяндайтын аннотациялық сипаты басым болса, енді шығарманың «ішіне кіріп», оның идеялық-көркемдік сапасын анықтауға ұмтылды. Рецензиялар әдеби өмірдегі жекелеген фактілерді бағалай отырып, әдебиеттегі жалпылық құбылыстарды, ағымдарды қорытуға, оның даму бағытын анықтауға теориялық топшылаулар жасауға негіз жасап, көмектесіп отырды.

Жеке кітап жайлы айтатын рецензиялармен қатар шолу мақалалары да мол қолданыс тапты. Шолу мақалалар күнделікті әдеби процесте болып жатқан, оқиғаларды ой талқысына салып, жинақтап айту мақсатымен жазылды. Әдеби шолулар әсіресе, онжылдықтың алғашқы жарымында кең қолданылды. Оның себебі: бұл кездерде әдебиетіміздің идеялық, көркемдік даму бағытын белгілеу, тәжірибелерін жинақтап қорыту мәселелері күн тәртібінде алда тұрды. Оның үстіне әдебиеттану ғылымы әлі де нашар дамығандықтан әдебиеттің жалпы мәселелерін түсіндіруге қолайлы еді. В.Бурсов Белинскийдің шолу мақалаларды көп жазғандығын атап өтіп, себебін оның үлесіне әдебиеттің жалпы даму заңдылықтарын анықтау тиген еді деп түсіндіреді¹⁷⁶. 20-шы жылдар мен 30-шы жылдардың бас кезіндегі сын мақалалардың көпшілігінің жалпылама шолу сипатта болып келетіндігінің бір себебі осылайша болса керек.

Отызыншы жылдары көп көрінген сын мақалалардың тағы бір түрі айтыс (полемикалық) мақалалар. Осы дәуірде әдебиеттің түрлі мәселелері төңірегінде әдеби айтыстар көп болды. Олардың басты-бастыларына жоғары жақта тоқталып та өттік. Сынның айтыс мақала түрі бұл кездерде өзінің өткірлік, жауынгерлік, батыл ой айта білушілік қызба қасиеттерімен көзге түсті. Шындық айтыста анықталады дегендей, айтыс мақалалары соғысқа дейінгі дәуірдегі әдебиетіміздің көптеген теориялық практикалық мәселелерін анықтауда елеулі рөл атқарады.

Әдебиеттің белгілі бір өзекті мәселесі, не бір шығарма жайлы салмақты ойлар өрбіткен сын мақалалары да әдеби сында едәуір орын алды. С.Мұқановтың, Қ.Өтеповтың, Е.Ысмайыловтың, М.Қаратаевтың т.б. сын мақалалары сындарлы мәселелерді алға қойған толғамды ойларымен көзге түседі. Ақын-жазушылардың мүшелтойларына байланысты өмір жолын, шығармашылығын баяндайтын жазушы портреті, ғұмырнамалық мақалалар көп жазылды. Мұндай мақалаларда жазушы шығармашылығының түрлі жақтары кеңінен әңгімеленді. Ал, сынның пародия, памфлет сияқты түрлері өте аз көрінді.

Әдебиеттің тарихын, теориялық жақтарын қарастырған зерттеу мақалалары әсіресе, 30-шы жылдардың екінші жарымында жиі жазылды. Ал, алғашқы жарымы кезінде сын мақалалардың көпшілігінде проблемалық сипаттардың мол байқалатындығы көрінеді. Әсіресе, шолу түріндегі сын мақалаларында қазақ әдебиеті алдағы уақыттарда қандай бағытта дамуы қажет, көркемдік әдіс қалай болу керек деген көптеген проблемалық мәселелер қозғалды. Жоғарыда тоқталып өткеніміздей, сынның өзіндік даму проблемаларын талқылаған мақалалар, әсіресе, 1932–34 жылдары көбірек көрінді.

¹⁷⁵ Ғ.Мүсірепов. Өсер әдебиетке өсірер сын керек. «Әдебиет және искусство» 1939, №7, 58-64-беттер.

¹⁷⁶ В.Бурсов. Мастерство Чернышевского – критика. Л., 1959, 159-бет.

Осы жылдардың сын мақалаларында публицистикалық сарын басым жатты. Бұл әдеби сынның қоғам өмірімен неғұрлым жақындаса, араласа түсу, мәнді, маңызды мәселелерді көтеру қажеттілігінен туды. Сын мақалаларында тек әдеби мәселелер ғана сөз болып қойған жоқ, онымен бірге қоғамның түрлі жақтары да кеңінен қозғалды. Сыни мақалаларда қоғамдық өмірдегі саяси қырағылық алдыңғы планға қойылды. Кейбіреулерінде экономикалық, шаруашылық, т.б. мәселелер де көрініс тапты.

Бесжылдықтар кезінде қазақ кеңес әдебиетімен бірге оның сыны да биік белестерге шыққанын, әдебиет пен қатар қалыптасып, өзінің әділ қазылық, жауынгерлік, жанашырлық, ең соңында әдебиеттің даму бағытын анықтап отыратын көшбасшылық рөліне ие болғанын айтумен бірге ол бастан кешірген қиыншылықтарды да соған байланысты туған кемшіліктерді де ашық айтуымыз керек. Әдеби сынның дамуына едәуір кері әсерін тигізген жағдайлардың бірі соғысқа дейінгі онжылдықтың екінші жарымында орын алды. Бұл кезде жеке адамның басына табынушылық күшейе түсіп, осыған байланысты қоғамда көптеген қайшылықтар туды. Осы жағдайлар әдеби сында да көрініс тапты. Қоғамдық заңдылықтың дөрекі бұзылуына сәйкес қазақ саяси, әдеби өмірден шеттетілген алашордашыларды былай қойғанның өзінде кеңес әдебиеті үлкен зиян шекті. С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров сияқты аса көрнекті қалам қайраткерлері халық жауы атанды. Ғ.Тоғжанов секілді әдебиетші-сыншылардың бірсыпырасы қуғын көріп, әдебиет істерінен шеттетілді. 1937 жылдың басынан бастап баспасөз бетінде әдебиеттегі «халық жаулары» әшкерелеуге арналып жазылған «қаралағыш» мақалалар көрінді. Бұларда асыра сілтеушілік, тырнақ астынан кір іздеушілік, жаман ниеттілік байқалды. Жеке адамға табынушылық кездері әдебиетімізге моральдық, идеялық шығармашылық жағынан едәуір нұқсан келтірді.

Жеке адамға табынушылық туралы орыс әдебиетінің тарихында былай деп жазылған:

«Жеке адамға табынушылықтың салдарынан әдебиетке бой түзеушілік (парадность), әшекейшілік енді. Күрделі қоғамдық мәселелер оңай шешіліп, кемшіліктер айтылмады.

Коммунистік партияның, совет халқының жетістіктерін И.В.Сталиннің арқасында ғана деп түсіндірген шығармалар көбейді. Мысалы, көптеген ақындар Сталинге арнау өлеңдер жазып, бір-бірінен озу үшін шешендік сөздерді тоғытты»¹⁷⁷.

Осындай жағдайлар қазақ әдебиетінде де орын алды. Ақын-жазушылар шығармаларын жеткен жетістіктерімізді бірыңғай мақтауға құрды. Қоғамдағы кемшіліктер назардан тыс қалды, тіпті оны жазуға рұқсат етілмеді. Сол кездегі қоғамдық ғылымдарда үстемдік құрып тұрған социалистік қоғамда қарама-қайшылықтар болуға тиіс емес, социалистік құрылыс өркендеген сайын тап күресі күшейе түседі деген сияқты екіұшты қате теориясымақтардың тигізген зияны орасан болды. Осы секілді теріс теориялар әдебиетте, оның сынында үлкен із қалдырды.

1937 жылдан бастап әдеби сында тығырыққа тірелді. Бұрынғыдай өткір де өрісті сындар көрінуден қалды. Сол кездегі газет-журналдар бетіндегі сын мақалаларға көз жіберсек, күнделікті әдеби процесте сынның роль атқармағанын байқаймыз. Мысалы, 1937 жылы «Әдебиет майданы» журналының бетінде «Ер Тарғын» (№3), «Амангелді» (№4) пьесаларына арналған рецензиялар және Жамбыл туралы мақала ғана жарияланды. Көркем әдебиет туралы пікір айтқан басқа мақалалар кездеспейді. Ал, 1938 жылы осы журналда Е.Ысмайыловтың бірнеше сын мақалалары шықты. Журналдың әдеби сын жағында кібіртік бары сезіледі. Көптеген мақалалар ауыз әдебиетіне, оның кеңестік дәуірдегі өкілдеріне, әдебиеттің тарихына, түрлі мерейтойларға, орыс және басқа ұлттар әдебиетіне арналды. Теориялық мәселелерге назар аударылды. Осы жылдардағы әдеби сынның көлемі азайып, жауынгерлік сипаты төмендегенімен де, оның зерттеушілік жағы, ғылыми сипаты арта түскендігін байқалады.

1939 жылдан «Әдебиет майданы» журналы «Әдебиет және искусство» аталып, шыға бастады. Журнал бетінде «Сын және библиография» деген арнаулы айдар ашылып, онда сын мақалалар үзбей жариялана бастады. «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде де әдеби сын жандана түсті. Сөйтіп, аз уақытта шабысынан айрылып, кібіртіктеп қалған әдебиет сыны 1939 жылдың кезінде-ақ сабасына қайта келе бастағандай болды...

Әдебиет пен сынның дамуында кездескен мұндай құбылыстар елеулі нұқсан келтіргенмен де, ол жалпы өсу бағытынан тайдыра алмады. Әдеби сын көркем әдебиеттің өзекті мәселелерін негізінен дұрыс қозғай білді. Жеке адамға табынушылық әдеби сынның негізгі

¹⁷⁷ История русской советской литературы. М., 1960, Т. II., 22-бет.

мазмұны болған жоқ. Әдебиет пен өнердің шыншылдығы, халықтығы принциптеріне сүйенген қазақ әдеби сыны өз бойындағы жарамсыз қылықтарды жоюға ұмтылды. Идеясы жарқын, көркемдік сапасы жоғары қазақ әдебиетін жасау жолындағы күресін тоқтатпады.

Қазақ кеңес әдеби сынының мәселелері Қазақстан жазушыларының екінші құрылтайында кең қозғалды. Сын туралы жеке баяндама тыңдалды. С.Мұқановтың баяндамасында да сыңға едәуір орын берілді. Сәбит «қазақ әдебиеті сынының басы Шоқаннан басталады»¹⁷⁸ деген пікір айтты Абайдың өлеңге қойған талаптары әдебиет теориясына қатысты еді дейді. Сәбит «қазақ совет әдеби сынында бірнеше кемшіліктер болды» дей келіп, оның сегіз түрін көрсеткен. Олар: білім дәрежесінің төмендігі, жақсыны емес жаманды көргіштік, сынның конкретті емес жалпылап кетушілігі, тұрпайы социализм де жоқ емес, шығарманы емес, жазушыны сынаушылық, көпшілік сыны нашар, рецензиялардың дер кезінде жазылмауы, т.б.

Құрылтайда Ғ.Мүсірепов сын туралы ой қозғарлық баяндама жасады. Сыншы емесін, жазушымын, сынаушы емес, сыналушымын. Бірақ, сыншы кім? Оны да білгім келеді»¹⁷⁹ дей келіп, сол кездегі әдеби сынның жай-күйіне тоқталады. Сынның үш түрін: ғылыми сын, халық сыны, кәсіпқойлар сыны деп бөліп олардың әрқайсысына анықтама, сипаттамалар береді. Баяндамашы «ғылыми сын тексеру-зерттеу арқылы әдебиетті ылғи алға сүйреп отыратын сын. Әдебиет пен жазушының алдына жарығын түсіріп, бастап отыратын сын» деп жоғары бағалайды. Белинскийдің, Плехановтың, Чернышевскийдің сындарын үлгі еткен. Ғ.Мүсірепов сын мағынасындағы сын деп ғылыми сипаттағы сынды атаған. Осы ғылыми сынның нашарлығына баса назар аударады.

«Көпшілік сыны халықтың жүрегінің қалай соғуын көрсетіп отыратын сын. Бұл халық қазынасына қосуына жарамағанды аяусыз лақтырып тастап отыратын, бір айтар үкім сияқты сын» дейді. Сынның үшінші түрі туралы «мұнда ұрда-жық та бар, аяқтан шалу да бар, кәсіпқорлық та бар, жауапсыздық та бар» дейді де, осындай сындардың орын алып келгенін жарамсыз құбылыс деп қарайды.

Ғ.Мүсірепов 30-шы жылдар әдеби сынының алдыңғы тобында жүрмесе де, әдебиеттің маңызды, айтысты мәселелеріне араласып, әділ, ойлы пікірлер білдіріп отырған әдебиетші. Құрылтайдағы баяндамасында сындағы сырқаулар туралы келелі пікір қозғады. «Жеке каламгер творчествосының, немесе шығарманың әдеби қасиеттерін тексерген зерттеушілік сипаттағы сындар керек. Өртүрлі жазушылық қолтаңбасы бар ақын-жазушыларды бір қалыппен, бір өлшеммен сынауға болмайды», «ақын біткен қарагер емес» дейді шешен. Не жақсылап, не жамандап сынаудан сақтандырады. «Жазылғанның бәрі алтын емес, мысы да бар», соларды салмақтап, анықтап отыратын «мәдениетті, ғылыми сауатты бастап отыратын» сын керектігін тағы да еске салған.

Отызыншы жылдарға шейін қазақ кеңес әдебиетінде поэзия басым болып келсе, енді проза жедел қарқынмен дамып, бел ала бастады. 2-ші құрылтайда қазақ прозасы С.Мұқановтың баяндамасында арнайы сөз болды. Баяндамада теориялық, тарихи даму мәселелері кең көлемде қарастырылады. «Жазба әдебиетте проза саласында қазақ әдебиетінде алғашқы талаптанған жазушы Ыбырай Алтынсарин¹⁸⁰. Ыбырайдың 1871 жылы шыққан «Хрестоматиясында» ауыз әдебиетінің әсері күшті байқалатындығын дәлелдеді. Одан кейінгі проза үлгілеріне Абай мен С.Көбеевтің шығармаларын атайды. Қазақ прозасының пайда болып дамуына орыс әдебиетінің әсерінің болғандығы атап өтілген.

С.Мұқанов соғысқа дейінгі дәуірдің прозалық шығармаларын тақырыптық жағынан «Социализм темасындағы проза», «Тарихи темаға», «Аударма проза» деп жүйелеп қарастырған. «Жалпы проза туралы» деген тарауда жалпы теориялық, шеберлік мәселелерін сөз еткен. «Бүгінгі өмірден социализм қоғамының тұрмысынан жазылған шығармалардың ішіндегі көлемдісінің де, көркемінің біреуі Ғәбиден Мұстфиннің «Өлім мен өмір» атты романын жаңа жетістік ретінде бірінші аталған. Кітаптың жақсы жақтарымен бірге кемшіліктерін де көрсеткен. Олар: өндіріс пен ауыл арасындағы байланыстың жеткіліксіз көрінуі, жұмысшы кадрларының қалыптаса бастауының «еркін суреттелмеуі», образдар жасаудағы кейбір кемшіліктер. Кезінде айтылған осындай сындарды ескере отырып, кейін Ғ.Мұстафин «Өлім мен өмірді» қайта жазып шықты. «Қарағанды» романы әдебиетімізде өзіндік орны бар туындылардың біріне айналды.

¹⁷⁸ С.Мұқанов. Проза және сын туралы. «Әдебиет және искусство» біткен, 1939, №7, 37-57-беттер.

¹⁷⁹ Ғ.Мүсірепов. Өсер әдебиетке өсірер сын керек. Сонда, 58-64-беттер.

¹⁸⁰ С.Мұқанов. Проза және сын туралы. «Әдебиет және искусство», 1939, №7.

30-шы жылдары жарқын талантымен жалт етіп көрінген С.Ерубаеттың «Менің құрдастарым» романы туралы «Сағтар бұл романында сөзсіз зор талант екенін көрсетті. Романның ішінде тамаша ашық бояулы, өрнекті жерлері көп» деп, жоғары бағалады.

Тарихи тақырыпта жазылған шығармаларға С.Шариповтің «Бекболат», «Рузи Иран» повестеріне, А.Тоқмағамбетовтің «Шәуілдір» романына, Ғ.Мүсіреповтің «Амангелді» пьесасына талдаулар жасаған. Ғ.Мүсірепов туралы «ұсақ әңгімелерде оның жазушылығы көрінеді» деп, қаламгердің әсіресе, прозаның ұсақ жанрларының шебері екендігін айтты. М.Әуезовтің «Абай» романының жариялана бастаған алғашқы үш тарауына оң пікір білдірді. Қазақшадан орысшаға аудару ісінің өте нашарлығына, жалпы аударма жұмыстарын жақсарту үшін ең алдымен кадрлар дайындау керектігіне назар аударады. Көркем прозадағы кемшіліктердің теориялық, практикалық жақтарын сөз қылады.

Проза хақында жасалынған С.Мұқановтың баяндамасында екі құрылтай аралығында туған кейбір елеулі туындылар аталынбады. Мысалы: Б.Майлиннің «Азамат Азаматыч», І.Жансүгіровтің «Жолдастар» романдары жайлы баяндамашы да, шығып сөйлеушілер де пікір білдірмеді. С.Сейфуллиннің осы кезеңде жазылған прозалық шығармалары «Жемістер», т.б. да осы күйге ұшырады. Бұл туындылар туралы тіпті пікір айтылмады емес, күнделікті баспасөз бетінде «Азамат Азаматыч», «Жолдастар» романдары жайлы рецензиялар жарияланды.

Құрылтайда драматургия туралы баяндаманы Е.Ысмайылов жасады. Қазақ драматургиясының қол жеткен табыстарын айта келіп, ондағы олқылықтарға қоса тоқталған. Осы ретте кейбір артық-кем пікірлер де бой көрсетті. Мысалы, М.Әуезовтің драматургиядағы шешуші рөлін дұрыс атап келеді де, оның шығармаларында «философиялық, терең сөзі жоқ, тартыс баяу, схематизм бар»¹⁸¹ дегенді айтты. Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек» пен «Қозы Көрпеш Баян сұлуы» әлі шын мәніндегі драмалық шығарма емес» дейді. «Амангелді» пьесасын да қатты сынады.

Орыс жазушысы Леонид Соболев құрылтайда сөз сөйлеп, қазақ әдебиеті жайлы жылы лебіз білдірді. Ол қазақ әдебиетінің үш өзгешелігіне бай ауыз әдебиетіне, ақындардың импровизаторлық қасиетіне, Жамбылдың поэзиясына назар аударды. Қазақ жазушыларын халықтың өткендегі бай мұрасын игеруге, олардан үйренуге шақырды. Абай поэзиясын аса жоғары бағалады. Сындағы біржақтылықтан не қаралап, не ақтап сынаушылықтан сақтандырды.

Отызыншы жылдары қазақ әдебиетінің интернационалдық байланысы күшейе түсті. Ленинград жазушылары Қазақстанды шепке алды. Қазақ қаламгерлері мен орыс жазушыларының арасында шығармашылық достық орнады. Осы кездердегі қазақ әдеби байланыстарын зерттеген Риман Қамысов «Қазақ жазушыларының шығармаларын аударып, орыс, одақ оқырмандарына алғаш таныстырған Ленинградтықтар болды»¹⁸² деп жазады. Екі халық әдебиетшілері бірлесіп, шығарма, зерттеу еңбектерін жаза бастады. М.Әуезов пен Л.Соболевтің арасындағы шығармашылық одақ әдебиетімізге үлкен пайда келтірді. Орыс жазушылары қазақ әдеби сынына араласып, ой пікірлерін білдіріп отырды. Бұл орайда әсіресе Л.Соболевтің қазақ әдебиеті жайлы айтқан пікірлері нәрлі болды. Орыс әдебиетшілерінің ішінде М.Баталов, М.Сильченко, К.Зелинский, П.Кузнецов, К.Алтайский, М.Ритман – (Фетисов) т.б. осы кездері әдебиет шаруашылығының түрлі мәселелеріне белсене араласты; қазақ әдеби сынының өркендеуіне елеулі үлестер қосты. Әдебиетімізді одақтық оқушылар қауымына таныстыруда, насихаттауда көп еңбек сіңірді.

Кеңес әдебиетінің негізін салушы М.Горькийдің шығармашылығы қаламгердің назарын өзіне аударып, үлгі-өнеге болды. Қазақ жазушылары одан тікелей үйреніп, шығармашылықтың қыр-сырына үңіле түсті. М.Горькийдің 1933 жылы 65 жасқа толуына, 1936 жылы қайтыс болуына байланысты республикалық газет-журналдар бетінде көптеген мақалалар жарияланды.

Соғысқа дейінгі он жылдықта ұлы орыс ақыны А.С.Пушкиннің, украин кобзары Т.Г.Шевченконың, көрнекті грузин ақыны Шота Руставелидің, осетин әдебиетінің классигі Коста Хетагуровтың т.б. шығармашылықтарына арналған мүшелді мерекелер болып өтті. Бұл оқиғалар қазақ әдеби сынының өрісін кеңейте түсті. Ұлы ақындардың шығармашылықтарына арналған көптеген мақалалар одақтық баспасөзбен бірге қазақ тілінде де жарық

¹⁸¹ Есмағамбет Ысмайылов. Драматургия мәселесі. «Әдебиет және искусство», 1939, №7.

¹⁸² Р.Қамысов. Литературный процесс и некоторые вопросы взаимосвязи литератур в казахской критике 30-х годов. В кн. Межнациональные связи казахской литературы. А., 1970, 83-бет.

көрдi. 1937 жылы Пушкиннiң өлгенiне жүз жыл толуына байланысты тек осы жылы ғана республикалық баспасөз бетiнде елу шақты мақала (қазақ, орыс тiлдерiнде) жарияланған. Бұларда Пушкиннiң орыс әдебиетiнде алатын орны, өнерпаздық ерекшелiгi, өзiнен кейiнгi орыс әдебиетiнiң дамуына еткен ықпалы, қазақ ақын-жазушыларына тигiзген әсерi сөз болды. С.Мұқановтың¹⁸³, I.Жансүгiровтiң¹⁸⁴, М.Қаратаевтың¹⁸⁵, т.б. мақалаларында Пушкин творчествосының қазақ әдебиетiне әсерi жан-жақты әңгiмелендi. М.Қаратаев «Пушкин өз заманында Байронның шәкiртi болып, кейiн өз жолына түсiп кеткен болса, Абай да сондай Пушкиннiң шәкiртi болып, кейiн өз жолына түсiп, жаңа ұлт әдебиетiн, ұлттық әдеби тiл орнатушы болды» деп жазды.

Осы жылдары аударма мәселесi көп әңгiмелене бастады. Мұның себебi 30-шы жылдары орыс әдебиетiнiң, басқа халықтар әдебиетiнiң озық үлгiлерi қазақ тiлiне көптеп аударылды. Пушкиннiң қазақ тiлiнде үш томдық шығармаларының жарық көруi аударма iсiндегi үлкен оқиға болды. Әрине, аудармалардың көркемдiк сапасы түрлiше болды. М.Әуезов А.С.Пушкиннiң «Евгений Онегин» романын I.Жансүгiров жақсы зерттеп, аударды деп бағалады. Мұхтар аудармашылықтың киын жақтарын Iлиястың аудармасындағы жетiстiктердi, кемшiлiктердi кеңiнен талдай отырып ортаға салған. Р.Жаманқұлов Пушкин аудармаларының iшiндегi «ең жақсы үлгiсi» деп «Евгений Онегиндi атаған»¹⁸⁶. Қ.Өтепов «Мыс салт атты» поэмасын М.Дәулетбаевтың нашар аударғанын сынаиды¹⁸⁷.

Отызыншы жылдары Б.Майлиннiң (1932), Қ.Әбдiқадыровтың (1935), С.Сейфуллиннiң (1936), Ж.Жабаевтың (1938) мүшел тойлары болып өттi. Бұл оқиғалар жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылықтарын жан-жақты жете бағалауға көмектестi. Қаламгерлердiң жазушылық қызметiне арналып жазылған (ғұмырнама, жазушы портретi, сын мақала) мақалалардан сыншылдық ой-пiкiрдiң даму дәрежелерi айқын көрiндi.

Б.Майлин шығармашылығының жиырма жылдығына арналып жазылған мақалаларда тұрпайы социологиялық әдiстiң әсерiнен жазушының әдебиетiмiздегi орны, өнерпаздық өзгешелiктерi жөндi анықталмады. Ал, С.Сейфуллиннiң жазушылық, революциялық қызметi жоғары бағаланды. С.Мұқановтың, М.Әуезовтың, I.Жансүгiровтың, Ғ.Тоғжановтың, Р.Жаманқұловтың т.б. мақалаларында С.Сейфуллиннiң шығармашылық жолына жан-жақты талдаулар берiлген.

1936 жылы 3 шiлдеде болып өткен Сәкеннiң мерекелi тойында С.Мұқанов жазушы шығармашылығы жайлы баяндама жасап, оны қоғамдық, революциялық қызметiмен тығыз байланысты алып қарады. С.Сейфуллиндi «Қазақтың осы Октябрьден кейiн туған совет әдебиетiнiң бiрiншi кiрпiшiн қалаушы»¹⁸⁸, қазақ совет әдебиетiнiң аса көрнектi өкiлi» деп бағалайды.

«Қазақ әдебиетi» газетiнiң осы жылғы №27, 28 (12, 21 шiлде) сандары түгелдей С.Сейфуллиннiң шығармашылығына арналған, М.Әуезов Сәкендi «шыншыл, тәкаппар ақын» деп атады. «Шыны қайда, өзi қайда екенiн бiлдiрмейтiн, жаза баспайтын, iшiне тағынған кедiр-бұдырсыз тактай жолдың ақыны Сәкен емес. Оның шыншылдығы – қозып, жанып отыратын, буы бiлiнiп тұрған барынша шын сезiм, шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан, мұның жолы әр адымын санап басқан кiсiнiң жолы емес, ылдиды бар, өрi бар, шын өмiр жолы, ыстық қанды нағыз ақын жолы»¹⁸⁹ деп жазды. «Әдебиет майданы» журналының С.Сейфуллинге арналған нөмiрiнде (№6) белгiлi қазақ сыншысы Ғ.Тоғжанов «Ақын Сәкен Сейфуллин қазақ поэзиясына тек қана революция идеясын ғана кiргiзген жоқ, онымен қабат қазақ поэмасын орыс пен бағыс, европалықтар поэзиясына жақындатқан өлеңнiң жаңа формасын да кiргiзiп отыр»¹⁹⁰ дедi.

¹⁸³ Мұқанов С. Пушкин қазақтың да ақыны. «Әдебиет майданы», 1937, №3.

¹⁸⁴ I.Жансүгiров. Пушкин – қазақ халқының да ақыны. «Социалды Қазақстан», 1937, №33, 20 ақпан.

¹⁸⁵ М.Қаратаев. Пушкин қазақ әдебиетiнде. «Әдебиет майданы», 1937, №2; Пушкин мен Абай. «Қазақ әдебиетi», 1937, №8, 16 ақпан.

¹⁸⁶ Р.Жаманқұлов. Пушкин өлеңдерiнiң аудармасы жөнiнде бiр-екi сөз. «Әдебиет майданы», 1937, №4, 106-108 беттер.

¹⁸⁷ Қ.Өтепов. «Мыс салт атты» поэмасының аудармасы. «Қазақ әдебиетi», 1937, №12, 8-наурыз.

¹⁸⁸ С.Мұқанов. Қазақ совет әдебиетiнiң тұңғышы. «Социалды Қазақстан», 1936, 30 шiлде.

¹⁸⁹ Әуезов М.Шыншыл, тәкаппар ақын. «Қазақ әдебиетi», 1936, №7, 12 шiлде.

¹⁹⁰ Ғ.Тоғжанов. Сәкен Сейфуллин. «Әдебиет майданы», 1936, №6, 22-бет.

Е.Ысмайыловтың мақаласында С.Сейфуллин шығармашылығын тану жолдарына тоқталған. «Сәкенді кеңес поэзиямыздағы бас тұлға дейміз»¹⁹¹ деп бағалаған.

1936 жылы мамыр айында Мәскеуде қазақ өнерінің онкүндігі болып өтті. Онкүндік қазақ мәдениетінің қол жеткен табыстарын одақ көлеміне танытып, әдебиетіміздің кемелдене бастағандығын көрсетті. Қазақ кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдері Жамбыл Жабаев пен Сәкен Сейфуллин үкімет тарапынан марапатталды. Осы кезде Жамбылдың даңқы шар тарапқа жайылды. Кеңестік дәуірдегі халық поэзиясының көрнекті өкілі ретінде Жамбылдың шығармашылығына, басқа да халық ақындарына арналып көп мақалалар шықты.

1938 жылы 20–25 мамыр күндері Алматыда Жамбылдың шығармашылық қызметінің 75 жылдық тойы болып өтті. Мүшелтой көп ұлтты кеңес әдебиетінің үлкен мерекесіне айналды. Осы кездерде Жамбыл шығармашылығының қырларын қозғаған мақалалар көптеп көрінді. Баспасөз беттерінде ақын туралы кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдері М.Бажанның, В.Ивановтың, Исаковскийдің, В.Лебедев-Кумачтың, К.Симоновтың, Л.Соболевтің¹⁹² тағы басқаларының мақалалары жарияланды. Орыстың атақты жазушысы М.Шолохов ақын жайлы ыстық сезімді пікірлер айтты¹⁹³. Парижден Роман Роллан «Батыс Альпінің жүрегінен Қазақстан даласының жүрегіне, өзінің қазақ халқының және жалпы адамзаттың жыршысы Жамбылға туысқандық сәлем»¹⁹⁴ жолдады. Одақтық, республикалық газет-журналдар беттерінде қазақ әдебиетшілерінің Жамбылға арналған көптеген мақалалары жарық көрді. Бұлардың бәрінде де Жамбыл шығармашылығы кеңестік құрылыстың жемісі екендігі, Жамбылдың тойы социалистік құрылыс жылдарында салтанат құрған поэзияның мерекесі делініп көрсетілді. Айта кету керек, осы кездерден бастап халық шығармашылығына айрықша көңіл бөліне бастады. Олардың өнерпаздық қызметтеріне арналып көптеген мақалалар басылды. Бұларда социализм кезінде де халық шығармашылығының жемісті өркендеп, кең өріс алғандығы атап өтілді.

Әдебиет дамуының басты шартының бірі оның теориялық жағынан берік негізделуі. Әдебиет теориясының жасалуында сынның атқарар міндеті ұлан-ғайыр. Бұл туралы 30-шы жылдары Қоңыратбаев «сын – теория дүкені»¹⁹⁵ деп, дәл тауып айтты. Осы кездерде жазылған сын мақалалардың қай-қайсысында болмасын, әдебиеттің қисынына байланысты мәселелері белгілі бір дәрежеде қозғалып отырды. Өйткені, әдебиет туралы пікір айту оның теориясы жайлы да сөйлеу еді. Сынның тарихынан әдебиет туралы ғылымның өсу жолдары да айқын көрінеді. Әдебиеттің сыны мен теориясы барлық уақытта бір-бірімен тығыз байланыста дамып отырған.

Көркем әдебиеттің негізгі белгісі бейнелеушілік қасиеті. В.Г.Белинский: «Ақын бейнелі ойлайды: ол шындықты дәлелдемейді, көрсетеді»¹⁹⁶ дейді. Плеханов та «өнер адамдардың сезімдерін, ойларын жанды бейнелер арқылы береді»¹⁹⁷ деп жазды. Г.Плеханов көркем әдебиеттің өзіндік ерекшелігін салыстыру арқылы тамаша айтып берді: «Суреткер жанды бейнелер арқылы, ғылым логика арқылы сендіреді»¹⁹⁸. 30-шы жылдардың бірсыпыра шығармаларында осы бейнелеушілік жақтары жетіспей, құрғақ баяндаушылық орын алды. Осыған орай, сыншы Қ.Өтепов «Біздің бірқатар жазушылардың кемшілігі де осы суретке шорқақтығы»¹⁹⁹ деп жазды. Әдебиеттің суреттілік, бейнелілік қасиеттерін сөз ете отырып, бірнеше шығармаларды осы тұрғыдан сынаған. Әдеби туындылардың көркемдік тұтастығы, бүтіндігі жайлы біраз ойлар өрбіткен.

Е.Ысмайыловтың мақаласында әдебиеттің көркем образдылық қасиеті арнайы сөз болған. Автор сөз өнерінің басты шарты «көркем тіл», «сөздердің үнемі образды қолданылуы» деп

¹⁹¹ Е.Смайылұлы. Сәкеннің поэзиясы. «Әдебиет майданы», 1936, №5, 68-82 бет.

¹⁹² М.Бажан. Братство народов, дружба культур. «Литературная газета», 1938, №29, 24 мамыр; Вс.Иванов. Джембул. «Правда», 1938, 3 желтоқсан; Дивный певец. «Литературная газета», 1938, 20 мамыр; Лебедев-Кумач. Искусство народа. «Литературная газета», 1938, 20 мамыр. К.Симонов. Начало нового эпоса. «Литературная газета», 1938, 20 мамыр.

¹⁹³ М.Шолохов. Писатели Джембулу. «Литературный Казахстан», 1938, №5.

¹⁹⁴ М.Қаратаев. Т.Нұрғазин. С. Қирабаев. Қазақ совет әдебиеті. А., 1971, 212-бет.

¹⁹⁵ Қоңыртайбайұлы Әуелбек. Сын туралы бір-екі сөз. «Қазақ әдебиеті», 1936, №12, 15-қаңтар.

¹⁹⁶ В.Г.Белинский. Соч. Т. I, 33-бет.

¹⁹⁷ Плеханов. Литература и эстетика. Т. I, 1958, 4-бет.

¹⁹⁸ Сонда, 400-бет.

¹⁹⁹ Өтепұлы Құлмырза. Әдебиетіміздің бірқатар мәселелері. «Әдебиет майданы», 1935, №7, 81-бет.

көрсетеді. Пікірлерін қазақ поэзиясында көрінген жақсы үлгілерімен дәлелдейді. Осы тұрғыдан бірнеше ақындардың (А.Оңалбаев, Ә.Есманбетов т.б) сәтсіз жазылған өлеңдерін сынайды. Осы кездерде кейбір терминдер қалыптаса бастады. Оларды қазақшаға аударып, түрліше атаулар ұсынылды. Мысалы, Ф.Тоғжанов «образ» деген терминнің орнына қазақша «перне» деген сөзді қолдана бастайды. С.Мұқанов «перне» деген сөздің образдың мағынасын дәл бермейтіндігін айта келіп, өз тарапынан «бейне» деп атауды ұсынады²⁰⁰. М.Әуезов «образды» «тұлға» деп аударады. Өз ұсынысын былайша дәлелдейді: «Мен «тұлға» деген атауды орысша образ орнына ұсынам. Бұны «кейіп» деп жүргізу орысшасынан кем соғады. Ол «кейіп» настроение, «тұлға» образдың дәл өзі болмаса да «тұлға болар деймісін» деген сияқты қолдануларға қарағанда мазмұны жақын сөз»²⁰¹. Атақты жазушыларымыз ұсынған бұл терминдер кейіннен кең қолданыс тауып кетті.

Отызыншы жылдары әдебиеттің теориялық жақтарын сөз еткен еңбектер көріне бастады. Алғашқы кездерде теориялық мәселелер арнайы қарастырылған жоқ, олар күнделікті әдеби сында қорытылып жатты. Сыншылар көркем туындылар төңірегінде айтқан пікірлерін ғылыми жағынан негіздеу үшін әдебиеттің теориялық жақтарын да қозғады.

Соғысқа дейінгі дәуірде әдебиеттің теориясын арнайы қозғаған бірсыпыра мақалалар көрінді. Бұл ретте Е.Ысмайылов пен С.Мұқановтың еңбектеріне тоқтала кеткен жөн. Есмағамбеттің «Лирика мәселесінде»²⁰² оның еуропалық, орыс әдебиетіндегі озық үлгілеріне, көрнекті өкілдеріне «лириканың Европадағы атасы болған Байрон», Гете, орыс әдебиетіндегі Пушкин, Лермонтовтарға тоқталады. Лирика хақында Гогольдің, әсіресе Добролюбовтың айтқан пікірлерін мол келтірген. Поэзияның лирика түрінің өзіндік ерекшеліктерін сөз еткен Е.Ысмайыловтың тағы бір көңіл аударарлық мақаласы «Әдебиет теориясы»²⁰³. Осылай деп аталғанымен де, онда әдебиет теориясының практикалық мәселелері сөз бола бермейді. Мақала әдебиет теориясы туралы көлемді мақаланың, не кітаптың кіріспесі сияқты.

Зерттеуші ең алдымен әдебиет теориясының предметін анықтап алады. «Әдебиеттің ғылымы», деп жазады зерттеуші, «бұл – көркем әдебиетті зерттеп оқитын ғылым. Автор әдебиет теориясының дамуын сынның өркендеуімен тығыз байланыстырған. «Әдебиет тарихында сынның бірнеше бөталыстары бар» дей келіп, оның жеті түрін атаған. Олар: догматикалық сын, импрессионистік сын, ағартушылық сын, тарихи-әдебиеттік сын, реалистік сын, формалистік сын, марксистік сын. Осы сын түрлерінің әрқайсысына қысқаша түсініктемелер беріп отырған. Бұл классификациялау орыс әдебиеттану ғылымы негізінде жасалғанмен де, оның тікелей көшірмесі емес. 1931 жылы шыққан «Әдебиет энциклопедиясында»²⁰⁴ А.В.Луначарский сынның бес түрін көрсеткен. Онда реалистік сын мен формалистік сынды кездестірмейміз. Бұл фактіден кейбір ғалымдарымыздың әдебиеттің тарихы, теориясы жөнінде білімінің молайып, өзіндік батыл ғылыми пікірлер айта бастағандығын көреміз. Мақаланың «Марксистік әдебиет тану ғылымына дейінгі әдебиет зерттеу методтары» деген тарауында дүниежүзлік әдебиеттану ғылымының дамуын шолады. Әдебиет туралы ғылымының тарихын Платоннан бастап қарастырған.

С.Мұқанов поэма жанрына арнап арнаулы мақала жазды. Мақала қалың оқырман қауымының түсінігіне лайықталып, баршаға түсінікті қарапайым тілмен жазылған. Поэманы поэзияның бір түрі ретінде қарастыра келіп, оған анықтамалар, түсініктемелер береді. Поэма көлеміне қарап анықталмайды, «1000 жол болып жазылған өлең «поэма» әрине, бұл қате пікір» дейді автор. Мысалға өзінің көлемі мың жолдан астам «Көмір коммунизмі» мен Абайдың 250 жолдай «Ескендір» поэмасын алады. Поэмада өмірдің маңызды мәселелерінің көрініс табуы, оқиғаның міндетті түрде болуы шарт дейді. «Оқиғалы поэманы ғылым тілінде «сюжетті поэма» деп атайды. «Сюжет» оқиғаның арнасы, желісі, өркендеуі, өрістеуі»²⁰⁵ дей келіп, оның негізгі элементтерін көрсеткен. Олар: 1) бастау, 2) баяндау, 3) шиеленісу, 4) шешу. Автордың бұл жерде «баяндау» деп отырғаны «байланыс» (завязка) болса керек. Поэмалардың

²⁰⁰ С.Мұқанов. Екі оқушыға жауап. «Социалды Қазақстан», 1934, №125, 1-маусым.

²⁰¹ Мұхтар. Жақсы пьеса-сапалы әдебиет белгісі. «Әдебиет майданы», 1934, №5, 91-бет.

²⁰² Е.Смайылулы. Лирика мәселесі. «Қазақ әдебиеті», 1936, №11, 15-наурыз.

²⁰³ Есмағамбет. Әдебиет теориясы. «Әдебиет майданы», 1938, №6, 73-89 беттер.

²⁰⁴ Литературная энциклопедия. Т. 5, 1931.

²⁰⁵ С.Мұқанов. Поэма деген не? «Лениншіл жас», 1938, №17, 21 желтоқсан.

композициялық құрылымында бұл реттіліктің сақтала бермейтіндігі, кез келген «кезеңнен» басталуы да мүмкін екендігі айтылған. Поэманың тіліне қатаң талаптар қояды. «Сөзді алтындай мысқалдап, ықшамдап керекті жеріне ғана жұмсауды», «сөзге орынсыз мырзалық, сөзді ретсіз қолданушылыққа» қарсы «сөзге саран» болуды үндейді.

С.Мұқановтың «Роман туралы» мақаласында да әдебиеттің теориясына қатысты біраз әңгімеленген. Мұнда прозаның роман жанры, жалпы көркем шындық пен болмыс өмірдің арақатынасы, жазушы шеберлігі, шығармашылық лабораториясы сияқты бірқатар мәселелер қысқа болса да, ұғынықты түрде баяндалған. Сәбиттің Қазақстан жазушылар одағының 2-ші құрылтайында баяндамасында да «Роман теориясынан» дерен арнаулы тарауда осы жанр турасында әңгімеленді.

Халықтың сана-сезімінің, білім-дәрежесінің артуына байланысты оқушы қауым тек көркем шығармалар оқумен ғана қанағаттанып қоймай, оның теориялық жақтарына да қызыға бастайды. Сол кездерде республикалық газет-журналдарда жарияланған кейбір оқушы пікірлері осыны аңғартады. Олар тікелей «роман дегеніміз не?», «поэма дегеніміз не?», «олардың бір-бірінен айырмашылығы қандай?», «қалай түсіну керек?» деген сияқты сұрақтар қойды. Жоғарыда тоқталып өткен мақалалар осы секілді сауалдарға жауап ретінде жазылған болатын. Көркем әдебиеттің шапшаң қарқынмен дамуы, әдебиет сынының, жалпы әдебиеттану ғылымының жеткен жетістіктері күн тәртібіне қазақ әдебиетінің теориясын жасау міндетін қойды.

1938 жылы Қ.Жұмалиевтің мектеп оқушыларына арналған «Әдебиет теориясы», 1940 жылы Е.Ысмайыловтың жоғары оқу орындарына лайықталған «Әдебиет теориясының мәселелері» жарық көрді. Бұл еңбектер негізінде орыс әдебиеттану ғылымына сүйеніп жазылғанымен де, онда қазақ әдебиетінің материалдары кеңінен пайдаланылып, қорытылды. Бұл еңбектердің шығуы қазақ әдебиеттану ғылымында елеулі оқиға болды, 30-шы жылдардағы әдебиеттің теориялық, сыншыл ойларының жеткен дәрежесін көрсететін, тәжірибелерін қорытындылаған маңызды еңбектерге айналды.

Тұжыра айтқанымызда, отызыншы жылдары қазақ кеңес әдеби сыны қалыптасты. Кемелденіп өсіп, әдебиеттің алдында тұрған маңызды мәселелер туралы пікір қозғай алатын дәрежеге жетті. Әдебиеттің бір саласы ретінде оның дамуындағы өзінің маңызды рөліне ие болды.

7. ТЕОРИЯЛЫҚ ІЗДЕНИСТЕР ЖОЛЫНДА

Әдебиет пен өнердегі социалистік реализм әдісі үстіміздегі ғасырдың бас кезінде өзіндік жеке эстетикалық бағдары бар бағыт ретінде пайда болды. Оның дүниеге келуі қос ғасырдың шегінде басталған әлеуметтік дүмпүлерге тікелей байланысты еді. Ол әсіресе, пролетарлық бас көтерулер барынша өрістеп, сол кездегі революцияшыл қозғалыстардың орталығына айналған Ресейде кеңінен орын алды. Социалистік реализм әдебиетінің басында М.Горькийдің тұруы кездейсоқ нәрсе емес. Қоғам туралы марксизм-ленинизм ілімдерімен жете танысып, оның болашақ даму жолдарына шын сенген, Ленинмен жақын қарым-қатынастарда болған М.Горькийдің Қазан социалистік төңкерісіне дейін-ақ социалистік реализм әдісімен кітап жазуы бір жағынан жаңалық бастама болса, екінші жағынан таңданарлық та емес. Таңданарлық емес деп отырғанымыз, сол кездегі тарихи жағдайдың өзі өрлеп келе жатқан революциялық қозғалыстарды неғұрлым жан-жақты, толығырақ көрсететін жаңа әдіспен шығармалар жазуды алға қойған еді. Бұл миссияны атқару пролетариаттың бас жазушысы М.Горькийдің үлесіне тиді.

Горький әлемдік әдебиеттің тарихында тұңғыш рет коммунистік партияның басшылығымен капиталистік қоғамды құлату үшін саналы түрде күресіп жүрген орыс революционерінің көркем бейнесін жасады. Жаңалығы сол оның революционері жеке дара күресіп жүрген жоқ (мұндай образды Чернышевский де жасаған болатын), ол патша үкіметіне наразы жұмысшы табының өкілі ретінде көрінді. «Ана» романында тарихтың қозғаушы күші ретінде жұмысшы табы суреттеледі. Халықтың болашағына деген сенім жұмысшы табына артылады.

Қазан төңкерісінің Ресейде жеңіп шығуымен байланысты адамзат тарихының жаңа кезеңі басталды. Сонымен бірге, жаңа қоғамдық құрылысқа сәйкес келетін, сол қоғамның жырын жырлап, мұнын мұндайтын, мемлекеттік бағыттағы ресми әдебиет те пайда болды. Пролетариаттың көсемі В.И.Ленин жаңа социалистік әдебиеттің бағыт-бағдарын көрсетіп

берді; жазушыларды осы жолға түсуге шақырды. М.Горький, М.Шолохов, А.Фадеев, К.Федин, А.Толстой, А.Твардовский, Л.Леонов сияқты т.б. орыс қаламгерлері өздерінің шығармаларында социалистік реализм әдісін қолданып, осы жолға түсті.

Қазақ әдебиетіне социалистік реализм әдісі принциптерінің келуі бұрыннан жазба әдебиетінің дамыған, мол дәстүрі, классикалық үлгілері бар орыс әдебиетіне қарағанда басқашалау болды. Бұл туралы академик М.Қаратаевтың «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» деген күрделі зерттеу еңбегінде арнайы кеңірек тоқталған. Сонда да болса бұл мәселе төңірегінде ойласарлық таласты жәйттері баршылық.

КСРО халықтары әдебиетінің зерттеушісі Г.Ломидзе бұрын жазба әдебиеті кенжелеу дамып келген ұлттар әдебиеттерінің кеңес дәуірінде жедел қарқынмен өркендегені жайлы айта келіп, қоғамдық дамудағы өзгерістер әдебиетте де бірден «секірістер» туғызды²⁰⁶ деген тұжырым жасады.

Шынында да социалистік реализмді меңгерудегі кеңес әдебиетінің тәжірибелері, социалистік құрылыстың қарқынды дамуы ұлт әдебиеттерінде жаңа әдістің тезірек қалыптасуына мүмкіндік жасады. Бірақ, ұлт әдебиеттерінде жазушылар төңкерістен кейін бірден социалистік реализм әдісімен жаза бастады деген пікір шындыққа келмейді. Әрбір құбылыстың пайда болу, даму заңдылықтары болады. Социалистік реализм де әдеби әдіс ретінде бірден пайда бола салған жоқ. Социалистік реализм әдісі қазақ әдебиетіне ұлттық топырақтан өсіп шығып, келген жоқ. Ол марксизм-ленинизм ілімін басшылыққа алған кеңес үкіметінің мәдениет саласындағы саясатын жүзеге асыратын басшылық құралы ретінде сырттан әкелініп таңылды, сөйтіп оны көркем әдебиетте жүзеге асыру күшпен талап етілді. Сондықтан да бұл әдісті алғашында қазақ жазушылар бірден қабылдай қоймады. Қазан төңкерісінің 1917 жылы жеңгеніне қарамастан жиырмамыншы жылдардың бүкіл өн бойында қазақ әдебиеті негізінен өзінің бұрынғы дәстүрімен дамыды. 20-шы жылдардың екінші жарымына қарай шыға бастаған бірлі-жарымды кеңес үкіметін қолдаған жазушылар болмаса, бұл жағдай 30-шы жылдардың алғашқы жарымына дейін, нақтылай айтсақ, КСРО Жазушыларының 1934 жылғы бірінші құрылтайына шейін сақталды деуге болады.

Ұлт әдебиеттерінде социалистік реализм әдісінің қалыптасуында жалпы заңдылықтармен бірге сол ұлттың қоғамдық әлеуметтік дамуына, ұлттық дәстүріне, мәдени өркендеуіне, ең бастысы әдебиетінің даму дәрежесіне байланысты өзіндік ерекшеліктері болды, әртүрлі қалыпта дамыды. Мысалы, көршілес жатқан Орта Азия халықтарының ішінде қазақтар мен өзбектерде түркімендер мен қырғыздарға қарағанда социалистік реализм әдісінің қалыптасуы, даму процесі бұрындау басталғандығы айтылып жүр²⁰⁷.

Әрине, қазақ әдебиеті мен басқа әдебиеттердің өзіне ғана тән даму өзгешеліктері бар. Оларды салыстыруға келетін де, келмейтін де жағдайлары баршылық. Әзербайжанның әдебиетші ғалымы Мамед Жафар: «Әзербайжан кеңес әдебиетінде социалистік реализмнің негізгі әдісі ретінде қалыптасу кезеңінде сыншыл реализм қатар өмір сүреді» – деп жазды²⁰⁸.

Қазақ кеңес әдебиетінің алғашқы жылдарында да жазушыларымыз бірден социалистік реализм әдісімен жазып кете қойған жоқ. Сырттан таңылған, беймәлімдеу жаңа әдісті меңгеру жолында ақын-жазушылардың көп қиналуына тура келді. Бұл туралы М.Қаратаев «социалистік реализм қазақ әдебиетінде бірден қалыптаса салған жоқ. Сыншыл реализм мен абстрактілі романтизмнің жаңа әдіске орын беруі үшін біраз дайындық кезеңі қажет болды»²⁰⁹ дейді.

Г.Ломидзе де кеңестік ұлт әдебиеттерінде социалистік реализмнің қалыптасуы алдында белгілі бір кезеңді басынан кешіргендігін айтады²¹⁰.

Осы мәселені арнайы зерттеген М.Қаратаев «жиырмамыншы жылдардың бас кезінде, социалистік реализмнің ірге тасы әлі қаланып үлгермеген жылдары қазақ тіліндегі әдеби

²⁰⁶ Г.И.Ломидзе Методологические вопросы изучения взаимосвязи и взаимообогащения советских литератур. М., 1963, 10-бет.

²⁰⁷ Советское литературоведение за 50 лет. М., 1958, 253-бет.

²⁰⁸ «Вопросы литературы», 1965, №8, 69-бет.

²⁰⁹ М.Қаратаев. Проблемы социалистического реализма в казахской литературе. Автореферат. А., 1964, 18-бет.

²¹⁰ Г.Ломидзе. О соотношении критического и социалистического реализма. В.сб. «Актуальные проблемы социалистического реализма», М., 1969, 276-310-беттер.

туындыларда үш түрлі көрініс берді» деген тұжырым жасайды²¹¹. Олар символизм және реакциялық романтизм (М.Жұмабаев), революциялық романтизм (С.Сейфуллин), сыншылдық реализм сарыны. Сыншыл реализммен жазған жазушыларға М.Әуезов пен Б.Майлинді, олардың алғашқы әңгімелерін жатқызған.

Сонымен социалистік реализм әдісі қазақ әдебиетінде бірден қолданылып кете қойған жоқ. Оның теориялық, шығармашылық жақтарымен танысып, игеруге біраз уақыттар қажет болды. Қазақ баспасөзі бетінде жаңа әдістің қыр сырымен таныстырған материалдар көріне бастады. Сол кездегі мәдени-әдеби жағдайда социалистік реализм әдісінің теориялық, тәжірибелік жақтарымен оқырманды таныстыру, түсіндіру жұмыстарын негізінен әдеби сын атқарды.

Дүниежүзілік әдебиеттің даму тарихында жеткен тамаша қасиеттерінің бірі әдебиеттің халықтығы еді. Қандай дәуірде болмасын, көркем туындының болашақ тағдыры ең алдымен, оның халықтығына байланысты. Шығарманың халықтығы – оның өміршендігінің басты белгісі. Жалпы мәдениет тарихында халыққа жат туындылар ұзақ жасаған емес. Оларды өмірдің өзі-ақ шетке ысырып отырғандығы белгілі. Әдебиеттің озық үлгілерінің бәрінде де халықтық идеялардың басым болатындығын көреміз. Мұндай шығармаларда бостандыққа, бақытты өмірге ұмтылған халықтың тұрмыс-халі, арман-ансары, мақсат-мүддесі шынайы көрініс тапты. Ал төңкерістен кейін өнердің халықтығы басқаша мағынаға ие болды. Бұл ең алдымен, қанаушы таптың құлатылып, оның орнына коммунистік партияның басшылығымен жаңа қоғам құрылысының кең өріс ала бастауымен байланысты еді. Шығарманың халықтығы бұрын қанаушылық қоғамның негізін, құрылысын сынауға бағытталып келсе, енді барлық материалдық және рухани игіліктердің иесі халық деп жарияланған, пролетариат диктатурасы билеген жағдайда керісінше, социалистік қоғамды қорғау міндетімен байланыстырылды. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ көркем әдебиеттің идеялық бағытын анықтауды бірінші кезекке қойды. Ол кез үшін саяси қырағылық басты мәселелердің бірі еді.

Қазақ кеңес әдебиеті алғашқы кезде идеялық бірлік негізінде қалыптасты. Көркем шығарманың идеялылығы, оның қай тапқа қызмет етіп отырғандығы негізгі мәселе болды. Төңкерістен кейінгі жылдарда кеңестік идеология кескілескен күрес үстінде орнықты. Әдебиет майданында ұлттық идеологияны талқандауда, жаңа әдебиеттің негізгі идеялық даму бағытын нығайтуда әдеби сын белгілі бір роль атқарды. Қазақ кеңес әдебиетінің бастапқы дәуірінде сын көтерген негізгі мәселе шығарманың таптық, партиялық болу принципі еді. Сондықтан да қазақ әдебиетінде жиырмасыншы және отызыншы жылдардың алғашқы жарымындағы сын мақаларында әдеби туындыларды талдағанда басты принцип етіп шығарманың таптығы тұсынан баға беріп отырған себебі осы болатын. Әдебиетке алғаш араласуы Қазан төңкерісінің жеңісімен дөп келген, қазақ кеңес әдебиеті сынының негізін салушылардың бірі С.Мұқанов болсын, басқа да сыншылар болсын, осы кездері жазған мақалаларында әдебиеттің таптығы, партиялылығы тұрғысынан бағалаушылық басым жатты.

Әдебиеттің партиялылығы деген ұғым да бірден жасалына салған жоқ. Ол марксизм-ленинизм іліміне сүйенген коммунистік партияның «ескі» қоғамға қарсы күресі күшейе түскен кездерде пайда болған өнердің халықтығы принципінің «жетілген, жоғарғы сатысы» ретінде көрінген түрі еді. Пролетариат әдебиетінің партиялық бағытта болу принципі В.И. Ленин белгілеп берді. Ол: «Әдебиет партиялық болуы тиіс. ...социалистік пролетариат әдебиеттің партиялылығы принципі ұсынуы тиіс, оны дамытып, оны өмірде мүмкіндігінше толық, тұтас түрінде жүзеге асыру керек» деп жазған болатын²¹².

Әдебиеттің халықтығының жоғары сатысы саналған партиялық социалистік реализм әдісінің басты принципі болды. Қазақ кеңес әдебиеті жазушыларынан осы принципті басшылыққа алып отыру талап етілді.

Әдебиет идеялық жағымен бірге негізінен көркемдік сапасының дәрежесіне тәуелді. Көркем шығарма болу үшін әдеби туындыда міндетті түрде көркемдік қасиеттердің болуы шарт. Онсыз көркем әдебиет болуы мүмкін емес. Сөз өрнегімен ой өрнекпей, көркем туынды жасау – әдебиеттің басты мұраты. Қоғамдық сананың, мәдениеттің, әдебиеттің алға басуымен бірге көркем бейнелеудің дәрежесі де өсіп-өркендеп отырады, сапасы артады. Жаңаша бағытта дами бастаған кеңес әдебиетінің алғашқы кезеңдерінде әдебиеттің идеялық жағына баса

²¹¹ М.Қаратаев. Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы. А., 1964, 103-бет.

²¹² В.И. Ленин. О литературе и искусстве. М., 1967, 87-бет.

назар аударылғанымен де оның көркемдік сапа мәселелері де қағыс қалған жоқ. Әдеби сында сол кезге тән өзіндік кемшіліктері болуымен бірге белгілі бір дәрежеде әдебиеттің идеялық бағыты мен көркемдік сапалары бір-бірімен байланысты қарастырылып отырды. Міне, қазақ кеңес әдебиетінің алғашқы кездерінде болған идеялық-көркемдік жоғары сапалар жасау жолында болған ізденулердің нәтижесінде социалистік реализмнің принциптері біртіндеп қолданыла бастады. Осы жайлы М.Қаратаев: «Совет әдебиетінің сапа үшін күрескен осы тарихи тәжірибесінде оның өзіне тән творчестволық әдісінің принциптері құрала берді. Ол социалистік реализм әдісінің принциптері» деп жазады²¹³.

Сөйтіп, жиырмасыншы жылдардың соңы, отызыншы жылдардың басында басқа да ұлт-тардағыдай қазақ әдебиеті де жаңа әдістің жолына түсе бастады. Оған қажетті көркемдік-эстетикалық алғы шарттары жасалынады. Социалистік реализмнің туу, қалыптасу жолдарын арнайы зерттеген С.Петров: «Отызыншы жылдардың басына қарай КСРО халықтары әдебиетінің көпшілігінде социалистік реализмнің ұлттық формалары қалыптаса бастады» дейді.

Отызыншы жылдардың бас кезінде бұрын әртүрлі даму дәрежесінде болып келген КСРО әдебиеттерінде социалистік реализм әдісіне көшу процесінде біршама «теңелгендік» байқалды. Енді социалистік реализмнің тәжірибелерін жинақтап, теориялық топшылаулар жасау қажеттігі туды. 1932 жылы әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы қаулы шыққаннан кейін осы мәселелермен арнайы айналысатын ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының комиссиясы құрылады да оған Сталин, Каганович, Постышев, Стецкий, Гронский енеді. Бұлардың ішінде Постышев пен Стецкий партияның идеологиялық жұмыстарына басшылық ететін, Гронский «Известия», «Новый мир», «Красная Нива» басылымдарының редакторы болуымен бірге КСРО жазушылары ұйымдастыру комитетінің төрағасы және Жазушылар одағындағы ВКП(б) тобының хатшысы болатын. Сталин де бұл мәселеге мән беріп, үнемі назарда ұстаған; оның шығармашылық әдісін айқындау істеріне тікелей араласып отырған. Өйткені, бұл шаруаға тек әдеби іс деп қана қарамай, оған саяси маңыз берген. Сол себепті де комиссияның жұмыстарына М.Горький, В.Я.Кирпотин сияқты қаламгерлермен бірге В.М.Молотов, К.Е.Ворошилов, М.И.Калинин, В.В.Куйбышев, А.М.Микоян, А.В.Луначарский секілді партия, үкімет басшылары да қатысып, пікірлерін білдірген.

Кейбір әдебиетшілер социалистік реализм әдісінің мәні 1934 жылғы КСРО Жазушылар одағының Бірінші құрылтайынан бері ғана түсініліп, айқындала бастады дейді. Шындығында, «социалистік реализм» атауы 1932 жылдың өзінде-ақ қолданыла бастаған.

Құрылтайдың алдында жаңа бағыттағы кеңес әдебиеті сүйенген әдістің аты қалай болу керектігі жайлы түрліше пікір айтылған болатын. Біреулер реализмді, екіншілері натурализмді, үшіншілері романтизмді, төртіншілері символизмді, психологиялық реализмді, т.б. ұсынып жатты. Раапшылдар «диалектикалық-материалистік творчестволық әдісті» қолдады. В.Маяковский пролетариат әдебиетінің негізгі әдісін «тенденциялы реализм» (тенденциозный реализм) деп атауды ұсынды. А.Толстой кеңес әдебиеті «монументальді реализм» болады деп мәлімдеді. Ол «монументальді релизмді» былайша сипаттады: «Оның міндеті-адамдардың жасампаздығын көрсету әдісі-типтік бейнелер жасау. Шабыты (пафосы) – адамдар бақыты. Сенімі адамның ұлылығы. Жолы тура биік мақсатқа: асқан құштарлықпен үлкен адамның типтік бейнесін жасау»²¹⁴. Ұйымдастыру комитетінің председатели И.М.Гронский «пролетарлық социалистік реализм», немесе «коммунистік реализм» деп атау жайлы пікір білдірді.

Гронский осы мәселе туралы Сталинмен болған әңгімесін «Сталин маған қарап: «Сіз кеңес әдебиетінің таптық, пролетарлық сипатын дұрыс көрсетіп отырсыз, біздің бүкіл күресіміздің мақсатын да дұрыс атадыңыз» деді. Бірақ әдебиет пен өнердің барлығының басын біріктіруге тиісті шығармашылық көркемдік әдісті анықтауда кеңес әдебиеті мен өнерінің пролетарлық сипатын арнайы айту, тіпті оған аса мән беру қажет пе? Мен мұның аса қажеті жоқ қой деп ойлаймын. Жұмысшы табы күресінің түпкі мақсаты коммунизмге нұсқау да дұрыс. Бірақ, біз қазір практикалық міндет ретінде социализмнен коммунизмге өтуді алға қойып отырған жоқпыз ғой. Бұның партияның алдында практикалық міндет ретінде тұрары сөзсіз, уақыты келеді; бірақ бұл жуық арада емес. Коммунизмді практикалық міндет деп көрсету арқылы сіз біршама алға озыңқырай кетіп қалғансыз. Сіз мәселенің шешімін дұрыс тапқансыз, ал

²¹³ М.Қаратаев. Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы. А., 1965, 109-бет.

²¹⁴ А.Н.Толстой. ПСС., т. 13, 286-бет.

оны айтып жеткізуіңіз онша сәтті емес. Егер біз кеңес әдебиеті мен өнерінің шығармашылық әдісін социалистік реализм деп атасақ, сіз оған қалай қарайсыз?» есіне түсіреді («Вопросы литературы», 1989, №2, 148-бет).

Осы әңгіме болған күннің ертеңіне Сталиннің кабинетінде жаңа әдебиеттің болашағы жайлы жазушылардың кең пікір алысуы өтеді. Мәжілісте түрлі пікірлер бой көрсетіп, қызу тартыс жеті сағатқа созылады. Онда РАПП, ВОАПП және МОРП атынан Киришон 15 рет, Афиногенов 4-рет, Сталин 15 рет, Стецкий 2-рет, Гронский 4-рет шығып сөйлеген. Соңында ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының комиссиясы ұсынған «социалистік реализм» партиялық творчестволық көркемдік әдіс ретінде қабылданады (сонда, 149-бет).

«Социалистік реализм» әдісі туралы алғаш рет әдеби үйірме мүшелерінің алдында 1932 жылы 20-мамыр күні Гронский сөз қылады. Ал 23-мамыр күні бұл сөздер мақала болып «Литературная газетада» басылды. Онда социалистік реализм әдісіне мынадай түсінік берілді: «Біздің қаламгерлерге қояр негізгі талабымыз жазу, даму үстіндегі біздің өмір шындығын шыншыл бейнелеу. Сондықтан да кеңес әдебиетінің негізгі әдісі социалистік реализм әдісі болып табылады».

1932 жылы 29-мамыр күні «Литературная газетаның» «За работу» атты бас мақаласы социалистік реализмге арналды. Ұйымдастыру комитетінің председатели Гронский жазған бұл материалда социалистік реализм ресми түрде кеңес жазушыларының бірден-бір шығармашылық әдісі ретінде баяндалды. «Төңкерісті суреттеп жазудағы шыншылдық міне, біздің кеңес қаламгерлерінің бірін қалдырмай бәріне қоюға басты талабымыз... Бұқара халық суреткерлерден пролетарлық төңкерісті бейнелеуде төңкерісшіл социалистік реализмнен шынайылықты, шыншылдықты талап етеді» деген жолдар кеңес жазушыларына көркемдік дамудың негізгі бағыты ретінде ұсынылады.

Кейбір зерттеушілер «социалистік реализм» терминін алғаш рет И.В.Сталин ұсынды дейді. 1932 жылы 26 қазан күні М.Горькийдің пәтерінде болған жазушылардың кеңесінде В.И.Сталин қатысып, кеңес әдебиетінің шығармашылық әдісі туралы қорытынды ойларын айтқан. Ол әдебиетіміздің басты міндеті социалистік қоғамымыздың шындығын жырлау екендігін айта келіп, бұл социалистік өнер болады. Бұл социалистік реализм» деді²¹⁵.

Кейіннен бұл термин ұжымдық талқылаулардың жемісі болып қалыптасты. 1934 жылы болып өткен КСРО Жазушылар одағының бірінші құрылтайында социалистік реализм жаңа мазмұнда, жаңа идеялық бағытта көп ұлтты кеңес әдебиетінің негізгі шығармашылық әдісі болып біржола бекіді.

Кейін тұтас бір әдебиеттің көркемдік тәсіліне айналған социалистік реализмнің принциптері тәжірибеде алғаш М.Горькийдің шығармашылығында көрініп дамыса, оның теориялық жақтарын негіздеуде де ол басты рөл атқарды. Социалистік реализм әдісінің негізгі мәселелерін түсіндіріп алғаш мақала жазған да өзі, Горький жаңа әдебиетті жасау үшін көркем туындыларымен бірге сын майданында да күресті. Оның 1933-34 жылдарда жазған мақалаларының барында дерлік социалистік реализмнің түйінді жақтары белгілі дәрежеде қозғалып отырды.

1933 жылы М.Горький социалистік реализм туралы мақала жазды²¹⁶. Мұнда кеңестік құрылыс дәуіріндегі кеңес жазушыларының басты міндеттерін әңгімелеу үстінде социалистік реализмнің озық мүмкіндіктер туғызатындығын дәлелдеді. Жаңа заманды тек қана жаңаша, жаңа әдіспен жырлау қажеттілігі ескертілген. М.Горькийдің социалистік реализмге берген сипаттамасы оның ең басты қасиетін көрсетеді. «О кочке и о точке» деген мақаласынан «...социалистік реализм социалистік тәжірибеге негізделіп, өмірді өзгертіп, қайта құрып жатқан адамдардың реализмі; реалистік бейнелі ойлау» деген анықтаманы оқимыз²¹⁷. Горькийдің мақалаласында социалистік қоғамдық құрылыстың кең қанат жаюымен бірге оның әдебиеті – социалистік реализмнің дамып отыратындығы, қаламгерлердің шығармашылық ерекшеліктерінің бар қыр-сырымен көрінуіне қолайлы жағдайлар туатындығы айтылады. Жазушыларды көп оқуға, өмірден көп үйренуге шақырды.

Социалистік реализм принциптерінің теориялық жүйесінің жасалуында көп еңбек сіңірген сыншылардың бірі А.В.Луначарский. Сыншының жаңа әдіс жайлы айтқан пікірлері теориялық

²¹⁵ К.Д.Муратова. М.Горький в борьбе за развитие советской литературы. М.-Л., 1958, 276-бет.

²¹⁶ М.Горький. О литературе. 1953, 608-614-беттер.

²¹⁷ «Правда». 1933, 10 шілде.

жағынан негізделуімен, мәселенің кең қозғалып, нақтылы терең айтылуымен ерекшеленеді. А.В.Луначарский КСРО Жазушылар одағы ұйымдастыру комитетінің 2-ші пленумында сөйлеген сөзінде социалистік реализмнің негізгі қасиеттерін атап өтті. Ең алдымен, бұл әдіс те – реализм. Социалистік реализм де өмір шындығына негізделеді. Бірақ, ол болмысты статикалық күйде емес, даму жағдайында көрсетеді²¹⁸. Баяндамашы болмысты даму күйінде суреттеуге аса мән берген. Өмірдің социалистік даму заңдылығын түсінген ғана шындықты дұрыс ұғынып, суреттей алады. Социалистік реализмнің коммунизм идеяларына, пролетариаттың күшіне, оның бастаушысы коммунистік партияға шексіз сенетіндігі, бар мүмкіндігін коммунизм орнату жолындағы күреске арнайтындығы айтылды. Сөйтіп, бұл баяндамада кеңес әдебиеттану ғылымында социалистік реализмге алғашқылардың бірі болып кең түсініктер берілді, ғылыми негізі жасалынды.

Қазақ әдебиетінде социалистік реализм терминін алғаш рет Ілияс Жансүгіров 1932 жылы 26-желтоқсан күні ашылған Қазақстан кеңес жазушылар одағы ұйымдастыру комитетінің бірінші пленумында жасаған баяндамасында ресми түрде қолданып, оны қазақ әдебиетінің негізгі даму жолы деп көрсетті. Ілияс социалистік реализм туралы одақтық жазушылар пленумында сөз болғанын айта келіп: «Біздің кеңес әдебиетіміздің өркендеу жолы – социалистік реализм, төңкерісшіл романтизм... Бұл әдебиеттегі дәуірдің тілегінен, әдебиетіміздің тәжірибесінен туған еді» деп мәлімдеді²¹⁹.

Социалистік реализм ұғымын түсіндіру үшін В.Кирпотиннің одақтық пленумда сөйлеген сөзін пайдаланған. Пленумда қазақ әдебиеті жайлы жасаған баяндамасында Ғабит Мүсірепов жаңа әдіске кеңірек тоқталған. Баяндамашы жазушылардың заманға лайық шығарма жазуын өмірді, оның даму заңдылықтарын жете білумен тығыз байланыстырады. «Алдымен жазушыларымызға затшылдық диалектикасы мен дүниетану жолын терең ұғынуды жүктеуіміз керек... Біз қоғам ішіндегі тап тартысының өсу-өркендеу (диалектика) жолын жете түсінбесек, қазіргі ұлы құрылысымыздағы күресімізді толық суреттей алмай, үстінен қарпимыз»²²⁰. Мүсірепов қаламгерлердің дүние танымының озық болуына көмектесетін бірден-бір ілім марксизм-ленинизм деп көрсетеді.

Ғабит: «Ұранымыз социалды нағызшылдық (реализм мағынасында. Д.Ы.), социалдық романтизм» дей келіп, «социалдық нағызшылдық біреудің ойлап шығарған фантазиясы емес, кеңес жазушыларының, кеңес әдебиетінің қазіргі өсу бағытындағы шындықтан алынып отырғандығын» дәлелдейді. М.Горький социалистік реализм әдебиетінің социалистік құрылыстың фактілері негізінде жан-жақты өсіп өркендейтінін, оған қолайлы жағдайлар туатынын баса ескерткен болатын. Мүсірепов те ұлы жазушының осы ойын сабақтай түседі. Еліміздегі қарқынды социалистік құрылыстың нәтижесінде социализм өмірдің шындығына айналып отыр. Жазушының басты мұраты өмірдің шындығын жырлау болса, бүгінгі дәуіріміздің шындық факторы болып отырған социализмді жазу қаламгерлердің негізгі міндеті деп атап көрсетті.

Қазақ әдебиетінде социалистік реализм 1933 жылдың басынан арнайы әңгіме бола бастады. Сәбит Мұқанов осы жылдың 12 қаңтар күні Қазақтың мемлекеттік педагогика институтында «Социалистік реализм және төңкерісшілдік романтизм» деген тақырыпта лекция оқыған. 1933 жылы 11 көкек күні Сәбиттің «Социалистік Қазақстан» газетінде «Социалды реализм туралы» мақаласы жарияланды. Мақала осы мәселені қазақ әдебиетінде ғана емес, советтік шығыс әдебиетінің ішінде де алғаш көтергендердің бірі еді. Мысалы, өзбек әдебиетінде социалистік реализмді тұңғыш қозғағандардың бірі Айбектің мақаласы 1933 жылы 17 тамызда республикалық «Қызыл Узбекистан» газетінің бетінде көрінді²²¹.

С.Мұқановтың бұл мақаласында баяндалған ең басты мәселелердің қалайша шешім тапқандығына тоқтала кетейік. «Реализм» латынның сөзінен шыққан шындық деген мағынаны білдіреді. Жеке әдіс ретінде феодализмнің құлдырап, капитализмнің өрлей түскен дәуірінде

²¹⁸ А.В.Луначарский. Соч. Т. 8., 1967, 496-бет.

²¹⁹ «Әдебиет майданы», 1933, №1, 61-бет.

²²⁰ Ғабит Мүсіреповтың. Социалды құрылыс дәуірі түрі ұлттық, мазмұны пролетариаттық көркем әдебиеттің өркендейтін дәуірі. «Әдебиет майданы», 1933, №2, 65-бет.

²²¹ Б.Назаров. Роль Айбека в формировании марксистской-ленинской литературной критики в Узбекистане. Автореферат. 1971, 9-10 беттерін қараңыз.

жаңашыл, прогресшіл тап болған буржуазияның талап-тілегіне, мүддесіне қызмет ету мақсатында туған әдеби ағым еді. Автор социалистік реализмді әңгіме етпестен бұрын оның даму эволюциясын қысқаша шолып өтеді. Социалистік реализм реализмнің заңды даму жалғасы екендігі, мұнда да өмір шындығын бейнелеу ең негізгі өлшем болатындығы баса айтылған.

С.Мұқановтың социалистік реализмге берген сипаттамалары түсініктері кейіннен кеңес жазушыларының 1934 жылғы бірінші құрылтайында қабылданған жаңа әдістің шарттарына ыңғайлас, жақын. Құрылтайда социалистік реализмге мынадай анықтама берілді: «Социалистік реализм, кеңес көркем әдебиеті мен әдеби сынының негізгі шығармашылық әдісі бола тұрып, суреткерден өмірді революциялық даму үстінде шыншыл, нақтылы тарихи суреттеуді талап етеді»²²².

Ал С.Мұқанов «Социалды реалшыл ақындар «болғанды» күйінде ғана емес, «болған» ішінде болмай қалғандарды болдыруға тырысушылар. Марксизмді мұрат қыла жырлаушылар» деп жазды²²³. Бұдан жазушының социалистік реализмнің ең басты ерекшелігі – өмірді революциялық даму күйінде суреттеу қажеттігін дұрыс түсіндіріп бергенін көреміз. Автордың пікірінше, бұған марксизм-ленинизм іліміне сүйенгенде ғана жету мүмкін.

С.Мұқанов «социалистік реализмнің мәселелерінің бәрін қозғауға мақалада мүмкін емес» екендігін ескерткен. Автор жаңа әдістің негізгі принциптерін әңгіме ете отырып, соған байланысты әдебиетіміздегі кейбір кемістіктерге де тоқталып өткен. Социалистік реализмнің теориялық жақтарын практикаға байланыстыра түсіндіруге тырысқан. Осы ретте «шындық» категориясына едәуір тоқталған.

Бейнеленіп отырған өмір болмысының, фактілерінің шындыққа негізделуі, шын болуы реалистік өнердің басты мұраты. Добролюбов көркем шығармада шындық өмірдің суреттелуі негізгі шарт деп білді. Ол: «... суреткердің басты қадір-қасиеті оның шығармаларында шындықтың негіз болуында, өйтпеген күйде жалған тұжырымдар, жалған ұғымдар шығады» деп жазды²²⁴.

Болмысты өңін айналдырмай, шындық күйінде реалистік тұрғыдан бейнелеу өнер атаулының ғасырлар бойғы дамуы нәтижесінде жеткен тамаша жетістіктерінің бірі. Социалистік реализм әдебиеті де шындықты бейнелеуге аса маңыз беріп, өзіндік ерекшеліктерімен келді. Шындықты жазу, шын жазу социалистік реализмнің де ең негізгі принциптерінің бірі. Кеңес әдебиетінің үлкен сыншысы болған, социалистік реализм әдісінің теориясын жасасқандардың бірі А.В.Луначарский жазушылардан тек қана шындықты жазуды талап етті: «Суреткер барынша шыншыл болуы керек және өз кейіпкерлерін нағыз өмірдің өзінен алуы керек. Шынайы шындықтың орнына ойдан шығарылған жалғанды жырлаған жазушының қайсысы болмасын өтірікші, партия ісіне сатқындық болып табылады»²²⁵. Яғни, өмірге коммунистердің көзімен қарап, марксизм-ленинизм іліміне сәйкес ұғынылған шындық шындық деп есептелінді де басқаша болса, сара жолдан ауытқу деп табылды. Ол шындық социалистік революцияның жеңіп шығуы, елімізде социалистік қоғамның орнап жатқандығы, болашақта коммунизмнің бүкіл дүние жүзіне орнамай қоймайтындығы еді де, осыларды шығармаларының негізгі арқауы ету барлық қаламгерлерден талап етілді.

Қазақ әдебиетінде социалистік реализм туралы жазылған алғашқы мақалаларда көтерілген негізгі мәселелердің бірі осы өмір шындығын қалайша түсіну жайлы болды. С.Мұқановтың жоғарыда аталған мақаласында социалистік реализм әдісі «қоғамдық болмысты қалай танып біледі?» деген сауалға жауаптар беруге тырысқан. Автор жаңа әдебиетті, оның негізгі бейнелеу әдісін тап мүддесімен, тап күресімен байланыстырады да, «тап бар жерде жалпы тапқа бірдей шындық жоқ» деген біржақты пікір айтады. Ғ.Тоғжановтың «ақын-жазушылар көргенін көргенше, сезгенін сезгенше жазу керек» деген тезисін сынамаймын дей отырып, «көрінгеннің бәрі шындық бола бермеуі мүмкін» дейді. Оған мысал ретінде «1917 жылы Октябрь жеңді, социализм орнаған жоқ еді. Біз социализмді жаздық. Осы – реализм» деп жазады. Бұл жерде автор не өз ойын дұрыс жеткізе алмаған да, не қоғам дамуының шындығын түсінбей, шатастырып алушылық бар.

²²² Первый Всесоюзный съезд советских писателей. 1934. Стенографический отчет. М., 1934, 716-бет.

²²³ С.Мұқанов. Социалистік реализм туралы. «Социалды Қазақстан», 1933, №84, 2 көкек.

²²⁴ Добролюбов. Избранное. 1961, 308-бет.

²²⁵ А.В.Луначарский. Статьи о советской литературе. Изд. 2, М., 207-бет.

М.Қаратаев С.Мұқановтың өмір шындығын танып білудегі қайшылықты пікірлерін көрсетті: «Сәбиттің мысалымен алғанда, асыра сілтеушілерінің бүлдірген ісі шындық емес, өйткені ол пролетариат үстемдігінің шындығы емес. Рас, ол пролетариат үстемдігінің жемісі емес, бірақ ол, пролетариаттың ұлы күресінде болған жеке кедергілер, қаптал шындықтың теріс жағы. Олай болса, шындықтың жақсы жағын ғана шындық деп, пролетариат пен партия бастап ұзақ күресте жеңіп келе жатқан капитализм қалдықтарын шындық емес деу өмірге диалектикалық тұрғыдан қарамағандық болып табылмай ма?»²²⁶.

Қ.Өтепов «Социалды реализм» деп аталынған бірнеше тараудан тұратын көлемді мақаласында Сәбиттің кемшілікті пікірлерін сынаған. Мақала С.Мұқановтың шындықты қалай түсіну керектігі жайында айтқан ойларына ой жарыстыру сарынында жазылған. Қ.Өтепов те шындық проблемасын таптық тұрғыдан түсіндіреді. Ол «әр таптың шындықты тануы, шындыққа көзқарасы әр таптың нысанасына, қоғам ішінде алатын орнына сай болады» деген пікірді ұстанады.

Қ.Өтепов социалистік реализм әдісінің басты ерекшеліктерін буржуазия санасы мен пролетариаттың идеологиясымен байланыстыра отырып қарастырған. Таптық қоғамда таптан жоғары тұрған, немесе бәріне бірдей әдебиеттің болуы мүмкін емес. Өйткені жазушы да таптық қоғамда өмір сүретіндіктен белгілі бір таптық көзқарастарда болмай тұра алмайды. Әдебиеттің мұндай сипатын В.И.Ленин кезінде «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» деген еңбегінде айқындап берген болатын. Өтепов былай деп жазады: «Таптан тыс қары жазушы жоқ. Қандай жазушы, ақын болса да белгілі бір таптың, бір топтың жырын жырлайды, соның идеологы болады»²²⁷.

Автордың ойынша, өмір шындығын танып білу таптық көзқарастарға байланысты. Қанаушы таптардың көзқарастары объективті өмірді терең түсінуге мүмкіндік бермейді. Мұның себебі ең алдымен, үстем таптардың қанаушылық сипатымен, қоғам дамуының жолын, ондағы пролетариаттың ролін мойындамаушылық ниетімен байланысты. Мақала авторы өмірдің шындығын, оның өзгеру заңдарын білуге құштар, оны тануда бірден-бір дұрыс бағытта болатын пролетариат табы деп түсінеді. Оның дәлелі «пролетариат тобының субъективний мақсатының, нысанасының, әрекетінің, тәжірибесінің өзі объективний келеді», «пролетариаттың көзқарасы, салт-санасы қазіргі қоғамның дүние тануының ең жоғары саатысы, шындыққа басқалардан гөрі жанастығы, болдығы мол салт-сана». С.Мұқановтың «тап бар жерде жалпы тапқа бірдей шындық жоқ» дегенінің төрт түрлі терістігін атайды. Ең басты қатесі деп «объективті шындықты тап көзқарасына тәуелді қылған» деп көрсетеді.

Ә.Қоңыратбаев буржуазия әдебиеті «тек көзі көріп тұрған фактілермен ғана әуре болды, өмірдің шындығын көргісі келмеді, сондықтан да олардың реализмі жетесіз, сынаржақ реализм болды» деп жазды²²⁸.

Кенес әдебиетінің негізгі әдісі жайлы жазылған мақалаларда оның дүние танудың бірден-бір ілімі ретінде марксизм-ленинизмге сүйенетіндігі айтылды. Осы ілімге сүйенген төңкерісшіл тап пролетариаттың әдебиеті социалистік реализм. Құлмырза бұл ретте біраз тереңдей айтқан. Буржуазияның ғылымы метафизикалық болғандықтан да «бұл ғылымды негіз, құрал, арқау қылған буржуазия әдебиеті де бұдан алыс өрістеп кетпейді, осы шындықтың айналасында жайылады. Өмір құбылысын терең, кең шоли алмайды, беттен, үстен шолиды, көзге ғана көрінетінін, жеңіл-желпі зерттеуге ғана ілінетін шындықты қамтиды». Ал пролетариат табының ғылымы затшылдық диалектика, марксизм-ленинизм. Сондықтан да «біздің әдебиетіміз байшыл біржақтылықтан аулақ, өмірді жан-жақты алатын, оқиғаның терең, күрделі шын сырын шолитын, оқиғаны өзгеріс, құбылыс, қозғалыс үстінде суреттейтін, оқиғаны тарихи жағдайда алатын, өткенін, қазіргісін, болашағын бір бүтін қылып көрсететін әдебиет».

Қ.Өтепов мақаласында әдеби әдісті тікелей әңгіме студент гөрі, оның көркем бейнелеуде сүйенетін марксизм-ленинизм ілімінің таным теориясының принципті мәселелерін біраз қозғаған. Диалектиканың дүниедегінің бәрі өсуде, өркендеу, өзгеру үстінде болады деген негізгі заңына сүйене отырып, социалистік қоғамның даму шындығын түсіндіруге тырысқан. Даму дегеніміз қарама-қайшылықтардың күресі. Онсыз өмір, даму жоқ. Социалистік құрылыс тұсында

²²⁶ «Лениншіл жас», 1933, 6-мамыр.

²²⁷ Өтепұлы Құлмырза. «Социалды реализм. «Социалды Қазақстан», 1933, № 108, 12-мамыр.

²²⁸ Әлібек. Әдебиетіміздегі реализм туралы. «Әдебиет майданы», 1934, №5, 68-бет.

да қоғамдық дамудың жолында қайшылықтар кездесіп отырады. Құлмырза С.Мұқановтың алғашқы социалистік құрылыс жылдарында көрінген қоғамымызға жат кейбір құбылыстарды шындық емес деуін орынды есептейді. Нәрсенің «кіл бір жағын көрсетсе, шындық емес. Екі жағын көсетуі керек». Автор өз ойын өрбіте түседі: «қандай нәрсенің, болса да кешегісі, бүгінгі, ертеңі бар. Қандай нәрсе болса да осы кешегісі, бүгінгі, ертеңімен бір бүтін. Бірақ ол нәрсе өзінің кешегісінде де, бүгінінде де, ертеңінде де бірқалыптағы нәрсе емес, сапасы өзгерген, жаңаланған нәрсе»²²⁹. Бұл жерде М.Горький айтқан социалистік реализм әдісін игеруде үш болмысты көре білудің, түсінудің, қаншалықты маңызды екеніне назар аударып отыр.

Қ.Өтепов «байшыл реализм» деген терминді қолданған. Автор әдеби әдісті таптық тұрғыдан түсіндіремін деп, социалистік реализмге дейінгі әдебиеттің бәрін үстем таптық деуге дейін барған. «Байшыл реализм» деп отырғаны реализмнің өзі. Сыншы социалистік реализм әдебиетінің реалистік дәстүрдің заңды даму жалғасы болуы керектігін ескере бермейді. Кей реттерде екеуін қарама-қарсы қояды.

Өтепов социалистік реализм мен «байшыл реализмнің» (реализм мағынасында, Д.Ы.) арасындағы негізгі төрт айырмашылықты көрсетеді. Жинақтап айтқанда, олар: 1) ескі реализмге қарағанда социалистік реализм нәрсені, құбылысты, «тарихи жағдайында», «өзгеріс, қозғалыс үстінде алатын стиль»; 2) «ескі реализм метафизикаға сүйенсе, біздің жазушылар марксизм-ленинизм іліміне сүйенеді»; 3) «ескі реалист жазушылар қай таптікі екенін айтпаса, біздікі пролетариат табынікі екенін ашық айтады»; 4) «бұрын аз ғана тапқа жазса, енді көпке арнап жазады»²³⁰.

Қазақ әдебиетінде социалистік реализмге арналып алғаш жазылған мақалалардың бәрінде дерлік, жаңа әдістің шығу тегі көбірек әңгімеленеді. С.Мұқановтың, Қ.Өтеповтың, Ә.Қоңыратбаевтың, кейіндеу жазылған М.Бөжеевтің мақалаларында жаңа әдістің пайда болуы, дамуы деген мәселелерді баяндауға едәуір орын берілген²³¹. Авторлардың бәрі де әдеби әдістердің, ағымдардың пайда болуын қоғамның дамуымен, қоғам туралы ғылымның өркендеу процесімен байланыстырады. Социалистік реализм өмірдің алға даму процесінде қоғамдық, мәдени-рухани қажеттіліктердің нәтижесінде туғандығы дәлелденеді.

Әлібек Қоңыратбаевтың реализмнің, социалистік реализмнің пайда болуы туралы пікірін келтіре кетейік. Бір кезде прогресшіл тап болған буржуазияның әдебиеті кейін «тек көзі көріп тұрған фактілермен ғана әуре болды», өмірдің шындығын көргісі келмеді, келсе де көре алмады, сондықтан да олардың реализмі жетесіз, сыңаржақ болды дейді. Өмірді дұрыс көрсете алатын марксизм-ленинизм іліміне сүйенген төңкерісшіл тап пролетариаттың әдебиеті социалистік реализм дегенге саяды автордың ойы. Ә.Қоңыратбаев социалистік реализм әдебиетінің ең басты ерекшелігі деп «Социалистік реализм өмірдің фактілерін тұтас, тарихи даму үстінде, кимыл салып отырып қарайтындығын айтады»²³². Әлібектің бұл пікірінің кеңес жазушыларының бірінші құрылтайында социалистік реализмге берген анықтамасына неғұрлым жақын келетіндігін байқаймыз.

Социалистік реализм әдісінің туу, даму ерекшелік проблемаларын сөз еткен алғашқы мақалаларға тоқталғандағы мақсат осылардағы социалистік реализм жайлы өрбіген пікірлердің өзінің кемшіліктерімен де, ойлы жақтарымен де біргө қазақ әдебиетіндегі теориялық, сыншыл ойлардың дамуында жаңаша бағыт, құбылыс болғандығына назар аудару.

Отызыншы жылдардың орта шенінде әдеби сында көбірек әңгіме болып, таласты пікір туғызған шығармалардың бірі С.Сейфуллиннің «Қызыл аты». Поэмада жиырмасыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың бас кезінде Қазақстанда болған асыра сілтеушілік, бұрмалаушылық, солардың мал шаруашылығына тигізген қырсығы нақтылы, ұтымды жолдармен баяндалған. Ақын қызыл атқа адамша тіл бітіріп, оның адаммен сырласуы арқылы сол дәуірдің көлеңкелі шындықтары жалған белсенділердің жасаған былықтары, соның әсерінен малдың күтімсіздікке ұшырап, жаппай қырылуы әшкереленеді.

Поэмада қызыл аттың «сөйлеуі» және шығарманың негізгі идеясының қоғамдық құрылысымызда орын алған ұнамсыз құбылыстарды сынау болғандығы әдебиетшілердің арасында

²²⁹ «Социалды Қазақстан», 1933, 12 мамыр.

²³⁰ «Социалды Қазақстан», 1933, №109, 14 мамыр.

²³¹ Б.Мұратбек. Социалистік реализм мен романтизм. «Әдебиет және искусство», 1939, №6.

²³² Әлібек. Әдебиетіміздегі реализм туралы, «Әдебиет майданы», 1934, № 5, 71-бет.

екіұдай пікір тудырды. «Қызыл атты» кінәлаушылар поэманың осы екі түрлі ерекшелігін теріс деп тапты. Олар социалистік реализм әдебиеті тек қана қоғамдық құрылысымыздың жетістік жақтарын жырлауы тиіс, сынамауы керек деп тапты. Көркем бейнелеудегі символикалық тәсілді символизммен шатастырды. Осы тұрғыдан қызыл аттың сөз сөйлеуін символизмге ұрынғандық деп кінәлады. Поэмаға тұрпайы социологиялық тұрғыдан келіп, бағалады.

Қ.Өтепов социалистік реализм жайлы мақаласында жаңа әдебиет көпшілікке арналып жазылады дей келіп, осы жөнмен «Қызыл ат» туралы пікір айтып өткен: «Сәкен жолдас бұл поэмасын біздің салтымызға, дәстүрімізге, стилімізге жатпайтын, жанаспайтын түсініксіз «жұмбақпен, символизммен жазған, түсінсең түсін, түсінбесең кой дегенді қылған»²³³.

Сыншының бұл пікірінің қайшылықты жақтарының бар екендігі байқалады. «Қызыл ат» поэмасы туралы жазған рецензиясында осы ойын өрбіте түскен. «Қызыл аттың» бүгінгі күнінен өткен күнін артық көрсетіп, сол күнді көкसेген деген қорытындыға келгенін өзі де білмей қалған. Бұл кешірілмес күнә» деп жазады²³⁴.

«Қызыл атқа» біршама дұрыс талдаулар жасаған М.Қаратаевтың мақаласы болды. Жас сыншы поэманың идеялық-көркемдік қасиеттерін социалистік реализм әдісінің негізгі принциптерін әңгімелеу үстінде түсіндірген. Мақаланың «Қызыл ат» және социалистік реализм» аталуы да сондықтан болса керек²³⁵.

Сыншы өмір шындығы дегенді қайлай түсінеміз, оның көркем әдебиетте бейнеленуі қалай болмақ деген басты мәселеге жауап береді. М.Қаратаев ең алдымен, поэмаға өзек болған негізгі фактілердің орындалмағандығын, ескі басшылардың қателіктерінен туған Қазақстанда болған уақытша, ерекше жағдай болғандығын растайды. Ал енді осы жағдайды қалайша жырлау керек. Егер «социализм сатысына өрмелеген ұлы топты көрмей, болашақтан үмітін үзіп, қиындықты ғана көрсе, қиындықты артқа тастап, большевиктік егіске шыққан қызыл атты аузына алмаса, ондай шығарма социалистік реализм әдісімен, партия көзқарасымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, ескілікті кертартпа таптардың санасын жырлаған шығарма болар еді. Автор пролетариат әдебиетінің бір міндеті «әлеумет шындығына етене араласып, шығармада шындықтың терең, нағыз революцияшыл мағынасын өмірдегі қиындық, кемістіктерді түйреп көрсетіп, жеңуге шақыру, осыларды санада ашып, айнадай жарқыратып көрсету» дей келіп, дастанда ұнамсыз шындықтың суреттелгенінің дұрыс екендігін көрсеткен.

Сыншы идея мен образдың ара қатынасына тоқталған. Кейіпкер идеяға байланысты жасалып, оны жан-жақты ашуға көмектесуі тиіс. Кейбір сыншылардың қызыл атты ауыл кедейі, ауылдан шыққан белсенді деп түсіндірген салыстыруларының тұрпайылығын айтқан. Автор «Қызыл аттың» ең үлкен жетістігі деп тақырыбының зәрулігін айтады. «Сәкен Сейфуллин дастанында партияға ілесе, үн қоса өлке өміріндегі үлкен жанды мәселені кетерді». Әдеби жағынан жетістігін «Қазақстан мал шаруашылығында болған жағдайларды дастанда белгілі саламен суреттеп, басалқалы тақырып етіп алу арқасында әдебиеттегі дәмсіз рапортқа қарсы, шындықтың көлеңкесінде ауырдың асты, жеңілдің үстімен қалқып кетушілікке қарсы бірінші рет бас көтерді, сөйтіп, өмірге сүңгіп, шындыққа бойлай шомылып, тақырыбын тапты» деп атаған.

М.Қаратаев «Қызыл аттың» сын тағарлық жері аз емес» дей келіп, дастанға бірнеше сындар айтқан. Ол кемшіліктер шығарманың идеялық сапасында емес, көркемдік жағынан жетіспеушілік жақтарында дейді. Сыншының ойынша поэмадағы олқылықтар: «дастанның көп жері баяндама сықылданып, өзінен өзі шындық бетінде қалқыңқырап кеткен. Сондықтан да ауылдағы таптық күштің тарихи тұлғасы көмескі қалған», «өмірдің белдеулі оқиғасын түбірлеп көрсету жағын ақсатыңқырап алған», «адамның ішкі дүниесі терең көрінбейді», «тұтас алғанда дастанның образдық жүйесі тар, шолақ», т.б. Автор мұндай кемістіктердің орын алуының басты себебі «әдебиеттік жетіспеушіліктерінде, социалистік реализм әдісін ақынның жете игере алмауында» деп көрсеткен.

Осы мақаласында М.Қаратаев социалистік реализмнің көркем бейнелеуде өзіндік ерекшеліктерінің бар екендігін ескертеді. «Бұл мәселе әлі көп ізденуді, ұқыпты еңбек етуді, творчестволық тәжірибені керек қылады. Әсіресе өмір құбылыстарын жақсы зерттеп, дұрыс ұғыну деп түйіндейді өз ойын.

²³³ Өтепұлы Құлмырза. Социалды реализм. «Социалды Қазақстан», 1933, №109, 14 мамыр.

²³⁴ «Социалды Қазақстан», 1933, №275, 29 қараша.

²³⁵ «Лениншіл жас», 1933, 6 мамыр.

Қазақстан жазушыларының бірінші құрылтайы қарсаңында социалистік реализм проблемалары әдебиеттің түрлі мәселелерін қарастыру үстінде жан-жақты нақтылана түсті. Осы кездерде жазылған сын мақалалардың қай-қайсысында болмасын аснайы сөз етпегенмен де социалистік реализмнің негізгі принциптері белгілі бір дәрежеде қозғалып отырды. С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтің, С.Мұқановтың, І.Қабыловтың, Қ.Өтеповтің, М.Қаратаевтың, т.б. осы кезде жазған мақалалары бұл айтқанымызға дәлел.

«Екі оқушының» (С.Ерубаев, Р.Жаманқұлов) қазақтың көрнекті ақын-жазушыларына арнап жазған ашық хат-мақалаларында жаңа әдебиеттің даңмуындағы бірсыпыра аса маңызды мәселелері көтерілді. Жаңа бағыттағы әдебиеттің теориялық, практикалық жақтарын сөз етуге үлкен қаламгерлерді шақырды. Осы мақалаларда көтерілген көптеген мәселелердің бірі дәстүр мен жаңашылдық тұрғысынан форма мен мазмұнның арақатынасының кең түрде әңгіме болуының өзінен-ақ біраз нәрсені байқауға болады. Әсіресе, Сәкен поэзиясының жаңашылдығын түсінуде біраз пікірлер айтылды. С.Мұқановтың мақаласында социалистік реализм әдебиетінің түрлі жақтарын баяндаған пікірлері баршылық.

Құрылтай ашылатын күні баспасөзде қазақтың белді қалам қайраткерлерінің біразы әдебиеттің қазіргісі мен келешегі жайлы өз ойларын ортаға салды. Сәкен әдебиетіміздің осы күнге дейінгі басты кемшілігі деп кейіпкердің ішкі жан дүниесінің бейнесін емес, сыртқы келбетін ғана жасаушылықты, оқиғаның даму заңдылықтарының көрінбеуі сияқты бірнеше кемшіліктерді нұсқаған²³⁶. С.Сейфуллин «біздің әдебиетіміздің негізгі даму бағыты социалистік реализм» деп мәлімедеді²³⁷. Әдебиетіміздің қарқынды дамуын тежеп келе жатқан жағдай осы уақытқа дейін әдебиеттің түрі ұлттық, мазмұны социалистік бағытта дамуына мән бермей келушілік. Сын өз міндетін тек сынау, кемістіктерді көрсету деп түсінді, бұл олқылықтарды қалай жөндеуді, алдағы даму жолдарын көрсете алмады деген пікірлер білдірген.

Сәкеннің осы пікірін сыншы Баталов сын туралы жазған мақаласында дамыта түседі. Сындағы негізгі кемшіліктердің бірі оның көбіне шығармадан кемшілік іздеп, оның ұнамды жақтарын шеберлік мәселелерін қозғай алмай жатқандығында. Сын нақтылы, тарихи, таптық болып, жазушының барлық көркемдік құралдарын толық талдап беруі тиіс. Әдетте, сын тек идеологиялық жағымен айналысып, ал шын идеологиялық талдаудың көркем шығарманың барлық жақтарын қарастырудың барысында ғана мүмкін екендігі ескеріле берілмейді²³⁸.

М.Баталов лирикаға қатысты «социалистік реализм әдісі лириканы жокқа шығармайды, керісінше оның дамуына жағдай жасайды» деп жазды. Сөйтіп, жаңа әдістің лириканың дамуына тежеу салады деген пікірді теріске саяды.

Қабылов заманымызға лайық әдебиет жасаудың бірден-бір жолы социалистік реализм деп жазды²³⁹. «Кзахстанская правда» газетінің 1934 жылғы 12 маусым күнгі санының бас мақаласы социалистік реализмге арналды. Онда жаңа әдісті игеру жазушылардың басты міндеті деп көрсетілді. Социалистік реализмнің кеңес әдебиетінің шығармашылық әдісі екендігі, бұл әдістің жазушылардың шығармашылық ізденулеріне, өмір шындығын жан-жақты көрсетуге жаңа табыстарға жетуіне кең өріс ашатындығы айтылған.

Сөйтіп, 1932 жылғы әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы партияның қаулысы шыққаннан Қазақстан жазушыларының бірінші құрылтайына дейінгі кезеңде қазақ әдебиетінде социалистік реализм мәселесі көтеріліп, оның басты проблемалары жайлы пікірлер айтыла бастады. Бұлардың көбісінде социалистік реализм әдісінің пайда болу жолдары, оның өзіндік ерекшеліктері, қазақ әдебиетінде көрінісі қалай деген мәселелер төңірегінде ой қозғалды. Кейбір пікір жарыстырулар да болды. Осындай мәселенің бірі өмірдің шындығын, қоғамдық болмысты қалайша танып білу керек деген төңіректе көрінді. Осыған орай Сәкеннің «Қызыл ат» поэмасы хақында қызу пікір алысулар болып өтті.

Қазақ әдебиетінде (одақтық әдебиетте де) социалистік реализм әдебиеті теориясының жасалуына марксизм-ленинизм ілімінің тікелей әсері болды, сол негізде жасалынды. Сондықтан да кей мақалалар философиялық аспектіде жазылды. Мысалы, Қ.Өтеповтың жоғарыда біз

²³⁶ Сейфоллаұлы Сәкен. Жазушылар съезіне. «Социалды Қазақстан», 1934, 12-маусым.

²³⁷ Сейфуллин Сәкен. Социалистический реализм, основное направление нашей литературы. «Кзахстанская правда», 1934, 12 июнь.

²³⁸ Баталов. Выше уровень критики. «Кзахстанская правда», 1934, №132.

²³⁹ Ильяс Кабулов. Создадим литературу, достойную эпоху «Кзахстанская правда», 1934, 12 июнь.

талдаған мақаласы. Бұл мақалаларда жаңа әдебиетіміздің дамуындағы өзіндік ерекшеліктері әңгімеленіп (Ә.Қоңыратбаевтың мақаласында), социалистік реализм әдісін меңгеру жолындағы жетістіктері мен (көбіне) кемістіктері теориялық жағынан топшыланды. Жаңа әдістің басты белгілері сызылып, әдебиетке алға өркендеу жолы ретінде ұсынылады. Социалистік реализмнің негізгі принциптерін насихаттауда сын белгілі бір роль атқарды.

Пролетариат әдебиетінің негізін салушы М.Горький «социалистік реализм... тек социалистік тәжірибе фактілері негізінде жасалуы мүмкін» деп жазып, жаңа әдебиеттің дамуына еліміздегі социалистік құрылыстың жеңістері қолайлы мүмкіндіктер туғызатындығын, одан әрі жетіліп өркендеуіне кең жолдар ашыла түсетіндігін атап көрсеткен болатын. Жиырма-сыншы және отызыншы жылдардың бас кезінде Қазақстанда социалистік құрылыс орнату жолында жеткен елеулі жетістіктер сол кездегі қазақ әдебиетінің негізгі тақырыбы еді. Әдебиеттің басты мұраты өз заманының бейнесін жасау болса, қазақ кеңес әдебиетінің алғашқы даму процесі осы тенденцияны аңғартты. Социализм құру жолындағы революционер-күрескерлердің, еңбек майданындағы ерлердің жарқын бейнелері әдебиетте көптеп көрінді.

Қазақстан қаламгерлерінің тұңғыш құрылтайына дейінгі дәуірде қазақ кеңес әдебиеті жаңа шығармашылық әдісті игеру жолында, реализм дәстүрін жаңғырту, байыту, жаңа өмірді суреттеудің соны принциптерін іздеу, меңгеру процесінде тәжірибелер жинақтады. Социализм орнатып жатқан кеңес адамдарының жасампаз еңбектерін жырлаған, жаңа қоғамның, жаңа адамның бейнесін суреттеген шығармалар сан жағынан өсе түсті. Құрылтайға дейінгі дәуірдің өзінде-ақ социалистік реализм әдісі өмір шындығын көркем бейнелеп көрсетудің бірден-бір шығармашылық тәсілі делініп дәлелденілді. Басқа кеңестік әдебиеттерде де осылай болды. Социалистік реализмнің теориялық, практикалық жақтары әдеби сында әртүрлі дәрежеде, түрліше сапада әңгіме болып жатты. Енді жаңа әдістің теориялық жақтарын жүйелеп, негізгі принциптерін айқындау міндеті тұрды. Бұл міндетті кеңес жазушыларының бірінші құрылтайы атқарып шықты.

Кеңес жазушыларының құрылтайы алдында Қазақстан қаламгерлерінің бірінші құрылтайы болып өтті. Қазақ әдебиетшілерінің социалистік реализм туралы алғашқы пікір алысулары осында әдебиетіміз жайлы келелі әңгімеге ұласты. Жиында қазақ әдебиетінің осы кезге дейінгі даму жолдары кеңінен талқыланып, қорытындыланды. Шығып сөйлеушілер әдебиетіміздің жетістік кемістіктері, болашағы жайлы ойларын ортаға салды.

І.Жансүгіровтің баяндамасы қазақ әдебиетінің бүгінгі күйі мен келешектегі міндеттеріне арналды. Баяндамашы қазақ әдебиетінің поэзия, проза, драматургия түрлеріне, әдеби сынға тоқталғанда дәуір талабын басшылыққа алған. Қазақ әдебиетінде социалистік реализм әдісін алғаш көтеріп шығушылардың бірі ретінде көркем туындыларды заманауи талаптар тұрғысынан қарастырады. «Социалистік реализмнің бірінші шарты – жазушының өмір материалын терең зерттеп жақсы білуі»²⁴⁰. Шындық өмірдің көркем бейнесін жасау реализмнің де негізгі қағидасы болатын. Өмірде негізі жоқ өнер туындысы идеализмге соқтырады. Сондықтан да социалистік реализм әдебиеті өзіне дейінгі реализм дәстүрінің негізгі қасиеттерінің бірі – өмірді терең зерттеп жазуды өзіне мирас етті. Кеңес жазушыларынан тек шындықты жазуды, шындықтың өткенін, бүгінгісін, келешегін органикалық бірлікте коммунистік көзқараспен бейнелеу талап етілді. Қазақ әдебиетінің алғашқы қалыптасу жылдарында өмірдің шындығын жан-жақты ашып көрсету оңайға түскен жоқ. І.Жансүгіровтің баяндамасында әдебиетіміздегі негізгі кемшіліктер аталып көрсетілді.

Қай уақытта болмасын, көркем әдебиеттің негізі көркем тіл. Онсыз әдебиет көркемдік қасиетінен айрылады. Сондықтан да атақты жазушылардың бәрі де әсем тілді көркем шығарманың жаны, «жүрек лүпілі» деп ұғынып, оған аса мән беріп отырған. Құрылтайдағы сөзінде Илияс осы тілдік кемшіліктерге қынжыла тоқтаған. «Поэзияда желісі көркем, тілі бай, мазмұны күшті үлгілі өлеңдер жоқ... Күшті қаһармандар жоқ. Өлеңге жан беретін лирика жоқ»²⁴¹.

І.Жансүгіров поэзияға үлкен талаптар қойып, өзі де сол деңгейден көріне білген ақын. Илияс осы кезге дейін туған елеулі шығармаларға баға бергенде қаламгерлердің жаңа әдісті меңгеру үстіндегі негізгі кемшіліктерді ашып көрсетіп отырған. Жеке шығармаларды талдау үстінде социалистік реализмнің кейбір принципті мәселелерін де қозғаған.

²⁴⁰ М.Қаратаев. Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы. А., 1965, 193-бет.

²⁴¹ Қазақстан кеңес жазушыларының тұңғыш съезі. А., 1934., 11-12-бет.

Отызыншы жылдардың алғашында кеңес әдебиетінде «романтизм керек пе, жоқ па?» деген сауалдың төңірегінде пікірталас болды. Кей әдебиетшілер романтизм басты әдіс болуға тиіс десе, РАПП-тың теоретиктері оған қарсы болып, тек қана шындықты жазу керек деген мақсатпен реализмді тар көлемге тығып қойды. Романтизмді буржуазия философиясы тудырған идеализмнің көрінісі деп ұқты. Кеңес әдебиетінің негізгі шығармашылық әдісіндегі романтизмнің рөлі туралы көптеген көрнекті қалам қайраткерлері де қайшы пікірлерде болды. Олар көркем әдебиеттегі көтеріңкі көңілмен әсірелей, шабытпен жырлау шығармаға әр беретін жанды элементтерінің бірі екендігін түсіне бермеді. Осы орайда 1933 жылы А.В.Луначарский мынадай пікір айтты. Ол: «біздің романтизм социалистік реализмнің құрамдас бір бөлігі. Социалистік реализм романтикасыз мүмкін емес. Оның қалай болса солай жаза салушылықтан басты айырмашылығы да осында. Бұл дегеніміз реализм қосу құштарлық, реализм қосу көтеріңкі көңіл»²⁴².

Қазақстан кеңес жазушыларының ұйымдастыру комитетінің І-ші пленумында жасаған баяндамасында Ғ.Мүсірепов жазушылардың негізгі шығармашылық әдісі жайлы айтқанда социалистік романтизм туралы тоқталып өткен. «Екінші, социалдық романтизм. Бұл социалдық нағызшылыққа қайшы келмейді. Социалдық романтизмнің мазмұны жазушы шын өмірді жазғанда желіктіріп, шынды көтеріп, қазіргі күнімен келешектегі жайын байланыстыра жазудың, алға сүйреудің әдісі»²⁴³. Мұнда ертеңгі күннің, болашақтың шындығын суреттеуде ұшқыр қиялдың, романтикалық желпіністің аса қажет екендігі нақтылы айтылған. Сонымен бірге бұл пікірде социалдық (революциялық Д.Б.) романтизмді жеке әдеби бағыт деп қараушылық ыңғай да бар.

І.Жансүгіров поэзияда шарықтаған ақындық қиялдың, көтеріңкі көңілдің, шабытты желпіністің аса зәрулігін айтып жазған болатын. Оның «әдебиет жалаң үгітпен жасалмайды. Ақында ұшқыр қиял, сергек сезім, толқынды ой, күшті пікір, желді қалам, тәтті, ащы тіл болуы керек. Бұларсыз аяғы ұйқасқан көп өлеңде көңілің селт етпейді, оқушының сезімі селт етпесе, өлең қылып отырған ойың жетпейді» деген пікірі әсіресе, поэзияда романтикалық лептің қаншалықты маңыздылығын көрсетеді²⁴⁴. Қазақстан жазушыларының бірінші құрылтайында жасаған баяндамасында әдебиетіміздегі негізгі кемшіліктерге тоқтала келіп, жаңа әдісте революциялық романтизм элементтерінің болуын құптайды. Ақын сол кездегі әдебиетімізде «төңкерісшіл романтизм» жоқтығын үлкен кемшілік ретінде көрсеткен²⁴⁵.

І.Қабыловтың революцияшыл-романтизм жайлы пікірлері де осы арнадан шығып жатады. Сыншы кеңес әдебиетінің негізгі әдісіне романтизмді қарсы қоюшылық әрекеттерді батыл сынады. «Социалистік реализм кейбір шалағай қазақ әдебиетшілері айтқандай, төңкерістік романтикаға қарсы емес, қайта ол социалдық көркем әдебиеттің маңызы зор керекті бір бөлігі» деп табады²⁴⁶.

Құрылтайда қазақ әдебиеті туралы І.Жансүгіровтің, С.Мұқановтың баяндамаларында социалистік реализм мәселелері әдеби туындыларды бағалау үстінде практикалық жағынан қарастырылып отырса, І.Қабыловтың «Маркс-Ленин әдеби сынының сабақты мәселелері» жайлы баяндамасында жаңа әдістің теориялық жақтарына дәуір тереңденкіреп бағындырған.

Қабыловтың ойынша, «көргенін ғана көрген күйінде суреттеу көркем әдебиет емес»²⁴⁷. Жазушыларға жаңа өмірді көркемдікпен бейнелеуде берік сүйенетін, көмектесетін көп мүмкіндіктер туғызатын – социалистік реализм тәсілі. Сыншы қаламгерлерді жаңа әдісті жете үйренуге, ол үшін басты шарттардың бірі марксизм-ленинизм теориясымен қарулануға шақырды.

І.Қабыловтың көтерген мәселесінің бірі – әдебиеттегі типтендіру мәселесі. Типтендіру әріден әдебиеттегі басты міндеттің бірінен саналып келеді. Ұлы сыншы В.Г.Белинский бір кезде нағыз дарынның әр кейіпкері – тип, ал әр бір тип оқырманға таныс бейтаныс дегені бар²⁴⁸.

²⁴² А.В.Луначарский. Соч. Т. 8, М., 1967, 527-бет.

²⁴³ «Әдебиет майданы», 1933, №2, 68-бет.

²⁴⁴ «Әдебиет майданы», 1933, №4, 29-бет.

²⁴⁵ «Социалистік Қазақстан», 1934, № 147, 27 маусым.

²⁴⁶ Қабылұлы Илияс. Қазақ әдебиетіне маркстік-лениндік сын керек. «Социалистік Қазақстан», 1934, 18 тамыз.

²⁴⁷ «Әдебиет майданы», 1934, №7-8, 5-бет.

²⁴⁸ В.Г.Белинский. ПСС. Т. I, М., 1965. 295-296-беттер.

Өткен ғасырдағы реализм әдебиеті таныс бейтаныстардың не бір тамаша үлгілерін жасады. Сондықтан да болса керек, Ф.Энгельс типтік бейнелер жасауды реализмнің негізгі қасиеті, жетістігі деп білді. Энгельс Гаркнеске жазған хатында: «Менің ойымша, реализм деталдар шындығымен қатар типтік жағдайларда типтік характерлер жасау шындығы» – деген болатын²⁴⁹. Социалистік реализм әдебиеті реализм дәстүрінің осы эстетикалық қағидасын негізгі бейнелеу принципі ретінде қабылдады. Кеңес әдебиетінде типтендіру жаңаша сипат алды. Пролетариат әдебиетінің атасы М.Горький жас әдебиетшілермен кездесуінде социалистік реализмдегі типтендіру проблемасының мәселелерін түсіндіріп берген.

Жазушының мақсаты типтік бейнелер жасау дей келіп, оған «тип саудагер, монах, полицей сияқты адамдар тобының басқаға ұқсамайтын, өзіне ғана тән сипаттары» деп түсінік берген. М.Горький типтендіру мәселесін жазушының шығармашылық қабілетімен, талантымен тығыз байланыстырып, оған зор маңыз беріп отырған. Типтендіру қаншалықты дәрежеде болса, оның адамға етер әсері де, тәрбиелік мәні де соншалықты болмақ: «типтерді суреттеңіз, суреттегенде сұғанақтардың барлығы да бұл типтен өзін танитындай етіп жазыңыз... Үлкен жазушылардың, ескі жазушылардың жасаған типтері қандай десеңізші? Бұлар сүттен сығып алған сүзбе сияқты, бұлар ұйыған сығынды зат секілді»²⁵⁰. Сөйтіп, М.Горький социалистік реализм әдебиетіндегі типтендіру мәселесін дұрыс айқындап берді.

Қазақ әдебиетінде типтендіру жайлы, алғашқылардың бірі болып толымды пікір айта білген сыншы Илияс Қабылов. Ол жазушылардың бірінші құрылтайында сын туралы жасаған баяндамасында типтік бейне жасау проблемасын көтерген.

Отызыншы жылдардың бас кезінде мал шаруашылығын өркендету тарапында бірсыпыра қателіктер жіберіліп, соның салдарынан Қазақстанда малдың саны күрт төмендеп кетті. Осы тақырыпқа арналған бірнеше шығармалар – С.Сейфуллиннің «Қызыл ат», І.Жансүгіровтің «Жаңа туған», Т.Жароковтың «Балабас», Ғ.Малдыбаевтың «Мал» поэмалары жазылды. Бұлардың бәрі дерлік күнделікті әдеби сынға қатты ұшырады. Ғ.Малдыбаевтың поэмасын жазушылар талқылауында жарамсыз туынды деп тапты. «Мал» туралы негізгі баяндама жасаған Б.Кенжебаев «Ғалымның поэмасы поэма емес: қара сөз, қара сөз болғанда көркем сөз емес, жай сөз» деп көрсетті²⁵¹.

Сәкеннің «Қызыл аты» жайлы түрліше пікірлер айтылды. Сейфуллиннің бұл поэмасының идеялық-көркемдік жақтарын түсінуде М.Қаратаевтың мақаласының қаншалықты маңызы болғандығына жоғарыда тоқталып өттік. Ал Тайыр Жароковтың «Балабасы» алғашында көтерген тақырыбы актуальды деп жақсы бағаланды. Тіпті, «Социалистік Қазақстан» газеті мен Қазақстан Жазушылар ұйымы жариялаған конкурста бәйге алды. 1934 жылы 3 мамыр күні «Социалистік Қазақстан» газетінде С.Мұқановтың осы поэмаға жазған рецензиясы жарияланды. Мақалада «Балабастың» саяси қателері, образ, тіл кемшілігі деп біраз олқылықтар көрсетілді.

Құрылтайдағы баяндамасында І.Қабылов социалистік реализм әдісін сөз ете отырып, осы поэмаларға тоқталып өткен. Бұлардағы басты кемшіліктердің негізін ашып берген. Ол типтік бейнелердің жасалу жағдайлары. Осы тұрғыдан «Қызыл ат» поэмасын сәтті туынды деп бағалаған. Ал Т.Жароковтың «Балабасы» туралы С.Мұқановтың айтқан пікірін құптады. Автор поэманы сынаушыларға қарсы Балабас өмірде болған адам, социалистік реализм өмір шындығын көркем бейнелеуді теріске саймайды деп пікір айтқан болатын. І.Қабылов поэма авторының бұл позициясын бұрыс демейді. Сыншының ойынша, мәселе тек шындықты ғана жазуда емес, сол шын болған адамдардың тұлғасын қалайша жасауда. Тайырдың Балабас өмірде бар адам дегеніне «реальный әдеби кейіпкер бір кісіні Балтабай, не Томарбайды көркем суреттеп көрсету емес: әлеумет өмірінде белгілі бір орында жүрген жүздеген Балтабай, Томарбайлардың жалпы белгілерін теріп, көркем тілмен жалпылап бере білуде» деп жауап береді²⁵².

І.Қабылов көркем әдебиеттегі типтендіру мәселесінің маңызын ескере отырып, оған әрдайым соғып отырған. Толымды пікірлер айтқан. «Әдебиеттен шын кейіпкер тек бір адамды, бір Ивановты, Петровты суреттеу ғана емес, бұл ондаған, жүздеген, қоғам тұрмысында белгілі

²⁴⁹ К.Маркс и Ф.Энгельс. Об искусстве. Т. I, М., 1957, 11-бет.

²⁵⁰ М.Горький. О литературе. М., 1953, 458-бет.

²⁵¹ «Социалды Казакстан», 1933, №246, 24 қазан.

²⁵² «Әдебиет майданы», 1934, №7-8, 8-бет.

орын алатын Иванов, Петровтардың бәрінен де табылатын жалпы мінезді, белгілерді көркем қылып қорытып отырып бір кейіпкер шығару»²⁵³.

Қазақ кеңес әдебиетінің алғашқы дәуірінде Б.Майлиннің шығармашылығында жасалынған Мырқымбайдың бейнесі оқшау тұрады. Бейімбет Мырқымбайдың образы арқылы кеңестендіру жылдарындағы қазақ кедейлерінің тіршілігінде, сана-сезімінде болған өзгерістерді шынайы суреттеген. Сөйтіп, Мырқымбайдың бейнесі жан-жақты көрсетіліп, типтік образ дәрежесіне жетті. «Мырқымбай бүкіл еңбекші қазақ кедейлерінің басынан тишкен тарихын баяндап беретін, оның санасында болған өзгерістерді көз алдына елестете алатын шынайы да шебер жасалынған жиынтық бейне»²⁵⁴.

Б.Майлиннің поэмасында көрінген Мырқымбайдың образына алғаш дұрыс баға берген әдебиетшілердің бірі С.Мұқанов. Ол Қазақстан жазушыларының құрылтайындағы поэзия туралы жасаған баяндамасында Мырқымбайдың бейнесіне жұртшылық назарын аударды. Мырқымбайды білмейтін қазақта ешкім жоқ, оны бәрі біледі, бәрі де түсінеді, қазақ бір-бірін «Мырқымбай» деп сөйлейтін болды дей келіп, мұның себебі не деген сұрақ қояды. Сәбит Мырқымбай бейнесінің өміршеңдігінің себебін дәл тауып ашқан. Ол типтік бейне болуында. «Оның кең түрде қолданылуы, деген С.Мұқанов, Бейімбет Мырқымбайдың образында барлық ауылдың кедейлерінің бойында болатын қасиет, образдардың жиынды түйінін көрсетеді»²⁵⁵.

Мырқымбайдың бейнесі «әр жерінен бір шолған, қолдан құрастырған кейіпкер емес, ол нағыз өмірдің өзінен сұрыпталып жасалынған, бірқалыптағы емес, өмірдің өзгеруімен бірге ол да өзгеріп, өсу үстінде көрінген, бүкіл ауыл кедейлерінің ой-тілегін, арман-мақсатын білдіретін жанды образ». С.Мұқанов Бейімбеттің ауыл кедейлерінің шынайы тұлғасын жасағандығын атап көрсетеді.

С.Мұқановтың «Теміртас» романына тағылған үлкен кінәлардың бірі басты тұлғаның, басқа да кейіпкерлер бейнесінің жан-жақты жасалмауы болатын. Романды талқылағанда шығып сөйлеушілердің көпшілігі Теміртас типіне тоқталған. Қ.Өтепов сөзін тікелей Теміртас бейнесінің типтендірілу жағдайына арнаған. Сыншы социалистік реализмнің өнерге деген талаптарына сүйене отырып, орталық образдың жасалуына бірсыпыра міндер таққан. Теміртас кейіпін типтік дәрежеге жеткізбей, нұқсан келтіріп тұрған кемшіліктерді көрсеткен²⁵⁶.

Е.Ысмайылов та бас кейіпкерге назар аударады. Есмағамбет: «Теміртас типінде кемшілік бар. Сонда да Теміртас кесек тип» деп түйеді өз ойын²⁵⁷. Романдағы Әбенді «ерекше көзге түсетін тип» деп бағалаған. Р.Жаманқұлов Теміртас пен Түлкібай образдарының жетістіктері мен кемшіліктерін көрсеткен. «Түлкібас типтес адамдар қазақ арасында көп», деді Ж.Сыздықов. Роман туралы сөйлеушілердің көпшілік пікірі көркем шығарманың сәтті шығуы кейіпкерлерінің типтендірілу дәрежесіне тікелей байланысты, ал типтік бейнелер жасау үшін өмірді жақсы білу ғана жеткіліксіз, сол өмір шындығын бейнелі жеткізе білу керек, ол үшін қаламгер ұдайы шығармашылық ізденістер жасап, жазушылық шеберлігін үнемі арттырып отыруы қажет дегенге сайды.

Типтендіру әдебиет теориясы қарастыратын өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан да әдебиет теориясының негізін қалап, база жасайтын күнделікті әдеби сында және 30-шы жылдардың екінші жартысынан бастап жиі көріне бастаған теориялық мақалаларда, көлемді зерттеулерде, бұл проблема едәуір козғалып, әртүрлі дәрежеде пікірлер айтылды. Соғысқа дейінгі онжылдықтың соңғы шенінде көрінген қазақ әдебиетіндегі теориялық алғашқы еңбектердің бірі Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» оқулығында бұл мәселе біршама шешімін тапты. Кітапта типтік бейне жасауды арнайы сөз қылған. Ғалым бұл мәселенің теориялық жақтарына тереңдеп бармаған. Автордың ұғымынша, әрбір сәтті шыққан образ тип. «Жазушы бір адамның ғана сыртқы суретін көрсетіп қоймайды. Сол адамды көрсету үшін, көп адамдарда болатын мінез, құлық, іс, әдеттерді жинап, соны бір адамның бойына сыйғызып көрсетеді міне, образ деп осыны айтады» деп жазады²⁵⁸.

²⁵³ Қабылұлы Илияс. Қазақ әдебиетіне маркстік-лениндік сын керек. «Социалистік Қазақстан», 1934, 15-тамыз.

²⁵⁴ Қазақ әдебиетінің тарихы, 3 том, I кітап, А., 1967, 341-бет.

²⁵⁵ С.Мұқанов. Кеңес поэзиясы туралы. «Қазақ әдебиеті», 1934, 1 тамыз.

²⁵⁶ «Қазақ әдебиеті», 1935, №34, 24 желтоқсан.

²⁵⁷ Сонда.

²⁵⁸ Қажым Жұмалиев. Әдебиет теориясы. А., 1938, 30-бет.

«Образ типтің түсінікті болуы үшін» оған мысал ретінде «Ана» романындағы Павелдің, Ниловнаның, «Айман—Шолпандағы» Көгібардың бейнелерін келтірген. Автор оқушылардың ұғымына ұғынықты түрде бұлардың типке айналу себептерін ашқан.

Әдебиет дамуында дәстүр мен жаңашылдық мәселесі маңызды орын алады. Әдебиет пен мәдениеттің өркендеуіндегі дәстүршілдік туралы кеңес үкіметінің көсемі В.И.Ленин бұрынғы ескі мәдени мұралардың бізге қажеті жок, Пушкин, Толстой шығармалары халыққа керек емес, пролетариат мәдениетін жаңадан, тыннан жасаймыз деп даурыққан пролеткультшыларға тойтарыс берді. Ол бізге әлемдік мәдениеттің ғасырлар бойғы дамуында жасалынған асыл мұралардың халыққа жат емес екен-дігін дәлелдеді. Ленин комсомолдардың III құрылтайында сөйлеген сөзінде «Біз өткеннің мектебінде болған жақсының бәрін алуымыз керек» деп мәлімдеді²⁵⁹. Ленин: «Пролетариат мәдениеті дегеніміз ойдан шығарылған нәрсе емес, пролетариат диктатурасының өмірі мен күресі жағдайында марксизм дүниетанымы тұрғысынан қазіргі мәдениеттегі ең озық үлгілерді, дәстүрлерді, нәтижелерді одан әрі дамыту болып табылады» деп жазды²⁶⁰. Пролетариаттың көсемі В.И.Лениннің бұл нұсқауларында дәстүрге таптық тұрғыдан келіп, түсіндіргені көрінеді.

Ілгері даму үшін өткендегіні меңгеріп қана қою аз, оларды байыта түсу керек, заманға, дәуірдің рухына лайық үлес қосып, алға апару қажет. Қоғамның ілгерілемелі дамуы әдебиет пен өнерден де өсіп-өркендеп отыруды талап етеді. Онсыз әдебиет өзінің қоғамда атқарар қызметін орындай алмас еді, маңызына, қасиетіне нұқсан да келген болар еді.

Социалистік реализм әдебиеті пролетариат диктатурасы билеген замана талаптарына жауап беру қажеттілігінен туды. Отызыншы жылдарда қазақ кеңес әдебиетінің даму мәселелерін сөз еткенде, дәстүр мен жаңашылдық проблемасына дүркін-дүркін соғып отырды. Өйткені, дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы арақатынастың дұрыс шешілуі сонымен бірге әдеби дамудың нақтылы жолын анықтау да еді.

С.Мұқановтың қазақ поэзиясын жайлы құрылтайда жасаған баяндамасында аз да болса осы мәселеге соға кеткен. Сәкеннің поэзиясын талдау үстінде «Советстан» поэмасына назар аударады. «Советстан» түрі қазақ поэзиясына жаңа түр ашты, «Советстан» үлкен өрге өрмелейтін жылдам қимылдың, естімеген жүрістің дүниеде болмаған өткірліктің ырғағы, пролетариаттың ой-жүйесін өрістетіп, құрылыс майданының барлық учаскелерінде қырағылықты күшейтудің ырғағы» деп анықтайды поэманың басты қасиеттерін²⁶¹.

С.Мұқановтың баса ескертіп отырғаны «Советстанның» түрі, ондағы дыбыс ырғағының социалистік құрылыстың қарқынды қимылын суреттеуде жаңаша пайдаланылуы. Ақынның әдеби қызметіне 20 жыл толуына арналған салтанатты жиналыста жасаған баяндамасында Сейфуллин поэзиясының ішінде «Советстан» поэмасын аса жоғары бағалайды. «Советстан» жайлы «кеңес поэзиясының ең биік өркешінің біреуі... Ақын мұнда ұлы қарқынмен ілгері жылжып бара жатқан социализм дәуірінің бейнесін мазмұнмен ғана емес, түрмен де береді. Сөздердің құрылуы, дыбыс үндестігі, ырғақ, үйлес жақтары қызу қарқынға өте дәлденіп жасалған. Оқыған уақытта поэма экспрестей адамды ілгері алып ұшып отырады. Қазақ ақындарының әсіресе жастардың көбі «Советстанға» еліктейтін себебі осы»²⁶².

Сәбит «қазақ поэзиясында Сәкеннің мектебі бар» дейді. С.Мұқановтың өзі де Сәкен сияқты Маяковский поэзиясынан көп үйренген, осы бағытта қазақ өлеңіне елеулі жаңалықтар кіргізген ақын. «Екі оқушыға» жауабында Сәбит өзінің Маяковский дәстүрінде қазақ өлеңінің құрылысына қандай өзгерістер кіргізген тәжірибелерін ортаға салған. Бұл жерде автор өлеңнің буын, ырғақ мәселелерін қазақ, орыс поэзиясының ерекшеліктерімен салыстыра отырып сөз етеді. Жаңа түрмен жазылған кейбір өлеңдерін теориялық жағынан негіздеп, қалай оқып түсіну керектігін түсіндіреді. Поэзияға жаңалықтар енгізудің аса қиын екендігін атап өтеді²⁶³.

Қандай әдеби туынды болмасын оның өзіндік түрі, мазмұны болады. Шығарманың сәтті шығуы ең алдымен, мазмұны мен пішінінің қалайша үйлесім табуымен байланысты. Әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық та көркем шығарманың осы екі компонентінің ажырамас бірлігінде өз шешімін тауып отырады.

²⁵⁹ В.И.Ленин. О литературе и искусстве. М., 1967, 443-бет.

²⁶⁰ Сонда. 455-бет.

²⁶¹ «Қазақ әдебиеті», 1934, 1 тамыз.

²⁶² «Социалистік Қазақстан», 1936, 20 шілде.

²⁶³ «Социалистік Қазақстан», 1934, №125, 1 маусым.

Дәуір талабына сай әдебиет үнемі ізденісте болады. Ізденулер барлық уақытта дұрыс нәтижелер бере бермейтіндігі тағы белгілі. Отызыншы жылдардағы әдеби ізденістерде көркем шығарманың түрі мен мазмұн бірлігін ескере бермей, тек бір жағын ғана негізге алған ұшқарлық екі ағым бой көрсетті. Әдеби даму тек түр жағынан болып отырады, сондықтан да ақын жазушылардың міндеті түрді дамыту, форма жағынан жаңалықтар жасау деп ұғынған әдебиетшілер формализмді туғызған еді. Отызыншы жылдардың алғашқы жарымындағы әдеби сында да форма мен мазмұнды бөле-жара қараушылық орын алды. Орта шенінен бастап әдебиетіміздің түрлі мәселелерін қозғап жазған сын мақалаларында түр мен мазмұн бірлігін дұрыс түсіндіре бастаушылық байқалады. Осы жылдары өзінің өткір де, ойлы сындарымен көзге түскен әдебиетшілердің бірі Құлмырза Өтепов 1935 жылы «мазмұн мен түрді бөлеутеуге болмайда. Түр мазмұнның бүтінделуі, оформит етілуі». «Мазмұн оқушы түсінерлік түрге бөленгенде ғана түсінерлік дәрежеге жетеді» деп жазды²⁶⁴. Форма мен мазмұнның бірлігі туралы теориялық қағида 1936 жылғы әдебиеттегі формализм мен натурализм жөнінде болған айтыста бірсыпыра дұрыс шешімін тапты.

Екінші бір ұшқарылық болмысты сол күйінде суреттеушілік – натурализм еді. Натурализм реализмнің жемісті жетістігі болғанымен де, өмір шындығын көрсетуде әлсіз соқты. Өмір көріністерін дәл, анық бейнелеуде белгілі бір нәтижелерге жеткенмен де, олары солғын, өлі күйінде қорынды. Басты, мәнді нәрселер қағыс қалып, екінші кезектегі майда-шүйделерге көп орын берілді. Натурализмнің басты кемшілігі өмірді өсіп-өзгерту, даму үстінде көрсете алмауы.

Бұл екі ағым да әдебиетке қойылатын негізгі талаптарды не жете түсіне бермегендіктен, не ескермегендіктен туған құбылыс еді. Сондықтан 1936 жылы одақ бойынша өткен формализм мен натурализм жайлы айтыстың басты міндегі әдебиетімізде орын алып келген осы екі ұшқарылықтың да бұрыс екендігін дәлелдеумен бірге жаңа әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру де болды. Сол себепті, қазақ әдебиетіндегі формализм мен натурализм жайлы болған пікір алысуда жасаған баяндамасын Лекерұлы Әзімбай алдымен, социалистік реализм әдісінің негізгі белгілерін түсіндіруден бастаған. Формализм мен натурализмнің жаңа әдістің негізгі талаптарына жауап бере алмайтын жақтарына баса тоқталады. «Формализм дегеніміз, шығармалардағы идеясыздық, мазмұнсыздық, неше алуан бай шындықтың дәмін кетіріп, құр сұлдерін қалдыру, шындықтан аулақ кету, әлеуметтік адамның нақты тұрмысымен, оның қуаныш-ренішімен, ойымен, сезімімен, құштарлығымен байланысты болмау». Баяндамашы натурализмге былайша түсінік берген: «бөлшек-бөлшек, жиі кездесетін нәрсенің көптігі, синтездің, түйіннің жоқтығы, әлеуметтік процестерді үстірт көрсету, құрғақ, жалаң эмпиризм, адамның әлеуметтік белгілерін терең көрсете алмау, шындықтың бөлек-салақ суреттерін түсіру, идеялылықтың төмендігі, ой-өрісінің, көркем фантазияның саяздығы»²⁶⁵. Ә.Лекеров осы айтқандарына сүйене отырып, бірнеше шығармаларды сынға алған.

Формализм мен натурализм хақында пікір алысу тек осы жөнінде ғана болып қоймай, кең көлемде етті; әдебиетіміздің келешегі жайлы келелі әңгімеге айналды. Ө.Тұрманжанов: «Қазақ әдебиетіндегі формализм және натурализмнің түп негіздерін ашып, онымен күресу қазақ әдебиетінің өркендеуі, өсуі үшін күресу болады» деп, мәселені кеңінен қойған. Формализмнің, натурализмнің шығуына себеп болған алты түрлі нәрсені көрсеткен. Олардың негізгілері: жазушылар өмірден қалып қояды, РАПП-тың кезінде рапорт секілді шығармалар талап етілді, оған бәрі де кіру керек еді, ізденудің, үйренудің аздығы, сын нашар.

Шығып сөйлеушілердің көпшілігі Сәбиттің «Ақ аю», «Жорық», «Көмір – коммунизм», Сәкеннің «Альбатрос», «Социалистан», Асқардың «Уборщица», Әбділданың «Олқылық», т.б. шығармаларында азды-көпті формализм элементтерінің ұшырайтындығын айтты. С.Сейфуллин «қазақ әдебиетінде формализм өз алдына мектебі бар айрықша ағым қалпында әрине, жоқ» дей келіп, оның элементтерінің кездесетіндігін, формалистік қателер іздену жолындағы кемшіліктер деп түсіндіреді»²⁶⁶.

Бірсыпыра пікір айтушылар әдебиетіміздегі басты сырқаулардың бірі көркем сөз өнеріне жете көңіл бөлмеушілік, оған тиісті мен бермеушілік, соның салдарынан көп шығармалар өте

²⁶⁴ «Әдебиет майданы», 1935, №7, 79-бет.

²⁶⁵ «Қазақ әдебиеті», 1936, 25 көкек.

²⁶⁶ «Қазақ әдебиеті», 1936, 5 мамыр.

асығыс жазылады да, сапасы төмен шығады деді. Е.Ысмайлов бұл мәселеге баса назар аударады. Шығып сөйлеген Ә.Тәжібаев Есмағамбеттің пікірінің дәлелді екенін айтып, «Олқылық» поэмасын сегіз-ақ күнде жазғанын мойындайды. Осы мәселе жөніндегі өз ойларын ортаға салады.

1937 жылы болып өткен Қазақстан жазушыларының әдеби сын жайлы пленумында жасаған баяндамасында М.Қаратаев натурализмді «көркем әдебиеттің жауы» деп тіке айтады²⁶⁷.

Формализм мен натурализм төңірегінде әлі де жете ашылмаған жақтарының бар екендігін, әдеби сынның міндеті социалистік реализм мен осы мәселелерді әлі де болса талдап зерттеп, түсіндіре түсуі қажеттігін ескертті.

Пікір алысуда әдебиеттегі жаңашылдық туралы артық-кем пікірлер де айтылды. Оған қарамастан бұл пікір алысу әдебиетіміздің көркемдік әдісті игере түсу жолындағы практикалық, теориялық маңызы бар оқиға болды.

Социалистік реализм әдісі жаңашыл, жазушының жеке өзіндік өнерпаздық қырларының ашылуына кең мүмкіндіктер жасайды деп, оның теориялық негізін салушылар кезінде атап көрсеткен болатын. 1933 жылы Луначарский «социалистік реализм стильдердің көп түрлілігін қалайды, осыны талап етеді. Стильдердің көп түрлілігі әдістің өзінен туындайды» деп жазды²⁶⁸.

Кей әдебиетшілер бұл пікірге қарсы шығып, социалистік реализм таптық жағынан бір бағытта, сондықтан да кеңес жазушылары бірыңғай стильмен жазуы керектігін ұсынды²⁶⁹.

Мұндай қайшылықты пікірлердің көрінуі стильді дұрыс түсіне бермеуден туса, екінші жағынан социалистік реализмдегі күрделі мәселелердің бірі екендігін көрсетті. Күні бүгінге дейін әдебиетшілер арасында социалистік реализм әдісінің жазушы шығармашылығының еркіндігіне, жаңашылдығына, әртүрлі стильде көрінуіне қолайлы жағдайлар жасамайтындығы айтылып келді. Социалистік реализм партияның нұсқауымен әдебиетке таңылған саяси көркемдік әдіс екендігі, оның қағидалары жазушы шығармашылығын барлық уақытта қалыпқа салып отырғандығы жайлы қазір ашық айтылуда.

Кеңес әдебиетінің жаңашылдық, көп түрлілік қасиеттері, жан-жақты өркендеу мүмкіндіктері туралы кеңес жазушыларының жарғысында былай деп жазылған: «Социалистік реализм суреткерлердің өзіндік дарын ерекшеліктеріне орай шығармашылық мүмкіндіктерін еркін жүзеге асыруына, мазмұн мен форма жағынан ізденулеріне жағдай жасайды; көркемдік құралдары мен стильдердің байлығын, әртүрлілігін қамтамасыз етеді; шығармашылықтың барлық салаларында жаңашылдыққа жол ашады»²⁷⁰.

Қазақ әдебиетінде стиль мәселелері жан-жақты зерттеудің объектісі бола алмай келеді. Мұның себептері біріншіден, стиль зерттеудің қиындығы болса, екіншіден, әдебиеттану ғылымында оған жете көңіл бөлінбей келгендіктен сияқты. Стильді зерттеп білудің әсіресе, әдебиет тарихын жасауда маңызы зор. Өткен дәуірлерде өмір сүрген ақын-жазушылардың әдебиет тарихында алатын орнын анықтағанда олар әдебиетке қандай еңбек сіңірді, өзінен бұрынғылармен салыстырғанда нендей жаңалықтар қосты, ілгерілеулер жасады, әдеби дамуға әсері болды ма деген сияқты сауалдарға дұрыс жауап беру стильдік ерекшеліктерді қарастыру арқылы ғана мүмкін. Демек, жеке жазушының шығармашылығын бағалау дегеніміз, белгілі бір дәрежеде оның стильдік ерекшеліктерін де анықтау деген сөз. Сондықтан да, күнделікті әдеби процесте сын жазушы шығармашылығы, жеке шығармасы жайлы әңгіме қозғағанда оның өзіндік ерекшеліктеріне, стиліне белгілі бір дәрежеде соқпай өте алмайды.

Әрбір нағыз ақынның, шын мәніндегі жазушының өз стилі болады. Суреткерлердің стилі үйрену, іздену үстінде қалыптасады. «Суреткерлер шығармашылық жолының бас кезінде бірде ана, бірде мына әсерлерге еліктеп, өз жолын іздейді»²⁷¹.

«Жазушы – стиль» дегенімізде оның өзіне ғана тән суреткерлік хас ерекшеліктерін айтамыз. Әр жазушының өзіндік үні, жазу мәнері, суреткерлік шеберлігі, т.б. бар. «Сіздің өз поэзияңыз, өз әніңіз, өз өлеңіңіз болуы керек»²⁷².

²⁶⁷ М.Қаратаев. Туған әдебиет туралы ойлар. А., 1958, 56-бет.

²⁶⁸ А.В.Луначарский. Статьи о советской литературе. Изд. 2, 197-бет.

²⁶⁹ «Литературный критик», 1934, №2, 141-бет.

²⁷⁰ Третий съезд писателей СССР, 18-23 мая, 1959, М., 248-бет.

²⁷¹ В.Г.Плеханов. т. П. Литература и эстетика. М., 1958, 437-бет.

²⁷² Гете. Об искусстве. М., 1936, 147-бет.

Әрбір үлкен суреткердің басқаға ұқсамайтын өзгешелігі, бас идіретін ұлылығы, таң қалдыратын күдіреттілігі де осында – стильде жатыр. Шынайы стиль ұлы жазушыларда болады десек, ол – суреткердің қасиетті көркемдік құралы, дегеніне жеткізер үлкен басқышы. Ұлы Гетенің: «Стиль жеке адамды басқалар да жете алатын биікке шығарады; сол себепті де үлкен суреткерлер өздерінің ұлы шығармаларында бір-біріне жақындай түседі» деуі сондықтан да болса керек.

Жазушы стилінің қалыптасуына оның идеялық бағыты, дүние-таным дәрежесі, әдеби-көркемдік білім-тәжірибелері заман рухын, зәрулігін түсіне білушілігі, т.б. көптеген факторлар әсер етеді. Суреткер стилінде идея негізгі роль атқарады. Әрбір дарынды сөз зергері көркем түрде көрсетпек идеясын жеткізу үшін оның ұтымды, ыңғайлы жолдарын, көркемдік құралдарын іздейді; «таным бейтаныс» бейнелер жасайды. Оқушысын жалықтырмай қызықтырып, айтқандарымен ойландырып отыру үлкен шеберліктің арқасында орындалатын жазушының ежелден бергі көкейтесті мақсаты. Стиль суреткердің өмір материалдарын көркемдікпен меңгеру, оқушысын еліктіріп, иландыру мақсатымен қолданған көркемдік әдістерінің нәтижесінде көрінеді.

Қенес әдебиеті көрнекті өкілдерінің стилі алғашқы кезде идеялық бірлік негізінде қалыптасты. Әдебиеттің партиялығы, халықтығы сияқты негізгі принциптері көптеген қалам қайраткерлерінің шығармашылық бетінің айқындалып, өзіндік ерекшеліктерінің көрінуіне ықпал жасады. С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің, С.Мұқановтың, т.б. стильдері жаңа өмірді, жеткен жетістіктерді жырлау негізінде көркемдік ізденістер жасау жолында айқындалып қалыптасты.

Соғысқа дейінгі дәуірдегі сын мақалаларында ақын-жазушылардың өзіндік стиль ерекшеліктері жөнінде арнайы мәселе көтерілмесе де жазушылардың шығармашылықтарын сөз еткенде, жеке шығармаларды талдау үстінде кездесіп отыратын құнарлы ойларды жиі кездестіреміз. Қаламгерлерге шығармашылық сипаттамалар беру жазушылардың құрылтайларында, пленумдарында, тағы басқа жиындарда жасалған баяндамаларда, сын мақалаларында көп. Бұл пікірлер көбіне тақырыптық, тілдік ерекшеліктерді көрсетулермен ғана шектеліп отырды.

С.Мұқанов – қазақ қенес әдебиетінің негізін салушылардың шығармашылықтары жайында алғаш пікір айтушылардың бірі. Б.Майлин туралы «Бейімбеттің стилі басқалардың көшірмесі емес Бейімбетте өлең ішінде кейіпкерлерін сөйлестіріп отыру бар. Бұл оқушыға ұқтыру үшін өткір әдістің бірі»²⁷³ деп жазса, 1935 жылы «Бейімбеттің стиль өзгешелігі қысқа әңгімелер жазуында. Осы қысқа әңгімелер әрі қазіргі күннің тақырыбына жазады. Әрі бірімен бірі мазмұн жағынан тығыз байланысты болады... Тіл жағына келгенде Бейімбетті шала сауатты колхозшылар да жақсы түсінеді. Бейімбеттің тілі – көпшіліктің тілі»²⁷⁴ деді. Стильде сөз қолданудың, оның мағыналарын дәл, әсерлі, бейнелі түрде берудің зор маңызы бар. Әртүрлі стиль түрліше сөз саптауды қажет етеді. С.Мұқанов Бейімбеттің стиліндегі осындай тілдік ерекшеліктерді жіті байқап, дәл анықтай білген. Кейбір сыншылардың «Бейімбеттің тілі жабайы, қарапайым тіл» дегендерінде дұрыс жауап береді. Стиль белгілі бір ұлттық топырақта туады. Б.Майлин стиліндегі қазақтың ұлттық тұрмысы, ұлттық психологиясы анық көрінетіндігін, оның ұлттық тіл байлығын жете меңгерген жазушы екенін атап өтеді. Осы сияқты С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтің шығармашылық хас ерекшеліктері жайлы да бірсыпыра пікірлер айтқан.

Қазақ кеңес поэзиясының дамуына Сәкен елеулі жаңалықтар қосты. Ол – жаңа өмірді жаңаша жырлап, өзіндік айрықша үнімен танылған ақын. С.Сейфуллин шығармашылығы стилінің қалыптасуына орыс әдебиетінің Маяковский дәстүрінің әсері күшті. 20–30-шы жылдары Сәкеннің шығармашылығы жайлы пікір таластары болды. Кейбір әдебиетшілер ақынның стильдік өзгешеліктерін, жаңашылдығын жоққа шығаруға тырысты. С.Сейфуллиннің шығармашылық, өнерпаздық ерекшелігі жайлы алғаш пікір айтқан С.Мұқанов. Сәбит ақын поэзиясының басты ерекшелігі түрлік жағында деп көрсетеді. Өмірдің екпінді тынысын берудегі Сәкен поэзиясының түрін оның шығармашылығындағы басты сипат деп түсіндіреді²⁷⁵.

²⁷³ Мұқанұлы С. Поэзия мәселесі. «Социалды Қазақстан», 1933, №128, 5 маусым.

²⁷⁴ Мұқанұлы С. Қазіргі сатымыз. «Қазақ әдебиеті», 1935, №18, 27 мамыр.

²⁷⁵ «Социалды Қазақстан», 1933, 5 маусым.

С.Сейфуллиннің 20 жылдық әдеби қызметіне арналған салтанатты жиналыста жасаған баяндамасында ақын шығармашылығының өзіндік үнін жан-жақты көрсете білді. Оның шығармаларында төңкерісшіл шабыттың басын жататынына назар аударды. Сондай-ақ І.Жансүгіровтің поэзиясындағы тақырыптық ерекшеліктерді де орынды нұсқайды Лиястың тарихи тақырыптарға жазылған «Күй», «Күйші», «Дала» поэмаларын жоғары бағалаған. Сол сияқты Ә.Тәжібаевтың, Т.Жароковтың, А.Тоқмағамбетовтың, Ө.Тұрманжановтың, тағы басқалардың өзіндік өлең өрнектеріне үніліп, өнерпаздық қырларын аңғартқан пікірлері көп²⁷⁶.

Стиль туралы Қ.Өтепов «Көркем әдебиеттің тілі туралы»²⁷⁷ деген мақаласында едәуір тоқталған. Сыншы «стиль» деген атауға түсініктемелер беруге тырысқан. Жазушы барлық уақытта бір қалыппен жазбайды, «әр кезде, әр шығармасында тілі де әртүрлі» дейді. Қ.Өтепов стильдік ерекшелікті айқындауда идеяның негізгі роль атқаратындығын өте дұрыс атап көрсетеді: «Әр шығарманың өз идеясына сай құрылған тіл өзгешеліктері бар», «Көркем шығарманың жанры, сюжеті, құрылысы, образы әртүрлі суреттік әдісі бәрі де шығарманың идеясына бағынған нәрселер». Көркем әдебиет ең алдымен, сөз өнері. Көркем шығарманы бағалау дегеніміз, оның тілдік жағын да қарастыру, соған пікір айту болып табылады. Көркем туындының тілін дұрыс түсініп, бағалау туралы Қ.Өтепов маңызды пікір айтады. «Шығармадағы тілді ол шығармадан бөлектеуге болмайды. Бөлектесек, түсінбейміз. Шығармадағы тілді тек сол шығарманың идеясына байланыстырып алғанда ғана, сол идеяны ашудағы тілдің қызметін ашқанда ғана түсіне аламыз». Көп сыншылардың жеке шығармаларды сынағанда тілдің осындай жақтарын ескермей жүргендігін айтқан. Мақала ғылыми жағынан сауатты жазылған.

Отызыншы жылдардың ақырына қарай стиль мәселесі теориялық жағынан зерттеле бастады. Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» кітабында стиль арнаулы тарауда қарастырылған. Күні бүгінге дейін стиль ұғымы үш түрлі жағдайда жеке шығарманың стилі, жазушы стилі, ортақ стиль (немесе стильдік ағым) қолданылып жүр. Қ.Жұмалиев стильге әдеби ағым ыңғайында түсінік береді: «...бірыңғай мазмұнды көрсететін көркем система бірлігін әдебиет стилі дейді»²⁷⁸.

Мысалға, қазақ әдебиетінің өткен ғасырдағы Шортанбай, Әбубәкір, Мұрат және Абай, Махамбет бастаған екі ағымды келтіреді. Дұрысында стильдің жазушы стилі деген мағынада пайдаланылғаны ләзім. Шығарманың стилі, ортақ стиль мағынасындағы қолданыстарын жалпының жекеге, жекенің жалпыға қатынастағы көрінісі деп ұққан жөн. Х.Жұмалиев: «Таптық стильдің бірлігі әр жазушылардың өздерінде болатын ерекшеліктерін жоймайды. Бір стильдегі жазушылар шығармаларының жалпы негізі бір болса да, жазу әдістерінде өзара айырмалары болады» деп ескертеді. Мұнда автор жеке жазушының стилін стильдің (әдеби ағым мағынасында) ішіндегі көрініс ретінде түсіндіреді. Автор стильді айқындаушы деп өмірге көзқарасты, идеялық бағытты атаған.

Е.Ысмайыловтың түсіндірмесі де Жұмалиевтікімен ыңғайлас. «Стиль дегеніміз», деп жазады Есмағамбет, «белгілі бір дәуірде өркендеп, жетілген, белгілі бір таптың көркемдік-идеологиялық нормаларын беретін көркем әдебиеттің ең негізгі, нақты тарихи өсіп-өнетін түрі»²⁷⁹.

Есмағамбет стиль мәселелеріне кеңірек тоқталған. Х.Жұмалиев стильді әдеби ағым ұғымында қарастырса, Е.Ысмайылов: «Стильді екі мағынада түсінеміз. Бүкіл әдебиеттің жалпы қоғамдық ерекшелігі де және жазушының творчестволық ерекшелігі де стиль болып табылады... Екінші тар көлемдегі ұғым, кең толық алынған ұғымның бір бөлегі, соның негізі болып отырады» деп жазады. Ғалым жеке жазушының стилі болады дегенді мойындамайды, бірақ, «негізінде стильді біз кең мағынада аламыз» деген пікірге келеді. Е.Ысмайыловтың стиль туралы айтқандарында бұлыңғыр жерлері де кездеседі. Мысалы, «Бір стильдің өзінде бірнеше көркем метод болады. Көркем метод стильдің бір кезеңі, бір жағы ғана» дегенді айтады. «Көркемдік методтың түрлері классицизм, романтизм, реализм, социалды реализм» дейді. Сыншының стильді кең мағынада қолданғаны көрінеді.

²⁷⁶ «Қазақ әдебиеті», 1937, № 21-22, I, 5 мамыр.

²⁷⁷ Өтепов Құлмырза. Көркем әдебиеттің тілі туралы. «Қазақ әдебиеті», 1935, №17, 23 мамыр.

²⁷⁸ Хажым Жұмалиев. Әдебиет теориясы. А., 1938, 55-бет.

²⁷⁹ Есмағамбет Ысмайлов. Әдебиет теориясының мәселелері. А., 1940, 43-бет.

«Әдебиет теориясының мәселелерінде» көркемдік тәсілдің бірі ретінде социалистік реализм әдісінің негізгі қағидаларына арнайы тоқталып өткен. Автор социалистік реализмді өткен әдеби дамулардың нәтижелі жемісі деп қарайды. Е.Ысмайлов социалистік реализм туралы нақтылай әңгімелесе, Х.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясында» қысқаша түсініктерімен сипатталған. Екі еңбекте де социалистік әдебиет теориясының негізгі мәселелері жүзінше түрде әңгімеленеді.

Қазақ әдебиетіндегі алашқы теориялық еңбектердің бірі болғандықтан, әрі қазіргі тұрғыдан қарағанда, екі кітапта да кемшіліктер кездеспей қоймайды. Олардың қандай сипатта болғандығын стиль туралы әңгімелегенімізде жоғарыда аңғартып өттік. Екі кітаптың да құнды жақтарының бірі деп, олардағы өлең құрылысына арналған бөлімдерді атар едік. Хажым да, Есмағанбет те қазақ өлеңінің құрылысын теориялық жағынан жүйелеуде көп еңбек сіңірген. Қазақ поэзиясының мысалдарына сүйене отырып, құнарлы ойлар айтқан, теориялық топшылаулар жасаған.

Сөйтіп, соғысқа дейінгі дәуірде қазақ әдеби сынында әдебиеттің теориялық мәселелері кеңінен көтерілді. Бұл жөнінде жекелеген шығармаларды талдау барысында да, арнайы жазылған теориялық мақалаларда да көркемдік әдістің маңызды қағидалары жайлы пікірлер айтылды. Осындай ізденістердің нәтижесінде көлемді оқулық-зерттеулер жазылып, қазақ әдебиетінің теориялық негіздері жасалына бастады.

8. ӘДЕБИ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРА ЖӘНЕ СЫН

Қазақстанда өткен заманның әдеби мұраларына назар аудару соғысқа дейінгі дәуірде күшейе түсті. Осы кездерде қазақ әдебиетінде фольклористика ғылымы қалыптасты. Ауыз әдебиетін жинау, зерттеу істеріне мемлекеттік маңыз беріліп, мәдени құрылыстағы аса зәру міндеттердің бірінен саналды.

Әдеби мұраларды зерттеу, тану істерінде марксизм-ленинизм ілімі негізгі басшылыққа алынды. Маркстің, Энгельстің, Лениннің тағы да басқа маркстік ілім өкілдерінің халық творчествосы, әдеби мұра жайлы айтқан пікірлерін совет фольклористері кеңінен пайдаланып отырды. Әдебиеттану ғылымының дамуында, әсіресе, В.И.Лениннің әдебиет, өнер жайлы айтқан пікірлерінің маңызы айрықша болды.

Кеңес үкіметінің бастапқы кездерінде мәдениет майданында әдебиет пен өнердің келешек даму жолдары қандай болмақ, ескі әдеби мұраларға қатысымыз қалай болуы керек деген секілді мәселелер көтерілді. Кейбір әдебиетшілер бізге, өткен заман әдеби мұраларының қажеті жоқ, өйткені олардың бәрі де халыққа жат капитализмнің туындылары, пролетариаттың әдебиетін жаңадан жасауымыз керек деп даурықты. Бұрынғы замандарда жасаған ақын-жазушылардың бәрін де буржуазия өкілдеріне жатқызды. Сөйтіп, жаңадан дамып келе жатқан пролетариат әдебиетін өзінің жемісті дәстүрінен, құнарлы топырағынан айыруға тырысты.

В.И.Ленин пролеткультшылардың мұндай теріс бағыттарына қарсы шықты. Ол мәдени дамудағы бүгінгі мен өткеннің озық дәстүрлері арасында болатын органикалық байланыс, мираскершілік идеясын ұсынды. Ол пролетариат мәдениеті бірден жасай салатын нәрсе емес, өткендегі әдебиеттің озық дәстүрінің жалғасы деп анықтады. Жаңа әдебиет өткенде жасалынған бар нәрселерді сол күйінде алып пайдалана салудан, немесе тек жақсы жақтарын жай қабылдай салудан жасалынбайды, оларды маркстік-лениндік дүниетаным тұрғысынан тексеріп игеру, сын көзімен қарай отырып халықтың рухани игілігіне жарату деп түсіндірілді. Социалистік мәдениет бірден пайда бола салмайды. Ол адам баласының заманалар бойғы ғасырлар түнегінде қанауда жүріп жасаған, мәдени дәстүрлерінің заңды жалғасы, нәтижесі. Сондықтан да «капитализм қалдырған мәдениеттің барлығын қабылдап, содан социализм орнату керек. Ғылымның, техниканың, білімнің, өнердің барлығын алу қажет. Бұларсыз коммунистік қоғам құра алмаймыз»²⁸⁰.

Сөйтіп, пролетариат мәдениетін жасау халықтың өткенде жасаған әдеби мұраларын игерумен тығыз байланыстырылды. Адамзаттың ғасырлар бойы мәдениет, әдебиет ғылым саласында жеткен жетістіктерін меңгеру негізгі міндет ретінде алға қойылды. Мәдени дамудың өзіндік ерекшеліктері дұрыс түсініліп, ескі замандікі екен деп асыл нәрселерді қоксықпен

²⁸⁰ В.И.Ленин. ПСС. т. 38, 55-бет.

бірге төгіп тастаудан сақтандырылды. Әдемі нәрсенің сақталып, халықтың рухани қажетіне жарауға тиіс екендігі айтылды.

Сонымен бірге В.И. Ленин ерте замандарда жасалынған әдеби, мәдени мұраларды қалай болса солай пайдалана салудан сақтандырып, оларға таптық тұрғыдан келуді ұсынды. Әдеби-фольклорлық ескерткіштерді маркстік-лениндік көзқарас тұрғысынан, сын көзбен тексеріп барып, қажетке жарату керектігін қатты ескертті. Ленин бұрынғы заман әдебиеттерін пайдаланғанда «... біз әрбір ұлттық мәдениеттен тек қана оның демократиялық және социалистік элементтерін ғана аламыз; алғанда да буржуазиялық мәдениетке, әрбір ұлттың буржуазиялық ұлтшылдығына қарсы қою үшін ғана аламыз»²⁸¹ деп бұра тартуы әдеби мұраны игеруде күні кешеге дейін үлкен қиындықтар туғызып келді. Мұның айқын дәлелін отызыншы жылдары Қазақстанда болған әдеби мұраларды игеру төңірегінде болған жұмыстардан көреміз.

М.Горький халықтың ауыз әдебиеті жайлы мәнді пікірлер айтты. Ол халықтық эстетиканың, көркем шығармашылықтың дамуындағы еңбектің негізгі роль атқаратындығын, халық өмірінде ауыз әдебиетінің алатын орнын көрсетіп берді. М.Горький көп ұлтты кеңес халықтарының фольклорлық мұрасын зерттеуге көңіл бөліп отырды. Жазушы қазақ халқының бай ауыз әдебиетіне де назар аударған. Академик жазушы С.Мұқанов, Горькийдің қабылдауында болған әңгімені былай деп еске түсіреді:

«... Оның сұрауы фольклордан басталды.

Елдеріңіздің ескі әдебиеті қалай? – деді ол.

Мен ол кісіге Қазақстанның бай фольклорын қысқаша айтып ем:

– Сіздер алтын қазыналы сандықтың үстінде отыр екенсіздер, – деді ол кісі қуанышты кескінмен орнынан тұра келіп, «дін мен капитализм кесір жасап, халықтың ескі алтын мұраларынан айрылған ел аз емес. Біздің орыс әдебиетімізде талай «Слово о полку Игореве» болуға тиісті, бірақ ұмытылған».

Горький осы қымбат қазынаға ие болу, одан үйрену жайлы көп кеңестер берді»²⁸².

Кеңес жазушыларының бірінші құрылтайының үлкен мінберінен негізгі баяндаманы жасаған М.Горький жұртшылық назарын халық ауыз әдебиетіне аударды. «Тағы да айтам: сөз өнері тек ауыз әдебиетінен, фольклордан басталады. Ауыз әдебиетін жинаңдар, онан үлгі алып үйреніндер, оны өңдендер» деп ұран тастады. Оның себебін: «Ауыз әдебиеті сіздерге де, біздерге де, одақтың барлық ақындары мен жазушыларына аса көп материал береді. Өткен заманды неғұрлым жақсы білсек, қазіргі ісіміздің ұлы маңызын соғұрлым оңай, соғұрлым терең түсінеміз»²⁸³ деп түсіндірді. Бұл сөздер қазақ әдебиетшілеріне де қатысты еді.

Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңінде Қазақстанда болған идеологиялық күресте халықтың әдеби мұрасына мән берушілік күшейе түсті. Өз ұлтының мүддесін барынша жоғары қойған қазақ зиялылары ұлттық сана-сезімінің дамуындағы әдебиеттің маңызды рөлін түсініп, халықтың ауыз әдебиетін, әдеби мұрасын жинау істеріне белсене кірісті. Осындай мақсатпен бірсыпыра қазақ оқығандары ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, әдебиетпен айналысты.

Жалпы халықтың әдеби мұраларын жинастырып, ел игілігіне айналдыру ісі XIX ғасырдың екінші жартысында-ақ басталған болатын. Қазақтың атақты ғалымы Ш.Уәлихановтан басталған бұл іс қазақ зиялыларының халық алдындағы абыройлы парыздарының біріне айналды. Мысалы, Ахмет Байтұрсынов 1895 жылы «Тургайская газетаның» бетінде «Киргизские приметы и пословицы» атты материалдарын жариялады. Ел арасынан «Ер Сайын» жырын жазып алып, оны 1923 жылы Мәскеуде жарыққа шығарды. Қазақ жоқтауларынан кітап құрастырып, оны да Мәскеуде «23 жоқтау» деген атпен бастырды. Ұлы Абайдың шығармашылығын 1913 жылдың өзінде-ақ «Қазақтың бас ақыны» деп бағалады («Қазақ», 1913, №39). Әлихан Бөкейханов та қазақ әдебиетінің ескі үлгілерін басып шығарумен айналысты. Әрбір шығарманың мәтінімен бірге оған түсініктемелер беріп отырды. Алашорда басшыларының бірі Халел Досмұхамедов мамандығы дәрігер бола тұра қазақ өмірінің түрлі жақтарын қозғаған мақалаларымен көзге түсті. Ол да баспа жұмыстарымен айналысты. Міне, осындай жағдайда қазақ әдебиетшілерінің алдында халықтың ескі әдеби мұраларын зерттеу, оларды халық игілігіне жарату міндеттері тұрды. Бұл үшін ең алдымен, ел арасындағы ауыз әдебиеті үлгілерін жинау

²⁸¹ Сонда. 99-бет.

²⁸² С.Мұқанов. Адамшылығы зор адам. «Қазақ әдебиеті», 1938, №15, 28 наурыз.

²⁸³ М.Горький. Әдебиет туралы. А., 1954, 214-215 беттер.

жұмыстарын жүзеге асыру керек. Халық шығармашылығын зерттеу, теориялық топшылаулар жасау үшін негіз жасау міндеті тұрды. Сондықтан да жиырмасыншы жылдар мен отыншы жылдардың бас кезінде қазақ фольклористикасында жинаушылық сипат басым болды.

Осы кездегі баспасөз беттерінде қазақтың ауыз әдебиетін, жалпы әдеби мұраларын жинауға үндеген бірсыпыра мақалалар көрінді. 1929 жылы республикалық «Еңбекші қазақ» газетінде С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті туралы» хаты жарияланды²⁸⁴. Мақаланың мақсаты айқын, ол қазақ әдебиетінің тарихын жасау, зерттеу үшін материалдар жинастыру ісіне көпшілікті тарту. Мұнда қазақ ауыз әдебиетінің тарихын жасау ісіне кіріспек ниеті барын, соған жұртшылықтың көмегі қажет екенін ашық айтқан. Автор ең алдымен, қазақ университетінде (кейіннен КазПИ. Д.Ы.) әдебиетті зерттеуге байланысты жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырған. Аткарылған үлкен істің бірі әдебиет тарихын жазу. «Халық тарихын, әдебиет тарихын тәптіштеп жазып шығуға әдебиет тарихының деректері керек». «Сол себепті қазақ елінің әр түкпіріндегі әлеуметшіл сезімі бар азаматтардан жоғарыдағы айтылмыш қазақтың ескі тарихи мағлұматтарын, шежіре, билер сөздері, батырлар әңгімелері, жырлары, тақпақтар, ертегілер, хиссалар, әдет-ғұрып жырлары (беташар, ау-жар, жоктау, айтыс), үгіт-насихат, болжау, тағы да осы тәрізді сөздерді, әркімнің аузында айтылып жүрген осылар тәрізді сөздерді жазып, жинап, университетке жіберулерін өтініш қыламыз».

Ол әйтеуір әдеби материалдар керек дей бермейді, солардың ішінде де авторды қызықтыратын, аса қажеттілері де бар. Сәкен оларды санамалап атап айтқан. «Өте-мөте керек болып отырған мағлұматтар: Асанқайғы сөздері, Бұқар жырау сөздері, Шортанбай сөздері, Ақмолла ақын сөздері, Мәшһүр Жүсіптің сөздері (әсіресе «Хал-ахуалы»), Ақан серінің сөздері, өлең-күйлері, Жаяу Мұса өлеңдері, Маңмаңберді Ыбырайының өлеңдері, Мәди өлеңдері, Омар Қарашев өлеңдері (әсіресе «Терме» деген өлеңі). Бұлармен қатарлы да ел аузында жатқа айтылып жүрген түрліше өлең-жыр, әңгімелер. Қазақтың әндерінің, күйлерінің әңгіме-тарихтары, мәселен: Бозайғыр, Бозінген, Балбырауын, Ақжелең, Сарыжайлау, Қосбасар, Терісқақпай, Қорқыт күйі, Ықылас күйі, Балабақсының күйі, Дайрабай, Тоқа т.б. осылардың бәрі қазақтың мәдениет, әдебиет тарихына керек мағлұматтар болады». Сөйтіп, Сәкен қазақтың ауыз әдебиеті жайлы деректер жинап, сол негізде үлкен зерттеулер жүргізе бастады. Осы жылы С.Мұқановтың халық мұрасын жинауға шақырған мақаласы бірнеше газеттерде көрінді²⁸⁵. Сәбит те әдеби үлгілерді жұмыла отырып жинау, әдебиет тарихын жасау мәселелерін көтерді.

30-шы жылдардың бас кезінде әдеби мұраларды жинау істері күшейе түсті. Мысалы, 1930 жылдың өзінде ғана ел әдебиетін жинауға шақырған бірнеше мақала шықты²⁸⁶. Бұларда ауыз әдебиет үлгілерін жинаудың маңыздылығы атап көрсетілді. С.Мұқановтың хабарландыру типтес мақаласында «халықтың туындыларын уақытылы жинамаса, олардың ізі жоғалып кетуі мүмкін», сондықтан да оларды жиюға бүкіл ел боп кірісу керек» делінген. Мақаладан жазушының әдебиетті жинау, зерттеуде бірсыпыра жұмыстар атқарғандығы аңғарылады. Автордың зерттеушілік жұмысына аса қажеттілері «дін туралы, батыр туралы, ертегі, тақпақ, жыр, аужар, беташар тағы сондайлар... Әсіресе, Міржақып, Ахмет, Омар Қарашұлы, Дөнентайұлы, Шайқұслам Жүсіпбекұлы, Мәшһүр Жүсіп, Нұржан Наушабайұлы, Ақмолаұлы Күдері, ғашықтық өлеңдері, айтыстар» туралы материалдар. Төңкеріске дейін қазақ дала-сында шығып тұрған «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас азамат» сықылды газеттер мен «Абай», «Балапан», «Шолпан», «Сана», «Таң», «Айқап» сынды журналдардың сақталып қалған нөмірлері болса, оларды да жіберуін сұраған²⁸⁷.

Сол кездегі республика басшыларының бірі Ораз Исаевтың халықтың ескі әдеби мұраларын жинап, бастыру жайын көтерген хаты жарияланды²⁸⁸. Хатта ел аузында жүрген ауыз әдебиетінің

²⁸⁴ Сейфуллаұлы С. Қазақ әдебиеті туралы хат. «Еңбекші қазақ», 1929, 26 желтоқсан.

²⁸⁵ Сәбит Мұқанұлы. Әдебиет туралы ашық хат. «Кеңес аулы», 1929, № 22, 6 ақпан; «Қызыл ту», 1929, №30, 11 желтоқсан; «Жұмыскер жас», 1929, №64, 24 желтоқсан.

²⁸⁶ Сәбит Мұқанұлы. Әдебиетшілердің есіне. «Кеңес аулы», 1930, №3, 19 көкек; Әбділда. Ел әдебиетін жинауға кірісейік. «Еңбекші қазақ», 1930, №25, 31 қаңтар; Тілепбергенұлы Жиенғали. Әдебиет мұраларын жинау туралы. «Еңбекші қазақ», 1930, №14, 17 қаңтар.

²⁸⁷ «Кеңес аулы», 1930, №3, 19 көкек.

²⁸⁸ Әдебиет мұрасы, қазақ жазушыларының жазбаларын орысша аудару туралы Ораз жолдастың хаттары. «Әдебиет майданы», 1932, №1, 12-бет.

небір асыл үлгілері, ақындардың суырып салма тапқыр сөздері, жырлары ескерусіз, жиналмай қалып келе жатқандығына мәдениет, әдебиет саласында жүрген қайраткерлердің назарын аударған. О.Исаев екі түрлі мәдениет туралы лениндік ілімге сәйкес әдебиетшілерді өткендегі «көркем шығармалардың бәрі де байшыл шығарма деп, бәрін де іске алғысыз етіп тастаймыз деу дұрыс еместігін» ескерткен. Біржақты бағалаудан сақтандырған. «Меніңше, осы деректерді жинап, тиісті ескерту, таныстыру қосып шығарса оның мәдениет, тарих жөніндегі маңызы үлкен болар еді» деп жазды.

Осы хатпен бірге Қазақстанның мәдениет, әдебиет басшылығында жүрген бірнеше кісілердің жауабы да басылды²⁸⁹. Қайыпназарұлы, Мүсірепұлы, Жансүгірұлы, Байжарасұлы, Майлыұлы жолдастар О.Исаев көтерген мәселенің аса маңыздылығын қоштаған.

Осыдан кейін өткеннің әдеби, мәдени мұраларын зерттеуге бетбұрыс болды. 1933 жылы қазақтың ұлттық мәдениетін зерттейтін ғылыми-зерттеу институты құрылды. Жер-жерлерге экспедициялар шығып, ел арасындағы ауыз әдебиетін жоспарлы түрде жинай бастады. Бұл іске С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Аманжолов, Ө.Тұрманжанов, І.Кеңесбаев, Е.Исмаилов секілді жолдастар белсене қатысады²⁹⁰. І.Жансүгіров те сол кездерде ауыз әдебиетінің үлгілерін, бұрын жасаған ақындардың өлеңдерін көптеп жинайды, бірақ бәрін бастырып үлгере алмайды. Фольклор жинау жұмыстары ғылыми сипат ала бастады. Ауыз әдебиетінің үлгілерін қалай жинау керектігі, құжат жасау жайлы кеңестер берген мақалаларда²⁹¹ жиналған материалдардың жүйелілігі, қосымша анықтамалардың мол болуы талап етілді.

Соғысқа дейінгі дәуірде ауыз әдебиетінің түрлі жанрларына арналған жинақтары басылып шықты. Мысалы, «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (құрастырушы С.Сейфуллин, 1931), «Батырлар жыры» (С.Сейфуллиннің құрастыруымен 1933 жылы, С.Мұқановтың құрастыруымен 1939 жылы), «Қазақтың мақал-мәтелдері» (құрастырған Ө.Тұрманжанов, 1935), «Мысалдар» (құрастырған Ө.Тұрманжанов, 1935), «Алдар көсе» (1936), «Сексен өтірік» (құрастырған Ө.Тұрманжанов, 1937), «Қазақ ертегілері» (1939), «Халық поэмалары» (құрастырған Х.Жұмалиев, 1939), «Жұмбақтар» (құрастырған С.Аманжолов, 1940), т.б. Мектепке арналған ауыз әдебиетінің хрестоматиялары басылды. Республикалық газет-журнал беттерінде ауыз әдебиетінің үлгілері жарияланып тұрды. «Әдебиет майданы» журналында «Ескі сөздер» рубрикасы тұрақты жұмыс істеді.

Халықтың озық туындылары орыс тіліне аударыла бастады. Бұл іс әсіресе 1936 жылы Мәскеуде болып өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне байланысты кең өрістей түсті. «Қобыланды батыр» (аударған М.Тарловский, А, 1937), «Қазақ ертегілері» (құрастырған Л.Макеев, А., 1940), «Қазақ антологиясы» (1940), т.б. көптеген кітаптар орыс тілінде жарық көрді. Қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін орыс тіліне аударыла бастағанын құттықтап С.Сейфуллин мақала жазды²⁹². Баспадан шыққан әдеби нұсқалардың жинақтарына арналған рецензиялар көптеп көрінді.

Отызыншы жылдары қазақ фольклористикасы көтерген мәселелер сан алуан. Бұл дәуірдің фольклористика ғылымын ауыз әдебиетін жинау, фольклорлық үлгілерді зерттеу, қазіргі кез фольклоры немесе кеңестік дәуірдегі халық ақындарының шығармаларын зерттеу бағыттарында жұмыстар жүргізді. Жарияланған мақалаларда ауыз әдебиетінің тарихын жасау, оның халық өмірінде алатын орны, халықтық сипаты, жеке адамдардың шығармашылықтары жанрлық зерттеулер сияқты тағы да басқа көптеген тақырыптар қозғалды.

Қазақ кеңес фольклористикасының тарихында С.Сейфуллиннің есімі алғашқылардың қатарында аталынады. Жиырмасыншы жылдардың өзінде-ақ ауыз әдебиетін зерттеуге шұғыл кіріскен Сәкен отызыншы жылдары осы салада көптеген мақалалар, сонымен қатар үлкен монография жазды. «Қазақтың ескі ауыз әдебиет нұсқаларын» (1931), «Батырлар жырын» (1933) тағы да басқа көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін, жеке ақындардың өлеңдерін кітап етіп бастырып шығарды.

²⁸⁹ Исаұлы жолдастың хатына жауап. Ескі мәдениеттік мұра туралы. «Әдебиет майданы», 1932, №1, 13-14-беттер.

²⁹⁰ Мәлік Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. А., 1974, 24-бет.

²⁹¹ Ноғайұлы Насыр. Халық әдебиетін жинау жөнінде бір-екі сөз. «Социалистік Қазақстан», 1934, № 175, 30 шілде.

²⁹² С.Сейфоллаұлы. Қазақ батырлар жырын Пенковский мен Тарловскийдің орысшаға аударуы ұрала. «Қазақ әдебиеті», 1935, №31, 20 қараша.

1931 жылы С.Сейфуллиннің «Жаңа әдебиет» журналы бетінде бірнеше мақаласы жарияланды²⁹³. «Қасиетті құс, аққу құс туралы да» мақаласында қазақ әдебиетінде қасиетті құстың кездесіп отыратындығын сөз қылған. Көптеген мысалдар келтіре отырып, мақалада ертедегі ауыз әдебиетінен бастап жазба әдебиетке дейінгі уақытта аққу құстың қалай жырланып келе жатқандығы жүйелі түрде ғылыми баяндалады. Сәкеннің кейбір мақалалары 1932 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті» кітабына кірді.

Отызыншы жылдары қазақ әдебиеттану ғылымында жүргізілген жұмыстардың бір саласы – оқулықтар жасау. Оқулықтардың жаңадан ашылып жатқан жоғары оқу орындары түгіл, мектептің өзінде жоқтың қасы болатын. Әдебиетте сан салалы зерттеу жұмыстарын жүргізумен бірге түрлі оқулықтар жасаудың да зайыр қажеттілігі сезіліп, аса маңызды мәселе ретінде алға қойылды. С.Сейфуллин қазақ университетінде (кейіннен ҚазПИ) әдебиеттен лекция оқығандықтан мұндай зәрулікті көріп, алғаш кіріскендердің бірі еді. Сәкен «Қазақ әдебиетінің» алғұсөзінде бұл туралы: «Журналдарға, газеттерге жазылған кейбір мақалалар болмаса... бүгінге дейін қазақ әдебиеті туралы жазылған арнаулы еңбек жоқ... «Қазақ әдебиеті» туралы мектептерде сабақ бергенде қолданатын ешбір құралдың жоқтығының үстіне ескі ел әдебиетіне келгенде көріп, оқып, тексеретін ескі ел әдебиетінің жинағы да жоқ. Сондықтан «Қазақ әдебиеті» туралы бірдене жазу, «ескі ел әдебиетін» іздеп құрастырып, жинастыру өте қажет екендігі соңғы жылдарда тым қатты сезілді» деп жазды.

С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» жинағының шығуы 30-шы жылдар фольклористикасында елеулі оқиға болды. Осы салада жасалынған тұңғыш көлемді еңбек ретінде әдебиетіміздің тарихында тиісті орын алды. Бұл кітаптың түрлі қадір-қасиеттеріне тоқталмастан бұрын, ең алдымен, оның екі түрлі сипатын атап өткен жөн. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, «Қазақ әдебиеті» осы пән бойынша жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралы ретінде жазылды. Бұл – кітаптың негізгі мақсаты. Әдебиетте түрлі оқу құралдарының жоқтығына байланысты аталған еңбек оқулық, әрі хрестоматия міндетін атқарған. «Бұл билер дәуірінің әдебиеті кірген бірінші кітапқа әдебиет нұсқалықтарын әдейі молырақ кіргіздім. Өйткені бұл кітап бір жағынан ескі ел әдебиеті туралы жазылған кітап болса, екінші жағынан, сол ескі ел әдебиеті нұсқаларының жинағы материалдар болсын дедім»²⁹⁴ деп, түсіндірген автор өз мақсатын. Сондықтан да кітапта ауыз әдебиетінің үлгілері молынан берілген.

«Қазақ әдебиетінің» тағы бір басты сипаты ғылыми еңбек екендігі. С.Сейфуллин бұл кітабында қазақтың мол ауыз әдебиеті үлгілерін белгілі бір ғылыми жүйемен баяндаған. Қазақ фольклористикасы үшін аса құнды ғылыми топшылаулар жасаған. Сөйтіп, бұл еңбек Сәкеннің 20-шы жылдар мен 30-шы жылдардың бас кезінде ауыз әдебиетін жинау, зерттеу бағытында жүргізген жұмыстарын белгілі бір дәрежеде қорытындылайтын туынды болды.

Енді осы еңбектің кейбір басты ғылыми сипаттарына тоқтала кетейік²⁹⁵. Кітаптың басында қазақ халқының өткені туралы қысқаша тарихи очерк берілген. Ондағы автордың мақсаты ауыз әдебиеті үлгілері тууының тарихи негізін, себептерін аша түсу. Сәкен «ескі ел әдебиетін оқығанда қазақ атаулы елдің бұрынғы деректерінен табылған мағлұматтарды білмей болмайтындықтан, бұл кітаптың басына қысқаша тарих мағлұматтарын кіргіздім»²⁹⁶ деген.

Сәкен бейнелеу теориясына сүйене отырып, қай уақытта болса да әдебиет өмірдің айнасы деген қағиданы берік ұстанады. Қазақ тарихында болған аса маңызды тарихи оқиғаларға байланысты туған әңгіме-жырларды мысалға келтіріп отырған. Еңбектің бір ерекшелігі сол автор қай шығарманы талдамасын, оның тарихи негізін ашып отыруға ұмтылады.

С.Сейфуллин ауыз әдебиетін қарастырмастан бұрын оған түсініктемелер береді. «Ел арасына жазу, оқу жайылмаған кездегі, жоғарыдағыдай ретпен шығып, ел арасына жайылған күйлі, сарынды жыр, тақпақ, мақал, нақыл, өлең, әңгіме аталған сөздерді ауыз әдебиеті, ел

²⁹³ Сәкен. Билер сөздері. «Жаңа әдебиет», 1931, №3; Сәкен. Қасиетті құс, аққу құс туралы. «Жаңа әдебиет», 1931, 12; Сәкен. Ертедегі жырлы әңгімелер, яки ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары. «Жаңа әдебиет», 1931, №10, 11.

²⁹⁴ С.Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. 1932, 17-бет.

²⁹⁵ Сәкеннің бұл еңбегі туралы С.Қирабаевтың «Сәкен Сейфуллин», монографиясында (А., 1962), Т.Кәкішевтің докторлық диссертациясында (512-527 беттер) және С.Сейфуллин шығармаларының 6-шы томына жазған соңғы сөзінде молырақ айтылған.

²⁹⁶ С.Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. А., 1932, 7-бет.

әдебиеті дейді. Ауыз әдебеті, ел әдебиеті дейтін ел арасына жазу, оқу жайылмаған кездегі шыққан көркем сұлу сөздерді шығарушының нағыз кім екені белгісіз болды. Сөз тек «бүкіл елдікі ғана» тәрізді болады. Біреуден-біреу жадына алып жүрге сөз ауыздан-ауызға көшіп, бүкіл елге жайылып, бұрынғылардан кейінгілерге мұра болып қалып жүреді»²⁹⁷. Бұл жолдарда ауыз әдебиетінің басты қасиеттері жинақы айтылған. Сонымен бірге, айтушының, жырлаушының ыңғайына байланысты әңгіме-жырларда түрлі өзгерістердің болып отыру ерекшелігі де ескертілген.

Автор әдебиеттің таптық сипатына тоқталады. «Қай дәуірде болса да әдебиет тап құралы болатыны белгілі»²⁹⁸, дей отырып, осы ыңғайда біржақты пікірлер де жіберіп алады. Қазақтың өткен замандарда туған әдебиет үлгілерінің көпшілігін үстем таптікі дегенді айтады. Бұл сол кездегі тұрпайы социологияның әсері болса керек.

Сәкен қазақ әдебиетінің төңкеріске дейінгі тарихын үлкен екі дәуірге бөлген: 1) билер дәуірі, 2). орыс папшасына бағынған дәуір²⁹⁹. Бұл атаулардың терминдік жағынан дәл емес-тігін С.Мұқанов осы кітаптің қайта басылуына жазған алғы сөзінде ескертеді³⁰⁰. «Билер дәуірінің әдебиеті» (проф. Т.Кәкішевтің дәлелдеуі бойынша бұл еңбек бірнеше кітаптардан тұратын болған. Біз қарастырып отырған кітаптың жалғасы, екінші кітаптың да жазылғанын, бірақ жарық көруге үлгермегенін айтады) іштей екі бөлімге бөлінген. Алғашқы бөлімге ауыз әдебиетінің шағын көлемді түрлері еңсе, екіншісінде эпостық жырлар қарастырылады.

Сәкен қазақ ертегілерінің шығуы туралы аса бағалы пікір білдіреді. Оның ойынша, ертегілер қазақтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты пайда болған. «Батыр мерген, жортуылшылар түн қатып, түн жамылып, көктегі бырдай болып құлпырған алтын гауһар жұлдыздардың от шашып ойнаған құбылыстарын, жүрістерін бақылайды. Бұл жортуылшылар да жорықтан қайтқанда көрген, білген, естігендерін от басында әңгімелейді. Және алыс жерге барған жолаушылар қайтқанда да, немесе қонақ келіп қонғанда да, тағы да осындайлар жүздеп ауылға қайтқанда, кешке отбасында отырып, айнала отырған қатын-қалаш, кемпір-шал, ауыл адамдарына көрген, білген оқиғаларын әңгіме қылып айтады. Айтқанда өзінің түсінуі бойынша, болған оқиғаны екінші түрде әңгімелеуі мүмкін. Немесе екінші әңгімені дәмдендіріп айтсам деп, немесе серпіп, мақатнып айтып, өтірікті қосып айтар болатын. Міне, сол көрген-білгендерін, естігендерін сөйлеген дәмді әңгімелер бірте-бірте ертек болып та келетін»³⁰¹.

Осы үзіндіге байланысты айтыла кетуге тиісті мәселенің бірі кітаптың жазылу стилі туралы. «Қазақ әдебиетінің» авторы ақын, жазушы болғандықтан да көркем тілмен жазылған. Әсіресе қазақтың бұрынғы тұрмыс-тіршілігін суреттеген кезде Сәкен көркем сөздің айдынына терендеп барып, еркін жүзе білген. Әдемі суреттер жасаған. Мұндай ерекшеліктер кітаптың жазылуындағы ғылыми стильге нұқсан келтіріп тұрған жоқ, керісінше әрлендіріп, безендіріп, сапасын арттырып тұр. Оқушысын бас алдырмай оқытатын көркемдік қасиеттер мен ғылыми парасаттылық қосылып, шығарманың қадірін, бағасын көтере түскен. Енді, Сәкеннің еңбекті жазуда қолданған тіл өрнегінен тағы бір мысал келтіре кетелік.

«Қазақ атанған көшпелі ел ерте замандағы ескіліктен арғы, шикі, бағзы заманнан, көркем жаратылыстың кең қойнында өскен. Көшпелі ел судыраған қалың қамысты, шулаған қалың жыныс бұталы, аң мен құсқа қопа болған, ұзын аққан өзен сулардың өлкелерінде жүреді. Жасыл жібектей судыраған көк ала құрақты, шаңқылдаған шағалалы, сыңқылдаған аққулы, үйрек-қазды, у-шу болып әндеткен, әуілдеген толқындары ақ көбігін шашқан айдын көлдерде жүреді. Неше түрлі аң мен құсқа мекен болған, биік-биік құзды, бұлақтары гүрілдей, сыңқылдап, сумаңдай аққан, жерден көкке созылып, көктен төмен үңілген биік-биік құзды тауларда жүреді. Қиырсыз құба жолдарда, кең өрісті далаларда жүреді»³⁰².

Сейфуллин қазақ ауыз әдебиетінің басқа халықтарға қарағанда аса мол екендігіне назар аударады. Мұның себебін «шаруашылық тұрмысынан, болмысынан болу керек» деп түсіндіреді.

²⁹⁷ Сонда. 40-бет.

²⁹⁸ Сонда. 40-бет.

²⁹⁹ Сонда. 401-бет.

³⁰⁰ С.Сейфуллин. Шығармалар. 6 том, 5-бет.

³⁰¹ С.Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. А., 1932, 45-бет.

³⁰² Сонда, 43-44-беттер.

Сәкен жалпыдан жекеге қарай талдау әдісін қолданған. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ауыз әдебиетін жүйеге бөліп алады да, олардың әрқайсысын тағы да бірнеше түрлерге жіктеп, көптеген мысалдар келтіре отырып талдайды. Мысалы, «Той бастар» өлеңдері салт өлең-жырларында, ал ол өз кезегінде ауыз әдебиетінің ұсақ жанрларына арналған бірінші бөлімінде қарастырылады.

Батырлар жырын әңгімелегенде бір жырдың бірнеше халықтарда кездесуі себебін түсіндірген. Ол бұл жыр бір ғана халықтікі деген сияқты сыңаржақ пікірлерге қарсы. Автор батырлар жырының бәрін қазақтікі деуден де аулақ. Бұлар жалпы түрік тектес туысқан халықтарға ортақ мұра. Сәкен бұл хақында былай деп жазады: «Қазіргі қазақ атанып отырған ел, ол кезде Ноғайлы атанып жүргендігін білмегендіктен айтылған сөз. Қазіргі Қырым, Астрахан, Қазан, Еділ бойлары, Башқұртстан, Өзбекстан, Қарақалпақ және басқа жерлердегі түрік-моңғол руларының ол заманда Ноғай елі атанғандары ертедегі Ноғайлы батырлары туралы айтылған жырларды, әңгімелерді «біздікі еді» десе – айтуларына болады. Олай айтуға ақылары бар. Ноғайлы заманындағы Ноғайлының батырлар әңгімесіне бәрі де ортақ деуге болады. Оларға ол заманда Ноғайлы болған қазіргі қазақ та ортақ»³⁰³. Бұл пікірін бірнеше мысалдар келтіріп отырып дәлелдейді. Бұл ретте Радлов жинап, бастырып шығарған әдебиет үлгілерін кеңінен пайдаланған.

Сәкен ауыз әдебиетінің шағын түрлерін сөз еткенде оған мысалдарды көптеп тұтас келтіріп отырған. Ал батырлар жырын талдағанда бұл әдіс қолайсыздау соққан. Сол себепті ол алдымен қарастырылып отырған жырдың қысқаша мазмұнымен таныстырып, аса қажет-ау, маңызды ғой деген жерлерінен үзінділер келтіріп барып, содан кейін нақтылы талдаулар жасайды. Сондықтан да батырлар жырына арналған бөлім кітаптың төрттен біріндей-ақ көлем алған.

Автор батырлар жырын кейбіреулердің «ұлы батыр әңгімесі», «кіші батыр әңгімесі» деп екіге жіктеуінің ешқандай ғылыми негіз жоқ деп, қарсы шыққан. Батырлар жыры «неғұрлым ертерек замандікі болса, соғұрлым, оның «қиял», «қоспасы, көледенен қоспасы», «ертек» түрі көп бола берді» деген.

С.Сейфуллин «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қамбар батыр», «Алпамыс», «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Желкілдек» жырларына тоқталған. Лирика-эпостан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» жырын талдайды. Бірсыпыра жырлардың ел арасында жазылып алынбаған жақсы нұсқаларының бар екендігін ескертіп отырған. Кей жырларды көбірек сөз етсе («Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қамбар батыр», «Алпамыс»), енді біреулерін шағын түсініктемелермен ғана жазған. Автордың пайымдауынша, қазақтың «батырлар әңгімесінің ең көлемдісі, ең толығырағы «Қобыланды» жыры. Сондықтан да Сәкен Қобыландыға тоқталыңқыраған. «Қобыланды батыр тарихта болған адам» дейді ол. Осы пікірін дәлелдеу үшін Қобыланды атына байланысты тарихи деректерге сүйенген. Қобыландыны және де басқа жырларды талдағанда автордың тарихи-салыстырмалы әдісті пайдаланып отырғанын атап өткеніміз жөн. Сәкен Қобыландының өмір сүрген дәуірін анықтау үшін қазақтың шежіресінде, «Едіге» және «Қобыланды» жырларында кездесетін мағлұматтарды келтірелді. Салыстыру арқылы «ескіліктен қалған әңгімелердегі көп кездесетін үйреншікті ауысқақ сөздер, ауысқақ тақырып, ауысқақ жайттарды» арнайы әңгімейлейді. Олар: «көптеген жырларда Орманбет би атының аталуы», батырлардың «бала тілеп, зарлап жүрген адамдардың әулиенің мейірімінен туған жалқы балалар» болуы, Қаныкей мен Тінікей қыздардың кездесіп отыруы, қалмақ ханының (батырының) есімі Қараман (Қаражан) болып келуі, қалмақ батырлары мінген аттардың көбіне қара қасқа болуы, ең соңында «үйреншікті суретті жырлар да аз болмайды». Бұл топшылауларын нақтылы мысалдармен дәлелдеп отырған.

Кітапта қазақ фольклористикасының көптеген өзекті өңірлері сөз болады. Бүгінгі күн талабы тұрғысынан қарағанда, кемшіліктері де жоқ емес. Мәселе бұл еңбек өз дәуірінде қандай рөл атқарды, ғылымға не қосты, негізгі мәселелерді қай дәрежеде көтерді сонда деп тапқан тұстарына ғана тоқталып өттік.

Жиырмасыншы жылдары ауыз әдебиетін жалпылай әңгімелеушілік басым болып келсе, «Қазақстан фольклористері ендігі жерде ауыз әдебиетін сала-салаға бөліп зерттей бастады. Ауыз әдебиетінің шығармаларын жанрлық ерекшеліктеріне қарай бөлу, бұрын зерттеу ісінде болып келген кемшіліктердің орнын толтырды»³⁰⁴. Әуезов, Сейфуллин т.б. әдебиетші-ғалымдар бұл ретте жүйелі пікірлер білдірді.

³⁰³ Сонда, 155-бет.

³⁰⁴ Қазақ әдебиетінің тарихы, I-том, 1960, 60-бет.

1927 жылы басылған «Әдебиет тарихында» М.Әуезов ауыз әдебиетін алғаш рет жанрларға бөліп зерттеуге адым жасаса, С.Сейфуллин 1932 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінде» бұл мәселеге кеңінен тоқталды. Сәкен ауыз әдебиетінің ұсақ түрлерін төмендегіше жүйелеген: 1) ертектер, 2) салт өлең-жырлары, 3) дін салтынан туған өлең, тақпақ, жырлар, 4) мал туралы және «қадірлі жануарлар туралы» әңгіме, өлең-жырлар, 5) жастық ойын-күлкі өлең тақпақтары, 6) билер сөздері³⁰⁵. Ал қазақ эпосы «батырлар әңгімесі» және «ертедегі жырлы әңгімелер» (лиро-эпос, Д.Ы.) болып бөлінген.

Ауыз әдебиеті үлгілерін ғылыми түрде жүйелеу сол кез фольклористикасы үшін үлкен табыс болумен бірге кемшіліктерден де құралақан емес еді, оған сол кездегі әдебиеттану ғылымындағы «бірыңғай ағым» теориясының және фольклористиканың жаңадан дамып келе жатуы әсерін тигізбей қойған жоқ.

Сәкеннің еңбегінде ауыз әдебиетіне классификация жасалғанда негізінде дұрыс принцип қолданылғанымен де, кейбір жетіспей жатқан жерлері, әлі де болса нақтылай, дәлелдей түсуді қажет ететін тұстары баршылық тұғын. Мысалы, мақал-мәтелдер «билер сөздерімен» (шешендік сөздер, Д.Ы.) араласып кеткен, наурыз өлеңдері діни ұғыммен байланыстырылған, айтыс өлеңдері жеке қарастырылмайды.

Соғысқа дейінгі онжылдықта қазақтың ауыз әдебиетін зерттеуге С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин т.б. әдебиетші-ғалымдар белсене араласты. Қазақтың белгілі фольклорист-ғалымы М.Әуезов осы жылдары қырғыздың атақты эпосы «Манасты» зерттей бастады³⁰⁶. Әуезовтің осы кездердегі фольклористика саласында жүргізген зерттеулерінің ішінде Л.Соболевпен бірігіп жазған қазақ халқының эпосы мен фольклоры жайлы еңбегі ерекшеленеді. Бұл көлемді очерк 1939–40 жылдары «Литературный критик» журналының бірнеше нөмерлерінде жарияланды³⁰⁷.

Әуезов пен Соболев қазақ халқының мәдени мұрасы жайлы аса маңызды пікірлер айтқан. Авторлар қазақтың бай ауыз әдебиетінің мол сақталынуында ақындардың рөлін аса жоғары бағалаған. Әуезов пен Соболев қазақтың халық шығармашылығы үлгілеріне классификация жасаған. Олар ауыз әдебиетін төмендегіше жіктеген: 1) ауыз әдебиетінің ұсақ түрлері, 2) ертегілер, аңыздар, мақалдар, жұмбақтар, 3) геройлық эпос, 4) тұрмыс-салт дастандары, 5) тарихи жырлар, 6) айтыстар. Өз кезегінде бұл жанрлар бірнеше түрлерге бөлінген. Мәселен, ауыз әдебиетінің шағын түрлері үйлену салтына байланысты және тұрмыс-салт өлеңдеріне, ал алғашқысы жар-жар, беташар, сыңсу делініп, соңғысы жоқтау, қоштасу, естірту болып жіктелген. Ертегілердің бес түрі қиял-ғажайып, хайуанаттар туралы, тұрмыс-салт, балаларға арналған және аңыз түрлері анықталады.

М.Әуезов пен Л.Соболев қазақ ауыз әдебиетінің материалдарын түгел қамтуды алдарына мақсат етіп қоймаған. Жоғарыда келтірілген жүйе бойынша әр жанрдың түрлеріне қысқаша тоқталып, негізгі сыйпаттарын, ерекшеліктерін ұтымды түрде баяндауды басты міндет санаған. Сондықтан да мақалада ұзын сонар мысалдар көп кездеспейді. Авторлар ауыз әдебиетінің түрлерін талдағанда оның халық өмірінде алатын орнына, маңызына, қандай жағдайда шыққандығына едәуір көңіл бөлген. Қазақтың батырлар жырын талдағанда олардың белгілі бір тарихи жағдайға, оқиғаларға байланысты туғандығы айтылады. Мақалада Қобыланды батыр, Ер Тарғын, Ер Сайын ғана талданған. Басқа жырлыр аталғанымен жеке қарастырылмаған. Өйткені, авторларға батырлар жыры туралы топшылауларын айту үшін жоғарыда аталған шығармаларды талдаудың өзі-ақ жеткілікті болған.

«Эпос и фольклор казахского народа» мақаласында кейбір жетіспеушіліктер де бар. Авторлар ауыз әдебиетіне классификация жасағанда оның кейбір түрлерін ескере бермеген. Ауыз әдебиетінің ұсақ түрлері деген бөлімге үйлену тойына байланысты және көңіл күйін білдіретін (мақалада тұрмыс-салт өлеңдері делінген) өлеңдердің топтастырылуы да дәлелді емес. Ертегілерді, аңыздарды, жұмбақтарды бір топқа жатқызған.

М.Әуезов пен Л.Соболевтің бұл мақаласынан «Қазақстанда ауыз әдебиетін зерттеу жұмысы бұрынғысынан әлдеқайда тереңдей түсіп, жаңа биікке көтерілгендігін көреміз. Бұл

³⁰⁵ С.Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. А., 1932, 43-бет.

³⁰⁶ М.Әуезов. Қырғыз дастаны Манас. «Қазақ әдебиеті», 1936, №4, 30 қантар; Манас. «Казахстанская правда», 1936, №224, 28 қыркүйек.

³⁰⁷ М.Әуезов. Л.Соболев. Эпос и фольклор казахского народа. «Литературный критик», 1939, №10-11; 1940, №1.

мақаладан ауыз әдебиеті шын мәнінде халық шығармашылығы болғандығы дәлелденді. Қалың көпшіліктің өмір тәжірибесін жиынтықтаудан келіп туған халық ақындығының жемісі аталған мақалада дұрыс шешімін тапқан»³⁰⁸.

Б.Кенжебаев қазақ эпосы жайлы мақала жазып, өзіндік пікірлер айтқан. Зерттеуші эпостық жырларды «негізгі идеяларына, желі құрылыстарына (композиция) жазылыстарына, стиліне, бағыттарына, жазылған мезгілдеріне қарай бөлуді»³⁰⁹ ұсынады. Осы негізге сүйене отырып, қазақ эпосын екі топқа жіктеген: 1) «негізгі идеясы балаға (батыр болатын) зар болу, Отан қорғау» болатын жырлар (Едіге, Қобыланды, Алпамыс, Шора, т.б.); 2) «негізгі идеясы атастырылғандық, ғашықтардың қалайда қосылуы» жырланатын шығармалар (Қозы Көрпеш–Баян сұлу, Қамбар батыр, Қыз Жібек, т.б.). Автор эпостық жырлардың бәрі XV ғасырда ноғайлы дәуірінде туды деген пікірге қарсы.

М.Ғабдуллин Б.Кенжебаевтың батырлар жырының тууы туралы айтқан пікірлеріне дау айтқан³¹⁰. Өзінің ойларын «Қобыланды» жырын сөз ете отырып дәлелдеген. Ол осы уақытқа дейін батырлар жырын жалпылама әңгіме етушіліктің басым екендігін ескертіп, әрбір шығарманы жеке зерттеу мәселесін көтерді³¹¹.

Отызыншы жылдардың соңына қарай қазақ ауыз әдебиетінің нақтылы жанрларын, маңызды ескерткіштерін, жекелеп те, сол сияқты кейбір тақырыптас шығармаларды топтастырып та зерттей бастады. Мұндай мақалаларда фольклордың халық өмірімен, тарихымен байланысы, өзіндік ерекшеліктерін ашу сияқты міндеттер алға қойылды.

С.Мұқановтың мақаласында айтыс жанры тереңдеп зерттелді³¹². 7 бөлімнен тұратын бұл зерттеуінде автор «қазақ халқының ауыз әдебиетінде батырлар жырынан соңғы көлем жағынан көбі де, маңыз жағынан салмақтысы да «айтыс жанрының түрлі сипаттары жайлы толғамды пікірлер айта білген. Айтыстың қазақтарда өте ерте кезден келе жатқандығын айта келіп, бұрын ақынға «ақын» атағын әперетін айтыс болған деген тұжырымын білдіреді. «Ақын мен жыршының арасындағы айырма», деп жазады автор, «ақынның негізгі кәсібі өз жанынан өлең шығару (импровизация), жыршының негізгі кәсібі шығарылған даяр өлеңдерді жырлау».

Сәбит айтыстың алты түрін көрсеткен. Олар: әдет айтысы (жар-жар), бәдік, дін айтысы, өлік пен тірінің айтысы, рушылық айтыс, жұмбақ айтыс. Бұл өнердің өткен ғасырларда бағасы өте зор болғандығын Сыпыра, Асан, Бұқар, Махамбет, Шернияз жырларын тілге тиек ете отырып дәлелдейді. Зерттеуші қазақ ақындарының күштеген айтыстарын қарастырған. Қыз бен жігіт айтысына ерекше көңіл бөледі. Осы түрдің озық үлгілері ретінде Біржан мен Сараның, Омарқұл мен Тәбияның айтыстарына арнайы тоқталған. Мақалада ақындық, айтыс өнері жайлы соны пікірлер баршылық.

Ауыз әдебиетін сала-сала бойынша зерттеген М.Әуезовтің³¹³, Е.Ысмайыловтың³¹⁴, Б.Кенжебаевтың³¹⁵, Ә.Марғұланның³¹⁶, С.Мұқановтың³¹⁷, т.б. мақалалары жарық көрді. Есмағамбет «ертегілердің шығу, даму барысын, типологиялық ұқсастықтарын, халықтық идеясын, образдар жүйесін, сюжеттік, композициялық жақындығын, көркемдік ерекшеліктерін жан-жақты қамтып, нақты мысалдармен көрсетіп берген»³¹⁸.

Е.Ысмайылов та, Б.Кенжебаев та ертегілер басқа елдерден (Үндістаннан) ауысып алынған деген теорияны сынады. Есмағамбет ертегілердің ұқсас болу себебін «әр халықтың сол ертегіні тудыратын тарихи қоғамдық даму сатысын басынан кешіруінде» деп түіндіреді. Бейсенбай Кенжебаев әр халықтың «қолтума, байырғы ертегілері» болумен бірге «басқа халықтан келген» ертегілердің де барлығын дәлелдейді. Ә.Марғұлан да қазақ эпостарының тууы жайлы пікірлер айтқан.

³⁰⁸ Қазақ әдебиетінің тарихы, I-том, 1 кітап, 1960, 72-бет.

³⁰⁹ Бейсенбай Кенжебаев. Қазақтың халық эпосы туралы, «Әдебиет және искусство», 1939, №2, 119-131-беттер.

³¹⁰ Ғабдуллин М. Халық фольклоры жайында. «Қазақ әдебиеті», 1940, №60, 28 қаңтар.

³¹¹ М.Ғабдуллин. Қобыланды батыр. «Әдебиет және искусство», 1940, №2, 131-147 беттер.

³¹² Сәбит Мұқанов. Айтыс және ақын. «Әдебиет майданы», 1939, №1, 122-138 беттер.

³¹³ Мұхтар. Жұмбақ туралы. «Әдебиет майданы», 1938, №10, 95-98 беттер.

³¹⁴ Е.Ысмайылов. Қазақ ертегері туралы. «Әдебиет майданы», 1939, №1, 139-148 беттер.

³¹⁵ Б.Кенжебаев. Қазақ ертегері туралы. «Әдебиет және искусство», 1940, №1, 78-86 беттер.

³¹⁶ Әлкей М. Эпос жыры туралы. «Лениншіл жас», 1940, 31 шілде.

³¹⁷ «Батырлар жыры», А., 1939, Алғы сөз.

³¹⁸ К.Сейдаханов. Әдебиет жанашыры. А., 1972, 11-12 беттер.

Халық әдебиетінің көрнекті ескерткіштері «Қобыланды батыр»³¹⁹, «Едіге»³²⁰, «Қорқыт»³²¹ т.б. туралы зерттеу мақалалары көрінді. М.Ғабдуллин көптеген тарихи, әдеби материалдарды пайдалана отырып, Қобыланды жыры туралы (Марабай варианты) өрісті ойлар айта білген. Б.Кенжебаев Қобыланды жырының тарихи негізі туралы пікір қозғаған. Ол Қобыланды XIV ғасырдың аяғы V ғасырдың басында Тоқтамыс пен Едігенің тұсында өмір сүрген батыр деген пікірді қолдайды.

Б.Кенжебаев қазақтың әдеби мұраларын игеруде айрықша еңбек сіңірген қайраткерлердің бірі. Ғалымның бұл саладағы қызметі 30-шы жылдары айқын көзге түседі. Б.Кенжебаев халық әдебиетінің түрлі мәселелеріне, шығармаларына, өткендегі ақындардың творчествосы хақына арнап жазған көптеген мақалалары осы кезде көрінді.

Б.Кенжебаевтың Қорқыт және Едіге батыр туралы жазған мақалаларының ғылыми сипаты айқын. Зерттеуші мынадай фактілерді келтіреді. Түркменде Қорқыттың 12–13, түріктерде 400 шамалы түрлері бар. «Едіге» жырының Мелиоранский 15 нұсқасын көрсетсе, автор қазір оның 16 түрінің белгілі болып отырғандығын айтқан. Қорқыт әңгімелері барлық түркі тектес халықтарға ортақ. Қорқыт тарихта болмаған. Аңыздың «идеясы өте терең», ол өлгісі келмеу туралы барлық адам баласына бірдей ой-армандардың негізінде барып туған деген сияқты салауатты тұжырымдар білдіреді. «Едігенің» түрлі нұсқаларын салыстыра отырып, жырдың тууы туралы ол әуелде Едіге мен Тоқтамыс және солардың балалары Нұралы мен Қадырберді, осылардың соғыстары туралы шығарылған бөлек-бөлек өлең, поэма болу керек те, бері келе солардан құрастырылған, тек түгел, толық құрастырылып жетпеген ертең, жыр болу керек» дейді.

Қ.Жұмалиев «Едіге» жырының пайда болуы туралы Б.Кенжебаевтың пікірін қуаттайды. Ол жырдағы Едіге образына, жырдың тіліне, көркемдік жақтарына едәуір барыңқыраған. «Едіге» жырының ауыз әдебиетінде алатын орнын анықтауға тырысқан. Қазақ әдебиетінің үлкен білгірі, академик Ә.Марғұлан эпостық жырларды зерттеуге арналған бірнеше маңызды мақалалар жазды. Ол әсіресе батырлар жырының туу негіздерін тереңдеп қарастырды. «Халық жырын туғызған мотивтер»³²² деген мақаласында батырлар жырын, «сұлу ертегілер туғызуда» рөл атқаратын халықтық сарындардың сегіз түрін санамалап көрсеткен. Олардың бастылары: бейбітшілік тұрмысты сүйіп, бақташылық өмірде масайрап күнелту; ол үшін жұрт қорғаны болатын ерді сүю; жұртқа ақылшы болатын қарияларды сүю; алып ер туатын ананы қадірлеу; т.б. Ә.Марғұлан қазақ эпостарының тууын зерттеген тағы бірнеше мақалаларында «біздегі геройлық жырдың шығуы үйсін-қаңлы заманынан басталады» деген пікірін дәлелдей түскен³²³. Кейбір жырлар уақыттар өткен сайын «жыр түрі ұмытылып, қара сөзбен айтылатын ертегіге айналуы» мүмкін дейді.

Соғысқа дейінгі дәуірде «қазақ жазушыларының фольклор мұрасын өндеп, шығармалар жасауы әдебиетіміздің дамуына үлкен себепкер құбылыс болды. Суреткерлер әрі халықтық көркем жаратындыларды насихаттау, әрі солардың нәрін сығып алып, пайдаға жарату, нысанасын көздеді»³²⁴. Осы жылдары М.Әуезов «Айман–Шолпанды», Ғ.Мүсірепов «Қыз Жібек» пен «Қозы Көрпеш–Баян сұлуды», С.Камалов «Ер Тарғынды» сахнаға лайықтап, өндеп, қайтадан жазып шықты. Осы шығармалар хақында баспасөз бетінде көптеген материалдар жазылды. Халықтың әдеби мұраларын пайдалана отырып жаңадан жазылған сахналық шығармаларға арналған мақалаларда да ауыз әдебиетінің мәселелері белгілі дәрежеде қозғалып отырды.

Отызыншы жылдар әдебиетінде халық поэзиясына кең өріс ашылды. Жамбыл, Нұрпейіс, Кенен, Иса, Омар, Айманкүл, Нартай, Орынбай, Өмірзақ, Доскей, Саяділ сияқты халық ақындары өлең сөздің бұлағын ағытты.

³¹⁹ М.Ғабдуллин. Қобыланды батыр. «Әдебиет және искусство», 1940, №2, 131-147 беттер; Б.Кенжебаев. Қобыланды батыр туралы, «Әдебиет және искусство», 1940, №12, 70-72 беттер.

³²⁰ Б.Кенжебаев. «Едіге батыр» жыры туралы. «Әдебиет және искусство», 1940, №7, 8, 91-97 беттер.

³²¹ Б.Кенжебаев. Қорқыт туралы, «Әдебиет майданы», 1938, №10, 91-94 беттер.

³²² «Халық мұғалімі», 1939, №23, 24, 90-98 беттер; 1940, №1, 2, 106-123 беттер.

³²³ Әлкей Марғұлан. Эпос жыр туғызудағы тарихи мұралар. «Халық мұғалімі», 1940, №4, 64 бет.

³²⁴ Р.Бердібаев. Қазақ әдебиетінің қалыптасуы. А., 1971, 37 бет.

Қазақ совет фольклорына арналған түрлі жинақтар шыға бастады³²⁵.

Жеке ақындардың өлең жинақтары көптеп жарияланды. Әр жинаққа алғы сөздер жазылды. «Ал осы жинақтарды құрастыруда фольклористиканың үлкен бір онды жағы: ақындардың өмірбаяндық мәліметтерін беруі, революциядан бұрынғы творчествосын жалпы дәстүрлі ақындық өнермен байланыста көрсету талап тәжірибесі халық ақындарының жаңадан шығарған дастан, жыр толғауларының идеялық, тақырыптық өрісін анықтап берді»³²⁶.

Халық ақындарының ішінде Жамбылдың аты шықты. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиетінің онкүндігі алдында ақынның даңқы одақ көлеміне жайылды. Осы оқиғаға және 1938 жылы ақынның 75 жылдық мүшел тойының бүкілодақтық көлемде өткізілуіне байланысты оның шығармалары жинақ болып, жеке күйінде де мол жарияланды. Жамбылдың өлеңдерін орыс тіліне аударуға М.Исаковский, М.Алигер, М.Тарловский, И.Сельвинский, П.Кузнецов, Д.Снегин, В.Копытин, К.Алтайский т.б. ақындар белсене араласты. Жамбыл творчествосының мұншама табыстарға жетуі қазақ кеңес ауыз әдебиетінің мәселелерін кеңінен зерттеу істерін алға қойды. Халық поэзиясы, оның алыбы Жамбылдың шығармашылығы одақтық әдебиетшілердің назарын аударды... Ақынның творчествосы жайлы М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Қаратаев, Е.Бісмайылов, Ә.Тәжібаев, К.Аманжолов т.б. мақалалар жазды. Бұларда Жамбылдың өмір жолы, ақынның өнері нақтылы ғылыми тұрғыдан талданды; қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық проблемасы қозғалды; халық өнерінің жан-жақты өркендеп келе жатқандығы дәлелденді.

Отызыншы жылдары өткен замандарда жасаған ақындардың әдеби мұраларын танып-білу төңірегінде көп жұмыстар атқарылды. Ұлттық дәстүрлерді игеру хақында жүргізілген істердің жаңа әдебиеттің дамуына тікелей қатысы болды. Өйткені жаңа бағыттағы әдебиет өткендегінің заңды даму жалғасы болғандықтан да ең алдымен, ұлттық әдебиеттердегі озық дәстүрлерді меңгеру керек болды. Төңкеріске дейінгі дәуірлерде жасаған ақын-жазушылардың өнерпаздық жолдарын тексеріп, зерттеп барып, ілгерішіл жақтарынан үйреніп, оны алға дамыту әдебиетшілердің негізгі міндетінен саналды. Ұлттық әдебиетте кімді үлгі тұтамыз, несінен үйренеміз деген сауалдар бұл саладағы істердің басты бағытын анықтап отырды. Әдеби мұра жайлы айтыстың саяси мәні болғандығын да ескерген жөн.

30-шы жылдардың бас кезінде әдебиеттану ғылымында басым болған тұрпайы социологизм М.Өтемісов, Ш.Уәлиханов, Б.Алтынсарин, А.Құнанбаев, С.Торайғыров, т.б. көптеген ақындардың шығармаларының идеялық және эстетикалық мазмұнын ғылыми тұрғыдан ашып көрсетуге мүмкіндік бере бермеді. Ол кезде орыс әдебиетінің А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.В.Гоголь, И.С.Тургенев, Ф.М.Достоевский, Л.Н.Толстой сияқты альптарын да «дворян» немесе «ұсақ буржуазия» жазушыларына жатқызды. Бұл ретте олардың шыққан ортасы негізгі өлшем болды. Жазушы қандай жерден шықса, ол міндетті түрде сол әлеуметтік топтың мүддесін, көзқарасын білдіреді; сол таптың өкілі болады деп есептелінді.

Осындай «теориялар» қазақтың ескі әдеби мұраларын игеруге едәуір кедергі келтірді. Тіпті, КазАПП сыншыларының Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтарда жөнді әдебиет те болмады деп соққан кездері де болды. Ә.Бәйділин орталық «На литературном посту» журналында: «Төңкеріске дейін бізде классикалық әдебиет болмады. Классикалық әдебиет Қазан төңкерісінен кейін ғана жасала бастады»³²⁷ деп жазды. КазАПП сыны сол кездегі қазақ жазушыларының өздерін де әртүрлі «оңшыл» топтарға жатқызды³²⁸. Бұрынғы кездерде өмір сүрген қазақ ақындарының бәрі де ескі қоғамның жыршылары, сондықтан да олардың жаңа заманда өмір сүріп отырған біздерге қажеті жоқ деген солақай пікір өріс алды. Абай, Сұлтанмахмұт сияқты классиктердің шығармалары халыққа жат деп танылды. Мұның бәрі де «пролеткультшылардың» «мәдениет пен әдебиетті жаңадан, тыңнан жасаймыз» деген және әдебиеттану ғылымында 20-шы жылдар мен 30-шы жылдардың бас кезінде үстем болып тұрған тұрпайы социологизм сияқты теріс теориялардың нәтижесінде туған жағдайлар еді.

³²⁵ Қазақ совет фольклоры (құрастырған С.Аманжолов). Алматы, 1935, 135 бет; Жұмбақтар (құрастырған С.Аманжолов, Алғы сөзі М.Әуезовтікі). Алматы, 1940, 138 бет; Тарту (редакциясын басқарғандар: Ж.Есбатыров, Ж.Сайын). А., 1940, 335 бет; Халық ақындарының өлеңдері (редакциясын басқарғандар: Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, Ж.Сыздықов (Алматы, 1937, 128 бет) Песни казахских акынов (Под редакцией М.Қаратаева). Алма-Ата, 1937, 108 бет.

³²⁶ Қазақ әдебиетінің тарихы. I том, II кітап, А., 1964, 17-бет.

³²⁷ «На литературном посту», 1929, №4, 70-бет.

³²⁸ «Әдебиет майданы», 1932, №3, 3-19 беттерін қараңыз.

Халықтың өткендегі әдеби мұрасына қатысты бір ұдай пікір оны пайдалануға тікелей қарсы шықса, көпшілік пікір оны игеріп, халық игіліне жаратуды жақтап үн көтерді.

Ескі әдеби мұраларды игеру жолындағы жұмыстар отызыншы жылдардың екінші жартысында өріс ала бастады. Бұл істердің жанды дұрыс бағыт алуына әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы 1932 жылғы қаулыдан және Қазақстан жазушыларының бірінші құрылтайынан кейінгі кездерде әдебиеттің ұйымдастырушылық және теориялық жақтарында бұрын жіберілген кемшіліктерді жоюға бағытталып жүргізілген жұмыстардың тікелей әсері болды. Ақындардың туғанына, қайтыс болғанына пәлен жыл толған кездерінде олардың шығармашылығы жайлы пікір алысулар күшейе түсті.

Қазақ әдебиетінде өткеннің әдеби мұраларын зерттеуде Абайдың творчествосы туралы айтыс орталық мәселе болды. Ұлы ақын туралы пікірлер 20-шы жылдарда жиі, тіпті төңкеріске дейін-ақ айтыла бастағанды. Ахмет Байтұрсынов Абайды «қазақтың бас ақыны» деп атап, өзі редактор болып тұрған «Қазақ» газетінде (1913, №43) көлемді мақала жариялады. А.Байтұрсыновтай ғұлама адамның сол кездің өзінде-ақ ұлы ақынның өнерпаздық қырларын жіті байқап, дәл айтып бере алғанын көреміз. «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ». «Сөзі аз, мағынасы көп, терең». «Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады». «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік артық», «Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор байлық», «Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңдерінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарай сөйлегендіктен». «Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік, ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек». Кейіннен «Әдебиеттануықшта» да (1926) қазақ поэзиясының классикалық үлгісі ретінде Абай өлеңдеріне көбірек талдаулар жасаған. Сол сияқты Б.Кенжебаев 1925 жылдың өзінде-ақ бірнеше мақалалар жазып, Абайды «халық ақыны» деп дәлелдеген болатын³²⁹. Осы сияқты пікірлердің жиі көріне бастағанымен де, кейіннен әдебиеттану ғылымында дәрекі социологизмнің өріс алуына байланысты ақын творчествосы турасында көптеген бір жақты теріс пікірлердің бой көрсеткен кездері болды.

Отызыншы жылдары ұлы ақынның шығармаларына деген ықылас арта түсті. Абайдың өлеңдері жеке кітап болып бірнеше рет басылды: М.Әуезовтің жинап құрастыруымен 1933 жылы толық жинағы, 1934 жылы таңдамалы өлеңдері шықты. Ақынның шығармалары 1935, 1936, 1939 жылдары әртүрлі дәрежеде жарық көрді. Ал 1939, 1940 жылдары СССР Ғылым Академиясы қазақстандық филиалының әдебиет және фольклор секторы Абайдың екі томдық академиялық жинағын баспадан шығарды.

30-шы жылдардың бас кезінде Абай туралы жазылған мақалаларда ақынның поэзиясы көбіне теріс бағаланып келді. Абай үстем таптың арасынан шықты, сондықтан да ол сол ортаның өкілі деген сияқты нигилистік пікірлер басым болды. Мысалы, 1930 жылы шыққан әдеби энциклопедияда Абайға осындай баға берілген³³⁰.

ҚазАПП-тың председателі М.Қайыпназаров Мәскеуде өткен сыншылардың жиылысында қазақ әдебиеті жайлы сөйлеген сөзінде Абайды «халыққа жат тұлға» деп мәлімдеді. Ол Мұхтар Әуезовтің Абай шығармаларын жинап, алғысөз жазып баспаға ұсынуын үлкен қателік деп тапқан³³¹. Сол сияқты С.Торайғыровтың шығармашылығы туралы да теріс пікір білдірілді.

М.Баталов пен М.Сильченко қазақ әдебиеті туралы көлемді еңбегінде «Абай – буржуазияға айналып келе жатқан феодалдардың мүддесін әдебиетте білдіруші», «Абай феодал билеушілердің ілгерішіл жіктерінің ақыны» деп бағалады³³².

«XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабынан» «Абай, Алтынсарыұлы сияқтылар да біраз қазақ ерекшеліктерін ала кірген либерал буржуазияға айналады. Рас барлық Абай шығармасы ол емес. Ол бас кезінде төркін жағында феодалдан шығып

³²⁹ Б.Кенжебайұлы. Абай. «Еңбекші қазақ», 1925, 28-29 тамыз; Абай. «Лениншыл жас», 1925, №6.

³³⁰ Литературная энциклопедия. М., 1930, I том, стр. 5-6.

³³¹ «Әдебиет майданы», 1932, №1, 16-бет.

³³² М.Баталов. М.Сильченко. Очерки по казахскому фольклору и казахской литературе. Алма-Ата-Москва, 1933, 43, 45-беттер.

кеп осыған қарай ауысады... Абай шығармаларының қоғамдық-таптық нәтижесі, мағынасы феодалшылдықтан капиталшылдыққа қарай басқан таптың алдыңғы либерал тобының салт-санасын көрсетуге сайып келеді»³³³ деген тұжырымдарды оқимыз.

1933 жылы шыққан Абай шығармаларына жазған Жансүгіровтің кіріспе сөзінде де КазАПП сынының ықпалы күшті байқалады. «Абай сөзі», деп жазады Ілияс, «бізге тарих, тарихи мұра. Абайдан бізге жаңа сөз табылмайды. Абай сөзі бізге ескі, кешегі көшкен жұрттағы қалған қойша сықылды қазына. Абай өз заманына қаншалық жаңалық айтса да, қаншама маңызды келешек меңзесе де оның барлығы да бізге ескі. Бізге кері тартпа»³³⁴.

Бұдан сол кездегі әдебиет зерттеушілердің көпшілігіне ортақ болған кемшілік тарихи қайраткерлердің сіңірген тарих еңбектері олардың осы күнгі талаптарға қарағанда жаңалық енгізбегеніне қарай бағаланбайды, өзінің алдындағы өткендерге қарағанда олардың қандай жаңалық енгізгендігіне қарай бағаланатындығын ескере бермегендігін көреміз.

Абайдың қайтыс боғанына 30 жыл толуына байланысты Қазақстан Орталық Атқару Комитеті Президиумының арнаулы қаулы³³⁵ қабылдауымен байланысты ақынның әдеби мұрасы кең көлемде талқыланып, пікір алысу күшейе түсті. 1934 жылы Абайдың дүниеден қайтқан отыз жылдығы республика көлемінде атап өтілді. Республикалық газет-журналдар ұлы ақынға арнап бас мақалалар жариялады, беттер ұйымдастырды. «Әдебиет майданы» журналының жеке нөмері Абайды зерттеуге арналды. Абай туралы мақалалардың көп көрінген тұсы да осы жыл болды. Осы кезден бастап Абайтануда жаңа кезең басталды.

Абайдың шығармашылығы жайлы 30-шы жылдардың алғашқы жарымында айтылған пікірлерде ақынды үстем таптың өкіліне жатқызушылық басым болды. Ақындық бетін шыққан ортасымен байланыстырып, сол кездегі қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік өзгерістерден іздеді. Сондықтан да мұндай әдіс көп жағдайларда «Абай феодал табының ішінен шыққандықтан да, ол уақытта феодалдық қарым-қатынастар басым болғандықтан да сол таптың өкілі, идеологы болмай қала алмайды» деген логикалық пікірге әкеліп соқтырды. Ақын шығармашылығының нақтылы жағдайлары, өзіндік ерекшеліктері елене бермеді.

Бұл айтқандарымызға С.Мұқановтың ақынның әдеби мұрасы жайлы 1934 жылы болып өткен пікір алысуда сөйлеген сөзі айқын дәлел. Сәбит алдымен Абайдың өмір сүрген тұсын феодализм дәуірі деп тарихи деректермен дәлелдейді де ақынды феодал табының ақыны деген пікірін нақтылай түсу үшін «Абай еш уақытта бұқарашыл болған емес»³³⁶ дейді. Сонда да болса С.Мұқанов ақын шығармашылығының озық жақтарын да атамай өте алмайды: «Қазақ оқушыларын, қазақ бұқарасын орыс әдебиетіне таныстырған осы Абай», «осылар (Белинский, Герцен) орыс әдебиетінде қандай орын алса, Абай да қазақ әдебиетінде сондай орын алмақшы», «Абайды кейбіреулер қазақ әдебиетінің үлгісі (классигі) дейді, меніңше, бұл дұрыс».

Абай «феодал табының ақыны» дейтін пікірді басқа да бірқатар әдебиетшілер білдірді. Оны айтушылар: Қ.Қуанышев (Абай. «Әдебиет майданы», 1934, №11–12), Әлжанұлы Шәрәпи (Абайдың педагогика туралы көзқарасы. «Әдебиет майданы», 1934 №11–12), Б.Кенжебаев (Абай туралы пікірлер. «Әдебиет майданы», 1935, №1–2), т.б. Бұл пікірді айтушылар Абайдың шығармашылығын ақынның шыққан тегімен тікелей байланыстырған.

Осыған жалғаса айтылған екінші бір пікірді айтушылар «Абай капиталшылданған феодал ақыны» деп мәлімдеді. Мысалы, Қ.Өтепов ақынның шығармашылығын жасаған ортасымен байланыстырып қарастырады да, одан көптеген қайшылықтар табады. Абай «аяғын басқан сайын қайшылыққа ұшырайды. Бір сипатынан қарағанда, Абай шіріген феодалшыл ақын. Екінші сипатынан қарағанда, жаңашыл бұқарашыл ақын... Қайшылықсыз Абай жоқ». Ең соңында «Абай капиталшылданған феодал ақыны. Табынан бұрын есейген ақын.

Өз табының қайшылығын бір өзінің бойынан шығарған ақын»³³⁷ деп бағалайды.

³³³ Жолдыбайұлы М. Әуезұлы М. Қоңыратбайұлы Ә. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. Қызылорда, 1933, 51-бет.

³³⁴ Абай Құнанбаев. Толық жинақ. 1933, 67-68 беттер.

³³⁵ «Социалистік Қазақстан», 1934, 30 желтоқсан.

³³⁶ Абайды тану жолындағы пікірлер. «Қазақ әдебиеті», 1934, 29 қараша.

³³⁷ Өтепұлы Құлмырза. Абай шығармаларының әлеуметтік негіздері. «Социалды Қазақстан», 1934, №267, 20 қараша.

Бұл пікірді де көптеген әдебиетшілер айтты. І.Жансүгіров «Абай – жаңаланған ақ сүйек ақын»³³⁸, Ғ.Тоғжанов «Абай – қазақтың капиталдасқан феодалдарының жоқшысы»³³⁹ деп жазды.

Абайдың шығармашылығы хақында басқа да пікірлер көрінді. Лекерұлы Әзімбай «Абай бір жағынан қазақ феодализмінің соңғы дәуірінің ақыны болса, екінші жағынан буржуаздық заманның алғашқы ақыны»³⁴⁰ деп, екі таптың өкіліне бірдей жатқызса да, негізінен «жаңа туып келе жатқан буржуазияның идеологы» деген тұжырымға көптеп келеді. Ғ.Тоғжанов та осы тақылеттес пікірлердің ұшығын білдірді³⁴¹.

Көркем шығармада өмірдің шындығы бейнеленуі керек болса, Абай өлеңдерінде де өз дәуірі қайшылығының көріністері кеңінен көрінді. Кейбір зерттеушілер Абайдың поэзиясындағы осындай шынайы бейнелеген жақтарын теріс бағытта түсінді. Өз заманы, халқы үшін ақын өлеңдерінің қаншалықты маңызы болғандығы, рөл атқарғаны ескеріле бермеді.

Осы кезде Абай туралы айтылған пікірлердің бәрі де теріс болған жоқ. Ұлы ақынның өнерпаздық қырларын дұрыс түсіндіруге талпынған ойлар да айтылды. Отызыншы жылдары тұрпайы социологиялық және басқа да жат көзқарастардың әшкереленуі, әрі тұңғыш рет Абайдың толық жинағының жариялануы ұлы ақын мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттей отырып меңгеруде шешуші бетбұрыс жасады. Осы жылдардан бастап түпкілікті шешімін таппағанымен Абай шығармаларының әртүрлі салаларын арнайы қарастыру әрекеті күшейіп, ақын мұрасы туралы дұрыс көзқарас қалыптаса бастады³⁴².

Абайдың әдеби мұрасын дұрыс танып-білуде 1932 жылғы әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы қаулының және 1934 жылғы Қазақстан жазушыларының бірінші құрылтайынан кейінгі кездерде әдебиетті зерттеу жұмыстарына арналған шаралардың жүзеге асуының маңызы едәуір болды. М.Әуезов «Абайды қазақ әдебиетінің классигі» деп айтады. Ол Абайдың ақындық бұлағының үш түрлі қайнардан шығыс, батыс, қазақтың дәстүрлі әдебиетінен нәр алғандығы жайлы құнарлы тұжырым жасады³⁴³.

Мұхтардың осы пікірін Құдайберген Жұбанов жалғастыра түсті. Ол «Абай қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласында ақын туралы ойларын төмендегіше түйіндеген:

1) Абай Шағатай әдебиетімен жақсы таныс болып... жазып та көрген. Бірақ оны қанағат тұтпай, оның ішінде қалмай, сыртына шығып, соңынан жол іздеген.

2) Абай қазақтың халық әдебиетін жақсы біле тұра, оның айқын жолымен жүріп кетуге шамасы келе тұра, оны өзіне баянды жол деп есептемеген, онан да шетке шыққан.

3) Абай жер жүзінің классик әдебиетінің үлгісін таңдап ұстап, қазақ әдебиетін Байрон, Шиллер, Гете, Пушкин, Лермонтов, Толстой ізімен батысқа жетелеген.

4) ... өлеңнің мазмұндылығы, көркемдігі, бояуы бәрі де өзгеруі керек деп табады»³⁴⁴.

Абай жайлы жазған мақалаларында Ә.Мәмбетова³⁴⁵ мен М.Сильченко да дұрыс бағытта болған. М.Сильченко «Абайдың творчествосын дәуірдің әрбір конкретный жағдайларын ескергенде ғана толық түсінуге болады» дей келіп, оның дәуіріне, дүниеге көзқарасына талдаулар жасайды. Абай феодал табының ақыны деген пікірдің дәйексіздігін көрсетеді. Автор «Абайдың мұрасы пролетариаттікі» деген ойын дәлелдеп шыққан³⁴⁶.

Абайдың поэзиясы туралы жазылған елеулі мақалалардың қатарында Е.Ысмайылов пен З.Шашкиннің «Абайдың поэтикасын» атап өтеміз. Абайдың зерттелуін арнайы қарастырған М.Мырзахметов бұл мақаланы «формалистік көзқарас тұрғысынан жазылған»³⁴⁷ деп бағалаған. Біздіңше, Зейін мен Есмағамбеттің мақаласы – ұлы Абайдың ақындық әлеміне, өнерпаздық

³³⁸ Жансүгірұлы Илияс. Абайдың сөз өрнегі. «Әдебиет майданы», 1934, №11-12, 45-бет.

³³⁹ Ғ.Тоғжанов. Абай. Алматы–Қазан. 1935, 74-бет.

³⁴⁰ Лекерұлы Әзімбай. Абай және оның дәуірі. «Әдебиет майданы», 1934, №11-12, 63-бет.

³⁴¹ Тоғжанұлы Ғаббас. Абайды әлі толық білгіміз жоқ, «Әдебиет майданы», 1934, №11-12.

³⁴² М.Мырзахметов. Абайдың әдеби мұрасының зерттелуі жайы. Кандидаттық диссертация, 1964, 296-бет.

³⁴³ Мұхтар. Абай ақындығының айналасы. «Әдебиет майданы», 1934, №11, 12; Абай – казахский классик. «Литературный Казахстан», 1935, №12.

³⁴⁴ Жұбанұлы Құдайберген. Абай қазақ әдебиетінің классигі. «Әдебиет майданы», 1934, №11-12, 43 бет.

³⁴⁵ Әмине. Абай кезеңінің дана ақыны. «Әдебиет майданы», 1934, №11-12, 64-79 беттер.

³⁴⁶ М.С.Сильченко. Абайдың реализмі. «Әдебиет майданы», 1934, №11-12, 80-бет.

³⁴⁷ Ысмайылұлы Е. Шашкин З. Абайдың поэтикасы. «Әдебиет майданы», 1934, №11-12, 115-бет.

қыр-сырларына, өлең жазу шеберлігіне тереңірек үңіліп, ақын поэзиясының құдіретін таныта түсетін еңбек. Мақалада Абай өлеңдеріне поэтикалық талдаулар жасалынған. Абайдың өлеңді көбіне 11 буынмен жазғандығы, 16 түрлі өлшемді қолданғандығы көрсетіледі. Ақын поэзиясындағы суреттеу, сөз қолдану әдістерін, ырғақ мәселелерін кеңінен сөз етеді. Осындай талдаулардың нәтижесіне сүйене отырып, авторлар «Абай қазақ поэзиясының атасы. Шебер, шешен, ұста классик ақын»³⁴⁸ деген тұжырым жасаған.

Қазақтың белгілі сыншысы Ғаббас Тоғжановтың «Абай» атты монографиялық очеркінің шығуы абайтануда елеулі оқиға болды³⁴⁹. Автор ұлы ақынның шығармасы жайлы өз ойларын І.Жансүгіров пен М.Әуезовтің зерттеулеріне байланысты өрбіткен. Кей реттерде олардың пікірін қолдап отырса, тағы бір жерлерде пікірталастыруға барады. Кітапта Абай жайлы өз білгендерін бастан-аяқ баяндай бермейді, абайтанудың өзекті, таласты мәселелері төңірегінде ғана нақтылы талдаулар жасалынады.

Еңбек он тараудан және қорытындыдан тұрады. Соңында «Ескі әдебиет мұраларын пайдалану жайындағы» қосымша мақала жарияланған. Мұнда өткеннің әдеби ескерткіштерін дұрыс игеру хақындағы мәселелер көтеріледі.

Ғ.Тоғжановтың бұл еңбегінде тұрпайы социологизмнің және соған байланысты туған «Абай үстем таптың ішінен шықты, сондықтан да ол сол таптың өкілі» деген сияқты пікірлердің сілемі байқалады. Мысалы, «Абай өз тұсында қазақ байының ең жақсысы, үлгі-өрнектісі еді. Абайдың тарихта аты қалғаны, Абайдың жаңашылдығы осы бай табын ілгері бастаймын, түзеймін дегенінде. Абай өз табынан асып ештеңе істеуге талаптанған жоқ. Абайдың не жырында, не қара сөзінде қандай мәселені көтерсе де, байшылдығынан ешбір қол үзбейді» (44-бет), не «Абайдың тілейтін арманы жақсы бай, өнерлі, епті бай» (64-бет), немесе «Абайдың таптық жолы, саяси жолының кейінгі Әлиханрдың жолынан айырмасы жоқ» (72-бет) деген сияқты пайымдаулар кітаптың кемшілік жақтарын аңғартса керек. Автор Абайдың өлеңдерінен көптеген қайшылықтар табады, «Абайдың шындығы реализмі, бай шындығы реализмі» дейді. Абай ұлтшыл болды, кедей-бұқараның қамын ойламады, «орыстың дворяндар бастаған культурасын үлгі қылады» деген тақылеттес кінәлар тағады.

Бұл келтірілген мысалдарға қарап «Абайда» іліп алар ештеңе жоқ деген пікір тумаса керек. Керісінше, еңбекте ақын туралы толғамды ой-пікірлер баршылық. Әсіресе, «Абайдың реализмі», «Абайға орыс культурасының қандай әсері болды», «Абайдың ақындығы» туралы тарауларда ақынның поэзиясы жайлы соны ойлар айта біледі. «Біз бүгін Абайдың атын көтеріп, қадірлесек, Абайдың осы өз тұсындағы көргенін, білгенін өткір тілімен жасырмай, жасқанбай айта білгендігіне сүйеніп қадірлейміз. Абайдың осы реалистігін, өз тұсының айнасы, көзі ашық үлгілі баласы болғанын көріп қадірлейміз» (36-бет) деп жазады автор Абайдың реализмі туралы. Абайдың, орыс әдебиетімен жақсы таныс болып, оларды қазақшаға аударуы сияқты мәселелерді айта келіп, «Абай ақындық құрған кезінде орыс культурасының ықпалында болған. Орысты қазаққа үлгі деп санаған. Қазақ халқы орыс культурасы арқылы ғана өзге халықтармен теңеледі деген» (117-бет) деп, тұжырым жасайды. Абайдың алғаш рет қазақ халқын орыс әдебиетімен таныстырудағы қызметі ілтипатпен аталынған.

Ғ.Тоғжанов Абайдың ақындық өнері жайлы салмақты ойлар білдіреді. Абай ең алдымен, өлеңге, поэзияға жаңаша көзқараспен қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар, өнер деп қараған ақын. Сондықтан да ол қазақ поэзиясының көгіне көтеріле білді; қазақ әдебиетінің классигі атанды. Ғаббас Абайдың поэзиясы хақында ой толғағанда, оның «қазақтың жазба ұлт әдебиетін жасауға бас болғаны», «орыс әдебиетінің үлгілерін алуы», «қазақтың тіл байлығын ұқсата білуі», «жаңа әдебиет үлгілерін жасауы» секілді тұстарына ерекше назар аударады. «Абай тілі», деп жазады Ғ.Тоғжанов, «қазақтың бүгінгі көп жазушыларына үлгі бола алады. Абай өз тұсында қазақтың тіл байлығын түгел меңгерген кісі. Абай ескі тілді біліп қана қоймай, сол тілді байытуға қам істеген кісі. Өнерлі елдердің тіліне жеткізуді арман қылған кісі. «Сөз патшасы» өлең тілін әдемілеп сырлап, құндызша құлпыртқан Абай болатын» (128-бет).

Абайдың қазақ поэзиясын дамытуға сіңірген тарихи қызметін, қосқан жаңалықтарын айта келіп, оның ақындығын «таусылмайтын бұлаққа» теңейді. «Абайды қазақ поэзиясына жаңалық кіргізген, жаңа түр берген, үйренерлік үлгі қалдырған ақын дейміз», «Абай самородок, қарадан оқымай шыққан талант» (137-бет) деп түйіндейді өз ойларын.

³⁴⁸ М.Мырзахметов. Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы. Кандидаттық диссертация. 1964, 148-бет.

³⁴⁹ Ғ.Тоғжанұлы. Абай. Алматы–Қазан, 1935.

С.Мұқанов 1936 жылы арнайы мақала жазып, онда Абайды байшылдардың қатарына қоспақ болған әрекеттерді бағыл сынады³⁵⁰. «Әдебиет майданы» журналының 1937 жылғы екі санында оның Абай туралы көлемді зерттеуі жарияланды. Мақаладан Сәбиттің көзқарасындағы ақынға деген елеулі өзгерістерді байқаймыз. С.Мұқанов бұрын Абайды феодал табының ақыны деп келсе, осы мақаласында «Абай феодализм табының либеральдық пікірінен жоғары шыға алмаған» деп жаза отырса да, «Абай халық ақыны» деп дәлелдеп шыққан³⁵¹. Автор «Абай қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Ол бірінші ұлт ақыны» деп бағалады. 1939 жылы шыққан Абай шығармаларының бірінші томында жарияланған көлемді мақаласында да осы пікірлерін тереңдете түскен. Абайдың халықшылдығы, прогресшілдігі, оның кезең поэзиясына енгізген жаңалықтары кеңінен әңгімеленеді³⁵².

М.Қаратаевтың мақаласында орыс әдебиетінің атасы Пушкинмен салыстыру арқылы Абайдың қазақ әдебиетін дамытудағы рөлі, орны айқын көрсетілді. Ақынның өнерпаздық бетінің айқындалып, жетіле түсуінде орыс әдебиетінің, оның ішінде Пушкин поэзиясының еткен әсерінің зор болғандығы айтылды³⁵³.

Абайдың әдеби мұрасын танып-білу жолындағы жұмыстардың әлі де болса қанағаттандырылғысыз екені тиісті орындарда айтыла бастады. Қазақстан жазушыларының әдеби сынның жай-күйіне арналған бірінші пленумында негізгі баяндаманы жасаған Мұхаметжан Қаратаев Абай төңірегінде айтылып келе жатқан пікірлердің төмен дәрежеде жатқындығын қатты сынап өткен³⁵⁴. Ақынның шығармашылығы жеке зерттеулерді қажет ететіндігін ескертеді. Абай туралы саликалы пікірлердің көрінбей келуіне бірден-бір себеп деп, жетесіз зерттеу әдісінің қолданылып келгендігін сынады.

Қазақтың ұлы ақыны Абай шын мәніндегі өзіне лайық бағасын отызыншы жылдардың соңына қарай ала бастады. Абайдың өлгеніне 35 жылдығы 1939 жылы, туғанына 95 жыл толуы 1940 жылы атап өтілді. Көптеген мақалаларда Абай ақындығының түрлі мәселелері жан-жақты сөз болды. Абай туралы зерттеулер ғылыми сипат ала бастады. «Абай жайында бұрын болып келген қате, теріс бұрмалаушылықтарға жол берілмеді. Абайды халық ақыны, ұлт ақыны, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы классигі деп тану, Абай шығармаларындағы қозғалатын қоғамдық мәселелерді жеке талдап, тексеру әдебиетшілердің ғылыми зерттеу ісіндегі негізгі идеялық нысана болды»³⁵⁵.

Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына байланысты жазылған мақалаларда ақынның өнерпаздық тұлғасы ашыла түсті.

М.Әуезов ақын поэзиясының шығыстық, батыстық бастаулары және қазақтың ауыз әдебиетінен нәр алып, көркейгендігі жайлы бұрын айтқан пікірлерін тереңдете түсті «Тек орыс әдебиеті ғана емес, Сократ пен Аристотелден бастап Спиноза, Спенсер, Дарвинге дейінгі еуропалық классиктер мен философтар Абайға таныс болды. Оны еуропалық ой-пікірдің дамуы өте-өте қызықтырды. Осындай үлкен мектептен өтіп, олардың бергенін ой елегінен өткізіп барып ол өзінің көңіл-күйі, табиғат лирикаларының, прозалық трактаттарының өн бойынан көрінетін парасатты философиясын жасады»³⁵⁶.

Қазақ әдебиетінің досы Леонид Соболев «Абайдың аты әдебиеттің ұлы қайраткерлерімен қатар аталады»³⁵⁷ деп, аса жоғары бағалады. Қ.Бекхожин Абайдың орыс әдебиетінен үйренуін, Лермонтовтан аудармаларын сөз еткен³⁵⁸. Абай туралы жазылған басқа да мақалаларда ақын творчествосының маңызды жақтары әңгіме болады³⁵⁹.

³⁵⁰ С.Мұқанов. Попытка зачислить Абая в алаш-ордынцы, «Казахстанская правда», 1936, 22 қазан.

³⁵¹ С.Мұқанов. Абай халық ақыны. «Әдебиет майданы», 1937, №5.

³⁵² Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. I том, А., 1939, 7-28 беттер.

³⁵³ М.Қаратаев. Пушкин мен Абай. «Қазақ әдебиеті», 1937, №8, 16 ақпан.

³⁵⁴ «Қазақ әдебиеті», 1937, №23, 24, 16, 23 мамыр.

³⁵⁵ Е.Ысмайлов. Абайды зерттеу жайында. М.О.Ауэзов. Сборник статей к его шестидесятилетию. А., 1959, 167-бет.

³⁵⁶ М.Ауэзов. Идеино-культурное наследство Абая. «Казахстанская правда», 1939, 23 маусым.

³⁵⁷ Леонид Соболев. Гений не умирает. «Казахстанская правда», 1939, 23 маусым.

³⁵⁸ Қ.Бекхожин. Абай және біздер. «Лениншіл жас». 1939, №141, 23 шілде; Лермонтов және Абай. «Социалды Қазақстан», 1939, №237, 15 қазан.

³⁵⁹ Қ.Калиев. Данышпан ақын, прогресшіл қайраткер. «Социалды Қазақстан», 1939, №142, 23 маусым; Тәжібай Әлмұхамбетов. Абай поэзиясындағы романтизм. «Лениншіл жас», 1939, 16 маусым; М.Сильченко. Поэт и народ. «Казахстанская правда», 1939, 23 маусым.

Абайды аса ыждағаттылықпен зерттеген М.Әуезовтың еңбектерін арнайы атап өткен ләзім. Ол осы жылдары Абайға арнап он бестей ғылыми-зерттеу мақала жазды.

1933 жылы шыққан Абай шығармаларының толық жинағында Мұхтар ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған мақаласын жариялады. Бұл Абайдың 1909 жылы Петербургте шыққан өлеңдер жинағына Кәкітай Ысқақұлы жазған өмірбаяннан кейінгі маңызды зерттеу болды. Мұнда Абайдың өміріне қатысты көптеген соны деректерді жаңадан жариялаған еді. Міне, осы кездерден бастап Мұхтар Абайдың ғылыми өмірбаянын жасауға кіріскен болатын.

М.Әуезовтің отызыншы жылдары Абай тану саласында жүргізген зерттеулерінің басты міндеттерінің бірі Абайдың ғылыми негіздерге сүйенген толық өмірбаянын жасау болған сияқты. Бұл міндетті Мұхтар Әуезов ойдағыдай атқарып шықты. 1940 жылы басылып шыққан Абай шығармаларының толық жинағында ақынның толық өмірбаяны жарияланды. «Абайдың өмірбаянын» жазған М.Әуезов болатын³⁶⁰. Осы мақала орыс тілінде де жарияланды³⁶¹. Абайдың толық өмірбаянының жасалынуы 30-шы жылдардағы абайтанудың елеулі жетістіктерінің бірінен саналады.

М.Әуезов ғылыми зерттеудің тамаша үлгісін жасады. Абайға арналған көптеген мақалалар жазумен бірге, ұлы ақынның көркем бейнесін жасау ісін де қолға алды. Пушкиннің жүз жылдық мерейтойына байланысты жазылып, 1936 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Татьянаның қырдағы әні» атты әңгімесі Әуезов шығармашылығындағы ұлы Абайдың көркем бейнесін жасаудағы алғашқы адым еді. Жазушы Леонид Соболевпен бірігіп 1939 жылы «Абай» трагедиясын жазды. Бұл пьеса бесжылдықтар дәуіріндегі қазақ драматургиясының биік жетістіктерінің бірінен саналады. Сүйікті Абайдың бейнесін жасау М.Әуезовтің өмірлік ісіне айналды. Абай тақырыбы кейінен «Абай жолы» деп аталған төрт томдық роман-эпопеяға айналды.

Ақынның 95 жылдық мерекесіне байланысты екі тілде шығармаларының библиографиялық көрсеткіші шықты³⁶². Семей қаласында ақын шығармашылығына арналған СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалы мен Қазақстан Жазушылар одағының көшпелі ғылыми сессиясы болып өтті. Осы жылы Семейде Абайдың әдеби-мемориальдық музейі ашылды.

Республикалық газет-журналдар Абайдың өміріне, шығармашылығына арнап беттер ұйымдастырды, нөмерлер арнады³⁶³. «Социалистік Қазақстан» газетінде (1940, №239, 15 қазан) жарияланған Ә.Тәжібаевтың «Абай және қазақ совет ақындарының міндеті», К.Қалиевтің «Ұлы просветитель», М.Ақынжановтың «Абай шығармаларының әлеуметтік мазмұндары», А.Тоқмағамбетов пен М.Ғабдуллиннің «Абай және шығыс әдебиеті», С.Сейітовтің «Абай еңбек жыршысы» және бұдан да басқа мақалаларда қазақтың ойшыл ақынының тұлғасы жан-жақты ашыла түсті. «Лениншіл жас» газеті де ұлы Абайға жеке нөмерін арнады³⁶⁴.

К.Жұмалиев Абайға арнап бірнеше мақала жазды. Ол Абай поэзиясының тілі туралы толымды пікірлер айта білді. Ғалым «Абай қазақтың әдеби тілінің негізін салушы», «Абай поэзиясының тілі қай жағынан болса, ең көркем, ең алдағы тіл. Абайды қазақ тілінің энциклопедиясы деп толық айта аламыз» деп жазды³⁶⁵.

Абай туралы Е.Ысмайловтың, А.Тоқмағамбетовтың, М.Ақынжановтың т.б. мақалалары шықты. Есмағамбет өткен ғасырда қазақ әдебиетінде болған әдеби ағымдарды сөз ете отырып, Абайдың шығармашылығын, бағытын, анықтауға ұмтылған. Абайдың төл әдебиеттен, батыс, шығыс классиктерінен үйрене отырып, ұлы ақын «кеменгер Абай» дәрежесіне жеткендігін айтады³⁶⁶.

³⁶⁰ Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. А., 1940, 5-61 беттер.

³⁶¹ М.Ауэзов. Абай (Ибрагим) Құнанбаев. Жизнь и творчество. «Литература и искусство Казахстана», 1940, №6.

³⁶² Абай. Сын-библиографиялық материалдар, өлеңдер және библиография. Ақынның туғанына 95 жыл толуына. А., 1940, 48 бет.

³⁶³ «Халық мұғалімі», 1940, №9, 10; «Ленинская смена», 1940, №133, 16 қазан; «Социалистік Қазақстан», 1940, №234, 9 қазан; 1940, №239, 15 қазан, т.б.

³⁶⁴ «Лениншіл жас», 1940, 16 қазан.

³⁶⁵ К.Жұмалиев. Абай поэзиясының тілі, «Әдебиет және искусство», 1940, № 12, 61-66 беттер.

³⁶⁶ Е.Ысмайлов. Кеменгер Абай. «Әдебиет және искусство», 1940, №8.

Е.Ысмайылов пен А.Дроздовтың орталық баспасөзде жарияланған мақаласы бүкілодақтық оқушыларды ақын поэзиясымен жан-жақты таныстырды³⁶⁷. М.Фетисов (Ритман): «Абай ғажайып поэзияның құдіретімен жасалынған образдардағы ойлардың, армандардың тұтас бір мұхиты»³⁶⁸ деп, ақын таланты алдында бас иіді. Ұлы Абай қазақ халқының рухани, ақындық қуатының, творчестволық қабілетінің шынайы көрінісі, қазақ халқының ұлттық мақтанышы, даңқты ақын ұлы деп жазды.

Отызыншы жылдары Абайдың төңірегінде өрбіген пікір алысулармен қатар, қазақтың өткен кездерде жасаған басқа да ақындарының шығармашылықтары да қарастырыла бастады. Ақан серінің (1935), Ақмолланың (1935), Ы.Алтынсариннің (1935), М.Өтемісовтің (1939), С.Торайғыровтың (1933), С.Дөнентаевтың, т.б. ақындардың өлеңдері жиналып, жеке жинақ болып басылып шықты. Көптеген ақындардың шығармалары газет-журнал беттерінде топтама түрінде де, жеке күйінде де үздіксіз жарияланып тұрды. Олардың кейбіреулері тиісті түсініктемелермен қоса берілді.

Соғысқа дейінгі онжылдықтың бас кезінде әдебиеттің тарихына байланысты көрінген алғашқы көлемді зерттеу еңбектерінің бірі С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті». Кітапқа «I бөлім. Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі» деген қосымша ат берілген. Соған қарағанда бұл кітап бірнеше бөлімдерден тұратын үлкен еңбектің бір бөлігі ғана сияқты. Автор кітаптың оқу құралы ретінде жазылып отырғандығын ескерткен. Кітапқа жазылған алғы-сөзден сол кездегі әдебиеттану ғылымының дәрежесі айқын көрінеді:

«Көркем әдебиет тап құралы. Көркем әдебиет еш уақытта тап тілегінен тыс болған емес. Ешбір ақын тап тілегінен тысқары болған емес. Таптан тысқары ақын «коммунизм орнап, тап жойылғанда ғана болады».

Автор XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін зерттегенде тұрпайы социологизмге негізделген осы солақай қағидаларды басшылыққа алады да, оны жасанды түрде екіге бөліп тастайды. «Әдебиет тарихы тап тартысы тарихының бір көрінісі. Байлар әдебиеті қазір де жасап келеді. Оған қарсы пролетариат әдебиеті өркендеп келеді. С.Торайғыров барып тұрған байшыл ақын. Байшыл, ұлтшыл ақындар бас-аяғы 20 шақты адам».

Бұл келтірілген үзінділерден автордың ақын-жазушылардың шығармашылықтарын қарастырғанда зерттеу әдісінің методологиялық негізінің қате болғандығы байқалады. Сол кездің әдебиетіне баға бергенде көркемдік жағын тасада қалдырып, әрбір сөзден, құбылыстан, образдан, айтылған ойдан саяси астар іздеді. Көркем шығармалар сөз өнерінің туындысы емес, саясат тұрғысынан, тек идеологиялық мақсатта талданылды.

Еңбекте көрсетілген басты мәселе «алашорда» әдебиетінің идеялық және көркемдік бағытын, сыр-сипаттарын көрсету болған. Осы мақсатпен автор «алашорданың жай-жапсарларын да аша түсу үшін әңгімені әріден бастаған. «Ұлт деген не?», «Ұлтшылдық неден шығады?», «Қазақтың ұлтшыл оқығандары», «Ұлтшылдықтың өркендеуі» сияқты мәселелерді арнайы қарастырады, Алашорда қозғалысына жеке тарау арнаған. Мұнда осы мәселелерге қатысты тарихи, этнографиялық, теориялық фактілер кеңінен пайдаланылған.

Кітапта артық-кем пікірлер де кездесіп отырады. Мысалы, «Қазақ ұлты XIX ғасырдан бастап құрыла бастады. Октябрь революциясынан кейін ұлт пайда болды» деп жазады. Сондай-ақ қазақ ұлтшылдары 1905 жылдан кейін пайда болды, «ұлтшылдықтың туын қазақта алғаш ұстап шыққан Ахмет Байтұрсынұлы 1906 жылға дейін ұлтшыл болған жоқ» дейді де, 1905 жылдан кейін жазылған Ахметтің

«Қазағым елім
Қайқайып белің
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың

Қамауда жаның
Аш көзінді оянып.
Қанған жоқ па әлі ұйқың
Ұйықтайтын бар не сиқың

– деген өлеңінен «ұлтшылдықтың күшейе бастағанын байқайды. Қазақ зиялыларының жер, ұлт тілі мен мәдениетіне, ар-ождан мен әлеуметтік теңдік мәселелеріне қатысты айтқан ой-пікірлерінен «ұлтшылдықты» көреді.

³⁶⁷ Е.Ысмайылов. А. Дроздов. Абай. «Литературная газета», 1940, 13 қазан.

³⁶⁸ М.Ритман. Абай Кунанбаев – великий поэт казахского народа. «Литература и искусство Казахстана», 1940, №10, 11.

С.Мұқанов «алашорда» әдебиетінің ірі өкілдерінің әрқайсысына жеке-жеке тоқталған. Ахмет Байтұрсынұвтың, Міржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Омар Қарашевтің, Бернияз Күлеевтің, Жүсіпбек Аймауытовтың, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Сәбит Дөнентаевтың, Мұхтар Әуезовтің өміріне шығармашылықтарына жеке талдаулар жасайды. Автор бұлардың шығармаларын халыққа жат деп таныған және оны кітаптың өн бойында үнемі ескертіп отырады. Мысалы, еңбекте Мағжанның саяси-идеялық бағытын ұлтшыл дей отырса да, оның ақындық қуатының күшті екендігін мойындайды: «Ақындық жағына келгенде Мағжан қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ»³⁶⁹. Батыс әдебиеттерінен көп үйренген ақын екендігі баса айтылады. Тіпті, М.Әуезовтің «Қилы заман» романын «ұлтшыл-байшыл шығарма» деп бағалауға дейін барады.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» елеулі қателіктерге ұрынған. Оның ең бастысы күні кеше ғана халқына қайта оралған А.Байтұрсынұв, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтармен бірге С.Торайғыров, С.Дөнентаев, М.Әуезов сияқты қазақ әдебиеті алыптарының халыққа жат деп танылуы. Бұл тек автордың ғана емес, сол кездегі қазақ, одан қалды одақтық әдебиеттану ғылымының да сипатты кемшіліктерінің бірі еді. Қалай дегенмен де бұл кітап осындай кемшіліктері бола тұрса да, XX ғасыр басындағы қиын да күрделі даму процесін басынан өткерген қазақ әдебиетін танып-білуге ұмтылған алғашқы адым, күні кешеге дейін шығармалары зиянды деп танылып, зерттелінбей келген ұлттық әдебиет ардагерлерінің шығармашылықтары хақындағы бірден-бір зерттеу болуымен де құнды. Артық-кем пікірлерімен қатар олардың өнерпаздық жолын дұрыс түсінуге көмектесерлік ойлар да баршылық.

Е.Бекенов, С.Мұқановтың жоғарыда аталған еңбегіне арнайы сын кітабын жазды. Онда негізінен Сәбиттің ұлт және ұлтшылдық жайлы айтқан пікірлерінің кем-кетікті, қайшылықты жақтарына назар аударылып, сыналды. Кейбір ақын-жазушылар жайлы да өз ойларын білдіреді. Сұлтанмахмұт туралы «сол кездегі байшыл, ұлтшыл ақын-жазушылардың ішіндегі ең төңкерісшіл болды», «ол ескіліктен қол үзбей кеткен кер тартқан ақын емес», «бізше, Сұлтанмахмұт қазақтың қала болуын, мәдениетті, өнерлі кәсіпті. жаңашылдықты көкसेген, жаңашыл ақын»³⁷⁰ деп жазды.

1932 жылы шыққан М.Қайыпназаровтың кітабында да С.Торайғыров пен С.Дөнентаевты қазақтың бай-феодалдарының жыршысы деп қарайды³⁷¹. 1933 жылы шыққан С.Торайғыров шығармаларының таңдамалы жинағына сөз басы ретінде С.Мұқановтың «Сұлтанмахмұт қандай ақын?» деген мақаласы басылды. Сәбит «Сұлтанмахмұт әйгілі болуға тұратын, шығармасы түр жағынан да, мазмұн жағынан да күшті, қазақтың ілгерілі-кейінді жасап жүрген күшті ақын саналатын адамдарының қатарына қосылатын ақын» дей отырса да, оның саяси бағыты туралы «ол негізінде ұлтшыл, байшыл ақын»³⁷² дейді.

Осы кезде жазылған кейбір мақалаларда бұлардың шығармаларының құнды жақтары ара тұра атап көрсетілгенімен де, сайып келгенде, біздің идеологиямызға жат деп танылды. Мысалы, Ғ.Сарыбаев: «Абай, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қарашев сияқты кейбір ескі қазақ ақындары мен жазушыларының шығармалары әдеби және стильдік тұрғыдан сөзсіз бағалы» деп келеді де, өз ойын Сұлтанмахмұттың 1933 жылы С.Мұқановтың алғысөзімен шыққан жинағына байланысты былай деп түйіндейді: «Осындай түрде шыққан Торайғыров өлеңдерінің жинағы кеңес үкіметіне, пролетарлық төңкеріске қарсы тікелей үгіт болып шыққан»³⁷³. Осы мақалада С.Торайғыров байшыл-ұлтшылдардың жыршысы делінген.

М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаевтар жазған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабында» (1933) С.Торайғыров пен С.Дөнентаевтың шығармашылықтары ұлтшылдық әдебиеттің өкілдері қатарында қарастырылды. Бұл екеуі туралы «бұлар байшыл ұлтшылдардың жетегінен шыға алмай жүрген, жігін аша алмай отырғанмен сөздерінің

³⁶⁹ С.Мұқанұлы. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім. Ұлтшылдық байшылдық дәуірі. А., 1932, 283-бет.

³⁷⁰ Елжас Бекенұлы. Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет. Қызылорда, 1935, 59-бет.

³⁷¹ М.Қайып-Назаров. Казахская литература, в борьбе с буржуазными влияниями. Алма-Ата-Москва, 1932.

³⁷² Торайғырұлы Сұлтан-Махмұт. Толық шығармалар жинағы. Қызылорда, 1933, 1, 3-беттер.

³⁷³ Ғабит Сарыбаев. Классовая слепота Каз.Госиздата. «Казахстанская правда», 1933, 23 көкек.

негізгі сарынында бұқараның көз жасын анығырақ көріп, жақынырақ жырлаушылық бар. Сұлтанмахмұт социализм идеясына елегізіп келіп, уақ байшылық, қанына сіңіп қалған ұлтшылдық-байшылық салтынан жазыла алмай, қан төгу, тап күресінен қаймығып қалды. Дөнентайұлы соңырақ, шаруашылықты сабасына түсіру дәуірі кезінде барып жөнін біліп, бері ойысты»³⁷⁴ деп жазады.

Қазақ әдебиетінің тарихында шығармашылығы Абайдан кейін көп талас тудырған ақындардың бірі Торайғыров. Қазақтың аса ірі ақындарының бірінен саналатын Сұлтанмахмұттың кезінде тура жолды іздеп, шарқ ұрғаны белгілі. Ақынның шығармашылығы соңғы кезге дейін түрлі пікір таласын туғызды. Сол кездегі қазақ әдебиеті жайлы пікір айтушылардың көпшілігі ақынның осы соқтықпалы кезін мықтап ұстап алып, оны «алашордашыл» деп кінәлауға тырысты. С.Торайғыровтың, бұқарашыл бағыттағы негізгі сарыны ескеріле бермеді.

Сұлтанмахмұттың шығармашылығы Қазақстан Жазушылар одағының бірінші құрылтайында едәуір әңгіме болды. С.Мұқанов поэзия туралы жасаған баяндамасында ақын поэзиясының идеялық және көркемдік тұстарын ашуға әрекет жасаған. Сәбиттің пайымдауынша, С.Торайғыров қайшылығы мол ақын, ол алашордашылардың ықпалында болды, солай бола тұрса да, ол «еңбекші жұрттың қорғанышы болып, қанаушыларға өте қарсы болады». Баяндамашы ақынға «ұсақ буржуазияның салт-санашылы» болды, оның кейіпкерлері «қанаушылардың іргесін күшпен босатып, саяси күреске шақырмайды» деген сияқты кемшіліктер тағып, кінәлайды. Сәбит өз пікірлерін «Кедейді» талдай отырып білдірген. Поэмадан бірнеше кемшіліктер тауып отырса да, оған мынадай баға берген: «біріншіден, тілі көркем сұлу болса, екіншіден, қазақта жұмысшы табының барлығын, жұмысшы табын қанайтын ірі буржуазияның, жоқшылық мешеулікті қазақ халқының бір бөлігі кісі күшімен күн көретіндігін, қазақ халқында таптың барлығын сөзімен де, образымен де сипаттайды». Ең бастысы сол С.Мұқанов Сұлтанмахмұтты «ұлт ақындарынан төңкеріске дейін бұқарашылдық ұранды көтеріп келген үш кісінің»³⁷⁵ (Б.Майлин, С.Торайғыров, С.Сейфуллин) бірі деп бағалайды.

Құрылтайда сөйлеген сөзінде І.Қабылов та Сұлтанмахмұтты бұқарашыл ақын деп атады. Ол қазақ кеңес әдебиеті бірден пайда болған жоқ, Сәкен, Бейімбет болған бұқарашыл әдебиеттің заңды даму жалғасы деп көрсетті³⁷⁶. Сәбит пен Илиястың (Қабылов) С.Торайғыровты бұқарашыл, демократияшыл ақын дегеніне қарсы оны «алашордашыл» деген пікірлер де құрылтайда айтылды³⁷⁷. Ғ.Тоғжанов «Ескі әдебиет мұраларын пайдалану» жайындағы мақаласында Сұлтанмахмұтты «қазақтың байшыл жазба әдебиетінің» өкілі деп қарады.

Сұлтанмахмұттың шығармашылығы жайлы айтылған ойлар отызыншы жылдардың бас кезінде осындай әртүрлі ауытқушылық ыңғайда көрінсе, соңына қарай бір қалыпқа түсіп, өзіне лайық әділ бағасын ала бастады. Қазақстан жазушыларының екінші құрылтайында жасаған баяндамасында С.Мұқанов ақынды «халықтық-демократияшыл жазушы» деп атады³⁷⁸.

С.Торайғыровтың қайтыс болуының жиырма жылдығына байланысты жарияланған мақалаларда ақынның өнерпаздық жолы жан-жақты талданылады. Бұрын талас тудырып келген Сұлтанмахмұттың идеялық бағыты түзу анықталды. Барлығында дерлік ақын шығармашылығы, бұқарашыл, демократ жазушы тұрғысынан зерттелді.

Б.Шалабаев демократияшыл бағыттағы әдебиеттің негізгі сипаттарын әңгімелей отырып, ақынды «осы бағыттың аса көрнекті өкілі» деп бағалайды. Қазақ әдебиетінде роман жанрының өркендеуін Сұлтанмахмұттың «Кедей», «Кім жазықты?», «Қамар сұлу» романдарын талдау үстінде сөз етеді³⁷⁹.

К.Дәукенов «Торайғыров Сұлтанмахмұт Октябрь революциясына дейінгі қазақ әдебиетінің ірі фигурасы. Оның шығармалары өзінің аса терең мазмұндылығы; көркемдік құндылығы

³⁷⁴ Жолдыбайұлы М. Әуезұлы М. Қоңыратбайұлы Ә. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. Қызылорда, 1933, 127-бет.

³⁷⁵ С.Мұқанұлы. Кеңес поэзиясы. «Қазақ әдебиеті», 1934, 1 тамыз.

³⁷⁶ Илияс Қабылұлы. Маркс-Ленин әдеби сынының сабақты мәселелері. «Әдебиет майданы», 1934, №7, 8, 3-бет.

³⁷⁷ «Әдебиет майданы», 1934, №7, 8.

³⁷⁸ «Литература и искусство Казахстана», 1939, №10, 106 бет.

³⁷⁹ Белгибай Шалабаев. Сұлтан-Махмұт Торайғыров. «Литература и искусство Казахстана», 1939, №10, 119-125 беттер.

және тілінің тазалығы мен өткірлігі жағынан Абай мен Жамбылдың шығармаларымен қатар тұра алады»³⁸⁰ деп жазды. Сұлтанмахмұт «шығармаларының негізгі мотиві еңбекші халықтың мүддесін қорғау, эксплуататор тапқа қарсы болу, шаруаларды езуден, эксплуатациядан құтқару» болғандығын дәлелдеу үшін бірнеше мысалдар келтіреді. «Сұлтанмахмұттың шығармашылығындағы әлеуметтік мотивті» С.Айтмұқанов арнайы сөз қылды³⁸¹. Ғ.Шарипова мен Е.Ысмайылов С.Торайғыровтың шығармаларындағы басты тақырыптарды аша түскен³⁸².

Қазақ әдебиетінде С.Торайғыров шығармашылығының жан-жақты зерттелініп, халыққа танылуына елеулі үлес қосқан әдебиетшілердің бірі Б.Кенжебаев. Ғалымның 1940 жылы жарияланған көлемді мақаласында көптеген нақтылы деректерге сүйене отырып, ақынның өнерпаздық жолы жайлы терең топшылаулар жасалынды³⁸³. Бұл мақала Б.Кенжебаевтың Сұлтанмахмұттың шығармашылығы жайлы жүргізген үлкен зерттеулерінің басы болды. Қ.Бекхожин де Торайғыров шығармаларының идеялық және көркемдік сапаларын аша түсуге ұмтылған³⁸⁴.

1937 жылы Исатай Махамбет бастаған халық көтерілісінің 100 жылдығына байланысты Өтемісовтің шығармашылығы жайлы жазылған мақалалар жиі көрінді. Бұларда 1837 жылғы Бөкей ордасында болған шаруалар қозғалысының халықтық сипатта болғандығы және оны бастаушылардың бірі, жалынды жырларымен дем берушісі болған Махамбеттің халық ақыны екендігі айтылды. Ақынның шығармашылығы тікелей көтеріліспен байланысты қарастырылды³⁸⁵.

Өтемісов туралы жазылған еңбектердің ішінен Қ.Жұмалиевтің мақалаларына арнайы тоқталып өткен ләзім. Ол ақынды алғаш және жан-жақты зерттеушілердің бірі. 1937 жылы Махамбетке арналған бірнеше мақаласы көрінді³⁸⁶. «Әдебиет майданы» журналында (1937, №8, 9) ақынның жиырма бес өлеңін жариялады. Келесі жылы Қ.Жұмалиевтің «Махамбет поэзиясы туралы» көлемді еңбегі шықты³⁸⁷. Бұл мақала зерттеушінің осы бағыттағы ізденістерінің жинақталған қорытындысы іспеттес. Кейіннен «Махамбет өлеңдері» жеке жинақ болып шыққанда, осы мақала аздаған өзгерістермен осы кітаптың алғы сөзі ретінде берілді³⁸⁸.

Мақалада ақынның өмірбаяны және 1937 жылы ішкі ордада болған көтеріліс жайлы тараулардан кейін «Махамбеттің халықшылдығы», «Махамбет поэзиясының романтизмі», «Махамбеттің реализмі» деген сияқты мәселелер арнайы қарастырылады. М.Өтемісов поэзиясында реалистік сипаттардың басым жататындығы, оның романтизм пессимистік сарынды емес, «оптимистік, прогрессивный, көпшілікті күреске шақырған романтизм»³⁸⁹ екендігі дәлелденеді. Сол сияқты Махамбет поэзиясының тілі, өлең құрылысы, адам образын жасау ерекшелігі, басқа ақындарға әсері, мәні жеке-жеке нақтылы әңгіме болады. Қ.Жұмалиев Махамбетті патриот, реалист, романтик, классик ақын деп бағалады. Шоқан Уәлихановтың өмірін зерттеген мақалаларда қазақтың тұңғыш ғалымының тұлғасы айқын ашыла түсті³⁹⁰. С.Мұқанов Шоқанның халықшыл болғандығын айтты. Шоқанның өмір жолы, ғылыми қызметі, оның мән-маңызы осы мақалаларда қозғалған негізгі мәселелер.

Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқының мәдени-ағарту дамуына сіңірген тарихи қызметі, шығармашылығының педагогикалық-тәрбиелік маңызы нұсқалды³⁹¹.

³⁸⁰ «Лениншіл жас» 1939, №227, 4 қазан.

³⁸¹ «Әдебиет және искусство», 1939, №7, 143-156 беттер.

³⁸² «Казахстанская правда», 1940, №115, 22 мамыр.

³⁸³ Б.Кенжебаев. Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Социалистік Қазақстан», 1940, №114, 21 мамыр.

³⁸⁴ Қалижан Б. Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Лениншіл жас», 1940, №39, 22 мамыр.

³⁸⁵ Ә.Қимашев. Махамбет – қимыл мен күрестің жыршысы. «Халық мұғалімі», 1939, №21, 18-25 беттер.

³⁸⁶ М.Ғабдуллин. Ұлы көтеріліс, орындалған арман. «Лениншіл жас», 1938, 12 шілде; Е.Ысмайылов. Жалын сөзді жауынгер ақын. «Лениншіл жас», 1938, 12 шілде; К.Бекхожин. Советтік патриотизмді күшейтетін тарихи тұлға. «Лениншіл жас», 1938, 12 шілде.

³⁸⁷ «Әдебиет майданы», 1938, №4, 53-72 беттер.

³⁸⁸ Махамбет өлеңдері. А., 1939, 5-81 беттер.

³⁸⁹ Сонда, 47-бет.

³⁹⁰ Ә.Марғұлан. Шоқан Уәлиханов – Орта Азия халықтарының тарихын зерттеуші. «Коммунист», 1941, №4, 37-42 беттер; Сәбит Мұқанов. Шоқан Уәлихановтың халықшылдығы туралы. «Коммунист», 1941, №4, 33-36 беттер; Қ.Бекхожин. Шоқан Уәлиханов – қазақтың тұңғыш білімпазы. «Әдебиет және искусство», 1941, №1, 24-28 беттер; К.Әділгереев. Шоқан Уәлиханов. «Социалистік Қазақстан», 1940, №267, 19 қараша.

³⁹¹ Сәкен. Ыбырай Алтынсарұлы. Кітапта: Алтынсарұлы Ыбырай. Өлеңдер жинағы. А., 1935, 3-бет; Ыбырай Алтынсарин. «Халық мұғалімі», 1940, №17-18, 55-60 беттер.

Е.Ысмайылов Сәбит Дөнентаевтың шығармашылығындағы өзіндік ерекшеліктерін дөп басып көрсете білген. Олар: Сәбиттің «әрбір өлеңінде әзіл, сықақ, сатира өте өткір айтылады, осы өткір кекесін, сықақ арқылы пікірін жеткізіп айта білетіндігі, «қысқа өлеңі әрі сюжетті және көп түйінді кою пікір сиғызып жаза білетіндігі»³⁹².

Қазақтың бұрындары жасаған Шәңгерей, Ақмолла, Нармамбет, Шортанбай, Мұрат, Әріп, Мәшһүр Жүсіп сияқты ақындары хақында аз болса да сөз қозғала бастады³⁹³.

Ж.Жұмаханов Әріп Тәңірбергеновтің «Біржан–Сара» айтысының авторы екендігі және А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романын аударғандығы жайлы қызғылықты деректер келтірді³⁹⁴.

Қ.Жұмалиев «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті туралы»³⁹⁵ зерттеу жазды. Мақаланың аты осылай аталғанымен де, онда бұл кездердің әдебиеті тұтас сөз болмайды. Автор қазақ даласында XVIII ғасырда болған «Ақтабан шұбырынды» оқиғасын, қазақ-қалмақ жауласуын, Абылай хан туралы әңгімелей келіп, Бұқар жыраудың шығармашылығына тоқталған. Зерттеуші Бұқар туралы жан-жақты әңгіме қозғайды. Оның өз дәуірінің ұраншысы болғандығы, шығармаларында сол кездің негізгі идеологиясы, хал-ахуалы айқын көрінетіндігі дәлелденеді. Әсіресе, Бұқардың шығармаларында Абылай хан көп жырланып, оның тұлғасының жасалуына назар аударады. Бұқар өлеңдерінің өзіндік ерекшеліктері егжей-тегжейлі сөз болады.

С.Мұқанов «XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті туралы» очерктерін жариялай бастады. Автор осы кездің ақындары жайлы ой толғайды. Зерттелінбей тың жатқан екі ғасырдағы қазақ әдебиетінің идеялық даму бағыттарын анықтауға, ғылыми тұрғыдан жүйелеуге ұмтылған. Зерттеуші осы мақалаларының бас жағында XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті жайлы:

1) «Ұлт бостандығы үшін күресудің әдебиетке әсері»,

2) «Зар заман әдебиеті»,

3) «Ақын мен айтыстар»,

4) «Шығыс әдебиетінің әсері»,

6) «Просветительдік әдебиет», деген бес очерк жаздым деп ескертеді. Бірақ баспасөз бетінде бұлардың Бұқар жырау және Сырым туралы бөлігі ғана жарияланды³⁹⁶. Ал тұтас күйінде 1942 жылы жеке кітап болып басылып шықты³⁹⁷. Журналда жарияланған тарауларынан С.Мұқановтың ғылыми зерттеудегі сипатты ерекшелігі мәселені кең көлемде, сол кездің саяси-әлеуметтік, тарихи жағдайларымен тығыз байланыста қарастыратындығы байқалады.

Қазақ әдебиетінің өткен кездердегі ірілі-уақтылы өкілдері қысқа болса да С.Мұқановтың, Ө.Тұрманжановтың, Е.Ысмайловтың т.б. мақалаларында түрліше ыңғайда сөз болды³⁹⁸.

Сәбит бүгінгі күнгі әдебиет ғасырлар бойғы көркемдік дамудың заңды жалғасы екендігін дәлелдеу үшін әрт дәуірде жасаған бірнеше ақындардың өлеңдерін келтіре отырып, дәстүрлік сипатты аңартса, Е.Ысмайылов қазақ поэзиясының тарихын поэтикалық тұрғыдан әңгімелейді. Ө.Тұрманжанов халық ақындарының шығармаларын жинап, зерттеу мәселелерін қояды. Бұл мақалаларда қазақ әдебиетінің тарихын жүйелеуге қатысты ойлар бар.

³⁹² Есмағамбет Ысмайылов. Сәбит Дөнентаев. «Халық мұғалімі», 1941, №3–4, 65-бет.

³⁹³ Н.Манайұлы. Шәңгерей ақын туралы. «Қазақ әдебиеті», 1934, №21, 24 тамыз; Ж.Жұмаханов. Әріп ақын туралы (1856–1924). «Қазақ әдебиеті», 1940, №4, 16 қаңтар; Ө.Токмағамбетов. Мұрат ақын. «Халық мұғалімі», 1940, №1, 2, 124–132 беттер; Ө.Токмағамбетов. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті және Шортанбай. «Халық мұғалімі», 1939, №19–20, 23–28 беттер; Ө.Марғұланов. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, «Қазақ әдебиеті», 1940, №2, 5 қаңтар; Е.Ысмайылов. Нармамбет ақын. «Әдебиет және искусство», 1939, №7, 120–130 беттер; Б.Кенжебаев. Ақмолла. «Әдебиет және искусство», 1941, №5, 130–133 беттер; Сәду Машақұлы. Ақмолла өлеңдері туралы. «Қазақ әдебиеті», 1935, №19, 8 маусым.

³⁹⁴ Ж.Жұмаханов. «Евгений Онегинді» аударған – Әріп. «Қазақ әдебиеті», 1936, №34, қыркүйек; «Біржан–Сара» поэмасының авторы – Әріп. «Екпінді», 1940, №287, 12 желтоқсан.

³⁹⁵ «Әдебиет және искусство». 1940, №9, 57–67 беттер.

³⁹⁶ «Халық мұғалімі», 1941, №6, 7, 8, 9, 10, 11, 12.

³⁹⁷ С.Мұқанов. Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. А., 1942.

³⁹⁸ С.Мұқанов. Халық нені арман еткен? «Қазақ әдебиеті», 1935, №29, 24 қазан; Тұрманжанұлы. Қазақ ақындары туралы. «Қазақ әдебиеті», 1935, №32, 1 желтоқсан. Е.Ысмайылов. Қазақ поэзиясының тарихы. «Қазақ әдебиеті», 1936. №25.

Отызыншы жылдары қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлерге бөліп жүйелеу жөнінде біршама істер атқарылды. Олардың кейбіреулері жайлы жоғарыда тоқталып та өттік (С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті», 1932; С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті», 1932). Оларда жіберілген қателік, кемшіліктер сол кездің өзінде-ақ баспасөз бетінде айтылды.

М.Баталов пен М.Сильченконың «Очерки по казахскому фольклору и казахской литературе» деген кітабында да қазақ әдебиетінің тарихын жүйелі түрде баяндауға әрекет жасалынды. Авторлар жекелеген шығармаларды, ақын-жазушыларды бағалау үстінде едәуір қателіктерге ілінген. Мысалы, олар қазақ әдебиетінің тарихын шын мәнінде, Ыбырай мен Абайдан бастаған. Бұлардың алдында Шортанбай, Әбубәкір, Нармамбет, Шәңгерейдің есімдерін ғана атап өткен. «Б.Алтынсаринді орыс миссионерлерінің ықпалына беріліп, өз халқының, ұлтының мүддесінен аулақ кетті» деп, сыңаржақ баға берген. «Абайды феодал ақыны» дейді. С.Донентаев ұлтшыл-ескішіл бағыттағы ақындардың қатарында аталған³⁹⁹.

Пролетариат әдебиетін жиырмасыншы жылдардан бастайды да, оның бастаушысы деп Илияс Жансүгіровтің есімін атайды. Бұл еңбектің осындай кемшін жақтары Қазақстан Жазушыларының бірінші құрылтайында⁴⁰⁰ және басқа мақалаларда⁴⁰¹ әділ сынға алынды.

Қазақ әдебиетінің тарихын кезеңдерге бөлу туралы өз ойларын ұсынған бірнеше мақала жарияланды. Ысмайылов қазақ әдебиетін төмендегенше жүйеде қарастыруды ұсынды:

- 1 бөлім. Қазақтың фольклоры;
- 2 бөлім. XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті;
- 3 бөлім. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті.

Әр бөлімді тағы да іштей бірнеше дәуірлерге бөлген⁴⁰². Әрине, бұлайша дәуірлеу жалпы негізі дұрыс болғанымен де, кемшіліктерден де құр алақан емес. Мысалы, XVIII ғасырдан бұрынғы әдебиеттің бәрін де ауыз әдебиетіне жатқызу оншама ғылыми дәйектілікті көрсетпесе керек. Қ.Жұмалиев та «қазақ әдебиетінің тарихы Бұқар жыраудан басталады, одан бұрынғы әдебиеттің бәрі де фольклорға жатады» деген ғылыми жағынан негізделмеген біржақты пікірін ұсынды⁴⁰³.

Б.Шалабаев қазақ әдебиетінің тарихын жасағанда ескеріліп отырылуға тиісті кейбір принциптер хақында өз ойын білдірді. Әдебиет тарихын зерттегенде мына принциптер есте болып отыруы қажет: 1) ақын-жазушыны тегіне қарай емес, шығармашылығына, қоғамдық, әдебиеттік, тарихи рөліне қарай ашу; 2) әдебиеттегі халықтық негіз, осыған оның тигізген әсері мен ықпалы; 3) ақын, жазушы шығармашылығының реализмі мен тәрбиелік жағы, 4) қазақ фольклоры мен әдебиетінің мұралық мәні. Зерттеуші Е.Ысмайыловтың әдебиеттің тарихын дәуірлеген жүйесіне қосыла отырып, өзі де ұсыныстар қосады⁴⁰⁴.

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлерге бөлу жайында Бейсенбай Кенжебаев мағынасы терең пікірлер білдірді. Ол әдебиетіміздің XVIII ғасырдан бастап қарастырып жүрген әдебиетшілерге қарсы орынды дау айтты. Сол уақытқа дейінгі әдебиетті дәуірлерге бөлуге арналған еңбектерде ғылыми, тарихи негіздердің жетіспей жататындығын көрсетті. Б.Кенжебаев қазақ әдебиетінің тарихын мынадай дәуірлерге бөледі:

«Бірінші қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. Яғни, XV ғасырдың ортасынан бастап, XVIII ғасырдың ақырына дейінгі дәуірдегі әдебиет.

Екінші – XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиет.

Үшінші – XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет.

Төртінші – XX ғасырдың алғашқы 20 жылдығындағы әдебиет.

Бесінші – совет әдебиеті»⁴⁰⁵.

³⁹⁹ М.Баталов, М.Сильченко. Очерки по казахскому фольклору и казахской литературе. А., 1933, 41-47 беттер.

⁴⁰⁰ «Қазақ әдебиеті», 1934, 1 тамыз.

⁴⁰¹ Лекерұлы Әзімбай. Қазақ әдебиетінің тарихы туралы. «Социалистік Қазақстан», 1934, №226, 29 қыркүйек.

⁴⁰² Е.Ысмайлов. Қазақ әдебиетінің тарихын жасау туралы. «Социалистік Қазақстан», 1938, №204, 3 қыркүйек.

⁴⁰³ «Әдебиет және искусство», 1940, №9, 62-бет.

⁴⁰⁴ Белгібай Шалабаев. Қазақ әдебиеті тарихын жасаудағы кейбір принциптер туралы. «Әдебиет майданы» 1938, №11, 135-138 беттер.

⁴⁰⁵ Б.Кенжебаев. Қазақ әдебиетінің тарихи туралы «Социалистік Қазақстан», 1941, №139, 15 маусым.

Бұрынғы авторлардың кезеңдерге бөлуіне қарағанда мұнда көп жаңалықтар бар. Е.Ысмайылов қазақ әдебиетінің үш дәуірін атаса, Б.Кенжебаев әдебиеттің тарихын (фольклордан тыс) бес түрлі уақыт кезеңінде қарастырады.

Зерттеуші ең алдымен, XV–XVIII ғасырдағы әдебиетті жеке деп қарайды. «Қазақ хандығы дәуірінің әдебиеті, ақындары Асанқайғы, Сыпыра жырау, ақтабан шұбырынды туралы өлең-жырлар, Бұқар жырауды осы дәуірге жатқызған. Осы кез әдебиетінің, оның жеке өкілдерінің жай-күйлерін анықтайтын мағлұматтардың аз екендігін, сондықтан да бұларды көп зерттей түсудің зәрулігін ескертті. Бұл дәуір әдебиетінің жалпы сипатын «қазақ халқының өз алдына елдігін қорғау, сақтау» деп, айқындайды. Қазақ әдебиетінің тарихын XV ғасырдан бастап зерттеу керек деген пікірдің әдебиеттану ғылымы үшін маңызы зор болды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттің көрнекті өкілдеріне, Доскожа, Күдері, Махамбет, Нысанбай, Шернияз сияқты ақындарды жатқызды. Ал XIX ғасырдың соңғы бөлігінде жасаған ақындарды ескішіл бағыттағы (Шортанбай, Мұрат, Дулат), тағдырдың дегеніне көніп, бұл пәндің қызығын көріп қалу керек деушілер (Біржан, Мәди, Орынбай) және халықты оянуға, өнер-білім алуға шақырушылар (Ыбырай, Абай, Ақмолла) деп, үшке жіктеген. Жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде қазақ әдебиетінде ұлтшылдық және прогресшіл-демократ бағыттарының болғандығын айтады. Демократтық бағыттағы ақын-жазушылар деп М.Сералиннің, С.Торайғыровтың, Мәшһүр Жүсіп Көпөвтің, С.Дөнентаевтың, С.Көбеевтің, Н.Наушабаевтың, Ғылман Шөрековтің, Нарманбет Орманбетовтің, Әріп Тәңірбергеновтің есімдерін атады. Бұларды Ыбырай мен Абайдың дәстүрін ілгері апарушылар деді.

Сонымен, отызыншы жылдары қазақ халқының фольклорлық, әдеби мұрасын игеріп, ел игілігіне жарату істері кең өріс алды. Ол екі бағытта әдеби үлгілерді жинап, бастырып шығару және зерттеу тұрғысында жүргізілді. Төңкеріске дейінгі әдебиет жайлы жазылған көптеген мақалалармен бірге мектептерге, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, зерттеу кітаптары шықты. Бұларда жекелеген қайраткерлердің шығармашылықтарының сыр-сыйпағы хақында пікір алысулармен қатар әдебиеттің тарихын қай кезден бастау, жүйелеу секілді принципті мәселелер де көтерілді. Сөйтіп, қазақ фольклористикасының, қазақ әдебиеті тарихының негізі қалана бастады.

Отызыншы жылдардағы әдеби процесте оның сынының аса белсенді қызмет атқарғандығы көрінеді. Алғашқы маман сыншылардан бастап, көрнекті қаламгерлерге дейін әдебиеттің сынына белсене араласты. Жалпы алғанда, осы кездегі сын әдебиеттің дұрыс жолда дамуы үшін күресе білді; оның өсіп-өркендеуінде қажетті тәжірибелерді қорытып, теориялық алғы шарттар жасап, жолбасшылық қызмет атқарды. Сонымен бірге әдебиеттің көркеюіне көмектеспек түгілі әрі-беріден соң кедергі болған кездері де болды. Бұл келеңсіз көрініс онжылдықтың бас кезі мен отыз жетінші жылы орын алды. Қалай десек те сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдай әдеби сынға да айтарлықтай әсер етіп, өзіндік ізін қалдырады.

Отызыншы жылдардағы қазақ әдеби сыны тұтас бір дәуір болғанымен де іштей тағы да бірнеше кезеңдері бар. Олар:

1. 1932 жылға дейінгі сын, яғни ВКП(б) Орталық Комитетінің «Көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы» қаулысы шыққанға дейінгі кезең. Бұл кезде КазАПП сыны үстемдік құрды. Әдеби өмірде тұрпайы әлеуметтік сындар өріс алды.

9. СЫНДАҒЫ САЯСИ СОРАҚЫЛЫҚТАР

Әдебиет пен мәдениетке партиялық басшылық жасау дегенді сылтауратып, күні кешеге дейін көркемдік дамуға солақайлықтың, өктем саясаттың тежеу болып келгендігі, тіпті зиянын да тигізгені белгілі. Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің әдебиет пен өнер мәселелері бойынша кеңес қоғамының зерттеліп отырған кезеңде қабылдаған құжаттарында халықтың мәдени мұрасына, революцияға дейінгі кезең секілді кеңестік дәуірдің де бірқатар ақындары мен жазушыларының шығармашылықтарына баға беруде өрескел қателіктер мен бұрмалауларға жол берілді.

Бұл істе Сталиннің «Большевизм тарихының кейбір мәселелері туралы» хаты қатерлі рөл атқарды. Осы хат бойынша дайындалған 1932 жылы ВКП(б) қазақ өлкелік комитетінің мәдениет және насихат бөлімі мен Қазақстанның марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың

хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» нұсқау құжаты түсіндірме хат түрінде жарияланды. Онда Қазақстандық авторлар жарияланымдарының елеулі бөлігі «марксистік емес деп айтылды» («Социалистік Қазақстан», 9.XII.1989).

Қазақстанда «кіші Октябрь» жасаймын деп, халықты адам айтқысыз ашаршылыққа, қайғы-қасіретке душар еткен Голощекиннің кезінде қабылданған бұл қаулы ұлттық әдебиетіміз бен өнеріміздің дамуында қатерлі рөл атқарды. Саяси солақайшылықтың салдарынан әдебиетте де солақай сындар өріс алды. Көптеген көрнекті қайраткерлердің шығармашылықтарына саяси кінәлар тағылып, қуғынға ұшырады; аяғы жаппай саяси жазалауларға жалғасты.

Зандылықтардың бұзылуы, жеке адамға табынушылықтың салдары, әсіресе, 1937 жылы ұшыққан жазалау істерінің түп-тамыры әріректе, жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында жатыр. В.И.Ленин қайтыс болған соң-ақ партияның ішінде фракциялық айтыс күшейіп кетті. Бухарин мен Троцкий бастаған топтармен Сталиннің жақтастары арасында партия мен елдегі билік үшін күрестің аяғы алғашқыларының «халық жаулары» атанып, атылып кетулерімен аяқталды. Елдегі жағдайдың ауыр халін жақсартуға бағышталған төтенше шаралар Сталиндік бағытқа қарсы шығушыларды қуғындауға, жеке билікті күшейтуге пайдаланылды. Сталиннің жүргізіп отырған саясатына қарсы пікір білдірушілерді кеңес үкіметінің жауы ретінде көзін жою ресми саясатқа айналды. 1933 жылы қаңтарда өткен партияның Орталық Комитетінің пленумында Каганович біз халық жауларын аз атып жатырмыз деп, жазалау істерін күшейте түсуге ашықтан-ашық шақырды. («Правда», 1988, қазанның 3-і).

«Социализм құрылысы өрістеген сайын тап тартысы да күшейе түседі» деген жалған теорияның үстемдік құруы да партия мен ел ішіндегі жағдайды барынша шиеленістірді. 1934 жылы С.М.Кировтың өлтірілуі онсыз да ширығып тұрған жағдайға «отқа май құйғандай» әсер етті. Осы оқиғаның ізінше Сталиннің тікелей нұсқауымен Орталық Атқару Комитеті Төралқасының хатшысы Енукидзе қол қойған қаулы қабылданды. Бұл қаулыда былай деп көрсетілді:

1) Тергеу орындарына – террорлық актілер жасағандығы немесе тырысқандығы үшін айыпталғандардың ісі тездетіліп қаралсын.

2) Сот органдарына – жоғары жазаға кесілгендердің үкімін орындау олардың кешірім сұрағанына қарамастан кешіктірілмесін; ССР Одағы Төралқасы мұндай өтініштерді қарауды қажет емес деп санайды.

3) Ішкі істер органдарына – жоғары жазаға кесілгендік үшін сот орындарының шешімі шыққан соң кідіріміз тез арада орындалсын («Известия ЦК КПСС», 1989, №3).

Осы қаулы елімізде қарапайым зандылықтардың дәрекі түрде бұзылуына «занды» негіз болды. Орталықта қабылданған осындай шешімдер жер-жерлерге тез жетіп, бүкіл елде бұрын оппозицияда жүргені бар, жүрмегені бар көптеген азаматтар жаппай қуғындауға ұшырады. Отызыншы жылдардағы баспасөз бетінде «жасырынып басшылыққа кіріп кеткен» троцкийшілдер мен бухариншілдерді, түрлі «шпиондарды әшкерелеуге» шақырған, қырағылыққа үндеген мақалалар үзбей жарияланып тұрады.

1936 жылы тамызда «Троцкистік – Зиновьевшілдік террористік орталыққа» қатысты үлкен сот процесі жүріп, Н.И.Бухарин бастаған бірнеше азаматтардың атылуымен аяқталды. 1937 жылы қаңтарда Пятаков, Сокольников, Радек бастаған бір топ қайраткерлерге арналған сот та үлкен дабырамен өтті. Ел ішіндегі осылардың сыбайластарын анықтау басталды.

ВКП(б) Орталық Комитетінің 1937 жылғы ақпан-наурыз пленумы түгелдей «халық жауларын әшкерелеуге» арналды. И.В.Сталиннің пленумда жасаған баяндамасында:

«Біріншіден, шетел мемлекеттерінің жансыздарының, троцкистердің зиянкестік, бүлдірушілік, әрекеттері біздің барлық шаруашылық, әкімшілік, партиялық ұйымдарымызды қамтып отыр.

Екіншіден, шетел мемлекеттерінің жансыздары, троцкистер тек төменгі ұйымдарға ғана емес, сонымен бірге жауапты қызметтерге де кіріп алған.

Үшіншіден, орталықтағы, жергілікті жерлердегі біздің кейбір басшы жолдастарымыз шпиондар мен кісі өлтіргіштерді көрмек түгілі, олардың бейқамдығы, аңғалдығы соншалық шетел агенттерін түрлі жауапты қызметтерге жоғарылатуға көмектесті» («Большевик Қазақстана», 1937, №7, 1–2-беттер), деп «дұшпанды» қай жақтан іздеу керектігін де нұсқады, «Халықтың зұлым жауларын әшкерелеуде НКВД кем дегенде 4 жылға кешікті» деп кінәлап, осы жұмыстарды қарқынды жүргізуді оның басшыларына қатал тапсырды.

Саяси бейқамдық, капиталистік қоршау, осы кездегі троцкизм, шаруашылық табыстарының көлеңкелі жақтары, біздің міндеттеріміз деген мәселелерге арнайы тоқталған. «Троцкийшілер мен басқа да екі жүзділерді жоюдағы партиялық жұмыстың кемшіліктері мен шаралар туралы» баяндаманы оқып шыққанда еліміздің, партияның «ішіне еніп кеткен» қаптаған халық жауларынан аяқ алып жүре алмайсыз. Сталин сөзінің қорытындысын: «Жолдастар, мұндай бұзақылыққа тыйым салатын кез келді» деп аяқтауының өзі жаппай жазалау істерінің басталуына берілген бұйрықтай қабылданды. Сол кездегі «Правданың (1937, ақпанның 2-сі) бас мақаласында былай деп жазылды: «Бірде-бір апат (авария) назардан тыс қалмауы тиіс. Біз өздігінен агрегаттың сынбайтындығын, қазанның жарылмайтындығын білеміз. Бұлар жасырын біреулердің қолы. Мұндай жағдайларда әрқайсымыз «бұл жаудың қолы емес пе?» дегенді алдымен ойлауымыз керек». Сөйтіп, 1937 жылдың басында жаппай жазалауларға ресми түрде жол ашылды. Қызмет бабында жіберілген сәл кемшіліктердің иесі «зиянкес», «халық жауы» атанды. Халық, шаруашылығындағы, елдің тұрмысындағы жеткіліксіз жағдайлар «халық жауларының», «зиянкестік» әрекеттерінің салдары деп танылды. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында жіберілген қателіктердің барлығы да «халық жауларына» жабылды. «Халық жауларына қарсы күрестің кең сипат алғандығы соншалық, оған мектеп оқушыларына дейін қатысты. Олар «тыңшылық» жасап, «қырағылық танытты»; мұғалімдерімен бірге кітаптар мен дәптерлердегі, значоктардағы зиянды «күпия» белгілерді ашуға белсене кірісті»⁴⁰⁶.

Ал Қазақстан жағдайында бұл науқан «халықтар көсемі» ойлаған дәрежеден артық болмаса, кем жүргізілген жоқ. Қазақстан Өлкелік партия комитетінің VII пленумында жасаған баяндамасында С.Нұрпейісов: «Біздің көптеген жауларды әшкерелеп, партия қатарынан шығарғанымыз тоқмейілуге ешқандай право бермейді. Біздің міндетіміз әрбір коммунист троцкийшіл зинovieвшіл жексұрындарды, фашизмнің агенттерін, контрреволюцияшыл ұлтшылдарды, оңшылдарды, партия мен халықтың басқа да жауларын танып, уақтылы әшкерелей алатындай большевиктік қырағылықты күшейту, бұл іске партия ұйымдарын жұмылдыру», деген ойын ашық жеткізді.

Пленумға ұсынылып отырған өлкелік партия комитеті бюросы шешімінің жобасында қазақ ұлтшылдығымен күрес барынша өткір қойылып отыр. Бұл кездейсоқ емес. Мен қазақ ұлтшылдарының, троцкийшіл контрреволюцияшылармен біртұтас майдан құрғанын айтып өттім. Өлкелік партия комитеті қаулысының жобасында қазақ ұлтшылдары жапон жансыздары деп жазылған. Мұны дәлелдеуге қажетті құжаттар бізде жеткілікті» («Қазақстанская правда», 1937, ақпанның 3-і) деп, коммунистер алдында тұрған «негізгі міндеттерді» айқындап берді.

Осы пленум қабылдаған қаулыда коммунистердің басты міндеті деп: «...барлық партия ұйымдары, әрбір коммунист өз жұмысында басты соққыны қазақ ұлтшылдығы мен оған одақтастарға қарсы бағыштауы керек» екендігі атап айтылды. Республиканың барлық партия, кеңес ұйымдары «қазақ ұлтшылдығына» қарсы жаппай күреске шығып, осы қаулыны басшылыққа алды. Бұл шын мәнінде ұлттық кадрларға, ұлттық мәдениетке қарсы бағытталған, адам, ұлт құқыларын аяусыз аяққа таптаған, ел аман, жұрт тынышта адам естімеген зорлық-зомбылықтардың жасалуына республика көлемінде ресми түрде жол ашқан қаралы қаулы болатын.

Бүкіл Кеңес елінде, оның ішінде Қазақстанда да күштеп жүргізілген осындай саяси-әлеуметтік зорлық саясаты мәдени; әдеби өмірге тікелей әсер етті. Онсыз да алашорда қозғалысын, алашорда әдебиетін «әшкерелеуде» «зор саяси қырағылық» танытқан кейбір «белсенділер» бүкіл отызыншы жылдардың өн бойында қарап жатқан жоқ болатын. Олардың әдебиеттегі «ұлтшылдықты», «зиянды пікірлерді» анықтаған мақалалары үзбей жарияланып тұрды. Қазақ халқының ұлттық өмірін шынайы суреттеген шығармалардан «қателер» тауып, оларды «алашордашылардың» әсерінен деп көрсетті. М.Әуезов сынды жазушымыздың өзі де «ұлтшыл», «алашордашыл» деген кінәлардан арыла алмай, теперіш көрді. Тіпті, ол туралы дұрыс бағытта жазылған мақалалардың өзінде де оған деген «ұлтшылдық» қонырауын бір қағып кету ұмытылмайтын. Мысалы, Мұхтардың 1935 жылы шыққан «Ескілік көлеңкесі» жинағына жазылған алғысөзінде кітапқа енген әңгімелер дұрыс бағалана отырса да, былай деп жазылды: «Идеология жағынан бұл шығармалар тұрмысқа пролетариат көзқарасынан қарап жазылған шығарма деп айта алмаймыз». «Олай болса, идеология жағынан пролетариаттық

⁴⁰⁶ Медведев Рой. Необъявленная война против народа. «Молодой коммунист», 1989, №2.

болмағанмен, Мұхтарды бұл әңгімелері арқылы ескі ауылдың кейбір шындықтарын, қанағыш таптың еңбекшіге істеген зорлығын аз да болса көреміз». «Мұхтар қазір байшылдық бағыттың залалдығын түсініп, кеңес тілегіне көшіп отырған жазушы».

Қаһарын төгіп 1937 жыл да келді. Қазақстанда да «халық жауларын әшкерелеу» барынша жүргізіліп, жазалау істеріне кең жол ашылды. Республиканың әр жерінен «контрреволюцияшыл ұйымдардың» ашылғандығы жайлы хабарлар газет бетінде көбейді. Сол кездегі насихатқа құлақ салатын болсақ, қаскүнем элементтер қоғамдық өмірдің барлық салаларына еніп кеткен. Оларды «түп-тамырымен құртпай, оңбаймыз» делінген еді. Алғашында партия, кеңес қызметкерлерінің қатарында жасырын жүрген «зиянкестерді әшкерелеуде» бірсыпыра «табыстарға» жеткеннен соң, енді мәдениет, әдебиет саласын тазалауға кірісті.

1937 жылдың алғашқы «әшкерелегіш» мақаласы да көрінді. «Казахстанская правда» (1937, қаңтардың 11-і) газетінде Т.Жүргеновтің «Мәдениет майданын талқандалған ұлтшылдықтың қалдықтары мен сарқыншақтарынан тазартайық» деген материалы басылды. Оған ілешала «Қазақстан» көркем әдебиет баспасының директоры Р.Жаманқұловтың «Қырағылықты күшейтейік» атты мақаласы «Қазақ әдебиетінде» (1937, қаңтардың 18-і) көрінді. Т.Жүргенов социализм құрылысы өрістеген сайын тап тартысы да күшейе түседі деген сталиндік қағиданы басшылыққа ала отырып, Қазақстан жағдайында кеңес үкіметіне қарсы жасырын қарсылық жасап жүрген «ұлтшылдар» туралы едәуір әңгімелеген. «Олар троцкистермен, троцкистер өз кезегінде фашистермен байланысты. Ұлтшылдардың бәрі де фашистік Германия мен Жапонияның жансыздары. Сол себепті де олар іштей іріткі жұмыстарын жүргізуде. Әсіресе алашордашылар көп зиянын тигізді. Бұл ретте өлкелік партия комитетінің басшысы Голощекиннің өзі бейқамдық танытты» деген. Айтқандарына дәлел ретінде қазақтың ұлттық өнерін ұйымдастыру тапсырылған Дінмұхамед Әділов Шоқаевтың шпионы еді; атақты әнші Ә.Қашаубаев та ұлтшылдықтың ықпалына түсті; Ахметовтің орыс мектептеріне арнап жазған қазақ тілі оқулығында зиянды пікірлер бар; 1933 жылы Жолдыбаев тағы басқалар жетінші класқа арналған «ХІХ, ХХ ғғ. қазақ әдебиеті» оқулығына ұлтшыл-діншіл ақындарды кіргізіп, саяси қателіктер жіберген; тіл оқулықтарында да «ұлтшылдық» сарындар бар; «Хан Кене» сахнадан алынды деген сияқты фактілерді тізген. Мақаласының соңын: «Мәдениет майданында сақ болайық, қырағылықты он есе күшейтейік» деп, ұранмен аяқтаған.

Екінші мақалада да әдебиеттегі «халық жаулары» нақтылы аталды. Қырағылықты әсіресе, баспа редакторлары көрсету керек дей келіп, солардың бейқамдықтарының салдарынан Зиябек Рүстемов пен Әмина Мәметованың «халыққа жат», «теріс сарындағы» шығармаларының шығып кетуін сынға алады. Нармамбеттің, Шәкәрімнің, Ғұмар Қарашұлының, Бернияз Күлейұлының кітаптарын шығармай отырғандықтарын қырағылықтың белгісі ретінде атап өткен, Мәскеуде басылып шыққан. «Әдеби энциклопедиядағы» кемшіліктерді сынаған «Правдаға» үн қосып, оған «алашордашыл, ұлтшыл» халық жауларының шығармалары жайлы материалдардың еніп кетуін үлкен мін санап, алдағы уақыттарда мұндай істерге жол бермеу үшін қырағылықты күшейтуге шақырды.

«Халық жауларына» қарсы саяси қырағылықты күшейтуге үндеп Илияс Қабылов бірнеше мақала жазды. «Қазақ большевиктерінің міндеті қазақ ұлтшылдарына қарсы баса күресу» атты төрт тараудан тұратын көлемді мақаласы («Социалистік Қазақстан», 1937, қаңтардың 12-сі) түгелдей алашорда қозғалысын, Бөкейханов, Дулатов, Досмұхамедов, Тынышбаев, Сәдуақасов, Сұлтанбаев, Мұстанбаев сынды азаматтардың «ұлтшылдығын» әшкерелеуге арналды. «Қазақ большевиктерінің жауынгерлік міндеті» деген мақаласында қазақ, «ұлтшылдарының» жапон империализмі мен неміс фашизмімен байланысып, олардың «тікелей агенттеріне» айналып кеткендігін «анықтайды». Қазақ коммунистерінің міндеті дегенде:

«Барлық большевиктердің міндеті лениндік-сталиндік-интернационализмнен сәл ауытқушылықтың өзін аяусыз соққанның үстіне соға беру. Қазақ большевиктерінің міндеті қазақ ұлтшылдығы мен алаш идеологиясын аяусыз соққының астына ала беру» («Казахстанская правда», 1937, ақпанның 18-і) дей келіп, қазақ большевиктерін «қазақ ұлтшылдарын» жоқ қылуға үндейді. Ал оның «Лениншіл жас» газетінде (1937, тамыздың 4-інде) жарияланған «Троцкийшіл, оңшыл, ұлтшыл сұмырайларды түгел құртайық» мақаласы тақырыбының өзінен-ақ ұшынып, жау іздегендей атой салып тұрды. Тағы бір мақаласын «Ұлтшыл фашистік құйыршық» («Казахстанская правда», 1937, шілденің 29-ы) деп атап, онда жиырма шақты адамды «ұлтшыл-фашистерге» жатқызды.

Илияс Қабылов Шымкентте «Жапон шпионы Бекарысовтың» «зиянкестікпен» шұғылданғанын әшкереледі («Казахстанская правда», 18.2.37). Құлмырза Өтепов те «Контрреволюцияшыл ұлтшылдар фашизмнің агенті» екендігін дәлелдейді. «Қызылордада медицинский рабфактың директоры Бекдоллаев деген оқушылардың жалпы жиналысында 16 жылғы көтерілісті алашордашыларша түсіндірген», «Шымкентте «троцкийшіл-ұлтшыл» Әлмұхамбетов, Дауытпаев дегендер» («Социалистік Қазақстан», 1937, қаңтардың 6-сы) жасырын «бүлдіру әрекеттерін жасап келген» деп, «қырағылық танытады».

Сол кездегі баспасөз бетінде жапон шпиондарының Қазақстандағы «бүлдіру әрекеттерін әшкерелеуге» едәуір орын берілген. Ю.Феликс деген автор алашордашылар Бөкейханов, Тынышбаев, Шоқаевтардың жапон разведкасымен байланыстарының жалғасып келе жатқандығын жазды («Казахстанская правда», 1937, көкектің 22-сі). Ал М.Хамаданның Мәскеуде басылып шыққан «Японский шпионаж» деген кітапшасының маңыздылығын көрсете отырып, Шымкентте Бекарысов, Ащысайда Абдуллин, Қарағандыда Сұлтанбеков, Әлсепов сияқты «жапон шпиондарының» әшкере болғандығын хабарлайды («Казахстанская правда», 1937, маусымның 23-і). Сондай-ақ, КСРО ішкі істерінің халық комиссары, мемлекеттік қауіпсіздік сақтаудың 2-рангалы комиссары Л.Б.Залиннің Қазақстан Компартиясының бірінші құрылтайында сөйлеген сөзінде де бірнеше «жапон шпиондарының» Торғаевтың, Абдуллиннің, Мамырбаевтың, Сұлтанбековтің т.б. аттары аталып, фашистік барлау орындарының троцкийшіл-оңшыл ұлтшыл агентурасын түп-тамырларымен құртуға шақырды («Казахстанская правда», 1937, шілденің 6-сы). Н.Тимофеев пен С.Брайнин қазақ «ұлтшылдарын» зерттеумен айналысты; етектей-етектей мақалалары газет беттерінде көрнекті орын алды. Олар «қазақтың ұлтшыл-фашистері» деген терминді жиі қолданып, тарихын алашорда қозғалысынан бері қарай таратты. Бөкейханов, Байтұрсынов, Қожанов, Рысқұлов, Сәдуақасов, Құлымбетов, Меңдешев, Асфандияров, Тоғжанов, Аймауытов, Қаратілеуов, Кенжин, Тынышбаев, Майлин, Сейфуллин, Шоқаев, Сейдалин, Бәйділін, Нақымжанов, Тунғаншин секілді азаматтарға «ұлтшыл-фашист» деген таңба тақты («Социалистік Қазақстан», 1937, қыркүйектің 21-і, «Казахстанская правда», 1937, қазанның 18-і).

Газет беттерінде халықтың «халық жауларына» деген өшпенділігін туғызу мақсатымен көлемді материалдармен қатар көпшілік пікірлері де жиі беріліп тұрды. Мысалы, «Социалистік Қазақстан» газетінде қаңтардың 26-сындағы нөмірінің бір беті түгел жер-жерден алынған хабарларға пікірлерге арналған. Сол кезде жүріп жатқан Пятаков, Радек тобына арналған сот процесін қолдап, ашу-ызасын білдірген. Қарағандыдан «Халық дұшпандары тоқтаусыз атылсын» десе, Шымкенттен «Құтырған иттердің барлығын ату керек» деп одан асып түседі. Осы газет қаңтардың 27-сінде «Халық жауларын түп орнымен құртайық», «Халық жауларына өмір сүргізбейміз» деген бас мақалалармен шықты. «Қазақ әдебиеті» газетінде (5.11.1937) Сейфуллин, Мұқанов, Жансүгіров, Әуезов, Мүсірепов, Тәжібаев, Қаратаев бастаған он төрт жазушының «Жауға мейірім жоқ» деген үн қосуы жарияланды. Онда «Алашордашылардың ордалы жыландары да, троцкишілдердің арам бездері де халық үшін үлкен жау... Ондайларды өне бойдан арылтып құрту керек».

«Жау аяған жаралы болады» дейді халықтың данышпан мақалы. Біз енді бұған кім жауды аяса, соның өзі біздің жауымыз деген сөзді қосуымыз керек» деген сөздерді оқимыз.

Сонымен қатар І.Жансүгіровтің, Ж.Сыздықовтың, К.Әбдіқадыровтың, Ө.Тұрманжановтың және Тымбайдың өлеңдері де осы сарында жазылған, Мысалы, Өтебайдың он шумақтан тұратын «Жеті басты жалмауыз» атты өлеңі:

«Өлсін! Өлсін! Сұмырайлар,
Алсын, тартсын, жазасын!
Сұмырайдан сұмдық жаннан

Жердің беті газарсын!» – деген жолдармен аяқталады. Мұндай ащы сөздер сол кездегі сталиндік насихат жұмыстарының «жемісі» де болатын. Олардың «халық жауларын» әшкерелеу жолындағы қырағылық істеріне қарапайым халық түгілі кейбір зиялылар да шын көңілімен сеніп қалған еді. Мұның барлығы да «халық жауларына» алдын ала шығарылып қойылған үкімге халықты психологиялық тұрғыдан дайындау, оларға деген ашу-ызаны, өшпенділікті қоздыра түсу мақсаттарын көздеп жүргізілді. «Ұржар ауданындағы антисоветтік ұлтшыл-фашистік бандаларға процесстен» берілген материалды оқып, «ішкі жаулардың» жасаған

бүлдіргі істеріне сенбеуіңізге амалыңыз жоқ («Қазақстанская правда», 1937, қыркүйектің 28-і). Асылбеков бастаған топтың 1934 жылдан бері Қарағандыда жасырын жұмыстар жүргізіп келгендігі, нұсқауды С.Сейфуллин мен Ж.Сәдуақасовтан алып тұрғандығы жайлы хабардар боламыз.

Ел ішінде жаппай сенімсіздік орнаған, жасырын жүрген «халық жаулары» қаптап кеткен ерекше жағдай қалыптасты. «Жау қайдан келіп қалар екен» деп жұрттың бәрі айналасына күдікпен қарады. Халық шаруашылығының, мәдениеттің түрлі салаларындағы «зиянкестіктер» ашыла бастады. Оқу, білім, мәдениет, әдебиет майданындағы «ұлтшылдардың» да «бет-перделері жырттыла түсті». 1937 жылдың алғашқы мақалаларында «халық жауларын» «алашордашылармен байланыстан іздеу керек» деген сарын басым болса, енді солардың нақтылы аттарын атап, істерін әшкерелеу қолға алынды.

Алғаш ашылған «халық жауларының» бірі КазПИ-дің оқытушысы Әмина Мәметова еді. «Социалистік Қазақстан» мен «Лениншіл жас» газеттерінде бір мезгілде жарияланған екі мақала да Ә.Мәметованың «контрреволюцияшыл әрекеттерін» әшкерелеуге арналды. М.Ақынжанов «Әмина Мәметова 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналының №1–11–12-санында Абай туралы жазған мақаласында барып тұрған алашордашылардың пікірін айтып, Қазақстан тарихына өтірік жала жапқан», «оның сөз құрауында да, тенеулерінде де жат пікірлер бар», «басынан аяғына шейін пәлші екені, алашорда идеологиясын, троцкийшілдікті таратуды мақсат ететіндігін айқын көрсеті» деген байлам жасайды («Социалистік Қазақстан»; 1937, қаңтардың 20-сы). Мақала авторының мұндай тұжырымға келуіне Ә.Мәметованың «Абай тап тілегінен тысқары, жұрттың бәріне-бірдей ел ақыны» деген пікірі негіз болған. Әдеби мұраға баға бергенде таптық принциптен бас тартты, сондықтан да «бұл бізше революцияға қарсы контрабандалықтың барып тұрған сорақысы еді» деп, түйіндейді өз ойын. Осы мақала шыққан күннің ертеңіне «Лениншіл жас» газетінде Сыйраров пен Әлиевтің «Әдебиеттегі алашорда агенті» деген материалы да Ә.Мәметованы «халық жауы» ретінде одан әрі әшкерелеуге «өз үлесін» қосты. Ол құрастырған 9-ыншы классқа арналған әдебиет хрестоматиясына Нармамбет ақынның өлендері еніп кеткен, Міржақыпты, Мағжанды, Шәкәрімді кітабында мақтайды, осындай зиянды ойларымен студенттерге әдебиет теориясынан лекция оқуда деп «қырағылық» танытады. «Мәметова Әмина да контрреволюцияшыл алаш орданың агенті болып шықты» де, жерден жеті қоян тауып алғандай жар салады.

Қ.Ищанов Мәметовтің «Колхозшылардың денсаулық сақтау кітапханасы» бойынша жазған бес кітапшасынан жаушылдық табады. Ол денсаулықты әңгіме ете отырып, контрабандалық пікірлерін өткізген, «Мәметов-алашордашыл», сол себепті де «Мәметовтің кітабын тез жиып алу керек» деп өрекипиді («Социалистік Қазақстан», 1937, наурыздың 30-ы). Осындай кітаптың шығып кетуіне редакторы Әлібаев Абат та кінәлі деп тапқан. М.Ахметов пен Қ.Жақабин ақын Ғ.Малдыбаевты оның туған жерінде ашылған «зиянкестермен» байланысты болған деп айыптайды («Социалистік Қазақстан», 1937, қыркүйектің 22-сі). Қалижан Бекхожин, Әшім Омарұлы аударған Плехановтың «Көркем өнер мен әлеумет өмірі» атты кітабынан «ұлтшылдық» тапты («Қазақ әдебиеті», 21.III.1937). Оқытушы Жолымбетов «Жұбановтың кітабындағы кейбір кемшіліктерді» көрсетті («Социалистік Қазақстан», 27.IV.1937). Марксизм-ленинизм институты тарих бөлімінің бір топ студенттері М.Ақынжанов, С.Әбішев, К.Әбдірахманов, И.Сариев, З.Бұлақбаев, М.Мұхамеджанов белгілі қазақ ғалымы С.Асфендияровты қаралап, «Японский шпион в роли старика» деп мақала жазды («Қазақстанская правда», 27.IX.1931). Онда ғалымның «Қазақ халқының тарихы» (1 том) атты ғылыми зерттеу еңбегі «ұлтшылдық тұрғыдан» жазылған деп бағаланды. Шәкірттердің бірлесіп ғалым-ұстаздың үстінен айыптап мақала жазуы көп нәрсені аңғартса керек. Оқушылар оқытушыға, бала әкеге күдікпен қарап, қажет болса «халық жауы» ретінде ұстатып жіберуге дайын болды.

«Халық жауларын әшкерелеу» істері онсыз да ҚазАПП-тың кезінде, «саяси қырағылық» танытуда едәуір тәжірибелер жинақталған жазушылар ұйымында бірден қолға алынды. Солай болса тұрса да жазушылар арасында жүріп жатқан «әшкерелеу» шараларының қарқыны жоғары жақтарды қанағаттандырмады. «Социалистік Қазақстан», «Қазақстанская правда», «Лениншіл жас» газеттерінің қаламгерлер ұйымындағы «былықтарды» ашу жұмыстарының жеткіліксіз жүргізіліп отырғандығын сынаған мақалалары әдеби атмосфераны ушықтыра түсті. Ғ.Шәріпова «Литературный Казахстан» журналы толығымен қазақ ұлтшылдарының ықпалында

болып келді деп, партиялық баспасөз бетінде айыптады («Қазақстанская правда», 15.VII.1937). «Социалистік Қазақстан» газеті «Жазушылар ұйымы тым жайбаракат жатыр. Бұған қарағанда жазушылар ұйымында бейқамдық күшті ме деген қауіп бар. Өйткені жазушылар ұйымының жұмысында қате, кемшілік жоқ емес, қате де, кемшілік те бар. Бұл қателер мен кемшіліктерді енді аямай ашатын мезгіл жетті» деп турасын жазды. Ондай «қателер мен кемшіліктерді» қай жақтан іздеу керектігін де нұсқап жіберді (1.IV.37). «Әңгіме өзара сында», «Мұны ұғынатын уақыт жетті» деп, жазушылар ұйымына ескертті.

Осындай сындардан қорытынды шығару мақсатымен көкектің 5–7-күндері жазушылардың бірнеше күндік жиналысы болып өтті. Онда жазушылардың арасында, шығармаларында орын алып отырған «кемшіліктер» сыналды. Артынша-ақ, осы жиынның қалай өткендігі жайлы газеттер есеп басты. «Лениншіл жас» (II.IV.1937) жазушылар одағындағы жиналыс өте нашар өтті, сын болмады, тек Саин Жұмағали ғана ұйым басшыларын қатты сынады дей келіп, мұның барлығын «Жазушылардағы есуастық дерт» деп атаған. «Социалистік Қазақстан» (14.IV.37) жиналысқа жазушылар түгел қатынаспады, әсіресе, Сәкен, Илияс сияқты бастылары келмеді. «Жиналыста өзара сынның орын ала алмауына мұрындық болған Сәбиттің өзі», «Өтебай, Рақымжан, Қалмақан, Жақан секілді жазушылар сөйлеуді міндетім деп те білген жоқ» деп жазды. «Жиналыста өзара сын мен кемшіліктерді көрсете сөйлеген жас ақын Саин Жұмағали болды. Ол жазушылар ұйымы мен Қазақстан көркем әдебиет баспасындағы сорақылықтарды айтты», деп оған қолдау білдірді.

Ал, «Қазақ әдебиеті» осы жиналысқа бас мақала арнады. Мақала «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттерінде айтылған сындарға қарағанда жұмсақтау көрінеді. Сонда да болса сын бар. Сынның әшкерелеу, қаралау бағытында емес, кемшіліктерді ашу, тәрбиелеу мақсатында болғандығы байқалады. Тақырыбының «Большевиктік тәрбие арқылы жазушылар жұмысын күшейтейік» деп аталуының өзі-ақ осыны аңғартса керек. Жазушылар ұйымы өз газеті арқылы қорғанысқа да шығады. «Лениншіл жас» газетінде жарияланған мақала туралы «жазушылар жиналысында сын және өзара сын жөнінде тек қана жалғыз Жұмағали Саин дұрыс айтып, кемшіліктерді көрсете алды» деп жазды. Мұнысы әрине, желғабаздықпен жазылған желбуаз өсектеу, шындыққа сыймайтын өсірме сөз; өйткені ол жиналыста Саиннан басқа жазушылар да сөйледі, азды-көпті кемшіліктерді айтты, деп жазды. Бұл мақалада жазушылар арасындағы «алашордашыл» элементтерді анықтау, шығармалардағы «байшыл», «ұлтшыл» пікірлерді ашу жоқ. Жазушылар одағында кемшіліктер бар, оның басты себептері тәрбие жұмыстарының, өзара сынның нашарлығында деп көрсетті, Ал, С.Сейфуллин мен І.Жансүгіровтің жиналысқа қатынаспауын «Жазушылар ұйымында вождизм барлығын көрсетеді» («Қазақ әдебиеті», 20.IV.1937) деп бағалаған.

Осы газетте М.Әуезовтің, Т.Жароқовтың, Е.Ысмайыловтың, Ә.Сәрсенбаевтың, Мұсабаевтың, Ж.Саинның жиналыста сөйлеген сөздері берілген. М.Әуезов қазақ драматургиясының жай-күйін айтып, жалпы кемшіліктерді әңгімелеген. Біреуді айыптаған, қаралаған артық-кем сөздер жоқ; әңгімені тек шығармашылық мәселелер төңірегінде өрбіткен. Басқалардың сөзі де осы сарындас; жекелеген шығармалардағы кемшіліктерге тоқталған. Тек Ж.Саинның сөзінде ғана жазушылар ұйымын, жеке жазушыларды ғайбаттау басымдау. Ол Сәкен, Бейімбет, Илияс, Ғабиттердің жиналысқа келмей қалуына айрықша мән берген. «Онан соң жаман жазудың үлгісін көрсеткен Сәкен, Илияс, Ғабиттердің өздері» деп, бәрін бір-ақ қиратып салады. «Илиястың «Колхоз тойы» жаман жазылған» дейді. Неге? Несімен жаман? Бұл сұрақтарға жауап жоқ. «Айттым-бітті» дегендей кейіп танытқан.

Көкектің 11-күні Қазақстан жазушыларының партиялық есеп беру жиналысы болады. Онда партиялық ұйымдастырушы Қ.Әбдіқадыров есеп берген. Баяндамада Жазушылар одағындағы жағдайға тоқталып, біраз сын пікірлер айтылды. Солай болғанмен де «Жыйылыста жоқ кісілерді ғана сынады, есеп беру жиналысы өз деңгейінде өтпеді» деп бағаланды: «Жиылыстың дәрежесі өте төмен болды. Өзара сын, кемшілікті батыл ашу деген нашар болды» («Социалистік Қазақстан», 15.IV.1937). Жазушылардың бұрынғы жиналыстарына келмеді деп кінәланған Сәкен Сейфуллин осы жиынға қатынасып, сөз сөйлеген: «Жыйылыстың аяғында сөйлеген Сәкен жолдас болды. Сәкен жолдастың бар айтқаны... Әртүрлі дәлел көрсету болды. Сәкен жолдастың осы күнге дейін өз кемшілігін көре алмай келе жатқаны бұл сөзінен толық айқындалды». С.Сейфуллин бұған дейін жазушылардың жиналыстарына қатынаспай, тыныш

жатып алып еді, ол жиындарға келуді де білмейді деп датталды; енді келіп, сөз сөйлесе де «өз кемшіліктерін көре алмайды» деп сыналды. Бұл кездерде С.Сейфуллин сияқты басты жазушыларды сынау қалыпты жағдайға айналып, нысанаға алынып та қалған еді.

Жазушылар одағында жағдай нашар, сын, өзара сын жоқ деп баспасөз бетінде айтыла берген соң осы сындардан қорытынды шығару мақсатымен ұйым басшысы С.Мұқанов «Казахстанская правда» (24.IV.37) газетінде мақала жариялады. Онда жазушылар ұйымы құрылған кезден бергі табыстарға шолу жасай келіп, «кемшіліктерге» кеңірек тоқталған. Б.Майлин, М.Әуезов, С.Сейфуллин сынды қаламгерлерді бүгінгі күнді аз жазады деп сынаған. Бейімбеттің, Сұлтанмахмұттың шығармаларындағы «кемістіктерді» нақтылы көрсеткен «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Әдебиет майданы» журналында сын нашар. Жазушылар арасындағы жағдайдың төмендігіне Сейфуллин, Майлин, Мүсірепов, Жансүгіров, Әуезов, Мұқанов сияқты жазушылар жол берді дей келіп, өзін-өзі сынап, өзгеге үлгі көрсетеді: «Адақандар» романында саяси кемшіліктер жібергенін, «саяси қырағылығының» жеткіліксіздігінен Қоңыратбаев, Уәлиахметов, Қошмұхамедовтердің ұйым жұмысына кіріп кеткендігін «мойндайды».

Әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы қаулының бес жылдығына орай «Социалистік Қазақстан» газеті бір бет берді. Е.Ысмайыловтың, Ә.Тәжібаевтың, М.Қаратаевтың мақалаларында сол кездегі әдеби процеске көз жіберушілік бар. Кемшіліктер дегенде М.Қаратаев өзі басшыларының бірі болып отырған ұйымда «бейкамдық бар» деген. Ә.Тәжібаев, Ғ.Тоғжановты сынап, біраз «әшкерелеген». «Сәкеннің «Домбыра» атты жинағы конфискаланды... Сәкен бұл қатесін айтуы керек еді. Ол да жұмған аузын ашқан жоқ» деп, С.Сейфуллинге тиісті. «Бейімбет, Мұхтар, Ілиястар ұйымның жұмысына көмектеспейді» деген сияқты сындар айтылған.

Жазушылар арасындағы «былықтарды» ашуда сол кезде «Лениншіл жас» газетінде басылған Ж.Саинның мақалалары едәуір «рөл» атқарды. Жоғарыда айтылған «Жазушылардағы есуастық дерт» деген атпен редакция атынан берілген мақаланың авторы да Ж.Саин секілді көкектің 18-і күні осы газетте өз атымен «Тағы жазушылар ұйымы басшылығының либералдығы, көркем әдебиет баспасының бейкамдығы» деген мақаласын жариялады. Мұнда жазушылар ұйымы мен «көркем әдебиет баспасында толып жатқан былықтар бар» деп, соған жол берген бірнеше адамдардың аттарын атады. «Тайшықов Қадыр дейтін жат элемент көркем әдебиет баспасында аудармашы болып келді, сол себебі де баспа жұмысында кемшіліктердің болуы таңырқарлық іс емес дегенді білдіреді. Көркем шығармалар жайлы сөз қылғанда «1936 жылы осы көркем әдебиет баспасы Әбділда Тәжібаевтың «Тандамалы өлеңдерін» басып шығарды». Бұл кітаптан «өмірге қисық көзқарасты көреміз, лирика деп саясатты, өмірді ұмытып кеткен ақынды көреміз» деп жазды.

Ж.Саин осы ойларын өрбітіп кейіннен «Тәжібаев Әбділда және оның достары» деген газеттің бір бетін алған әшкерелегіш мақаласын жазды («Лениншіл жас», 24.VI.1937). Сол кездегі жағдайдың қауырт, ушығып тұрғандығы соншалық, ертеңгісін шыққан мақаланы түсте-ақ жазушылар ұйымында талқылап жатты. Ә.Тәжібаевтың өзі «кемшіліктерге» қарсы белсене күресіп жүргенде мұндай материалдың жарық көруі төбеден жай түскендей әсер етті. Енді «сенің де сырың мәлім болды» дегендей, жазушылар Ә.Тәжібаевтың өзін ортаға алды. Жиналыста М.Қаратаев, С.Мұқанов, Қ.Әбдіқадыров, М.Әуезов, М.Дәулетбасв, Ж.Саин сөйлеген. Осы жиын туралы есепті «Лениншіл жас» (29.VII.1937) және «Қазақ әдебиеті» (14.VII.1937) газеттері басқан.

Ә.Тәжібаевтың «ұлтшыл» ретінде алғашқылардың қатарында сыналып, үлкен айқай-шу көтерілуі тегіннен-тегін емес болатын. Оның соңына мемлекетке қауіпті адам ретінде анду 1936 жылдың өзінде-ақ түскен болатын. НКВД қырандарының қырағылығы хақында кейіннен Қазақстан компартиясының идеологиялық жұмыстарына басшылық жасап жүріп, тиісті құжаттармен танысқан Н.Жанділдин солардың бірінде 1936 жылы қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігіне қатысу үшін Мәскеуге бара жатқан ақын туралы «Қазақстанда астыртын әрекет ететін контрреволюциялық ұйымның жұмсауымен Ә.Тәжібаев Мәскеуге Сталинге қастандық» жасау үшін кетіп барады деген хабар түсті. Соны тексеру керек»⁴⁰⁷... деп жазылғанын айтады. Әрине, осы жазбаның негізінде қажетті шаралардың қолданылғандығы да, Ә.Тәжібаевтың «қаскүнемдік» әрекетінің дәлелденілмегендігі де анық. Бұл фактінің өзінен-ақ НКВД органдарының Әбділда ақынды бұрыннан-ақ «халық жауларының» қатарына қосып,

⁴⁰⁷ Меңдекеев Ә. Шынның жүзін көрсетпей, шымылдық боп... «Өркен», 1989, қарашаның 4-і.

енді осы ойларын тек дәлелдеу ғана қалғандығын көреміз. Ә.Тәжібаевтың «ұлтшылдығы» туралы мақалалардың баспасөз бетінде көрінуі осы жасырын жоспардың жүзеге асырылуын жақындатып та қойғандай еді.

Ә.Тәжібаевтың шығармашылық мәселесін талқылауға шақырылған арнаулы жиналысты ұйым хатшысы М.Қаратаев ашып, мақаланы отырғандарға дауыстап оқып берген. Өзінің де мақалада айтылған сын пікірлерге қосылатындығын білдірген. Қ.Әбдіқадыров өз сөзінде Ә.Тәжібаев 1934 жылға дейін қырағылық танытып, әдебиетке қызу араласып келіп еді, соңғы жылдарда «оның белсенділігі жойылып», біраз қателіктер жіберіп алды дегенді айтты. Өз ойын «Тәжібаев халық жаулары Қоңыратбаев, Әлібаев, Уәлиахметовтермен дос болып келді». «Осы сияқты жаулармен Әбділданың ауыз жаласып кетуі кешірілместік айып» деп түйді. Ж.Сыздықов та осы ойларды қайталап, біз оны көп мақтап жібердік, ол «кеуде қағуға салынды», «большевиктік кішіпейілділікті жоғалтты» деді. С.Мұқанов та Тәжібаевты сынаған болды. «Әбділданың большевизмге үйренбей жүргені рас, классиктердің кітаптарын ол көп оқып, соны өз басының елегінен өткізе білмейді. Әбділда партия жиналысына, саяси сабаққа қатыспайды. Сондықтан түзелу үшін ең алдымен, ол большевизмге жетілуді алдына ең басты міндет қып қоюы керек. Большевизмге жетілу үшін, большевиктік сынды түсінсін. Қоғам, әлеумет жұмысына, жиналыстарға көп қағынсын, актуалды темаға көңілін көбірек бұрсын». Солай дей тұрса да бірнеше рет «Мен Тәжібаевты бізге жау деп ойламаймын. Бұл біздің өзіміздің кісіміз». Оның қатесі бары рас. Сонда да болса «Әбділладан мен үмітімді үзген адам емеспін... Ол кедейдің баласы, кеңес мектебінде оқып, жоғарғы дәрежелі білім алған кеңес жігіті. Біраз кемшілігімен қатар әдебиетті, әлеумет жұмысында сіңірген еңбегі де бар» деген ойларын қадап айтты.

М.Әуезовтің сөзінде де саяси айыптаулар жоқ. Ол былай деді: «Тәжібаев классиктердің жазғандарын көп оқитыны рас. Бірақ оқығанда және солардан үлгі алып жазғанда ат үсті жолмен кете береді. Дұрыс түсінуі жеткілікті емес. Тәжібаев классиктердің лирикасын солар көрсеткен түр, мазмұнды ғана алады. Сынай алмайды. Ол совет ақынына лайық жол емес. Тәжібаев бүгінгі күннің, саяси өткір мазмұнды тақырыптарына ат салмай, ескі ақындар үлгісіне жалтарғанда, бірінші: өзін өрлетіп өсіретін соны жаңалықтан бір қалып қойып отыр. Екінші: ескіге барғанда да керексіз іздерді қайта басып, өзіне залал келтіретін шыырларды аралап кетті. Осы ретте дарашылдық, «меншілдік» сияқты сары жұрттарға қонақтап барады. «Зор қаталық «мен» дегенді молайтып барасың».

Кейіннен Ә.Тәжібаев осы жиналысты еске ала отырып, С.Мұқанов пен М.Әуезовтің сөйлеген сөздері жайлы былай жазды: «Менің екі ағам осылай сөйледі. Олар кейбір ащы сөздерді де пайдаланды. Өйтпеске амалдары да жоқ еді. Бірақ әділ сөйлеуге, сынаған күнде де өздерінің сенімдерін айтуға тырысты, меніңше, Сәбит пен Мұхтардың «классиктерден қалай оқу керек еді?» деген пікірлері бүгін де жастар үшін пайдалы, ақылды кеңес деп білемін... Бірақ маған пәлен өлеңі зиянды деп атап көрсеткен жоқ»⁴⁰⁸. Иә, жоғарыдағы келтірілген екі үлкен жазушымыздың сөйлеген сөздерінен Ә.Тәжібаевты сынағысы келіп сынағаны көрінбейді, осылай айтуға мәжбүр болғандығы байқалады. Жиналыста талқыланып отырған мақаланың авторы Ж.Саин сөйлеген. Ол өзінің алдында сөйлеген «жолдастардың сынына риза болмай, қатандау сөйлегені де рас: «Тәжібаевтың адамдық бейнеден айрылған тап жаулармен дос болып, ауыз жаласқандығын, жексұрын жаман мінездерге түскендігін, халық жауы Уәлиахметовтің екі рет соның үйінен ұсталғандығын, Тәжібаевтың оны қорғауға тырысқанын, жазушылар үйінің биылғы пленумында да сондайлармен келіп, тәртіпсіздік істегенін айта келіп, оның шығармаларындағы саяси ірі қателерге тоқталды: Ұлы пролетариат жазушы М.Горькийдің өліміне арнап жазған өлеңі совет идеясымен жазылмай, зиянды, теріс боп шықты... Оның тағы бір қатесі ақын, жазушы болған адамға саясат пен заманның игілікті ісімен, өмірмен танысып араласудың керегі жоқ, тек, Гейне, Шекспир, Шиллер, Сервантес, Пушкиндерді жастанып, үйінде жата берсе болатын сияқты. Мұнысы адасқандық, саяси соқырлық».

Жиналыста Ә.Тәжібаевқа сөз берген. Ол біраз сындарды мойындағанмен де «халық жауларымен байланысы болды», «саяси бағыты дұрыс емес» деген айыптауларды қабыл алмаған. Сол себепті де жиналыстан берілген есеппен бірге «Лениншіл жас» газетінде Ж.Саинның «Тәжібаев ортасын жасырады» деген мақаласы тағы да шықты. Мақсат Ә.Тәжібаевты қалай

⁴⁰⁸ Тәжібаев Әбділда. Жылдар, ойлар. А., 1976, 96-бет.

да мойындатып, тұқырту болғандай. Мақалада Әбділда ақынның шығармашылығына өзі қойған саяси қателерін кеңейте түскен. Оны Қоңыратбаевпен байланыста болып келді дейді де: «Қоңыратбаев халық жауы Дулатовтың қызына үйленерде де Тәжібаевпен ақылдасып, Тәжібаевтың ақылымен үйленген, Қоңыратбаевтың үйінде арақ ішіп, мас болған» деп тырнақ астынан кір іздегендей кейіп танытады. Жазушы саясаттан тыс болуы мүмкін емес, сондықтан «меніңше Тәжібаевтың қателері саяси қателер» деп өз ойларын түйіндейді. Міне, бұрын дос-жаран боп бірге жүрген ақындардың арасындағы қарым-қағынастардың болмашы нәрседен бұзылып, бірін-бірі саяси айыптауларға дейін баруы да сол кездегі өмір шындығының бірі болатын. «Саин Жұмағалилардың да маған жасаған «сындары» үшін өкпелеуге болмайды. Ол сол шақтың тұрғысынан қарағанда мені шын көңілмен, шын сенімімен кінәлады»⁴⁰⁹ деп жазды кейіннен Ә.Тәжібаев.

Әбділда ақынның шығармашылығын әшкерелеу мұнымен тынбады. Оның «ұлтшылдығы», поэзиясында «таза лириканың» басымдығы саяси қырағы көздердің назарынан кейін де тыс қалған жоқ. Мысалы «Казахстанская правда» (9.VII.1937) газеті Тәжібаев «қалыпты шығармашылық ортадан қол үзіп, айналасына контрреволюцияшыл ұлтшыл достарын (Қоңыратбаев, Уәлиахметов) жинады; бүгінгі күн тақырыбына мән бермей, «таза» лирикамен айналысты» деп жазды. Бұл әрине, сол кез үшін партиялық баспасөз бетінде ақынға қойылған ресми айыптау да болатын.

«Қазақ әдебиеті» газеті тамыздың 13-індегі «Әдебиеттегі троцкист-бухариншіл ұлтшыл-фашист зиянкестерін жеріне жете құрту керек» деп аталған редакциялық сойқанды мақаласында да Сәкен бастаған бір топ жазушылармен бірге «Тәжібаев соңғы кезге шейін Уәлиахметов, Қоңыратбаев сықылды тап жауларымен байланысы болып келген», «Тәжібаев өзінің соңғы өлеңдерінде «Анама», «Жолдасқа», «Құшағыма кірді күнім» тағы басқаларда барып тұрған теріс пікірді жырлаған» деп жазғырды. Ал бұл кезде осындай материалдар негізінде қайраткерлерінің алды ұстала да бастаған болатын.

Сөйтіп, Әбділда ақын 1937 жылы ақындықтың осындай қатал да қауіпті «саяси сабағын» алды. Бұл «сабақтардың» оның бұдан былайғы шығармашылығына әсер етпей қоймағандығын да көреміз. Сондықтан да болса керек, оның қаламынан 1937 жылы емес, 1960 жылы мынадай жолдар жазылыпты.

«Буржуазияшыл-ұлтшыл жазушылардың ішінде ерекше көзге көрінген, ақындық таланты мен өнерін түгел байшылдыққа жұмсаған Мағжан Жұмабаев... Мағжанның да «ұлттым», «қазағым», «халқым» деген сөздері аз емес, «жерім», «көлім», «елімдерді» де көп ұйқастырған. Бірақ, Абай сынап, шенеген міндерді ол бір өлеңінде де көрген емес... Мағжан жырларынан Абай айтатын жылап жүріп бай баласын жұбататын жалшы ұлын көрмейміз...

Шынына келгенде, Мағжан лирикасында саналы жастарымызды еріксіз үйіріп әкелетердей «құдірет» ешуақытта болған емес. Орыс әдебиеті тарихын білетін оқушыларға Мағжан поэзиясындағы лас ұлтшылдық пен буржуазияшылдық идеологияның түп тамырын шауып көрсету оп-онай. Мағжанның еңбекші халыққа, революцияға көріне көзге жауыға жазғандарын былай қойғанда, оның лирикасындағы өмір, әйел, табиғат туралы «нәзіктеп» жазғандары да түршігу, жеркенуден басқа әсер ете алмайды, шірік символизмнің қазақ әдебиетіндегі бір көрінісі екенін жасыра алмайды. Біздіңше, Мағжан лирикаларының барлық мерезін пышақтап көрсету керек те, оның жұқпалы, зиянды «күштерін» әшкерелеу керек. Бұл әдебиетіміздің тарихы үшін де, болашағы үшін де қажет»⁴¹⁰.

Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев сынды ардагер ақын-жазушыларымыздың шығармашылықтары туралы осындай пікірлерді тек Тәжібаев ғана емес, күні кешеге дейін ақ басты академиктерімізден бастап мектептегі балаға дейін айтып келгендігі, түрлі оқулықтардан бастап ғылыми монографияларға, энциклопедияларға дейін жазып жүргендігі де өмірдің ащы шындығы.

Енді тура осыдан отыз жылдан соң Ә.Тәжібаев Мағжан хақындағы бұрын айтқан қате пікірлеріне тоқтала келіп: «Бұл менің де, мені тәрбиелеп сөйлеткен ағаларымның да тарих алдындағы кешірілмейтін күнәсі еді» деп, ақын рухының алдына бас иеді. Бұрын Мағжан поэзиясының «ұлтшылдық» сипатын ашқан болса, енді басқаша қырынан келеді:

⁴⁰⁹ Тәжібаев Әбділда. Жылдар, ойлар. А., 1976, 101-бет.

⁴¹⁰ Тәжібаев Әбділда. Өмір және поэзия. А., 1960, 46-48-беттер.

«Мағжан жүрегіндегі халқына деген махаббат оның поэзиясынан ерекше орын алады. Ол езу көрген, қорғансыздыққа ұшыраған, күйзелу үстіндегі халықты қанша аяса да, жаралы жанның ыңыранған ауыр күйін суреттесе де, халықты бейшаралыққа айналдырмайды. Ол жырлаған халық-тағдырына қол қусырған, жерге ғана үнілген, аяғының астынан арғыны көрмейтін, титығы жеткен мүсәпір халық емес. Мағжан поэзиясында үнемі ой үстінде, қимыл үстінде көрінетін халық бар. Кең даладағы шапқан ат, ат құлағында ойнаған, асаумен алысқан, сағыныштарын ән-күймен түсіндіретін, жасыл даласын, жайқалған орманын, көл-дариясын сүйетін халық бар. Адам мен жер – Мағжан поэзиясының ең күшті халықтық рухы. Халық ата-мекенін қалай сүйсе, Мағжан да солай сүйген.

...Мағжан культурасының биіктігі бүгін де оқшау тұр. Көп өлеңдерінде-ақ Мағжан өзі бір жанып тұрған жарық сияқты... Ұлы Октябрь революциясының әкелген бостандығын халқымен бірдей қабылдағанын Мағжан Жұмабаев бар даусыммен өз жырына айналдырып сөйледі. Революцияның қызыл жалауын жыр майданда көтерді»⁴¹¹.

Иә, заман да өзгереді. Заманмен бірге адам да өзгереді. Қайткенмен де заман өз дегенін істетпей қоймайды; өйткені адам да белгілі бір заманда өмір сүріп, одан тысқары бола алмайды. Осы тұрғыдан келгенде қалай десек те, өмірі өксікпен өткен Мағжан ақын хақындағы екі ұдай пікірдің Ә.Тәжібаев қаламынан шыққан шындық екенін мойындаумен бірге түрлі замандардың да рухы есіп тұрғандығын еске ұстаған жөн. Ә.Тәжібаев та өз заманының түлегі. Не көрсе де заманымен бірге көрді. Заманымен бірге адасты. Заман түзелгенде алғашқылардың қатарында айғайлап шығып, өткенде жіберілген қателіктерді жөндеуге шақырды.

ҚазАПП-тың әдебиетке басшылығы кезінде «саяси қырағылық танытуда» едәуір тәжірибелер жинақталған Жазушылар одағында «әшкерелеу» істері бірден қолға алынды. Жазушылар одағының түрлі жиындарында қаламгерлер арасындағы түрлі жағ элементтерді анықтау барынша жүргізілді. Сол кездегі Қазақстанның саяси-әлеуметтік өмірінде «әшкерленген» «қожановшылдық», «садуақасовшылдық», «меңдешовшілдік», «сейфуллиншілдік» сияқты жіктердің қайсысына қай жазушының жататындығын «тексеріп» жатты. Кей жазушылар осы «аса маңызды саяси науқанда» шын мәнінде, «белсенділік танытты» ал енді біреулері басын аман алып қалу үшін түрлі амалдарға барды. «Қорғаныстың мықты тәсілі – шабуыл» дегендей, көптеген көрнекті қайраткерлерінің өздері де әдебиеттегі халық жауларын анықтауға белсене кірісіп кетті. Сол кездегі баспасөз беттерінен бірсыпыра жазушыларымыздың қазақ әдебиетіндегі «зиянды қалдықтарға» қарсы жазған мақалалары шықты. Жеке адамға табынушылықтың салдарынан ұлттық әдебиетіміздің көрнекті қайраткерлерінің қаншалықты тағдырдың тәлкегіне түскеніне, кетпестей қара күйе жағып, кейінгі ұрпақтың көзіне құбыжық етіп көрсетуге тырысқанына, зорлық-зомбылықтың құрбаны болғандығына көзіңіз жеткендей болады.

Сөйтіп, әдеби пікір таластар әдебиеттегі «ұлтшылдықты» анықтауға ұласты. Қай-қайдағы «жапон империализмінің», «герман фашизмінің» «шпиондары» шыға бастады. Жекелеген кітаптардан, жазушылардың шығармаларынан «тырнақ астынан кір іздегендей», артық-кем нәрселерді тауып алып, қырағылықтың үлгісін көрсетіп жатты. Мысалы, 1936 жылы Қазиздат басып шығарған Бейімбеттің «Ел мектебі» деген пьесасының ішінде халық дұшпаны, жауыз Троцкийдің жексұрын атының жүруі, оны көре тұра редактор Әлібаевтың баспаға жіберуі барып тұрған контрабандалық. «Ел мектебіндегі» қате әлдеқалай, жеңіл-желпі қате емес, ірі қате. Ол пьесада халықтың дұшпаны Троцкийдің аты Лениннің атымен қатар жазылады» («Қазақ әдебиеті», 1937, көкектің 9-ы) деп «жерден жеті қоян тапқандай» болады. Бір ғана Троцкий деген сөздің пьесада кездесуінің өзінен екі бірдей азамат саяси қылмыскер болып шыға келген. «Ел мектебінің» ішіндегі бас геройы мұғалім, оның ішінде революцияның ешбір белгісі жоқ» деген айыптау да сол кезге ғана тән болатын. Жазушылар одағының органы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған осы бас мақаладан кейін Б.Майлиннің аты «әшкерелегіш» мақалалардың барлығында дерлік, «ежелгі халық жауларының» қатарында жүреді.

Жазушылар одағының халық жауларын анықтауға арналған түрлі жиналыстарында алдымен Б.Майлиннің аты аталды. Мысалы, маусымның соңына қарай өткен партия жиналысында негізінен Бейімбеттің шығармаларындағы «жат сарындар» сыналды. «Майлин өз қателерін тексере келіп, жоғарыда көрсетілген фактілерді жиылыста мойнына алды» («Социалистік

⁴¹¹ Жұмабаев Мағжан. Шығармалары. А., 1989, 6, 11, 12-беттер.

Қазақстан», 28.VI.1937). Іс мұнымен тынған жоқ. Жазушыны айыптап қаралаған пікірлер республикалық газет-журналдардың беттерінде бірінен-бірі асып-түсіп жатты: «Дандайсып, өзімшілдікке бой ұрып, ескі, зиянды нәрселерді жинап, қайта бастырған Майлин жолдастың да баттиған қателері контрреволюцияшыл ұлтшыл элементтерге таптырмайтын жәрдем болды» («Социалды Қазақстан», 1937, тамыздың 29-ы).

Майлиннің «Шұғаның белгісі», тағы Алаш ордаға әдейі трибуна беретін толып жатқан «пьесалары» да сол ескілікті мадақтауға құрылған, жауыздық ниетпен жазылған шығармалар» («Әдебиет майданы», 1937, №7, 5-бет).

Тіпті оны «Майлин Бейімбет жолдас өзінің қателерін мойындағанмен, оның себептерін жете ашқысы келмейді» («Қазақ әдебиеті», 1937, шілденің 14-і) деп кінәлады.

1937 жылғы қазақ газет-журналдарының беттерін парақтап отырғанда жыл басында басталған «әшкерелеу» жұмыстарының шамамен маусым айынан бастап тіптен ушыға бастағаны көрінеді. Осыған дейінгі мақалалар сынау, «әшкерелеу» сипатында болса, енді «халық жауларын» жою керектігі айтыла бастады. Бұрын «қырағылықты күшейтейік», «өзара сынды өрістетейік», «халық жауларын әшкерелейік» деп келсе, енді «Көркем әдебиеттегі ұлтшыл-фашистердің зиянкестігін түп тамырымен құртайық» («Әдебиет майданы», 1937. №3), «Қазақ әдебиетіндегі авербакшылдықтың қалдығын толық жою керек» («Социалды Қазақстан», 1937, тамыздың 29-ы), «Совет жазушыларының қатарында жат элементтерге орын жоқ» («Социалды Қазақстан», 1937, шілденің 4-і), «Әдебиеттегі троцкист-бухариншыл ұлтшыл-фашист зиянкестерін жеріне жете құрту керек» («Қазақ әдебиеті», 1937, тамыздың 13-і), «Барып тұрған зиянды контрабанды» («Қазақ әдебиеті» 1937, шілденің 30-ы), «Жастарға теріс идея беретін кітаптың түкке де керегі жоқ» («Қазақ әдебиеті», 1937, тамыздың 31-і), «Жазушылар ұйымындағы ұлтшыл-фашист жаулардың зиянды зардабын біржола құртайық» («Қазақ әдебиеті», 1937, қазанның 8-і) деген сияқты тақырыптармен ызғарын шашып, үкімін шығара келді. «Халық жауы», «тап жауы», «буржуазияшыл-ұлтшыл» «ұлтшыл-фашистер», «фашистік диверсант», «фашист-күшіктер», «банды», «контрабанды» «жалдамалы төбеттер», «арамзалар», «сұрқиялар», «сүмелектер», «сұмырайлар», «кісі өлтіргіш сұмдар», «ұлтшыл элемент», «жат элемент», «ауыз жаласқан», «алашорда төбеттері», «фашист күшіктері», «ежелгі жау», «алашорданың сұрқия, зұлым шпиондары», «ала аяқ агенттер», «алашордшыл агент», «пантюркистік контрреволюция», «екі жүзді ... нәлет», «аферистер», «жарамсақ құйыршықтар», «контрреволюцияшыл», «зиянкестер», «ұлтшылдық уы», «есуастық», «зұлым иттер», «бандит», «баскесерлер» сияқты сұсты сөздер жазушыларға қарғыс таңбасы болып басылып, жиналыстардағы, баспасөз бетіндегі үйреншікті «әшкерелегіш терминдерге» айналды.

Қазақ жазушыларының ішінде Б.Майлин «халықтың дұшпаны Троцкийдің атын Лениннің атымен қатар жазғандығы» үшін «алашордашыл-ұлтшыл» ақын-жазушылардан кейін алғашқылардың қатарында әшкереленсе, іле-шала С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов сияқты басты жазушыларды да «қолға алды». С.Сейфуллинді алдында көкектің 5–7-сі күндері өткен жазушылардың жиналысына келмеді деп сынады: «Жиналысқа Сәкен, Ілияс сықылды ірі жазушылар қатынаспады, әрине, бұл сияқты ірі жазушылар жиналысқа келіп, өздерінің кемшіліктерін өздері жұрт алдында айтып, кемшіліктерді жөндеу ретінде сөйлеп, жұртқа мұрындық болып, өзара белсене қатынасудың орнына, үйлерінде жатып алды» («Қазақ әдебиеті», 20.VI.1937). Ә.Тәжібаев: «Сәкеннің «Домбыра» атты жинағы конфисқаланды... Сәкен бұл қатесін айтуы керек еді, Ол да жұмған аузын ашқан жоқ» («Социалистік Қазақстан», 24.IV.1937) деп жазғырды. Осы сындардан кейін С.Сейфуллин көкектің 11-інде болған Жазушылар Одағы бастауыш партия ұйымының есеп беру сайлау жиналысына қатынасып, сөз сөйледі. Сонда да («Социалистік Қазақстан», (15.IV.1937) «Жиналыстың аяғында сөйлеген Сәкен жолдас болды. Сәкен жолдастың осы күнге дейін өз кемшілігін көре алмай келе жатқаны бұл сөзінен толық айқындалды» деп жазды.

«Социалистік Қазақстан» газетінің маусымның 28-і мен шілденің 6, 8-і күнгі сандарындағы жазушылар ұйымын сынап жазған мақалаларды талқылауға арналған партия жиналысында С.Сейфуллин бұрынғы «сындардан» қорытынды шығарып, сынап сөз сөйлеуге мәжбүр болады. «Сейфуллин жолдас Мұқановтың ірі қателерін, оның тап жауларымен байланысы күшті екендігін дәлелдеді. Жұмабаевты, Айсаринды ұйымға алуға күш салғандығын айтты». «Ал менің негізгі қатем Мұқановтың осындай либералдығына, тап жауларына іш тартатындығына

қарсы болуын болсам да, сол қарсылығымды өзіне айтудан әрі, осындай кейбір мәжілістерде айтудан әрі ұзақ кете алмадым, тиісті жерлердің алдына мәселе қоя алмадым» деп, «қателіктерін» мойындайды. С.Мұқановты жазушылар ұйымының басшысы ретінде сынаған болады. Бірақ, С.Сейфуллиннің бұл әрекеттерінің оның аман қалуына септігі тимейді. Оны «ұлтшыл», «халық жауы» деп кінәлаған мақалалар қаптап кетті.

«Ұлтшыл-фашист Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», «Домбырасы» т.б. жауды мадақтаған, өзін мадақтаған контрреволюциялық «шығармаларын» әлгі сияқты сұрқиялық әдіспен бастырған». «Ұлтшыл-фашист Сейфуллин көркем әдебиетте Хлестаков әдісімен өзін-өзі мадақтап, өзін-өзі революция үшін еңбек сіңірген адам етіп көрсетті. Өзіне қолдан «бедел» жасап алып «Тар жол, тайғақ кешу» сияқты шірік «шығармаларында» қара жүзді халық жаулары, өзінің достары Рысқұловты, Нұрмақовты, Сәдуақасовты, Асылбековтерді революция үшін «күрескен» адам етіп көрсетті» («Әдебиет майданы», 1937, №7, 3–5 беттер).

Т.Елеуов «Қазақстан Жазушылар Одағындағы жағдай жайлы» деген «Казахстанская правда» газетінде басылған мақаласында С.Сейфуллинді қазақ әдебиетіндегі пантюркистік бағыттың басшысы деуге дейін барды. Ақынның А.Байтұрсынов елуге толғанда соған арнап мақала жазуын саяси қателік ретінде бетіне баса отырып: «С.Сейфуллиннің ұлтшылдық көзқарастары кезінде троцкийшілдермен ұштасып жатты» («Казахстанская правда» 9.VII.1937), деп айыптайды. Ал ол кез үшін «троцкизмнің әсерінде болды» деу «кеңес үкіметіне қарсы» дегенмен барабар болатын.

Сәкен Сейфуллин бастаған жазушыларды әшкерелеп «Казахстанская правда» газеті көлемді редакциялық мақала жазды. Қазақстан өлкелік партия комитетінің органында жазылған, кейіннен осында аттары аталған жазушылардың тағдырын шешуде басты құжаттардың бірі болған материалдан үзінділерді сол күйінде келтірейік. «Ұлтшыл-фашист жексұрындар жалған сөзді жамылып, байшыл ортағасырларды барынша жырлады, алашордашылардың қазақ даласының өзіндік болмысы, байшыл қанаудың игілікті рөлі төңкеріске дейінгі қазақ ауылында тап күресі болды-мыс деген сияқты идеяларын қолдады» дей келіп, әсіресе С.Сейфуллинге айрықша шүйлігеді.

«Бұл жерде алдымен жазушы Сәкен Сейфуллинге тоқталып өту маңызды. С.Сейфуллиннің есімі Қазақстанның партия ұйымы талқандауға көп күш жұмсауына тура келген Сейфуллиннің антипартиялық ұлтшыл тобымен байланысты екендігі әркімге аян».

«Осыдан бірнеше ай бұрын ол «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи романын қайта бастырып шығарды. Онда ол өзін қаһарман етіп көрсетіп, контрреволюцияшыл алашордашылардың көптеген құжаттарын келтіріп, халық жауларының бейнесін жасаған. Өзінше дүшпан энциклопедиясы» («Казахстанская правда», 1937, қыркүйектің 16-сы).

«Ұлтшыл-фашист сұмырайларды Жазушылар Одағынан түп тамырымен құртайық» деп аталатын бұл мақалада Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» романымен бірге «Қызыл сұңқарлар» пьесасы да қазақ халқының Азамат соғысы кезіндегі ерлік күресін бұрмалап көрсетті, қазақ халқының бостандық жолындағы күресіндегі орыс пролетариатының басшылық рөліне күйе жағылған деп сыналған. Романында Троцкийдің, Зиновьевтің аттары аталған деп айыпталған. Қазір Сейфуллиннің жігі Жазушылар Одағында іріткі жұмыстарын жүргізіп жатыр, ал оған басқарма бастығы С.Мұқановтың өзі болып ешқандай шара қолданбай отыр деп, одақ басшыларын түгелдей сынаған. Мақалада «фашист жалдамалылары» «бандит» Ғ.Тоғжанов пен «ұлтшыл-фашист» І.Жансүгіровтің, «халық жауы» Тәтімөвтің, М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің де жіберген қателіктері «ашылған».

«Осы мақалаларды оқып, іштей күйінген Сәкен Левон Исаевич Мирзоянға барады. «Орталық партия комитетінің екі бірдей органы қара күйе жала жауып, қара аспанды үйіп отыр. Левон Исаевич, бұл не қастандық?» дегенде Л.Мирзоян: «Өзім де қайранмын, іс ырықтан шығып барады», деп дәрменсіздігін мойындайды, оған салса Сәкенге тағар еш айып жоғын айтады⁴¹².

Бұл айтылғандардың барлығы да отыз жетінші жылдың оқиғалары. Ал Сәкеннің басына қара бұлт бұдан ертрек үйріле бастаған болатын. 1936 жылы ақпан айында Минскіде өткен КСРО Жазушылар Одағының пленумында Ф.Березовский жарыссөзде сөйлеп, қазақ әдебиетінің жай-күйі жайлы тоқталады. Көрнекті қазақ жазушылары туралы айта келіп, Сәкен хақында:

⁴¹² Базарбаев М. «Теңдік, бақыт, әділдік орнаталық». «Өркен», 1989, желтоқсанның 23-і.

«...Бірақ Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы мен бірқатар шығармаларында троцкизмге жақын саяси қателіктер жіберілді. Қазіргі уақытта Сейфуллин бұл қателіктерінен арылды» деп қалады. Бұл сөздерді пленумның құрметті президиумында отырған ішкі істер наркомы Ежов та естіген болатын. «Айтылған сөз атылған оқ. Пленумда сыналғандардың ішінде «троцкизм» деген балама тек қана Сәкенге таңылды. Ашынған ақынның қолына қалам алған уақыты халық жауларын әшкерелеуге кіріскен сталинизмнің көп актылы трагедиялық спектаклінің қара шымылдығы ашылып, еліміздің қоғамдық өміріне антилениндік науқанның еңдей енген тұсы болатын»⁴¹³.

Бұл кезде КСРО Жазушылар одағының басқармасы да қарап жатпаған. Ұлт жазушылары туралы түрлі мәліметтер жинала бастаған болатын. Соның бірі Мәскеуден арнайы тапсырмамен келген белгісіз автордың жазбасы қаңтар айының ішінде-ақ одақтық жазушылар басқармасына жөнелтілді. Онда мынадай сөздер жазылған еді:

«...Өткен жылдың аяғында Сейфуллин «Қызыл сұңқарлар» пьесасын қайтадан өңдеп шықты. Бұл пьесаның осы жаңа нұсқасы Қазақ драма театрында қойылды. Мен үшінші қойылымында болдым. Бірақ төртінші қойылымында болмадым. «Батырларға» қатысты жай қайталанып, Сейфуллин жолдастың пьесасы Қазақ ССР-інің Халық Комиссарлар Саветінің жанындағы Көркемөнер істері жөніндегі басқарманың ерекше қаулысымен репертуардан түсіп қалды. Істің мәні неде? Пьесаның жолма-жол аудармасы мен Қазақстандағы белді қызметкерлердің пікірінен түйгенім, драматургтің қателіктері төмендегідей:

1. Пьесада қазақ халқының революциялық тарихы бұрмаланып көрсетілген. Пьесаға жүгінсек, Қазақстандағы революциялық қозғалысқа қазақ интеллигенті басшылық жасаған. Ол пьесада орыс жұмысшысы мен неміс эмигрантына және украинға ақыл үйретеді. Қазақстандағы революциялық оқиғалардың барысындағы орыс пролетариаты мен большевиктік партияның рөлі боямаланған.

2. Қазақ большевиктері тарихи деректерге кереғар «койдан жуас» болып көрсетілген, байлармен дос болып жүр.

3. Пьесада революционерлердің бейнесіне кір келтіріп, төмендететін порнографиялық тұстар бар.

4. Пьесада қазақ классигі Абай байлар мен болыстардың ақыны болып суреттеледі.

5. Ең соңында пьесаның кердендеген «сверх-геройы»... Сейфуллин жолдастың өзі болып шықты. Пьесада ол тіпті, Сейфуллин жолдастың өзіндей болып гримделіп, Сейфуллин жолдастың өлеңдерін оқиды.

«Батырлардың» авторы сияқты Сейфуллин жолдас мен қайтқанға дейін (осы жылдың 1 қаңтарына дейін) не ауызша, не баспа бетінде жазбаша түрде жауап берген жоқ. Бұл, әрине, жазушы жастарға теріс үлгі береді» (сонда).

Бұл жолдарға түсініктемелердің қажеті жоқ сияқты. Ой көзімен аңғарып оқыған оқырман көп нәрсенің байыбына барғандай. Мақалада сол 1936 жылдың өзінде-ақ «қателіктерді» (кемшіліктерді емес) ашу жұмыстарына қанағаттанбағандық білдірген: «...Қазақстанда сыни мақалалар сирек. Болған күннің өзінде жазушының жазушы туралы (Сейфуллин туралы Мұқановтың мақаласы), немесе қызмет бабына байланысты жазылған (мысалы, Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлары» жайындағы Тоғжановтың мақаласы) пікір болып келеді».

КСРО халықтары әдебиетінің «маманы» И.Анур (шын аты-жөні Аршалуйс Михайлович Аршаруни) 1937 жылы одақтық жазушылар ұйымының басқармасына Қазақстан қаламгерлерін «әшкерелеген» баяндауын түсірді. Онда С.Сейфуллин туралы: «Міне, Қазақстан Жазушылар Одағының тағы бір басшысы Сәкен Сейфуллин. Ұзақ жылдар бойы Сейфуллин әдебиетші ретінде көптеген дөрекі саяси қателіктер жіберді. Төнкерістің алғашқы жылдарында Сейфуллин «сейфуллиншілік» деп аталған қазақ әдебиетіндегі ұлтшыл топты басқарады. Автордың осындай көңіл-күйін білдіретін оның «Азия Европаға» (1922) атты өлеңі болды».

«Алашорда қасқыры Байтұрсынұвтың мақтауы бойынша, Сейфуллин Қазақстан Жазушылар Одағының председателімен бәсекеге түсе алады» (сонда) деген жолдарды оқимыз. Мұның барлығы да Сәкенге қарсы ашық шабуылға шығар алдында жүргізіп жатқан жасырын дайындықтары болатын. С.Сейфуллин туралы қара ниетті жоспар алдын ала жоғарғы жақта жасалынғанымен де, оны сценарий бойынша бірден жүзеге асыру оңайға түскен жоқ. Бүкіл

⁴¹³ Құлахметов Ғ. Біз білмейтін Сәкен. «Арай», 1989, №12, 5-бет

1936 жылдың өн бойында, 1937 жылдың алғашқы жартысында жүргізілген аңдушылық, «тырнақ астынан кір іздеушілік», жала жабушылық жұмыстардың нәтижесінде ғана оны қаралауға «айғақтар» табылды.

С.Сейфуллин қыркүйектің 27-сінде «халық жауы» ретінде қамалды. Оның ұсталуына сол кезде баспасөз бетінде жарияланған «әшкерелегіш» мақалалармен бірге Қарағандыда өткен сот процесінің де тікелей әсері болды. Бұл сотта А.Асылбеков, С.Нұрсейітов, М.Ғатаулин, А.Ізбасаров, М.Ордабаев, Ф.Шамсутдинов, Д.Баймулдиндердің «жасырын ұйымының» ісі қаралып, қылмысты деп табылып, «халық жауы» ретінде атылуға үкім шығарылды. Соттың «айыптау қорытындысында» бұл топ директиваны С.Сейфуллин мен Ж.Садуақасовтан алып тұрған деп көрсетілді. Осы айыптаудан кейін-ақ Сәкеннің «халық жауы» екендігінде күмән қалмаған еді. Бұрынғы мақалаларда оның шығармашылығына сын айту басым болса, енді қылмыскер ретінде қаралауға көшті: «Октябрь революциясының нұрлы сәулесімен жаңарып қайта туған қазақ халқының өркендеп өскен қазақ совет әдебиетіндегі және Қазақстан Жазушылар ұйымындағы ұлтшыл-фашист халық жаулары Тоғжанов, Жансүгіров, Сейфуллиндер бет пердесі сыпырылып, әшкереленгенге шейін партияға қарсы өздерінің қара ниеттігімен жаулық, ұлтшылдық фашистік істерін істеуге тырысып келген зиянкестік зардабы аз болған жоқ... Олар өсіп, өрбіп келе жатқан совет әдебиетіне бөгет жасамақшы болды, жас жазушыларды өсірмей, қақпайлап отыруға тырысты» («Қазақ әдебиеті», 8.X.1937).

«Жауыз фашист ұлтшыл Сейфуллин, Жансүгіровтердің қазақ әдебиетіндегі зиянкестік істерінің бастылары қазақ совет әдебиетінің тематикасын тайыздату, жаңа совет темасын жазбай, ескі хан, билер билеген заманды мадақтап, соны дәріптеу («Көкшетау», «Құлагер»), тағы басқалар» («Қазақ әдебиеті», 26.I.1938).

«Егерде Жүргеновтер, Тоғжановтар, Сейфуллиндер мәдениет, көркемөнер майданында зиянкестіктерін істеуге мүмкіндік алмаса, егерде фашистік жендеттер бұл майдандағы басшы қызметкерлердің есуастық ауруы мен саяси бейқамдығынан көркем өнерде, әдебиетте жауапты орындарға кіріп кетуіне мүмкіндік берілмесе, халық творчествосының олимпиадасын көркемөнердің бұдан да орасан өскендігін көрсетумен өткізген болар едік» («Қазақ әдебиеті» 15.X.1937).

Сөйтіп, Қазақстанда кеңес үкіметін құруда «тар жол, тайғақ кешулерден» өткен белгілі революционер, қоғам қайраткері, жаңа тұрпаттағы әдебиеттің басында тұрған қарымды қаламгер С.Сейфуллинге кесірлі кезеңнің қара күйесі кетпестей жағылып, тарихтың тастандысына айналды. Кейінгі ұрпақтың ардагер азаматтың шын келбетімен танысуы ширек ғасыр уақытқа кейін шегерілді.

Қазақ поэзиясының «құлагері» І.Жансүгіровке де «ұлтшылдықтың» қара күйесі барынша жағылып жатты. Сәкен сияқты, Ілиясты да алғашында «жиналыстарға қатыспайды, «халық жауларын» әшкерелеуге араласпайды» деп сынады. Ол да Жазушылар Одағы партия ұйымының жиналысында сөз сөйлеп, шығармаларында жіберген «саяси қателерін» мойындаған; одақ басшысы С.Мұқановтың атына сын айтқан болды. «Ал ұйымының басшысы Мұқанов болса, ол либералдың либералы болып алды» («Социалистік Қазақстан», 16.VII.1937) дегеннен арыға бармады. «Сен ұлтшылсың» деп, ешкімнің көзін шұқыған жоқ. Сол себепті де сырын жасырған жау ретінде Жансүгіровті «әшкерелеу» де барынша жүргізілді. Жансүгіровтің «халық жауы» екендігін анықтауда «Социалистік Қазақстан» газетінде шілденің 8-індегі санында жарияланған «Жинақтар» туралы, немесе алашордашыл контрабанданың тағы бір түрі туралы» атты редакциялық мақала айрықша рөл атқарды. Мұнда М.Әуезов, С.Мұқанов шығармаларымен бірге Ілиястың 1933 жылы жарық көрген толық жинағы І томының «зиянды» екендігі барынша дәлелденді. Оның басты кінәсі кеңес өмірін жырламайтындығын айта келіп: «Жансүгіровтің өлеңдерінде бұдан да сорақы нәрселер бар. «Жалау» деген өлеңінде, Әуезовтің әңгімелеріндегідей, ескі феодалдық ауылды көкsep, арман қылады» деп, пікіріне дәлел келтірген. Мақалада тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде «Қысқасы, бұл сияқты зиянды ұлтшыл контрабанданың осы уақытқа дейін конфискеленбей, елімізде таралып жүргені әдебиет майданында сақтықты көтерген үстіне көтере түсудің керек екендігін көрсетеді. Большевиктік сынды, өзара сынды барынша өрістете отырып, әдебиет майданында алашордашыл контрабандаға жол бермеуді» ұсынады.

І.Жансүгіровтің поэзиясындағы ұлттық сипаттарды «ұлтшылдық» деп айыптаған бірсыпыра мақалалар бой көрсетті. Енді соларда айтылған кейбір пікірлерге ой жүгіртейік:

«Ұлтшыл фашист Жансүгіров, Майлиндер де өздерінің қара ниетпен жазған зиянды «шығармаларын» екіжүзділік шірік әдістерімен еркін бастырып отырды. Өздерін қазақ совет әдебиетінің классигі етіп көрсетуге тырысқан. «Илиястың «Дала», «Күйші», «Құлагер», «Жолдастары» ескілікті мадақтаға арналған, ескіліктің бүкіл жауыздығын «сыпайышылап», жіңішкелеп алып келіп бүгінгі жұртшылықтың алдына үлгі етіп тартқан» («Әдебиет майданы», 1937. №7. 4-бет).

Жансүгіровтің оқуға, өнер-білімге шақырған өлеңдеріндегі «пікірлерінің» түп-тамыры орыстың ағартушы-халықшылдарының пікіріне байланысады. Екіншіден, қазақ ұлтшылдары революциядан бұрын және кейін де қазақ елін таза мәдениет жолымен жетілдіміз, күрестің нағыз өзі мәдениет үшін болуы керек дегенсіп, қазақ халқына жаулығын істеген, қазақ халқының сұмырай жаулары Бөкейхановтар, Байтұрсыновтардың «мәдени автономиясы» да осылай болатын».

«Жансүгіровтің өлеңдерінде бұдан да сорақы нәрселер бар. «Жалау» деген өлеңінде Әуезовтің әңгімелеріндегідей ескі феодалдық ауылды көксеп, арман қылады» («Социалистік Қазақстан», 8.VII.1937).

«Жинақтың» (1933 жылы шыққан толық жинағының II томы, Д.Ы.) ішіне ерте кезде ұлтшылдық идеологиясында жазған «Мерген мен Бөкен» әңгімесін кіргізіп, Жансүгіров қазақ еңбекшілеріне совет үкіметін жамандап, құбыжық етіп көрсетеді».

«Жинақтың тағы осы 14-ші бетінде» жұмысшыларда қазір жұмыс қайғысынан нан қайғысы көбейді. Өшірет. Нан кейде бар, кейде жоқ» дейді. Совет елінің жұмысшылары, олар нанға жарымады деген сөзді біз Жансүгіровтен ғана естіп жүрміз. Бұ да шындыққа жатпайды, совет үкіметіне клевета жасайтын, бұғып жүріп өтірік-өсек тарататын тап жауларының ғана айтатын сөзі».

«Бұл кітап оқушыларымызға ешбір пайда бермейді, пайда беру былай тұрсын, оқушыны теріс пікірге – алашордашыл контрреволюциялық идеяға қарай тартады. Мұнымен қатар партиямызға жау элементтерге құрал болатын жинақ» («Қазақ әдебиеті», 1937, шілденің 30-ы).

«Тоғжанов және оның үйіріндегі Жансүгіров сықылды халық жаулары Абербах бандысының қазақ әдебиетіндегі агенттері болды. Бұлар қазақ совет әдебиетінің өркендеуіне бөгет жасау үшін жазушылар арасындағы ылғи жікшілдікті қоздырып, іріткі салып отырды. Совет жазушыларының, әсіресе жас жазушылардың соңынан түсіп ластауға, тұқыртып өсірмеуге тырысты» («Социалистік Қазақстан», 1937, тамыздың 29-ы).

«Халық жаулары, фашизмнің қарғылы төбеттері шаруашылық, мәдениет құрылысымыздың бір ғана бөлігіне зиян жасап қойған жоқ, олар өздерінің екіжүзділік сұрқиялығын пайдаланып әр жерге-ақ қанат жайғысы келді. Олардың сұр күшіктері Тоғжанов, Жансүгіровтер осы күнге дейін көркем әдебиет майданында орын алып келді» («Қазақ әдебиеті», 1937, тамыздың 31-і).

Міне, осындай «кінәлары» қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі – І.Жансүгіровке саяси айып болып тағылып, жазықсыз жазаға ұшырады. Қамауда отырғанда артынан баласы Болатын алып іздеп келген әйеліне: «Балам жазушы болып жазықсыз жаза тартқанша етікші болып еркін өмір сүрсін» («Жұлдыз», 1988, №8, 104-бет), деген сөздерінен зорлықшыл саясатқа айтылған ақынның қарсылығын да, қарғысын да көргендей боламыз.

Жазушылар арасындағы «жат элементтерді» әшкерелеуде «Социалистік Қазақстан» газеті «белсенділік» пен «қырағылық» танытып, сынаудың үлгісін көрсетіп отырды. Газет бетінде М.Ақынжановтың «Алашордашыл бір контрабанда туралы» (1937, шілденің 4-і), Ә.Тәжібаевтың «Большевиктік өзара сын, сапалы шығармалар керек» (1937, көкектің 24-і) М.Қаратаевтың «Жазушылар ұйымы жаңа міндеттер алдында», «Қазақ әдебиетіндегі авербаховшылдықтың қалдығын толық жою керек» (1937, тамыздың 29-ы), редакцияның атынан «Өзара сынды мейлінше күшейтейік» (1937, көкектің 1-і), «Жинақтар туралы, немесе алашордашыл контрабанданың тағы бір түрі туралы» (1937, шілденің 8-і) «Большевиктік өзара сынды өрістетейік» (1937, шілденің 16-сы), «Жазушылар ұйымында істен гөрі мылжың көп» («Социалистік Қазақстан», 1937, тамыздың 17-сі), «Жазушылар ұйымының жанындағы бастауыш партия ұйымында» (1937, қазанның 3-і), т.б. материалдар жарияланып, әдеби сынды саяси сынға айналдырып, саяси тұрғыдан қалай сынауға бағыт-бағдар беріп отырды. Ал «Жинақтар туралы, немесе алашордашыл контрабанданың тағы бір түрі туралы» сияқты мақалаларды «Қазақ әдебиеті» көшіріп басты. Бұларда әдеби пікір айтудан гөрі саяси үкім

шығару басым еді. Осы мақалаларда қазақ кеңес әдебиеті көрнекті қайраткерлерінің барлығына дерлік саяси кінә тағылды. Бәрі де «ұлтшыл», «алашордашыл» атанып, «халық жауы» болып шыға келді. Осыған көз жеткізу үшін сол мақалалардың өзін сөйлетейік:

«Жазушылар ұйымы тым жайбарақат жатыр. Бұған қарағанда жазушылар ұйымында бейқамдық күшті ме деген қауіп бар. Өйткені, жазушылар ұйымының жұмысында қате, кемшілік жоқ емес, қате де, кемшіліктер де бар. Бұл қателер мен кемшіліктерді енді аямай ашатын мезгіл жетті» («Социалистік Қазақстан», 1937, көкектің 10-ы).

«Советтер союзындағы жазушылар жұртшылығы мен искусство қыметкерлері өздерінің әдебиет, көркемөнер ұйымдарының жұмысын мықтап қайта құруға жұмыла кірісіп, араларынан жапон, герман фашистерінің агенттерін – троцкишіл, бухариншіл, ұлтшыл фашист бандыларды аластап қуып жатыр». «Қазақ халқының ежелгі жаулары – Байтұрсынов, Дулатов, Бөкейханов, Жұмабаевтардың ашықтан-ашық жас совет әдебиетін бөгеіп, оның кадрларын лаптап, үнін өшіргісі келген бұзық ниеттері жүзеге аспай қалған кезде, олардың жолына түсіп, әдебиеттегі партияның саясатына қарсы жанталасып күреске шығушылар – партияға алдап кірген Сәдуақасов, Смағұлов, Байдилдин, Тоғжанов сияқты алашорданың сүркія, зұлым шпиондары еді».

«Бірақ не керек, біздің коммунисттердің көбі біраз уақытқа дейін екі жүзді Тоғжанов нәлеттің осы контрреволюциялық ниетін көрмей, оның сыртын жылтыратып, ұлтшылдармен айтысқан болған жалған сөздеріне сеніп, алданып келді».

«Халық жаулары Тоғжанов, Жүргеновтердің әсіресе идеология майданында үлкен зиянкестіктер жүргізгені қазірде толық айқындалып отыр. Жазушылар ұйымында бастық болып отырғанда Тоғжанов өз айналасына өзі сияқты халық жауларын жинаған».

«Жазушылар ұйымында ескі қателіктерді толық ашып, ол қателіктерді жоюдың конкретті шарасын істеуден гөрі жалпы сөз көп».

«Герман фашизмінің Рысқұловшыл, Қожановшыл, Сәдуақасовшыл, Нұрмақовшыл шпион бандиттерін түп тамырымен құртайық» («Социалистік Қазақстан», 1937, тамыздың 17-сі).

Республикалық баспасөз бетінде әдебиет майданында «саяси қырағылықты» күшейтуге шақырған мақалалардың барлығында дерлік жазушылар ұйымының басшылығы, оның басшысы С.Мұқанов кінәланды. Жазушылар арасында «ұлтшылдықтың» таралуына сын мен өзара сын өз дәрежесінде емес екендігіне С.Мұқанов жауапты делінді. Көкектің 5-7-і күндері жазушылардың Алматы қалалық жиналысы болып өтті. Онда С.Мұқанов баяндама жасап, ұйым жұмысына тоқталады. Осы жиыннан «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» газеттері есеп жариялап, үшеуі де жиналыс өз дәрежесінде өтпеді, оған дәлел сын өз дәрежесінде болмады деген пікірлер білдірді. «Жиналысты өзара сынның орнын алмауына мұрындық болған Сәбиттің өзі» («Социалистік Қазақстан», 14.IV.1937). Ал, көкектің 11-і күні Одақта өткен бастауыш партия ұйымының есеп беру – сайлау «жиналысының дәрежесі өте төмен болды. Өзара сын, кемшілікті батыл ашу деген нашар болды», деп бағаланды («Социалистік Қазақстан», 15.IV.1937). Жазушылар одағының органы «Қазақ әдебиеті» газеті қаламгерлер арасында «өзара сын өте нашар, жұмыс өз деңгейінде емес» деп жазды (20.IV.1937).

Осындай сындардың қысымына ұшыраған С.Мұқанов қорытынды шығару мақсатымен сынның солақай сойылын алып іске кіріседі. «Казахстанская правда» (20.IV.1937) газетінде «Тарихи шешімнен кейін» деген әдеби ұйымдарды қайта құру туралы қаулының бес жылдығына арналған мақаласын жариялады. Қаулыдан кейінгі жетістіктерді айта келіп, негізінен жазушылар арасындағы «кемшіліктерді» сөз қылады. Оның басты себебі: «Саяси-тәрбие жұмыстары тіпті басты жазушылардың арасында да өте нашар. Елеулі қателіктер мен кемшіліктердің барлығы да осының салдарынан» деп көрсетеді. Мақалада Б.Майлиннің, С.Сейфуллиннің, И.Жансүгіровтің, Ғ.Мүсіреповтің, Қ.Әбдіқадыровтың, Ғ.Ормановтың, т.б. шығармаларындағы «қателіктер» сыналған. Әсіресе, Б.Майлиннің «Ауыл мектебіне» қатты шүйілген... онда қазақ ауыл күңгірт бояумен суреттеледі, пьесаға революцияға қарсы өлеңдер кіріп кеткен, «халық жаулары» марапатталады деген сындар айтылған. «Оның соңғы 3-4 жылдың көлемінде жазған пьесаларының барлығы да бүгінгі күн өміріне арналмаған» дейді. «Одақта С.Сейфуллин бастаған үлкен жазушылардың құрылған топ бар, оның ішінде өзім де бармын, сол топ ұйымның жақсы істеуіне де сын мен өзара сынның өрістеуіне де кедергі жасап отыр» дегендей пікірлер білдірді.

«Қазақ әдебиеті» мен «Әдебиет майданы» ірі саяси қателер жіберді. Осындай күйге «Адақандар» романын жазғанда мен де ұшырадым» деп өзінің шығармасын сынауды өзі бастады.

Маусым айының соңында тағы да жазушылардың партия жиналысы өтіп, онда ұйымдағы жағдай туралы С.Мұқанов баяндама жасайды. Осы жиыннан есепті «Социалистік Қазақстан» газеті «Қазақ жазушыларының арасындағы есуастық дерттерге қарсы» (28.VI.1937) деген атпен көлемді етіп басып шығарды. Мақалада партия жиналысында сын, өзара сын аз болды, жазушылардың арасындағы саяси кемшіліктер ашылмады деп кіналаушылық басым: «Жазушылар ұйымының жұмысындағы ірі-ірі саяси қателер туралы, жазушылар ұйымының күнделікті жұмысындағы сорақы кемшіліктер туралы Бейімбеттен басқа жазушылардың творчествосындағы кемшіліктер туралы баяндамада ешнәрсе айтпады». Баяндамада Б.Майлин шығармаларындағы «қателер» көп сыналса да басқа жазушылардың атын атап, дағтау жоқ. Бейімбеттің кітаптарымен бірге өзінің «Адақандар», «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» туындыларында кемшіліктер бар, «бірақ бұл кітаптар осы кезге шейін сөз болған емес» дейді. Солай десе де редакция оны «жазушылар ұйымының бастығы Мұқанов жолдас Майлиннің қателері туралы ұзақ баяндама жасап, өзінің де ірі-ірі саяси қателерінің барлығын ұмытып кетті» деп сынады. Бұдан соң қандай қатесі барлығын көрсетіп те берді: «Мұқановтың 1933 жылы шыққан «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген басынан аяғына шейін контрреволюцияшыл алашордашылардың сөздерін айтып, жырларын жырлап, идеясын пропандалайтын кітабының осы уақытқа дейін конфискеленбей қолданып жүруі дәлел. Бұл өрескел қатені Мұқановтың осы күнге дейін дұрыстап мойындамауы, ұғынбағаны өз алдына мәселе».

С.Мұқанов «Социалистік Қазақстанның» осы сындарына арнайы жауап жазып, ол «Дұрыс сигнал» деген атпен шықты («Социалистік Қазақстан», 6.VII.1937). Сәбең «Социалистік Қазақстанның» маусымның 28-індегі «Жазушылар арасындағы есуастық дерттерге қарсы» деген мақаласындағы айтылған сөздер әбден дұрыс. Дұрыс сигнал» деп, газет сындарын әдегеннен-ақ толық мойындауға мәжбүр болған. Өйтпеске амалы да жоқ болатын. Ол «XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде» кеткен үш түрлі қателікті өзі көрсетеді:

1. «Алашорда қозғалысы 1916 жылдың көтерілісіне шейін объективтік революцияшыл бағыт еді деген пікір кітаптың басынан аяғына шейін айтылады. Бұл үлкен саяси қате. Бөкейхановтар, Байтұрсыновтар басқарған алашордашылар қозғалысы ешуақытта революциялық бағытта болған емес...

2. Алашордашылардың халыққа дұшпандық өлеңдерін дәлелге келтіру арқылы солардың жүзіқаралығын көрсетем деп, мен «XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде» олардың контрреволюцияшыл шығармаларын цитат есебінде талдамай ала беріпін. Ондай цитатаға «мырзалық» залал екенін, алашордашыларға трибунаны емін-еркін беріп қойғанымды ескермегенмін. Бұл да орасан саяси қата.

3. «XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде» әдебиеттану жөніндегі механистік әдіске кең өріс беріліп, әдебиетті экономиканың жетегінде ғана жүретін құрал деп ұққам. Әдебиеттің экономикаға да қарама-қарсы әсері болатынын түсінбегем. Сондықтан алашордашыл жазушылардың реакциялық шығармаларының кінәсін экономикаға артып, олардың контрреволюциялық ісіне скидка жасағамын». Осы кітабы туралы ойын «қысқасы, кітапты таралудан, кітапханалардан алу керек» деп тұжырады.

«Социалистік Қазақстан» газеті С.Мұқановты «партиядан үш рет шыққан алашордашыл Аисаринді қорғап, контрреволюцияшыл ұйымның мүшесі Уәлиахметовті жақтап, оларды қызметке алмақшы болған»; «Мұқанов жолдас белгілі контрреволюционер Мағжан Жұмабаевты қызметке орналастырған, оған Домсоветтен үй әперген. Жұмабаевты қызметке алу жөнінде бастауыш партия ұйымы қарсылық білдірсе де Мұқанов партия мүшелерінің пікіріне құлақ қоймаған» деп айыптаған. С.Мұқанов бұл «сындарға» да қарсылық білдірмей мойындаған: «Мағжан Жұмабаевтың совет үкіметінен қылмысыма ылайық әділ жаза тартып, түзелдім» деген сөзіне алданып, оған либералдық жасағаным, қазақ көркем сөз баспасынан немістің фашизмге қарсы жазушысы Фейхтвангердің «Опенгеим семьясы» деген романын аудару үшін беруге себепкер болғаным рас. Бұл қателікті мойынға алып, толық түзетем». «Уәлиахметов деген контрреволюцияшыл жуликтің маған жанасып жүретіні рас еді». «Мұным үлкен саяси бейқамдық болды». Айсарин туралы да осылай айтады. Мұндай кемшіліктердің болуын саяси қырағылықты әлсіретіп алудың салдары деп түсіндірген. Ол кез үшін «халық жаулары» атанған азаматтармен байланыста болудың өзі қылмыскер болумен бірдей болатын. Сәбеннің осындай қарым-қатынастарын жасырмай, шындығын айтуы да азаматтығы еді.

Қазақстан Компартиясының органы «контрреволюцияшыл сұмырай ұлтшылдардың, шпион, диверсанттардың қаскүнемдік әрекеттерін әшкерелеу... қазақ жазушыларының көңіл бөлмей келе жатқан мәселелерінің» бірі деп тағы да ескертеді.

С.Мұқановтың жауабының соңынан «Редакциядан» деген атпен газеттің осы жауапқа қанағаттанбағанын білдірген пікір қоса берілген. Онда «мақалада Қазақстан Жазушылар ұйымы жұмысындағы кемшіліктер және ірі саяси қателер баса айтылып еді. Мұқанов жолдастың мақаласында айтылып отырған мәселелер оның өзіне ғана тиісті жақтары. Бұл жеткіліксіз», «басқа жазушылар жөнінде әлі «ләм-мим» деген жоқ» – сияқты жолдарды оқимыз.

«Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясының атынан айтылған пікірлерді «Лениншіл жас» газеті іліп алып кетті. Жастар газеті аға газет «жазушылар ұйымының, әсіресе оның басшысы Мұқанов Сәбит жолдастың саяси қателерін тағы да большевикше әшкереледі» деп, оған қолдау білдірді. Өзі де осы үлгімен С.Мұқановты сынауға үлес қосты. «Тағы да «Адақандар» туралы немесе Сәбит Мұқановтың әдебиеттегі байшылдығы» атты көлемді мақаласын басып, аты аталған романынан үлкен саяси қателер тапты. «Біз бұл мақалада Мұқановтың бір шығармасы туралы сөз қозғап, Мұқановтың әдебиетке байшылдық, ұлтшылдық либералды кіргізгенін айтып өтпекпіз» деп бастап, бұл роман «партия жолына жат пікірде» деген тұжырым жасайды («Лениншіл жас», 16.VII.1937).

Шілдеден бастап С.Мұқановтың «ұлтшылдығын» әшкерелеген мақалалар жиі көрінді. «Социалистік Қазақстан» шілденің 8-і күнгі санында жазушыны: «Тұрмыс алдамшы, келеді де кетеді», деп түсінуі ешбір дұрыстыққа жатпайды. Бүгінгі тұрмысқа жала жауып отыр». «... осы өмірді ешбір рақаты жоқ, ылғи «бейнет» деп түсінеді», «совет үкіметінің жалпыға бірдей еңбек істеу ұранын теріс түсінген». «Мұқановтың басқа көп өлеңдері де («Елге барам», 131-бет, «Елдің күні мұғалім» 176-бет, тағы басқалары) саяси жағынан қате, аса зиянды, көркемдік жағынан құнсыз» деп жазды. Осы газет шілденің 17-і күнгі нөмірінде С.Мұқанов басқарып отырған «Жазушылар ұйымында істен гөрі мылжың көп» деп мақала жазып, «осы кемшіліктердің барлық істердің көбіне жауапты Мұқанов жөнінде тіпті әңгіме болмады» деп, оның атына айтылған сындарға қанағаттанбағандық білдірді. Жазушылар арасындағы «ұлтшылдықтың» болуына бірден-бір кінәлі С.Мұқанов деген ойды аңғартты. «Қазақ әдебиеті» газеті де «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінің Жазушылар одағы сынаған мақалаларын қостап, бірнеше материалдар жариялады. Бұларда да басты соққы С.Мұқановқа бағытталды. Тіпті, жазушы Шуховтың жеке басындағы кемшіліктерге де ұйым басшысы кінәланды («Қазақ әдебиеті», 13.VIII.1937).

Қыркүйектің 7-сі күні қазақ педагогика институтында Алматы қаласы жазушыларының жиылысы болып, онда «көркем әдебиеттегі зиянкестіктің зардабын жою және жастарды тәрбиелеп-өсіріп көтеру шаралары туралы» Қазақстан Жазушылар одағының жауапты хатшысы М.Қарағаш баяндама жасаған. «Халық жауы Тоғжанов, Жансүгіровтердің және олардың ұлас күшкітерінің көркем әдебиетте істеген зиянкестігі жөнінде баяндамашы ашып айтты. Қазақ жазушыларының арасында, әсіресе, басты жазушыларда болып келген саяси бейқамдық, есуастық дертті, либералдықты айтты» («Қазақ әдебиеті» 10.IX.1937). Жиында М.Әуезов, Д.Әбішев, Қ.Әбдіқадыров, Ғ.Малдыбаев, Т.Жароков, Ж.Саин, Х.Есенжанов, Қалашников, т.б. сөйлеген. Сөйлеушілердің қатарында С.Мұқанов жоқ. Ол бұрын жазушылар ұйымының басшысы ретінде барлық жиындарда негізгі баяндаманы өзі жасап жүрген болса, енді Сәкен, Ғабиттермен бірге жиналысқа қатыспаған да. Себебі төбеге төнген қара бұлттың айығуы қиын болатын. Шынында да ол осы жиналыста негізгі сын объектісіне айналған. Мысалы, осы жиында сөйлеген Малдыбаев: «Жазушылар ұйымында әлі нақты істен сөз басымы болып келді. Ұйымның басындағы Мұқанов жолдас өз басында болған қателіктерді әлі ашып айтқан жоқ», деп, сын семсерін бір көрсетіп қойды (сонда).

Сонымен, С.Мұқановқа мынадай қателіктер таңылды:

«Әуезовтің бұл жинағына («Ескілік көлеңкесінде» Д.Б.) кіріспе сөз жазған Мұқанов жолдас былай дейді: «Олай болса, идеология жағынан пролетариаттық болғанмен, Мұхтардың бұл әңгімелері арқылы ескі ауылдың кейбір шындықтарын, даналықтарын, еңбекшіге істеген зорлығын аз да болса көреміз... Осы басып отырған әңгімелер болсын, басқа еңбектері болсын, идеологиясын былай қойғанда Мұхтардың ірі суретші екеніне айқын дәлел» (55-б). «Өзі идеология жағынан жат, зиянды болсын, сөйтсе де, ол бізге пайдалы, керек нәрсе»

дейді. Осындай да жауапсыз сүрініп жығылған пікір бола ма екен? Мұқановтың бұл сөзінің баяғы Сұлтанбек Қожановтың алашорда ақыны Жұмабаевтың контрреволюцияшыл өлеңдер жинағына жазған сөз басынан несі кем?.. Мұқанов жолдас Әуезовтің шығармаларының зиянды пікірлерін ашып, алдын ала жұртшылыққа ескертіп айтамын деп, өзі теріс пікірлер ұсынып отыр. Мұқанов шын қырағы болса Әуезовтің бұл әңгімелерін бастырмауы керек еді. Бірақ бұған Мұқановтың да, Жаманқұловтың да большевиктік батылы жетпеген. Жазушылар ұйымы бұл сорақылықты да көрмеді, бұл жайында жұмған аузын ашпай отыр» («Қазақ әдебиеті», 1937, шілденің 14-і). «Осы ретте Мұқанов жолдастың халық жауларына жұмсақтық, жағымпаздық, либерализм етудің әшейін ғана қателері емес екенін айту керек. Мұқанов жолдас өзінің «Адаскандар» деген романында байдың тұрмысын, адамдарын мақтады. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген кітабында қазақ халқының ежелгі жауы алашорда жазушыларын октябрге дейін революцияшыл болды деп, олардың революцияға дейінгі жазған сандырақтарына кең орын берді. Өзінің толық жинағына әртүрлі контрреволюциялық өлеңдерді басты. Жазушылар ұйымының басшысы болып отырып, халық жауларына әртүрлі жәрдемдер жасады, оларды қорғауға алды (Жұмабаев, Асылбеков, т.б.). Міне, осылардың бәрін қосқанда оның қателері тереңдеген, сабақтасқан нәрсе екенін көресің» («Социалды Қазақстан», 1937, тамыздың 29-ы). Сөйтіп, С.Мұқанов басшы ретінде де, жазушы ретінде де «халық жауы» болып әшкереленді. Енді шара қолдану қалды. С.Мұқановтың жеке мәселесі партия жиналысында қаралады. «Социалистік Қазақстан» (3.X.1937) ұйым коммунистерінің жиналысынан есеп берген. Онда оған бұрын айтылған сындардың «толық анықталғандығы» көрінеді:

«Ол осы 17 жыл бойы партияға қарсы күресіп келді. Мұқанов партиядан гөрі халық жауларын, жат элементтерді артық көрді, солармен ауыз жаласып келді.

Мұқановтың жазған шығармаларының ішінде бірде-бір іске жарайтын жөнді нәрсе жоқ. Бәрінің де өте ірі саяси қателері бар, көбісі ұлтшылдықтың сарынымен жазылған бәрінде де ол партияға қарсы, совет үкіметіне қарсы үгіт жүргізеді...

Ол социализм жырын жырлайтын жазушы емес. Оның жолы біздің партияға қарсы күрес жолы болды, оның жолы буржуазиялық ұлтшылдықтың советке қарсы Сейфуллин жігінің жолы болды».

Партиялық газеттің ойы «Жиылыста сөйлеушілердің сөздеріне, келтірген фактілеріне қарағанда, Мұқановтың қылмысқа белшесінен батып, партиялық жолдан әбден ауып келгендігі, партиялық принциптен мүлде айрылып, халық жауларының батпағына тілерсектен кіріп кеткендігі айқындалды» дегенге сайды. Осы жиыннан берген есепті «Социалистік Қазақстан» газеті «Жазушылар ұйымының жанындағы бастауыш партия ұйымында» деген атпен берсе, «Қазақ әдебиеті» «Жазушылар ұйымындағы ұлтшыл-фашист жаулардың зиянды зардабын құртайық» деген айқайшыл тақырыппен көлемді етіп басты. Сонымен бірге бұл мақала «Ұржарда ұлтшыл фашистер бандысына сот» және «Преснов ауданында болған ұлтшыл-фашистер, троцкийшілер бандысына үкім» деген материалдармен қатар бір бетке берілді. Соңғы екеуінде Ұржар аупарткомының екінші хатшысы Мәдешев пен ауаткомның төрағасы Матжанов бастаған Бекібаев, Құлжаев, Қалышев, Ыдырысовтардың және Преснов ауданының Конюхов, Қапаров, Пазылов, Оразбаевтардың «халық жауы» ретінді ату жазасына кесілгендігі туралы хабарланған. Бұдан С.Мұқановқа арналған мақаланың да ызғар шашып тұрғандығы көрінеді.

«Қазақ әдебиеті» С.Мұқановтың «қылмысты істерін» толық тізбелеген. Мақалада Тоғжанов, Жансүгіров, Сейфуллин, Жаманқұловтардың қазақ кеңес әдсбиетіне тигізген «зиянкестік зардабы аз болған жоқ» дей келіп, «бұлардың ұлтшылдық-фашистік бет-пердесін кезінде айқындап ашу жөнінде не жазушылар ұйымы, не жазушылар ұйымының жанындағы бастауыш партия ұйымы еш нәрсе істей алмады» деп бір қойды да, бар пәлені С.Мұқановтың үстіне үйіп төкті:

«Жазушылар ұйымының басында отырған Мұқановтың өзі жаулармен күресудің орнына сол жаулардың құшағында болып, солармен ауыз жаласып, солардың айтқанын істеп, ол ұлтшыл-фашистердің қол шокпары болып, біле тұра солардың зиянкестік, жаулық амалдарын үдетуге себеп болып, партияға, үкіметке қарсы іс істеуге тырысқан жаулардың зиянкестігіне толығынан қосылып, олармен табақтас, шанақтас болып келген. Мұқанов он жеті жыл бойы коммунист партиясының қатарында болып келсе де, оның ешқашанда партиялық беті болған

емес, ол 23-жылдан бері осы күнгі халық жауы болып әшкереленіп отырған ұлтшыл-фашист Сәкен Сейфуллиннің партияға қарсы ұлтшыл контрреволюциялық жігінде болып келген. Ұлтшыл-фашист Сейфуллин не істесе де, соны Мұқанов тапжылдырмай істеп отырған, Сейфуллинді көтермелеп, оны мақтап, соның ұлтшылдық идеясын пропаганда етіп келген». Бұл айтылғандар оның қызмет бабына берілген бағалар болса, шығармашылығына мынадай айыптар тағылды:

«Мұқановтың жазған шығармалары бастан аяғына дейін ұлтшылдық, партияға қарсы пропаганда болып отырған, оның «Сұлушашы» ескі феодалный тұрмысты мақтап көрсеткен шығарма, «Адасқандар» дейтін романы байдың жырын жырлайды, оның «Мырзабегі», «Теміртасы» контрреволюционный идеяда жазылған зиянды шығармалар. Сонымен қатар, Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген кітабында қарғалған халық жаулары Дулатовтарды дәріптеп, оларды мақтап, оларға трибуна беріп, жұртшылықтың көзін бояуға тырысқан барып тұрған зиянды контрреволюциялық шығарма, жауды пропаганда жасаған шығарма... Ол әшкереленген халық жаулары Асылбековпен, Сейфуллинмен, Рысқұлов, Нұрмақовтармен табактас болып келген. Өзі жазушылар ұйымына бастық болып тұрған кезінде ұлтшыл Жұмабаевты жұмысқа алуға тырысқан. Соны сүйемелдеген, оған жаны ашыған, соған қызмет еткен, көмек берген» («Қазақ әдебиеті», 8.X.1937). Осы келтірілген дәлелдердің негізінде партия жиналысы С.Мұқановты партия қатарынан шығарып, Жазушылар одағының бастығы қызметінен алуды тиісті орынның алдына қойды.

Бұл айтылғандар партия жиналысынан жазылған жай есеп немесе кемшіліктерді сынау ғана емес, сонымен бірге С.Мұқановтың атына басшы, жазушы ретінде қойылған саяси айыптаулар да болатын. Ол кез үшін мұндай «қылмыстардан» кейін қанша кінәнді мойындасаң да, «жаздым-жаңылдым» деп кешірім сұрасаң да, болмаса қарсы күрессең де ештеңе шықпайтын. Керісінше, тағы бір жерден ши шығып кетіп, өзіне қауіп төндіретін. Осыны түсінген С.Мұқанов та амалсыз қалған еді; қамалар сәтін сағат сайын күткен күдікті күпті күндерді басынан өткерді.

Артында, қазанның 11–12-і күндері жазушылардың Алматы қалалық жалпы жиналысында «Халық жауларының әдебиеттегі зиянкестік зардабын түп-тамырымен құрту туралы» Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің үгіт, насихат бөлімінің бастығы Илияс Қабылов баяндама жасайды. Мұнда Жазушылар одағындағы «былықтар» қайта сынға ұшырады. Осы кемшіліктердің барлығына басты кінәлі адам деп «жиылыс Мұқанов Сәбитті жазушылар ұйымының басшылығынан алу жөніндегі қаулыны бекітті, Мұқановты жазушылар совозының мүшелігінен шығарды» («Қазақ әдебиеті», 15.X.1937).

С.Мұқановтан кейінгі кезек Ғ.Мүсіреповке келді. Өйткені ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі ретінде жазушылар ұйымының жұмысына тікелей жауапты лауазымды адамдардың бірі болатын. Жазушылар ішіндегі «халық жауларын» әшкерелеу науқаны басталғанда оған қарсылық білдірген азаматтардың бірі еді. Алғашқылардың қатарында Б.Майлин әшкереленгенде «Бейімбет жау болса, мен де жаумын!» – деп, қасқайып қарсы шыққандығы азаматтықтың асқан үлгісі болатын. Оның Жазушылар одағында өтіп жатқан түрлі жиналыстарда сөйлеген сөздерінен «саяси тәрбие жұмысының өте нашар екенін көрсетіп», «халық жауы», «ұлтшыл» деген сөздерді қолдана бермегендігі байқалады. Б.Майлиннің «халық жауы» екендігі барынша әшкереленіп қойған кезде де оған араша түсуін тоқтатпады. «Мүсірепов жолдас Мұқановтың баяндамасындағы кемшіліктерді айта келіп «Майлинді тап дұспаны етіп, шығару, оның ертедегі қателерін тізіп, бұл қателері кездейсоқ қата емес деп, Майлиннің партиялығына күмән келтіру теріс болады деді» («Социалистік Қазақстан», 28.VI.1937).

Ғ.Мүсіреповтің осындай бағыт ұстауы, әсіресе Б.Майлинге араша түсуі оның саяси жағына күмән тудыра бастаған еді. Біраз қалам қайраткерлерін «әшкерелеп жазушылар ұйымын «реттеп» алған соң осылардың барлығына жол беріп отырған кінәлі адам деп Ғ.Мүсіреповтің өзіне қол салды. «Қазақ әдебиеті» газеті қазанның 8-індегі санында «Бұл ретте жазушылар ұйымына тікелей басшылық етіп отырған ҚК(б)П мәдениет ағарту бөліміндегі Мүсірепов жолдас та жазушылар ұйымының мұндай быллыққан халін түзеу жөнінде кезінде шаралар істей алмай, бұл ретте өзінің большевиктік жауапкершілігіне өте салақ қарап келді» – деп жазды.

Қазанның 11–12-сі күндері өткен Алматы қаласы жиналысында оған ресми түрде кінә қойыла бастады: «Жиылыста Мүсірепов Ғабит туралы көп сөз болды, шығып сөйлеген жолдастар

Мүсіреповтің шығармаларындағы ұлтшылдық концепциялары, халық жаулары Майлинді қорғап келгендігі жайында дұрыс сынады. Бірақ, Мүсірепов өзінің сөзінде қаталарын толық, дұрыс мойнына алудың орнына, «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінің ол туралы айтқандарын және жұртшылыққа көптен бері мәлім фактілерді тізіп, олардың айтқан сынына қосылған болып мәймөңкелеп өте шықты. «Бұл қаталар саяси бейғамдығынан болды» деп мөңгендеді. Мүсіреповтен жиылыс өзінің қаталарын большевикше мойындауды, халық жауы Майлинді қорғап келгендігін, өзінің шығармаларындағы ұлтшылдық идеяларының себебін толық айтуды күтіп еді. Бұған қарамастан Мүсірепов өзінің қаталарын толық ашып айтпады. Оған большевиктік ерлігі жетпеді...

Жиылыста бірсыпыра жаңа фактілер айтылды. Мүсірепов халық жауы Смағұлов Ғазизді жақтап, оны «Социалистік Қазақстан» редакциясының аппаратында ұстады. Белгілі жулик Айсаринмен тығыз байланыс жасады, оны партия қатарында қалдыруға әрекет етті. Мүсіреповтің «Өмір ертегісі» деген әңгімесінің геройы белгілі өтірікші, қашқын жулик Мәмбетбаев еді, деді өзінің сөзінде Тәжібаев» («Қазақ әдебиеті», 15.X.1937). Осындай айыптары үшін «Жиылыс жазушы Мүсіреповке саяси жағынан сенбейтіндігін білдіріп, оның жұмысын қарау тиісті орындардан сұралсын», деді. Сөйтіп, азаматтық бағыты үшін шара қолданыла бастады.

Сонымен, осы уақытқа дейін Ғ.Мүсіреповтің «кіналары» Жазушылар одағының түрлі жиналыстарында айтылып келсе, енді солардың бәрін жинақтап айтып, басты соққыны беретін кез де келді. Бұл міндетті «Халық жауларының жетегіндігі жазушы» («Қазақ әдебиеті», 5.X.1937) атты редакциялық көлемді мақала атқарып шықты. Енді Ғ.Мүсіреповтің қандай «айыптары» бар екен соған назар аударайық. Мақала «халық жауларын талқандаудағы» «жетістіктерді» айтудан басталған: «НКВД орындары қазақ халқының қас жаулары ұлтшыл-фашистердің қылмысын әшкерелеп қолға түсірді Жапон-герман фашизмнің жалдамалы төбеттері, кісі өлтіргіш сұмдардың, қарғыс атқан күшіктердің шірік ұясы талқандалды.

Қазақстанның советтік көркем әдебиетіне кіріп кеткен ат төбеліндей зұлым иттердің күлі көкке ұшырылды. Олардың өлімтік қалдықтарын да құртпақ. Қайта туған қазақ халқының ежелгі жаулары Тоғжанов, Сейфуллин, Жансүгіров, Майлин сияқты ұлтшыл-фашист сұмырайлар қылмысы әшкереленіп, қолға түсті. Халық жауларымен ауыз жаласып, олардың жетегіне еріп кеткен, өзінің партиялық, моральдық пішінінен айрылған, буржуазияшыл жырын жырлаған Мұқанов партия қатарынан шығарылды». Мақаланың екпіні қатты. Қара бұлтты төндіріп, түнеріп келеді. Сол кезде ұсталып, қамауда отырған Тоғжанов, Сейфуллин, Жансүгіров, Майлиннен кейін Мұқанов қолға түсті. Ендігі кезек сенікі дегендей, бар бөлені Ғ.Мүсіреповтің басына үйіп төгеді.

«Жаулармен табақтас болып келген, шығармаларында халық жаулары алашордашыларға көріне трибуна берген большевиктік сынға, өзара сынға мейлінше қысым жасаған, өзінің қызмет орны пайдаланып жазушылар ұйымының жұмысына бөгет болып келген жазушы Мүсірепов Ғабит туралы да көптеген фактілер келтіруге болады» деп, оның «қылмысты істерін» нақтылы дәлелдеуге көшеді:

«Мүсірепов Ғабит қазіргі әшкереленіп отырған халық жаулары Сейфуллин, Жансүгіровтердің тұсындағы «өзгермейтін бас жазушының біреуі болған адам. Қазақстан Жазушылар ұйымы правлениесінің көптен келе жатқан мүшесі. Ендеше, жазушылар ұйымының правлениесінде болған сорақы былықтарға Мүсірепов те жауапты» дей келіп, оның шығармаларындағы «теріс пікірлерді ашады: Расында да, Мүсіреповтің «Тулаған толқындар» деген кітабы басынан аяғына дейін алашордашыларды, қазақ халқының ата жаулары Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Ахмеді Байтұрсынов тағы басқа контрреволюционерлерді дәріптеу, солардың жырын жырлау екендігі талассыз факті. Оның «Шұғыла» деген кітабы барып тұрған контрреволюциялық шығарма. Совет халқының бақытты шат тұрмысына, совет үкіметіне, коммунист партиясына қарсы идеядағы шығарма. «Шұғыланың» идеясы «Тулаған толқынның» идеясынан да зиянды... Мүсірепов кітабының көп жерінде большевиктерді масқаралап, социализмнің тамаша табыстарын, колхозды ауылдың гүлденген жаңа өмірін, социалистік даладағы гүлденіп, құлпырған жемістерін жоққа шығарады. Даланы қара тұман қаптап тұр» деп өсек айтады.

Қысқасы, Мүсірепов өзінің шығармаларында жауларды, қарасы өшкен ескі өмірді дәріптейді, жат, шірік идеяны пропагандалап, көкке көтереді.

Бұл қате кездейсоқ нәрсе емес. Бұл қатес Мүсіреповтің саяси бетіне күдік келтіретін қате. Шынында, Мүсірепов жаудың батпағына батып, азған адамдардың қойнына кіріп, құшақта-

сып кеткен адам». Мұнда «Шұғыла», «Тулаған толқында» туындыларындағы кемшіліктерді нақтылы көрсету жоқ, жалпылама даттау, қаралау басым. «Тырнақ астынан кір іздеушілік» көрінеді. «Даланы қара тұман қаптап тұр» деп өсек айтады» деген жолдардан осыны аңғарамыз. Шығармадағы кез келген сөзден, сөйлемнен саяси астар көрушілік, табиғат көрінісі суреттелген жерлерді астарлы түрде қоғамдық құрылысымыз туралы айтып отыр деп, қырағылық танытушылық сол кездің әдеби сынындағы мықты әдіс-құралдардың бірі болатын.

Ғ.Мүсіреповке тағылған үлкен саяси қатесінің бірі оның Б.Майлинге араша түскендігі болды:

«Мүсірепов халық жауы Майлиннің жан аяспайтын досы. Онымен қойындасып, құшақтасып, бірге тұрып, бірге жүрген адам. Сондықтан да Мүсірепов халық жауы Майлинді қанатының астына алып қорғап келді. Майлиннің бұрын алашорданың офицері болғандығы, совет үкіметіне қарсы күрескендігі, большевиктерге оқ атқандығы, шығармаларындағы контрреволюциялық концепциялары жайында жазушылар ұйымының жанындағы партия ұйымы мәселені дер кезінде көтерсе де, Мүсірепов өзінің қызмет орнын пайдаланып Майлинді жанын салып қорғап келді. Майлин туралы мәселені ұзақ сонарға салып келді. Майлинді қалайда аман алып қалуға тырысты.

«Қазақ әдебиеті» газеті осы жылы көкектің 9-ы күнгі нөмірінде Майлин шығармаларындағы контрреволюциялық пікірлерді әшкерелеп мақала жазғанда Мүсірепов: «Бұл статъяда Майлин туралы өте қатты айтылып, оның басына жететін сөздер айтылыпты, сондықтан статъяны қайта қарап, сынды жұқалау керек» деп, газеттің сол нөмірін өзі қарап, Майлин туралы жазылған статъяны өз қолымен «түзетіп», нөмірді бұзып қайта шығартты. Соның кесірінен редакция бірнеше сом зиян істеді. Бұдан асқан жауға либералдық, жаудың өмір сүруіне мүмкіндік бергендік бола ма? Контрреволюцияшыл, алашордашыл Майлинді Мүсірепов осылай қорғап келді.

Жазушылар ұйымының жанындағы партия жиналысында Мұқановтың ісі қаралғанда, Майлин туралы көп сөз болды. Коммунистер Майлин туралы мәселені сол жиылыста қарауды дұрыс көрді. Алайда жиылыста Мүсірепов Майлинді қорғап, «Майлиннің мәселесі кейінге қалып, бөлек қаралған жөн» деген «ориентировка» берді. «Мен Майлинмен жақын жүрсем оның кім екендігін білген соң, саяси жағынан сенген соң жақын жүрдім» деді. Шынында, Мүсірепов Майлиннің кім екенін біледі. Майлинда Мүсірепов білмейтін сыр жоқ. Мүсіреповтің саяси бетін осының өзі-ақ көрсетеді». Шындығын айту керек, бұл жерде «Қазақ әдебиеті» газетінің Мүсіреповтің Майлинмен қарым-қатынасы жайлы айтқандарының бәрі де рас болатын. Бірақ, жазушының бұл әрекеттерін оның қылмысы емес, азаматтығы деп ұққан жөн.

Бұдан әрі қарай мақалада Мүсіреповтің басқа да «теріс пиғылды» істері тізбеленген: «ол халық жаулары Ғатаулин, Айсарин, Жаманқұловтармен байланысып, олармен араласып жүрді.

Мүсірепов халық жауы Нұрғазинге жәрдемдесті. Теріс идеяда жүрген, бұрын ұстауда болған Хұсайыновқа жәрдемдесті. Олардың зиянды адам екенін біле тұра, жауапты қызметтерге орналастырды... Бір кезде Тәжібаев ұлтшыл Хұсайыновтың қарындасына үйленгенде той жасауға өзінің пәтерін беріп, ішімдік ұйымдастырды...⁴¹⁴ Халық жаулары Сейфуллин, Жансүгіров, Тоғжановтармен де Мүсірепов тығыз байланыста болды... Алашорданың революциялық рөлі болды деген зиянды «теорияны» таратушылардың бірі болды. Оның зиянды пікірі шығармаларынан айқын көрініп отыр.

Мүсірепов халық жауларының жетегіндегі жазушы екендігі, саясаттық, моральдық беті көмескі екендігі, жауды жанын салып қорғаған жазушы екендігі, шығармаларында ұлтшылдықтың жыршысы болғандығы талассыз.

Мақаланың соңында «тиісті орындар Мүсіреповтің саяси бетін тексеріп, қорытынды жасауы сөзсіз» деген пікір білдіріп, «біздің жазушылар жұртшылығы жаулардың қалдықтарынан арыла отырып, өзінің қатарын табансыз, тұрақсыз адамдардан мүлде тазартуы керек» деп, ондай «қорытындының» қандай шаралар арқылы жүзеге асуы керек екендігін, нені меңзеп отырғандығын да жасырмай айтады.

⁴¹⁴ Бұл жөнінде кейіннен Ә.Тәжібаев былай деп жазады. «Мен Сараға үйленіп, Шахметтің үйінде той жасағанда той иесінің бірі осы Ғабит ағамыз бен Хұсни жеңгеміз болды. Олар Шахмет бөлмесімен арадағы есікті ашып жіберіп (олар Ленин көшесінде бір үйде тұратын) қонақ қабылдаушыға айналды» (Тәжібаев Ә. «Есімдегілер». «Жұлдыз», №3, 10-бет).

Дәл осы жылы Мәскеуге түскен мәліметте Мүсірепов туралы «Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Атқару комитетінде басшы қызметте жазушылық жұмыстан кітаптар бойынша ғана емес, баспасөз арқылы да жақсы хабардар Ғ.Мүсірепов отырғанын есте ұстау керек. Қазақстан КП ОК-нің мәдени ағарту бөлімінің әліптің артын баққан бағытын немен түсіндіруге болады» деп жазылған болатын («Арай», 1989. №»12, 6-бет). Жоғарыдағы Ғ.Мүсіреповті әшкерелеуге арналған мақаланың соңына қарай тіптен күшейіп, жазушылар «өзінің қатарын табансыз, тұрақсыз адамдардан мүлде тазартуы керек» деп отырғаны да жоғары жаққа түсіп жатқан осындай «материалдардың» әсерінен болса керек. Әйтпесе, Жазушылар одағының органы «Қазақ әдебиеті» газеті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісінің адресіне мұндай қатал сөздер айтуын немен түсіндіруге болады.

Жалпы, 1937 жылдың екінші жартысынан бастап, Мұқанов жазушылар ұйымының басшылығынан алынған соң «Қазақ әдебиеті» газеті қаламгерлердің «қателіктерін әшкерелеу» істеріндегі көш басшылықты өз қолына алғандығы байқалады. Бұрын көбіне, «Социалистік Қазақстан» газеті жариялаған материалдарды көшіріп басумен, соларға жауап жазумен шектеліп келсе, енді жазушылар арасындағы «есуастық дерттерді әшкерелеген» етектей-етектей мақалалар редакцияның атынан жарияланып тұрды. С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтердің «халық жауы» боп қаралануы негізінен «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттері сіңірген еңбектің нәтижесі болса, енді «Қазақ әдебиеті» осы «үлкен іске» «үлес» қосуға кірісті. Басты жазушыларды кезекке қойып, жүйелі түрде материалдар бере бастады. «Қазақ әдебиетінің» нысанасына алғаш ілінгендер С.Мұқанов пен Ғ.Мүсірепов болды. Олар жөнінде жазылған мақалалардың мәніне жоғарыда тоқталып та өттік.

Осы уақытқа дейін жазушылар Одағында әр кезде басшылықта болған қалам қайраткерлерін қолға алып, қаралаудан қол тимей келген болса, енді бұрыннан «ұлтшыл» қоңырауы бар М.Әуезовті де оңтайға алып, тиісті «таңбасын» тағып жіберу сәтінің де келгендігін «Қазақ әдебиеті» ұмытқан жоқ. Бірақ, Әуезовті де итеріп тастай салу онайға түспеді. «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» дегендей, Мұхтар Әуезов те кезеңнің кесіріне ілігіп қалмас үшін әрекеттер жасауға мәжбүр болды. Әйтпеске басқа амал да жоқ болатын. Шегінетін жерде шегіне білді, бұғатын жерде бұға да білді, тіпті уақытынша жеңіліп, «жаздым-жаңылдым» деп, кешірім сұрауына да тура келді. Әйткені түбінде жеңу үшін уақытша жеңілу де керек болатын. Бұлары нәтижесіз де болған жоқ. Сәкендей сұңқарлар, Бейімбеттей берекелі азаматтар ұсталып жатқанда, Сәбиттей туғаннан «тап» деп шырылдап шыққан қаламгерлер қараланып жатқанда Мұхтарға тура тиісе алмай, айналсоқтап жүрді...

М.Әуезов Қазақстанда кеңес үкіметі орнағаннан кейін-ақ «халқым» деп соққан жүрегі үшін «ұлтшыл», «алашордашыл» деп шеттетілген ардагер азаматтардың бірі болатын. Кейіннен Голощекиннің қазақ даласында «екінші Октябрь» жасамақшы болған және Қазақстан өлкелік партия комитеті мәдениет және насихат бөлімдері мен Қазақстанның Марксизм-ленинизм институты бірлесе қабылдаған «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстан теория майданындағы күрес міндеттері туралы» қаулыдан кейінгі кездерде саяси жағдайдың барынша ушығып кетуіне байланысты өзінің болашақ тағдырының шешілуіне көп әсер еткен батыл байламға бел буды: 1932 жылы шілденің 10-ында «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінің бетінде екі тілде қатар «Әуезұлы Мұхтардың хаты» атты мәлімдемесі жарияланды. Жазушы өзінің бұрындары алашордашылардың ықпалында да болып, оның творчествосына да «көрі әсер» еткенін «мойындап», оған мысал ретінде «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» сияқты туындыларын сынайды. Ашық хаттың соңы «Енді «Казахстанская правда» мен «Социалистік Қазақстан» арқылы барлық Қазақстан жұртшылығының алдында өзімнің бұрынғы әдеби-саяси істерімді осылайша айқын күйінде айыптайтынымды ашық жарияламақ боламын. Сонымен бірге, енді бұрынғы қаталарымды төңкеріс ісіне барынша бой салып ұдайы, адал қызметпен түзетуге бекінгенімді білдірмекпін. Енді мәдениет, салт-сана майданының ең жауапты, ең қызу тартысының кезеңдерінде іс істеуге өзімді-өзім міндеттімін деп санаймын» деген сөздермен аяқталады. Кешірім сұрағанда, «жазылдым-жаңылдым» дегенді дұрыс көретін сол кезеңде М.Әуезовтің бұл ашық хаты өзіне деген төңкеріс пікірлерді едәуір жібіткен батыл адым да болды. Сонда да болса, жазушының шығармаларынан идеялық кінәраттар іздеу, немесе реті келген жерлерде оның өткендегі «қателіктерін» есіне түсіріп, тұқыртып, тіпті аяқтан шалып отыру бүкіл отызыншы жылдардың өң бойында толастаған жоқ. Отыз жетінің ойраны

басталғанда да М.Әуезов басты назардан тыс қалмады. Түрлі жиналыстарда ол қалай сөйлейді екен деп, аңдып отырды. Ә.Тәжібаевтың шығармашылығындағы «қателіктерді» талқылауға арналған жиналыста оны сынаудан гөрі ақындығының қыр-сырларын, шығармашылық жайын ашып көрсетті. Мынадай саяси қате жібердің деп беттен алған жоқ.

«Социалистік Қазақстан» газеті шілденің 8-індегі «Жинақтар» туралы, немесе алашордашыл контрабанданың тағы бір түрі туралы» атты содырлы мақаласында М.Әуезовтің 1935 жылы шыққан «Ескілік көлеңкесінде» атты әңгімелер кітабынан басынан аяғына дейін зиянды қателіктер тауып, саяси сынның сойылын барынша сермеді. Жазушы шығармаларына мынадай «кінәлар» қойылды:

«Қай әңгімесін алсақ та, қазақтың ескі ауылы, ескі ауылдың ақсақал, байлар билеген рушылдық тұрмыс-салты өзгермеген қалпын суреттегенін көресіз. Осы ескі ауылды суреттеп жазғанда, Әуезов өткеннің азғын, жауыздық, әділетсіздік қылықтарын әшкерелеп, бүгінгі күннің сотына тартып, бүгінгі жұртшылықты сол өткеннің оңбағандық қылықтарынан жирендіре жазбайды, әңгіменің барлық жерінде сол ескілікті көксейді, арман етеді, қазақ байларының феодалдық тұрмыс-салты, олардың салтанаты Әуезовке өмірдің ең бақытты «ұжмағы» сияқты. Әуезовке совет тұрмысындағы жаңалықтың бәрі жат, совет заңының сәулесі қазақ даласына жетпеген, дала жынданған, құтырған боран астындағы жансыз өлік сияқты...

Қазақ даласын совет келгеннен бері қара пәле қаптаған деп суреттеу, ақ боран астындағы өлікті етіп суреттеу, ұлтшыл жазушының шығармаларындағы негізгі идеялық мотиві болатын». Бұл пікірлердің партиялық газет айтып отырғандығын, үш жазушы – М.Әуезов, С.Мұқанов, І.Жансүгіровтердің кемшіліктерін ашуды алдымен, Мұхтардан бастағандығын және осындай саяси айып тағылған І.Жансүгіровтің жазалауға ұшырағанын еске алатын болсақ, М.Әуезовтің басына да қаншалықты қауіп төнгенін көреміз.

Жазушылар Одағы партия ұйымының хатшысы Қ.Әбдіқадыров М.Әуезовті өз кемшіліктері жайлы «жұмған аузын әлі ашқан жоқ», «бұрынғы алашордашыл фашизмнің агенті болып беті ашылғанда солардың сырын ашарлық іс істемей, үндемей отыруының өзі күдік» («Қазақ әдебиеті», 13.III.1937), деп төбеге төнген қара бұлтты қоюландыра түсті. Сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағы басшыларының бірі М.Қаратаев: «Жазушы Әуезовтің ұстаған бағыты да кісі таңырқарлық бағыт. Әуезовтің 1936 жылы өзінің бұрын алашорданың басты кісісі болып жүрген кездегі контрреволюцияшыл, ұлтшыл әңгімелерін қайтадан не мақсатпен жинап бастырғаны тіпті белгісіз. Совет жазушысы болайын десе, Әуезов алдымен, өзінің өткенінен мықтап қол үзуі керек емес пе еді! Дәл осы кезде ұлтшылдықтың тамырын қопаруға белсене көмек етуі, білгендерін айтуы керек емес пе еді! Бірақ Әуезов мұны істей алмай отыр» («Социалды Қазақстан», 1937, тамыздың 29-ы), – деп партиялық газет бетінде ресми түрде айыптады.

Жақындап қалған қауіптен құтылу үшін Мұхтар тағы да жан-дәрмен әрекетке көшеді. Ол қыркүйектің 7-сі күні өткен Алматы қаласы жазушыларының әдебиеттегі зиянкестіктерді жоюға арналған жиналысына қатысып, сөз сөйледі. Сөйлегенде қатты кетеді («...халық жаулары Жүргенов, Тоғжанов искусство жұмысына қырсығын тигізіп зиянкестік істеді. Қазақтың советтік искусствосын жоққа шығармақшы болды, өздерін әдебиеттің, искусствоның «генийлері» етіп көрсетуге тырысты, сол дұшпандардың сілімтіктерінен тез құтылуымыз керек» деді) («Қазақ әдебиеті», 10.IX.1937). М.Әуезов, Жүргенов пен Тоғжановтың аттарын атады. Екеуі де бұл кезде «халық жауы» ретінде ұсталып үлгерген болатын. Мұхтар бар пәле-жала осы екеуімен кетсін дегендей, екеуін ғана атап, басқа бірде-бір жазушыны сынамайды. Жалпы сарынға ілесіп, «дұшпандардың сілімтіктерінен тез құтылуға» шақырады.

М.Әуезовтің бұл сөздері сол жерде-ақ түрліше қабылданды. Д.Әбілев: «Біз Мұхтар жолдастан құнды шығармалар беруді талап етеміз. Мұхтар өзінің «Ескілік көлеңкесінде» деген қата әңгімелер жинағын бастырып, ірі қата жасады. Бұл қатасын Мұхтар ісімен түзетуі керек» деп, ескі жараның аузын тырнап өтті.

Қазанның 11–12-сі күндері өткен жазушылардың жиналысында М.Әуезов сынаушының емес, сыналудың қатарында болған: «Жиылыста Әуезов Мұхтардың қаталары жайында көп сөз болды. Бірақ Әуезов өзінің сөзінде шығармаларындағы көптеген қаталарын, құнды шығармалар бере алмағандығын айқын айтудың орнына менің шығармадарымды жұртшылық кезінде сынамады деп, орынсыз дәлелге жармасты». «Жиылыс Әуезовтен қаталарын түзетіп, құнды сапалы шығармалар беруді талап етті». Бұл жиналыста Ғ.Мүсіреповке «саяси жағынан

сенбейтіндік» білдіріп, С.Мұқановтың Жазушылар Одағының басшылығымен бірге мүшелігінен де қоса шығарылғанын ескеретін болсақ, ендігі саяси соққының М.Әуезовке қарай бағытталып қалғанын байқау қиын емес. Мұхтарға жабылған айыптаулар қалындай берді. «Бірақ Әуезовтің бүгінге дейін шын советтік бағытта жазылған іліп аларлық бір шығармасын көре алмай отырмыз... Ол әлі «мені істе сынамдар, мен ұлтшылдық, байшылдық пікірден мүлдем қол үзген адаммын» деумен жүр... Әуезовтің 1932 жылдан бері жазған шығармаларынан іліп аларлық, советтік дерлігі... «Түнгі сарыны» да сол бұрынғы «сарынын» совет сахнасына шығаруға тырысқандығы. Ал «Алма бағында», «Тас түлек» пьесалары барып тұрған совет жастарының өміріне жала жапқандық. Совет шындығына, жастар жұртшылығына суық қол сұққандық. Бұл бұрынғы ашық байшылдығының, ұлтшылдығының бетін бүркемелеп, советтік шығарманың атын пайдаланғандық... Әуезов бірлі-жарым шығармасында ғана «қателесіп» отырған жоқ, совет жұртшылығына, совет жастарына жала жауып, ескілікті дәріптегенін оның барлық шығармаларынан көреміз» («Қазақ әдебиеті», 1937, қазанның 15-сі).

Сонымен, М.Әуезовтің де саяси сынның сойқанды соққысына соғылар кезі де келді. Бұл міндетті бұл кезде «саяси белсенділігі» едәуір артып, С.Мұқановты, Ғ.Мүсіреповті, т.б. «талқандауда» едәуір тәжірибе жинақтаған «Қазақ әдебиеті» газеті «ойдағыдай» атқарып шықты. Қазанның 20-сы күнгі санында жарияланған «Әуезовтің сөзі мен ісі неге бір жерден шықпайды?» деген редакция атынан жазылған көлемді мақала осы уақытқа дейін ұлы жазушының атына айтылып келген сындардың жинақталған қорытындысы іспеттес. Қиынқыстау кездерде Әуезовтің тағдырын қыл үстіне қойған жағдайды көзге кеңірек елестету үшін мақаланың өзіне сөз берейік:

«Әуезов 1932 жылға дейін ашық байшыл-ұлтшыл жазушы болып келген адам. Тек 1932 жылдан бері совет жазушысы болуға тырысып келе жатқан, өзінің өткен қатесін, теріс пікірлерін жоюға уәде беріп келе жатқан жазушы...

Әуезов жолдас осыны іс жүзінде орындап шыға алды ма, әңгіме осында... Сүйтіп, Әуезовтің бүгінге дейін шын советтік бағытта жазылған іліп аларлық бір шығармасын көре алмай отырмыз. Сөз бен іс екі жерден шығып отыр.

Бұған факті... Әуезов жолдас осы өткен бес жылдың ішінде советтік Қазақстан жұртшылығына өзінің қалам қайратымен қандай пайда келтірді? Жұртшылық үмітін ақтарлық не істеді? – деген сұрауға Әуезовтің өзі де толық жауап бере алмас.

Ол әлі 1932 жылғы уәдесін қайталақтап, «мені істе сынамдар, мен ұлтшылдық, байшылдық пікірден мүлдем қол үзген адаммын» деумен жүр. Совет жұртшылығы және әдебиет майданы сөз емес істі керек қылады...

Әуезовтің 1932 жылдан бері жазған шығармаларынан іліп аларлық советтік дерлігі «Түнгі сарын» пьесасының өзі оның баяғы ұлтшылдық, байшылдық пікірімен жазылған «Қилы заман» романының желісі.

Ал осы күнгі темаға, яғни совет өмірінен алып жазған советтің шын бақытты, тас-түлек жастарын көрсетпек болып жазған «Алма бағында», «Тас түлек» пьесалары барып тұрған совет жастарының өміріне жала жапқандық. Совет шындығына, жастар жұртшылығына суық қол сұққандық.

Бұл пьеселердің қай-қайсында болса да совет жастарының өміріне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын азғын адамдардың типі бар. Әуезов бұл пьеселерінде астарлап отырып совет жастарына күйе жағып, жаудың сойылын соғуға тырысқандығы айқын көрінеді. Бұл бұрынғы ашық байшылдығының, ұлтшылдығының бетін бүркемелеп, советтік шығарманың атын пайдаланғандық.

...Әуезов те өзінің негізгі пікірін шығармаларында айтқан. Совет жастарын құбыжық қылып көрсетуге тырысқаны әлдеқалай кездейсоқ іс емес, оның негізгі идеясымен байланысып, сабақтасып жатқан пікірі болуы мүмкін», деп, алдымен жазушының кеңес тақырыбына жазылған туындыларын жоққа шығарып алады да тарихи тақырыптағы шығармаларын қаралауға кіріседі.

«Әуезовтің комедия деп жазған «Айман–Шолпанын» алайық. Осы пьесенің өзінде де саяси астары қалың, өзіндік төсегі жұмсақ ескі байшылдық, феодалдық қоғамды дәріптеп соны жұртшылыққа елестеткісі келген сарын.

«Хан Кене» пьесесін де ойланбай, ешбір мақсатсыз жазды, ешбір мақсатсыз сахнаға шығарды деп айтуға кімнің аузы бара алады. Әуезов бірлі-жарым шығармаларында ғана

«қателесіп» отырған жоқ, совет жұртшылығына, совет жастарына жала жауып ескілікті дәріптегенін оның барлық шығармаларынан көреміз. Олай болса Әуезовтікі тек қана аңдамай қалғандықтан кеткен қателер емес, бүкіл жазушылық системасына тамырын жайып орын алған идеясының сабағы», деп бір қайырып тастайды. «Хан Кенені» сынап отырып, оның драматургиясы жайлы «мәселе» қояды.

«... Халық жауы Жүргенов, Тоғжанов, Сейфуллиндердің де оған салқыны тимеді деуге болмайды. Соның салдарынан академия театрында Әуезовтің пьеселерінен басқа, әсіресе жастардың пьеселері шетке қағылып, үнемі ысырылып келді. Драматургия секциясына түскен 38 пьеседен (жастардікі) бірде-бірінің жарамай «нашарлыққа» ұшырауы кездейсоқ іс емес. Ол Әуезовтің өзін ғана драматург етіп көрсеткісі келіп «азнайствоға» түсіп кеткендігін көрсетеді». Осындай адамның осындай пьесаларын сахнада қойып келгендігі үшін театр басшылығын да кіналап алуды ұмытпаған.

«Бір характерный мәселе Әуезовтің қай пьеселері болмасын, бірде-бірінде ұлы орыс халқынан бір адамының типін көрмейсің, бұ да ойланатын күдікті сарын», деп ұлтаралық қатынастың нәзік жағын қозғайды; халықтар арасындағы достықты нығайтуға шығармаларында орыс образын сомдап үлес қосудың орнына олай етпеуі жалпы ішкі ойының теріс екендігінің белгісі дегендей, тағы да бір үлкен саяси айыпты тағып қояды. Ашығын айтқанда, М.Әуезовті орыс халқының жауы дегенді тура айта алмаса да, сөз саптау емеурінімен жеткізіп тұр.

Әуезовтің атына таңылған «айыптаулар» былайша тұжырымдалады:

«Қорыта келгенде... Оның 1932 жылдың өзінен бергі шығармаларының контрреволюциялық болып шығуы кездейсоқ нәрсе деп тағы да айта алмаймыз. Ескі шірік ұлтшылдық, байшылдық пікірден оның әлі де арылып біпегендігінің айғағы. Жұртшылық Әуезовтен әлі де болса заманымызға сай шығармалар берді, өз қателерін іс жүзінде түзетіп дәлелдеуді талап етеді». Мақаланың соңы М.Әуезов сияқты қаламгерлерге еркіндік беріп отырған «Қазақстан Жазушылар ұйымы әдебиеттің шығармаларындағы өрескел қателерді тексеріп, тиісті қорытынды жасайтын уақыт жетті» деген өзі органы болып табылатын одаққа тиісті шаралар қолдануды талап еткен қатқыл сөздермен аяқталған.

Міне, осындай «саяси айыптаулардан кейін Қазақстанда «кіші Октябрь» жасауымен аты шығып, елге ойран салған Голощекиннің қанды қол тырнағынан аман шыққан М.Әуезов тағдыры да тығырыққа тірелгендей лажсыз күй кешкен еді. С.Мұқанов, Ғ.Мүсіреповтер сияқты НКВД адамдары алып кетер күндерді күтуден басқа жол қалмағандай... «Ғайып ерен қырық шілтенің» құдіретімен міндетті түрде орындалуға тиісті болып жасырын жасалған сценарий соңына тақағанда жүзеге аспай қалды. Бұл туралы М.Қаратаев былай деп жазды: «Мұхтар қалай аман қалды дейсің бе? Мен оның анық-қанығын білмеймін. Әйтеуір, қатты торығып, қалтырап, үреймен күнелткені рас. Сәбитті де, Ғабитті де, Мұхтарды да ұстамақшы болып әрекеттенді. Анық-қанығына дәл көзім жетпейді, бірақ Мирзоян осы мәселеге орай арнайы Москваға барып, Сталинге жағдайды түсіндіріп: «Егер де осы бетімен өте берсе, онда қазақ мәдениетін өркендететін тірі жан қалмайды. Өнер отының мүлдем өшіп қалу қаупі тұр. Бұтақсыз, қорғансыз ағаш сияқты болып қалды. Ендігілерін мәдениет үшін, халық үшін аман сақтайық. Қолда ұстайық» депті-мыс. Қазақ әдебиетіндегі аты аталған осы үшеуі болыпты» дегенді естідім. Шындық болуы да. Әйтеуір олардың аман қалуына сондай әңгіменің себебі тиген» («Жұлдыз», 1988, №8, 116-бет). Қалай дегенмен де, қазақ жазушыларына Леон Исаевич Мирзоянның ара түсуі хақ. С.Сейфуллиннің де қамалар алдында оған көмек сұрап барғанын жоғарыда айтып та өттік. Жауыздыққа жол берілген сол бір қиын-қыстау кездерде қазақ қауымының басына төнген зобалаң-зұлматқа қарсы адамдық арымен барынша ара түскен ардагер азамат Л.И.Мирзоян осындай іс-әрекеттері арқылы халыққа қалқан болуға ұмтылып, өзін-өзі оққа байлап, құрбандыққа да шалған еді... Есесіне Мұхтардай, Сәбиттей, Ғабиттей қазақ халқының бір туар ұлдары аман қалып, еңіреген елінің бақытты болашағы үшін қызмет етуге мүмкіндік алды. Ал, армян халқының Мирзояндай асыл ұлы қазақ халқының да ардақты азаматтарының қатарында тарихтың өнегелі беттеріне «Мырзажан» деген ыстық ықыласына толы атпен өшпестей болып алтын әріптермен жазылды...

Сол кездегі баспасөз бетінде қаламгерлер ішіндегі «халық жауларын» әшкерелеуге арналып жарияланған материалдар негізінен жазушылар ұйымының басшылығын талқандауға бағытталғандығы айқын көрінеді. Одақтың басшысы С.Мұқанов, төралқа мүшелері С.Сей-

фуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Тоғжанов, И.Шухов, Ө.Тұрманжанов, Т.Жароков, жауапты хатшысы М.Қаратаев, әдеби кеңесшілер Қ.Әбдіқадыров (әрі бастауыш партия ұйымының хатшысы), Ж.Саин жолдастар болатын. Ұйым жұмысының жалпы сыналуымен бірге оның басты өкілдерінің әрқайсысына жекелеген мақалалар арналып, өздеріне тиісті «сыбағаларын» алып жатты. Бұлардың көпшілігі айыпталушыға айналса, енді біреулері «саяси қырағылық» танытып, белсенділік көрсетті. Одақтың жас жазушылармен жұмыс жөніндегі кеңесшісі Ж.Саинның осындай жұмыстарының бір парасына жоғарыда тоқталып та өттік. Бейімбет Майлин «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторлығынан кетіп, оның орнына Т.Жароков келген соң бұл газеттің де жұмысы «жанданып» сала бергені көрінеді. С.Мұқановты, Ғ.Мүсіреповті, М.Әуезовті, Е.Ысмайыловты «әшкерелеген» циклды материалдардың осы газет бетінде жариялануы осыны аңғартады. Жазушылар Одағы партия ұйымының жетекшісі Қ.Әбдіқадыров та жазушылар арасындағы «былықтарға» өзінің де кінәлі екендігін ашық «мойындады»: «Мен екі жылдан аса партия ұйымының ұйымдастырушысы болып келсем де, осы былықтың ортасында отырып, алдын ала қателіктің бетін аша алмадым; подхалимдік, ымырашылдыққа белшемен баттым» («Қазақ әдебиеті», 1937, тамыздың 13-і). Ғ.Тоғжановты, С.Мұқановты, М.Әуезовті жіберген кемшіліктері үшін қатты сынға алды.

Белгілі сыншы Ғаббас Тоғжанов жиырмасыншы жылдар мен отызыншы жылдардың бас кезінде барынша белсенділік танытқан болса, бұл кезде үн-түнсіз қалды. Сыншы үндегенмен де ештеңе шықпайтынын сезген болуы керек. «Қазақ әдебиеті» (1937, маусымның 16-сы) газетінде Ықылас Адамбеков «Тоғжанов неге үндемейді?» деп үнсіз қалған сыншыны сөйлеткісі келді. «Қазақстан көркем-өнер комитеті, оның басшысы Тоғжанов үшінші бесжылдықтың планын талқылауына байланысты театрларға кадр жетістірудің нақтылы шараларын істесін, бүгінгі заманды суреттейтін аудандық, облыстық театрлардың және колхоз, совхоз сахнасына сай, жаңа пьесалар жеткізуді тезінен ұйымдастырсын, әлі күнге шейін совет сахнасында ойналып жүрген контрреволюциялық ниетпен жазылған пьесалардың зұлымдық сырларын әшкерелеп, жергілікті партия, совет ұйымдарының көмегімен соққы берсін дейміз», деп, «халық жауларын әшкерелеу» науқанына белсене араласуға шақырды. Бірақ та бұрындары «саяси белсенділігімен» көзге түскен сыншы қазақ әдебиетіндегі «ұлтшылдықты» әшкерелеуге қатыспады, Есесіне өзі ұлтшылдардың тізімін бастап жүрді:

«Халық жаулары Тоғжанов, Жүргеновтердің, әсіресе идеология майданында үлкен зиянкестіктер жүргізгені қазірде толық айқындалып отыр. Жазушылар ұйымына бастық болып отырғанда Тоғжанов өз айналасына өзі сияқты халық жауларын жинаған» («Социалистік Қазақстан», 17.VII.1937).

«Фашизмнің алашордашыл агенті Тоғжанов 1923 жылдың өзінде-ақ қара бетін ашып, қара ниетін танытқан. Ол халықтардың данышпан көсемі Сталин жолдасқа қарсы аузына келгенін айтып, ұлт мәселесі жөнінде Реннер, Бауэр, Каутцкийлердің сандырақтарын қолдап жазған. Тоғжановтың ол мақаладағы, одан кейінгі жазғандарындағы, жалпы ішіндегі көздеген мақсаты, ниеті Қазақстанды Ұлы Советтер Союзынан бөліп алып, фашизмнің қармағына ілу болғаны қазір анықталып отыр.

Бірақ не керек, біздің коммунистердің біразы көп уақытқа дейін екі жүзді Тоғжанов нәлеттің осы контрреволюциялық ниетін көрмей, оның сыртын жылтыратып, ұлтшылдармен айтысқан болған жалған сөздеріне сеніп, алданып келді. Жазушылар ұйымындағы бейқамдық, либералдық Тоғжановтың зиянкестік ісіне жақсы жағдай болды» («Социалистік Қазақстан», 29.VII.1937).

«Әшкереленген халық жауы Тоғжанов әдебиеттегі сын мәселесіне де зиянын тигізді, өзін қазақ әдебиетінің «өзгермейтін сыншысы, Белинский» етіп көрсетті. Сын мәселесінде көптеген сорақы бұрмалаушылықтар ұлтшылдық бағыттар мейлінше орын алып келді». «Қазіргі міндет сын жұмысындағы жаулардан тегіс арылып Тоғжановтың ұяластарының бірін қалдырмай әшкерелеу болып табылады» («Қазақ әдебиеті», 30.IX.1937).

Қазақстан қаламгерлерінің жұмысымен арнайы келіп танысқан КСРО Жазушылар одағының өкілі И.Анурдың хабарламасында Ғ.Тоғжанов туралы: «...Сөз Қазақстан жазушылар ұйымының басшылығы жайында. Халық жауы Тоғжанов әдебиет істері бойынша танымал теоретик ретінде жүрді» («Арай», 1989, №12, 6-бет) деп жазылып, оның бұрыннан-ақ «халық жауы» екендігіне ешбір күмән келтірмеген болатын. Міне, осындай «қылмыстары» үшін

қазақтың алғашқы маман сыншыларының бірі Ғ.Тоғжанов та «халық жауы» атанып кете берді. Өзінің «қателіктерін мойындағанмен» ештеңе шықпайтынына көзі жетті ме, немесе «халық жауына» несіне «трибуна беріп» әуре боламыз деді ме, әйтеуір, өмірінің соңғы кезеңінде сыншы баспасөз бетінде көрінбеген. Сталинизм репрессиясының қанды тұзағына мойынсұнудан басқа лажы қалмағандай сыңай танытады.

1937 жылғы қазақ әдебиетінің ұлттық кадрларын талқандау ісіне сыншылардың көп араласпағандығы, араласқан күнде де құлықсыз кіріскендігі көрінеді. Жыл басында әрі сыншы, әрі партия қызметкері І.Қабыловтың, Қ.Өтеповтің, т.б. «ұлтшылдықты» әшкерелеуге шақырған мақалаларын қостап кетушілік аз болды. Керісінше, олардың өздері «халық жауы» болып ұсталғанда қаламгерлер қауымы тіксініп қалғандай да болды. Бұл «саяси науқанға» белсене қатысуға шақырған үндеулер баспасөз бетінде қаптап кеткенімен де Ғ.Тоғжанов бастаған сыншылардың көпшілігі бұл іске онша оң қабақ таныта қоймады. «Қазақ әдебиеті» газеті көкектің 9-ы күні «Большевиктік сынды биік сатыға көтерейік» деген редакциялық мақала жариялап, онда жазушылар арасындағы ескішіл дерттерді ашу үшін сын мен өзара сынды өрістетуге керек екендігін көтерді. Қазақстан Жазушылар Одағының әдеби сынның жай-күйіне арналған пленумында «халық жауларын» анықтау күн тәртібіне тіптен қойылмаған да. «Қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттері» туралы М.Қаратаевтың баяндамасында сол кездің өзінде-ақ қазақ қаламгерлерінің арасындағы «ұлтшылдықты» ашу жұмыстары жүріп жатқанымен де бірде-бір жазушы осы тұрғыдан сыналмаған («Қазақ әдебиеті», 16.V.1937). Осы автордың «Қазақ әдебиеті» газетінде (30.VI.1937) жарияланған съезден кейінгі қазақ әдеби сынының міндеттері туралы мақаласында да мұндай ниет байқалмайды. Ал сыншының «Қазақ әдебиетіндегі авербаховшылдықтың қалдығын толық жою керек» деген мақаласының тамыздың 29-ы күні «Социалды Қазақстан» газетінде жариялануы Жазушылар одағында бомба жарылғандай болды. Кейіннен «Казахстанская правда» (16.IX.1937) газетінде жарияланған мақала («Выкорчевать национал-фашистскую мразь из Союза писателей Казахстана») екеуі осында аттары аталып «әшкере болған» қаламгерлердің тағдырына қара бұлтты үйіре түсті. Бұл мақалалар «халық жауларын әшкерелеу» жұмыстарының барынша бел алып тұрған кезінде жазылды да аса қатерлі роль атқарды.

Осы кезде Қарағандыда А.Асылбеков бастаған «жасырын ұйымның» «қылмысты» ісін қараған аты шулы сот процесі жүріп, С.Сейфуллиннің де осы топқа басшылық жасап келгендігі «анықталған» болатын. «Ұйым» мүшелері түгелдей ату жазасына кесілген үкім шыққанда оның саяси басшысы деп танылған Сәкендердің де тағдыры шешіліп қойған-тұғын. Енді С.Сейфуллин бар, осы кезге дейін «әшкереленіп» келген басқа қаламгерлер бар – бәрінің басын жинақтап жазушылық қызметтеріне ресми түрде баға беріп анықтау ғана қалған еді. Бұл міндетті республиканың партиялық екі газетінде жарияланған жоғарыда аттары аталған мақалалар мүлтіксіз орындап шықты. «Социалистік Қазақстан» газетінде басылған мақаланың қалай жазылғандығы жайлы М.Қаратаев кейіннен былайша түсінік береді «Бұл менің трагедиям, ағаларымның, сол кездегі желкілдей өсіп келе жатқан замандастарымның трагедиясы. «Уақыт солай болды. Қыстады, қыштады, жаныңда «жаз» деп жаналғышың тұрды» деп жатудың қазір реті жоқ. Сол зобалаңның талайын өзім де көрдім. Алдың тұман, артың сор, белгісіз тағдырдың шылауында 17 жыл жүрдім. Ал бұл бәлеге жол ашқан сол кездегі өлкелік партия комитетінің І съезі болды. Жазушылар бірінен кейін бірі қамалып жатты. Оған не себеп, кім кінәлі екенін сол жағдайды басынан кешкендер жақсы біледі. Оның үстіне содан бірер жыл бұрын ғана М.Жұмабаевты, А.Байтұрсыновты, Ж.Аймауытовты, М.Дулатовты «халық жауы» деп балағаттау әдетке айналған. Енді С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровке жала жабу науқаны сұмдығын қабылдадық. Бұған қоса жоғарыда айтылған съезден кейін өлкелік, қалалық партия комитеттерінің, Жазушылар Одағы партия ұйымының аталмыш жазушыларды әшкерелеп жазындар деп нұсқау бергені белгілі... Бұл нұсқауды орындамау тіпті мүмкін емес-ті. Өйткені, С.Мұқанов орнынан алынғаннан кейін Жазушылар Одағының басшылығы уақытша маған ауысқан. Осы тұста жоғарыда аталған мақаланы жазуға менің де мәжбүр болғаным рас. Бірақ жазушыларды ұстап, айыптаудың мақалаға түк қатысы жоқ. Міне, менің трагедиям осы. Мен ұсталғаннан кейін ертеңіне мен туралы да жапа-тармағай мақала жазысты. Бірақ ешқашан ешкімді кіналаған емеспін. Өйткені, адам төзгісіз озбырлықтың, қатал, зілдей механизмнің адам бойындағы бар ізгілікті қор қылған кезі аз болған жоқ. Сондықтан кейінгі ұрпаққа айтарым

ешқашан да, ешуақытта да аға ұрпақ қателігін қайталай көрмеңіздер! Тарихтың бұл қанды сойқаны үрім-бұтағымызға ащы сабақ боп қалсын! Өз бастарыңа қаламаған нәрсені өзгеге де қаламаңыздар!» («Социалистік Қазақстан», 20.І.1989).

М.Қаратаев отызыншы жылдар ойранының басы-қасында жүрген некен-саяқ қаламгерлердің бірі. Сол себепті де кейінгі ұрпақтың оны осы мақаланы жазғандығы үшін айыптап, жауап беруін талап етуі де заңды⁴¹⁵. Тағы да М.Қаратаевқа сөз берейік: «Бұрынғы сұмдық сұмдық па, нағыз сұмдық енді басталды» Кімге сенеріңді білмейсің. Сәкен ұсталысымен Орталық Комитеттен арнайы бұйрық келді. Кім екенін ұмытып қалдым. Телефон арқылы жарлығын жариялады. Бөлім меңгерушісі Жанайдар Садуақасовтың өзі де «ғайыпқа айналғандардың» қатарына қосылған. Және жиі-жиі ауысып, қайшыласып жатқан кез. Бізде де ес жоқ. Қайсы бірін ойда ұстағандайсың, сол адам маған баспасөздерде Сәкен туралы «үн қосуды» ұйымдастыруды тапсырды. Амалың қайсы, көнесің. Одан Сәбит те, Ғабит те шет қалмады. Мен де жаздым... Көрдің бе, бізді сондай сұмдыққа итермеледі. Сәкенмен байланысты деп, Сәбитті орнынан алып, партиядан шығарды. Бос орынға мені қойды. Іле, араға жыл салып, мен де кеттім. Ғабит екеуіміз партиядан 1938 жылы 5 августа бір күнде шығарылдық. Алты күннен соң мен ұзақ әрі еріксізден болған «сапарға» аттандым. Ғабит аман қалды. Қайран асыл жылдарым текке рәсуа, қор боп кетті-ау» («Жұлдыз», 1988, №8, 110-бет).

Отыз жетінің ойранына қағысты шындықты қалың көпшілік соңғы кезге дейін біле бермеді. Оның түрлі себептері де болды. Уақыт өткен сайын ұрпақтардың өткеніне үңіле қарап, не болғанын түсінгісі келетіні де анық. Осы мақсатта түрлі пікірлердің бой көрсетіп жатуы да заңдылық. Түбінде халық өзі жүріп өткен жолдарға уақыт биігінен қарап отыратынын, шындықтың бетке шығатынын да есте ұстағанымыз жөн. Ол үшін сол кезеңнің сырына үңіле түсейік. Осы сұрқия саясатты қолдап мақала жазған, жыл ортасынан бастап Жазушылар Одағын басқарған, соңында өзі де айыпталып, зұлмат заманның бар болмысын басынан кешірген, қыр-сырын жақсы білетін М.Қаратаев осындай іс-әрекеттері үшін кейінгі ұрпақ алдында былай деп жауап берді: «Қазақстан Компартиясының І съезі қаулысы мен сын мақалалар бойынша Қазақстан Жазушылар Одағы партия ұйымының және партбюроның сұрапыл қаулысы болды. Әділетсіз қаулыны мойындап, қырағылыққа, күреске, жауларды құртуға міндеттеген қаулы еді ол. Көп ұзамай одақтың бастығы Сәбит Мұқановты орнынан босатты. Орнына бұрынғы жауапты хатшысы М.Қаратаевты қойды. Сонда кім орындау керек еді ол бұйрықты? Әрине, Қаратаев...

...Мақаланың қате, кемшілігі жоқ деуден аулақпын. Болғанда қандай? Сұрапыл қате! Біріншіден, саяси сұмдық құрсауға қарсы тұра алмай, кінәлі емес, кіріптар халде қалуым, екіншіден, ақты, қараны айыра алмай, сталинизм зобалаңынан шыға алмай соқыр күйде қалуым» («Өркен», 1989, көкектің 8-і).

Қалай дегенмен де бұрын шыққан материалдар бар, оған осы мақала қосылып партияның, халықтың атынан ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетіміздің алғашқыда үркердей боп шыққан бір топ көрнекті өкілдері саяси тұрғыдан айыпталып, қараланды. Кезінде В.И.Лениннің өзі кешірім берген алашорда қозғалысының белді қайраткерлері А.Байтұрсынов, Ө.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев қайтадан ұсталды. Бұлармен бірге мақалада аттары аталған Бәйділлин, Тоғжанов, Жансүгіров, Жаманқұлов, Майлин, Жүргенов, Жолдыбаев, Сейфуллин, Әлібаев сынды қаламгерлер жазықсыз жазаға ұшырады. Аттары аталғандардың ішінде М.Әуезов, С.Мұқанов, Ө.Тәжібаев қана аман қалды.

М.Қаратаевтың осыдан кейін жазған кейбір мақалаларында да осындай сарындардың көрініс табуы оның Жазушылар Одағының басшысы ретінде қызметіне тікелей байланысты болса керек. Оның халық шығармашылығына арнап жазған мақаласынан «қазіргі саяси міндет ұлтшыл-фашист шпиондарды, диверсанттарды және кісі өлтіргіш қан ішерлерді рақымсыз күл-талқанын шығарып түп-тамырымен құрту, олардың зиянкестік істерінің түрін, әдісін ашу басты міндет» («Қазақ әдебиеті», 15.X.1937), деген сияқты жолдарды оқимыз. Ал «Литературный Казахстан» (1937, қараша-желтоқсан) журналында «халық жаулары» жеріне жеткізе балағаттаған: «Әдебиет саласындағы біздің табыстарымыз айтарлықтай, бұл табыстар мұнан да қомақты болар еді, егер де бұл іске Жүргенов, Сейфуллин, Жансүгіров секілді ұлтшыл-фашист бандиттер лас қолын салмағанда; бұл опасыз фашист арамзалар нақұрыстық ауруды мәдениет майданы

⁴¹⁵ Ақатаев С. «Белі бүкір, алысқа түкір», «Өркен», 18.ІІІ.1989.

басшы қызметкерлерінің саяси бейқамдығын пайдаланбағанда өнер мен әдебиеттегі жауапты қызметтерге кіріп кетпеген, өздерінің шірік бүлдіргі зиянды әрекеттеріне мүмкіндік алмаған болар еді. Жапон-герман жалдамалылары қазақ өнерін ұлы орыс халқы мәдениетінің игілікті әсерінен, оның басты идеялық негізі мазмұнынан айырып, байшылдық ортағасырлықты, ұлтшыл-фашист надандықты, жауыздықты барынша марапаттады. Олардың халыққа деген арам ойлары өнердегі дарынды жастарды қудалап, жоқ қылу, оларды партиядан, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқан, сөйтіп, өнердің ең жақсы өкілдерін моральдық, тұрмыстық және саяси жағынан бүлдіру арқылы мүгедек қылып, қатардан шығару болып табылады».

Бұл жолдарды академик М.Қаратаев жазды дегенге сенгің де келмейді. Дегенмен де шындық солай. Мұнда сол кезде «халық жауы» болып ұсталған қаламгерлерімізге таңылған «саяси қылмыстары» толық көрінеді. Бұл айыптарды Қаратаев қана қойып отырған жоқ, оның аузымен сол кездегі сталинизм айтқызып отыр. Лауазымды қызметте отырған Қаратаевтың бұлай сөйлемеске амалы жоқ. Осылай істемесе, ол бұл қызметте тұрмаған да болар еді. Кім болса да осы қызметте отырған әйтеуір біреудің осылай сөйлеуі анық еді. М.Қаратаев осы «тарихи миссияны» атқарып шыққан. Өйткені, Сталиннің озбыр саясаты өз дегенін істетпей қоймаған. Көптеген қалам қайраткерлерінің еріксіз сталиншіл сойқанды саясаттың қолшоқпарына айналып, кіріптар халге түскендігіне, сонында өздерінің де өздері жүргізген саясаттың құрбандықтарына айналғандығына көзіңіз жеткендей болды.

«Халық жауларын» әшкерелеп мақалалар жазып, сталиндік саясатты Қазақстан Жазушылар одағында жүргізушілердің бірі болғанымен М.Қаратаев та отызыншы жылдар ойранынан қашып құтыла алмады. Бір кездегі айыптаушының өзі соңында айыпталушыға айналып, айдалып кете барды.

«Орысша айтқанда кінәм»... состоял членом контрреволюционно – националистической организаций, программой и задачей которой было установление буржуазного строя под протекторатами Японии» деп тұжырымдалды. Оның үстіне жығылғанға жұдырық болған тағы бір жай – Тбилисиге барған сапарымыз болды... Москва арқылы барған сол сапарымызда Жәкенді жоғары басшылық қабылдауы мүмкін екені айтылған. Алайда, НКВД комиссары Н.И.Ежов қабылдады және неге екені белгісіз, Жәкенді, мені және Константин Алтайский үшеуімізді ғана қабылдады. Міне, кейін мен үшін қатерлі жәйға айналған оқиға да осы болды. Тағылған «айып»: С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов бар, бір топ жазушы Сәбиттің үйіне жиналыпсыз. Кавказға жүрер осы сапарда Тайыр Жароков екеумізге қалай да Н.И.Ежовтың қабылдауында болу және қабылдау кезінде оған қастандық жасау тапсырылыпты) («Социалистiк Қазақстан», 20.I.1989).

1937 жылғы жаппай жазалаулар кезінде қазақ қаламгерлерінің көпшілігі «ұлтшылдығы» үшін кінәланды. Ал сол кездегі идеологияның түсіндіруі бойынша ұлтшылдық троцкизммен байланыстырылды да троцкизмнің өзі тікелей фашизмге жатқызылды. Осындай саясаттың барысында жасанды схема бойынша жазушылар алдымен, «ұлтшыл», содан кейін «фашист», ең соңында «халық жауы» аталып шыға берді. «Қазақ әдебиетіндегі авербаховшылдықтың қалдығын толық жою керек» деген мақалада да «Бұл ұлтшыл арамзалардың контрреволюцияшыл жауыздың істерінің әдіс-айласы, әдебиеттегі троцкийшіл-авербахшылдық бандының әдіс айласынан аумайды. Троцкизм мен қазақ ұлтшылдығының бірігіп, жапон-германия фашизмінің айдап салған алаяқ агенттеріне айналып кеткені көптен мәлім» – деген сияқты жолдар кездеседі. Қазақ зиялыларының троцкизммен, фашизммен байланысы болды дегенге сенгің де келмейді. Сонда бүкіл отызыншы жылдарда соншама айқай туғызып, дүрбелен әкелген А.Троцкий шынында да фашизммен байланыста болды ма? Нақтылы деректерге сүйенсек, мұның бәрі белгілі бір саяси мақсатпен ойдан шығарылып, қолдан жасалынған «теория» болатын. Осы мәселені анықтау мақсатымен құрылған халықаралық комиссияның қорытынды пікірі 1946 жылдың өзінде-ақ баспасөзде жарияланған болатын. Күні кешеге дейін беймәлім болып келген бұл құжат кейін жарияланды. Газет шығарушысының атына жазылған мәлімдемеде мынадай тұжырым жасалған:

«Форвард» газетін шығарушыға хат. Сэр, 1936 және 1937 жылдары Мәскеудегі саяси процестер кезінде Лев Троцкийдің және басқа да айыпталушылардың ұлтшыл үкіметтермен, гестапомен байланыстары жайлы көп айтылды. Троцкийді қорғаудың Америкалық комитетінің бастамасымен осы процестер туралы осындай ұйымдардың және басқа да елдердің

өкілеттігін алған Комиссия құрылған болатын. Оның төрағасы белгілі либерал ағартушы және журналист Джон Дьюи, хагшысы жазушы, журналист Сюзанн ля Фолетт, адвокаты – Сакко де Ванцетти мен Тома Мунидің қорғаушысы ретінде танымал Джон Финнерти болды. Комиссияның құрамына құрметті қоғам қайраткерлері: социологтар, педагогтар, баспагерлер, журналистер, жазушылар енді. Комиссияның көлемді «Есептерінде» олар өздерін «түрлі саяси және әлеуметтік бағыттағылар, бір де біреуі Троцкийдің жолын қуушы адамдар емес» деп айқындады. Комиссия қойылған айыптар бойынша Троцкийді кінәсіз деп тапты» («Родина», 1989, 12, 15-бет). Он үш адамның қолы қойылған бұл мәлімдеме 1946 жылы ақпанның 25-інде жазылып, наурыздың 16-сында «Форвард» газетінде басылған. Бұл пікірлерге алып-қосарымыз жоқ.

1937 жылдың екінші жартысының «саяси науқанында» жазушылардың арасындағы жат элементтерді анықтауға «Қазақ әдебиеті» (редакторы Т.Жароков) газеті едәуір еңбек сіңірді. Бұл газеттің бетінде сол кездегі белгілі қазақ қаламгерлері түгелге жуық саяси сынға ұшырады. Әсіресе, қазан айында бұл жұмысты жолға қойғандығы соншалық бұрын жазушыларды топ-тобымен қосақтап сынап келген болса, енді бұл «әдіс» жеткіліксіз саналып, әрқайсысының «сыбағасын» жеке-жеке беру қолға алынды. Бір айдың ішінде ғана С.Мұқановты («Жазушылар ұйымындағы ұлтшыл-фашист жаулардың зиянды зардабын бір жола құртайық». 8.X.1937), Ғ.Мүсіреповті («Халық жауларының жетегіндегі жазушы», 15.X.1937), М.Әуезовті («Әуезовтің сөзі мен ісі неге бір жерден шықпайды?» 20.X.1937), Ш.Сарыбаевты (Қанапия. «Ұлтшыл-фашистердің асырандысы». 28.X.1937) эшкерлеген материалдар шықты. Әр нөмір сайын беріліп отырған циклды мақалалардың ең соңғысы Е.Ысмайыловқа арналды («Смаиловтың контрабандалық қаталарына қорығанды жасайтын мезгіл жетті». «Қазақ әдебиеті», 16.XI.1937). Редакция атынан жазылған бұл мақала да тақырыбының өзінен-ақ зәрін ішіне тартып, айыптап тұрғандай. Ал, мазмұнына келсек, Есмағамбеттің 1936 жылы жарық көрген «Жаз еркесі» атты өлеңдер жинағын сөз ете отырып, оны да «халық жауы» деп анықтаған.

«Жинақтағы өлеңдер түгелінен социалистік реализмге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын буржуазия стилі символизм күйректікпен жазылған. Поэзияға символизм стилін ХХ ғасырдың басындағы орыстың қанаушы таптарының ақын, жазушылары қолданып, онан кейін қазақтың ұлтшыл әдебиетіне стиль болып енген еді. Ежелгі халық жаулары Жұмабаев, Сейфуллин, Жансүгіровтердің контрреволюцияшыл «өлеңдерінде» символизм стилі негізгі арқау болған» деп, алдымен символизмді үстем тапқа меншіктеп береді де бұл әдіс еңбекші тап ақынына жат деген теориялық ой қорытындысын жасайды. Осылайша екі тап ақындарының басты жол айырығын анықтап алған соң тікелей жинақты сынауға көшеді.

«Смаилов «Жаз еркесі» атты өлеңдер жинағын символизм стилімен жазып, совет әдебиетінің социализм реализміне қарсы шықпақшы болған. Смаилов совет жазушысының тонын жамылып, ұлтшылдардың отына май құятын, өмірдің шындығына жанаспайтын осындай зиянды пікірлі өлеңдерін таратып келді», – деп басты кінәні артады. Кінәлау жалпылама; нақты мына өлеңінде мынадай зиянды пікір бар деп көрсетілмеген.

«Смаилов көптен халық жаулары Сейфуллин, Жансүгіров, Жаманқұловтардың сыбайласы болып келген» деп, екінші ауыр айып тағылған. Осылайша «халық жауы» екендігін анықтап алған соң «Смаиловтың бұл қаталары туралы талай рет сигнал болса да, Қазақстан Жазушылар ұйымы осы кезге шейін тиісті қорытынды жасамай отыр» деп шара қолдануға үндейді. Ал, Е.Ысмайылов туралы арнайы мақаланың жазылуына оның жыл басында І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын «халықтық поэма» деп, жоғары бағалауының да әсері болуы мүмкін. Онда «Құлагер» осы күнге дейін болып келген поэзиямыздың ең асылы, ең кесек қазынасының бірі екені талассыз. Бұл поэзиямыздың кең жоталы, мықты бел асарының бір сатысы. Бұл поэма қазақ совет поэзиясының өрлеу дәуірінің өмірі өлмейтін алтын ескерткіштерінің бірі» («Социалистік Қазақстан», 6.I.1937) деп пікір білдірген болатын. Енді осындай шығарма да, оның авторы да халыққа жат саналды. Демек, Жансүгіровті мақтап мақала жазған Е.Ысмайылов та «халық жауы» деген қорытынды өзінен-өзі шығып тұр. Қалай дегенмен де «Қазақ әдебиетінде» жарияланған бұл мақаланың шығармашылық жолын поэзиядан, сыннан бастап, кейіннен белгілі сыншы, әдебиет зерттеушісі болған Есмағамбет Ысмайыловтың тағдыр-талайына тікелей теріс әсері болғаны да күмәнсіз.

Қарашаның орта шенінде жарияланған бұл мақала 1937 жылғы ұр да жық материалдардың да соңы болды. Өйткені, бұл кезде қараланбаған белгілі қазақ қаламгерлері де қалмаған еді,

көпшілігі ұсталып, аман қалғандары ендігі күніміз қалай болар екен деген халде болатын. Жаппай әшкерелеу науқанының қарашада біршама толас табуына бір жағынан, осы жағдай себепкер болса, желтоқсан айында КСРО Конституциясының қабылдануы, елімізде алғашқы сайлаудың өтуі де тікелей әсер етті. Қарашаның соңына қарай баспасөз бетінде мұндай материалдар сирей бастады. Керісінше, «халық жауларын» түгелдей талқандап «жеңіске жеткен» еңбекші таптың кеңестік құрылыстағы жетістіктерін, елде социализмнің салтанат құрғанын, оған дәлел ретінде кеңестік демократизмнің жарқын көрінісі алғашқы сайлаудың өтуін, КСРО Конституциясының қабылдануын марапаттаған материалдар қаптап кетті...

Сонымен, қара құйындай қиратып, жойып, сталинизмнің «қара дауылы» да құйғытып өтті. Халқымыз жүріп өткен отызыншы жылдардың жұртында тарихтың қара тақтасына жазылған қаралы оқиғалар қалды. «Мәскеуде жел тұрса, Қазақстанда дауыл тұрады» дегендей, бүкіл елімізді жайпап өткен сталиншіл саясаттың жаппай жазалау жұмыстары республикамызда орталықтағыдан асып түспесе, кем «дәрежеде» жүргізілген жоқ. Қоғамдық тұрмыстың социалистік нормалары өміріміздің барлық салаларында дерлік аяққа тапталды.

Жалпы, сталинизм жиырмасыншы жылдардың соңына қарай қалыптасты да, отызыншы жылдардың басында-ақ күшіне енген болатын. Отыз жетінші жылы сталиндік саясат шырқау шыңына шығып, бар болмысымен көрініс тапты: бүкіл елде жаппай жазықсыз жазалаулар жүзеге асты. Қазір осы кезеңдерде жазықсыз жазаға ұшырағандардың бәрі де ақталып, азаматтық құқықтары қалпына келтірілді. Ең бастысы сталинизм туралы шындықты ашық айтуға жол ашылды.

Алдын ала анықталған деректерге қарағанда, КСРО бойынша «1930–1953 жылдары контрреволюциялық, мемлекеттік қылмыстар жасады деген айып бойынша сот органдары мен сотқа жатпайтын неше түрлі органдар 3.778.234 адам жөнінде үкім шығарып, қаулы қабылдаған, олардың ішінде 786.098 адам атылған» («Социалистік Қазақстан», 15.ІІ.1990). Ал Қазақстанға келетін болсақ, «1930–1953 жылдарда контрреволюциялық, мемлекеттік қылмыстар жасады деген айып бойынша сот органдары мен сотқа жатпайтын түрлі органдар 35 мың адам жөнінде үкімдер, қаулылар және шешімдер шығарғанын көрсетеді. Олардың 5430-ы атылған» («Социалистік Қазақстан», 16.ІІ.1990). Бұл келтірілгендер мемлекеттік қауіпсіздік, прокуратура сияқты ресми мекемелердің мәліметтері, ал жекелеген зерттеушілер бұл цифрларды нақтылай түседі. Академик Б.Төлепбаев пен В.Осипов «1931–1933 жылдарғы ашаршылықта қазақ халқының арасынан 1050–1100 мың адам опат болды. Бұған қоса республиканың өзге ұлттары арасынан 200–250 мың адам аштықтың құрбандығында кетті». «Солай болса-дағы республикадағы қазақтардың саны шамамен 1,8 миллион адам қысқарды»... («Социалистік Қазақстан», 14.1.1989) деп жазады. Ал, демограф М.Тәтімұмов («Социальная обусловность демографических процессов». А., 1989, 109-бет) пен Т.Кәкішев («Қазақстан коммунисті», 1990, №2, 57-бет) Қазақстан халқының 49 проценті, яғни 2 миллионнан астамы нәубетте өлгенін айтады. 1937–1938 жылдары «сорпаның бетіне шығатын» азаматтардың 66 мыңы қуғын-сүргінге түсіп, 22 мыңы атылып кеткендігін келтіреді. Алдағы уақыттарда мұндай деректердің нақтылана, анықтала түсері хақ.

Қалай дегенмен де сталиндік қанқұйлы саясаттың тікелей нәтижесі болып табылатын отызыншы жылдардың қаралы оқиғалары әсіресе ұлт аймақтарында айықпас аурудың, жазылмас жараның негізін салып кетті. Өзімізге келетін болсақ, қазақ халқының ұлттық даму тамырларына аяусыз балта шабылды. Саяси күрестегі таптық, партиялық принциптерді көркемдік көркеюдің өзіндік өзгешеліктерін ескермей, сол күйінде мәдениет саласында да солақай қолданудың нәтижесінде тарихи, мәдени, әдеби дамуымыздағы ұлттық сипаттардың барлығы да «ұлтшыл», «халыққа жат», деп табылды. Халқымыздың «елім» деп еңіреген қызу қанды, ыстық жанды көш бастаған ақылман азаматтары, ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетіміздің алғашқы көрнекті өкілдері түгелге жуық «халық жауы» ретінде жазықсыз жазалауларға ұшырады. 1931–1932 жылдардағы ашаршылықта негізінен қарапайым халық қырылып, сан жағынан 2 миллиондай шығын болса, 1937–1938 жылғы қолдан жасалған қуғындаудың зардабы да одан кем емес еді. Алғашқысында қазақ халқының зиялы қауымының негізі қуғын көріп, ұстала бастағанымен де көпшілігінің өмірі сақталып қалған еді. Ал қуғындаудың екінші толқыны келіп соққанда, қазақ халқы өзінің негізгі ұлттық интеллектуалынан ары болған ардақтыларынан, жаны болған жайсандарынан айырылды. Ұлттық интеллектуалдан

айрылу дегеніміз болашақ ұлттық даму потенциалынан жұрдай болумен бірдей. Халқымыздың тарихындағы осы бір орны толмас, өзек өртер өкініштің өксігі күні бүгінге дейін басылмай келеді. Шіркін, сол отызыншы жылдарда опат болған ардақты азаматтарымыз аман қалғанда қоғамдық-экономикалық әдеби-мәдени, азаматтық дамуымызда бұдан да биік белестерден көрінер ме едік деген ойлар да мазалайды. Шалыс басып бара жатқанымызды сол кездің өзінде-ақ көре білген екен ғой олар.

Біздің бүгінгі таңда да мәнгүрттік, нигилистік көзқарастардың шылауынан шыға алмай келуіміздің басты себептерін де осы отызыншы жылдарда Сталин жүзеге асырған саясаттан іздеуіміз керек сияқты. Әйтпесе, ел аман, жұрт тынышта, жау жоқта жау іздеп А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, Ғ.Тоғжанов, Т.Жүргенов, Қ.Жұбанов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров т.б. сынды тұтас бір халықтың тұтас бір ардақтыларының ұсталып кетуін немен түсіндіруге болады? Көзіміздің жеткені: сталинизмнің қазақ халқының дамуына тигізген кесірі аз болмапты. Ақты қара, қараны ақ дегізген, баланы әкеге, азаматты ағайынға, қауымды ардақтысына, керек десеңіз бір халықтың өзін жікке бөліп, жұмысшыны шаруаға, зиялыға қарсы қойып, социализм үшін күрес деп ұғындырған заман туралы не деуге болады. Жеріміз қаншалықты бүлінген болса, елдігіміз де соншалықты бүлініпті. Ең бастысы адамдардың азаматтық сана-сезімі сөгініп сұрқайылық пайда болыпты. Халқының тарихын білмейтін; тілін түсінбейтін, ұлттық дәстүр, әдебиет-мәдениет дегеннен мақұрым санасы сапалақ ұлтқа айналып барады екеміз. Өзімізге өзіміз сын көзімен қарап, не бар, не жоғымызды тарих тағылымының таразысына салып пайымдау әркімнің азаматтық абыройының айғағы деп ұққан жөн. Сол себепті де өткенімізге қайта-қайта үңіліп, бүгінгі өміріміздің өзекті сұрақтарына өміршең жауаптар іздеуіміз де заңды.

9. СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ӘДЕБИ АХУАЛ

Қыркыншы жылдардағы қазақ әдеби сынын іштей соғыс жылдарындағы және соғыстан соңғы кезеңдерге бөліп қарастырған жөн. Өйткені сол кездердегі саяси-әлеуметтік жағдайлардың түрліше болуы әдеби өмірге де айтарлықтай әсер еткендігі анық байқалады.

1941 жылы жазда фашистік Германия Кеңестер Одағын басып алу мақсатымен соғыс ашты. Еліміздегі барлық материалдық және идеологиялық әлеумет отанды қорғап қалу ісіне жұмылдырылды. Көптеген қазақ ақын-жазушылары шығармашылықты қоя тұрып, майданға аттануына тура келді. Майдандағы қаламгерлер қолына қару мен қаламды қатар ұстап, жауға қарсы күрессе, елде қалған жасамыс жазушылар да қаламын ұштай түсіп, соғыста қан кешіп жүрген қазақ жауынгерлерінің жауға деген өшпенділігін, патриоттық сезімін оятып, елдің еңсесін көтеруге рухани жағынан барынша қызмет етті. Сөз өнерінің ішінде отаншыл көсем-сөз (патриоттық публицистика) алдыңғы қатарға шығып, отан қорғау тақырыбы бүкіл идеологиялық жұмыстың негізгі мазмұнына айналды. Мұндай жағдай қазақ әдебиетшілерінің алдына да жаңа міндеттер қойды.

Жеке адамға табынушылық салдарынан отызыншы жылдардың соңына қарай ойсырап қалған қазақ әдеби сыны есін жиып, өз міндетін атқаруға кірісудің орнына соғыс кезіндегі саяси ахуалдың салдарынан еңсесін көтере алмай жатты. Осы дәуірдегі сынның өз дәрежесінде көріне алмағандығына бір жағынан, сол дәуірдің идеологиялық қыспағы, екінші жағынан, соғыс кезіндегі көркем әдебиетіміздің саябырсып қалғандығы да айтарлықтай әсер етті. Әдеби сынның сол кездегі идеологиялық-саяси жағдайға тікелей байланыстылығы мен сыншылдық пікірдің дамуына тікелей әсер ететін оның негізгі зерттеу нысаны саналатын көркем әдебиеттің дамуында айтарлықтай құбылыстардың болмауы әдеби сынның өрістей алмауына тікелей қатысты объективтік, субъективтік себептер болды.

Соғыс жылдарында көркем әдебиет аз шығып, әдеби басылымдар жабылып қалғанына байланысты қазақ әдебиеті өзінің қарқынды дамуын бәсеңдетті десек те әдеби өмірдің ағысы тоқтаған жоқ. Әдеби процесс отызыншы жылдардағыдай бұрқ-сарқ қайнап жатпаса да, әдеби сын көркемдік даму ұсынып отырған мәселелерді уақтылы шешуге араласып отырды. Қазақ әдебиетінде М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағамбетов, Ғ.Ормановтар өнімді еңбек етсе, майданда Ә.Сәрсенбаев, Қ.Аманжолов, Т.Жароков, Ж.Саин, Д.Әбілев, А.Жұмағалиев, Б.Бұлқышев, Б.Момышұлы, С.Сейітов, Ж.Молдағалиев, Х.Ерғалиев,

С.Мәуленов сияқты ақындар қару жастана жүріп қаламды қолдарынан тастамады. Жамбыл бастаған халық ақындарының даңқы жайылып, олардың отаншылдық рухтағы өлең-жырлары кеңінен тарап жатты. Аз болса да шығып жатқан көркем шығармаларға, баспасөз бетінде жарияланып жатқан жаңа туындыларға пікір білдірген сын мақалалары сирек те болса жарияланып тұрды. Осы кездегі сында Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, Т.Нұртазин, С.Төлешев, Б.Шалабаев, А.Лекеров, М.Бөжеев, Қ.Жармағамбетовтер, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев сияқты белгілі ақын-жазушылар да сынға ара-кідік араласып қойып отырды. Күндіз-түні майдан жаққа көз тігіп отырған халық майдангер ақын-жазушылардың баспасөз беттерінде жарияланып тұрған өлең-жырларын қызыға оқып жатты.

Соғыс жылдарында жазылған Ә.Тәжібаевтың «Қазақ әдебиетінің бүгінгі міндеттері» («Әдебиет майданы», 1941, №4), М.Әуезовтың «Ерлік – елдің сыны» («Социалистік Қазақстан», 1941, 30 шілде), Қ.Бекхожиннің «Ерлікті жырлайық» («Лениншіл жас», 1941, 10 шілде), Б.Кенжебаевтың «Қаһарлы сөз қамал бұзады» («Социалистік Қазақстан», 1941, 4 қыркүйек), Қ.Жармағамбетовтың «Жауға өшпенділікті кернете түседі» («Социалистік Қазақстан», 1942, 29 қараша), М.Әбдіхалықовтың «Қазақ әдебиетін өркендетудегі міндеттеріміз» («Социалистік Қазақстан», 1943, 4 сәуір), Ғ.Мүсіреповтың «Майданнан соққан жылы леп» («Социалистік Қазақстан», 1944, 6 маусым), Е.Ысмайыловтың «Соғыс кезіндегі қазақ поэзиясының жайы мен міндеті туралы» (ССРО Ғылым академиясының қазақ филологиясының хабарлары. Тіл мен әдебиет сериясы. 1944. №1), т.б. мақалаларында сол кездегі әдебиеттің жай-күйі көркемдік тұрғыдан гөрі идеялық жағынан көбірек әңгімеленді. Осы кезде жарқ етіп көрінген Баубек Бұлқышев (Ғ.Әбішев. Жауынгер журналист // «Социалистік Қазақстан», 1943. 5 мамыр), Абдолла Жұмағалиев (В.Григорьев. Герой ақын // «Социалистік Қазақстан», 1943, 13 қаңтар), Қ.Аманжолов пен Ә.Сәрсенбаев (Ғ.Мүсірепов. Майданнан соққан жаңа леп // «Социалистік Қазақстан», 1944, 6 маусым) туралы мақалалар жазылып, бүкіл елге таралды. Ғ.Мүсіреповтың мақаласында Қ.Аманжоловтың «Абдолла» поэмасы соғыс кезіндегі қазақ поэзиясының аса ірі табысы ретінде бағаланды. Ә.Сәрсенбаевтың ««Социалистік Қазақстан»» газетінде басылған «Ақша бұлт» атты бір өлеңін оқи отырып жас жауынгердің ақындық болашағына үлкен үміт артты. Майдангер қос ақынның бұл шығармаларын «Майданнан соққан жаңа лепке» санады. Ғ.Мүсірепов «Абдолла» туралы: «Поэма майданда ерлік көрсетіп, елі үшін қаза тапқан ақын жайында, ақын Қасым жанының бар толғанысын, кек күшін, сезім тереңдігін бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сөзімен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін өртеп, жүрегін тербеп шыққан» (Ғ.Мүсірепов. Суреткер парызы. Алматы. 1970, 330-б.), – деп, Қасым Аманжоловтың ақындық қуатын жоғары бағалады, оның ақын жайлы жазған поэмасының көркемдік құдыретіне назар аударды. Ә.Сәрсенбаевтың бір өлеңін талдау арқылы жас ақынның бүкіл ақындық болмысын ашып берді.

А.Лекеровтың «Ақын шабыты» (Н.Байғанин туралы), С.Сейітовтің «Барды барша, жоқты жоқша айту керек» («Нарын» поэмасы туралы), Қ.Бекхожиннің «Ерлікті жырлайық», С.Мұқановтың «Отан қорғауда маңызы зор поэма», А.Тоқмағамбетовтың «Кавказ» (Иса Байзақовтың осы аттас поэмасы туралы), Б.Шалабаевтың «Еңбек – кәсіп жайындағы өлеңдер», Ы.Дүйсенбаевтың «Қазақ ақындары отан туралы», Ж.Жұмақановтың «Мәншүк туралы поэма», Қ.Тұрғанбаевтың «Ақбөпе» (Исаның поэмасы туралы), т.б. мақалалары сол кездің дәуір талабына сай белгілі бір идеологиялық талаптар тұрғысынан жазылғандығы көрінеді. Жалпы соғыс кезіндегі әдеби сында әдеби шығармалардың көркемдік сипатынан гөрі оның идеялық жағына, отаншылдықты, советтік патриотизмді дәріптеуге көбірек көңіл бөлгендігі байқалады.

М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясының алғашқы кітабының жарыққа шығуы соғыс кезіндегі қазақ әдеби өміріндегі ең бір елеулі оқиға болды. Бұл кітаптың басылып шығуына сол кездегі республика басшылығы идеологиялық тұрғыдан рұқсат берілмейді. Сол кезде Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасының бас редакторы болған ұлтын сүйген азамат Б.Кенжебаевтың қауіпке қарамастан тәуекелге бел буған азаматтық әрекетінің арқасында ғана бұл шығарма жарыққа шығады. Кітап шыға салысымен-ақ Б.Кенжебаев пен Қ.Шаңғытбаевтың кітапты жоғары бағалаған мақаласы жарық көрді. «Абай» романы қазақ тұрмысының үлкен бір айнасы, қазақ халқының қасиетін, сын-сипатын, сапасын, елдігін көрсететін, қазақ оқушыларының патриоттық, халқын сүюшілік сезімін күшейтетін, қазақты

жете білмейтін жұрт оқушыларына қазақ халқы осындай халық екен деп айтқызатын роман, патриоттық роман» («Социалистік Қазақстан», 1942, 26 шілде) – деп, қазақ әдебиетіне тамаша бір туынды келіп қосылғанын жалпақ жұртқа жария етті. «Абайдың» тарихи роман екендігін анықтап, ары қарай «романның тілі жатық, әрі көркем» дей келіп, оның көркемдік жетістіктеріне тоқталады. «Абайды» А.Толстойдың «Бірінші Петр», Ю.Таняновтың «Уәзір Мұхтардың өлімі», «Пушкин», В.Янның «Шыңғысхан» тарихи романдарымен салыстырып, Мұхтардың туындысы «әлгі аталған романдардың бірқатарынан жақсы болып шыққан» (сонда) – деген пікірін ашық айтады. Рецензия «Абай» романы биік шың, жазушының өрге шығып, қияға қарай өрлеп келе жатқанын көрсететін шығарма. «Абай» романы – қазақ совет әдебиетінің үлкен бір табысы» – деген ой түйінімен аяқталған.

Бірақ бұған қарамастан ресми билік «Абай жолы» бірінші томының жарық көруін суық қабылдады. Роман идеялық тұрғыдан ескілікті марапаттайтын кертартпа туынды деп бағаланып, оның авторы М.Әуезов пен оны бастырып шығарған, оған жылы лебіз білдірген Б.Кенжебаев саяси тұрғыдан қудалана бастады. Ресми баспасөз бетінде романға саяси сындар айтқан мақалалар көрінді. Бірақ қалың оқырман «Абай жолын» жылы қабылдады. Газеттерде майдандағы жауынгерлердің, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин сияқты ерліктерімен аңызға айналған батырлардың романды ұнатқан пікірлері мен хаттары жарияланған соң барып, өршіп кеткелі тұрған дүмпу ішін тартты.

Роман-эпопеяның алғашқы кітабының жарыққа шығуы әдеби сында қызу пікірлер туғызып, кітап жайлы біршама мақалалар жарық көрді; соны 1943 жылдың көктемінде өткен талқылауға ұласты. Жалпы, сол кездегі, яғни отызыншы, қыркыншы жылдардағы әдеби дәстүр бойынша жаңа нарық көрген әрбір елеулі туынды жайлы пікір алысулар өткізіліп тұратын. М.Әуезовтың «Абайы» жайлы Қазақстан Жазушылар Одағы ұйымдастырған жиында негізгі баяндаманы жасаған Е.Ысмайыловтың және басқа да шығып сөйлеушілердің сөздерінде әртүрлі кемшіліктері көрсетіліп жатқанымен де роман қазақ кеңес әдебиетінің елеулі табысы ретінде бағаланды.

Пікір алысуда «Абай және роман туралы» тақырыпта баяндамашы Е.Ысмайылов романның қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік шығарма екендігін дәлелдей отырып, оның көркемдік қадір-қасиетін, сыр-сипатын жан-жақты саралап берді. Есмағанбет сол кездегі қазақ әдебиетінің жай-күйін шөла отырып, «Абайдың» ұлттық мәдениетіміздегі биік белес, таңғажайып табыс екенін баса айтты. Баяндама негізінен сол кездің идеологиялық талаптары тұрғысынан жасалғанымен де кей жерлердің шектеулі қалыпқа сыймай жатқандығы да көрінеді. Мысалы, «Алшынбай – ел қамын жеген, ел ағасының дәнекері, жалпы қазақтың мұңын жеген адам», «Құнанбай – Иван Грозный» деген сияқты пікірлер ол кезде басқаша айтылуы тиіс-тұғын. Сыншының бұл «қателігі» сол жерде-ақ «Алшынбай – үстем тап өкілі», «Құнанбайдың жемқор табактасы», «Құнанбай қай жағдайда болсын ел ісінің бар тізгігіне әбден ие боларлық мейлінше қажырлы адам. Иван Грозный орыс халқының басын қосқан, елдігін жасап берген адам болса, Құнанбай бұл ойдың маңына бармайды емес пе?! Туысы үлкен адам, бірақ Иван Грозный емес» (Ғ.Мүсірепов) – деп жөнделді. Ал Есмағанбеттің Құнанбайды Иван Грозныйға тегіннен тегін теңемегендігі көрінеді. «Бұл образға жеке оқиғалар тұрғысынан ғана баға бермей, жалпы тарихи дәуірдің даму тұрғысынан қарап, баға беретін болсақ, Құнанбай бейнесінде ашып зерттей түсетін сырлар толып жатыр.

XIX ғасырдағы бір жағынан орыс үкіметімен келісімге келіп, балаларын орысша оқытып, ел ішіне мешіт, медресе салдырып, елдің ішкі ру алалығына қатал әмір иесі күшімен қатты күрес ашқан Құнанбайға, Шыңғыс төреге, Балғожа биге жағымсыз, бір-ақ жағынан ғана баға беруіміз жеткіліксіз болар еді» («Сын мен шығарма». Алматы. 1966, 313-б.) – деген пікірінің астары тереңде жатса керек.

Бұл жерде Е.Ысмайылов романда өткен заман, үстем тап өкілдері социалистік реализм талаптарына сай суреттелмеді, таптық принцип ұсталынбаған деген негізгі саяси айыптауларды жоққа шығарып, үстем тап өкілдерін, қожа-молда, хан-сұлтандарды ылғи да жағымсыз бейнелей бермей, тарихи шындыққа сай суреттелу қажеттілігін меңзеп отыр.

Осы жиында шығып сөйлеген Ғ.Мүсірепов романды жоғары бағалады. Ол «Абайды» орыстың «Евгений Онегинімен» қатар қойған. «Мұхтардың «Абайына» шын мағынасында сын айтуға мен де жүрексінемін» – деп, кез-келген адамның роман туралы жатып-пұтып айта беруіне

болмайтындығын ескертеді. «Абай» романын неше рет қайталап оқысам – сонша, әрдайым жаңа бір ой, жаңа бір көркемдік, бұрын оқығанда байқалмай кеткен тереңдік тадам... «Абай» романы ең алдымен, ең ірі жазушымыз Мұхтардың жиырма бес жылға толған жазушылық еңбегінің негізгі қорытындысы сияқты. Әдебиеттің әр саласында, әр кезде, әр жолмен айтылып келген ойларының сарқып құйған шалқары осы «Абай» дер едім («Суреткер парызы». Алматы. 1970, 160-б.) – деген жүрекжарды пікірін білдіреді. «Абайдай» шығарма бұл күнге дейінгі, бүгінгі қазақ әдебиетінде болған емес» – дей келіп, романның көркемдік, образдық жүйесі, композициялық құрылымы жайлы толымды ойлар айтты. Ғабит кітапты бастан-аяқ мақтай бермеген, өзі байқаған кейбір кемшіліктерді де санамалап көрсеткен.

Ғ.Мүсіреповтың «Абай» жайлы пікірлері төмендегіше тұжырымдалған:

«Абай» романы бүгінгі қазақ совет әдебиетінің жаңа белі; бұл – «роман» деген үлкен ұғынысқа толық жауап беретін қазақ әдебиетіндегі бірінші роман. «Абай» – шын мағынасында Европалық озық әдебиеттердің піскен, сыналған үлгісімен жазылған роман.

«Абай» – тарихи-қоғамдық тартыстарға құрылған, шын мағынасындағы қазақ халқының бір дәуірдегі шын өмірін, ездiгiн түгел көрсете алатын роман. Ел өмірін көрсетемін деген еңбектер, қай дәуірді алса да, осындай терең, осындай шын, осындай ақылды, осындай нәзік сезіммен жазылатын болсын.

Қазақтың әр жазушысы «Абай» арқылы әдебиетіміз жаңа бір сатыға көтерілгенін ескеріп, қолына қалам алғанда, сол сатыға көтерілуді арман етсе екен деймін» (сонда, 174-б.). Бұл жолдардан жас талант иесі Ғ.Мүсіреповтың қазақтың тағы бір дарқан дарын иесі М.Әуезовтың өлмес туындысы «Абай» романының көркемдік қуат-қасиеттерін алғашқылардың бірі болып дәл көрсете білгендігі көрінеді.

М.Әуезовтың «Абай» романының алғашқы кітабының шығуы қазақ әдеби ой-пікірінің жан-жақты толығып, кемелдене түсуіне, көркем туындының көркемдік, жанрлық сыр-сипаттарына үңіле түсіп, жіті талдауына айтарлықтай ықпал еткен елеулі оқиға болды. Сонымен бірге әдеби сынның өнер туындысына деген талап пен талғамының артып, әдеби дамудың алдында тұрған қандай да бір мәселе болмасын, көркемөнердің биік принциптері тұрғысынан шеше алатындығын да байқатты.

Соғыс жылдары қазақ әдебиеттануында өткеннің мәдени мұраларына назар көбірек бөлінді. Жауды жеңу үшін советтік патриотизм туралы жылтыр сөздердің аздық ететіні байқалып, халықтың рухын көтеретін ұлы күш – ұлт батырларының ел қорғаудағы ерліктерін үлгі ету қолға алынды. Бұрындары жабық болып келген ұлттық батырлар, батырлық эпостар қолға алынып, зерттеліне бастады. Осы кезде тіпті орыс отаршылдарына қарсы күресіп өткен Кенесары Қасымұлы туралы да мақалалар шыға бастады. 1943 жылы белгілі орыс ғалымдары Грековтың, Дружининнің, Кучкиннің, Бернштамның, Панкратованың, Вяткиннің қатысуымен, Қазақстан Компартиясы ОК-нің хатшысы М.Әбдіхалықов пен белгілі ғалым А.Панкратованың редакциясын басқаруымен «Қазақ ССР тарихы» жарық көрді. Осы кітапқа Кенесары қозғалысы туралы тарауды Е.Бекмаханов жазды. «Қазақ ССР тарихының» әдебиетке қатысты тарауларын М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев жазысты.

Соғыс жылдарында бұрындары тыйым салынып келген ұлттық батырлардың ел қорғау ісіндегі ерліктері насихатталып, олар туралы тарихи және эпостық жырлар жарияланды. Қазақ халқының тарихын зерттеу істері қолға алынып, батырлық салты жайлы еңбектер едәуір көрінді. М.Ақынжановтың «Қазақ халқының жауынгерлік дәстүрі» («Социалистік Қазақстан», 1941, 12 қазан), Х.Әділгереевтың «Қазақ халқының құрылу тарихы туралы» («Социалистік Қазақстан», 1941, 18 мамыр), Е.Ысмайыловтың «1916 жылғы көтеріліске қатысушылардың кейбір жауынгерлік салты» («Социалистік Қазақстан», 1941, 14 қыркүйек), Б.Кенжебаевтың «Абылай» («Социалистік Қазақстан», 1942, 15 қаңтар), С.Мұқановтың «Батырлық салт» («Социалистік Қазақстан», 1942, 7 қараша), Ғ.Мүсіреповтың «Батырлар ұрпағы» («Социалистік Қазақстан», 1942, 17 қараша) сияқты мақалаларда қазақ халқының өткені тарихи және әдеби деректер негізінде әртүрлі қырларымен әңгімеленді. Сондай-ақ Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы туралы да мақалалар жарық көрді.

Осы кездердегі әдеби сында соғыс тақырыбының қазақ әдебиетінде игерілуі басты тақырыпқа айналды. С.Айтмұқановтың «1916 жылғы көтеріліс және поэзия» («Әдебиет және искусство», 1941, №2), Б.Кенжебаевтың «Қаһарлы сөз камал бұзады» («Социалистік Қазақстан»,

1941, 4 қыркүйек), С.Мұқановтың «Отан қорғауда маңызы зор поэма» («Социалистік Қазақстан», 1941, 10 тамыз), Е.Ысмайыловтың «Қазіргі поэзияда отан қорғау тақырыбы» («Әдебиет және искусство», 1941, №5), «Соғыс кезіндегі қазақ поэзиясының жайы мен міндеті туралы» (ССРО ҒА Қазақ филиалының Хабарлары. Тіл және әдебиет сериясы. 1944, 1-кітап), «Батырлық жырларда Аманкелдінің бейнесі» («Социалистік Қазақстан», 1944, 14 маусым) қазақ әдебиетіндегі соғыс тақырыбын қарастырып, дәуір талабына үн қосты.

Кенесары қозғалысының әдебиетте бейнеленуі жайлы еңбектер көрінді. Қ.Бекхожин «Кенесары-Наурызбайдың әдебиеттегі бейнелері» («Әдебиет және искусство», 1941, №5) атты мақала жазды. Онда Кенесарыны «өз халқының шын мағынасындағы патриот ұлы» деп бағалап, осы қозғалысқа байланысты туған Нысанбайдың, Досқожаның, Күдерінің, Доскейдің, Саяділдің, Иманжанның өлеңдеріне тоқталды. Қ.Жұмалиев 8–9 кластарға арналған оқу құралдарында «Кенесары Қасымов жалпы халық мүддесін және қазақтың тәуелсіздігін қорғап қалу мақсатын көкседі» (Қ.Жұмалиев. «Қазақ әдебиеті», А., 1943, 229-б.) – деп жазды. Ал Кенесары туралы кезінде бірнеше рет теріс пікірлер білдіріп келген С.Мұқановтың өзі Кенесары «қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресті». «Кенесары мен Наурызбай бастаған халық көтерілісі – Россия патша үкіметінің қазақ даласын отарлау саясатына қарсы шыққан көтеріліс» (С.Мұқанов. Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. А., 1942, 83–88-бб.) – деген ғылыми негізді тұжырым жасап, жоғары бағалады.

Қазақтың бай ауыз әдебиетін зерттеу батырлар жырынан басталды. И.Есмағамбетовтың «Батырлар жыры қазақ тарихының анықтаушысы» («Әдебиет және искусство», 1940, №4–5), Б.Кенжебаевтың «Қобыланды батыр» («Әдебиет және искусство», 1940, №12), Ә.Марғұлан-ның «Геройлық жыр тудырудың бірінші дәуірі» («Әдебиет және искусство», 1941, №1) т.б. жарияланды. Б.Кенжебаевтың «Қазақтың ертегілері туралы» («Әдебиет және искусство», 1940, №1) мақаласында олардың тегіне, қайдан, қалай шығып, таралғанына үңілді. Оның қазақ эпосы туралы бірнеше зерттеуі жарық көрді. Ол «Қазақтың халық эпосы туралы» («Әдебиет және искусство», 1939, №2) мақаласында эпос теориясына тереңдеп барды. Бейсекеңмен пікір жарыстырған М.Ғабдуллиннің «Халық фольклоры жайында» («Қазақ әдебиеті», 1940, 28 қаңтар), Ә.Марғұланның «Эпос жыры туралы» («Лениншіл жас», 1940, 31 шілде) мақалалары шығып, мәселенің анық-қанығын анықтай түсті.

«Едіге батыр» жыры туралы Б.Кенжебаев («Әдебиет және искусство», 1940, №7–8) пен Қ.Жұмалиев («Әдебиет және искусство», 1941, №3) пікір алысты. Бұларда жырдың тарихи деректерге жақындығы, түрлі нұсқаларының көптігі, басқа эпостардан өзіндік ерекшеліктері көрсетілді. М.Ғабдуллин (Қобыланды батыр // «Әдебиет және искусство», 1940, №3) мен Б.Кенжебаев («Қобыланды батыр» туралы // «Әдебиет және искусство», 1940, №12) «Қобыланды батырдың» тарихи негізі хақында сөз қозғап, ол тарихта болған ба, болса қай заманда өмір сүрген деген сауалдарға жауап іздейді.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мәселесі соғысқа дейінгі дәуірде-ақ көтеріле бастаған болатын. Оның алғашқы адымдары М.Әуезовтың («Әдебиет тарихы», 1927), С.Сейфуллиннің («Қазақ әдебиеті», 1932), С.Мұқановтың («XX ғасырдағы қазақ әдебиеті», 1932) еңбектерінде жасалынған болса, М.Батталов пен Сильченко «Очерки по казахскому фольклору и казахской литературе» (1933) атты кітабында қазақ әдебиетінің тарихын шын мәнінде, Ыбырай мен Абайдан бастады. Ыбырайды миссионер, Абайды феодал деп сыңаржақтыққа ұрынды.

Қазақ әдебиетінің тарихын жасау туралы арнайы мақала жазған Е.Ысмайылов оны төмендегідей жүйемен қарастыруға ұсынды: 1 бөлім – қазақтың фольклоры, 2 бөлім – XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті, 3 бөлім – XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (Е.Ысмайылов. Қазақ әдебиетінің тарихын жасау туралы // «Социалистік Қазақстан», 1938, 3 қыркүйек). Б.Шалабаев та кейбір ескертпелер айтқанымен де негізінен Есмағамбеттің ұсынысын қолдады (Б.Шалабаев. Қазақ әдебиетінің тарихын жасаудағы кейбір принциптер туралы // «Әдебиет майданы», 1938, №11). Қ.Жұмалиев осы мәселеге арнап «XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті туралы» («Әдебиет және искусство», 1940, №9) мақаласында қазақ әдебиетінің тарихы он сегізінші ғасырдан басталады деген бағытты ұстанды.

Осы мәселеге қатысты Б.Кенжебаев арнайы мақала жазды. Ол қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлерге бөлуге арналған еңбектерде ғылыми, тарихи негіздер жетіспей жатқандығын көрсетіп, өз жүйесін ұсынды:

«Бірінші – қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. Яғни, XVIII ғасырдың ақырына дейінгі әдебиет.

Екінші – XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиет.

Үшінші – XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет.

Төртінші – XX ғасырдың алғашқы 20 жылындағы әдебиет.

Бесінші – Кеңес әдебиеті (Б.Кенжебаев. Қазақ әдебиетінің тарихы туралы // «Социалистік Қазақстан», 1941, 15 маусым).

Бейсекеңнің жүйесінде бұрынғы ғалымдардың бөлуіне қарағанда көп өзгерістер бар. Б.Кенжебаев фольклорды әдебиеттің тарихына кіргізбеген. Қазақ әдебиетінің тарихын XV ғасырдан бастап, XV–XVIII ғасырлардағы әдебиетті «Хандық дәуір әдебиеті» атауы сол кездері қазақ әдебиеттану ғылымы үшін елеулі жаңалық болды. Бұл пікір қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу істерінде жаңа бағыт туғызып, кейіннен үлкен ғылыми мектепке айналды.

Қазақ әдебиетінің тарихын жүйелі түрде қарастырған күрделі зерттеулер көріне бастады. «Халық мұғалімі» журналында бір жыл бойы (1941, №6, 7, 8, 9, 11, 12) С.Мұқановтың «XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті туралы» атты көлемді еңбегі жарияланды да кейіннен (1942) жеке кітап болып басылып шықты. Кітап шыға салысымен зиянды еңбек саналып, «қамауға» алынды. Оның себебі әдебиеттің таптық принципін барынша берік ұстанған С.Мұқановтың өзі де XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясындағы шындықты, яғни ұлт-азаттық сарынды ашып айтуға мәжбүр болғандығы-тұғын. Зерттеудің басында айтылатын «Қазақ өз бостандығын, елдігін қорғай да білген, бостандық жолында күресе де білген халық; достаса да, жауласа да білген халық. Халық бостандығының күрес өртінен ешбір күшпен сөндіруге болмайтындығына қазақ халқының күрес тарихы куә...» деген жолдарда орыс билеген заманда айтыла бермейтін ащы шындықтың қатпар-қатпар сілемдері жатыр. Автор орысқа бағынған XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетін «қазақ халқының тәуелсіздігін қорғау жолындағы күресін сипаттайтын әдебиет» (С.Мұқанов. «Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер». А., 1942, 5-б.) – деп анықтаған.

С.Мұқанов қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдан бастау себебін осыған дейінгі ақын-жыраулардың аты-жөндерінің сақталмауымен түсіндіреді. Ал XVIII ғасырдан кейінгі әдебиетті іштей ұлт бостандығы үшін күресудің әдебиетке әсері, «зар заман» әдебиеті, ақын және айтыстар, шығыс әдебиетінің әсері, просветительлік әдебиет деп, беске жіктеп қарастырған.

Еңбектің алғашқы журналдық нұсқасы мен кітаптың арасында аздаған айырмашылықтар байқалады. Журналдағы тақырыбы «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті туралы» да, ал кітап, «Қазақтың XVIII–XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» деген атпен шыққан. Сол сияқты тарау тақырыптарында да өзгеріс бар. Бірінші тарау «Бостандық күресі», екіншісі «Зар заман», үшіншісі «Айтыс туралы» аталынған. Ал кіріспеде жоспарланған «Шығыс әдебиетінің әсері» мен «Просветительлік әдебиет» кітапта жоқ. Тарауларға «Бостандық күресі», «Зар заман» деген тақырыптар қойылуынан-ақ авторлық позиция айқын көрінеді.

«Бостандық күресі» тарауында қазақ халқының XVIII ғасырдағы азаттық жолындағы күресін қысқаша шөла келіп, күрескер ақындар қатарында Бұқар жыраудың, Сырым батырдың, Махамбеттің өлеңдеріне Жанқожа батыр, Кенесары-Наурызбай туралы жырларға, «Бекет батыр» дастанына, «Айман-Шолпан» жырына арнайы тоқталады. Сондай-ақ Жәңгір ханның сарай ақындары болған Боран ақынның, Байтоқ жыраудың, Жанұзақ жыраудың да өлеңдерін қарастырған. Байтоқ пен Жанұзақтың қазақ поэзиясында ода жанрын жасағандығын атай өтеді. Кенесары-Наурызбай бастаған халық көтерілісіне арналған шығармалардан «Досқожа ақынның Кенесарыға айтқаны», «Наурызбай-Қаншайым», «Топ жарған», «Жасауыл қырғыны», «Төлеген молданың Кенесары туралы айтқаны», «Кенесары-Наурызбай туралы жыр» дастандарын атап, осылардың ішінен «Наурызбай-Қаншайымды» талдаған.

«Зар заман» терминін алғаш М.Әуезов («Әдебиет тарихы», 1927) қолданып, оған Бұқар жырау, Махамбет, Шортанбай, Мұрат, Ыбырай Алтынсарыұлы, Нармамбет, Шернияз, Досқожа, Күдері, Нысанбай, Ығылман сияқты ақындарды жатқызса, С.Мұқанов бұл бағытқа Шортанбай, Шернияз, Мұратты ғана атап, жырларын талдаған.

«Айтыстар туралыда» бұл өнердің қазақ ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқандығын айта келіп, оны әдет айтысы, жұмбақ айтысы, дін айтысы түрлеріне жіктей қарастырған. Айтыстың озық үлгісі ретінде «Біржан–Сара» айтысына кеңірек тоқталып, оның көркемдік жағын жоғары бағалаған.

Алғашында қазақ әдебиетіне шығыс мәдениетінің әсері арнайы қарастырылмақшы болып жоспарланған. «Бір-бірінен үлгі алмайтын әдебиет болмайды. Бірақ қазақ әдебиеті ХІХ ғасырдан бастап қана араб, парсыдан, орыс, Европа әдебиетінен үлгі ала бастады» – деп білетін автордың бұл ойларын жүзеге асыруға тиіс тарау түрлі себептермен жазылмай қалған. Сол сияқты «ХІХ ғасырдың 70 жылдарынан бастап просветительдік әдебиет туды» – деп жазғанымен де бұл тарау да бітпеген. Бірақ та С.Мұқановтың кейінгі Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев туралы зерттеулерінің осы ағартушылық бағыттағы әдебиетті қарастырмақшы болған ой-жоспарларымен орайласып жатқандығын байқау қиын емес. Тіпті С.Мұқановтың Шоқан туралы мақаласы оның осы ХVІІІ–ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті туралы очерктерінен бұрын жарияланды. «Шоқан Уәлихановтың халықшылдығы туралы» (Коммунист. 1941, №4) мақаласы қазақ әдебиеттану ғылымындағы Шоқан туралы алғашқы елеулі еңбектердің бірі болды. Кейіннен бұл тақырып С.Мұқановтың ғылыми, көркем шығармашылығының өзегіне айналып, ондаған мақалалар, зерттеу монографиясы, екі пьеса, «Аққан жұлдыз» романдары өмірге келді.

Ш.Уәлиханов туралы соғыс жылдарында біршама ізденістер жасалынды. Қ.Бекхожиннің «Шоқан Уәлиханов – қазақтың тұңғыш білімпазы» («Әдебиет және искусство», 1941, №1; «Лениншіл жас», 1941, 18 қаңтар), Б.Кенжебаевтың «Шоқан Уәлиханов» («Әдебиет және искусство», 1945, №4), Ә.Марғұланның «Шоқан Уәлиханов – Орта Азия халықтарының тарихын зерттеуші» (Коммунист. 1941, №4), Е.Ысмайыловтың «Қазақтың бірінші білімпазы – Шоқан Уәлиханов» («Социалистік Қазақстан», 1944, 30 қаңтар), Х.Айдарованың «Қазақ халқының тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов» («Қазақстан большевигі», 1945, №3) мақалаларында Ш.Уәлихановтың артына қалдырған мұрасы кеңінен әңгімеленіп, шоқантанудың іргесі берік қалана түсті.

Қазақ әдебиетінің өткендегі ірі өкілдеріне арналған бірсыпыра мақалалар жарияланды. Б.Кенжебаевтың «Ақмолла» («Әдебиет және искусство», 1941, №5), Н.Орынтаевтың «Әсет ақын» («Социалистік Қазақстан», 1941, 8 маусым), Н.Оразбековтың «Жаяу Мұса» («Әдебиет және искусство», 1941, №4), Т.Әлішердің «Шернияз шешен» («Лениншіл жас», 1941, 5 қаңтар), Е.Ысмайыловтың «Ақан сері» («Әдебиет және искусство», 1941, №2), Б.Сүлейменовтің «Ыбырай Алтынсарин» («Социалистік Қазақстан», 1945, 15 қыркүйек) сияқты жарияланымдарда өткен замандарда жасаған әдебиеттің ірі өкілдерінің өмір жолымен, өнерпаздығымен кеңірек таныстыру мақсатын көздеді. «Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтың жаңа шығармалары» деген тақырыппен ««Социалистік Қазақстан»» газеті өзінің 1945 жылғы 7 қазандағы нөмірінде ресми идеология тарапынан онша ықылас көре бермеген діншіл ақынның бір топ өлеңін жариялады.

1940 жылы Абайдың туылғанына 95 жыл толуына орай ақын мұрасын игеру істері жандана түсті. Абай шығармаларының толық жинағы басылып шықты. Онда М.Әуезов жазған ақынның толық өмірбаяны берілді. Ақын өлеңдерінің алғаш рет орыс тілінде «Абай Құнанбаев. Лирика и поэмы» (Москва, 1940) деген атпен басылып шығуы қазақ әдебиеті үшін айтулы оқиға болды. Е.Ысмайылов пен Қ.Бекхожиннің құрастыруымен ақын шығармаларының библиографиялық көрсеткіші тұңғыш рет басылып шықты. Абай шығармаларының толық жинағының қазақ және орыс тілдерінде шығуы, библиографиялық көрсеткіштің жасалуы абайтанудағы айтарлықтай жетістік болды.

Абайдың мұрасы жайлы жайлы баспасөз бетінде көптеген материалдар жарияланды. Ақын поэзиясы хақында әдебиет сыншылары мен ғалымдар, ақын-жазушылар кеңінен пікір алысты. М.Бөжеевтың «Абайдың аударма еңбектері (Абай мен Пушкин)» («Әдебиет және искусство», 1940, №2), Е.Ысмайыловтың «Кемеңгер Абай» («Әдебиет және искусство», 1940, №9), «Абай образы» («Абай» пьесасы жөнінде) («Әдебиет және искусство», 1941, №3), Қ.Жұмалиевтың «Абай поэзиясының тілі» («Әдебиет және искусство», 1940, №12), «Абай ұлы реалист ақын» («Әдебиет және искусство», 1941, №4), Қ.Қалиевтің «Абайдың «Толық жинағы» (Лениншіл жас. 1941, 11 қаңтар), т.б. мақалаларында бұрынғы Абай феодал ақыны деген сияқты таптық тұрғыдағы танымнан гөрі қазақ әдебиетінің классигі ретінде тануға ұмтылушылық байқалды. Е.Ысмайылов «...Қараңғылық, әділетсіздік қаптаған кәрі дүниемен алысып, өз халқын жарық, нұрлы ғылым дүниесіне бастап кеткен кемеңгер Абай...» («Әдебиет және искусство», 1941, №3, 111-б.) – деп жазды. Қ.Жұмалиев «Абай поэзиясының тілі» атты мақаласында ақын поэзиясын

зерттей келіп, оның тіл мәдениетін, сөз қолданылу ерекшелігін аса жоғары бағалады. Абай поэзиясының тілін «ең көркем, ең алдағы тіл, Абайды қазақ тілінің энциклопедиясы деп толық айта аламыз» («Әдебиет және искусство», 1940, №12, 61-б.) – деген пікір білдірді. «Әдебиет және искусство» журналының 1940 жылғы тоғызыншы саны түгелге жуық Абайға арналды. Е.Ысмайыловтың «Кемеңгер Абай» мақаласымен ашылған басылымда Абайдың жарияланбаған өлеңдерінен, Онегиннің екінші хаты, ақынның жұмбақтары, ғақлия сөздері, нақыл сөздері, Уасила Абайқызының, Абайдың келіні, ақын Әубәкірдің әйелі Қимаштың естеліктері, Абайдың ақын шәкірттері Әубәкірдің, Әсеттің, Нармамбеттің өлеңдері берілген.

Абайдың туылғанына жүз жыл толуына орай ақын мұрасын игеруде қыруар жұмыстар атқарылды. 1945 жылы ақынның академиялық толық жинағы басылып шықты. Кітап С.Мұқановтың «Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері» атты көлемді зерттеуімен шықты. Баспасөз бетінде жарияланған Тұрағұл Абайұлының «Әкем туралы» («Социалистік Қазақстан», 1945, 15 тамыз), Қ.Аманжоловтың «Абай шығармаларының аудармасы» («Социалистік Қазақстан», 1945, 22 желтоқсан), М.Әбдіхалықовтың «Абай – қазақ халқының даңқты ақыны және ағартушысы» («Қазақстан большевигі», 1945, №3), М.Әуезовтің «Абай еңбектерінің биік нысанасы» («Социалистік Қазақстан», 1945, 18 тамыз), М.Әуезов пен Б.Кенжебаевтың «Абай – қазақ халқының ұлы ақыны» («Социалистік Қазақстан», 1945, 15 мамыр), Қ.Жұмалиевтың «Көркем тіл жөніндегі Абайдың кейбір жаңалықтары» («Социалистік Қазақстан», 1945, №134), Б.Кенжебаевтың «Абайдың қара сөздері» («Социалистік Қазақстан», 1945, 15 тамыз), «Ақын Абай» («Лениншіл жас», 1945, 1 қыркүйек), Т.Нұртазиннің «Абай және орыстың классик әдебиеті» («Майдан», 1945, №2), Н.Сауранбаевтың «Абайдың әлеуметтік көзқарасы» («Майдан», 1945, №2), «Абай – жаңа көркем әдебиеттің атасы» («Социалистік Қазақстан», 1945, 27 наурыз), М.Сильченконың «Қазақтың даңқты ағартушы ақыны Абай Құнанбаев» («Қазақстан большевигі», 1945, №1–2), Ә.Тәжібаевтың «Абайдың лирикасы туралы» («Майдан», 1945, №2), «Абай және қазақ әдебиеті» («Социалистік Қазақстан», 1945, 19 тамыз), Л.Хамидидің «Абайдың музыкалық мұрасы» («Социалистік Қазақстан», 1945, 26 тамыз), Т.Шойынбаевтың «Абайдың қазақ тарихына көзқарасы» («Майдан», 1945, №2), Е.Ысмайыловтың «Абайдың өлең құрылысы туралы» («Социалистік Қазақстан», 1945, 12 тамыз), «Абай өлеңдерінің сұлулық, әуезділік ерекшеліктері» («Социалистік Қазақстан», 1945, 14 тамыз), «Абайдың көркем сөз шеберліктері» («Социалистік Қазақстан», 1945, 22 тамыз) секілді жарияланымдар абайтанудың көкжиегін кеңейте түсті. Абай шығармалар жинағының шығуына орай Ә.Тоқмағамбетовтің (Абайдың үш кітабы // «Социалистік Қазақстан», 1945, 31 шілде), С.Төлешовтың (Абай Құнанбаев // «Социалистік Қазақстан», 1945, 18 қыркүйек), өзбек тілінде басылуына байланысты С.Төлешовтың (Абай өлеңдері // «Социалистік Қазақстан», 1945, 19 тамыз) рецензиялары жарық көрді.

Абай мұрасына арналған мақалалар көлемді зерттеулерге ұласып, абайтанудың ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық деңгейі арта түсті. 1945 жылы жарық көрген М.Әуезов пен Б.Кенжебаевтың «Абай – қазақтың ұлы ақыны», М.Сильченконың «Абай» атты кітапшалары осы саладағы ғылыми ізденістердің нәтижесінде туды.

С.Мұқановтың «Абай Құнанбаев» монографиясы – кейіндеу басылып шыққанымен де Абайдың туылғанына жүз жыл толуы қарсаңында жазылып біткен болатын. Оның негізгі мазмұны С.Мұқановтың сол кезде жариялаған мақалаларында, ақын шығармашылығына арналған түрлі жиындарда сөйлеген сөздерінде, жасаған баяндамаларында жұртшылыққа мағлұм етілді. Солай бола тұра Сәбит бұл еңбегіне ерекше мән беріп, әлі де жетілдіре түсу мақсатымен жариялауға асықпаған сияқты. Жалпы Абай тақырыбы С.Мұқановты әдебиетке араласа бастаған кезден-ақ бейтарап қалдырмаған. Жазушының Абай туралы пікірлерінен абайтану ілімінің, одан қалды бүкіл қазақ әдебиеттану ғылымының даму эволюциясы айқын көрінеді. «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер!» («Еңбекші қазақ», 1923, 1 наурыз) атты ағышұлы мақаласында Абайды үстем таптың өкіліне жатқызып, саяси қырағылық танытқан Сәбең отызыншы жылдардың өзінде-ақ «Абайды тану жолындағы пікірлер» («Қазақ әдебиеті», 1934, 29 қараша), «Абай – халық ақыны» («Әдебиет майданы», 1937, №4, 5) мақалаларын жазса, Абайдың жүз жылдығында «Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері» (Кітапта: Абай Құнанбаев. А., 1945) – деп танып, білді; ақын туралы көлемді зерттеу еңбегі өмірге келді. С.Мұқановтың «Абай Құнанбаев» атты зерттеуі қырқыншы жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымы шыққан биік белестердің санатында саналады.

«Абай Құнанбаев» монографиясында автор «Абайды өз заманымен тұтас көрсетуді көздейтінін» (С.Мұқанов. Таңдамалы шығармалар. 16-том. А., 1980, 169-б.) ескерткен. Ол үшін «Абайдың ата тегін де өз өмірін де, ақындық таланты мен шеберлігін де, оқу-білімін де, жалпы адамдық, өз ұлтының пікірлерін де, өміріндегі, шығармаларындағы күшті иә әлсіз жақтарын да түгел қамту» (сонда, 187-б.) мақсат тұтылған. С.Мұқанов үшін «Абай сөз жоқ, ұлттың, қазақ ұлтының ақыны, бірақ тар мағынасындағы ұлт ақыны ғана емес, кең мағынасындағы ұлт ақыны, яғни шығармаларында өз ұлты қазақтың тұрмыс шындығын ашу арқылы ол өз заманындағы жалпы адам баласының тұрмысына тән шындықтарды да ашады» (сонда, 185-б.), «Абай – зор кісі. Ол – зор ақын да, зор ойшыл да, зор қоғамшыл да, зор күресшіл де» (сонда, 186-б.).

Монография «Абайды тану туралы», «Абайдың ата-тегі», «Абайдың өмірі», «Абайдың дүниеге көзқарасы», «Абай және қазақ өмірі», «Абайдың әдебиетке көзқарасы және ақындық шеберлігі» тарауларынан тұрады. Тараулардың тақырыптарынан-ақ Сәбиттің тек Абай поэзиясын ғана емес, оған қатысты жағдайлардың барлығын кеңінен қопарғандығы көрінеді. Автор Абай шығармашылығын тар әдеби тұрғыда ғана емес, кең мәдени-тарихи ауқымда алып қарастырған. Сондықтан да зерттеуде әдеби, тарихи, ғылыми деректер молынан пайдаланылған. С.Мұқановтың қазақтың әдебиеті мен тарихын жетік білетіндігі, ақын поэзиясын бағыс, шығыс мәдениеті ауқымында салыстыра отырып зерттеуі еңбектің ғылымилық өресін биіктете түскен. Автор Абайды әлемдік әдеби контексте қарастыра отырып, абайтану үшін аса құнды пікірлер айта білді.

С.Мұқановтың пайымдауынша, Абай – «өз заманының әрі тарихшысы, әрі жаңашылы, әрі экономисі, әрі саясатшысы, әрі философы, әрі мысқылшысы, әрі эстетигі, әрі суретшісі, әрі ақыны, әрі музыканты, әрі прозаигі, әрі аудармашысы, әрі ақсақалы, әрі замандасы, әрі баласы... XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ тіршілігі Абайды дүние жүзінің ең алдыңғы қатардағы данышпанындай қайратпен, ақылмен, сезіммен туғыза білді» (сонда, 255-б.); «Абай зор сезім мен зор ақылдың басы түйіскен жерден шыққандықтан және сол зор сезім мен зор ақылға зор білім қосылғандықтан ғана қазақ әдебиетінің тарихында жаңа дәуірді бастаушы болып отыр... Жалғыз кітаптан ғана емес, жалпы өмірден де өзіне қажетті нәр алу, олардан мән-маңыз табу, өзінің тоқығанын көпшілікке ортақ ету шын мағынасындағы ақылды адамның қолынан келеді, ондайларға халықтың қойған аты – данышпан. Біздің Абай ақындығының үстіне, осындай данышпан адам» (сонда, 353-б.). Автор ұлы Абайдың қазақ поэзиясына қосқан жиырма түрлі жаңалығын көрсетіп, олардың әрқайсысына нақтылы мысалдар келтірген.

Болмысы суреткер С.Мұқанов ақын туралы зерттеу жазу үстінде де, шығармаларды талдау болсын, ойларын баяндау болсын, шын шеберлік танытып отырған. Ғылыми-көркем стильмен көрікті жазылған жолдар оқырманын Сәбиттің ақын туралы айтқан салмақты ойларына қарай жетелейді. Кейде қысқа, кейде ұзақ құрылған сөйлемдер Абай әлеміне қарай жетелеп, сиқырлы сөз әлемін еркін аралағады; ақынға деген, жалпы поэзияға, әдебиетке деген құштарлығыңызды арттырып, руханияттың мөлдір бұлағының кәусарынан мейіріңізді қандыра түседі.

Абайдың жүз жылдық мерейтойы республика көлемінде кеңінен аталып өтті. 1945 жылдың наурыз айында КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих институты Абайдың туғанына 100 жыл толуына арналған ғылыми сессия өткізді. Онда Н.Сауранбаевтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», М.Әуезовтың «Абай және орыс классиктері», М.Сильченконың «Абай мен Қрылов мысалдары», Ә.Мәметованың «Абайдың шығыс классиктерімен байланысы», Н.Смирнованың «Абай өлеңдерінің халыққа тарауы», Е.Ысмайыловтың «Абайдың ақындық шеберлігі», Қ.Жұмалиевтың «Абайдың ақындық тілі», М.Ритманның «Абай және қазіргі өмір», Г.Рошальдің «Абай» кинофильміндегі Абай бейнесі» тақырыптарындағы баяндамалары тыңдалды. А.Жұбановтың басқаруымен Абай әндерінен концерт қойылды.

15 тамызда Абайдың туғанына 100 жыл толу мерекесі тойланды. Жиналысты кіріспе сөзбен Қазақ ССР Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы Н.Оңдасынов ашып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы М.Әбдіхалықов «Абай – қазақ халқының данышпан ақыны және ағартушысы» деген тақырыпта баяндама жасады. Орыс ғалымы В.Кирпотин, өзбек ақыны Ғафур Ғұлам, түркімен ақыны Х.Қарриев Абай туралы өз ойларын ортаға салды.

Осы жылдың 16–17 тамыз күндері Қазақстан Жазушылар Одағының осы датаға арналған IV салтанатты пленумы болып өтті. Онда М.Әуезов «Абайдың өмірі мен еңбегі», Ә.Тәжібаев

«Абай және қазақ әдебиеті», Ғ.Мүсірепов «Абай және орыс классиктері» бойынша баяндамаға шықты. КСРО-ның түкпір-түкпірінен келген ақын-жазушылар, ғалымдар ақын аруағына тағзым етті.

24 тамызда КСРО ҒА Қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих институты мен Абай атындағы Қазақ Педагогика институтының осы айтулы оқиғаға арналған мерекелік ғылыми сессиясы болды. Абайдың 100 жылдығына арналған сессияны Қ.Сәтбаев ашып, кіріспе сөз сөйледі. Н.Сауранбаев, М.Сильченко, Ә.Мәметова, Р.Лемберг, Е.Ысмайылов, А.Жұбанов, Қ.Мұхаметханов баяндамалар жасады.

Сөйтіп, А.Құнанбаевтың жүз жылдық мерейтойының республика көлемінде кеңінен аталып өтуі ұлы ақынның туған халқына таныла түсуіндегі ерекше тарихи маңызы бар оқиға болумен бірге қазақ әдебиеттану ғылымының толысып, толыға түскенін де байқатты. Төңкерістен кейінгі қазақ әдебиеттануында берік орын алған көркем әдебиетті талдаудың әлеуметтік тәсілдерін қолданумен бірге көркемдік, эстетикалық тұрғыдан тануға ұмтылушылық байқалды. Абайға байланысты жарияланған зерттеулердің көпшілігінде ақынның көркемдік әлеміне, бейнелеу тәсілдеріне, тіл ерекшеліктеріне үңіліп, эстетикалық талдауларға бет бұра бастады. Сөйтіп жалпы сөз өнері, Абайдың ақындық әлемі жайлы қызықты байқаулар жасалынды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында А.Байтұрсыновтан кейін әдебиеттің теориясы саласында соғысқа дейінгі дәуірде біршама ізденістер жасалынып, көркем әдебиеттің теориялық жақтарын қарастырған көптеген ғылыми мақалалар көрінді. Отызыншы жылдардың соңына қарай Қ.Жұмалиевтың «Әдебиет теориясы» (1938), Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940) басылып шыққаны белгілі. Бұл еңбектердің негізінен орыс әдебиеттануындағы маркстік-лениндік эстетика негізінде жазылып, Л.Тимофеевтың (1934), И.Виноградовтың (1936), Г.Поспеловтың (1940) әдебиет теориясына арналған кітаптарымен іле-шала шыққандығының өзі қазақ әдеби білімінің дәуір талаптары деңгейінен көрінуге ұмтылысын көрсетсе керек. Сонымен бірге бұл еңбектер қазақ сөз өнерінің теориялық жақтарын талдап түсіндірген, қазақ әдебиеттану ғылымының соғысқа дейінгі кезеңде теория саласында жеткен елеулі жетістіктерінің қатарында саналады. Екі еңбек те сол кездегі кеңестік қоғамда үстемдік құрып тұрған социалистік реализм әдісі негізінде жазылғанымен де қазақ әдебиетінің көркемдік болмысын ұлттық таным тұрғысынан шынайы түсіндіретін жақтары да баршылық. Осындай зиянды жақтары үшін Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940) қолданылудан алынып тасталынды.

Көркем әдебиеттің поэтикалық жақтарын игеруді мақсат тұтқан еңбектер соғыс жылдарында да көрініп жатты. А.Алғожиннің «Әдебиет теориясы» (Қ.Жұмалиевтың кітабы туралы. «Лениншіл жас», 1941, 24 көкек), М.Ғабдуллиннің «Әдебиеттегі жағымды образ туралы» («Лениншіл жас», 1941, 21 маусым), Б.Кенжебаевтың «Аударма туралы» («Социалистік Қазақстан», 1942, 23 көкек), Қ.Жұмалиевтің «Қазақ өлең құрылысы, тілі жөніндегі Абайдың жаңалықтары» («Майдан», 1944, №2), «Көркем тіл жөніндегі Абайдың кейбір жаңалықтары» («Социалистік Қазақстан», 1945, №134), Е.Ысмайыловтың «Абайдың өлең құрылысы туралы» («Социалистік Қазақстан», 1945, 12 тамыз) сияқты мақалаларда көркем әдебиетті теориялық тұрғыдан түсіндіруге деген соны ізденістерді байқауға болады.

Қазақ әдеби байланыстары, оның ішінде орыс әдебиеті жайлы көптеген мақалалар жарық көрді. Т.Нұртазиннің «Абай және орыстың классик әдебиеті» («Майдан», 1945, №2), Ғ.Мүсіреповтың «Абай және орыс әдебиетінің классиктері» («Социалистік Қазақстан», 1945, 21 тамыз), «Горький айтқан жаңа адам» («Социалистік Қазақстан», 1943, 28 наурыз), Е.Ысмайыловтың «Чехов және қазақ әдебиеті» («Социалистік Қазақстан», 1944, шілде), М.Әуезовтың «Орыс классиктері мен Абай» (КСРО ҒА қазақ филиалының хабарлары. Тіл және әдебиет сериясы, бірінші кітап), Ә.Тәжібаевтың «Горький бізді бүгін де жеңіске шақырады» («Социалистік Қазақстан», 1943, 22 маусым), т.б. мақалаларда қазақ-орыс әдеби байланыстары орыс әдебиетінің кеңес халықтары әдебиетінің дамуындағы көшбасшылық рөлі тұрғысында қарастырылды. Сондай-ақ орыс әдебиетінің ірі өкілдері, олардың қазақ тіліне аударылған шығармалары жайлы материалдар да басылым беттерінде көрініп тұрды. «Әдебиет және искусство» журналының 1945 жылғы төртінші нөмірінде әдебиеттанудан Г.Плехановтың «Эстетика заңы даңғыл тарих негізіне сүйенуге тиіс», «В.Г.Белинскийдің әдебиет мәселелеріне көзқарасы», «Әдебиет классиктері» айдарымен «Игорь полкі туралы жыр», «М.В.Ломоносов»,

«А.А.Радищев», «Шота Руставели», «Сын-библиография» рубрикасымен Т.Нұртазиннің «Қрылов мысалдары» орын алған. Ал қазақ әдебиеті жайлы бірде-бір материал жоқ. Осы мысалдан-ақ соғыс кезіндегі, әсіресе соңына қарай қазақ әдебиеттануында өз мәселелерін әңгімелеуден гөрі орыс әдебиетінің жетістіктерін, оның КСРО халықтары әдебиетінің дамуындағы игілікті әсерлерін насихаттаудың басым болғандығын байқауға болады.

Соғыс жылдарында халық ақындарының шығармашылықтары жарқырап көрінді. Езілген еңсені көтеруде ел ішінде халықпен бірге жүрген қарапайым халық ақындары қыруар жұмыстар атқарды. Өнер десе ішкен асын қоя салатын халық үшін жер-жерлерде айтыстар жүйелі түрде өткізіліп тұрды. Сол кездегі баспасөз беттерінде аудан, облыс, республика деңгейінде өтіп жатқан ақындар айтысынан хабардар ететін материалдар жиі кездеседі. 1943 жылы халық ақындарының облыстар бойынша және республикалық айтыстар болып өтті. ««Социалистік Қазақстан»да» Қызылордада («Айтыс көңілдегідей өтті», 1943, 21 қараша), Қарағандыда (Ғ.Мүсірепов. Қарағанды ақындарының айтысы. 1943, 4 шілде), т.б. жерлерде өткен облыстық ақындар айтысы жайлы материалдар жарық көрді. Ал осы газеттің 4, 5-ші желтоқсан күнгі сандарында Алматыда өткен республикалық халық ақындарының айтысы туралы беттер берілді. («Социалистік Қазақстан», 1943, 4 желтоқсан) осы оқиғаға «Асыл ой, ағынды жыр жеңіс мүддесіне арналсын» атты редакциялық бас мақала арналды. Халық ақындарымен таныстырған «Ақындар» атты материал берілді. 4–9-шы желтоқсан күндері дүрілдей өткен айтысты Ғ.Мүсірепов ашты. Жамбыл «Ақындарға арнау» айтты. С.Мұқанов халық ақындарының шығармашылығы жайлы баяндама жасады. Айтысқа К.Әзірбаев, О.Тайманов, Ә.Байкенов, Ш.Қошқарбаев, Н.Ахметбеков, Қ.Терібаев, Ж.Жантөбетов, Ә.Сариев, Т.Жапоқов, Ж.Нұрмағанбетова, І.Әміренов, Н.Баймұратов, Қ.Байболов, М.Тырбиев, т.б. қатысқан.

Осы кездерде қарт ақын Жамбылдың даңқы кеңінен жайылды. Жамбыл туралы мақалалар республикалық басылым беттерінде көптеп көрінді. Т.Жароковтың «Жамбылмен әңгіме» («Социалистік Қазақстан», 1941, 22 маусым), М.Әуезовтың «Халықтың ғасырлық жыры» («Социалистік Қазақстан», 1945, 24 маусым), Е.Ысмайыловтың «Халық даналығының алыбы» («Социалистік Қазақстан», 1945, 24 маусым), Ғ.Мүсіреповтың «Алып ақын атамыз» («Социалистік Қазақстан», 1945, 24 маусым), «Жамбыл айтыстары орыс тілінде» («Социалистік Қазақстан», 1941, 8 қаңтар), т.б. мақалаларда Жамбылдың ақындығы, суырып салмалық сөз өнері жайлы пайдалы мағлұматтар берілді. Ақын қайтыс болғанда республика басшылығы атынан қазанама жазылып, барлық басылымдар материалдар берді. С.Мұқанов, Доскей, Ғ.Мүсірепов, Шашубай, М.Әуезов, Орынбай, т.б. «Совет поэзиясының асқар тауы – Жамбыл», – деп жазды. Көп ұлтты кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдері Жамбылды жоғары бағалаған пікірлерін білдіріп жатты.

Халық ақындарының шығармашылығын насихаттаған К.Дәукеновтің «Толғау» (Доскей Әлімбаевтың таңдамалы өлеңдері мен поэмалары хақында. «Социалистік Қазақстан», 1941, 25 шілде), А.Лекеровтің «Ақын шабыты» (Н.Байғаниннің өлеңдер жинағы туралы. «Лениншіл жас», 1941, 14 қаңтар), С.Мұқановтың «Бұлбұл» (Шашубай туралы. «Лениншіл жас», 1941, 29 наурыз), «Доскейдің тетрадарынан» («Социалистік Қазақстан», 1941, 16 қазан), Ә.Тәжібаевтың «Халық ақыны қарт Шашубай» («Социалистік Қазақстан», 1941, 29 наурыз), Ә.Тоқмағамбетовтың «Бес мылтық» (Саяділ Керімбековтың поэмасы хақында. «Социалистік Қазақстан», 1941, 17 көкек), Н.Сауранбаевтың «Халық өнерінің қазынасы – Мұрын жырау» («Социалистік Қазақстан», 1942, 19 шілде), А.Хангелдиннің «Доскей Әлімбаев» («Әдебиет және искусство», 1940, №6), «Халық поэзиясының көрнекті уәкілі» (Доскей туралы. Бас мақала. «Әдебиет және искусство», 1940 №2), т.б. мақалалар жарық көрді.

Соғыс кезіндегі қазақ әдебиеттану ғылымының даму жолдарына көз жібергенде оның алғашқы жолдарында әдеби мұраға қатысты материалдардың көбірек жарияланып, соңына қарай сирей бастағаны байқалады. Әдеби сынның әлсіреп, орыс әдебиетімен байланысқа, оның қазақ әдебиетінің дамуына тигізген әсеріне көбірек назар аударылды. Әдебиеттің тарихы дегенде Ш.Уәлиханов пен А.Құнанбаевқа ғана жол ашық болды. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1945 жылдың басындағы сандарында әдебиетке қатысты материалдар мүлдем аз. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Қазақ ССР Жоғары Советінің, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің ресми органы болып табылатын «Социалистік Қазақстанның» 1945

жылғы сандарында Абай мен Жамбылдың 100 жылдықтарына арналған материалдарға ғана орын берілген. Осындай жағдай әдебиеттің арнаулы басылымы «Әдебиет және искусствода» да орын алды. Мысалы осы журналдың 1945 жылғы төртінші саны түгелге жуық орыс әдебиетін насихаттауға арналып, Г.Плехановтың екі еңбегінің аудармасы, «Игорь полкі туралы жыр», М.В.Ломоносов, А.А.Радишев, Крылов туралы мақалалар берілді.

Мұның себептері сол кездегі саяси жағдаймен тікелей байланыста болатын. Соғыстың бас кезінде жауды жеңу үшін кеңес жауынгерлерінің рухын көтеру мақсатымен қолға алынған өткендегі бағырларды, олар туралы жыр-дастандарды насихаттау енді жау жеңіліп, беті қайта бастаған уақыттарда онша қажет болмай қалды. Кеңестер Одағына мекендеген екі жүзден астам ұлттың ұлттық-патриоттық сезімдерін жауды жеңуге шебер бағыттап білген Компартия ендігі жерде халықтың өткен тарихтан үлгі алып, сана-сезімінің арта түскендігінен сескенді. Өздері жүргізіп отырған шовинистік саясатқа бодан елдердің өз тарихын, әдеби-мәдени мұрасын білуге деген ұмтылысының мүлдем қайшы келетінін сезген Компартия басшылығы енді оған тосқауыл қоюға тырысты. Жергілікті ұлттардың «ұлтшылдығына» қарсы бағытталған идеологиялық жұмыстар соғыстың соңғы жылдарының өзінде-ақ басталып кетті. ВКП(б) Орталық Комитеті 1944 жылы қабылдаған «Татар партия ұйымындағы көпшілік-саяси және идеологиялық жұмыстың жай-күйі және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысы алдын-ала жоспарланған үлкен жұмыстың басталуы ғана еді. Қаулыда бүкіл түркі халықтарының ортақ бағыры, ел қамын жеген «Ер Едігеге» ұлтшылдықты қоздырушы деген сипатта теріс баға берілді. Едіге Алтын Орданы басқарып тұрған кезінде Руське көрсетпегені жоқ, ескі заманның ескішіл күрескері ретінде сыпатталып, ол туралы жыр-дастандардың барлығы да зиянды деп табылды.

Қазақ әдебиетінің өткенін зерттеген Б.Кенжебаев, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиевтер Едігені елі үшін күрескен қайраткер, ол туралы дастанды халықтық жыр деп бағалап келсе, енді «Социалистік Қазақстан» газетінің 1945 жылғы 2 қазандағы санында Е.Бекмахановтың «Едіге халықтың зұлым жауы» деп айқайлаған көлемді мақаласы жарияланып, партия қаулысына үн қосты. В.Степанов деген автор Ә.Марғұланның «Эдиге в истории и преданиях» (1944) атты еңбегін шовинистік сынның соққысына алып, «ұлтшылдықпен» айыптады. В.Степанов филология ғылымының докторы Ә.Марғұлан өзінің кітабында орыс халқының ата жауы Едігені қазақ халқының жоғын жоқтаушысы, күрескері ретінде бағалаған деп, «қателігін» көрсету арқылы оның «ұлтшылдықтың» шырмауында қалғандығын дәлелдеді.

1943 жылы Алматыға қоныс аударған бір топ орыс тарихшыларымен біріге отырып, Қазақ ССР Ғылым академиясы «Қазақ ССР тарихын» жарыққа шығарды. Панкратова басқарған авторлар ұжымының құрамында атақты тарихшылар Греков, Дружинин, Кучкин, Бернштам, Вяткиндермен бірге М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов сияқты ғалымдар да қатысты. Осы кітаптің Кеңесары бастаған қозғалыс туралы тарауын жас тарихшы Е.Бекмаханов жазды.

«Қазақ ССР тарихы» Кеңестер Одағында танымал ғалымдардың жәрдемімен одақтас республиканың тарихын тұңғыш рет зерделеген сәтті еңбек ретінде бірден жылы қабылданып, сол кездегі ең жоғарғы Сталиндік сыйлыққа ұсынылды. Бірақ шовинистік көзқарастағы тарихшы А.И.Яковлев сыйлыққа ұсынылып отырған кітапты орысқа қарсы жазылған деп мәлімдеме жасады. 1943 жылы 28 маусымда Е.Бекмахановтың «Кеңесары Қасымов бастаған қазақтардың ұлт-азаттық күресі (1837-1847)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғауы онсыз да ширығып тұрған жағдайды одан әрі ушықтыра түсті. Кітап сыйлық алмақ түгілі теріс методологиямен жазылған зиянды еңбек ретінде сынның астында қалды. 1944 жылдың мамыр-шілде айларында ВКП(б) Орталық Комитеті бүкілодақтық тарихшы ғалымдардың жиынын өткізіп, кітапты талқылады. Талқылауды ВКП(б) Орталық Комитетінің хатшысы А.С.Щербаков жүргізіп, А.А.Жданов пен Г.М.Маленков қатысып отырады. Осыдан кейін одақтық, республикалық басылымдар бетінде «Қазақ ССР тарихын» сынаған бірсыпыра материалдар көрінді. Сындардан қорытынды шығару мақсатымен Қазақстан ВКП(б) Орталық Комитеті «Қазақ ССР тарихының» 2-ші басылымын дайындау туралы (Большевик Казахстана. 1945, №6) арнайы қаулы қабылдап, жіберілген кемшіліктерді жоюды авторлар ұжымына қайта тапсырды. Бұл деген жоғары жақтағылар айтқан «ұлтшылдық кемшіліктерді» түгелдей мойындап, оны жоюдың жолындағы алғашқы адымдар еді.

10. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ӘДЕБИ СЫН

Соғыс кезінде бар күш-жігер жауды жеңуге жұмылдырылса, ендігі жағдайда идеологиялық жұмыстардың алдына жаңа міндеттер қойыла бастады. Ол міндеттерді ВКП(б) Орталық Комитетінің «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы» (1946, 14 тамыз), «Драма театрларының репертуары және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысын орындау барысы туралы» (1947, 29 көкек) сияқты қаулыларында айқындап берді. ВКП(б) Орталық Комитетінің құсқауларын жүзеге асыруға Қазақстанның партия ұйымы бірден құлшына кірісіп кетті. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті де 1946 жылы 27 тамызда «Әдебиет және искусство» журналы мен «Қазақстан» альманағы жайлы қаулы қабылдап, олардың жұмысындағы идеялық-көркемдік кемшіліктерді көрсетті. Журналда жарияланған М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, Ғ.Мұстафиннің шығармалары идеялық жағынан сынға ұшырады. Мысалы, М.Әуезовтің осы журналда басылған «Абай» романының екінші бөлімінің тарауларында озбыр феодал Құнанбайды мақтап, феодалдардың, байлардың әдет-ғұрыптарын дәріптейді», – деп сыналды.

Партия қаулыларын жүзеге асыруға бағытталған шаралар қауырт қолға алынды. Алматы қаласының жазушылары мен өнер қайраткерлерінің осы мәселеге арналған жиыны болып өтті. Жиналыста баяндама жасаған Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің Насихат және үгіт бөлімі менгерушісінің орынбасары Н.Н.Поспеловтың баяндамасында және осында қабылданған қаулыда қазақ қаламгерлерінің шығармаларына идеялық тұрғыдан бірсыпыра сындар айтылып, оны жою талап етілді. Ш.Хұсайновтың «Сөнбес шырақ», Ғ.Мүсіреповтің «Ер Қаптағай», С.Мұқановтың «Біздің заманның батырлары», Қ.Шаңғытбаевтың, Ж.Тілековтің, т.б. өлеңдері сын садағына ілінді. Ә.Тәжібаевтің «Біз де қазақпыз» атты пьесасы «мүлдем қата, саяси зиянды шығарма» аталды.

Баспасөз бетінде көркем әдебиеттегі идеялық аутқушылықтарды сынаған материалдар көріне бастады. Бұл ретте «Социалистік Қазақстан» газеті өзгелерге үлгі көрсетіп, жаңа саяси науқанның көш басшысы болды. Осында жарияланған Қ.Бекхожиннің «Бір жас ақынның шығармаларындағы жат пікірлер» (8.IX.1946), Ж.Жұмаханов пен Ж.Құлбаевтың «Семейде Зошенко жоқ болғандықтан» (23.X.1946), С.Бәйішевтің «Идеясыздық пен сауатсыздықтың жинағы» (27.IX.1946), С.Төлешевтің «Шығанақ» романындағы қателер» (20.IX.1946), «Қазақ әдебиетін зерттеудегі елеулі қателіктер мен кемшіліктерді батыл және тез жойайық!» (1.XII.1946), П.Кузнецовтың «Идеасыздық және жайбарақаттық жағдайында» («Социалистік Қазақстан», 1946, 4 қазан) сияқты мақалалар соғыстан соңғы солақай саяси сындардың алғашқы легі болатын. Қ.Бекхожин ақын Қ.Шаңғытбаевты «ақындық жағынан өнеге алғаны көбінесе ескі ақындардың шығармалары, өткен ғасырдың поэзиясы», «өлеңдерінде қайғыру, жабырқау сарыны көп», «шығармасының идеялық мазмұны күңгірт» деп сынға алды. С.Бәйішев «Әдебиет және искусство» журналының 1946 жылғы алғашқы алты нөмірін «идеасыздық пен сауатсыздықтың жинағы» деп атады. Журналда жарияланған Ш.Хұсайновтың «Сөнбейтін шырақ», С.Ақпановтың «Таң атқанда», Қ.Шаңғытбаевтың «Жайық ұлы», Ә.Оңалбаевтың «Шатасқан шал», С.Мұқановтың «Біздің заманымыздың батырлары», Ж.Тілековтің «Сырым батыр», Қ.Аманжоловтың балладалары «идеялық жағынан, көркемдік жағынан толық кемшіліктері бар» деп сыналды. Ал С.Төлешев болса, бұл қаулы-қарарларға дейін-ақ Қ.Жұмалиевтің орта мектептің 8-классына арналған оқу кітабын сынаған «Қазақ әдебиеті» туралы» («Социалистік Қазақстан», 1944, 12 көкек) мақаласын жазып, «қырағылық» танытқан болатын. Енді партия қаулысына орай тағы да бірнеше мақала жазды. Ол Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» романынан көптеген саяси қателер тапты. Ол әдебиет тарихын зерттегенде таптық тұрғыдан келуді қатаң талап етті. Осы тұрғыдан келіп, Қ.Жұмалиев пен Е.Бісмайыловтың оқу құралдарын тағы да сынға алды. Оқулықтан Шортанбай, Мұрат, Мәшһүр-Жүсіп, Омар, Нармамбет, Сұлтанмахмұт сияқты ақындардың орын алуынан үлкен саяси кемшілікті көреді. П.Кузнецов Қазақстан Жазушылар одағының жұмысын саяси тұрғыдан жокқа шығарғандай болды. Сол кездегі белді қазақ қаламгерлері С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Қ.Аманжолов, Қ.Шаңғытбаев, Ә.Тәжібаев, Қ.Жұмалиев шығармаларының идеялық жақтарына үңілді. Ә.Тәжібаевтің «Біз де қазақпыз» пьесасын «жарамсыз», «зиянды», Ғ.Мұстафиннің «Шығанағын» «дүмбілез» деп тапты. Ғ.Мүсіреповтің «Ер Қаптағай» әңгімесінен, Қ.Жұмалиевтің «Едіге батыр» пьесасынан

көптеген саяси «қателіктер» көреді. Мұның себебін «идеология майданында қырағылықтың мұқалғандығынан, қазақ әдебиетіне идея, принциптік жағынан большевиктік талап қоюдың ұмытылғандығынан» деп біледі.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті 1947 жылы 21 қаңтар күні «Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулыда «Тіл және әдебиет институтының жұмысы қанағаттанғысыз екенін, қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің мәселелерін ғылыми жолмен шешу жөнінде алдына қойылған міндеттерді институт атқара алмай отырғанын атап көрсетті» («Әдебиет және искусство», 1947, №2, 1-бет). Мұның өзі, бір жағынан, қазақ халқының ғасырлар бойы жасап келген әдеби мұрасын, екінші жағынан, әдебиет тарихын жасау саласында әдебиетші ғалымдар атқарып келе жатқан қыруар жұмыстың барлығын дерлік жоққа шығаруға бағытталған аса қатерлі саяси құжат болды. Қаулыда «көбінесе өткен заманға көңіл бөлді, ал қазіргі тақырыптағы жұмыс шын мәнінде жүргізілмей келді. Институттың өткен заман мәселелеріне арналған ғылыми-зерттеу еңбектерінде саяси өрескел қателерге, ұлтшылдық бұрмалаушылықтарға жол берілді», «алдыңғы қатарлы орыс әдебиетінің әсерін ашып көрсете білмеді» (сонда) – деп атап көрсетілді. Институт ғалымдарының күшімен шыққан батырлар жырының төрт томдығы және баспаға енді даярланып жатқан «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы қатты сынға алынды. Ә.Қоңыратбаевтың, Б.Кенжебаевтың, Ә.Мәметованың, Т.Нұртазиннің диссертациялық еңбектерінде «бұрынғы феодалдық-рушылдық құрылысты дәріптегендік бар» делінді. Тіл және әдебиет институтының ғылыми еңбектерінде «феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық сарындағы» Базар, Мұрат, Шортанбай, Шәңгерей, Омар, Сұлтанмахмұт сияқты ақындарға бұркемеленіп орын берілгенін үлкен қателікке санады. Институттың жұмыстарында және өзінің шығармаларында үнемі буржуазиялық-ұлтшылдық идеологияны өткізіп отырғаны үшін, институтқа әлеуметтік, саяси жағынан жат адамдарды алғаны үшін тіл және әдебиет институтының директоры Смаиловты ҚК (б)П Орталық Комитеті қызметтен алуға қарар шығарды» (сонда, 4-бет). Сонымен бірге республикалық баспасөз беттерінде «институттың жұмысында болған қателер мен бұрмалаушылықтар жайында сын мақалалар жариялауды міндет етті» (сонда).

Қаулыны жүзеге асыруға бағытталған шаралар бірден жүргізіле бастады. Алматы қаласында ғылым, әдебиет және көркемөнер қызметкерлерінің жиналысы өтіп, онда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметовтің өзі «Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамашы өз сөзін қаулыда көтерілген мәселелер төңірегінде өрбітті. «Тіл және әдебиет институты қазақ әдебиетінің тарихын маркстік-лениндік жолмен зерттеу жөніндегі аса маңызды, игілікті міндетін атқара алмай, саяси өрескел қателер істеді, бұрмалаушылықтарға жол берді» («Әдебиет және искусство», 1947, №3), деп жасалынған тұжырым бүкіл баяндамада дәлелденілді.

Баяндамашының сынына алдымен Ә.Мәметованың «Қазақ билерінің шешендік сөздері», Б.Кенжебаевтың «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ақындығы туралы» деген тақырыптардағы диссертациялық жұмыстары ілікті. Әминаның диссертациясында «қазақ тарихындағы әйгілі ірі феодалдар, байлар, билер – қалың бұқараны қан қақсатқан Кеңгірбай, Қарамеде, Шорман және басқалары халық даналары, қазақ халқының қамқорлары деп дәріптелген» деп айыптап, «совет үкіметі өмірінің 30-шы жылында хандарды, байларды, билерді, ақсақалдар мен бәйбішелерді дәріптеудің не қажеті бар еді?» (сонда, 4-бет) – деп, сұрай сөйлейді. Б.Кенжебаевтың «Бізде айқын, таза тап ақыны, тап жазушысы жоқ» деген пікірін «өрескел қате және ғылымға қайшы әдіс» (сонда) санаған.

Тіл және әдебиет институтының ғалымдары жазған оқулықтарда, оның ішінде Е.Ысмайлов пен Қ.Жұмалиев жазған 9-класқа арналған оқу кітабында «XIX және XX ғасырлардың бірсыпыра әдебиет өкілдерінің еңбегіне көріне теріс, ғылымға қайшы баға берілген. Олардың бәрі де халықтың қамқорлары деп көрсетілген, шығармаларындағы феодалдық, реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық сарындар ашып көрсетілмеген», (сонда, 5-бет) – деп сыналды. Мұрат, Дулат, Шортанбайлар өмір сүрген дәуірді оқулық авторларының «зар заман» дәуірі атауын бұл «термин қате, әрі зиянды» деп табады. Мұрат, Шортанбай, Дулат, Шәңгерей, Ғұмар өлеңдеріндегі «теріс пиғылдарға» көбірек үңілген.

«Біз жергілікті ұлтшылдықтың ешбір түріне жол бермейміз, өткен дәуірімізді, қазіргі даңқты дәуірімізді бұрмалаушылыққа қарсы большевиктік қажырлылықпен күресіп, марксистік-ле-

ниндік ғылымды таза сақтаймыз» (сонда, 8-бет) – деп, партия атынан сенім білдіреді. Әдебиетші ғалымдар «тарихи мәселелерге әуестеніп, қазіргі заманның тақырыптарын елеусіз қалдырды», «орыс халқының әдебиетімен байланысы жайындағы мәселелер осы күнге дейін жеткілікті зерттелген жоқ» (сонда) – деп, ғылыми ізденістерге жол сілтеді. Осындай кемшіліктің барлығына академия басшыларын, оның ішінде Қ.Сәтбаевты, І.Кеңесбаевты, Н.Сауранбаевты, М.Әуезовті атын атап тұрып айыпты санап, оларды қателіктерден қорытынды шығаруға шақырды. Сөйтіп, осы баяндамасы арқылы республика басшылығындағы бірінші адам қазақ зиялыларын ұлтшылдықпен сынаған басты айыптаушыға айналды.

1947 жылдың 7-ші қазан күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институтының бұрынғы директоры Е.Ысмайылов туралы мәселе қарап, «институттық жұмысында және өз еңбектерінде буржуазияшыл-ұлтшылдық идеологияны ұдайы жүргізіп келгендігі, институтқа әлеуметтік және саяси жағынан жат адамдарды қабылдап қаптатап жібергені үшін Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институтының бұрынғы директоры Е.Ысмайылов партия қатарынан шығарылысын», – деген қаулы қабылдады.

Партия нұсқауларын орындау барысында жұмыстар қарқын алып, ол негізінен Тіл және әдебиет институтының «ұлтшыл» ғалымдарына қарсы бағытталды. Құрамында Ғ.Мүсірепов, С.Төлешев, Ә.Сатыбалдиев, Д.Әбілов бар тілшілер тобы «Тіл-әдебиет институтының жұмысты қайта құра алмау себебі неден?» («Социалистік Қазақстан», 1948, 26 мамыр) атты көлемді мақала жазып, институт ғалымдарының қазақ әдебиетінің тарихы, тілі мәселелері бойынша жасаған жұмыстарынан партия қаулысын басшылыққа ала отырып, көптеген кемшіліктер табады. Институт ғалымдарының көбіне әдебиеттің тарихына қатысты тақырыптарды қаулап, «советтік тақырыптарға» тереңдей алмай жатқандығын негізгі кемшілік санаған. «Институттың алдында тұрған үлкен бір тақырып – орыс әдебиеті мен жалпы орыс мәдениетінің қазақтың әдебиеті мен мәдениетіне тигізген тарихи әсері болуға керек еді. Осы тұрғыдан қарағанда Горький, Маяковский сияқты ұлы совет жазушыларының қазақ әдебиетіне тигізген орасан үлкен әсерін зерттеу бірінші кезектегі жұмыс еді. Бірақ институт жаңадан қолға алар үлкен еңбектерге бара алған жоқ. «Горький және қазақ әдебиеті» деген тақырып биылғы жылдық жоспарына ғана кірді», – деп, ғылыми зерттеулердің негізгі бағытын көрсетіп бергендей де болады. Осы мазмұндас мақалалар орыс тілді басшыларда да жарияланып жатты.

С.Бәйішев, Қ.Шәріпов, А.Қайыргелдиннің «Ғылымдағы идеясыздық пен бейсаясаттыққа жол берілмесін» («Социалистік Қазақстан», 1947, 21 ақпан), С.Бәйішевтің «Профессор М.Әуезов өткендегі қателерінің шырмауында» («Социалистік Қазақстан», 1947, 14 наурыз), М.Ақынжановтың «Профессор Марғұланнның қателері» («Әдебиет және искусство», 1947, №4), С.Төлешевтің «Әдебиет және искусство» журналындағы қателер» («Социалистік Қазақстан», 1947, 6 маусым), С.Кеңесбаевтың «Тіл және әдебиет институты өзінің қателерін большевикше түзетуде» («Социалистік Қазақстан», 1947, 22 маусым), Қ.Аманжоловтың «Хандардың жоқтаушысы» (Қ.Бекхожин туралы. «Социалистік Қазақстан», 1947, 7 наурыз), Қ.Тұрғанбаевтың «Шығыстың шылауындағы әдебиетші» («Социалистік Қазақстан», 1947, 5 қазан), т.б. мақалалары сол кездің идеологиялық талаптары тұрғысынан жазылып, тек қана саяси мүдделер көздегені көрініп тұр. Бұларда ұлттық ғылым академиясы төңірегіне жиналған аз ғана белгілі қазақ ғалымдарының нысанаға алынуы тектен тек емес болатын. Ә.Қоңыратбаев «шығыстың шылауындағы әдебиетші» атанды. Ол кездегі түсінік бойынша, шығыс ескішілдіктің, кертартпалықтың, яғни кеңес үкіметіне қарсы мағынасында ұғынылатын.

Әуелбекті «Қоңыратбаев 1946 жылдан бері «Әдебиет және искусство» журналында «Парсы жұртының үлгілі ақындары» деген тақырыппен мақалалар жариялап жүр. Оның бұл мақалаларында парсы ақындарының бәрі үлгілі, бәрі классик болып көрсетіледі. Бүкіл шығыс әдебиетіне әсер еткен ұлы ақындар Фердоуси, Низами, Навоилердің еңбегіне ғылыми дұрыс талдау берудің орнына, парсының Рудаки, Руми, Сузени сияқты кертартпа, діни, сопы ақындарын дәріптеп, үлгі қып тартады»; «Қоңыратбаев парсының кертартпа, діншіл сопы ақындарын дәріптеп, өнеге етіп тартумен ғана тынбайды. Шығыс халықтарының әдебиет үлгілерінің бәрін парсыдан шыққан деген теориясымақты дәлелдеуге тырысады», «Қоңыратбаев бұл сияқты саяси қателер жіберіп қана қоймайды. Енді ол шығыстың сопы, мистик ақындарының шығармаларын халық арасына кең тарату керек деп жар салады», – деп кінәләп, «Совет әдебиетшісімін деп

жүрген адамға бұдан артық лағу, бұдан артық бисаясаттық болар ма!» («Социалистік Қазақстан», 1947, 5 қазан) – деп, ғалымды саяси жағынан да айыптайды. М.Ақынжанов Ә.Марғұланның «Қазақ эпосының тарихи шартқа байланыстылығы мен характері» атты еңбегін түгелдей жоққа шығарды.

С.Бәйішев бұрыннан атышулы алашордашыл М.Әуезовтің ескішіл қоңырауын тағы да қағып қойды. Ол «Профессор М.Әуезов өткендегі қателерінің шырмауында» атты мақаласында Мұхтардың ғылыми жұмыстарын идеялық жағынан мүлдем жарамсыз етті. «Сорақы саяси қателер, бұрмалаушылықтар Қазақ ССР Ғылым Академиясының белді қызметкерлерінің бірі М.Әуезов жолдастың басында, әдебиет жөніндегі еңбектерінде бар. Мысалы, қазақ әдебиетінің тарихын теріс жолмен пішкен, теріс жолмен жазуға жобалаған «Қазақ әдебиетінің тарихы» сорақы саяси қателермен жазылған» деп, ондағы қателерді «ауыз әдебиетінің әлеуметтік мәнін, таптық сырын ашпады», «қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мен жазуда оның әлеуметтік мәнін ашып көрсетпейді», «әдеби мұралардың барлығын жалпы халық мұрасы, өткен кезде болған қайраткерлердің бәрін халық қайраткерлері деп таныған», «ескі өмірдің, ескі тақырыптардың әуеніне түсіп кетіп, жаңа өмірден, совет шындығынан қол үзген» («Социалистік Қазақстан», 1947, 14 наурыз), – деп көрсетеді. «Бұлардың тамыры Әуезов жолдастың басында болып өткен бұрынғы кездегі ұлтшылдық ірі қателеріне жалғасып жатыр», – деп, сенің кәнігі ұлтшыл екендігіңді бұрыннан білеміз деген сынайды аңғартады. М.Әуезов ұлтшыл ғалымдарды көтермелейді, Тіл және әдебиет институтының директоры Е.Ысмайыловты қолтағының астына алып келді, Ә.Тәжібаевтің зиянды шығармаларын баспасөз бетінде марапаттады, Ә.Қоңыратбаевтың, Ә.Мәметованың ескілікті дәріптеген диссертацияларына қолдау көрсетті деген айыптар тақты.

В.Степанов «Об идеологических ошибках работников общественных наук Казахстана» («Большевик Казахстана», 1947, №1), «За высокую партийность в общественной науке Казахстана» («Вестник АН КазССР», 1947, №1–2), «За большевистскую идейность в литературоведении» («Казахстан», 1947, №6) сияқты мақалалар жариялап, белсенділік танытты. Ол қазақтың қоғамтанушы ғалымдарын түгелге жуық ескішілдікпен айыптап шықты. Солардың қатарында М.Әуезовтің «Абай» романында революцияға дейінгі қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін керемет жұмақ сияқты суреттейді, кедейлердің ауыр да азапты өмірі көрінбейді, қазақ халқының орыс халқымен тағдырлас достығы бейнеленбеген деген сияқты кемшіліктер тапты. Б.Кенжебаевтың «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы» атты диссертациясы, Е.Ысмайылов пен Қ.Жұмалиевтің 9-классқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы, Ә.Марғұланның «Қазақ эпосының тарихи шартқа байланыстылығы мен характері» атты еңбегі, Б.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаевтардың редакциясымен шыққан «Орысша-қазақша сөздік» идеялық жағынан сынға ұшыраған.

Орыс тілінде жарияланған «О грубых политических ошибках в работе института языка и литературы Академии Наук КазССР» («Казахстанская правда», 1947, 1 ақпан) А.Ларионовтың «Клевета на казахскую молодежь» («Литературная газета», 1947, 20 қыркүйек), В.Наумова мен Н.Антоновтың «На позициях гнилого либерализма» («Казахстанская правда», 1947, 26 наурыз), М.Ритман-Фетисовтің «Против низкопоклонства перед реакционно-мусульманской культурой Востока» («Большевик Казахстана», 1948, №1), Е.Брусиловский мен Вл. Мессманның «Лженаучные упражнения» («Казахстанская правда», 1947, 22 көкек) сияқты мақалалар қазақ мәдениетіне қарсы басталған жойқын шабуылды күшейте түсті. Наумова мен Антонов Тіл және әдебиет институты ғалымдарының еңбектерінің ішінен идеялық тұрғыдан іліп аларлық ештеңе таппады. А.Ларионов Ә.Әбішевтің «Жас түлектер» романында қазақ жастарының өмірі шынайы бейнеленбеген деп кінәлейді. М.Ритман-Фетисов Ә.Қоңыратбаевтың «Ғашықтық жыр», Ә.Мәметованың «Қазақтың шешен билерінің сөздері» бойынша диссертацияларын, Ә.Марғұланның Қорқыт, Едіге туралы зерттеулерін түркішілдік (пантюркизм), исламшылдық (панисламизм) бағытындағы аса зиянды еңбектер қатарына жатқызды. Мақаласының аты айқайлап тұрғандай, бұл зерттеулерді шығыстың реакцияшыл ислам мәдениетінің алдында бас ұрғандық деп жар салды. Мұның өзі қазақ мәдениетін шығыстық мәдениет ауқымында қарастырып, зерттеуге деген ұмтылыстың алдына тосқауыл қойғандық еді. Ал Е.Брусиловский мен Вл.Мессманға А.Жұбановтың «Қазақ халқының музыкалық мәдениеті» атты кітабы мүлдем ұнамаған.

Әдеби сынға партиялық қаулы-қарарлар тікелей өктемдік жасап, мәдени салада коммунистік көзқарастарды түпкілікті қалыптастыру жолында қызу жұмыстар бар қарқынмен жүргізіліп жатты. Отызыншы жылдардағыдай тағы да әлеуметтік мәселелер алдыңғы планға шығып, әдеби сын саясылана түсті. Әдеби сын тағы да компартияның әдебиет саласындағы саясатын жүргізетін идеологиялық құралына айналды. Солай десек те әдеби сын өзінің көркемдік процесті атқаруға тиісті негізгі міндеттерінен қол үзіп кете қойған жоқ. Бір жағынан компартия әдебиет саласында алға қойған идеологиялық тапсырмаларды орындай отырып, екінші жағынан, әдеби өмірдегі саралаушылық, бағалаушылық, ұйымдастырушылық жұмыстардың арқасында көш бастайтын әдеби сын өз міндеттерін мың құбылған заманға бейімделе отырып, атқаруға ұмтылды. Алдына саяси мақсат емес, әдеби өмірдің күнделікті мәселелеріне арналған материалдардың өзінде де көркемдіктен гөрі идеялық кемшіліктер мен қателіктерді көбірек қазбалайтын тұрпайы әлеуметтік сындар өріс ала бастағанын байқау қиын емес.

«Қазақ совет әдебиетінің айбынды міндеттері» (Бас мақала. «Социалистік Қазақстан», 1947, 15 тамыз), «Қазақ совет көркем әдебиетінің айбынды міндеттері» («Әдебиет және искусство», 1946, №1), «Халық өнерін қажетімізге асыра берейік» («Социалистік Қазақстан», 1945, 25 тамыз) сияқты редакциялық, С.Ахметовтің «Әдебиетіміз бен көркемөнеріміздің жаңа бесжылдықтағы кейбір міндеттері» («Социалистік Қазақстан», 1946, 26 маусым), В.Малиновскийдің «Әдебиетіміздің идеялық және көркемдік жағы жоғары болсын» («Қазақстан большевигі», 1946, №9-10), М.Әбдіхалықовтың «Торжество Ленинской Национальной политики» («Большевик Казахстана», 1947, №11), С.Бәйішевтің «О неотложных задачах казахской литературы и литературоведения» («Казахстанская правда», 1947, 15 тамыз) сияқты мақалаларға қазақ әдебиеті мен оның ғылымының қандай бағытта дамуы керектігі жайлы партиялық тұрғыдан нұсқаулар беріліп жатты.

Жаңадан шығып жатқан кітаптар жайлы рецензиялар беріліп тұрды. Ғұмырнамалық сипаттағы шығармашылық портреттер, әсіресе 1946 жылы туылғанына жүз жыл толған Жамбыл туралы материалдар сол кездегі қазақ баспасөзінің бетінде көптеп көрінді. Бұларда жүз жасаған Жамбылдың өмір жолы, шығармашылығы жайлы жан-жақты баяндалды. Ақын өлеңдерінің толық жинағы шығып, оған көптеген пікірлер басылды. Жамбылдың жүз жылдық тойының республикалық көлемде кеңінен аталып өтуі баспасөз бетінде кеңінен насихатталды.

1946 жылы С.Мұқановтың шығармашылық қызметіне жиырма бес жыл толуы аталып өтті. Осыған орай Ғ.Мүсіреповтің «Жазушы Сәбит Мұқанов» («Әдебиет және искусство», 1946, №2), С.Бегалиннің «Сәбит Мұқанов» («Лениншіл жас», 1946, 18 көкек), М.Әуезовтің «Жолы кең жазушы» («Социалистік Қазақстан», 1946, 27 қаңтар), А.Көшімбаевтің «Сәбит шығармаларының оқу, тәрбиелік маңызы» («Лениншіл жас», 1946, 1 ақпан), Ғ.Слановтың «Сайранда да іс тындыр» («Социалистік Қазақстан», 1946, 27 қаңтар), Х.Сүйіншәлиевтің «С.Мұқановтың өмірі мен жазушылық қызметі» («Екпінді құрылыс», 1946, 21 ақпан), Т.Нұрғазиннің «Сәбиттің поэзиясы» («Социалистік Қазақстан», 1946, 25 қаңтар) сияқты жарияланған материалдарда қазақ кеңес әдебиетінің көш басшыларының бірі болып келе жатқан жазушының шығармашылық қырлары жан-жақты әңгімеленіп, оқырмандарға танымақ бола түсті.

Осы жылдарда қазақ әдебиеті мен ғылымының бірсыпыра өкілдері жайлы шығармашылық портрет сипатта материалдар жарық көрді. Ж.Қонақбаевтың «Әлкей Марғұлан» («Лениншіл жас», 1946, 23 мамыр), С.Мұқанов, Ә.Әбішев, М.Әуезовтің «Талантты ақын» (Иса Байзақов туралы. «Социалистік Қазақстан», 1946, 7 қыркүйек), М.Хакімжанованың «Шолпан ақын» («Социалистік Қазақстан», 1946, 20 қыркүйек), Б.Кенжебаевтың «Тайыр шығармалары туралы» («Әдебиет және искусство», 1947, №4), «Ғалидың ақындығы» («Әдебиет және искусство», 1947, №6), Е.Ысмайыловтың «Шоқан Уәлиханов» («Әдебиет және искусство», 1948, №11), Х.Сүйіншәлиевтің «Ыбырай Алтынсарин» («Екпінді құрылыс», 1949, 17 шілде), Ә.Тоқмағамбетовтің «Қазақ халқының педагог-ақыны» (Ыбырай Алтынсарин туралы. «Социалистік Қазақстан», 1949, 31 шілде), М.Хасеновтің «Иса Байзақов» («Әдебиет және искусство», 1949, №9) мақалаларының таныстырушылық, насихатшылық сипаты айқын. Сонымен бірге қыркыншы жылдардың соңына қарай жекелеген әдебиет қайраткерлері жайлы материалдардың азая түскендігі байқалады. Оның есесін марксизм-ленинизм классиктерінің

әдебиет жайлы еңбектерінің аудармасымен, орыс әдебиетінің ірі өкілдері турасындағы материалдармен толтырып отырған.

«Әдебиет және искусство» журналының 1946 жылғы сандарында В.И.Лениннің «Лев Толстой – орыс революциясының айнасы» (№4–5), «Л.Н.Толстой және оның заманы» (№6), «Ленин – жазушылар ұстазы» (№1), М.Горькийдің «Жаңа жаза бастаған жазушылар туралы» (№7), «Пьесалар туралы» (№9–10), «Проза туралы» (№11–12), А.Луначарскийдің «Көркем өнер ғылымындағы түршілдік» (№2–3), А.Фадеевтің КСРО Жазушылар Одағының пленумында сөйлеген сөзі (№11–12), Г.Плехановтың «Чернышевскийдің эстетикалық теориясы» (№1), А.Ждановтың «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы баяндамасы (№9–10), М.Сильченконың «Данышпан жазушы – Горький» (№6), «Әдебиет классиктері» айдарымен Г.Р.Державин, Д.И.Фонвизин, И.А.Крылов, Т.Г.Шевченко жайлы материалдар (№4), А.Жұбановтың «Евгений Онегин» қазақ сахнасында» (№2–3), Ж.Бейсембиннің «Горький шығармаларының аудармасы туралы» (№7–8), «Большевик» (1946, №9) журналының «Қазіргі жағдайдағы идеологиялық жұмыстың маңызы» атты бас мақаласының аудармасы (№7–8) басылған.

Ә.Қоңыратбаевтың «Парсы жұртының үлгілі ақындары» деген үлкен тақырыппен Рудаки, Дакики, Фердауси, Әбу Ғали ибн Сина, Омар Хаям, Афзалитдин Қағани, Низами Ғанжеби, Сағди (№1), «Әдебиет классиктері» айдарымен Руми, Хафиз, Жәми (№2) туралы зерттеулері де осы 1946 жылдың басында жарияланды. Әуелбектің «Орта Азиядағы түрік сұлтандарын жырлаған парсы ақындары» («Әдебиет және искусство», 1946, №6) атты мақаласы да осы журналда жарық көрді. Шығыс әдебиетін, оның қазақ әдебиетімен байланыстарын зерттеген еңбектері үшін де автор кейіннен «шығыстың шылауындағы әдебиетші» ретінде айыпталды. «Совет патриотизмінің сезімі жоқ, елсіз-жұртсыз космополит Ә.Қоңыратбаевтың іріп-шіріп жатқан, мешел шығыстың ескілігіне, кеселді «ислам» дүниесіне құлдық ұрып, керітартпа түрік сұлтандарының ұлтанын жалап, жалыншақтаған сандырақтары атышулы «панисламизм», «пантүркизмдердің» отына май құйған отансыздық, опасыздық екені анық» («Коммунист», 1949, №5, 35-б.) – деп, СОКП-ның басты идеологиялық басылымы бетінде баға берілді.

Партия қаулысын орындау мақсатымен қазақ зиялыларының ішіндегі «ұлтшылдарды», буржуазиялық идеологияның ықпалындағыларды «әшкерелеу» жұмыстары қарқын ала бастағанда Е.Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» атты кітабының басылып шығуы отқа май құйып жібергендей болды. Кітап шыға салысымен оған көлемді рецензия жазып, «Қазақстан тарихының күрделі мәселелерінің біріне арналған бұл кітап – аса бағалы және пайдалы еңбек», бұл кітап Қазақстанның XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы тарихын маркстік-лениндік ғылыми методология негізінде зерттеудің бастамасы болып табылады» («Социалистік Қазақстан», 1947, 14 желтоқсан) – деп, Ә.Жиреншиннің оң пікір айтып, жақсы бағалағанына қарамастан, ұлтшылдарды қай жерден тауып қалар екенбіз деп жүрген әсіре белсенділер алақанға түкіріп шыға келді.

М.Ақынжанов пен Т.Шойынбаевтың «Саяси қате, ғылыми құнсыз кітап» («Лениншіл жас», 1948, 31 қаңтар) атты мақаласы Е.Бекмахановты әшкерелеу науқанын бастап та жіберді. Авторлар «Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында» деген Бекмахановтың бұл еңбегі саяси қате, теріс бағытта жазылған» деп, саяси, методологиялық жағынан мүлдем жоққа шығарды. «Бекмаханов Кенесары еңбекші халықтың қорғаны, ұлт бағыры деп мадақтаған буржуазияшыл ұлтшылдарды большевикше әшкерелеудің орнына, біле тұрса да кітабында буржуазияшыл ұлтшылдардың сол сандырағын тура қайталады» – деп, автордың Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күресіне берген бағасын терістеп, идеялық тұрғыдан дау айтты.

Е.Бекмахановтың қазақтың тарихынан жазған кітабы туралы пікірталас қыза түсті. 1948 жылдың 28 ақпан күні Мәскеудегі КСРО Ғылым Академиясының Тарих институтында Ермұханның монографиясына арналған үлкен пікір алысу болып өтті. Белгілі тарихшылар қатысқан жиналысты Ғылым Академиясы Тарих және философия бөлімшесінің академик-хатшысы Б.Н.Греков басқарып, жүргізіп отырған. Талқылаудың барысында әртүрлі ыңғайдағы пікірлер көрінгенімен де көпшіліктің ойы Е.Бекмахановтың монографиялық зерттеуі кейбір кемшіліктеріне қарамастан осы саладағы елеулі еңбек дегенге сайды. Осы жылдың шілде айының 14–19 күндері Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих институтында Е.Бекмахановтың еңбегі тағы да талқыланды. Талқылаудың барысында А.Нүсіпбеков, Ә.Тұрсынбаев, Т.Елеуов,

Х.Әділгереев, С.Медведев, Т.Күлтелеев сияқты ғалымдар кемшіліктерін көрсеткенімен негізінен еңбекті оң бағалады. И.У.Будовниц, Б.А.Аспандияров т.б. сын-ескертпелер айтыңқырағанымен де негізінен Е.Бекмахановтың концепциясын қолдап шықса, Т.Ж.Шойынбаев, С.Е.Толыбеков, Х.Г.Айдарова, В.Ф.Жазиевский, А.Нұрқанов, Б.Сүлейменов, М.Ақынжанов бар топ монографияның негізгі тұжырымдарын түгелдей жоққа шығарды.

Қ.Шәріпов «Қазақстан тарихы марксистікпен баяндалсын» («Социалистік Қазақстан», 1949, 9 шілде) атты мақала жазып, еңбектің бірсыпыра кемшіліктерін көрсеткен болғанымен Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың ұлт-азаттық сипатта болғандығы жайлы автордың негізгі концепциясын қолдады. Е.Бекмаханов Қ.Шәріпов айтқан ескертпелермен келісетіндігін білдіріп, жауап-мақала жазды (Әділ сын. «Социалистік Қазақстан», 1949, 2 қазан).

Осы талқылаулардан соң тарихшылардың Кенесары жайлы дау-дамайы сәл саябыр тапқандай да болды. Әдебиеттің жай-күйін түрлі жақтарынан қарастырған «Қазақ совет әдебиетінің жайы және оны бұдан былай да өркендету шаралары туралы» (Бас мақала. «Әдебиет және искусство», 1948, №10), С.Мұқановтың «Заманымызға сай проза жасайық» («Әдебиет және искусство», 1948, №11), Қ.Бекхожиннің «Балалар әдебиетін өркендете берейік» («Әдебиет және искусство», 1949, №1), «Әдебиетімізді өркендете берейік» (редакция. «Әдебиет және искусство», 1949, №4), І.Омаровтың «Қазақ совет әдебиеті өрлеу жолында» («Әдебиет және искусство», 1949, №7), Қ.Жұмалиевтің «Қазақ совет әдебиетінің даму кезеңдері» («Әдебиет және искусство», 1949, №10), М.Хасеновтің «Сталин бейнесі қазақ совет поэзиясында» («Лениншіл жас», 1949, 16 желтоқсан) сияқты көптеген мақалалар замана талабына орай жазылып, әдеби өмірге көз жіберді. Жаңадан шығып жатқан кітаптар туралы пікірлер де үзбей шығып тұрды.

Қазақ басылымдары бетінде орыс және туыстас әдебиеттер жайлы материалдар жиі беріліп тұрды. Өзбектің ұлы ақыны Әлішер Науайының туғанына бес жүз жыл толуына орай «Социалистік Қазақстан» (15.V.1948) газеті айқара бет арнады. Онда Ә.Тәжібаевтың, С.Аманжоловтың, М.Әуезовтің, Қ.Бекхожиннің, С.Бақбергеновтің, т.б. ұлы ақын жайлы лебіздері берілді. «Әдебиет және искусство» (1948, №4) журналы «Өзбек халқының ұлы ақыны Ал.Навои» атты редакциялық көлемді мақала басты. М.Сильченко А.Н.Островскийдің 125 жылдығына «Ұлы драматург» («Әдебиет және искусство», 1948, №4), Ы.Дүйсенбаев И.С.Тургеневтің 130 жылдығына «И.С.Тургенев» («Әдебиет және искусство», 1948, №11), А.Н.Радищевтің 200 жылдығына «Демократ-революционер жазушы» («Әдебиет және искусство», 1949, №9), туғанына 140 жыл толуына «А.В.Кольцов» («Әдебиет және искусство», 1949, №10), Ритман-Фетисов Горькийдің 80 жылдығына «Қазақ әдебиетшілерінің ұлы ұстазы» («Әдебиет және искусство», 1948, №3), В.Малиновский В.Г.Белинскийдің қайтыс болғанының 100 жылдығына «Орыстың ұлы сыншысы» («Әдебиет және искусство», 1948, №5), Б.Шалабаев «Ұлы халықтың данышпаны» («Социалистік Қазақстан», 1948, 30 мамыр) мақалаларын жариялады. «Социалистік Қазақстан» газеті 6-шы маусымдағы санын «Белинский бізбен бірге» деген бас мақаласымен ашып, ішкі айқара беттерін сыншыға арнаған. Онда М.Әуезовтің «Ұлы ойшыл сыншы», М.Сильченконың «Орыс әдебиетінің жаршысы», Ә.Тәжібаевтың «Ол әрқашан да өнеге», М.Жанғалиннің «Таңдаулы шығармалары қазақ тілінде», Б.Шалабаевтың «Сыншының эстетикалық көзқарасы», т.б. материалдар орын алған. Сондай-ақ «Н.А.Некрасов шығармалары қазақ тілінде» деген Ж.Өмірбековтің («Әдебиет және искусство», 1948, №2), Қ.Тұрғанбаевтың («Социалистік Қазақстан», 1948, 20 наурыз), М.Жанғалиннің «Пушкин және қазақ әдебиеті» («Әдебиет және искусство», 1949, №6), Ы.Дүйсенбаевтың «Орыс әдебиетінің жержүзілік маңызы» («Әдебиет және искусство», 1948, №12), Е.Ысмайыловтың «Толстой және қазақ әдебиеті» («Социалистік Қазақстан», 1948, 8 қыркүйек), «Пушкин және қазақ әдебиеті» («Лениншіл жас», 1949, 8 маусым), С.Бәйішевтің «Ұлы орыс әдебиетінің әсері» («Социалистік Қазақстан», 1949, 10 мамыр), И.Ғабдіров пен Қ.Тұрғанбаевтың «Қазақ совет әдебиетінде Горький дәстүрі» («Социалистік Қазақстан», 1949, 10 көкек), т.б. мақалаларда әдеби байланыстар негізінен қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінен үйренуі, үлгі алуы ыңғайында әңгімеленді.

1949 жылы 10–19 мамыр аралығында қазақ кеңес әдебиетінің Мәскеу қаласындағы онкүндігі болып өтті. Осы үлкен әдеби оқиғаға орай Қазақстанның барлық басылымдары дерлік қазақ әдебиетінің жетістіктерін паш еткен материалдар берді. «Социалистік Қазақстан» (10.V.1949)

газетінің бір нөмірі түгелдей осы онкүндіктің ашылуына арналды. Онда Н.Ондасыновтың, Л.Соболевтің, С.Бәйішевтің, М.Әуезовтің, Ф.Мұстафиннің, Ә.Сатыбалдиевтің, М.Ғабдуллиннің, т.б. қазақ әдебиеті жайлы материалдары берілді. «Правда» газетінде (12.V.1949) Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметовтің «Қазақ халқының әдебиеті» атты орыс оқырмандарын қазақ әдебиетімен таныстырған көлемді мақаласы жарияланды. «Правда», «Литературная газета», «Комсомольская правда» сияқты газеттер мен әдеби журналдарда онкүндіктің өтуіне байланысты қазақ әдебиетін насихаттаған біршама материалдар жарық көрді.

Қазақ кеңес әдебиетінің жетістіктері ретінде Жамбыл атындағы бірінші сыйлық алған Ф.Мұстафиннің «Миллионер» повесі, Абай атындағы екінші сыйлықты иеленген Т.Жароковтың «Жапанды орман жаңғыртты» поэмасы, Жамбыл атындағы екінші сыйлық иегері Ф.Мүсіреповтің «Қазақ солдатты» романы жайлы бірсыпыра мақалалар жарияланды. Бұл шығармалар сол кездің түрлі әдеби жиындарында, есептік-шолу мақалаларында қазақ кеңес әдебиетінің татымды табыстары қатарында аталып жүрді.

1949 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен Мұхтар Омарханұлы Әуезовке «Абай» романы үшін бірінші дәрежелі мемлекеттік сыйлықтың берілуі қазақ әдебиетінің биіктерге бет алғанын ресми түрде әйгілеген елеулі оқиға болды. Компартияның орталық органы «Правда» газетінің өзі «Абай» романын кеңес әдебиетінің үлкен жетістігі ретінде жоғары бағалады (В.Кожевников. Патриотические произведения советской прозы 1948 года. «Правда», 1949, 13 май). Орыстың «Новый мир» (1949, №1), «Звезда» (1949, №5) сияқты қалың әдеби журналдары «Абайды» қазақ әдебиетінің үлкен жетістігі ретінде бағалаған мақалалар жариялады. Қазақ баспасөзінде бұл оқиғаға ерекше мән берді. М.Ғабдуллиннің «Абай» романы совет әдебиетінің зор табысы» («Әдебиет және искусство», 1949, №7), Қ.Жармағамбетовтің «Ұлы сыйлық алған шығарма» («Социалистік Қазақстан», 1949, 12 көкек), Ғ.Мақашевтің «Ұлы достықты жырлаған роман» («Лениншіл жас», 1949, 16 көкек), Ф.Мұстафиннің «Әдебиетіміздің мақтанышы» («Социалистік Қазақстан», 1949, 10 мамыр), Н.Сауранбаевтың «Өскен мәдениеттің өнегелі үлгісі» («Лениншіл жас», 1949, 16 көкек), Т.Тәжібаевтың «Абай – бізге сүйікті образ» («Социалистік Қазақстан», 1949, 29 көкек), «Ұлы достық бейнесі» (редакциялық мақала. «Социалистік Қазақстан», 1949, 29 көкек), С.Бородиннің «Выдающееся художественное произведение» («Казахстанская правда», 1949, 17 көкек), Е.Лизунованың «Творческая победа Мухтара Ауэзова» («Ленинская смена», 1949, 24 наурыз), Қ.Сәтбаевтың «Выдающееся произведение казахской советской литературы» («Вестник АН КазССР», 1949, №5) секілді мақалаларда «Абай жолы» роман-эпопеясы алғашқы томдарының идеялық, көркемдік қырлары жан-жақты сараланып, қазақ прозасының үздік жеңісі деп танылды. «Абай» романы қазақ әдебиетінің ғана табысы емес, ол бүкіл совет әдебиетінің табысы, ол қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихына қосылған қазына» («Әдебиет және искусство», 1949, №7, 84-б.), – деп бағаланды.

Ал 1950 жылға қарай Т.Күлтелеевтің «Абай» романындағы қазақтың әдет-ғұрып заңдары» («Әдебиет және искусство», 1950, №12), Е.Ғабдіровтің «К вопросу об изучении романа М.Ауэзова «Абай»» («Уч. зап. КазГУ им. С.М.Кирова», 1950, т. 3, вып. 5), Қ.Тұрғанбаевтың «Ақын аға» романы» («Лениншіл жас», 1951, 18 наурыз) сияқты бірлі-жарымды болмаса, М.Әуезов, оның «Абай» романы жайлы пікірлерді баспасөз бетінде онша көріне бермегендігі байқалады.

Соғыстан кейінгі дәуірдегі қазақ әдебиеттану ғылымындағы ізденістер әдебиет оқулықтарын жасау барысында да өріс алды. Мектеп оқушыларына арналған Қ.Бекхожиннің 6-класқа арналған «Әдебиеттік оқу кітабы» (А., 1946), Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайыловтың «Қазақ әдебиеті. XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басындағы қазақтың жаңа жазба әдебиеті» (9-класс, А., 1946), А.Көшімбаевтың жеті жылдық және орта мектептер үшін «Әдебиеттік оқу кітабы» (А., 1946), Қ.Бекхожиннің 10-класқа арналған «Қазақ әдебиеті» (А., 1947), Ш.Кәрібаевтың «Әдебиеттік оқу кітабы» (7 кл. А., 1947), С.Мұқанов пен Қ.Бекхожиннің «Қазақ әдебиеті. Хрестоматия» (8 кл. А., 1947), осы автордың «Қазақ әдебиеті. Хрестоматия» (10-кл. А., 1948), Қ.Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті» (8 кл. А., 1948), Қ.Жұмалиев пен С.Мұқановтың «Қазақ әдебиеті» (9-кл. А., 1948), Ғ.Мүсірепов, Қ.Бекхожин, Қ.Жармағамбетов, С.Сейітовтердің «Қазақ совет әдебиеті» (10-кл. А., 1948, 1949, 1950, 1951), Ә.Шәріповтің

«Қазақ әдебиеті. Хрестоматия» (9-кл. А., 1948) оқулық, оқу құралдары жарық көріп, мектеп оқушыларының қазақ әдебиетінің бай мұрасымен танысып, тұтас бір ұрпақтың рухани жағынан жетіліп тәрбиеленуіне тарихи қызмет етті. Бұл кітаптар әлі қазақ әдебиетінің біртұтас тарихы жасалынбаған кезде негізінен оқулық ретінде пайдаланылса, екінші жағынан, ғылыми негізді ұлттық әдебиет тарихын жасау жолындағы алғашқы игілікті ізденістер де болатын. Десек те қызыл қаны сорғалаған коммунистік идеология үстемдік құрып тұрғанда қазақ әдебиетінің шын мәніндегі ұлттық тарихын жасау мүмкін емес-тұғын. Сол кездің идеологиялық талаптарын ескере отырып, осы саладағы алғашқы адымдардың өзі таптық принципке негізделген маркстік-лениндік методологияға қайшы деген сылтаулармен қатал сынға ұшырады. Соғыстан кейін қабылданған идеологиялық қаулылардың дені осы әдеби мұраны игеруге қарсы бағытталғанын байқау қиын емес.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулы-қарарларында, күнделікті баспасөз беттерінде идеялық тұрғыдан көп сыналғандықтан да 1949, 1950 жылдары қазақ әдебиеті бойынша бірде-бір оқулық шықпаған. Мұның өзі қазақ әдебиеттану ғылымына, қазақтың ұлттық әдебиетіне деген сол кездегі республика басшылығында отырған компартиялық биліктің салқын қабағын көрсетсе керек.

Солдай десек те осы жылдары Қ.Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (А., 1948), «Махамбет Өтемісұлы» (А., 1948), Б.Кенжебаевтың «Сұлтанмахмұттың ақындығы» (А., 1949) кітаптарының жарық көруі қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыдан игерудің сәтті адымдары еді. Осы еңбектері бойынша Қ.Жұмалиев пен Б.Кенжебаев кейіннен диссертациялар қорғап, ғылыми дәрежелер алды.

Қазақ әдебиеті тарихының зерттелуі дегенде ғалымдар көбіне Шоқан, Ыбырай, Абайдан ұзап шыға алмады, не болмаса, ары қарай тереңдей баруға сол кездегі идеологиялық-ғылыми ахуал мүмкіндік бере бермеді. Е.Бекмахановтың «Қазақ халқы мен орыс халқы достығының тарихи тамырлары» (Шоқан, Ыбырай, Абай туралы. «Коммунист», 1947, №6), Е.Бисмайыловтың «Сұлтанмахмұт Торайғыров» («Әдебиет және искусство», 1950, №5), Б.Кенжебаевтың «Сұлтанмахмұт Торайғыров» («Социалистік Қазақстан», 1950, 21 мамыр), «Мақыш Қалтаев (1869–1910)» («Әдебиет және искусство», 1950, №12) және Ыбырай Алтынсаринға арналған Ә.Садықовтың («Әдебиет және искусство», 1949, №8), Х.Сүйіншәлиевтің («Екпінді құрылыс», 1949, 17 шілде), Б.Сүлейменовтің («Социалистік Қазақстан», 1949, 17 шілде), Ә.Сыздықовтың («Лениншіл жас», 1949, 31 шілде), Қ.Жұмалиевтің «Ыбырай Алтынсариннің әдеби мұралары» («Әдебиет және искусство», 1950, №2), М.Әуезовтің «Ыбырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері» («Социалистік Қазақстан», 1950, 11 көкек), Қ.Жұмағұловтың «Ыбырай Алтынсариннің мұралары» («Әдебиет және искусство», 1950, №2), Б.Сүлейменовтің «Ыбырай Алтынсарин – озат ағартушы» («Коммунист», 1950, №5) және Абайға қатысты оқта-текте шаң беріп тұратын мақалалардан басқа зерттеулер көрінбеді десе де болғандай. Оның басты себебі сол кездегі көркем әдебиетке, оның сынына, тарихын зерттеуге деген идеялық талаптардың күннен күнге күшейіп, саяси бақылаулардың қатая түскендігі еді. Партиялық әдеби саяси сын күнделікті әдеби өмірді, әдеби мұраның игерілуін қатал бақылауда ұстап, қалт жібермей қадағалап отырды. Коммунистік ұстанымға әнтектеу пікір айтылса, оған сол заматта тойтарыс беріліп отырды. Мысалы, қазақ әдебиетінің өткен жолдары, ірі өкілдері жайлы сол кездердің өзінде-ақ тың пікірлер айта білген Б.Кенжебаевтың жарияланып жатқан мақалаларының бірде біреуі саяси сынның назарынан тыс қалған жоқ.

Сол кезде «жабық» ақынның бірі саналып келген діни бағыттағы қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі Мақыш Қалтаев туралы мақаласында Б.Кенжебаев «жалпы алғанда Мақыштың ізгілік, ағартушылық, демократтық пікірі көп басым. Қазақтың революциядан бұрынғы молда, діншіл ақын-жазушыларынан қазақ өмірінің бірыңғай күрделі мәселелерін қозғаған. Реалистік бағытқа, сыншыл реализмге жақын келген» («Әдебиет және искусство», 1950, №12, 72-б.) – деп жазып, ақын шығармашылығын дұрыс бағалауға жол салды. Әрине, Бейсекеннің мұнысы жоғарыдан қарауыл қарап отырған қызылкөз идеологтардың қырағы бақылауынан қағыс қалған жоқ. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі И.Храмков «Тот же журнал напечатал статью Б.Кенжебаева о реакционном поэте панисламисте Макише Калтаеве. Мотивом к опубликованию этой вредной статьи послужило то, что поэт значился в школьных программах. Куда полезнее было бы дать критику порочной

программы, а не популяризовать реакционного поэта» (И.Храмков За высокую идейность литературы Казахстана. «Казахстанская правда», 1950, №221) – деген бағасын беруді де кешеуілдетпеді. Бұл дегеніңіз, бір жағынан, М.Қалтаевтың шығармашылығына құлып салу болса, екінші жағынан, Б.Кенжебаевтың осы бағыттағы ғылыми ізденістерін де ресми түрде жоққа шығару болатын.

С.Жүсіпбековтің «Әдебиет пен сынның идеясы жоғары болсын» («Социалистік Қазақстан», 1948, 21 қараша) атты көлемді мақаласында кейбір ақын-жазушыларды, атап айтқанда А.Хангелдиннің, Қ.Бекхожиннің, Ж.Тілековтің, Қ.Сатыбалдиннің шығармаларында «бүгінгі дәуіріміздің тілегіне сай жаңа шығармалар беруде әдебиеттегі ескі «үлгілерден», ескі сарындардан арылып кете алған жоқ; бүгінгі күніміздің теңеулерін ескі дәстүрден, қатынастардан іздейді, соны тым әсірелеп жырлап кетеді. Мұның өзі ескіні дәріптеу, өткендегіге іш тартып жырлау сарынына әкеп соғады, совет жазушыларын бүгінгі тақырыптардан аластатады, әдебиетті коммунистік қоғам құру жолындағы күрестің күшті құралы болудан әлсіретеді», – деп айыптады. Ол сыншы-ғалымдардан Т.Нұртазиннің, Б.Кенжебаевтың, Қ.Жұмалиевтің сын-зерттеу еңбектеріндегі көптеген «кемшіліктерді» көрсетеді. Сыншы әсіресе Қ.Жұмалиевке қатты шүйліккен. Оның редакциясымен шыққан «Қазақ совет әдебиетінің тарихына» (1947), 8, 9 кластарға арналған әдебиеттік оқу кітаптарына шұқшиып, бірсыпыра «елеулі қателіктер» тапқан. «Мұрат ақынның саяси, әлеуметтік тақырыпқа айтқан өлең, жырларының барлығы Россияға, орысқа қарсы бағытта жазылғанын, Алтын Орданы дәріптегенін, қазақты мұсылман дүниесіне қарай бастау ұранын көтергенін автор бұркенелейді, сылап-сипап, майдалап айтады да, оның есесіне Мұратты халық ақыны деп дәлелдеуге бар ынтасын сала жазады» – деген сияқты жолдардан автордың әдеби-идеологиялық өресі айқын көрінеді.

Партия қаулыларын жүзеге асырудың барысы, мерзімді басылымдарда әдебиет пен мәдениетке қатысты жарияланған материалдар талқыланған белгілі бір идеологиялық мақсатты көздеген жиындар өткізіліп тұрды. Солардың бірі 1949 жылдың 17 наурызында бір топ театр сыншыларын – космополиттерді әшкерелеп жазған «Правда», «Культура и жизнь» газеттерінің редакциялық мақалаларын талқылауға арналды. Қазақстан Совет Жазушылары одағы басқармасының хатшысы Д.Снегин баяндамасында орталық газеттерде көтерілген мәселелерді қолдап, Қазақстанда да космополиттерді әшкерелеу қажеттілігін алға қойды. Өнер саласындағы космополиттерді сынаудан басталған әңгіме қазақ әдебиетіне қарай ойысып, негізінен Ә.Қоңыратбаевтың, Б.Кенжебаевтың, Т.Нұртазиннің, Е.Ысмайыловтың, т.б. еңбектеріндегі «әдебиетімізді бұрмалап, теріс түсінік беріп келгенін айтты» («Социалистік Қазақстан», 1949, 20 наурыз). Д.Әбілов Б.Кенжебаев «Қандай шығарманы болмасын, идеялық жағынан емес, эстеттік жолмен сынады», С.Омаров «Эстет сыншы Нұртазин қазақ совет әдебиетін ұлттық шеңберге тығып, орыстың классикалық әдебиетінің, совет әдебиетінің қазақ әдебиетіне деген ықпалын жоққа шығарды», Ж.Саин «Б.Кенжебаевтың 25 жыл бойына сыншылықпен айналыса жүріп, талай сыңаржақтыққа салынғанын айтты», «Қазақстан Жазушылар одағы президиумының председателі С.Мұқанов жолдас космополитизм мен буржуазиялық ұлтшылдық бір медальдің екі жағы дегенді айта келіп, совет жазушыларын қырағылықты күшейтуге, пантүркизм, панисламизм сияқты жат ықпалдан әдебиетімізді аулақ ұстауға, совет әдебиетінің, совет халқының мүддесіне қандай да болмасын жат идеологиямен батыл күресіп отыруға шақырды», Қ.Бекхожин «Веселовскийдің теріс идеясын дәріптеп, таратып келген Е.Ысмайыловтың қателерін Кенжебаев алға дамытып жүр» деді, ақын Қ.Аманжолов «космополиттік көзқарасты батыл әшкерелей отырып, әдебиетімізде большевиктік сынды, өзара сынды бәсеңдетпеуіміз керек» деді. Осы жиналыс болған күннің ертеңіне Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органы «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин әдебиеттегі сыншылық, зерттеушілік еңбектеріндегі идеялық «кемшіліктері» үшін тағы да сыналды (Қ.Жармағамбетов, С.Бакбергенов. Қазақ әдебиетіндегі сыңаржақ сыншылар. «Социалистік Қазақстан», 1949, 18 наурыз).

Түрлі идеологиялық әдеби жиындарда, мақалаларда бұл үш сыншының аттары атаусыз, еңбектері сынаусыз қалмайтын болды. Мысалы, «Әдебиет және искусство» журналының 1949 жылғы төртінші нөмірінде жарияланған «Әдебиетімізді өркендете берейік» атты редакциялық мақаладан төмендегідей жолдарды оқимыз: «Шынында космополитизммен астарласа ұлтшылдық, панисламистік, пантюркистік сарындар жымьсықыланып, әр жерде өткізіліп жүр.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы жуықта шығарған «Қазақстан фольклорының тарихында» қазақ фольклоры араб-парсы ертегілерімен төркіндес деп, панисламистік пікірді бықсытушылық, осы пікірдегі арамза Қоңыратбаевтың араб-парсының қай-қайдағы софистік ақындарын дәріптеуі (бұл ретте Қоңыратбаевтың осы сарындағы зиянды мақалаларын басуын журнал өзінің үлкен қатесі деп мойындайды). Сынаржақ сыншылар – Кенжебаев пен Нұртазиндердің қазақ совет поэзиясына арсыздықпен жала жабулары кездейсоқ нәрсе емес. Бірақ осы секілді зиянды әрекеттердің сыры әлі бізде әшкереленген жоқ». Осы ыңғайда жазылған «совет әдебиетін жат идеялардан таза ұстайық» («Социалистік Қазақстан», 1949, 20 наурыз), С.Сейітовтің «А.А.Жданов және әдебиетіміздің келелі мәселелері» («Әдебиет және искусство», 1949, №8) деген сияқты мақалаларда қазақ әдебиетін ұлттық тұрғыдан зерттеуге ұмтылыстың, қай-қайсысы болмасын, тойтарыс тауып отырды.

1949 жылдың соңына қарай Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті «Әдебиет және искусство» журналы мен орыс тілінде шығып тұратын «Қазақстан» альманағының партия алға қойып отырған идеологиялық міндеттерді жүзеге асыру барысын карап, бұл саладағы жұмыстарын қанағаттанғысыз деп тапты. Басты кемшілік ретінде басылым беттерінде советтік өмірді көркем бейнелейтін туындылардың аз, өз дәрежесінде емес екендігі атап көрсетілді. Сондай-ақ «орыс жазушыларының, ССРО-дағы туысқан халықтар жазушыларының таңдаулы шығармаларын қазақ тіліне аударуды ұйымдастырмайды, оқушыларды халық демократиясы елдері жазушыларының шығармаларымен таныстырмайды» деген де міндер тағылды. «Әдебиет және искусство» журналы сын және библиография бөлімінің жұмысы «қанағаттанғысыз жүргізіледі. Онда қазақ әдебиетінің шұғыл мәселелері көтерілмейді, қазақ әдебиетіне тақырып, жанр, жеке мәселелер жөнінде толық шолу жасайтын, қазіргі әдебиеттің тәжірибесін қорытатын мақалалар мүлде жоқ. Жарияланған рецензиялар көбінесе шығармалардың мазмұнын қайталап айтады, идеялық және көркемдік талдау жасамайды» («Лениншіл жас», 1949, 11 желтоқсан) тұрғыда бағаланды. Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті журналдың редакторын орнынан алып, жаңадан Қ.Жармағамбетовті жауапты редакторлыққа, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Әбішев, С.Омаров, Ә.Қайыргелдин сияқты қаламгерлерді редколлегия мүшелігіне бекітіп, жұмысты жақсартуды міндеттеді.

Осы жылдың желтоқсан айында Қазақстан Кеңес Жазушылар одағының IV пленумы болып өтті. Онда «Қазақ совет әдебиетіндегі жайы мен міндеттері» туралы одақтың басшысы С.Мұқанов жасаған баяндама бойынша 42 адам жарыссөзге шықты. Баяндамада Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің хатшысы І.Омаровтың және басқа да шығып сөйлеушілердің сөйлеген сөздерінде әдеби сынның мәселелері сол кездегі қазақ әдебиетінің жай-күйімен байланыста әңгімеленді. Негізінен қазіргі әдебиеттің мәселелері сөз болғанымен де әдебиеттің тарихы, оны зерттеу істеріндегі идеялық кемшіліктер хақында да едәуір қозғалды. Пленум қазақ қаламгерлерін «адам баласын шын бақытқа жеткізетін коммунизм идеологиясынан» ауытқымауға, ескішілдіктің, шығыстың шырмауына түсіп қалмауға, орыс әдебиетінен үйренуге шақырды. Баяндамашылар мен шығып сөйлеушілер әдебиеттің партиялығы тұрғысынан көбіне әдебиеттегі кемшіліктер жайлы айтыңқырағанымен де мерзімді баспасөз беттерінде көтеріле бастаған «ұр да жық» сындарға бара қойған жоқ. Тіпті сол кезде Мемлекеттік сыйлық алғанына қарамастан, солақай сынның найзасына ілініп, ескілікті дәріптейтін зиянды шығарма атала бастаған М.Әуезовтің «Абай» романын баяндамашы С.Мұқанов «Ақындар ағасы» туралы жалпы айтарымыз, идеялық және көркемдік жағынан бұл роман да қазақ совет әдебиетінің зор табысы» («Әдебиет және искусство», 1950, №1, 66-б.), – деп бағалауының өзі айтарлықтай болды.

С.Мұқановтың баяндамасында сол кездегі қазақ әдеби сынының жай-күйін жаңадан шығып жатқан шығармалардың идеялық-көркемдік тұрғыдан саралану мәселелерімен ұштастыра қарастырған. Сандық жағынан сын мақалаларының өте аздығына әдебиетшілер назарын аударған. Белгілі әдебиетші Б.Кенжебаевтың соңғы он бір айда үндемей қалғаны, Т.Нұртазиннің «Абай» романы жайлы жалғыз мақала жазумен ғана шектелгені жақсылықтың белгісі емес дегендей емеурін танытты. Әдебиетіміздің жетістіктері ретінде М.Әуезовтің «Абай», Ғ.Мұстафиннің «Миллионер» сияқты туындыларға оң баға берілді. Десек те баяндаманың негізі жаңа шығармалардағы елеулі кемшіліктерді көрсетуге, осы салада сын атқарып жатқан, қолынан келмей жүрген мәселелерге арналды. Баяндамашы қыза-қыза келе өзінің «Сырдария» романын да сын диірменіне салып жіберіп, оның жеті түрлі кемшілігін санамалап тұрып көрсеткен.

І.Омаров М.Әуезовтің «Абай», С.Мұқановтың «Ботагөз», Ғ.Мұстафиннің «Миллионер» сияқты шығармаларын қазақ әдебиетінің табысы ретінде оң баға берген. Абайды аса жоғары бағалап, «түр жөнінен де, поэзияны идеяға байыту жөнінен де біздің ақындарымыз Абайдан үйренулері керек», – деді. «Абай мектебінің мәдениеті жоғары екендігін» баса айтты. Дей тұрғанмен, Абай шығыс поэзиясынан үйренді деген пікір айтқан Ә.Мәметованы сынға алады. «Әдебиетіміздегі жақсы нәрсенің ешқайсысы да мұсылман шығысы аталатындардың реакцияшыл әдебиетінен нәр алған емес» («Әдебиет және искусство», 1950, №1, 78-б.) – деп, ұлы Абайды «реакцияшыл шығысқа мүлде қарама-қарсы» қояды. Сонымен бірге республикадағы коммунистік идеологияның сол кездегі ту ұстаушыларының бірі болған І.Омаровтың ұзақ сөзінде қазақ акын-жазушыларын, ғалымдарын ұлтшылдықпен айыптау ниеті көрінбейтіндігін де айта кеткен жөн.

Осы кездегі әдеби сында, әсіресе драмалық шығармалардың идеялық-көркемдік сапасын көтерген бірсыпыра материалдар жарық көрді. Сын саласында белсенділік таныта бастаған С.Төлешевтің «Драматургиялық шығармалар жоғары идеялы, әрі көркем болсын» («Социалистік Қазақстан», 1949, 21 маусым), Қ.Жармағамбетовтың «Драматургиядағы кейбір өрескел қателіктер туралы» («Әдебиет және искусство», 1950, №10), «Драматургиядағы өрескел қателер батыл жойылсын» («Социалистік Қазақстан», 1950, 28 қыркүйек), т.б. мақалалары партияның театр репертуарлары жайлы арнайы қаулысын орындау мақсатымен жазылғандығы көрініп тұр. Қайнекей Н.Баймұхамедовтің «Еңбек Ері», «Балбұлақ», «Махаббат күші», «Асыл тастар», Қ.Мұхаметхановтың «Майданнан хат», Матахов пен Сұбханбердиннің «Мен – совет дәрігері», Қ.Жасақовтың «Құрбылар», «Мүмкін оқиға», Т.Сағынбаевтың «Тілек», Ш.Байжановтың «Жолдастар», т.б. пьесаларын қатаң сынға алды.

«Ғылымдағы космополитизм мен буржуазияшыл-ұлтшылдық бұрмалаушылықтарды құрту жолында» (За искоренение космополитизма и буржуазно-националистических извращений в науке. «Вестник АН КазССР», 1949, №3) атты редакциялық мақалада Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев туралы зерттеулерде маркстік-лениндік дүниетаным тұрғысынан бағалаушылықтың жетіспей жатқандығы ескертілді. Әсіресе Кенесары Қасымов бастаған қозғалыстың реакцияшыл, керітартпа болғанын дәлелдеуге біршама орын берілді.

11. ЗОБАЛАҢ

Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күрестерінде Кенесары Қасымұлының есімі алтын әріптермен жазылып қалған. Өйткені, ең даланы еркін жайлап, тіршілік жасап жатқан елдің жерін біртіндеп басып алып, түгелдей қаратуға айналған тұста тырп ете алмай, жаны алқымға тығылып шарасыз, ішінен тығылып жатқан тұтас бір ұлтты тік көтеріп, азаттықтың ақ жолына бастаған осы Кенесары болатын. Кенесарыға дейін де, кейін де отаршылдыққа қарсы бағытталған талай-талай үлкенді-кішілі ұлт-азаттық көтерілістердің болғаны белгілі. Бірақ бұлардың барлығы дерлік белгілі бір аймақтың ауқымынан аса алмай, жергілікті сипатта ғана қалған. Ал бүкіл елдің халық ретінде, ұлт ретінде бас көтеруі осы Кенесары Наурызбай көтерілісінде көрінді. Кенесары қозғалысының бүкілқазақтық сипат алуының басты себебі азаттыққа, еркіндікке ұмтылған халықтың жүрек түкпірінде шер боп қатып қалған арман-аңсарларының бір арнада тоғысып, қозғаушы алапат күшке айналуы еді. Сөйтіп дәстүр бойынша ғасырлар бойы қазақ халқын билеп келген хан-төрелердің тұқымы Кенесары тұтас қазақтың мүддесін көздеп, отаршылдыққа қарсы азаттықтың ақ туын көтеріп атой салып шыққанда әлсіреп, шала-жансар жатқан халықтың ұлттық рухы оянып, соңына ерді. Бірақ түрлі объективтік, субъективтік жағдайларға байланысты көтеріліс жеңіліс тапты. Солай бола тұра, Кенесары өлгенімен де ісі, рухы өлген жоқ. Оның өнегелі өмірі, елі үшін жасаған ерен ерліктері, іргелі істері жұрт жүрегінде қыр болып жазылып, аңыз болып айтылып, өшпестей өрнектеліп, ұрпақтан ұрпаққа, ғасырдан ғасырға жалғасты. Сонымен Кенесары Қасымұлы қазақ халқының ұлттық рухын ту етіп көтеріп, елінің елдігін, халқының халықтығын танытқан, еркіндікті аңсаған елін ұлт-азаттық жолына бастаған жалпыұлттық көлемдегі тұңғыш көсем болды дейміз.

Кенесарының есімі патшалы Ресей кезінде де, кеңес үкіметі жылдарында да жабық тақырып болып келді. Себебі Кенесары қолына қару алып қарсы күрескен патша отаршыларының саясаты

жаңа дәуірде сыртқы формасы өзгергенімен де мазмұн-мәні жаңаша социал-империялық сипатта жалғасын тапты. Екі жүзден астам халықты бірге жатқызып, бірге өргізіп, бірдей ойлатып, бірдей сөйлетіп, нәтижесінде орыс халқының негізінде жасалған, «біртұтас совет халқының» күшімен коммунизм құруды көздеген компартияға ұлт-азаттықты аңсаған Кенесарылар рухы аса қауіпті де еді. Кеңес үкіметі жылдарында жүзеге асқан халықтың ұлттық санасын өшіру мақсатымен ойлап шығарылған небір «ғылыми теориялар», идеологиялық жұмыстар өз «жемісін» бермей қойған жоқ; жүзге жуық ел тілінен айрылып, ұлттық болмысын жоғалтып, ассимиляцияға түсіп, «совет халқына» айналып кетті. Әулірімімен қазақ халқы мұндай күйден әрең-әрең аман қалды десек, аман сақтап қалған – кезінде Кенесарылар ту ғып көтерген қазақтың өміршең ұлттық рухы-тұғын.

Қанша күшті болғанымен де совет үкіметі қазақтың ұлт-азаттық күреске толы тарихын өшіре алмады. Ресми түрде жабық болғанымен жүректерде жазылып қалған Кенесары туралы аңыз-жырлар неше ұрпақтардың ұлттық сана-сезімдерін оятып, рухани жағынан байыта түсті... XIX ғасырда туған көптеген жыр-дастандарды былай қойғанның өзінде кеңестік кезеңде де Кенесары туралы бірнеше еңбектер жарық көрді. Солардың ішінде М.Әуезовтің «Хан Кене» (1934) пьесасын, Е.Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» (1947) атты монографиясын, І. Еенберлиннің «Қаһар» романын ерекше атау керек.

«Хан Кене» 1934 жылы Қазақ мемлекеттік драма театрында бір-ақ рет қойылып, аяғы үлкен дауға айналып, сахнадан алынып, солақай саяси сындардың астында қалғаны белгілі. Бұл еңбек кейіннен араға жарты ғасырдай уақыт салып барып, жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 14-ші томында алғаш рет жарияланды. Ал Е.Бекмахановтың еңбегі соғыстан кейінгі Қазақстандағы екінші толқын саяси қудалаулардың басты объектісіне, негізгі себептерінің біріне айналып, аяғы қазақ зиялыларын жаппай қуғынға ұшыратқан саяси науқанға ұласты. «Қаһар» басылып шыққанда халықтың ұлттық сана-сезімі біршама өсіп қалғандықтан да мұндай сорақылықтар бола қойған жоқ. Дегенмен, оның авторы І.Есенберлин де көптеген саяси айыптаулардың астында қалған болатын. Халық оң-солын танып, ұлттық рухы күшейе түскен «кемелденген социализм» кезінде отызыншы, елуінші жылдардағыдай саяси қудалауларға жол беріле қойған жоқ.

Кенесары есіміне байланысты болған осы жағдайлардың қай-қайсысы болмасын, бүгінгі ұлттық сана-сезіміміздің оянып, қалыптасуында елеулі, тарихи рөл атқарды. Осылардың ішінде әсіресе соғыстан кейінгі кезеңде Бекмахановтың Кенесары жайлы жазған зерттеу монографиясының тағдыры өте ауыр болды. Аталмыш еңбектің төңірегінде өрбіген сыни пікірлер, дау-дамайға ұласып, ұлғая келе әдебиетті де қамтып, тұтас бір идеологиялық науқанға айналды...

Әңгімені басынан бастайық. Соғысқа дейінгі дәуірде КСРО-ны мекендеген халықтардың барлығында дерлік ұлттық батырлары болмады. Ол, әрине, жоқтықтан емес-тұғын. Ұлттық батырлардың болуы совет үкіметінің ұлттарды мәңгірттендіріп, бағынышты етіп ұстау саясатына қайшы келгендіктен де ресми түрде олардың барлығы да ескішіл, кертартпа деп жарияланды. Осындай саясаттың салдарынан қазақтың бай ауыз әдебиеті, оның ішінде әсіресе батырлар жыры түгелге жуық халыққа зиянды деп танылды. Елуінші жылдардың соңына шейін «Қамбар батыр» жырынан басқалары түгелдей дерлік реакцияшыл саналып келді. Орыс отаршыларына қарсы күрескен Кенесары түгілі, эпостық жырлардың күйінің өзінен-ақ сол кездегі әдебиет, мәдениет, ғылым саласындағы идеологиялық саяси ұстанымды толық аңғаруға болады.

Өткеннің, ұлттық атаулының барлығын сыпырып тастап, алдымен социализм, соңынан коммунизм құрамыз деп, халықты жылтыр сөзбен жылытып, семіртіп жатқан кезде ұлы Отан соғысы басталып кетті. Жауды жеңу үшін советтік патриотизм туралы құрғақ сөздердің аздық ететіндігі байқалды. Қиын-қыстау кездерде халықтың рухын көтеретін ұлы күш ұлт батырларының ел қорғаудағы ерліктерін үлгі ету қолға алынды. Осындай мақсатпен бұрындары «жабық» болып келген ұлттық батырлар тақырыбы жедел қолға алынып, насихаттала бастады. Қазақ жауынгерлеріне Алпамыс, Қобыланды сияқты батырлардың ел қорғау жолындағы ерліктері үлгі етілді. Міне, осындай кезде қазақтың ұлттық батыры ретінде орыс отаршылдарына қарсы күресте ерен ерліктер жасап, жанқиярлық істер атқарған Кенесары Қасымұлының есімі де жарқ етіп шыға келді.

Кенесары қозғалысына байланысты жазылған еңбектердің ішінде Қалижан Бекхожиннің 1941 жылы «Әдебиет және искусство» журналының 5-ші нөмірінде жарияланған «Кенесары–Наурызбайдың әдебиеттегі бейнелері» атты мақаласы алдымен көзге түседі. Осы мақаласында ол Кенесары қозғалысы туралы «бүгінге дейін теріс түсініктер, қате пікірлер туып келді» деп, С.Мұқанов пен Х.Жұмалиевтің айтқандарын сынайды. Кенесары–Наурызбай көтерілісі «халық мақсаты үшін күрескендігін дәлелдейтін документтерге» жүгінеді, «Кенесары қазақтың ержүрек Шамилі... Кенесары дегенінен қайтпайтын бір бетті және дұшпанға кек жібергенше, өлгенін жақсы көретін бір керемет қайсар адам еді» – деген бір орыс тарихшысының сөзін пікірін дәлелдеуге дәйек қылады. Қ.Бекхожин Кенесары қозғалысын «қазақ халқының мұңын, мақсатын көздеді», «...өз халқының шын мағынасындағы патриот ұлы – Кенесары» деп бағалады. Кенесары қозғалысына байланысты туған шығармаларды шолғанда, Нысанбай, Досқожа, Күдірлердің, кенестік кезеңдегі Доскей, Саяділ, Иманжан сияқты халық ақындарының өлеңдеріне тоқталды.

Х.Жұмалиевтің 1941 және 1943 жылдары шыққан 8–9 кластарға арналған «Қазақ әдебиеті» атты оқу құралдарында Нысанбай ақынның «Кенесары–Наурызбай» атты поэмасын талдау барысында Кенесары қозғалысы туралы айтылды. Онда «Кенесары Қасымов жалпы халық мүддесін және қазақтың тәуелсіздігін қорғап қалу мақсатын көкседі. Міне, оның рөлі де, оның күресінің прогрессивтік мәні де осында» (Х.Жұмалиев. Қазақ әдебиеті. А., 1943, 229-бет) – деп жазылып, жоғары бағаланды.

Кенесары туралы кезінде бірсыпыра теріс пікірлер (Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер. «Еңбекші қазақ», 1.03.1923; «Дала жырлары», М., 1940, т.б.) білдіріп келген С.Мұқанов 1942 жылы шыққан «Қазақтың 18–19 ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабында Кенесары «қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресті. «Исатай мен Махамбеттен кейінгі халық көтерілісін Кенесары мен Наурызбай бастады» (С.Мұқанов. Қазақтың 18–19 ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. А., 2002, 83-бет) – деп, жоғары бағалады. Таптық принципке байланысты сол кездерде айтылып келген Кенесары хан, сондықтан да ол көтерілісті хандық құрылысты қалпына келтіру үшін, яғни тарихты феодализмге, ескілікке қарай бұру үшін бастады деген ресми пікірлерге қарсы «егер мемлекет басындағы хан патшаға сатылмай, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресе, бұндай хан объективтік жағынан халықшыл хан еді. Кенесары осындай хан... Мәселе, Кенесарының хандық құрылысты қолдауында емес, отаршылдық саясатқа, екі жақты талауға түскен халық қарсы шығып көтеріліс жасағанда, Кенесарының халық жақта қалуында, халық көтерілісін бастап, қазақ халқының тәуелсіздігін қарулы көтеріліспен қорғауға тырысуында» (сонда, 83–84-беттер), «Кенесары мен Наурызбай бастаған халық көтерілісі – Россия патша үкіметінің қазақ даласын отарлау саясатына қарсы шыққан көтеріліс» (сонда, 88-бет) – деп, ғылыми жағынан негізді тұжырымдар жасады.

Сәбит Кенесары–Наурызбайды дәріптейтін «Досқожа ақынның Кенесарыға айтқаны», «Наурызбай–Қаншайым», «Топ жарған», «Жасауыл қырғын», «Төлеген молданың Кенесары туралы айтқаны», «Кенесары–Наурызбай» сияқты Кенесары мен Наурызбайды дәріптейтін дастандарды талдап, бұларда өмір шындығының, халық көтерілісінің шынайы көрініс тапқандығына назар аударады. «Сонымен бірге Кенесары қозғалысының кейбір зорлықшыл қиянатшыл жақтары да болды» деген.

Отан соғысы басталғанда, бір топ орыс тарихшылары Алматыға қоныс аударып, еңбек етті. 1943 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихын» жазысуға белгілі орыс ғалымдары Греков, Дружинин, Кучкин, Бернштам, Панкратова, Вяткин ат салысты. Оның редакциясын М.Әбдіқалықов пен А.Панкратова басқарды. М.Әбдіқалықов сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы да ал А.Панкратова КСРО Ғылым Академиясы Тарих институтының жетекші ғылыми қызметкері, ғылым докторы (1951 жылдан академик) белгілі ғалым болатын. Авторлар ұжымының құрамында М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев тарихтың түрлі тарауларын жазысты. Осы кітаптың Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс туралы тарауын жазған Воронеж педагогика институтының жоғары партия мектебінде оқып келген жас тарихшы ғалым Ермұхан Бекмаханұлы Бекмаханов еді.

«Қазақ ССР тарихы» шығысымен-ақ ұлт республикаларының тарихын тұңғыш зерделеген елеулі еңбек ретінде одақтық ғылымда жылы қабылданып, бірден Сталиндік сыйлыққа ұсынылды. Бірақ шовинистік рухтағы профессор А.И.Яковлев бастаған бірсыпыра тарихшы

ғалымдар қарсы шығып, кітап сыйлыққа ілінбей қалады. Бұған наразы болған А.Панкратова партияның Орталық Комитетіне хат жазып, еңбекті қайта талқылау үшін жетекші ғалымдардың кеңесін шақыруды ұсынады. Бұл жиын 1944 жылдың мамыр-шілде айларында бірнеше күнге (29.05; 1, 2.06; 8.07) созылды. Кеңестің жұмысына сол кездегі жетекші тарихшылардың көпшілігі қатысқан. Жиынды ВКП(б) Орталық Комитетінің хатшысы А.С.Щербаков жүргізіп, талқылауға А.А.Жданов пен Г.М.Маленков қатысып отырады (қараңыз: К.Нұрпейісов. «Бекмахановтың ісі». «Қазақ батырлары», 10.05.1991).

Талқылаудың барысында екі ұдай пікір бой көрсетті. А.М.Панкратова, Б.Д.Греков, Н.С.Державин сияқты ғалымдар «Қазақ ССР тарихын» алғаш рет дұрыс зерделеген маңызды еңбек деп бағалады. Ал А.И.Яковлев, С.К.Бушуев бастаған тарихшылар бұл еңбек орысқа қарсы жазылған кітап, өйткені мұнда Кеңесары қозғалысы сияқты ұлт-азаттық күрестер дәріптеледі деп, айыптады. Бүкіл идеологиялық жұмыстарда қырағылық танытып жүрген А.А.Жданов, Г.М.Маленков, А.С.Щербаковтар да соңғы пікірдің жағында кетті. Сөйтіп «артық қыламыз деп тыртық қылдық» дегендей, «Қазақ ССР тарихына» лайықты бағасын аламыз деп жүргенде, керісінше «орысқа қарсы» деген үлкен саяси айыптаудың шетін шығарып алады.

ВКП(б) Орталық Комитетінің органы «Большевик» журналында (1945, №6) М.Морозов осы еңбек туралы мақала жазып, онда «Қазақ ССР тарихында» Қазақстанның Ресейге қосылуы жайлы. Бұл мақала іле-шала Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органы «Большевик Казахстана» журналында (об «Истории Казахской ССР». 1945, 4–5, 28–35 беттер) тағы да басылып шықты. Мақалада айтылған сындардан қорытынды шығару мақсатымен Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті «Қазақ ССР тарихының» 2-басылымын дайындау туралы («Большевик Казахстана», 1945, №6) арнайы қаулы қабылдап, онда алғашқы басылымда жіберілген кемшіліктерді жоюды авторлар ұжымына қатаң тапсырды. Осы қаулы бойынша, «Қазақ ССР тарихы» 1949 жылы өңделіп, толықтырылып І.Омаров пен А.М.Панкратованың редакциясымен екінші рет басылып шықты.

Бұл кез соғыстан кейінгі идеологиялық қысымның қызуы қайтадан көтеріліп келе жатқан тұсы-тұғын. Мұның алдында қазақтың өткендегі батырлары, эпостық жырлары (Б.Кенжебаев. Абылай. «Социалистік Қазақстан», 15.1.1942; С.Мұқанов. Батырлық салт. «Социалистік Қазақстан», 7.XI.1942; Қ.Сәтбаев. Амангелдінің батыр бабалары. «Социалистік Қазақстан», 18.06.1944; Ғ.Мүсірепов. Қазақстан батырлары. «Социалистік Қазақстан», 18.XI.1945; Б.Кенжебаев. «Қобыланды батыр» туралы. «Әдебиет және искусство», 1940, №12; М.Ғабдуллин. Қобыланды батыр. «Әдебиет және искусство», 1940, №3; И.Есмағамбетов. «Батырлар жыры» – қазақ тарихының анықтаушысы. «Әдебиет және искусство»; 1941, №6; Х.Жұмалиев. Едіге. «Әдебиет және искусство», 1941, №3; т.б.) туралы бірсыпыра зерттеу, насихаттық мақалалары жарияланып келсе, енді сап тиылғандай болды. Мұның өзі жеңетін жауды жеңдік, енді ұлттық рухты оятатын батырлардың, өткеннің эпостық жырларының керегі жоқ дегенді аңғартатын. Өйткені, олар әртүрлі ұлттарды күшпен бағындырып отырған совет үкіметінің идеологиялық ұстанымдарына қайшы келе бастаған еді. Соғыс кезінде бар күш-жігер фашизмді жеңуге бағытталып, ұлттық тарихты, мәдениетті, әдебиетті зерттеуге, дамытуға көңіл бөліп, сол арқылы аш-жалаңаш, киын-қыстау кезде жанқиярлықпен тіршілік кешіп жатқан халықтың еңсесін көтеріп келсе, ендігі жағдайда идеологиялық жұмыстардың алдына жаңа міндеттер қойыла бастады.

Жалпы, соғыстан кейінгі саяси науқан И.В.Сталиннің 1946 жылы 9 ақпан күні сайлаушылармен кездескенде сөйлеген сөзінен бастау алды. Осы сөзден туындаған жаңа міндеттерді ВК(б)П Орталық Комитетінің «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы» 1946 жылғы 14 тамыздағы және «Драма театрларының репертуары және оны жақсарту шаралары туралы» 1946 жылғы 26 тамыздағы қаулылары айқындап берді. Бұл қаулыларда «Ленинград» және «Звезда» журналдарында жарияланып жүрген материалдар идеологиялық тұрғыда сын көтермейді; онда М.Зошенко мен А.Ахматова сияқты ақындардың символиктік, декаденттік бағыттағы реакцияшыл өлеңдері жиі жарияланып келді, жалпы бұл журналдардың жұмыстары бүгінгі күннің саяси талаптарына сай емес, сол сияқты театрлардың репертуарлары да сын көтермейді деп бағаланды. Осы «кемшіліктерді жою тиісті ұйымдардың алдына негізгі саяси міндет ретінде қойылды. Артынша-ақ БК(б)П Орталық Комитетінің осы мәселеге арналған пленумы (1946 жылдың 26 тамызы) өтіп, онда А.А.Жданов осы қаулылардан туындайтын

міндеттер жайлы баяндама жасады. Пленум идеологиялық жұмыстарды жақсарту туралы шараларды белгілеген арнайы қаулы қабылдады.

БК(б) Орталық Комитетінің қаулыларын жүзеге асыруға Қазақстанның партия ұйымы бірден құлшына кірісіп кетті. Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті де 1946 жылы 27 тамызда «Әдебиет және искусство» журналы мсп «Қазақстан» алманағы жайлы қаулы қабылдап, олардың жұмысындағы идеялық-көркемдік жағынан «үлкен кемшіліктерді» көрсетті. Журналда жарияланған көптеген шығармалардың идеялық-көркемдік жағынан сын көтермейді дегенде, көптеген жазушылар, олардың ішінде С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин де бар сынға алынды. Мысалы, М.Әуезовтің осы журналда басылған «Абай» романының екінші бөлімінің тарауларында «озбыр феодал Құнанбайды мақтап, феодалдардың-байлардың әдет-ғұрыптарын дәріптейді» деп сыналды.

Осы қаулыларды жүзеге асыруға бағытталған шаралар қауырт колға алынды. Алматы қаласының жазушылары мен көркемөнер қызметкерлерінің жалпы қалалық жиналысы өтіп, онда республикадағы идеологиялық жұмыстардың жай-күйі талқыланды. Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары Н.Н.Поспеловтің баяндамасында және осында қабылданған қаулыда әдебиет, мәдениет саласындағы жұмыстарға идеялық тұрғыдан бірсыпыра сындар айтылып, оны жою жұмыстары белгіленді. Баспасөз беттерінде қазақ қаламгерлерінің шығармаларындағы идеялық ауытқушылықтарды сынаған материалдар көріне бастады.

«Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған Қ.Бекхожиннің «Бір жас ақынның шығармаларындағы жат пікірлер» (8.IX.1946), Ж.Жұмаханов пен Ж.Құлбаевтың «Семейде Зошенко жоқ болғандықтан» (23.X.1946), С.Бәйішевтің «Идеясыздық пен сауатсыздықтың жинағы» (27.IX.1946), С.Төлешевтің «Шығанақ» романындағы қателер (20.IX.1946), «Қазақ әдебиетін зерттеудегі елеулі қателіктер мен кемшіліктерді батыл және тез жойайық!» (I.XII.1946) сияқты мақалалар соғыстан соңғы солақай саяси сындардың алғашқы қарлығаштары болатын. Қ.Бекхожин өзінің әріптес інісі сол кезде поэзияда сәтті қадамдар жасап көзге түсіп келе жатқан Қ.Шаңғытбаевты «ақындық жағынан өнеге алғаны көбінесе ескі ақындардың шығармалары өткен ғасырдың поэзиясы», «шығармаларында кемпір баласын тербетсе, даланың мұңлы әнін салады, сағынышты қазақ жігітінің көзіне алыстан Сарыарқа сарғайып елестейді», «шығармасының идеялық мазмұны күнгірт» («Социалистік Қазақстан»), 8.09.1946) – деп, сынға салды.

С.Бәйішев «Әдебиет және искусство» журналының 1–6 нөмірлерін «идеясыздық пен сауатсыздықтың жинағы» деп атады. Журналда идеялық-көркемдік сапасы төмен материалдар көбейіп кеткен, бұған оның редакторы – Ғ.Мұстафин тікелей кінәлі санаған. Ал С.Төлешев әдебиет тарихын зерттегенде, таптық тұрғыдан келуді қатаң талап етті («Социалистік Қазақстан», I.12.1946). Ол советтік өмірге арналып жазылған Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» романынан да көптеген саяси қателер табады: «қорытынды мынау: романда колхоз өмірі, колхоз адамдарының күресі мен ісі көп реттерде бұрмаланып көрсетілген. Колхоз өмірінің шындығына жала жапқан, совет адамдарының шын бейнесі сипатталмаған. Совет мемлекетіне шын ниетімен, күнбе-күнгі күресімен, ақыл-ойымен көмектесетін, өзгелерге үлгі болатын адамдардың бейнесі жасалмаған. Партияның саясатын, оның басшылық рөлін, өкілдерінің қажырлы ісін дұрыс баяндап бере алмаған... Совет жұртшылығын дұрыс тәрбиелейтін роман дәрежесіне көтеріле алмаған» («Социалистік Қазақстан»), 20.IX. 1946).

Ж.Жұмаханов пен Ж.Құлбаев Семейде «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы партия қаулысы туралы жиналыс өткізілмегендіктен де жергілікті жазушылар арасында тәрбие жұмыстары нашар деп, дабыл қағады: «Нұрлыбек жарқын өміріміз жайлы шығармалар жазудың орнына, облыс еңбекшілерін Сталиндік жаңа бесжылдықтың ұлы міндеттерін орындауға жұмылдыру жолында жаршы болудың орнына соңғы кездерде саудагерлікпен шұғылданып жүргенін кім жасыра алады. Жазушылар ұйымының мүшелері Қ.Мұхаметханов пен Ж.Тілеков жолдастар да бүгінгі өмірдің тақырыбына түк жаза алмай жүр» («Социалистік Қазақстан», 23.X.1946).

Міне, осындай саяси сындар өріс алып, қызып келе жатқанда 1946 жылы күзде Е.Бекмаханов Мәскеуде КСРО Ғылым Академиясының Тарих институтында докторлық диссертациясын қорғайды. Келесі жылы «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» атты негізінен

Кенесары көтерілісіне арналған монографиялық зерттеуі жарық көреді. Сөйтіп Е.Бекмахановтың алғашында 1943 жылы шыққан «Қазақ ССР тарихына» Кенесары қозғалысы туралы тарау жазуы, осы кітапты талқылау барысында негізгі сындар ұлт-азаттық қозғалыстарға байланысты айтылғанына қарамастан бұл тақырыпты әрі қарай тереңдете зерттеп, алдымен докторлық диссертация қорғап, Мәскеу ғалымдарына тарихи шындықты ғылыми тұрғыдан танытуы, соңынан зерттеулерінің нәтижелерін жеке кітап етіп бастырып шығаруы халқымыздың ұлттық сана-сезімін оятуда тарихи маңызы бар іс болды.

«XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстанның» шығуы Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» (21.1.1947) қаулысының қабылдануымен тұспа-тұс келді. Бұл қаулы, сайып келгенде, қазақ халқының ғасырлар бойы жасап келген рухани мұрасын жоққа шығарып, оған қарсы бағытталған саяси құжат еді. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институтының өткеннің әдеби мұраларын игеру саласында атқарып келген қыруар жұмыстарының барлығын дерлік қаралап, жоққа шығарды. Қаулыда «институт көбінесе өткен заманға көңіл бөлді, ал қазіргі тақырыптағы жұмыс, шын мәнінде, жүргізілмей келеді. Институттың өткен заман мәселелеріне арнаған ғылыми-зерттеу еңбектерінде саяси өрескел қателерге, ұлтшылдық бұрмалаушылықтарға жол берілді» («Әдебиет және искусство», 1947, №2, 1-бет) – деп, басты «кешілігі» атап айтылды. Институт жұмысының кемшіліктсірі нақтылай Ө.Қоңыратбаевтың, Б.Кенжебаевтың, Ө.Мәметованың, Т.Нұртазиннің диссертацияларында қазақ ауылында тап күресі болғандығын танымағандық, немесе, оны бүркемелегендік, бұрынғы феодалдық-рушылдық құрылысты дәріптегендік бар». Базар, Мұрат, Шортанбай, Шәңгерей, О.Қарашев, С.Торайғыров «шығармаларындағы феодалдық-реакциялық, буржуазиялық сарындар қағажу, бүркеуде қалдырылды», қазақ әдебиетіне «алдыңғы қатарлы орыс әдебиетінің әсерін ашып көрсете білмеді», «орыс терминдерін қазіргі қазақ тіліне енгізуге қарсы бағытталған теріс көзқараста болып келді» деп көрсетілді. «Институттың жұмыстарында және өзінің шығармаларында үнемі буржуазиялық-ұлтшылдық идеологияны өткізіп отырғаны үшін, институтқа әлеуметтік, саяси жағынан жат адамдарды алғаны үшін» ҚК(б)П Орталық Комитеті Тіл және әдебиет институтының директоры Е.Исмаиловты қызметінен алуға қарар шығарды. Сонымен бірге республиканың барлық басылымдарына «Тіл және әдебиет институтының жұмысында болған қателер мен бұрмалаушылықтар жайында сын мақалалар жариялауды міндет етті.

Көп ұзамай-ақ Алматы қаласының ғылым, әдебиет және көркемөнер қызметкерлерінің жиылысы өтті. Онда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметов баяндама жасап, сөзін негізінен жоғарыда аталған партия қаулысында көтерілген мәселелер төңірегінде өрбітті. Баяндамашы Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институты өз жұмысында «саяси өрескел қателер істеді, бұрмалаушылықтарға жол берді» деген негізгі пікірін нақтылай түсті. «Ө.Мәметованың «Қазақ билерінің шешендік сөздері» деген диссертациясында революциядан бұрынғы ақындардың ауызекі шығармаларының әлеуметтік мәні мүлде ашылмаған, олардың бірсыпырасы хандар мен бектердің мүдделерін көздегені көрсетілмеген. Осының салдарынан қазақ тарихындағы әйгілі ірі феодалдар, байлар, билер – қалың бұқараны қан қақсатқан Кеңгірбай, Қарамеңде, Шорман және басқалары халық даналары, қазақ халқының, билерді, ақсақалдар мен бәйбішелерді дәріптеудің не қажеті бар?» («Әдебиет және искусство», 1947, №3, 4–5 беттер). ҚК(б)П Орталық Комитетінде Тіл және әдебиет институтының жұмысын қарағанда, Е.Исмайылов Ө.Мәметованың диссертациясына байланысты «жұмыс байлардың жайын анықтауға арналмаған», «мәселе әдеби тұрғыда қойылды» деп түсінік бергенін «Смайылов жолдасқа байлардың жайы әлі күнге анық емес», яғни, саяси жағынан сауатсыз деп, бағалаған.

Баяндамашы қаулыда аты аталған Б.Кенжебаевтың «С.Торайғыровтың ақындығы туралы» диссертациясын да сынады. Бейсекеннің «Халқымыз тап ретімен ұйымдасып үлгермегені былай тұрсын, тапқа айқын жіктеліп те жеткен жоқ еді. Сондықтан да біздің ол кездегі әдебиетімізде таптық бағыт, таптық көзқарас күңгірт жатады. Бізде айқын таза тап ақыны, тап жазушысы жоқ деуге болады» деген тұжырымын «Мұндай теріс әдіс өткен заманды, хандарды, байларды, билерді дәріптеуге, қазақ ауылының бұрынғы феодалдық-рушылдық қалпын көксеуге әкеліп соқты» – деп, айыптайды.

Е.Исмайылов пен Х.Жұмалиевтің 9-шы класқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы зиянды, оларда XIX–XX ғасырларда жасаған керітартпа ақындар кіріп кеткен, «олардың шығармаларындағы феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық сарындар ашып көрсетілмеген» (сонда) деп, бағаланды. Әсіресе Мұраттың, Дулаттың, Шортанбайдың, Шәңгерейдің, Омар Қараштың шығармаларының ескішілдік жақтарына көбірек шүйіледі. Институттың ғылыми жұмыстарында тарихи мәселелерге әуестеніп, қазіргі заманның тақырыптарын елеусіз қалдырғандығын, озық орыс мәдениетінің, орыс әдебиетінің орасан күшті әсер тигізгенін көрсетерлік бірде-бір күрделі монография шығармағанын баса ескертті. Институттың ғылыми зерттеулеріндегі осындай «кемшіліктерге» академияның басшылары Қ.Сәтбаев, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, М.Әуезов жолдастарды да айыпты санап, қателіктерден қорытынды шығаруға шақырды. Сөйтіп республика басшылығындағы бірінші адам қазақ зиялыларын ұлтшылдықпен сынаған басты айыптаушысына айналды.

1947 жылдың 7-ші қазаны күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институтының бұрынғы директоры Е.Исмайылов туралы мәселе қарап, «институттың жұмысында және өз еңбектерінде буржуазияшыл-ұлтшылдық идеологияны ұдайы жүргізіп келгендігі, институтқа әлеуметтік және саяси жағынан жат адамдарды қабылдап, қапталып жібергені үшін Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының бұрынғы директоры Е.Исмаилов партия қатарынан шығарылын» – деген қаулы қабылдады.

Тиісті қаулы қабылданып, нақтылы нұсқаулар берілген соң іле-шала ұлтшылдар мен байшылдарды, кемшіліктерді іздеу науқаны басталды да кетті. Партия қаулысын орындау барысында негізгі күш Ғылым Академиясының «ұлтшыл» ғалымдарына қарсы бағытталды. Құрамында Ғ.Мүсірепов, С.Төлешев, Ә.Сатыбалдиев, Д.Әбілев бар тілшілер бригадасы «Социалистік Қазақстан» газетінде «Тіл-әдебиет институтының жұмысты қайта құра алмау себебі неден?» атты көлемді мақала жазып, институт ғалымдарының қазақ әдебиетінің тарихы, тілі мәселелері бойынша жасаған зерттеу жұмыстарынан іліп аларлық ештеңе таппады («Социалистік Қазақстан», 26.05.1948). Қазақ және шығыс әдеби байланыстарынан қызықты зерттеулер жүргізіп келе жатқан Ә.Қоңыратбаев «шығыстың шылауындағы әдебиетші» («Социалистік Қазақстан», 5.10.1947) атанды. Ол кездегі түсінік бойынша, шығыс кертартпалықтың, ескішілдіктің мағынасында ұғынылатын. Б.Степанов «Об идеологических ошибках работников общественных наук Казахстана» («Большевик Казахстана», 1947, №1), «За высокую партийность в общественной науке Казахстана» («Вестник АН КазССР», 1947, 1–2), «За большевистскую идейность в литературоведении» («Казахстан», 1947, №6) сияқты мақалалар жазып, белсенділік танытты. Ол қазақтың қоғамтанушы ғалымдарын түгелге жуық ескішілдікпен айыптап шықты. Мұхтар Әуезовке «Абай» романында қазақтың бұрынғы тұрмыс-тіршілігін әсірелеп суреттеген деген кінә тақты.

С.Бәйішев «Профессор М.Әуезов өткендегі қателерінің шырмауында» («Социалистік Қазақстан», 14.III.1947) атты мақаласында жазушының ғылыми жұмыстарын идеялық жағынан түгелдей жарамсыз етті. «Сорақы саяси қателер, бұрмалаушылықтар Қазақ ССР Ғылым Академиясының белді қызметкерлерінің бірі М.Әуезов жолдастың басында, әдебиет жөніндегі еңбектерінде бар. Мысалы, қазақ әдебиетінің тарихын теріс жолмен пішкен, теріс жолмен жазуға жобалаған «Қазақ әдебиетінің тарихы» сорақы саяси қателермен жазылған» деп, осы кітаптан көптеген «қателер» табады. Олары: «ауыз әдебиетінің әлеуметтік мәнін, таптық сырын ашпады», «қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мен жазуда оның әлеуметтік мәнін ашып көрсетпейді», «әдеби мұралардың барлығын жалпы халық мұрасы, өткен кезде болған қайраткерлердің бәрін халық қайраткерлері деп таныған», «ескі өмірдің, ескі тақырыптардың әуеніне түсіп кетіп, жаңа, кездейсоқтықтан бола қалған қателер ме?» – деп, сұрақ қояды да оған «Жоқ! Бұлардың тамыры Әуезов жолдастың басында болып өткен бұрынғы кездегі ұлтшылдық ірі қателеріне жалғасып жатыр» – деп, біз сенің кәнігі ұлтшыл екенінді бұрыннан білеміз деген сыңайды аңғартып, өзі жауап береді. М.Әуезов ұлтшыл ғалымдарды көтермелейді; ол Тіл және әдебиет институтының директоры Е.Исмаиловты қолтығының астына алып, көтермелеп келді; Ә.Тәжібаевтың «Жомарттың кілемі», «Көтерілген күмбез», «Біз қазақтармыз» деген зиянды шығармаларын баспасөз бетінде марапаттады; Ә.Қоңыратбаевтың, Ә.Мәметованың ескілікті дәріптеген диссертацияларына қолдау көрсетті деген сияқты айыптар тақты.

М.Ақынжанов Ә.Марғұланның «Қазақ эпосының тарихи шартқа байланыстылығы мен характері» деген еңбегін сынаған «Профессор Марғұланның қателері» («Әдебиет және искусство», 1947, №4) атты мақала жазды. Қ.Аманжоловтың «Хандардың жоқтаушысы» («Социалистік Қазақстан», 7.III.1947), С.Бәйішев, Қ.Шәріпов, А.Қайыргелдиннің «Ғылымдағы идеясыздық пен бейсаясаттыққа жол берілмесін» («Социалистік Қазақстан», 21.II.1947), С.Кенесбаевтың «Тіл және әдебиет институты өзінің қателіктерін большевикше түзетуде» («Социалистік Қазақстан», 22.01.1947), С.Төлешевтің «Әдебиет және искусство» журналындағы қателер» («Социалистік Қазақстан», 6.06.1947) сияқты мақалалардың да жоғары партия нұсқауларын орындау мақсатымен жазылғандығы көрініп тұр.

Партия қаулысында нұсқалғандай, қазақ зиялыларының ішіндегі ұлтшылдарды, буржуазиялық идеологияның ықпалындағыларды «әшкерелеу» қарқын ала бастағанда, Е.Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» атты кітабының басылып шығуы жанып жатқан отқа май құйып жібергендей болды. Ұлтшылдарды қай жерден тауып қалар екенбіз деп тіміскілеп жүрген әсіре саясатшылар үшін бұл «жерден жеті қоян тапқандай» «олжа» еді. Жалған белсенділер жеңді түріп, алақанға түкіріп шыға келді.

Солдай бола тұра, бұл кітап шыға салысымен оған рецензия жазған тарих ғылымының кандидаты Ә.Жиреншиннің еңбекті «Қазақстан тарихының күрделі мәселелерінің біріне арналған бұл кітап – аса бағалы және пайдалы еңбек», «бұл кітап Қазақстанның XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы тарихын маркстік-лениндік ғылыми методология негізінде зерттеудің бастамасы болып табылады» («Социалистік Қазақстан», 14.XII.1947) деп бағаланы сол кездің саяси ахуалы жағдайында күтпеген ерлік те еді. Е.Бекмаханов қазақ тарихының аса бір күрделі кезеңі туралы құнды еңбек жазғанын ғылыми тұрғыдан дәйектей келіп, Кенесары қозғалысы хақында да автордың концепциясын қолдайтындығын «Кенесарының саяси талаптары жағынан алғанда да оның көтерілісі прогресшілдік қозғалыс болды... қазақ хандығын орнатып, Кенесары әкімшілік, сот, жер, финанс, әскер жөнінде реформалар жасады, бұл реформалардың прогресшілдік маңызы болды» деп білдіреді.

Көп күттірмей-ақ «Лениншіл жас» газетінің (31.I.1948) бетінде М.Ақынжанов пен Т.Шойынбаевтың «Саяси қате, ғылыми құнсыз кітап» атты мақаласы жарқ ете қалды. Тарих ғылымдарының кандидаттары Е.Бекмахановтың кітабын бастан-аяқ қаралап, «саяси қате, теріс бағытта жазылған» деп, бағалады. Партия қаулыларын басшылыққа ала отырып жазылған рецензияның негізгі бағыты Кенесары қозғалысын феодалдық-монархиялық сипатта, яғни күні өткен хандық құрылысты қалпына келтіру екендігін дәлелдеу болған. «Бекмаханов Кенесарыны еңбекші халықтың қорғаны, ұлт батыры деп мадақтаған буржуазияшыл ұлтшылдарды большевикше әшкерелеудің орнына, біле тұрса да кітабында буржуазияшыл ұлтшылдардың сол сандырағын тура қайталады»; «Кенесары халық мүддесі үшін жанын қиған, халықтың қорғаушысы болған деп, автор нағыз идеалистікке ұрынды»; «Кенесары патшалық Ресейге қарсы күрес ашуден өзінің хандық мүддесін қорғап қалмақ болды. Бұл үшін ол халықтың отаршыл саясатқа наразылығын пайдаланып, ол наразылықты патшалық Ресейге қарсы жұмсамақ болды», «азат еткенде олар Қазақстанды басқаруды хандар мен сұлтандардың қолына беріп, қазақ халқын соларға бағындыруды көздеді. Міне, феодалдық-монархиялық ұлтшылдықтың бір түрі», «Кенесары Қасымовты соншама дәріптеп, оның қанаушы озбырлығын терең талдауды жадынан шығарған. Сөйтіп Кенесарының хандық мүддесін қорғауын бұқараның мүддесін қорғауы деп білген. Осының салдарынан Кенесары бұқараның мүддесін қорғаған халық қамқоршысы болып шыға келген»; «Кенесары ханды «халық батыры», «бұқараның көсемі» деген дәрежеге дейін жеткізгісі келеді. Бұл еңбектің басынан аяғына дейін Кенесары хан дәріптеліп, оның батырлығы асыра мақталады» дей келіп, «Егер Кенесары дегеніне жетіп, хандығы дәуірлесе, Қазақстан Ресейдің озат экономикасы мен мәдениетінің дамыған ықпалынан сырт қалып, томаға тұйық тоңазыған болар еді... Қазақстанға шығыстағы күшті феодалдық мемлекеттердің басып алу қаупі де төнген болар еді... «Қазақстан осы мемлекеттердің бірінің жемі болып құрып кетуі ықтимал еді» – деп, негізгі ойларын бір түйіндеп тастайды. Авторлардың «Кенесары хандығы нағыз кемеліне келген мемлекет болып еді деуі Бекмахановтың аңғалдығы, саяси қате. Қазақстанда тәуелсіз мемлекет – қазақтың Советтік Социалистік республикасы тұңғыш рет ұлы Октябрь социалистік революциясы арқасында ғана құрылды» деулерін шындыққа каншалықты жақын екенін шын тәуелсіздіктің дәмін татып отырған бүгінгі көзі ашық азаматтардың өздері-ақ айыра алар.

Алғашқы пікір екі ұдайда көрінген «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» туралы талас қыза түсті. 1948 жылдың 28 ақпан күні КСРО Ғылым Академиясының Тарих институтында Е.Бекмахановтың монографиясына арналған үлкен пікір алысу болып өтті. Н.М.Дружинин, С.В.Батрушин, М.П.Вяткин, А.П.Кучкин, С.В.Юшкин сияқты белгілі тарихшылар қатысқан жиналысты КСРО Ғылым Академиясының тарих және философия бөлімшесінің академик-хатшысы Б.Н.Греков басқарып, жүргізіп отырды. Талқылаудың барысында орыс ғалымдарының пікірі көптеген кемшіліктеріне қарамастан Е.Бекмахановтың монографиялық зерттеуі елеулі еңбек дегенге сайды. Жиынға Алматыдан арнайы келген ғылым кандидаты Х.Г.Айдарованың сөзінде сыни пікірлер басым түсті. Осы кітап жөніндегі Т.М.Шойынбаев пен М.Б.Ақынжановтың жазбаша пікірлері оқылды.

Е.Бекмахановтың кітабын тарихшы ғалымдардың талқылауы мұнымен бітпеді. 1948 жылдың шілде айының 14, 15, 16, 17, 19-ы күндері Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тарих институтында бес күнге созылған қызу пікірталас болып өтті. Талқылаудың барысында үш түрлі пікір бой көрсетті. А.Нүсіпбеков, Ә.Тұрсынбаев, Т.Елеуов, Х.Әділгереев, С.Медведев, Т.Күлтелеев сияқты ғалымдар кемшіліктерін айта отырып, еңбекті негізінен оң бағалады. И.У.Будовниц, Б.А.Аспандияров, т.б. сын-ескертпелерді айтыңқырағанымен де Е.Бекмахановтың негізгі концепцияларын қолдады. Ал Т.Ж.Шойынбаев, С.Е.Толыбеков, Х.Г.Айдарова, В.Ф.Жизиевский, А.Нұрқанов, Б.Сүлейменов, М.Ақынжанов бастаған топ монографияның негізгі тұжырымдарын түгелдей жоққа шығарып, «буржуазияшыл-ұлтшылдық сарындағы зиянды еңбек» деп, бағалады. Пікірталасудың соңында Е.Бекмахановқа сөз берілді. Ол өзіне айтылған кейбір ескертпелермен келіскенімен де негізінен өз еңбегінің басты бағыттарын, тұжырымдарын қорғап сөйледі. Әсіресе Кенесары қозғалысына қатысты саяси тұрғыдан айтылған сындармен келіспейтіндігін үзілді-кесілді білдірді.

Осы талқылаудан соң тарихшылардың Кенесары жайлы дау-дамайы сәл-пәл саябыр тапқандай да болды. Бірақ бұл сырттай солай көрінгенімен де шындығында шешуші шайқастар алдындағы алдамшы тыныштық, іштей дайындалу, күш жинау кезі еді. Баспасөз бетінде қазақтың өткен тарихына қатысты материалдар сиректеу көрінгенімен де әдебиет-мәдениет саласындағы ұлтшылдарды әшкерелеу істері жалғасып жатты. С.Жүсіпбековтің «Әдебиет пен сынның идеясы жоғары болсын» («Социалистік Қазақстан», 21.ХІ.1948) атты көлемді мақаласында ақын-жазушылардың шығармаларына, сыншы-ғалымдардың еңбектеріне партиялық тұрғыдан едәуір сындар айтылған. Автор «кейбір ақын-жазушылар бүгінгі дәуіріміздің тілегіне сай жаңа шығармалар беруде әдебиеттегі ескірген «үлгілерден», ескі сарындардан арылып кете алған жоқ; бүгінгі күніміздің теңеулерін ескі дәстүрден, қатынастардан іздейді, соны тым әсірелеп жазып кетеді. Мұның өзі ескіні дәріптеу, өткендегіге іш тартып жырлау сарынына әкеліп соғады, совет жазушыларын бүгінгі тақырыптардан алыстатады, әдебиетті қоғам құру жолындағы күрестің күшті құралы болудан әлсіретеді» – дей келіп, осы тұрғыдан А.Хангелдиннің «Ақан сері», Қ.Бекхожиннің «Қазоты», Ж.Тілековтің «Ақсұр ат», Қ.Сатыбалдиннің «Кетпенді адам» поэмаларын ескі өмірді жырлайды, бүгінгі өмірді бұрмалап көрсетеді» деп сынайды, Мысалы. Қ.Бекхожиннің «Қазоты» поэмасын «ақын ертедегі қыпшақ заманындағы екі ханның өмірін совет балаларына үлгі етіп ұсынады. Ханның басқа елді жаулаған «ерлігі», салтанаты тәж-тағы, сауық-сайраны, хан арманы бұл поэмада дәріптеліп, жырланады» – деп сынауы оның көркемдік емес, тақырыптық жағына қатысты, яғни өткен тарихты жырлаудың өзі айып дегенді аңғартып тұр. Сыншы ғалымдардан Т.Нұртазин, Б.Кенжебаев, Х.Жұмалиев сын-зерттеу еңбектеріндегі «кемшіліктер» көрсетілген. Әсіресе Х.Жұмалиевке шүйілген. Оның редакциясымен шыққан «Қазақ совет әдебиетінің тарихына», 8, 9-шы кластарға арналған оқу кітаптарына шұқшыып, бірсыпыра «елеулі қателіктер» тапқан болады.

Қазақстан совет жазушылар одағы партия ұйымының жиылысында басқарма хатшысы Д.М.Снегин партия қаулыларын жүзеге асыру жайында баяндама жасаған. Баяндамашы және шығып сөйлеген Д.Әбілов, С.Омаров, Ж.Саин, Мақеев, С.Мұқанов, Қ.Бекхожин, Қ.Аманжолов өнер саласындағы «өрескелдіктермен» бірге Б.Кенжебаевтың, Ә.Қоңыратбаевтың, Т.Нұртазиннің, тағы басқалардың «әдебиетімізді бұрмалап, теріс түсінік беріп келгенін» («Социалистік Қазақстан», 20.ІІІ.1949) қатал сынға алды. Жиналыс болған күннің ертеңіне Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин республикалық партия газетінің бетінде тағы

да сыналды (Қ.Жармағамбетов, С.Бакбергенов. Қазақ әдебиетіндегі сыңаржақ сыншылар. «Социалистік Қазақстан», 18.11.1949).

1949 жылдың соңына қарай Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті «Әдебиет және искусство» журналы мен орыс тілінде шығып тұратын «Қазақстан» альманағының партия алға қойып отырған идеологиялық міндеттерді жүзеге асыру барысын қарап, бұл саладағы жұмыстарын қанағаттанғысыз деп тапты («Лениншіл жас», II.XII.49). Басты кемшілік ретінде басылым беттерінде советтік өмір шындығын көркем бейнелеген туындылардың аз, өз дәрежесінде емес екендігі атап көрсетілді. Сондай-ақ «орыс жазушыларының, ССРО-дағы туысқан халықтар жазушыларының таңдаулы шығармаларын қазақ тіліне аударуды ұйымдастырмайды, оқушыларды халық демократиясы елдері жазушыларының шығармаларымен таныстырмайды» деген де міндер тағылды. Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті журналдың редакторын орнынан алып, жаңадан Қ.Жармағамбетовті жауапты редакторлыққа, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Әбішев, С.Омаров. Ә.Қайыргелдин жолдастарды редколлегия мүшелігіне бекітіп, жұмысты жақсартуды міндеттеді.

Осы жылдың желтоқсан айында Қазақстан совет жазушылар одағының 4-пленумы болып өтті. Онда «Қазақ совет әдебиетіндегі сынның жайы және міндеттері» туралы одақтың басшысы С.Мұқанов баяндама жасады. Баяндамада, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің хатшысы І.Омаровтың және басқа да шығып сөйлеушілердің сөйлеген сөздерінде сол кездегі қазақ әдебиетінің жай-күйі кеңінен әңгімеленді. Негізінен қазіргі әдебиеттің мәселелері сөз болғанымен, әдебиеттің тарихы, идеялық кемшіліктер хақында да едәуір әңгіме қозғалды. Пленум қазақ қаламгерлерін «адам баласын шын бақытқа жеткізетін коммунизм идеологиясынан» ауытқымауға, ескішілдіктің, шығыстың шырғауына түсіп қалмауға, орыс әдебиетінен үйренуге шақырды. Баяндамашылар мен шығып сөйлеушілер әдебиеттің партиялығы принципі тұрғысынан көбіне әдебиеттегі кемшіліктер жайлы айтыңқырағанымен де мерзімді баспасөз беттерінде көтеріле бастаған ұрда-жық сындарға бара қойған жоқ. Тіпті сол кезде солақай сынның найзасына ілініп, ескілікті дәріптейтін зиянды шығарма атала бастаған М.Әуезовтің «Абай» романы жайлы баяндамашы С.Мұқанов «Ақындар ағасы» туралы жалпы айтарымыз, идеялық және көркемдік жағынан бұл роман да қазақ совет әдебиетінің зор табысы» («Әдебиет және искусство», 1950, №15, 66-бет) – деп бағалауының өзі айтарлықтай болды. Тіпті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы І.Омаровтың сөйлеген ұзақ сөзінде де қазақ акын-жазушыларын, ғалымдарын ұлтшылдықпен, ескішілдікпен айыптаудың кездеспейтіндігін айта кеткен де жөн.

Осы кездегі әдеби сында, әсіресе драмалық шығармалардың идеялық-көркемдік сапасын көтерген бірсыпыра материалдар жарық көрді. Сын саласында белсенділік таныта бастаған С.Төлешевтің «Драматургиялық шығармалар жоғары идеялы, әрі көркем болсын» («Социалистік Қазақстан», 21.06.1949), Қ.Жармағамбетовтің «Драматургиядағы өрескел қателер бағыл жойылсын» («Социалистік Қазақстан», 28.IX.1950), «Драматургиямыздағы кейбір өрескел қателіктер туралы» («Әдебиет және искусство», 1950, №10), т.б.мақалалары партияның театр репертуарлары жайлы арнайы қаулысын орындау мақсатымен жазылғандығы көрініп тұр. Қ.Жармағамбетов Н.Баймұхамедовтің «Еңбек Ері», «Балбұлақ» «Махаббат күші», «Асыл тастар». Қ.Мұхаметхановтың «Майданнан хат», Матахов пен Сұбханбердиннің «Мен совет дәрігері», Қ.Жасақовтың «Құрбылар», «Мүмкін оқиға», Т.Сағынбаевтың «Тілек», Ш.Байжановтың «Жолдастар» т.б пьесаларын қатаң сынға алады.

«Ғылымдағы космополитизм мен буржуазияшыл-ұлтшылдық бұрмалаушылықтарды құрту жолында» (За искоренение космополитизма и буржуазно-националистических извращений в науке. «Вестник АН КазССР». 1949, №3) атты редакциялық мақалада Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев туралы зерттеулерде маркстік-лениндік дүниетаным тұрғысынан баға берудің жетіспей жатқандығы ескертілді. Әсіресе Кенесары Қасымов бастаған қозғалыстың реакцияшыл, керітартпа болғанын дәлелдеуге біршама тырысып бақты.

Қ.Шәріпов «Вопросы истории» журналында (1949, №4) «Социалистік Қазақстан» (9.07.1949) газетінде Е.Бекмахановтың кітабы туралы жариялаған мақалаларында еңбектің бірсыпыра кемшіліктерін көрсеткен болғанымен Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың ұлт-азаттық болғандығы жайлы автордың негізгі пікірін қолдады. Е.Бекмаханов Қ.Шәріпов айтқан ескертпелермен келісетіндігін білдіріп, арнайы жауап-мақала жазды (Әділ сын. «Социалистік

Қазақстан», 2.Х.1949). Осылайша Е.Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» атты кітабының шығуымен байланысты туындаған ғылыми пікірталастар төрт жыл бойы бірде бәсеіп, бірде күшейді де соңына қарай Кенесары қозғалысының сипатына арналған дауға айналды.

Қырқыншы жылдардың соңы, елуінші жылдардың басына қарай Сталиннің жеке басына табынушылыққа байланысты күшейе түскен идеологиялық күрес жағдайында Кенесары туралы айтыстың аяғы саяси сипат ала бастады. Мәскеуде, Алматыда өткен ғылыми пікір алысуларда өз мақсаттарына жете алмаған кейбір тарихшы ғалымдар қалыптасып келе жатқан саяси ахуалды өз ниеттерін жүзеге асыру үшін пайдаланып қалу уақыты келгендігін сезініп, іске кірісті.

«Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» атты атышулы мақаланың «Правда» газетінде (26.XII.1950) шығуы осы теріс пиғылды ойды жүзеге асырғандай да болды. ВК(б)П Орталық Комтетінің органы «Правда» газетіне олай еді, былай еді деп ешқандай түсініктеме беруге, пікір айтуға, талқылауға болмайтын, оның жазғаны тек партияның сөзі, пікірі ретінде жүзеге асырылатын. Ал партиялық газеттің атын, беделін пайдаланып мақала жазғандар Т.Шойынбаев, Х.Айдарова, А.Якунин болатын. Алғашқы екеуі Е.Бекмахановтың еңбегі, Кенесары қозғалысы жайлы теріс пікірлерімен республика жұртшылығына белгілі, Мәскеуде, Алматыда өткен ғылыми талқылауларда пікірлерін өткізе алмай, жеңіліс тапқан, баспасөз бетінде кітапты ғайбаттап мақала жазған тарихшы ғалымдар еді. Ал Т.Шойынбаевтың Е.Бекмахановтың шәкірті, аспиранты болғандығын айта кеткен де артық болмас. Сөйтіп мақсатқа жету үшін ғалымдар арасындағы алауыздықтарға шейін бәріне де баратын, ештеңеден тоқтамайтын пендешілік психологияны сол кездегі Сталиндік саясатты жүргізуші идеологтар шебер пайдалана білді. «Құланның қасуына мылтықтың басуы» дегендей, кеңестік жүйенің алға қойған мақсаттары мен мақала авторларының жымсықы ойлары бір арнада тоғысты да советтік саясаттың адамның ойында түгіл, түсінде де көрмеген сұрапыл дауылы соқты да кетті.

«Қазақ халқының тарихы өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғаған, сыртқы және ішкі жауларға қарсы күрестің тамаша оқиғаларына бай» – деген әдемі сөйлеммен басталған мақала бірден негізгі мәселеге көшеді. Панкратова мен М.Әбдіхалыковтың редакциясымен шыққан «Қазақ ССР тарихында» (1943) «феодалдар мен хандардың реакциялық тәртіптері, хандар мен байлардың істері дәріптеледі» дей келіп, партияның Орталық Комитеті осы кемшіліктерді жою бағытында арнайы қаулы қабылдағанымен де одан тиісті орындар қорытынды шығармай келе жатқандығын айтып, Е.Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» атты еңбегін дәлелге келтірді. XVIII–XIX ғасырларда жүзеге асқан «Қазақстанның Ресейге қосылуының терең прогрестік маңызы болды», ал Кенесары «Орта ғасырлық хандық үкіметті қайта орнату үшін, Қазақстанның Россияға қосылуына қарсы күрес ұйымдастырды» – деп, оның негізгі «кінәсін» алға тартады. Авторлардың негізгі айыптаулары төмендегідей:

«Абылай ханның немересі Кенесары және оған жақын бір топ феодалдар өздерінің тар көлемдегі таптық мүдделерін көздеп, феодалдық жоғары таптың ардақтылығын қалпына келтіруді көздеп, күрес жүргізу үшін халық бұқарасының наразылығын пайдалануды ұйғарды. Кенесары үкімет билігін басып алып, Абылай хандығында болған тәртіптерге (XVIII ғасыр) Қазақстанды қайта шегіндіруге тырысты». «Қозғалыстың негізгі күші Кенесарының, оның туысқандарының және басқа феодалдардың жасақтары болды». «Сөйтіп Кенесарының көтерілісі хандық үкіметтің және сұлтандардың кейбір ардақтылық праволарының жойылуына риза емес қазақ ақсүйектерінің реакциялық, феодалдық-ұлтшылдық қимылы болды».

«Е.Бекмаханов қазақ қоғамының таптық жіктелуін елемей, Қасымовтарды прогресшіл, тіпті революцияшыл дерлік қайраткерлер, «халық көсемдері» деп суреттейді. Қасымовтардың феодалдық-монархиялық қозғалысын ұлт-азаттық қозғалыс деп көрсетуге тырысқан Бекмахановтың бұл әрекеті қоғамның тарихын таптар күресінің тарихы деп қарауды талап ететін маркстік-лениндік тарих ғылымның принциптеріне қайшы келеді».

«Қазақстанның Россияға қосылуының терең прогрестік маңызын ашпай, ол істің бәрі біржақтылықпен Қазақстанның қосылуынан туған отарлық езушілікке әкеп тірейді. Қазақ еңбекшілері Қазақстанның Россияға қосылуына шын ниетімен мүдделі болды. Ал Қасымовтардың қозғалысы Қазақстанның Россияға қосылуына бөгет жасап, қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы бөлегінің тілегіне қайшы келді. Солай бола тұрса да, «XIX ғасырдың

20–40 жылдарындағы Қазақстан» деген кітапта бұл қозғалыс шектен тыс дәріптеледі. Онда «Отаршылдыққа қарсы бұқаралық айқын сипаты болған. Кенесарының көтерілісі қазақ халқының тарихында прогрестік роль атқарды» делінген.

«Қасымов қазақ халқының мүдделерін көздеді деп дәлелдеуге тырысып кітаптың авторы оны қазақтың бір орталыққа бағынған тәуелсіз және ерікті мемлекетін құру үшін күрескен дана мемлекеттік қайраткер және талантты қолбасшы деп сипаттайды... Кенесарының істерінде халықтық ешнәрсе болған жоқ. Ол өзінің ата-бабаларының орта ғасырлық тәртібін қайта орнатуға ұмтылды».

«Реакцияшыл-феодалдық қайраткерлерді дәріптегенде, кітаптың авторы тек Кенесарыны ғана емес, Қасымовтардың бүкіл семьясын жер көкке тигізбей мақтайды».

«Ол тек ескі әдет-ғұрыпты және орта ғасырлық патриархтық-феодалдық қатынасты күшінде қалдыруға тырысты». «... ол өзінің атасы Абылай ханның өсиетін бұлжытпай орындады».

«Ол әйгілі буржуазияшыл, ұлтшыл, алашордашы Ә.Бөкейхановтың мәліметтеріне сүйенеді, басқа сондай бірсыпыра антимаркстік еңбектердің «бағалылығын» атап көрсетеді».

«Қазақстан тарихының манызды дәуірлерінің бірін баяндауға кірісіп, Бекмаханов оны айыра білмеген, феодалдық-монархиялық ұлтшылдықтың мәнісін түсінбеген, архивтік және әдеби мәліметтерді дұрыс пайдаланбай, тарихты бұрмалаған. Автор маркстік-лениндік ғылыми көзқарастан қашықтап, тарихи оқиғаларға буржуазиялық-ұлтшылдық тұрғыдан баға берген».

Авторлар Кенесары қозғалысын «Барлық тарихи мәліметтер Кенесарының қозғалысы революциялық та, прогрестік те болмағанын көрсетіп отыр. Бұл қазақ халқын кері тартқан, патриархтық-феодалдық тіректерді нығайтуға, орта ғасырлық хандық үкіметті қайта орнатуға, Қазақстанды Россиядан және ұлы орыс халқынан бөлектеуге тартқан реакциялық қозғалыс болды» деп бағалайды да маркстік-лениндік тарих ғылымына қайшы жазылған, реакцияшыл-феодалшыл Кенесарыны дәріптеушілікке көне алмайтындықтарын білдіреді (Т.Шойынбаев, Х.Айдарова, А.Якунин. Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын. «Лениншіл жас», 29.ХІІ.1950). Елуінші жылдардың бас кезіндегі саяси науқанда әрбір сөйлемі, сөзі идеологиялық жұмыстарда басшылыққа алынып, рөл ойнаған атышулы мақаланың сипатын аша түсу, оқырманға түсініктірек болу жағын көздеп, үзінділерді әдейі ұзағырақ келтірдік.

«Правда» газетінде, кейіннен Республикалық басылымдарда аударылып жарияланған бұл мақала Е.Бекмахановты ғана емес, бүкіл қазақ зиялыларын ресми түрде ұлтшылдықпен, буржуазияшылықпен айыптаған сұрапыл саяси науқанның басы болды. Бұрынғы бұрынғы ма, енді бүкіл идеологиялық жұмыстың алдына ұлтшылдарды, ескішілерді әшкерелеу міндеттері тікелей қойылды. Мұның өзі қараңғы үйден қара мысықты іздегендей болатын.

«Правданың» мақаласы идеологиялық мекемелерде, жер-жерлерде талқыланып, «халықтық қолдауға» ие бола бастады. Сондай талқылаудың бірі – Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тарих институтында өткен партия жиналысы. Онда институт партбюро хатшысы А.Нүсіпбеков «Правдада» шыққан мақалаға байланысты тарихшы ғалымдардың алдында тұрған міндеттер туралы баяндама жасады. Жарыссөзде шығып сөйлеген тарих ғылымының докторлары Елеуов, Шойынбаев, Савосько, Дахшлейгер, Сүлейменов, Тұрсынбаев, филология ғылымының кандидаты Сәбитов, аспирант Тұрсынова, тарих ғылымының докторы Покровский, Ғылым Академиясы партия ұйымының секретары Ефимов және басқалар газетте жарияланған сын мақаланы қолдайтындықтарын білдіріп, Е.Бекмахановтың кітабындағы буржуазияшыл бұрмалаушылықтарды қатты сынға алған. Тек тарих ғылымының кандидаты Ділмұхамедов қана бұларға қосыла бермейтіндігін, Кенесары Қасымұлы қозғалысы туралы басқаша пікірде екендігін білдірген. Партия жиналысы Ділмұхамедовтің бұл сөзін қанағаттанғысыз деп тауып, ол өзі ойлап шығарған теориясы үшін сынға ұшыраған.

Осы жиналыс туралы жазылған есептік мақалада мәселе тек Е.Бекмахановтың кітабын, Кенесарының қозғалысын талқылаумен шектеліп қоймай, кең ауқымға шығатындығы да байқалды. «Партия жиналысына қатысушылар Е.Бекмахановтың кітабындағы және оның мақалаларындағы қателіктерді сынап қана қоймай, бұдан басқа да бірсыпыра еңбектердің қателіктерін сынап, бұл қателіктердің түп тамырын ашып берді. Атап айтқанда, Сүлейменов жолдас өзінің сөйлеген сөзінде А.Жиреншиннің «Абай және оның орыс достары» деген

кітабында, Ә.Сытқыдовтың «Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары және ағартушылық қызметі деген кітабында ғылымға қарсы «біртұтас тасқын» теориясы дәріптеліп, халықшыларға, либералдарға, патша отаршыларына, миссионерлерге өрескел қате мінездеме берілгендігін айтты. Орта мектептер үшін қазақ әдебиетінің оқу құралдарында елеулі қателіктер жіберілген. Мысалы, профессор Х.Жұмалиевтің орта мектептің 8-класына арналған қазақ әдебиеті оқу құралында реакцияшыл ақын Шортанбай шыншыл және халық мұңын жоқтаушы деп сипатталған, дәл осы оқу құралдарында орыс және қазақ халықтарының қас жауы Кенесары феодалшыл-байшыл ақын Нысанбайдың және басқа ақындардың сөздерімен дәріптелген. Қазақ әдебиеті тарихының 1 томында да Кенесары теріс баяндалған» – деген сөздердің бұл талқанған мәселенің қазақ әдебиетіне, оның тарихына да тікелей қатысы барлығын аңғартты.

1951 жылы 10 сәуірде Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті «Правда» газетінде басылған «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақала туралы арнайы қаулы қабылдады. Онда Кенесары Қасымовтың реакциялық, феодалдық-монархиялық қозғалысына баға берерде Е.Бекмахановтың жіберген өрескел саяси қателіктерін дұрыс көрсеткендігі алдымен атап өтілген. Қаулыда Қазақстан тарихын, онда болған түрлі көтерілістерді қысқаша шөла келіп, «Сұлтан Кенесары Қасымовтың қозғалысы (1837–1847) реакцияшыл феодалдық-монархиялық сипатта болды. Бұл қозғалысқа басшылық ету ісі әрқашан сұлтан Кенесары Қасымовтың, оның туысқандарының және басқа ірі феодалдардың қолында болды; олар өздерінің таптық мүдделерін үнемі қорғап отырды.

Кенесары қазақ халқының мүдделерін ешуақытта қорғаған жоқ, оның жалғыз-ақ көздегені қазақ еңбекшілерін қанау үшін қазақ феодалдарының монополиялық правосын солардың қолында сақтау, Қазақстанды Россиядан бөліп әкету және өзінің, хан тұқымының үкіметін қалпына келтіру болды» («Лениншіл жас», 30.IV.1951) – деген анықтама берді. Кенесары қозғалысына барынша қара күйе жағылды: «Ол еңбекшілерді аяусыз қанауға және халықты толық құл етуге негізделген, ру таласы, құн, барымта, әменгерлік, тағы сондайлар сияқты патриархтық-феодалдық құрылыстың варварлық тәртіптері бар феодалдық хандықты қалпына келтіруге ғана тырысты».

«Сонымен Кенесарының қозғалысы халықтық қозғалыс та емес, бұқаралық қозғалыс та емес, азаттық қозғалыс та емес, реакциялық қозғалыс болды.

Осыған қарамастан Е.Бекмаханов өзінің еңбектерінде цитаталар мен фактілердің өңін айналдыру жолымен және алашордашылар мен пантуркистердің материалдарын пайдалану арқылы сұлтан Кенесары Қасымовтың қозғалысы туралы тарихи шындықты бұрмалады және бұл қозғалыс қазақ халқының тарихында прогресшіл рөл атқарған бұқаралық, халық-азаттық қозғалыс болды деп соқты.

Тарихи шындықты бұрмалап, Е.Бекмаханов Қазақстанның Россияға қосылуының қазақ халқының тарихи тағдырларын анықтаған аса терең прогресшіл маңызы болғандығын көрсетпеді, және де Қазақстанның Россияға қосылуы нәтижелерінің тек бір жағын патша үкіметінің отаршылдық саясатын әдейі бадырайта көрсетті» (сонда).

Қаулыда «Қазақ ССР тарихының» көп томдығында «Қазақ әдебиетінің тарихында» және шығып жатқан басқа да еңбектерде Кенесары қозғалысының реакциялық, феодалдық-монархиялық сипатта болғандығы көрсетілсін деп, міндеттеді. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тарих, Тіл және әдебиет институттарының басшыларына, республикалық газет-журналдардың редакторларына Кенесары Қасымовтың реакциялық қозғалысын әшкерелеп мақалалар жазуды тапсырды. «Правда» газетінде жарияланған мақаланы, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бұл мәселе жөніндегі қаулысын республиканың барлық жоғары оқу орындарының ашық жиналыстарында талқылау тапсырылды. Қазақ ССР Оқу министрлігіне мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарды қайта қарап, партия қаулысына сәйкестендіру керектігі көрсетілді.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті осы мәселе жөнінде мақала жазған Қ.Шәріпов «Е.Бекмахановтың бірсыпыра негізгі кемшіліктері мен саяси қателерін дұрыс көрсетумен қатар, Кенесары Қасымов қозғалысының реакциялық мәнін ақырына дейін ашпайды, сөйтіп ол жала мақала болып табылады деп таныды. Орталық Комитет Қ.Шәріповтің өз қателерін мойындағанын және ол қателерді түзету мақсатымен баспасөз бетінде пікір айтамын деген мәлімдемесін ескерген. «Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Қазақ ССР Ғылым Академиясы-

ның бастауыш партия ұйымына Бекмаханов жолдастың партиялығы туралы мәселе қарауды тапсырды» (сонда).

Орталық Комитет сәуір айында Алматы қаласы мен барлық облыс орталықтарында интеллигенцияның жиналыстарын өткізіп, онда «Қазақстан тарихының мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндау туралы» мәселені талқылау ұсынылды.

Осы мәселеге арналған Қазақстан совет жазушылары одағы жанындағы партия ұйымының ашық жиналысы сәуірдің 20-сы күні өтті. Жиналысқа Алматы қаласындағы партия-совет ұйымдарының өкілдері, жазушылар мен әдебиетшілер, сыншылар, ғалымдар мен студенттер қатысқан. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Жазушылар Одағының хатшысы Ә.Тәжібаев, Х.Бекхожин, Қ.Аманжолов, Е.Исмаилов жарыссөзге қатысқан.

Негізгі баяндаманы жасаған Қ.Жармағамбетов «Правда» газетінің «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақаласы мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің 1951 жылғы сәуірдің 10-ы күні осы мақала туралы қабылдаған қаулысында Е.Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» атты кітабының идеялық тұрғыдан зиянды, методологиялық жағынан марксизм-ленинизм қағидаларына қайшы, Қазақстан тарихының ең бір елеулі кезеңін ұлтшылдық-буржуазияшылық тұрғыдан бағалайтын еңбек деп тапқандығын қолдайтындығын білдірді. Баяндамашы қазақ әдебиетінде Кенесары көтерілісінің кең орын алып келгендігіне тоқталды. Кенесары қозғалысының реакцияшыл екендігін дәлелдейтін Н.Ахметбековтің «Жасауыл қырғыны», М.Сералиннің «Топжарған» поэмаларын алдымен атап өтті. Баяндамада К.Қасымовтың «реакцияшыл қозғалысын дәріптейтін шығармаларды сынауға кеңірек орын берілді: «Кенесарының сарай ақыны Досқожа өзінің «Кенесары қоныстан ауғанда» (Көкшетаудан көшуі) поэмасында Кенесары Россия мен орыс халқына қарсы күресіп еді деген пікірді ашық баяндады;

«Кенесарының қолшоқпары болған екінші бір ақын Нысанбай «Кенесары–Наурызбай» поэмасында... Кенесарыны қазақ халқының батыры және «көсемі» ретінде мақтайды. ...Кенесарыны дәріптеудің хандықты көксеумен ұштасып жатқандығын аңғартады»;

«Көкпай ақын «Кенесары–Наурызбай» дейтін поэмасында Нысанбайдың ізін қуалап, сол сарында Кенесарыны дәріптеп, туысқан қырғыз бен қазақ халқының арасына өшпенділік отының ұшқынын тастады»;

«Алашорданың контрреволюцияшыл ақындары Кенесары арманын, хандықты көксеуді қайта тірілтпек болып жанталасты» («Әдебиет және искусство» (1951, №5, 55-бет).

Сонымен бірге «Кенесары жөніндегі алашордашылар пікірінің ықпалына ерген» Иса Байзақов «Қойшының ертегісі» поэмасында «Кенесары қарақшыларының бірі Ағыбайды дәріптейді»; Мұхтар Әуезов «Хан Кене» пьесасында «Кенесары Қасымовтың қозғалысын ұлтшылдық тұрғыдан бағалап, оның бандаларының туысқан қырғыз халқына жасаған шапқыншылығын басынан аяғына дейін ақтап шықты», Х.Бекхожин «Науан батыр» поэмасында «қандыбалақ Наурызбайды халық батыры деп көтермелейді», «А.Токмағамбетов Кенесарының әскери басшыларының бірі, қырғыз халқына қарсы басқыншылық соғыста жауыздығымен көзге түскен Бұхарбай туралы поэма жазды. Қ.Аманжолов «Көкшетау» деген поэма жазып, Кенесарының Көкшетауда болған кезін аңсайтындығын баяндады. Исмаиловтың тапсыруымен халық ақындары Саяділ Керімбеков, Доскей Әлімбаев, Иманжан Жылқыайдаров Кенесарыны мақтап поэмалар шығарды» (сонда) – деген сипатта осы тақырыпқа шығармалар арнаған бірсыпыра ақын-жазушылар тиісті «бағаларын» алды. Әсіресе Кенесарыға арналған өлең-поэмалардан екі бірдей жинақ құрастырып, баспаға ұсынған, 1944 жылы жазған бір мақаласында («Соғыс жылдарындағы қазақ поэзиясының жайы мен міндеттері») Кенесарыны дәріптеген, 1946 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті» кітабында «Кенесарыны халық батыры, ұлт-азаттық қозғалысының көсемі» деп бағалаған Е.Исмаиловқа, Кенесары туралы поэма, «Қазақ әдебиетіндегі Кенесары мен Наурызбай бейнелері» («Әдебиет және искусство», 1941, №5) атты мақала жазған Қ.Бекхожинге, «1941 жылы «XVIII және XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы» (орта мектеп үшін оқу құралы) деген кітабында Нысанбай творчествосын талдай келіп, Кенесары қозғалысын прогрессивтік деп түсіндірген», «1948, 49–50 жылдары шыққан орта мектептің оқу құралдарында да осы пікірін қайталаған Х.Жұмалиевке баяндамашы қатты шүйілген. С.Мұқанов та «XVIII және XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының очерктері» (1942) деген кітабында Кенесары қозғалысын ұлт-азаттық деп бағалағаны үшін сынға алынды.

Қ.Жармағамбетов сөзінің соңын ақын-жазушыларды, сыншы-әдебиетшілерді марксизм-ленинизм теориясымен толық қарулануға, «Кенесары Қасымовтың реакцияшыл-монархиялық қозғалысын тікелей, не жанамалай болса да уағыздайтындарды қатал сынап, идеологиялық майдандағы буржуазияшыл ұлтшылдықтың сарқыншақтарын әшкерелеуде партияға көмектесуге» шақырды. Кенесары қозғалысына қатысты шыға бастаған М.Ғұмарованың, Ө.Тәжібаевтың мақалаларында, Х.Бекхожиннің, Е.Исмаиловтың, Х.Жұмалиевтің, М.Әуезовтің «қателіктерін» дұрыс көрсеткендігін қолдап, әдебиетшілерді осындай бағытта пікір білдіруге үндеді. Тіпті, Абайдың өзіне күдікпен қарап, «Абай шәкірттері», «Абайдың ақындық мектебі туралы мәселе» жөнінде де пікір алысуды ұсынды.

Жиналыста бірінші болып сөйлеген С.Мұқанов баяндамашының сындарын «мен де қателестім, онымды түп-түгел мойындаймын» деген. Ол «Қазақ ССР тарихының» бірінші басылуындағы редакциясын басқарған Әбдіқалықовтың өрескел қателігін, дәлірек айтқанда, Кенесарыны халықтың жауы деп танып, дұрыс жазылған пікірді өзгерттіріп, мадақтата жаздырғанын айтты». «М.Әуезов өзінің «Ақын аға» романында Абайдың орыс достары мен ақын шәкірттері жөнінде дәйексіз пікірлер ұсынғандығын сынады» (сонда, 58-бет).

М.Әуезов те өз «қателерін» мойындап, әдебиеттегі ұлтшылдықты «әшкерелеуді» қолдады. Ол да «Абайдың барлық ақын шәкірттерінің шығармаларына сын көзімен қарап, дұрыс пікір айту үшін кең түрде айтыс ұйымдастыруды ұсынды». Кенесары қозғалысы туралы «теріс» пікірлер айтқан С.Мұқановты, Е.Исмаиловты, Х.Жұмалиевті сынады: «XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің очерктері» деген Мұқанов жолдастық кітабында да қате көп»;

«Кенесары мен Нысанбай және басқа ақындар жөнінде бұдан үлкен, өрескел қателер Исмаиловта да бар. Турасын айту керек, отызыншы жылдардың ақырынан соңғы уақытқа дейін Исмаилов жолдас өзінің кітаптарында, мақалаларында, баяндамаларында Кенесарыны нағыз белсене дәріптеуші, қастерлеуші және уағыздаушы болды. Ол ол ма, халық ақындары мен ақын, жазушыларға да Кенесарыны дәріптеуде оның үлкен әсері болды»;

«...Жұмалиев Бұхар, Шортанбай, әсіресе Мұрат туралы бұрынғы саяси қателерінен арыла алмай келді. Оларды қаулыға сәйкес феодалдық ақын дей отырып, шығармаларын дәріптеп, өздерін шебер ақын ретінде бағалайды. Ал Бұқарды данышпан ақын деуге дейін барады» (сонда, 59–60-беттер).

Өз сөзінде Х.Жұмалиев Е.Бекмахановтың еңбектеріндегі қателіктерге, Кенесары қозғалысының реакцияшылдығына едәуір тоқталып өтіп, негізінен әдебиет, әдебиеттану саласындағы «буржуазиялық бұрмалаушылықтарға» назар аударды. «Кенесарыны дәріптеудің әдебиеттегі төркіні Мұхтар Әуезовте» дей келіп, «ешкімге де жасырын емес, Исмаилов, Кенжебаев, Қоңыратбаев тағы басқалардың еңбектерінде жіберілген көптеген ұлтшылдық қателерге Әуезов тікелей қатысты... Мұхтар Әуезов осы қателіктерін батыл мойындаудың орнына, өзінің жеке Исмаилов, Қоңыратбаев, Мұхамедханов сияқты шәкірттерінің зиянды концепцияларын таратуда» (сонда, 61-бет) – деп, М.Әуезовтің әдебиет тарихын зерттеушілік бағытын жоққа шығарды.

Ө.Тәжібаев ақын Қ.Бекхожиннің «Ақсақ құлан» (1939) поэмасында «Шыңғыс ханды барынша дәріптегенін айта келіп, «Кенесарыны, оның баскесер інісі Наурызбайды мадақтап, «Батыр Науан» поэмасын жазғанын» сынайды. «Автор Қоқан, Хиуа хандарымен бірге Кенесарының өзінің де қазақ еңбекшілерін талағанын жасырады, бұл бақытсыздықтың бәрі орыс халқынан дейді. Ақынның суреттеуіне қарағанда. Россияға қосылғанға дейін қазақ халқы рахат, жайлы өмір жасаған, «халық ханды жақтап, хан халықты жақсы көрген» (сонда, 62-бет). Кенесарыны дәріптеушіліктің Х.Бекхожиннің соңғы өлеңдерінде де («Шеру») жалғасып келе жатқандығын көрсетті.

Қ.Бекхожин өзінің атына айтылған сындарды мойындай келіп, Ө.Тәжібаевтың «Қазоты», «Ақсақ құлан» поэмаларында идеялық қателер бар дегенін қабылдамаған. Ол да «Кенесарыны мадақтауға барынша дем беріп келгендердің бірі – әдебиетші Исмаилов. Бекмаханов сияқты Исмаилов та бірнеше жыл бойы өзінің мақалалары мен зерттеулерінде легендалар мен архив материалдарын қасақана икемдеп, пантюристтер мен алашордашылардың материалын пайдаланып, Кенесарының қозғалысын ұлт-азаттық қозғалыс деп, қазақ халқының тарихи шындығын әдейі бұрмалап келді; «Аманжолов жолдас та Кенесары туралы поэма жазған. Ол неге өз қатесін мойындамайды?» (сонда, 63-бет) – деген сындар айтты.

Ақын Қ.Аманжолов «Правда» газетінде жарияланған мақаланы, Орталық Комитеттің қаулысын, осы жиналыста Қ.Жармағамбетов жасаған баяндаманы қолдайтындығын білдірді. Қателігін мойындап, сонда да болса Қ.Бекхожиннің айтқан сындарына түсініктеме берді: «өзімнің ол кездегі ең жақсы досым Қ.Бекхожин маған Кенесары туралы поэма жазуды ұсынды, оны Кенесары туралы жинаққа енгізіп, бастыратынын айтты. Мен жаздым, ол қабылдап алды. Поэманың бар өмірі сол болды. Ешбір жерде жарияланған емес», «Ой-сана ашылып, өрнәрсені аңғара бастадым... 1947 жылы «Хандардың жоқтаушысы» деген мақала жазып, Бекхожин жолдастың «Ақсақ құлан», «Батыр Науан» атты поэмаларын катал сынадым» (сонда, 63–64-беттер).

Осы жиналыста ең кеп сыналған Е.Исмаилов соңында сөз алған. Ол «Кенесары Қасымовтың қозғалысы жөніндегі менің де еңбектерімде елеулі қателер болды» дегенімен де, өзіне айтылған сындардың барлығын қабылдай бермеген. «Исмаилов Кенесарыны мадақтаушы әдебиетшілер мен жазушыларға өзінің дем бергенін «батыл мойындаудың орнына: «баспасөз бетінде жазғандықтан ақындарға әсерім болды, бірақ барлық пәле менде деуге болмайды» деп, өзін-өзі ақтауға тырысты». «Сөйгіп, Исмаилов өзінің сөзінде Кенесарыны мадақтаушыларға дем бергенін батыл мойындаудың орнына, келешекте сол саяси қателерін қалай түзететінін айтудың орнына «адал жұмыс істеуге уәде етемін» деген жалпылама сөзуарлыққа салынды» (сонда, 64-бет).

Жиналыста сол кездегі қазақ әдебиеті мен ғылымының тізгінін ұстап жүрген М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Қ.Аманжолов, Е.Исмаилов, Х.Жұмалиев, т.б. сөз сөйлеуіне, онда да өз «қателерін мойындауына», «ұлтшылдықты әшкерелеуіне» мәжбүр болғандығы көрінеді. Сонымен бірге ұлтшылдықты, буржуазиялық бұрмалаушылықтарды әшкерелеуге келгенде бір-бірінен қалыспай, жарысып жатқандай да әсер етеді. Аяғы бір-бірін кінәлап, бет жыртусуға дейін барған. Тек Е.Исмаиловтың ғана «Кенесары Қасымовтың қозғалысы жөніндегі менің де еңбектерімде елеулі қателер болды» (сонда, 64-бет) деуден арыға бармай, өзіне таңылған айыптаудың көпшілігін мойындамағанын асқан азаматтықтың, ұлтжандылықтың көрінісі деп түсінген жөн. Бірақ оның осы қайсарлығы үшін де өзіне тиісті «сыбағасын» кейін алуына, «қателіктерін» айдауда жүріп өтеуіне тура келді.

Партия жиналысында жасалған Қ.Жармағамбетовтің баяндамасында М.Ғұмарованың «Әдебиете Кенесары қозғалысын дәріптеуге қарсы» («СоциалистікҚазақстан», 4.13.1951) және Ә.Тәжібаевтың «Ленинская смена» (19.IV.1951) газетінде осы мәселе туралы жарияланған мақалаларын «өте маңызды пікірлерді көтерген» деп, осы бағытта жазыла бастаған материалдарға қолдау көрсетілген болатын. Қолдау көрген М.Ғұмарованың «Қазақ әдебиет тарихындағы Кенесары Қасымов қозғалысын дәріптеушілерге қарсы» деген мақаласы тағы да жарық көрді. «Тіл-әдебиет институтының ғылыми советі тапсырған» деген анықтамасы бар бұл мақала «Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабаршысында («Вестник Академии Наук Казахской ССР», 1951, №5, 18–26 беттер) жарияланды. Мақалада «Жалған тарихшы Е.Бекмаханов Қасымовтардың реакциялық қозғалысын прогрестік қозғалыс деп дәлелдемек болды, халқымыздың тарихын буржуазиялық-ұлтшылдық тұрғыдан зерттеді. Ол ғылыми зерттеуде партиялық принципті бұзды, совет тарихшыларына партиямыздың қойып отырған талабын елемеді» – дей келіп, қазақ әдебиетінде осы мәселе төңірегінде орын алып отырған «өрескел қателіктер мен кемшіліктерді» көрсетеді. С.Мұқановтың, Қ.Бекхожиннің, Х.Жұмалиевтің, Е.Исмаиловтың, т.б. әдеби зерттеулеріндегі Кенесары–Наурызбайға қатысты айтқан «қате» пікірлеріне егжей-тегжейлі тоқталған. Мақала «қазақ әдебиетінің тарихын бұрмалауға тырысқан буржуазиялық-ұлтшылдық әрекеттің қандайына болса да қарсы батыл күрес жүргізу бүкіл идеология қызметкерлерінің айбынды міндеті» (сонда, 26-бет) – деген көтеріңкі леппен аяқталған.

Осы кездерде Т.Жароковтың «Әдебиетімізді жат пікірлер мен қателерден біржола арылтайық» («Лениншіл жас», 15.VIII.1951), Ә.Нілдібаевтың «Қ.Жармағамбетов творчествосындағы жат сарын» («Лениншіл жас» 14.X.1951), Т.Нұртазиннің «Кенесарының зұлымдығын әшкерелейтін поэма» («Әдебиет және искусство», 1951, №6), «Кенесары зұлымдығын халықтың әшкерелеуі» («Лениншіл жас», 18.VII.1951), Т.Шойынбаевтың «Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік маңызы» (Е.Бекмахановты Кенесары жайлы пікірлері үшін сынау. «Лениншіл жас», 22.VIII.1951), М.Ақынжановтың «Қазақстан тарихындағы буржуазиялық

ұлтшылдыққа қарсы» («Әдебиет және искусство», 1951, №6), М.Сәрсекеевтің «Бекхожин шығармаларындағы ұлтшылдық сарын» («Социалистік Қазақстан». 22.VII. 1951), Қ.Тұрғанбаев пен М.Сармурзинаның «Қазақ әдебиетінің программасындағы өрескел қателіктер туралы» («Лениншіл жас», 27.IV.1951) т.б. мақалалары жарық көріп, Кенесарыны, қазақ әдебиетіндегі «буржуазиялық бұрмалаушылықтар мен ұлтшылдықты әшкерелеуге» өз үлестерін қосты.

Әрине, бұлардың барлығына жеке-жеке тоқталып жатудың қажеті шамалы болар, солай болса да сол кездегі әдеби сынның сипатын, саяси наұқанның ауанын тереңірек түсіну үшін де кейбіреулеріне тоқтала кеткеннің артықтығы жоқ. «Қазақ әдебиетінің программасындағы өрескел қателіктер туралы» мақалада жоғары оқу орындарына арнап С.Мұқанов, Х.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Б.Шалабаев, Ш.Кәрібаев, Оқу министрінің орынбасары Ә.Шәріпов құрастырған оқу бағдарламасы «ғылыми терең қорытындыға сүйеніп жасалмаған» деп, бағаланды. Әсіресе XVIII–XIX, XX ғасырлардағы әдебиетке таптық принцип тұрғысынан келіп, елеулі «кемшіліктер» табады. Бұл ретте Кенесары қозғалысына қатысты туған Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбай» поэмасының, «Досқожа, Күдерінің «Кенесары қоныстан ауғанда», «Кенесарының жермен қоштасуы» сияқты хандарды жоқтаған өлеңдерінің» («Лениншіл жас», 27.13.1951) бағдарламаға қалайша кіріп кеткеніне таң қалады. Сондай-ақ Дулат, Шортанбай, Мұрат, Базар, Әубәкір, Қашаған Шернияз, Ақан сері, Шәді, Нұржан, Мақыш, Мәшһүр Жүсіп, т.б. өлеңдеріндегі ескішілдік, діншілдік сарындарды ескертеді.

Т.Нұртазин қазақ әдебиетіндегі Кенесары тақырыбына арнап екі бірдей мақала жазды. Оның бірінде М.Сералиннің «Топжарғанын» Кенесарының зұлымдығын әшкерелейтін поэма» деп, бағалады. Келесі мақаласында Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбай», Нұрхан Ахметбековтің «Жасауыл қырғыны» және «Наурызбай-Қаншайым» поэмалары талданылады. Автор соңғы екеуін «Кенесары зұлымдығын халықтың әшкерелеуі» («Лениншіл жас», 18.VII.1951) – деп бағалап, алғашқысын халыққа жат туынды санаған. «Кенесары тобын мадақтайтын шығармалардың ішінде көлемі мен мәні жағынан ауызға алуға тұрарлығы Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбай» атты поэмасы» дей келіп, «Кенесары тобының аш қасқырдай қаталдығын, айуандығын Нысанбай да жасыра алған жоқтығына» мысал келтірді.

Ақын Т.Жароков қазақ кеңес әдебиетіне шолу жасап, ондағы «жат пікірлерді» анықтауды мақсат еткен. Қ.Бекхожин «Батыр Науанында» «Кенесарыны «туған тауын, өскен жұртын сүйді» деп, ханды мадақтап, елді өтірік сүйгізіп, Кенесарының жауыздығын, халықтың дұшпаны екендігін бүркемеледі, хан аруағын көтере жырлады, буржуазияшылдыққа ұлтшылдыққа түсті; «Ақсақ құлан» дейтін поэмасында Шыңғыс ханды мадақтады; «Шеру» атты жинағында да совет жауынгерлеріне «Кенесарыға тарт, соған ұқса» деп, ақыл берген болатын» («Лениншіл жас», 15.VIII.1951). Ә.Тәжібаевтың «Жас қазақ», «Екі жаһан», «Біз де қазақпыз», «Ақ қалпақ», «Туған жер», Қ.Аманжоловтың «Ертіс», т.б. өлеңдерінен «ұлтшылдықты» көреді: «Тәжібаев «Жас қазақ» деген өлеңінде Москваны қорғаған қазақтың ерлігін ұлы орыс халқынан бөліп алып, жеке қарайды, авторға мақтаныш ол – қазақтың тек қазақтығы ғана», Қ.Аманжоловтың «Ертіс» деген өлеңін «қазақ ұлы тек Ертістен суарылғанынан ер болып жүр ме? Қазақ халқын да, Совет Одағындағы басқа халықтарды да совет үкіметі мен партия тәрбиелеп, ержеткізіп отырған жоқ па? Қазақты және Ертісті автор неге жалпы одақтық құрылыстан бөліп суреттейді?» – деп, сынады.

Осы сарындағы жолдарды «Әдебиет және искусство» журналының (1951, №8) бас мақаласынан да оқимыз. Қ.Бекхожин «Батыр Науан» атты поэма жазумен ғана тынған жоқ, ол тіпті кейінгі жылдарда жарияланған «Қазақ ұланы», «Қол бастаған батырға», «Дала жазы» деген өлеңдерінде және басқаларында да ұлттық тар шеңберде қалды. «Қазақ» деген ұғымды бір кездегі контрреволюцияшыл-алашорда ақындарынша ерекше көтермелеп, оны ұлы Отанымыздағы халықтардан, ұлы орыс халқынан оқшаулап жеке жырлады... «Дала жазында» өлеңінде бүгінгі колхозды ауылымыздың бейнесін де ескілікті жоқтау тұрғысынан көрсетті», ал Ә.Тәжібаев «Жас қазақ», «Ақ қалпақ» сияқты өлеңдерінде «ұлтшылдар көлемнен, әдебиеттегі буржуазиялық символизм сарынынан көтеріле алмай келеді» – деп кінәланды. «Әдебиетіміздің жоғары идеялығы үшін күресейік» атты осы мақалада М.Әуезов пен С.Мұқанов Кенесарыны дәріптеп келумен бірге «Кенесарыны дәріптеушілердің буржуазиялық ұлтшылдық пікірлеріне кезінде тойтарыс берудің орнына, қайта ондай зиянды пікірлерді өзі қостап отырды», – деп жазылған.

«Лениншіл жас» газеті (15.VIII. 1951) «Қазақ совет әдебиетінің маңызды міндеттері» деген бас мақаласында қазақ әдебиетінде М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Е.Исмаиловтың, Қ.Бекхожиннің еңбектерінде «қазақ халқының қас жауы реакцияшыл Кенесарыны» дәріптеген «ұлтшылдық сарындағы зиянды пікірлердің» орын алып келгендігіне назар аударып, «қазақ әдсбиетіндегі өрескел саяси қателіктерден біржола арылу, буржуазиялық-ұлтшылдық сарынның қандайына болмасын, қатты соққы беріп, аянбай күрес жүргізу, коммунизмнің жеңуіне қарай алға басып келе жатқан совет халқына лайық жоғары идеялы шығармалар беру – бүкіл қазақ совет әдебиетінің айбынды міндеті болып саналады» – деп жазды.

Тамыздың ортасында (14–17.VIII.1951) Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті «қазақ совет жазушылары одағының жұмысындағы үлкен қателіктер мен кемшіліктср, оны жою шаралары туралы» мәселе қарады. Онда қазақ совет әдебиеті көп ұлтты совет әдебиетінің құрамдас бір бөлігі ретінде буржуазиялық ұлтшылдыққа, космополитизмге, басқа да идеологиялық бұрмалаушылықтарға қарсы күресте дамып келеді. Солай болғанымсн де қазақ совет әдебиетінде әлі күнге дейін буржуазиялық-ұлтшылдық сипаттағы идеологиялық бұрмалаушылық фактілері кездесіп қалады. Жазушылар Одағының президиумы, оның председателі С.Мұқанов большевиктік қырағылықты, қазақ совет әдебиетінің идеялық жағынан тазалығына жауапкершілік сезімдерін әлсіретіп алып, әдебиеттегі идеологиялық бұрмалаушылықтарға, әсіресе қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу істеріндегі буржуазиялық ұлтшылдық көріністеріне қарсы принципиалды күрес жүргізбей келеді. Жазушылар одағы Қазақстан тарихын зерттеудегі буржуазиялық-ұлтшылдық қателіктерді ашып берген «Правда» газетінің мақаласынан кейін де үнсіз қалып отыр. Ал қазақ әдебиеті мен әдебиеттануында қазақ халқының жауы Кенесары Қасымовты және оның реакцияшыл-монархиялық қозғалысын дәріптеушілердің жеткілікті екендігі белгілі. Қазақстан Жазушылар Одағы Е.Исмаиловтың, Х.Жұмалиевтің, Х.Бекхожиннің, Қ.Аманжоловтың, Ә.Әбішевтің, Қ.Әбдіқадыровтың, С.Мұқановтың, С.Бегалиннің, И.Матақовтың буржуазияшыл-ұлтшыл көзқарастарын әшкерелеп келеді деп көрсетілді. Орталық Комитет Қазақстан Жазушылар Одағының президиумын, оның партия ұйымын, Республиканың жазушылар қауымының барлық күш-жігерін халықтың қас жауы буржуазиялық ұлтшылдыққа, ескілікті дәріптеушілікке, космополитизмге, бейсаясаттық пен идеясыздыққа қарсы күреске жұмылдыруға міндеттеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысын жүзеге асыру мақсатында тамыз айының соңына қарай жазушылардың Алматы қалалық жиналысы өтті. Онда Қазақстан Совет Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы С.Мұқанов «Қазақ совет әдебиетіндегі идеологиялық ірі қателіктер және оны жою шаралары» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамада БК(б)П және Қазақстан К(б)П Орталық Комитеттерінің халықтың қас жауы Кенесарының реакцияшыл-монархияшыл қозғалысын дәріптеген, Қазақстанның Россияға қосылуының прогресшіл маңызын кеміткен Бекмахановтың және басқа тарихшылардың буржуазияшылдық-ұлтшылдық қателіктерін әшкерелеген «тарихи» қаулыларын әдебиет саласында жүзеге асыру жолындағы жұмыстарға тоқталды. Баяндамашы «буржуазиялық сарқыншақтары бұрыннан айтылып келе жатқан Е.Исмаилов, Х.Жұмалиев, М.Әуезов, Х.Бекхожин, Қ.Аманжоловтармен бірге Қ.Шаңғытбаевтың, Қ.Әбдіқадыровтың, Ә.Әбішевтің, т.б. еңбектеріндегі «ұлтшылдық сарындарды» сынаған: «Жазушы Мұхтар Әуезов бір кезде «Хан Кене» атты пьеса жазып, онда қанішер Кенесарының бауырлас қырғыз халқына жасаған зұлымдығын, жыртқыштығын оның ерлігі деп, көрсетті».

«Ақын Қалижан Бекхожин Кенесарының баскесер інісі, қанішер Наурызбайды мадақтап «Батыр Науан» деген поэма жазды. Бұл поэмасында ол қазақ халқының қас жаулары Кенесары мен Наурызбайды азаттық туын көтерген, еркіндік аңсаған, халық қамын жеген көсемдер, ел үшін еніреп туған ерлер етіп суреттеді. Сөйтіп, Қ.Бекхожин совет акыны дегенді бетке ұстап, халқымыздың мүддесіне опасыздық жасады, халықтың қас жауларын дәріптеуден ол тайсалмады. Ақын Қ.Бекхожин соңғы жазған шығармасы «Мариям Жагорқызы» поэмасында да өрескел қателер жіберді».

«Кенесары Қасымовты дәріптеу басқа да көптеген әдебиетшілердің еңбектерінде, оқу құралдары мен хрестоматияларда, сондай-ақ қазақ әдебиеті тарихының профессор М.Әуезовтің басқаруымен шыққан бірінші томында да орын алды. Профессор Х.Жұмалиев пен Е.Исмаилов жолдастар өздерінің «ғылыми-зерттеу» еңбектерінде маркстік-лениндік методологиядан қол үзіп, өрескел қателіктерге ұрынды».

«Ақын Қуандық Шаңғытбаев «Ар» атты жинағына енген өлеңдерінің көбінде қазақ халқын бөлек алып жырлайды. Ол қазақ халқының азапта өткен ескі өмірін аңсайды, соны арман етеді. Ол «Дала» деген өлеңінде тек қазақ даласын ғана Отан деп ұғады... Қ.Шаңғытбаев өлеңдері ұлтшылдық уымен уланған».

«Мұндай қателер мен зиянды пікірлер ақын Қасым Аманжоловтың өлеңдерінен де кездеседі. Ол өзінің: «Туған жер», «Атамекен», «Сарыарқа», «Ертіс» сияқты өлеңдерінде өзінің егіле жырлайтын «сары даласын», «ақ сақалды ата қазақ» жайлаған жер болғандықтан, өзі сол жерде туып өскендіктен ғана сүйеді... Қ.Аманжоловтың жырлауындағы Қазақстан – баяғы бір «сайран тау, самал жел, сырнайлы өзен, сары дала». Ақын бұрынғы өңсіз, өмірсіз, ажарсыз сары даланы аңсайды».

Баяндамашы осындай ретпен Ә.Әбішевтің «Сахара сәулеті», С.Мұқановтың «Палауға келіңіздер», Қ.Әбдіқадыровтың «Келес қызы», Ә.Тәжібаевтың «Біз де қазақпыз», Н.Баймұхаметовтің «Еңбек Ері», С.Матақовтың «Шындық», С.Бегалиннің «Көксегеннің көргендері» туындыларындағы кемшіліктерді де санамалап шығады.

Жиналыста шығып сөйлеген Т.Жароков, С.Омаров, Ә.Тәжібаев, Н.Пичунин, Ғ.Мүсірепов, Д.Снегин, М.Әуезов, Ғ.Мұстафин де талқыланып отырған мәселелер бойынша өз ойларын бөліскен. Т.Жароков көрнекті жазушылардың одақ жұмысына араласпайтындығын айта келіп, Ә.Тәжібаевтың, Қ.Бекхожиннің, Қ.Аманжоловтың шығармаларындағы өрескел қателіктерге тоқталды. С.Омаров Ә.Оналбаевтың, М.Тиесовтің, С.Бегалиннің «ұлтшылдықтарын», Ә.Тәжібаев Ә.Сәрсенбаев пен Ғ.Ормановтың өлеңдеріндегі «ұлтшылдық сарындағы қателіктерін» көрсетті, Ғ.Мүсірепов өз сөзінде қазақ әдебиетінде Кенесарыны халық көсемі ретінде дәріптеушіліктің орын алып келе жатқандығын айта келіп, «Әуезов жолдастың соңғы жылдардағы ұлтшылдық сарындағы қателері сөз жоқ, оның өткендегі идеялық тұрақсыздығы, адасуларымен тығыз байланысты. Басқа ешкім емес, Әуезов жолдастың өзі әдебиетшілеріміз бен ғалымдарымыздың ішінде ең бірінші рет халықтың зұлым жауы Кенесарыны жер көкке сиғызбай дәріптеп, аспанға көтерді. Мұқанов жолдастың өрескел қатесі де бұдан кем соқпайды. Ол өзінің «Очерктерінде» «Едіге мен Қобыландының, Кенесары мен Наурызбайдың, Көтібар мен Есеттің арманы Амангелді Имановтың Октябрь революциясындағы күресі арқылы жүзеге асты» деп, жазды. Бұдан большевик комиссар Аманкелді Иманов Едіге мен Кенесарының арманы мен мақсаты үшін күрескен болып шығады», – деп, қазақ совет әдебиетінің көш басшыларына шүйлікті.

«Идеология майданын, әсіресе әдебиетімізді зиянды әрекеттерден тазарту аса қажетті мәселе қазір барынша батыл қойылып отыр. Буржуазиялық ұлтшылдық тарихи прогреске, халқымыздың өткендегі тарихына қарама-қарсы» – деп бастаған өз сөзін М.Әуезов әрі қарай «панисламистер мен пантюркистерден бастап, алашордашыларға дейінгі ұлтшылдар тарихи процеске улы зардабын тигізумен болды. Қазіргі совет жағдайындағы ұлтшылдар да сол жат идеяны бүркемелеп өткізуге тырысып бақты. Ұлтшылдықтың бір түрі өткен заманда болған кейбір тарихи адамдарды халық қамын жеген патриот етіп көрсетуде» – деп сабақтады. Дәлелге «орыс халқына жаны қас болған, панисламист ақын Ақан серінің өмірінен алынған» Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері–Ақтоқты» пьесасын келтірген.

Жиналыстың соңында сөз алған Ғ.Мұстафин де партия қаулысына орай бірсыпыра ақын-жазушыларды, әдебиетші ғалымдарды сынап өткен. Мысалы, С.Мұқановты «Оның «Мырзабек», «Қызыл әйнек», «Жайлау» тәрізді идеялық жағынан қоқыс шығармаларын атаған күннің өзінде ол «Балуан Шолақ», «XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихының очерктері» деген кітаптарында, оқу құралдарында тағы да идеялық қателерге ұшырады. С.Мұқанов «Сырдария», «Менің мектептерім» тәрізді шығармаларында схематизмге, натурализмге ұрынды» («Әдебиет және искусство», 1951, №9, 78-бет) – деп, бас баяндамашы Жазушылар Одағының басшысының өзін «сойып салды».

Жазушылардың қалалық жиналысы қазақ әдебиетіндегі ұлтшылдық пен идеологиялық бұрмалаушылықты біржолата жоюдың, сөйтіп партияның әдебиет мәселелері жөніндегі нұсқауларын жүзеге асырудың нақтылы шараларын белгілеген қаулы қабылдады.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті 1951 жылдың 28-ші тамызы күні «Бастауыш және орта мектептерге арналған қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарындағы өрескел қателіктер мен кемшіліктер туралы» мәселе қарады. Мұнда партия қаулылары жүзеге асырудағы Қазақ

ССР Оқу министрлігінің және оқу-педагогикалық баспаның жұмыстарын қанағаттанғысыз деп тапты. Оқу министрлігі дайындап, баспа шығарған оқулықтарда, емтихан билеттерінде буржуазиялық-ұлтшылдық идеялар, феодалдық-байшылдық дәуірді дәріптеушілік орын алып келеді. 1951 жылы шыққан 10-класқа арналған қазақ әдебиеті оқулығында Кенесарының феодалдық-монархиялық қозғалысын идеалдандырған жерлер (А.Тоқмағамбетовтің «Бұхарбай батыр» поэмасы) жыртып алынды. Министрлік және баспа басшыларының өз жұмыстарына жауапсыз қарауының, саяси қырағылығы әлсіреуінің салдарынан осы оқулықта М.Хакімжанованың «Мәншүк», Ғ.Мүсіреповтің «Шұғыла», Ж.Сыздықовтың «Әли қарт», С.Мұқановтың «Мырзабек» және «Балуан Шолақ» сияқты саяси жағынан зиянды шығармалары орын алған. Оқулық авторлары Х.Жұмалиев, Қ.Бекхожин, т.б. ұлтшылдық бағыттағы қателіктерді ұдайы жіберіп келеді деген сияқты кемшіліктер көрсетілді. Жұмыста жіберген осындай қателіктері үшін баспа директоры Ә.Сәрсенбаев орнынан алынған.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі И.Храмковтың «Қазақстан әдебиеті жоғары идеялы болсын» («Социалистік Қазақстан», 19.IX.1951) атты мақаласы сол кездің стандартына сай жазылған. Алдымен, партия қаулыларының маңызына, қазақ кеңес әдебиетінің жетістіктеріне тоқтала келіп, әдебиет майданындағы «кемшіліктерге» қарай ат басын бұрады. «Кейбір жазушылар мен әдебиет зерттеушілері де Кенесары Қасымовтың көтерілісіне ұлтшылдық көзбен қарауда аулақ болмаған» – дей келіп, «Көркем әдебиетте Қазақстан тарихын өрескел бұрмалаушылардың бірі Е.Исмаилов болды. Ақын Бекхожин де өзінің бірқатар поэмаларында Кенесарыны мадақтаумен болды. Ол «Әдебиет және искусство» журналында «Қазақ әдебиетіндегі Кенесары мен Наурызбайдың бейнелері» деген үлкен мақала жазып, бұл сұлтандар мен олардың өнерлерін дәріптеді, оларға Нысанбай Досқожа сияқты және басқа реакцияшыл ақындардың теңеулерін тақты. М.Әуезовтің редакторлығымен шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томында да өрескел қате жіберілді», – деп, негізгі кемшіліктерді бір түйіп тастады. «Е.Исмаилов «Әдебиет және искусство» журналының бетінде Кенесарының қолшоқпары Ағыбайды жырлаған Иса Байзақов шығармаларының жинағы туралы мақала басқан. Бұл журналда реакцияшыл ақын, панисламист Мақыш Қалтаев туралы Б.Кенжебаевтың мақаласы басылды. Осындай зиянды мақаланы жариялаудағы сылтау сол – бұл ақын мектеп програмаларында болып келген. Реакцияшыл ақынды дәріптегенше, жарамсыз программаны сынау әлдеқайда пайдалы болар еді» – деп, тағы бір қойды.

Көлемді мақалада С.Мұқановтың «Сырдария», С.Бегалиннің «Көксегеннің көргендері», Қ.Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы», Ә.Әбішевтің «Сахара сәулеті» туындылары, сондай-ақ Қ.Аманжоловтың, Ә.Тәжібаевтың, т.б. шығармашылықтары ұлтшылдық-буржуазияшылдық тұрғысынан сынға алынған. Ауыл өміріне арналған С.Мұқановтың «Сырдария» романына «совет адамдарының жаңа қасиеттерін көрмей, патриархалдық-феодалдық дағдыларды, ырымдарды, тұрмыстағы ескі салттарды суреттеумен шұғылданған. Романда канал қазушылардың шабыттты социалистік еңбектері ашып көрсетілмейді, қуатты экскваторлардың, жалпы жаңа техниканың жұмыстары схемамен әлсіз жазылған. Сырбайды ескі ұғымның шырмауынан шықпаған мешеу адам қылып көрсетеді... Полевойды қазақ халқының досы деп суреттеп, оның қазақша отырысын, етті көп жеуін ерекше сүйсініп суреттейді. Полевой қымызды іше-іше беті қошқылданып кетеді. Ол өзбек қызына үйленіп, әйелінің ескілік әдеттеріне төзеді. Қарт большевик Полевойдың пәтерінде әйелдер бөлек ішкергі пәтерде отырады. Оған еркектердің баруына болмайды. Бұл хандық салтты С.Мұқановтың Полевойға таңуы қиянат», – деген міндер тағады.

Осыған дейінгі сын мақалаларда ақын-жазушылар негізінен тарихи тақырыпта жазғандығы үшін сынанып келсе, республикалық үгіт-насихаттың басшысы ендігі жерде бүгінгі күнге арналып жазылған шығармалардағы ұлтшылдыққа, ескіліктің қалдықтарына, яғни ұлттық әдет-ғұрыптарды суреттеудің коммунистік рухтағы тәрбиеге зиянды екендігіне назар аударған. Осы тұрғыдан Қ.Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» деген поэмасында халықтар достығы өрескел ұлтшылдық тұрғыдан жазылды» – деп, қазақ арасында өскен орыс қызының қазақтың тілін, ғұрпын білуінен, мұсылман дініне өтуінен, қазақ Дүйсенге ғашық болуынан қазақ ұлтшылдығын көреді. Н.Баймұхаметов, Х.Бекхожин, Қ.Аманжолов «өздерінің өлеңдерінде Қазақстанды Отанымыздан бөліп алады, ұлттық шеңберде алды» – деп, айып талады. «С.Бегалиннің «Көксегеннің көргендері» повесінде колхоз өмірі теріс суреттелген» – деген пікіріне колхоздың

артта қалуы, соқамен жер жыртуы, нашар тұрмыс суреттеліп, жаңа техниканың, шалқыған өмірдің көрінбеуі негіз болған.

А.И.Храмков «кемшіліктерді» әшкерелеудің қызығына түсіп кеткендігі соншалық, көркем туындылардың тілінен де «ұлтшылдық» табады: «Х.Бекхожин «Мәриям Жагорқызы» деген поэмасында лексиконнан әлдеқашан шығып қалған «қара шекпен» деген сияқты ескірген сөзді қолданбай кете алған жоқ. «Қаныш Сәтбаев» деген очеркінде неге екені белгісіз, қазақ оқушыларына танымал «интеллигент» деген сөзді «зиялы» деген сөзбен ауыстырған». Бұл сөздердің уақыт тезінен өтіп, бүгінгі күні кеңінен қолданылып жүргені мәлім.

Ұлтшылдықты көркем шығарманың тақырыбынан немесе, идеясынан ғана емес, оның тілінен де іздеу әрекеті бұдан бұрын да байқалған болатын. М.Сәрсекеевтің «Әдеби тілдің таза болуы үшін күресейік» («Лениншіл жас», 26.1.1951) атты мақаласында бірсыпыра қазақ қаламгерлері тілді қолдануға байланысты сыналған еді. «Ұлтшылдардың орыс мәдениетінен, әдебиетінен бойларын аулақ ұстап, араб-парсы сөздерін құлшылық етуі қазақ әдебиетіне көп залалын тигізді... Бірсыпыра ақын-жазушыларымыз әлі күнге дейін термин сөздерден бойларын аулақ ұстап, қайтсе де қазақшалаудың соңында жүр. Олар ескі, көне сөздерге, көбіне араб-парсы сөздеріне көп жармасады» – деп білетін автор Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағамбетов, Ғ.Сланов сияқты жазушылардың Россияны «Ресей», Москваны «Мәскеу» деп қазақшалағанын, Ғ.Мұстафиннің философияны «пәлсапа», пианиноны «күйсандық», І.Есенберлин мен Д.Әбіловтің паравозды «отарба», Ғ.Слановтың комендантты «қорғанбек», Ж.Тілековтің барлаушыны «жортарман» деп алуын қолдамайды.

Қасым, Сырбай, Қуандық сияқты ақындардың өлеңдерін оқығанда, «көз алдына ескінің еңсесі басылған елесі келе береді.

Оның себебін «Бұлардың өлеңдерінде Шортанбай, Нармамбет тәрізді кертартпа ақындар сүйіп қолданған «Сарыарқа», «арқа», «сахара» сықылды сөздер мен «жазира», «дарига», «дульға», «әруак», «тәж», «хан», «патша», тағы басқа көне сөздер жиі кездесетіндіктен» – деп, түсіндіреді. Қ.Шаңғытбаевтың «шамдал», «лала», «зафира», «тантана», «феруза», «зіл-зала», «зүбәржат», Ә.Тәжібаевтың «пір», «тамұқ», «тауап», Қ.Бекхожиннің «сәжда», «сопы», «дозақ», «пейіш», «әруак», «махраб» сияқты сөздерді қолдануынан ескішілдіктің, ұлтшылдықтың белгілерін көріп, «тіл тазалығы үшін», яғни тілімізге кіріп жатқан шығыс сөздеріне қарсы күреске шақырады.

Кенесары туралы, қазақ әдебиетіндегі ұлтшылдыққа, «буржуазиялық бұрмалаушылыққа қарсы күрес» қызып жатқан кез сол жылдың 16–17 қазан күндері Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумы болып, онда оның бірінші хатшысы Ж.Шаяхметов «Республиканың партия ұйымдарында идеологиялық жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» баяндама жасады. Енді бүкіл соғыстан кейінгі елуінші жылдардың бас кезіндегі республика өмірінің саяси-әлеуметтік жағдайындағы идеологиялық жұмыстардың бағыт-бағдары, сыр-сипаты айқын көрінетін, сол кездегі қазақ зиялыларының (оның ішінде ақын-жазушылар да, әдебиетші ғалымдар да бар), ауыр тағдырларына тікелей қатысы болған, бұл күндерде сарғайған тарихи құжатқа айналған Ж.Шаяхметовтің баяндамасына көз жіберейік.

БК(б)П Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелері жөніндегі қаулы-қарарлары, «Сталин жолдастың нұсқаулары», «Правда» газетінің 1950 жылғы 26 желтоқсанда жарияланған «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақаласы басшылыққа алына отырып жасалынған баяндамада республикадағы идеологиялық жұмыстарға партиялық тұрғыдан жан-жақты талдаулар жасалынған. Сол кездегі идеологиялық өмірдің басты мәселесі туралы «барлық тарихи мәліметтер Кенесары қозғалысының революциялық та, прогрестік те болмағанын көрсетеді. Бұл қазақ халқы кері тартқан, патриархтық-феодалдық негіздерді нығайтуға, орта ғасырлық хандықты қайта орнатуға, Қазақстанды Россиядан және ұлы орыс халқынан бөлектеуге тырысқан реакциялық қозғалыс болды» («Әдебиет және искусство», 1951, №10, 4-бет) – деп, мәлімдеді, Алайда, идеологиялық жұмыстардың нашар жүргізілуі салдарынан Кенесарының реакциялық қозғалысы осы уақытқа дейін дәріптеліп келді. «Партиямыздың Орталық органы «Правда» газеті 1950 жылғы 26 декабрьде «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақала жариялап, Е.Бекмахановтың буржуазиялық-ұлтшылдық концепциясын әшкерелеуде біздің республикалық партия ұйымына көмектесті» – деп, «Правдаға» ризашылығын білдірді.

Ары қарай Кенесары қозғалысына байланысты қазақ әдебиеті мен оның тарихын зерттеу істерінде жіберілген «кемшіліктерге» тоқталған:

«Қазақтың буржуазиялық ұлтшылдары халықтың әділетті даусын барынша өшіріп, Кенесары Қасымовты қазақ халқының «көсемі» деп дәріптеді, оның төңірегіндегі ақындарды халық өкілдері деп көрсетті»;

«1940 жылдың аяғында жазылып біткен «Кенесары Қасымовтың қазақ халқын азат ету жолындағы күресі туралы» деген монографиясында Е.Исмаилов Кенесарыны қазақ еңбекшілерінің орыс патша үкіметіне қарсы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі деп дәлелдеуге тырысып, Кенесарының қырғыз халқына шабуылын ақтағысы келді. Исмаилов өзінің осы ұлтшылдық қатесін 1948 жылы «Қазақ әдебиеті тарихының» 1 томында да қайталады»;

«Қалижан Бекхожин «Батыр Науан» деген поэма жазды. Бұл поэмасында Кенесарының інісі қарақшы Наурызбайды халық батыры деп көрсетті. Ұлы Отан соғысы жылдарында жазған өлеңдерінде ол қазақ жауынгеріне Кенесарыны еске түсіруді, қазақ халқын қан қақсатқан осы қанішер жендеттей болуды тапсырды».

«М.Әуезов отызыншы жылдардың өзінде «Хан Кене» деген ұлтшылдық пьесасында Кенесары Қасымовты және оның қозғалысын жақтады. М.Әуезовтің 1949 жылы «Әдебиет және искусство» журналында басылған «Ақындар ағасы» деген жаңа романында да Кенесары Қасымовтың өз басын біраз дәріптегендік болды»;

«С.Мұқанов 1923 жылы «Жайлауда» деген поэмасында Кенесары мен Наурызбайды «өткен заманның батырлары», «қазақ халқының сүйікті және зор құрметті батырлары» деп атады. С.Мұқанов Кенесары қозғалысын 1942 жылы шыққан «Балуан Шолақ» деген повесінде де дәріптейді»;

«Кейбір ақындар өздерінің Отан соғысы тақырыбына жазылған шығармаларында ержүрек совет жауынгерлерін Кенесары ханға және оның інісі Наурызбайға теңеді. 1943 жылы «Біздің Мәлік» деген жинақта басылған «Батыр Мәлік» деген мақаласында Х.Жұмалиев Мәлік Ғабдуллиннің батырлығын халықтарды тұншықтырушы Едігенің, реакцияшыл Кенесары ханның және басқаларының қарақшылық зорлықтарынан туғызады».

«Қазақстанның кейбір жазушылары өздерінің шығармаларында халықтар достығын теріс баяндап, өрескел қателерге жол берді. Қ.Әбдіқадыров мақта өсіруші атақты звеношы Рысқұл Махатоваға арнаған «Келес қызы» деген повесінде қазақтар мен өзбектердің достық қатынасын өрескел бұрмалап көрсетеді»;

«С.Мұқановтың «Сырдария» романында да елеулі кемшіліктер бар. Жазушы өткен заманның патриархтық-феодалдық қалдықтарын суреттеуге өте әуестеніп, қазіргі адамдардың социалистік егін даласы еңбекшілерінің жаңа коммунистік сипаттарын суреттеуге құнды және көркем сөздер таппайды»;

«Қ.Аманжолов «Дауыл» деген өлеңдер жинағында қайдағы бір ежелден келе жатқан, жапа-жалғыз Қазақстанды жырлады. Ол Қазақстанды «ата-бабаларының жері» деп сүйеді. Ол үшін Қазақстан «жер мен көктің бірден бір жұмағы», ал Ертіс өзені – «бостандықтың бесігі»;

«Ә.Тәжібаев «Жас қазақ» деген өлеңінде елеулі ұлтшылдық қате жіберді. Ақын Қ.Бекхожин «Мария Жагорқызы» деген поэмасында халықтар достығы туралы маңызды тақырыптағы тарихи шындықты бұрмалайтын өрескел қателерге жол берді».

С.Бегалиннің «Көксегеннің көргендері», Ә.Әбішевтің «Сахара сәулеті» де осы тұрғыдан сыналды.

Оқулықтарда да оның авторлары «халқымызға жат буржуазиялық-ұлтшылдық көзқарастарды өткізіп келгендігін» атап айтып, «Оқу министрлігі қателер жіберілген барлық осы кітаптары мен программаларын негізінен өңдеп, қайтадан бастыруға тиіс, сөйтіп оқу кітаптарымызды жасөспірім ұрпаққа коммунистік тәрбие беру ісіне зиян келтіретін барлық қателерден тазартуға тиістігін» ескертті.

Баяндамашы театр, кино, сурет, ән өнері салаларындағы «кемшіліктерге» де тоқтала келіп, осылардың барлығы идеологиялық жұмыстардың өз дәрежесінде жүргізілмей отырғандығынан, партия ұйымдарының жеткілікті көңіл бөлмей келгендігінен деп көрсетті; бұларға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросын, оның бірінші секретары өзін кінәлі санады. «Мен 1944 жылы Амангелді Имановтың қайтыс болуына 25 жыл толуына арналған «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған мақалада елеулі саяси қате жібердім. Қазақ жауынгерлерін

неміс-фашистерге қарсы күресуге шақыра отырып, мен оларды өздерінің даңқты бабаларына лайықты болуға шақырдым, сөйтіп, Сырымның, Исатайдың, Махамбеттің, Амангелдінің есімдерімен қатар Абылайдың, Кенесары мен Наурызбайдың аттарын да атадым. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясында 1944 жылы апрельде жасаған баяндамасында Оңдасынов жолдас та осындай қате жіберді. Орталық Комитеттің насихат және үгіт мәселелерін басқаратын секретары Омаров жолдастың идеологиялық жұмыспен шұғылдануы қанағаттанғысыз болды, буржуазиялық-ұлтшылдық сипаттағы қателерді дер кезінде аша білмеді және ол қателерді Орталық Комитет бюросының талқылауына салмады. «Қазақ ССР тарихының» екінші басылуының бас редакторының бірі бола отырып, Омаров жолдас Бекмахановтың қателері туралы дабылдарға құлақ қоймады және «Қазақ ССР тарихының» Кенесары Қасымовтың қозғалысы туралы тарауын жазуды соның өзіне тапсырды» – деп, басшылардың өзін-өзі сынау үлгісін көрсетті.

Қазақ әдебиетінде, оның ғылымында Кенесары қозғалысына байланысты «ұлтшылдық», «буржуазиялық» бұрмалаушылықтардың орын алуына Қазақ ССР Ғылым Академиясының президиумы, оның президенті Қ.Сәтбаев және Қазақстан Жазушылар одағының басшылығы айыпты деп тапты. «Қазақстан Совет Жазушылары Одағының президиумы, оның председатели Мұқанов жолдас өз жұмыстарының тиісті дәрежесінде бола алмады. Мұқанов жолдас жазушылар ортасында большевиктік сын мен өзара сынды бастамай отыр. Жазушылар Одағының принципі творчестволық сын мен өзара сынның орнына тамыр-таныстық қатынастар, қателер мен кемшіліктерді бүркеу орнаған. Осындай кеселді системаның салдарынан жазушылардың шығармалары талқыланбайды, қазақ әдебиетін дамытудың өмірлік маңызды мәселелері дер кезінде көтерілмейді» – деп, Жазушылар Одағының, оның басшысы С.Мұқановтың басшылық жұмыстарын жоққа шығарды.

Осы салада істелініп жатқан шараларды «жіберілген елеулі қателер мен бұрмалаушылықтарды түзеу жөніндегі істелуге тиісті зор жұмыстың тек бастамасы ғана деп санау керек», «БК(б)П-ның жауынгер отрядтарының бірі – Қазақстан партия ұйымы берік және біртұтас ұйым. Ол идеологиялық майданда жіберген елеулі қателерін БК(б)П Орталық Комитетінің басшылығымен ақырына дейін түзей алады» – деп, жоғары партия басшылығын сендірді. Демек, бұл Кенесары қозғалысына байланысты қазақ әдебиеті мен тарих ғылымында орын алған «ұлтшылдық» пен «буржуазиялық бұрмалаушылықтарға» қарсы күрес одан әрі өріс алып күшейе түсуі тиіс деген сөз еді.

«Қазақ мемлекеттік университетінің басшылығы істеген кемшіліктер мен қателіктер айырықша көзге түседі. Кенесары Қасымов қозғалысы туралы Бекмахановтың буржуазиялық-ұлтшылдық концепциясын әшкерелеген жұртшылық пен баспасөздің дабылына қарамастан университеттің ректоры Тәжібаев жолдас Бекмахановты өзінің қолтығына алды. Университетте оқытушылар мен студенттер арасындағы саяси тәрбие жұмысы бетімен жіберілген. Университет басшылары оқытушыларды іріктеп алуға әрқашан мұқият қараған жоқ, соның салдарынан кейбір оқытушылар өз орнына сай болмай шықты», – дегенді республика басшысы тектен-текке айта салған жоқ-ты. Көп ұзамай-ақ Бекмаханов партия қатарынан шығарылып, университеттегі жұмысынан қуылды. Енді бұрынғы бұрынғы ма, «ұлтшылдық-ты, буржуазияшылдықты әшкерелеу» ресмилік сипат алып, қарқынға қарқын қосып, қазақ зиялыларын саяси тұрғыдан жаппай қуғындауға ұласты.

Елуінші жылдардың бас кезінде қазақ зиялыларына қарсы жүргізілген саяси науқанда сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовтің рөлі жайында жазушы Ғ.Мұстафин кейіннен «Шаяхметов жолдасқа жазушылардың тарқамайтын өкпесі бар. Ол кісі халқымыз сүйген жас әдебиетті сүйе білмеді. Егер сүйе білсе, пәлен жыл басшылықта отырғанда, айтарлық бірдеме істей де білер еді. Тұқыруды ғана білді...

Олар әдебиетті тек әкімшілік жолмен басқаратынын, әдебиеттің теорияларын зерттейтінін Кенесары мәселесінде тіпті айқын көрсетті. Кенесары жайында халық пікірі ертеден екі ұдайы болатын. Шаяхметов жолдас газет бетінде Кенесарыны тіпті ұранға қосқан соң, жұртшылық партия пікірі екен деп қалды. Әдебиеттің барлық салаларында Кенесары тіріліп, түрегелді. Қателеспеген әдебиетші кемде-кем. Біреу аз, біреу көп қателесті... Шаяхметов... ақыры айыпты басқаларға аударып, өзі шілдің бұққанындай бұға қалды (Қазақ әдебиетінің жәйі және міндеттері. «Әдебиет және искусство», 1954, №10) – деп жазуында да ащы шындықтың

сарғайған сілемдері көрінеді. Соғыстан кейінгі қиын кезде республика басшысы болған (1946–1954) Ж.Шаяхметовтің Сталиндік саясаттың жүргізушісі болғаны да рас. Түрлі қаулы-қарарлар шығарып, жоғарыдан жел беріп отырған Мәскеудің нұсқауларын орындамау сол кезде қалыптасқан саяси ахуалда мүмкін емес, ол республика басшысы үшін міндетті болатын. Ж.Шаяхметов те өз қызметінің міндеттерін заманына лайықты орындауға тырысты. Өзіне жүктелген қызметті орындау барысында жоғары жақтың қаһарынан қорыққан ол пленумда өзін-өзі сынауға дейін барды. Соның өзінде де «Правда» газетінде (20.X.1951) басылған есептік мақалада Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің осы пленумның жұмысына қанағаттанбағандық сынай танытқан. Мақалада пленумда сөйлеген Қостанай және Семей облыстық партия комитетінің хатшылары Жанбаев пен Мельниктің сөздерінен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының, оның хатшыларының жұмысын сынап сөйлеген жерлері ғана келтірілген.

Жанбаев «Идеологиялық бұрмалаушылықтарға Орталық Комитеттің бюро мүшелері және секретарлары, ең алдымен, Шаяхметов және Омаров жолдастар жауапты. Олар Ғылым Академиясының, Жазушылар Одағының жұмысындағы кемшіліктерге төзіп келді, жеке тарихшылар мен әдебиетшілердің еңбектеріндегі бұрмалаушылықтар туралы мәселені көптеп көтерген коммунистердің, алдыңғы қатарлы ғалымдардың дауысына құлақ қоймады» десе, Мельник Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бюросы Қазақстанның тарихын баяндаудағы өрескел бұрмалаушылықтар туралы Орталық баспасөздің мақалаларынан өте кеш қорытынды шығарды деп айыптайды. Ал «Казakhstanская правда» газетінің редакторы Никитин Қазақстанның тарих ғылымындағы ұлтшылдық бұрмалаушылықтарды әшкерелейтін материалдар редакцияда көптен бері болып келгенін, редакция бұл материалдарды басуға ұйғарғанын, бірақ Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы І.Омаровтың бұған тыйым салғанын жұрттың алдында мәлімдегеніне «Правда» газеті назар аударған.

«Правда» газеті пленумда сөз алған І.Омаровтың сөзіне де қанағаттанбағандық білдірген: «Қазақстан БК(б)П Орталық Комитетінің секретары Омаров жолдас идеологиялық жұмысқа басшылық етудегі өзінің қателері мен кемшіліктерін мойындай тұрса да мұнымен бірге өзін ақтау үшін нанымдылығы жеткіліксіз дәлелдер келтіруге тырысты». Осы сияқты Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті Қ.Сәтбаевтың, Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Т.Тәжібаевтың пленумда сөйлеген сөздеріне де көңіл толмағандығын айтқан. Бұл екеуі де қазақ зиялыларының ұлтшылдығын әшкерелемеді деп сыналды. Мақала авторы тіпті Сәтбаевты «1927 жылдың өзінде антмаркстік кітапсымақ шығарғанын, онда халықты қан қақсатқан әйгілі жендет Алтынорда ханы Едігені дәріптегенін соңғы кезге дейін жасырып келген» – деп, айыптауға дейін барған. Т.Тәжібаев туралы «Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Тәжібаев жолдасының пленумдағы сөзі жұртты таңдандырды. Ол қазір де әшкереленген буржуазиялық ұлтшылдарды аянбай қорғаушылардың бірі болды, оларды университеттің кафедраларында оқытушы етіп орналастырды, ал Бекмахановқа идея жағынан қарсы адамдарды университеттен қуды, сынға қатты қысым жасады. Пленумда Тәжібаев жолдас өзінің қателерін жұқалап қана айтты. Мұның орнына ол партия орындарының университет жұмысындағы кемшіліктерді ашуына көмектескен коммунистерді кінәлады» деген жолдарды оқимыз.

Артынша-ақ Қазақстан Лениншіл Коммунистік Жастар одағының II пленумы «Қазақстан БК(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумы және бұл пленумның қарарын жүзеге асыруда республика комсомол ұйымдарының міндеттері туралы» мәселе қарады. Пленум идеологиялық жұмыстарда, әсіресе әдебиет пен өнерде, тарих саласында елеулі саяси қателіктер, ұлтшылдық, буржуазиялық бұрмалаушылықтар бар екендігін көрсетіп, бар күш-жігерді соларды жоюға үндеді.

Осындай кемшіліктерге қарсы жазылған «Кейбір жас ақындардың өлеңдеріндегі бұрмалаушылықтар мен қателіктер туралы» («Лениншіл жас», 25.XI.1951) атты мақала осы пленум нұсқауларын жүзеге асыру мақсатында жазылған. «Совет Одағы халықтарының сталиндік достығын, пролетарлық интернационализм идеяларын жырлауда Қазақстанның кейбір жас ақындарының творчествосында да елеулі идеологиялық қателіктер болып келді» – деген жолдармен бастаған автор Қ.Шаңғытбаев, Ф.Дінісламов, С.Адамбеков, Т.Әлімқұлов, Қ.Боранбаев сияқты жастардың шығармаларына партиялық принцип тұрғысынан көз жіберіп, бірсыпыра сындар айтқан. Мысалы, Қ.Шаңғытбаевтың «Ар» атты жинағына «совет ха-

лықтарының мызғымас достығын, моральдық саяси бірлігін жырлаудың орнына ұлттық шеңберден шыға алмай, ұлтшылдық сарынға бой ұрады», «Совет халқын қаһармандық күреске көтерген, жеңіске бастаған коммунистік партиямыз туралы, барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы кемеңгер қолбасшымыз Сталин туралы бұл жинақта бірде-бір өлең жоқ, тіпті олардың аттары да аталмайды» – деген міндер тағады. Жинаққа жазған алғысөзінде М.Әуезов «жас ақынды жер-көкке сиғызбай мақтады», «осындай жауапсыз сөзі, жас ақынның кемшіліктерін көрсетпеуі Шаңғытбаевты елеулі қателіктерге әкеліп соқты» – деп, біреудің қатесін біреуден, яғни ақын Шаңғытбаевтың «қателіктерін» М.Әуезовтен көрді.

Жалпы, отыз жетінің ойраны кезіндегідей, елуінші жылдардың басындағы саяси науқан тұсында да «ұлтшылдықты», «буржуазиялық бұрмалаушылықты» әшкерелеп жазылған мақалалардың барлығында дерлік М.Әуезовке соқпай кетпейтін. Ұлтшылдықпен бұрыннан атышулы Әуезовсіз сынның сәні келмейтіндей көрінетін. Жиырмасыншы, отызыншы жылдардағыдай соғыстан кейінгі кезеңдерде де М.Әуезов «ұлтшылдардың» көш бастаушысы болды. 1946, 1947 жылдары қабылданған партия қаулыларын орындауға байланысты қайтадан өріс алған «ескішілдікке», «буржуазиялық бұрмалаушылықтарға қарсы жазылған мақалаларда, сөйлеген сөздерде М.Әуезовтің аты аталмай қалған кезі жоқ; бұл үйреншікті, қалыпты жәйттей көрінетін. Тіпті 1942 жылы шыққан «Абай» романының бірінші томының өзін»ескілікті дәріптейді» деп бағалаған «қызылкөз саясат» М.Әуезовті аңдуын соғыстан кейін тағы да күшейте түскендей еді.

Әуезовті «ұлтшылсың» деп, оқта-текте тұқыртып, «тәубесіне келтіріп қоятын сондай мақалалардың бірі 1947 жылдың 14 наурызы күні «Социалистік Қазақстан газетінде жарияланған «Профессор М.Әуезов өткендегі қателердің шырғауында» болды. Мұнда М.Әуезовтің бүкіл ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық еңбегі «буржуазиялық бұрмалаушылықтармен» айыпталып, жокқа шығарылған-тұғын. Ал елуінші жылдары М.Әуезовті «әшкерелеу» жаңа сатыға көтерілді. Енді М.Әуезов туралы осы кезде айтылған пікірлерге құлақ салайық:

«Профессор М.Әуезов 1940 жылы басылып шыққан Абайдың «Толық жинағына» жазған мақаласында да Абайдың ақындық мектебі туралы алғашқы әлсіз, ғылыми теріс пікірлерін қайталайды. Абайдың ақындық мектебін, ақын шәкірттерін тануда 1933 жылдан бері қарай жүйелі түрде айтылып келе жатқан М.Әуезовтің қате пікірі бірсыпыра әдебиет зерттеушілердің бұл мәселеде теріс жолға түсуіне, қате жіберушілігіне мұрындық болып келеді» (Б.Сахариев. Абай шәкірттері дегендер кімдер? «Лениншіл жас», 15.VI.1951).

«Қазақ әдебиеті тарихының» екі томында рушыл-феодалдық ескі өмір дәріптелсе, Абай шәкірттері деген мәселенің төңірегінде ескілік дәріптелсе, ескілікті дәріптейтін бірнеше ғылыми диссертациялар мақталса, осылардың басында жолдас Әуезов отырса, бұлай ойла-сын, ойламасын, мұның аты ұлтшылдық, бұрмалаушылық, ал мына аталған залалды шығармалар халқымыздың, әсіресе жастардың сана-сезімін улайды...

«Қазақстан БК(б)П Орталық Комитетінің тілі «Социалистік Қазақстан» газетінің 1947 жылғы 14 марттағы 52-санында С.Бәйішев жолдас «Профессор М.Әуезов өткендегі қателіктерінің шырғауында» деген атпен мақала жазып, Әуезовтің 1932 жылы басынан кешкен саяси қателігін баспасөз бетінде мойнына алғаннан кейін де ескі қателіктерінен шырмалып шыға алмай жүргені талассыз документтермен дәлелденді.

Біз Әуезов жолдасты да, оны бұл мәселеде қолдаушыларды да қателігін большевикше мойындап түзетудің шарасын қарастыруға шақырамыз» (С.Мұқанов. Абайдың шәкірттері туралы. «Әдебиет және искусство», 1951, №7, 75-бет).

«Накануне и в момент Октябрьской Социалистической революции был одним из редакторов буржуазно-националистического журнала «Абай». Бурная деятельность М.Ауэзова в этом журнале связала его судьбу с судьбой контрреволюционной партии «Алаш».

После установления советской власти некоторые члены этой группы, в том числе и М.Ауэзов, вели подрывную работу в области художественной литературы и литературоведения. Они идеализировали старину, восхваляли главарей алаш-орды.

Клеветали на советскую действительность, проповедывали ненависть к великому русскому народу и доходили до прямых выпадов против советской власти. Идейным лозунгом этих алаш-ординцев стал пантюркизм и панисламизм.

Занимаясь историей казахской литературы, М.Ауэзов, с целью пропаганды вражды к русскому народу и ненависти ко всему новому революционному в жизни Советского Казахстана,

встал на путь пропаганды творчества некоторых реакционных акынов, выступающих против связи казахов с русским народом, а также фальсификации казахского эпоса и творчества Абая. В этот период М.Ауэзов выдвинул свою пресловутую «концепцию» о литературной «школе» Абая, а также контрреволюционную «теорию» «зарзаман» (эпоха скорби). Согласно той «теории», произведения реакционных акынов второй половины XIX в. выдавались за казахскую народную литературу, выраженную «скорь» народа якобы в связи с русским засильем...

Поэтому необходимо вести решительную борьбу не только против отдельных извращений в абаеведении, допускаемых Ауэзовым, но и главным образом, против буржуазно-националистической идеологии на основе которой Ауэзов строит свои литературоведческие выводы...

На страницах республиканской печати была уже осуждена «теория» М.Ауэзова о том, что русские слова портят казахский литературный язык и что вошедшие в него слова будто бы надо употреблять в искаженном виде. Характерно, что и это утверждение М.Ауэзова имеет корни в его прошлом. Еще в 1918 г. в журнале «Абай», редактируемом М.Ауэзовым, утверждалось, что если русские слова придут в казахский язык, то пусть они приходят в казахском тумаке (старинный национальный головной убор казахов), т.е. принимая искаженную форму» (С.Нурушев. До конца искоренить буржуазно-националистические извращения. «Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабаршысы», 1953, №4).

Осы кезде «Казахстанская правда» газеті М.Әуезов туралы редакциялық мақала жазып, онда алғашқы кітаптары оқырманнар тарапынан жақсы бағаланып, одақтық мемлекеттік сыйлық алып үлгерген «Абай» романын бастан-аяқ түгін қалдырмай қаралап шықты:

«Основной недостаток романа состоит в том, что М.Ауэзов не правильно подходит к раскрытию образа центрального героя – Абая... Учителем и вдохновителем Абая выводится реакционный поэт Дулат, которого как известно, осуждал сам Абай. В замаскированной форме автор пытается изобразить в качестве положительных героев, якобы оказавших влияние Абаю, презренных предателей казахского народа, последствия ставших матерши буржуазными националистами. В частности, идеализируется враг народа Туралы, который являясь крупным феодалом, упорно боролся против советской власти.»

«М.Ауэзов не находит ярких красок для создания образов передовых русских людей, с которым общался Абай. Они обезличены не отражают лучшие черты русского народа. Вместе живых народов в романе действует ходульные, немощные фигуры, в уста которых вложены пространные декларации. Таков Михайлов, таков и Андреев – первый руководитель Абая в «русской науке».

«Одновременно автор уклонился от разоблачения реакционного характера патриотизма и панисламизма... следствия этого является идеализация феодально-родовой старины, сглаживание классовых противоречий в казахском дореволюционном ауле. Обратимся к первой книге романа «Абай». Здесь отсутствуют широкий показ казахского аула – того аула, где трудовой народ был обречен на жестокую эксплуатацию и несправедливость. Зато ярко показано знанье. Автор не жалеет красок на описание ее богатства и изобилия, на изображения быта хозяев степи.»

«С большой симпатией и любованием описываются в книге феодально-патриархальные порядки и обычаи. Идеализирует феодально-патриархальную старину М.Ауэзов и во второй книге. Проявляется этого главным образом в сценах изображающих жизнь на джайляу, свадебные обряды, охоту с беркутом. Особое предпочтение автор отдаст аристократической молодежи, описание которой занимает многие страницы... Сосредоточив свое внимание на обитателях байских юрт, М.Ауэзов игнорирует трудовой народ. Образом феодалов не противопоставлена ни одна сильная фигура из народа».

«В романе затуманена классовая дифференциация казахского аула, не показывая борьбу эксплуатируемых масс против «своих» феодалов, что особенно характерно для первой и второй книг... Борьба идет не между бедными и богатыми, а между родами» (По поводу романа «Путь Абая». «Казахстанская правда», 21.VI.1953).

Қазақ эпосының зерттелу жай-күйін әнгімелеген мақаласында М.Ғабдуллин де М.Әуезовтің осы саладағы еңбектерін сынап өтті:

«В своих трудах М.Ауэзов открыто пропагандировал антирусские реакционно-пантюркистские и буржуазно-националистические взгляды на казахский эпос, идеализировал патриархальное

прошлое казахского народа... Таким образом, М.Ауэзов прямо призывал казахскую молодежь следовать примерам эпических батыров и быть националистами.

В статье «Кобланды батыр» М.Ауэзов идеализировал антинародный и реакционный вариант одноименной поэмы, принадлежащий феодальному акыну Марабау... Говоря об эпическом наследии прошлого М.Ауэзов выдает за народные произведения такие реакционные, феодально-ханские поэмы как «Едиге», Марабаевский вариант «Кобланды батыр» и «Еңсегей бойлы Ер Есим...» Все это говорит о том, что М.Ауэзов до самого последнего времени продолжает пропагандировать и протаскивать в казахское литературоведение свои буржуазно-националистические концепции» (М.Габдуллин. О состоянии и задачах изучения казахского эпоса. «Вестник Академии Наук Казахской ССР», 1953, №4).

Осы мақаладан «... А.Маргулан не отказался от своих буржуазно-националистических взглядов в оценке казахского эпоса и после постановления ЦК ВК(б)П... В своих статьях «О Коркуте» и «О характере исторической обусловленности казахского эпоса» он снова поднимает на щит героев редакционного, антинародного и феодально-ханского эпоса – Едиге, Орака–Мамаю и Коркута» (сонда) – деген жолдарды да оқимыз.

Осындай ретпен сол кездегі әдебиетші ғалымдардың барлығы дерлік сынға ұшырады. Әсіресе Е.Исмаилов пен Х.Жұмалиевтің есімдері баспасөз бетінен түспеді.

«Кейбір әдебиетшілер (Е.Исмаилов. Х.Жұмалиев) өздерінің әдеби-зерттеу «еңбектерінде», оқу құралдарында Кенесары қозғалысының буржуазиялық-монархияшылдық сипатын бүркемелеп, оны ұзақ уақыт дәріптеп келді» (Әдебиетіміздің идеялық тазалығы үшін күресейік. «Лениншіл жас», 31.VIII.1951).

«Революцияға дейін Қазақстанда «кең, сұлу жерлер» хандардың, байлардың, бектердің, ақсүйектердің қолында болғанын Смаилов пен Жұмалиев білмей ме?.. «Кең, сұлу жерлерге еркін мекен етіп» келген деп дәріптеп, ол жолдастар тым әрі сілтеп кеткен жоқ па? (Ж.Шаяхметов. Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері. «Әдебиет және искусство», 1947, №3, 5-бет).

«Қ.Жармағамбетов Х.Жұмалиевтің қазақ әдебиеті тарихы туралы жазған «еңбектері» мен оқу құралдарында жіберген буржуазияшылдық-ұлтшылдық қателерін ақтауға дейін барды. Оның 1947 жылға дейінгі жіберген өрескел саяси қателерін жуып-шайып бүркемелеудің үстіне, 1948 жылдан бері бұрынғы қателерінен қол үзді, VIII–IX кластарға мінсіз жақсы оқу құралдарын жазып берді, «Абайдың ақындық тілі» атты еңбегі әдебиетшілерімізге үлгі болатын, бағалы еңбек деп жер көкке сифызбады. Оның Жұмалиев жайында бұл пікірлерінің саяси қате екенін жұртшылығымыз әбден түсінді» (Ә.Нілдібаев. Қ.Жармағамбетов творчествосындағы саяси жат сарын. «Лениншіл жас», 14.X.1951).

Осы кезде Б.Кенжебаевтың қазақ ауыз әдебиеті, әдебиет және баспасөз тарихынан жазған зерттеу еңбектері көп сынға ұшырады:

«Б.Кенжебаевтың бұл еңбегінде Сұлтанмахмұттың ұсақ буржуазияшыл, бұқарашыл ақын бола тұра, ұлтшыл-алашордашыл болған кездерінде жазған шығармаларындағы революцияға қарсы реакцияшыл сарындары, алашордашыларды дәріптеуі, алаш ұранын жазуы, ал алашорда күйер кезде «өлім шақырып, зарланып» үмітсіздікке берілуі мүлдем қымталып, оның тек жақсы жақтары ғана көрсетіліп, беталды дәріптелуі теріске шығарылған... Кенжебаев жолдастың кітабы («Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ақындығы», А., 1949 туралы. Д.Ы.) шынайы ғылыми еңбек емес, көп реттерде тарихи шындықты бұрмалайтын бірбеткей Сұлтанмахмұтты дұрыс түсінуге мүмкіндік бермейтін, қайта көп жерде шатастыратын кітап... Бейсенбай Кенжебаев жолдастың «Қазақ баспасөзі тарихынан» (А., 1950) деген кітапшасы да қатекемшіліктерден сау емес» (Ж.Сәрсеков. Тарихи шындық бұрмаланбасын. «Әдебиет және искусство», 1952, №7, 76, 77, 78-беттер).

«...Кенжебаев Ақмолла, Мақыш Қалтаев сияқты молдалар мен мистиктердің қырық құрауынан қазақ әдебиетінің тарихын жасамақ болды... 1940 жылы осы журналдың («Әдебиет және искусство», Д.Ы.) 7–8-і номерлерінде ол 7-беттік мақала жазып, қазақ халқының дұшпаны Едігені көкке көтере мақтап, «Едігенің өзі еңбекші халықтың жоғын жоқтап, мүддесін көздеген болу керек, «Ел қамын жеген Едігем» деген мәтел осыдан қалған болу керек» деп дәріптеді.

...Б.Кенжебаев өзінің еңбегінде («Қазақ баспасөзінің тарихынан», А., 1950. Д.Ы.) буржуазияшыл-ұлтшыл бағыттағы «Қазақ», «Серке» сияқты газет-журналдар туралы құлшына

баяндап, ал демократтық бағыт ұстаған, бергінде совет дәуірінде шығып, советтік платформаны қуаттаған газеттерге келгенде, кібіртіктеп қалатындығы, газеттің ұстаған саяси бағыты, өз бетінде көтерген ағартушылық қызметі туралы ештеңе айтпайтындығы көрсетілді» (Б.Сахариев. Б.Кенжебаевтың творчествосындағы қателіктер. «Социалистік Қазақстан», 25.VIII.1952).

«В статье «О Коркуте» восхищаясь «прелестью» этого-феодально-ханского сказания, он писал, что в нем «заложено глубокая, общечеловеческая идея». Поэтому пишет Б.Кенжебаев, необходимо изучать сказания о Коркуте чтобы «использовать их в интересах социалистической культуры и ее развития». Что это за «глубокая» общечеловеческая идея», которая по словам Б.Кенжебаева, заложена в сказаниях о Коркуте. В этих сказаниях нет никакой другой идеи, кроме феодально-ханской идеи...» (М.Габдуллин. О состоянии и задачах изучения казахского эпоса. «Вестник Академии наук Казахской ССР», 1953, №4). Әсіресе сілтеме жасалынған алғашқы екі мақала Б.Кенжебаевтың әдеби зерттеушілік еңбектерін арнайы қарастырып, түгелдей ғылыми жағынан негізсіз, марксизм-ленинизм іліміне қайшы, сондықтан да «шындыққа жат» деген қорытынды шығарды.

Кенесарыға қатысты жүргізілген саяси науқанның барысында ең көп «таяқ жеген» ақын Қалижан Бекхожин болды. Ақынның «Батыр Науан» (1940) поэмасын және «Кенесары–Наурызбайдың әдебиеттегі бейнелері» («Әдебиет және искусство», 1941, №5) атты мақала жазуы оның шығармашылығының төбесіне қара бұлтты қоюлата түсті. М.Сәрсекеевтің «Қ.Бекхожин шығармаларындағы ұлтшылдық сарын» («Социалистік Қазақстан», 22.VII.1951) Т.Исмаилов пен С.Жұмағалиевтің «Қ.Бекхожин шығармаларындағы буржуазияшыл-ұлтшылдық» («Әдебиет және искусство», 1951, №10), М.Сәрсекеевтің «Тағы да Қ.Бекхожиннің творчествосындағы қателіктер» («Лениншіл жас», 12.XII.1951) сияқты мақалаларының негізгі сарыны ақын шығармашылығындағы ұлтшылдықты, буржуазияшылдықты дәлелдеу болды. Мысалы, М.Сәрсекеевтің мақаласы «Кенесарының монархиялық-феодалдық қозғалысын поэзияда дәріптеп, Кенесары мен Наурызбайды шектен тыс көрсете суреттеуге, асыра мақтауға тырысқан кейбір ақындардың ішіндегі ең көрнектісі Қалижан Бекхожин болып келді. Кенесары хан мен оның інісі Наурызбайды, олардың қазақ халқының заңды дамуына тосқауыл жасамақ болған кертартпа қозғалысын қалың жұртшылыққа дәріптеп түсіндіру жолында Қ.Бекхожин қолынан келгенін аяған жоқ. Ол «Батыр Науан» дейтін арнаулы поэма жазумен тынбай, тіпті Кенесары жөнінде өзінше ғылыми мақала да бастырды, басқа да көптеген шағын өлеңдерінде қазақ халқының қас дұшпандары Кенесары мен оның топтастарының тағылық әрекеттерін қайткенде де жағымды етіп, халықтық етіп көрсету үшін бар жанын салды» («Социалистік Қазақстан», 22.VII.1951) – деген жолдармен басталған. Ары қарай Кенесары мен Наурызбайды, поэманы барынша даттайды: «Ашықтан ашық Наурызбайды Науан деп еркелете атап, Бекхожин оның арқасынан жұмсақ алақанымен сипап отырады да «туған тауын, өскен жұртын сүйген» асқан патриот еткісі келеді. Қазақ халқының шын бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігіне қарсы өмір бойы алысып, халықты атам замандағы тағылыққа сүйре-мек болған Кенесары мен Наурызбайды патриот деуге ешбір болмайтындығын Қ.Бекхожин қасақана ұмытады. Наурызбайды асыра мақтау жолында Қ.Бекхожин өзінің бар жазушылық шеберлігін салып, неше түрлі көркем сөздерді іздеп табады» (сонда).

Мақаланы тыңдайтын болсақ, Қ.Бекхожиннің өлеңдері бастан-аяқ «ұлтшылдықтан» тұрады. Мысалы «Қол бастаған батырда» «тіпті совет офицеріне Кенесарыны өнеге етіп ұсынып, үлгі етіп тартады. Ол совет офицерін не үшін сүйеді? Кенеге тартып туған» деп, сүйеді. Ақын совет офицерін сол қарақшыдай болуға шақырады. Қ.Бекхожин совет офицерінің Кенені есіне ала жүріп, соның аруағын көтере беруін тілейді». «Қазақ ұлына» дейтін өлеңінде «Он үш ауыз өлеңнің ішінде «қазақ» деген сөзді ақын он бес рет қайталап. бұл сөзді социалистік мәнінсе алыстатады да, оған ұлтшылдық мағына береді»; «Батыр досыма», «Әнуар» дейтін өлеңдерінде де Қ.Бекхожиннің ұлтшылдығының лебі беттен алып, оқушының жүрегін пессимизм сарынымен улайды»; «Дала жазы» дейтін өлеңінде «Оның көзіне түскен дала да бүгінгі советтік дала емес, баяғы бір ұлтшылдардың түсінігіндегі ескі дала: «Дала досы мен қазақтың, малшымын. Мен сүйемін дала жырын» деген сияқты сөздерді асқақтата сөйлейді де, оқушылардың бар ықыласын уақыттан, жағдайдан оқшау алынған «сұлу» далаға ғана аударады. Далашыл, ескішіл ақынның көзіне тымағын алшита киген қазақ түсе береді («Батырлар жыры», 18-бет). Кешке таман әр үйдің алдындағы жер ошақтан шыққан отты көріп, ол шексіз қуанады, қазанға май

салып, бидай қуырып беруін ақын жеңешесінен өтіне сұрайды, яғни Бекхожин бұл өлеңдерінде ескі ауылдың салтын дәріптейді, өзін сол ескі ауылдың серісі ретінде көрсетеді. Болып жатқан жаңалықтарды аз көріп, әлдеқашан қарасы өшкен ескі ауыл мен оның көз тартқысыз көріністерін сағына беретін ақын қазақтың күні қараң болған ырым-жырымдары мен ескі әдет-ғұрыптарына көп бой ұра береді; «Москва туралы жырда» оны «киелі шаңыраққа», «Партбилет» дейтін өлеңінде партбилетті тұмарға балаудан ешбір ұялмайды»; «Ескішілдік бойын жеңген ақын шығармаларында «пейіш, гүлжазира, сопы, мехрат, фани дүние, дозақ, ғарасат» сияқты діни атаулар да қаптап жүреді», – деген сияқты «кемшіліктерді» үйіптөгеді. Мақала «біздің әдебиетіміз ондай қоқыс шығармалардан өзінің бойын әрқашан батыл тазартып отыруға тиіс», – деген қатқыл үнді сөздермен аяқталған.

Т.Исмаилов пен С.Жұмағалиев та ақын өлеңдеріндегі ұлтшылдықты барынша айыптаған: «Ескіліктің шырмауына оралып, қазақ совет әдебиетінде ұлтшылдық-байшылдық ағымды сірдей созып келе жатқан жазушының бірі – Қалижан Бекхожин.

Ақын Қалижан Бекхожин творчествосының ұзына бойына тамырдай тартылып жатқан осы ұлтшылдық-байшылдық концепция республикамыздың баспасөз орындарында күні бүгінге дейін батыл әшкереленіп сыналмай келді» («Әдебиет және искусство», 1951, №10).

«Қ.Бекхожин ұлтшылдықтың ескі жұртының көң-қоқысын тырналап жүріп, халық қарғысымен көмілген, тарих тастандылары Кенесары мен Наурызбайды тауып алыпты» – дей келіп, «Батыр Науан» поэмасы туралы:

«Бекхожин бұл шығармасында тарихи шындықты бұрмалап, Кенесарының Қазақстанды ұлы орыс халқынан бөлектеп, орта ғасырлық хандық үкімет құрғысы келген, қазақ халқын патриархалдық-феодалдық құрылысқа кері қарай тартқан қозғалысын прогрестік, революциялық бағытта көрсетуге тырысқан...

Бұл поэмасында автор советтік Қазақстанда отырып, қазақтың сонау Октябрь революциясынан бұрынғы феодалдық құрылысын, ескілік салтын аңсап күңіренеді...

Поэmanın «қазақ ақ ала киіз туырлықты, тәкаппар басқа жұртты менсінбейтін» – деген сияқты жолдары қазақ халқын дүние жүзі еңбекшілерімен достасуға қарсы үгіттейді және Бекхожиннің бүгінгі Советтік Қазақстанның жаңа бейнесінен гөрі кешегі тұрағы, билігі жоқ көшпелі қазақтардың орта ғасырлық өміріне құлдық ұрғанын айқындайды.

Бекхожин бұл поэмасында совет ақынына мүлде жат қылықпен қазақ халқы және оның таңдаулы ұлдары ғасырлар бойы күресіп келген хандардың алдында «Аруақты Абылай», «Аруақты Кене аға», «Батыр Науан» деп, тізерлеумен болады» (сонда).

Жалпы соғыстан кейінгі дәуірде Қ.Бекхожиннің шығармашылығы тұрпайы әлеуметтік сындардың нысанына мықтап ілінгенімен де ақынның ұлттық поэзиядағы елеулі табыстарын көрсеткен пікірлер сирек болса да бой көрсетіп тұрды. Олардың қатарында С.Сейітовтің «Өмір лирикасы» («Әдебиет және искусство», 1948, №6), Ж.Жұмақановтың «Достық туралы дастан» («Социалистік Қазақстан», 5.XI.1950), М.Сәрсекеевтің «Ұлы достықтың күші» («Лениншіл жас», 14.11.1951) сияқты мақалалары да бар. Т.Исмаилов пен С.Жұмағалиев Қ.Бекхожиннің шығармашалығын ғана емес, ол туралы оңды пікір білдіргендерді де «негізгі қателіктерді бүркемелеуге тырысатындықтарын сипаттайды» деп, сын сойылымен соғып өтіп, «былай сынау керек» деп, өздері үлгі көрсеткендей де болады.

М.Сәрсекеевтің «Тағы да Қ.Бекхожиннің творчествосындағы қателіктер» («Лениншіл жас», 12.XII. 1951) атты мақаласында ақынның 1950 жылы жарық көрген «Қамбар ағай» туындысы «совет адамдарының образдарын бұрмалап көрсетеді» деп, сыналған. «Өзінің бүкіл творчествосына бойлай кіріп алған ұлтшылдық ауруы Қ.Бекхожинді бұл жолы да меңдеткен. Ақынның «Мариям Жағорқызы» поэмасында қазақ жігіті Дүйсен орыс қызы Марияны тек оның өз халқының дәстүрлерін, тіпті тілін де ұмытқаны үшін, оның жанында орыстықтан еш нәрсе қалмағандықтан сүйген деген ұлтшылдық пікірі, басқа ұлтты қазақыландыру пікірі «Қамбар ағайда» тағы сол жүйеде қайталанатын – дей келіп, шығармаға осы тұрғыдан біраз сыни пікірлер білдірген. «Шығармада партия комитетінің секретарының образы да басшы адамның дәрежесіне көтеріле алмай көлеңкеде қалып қойған... Ақын өзінің кейіпкерлерін көбіне коллективтен бөліп алып, даралап көрсетеді» – деген сияқты «кемшіліктерді» айта келіп, «бұл – келеңсіз кітап. Ол – Қ.Бекхожиннің өз творчествосындағы қателіктерден әлі арыла алмай отырғандығының көрінісі болып табылады», – деген ой түйген.

Қазақтың арқалы ақыны Қ.Аманжолов та осы кездерде солақай сындардан көп теперіш көрді. Қасымның өлеңдеріндегі ұлттық сипаттарды ұлтшылдықпен айыптап сынаған бірнеше мақала жарық көрді. Соның бірі – белгілі сыншы Айқын Нұрқатовтың «Қасым Аманжоловтың өлеңдеріндегі жат сарыны» («Социалистік Қазақстан», 16.IX.1951). Мұнда ақынның шығармашылығы «бүгінгі өміріміздің шындығы, халықтар достығы, отан тақырыбы теріс суреттелінді» – деп, айыпталды. Мақала авторының ойынша, адамның туған елін, жерін сүюіне болмайды, өйткені ол – советтік патриотизмге жат құбылыс. Қасым да осындай «қателік» жіберген: «Ақынның туған даласын «сүйетіндігі» сонша, ол отанымыздың басына қатерлі күн туып, майданға аттанғанда сол Сарыарқасын қимай, жалтақтайды, екі ойлы болады.. Туған жерді отан деген үлкен ұғымнан бөлек алып, теріс суреттеудің салдарынан ақын кейбір өлеңдерінде жалған сұлулықты жырлауға беріледі, эстетизмге салынады... Эстетизмге бой ұрған ақын шын сұлулық біздің социалистік қоғамымызда, совет адамдарының тамаша өмірінде екенін ескермейді.

Автор Қ.Аманжоловтың өлеңдерінен ұлтшылдық сарын табады. Өйткені, оның «өлеңдеріндегі кейіпкерлер – тек қана қазақтар», «халқымыздың жаңарған өмірін, жарқын бейнесін суреттеудің орнына ескілікті дәріптейді»; «совет ақыны Қ.Аманжолов өмірдің күрес екенін түсінбейді, оны феодалдық қоғамдағы ақындарша базарға теңейді».

Қасымның атақты «Абдолла» поэмасы да сыннан құр қалмаған. «Қ.Аманжолов «Абдолла» поэмасында советтің жауынгер ақыны Жұмағалиев Абдолланы совет солдаттарынан бөліп алып, жеке жырлайды. Поэманың эпилогында «ақ сақалды ата қазақтың» қолына домбыра беріп, жас ұрпақты бата оқырға жинатпақ болады, ал өзі жоқтау айтып, сарнайды» – деген «кемшіліктер» тапқан.

Қ.Аманжоловтың «қателіктерін» көрсеткен тағы да бірнеше мақала жарық көрді (С.Қирабаев. Қасым Аманжолов творчествосындағы жат пікірлер. «Әдебиет және искусство», 1951, №10; Ә.Жәмиев. Бір ақынның творчествосындағы идеологиялық бұрмалаушылық. «Социалистік Қазақстан», 23.XI.1951). Бұларда да ақын поэзиясынан «ұлтшылдықтар» тауып жатты: «...қазақ топырағында ұлтшылдықтың бір тамыры – Кенесары, Наурызбай Қасымовтардың өз хандығын қорғау үшін болған күресті ұлт-азаттық көтерілісі деп бағалағысы келді. Қасым да сол кезде «осы қозғалысты» дәріптеп поэма жазған. Ол поэмада Кенесарыны қазақтың көсемі, қорғаушысы ретінде жырлайды. Поэмада Кенесарыны «Кенем» деп атап, Кенесарының атағына құрмет көрсетеді...

...Аманжолов үшін «Сарыарқа – атамекен», басқа ел де, жер де жоқ тәрізді... Ол «Сарыарқаны әйтеуір ата мекенім еді. «қазағым» жайлаған еді» деп жырлайды. Аманжоловтың ұлтшылдығы, міне, осыдан келіп шығады.

...Совет жауынгер ақыны туралы жазған «Абдолла» атты поэмасының эпилогында да Аманжолов қазақ ақсақалын өлімге бата оқуға шақырады. Оған атыңа мін, қолыңа домбыра ал, қазақ ұрпағын жина деп жар салады.

... Бұл – қолына қалам алып әдебиетке араласқан кезінен бері Аманжолов творчествосында үздіксіз көрініп, қайталанып келе жатқан теріс көзқарастар системасы» («Әдебиет және искусство», 1951, №10).

Тағы да: «... Кейбір ақындар мен жазушылар өздерінің шығармаларында халықтар достығын теріс баяндап, өрескел ұлтшылдық қателіктер жасап келеді. Солардың бірі – ақын Қасым Аманжолов.

... Қ.Аманжоловтың да буржуазиялық-ұлтшылдық сарында жазылған өлеңдері аз емес. Ақын өзінің мұндай өлеңдерінде қайдағы бір ежелден келе жатқан, жапа жалғыз «қасиетті, киелі» Қазақстанды, «сайран тау, самал жайлау, сырнайлы өзен» Сарыарқаны жырлайды, оны «ата-мекен», «ата-бабаларының жері» болғаны үшін сүйеді. Аманжолов үшін Қазақстан, Сарыарқа, оның ішінде «ата мекені» «жер мен көктің жаннаты», ал Ертіс өзені – «бостандықтың бесігі».

... «Абдолла» поэмасында ұлы Отан соғысында гитлершіл фашистерге қарсы жалғыз соғысқан тек қана қазақ халқы, немесе, оның жалғыз «жас ұланы» сияқты болып суреттеледі».

«... Ол осы уақытқа дейін совет әдебиетінің бірден-бір дұрыс тәсілі – социалистік реализмді меңгере алмай келеді. Ақында символизммен әуестенушілік бар. Мұның өзі оны идеялық қателіктерге әкеліп соқтыруда» («Социалистік Қазақстан», 23.XI.1951).

Ақын Ә.Тәжібаев отыз жетінің ойранында да «халық жауларымен байланысы бар», «саяси бағыты дұрыс емес», «бүгінгі күн тақырыбына мән бермей, «таза лирикамен айналысты» дегендермен айыпталып, біраз қуғын көріп, әуірім-тәніріммен әрең дегенде, аман қалған болатын. Енді елуінші жылдардың «ұлтшылдығына» тағы да ұшырады. Бұл кезде Әбділда-ның бұрынғы «ұлтшылдығының» «буржуазиялық бұрмалаушылықтарға» ұласқаны жайлы бірнеше мақала жарық көрді. Тәжібаев туралы мақалаларда оның бұрыннан белгілі «ұлтшыл» екендігі ұмытылмады. «Ә.Тәжібаевтың мұндай ұлтшылдық шірік пікірлері бүгін ғана пайда бола қойған жоқ. Бұл оның кездейсоқ қана қателіктері емес, бұрыннан келе жатқан, системаға айналған көзқарасының ұшығы...

1946 жылы БК(б)П Орталық Комитеті өзінің «Драма театрларының репертуары және оны жақсарту туралы» қаулысында Тәжібаевтың қазір қайталап отырған буржуазияшыл-ұлтшылдық пікірін қатты және әділ сынады. Бірақ ақын Ә.Тәжібаев бүгінге дейін бұдан тиісті қорытынды шығарып, оған творчествосымен жауап берген жоқ» (Б.Сахариев. Ұлтшылдықтың, ескіліктің шырмауында. «Социалистік Қазақстан», 30.IX.1951).

Ә.Тәжібаевқа мынадай «кемшіліктер» айтылды: «В Сосюра сияқты («Правда» газетінде «Украинаны сүй») атты өлеңі «ұлтшылдықпен» айыпталған ақын, Д.Ы. Тәжібаев та қазақ халқын жалпы совет елінен оқшаулап, Отан деген ұғымнан қашықтатып, буржуазияшыл-ұлтшылдық тар шеңберде алып суреттейді. Майданда жүрген қазақ жігітін совет елін қорғау жолындағы ерлігі үшін сүюдің орнына, оның «қазақтығын» мақтаныш етеді...

«Толғау» атты поэмасында Тәжібаев партиямыз тәрбиелеген совет жауынгерін, қазақ халқының ұлы орыс халқымен достығына от тастаушы қазақ халқының қас дұшпаны Едігеге теңеуге еш шіміріккен жоқ...

Тәжібаев өлеңдерінде құдырет, тауап, алла, бісміллә, пірімдей, ата-баба, жұмыр жер сияқты діни сөздер мен діни ұғымдар, ескі сөздер жиі кездесіп отырады...

Ә.Тәжібаев күні бүгінге дейін совет әдебиетінің бірден-бір дұрыс әдісі – социалистік реализмді творчестволық жолмен меңгере алмай, схематизмге ұрынып келеді. Ол әлі күнге дейін халықтан безген «көркем өнер көркем өнер үшін» деген тезисті жариялаған, әдебиетте идеясыздықты уағыздаған, өздерінің идеялық және моральдық азғындығын мазмұнсыз бояма түрмен бүркеген (А.А.Жданов) символизмнен іргесін ажырата алмай отыр. Сөйтіп ақын ұлтшылдықтың шырмауына маталып, шыға алмай жүр» (сонда).

Б.Сахариев Әбділда ақынның «Сүйген жүректер» атты жинағын «әдебиеттің есігін ерте қаққан қазақ совет жазушыларының алғашқы буындарына қосылатын қаламы теселген ақынның әлі күнге дейін әдебиетіміздің алтын қазығы – совет шындығына терең бойлай алмаған» деп сынаса, Х.Ерғалиев «Ә.Тәжібаев творчествосындағы өрескел қателіктер туралы» («Әдебиет және искусство», 1951, №11) кеңінен әңгімелейді. БК(б)П Орталық Комитетінің 1946 жылғы 26 тамыздағы «Драма театрының репертуарлары және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысында Ә.Тәжібаевтың «Біз де қазақпыз» пьесасының дұрыс сыналғанын айта келіп, «Мұның бәрі кездейсоқ, әлдекалай жіберілген қателіктерді емес, ақын творчествосының өзегіне кіріккен, белгілі бір жүйемен асқынған қателіктерді көрсетеді» – деп, оның себептерін ашуға тырысады. Автор ақын шығармашылығын соғысқа дейінгі, соғыс жылдарындағы, соғыстан кейінгі кезеңдерге бөліп, ондағы ұлтшылдықтың пайда болу, қалыптасу жолдарына үніледі. Сөйтіп, «ақынның соңғы жылдардағы сәтті еңбектеріне «Сталин – бүгін біздің тірі Ленин», «Поезда», «Республика сөзі», «Бүгінгі сөз» өлеңдерін атауға болады» деп, қалғандарының барлығын советтік шындыққа жанаспайды деп, бағалаған. «Кілемшілер туралы ерте» басынан аяғына дейін бір ханды мақтап шығады»; «Күй атасы» деген поэмада ұлы Құрманғазы жоқ, күні бітіп, өлер алдында күйін тапсырып жатқан сарнаушы ғана бар»; «Тіпті басқаны қойғанның өзінде бүгін халықтың қас жауы екендігі әшкереленіп отырған Едігені аруақты ата тұтуының өзі-ақ, оны халық қамын жеген көсем етіп мадақтауының өзі-ақ ақынның бетін аша түседі», «жануарларды адам дәрежесіне дейін көтерушілік», «Сіңсін саған еңбегім, ойсыл қара атамдай» деп, діни ұғымдағы мал пірлеріне сиынушылық, «Күт мінетін батырды, теріс кетпес ырым» сияқтылар бар»; «халықтың азаттық жолындағы күресіне, коммунист партиясының басшылық рөліне байланысты ештеңе көрмейміз» (сонда) – деген сияқты «кемшіліктер» үйіп-төгілген. Мақала «... Ә.Тәжібаев жолдас әлі күнге дейін қателерін сөз жүзінде ғана мойындап, іс жүзінде сол қаталық шеңберінен шыға алмай келеді, творчествосында өмір жаңалықтарын

сезінбей, мезгіл талабынан көш кейін қалып отыр. Бұл жағдайы оны өмір шындығымен қабыстырмай, жасанды оқиғалардың, жалған суреттеудің бұлдыр сағымында қалдырды. Бұдан былай Тәжібаевтың буржуазиялық-ұлтшылдық шырғауында қалуына, символизмнен қол үзіп кете алмауына ешкім де төзе алмайды» (сонда) – деген зілді сөйлемдермен аяқталған.

Ә.Нілдібаев осы саяси науқан кезінде белсенділік танытып, жазушылардың ашық партия жиналысында қазақ әдебиетіндегі «ұлтшылдық» туралы баяндама жасаған коммунист Қ.Жармағамбетовтің өзін ұлтшылдықпен сойып салды. Жазушылар Одағы партия ұйымының хатшысы туралы мақаланың өзі «Қ.Жармағамбетовтың творчествосындағы саяси жат сарын» («Лениншіл жас», 14.Х.1951) – деп, айғайлап тұр. Автор Қ.Жармағамбетовтің «Заман біздікі», «Адам туралы аңыз», «Ерлік пен ізгілік» деген үш түрлі атпен шыққан бір ғана жинағы жайындағы ол «идеялық теріс бағытқа түсіп, совет адамдарының тамаша ерлігін, моральдық қасиетін біздің поэзиямызға жат тұрғыдан бұрмалап көрсетеді» деген пікірін дәлелдеуге тырысқан. Мысалы, «Әнші Әміре» повесін «автор тарихи шындықты бұрмалап, әншінің образын теріс бейнелеген. Оның үстіне ол Әмірені өсірген творчестволық органы, әншілік школаны айқын көрсете алмаған. Әміреге, оның творчестволық өсуіне ұстаз етіп, ұлы орыс халқы мен қазақ халқын жауластыруға тырысқан, белгілі феодал, баукеспе ұры, 1921 жылы атылған Мәдиді дәріптейді» – деп, сынайды. Автордың негізгі ойы «Жармағамбетов шығармаларының көбінде совет шындығын бұрмалайды, совет адамдарының жарқын образын, совет жастарының моральдық бейнелерін теріс көрсетеді, саяси жат сарынға беріледі. Отанымыздың сан алуан байлығы, коммунизм құрып жатқан батыр халқымыздың ерлік істері, патриоттық сезімі, халықтар достығы – ең жетекші тақырыптар Қ.Жармағамбетовтің творчествосында орын алмаған. Оның орнына буржуазияшыл-ұлтшыл ақындар жырлаған өлім, зарығу, дәрменсіздік тақырыбын жырлап, одан әрі ақын бай-феодалдардың ескішілдік қағидаларын қайталап айта берумен болған» – дегенге сайған.

Ә.Жәмішев халық ақыны Шашубайдың «Сөйле, Шашеке!» атты жинағын бастан-аяқ ұлтшылдық, рушылдық рухта жазылған кітап деп тапты: «Міне, «Сөйле, Шашеке!» атты жинаққа оның осындай көркемдік жағынан төмен, идеялық жағынан ұстамсыз көптеген шығармалары енгізілген. ... Шашубай байлар мен болыстардың мадақтаушысы, рушылдықты қоздырушы болған. Шашубай айтты деген өлеңнің барлығында да «шұбар төс, шынжыр балақтар» үнемі дәріптеліп отырды... Бұл жинақтағы өлеңдердің көпшілігінде ұлтшылдық пен рушылдық уағыздалады. Кенесары–Наурызбай сияқты жендеттер дәріптеледі» (Ә.Жәмішев. Ұлтшылдықты, рушылдықты уағыздайтын жинақ. «Социалистік Қазақстан», 26.VII.1952).

Марксизм-ленинизм ілімінің, соған негізделген коммунистік идеологияның дін атаулыға қарсы болғаны белгілі. Коммунистердің көсемі Лениннің «дін – адамның басын айналдыратын апиын» дегені қанатты сөзге айналған кеңес үкіметі кездерінде дінге қарсы аяусыз күрес жүргізілді. Дінінен, ділінен айырылған «совет халқының» күшімен коммунизмнің салтанатты сарайын салмақ болған коммунистер Қазақстанда да белсенділік танытты. Жер-жерлерде мешіттер жабылып, қожа-молдалар қуғынға түсті. Ал қазақ әдебиетіндегі діни бағыттың өкілдері совет үкіметінің қас жаулары саналды. Ол кездегі ұғым бойынша «ұлтшыл», «ескішіл», «буржуазияшыл» деген сияқты «діншіл» сөзі де аса қауіпті саяси эпитетке айналған болатын. Қазақстанда дін өкілдерінің совет үкіметі тарапынан саяси қудалаушылыққа ұшырауын белгілі ақын, діни бағыттағы қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпеевке байланысты болған жағдайлардан анық көруге болады.

Соғысқа дейінгі дәуірде М.Ж.Көпеевтің есімі мүлдем аталмайтын. Соғыстан кейін де осы жағдай жалғасты. Тек Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті «буржуазиялық ұлтшылдықты әшкерелеуге» арналған қаулыларында Көпеевтің есімі реакцияшыл, діншіл ақын ретінде аталып жүрді. Бұған себеп – Мәшһүр қайтыс болған соң, оның атақ даңқының ел арасына кеңінен жайылуы болатын. Міне, осы діншіл ақын М.Ж.Көпеевтің танымал бола бастағанына келісе алмаған компартия оны «әшкерелеу» мақсатына кірісіп те кетті. Бұл «міндетті» «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған мақалалар ойдағыдай атқарып шықты. «Ұлтшылдықты, «буржуазияшылдықты» әшкерелеу жұмыстарының барынша қызып жатқан кезінде К.Көпеевтің «Көпеев – ұлтшыл, діншіл ақын» («Социалистік Қазақстан», 14.VIII.1952) атты мақаласы партиялық басылым бетінде жарияланды. Авторы ақын-жазушы да, ғалым да емес, газеттің өз тілшісі екендігіне қарағанда, мақаланың арнайы тапсырмамен жазылғандығы

көрініп тұр. Мақала «Мәшһүр Жүсіп Көпеев – ХХ ғасырдың бас кезіндегі буржуазияшыл-ұлтшыл ақындардың бірі. Оның шығармаларының басым көпшілігі ұлтшылдық, діншілдік-мистикалық тақырыптарға жазылған» – деп басталып, ары қарай: «Ол өзінің шығармаларында ешқандай бұқарашылдық, демократиялық дәрежеге көтеріле алған емес, қайта, ол ұлы орыс халқы мен қазақ еңбекшілерінің арасындағы достығын, туысқандығын, мұның прогресшілдік маңызын түсіне алмай, ұлтшылдық бағытта болды, сонымен қатар патшаның, жергілікті билеушілердің саясатын барынша қолдады» – деп жалғастырып, бірден қаралауға көшеді.

«Совет үкіметі орнап, нығая бастаған кезде Мәшһүр Жүсіп Көпеев өткендегіні көксіп, теріс жолға түседі, өзінің ұлтшылдық-діншілдік идеясын сана-сезімі оянған еңбекшілер арасына өткізе алмайтын болғандықтан, айлакерлікпен моллалық құрып, өзін халық алдында «әулие» адам етіп көрсетуге тырысты», ол өлген соң да оны әулие тұтып әруағына сыйынушылардың Жүсіптің бейітінің басына барып, «қой сойып» құран оқып, басына түнеушілердің» діншілдік әрекеттері» жалғасып жатыр, ал оны дәріптеушілердің бірі мұғалім болып істейтін баласы деп, дабыл қағады. Мақаланың соңында осындай «келеңсіздіктерге» жол беріп отырған Павлодар облыстық, Баянауыл аудандық партия комитеттерін «Көпеевті көрінеу асыра дәріптеушілерге, оның «аруағына» табынушыларға қарсы ешқандай шара қолданбай, бұл жөнінде дәрменсіздік істеп отыр» – деп, сынға алады.

Көп ұзамай-ақ осы мақалаға байланысты Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті (10.XII.1952) үш пункттен тұратын арнайы қаулы қабылдады. Оның біріншісінде Мәшһүр Жүсіптің әдеби шығармашылығы буржуазиялық-ұлтшылдық, діни мистицизм рухында болғанына қарамастан әлі күнге дейін жөнді сыналмай келе жатқандығын ескере отырып, Қазақ ССР Ғылым Академиясының Президенті Қонаев жолдасқа Академия ғылыми қызметкерлерінің күшімен Жүсіп Көпеевтің әдеби қызметінің реакцияшыл бағытын әшкерелейтін материалдар дайындап, оны республикалық баспасөз бетінде жариялау тапсырылсын делінген.

Екінші пунктінде Павлодар облыстық партия комитетіне дінге қарсы насихатты күшейту, оның ішінде Мәшһүр Жүсіптің әдеби көзқарасының реакцияшыл, діни болғандығын, ал Көпеевтің моласын оның баласы Фазыл мен жергілікті моллалар діни бағытқа пайдаланып жүргендігін жергілікті халық арасына кеңінен түсіндіру міндеттелген. Соңғы үшінші пунктте Павлодар облыстық партия комитетінің Фазыл Жүсіповті мұғалімдік қызметтен босатқаны ескерілсін деген.

М.Ғабдуллиннің «Діншіл, ұлтшыл М.Көпеев туралы» («Социалистік Қазақстан», 26. IV.1953) мақаласының Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің осы қаулысын жүзеге асыру мақсатында жазылғандығы көрініп тұр. М.Ж.Көпеев туралы алғашқы мақала ақын шығармашылығының зияндылығын, діншілдік сипатын жалпылама көрсетіп, негізінен идеологиялық мәселе көтеріп жазылса, соңғысында «әдеби қызметінің реакцияшыл бағытын әшкерелеуге» негізгі назар аударылған. Автордың айтуынша: «Ол ескі патриархалдық-феодалдық құрылысты мадақтаған, дінді, панисламизмді дәріптеген, қазақ халқы мен ұлы орыс халқының арасына от салған әрекет жасаған ұлтшыл, кертартпа болды. Ол өмірінің соңғы кезінде жазған шығармаларында совет үкіметін жамандап, контрреволюциялық пікірлер айтқан, совет үкіметі жауларының насихатшысы болған адам.

М.Көпеев шығармаларының реакциялық сарындары, оның халыққа жат зиянды пікірлері, ұлтшылдығы – ескі патриархалдық-феодалдық құрылысты, дінді, панисламизмді мадақтап жырлаған өлеңдерінен айқын көрінеді. Ол «Сарыарқа кімдікі» деген шығармасында ескі патриархалдық-феодалдық құрылысты, монархиялық-хандықты жер-көкке сыйғызбай мадақтайды, сол кез қазақ халқының бақытты шағы еді деп егіледі, қазақ халқын ұлы орыс халқына өшпенділікке үгіттеп, ұлтшылдық уытын жаяды. Осыған байланысты ол халықтардың жендет, қас жауы Кенесары мен Наурызбайды дәріптеп үлгі етеді. Халықтардың жендеті Кенесарының сөзі арқылы Көпеев өзінің ұлтшылдығын, орыс халқын жек көретіндігін ашық айтады.

... Ал халықтық мәселелерді, таптық күресті, қоғамдық жайларды ол әдейі айтпайды. Сөйтіп ол өзінің ескішіл, халыққа жат ақынсымақ екендігін, халық мүддесінен аулақ екендігін білдіреді.

«... Кең дала» деп жазған өлеңінде өткен заманды мақтайды да, енді сол даланың совет үкіметі тұсында өңі қашты деп, ашықтан ашық жала жабады. Сөйтіп, М.Көпеев совет халқына, совет үкіметіне қас, жау адам екендігін ашық білдіреді».

Мақалада М.Ж.Көпеевтің ауыз әдебиетін, әдеби мұраларды жинаушылық қызметінен де жаулық көреді.

«М.Көпеев қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен де шұғылданған. Ол көбінесе, өткендегі феодалдық-хандық өмірді, еңбекші халыққа қаратүнек орнатқан заманды суреттейтін шығармаларды және халыққа жат кертартпа акындардың, билер мен байлардың сөздерін жинайды. Халықтың қас дұшпандары болған хандар, қанаушылар, Кенесары, Наурызбай, Сыздық, тағы басқалар жайындағы феодалдық аңыз-ертегілерді, дастандарды жинастырады; олардың бәрін халық әдебиетінің үлгілері деп дәріптейді».

«М.Көпеев Абайдың «шәкірті емес, ол Абай жолына қарсы шыққан. Көпесв өлендерінде ешқандай да нәр аларлық қасиет, көркемдік жоқ, жазғандары дін сөздерімен шұбарланған, түсініксіз өлеңсымақ бірдемелер» – деп, тіпті оның ақын екендігіне күмән келтіреді. Мақала діншілдікке, оның ішінде, «Көпеев сияқты діншіл, ұлтшыл ақынсымақтарға» қарсы насихат жұмыстарын күшейтуге үндеумен аяқталған.

Жалпы, осы кезде саяси әшкерелегіштік сипатта жазылған солақай сындарға бүгінгі күн биігінен пікір айту бір жағынан оңай, екінші жағынан қиын. Оңай болатыны – кезінде дұрыс деп айтылған пікірлердің заманмен бірге өзгеріп, бүгінгі ұрпақтың бағалауында теріске айналуының айдан анықтығында. Қиындығы – сол кездегі тарихи-элеуметтік мәдени жағдайды ескермей, яғни мәселеге тарихшылдық тұрғыдан келмей, қиыншылдықтарға кездесетіндігіміз. Отазыншы жылдардағыдай, соғыстан кейін де қазақ әдебиеті мен мәдениеті осындай қиын жағдайларды басынан кешіруге мәжбүр болды. Мәжбүр болды дегенді әдейі қадап айтып отырмыз. Әйтпесе, есімдері елге танымал, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, қазақ ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосқан ардақтыларымыздың солақай саяси науқанда белсенділік танытып, көзге түсуін немен түсіндіруге болады? Соғыстан соң қайтадан күшейе түсіп, қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтыған сталиндік сұрқия саясат сол кезде әдебиет пен ғылымға жаңа келген жастардың бірқатарының санасын улап, қателестірсе, екінші жағынан, атқарып жүрген қызметтеріне, саяси өмірдегі орнына қарай кейбіреулер осылай істеуіне мәжбүр болды. Десек те, біз оларды ақтағымыз келіп отырған жоқ. Солай бола тұра көптеген абзал ағаларымыздың сол кезде жоғарыдан болған қысымдарға қарамастан, саяси науқанға ілесіп кетпей, азаматтық абыройларына дақ түсірмей өткенін де айта кеткіміз келеді.

Сонымен, елуінші жылдардың «саяси кейіпкерлерін» ақтағымыз да, даттағымыз да жоқ. Бірақ, шындық қымбат. Сондықтан да олардың іс-әрекеттері жайлы әңгімелегенде, баға беруден гөрі көбіне өздерін «сөйлетуді» жөн көрдік. Бүгінде тарихтың еншісіне айналып, сарғайған мақалалардан үзінділерді көбірек келтіріп, аты-жөндерін толық айтып, сілтемелер жасап жатқан жайымыз да сондықтан. Оқырман өзі танысып, ойлансын; бағасын өзі берсін; өткеннің қателіктері болашаққа сабақ болсын деген ниет қана.

Кенесарыға байланысты саяси науқанның барысында бар «бәле-жала» қазақ ССР Ғылым Академиясына, оның президенті Қ.Сәтбаевқа жабылды. Қаныштың «Едіге батыр» жырына алғысөз жазып, алғаш бастырып шығаруы (1927) оны «ұлтшылдар» қатарына бұрын-ақ қосып қойған болатын. Ал Кенесарыға байланысты оны қудалау тіпті асқынып кетті. Қ.Сәтбаевты қуғындаудың апогейі 1952 жылы сәуір айының 15–17-сі күндері болып өткен Қазақ ССР Ғылым Академиясының жалпы жиналысы болды. Оған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметов қатысып, ұзақ сөз сөйлеген. Ол Академияның ғылыми жұмыстарында орын алған өрескел идеологиялық «қателіктерге» көбірек тоқталып, оған Қ.Сәтбаевты кінәлі санаған. Сәтбаевқа тағылған негізгі кемшіліктер Қазақ ССР Ғылым Академиясы президиумының бас ғылыми хатшысы Д.В.Сокольскийдің баяндамасында сыналды. Оған ғылыми мамандардың жетекшісі ретінде алқа алдында есеп бермейді, ғылым мен өндірістің байланысын әлсіретіп жіберді, кадр таңдаудың сталиндік принциптерін бұзды, академияны іскерлік қабілеті жоқ, саяси жағынан сенімсіз адамдарға толтырды, сөйтіп үкімет қаржысын далаға шашты деген айыптар тағылды. Бұл жерде саяси жағынан сенімсіз деп отырғаны Е.Бекмаханов, Е.Исмаилов, Х.Жұмалиев, Е.Ділмұхамедов, А.Жұбанов, т.б. болатын. Жиналыс осындай кемшіліктерге жол бергені үшін Қ.Сәтбаевты қызметінен босатып, оның орнына техника ғылымының кандидаты Д.А.Қонаевты сайлады.

Қазақ қаламгерлерінің шығармаларында қаптап кеткен «буржуазиялық бұрмалаушылықтар» үшін Қазақстан Жазушылар Одағы, оның президиум председателі С.Мұқанов қатты сынға

алынды. Көп ұзамай-ақ жазушылар арасында коммунистік тәрбие жұмыстарын әлсіретіп, олардың советтік шындықты көркем бейнелеуіне дұрыс басшылық жасап, «буржуазиялық бұрмалаушылықтарға» қарсы күресті өз дәрежесінде жүргізе алмағандығы үшін С.Мұқанов та қызметінен босатылып, оның орнына Жаймырзин жайғасты. Ақын-жазушы да, сыншы-ғалым да емес, философ Жаймырзиннің келуі Жазушылар Одағындағы идеологиялық тәрбие, әшкерелеу жұмыстарын күшейту мақсатын көздеген болатын.

1952 жылдың тамыз айында сол кезде дәстүрге айналған қаламгерлердің Алматы қалалық жалпы жиналысы болып өтті. Онда БК(б)П Орталық Комитетінің «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы қаулысының алты жылдағы және одан туындайтын міндеттер туралы Қазақстан Совет Жазушылар Одағы президиумының төрағасы Жаймырзин баяндама жасады. Жиналыста Т.Исмаилов, Ф.Моргун, Т.Жароков, З.Қабдолов, т.б. сөз сөйлеген. Осы жиналыс туралы есеп жариялаған «Социалистік Қазақстан» газеті (20.VIII.1952) «Жазушылардың жиналысы баяндамашыдан қазақ әдебиетінің қазіргі жайы туралы терең талдау жасауды, өткір сынды, кейбір жазушылардың творчествосында әлі күнге дейін орын алып келе жатқан кемшіліктер мен қателіктерді бағыл көрсетуді күткен еді. Бірақ баяндама сынаржақ, онда өзара сын жеткіліксіз болды. Жаймырзин жолдас аса маңызды мәселелерді үстірт қана шолып, жұртқа белгілі болған фактілерді тізбектеумен тынды. Оның кейбір жазушылардың адресіне айтқан сындары жасық болды, олардың өзінде де толып жатқан тежеу қойып, сайып келгенде, сындардың бәрін жоққа шығарды» – деп, өткір «сынның» болмағанына көңіл толмағандық білдірді.

Жарыссөзде сөйлеген Т.Исмаилов қана С.Сейітовті «буржуазияшыл-ұлтшылдықпен» айыптап, белсенділік танытқан. Т.Исмаилов осының алдында ғана С.Сейітов туралы «Бір ақынның құнсыз жинағы» («Социалистік Қазақстан», 2.VII.1952) деген мақала жазып, онда «С.Сейітов «Әдебиет және искусство» журналының 1941 жылғы 4-ші нөмірінде жарияланған мақаласында қазақ халқын ескілікке қарай кері тартқан Бұқар, Шортанбай, Дулат сияқты пантюристер мен панисламизмді жер-көкке сыйғызбай дәріптеді. Сонымен қоймай, ол қазақ халқының қас дұшпандары – Кенесары, Наурызбай туралы роман, поэма, киносценарий неге жазбайсыңдар деп, қазақ совет жазушыларына байбалам салып жазғырды» дей келіп, оның ұлтшыл Х.Бекхожин мен Қ.Жармағамбетовтің «сойылын соғып, шашбауын көтеріп жүргендігін» айта келіп, «Большевиктер» (1951) атты өлеңдер жинағын түкке алғысыз еткен болатын. Жиналыста сөйлеген сөзінде Т.Исмаилов осы мақалада айтқан ойларын тағы да қайталаған.

Т.Жароков өз сөзінде С.Сейітовке ара түсіп, Т.Исмаилов пікірлеріне қарсы шыққан. Осы туралы «Социалистік Қазақстан» «Кейбір жазушылардың басында болатын сынды менсінбеушіліктің, оған немқұрайды қараушылықтың әлі де бар екенін ақын Т.Жароковтың осы жиналыста сөйлеген сөзінен де айқын көруге болады», – деп жазыпты.

Т.Исмаилов С.Сейітовтің соңына қатты түскен. Ол С.Сейітовтің, оған қоса І.Жарылғаповтың, Қ.Жармағамбетовтің үстерінен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне арыз жазып, ол қыркүйек айының 12-сі күні қаралған. «Т.Исмаилов жолдастың арызын тексеру қорытындыларында» онда келтірілген фактілер негізінен расталды деп көрсетілген. Қаулыда тексерулер жүргізудің барысында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің көркем әдебиет және өнер бөлімі меңгерушісінің орынбасары Жарылғапов, қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасының директоры Сейітов, «Әдебиет және искусство» журналының бұрынғы редакторы Жармағамбетов жолдастар жұмыстағы партиялық принципті жора-жолдастыққа, ағайынгершілікке айналдырып, өздерінің көркем шығармаларындағы, зерттеу еңбектеріндегі идеологиялық қателіктерді бүркемелеп, бір-бірін қолдап, мақтап келеді деп, ары қарай санамалаған. Мысалы, «Сейітов қазір әшкереленген буржуазияшыл ұлтшылдармен араласқұралас болған, өзінің сын-зерттеу еңбектерінде өрескел қателіктер жіберген» дей келіп, оның Е.Исмаиловпен, Қ.Жұмалиевпен бірге оқулық, С.Мұқанов туралы сын-библиографиялық очерк жазып, елеулі қателіктер жібергені, баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларында ХІХ ғасырдың реакцияшыл ақындары Бұқар, Дулат, Шортанбайларды Абаймен, орыстың-революцияшыл демократтарымен қатар қойғандығы, Кенесары мен Наурызбай туралы көркем туындылар жасау қажеттігін көтергендігі, Бекхожин мен Жармағамбетов сияқты ақындардың нашар шығармаларын насихаттағаны, Шашубай Қошқарбаевтың Кенесарының қарақшылық жорықтары, феодалдық ескілік, қырғыз бен орыс халқын қыруға ашық шақыру, руаралық тартыстар жырланып, дәріптелген «Сөйле, Шашеке» атты өлеңдер жинағын құрастырушы

болғандығы тізбеленген. Осындай қателіктер жібергені үшін С.Сейітов баспаның директоры қызметінен алынған. Сондай-ақ оның «сыбайластары» І.Жарылғапов пен Қ.Жармағамбетов те осындай кемшіліктері үшін қызмет орнын босатып, партиялық жаза алған.

Қ.Жармағамбетовтің «мәселесі» мұның алдында да Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мәжілісінде (28.V.1952) қаралған-тұғын, Оның мәнісі мынадай: Қазақстан Жазушылар Одағының 16 сәуір күні өткен жиналысында Қ.Жармағамбетов шығып сөйлеп, егер Қазан революциясы болмағанда, қазақ халқы құрып бітетін еді деген пікірдің сынаржақтығын айтып, күмән білдірген. «Басқа бәле тілден» деген. Осы бір ауыз сөз саяси тұрғыдан «буржуазияшыл-ұлтшыл көзқарас» деп бағаланып, оған бәле болып жабысқан. Қанша «қателестім, қателігімді мойындаймын» деп, кешірім сұрағанға болмай, іс насырға шапқан. Аяғы Орталық Комитеттің бюросында мәселесі қаралып, «Әдебиет және искусство» журналының редакторы қызметінен қоштасуына тура келген. Міне, осы майда болған оқиғаға партияның Орталық Комитеті С.Сейітовтің «мәселесін» талқылағанда, тағы да қайта айналып соғып, оның бұрын жазаланғанын ескере отырып, ескертумен шектелген.

С.Сейітовтің, Қ.Жармағамбетовтің, І.Жарылғаповтың жіберген «қателіктерінің» «зияндылығы» соншалық, бұлар туралы Қазақстан Компартиясының VI құрылтайында Ж.Шаяхметовтің есепті баяндамасында да айтылды. «Таяуда ҚК(б) Орталық Комитеті қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасының директоры Сейітов жолдас пен «Әдебиет және искусство» журналының бұрынғы редакторы Жармағамбетов туралы мәселе талқылады, бұлар жұмыстың партиялық принципін орнына таныстық және семьялық жағдайды қолданып, бірінің жіберген идеологиялық қателіктерін бірі жасырып отырған, бірін-бірі қолдап, мадақтаған. Орталық Комитеттің көркем әдебиет бөлімі меңгерушісінің орынбасары Жарылғапов жолдас жора-жолдастық қатынасты қимай, Сейітов пен Жармағамбетов жолдастардың қателерін ішіне сақтап, әшкерелемеген. Орталық Комитет Сейітов жолдасты бір жылдық мерзім қойып, партия кандидаттығына түсірді. Оны қызметтен алды. Жарылғапов пен Жармағамбетов жолдастар да партиялық қатты жаза алып, қызметтерінен алынды» («Лениншіл жас», 24.IX.1952).

1952 жылы қыркүйек айында болып өткен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің VI құрылтайында да идеологиялық салаға ерекше көңіл бөлінді. Құрылтайға Орталық Комитеттің есебін жасаған оның бірінші хатшысы Ж.Шаяхметовтің баяндамасында Кенесары қозғалысына байланысты орын алған «қателіктер мен бұрмалаушылықтар» тағы да сынға алынды. «Жұртқа мәлім, Қазақстан тарихының және қазақ әдебиеті тарихының жеке мәселелерін баяндауда Қазақстанның кейбір тарихшылары мен әдебиет зерттеушілері буржуазиялық-ұлтшылдық сипатта өте өрескел қателер жіберді.

Атап айтқанда, Кенесары Қасымовтың реакциялық-монархиялық қозғалысын және революцияға дейінгі Қазақстандағы кейбір басқа да ұлттық қозғалыстарды баяндауда қате жіберді» – дей келіп, бұл «қателіктерді» жою жолындағы күрестің әлі де өз дәрежесінде жүрмей жатқандығын «Республика ғалымдарының арасында большевиктік сын мен өзара сын, пікір күресі әлі де болса төмен дәрежеде» – деп, қадап айтты.

Баяндамашы қазақ әдебиетінің дамуы туралы айта келіп, оның әлі де «бірсыпыра елеулі қателерден және творчестволық кемшіліктерден» арылмағанына тоқталды, «Жұмалиев, Өуезов, Мұқанов, Бекхожин, Аманжолов, Жармағамбетов, Жұбанов және басқалар сияқты кейбір әдебиет зерттеушілер, искусство зерттеушілер, жазушылар мен драматургтер өздерінің шығармаларында буржуазиялық-ұлтшылдық және буржуазиялық объективтік қателер жіберді. Өткен дәуірдің қалдырған мұрасына сын көзбен қарамаудың салдарынан олар марксизм-ленинизм позициясынан және социалистік реализм әдісінен алыстады, кейбір реакцияшыл хандарды және олардың сарай ақындарын дәріптеді, Қазақстанның Россияға қосылуының ұлы прогрестік маңызын дұрыс көрсетпей, бүркемеледі, орыс халқы мен қазақ халқының қасиетті достық мүдделеріне зиянын тигізді» (сонда) – деп, сол кездегі бүкіл идеологиялық жұмыстың өзегіне айналған мәселені тағы да алға тартты.

Есепті баяндамада идеологиялық жұмыстарға жауапты Орталық Комитеттің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Храмовтың, ғылым мен жоғары оқу орындары бөлімінің меңгерушісі Н.Жанділдиннің, көркем әдебиет пен өнер бөлімінің меңгерушісі Байғалиевтің, мектеп бөлімінің меңгерушісі Оспановтың қызметтерін өз дәрежесінде атқара алмай келе жатқандығы атап өтілді. Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің хатшысы Сужиковтің өзі

жауапты идеологиялық салада алда тұрған міндеттерді шешуде дәрменсіздік танытып, жеткілікті шаралар қолданбай келгендігі ескертілді. Ж.Шаяхметов сөзінің соңында коммунистерді марксизм-ленинизмнің тазалығы үшін, әдебиет пен өнердегі, ғылым мен мәдениеттегі түрлі «буржуазиялық бұрмалаушылықтарға», «ұлтшылдыққа», «ескіліктің қалдықтарына» қарсы күресті күшейте беруге шақырды.

Республика басшысы істелінген жұмыстар жайлы есеп беріп, «ұлтшылдыққа» қарсы күресті әлі де күшейту керектігін міндеттеп жатқан кезде сол тұстағы саяси науқанның басты нысанасына айналған әдебиетші ғалымдардың біразы түрмеде отырған болатын. Соғыстан кейінгі «саяси соққыға» алғаш, әрі көп ұшырағанның бірі Е.Исмаилов 1951 жылы 6 қарашада ұсталып, абақтыға жабылды. Оған алашордашылардың «буржуазияшыл-ұлтшылдық пиғылын насихаттап, өз еңбектерінде оңды-солды жазғаны, хан мен сұлтандарды мақтаған, Қазақстанның Россияға қосылуының прогрессивтік маңызын көре алмауы, кертартпа ақындардың және кеңес халқының қас жаулары – алашордашылардың деректерін пайдаланып, антисоветтік үгіт жүргізген» деген айыптар тағылып, 25 жылға сотталды.

Осы саяси науқан барысында «ұлтшылдықпен» айыпталғандардың кейбіреулері «жаздым, жаңылдым» деп, баспасөз бетінде «кешірім» сұрап та жатты. Ал Е.Исмаилов кешірім сұрамақ түгілі, түрлі жиналыстарда, талқылауларда сөйлеген сөздерінде өзіне тағылған «кінәлардың» көпшілігін мойындамай келген болатын. Есмағамбеттің өз бағытына деген сенімділігі, табандылығы сот құжаттарынан да айқын көрінеді. Ол сотта «мен өзіме тағылған қазақ әдебиеті тарихын әдейі бұрмалап жазды, кертартпа ақындар мен кейбір феодалдарды әдейі мадақтады деген айыпты мойындамаймын» – деп, мәлімдеген. Е.Исмаиловтың «әдебиет тарихында қателіктер болса, оған алдымен ғылыми негізде маркстік-лениндік жүйеде жазылған тарихтың болмағандығы себепші болды. Тіпті ҚК(б)П Орталық Комитетінің хатшылары М.Әбдіхалықов (1943) және Омаровтардың (1949) басшылығымен шыққан «Қазақ ССР тарихында» Кенесары Қасымов бастаған көтеріліс оң бағаланып келді. Оның кертартпа екендігін айтып түсіндірген партия-совет органдары болған емес. Ал Бұхар, Шортанбай, Мұрат, тағы да басқа ақын-жазушылар шындықты жырлағандар» (қараңыз: «40–50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті». А., 1998, 125–126-беттер) – деуінде ақталудан гөрі осындай жағдайға әкеліп соқтырған партия-совет органдарын айыптау басым сияқты.

Сондықтан да «өткен заманның ақын-жазушыларының өлеңдерінде және батырлық жырларында әрқилы көтерілістің басшылары тарихи қайраткер және батыр ретінде мадақталып жырланғаны үшін мен тіптен де айыпты бола алмаймын. Оған менің қандай қатысым болуы мүмкін? Бұл жөнінде өзімді кінәлімін деп есептемеймін, мойындамаймын» деп, өзінің кінәсіздігін дәлелдеді.

«Қазір тергеу орындары мен сарапшы комиссия эпикалық поэмалардың кейіпкерлерін (Қобыланды, Ер Тарғын, Алпамыс, Қарасай-Қазы, Көроғлы, Қозы-Көрпеш, т.б.) және әртүрлі көтерілістердің басшылары мен тарихи қайраткерлерді (Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Сырым, Исатай, Жанқожа, Есет, Беккет, Көтібар, Досан және т.б.) кертартпа, елге қас, халық жаулары қылып шығарып отыр» – деп, Е.Исмаиловтың сол кезде-ақ, яғни 1951 жылдың соңында, онда да түрмеде отырып, совет үкіметінің әдебиет саласындағы саясатына қарсылық білдіріп айтқанына сенер-сенбесіңізді білмейсіз. Шындығында, мұндай пікірлердің ашық айтылуы үшін әлі жарты ғасырдай уақыт, яғни еліміздің егемендік алуы керек болатын.

Ары қарай «осындай дәрекі позицияның негізінде тексеру орындары менің кейбір эпикалық поэмалар және әрқилы көтерілістің басшылары (Кенесарыны былай қойғанда) жөніндегі айқын ойларымды ұлтшылдық бұрмалау» деп, тауып отыр» – деп, өзіне тағылған «кінәлардың» негізсіз екендігін айтып, жоққа шығарады.

Е.Исмаилов М.Ж.Көпеев, Н.Ормамбетұлы, О.Қарашев, Ж.Аймауытов, С.Сәдуақасов туралы әр кездерде білдірген пікірлерінен де қайтпайтындығын білдірген. Бұлардың шығармашылықтарының «мықты жағын да, осал жағын да ашып көрсетуге талаптандым», «зерттеу барысында әртүрлі қайшылықты пікірлер, қате ойлар айтылып, жазылу жағынан кем-кектіктер кездесуі ғажап емес. Міне, сондықтан мен саналы түрде Аймауытов және сол сияқты буржуазиялық ұлтшылдарды әдейі мадақтады деген айыпты қабылдамаймын, теріске шығарамын», мен оларды «мақтайын деген жоқпын, творчествосының тәуір және осал жағын көрсете отырып, бар шындықты айтып беруге талаптандым» – деуінен Есмағамбеттің әдеби

ой-пікірлерінің прогресшілдігі, өміршеңдігі, халқының өткен тарихына, әдеби мұрасына адал абзал азаматтың қайсар тұлғасы көрінеді.

Е.Исмаиловпен бірге Қ.Жұмалиев, Қ.Мұхаметханов та ұсталып, олар да жиырма бес жылды аркалап кете барды. Б.Кенжебаев, Ә.Мәметова, Т.Нұртазин, Ә.Қоңыратбаев. М.Қаратаев т.б. ғалымдар қуғын-сүргінге ұшырады; ғылыми-шығармашылық жұмыстардан шеттетілді; жер аударылды. Ал Әуезовтің Мәскеу асып, бой тасалай тұруына тура келді.

Соғыстан соңғы сойқанның басты «кейіпкері» Е.Бекмаханов болса, 1951 жылы партиядан шығарылып, университеттегі жұмысынан қуылған соң, оған тіпті Алматы қаласында тұруға да рұқсат берілмегендіктен, ол Алматы облысының Нарынқол, Жамбыл облысының Шу аудандарының мектептерінде тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. Ақыры 1952 жылдың 5-ші қыркүйегінде Е.Бекмаханов тұтқындалды. Оған мынадай саяси айыптар тағылды: «1952 жылғы 5 қыркүйекте Қазақ ССР Мемлекеттік қауіпсіздігі министрлігі Бекмаханов Ермұханды тұтқындап, оған антисоветтік қызметі үшін айып тақты. ССРО-да орнаған саяси құрылысқа қарсы ниетте болған Бекмаханов Ермұханның өзінің ғылыми қызметкер болған жағдайын пайдаланып, 1942–1952 жылдарда антисоветтік жұмыс жүргізгендігі анықталды. Өзінің «ғылыми» жұмыстарында ол Қазақстанның Россияға қосылуының маңызын буржуазияшыл-ұлтшыл тұрғыдан түсіндірді. Өзінің ұлтшылдық концепциясын негіздеуде Бекмаханов реакцияшыл ақындардың және совет халқының қас жаулары-алашордашылардың деректерін пайдаланды. Онымен бірге өзінің таныстарының арасында антисоветтік үгіт жүргізді...

Бекмаханов совет үкіметіне жау пиғылда болып, 1942–1952 жылдары ұлтшылдық идеяларды насихаттап, антисоветтік үгіт жүргізгені үшін... РСФСР қылмыстық кодексінің 58-статьясының 10-бөлімінің екінші бөлігіне сәйкес айып тағылды» (Қазақ ССР Ғылым Академиясының Орталық архиві. Қор-23, тізбе-1, іс-447, 1–2 беттер).

«Айыптау куәлері ретінде сол кезде министрліктің ішкі түрмесінде отырған Б.Сүлейменов пен Е.Ысмайылов, сонымен қатар Алматы тұрғындары Ә.Тәкежанов, Ә.Мұхтаров, З.Тоқтаров, М.Ғұмарова, Т.Елеуов, В.Р.Шахматов, Т.Шойынбаев, А.Нұрқанов, семейлік Г.Н.Бутлер, шымкенттік Х.Әділгереев мәлімдемелер берген, немесе Е.Бекмахановпен беттестірілген» (қарыңыз: К.Нұрпейісов. Бекмахановтың ісі. «Жетісу», 1.VI.1991). 1952 жылы 2 желтоқсанда Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер жөніндегі коллегиясы Е.Бекмахановты 25 жылға соттады. Тағы бір тарихшы Бекежан Сүлейменов те ғылымдағы «қателіктері» үшін жиырма бес жылға кетті.

Қазақтың саналы азаматтарының бәрі түрмеде шіріп ме еді, қайтер еді, егер де 1953 жылдың наурызында «халықтардың күн көсемі» И.В.Сталин қайтыс болмағанда. КСРО-ның билік басына келген Н.С.Хрущев И.В.Сталинді «жеке адамға табынушылықпен» айыптап, ол жүргізген саяси қудалаулардың барлығын партияның қателігі деп жариялады. Көп ұзамай Қазақстанның да басшылығы ауысты: қаталдығымен аты шыққан Ж.Шаяхметовтің орнына Понамаренко Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып келді. Екі адамның оңаша сөйлесуінің өзі күдікті саналып келген Қазақстанда да оң өзгерістер жүре бастады. Нәтижесінде 1951–52 жылдары сотталып, жер ауып кеткен Е.Исмаилов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұхаметханов, Б.Сүлейменовтер түрмеден босанып шықты. Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин, Ә.Қоңыратбаев, М.Қаратаев сияқты азаматтардың Алматыға оралып, ғылыми-шығармашылық жұмыстармен айналысуына мүмкіндіктер туды.

Уақытша Мәскеуде бой тасалап жүрген М.Әуезов республика басшылығының арнайы шақыруымен елге оралды...

Е.Бекмахановтың да ісі қайта қаралып, 1954 жылы 16 ақпанда ақталып шықты. Ол өзінің бұрын жұмыс істеген университеттегі «Қазақстан тарихы» кафедрасына қайта оралып, ұстаздық, ғылыми жұмыстарын жалғастырды. Қанша ауыр болғанымен де абақтыдағы азапты жылдар Ермұханның сағын сындыра алмады. Ол өзінің бұрынғы ғылыми ізденістерін жалғастырып, 1957 жылы КСРО Ғылым Академиясының «Наука» баспасынан «Қазақстанның Россияға қосылуы» (орыс тілінде) атты іргелі еңбегін жариялады... Ғалымның қазақ тарихын зерттеудегі жемісті еңбегі ғалымдар тарапынан жоғары бағаланып, ол 1964 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды. Солай десек те кезінде Е.Бекмахановтың есімін Одақ ғалымдарына танымал еткен, кейіннен өзін ғана емес, бүкіл қазақ зиялыларын қуғындауға негізгі себептердің бірі болған «XIX ғасырдың 20–40 жылдардағы

қазақ тарихы» (1947) атты атышулы еңбегі совет үкіметі жылдарында басылым көрмеді. Тек еліміз егемендігін алғаннан кейін барып, орыс және қазақ тілдерінде жарық көріп, қалың оқырманның рухани игілігіне айналды...

Сөйтіп өткен ғасырдың қыркыншы жылдарының өзінде-ақ ұлтын сүйген азамат Ермұхан Бекмахановтың отаршылдардың ойранынан аяққа тапталып қалған Кенесары–Наурызбайдың рухын қайта көтеріп, халқының ұлттық сана-сезімін оятуға бағытталған іс-әрекетінің аяғы бүкіл ұлтжанды қазақ атаулыға қарсы бағытталған саяси науқанға әкеліп соқтырды. Қазіргі егеменді елімізде елінің елдік намысын көтеріп, отаршылдарға қарсы ту көтеріп шыққан ардагер азаматтың есімін білмейтін, оның елі үшін жасаған рухани ерліктерін мақтан тұтпайтын қазақ жоқ. Азаттық жолында Кенесарылар мерт болған ұлттың ұлы армандары бүгінгі күндері салтанат құрып отыр. Кенесарылар ұлтына қызмет етудің асқан үлгісін көрсетсе, оның туған халқы да асыл ерін ардақтап, ұлттық батыры санайды. 2002 жылы аталып өткен Кенесарының екі жүз жылдығы ұлттық рухымызды тағы да биікке самғатып, сана-сезімімізді сергіте түскен елеулі оқиғаға айналды. Қазір Астананың қақ төрінде, бір кездерде өзі ат ойнатып отаршылдармен айқасқан Ертістің жағасында Кенесарының зәулім ескерткіші асқақтап тұр. Ат үстіндегі Кенесары Батысқа көз тігіп, еліміздің егемендігін қырағы күзетіп, тәуелсіздігін ту етіп көтеріп тұрғандай...

13. «ЖЫЛЫМЫҚ» ЖЫЛДАРЫНДЫҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУ (ЕЛУІНШІ ЖЫЛДАРДЫҒЫ ЕКІНШІ ЖАРЫМЫ)

Елуінші жылдардың ортасына қарай кеңес үкіметінің идеология майданында аздаған «жылымық» басталды. Сталин қайтыс болғаннан соңғы бұл «жылымық» әдеби өмірге де өзгерістер алып келді. Бұрынғыдай қаламгерлерді ұлтшылдықпен, буржуазиялық бұрмалаушылықтармен айыптау азайды. Идеялық көзқарастары үшін айдалып кеткен қаламгерлер қайта оралып, шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік алды. Алғашында аңдысын аңдыған қазақ әдебиеттану ғылымы да біртіндеп дамудың даңғыл жолына түсе бастады.

Сталин қайтыс болған соң да тұрпайы саяси социологиялық сындар қарқынын баса алмай, біразға дейін бой көрсетіп жатты. Х.Байғалиевтің «Әдебиетіміздің идеялық және көркемдік дәрежесі жоғары болсын» («Қазақстан коммунисті», 1953, №4), А.Жаймурзиннің «Сыннан сабақ алу – совет жазушыларының ерекше қасиеті» («Әдебиет және искусство», 1953, №5), «Заманымызға лайық жоғары идеялық көркем шығармалар жасалсын» («Социалистік Қазақстан», 1953, 19 тамыз), «Көркем әдебиеттің идеялық дәрежесі жоғары болсын» (бас мақала, «Социалистік Қазақстан», 1953, 20 желтоқсан), М.Сапарғалиевтің «Панисламизм мен пантюркизм – империализмнің реакциялық құралы» («Қазақстан коммунисті», 1954, №6), «По поводу романа М.Ауэзова «Абай»» («Казахстанская правда», 1953, 21 маусым) секілді мақалаларда әдебиетте өнердің таптық сипаты принципін қаған ұстауды талап етіп, бұдан ауытқыған шығармаларды идеясыздықпен айыптау жалғаса түсті. Солай десек те, елуінші жылдардың екінші жарымынан бастап, солақай саяси ұрдажық сындардың күрт азая бастағаны байқалды.

Осы кездегі қазақ әдебиеттануының жай-күйін, оны пайдалану, оқыту жағдайларынан көп нәрсені орта мектептің 10-классына арналған қазақ әдебиетінен хрестоматия (құрастырған М.Сармурзина, А., 1954) аңғарта алады. 454 беттен тұратын оқу құралы үш бөлімнен тұрады. Алғашқы 129 беті партиялық қаулы-қарарларға, орыс әдебиетіне арналған. Атап айтқанда, В.И.Лениннің «Партиялық ұйым мен партиялық әдебиеті», А.М.Горькийге, Демьян Бедныйға, Билль-Белоцерковскийге, Безыменскийге, Феликс Кон жолдастарға жолдаған хаттары, «Партиялық көркем әдебиет жөніндегі саясат туралы» (РК(б)П Орталық Комитетінің 1925 жыл 18 маусымдағы қарары), «Көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы» (БК(б)П Орталық Комитетінің 1932 жылғы 23 көкектегі қаулысы), «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы» (БК(б)П Орталық Комитетінің 1946 жылғы 14 тамыздағы қаулысы), «Г.Маленковтың (БК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы партияның ХІХ съезіне есепті баяндамасы», А.Ждановтың «Совет жазушыларының І съезінде сөйлеген сөзі», «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы Жданов жолдастың баяндамасы» (үзінді), А.М.Горькийдің «Ана» романынан үзінді, «Республика корольдерінің бірі», Совет жазушыларының І съезінде 1934 жылы

17 тамызда жасаған баяндамасынан үзінді, «Егер жау берілмесе – оны құртар болар», «Мәдениет туралы», В.М.Молотовтың «Горькийді еске түсіру», В.В.Маяковскийдің «Советтік паспорт туралы» туындылары берілген. Сонда барлығы 20 материал 129 бетті алған. «Туысқан халықтар әдебиетінен» деп аталынған бөлімде Павло Тычинаның, Янка Куполаның, Галактион Табидзенің, Самед Вургунның, Аветик Исакянның, Мирза Тұрсын Заданың, Гафур Ғұламның «Қазақ халқының ұлы тойы» атты арнауы ғана. Қалғандарының барлығы да компартияны, Сталинді, Советтер Одағын, комсомолды жырлаған «Жырымның ең асылы Сталинге», «Комсомолға» (Янка Купала), «Москва» (Самед Вургун), «Ұлы Сталинге» («Аветик Исаакян»), «Москва туралы ой» (Аалы Тоқамбаев) тақырыптас болып келеді.

Ал қазақ әдебиетінен Ж.Жабаевтың, С.Мұқановтың, М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің, Ғ.Мұстафиннің, Т.Жароковтың «ұлтшылдығы» жоқ шығармаларына ғана орын берілген. Сонда көлемі 454 беттен тұратын қазақ әдебиеті бойынша оқу құралының үштен бірдейі (129 бет) партиялық қаулы-қарарларға, орыс әдебиетіне (онда да революция жыршылары М.Горький мен В.Маяковскийге) де 18 беті туысқан халықтар әдебиетіне арналған. Қалған 307 бетінде қазақ әдебиетіне орын беріліп, негізінен компартияны, «күн көсем» Сталинді, «бақытты» советтік өмірді жырлаған шығармалармен таныстырылған. Бұл жағдай сол кездегі орта мектеп пен жоғарғы оқу орындарына арналған қазақ әдебиеті бойынша оқулықтар мен оқу құралдарының барлығында дерлік ортақ болатын.

Әдебиет ұлттық болады десе, сол ұлттық болмысынан жұрдай болған қазақ әдебиетінің сыны мен ғылымына осы ойсыраған олқылықтардың орнын қалпына келтіру керек-тұғын. Әдебиеттану сол іске енді әдеби сын арқылы біртіндеп кірісе бастады. 1954–1955 жылдарда саяси соққылардан есеңгіреп қалған қазақ әдебиеттануы есін жиып, қалпына келуге ұмтылды. Саясылықпен ауырып, ғылыми жағынан ақсап қалған әдебиеттану ғылымына теориялық, эстетикалық деңгейін көтеру жолында біраз жұмыстар жасауына тура келді. Ш.Ахметовтің «Көркем әдебиетте сөз қолдану шеберлігі туралы» («Коммунизм таңы», 1954, 13 көкек), Т.Ахтановтың «Ұнамды герой образы туралы кейбір ойлар» («Әдебиет және искусство», 1954, №10), «Творчестволық даралық» («Қазақ әдебиеті», 1955, 19 тамыз), М.Әуезовтің «Көркем әдебиеттің тілі» («Социалистік Қазақстан», 1954, 24 ақпан), «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» («Қазақ әдебиеті», 1955, 7 қазан), З.Қабдоловтың «Сатира жөнінде» («Әдебиет және искусство», 1954, №3), «Әңгіме туралы кейбір ойлар» («Әдебиет және искусство», 1954, №9), А.Нұрқатовтың «Ұнамды кейіпкер жайында» («Социалистік Қазақстан», 1954, 12 тамыз), «Шағын жанр жайында» («Қазақ әдебиеті», 1955, 3 маусым), С.Шәймерденовтің «Ұнамды герой жайында» («Әдебиет және искусство», 1954, №9), Н.Ғабдуллиннің «Көркем әңгіме туралы бір-екі сөз» («Лениншіл жас», 1955, 14 тамыз), М.Дүйсеновтің «Әдебиет терминдері туралы» («Қазақ әдебиеті», 1955, №4), Қ.Құттыбаевтың «Тип және характер» («Әдебиет және искусство», 1955, №8), Ж.Молдағалиевтің «Мазмұн мен түр ұқсастығы» («Қазақ әдебиеті», 1955, 29 шілде), Қ.Нұрмахановтың «Әдебиеттегі типтік проблемасы жайында» («Әдебиет және искусство», 1955, №1), «Лирика туралы ойлар» («Лениншіл жас», 1955, 21 тамыз), Ж.Өмірбековтің «Ақындық сезім туралы» («Қазақ әдебиеті», 1955, 30 қазан), Ә.Сәрсенбаевтың «Лирика туралы бір-екі сөз» («Әдебиет және искусство», 1955, №1), Т.Ысмайыловтың «Жаңа түрдің табиғилығы үшін» («Қазақ әдебиеті», 1955, 26 тамыз) сияқты мақалаларда көркем әдебиеттің теориялық жағынан танып білуге деген ізденістер көрінеді.

Әдеби сынның әдеби өмірдегі белсенділігі арта түсті. Жаңадан шығып жатқан шығармалардың сын назарынан тыс қалуы сирек жағдайға айналды. Әдеби сын ағын ақ, қарасын қара деп әрбір жаңа туындыға объективті түрде баға беруге ұмтылды. Турасын бет-жүзіне қарамай айтамын деп, сынның асыра сілтеп алған тұстары да болмай қалған жоқ. Осы кездегі қазақ әдебиеті ғылымы мен сынының көшін көркем шығармашылық пен сын-зерттеушілікке едәуір тәжірибелер жинақтаған М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сияқты қаламгерлердің өздері бастауларына тура келді. Е.Ысмайылов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Қ.Жұмалиев, Т.Нұрғазин сынды тарландар қазақ әдебиеттануының алдыңғы легінде көрініп, жаңа биіктерге жол бастап отырды. Бұрындары бірлі-жарымды асыра сілтеушіліктерімен көзге түсіп қалған М.Ғабдуллин, М.Сәрсекеев, Қ.Жармағамбетов, Қ.Нұрмаханов, М.Ғұмарова, А.Нұрқатов, Б.Сахариев сияқты сыншылар өз қателіктерін түсініп, өмірдің жаңаша беталысына тез бейімделіп кетті. Ал солақайшылықтарымен аты шыққан С.Нұрышев, Ә.Нілдібаев, Ә.Жәмішев,

М.Ақынжановтар үнсіз қалды. Осы кезде қазақ әдеби сынына бір топ дарынды жастар келіп қосылып, сынның көрігін қыздыра түсті. Олардың қатарында С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Бердібаев, З.Қабдолов, Ы.Дүйсенбаев, Н.Ғабдуллин, З.Ахметов, М.Дүйсенов, Ә.Нарымбетов, Ә.Дербісәлин, Т.Қожакеев, Қ.Құттыбаев, С.Ордалиев, Ш.Сәтбаева, Х.Сүйіншіәлиев, Б.Уахатов, Қ.Бекқожин, Т.Амандосов, Т.Әбдірахманов, Ш.Ахметов, М.Тілеужанов, т.б. бар. Т.Ахтанов, Т.Әлімқұлов, Х.Ерғалиев, Ж.Молдағалиев, Қ.Мұхаметжанов, С.Омаров, Ә.Сәрсенбаев, Ғ.Сланов, Б.Соқпақбаев, Ә.Тәжібаев, т.б. сынды ақын-жазушылар да әдеби өмірге белсене араласты.

1954 жылдың 5–6 көкегі күндері Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының VII пленумы болып өтті. Онда «КПСС Орталық Комитеті пленумының «Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысын жүзеге асыруда Қазақстан жазушыларының міндеттері» деген тақырыптағы баяндаманы Ғ.Мұстафин, «Республикамыздағы әдебиет сынының жағдайы және оны өркендету міндеттері» деген тақырыптағы баяндаманы Ғ.Мұстафин, «Республикадағы әдебиет сынының жағдайы және оны өркендету міндеттері» деген баяндаманы Ғ.Мүсірепов жасады. Жарыссөзде Т.Ахтанов, Т.Әлімқұлов, С.Қирабаев, Х.Ерғалиев, З.Қабдолов, Ж.Молдағалиев, Қ.Шаңғытбаев, Т.Нұртазин, С.Бегалин, Қ.Сатыбалдин, А.Тоқмағамбетов, М.Әлімбаев, т.б. шығып сөйлеп, қазақ әдебиеті мен сынының қазіргі жай-күйі, оны өркендету жайлы өз ойларын ортаға салды.

Сын туралы негізгі баяндама жасаған Ғ.Мүсірепов принципті, әділ, ғылыми сынның туған әдебиетімізді өркендетудегі рөлі мен маңызына кеңінен тоқталды. Әдеби сынның ғылыми-теориялық дәрежесінің таяздығы, сын мәдениетінің жетіспейтіндігі, тұрпайылығы сияқты кемшіліктерінің көркемдік дамуға елеулі кедергі жасап отырғандығын нақтылы мысалдармен көрсетті. Саяси сындардың соққысына ұшыраған М.Әуезовтің «Абай» романы мен С.Мұқановтың «Өмір мектебі» төңірегінде туындаған солақайшылықтарға тойтарыс берді. Сөйтіп, сол кезге дейін үстемдік құрып келген тұрпайы әлеуметтік сындарға қарсы тұрды. Ғабит сыншыларға «шын сыншы жазушыға да, оқушыға да жөн сілтей алатын әділ болсын, соған өзін міндеттімін, жауаптымын деп санасын» деген талаптар қойды.

Осы жылдың қыркүйек (5–6) айында Қазақстан Жазушыларының III құрылтайы болып өтті. Құрылтайды М.Әуезов кіріспе сөз сөйлеп ашты. Ғ.Мұстафин «Қазақ совет әдебиетінің қазіргі жайы және алдағы міндеттері», Ғ.Мүсірепов «Қазақ совет прозасы туралы» деген тақырыптар бойынша баяндамалар жасады. Құрылтайға кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдері М.Шолохов, Л.Леонов, Н.Грибачев, Мирзо Тұрсын Заде, К.Яшен, т.б. шығып сөйлеп, өз ойларын бөлісті. Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы П.К.Пономаренко ұзақ сөйледі.

Құрылтайда жасалған баяндамаларда, шығып сөйлеушілердің сөздерінде қазақ кеңес әдебиетінің даму жолдарына көз жіберіліп, оның өсіп-өркендеуіне кедергі болып келген жағдайлар, әсіресе көркем шығарманы бағалаудағы саяси тұрпайылық барынша сынға алынды. Әсіресе, қазақ кеңес әдебиетінің елеулі жетістігі саналған М.Әуезовтің «Абай» романына жабылған негізсіз кінәлар жоққа шығарылды. Негізгі баяндама жасаған Ғ.Мұстафин «Қазақ әдебиеті озық әдебиеттердің қатарына қосылады, қосылғанда прозамен қосылады дегенде, алдымен, «Абай» романын ауызға аламыз» деп, М.Әуезовтің бұл шығармасын ұлттық әдебиетіміздің аса ірі жетістігі ретінде бағалады. Қазақ прозасы жайлы арнайы баяндама жасаған Ғ.Мүсірепов те «Мұхтар Әуезовтің «Абай» эпопеясын әдебиет пен көркемөнердің ең әділ де қатал сыншыларының өзі рухани мәдениеттің дүниежүзілік қазынасына қосылған үлес деп таныса, бұған мақтанбау мүмкін емес» – деген жүрекжарды лебізін білдірді.

Құрылтай қазақ қаламгерлерін бүгінгі заман тақырыбын игеруге, коммунизм құрылысыларының жарқын бейнесін жасауға үндеді. Тарихтан гөрі кеңес халқының өмірін бейнелеуге шақыру сол кездегі идеологиялық қалыптардан туындаған әдеби сынның негізгі ұрандарының бірі болатын. Осы құрылтайдағы негізгі баяндамада «Мұхтар Әуезов тарихи тақырыпты тамаша меңгерді. Ал бүгінгі тақырыпты еркін меңгере алмай келеді» деген сынның айтылу себебі де түсінікті болса керек. Мұның өзі сол кездегі әдеби сынның таптық принципке негізделген маркстік-лениндік дүниетанымынан іргесін аулақ сала алмағанын, бұдан бойын аулақ ұстауға деген ұмтылыстың бар болғанымен де оған жетуге деген мүмкіндіктің шектеулі екенін байқатты.

1953 жылы қыркүйек айында М.Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» романдарын талқылауға арналған әдебиетшілердің қалалық жиналысы өткен болатын. Ондағы Т.Ахтановтың

«М.Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» романдары туралы» баяндамасында («Әдебиет және искусство», 1953, №10) және шығып сөйлеушілердің сөздерінде қазақтың тұңғыш роман-эпопеясын ғылыми-эстетикалық тұрғыдан танып білуге үлкен бетбұрыс жасалынды. А.Нұрқатовтың «Шындық және шеберлік» атты көлемді проблемалық зерттеу мақаласы «Әдебиет және искусство» журналының (1955, №6, 7, 8,) үш нөмірінде жарияланып, «Абай жолы» романдарының жаңаша қырын аша түсті. Сөйтіп, М.Әуезовтің шығармашылық ірі табысы өзіне лайықты бағасын ала бастады. Дегенмен де, Мұхтарды шаужайдан алу тоқтаған жоқ. Әйтеуір ретін тауып, іліп кетіп жататын. Бұрын М.Әуезов бүгінгі тақырыпты жазғысы келмейді деп, сыналып келсе, сол кінәдан әлі де арыла алмай-ақ қойды. Мысалы, «Әдебиет және искусство» журналының 1954 жылғы жаңа жылдық нөміріндегі жазушыға жазған достық әзілінің өзінде осы «кемшіліктің» зілі көрінеді. Ондағы «Қартайды Ертіс, Бұхтарма // Дәмеленіп Мұхтарға» деген жолдарда М.Әуезовтің бүгінгі социалистік қоғамды көркем шығарма өзегіне айналдырмай жүргені сыналған.

Жалпы кеңес үкіметі жылдарында қазақ әдебиеттану ғылымындағы орталық мәселенің бірі Абай төңірегінде болды. Қазан төңкерісінен кейін-ақ пролеткультуршылар Абай ескі феодализмнің ақыны, біздің жаңа заманымызға оның керегі жоқ деп соқса, отызыншы жылдардағы, елуінші жылдардың бас кезіндегі саяси науқандарда да осы тұрғыдан көп сыналды. Тіпті, Абай туралы жазылған көркем шығарма М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы да ескілікті өмірді, ескішіл Абайды дәріптейтін шығарма деп, солақай сындардың астында қалды. Енді жаңа «ақылмық» кезең келгенде, қазақ әдебиеттануы жіберілген осы кемшіліктерді жоюға ұмтылуы да заңды болатын. Бұл ретте қазақ әдебиетшілері Абайдың қайтыс болғанына елу жыл, туылғанына жүз он жыл толуын жақсы пайдалана білді. 1953 жылы Абай туралы Т.Әбдірахмановтың «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» («Социалистік Қазақстан», 1953, 23 шілде), С.Тілешованың «Некрасов және Абай» («Социалистік Қазақстан», 1953, 6 қаңтар), Т.Тәжібаевтың «Абайдың педагогикалық көзқарастары» («Халық мұғалімі», 1953, №7), Х.Сүйіншәлиевтің «Абайдың қара сөздеріндегі адамгершілік, мінезқұлық мәселелері» («Әдебиет және искусство», 1953, №11) сияқты бірлі-жарым мақалалар ғана жарық көрсе, келесі жылдарда сан жағынан артып, абайтанудың арнасы толып аға бастады. Тек бір ғана 1954 жылы қазақ басылымдары Абайға қатысты жүзге жуық материал басты. Орыс тілінде де Абайға арналған мақалалар жиі көріне түсті. Абайдың туылғанына 110 жыл толған 1955 жыл да абайтану үшін жемісті жыл болды.

Абайға қатысты жарияланған материалдардың біразы ұлы ақынның асыл мұрасын туған халқына таныстыру, насихаттау мақсатын көздесе, енді бір парасы оның көркемдік әлемінің қыр-сырларына үңілді. Ақынның жаңа тұрпатты қазақ әдебиетінің негізін салушы екендігі, ақындық шеберлігі, қазақ поэзиясына қосқан әдісі, өлеңдерінің мәтіні сияқты мәселелері кеңінен талқыланды. З.Ахметовтің «Абай қазақтың ұлы ақыны» («Қазақстан коммунисті», 1954, №8), Т.Әлімқұловтың «Өлмес мұра» («Әдебиет және искусство», 1954, №6), Ә.Жиреншиннің «Абайдың этикалық көзқарасы» («Қазақстан мұғалімі», 1954, 9 қыркүйек), Б.Кенжебаевтың «Абайдың лирикасы» («Коммунизм таңы», 1954, 16 шілде), С.Қирабаевтың «Абай – реалист ақын» («Лениншіл жас», 1954, 4 маусым), Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» («Социалистік Қазақстан», 1954, 27 мамыр), А.Нұрқатовтың «Абай лирик» («Лениншіл жас», 1954, 5 қыркүйек), Т.Нұртазиннің «Абай – көркемсөз шебері» («Халық мұғалімі», 1954, №8), М.Сәрсекеевтің «Абайдың ақындық шеберлігі» («Лениншіл жас», 1954, 20 тамыз), Х.Сүйіншәлиевтің «Орыс классикалық әдебиеті және Абай» («Әдебиет және искусство», 1954, №7), т.б. мақалалары абайтанудың өзекті өңірлеріне бара білді. Абайға арналған сын-зерттеулер жинағы жарық көрді.

М.Әуезов осы салада жемісті еңбек етіп, «Абай Құнанбаев творчествосын зерттеудің маңызды мәселелері» («Қазақстан мұғалімі», 1954, 1 шілде), «Абайдың халықтығы мен реализмі туралы» («Коммунизм таңы», 1954, 5 қыркүйек), «Қазақ халқының ұлы ақыны» («Әдебиет және искусство», 1954, №9) зерттеулерін жазды. Бірнеше мақаласы республикалық орыс басылымдарында жарық көрді. Мәскеудің «Новый мир» (1954, №7) журналында «Абайдың өмірі мен шығармашылығы», «Литературная газетада» (7.IX.1954) «Абайдың халықтығы мен реализмі» мақалаларын жариялап, қазақтың ұлы ақынын орыс тілді оқырмандарға таныстырды. Тіпті бұрындары Абайды ескішіл деп даттаушылардың бірі, «Абай шығармашылығын

зерттеудегі буржуазияшыл-ұлтшылдық бұрмалаушылықтарды түп-тамырымен құртайық» («Вестник АН КазССР, 1953, №4») деп ұрандаған С.Нұрышевтің өзі «Пушкин және Абай» («Лениншіл жас», 7.VII.1954) туралы мақала жазып, «Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен» (А., 1954) атты кітап шығарып, ұлы ақын туралы көзқарастарындағы тұрпайы әлеуметтік солақайшылықтардан арыла бастағандығын көрсетті.

Абай туралы бұрын-соңды артық-кем, жетіп-жетпей айтылып келген түрлі пікірлердің барлығы да сын қазанында бұрқ-сарқ қайнап, абайтанудың керегесі кеңіп, іргесі беки түсті. Сол кездегі қазақ қаламгерлерінің ішінде Абай туралы қалам тартпағаны жоқ шығар, сірә. Ұлы Абайдың рухани мұрасын бүкіл гуманитарлық ғылымдар бірігіп зерттеудің барысында дана философ ақынның сан қырлы шығармашылығы туған халқына бар болмысымен таныла бастады. Сөйтіп Абайдың асыл мұрасы қазақ халқының сан ұрпақтары тәлім алар, нәр алар руханияттың қайнар көзіне айнала түсті.

Абайды тану жолындағы сыни ізденістер үлкен ғылыми жұмыстарға жалғасты. Бір ғана 1954 жылы Абайға арналған «Абайдың өмірі мен творчествосы» (Мақалалар жинағы. А., 1954), «Абай Құнанбаевтың музыкалық творчествосы» (Этнографиялық жинақ. А., 1954), Т.Әлімқұловтың «Абай» (А., 1954), Б.Кенжебаевтың «Абай – қазақ халқының реалистік әдебиетінің негізін салушы» (А., 1954), С.Нұрышевтің «Абай аударма жөніндегі тәжірибесінен» (А., 1954), Х.Сүйіншәлиевтің «Абай – қазақ халқының ұлы ақыны және ағартушысы» (А., 1954), Т.Тәжібаевтың «Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы» (А., 1954) сияқты ірілі-уақты кітаптар шығып, Абайтанудың рухани күмбезін биіктеге түсті.

Елімізде Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуы кеңінен аталып өтті. Қыркүйектің 4-і күні Қазақ КСР Министрлер Советі Абай Құнанбаевты мәңгі есте қалдыру туралы қаулы қабылдады. Қыркүйектің 5-і күні Алматыда Абайға арналған салтанатты жиналыс болды. Онда М.Әуезов баяндама жасады. 15 қыркүйекте Қазақ КСР Ғылым Академиясының Абайға арналған мерекелік сессиясы өтті. Ал қыркүйектің 18-19 күндері ақын тойы өзінің туған жері Семей өңірінде жалғасты. 24 қыркүйекте Мәскеуде бүкілодақтық көлемде салтанатты түрде аталды. Одақтар үйінің Колонналы залында өткен жиналысты қазақ әдебиетінің досы Л.Соболев кіріспе сөзбен ашып, Ғ.Мүсірепов баяндама жасады. Мәскеу газеттерінде Абайды одақтық оқырмандарға таныстырған бірнеше мақала жарияланды.

Бұл оқиғалар Абайтануға кең жолдар ашып берді. Абайтану енді науқаншылықтан гөрі қазақ әдебиеттану ғылымының кең арналы саласына айналып, ғылыми сипаты тереңдей түсті. Елуінші жылдары Х.Сүйіншәлиевтің «Абайдың қара сөздері» (А., 1956), Қ.Өмірәлиевтің «Абайдың нақыл сөздері, афоризмдері» (А., 1958), Ә.Жиреншиннің «Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары» (А., 1959), Қ.Мұхаметхановтың «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» (А., 1959) сияқты зерттеулері абайтанудың іргесін кеңейте түсті. Х.Сүйіншәлиев Абайдың қара сөздерін қазақ прозасының алғашқы үлгісі ретінде зерттесе, Қ.Өмірәлиев ақын ойларының тереңдігіне, терең ойлардың қысқа да нұсқа көркем берілуіне назар аударды. Абайтану білгірлерінің бірі Қ.Мұхаметханов ақын поэзиясының әлі де анықтай түсуді қажет ететін мәтіндік тұстарына үңілді. Абайтанудан алғаш ғылыми диссертация қорғаған Ә.Жиреншин А.Құнанбаевтың өмір жолы, шығармашылығы, ақындық мектебі, дүниетанымы, орыс әдебиетімен байланысы сияқты күрделі мәселелер төңірегінде сәтті ғылыми ізденістер жасады.

Өткен ғасырладағы қазақ әдебиеті, оның көрнекті өкілдері жайлы Е.Бекмахановтың «Ы.Алтынсарин аса көрнекті педагог әрі ағартушы» («Қазақстан мұғалімі», 1954, 9 желтоқсан), Ә.Дербісәлиннің «Ыбырай Алтынсарин» («Социалистік Қазақстан», 1954, 30 маусым), «Ы.Алтынсарин және балалар әдебиеті» («Қазақстан пионері», 1954, 31 шілде), «Ы.Алтынсариннің творчествосын зерттеудегі ұшқары пікірлерге қарсы» («Қазақ әдебиеті», 1955, 10 маусым), Ә.Ахметовтің «Шокан Петербургте» («Әдебиет және искусство», («Әдебиет және искусство», 1955, №10), Е.Бекмахановтың «Шокан Уәлиханов – көрнекті ағартушы, әрі демократ» («Қазақстан мұғалімі», 1955, 1 мамыр), Ө.Есназаровтың «Әдеби мұралар басылып шығатын болсын» («Қазақ әдебиеті», 1955, 13 мамыр), Б.Кенжебаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері» («Қазақ әдебиеті», 1955, 18 ақпан), «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың дүниетанымы туралы» («Лениншіл жас», 1955, 2 желтоқсан), «Әкірам Ғалымов» («Қазақ әдебиеті», 1955, 18 қараша), С.Мұқановтың «Ғалым, ағартушы, демократ» («Со-

циалистік Қазақстан», 1955, 25 желтоқсан), Т.Нұртазиннің «С.Торайғыров творчествосының әлеуметтік мәні» («Халық мұғалімі», 1955, №5), Қ.Нұрмахановтың «Қазақ әдебиетінің тарихы туралы бірер сөз» («Қазақ әдебиеті», 1955, 11 наурыз), т.б. материалдар жарияланды. Бұлардың ішіндегі Б.Кенжебаевтың, Қ.Нұрмахановтың, Е.Ысмайыловтың, Ө.Есназаровтың мақалаларында өткен замандарда жасалынған әдеби мұраны игеру мәселелері көтерілді.

Жазушылар Одағы қазақ әдебиетін дамыту, оның ертеңі ойластыру жұмыстарын қолға ала бастады. Осындай мақсатпен Қазақстан Жазушылар Одағының жас жазушылардың шығармашылықтарына арналған пленумы болып өтті. Пленумда С.Шәймерденов жас прозашылардың, Қ.Шаңғытбаев ақындардың, Ш.Құсайынов драматургтердің, А.Нұрқагов сыншылар мен зерттеушілердің шығармашылықтары жөнінде баяндамалар жасады. Қ.Жармағамбетов пен З.Қабдоловтың көркем әдебиеттің шығармашылық мәселелері бойынша қосымша баяндамасы тыңдалған. Жарыссөзде Т.Әлімқұлов, Т.Нұртазин, Ә.Сәрсенбаев, Ә.Әбішев, т.б. шығып сөйлеп, өздерінің жазушылық тәжірибелерін ортаға салған. Жазушы Ғ.Мүсірепов сөйлеген.

Пленум соңғы жылдарда әдебиетке Ө.Нүрпейісов, Б.Соқпақбаев, К.Оразалин, З.Қабдолов, С.Сарғасқаев, Н.Ғабдуллин секілді прозашылар, М.Әлімбаев, Ж.Өмірбеков, Қ.Ұябаев, М.Байсейітов, Н.Шәкенов, А.Шамкенов, Б.Аманшин, Т.Бердияров, Ә.Ахметов, З.Шүкіров, Ғ.Қайырбеков, М.Рәшев, І.Мәмбетов сияқты жас ақындар, С.Адамбеков, М.Дүзенов, Р.Райымқұлов секілді прозашылар мен Т.Әлімқұлов, Т.Ахтанов, С.Қирабаев, Қ.Құттыбаев, Б.Сахариев, Е.Букетов, М.Сәрсекеев сынды жас сыншылар келіп қосылғандығын әйгіледі. Осылардың алғашқы шығармашылық жолындағы ізденістері сыни көзбен шолынды. Әсіресе Б.Соқпақбаевтың балалар өмірінен жазған әңгімелері, Т.Бердияров пен Ғ.Қайырбековтың «белгілі бір сюжетке құрып, тың пікір айтуға талпынатын» өлеңдері жақсы жағынан атап өтілді. Сондай-ақ, А.Байтанаевтың «Болат», Ж.Тілеповтың «Қайнар», Ф.Дінісламовтың «Ұшқын» атты повестері, Ә.Көпбаевтың «Мақтаныш», К.Тоқаевтың «Жұлдызды жорық» атты әңгімелер жинақтары қатты сынға алынды.

1955 жылдың қаңтар айынан бастап, соғыс жылдарында тоқтап қалған «Қазақ әдебиетінің» қайта шыға бастауы әдеби-сыншыл ойлардың жандана түсуіне айтарлықтай септігін тигізді. Газет бетінде қазақтың ауыз әдебиеті, әдебиетінің тарихы, қазіргі әдебиет мәселелеріне арналған материалдар тұрақты түрде жарияланып тұрды. Басылым әсіресе бүгінгі әдебиетке, жазушылық шеберлік мәселелеріне назарды көбірек аударды. Жаңадан шығып жатқан әрбір туындыға лайықты бағасын беріп отыруға тырысты. Жекелеген қаламгердің шығармашылық портреттері жазыла бастады. «Қазақ әдебиеті» әсіресе жазушылық шеберлік мәселелеріне ерекше ден қойды. Б.Аманшиннің «Өлең сезімге құрылсын» («Қазақ әдебиеті», 1955, 19 тамыз), С.Шәймерденовтың «Шеберлік ізденуден туады» («Қазақ әдебиеті», 1955, 21 қазан), Т.Исмайловтың «Жаңа түрдің табиғилығы үшін» («Қазақ әдебиеті», 1955, 5 тамыз), т.б. мақалаларда сөз өнерінің қыр-сырлары кәсіби тұрғыдан әңгімеленді. Көркем шығармаларды бағалағанда, бұрынғыдай идеялық тұрғыдан емес, көркемдік шешім жағынан келуге ойласқандық байқалды. Басылым бетіндегі сыни материалдардың берілу формасы жағынан жаңаша ізденістер көрінді. Мысалы, М.Ғабдуллин (Мұхтар Әуезовке хат. «Қазақ әдебиеті», 1955, 28 қазан) мен Мұхтар Әуезов (Мәлік Ғабдуллинге жауап хат. «Қазақ әдебиеті», 1955, 11 қараша) осы газет бетінде хат арқылы қазіргі әдебиеттің жай-күйі, шығармашылық өнердің қыр-сырлары жайлы өзекті ойларын ортаға салып, пікір алысты.

Осы жылдарда А.Токмағамбетов пен Ә.Сәрсенбаевтың елуге, С.Бегалиннің 60 жасқа толуларына байланысты жарияланған материалдарда олардың шығармашылық портреттері жасалынды. Жыр алыбы Жамбылдың 110 жылдығына орай бірсыпыра материалдар жарық көрді. Бір ғана 1955 жылдың өзінде Жамбылға арналған Б.Кенжебаевтың «Жамбыл Жабаев қазақ халқының жыршысы», Қ.Жармағамбетовтың «Жамбыл Жабаевтың өмірі мен творчествосы», Х.Сүйіншәлиевтің «Жамбыл Жабаев – қазақ халқының ұлы ақыны» атты кітаптары жарық көрді. М.Ақынжановтың «Қазақ ағартушыларының қоғамдық, саяси көзқарастарының қалыптасуы», Б.Кенжебаевтың «Қазақ өлеңінің құрылысы», С.Сейітовтің «Ғабит Мүсіреповтің творчествосы», т.б. еңбектері жарияланды.

Сондай-ақ, М.Горькийдің «Мен жазуды қалай үйрегенім туралы», Н.А.Добролюбовтың «Әдебиет туралы сын мақалалар», М.Дүйсеновтің «Михаил Шолохов – совет әдебиетінің көрнекті жыршысы», Қ.Жармағамбетовтың «М.Горькийдің өмірі мен творчествосы», А.Нұрқагов-

тың «В.В.Маяковский – совет дәуірінің аса талантты ақыны», Х.Сүйіншілиевтің «А.Н.Толстой – көрнекті совет жазушысы» атты еңбектері де шықты. Бұлардың басты мақсаты орыс әдебиетін қазақ оқырмандары арасында насихаттау болса, екінші жағынан қазақ әдебиетінің дамуына тигізген, тигізер әсер-ықпалын көрсету жағы да көзде ұсталды.

1956 жылы болып өткен СОКП-тың XX құрылтайы жеке адамға табынудан туындаған өрескел заң бұзушылықтарды әшкерелеп, қоғамдық-мәдени өмірімізге елеулі оң өзгерістер алып келді. Жеке басқа табынушылықтың ауыр зардаптарын жою жолында түрлі шаралар жүзеге асырыла бастады. Сталиндік саясатты сынау қазақ әдебиетінде де үлкен серпілістер туғызды. Әдебиеттанудың сыны мен ғылымы солақай саясаттың салдарынан орын алған қателіктер мен кемшіліктерді жоюға белсене кірісті. Жаңа дәуірдің жаңаша саясаты қазақ әдебиеттануының коммунистік идеологияның тар құрсауынан ештеп босап, әдеби ой-пікірдің жандана бастауына мүмкіндіктер жасады.

1956 жылдың 17 көкегінде әдебиет пен көркемөнер қызметкерлерінің жиналысы болып, онда Ғ.Мұстафин «КПСС XX съезінің қорытындылары және әдебиет пен көркемөнер қызметкерлерінің міндеттері» туралы баяндамасы тыңдалды. Жарыссөзде С.Мұқанов, С.Мәуленов, З.Қабдолов, З.Шашкин, т.б. шығып сөйлеп, қазақ әдебиетін дамыту жолдары туралы ой бөлісті. Осы жылдың 17-18 желтоқсан күндері Қазақстан Жазушылар Одағының III пленумы өтті. Онда Ә.Тәжібаевтың «КПСС XX съезінің қарарларына сәйкес қазақ поэзиясының қазіргі жайы туралы», Дм. Снегиннің «Қазақстандағы орыс поэзиясы туралы» баяндамалары тыңдалды. Жарыссөзге шыққандар: М.Әуезов, З.Кедрина, Т.Әлімқұлов, О.Шипин, Е.Ысмайылов, Б.Шалабаев, М.Қаратаев, Д.Әбілов, Е.Ибраһим, З.Ахметов, З.Шашкин, А.Жовтис, Т.Жароков, т.б. Пленумда Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасы президумының төрағасы болып Ғ.Мүсірепов сайланды.

Баспасөз бетінде әдебиеттің ағымдағы тарихына байланысты мәселелер батыл көтеріле бастады. «Социалистік Қазақстан» (1956, 28 тамыз) және «Қазақ әдебиеті» (1956, 17 тамыз) газеттерінде басылған «Әдебиеттану ғылымы мен әдеби сынның дәрежесі жоғары болсын», «Әдебиет және әдебиеттану ғылымы» атты бас мақалалар әдебиет сыншылары мен зерттеушілерін жігерлендіре түсті. «Күн тәртібінде әдебиет сыны» («Қазақ әдебиеті», 1956, 25 маусым), С.Қирабаевтың «Әдебиет сынына не бөгет болып отыр» («Қазақ әдебиеті», 1956, 24 тамыз), Ә.Қоңыратбаевтың «Сынның сырқаулары» («Қазақ әдебиеті», 1956, 3 ақпан), А.Нұрқатовтың «Әдебиет сынының мәселелері» («Әдебиет және искусство», 1956, №1), М.Қаратаевтың «Сын туралы сөз болғанда» («Әдебиет және искусство», 1956, №8) сияқты мақалаларында әдеби сынды жандандыра түсу мәселелері көтерілді.

М.Қоңыратбаев «Соңғы жиырма жыл ішінделгі қазақ әдебиетінің барлық жанрларына көз жіберіп, шолып шығыңызшы. Не көрер екенсіз! Ондағы жалаң, жалпылама мақтауға құрылған жансыз, әсерсіз, құрғақ лепірме өлеңдер мен поэмаларды тізсеңіз, оған қарны қампиған, бірақ ішінде іліп алар дәні жоқ, не ақылға, не жүрекке жұғар нәрі жоқ, шындықтан да, ойдан да жұрдай, өмірге ұқсамайтын схемамен жосылтып шыққан сәтсіз романдар мен сүренсіз әңгімелерді қоссаңыз, сосын театрлардағы қойыла салып, қалып қойып келе жатқан көп актілі, көп сөзді, көп нәрсені ескерген, бірақ жалғыз ғана искусствоны ескермеген типсіз, характерсіз, көркем шындықсыз, бір-ақ ымырттық өмірі бар шұбалаң пьесаларды алсаңыз, аз тізім болып шықпас» – деп, ащы шындықты жайып салды. Сөйтіп әдебиеттің атын жамылып, ұрандатып, жалаулатып жүрген социалистік реализмнің жалған әдебиетіне қарсылық білдірді.

Ә.Қоңыратбаев қазақ әдебиеттану ғылымының артта қалып келе жатуының түрлі себептерін көрсеткен пікірлерге тоқтала келіп, «Ол кездегі сын көбіне әдебиеттің идеялық тазалығы жөнінде болды да идеология жағдайындағы партия қаулыларына үн қоса білді. Бірақ сөйте тұрып, кейбіреулер жалаң қате аулап, әдебиет тарихының нақтылы міндеттерінен қол үзді. Сында іспен бекітілмеген үстірт байламшылдық бел алып, ол 8–9 жылға созылған. Мұның өзі сынның бір сырқауына айналған-ды» деп, сындағы осындай келенсіздіктердің салдарынан өткеннің әдеби мұрасын игеру саласында атқарылып жатқан жұмыстарға көңілі толмайтындығын білдіреді. Мектеп бағдарламасында «Қамбар батыр» жырынан басқа ештеңе қалмағандығын сол кездегі әдебиет ғылымының үлкен кемшілігі ретінде бетке басады: «Мұнда ол «Қамбар батырдан» басқа қазақ эпосының бәрін де байлардікі деп түсіндірген. Қазақ эпосында түрлі тап ақындарының тарапынан болған қоспалар жоқ емес. Бірақ эпостың тәуір үлгілері халықтікі. «Қыз Жібек»,

«Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сияқты жырлардың халықтық рухына шүбә келтіруге болмайды» («Қазақ әдебиеті», 3.2.1956). Әуелбек Шортанбайды «Әдебиет тарихына енгізуге болмайды, енгізе қойсақ, ол Шортанбайды насихаттау болады» деген Қ.Нұрмахановтың пікіріне қарсы дау айтты. Сол сияқты, кейбір «сақ сыншылардың» С.Торайғыров, М.Сералин, С.Дөнентаевтарды зерттеудің өзі «сойқанның ең үлкені» деп білетіндіктерін қатты сынға алды. «Абай мене Жамбылдан басқа ақын, жазушылардың, соның ішінде Ыбырай мен Шоқанның да еңбектерін» басып шығармадық деп, реніш білдіреді. «Бізде тұрақты эпос жинақтары да жоқ. Орта мектептер дүркін-дүркін құралсыз қалады. Вуздар құр қол» – деп, әдеби мұраны игеруде атқарылып жатқан жұмыстарға көңілінің толмайтындығын ашық айтады.

Н.Ғабдуллиннің «Көркем әңгіменің шындығы үшін» («Қазақ әдебиеті», 1956, 23 наурыз), «Шығарма шындықты бейнелесе» («Қазақ әдебиеті», 1956, 23 қараша), Б.Кенжебаевтың «Түр және дәстүр» («Қазақ әдебиеті», 1956, 23 наурыз), С.Қирабаевтың «Поэзияны жаңа сатыға көтерейік» («Социалистік Қазақстан», 1956, 22 желтоқсан), Ә.Қоңыратбаевтың «Ақындық мәдениет туралы» («Қазақ әдебиеті», 1956, 11 мамыр), А.Нұрқатовтың «Жазушы және герой» («Әдебиет және искусство», 1956, №5), Б.Сахариевтің «Өлең – сөздің патшасы» («Қазақ әдебиеті», 1956, 16 қараша), З.Шашкиннің «М.Әуезовтің стиль ерекшелігі туралы» («Қазақ әдебиеті», 1956, 1 ақпан), «Қазақ прозасы туралы» («Социалистік Қазақстан», 1956, 23 қыркүйек) сияқты мақалалары әдеби сынның көркемдік процесі эстетикалық, әдеби-теориялық тұрғыдан пайымдауға ұмтылысын аңғартты.

Осы жылдарда әдеби сынға жаңадан келіп қосылған С.Қирабаев, Р.Бердібаев, Қ.Құттыбаев, Т.Қожакеев, А.Нұрқатов, Б.Сахариев сынды сыншылар әдеби сынның көрігін қыздыра түсті. Мысалы, С.Қирабаев 1956 жылы 27, 1957 жылы 24, Р.Бердібаев 1956 жылы 15 мақала жариялап, белсенділік танытқан.

Ә.Дербісәлиннің «Байсалды зерттеуді қажет ететін мәселе» («Қазақ әдебиеті», 1956, 4 мамыр), М.Дүйсеновтің «20-жылдардағы қазақ совет әдебиеті» («Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. Филология, көркемөнер зерттеу сериясы, 5-ші кітап, 1956), Ғ.Мұсабаевтың «Әдеби мұраны бұрмалаушылыққа қарсы» («Қазақ әдебиеті», 1956, 13 маусым), Қ.Тұрғанбаевтың «Тағы да әдеби мұра жайында» («Қазақ әдебиеті», 1956, 3 тамыз), Б.Кенжебаевтың «Қазақ совет әдебиеті кезеңдері жөнінде» («Қазақ әдебиеті», 1956, 7 желтоқсан), «Өтелмеген парыз» («Қазақ әдебиеті», 1956, 25 қаңтар), «Әдебиет мұралары мұқият зерттелсін» (бас мақала, «Социалистік Қазақстан», 1957, 24 шілде), А.Нұрқатов пен Х.Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиеттану ғылымы туралы» («Коммунизм таңы», 1957, 1 желтоқсан) сияқты мақалаларда ғылыми негізді қазақ әдебиетінің тарихын жасау, оны дәуірлеу, әдеби мұраны игеру қажеттіліктері көтерілді. Қазақ әдебиеттану ғылымының уақыттар бойы қордаланып қалған мәселелері қопарылып, күн тәртібіне ұлттық әдебиеттің толық тарихын жасау керектігі қойылды. Мұндай пікірлердің айтыла бастауы әдеби ой-пікірдің жетіле түскендігінің көрінісі еді.

Осы жылдарды жарық көрген Е.Ысмайыловтың «Ақындар» (1956) атты монографиясы елуінші жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымының, оның ішінде фольклористиканың елеулі табысы болды. Төрт тараудан тұратын монографияның алғашқы тарауы «Ақын және оның тұлғасы» деп аталған. Мұнда ақын, жырау, жыршы, әнші-ақын, өлеңші ұғымдарына анықтамалар беріледі. Ақындық өнердің табиғаты, өсіп-жетілуі, ақындық орта, ақындық өнердегі дәстүр мен жаңашылдық мәселелері кеңінен қарастырылады. Екінші, үшінші тараулар түгелдей Жамбылдың ақындық өнеріне арналған. Соңғы тарау «Қазақ совет фольклорында эпикалық жанрдың даму мәселелері» аталып, негізінен Нұрпейіс Байғанин мен Иса Байзақовтың шығармашылықтары эпикалық туындыларын талдау арқылы сөз болады. Ғылыми жұртшылық жоғары бағалаған осы еңбегі үшін Е.Ысмайыловқа филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесі берілді (1957). «Ақындар» 1957 жылы орыс тілінде басылып шықты.

М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» жоғары оқу орындарына оқулық ретінде жазылғанымен де сол кездегі қазақ фольклористика ғылымының жетістіктерін жинақтаған елеулі еңбек болды. Оқулықта осы саладағы осы кезге дейінгі ізденістерге сүйене отырып, қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерінің сипатталуы, олардың жиналуы мен зерттелуінің шолынуы, түрлер мен жанрларға жіктелуі, ғылыми талдаулар жасалынуы айтарлықтай табыс болды. Солай дегенмен де еңбектің жазылу барысында негізінен әдебиеттің таптығы принципі басшылыққа алынып отыруы салдарынан туған кемшіліктер де жоқ емес. Ауыз әдебиеті түрле-

ріне таптық тұрғыдан баға берілуі, осы себептерден кейбіреулерінің камтылмай қалуы орын алған. Жұмысшы жырлары деген жаңа жанрдың енгізілуі де сондай себептерден болса керек.

Дегенмен де мұның барлығына қол оңай жеткен жоқ болатын. Сталин қайтыс болғаннан соң, СОКП-ның XX құрылтайынан кейін Кеңестер Одағының саяси өмірінде «жылымық» байқалғанымен де Қазақстанда ұлттық дамуды тұқырта түсетін тағы бір құйтырқы саясат жүзеге асырыла бастады. 1954 жылдан бастап тың және тыңайған жерлерді игеру деген сылтаумен Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан мыңдаған келімсектер Қазақстанға қоныстана бастады. Оларға барлық жағдай жасалынып, қазақ ауылдары шетте қалды. Қазақстанның тың жерлерін игеруге көмектесіп жатырмыз дегенді сытауратып, ашық жүргізілген қазақ жерін басып алу саясатының салдарынан жергілікті тұрғын өз жерінде отыз процентке де жетпей, азшылыққа айналды. Қазақ мектептері жабылып, жоғары оқу орындарындағы оқу орыс тіліне көшірілді. Ауыл мектебін бітіріп, орыс тілін жетік білмеген адам институттарға түсе алмайтын болды. Қазақ балаларын қазақша оқытудан гөрі орысша оқытудың тиімділігін, олардың ой өрісі мен ойлау қабілетінің тез жетілгендігін «ғылыми тұрғыдан» дәлелденген еңбектер жазылып, диссертациялар қорғалып, кеңінен насихатталды. Қазақты ұлтсыздандыру саясаты өз «жемісін» бере де бастаған. Сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы бір алқалы жиында өзі басқарып отырған басылымды орыс тіліндегі «Казахстанская правда» газетінің қазақша аудармасы болып шықса, өзімді бақытты санар едім деп, «саяси сауаттылық» танытқаны, Қазақ ССР Оқу министрі Ә.Сембаевтың өз жарлығымен орыс мектептерінде оқытылып келген қазақ тілін алып тастағаны да осы тұс болатын.

Міне, осындай жағдайда қазақ ұлтына қарсы жүргізіліп жатқан сұрқия саясатқа қарсылық білдірген Р.Бердібайдың «Ең үлкен мәдени байлық» («Қазақ әдебиеті», 1956, 22 көкек) атты мақаласының жариялануы кеудесінде қазақтың қаны бар азаматтардың ойынан шыққан оқиға болды. Негізінен, қазақ тілінің мүсәпір жай-күйі көтерілген мақалада айтылған жан айқай сөздер күні бүгін айтылғандай: «Бәрінен бұрын қазақ мектептерінде қазақ тілін оқыту жайы мәз емес екендігін айтуымыз керек. Қазақ тілінде грамматика мектептерде 7-класка дейін өтіледі. Әрине, осы уақыт ішінде көпшілік оқушы сауаттана алады. Бірақ осыдан кейін мектеп бітірушінің басым көпшілігі қазақ тіліне қайта оралмайды. Өйткені, Қазақстанның бірде бір жоғары оқу орындарында қазақ тілі пәні жүрмейді. Қазақ тілі факультетін ашудың қажеттілігін айтпағанның өзінде, институттарда оқитын қазақ студенті қазақ тілін оқуы – шарт. Жоғары оқу орнының, әсіресе, техникалық, жаратылыстану факультетін бітірушілердің басым көпшілігі қазақтың әдеби тілін мүлдем білмей шығады. Осыдан барып, орысша сөйлеп, жаза алатын, бірақ ойындағысын қазақ тілінде ауызша да, жазбаша да дұрыс жеткізе алмайтын кадрлар пайда болды. Мұның ақыры неге соғатындығын өмірдің өзі көрсетіп келеді. Бізде қазақ тілінде жаза білетін инженер, аграр, физик, зоотехникті ілеуде бір кездестіруге болады. Мұның өзі кейде кісі күлерлік жайға душар етеді. Қазақ интеллигенті өз ана тілін білмейді».

«Әрбір абитуранттың қабылдау емтиханын ана тілінде өткізуіне мүмкіндік туғызу керек. «Білсең де, білмесең де орысша сөйле» деу зорлық емес пе?» – деген сияқты ашынды пікірлер көптің көңілінде күпті боп қатқан ойларды оятып жібергендей болды. Р.Бердібай көтерген ұлт үшін аса маңызды мәселені қолдап алғаш пікір білдірген Ә.Нарымбетов еді. Оның «Ана тілін ардақтайық» деп, ұрандатқан мақаласы да «Қазақ әдебиеті» (1956, 1 маусым) газетінде жарияланды. Осыдан кейін «Қазақ әдебиеті» газеті (редакторы Сырбай Мәуленов) осы мәселеге арнап, тағы да бірнеше материал жариялап жіберді. Бұлардың ішінде М.Қарағаетын «Қайта қарауды қажет ететін мәселе» («Қазақ әдебиеті», 1956, 10 тамыз), Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының қызметкерлері Т.Кәкішев, А.Байшин, Ә.Мұхтаров, Р.Сәрсенбаев, Т.Әлішеров, Х.Хасенов, «Қазақстан коммунисті» журналының бөлім меңгерушісі Қ.Әбілдаев, «Үгітші» блокнотының жауапты хатшысы Қ.Әлиасқаров – барлығы 8 жігіт бірігіп жазған «Тіл мәдениеті» («Қазақ әдебиеті», 1956, 24 тамыз) атты мақалаларды ерекше атаған жөн.

Әрине, ана тілін қорғап, сол үшін шырылдап, ештеңеден қорықпай үн көтерген, сол үшін отқа да, суға да түсуге даяр жігіттердің бұл «қылықтары» органы «Социалистік Қазақстан» газетінде басылған «Қазақ халқының мәдениетін көркейте берейік» атты көлемді редакциялық мақалада саяси жағынан тиісті бағасын алды. «Қазақ әдебиеті» газеті өзінің бетінде Р.Бердібаевтың «Ең үлкен мәдени байлық», Ә.Нарымбетовтің «Ана тілін ардақтайық»,

М.Қаратаевтың «Қайта құруды қажет ететін мәселе», Т.Кәкішевтің, Ә.Мұхтаровтың және басқаларының «Тіл мәдениеті» деген мақалаларын, тағы басқа материалдарды басты» деген сөйлеммен басталатын мақаладан «Қазақ әдебиеті» газетінің Қазақстанда қазақ тілі жөнінде бейнебір озбырлық болып отыр деген, қазақ еңбекшілерінің мүдделері мен тілектерін ескерушілік жоқ деген, қазақ тілін білмейтін мамандардың жұмыс істеуі қолайсыз деген, бейнебір ұлтшылдықпен қорқытушылық және лениншілдік ұлт саясатының принциптерін бұзушылық бар деген пікірлері әрі дәлелсіз, әрі зиянды... идеялық саяси бағытына қарамастан бірыңғай ағым теориясына қайта оралуға итермелейді. ...Көптеген мәселелерде артта қалған, кеселді, зиянды пиғылдар мен көзқарастардың шырмауына түсіп, қазақ интеллигенциясы мен мәдениет майданы қызметкерлерінің кейбір бөлегі арасында қажетсіз айтыстар мен негізсіз егестер туғызды» – деген сол кездегі ресми биліктің берген бағасын оқимыз. Мақалада авторлардың іс қағаздары қазақ тілінде жүргізілмейді, жоғары оқу орындарына қабылдау, ондағы оқу орыс тілінде жүреді, «ұлт кадрларын ана тілінде даярлау ісі жүргізілмейді» деген пікірлерінің барлығын жала деп тапқан.

«Социалистік Қазақстан» газетінің пікірін қолдап Р.Бердібаевтың және оны қостаушы бір топ ұлт зиялыларының «ұлтшылдық көзқарастарын» айыптаған «Әділ сын – алғы міндеттер» («Қазақ әдебиеті», 1957, 1 ақпан), «Ұшқары пікірлер, елеулі қателер» («Қазақ әдебиеті», 1957, 8 ақпан) атты мақалалар жарық көрді. Бұларды оқып отырғанда, отызыншы жылдар мен елуінші жылдардың бас кезіндегі саяси қуғындаулардың ызғары сезілмей қоймайды: «М.Қаратаев, Р.Бердібаев, Ә.Нарымбетов мақалаларында теріс тенденция басым жатты. Бардың өзін жоқ деп, лениндік ұлт саясатының жемістері мен өзгерістерін көзге жөнді ілмеді. Партияның әдебиет пен искусство жөніндегі тарихи құралдарына күдік келтірді. Сөйтіп оларды қайта қарау мәселесі қойылды. Бұл сияқты көзқарастар көп кеселін тигізді, оқушы жұртшылықты адастырды, ағат пікірлердің өріс алуына жол ашты... Жеке адамға табынушылыққа қарсы ұранды бетке ұстап, қалқан етіп, әдебиеттің табыстарына қарсы шықты» («Қазақ әдебиеті», 1957, 8 ақпан).

М.Қаратаевтың «Сын туралы сөз болғанда» («Әдебиет және искусство», 1956, №8) мақаласында әдебиеттегі ұраншылдықты, жадағайшылықты, өмір шындығынан алшақ жатқандықты сынағанына қарсы «Жоқ, М.Қаратаев жолдас, алды-артыңызға қарай ойланып-толғанып көріңіз өзіңіз. Шындыққа көзжұмбай жасаманыз» – деп ескерту жасады. Бұл сыншы М.Қаратаевқа ғана емес, бүкіл қазақ әдеби сынына көркем әдебиет туралы пікір білдіргенде социалистік реализм принциптерін қатаң ұстанып отыру керектігін ескерту де сияқты еді. Мұның өзі қоғамда жүріп жатқан «жылымықтың» белгілі бір шеңберде ғана жүріп жатқандығын, ал коммунистік партияның негізгі стратегиялық мақсаттарының сол күйінде өзгеріссіз қалып отырғандығын аңғарту да еді.

Әдеби өмірдің зәру мәселелерін шешуге М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сынды қабырғалы қаламгерлер де белсене ат салысты. Олардың әдебиет жайлы ой-пікірлері, түрлі жиындарда сөйлеген сөздері баспасөз бетінде жиі көрініп тұрды. Қаламгерді тек қазақ әдебиетінің ғана емес, жалпы ұлттық мәдениеттің, ұлт болашағының мәселелері де қатты ойландырды. Әсіресе елімізде жүргізілген отаршылдық сұрқия саясаттың салдарынан орын алған кейбір ана тілін менсінбеушілік, космополиттік, нигилистік көріністерге қарсы көкірек көзі ояу қазақ азаматы ретінде үн қатты. М.Әуезов «Ана тілін, әдебиетін сүйіндер» («Қазақстан мұғалімі», 1957, 28 наурыз) атты мақала жазып, кездесіп қалатын осындай келеңсіз құбылыстарды аяусыз сынады; ана тілін сол ұлттың әрбір азаматы білуі тиіс екендігін жанашырлықпен еске салды. «Бірталай қызметкерлер, олардың үй-іші кейде тіпті қазақ әдебиетін, ол әдебиеттің көрнекті нұсқаларын орысша аударылған түрде ғана оқиды. Осындай оқушының да бар екені даусыз. Әрине, бұл жәй ол адамдар үшін сорлылық!» – деп, ащы шындықты қатты айтты.

М.Әуезов 1957 жылы Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің V пленумында жалынды сөз сөйлеп, жастарды ана тілін, ұлтын құрметтеуге шақырды. «Осы тұрғыдан алғанда, бүгін агроном, не инженер болуға талпынған жас жігіт пен қыз көркем әдебиет мұраларын тереннен білуге тиіс. Дәрігерсің бе, өзің туған елді, жердің тарихын жақсы біл. Инженерсің бе, искусствоны жақсы білмеске хақың жоқ. Бұлай болу сенің жан байлығыңды молайтады, белгілі бір мамандықтың шеңберінен адамдық қасиеттің биік деңгейіне алып шығады» (М.Әуезов шығармалары. 20 том, 365-бет) – деп, жастарға ағалық ақылын берді. Ол сонымен бірге қазақстандық әрбір азаматтың қазақ тілін, мәдениетін, әдебиетін, тарихын білуі парыз екендігін де қадап айтты.

М.Әуезовтің мәнгүрттеніп бара жатқан қазақ жастарын ұлттық нигилизмнен сақтандырып, олардың болашағы үшін алаңдаушылық білдіруі үлкен азаматтылықтың, ұлтжандылықтың бір көрінісі еді. Көкірегі ояуларға арналып айтылған бұл ойлар көпшіліктің көкейінен шығып жатты.

Ұлттық болмысты бұзбаудың бірден-бір шарты тілді көздің қарашығындай сақтай білу керектігін еске салған тағы бір мақалаға («Лениншіл жас», 1959, 9 шілде) тоқтала кеткен жөн. ҚазМУ-дің студенті Болат «тілдік қорымызда жоқ сөздерді біз талғамай, талдамай қабылдай бермейміз. Өзімізде баламасы бола тұра орысша сөздерді қолдану дұрыс емес деп, «Соңғы жылдары әдебиетімізде орысша сөздерді орынсыз қолданушылық байқалып жүргендігіне» дабыл қағады. Басқа басқа емес, «қазақ совет әдебиетінің іргетасын қаласып, дамуына үлес қосқан көркем сөз шеберлерінің бірі» Ғ.Мұстафиннің және де Т.Нұртазиннің шығармаларында қазақша баламасы бола тұра орысша сөздерді орынсыз қолданатындығына реніш білдіреді. Автор «Қарағанды» романында қолданылған орыстың тетрадь, нефть, американец, чин, гир, столовой, кислород, сталь, профсоюз, прогулка, водопад сияқты сөздердің қазақша баламасы бола тұра орысша түрінде қолданылғанын сынға алады. Т.Нұртазиннің «Мұрат» повесінде де механико-сборочный, совещание, потолок, двойка түрінде алынған сөздер кездеседі. Орысша сөздердің қолданылуынан көркем шығарма ұтып тұрған жоқ, керісінше оған нұсқан келіп тұр деп білген Б.Бодаубаев өз ойларын төмендегіше түйіндеген: «Міне мұның бәрі жазушыларымыздың тілдік мәдениетке салақ қарайтынын көрсетеді. Қазіргі тсінігіміз, ұғымымыз 20-шы яки 30-шы жылдардан мүлде басқаша екені түсінікті. Ендеше, тілдік норманың қазіргі заңдылықтарын ескермеуге болмайды. Тілді мейлінше таза сақтау керек».

Жас жігіттің, онда да оқу бітірмеген студенттің ұлттық әдебиет үшін аса маңызды мәселені батыл көтеріп шығуы жұртшылықты елең еткізді. Әдебиеттің қыр-сырын енді меңгеріп, енді ғана әдеби өмірге араласа бастаған жас әдебиетшінің екпіні қатты еді. Осы жағы «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» мәдениет жасауды алға қойып отырған билік басындағылардың, кейбір коммунист жазушылардың мазасын кетірді. Екінші жағынан, өрімдей жас жігіттің қазақ кеңес әдебиетінің белгілі жазушыларына, онда да мақталып жүрген шығармаларына сын айтуы ағаның алдын кес-кестеп, шаужайынан алып, жағасына жармасқандай да болып көрінген. Қалай дегенмен де, алды-артына қарамай, бірден айқай салып, жұрттың назарын өзіне аударған жас сыншыны сабасына түсіріп, орнына қою керек болды. Бұл міндетті араға апта салмай-ақ сол газеттің өзінде жарық көрген «Бұл қай жатырқау?!...» («Лениншіл жас», 1959, 15 шілде) атты мақала орындап шықты. Мақаланың авторы қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушылардың бірі кәдімгі Сәбит Мұқанов болатын.

С.Мұқанов негізінен Болаттың көтеріп отырған мәселесін дұрыс санайды: «Бодаубаевтың Ғабиден Мұстафин мен Темірғали Нұртазиннің шығармаларында, қазақ тілінде төлеуі бола тұра, кейбір орысша сөздерді орынсыз қолданыпты деуі дұрыс, бұл жөнінде келтірілген мысалдардың көбі дәлелді». Солай бола тұра «мақалада елеулі қателік бар»: «...бұл мақала өзге тілге емес, орыс тіліне ғана қарсы болып тұр»; «қазақ тілін өзге тілден кірген сөздер емес, орыс тілі арқылы келген сөздер ғана бұзатын сияқты». Бұл жерде Сәбеннің мақалада орыс сөздерінің орынсыз қолдануын сынауын орыс тіліне деген қарсылық деп ұғынғаны, оған саяси мән бергені көрініп тұр. Автор таза тіл жоқ, басқа ұлттан келген сөздермен толығып, байып отыру тіл дамуының негізгі жолдарының бірі екендігін айта келіп, «мақаласының түріне қарағанда, Бодаубаев бұның бәрін де білетін сияқты, басқа тілдерден кірген сөздерге қарсылығы жоқ ол, тек орыс тілі арқылы келген сөздерге ғана одырая, оскырына қарайтын сияқты. Егер өйтпей, «бөтен сөздердің» қазақ тіліне жалпы араласуына жаны киналса, мақаласының әр жерінде «орыс сөздері» дей берудің орнына басқа тілдерден келіп жатқан орынсыз сөздер туралы да қынжылуын білдірер еді ғой. Бодаубаев ол туралы жұмған да аузын ашпайды» – деп, саяси қырағылық танытады. Көркем шығарма тілінде орынсыз қолданған орыс сөздерінің сыналуынан орыс халқына деген қарсылықты көреді. «Орыс тілінен жақсылықтан басқа не көрді, қазақ халқы», «Осынша жақсылық жасаған тілге немқұрайды қарауға бола ма?» – дей келіп, «қазақтардың қазақ тілімен бірге орыс тілін сүюге ешбір бөгет жасамауы керек» – деп, орыс тіліне араша түседі.

Автордың негізгі ойлары төмендегіше түйінделген: «Қайталап айтайын, жолдас Бодаубаев, Мұстафин мен Нұртазиннің қазақ тілінде төлеуі бар кейбір сөздердің орнына, қажетсіз жағ-

дайда орыс сөздерін орынсыз қолдануын сынауыңыз дұрыс. Сөйте тұра, сіз мақалаңызда қазақ тіліне бар пәле орыс тілі арқылы ғана келеді деген ұғым тудырасыз. Оны құбыжық көрсетесіз, «орыс сөздері» дегеннің үстіне бомбалаған самолеттей түйіліп-ап жан-жағынан атқылайсыз!.. Ішкі ойыңыз олай болмауы мүмкін, бірақ мақалаңыздағы объективтік логика сізді осыған еріксіз әкеп тірейді. Онымен келісуге болмайды, өйткені, ең алдымен орыс тілі бізге бөтен тіл емес, ол біздің ана тілімізбен қатар, сүйіп қолданатын тіліміз. Оған қоса, орыс тілі – бүкіл еңбекші адам баласына бақыт кілтін ашқан ленинизмнің тілі». Бұл сөздерге түсініктер беріп жатудың еш қажеті жоқ. Тек ескерте кететін бір жәйт – бұл коммунист С.Мұқановтың ғана емес, сол кезде билік жасап отырған компартияның да ұлт тіліне деген, орыс тіліне деген саяси көзқарасы да болатын.

Мақаланың соңында «Редакциядан» берілген. Онда мынандай жолдарды оқимыз: «Лениншіл жас» газетінің редакциясы осы жылғы 9 июльдегі санында КазГУ-дің студенті Б.Бодаубаевтың «Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы» деген мақаласын жариялап, елеулі қателік жіберді. Мұны Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бюросы атап көрсетті. Бүгін редакция өзінің қателігін түзету мақсатымен жазушы-академик С.Мұқановтың мақаласын жариялап отыр». Бұл жолдар Сталин қайтыс болған соң қоғамда орнай бастаған «жылымықтың» өзінде де отаршыл-коммунистік саясаттың өзгермей сол күйінде қалғанын, басқаша түрде жасалып жатқанын, саяси қырағылықтың сақ тұрғанын аңғартса керек.

Ғ.Мұстафин көркем тілдің көркем әдебиеттегі аса маңыздылығына арнап «Ой мен тіл» («Қазақ әдебиеті», 1959, 27 қараша) мақаласын жазды. Ғабиден шын шеберлік қысқа жазуда деп білген. Өзі де аз сөзбен көп ой айтуға, қысқа жазуға ұмтылған; өзгелерден де осыны талап еткен. Ол әсіресе Ғ.Мүсірепов пен М.Әуезовтің сөзге ұқыптылығын жоғары бағалаған. Ал Әбішев «Әлжаппардың Сәулесі монолог емес, диалогында бір орында, онда да көбінесе телефонда тұрып 25 жол сөз сөйледі. Осы 25 жолдың екі-ақ жолымен барлық 25 жолдың пікірін беруге болар еді. Өзгесі ысырап болған сөздер» – деп, сынады.

Көркем шығармалардағы ой мен тілдің арақатынасы туралы Ғабиденнің пікірлері төмендегіше өрнектелген:

«Сапа дегеніміз – ой мен тіл. Ойы мешел, тілі доғал шығарма өктесе де оқушының көмейінен өтпейді. Ойы жоғары, тілі алғыр шығарма қашан да естен кетпейді. ... ой биіктігі, тіл сұлулығы арта беру керек». «Әдебиетті жасайтын – ой мен тіл». «Әдебиет – ойдың тілдің жемісі. Олақ тіл көркем ойдың көркін бұзады». «Әдебиет – ойдан, ой тұрмыстағы соқтығыстардан туады». Бұл жолдардан Ғ.Мұстафиннің әдебиеттегі ойсыздыққа қарсы екендігі, ой мен тілдің тең жатуын қалайтындығы көрінеді. Ол «жақсы идеяның тасасымен жөндеу шығармалар өтіп кетіп жүр. Идея жөнінде қандай талап қойсақ, көркемдік жөнінде де сондай жоғары талап қоятын кез жетті» – деп, сол кездегі әдебиетте көбірек орын алған «арзан ақыл, жалаңаш үгіттерге» қарсылық білдіреді.

Елуінші жылдардың екінші жарымындағы қазақ әдебиетіндегі елеулі оқиғалардың бірі отызыншы жылдардың ойранында жазықсыз жазаланып, атылып кеткен С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров сынды боздақтардың ақталуы еді. Қазақ кеңес әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің туған халқымен қайта қауышуы әдеби өмірге үлкен өзгеріс әкелді. 1957 жылдың 23 қазанында қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушы ақын С.Сейфуллиннің шығармашылығына арналған кеш өткізілді. Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы Е.Ысмайылов баяндама жасады. С.Мұқанов, Ж.Орманбаев, Қ.Жұмалиев, Ж.Саин, т.б. Сәкен жайлы естеліктер айтты. 27 қарашада Б.Майлинге арналып өткізілген жиында Қ.Жармағамбетов баяндама жасап, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, М.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Б.Шалабаев, т.б. шығып сөйледі. Ал 1958 жылдың 13 қаңтарында өткен жиында І.Жансүгіровтың шығармашылығы жайлы М.Қаратаев баяндады. Ілияс туралы естеліктер айтылып, өлеңдері оқылды. Бұл жиындарда «үш бәйтеректің» қазақ әдебиетінде алатын орнын айқындау, әдеби мұрасын зерттеу мәселелері күн тәртібіне қойылды.

Сәкен, Бейімбет, Ілиястың өмір және шығармашылық жолдарымен таныстыру, насихаттау мақсатын көздеген материалдар біршама көрінді. Е.Айтбаевтың «Бейімбет Майлин» («Лениншіл жас», 1957, 25 қыркүйек), Қ.Әбдіқадыровтың «Ілиястың жаңадан табылған қолжазбалары» («Қазақ әдебиеті», 1957, 12 тамыз), Қ.Бекқожиннің «Ардагер ақын» (Ілияс туралы «Коммунизм таңы», 1957, 21 маусым), «Бір шығарманың тарихы» (Б.Майлиннің

«Шұғаның белгісі» повесі туралы. «Қазақ әдебиеті», 1957, 7 маусым), Қ.Жармағамбетовтың «Көркем сөздің шебері» (Б.Майлин туралы. «Қазақ әдебиеті», 1957, 17 мамыр), «Жарқын өмірдің тартысы» (Б.Майлин жөнінде. «Жұлдыз», 1957, №9), Е.Ысмайыловтың «Сәкен творчествосы жөнінде» («Қазақ әдебиеті», 1957, 10 мамыр), С.Мұқановтың «Сейфуллин Сәкен» («Қазақ әдебиеті», 1957, 22 қараша), М.Әлхановтың «Қазақ совет әдебиетінің көрнекті қайраткерлері» («Қазақстан мұғалімі», 1957, 1 қыркүйек), С.Сейітовтің «Ілияс Жансүгіров» («Лениншіл жас», 1957, 16 маусым), Б.Ысқақовтың «Сәкен Сейфуллин» («Лениншіл жас», 1957, 16 мамыр) т.б. мақалалардың танымдық сипаты басым.

1957 жылы Е.Ысмайыловтың алғысөзімен С.Сейфуллиннің, 1958 – жылы Қ.Жармағамбетовтің алғысөзімен Б.Майлиннің шығармалары жарық көрді. Осы жылдарда Қ.Жармағамбетовтің «Б.Майлиннің творчествосы», М.Қаратаевтың «Ілияс Жансүгіров», Е.Ысмайыловтың «Сәкен Сейфуллин», Ә.Жиреншиннің Сәкен, Бейімбет, Ілияс туралы ізденістері ғылыми көпшілік сипат алды. С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің шығармашылықтары мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламаларына еніп, оқытыла бастады. Қазақ әдебиеті бойынша оқулықтар мен оқу құралдарында олар туралы тараулар беріліп, жекелеген шығармалары міндетті түрде оқылуға ұсынылды. Оқулықтар мен оқу құралдарында әдебиеттану ғылымында болып жатқан ілгерілеуге байланысты толықтырулар жүргізіліп жатты.

Осы жылдары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытовтарды ақтау жолында да біршама жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде КСРО Бас прокуратураның шешімімен 1958 жылы Ш.Құдайбердиевті, Түркістан әскери трибуналы 1960 жылы М.Жұмабаевты ақтады. Ақталғанымен де бұлардың қазақ әдебиетінің тарихындағы өзіне лайықты орнын алу мәселесі түпкілікті шешімін таппады. Шәкәрім мен Мағжан тек азаматтық тұрғыдан ғана ақталды, ал олар саяси тұрғыдан ақталған жоқ деген сылтаулармен шығармашылықтары сол жабық күйінде қала берді.

Т.Ахановтың «Ғабит Мүсірепов» (А., 1956), С.Қирабаевтың «Ғабиден Мұстафин» (А., 1956), Ә.Қоңыратбаевтың «Шолпанның ақындығы» (А., 1956), А.Нұрқатовтың «Мұстафиннің творчествосы» (А., 1956), «М.Әуезовтің творчествосы» (А., 1956), «Мұхтар Әуезов» (А., 1957), «С.Мұқановтың өмірі мен творчествосы» (А., 1956), М.Сармұрзинаның «Ғ.Мұстафиннің творчестволық жолы» (А., 1956), Х.Сүйіншәлиевтің «Абайдың кара сөздері» (А., 1956), Ә.Дербісәлиннің «Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы» (А., 1957), Б.Кенжебаевтың «Журналист Мұхаметжан Сералин» (А., 1957), «Сұлтанмахмұт Торайғыров» (А., 1957), С.Қирабаевтың «Спандияр Көбеев» (А., 1958), М.Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойлар» (А., 1957) сын, ғылыми-көпшілік, зерттеу кітаптары жарық көрді. «Көркем аударманың кейбір мәселелері» (А., 1957), «Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері» (А., 1957) сияқты ұжымдық ғылыми жинақтарда қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті өңірлері қозғалды.

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы қыркыншы, елуінші жылдардағы қазақ әдеби сынындағы негізгі тақырыптардың бірі болды. «Абай» романының алғашқы кітабы жарық көргенде әдеби сын оны жылы қабылдап (Б.Кенжебаев, Қ.Шаңғытбаев. «Абай». «Социалистік Қазақстан», 1942, 26 шілде), қазақ әдебиетінің ірі жеңісі деп бағалағанымен де қыркыншы жылдардың соңы, елуінші жылдардың басында саясаттың әдебиетке өрескел араласуының салдарынан қатал сынға ұшыраған (По поводу романа «Путь Абая». «Казахстанская правда», 21.06.1953, т.б.) кездері де болды. Соған қарамастан роман-эпопея Сталиндік, Мемлекеттік сыйлықтарға ие болып жатты. 1956 жылы төрт томнан тұратын «Абай жолы» эпопеясының соңғы кітабының шығуына байланысты оған деген әдеби сынның қызығушылығы арта түсті. Т.Амандосовтың «Тарихи достықтың тамырлары» («Социалистік құрылыс», 1956, 26 желтоқсан), З.Ахметов пен Ы.Дүйсенбаевтың «Мұхтар Әуезовтің Абай туралы романдары» («Қазақстан коммунисті», 1956, №11), А.Нұрқатовтың «Абай жолы» («Коммунизм таңы», 1956, 2 қыркүйек), «Ақын туралы эпопея» («Әдебиет және искусство», 1956, №11), «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» («Лениншіл жас», 1957, 28 қыркүйек), Х.Сүйіншәлиевтің «Абай туралы романдардың соңғы кітабы» («Социалистік Қазақстан», 1956, 12 тамыз), І.Жаңбыршиевтің «Халық өмірінің эпопеясы» («Социалистік Қазақстан», 1957, 28 қыркүйек), М.Қаратаевтың «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» («Жұлдыз», 1957, №9), Т.Нұртазиннің «Абай» және «Абай жолы» романдарындағы Құнанбай образы» («Халық мұғалімі», 1957, №8), т.б. мақалаларда қазақтың тұңғыш роман-эпопеясының көркемдік қыр-сырлары әңгіме болды.

Төрт томдық роман-эпопея жазылып бітіп, көпшіліктің ыстық ықыласына бөлене бастаған кезде – 1957 жылы наурыз айында «Абай жолына» арналған ғылыми-шығармашылық конференция ұйымдастырылды. Онда М.Қаратаевтың «Абай» – қазақтың тұңғыш эпопеясы», А.Нұрқатовтың «Абай және оның дәуірі», Т.Нұртазиннің «Құнанбай және үстем тап өкілдері», Қ.Құттыбаевтың «Эпопеядағы қазақ кедейлерінің образы», З.Ахметовтің «Эпопеядағы әйел образдары», З.Шашкиннің «Эпопеяның көркемдік ерекшеліктері» баяндамалары тыңдалды. З.Қабдолов, Ғ.Мұсабаев, С.Бегалин, Б.Шалабаев, Қ.Қуанышбаевтар өз ойларын бөлісті. Соңында М.Әуезов шығып сөйлеп, талқылаудың барысына қанағаттанғандық сезімін білдірді. Конференцияның материалдары «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» деген атпен жеке кітап болып басылып шықты.

Бұл жиын осы уақытқа дейін солақай сындардың салдарынан әрқилы пікірлердің нысанына айналып келген «Абай жолы» роман-эпопеясының қазақ әдебиетіне әкелген жаңалықтарын, көркемдік әлемін ғылыми-эстетикалық тұрғыда саралап, өзіне лайықты бағасын беруде маңызды оқиға болды. Баяндамашылар мен жарыссөзге шыққандар ХІХ ғасырдың екінші жарымындағы қазақ өмірі бар болмысымен көрініс тапқан көркем туындының әсемдік әлеміне әр қырынан келіп, жазушының бейнелеу тәсілдеріне ден қойды. Конференцияда негізгі баяндаманы жасаған М.Қаратаев «Абай жолы» романдарын «қазақтың тұңғыш эпопеясы» атады. Мұхаметжан романның қазақ әдебиеті тарихындағы ірі құбылыс екеніне, тарихи романдар дәстүрін игеру үлгісіне, дәуір шындығын жан-жақты ашудағы реализмнің мүмкіндіктеріне, халықтық сипатына, жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне көңіл бөлді. Романның ерекше эпопеялық бітіміне мән беріп, оның жанрлық сипатын анықтап берді. Әдебиеттің басты мақсаты көркем бейнелер жасау болғандықтан да М.Қаратаев М.Әуезовтің образдар сомдау шеберлігін талдайды. «Құнанбай характері Шекспир жасаған характерлердің галереясынан орын аларлықтай. Мұнда еш асығарлық жоқ. Бұл образды жасауда Шекспирше қарыштау, Шекспирше характердің тұңғығына бойлау бар. Шынында да, Құнанбай бірінғай жар соғар озбыр да емес, жылмақай қу да емес, пасық сұм да емес» – деп, романдағы бас кейіпкерлердің бірі Құнанбай бейнесінің бір жақты «жағымды», «жағымсыз» деп бағалауға келмейтін аса күрделі, дара тұлға екендігіне назар аударды.

Т.Нұртазин роман-эпопеядағы Құнанбай бейнесі хақында салмақты ойлар айтты. Ол сол кездегі әдебиетшілердің Құнанбайды үстем таптың өкілі, сондықтан да ол жағымсыз бейнеге жатады деген сияқты бағаларына келіспейтіндігін білдірді. Романдағы Абай, Дәркембай, Базаралы, Михайлов, Павлов сияқты кейіпкерлерге ерекше мән беріп, Құнанбайларды жағымсыз бейнеге жатқыза салушылықтың дұрыс емес екендігін қадап айтты. Ғалым Құнанбай бейнесін жасаудағы жазушының шеберлігі жайлы «М.Әуезов Құнанбай типтестерді сипаттағанда, атымен басқаша әдіс қолданды. Оның баққаны Құнанбайларды сынау, мұқату, кемістігін аскындыра түсіп, жексұрындандыру емес, өмірдегі жақсылығы, жамандығымен реалды түрде көрсету, тану-таныту, олардың өмірінің сырын, мәнін, мазмұнын, бағытын ашу, қаралар түп-тұрағын табу» – деп көрсетті.

«Абай жолы» роман-эпопеясында дәуірдің көрініс табуы туралы А.Нұрқатовтың, әйел образдарының жасалуы жайлы З.Ахметовтің баяндамаларында мәселеге таптық тұрғыдан келгенімен де шығарманың көркемдік болмысын аша түскен бірсыпыра құнды пікірлер айтылды. Сол кездегі идеологиялық талаптарға орай эпопеядағы қазақ кедейлерінің образдары хақында арнайы баяндама жасалып, олар жазушының шығармашылық табысы ретінде аталып өтті. З.Шашкин «Абай жолын» көркемдік-эстетикалық тұрғыдан қарастырып, оның әсемдік әлеміне үңілді. Шығып сөйлеушілердің сөздерінде де роман-эпопеяның әсемдік әлемін жазушылық шеберлік ыңғайында қарастырылып талдауға деген ұмтылыс байқалды.

Сөйтіп, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын талқылауға арналған ғылыми конференция мұхартанудағы өрісті ойларға ерік берілген биік белес болды. Жалпы М.Әуезовтің шығармашылығы, оның ішінде «Абай жолы» хақында бұрын-соңды айтылып келе жатқан тұрпайы әлеуметтік сындардың салқынынан арылып, әдеби-теориялық тұрғыдан өзіне лайықты жоғары бағасын ала бастағанын көрсетті. Сонымен бірге бұл конференция тек «Абай жолы» романдарын тануда ғана емес, жалпы қазақ әдебиетінде туындап жатқан ірілі-ұсақты көркем туындыларды бағалауға келгенде, әдеби сынның едәуір ержетіп қалғанын, осы уақыттарға дейін орын алып келген әлеуметтік солақайшылықтардан арыла түсіп, көркемдік-эстетикалық талдауларға бой ұра бастағанын аңғартты.

1957 жылдың қыркүйек айында әдеби жұртшылық КСРО Жазушылар Одағы президиумының мүшесі, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, Бейбітшілікті қорғаудың Кеңестік комитетінің мүшесі, Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің депутаты Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 60 жыл, жазушылық, ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметіне 40 толуын кеңінен атап өтті. Қазақстан баспасөзі М.Әуезовке нөмірлер, беттер арнады. Одақтық басылым беттерінде жазушының шығармашылығына арналған бірсыпыра материалдар жарық көрді.

М.Әуезовтің мерейтойына қатысу үшін Мәскеуден, барлық одақтас республикалардан, шетелдерден қонақтар келді. Алматыда өткен салтанатты жиналысты Ф.Мүсірепов кіріспе сөзбен ашып, М.О.Әуезовтің өмірі, шығармашылығы, ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметі туралы С.Мұқанов баяндама жасады. ҚКП Орталық Комитетінің хатшысы Н.Жанділдин, орыс жазушылары К.Симонов пен П.Антокольский, Моңғолиядан келген А.Жұмажанов, украин жазушысы Олесь Гончарь, түркімен жазушысы Берді Кербабаев, өзбек ақыны Ғафур Ғұлам, қырғыз жазушысы Қуанышбек Мәліков, Қазақ ССР Ғылым Академиясының вице-президенті Сақтаған Бәйішев, т.б. сөз сөйледі. Луи Арагон, Назым Хикмет, Л.Леонов, Н.Тихонов, А.Сурков сияқты көптеген әдебиет қайраткерлерінің құттықтаулары оқылды.

М.О.Әуезовтің еңбегі ескеріліп, Ленин орденімен марапатталды. Қазан айында М.Әуезовтің 60 жылдығы Мәскеуде аталып өтті. Онда И.Андронников, П.Скосярев, В.Смирнов сияқты орыс жазушылары шығып сөйлеп, жазушы шығармашылығына аса жоғары баға берді. «Абай жолы» роман-эпопеясын кеңес әдебиетінің елеулі табысы қатарына қосты. Сөйтіп, М.Әуезовтің шығармашылығы одақтық деңгейде кеңінен таныла бастады.

1959 жылы 22-сәуірде КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы әдебиет пен өнер саласындағы Лениндік сыйлықтар жөніндегі комитеттің қаулысымен М.О.Әуезовке «Абай жолы» романы үшін Лениндік сыйлық берілді. Сөйтіп КСРО-дағы ең жоғары сыйлықты иеленген «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы қазақ әдебиеті одақтық, сол арқылы әлемдік деңгейге шыға бастады. 1959 жылы М.Әуезовтің 60 жылдығына арналған материалдар жеке кітап болып басылып шықты. Жазушының әр кезде жазған мақалалары мен сөйлеген сөздері де осы жылы «Әр жылдар ойлары» (А., 1959) деген атпен жарық көрді.

Осы жылдарда ұлттық әдебиеттану ғылымының алдына қазақ әдебиетінің өзекті өңірлерін зерттеу мәселелерін қойған Т.Кәкішевтің «Әдебиеттану ғылымы туралы бірер сөз» («Жұлдыз», 1958, №12), М.Базарбаевтың «Сын мен әдебиеттану ғылымы жайында» («Социалистік Қазақстан», 1959, 20 қаңтар), «Әдебиетті зерттеудің келелі мәселелері» («Социалистік Қазақстан», 1959, 14 маусым), Х.Әдібаевтың «Сын мәдениеті жоғары болсын» («Қазақ әдебиеті», 1959, 23 қазан), Б.Кенжебаевтың «Әділ сын әдебиетті өсіреді» («Социалистік Қазақстан», 1959, 11 желтоқсан), «Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері» («Социалистік Қазақстан», 1959, 2 шілде), С.Қирабаевтың «Тағы да сын туралы» («Қазақ әдебиеті», 1959, 9 қазан), Ә.Рақымжановтың «Әдебиет тарихын әңгіме қылсақ» («Қазақ әдебиеті», 1959, 3 мамыр), Е.Ысмайыловтың «Әдебиет танудың негізгі мәселелері» («Жұлдыз», 1959, №7) т.б. материалдар жарияланды.

1958 жылы жарық көрген «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» елуінші жылдардағы ұлттық әдебиеттану ғылымының табысы ретінде бағаланды. Кеңестік дәуірдегі әдебиетті тарихи тұрғыдан жүйелеген бұл еңбекте төңкерістен кейінгі әдебиет іштей төрт кезеңге жіктелінген: қазақ совет әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі, соғысқа дейінгі бесжылдықтар дәуіріндегі әдебиет, Ұлы Отан соғысы кезіндегі әдебиет, соғыстан кейінгі жылдардағы әдебиет. Маркстік-лениндік эстетикаға, осы уақытқа дейінгі жинақталған әдеби ой-пікірлердің тәжірибелеріне сүйене отырып жазылған «очеркте» әр кезең әдебиетіне шолулар берілуімен бірге 13 қазақ кеңес ақын-жазушысының шығармашылықтары жайлы монографиялық сипаттағы зерттеулер орын алған. Ш.Иманбаева, Б.Ізтөлин, С.Ерубасев туралы мағлұматтар дәуірлік шолуларда кездесе Ж.Саин, Ә.Сәрсенбаев, Д.Әбілев, А.Жұмағалиев, М.Хакімжанова, Ғ.Сланов секілді ақындар жайлы қысқа таныстырулар берілген. Жаңадан ақталып жатқанына қарамастан С.Сейфулин, Б.Майлин, І.Жансүгіров хақындағы тараулар берілуі кітаптың құнын арттыра түскен. Ал М.Әуезов, С.Мұқанов, Ф.Мүсірепов, Ф.Мұстафин шығармашылықтары біршама мол қамтылған.

Елуінші жылдардың соңына қарай көркем әдебиеттің теориялық жақтарына назар аударыла бастады. Қ.Нұрмахановтың «Типтік программаның кейбір мәселелері» («Қазақ әдебиеті», 1956,

13 қаңтар), Т.Нұртазиннің «Көркем очерк туралы» («Социалистік Қазақстан», 1956, 7 наурыз), М.Хасеновтің «Типтік және көркем образ» («Жұлдыз», 1957, №12), Р.Бердібаевтың «Типтік проблема жайында» («Қазақ әдебиеті», 1956, 9 наурыз), «Әдебиеттің халықтығы жайында» («Әдебиет және искусство», 1956, №7), «Социалистік реализм туралы» («Жұлдыз», 1958, №3), Н.Ғабдуллиннің «Әңгіме және кейіпкер» («Қазақ әдебиеті», 1958, 28 ақпан), Ж.Жұмахановтың «Очерк қандай болуы керек?» («Социалистік Қазақстан», 1958, 6 маусым), Т.Қожақеевтің «Фельетон жанры жайында» («Жұлдыз», 1958, №4), М.Дүйсеновтің «Әдебиеттің ұлттық түрі» («Жұлдыз», 1959, №8), Қ.Жұмалиевтің «Образ-тип» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, №8), «Стиль – творчестволық ерекшелік» («Қазақ әдебиеті», 1959, 27 қараша), Қ.Қуандықовтың «Кейіпкер сөзі» («Жұлдыз», 1959, №2), А.Тұрсынбековтың «Көркем әдебиет шығармаларының сюжеті мен шындығының байланысы» (Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабарлары. Филология және искусство сериясы. 1959, 3-шығуы), Е.Ысмайыловтың «Идеялық нысана – көркем шығарманың негізгі арқауы» («Қазақ әдебиеті», 1959, 12 маусым), т.б. мақалаларда әдебиеттің қисындық жақтары күнделікті көркемдік процеспен байланыста зерттелінді.

Әдеби аударманың жай-күйін саралаған Қ.Нұрмахановтың «Аударма және түпнұсқа» («Қазақ әдебиеті», 1956, 22 көкек), «Тәуір аудармадағы ақаулықтар» («Қазақ әдебиеті», 1958, 14 қараша), Х.Сыздықовтың «Дәлме-дәлдік пе, әріпшілдік пе?» («Қазақ әдебиеті», 1956, 20 шілде), М.Бөжеевтің «Евгений Онегин» Абай аудармасында» («Әдебиет және искусство», 1957, №2), М.Жанғалиннің «Аударма – мемлекеттік маңызы зор іс» («Социалистік Қазақстан», 1958, 14 қаңтар), Ә.Нұрпейісовтің «Аударушы және аударма» («Қазақ әдебиеті», 1958, 8 тамыз), Х.Өзденбаевтың «Көркем аударманың кейбір мәселелері» («Жұлдыз», 1958, №11), Х.Рақымжановтың «Аударма әдебиетінің сапасын жақсартайық» («Қазақстан коммунисті», 1958, №3), А.Шаншаровтың «Көркем аударма туралы ойлар» («Қазақстан коммунисті», 1958, №3), А.Шаншаровтың «Көркем аударма туралы ойлар» («Қазақ әдебиеті», 1958, 14 ақпан) т.б. мақалалар жарық көрді. 1958-жылдың 14-18-ші қаңтарында аударма жөнінде республикалық мәслихат өтті. Онда Қазақстаннан М.Жанғалин мен М.Қаратаев орыс әдебиетін қазақ тіліне аудару мәселелері бойынша баяндамалар жасады. М.Әуезов әдеби тәржіма жайлы өз тәжірибелерін бөлісті. Жиынға Мәскеудің, одақтас республикалардан ғалымдар, аудармашылар қатысып, ойларын ортаға салысты.

1959 жылдың наурыз айында өткен Қазақстан жазушыларының IV құрылтайы қазақ қаламгерлерінің осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерін саралаған елеулі оқиға болды. Құрылтайды кіріспе сөзбен М.Әуезов ашты. «Есеп беру дәуіріндегі қазақ әдебиетінің дамуы және КПСС-тің XXI съезінің шешімдеріне орай Қазақстан жазушыларының міндеттері» деген тақырыптағы баяндаманы Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы Ғ.Мүсірепов жасады. Жарыссөзде С.Бегалин, А.Тоқмағамбетов, М.Қаратаев, С.Қирабаев, Х.Ерғалиев, З.С.Кедрина, Б.Момышұлы, орыс А.Дементьев, өзбек Ғ.Ғұлам, грузин Иосиф Нонешвили, Т.Жароков, Ә.Тәжібаев, С.Мұқанов, М.Базарбаев, т.б. шығып сөйлеп, әдебиет жайлы өз ойларын ортаға салды.

Негізгі баяндаманы жасаған Ғ.Мүсірепов әдебиетіміздің өткені мен бүгінін саралай келіп, қазақ әдебиеттану ғылымының жетістігі ретінде Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институты шығарған «Қазақ совет әдебиетінің очерктерін», Е.Ысмайыловтың «Ақындарын», М.Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойларын», сондай-ақ Б.Кенжебаевтың С.Торайғыров, Т.Нұртазиннің С.Мұқанов, А.Нұрқағовтың М.Әуезов, С.Қирабаевтың Ғ.Мұстафин туралы кітаптарын, Т.Әлімқұловтың сын мақалаларын атап өтті. Сонымен бірге ағымдағы әдеби сынға көңілі толмайтындығын да ашық айтты. «Сын гөй-гөйшіл кәрі әже емес, біздің әдебиетіміздің медеткер, қамқоршы серігі болуға міндетті... Әдеби сын көркем шығарманың негізгі компоненттерін – оның композициясын, сюжеттік дамуын, геройлардың характерін жасау тәсілдерін, жанрдың өзгешеліктері мен нормативтерін тағы басқаларын» көрсетіп беруге тиіс деді.

Елуінші жылдардың екінші жарымында әдеби мұраны игеруге деген талпыныс күшейе түсті. Қазақ әдебиетінің тарихын тереңдеп зерттеу мәселесін көтерген Р.Бердібаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері» («Әдебиет және искусство», 1956, №12) атты проблемалық мақаласы қазақ әдебиеттанушылары арасында үлкен серпіліс туғызды. Мақала сол кезде қазақ әдебиеті үшін аса зәру мәселеге бағыл барып, тың ойлар айта білуімен де маңызды

еді. «Қазақ оқушысы өз халқының шын мәнінде бар тарихының ғылыми терең жасалған бай ауыз әдебиетінің, жеке әдебиет өкілдерінің шығармаларын оқығысы келетінін анық білдіріп отыр... Бірде бір азамат өз халқының мәдени мұрасына енжар қарай алмайды... Міне, осы істелген жұмыстардың бәрін есепке алған күннің өзінде де әдебиет тарихын зерттеудің жайын қанағаттандырарлық дей алмаймыз... Зерттеушілер орыс мәдениетінің, әдебиетінің Россиядағы басқа халықтарға еткен игілікті әсерін дұрыс түсіндіре келіп, сол халықтардың ескі әдебиетінен ылғи бір ұқсас жайларды, мөлдір достыққа шақырған идеяны іздеді... Жырда, немесе жеке шығармада орыс отаршыларына қарсы ілеуде бір сөз айтылса, ол шығарма халықтар достығына зиян деп табылды... Кез келген зерттеулердің күрделі бөлімі совет мемлекетін, оның басшысын мақтауға арналатын. Осының өзі асқан тереңойлылық саналатын... Олар бейнебір ұлтшылдыққа күрескен болып отырып, әдебиеттің ең таңдаулы шығармаларын жойғысы келді». Автор сол кездегі қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу істеріндегі осындай өрескелдіктерді батыл сынап келіп, мысалға негізгі авторлары М.С.Сильченко мен Н.С.Смирнова болған «Совет дәуіріндегі қазақтың халық поэзиясының очерктері» (1955) атты көлемді зерттеу еңбегін келтіріп, ғылыми тұрғыдан іске алғысыз етеді.

«Қазақ әдебиеті» (1957, 25 қаңтар) газетінде осы кездерде жарияланған Б.Кенжебаевтың «Өтелмеген парыз» атты мақаласы әдеби жұртшылық назарын өзіне аударды. Бейсекең қазақ әдебиетінің тарихын тереңдетіп зерттеу қажеттілігін бұрыннан-ақ көтеріп жүрген. Бірақ та ресми билік, ғылымның басы-қасында жүрген бишікештер тарабынан қолдау таппай, керісінше теперіш көріп келе жатқан болатын. Қайтпас қайсар ғалым реті келгенде өз ойларын тағы да жайып салды: «... Бізде әдеби мұрасы жиналуға, зерттелуге, әдебиетіміздің тарихын белгілі бір орын алуға тиісті ақын, жазушылар бірталай. Бұған мысалға Шолпан Иманбаева, Жиенғали Тілепбергенов, Смағұл Сәдуақасов, Ерғали Алдонғаров, Саттар Ерубасов, Елжас Бекенов, Абдолла Жұмағалиев, Аманғали Сегізбаев, Самат Нұржанов, Баубек Бұлқышев, Секен Дайырбеков, Рақымжан Шалабаев сияқты ақын, жазушылардың аттарын атасақ та жеткілікті. Рас, бұл аталған ақын-жазушылардың біразы – Шолпан, Баубек, Саттар – туралы оқта-тектен айтылып, жазылып жүр. Бірақ мұны жеткілікті деуге болмайды. Ал бірсыпырасы еш жерде ауызға алынбайды, тіпті ұмытылып барады. Дұрысында бұлар ұмытылуға тиісті емес». Бір қарағанда артық-кемі жоқ, ешкімнің шамына тимейтін, оқушы жұртшылық жылы қабылдаған, ризалығын білдірген сөздер. Соған қарамастан осы мақала төңірегінде үлкен ай-қай-шу көтерілді. Себебі, осында қазақтың біртуар азаматтарының бірі Смағұл Сәдуақасовтың атының аталуы жоғары жақтағы кейбіреулерге ұнамай қалыпты.

Көп ұзамай мақала авторы Б.Кенжебаевтың, оны жариялаған «Қазақ әдебиеті» газетінің мәселесі Қазақстан Жазушылар Одағы партия ұйымының бюро мәжілісінде қаралды. Мәжілістің де, «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіндегі жолдастардың» да пікірлері «Қазақ әдебиеті» газеті өзінің бетінде Смағұл Сәдуақасовтың шығармаларын қайта басып шығару керек деп үлкен саяси қате жіберген, өйткені ол кезінде партияның бағытына қарсы отыр деген тоқтамға келіп, газеттің редакторы Сырбай Мәуленовті, редактордың орынбасары Жұбан Молдағалиевті, жауапты хатшысы Төкен Әбдірахматовты қызметтерінен босатты. Ал бұрын осы газетте «Ең үлкен мәдени байлық» атты мақаласын жариялағаны үшін редакция қызметкері Р.Бердібаев қызметінен қуылған болатын. Осы мәжілісте Р.Бердібаевтың «мәселесіне» қайта оралып, оның бұрынырақ өзіне тиісті «жазасын» алғанына қарамастан тағы да ескерту берілді.

Баспасөз бетінде жарияланып жатқан қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуді көтеріп, күн тәртібіне қойып жатқан пікірлер билік басындағылардың мәдениет, әдебиет саласында ұстанып отырған басты бағыттарына қайшы келе бастады. Сондықтан да қазақ әдебиеттануында «ұлтшылдықтың» ұшқыны лаулап жанбай, шашырап тұрған кезінде тұншықтыру қолға алынды. Алғашқы соққыны Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің органы «Социалистік Қазақстан» газеті Р.Бердібаевқа бағыттады. Редакция атынан жарияланған «Бір зиянды мақала туралы» (1957, 5 ақпан) мақалада Р.Бердібаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелерінде айтылған пікірлердің барлығы дерлік, зиянды, қате саналып, жоққа шығарылды. «Ең жаманы сол – Р.Бердібаев өзінің ғылыми негізсіз, саяси қате, біздің идеологиямызға жат бұл пікірлерін тағы да көпшіліктің пікірі ретінде ұсынған... Мақала авторы совет жұртшылығына жала жауып, оның атын өзінің қате пікірлерін қорғауға жамылғы ретінде пайдаланбақ болған... Тарихқа мынаны кіргізу керек, мынаны кіргізбеу керек деген ешбір тізімнің болмағаны,

ендеше қайта қаралатын еш тізімнің жоқтығы кімге мәлім емес... Мақала авторы осы күнгі қазақ совет әдебиеттану ғылымының табыстарын құнсыз шимай деп бағалайды... Ол әдебиеттің идеялылығын жоққа шығарып, оның саясаттан тыс болуын уағыздайды. Көркем әдебиеттің идеялылығы дегенді құбыжық етіп көрсетпек болады... Р.Бердібаев өткен заманнан қалған мұраны әділ зерттеп бағалаудың орнына оның бәрін әдебиеттің «алтын қорында» ұсынады. Ол заманда үстем тап тудырған, солардың мүддесін жырлаған әдебиет те болғанын Р.Бердібаев білмей ме? Ендеше, әр шығармаға маркстік-лениндік ғылым тұрғысынан баға беруге ол неге қарсы» («Социалистік Қазақстан», 1957, 5 ақпан) – деп, авторды саяси, ғылыми әдіснамалық жағынан сауатсыз деп бағалады. Осы мақаланы жариялаған «Әдебиет және искусство» журналының редакторы З.Қабдолов пен «Көкшетау правдасы» газетінің редакторы Ө.Оспанов «Саяси қате, ғылыми негізсіз бұл мақаланы жариялап, әдебиет тарихын зерттеу мәселесінде партияның саясатынан ауытқушылыққа жол берген» деп айыпталды. Осыдан кейін Р.Бердібаевтың «саяси қате, ғылыми негізсіз» мақаласын жариялағаны үшін «Көкшетау правдасы» газеті редакторының да мәселесі қаралып, «саяси сауатсыздығы үшін» қызмет орнынан босатылды.

«Ұшқары пікірлер, елеулі қателер» атты «Қазақ әдебиетінде» редакция атынан жарияланған мақала да Р.Бердібаевтың саяси қателіктерін әшкерелеуге едәуір орын берілді: «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері» деген мақаласында Р.Бердібаев «кез келген зерттеулердің күрделі бөлімі совет мемлекетін, оның басшысын мақтауға арналатын. Осының өзі асқан тері ойлылық болып саналағын» – деп сәуегисиді. Бұл пікірдің саяси қате екендігін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Тағы да «В.И.Ленин қағидаларын әдебиетке бас жоқ, көз жоқ қолдана берушілік те болды» – деп соғады. Осы мақалада ол озық ойлы көркемдік шындықтың шебер үлгісін жасаған орыс әдебиетінің әсерін жұқалап, жоққа шығаруға дейін барады» («Қазақ әдебиеті», 1957, 8 ақпан).

Осы мақалада Р.Бердібаевпен бірге М.Қаратаев, Ө.Нарымбетов те өз пікірлерінде шындықты арқау еткендігі үшін сынға алынады. М.Қаратаев сыншы ретінде қазақ совет әдебиетінің елеулі жетістіктерін көрмейді, оларға дұрыс баға бермей келеді деп кінәланса, Ө.Нарымбетов «Ғылым және бұрмалаушылық» атты мақаласында қазақ әдебиеті туралы көлемді зерттеуіндегі кемшіліктерін көрсетуімен «Н.С.Смирнованың беделін түсіріп, абыройына дақ келтірген» деп айыпталды. Сондағы ғалымның беделін түсірді деген сөздер – «Смирнова қазақтың әдеби, халықтық тілін білмейді. Тіпті білмей тұрып, көркем шығарманың қасиетін тану, айыру, талдау мүмкін емес қой».

«Жылымықтың» әсерімен жандана бастаған қазақ әдеби ой-пікірінің ұлттық жаңа өрістерге шыға бастауы компартия идеологтарының қырағы бақылауында болды. Советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм принциптерін мәдениет саласында басшылыққа алып отырған компартия баспасөз бетінде айтылып жатқан не бір пайдалы пікірлерге құлақ аспақ түгілі, ескілік атаулыға үрке қарады. Қоғамның әлеуметтік, рухани қажеттіліктерінен ақпарат айдынында өмірге жол таба бастаған жаңаша ой-пікірлерді қолдау орнына оларға қайтсек тосқауыл қоямыз деп, тоқтату мақсатымен әрекеттер жасалып жатты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Н.Жанділдиннің «Өткен дәуірдің мәдени мұрасын сын көзімен игеру мәселелеріне» («Жұлдыз», 1957, №5), Т.Жангелдиннің «Ұлт мәдениетін өркендетудің кейбір мәселелері туралы» («Қазақстан коммунисті», 1957, №7), «Өткен дәуірдің мәдени мұрасын сын көзімен игеру мәселесіне» («Жұлдыз», 1957, №5) атты мақалаларында әдебиеттану ғылымына таптық принцип тұрғысынан қатаң талаптар қойған; «жеке адамға табынушылықты әшкерелеуді» қалқан етіп, маркстік-лениндік ілімнің екі түрлі мәдениет (үстем таптық және пролетариаттық), әдебиеттің таптығы, партиялығы туралы негізгі қағидалары шеңберінен шығып кетуге болмайтындығын қайта-қайта ескертті. Қазақ халқының рухани-мәдени өміріне жолбасшылық жасауға тиісті партияның Орталық Комитетінің идеологиялық хатшысының домбыраның керегі жоқ, өйткені ол ескі феодалдық заманның музыкалық аспабы, етті қолмен жеу, надандықтың, мәдениетсіздіктің белгісі деп, мұның өзін бүкіл идеологиялық тәрбие, үгіт-насихат жұмыстарының басты міндеті, өзегі ретінде жария еткені де осы тұс болатын. Осыған қарамастан, «Қазақ әдебиеті» газеті (редакторы С.Мәуленов) қазақтың ұлттық мүддесін әдебиет пен мәдениет, тіл саласында қорғап қалуда қыруар еңбек сіңірді. Осындай еңбектері үшін билік басындағылар редакция ұжымына алғыс

айтудың орнына, қуғынға түсірді. «Қазақ әдебиетінің» ұлттық мүддені әдебиет пен мәдениет саласында барынша батыл қорғай білгенін кешіре алмаған ресми билік басылымының басына бар пәлені үйіп-төгіп, мәселесін қараумен болды. Ақырында газетті бұл бағытынан қайтуға мәжбүрлеген қаулы қабылдап тынды. Онда газеттің әдебиет пен мәдениет, тіл, тарихы, мектеп, оқу орындары бойынша мәселе көтеріп жазған материалдарының барлығы дерлік бисаясаттық, біржақты, ұлтшылдықты көксеу деп табылған. Соңында «Қазақ әдебиетінің» С.Мәуленов бастаған шығармашылық ұжымы түгелге жуық қызметтерінен шеттетілді.

1957 жылы маусым айында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оларды жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда қазақ халқының мәдени мұрасы аса бай екендігі, оны игеруде біршама жұмыстар атқарылып жатқандығы, солай бола тұра өткен замандардың әдеби, музыкалық жәдігерліктерін зерттеу істерінде елеулі кемшіліктердің орын алып келе жатқандығы айтылды. Онда «Қазақстанның кейбір ғалымдары, жазушылары және басқа творчестволық қызметкерлері соңғы уақытқа дейін өткен кездегі мәдени мұраға баға беруде елеулі қателіктерге жол беріп, революцияға дейінгі барлық ақындар мен жыршылардың таптық және идеялық-саяси бағытының қалай болуына қарамастан, олардың творчествосын біржақты мадақтап келді, немесе өткен кездегі мәдениеттің жетістіктерін қалай болса солай жамандап, жоққа шығарып келді. Мұның өзі кейбір әдебиетшілер мен музыка зерттеушілерінің қоғамдық құбылыстарға талдау жасаудың маркстік-лениндік әдісін әлі де болса жеткілікті меңгермегенін, нақтылы тарихи жағдайларындағы мәдениет дамуының шын процесін нашар танитындығын, прогрестік құбылысты реакцияшыл құбылыстан, шын мәнісіндегі халықтық құбылыстарды феодалдық-байшылық құбылыстардан жеткілікті ажырата білмейтінін дәлелдеді» («Лениншіл жас», 1957, 25 маусым) – деп, көрсетілген. Мұның өзі, шын мәнінде сол кездегі сыншы-ғалымдардан өз зерттеулерінде маркстік-лениндік ілімнің мәдениетке қатысты принциптерін қатаң ұстануды талап ету болатын. Қаулы алдағы уақытта атқарылар 9 пункттен тұратын шараларды межеледі. Оның бірінші пунктінде әдеби-поэзиялық және музыкалық мұраны зерттеу істерінде жіберілген кемшіліктерді жоюға және де «...біз әрбір ұлттық мәдениеттің ішінен тек оның демократиялық және оның социалистік элементтерін аламыз, оларды алғанда тек қана және сөзсіз түрде әрбір ұлттың буржуазиялық мәдениетіне, буржуазиялық ұлтшылдығына қарама-қарсы аламыз» деген лениндік қағиданы тынбастан басшылыққа алып отыру талап етілді. Осы талаптарға жауап беретіндерін бастырып шығару, өткеннің әдеби мұрасын таптық тұрғыдан зерттей түсу, қазақ әдебиеті тарихының түйінді мәселелері бойынша ғылыми-теориялық конференция өткізу міндеттелді.

Қазақ әдебиеті тарихының түрлі мәселелеріне, оның көрнекті өкілдеріне арналған бірсыпыра материалдар жарық көрді. «Әдебиет мұралары мұқият зерттелсін» (бас мақала «Социалистік Қазақстан», 1957, 24 шілде), Ә.Дербісәлиннің «Ы.Алтынсарин – қазақ тіліндегі оқулықтың авторы» («Лениншіл жас», 1957, 9 қаңтар), Ы.Дүйсенбаевтың «Шортанбай ақынның шығармалары» («Қазақ әдебиеті», 1957, 17 мамыр), «Шоқан Уәлихановтың әдеби мұралары» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1957, №6), Қ.Мұхаметхановтың «Мағауия Абайұлы Құнанбаев» (Ученые записки Семипалатинского педагогического института им. Н.К.Крупской. Вып. II; Семипалатинск, 1957), «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» («Жұлдыз», 1957, №10), Т.Нұртазиннің «Шортанбай шығармалары жайлы» («Қазақ әдебиеті», 1957, 13 желтоқсан), С.Нұрышевтің «Шортанбайдың «Бала зары» туралы» («Қазақ әдебиеті», 1957, 19 шілде), Қ.Өмірәлиевтің «Тағы да Абай текстологиясы жайында» («Қазақ әдебиеті», 1957, 8 наурыз), М.Сәрсекеевтің «Абайды зерттеудің кейбір мәселелері» («Қазақ әдебиеті», 1957, 5 шілде), Х.Сүйіншәлиевтің «Махамбет Өтемісұлы – қазақ халқының ұлы ақыны» («Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабаршысы», 1957, №2), «Шоқан – публицист» («Лениншіл жас», 1957, 28 қыркүйек), «Қазақ әдебиетінің зерттеу жолы» («Жұлдыз», 1958, №5), «Дулат ақын» («Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабаршысы. Филология және зерттеу сериясы», 1959, №3), М.Тілеужановтың «Сұлтанмахмұттың Абай дәстүрі үшін күресі» («Қазақ әдебиеті», 1957, 15 наурыз), т.б. мақалаларда қазақ әдеби мұрасының өзекті өңірлері сөз болды. Ш.Ахметовтің «Ыбырай Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1958, №9), М.Базарбаевтың «Қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің кейбір мәселелері» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1958), «Әдеби мұра және оны зерттеу» («Қазақ ССР Ғылым Академиясының

хабаршысы», 1958, №12), «Қазақ халқының әдеби мұрасын зерттеу туралы» («Жұлдыз», 1959, №2), «Әдебиетті зерттеудің келелі мәселелері» («Социалистік Қазақстан», 1959, 14 маусым), Б.Кенжебаевтың «Сұлтанмахмұттың жаңа өлендері жөнінде» («Қазақ әдебиеті», 1958, 31 наурыз), «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті туралы» («Лениншіл жас», 1959, 13 маусым), Ғ.Малдыбаев «Шал ақын кім?» («Қазақ әдебиеті», 1958, 28 қараша), М.Бәйділдаевтың «Тұрмағамбет ақынның әдеби мұрасы» («Социалистік Қазақстан», 1959, 18 маусым), М.Бөжеевтің «Абай реализмі туралы» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959), Ы.Дүйсенбаевтың «Ескі әдеби мұраларды пайдаланудағы міндеттеріміз» («Социалистік Қазақстан», 1958, 28 қыркүйек), Ә.Қоңыратбаевтың «Мәшһүр Жүсіптің лирикасы» («Қазақ әдебиеті», 1959, 19 шілде), А.Нұрқатовтың «Ақан сері» («Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабаршысы. Филология және көркем өнер сериясы», 1959, №1), Ә.Рахымжановтың «Әдебиет тарихын әңгімелей қалсақ» («Қазақ әдебиеті», 1959, 3 мамыр), т.б. мақалаларда әдеби мұра жайлы зерттеулер тереңдей түсті. Сөйтіп қазақтың бай әдеби мұрасын игеру жолында қыруар жұмыстар атқарылды. Ой алуандығымен ерекшеленген бұл пікір алысуларда өткеннің өкілдерін танып білу жолында батыл әрекеттер жасалынып жатқанымен де әдебиеттану ғылымында үстемдік құрып тұрған маркстік-лениндік әдіснама ғылыми ізденістерді идеялық жағынан құрсаулап, әдебиеттің таптығы туралы теориядан адым аштырмай, қоршауда ұстап тұрды. Мысалы, Шортанбай туралы Ғ.Мұсабаев «Шортанбай діншіл ақын емес, оның шығармасындағы дін сөздері кітап шығару барысындағы Қазан молдаларының жамап-жасқауы болар» (Ғ.Мұсабаев. Әдеби мұраны бұрмалаушылыққа қарсы. «Қазақ әдебиеті», 1956, 13 көкек) десе, Т.Нұртазин «ол көзқарасы жағынан реакцияшыл, бізге жат, сөз жоқ, бұл мистик-ақырет ақыны» (Т.Нұртазин. Шортанбай шығармалары жайлы. «Қазақ әдебиеті», 1957, 13 желтоқсан), ал С.Нұрышев «Шортанбай ескі заманның ескі ақыны деген сол кездегі қалыптан шыға алмады» (С.Нұрышев. Шортанбайдың «Бала зары» туралы. «Қазақ әдебиеті», 1957, 13 желтоқсан) – деп жазды. Ы.Дүйсенбаев «Қанша адасқанмен Шортанбай халқына шын ниетімен жақсылық тіледі, қалың бұқараның аянышты халіне қабырғасы сөгіле қайғы жеді, бірақ ол елінің болашағы неде екенін Абай тәрізді түсіну дәрежесіне жете алмады. Ақынның басындағы үлкен трагедия – осы» («Қазақ әдебиеті», 1957, 2 тамыз) – деп білді.

Осы кезде жарық көрген Б.Кенжебаевтың «Қазақ баспасөз тарихынан мәліметтер» (1956), «Журналист Мұхаметжан Сералин» (1957), «Сұлтанмахмұт Торайғыров» (1957), Қирабаевпен бірігіп жазған «XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті» (1957), С.Қирабаевтың «Спандияр Көбеев» (А., 1957) кітаптарда XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ірі өкілдері біршама таныла түсті.

Б.Кенжебаев аса бір күрделі кезең XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы мәселелерін арнайы әңгімелейді. Ол «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің идеялық, көркемдік дәрежесі төмен, ескішіл, ұлтшыл әдебиет, айта берсең, XX ғасыр басында бізде шын мағынада әдебиет болған жоқ» дегенге қарсы «XX ғасыр басындағы әдебиет өзінің кадры жағынан да, жанры жағынан да едәуір өсті, профессионалдық әдебиетке айналды» (Б.Кенжебаев. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. «Лениншіл жас», 1959, 13 маусым) – деп жазды. Мақалада осы кез әдебиетінің кемшіліктерін «Қазақтың XX ғасыр басындағы ақын-жазушылары соншалықты көп алуан, күрделі мәселелерді қозғай алған жоқ; заманның актуальды түйінді мәселелерін қозғай алған жоқ. Жалпы алғанда, тақырыбы, идеясы жағынан XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің өрісі тар, өресі аласа болды: оның көп кадры заман деңгейіне көтеріле алмады; өмір заңын, халық өмірінің, заманның егжей-тегжейі, көз алдында болып жатқан әр алуан қоғамдық құбылыстардың, ұлы оқиғалардың мән-жайын аңғармады, аңғарып жетпеді» (сонда) – тұрғыда сипатталғанынан сол дәуірдегі ақын-жазушылардың барлығы да кеңестік кезең қаламгерлерінен төмен, өйткені олар төңкеріске шақыра алмады, социализм қоғам дамуының болашағы, ал болашақ пролетариаттікі екенін көре алмады деген таптық теорияға негізделген жалған қисынның әсері де байқалмай қалмайды. Осы себептерден де «XX ғасыр басындағы жазба әдебиетінде сол замандағы революциялық идеяға көтерілген, революциялық жолға түскен, революцияны жырлаған ақын, жазушы болған жоқ» – деп түсіндіреді.

Мұның алдында Б.Кенжебаевтың «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» (А., 1958) атты қазақ әдебиетінің төңкерістен бұрынғы тарихына алғаш жол тартқан еңбегі шыққан болатын. Кітапта жиырмамыншы ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті үш түрлі бағытқа жіктеліп, қарастырылған: ескішіл бағыттағы әдебиет, демократтық-ағартушылық

бағыт, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыспен байланысты туған халықтық поэзия. Ескішіл бағыттағы ақындарға Ақмолла, Әбубәкір, Мақыш, Нұржан, Шәді, Мәшһүр Жүсіп жатқызылған. Демократтық-ағартушылық бағыттағы Ығылман Шөрековтің, Бекет Өтетілеуовтің, Тайыр Жомартбаевтың, Мұса Байжановтың, Мұсабек Байзақовтың, Әріп Тәңірбергеновтің, Мұхаметжан Сералиннің, Спандияр Көбеевтің, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Сәбит Дөнентаевтың шығармашылық, ұстаздық, ағартушылық қызметтері кеңінен әңгімеленген. Әсіресе Сұлтанмахмұтқа едәуір орын берілген.

1916-жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы айтқанда, оны «Жалпы демократиялық қозғалыстың бір көрінісі» ретінде сипаттайды. Көтеріліс туралы поэзияның көркемдік ерекшеліктеріне біршама көңіл бөлген. Б.Кенжебаев осы тақырып бойынша К.Шәменовпен бірігіп «1916 жылғы көтеріліс жырлары» (А., 1958) атты кітап шығарды.

Ал «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті» мақаласында осы кез әдебиетін дәуірлерге жіктегенде, аздаған айырмашылықтар да кездеседі. Мысалы, зерттеу кітабында 1916 жылғы көтеріліске арналған шығармаларды жеке бір бағыт ретінде қарастырса, мына мақаласында бұл мүлдем әңгіме болмады.

Б.Кенжебаев XX ғасыр басындағы әдебиеттегі ағымдарды «қазақтың ол дәуіріндегі ақын, жазушыларының бірсыпырасы тиянақты демократиялық-ағартушылық бағыт, көзқараста болды да, бірсыпырасы демократиялық-ағартушылық бағыт, көзқарастан кейде феодалдық-клерикалдық, буржуазияшылдық, буржуазиялық-либералдық бағыт, көзқарастарға ауытқып жүрді» – деп көрсетеді. Феодалдық-клерикалдық, буржуазиялық-ұлтшылдық бағыттағы ақындарға Ақмолла Мұхамедияров (1839–1895), Әбубәкір Шоқанов (1858–1912), Мақыш Қалтаев (1865–1916), Нұржан Наушабаев (1859–1919), Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1857–1931), Шәді Жәңгіров (1865–1931), т.б. жатқызылған. Ал демократтық-ағартушылық бағыттарға Мұхамеджан Сералин (1872–1929), Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893–1920), Әріп Тәңірбергенов (1856–1924), Спандияр Көбеев (1878–1956), т.б. қосылған. Алғашқы топтағылары негізінен ескіше сауат ашып, шығыс әдебиеті дәстүрінде, ал демократтық-ағартушылық бағыттағылардың орысша білім алып, батыс әдебиеті үлгісінде жазғандарына назар аударады. Ал XX ғасыр басындағы әдебиеттегі ұлт-азаттық бағыт, оның көрнекті өкілдері Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбектер мүлдем аталмаған. Өйткені, бұл кезде бұлардың шығармашылықтары зерттелмек түгілі, аттарын атауға да болмайтын. Сол сияқты, «дін-апыын» деп білетін кенес үкіметі кезінде діни бағыттағы, шығыстық дәстүрдегі шайырлардың да есімдері ескерілмеуі тиіс-тұғын. Бірақ та Бейсекең олардың аты-жөндерін толық атап, туылған-өлген жылдарын да көрсетіп отырған.

Әдебиет мәселелері бойынша өтетін конференцияға дайындық барысында Ы.Дүйсенбаевтың «Ескі әдеби мұраларды пайдаланудағы міндеттеріміз» («Социалистік Қазақстан», 1958, 28 қыркүйек) атты мақаласы жарияланды. Ол қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу істеріндегі олардың идеялық көзқарастарын ашуға келгенде, туындайтын қиындықтарды айта келіп, ғалымдардың жиынындағы басты міндет «Әдебиет сыншылары болсын, әдебиет зерттеуші ғалымдар болсын, бүкіл жұртшылықты қатыстыра отырып, бұл жөніндегі партияның қаулы-қарарларын тірек етіп, осы күнге дейін талас туғызып келген проблемалардың басын ашып алуға» шақырды. Мақалада конференцияда талқылануға ұсынылатын негізгі жеті баяндаманың тақырыптары берілген; сондай-ақ халықтың ауыз әдебиеті, өткен ғасырлардағы қазақ әдебиетін, оның көрнекті өкілдерінің (бірсыпырасының аттары аталынады) шығармашылықтарын зерттеу мәселелері бойынша қосымша баяндамалар да тыңдалатыны да хабарланған.

Конференция ашылардың алдында Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институты директорының орынбасары М.Базарбаев «Әдебиетті зерттеудің келелі мәселелері» («Социалистік Қазақстан», 1959, 14 маусым) жайлы әңгіме қозғады. Мақалада осы уақытқа дейінгі қазақ әдебиеттану ғылымының жетістіктеріне тоқтала келіп, әлі де болса өз шешімін таппай келе жатқан мәселелерге назар аударады. Шығармашылықтары сол кездерде сөз болып, кейбіреулері оң бағасын ала бастаған ескішіл, діни бағыттағылар саналып келген Шортанбай, Мұрат, Дулат, Әбубәкір, Мәшһүр Жүсіп, Шәңгерей, Нармамбет, Нұржан есімдері аталып, бұларды әлі де зерттей түсу керектігін айтады. Өйткені, Шортанбай Қанайұлының, Дулат Бабатайұлының, «қоғамдық-әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, орасан қайшылығы көп, қайбір кездерде өмір құбылыстарын дұрыс көрсетіп, едәуір көркемдік өрнектер жасағанымен негізінде бұл ақындар бұрынғы хандық, билік дәуірді көксеген қалпында қалды. Бұрынғыны

көксеу, дінді уағыздау әсіресе Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері шығармаларында тым басым»; «Мәшһүр Жүсіп ескілікті қолдайды, жаңаны түсінбейді»; «Нармамбет Ормамбетов, Нұржан Наушабаев сияқты ақындардың творчествосы қайшылыққа толы: онда уайым, тоқырау, торығу сарыны басым». Әдебиетті зерттеуді ұйымдастырып, оған бағыт-бағдар беріп отыратын ғылыми мекеме басшыларының бірі М.Базарбаевтың бұл мақаласында айтылған ойлар ресми билікпен келісілген, конференцияның қай бағытта өтуін көрсеткен нұсқаулар сияқты да әсер етеді. Өйткені, кейіннен өткен конференцияда жоғарыда аттары аталған ақындарға берілген бағалардың да осы қалпынан ұзап кете алмағандығы байқалады.

Қазақ әдебиетінің негізгі проблемалық мәселелері жөніндегі ғылыми-теориялық конференция жұмысын 1959 жылы маусымның 16-сы күні бастап, бес күнге созылды. Жиынды Қазақ ССР Ғылым Академиясының вице-президенті С.Бәйішев кіріспе сөзбен ашып, оған қатысушылардың алдында тұрған міндеттерге қысқаша тоқталды. Конференцияда Е.Ысмайыловтың «КПСС XXI съезі шешімдеріне байланысты қазақ совет әдебиетін зерттеу ғылымының міндеттері», Н.С.Смирнованың «Қазақтың дәстүрлі және совет тұсындағы ауыз әдебиетін зерттеудің негізгі проблемасы», М.Базарбаевтың «Қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық жайында», Қ.Жұмалиевтің «XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері», Ы.Дүйсенбаевтың «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері», М.С.Сильченконың «XIX ғасырдың 80–90 жылдарындағы қазақ әдебиетінің негізгі тенденциялары мен бағыттары туралы», Б.Кенжебаевтың «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы» баяндамалары тыңдалды. М.Дүйсенев «Қазақ совет әдебиетіндегі социалистік мазмұн мен ұлттық түрдің тұтастығы жайында», М.Қаратаев «Социалистік реализм және қазақ прозасының даму жолдары», С.Сейітов «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ поэзиясы», Т.Сыдықов «Соғыстан кейінгі кезеңдегі қазақтың халықтық поэзиясының жайы туралы», С.Талжанов «Шортанбай Қанайұлы», Х.Сүйіншалиев «Дулат ақынның мұрасын сын тұрғысынан қарап зерттеу туралы», З.Ахметов «Шәңгерей Бөкеев шығармашылығын зерттеу туралы», І.Жарылғаповтың «Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мұрасы туралы», Ә.Дербісәлиннің «М.Сералин – ақын», Н.Қарашеваның «Қазақ әдебиетінің қалыптасып, дамуына «Айқап» журналының тигізген әсері жайында» қосымша баяндамалар жасады. Баяндамалар бойынша М.Ғабдуллин, Б.Шалабаев, Ә.Қоңыратбаев, Ш.Кәрібаев, Қ.Оразаев, Ү.Сұбханбердина, М.Тілеужанов, Т.Кәкішев, Б.Адамбаев, М.Хасенов, Б.Сүлейменов, Р.Сыздықова, А.Нұрқатов, Т.Қалилаханов, Ә.Байтанаев, І.Кенесбаев, А.Нүсіпбеков, Б.Кенжебаев, Е.В.Лизунова, В.М.Сидельников (Москва), З.С.Кедрина (Москва), М.И.Фетисов (Москва), Қ.Бейсембиев, С.Толыбеков, З.Мамытбеков (Қырғызстан), А.Сейфуллаев (Тәжікстан), М.Әуезов, С.Бәйішев жарыссөзге шыққан.

Конференцияда қазақ әдебиетінің көптеген толғақты тұстары ғылыми тұрғыдан көтеріліп, бұрынғыға қарағанда іргерілеулер байқалды. Солай десек те қазақ әдебиетінің барлық мәселесін марксизм-ленинизм ілімі тұрғысынан шешуге ұмтылғандықтан да әсіресе өткеннің әдеби мұралары, қазақ әдебиетінің бастау бұлақтары мәселесіне келгенде, бұрынғы ресми таптық теорияға негізделген тар шеңберден ұзап шыға алмады. Негізгі баяндама жасаған Қ.Жұмалиев қазақ әдебиетінің тарихы Бұхар жыраудан басталады деген пікірін қайта ұсынды. «Бұхарға шейінгі әдебиет нұсқаларында Асанқайғы да, Сыпыра жыраулардың да аттары аталғанымен, олар тарихи адамдардан аңызға (легенда) айналып кеткен, тарихта дәл қай кезде болғаны мәлім емес және олар айтыпты-мыс деген толғау сөздер әр жерде әртүрлі айтылуын еске алсақ, олар әдебиет тарихының басы бола алмайды, ...ол кезден (XI–XII ғ.) бізге қалған, қазақтың өзіне тән, тікелей байланысты мұралар жоқ, болса даулы» («Әдеби мұра және оны зерттеу», А., 1961, 95-бет) – деп, әдебиеттің тарихын арыдан бастау керектігін айтып жүрген Б.Кенжебаевтың пікірін жокқа шығарды.

Мұның алдында ғана Қ.Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (А., 1958) атты зерттеуінің бірінші томы жарық көрген болатын. Кітаптың бірінші бөлімі «эпос, лиро-эпос және тарихи поэмаларға» арналып, онда «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман–Шолпан» жырлары талданылған. «Тарихи поэмалардан» «Бекет батыр» және Ығылман Шөрековтің «Исатай–Махамбет» жырлары қарастырылған.

Екінші бөлім «Әдебиет тарихы» аталған. Осы бөлімнің кіріспесінде автор «ауыз әдебиеті тарихы және жазба әдебиеттің өздеріне тән ерекшеліктеріне» және 18–19 ғасырдағы қазақ

әдебиетінің дамуына тоқталып өткен. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің өзіндік айырмашылықтарын сипаттай келіп, «Қазақстанның қай облыс, қай өлкесінде болсын, шығармалары өз атынан айтылып, өзінің авторлығын толық сақтаған, аңыз-легенда емес, дәл сол кезде өзі болған тарихи адам – бірінші ақын Бұхар жырау болды. Сондықтан ол тарихи әдебиетіміздің басы саналады. Бұхарға шейінгі әдебиет нұсқаларында Асан қайғы, Сыпыра жыраулардың да аттары аталғанымен, олар тарихи адамдардан гөрі де аңызға айналып кеткен, тарихта дәл қай кезде болғаны мәлім емес және олар айтыпты-мыс деген толғау сөздер әр жерде әртүрлі айтылуын еске алсақ, олар әдебиет тарихының басы бола алмайды» (Қ.Жұмалиев. Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері. А., 1958, 244-бет) – деп, кесіп айтты. Сөйтіп, қазақ әдебиетінің тарихын іс жүзінде 18 ғасырдан бастауды ұсынды. Оған дейінгілердің барлығын әдебиет тарихына жатқызуға болмайды, өйткені оларда жазба әдебиеттен гөрі аңыздық сипаты басым, яғни ауыз әдебиетіне жатады деп білді.

Қ.Жұмалиев «XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың басындағы әдебиетімізде жігі айқындалған феодалдық және демократтық – екі түрлі әдеби бағыт болғанын аңғартты. Бірінші әдебиеттік бағыттың басты өкілдері: Бұхар, Дулат, Байтоқ, Жанұзақ, т.б. болса, екінші әдеби бағыттың басты тұлғалары: Жанкісі, Махамбет, Шернияз, Алмажан, т.б. болды» (сонда, 259–261-беттер) – деп жіктеді. Бұлайша жіктелудің таптық қоғамда екі түрлі әдебиет, яғни үстеп таптың және еңбекші таптың әдебиеті болады дейтін марксизм-ленинизм ілімінің таптық теориясына негізделгендігі көрініп тұр. Кітапта XVII–XIX ғасыр әдебиетінің ірі өкілдері ретінде Бұхардың, Махамбеттің, Шернияздың, Алмажанның шығармашылықтарына жеке-жеке тоқталған. Әсіресе, М.Өтемісовтің өмірі мен шығармашылығы, поэзиясының көркемдік ерекшеліктері зерттеуші назарын көбірек аударған болатын.

Қ.Жұмалиев конференцияда жасаған баяндамасында осы «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты монографиясында негізделген қазақ әдебиетінің тарихы Бұхар жыраудан басталады деген ғылыми концепциясын тағы да қорғап шықты. Маркстік-лениндік дүниетанымның қоғам, мәдениет, әдебиет туралы іліміне сүйене отырып, өз пікірлерін ғылыми тұрғыдан дәлелдей түсуге ұмтылды.

Баяндамашылардың бірі Ы.Дүйсенбаев та Қ.Жұмалиевті қолдады. Ол «Бертін келе, атап айтсақ, XV ғасырдың шамасында бірен-саран ақын-жыраулардың аттары да атала бастады (Асан қайғы, Шалкиіз, Сыпыра жырау, т.б.). Бірақ бұлардың есімдеріне байланысты шығармалардың саны аз болып, жөнді сақталмай келсе, оның үстіне сол ақындардың тарихта өмір сүрген-сүрмегеніне күдік туған шақтар да болып отырды. Тек XVIII ғасырдың екінші жартысынан былай қарай ғана жеке ақындар шығып, мынау пәленнің шығармасы, анау түгеннің өлеңі деп ат қойылып, айдар тағылатын болды» (сонда, 109-бет) – деп, Қажымның пікірін жалғастырып, тереңдете түсті.

Негізгі баяндамашылардың бірі ретінде сөз алған Б.Кенжебаев қазақ халқының тарихы тереңде жатқаны сияқты оның әдебиетінің тарихы да есте жоқ ескі замандардан бастау алады деген өзінің негізгі пікірін дәлелдеп, ғылыми концепцияға айналдыра сөйледі. Қ.Жұмалиев пен Ы.Дүйсенбаевтың пікірлерімен келіспейтіндігін ашық айтып өз ойларын шегелей түсті: «Біз Қажымның бұл пікіріне қосылмаймыз... Қай халықтың болсын, шығармасы болу заң емес. Жазба әдебиетінің басы, алғашқы нұсқалары түрлі дін, заң кітаптарының, ресми жазу-сызулар мен бұйрық-жарлықтардың жеке кісі хаттары мен өмірбаяндарының шешен, өткір, көрікті жерлерінен іріктеп алынуы, солардың жиыны болып келуі де мүмкін» – дей келіп, бұрынғы әдебиетіміз қазақ хандығы дәуірінен басталады деп келген өз пікірінен де әрі кетіп, енді VII–VIII ғасырларда жазылған әдеби мұралардың да бізге тікелей қатысы бар деді:

«VII–IX ғасырлардан бері қазақ жерінде, сонымен шектес жерлерде, кейбірі қазақ халқы құрамына енген рулар мен халықтар өкілдері жасаған, қай-қайсысы болсын, бүгін қазаққа түсінікті болған, қазақ қолданған тілдерде жасалған жазу-сызуларын, жазба әдебиет нұсқаларын қазақтікі деп айтуымызға, қазақ жазба әдебиетінің тарихына енгізуге әбден болады Атап айтқанда, VII–IX ғасырлардағы Талас–Шу бойында жасалған кітаптар – «Құдатғу білік», «Лұғат түрік», тағы басқалар, X–XI ғасырларда Каспий теңізі жағалауында жарыққа шыққан кітаптары – «Кодекс Куманикус» («Қыпшақ тілінің сөздігі»), «Қисса Сүләнбия» тағы басқалар.

XI–XII ғасырларда қазақ жерінде жасаған Қожахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани шығармалары – «Дивани хикмет», «Хакім ата», «Бақырғани кітабы», «Ақырзаман» тағы басқалар.

Алтын Орда тұсында Сырдария бойында, Арал маңында жасалған әдеби шығармалар – «Мұхаббатнама», «Қобызнама», «Саяхатнама», «Жұмжұм», тағы басқалар қазақ халқының ертедегі жазба нұсқалары деп есептеліп, қазақ әдебиеті тарихында тексерілуге тиісті» (сонда).

Қазақ әдебиетінің тарихы VII ғасырдан басталады деген Бейсекеннің пікірі ол кез үшін тым тосын еді. Кей ғалымдар баяндамада аттары аталған әдебиет өкілдерін, оның шығармаларын осы жерде алғаш рет естіді. Естісе де бұлар көршілес түркі тектес халықтардікі деп білетін. Кенжебаевтың бұл кезеңдегі әдеби мұралар түркітектес халықтардың бәріне ортақ екенін ескерткеніне қарамастан, бұл пікір де ескерусіз қалды. Мұндай батыл пікірді қолдауға сол кездегі ғылыми ортаның танымдық өресі де, саяси саналылығы да жетпеп еді. Тіпті, конференцияда әдебиетіміздің өткен тарихы жайлы құнды пікірлер айтқан М.Әуезовтің өзі де Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиеттануы үшін аса маңызды бұл пікірін қолдап, батылдық көрсете алмады. Конференцияның жұмысын қорытқан Мұхаң «Көпшілікке ұнаған баяндаманың бірі Бейсенбай Кенжебаев жолдастың баяндамасы болды» дегенмен де «Бірақ Бейсенбай Қажым зерттеген дәуір турасында, онымен дауласуда дұрыс пікір айта алған жоқ. Ол жөнінде Қажым пікірлері әлдеқайда орындырақ» – деп, ғылыми жұртшылық алдында Қ.Жұмалиевтің пікірін қолдап шықты. Сөйтіп қазақ әдебиетінің тарихы ерте кездерден басталады деген Б.Кенжебаевтың алдына ресми тұрғыдан да, ғылыми тұрғыдан да кесе көлденең тосқауыл қойылды.

«Жарыссөзде сөйлеген Қ.Бейсембаев, Б.Шалабаев, Ә.Қоңыратбаев (Қызылорда) жолдас-тар ескі әдебиет мұраларын зерттеу жөніндегі шешілуге тиісті кейбір мәселелерді көтерді. Бірақ, Шалабаев жолдас ескі кыссаларды айта келіп, бұл қатарға мұсылман дінін дүниеге зорлықпен тарату идеясын көздеген, көркемдігі шамалы «Сал-сал» сияқты кыссаларды да орынсыз әкеліп тіркемек болды. Ал Қоңыратбаев жолдас Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларынан революцияшыл сәуле іздеп, ғылыми дәлелдер келтіруден гөрі үстірт долбары басымырақ пікірді жақтап шықты» (Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері. «Социалистік Қазақстан», 1959, 28 маусым). Ғылыми конференциядан жазылған есептен келтірілген бұл жолдар жалпы осы жиынның ескі мәдени мұраға деген көзқарасын байқаға алды. Тіпті конференцияда қорытынды сөз сөйлеген академик-жазушы М.Әуезовтің өзі де қазіргі қазақ әдебиеті бойынша жасалған баяндамаларда «терең ойлы пікірлер айтылып, пайдалы мәселелер қойылғанын» атап өткен де әдебиет тарихындағыларға келгенде, маркстік-лениндік дүниетаным тұрғысының шырмауында қалып қойғандығы көрінеді. «Менің көңілімде үш қосымша баяндама даулы көрінді. Бұлар Шортанбай туралы С.Талжановтың, Дулат туралы Х.Сүйіншәлиевтің, Мәшһүр Жүсіп туралы І.Жарылғаповтың баяндамалары. Мен Талжанов жолдастың Шортанбай мұрасына берген бір жақты бағасын дұрыс деп айта алмаймын. Ол ғылыми талдау жасаудан, даусыз дәлел келтіруден гөрі оны қайткенде ақтап, аршып алу жағын баса сөйледі. Сүйіншәлиев жолдас та осындай жолға түсіп, Дулатты ақтап қалуға барынша тырысып бақты. Оның пікірлерінде даулы жерлері де өте көп болды. Бұл үш әдебиетшінің баяндамалары зерттеушіліктен гөрі түсіндірушілік-ұғындырушылық міндетін атқарады. Жарылқапов жолдас Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларынан интернационалдық бағыт, панисламизм мен пантүркізмге қарсы күрес сарындарын табуға тырысты. І.Жарылғаповтың пікірінде, сондай-ақ Ш.Кәрібаевтың, Ә.Қоңыратбаевтың, Б.Шалабаевтың сөздерінде өткендегі әдебиеттің барлық мұрасын қызғыштай қорғау сарыны естілді» (сонда) – деп, ескі әдеби мұраны игеруге қатысты айтылған ұсыныстар мен пікірлерді қатты сынға алды.

Сөйтіп, «Конференцияға қатысушылар қазақ совет әдебиетін, қазақ халқының әдеби мұрасын ғылыми зерттеу және насихаттау дәрежесін бұрынғыдан да жоғары көтеруге, идеологиямыздың кіршіксіз тазалығы үшін күресуге, ревизионистердің әрқилы әрекеттерін әшкерелеуге бірауыздан жұмыла ұмтылып отырғанын білдірді» (сонда). Компартияның ресми органының конференцияға берген бұл бағалауының астарына үңіле түссек, партияның әдебиет сыны мен ғылымы саласында талап ететін негізгі ұстанымдары анық көрінеді. Ең бастысы көркем әдебиетті зерттегенде, маркстік-лениндік дүниетаным тұрғысынан келіп, оның таптық принципі қатаң басшылыққа алып отыру керек. Соның нәтижесінде, яғни, әлеуметтік өмірдегі саяси күрестің қағидаларын әдебиетке, әдебиеттануға сол күйінде әкеліп, қолдана салудың салдарынан әдебиет тарихын ерте кездерден бастамақ түгілі қазақ халқының өткен ғасырларда жасаған аса бай фольклорлық және әдеби мұрасының біразы ескішіл, кертартпа саналып, шетке ығыстырылды. Тек Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың шығармашылықтары

ғана мұндай пәле-жаладан аман-есен қалып, кеңінен пайдалануға ұсынылды. Ал XX ғасырдың басында алашшыл қазақ әдебиеті жайлы мүлдем әңгіме болмады. Тұтас бір дәуірдің озық ойлы, көркемдігі кемел әдебиеті сұрқия саясаттың салдарынан жарыққа шығар күнін күтіп сарғайып жата беруіне тура келді.

Сонымен, қазақ әдебиетінің негізгі проблемалары бойынша 1959 жылы өткен ғылыми конференция әдебиеттану ғылымында басы ашылмай келе жатқан бірсыпыра мәселелерді қалай шешу керектігін, қандай жолмен жүруді көрсетіп берген кезеңдік елеулі оқиға болды. Елуінші жылдардың орта шенінен басталған жылымық кезінде, әсіресе фольклорлық және әдеби мұраны игеруге байланысты батыл айтыла бастаған пікірлерге нүкте қойып, ауыз әдебиетін, әдебиет тарихын зерттегенде нені айтып, нені айтуға болмайтындығын анықтап берді. Өткен заман әдеби мұраларын игеру ісінде әдебиеттің халықтығы, партиялығы принципін қатаң сақтау талап етілді. Соның салдарынан мұндай өлшемдерге жауап бере бермейтін қазақ халқының өткендерде жасаған аса бай әдеби мұрасын толық игеру істеріне жол жабылды. Осы конференция ұсынған бүгінгі әдебиетті, әдеби мұраны бағалауда бірден бір әмбебап әдіснама ретінде басшылыққа алынуға тиіс социалистік реализмнің принциптері қазақ әдебиеттану ғылымының бұдан былайғы қызметінде ұдайы қадағаланып отырды. Бұл процесс ұзаққа, яғни, кеңес үкіметінің іргесі сөгілген сексенінші жылдардың соңына дейін созылды.

14. «ЖЕҢГЕН СОЦИАЛИЗМ» ТҰСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ СЫН (АЛПЫСЫНШЫ ЖЫЛДАР)

1959 жылы Ұлттық Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты ғалымдарының ұйымдастыруымен өткізілген қазақ әдебиетінің мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық конференция әдеби сын мен әдебиеттанудың алдағы даму жолдарының бет-бағдарын көрсетіп бергендей болғанымен де, билік басында отырған коммунистік партия әдебиет пен өнердің социалистік реализм бағытында дамуын ұдайы қадағалап отырды. Әдеби сынның алдына совет әдебиетіндегі «жағ элементтермен» күресу, әдебиеттегі марксизм-ленинизм ілімінен ауытқушылықтың қандайына болмасын, аяусыз күрес жүргізу, қаламгерлерді жаңа заманға сай келетін туындылар жазуға үндеу міндеттері қойылды. Компартияның түрлі құрылтайларында, конференцияларында әдебиет пен өнердің түрі ұлттық, мазмұны социалистік болуын талап еткен шешімдер қабылданып жатты. Көркем әдебиетті зерттеудің негізгі әдісі маркстік-лениндік методологияның социалистік реализм теориясын тереңдете түсу қажеттілігін әдебиетшілердің қаперіне салған ғылыми-практикалық шаралар жиі өткізіліп тұрды. Сондай жиындардың бірін КСРО Ғылым Академиясының М.Горький атындағы әлем әдебиеті институты ұйымдастырып, онда ұлт әдебиеттерінің өзара байланысы мен бір-біріне әсері мәселесі қаралды. Конференция ұлт әдебиеттерінде ұлттық ерекшеліктердің тезірек жойылуы қоғамдағы антогонистік элементтердің тамырына тезірек балта шабады деген шешімге келді (Қараңыз: «Дружба народов», 1960, №3).

Осы кездегі баспасөз бетінде компартияның әдебиет жөніндегі саясатын насихаттап, түсіндірген мақалар ұдайы жарық көріп тұрды. Е.Ғабдіровтің «Әдебиеттің партиялығы жөніндегі лениндік принцип», («Қазақстан коммунисті», 1960, №9), «Әдебиеттің партиялығы және суреткер творчествосының еркіндігі» («Қазақ әдебиеті», 15.11.1969), Т.Кәкішевтің «Партияның сара жолымен» («Қазақ әдебиеті», 11.03.1960), «Ленин. Өмір. Әдебиет» («Жұлдыз», 1969, №2), А.Нұрқатовтың «Ленин образы қазақ совет поэзиясында» («Қазақстан мектебі», 1960, №1), Қ.Нұрмахановтың «Ленин және әдебиеттану ғылымының кейбір мәселелері» («Жұлдыз», 1960, №4), Е.Ысмайловтың «Қазақ совет әдебиетіндегі революция тақырыбы» («Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабаршысы», 1960, №10), Б.Сахариевтің «Партиялық принципті сын үшін» («Қазақ әдебиеті», 4.05.1968), Ә.Дербісалиннің «Ленин және әдебиет ғылымы» («Қазақ әдебиеті», 27.12.1969), т.б. мақалаларында қазақ әдебиетінің, оның сыны мен ғылымының даму бағыттары саяси тұрғыдан сызылып отырды.

Компартия көркем әдебиеттің алдына коммунизм құрылысшыларының «жарқын бейнесін» жасауды негізгі міндет етіп қойды. Әлеуметтік сипаты басым әдеби сындарда қаламгерлерді өмірден артта қалып қойды, бүгінгі өмірде болып жатқан ұлы өзгерістер әдеби шығармаларда көрінбейді, замандас бейнесін жасай алмай келеді деген сияқты айыптаулар негізгі саяси өзек болды. Сол кездегі әдеби сынның негізгі мазмұны мен бағытын компартия айқындап отырды.

Әрине, мұндай жағдай ақын-жазушылардың наразылығын туғызбай қоймады. Әдебиетті компартияның идеяларын насихаттайтын идеологиялық құрал емес, сөз өнері деп білетін қаламгерлердің ішгей қарсылығы да көрініп қалып жатты. Саяси биліктің көркем әдебиетті де оның өзіндік ерекшеліктерін ескермей халық шаруашылығын жүргізудің тәсілдерімен басқаруын сынаған Б.Сокпақбаевтың «Жазушылар өмірден неге артта қалады?» («Қазақ әдебиеті», 4.03.60) атты әдеби фельетоны жарық көрді. Фельетонға тақырыбынан кейін «Бір дөй қызметкердің Қазақстан Жазушылар одағының болмаған пленумында сөйленбеген сөзі» деген анықтама берілген. Мақалада әдебиеттің басшылығында жүрген үлкен қызметкердің жазушылар жиынында қаламгерлерге жаңа өмірді қалай жазу керектігін көрсетіп, бағыт-бағдар, ақыл-кеңес бергендігі келемеж болады. Баяндамашы жазушылардың жұмысын құрылысшылардың үй салуымен салыстырады. Құрылысшылар үйді ұжым болып салатындықтан да тез бітіреді. Ал, жазушылар да неге осылай істемеске?! Көркем шығармалар ұзақ жазылады. Бір романды жиырма жыл жазғанша, «жиырма жылдың ішінде жиырма, отыз роман неге жазбасқа?» – деп толғанады фельетонның бас кейіпкері баяндамашы. Ақын-жазушыларымыз осындай себептерден, яғни жайбасарлықтан артта қалып келеді деп, Американы ашқандай болады.

«Жылына жүздеген, мыңдаған тұрғын үйлер, мектептер салынады. Қазақстан магниткасын салып жатырмыз. Өскемен ГЭС-і, Достық жолы, Соколов-Сарыбай руднигі, осы секілді толып жатқан алып құрылыстарымыз бар. Солар жөнінде жазылған романдар, повестер, киссалар, очерктер қайда, жолдастар! Өлең-жырлар қайда? Пьесалар қайда? Жок. Жок болатын себебі, жазушылардың Алматыдан ұзап ешқайда барғылары келмейді, өмірді білмейді. Ал, білмегендерін бес жылдап, он жылдап, тіпті ол аз болса, жиырма жылдап жазады» деп айқайлайды баяндамашы.

Біреу «Сауыншы қыз» деген өлең жазыпты. «Бірақ, жолдастар, колхозда тек сиыр ғана өсіріле ме! Қой-ешкі қайда? Жылқы қайда? Шошқа қайда? Мал тақырыбына жаздың екен, бәрін қамтып жаз. Жылқышы қыз, сиыршы қыз деп бөлектеудің, бәрінен бірін артық, кем санаудың не қажеті бар? Олардың бәрі де – еңбек адамдары. Еңбек адамдарын алалап қараушылық, меніңше, дұрыс емес». Бұл – «дөй қызметкердің» қаламгерлерге нені жазу керектігін көрсеткен түрі. Баяндамашының сыншылық «биік өресі» мына жолдардан анық көрінеді: «Кстати, жолдастар, осында мен бір жазушыны жуырда «Ақжайық» деген роман жазыпты деп естідім. Өзен жөнінде жазба деп, әрине, ешкім де айтпайды. Жазу керек. Өзеннің пайдасы зор. Ол бізге энергия береді, балық береді, жерімізді суландырады. Бірақ, жолдастар, бір рет жазылған нәрсені қайталап жазу берудің не қажеті бар? Баяғыда Шолохов өзен тақырыбына «Тихий Дон» деп, мықтап тұрып төрт кітап жазбады ма? Жетпей ме сол? Жетеді...» Бұл жерде әдебиеттен мүлдем хабары жоқ адамдардың әдебиетке қалай басшылық жасап отырған сиқы аяусыз сыналған.

Басшы болған соң қарамағындағыларға ақыл-нұсқау беру керек. Ол «жолдас жазушылар, сіздерге де ұйымдасқан жоспарлы шаруашылыққа көшетін мезгіл жетті» – деп біледі. «Дөй қызметкер» әдебиетті дамытудың мынадай жолдарын көреді: «Творчествода кустарщина жойылмай, біз кітапқа жарымаймыз. Олай болса, жазушыларды бригада, звено етіп біріктіру керек. Айталық, романшылар бригадасы, поэмашылар бригадасы, драмашылар бригадасы, рассказшылар бригадасы деген секілді. Бір бригадасы, айталық, романшылар бригадасын Ақаң басқарсын, драмашылар бригадасын Сырбаев жолдас, поэмашылар бригадасын, айталық, Жабысқақов жолдас басқарсын. Жазушы болмаса да, ол осындағы жауапты қызметтегі адам, жазушылармен бірге жүр». Ары қарай шығарма жазуда бригадалық тәсілді ұсынады. «Айталық, бір бригадада, романшылар бригадасында он адам бар. Жаңадан салынып жатқан гастроном жайында роман жазу керек дейік. Сүт тағамдары бөлімін біреу, ет тағамдары бөлімін екінші біреу, арақ-шарапты үшінші біреу алса. Төртінші жастау біреу махаббатпен шұғылданса. Жағымды геройды бригадирдің өзі жазғаны дұрыс. Тағы біреу жағымсыз геройды алса, өстіп-өстіп өзіне тиісті жұмысын бөліп алып, бәрі қатар отырып, бірден жазып шықса. Соңынан бригадир, айталық, Ақаң барлық қолжазбаны жиып алып, қарап өтіп, артық-кемін қырнап, қайсысы қай тарауға лайық, рет-ретімен тіркеп, қол қойып, баспаға жөнелтсе». Ақын-жазушылар осындай тәсілмен жұмыс істесе, олардың арасында кездесетін көптеген келеңсіз мәселелер де өз шешімін табатындығына баяндамашы сенімді: «Осылайша қоғамдасып, еңбек еткенде, бір де бір жазушы арақ ішіп, бос сандалып жүрмес еді. Әлгінде өздеріңіз айтып жаттыңыздар, ұры-қары, халтурщик жазушылар да бар деп, коллективтің ішінде оларға да

жұмыс табылар еді. Айталық, қолжазбаны машинаға басу, точка, запятасын орын-орнына қою, даяр қолжазбаны баспаға дер кезінде жеткізіп тұру».

Б.Соқпақбаев социализм тұсындағы көркем әдебиетке партиялық басшылық жасаудың әкімшілік тәсілдерін барынша сынға алған. Көркем әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерінен мүлдем хабары жоқ, иісі мұрнына бармайтын «дөй қызметкерлердің» әдебиетке де шаруашылықтың бір саласы ретінде қарап, басшылық жасаудың салдарынан қаншалықты кедергілер келтіріп отырғандығы сөз өнерінің құдіретімен келемеж болған.

Алпысыншы жылдардағы қазақ әдеби сынының қанат жая түсуіне «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналы айтарлықтай үлес қосты. Осы басылымдарда әдеби сынды жақсарту жолдарын көздеген Р.Бердібаевтың «Әдеби сынның жайын ойласақ» («Қазақ әдебиеті», 11.10.1963), Т.Кәкішевтің «сын тұғыры биік болсын» («Қазақ әдебиеті», 18.02.1966), М.Қаратаевтың «Байсалды, батыл сын – даму кепілі» («Жұлдыз», 1969, №1), Ф.Оразаевтың «Драматургия сыны – толғандырар мәселе» («Жұлдыз», 1969, №7), т.б. мақалалары жарық көрді.

Елуінші жылдардың алғашқы жарымында саяси қуғын көрген көптеген қаламгерлер компартияның ХХ құрылтайынан кейін қалыптаса бастаған қолайлы жағдайды барынша пайдаланып қалуға тырысып, қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелерін көтерген мақалаларымен баспасөз бетінде жиі көрінді. Осы кездегі әдеби сында кәсіпқой сыншылармен бірге қазақ әдебиетінің көшбасшылары М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сияқты жазушылар белсенділік танытты. Әдебиет майданында саяси ықпалы жоғары С.Мұқанов өз қарқынынан тайған жоқ. Ол бір ғана 1960 жылы баспасөз бетінде орыс және қазақ тілдерінде жиырмаға жуық мақала жариялап, әлеуметтік сынның көрігін қыздыра түсті. М.Әуезов «Дәстүр мен жаңашылдық» («Қазақ әдебиеті», 29.01.1960), «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» («Лениншіл жас», 28.12.1960), «О традиционном и новаторском» («Литературная газета», 16.08.1960), т.б. мақалаларында әдеби дамудың өзекті өңірлеріне батыл бара білді. «Жыл келгендей жаңалық сеземізде» сол кездегі әдеби өмірдегі кейінгі толқынға сипаттама береді.

Мақалаға М.Әуезовтің университетте өткен поэзия күнінде сөйлеген сөзі арқау болған. Жиынға Ә.Тәжібаев, С.Мәуленов, М.Әлімбаев, Қ.Шаңғытбаев, Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин қатысқан. Жас ақындар Т.Молдағалиев, Ә.Дүйсенбиев, Ш.Смаханұлы, сондай-ақ студенттер өлеңдер оқып, поэзия жайлы ойларын ортаға салған. Осы поэзия мерекесінде М.Әуезов жастар поэзиясы туралы толғана тұрып, сөз сөйледі. Мұхтар сол кездегі жас ақындар І.Мәмбетовтің, Т.Шапошевтің, Т.Молдағалиевтің, С.Жиенбаевтың, Қ.Мырзалиевтің өлең өлкесіндегі алғашқы аяқ алыстарына сүйсініп, оларға қысқаша сипаттамалар берді. Жақсы поэзияның ақындық дарынмен бірге жан-жақты білімді, көп ізденуді қажет ететіндігін ескертті. Әсіресе, өлеңнің сөз өнері екендігін тағы да бір еске салып, өлеңдегі тіл мәселесіне назар аударды. Жас ақындардың өлеңдерінде көпсөзділіктің азайып келе жатқандығына, «біздің әдебиетке мәдениетті ақындар, оқыған ақындар келе бастағанына» қуанды.

Алқалы жиында ұлы жазушы жас дарындарды шығармашылыққа зиянын тигізер бірнеше жат қылықтардан сақтандырды. «Жастар осы бастан бірнеше әдеттен сақ болыңыздар. Ең алдымен, жақсы жаздым екен деп асқақтамау керек, тумай тұрып толдым, жазбай жатып болдым деуден қашу керек...Екіншіден, жақсы еңбек жаздым, танылмады деп қорықпаңдар, танылмаған Шекспир мен танылмаған Толстой көп бола береді деп ойламаңыздар. Олар дүниеде біреу-ақ...Шала Шекспирлер, толыспаған Толстойлар танылмай жүре берсін...Ақындық жақсылығым танылмайды деп ойламаңыздар...Жақсыға баға орын тауып беріледі. Сондықтан, әдебиет үшін реклама керек емес. Бұл реклама өзіміздік, күншілдікті туғызады. Ал, жеке адамды рекламалау – талантсыздықтың белгісі, ол – пендешілік» («Лениншіл жас», 26.12.1960) деп, әдебиеттің айналасында бірін-бірі көреалмаушылықтан болып жататын ең бір ұнамсыз құбылыстардың атын атап, түсін түстеп берді. Қазақ поэзиясының соңғы толқын өкілдерінің өлең өлкесіндегі алғашқы аяқ алыстарынан үлкен үміт күткен әдебиет ақсақалы «әдебиетке сұлу мінез әкелуші, үлкен мәдениетті қасиетті әкелуші, нұрлы, жақсы жарқыраған өрісі бар жастарға» ағынан жарылып ақ батасын берді.

М.Әуезов сөз өнерінің, оның ішінде поэзияның өзіндік қыр-сырларына жастардың назарын аударды: «Образ болмай, ойдың да қасиеті болмайды. Жұрт айтып жүрген ойды сіз де айтасыз. Жұрт айтпаған ойды айту – анда-санда бір ұшырасатын бақыт, ол – ырыс...Ойдың көпшілігі жұрт айтқан ой болуы мүмкін, бірақ соны басқаша түрде айта білуінің өзі – қасиет. Біздің

поэзияда да терең ой, мол образ жете қоймай жатыр». Жастар алдында Мұхтар әдебиеттің басты мәселесі терең ойды көркем бейнелеп бере білу, яғни көркемдік, түрлік ізденістер жасау мәселесін көтерді.

Көркем ойды көркем түрде жеткізе білу – сөз өнерінің басты мұраты. Әдебиетте осы уақытқа дейін айтылмай қалған ой жоқ. Мәселе сол айтылған немесе айтылмаған ойды заманға лайықты формада, жаңаша бейнелеп айта білуде жатыр. Сондықтан да әдеби дамуда қалам иелерінің алдынан көркемдік-түрлік ізденістер жасау ешуақытта күн тәртібінен түскен емес. Көптің көкейінде жүрген кемел ойды түрін келістіріп айта білген жазушы ғана – шын жазушы.

Әдеби шығармашылықта шеберлік – басты мәселе. Сондықтан да жазушы шеберлігі ешуақытта әдеби сынның күн тәртібінен түскен емес. Алпысыншы жылдары да осы проблема төңірегінде бірсыпыра құнарлы ойлар айтылды. Қазақстанның шығармашылық одақтарының біріккен пленумында жасаған баяндамасында Ғ.Мүсірепов өнер қайракерлерінің басты назарын осы шеберлік мәселелеріне аударды. Ол Л.Н.Толстойдың «Өнер туындысының жақсы немесе жаман болуы суреткердің не айтқанына, қалай айтқанына және қаншалықты шын жүректен айтқанына байланысты» деген сөзін еске сала келіп, «Шеберлік, атап айтқанда, драматург шеберлігі дегеніміз, бос ұғым емес. Идеяның философиялық тереңдігі, қазіргі заманымыздың көкейкесті моральдық-этикалық мәселелерін адамның рухани қасиеттерінің барша байлық қазынасы жинақталып, сұрыпталып келіп, көрушінің көз алдына кесек дүние болып тұра қалатын бүгінгі адамның сомдай құйылған тұтас, соны характері түгелдей осы шеберлік деген ұғымға жатады» (Ғ.Мүсірепов, Суреткер парызы. А., 1970, 433-бет) – деді.

Ғ.Мүсірепов шығармашылық шеберлікте тіл мәселесіне айрықша көңіл бөлді. Сол кездегі кейбір қаламгерлерде тіл мәдениетінің жетіспейтіндігін, орфография, емле заңдарын елемешілік кездесетінін аяусыз сынаған «Әдебиет тілі жайында» («Социалистік Қазақстан», 16.09.1962) мақаласын жариялады. Ақындар С.Қасимановтың, Е.Кенебаевтың, Ғ.Қайырбековтің өлеңдерінен мысалдар келтіріп, сын тезіне салады. «Тіл – аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Тілді ешкімге түрпілетпеуіміз керек» – деп, тіл сауаттылығын сақтауға оқырманды үндейді.

Ғабит «Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады. Біріне-бірі жарығын түсіріп тұратын сөздерден құралған сөйлем айтайын деген ойыңды оқушыға дәл жеткізеді. Бұл арада ерекше ескертетін бір нәрсе – әр сөздің ой мен сезімге бірдей дөп тиіп жатуы ең, ең үлкен арман болында. Біріне-бірі көлеңкесін түсіріп тұратын сөздер өз мағынасын дәл баспай, екі оқты болып, ауытқып шығады. Жазба сөз – бір өңкей әскер легі де емес, қой сиыры аралас шұбаған көш те емес, теңіз толқыны да емес, жайнап тұрған бақша да емес, өмірге түгел ортақ ой-сезімді дәлірек те толығырақ та бере алатын тіл байлығы. Бұл байлықты қалай болса солай пайдалану болашақ үшін үлкен қиянат» (сонда) – деп сөз өнерінің ерекше қасиетін, суреткердің халықтың ең бір баға жетпес асыл қазынасы тіл байлығымен жұмыс істегенде аса абай болу қажеттігін ескертті.

Алпысыншы жылдары жазушылық шеберлік жайлы ой бөлісулер болашақтағы әдеби даму қай бағытта, көркемдік ізденістер қандай тұрғыда болуы керек деген пікір алысуларға ұласты.

Баспасөз беттерінде тіл шеберлігіне, әдеби тілге, жалпы тілдің мәні мен маңызына арналған М.Балақаев пен Е.Жанпейісовтің «Көркем шығарма тілінің кейбір мәселелері» («Қазақ әдебиеті», 21.10.1960), Ә.Қарағұловтың «Тіліміз таза да бай болсын» («Қазақ әдебиеті», 9.06.1961), Т.Қожакеевтің «Көркем тіл – сезім нәрі» («Қазақ әдебиеті», 25.09.1964), М.Әлімбаевтың «Өрнекті сөз – ортақ қазына» («Жұлдыз», 1965, №12), Х.Әдібаевтың «...жыбыр-жыбыр» («Қазақ әдебиеті», 23.12.1966), «Сөз шұрайы, тіл құнары керек-ақ» («Жұлдыз», 1968, №3), А.Нағыметовтың «Тіл құдіреті және образ шындығы» («Қазақ әдебиеті», 24.08.1968), С.Бегалиннің «Тіл шұбарлаудан сақтанайық» («Қазақ әдебиеті», 8.12.1968), І.Омаровтың «Ана тіліміз жөнінде» («Қазақ әдебиеті», 14.12.1968), т.б. мақалалар жарияланды.

Алпысыншы жылдары жазушылық шеберлік жайлы ой бөлісулер болашақтағы әдеби даму қай бағытта, көркемдік ізденістер қандай тұрғыда болуы керек деген пікір алысуларға ұласты. Белгілі әдебиетші Ә.Қоңыратбаев осы мәселеге «Шеберлік жөніндегі ойлар» («Жұлдыз», 1960, №2), «Өлеңнің де обалы бар» («Лениншіл жас», 21.10.1962) атты проблемалық мақалаларын жазып, көркем шығармашылық үшін басты мәселе шеберлік туралы пікір алысудың жандана түсуіне ықпал етті.

«Бірқатар ақындарымыздың өлеңдерінде образдық қана емес, өлең формасы мен жанрының ыдырауы да байқалады» (Әуелбек Қоңыратбаев. Көп томдық шығармалар жинағы. 4 том, А., 2004, 115 бет) – деп жазған автор өз ойларын көптеген мысалдармен дәйектеді.

Ә.Қоңыратбаевтың бұл пікіріне Ж.Тайшөгелов «Өлеңге ең қажетті форма емес, мазмұн екені бәрімізге белгілі жай. Форма сол мазмұнда ойды жеткізуде «құрал ғана» («Лениншіл жас», 17.11.1962) – деген өз ойын жазды. Ақын Ж.Қыдыров «әдебиеттегі түр де өмір бойы кең балақ шалбармен қалмайды. Заманына сай ол да өсіп-өніп, өзгереді, ендеше, бізге қазақ поэзиясындағы түр мәселесі туралы кеңірек ойласатын уақыт жетті» – деп, осы мәселе төңірегінде пікір алысуға шақырады. Ал Жүсіптің өзі «Қара өлең мен жыр үлгісінен басқа өміршең түр жоқ деген пікірлер естіліп қалады. Бұл сөз әрі рас, әрі өтірік» – деп біледі. Ә.Тәжібаевтың, Ә.Ахметовтің, Т.Бердияровтың, Ө.Нұрғалиевтің, Ш.Мұхамеджановтың өлеңдеріндегі түрлік ізденістерді әңгіме етіп, «біз қазақ поэзиясында осындай үлгілерден (Ә.Межалытес, П.Бровка, Н.Хикмет өлеңдерінен, Д.Ы), жаңа түрлерден қашпай, соныға талпынғанмыз дұрыс. Жастарға қайтсаң де он бір буын мен жеті-сегіз буынның аясынан шығушы болма деп ақыл айта көрмейік. Сілтесін. Мейлі, алпыс буын болсын бір жолда (әрине, бұл прозаизмге жол беру деген ұғым емес!). Бірақ, ойын жеткізсін» («Лениншіл жас», 17.11.1962) – деп, ақындарды өлеңнің түрлік жақтарын жетілдіре беруге шақырды. Автордың ойынша, «күрделі ой күрделі түрді керексінеді». Ал енді «бір кезде тек елжіреуік лирика жазу мода болатын. Ол деген мақтадай үлбіреп, төгіліп тұру керек. Жұтқанда, тамақтан өтіп кеткені білінбеуі тиіс. Осындай пікірлер дәл қазір лирикаға келе ме? Жоқ. Қазір әдебиетіміз есейді. Планета үстінде нелер ұлы уақиғалар болып жатыр. Олар қазақтың қара өлеңіне сыймайды. Оларды жаңаша жырлау қажет. Сол жаңа түрдің керек екені барған сайын қатты білініп келеді. Заман мазмұны, заман ауқымы осыны талап етеді» – деп білген Ж.Қыдыровтың өзі де өлең өлкесінде біршама түрлік ізденістер жасады; онсының сәтті де, сәтсіз де шыққан жақтары болмай қалған жоқ.

Ж.Қыдыровтың бұл мақаласы әдеби ортада әрқилы пікірлер туғызды. М.Қаратаев «Жаңалық па, жаңа былық па?» («Қазақ әдебиеті, 25.01.63) атты арнайы мақала жазып, Жүсіп ұсынған негізгі ойларды түгелге жуық жоққа шығарды. Мәселеге саяси тұрғыдан келіп, «...өнердің нағыз озат идеялы, көркем дәстүрлерінен қол үзіп, «жаңашылдық» дегенді желеу еткен буржуазияшыл суреткерлер мен жазушылар шынайы шығарманың орнына идеясыз, құнсыз, мағнасыз шатпақтар тудыруда. Көркемөнердің көрінеу жауы – абстракционизм мен формализмнің зиянды ықпалы кейбір совет суреткерлерінің творчествосына да тигенін», осы сарындас шығармалардың қазақ әдебиетінде де көріне бастағанын айтып дабыл қағады. Әсіресе, Ж.Қыдыровтың поэзиядағы жаңалықты оның түрінен, онда да бұрыннан бар буын сандарын өзгертуден іздеуін барынша сынға алады. «Қазақ поэзиясының бұрын-сонды қалыптасқан өлең түрлерін кең балақ шалбарға, жалпайған аяқ киімге балап, «тонын отқа салғалы» отырған «жаңашыл» «теоретиктің» іс жүзінде бізге ұсынып отырған «жаңалығын», «тар балақ», «сүйір тұмсық» өлеңін оқып көрейік» деп, Жүсіптің «Шуақтап жүрмін» өлеңін «Бұл не? Жаңалық па? Иә, жаңалық. Қандай жаңалық? Өлең бұзар жаңалық. Не ырғақ, екпін бірлігі жоқ, не буын, ұйқас бірлігі жоқ, ешқандай тәртіп, интонациялық бүтіндік жоқ, шым-шытырық сөздер мен жолдардың тіркесі» санайды. Автордың ойынша, «гәп – он бір буынның ескіруінде, тозуында емес, ақынның талантында. Талантты ақынның қолына түскен он бір буын жанып, жайнап сала береді, қандай да болса, жаңалық мазмұнды жырлауға жарайды, дарынсыздың қолына түссе – жасып, «шойырылып» қалады, онда ол ешқандай идеяны да бейнелей алмайды», қазақ поэзиясы түрге бай, «бүгінгі өлеңдік түр жөніндегі кемшілігіміз – бар үлгілерді әлі жете игермеуімізде болу керек».

М.Қаратаев «Бұл айтқаннан поэзияда жаңалық іздеудің қажеті жоқ деген пікір тумады. Жаңалықты іздеу керек. Бірақ, оны көктен іздемеу керек, жоқтан табуға тырыспау керек. Жаңалық бұрынғы бар дәстүрлерді меңгеру мен игеруден туады, сол жақсы дәстүрлердің заңды, жарасымды жалғасы ретінде дүниеге келеді. Бұрынғы көп дәуірлер бойында жасалған үлгілерді білмей тұрып, яки соның бәрін белінен басып барып, жаңалық табам деу – бос әуре» – деген негізгі тұжырымын айтады. Автор осы тұрғыдан сол кездегі бірсыпыра жас ақындардың өлеңдерінде (әсіресе О.Сәрсенбаевтың «1961 жыл» поэмасында) кездесетін тұрқуалаушылықты, көркемдік жетіспеушіліктерді сынға ала отырып жас ақындарды шығармашылық ізденістерге шақырады.

С.Қирабаев та осы мәселе бойынша М.Қаратаевтың пікірлерін қуаттаған. «Дәстүр мен жаңашылдық» («Қазақ әдебиеті», 1.02.63) деген мақала тақырыбынан-ақ көрініп тұрғандай, мәселеге осы тұрғыдан келеді. Серік те Ж.Қыдыровтың жаңашылдық туралы негізгі ойларына қарсы; жоққа шығарды. Бұл мәселедегі «басты қателік – жаңашылдықты тек өлеңге байланысты деп түсінуінде», «Шынында, жаңашылдық түрден емес, мазмұннан басталады». Автор қазақ поэзиясындағы жаңашыл ізденістерге Абайдан бастап, шолу жасай келіп, кей ақындардың өлеңдерінде кездесіп қалатын сәтсіздіктерді де тізіп өткен. Бұл ретте О.Сәрсенбаевтың, Д.Әбілөвтің, Ғ.Қайырбековтің, Т.Есімжановтың, Қ.Мүсіреповтің кейбір өлеңдері сын тезіне алынған.

Сыншының осы мәселеге қатысты негізгі ойы дәстүр мен жаңашылдық мәселесін дұрыс түсініп, шығармашылықпен қолдана білуде, дамытуда жатыр дегенге саяды. «Ең бастысы – жаңалық поэзия заңымен келсін, ретсіз, ұйқассыз, жөн-жосықсыз болмасын дейміз», «Шын жаңашылдық әдебиет дәстүрлеріне негізделеді, соны дамыту, жаңарту түрінде туады және әр өлеңнің түрін оның мазмұны тудырады», «Ендеше, жаңашыл болу үшін, өз заманының талабы дәрежесінде болу үшін сол бай әдебиет дәстүрлерінен үйренейік. Соларды оқып меңгерейік».

Поэзиядағы жаңашылдықты оның түрінен іздеген А.Сүлейменовтің «Түр туралы бірер сөзі» («Жұлдыз», 1963, №4) осы мәселе төңірегіндегі пікір алысуды өршіте түсті. Шешен тілмен көсіле жазылған көлемді мақала әдеби жұртшылықты кеңірек ой бөлісуге шақырды. Мәселені кеңінен қамтып жазған Асқар да «әдебиет дәуір, уақыт көшінің тек соңында жүре алмайды, оның орны алдында, ол – керуенбасы, ол – өмірдің қайнаған ортасында, ол – күрескер» дей келіп, «Бүгінгі әдебиет заман адамының интеллектуалдық өмірі болғанда, сол әдебиеттің эстетикалық орындалуы жана бір түрлік элементтерді қажетсінеді. Оны біз қайдан іздейміз?» деген мәселе қояды.

Автор түр мәселесінің ішіндегі бастысы деп, «баяндау стилін» арнайы сөз етеді. Онда да баяндау стиліндегі «мен» (кейіпкер атынан баяндау), «ол» (автор атынан баяндау) мәселесіне, яғни «жазушы қалай жазу керек; бірінші жақпен бе, үшінші жақпен бе, әлде екеуімен де ме?» – деген тұрғыдан келеді. Асқар осы мәселенің әлемдік әдебиетте қалайша шешімін тауып келе жатқандығын шолу келіп, қазақ әдебиетіндегі М.Әуезовті, С.Ерубаевты, Ғ.Мүсіреповті, Т.Ахтановты жақсы жақтарынан айтады. Ал осы тұрғыдан Ғ.Мұстафиннің шығармашылығын жоғары бағалайды. «Сонымен бірге бізде өзінің стильдік ерекшелігі жоқ, эпигондар да жетіп жатыр. Жазуында творчесволық тыныс жоқ, терең бойлар тамыры жоқ. Дәуір сипатын шығарманың жалпы эстетикалық рухынан емес, тарихи адамдардың фамилиясынан, жалаң, хроникалық мәліметтерден көресін», «осы ретте едәуір меңгерілді деп жүрген автор атынан баяндаушы, үшінші жақтың өзін біздің біраз жазушылар ұйпалақтатып, берекетін ап, мұрнын самайына шығарып жібергені хақ», «Сонан келеді де түйелі адамның ырғағындай біркелкі шұбатылған баяндау, баяндау. Басқаны қойғанда, екі мастың елбіреген сезімін де арқандай шұбатып жатады. Геройдың жатқанын, тұрғанын, тіпті сүрінгенін де баяндап мезі қылады. Баяндау үстінде сөйлем ырғағы да өзгермейді, диалогта да эмоциялық діріл жоқ» («Жұлдыз», 1963, №4, 128, 134 беттер).

Автордың ойынша, «Қазақ прозасы бірінші жақты іштен тепкілеп, жетімсіретіп жүр», «біздің прозаға осы форма биігінен қарағанда, не жетпей жатыр десек – көпқырлылық жоқ», «ол», «мен» керек, оқиғаға сыр керек, сәуірдің жылы жаңбыры, селеудің сыбыры, шілдедегі дала түнінің жұмсақтығы керек. Түн аспаны кейде қаракөк барқыт түстеніп жусап қалады ғой, сонда адамның үлбіреген көксұр жусанға бауырын төсеп аунай-аунай бергісі келеді. Біздің дарынды проза оқушысын осылай аунатуы аз боп жүр». Асқар сол кездегі әдеби сынның басты кемшілігін де дөп басып көрсетеді: «Шығарманы талдау көбінде идеялық болады, сонсон «көркемдік ерекшеліктеріне» келгенде, шоқ басқандай тызылдап өте шығатынымыз бар». Сыншы шығарманың тақырып актуалдылығын, идеялығын алдыға салып, оның суреткерлік, формалық жағына онша мән бермеушілікке қарсы. Әдеби шығарма ең алдымен, көркемдік тұрғыдан, формалық жағынан бағалануы керек. Ал ол түр жаңа заманда қалай болмақ? А.Сүлейменов оқырмандарын осы мәселе төңірегінде пікір бөлісуге шақырады.

А.Сүлейменовтің бұл мақаласы әдеби жұртшылық арасында әртүрлі пікір туғызды. Біреулер әдеби түр, шеберлік жайлы мәселенің қойылуын қолдап жатса, енді бір қаламгерлер

жас сыншының бүкіл қазақ прозасынан төрт-бес-ақ жазушыны көріп, басқаларын елемейінен ішін тартты. С.Мұқановтың «Түрдің жаңа мазмұны» («Қазақстан коммунисті», 1963, №8) атты мақаласы А.Сүлейменовтің пікірлерін түгелімен жоққа шығарды. Сәбит «Бұл мақалада көтерілген мәселелердің әдебиеттік қана емес, саяси-партиялық мәні де болғандықтан өз пікірімізді оқушы жұртшылықтың алдына тартуды мақұл көрдік», «мақаланы бір емес, бірнеше рет оқығанда да автордың не айтқалы отырғанын ұғу менің өзіме аса қиынға түсті» – дей келіп, мақалада мәселенің осылайша қойылуының өзін дұрыс санамайды. «Өйткені, шығармада автордың, я геройдың атынан пікір айту әдебиеттің ешбір жанрында «түр» боп көрген емес, ол тек жазушылық әдіс қана». Автордың дәлелдеуінше, «Түр әрбір материалдық тектің (сущность) сыртына беретін көрінісі (явление). Әдебиеттің, оның ішінде көркем әдебиеттің тегі – мазмұны. Көркем әдебиеттің толып жатқан түрі (проза, поэзия, драматургия, оның бөлшектері) бар.

С.Мұқанов көркем шығарманың бірінші («мен»), екінші («сен») үшінші («ол») жақтан жазылуынан «түрді» көрмейді. Ол әдеби туындыны осылайша жіктеп қарастыруға мүлдем қарсы. Өйткені, «шығармадағы «мен» мен «ол» екі адам емес. Олар бір-ақ адам: «мен» – автор, «ол» – осы автордың идеясы». Түр туралы мәселенің көркем шығарманың бірінші, екінші, үшінші жақпен баяндалуымен байланыстырылып қаралуының өзін дұрыс санамаған Сәбит А.Сүлейменовтің мақаласында әдебиетке, қоғамға қатысты айтылған ойларының барлығына дерлік қарсы. «Түрдің жаны – мазмұн», «Марксизм ғылымы көркем әдебиеттің мазмұны мен түрін тұтас алып қарайды, сонда мазмұнды түрден емес, түрді мазмұннан шығарады. Түр – шығарманың сыртқы көрінісі ғана. Оның жанды және дәнді сапасы – мазмұнында. Көркем әдебиеттің заман тілегінде, партия тілегіне жауап бере алу, алмауы да мазмұнға байланысты. Мазмұнсыз түр – жансыз түр. Түрдің жаны мазмұнда» – деген тұжырыммен түйінделген.

Қ.Ысқақов Асқардың мақаласына орай көлемді мақала жазып, онымен ой жарыстырды. «Еліктеу ме, жоқ мұқтаждық па?» («Жұлдыз», 1963, №5) деп сұрай тақырып қойылған мақалада Қалихан жалпы әңгіменің көркем әдебиеттегі түр жайында болғанын құптағанмен А.Сүлейменовтің оны «мен», «ол» тұрғысынан ғана сөз етуіне қосыла бермейді: «Жоқ, Асқар, бұл екі қарасаң да ерсі. Неге? Өйткені түр, жаңашылдық жазушының бірінші жақпен, үшінші жақпен немесе екеуімен де жазуында ғана ма екен?» Сондай-ақ, ол Асқардың қазақ прозасында «мен» жоқ дегенімен де келіспейді: «Керісінше, осы бізде кейіпкер атынан сөйлеу көбейіп кетті, авторлық баяндауға көшсек қайтеді деген әңгімелер жиі естіліп жүр ғой». Мысалға Б.Майлиннің, Ғ.Мүсіреповтің бірінші жақтан жазылған шығармаларын мысалға келтіріп, «біздің прозада бірінші жақтың классикалық үлгісі жасалды деген тұжырымға келуге бола ма? Болады» дейді. Қалихан «Асқар, біздегі іздену, түр қораштығын қазбалайсың да, әдебиетіміздің осы ағыл-тегіл боп жатқан байлығына келгенде көзіңді тарс жұмасың» – деп кінәлайды.

Қалихан қазақ прозасындағы соңғы кездердегі игілікті істердің, онда да бірінші жақтан жазылған шығармалардың қатарында Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», С.Жүнісовтің «Әжем мен емші және дәрігер», С.Шәймерденовтің «Мезгіл», Ғ.Мүсіреповтің «Сөз жоқ, соның іздері» туындыларын атаған. Автордың ойынша, мәселе қай жақта жазылуында емес, шеберлікте. «Форманың қай түрі болмасын, тілдің шешуші міндет атқаратыны хақ... Демек, тілдің тілін табу керек. Ол үшін өнер керек. Қ.Ысқақов мақаласының негізгі ой түйіні «Әңгіме тек «мен»-де, «ол»-да ғана емес, түптеп келгенде шеберлікте» – дегенге сайған.

Осы мәселеге орай З.Серікқалиев «Ойлы досқа айтар сөз» («Жұлдыз», 1963, №8) атты айтыс мақала жазды. Автор мәселенің қойылымын құптағанымен де Асқар мен Қалиханнның көп пікірлеріне күмәнмен қарап, өткір полемикаға барған. «Ал әңгіме негізінен стиль, дәуір таңбасы, ерекшелік қасиеттер, баяндау формасының құбылу табиғаты туралы болғандықтан, ғасырға тән форма, түр бөлектігі, заманға, дәуірге тән тәсілдік сипаттар қандай, дәстүрдің жаңашылдық үлгілерімен баюы, молығуы қалай, қазақ прозасының бұл мәселеге қатысын қалай түсінеміз, кімде қандай үлгілер бар, нені дамытып, неге иек артуымыз керек?» – пікір алысу осы бағытта жүру керек болса, шын мәнінде, олай болмай, көркем шығарма бірінші, екінші, үшінші жақтың қайсысымен жазылғаны дұрыс деген төңіректен ұзап шыға алмаған. Зейнолла екі автордың өз пікірлерін дәлелдеу үшін әлем, қазақ әдебиеттерінен ұзақсонар мысалдар келтірілгенін де жөн көре бермейді. Олардың ұлылығы қай жақпен жазылғандығына байланысты емес. Қай жақпен жазса да «Гомер де – ұлы, Бальзак та – ұлы, Толстой да – ұлы, Әуезов те – ұлы». «Мәселе бұл жерден біздің авторларымыздың бірінші жақпен, жалпы «мен»-мен,

өз атынан баяндау тәсілімен жазғандығында емес, гәп ең алдымен, шығарма негізінде жатқан материал табиғатына, әр шығарманың өз характеріне орай қандай түр таба білгендігінде болса керек. Кімнің қай шығармасында қай тәсіл, қай форма қандай рөл атқарып тұр, қалай ойнайды – міне, мәселенің бар сыры осында болуға тиіс.

З.Серікқалиев «Жалғыз «мен»-мен мүдделі белеске шығу қиын. Жазушы қаласа да, қаламаса да суреттеу аясы тарыла береді. Жалғыз «ол» да жеткіліксіз. Герой мен автор арасындағы байланыс үзіліп қап отырады». «Ал, Толстойдың өзі үшінші жаққа бару себебі, төңірегіне бір адамның көзімен емес, жүз адамның көзімен қарау үшін. Бүкіл халықтың, қалың қолдың іс-әрекет, қарым-қатынасы арқылы, қажетті жерінде оқиғаға өзі тарихшы, өзі философ, өзі моралист, публицист ретінде тікелей араласып, оған орыс қоғамының шындығын кең масштабта, эпикалық планда жырлау қажет болды» деген сияқты пікірлерін «Баяндау формасы баяғы бір күйде, бәз-баяғы қалпында емес, ғасырлар бойы «мен» мен «ол» түрленіп, байып, жаңа сипаттармен молығып келеді... Уақыттың өтуіне, заманның өзгеруіне байланысты тіл де байып, тазарып, жаңарып отыратыны сияқты, жалпы баяндау тәсілі де қырланып, байып, құбылып, жаңа үлгілермен молығып, мүмкіндігін кеңейте береді, жаңа қырлары ашылады» деген жолдармен түйіндейді.

Ә.Кекілбаев қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесін қозғаған «Дәстүр мен дәуір» («Жұлдыз», 1963, №6) атты мақаласында «Біз жаңалық туралы сөз қозғасақ, қазақ өлеңінің байырғы түрлері тозғандық көрсетті деп жатқан жоқпыз... Біздің қалайтынымыз – қолда барды құрту емес, көркемдік арсеналымызды байыту. Өлең алқабы, өнер алқабы кең... Дәстүр-ана» – деп жазды. Әбіш те қазақ поэзиясындағы он бір буын ескірді дегенге қарсы. Ол тағы бірде осы мәселеге қатысты пікірін нақтырақ білдірді: «Жас ақын Ж.Қыдыров өлеңдегі түр жаңашылдығы туралы аса байыпты әңгімелейтін мәселеге лебіз білдіре отырып, өлеңдегі түр мен жаңашылдықты модадағы өзгерістермен салыстырып қате істеді. Төлеужан Исмаилов азаматтық, партиялық поэзия жасауға шақырған өлеңінде барлық қырсық он бір буында, оның бел омыртқасын омыру керек деп, қателік жібереді... Жаңа түр үшін байырғы түрді құрбандыққа шалудың қажеті жоқ».

Р.Бердібаевтың «Жұлдыз» журналындағы «Көмескі көріністер» атты мақаласында да осы түр турасындағы мақалалар сынға алынды. Әсіресе, А.Сүлейменов пен Қ.Ысқақовтың ой-пікірлерінің кейбір жақтары қатаң сыналды. Қ.Құттыбаев шеберліктің әдеби сынға да қажет екенін ескертті: «көрікті ойға көркемдік керек екенін басты мәселе етіп қояр шақ жеткен сияқты. Бізде сынның көркемдігі, эстетикалық әсері әлі төмен... Сыншыға тек сыншы, мінші деп қарамай, жазушының, һәм әдебиеттің досы деп қарау қажет» (Қ.Құттыбаев. Ойға оралған мәселе. «Жұлдыз», 1962, №7, 128–130 беттер).

Поэзиядағы жаңашылдық, өлеңдегі түр мәселесі туралы пікір алысулардан қазақ әдеби сынының теориялық жағынан жетіле түскендігі байқалады. Әдеби дамудың орталық мәселесі дәстүр мен жаңашылдық проблемалары ғылыми тұрғыдан негізделіп, дұрыс түсіндіріле бастады. Бұрынғы әдеби дәстүрлерді онша менсіне бермей, жаңа заманды жаңаша жырлаймыз деп, қайткен күнде де жаңашылдықты ту етіп ұстаушылардың кейбір өлеңбұзарлық әрекеттері сынға алынды. Әсіресе, жас-ақындарды жаңаша жазамын деп, түр қуып кетушіліктен сақтандырды. Қазақ әдебиетіндегі түр мәселесін талқылауға Ж.Қыдыров, А.Сүлейменов, Қ.Ысқақов, З.Серікқалиев, Ә.Кекілбаев сынды болашағынан үлкен үміт күттірген жас дарындар мен С.Мұқанов, М.Қаратаев, Ә.Қоңыратбаев, С.Қирабаев сияқты аға буын өкілдерінің қатысуының өзі пікір алысудың қаншалықты маңызды болғандығын байқатса керек.

Жалпы, алпысыншы жылдары қазақ әдебиетінің бұрындары қордаланып қалған проблемалары хақында көптеген талқылаулар болып өтті. «Қазақ әдебиеті» мен «Жұлдыз» ұйымдастырған мұндай пікір алысулар ашық, сын, өзара сын жағдайында өтіп, оған қатысқандардың өз пікірлерін еркін білдіруге мүмкіндіктер болды. Ә.Нарымбетовтің «Қазақ әдебиеті» (7.09.1962) газетінде жарияланған «Терең мазмұн, тартымды сюжет керек» атты проблемалық мақаласы кейіннен поэма туралы пікір алысуларға ұласты. Әдеби газет «Поэма туралы ойлар» айдарымен М.Махатовтың «Келелі кеңестің әңгімесі» («Қазақ әдебиеті», 21.09.1962), Ш.Мұхамеджановтың «Әркімнің бір пікірі бар» («Қазақ әдебиеті», 5.10.1962), Ә.Қоңыратбаевтың «Үзінді десек те» («Қазақ әдебиеті», 12.10.1962), т.б. мақалаларын жариялап, поэма жанрының жай-күйін кеңінен саралады.

Қ.Мүсіреповтің «Балалар поэзиясы туралы» («Қазақ әдебиеті», 19.08.1960), З.Серікқалиевтің «Балалар поэзиясы туралы» («Жұлдыз», 1961, №2), «Өмірлі өлең үшін» (Жұлдыз», 1962, №1), С.Қирабаевтың «Лирикалық поэзияның кейбір мәселелері» (Жұлдыз», 1961, №5), «Өмір талаптары тұрғысынан» («Қазақ әдебиеті», 8.01.1965), Қ.Смаиловтың «Тағы да жастар өлендері туралы» («Жұлдыз», 1962, №2), Е.Ысмайыловтың «Қанатты жырлар сыры» («Қазақ әдебиеті», 2.10.64), «Шағын да ықшам» («Қазақ әдебиеті», 1965, №2), Қ.Мырзалиевтің «Шың мен шыңырау арасында» (Жұлдыз», 1964, №5), «Күретамыр» (Жұлдыз», 1964, №11), М.Мағауиннің «Ойлы өлең және пәлсапашылық» («Қазақ әдебиеті», 24.12.65), Қ.Бекқожиннің «Жаңа поэмалар және жаңашылдық» (Жұлдыз», 1965, №6), «Дәуір, ақын, табиғат» («Қазақ әдебиеті», 26.04.69), Ә.Тәжібаевтың «Қазақ лирикасы: 1964 жыл» («Жұлдыз», 1965, №7) М.Қаратаевтың «Поэма өрісі де – өмір» («Қазақ әдебиеті», 22.2.1966), Ә.Жәмішевтің «Сезім, ой, парсат» («Жұлдыз», 1966, №1), «Сезім. Сурет. Сюжет» («Жұлдыз», 1966, №2), «Ән текстері туралы толғансақ» («Қазақ әдебиеті», 27.07.66), А.Шамкеновтің «Жапырағы қалың бәйтерек» («Жұлдыз», 1966, №5), Ә.Нарымбектовтің «Адам. Еңбек. Поэма» («Жұлдыз», 1966, №10), «Поэма бағдары жайында» («Жұлдыз», 1968, №10), Т.Әбдірахманованың «Жыр-жүректің лүпілі» («Қазақ әдебиеті» 7.09.1968), Ж.Нәжімеденовтің «Жыл қанатындағы жыр» («Қазақ әдебиеті», 9.05.1969), «Ермек үшін жазбаймыз біз де өленді» («Жұлдыз», 1970, №7), М.Дүйсеновтің «Тақырып пен композиция» («Қазақ әдебиеті», 18.10.1969), «Ой. Сезім. Образ» («Қазақ әдебиеті», 6.03.1970), Ә.Тәжібаев пен Р.Нұрғалиевтің «Бүгінгі лирика туралы» («Қазақ әдебиеті», 7.11.1969), Ф.Қайырбековтің «Жаңа ұрпақ, жас өркен» («Жұлдыз», 1965, №5), Ф.Оразаевтың «Поэзия парасаты» («Қазақ әдебиеті», 7.02.1970), «Жыр және сыр», («Қазақ әдебиеті», 24.07.1970), О.Сәрсенбаевтың «Сыршылдық – эстетикалық мұрат» («Қазақ әдебиеті», 19.06.70), Ж.Өмірбековтің «Поэмаларды пайымдағанда» («Жұлдыз», 1970, №6) т.б. мақалаларда қазақ поэзиясының зәру мәселелері кеңінен әңгіме болды.

Осылардың ішінде айтар ойымен де, жазылу түрімен де Қ.Мырзалиевтің «Шың мен шыңыраудың арасында» ерекшеленеді. Мақаланың жазылу формасы қызық. Көркем туынды сияқты іштей тарауларға («сөздерге») бөлінген. Композицияның құрылымы шебер қиысып, сын мақала көркемдік тұрпат танытады. Мақала «Алғы сөз, яки ақырғы сөздің басымен» басталған. «Бірінші сөзде» Т.Есімжановтың, «Екінші сөзде» Ә.Кекілбаевтың, «Үшінші сөзде» С.Мәуленовтің, «Төртінші сөзде» С.Сейітовтің ақындық шығармашылықтары сөз болып, «Сөз арасында» кейбір мәселелерге анықтамалар беріліп, «Бесінші сөзде» шеберлік жайлы ойларын ортаға салады. «Ақырғы сөз, яки алғы сөздің соңында» негізгі ойларын тұжырымдайды: «Замандар бойы жасалып келген поэзияның жасамыс формаларын ешкім жойып жібере алмайды. Оның үстіне түр үнемі түлеп, жаңарып, жаңғырып отырады... Түрді мансұқ қылу, сайып келгенде, мазмұнды мансұқ қылу» («Жұлдыз», 1964, №5, 149-бет).

Ф.Қайырбеков те түрін тауып, Ж.Набиулиннің «Таныс әуендер» (1968), М.Шахановтың «Балладалар» (1968), Ө.Нұрғалиевтің «Ақ нөсер» (1968), Қ.Бұғыбаеваның «Ақ сүт» (1968), С.Кенжеахметовтің «Кәрі шеңгел» (1967), Қ.Баянбаевтың «Адамға хат» (1966), Қ.Жұмағалиевтің «Перзент үні» (1967), Д.Қанатбаевтың «Жол басы» (1968), А.Нысаналиннің «Көктем кешікпейді» (1968), т.б. жинақтары жайлы ұтымды пікір айта білген.

«Жұлдыз» журналы «Ақындар: ақындық туралы» айдарымен Ф.Қайырбековтің «Жыр сапарында сырласу» («Жұлдыз», 1965, №3), Б.Әбдіразақовтың «Талантты талап ұштайды» («Жұлдыз», 1965, №3) мақалаларын берді. Ғафу өз ойларын Т.Исмаиловтың, А.Сүлейменовтің, Ә.Кекілбаевтың баспасөз бетінде білдірген пікірлеріне орай өрбітсе, Бекен ақындық өнердің өзіндік қырларына тоқталды.

Баспасөз бетінде көтеріліп жатқан қазақ әдебиетінің өзекті проблемаларын бірігіп талқылау мақсатымен Қазақстан Жазушылар одағы дүркін-дүркін жиындар (конференциялар, пленумдар) өткізіп, мәселенің дұрыс шешім табуына мұрындық болып отырады. Соның бірі Жазушылар одағында өткен «Поэзиядағы дәстүр мен жаңашылдық» тақырыбындағы жиналыс еді. М.Қаратаев негізгі баяндама жасаған бұл жиын қызу пікірталастарға ұласып, көп адам шығып сөйледі. «Қазақ әдебиеті» (22.02.63) газеті кейіннен осы пікір алысудың материалдарын бір бет қып берді.

Көркемдік ізденістер поэзиямен қатар проза саласында да жүріп жатты. Қазақ прозасындағы жаңалықтарды, оның алдында шешімін күтіп тұрған мәселелерді көтеріп жазған мате-

риалдар баспасөз бетінде ұдайы көрініп тұрды. «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз» басылымдары жаңадан шығып жатқан көркем шығармалар жайлы рецензияларды жиі жариялады. Көркем прозаның өзекті өңірлеріне батыл барған шолу, проблемалық мақалалар да уақыт құрғатпады. Мұндай материалдарда қазақ прозасының көкейкесті мәселелері өткендегісінен бастап, қазіргісіне дейін назардан тыс қалмай, пікір алысу нысанасына айналып жатты.

Жас жазушы Қ.Ысқақов «Сырлассақ кайтеді» деп, әріптестерін қазіргі қазақ прозасы жайлы пікір алысуға шақырды. Тағы бір жас прозашы Жайсаңбек Молдағалиев «Жарайды, сырласайық» деп, Қалиханның мақаласына орай ой бөлісті. Жас прозашылар сол кездегі қазақ прозасын шола отырып, өз ойларын шеберлік тұрғысынан өрбітті. Негізгі кемшіліктер осы жазушылық шеберлік жағынан жетіспей жатқандығынан деп біледі. «Жастығымыздан, шеберліктің жетіспей жатқандығынан ба, өзімізге өзіміз қатаң талап қоя алмаймыз ба, көргеніміздің аздығы ма, әлде ой жұтандығы ма, жоқ, болмаса жеткен жеріміздің өзі осы-ақ па, әйтеуір көңіліміздегі айтқымыз келген философиямызға лайық оқиғалар тауып, оның басын біріктіріп құрай қоюға, штрих тауып беруге ынғайымыз жоқ, кедейлеуіміз» («Жұлдыз», 1963, №2, 154–155-беттер) – деп жазған Қ.Ысқақовтың пікірлерінде біраз шындықтың сілемдері жатты.

Шығармашылық шеберлік әдеби сынның күн тәртібінен түспеген өзекті тақырыпқа айналды. Б.Наурызбаевтың «Өнер биігі» («Қазақ әдебиеті», 4.10.1963), Х.Әдібаевтың «Шеберлік тұғырына үнілгенде» («Қазақ әдебиеті», 15.12.1966), Ф.Оразаевтың «Шеберлік және ерекшелік» («Қазақ әдебиеті», 14.09.1968), Ж.Мұзапаровтың «Ақындық ой, ақындық тіл» («Жұлдыз», 1969, №1), З.Серікқалиевтың «Қалам мәдениеті» («Қазақ әдебиеті», 25.09.1970), Қ.Құттыбаевтың «Шығарма нәрі – көркемдік» («Қазақ әдебиеті», 20.11.1970), Қ.Ысқақовтың «Тек образ хақында» («Қазақ әдебиеті», 27.10.1970), Р.Нұрғалиевтің «Образ.Символ» («Қазақ әдебиеті», 8.01.1971), С.Жиенбаевтың «Әр сөздің салмағы бар, дәмі бар» («Қазақ әдебиеті», 22.01.1971), Т.Тоқбергеновтің «Кейіпкер – өмір перзенті» («Қазақ әдебиеті», 19.02.1971), М.Жолдасбековтың «Тақырып және жауапкершілік» («Қазақ әдебиеті», 26.02.1971), Т.Есімжановтың «Биік мұрат» («Қазақ әдебиеті», 12.03.1971), т.б. көптеген мақалаларда жазушылық өнердің қыр-сырлары кеңінен әңгімеленді. «Қазақ әдебиеті» газеті (1971–1972) «Шеберлік туралы әңгімелейміз» айдарымен мұндай материалдарды жиі беріп тұрды.

Осы айдармен берілген Ғ.Мүсіреповтің «Асқындырып алмайық, достар!» («Қазақ әдебиеті», 8.10.1971) атты мақаласы көтеріп отырған проблемасының зәрулігімен де, мәселенің турасынан қойылып, кемшін тұстарымыз ашық айтылуымен де оқырман назарын өзіне аударды. Көлемді мақалада сол кездегі қазақ поэзиясы мен прозасында орын алып келе жатқан кейбір типтік кемшіліктер батыл сынға алынды. Ғабиттің жазуынша, «соңғы жылдарда жазылған кейбір шығармаларға аузың тұшымайды: ой, сезімі таяз, көркемдігі алабажак, ойландырмайтын, сендіре алмайтын, қызықтырмайтын, әшейін ыза қылатын жасанды нәрселер етек алып барады». Осы ойына дәлел ретінде мысалдар келтіріп, олардағы тіл селкеуліктерін нақтылы көрсетеді. Мысалы, Ә.Нілдібаевтың «Бұлбұл» новелласынан келтірілген «Екі қолын артына салып әрлі-берлі жүрді»; «ол түрегеп жүрген қалпы тағы да ойға шомды» деген сөйлемдердегі асты сызылған тіркестерді сәтсіз санайды. Осындай ретпен А.Нысаналиннің «Бойтұмар» әңгімесі мен С.Талжановтың «Барак батыр» мақаласы да жазушы көріне ұрынған.

Жазушы осындай кемшіліктердің әдебиетте өріс алып бара жатқанына мазасызданады. «Қай қоғам болса да, өз кемшіліктеріне өзі ие бола алуға міндетті. Олай етпесек, асқындырып алар кез алыс емес сияқты» – деп, дабыл қағады.

Алпысыншы жылдардағы қазақ әдеби сынының негізгі тақырыбы қазақ әдебиетінде қазіргі дәуірдің, яғни социализм құрылысының көркем көрініс табу мәселелері болды. Бұл ретте замандас бейнесінің, атап айтқанда, коммунизм құрылысшыларының (комсомолдар мен коммунистердің) жарқын бейнесін жасау басты проблема ретінде көтерілді. Жаңа заманның жасампаз жандарының жан-жақты толық бейнесін жасау қалам қайраткерлерінің алдына аса маңызды идеологиялық тапсырма ретінде қойылды. Б.Сахариеттің «Таныс тағдырлар» («Қазақ әдебиеті», 2.06.1961), З.Қабдоловтың «Замандасқа сай кесек образ керек» («Қазақ әдебиеті», 21.07.1961), А.Сүлейменовтің «Талап пен талғам» («Қазақ әдебиеті», 10.11.1961), Ғ.Мүсіреповтің «Әдебиет пен көркемөнеріміз коммунизм заманына сай болсын» («Қазақ әдебиеті», 24.11.1961), Х.Есенжановтың «Көркем әдебиетіміздегі замандастар бейнесі» («Жұлдыз», 1962, №1), Р.Бер-

дібаевтың «Қазіргі қазақ романындағы тартыс туралы» («Жұлдыз», 1962, №3), «Замандас тұлғасы туралы ой» («Қазақ әдебиеті», 8.07.1968), «Бүгінгі проза және өмір шындығы» («Қазақ әдебиеті», 9.10.1969), Е.Ысмайыловтың «Партиялық талап тұрғысынан» («Жұлдыз», 1962, №4), Ж.Тілековтің «Ұнамды кейіпкер жайында» («Қазақ әдебиеті», 30.08.1963), «Үлкен прозаның жылдық жемісі» («Жұлдыз», 1966, №3), Т.Ахтановтың «Іздену, зерттеу – басты шарт» («Қазақ әдебиеті», 26.04.1963), «Осу жолындағы қазақ прозасының негізгі даму бағдары туралы» («Жұлдыз», 1966, №7), А.Нұрқатовтың «Дәуір және суреткер» («Жұлдыз», 1963, №7), Х.Әдібаевтың «Қол жеткенге көз салсақ» («Жұлдыз», 1963, №11), «Шеберлік жолындағы тосқауылдар» («Қазақ әдебиеті», 7.01.1966), «Бүгінгі прозаның жайы» («Қазақ әдебиеті», 12.05.1967), М.Қаратаевтың «Замандас бейнесіне замана биігінен қарайық» («Қазақ әдебиеті», 3.04.1964), «Эстетикалық мұрат және ұнамды образ» («Қазақ әдебиеті», 20.03.1964), «Жаңа заман, жаңа әдебиет» («Жұлдыз», 1967, №11), Ш.Елеукеңовтің «Замандас бейнесі туралы ойлар» («Жұлдыз», 1966, №6), «Замандас парасаты» («Жұлдыз», 1969, №2), О.Нұрмағамбетовтің «Жаңа кезең, жаңа талап» («Жұлдыз», 1964, №7), С.Қирабаевтың «Уақыт және қаламгер» («Жұлдыз», 1965, №1), Р.Токтаровтың «Шеберлік сырлары» («Қазақ әдебиеті», 11.03.1966), «Прозадағы шеберлік орайында» («Жұлдыз», 1968, №4), Ә.Кекілбаевтың «Романдағы адам» («Қазақ әдебиеті», 9.09.1966), Е.Ысмайыловтың «Әдебиетіміздегі коммунист бейнесі» («Жұлдыз», 1966, №3), Н.Ғабуллиннің «Замандас тұлғасы» («Қазақ әдебиеті», 20.01.1967), «Қазіргі проза және еңбек адамы» («Жұлдыз», 1970, №9), ӘҚоңыратбаевтың «Жастар образы және көркем шығарма» («Жұлдыз», 1967, №12), «Шеберлік шарттары туралы ойлар» («Жұлдыз», 1968, №8), Қ.М.Жүсіповтің «Прозадағы тартыс туралы ойлар» («Жұлдыз», 1967, №12), З.Серікқалиевтің «Жастар прозасын бағдарлағанда» («Жұлдыз» 1969, №6) т.б. көптеген мақалаларда қазақ прозасының зәру мәселелері әртүрлі жақтарынан талқыланып жатты. Бұларда қазіргі заман тақырыбымен бірге көркем әдебиеттің мәселесі шеберлік сырлары жайлы да құнарлы ойлар айтылды. Қаламгерлер, сыншылар сөз өнерінің ең бастысы шеберлікте жатқандығына назар аударып, ойлар бөлісті.

Әдебиет сыншыларымен бірге қаламгерлер де белсене атсалысқан қазақ прозасының мәселелері жайлы пікір алысулардың бет-бағдары Х.Есенжановтың «Көркем әдебиетіміздегі замандастар бейесі» («Жұлдыз», 1962, №1) мақаласында айтылған ойлардан анық байқалады. Романшы Хамза «Көркем тұлға жасау үшін ең қажетті материалдың бірі – шындық өмір» деп біледі. «Көркем шығарма жасауда тұлғаның жоғарыда аталған элементтерімен қатар тақырып таңдай білудің де зор маңызы бар...Композиция, жанрлық құрылыс, ұйқас, тіл т.б. шын мәніндегі көркем тұлға жасаудағы көркемдегіш құралдар болып табылады. Көркем әдебиетке, оның басты кейіпкерлерін сомдауға осындай талаптар қойған автор Т.Ахтановтың «Махаббат мұңы» повесін, З.Шашкиннің «Теміртау» романын, Ә.Әбішевтің «Армандастар» пьесасын талдаған.

Қазақ прозасының жекелеген жанрларының жай-күйін саралаған мақалалар жарияланып жатты. Әсіресе, жетекші жанр роман мәселелерін саралаған рецензиялар, шолулар, проблемалық мақалалар жиі көрінді. М.Әуезовтің «Қазіргі роман және оның геройы» («Қазақ әдебиеті», 26.05.1961), Р.Бердібаевтың «Роман туралы ойлар» («Қазақ әдебиеті», 20.05.1960), «Роман және заман» («Жұлдыз», 1964, №9), Х.Әдібаевтың «Роман мен уақыт» («Қазақ әдебиеті», 24.01.1964), Ш.Елеукеңовтің «Роман және бүгінгі өмір» («Қазақ әдебиеті», 3.06.1964), «Әңгімені сұйылтып алмайық» («Қазақ әдебиеті», 25.12.1964), Е.Лизунованың «Роман және адам» («Жұлдыз», 1964, №6), Р.Токтаровтың «Бүгінгі романның бедерлері» («Қазақ әдебиеті», 11.06.1965), Ә.Жәмішевтің «Роман және әлеуметтік орта» («Қазақ әдебиеті», 10.09.1965), Б.Уахатовтың «Роман. Характер» («Жұлдыз», 1965, №6), З.Серікқалиевтің «Тарихи роман табиғаты» («Қазақ әдебиеті», 25.10.1969) т.б. мақалаларда жанрдың қыр-сырлары, осы саладағы қазақ әдебиетінің жетістіктері мен кемшіліктері, алда шешімін күтіп тұрған мәселелері кеңінен талқыланды.

М.Әуезов өзінің мақаласында қазіргі заманды көркемдік тұрғыдан игеру мәселесі бойынша ой бөліскен. Ол кейбір мақалаларда кездесіп қалып жүрген романды оның кейіпкерлерінен бөлек қараушылыққа қарсы. Көркем шығарма оның образдарын сомдаудан тұрады. Өмір роман арқылы, оның кейіпкерлері арқылы ғана бейнеленеді. Мұхтар қазіргі роман туралы пікірлерін айта келіп, өзінің Қазақстанның бір облысының бүгінгі өміріне арналған көлемді шығарма жазып жатқандығы, онда қазіргі дәуірдің өзекті проблемалары, сол мәселелерді шешу жолындағы біздің замандастарымыздың жасампаз еңбегі суреттелгендігі жайлы хабардар

етеді. М.Әуезовтің бұл айтып отырған шығармасы аяқталмай қалған «Өскен өркен» романы болатын.

Жазушы қайтыс боған соң, бітпеген күйінде жарық көрген «Өскен өркен» жайлы да түрліше пікірлер бой көрсетті. Көпшілігінде роман аяқталмаған күйінің өзінде де әдебиетімізге қосылған үлес деп бағаланды. Мысалы, Ы.Дүйсенбаевтың осы кітапқа жазған рецензиясында «Қорыта айтқанда, ұлы жазушының қалдырған бұл мұрасы да бүгінгі күресімізге көмегін тигізетін өткір құрал, әдебиетіміздің қорына қосылған асыл үлес болмақ» (Ы.Дүйсенбаев. Аяқталмай қалған роман. «Жұлдыз», 1963, №5, 121-бет) деп, идеологиялық жағына жоғары мән берді. Ал, 1962 жылдың әдебиетіне шолу жасаған М.Қаратаев «Кеткен жыл мен келген жыл» мақаласында бұдан өзгешелеу пікір білдірді. «Өскен өркеннің» тек қабырғасы ғана қаланып, төбесі жабылмаған, есік, терезесі салынбаған, іші-тысты сылақ, өңдеу жұмысы жүргізілмеген, бірақ жобасында зәуілім, сәулетті сарай болуға тиіс құрылыс үй сықылды бұл шығарманың бізге қаңқасы ғана жетіп отыр» («Жұлдыз», 1963, №1, 114 бет). Сөйтіп, сыншы романның көркем шығарма ретінде бітпегендігін еске салды.

З.Шашкиннің «Доктор Дархановты» да шыға салысымен әдеби сынның назарын өзіне аударды. Романның идеялық, көркемдік қасиеттері жайлы түрліше пікірлер айтылып жатты. Қазіргі заман тақырыбына жазылған шығарма болғандықтан да Қазақстан Жазушылар Одағында осы роман туралы талқылау ұйымдастырылды. Жиынды Ғ.Мұстафин басқарып, негізгі баяндаманы С.Талжанов жасаған. Роман туралы Х.Бекхожин, Ө.Тәжібаев, Х.Жұмалиев, Т.Ахтанов, Е.Ысмайылов, Б.Шалабаев, А.Сүлейменов, Қ.Ысқақов, С.Субханбердин пікір білдірген. Негізгі баяндамашы да, шығып сөйлеушілер де негізінен шығарманы қатты сынға алған. Бастысы, романда ұлттық тұрмыс-тіршіліктің шынайы көрініс таппауы «даудың басы Дайрабайдың көк сиырына» айналды. «Осы романда ұлттық қасиет, ұлттық колорит бар ма? Дарханов демей, фемистоклос десек те осылай толғанар еді» («Жұлдыз», 1963, №5, 93-бет) – деген сипаттағы сындар негізгі кемшілік болып тағылды. «Қазақ әдебиеті» газеті (12.04.1963) «Доктор Дархановты» талқылаудан көлемді есеп жариялады.

«Қазақ әдебиеті» газеті (20.08.1971) «Бір шығармаға екі пікір» айдарымен С.Бақбергеновтің «Адам және көлеңке» романы туралы С.Мұқановтың «Замандас. Қаһарман. Шеберлік» және Ғ.Қабышевтің «Көркем шындық және өмір шындығы» рецензияларын қатар берді. Сәбән романның жақсы жақтарын көбірек көрсе, Ғаббас кемшін тұстарын айтыпқырапты.

Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романын қазақ прозасының елеулі табысы санаған А.Сүлейменовтің «Елен-алаңдағы дүбір» («Қазақ әдебиеті», 23.02.1962), Ә.Кекілбаевтың «Айқас алдында» («Жұлдыз», 1962, №3), З.Серікқалиевтің «Образ логикасы» («Жұлдыз», 1965, №9), сыншы Т.Тоқбергенов пен мұғалім Ә.Хасеновтің сұхбаты («Жұлдыз» 1970, №12), Х.Әдібаевтың «Қан мен тер» хақында («Қазақ әдебиеті», 21.04.1972) жарық көрді. Сол сияқты Х.Есенжановтың «Ақ Жайығы» да жоғары бағаланды. А.Сүлейменовтің «Х.Есенжанов және оның соңғы романы» («Жұлдыз», 1964, №1), Ж.Тілековтің «Ақ Жайық» трилогиясы қалай аяқталады» («Жұлдыз», 1965, №11), М.Мағауиннің «Ақ Жайық» трилогиясы жайында» («Қазақ әдебиеті», 6.05.1966), З.Серікқалиевтің «Тар кездегі тағдыр» («Жұлдыз», 1968, №1), т.б. мақалаларында трилогияның көркемдік қырлары егжей-тегжейлі талқыланды.

Алпысыншы жылдары әдеби сын бүгінгі өмір тақырыбын қаншама насихаттағанымен де тарихи оқиғаларға арналған шығармалар да көріне бастады. Олардың ішінде жоғарыда айтып өткеніміздей, тарихи-революциялық тақырыпқа жазылғандары жақсы бағаланды. Қаламгерлеріміз біртіндеп тарихқа тереңдей түсті. 1969 жылы жарық көрген І.Есенберлиннің «Қаһар» романының шығуы қазақ халқының тарихына терең бойлап, болмысын шынайы бейнелеген осы тақырыпқа «тауды бұзып, тасты жарып» құздан тура жол салған елеулі оқиға болды. Романның шығуын ресми әдеби сын салқын қабақпен қарсы алды. Солай бола тұра «Қаһарды» жақсы бағалаған М.Дүйсеновтің («Қаһар» романы жайында. «Жұлдыз», 1969, №9) мақаласы жарық көрді. Социалистік реализм тұрғысынан бағаланып, қалыптасып кеткен кейбір ұғымдардың өзі сын көзімен қарала бастады. Мысалы, қазақ совет әдебиетінің негізін салушы С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы социалистік реализм әдебиетінің тамаша жемісі, революциялар дәуіріндегі қазақ өмірінің көркем шежіресі саналып келсе, осы туынды жайлы Б.Кенжебаев пен Ш.Елеукуеновтің «Жанрына қарай талабы» («Қазақ әдебиеті», 12.01.62) тақырыпты мақаласы шығып, бұрынғы пікірлерге күмән келтірді. Екі автор «...біздіңше, «Тар

жол, тайғақ кешу» роман да емес, жай мемуар да емес, Қазақстанда совет үкіметін орнату жолындағы күрес туралы жазылған очерк кітабы деген дұрыс. «Тар жол, тайғақ кешу» – көркем очерктер циклі» – деген тұжырым жасаған. Мақала пікір алысу ретінде жазылған.

Әдеби басылымдарда қазақ повесінің мәселелері де қозғалып жатты. Бұл ретте «Қазақ әдебиеті» газетінің материалдарды беру жағынан формалық ізденістерге баруы назар аударды. Мысалы, осы газеттің 1964 жылғы 11 желтоқсандағы санында «Он повесть туралы ойлар» айдарымен С.Омаровтың «Алтын алқап», Ә.Әлімжановтың «Көгілдір таулар», С.Шәймерденовтің «Мезгіл», Т.Ахтановтың «Дала сыры», Ш.Мұртазаевтың «Табылған теңіз», Б.Соқпақбаевтың «Гауһар», Қ.Құттыбаевтың «Сыр көктемі», Қ.Ысқақовтың «Қоңыр күз еді» повестері жайлы оқырмандар пікірлері ұсынылған. Бұлардың көпшілігінде шығармаларға деген сыни көзқарас басым.

Осы газеттің келесі жылғы 5 ақпандағы нөмірінде «Сөз он повестің авторларына берілді» деген ортақ тақырыппен он жазушының өздеріне айтылған сындарға жауаптары орын алды. Авторлар жалпы өздеріне айтылған сындарды қабылдағанымен де басты мәселелерге келгенде, сыншыларымен пікір таластыруға дейін барған.

Ә.Нағыметовтің «Он жылдың повестері, немесе повестердегі он жыл» («Жұлдыз», 1970, №5) атты көлемді шолуында соңғы он жылдық көлеміндегі қазақ повестерінің жай-күйі, ондағы жақсылықтар мен кемшіл түсіп жатқан тұстары, даму проблемалары жан-жақты сараланды.

Әңгіме жанрының көркемдік мәселелерін кеңінен қозғаған Н.Ғабдуллиннің «Әңгіме жайын сөз еткенде» («Жұлдыз», 1960, №8) проблемалық мақаласы жарияланды. Ол шағын жанрдың шеберлік мәселелері төңірегінде сөз қозғап, осы мәселе жайында пікір алысуға шақырды. Осыған орай М.Дүйсенов (Тағы да әңгіме туралы. «Жұлдыз», 1960, №12), Б.Ақмұханова (Жиырмасыншы жылдардағы әңгімелер ерекшеліктері. «Жұлдыз», 1960, №12), Ә.Дербісәлин (Қысқа да қызықты болсын. «Жұлдыз», 1960, №12) пікір білдірді. Т.Нұртазиннің «Жақсы әңгіме – жазушы шеберлігіне сын» («Жұлдыз», 1961, №3), С.Жүнісов «Әңгіме туралы пікірлер жөнінде» («Жұлдыз», 1961, №4), М.Иманжановтың «Әңгіме, очерк қалай жазылады» («Қазақ әдебиеті», 9.05.1963), Б.Наурызбаевтың «Көркем әңгіменің қазіргі жайы» («Жұлдыз», 1965, №8), З.Жұмағалиевтің «Жаңа өмір үшін күрес хикаялары» («Жұлдыз», 1966, №8), Р.Қамысовтың «Көркем әңгімедегі келісті бейнелер» («Жұлдыз», 1966, №12), Ф.Оразаевтың «Әңгіме жайын ойласақ» («Қазақ әдебиеті», 16.08.1969), С.Досановтың «Әңгіме жайлы бірер сөз» («Қазақ әдебиеті», 13.03.1970), Б.Майтановтың «Әңгіме және уақыт тынысы» («Қазақ әдебиеті», 9.10.1970) т.б. мақалаларында әңгіме жанрының көркемдік мәселелері егжей-тегжейлі талқыланды.

Ә.Тәжібаевтың «Драматург және өмір» («Қазақ әдебиеті», 29.04.1960), «Драматургиямыздың қазіргі жайы туралы бірер сөз» («Жұлдыз», 1971, №4), Қ.Ғұмаровтың «Шеберлік, тағы да шеберлік жайында» («Жұлдыз», 1960, №8), Р.Рүстембекованың «Б.Майлин-драматург» («Жұлдыз», 1961, №12), Х.Әлібаевтың «Драматургия туралы бірер сөз» («Қазақ әдебиеті», 2.08.1969), С.Ордалиевтің «Туындылар, тұлғалар» («Жұлдыз», №8), Р.Нұрғалиевтің «Драматургиялық даму бағдары» («Жұлдыз», 1971, №11) т.б. материалдарында қазақ драматургиясының шығармашылық мәселелері түрлі қырларынан сөз болды. Драматургия мәселелері Қазақстан Жазушылар одағының пленумдарында екі рет (28–29.04.1960; 10.02.1971) талқыланды. Екеуінде де негізгі баяндаманы Ә.Тәжібаев жасады.

Осы жылдардың әдеби сынында әдеби байланыстар, әдеби аударма көбірек әңгіме болды. Бұл кезде қазақ халқы мен орыс халқының арасындағы қарым-қатынастар барлық салада барынша күшейе түскен еді. Әсіресе, мәдени, әдеби саладағы байланыстар жаңаша қарқынмен дамыды. Орыс әдебиетінің елеулі туындылары түгелге жуық қазақ тіліне аударыла бастады. Осыларды тәржімалау барысында әдеби аударманың алдында үлкен міндеттер туындап жатты. Аударма өнерінің түрлі шығармашылық мәселелерін шешуге арналған ондаған мақалалар жарық көрді. М.Дүйсеновтің «Әдеби байланыс пен әдеби әсерді зерттеудің кейбір мәселелері» («Жұлдыз», 1960, №5), І.Тілеулиннің «Ажарсыз аудармалар» («Қазақ әдебиеті», 25.03.1960), Қ.Нұрмахановтың «Аударма сапасы жоғары болсын» («Жұлдыз», 1960, №7), «Қазақ тақырыбы украин әдебиетінде» («Жұлдыз», 1960, №10), «Аударма – асыл қазына» («Жұлдыз», 1962, №7), А.Нұрқатовтың «Ала-құла аударма» («Жұлдыз», 1960, №9), «Кең арналы дәстүр» («Жұлдыз», 1961, №6), «Қазақ прозасындағы Горький дәстүрі» («Қазақ әдебиеті», 7.08.1964),

Ғ.Ахметовтің «Аударма туралы кейбір ойлар» («Қазақ әдебиеті», 27.01.1961), З.Жұмағалиевтің «Классиктерді қазақша сөйлеткенде» («Қазақ әдебиеті», 3.02.1961), С.Талжановтың «Гоголь қазақ тілінде» («Жұлдыз», 1961, №1), «Қазақ әдебиетіндегі Гоголь әсері» («Жұлдыз», 1962, №7), «Аударма шырғаландары» («Қазақ әдебиеті», 4.03.1966), І.Мәмбетовтің «Қынжыларлық қиянат» («Жұлдыз», 1961, №2), Х.Садықовтың «Ойландырар олқылықтар» («Жұлдыз», 1961, №12), Ә.Сатыбалдиевтің «аудармашылық өнері» («Жұлдыз», 1962, №12), «Аударма әлемінде» («Қазақ әдебиеті», 2.03.1962), С.Сейітовтің «Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі» («Жұлдыз», 1962, №4), «Демьян Бедный және қазақ ақындары» («Жұлдыз», 1963, №5), Х.Садықов пен Б.Хасановтың «Поэтикалық аударманың кейбір принциптері» («Жұлдыз», 1963, №10), Қ.Қанафиева-Керееваның «Аударма-әдебиет достығының үлкен арнасы» («Жұлдыз», 1965, №8), Е.Ғабдіровтің «Горький дәстүрі және ұнамды кейіпкер проблемасы» («Жұлдыз», 1965, №12), «Әдебиеттегі ұлттық сипат пен интернационализм рухы» («Жұлдыз», 1966, №12), Р.Бердібаевтың «Аудармашылық – үлкен өнер» («Қазақ әдебиеті», 28.01.1966), С.Құспановтың «Аударма құнары» («Жұлдыз», 1967, №4), З.Тұрарбековтің «Капитан қызының» алғашқы қазақша аудармасы» («Жұлдыз», 1967, №12), М.Қаратаевтың «Интернационалдық пен ұлттық сипаттар бірлігі» («Жұлдыз», 1968, №8), С.Шәймерденовтің «Әңгіме тақырыбы – «Лошадина фамилия» («Қазақ әдебиеті», 13.12.1969) т.б. мақалаларда қазақ аудармашының теориялық, тәжірибелік мәселелері кеңінен талқыланды; орыс әдебиетінен қазақшаға тәржімалаудың қыр-сырлары, жетістіктері мен кемшін тұстары сөз болды. Аударма жай нәрсе емес, орыс әдебиетінің озық үлгілерінен үйрену мектебі екендігіне де назар аударылып, тәржіма жасағанда, түпнұсқадан айнымау қатаң талап етілді.

Білік құрып тұрған коммунистік партия әдебиет майданында ұлттар дамуындағы екі бағытты басшылыққа алып отырды. Бұл қисын бойынша, коммунизм құрылысы өрістеген сайын ұлттардың дами түсуімен бірге интернационалдық сипаты да арта түседі; яғни, біртұтас совет халқы пайда болады. Осыған сәйкес түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет қалыптасып, қанат жаяды; ұлттық мәдениеттер бірте-бірте жойылып, оның орнына жалпыхалықтық социалистік мәдениет орнайды. Әдебиет майданында да көркемдік дамудың осы бағытта жүруіне қыруар күш жұмсалды. Шынайы халықтың өмірін, шындықты суреттеген шығармалардан гөрі ұлттық негізі кемшін, коммунизм құрылысшыларын, социализм заманын бейнелеген туындылар көбірек насихатталды. Өнердің ұлттық сипатына мән берілмеді.

М.Қаратаевтың «Интернационалдық пен ұлттық сипаттар бірлігі» («Жұлдыз», 1968, №8), Е.Ғабдіровтің «Әдебиеттегі ұлттық сипат пен интернационализм рузы» («Жұлдыз», 1966, №12) сияқты мақалаларда әдебиеттің негізгі даму жолы жалпыхалықтық, яғни интернационализм екендігі марксизм-ленинизм ілімі тұрғысынан негізделді. Мысалы, Е.Ғабдіров социализм жағдайында ұлттық әдебиеттің барынша дами түсетіндігін, «ұлт мәдениетінің бар асылын бойына дарыта даму – интернационалдық мәдениеттің диалектикалық жолы» екендігін айта келіп, революциялық күрес барысында, социализм мен коммунизм құрылысы жағдайларында ұлттық характер жалпы интернационалдық сипат алатынын» қаламгерлердің қаперіне салады. Түсінікті тілмен айтқанда, социализм құрылысы өрістеген сайын ұлттық әдебиеттердің ұлттық сипаты кеміп, жалпыхалықтық, яғни, интернационалистік әдебиетке айнала береді дегенді мезгеп отыр.

Аудармаға қатысты материалдардың бірсыпырасы нақтылы шығарманың қазақшалану сапасына арналған. А.Нұрқатов П.Кузнецовтың «Мұратына жеткен адам» («Жұлдыз», 1960, №9), А.Сұлтанов Шекспирдің «Отелло» («Жұлдыз», 1964, №4), З.Тұрарбеков А.С.Пушкиннің «Капитан қызы» («Жұлдыз», 1967, №12) туындыларының тәржімасына пікір білдірді. І.Мәмбетов И.А.Крыловтың 1960 жылы шыққан «Мысалдар» кітабының аударма сапасын «қынжыларлық қиянат» санады. Жинаққа енген мысалдардың ішінде М.Оразаевтың аударғандары қатты сынға алынған: «оның аудармаларының сапасы, бүгінгі әдебиет дәрежесі тұрғысынан қарағанда, сын көтермейді» («Жұлдыз», 1961, №2). Аудармадағы негізгі кемшіліктер: «Аудармашы көп жағдайда автордың айтқалы отырған моралін, негізгі идеясын қазақшаламай тастап кетеді, немесе мысалдың басындағы моралін аяғына апарып, аяғындағы моралін басына апарып, ойына келгенін істейді», «кейбір қиынсынған шумақтарды аудармай-ақ кете береді. Олардың орнына өз жанынан сөздер, жолдар қосуға құмар-ақ», «И.А.Крылов мысалдарын М.Оразаев қазақ тіліне өңін кетіріп, жүдетіп аударған» (сонда).

С.Шәймерденовтің «Әңгіме тақырыбы – «Лошадина фамилия» атты мақаласы Әбдірашит Ахметовке хат түрінде жазылған. Автор «Кімді аударамыз?», «Қалай аударамыз?», «Кім аударды?» мәселелерін көтеріп, аударма ісінде алдымен, осы сауалдарға жауап беріп, шешіп алу керек дейді. Ол орыс тілінде шыққан кітап болса болды деп аударма беруге қарсы; «Халқымыздың рухани талабына сай шығармалар» ғана қазақшалануы жөн.

Сафуан көтерген аса маңызды мәселе – қалай аудару керектігі. Ол түпнұсқаны сақтаймыз деп, жолма-жол аударма жасауды қате принцип санайды. Автордың ойынша, аудармадағы бар кемшіліктің бастауы осы дәлме-дәл тәржімада жатыр. Ә.Ахметовтің «Лошадина фамилияны» «жылқы есімдес» деп аударуымен келіспей, «Қазақ ұғымында «есім» тек адамға ғана тән... «Жылқы тектес фамилия» десе, мағына жағынан түпнұсқаға біршама жақын секілді» («Қазақ әдебиеті», 13.10.1969) – дейді. Аударма ісінде Абайды үлгі тұтады. И.А.Крыловтың мысалдарын аударғанда, неге «стрекозаны» инелік демей, шегіртке деп аударғанын былайша түсіндіреді: «Абай инелікті не себепті шегіртке деп отыр? Әлде, бұл Крыловқа жасалған қиянат па? Жоқ, әсте олай емес. Өйткені, «стрекоза» орыс ұғымында жеңілтектің, ұшып-қонба ұшқалақ мінездің бейнесі. Сол себепті стрекозаның қыс қамын ойламауы, «қызықпен жүріп жазды алуы» әбден нанымды.

Қазақ ұғымындағы инеліктің жөні мүлде бөлек – ол аурушандық, әлсіздіктің, құр сорайған бой, көтеремдіктің бейнесі. «Инеліктей қатып, семіпте» шенеу, мінеуден гөрі аяушылық басым емес пе? Сол себепті «Стрекозаны Абай «инелік» деп аударса, Крыловтың тұспал, мысалмен айтып отырған уытты сықағы қазақ оқушысына жетпей қалған болар еді. Крыловқа деген шын қиямет міне, осы жерден келіп шығады. Аударма өнерін бүгінгі «өзіммін дейтін кейбір шала піспелердің қолы жетпейтін биікке көтеріп кеткен Абай осылай әргіннен ойлап, «Стрекозаны» «Шегіртке» деп, шегіртке болғанда жәй шегіртке емес, «шылырдауық шегіртке» (сверчок) деп алған. Шырылдауық шегірткенің «ыршып жүріп ән салуы да, көгалды қуып гөлайттап, қызықпен жүріп жазды алуы да» әбден орынды. Ұлы Абай мысалгер өлеңінің стилі мен рухын, көркем мазмұнын қазақ оқушысына осылай жеткізген» («Қазақ әдебиеті», 13.10.1969).

Сын мен өзара сынның болуы – дамудың негізгі шарты. Сын жоқ жерде тоқырау болады. Әдебиетте де солай. Алпысыншы жылдары әдебиетті дамыту үшін алдымен, оның сынына жағдай жасау керектігін көтерген М.Қаратаевтың «Әдебиет сынының дәрежесі жоғары болсын» («Жұлдыз», 1960, №1), «Сын міндеті ортақ» («Жұлдыз», 1966, №7), «Сынның аты сын» («Жұлдыз», 1971, №7), А.Шамкеновтің «Жан серігің болса сын» («Қазақ әдебиеті», 25.08.1961), А.Мархабаевтың «Сын шыншыл болсын» («Қазақ әдебиеті», 15.04.1960), Х.Әдібаевтың «Сыншының профессионалдық шеберлігі туралы» («Жұлдыз», 1961, №7), «Сын туралы сырласу» («Қазақ әдебиеті», 7.07.1967), Ө.Қанахиннің «Шындық және сыншы» («Жұлдыз», 1962, №4), Н.Ғабдуллиннің «Өрелі сынның өрісі кері» («Қазақ әдебиеті», 17.09.1963), Б.Сахариевтің «Сын мүддесі» («Қазақ әдебиеті», 11.10.1963), З.Серікқалиевтің «Сын және жауапкершілік» («Жұлдыз», 1963, №2), О.Сәрсенбаевтың «Сын түзелмей, мін түзелмейді» («Жұлдыз», 1963, №4), Т.Кәкішевтің «Сын тұғыры биік болсын» («Қазақ әдебиеті», 18.02.1966), Р.Токтаровтың «Проза сыны» («Қазақ әдебиеті», 09.12.1966), С.Досановтың «Сын туралы бірер сөз» («Жұлдыз», 1966, №4), Т.Нұртазиннің «Сын жайында сөз болса» («Жұлдыз», 1968, №7), Ф.Оразаевтың «Сыншы этикасы және сын эстетикасы» («Қазақ әдебиеті», 24.05.1969), Р.Бердібаевтың «Жауынгер жанр» («Қазақ әдебиеті», 7.06.1969), А.Нағыметовтің «Сын туралы сөз» («Қазақ әдебиеті», 7.06.1969), Ғ.Қабышевтің «Әдеби сын жайында сырласайық» («Қазақ әдебиеті», 15.05.1970), З.Ахметовтің «Сын өрісі – тел өсу» («Қазақ әдебиеті», 30.07.1971), Ө.Сәрсенбаевтың «Сын тәрбие мектебі» («Қазақ әдебиеті», 6.08.1971), Т.Әлімқұловтың «Сын – әдебиет төрешісі» («Қазақ әдебиеті», 3.09.1971), т.б. мақалалары жарияланды. Әдеби сынның көшбастаушысы М.Қаратаев бастаған әдебиетшілер көркемдік процестің қара қазанын қыздыра түсті; әдеби дамудың алдында тұрған шығармашылық мәселелерді шешуде белсенділік танытты.

Сыншылармен бірге ақын-жазушылар да әдеби сынға жиі араласып, әдеби өмірде болып жатқан елеулі оқиғалармен бірге сыннан да не күтетінін айтып жатты. А.Шамкенов «Сын жазушының жігерін құм қылмай, ойын жарқыратып, бойын сергітіп, шабыт мінгізіп, арман теңізінің өріне қарай сүйреуі тиіс» («Қазақ әдебиеті», 25.08.1961) – деп жазды. Ө.Қанахин «... Әдебиет сынында пікір айтудан гөрі үкім айту басым... Сын мақалалардың бәрі заказбен жазылатын болғандықтан оқушы пікірімен санасу деген бізде жоқтың қасы» («Жұлдыз», 1962, №4, 138 бет) – деп, ащы шындықтың бетін ашты.

Баспасөз бетінде әдеби сынды дамытуға арналған бірнеше пікір алысулар болып өтті. «Жұлдыз» журналы сыншы З.Серікқалиевтің өткір мақаласын жариялап, әдебиетшілерді ой бөлісуге шақырды. Зейнолла сол кездегі әдеби сында белсенділік танытып жүрген М.Қаратаевтың, Р.Бердібаевтың, Б.Сахариевтің т.б. кейбір пікірлерімен келіспей, пікірталасқа барды. «Қазіргі жалпы сыншылдық ой-пікіріміз қай бағытта бара жатыр, қандай бағытта болуы керек еді» – бұл жөнінде пікір алысу керек» («Жұлдыз», 1963, №2, 145 бет) – деп, жұртшылыққа пікір алысуға шақырды.

Қазақстан Жазушылар одағының VI құрылтайы қарсаңында әдеби сын жандана түсті. Әдеби басылымдар бетінде сыни материалдар жиі жариялануымен бірге оны өркендетудің жолдары жайлы да кеңінен ақылдасты. «Жұлдыз» журналы (1971, №4) жазушылар жиынына орай «Сыншылар сырласады» айдарымен бір топ автордың пікірлерін топтап берді. Т.Кәкішев («Әдеби өркендеу және сын»), Р.Тоқтаров («Жас прозаиктер хақында»), Б.Құндақбаев («Пьеса, спектакль, сын»), Т.Молдағалиев («Поэзиямыздың жұлдызы жарқырай түссін»), Ж.Рсалдин («Талап пен талғам керек»), Х.Сүйіншәлиев («Ардагерлер образы ойға оралса»), Т.Нұртазин («Сыншыға қамқорлық – сынға қамқорлық») сын туралы ойларын бөлісті. Бір авторлар сынға үлкен талаптар қойып, сынға көңілі толмай, сын жоқ деп жатса, Т.Нұртазин «Сын бар, бірақ жаға жыртатын сын емес... Сын қазір сыпайы, мәдениетті. Ол бұрынғыдай жұла қашпайды, анализ жасап, синтез береді. Қазіргі сын – сауатты сын» («Жұлдыз», 1971, №4, 159-бет) – деп, әдеби сынның тұрпайылықтан гөрі ғылыми сипат алып келе жатқандығын аңғартты.

Қазақстан Жазушылар Одағының VI құрылтайында М.Қаратаев әдеби сынның жай-күйін кеңінен саралаған баяндама жасады. Баяндамашы әдеби сын тұралап қалды деушілердің пікірімен мүлдем келіспейтіндігін білдіре отырып, соңғы кездердегі қазақ әдебиетінің елеулі табыстарына сынның да тікелей қатысы бар екенін қадап айтты. Қазіргі кездегі «сынның ғылыми сипат, ғылымның эстетикалық сипат алғандығына» назар аударды. Көптеген әдебиетшілердің әдебиеттің сыны мен ғылымында қатар еңбек етіп келе жатқандығын жағымды құбылыс санады.

Қазақ әдебиетінің көшбасшылары М.Әуезовтің «Мысли разных лет» (1961), «Уақыт және әдебиет» (1962), С.Мұқановтың «Өсу жолдарымыз» (1960), «Жарқын жұлдыздар» (1964), Ғ.Мүсіреповтің «Суреткер парызы» (1970), Ә.Тәжібаевтың «Өмір және поэзия» (1960), Т.Ахтановтың «Керуен» (1969) кітаптары жарық көрді. Бұларда қаламгерлік көзбен қаралған қазақ әдебиетінің өзекті өңірлері хақында құнды пікірлер баршылық. Солай десек те, бұл еңбектердің сол кездердің замана талабына сай идеологиялық тұрғыда жазылуына байланысты бүгінгі биіктен қарағанда, байқалатын кейбір «әттегенай-лар» да жоқ емес. Мысалы, «Буржуазияшыл, ұлтшыл жазушылардың ерекше көзге көрінген, ақындық таланты мен өнерін түгел байшылдыққа жұмсаған – Мағжан Жұмабаев. Мағжанның да «ұлым», «қазағым», «халқым» деген сөздері аз емес, «жерім», «көлім», «елім»-дерді көп ұйқастырған. Бірақ, Абай сынап, шенеген міндерді ол бір өлеңінде де көрген емес. Бай ауылының қандай кескіні болса да Мағжанға идеал: «Кешегі бағлан байларым, балпаң батырларым» дегенде, көкірегі қарс айрылды. Екінші, Мағжан жырларынан Абай айтатын, жылап жүріп бай баласын жұбататын жалшы ұлын көрмейміз. Абай суреттеген кедей өмірінің сипаттары атымен жоқ... Оның ең үлкен поэмасы «Батыр Баян» Абылай хан мен оның батыр билерін дәріптеуге арналған. Кенесары, Науандар, Қойлыбай сияқты бақсылар – Мағжанның сүйікті геройлары... Мағжан орыс халқының озық ойы мен өнерін барынша құбыжық етіп көрсетуге тырысты» (Ә.Тәжібаев. Өмір және поэзия. А., 1960, 46–47 беттер) – деген сияқты жолдар сол дәуірдің де ұлы ақынға берген бағасы екендігіне таңдануға болмайды.

Б.Кенжебаевтың, Ә.Қоңыратбаевтың, Қ.Жұмалиевтің, Т.Нұртазиннің, Ы.Дүйсенбаевтың, М.Қаратаевтың, М.Бөжеевтің, Қ.Мұхаметхановтың, Е.Ысмайловтың, Ә.Тәжібаевтың, Б.Шалабаевтың, Е.Ғабдіровтің, Ш.Ахметовтің, М.Ғабдуллиннің, М.Хасеновтің, Х.Сүйіншәлиевтің, Б.Адамбаевтың, Қ.Қанафиева-Керееваның, С.Сейітовтің, Б.Наурызбаевтың, Х.Әдібаевтың, Б.Ысқақовтың, А.Нұрқатовтың, Қ.Нұмахановтың, М.Дүйсеновтің, С.Қирабаевтың, Т.Кәкішевтің, Р.Бердібаевтың, З.Қабдоловтың, М.Базарбаевтың, З.Ахметовтің, Ә.Дербісәлиніннің, Н.Ғабдуллиннің, Т.Қожақеевтің, К.Сейдехановтың, Б.Сахариевтің, Б.Уахатовтың, С.Ордалиевтің, Т.Сыдықовтың, Ш.Елеуеновтің, Ш.Сәтбаеваның т.б. мақалалары баспасөз бетінде жиі жарияланды. Қазақ әдебиетінің бүгінгі күйінен бастап, теориясына, тәжірибесіне, тарихына

қатысты проблемаларға дейін әдеби сын қамтып, әдебиеттану ғылымының дами түсуіне алғышарттар жасап жатты.

Елуінші жылдардың орта шенінде әдебиетке қайта оралған Мұхаметжан Қаратаев (1910–1995) әдеби сында белсенділік танытып, көш басында жүрді. Оның қазақ кеңес әдебиетінің түрлі мәселелеріне арналған «Қазақ әдебиеті» (орыс тілінде, 1960), «Ілияс Жансүгіров» (1961), «Шеберлік шыңына» (1967), «Қазақ әдебиетінің мәселелері» (1963), «Көзқарас пен шеберлік» (орыс тілінде, 1965), «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» (1965), «М.Әуезов» (1967), «Қазақ совет әдебиеті» (1968), «Домбырадан кітапқа дейін» (орыс тілінде 1969), «Эпостан эпопеяға» (1969), «Әдебиет және эстетика» (1970), т.б. сын, зерттеу кітаптары жарық көрді. Ол кеңес әдебиетінің негізгі көркемдік әдісі социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуын зерттеп, ғылыми жұмыс қорғады; академик-сыншы атанды. М.Қаратаевтың сын-зерттеу еңбектерінде көркем әдебиетке баға бергенде партиялық принциптер тұрғысынан келу басым жатты.

Т.Нұртазин (1907–1977) қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінгісі жайлы жазған еңбектері арқылы танымал болды. Ол әсіресе кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдері М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, қазақ әдебиетінің үлкенді-кішілі ақын-жазушыларының көпшілігі хақында пікірлер білдірді. С.Мұқановтың әдеби мұрасын зерттеп, екі рет (1951, 1958) кітап шығарды. Жазушы жайлы ізденістерін қазақ кеңес әдебиетінің даму проблемаларымен байланыстыра тереңдете, толықтыра түсіп, «Жазушы және өмір» (1960) атты көлемді зерттеуін жазды. Осы еңбегі бойынша филология ғылымның докторы ғылыми дәрежесін алды. Темірғалидің тағы бір іргелі еңбегі – «Бейімбет Майлиннің творчестосы» (1966). Мұнда отызыншы жылдары қуғын-сүргін көріп, жазықсыз жазаланған, 1957 жылы ақталып, әдебиетімізге қайта оралған Б.Майлиннің сан қырлы шығармашылық жолы жан-жақты ғылыми талдаулар нысанына айналды. Ғалым сыншының әр кезде жарық көрген сын, зерттеулері «Шеберлік туралы ойлар» (1968) деген атпен басылып шықты.

Әмбебап әдебиетші Е.Ысмайылов (1911–1970) қазақ әдебиетінің барлық саласында дерлік қалам тартты. Есмағамбеттің «Сын мен шығарма» (1960), «Жаңа белеске» (1962), «Жаңаны іздеу жолында» (орыс тілінде, 1987), «Әдебиет жайлы ойлар» (1968) сын-зерттеулері шыққан. Ол Сәкенді алғаш зерттеушілердің бірі болды. «Ақын-революционер» (1960), «Сәкен Сейфуллин» (1961, 1962, 1963), «Ақын және революция» (1964) зерттеулерінде С.Сейфуллиннің шығармашылық жолы жан-жақты зерделенді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті өкілдері Б.Кенжебаевтың (1904–1907), «1920 жылдардағы қазақ совет әдебиеті» (1961), «Шындық және шеберлік» (1966), Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері» (1962), «Әдебиетті оқыту методикасы» (1966), Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет терориясы» (1960, 1969), «Стиль – өнер ерекшелігі» (1968), «Ілияс Жансүгіров» (1965), т.б. сын-зерттеу еңбектерінің басылып шығуы елеулі оқиға болды. Атақты ғалымдар қазіргі қазақ әдебиетінің зәруліктерін ғылыми тұрғыдан шешуде салмақты ойлар айта білді.

Мамандығы экономист болғанымен жан дүниесі әдебиет пен өнерге жақын Ілияс Омаров осы жылдарда ұлттық әдебиетке деген жанашырлықпен жазған сын мақалалары арқылы танымал болды. Үлкен лауазымды қызметтерде жүргеніне қарамастан, оның әдеби процесті жіті бақылап, тамырын деп басқан, тиянақты тұжырымдар жасаған сын материалдары баспасөз бетінде ұдайы жарияланып, оқырман назарын өзіне аударды. Ілиястың мақалалары әдеби құбылыстың қоғамдық-әлеуметтік байланыстарын ашуға ұмтылатындығымен ерекшеленді. Сыншы-публицистің «Әдебиет туралы ойлар» (1961), «Оқырман көзімен» (орыс тілінде, 1967), «Серпін» (1970) сын мақалалар жинақтары

Сыншылықпен ғалымдықты қатар ұстаған Б.Шалабаев (1911–1990) елуінші жылдары революцияға дейінгі қазақ прозасының тарихын зерттеп, екі рет (1956, 1958) кітап шығарса, 1965 жылы «Қазақ әдебиеті» (кеңестік дәуір) атты оқулығы жоғары оқу

Қазақ әдебиеті мен орыс әдебиетінің байланыстарын зерттеп, бірнеше мақалалар жариялаған Е.Ғабдіров «Горький және қазақ әдебиеті» (орыс тілінде, 1966) атты көлемді зерттеуін жазды. Еңбекте сол кездегі саяси-идеологиялық ұстаным басым: қазақ әдебиеті орыс әдебиетінің, оның ішінде М.Горькийдің тигізген шығармашылық ықпалының

Қ.Қанафиева-Керееваның да қазақ-орыс әдеби байланыстарын зерттеген мақалалары шығып тұрады. Оның «Революцияға дейінгі баспасөздегі Қазақстан» (1963) атты кітабы жарық көрді.

Әдеби байланыстар проблемасын жан-жақты зерттеген С.Сейітовтің «Әдебиеттер достығы» (1965), «Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі» (1966) атты зерттеулері баспадан шықты. Б.Ысқақовтың қазақ-татар, қазақ-өзбек, қазақ-тәжік әдеби байланыстарын кеңінен қарастырған материалдары баспасөз бетінде жиі көрінді.

Ш.Ахметов (1914–1983) қазақ балалар әдебиетінің тарихын зерттеп, «Балалар әдебиетінің очеркі» (1960), «Қазақ совет балалар әдебиеті» (1963), «Қазақ балалар әдебиетінің тарихы» (1965) атты зерттеу кітаптарын жазды. Сөйтіп, бұрындары қолға алынбай келе жатқан қазақтың бай балалар әдебиетінің біртұтас тарихын жасап шықты.

М.Хасенов қазақ әдебиетіндегі ұнамды образ жасау проблемасымен тыңғылықты айналысып, ондаған мақаласын жариялады. Өткендегінің, бай атаулының бәрі жаман, кедейлер, бүгінгі өмір «Коммунизмнің салтанатты сарайын» салып жатқан коммунистер ғана жақсы деп түсіндірілетін заманның осы қағидалары көркем әдебиеттен де талай естіліп жатқан тұста бұл мәселелер М.Хасеновтің сын-зерттеулерінде де кеңінен көрініс тапты. Ғалымның 1966 жылы жарық көрген «Ұнамды образ және типтендіру» атты монографиясы негізінен осы проблеманың, яғни қазақ әдебиетінде замандас бейнесін жасаудың теориялық жақтарын негіздеуге арналды.

Алпысыншы жылдардағы қазақ әдеби сынының негізгі жүгін көтерген үлкен бір тегеурінді топ көрінді. Х.Әдібаев (1924), С.Қирабаев (1927), Қ.Нұрмаханов (1927–1963), Т.Кәкішев (1927), Р.Бердібаев (1927–2012), З.Қабдолов (1927–2006), Т.Қожақеев (1926–2007), Н.Ғабдуллин (1927–2005), М.Базарбаев (1927–1995), А.Нұрқатов (1928–1965), М.Дүйсенов (1928–1988), З.Ахметов (1928–2003), Ә.Дербісәлин (1928–1986), Ә.Нарымбетов (1928–2008), Ш.Елеуенов (1929), Б.Сахариев (1929–1979), С.Ордалиев (1930–1994), Ш.Сәтбаева (1930–2002) сынды сыншылар белсенділік танытып, сынның көрігін қыздыра түсті.

Жас талант А.Нұрқатов қарқынды еңбек етіп, парасатты да пайымды еңбектерімен оқырман назарын өзіне аударды. Күнделікті әдебиеттің аса зәру мәселелеріне үн қатқан оның мақалалары баспасөз бетінде жиі көрінді. Ол М.Әуезовтің сан-салалы шығармашылығын зерттеп, «Мұхтар Әуезовтің творчествосы» (1965) атты еңбек жазды. Көркем шығармашылықтағы аса маңызды мәселенің бірін ғылыми тұрғыдан саралауға арналған «Идея және образ» (1962) атты көлемді зерттеуі жарық көрді.

Тағы бір жас дарын Қ.Нұрмаханов қазақ және орыс тілдерінде жазған ойлы мақалаларымен көзге түсті. Қазақ, орыс әдебиеті, мәдени байланыстар жайлы айтқан пікірлері сыншының жан-жақты білімдарлығымен, әдеби өмір ұсынып отырған зәру мәселелерді дер кезінде көтере білетін алымдылығымен ерекшеленеді. Оның қазақ әдебиеті, әдеби байланыстар мәселелеріне арналған «Әдеби жазбалар» (орыс тілінде 1960), «Дәстүрлі достық» (1962), «Дос лебізі» (1968) атты сын-зерттеу жинақтары баспадан

Елуінші жылдары Ғ.Мұстафин (1956) мен С.Көбеев (1958) жайлы екі кітап шығарған С.Қирабаев енді С.Сейфуллиннің шығармашылық жолын зерттеп, 1962 жылы «Сәкен Сейфуллин» атты монографиясын жариялады. Бұл кітап орыс тілінде Мәскеуде де басылып шықты. Әдеби сын мақалалар жинағы «Өрлеу жолында» (1960), «Октябрь және қазақ» (1968), «Өнер өрісі» (1971) жарық көрді. Түгелдей қазіргі заман әдебиетіне арналған бұл кітаптардан С.Қирабаевтың өзгеге ұқсамайтын сыншылық қолтаңбасы анық көрінеді. Серіктің сыншылық қызметі ғалымдыққа ұласып, зерттеу нысаны өзгермей, бүгінгі әдебиетіміздің түрлі проблемалары хақында толымды пікірлер айтудан танбай келеді. Ол осы кездерде бірнеше басылым көрген 9-10 сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» оқулықтары авторларының бірі болды.

М.Базарбаев сол кездегі замана талабына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде қатар жазып, бірнеше сын кітаптарын шығарды. «Қазақ поэзиясындағы еңбек адамының бейнесі» (орыс тілінде 1961), «Өміршең дәстүрлер» (орыс тілінде 1962), «Қазақ совет әдебиетінің дамуы» (1966), «Әдебиет және дәуір» (1966) атты сын жинақтарында қазақ әдебиетінің түрлі мәселелері замана талабына орай сөз болды. Еңбек адамының жарқын бейнесін көркем әдебиетте көрсету, әдеби байланыстар, шеберлік қырлары – Мүсілім еңбектерінің негізгі тақырыптары-тұғын.

Қазақ кеңес әдебиетінің аса бір күрделі дәуірі жиырмасыншы жылдардағы әдеби өмірді зерттеген Т.Кәкішев осы кездің Е.Бекенов, Ж.Тілепбергенов, Ш.Иманбаева, С.Шәріпов, Ғ.Тоғжанов, С.Ерубаев сияқты өкілдерімен таныстырған еңбектерін жариялады. «Октябрь өркені» (1962), «Дәуір суреттері» (1967) кітаптарында сол бір өтпелі дәуірдің әдебиет майданында

жүріп өткен идеологиялық күрестер көрініс тапқан. Революция дауылпазы С.Сейфуллиннің шығармашылығын жан-жақты зерттей бастаған ол «Сәкен Сейфуллин» (1967) зерттеуін жазды. Осы еңбекті өңдеп, толықтырып, 1968 жылы «Қызыл сұңқар» деген атпен шығарды. 1971 жылы жарық көрген «Сын сапары» қазақ әдебиеттану ғылымының зертелінбей, тың жатқан сын саласындағы оның тарихына тұңғыш түрен салған еңбек болуымен де құнды.

Елуінші жылдары ұлттық тіл, әдеби мұра жайлы батыл мәселе көтеріп, танымал болған Р.Бердібаев алпысыншы жылдары да қарқынды үдете түсті. Оның әдебиеттің тарихына, сынына, қазіргі жайына, оның ішінде проза, роман жайлы жазған проблемалық мақалалары оқырмандар ойынан шығып жатты. Сыншының «Әдебиет және өмір» (1964), «Роман және заман» (1967), «Қазақ прозасындағы замандас тұлғасы» (1968), «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы» (1971) кітаптары шықты. Р.Бердібаевтың сын-зерттеулерінде қарастырып отырған нысанды кеңінен қамтып, талдаушылық, ағын ақ, қарасын қара деп бағалаушылық, шындықтан, әділеттіліктен ауытқымаушылық, батылдық байқалады.

Т.Қожақеевтің «Сынға сын» («Қазақ әдебиеті», 15.04.1960), «Сатира және баспасөз» («Қазақстан коммунизмі», 1963, №11), «Көркем тіл – сезім нәрі» («Қазақ әдебиеті», 25.09.1964), «Сатиралық проза» («Қазақ әдебиеті», 22.10.1965), «Пародия жайында» («Қазақ әдебиеті», 3.12.1965), «Күлкі күші» («Жұлдыз», 1965, №5), «Бейімбеттің сатирасы» («Жұлдыз», 1965, №11), «Памфлет жайында» («Қазақ әдебиеті», 15.04.1966), «Жанр сыры» («Жұлдыз», 1966, №3), «Сықақ жанрының даму сатылары» («Жұлдыз», 1966, №3) «Сықақ жанрының даму сатылары» («Жұлдыз», 1967, №3) т.б. мақалаларында қазақ сатирасы туралы тыңғылықты ойлар айтылды. Осы салада жүргізген зерттеулерінің барысында «Фельетон мәселелері» (1962), «Қазіргі қазақ сатирасы мен юморы» (1966) кітаптары өмірге келді.

З.Қабдолов әдебиеттің қисыны саласында ізденістер жасап, бірнеше мақала жариялады. «Шағын жанр» («Жұлдыз», 1960, №10), «Әдебиетіміздің ертеңі» («Жұлдыз», 1965, №6), «Әдеби қаһарман хақында» («Жұлдыз», 1969, №12), «Көркемдік» («Қазақстан мектебі», 1969, №10), «Жинақтау және даралау» («Қазақстан мектебі», 1969, №11), «Мінездеу және мүсіндеу» («Қазақстан мектебі», 1969, №12), «Сөз өнері туралы сөз» («Жалын», 1970, №1) т.б. мақалалары, ұлттық әдебиетімізді теориялық тұрғыдан пайымдаған еңбектер болды. Ғылыми ізденістердің барысында әңгіме жанрының көркемдік қырларын жан-жақты саралаған «Жанр сыры» (1964) өмірге келді.

Жас ғалым З.Ахметов әдебиеттануға әдеби байланыстар жайлы жазған мақалаларымен келді. Алпысыншы жылдары да осы мәселеге арналған «Ұлы ақын, революционер-демократ Т.Г.Шевченко» («Партийная жизнь Казахстана», 1964, №3), «Лермонтов және қазақ әдебиеті» («Қазақстан коммунисті», 1964, №10–11), «Терең тамырлар» («Қазақ әдебиеті», 26.10.1962) т.б. мақалалары жарық көрді. Әдеби байланыстармен бірге «Қазақ мақал-мәтелдерінің ырғағы» («Ученые записки КазГосЖенПИ», 1961, №3), Сәкен Сейфуллин және қазақ өлеңіндегі жаңашылдық проблемасы» (орыс тілінде, «Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения, 1960, №2), «Қазақ поэзиясындағы ырғақ» («Известия АН КазССР». Серия филологии и искусствоведения, 1961, вып.1/17), «Восьмистишие Абая». Кітапта: «Вопросы казахской филологии», А., 1964), «Стихотворное новаторство Абая» («Ученые записки КазГосЖенПИ, 1964, вып.4), т.б. сияқты мақалаларын жариялап, қазақ өлеңінің құрылысын зерттей бастады. Осы саладағы ізденістерінің нәтижесінде «Қазақ өлең құрылысы» («Казахское стихосложение», 1964) атты іргелі зерттеу өмірге келді. Монографияда қазақ өлеңінің табиғаты, басқаларға ұқсамайтын өзіндік болмысы, көркемдік қасиеті Абайдың, Сұлтанмахмұттың, Сәкеннің, Илиястың, Қасымның өлеңдеріне жасалған талдаулардың барысында жан-жақты ашылған.

Қазақ кеңес поэзиясының көрнекті өкілдері, зәру мәселелері, қисыны жайлы жазған көптеген мақалалармен көзге түскен М.Дүйсеновтің «Әдебиеттегі мазмұн мен түрдің бірлігі» (1962) атты зерттеуі кітап болып шықты. Қазақ поэзиясының дүлдүлі Илиястың поэзиясын зерттеп, «Илияс Жансүгіров» (1965), ақиық ақын Әбділданың шығармашылығынан «Ақын мұраты» (1967) кітаптарын шығарды. І.Есенберлиннің Кеңесары бастаған ұлт-азаттық күрес туралы жазған «Қаһар» романы шығып, оған ресми билік суық қабақ танытып, сыртқа теуіп жатқанда, М.Дүйсенов «Қаһар» романы туралы («Жұлдыз», 1969, №9) рецензия жазып, алғаш жылы пікір білдіргендердің бірі болды. Мырзабек романды қазақ әдебиетінің елеулі табысы деп бағалады.

Әдеби сында З.Серікқалиев жемісті еңбек етті. Оның «Ойлар, толғаныстар» (1967), «Жылдар сазы» (1971), «Ақыл таразысы» (1976) жинақтары жарық көрді. Баспасөз бетінде Т.Тоқбергеновтің, А.Нағыметовтің, Р.Нұрғалиевтің, Ф.Оразаевтың, т.б. сын мақалалары жиі көрініп тұрды. Әдеби сында С.Әшімбаев, Б.Сарбалаев, Б.Майтанов, т.б. жас сыншылар өткір мақалаларымен көріне бастады.

Т.Амандосовтың «Достық лебізі» (1961), Н.Оразбековтің «Жаяу Мұса» (1961), Қ.Жармағамбетовтің «Бейімбет Майлин» (1962), Ә.Шәріповтің «Жұмағали Саиннің өмірі мен творчествосы» (1964), М.Сильченконың «Қазақ әдебиеті» (орыс тілінде, 1964), Н.Смирнованың «Қазақ әдебиеті» (орыс тілінде, 1964), Т.Әбдірахманованың «Ақан сері» (1965), О.Нұрмағамбетованың «Қаһарлы сөз қамал бұзады» (1965), Ә.Сатыбалдиевтің «Рухани қазына» (1965), Г.Смағұлованың «Асқар Тоқмағамбетовтің ақындық творчествосы» (1965), Б.Сахариевтің «Уақыт тынысы» (1965), Т.Жангелдиннің «Сәкен Сейфуллин» (1966), «Сөз зергерлері» (1966), С.Сейітовтің «Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі» (1966), Т.Сыдықовтың «Жыр қайнары» (1966), А.Тұрбеков, Ә.Нарымбетовтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1961), Б.Ысқақовтың «Сәбит Дөнентаевтың ақындық жолы» (1966), М.Әлімбаевтың «Өнеркті сөз – ортақ қазына» (1967), М.Бекбергеновтің «Сөз зергері» (1967), Ы.Дүйсенбаевтың «Сұлтанмахмұт Торайғыров» (1967), «Ғасырлар сыры» (1970), Н.Ғабдуллиннің «Шығарма арқауы – шындық» (1968), Ә.Дербісәлиннің «Мезгіл және қаламгер» (1968), М.Мағауиннің «Қобыз сарыны» (1968), Р.Нұрғалиевтің «Трагедия табиғаты» (1968), Х.Сүйіншәлиевтің «Мұхтар Омарханұлы Әуезов» (1968), «Сәбит Мұқанов» (1970), Е.Лизунованың «Мұхтар Әуезовтің шеберлігі» (орыс тілінде, 1968), М.Атымұлының «Көркем шығарманың композициясы туралы» (1969), «Идея және композиция» (1970), Т.Әбдірахмановтың «Жаңа ғасыр көгінде» (1969), Ә.Байтанаевтың «Шын шеберлік» (1969), Т.Қожақеевтің «Абай және Сұлтанмахмұт» (1969), Б.Уахатовтың «Таланттар мен туындылар» (1969), Р.Бердібаевтың «Гүлстанның бұлбұлдары» (1971), Ә.Жәмішевтің «Жыр жанры» (1970), Ә.Нарымбетовтің «Қазақ-совет ақын-жазушыларының шығармаларындағы Ленин образы» (1963), «Дәуір және поэзия» (1970), С.Ордалиевтің «Қазақ драматургиясының очеркі» (1964), «Конфликт және характер» (1970), Е.Өтебаевтың «Сабыр Шарипов» (1970), А.Тұрбековтің «Реалистік роман және типтік характер» (1970), М.Бөжеевтің «Абайдың ақындық айналасы» (1971), Ә.Марғұланның «Шоқан және Манас» (1971), Қ.Мұхаметхановтың «Абайдың туған жері, өскен ортасы» (1971) т.б. сын, зерттеу кітаптары жарық көрді. Бұларда қазақ фальклорынан бастап, бүгінге дейінгі ұлттық әдебиетіміздің мәселелері жан-жақты қарастырылды.

Алпысыншы жылдары сыншылардың белгілі бір тақырыптар бойынша мамандана бастауы байқалды. Мұның басты себебі, әдебиеттің түрлі салаларының өз мамандары болуы қажеттілігінен туындап жатса, екінші бір себебі, сыншылардың ғылымға қарай ойыса бастауы еді. Проза (М.Қаратаев, А.Нұрқатов, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, Т.Нұртазин, Б.Наурызбаев, А.Сүлейменов, З.Серікқалиев, Н.Ғабдуллин, Б.Сахариев, Х.Әдібаев, Қ.Құттыбаев, А.Нағыметов, Ш.Елеуенов, т.б.), поэзия (Е.Ысмайылов, М.Дүйсенов, Т.Әбдірахманова, М.Базарбаев, З.Ахметов, Ә.Нарымбетов т.б.), драматургия (Ә.Тәжібаев, С.Ордалиев, Р.Рүстембекова, Р.Нұрғалиев, т.б., сын (Т.Кәкішев), сатира, юмор, (Т.Қожақеев, М.Тілеужанов), әдебиеттер байланысы (С.Талжанов, Е.Ғабдіров, Ш.Сәтбаева, Б.Ысқақов, З.Ахметов, Е.Лизунова, Қ.Нұрмаханов, С.Сейітов, Ә.Сатыбалдиев, Х.Садықов т.б.), балалар әдебиеті (Ш.Ахметов, Ә.Табылдиев, т.б.), әдебиет теориясы (З.Қабдолов, З.Ахметов), әдебиет тарихы (Б.Кенжебаев, Х.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауин, т.б.) салаларының маманданған сыншылары қалыптаса бастады. Сол сияқты С.Сейфуллин (Е.Ысмайылов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев), Б.Майлин (Т.Нұртазин, Б.Наурызбаев), І.Жансүгіров (М.Дүйсенов), С.Мұқанов (Т.Нұртазин, М.Хасенов), Ә.Тәжібаев (М.Дүйсенов) сияқты көрнекті қаламгерлердің өз сыншылары, өз зерттеушілері пайда болды. Алғашында сыншылық пікір білдіруден басталып, жалғасы ғылымдыққа ұласқан осындай ізденістердің нәтижесінде кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалып жатты.

Алпысыншы жылдары өткен Қазақстан Жазушылар Одағының бесінші және алтыншы құрылтайлары әдеби-сыншылдық ой-пікірдің дамуына айтарлықтай ықпал жасаған елеулі оқиғалар болды. Баспасөз беттерінде «Съезд қарсаңында» айдарымен қазақ әдебиетінің бүгінгі, ертеңі хақында кеңінен пікір алысулар болып өтті. Әдеби сын мақалаларының саны да, сапасы да арта түсті.

Қазақстан Жазушылар Одағының V құрылтайы 1966 жылдың 18–20 мамыры күндерінде өтті. Шығармашылық одақтың екі құрылтай аралығында атқарған жұмыстары жайында Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының екінші хатшысы Жұбан Молдағалиев шығармашылық есеп берді. Т.Ахтанов проза, Қ.Бекхожин поэзия, Ә.Тәжібаев драматургия, М.Қаратаев сын, А.Ананьев Қазақстандағы орыс әдебиеті, Х.Абдуллин ұйғыр әдебиеті бойынша қосымша баяндамалар жасады. Баяндамаларда және де жарыссөзге шыққандардың сөздерінде қазақ әдебиетінің осы уақыттар аралығында жеткен жетістіктері мен мүлт кеткен тұстары сыни тұрғыдан кеңінен сараланды.

1971 жылы 26–27 мамыр күндері Қазақстан Жазушыларының VI құрылтайы жұмыс істеді. Онда «Қазақ совет әдебиетінің жайы және КПСХ XXIV съезінің шешімдеріне сәйкес Қазақстан жазушыларының міндеттері туралы» есепті баяндаманы Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының хатшысы Ә.Әлімжанов жасады. Прозадан Х.Есенжанов, поэзиядан С.Мәуленов, сыннан М.Қаратаев, Қазақстандағы орыс әдебиетінен И.Шухов, ұйғыр әдебиетінен Х.Абдуллин қосымша баяндады. Құрылтайда әдеби дамудағы сынның атқарған қызметіне үлкен мән берілді. Негізгі баяндамада белсенділік танытып жүрген біраз сыншылардың есімдері аталып, әдеби сында жанданушылық бар делінгенімен де «Әдеби сынымыз бүгіндері әдебиетіміздің дамуымен деңгейлес тұр, өзімізге кітап дариямызда бізге дұрыс бағдар көрсететін компас боп табылады дей алмаймыз» («Әдеби шежіре», А., 2005, 161-бет) бағаланды.

Қазақ әдебиетінің ағымдағы түрлі мәселелерін талқылауға арналған бірнеше пленумдар мен конференциялар болып өтті. Мерейтойларға орай жазылған мақалаларда қаламгерлердің шығармашылық портреттері жан-жақты жасалынып жатты. Мысалы, С.Мұқановтың алпыс жылдығына орай «Қазақ әдебиеті» газеті (13.11.1960), Ә.Тәжібаевтың «Ақын жолы», Ә.Нұрпейісовтің «Талант табиғаты», Т.Кәкішевтің «Сыншы-ғалым» мақалаларын жариялап, жазушы шығармашылығын әр қырынан ашты. Ал «Жұлдыз» журналы алдымен, С.Мұқановтың «Күресте ержеткен әдебиет. Досыма хат» (Өсу жолдарымызға соңғы сөз. «Жұлдыз», 1960, №6) мақаласын беріп, келесі нөмірінде С.Қирабаевтың «Дәуіріміздің дарынды жыршысы», Ж.Сайнның «Халық жазушысы», Б.Сахариевтің «Қайта туған роман» («Жұлдыз», 1960, №7) мерейтойлық материалдарын жариялады.

М.Әуезовтің жетпіс жылдығын Кеңестер Одағының әдеби жұртшылығы кеңінен атап өтті. «Правда» газетінде (7.12.1967) Л.С.Соболевтің «Талант және дәуір» деген мақаласы шықты. Қаламгердің шығармашылығы жайлы қазақ баспасөзі беттеріне бірсыпыра материалдар шықты. Жазушының жетпіс жылдығына орай өткізілген салтанатты жиында М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы жайында М.Қаратаев баяндама жасады. Жиналыста Л.С.Соболев, М.К.Луконин, Ш.Айтматов т.б. сөз сөйлеп, жазушының суреткерлік болмысын жоғары бағалады.

Қазақ әдебиетінің жай-күйі отқа-текте болса да сол кездегі одақтық әдеби сында көрініс беріп қалып отырды. А.Марченконың «Әдебиет мәселелері» («Вопросы литературы») журналында (1971, №9) «Еркін романның мүмкіндігі» атты мақаласының жариялануы қазақ әдебиетіне жай түскендей әсер етті. Мақала бір қарағанда, сол кездегі одақтық әдеби сында жүріп жатқан роман жанрының бүгіні, ертеңі жайындағы пікір алысуға ой жарыстыру сияқты көрінгенімен де негізгі мақсаты М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын көркем туынды ретінде жоққа шығару болған сияқты. А.Марченко «Абай жолы» шынайы өмірден жазылған роман емес, нақтылы деректерге сүйенбеген ел аузында жүрген түрлі аңыздарға құрылған, ал нағыз романның үлгісі Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы деп, жер-көкке сыйғызбай мақтайды. Роман-эпопеядағы Абай, Құнанбай бейнелерін трилогиядағы Еламан мен Тәңірбергенмен салыстырып, алғашқы екеуін шынайы образ емес, түрлі аңыздардан құрастырылған аңыздық кейіпкерлер санайды. Ол кездегі әдеби түсінік бойынша, фольклор әдебиеттің төменгі сатысы, демек М.Әуезов те өзінің атақты роман-эпопеясында ауыз әдебиеті деңгейінен көтеріле алмаған деп, ұлы туындының бағасын кеміткендей болды. А.Марченко тек М.Әуезовке тиісіп қана қоймай, «М.Әуезовтің «Абайы» сияқты Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесін» нағыз роман деуге болмайды, бұл ұлы ақын мен ереуілшінің (бунтарь) өмірі мен тағдыры туралы зерттеу емес, ол туралы аңыз» («Вопросы литературы», 1971, №9, 40-бет) – деп, мұны да тұқыртқандай болады.

Әрине, қазақ әдебиетінің үздік жетістігі саналатын М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына одақтық баспасөз бетінде, онда да беделі жоғары әдеби-ғылыми басылымда күйе

жаққан мақаланың жариялануы қазақ әдебиетшілерінің ұлттық намысын қозғап, ашу-ыза-сын туғызды. А.Марченконың негізгі ойларын жоққа шығарған мақалалар Мәскеуге қарай ағылды. Бірақ, журнал олардың бәрін баспай, ішінен тек Т.Ахтановтың ғана мақаласын берді де, қалғандарын жылы жауып қоя салды. Қазақ баспасөзінде де пікір білдірем деушілерге мүмкіндік берілмеді. Тек «Қазақ әдебиеті» (10.12.1971) газеті Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында осы мақаланы талқылаудан жазылған «Алтынды тот баспайды» деген есепті жариялаумен ғана шектелді.

Әдебиетші ғалымдардың жиналысы қызу өткен. Ы.Дүйсенбаев, М.Дүйсенов, Е.Лизунова, М.Қаратаев, Ә.Тәжібаев, Р.Бердібаев, М.Хасенов, Б.Наурызбаев, Ә.Дербісәлин, Б.Уахатов, Е.Жақыпов, Ү.Сұбханбердина, Ә.Шәріпов т.б. шығып сөйлеп, А.Марченконың мақаласында айтылған пікірлермен мүлдем келіспейтіндіктерін білдірді. Ұлттық мақтанышымызға айналған М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына күйе жаққысы келген А.Марченконың бұл қылығын бірауыздан айыптады. Мәжілісте айтылған пікірлерді жинақтап, «Әдебиет мәселелері» редакциясына жіберуге ұйғарым жасаған. Бірақ та, мәскеулік басылым қазақ әдебиетшілерінің пікірін жариялауды жөн көрмеді. Жалпы, одақтық басылымда жарық көрген А.Марченконың бұл мақаласының негізгі мақсаты М.Әуезовті, сол арқылы қазақ әдебиетін бір тұқыртып қою болғанымен де, екінші жағынан, қазақ қаламгерлерінің ұлттық сана-сезімін дүр еткізіп оятқан елеулі оқиғаға айналды.

Алпысыншы жылдардағы қазақ әдебиеттануының басты табысы көптомдық «Қазақ әдебиеті тарихының» (1960–1967) шығуы болды. Әдебиеттің біртұтас тарихын жасау мәселесі соғыстан кейін көтеріле бастады да, қыркыншы жылдары алғашқы адымдар жасалды. Ауыз әдебиетіне арналған «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы 1948 жылы М.Әуезовтің редакциясымен, екінші томы «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» деген атпен 1949 жылы Қ.Жұмалиевтің басшылығымен шықты. Алайда, бұл екі кітап та соғыстан кейінгі «ұлтшылдыққа» қарсы күрес науқанына ұшырап, ресми билік тарапынан қатты сынға ұшырады. Әдебиет саласында да саяси қысымның күшейе түсуіне байланысты әдебиет тарихын жасау жұмыстары тоқырап қалған болатын. Енді осы мәселе қайта көтеріліп, өз нәтижесін бере бастады.

«Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы ауыз әдебиетіне, екіншісі әдебиет тарихына, үшінші томы қазақ кеңес әдебиетіне арналған. Әр том қалың-қалың екі кітаптан тұрады. Соңғы (1967) үшінші томда (жалпы редакциясын басқарған М.Қаратаев) қазақ кеңес әдебиеті бес дәуірге (жиырмасыншы жылдар, отызыншы жылдар, Ұлы Отан соғысы дәуірі, соғыстан кейінгі дәуір, қазіргі дәуір) бөлініп, қаралды. Үшінші томның бірінші кітабында кеңестік кезеңдегі әдебиеттің алғашқы үш дәуірі сипатталып, сол кезде жаңадан ғана ақталған С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтердің және де С.Мұқанов пен М.Әуезовтің шығармашылық протреттері берілді. Екінші кітапқа Ұлы Отан соғысынан кейінгі және қазіргі әдебиет дәуірі қарастырылып, Ғ.Мүсіреповтің, А.Тоқмағамбетовтің, Ғ.Мұстафиннің, Т.Жароковтың, Ә.Тәжібаевтың, Ғ.Ормановтың, Қ.Аманжоловтың шығармашылықтары жайлы зерттеулер мен «Әдеби өмір шежіресі» берілді.

Социализм идеяларының барынша үстемдік құрып тұрған алпысыншы жылдары фольклорлық, әдеби мұраға деген көзқарас ресми билік тарапынан төнтеріс еді. Әрбір ұлттың өзінің тарихын, мәдениетін білуге ұмтылушылығы жалпы совет халқын, социалистік мәдениетті жасау жоспарларына қайшы келетіндіктен де компартия бар күш-жігерді өткеннің рухани мұрасын игеруден гөрі бүгінгі өмірді, яғни социалистік құрылысты насихаттауға қарай бұрып отырды. Соған қарамастан, қазақ халқының ғасырлар бойы тарих көшінің өн бойында жүріп жасаған рухани мұрасын игеру көптеген объективтік, субъективтік қиыншылықтарға қарамастан күн тәртібінен түскен жоқ. Осы кездердегі әдеби сында да бай ауыз әдебиетінің әрбір туындысын, әдебиет тарихында айтарлықтай із қалдырған әрбір ақын, жырауды туған халқына қайтару үшін көрінбейтін күрес жүріп жатты.

Елуінші жылдары саясаттағы сорақылықтардың салдарынан ауыз әдебиетінде «Қамбар батыр» жырынан басқаларының барлығы дерлік идеялық жағынан халыққа жат саналып келсе, 1959 жылғы әдеби мұра жайлы өткен ғылыми-практикалық коференция қатып қалған саяси тосқауылдарды аз да болса бұзғандай болған. Алпысыншы жылдары осы бір мүмкіндікті пайдаланып, халық поэзиясының үздік үлгілерін игеру басталды. Баспасөз бетінде О.Нұрмағамбетованың «Қобыланды батыр» жырының жаңа нұсқалары («Жұлдыз», 1960, №3),

Б.Адамбаевтың «Шешендік өнер» («Жұлдыз», 1963, №5), «Шешен туралы шежіре» («Жұлдыз», 1966, №11), Т.Сыдықовтың «Қазақ эпосы және бүгінгі ғылым» («Жұлдыз», 1969, №6) т.б. бірлі-жарымды мақалалар шықты. Ауыз әдебиетінің үлгілері кітап болып жариялана бастады.

М.Дүйсеновтің «Фольклор ма, әдебиет пе?» («Қазақ әдебиеті», 2.07.1971) мақаласында қазақ фольклористикасы үшін аса маңызды мәселе көтерілді. Автор қазақ әдебиеттану ғылымында қолданылып жүрген «фольклористика», «ауыз әдебиеті», «әдебиет» ұғымдарының нақтыланбай, қате қозғалып жүргеніне назар аударып, осы мәселеге қатысты өз ұсынысын ортаға салады. Ғалымдардың еңбектерінде «Шалкиіз, Бұқар жырау, Мәделі, Сүйінбай, Махамбет әдебиет өкілі ретінде бағаланса, сол Сүйінбайдан бата алған шәкірті Жамбыл, оның замандастары Нұрпейіс, Доскей, Кенен, Нартай фольклор өкілі саналған, Иса Байзақов бірде әдебиет өкілі, енді бірде фольклор өкілі делінген. Біржан салдың өзі әдебиет өкілі делінеді де, оның Сарамен айтысы фольклорға жатқызылады...». Бұл дұрыс емес. Осының барлығы да терминдік ұғымды нақтылап, жіктеудің жүйелі еместігінен. Осындай жаңсақтықтар болмас үшін М.Дүйсенов мынадай ғылыми ұсыныс жасап, дәлелдейді: «Сонымен авторы белгісіз, ел ішінде толып жақтан варианттары бар шығармалардың барлығы да фольклорға (халық шығармасына) жатады. Ал, шығармаларын ауызша шығарған импровизатор ақындар мен жазып шығаратын ақын жазушылардың барлығы ең алдымен, профессионалдар. Олай болса, бұлардың барлығы да әдебиет өкілдері... Біз қазақтың профессионалды әдебиетін іштей екі салаға бөліп жүрміз. Бірі – ауыз әдебиеті, екінші – жазба әдебиеті. Ауыз әдебиеті өкілі сонау Қазтуғаннан бастап, бертіңгі Жамбыл, Кенен, Исалар саналса, жазба әдебиет өкілі Абайдан бұрын жазып шығарған ақындар, Абай, Сәкендерден бастап, қазіргі жас ақындарға дейін жетеді». Әдебиетімізді бұлайша жіктеу қазақ әдебиетінің өзіндік ұлттық сипаттарынан туындайды. Мақаланың соңында редакция әдебиетші ғалымдарды осы мәселе төңірегінде пікір алысуға шақырған.

Осы мәселеге орай, Б.Кенжебаев (Көкейде жүрген мәселе. «Қазақ әдебиеті», 21.07.1971), Р.Бердібаев (Ақындар мен шайырлар. «Қазақ әдебиеті», 6.08.1971), Т.Қожакеев (Тиянақсыз тұжырым тарихқа залал. «Қазақ әдебиеті», 10.09.1971), К.Сейдаханов (Байыппен бағдарласақ. «Қазақ әдебиеті», 17.12.1971) т.б. пікір білдірді. Б.Кенжебаев фольклорды «накыл сөз» деп алуды ұсынды. Р.Бердібаев ақындардың өзін іштей жіктеп, шығыстық үлгідегілерін «шайыр» деп атаған жөн деді. Т.Қожакеев осы мәселенің әлі күнге дейін анықталмауының салдарынан «Қазақ әдебиеті тарихының» үш томдығында өрескел олқылықтардың орын алуын сынға алды. Ол XVIII ғасырға, яғни Бұқарға дейінгінің барлығын ауыз әдебиетіне жатқызып, әдебиет тарихын осы кезден бастауға үзілді-кесілді қарсы шыққан. Қазақтарда осыдан екі жарым мың жыл бұрын жазу болған дейтін ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, «Ендеше, қазақтың жазба әдебиеті, мына тұрған XVIII ғасырдан, Бұқардан емес, көп ілгеріден басталды» деген тұжырым жасайды.

Ал белгілі фольклортанушы К.Сейдахановтың пікірі алдыңғылардан мүлдем өзгеше. Ол «М.Әуезов, Х.Жұмалиев Е.Бсмайылов, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, М.Қаратаев, Н.Смирнова және кейінгі буын фольклористердің бәрі де дастандарды, тарихи жырларды, айтыстарды, шешендік сөздерді, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты халық поэзиясын, совет дәуіріндегі ел ақындарының шығармаларын, Ұлы Отан соғысы кезінде майдан мен тылда туындаған бұқаралық творчесоны авторының, варианттарының болу-болмауына, ауызекі немесе жазба түрінде шығаруына қарамастан фольклор деп танылғанын және оны ғылыми жағынан нанымды дәлелдеп бергенін білеміз» – деп, бұрыннан қалыптасып қалған пікірді қолдап шықты. «Ауыз әдебиеті», «халық поэзиясы», «халық творчестосы» дегендер «фольклор» терминінің қазақша баламасы деп, әрқайсысын жеке-жеке жіктеп, бөліп қарастыруға қарсы екенін білдірді. Күрмеуі қиын мұндай мәселені зердемен зерттеп, байыппен бағдарлауға шақырды. Осындай кезде «Қазақ әдебиеті тарихының» шығып, оның бірінші томының екі бірдей кітабының ауыз әдебиетіне арналуы қазақ фольклористикасының тарихындағы елеулі оқиға болды.

«Қазақ әдебиеті тарихы» бірінші томының бірінші кітабы қазақ халқының өткен замандарда жасаған ауыз әдебиетіне арналды. Кітапта жанрлық жүйе негізге алынған. Бұған дейін М.Әуезовтің («Әдебиет тарихы», 1927), Х.Досмұхамедовтің («Қазақ халық әдебиеті», орыс тілінде, 1928), С.Сейфуллиннің («Қазақ әдебиеті», 1932), 1948 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихы» да фольклорлық мұраны жанрлар бойынша қарастырған-тұғын. Фольклорлық

зерттеулердің осы уақытқа дейінгі тәжірибелерін пайдалана отырып, «тарихтын» авторлары ауыз әдебиетін жанрларға жіктеуді бір ізге салды. Қазақ халқының бай ауыз әдебиеті негізінен тұрмыс-салт жырларына, ертегілерге, батырлар жырына, лиро-эпосқа, айтыс өлеңдеріне, тарихи жырларға жіктеліп қарастырылды.

Кеңестік дәуірдегі ауыз әдебиетін қарастырған бірінші томның екінші кітабы алты бөлімнен тұрады. «Қазақ совет фольклоры туралы ғылымның даму тарихы», «Қазақ совет фольклорының даму жолдары», «Фольклор және әдебиет», «Фольклор және музыка» жеке бөлімдерде әңгімеленеді. Бесінші бөлім айтыс, халықтық дастандар, мақал-мәтелдер, өлең-термелер, ақындық толғаулар, жұмбақ, жаңылтпаш, өтірік өлеңдерге арналған. Алтыншы бөлімде ақын, жырау, жырышы терминдеріне ғылыми анықтама беріліп, Жамбыл, Иса, Нұрпейіс, Омар, Нартай, Кенен, Төлеу, Қайып, Үмбетәлі, Қалқа, Ілияс (Манкин), Нұрхан сияқты кеңестік кезеңде өмір сүрген халық ақындарының шығармашылық портреттері берілген.

«Қазақ әдебиеті тарихы» екінші томының бірінші кітабы XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетіне арналды. Жалпы редакциясын Қ.Жұмалиев басқарған бұл академиялық зерттеуде қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдан, Бұқар жыраудан бастады. Бұған дейінгілердің барлығы да ауыз әдебиетіне жатқызылды. Бұқар, Дулат, Шернияз, Махамбет, Шортанбай, Алмажан, Сүйінбай, Біржан, Шоқан, Ыбырай, Абай, Ақан сері, Мағауия, Ақылбай, Шәңгерей, Әсет шығармашылықтары жеке-жеке қарастырылды. Орыс отаршылдығына қарсы шыққан Дулат, Шортанбай, Мұрат, т.б. ақындар кертартпа бағыттың өкілдері ретінде бағаланды. Абай поэзиясының орыс, батыс әдебиеттерімен байланыстарына көп мән берілді де, ондағы ұлттық, шығыстық сарындар ашылмай қалды. Осындай біржақтылық басқа ақын-жыраулардың шығармашылықтарын бағалағанда да орын алды.

Екінші томның екінші кітабына XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті кірді. Жаяу Мұса, М.Байзақов, Ә.Тәңірбергенов, Балуан Шолақ, М.Сералин, Ы.Шөреков, С.Көбеев, Т.Ізтілеуов, Б.Өтетілеуов, С.Торайғыров, Б.Күлеев, С.Дөнентаев шығармашылықтары жеке тарауларда сөз болды. Қазақ әдебиеті тарихының аса бір күрделі кезеңіне арналған бұл кітапта да елеулі жетіспеушіліктер орын алды. Оның ең бастысы әдебиет қайраткерлерінің шығармаларына таптық тұрғыдан келіп, коммунистік идеологияға сай келмегендердің ескішіл деп, теріс бағаланып, олар туралы сөз де болмауы еді. Осындай себептермен ұлт-азаттық бағыттағы А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сияқты қазақ әдебиетінің алыптары, діни-ағартушылық бағыттағы М.Ж.Көпеев, Ш.Құдайбердиев, М.Қалтаев т.б. ақындар «тарихқа» енбей қалды. Мұның өзі таптық қоғамдағы таптық идеологияның ғылымға теріс әсерінің, оның ішінде әсіресе қазақ әдебиеттануына қаншалықты кедергілер келтіргенін анық көрсетеді.

Алпысыншы жылдары қазақ әдебиетінің тарихына қатысты зерттеу мақалалары сирек те болса, баспасөз бетінде жарияланып тұрды. К.Шәменовтің «Сұлтанмахмұт туралы жаңа деректер» («Қазақ әдебиеті», 9.09.1960), Ә.Ахметовтің «Шоқан мұрасын зерттеу жайында» («Қазақ әдебиеті», 30.09.1960), С.Сыдықовтың «Махамбет өлеңдерінің технологиясы жайында» («Жұлдыз», 1961, №4), Ә.Марғұланның «Абай қолжазбасы» («Қазақ әдебиеті», 16.08.1963), «Шоқан туралы тың деректер» («Қазақ әдебиеті», 15.05.1964), «Манастың Шоқан жазып алған нұсқасы табылды» («Қазақ әдебиеті», 2.04.1965), Т.Кәкішевтің «Сұлтанмахмұт және Айқап» («Қазақ әдебиеті», 1.11.1963), Ы.Дүйсенбаевтың «Сұлтанмахмұт Торайғыров» («Жұлдыз», 1963, №10), С.Мұқановтың «Халық ұлы» («Қазақ әдебиеті», 29.11.1963), М.Мырзахметовтің «Абайдың революцияға дейін басылған өлеңдері жайлы» («Жұлдыз», 1963, №5), Р.Сыздықованың «Абай мұрасы жайында» («Қазақ әдебиеті», 13.08.1965), А.Нұркатовтың «Ғасыр перзенті» (Шоқан туралы, «Жұлдыз», 1965, №4), «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» (Абай туралы, «Жұлдыз», 1965, №8), Ә.Жиреншиннің «Абайдың тергеліп, сотты болуы жайында жаңа деректер» («Қазақ әдебиеті», 11.02.1966), М.Мағауиннің «Шал ақын» («Жұлдыз», 1966, №12), «Ақтамберді жырау» («Қазақ әдебиеті», 15.12.1967), Е.Ысмайыловтың «Үкілі Ыбырай» («Жұлдыз», 1966, №11), Х.Сүйіншәлиевтің «Құтадғу білік» – көркем шығарма» («Қазақ әдебиеті», 4.08.1967), Б.Кенжебаевтың «Кодекс Куманикс» («Қазақ әдебиеті», 14.01.1968), «Хисса-сул әнбия» («Жұлдыз», 1968, №7), М.Дүйсеновтің «Сұлтанмахмұттың дінге көзқарасы» («Қазақ әдебиеті», 6.04.1968), Т.Әбдірахмановтың «Иә, мұраға мұқият болайық» («Қазақ әдебиеті», 21.04.1968), А.Көбесовтің «Фараби және фарабитану жайлы сөз» («Қазақ әдебиеті»,

25.05.1968), М.Жолдасбековтің «Орхон ескерткіштерін аудару мәселесі» («Қазақ әдебиеті», 12.10.1968), Ш.Уәлихановтың «Шоқан туралы бірер сөз» («Қазақ әдебиеті», 1.03.1969), Қ.Сәрсекеевтің «Ыбырай туралы ой» («Қазақ әдебиеті», 7.06.1969), Қ.Сыдықовтың «Абыл ақын» («Жұлдыз», 1970, №9), Т.Әлімқұловтың «Абайтану туралы» («Қазақ әдебиеті», 19.03.1971) т.б. мақалалар жарық көрді.

Жарияланған мақалалардан әдебиет тарихына қатысты зерттеулердің Ыбырай, Шоқан, Абай, Сұлтанмахмұттардан ары көп ұзай қоймағандығы байқалды. Әдебиет тарихының негізгі жоқтаушысы Б.Кенжебаев пен оның шәкірттері М.Мағауин мен М.Жолдасбековтер ғана ертедегі әдебиетті бағыл түрде зерттей бастады. Тіпті қазақтың ұлы ақыны Абай туралы зерттеулердің де азая түскендігі көрінеді. Абайдың 125 жылдығына орай «Қазақ әдебиеті» (26.05.1971) газеті С.Мұқановтың «Әлемдік әдебиет асқарында», М.Қаратаевтың «Арайлы арман», С.Мәуленовтің «Биіктік пен тереңдік», («Жұлдыз» (1971, №6) журналы Ә.Кекілбаевтың «Бар жаңаның басы еді ол», Ғ.Мұстафиннің «Жұлдызы өлең жырдың сөнбейтұғын», Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», Т.Әлімқұловтың «Өлең – сөздің патшасы» материалдарын берумен ғана шектелген.

Қазақ әдебиетінің тарихы ерте кездерден басталады деген ғылыми концепцияны ұсынушы Б.Кенжебаев бағытынан қайтпай, өз күресін жалғастыра берді. Оның «Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдан, кімнен басталады» атты мақаласын жариялаған «Қазақ әдебиеті» (22.07.1960) осы мәселе төңірегінде ғалымдарды пікір алысуға шақырды. Мақалада Б.Кенжебаев өзінің негізгі оппоненті Қ.Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (1958) монографиясында негізделген қазақ әдебиетінің тарихы он сегізінші ғасырдан, Бұхардан басталды деген пікірін жоққа шығарады. «Сонымен қазақ халқы жазба әдебиетінің тарихын VIII–IX ғасырлардан бастау қажет те, заңды» деп, неге бұлай екенін әдебиет тарихы фактілерімен дәлелдейді.

Араға бір апта салып, Қ.Жұмалиевтің «Қате пікір қағидаға айналмасын» («Қазақ әдебиеті», 29.07.1960) мақаласы шықты. Қажым Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиетінің тарихын ерте кездерден бастау керек деген пікірін қате санап, мүлдем терістеді. Өзінің қазақтың жазба әдебиетінің тарихы XVIII ғасырдан бастау алады деген тұжырымдамасын тағы да бекіте түсті.

Тарихшы М.Ақынжанов әдебиеттің тарихын халықтың тарихымен байланыстырып, «Халықтың құралуы – жазба әдебиетінің түп қазығы» («Қазақ әдебиеті», 5.08.1960) тақырыбында мақала жазды. Ол «сонымен қазақ халқының жазба әдебиетін VIII–IX ғасырдан, яғни қазақ халқының құрыла бастаған кезінен бастауға әбден болады» – деп, пікірталаста Б.Кенжебаевтың пікірін қуаттады. Ә.Құрышжанов Б.Кенжебаевтың пікірін қолдап, оған дәлел ретінде «Кодекс куманикус» – ескі мұрамыз» («Қазақ әдебиеті», 12.08.1960) деген тақырыпта мақала жазды. Х.Сүйіншіәлиев те «Құнттай зерттеуді керек етеді» («Қазақ әдебиеті», 12.06.1964) мақаласында Бейсекеңді қолдады.

Жас ғалым М.Мағауин «Әдебиетіміздің тарихы жөнінде бірер сөз» («Қазақ әдебиеті», 6.08.1965) деген мақаласында ұстазы Б.Кенжебаевтың пікірін жаалғастырды. Көп ұзамай-ақ, Мұхтар осы мәселеге тағы да оралып, «Әдебиетіміздің тарихы әріде жатыр» («Жұлдыз», 1966, №1) деген көлемді материалын жариялады. Мұхтардың ойынша, түркі халықтары «өз алдарына отау көтеріп, жеке-жеке халыққа айналмай тұрған кезде жасалған көптеген әдеби ескерткіштер бар. Бұлар түрік тектес халықтардың бәріне бірдей ортақ мәдени мұралар болып есептеледі. Ал дербес, қазақ атымен аталатын әдебиеттің өмір сүруі XV ғасырдың орта шенінен басталды. Бұған себепкер болған жай – 1456 жылы Шу бойында қазақ хандығының құрылуы, соның нәтижесінде қазақ халқының аренаға шығуы». Мақалада XV ғасыр мен XVIII ғасыр аралығында өмір сүрген Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиенбет, Марғасқа сияқты ақын-жырауларға тоқтала келіп, «осы жоғарыда келтірілген азды-көпті деректердің өзі халқымыздың ақындық өнерінің тамыры тереңде жатқандығын, қазақ әдебиетінің тарихы кейбір зерттеушілер айтып жүргендей, XVIII ғасырда жасаған Бұқар жыраудан емес, көп әріден басталатындығын көрсетеді» деген тұжырым жасайды.

Қазақ әдебиетінің тарихы мәселелеріне арналған Б.Кенжебаевтың «Қазақ әдебиетінің тарихы туралы» («Қазақ әдебиеті», 18.08.1966), М.Жолдасбековтің «Қазақ әдебиетінің түп-тамыры жайында» («Жұлдыз», 1967, №8), «Орхон ескерткіштері және қазақ эпосы» («Жұлдыз»,

1969, №2), Ы.Дүйсенбаевтың «Қазақ әдебиетінің ертедегі тарихы туралы» («Жұлдыз», 1969, №8), Ә.Қоңыратбаевтың «Көне тарихымыз терең зерттелсе» («Қазақ әдебиеті», 11.12.1970), «Қазақ әдебиетінің исламға дейінгі дәуірі» («Жұлдыз», 1970, №7), Т.Жұмамұратовтың «Жазба әдебиеттің тамыры тереңде» («Қазақ әдебиеті», 19.11.1971), т.б. мақалалары жарық көрді. Осылардың барлығы дерлік қазақ әдебиетінің түп-тамырлары тарихтың тереңінде жатыр деген пікірге ден қойды.

Б.Кенжебаев қазақ әдебиетінің көне дәуірін зерттеу жолындағы ғылыми ізденістерін түрлі қиындықтарға қарамастан жалғастыра береді. Университетте дәріс оқи жүріп, шәкірттер тәрбиеледі. Бейсекеңнің ғылыми концепциясының өміршең екендігіне көзі жеткен көптеген ғалымдар оны қолдап, қатары күннен күнге көбейе берді. Етілген еңбек еш кетпеді. Қазақ әдебиетінің тарихын жаңаша көзқараспен мүлдем басқаша баяндаған «Көне әдебиет туралы» (1969), «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы» (1967), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973) сияқты іргелі зерттеулер өмірге келді.

Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиетінің тарихы бойынша жүргізген зерттеулеріне билік басындағылар, әдебиет пен ғылым басшылығының қасында жүргендер қырын қарады. Оның қазақ әдебиетінің тарихын тереңнен бастаймыз деген пікіріне негізгі оппонент болған Х.Жұмалиевпен, ХХ ғасыр басындағы, оның ішінде Сұлтанмахмұт туралы зерттеулеріне келісе бермейтін Ы.Дүйсенбаевпен көп таластарға баруына тура келді. Енді Б.Кенжебаевтың С.Торайғыров хақындағы пікірлеріне дау айтқан Ы.Дүйсенбаев пен С.Сейітовтің «Әдебиет тарихы ғылыми терең зерттелсін» («Социалистік Қазақстан», 3.02.1963) атты көлемді мақаласына назар аударайық.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасөз органында басылған бұл мақалада В.И.Лениннің, компартияның идеологиялық нұсқауларына сүйене отырып, Б.Кенжебаевтың ХХ ғасырдың бас кезінде жасаған қазақтың көрнекті ақыны С.Торайғыров туралы зерттеулеріндегі «жансақ пікірлер, жалған топшылаулар, шалағай тұжырымдар» идеялық тұрғыдан қатаң сынға алынған: «Сондай-ақ, біздің кейбір әдебиетшілер Сұлтанмахмұттың буржуазиялық-ұлтшылдық сарында жазылған өлеңдерін («Алаш ұраны», «Таныстыру», «Нүрекеңе») түрлі сылтаумен ақтауға тырысып, кейінгі басылуларына енгізуге әрекет жасап жүр. Мәселен, «Нүрекеңе» деген өлеңдегі бірнеше рет қайталанып айтылатын «Алаш» деген сөзді кейбір әдебиетшілер, атап айтқанда, Б.Кенжебаев пен К.Шәменов жолдастар өздерінше бұрмалап түсіндірмек болды: бұл арада ақын «Алаш партиясын» емес, жалпы қазақ халқын айтып отыр деп сендіргісі келеді олар. Анығында бұл өлеңдегі «алаш» деген сөзді дәлелдеп жатудың қажеті жоқ, өйткені мұндағы «алаштың» басқа ешнәрсе де емес, тек Алашорда партиясы екені шығарманың бүкіл мазмұнынан, рухынан ап-айқын көрініп тұр».

Авторлар Б.Кенжебаевтың Сұлтанмахмұттың «Ғайса кім?» өлеңіне, «Социализм» мақаласына берген талдауларымен де келіспейді. «Амал не, Б.Кенжебаев және кейбір басқа әдебиетшілер бұл мәселеде принципті позиция ұстамай, көрініп тұрған жаңсақ пікірлерді жаба тоқығысы келеді» – деп, айыптайды. «Социализм» мақаласындағы «қасқырлар кім? Милиция кімнің милициясы?» – деп саясат дүрбісімен сығалап қарайды. «Бұл арада ақынның Алашорда партиясына бүйрегі бұрғаны, өзінен өзі көрініп тұр емес пе?!» – деп, саяси қырағылық танытады. Мақала «қазақ халқының рухани жағынан дамуы жолында ақындық сөзімен аянбай қызмет еткен суреткер Сұлтанмахмұт Торайғыровтың творчествосын маркстік-лениндік ілім тұрғысынан байсалдылықпен зерттеп, ол жөнінде шын мәнінде толық, дұрыс ғылыми еңбек беретін уақыт жетті» («Социалистік Қазақстан», 3.02.1963) – деген сөйлеммен аяқталған. Осы соңғы бір ғана сөйлемнің өзі Б.Кенжебаевтың С.Торайғыров туралы ұзақ жылғы зерттеулерін идеялық жағынан бір-ақ жоққа шығарғандай зілді, сызданып тұр.

Сонымен алпысыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің сыны мен ғылымы компартияның ХХ құрылтайынан кейін қоғамда қалыптаса бастаған қолайлы әлеуметтік ахуалды тиімді пайдаланудың барысында жандана түсіп, бірсыпыра жетістіктерге жетті. Социалистік реализм теориясына негізделген әдеби сын көркемдік үдерісті саралауда қыруар жұмыстар атқарды. Ал ұлттық әдебиеттің тарихын зерттеуге келгенде, үстемдік құрып тұрған коммунистік идеология құрсауға алып, қыспақтан шығармай тұрды. Әдеби ой-пікірлердің аяққа салынған тұсаудан босап, еркіндікке шығуы үшін әлі де біраз қиындықтар күтіп тұрды.

15. «КЕМЕЛДЕНГЕН СОЦИАЛИЗМ» ТҮСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ СЫН (ЖЕТПІСІНШІ ЖЫЛДАР)

Жетпісінші жылдарда КСРО-дағы социалистік құрылыс біршама табыстарға жетті. Билік құрып тұрған Советтер Одағының Коммунистік партиясы елде социализм толық және түпкілікті жеңіп, «кемелденген социалистік қоғам» орнады деп жариялады. Жаңа қоғаммен бірге пайда болған «совет халқын» қалыптастыру істеріне ерекше көңіл бөлінді. Партияның түрлі жиындарында «жан-жақты жетілген жаңа адамды» (әрине, коммунистік рухта) тәрбиелеу аса маңызды үш міндеттің бірі ретінде алға қойылды. Бұл ретте әдебиет пен өнерге айрықша міндеттер жүктелді. Партияның XXIV құрылтайында коммунистік құрылыс өркен жайған сайын жаңа адамды қалыптастыруда әдебиеттің рөлі арта түседі деп көрсетілді. Ал көркем әдебиетті көркейтудің бірден бір шарты әдеби сынды дамыта түсу екендігі атап айтылды. Әдеби-көркем сыннан партияның бағытын неғұрлым белсене жүргізу, талап қоюшылықты әдептілікпен, көркем құнды шығарма жасаушыларға мұқият қараушылықпен ұштастыру, өнер туындыларын бағалағанда принципшіл болу талап етілді.

1971 жылы өткен Қазақстан жазушыларының VI-құрылтайында да әдебиеттің дамуындағы сынның орнына ерекше көңіл бөлінді. М.Қаратаев жасаған баяндамада қазақ әдеби сынының жай-күйі егжей-тегжейлі сараланды. Баяндамада әдеби сынға «ерекше көңіл бөлінуі керек. XXIV съезд мезгегендей, әдеби сынның партиялық принциптілігін нығайтып, азаматтық белсенділігін арттырамыз десек, идеялық-эстетикалық дәрежесі биік, білімді де мәдениетті сын дәстүрін дамытамыз десек, бүкіл әдебиет ортасы болып, сынға еркін, кең тынысты творчестволық атмосфера, материалдық және моральдық жағдай жасап, оны жоғары талаптар деңгейіне көтеруіміз керек» (М.Қаратаев. Сынның аты сын. «Жұлдыз», 1971, №7) деп, атап айтылды.

Жетпісінші жылдардағы қазақ әдеби сыны туралы әңгімені әдеби жұртшылықты оятып жібергендей болған мына бір келеңсіз оқиғадан бастауға тура келеді.

Мәскеуде шығып тұрған «Вопросы литературы» (1971, №9) журналында жарық көрген А.Марченконың «Еркін романның мүмкіндіктері» («Возможности свободного романа») атты мақаласы қазақ әдеби қауымын дүр сілкіндірді. Осы басылым бетінде жүріп жатқан қазіргі роман туралы пікірталасқа орай жазылған мақалада қазақ әдебиетінің мақтанышы М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясына қарай топырақ шашылды; Қазақ әдебиетінің ғана емес, сол кездегі көпұлтты кеңес әдебиетінің аса көрнекті жетістіктерінің бірі ретінде бағаланып, Лениндік сыйлық алған шығарманың көркемөнер туындысы екендігіне күмән келтірілді.

Автордың пайымдауынша, роман болғанның бәрі жақсы бола бермейді. Роман ортақол шығарма болуы да, сонымен бірге «роман емес» туынды да айтулы оқиғаға айналуы мүмкін. Романға жатпаса да атағы шығып, қазақ прозасын алға шығарған шығарманың бірі – М.Әуезовтің «Абайы».

Марксизм-ленинизм іліміне сүйенген кеңестік әдебиеттану ғылымының анықтауынша, ауыз әдебиеті әдеби дамудың төменгі сатысында, ал жазба әдебиет жоғары сатысына жатаын. Міне, осы ілімге аяқ тіреген А.Марченко Мұхтардың «Абай жолы» роман-эпопеясы жазба әдебиеттің талаптарына сәйкес келмейді, негізінен нақты деректерге емес, ауызша айтылған аңыз-әңгімелерге сүйенген деп кінәлады.

Автор «Абай жолында» романға тән тұрмыстық детальдар, баяндау ырғағы болғанымен де, шын мәнінде роман емес дейді. Себебі, М.Әуезов ұлы Абайдың ғажайып өмірін, тарихи тағдырын тереңдей зерттемейді; ол туралы халық аузында жүрген әңгімелерді, аңыздарды қайта баяндап шыққан. М.Әуезов бұл жолға саналы түрде барады; өйткені оны тамаша адамның өмірі қызықтырмайды, оған керекті – халық қамқоршысы болған идеал кейіпкер. Сол себепті де бас кейіпкердің өміріндегі оның жарқын бейнесіне көлеңке түсіретін Абайдың 3 рет үйленуі сияқты тіршілікке қатысты тұрмыстық детальдар саналы түрде пайдаланылмаған.

А.Марченко «Абай жолы» роман-эпопеясын роман емес, аңыз деп «дәлелдеп» болған соң, Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесін» де нағыз роман деп айтудан бас тартады. Өйткені мұнда да М.Әуезовтің «Абай жолындағыдай», Махамбеттей өршіл үнді ұлы ақынның өмірін зерттемейді, ол туралы аңыз ғана. Әлімжановтың Махамбеті де – идеалдан туған романтикалық қаһарман.

Мақалада ауыз әдебиетінің бейнелі тілін «шығармашылықпен өңдеп, роман тіліне аударуға» болатындығына күмән келтіреді. Осы ретпен «жас әдебиет» өкілдері чуваш М.Юхманың «Мәскеуге жол», О.Сүлейменовтің «Қыш кітап» сияқты кітаптарын да түкке алғысыз етіп

тастайды. Ал Ә.Кекілбаев болса «Дала балладаларында» өткенді әсірелеңкіреп асқақ бейнелейтін аңыздан бас тартып, тарихқа реалистік тұрғыдан көз жіберген дейді. Кекілбаев үлгі тұтатын Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер» трилогиясында өзін шынайы ұлт жазушысы етіп танытумен бірге сәнге айналып кеткен ұлттық экзотикадан аулақ екенін көрсетті дей келіп, Т.Ахтановтың «Боран», Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» шығармаларын да осы үлгідегі «таза қанды романдар» санайды.

Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясын І.Есенберлиннің «Қатерлі өткелімен» салыстыра отырып, Ілияста өмірді реалистік тұрғыдан суреттеу жоқ, көркем ой романтикалық бағытпен дамиды. Ал Нұрпейісов болса, бұған мүлдем қарама-қарсы көркемдік тәсілдерді қолданады. Автор қыза-қыза келе М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын Ә.Нұрпейісовтің трилогиясымен салыстыра келіп, алғашқысын нағыз роман деуге келмейді, ал нағыз роман «Қан мен тер» деп «далелдейді». Әбдіжәмілдің прозасындағы «аналитизмді» жоғары бағалайды.

«Вопросы литературы» журналындағы мақала Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы тек таланттың табысы ғана емес, жанрдың да, романның эпопеяны, талдауға негізделген танымның есте қалған ескіліктерді жеңуі деген қорытынды жасауымен аяқталған.

Өрине, арандатушылық сипатта жазылған бұл мақала қазақ әдебиетшілерінің ашу-ызасын туғызды. Бірсыпыра сыншылар, әдебиетші ғалымдар, қаламгерлер қолына еріксіз қалам алып, А.Марченко мақаласының сын көтермейтіндігін айтып, түгелімен жоққа шығарып, Мәскеуге басылымның редакциясына тоғытып жатты. Бірақ та пікір алысу мақсатымен жазылған мақалаға қарсы дау айтқандарға журнал бетінен орын берілмеді. Тек қазақ әдебиетші қауымының ортақ ойын білдіріп, М.Әуезовтің «Абай жолы» романын орынсыз айтылған сындардан арашалаған жазушы Т.Ахтановтың мақаласы ғана жарық көрді... («Вопросы литературы», 1971, №11).

КСРО Жазушылар Одағының, КСРО Ғылым Академиясы Горький атындағы Әлем әдебиеті ғылыми-зерттеу институтының органы саналатын аса беделді «Вопросы литературы» журналында мұндай мақаланың жарық көруі күтпеген оқиға болды. Десек те, осылайша болудың өзіндік себептері де жоқ емес. Оның ең бастысы партиялық принципті, социалистік реализм теориясын басшылыққа алған әдебиеттану ғылымының әдіснамалық қағидаларының негізсіз болуы еді. Бұл теория бойынша, өткеннің бәрі – жаман, жақсының барлығы қазіргі социализмде, болашақта дүние жүзінде салтанат құратын коммунизмде. Осы тұрғыдан келгенде, тарихты тақырып қылып жазылған шығармалардың барлығы да кертартпа да төңкерістен бергі заманға арналып, социалистік идеяларды өзек еткен жақсы деп танылды. Осы теорияға сәйкес өткен дәуірдің әдебиеті төменгі сатыдағы әдебиет, оның үстіне феодализмнің әдебиеті феодализмге, капитализмдікі капитализмге қызмет етеді; тек социализм кезінде жасалынған көркемөнер туындысы ғана социализм құрылысшыларына, болашаққа қызмет ете алады деп түсінілді. Барлық озық нәрселер, оның ішінде ілім-білім де Еуропада жасалынып, тарайды дейтін еуроцентристік ілімнің әсері де байқалады. Осы ілімге көпұлтты кеңес әдебиетіндегі орыс әдебиетінің көшбасшылық ролі де сәйкес келеді. Сонда «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы одақтық, әлемдік даңқы дүрілдеп тұрған М.Әуезовті бір тұқыртып қою жоспарланғандай көрінеді. Ең соңында кейбір қаламгерлердің арасында кездесіп қалатын өзінен асып бара жатқандарды көре алмайтын пендешілік белгілері де байқалмай қоймайды.

15.1. ӘДЕБИ СЫНҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Жетпісінші жылдары қазақ әдеби сыны барлық жанрларда, барлық салаларда дерлік қауырт дамып, өз мүмкіндіктерін барынша көрсете білді. Сынның күрт дамуына қолайлы жағдайлар туғызған СОКП Орталық Комитетінің «Әдеби-көркем сын туралы» қаулысы болды. 1972 жылдың 25 қаңтарында қабылданған бұл қаулы әдеби сынның қарқынды қарыштауына барлық жолдарды ашты. Қаулыда жаңа адамды тәрбиелеу істерінде маңызды роль атқаратын көркем әдебиетке, оны дамытудың бірден-бір шарты әдеби сынға айрықша назар аударып, оның мәдени өмірде өзіне лайықты орнын алып, қызметін атқара алмай келе жатқандығы, өскелең өмірдің талаптарына әлі де болса сай келмей отырғаны айтылды. Әдеби сынның философиялық және эстетикалық дәрежесінің төмендігі, өнердегі құбылысты өмірмен салыстыра білмеушілік, идеялық және көркемдік браққа, субъективизмге, жолдас-жоралық пен топшылдық пиғылдарға ымырашылдықпен қарау, маркстік емес көзқарастарға қарсы күрестің өз дәрежесінде еместігі көрсетілді. «Сынның борышы – деп, атап көрсетілді қаулыда, – қазіргі

көркемдік процестеріндегі құбылыстарға, тенденциялар мен заңдылықтарға терең талдау жасау, партиялық пен халықтық лениндік принциптерін нығайтуға үнемі көмектесу, совет өнерінің идеялық, эстетикалық дәрежесі жоғары болуы жолында күресу, буржуазиялық идеологияға табандылықпен қарсы шығу. Әдеби-көркем сын суреткердің идеялық ой-өрісін ұлғайтуға және оның шеберлігін жетілдіруге көмектесуге тиіс. Советтің әдеби-көркем сыны маркстік-лениндік эстетиканың дәстүрлерін дамыта отырып, идеялық бағалардың дәлдігін, әлеуметтік талдаудың тереңдігін эстетикалық талғампаздықпен, талантқа мұқият қараушылықпен, жемісті творчестволық ізденіспен ұштастырып отыруға тиіс» («Жұлдыз», 1972, №3, 4-бет).

Сын туралы қаулы шыққан соң, іле-шала оны қуаттаған белгілі сыншы-ғалымдардың пікірлері баспасөз бетінде жиі көрінді. Қазақ әдеби сынының бірден-бір зерттеушісі болып, оның басы-қасында жүрген Т.Кәкішев қаулыға алғашқылардың бірі болып үн қосып, оны «Қанаттандырар қамқорлық» («Қазақ әдебиеті», 11.02.1972) деп атады. Ә.Тәжібаев әдебиеттің дамуы сынға байланысты болса, ал сынды өркендетуге бағытталған қаулыны «Өсу, өрлеу кепілі» («Қазақ әдебиеті», 18.02.1972) атады. М.Қаратаев сын туралы қаулыны «Партия ойының шұғыласы» («Қазақ әдебиеті», 18.02.1972) деді. Осы қаулыға байланысты КСРО Жазушылар Одағы ұйымдастырған сыншылардың жиынына қатысып қайтқан ол кеңестен туған ойларын қазақ әдеби сынының жай-күйімен орайластыра ортаға салды. Қаулыдағы негізгі мәселе «жалпы әдебиет сынының ролін, ықпалын, беделін арттыру арқылы көркем әдебиетіміздің көңілдегідей көркейіп өсуіне көмектесу. Бұл ретте әдеби сын... әдебиет процесінің әрі қозғаушы, әрі жетекші күшінің бірі болуға тиіс екені ескертілді, сыншы жазушыға жат көзбен қарап жазғыратын жауы да емес, жандайшап жарамсағы да емес, жанашыр серігі, әрі төрешісі, әрі жәрдемшісі («Қазақ әдебиеті», 8.02.1974) – екендігіне назар аударды.

СОКП Орталық Комитетінің қаулысын жүзеге асыру мақсатымен Қазақстанда бірсыпыра ұйымдастырушылық, шығармашылық шараларды қолға ала бастады. Осы қаулыға арналған Қазақстан Жазушылар Одағының «Қазақ әдебиетін КПСС Орталық Комитетінің «Әдеби-көркем сын туралы» қаулысында алға қойған міндеттер дәрежесінде өрістету туралы» пленумы өтті. Пленумда негізгі баяндаманы Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменов жасады (Қараңыз: О.Сүлейменов. Әдебиеттің асыл мүддесі. «Қазақ әдебиеті», 2.02.1972; О.Сүлейменов. Әдеби сын туралы сөз. «Жұлдыз», 1972, №5). Баяндаманы талқылауға М.Қаратаев, Р.Бердібаев, Т.Кәкішев, Т.Ахтанов, Т.Нұртазин, Т.Әлімқұлов, Х.Ерғалиев, Ә.Нұрпейісов, Ә.Тәжібаев, Ә.Жәмішев, Ж.Ысмағұлов, М.Әуезов, Х.Әдібаев, Ш.Елеуқенов, Р.Нұрғалиев, С.Әшімбаев, т.б. қатысып, қазақ әдеби сынының жай-күйі, ондағы кемшіліктер, болашақ даму жолдары жайлы өз ойларын бөлісті.

Сын туралы қаулыда баспасөз бетінде әдебиетке қатысты сын материалдарының жеткіліксіз жарияланатындығы, болса да сапасының төмендігі сынға алынған болатын. Осындай кемшіліктерді жою мақсатымен газет-журналдар сыни материалдарды жиі бере бастады. Олардың беттерінде әдеби сын жайлы түрлі пікір алысулар ұйымдастырылды. Сондай жиынның бірін «Жұлдыз» өткізді. Журналдың дөңгелек столының басында Ғ.Мұстафин, Қ.Тұрсынқұлов, Ә.Тәжібаев, Т.Нұртазин, М.Қаратаев, Х.Есенжанов қазіргі қазақ әдеби сыны туралы көкейкесті ойларымен бөлісіпті («Жұлдыз», 1972, №13). Ғ.Мұстафин: «Шын мағынасында сыншы мен жазушының алдағы мақсаты біреу-ақ. Жазушы өмірден зерттеген шындықты суреттеу арқылы көрсетеді. Сыншы суреттеп жаппайды, дәлелдеп береді. Жазушының да, сыншының да еңбегінде өмір танырлық, жақсы ләззат аларлық, философиялық ой саларлық қасиеттер болу керек. Бұлар болмаған жерде оның бірде бірі өз міндетін ақтай алмақ емес» десе, Ә.Тәжібаев: «Қазіргі қазақ әдеби-көркем сынына өз басым оншама қанағаттанбаушы едім. Әсіресе, проза туралы жазылып жүрген сын мақалалар тым үстірт, тым жалпылама. Көркем прозаның өз айтқанын өзіне қайталап айтып беру. Терең талдаудың орнына таңырқау басым еді. Не орынсыз мадақтап, не мәдениетсіз мазақтап, авторға да, оқушы қауымға да пайдасыз сынсымақтардың орын алып келгені мәлім. Ендігі жерде көркем прозамыздың бойына лайық сындарлы пікірлер айтылар деген ойдамын» деп, Х.Есенжанов «әдебиет пен өнерді дамытудың ең бір жанды тетігі, олардың өскелең заман талабына сай биіктен көрінуіне игі ықпал етер нәрсе – парасатты ғылыми сын. Ғылыми сын көркем шығарманы мінеу үшін емес, оның көркемдік сипатын айқындау үшін керек; яғни, нағыз шебер жасалған туындыларды насихаттап, оны кемеліне келмеген, дәрменсіз

шығармалардан, дәлірек айтқанда, пайдасынан зияны көп сүренсіз шығармасымақтардан оқшау көрсету үшін қажет. Лениндік әдебиеттану ғылымына сүйенген сынымыз қалың оқушы мүддесінің жеке бастық мүддесінен әлдеқайда жоғары екенін көрсетуі тиіс. Сонда ғана жауырды жаба тоқып, «көп кітаптың ішінде мұндайлар да болады» деуден көш жер аулақ боламыз... Сондай-ақ, «көркем әдебиет ауыз әдебиетінен нәр ала алмайды», «таза роман халық дәстүрін қаламайды», «геройды идеал етіп көрсетудің керегі жоқ» деген сияқты теориясымақтарға тосқауыл болатын да әдеби сын. Ал батыстан андыздаған «геройсыз роман жасаймыз» деген аса зиянды пікірге де тойтарыс беру – сынның басты міндеті» деп, көркем сөз өнерінің өкілдері ретінде аса құнды пікірлер айта білді.

Сыншы ғалым Т.Нұртазин әдебиеттегі сын мен сыншының орнына тоқталып, енді «сын мен сыншы ешкімнің босағасында отырмайды, көлеңкесінде, шылауында жүрмейді; олар терезесі тең жағдайда, тең тұрып, пікір толғайды» – деп, әдеби өмірдегі сынның рөлі арта түсетіндігіне сенім білдірді. М.Қаратаев «әдеби сын туралы сөзден іске көшу үшін, бұл қаулы бізге басшылыққа алатын документ екені сөзсіз... Мен өз басым сын майданында көптен қызмет етіп, оның ыстығына күйіп, суығына тоңып дегендей араласып келген адам болғандықтан, өткендегі кемшіліктерді де, енді алда тұрған жаңа, маңызды міндеттерімізді де жақсы түсініп отырмын» – деп, әріптестерін ортақ істі көтеруге шақырды.

«Қазақ әдебиеті» (14.04.1972) газетіне берген сұхбатында Ғабиден Мұстафиннің сын туралы көзқарастары анық көрініпті: «Сынның өзін де сынайтын кез жеткен еді, жұрт көптен күткен еді. Сын бар да, сынсымақ бар. Екеуін айыра білу керек. Сын тірегі – қашан да қара қылды қақ жарған әділдік, терең білім, ұстаздық тәсіл, әкелік қамқорлық. Нағыз сын қисықты түзейді, сынсымақ түзудің өзін қисайтады... Жақсы сынның шарапаты, жаман сынның кесапаты баспасөз бетінде мыңды, баспасыз бірен-саранды ғана шарпиды... Заты сын түзелмей, мін түзелмейді... Жазушы еңбегі – халықтың рухани азығы. Халқымыз тоқ, талғамы жоғары, ұсынғаныңды қабылдай бермейді, дәмдіден дәмді іздейді... Аласадан қараған адасады... Шығарма – автордың қолында тұрғанда ғана автордың мүлкі, көптің ортасына түскен соң көптің мүлкі. Осы сана билесе, толып жатқан шылық-былықтан арыламыз, жағдай да түзеледі» – деген жазушы түсіне білген адамға мағынасы терең, тағлымы мол пікірлер білдіріпті...

Осы қаулыдан кейін, жалпы жетпісінші жылдарда әдеби сынның жай-күйі ұдайы назарда ұсталды. Баспасөз бетінде жарық көрген мақалалар осыны аңғартады. Ә.Жәмішевтің «Сын мұратын сөз етсек» («Жалын», 1972, №4), Т.Нұртазинның «Міндеттер мұхиттай...» («Лениншіл жас», 2.2.1972), Р.Бердібаевтың «Әдеби сынның ауыр жүгі» («Қазақ әдебиеті», 25.01.1973), М.Қаратаевтың «Үш таған» («Қазақ әдебиеті», 8.06.1973), Ғ.Қайырбековтің «Асыл парыз» («Қазақ әдебиеті», 25.01.1973), Т.Токбергеновтің «Сын туралы сөз» («Қазақ әдебиеті», 31.05.1974), А.Нағыметовтің «Сын және әдеби процесс» («Жұлдыз», 1976, №1), «Өрелі өріс» («Қазақ әдебиеті», 26.03.1976), С.Әшімбаевтың «Сыншыл ой сипаты» («Қазақ әдебиеті», 26.03.1976), «Сыры терең сын керек» («Қазақ әдебиеті», 25.05.1979), Қ.Құттыбаевтың «Тереңдік те, шеберлік те керек» («Қазақ әдебиеті», 30.03.1979), Д.Ысқақовтың «Сындағы соны сипаттар» («Жұлдыз», 1979, №9), т.б. мақалаларында ағымдағы әдеби сынның табиғаты, оны жақсарту жолдары жайлы пайдалы пікірлер баршылық.

Т.Нұртазин: «...ақын мен сыншының табиғатында айырым бар. Ақын заман тынысын, деген, талабын, арманын көбінесе түйсікпен қабылдап, ақылмен пайымдайды, сыншы ақылмен қабылдап, ой-толғаныс таразысынан өткізіп таниды, шешім, тұжырым жасайды. Суреткер де, сыншы да көп білуге міндетті. Суреткер көп білу арқылы туындысына қат-қабат өмір құбылысын терең ұялатады; сыншы көп, терең білетін дүниесін салғастырып, шешім, кесім түйеді... Әдебиет пен сын халықтың жанымен, рухымен, моралімен, сенімімен, арман-талабымен, асқақ идеямен байланысты»; С.Әшімбаев: «...сын өнерімізде әлі интеллектуалдық-философиялық биік өре жетісе бермейді. Логиканың тереңдігі, интеллект биіктігі, ойдың ұшқырлығы мен байлығы, талдау, пікір айту жаңалығы, фактілер молдығы мен проблема маңыздылығы сияқты қасиеттерді кейбір сыншылар бойынан табу қиын. Сондай-ақ, біздің сынымызда белгілі бір әдеби құбылысты сөз еткенде, оны Одақтық, дүниелік әдебиет фактілерімен салыстыра қарау, әдебиеттердің бір-біріне әсері мен ықпалын ашу, полемикалық пікір қақтығыстарына беру жағы аз. Көптеген сын мақалаларымызда түрлік, жанрлық ізденістің ізі де байқалмайды, сол

әлімсақтан белгілі таптаурын болған мазмұн талдаудан аса алмаушылық бар»; Қ.Құттыбаев: «Ең алдымен бөліп айтпағымыз – сынның да көркем әдебиеттің бір саласы екендігі, оның да көркемдік категорияға жататындығы... Бірақ сол материалдардың деніне аузың тұшып, айызың қанбайды... Неге десеңіз, онда жанға ләззат аларлық, көркем ойынды, рухани дүниенді байытарлық сиқырлы қуат жетіспейді. Сен білмейтін бейтаныс дүниенің өзгеше ғажайып сырын ашып, оның бойындағы бары мен жоғын сарапшыдай талдап, көркемдік-эстетикалық әсер-қуатын жарқырата көрсетіп бере алмайды».

Жетпісінші жылдары әдеби сынның теориялық, практикалық мәселелері баспасөз беттерінде кеңінен талқыланды. Сынның міндеттері Жазушылар Одағының түрлі пленумдарында, шығармашылық жиындарында қозғалды. Баспасөз органдары да қаламгерлердің басын қосып, сынға арналған пікір алысулар ұйымдастырып жатты. «Жұлдыздың» сырласу клубында С.Мұқанов, М.Қаратаев, Т.Нұртазин, Т.Әлімқұлов, Р.Бердібаев, Ә.Жәмішев, Ж.Әбдірашев сын туралы сырласқан («Жұлдыз», 1973, №5).

«Жалын» журналы бір топ жазушыдан қазақ әдебиеті жайлы сауалнама сұрақтарына жауап алыпты. Он сұрақтан тұратын сауалнамада қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері біршама қамтылған десе де болғандай:

1. 1974 жылы жарық көрген әдеби кітаптардың, газет-журналдарда жарияланған әдеби шығармалардың қайсысы сәтті шыққан деп санайсыз?

2. Жас жазушылардың шығармаларын қадағалап оқисыз ба? Олардың қандай шығармасы ұнады, не ұнамады?

3. Замандас бейнесін жасаудағы қиындық неде?..

4. Сынның басты міндеті не? Сынның сіздің творчествоңызға көмек берген кезі бар ма?

5. Соңғы кезде қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа бетбұрыс бары байқалады. Сіз осыған қалай қарайсыз?..

6. Балалар әдебиетінің алдында тұрған міндеттер қандай?..

7. Көркем аударманың алдында тұрған міндеттер қандай?

8. Ортақол шығармалардың тасқынын тоқтату үшін қандай шаралар қажет деп білесіз?

9. Жазушының қалада, әлде ауылда тұрғанын қалайсыз ба?

10. Сізге 1974 жылы «Жалында» жарияланған қандай дүние ұнады?» («Жалын», 1975, №1). Сауалнамаға М.Қаратаев, Т.Ахтанов, С.Қирабаев, Б.Сокпақбаев, Қ.Мырзалиев қатысқан. Ең қысқа жауап бергені Қадыр да, қалғандары мәселені толығырақ ашуға тырысыпты. Берілген жауаптарда қазақ әдебиетінің түрлі жақтарын аңғартатын пікірлер баршылық: «Сынның түбегейлі міндетінің бірі әдебиеттегі терең құбылыстарды ашу, сол құбылыс болып келген шығармаларды тани білу... Біздің арғы тарихымыздың көмескі жерлері көп-ақ. Тарихшылар соны жүйелеп, көпшілікке тартымды дәрежеде баяндап бере алмады. Ал оқушы қауым өз тарихын білгісі келеді. Тарихи әдебиеттің ақ бетін толтыруға жазушылар кірісті» (Т.Ахтанов); «Сынның басты міндеті әдебиеттің шын мағынасындағы көркемдік талапқа сай болуы үшін бағыл күресу деп білем... Әдебиеттің халық тарихына бет бұруы, халықтың өткен жолы, тағдыры туралы ойлануы – дұрыс нәрсе. Бірақ, соңғы кезде жазылып жүрген шығармаларымыздың көпшілігі «патриоттық» деген сөзді бетке ұстап, тарихтың шын сырын, қалтарысын терең түсінбей, бетінде ғана қалқып жүр. Тақырыпты саудаға салу да бар (С.Қирабаев); «Маған ұнайтыны – жазу тәсіліндегі қарапайымдылық пен табиғилық... Ал оқушыға ақыл айтып, үгіт соға бастаған шығармаларды жаным сүймейді-ақ... Жазушы үшін проблеманың өзекті, өзексізі болмайды. Үлкен суретші атану үшін тек үлкен таудың, үлкен заводтың суретін салу шарт емес. Кішкентай мөлдір бұлақтың, оның жағасында өсіп тұрған жалғыз тал қызғалдақтың суретін келістіріп салып та үлкен суретші атануға әбден болады» (Б.Сокпақбаев); «Меніңше, сын жазушыдан гөрі әдебиетке керегірек сияқты... Өзің өтірік жазба. Жаман шығарманы өтірік мақтама» (Қ.Мырзалиев).

М.Қаратаев, Р.Бердібаев, Т.Кәкішев «Қазақ әдебиеті» (1.01.1976) газетінің «Дөңгелек столы» басында бас қосып, «1. Екі съезд аралығындағы қазақ әдеби сынының жағдайы жайында не айтар едіңіз? 2. Сынды да өнер дейміз, мұны кең мағынада қалай түсінуге болады? 3. Өзіңіздің творчестволық жоспар-жұмыстарыңыз қандай?» деген сауалдар төңірегінде ойласыпты. Қазақ әдеби сынының көшбасшысы М.Қаратаев қаулы шыққаннан кейінгі кездегі сынға көз жіберіп, оған қанағаттанғандық білдіреді. Жеткен жетістіктерді санамалайды. Сынның көркемдік си-

паты жайлы айта келіп, «Әдеби сын өмір құбылысын, диалектикасын талантты суреткердей тани, түсіне білуі шарт. Өмірдің даму табиғатын, заңдылығын, суреткердің көркем қиялын, эстетикалық көзқарасын жетік біліп, бағалай алмаған сын – қанатсыз сын... Әдеби сын бір жағынан, эстетикаға сүйенсе, екінші жағынан ғылымға, публицистикаға қол артады... Яғни, өнер мен ғылым сынның қос қанатындай, бірінсіз екіншісінің орны олқы. Эстетика мен ғылым сында кеуде қағыстырып, бірін-бірі шыңдап, бірін бірі биіктете береді» деп, оның табиғатының сан сыпатты екендігіне назар аударады.

Р.Бердібаев та соңғы жылдар сынында сандық та, сапалық та ілгерілеу болғанын нақтылы мысалдармен атап айтады. «Әдебиет сыны әрі ғылыми, әрі өнердің қасиетін бойына дарыта білсе игі... Сыншы ілгерішіл дүниетаныммен қарулануы керек. Ал көркем әдебиет шығармалары туралы сын өзі де жатық тартымды тілмен жазылуы тиіс. ... сыншыға бәрінен бұрын азаматтық тұрғының беріктігі, әдебиеттің ортақ мүддесін жеке адамдар «беделінен» жоғары қоя білетін қажырлы табандылық керегірек» деп, сынның әрі ғылыми, әрі көркем болуымен бірге сыншының принципшіл, кемшілік атаулыға қарсы күрескер болуына аса мән берді.

Қазақ әдеби сынының тарихын зерттеп жүрген Т.Кәкішев те әдеби үдерістегі сынның рөлі арта түскендігін, ең алдымен, оған деген көзқарастың өзгере бастағанын жақсылыққа балайды. Солай бола тұра «Әлі де болса сында эстетикалық тереңдік жетіспейді, ағынан жарылып, әділін айтуға бара бермейтін кезіміз жоқ емес. ... сын – өнер, өнер болғанда оңайлықпен мойындала қоятын, жұрттың бәрі қол қоятын өнер емес, бар дарын, қуатыңды сарқа жұмсайтын, талас-тартыс, дау-дамайдың додасына түсіп, ой-пікір сайысында шыңдалатын өнер».

«Дөңгелек столдың» басында пікірлескен әдеби сынының көшбасында жүрген үш сыншының – М.Қаратаевтың, Р.Бердібаевтың, Т.Кәкішевтің пікірлерінен сын саласының жай-күйін, өзекті өңірлерін, жетістіктері мен жетіспеушіліктерін білгірлікпен байқап, ортаға салғанын көреміз. Сынды өйту керек, бүйту керек деп, тек ауызбен орақ орып қоймай, өздері де осы салада не тындырғанын, алдағы жоспарларын айтып, ортаға салған.

«Қазақ әдебиеті» (23.06.1978) газетінің «Сын шын болсын» айдарымен берілген топтама материалдарында да қазақ әдеби сынының мәселелері кеңінен қозғалды. М.Серғалиевтің «Кемел пікірі кенері», Т.Тоқбергеновтің «Биіктер аласармаса екен», С.Әшімбаевтың «Бір проблема, бес толғам» мақалаларын айқара бетке беріп, 1972 жылғы сын туралы қаулыдан кейін жыл сайын шығып келе жатқан «Уақыт және қаламгер» сын жинақтарының бес томын талқылаған.

К.Құттыбаевтың «тереңдік те, шеберлік те керек» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті», 30.03.1979) жетпісінші жылдардағы әдеби сынға байыппен көз салу бар. Автордың пайымдауынша, «Қазақ әдебиетінде де сын бар, сыншы да жеткілікті. Сын жауынгер жанр ретінде әдебиетіміздің барлаушысынан талдаушысына, бірден-бір талғампаз насихатшысына айналды... Көркемдік, шеберлік сынға да ауадай қажет... Гәп көлемде ғана емес, ойдың иірімі мен ажарында!.. Сынға да шалқар шабыт қажет. Жақсы сынды жақсы шығарма тудырады. Тәуір туынды сыншыға қанат бітіреді, оның ой-қиялын шарықтатып, әсемдік әлеміне жетелейді». Мәселеге осы тұрғыдан келіп, соңғы жылдардағы Ә.Тәжібаевтың лирика, драматургия, Ш.Елеуенов пен А.Нағыметовтің проза, Қыдыровтың поэзия туралы мақалаларын ерекше атап өтеді.

«Әдебиеттанудың кейбір мәселелерінде» («Социалистік Қазақстан», 14.02.1979) Ә.Дербісәлин қазақ әдебиетінің тарихын тереңдеп зерттеу мәселесін көтереді. Оның пікірінше, «Әдебиеттің тарихын ғасырларға бөліп қарау – шартты принцип. Өйткені, әдебиеттің сапалық өзгерістері мен жалпы өсуі әрбір жаңа ғасырға байланысты емес, халықтың рухани өмірімен, қоғамдық даму жолдарымен байланысты... Енді әдебиет тарихын тереңдей зерттеу кезінде сол жалғастықты жалаң уақыт арқылы емес, әдебиеттің өзіне ғана тән көркемдік бүтіндік пен жалғастық арқылы дәлелдеуіміз керек».

1972 жылдың 25 қаңтарында қабылданған қаулыда «Социалистік реализм өнерінің революциялық, адамгершілік мұраттарын орнықтыруда, буржуазиялық «жаппай мәдениет» дегеннің және декаденттік ағымдардың реакцияшыл мәнін әшкерелеуде, әдебиет пен өнердегі неше қилы маркстік емес көзқарастарға ревизионистік, эстетикалық концепцияларға қарсы күресте сын әлі де болса жеткілікті дәрежеде белсенді және дәйекті бола бермейді» деп, атап көрсетілген болатын. «Сынның борышы – қазіргі көркемдік процестеріндегі құбылыстарға, тенденциялар мен заңдылықтарға терең талдау жасау, партиялылық пен халықтың лениндік

принциптерін нығайтуға үнемі көмектесу, совет өнерінің идеялық, эстетикалық дәрежесі жоғары болуы жолында күресу, буржуазиялық идеологияға табандылықпен қарсы шығу» («Жұлдыз», 1972, №3) – деп, міндеттеді. Ағымдағы әдеби сында партияның осы бір нұсқауы ұдайы басшылыққа алынып отырды. Бұл ретте тарихты жазғанды өткенді аңсау, ұлттық тұрмыс-тіршілік суреттелсе, ұлтшылдық саналып, айыпталып келді. Жетпісінші жылдардағы қазақ әдеби сыны жалпы әдеби үдерісте прогресшіл рөл атқаруымен бірге, ұлттық әдебиетіміздің ұлттық жолмен дамуына, ұлттық сипатының жетіле түсуіне тосқауыл қойып отырғаны да жасырын емес.

Әдебиеттің партиялылығы, халықтығы принципін басшылыққа аламыз деп, әдеби сының кей тұстарда әпербақандыққа, ұр да жық солақайшылыққа, совет үкіметінің, отаршылдық саясаттың идеологиялық қолшоқпарына айналған кездері де кездесті. Социалистік реализм әдебиетінің теориясы ауқымында өмір сүрген жетпісінші жылдардағы қазақ әдеби сының әлеуметтік сипаты айқын болды.

Алпысыншы жылдардан бастап, күрт қарқын алған тарихи тақырыпқа жазылған көркем туындылар қалың оқырманның ойынан шығып, ұлттық сананың оянуына айтарлықтай ықпал жасай бастады. Ұлттық сана-сезімнің қалыптаса бастауы іс жүзінде басқа ұлттарға отаршылдық саясат жүргізіп отырған Кеңес үкіметі үшін аса қатерлі-тұғын. Жазушыларды бүгінгі социализмнің салтанат құрған өмірін жазуға, замандас бейнесін жасауға шақырған үндеулер әдеби сының негізгі лейтмотиві болғанымен де қоғамның рухани даму заңдылықтары халықтың өз тарихын білуге деген құлшынысын тоқтата алмады. Осындай рухани қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатымен тарихи шындықты көркемдік тұрғыдан игеру мақсатында қазақ әдебиеті біршама табыстарға жетті. Кеңес үкіметінің алға қойған идеологиялық мақсаттарымен үйлесе бермейтін, рухани өмірде өріс алып бара жатқан осы бір процеске тойтарыс беру әдеби сының алдына қойылды. Бұл міндетті «Социалистік Қазақстан» (16.04.1978) газетінде жарияланған «Тарихи шындық бұрмаланбасын» атты мақала орындап шықты.

Көлемді мақала қазақ халқының өткеніне тереңдеп барып, тарихи тағлымы мол туындылар жазған Ілияс Есенберлинді идеялық, шығармашылық жағынан «талқандауды» мақсат тұтқан. «Қазақ әдебиетінде соңғы жылдары өнімді еңбек етіп жүрген жазушылардың бірі – Ілияс Есенберлин» деген жылы сөйлеммен бастаған мақала ары қарай оның бүгінгі күн тақырыбына қалам тартып лайықты бағасын алып келгенін, «Айқас» романына Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын иеленгенін барлығы үш-ақ сөйлеммен баяндап, бірден «Алмас қылыш» романын талдауға кіріседі. Мақала авторы «Алмас қылышты» роман емес, «қазақ тарихына байланысты еңбектер мен архив материалдары негізінде жазылған тарихи-әдеби очерк» атайды. «Тарихи шындық бұрмаланбасын» дегенде, мақала авторының «Алмас қылышқа» қояр кінәлары төмендегідей: «Бірақ «Алмас қылышты» үңіле оқығанда, таза көркем әдебиет талабы, өнер сұлулығы тұрғысынан қарағанда жеке кейіпкерлер образы жасалу жолдарынан, жазушының бейнелеу ерекшеліктерінен саралап, жіктеп айтатындай суреткерлік шеберлік үлгілерін табу қиын-ақ. Өйткені, мұнда барлық қадір-қасиет қаз-қалпында, жан-жақты, терең мүсінделген кесек әдеби образдар жоқ... «Алмас қылыштың» арқауы – тарихи шолу, тарихи мазмұндау... Әрине, шығарма жетістігін айтуға ешкім де қарсы емес, бірақ біз қай туындыға болсын, таптық тұрғыдан, партиямыздың тарихқа көзқарасы тұрғысынан қарауға міндеттіміз. Мұнда ең негізгі тарихи шындық – таптық қайшылыққа мән берілмеген... Барлық үстем тап өкілдері сияқты Жәнібек пен Керей де – алдымен өз табының мүддесін қорғайтын ақсүйектер... «Алмас қылышта» елеулі бұрмалаушылықтар бар... Ал XX ғасырдың жазушысы ешқандай талғамсыз, басынан аяғына дейін бүтіндей үстем тап мүддесін, феодалдық ақсүйектер идеологиясын қорғаған осы жалған мадаққа сын көзімен қарамай, оқушыларды жаңылыстыратын ұғымдардың кең таралып кетуіне жол берген... Дін қашан да қанаушы таптың сөзін сөйледі... Демек, тарихи тақырыпта жазып отырған коммунист жазушы өз шығармасында, ең алдымен, осы таптық, антогонистік заман қайшылығына айрықша мән беруі керек еді. Ал автор діни жорықтардың әлеуметтік сыр-сыйпатын, саяси, зұлымдық астарын жете ашпайды... І.Есенберлин сауатты оқушыға белгілі туындылар, архив материалдары негізінде тарихи деректерді орындап-орынсыз мазмұндап шыққаны болмаса, шын мәнінде тарихи роман-көркем әдеби туынды жасай алмаған... «Алмас қылыш» – бүтіндей дерлік тарихи мазмұндама. ...кітап үзіп-жұлқып көптеген оқиғаны қамтығандықтан, бірыңғай тұтастығынан айрылып қалған. Сонда бұл не, І.Есенберлиннің

төл туындысы ма, әлде ілгерінді-кейінді тарихшылардың І.Есенберлин құрастырған қалың көпшілікке арналған коллективтік еңбегі ме?» Мақаладан мәселеге әрдайым таптық, партиялық тұрғыдан келетін советтік саясаттың суық ызғары сезіледі. Соны «КПСС Орталық Комитетінің «Көркем-әдеби сын туралы» қаулысы бір «Алмас қылыш» қана емес, біздің осы алуандас бірқатар туындыларымыздың ортақ кемшіліктерін жете талдауға» шақырған бір жағы ескерту, екінші жағы үндеу сияқты жолдармен аяқталған.

Десек те сын туралы қаулы шыққаннан соң, қазақ әдеби сынында айтарлықтай ілгерілеулердің болғандығы, сыншыл, ғылыми ой-пікірлердің дамуында үлкен серпіліс туғандығы байқалды. Ең бастысы, оның қоғамдық беделі өсіп, сынға деген жұртшылықтың қамқорлығы мен талабы арта түсті. Бұлар сынның дами түсуіне қолайлы жағдайлар туғызып, тиісті жемістерін бере бастады.

Жетпісінші жылдардағы қазақ әдеби сыны жеткен жетістіктер дегенде, академик М.Қаратаевтың «Асулар алда» («Вершины впереди», орыс тілінде) атты сын кітабының Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алуын алдымен атаған жөн. Бұрындары сынның сыйлық алмақ түгілі, кітап болып шығуының өзі қиын-тұғын. Бұл кітап одақтық баспалар бетінде қазақ әдеби сынының үлкен табысы ретінде жоғары бағаланып, Мәскеуде қайта басылып шықты. Бұрындары шығып тұрып, тоқтап қалған «Жалын» альманағының, тіл және әдебиет бойынша Қазақ ССР Ғылым Академиясының арнайы «Хабарларының», «Жазушы» баспасының жанынан «Уақыт және қаламгер», «Жалын» баспасынан «Сөзстан», «Жастар жастар туралы» жинақтарының «Жас қаламгерлер кітапханасы» сериясымен шыға бастауы, республикалық, облыстық баспасөз беттерінде әдебиет мәселелеріне көбірек орын берілуі қазақ әдеби сынының кең өріс ала түсуіндегі игі қадамдар болды.

Арнайы әдеби журнал «Жұлдыз» беттерінде бұрындары әдеби сын материалдарына соңғы кезекте орын беріліп, басқа жанрларға қарағанда аздау көрінетін. Осы басылым бетінде бір ғана 1977 жылы жазушылардың мерейтойларына арналған 27 шығармашылық портрет, әдебиет тарихына қатысты 9, бүгінгі әдебиеттің алуан жайларын арқау еткен 23 мақала, жаңа кітап жайлы 22 рецензия жарияланды. «Жұлдыздың» сырласу клубы» айдарымен «Ахуалың қалай, аударма?» тақырыбында пікір алысулар өтіп, талқылауға Қ.Тоғызақов, Қ.Шаңғытбаев, Т.Әлімқұлов, Т.Бердияров, Ә.Жәмішев, Ғ.Жұмабаев, Ә.Абайділданов, Ж.Нәжімеденов, Ж.Қыдыров, С.Иманасов, Ө.Нұрғалиев, Ө.Нілібаев, А.Нысаналин қатысқан («Жұлдыз», 1977, №2). Қазіргі әдебиет мәселелеріне арналған С.Әшімбаевтың «Қамқорлық жауапкершілік жүктейді» («Жұлдыз», 1977, №3), Ж.Қыдыровтың «Поэзиядағы стандарт және ізденімпаздық» («Жұлдыз», 1977, №4), З.Ахметовтің «Көпұлтты біртұтас әдебиет» («Жұлдыз», 1977, №4), А.Нағыметовтың «Совет адамы: дәстүр мен жанашылдық» («Жұлдыз», 1977, №10), сондай-ақ, М.Әлімбаевтың, Ф.Оңғарсынованың, Т.Молдағалиевтің, Б.Кәрібаеваның проблемалық сипаттағы мақалалары жарық көрген.

15.2. ЖАНРЛАРДЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Сын жауынгер, оперативті болуы керек десек, бұл қасиеттерге ең алдымен рецензия ие. Рецензия – әдеби үдерістің барысында туындап отыратын әрбір жаңа шығармаға ізін суытпай, дер кезінде пікір білдіріп отыратын шапшаң жанр. Сондықтан да рецензия баспасөз бетінде жиі көрініп, көп оқылады. Оның осы қасиетіне байланысты болса керек, сын туралы қаулыда рецензияға баса назар аударылды. «Рецензиялау практикасында елеулі кемшіліктер бар. Жарияланған рецензиялар көп реттерде сынаржақты сипатта болады, ешқандай негізсіз қағытушылық кездеседі, олар шығарманы атүсті айтып шығуға саяды, оның маңызы мен құндылығын нақты көрсетіп бере алмайды» деп, қатты сынға алды. Сөйтіп алдағы уақыттарда жаңадан шығып жатқан кітаптарды рецензиялау жұмыстарын жақсарту міндеттерін алға қойды.

Қаулы шыққаннан кейін баспасөз бетінде сынның рецензия жанры едәуір жандана түсті. «Қазақ әдебиеті» газеті «Оқушы пікірі – 100 жол», «Рецензия», «Жалын» альманағы «Рецензия», «Жұлдыз» «Жаңа кітап жайлы», «Лениншіл жас» «Сөзстанға саяхат» деген айдарлармен рецензияларды көптеп, тұрақты түрде беріп тұрды.

Республикадағы бірден-бір үлкен әдеби журнал «Жұлдыз» беттерінде рецензиялық мақалалардың жариялануы жиілей түсті. Қаулы шыққанға дейін журналда жылына он, ары кеткенде жиырма шақты ғана кітап рецензияланып келген болса, кейіннен көбейіп, әр санында орта есеппен үш-төртке, тіпті кейде беске дейін жеткенін көреміз. Деректерге жүгінсек, «Жұлдызда» жарияланған рецензия саны 1971 жылы 13, 1972 жылы 23 болса, 1973 жылы 28-ге, 1975 жылы 35-ке, 1977 жылы 22-ге, 1979 жылы 24-ке жеткен. Көбіне әр нөмірінде 5–6 рецензиядан беріліп отырған. Тіпті 1979 жылғы он екінші санында жаңадан шыққан 7 кітап рецензияланыпты. «Қазақ әдебиеті» газетінің әр нөмірінде кемінде бір-екі рецензия шығып тұрды. Республикалық «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» және облыстық газеттерде жаңа кітаптарға пікірлер жариялап тұру дәстүрге айналды.

Рецензия сан жағынан ғана емес, жанрлық жағынан да жетіліп, сапасы арта түсті. Шағын көлемде толымды пікір айту, әсіресе, жас сыншылардың шеберлік мектебіне айналды. Жаңадан шығып жатқан көптеген шығармалар өзі туралы айтылар бағаны алғаш рет осы рецензиядан алып жатты. Ә.Жәмішевтің «Терең де тартымды да» (Ә.Тәжібаев. «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы туралы», «Қазақ әдебиеті», 11.02.1972), Х.Әдібаевтың «Қан мен тер» хақында» (Ә.Нұрпейісовтің трилогиясы жайлы. «Қазақ әдебиеті», 21.04.1972), Б.Сахариеттің «Жастықтың өзі – жайсаң жыр» (Ә.Нұршайықов. Махаббат, қызық мол жылдар», «Қазақ әдебиеті», 26.05.1972), Т.Токбергеновтің «Ішкі иірімдер» (Д.Исабеков. «Үндемес», «Қазақ әдебиеті», 4.05.1973), Х.Әдібаевтың «Халықтың көркем тарихы» (І.Есенберлиннің «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» трилогиясы, «Қазақ әдебиеті», 12.04.1974), Ә.Нағыметовтің «Әдебиет туралы ойлар» (Ә.Нұрпейісов. «Толғау», «Жұлдыз», 1974, №1), Ж.Ысмағұловтың «Шынайы көркемдік биігінен» (Ғ.Мүсірепов. «Ұлпан», «Қазақ әдебиеті», 31.01.1975), Н.Айтов пен Т.Жұртбаевтың «Ойлы өрнектер» (Т.Есімжанов. «Ой-өрнек», «Қазақ әдебиеті», 25.08.1978), Т.Кәкішевтің «Сезім мен сурет өрімі» (К.Салықов. Өлеңдер жинағы, «Қазақ әдебиеті», 22.09.1978), Қ.Құттыбаевтың «Қарт қаламгер толғанысы» (Ғ.Мұстафин. «Ой әуендері», «Жұлдыз», 1978, №9), Х.Ерғалиевтің «Кейіпкер қырлары» («Ә.Тәжібаев. «Жаңа өрімдер», «Қазақ әдебиеті», 13.07.1979), М.Қаратаевтың «Сыр сандық туралы сыр» (Т.Әбдірахманова. «Сыр сандық», «Қазақ әдебиеті», 31.08.1979), Ж.Дәдебаевтың «Ақын туралы трилогия» (Д.Әбілов. «Сұлтанмахмұт», «Жұлдыз», 1979, №4), т.б. рецензияларында көркем туынды табиғатын дөп басып, бағалаушылық бар.

Әрине, рецензия жанрында көрінген кейбір мақалалармен пікір жарыстыруға, талдаушылық шеберлігіне тоқталып жатуға мүмкіндіктің жоқтығынан олардың кейбіреулеріне ғана тоқтала кеткенді жөн көрдік. І.Есенберлиннің тарихи тақырыпқа жазған «Алмас қылыш» романының кезінде идеялық жағынан қатты сынға ұшырағаны белгілі («Социалистік Қазақстан», 16.04.1972). Осы роман кіретін «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» трилогиясына арнап белгілі әдебиетші Х.Әдібаев сын жазды. Автор «Сыншы міндеті – би болып, үкім шығару, кесім айту, немесе мәңгілікке мандат беру емес, ойға ой, сезімге сезім қосып, шығарманың жетістік-кемістігін анықтау ғой деп түсінеміз. Алдымызда жатқан үш қалың кітаптың негізгі сипатын ағымыздан жарылып, газеттік мақаланың мүмкіндігінше талдадық – дей келіп, – Шығармада күрделі жеміс бар, жетістік аз емес; ренжітерілік, жетпей жатқан жерлерін де айттық... Қайталап айтамыз, жазушы Илияс Есенберлин бүгінгі таңда ел-жұртына мейлінше қажет, мың сан оқушысын тапқан, туған әдебиеттің тақырыптық шеңберін көбейткен күрделі романдар циклын бітірді» («Қазақ әдебиеті», 12.04.1974) – деген ой түйеді.

Біздіңше, сыншы Қаратай Құттыбаевтың «Қарт қаламгер толғанысы» («Жұлдыз», 1978, №9) атты рецензиясы да сәтті дүниелердің қатарында. «Қарт қаламгер» деп отырғаны – Ғабиден Мұстафин. Рецензияда жазушының «Ой әуендері» (1978) атты әдебиет жайлы ойлары жинақталып берілген сын кітабы сөз болады. Сыншы «Көркем әдебиетті, сөз өнерін жас кезінен-ақ қадір, қасиет тұтқан адам» Ғабиденнің әдеби ой-пікірлерінің мәні мен маңызын жарқырата ашып бере алған. «Шығарманың мемлекеттік, қоғамдық тілекке сай, басты қасиеттерін көрмей, ұсақ кемшіліктерін көргіш немесе басты кемшіліктерін көрмей, некен-саяқ жылтырауық сөздерін көріп дәріптегіш сындар бізде де болған, әлі де сарқыншағы бар. Сол бейшара сындардың ішін ақтарсаңыз, алдымен патриоттық сезімі, туа қалған әдеби жаңалық қуанышы жетпей жатады»; «Сынсыз әдебиет ылғалсыз жердегі шел болып өскен егін сияқты. Оған қай-қайдағы арам шөптер қаптап кетеді»; «Азаматтық сипаты келіспеген адамды халық ежелден

сүйген емес. Жазушы – халық ішінде білікті, сүйікті адам. Егер азаматтық сипаты бұзылса, ол сүйкімнен айрылады... Сондықтан жазушы деген қадірлі атты таза, жоғары ұстайық. Атың былғанса, асыл сөзің де өте бермейді»; «Шеберлік – сөздің орнын табуда, мөлшерін білуде. Мұны білгеннің әр сөзі – алтын» деген сияқты үзінділерді оқырман назарына ұсына отырып, қарт қаламгердің суреткерлік сипатын, ой өресін жарқырата ашып береді. Сыншы пікірінің негізі «Өмір жайлы өзекті ой айтуда, әдебиет туралы толғауларында сан түрлі сыр, мол мағына аңғартатын толғауларында сан түрлі сыр, мол мағына аңғартатын философиялық эстетикалық тұжырым-түйіндер оқырман көңіліне нұрсәуле шашады» деген сөйлемде жатыр...

Шағын да шапшаң жанр рецензияның бірсыпырасы алдын-ала ойластырылған белгілі бір мақсаттармен жазылып, біржақтылыққа ұрынған, сөйтіп өзіне жүктелген абыройлы міндеттің үдесінен шыға алмаған кездері де кездесті. Сын қара қылды қақ жарып, шындықты шырылдап тұрып айтуға тиіс болса, кейбір рецензияларда бір кітапқа пікір айта отырып, авторының ар-ұжданына, намысына тиетін сөздер айтып, тіпті оның шығармашылық болашағын кесіп-пішіп қоятын жағдайлар да ұшырасты. Мысалы, Ә.Ақпанбетовтің «Толғаныс па, зорланыс па?» атты рецензиясында Д.Шалқарбаевтың, Х.Талғаровтың, Қ.Молдақашевтің бір кітап болып шыққан өлеңдер жинағына пікір білдіре отырып, ішінен іліп аларлық ештеңе таппайды. Тіпті, олардың келешекте ақын болып кететіндігіне күмән келтіреді. Сыншының бұлай айтуға хақы жоқ; Міндеті – әңгіме етіп отырған кітабына пікір білдіру ғана.

Талапты қатты қоямын, кемшілікті батыл айтамын деп, асыра қаралаушылыққа ұрынатын рецензиялар да кездесті. Сондай мақаланың бірі – «Қазақ әдебиеті» (26.07.1974) газетінде жарияланған «Талант пен талап». Рецензияның тақырыбынан-ақ, оған қосымша берілген «Бір ақын творчествосындағы түйткілдер» деген анықтамадан-ақ әңгіме қатал болатындығы байқалады. Автор алдымен, ақындық, поэзия туралы толғайды: «Ақын әманда ұлттың мақтанышы, халықтың қалаулы да қайраткер ұлы, елдің естияр да көш бастар азаматы, ұғымтал ұрпақтың тәлімді тәрбиешісі. ... ой атаулы жоқ жерде өнер – тұл». С.Әшімбаевтың ақындық мәдениет жайлы ойлары да оған деген жоғары талап қоюшылыққа ұласып жатыр. «Ақындық мәдениет біздіңше – өмірге, сол өмірден алып отырған объектіге өткеннің де, бүгіннің де, болашақтың да көзімен қарай келіп, жалпы адамдық болмысқа ортақ шынайы сезімнің шындығын жырлау. Абайша айтқанда, «бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой» деп, жалпақ жұрттың көкейіндегі сөздің сөлін, сезімнің мөлдірін табу, екіншіден, сол сырлы сезімге орап әлеуметтік мәселені қамтитын азаматтық ой айта білу, философиялық сипаттағы образды тың түйіндеулер жасауға ұмтылу, үшіншіден, әбден ерқашты болып көз қарықтыратын өлеңдік дәстүрлі формаларды жаңғырту, оған өміршен жаңалық енгізу бағытындағы поэтикалық ізденістер, яғни «болмасаң да ұқсап бағу»... Сонда ғана шын мәніндегі ақындық мәдениеттің қос қанаты – поэзиядағы ойлылық пен суреткерлік, яғни парасатты ой мен шынайы сезім табиғи жарасымын таба алады.

Осы тұрғыдан келгенде, көптеген ақындарымыздың ақындық мәдениетіне «көңіл тола бермейтіні бар» дей келіп, «соның бірі – Мұқағали Мақатаевқа» тоқталады. Сыншының айтуынша, Мұқағали «Қарлығашым, келдің бе» (1968) атты өлеңдер жинағынан кейін үш кітап шығарса да, «ақындық мәдениеті жарқырап көріну жағы ойдағыдай емес». Осы пікірін дәлелдеу үшін соңғы шыққан «Аққулар ұйықтағанда» кітабын қатты сынға алады.

Автордың ойынша, «М.Мақатаев поэзиясында, әсіресе, соңғы «Аққулар ұйықтағанда» атты кітабында жоғарыда айтып өткен көркемдік сипаттардың ішінен ойшылдық рухтың тереңдігі мен содан туындайтын пәрменді парасаттылық жеткілікті емес. Обалы не, Мақатаев өлеңдерінде жүректен шыққан сезім бар да, ақын көбінесе сол сезім сылқымның жетегінде алдарқанып қалып, ойшылдық жағын жұтаң тартқызып ала береді... Ақын көп ретте бірыңғай көтеріңкі леппен, асқақ үнмен тіл қатамын деп, мерекелік арнауға тән жалпылама айтқыштыққа, жалаң сөзге, жалған патетикаға бой алдырып алады... Жалпы алғанда, М.Мақатаев поэзиясында публицистикалық толғау сарыны басым жататыны бар... Мұқағали өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер бойында жалған мінез, асыра сөйлеу, нанымсыз налып, жанып кую сарыны басым болып барады... М.Мақатаевтың біраз өлеңдерінде ойдың алақұлалығы, сезімнің қарабайырлығы ойқастап, одағайланып алдыңнан шығады, осының салдарынан арқалы ақын поэзиясы көп тұста нәзіктігінен көз жаздырып кетеді... Ақында өмірдегі үлкенді-кішілі құбылыстардың ішкі астарын ашуға ұмтылу, солардың салмақ санасын ой таразысында тартып көру, сезім елегінде екшеп барып жалпы адамдық шындықты танытатын философиялық терең ой түйіндеу жағы жетпей жатады».

Автор «Аққулар ұйықтағанда» жинағына кірген сексен өлеңнің он шақтысынан ғана «өлеңнің мөлдір рухын» көреді де қалғандарына көңілі толмайтындығын ашық айтады. Әсіресе, «Бозқараған» өлеңін жоғары бағалайды. Мақаланың соңында сыншы М.Мақатаевтың жаңа жыр жинағын «алымды ақын жырының ауқымы көпшілік күткен үміт пен артқан сенімнің биігінен әлдеқайда төмен жатыр» деп бағалаған. Сөйтіп мықты ақынға сен мықтысың, мықты болсаң да мынадай кемшіліктерің бар деп батыл айта алған. Әрине, бүгінгі оқырманның біразы бұл пікірлерге қол қоя беруі екіталай. Екінші жағынан, әдеби сынға қойылар басты кемшіліктің бірі онда осындай қатты сындардың айтылмауына қатысты болатын. Жетпісінші жылдардың әдеби сынында қатал сындардың да болғанына осы мақала – күә.

Рецензия бір кітап туралы пікір болса, С.Әшімбаевтың мақаласында негізгі нысан «Аққулар ұйықтағанда» туралы болғанымен де әңгіме арқауы ақынның бүкіл шығармашылығын қамтыған. Бұл жағынан келгенде, ақын болмысын тұтас қамтитын шығармашылық портретке жақын. Сонымен бірге бүкіл ақындық поэзияның көркемдік мәселелері де көтеріледі. Дегенмен де негізгі әңгіме Мұқағали ақынның бір кітабы жайында болғандықтан да бұл мақала рецензияның ұлғайған, яғни, шығармашылық портреттің де, проблемалық мақаланың да элементтерімен толықтырылған рецензияға жатады.

Әдетте рецензияның көлемі шағын келеді. Десек те көлемді келетін рецензиялар да кездеседі. Ә.Тәжібаевтың «Ой мен сезім нақыштары» – көлемі проблемалық мақаланың жүгін арқалап тұрғанымен де Фариза Оңғарсынованың «Шілде» жинағына жазылған рецензия. Рецензия болғанда да ақындық көзбен, ақындық сезіммен, әріптес қарындасына деген ризашылық сезімге толы рецензия. Автор поэзия жайлы жалпылама әңгімелерге бармайды. Әңгімені бірден «Фариза Оңғарсынованың «Шілде» жинағына он жылдан аса мезгілдегі шығармалары кірген» деп, нақтылы бастайды. Рецензияда ақын өлеңдерін ғылыми жағынан талдау жоқ, керісінше, оқығанда сезінгенін, түйсінгенін ортаға салушылық бар.

«Фаризада ұйқастың неше алуан күрделі түрлері бар. Дыбыс сұлулықтары, олардың келісті үйлесім табулары өлең әуенділігін бір түрлі күңгірлетіп жібереді. Оқушысын әнге, күйге бастайды. Ал кейде жоғарыда айтылғандай, ақынның шеберлігі арқылы осы әуенді дыбыстар өзгеше киюласып, өлеңнің өзін прозаға оқуға тартады. Сонда біз әуенді сезім мен салмақты ойлардың бірлесіп, Фариза поэзиясына күрделілік беріп тұрғанын аңғарамыз.

Мен Фариза өлеңдерін түгел оқып шыққаннан кейін оны өзіме бір түрлі жақын сезіндім. Жас ақын менің әдемілеп айтамын деп жүріп айта алмағанымды оп-оңай жазғандай көрінді. Ақындар бірін-бірі осылай толықтырып, көркейтіп отырмаса, поэзия қалай ілгері баспақшы!» («Қазақ әдебиеті», 5.01.1979). Ақындық жүреппен ақтарыла жазылған ақжарма пікірлер жүректерге жол тауып жатқандай. Нені айтса да ағынан жарылып айтатын Әбділда «Шілде» жинағын «бізге үлкен қуаныш әкелген тамаша кітап» деп бағалаумен бірге оның авторы Фариза Оңғарсыновадан «өмірмен, адаммен бетпе-бет тұрып барлық дауысымен тілдесетін, үні кең» ақынды көреді; болашағынан үлкен үміт күтеді.

Жайсаңбек Молдағалиевтің «Жазушы жолы» Ғабит Мүсіреповтің бес томдық шығармалар жинағының шығуына орай жазылыпты. Әдетте рецензияның нысаны бір кітап болса, мұнда «шығармалар жинағы» деген топтама тақырыпқа біріктірілген бес кітап, бір жазушының бүкіл шығармашылығы. Тура осы тақырыпқа бес томдыққа енген туындыларды әңгімелей отырып, Ғ.Мүсіреповтің шығармашылық портретін жасауға болар еді, не болмаса, көп томдық шығармалар жинағын бастырып шығарудың мәселелерін көтерген проблемалық мақала да жазуға болатын еді. Бірақ мақала авторы алдына ондай үлкен міндеттерді қоймаған. Мақсат жетпістің жотасына шыққан айтулы қаламгердің бес томдық шығармалар жинағының жарық көруін әдеби өмірдегі елеулі бір оқиға ретінде бағалап, оны оқырманға хабардар ету болған («Егемен Қазақстан», 1977).

Жетпісінші жылдары әдеби сын жанрлық жақтарынан да жетіле түсті. Сынның рецензиядан басқа мақала, шолу, шығармашылық портрет, эссе, эпиграмма сияқты жанрлары баспасөз бетінде тұрақты түрде көрініп тұрды. Басылымдар әдеби сынның жанрлық, формалық жағынан түрліше болып келуіне мән беріп, оқырманның назарына ілігу, оңтайына келу, әсерлі болу жақтарына назар аударды.

Рецензияда әңгіме бір кітаптың, немесе бір ғана шығарманың төңірегінде болса, шолу жанрында зерттеу нысаны ауқымдана түседі. Әдеби өмірге тұтастай көз жіберіп, онда болып

жатқан түрлі көркемдік құбылыстарды шолып, ой елегінен өткізуге шолу қолайлы. Шолуды белгілі бір кезеңдегі, не болмаса белгілі бір жанрадағы жүріп жатқан әдеби үрдістің айнасы десе де болғандай. Әдеби өмірді тұтастай алып, ондағы көркемдік құбылыстардың ақ-қарасын айқындауда шолудың мүмкіндіктері мол. Жетпісінші жылдардың әдеби сынында шолулар жекелей мақала түрінде де, әдеби жылдың қорытындыларына орай да көрініпті.

«Қазақ әдебиеті» (25.05.1979) газетінде жарияланған «Сыры терең сын керек» шолуында «Жұлдыз» журналында 1978 жылы жарық көрген әдеби сын материалдарына көз жіберіпті. Мақалада басылымда бір жыл ішінде жарияланған сыни материалдарды сандық жағынан да, сапалық жағынан да саралай отырып, оның жалпы тұтастай көрінісін жасауға тырысқан. Журналдың осы салада атқарған жұмыстарын сұрыптай отырып, ондағы жетістіктер мен кемшіліктерді атап көрсетеді. Мысалы, Ж.Нәжімеденовтің «Даңқ пен дақпырт» туралы үш түрлі (автордың, оқырманның, сыншының) пікірдің берілуін шығармашылық ізденіс жемісі санайды. Кейбір сын мақалаларындағы тілдік селкеуліктерге нақтылы мысалдар келтіреді. Қаламгерлердің мерейтойларына арнап отызға жуық материал берілгенін бір жағынан құптай отырып, екінші жағынан «... сол мақалалардағы жалпыға белгілі жайларды қайталайтын, немесе айтарлықтай зәрулігі жоқ тұстарды неге ықшамдамасқа» деген ой тастайды.

Шолудың міндеті – тек шолып, не бар, не жоғын айту ғана емес, шола отырып, жақсы, жаманын саралау, ой тую, баға беру. «Қазақ әдебиетінің» «Әдебиетшісі» «Жұлдыз» журналында бір жылда жарияланған сын материалдары жайлы мынадай қорытындыға келген: «Рас, жекелеген көркемдік құбылыстар, қаламгерлер творчествосы жөнінде бірқатар сәтті сын талдаулар бар. Әйтсе де, әдебиеттің теориялық мәселелерін көтеру, оның практикаға әсерін байыптау, зерттеу әлі де кем соғып жатыр. Мәселен, журналдың өткен жылғы сандарында поэзия туралы бірде-бір проблемалық мақала жоқ. ...аударма кітаптары жөнінде, балалар әдебиеті, драматургия жайында да арнайы сөз болмаған. ...іргелі зерттеу, теориялық сүбелі мақалалардың орны бөлек... Әдеби-көркем сынға биік талаптар қойылып отырған қазіргі шақта әдеби процестің басты-басты сыр-сипаттарына мұқият назар аударып, одақ әдебиетінің өре-өрісі деңгейінде қарастырып, комплексті зерттеу, талдау ісі сыншыларымыздың абыройлы міндетіне айналуы тиіс».

Осы газеттің «Жалын» альманағы бетінде 1978 жылы жарияланған сын материалдарын саралаған шолуында да осы саладағы жетіспеушіліктерге назар аударылыққырапты: «Басқа жанрлар сияқты сынды да көпсөзділік әлсіретеді... Жалпы, сын материалдарында форма, композиция, тіл, стилистика жағына әлі де назар аудару керек сияқты. Сонда мақалалардағы ұқсастық, бірізділіктен де арылар едік... Әдеби басылым болғандықтан «Жалыннан» әдебиетіміздің бүгінгі мәселелерін кеңінен толғаған мақалаларды күтуіміз заңды. Сөйте тұра жыл көлемінде бүгінгі поэзияның, драматургияның жай-күйіне арналған бірде бір мақала жарық көрмегені аса өкінішті. Проза жанрында жыл көлемінде жарық көріп жатқан роман, повесть, әңгіме жинақтарына арналған рецензиялар мүлде жарияланбаған деуге болады. Тағы бір жай: жастар творчествосы жайлы сын еңбектердің, творчестволық портреттердің мол болғаны да альманахтың бетін көріктендіре, аша түсер еді... Әдеби процестің қазіргі жағдайын егжей-тегжейлі көрсететін теориялық мақала, түйіндеулерді жиі жариялауға альманахтың мүмкіндігі толық жетеді. Әсіресе, сынның дәйектілігіне, дәлелдігіне ден қою керек сияқты... Сондай-ақ сын материалдардың түрлік жағынан әралуан болып келуіне де баса назар аударылғаны жөн» («Қазақ әдебиеті», 8.06.1979).

Ф.Оразаевтың шолу мақаласының нысаны – «Жазушы» баспасынан 1977 жылы жарық көрген сын-зерттеу еңбектері. Әңгіме өзегі – үш-ақ кітап. Өйткені, баспадан бір жылда үш-ақ еңбек жарық көрген. Автор осының өзін ұнамды құбылыс, сыншыл ойдың дами түскендігінің айғағы санайды. Мақала көлемінің жарымынан көбі Ш.Елеуеновтің «Замандас парасатын» талдауға арналған. Еңбекті «әдебиет сыны мен зерттеуі саласындағы өткен 1977 жыл ұсынған құнарлы жеміс» санайды. «Осындай татымды еңбектің бірі деп Шәмшиябану Сәтбаеваның «Өрнекті өрісін» атайды. Ал үшінші Абылғазы Нағметовтің «Адам және қоғам» атты монографиясы талданылған. «Автор өзінің зерттеушілік тұңғыш адымын қауымдасып шешетін үлкен проблемаға – қазіргі қазақ прозасындағы советтік характердің бейнелену мәселелеріне арнапты (Ф.Оразаев. Жанр жемісі. «Лениншіл жас», 25.01.1978).

Мақаланың соңында автор аға, орта, жас буын өкілдерінің еңбектерінде үш түрлі сыншының қолтаңбасы, үш түрлі тақырыптың, үш түрлі мақсаттың көрінгендігін айта келіп, негізгі ойын

«Айналып келгенде, бұл үш кітап біздің қазіргі әдеби сынымыздың зор күш екенін, сынымыздың сындарлылығын аңғарта алады деп батыл айтуға болады» – деп түйіндеген.

Әдеби шолу мақалалары оқта-текте болса да баспасөз беттерінде көрініп тұрды. «Жұлдыз» журналы жылдық қорытындыларына арналған әдебиеттің түрі, жанрлары бойынша шолу мақалаларды тұрақты түрде жариялап тұрды. Десек те газет-журнал беттерінде көрінген шолулардың дені түрлі жиындарда жасалынған баяндамалар болып келетін. Мұндай мақалалар көбіне ауызша айтуға лайықталып, жанрдың композициялық, көркемдік жағына онша мән берілмеді. Неғұрлым көбірек қамтуға тырысып, жұрттың бәрінің көңілін қалдырмау үшін фамилияларды, кітаптарды жаппай тізүшілік орын алды. Ал кейбір шолулар тек тізімнен, мақтаудан ғана тұрды. Белгілі бір тақырып, жанр, проблема төңірегінде мәселені кеңінен қамтып, толғамды пікір қозғау жағы жетісіңкірей бермейді.

Ж.Әбдірашевтің «Балалар поэзиясын бағдарлағанда» («Жалын», 1971, №3) атты шолуында осы салаға көз жіберумен бірге, оның зәруліктерін көтеріп, жетістіктері мен кемшіліктерін саралау бар. Автор балалар әдебиетіне өзгеше талаптар тұрғысынан келеді: «...тумысынан қабілетті қайсыбір қаламгер балаларға жазу үшін, өмірге екінші рет келуі – балалар ақыны болып, қайта тууы керек. ...ақындар балаларға биіктен қарап, білгірсімей, не туралы жазса да, солардың көзімен көріп, солардың тілімен баяндауы керек. Баяндалар оқиға, айтылар ой қаншалықты қызықты, қаншалықты әсерлі болғанымен, техникалық жағынан мүлтіксіз орындалмаса, кішкентай оқырман көңіліне жол таба алмайтыны бесенеден белгілі. Мазактама – балалардың бірін-бірі жөнсіз сөгіп, орынсыз келемеждеуі емес, жаман әдет-қылықтан жирендірерлік мазмұнға құрылатын, сатиралық сипаттағы өлең түрі» деген сияқты пайымдаулар автордың негізгі бағытын айқындап тұр.

Шолуда қазақ балалар поэзиясы Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, Қ.Мырзалиев, Ә.Дүйсенбиев, Ж.Смақов, Ә.Табылдиев, т.б. өлеңдеріне көз жіберу арқылы шолынады. Мақалада осы саланың проблемалары, жетіспеушіліктері, оны жою көтеріледі. Ж.Смақовтың, Ә.Табылдиевтің, М.Қыстаубаевтың, М.Жаманбалиновтің, А.Асылбековтің өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып, кемшіліктерді батыл сынаушылық бар. Жаманбалинов пен Қыстаубаев «бірде ойды жатық етіп жеткіземін деп, ұйқасжасандылығына ұрынса, бірде бұған керісінше ұйқасты жатық етемін деп ой, сурет жасандылығына ұрынады. Бұның қай-қайсысы да кішкентай оқырман ұғымына ауырлық әкелетіні – дәлелдеуді қажетсінбейтін ақиқат», ал Табылдиев пен А.Асылбеков «көбіне-көп ұйқасы бар, ұқтырары жоқ, құрғақ сөздердің жетегіне еріп кетеді де, екіншісі – берілер оқиға, суреттелер жайды көркем образбен киіндірместен, үстірт, сылбыр да жадағай баяндауларға жиі бой алдырады». Ж.Әбдірашевтің шолуында балалар поэзиясының жетістіктері мен кемшіліктерін саралау ғана емес, сонымен бірге балаларға арналған өлеңдердің өзіндік ерекшеліктеріне, көркемдік мәселелеріне, зәру проблемаларына назар аударып, пікір айтушылық бар.

1974-нші жылдың әдеби қорытындысына арналған материалдарды «Жұлдыз» (1975, №8) журналы «Өткен жылда өріс бар, өсу қандай?» атты ортақ тақырыппен беріпті. Р.Токтаров пен Д.Исабековтің проза, С.Иманасовтың поэзия, Ж.Қашқыновтың балалар поэзиясы жайында жасаған шолу баяндамалары тұтас берілген. 1974 жылдың әдеби қорытындыларын «Жұлдыз» кешігіңкіретіп тамыз айында берсе, 1975 жылдың материалдарын мамырда жариялапты. Проза туралы О.Бөкеевтің, жастар прозасы хақында Р.Нұрғалиевтің, поэзия жайында Ә.Жәмішевтің, сын хақында А.Нағыметовтің, драматургия турасында Ә.Сығаевтың, балалар поэзиясы жайлы Б.Ысқақовтың баяндамалары жарық көрген. Бұлардың әрқайсысы жеке-жеке шолу мақала болғанымен де барлығы «Әдеби жыл өркені» атты ортақ тақырыпқа бағынып, шолулар шеруін құрған. Ал осы жиыннан «Қазақ әдебиеті» (13.02.1975) есепті бір бетке берген. Әдеби жыл есебінен «коллективтік Белинскийдің» қалай өткені, кімдер баяндама жасап, сөйлегені, не мәселе көтерілгенінен толық хабардар етілген. Әдеби жыл қорытындысына арналған жиналысты Қазақстан Жазушылар Одағының екінші хатшысы Ш.Мұртазаев ашқан. Әдебиеттің түрлі салалары бойынша жасалынған баяндамалардың қысқаша мазмұны берілген. Жарыссөзге шыққан С.Әшімбаевтың, Қ.Бекқожиннің, Н.Ровенскийдің, Т.Токбергеновтің, Қ.Ысқақовтың, Ж.Әбдірашевтің, Ә.Тәжібаевтың сөздері қысқаша түйінделген. Мақала «Әдеби жыл қорытындысына арналған жиында бұдан басқа да өзекті мәселелер көтеріліп, өрісті ойлар айтылды. Жасалған баяндамалар мен жарыссөзге шыққан шешендердің сөздерінде бұл күндері қазақ әдебиетінің әр жанрында қол жеткен даусыз табыстармен қатар осы уақытқа шейін орын

алып келген кемшілік олқылықтар да сын, өзара сын тұрғысынан принципті әңгіме болды» деген ойлармен түйінделген.

1974 жылдың әдеби қорытындысына «Қазақ әдебиеті» кеңірек орын беріп, толығырақ таныстырса, 1976 жылдың әдеби жиынына оның көлемінен үш еседей шағын есеп берумен ғана шектеліпті (Талап пен жауап. Әдеби жыл қорытындысына арналған жиналыстан. «Қазақ әдебиеті», 25.02.1977). Жиында Р.Тоқтаровтың проза, Т.Әлімқұловтың поэзия, Б.Соқпақбаевтың балалар әдебиеті, О.Бөкеевтің драматургия, Т.Тоқбергеновтің сын жайлы баяндамаларына екі, ары кеткенде үш абзацтан ғана орын берілсе, Қазақстандағы орыс әдебиеті туралы баяндамасына «қызықты болды» деп, бұлардан көбірек орын берілген. Жарыссөзге шыққан С.Бақбергеновтің, Ж.Әбдірашевтің, Қ.Жұмағалиевтің, Қ.Жұмаділовтің, Қ.Лиясовтің, Қ.Ысқақовтың, М.Жұмағұловтың, М.Сүндетовтің тек аттары ғана аталған.

Ал осы жиыннан «Лениншіл жас» газеті жариялаған әдеби есептің формалық жағы өзіне назар аудартады. Мұнда ресмиліктен гөрі еркіндік көбірек байқалады. Баяндамаларда не айтылғанын мазмұндап жатпай, олардың құнарлы ойларынан үзіндіні оқшаулап беру, жиында айтылған кейбір пікірлерге өз көзқарастарын білдіру бар. Мысалы, поэзия туралы баяндаған Т.Әлімқұловтың «Өлең – ол проза емес. Қара сөзден оның болмыс-бедері мүлде бөлек. Тілі де өзгеше бейнелі тіл. Бізде осы ерекшеліктерді ескеру әлі кемшін. Жақсы ұйқасып, орайлы ой айтқан шығармалардың бәрін поэзияға жатқыза беруге болмайды (А.Нысаналин, Б.Сарбалаев. «Өткен жыл және әдебиет. «Лениншіл жас», 23.02.1977) деген пікірін қалың шрифтімен теріп беріпті. Осы сияқты барлық баяндамалардың мазмұнын баяндап жатпай, олардың негізгі бағытын, сипатын, өресін аша түсетін бір-бір абзацтан тұратын үзінділер келтіріп, тапқырлық, шеберлік танытқан.

Басылым жастарға арналғандықтан да авторлар әңгімені сол ыңғайда өрбіткен. Қорытынды да шығармашыл жастарға орай жасалған: «Әдеби жыл қорытындысын талқылаудың барысын түйгенде аңғарғанымыз – жас толқынның әдебиет әлеміне батыл еніп, өз үнін кәміл естірте бастағандығы... Сөз өнерінің жас толқыны жүз-келбетін қалыптастыру, оларды болашақтың жарқын жағалауларына беттету – ешкімді де: творчестволық одақты да, аға қаламгерлерді де, олардың өздерін де, оқырманды да самарқау қалдырмай, күнбе-күн толғанып, тебіреніп келеді».

«Лениншіл жас» газетінің әдеби сын материалдарын берудегі өзіндік бет-бағдары, ізденістері, әсіресе жас оқырманның назарын өзіне бірден аударатындай формалық, жанрлық ерекшеліктері, көпшілік көзіне түсерліктей орналасуы, көпке түсінікті, ұғынықты тілмен жазылуы аңғарылады. Мысалға 1977 жылдың әдеби қорытындыларына арналған Қазақстан Жазушылар Одағы ұйымдастырған жиыннан Бақыт Сарбалаев жазған есепті материалға көз жүгіртейік. «Он екі ай өрнектері» атты тақырыпқа «Өткен әдеби жыл қорытындысын талқылаудан кейін» деген қосымша анықтамалық-тақырып қосымша тағы да қойылған. Автор осындай жиындардан жазылатын стандартты қалыптан, яғни есептен қашып, өзінше өрнектеген. «Он екі ай өрнектерінде» жанрлық жағынан келгенде, мақаланың да, сұхбаттың да, есептің де элементтері шебер қиоласып, үйлесім тапқан.

Мақала «Жүректердегі жиналыс», «Жыл жемісі», «Талқылау түйіндері» аталған үш бөлімнен тұрады. Бұлайша құру автордың жиыннан жай ғана есепті материал жазу емес, оның нақтылы қорытындысы не болды, әдебиетке, оқырманға не берді деген сауалдарға жауап іздеуінен туындаған. Оны мақаланың басталуынан-ақ байқауға болады. Мәселе бірден төтесінен қойылған. «Жиын жабылды. Жұрт тарай бастады. Осымен Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының секретариаты ұйымдастырып өткізген әдеби 1977 жылдың қорытындыларына арналған талқылаудың біткені ме? Жоқ, ол тәмамдалмапты. Жалғасып кетіпті. Неге? Себебі, бір жылдың әдебиеті туралы сөз бір күндік талқылаумен біте қоймаса керек. Ең бастысы ол – жүректерде, жанашыр оқырман жүректерінде жалғасар. Оларда не айтылады, кімдер сөйлейді дейсіз ғой?» («Лениншіл жас», 3.02.1978) – деген сауалды сөйлемдерден басталуы бөлімінің «Жүректердегі жиналыс» аталғанда алға қойған мақсатын айқындап, ары қарай соларға жауап ізделеді. Автор жиында пәленшелер мынадай тақырыпта баяндамалар жасап, мынадай мәселелерді айтты деген сияқты ұзақсонар жаттанды баяндаудан қашып, кімдердің қандай тақырыптарда баяндама жасағанын берумен ғана шектелген.

Жарыссөзде сөйлегендердің де аты-жөнін атап, не айтқанын бір-ақ сөйлемімен аңғартқан:

«Шәмшібай Сариев: «Жастар қазақ поэзиясы антологиясына неге енебеді?»

Рымғали Нұрғалиев: «Бүгінгі жиыннан туған кейбір ойлар».

Шона Смаханұлы: «Сықақ – өгей бала емес».

Амантай Сатаев: «Деректі прозаны да ескерейік».

Тоқаш Бердияров: «Мықты өлең жазайық».

Еслам Зікібаев: «Жалын» ашқан жас ақындар».

Мұзафар Әлімбаев: «Басты мұрат тенденцияны табу болсын».

Осы қысқа да нұсқа берілген сөйлемдерден әдеби жыл қорытындысына арналған жиыннан негізінен хабардар бола аласыз. Бірақ автордың мақсаты ол ғана емес, «әдеби 1977 жыл қорытындысының басты-басты белгі-бедерлері». Мақаланың бірінші бөлімі жиыннан жазылған есептің міндетін атқарып, онда қандай мәселелердің қаралғандығынан хабардар етсе, соңғы екеуінде жиынның мәні мен маңызы, қорытындылары сөз болады. Автор мұнда да жаттандылықтан қашып, өзі баяндамайды. Әңгіме тілші мен баяндамашының, оқырманның арасына құрылған. Мақалада тілші негізгі баяндамашыларға сауалдар қояды; сұрақтарға Қ.Ысқақов, Ж.Әбдірашев жауаптар береді; оларға «оқырман» пікір білдіреді. «Оқырманның» сөздерінде жалпы әдебиетке, баяндамаға деген пікірлер бар. «Оқырман» поэзия туралы «...оқығанда отқа орап, ерітіп жүре беретін кітаптар түглі кейде өлеңдерді сирек ұшыратамыз. Содан соң баяндамашы тізіміндегі біраз ақындар – біздің әлі жыға танымаған, яғни өздерін әлі жыға танытпаған қаламгерлер. Біздіңше, Т.Молдағалиевтің баяндамасында сыр көп те, сын аз. Ол өнер өлеңге де ақындық көзбен қарағандай»; проза жайлы «Бізге Әкім Таразидің баяндамасы ұнады... Дегенмен, Әкімнің баяндамасында талап-талғам көп те, талдау аз. Оның кейбір кітаптар туралы пікір түйіндеуі сол кітаптарға жазылған аннотациялардан аспады. Бұлайша айтқанда, ол бұлақтың көзін ашады да, енді бас қойып іше бергеніңде жаба қояды»; драматургия хақында «Біздіңше, Қалихан Ысқақовтың баяндамасы сырбаз да сындарлы. Ең бастысы – ол барды базар ете білді. Жақсыны асырған жоқ, жаманды жасырған жоқ. Талғамына талдамы сай шықты»; балалар әдебиеті жайында «... қазақ сөз өнерінің ең ежелгі де алып арналарының бірі емес пе?.. Алайда баяндамашы сол бұлақтың барлық бедерлерін айтпағандай» – дегендей пікірлер білдіріпті. «Оқырманның» сөзі қысқа болғанымен де онда конференцияның қалай өткендігі, баяндаманың сапасы, мәселенің қаншалықты көтерілгендігі жайлы аса маңызды мағлұматтар бар.

Мақаланың соңындағы «Талқылау түйінділерінде» автордың, яғни Б.Сарбалаевтың атынан қорытынды жасалған. Санамаланып берілген ой түйіндерінде әдеби жиынның тағлымды тұстарын атап өтумен бірге кейбір ескертпелер де жоқ емес: «Бірінші түйін: жанрлық баяндамалар шолуға, жыл ішіндегі барлық нәрсені тізіп талдауға емес, басты бағыт-бағдарларды-тенденцияларды тауып-тануға, талдап-таразылауға құрылса. Екінші түйін: Ескерілмей келген жанр, немесе салалар бар. Айталық, сықақ жанры, деректі проза. Ендеше, олардың да жыл ішіндегі ахуалын аңғарып отыруымыз қажет... Үшінші түйін: сын жанры әлі де қамқорлыққа, қадағалауға көбірек зәру. «Жастар жастар туралы», не болмаса «Жас сыншының алғашқы кітабы» сияқты дүниелерді шығару – толғағы жеткен мәселе».

Ал тура осы жиын туралы есепті «Қазақ әдебиеті» газеті «1977: жыл жетістікері» деген тақырыппен көлемді етіп беріпті. Әр сала бойынша баяндамаларға іштей тағы да тақырыпшалар қойған. Баяндамалар проза «Ой мен сапа жайын ойласақ» (Ә.Тарази), поэзия «Ой мен сезім ұштасса...» (Т.Молдағалиев), балалар әдебиеті «Балаларға базарлық» (Ж.Әбдірашев), сын «Сын сипатын сараласақ» (С.Әшімбаев), драматургия «Өнер арқауы – өмір» (Қ.Ысқақов), Қазақстандағы орыс әдебиеті «Достық туы астында» (В.Старков) аталып, үлкен есепті мақаланың ішіндегі тараушаларға айналған. Жарыссөзге шыққандардың аты-жөндері ғана берілген.

«Қазақ әдебиеті» газетінде баяндамалардың мазмұнына көбірек орын берілуі оның оқырмандарының, яғни әдебиет сүйер қауымның «коллективтік Белинский» жиынынан молырақ мағлұматтар алуға ұмтылатындығын ескергендіктен болса керек. Жыл сайын өтіп тұратын әдеби жыл қорытындысынан «Қазақ әдебиетінде» жарияланған есепті мақалаларда осындай ерекшеліктер, яғни оқырман аудиториясына қарай бейімдей жазу байқалады. Әдебиетші қауымның әдеби жиында қандай мәселелер көтерілді, кімдер сөйлеп, не айтты, қандай да бір жазушының шығармашылығына, не болмаса жаңадан шыққан кітабына қандай пікір айтылғанын білгісі келеді. Сондықтан да бір жылғы бүкіл әдебиеттің бар мәселесін көтерген

әдеби жиыннан жазылған есепті мақалада ұзақсонар баяндауға түсіп кетпей, оқырманын жалықтырып алмай, негізгі-ау, маңызды-ау деген тұстарды барынша қамтып, бір сөзбен айтқанда, өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай, жұрт оқитын, оқырманның ойынан шығатындай етіп жазу айналып келгенде, шеберлікке келіп саяды. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, түрлі әдеби жиындардан жазылған есепті мақалалардың өзінен де сыншылық, жанрлық, формалық ізденістер байқалады.

Жетпісінші жылдарда түрлі календарлық даталарға байланысты жазылған мерейтойлық мақалалар мерзімді баспасөз бетінде біраз көрінді. 1973 жылы С.Торайғыровтың 80 (Д.Әбілов. Асыл арман жаршысы. «Жұлдыз», 1973, №11), 1974 жылы С.Сейфуллиннің 80 (Қ.Бекхожин. Жас қияда жұлдыздай жарқыраған. «Қазақ әдебиеті», 7.06.1974; С.Ақтаев. Совет шындығының жаршысы. «Қазақ әдебиеті», 7.06.1974; Т.Кәкішев. Асыл жар. «Қазақ әдебиеті», 7.06.1974), Б.Майлиннің 80 (Ш.Мұртаза. Алыптың анасы – халық. «Қазақ әдебиеті», 29.11.1974; Бас мақала. Әдебиетіміздің жарық жұлдызы. «Қазақ әдебиеті», 6.12.1974; Б.Наурызбаев. Замандас бейнесі, замана тынысы. «Жұлдыз», 1974, №9; Қ.Тоғызақов. Біздің Би-ағамыз. «Жұлдыз», 1974, №9), І.Жансүгіровтің 80 (Е.Естаев. «Ежелден ескеруші ем елдің жайын». «Жұлдыз», 1974, №8), С.Дөнентаевтың 80 (Х.Сүйіншәлиев. Дарқан дарын иесі. «Жұлдыз», 1974, №9) жылдықтары кеңінен аталды. Олардың өмірі мен шығармашылықтарымен таныстырған мақалалар біршама көрінді.

1977 жылы М.Әуезовтің 80 жасқа толған тойы дүрілдеп өтті. Ұлы жазушыға арналып жазылған жүздеген мақалаларда заңғар дарынның сан салалы өнерпаздық қырлары жарқырай түсті. Мұхтар Әуезовтің 80 жылдығының Одақтық көлемде өтуіне байланысты ол туралы мақалалар Мәскеуде де жарық көріп жатты. Тек жазушының ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің халықтық тойына арналған Мұхтардың 80 жылдығы қазақтың әдеби ой-пікірін де бір серпілтіп тастағандай болды. «Қазақ әдебиеті» (30.09.1977) газеті өзінің бір нөмірін түгелдей М.Әуезовтің 80 жылдығына арнады. «Жұлдыз» журналының да қыркүйектегі саны осы бір әдеби датаға арналып шықты. Басқа да республикалық мерзімді басылым беттерінде ұлы жазушының шығармашылығымен таныстыру кеңінен жүріп жатты. Осы кезде М.Әуезовтің жазушылығы жайлы қалам тербемеген қаламгер, ғалым, сыншы кемде-кем шығар, сірә. Олардың Мұхтар туралы не айтқанын саралау түгілі санамалап тізіп шығудың өзі біршама орын алады. Сондықтан да біз олардың барлығына тоқталмай-ақ, бір ғана Ш.Айтматовтың мақаласына назар аударсақ. Өйткені, қырғыздың ұлы жазушысы сол кезде талантты туындыларымен танылып, Лениндік сыйлықтың лауреаты атанған «көпұлтты» кеңес әдебиетінің көшбасшыларының бірі болғандықтан да оның пікірлері қай жағынан болмасын, аса құнды.

М.Әуезовтің 80 жылдығына арналған салтанатты жиында Ш.Айтматов тебірене сөйледі. «Қазақ әдебиеті» (30.09.1977) газетінде жарияланған мақалада ұлы жазушының шығармашылық жолын баяндап, тәптіштеп талдаудан гөрі «ол несімен құнды, біз үшін мәні мен маңызы қандай?» деген сауалдар төңірегінде толғанушылық, аса жоғары бағалаушылық бар: «Осы уақыт ішінде Әуезовтің есімі мен шығармалары жеке тұлғаның өмірбаянынан бүкіл бір халықтың өмірбаянына айналды. Бүгінде Мұхтар Әуезов және қазақ халқы деген сөздер – жігі ажырамас егіз ұғым. Бүгінде Мұхтар Әуезов есімі қазіргі қазақ халқының мәдениетіне, оның рухы мен ақыл-ойына әсем көрік беріп тұрады. Қазір ХХ ғасыр классиктері деген ұғымда Мұхтар Әуезов есімі қоса айтылады... Әуезов бізді көркемдік-тарихи ойлардың жалпыға тән әлемдік деңгейіне көтерді. Әлемге көз жіберу үшін, басқаларға көрінетін болу үшін Мұхтар Әуезов секілді асқаралы биіктер керек. Біз өзімізді Мұхтар Әуезов биігінен таразылаймыз және сол арқылы басқа халықтар мәдениетімен байланысамыз». Ұлылар бірін-бірі алыстан таниды дегендей, кейіннен өзі де ХХ ғасырдағы ұлы жазушылардың біріне айналған Шыңғыс Айтматов ұлы ұстазы Мұхтар Әуезов туралы осылайша толғанады. Сөзінің соңын «Дүниеде қазақ тілі мен қазақ халқы барда Мұхтар Әуезов есімі де мәңгі жасай береді» деген оптимизмге толы сөздермен түйген.

Мерейтойлық материалдарды берудің түрлі формалары көрінді. Кейбір басылымдар қаламгерлердің мерейтойларына тұтас нөмірлерінен арнады. «Қазақ әдебиеті» газетінің тұтас бір нөмірі (17.0.1972) Ғ.Мүсіреповтің 70 жылдығына орай шығыпты. Т.Нұртазиннің «Тамаша талант», З.Ахметовтің «Алғыр ой, сергек сезім», Н.Ғабдуллиннің «Соны саздар», Қ.Мұхамеджановтың «Тартымды тарту», т.б. сияқты мақалалары сырбаз суреткердің шығармашылық қырларын жан-жақты аша түскен. Жазушының 75 жылдығына орай М.Қаратаев-

тың «Сөз өнерінің хас шебері» (Жұлдыз», 1977.№3), З.Ахметовтің «Кемел суреткер» («Жұлдыз», 1977, №3) мақалалары жарық көрді.

Жыл соңында (15.12.1972) «Қазақ әдебиеті» Ғ.Мұстафиннің 70 жылдығына да бір санын арнапты. Онда С.Қирабаевтың «Заман. Жазушы. Ізденіс», М.Қаратаевтың «Ел таныған еңбектер», Ж.Өмірбековтің «Өмірдің өз шындығы», т.б. материалдар топталып берілген. Сондай-ақ осы онжылдықта Ғ. Мұстафиннің 75, Қ.Жұмалиевтің, Т.Нұрғазиннің, Д.Әбіловтің 70, С.Сейітовтің 60, С.Қирабаевтың, Т.Кәкішевтің, Р.Бердібаевтың, З.Қабдоловтың, Н.Ғабдуллиннің, М.Гумеровтің, Т.Дәуренбековтің 50 жасқа толулары аталып өтті.

Ұлы Абайдың 125 жылдық тойына «Жалын» журналы (1971, №4) М.Мырзахметовтің «Абай және ғұлама Дауани», С.Таңқаев «Абайдың эстетикалық көзқарастары» мақалаларын орайластырған.

М.Қаратаевтың «Жиырмасыншы ғасырдың Гомері» (Жамбыл, «Жалын», 1971, №5), М.Жолдасбековтің «Жүз жырлаған жүрек» (Жамбыл, «Жалын», 1972, №1), Р.Бердібаевтың «Қалдырған сөзі ғибрат» (Майлықожа, «Қазақ әдебиеті», 5.10.1973), Х.Сүйіншәлиевтің «Келешекті көксеген күрескер» (Сұлтанмахмұт, «Қазақ әдебиеті», 28.12.1973), А.Машановтың «Екінші Аристотель» (Фараби, «Жұлдыз», 1973, №9), Б.Ақмұқанованың «Ақынның ортақ мұрасы» (Ә.Ғалимов, «Жұлдыз», 1973, №11), Д.Әбіловтің «Асыл арман жаршысы» (Сұлтанмахмұт, «Жұлдыз», 1973, №11), Ә.Кекілбаевтың «Дарқан дарын» (Ә.Нұрпейісов, «Қазақ әдебиеті», 25.10.1974), М.Қаратаевтың «Бақытты балалар жыршысы» (Ө.Тұрманжанов, «Қазақ әдебиеті», 20.12.1974), Т.Молдағалиевтің «Жас жүрек жайып саусағын» (Ө.Тәжібаев, «Жұлдыз», 1974, №2), Х.Әдібаев пен Ж.Молдағалиевтің «Аға жолы» (М.Қаратаев, «Жұлдыз», 1974, №7), Т.Қожақеевтің «Ғалым өткен белестер» (Б.Кенжебаев, «Жұлдыз», 1974, №11), Р.Бердібаевтың «Қаһарман ғалым» (М.Ғабдуллин, «Жұлдыз», 1975, №5), Ж.Молдағалиевтің «Есілдей есіп жатқан көңілі бар» (С.Мұқанов, «Жұлдыз», 1975, №8), Р.Бердібаевтың «Ертемен шапса, кеште озған» (А.Тоқмағамбетов, «Жұлдыз», 1975, №9), «Алпыстың асуында» (І.Есенберлин, «Қазақ әдебиеті», 17.01.1975), «Тереңнен тамыр тартқан» (Ө.Қоңыратбаев, «Қазақ әдебиеті», 24.10.1975), С.Асановтың «Сырлы сурет, шынайы сезім» (Қ.Шанғытбаев, «Қазақ әдебиеті», 28.03.1975), М.Серғалиевтің «Салауатты сөз қалдырған» (С.Талжанов, «Жұлдыз», 1976, №6), С.Досановтың «Айдынды өзен – Ақ Жайық» (Х.Есенжанов, «Қазақ әдебиеті», 8.04.1977), З.Қабдоловтың «Ұлылық үлгілері» (М.Әуезов, «Қазақ әдебиеті», 25.11.1977), М.Қаратаевтың «Іргелі талант» (Ғ.Мұстафин, «Қазақ әдебиеті», 2.12.1977), Т.Кәкішевтің «Жауынгер сын сапында» (А.Нұрқатов, «Қазақ әдебиеті», 01.12.1978), Б.Сарбалаевтың «Бір уыс топырақ» (Ә.Кекілбаев, «Жалын», 1978, №5), Р.Бердібаевтың «Өмір ізімен» (Б.Сокпақбаев, «Жалын», 1978, №5), Ә.Жұмабаевтың «Тарлан талант» (Қ.Мұхаметжанов, «Жалын», 1978, №5), Ә.Жәмішевтің «Қарапайымдылығымен қадірлі» (М.Дүйсенов, «Жалын», 1978, №5), Ә.Жәмішевтің «Тұғыры биік талант» (Ә.Тәжібаев, «Жұлдыз», 1979, №2), т.б. сияқты мақалаларда қазақ әдебиетінің үлкенді-кішілі қайраткерлерінің шығармашылықтары кеңінен таныстырылды.

Жетпісінші жылдарда юбилейлік мақалалар жиі жазылды. Әсіресе, 1977 жылы баспасөз бетінде ғұмырнамалық мақалалар көп көрінді. Мұндай мақалалардың пайдалы жағы сол, белгілі бір қаламгердің шығармашылығына оқырман назарын тағы да аударып, оны жаңа заманда жаңа ұрпақтың танып білуіне мүмкіндіктер жасайды; өзіндік ерекшеліктері, өнерпаздық қырлары ашыла түседі; жазушы шығармашылығының күшті жақтары мен әлсіз тұстары талданылып, нақтылы тұжырымдар түйіледі. Қаламгер шығармашылығының әдебиетіміздегі орны қандай деген мәселені анықтай түсуге едәуір көмектеседі. Дегенмен де, жоғары талаптар деңгейінен көріне алмаған, биік талаптардан шыға бермейтін материалдар да кездеседі. Олардың кейбіреулері бір сарынмен жазылып, бұрыннан белгілі мәліметтерді қайта айтып шығумен ғана тынады. Жазушы шығармашылығын тұтас күйінде алып, толымды талдаулар жасап, пікір айтудың орнына арзан мақтауларға құрылған мақалалар да бой көрсетіп жатты.

«Социалистік Қазақстан» (22.11.1977) газетінде тарих ғылымының кандидаттары Х.Маданов пен А.Игенбаевтың «Коммунист ғалым» атты Илияс Қабыловтың туғанына 70 жыл толуына арналған мақаласы жарияланды. Авторлар шағын мақалада І.Қабыловтың өмірбаянымен қысқаша ғана таныстырған. Ал оның мәдениет, әдебиет саласындағы еңбектері жай ғана аталып өткен. Сыншылық қызметі дегенде Қазақстан Жазушыларының 1934 жылы өткен бірінші құрылтайында әдеби сын жайында баяндама жасағанын, сыншы ретінде КСРО Жазушыларының бірінші құрылтайына делегат болып қатысқандығын айтумен шектелген.

Ө.Тұрманжановтың «Мейірбан досы» («Қазақ әдебиеті», 18.10.1974) естелік түрінде жазылған. Мұнда І.Қабыловтың өмірбаянымен, атқарған қызметтерімен, шығармаларымен таныстыру жоқ. Ол Ілияспен бірге болған кездерінен үзінділер келтіре отырып, оның адамдық, азаматтық болмысын ашуды мақсат тұтқан. Оның әдебиет мәселелеріне арнап мақалалар жазып, түрлі жиындарда баяндамалар жасағанын айта келіп, бұл тараптағы ойларын «Ілиястың әдебиетке, мәдениетке сіңірген еңбегі бір бұл ғана емес, ол өзінің терең білімімен, үздік сыншылық талантымен туған еліне адал қызмет атқарды» деп түйіндеген.

Ал Т.Амандосов пен Б.Бүркітбаевтың «Жалынды публицист» («Социалистік Қазақстан», 5.12.1978) атты мақаласында І.Қабыловтың жалпы өмір жолымен таныстырумен бірге негізінен оның журналистика саласындағы еңбектеріне назар аударған. Әдебиет саласындағы еңбегін «Ілияс әдебиет сыншысы ретінде де көрінді» дей келіп, оның «Тағы да «Қызыл ат» поэмасы туралы», «Қазақ әдебиетіндегі маркстік-лениндік сынның жауынгерлік мәселелері» атты мақалаларында социалистік реализм мен революциялық романтизм мәселелері көтерілгендігін айтумен ғана шектелген.

Ілияс Қабылов туралы жазылған осы үш мақаланың да нысаны бір болғанымен алға қойған мақсаттары басқаша. Тарихшы ғалымдар Х.Маданов пен А.Игенбаев І.Қабыловтың қоғамдық қызметіне, қоғамдық ғалымдарды дамытудағы орнына назар аударса, ақын Ө.Тұрманжанов Ілиястың адамшылық, азаматтық, әдебиетшілік қырларын ашқан. Ал баспасөз зерттеушісі Т.Амандықовты оның публицистік қызметі қызықтырады. Үш мақаланың нысаны бір болып жанрлық жағынан шығармашылық портретке жағқанымен де алдына үш түрлі мақсат қойғандықтан да бірін-бірі қайталамай, өзіндік сипат танытып үш түрде көрінген.

Т.Кәкішевтің «Талант, парасат иесі» (Т.Нұртазинге 70 жыл, «Социалистік Қазақстан», 29.12.1977), К.Сейдаханов пен Н.Төрешұлының «Салауатты сыншы» (Р.Бердібаевтың елу жылдығы, «Лениншіл жас», 2.12.1977), З.Қабдоловтың «Кемел кезең» (З.Ахметовке елу жыл, «Социалистік Қазақстан», 13.05.1978) секілді қалың көпшілікке арналған басылымдарда жарияланған мақалаларда мерейтой иелерін қысқаша ғана таныстыру тән. Мақалалардың көркемдік, ғылыми сипатынан гөрі публицистикалық сарыны басым.

Осы жылдарда шығармашылық портреттің небір тамаша үлгілері жасалғандығын да атап айтқымыз келеді. Солардың бір-екеуіне тоқтала кетейік. 1979 жылы ақиық ақын Ө.Тәжібаевтың туылғанына 70 жыл толуын республика жұртшылығы кеңінен атап өтті. Қазақ баспасөзінің барлығы дерлік осы бір әдеби дағаға байланысты материалдар берді. Солардың ішінде бір-екі мақала ерекше көзге түседі. Соның бірі – «Лениншіл жас» (10.02.1979) газетінде жарияланған «Ақындар ағасы» атты шығармашылық портрет. Мақала алдымен, өзінің композициялық құрылымымен ерекшеленеді. Автор ақын шығармашылығы жайлы өз пайымдарын баяндай бермей, негізінен өз көзімен көргендерін, өзге де бедел иелерінің пікірлерін жарыстыра отыруы өте ұтымды шыққан.

«Ақындар ағасы» тақырыбының астына «Мүшелтай иесі Ө.Тәжібаев творчествосы үш буын көзімен» деп анықтама берілуінің өзі мақаланың бар болмысын, сипатын айқындап тұр. Автор мақаланың негізін, мазмұнын ақын шығармашылығы жайлы жазған аға, орта, жас буын өкілдерінің пікірлеріне құрған.

Көркем тілмен кестеленген мақала көркем әңгімеше басталып, аяқталады. Сын мақала емес, көркем шығарма оқып отырғандай боласыз. «Алматы аязының суығы күрт сынды, ақпанның алғашқы күндері аспан ашық тартып, май тоңғысыз, биязы күйге ауысты. Әсіресе, сол күні табиғат та, табиғатпен еншілес ақын аға да бейне бір көктем күйін кешті.

Әсіресе, сол күні ақжарқын ақынды алқызыл гүлдер көмкерді. Аспаннан гүл жауғандай. Ол – халқының ақниет, адал жүрегі, жақсылық тілегі болатын». Мақала осылай басталады. Мерейтой иесі үйінің есігі барлық уақытта да ашық. Ел-жұрты оны тынымсыз құттықтап жатыр. Автор да көптің бірі болып, ақынды құттықтауға келеді. Бір кезде телефон шырылдап, қуаныш иесі С.Мұқановтың жары Мариям апайға ақ тілектер білдіріп жатады. Осы жерден мақаланың байланысы (экспозиция) басталып, ары қарайғы әңгіме Ө.Тәжібаевтың шығармашылығын кезінде С.Мұқанов бастаған аға буын өкілдерінің жоғары бағалағандығын тілге тиек етіп, негізгі арнаға түседі. Автор Әбділда туралы толғаныстарын С.Мұқановтың, М.Әуезовтің, Ы.Жақаевтың, С.Мәуленовтің, Ғ.Қайырбековтің, М.Мақатаевтың, Т.Сегізбаевтың ақын халқында әр кезде айтқан пікірлерімен тұздықтап отырған. Ақын-жазушылармен бірге ауыл

еңбеккері Ы.Жақаевтың, спортшы Т.Сегізбаевтың сөздерін келтіру арқылы ол туралы оқырман жұртшылықтың пікірін білдіру болса, екінші жағынан, оның адамдық, азаматтық болмысын аша түскен. Ә.Тәжібаевтың «Қазір күніне 4 сағат оқып, 4 сағат жазамын» деген сөзі жасының ұлғайғанына қарамастан оның әлі де тұғырдан таймаған, шығармашылық өрлеуде екенін аңғартады.

Мақаланың соңында әдеттегідей ой-қорытындылары жоқ. Жаттандылықтан қашқан автор негізгі ойларын көркемдікпен көмкеріп, ұсыныпты:

«Ақын кабинетінен Алатаудың ақ бас шыңы Найзақара көрініп тұр. Ол аспан таудан соққан самалға күй толы кеудесін тосып, бүкіл қуанышты халқы үшін әлі талай жыр жазады. Ақ басты ақын көзімізге асқар шындарды елестетіп, өз уақытымен бірге биіктерге тартып болады.

Ақын да бір табиғат, табиғат та бір ақын!» Мақаланы тауысып, бір сәтке көзіңізді жұмып, ойға қалсаңыз, бейне бір Әбділда ақын туралы көркем әңгіме оқығандай әсерде қаласыз.

Ә.Тәжібаевтың 70 жылдығына орай жазылған Жұбан Молдағалиевтің «Жырдариясы» да өзінше көз тартады. Сырдария бойында туылып, өскен ақын туралы мақаланың «Жырдария» аталуының өзі – тапқырлық. Мақала былайша басталады: «Әбділда Тәжібаев туралы сөз болғанда екі дария көз алдыға келеді. Бірі – Сырдария... Екінші дария – Жыр дариясы. Мұның да қайнар көзі, шығар жері бар. Ол – сол Сыр сұлу, ұрпағын ән-жырымен ауыздандырған ақын халық. Жыр дариясы ұшы-қиырсыз қазақ даласын ғана суарып жатқан жоқ, жер-жердің, ел-елдің поэзия мұхитына құйып жатыр. Оның аты – Әбділда Тәжібаев» («Социалистік Қазақстан», 11.02.1979). Осыдан әрі қарайғы әңгіме автор Жырдария атаған Ә.Тәжібаевтың төңірегінде өрбиді.

Мақала иесі ақын болғандықтан да Әбділданың поэзиясын ғылыми талдамайды, ақындық көзбен қарап, сезінген ойларын бейнелі түрде өрнектейді: «Әбділда өнерінің, Әбділда талантының қырлары көп. Ол – әрі ақын, әрі ғалым, әрі драматург, әрі қоғам қайраткері. Бірақ Шолпан жанып тұрғанда өзге жұлдыздар көзге түсе бермейді... Сол секілді Ә.Тәжібаев творчествосының шолпаны да, Эльбрусы да – ақындығы».

Автордың Ә.Тәжібаевтың шығармашылық қырларын сипаттауы да бейнелі: «Сонымен ақын деген атақтың асқақ абыройы мен ауыр салмағын бірдей сезінген Әбділда Тәжібаев жұртшылықты поэзия дариясынан, әсемдіктің мөлдір бұлағынан жомарт сусындатып келе жатыр... Ақын тіл – орақ ауыз, отты тіл, шұрайлы, бейнелі тіл. Бұл тілдің және бір ерекшелігі: тәтті айтсын, қатты айтсын жүрекке, сүйекке батыра айтады, бар даусымен айтады. Ондайда ұйқасқа да, ырғаққа да қарап жатпайды... Әбділда әрі биязы лирик, әрі көпшіл трибун ақын... Сіз көп дөңестің бірі емессіз, қазақ поэзиясындағы санаулы шындардың бірісіз». Мақаланың соңына дейін осы бір көркем стиль, сарын негізінен сақталынған. Мақаланың соңы «Сіздің жүрегіңізден басталған жыр дариясы жұмыр жерді орай ағып, ұрпақтардың мейірін қандырып, рухани мерейін үстем ете берсін» деген бейнелі де көтеріңкі леппен айтылған тілек сөздермен аяқталған.

Жұбан ақын Әбділда ақын туралы сөйлегенде оның шығармашылығының барлық қырларын ашып көрсетуді мақсат тұтпаған, тек поэзиясы жайлы ғана толғанып, ақындық болмысын ашып берген, яғни Ә.Тәжібаевтың ақындық портретін жасаған. Ал ақынның драматургтігі, ғалымдығы, аудармашылығы оның ақындық болмысын толықтыра түсетін штрихтар ретінде аталып қана кеткен. Ақындық поэзияны талдаудан гөрі сезінуге құрылған Ж.Молдағалиевтің «Жырдариясы» көркем тілмен жазылған суреткер сынының озық үлгілерінің қатарында көрінеді.

М.Мақатаев жайлы мақаласын Асқар Егеубаев «Айтсын деп ақиқатты тіл берілген» деп, Мұқағалидың өз сөзімен атапты да оған қосымша «Ақын мұрасы туралы эссе» анықтама-тақырыпшаны қосақтаған. Автордың өзінің айқындауынша, мақала – өмірден өтіп кеткен ақиық ақын туралы эссе. Сонымен бірге мұнда ақын өлеңдерін әңгіме ете отырып, талдаушылық та бар, одан да гөрі оның ақындық болмысы алдында тебіренушілік басым. Асқардың өзі де ақын болғандықтан Мұқағали ақынның поэзиясы туралы толғанады, толғанғанда да онымен ой жарыстырып, сезім күйін басынан кешіреді. Мақала поэзия, Мұқағали, Мұқағалидың шығармашылығы алдындағы толғаныс сияқты:

«Адамды бірде азынаған үсіріктің құшағында, бірде апшыны қуырған аптаптың аңызағына, бірде жапырағын желден басқа жан желпімеген жаратылыс жанаты жазира жайлау жасыл

аймаққа алма-кезек алмастырып, өмірдің нәрін көңілдің аңсары мен кәусарына айналдыратын Уақыт атты күдіреттің өз мақамы, өз күйі болатынындай, поэзияның да сол уақыт атты қайсар еменнің шор боп біткен иір-иір бұтақтарынан жамырап бүр ашқан өзіне, кезеңіне сай сымбат-бітімі бар» («Қазақ әдебиеті», 5.10.1979) – деген поэзия туралы толғаныспен басталады мақала. Осы ырғақ, осы көтеріңкі леп, лирикалық тебіреніс мақаланың соңына дейін бір бәсеңдемей, есіп отырады. Ақын туралы ақын ақынша бейнелі сөйлейді: «Бүгінде саңлақ сардары санаулы, самғар биік қазақ жырының сырлы өлкесінде көкіректің тұңғық сырын сыбызғы сазымен тербеген сыршыл әуен – Мұқағали Мақатаев мұрасы. Жалғандық атаулыға кірпияз, кінәмшәл халық формашылдықтың да, модашылдықтың да қырлы-сырлы шолжыңынан жалықты ма, кім білсін, осы бір шыншыл да сыршыл қоңыр күйді қалап алғалы қашан».

Асқар М.Мақатаевтың соңғы шыққан «Өмір-Өзен» жыйнағын оқи отырып, оның жалпы ақындық болмысы жайлы кесек-кесек ойлар түйген. Айтылған пікірлердің ауқымдылығы сонша, ол бір кітаптың ауқымынан шығып, Мұқағалидың бүкіл ақындығын қамтиды. Мақаланың нысаны рецензия сияқты бір кітап болғанымен де көтерілген мәселе өмірден өтіп кеткен М.Мақатаевтың ақындық мұрасы, оның сипаты, яғни поэзиясының өзіндік ерекшеліктері хақында өрбіген, бір сөзбен айтқанда, Мұқағалидың ақындық болмысын жасау болған.

А.Егеубаевтың М.Мақатаевтың поэзиясы жайлы ойлары төмендегіше көрініс тапқан: «Әділ сыншылдық жарқын үн – жарқын ойлы ақын Мұқағали Мақатаев творчествосының ерекше мінезінің бірі, ...Мұқағали жырлары бірде үн-түнсіз шымырлай қайнап тереңге тартып, бірде ақкүміс бұлттарың түйдектетіп аспанға атқан өмірдің өзіндей... Ақын жыры тұтас бір буынның, уақыттың, дәуірдің кесек бір бөлегінің өзгеге ұқсамайтын, өз мінез-сымбатымен көрінген көрінісі... Соңғы он жыл, яғни жетпісінші жылдар поэзиясы сөз болғанда ірі таланттарымыздың аса аз, санаулыларының ішінде Мұқағали лирикасы ыстық ілтипатпен аталары анық. Оны бұл асқар биікке көтерген қасиет – халықтық рух, әркімнің жүрегі жатырқамай жақын тартағын сазды әуен... Мұқағали ақын ретінде ойды ойып ап, дайын күйінде қалтаңа салып бермейді, ойды өрбітеді, өршітеді. Табиғи арнасымен желілеп жеткізеді. Соның бәрінде де белгілі бір шынайы құбылыстан, өмірлік оқиға, детальдан тілге тиек табады. Сөйтіп, өлең өрнектері ассоциациялық қатарлармен санаңа шымырлай жетеді... Ақын ұсақ көріністерден, майда зергерліктен гөрі кесек картиналарға, тынысты полотнарға үйір. Бейнелеп айтсақ, ақын туындыларының ішінен тұтастай өлең-полотноны, өлең портретті, өлең картиналарды көреміз. Мұны тек шеберлік деп қана қойсақ, қысқа қайырандық... Шеберлік болғанда, өлеңнің құлын мүшесіне сынық сүйем ет жолатпайтын кірпияз тазалық, назарды кез-келгенге жамырата бермей, нысананы қиядан шалатын қырағылықпен қоса, сол айтпақ ой-нысананы ұзатпай іліп түсер алғырлық... Творчество – өмірбаян, өмірбаян болғанда бір буын жан-дүниесінің психологиялық полотносы дәрежесіне жеткен... Ақынның білімділігін, парасат кеңдігін біле тұра өлең өрнектерінен кітабилықтың, образ жүйелерінен абстракциялық түзілімнің шаңын да сезінбейсіз. Образ да, ой да, ырғақ та өмірдің өзінен өлеңге, өлеңнен өмірге ауысып жатыр... Ақын кредосы – шыншылдық, сәби сезімге ғана сиятын бүкпесіз, албырт шыншылдық. Мұқағали ақын, көбінесе, ұғым, түсінік-таным арқылы сөйлейді. Сол арқылы аз сөзге көп мағына сиғызады, әрі мағына байлығын, экспрессивтік мән бояуын қалыңдатады».

Автор ақын болғандықтан да ақиық ақын Мұқағали жайлы ағынан жарылып, төгіле, тебірене сөйлейді. Қара сөз боп сөйлем жолдарына айналған ақындық сезімге ерік берген, яғни ақын ақын туралы қара сөзбен жырлаған. «Айтсын деп ақиқатты тіл берілген» негізінен Мақатаевтың соңғы жыр жинағына арналғанымен де қағазға түсу барысында ақынның ақындық болмысы жайлы шығармашылық портретке ұласып кеткен. Автордың өзі ессе атапты.

Мақаланың негізгі темірқазық нысаны «Өмір-өзен» кітабы жайлы Асқар «Өмір-өзен» жинағында ақынның шаттық шалқуы, өмір шіркінді қия алмай, қысылып шыққан жан дауысы, достарға деген назы, адамға деген аманаты алып өзеннің арынды ағыстарындай арпалысып жатыр. Мұндағы өлеңдердің өзегінен де, өрнегінен де, тыныс демінен де ақынның алғашқы жинақ, өлеңдерінен бері үзілмей жалғасып, өсіп өркен жайған ой мен сезім қорытпасын көреміз» деп, жоғары бағалапты.

А.Егеубаевтың бұл мақаласына кеңірек тоқталудағы мақсат бұрындары, яғни, жетпісінші жылдары («Қазақ әдебиеті», 26.07.1974) қатты сынға ұшыраған М.Мақатаевтың енді өзіне лайықты жоғары бағасын ала бастағанына көз жеткізу. Ақиық ақынға тағылған бәле-жала-

лардан арылып, ақындық бар болмысымен танылуына айтарлықтай үлес қосқан азаматтардың бірі А.Егеубаев болғандығын ескерте кеткеннің де артықтығы жоқ.

Ж.Молдағалиев пен А.Егеубаевтың мақалалары авторлары ақын болғандықтан да көркемдік сипаты айқын суреткер сынының нағыз үлгілеріне жатады. Бұлардың тілі ғана көркем емес, ойды саптауы, жеткізуі де бейнелі. Айғайшыл публицистика, сірескен ғылымнан гөрінені айтса да төгіліп, көсіліп, тебіреніп, образбен жеткізетін лиризм басым. Ғылыми талдау, зерттеу негіздеріне емес, өзінің ақындық сезіну, түйсіну тәжірибелеріне сүйенген. Нәзік лиризмге, терең толғаныстарға толы көркем жолдар оқырманын бірден баурап, поэзияның тылсым аулына алып кетеді.

Қандай да бір мақала болмасын, оның мазмұны, идеясы, құрылысы, бір сөзбен айтқанда, табиғаты оның авторына, оқырманына, саяси-әдеби ахуалға тікелей байланысты әдеби басылымда көрінген мақаланың әдеби, ғылыми журналда ғылыми, ал саяси-көпшілікте публицистикалық сипаты басым болады. Әдеби сипаты басым көркем сындар, әсіресе, ақын жазған ақын туралы мақалаларда айқын көрінді.

Ахат Жақсыбаевтың Ғ.Мұстафин жайлы жазған шығармашылық портреті де назар аударады. Тақырыбына жазушының «Біліп жаз, сүйіп жаз» деген өз сөзін қойған автор оған тағы да «Ғабиден Мұстафинмен әңгіме» деген анықтаманы қосыпты. Ғ.Мұстафинмен кездесуге келе жатқан Ахат оның шығармашылығы жайлы ойларға беріледі: «Оңашада «Ғабекен творчествосы осы несімен биік» деп ойланасың... Ғабиден Мұстафин – қазақ даласындағы үлкен өзгерістерді кең түрде, шеберлікпен суреттеп берген жазушы. Оның романдары қазақ халқының совет дәуіріндегі елеулі кезеңдерін бейнелейді... Ол – шын мәніндегі, өз дәуірінің жазушысы». Осылайша ой кешкен автор Ғабиденнің әдебиет жайлы бұрындары айтқан кейбір сөздерін еске түсіреді. Осылайша басталған мақала ары қарай А.Жақсыбаев пен Ғ.Мұстафиннің сұхбатына құрылады. Автор өзі баяндай бермей, жазушының портретін оның өз сөздерін беру, яғни ішкі жан-сарайын аша түсу арқылы жасаған. Ғ.Мұстафиннің мына бір сөздерінен оның азаматтық, қаламгерлік болмысы биіктей береді: «Талант үлкен болмайынша, әдебиет үлкен болмайды. Нағыз жазушы – өз шығармасына өзі әділ сыншы. Жазу үстінде жылайтын жерінде өзі оңаша отырып жылауы, қуанатын жерінде жас балаша қуануы керек. Өзін селт еткізбеген шығарма еш оқушыны тебіренге алмайды. Қиналмасаң, қиналып тапқан бір сөзің, не бір ойың өзіңді «бақыттымын» дегізбесе, жазудың керегі не?..

Жазатын нәрсеңді бойға әбден сіңіріп, үлкен бір мақсатқа айналдырмайынша, жаңа шығарма тумайды.

Біліп жаз, сүйіп жаз. Бұл қай жазушыға болсын қатысты сөз.

Өз басым екі нәрсе іздеймін – бірі ой, бірі – тіл. Әдебиеттен қашанда екі қасиет талап етіледі, біріншіден, шығарманың өмір танырлық, ой саларлық, екіншіден, оқырманға сүйкімді ләззат берерлік қасиеттері болуы керек.

Менің ешбір шығармам кездейсоқ туған емес. Толғанудан, арманымнан туған.

Мен әрдайым бүгінгіні, шамам келгенде ертеңгіні жаздым.

Егер жазушының өмірден көргені, түйгені болмаса, оның орнын бір-екі барған командировка толтыра алмайды.

Талантты ешкім сұрап алмайды. Талант дегеніміз – табиғаттың сыйы...

Диктовкаға әуестенбеген адаммын. Бір бет алу үшін он рет қайта жазатын шығармын...

Қай кітабымды болсын, қиналмай жазған емеспін. Басқа дүниеден бөлініп, күні де, түні де сол жазғанымың төңірегінде ойланам. Кітап біткенде әбден жүдеп шығам...»

Сәтті қойылған сұрақтарға берілген жауаптардан жазушының азаматтық, қаламгерлік тұлғасы анық көрінеді.

Қ.Құттыбаевтың «Сыншы Қалжан Нұрмахановтың елу жылдығына арналып жазылған «сыншы болсаң, сыршыл бол» (Қалжанның өз сөзі) атты мерейтойлық мақаласы «Жұлдызда» (1978, №7) жарық көрді. Сыншының сыншы туралы ойлары бір бірімен алғаш қалай кездескендігі жайлы естеліктен басталған. Қалжанды «Жұлдыз» журналының редакциясында көргенін, оған дейін Мәскеудің үлкен басылымдарында мақалалары басылып жүрген жас сыншыны сырттай білгенін айта келіп, кейіннен аралас-құралас дос болып кеткенін еске алады. Алдымен оның адамдық, азаматтық болмысымен таныстырады: Қалжан ақ пейілді, адал да аңқылдақ жігіт еді. Кейде оның осы мінезі сырт көзге жеңілтек кейіп танытқандай болатын»

(«Жұлдыз», 1978, №7). Содан кейін барып «Оның мол білімдарлығын, эрудициялық тереңдігін бәріміз де мойндайтынбыз. Әсіресе, бағыс, шығыс әдебиетін, орыс классикасын ол жанындай қастерлеумен бірге, жарқыратып әңгімелеп беруге құштар еді. Ондай әңгімесін жұрт көзінше емес, көбіне оңашада шешіліп сөйлейтін. Жиында сөйлеуді жаны сүймейтін. Оның осы дарқан білімі көптеген әдеби-сын мақалаларына көрік беріп, көзге бірден шалынады» деп, Қалжанның аса білімді әдебиетші болғандығынан хабардар етеді.

Қ.Құттыбаевтың Қалжан туралы мақаласының естеліктен, содан кейін оның адами қасиеттері, білімдарлығы жайлы өз пайымдарын баяндаумен басталуы сәтті шыққан. Автор содан кейін барып Қ.Нұрмахановтың сыншылық еңбектеріне тоқталады.

Алғашқы мақаласын МГУ-дің үшінші курсына оқып жүріп, Мәскеудің «Знамя» (1949) журналында жариялаған, аз ғана ғұмырында жүздеген әдеби-сын мақала, «Литературные заметки» (1960), «Дәстүрлі достық» (1962) кітаптарын шығарып үлгерген дарынды сыншының шығармашылық жолы жайлы жан-жақты айта келіп, өз ойларын Қ.Құттыбаев төмендегіше түйіндеген: «Тыңдырған ісіне көңілі толмаса да Қалжан аз өмірінде артына айта қаларлықтай мол мұра қалдырып кетті. Оның мақалаларын, кітаптарын, күнделік-жазбаларын мұқият жинақтау, зерттеу – келешектің міндеті. Қалжан Нұрмаханов шын мәнінде көркем әдебиетті қасиет тұтып қадірлеген, аса қарапайым, еңбекқор сыншы еді».

15.3. ӘДЕБИЕТ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Сын дегеніміз – пікір, пікірталас. Сын мен өзара сын – сауыға түсудің бірден бір кепілі. Әдеби атмосфераның сауыға түсуі үшін де түрлі шығармашылық пікір алысулардың маңызы зор. Жетпісінші жылдардағы қазақ әдеби сынында осы мәселеге біршама көңіл бөліп, ол өз жемісін берді де. «Қазақ әдебиеті» газеті «Проза: ойлар мен толғаныстар», «Поэзия: ізденістер, іркілістер», «Шеберлік туралы әңгімелейміз», «Жазушы жазушы туралы», «Әңгіме туралы әңгіме», «Аударма: өре мен өріс», «Толғауы тоқсан қызыл тіл» сияқты айдарлар ашып, қазіргі қазақ әдебиетінің аса маңызды зәру мәселелері хақында қызу пікір алысулар ұйымдастырды. Мұнда жазушы шеберлігі, поэзия мен прозадағы поэтикалық жаңалықтар, көркем әдебиеттің тілі жайында аса пайдалы ойлар ортаға салынды. «Жас сыншылар сөйлейді» деген айдар бір топ жас сыншыларға сөз беріп, олардың шығармашылық жағынан жетіле түсуіне септігін тигізді. «Жас сыншылар – жас ақындар туралы» атты айдармен берілген материалдар да әдебиетсүйер оқырман ойларынан шықты. Бірақ кейіннен бұл айдар өз жұмысын әлсіретіп алғандай болды.

«Жұлдыз» журналы «Тіл өнері дертпен тең», «Өлең, қайда барасың?», «Қазіргі қазақ драматургиясы», «Өткен жылда өріс бар, өсу қандай?», «Өлең дәрежесі талғам деңгейінен төмен бе, тең бе, биік пе?», «Өркен жайған өнер өрісі», «Әңгіме туралы әңгіме», «Оқырман хаттарымен сырласа отырып», «Ахуалың қалай, аударма?» проблемалары бойынша талқылаулар өткізді. Оған белгілі сыншылар, ғалымдар, қаламгерлер шақырылды. Бұл пікірлесулерде әдеби өміріміздің өзекті өңірлері жайлы, зәру мәселелері хақында толғамды пікірлер қозғалды. Баспасөз бетінде әртүрлі тақырыптар, проблемалар бойынша өткізілген пікір алысулардың әдеби өмірдің жандана түсіп, дұрыс бағытта дамуына септігін тигізгені хақ.

Жетпісінші жылдардың әдеби сынында қазақ әдебиетінің жеткен жетістіктері мен кемшіліктерінен саралауға байланысты бірсыпыра жұмыстар атқарылды. Поэзияның, прозаның, әдебиеттің басқа салаларының көркемдік мәселелеріне арналған пікір алысулар ұдайы өткізіліп тұрды. Поэзияның түрлі жақтарын көтерген З.Ахметовтің «Еркін өлең, ол қандай?» («Қазақ әдебиеті», 27.X.1972), Ә.Кекілбаевтың «Өлең көкжиегі» («Жұлдыз», 1972, №1), Ә.Атаниязовтың «Математика және поэзия» («Жалын», 1971, №1), Ж.Сомжүрековтің «Өлең неге оқылмайды?» («Жалын», 1972, №5), Д.Стамбековтің «Өлең өрісі неге тар?» («Қазақ әдебиеті», 16.02.1973), Ұ.Доспанбеттің «Өлең өлкесін шолғанда» («Қазақ әдебиеті», 23.XI.1973), М.Қаратаевтың «Ән қанатына – асыл сөз» («Қазақ әдебиеті», 28.IX.1973), Ә.Жәмішевтің «Балалар поэзиясы туралы бірер сөз» («Жалын», 1973, №1), Б.Сарбалаевтың «Өлең өресі неге өспейді?» («Жалын», 1973, №6), Қ.М.Жүсіповтің «Ақынның биік мұраты» («Жұлдыз», 1975, №10), «Лирикадағы әсемдік» («Қазақ әдебиеті», 14.07.1975), «Өлең өрісі неге тар?» («Жалын», 1976, №1), Б.Ыбырайымовтың «Сен де түзел, ақыным», («Жалын», 1977, №8), Қ.Мырзалиевтің «Өлең жыр және ақын

парызы» («Қазақ әдебиеті», 29.03.1974), А.Егеубаевтың «Ақын боп келген соң өмірге» («Қазақ әдебиеті», 6.12.1974), Ә.Табылдыевтің «Балаларға жыр керек» («Жұлдыз», 1974, №8), Т.Рақымжановтың «Поэма және уақыт» («Жұлдыз», 1974, №11), Т.Рахимовтың «Қамқорлықты талап деп білсек» («Қазақ әдебиеті», 07.02.1975), М.Неталиевтің «Өлеңге бұлардың да бар таласы» («Қазақ әдебиеті», 1.07.1975), Т.Молдағалиевтің «Ақын бақыты жырында» («Жұлдыз», 1976, №2), С.Қирабаевтың «Поэзиядағы азаматтық әуен» («Қазақ әдебиеті», 12.03.1976), Ж.Қыдыровтың «Ән тағдырын сөз етсек» («Қазақ әдебиеті», 12.03.1976), «Сыр мен сымбат» («Қазақ әдебиеті», 10.02.1978), А.Егеубаевтың «Өлеңнің ағысымен өрге өрлеген» («Қазақ әдебиеті», 9.12.1977), «Еркеленіп сөз шықса» («Қазақ әдебиеті», 1.07.1977), «Өлең өлкесі» («Қазақ әдебиеті», 15.06.1979), Т.Жұртбайдың «Еркін өлең қажет пе?» («Қазақ әдебиеті», 27.01.1978), С.Әшімбаевтың «Өлең сөздің өнегесі» («Қазақ әдебиеті», 18.05.1979), «Тағлымды дәстүр» («Қазақ әдебиеті», 11.05.1979), т.б. мақалалар жарық көрді. Бұлардың дені шолулық, проблемалық ыңғайда жазылып, қамту аясының ауқымдылығымен ерекшеленеді. Авторларды кәсіпқой сыншылармен, бірлі-жарым прозашылар, негізінен ақындар құраған. Әсіресе, «Қазақ әдебиеті» газетінде «Поэзия: ізденістер, іркілістер», «Жұлдыз» журналында «Өлең, қайда барасың?», «Өлең дәрежесі талғам деңгейінен төмен бе, тең бе, биік пе?» айдарларымен беріліп тұрған проблемалық мақалалар қазіргі қазақ поэзиясының проблемаларын дер кезінде білгірлікпен көтере білгендіктерімен көзге түседі.

«Жалын» (1971, №1) альманағында «Зерттелу» айдарымен жарияланған Ә.Атаниязовтың «Математика және поэзия» атты мақаласы тақырып сонылығымен көзге түседі. Поэзияны математикалық тәсілдермен зерттеу – жаңалық. Автор К.Маркстің ғылым дәл, математикалық әдістерді қолданғанда ғана ғылым бола алады деген сөзін алға тарта отырып, оны қалайша пайдалануға болатынын түсіндіреді. «Абай өлеңдері «құлақтан кіріп бойды алады» – деген бір жөн де, Абай дәуіріндегі қазақ өлеңдерінің объективтік заңдылықтарын зерттеп, «санап» алынған цифрларды салыстырып, Абай өлеңдерінің не себепті «құлақтан кіріп, бойды алатындығын», ақын мұраларының өз замандастарына тигізген әсерін және осы күнгі қазақ поэзиясына қосқан үлесін цифрлар шежіресі арқылы көрсеткен бір жөн емес пе?.. Поэзия шығармаларын кибернетикалық әдістермен зерттеу информация теория дамуына байланысты.... Поэтикалық шығармаларды осындай кең мағынада алып, спецификалық код ретінде қарастыру арқылы информациялық мінездемелерін көрсетуге мүмкіндік тудырады» – дей келіп, өлең үлгілерін математикалық тәсілмен зерттеудің жолдарын көрсетеді.

Ә.Атаниязовтың мақаласы көпшілік әдеби қауымға арналғанымен де осы мәселемен айналысып жүргендер болмаса, қалың оқырманға түсініксіздеу математикалық ұғымдар мен формулалар ұғынуға ауырлау соғып жатады.

Жұмаш Сомжүрековтің «Өлең неге оқылмайды?» («Жалын», 1972, №5) атты мақаласында аса маңызды мәселе көтеріледі. «Бір кезде ақындарын төбесіне көтеріп қадірлейтін ел қазір сол дәстүрінен жаңылып, олардың өлеңдерін оқымайтын болып барады» – деп дабыл қағады Жұмаш. «Ол үшін алдымен, жыр мерейін өсірмей болмайды. Ал жыр мерейі қайтсе өседі?» Автор осы бір аса маңызды сауалға жауап іздейді. Жыр мерейін өсіру үшін оған деген талапты күшейту керек; яғни нашар өлеңдер басылмауы тиіс; «... бірде бір нашар өлеңнің жарық көруіне жол бермеу; өлеңнің иесі емес, өзін сөйлету», «...өзінің нашар өлеңімен бір ақын мың ақынды оқырмандарынан айырып, бақытын ұрлайтын болмасын». Ол үшін поэзиядағы келеңсіздіктерге қарсы күресті күшейтіп, әдебиетті насихаттау жұмыстарын барынша қолға алу керек.

Ә.Кекілбаев «... қазақ новеллистикасы қазақ әдебиетінің тақырып аясын ұлғайтуда, көркемдік шеберлігін арттыруда, азаматтық дауысын нығайтуда бәрібір алға шыға алмады» (Ә.Кекілбаев. Аты шағын демесең... «Жалын», 1972, №1) – дей келіп Т.Әлімқұловтың, Қ.Ысқақовтың, А.Нұрмановтың, Ә.Таразидың, С.Мұратбековтің, О.Сәрсенбаевтың, А.Сүлейменовтің, Ә.Сариевтің, О.Бөкеевтің, Т.Әбдіқовтің, Д.Исабековтің соңғы жылдарда жарық көрген әңгіме, повестеріне көз жібереді. Автордың ойлары «Шағын жанрлардың ұлттық прозамыздың шеберлік деңгейінің биіктей түсуіне қосып жатқан сыбаға-үлесі де сындарлы тәрізді. Схематизм, штамп, сырдаң сурет, желдіртпе баяндау, адамдардың сезім күйзелістеріне көп үңіліп жатпай, жол-жөнекей жүрдім-бардым көз тастайтын үстірттік әңгіме-повестеріміздің бәр-бәрінен болмағанмен, көпшілігінен іргесін аулақ сала бастағандай. Оларда көрінген өмірлік шындыққа әлгіндей байыпты көзқарас шығармалардың ауқымын кеңейтіп, әсерлілігін арттырғандай.

Прозамыздың зерттеушілік зердесі кемелдене түскен» дегенге сайған. Сонымен бірге олардағы «салихалы әлеуметтік мазмұн мен парасатты азаматтық үнді» атап өткен.

Жастар альманағы «Жалында» негізінен жастар шығармашылығына қатысты сын мақалалары жарияланып тұрды. Д.Исабековтің «Бастау» («Жалын», 1973, №2), С.Байжановтың «Суреткер мұраты және жаңа адам» («Жалын», 1973, №3), Т.Молдағалиевтің «Сапар алдында» («Жалын», 1975, №5), А.Нысаналиннің «Алтын арқау» («Жалын», 1975, №1), Б.Кәрібаеваның «Замандас сырғына тереңірек үңілсек» («Жалын», 1975, №6), Ә.Мархабаевтың «Тапқандарымыз бен жоғалтқандарымыз» («Жалын», 1976, №3), Ә.Әзиевтің «Көркемдік құпиясы» («Жалын», 1976, №5), Б.Майтановтың «Дәстүр, жаңашылдық және жас замандас бейнесі» («Жалын», 1977, №1), Б.Ыбырайымовтың «Сен де түзел ақынның» («Жалын», 1977, №2), М.Сералиевтің «Талап пен талғам» («Жалын», 1977, №4), Ж.Әлмашев пен Ж.Әбіловтің «Бала ұғымы және шығарма» («Жалын», 1977, №5), Б.Сарбалаевтың «От жүректің өмірдастаны» («Жалын», 1977, №4), «Тұсаукесер», («Жалын», 1980, №5), Н.Ақышевтің «Әдебиетіміздің тәрбиелік күші» («Жалын», 1978, №2), Ж.Дәдебаевтың «Дүниетаным және әрекет» («Жалын», 1978, №4), М.Әлімбаевтың «Тамсандырған таланттар» («Жалын», 1979, №1), Ә.Меңдекенің «Балалар әдебиетінің басты міндеті» («Жалын», 1979, №6), Т.Мәмесейттің «Ат тұяғын тай басар» («Жалын», 1980, №1), т.б. секілді мақалаларында жас әдебиеттің түрлі мәселелері әр қырынан сөз болады.

Д.Исабеков «Бастауында» («Жалын», 1979, №2) бір топ жас жазушылардың тұңғыштары жайлы әңгімелепті. Автор мәселеге бірден кіріспей, алдымен әдебиет жайлы толғанады. Әдебиеттің жазушыға артар жүгі жеңіл емес екенін айта келіп, Қ.Мұқанбетқалиевтің, А.Сейдімбековтің, К.Сегізбаевтың, К.Қазыбековтің, Т.Нұрмағамбетовтың тұңғыш жинақтары хақында пікірлескен. Мақала шолулық, проблемалық сыйпатта жазылғандықтан да шығармаларда тереңдеп талдау жоқ, автор олардың өзі байқаған негізгі ерекшеліктерін сипаттаумен шектелген. Негізінен, ұнаған шығармалар іріктеліп алынып, пікір білдірілгендіктен де жеткен жетістіктері мен өзіндік қолтаңбаларын аша түскен. Мақалада сөз болған әр жазушының өзіндік стилі айқын көрінеді. Мысалы, «Т.Нұрмағамбетовтің «Қош бол, ата» повесі – өмірдің өз суреті. Ол жоғарыда аты аталған қаламдас-замандастарына мүлдем ұқсамайды. Оның өз үні, өз өрнегі, өз қолтаңбасы бар. Ол қандай тақырыпқа қалам тартса да сол тақырыптың кілтін таба алады, күнделікті көріп жүрген жәйттерді қарапайым детальдар арқылы тап басып, отқа піскен күлшедей тап-тұйнақтай етіп, оқушы алдына жайып сала қояды».

«Жалындағы» сын мақалалары көбіне «Әдеби сын» айдарымен жарияланды. Сонымен бірге оқта-текте болса да тағы да бірнеше айдар көрініп қалады. Соның бірі – «Жас сыншылар трибунасы». Мұнда әдеби сынға енді араласа бастаған жас сыншылардың көрінуіне жағдайлар жасалды. Осы айдарда жарық көрген Бекен Ыбырайымовтың «Сен де түзел ақынның» атты мақаласы өзіндік формасымен де, батыл сындарымен де көзге түседі.

Мақаланың құрылымы да қызық. Бүкіл мақала екі адамның диалогына құрылған. Автор «...ойда жоқта өзім куә болған астаналық сыншы Сәкең мен астанаға ауыл шаруашылық озаттары кеңесіне келген механизатор Мәкеңнің әңгімесін жұртшылық назарына ұсынууды жөн көрдім» дейді де өзінің бүкіл айтар ойларын осы екеудің аузымен айтқызып, әңгімелестіреді. Оқырманның өкілі ретінде көрінетін «механизатор Мәкеңнің» кей ақындардың кей өлеңдеріне көңілі толмай «сыншы Сәкеңмен» сырласады. Мақалада Т.Сүлейменовтің «Бұлақ», Ж.Амановтың «Ынтызар жүрек», С.Оразаевтың «Шырқау биік», Ж.Боранбаевтың «Жанартаулар» жинақтары «оқырман Мәкеңнің» пікірі ретінде қатал сынға алынады. Көлемді мақалада нақтылы, сынды батыл айту басым. Соңында автор «Аққудайын ақын даңқы арзандап бара жатқан жоқ па? Сіз қалай ойлайсыз?» – деп оқырманға сауал тастайды.

С.Әшімбаев «Тағылымды дәстүр» мақаласында («Қазақ әдебиеті», 11.05.1979) қазақ поэзиясындағы Абай дәстүрі жайлы толғанады. Өз ойларын орыс, әлемдік поэзия мысалдарымен тұздықтап отырған. Абай салған әдеби дәстүрді шығармашылықпен жалғастырып келе жатқан ақын ретінде М.Мақатаевқа тоқталып, оның поэзиясын жоғары бағалайды.

Осы кездерде ойлы да өткір сындарымен көрінген Б.Сарбалаев қазақ прозасындағы «ортақол» романдарға тоқталған. 1978 жылы «Жазушы», «Жалын» баспаларынан 25 роман жарыққа шыққан екен. Автор романдардың сан жағынан көп шығып жатқанына қуанғанымен де сапа жағына келгенде ренішін жасыра алмайды. «Ортақол» романдардың көбейіп бара жатқандығына қынжылады. Сан үшін емес, сапа үшін күресу қажет екендігін еске салады.

«Ортакол» туындылар қатарына Қ.Исабаевтың «Өрде», Ж.Еділбаевтың «Буырқанған бұлақ-тар», Ә.Әзиевтің «Жез таулар» романдарын жатқызып, қатты сынға алған.

Шешімін күткен көркемдік проблемалардың туындап отыруы әдебиеттің даму үстінде екендігін көрсетеді. Көркемдік мәселелері уақытында дұрыс шешіліп отырса, әдебиеттің даму жолдары ашылып отырады. Б.Алдамжаровтың «Аудармадағы жолайырық» мақаласында қазақ әдебиетіндегі аударманың теориялық, практикалық мәселелерін көтереді. Көркем шығарманы тәржімалау барысында туындайтын қиындықтарды айта отырып, оның дәлме-дәл және еркін аударма түрлеріне тоқталады. «Бұл екі тенденция аудармадағы жолайырық. Тәржімәшіні көшірмәшіге айналдырып, қолын тұсап отыратын адекватты аудармаға қарағанда көркемдік дәлдікті мұрат тұтқан көркем аударма тәржімәшіге творчестволық еркіндік, мол мүмкіндік береді. Бұл екі тенденция қатар өмір сүре алады. Бірақ, әрқайсысының өз орны бар» деген жолдарда автордың негізгі пікірінің сілемдері жатыр.

З.Ақышевтің «Әдептен озбайық» («Лениншіл жас», 5.01.1979) атты мақаласында қазақ прозасында порнографиялық көріністердің етек алып бара жатқанын үлкен проблема ретінде көтереді. Көркем шығармалардан анайы көріністерді суреттеген мысалдар келтіре отырып, автор «Әдеп қайда? Инабат қайда?.. Қай халықтың болса да тамаша қасиеттерінің бірі – жолдастың көзіне шөп салмау еді ғой... Осыны әдепсіздік емес деп кім айта алады?» деп, дабыл қағады. «Әдебиет» деген сөздің түп-төркіні әдептілікке, тәртіптілікке, ізгілікке мегзейді» деп білетін автор әдебиеттің тәрбие мәселесіндегі аса маңызды орнына оқырман назарын тағы да аударады.

Порнографияның көбіне «көркемдігі солғын», «тіл үйірмейтін, таңдай қақтырмайтын» шығармаларда кездесетіндігін айта келіп, Зейтін «Кейбір авторлардың шығармаға осындай анайы бірдемелерді қоспаса, кітап тартымды, өтімді болмайды деген түсінік кездеседі. Кітап тартымдылығын, құндылығын анайы жолмен көтермелемей-ақ қойсақ қайтеді?» деген мәселені алға тартады.

Жетпісінші жылдардың әдеби сынындағы ілгерілеулер сандық жағы мен сапалық жағынан ғана емес, сонымен бірге оқырманның назарын өзіне аударып, оқуға оңтайлы болуды көздейтін түрлендіріп беруде де айтарлықтай ізденістер жасады. Оқырманын жалықтырып алмас үшін материалдарды беру формаларын өзгертіп, батыл тәжірибелерге барды. Бұлары негізінен сәтті шықты деуге болады. Солардың бірі – «Жұлдыз» журналының «Сын және библиография» айдарында ашылған «Жұлдыздың» сырласу клубы». Осы клубтың аясында қазақ әдебиетінің маңызды мәселелері жайлы тұрақты түрде талқылаулар ұйымдастырылып тұрған. «Сын туралы әңгімеге» («Жұлдыз», 1973, №5) С.Мұқанов, М.Қаратаев, Т.Нұртазин, Т.Әлімқұлов, Р.Бердібаев, Ә.Жәмішев, Ж.Әбдірашев қатысса (бұл жөнінде тоқталып өттік), «Өлең қайда барасыңға» («Жұлдыз», 1974, №4) Ж.Әбдірашев, С.Жиенбаев, Ф.Оңғарсынова, Ш.Смаханұлы, А.Нысаналин, Ш.Сариев пікір білдірген. «Қазіргі қазақ драматургиясы» («Жұлдыз», 1974, №5), «Өлең дәрежесі талғам деңгейінен төмен бе? тең бе? биік пе?» («Жұлдыз», 1976, №1), «Әңгіме туралы әңгіме» («Жұлдыз», 1976, №8), «Оқырман хаттарымен сырласа отырып» («Жұлдыз», №1976, №6), «Ахуалың қалай, аударма?» («Жұлдыз», №977, №2), «Көп томды роман. Көкейде жүрген ойлар» («Жұлдыз», 1978, №9), «Қазақ прозасындағы қазіргі ауыл» («Жұлдыз», 1979, №1) тақырыптарымен өткен пікір алысуларда осы салалардың көркемдік жай-күйі кеңінен талқыланып, жетістіктері мен кемшіліктері біршама сараланды; әдебиетті дамыта түсуді көздеген бірсыпыра құнды пікірлер ортаға салынды.

«Өлең дәрежесі талғам деңгейінен төмен бе? тең бе? биік пе?» тақырыбында өткен сырласу көтерген мәселесінің ауқымдылығымен, өзектілігімен, айтылған пікірлердің алуандығымен көзге түседі. «Сырласудың» ұйымдастырылу тәртібі де өзгеше. Редакция алқасы «1. Ең алдымен, Сіз өзіңіздің төл туындыларыңыздың ішінен, жүрегіңізді тербетер, көңіліңізге жақын деген бір өлеңіңізді ұсынсаңыз.

2. Бұл туындыңыз өзіңізге несімен ұнайтынын дәлелдеңіз?

3. Сіз өзіңіз ұсынған бұл өлең қалай туды? Ненің әсерімен дүниеге келді?

4. Өзіңіз ұсынған бұл өлең өзгелерге ұнайды, әсер етеді деп сенесіз бе?» – деген төрт сұрақтан тұратын сауалнама таратқан. Отызға жуық ақынның ішінен оны ғана анкетаға жауап беріпті. Журналда З.Шүкіровтің, Е.Ибрагимнің, С.Жиенбаевтың, Қ.Мырзалиевтің, С.Асановтың, М.Айтхожинаның, Қ.Баянбаевтың, Ф.Оңғарсынованың, Ж.Әбдірашевтің, С.Иманасовтың

осы сауалдарға берген жауаптары басылған. Олар өздерінің ең жақсы деген бір-бір өлеңдерін ұсынып, несімен ұнайтындығын дәлелдеген. Жүрекжарды сырларды оқи отырып, поэзия туралы, өлеңнің туу өзгешеліктері жайлы мағлұматтар алумен бірге ақынның ақындық өресін, эстетикалық көзқарастарын, талғамын байқай аласыз. Бұл жерде қазақ поэзиясының өзіндік болмысы, даму дәрежесі оны жасаушы ақындар көзімен көрінеді.

Екінші кезекте тура осы сауалдарға, онда да алдында жауап бергендердің пікірлері туралы пікір, яғни өз өлеңдеріне сын көзімен қарап, ең үздігін анықтаған ақынның сынына сын айтуға бір топ қаламгерлер тартылыпты. М.Қаратаевтың, Ә.Тәжібаевтың, С.Бегалиннің, Қ.Бекхожиннің, М.Дүйсеновтің, Х.Әдібаевтың, Ә.Кекілбаевтың, Ғ.Қабышевтің, Ж.Өмірбековтің, Ф.Оразаевтың пікірлерін ақындардың өз өлеңдері жайлы ойларымен салыстыра оқығанда, бірсыпыра қызықты жағдайлардың куәсі боласыз; ақынның өзі, өзінің шығармашылығы жайлы ойларының өзгелердің ол туралы пікірлерімен үндесе бермейтіндігіне көзіңіз жетеді. Авторлардың өзі «ең мықты өлеңім» деп ұсынған туындылары негізінен жылы қабылданғанмен басқаша пікірлер де бой көрсетіп жатады. Мысалы, Қ.Мырзалиевтің ең жақсы көретін өлеңі «Бабамыздың шоқ басқан табанымен» болса, ол туралы М.Қаратаев «Бұл, сөз жоқ, тәуір өлең. Бабадан қалған мұраның несі жақсы, несі жаман дейтін қарама-қарсы тиімді тәсілін тапқандығымен тәуір. Алайда мынандай бір шумағына шек келтірер едік:

Бір жаманы – шаруасын мандытпаған,

Бір жақсысы – қулықпен жанды ұтпаған.

Бір жаманы – үйленіп жеңгесіне,

Бір жақсысы – жесірін қаңғытпаған.

Мұнда контраст түріндегі бағаның үзілді-кесілді топшылауының түрпідей көрінетіндігі өз алдына, соңғы екі жолында мағына бұлдырлығы байқалады. Жеңгесіне үйлену ниетімен жеңгесін қаңғыртпау ниеті бір-біріне қарсы қоятын бірі жаман, бірі жақсы» дерлік контраст емес, бірыңғай ұғым: не жаман, не жақсы» десе, Ә.Тәжібаев: «Бабамның шоқ басқан табанымен» атты өлең өзінің контрасты ойларымен дәмді. Тартымдылығы да осында жатыр. Біраз ақауы жоқ деп те айта алмаймын. Мысалға: «сүйгенін алып қашқан» – символика делік, ал «үйленіп жеңгесіне, жесірін қаңғыртқаны» – прогрессивті емес. Жалпы өлеңде өлеңдік қасиет мол болғанымен мұндай тізіп сөйлеуден бойды аулақ салған дұрыс па деп те ойлаймын. Неге десеніз, бұл тәсілді ақындарымыз көбірек қолданып жүргендігін айтқанымыз мақұл» десе, Х.Әдібаев: «Белгілі ақынның «Бабамыздың шоқ басқан табанымен» атты туындысын кезінде қызыға жаттап, қызынып айтып жүретінбіз. Енді уақыт өтіп, жырды қолымызға қайта алғанда «қалай екен?» деген түйткіл сұрақтың да көңілді елеңдеткенін жасыра алмаймыз. Бірақ өлеңнің ой тереңдігі, ақыл шеңбері, көп құбылысты қамтып, көп көріністі түйе білген ерекше қасиеті тағы да еріксіз сүйсіндірді. Қараңызшы: халқымыздың әдет-ғұрып, тіршілігі, мінезі, кей ағамыздың ездигі, кей атамыздың ерлігі түйінін келісті тауып тұрған жоқ па? Тұтас шыққан тұлғалы дүниенің ішкі ырғақ-ұйқасы, интонация желісі теселген жорғаның аяқ тастасын танытады. «Бабамыздың...» – жаңа сипатты азаматтық лирика; өмірге бүкіл халықтық тұрғы-мүддеден, жетпісінші жылдардың биігінен көз тастау бар. Ылғи интимдік лирика ішінде жүргендіктен бұл жырдың салқынқанды сұлу перизат секілді көрінуі де ықтимал... Бірақ сұлудың сыры тереңде ғой» – деген ойларын ортаға тастапты.

Сөйтіп «Жұлдыздың» сырласу клубында» өздері ең таңдаулы өлеңім деп ұсынған З.Шүкіровтің «Даланың, шіркін, хош иісі», Е.Ибрагимнің «Зеренді таулары», С.Жиенбаевтың «Көп болды ғой мінбегелі құр атқа», Қ.Мырзалиевтің «Бабамыздың шоқ басқан табанымен», С.Асановтың «Ақбота жыры», М.Айтхожинаның «Босаға», Қ.Баянбаевтың «Уақыт жоқ», Ф.Оңғарсынованың «Өлең», Ж.Әбдірашевтің «Муза туралы», С.Иманасовтың «Әкемің бір құрдасына» сыншысы, ғалымы, прозашысы, қыны бар – он қаламгердің талқысына түскен. «Талғамға таласуға болмайды» дегеннің жаны бар екендігіне бір өлең туралы он түрлі пікірді оқығанда көзіңіз жетеді. Өлеңін ұсынған ақын өзінің «іштен шыққан шұбар жыланының жақсы жақтарын айтып, қанша дәлелдерімен де мүйіздері қарағайдай, абырой-атақтарынан ат үркетіндей, атақты қаламгерлердің әрқайсысы әр тұсынан келіп, өзінше көргенін, керегін ғана іздеп, таба алмаса кемшілігі санап, сынның астына алғанын байқаймыз. Он ақын «ең мықтым» деп ұсынған он өлеңнің барлығы дерлік қатал сынға ұшыраған деуге болады; ең аздау сыналған деген Қ.Мырзалиевтің «Бабамыздың шоқ басқан табанымен» болса, ол туралы айтылған пікірлерді кейбіреулерін жоғарыда келтіріп те кеттік.

Өлең дәрежесі туралы пікір алысу редакция тарапынан төмендегіше қорытындылапты: «Өз өлеңі туралы ақындардың көзқарасы да сыни пікірлері де кей тұстары алшақ кетіп, кей тұстары бір арнаға тоғысып жатуы – заңды құбылыс. Бірінде объективті пікір басым болса, енді бірінде субъективті бағалаушылық белең алған сәттері де жоқ емес. Бірақ бәрінде де ағынан жарылып, қалайда өз қабылдауыңыз, жүрек қабылдауының ақиқатын адал ниетпен алдымызға тартты... Сонымен бірге ақын талғамы мен бүгінгі білікті, жоғары деңгейдегі оқырман талғамының арақатынасын қаламгер қауымға сезіндіру болатын. Бұл бағытта да белгілі дәрежеде клуб өз функциясын орындады-ау деген үміттеміз. Әлбетте, жоғарыдағы сын – ақынның бүкіл творчествосына баға емес, бір ғана өлең төңірегіндегі нақты пікір».

Редакция осындай сырласуларды алдағы уақыттарда да жалғастыратын ойы бар екенін білдіріп, ұнайтын бір ақын, оның бір өлеңі, ұнамайтын бір ақын, оның бір өлеңі жайлы пікір білдіруді ұсыныпты. «Жұлдыздың» қыркүйектегі нөмірінде бұл «Оқырман хаттарымен сырласа отырып...» деген тақырыптағы көлемді «сырласуларға» ұласыпты.

Көлемді (25 бет) бір мақала ретінде берілген «Оқырман хаттарымен сырласа отырыптың» композициялық құрылымы күрделі. Мақала сұхбат түрінде басталады. Редакция қызметкері Ш.Сариев белгілі сыншы-ғалым, академик М.Қаратаевпен қазіргі әдеби сын туралы пікірлеседі. «Сын жоқ» деген пікірлерге М.Қаратаев «... сынның бар екендігі әлдеқашан көз жеткен және дәлелдеуді керек етпейтін аксиома. Әдебиет болмаса, сын бола алмайтыны, сын болмаса, әдебиет ілгері баспайтыны бесенеден белгілі емес пе?! Сын жоқ деген сөз – әдебиет жоқ деген сөз. Ал әдебиет жоқ деуге ешкімнің аузы бармаса керек. Әдебиеттің кемшілігіне сын да кінәлі десе, онда сөз басқа... Әлдекім маған «сын жоқ» десе, мен оған «не көрсоқыр надансың, не айнала дүниенің бәріне түкірік шашатын дәрменсіз скептиксің» дер едім... Сондықтан, мәселе «сын жоқ» деп емес, сынның «кемістік-кемшілігі», нашар жағы қайсы деген түрде қойылса, оған келісуге болады» – деп жауап берген. Ары қарайғы ойларын қазіргі әдеби сынның алдында тұрған міндеттер жай-күйі жайлы ойларымен өрбіткен:

«Осы жерде ескерте кететін нәрсе: сынау дегенді тек мінеу, даттау деп дөрекі ұғатындар бар. Олар тек «сойып салуды» сын деп біледі. Біздің сынның міндеті – шындықты айта отырып, жақсының жақсылығын танытып, жақсылыққа баулу, жаманның жамандығын танытып, жамандықтан сақтандыру деп білу керек».

Ш.Сариев пен М.Қаратаевтың әдеби сын туралы толғамдары осы төңіректегі оқырман ойларына ұласқан. Қазіргі қазақ әдеби сыны жайлы Г.Әбілдаева, М.Тоқжігітов, Ө.Мусин, Н.Балаханов пікір білдіріпті. Ары қарай редакция ұсынған сауалдарға келіп түскен жауап хаттарға орын берілген. Ұнаған, ұнамаған ақындар, өлеңдер туралы пікірлерді екіге жіктеп жариялаған. «Неге ұнамады?» деген тақырыпшаға оқырмандардың нақтылы ақындарды, өлеңдерді сынаған пікірлері топтастырылған. С.Әбдікәрімовтің, А.Сармановтың, Ғ.Ысқақовтың, Қ.Жылқыбаевтың, Қ.Елемесовтің, Х.Әлмұхановтың, Д.Озғанбаевтың, М.Нұрлыбаевтың, Ә.Қибаловтың, Б.Қаржаубаевтың, Қ.Жұмағалиевтің, Ә.Әлайдаровтың, Н.Сәрсембетовтің, Б.Ермековтің, А.Қалиақбаровтың пікірлерінде нақтылық, сыншылық сарын басым.

«Несімен ұнады» Х.Әлмұхановтың, Д.Асановтың, Б.Қалниязовтың, Ә.Атаниязовтың, С.Әбдікәрімовтің, Б.Айнабековтің, С.Смағұловтың, Н.Тоққожаевтың, А.Досжановтың, Б.Сәрсенбаевтың, Қ.Тортаевтың, Т.Аманғазиннің, Б.Елмұратовтың, Ә.Байниязовтың, М.Тоқжігітовтің, Ә.Қибаловтың, Т.Ақбаевтың, М.Әлмұратовтың өздері ұнататын ақындары, өлеңдері жайлы пікірлері беріліпті. Сүйікті ақындардың қатарында Ә.Тәжібаевтың, Қ.Бекхожиннің, С.Мәуленовтің, Ж.Молдағалиевтің, Қ.Шаңғытбаевтың, Ғ.Қайырбековтің, І.Мәмбетовтің, М.Мақатаевтың, Т.Бердияровтың, Т.Молдағалиевтің, С.Жиенбаевтың, Қ.Мырзалиевтің, Т.Әбдірахманованың, Т.Айбергеновтің, С.Иманасовтың есімдері аталыпты.

Сонымен «Оқырман хаттарымен сырласа отырыпты» оқығанда, өлеңнің оқылатынына, оқығанда да сын көзімен, талғаммен оқытынына, оқырман сынының өмір сүріп отырғанына, оның «ұнады» немесе «ұнамады» дей салатын қарабайыр емес, несімен ұнады, несімен ұнамады деген сияқты сауалдарға жауап бере алатын өресі биік, талғампаз сын екеніне көзіңіз жетеді.

«Көп томды роман» тақырыбында да қызықты пікірлер баршылық. Белгілі сыншылар Р.Бердібаевтың, М.Атымовтың, М.Серғалиевтің, Б.Ыбырайымовтың ортаға салған ойларында қызғылықты байқаулар баршылық. Мысалы, Б.Ыбырайымов «Көп томды роман жазу дегеніңіз сәнге айналған ба деп қаласыз... Көп томды роман оқушыны жалықтырып жібер-

мес үшін жазушының іргелі де күрделі мұрат-мүддесі, ой-пікірі ғана емес, характерлердің сонылығы да айрықша қажет» («Жұлдыз», 1978, №9) деген ой білдіріпті.

«Қазіргі қазақ драматургиясы» («Жұлдыз», 1974, №5) жайлы «Жұлдыздың» сырласу клубында» прозашы С.Шаймерденов, драматург Қ.Мұхамеджанов, театр сыншысы Ә.Сығаев, режиссерлер Ә.Мәмбетов пен В.Пұсырманов бас қосып, мәселеге әр қырынан қарап, ойлар бөліскен «Әңгіме туралы әңгімеде» («Жұлдыз», 1976, №8) прозашылар Т.Әлімқұлов, Қ.Исабаев, Б.Сокпақбаев, М.Сүндетов, О.Сәрсенбаев, Ә.Сараев пікірлесіпті. Белгілі қаламгерлердің қазіргі қазақ әңгімесі жайлы айтқандарында ойланарлық мәселелер баршылық. «Қазақ прозасындағы қазіргі ауыл» («Жұлдыз», 1979, №1) тақырыбында Ж.Ысмағұлов, Қ.Құттыбаев, В.Владимиров, Б.Сарбалаев, М.Жұмағұлов, Т.Ыдырысов, Б.Ыбырайымов сырласыпты.

Бірнеше жыл өткен соң осы тақырыпқа «Қазақ әдебиеті» (3.02.1978) газеті де диалог ұйымдастырыпты. «Қазіргі драматургия жайлы» сұхбат «Бүгінгі күн биігінен» өткен. Газет редакциясында аға драматургтердің бірі Ә.Әбішев, режиссер М.Байсәрсенов, жас драматург Н.Оразалин пікірлескен. Әңгімені Асқар Егеубаев жүргізген. Қорытынды орнына берілген «Редакциядан» мынадай жолдар бар: «Иә, бүгінгі драматургия жөнінде айтылар сөз де, пікір, проблемалар да көп. Бәрінен бұрын бүгінгі күн тақырыбы, дәуір сипаты, өндірістік тақырып хақындағы ойлардың орны бөлек. Әңгімеге қатысқан жолдастар қазіргі драматургияның жай-күйін тілге тиек ете отырып, біраз мәселелер хақында ойларын ортаға салды».

«Ахуалың қалай, аударма?» («Жұлдыз», 1977, №2) тақырыбында өткен пікір алысудан да журнал қызметкерлерінің шығармашылық ізденістері көрінеді. Тақырыптың астына тағы да оның мазмұнын аша түсетін «Кімді аудардық, қалай аудардық? Бұған ақындар не дейді? Үш өлең және 29 аударма» деген аннотациялық сипаттағы анықтама қоса берілген. Көлемді мақала (30 бет) кіріспемен ашылған. Онда аударманың мәні мен маңызы, қазақ аудармасының тәжірибелері, оған қойылатын талаптар төңірегіндегі әңгімені бастаған. «Аударма түпнұсқаның әрбір сөзін дәлме-дәл жеткізуі тиіс. Аударма түпнұсқаның айтар ойын тап басуы қажет. Аударманың өзі түпнұсқадай әсерлі болуы керек. Аудармадан аударманың аударма екендігі сезілгені де жөн. Аударманың түпнұсқа стилін бұрмалауға хақы жоқ. Аударма тәржімашы стилін де байқатқан орынды. Аударма түпнұсқа авторының көркем дүниесіне айналуы қажет. Аударма аудармашының да көркем дүниесіне айналуы қажет. Аудармада аудармашы тарапынан аз-кем қосуға, не алып қалуға да жол берілуі керек. Аудармада аудармашының тарапынан аз-кем қосуға, не алып тастауға да жол бермеуі керек» деген сияқты мәселелер төңірегінде пікір бөлісуге шақырған. Оның үстіне А.С. Пушкиннің, Хафиздың, Пабло Нерудың бір-бір өлеңін аударуға ұсынып, тәржімадағы тәжірибелерімен ой бөлісуге шақырған.

Пікір алысуға Қ.Тоғызбаев, Қ.Шаңғытбаев, Т.Әлімқұлов, Т.Бердияров, Ә.Жәмішев, Ғ.Жұмабаев, Ә.Абайділданов, Ж.Нәжімеденов, Ж.Қыдыров, С.Иманасов, Ө.Нұрғалиев, Ә.Нілібаев, А.Нысаналин қатысып, аударма саласындағы тәжірибелерін, түйгендерін ортаға салған. Ұсынылған үш өлеңді қазақшалаған. Енді солардың кейбір пікірлеріне зер салайық. Қ.Тоғызбаев: «Әрине, «дәлме-дәл», «сөзбе-сөз» деген ұғымдардың ең керек қасиет екені рас. Бірақ бұл – ең алдымен, түрге емес, мазмұнға қойылатын шарт. Жолма-жол, сөзбе-сөз аудару онша қиын да шаруа емес. Бұл әдіс аудармашыны артық қинамас та еді, бірақ одан аударманың өз басы дәнеңе ұтпайды. Қайта, түпнұсқадағы қасиетінен айрылып, кедір-бұдыр болып шыға келуі де ықтимал. Демек, «сірестірме» сілесін құртқан аударма кәдеге аспайды. Осыны еске алсақ, оқушы оңай түсінетін еркін аударма әлдеқайда құнды ғой?»; Қ.Шаңғытбаев: «Әлі күнге заказбен аударып көрген емеспін. Сезіміме әсер еткен ақындармен ғана аударма жөнінде туыстық табатын сияқтымын»; Т.Әлімқұлов: «Оқта-текте ғана там-тұмдап аударамын. Өте-мөте ұнаған өлең «кейінгіге бір белгі қалсын» деген ниет тудырады»; Т.Бердияров: «Ақын – өз ұлтының өкілі. Ол қай тілде сөйлемесін, мінезі, ішкі сыры, айтпақ ойы сол қалпында сақталуы тиіс. Оның жалпы ой-пікір ауқымына ғана емес, әрбір сөзін терең зерттеп, сөз мәнісіне, ой бүкпесіне баса назар аудару керек»; Ғ.Жұмабаев: «Асылы, аударма ісінде әр ақынның творчестволық ерекшелігін (амплуа), тәржіманың неғұрлым қазақша өлең болып, төгіліп тұруын қадағалаған жөн»; Ж.Қыдыров: «Дегенмен, бәрінің бас қосатын жері – көркемдік дәлдік. Оған түпнұсқадағы ой-мазмұн, сезім, бояу, форма дәлдігі жатады. Осы компоненттердің басы қосылса ғана аударма бар болмақ» деген сияқты тәржіма өнерінің түрлі тұстары жайлы өз ойларын ортаға салған. Бұларда мәселеге теориялық тұрғыдан емес, ақындық көзбен қарау, шығармашылық тәжірибеге сүйену басым.

Журналдың үш ақынның орыс тіліндегі үш өлеңін аударуға ұсынуы да сәтті. Он үш ақынның үш өлеңді аударған 29 нұсқасын оқи отырып, салыстыра қарағанда аударма өнерінің мүмкіндіктерінің шексіз екендігіне көз жеткізесіз. Сонымен бірге он үш ақынның ақындық қолтаңбасы мен аудармашылық шеберлігін де байқағандай боласыз. Басқаша айтқанда, он үш ақынға орысша үш өлең беріп, соларды қазақшалатып, тәржімашылық тынысын байқаған аламан бәйге сияқты әсер етеді.

Сонында қорытынды жасалынған. Онда «Әр аударма әртүрлі болғанымен, аудармашылардың түпнұсқаның айтар ойын тап басуға, ақынның стилін бұрмалауға ұмтылушылығы сезіледі» деген жолдар бар. Редакция сырласу барысында айтылған пікірлерге, аударылған өлеңдерге төрелік жасамаған. Осында көтерілген мәселелер төңірегінде, яғни әдебиеттің үлкен бір саласына айналған аударма туралы әңгімені әрі қарай жалғастыруды ұсынып, сұхбаттасуға қаламгерлерді шақырған.

«Жұлдыздың» сырласу клубында «Қазақ прозасындағы қазіргі ауыл» тақырыбында пікір алысқан Ж.Ысмағұлов, Қ.Құттыбаев, В.Владимиров, Б.Сарбалаев, М.Жұмағұлов, Т.Ыдырысов, Б.Ыбырайымов та аса маңызды мәселені өз деңгейінде көтере білген. Қазақ халқының ұлт ретінде пісіп, жетілуінің қара қазаны іспеттес ауыл өмірінің прозадағы бейнеленуі – аса маңызды мәселе. Пікірлесу бүкіл қазақ әдебиетіндегі ауыл тақырыбының игерілуін қамтып, қазіргі қазақ прозасында осы мәселенің шешімін табуы жайлы салмақты пікірлер айтылған. Осында айтылған ойлардың ортақ арнасын Қ.Құттыбаевтың мына бір пікірлерінен байқауға болады: «Міне, көріп отырмыз, ауыл өміріне арналған шығарма қазақ прозасында аз жазылмаған сияқты. Бірақ аса мәнді, өзекті мәселені толғаған туындыларда елеулі табысымызбен қатар кемшілік те кездесіп қалатынын ескертуіміз керек. Ондай олқылық оқиғаның нанымсыздығында ғана емес, жазушылардың бейнелеу құралдарының әлсіздігінде деп білеміз. Әсіресе, жас авторлардың өзіндік өзгешелігін, тілдік, стилдік даралығын әлі де таныта алмай жатқанын айтуға тиіспіз. Суреттеу объектісіне алған тақырыпты айқын білу ғана жеткіліксіз, оның диалектикалық сырына үңіліп, логикалық дәлелдеу мен пайымдауды естен шығармаған дұрыс. Сонда ғана шыншыл оқиғадан шынайы көркем туынды жасалмақ («Жұлдыз», 1979, №1).

«Жұлдыздың» талқылау бөлмесі» де редакция ұжымының сыни материалдарды неғұрлым ұтымды беру ниетіндегі ізденістерінің бір жемісі сияқты. Бұл айдармен жаңадан шыққан бір шығармаға бірнеше адамның пікірлері қатар беріліп тұрған. Мысалы, Т.Молдағалиевтің «Мен де жиырма жаста едім» өлеңдер жинағына талқылау «Талантқа талап басқармақ» тақырыбымен беріліпті. Кітапқа С.Бакбергенов, Ә.Жәмішев, Б.Әбдіразақов пікір айтқан. Ал сол кезде түрліше пікірлерге ұшыраған Ж.Нәжімеденовтің «Даңқ пен дақпырт» романына талқы қызықты ұйымдастырылған. «Әр қырынан қарасақ» атты ортақ тақырыппен оқырманның, автордың, сыншының пікірлері қатар тұр. Оқырман Ш.Досмайылов («Оқырман не дейді?») романға бірсыпыра сындар айтқан. Оған жазушы («Ал автор не дейді?») жауап беріп, өзінің авторлық ұстанымын түсіндірген. Сыншы Т.Тоқбергенов («Сыншы сарабына салсақ») оқырман мен автордың пікірлеріне төрелік жасап, екіұдай көзқарастың ортасындағы шындықты іздеген.

1970–1974 жылдары КСРО Ғылым Академиясының М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының басшылығымен алты томдық «Көпұлтты совет әдебиетінің тарихы» («История советской литературы») жарық көрді. Көптомдықтың қазақ әдебиетіне қатысты тарауларын жазысуға Е.Ысмайлов, М.Дүйсенев, О.Нұрмағамбетова, М.Сильченко, Ә.Тәжібаев, С.Ордалиев, Ә.Нарымбетов қатысты. Бас редакцияның құрамында академик-жазушы Ғабит Мүсірепов болды. Кеңестер Одағындағы әдебиеттану ғылымының аса ірі жетістіктерінің бірінен саналған осы бір іргелі еңбек жайлы «Жұлдыз» (1975, №9) журналы пікір алысу ұйымдастырды. Оған белгілі ғалымдар М.Қаратаев («Аса құнды еңбек. Ақау бар ма?»), Т.Нұртазин («Күрделі зерттеулер»), Т.Кәкішев («Қуанарлық та құптарлық») қатысып, көптомдықта қазақ әдебиетінің тарихына қатысты берілген тарауларды құптай отырып, кейбір ескерілмей қалған жәйттердің бар екенін еске салып өтті.

«Жұлдыз» журналында көбіне қазақ әдебиетінің өзекті проблемалары талқыланса, «Қазақ әдебиеті» газетінде аса зәру, уақыт шешімін шапшаң күтіп тұрған мәселелері дер кезінде көтеріліп жатты. Арнайы әдебиет газетінің сын материалдары негізінен «Шеберлік туралы әңгімелеспейміз» айдарында беріліп тұрды. Шеберлік – көркем әдебиеттегі басты мәселе. Осы айдармен берілген мақалалардың тақырып аясы да, қамтыған ауқымы да өте кең;

жекелеген кітаптардан бастап, әдеби дамудың өзекті мәселелеріне дейін қызу талқыланып жатты. Б.Сарбалаевтың «Іздену болмаса, өсу де жоқ» («Қазақ әдебиеті», 3.03.1973), «Шуак пен көлеңке» («Қазақ әдебиеті», 7.01.1972), А.Мархабаевтың «Фантастика туралы» («Қазақ әдебиеті», 7.01.1972), К.Шалқаровтың «Таланттар мен тұңғыш кітаптар» («Қазақ әдебиеті», 14.01.1972), Р.Нұрғалиевтің «Факті ме, идея ма?» («Қазақ әдебиеті», 10.03.1972), «Күлкінің эстетикалық мәні» («Қазақ әдебиеті», 23.06.1972), А.Нағыметовтің «Талант. Ізденіс. Қолтаңба» («Қазақ әдебиеті», 7.04.1972), «Жұмысшы тұлғасы және адамгершілік мәселесі» («Қазақ әдебиеті», 14.07.1972), «Лиризм мен психологизм» («Қазақ әдебиеті», 13.10.1972), Ұ.Доспамбетовтің «Ақын жолы – ауыр жол» («Қазақ әдебиеті», 30.06.1972), Д.Исабековтің «Жанр сырына үнілсек» («Қазақ әдебиеті», 21.07.1972), М.Ысқақбаевтың «Деталь. Шындық. Нанымдылық» («Қазақ әдебиеті», 4.08.1972), С.Әшімбаевтың «Қарапайым жандар» («Қазақ әдебиеті», 10.11.1972), «Психологиялық талдау» («Қазақ әдебиеті», 19.10.1973), С.Бегалиннің «Алға қарап айтар ойлар» («Қазақ әдебиеті», 24.11.1972), Т.Қожакеевтің «Сатирадағы көркемдік тәсілдер» («Қазақ әдебиеті», 9.02.1973), Қ.Жүсіповтің «Көркем әдебиеттегі портреті» («Қазақ әдебиеті», 23.02.1973), Ж.Сомжүрековтің «Махаббатсыз өмір тұл» («Қазақ әдебиеті», 4.01.1974), Х.Әдібаевтың «Проза бағдарынан бірер түйін» («Қазақ әдебиеті», 16.08.1974), «Тақырып және оның шешімі» («Қазақ әдебиеті», 21.03.1975), О.Сәрсенбаевтың «Ат тұяғын тай басар» («Қазақ әдебиеті», 1.03.1974), З.Жұмағалиевтің «Прозаның өміршен қасиеті» («Қазақ әдебиеті», 28.02.1975), М.Серғалиевтің «Ізденістер мен іркілістер» («Қазақ әдебиеті», 6.06.1975), А.Егеубаевтың «Уақыт – әділ сыншы» («Қазақ әдебиеті», 20.06.1975), Д.Досжановтың «Заман және замандас бейнесі» («Қазақ әдебиеті», 4.07.1975), Д.Стамбековтің «Ізденіссіз ілгерілеу жоқ» («Қазақ әдебиеті», 24.10.1975), М.Серғалиевтің «Тақырып пен шешім» («Қазақ әдебиеті», 4.03.1977) сияқты мақалаларда қазақ әдебиетінің түрлі мәселелер бойынша қызу пікір алысулар жүрді.

«Шеберлік туралы әңгімелеймізде» әдебиеттің жалпы мәселелері көтерілсе, «Әңгіме туралы әңгіме» айдарында нақтылы бір жанрдың жай-күйі сөз болды. М.Серғалиевтің «Шынайылық пен шыншылдық» («Қазақ әдебиеті», 28.11.1975), «Табиғи тартыс көркемдік шарты» («Қазақ әдебиеті», 16.04.1976), А.Егеубаевтың «Үйрену. Таным. Іздену» («Қазақ әдебиеті», 26.10.1975), Ж.Дәдебаевтың «Дүниетаным. Нанымдылық» («Қазақ әдебиеті», 19.03.1976), Қ.Қамбаровтың «Сыршылдық сипаты» («Қазақ әдебиеті», 28.05.1976), Ү.Уайдиннің «Күлкіге де күй керек» («Қазақ әдебиеті», 27.08.1976), т.б. мақалаларында қазақ прозасындағы әңгіме жанрының жетістіктері мен кемшіліктері кеңінен сараланды. Мұндай мақалаларда бір жанрдағы туындыларды шола отырып, оның өзекті өңірлеріне барып, проблемаларын шешуге ұмтылушылық бар.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең» айдарымен поэзия, ал «Жазушы жазушы туралыда» қаламгерлердің бір-бірі жайлы пікірлері беріліп тұрған. «Әңгіме туралы әңгімеде» шығармашылық мектебіне айналған әңгіме жанрының қазақ прозасындағы аяқ алысы талқыланды (О.Сәрсенбаев. Жұтаңдық неден? «Қазақ әдебиеті», 31.10.1975; Б.Наурызбаев. Көркемдік көкжиегі. «Қазақ әдебиеті», 9.04.1976, т.б.).

Жетпісінші жылдардың әдеби өміріндегі елеулі оқиғаларына баспасөз ұдайы үн қосып отырды. 1973 жылы қыркүйек айында Афро-Азия жазушыларының V конференциясы Алматыда өтті. Осы оқиғаның қарсаңында қос құрлықтың әдебиетімен таныстырған материалдар баспасөз бетінде жүйелі түрде беріліп тұрды. «Қазақ әдебиеті» газеті «Афро-Азия жазушыларының V конференциясы қарсаңында» атты арнайы айдар ашты. (Ә.Жәмиев. Бірлік. Ынтымақ. БҚПал. «Қазақ әдебиеті», 24.08.1973; Ж.Сәтбаева. Дәуір мен дастан. «Қазақ әдебиеті», 24.08.1973, т.б.) Алматы қаласында үлкен табыспен өткен конференция жайлы республиканың барлық газеттері жазды. «Жұлдыз» журналы бір нөмірін осы оқиғаға орай Афро-Азия әдебиетіне арнады («Жұлдыз», 1973, №8).

Конференцияның аясында қазақ жерінен шыққан аса үздік ойшыл, гуманист, философ, энциклопедист-ғалым, әдебиетші Әбу Насыр Мұхаммед Әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуын салтанатты түрде атап өтті. Осы датаға арналып, 1973 жылдың 9 қыркүйегі күні Алматы қаласында халықаралық ғылыми конференция ашылды. Пленарлық мәжілісте С.Ниязбеков, С.Имашев, А.Асқаров, Қ.Білалов, Юсеф Эс-Сибай, К.Яшен, Г.Марков, Ш.Есенов, Б.Ғафуров, А.Қасымжанов сөз сөйлеп, «екінші Аристотель» атанған әл-Фарабидің өмірі мен ғылымы, әлемдік ғылымдағы орны жайлы құнды пікірлер айтты.

Осы бір айтулы оқиғаға арнап қазақ баспасөзі бірсыпыра материалдар жариялады. М.Мырзахметовтің «Ақыл-ой алыптары» («Қазақ әдебиеті», 7.09.1973), С.Қасиманов пен Е.Бекмұмбетовтің «Ғалымның дүниетанымы» («Қазақ әдебиеті», 7.09.1973), Б.Ғафуровтың «Қымбат мұра» («Қазақ әдебиеті», 21.09.1973), А.Машановтың «Екінші Аристотель» («Жұлдыз», 1973, №9), Қ.Жарықбаевтың «Әл-Фараби – шығыс психологиясының негізін салушы» («Жұлдыз», 1973, №9), т.б. мақалалары арқылы түрлі себептермен тарихтың қалтарыстарында қалып қойған ұлы ғұламаның азаматтық, ғалымдық, әдебиетшілік бейнесі жарқырай түсті; сөйтіп, туған халқымен қайта қауышуға бар мүмкіндіктер жасалды.

1975 жылдың қыркүйек айында Әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына арналып, Алматы қаласында үлкен халықаралық ғылыми конференция өтті. Оған Ресейден, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Тәжікстаннан, Түркіменстаннан, Германиядан, Венгриядан, Румыниядан, Чехословакиядан, Ирактан, Ираннан, Египеттен, Иеменнен, Кувейттен, Ливаннан, Суданнан, Мароккодан көрнекті ғалымдар қатысты. Конференцияны КСРО Ғылым Академиясының вице-президенті П.Н.Федосеев кіріспе сөз сөйлеп ашты. КСРО Ғылым Академиясының вице-президенті, Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті, академик А.М.Қонаев «Әл-Фараби және шығыс елдері ғылымы мен мәдениетінің дамуы» деген тақырыпта баяндама жасады. Қыркүйектің 11-не басталған конференция 12-13-і күндері де жалғасып, үш секция бойынша жұмыс істеді.

Әл-Фарабидің 1100 жылдығы баспасөз бетінде кеңінен насихатталды. «Қазақ әдебиеті» (12.09.1975) газеті «870.Әл-Фараби.950» атты үлкен тақырыппен бет арнады. Онда Әл-Фарабидің болмысын жан-жақты аша түсетін көптеген материалдармен бірге өзбек академигі М.Хайруллаевтың «Ақыл дария кемеңгер», қазақ ғалымдары Қ.Жарықбаевтың «Музыка сырының жетік білгірі», Ө.Күмісбаевтың «Ұлы ғалым бейнесі әдебиетімізде» мақалалары берілген. Соңғы мақалада Әл-Фараби жайлы жазылған шығармаларға шолу жасалынған. Ә.Әлімжановтың «Дармина» романы, Д.Досжановтың «Фараби» пьесасы, Д.Сапаровтың бір шоғыр әңгімелері және де А.Тоқмағамбетовтің, Ж.Сыздықовтың, Ө.Тұрманжановтың, М.Әлімбаевтың, Қ.Ыдырысовтың, Қ.Мырзалиевтің, М.Шахановтың, Ж.Қыдыровтың, Қ.Мұқышевтің ойшыл ғұлама жайлы жазған өлең, баллада, поэмалары хақында жылы лебіз білдіреді.

Жетпісінші жылдары қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін талқылаған түрлі жиындар, пленумдар, құрылтайлар болып тұрды. Осындай оқиғаларға байланысты «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналы арнайы айдарлар ашып, материалдар берді. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» (12.09.1975) «Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының пленумы алдында» айдарымен арнайы бет берген. Онда қазақ прозасының мәселесін қозғаған Т.Әлімқұловтың «Шығармадағы шындық қандай?», Т.Ыдырысовтың жанр өрісі», Ұ.Доспанбетовтің «Ізденіс өресі аласа» мақалалары бар. Алғашқысында қазақ прозасына шеберлік тұрғыдан көз жіберілсе, Т.Ыдырысов Ш.Мұртазаевтың әдеби, публицистік қарымы хақына әңгімелепті. Ал Ұ.Доспанбетов пен М.Зүзеновтің «Ант» романын қатал сынға алған. Негізгі ойын «Әрине, біз М.Дүзеновтің «Антың» оқығанда негізінде қалам қарымы әлсіз еместігін аңғарамыз. Бірақ сүйекті тақырыпқа жазылған мына көлемді шығармасында автордың ізденіс өресі, тыңнан жол салуға құлшынысы кем түсіп жатыр» деп, білдіріпті.

1976 жылы көкектің 14-і жұлдызында Қазақстан Жазушылар Одағының VII құрылтайы өтті. Осы бір әдеби оқиғаға орай «Қазақ әдебиеті» газеті «Қазақстан Жазушыларының VII съезі алдында», «Съезд алдындағы сыр», «Жұлдыз» журналы «VII съезд қарсаңында», «Екі съезд аралығында» атты айдарлар ашып, әдебиетіміздің зәру мәселелерін қозғаған бірсыпыра қаламгерлерді сөйлетті.

«Қазақ әдебиеті» газетінің дөңгелек столында «Екі съезд аралығында» қазақ әдебиеті жеткен жетістіктер мен кемшіліктер жайлы М.Қаратаев, Р.Бердібаев, Қ.Мұхаметжанов, Ө.Тарази, Ө.Канахин ұсынылған сұрақтарға жауап берген («Қазақ әдебиеті», 30.01.1976). «Съезд алдындағы сырда» Ғ.Мүсірепов Ж.Молдағалиевпен сырласыпты («Қазақ әдебиеті», 11.06.1976). Газеттің 16 көкектегі саны түгелге жуық Қазақстан Жазушыларының VII құрылтайына арналған. Осында негізгі баяндама жасаған Ә.Әлімжановтың «Туған әдебиеттің түбірлі проблемалары» атты есебі берілген. Баяндамашы екі құрылтай арасындағы қазақ әдебиетінің есебінен гөрі оның даму проблемаларына көбірек назар аударған.

«Жұлдыз» журналы «Екі съезд аралығында» айдары мен бір топ жазушыны сөйлетіпті. «Қаламгерлер толғамында» Ә.Сәрсенбаев, Қ.Бекхожин, Т.Әлімқұлов, О.Сүлейменов, В.Ларин, Т.Әбдірахманова, Қ.Ысқаков, Н.Серәлиев, М.Сәрсекеев сөз алған. «Жүгі ауыр жүрдек керуен, немесе соңғы жылдар прозасы туралы» М.Мағауин, Т.Әбдіков, С.Әшімбаев сұхбаттасқан. Осы айдармен жыл басынан бастап бірсыпыра әдебиетшілердің қазақ әдебиетінің түрлі мәселелеріне арналған материалдары жүйелі түрде жарияланып тұрды. Журналдың шілде айындағы санында Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының бірінші хатшысы Ә.Әлімжановтың VII құрылтайда жасаған есепті баяндамасы басылыпты.

«ҚӘ» газетінің дөңгелек столы» тұрақты түрде жұмыс істеп, қазақ әдебиетінің іргелі мәселелерін талқылауға мұрындық болып отырды. «Дөңгелек столдың» жанында «Өлең өткелдері» тақырыбында Д.Досжанов, М.Хакімжанова, Б.Сарбалаев пікірлесті («Қазақ әдебиеті», 11.02.1977). Т.Қожакеевтің, Ғ.Қабышевтің, Ш.Смаханұлының қазақ сатирасы жайлы сұхбаты «Сатира сарбаздары сырласқанда» деген тақырыппен берілді. «Роман және оның проблемалары» бойынша өткен «Дөңгелек столда» («Қазақ әдебиеті», 28.04.1978) Қ.Мұхамеджанов, О.Сәрсенбаев, Н.Ғабдуллин, М.Атымов, Д.Досжанов, К.Ахметбеков, Т.Тоқбергенов, Мұрат Әуезов қазақ романының түрлі мәселелері жайлы қойылған сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ортаға салған. Араға біраз уақыт салып барып, осы мәселеге қайыра соққан. Бұл жолы роман жанры жайлы І.Есенберлиннің, Ә.Таразидің, Қ.Жұмаділовтің, С.Сматаевтың, Т.Кәкішевтің сөйлеген сөздері «Уақыт талабы оқушы талғамына орай» атты ортақ тақырыппен беріліпті («Қазақ әдебиеті», 7.07.1978). Қазақ романы жайлы пікір алысу 1979 жылы да жалғасқан. Бұл жолы «Дөңгелек столдың» қонақтарына «Сан мен сана» тақырыбы ұсынылыпты. («Қазақ әдебиеті», 13.07.1979).

Енді осы қазақ романы жайлы талқылауларда айтылған кейбір пікірлерге назар аударайық.

Қ.Мұхамеджанов: «Ал қазақ әдебиетінде қазір роман көбейіп барады деген пікірге өз басым онша қосылмаймын... Батыста осы күні романның күні өткен деген пікірлер шаң беріп жүр. Бәлкім, олар айтарын айтып, жазарын жазып сарқылған шығар. Мұндай мысал біздің жағдайымызға келіңкіремейді. Ал роман дегеніміз – уақыт, мезгіл рухын танытатын, көп планды, көп қыртысты дүние. Онда ең алдымен, адам жанының панорамасы жасалуы керек. ...осы көп томды кітаптардың әсері неге әлсіз болды? Меніңше, онда бас кейіпкерлердің қайталанбас кесек тұлғалары, заман психологиясы терең көрінеді. Сонсоң, осы күні тарихи тақырыпта жазылған романдардың біразы әдеттегі шежіре шеңберінен шыға алмай жүргенін айтуымыз керек. Халықтың азаматтық көркем тарихын жазудың орнына жекелеген хан, сұлтан, билердің өмірбаянын тізбелеп кету бар. Олар кейде халықтық мүдде биігінен танылмай, ру, тайпа таластары көлеңкесінде қалады... Ұлттық озық дәстүрлерді игеріп алмай тұрып, өзгелерге жалаң еліктеу де жемісін бермейді... Әрбір талантты кітапты танып, оның бүгінгі көркемдік әлеміміздегі алатын орнын көрсетудің өзі – үлкен өнер ғой».

О.Сәрсенбаев: «Әр заманның өзіне лайық әдеби, эстетикалық ағымдары болған... Адам баласының көркемдік ақыл-ойы реализмнен артық әзір ештеңе ойлап тапқан жоқ... Маған оқушы ретінде, бүгінгі реалды адамның реалды өмірін оқу әлдеқайда қызығырақ».

Н.Ғабдуллин: «Дегенмен, тарихтағы музей секілді атүсті сыдыртып сипаттаған романдарға аузымыз тұшынбайтыны рас. «Кейінгі жастар романдарынан байқаған кемшілігім – неге екені белгісіз, бірқатар авторлар күйкі, күңгірт ситуацияларды жазуға құмар екен... Өмірдегі жақсылықтың салтанат құруын дәріштеп, күрескер рухы мықты, қандай қиындықтан да тайсалмайтын кейіпкерлерді көбірек жазуымыз қажет... Не жазсақ та, оқушының жігеріне жігер қосатын мұраттар айқын көрінсе... І.Есенберлин «Қаһар» романында кейіпкерлерінің мінез-құлық ерекшеліктерінен гөрі тарихи деректерге көбірек сүйенген».

М.Атымов: «Санап отырсақ, қазір 250-ден асатын қазақша романымыз бар екен... Ал бүгінгі романдарға ортақ олқылықтар жайына келсек, алдымен тақырып аясының тарлығын айтар едім... Содан соң, романдағы конфликт атаулы өмірдің өзінен туындап жатпаса, кейбір қолдан жасалған жасанды қақтығыстар оқушыны сендіре бермейді. Сюжет ширақтығы мен композиция тұтастығына да авторларымыз мән бермей жүрген секілді».

Д.Доспанов: «Бұрын кейде «ұнамды», не «ұнамсыз» кейіпкер атанып, олар дай-дай айтысып жататын, ақырсында ұнамсыздар омақасып, ұнамдылар жеңіп шыға келетін схематизм үлгісі кездесер еді. Ал бүгінгі романдар кейіпкерлері ондай қалыпқа құйылған мінез-құлықпен емес,

шығарманың өн бойында өсіп, өзгеріп, күресіп, кейде қателесіп те отыратын кәдімгі шындық аясында көрінеді... Рас, біздің буын жазған ормандарда кемшілік жоқ деу асығыстық болар еді».

М.Әуезов: «Меніңше, тарихи тақырыптарда жазылған романдарымыз көптеген көркемдік олқылықтарына қарамастан, әдебиетіміздің соңғы жылдардағы едәуір табыстары қатарына қосылады. Енді көшпелі дәуірді артқа тастап, бүгінгі қала өміріне үйреніп алған, ғылыми-техникалық революцияны бастан кешіріп отырған замандастарымыздың тіршілігін жан-жақты, кең планда суреттейтін романдарға зәру болып отырмыз».

Т.Токбергенов: «Біздің әдеби сынымызда, меніңше, теория, шолу, жалпылап айту жағынан кемдік жоқ. Ал нақты талдау, баға беру көп емес... Соңғы романдардан әуелі суреттерді, кестелі тілді көреміз. Бірақ неге оның ешқайсысын әдебиетімізге қосылған қомақты табысымыз ретінде атай алмай жүрміз?.. Біздің әдебиетіміздің өнегелі озық дәстүрлері бар».

Көркем шығармалардың жанрлық жағынан келгенде, жетпісінші жылдарда роман жайлы көбірек жазылып, түрлі пікірлер бой көрсетті. С.Мақпыровтың «Ботакөздің белестері» («Жалын», 1979, №1), Б.Сарбалаевтың «Қызыл жебе» («Жалын», 1979, №3), Х.Әдібаевтың «Қан мен тер» хақында» («Қазақ әдебиеті», 21.04.1972), «Көшпенділердің көркем шежіресі», («Жұлдыз», 1978, №10), Б.Сахариеттің «Жастықтың өзі – жайсаң жыр» («Қазақ әдебиеті», 26.05.1972), Ұ.Доспанбетовтің «Болбыр тіл, боркемік дүниелер» («Жұлдыз», 1972, №6), Т.Токбергеновтің «Ішкі иірімдер» («Қазақ әдебиеті», 4.05.1973), Ж.Сомжүрековтің «Жастық жыры» («Жұлдыз», 1973, №6), А.Сейдімбековтің «Түндіктің бауы төртеу» («Жұлдыз», 1973, №9), Р.Бердібаевтың «Шеберлік сабағы» («Жұлдыз», 1974, №1), Х.Әдібаевтың «Қансонарды» оқығанда» («Жұлдыз», 1974, №3), Ш.Елеукеновтің «Адам деп ат қойған соң» («Жұлдыз», 1974, №9), К.Смайыловтың «Өндіріс – өзекті тақырып» («Қазақ әдебиеті», 27.05.1977), Қ.Жұмәділовтің «Жанр құпиясы қандай?» («Қазақ әдебиеті», 28.10.1977), Т.Токбергеновтің «Тың тұлға, соны туынды» («Қазақ әдебиеті», 1.09.1978), С.Досановтың «Күрделі жанрдың күрмеуі қатты» («Қазақ әдебиеті», 15.09.1978), Ж.Дәдебаевтың «Әсерлі шығарманың эттеген-айы» («Қазақ әдебиеті», 15.09.1978), «Тарихи және көркемдік шындық» («Қазақ әдебиеті», 8.12.1978), Т.Сыдықовтың «Жәлел бейнесінде жүдеушілік бар» («Қазақ әдебиеті», 15.09.1978), Т.Жұртбайдың «Тарихи шындық және көркемдік шындық» («Жұлдыз», 1978, №11), т.б. мақалаларда қазақ романының мәселелері жан-жақты талқыланды. Көркем шығарманың шығармашылық туу тарихын баяндаған Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабы қалай жазылды?» («Жалын», 1978, №4), Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» қалай жазылды?» («Қазақ әдебиеті», 29.06.1973), «Ақ Жайықтың» жазылу тарихынан» («Жұлдыз», 1974, №4), М.Қаратаевтың «Қан мен тер» қалай аяқталды?» («Жұлдыз», 1974, №10), Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» қалай жазылды?» («Жұлдыз», 1976, №3), т.б. мақалалары жарық көрді.

«Қазақ әдебиеті» (2.03.1979) газеті бір жылдың 5 романы – З.Ақышевтің «Жаяу Мұса», Т.Әлімқұловтың «Ел мен жер», Ш.Мұртазаның «Қызыл Жебе», С.Сматаевтың «Елім-ай», М.Сүндетовтің «Қызыл ай» романдары туралы Ж.Молдағалиев пен Р.Ниязбековтің «Алысқа атылған жебе», Б.Әлімжановтың «Табысы да шалыс басуы да бар» мақалаларын беріпті.

Қазақ романдары жайлы жазылған мақалалардың көпшілігінде жеткен жетістіктерді көрсету басым болғанымен кемшіліктер де батыл айтылып жатты. Мысалы, Ұ.Доспанбетовтің «Болбыр тіл, боркемік дүниелер» («Жұлдыз», 1972, №6) атты мақаласында Р.Токтаровтың «Терістік шұғыласы», С.Досановтың «Қыран қалғымайды», Қ.Найманбаевтың «Қоштасқым келмейді», Т.Әбдіковтің «Күзгі жапырақтар» сияқты кітаптары тілі, көркемдігі жағынан қатал сынға ұшырады.

Осындай пікір алысулардың барысында қызды-қыздымен артық-кем кетіскен жерлер де бой көрсетіп қалды. Мысалы, З.Серікқалиев Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романын тілдік, көркемдік жағынан түкке жаратпай тастайды. Ол романның кез-келген бетін ашады да, іліп аларлық дұрыс сөйлем таба алмай қиналады. Сөйтіп, «Алмас қылыш» романының әдеби шығарма екендігіне күмәнданады: «Алмас қылыш» көркем роман емес, тарихи деректерді ел, заман тағдыры жайлы аңыздармен сабақтастырып, қайтадан мазмұндап шыққан, тарихты белетризациялаған, яғни мақтағанда, ғылыми еңбектердің, архив материалдарының көпшілікке арналған, ықшамдалған, әдеби өңделген варианты ғана («Жұлдыз», 1972, №5, 17-бет). Бұл жерде, әрине, романның көркемдік жағынан кемшіліктерін көрсеткені дұрыс, бірақ та оны мүлдем көркем туынды емес деп, іске алғысыз етуі артықтау. Осындай сындарға қара-

мастан «Алмас қылыш» романы кіретін «Көшпенділер» трилогиясы қазақ оқырманының көп оқитын туындыларының біріне айналды; көптеген шет тілдерге аударылды.

Осы мақаланың мына бір жері тағы да назар аудартады. Қазақ прозасында қарадүрсін баяндау етек алып бара жатыр дей келіп, пікіріне дәлел ретінде А.Байтанаевтың «Таңсәрі» романын алып, ішінен оңған бір сөйлем таппайды. Бұл жерде біз жазушыны сынағанына қарсы емеспіз, керісінше, кемшілікке төзбей, шындықты батыл айту сыншының абыройын арттыра түседі. Бірақ та, сынағанның жөні осы деп, шектен шығып, оның авторына тиісуге болмайды. Ол «Амантай Байтанаевтың «Таңсәрі» романын ренжімей оқып шыққан адамның бес елі бағы бар» деп жазады. Бұлайша сынау, сыпайылап айтқанда, артық. Кітапты көркемдік тұрғыдан қанша сынасаң да рұхсат, онда да дәлелді болуы керек. Ал біреудің адамгершілік арына тиіп, кекетіп, тіл тигізуге жол жоқ.

«Қазақ әдебиеті» газетінің әдеби сын материалдарын берудегі ізденістері көзге түседі. «Жас сыншылар сөйлейді» айдарымен Ж.Дәдебаев (Эстетикалық қабылдау сырлары. «Қазақ әдебиеті», 15.04.1977) пен Т.Мәмесейітовке (Гәп ниетте емес, нәтижеде. «Қазақ әдебиеті», 15.04.1977) сөз беріпті. «Жас сыншылар жас ақындар туралы» деген ортақ үлкен тақырыппен («Қазақ әдебиеті», 15.07.1977) Д.Стамбековтің «Поэзия сымбаты – азаматтық әуен», Т.Рақымжановтың «Ақындықтың ауылын іздегендер», Т.Жұртбайдың «Тұңғыштар тынысы» атты көлемді мақалалары бір бетті алған. «Сөз арқауы жастар прозасы» айдарымен («Қазақ әдебиеті», 8.09.1977) Б.Сарбалаевтың «Жанр табиғатын ойласақ», Б.Мұқайдың «Уақытпен бетпе-бет», Т.Мәмесейіттің «Ұқастық ұмтылыс емес пе?», Б.Ыбырайымовтың «Тақырып, талғам тең түссе», Ә.Бөпежанованың «Өзімді іздеймін», т.б. материалдар айқара бетті алып жатыр.

Жастар басылымы «Лениншіл жас» газеті де «Сын шын болсын, шын сын болсын», «Сөз-станға саяхат» деген айдарларымен әдебиет әлемінде аяғын нық баса бастаған жас сыншылардың мақалаларын ұдайы беріп тұрды. Мысалы, осы газеттің 1977 жылғы 25 қаңтардағы санының бір беті әдеби сынға беріліпті. «Алғашқы адымдар не әкеледі, несімен ерекшеленеді?» деген үлкен тақырыппен «Баққожа Мұқаевтың «Жаңбыр жауып тұр», Тынышбай Рахимовтың «Он сегіз – гүл дәурен», Шөмішбай Сариевтің «Тағдыр», Әміртай Бөриевтің «Ақ бидай» тұңғыш кітаптары жайлы пікір айту ұсынылыпты. Пікір алысуға Қ.Керейқұлов (Б.Мұқаев), Б.Көкесенеұлы (Т.Рахимов), Б.Ыбырайымов (Ә.Бөриев), Ж.Әлмашев (Ш.Сариев) қатысқан. Жастардың жастар туралы пікір білдіруі, материалдардың берілу формасы үйлесім тауып тұр.

«Сөзстан» айдарымен берілген С.Әшімбаевтың «Тұлпардың тегін тұлпар таниды» деген көлемді мақаласы («Лениншіл жас», 1979) әдебиет жайлы еркін толғаныстары іспеттес. Авторды қаламгерлердің сөз өнерлері хақындағы ой-пікірлері қызықтырған. Сағат әлемдік, орыс әдебиеті қайраткерлерінің сөз өнері жайындағы ойларына тамсана отырып қазақ жазушыларының әдеби-эстетикалық көзқарастары туралы ой қозғайды. Бұл ретте М.Әуезовтің, С.Мұқановтың сыншылық дәстүрін жалғастырушы І.Омаровтың «Шабьт шалқары», Т.Әлімқұловтың «Жұмбақ жан», Ә.Нұрпейісовтің «Жүрегі тола жыр еді» кітаптары жайлы сыр шертеді. Көлемді мақала талдауға емес, оларды оқығандағы сезімге, толғаныстарға құрылған.

«Оңаша ойдың отауында» – «Қазақ әдебиеті» газетінің жетпісінші жылдардың соңына қарай көрінген айдары. Осы айдармен берілген мақалаларда қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің шығармашылық портреттері жаралып, өнерпаздық, шығармашылық құпиялары ашыла түсті, әдебиет туралы ой-толғамдары ортаға салынды. Бұл ретте көбіне интервью, әңгімелесу әдістері кеңінен қолданылды.

«Оңаша ойдың отауында» М.Қаратаев «Көкірек көзі – көркемсөз. «Қазақ әдебиеті», 16.07.1976), Ә.Нұрпейісов (Өнер өміршендігімен қуатты. «Қазақ әдебиеті», 3.09.1976), Ғ.Мұстафин (Талант – жүрек сыры. «Қазақ әдебиеті», 9.07.1976), Ғ.Мұстафин (Талант – жүрек сыры. «Қазақ әдебиеті», 9.07.1976), Қ.Бекхожин (Жыр туралы жыр. «Қазақ әдебиеті», 13.08.1976), Ә.Тәжібаев (Өлең – біздің анамыз. «Қазақ әдебиеті», 10.09.1976), Т.Ахтанов (Ой. Оқиға. Образ. «Қазақ әдебиеті», 17.09.1976), Ә.Әбішев (Өмір. Өнер. Шындық. «Қазақ әдебиеті», 19.11.1976), А.Тоқмағамбетов (Жолдар мен жылдар. «Қазақ әдебиеті», 10.12.1976), Х.Ерғалиев (Үлкен жолдың үстінде. «Қазақ әдебиеті», 18.02.1977), Д.Әбілов (Ой мен сезім одағы. «Қазақ әдебиеті», 11.03.1977), Ә.Сәрсенбаев (Ақ желкен, ақша бұлт. «Қазақ әдебиеті», 10.06.1977), т.б. оқырманмен ой бөліскен.

«Көкірек көзі – көркем сөзде» академик сыншы М.Қаратаев алдымен тілші А.Егеубаевтың сауалдарына жауап берген. Сын туралы Мұхаметжан «Көркемдік сын әдебиеттің де дамығандығын білдіреді...

Сын назары негізінен әдебиет дамуына жетістігімен де, қырсығымен де ықпал жасап отырған елеулі құбылыстарға аударылуы шарт деп білемін» дей отырып, қазақ әдебиетінің даму жолдары жайлы өз ойларын білдіріпті. Мақаланың соңына қарай А.Егеубаев М.Қаратаевтың сыншылық қызметі жайлы айта келіп, «Оқырмандар, әдебиетшілер үшін академик-ғалым бейнесі осындай сыншылық дарынымен өзгеше. Мұқаң таланты бүгін де тәжірибелі, толысқан кемел, шабытты шағында» – деген ой білдіреді.

Д.Әбілов өзінің әдебиетке келу жолдары, әдебиет жайлы біршама тебіреніпті: «Оңаша ой отауында мен де өзіммен өзім сырласып, іштей «ей, ақын, сен не атқардың?» деймін. Осынша ғұмырда, жылдар мен күндердің ортасында жүрдің, өмірді көрдің, толқынды кештің. Сонда не тындырдың?.. Өткен өмір жолымды шоламын, ойға шомам. Кейде шок боп қызып, жалын боп шалқимын да кейде мұздап тоңамын». Дихан «Сайып келгенде, бар сиқыр ой мен тіл өнерінде болар... Қазіргі қазақ лирикасы фольклор әсерінен арылған, нағыз профессионал лирика... Эмоцияға әсері жоқ өлең – құрғақ қасық. Бой шымырлатып, ой толқытпайтын әсерсіз өлеңдер нағыз ақынның емес, «кәсіпшінің» харекеті. Лириканың жүрегі – сезім. Халық өмірінің қарапайым сөзінің өзі – поэзия. Мың-мың жылдар жасап, үстеп қазыналанып келе жатқан фольклор – біздің ақындық әлемде дәнді өлке, тереңінде таусылмас меруерттері жатқан шалқар теңіз... Қай тақырыпта жазсаң да, кім туралы, не түрлі жазсаң да өзің жақсы білетін өмірді жаз, шындық та, көркемдік те, барша өнер құдіреті де сонда байқалады. Ой мен тіл – егіз. Бірінсіз бірінің тіршілігі жоқ. Жазушы өзінің ойын басқалар оңай ұғыу, түсінуі үшін жан салуы керек. Әрине, өмірде бар шындықтарды шығарманың композициясы мен көркемдеу өрнегін түсіру де шеберлікті қажет етеді. Әйтеуір, жүйткү керек екен деп айдалаға құйғытып арам тер болма дегенді талай ұлылар бізге айтып кеткенін ұмытпалық» – депті.

«Оңаша ойдың отауында» Ғ.Мұстафиннен жазушы Р.Токтаров сыр тартыпты. Ғабиден өзі, өмір туралы «Адам анадан біркелкі боп туғанмен, әрқелкі боп өседі. Біреу жасынан іске, енді біреу сөзге бейім тұрады. Көңіл нені іждаһат қылса, соны алады екен. Мен не нәрсеге назарым ауса, соны егжей-тегжейлі білуге құмартып тұратынмын... Менің қолым қалам ұстаудан гөрі күрек-қайлаға ыңғайлырақ секілді... Жұрттың бәрі бірдей шынайы өмір сүрмейді. Біреулер әншейін тіршілік құрады. Шын мағынасында өмір сүрген адам өз жүрегінің басына дән жинайды. Сол дән күннен күнге толысып жетіледі де, рухани жемісін береді... Өмір – жомарт. Кімнен болсын жақсылығын аямайды... Мен өмірден аз алдым демеймін. Қайта бергенім аз шығар» – деп ағынан жарылыпты. Әдебиет жайлы «Жазушы өзі үшін нақтылы бір философиялық түйінге келмейінше бауырын жазып шаба алмайды... Менің принципім – кейіпкерімнің тек қана өмірде болуы емес, көш басшы болуы. Жаңалығы – алдағы жылдардың биігімен өлшенуі... Мен үшін кейіпкердің бәрі бірдей. Жаманының өзіне жаның ашымаса жасай алмайсың... Әдебиетке кеш келдім, ертерек тоқырадым да... Жазушылық өмірден түйгенінді жүйелеп, қайталап көз алдындағы экранға түсіреді. Өз көңіліңді көресің. Өзіңе өзің басқа қырыңнан қарайсың. Сенің жүрегіңнен, санаңнан туған перзент сенің өзіңмен айтысады. Кейде жеңесің, кейде жеңілесің. Әр шығарма біткен сайын жаңа бір баспалдаққа көтерілесің... Мұқаң жасаған образдардың ішінде, менің аса қатты бағалайтыным – Құнанбай бейнесі... Мен білсем, күллі өнердің ішіндегі ең қиыны – жазушылық. Ең ұзақ жасайтын еңбек те жазушының еңбегі... Бұл – дерт. Сонымен бірге ол көп дерттен сауықтыратын шипа да. Жаныңды үлкен етеді. Азығың – ой, нысанаң – түйін. Шыдамдылыққа, үлкен төзімге баулиды. ... Әрбір қалам иесі өзін қоғам қайраткерімін деп ұғыну керек. Менде өнімділік аз. Нені болсын, әбден иін қандырып, баста пісіріп алмай қолыма қалам алмаймын. Отыра қалғанның өзінде түсіретінім – небәрі төрт-бес сөйлем... Әр сөйлемді қашан көңілімнен шыққанша, сан қырынан аунатып, неше саққа мінгізем... Талант жасқа қарамайды, басқа қарайды» дегендерінде шырайлы шынайылық жатыр.

Ғ.Мұстафин – қазақтың қара сөзінің қасиетін барынша түсінген, қадірлеген қаламгер: «Қазақтың қара сөзінде көп мән жатыр. Күн шалмайтын қараңғы көңілді сөз шалады. Күн жылытпайтын суық көңілді сөз ғана жылыта алады». Көпті көрген жазушының өмір, әдебиет жайлы көңілге түйгендері де көп. Өмірлік, шығармашылық тәжірибелерін бүкпесіз ортаға салған карт қаламгердің тебіреніске толы толғаныстары кім-кімді болмасын бей-жай қалдырмайды.

1977 жылы желтоқсан айының соңына қарай жас әдебиетшілердің республикалық семинар-кеңесі болып өтті. Ақсақал жазушы Ғ.Мұстафин осы кеңесті ашарда жастарға арнап, толқып тұрып сөз сөйледі. Тебіреніске толы осы бір сөздер кеңеске қатысқандардың құлағында ұзақ уақыт қалып қойған шығар.

Әдебиет – өте қиын, өте ұзақ жасайтын ардақты еңбек...

Әдебиеттің түпкі мақсаты – адам жанын тәрбиелеу. Ой неғұрлым нәрлі, тіл неғұрлым алғыр болса, шығарма сол құрлы нәрлі, алғыр. Ой жүдеу, тіл шорқақ болса, шығарма құнын жоғалтады, оқушысын бездіреді.

...Тұрғысы биік болмай, әдебиет биік бола алмайды. Алдымен өз халқының, өз заманының жазушысы бол! Жазушыға бұдан үлкен арман, мәртебе жоқ».

Көпті көрген абыз жазушы жас әдебиетшілерді өз ұлтын, тілін, ұлтының асыл қасиеттерін сүйеге үндейді:

«Жазушы әуелі өз ұлтын сүйеді. Өз ұлтын сүйе білген басқа ұлтты да сүйе біледі. Өз ұлтын сүйе білмеген басқаны не қылсын. Әр халықтың өзіне тән ғасырлар бойы жасаған, бо-йына әбден сіңген тілі, мәдениеті, өнері, дәстүрі бар. Бұларды білмеу, елемеу, яки басынан аттау, менсінбеу сол халықтың өзін қорлау болып шығады.

Біз ұлтшылдықпен күрессек, сендер енді ұлтсыздықпен күресіңдер...

Туған халқының тарихын, салтын, не бүгінгі, не бұрынғы әдебиетін, көркемөнер дүниесін, халқының өзгеріп жатқан құлық, мінездерін білмейтіндер, білгені шалағай дүмбілездер үлкен әдебиет жасай алмайды. Мұндайлар әдебиетке араласса бүлдіреді, әлдеқалай дес тисе әдебиетті жарға апарып соғады.

... ұлт әдебиетінде ұлт қасиеттері, ұлт сипаттары айқын көрінуге керек...

Адамның адамдық, ұлттың ұлттық ең жоғарғы қасиеті – тіл өткірлігі мойымасын, тіл сұлулығы кемімесін» («Қазақ әдебиеті», 13.01.1978).

Қазақ әдебиеті алыптарының соңғы тұяғы Ғ.Мұстафиннің «Жас талапқа айтар сөзі» ата жазушының жас жазушыларға айтып кеткен өсиеті іспеттес. «Біз ұлтшылдықпен күрессек, сендер енді ұлтсыздықпен күресіңдер» деген сияқты сөздер аға ұрпақтың өкінішке толы ащы тәжірибесінен туындаған, бүгінгі әрбір азаматтың әрдайым есінде жүрер қасиетті қағидасы секілді.

Әдеби сынның көркем жанрларының бірі – эпиграмма «Жұлдыз», «Жалын» журналдары, «Қазақ әдебиеті» газеті беттерінде оқта-текте болса да көрініп тұрған. Эпиграмmanın сирек жазылуы оның ақындық пен сыншылықты қатар қажет ететін аса қиын жанр екендігінде болса керек. Осы екі түрлі қасиеттің бірі кем жатса, эпиграмма да жоқ. Осы бір жазылуы да қиын, жазыла қалса алатын алғысы да шамалы жанрдың жалынан ұстаған К.Әмірбековтің «Жұлдыздың» сын-сықақ бұрышында бірнеше эпиграммасы жарық көріпті. Олары Қ.Мұхамеджановқа, М.Әлімбаевқа, А.Тоқмағамбетовке, М.Мақатаевқа, Ә.Дүйсенбиевке, О.Әубәкіровке, С.Санбаевқа, Ү.Уайдингге арналыпты.

«Минерал» («Жұлдыз», 1976, №3) ақын Мұзафар Әлімбаев жайлы. Сатирик ақын шығармашылығының құрамын шипалы судың құрамымен салыстыра отырып анықтайды. Минералдық құрамында 7 түрлі элемент болса, М.Әлімбаевтың шығармашылығы да 7 түрден тұрады екен:

«Мұзағанның құрамы

Мыналардан тұрады:

Лирика 53,8%

Зерттеу 5,4%

Мақал-мәтел 20,2%

Аударма 12,1%

Мақала 6,6%

Жұмбақ 1,7%

Жаңылтпаш 0,2%

100%

Бұдан не түсінуге болады. Автор ойын ашық айтпаған. Сатирик Мұзафардың шығармашылығын сылдыр суға теңеп отыр ма, болмаса, шипалы судың құрамы адам организміне қажетті минералдарға қандай бай болса, ақынның еңбектері де сан-салалы, бірақ ол негізінен поэзияда еңбектеніп келеді дегенді айта ма, әйтпесе, жан-жаққа шашырай бермей, бір

салада еңбектенсең, еңбегің бұдан да жанып, халыққа берерің жемісті бола түсер еді дей ме? Нені мензеп отырғаны мәтіннен белгісіз. Ой өрбітіп, қандай шешімге келуді оқырманның еншісіне қалдырған.

«Сатира стадионында» («Жұлдыз», 1976, №3) да бір қарағанда қарапайым, ерігіп отырып әншейін жазыла салғандай.

«Сатира» командасының негізгі құрамы:

Асқар Тоқмағамбетов

Қазақ ССР сатира федерациясының председателі.

Қақпашы:

1. Садықбек Адамбеков.

Қорғаушылар:

2. Балғабек Қыдырбекұлы,

3. Сақтапберген Әлжіков,

4. Жүсіп Алтайбаев (Капитан)

5. Сейіт Кенжеахметов

Жартылай қорғаушылар:

6. Ғаббас Қабышев,

7. Есенжол Домбаев,

8. Оспанәлі Иманәлиев,

Орталық шабуылшылар:

9. Шона Смаханұлы,

10. Үмбетбай Уайдин,

11. Оспанхан Әубәкіров,

«Запаста»:

Әбдірахман Асылбеков,

(Негізгі топта ойнайтын шамасы бар,

Бірақ ештеп жылайтын «баласы» бар).

Аға жаттықтырушы:

Темірбек Қожакеев.

Бұларды жұрт қашанда

Құрметпен қарсы ап жүр.

Мыналар ғой:

1. Мыңбай Рәшев,

2. Қойшығара Салғарин,

3. Қажытай Ілиясов,

Командаға бір келіп,

Бір кетумен шаршап жүр».

Мұнда да жай жүгіртіріп оқысаңыз, ештеңе жоқ; сатириктерді шетінен тізіп, бірін қақпашы, бірін қорғаушы, бірін шабуылшы қыла салғандай. Бірақ осы эпиграмманы бажайлап қарап, ойланып оқып шықсаңыз, күллі қазақ сатирасының жай-күйінен хабардар боласыз. Ауыр салмақты проза қақпа жақта жүр де жеңіл, шапшаң қимылдайтын ақын сықақшылар алдыңғы шептен көрінген. Сатираның поэзия, проза салаларында да айтарлықтай еңбек сіңірген ақсақал Асқар Тоқмағамбетов «Қазақ ССР сатира федерациясының председателі», негізгі зерттеулеріне сатираны арқау етіп, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, жоғын жоқтап жүрген, өзі де сатира жазып, кейіннен ғылымға ауысқан Темірбек Қожакеевтің «аға жаттықтырушы» болып көрінуі де нанымды. Ал әдебиеттің басқа жанрларымен бірге сатираның ауылынан да окта-текте шаң беріп жүрген соңғы үшеуді «Командаға бір келіп// Бір кетумен шаршап жүр» деуі де шындық. Көпен бұларды сол себепті де командаға қабылдамаған. Қабылдамаған күдігі кейін расқа шықты. Қ.Салғарин сатирадан біржола кетіп, тарихи прозаның ауылына барып қоныстанды. М.Рәшев болса, әдебиеттің басқа салаларында да қатар қалам тербеп, сатирадан да қол үзбеді. Қажытай ғана сатираның стадионына жиі келіп жүріп, оның командасының негізгі ойыншыларының бірі болғанын өзі де білмей қалды.

Көпеннің «Оспанханның намазы» О.Әубәкіровке бағышталған. Мұнда намаз оқымайтын Оспанханға намаз оқытып, онда да аузына өзінің кейіпкерлерінің атын қайталанатқан. Намазының соңын Оспанхан:

«Барамын ба ұсақтап?

Иә, осымен намазымды тауысамын,

Енді кеуделі кейіпкерге ауысамын.

Аумин!..» – деп аяқтайды. Айтылар ой айқын: майда-шүйде тақырыптарды, кейіпкерлерді шиырлап кеттің, ізден, үлкен тақырыптарға бар, тың кейіпкерлер жаса. Десек те, исламның қасиетті бес парызының бірі намазды форма ретінде сатираның нысанына айналдырғаны иманды оқырманның ойынан шыға бермейтіні анық.

«Жалын» альманағы да К.Әмірбековтің бір топ эпиграммасын беріпті («Жалын», 1978, №1). «Па, риза» эпиграммасының тақырыбы нысанаға алған ақының атымен айтылуы жағынан бірдей болып тұр: Фариза – «Па, риза». Эпиграммада журналист, аудармашы, редактор арқылы ақын Фаризаға жұрт риза, бірақ «Лирикаң налымай ма, немнушка» деген ой айтылады. Демек, мұнда сын жоқ, жағымды эпиграмма.

«Сыншы туралы ертегі» С.Әшімбаевтың кезінде «емен сынның бір бұтағы» болып бұрқыратып сын жазғанын, «Сын мұраты» үшін атақ алғанын, бірақ та «Дегенмен, сынға бап боп // Бар мұратына жетпегенін» баяндайды. Эпиграмма

Ерте, Ерте, Ертеде,

Ешкі жүні бөртеде,

Бір сыншы болыпты – деп, ертегі түрімен басталып,

«Айтайықшы ертегінің жалғасын,

Сағат қолға жиі қалам алғасын» – деген жолдармен аяқталған. Бұл жерде автордың ауыз әдебиетіндегі ертегі формасын сәтті қолданғандығын айта кеткен жөн.

«Жарасқан жайлы жана күйде» де ақын Ж.Әбдірашевке айтылған аз-маз сын бар. Қазір ұзаққа шаппай, бір сарында ғана «дінгіл, дінгіл» деп жүрген Жарасқанға

«Сын жазушы ең бұрын-н-н.

«Даланы» алдың ыңғайға,

Турабидей сын қайда?» – дейді.

К.Әмірбековтің Ә.Бейсеуовке («Алтының. Алтының»), Т.Әбдіқовке «Қос ұран»), Т.Есімжановқа («Ehe!» мен «Oho!»), өзіне («Өзім туралы эпиграмма») арнаған эпиграммалары жарық көрген. Бұларда нысанаға алған шығармашылық иелеріне әртүрлі тонмен, түрлі дәрежеде ескертпе-сындар айтылған.

Сонымен бірге Көпен эпиграммаларындағы формалық ізденістер де көбіне сәтті шығып, айтар ойды табиғи түрде жеткізуге септігін тигізіп жататындығын да аңғару қиын емес.

15.4. ТІЛ – ӘДЕБИЕТТІҢ НЕГІЗІ

Ғ.Мұстафин айтпақшы, тіл – әдебиеттің негізі. «Әдебиет – ең алдымен, сөз өнері. Тілі нашар шығарма ешқашан жақсы әдебиет бола алмайды. Ел ішінде қаншама асыл сөз жатыр. Таланттың үлкен бір қыры – халықтың тіл байлығын меңгеру. Халық тілі – түпсіз дария. Тереңіне сүңгіп берсең, не асылын, тамашасын көресің. Тілді неғұрлым жетік білсең, соғұрлым еркін қолданасың, құбылта да білесің. Абай бір сөздің өзін әр жерде әртүрлі мағына, бояу беріп, түрліше қолданған. Сөз үйдің кірпіші тәрізді. Шебердің міндеті – соны неше құбылтып, жігін білдірмей қалау. Сөздің жақсы-жаманы жоқ қой деп ойлаймын. Қай сөз орнын тапса, сол сөз жарасымды. Орнымен қолданбаған сөз қашан да артық, жамау сияқты көрінеді» (Жұлдыз», 1974, №3).

Көркем тіл жоқ жерде, көркем әдебиет те жоқ. Сондықтан да жетпісінші жылдардың әдеби сынында көркем әдебиеттегі тіл мәселесі әдеби сынның негізгі тақырыптарының бірі болды. Ұ.Доспамбетовтің «Болбыр тіл, боркемік дүниелер» («Жұлдыз», 1972, №6), Т.Әлімқұловтың «Өнер алды – қызыл тіл» («Жұлдыз», 1972, №8), З.Серікқалиевтің «Құнды сөз құнарлы ойдан» («Жұлдыз», 1972, №5), Ү.Уайдиннің «Сөз мәдениеті – өз мәдениетін» («Қазақ әдебиеті», 25.01.1974), М.Сқақбаевтың «Шұбар сөз – шұбалаңқы ой салдары» («Қазақ №15.02.1974), М.Серғалиевтің «Келісті сөз – көркемдік келешегі» («Жұлдыз», 1975, №11), Ф.Оразаевтың «Жасық сөз, жалаң ұйқас» («Қазақ әдебиеті», 20.08.1976), Т.Әлімқұловтың «Сөздің сыры неде?» («Қазақ әдебиеті», 2.12.1976), Н.Оңдасыновтың «Тағы да тіл мәдениеті жайында» («Қазақ әдебиеті», 10.12.1976), Д.Досжановтың «Көрікті сөз – көркемдік кепілі» («Қазақ әдебиеті», 23.12.1977), Н.Аитовтың «Тұңғыштардың тілі қандай?» («Қазақ әдебиеті»),

28.07.1978), Т.Жұртбаевтың «Сөз сүріншек пе, көз сүріншек пе?» («Қазақ әдебиеті», 7.04.1978), т.б. мақалаларда әдеби тілдің көркемдік мәселелері әртүрлі қырынан талқыланып жатты.

«Қазақ әдебиеті» газеті «Толғауы тоқсан қызыл тіл», «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тисе», «Жұлдыз» журналы «Тіл өнері – дертпен тең» айдарларымен тілге қатысты материалдар жүйелі түрде беріп тұрды. Сондай бір мақала «Тіл – көңіл айнасы, сыр пернесі. Оқушыға көңілді айқара ашып, сыр шерту үшін жүйелі жаза білудің, әр сөзді орынды қолдана білудің маңызы зор... Кейбір өлең бар, сынайын десең, сынай алмайсың, мақтайын десең, мақтай алмайсың. Бірақ, өлең оқығандай да болмайсың» (Ф.Оразаев. Жасық сөз, жалаң ұйқас. «Қазақ әдебиеті», 30.08.1976) – деп басталып, оның себебі «ақынның тіл кедейлігінде болса керек» дейді. Осы пікіріне дәлел ретінде сыншы М.Айтхожинаның, Ш.Сариевтің, Т.Молдағалиевтің, М.Неталиевтің, О.Асқардың, Т.Нұрмұхамедовтің, А.Шамкеновтің, Т.Қажыбаевтың өлеңдерінен мысалдар келтіреді. Автордың ойынша «Поэзия басы артық сөзді, мағынасыз алынған сөйлемді көтермейді. Жақсы бір ой айтып отырып, соны аяқтамай екінші ойға ауып кету, не бір айтқанды ұмытып кетіп, қайталау өлең құнын түсіреді».

Поэзия тілі туралы ойын Ф.Оразаев «Поэзия тілдің сұлулығын, мөлдірлігін талап етеді. Сондықтан тіл мәселесіне аса талғампаздықпен қарау – ақындарымыздың бірінші кезектегі парызы болса керек» – деп түйіндеген.

Н.Ақышев «Жыр неден жұтайды?» деген сауал қойып, оған өзі жауап береді. «Поэзияның бүкіл болмысы тәрізді оның тілі де қылаусыз тазалықты, шымқай әсемдікті қалайды. ... өлеңнің кіршіксіз таза тәніне кірген тікенектей, жабысқан шөп-шаламдай орынсыз тіркестер еріксіз әттеген-ай дегізеді» («Қазақ әдебиеті», 25.11.1977) – дей келіп, оған Б.Аманшиннің, М.Неталиевтің, М.Қайыңбаевтың өлеңдеріндегі селкеуліктерді алға тартады. Ол «тілдік кемшіліктің туу себебі негізінен екеу сияқты. Бірінші – тілдің табиғатына, болмысына мән бермеу; оған қалай болса солай қарау. Екінші – ақындық ізденістің кемдігі».

С.Сүтжанов Д.Шалқарбаевтың «Арнадым саған» өлеңдер жинағынан «Бөрене ұйқас, қисық тіркестер» («Қазақ әдебиеті». 25.11.1977) көреді. Сейфуллиннің ойынша, «орынсыз сөз, селкеу тіркестің кесірі тұтас өлең тұлғасына, бітіміне тиеді. Ажарлау мен құбылтуда абай болмайынша, өлеңде шырай болмайды; демек оқырман жүрегіне жол табу да тілге талғаммен қарауды талап етеді».

«Социалистік Қазақстан» (5.06.1976) газеті «Өнер алды – қызыл тіл» тақырыбы бойынша талқылауға бір топ қаламгерді, оқырманды дөңгелек столдың басына шақырыпты. Оған Н.Райханов атты оқырманның қазіргі қазақ әдебиетіндегі тіл шұбарлығы жайындағы хаты себеп болған. С.Бердікұловтың «Мұңайып оянған қала» повесінен 130, Д.Досжановтың «Дария» романынан 300-ге жуық түсініксіздеу сөз кездестірген оқырман мәселе көтеріп, хат жолдаған. Редакцияның қазақ әдебиетінде тіл тазалығына қатысты ұйымдастырған пікір алысуына М.Қаратаев, Р.Сыздықова, З.Қабдолов, Т.Ахтанов, І.Жарылғапов, оқушы қауымының өкілдері Ж.Иғданов, К.Әбуова қатысқан. Хат авторы Н.Райханов пен әңгіме нысанына айналған жазушылар С.Бердікұлов, Д.Досжанов та талқылаудың ішінде болған. Әдебиет сыншысы, зерттеушісі, тілші ғалым, қаламгерлер, оқырмандар өкілі қатысқан дөңгелек столда әдеби тіл мәселесі әр қырынан қаралып, оның көкейкесті мәселелері көтерілді.

М.Қаратаев «Енді сол қорға жаңа бір сөз кіріп жатса, оның қаншалықты орынды, тиімді екенін ойластырып көру керек, жөндісін қабылдап, жөнсізін дәлелдеу керек, бірақ кез-келген жаңа сөзді жатсынып, аттан салудың қажеті жоқ» – деп, тілге жаңа сөздердің кіріп жатуы табиғи құбылыс, оны жатырқаудың қажеті жоқ деді. Сонымен бірге «тілді шұбарлаудың үш түрі бар. Бірі – ана тілінің табиғатына жат, сінбейтін, сілімтік сөздерді тіл қазынасына зорлағандай сүйреп әкеліп, тықпалап енгізу. Ол орнын таба алмай состиып тұрса, көзге түрткі, құлаққа тырма деген сол.

Екінші түрі – стильдік шұбарлық... Үшінші түрі – шеттен келген сөздерді өз мағынасында алмай, білмегендіктен бұлдіріп, қисынсыз, орынсыз қолдану» – деп, қаламгерлерді тіл шұбарлығынан сақтануға шақырды.

З.Қабдолов «көркем туындының мазмұны мен пішініне қойылар талаптардың бәрі – шеберлік шарттары. Бірақ шығарманың тілі нашар болды ма – бітті, осыларыңыздың бәрі далада қалады. Айтты-айтпады, мысалы, көркем шығарма деп оқып отырған кітабыңыздағы сөз тіркестері төрткүл дөңгелекті сынық арбамен омақаса құлап түсіп келе жатқандай кедір-бұдыр, іркіс-тіркіс, өңсіз-жөнсіз сіресіп, яки тістесіп тұрса, одан қандай композиция яки

сюжет іздемексіз. Ендеше, шеберлік туралы әңгіме ең алдымен тілден басталуға тиіс» – деп, тіл тазалығын жазушының шеберлігімен байланыстырды.

Тілші ғалым Р.Сыздықова «Иә, әңгіме өз орнын тауып қолдануда жатыр. Орнын таппаған сөз ойнамайды, мағынасы да ашылмайды. Тегі жазушы қайткенде де әдеби тіл нормасы дегенді ұмытпауы керек қой. Нормадан ауытқушылығы болса (көркем әдебиетте, тіпті, кейде өзге стильдерде де әдеттегі ауытқулар болуға тиіс), оның қайткенде де мақсаты болу керек. Себепсіз ауытқу әдеби тіл нормасын бұзу болып шығады» – деп, әр сөздің өз орнында қолданылуына назар аударды.

Жазушы Т.Ахтанов салмақты сөз қашанда салиқалы оймен, кемелді әдебиетімізбен еншілес деген пікір айтты.

«Сондықтан да бүгінгі сауатты оқырман сөздің жалаң сұлулығынан гөрі салмағына көбірек көңіл бөледі. Уақытпен үндес, уақыттан озық ойдың тасқа басқандай айқын болуы үшін, оқырман жүрегіне қона кетуі үшін ең алдымен ұрымтал сөзді іріктей білу қажет. Жаңағы судай сапырылатын сылдыр сөзден, жалған патетикадан арашалап алушы да осы тілдің үнеммен, орнымен жұмсалуды болса керек» – деді.

Осы дөңгелек столдың басында жалпы тілдің, оның ішінде әдеби тілдің орынды қолданылуы, шеттен, диалектіден енген сөздерді қалай қабылдауымыз керек, тіл шұбарлығынан қалай арылып, тіл тазалығын қалайша сақтаймыз деген сауалдарға қатысты бірсыпыра пайдалы пікірлер айтылды. Редакцияның қорытындысында «Сөз – жазушының басты құралы, жазушының тілге жауапкершілікпен қарауы – қоғам алдындағы өзінің парызына, халық қазынасына жауапкершілікпен қарауы деп ұғыну жөн» деген түйін жасалған.

Көркем әдебиет тілден басталады. Сол себепті де әдеби сынның басты нысаны – әдеби тіл. Сондықтан да көркем шығарма жайлы жазылған сын мақалалардың барлығында дерлік оның тіліне соқпай кетпейді деуге болады. Жетпісінші жылдардағы қазақ әдеби сынында да осы мәселеге айрықша көңіл бөлінді. Бұл ретте «Жұлдыз» журналының «Жұлдыздың» сын-сықақ бұрышы», «Жалынның» «Тураби трибунасы» көркем әдебиеттегі тіл мүкістерін барынша қатты сынға алған бірсыпыра мақалалар жариялады. Мұндай айдарлармен берілген мақалалардың сатиралық сипаты айқын. Мынадай-мынадай кемшіліктері бар деп, шетінен сынап бермейді; әрқайсысы белгілі бір сатиралық сюжетке құрылып, сыни пікір барынша өткір, әсерлі айтылады. Белгілі бір оқиғаға немесе жүйеге құрылған мақалада сынға алынып отырған нысана мысқылға, әжуаға ұшырап, тіпті күлкіге айналып отырған.

«Жұлдызда» (1975, №3) жарияланған «Нүктелер мен жақшаларда» поэзиялық шығармаларда дауыс ырғағын анықтайтын тыныс белгілерін дұрыс қолданбаудың салдарынан поэзия тілінде қаншама кемшіліктер туындайтынын нақтылы мысалдармен көрсетеді. Мақаланың бір ерекшелігі анау анадай, мынау мынадай боп кеткен, ол былай болуы керек еді деп ділмәрсіп жатпайды. Көбіне мүкісі бар сөйлемдерді, мәтіннің өзін «сөйлеткен». Сынаса да «мақтамен бауыздағандай», мысқылдап қана отырған. Ақындардың тыныс белгілерінен жіберген кемшіліктерін «жаңалық» санап, оған төмендегіше кекетіп анықтама береді: «Жаңалық – поэзияда жақшаны үнемдірек пайдалану тәсілі. Иә. Солай. Көбіміз білмей құр қалыппыз, жақша дегені таптырмайтын құрал екен. Егер сіз алда-жалда өлең жазып келе жатып, ұйқасы бар болғыр табылмай қалған сәттерде, бір жолдағы ойыңыз екінші жолдағы ойыңызбен орайласпай қалған кезде ең басты көмекке келетін шабытыңыз – жақша» – деп мысқылдайды автор.

Мақалада кімдердің өлеңдері сыналдып отырғандығы соңына дейін белгісіз. Ақырында барып нүктелер мен жақшаларды қолданудан «жаңалық» ашқандар Ж.Қыдыров («Сәуір лебі») пен Ж.Набиуллин («Орда – қаһармандар қаласы») екенін білеміз. Автор – «Дей тұрғанмен, осы жақшада не сыр бар? Өлең арасында жамаудай жапырайып неғып жүр? Жамау демекші, өлеңнің тесік-тесігін бүтіндейтін жақша болғаны ма?» – дей келіп, өз ойын төмендегідей тәмамдаған: «Бұл кітаптан түйгеніміз: Жақша орынды жерінде жақша екен. Бейберекетсіз екі бүйірін таянған грамматиканың дырдай бір тыныс белгісін «қол балаға» айналдыру, көңілге жамаудай әсер қалдыратыны сөзсіз. Жамау араласқан жерде төрт аяғын тең басқан поэзияның мөлдір бейнесі көз алдыға елестемесі анық».

«Жалын» альманағында (1973, №1) жарияланған «Ат жақты ақшыл жүздер, аумақты қара көздер» де сатиралық сарында жазылған. Мақалада Ә.Нәбиевтің «Ауыр апталар» атты кітабының тілі қатты сынға алынады. Автор жазушының мына сөзі дұрыс қолданылмаған,

ана сөйлемінің құрылымында кемшілік бар деп жатпайды; мүкісі бар сөйлемдердің өзін «сөйлетеді».

Мақаланың мәтіні негізінен кітаптан алынған стильдік жағынан селкеулігі бар сөйлемдерден тұрады десе де болғандай. Ара-арасында мысқылдап қойғаны болмаса, көзге шұқып айту жоқ. Мысалы, автор жазушының образ жасаудағы кемшіліктерін былайша әжуалайды: «Жаналық деген осындай-ақ болар. Ә.Нәбиев бір кескін-қалып жасаған да, кірпіш құйғандай, кейіпкерлерін сол қалыптан өткізіп шыққан. Осылайша кіндіктес кейіпкерлер тобын дүниеге келтірген. Сірә, әдебиетші ғалымдар кейіпкерлердің кіндіктестігі туралы теория құруды қолға алғандары жөн болар еді.

«Ә. Нәбиевтің бір қасиеті – сөз нақышына, сөйлем мәнісіне көп көңіл бөле бермейді. «Керек кісі түсініп алсын» деген бірбеткейлігі бар. Сонысын сезе тұра мысал келтірмей кетуіміз қиянат болып жүрер. Қане тыңдаңыздар» – деп тағы да сәтсіз құрылған сөйлемдерге сөз берген. Ал шет сөздердің орынсыз көп қолданылуын «Кітапшада штурм, атака, шабуыл, команда, бұйрық, ясли, балабақша, снайпер деген сияқты сөздер оңды-солды араласып жатыр. Қазақ сөздеріне «қайдансың? Қашаннан барсың?» дей бермейтін авторға бөгде сөздерді сыйламапсыз деп, кінә тағудың өзі ыңғайсыз» – деп, «мақтамен бауыздайды».

Сыншы ойын былайша тәмамдаған: «Ал енді сәл ойланайық. Нені айттық, нені қойдық? Біраз жәйт айтылды; біраз жәйт айтылмай қалды. Ә.Нәбиев повесінің де («Ауыр апталар»), әңгімелерінің де («Үшінші ұрпақ», «Ақын қалай самғады?») мән-мағынасы, сыр-сипаты, салмағы тәптіштеліп талданбады. Бұл үшін автор да, оқырмандар да бізге ренжи қоймас, себебі түсінікті болды-ау деп ойлаймыз». Сыншы жазушының көркем шығармаларын әдеби тұрғыдан талдамағанына «ыңғайсызданып», «автор да, оқырмандар да бізге ренжи қоймас» деп мүләйімсігеннің аржағында «бұл кітап көркемдік жағын сөз етуге тұрмайды да» деген емеурін жатса, оны «себебі түсінікті болды-ау деп ойлаймыз» деп аңғартқан.

«Ат жақты ақшыл жүздер, аумақты қара көздердің» композициялық құрылымы да өзгеше. Басында пролог орнына «Қазаншының еркі бар – қайдан құлақ шығарса» депті ғой» деген бір-ақ сөйлем берілген. Мұны эпиграф ретінде де түсінуге болады. Олай дейін десең, ол пролог түрінде тұр. Осыдан кейін барып Ә.Әзиевтің сөз саптауларындағы стильдік кемшіліктерін көрсететін мысалдар келтіреді. Демек, Ә.Әзиевті руханият айдынындағы қазаншыға теңеп отыр. Соңында эпилог берілген. Ол да бір-ақ сөйлем: «Әдебиет қазан емес, жазушы қазаншы болуға тиіс емес дейік». Бұл сөйлемге түсініктеме беріп жатудың өзі артық. Автор бұл сөз басқаға жүрсе де әдебиетке жүрмейді дегенді барынша ашық айтқан. Фельетондық формада жазылған мақала «Тураби трибунасы» айдарымен беріліп, астына Тураби Туғансызов қол қойған.

«Тураби трибунасы» – «Жалын» журналында 1972 жылғы сын туралы қаулыдан кейін көркем әдебиеттегі кемшіліктерге қарсы күресті күшейту мақсатымен арнайы ашылған айдар. Жастар жалынды келеді. Жастар альманағы «Жалынның» да қарқыны қатты. «Тураби трибунасы» айдарын ашқан оның тұрақты авторы Тураби Туғансызов өзін, мақсатын былайша таныстырған:

«Бұйымтайымды білдірмес бұрын аты-жөніммен таныстырып алғаным орынды болар. Есімім – Тураби, фамилиям – Туғансызов.

Әдебиет дәстүріндегі әділ-сын жайлы ептеп ақылдасам деп едім. Әу бастан-ақ ағымнан жарылып айтып қояйын: ақын, жазушы, сыншы деген халықтан бір туысым болса бұйырмасын, жегжат-жұрағат дегеннен де жұрдаймын. Құдай, ең құрымаса, біреумен тегін таныстығын да қимаған. Оған өкінетін мен емес. Қазақ халқы «Тура биде туған жоқ» деп бекер айтпаған. Соған орай соқа басым сорайып жүргенім де дұрыс... Алда-жалда жазған мақалам журнал бетінде жарық көре қалса, номерлеріңізді құрғатпай, сын жолдап тұруға мен дайын. Үдемді беремін». Осы жолдардан-ақ «Тураби трибунасының» алға қойған мақсаты айқын көрінеді.

Тураби Туғансызовқа редакция төмендегідей жауап жазыпты: «Сіздің бірінші хатыңызды оқып шығып, жариялауды жөн көрдік. Әділін айтамын десеңіз, біз құба-құп қарсы аламыз. Әдебиетті сүйер бүкіл оқушы қауымның да аңсайтыны, сол шындық пен әділ сын ғой. Соған орай, бастамаңызды орынды деп тауып, өзіңізге бір трибунаны беріп отырмыз».

«Турабидің трибунасына» алғаш шыққан кітап турасында Тураби былай дейді: «Кең байтақ республикамызды кезіп кеткен көп кітаптарға қыдырта көз салып көріп ем, назарыма әуелі іліккен Ә.Нарымбетовтің «Дәуір және поэзиясы» болды. Автор қалай сілтесе, мен де солай сілтедім. «Ырқына көнгеніме» ол да өкпелі болмас деймін. Бұл – менің тұңғыш қадамым».

Мақалада кітаптың ішінде ақын-жазушылар аты-жөнінің көп тізілгені, оларға баға бергенде жағанды қалыптан шыға алмағаны сыналады. «Құрметті Әбділхамит! Сіздің кітабыңызда бірталай ақынның аты-жөні тізілгені өзіңізге мәлім. Солардың әрқайсысына жеке-жеке баға бермей, жалпылама айтып, жалтарып өткеніңіз орынды болған. Оқушы екі қайтара оқыса да, қай ақынның қай дәрежеде екенін аңғартпай сипаттайтыныңыз да көңілге қонымды» – деп кекетеді Тураби.

«Тураби трибунасының» ғұмыры ұзақ болған жоқ. Құрғатпай сын жазып тұрамын деген Тураби Туғансызовтың қарқыны бір жылға жетер-жетпес қанаға жетті. Соның өзінде де әдебиетті бір серпілтіп, көтеріп тастаған ізі қалды. Сында турашылдық, шыншылдықты бағыл айту жетіспейді, көркемдігі болғандықтан да оқылмайды деп келінсе, осы бір кемшіліктерді жоюдың үлгісін осы айдармен беріліп тұрған материалдардан көреміз. «Жалында» жарияланған Тураби Туғансызовтың «Көк кітаппен» интервью» (1972, №5), «А» ма, «О» ма?» (1973, №3), «Автор айға қарай ұшқан ба?» (1972, №6) т.б. мақалаларда әдебиетімізде орын алып келе жатқан түрлі кемшіліктер аяусыз сыналды.

«Көк кітаппен» интервьюде» (1972, №5) Әбулақап Райымбековтің «Қазақ поэзиясындағы жұмысшы образы» атты зерттеу еңбегі сын садағына ілінген. Материалдың интервью түрінде, онда да кітап авторымен емес, оның көк кітабымен әңгімелесуінің өзін альманахтың шығармашылық ізденісінің жемісі деп қарау керек. Сонымен Тураби сыншы көк кітапқа, яғни Ә.Райымбековтің «Қазақ поэзиясындағы жұмысшы образына» сұрақтар қояды, оған кітап жауап береді. Жауаптар – сыншының сынап отырған сөйлемдері, пікірлері. Мұнда да Тураби сын нысанына айналған тіркестерді келтіре отырып, өзін сөйлету арқылы көп нәрсені ұтқан. Ал еңбекте қамтылуға тиісті, бірақ онда жоқ нәрселер хақында да сыншы сұрақтар қойған. Оған «көк кітап» жауап бере алмай үнсіз қалады:

«Тураби: – Сіз «Қазақ поэзиясындағы жұмысшы образы» боп аталасыз. Сондықтан біздің өндіріс орындарын емес, поэзиядағы жұмысшы бейнесін көргіміз келді.

Сіз осы бір үлкен жүкті көтере алдыңыз ба?

Әдебиетіміздің көркемдік дәрежесінің биіктеріне, кемелдене түсуіне ықпалыңыз бола ма?

Көк кітап: – ? (тағы да үнсіз).

Тураби: – Құрметті көк кітап! Авторыңыз Әбулақап Райымбековтің сіз үшін көп еңбегі сіңгені рас. Тер төккен. Оған өзіңіз куәсіз.

Бірақ, сіз қазақ әдебиетіне үлгі тұтарлық қандай жаңалық алып келдіңіз?

Бүгінгі поэзиямыздың одақ көлеміне танылуына қамшы боларлық пайдаңыз бар ма? Қазақ әдебиетінде аларлық салмағыңыз қандай?

Көк кітап: – ? ... (Көк кітап жауап іздегендей, үнсіз ең соңғы мұқабасын жапты. Көз жүгіртіп едік. Қызыл бояумен жазылған екі цифр мен бір әріпті көрдік. Ол – «92 т.» деген жазу. Бұл мүмкін қазақ әдебиетіндегі салмағын айтып тұр ма екен дегендей ойға қалдық).

Бұл жолдардан сыншының айтып болған көп ойларын ашып айтпаса да байқауға болады. Баспадан басылып шыққан әрбір кітап халықтың рухани бір кәдесіне жарауы керек. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, сыншы Тураби көк кітаптың кемшіліктерін сынамай-ақ, сұрақ қою арқылы-ақ салмағын анықтап тұр. Бұл – сыншылық шеберлік.

Осы айдарда жарық көрген «Автор айға қарай ұшқан ба?» («Жалын», 1972, №6), «А» ма, әлде «О» ма? («Жалын», 1973, №3) да сатиралық стильмен жазылып, нысанаға алғанын дыбысын шығармай, тезге салады. Сынаудың бір тәсілі ретінде соның стиліне салып, пародияны пайдаланады. Болмаса, арамза молданың кейпіне түсіп, мақтап отырған болып, даттап отырады. «Автор айға қарай ұшқан ба?»-да ақын Ш.Смаханұлының «Айға ұшамын» атты өлеңдер жинағы қатты сынға алады. «Айға ұшамын» деген сияқты екіұштылау тіркестердің өзінен-ақ қаншама қисынсыз нәрселер тауып, сын тезіне салған.

«А» ма, әлде «О» ма?»-да қаламгер арасында жиі кездесіп қалатын жершілдік, жағымпаздық сияқты келенсіз жағдайлар шебер қиюластырылған сюжет арқылы аяусыз сыналған.

Жетпісінші жылдардағы қазақ әдеби сынының елеулі жаңалықтарының бірі ретінде «Уақыт және қаламгер» атты сын мақалалар жинағының жыл сайын шығып тұруы болды. Алғашқы кітабы 1973 жылы жарық көрген сын жинағы жыл сайын жарық көріп, осы жылдарда алты томы оқушылар қолына тиді. Жетіншісі 1979 жылы түрлі себептермен шықпай қалып, 1980 жылы баспа бетін көрді. Осы жинақтарға кірген сексен жеті мақала сол кездегі қазақ әдеби

сынының хал-ахуалын белгілі бір дәрежеде аңғарта алады. Жинақтардағы мақалалардың тақырыптары – сан алуан. Бұларда қазақ әдебиетінің соңғы кездердегі даму жолдары, туындап отырған зру мәселелері, белгілі қалам қайраткерлерінің шығармашылықтары жан-жақты талданылады. М.Қаратаев, Т.Нұртазин, Р.Бердібаев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Т.Қожакеев, М.Базарбаев, М.Дүйсенов, З.Ахметов, Х.Әдібаев, Ш.Елеуқенов, Ш.Сәтбаева сынды айтулы сыншылардың әдебиет хақындағы парасатты ой-пікірлері бұл жинақтардың негізін құрып, салмағын арттырып тұр.

Р.Нұрғалиев, Ф.Оразаев, Т.Тоқбергенов, М.Серғалиев, К.Сыздықов, М.Атымов, А.Мархабаев, Ө.Күмісбаев секілді сыншылардың мәнді мақалаларында қазақ әдебиетінің маңызды мәселелері кеңінен талқыланды. Сондай-ақ, бұл жинақтарда С.Әшімбаев, А.Егеубаев, Т.Жұртбаев, Т.Мәмесейітов, Т.Сыдықов, Ж.Дәдебаев, Қ.Алпысбаев, Б.Сарбалаев, Ә.Бөпежанова, Б.Ыбырайымов сынды жас сыншылар мен зерттеушілерге де сөз берілген.

«Уақыт және қаламгердің» томдарында танымал ақын-жазушыларымыз Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ө.Тәжібаев, Ө.Әбішев, Қ.Тоғызақов, Т.Әлімқұлов, М.Әлімбаев, Ө.Нұрпейісов, О.Сейітов, Ә.Жәмішев, Б.Тілегенов, С.Мәуленов, Ш.Мұртазаев, Қ.Мырзалиев, Ө.Тарази, М.Мағауин, Ө.Кекілбаев, Қ.Ысқақов, Р.Тоқтаров, Қ.Жұмағалиев, А.Нысаналин, Ө.Шынбатыров, Ж.Босақов, Х.Абдуллин, Ө.Нілібаев, М.Қалдыбаев қазақ әдебиеті оның көрнекті өкілдері, өзінің шығармашылық лабораториясы, жалпы әдебиет жайлы ой толғап, өз пікірлерін ортаға салды. Тәжірибелі қаламгерлеріміз жазған мұндай мақалалардың, әсіресе, іздену үстіндегі жас дарындардың жазушылық өнердің қыр-сырларын меңгере түсуінде аса пайдалы екендігі сөзсіз.

Әдеби сынға деген көзқарастың өзгергенін баспадан шығып жатқан сын кітаптарынан да байқауға болады. Бұрындары мұндай кітаптардың жарыққа шығуы тым аз, оқта-текте ғана болса, енді жылына он шақты сын-зерттеу еңбектері жарық көріп жатты. Сыни еңбектердің қайта басылып шығуы сирек көрінсе, осы жылдары І.Омаровтың «Шабьт шалқары», С.Қирабаевтың «Сәкен Сейфуллин» монографиясы қайта баспа бетін көрді. 1974 жылы М.Қаратаевтың үш томдық таңдамалылар жинағының шығуы әдеби сындағы соны құбылыс-тұғын. Одан кейін С.Қирабаевтың екі томдық, Р.Бердібаевтың бір томдық таңдамалы сын еңбектері жарық көрді.

Әдебиет сыншыларының, ғалымдарының шығармашылықтары зерттелініп, халыққа таныла бастады. К.Сыздықовтың «М.Әуезов – әдебиет сыншысы», К.Сейдахановтың «Әдебиет жанашыры», «Қаһарман ғалым», Н.Төреқұловтың «Бейсенбай Кенжебаевтың творчествосы мен өмірі» атты кітаптары баспадан шықты.

Осы жылдардағы әдеби сынның көшін академик М.Қаратаев бастады. Ол қазақ әдебиетінің даму үдерісін жіті бақылап, өз ойларын дер кезінде батыл білдіріп отырды. Оның «Әдебиет және эстетика» (1970), «Қазақ совет әдебиеті» (Т.Нұртазин, С.Қирабаевтармен бірге, 1971), «Вершины впереди» (1972), «Таңдамалалар», 3 томдық (1973–1974), «Свет русской культуры» (1975), «В семье единой» (1976), «Вершины впереди» (Мәскеу, 1977), «Революция рухымен» (1978), т.б. сын кітаптары жыл құрғатпай қазақ, орыс тілдерінде жарық көріп жатты.

Р.Бердібаевтың «Гүлстанның бұлбұлдары» (1970), «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы» (1971), «Дәстүр тағлымы» (1970), «Достық кемесінде» (1976), «Қазақ романы» (1975), «Аңыздан романға» («От легенды к роману», 1976), «Ғасырлар толғауы» (1977), «Қазақ тарихи романы» (1979), С.Қирабаевтың «Өнер өрісі» (1971), «Сәкен Сейфуллин» (орыс тілінде, Мәскеу, 1973), «Қазақ совет әдебиеті» (1973), «Әдебиет және дәуір талабы» (1976), «Революция және әдебиет» (екі томдық, 1977), З.Ахметовтің «Өлең сөздің теориясы» (1973), «Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы мен дәстүрлері» (1978), З.Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» (1970), «Жебе» (1977), Т.Кәкішевтің «Сын сапары», «Сәкен Сейфуллин» (орыс тілінде, Мәскеу, 1972), Б.Кенжебаевтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (Ә.Нарымбетовпен бірге, 1970), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973), Х.Әдібаевтың «Талант, талғам, тағдыр» (1971), М.Базарбаевтың «Өлең сөздің патшасы», «Сөз сарасы» (1973), Т.Қожакеевтің «Қазақ сатирасы» (1970), «Қазақ совет сатириктері» (1975), «Сатира және дәуір» (1976), «Адам. Қоғам. Сатира» (1979), Ш.Сәтбаеваның «XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жарымындағы қазақ-еуропа әдеби байланыстары» (орыс тілінде, 1972), «Әдеби байланыстар» (1974), «Өрнекті өріс» (1977), Ш.Елеуқеновтің «Замандас парасаты» (1977), Ә.Нарымбетовтің «Дәуір және поэзия» (1970),

«Қазақ совет поэмасы» (1977), Т.Әбдірахманованың «Қ.Аманжоловтың поэтикасы» (1976), Х.Сүйіншәлиевтің «Ізденіс іздері» (1970), «Саңлақтар сарабы» (1979), Ә.Тәжібаевтың «Қазақ драматургиясының тууы және қалыптасуы» (1971), «Жылдар, ойлар» (1975), Р.Нұрғалиевтің «Күретамыр» (1973), «Өнер алды – қызыл тіл» (1974), «Өнердің эстетикалық нысаны» (1979), Т.Тоқбергеновтің «Тоғыз тарау» (1974), «Үш тоғыс» (1977), З.Серікқалиевтің «Ақыл таразысы» (1976), «Жылдар сазы» (1971), С.Әшімбаевтың «Сын мұраты» (1974), А.Нағыметовтің «Адам және қоғам» (1977), Ф.Оразаевтың «Басты тұлға» (1973), т.б. сияқты сын, зерттеу кітаптары жетпісінші жылдардағы қазақ әдеби сынының жеткен жетістіктері мен сыншыл ойдың өресі мен деңгейін аңғарта алады. Бұларға тағы да жыл сайын шығып жатқан «Уақыт және қаламгер», «Стиль сыры» сияқты түрлі ұжымдық жинақтарды да қосуға болады.

Осы кездегі әдеби өмірге белгілі қаламгерлеріміз белсене қатысып, суреткер сыны жарқырай көрінді. Ғ.Мүсіреповтің «Суреткер парызы» (1970), Ғ.Мұстафиннің «Ой әуендері» (1976), Т.Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» (1972), Ә.Нұрпейісовтің «Толғау» (1977), М.Әлімбаевтың «Қалам қайраты» (1976), Ж.Әбдірашевтің «Парасат пен парыз» (1973), т.б. сын жинақтары әдеби сынның өрісін кеңейте түсті.

Жетпісінші жылдары қазақ әдеби сынына бір топ жас сыншылар келіп қосылды. Білімді де батыл сындарымен танылған А.Нысаналин, Б.Сарбалаев, А.Егеубаев, Т.Жұртбаев, Т.Мәмесейітов, Б.Әлімжанов, Б.Майтанов, Б.Ыбырайымов, Ж.Дәдебаев, Қ.Ергөбеков, Н.Ақышев сияқты сыншылар әдеби өмірдегі сынның көрігін қыздыра түсті.

Осылардың барлығы жетпісінші жылдардағы қазақ әдеби сынында айтарлықтай ілгерілеулер болды, сыншыл, ғылыми ой-пікірлердің дамуында серпіліс туғызды деуге толық негіз бола алады.

16. ҚАЙТА ҚҰРУЛАР КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ (СЕКСЕНІНШІ ЖЫЛДАР)

Сексенінші жылдарға қазақ әдеби сыны партия қаулысынан (1972) кейін қол жеткізген біршама қарқынмен кірді. Әдебиет мәселелеріне арналып жазылған мақалалардың баспасөз бетінде көрінуі сан жағынан да, сапа жағынан да өсе түсетіндігі байқалды. «Қазақ әдебиеті» газетінде «Проблема: жанр және қаһарман», «Поэзия: ізденістер мен іркілістер», «Ақын ақын туралы», «Әңгіме туралы әңгіме», «Қазіргі қазақ әңгімесі», «Роман туралы әңгімені жалғастырамыз», «Сын туралы сын», «Толғауы тоқсан қызыл тіл», «Проза: ойлар, толғаныстар», «Аударма: өре мен өріс», «Сіз қалай жазасыз?», «Қаламдас туралы сөз», «Ауру сөйлемдер ауруханасы», «Жазушы толғанысы», «Жазушының жан сыры», «Әдеби мұра», «Өнер алды – қызыл тіл», «Мезгіл мінбесінен», «Шабыттың шаңқай түсі», «Сын туралы сыр», «Жұлдыз» журналында «Сын және библиография», «Жаңа кітап жайлы», «Әдеби сын», «Ашық әңгіме отауы», «Жұлдыздың сырласу клубы», «Қазіргі қазақ романы», Қазіргі қазақ сыны», «Қазіргі қазақ драматургиясы», «Қазіргі қазақ поэзиясы», «Қазіргі қазақ лирикасы», «Жұлдыздың» дөңгелек столы», «Кітап аласы ішінде», «Алтыншы дәптер», «Жалын» альманағында «Рецензия», «Зерттеу», «Қаламгер дидары», «Жас сыншы мінбері», «Өлді деуге бола ма, айтындаршы», «Біздің анкета», «Творчестволық портрет», «Кітап сөресінде», «Суреткер. Талғам. Бетбұрыс», «Сын», «Қисық кебеже», т.б. айдарлары бойынша әдеби сын материалдары тұрақты түрде беріліп тұрды.

Осы кездерде қазақ әдеби сынының көшін бастаған М.Қаратаевпен бірге С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Бердібаев, З.Қабдолов, Т.Қожакеев, З.Ахметов, Н.Ғабдуллин, Х.Әдібаев, М.Базарбаев, Қ.Мұхаметханов, Ш.Сәтбаева, М.Дүйсенов, Т.Ибрагимов, С.Сейітов, Ә.Жәмішев, Т.Тоқбергенов, З.Серікқалиев, М.Әуезов, М.Мырзахметов, Р.Нұрғалиев, К.Жүсіпов, Ф.Оразаев, Е.Ғабдіров, К.Қанафияева-Кереева, М.Серғалиев, Т.Сыдықов, Ә.Марғұлан, Ә.Дербісәлин, М.Атымов, Б.Адамбаев, Т.Бейісқұлов, Қ.Сыдықов, т.б. әдеби өмірдің бел ортасында жүрді. Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Әбішев, Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Д.Әбілов, М.Әлімбаев, Х.Ерғалиев, Т.Әлімқұлов, С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, Т.Молдағалиев, Ә.Нұрпейісов, Ф.Оңғарсынова, Қ.Жұмаділов, Р.Тоқтаров, М.Мағауин, Ғ.Қайырбеков, Г.Бельгер, С.Бакбергенов, Ж.Нәжімеденов, М.Сүндетов, Қ.Ысқақов, Д.Досжанов, Ә.Тарази, Д.Исабеков, А.Сейдімбеков, Ә.Кекілбаев, О.Сәрсенбаев, М.Неталиев, С.Мұратбеков, Ұ.Доспанбетов, К.Сегізбаев,

Қ.Көпішев, М.Сқақбаев, Н.Қазыбеков, Ә.Сарай, А.Жаксыбаев, А.Егеубаев, Ж.Әбдірашев, С.Еркебаев, Т.Медетбеков, Б.Қойшыбаев, Қ.Найманбаев, Қ.Мырзалиев, А.Сүлейменов, К.Қазыбеков, А.Нысаналин, И.Сапарбаев, Т.Нұрмағамбетов, К.Әмірбеков, Б.Алдамжаров, С.Елубаев, Н.Оразалин, Д. суреткерлік пікірлерін ұдайы білдіріп отырды. Осы жылдардың әдеби сыны – Б.Әшімханұлы секілді ақын-жазушылар көркемдік үдерістің өзекті мәселелеріне қатысты өздерінің Кәрібаева, Т.Мәмесейітов, С.Әшімбаев, С.Жұмабеков, Б.Сарбалаев, Ә.Дербісәлиев, Ғ.Есім, Б.Дәрімбетов, Ж.Дәдебаев, Қ.Ергөбеков, Б.Ыбырайымов, Қ.Керейқұлов, Ғ.Доскенов, Т.Жұртбаев, Ә.Бейсебаев, Қ.Мәдібаева, Ә.Бөпежанова, Г.Пірәлиева, А.Исмақова, С.Дәуітов, Т.Шапаев, Ә.Меңдеке, т.б. секілді бір топ жас сыншыларды сын қазанында қайнатып, шынықтырып шығарды.

16.1. СЫН ТУРАЛЫ СЫРЛАСУ

Әдеби сынды дамыту үшін алдымен сынның өзінің «ішкі» мәселелерін шешіп алу керек. «Сын қайтсе жақсарады» проблемасы сексенінші жылдарда да күн тәртібінде тұрды. Осы мәселені тыңғылықты талқылау үшін «Қазақ әдебиеті» газеті «Сын туралы сын» атты арнайы айдар ашты (18.12.1981). Оның мақсатын «қазақ әдеби сынының қазіргі әдеби процесітегі ролі, сыншы позициясы, сыншы-жазушы-оқырман, әдеби сынның басқа да толғағы жеткен проблемалары» деп айқындаған.

Осы айдармен алғаш жарық көрген мақала – А.Нысаналиннің «Өрісі тар, өресі аласасы» (18.12.1981). «Әдебиет кездейсоқ, желбуаз ой-сезімнің көрінісі емес. Ол биік болмысты танытар иба-инабаттық, керек болса азаматтық ар-ұжданның айнасы дегенді бойға жиі сіңіріп, жарғақ құлағымыз жастыққа тимей келе жатырмыз. Олай болса, асыл өнердің хас сипатын көз қарашығындай қастерлеп сақтап, таңдай тазалығына шық жуытпау үшін ымырасыз күресу – сынның алғы шарттарының бірі» деп білетін Аян қазақ әдеби сынына сыншыл көзбен ой жүгіртеді. Мақалада жетістіктен гөрі кемшіліктерді көрсету басым. Автор Б.Исаевтың, А.Егеубаевтың, Б.Сарбалаевтың, С.Дәуітовтің, Д.Стамбековтің, Ұ.Есдәулетовтің, С.Негимовтің, С.Әшімбаевтың, М.Әлімбаевтың сыни материалдарындағы артық-кем тұстарын қатал сынға алған.

«Сын туралы сын» айдарымен «Қазақ әдебиетінде» тағы да Т.Жұртбаевтың (1982, №5), Т.Сыдықовтың (1982, №14), Б.Сарбалаевтың (1982, №2), А.Егеубаевтың (1982, №44), М.Қаратаевтың (1983, №17), О.Сәрсенбаевтың (20.05.1983), Қ.Жүсіповтің (01.05.1987) мақалалары шығып, әдеби сынның түрлі мұқтаждықтарын сөз етті.

Бұларда әдеби сынның шешімін күтіп тұрған нақтылы проблемалары кеңінен сөз болып, оны шеші жылдары ұсынылды. Тұрсын Жұртбаев әдеби сында «Турасын айту қажет» («Қазақ әдебиеті», 29.01.1982) деді. Әңгімесін «Қашанда көркем сын – әдеби құбылыстың қан тамырын басып, даму бағдары мен соны құбылыстарын, әлеуметтік-философиялық астарын бағамдап, оның нышанын айқындайды» деп бастаған ол қазақ әдеби сынының көкжиегіне көз тастайды. Жеткен жетістіктерін қысқа қайырып, жетіспеушіліктеріне үңіледі. Ең бастысы кемшілікті «сыншының әлеуметтік белсенділігінің жетіспеушілігінен» көреді. Тағы да «Қазіргі қазақ сынында көркемдік те жетіспейтін сияқты. Әдеби жанр ретінде сын да өзінің талдау, жазылу мәнерімен тартып отыруы тиіс. Бірақ көркемдік – көпсөзділік еместігі тағы аян... Зерттеу де – сынның қос қанатының бірі. Бұл арада оның танымдық сипатын шартты түрде алсақ та, зерттеу де бүгінгі әдеби сынның дәрежесін аңғартады» – депті. А.Егеубаев «Әдеби сынның шолғыншысы – рецензия... Рецензия жағдайы да, сапасы да төмен. Рецензиялардың көбі жалпы-жадағай жазылады. Әдебиет мұраты ескеріле бермейді... Рецензиялау – баға беру. Сыншыл ойдың нәрі – рецензияда. Жалпы рецензия жанры – жадау. Шығып жатқан поэзия жинақтарының елеулілері қамтылмайды. Тіпті принципті рецензиялар жоққа тән. Көбі штамппен жазылады» – депті. Ары қарайғы ойын «Бүгінгі поэзия сынының үзілмей келе жатқан бір міні бар. Ол – тіл, ой тазалығы. Көркем жазам деп, көлбіретіп алу, ойшылдық танытам деп, ойысып, ауа жайылып кету жиі... Сынның әділдігі, сынның көркемдігі, сынның эстетикалық ұшқырлық үшін күресі қасиеттірек. Мақала, рецензиялардағы ұшы-қиыры жоқ мазмұндаулар мен техникалық ақауларды тізбелеулер сынды бірсарындылыққа, бедерсіздікке, мінсіздікке бастайды... Ең әуелі сын – әдеби жанр, сын – әдеби шығарма. Сын алдымен сын

болу керек, сонда шын да бола алады... Кез-келген пікір, кез-келген рецензия, мақала әдебиет үшін мүмкіндігінше проблематикалық болуға міндетті» – деп өрбіткен.

А.Егеубаев «сын – әдеби жанр, сын – әдеби шығарма», десе, О.Сәрсенбаев «Әдеби сын және оның көркемдік қасиеттерінде» осы мәселені арнайы көтеріпті. Ол «Сын дегеніміз не?» деген сауалға «әдебиеттің дербес жанры» деп, жауап береді. «Бүгінгі әдебиет сыншысы әрі философ, әрі социолог, әрі психолог, ең бастысы, ол – көркем сөз шебері. Бүгінгі әдебиет сыны – көркемдік, эстетикалық ұғым». Сол себепті де оған «көркем сөзге қойылатын зор талаптарды қойған мақұл. ...прозалық шығармада сюжет, конфликт, характер дегендер шешуші қызмет атқарады. Олар әлсіз соқса, шығарманың көркемдік сапасына зор нұқсан келмек. Ал әдебиет сынында жалпы көркемдік эстетикалық сипат басым да, мұнда әлгіндей сюжет, конфликт, характер тура мағынасында табыла бермейді. Әдебиет сынында да көркемдік құралдар аз емес, бірақ ол бірден көзге түспейді. Біздіңше, әдебиет сыншысы да көркем образдар жасайды. Образ болғанда, кәдімгі суреткер образдарын жасайды... Сыншы шеберлігі көркем тілден, талғам мен танымнан құралады. ... әдеби сынның да бірінші құралы – тіл... Көркем тіл – әдебиет сынының ең басты ғана емес, кейде жалғыз дара құралы көрінетіні де сондықтан». Оразбек осы тұрғыдан М.Қаратаевтың, С.Қирабаевтың, Ш.Елеуеновтің, Е.Ғабдіровтің, Х.Әдібаевтың, Б.Ыбырайымовтың, Х.Сүйіншәлиевтің, т.б. сын-зерттеу еңбектері жайлы пікір білдіреді. Негізгі ойы «Әдебиеттің өзге жанрларындағы секілді көркем сын да көркем тілден басталса керек... Қатып қалған қарадүрсіндік, қасандық, сондай-ақ, сырты жылтыраған көпірмелік, жалған пафос әдебиет сыны стиліне жараса бермейді» («Қазақ әдебиеті», 20.05.1983) – деген жолдарда жатыр.

«Сын туралы сын» айдарындағы пікір алысуға қатысқан жазушылар Ә.Тарази, Д.Досжанов, Д.Исабеков, М.Қаназов:

1. Соңғы жылдардағы қазақ әдеби сынының қандай ерекшеліктерін баса айтар едіңіз?

2. Сын бойынан дәл бүгінде нендей қасиет көргіңіз келеді?

3. Сынның сіздің творчествоңызға тигізген әсері бар ма?» – деген сауалдарға анкеталық жауап беріпті.

Осылардың ішінде ең қысқа жауап бергені – Ә.Тарази. Ол екінші сұраққа «Сын бойынан қандай қасиет көргім келетінін айтпай-ақ қояйын, көргім келмейтінін айтайын: ол – жалтақтық», үшіншісіне «бүгінге дейін сыншылар мені мақтап та жарытқан емес, жамандап та жарытқан емес» – деген жауаптар беріпті.

Әдебиет сынының қаламгерге ықпалын айқындайтын соңғы сауалға Д.Досжанов та, Д.Исабеков те мандытып ештеңе демесе, М.Қаназов «Ал сынның осыған дейінгі творчествома тигізген ықпалы болды деп айта алман» деп, бұлтқатпай турасын айтып салыпты («Қазақ әдебиеті», 29.01.1982).

«Қазақ әдебиеті» газеті бір топ қаламгерге анкеталық сұрақтар ұсыныпты. «1. Соңғы жылдардағы қазақ әдеби сынының қандай ерекшеліктерін баса айтар едіңіз? 2. Сын бойынан дәл бүгін нендей қасиет көргіңіз келеді? 3. Сын өсу үшін ең алдымен сынға көзқарас өсу керек» деген пікірге қалай қарайсыз? 4. Сынның сіздің творчествоңызға тигізген әсері бар ма?» – деген сауалдарға А.Жақсыбаев, Б.Тоғысбаев, А.Сейдімбеков, Ж.Әбдірашев, А.Бактыгереева жауап беріпті («Қазақ әдебиеті», 22.03.1985).

Әдеби сынның түрлі мұқтаждықтарын қозғаған бірсыпыра мақалалар жарық көрді: Т.Кәкішевтің «Сыншы мұрасы» («Қазақ әдебиеті», 12.09.1980), Р.Бердібаевтың «Сын шарты» («Қазақ әдебиеті», 26.06.1981), Б.Қалаубаевтың «Сен – маған, мен – саған» («Қазақ әдебиеті», 20.02.1981), Ә.Кекілбаевтың «Ыждаһат жетсе, мүмкіндік мол» («Қазақ әдебиеті», 22.01.1982), «Өнер көсегесі көгерсін десек» («Қазақ әдебиеті», 15.03.1985), Б.Дәрімбетовтің «Көркем сынның көкжиегі» («Жұлдыз», 1982, №2), Б.Кәрібаеваның «Көркем сын туралы сыр» («Жалын», 1983, №4), «Сын қандай, сыншы қандай?» («Жұлдыз», 1987, №6), «Шарболат мұқалмасын» («Жұлдыз», 1990, №3), «Қазіргі әдеби процесс және көркем сынның міндеттері» («Қазақ әдебиеті», 12.04.1985), Б.Сарбалаевтың «Сын шын болсын, шын сын болсын» («Жұлдыз», 1985, №1), С.Әшімбаевтың «80 жылдардағы сынға көзқарас» («Жұлдыз», 1985, №8), «Сын түзелмей, мін түзелмес» («Қазақ әдебиеті», 27.06.1986), М.Қаратаевтың «Сынның абыройы – әдебиеттің абыройы» («Қазақ әдебиеті», 14.11.1986), «Сын беделі» («Қазақ әдебиеті», 30.01.1987), Ғ.Есімнің «Жеделдету стратегиясы және әдеби процесс» («Жұлдыз», 1987, №6),

А.Егеубаевтың «Сын түзелмей, мін түзелмейді» («Жұлдыз», 1989, №11), Ж.Сомжүректің «Мен сынға қалай келіп, қалай кеттім?» («Қазақ әдебиеті», 10.05.1991), Б.Тоғысбаевтың «Одаққа сыншы болып қабылданып» («Қазақ әдебиеті», 19.07.1991), Ә.Дастанұлының «Парасатты философиялық сын керек» («Қазақ әдебиеті», 11.10.1991), «Сын түзелмей, ел түзелмес» («Жұлдыз», 1991, №1), т.б.

«Қазақ әдебиеті» газеті бір топ қаламгерге анкеталық сұрақтар ұсыныпты. «1. Соңғы жылдардағы қазақ әдеби сынының қандай ерекшеліктерін баса айтар едіңіз? 2. Сын бойынан дәл бүгін нендей қасиет көргіңіз келеді? 3. «Сын өсу үшін алдымен, сынға көзқарас өсу керек» деген пікірге қалай қарайсыз? 4. Сынның сіздің творчествоңызға тигізген әсері бар ма?» – деген сауалдарға А.Жақсыбаев, Б.Тоғысбаев, А.Сейдімбеков, Ж.Әбдірашов, А.Бактыгереева жауап беріпті («Қазақ әдебиеті», 22.03.1985).

Қ.М.Жүсіповтің «Негізгі нысанан алуытқымасак» («Қазақ әдебиеті», 01.05.1987) атты мақаласы негізінен поэзия саласындағы сын-зерттеу еңбектерін саралауға арналған. Осы салада қаншама кітаптар, мақалалар шығып жатқанымен де «әдебиетіміздің лирика жанры неғұрлым аз зерттелді, оны қарастыру жайлы онша қанағаттандырмайды. Дәлел ретінде Б.Кәрібаеваның «Талап деңгейі» (1984), С.Тәжіғұловтың «Хамит Ерғалиев» (1983), Б.Ыбырайымовтың «Ой мен сөз» (1985), А.Егеубаевтың «Сөз жүйесі» (1985) кітаптарынан мысалдар келтіріп, олардағы пікір қайшылықтарын, стильдік селкеуліктерді қатты сынға алған.

СОКП Орталық Комитетінің «Әдеби-көркем сын туралы» қаулысының қабылданғанына он жыл толуына орай баспасөз беттерінде бірнеше материал көрінді. «Қазақ әдебиеті» газетінде (22.01.1982) Ә.Кекілбаев сыншы С.Жұмабековпен сұхбаттасыпты. Әбіш «қаулыдан кейін қазақ әдеби сынында да серпіліс болды, бірақ сол серпіліс кейін қайтадан бәсеңдеп кеткендей болды» дей келіп, сындағы сырқауларды көрсеткен: «Үстірт қалқу, субъективизм, төзімшілдік, әдейі үндемей қалу, не әдейі көпірте мақтау қазақ сынының үйреншікті сырқауларына айналып барады. Ең өкініштісі – сынға қойылар теориялық-көркемдік талапты төмендетіп алғанымыз. Белгілі бір шығарманың мазмұнын баяндап шығып, бірді-екілі образына жаман-жақсы деп айдар тағып, аяқ жағына бір-екі тілдік кемшілікті тіркей салатын ұлғайтылған аннотацияны рецензия деп ұғып жүрміз. Сондай екі-үш «шұбалаң аннотация» бас қосса, шолу мақала деп, әлгіндей төрт-бес «шолу мақала» біріксе, сын кітабы не монография деп дабырайтамыз. Өзінің аяқ-жөнін дұрыс таба алмай жүрген мұндай сын шығармалары өзгенің өнерін қайдан қапысыз бағалай алсын... Сындағы сұрқайлық әдебиеттегі сүреңсіздікті өрбітеді. ...сындағы теңгермешілік таланттардың ілгері талпынған ынтасын мұқалтады, талантсыздардың тұсауын кесіп, ұпайына қосады. ...әдебиеттегі сүреңсіздікпен күресудің жолы – шығарма бағалаудағы теңгермешілікпен күресу... Оның ең басты міндеті – творчестволық процесті мұқият зерттеп, ондағы жағымды, жағымсыз тенденцияларды уақтылы анықтап, әдебиетті өскелең талаптармен жемісті жолдарға бастап отыру».

Ә.Кекілбаевтың сұхбатында сынның жағдайын жалпы шолса, Б.Дәрімбетов нақтылы мысалдармен әңгімелепті. Ол «Көркем сынның көкжиегін» («Жұлдыз», 1982, №2) осы мерзімде жарық көрген сын-зерттеу кітаптары негізінде анықтаған. Мақалада сын жолдарын шолушылық та, оның өзекті мәселелерін көтерушілік те бар. Әдеби сынның тәжірибелеріне тоқтала келіп, жетіспей жатқан жерлері жайында да ой қозғайды: «Көбіміз проблеманың тереңіне бойламай, бетінен қайтып жүрміз... Көптеген рецензиялардың құрылуы, формасы біркелкі екенін, тіпті ондағы ойлардың да бір тауықтың жұмыртқасындай ұқсас екенін аңғарамыз. Әдетте, бұндай шығармаларда әуелі кітаптың жақсы жақтарын тізіп шығамыз да, сонан соң «әттеген-ай» деген жерлеріне шолу жасаймыз, соңында «қорыта айтқанда, бұл еңбек оқырманын қуанта алады», немесе «түйіндей келіп, біз бұл кітапты тартымды туынды дей аламыз» деп бір-ақ қайырамыз... Сондықтан да көптеген рецензиялар біріне-бірі ұқсас, олардағы айтылар ойдың деңгейі де қарайлас болары анық».

1985 жылдың 2-нші көкегінде Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының, «Қазіргі әдеби процесс және көркем сынның міндеттері» деген тақырыпта пленумы болып өтті. Негізгі баяндаманы сыншы С.Әшімбаев жасады. Баяндамада және де жарыссөзге шығып сөйлеушілердің сөзінде қазақ әдеби сынының жай-күйі, оның зәру проблемалары кеңінен талқыланды. Сынның әдеби дамудағы аса маңызды орнына тағы да назар аударылды: «Сын – белгілі бір шығарманы, болмаса күрделі бір әлеуметтік, иә әдебиеттік проблеманы тағлымы

мол талдаудың, сара жолмен саралаудың үлгісін көрсететін, сонымен бірге бардың парқын, жоқтың нарқын анықтап беретін сөз өнерінің тұрпаты бөлек, тұғыры биік өзгеше бір текті түрі. Сын дегеніміз, объектісін эстетикалық, әлеуметтік, философиялық тұрғыдан талдай отырып, оқушыны ордалы ойға шақыратын орамы мол ойдың жанры. ...әдебиетте де әркімнің бір-бірімен алмастыруға болмайтын, тек өзіне ғана тән және сол өз орнымен ғана құнды творчестволық орын-эквиваленті бар. Олай болса, сол әркімге өзіне лайық бағасын беріп, әркімді өзіне тиісті орнына дәл қою да сынның атқара алмай жүрген көп міндеттерінің бірі... Сол сияқты әрбір жазушы өз сыншысын таппай, ал әрбір сыншы өз жазушысын ашпай бағы ашылмайтындығын айта кетпеске болмайды. Тақырыбын таппаған жазушы қалай тұл болса, сыншысын таппау да соған пара-пар» («Қазақ әдебиеті», 12.04.1985).

Пленумда қаулы шыққандығы қанағаттанғандықпен атап өтілді. Қазақ әдеби сынының одақтық деңгейге көтерілуі күн тәртібіне қойылды. Баспасөз бетіндегі сынның артық-кем аяқ алыстары да назардан тыс қалмады. Ең бастысы осы уақыттар ішіндегі сынның жетістіктері мен кемшіліктері сараланып, оған үлкен міндеттер жүктелді. Бұларды жүзеге асыру үшін оған биік талаптар қойылды. «Демек, сыншының сыншылығы ой тереңдігінен, толғауы тоқсан тарау ойға шақыруынан көрінеді екен! Сын дегеніміз – жазушы мен оқушыны қатар ойланду, екеуін де сол ойдың құдіреті арқылы сынға табынту».

«80-нші жылдарғы сынға көзқарас» («Жұлдыз», 1985, №8) Сағаттың сын туралы пленумда жасаған баяндамасының толықтырылған екінші нұсқасы, жалғасы іспеттес. Баяндамада жалпылық, проблема көтеру басым болса, мына мақалада әдеби сынға нақтылы талдаулар көбірек. Автор «Сын – есеп айырысудың, өш алудың, кек қайтарудың құралы емес, сын тәрбиенің ең жоғары түрі, этикалық және эстетикалық тәрбие құралы» екендігін ескерте кеткен.

Қазақстан Жазушылар одағы әдеби сынның дамуына ұдайы қамқорлық жасап, қадағалап отырды. Одақтың құрылтай, пленумдарында, түрлі жиындарында сын мәселесі арнайы талқыланып, сараланып тұрды. Әсіресе, негізгі әдеби басылымдар «Қазақ әдебиеті» газеті, «Жұлдыз» журналы, «Жалын» альманағы беттеріндегі әдеби сын басты назарда ұсталды. Одақтың Ағалар алқасы мен сын советінің бірлескен мәжілістерінде осы үш басылым беттеріндегі әдеби-көркем сын дүркін-дүркін талқыланып тұрды.

«Қазақ әдебиеті» газетінде (27.06.1986) осы басылымдардағы 1985 жылғы әдеби сынның талқылануынан есеп басылыпты. Қаратаевтың кіріспе сөзінде бір жыл ішіндегі әдеби сынның жетістіктеріне көбірек көңіл бөлінген. Ал «Жұлдыз» журналындағы сын туралы баяндама жасаған Б.Сарбалаевтың сөзінде талдаушылық пен нақтылы пікір айтушылық басым.

Тура осындай жиын келесі жылы да (21.01.1987) өткен. 1986 жылдың екінші жарымындағы әдеби-көркем, сын туралы мәжілісті М.Қаратаев ашып, С.Қирабаев қорытқан. Т.Сыдықов «Қазақ әдебиетіндегі», Ж.Дәдебаев «Жұлдыздағы», А.Егеубаев «Жалындағы» әдеби сын туралы баяндаған. Жарыссөзге Б.Тілегенов, Т.Әбдірахманова, Б.Ыбырайымов, Ж.Өмірбеков, М.Шаханов, Ә.Кекімбаев қатысқан. Баяндамашылар және шығып сөйлеушілер сын туралы ойларын бүкпесіз ортаға салды (Сын беделі. «Қазақ әдебиеті», 30.01.1987).

Сыншы Т.Тоқбергенов «Уақыт және қаламгер» жинақтарының он кітабын тілге тиек ете отырып, әдеби сын жайлы ойларымен бөлісіпті (Т.Тоқбергенов. «Уақыт және қаламгер» немесе сын туралы кейбір ойлар. «Қазақ әдебиеті», 24.05.1985). Қазақ әдеби сынының бас сардары М.Қаратаев «Жұлдыз» журналында (1980, №7) А.Егеубаевпен сын туралы сырласыпты. Тағы бірде Шөмішбай Сариевпен сын хақында ой бөліскен («Жұлдыз», 1986, №1). Жыл сайын шығып тұрған «Уақыт және қаламгердің» жетінші кітабы туралы З.Серікқалиев пен Н.Ақышев сұхбаттасыпты («Қазақ әдебиеті», 01.01.1981). Ә.Бөпежанова мен С.Әшімбаев сын туралы пікірлесіпті (Сын – жауапкершілік. «Қазақ әдебиеті», 20.09.1985).

«Жұлдыз» журналының «Ашық әңгіме отауында» Б.Кәрібаеваның «Сын қандай, сыншы қандай» (1987, №6) атты бас сыншы М.Қаратаевқа бағыштаған хат түріндегі көлемді мақаласы жарық көрді. Оған «Өзіңнен баста» деген жауап та қоса беріліпті. Бақыттың мақаласында қазақ әдеби сынының сырқалары өткір сынға алынған. «Сын мәдениетін, сын сапасын әдеби деңгей белгілейді. Әдеби сауаты жағынан төмен, әдеби процестің динамикасынан бейхабар адамдар сын айтуға моральдық правосы жоқ екенін түсіну керек» деп ұғынатын сыншы негізінен жас сыншылардың мақалаларындағы артық-кем тұстарына көбірек шүйілген. Бұл ретте С.Әшімбаевтың, Ә.Бейсебаевтың, Б.Сарбалаевтың, С.Жұмабековтің, Т.Жұртбаевтың,

Қ.Жүсіповтің, Х.Садықовтың сын мақалалары қатал сынға алынған. Мысалы, Ә.Бейсебаев «...өзін қаһарлы сыншы сезінеді, ал әдебиет көбіне ұрда-жықты көтере бермейтінін терең сезіне алмайтындай. Соның салдарынан батыл сынамаймын деп отырып, поэзияны турамшылап тастайтынын өзі де байқамай қалады»; ... бұрын Бақыт Сарбалаев мақалаларынан тым жадағай, жұтандық салқыны ескен еді ғой», қазір ол «көсіле» түсті»; «Дәл осы тақырыпты таңдамаушылық Тұрсын Жұртбаевта да жиі кездеседі. Ол – сыншы, ол – жазушы, тіпті ақын да болды. Бірақ, қайсы жанрдың жібін ұстап қалады, қай салада мұратына жетеді, өзге түгіл Т.Жұртбаевтың өзіне де жұмбақ қой деп ойлаймыз»; «Қуандық Мәшһүр Жүсіповтің «Лирикадағы сюжет мәселесі» деген мақаласындағы қарадүрсіндік көзге айқын шалынады»; Х.Садықовтың «сын саласындағы пікірлері де көптеген дәлелдер тілейтін, піспеген пайымдау. ...тарихи шығармалар жайлы түсінігі тым үстірт»; т.б. Сол сияқты Б.Ыбырайымовтың «Ой мен сөз» (1985), Қ.Ергөбектің «Мейірім шуағы» (1985) сын, зерттеу кітаптары да сын тезіне салынған.

Мақала «Артық айтқан, кем соққан жерлеріміз бар шығар, бірақ қалай болғанда да, шама-шарқымызша адалдық, ақиқат жағынан табылуға тырыстық. Сын туралы сөз түптеп келгенде, бүкіл әдебиетіміз туралы да сөз. Сондықтан ашы да болса, шындықты айту туған әдебиетіміз алдындағы парызымыз деп білдік» деген жолдармен аяқталған.

М.Қаратаев негізінен мақаланы қолдаған. Бақытқа «Сенің бүгінгі қазақ әдебиетінің сыны туралы өз ойыңды ашық жазып, «Жұлдыз» журналы арқылы маған хат жолдауыңды сондай игі ниеттен туған азаматтық, сыншылдық мінезіңнің жақсы көрінісі деп бағалаймын. Туған әдебиетіңнің өресі биік болуын қалаған көңіліңе, оған деген жанашырлық сезіміңе тәнтімін.

«... Мен сенің жанашыр хатыңды тек қозғау салу, ойландыру үшін жазылған деп түсінемін» – деп, ризашылық сезімін білдіреді. Сонымен бірге «Ол «әттеген-айды» сен сияқты әдебиеттің жанашыр сыншылары түзеуі тиіс. Бұл іске сенің де белсене ат салысуың керек еді. Өзге әріптестеріңді қамшылағаның ұнайды, бірақ өзін қандай әрекет жасадың, не істедің, осы сауалға жауапты өзіңнен бастауың қажет еді» – дегенді де ескерткен.

Ары қарай «Бірақ, менің ойыма бір сұрақ орала берді. Сен зерттеушісің, сыншысың. Өз әріптестерің туралы сөз еткенде солардың бойынан іліп аларлық бір жақсылық таппағаныңа таң қалдым. Осының маған біржақтылық іспетті көрінді. Мейлі ұнасын, ұнамасын, осында аталғанардың біразы әдебиетімізде біраз жылдан бері еңбек етіп келеді. Кейбірі енді араласты. Сонда олардың мақалаларының әдебиетке зиян әкелсе, онда бұларды несіне сыншы деп атап жүрміз? Әрине, кемшілігі болар. Ол – басқа мәселе. Пікіріңді қостай отырып, осы бір жай көңіліме келді... Сенің негізгі талабың – нағыз профессионал сыншыны анықтауға саяды» – деген көңіліндегі түйткілін де жасырмапты.

Сын сардары Б.Кәрібаеваның жас сыншыларды сынағанын бір жағынан, қолдап отырса да, екінші жағынан, оларды қорғайды. «Бірақ оларға теріс бет бұрып, үмітсіздікпен қарауға хақымыз жоқ. Кінә тағу әлі ерте сияқты. Олар өздерінің азаматтық парызын өтейді, алдағы уақытта әдебиетке белсене араласады деп сенемін» – деп, С.Әшімбаев, Б.Майтанов, Б.Сарбалаев, Қ.Ергөбеков, С.Жұмабеков, Т.Жұртбаев, Б.Ыбырайымов, Қ.Керейқұлов, Ә.Бейсебаев сынды жас сыншылардың болашағынан үлкен үміт күтеді.

Сын дегеніміз – сыншылар. Шындап келгенде, сынның ахуалы сыншылардың жағдайынан туындайды. Ал сыншылардың жағдайы көптеген әдебиеттік, материалдық мәселелердің дұрыс шешім табуына байланысты. Ол – сыншының тұрмысынан бастап, сынға деген қоғамдық көзқарасқа дейінгі көптеген қоғамдық түйіндердің дұрыс шешілуі деген сөз. Сынды дамыту керектігін әркім айта алады, ал оны қалайша жүзеге асыру керек дегенде сан сауалдар жиналып келіп, сыншының төңірегінде тоқайласады. Өмір аса күрделі болса, сол өмірдің рухани саласында қызмет жасайтын сын мен сыншыға қатысты сандаған сауалдардың шешімін табу да оңай шаруа емес.

Өмірдегі әр нәрсенің өзіндік тарихы бар. Сол сияқты әрбір сын мақаланың жарыққа шығуының, сыншының сынға келуінің де өзіндік тарихы бар. Ж.Сомжүрековтің «Мен сынға қалай келіп, қалай кеттім?» («Қазақ әдебиеті», 10.05.1991) атты мақаласын оқығанда, сыншының жолы аса ауыр екеніне, мұндай іске қандай қиындықтар болса да шыдай алатын «қара нарлар» қажеттігіне көзіңіз жетеді.

Бұл мақаламен «Қазақ әдебиеті» газеті «Сын туралы сыр» атты жаңа айдардың тұсауын кесіпті. Айдардың мақсат-міндеттері жайлы оның алғысөзінде төмендегіше айқындалыпты:

«Ауызекі пікірде қашан да сын туралы сөз көп. Әсіресе, қаламгерлер арасында. Айтатындары көбінде «қазақ әдеби сыны қазір тоқырады», «сын өзінің барлаушы, бағыттаушы, сарапшы миссиясынан айрылды», «баяғы сынымыз жалаң қылыш болса, бүгінгі сынымыз – жалпақ шешей», «сыншыға моральдық та, материалдық та демеу жоқ», «анау сыншы жазғанын қойып кетті, мынау сыншы басқа жанрға ауысты», т.т. Мұндай сөздер кейде баспасөздерде де қылаң беріп қалады. Бірақ жоғарыдағы әр пікірдің астарына терең бойлап, оның объективті, субъективті себеп-салдарын ашуға ұмтылып, жалпы сын туралы жүйелі сөз қозғаған кезіміз жоқтың қасы. Осынау олқы тұстарымызға саналы, сабырлы түрде қарасақ, айтылар әңгіме аз емес секілді».

Жұмаш мақаласында өзінің сынға қалай келіп, одан қалай кеткеніне кімдер, қандай оқиғалар әсер еткенін баяндайды. Оның сынға келуіне А.Сүлейменовтің әдеби өмірдегі шындықты шырқырата жазған сын мақалалары тікелей әсер етіпті. Шындықты айту қашанда оңай шаруа емес. Алпысыншы жылдары терең ойлы өткір сындарымен жарқ етіп, сынның жалауын биікке көтере келген «Асқардың табиғатынан нағыз тума талантты шешен екенін сонда көрдім. Шешендігіне жан-жақты білімі, ой-пікірлерінің кеңдігі мен биіктігі, салихалылығы сай. Менің сынға келер жолымда Асқар сыны бір мектеп болды...» Сол «Асқар Сүлейменов сын есігін серпе ашып кіріп, шығарында сарт еткізіп қатты жауып кетті. Сол кеткеннен мол кетіп, прозаның тыныш ауылынан бір-ақ шықты». «Мені елден кетірген хан Жәңгірдің екпіні» дегендей, А.Сүлейменовті сыннан кетірген сыналғандардың түрлі қитұрқы әрекеттері болды.

Ж.Сомжүреков әдебиеттің шындығын жазған сын қалың оқырманға ұнағанымен де қаламгерлердің жақтырпайтындығын, әсіресе шығармасы сынға ұшыраған ақын-жазушылардың қарап жатпай, қолынан келгенінше сыншыларға қысастық жасап, түрлі қаскөйлік айла-шарғыларға баратынын өз басынан өткен оқиғалардан мысалдар келтіре отырып баяндайды. Осындай әділетсіздіктерді көрген ол сыннан кетуге мәжбүр болғанын өкінішпен еске алады.

«Сонда не істеу керек?» деген сауал қойып, оған «Сын мен сыншы беделін көтермей, сынды түземей, әдебиетіміз оңбайды, жасандылық дертінен айықпайды; әдебиеттегі мафия – халтурадан құтыла алмаймыз. Олай болса, бізде нағыз айбынды сын болуы үшін дербес «Сыншылар ассоциациясын» құру қажет» деп жауап береді; «Сыншы сыры» атты сыншылар газетін шығарып тұруды ұсынады. Сыншылар қауымдастығының органы болуға тиіс газетке «оқырмандардың көркем әдебиетке деген талғамын тәрбиелеу; поэзияның озық үлгілерін насихаттай отырып, әсіресе жастардың өлеңді түсінуіне көмектесіп, өлең оқырмандарын көбейту; бір де бір жақсы шығарманы бағалаусыз, ескертусіз қалдырмай, уақытында оқырмандар назарына іліктіріп отыру» талаптарын қояды.

Өзінің басынан өткен ащы шындықтарды бүкпесіз жайып салған Жұмаштың сынға қатысты толғамдары да назар аударарлық: «Нағыз сыншы болуда білім мен дарын өлшеусіз рөл атқарады. Бірақ сыншы өмірді, қоғамды, халықтың мұң-мұқтажын шала білсе, тек жоғарғы екеуімен алысқа бармайды. Ондай сыншының қаламы ауытқып кете беретін болады. Сынап отырған шығармасының шеңберінде ғана қалып, автордың алдына түсіп, көсемдік көрсете алмайды. Білім, дарын, өмірді білу. Сыншыға ауадай қажет осы үш қасиет...

Сын өз міндетіне ағүсті қараған сыншыға жеңіл жұмыс. Ал оған әдебиеттің қырағы сыншысы, халтурадан қорғаушы, ар ісі деп аса жауапкершілікпен қарайтын сыншыға ауыр азап...

Жалпы, қоғам мен органың ауруымен ауыратын ойлы адамға жанашыры сезінетін сыншы да сондай адамдар қатарына жатады...

Сын – жауынгер жанр, егер ол уақытында жарияланбаса, жарық көрмесе, құны азаяды. Бұл – сынды да, сыншыны да тірідей көрге көму деген сөз».

«Сын туралы сыр» айдарымен Б.Тоғысбаевтың «Одаққа сыншы болып қабылданып» («Қазақ әдебиеті», 19.07.1991), Ә.Дастанұлының «Парасатты философиялық сын керек» («Қазақ әдебиеті», 11.10.1991) мақалалары жарық көрген. Б.Тоғысбаев «Лениншіл жас» газетінде әдебиет пен өнер бөлімін басқарып жүргенде сынға қатысты көрген бірсыпыра келеңсіз жәйттерді жайып салыпты. Сынның өзіне онша опа бермегенін өкінішпен айтады. Бектің пайымдауынша, «Сын дегеніңіз – Абай атамыздың сөзімен айтсақ, нағыз «өткірдің жүзі, кестенің бізі»; «Сын көтермейтіндер – әдебиет деген айдын-шалқарда қалт-құлт етіп қана жүзіп жүрген кішкене қайықтар, әлжуаз ескекшілер, ал үлкен кемелер қатты соққан желден де, шайқалған толқыннан да қорықпай алға тарта береді»; «...батыл сыншы болу үшін білім-зерделілікке қоса тұрмыс жағдайың жақсы, қалтаң қалың болуы керек. Қызмет жөнінен де ешкімге тәуелді болмасаң, нұр үстіне нұр».

Ә. Дастанұлы әдеби сынның кемшіліктерін білім таяздығынан, философиялық терең ойлардың жоқтығынан, сын мәдениетінің төмендігінен көреді. Жан-жақты, терең білімге негізделген парасатты, философиялық сын керектігін, оған біздің потенциалымыз жететіндігін алға тартады. «Әдебиет сыны – өз алдына ғылым. Керек десеніз: әдебиет сыны – тарих, этнография, психология, логика, антропология, тағы басқа ғылымдардың синтезі. Осындай, адамзаттың рухани болмысын жан-жақты қамтитын ғылымды арзандатып жібергеніміз жараспайды-ақ. Біз, әсіресе, ойлау диалектикамызды дамытып, ғылыми негізді ұстанбасақ, сынымызды да, поэзиямызды да бұдан әрі биікке көтереміз деу ағаттық» – депті.

16.2. СЫНДАҒЫ СОНЫ ІЗДЕНІСТЕР

Жетпісінші жылдардың екінші жарымынан бастап әдеби сында А.Егеубаев белсенділік танытып, салмақты сын мақалаларымен көзге түсті. Сексенінші жылдары да ол осы қарқынның бәсеңдетпей, әдебиеттің өзекті мәселелерін көтерген бірсыпыра сыни пікірлерін жариялады. Оның жетпісінші жылдардағы қазақ поэзиясының көркемдік ізденістеріне арналған мақалалар циклі «Қазақ әдебиеті» газетінің қаңтар, ақпан айларындағы бірнеше нөмірлерінде жарық көрді. Өзі де ақын болғандықтан Асқар жетпісінші жылдардағы қазақ поэзиясында еркін жүзіп, оның өзіндік қыр-сырларына үңіле түскен. Ақындық көзбен де, сыншылық көзбен де шолып, байқағандарынан парасатты пайымдаулар түйе алған. Онжылдықтың поэзиясын әңгімелеу шолу жанрының жамбасына оңтайы кеп тұрғанымен де Асқар ол қалыптан қашып, айтар ойын проблемаға, эсселік толғаныстарға құрған. Ара-арасында поэтикалық талдауларды шебер қиюластырып отырған. Көсіліп, төгіліп жазылған жолдар еркін оқылады.

«Өркені өсер өлең сөз – ел рухы, ел тебіренісі. Күн санап түрленіп, түлеп, тұлғаланып келе жатқан өлең өлкесінде тағы да сол халық тіршілігінің маусым саздары сайрап жатыр...

Асылында әр өлең тұрмақ, әр махаббаттың өз тынысы бар ғой...

Өлең сөздің тегі – бейнелі сөйлеу. Сылдыр сурет емес, кескінді, бейнелі ой...» (А.Егеубаев. Өлең мен өмір өрімі, «Қазақ әдебиеті», 25.01.1980).

Автор қазақ поэзиясының өткен он жылдағы дамуы жайлы әңгімелегенде ұзақ-сонар тізімдеуден аулақ. Өзінің негізгі ой жүйесіне орай, бірлі-жарым ғана нақтылы мысалдар келтіріп отырумен ғана шектелген. Мақаланың негізгі мақсаты жетпісінші жылдардың өлең өлкесінде негізгі бағыттарды айқындау болған: «Шиыр тіл», «... даралық ізденіс таяздығының, ақындық талант-парасат кемдігінің белгісі сияқты, даяр теңеу, даяр тіркестерге жүгірушіліктің көрінісі...

Ойды өрбіту, ойды процесс ретінде дамыту, сюжетті лирикаға, өткір, нақты сөйлеуге ден қою – қазіргі поэзияның өзгеше өзекті сипаттарының қатарында...

Жетпісінші жылдар поэзиясындағы өркенді, соны сипат ретінде өмірмен өзектестікті, өмірдің өзінен поэзияға тікелей ауысып жатқан асыл реализмнің асқақ пафосын, шынайы романтикасын айтар едік...

Жалпы қазіргі қазақ лирикасының елеулі ерекшелігі – монолог.

Жалпы қазіргі поэзиямызға түрлік ізденістің, эксперименттің аса қажет екенін ескерсек те, тек бірыңғай құбылтуға, формаға ден қою, иек сүйеу поэзия үшін оғаш көрініп тұрады екен.

Бүгін өмір, адам жан-дүниесін, дәуір сырларын сазды толғау – қазіргі өлеңнің пішінін әрлендіре, мәнін тереңдете түскен» (Сымбаты бөлек сырлы сөз. «Қазақ әдебиеті», 29.02.1980).

Сексенінші жылдардың әдеби сынында поэзия туралы көбінде ақындардың қалам тербегені байқалады. «Қазақ әдебиетінің» «Ақын ақын туралы» айдарымен ақындардың өлең туралы ойлары жүйелі түрде беріліп тұрды. Белгілі ақын Ж.Нәжімеденов «Қазақстан Жазушыларының VIII съезі қарсаңында» поэзияда өзіндік үні шыға бастаған үш ақын Ж.Жақыпбаевтың, Ұ.Есдәулетовтің өлең өлкесіндегі өзіндік көз салып, қанағаттанғандық сезімін білдірді. Жас ақындарға қарай: «Творчестволық атмосфераны ешкім ешқайдан балондап тасымайды, сол творчество қызметкерлерінің, осы сөз болып отырған әдеби ортаның өзі жасайды. Сыншы қызметінің керек жері – міне, осы жер. Біраз ақын-жазушыларымыздың «сын жоқ» дегенді айта беру себебі сынға емес, сапаға байланысты шығар. Әйтпесе, ... рецензия баршылық» («Ж.Нәжімеденов. Өлеңге қатысты сөз. «Қазақ әдебиеті», 06.03.1981) – депті.

Қ.Мырзалиев Темірхан Медетбековтің ақындығы хақында ой бөлісіпті. Мақалада кіріспе жоқ, автор айтар ойына бірден кіріседі: «Темірхан тақырып таңдамайды. Кейбір қаламдас

достары тәрізді мынау – поэзия, мынау поэзия емес деп, жөнді-жөнсіз жіктеп жатпайды. Оған бәрі – көркем объект, оған бәрі – сұлу сурет, яғни тақырып... Екінші қасиеті – суреткерлік. Иә, иә, тура мағынасындағы суреткерлік. Темірхан егер ақындық жолға түспесе, суретші болар ма еді, қайтер еді?! Оның жанары нұрлы, көзі сәулелі. Сол нұр мен сәуле байқамайтынды байқап, көрмейтінді көреді. Күнгірт дүниені нұрландырып, сиықсыз нәрсені сәулелендіріп жібереді... Темірхан – бейненің, мүсіннің, бояудың, бір сөзбен айтқанда көрудің ақыны». Қадыр Темірхан інісінің өлеңдерін тек жақсы жағынан ғана көріп қоймай, ондағы «олақ оралымдар мен салақ сөйлемдерді» де байқап, тізіп береді. Автор өз пікірін «Темірхан, дау жоқ, дарынды ақын, талантты тұлға. Бірақ ол өз өнеріне өте үстірт қарайды» – деп түйіндеген.

Қадыр «талантты тұлға» деп бағалаған Т.Медетбеков «баба дәстүрдің мұрагері кім?» деген мақала жазып, онда әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесіне тоқталыпты. Автор көркемдік дамудағы дәстүрдің жаңашылдықпен жалғасуына айрықша мән береді. «Сонымен біздің айтпағымыз: терең әлеуметтік мәні бар өз дауысы, өз үнімен келген жаңалық қана дәстүрді жалғастыра алады. Тек сол ғана дәстүр жалғастығын құрай алады. Яғни, дәстүрді өзінше жетілдіріп, оны өзінше жаңғыртып, жаңалық әкелген творчестволық тұлға ғана баба дәстүрдің мұрагері болып танылады. Ал белгілі сарын, таптаурын жолмен жүргендер «сен тимесең, мен тимен бадырақ көз» деген бейшара моральдің қолына су құюшылар ешуақытта дәстүр жалғастырушылар бола алмайды.

Баба дәстүрдің мұрагері – өз халқының рухани байлығы мен әлем әдебиетінің үздік үлгілерінен үйреніп, оларды өзінше игеріп, өзінше қорытқан, өз уақытының үні бола білген, өз заманының әлеуметтік мәнін ашып көрсете аларлық қуатқа ие, ұлттық тар аяда қарастыруға сәйкесінше немесе жаңалық!» («Қазақ әдебиеті», 27.07.1984).

Сексенінші жылдардың әдеби сынында көркемдік дамудың өзекті өңірлеріне батыл барып, салмақты пікірлер айтқан салмақты сындармен бірге тек кемшіліктерді нысанаға алған мақалалар сирек болса да көрініп тұрды. Әдетте, «сын жоқ» дегенде осындай, яғни сынды қаттырақ айтқан мақалалардың аздығын айтады. Осы кездегі әдеби сында поэзиядағы жетіспеушіліктерді батыл сынаған бірсыпыра материалдар жарық көрді. Солардың бірінде жас ақындардың өлеңдерінде тақырып таяздығы мен өрісінің тарлығы, өмірбаян жұтаңдығы мен кітабилық андыздайды. Ең бастысы, жас ақындарда уақыт үніне елгезек құлақ түріп, рухани іңкәрлікпен жазу жетіспейтіндей. Жалқыны емес, жалпыға ортақ проблеманы, жеке бас емес, адамды адамзат тағдырына ұластырып, асқақ жырлау жағы кемшін» (А.Нысаналин. Өлең – өнер тәжі. «Қазақ әдебиеті», 14.11.1980) – деп, оған Е.Зікібаевтың, И.Исаевтың, Ж.Әбдірашевтің, Ш.Сариевтің өлеңдерінен мысалдар келтіріпті. Аян «Өлең – өнер тәжі. Қымбат жан қазынасы. Соны арзандатып алмау суреткерлік те оқырмандық та мұрат. Рухани ынтызарлық, азаматтық пафос пен асқақ ой жасампаз жырға ыстық қан жүгіртіп, самғайтын қанат береді» – деп жазады.

Осы кезде бұрқыратып жазып, өзінің өткір жазылған сын мақалаларымен көзге түскен талантты сыншылардың бірі Әуез Бейсебаев болды. Оның «Ұйқас құра білгеннің бәрі ақын ба?» («Қазақ әдебиеті», 20.08.1982) атты мақаласы поэзиядағы сұрықсыздыққа қарсы айтқан батыл пікірлерімен ерекшеленеді. «Ортаға салар ойлар бар» деп, Кеңесбек Қалиевтің «Саумал», Н.Көбеновтің «Дала бұлақ», Жәрдем Тоғашевтің «Жайық жыры», Нұрғожа Оразовтың «Қырандар ұясы», Бұқара Тышқанбаевтың «Жыр бесін», Рүстем Жанаевтың «Мезгіл мақамдары», Қуанышбай Құрманғалиевтің «Арман аралы», Н.Бәдіғұловтың «Бәйтерек», «Нұрлы жаңбыр» жинақтарындағы кемістіктерді сын тезіне салады. Сегіз ақынның жыр жинақтарын сөз ете отырып, бүгінгі поэзиядағы сырқаулардың сырын «Өлеңді өнер деп байыптамай, оған тән өрнектен гөрі, ермекке ерік беретін мұндай шалағайлықтың сыры да сайып келгенде авторлардың өзіне тірелмек. Себебі ізденуді, поэзия әлеміне тән әдемілікті сезініп сыйлауды мұрат тұтпаған ақын таланты түптеп келгенде осындай тығырыққа, тоқырауға ұрынары даусыз» – деп біледі.

Р.Отарбаевтың мақаласы да поэзиядағы кемшіліктерді нысанаға алған. Әңгіме өзегіне Н.Хасеновтің «Мен сенің ұлыңмын», Т.Қызықбаевтың «Сәуір лебі», С.Боранбаевтың «Мырза маусым», С.Әлімқұловтың «Ықылас» өлең жинақтары айналған. Автордың сыншылық екіні қатты: «Бұл – поэзияға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын өлеңдер» (Н.Хасеновтың «Сайрау», «Вокзал» өлеңдері туралы), «Не айдарланып тұрған ой жоқ, болмаса ұйқастан мақұрым. Са-

намақ секілді сылдыр сөз. Автор өлеңнің басты-басты компоненттік шарттарын толық меңгермеген» («Вокзалда» жайлы), «Шығармада не басты кейіпкер, болмаса жүйелі бір оқиға, желі жоқ. Автор бірін айтып, біріне кетіп, әр нәрсенің басын шалғандықтан ештеңе ұғып жарымайсыз» (Н.Хасеновтің «Достық» поэмасы туралы), «Авторда сөз ойнату, оны дұрыс қолдану секілді шеберлік жетіспей жатыр. Сондықтан себепсіз селкеуліктер мен орынсыз ақаулықтар кезігіп отыр» (С.Боранбаевтың «Қаңтар» өлеңі жайлы), «С.Әлімқұловтың жинағындағы басты кемшілік – өлеңнің түр мен мазмұнының өзара табиғи үндеспей жатқандығында». Кемшіліктер «Біріншіден, мазмұн жаңалығы, образ сонылығы байқалмайды. Осыдан кеп өлеңнің көркемдік шешімі ақсап жатыр. Бей-жай, құр ұйқас қуалау мен шамырқанған шабыттан туған шынайы жырдың арасы жер мен көктей болса керек. Екіншіден, психологиялық контрастар мен эстетикалық екпіннің жоқтығы шығарманың бас-аяғы жұмыр, құйма болып шығуына кері әсерін тигізіп тұр» («Қазақ әдебиеті», 2.08.1985).

Өлең өлең болу үшін оған қойылатын шарттар бар. Соның ең бастысы – ұйқас. Ұйқасы жетіспесе, ол өлең емес, қарасөз. Өлең алдымен, ұйқасынан көрінеді. «Қара сөзбен айтсақ, түкке тұрмайтын жүдеу ой болмашы қисын өлеңге түскенде кәдімгідей жан бітеді, «ойнайды», оқылады. Шымыр ұйқаспен шегенделгенде таптаурынның өзі тамылжып кетер еді. Өйткені үйлескен, өзара сынғыр қосқан жарасымның өзінде оқшау мағына бар. Сұлулық бар. Ырғақпен толқындап, ұйқасы ұнасқан сөздердің келісінде де сондай сыр жатыр» (Т.Шапай. «Ұйқасы өлеңімнің сынғырласын». «Жұлдыз», 1987, №1).

Жас сыншы Тұрсынжанның қазақ өлеңіндегі ұйқас туралы пікірлері назар аударарлық. Әдетте «онда тұрған соншалықты не бар, тармақтың соңғы сөздері бір-бірімен ұйқасып, буыны сәйкес келіп жатса жетпей ме» дейтәндерге бір ғана осы төңіректің өзінде қаншама мәселелер жатқанына көзіңізді жеткізеді. Сөйтсек, «олпы-солпы тұрған әр ұйқас – ақынның профессионалдык кемелдігіне, ақындық әдебіне сын. Қазіргі қазақ өлеңінің өресі ұйқасты ақын қажырының тегеурінін танытар, оның өз өнеріне деген көзқарасын бағамдатар жауапкершілік таразысына айналдырды. Төрт мүшесі бүтін, қол-аяғы балғадай ұйқастар өлең «денсаулығының» мықтылығына кепіл бола бермес, бірақ ұйқасынан жік шыққан өлеңнің мазмұнында да кетік бар деп білген жөн» (сонда) – екен.

Автор қазақ өлеңіндегі ұйқас туралы қызықты байқаулар жасай алған. Бұл ретте Т.Медетбековтің, Б.Серікбаевтың, Ә.Қайрановтың, Н.Бегалиевтің, И.Исаевтың, М.Қайыңбаевтың, А.Әлімовтің, Ұ.Есдәулетовтің жыр жинақтарындағы ұйқас көріністеріне көз жіберіп, байқағандарын ортаға салады. Әсіресе, Т.Медетбековтің ұйқастағы жаңалықтарына назар аударады: «ол көбіне өлеңді ұйқастың қапысыз толық үйлесіміне емес, сөздердің дыбыстық шарпысына құрады... Осындай жарқылы, шағылысы, шыңылы, шыырғысы, шамырқанысы, үйкелісі, қақтығысы, қайшылығы бар шақпақ отындай сөздер шарпысы, тіркестер «тіресі», ұйқас қаржысы – Темірхан үшін әннің әлдіі, күйдің күмбіріндей ансарлы саз, сәбидің үліндей сүйкімді әуен. Темірханның өлеңі қос қанатын тең ұстап, түзу қалқымай, қиық қанат қарлығашша жалтара жарқылдай, жер бауырлай ағып, құйқылжи қиғаштап, маневр жасауға құмар» (сонда).

А.Сейдімбектің «Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын!» («Қазақ әдебиеті», 05.02.1988) атты мақаласы да өлең сөздің теориясы хақында әңгіме қозғайды. Автор қара өлеңнің тарихына көз жіберіп, өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Қара өлеңнің басқа өлең түрлерінен сегіз түрлі ерекшелігін атап өткен:

1. Қара өлең міндетті он бір буынды, төрт тармақты болып келеді.
2. Қара өлең міндетті түрде а-а-б-а түрінде аралас ұйқасады...
3. Қара өлең міндетті түрде созылмалы немесе қоңыр әнге салынып айтылады...
4. Әр әннің ырғақ ерекшеліктеріне орай қара өлең тармақтарындағы бунақтар орын ауыстыра береді...
5. Қара өлеңнің тақырып аясы өмірдің өзіндей шексіз болғанмен әр шумаққа белгілі бір ғана ой арқау болып отырады...
6. Қара өлеңдегі ой-тұжырым көбінесе дедуктивті үлгіде, яғни силлогизм тәсілімен айтылады...
7. Қара өлеңнің жұрт талғамында сұрыпталған асыл үлгілері ауыздан-ауызға тарап, көптің жадында жүргенімен, өмірдің мың сан жағдайына орай ел ішінде ұдайы тыңнан туындап жатады...

8. Қара өлеңнің тұрақты қайырмасы болмайды...»

Ақселеу қара өлеңнің рухани өмірімізде алатын орнына оқырман назарын аударады. «Халық көкірегінде тұнып жатқан қара өлеңді шайқамай, шашып-төкпей, малшыламай, танымның алтын зереніне құйып алып, әр тамшысының рухани дәру екеніне ден қоюға» шақырады.

Р.Бердібаев «Қазақтың қара өлеңі – қазынасы», «Қазақ әдебиеті», 18.11.1988) А.Сейдімбек көтерген мәселелерді тереңдете зерттеді.

Қазақ поэзиясының түрлі мәселелерін қозғаған сын мақалалары әдеби басылым беттерінде тұрақты түрде жарияланып тұрды. Б.Әлімжановтың «Дәлдік пен дәйектілік қажет» («Қазақ әдебиеті», 25.01.1980), Х.Ерғалиевтің «Толассыз толғаныстар» («Қазақ әдебиеті», 01.02.1980), Р.Бердібаевтың «Ақындар айтысы – жыр мерекесі» («Қазақ әдебиеті», 20.06.1980), Б.Әбдіразақовтың «Үш қиян немесе үш поэма туралы пікір» («Қазақ әдебиеті», 27.06.1980), Е.Зікібаевтың «Жыр жүгі» («Қазақ әдебиеті», 15.08.1980), Т.Әбдірахманованың «Жырдағы жаңа леп» («Қазақ әдебиеті», 05.09.1980), З.Ахметовтің «Поэзиядағы жаңашылдық пен тілдік даму» («Жұлдыз», 1980, №2), Ж.Әбдірашев «Жасарған жырдың есею жылдары» («Жұлдыз», 1980, №11), А.Сатаевтың «Өлең – сөздің патшасы» («Жалын», 1981, №2), Т.Медетбековтің «Өлең түйіні» («Қазақ әдебиеті», 17.07.1981), «Айту ма, ойландыру ма?» («Қазақ әдебиеті», 04.12.1981), «Уақыт рухын ұғынсақ» («Қазақ әдебиеті», 26.10.1982), «Атын атап, түсін түстесең» («Қазақ әдебиеті», 10.04.1988), Б.Исаевтың «Кемел шақ» («Қазақ әдебиеті», 07.08.1981), Ә.Бейсебаевтың «Жыр жүгін жеңілдетейік» («Қазақ әдебиеті», 11.09.1981), «Әр жылғаның өз ағысы бар» («Қазақ әдебиеті», 20.07.1984), И.Сапарбаевтың «Ойлы өлең ождан оятар» («Қазақ әдебиеті», 23.10.1981), «Тұңғыштар сырын тыңдасақ, немесе қазіргі жастар поэзиясы жайында» («Қазақ әдебиеті», 22.04.1983), «Жанрдың күре тамыры» («Қазақ әдебиеті», 18.01.1985), «Бес саусақ бірдей емес» («Қазақ әдебиеті», 08.11.1985), «Домбыраға қайта оралу» («Қазақ әдебиеті», 01.05.1981), Қ.Мырзалиевтің «Көздің сәулесі мен сөздің әуресі» («Қазақ әдебиеті», 23.01.1981), А.Егеубаевтың «Балаларға балдай жыр» («Қазақ әдебиеті», 03.04.1981), «Кім жазады өлеңді ермек үшін» («Жұлдыз», 1982, №10), С.Жиенбаевтың «Өлеңге дақ түспесін» («Қазақ әдебиеті», 10.04.1981), Ж.Ермановтың «Табиғатқа тазалық тән» («Қазақ әдебиеті», 08.01.1982), «Жыл келгендей жаңалық сезіндік пе?» («Қазақ әдебиеті», 02.09.1983), Т.Жұртбаевтың «Мақсаты – тіл ұстартып, өнер кумақ» («Жұлдыз», 1981, №7), Б.Ыбырайымовтың «Балалар поэзиясын бағдарлағанда» («Жұлдыз», 1981, №8), И.Оразбаевтың «Поэма парасаты және жауапкершілік» («Қазақ әдебиеті», 30.07.1982), С.Мәуленовтің «Шеберлікте шек болмайды» («Жұлдыз», 1983, №11), «Қазақтың қара өлеңі – күдіретім» («Жұлдыз», 1986, №5), «Жастар және жыр өрісі» («Жұлдыз», 1986, №8), Т.Шапаевтың «Жол айырығында» («Қазақ әдебиеті», 17.05.1985), «Ой түбінде жатқан сөз» («Жұлдыз», 1987, №4, 5), Қ.Жүсіповтің «Лирикадағы сюжет мәселесі» («Жұлдыз», 1985, №11), «Поэзия және табиғат» («Жалын», 1984, №4), Қ.Алпысбаевтың «Поэма парасаты» («Жұлдыз», 1985, №12), С.Әшімбаевтың «Азаматтық поэзия – айқындаушы күш» («Жалын», 1985, №4), Қ.Мырзабековтің «Үш ақын. Үш қолтаңба. Бір түйін» («Қазақ әдебиеті», 14.03.1986), Б.Кәрібаеваның «Лирика көкжиегі» («Жалын», 1986, №3), Б.Сарбалаевтың «Сөзіміз бен ісіміз бір ме?» («Қазақ әдебиеті», 15.05.1988), «Жақсы деген немене, жаман деген немене?» («Қазақ әдебиеті», 31.10.1986), Т.Рахимовтың «Қақыратып шыдамның қабырғасын» («Қазақ әдебиеті», 28.05.1988), Ұ.Есдәулетовтің «Талғам төмендемесін» («Қазақ әдебиеті», 22.05.1988), С.Иманасовтың «Өлеңді кім қорғайды?» («Қазақ әдебиеті», 31.03.1989), Ғ.Қайырбековтің «Алыс, жақын жағалаулар» («Жұлдыз», 1990, №1), М.Әлімбаевтың «Бар өлең бір төбе, қара өлең бір төбе» («Қазақ әдебиеті», 04.08.1989) т.б. қазақ поэзиясы әртүрлі жақтарынан сөз болды. Шұбалып кеткеніне қарамастан тізбелеуді жалғастырып жатқан себебіміз: біріншіден, бұл күндері тарихтың еншісіне кеткен осы мақалалардың қай-қайсысының да кезіндегі әдеби өмірдің жекелеген оқиғалары болғандығын тақырыптары арқылы аңғарту болса, екіншіден, әдеби сынның жалпы көрінісіне, панорамасына сөз жіберу. Осы тізімнен поэзия сынына көбіне ақындардың өзі көбірек атсалысқаны байқалады.

Поэзия туралы баспасөз беттерінде Ф.Оңғарсынованың Ә.Бөпежановамен (Өлең – өмірім, «Қазақ әдебиеті», 21.01.1983), Ә.Тәжібаевтың Б.Сарбалаевпен (Жырдың туы жығылмайды. «Қазақ әдебиеті», 03.10.1986), Ж.Әбдірашевтің Т.Шапаймен (Ақ сөйлеп, адалына жүгінейік («Жұлдыз», 1987, №6), Т.Медетбековтің С.Жұмабековпен (Адам жанын жылытуға асық. «Қазақ әдебиеті», 02.02.1990), Қ.Мырзалиевтің И.Оразбаевпен (Ақынды заман туғызады десек. «Қазақ

әдебиеті», 29.01.1988), т.б. сұхбаттары жарияланды. Белгілі ақындар қазіргі поэзиямен бірге өздерінің өлең, өмір жайлы жан сырларын да ортаға салды.

Ә.Тәжібаев Бақытпен әңгімесінде қоғам, әдебиет, сынға қатысты қойылған сұрақтарға жауап берді. Сұхбатта сол дәуірдің әлеуметтік сипатын танытатын жолдар да жоқ емес. Әбділда ақынның қоғамдағы орнын заманмен байланыстырады: «Ақынның бүгінгі заманға сай болып, қайта жаңғыруы өз сөзі мен ісінің бірлігіне жетуі деп білемін. Ақын өтірік айтпауы керек. Демек, ақын өмірдегі жақсылықты, кемшілікті дер кезінде көре біліп, шынайы жыр тілімен айта алса – ісі сол...»

Мен қазақ өлеңі өшіп барады дегендерді құптай алмаймын. Олар не өлеңді өздері түсінбейтіндер. Не өздері кері кетіп, өшіп бара жатқандар... Қазақ жырының жайнаған туы жығылмайды» (Ә.Тәжібаев. Жырдың туы жығылмайды. «Қазақ әдебиеті», 3.10.1986).

«Жазушының жан сыры» айдарының тұсауын алғаш Ә.Тәжібаев кессе, ары қарай тағы да бірнеше қаламгер осы жерде оқырмандарымен сырласыпты. Қ.Мырзалиев те әдеби өмір жайлы бірсыпыра ойларын жайып салыпты. «Менің бір аңғарғаным: халтурамен айқасудан гөрі қаһарманмен айқасу әлдеқайда абыройлы...»

Дарындар, әдетте, алу үшін тумайды. Олардың міндеті – беру. Ал ұлы адамдар үшін алу-дың рахатынан гөрі берудің рахаты басымдау болуы керек...

Өмірде Миды, өлеңде Жүректі қалар едім!» – деген сияқты жолдардың оқырманды ойға қалдырары анық.

Қадыр тағы бірде әдебиеттегі ұстаздарының ішінде «өзгермегендері – қазақ ауыз әдебиеті мен Абай... Ұстаздың бәрі бірдей ақын болуы шарт емес. Шынын айтсам, менің ең үлкен ақылшым – өмірдің өзі және Қожанасыр...»

Білімсіз дарын – қор болған дарын. Ал енді кітап оқу, жинау және оны пайдалану – өте ұзақ әңгіме. Таза творчествоға жылына екі-үш ай ғана арнасам, қалған уақытының бәрін дерлік оқуға беремін» (Уақыт алдында қасқайып тұрып жауап беруіміз керек. «Жалын», 1981, №1) – депті.

Ақын Т.Медетбеков «Ал бұл – білген адамға халықтық мәселе. Керек болатын болса, ұлттық проблема. Өлеңнің оқылмауынан мен өлеңмен өскен халықтың өзінің табиғи болмысынан алшақтап, сол халық жанының бір қалтарыстары жүдеп, қасаң тартып бара жатқанын көргендей болам. Сондықтан біз өлеңге қамқорлықты сол халықтың рухани болмысына қамқорлық деп ұққанымыз жөн. Өлеңді қорғап, оған қамқор болып жатсақ, халық жанын қорғап, халық жанына қамқор болып жатырмыз деп ойлаған мақұл. Не болғанда да халықтың өзінің табиғи болмысынан алшақтап бара жатуына салғырт қарауға болмайды» (Адам жанын жылытуға асық. «Қазақ әдебиеті», 02.02.1990) – деп, өлеңнің оқылмауынан ұлттың басына төнер қауіпті көреді. Темірхан «Қатты қауіптеніп қорқатыныңыз не?» деген сауалға «Сөз. Сөзден қорқам... Бірақ байқайсыз ба, кейінгі кезде сөздеріміз тым қатал, тым суық болып бара жатқандай. Маған адамдар кейде бір-бірін сөзбен талап жатқандай болып көрінеді. Қазір көп адамдардың жан-жүрегі сөздерден қан жоса... Сонымен бірге сөз, несін жасырамыз, адам жанын, қоғамды дертке шалдыратын вирустарды таратушы құралға айналып барады... Сөздердің құрамында қайырымдылықтың, мейірімділіктің элементтері азайып бара жатыр. Сөзде қайырымдылық, мейірімділік азайған кезде адам жаны жадап-жүдеп тоза бастайды. Сондықтан біз адам жанын құтқару керек деп білсек, алдымен сөзді қайырымдылықпен, мейірімділікпен байытуымыз қажет» (сонда) – деп жауап беріпті. Бұл – сөздің сиқырлы сырын, қасиетін білетін, қоғамдағы адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды жіті қадағалап отыратын адамның пікірі екендігінде күмән жоқ.

«Ақ сөйлеп, адалына жүгінсек» деп, ақын Ж.Әбдірашев пен жас сыншы Т.Шапаев қазіргі қазақ лирикасы төңірегінде біраз әңгіме-сұхбат құрыпты. «Поэзияның жан жүрегі» лирика жайлы әңгіме оның сынынан басталған. Тұрсынжан қазіргі кезде «Сын «абсолютті ақиқаттың» ту ұстары емес, үкімші емес, басқа емес – сол күрделі құбылыстарды байыптаудың, келешек ізденістер өрісін барлаған қажырлы ойдың шарқ ұрған жанды диалектикасы болуы тиіс» дей келіп, әдеби сын портретінің сұлба-жобасын жасайды; ондағы келеңсіз құбылыстардың түсін түстейді: «ол – қазіргі әдебиетіміздегі интернационализм дегенді шығармадағы кейіпкерлердің ұлттық құрамынан ғана іздейтін солақай, сынаржақ сын. Ол – қызды-қыздымен тарихи тақырыпқа жазылған туынды атаулыны «борттан» лақтырып тастағысы келген, өзі бір өлеңін

оқып көрмеген жас ақын мақталмауға тиіс деп жарияға жар салған жәркеленші сын. Ол – аңдамай сөйлегенімен тұрмай, албырт сөйлеп, ақынның жанын ауыртқан ебедейсіз сын. Ол – жазылу стилі, талдау әдісі осыдан кемінде 10–15 жыл бұрын ескірген, бірақ әлі сүйретіліп келе жатқан құлаш-құлаш өлермен сын, өзгелер тау қопарып жатса да, жұртқа «арық қазып жатыр» деп түсіндіретін, ал жақыны дегенде жарылып түсетін жәдігөй сын. Ол – жаны сірі жандайшап сын» («Жұлдыз», 1987, №6).

Ж.Әбдірашев Т.Шапаевтың сын туралы пікірлерін іліп әкетіп, оны әдеби үдерістегі толып жатқан мысалдар арқылы толықтыра түседі. Өңгіме содан кейін барып қазақ лирикасының жай-күйін саралауға ауысқан. Жарасқан мен Тұрсынжан өз қатарластарының поэзиясы жайлы кеңінен пікірлеседі. Әрқайсысының ақындық болмысын айқындай келіп, жалпы қазақ лирикасы жайлы ойлар түйген. Поэзиядағы жетістіктер мен кемшіліктер дегенде Ж.Әбдірашев «Иә, өкінішітісі – ізденістің, ең алдымен, өзінің туған әдебиетінің топырағынан туындайтынын ұқпай, кіргетассыз үй салуға әуестеніп» әуреге түсушілікте жатыр. Жалпы, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп нысанасыз ізденіске бару – ешуақытта да ешкімге нәтиже берген емес...

Бір жақсысы – қазіргі жас ақындарда алды-артын жіті қадағалаушылық, алыс пен айналаны бірдей шолып барып, бағдар анықтаушылық айқұлақтана көзге шалынады» (сонда) – деген ой айтыпты.

Әдеби сында оқырманның назарын өзіне аударуды, түсінуіне оңай болуды көздейтін түрлі формальық ізденістер де жүріп жатты. Осындай мақсатпен «Қазақ әдебиеті» газеті оқырмандардың сырттай конференциясын ұйымдастырған. Редакция талқылауға нақтылы шығармалар ұсынып, оқырмандардан пікір сұрайды. Келген хат-пікірлерді газет бетінде жариялаған. Сондай бір сырттай конференцияның күн тәртібіне Ж.Молдағалиевтің «Ақ жалын», Т.Бердияровтың «Жебе мен ракета», М.Айтхожинаның «Қыран жеткен», М.Рәшевтің «Алмагүл», А.Бактыгерееваның «Ақ желең», С.Әлімқұловтың «Ораласың ба, көктемім», С.Баймолдиннің «Бесік жыры», К.Мырзабековтің «Балалық шақ балладалары», Д.Стамбековтің «Бұлақтар даланы аңсайды», Б.Серікбаевтың «Тіршілік ұясы» жыр жинақтары ұсынылған. Газет бітенде М.Базарбаевтың (Тек «Бесік жыры» туралы), Қ.Жылқыбаевтың («Алмагүл» ажарлы ма?), Б.Кәрібовтың («Баллада бағыты қандай?») осы кітаптар жайлы пікірлері айқара бетке беріліпті.

Қ.Бекхожин мен Т.Жұртбай жетпісінші жылдардағы қазақ әдебиетінде қандай сапалық өзгерістер, жаңалықтар болды деген сауал төңірегінде пікірлескен. Өңгіме өзегі негізінен поэма жанры жайлы өрбіген («Жұлдыз», 1980, №10).

Сексенінші жылдарда әдеби жыл қорытындылары тұрақты түрде өтіп тұрды. «Коллективтік Белинскийде» көркем әдебиеттің түрлі салалары, жанрлары бойынша жасалынған баяндамалар мен жарыссөздердің мәтіндерін «қазақ әдебиеті» мен «Жұлдыз» журналы жүйелі түрде жарияланған. «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қазақстан Жазушыларының съезі қарсаңында», «Әдеби жыл қорытындысы», «Жаңа жылдық жүздесу», «Мезгіл мінбесінен», «Жұлдыз» журналы «Съезде сөз алсаңыз», «КПСС XXVII съезі қарсаңында», т.б. айдарлар ашып, болайын деп жатқан айтулы оқиғаларға орай қаламгерлердің пікірлерін ұдайы ұйымдастырып отырған. Мұндай материалдардың көпшілігінің саяси, науқаншылық сыпаты басым. Түрлі саяси-мәдени оқиғалар, орыс әдебиетінің қайраткерлері жайлы берілген материалдардың саяси-әлеуметтік астары айқын.

«Қазақ әдебиеті» газетінің дөңгелек столы» әдеби өмірдің түрлі мәселелеріне арналған пікір алысуларды тұрақты ұйымдастырып тұрды. «Өңгіме туралы әңгімеге» Х.Әдібаев, Р.Тоқтаров, Ф.Оразаев, М.Серғалиев, Ө.Күмісбаев, С.Еркебаев, С.Әшімбаев қатысқан («Қазақ әдебиеті», 04.01.1980).

Ә.Бөпежанова, Б.Майтанов, Қ.Ергөбек, Б.Ыбырайымов, Ж.Ерманов, Қ.Керейқұлов, Н.Ақышев «Уақыт. Деңгей. Талап» тақырыбында бас қосқан («Қазақ әдебиеті», 12.08.1983). «Ұнамды қаһарман – уақыт талабы» бойынша Ә.Бөпежанова, Т.Тоқбергенов, З.Серікқалиев, Қ.Ергөбеков, О.Сәрсенбаев, Н.Оразалин сұхбат құрыпты («Қазақ әдебиеті», 30.09.1983).

Қазақстанның Ресейге қосылу тарихының қазақ әдебиетінде бейнелену тарихы туралы Р.Бердібаев, Ә.Кекілбаев, Ж.Дәдебаев, Ә.Дербісәлиев, С.Сматаев «Жұлдыздың» дөңгелек столында пікір білдірген («Жұлдыз», 1981, №6).

«Жұлдыздың» дөңгелек столында (1985, №1) М.Сүндетов, Қ.Жұмәділов, С.Сматаев, О.Бөкеев, Б.Майтанов, Н.Ғабдуллин, Ә.Кекілбаев, А.Сейдімбаев, Азаматтық пен суреткер-

лік астаса, немесе бас қаһарман және жазушы позициясы», А.Жақсыбаев, С.Тұрғынбеков, Б.Әлімжанов, «Ғылыми-техникалық прогресті жеделдету және бүгінгі әдеби процесс» («Жұлдыз», 1986, №1), А.Жақсыбаев, К.Ахметбеков, О.Бөкеев, Ж.Әбдірашев, Т.Жұртбаев, «Қазіргі әдебиет және ауыл өмірі» («Жұлдыз», 1982, №1) М.Әбдіқалықов, А.Жақсыбаев, Б.Ыбырайымов «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жұмысшы тақырыбының бейнеленуі», Б.Сарбалаев, Ә.Бөпежанова, Д.Әшімханов, Ә.Бейсебаев «Ортаға салар ойлар көп» («Жалын», 1988, №3), М.Қозыбаев, Р.Бердібаев, М.Қасымбаев, Ф.Ахметов, М.Әбсеметов, Т.Жұртбаев «Көркемдік шындық және тарихи тұлға» («Жұлдыз», 1990, №7) бойынша пікір алысты.

«Жұлдыздың» сырласу клубында «Онжылдыққа ой көзімен қарасақ. 70-нші жылдар қазақ әдебиетіне қандай сапалық жаңалықтар әкелді?» («Жұлдыз», 1980, №3) тақырыбында Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, Р.Бердібаев, О.Сәрсенбаев, М.Серғалиев, Б.Сарбалаев, «Әңгіме арқауы – ән-өлең» («Жұлдыз», 1980, №5) бойынша Қ.Шаңғытбаев, М.Әшімбаев, Ғ.Қайырбеков, Ә.Еспаев, І.Жақанов, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Қ.Жұмағалиев, С.Асанов, т.б., «Сатира туралы сырласуда» («Қазақ әдебиеті», 18.01.1981) Ж.Алтайбаев, Т.Қожақеев, Қ.Ілиясов, М.Рәшев сыр бөлісіпті.

«Ашық әңгіме отауында» Ә.Таразидың «Кен» («Кеннің» келбеті қандай?) «Жұлдыз», 1987, №2), Қ.Исабаевтың «Өткелде», «Арна» (Су туралы болса да су болмасын. «Жұлдыз», 1987, №11) романдары талқыланды. Оған қатысқан Х.Әдібаевтың, Қ.Мырзалиевтің, Ұ.Доспамбетовтің, Т.Жұртбаевтың, М.Сүндетовтің, Р.Отарбаевтың пікірлерінде сын басым.

«Жастар жастар туралы» («Қазақ әдебиеті», 28.11.1980), «Съезде сөз алсаңыз» («Жұлдыз», 1981, №1), «Қазақстан Жазушыларының ІХ съезі қарсаңында» («Жұлдыз», 1986, №2), «Жаңа жылдық жүздесу» («Қазақ әдебиеті», 02.01.1987), «Кейінгі толқын інілер» («Жалын», 1987, №5), «Біздің анкета» («Жалын», 1988, №1), т.б. қажетіне қарай сиректеу көрінген айдарлармен де қаламгерлердің өмір, саясат, әдебиет жайлы жүрекжарды лебіздері беріліп тұрды.

«Жұлдыз» журналы (1991, №1) бір топ қаламгерге жазушылардың екі құрылтайы (1986–1991) аралығындағы әдебиетке байланысты бірнеше сұрақтар қойыпты:

«1. Жазушылардың екі съезінің аралығында жарыққа шыққан қандай шығармаларды атап көрсетуге лайық деп есептейсіз?

2. Осы бес жыл көлемінде әдебиетіміздің өзіндік ерекшеліктері қандай?

3. Өзіңіздің творчестволық жоспарыңыз?

4. 90-шы жылдар әдебиетіне айтар тілегіңіз, артар аманатыңыз?»

Бұл сауалдарға Қ.Жұмәділов, А.Бактыгереева, О.Бөкеев, С.Елубаев, И.Сапарбаев, Ж.Дәдебаев, Т.Мәмесейітов, М.Алимғазин жауап беріпті. Осылардың ішінде ең қысқа жауап бергені О.Бөкеев болыпты. Ол бірінші сұраққа «Міне, мына шығарма бәйгемен шаппай бер деп тұр» деп, жалына қол салатын жақсы туынды туған жоқ, бәлкім байқамай қалған шығармын» депті. Осы сауалға Қабдеш С.Елубаевтың «Ақбоз үйі» мен О.Бөкеевтің «Атау-кересін» ағалты. Сауалнамаға қатысқан басқалары өткен бес жылдағы үздік туындылардың қатарында Қ.Жұмәділовтің «Тағдыр», Ә.Таразидің «Дауа», Т.Нұрмағамбетовтің «Жер иісі», «Туған ауыл түтіні», Д.Исабековтің «Ай-Петри», Қ.Салғариннің «Көмбе», «Алтын тамыр», М.Мақатаевтың «Жырлайды жүрек», Ж.Бөдешовтің «Зейін», Ж.Әбдірашевтің «Сана соқпағы», И.Оразбаевтың «Баққан кемеңнің бейбақтары», Ұ.Есдәулетовтің «Жаратылыс», Ж.Жақыпбаевтың «Шұғынық гүлдің төркіні», С.Жүнісовтің «Заманай мен Аманай», С.Шәймерденовтің «Ағалардың алақаны», Ә.Таразидің «Кек», О.Сәрсембаевтың «Шамшырақ», Қ.Найманбаевтың «От пен ойын», Қ.Ысқақовтың «Ақсу – жер жаннаты», А.Сейдімбековтің «Сонар», М.Дүйсеновтің «Ғасырлар сыры», Т.Әбдіқовтің «Өліара» шығармалары аталды.

Төртінші сауалға Қ.Жұмәділов: «Алдағы он жылдықта республикада саяси әлеуметтік, экономикалық өзгерістермен қатар әдебиетте те үлкен серпіліс болары анық. Ең бастысы, қазақ әдебиеті «социалистік реализм әдебиеті» деген даңғаза ұраннан арылып, өз бетін айқындауы керек. Әдебиеттің түрі ұлттық болып қоймай, оның мазмұны да ұлттық қасиеттермен өлшенетін мезгілге жетті. Өйткені, жан-жақты өркен жайған таза ұлттық қасиеттерімен өлшенетін мезгіл жетті. Өйткені жан-жақты өркен жайған таза ұлттық мәдениет қана жалпы адамзат игілігіне айналмақ» («Жұлдыз», 1991, №1, 154-бет) – деп, жауап беріпті. Бұл жолдардан әдебиеттің «социалистік реализм» қамауынан шығып, ұлттық өнер айдынына шыққанда ғана желі оңынан туады деген, яғни әдебиет социализмге емес, ұлтқа қызмет еткенде, ұлттық болмысқа енгенде ғана айдарынан жел еседі деген арман-ойларды көреміз.

Қ.Жұмәділовтің сөзінен әдебиеттің болашағынан ұлттық бақытқа қарай үлкен өзгерістер күтілетінін байқасақ, И.Сапарбаевты қоғамның ертеңі аландатады: «Алдымызда не күтіп тұр? Түлкінің құйрығындай мың құбылған мына заманның сықпыт-сыңайы қандай болып барады?.. Көкжиек бұлдыр, болашақ тұлдыр болып жүрмегей?.. Жер мен көктей кеңістік неге қас пен қабақ арасындай қысқанданып барады?» Исраил «Әмсе адамгершілікті уағыздайтын, әділдік-адалдықты алға ту етіп ұстайтын ақын-жазушы ағайындардың азаматтық болмысы мен борышы, ар-ожданы мен абыройы, әсіресе дәл қазіргі тұста аса бір ауыр сынға түсіп тұр-ау!.. Аңызбен ауызданып, ертегімен есейген елдің әдебиеті бұл орайда етек-жеңін жиыр, еңсе көтерер деген үміттемін» – дей келіп, әдебиеттің қиын күндерді басынан өткеріп, еңсесін көтеретіндігіне сенеді.

«Қазақ әдебиеті» газеті «Қазіргі қазақ повестері туралы кең көлемді талқылау өткізді. Онда Ө.Ахметовтің «Алтын арқау», О.Бөкеевтің «Құм мінезі», Ұ.Доспамбетовтің «Қардағы гүл», Қ.Жұмәділовтің «Саржайлау», К.Зәкеновтің «Қайнар», Д.Исабековтің «Тіршілік», «Біз соғысты көрген жоқпыз», М.Мағауиннің «Жыланды жаз», Қ.Мұханбетқалиевтің «Ескі достар», Қ.Найманбаевтың «Беймезгіл қонақ» туындылары туралы Д.Досжанов («Табиғилық басым»), Н.Ақышев («Характер сымбаты»), Т.Мәмесейітов («Замандас сыры»), Б.Сарбалаев («Басты сипат психологиялық талдау») пікір білдірген («Қазақ әдебиеті», 11.01.1980). Осы әңгіме ары қарай жалғасып, келесі талқылауға Б.Алдамжаров («Стиль және қаһарман»), Ө.Бөпежанова («Ойға ой қоссақ»), Н.Ғабдуллин, О.Бөкеев, Ө.Дербісәлиев, Б.Ыбырайымов, С.Шәймерденов, Т.Тоқбергенов, Қ.Жұмәділов, Д.Досжанов, М.Қаназов, Қ.Мұқанбетқалиев, т.б. қатысқан.

Бұрыннан келе жатқан қазақ романы жайлы пікір алысулар да жалғасын тапты. «Кемел шындығы кемел көрінсе» тақырыбында Р.Бердібаев, С.Жүнісов, Д.Исабеков, Б.Ыбырайымов роман туралы әңгімені жалғастырған («Қазақ әдебиеті», 13.02.1981). З.Серікқалиевтің «Кейіпкер кім?», Т.Сыдықовтың «Роман жүгі ауыр» («Қазақ әдебиеті», 11.07.1980), М.Атымұмовтың «Ізденіс бар-ау, бірақ... («Қазақ әдебиеті», 18.07.1989), Т.Тоқбергеновтің «Тарихи романның таласы көп» («Қазақ әдебиеті», 28.03.1986), Ғ.Есімнің «Мәселенің күре тамыры» («Қазақ әдебиеті», 20.06.1986), Б.Кәрібаеваның «Роман және заман» («Жалын», 1982, №1), Т.Мәмесейітовтің «Ауыл суреттері» («Қазақ әдебиеті», 22.08.1980), С.Жүнісовтің «Жанр жемісі» («Жұлдыз», 1980, №6), Р.Тоқтаровтың «Заман. Адам. Роман» (1980, №6), Ж.Дәдебаевтың «Әуезов дәстүрі және қазіргі қазақ тарихи прозасы» («Жалын», 1980, №4), С.Жұмабековтің «Роман және әлеуметтік талдау» («Қазақ әдебиеті», 31.07.1981), М.Серғалиевтің «Сапасы әркелкі» («Қазақ әдебиеті», 09.01.1989), Т.Сыдықовтың «Басты кемшілік – схематизм» («Қазақ әдебиеті», 09.01.1981), С.Сматаевтың «Әр туынды өзінше бағалы» («Қазақ әдебиеті», 09.01.1989), Т.Жұртбаевтың «Оқырманды алдамайық» («Жұлдыз», 1987, №5), Ш.Елеуқеновтің «Кешегі және бүгінгі роман: дағдарыс па, жаңа беталыс па?» («Жұлдыз», 1990, №12), А.Жақсыбаевтың «Бүгінгі роман бағдары» («Жұлдыз», 1982, №6), т.б. мақалаларда қазақ романының теориялық, практикалық мәселелері кеңінен зерттелді.

Жазушы Ө.Канахиннің «Құдірет» романы жайлы «Қазақ әдебиеті» газетіне әртүрлі ыңғайда жазылған А.Қанафиннің, Ы.Сүйіновтің, М.Шауқарованың, Қ.Әбіловтің хаттары келіп түскен. Редакция осылар және «Құдірет» романы жайлы пікір білдіруді сыншы З.Серікқалиевтен өтініпті. Зейнолла «Кейіпкер кім? Немесе жазушы позициясы мен шығарма шындығы» («Қазақ әдебиеті», 24.10.1980) атты мақаласында романды жан-жақты талдап, ол жайлы айтылған әр алуан пікірлермен ой жарыстырған. Ол романның оқырмандарын «бір сәт ойлантуға септігі тигендігінің» өзін жақсылықтың нышаны санайды.

Т.Тоқбергенов қазақ тарихи романдарында өмір шындығының көркем бейнелену мәселелерін көтерген проблемалық мақала жазды. Автордың есебінше, алпысыншы жылдардан бергі ширек ғасыр ішінде 20 автордың 35 романы (43 кітабы) жарық көріпті. Мұның себебі: «Мәдениеті, ой-сезімі, білім-білігі артқан ел өзінің өткеніне көз жүгірмеді..., өткенді білмейінше, бүгіннің сырын ұғу қиын.. Кеше, Бүгін, Ертең деген ұғымдар мәңгі-бақи көз алдымызда тұру керек... Өткенін біліп, қазіргісімен салыстырып, ертеңгісін бағдарламақ болған. Замана сырын ұғып, өзің-өзі танымақ болған» (Т.Тоқбергенов. Тарихи романға талас көп. «Қазақ әдебиеті», 28.03.1986).

Кеңес үкіметі кезінде орыстан басқа халықтардың өткен тарихын, әдебиетін, мәдениетін зерттеу жабық болатын. Міне, осы жабық жолдарды алпысыншы жылдары көркем әдебиеттің құдірет күшімен тарихи романдар ашқан еді. Тарихқа сусап отырған халықтың

рухани қажеттілігін қанағаттандыра білген алғашқы тарихи романдар оқырмандардың зор сүйіспеншілігіне бөленді. Т.Тоқбергенов «Тақырыпқа жығыламыз да көркемдікті, көркем шығармаға қойылар талапты, талғамды ұмытамыз. Өнер туындысын ең алдымен, ол өзі анық өнер туындысы ма, адам тағдырын, мінезін, мінездегі құбылысты, ішкі психологиялық өзгерістерді бедерлі бейнелей алдық па, көркем тілмен бедерлей білдік пе, міне, осынау өнер мұратынан жаңылмауды көздемейміз бе» – деп, тарихи романдарда тақырыптың атымен көркемдігі төмен шығармалардың да бой көрсетіп жатқанын мәселе етіп көтереді. Бұл ретте І.Есенберлиннің тарихи романдарын тілге тиек ете отырып, «тарихи роман қалай жазылуы керек» деген сауалды алға тастайды.

«Жұлдыз» журналы І.Есенберлиннің туылғанына 75 жыл толуына орай «Жанталас. Тарихи романның жарыққа шығу тарихы» («Жұлдыз», 1990, №1) атты материалдар беріпті. Оның кіріспесіндегі «Өзінің бүкіл ғұмырын халық тағдыры мен тарихына бағыштаған қуатты қаламгер қолынан әйгілі «Алтын Орда», «Көшпенділер» секілді тарихи романдар циклі дүниеге келді. Туған топырағының әр уысынан сыр іздеп, ақсақалының аузынан шежіре тыңдап өскен Ілекең қазақ жұртының тағдыр-талайын тұңғық ғасырлар түбінен аршып алған осы еңбектері арқылы елінің еңсесін көтерді, мәртебесін арттырды. Қазіргі қауым қазақ тарихын Есенберлин романдары арқылы танып білді» – деген жолдар Ілияс шығармаларының, тарихи романдарының мәні мен маңызын айқындап тұр.

Журнал «Көшпенділердің» екінші кітабы «Жанталас» романының кітап болып шығу тағдырын көрсететін деректерді қаз-қалпында ұсынған. Роман 1972 жылы 8 желтоқсан күні «Жазушы» баспасы проза редакциясының кіші редакциялық кеңесінде талқыланған. Алдымен, баяндама жасаған Қ.Жұмәділов роман жайлы айта келіп, «Қорыта келгенде, Ілияс Есенберлиннің бұл романы – оқушы қауымға халқымыздың өткен өмірінен көп мәлімет беретін, совет жастарын отаншылдыққа, ерлікке баулытып, халықтар достығының тамыры тереңде жатқанын әйгілейтін құнды шығарма» деп бағалаған.

Талқылауда Жұбан Молдағалиев қысқа да нұсқа, кесіп айтыпты: «Әдебиет тарихында үлкен бір оқиға боларлықтай еңбек аяқталды. Есенберлиннің тарихи үш романы – халық тарихын танытуда, елдің елдігін танытуда үлкен жетістік. Жазушы өзінің халқының алдында үлкен ерлік жасайды». Шығып сөйлеген М.Дүзенов, І.Жарылғапов, С.Бақбергенов, Р.Тоқтаров, А.Байтанов – барлығы да романның елеулі табыс екенін айтып, қолдаған.

Осылайша баспаға ұсынылған «Жанталас» тоталитарлық қоғамның түрлі тосқауылдарына ұшырайды. Романда тарихтың, онда да қазақ халқының XVII–XVIII ғасырларда жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық күресінің, бас кейіпкерлер ретінде хандардың суреттелуінен сескенген мемлекеттік идеологиялық аппараттың бюрократтары түрлі «кемшіліктер» тауып, кітаптың шығуын шегере берген. Осындай әуре-сарсаңға душар болған «Жанталас» романы 1972 жылы баспаға ұсынылғанына қарамастан тұңғыш рет 1974 жылы ғана жарыққа шыққан. Осы бір оқиғаға байланысты «Жұлдыз» журналы жариялаған түрлі мәжілісхаттардан, қатынас қағаздарынан тоталитарлық жүйенің әдебиет саласында жүргізген қитұрқы саясатының астары ашық көрінген.

Жазушы Д.Досжанов «Қазақстан Жазушылар Одағының IX съезі қарсаңында» сөз алып, сексенінші жылдардағы қазақ прозасына, оның ішінде роман жанрының жай-күйіне көз жіберген. Автордың пікірінше, «Қазақтың 80-ші жылдар прозасы көп өскен. Деңгей дәрежесі, күш-қуаты көрші жатқан республика қаламгерлерінен бір мысқал да кем емес; қайта көп жағдайда бел алып, басым түсіп жағады» (Д.Досжанов. Үлкен жанр жауапкершілігі. «Қазақ әдебиеті», 29.11.1985).

Дүкенбай сексенінші жылдарда өнімді еңбек еткен прозашылар Ә.Таразидың, М.Мағауиннің, Қ.Жұмәділовтің, Қ.Найманбаевтың, Б.Нұржекеевтің, С.Елубаевтың, Д.Исабековтің, Б.Мұқаевтың, Ж.Түменбаевтың шығармашылық табыстарына тоқталып, олардың әрқайсысының жекелеген жетістіктерін саралайды; өзіндік өнерпаздық ерекшеліктерін айқындайды. Сонымен бірге қазақ прозасында әлі күнге дейін «жасандылық, риторика, жылауық, жалған пафос, кейіпкердің өз тілімен сөйлемеуі біраз жазушылардың шығармаларында жиі ұшырасады... Әдеби тіліміздің нормасын быт-шыт қып бұзып, әбден шұбарлап, қиқа-шиқасын шығарып, бүлдіріп жүргендер – әдебиетке кездейсоқ келген азаматтар... Қазіргі жазушылар арасында қазақ тілінің байырғы қалыптасқан тіркестерін бұзып қолдану жиі ұшырасады» (сонда).

Автор осы пікірлеріне Н.Төлендиевтің, С.Ғаббасовтың, Д.Нұрмұханбетовтің, Т.Момбековтің, Қ.Жиенбаевтың, Д.Жанботаевтың прозалық шығармаларынан мысалдар келтіреді.

О.Бөкеев «Белеске беттеген бес жігіт» – Д.Исабековтің, Б.Нұржекеевтің, Т.Әбдіқовтің, А.Сейдімбековтің, К.Сегізбаевтың шығармашылықтары жайлы пікір білдіріпті. Оралхан әріптестерінің өнерпаздық ерекшеліктеріне үңіліп, қаламгерлік қолтаңбаларын аша түскен: «Дулат прозасы – ішкі иірімдері терең, айтар ойын лақылдатып төге бермей, айшықты жеткізуге тырысатын астарлы да қыртысты проза»; «Бексұлтан прозасындағы таңбабасты ерекшелік – қиыннан қиыстырылмайтын қарапайымдылығы, оқырманын өзімен бірге жетелей жөнелетін қызғылықты баяндалуы, ұлпа сезім мен эмоциясы әсерлі бояуды дәл, әрі орынды жерінде пайдалануы»; «Төлен прозасындағы мен аңғарған ерекшелік – идеясының тереңдігі мен философиялық ойының ауқымдылығы», «Тегінде Ақселеу – әңгімешіл де жазушы. Кез-келген, мейлі ұсақ, мейлі ұзақ шығармасын оқымаңыз, бұйдаалап алып кетер әдемі әсерімен кеңінен толғап, байыппен бастар сыршылдығымен, қандай тақырыпқа қалам тартса да біліп, әбден зерттеп барып жазатын мұқияттылығымен дараланады»; «Кәдірбек – әдебиетке дабыра айкай-шусыз келді де майда қоңыр прозасымен оқушы жұртшылықтың көңіліне біртіндеп ұялай бастады. Тілге өте ұқыпты қарайтын автордың оқиға дамытудағы және шығарманың композициялық тұтастығын сақтаудағы шеберлігі қызықтырады» (О.Бөкеев. Белеске беттеген бес жігіт. «Қазақ әдебиеті», 25.02.1983).

Ғ.Мүсірепов «Екі Мұхтар» атты мақала жазып, прозашы Мағауин мен ақын Шаханов жайлы шынайы пікір білдіріпті. Аға жазушы әлі де жас жазушылардың қатарында жүрген екі Мұхтардың шығармашылықтарынан кең тынысты байқап, олардың болашағына үлкен сеніммен қарайды. Екеуінің өнерпаздық қырларын аша түседі. «Мұхтар Мағауин ана тіліміздің байлығын, оралымды, астарлы, әрі от-жалынды, әрі нәзік те биязы бояу-сырларын алғашқы адымдарынан бастап-ақ меңгеріп алғанын көрсетеді. Тіліміздің оралымдылығын тереңдетуге қосқан үлесі де аз емес. Еркек, әйел бейнелері қандай сом!.. Мағауин шығарма желісін тартуға шебер... Адам мінездерін оңашалап алып қарасак, бәрі де таныс-бейтаныстар... «Аласапыран» – қазақ совет әдебиетінің үлкен мақтанышы» – дей отырып, оның шығармаларындағы кейбір «әттеген-айлардан» аттап кете алмайды.

Ал екінші Мұхтар Шаханов туралы «Дарын танылды. Адал күш танылды. Ар-намыс танылды. Өртке айналар от, кемеңі шайқай алар мұхит танылды... Мұхтар поэзиясының әрбір жолында ойландыратын салмақ бар... Мұхтар Шаханов – кең шиырлы, әр қырқаға із тастап келе жатқан ақын. Өзі айтқан үш өлшемнің үшеуінде де – биіктік, тереңдік, кеңдік – ақын іздері осы кезінде-ақ көмескі емес, айқын. Ерлік, ездик, жігер-махаббат, өнеге-ғибрат, ар-намыс тақырыптарының бәрі де өткен күнді қызықтау емес, ертеңгі күн талаптарының биігінен толғанады» (Ғ.Мүсірепов. Екі Мұхтар. «Қазақ әдебиеті», 27.07.1984) – депті.

Кезінде қазақ әдебиетінің ақсақалы Ғабит Мүсірепов жас толқынның ішінен шығармашылық шабысының ұзаққа баратындығын байқап, үлкен үмітпен аталық ақ батасын берген екі Мұхтар сенім үдесінен шығып, бірі прозаның, енді бірі поэзияның айтулы қайраткерлеріне айналды.

Шығармашылығын Ғ.Мүсірепов өзі жоғары бағалаған М.Мағауин туралы одан төрт жыл бұрын А.Егеубаев «Түрлік, стильдік ізденіс жағынан Мұхтар Мағауиннің бірқатар шығармаларын атауға болар еді. Шығармаларын тұтастай қарастырғанда байқағанымыз – М.Мағауин тақырып, стиль жағынан әр алуан жазатын жазушы. Кей әңгіме-повестеріндегі философиялық толғамдар, екінші бір шығармаларындағы сентиментальдық саздар, тағы бір туындыларындағы баяндаулар мен журналистикаға тән деректілік оның ізденіс арналарының іздерін байқатса керек» (А.Егеубаев. Адамды жырлау – асыл мұратымыз. «Жұлдыз», 1980, №1) – деп жазыпты.

Сол кезде қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырып І.Есенберлиннің «Көшпенділері» хақын да А.Егеубаевтың мына бір пікірлері назар аударуға тұрарлық.

«Тарихи тақырып дегенде, қарама-қайшы пікірлердің нақ ортасында келе жатса да еңбеккер жазушымыз Ілияс Есенберлиннің творчествосы тұтастай құбылыс деуге тұрарлық.. Жазушының «Көшпенділер» трилогиясы – халқымыз үшін аса бағалы еңбек. Тарих – шындықтың анасы. Тарихты жазу – қаламгерге сын, халық алдындағы парыз. Тарихи шежіре, тарихи шындық халықтың әлемдік тарих аясындағы өз орнын түсінуге септеседі... Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділері» – роман-хроника. Роман-хроника ретінде халқымыздың басындағы кесек кезеңдерді суреттеп берген. Қазақ халқының басынан өткен алуан оқиғалармен, тарихи

тұлғалармен танысамыз» (сонда) – деп, тарихи тақырыптың, тарихи шығарманың өзіндік ерекшеліктеріне назар аударған.

Осы кездерде жарияланған Қ.Ысқақовтың «Бүгінгі өрісіміз» («Жұлдыз», 1980, №9), С.Әшімбаевтың «Фактілер, проблемалар және міндеттер» («Жұлдыз», 1980, №7), Ә.Дербісәлиевтің «Тарихи шындық және көркем шығарма» («Жалын», 1980, №6), Д.Исабековтің «Кемел шақ» («Қазақ әдебиеті», 07.08.1981), Т.Сыдықовтың «Портрет және характер логикасы» («Қазақ әдебиеті», 28.08.1981), «Шығарма шындығы, кейіпкер кескіні» («Жұлдыз», 1987, №6), «Тарихи шындық және көркемдік таным» («Жұлдыз», 1989, №4), Қ.Керейқұловтың «Тақырып шешімі, немесе қазақ прозасындағы ғалымдар бейнесі туралы сөз» («Қазақ әдебиеті», 04.09.1981), «Кейіпкер келбеті келісті ме?» («Қазақ әдебиеті», 28.01.1983), С.Елубаевтың «Азаматтық асуға шықса талант» («Қазақ әдебиеті», 18.09.1981), Ж.Дәдебаевтың «Тарихи дерек және жазушы шеберлігі» («Қазақ әдебиеті», 30.01.1981), «Көркемдік шындық шырайы» («Жұлдыз», 1989, №12), «Тарихи романдардағы халықтық дәстүр» («Қазақ әдебиеті», 28.06.1991), Г.Пірәлиеваның «Ізденіс өрнектері» («Қазақ әдебиеті», 13.02.1981), Д.Исабековтің «Уақыт бедерлері» («Қазақ әдебиеті», 20.03.1981), Ә.Кекілбаевтың «Замана игілігі» («Қазақ әдебиеті», 03.04.1981), «Қырандар қияға самғасын десек» («Жұлдыз», 1985, №9), С.Жұмабековтің «жас қалам бағдары» («Қазақ әдебиеті», 02.12.1981), Н.Ақышевтің «Жанр табиғатына зер салсақ» («Қазақ әдебиеті», 19.02.1982), Т.Жұртбаевтың «Толқынға толқын қосылса» («Қазақ әдебиеті», 30.07.1982), Ә.Бейсебаевтың «Әңгіме арқауы – балалар әдебиеті» («Қазақ әдебиеті», 10.09.1982), Т.Әлімқұловтың «Жанр сыры» («Қазақ әдебиеті», 18.03.1983), Б.Ыбырайымовтың «Жастар прозасында жаналық бар ма?» («Қазақ әдебиеті», 25.03.1984), «Заманға керегі заңғар бейне» («Қазақ әдебиеті», 09.09.1983), «Балалар әлемін сараласак» («Қазақ әдебиеті», 11.10.1985), Х.Әдібаевтың «Өзекті тақырып өресі» («Қазақ әдебиеті», 07.09.1984), С.Шарабасовтың «Анималистік әңгіме: шындық пен шешім» («Жалын», 1984, №6), Қ.Түлікөвтің «Күрделі тақырып күрмеуі» («Қазақ әдебиеті», 13.12.1985), С.Мұратбековтің «Қазіргі қазақ прозасының бағыт-бағдары» («Жұлдыз», 1986, №11), Қ.Мәдібаеваның «Өмір талабы – уақытпен үндестік» («Қазақ әдебиеті», 09.01.1987), Т.Токбергеновтің «Жауап тілер сауал көп» («Қазақ әдебиеті», 01.08.1986), Н.Қазыбековтің «Бізге кесек кейіпкер керек» («Қазақ әдебиеті», 27.02.1987), Ғ.Есімнің «Көркемдік – ақиқат арқауы» («Қазақ әдебиеті», 10.07.1987), Ә.Бөпежанованың «Балалық атты сырлы әлем, немесе соңғы жылдардағы жасөспірімдер мен балалар прозасын оқығанда» («Жұлдыз» 1988, №1), Х.Садықовтың «Елеспен егесу, немесе қазіргі қазақ прозасындағы жағымсыз кейіпкерлер хақында» («Жұлдыз», 1988, №3), Қ.Ергөбековтің «Ғұмырнамалық проза және кейіпкер парасаты» («Жұлдыз», 1989, №1), Р.Тоқтаровтың «Тоғыз романның толғағы» («Жұлдыз», 1989, №9), «Әдеби бейне және көркемдік шындық» («Жұлдыз», 1990, №5), Е.Аманшаевтың «Қазақ әңгімелеріндегі уақыт жүгі» («Жалын», 1989, №4), А.Исмақованың «Әдебиетте тоқырау болды ма?» («Уақыт және қаламгер», А., 1990), т.б. мақалаларда қазақ прозасының көркемдік проблемалары жан-жақты сөз болды.

Қазақ драматургиясының мәселелері Қ.Мұхаметжанов пен Б.Мұқаевтың сұхбатында (Іркіліс те, ұмтылыс та бар. «Жұлдыз», 1980, №9), Б.Қайырбековтің «Тәржіма тағлымы» («Қазақ әдебиеті», 10.07.1981), Н.Оразалиннің «Үміттің оты сөнбесін, немесе қазіргі жастар драматургиясы» («Қазақ әдебиеті», 13.03.1981), Д.Исабековтің «Төл драматургия төңірегіндегі ойлар» («Қазақ әдебиеті», 09.09.1983), Р.Нұрғалиевтің «Драма теориясы» («Жалын», 1984, №4), «Күрделі жанр күрмеуі неде?» («Жұлдыз», 1985, №6), т.б. мақалаларында егжей-тегжейлі сөз болды.

Қазақ сатирасын бірден-бір зерттеуші Т.Қожакеевтің (Пародия туралы бірер сөз, «Қазақ әдебиеті», 03.10.1981; «Памфлет – жалынды жанр, «Қазақ әдебиеті», 09.08.1982; Бағыт қалай, сатира? «Жұлдыз», 1981, №12; Сатираға барар жол, «Қазақ әдебиеті», 18.11.1983) сын-зерттеу мақалалары жарық көрді. «Қазақ әдебиеті» газеті «Сатира туралы сырласуға» (18.01.1980) сатириктер Ж.Алтайбаев, Т.Қожакеев, Қ.Ілиясов, М.Рәшевтерді шақырып, сырласты; «Сатирамызды сарапқа салсақ» (06.04.1990) дегенде Т.Қожакеев, Ғ.Қабышев, Е.Жаппасов өз ойларын бөлісті.

«Қазақ әдебиеті» газетінде қазақ аудармасына қатысты материалдар жүйелі түрде беріліп тұрды. Қазақ, орыс, неміс тілдерін жетік білетін, осы тілдерде еркін жазатын Герольд Бельгердің «Аударма ахуалы ойлантады» («Қазақ әдебиеті», 14.11.1980) атты проблемалық мақа-

ласы көтерген мәселесінің зәрулігімен, теориялық тереңдігімен, практикалық жағынан қажеттілігімен ерекшеленеді. Өзі де аудармашылықпен айналысып жүрген Бельгер «Көптен бері ойландырып жүрген ойларын ортаға салған». Автордың байқауынша, орыс тіліне аударылған шығармалардың көпшілігі сын көтермейді: «Ал қазақ ақындарының орыс тіліне аударылған өлеңдерін оқудың өзі ыңғайсыз. Бәрінің де үні айқын шықпай, орыс оқушысына айқын жетпей жатқандықтан өлеңдер егіз қозыдан аумай, бірін-бірі қайталап жатқандай әсер етеді. ...осы аудармалардың түпнұсқа деңгейіне жете алмай жататын сәттері өте жиі».

Герольд аударма ісінде онша мән беріле бермейтін көркем мәтіндегі ырғақ пен әуезге арнайы тоқталған. «Нағыз көркем прозаның өзіндік екпін-ырғағы, әуен-әуезі бар. Ал соны түсінбей тұрып аудармашы түпнұсқа стилін айқын жеткізе алмайды, содан барып көркем шығарманың нағыз мән-мағынасы көмескіленіп қалады... Ал көркем аудармашы жолма-жол жасаған аудармаға қарап отырып, әрине, түпнұсқаның әуен-әуезін, ырғағын терең сезіне алмайды... Сөздің екпінін, прозаның әуенділігін сезіну үшін сол өзін аударатын тілдің құрылысын, ырғағы мен әуезділігін зерттеу – шарт... Олай болмаған жағдайда мағыналық жағынан жақын бола тұрса да түпнұсқаның аудармасы емес, оның екінші бір нұсқасы, басқа бір трактовка, интерпретациясы дүниеге келмек» – деген жолдардан көркем сөз тәржімасының аса бір нәзік сипаты анық көрінеді. Айтылған ойлар Абайдың қара сөздерінің, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының, Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының орысша аударылуының мысалдарынан тірек тауып отырған. Өзінің аудармашылық тәжірибесі кезінде кездескен қиындықтарды да ортаға салған. Соңында «автордың не айтқысы келгенін, қалай айтқанын түсініп, кіріктіре жеткізсең, аударманың бағы жанғаны. ...Аударма – әдебиеттану мен лингвистиканың түйілісінде тұрған өміршең өнер. Бұл этнографиямен, тарихпен, бүкіл адамзаттық мәдениетпен ұштасатын өнер» – деп қорытқан.

Осы кездерде аударманың түрлі мәселелерін көтерген Ғ.Ахмедовтің «Күнгеіміз бен көлеңкеміз» («Қазақ әдебиеті», 21.11.1980), Т.Жұртбаевтың «Поэзия маржаны» («Қазақ әдебиеті», 26.12.1980), «Көркем аударма: табыс пен талпыныс» («Жұлдыз», 1980, №12), «Алты өлеңнен білінді істің жайы» («Жұлдыз», 1986, №7), З.Тұрарбековтің «Тұңғыш тәржімашы» («Жұлдыз», 1982, №10), Г.Бельгердің «Фауст» қазақша қалай сөйлейді?» («Қазақ әдебиеті», 11.03.1983), «Гете мен Абай» («Қазақ әдебиеті», 05.07.1981), С.Шәймерденовтің «Аударма принципі неде?» («Қазақ әдебиеті», 15.04.1983), Ә.Сараевтың «Аударма аулында не жаналық?» («Қазақ әдебиеті», 20.05.1983; 27.05.1983), С.Сейітовтің «Түпнұсқа: тең түсу ме, кем түсу ме?» («Жұлдыз», 1983, №5), Р.Сыздықова мен А.Алдашеваның «Көркем аударма көрікті болсын» («Қазақ әдебиеті», 02.11.1984), Қ.Қараманұлының «Аударма ахуалы қалай?» («Жұлдыз», 1984, №10), Ә.Нұрпейісовтің «Рух бірлігі – стиль бірлігі» (19.07.1985), Ж.Ермановтың «Түпнұсқа болсын төреші» («Жұлдыз», 1987, №3), Н.Сағындықованың «Көркем аударма көкжиегі» («Жалын», 1989, №5), Н.Шәкеевтің «Аударма ахуалы алаңдатады» («Қазақ әдебиеті», 07.07.1989), Р.Бердібаевтың «Аударма өнер десек» («Жұлдыз», 1989, №11), т.б. мақалалары жарияланды.

Аударма мәселесіне орай, Ә.Нұрпейісов екі сатылы тәржімадағы бірінші саты жолма-жол аудармаға ерекше мән беріпті. «Сөз жоқ, қайсы бірде жолма-жол аударманың өзек өртер өкінішке ұрындырары, баянсыз бейнетке айналдырары бар. Солай бола тұрса да одан өз көлеңке секілді қашып құтыла алмайсың. Өйткені, ұлт әдебиетінің бар озық жетістіктерін бүкілодақтық оқырманға жеткізудегі алғашқы күре жол – жолма-жол аударма. Сапасы қай денгейде болса да түпнұсқа тілін білмейтін аудармашыны текспен, басқаша айтсақ, түпнұсқамен таныстыратын жалғыз нәрсе де сол» («Қазақ әдебиеті», 19.07.1985) – дейді автор.

Тәржімадағы кемшіліктердің дені осы жолма-жол аудармадан басталады. Сондықтан да аударманың сапасын арттыру оның жолма-жол нұсқасынан басталуы керек. «Тіл білмегендіктен бірде-бір аудармашы автордың стильдік ерекшеліктеріне еркін бойлай алмайды, сондықтан автор аударма жұмысының барлық кезеңінде белсене араласуы тиіс. Өзін сыйлайтын, орыс тіліне аударылғысы келетін әрбір ұлт жазушысы өз шығармасының тағдырын кімге сеніп тапсырғанын білуі керек» (сонда) – дейді жазушы. Үлгі ретінде «Абай жолы» роман-эпопеясын орыс тіліне аудару кезінде М.Әуезовтің де қатысқанын алға тартады.

Бұл жерде мына бір жәйтті ескеру қажет. Кенестік кезеңде «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» әдебиеттің орыс тілінде жасалуы айтпаса да түсінікті болатын. Орыс тіліне

неғұрлым тезірек көшсе, сол халықтың мәдениеті жоғары саналатын. Ол кезде ұлт тілін дамыту күн тәртібінде жоқ-тұғын. Басқа ұлт жазушыларының орыс тілінде жазған шығармалары барынша насихатталып, олар ұлт әдебиетінің өскендігінің белгісі ретінде дәріптелетін. Міне, осындай жағдайда «қазақ әдебиетін орыс тіліне аудару үшін қазақ тілін білу керек» деу айтылып, талап етілмек түгілі, ақылға сыйымсыз көрінетін. Сол себепті де қазақ тілін білмейтін аудармашылар қазақ әдебиетінен орысшалағанда негізінен жолма-жол аудармаға сүйенетін. Ө.Нұрпейісовтің орыс тіліне тәржіма жасаудың сапасын арттыру үшін жолма-жол аудармаға ерекше мән беруі сол себепті еді.

Ш.Сәтбаеваның «Терең тамырлар» («Қазақ әдебиеті», 12.12.1980), Ә.Кекілбаевтың «Ақиқат айдынындағы ақ шағала» («Қазақ әдебиеті», 25.01.1985), «Өшпес бейне» («Қазақ әдебиеті», 06.12.1985), Р.Бердібаевтың «Рухани қазынаның бір көзі» («Қазақ әдебиеті», 10.06.1983), «Эпикалық дәстүр жалғастығы» («Жұлдыз», 1986, №11), Ө.Нұралиевтің «Бауырлас әдебиеттер байланысы» («Жұлдыз», 1983, №10), А.Ақматалиевтің «М.Әуезов және қырғыз әдебиеті» («Қазақ әдебиеті», 24.10.1986), Қ.Сейдановтың «Қазақ әдебиеті және Хамза» («Жұлдыз», 1989, №2), т.б. мақалаларында қазақ әдеби байланыстары қозғалды. Бұлардың біразына негізінен орыс әдебиетімен байланыстар өзек болған. Сонымен бірге шығыс әдебиетімен, қырғыз, өзбек, тәжік, т.б. әдеби қарым-қатынастары да көтеріліп жатты.

Р.Бердібаев қазақ шығыстануы саласында жасалынған жұмыстарға шолу жасайды. «Қазақ совет жазушылары мен ғалымдары ішінен бұл проблеманың қадіріне орай ең алғаш көңіл бөлген, пайдалы пікірлер қозғаған Мұхтар Әуезов еді» – деп бастаған әңгімесінде ары қарай кейінгі кездерде жарыққа шыққан Ө.Күмісбаевтың «Екі перне», Ш.Сәтбаеваның «Қазақ әдебиеті және Шығыс», Ө.Дербісәлиевтің «Шыңырау бұлақтар» атты еңбектеріндегі көтерілген мәселелердің маңыздылығына назар аударады. Автор «Әдебиеттанудағы мүлде кенжелеп қалған бұл салаға жаңа серпін туа бастағаны анық. Шығыс елдерімен тарихи, әдеби, экономикалық байланыстар қазақ мәдениетіне айқын із қалдырғаны және ондай қарым-қатынастың жанды жалғасып келе жатқаны шүбәсіз» – дей келіп, «бұл зор проблеманы жүйелі түрде қолға алып, желілі жұмыстар атқарып отыратын орталық Шығыстану институтының ашылатын уақыты жеткендігін» еске салған» («Қазақ әдебиеті», 10.07.1983).

Қырғыз әдебиетінің классигі Ш.Айтматовтың алпыс жылдығы 1988 жылы Қазақстанда да аталып өтті. Осы датаға орай, сыншы Т.Токбергенов (Шоң мұзарттан көз тартқан, «Қазақ әдебиеті», 16.10.1987) пен жазушы Ө.Кекілбаев (Мәңгілікпен үндес, «Жалын», 1988, №6), ақын А.Нысаналин (Шыңғыс шыңы, «Қазақ әдебиеті», 09.12.1988) арнайы мақалалар жазды. Шыңғыстың досы Қалтай Мұхамеджанов «Қазақ әдебиеті» (03.12.1988) газетіне сұхбат берді. «Әлемді дүр сілкінткен шығарма» («Жалын», 1987, №2) атты тақырыппен қазақ сыншысы С.Жұмабеков пен қырғыз сыншысы Ә.Еркебаев Ш.Айтматовтың «Жан пида» атты романы және сол төңіректегі пікірталастар туралы кеңінен әңгімелесті. «Жалын» альманағы Ш.Айтматовтың «Гіл жоқ жерде ұлт жоқ» деген мақала-толғанысын жариялады («Жалын», 1989, №6).

«Қазақ әдебиеті» газетінде сыни пікірлер берудің түрлі формалары кеңінен қолданылды. Соның бірі – «ашық хат» түрі. Жазушы Қалмұхан Исабаев академик сыншы М.Қаратаевқа ашық хат жазып, онда өзінің «Қарабала», «Сұңқар самғауы», «Өрде» туындыларының қазақ сыншылары тарихынан сыналғанына қарамастан, орыс тілінде жарық көріп, белді әдебиетшілерінің жылы лебіз білдіргенін айта келіп, төрелік айтуға шақырады. «Қазақ әдеби сыны өзіңіз айтқандай, «не асыра мақтайтын, не тұқырта даттайтын біржақтылығынан» арыла алмай жүрген жоқ па?» деген сауал-ойын да ортаға тастайды (Қ.Исабаев. Сын шын болса... «Қазақ әдебиеті», 29.02.1980).

М.Қаратаев Қ.Исабаевқа көп ұзамай-ақ жауап берді. Мұхамеджан алдымен, әдеби сын туралы «Әдеби сын – әдебиет шығармасының әділ бағасын беретін жюри екені белгілі ғой. Бірақ сұрапыл қиындығы сол: тап басқан әділдік табыла бермейді. Табылмауы ниет бөтендігінен ғана емес, көбіне білім мен тәжірибе, эстетикалық сезім мен сезік жетпейтіндігінен болмақ. Сол себепті, жекелеген сыншы әділдігін айта алмағанда, оны көп болып айтады. Сөйтіп ақиқат көп талқысына түсіп барып жеңеді» – дей келіп, «Өзін әділ мойындағандай, романдарың көркем әдебиетке қойылатын биік идеялық-эстетикалық талаппен қарағанда, шынында да кемшіліксіз емес. Оны білемін. Сонымен бірге менің сүйсіне білетінім – сенің ізденімпаздығың, ерінбес еңбекқорлығың, зерделі зерттеушілігің» деп, атап өтеді. Содан кейін барып

аты аталған үш шығарманың әрқайсысына айтылған сынның ақ-қарасын ажыратады. Соңында «Қалмұқан! Саған айтар ағалық кеңесім: қай шығармаңа қай сыншы әділ, нақты, дәлелді пікір айтып сынаса, оны төзіммен қабылдап, дұрысына құлақ асып, кемшілігін түзете түссең, творчествоң одан ұта берері хақ» (М.Қаратаев. «Қазаншының еркі бар...» десек те... «Қазақ әдебиеті», 28.03.1980) – деген ойын да білдірген.

Ақын З.Тілеужанов «Махаббат-дастан» өлеңдер жинағының Қазақстан Жазушылар одағы поэзия советінің мәжілісінде талқылануынан жазылған есепке (Ақын. Жинақ. Жауапкершілік. «Қазақ әдебиеті», 12.08.1988) мүлдем қанағаттанбағандығын айтып, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшылығына ашық хат жазған (Демеймін мені мақтасын... «Қазақ әдебиеті», 17.02.1989). Талқылаудан есепті бұрмалап жазды деп айыпталған «Қазақ әдебиеті» газетінің сын бөлімі ашық хатқа «Жариялылық жауапсыздыққа ұласпасын...» («Қазақ әдебиеті», 17.02.1989) – деген тақырыппен жауап беріпті. Газеттің айқара бетінде екі мақаланың қатар берілуі, сыналушының өзіне айтылған сындардың әрқайсысына нақтылы жауаптар беруге ұмтылуы сыншыл ойлардың еркіндігіне, өріс алуына кең жол ашқандай. Әдеби сындағы сыншы мен сыналушының да өз ойларын ашық айтып, пікір таластыруына сол кезде қоғамда жүріп жатқан жариялылық пен демократияландыру үдерісі қолайлы мүмкіндіктер туғызып отырды.

«Социалистік Қазақстан» (05.02.1988) газетінде Ә.Тәжібаевтың «Әдептен озбайық» атты мақала-ескертпесі жарық көрді. Мұнда ақсақал ақын «Қазақ әдебиеті» (29.01.1988) газетінде басылған И.Оразбаев пен Қ.Мырзалиевтің «Ақынды заман туғызады десек...» атты сұхбатында айтылған кейбір пікірлерге дау айтыпты. Әдеби газеттің айқара бетіне тұтастай берілген сұхбаттың «Өліміздің жаманы жоқ...» деп, Абай дана айтпақшы, соңғы кезде тек қыршынынан қиылып көзі жұмылғандар мен ата сақалы аузына түсіп, иегі жағынан бөлініп, жасына жеткендер ғана тұтқаға айналып, ал орта буындардағы көзі тіріміз бен көселігі көкірегінен итерген жасына жетпегендеріміздің «жаманнан аман болмай», шетінен тұтқыш шығып жүрген күйелеш сынайы барға ұқсайды» – деп басталуынан-ақ, Ә.Тәжібаев «Поэзиямыздағы кәделі сыйластығы бар ақындар шоғырын қолдан бөлшектеп, оларды біріне-бірі қарсы қоятын, жазықсыз жандарды топтап алып, өлгенін өлідей, тірісін тірілей балағаттайтын бұзақы қылықтарды» көреді.

Әбділданы Қ.Мырзалиев пен И.Оразбаевтың Абай туралы айтқан пікірлерінің артық-кем тұстары қатты қынжылтқан. Әсіресе Қадырға «Абай туралы жеңілтек сөйлеушілер қатарынан сені көргенге өкінемін» дейді. Пікірін «Иә, шындықты айту керек, бар дауыспен айту да керек. Бірақ, еркін сөйлеу ерсілікке, батыл сөйлеу бейбастыққа әкеліп соқпауы керек... Қашанда әдептен озбайық» деп аяқтапты.

Ә.Тәжібаевтың «Социалистік Қазақстанда» жарияланған осы хатын «Қазақ әдебиеті» газеті көшіріп басып (12.02.1988), оған редакция атынан «Тереңнен қозғайық» атты жауап-мақаланы да қоса жариялапты. Әдеби газет өзінің жауабында аға газеттің, ақсақал жазушының беделі алдында бүгежектеп қалмай, өз бағытын қорғап қалуға тырысқан. «Ондағы дау айтқан кейбір пікірлеріңіз бен інілеріңізге деген өкпеңізді орынды деп санаймыз. Алайда талант дегеніміздің өзі талас ортасында ғана өзін-өзі айқындай алады дегенге илансаңыз, онда сол талант иелері есте де періште емес, қасиетті өнерге ұмтылу жолында қателесуі де мүмкін» – деп, әңгіме төркінін әріден бастап, ойды ашық айтып, пікірлесуге шақырады. Жариялылық заманы келгенімен де, халық басынан өткізген небір зұлматтарды өз көздеріңмен көргендеріңмен де әлі күнге дейін ауыз ашпай келесіздер, ал біреулер айта бастаса, тосқауыл қоясыздар деп айыптайды. «Ал әдебиет дегеніміз – қатып-семіп қалған қағида емес, айтыс-тартыс, даудамайы мен пікір таласы толастамас мәңгілік майдан...»

Ш.Әлдибековтің «Бұл қалай?» («Қазақ әдебиеті», 21.03.1980) да хат түрінде жазылған. Ақын-автор өз басынан кешкен фельетонға бергісіз бір жағдайды баяндайды. «Лениншіл жас» газетінің әдебиет және өнер бөліміне өлеңдерін әкелген ақынға редакция қызметкері бұларын жариялауға жарамайды деп қайтарып беріп, «мықты өлеңдер» әкел дейді. Бөлім қызметкеріне көңілі толмаған автор араға бір жеті салып, редакцияға тағы келеді. Бұл жолы өзінікі ретінде Ә.Тәжібаевтың, С.Мәуленовтің, М.Әлімбаевтың, Ө.Нұрғалиевтің мақталып жүрген барлығы жеті өлеңін ұсынады. Сол қызметкер бұл өлеңдерді де жақтырпай, жариялауға ұсынуға болмайды деген пікірін жазып береді. Автор, «Қазақ әдебиеті» газеті осы мақаланы басу арқылы әдеби шығармаларды жариялау істеріндегі жең ұшынан жалғасушылықты, туындының тағдырын кездейсоқ адамдардың кездейсоқ шешетіндігін сынға алған.

Б.Әлімжановтың «Дәлдік пен дәйектілік қажет» («Қазақ әдебиеті», 25.01.1980) атты мақаласы «Құлаққағыс» түрінде басыпты. Мұнда «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Ақсауыт» (1977, екі том), «Ғашық-наме» (1976, 1979) жинақтарында кеткен ала-құлалықтар, кемшіліктер сөз болған. Кей сөздердің грамматикалық тұлғада дұрыс жазылуын көтереді.

Жазушы Б.Аманшин Ғ.Мүсіреповке хат жазып, мәтінтану мәселесін көтерді. Әсіресе, Абай, Махамбет өлеңдеріндегі талас тудырып келген кейбір сөздерге назар аударады. Осы ретте Махамбет өлеңінде кездесетін мына бір сөз «ереулі» ме, «ерулі» ме, «ереуіл» ме, «ереулі» ме деп, нақтылы сұрақ қояды. Өзі «еруліні» дұрыс көреді. Ғ.Мүсірепов жауап хатында «еруліні» қолдаған. Қ.Жұмалиевтің «ереулісін», З.Қабдоловтың «ереуілін» жөн көрмеген.

«Ал, Зейнолла Қабдолов «Ереулі» де емес, «ерулі» де емес, «ереуіл» деп жазуды ұсынса, бұнысы тіпті ақылға қонбайды» («Жұлдыз», 1983, №1, 184-бет) – депті.

Қоғамда жүріп жатқан қайта құрулар мен жариялылық лебі әдеби ой-пікірге де қозғау салды. Кеңес үкіметімен бірге жасасып келе жатқан социалистік реализм әдісінің кейбір қатып қалған қағидаларынан шығаратын жаңа жолдар ізделе бастады. Одақтық әдеби сында бастау алған мұндай пікір алысулар қазақ баспасөзінде де жалғасып жатты. «Әдебиетте тоқырау болды ма?» – деп, мәселені төтесінен қойған Айгүл Ісімақова «Рас, республикада экономикалық, саяси және әлеуметтік тоқырау болғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Бірақ соның салдарынан әдебиет те еш дамымай, тоқырап-тоқтап қалды деген пікір асығыс айтылған» («Жалын», 1989, №2) – деп жазды. Ол «Көпұлтты совет әдебиетін зерттеу методологиясының көптеген принциптері тарихи тұрғыдан алғанда негізсіз» санайды.

Қазақстан Жазушылар одағының сын советі мен «Қазақ әдебиеті» газетінің ұйымдастыруымен «Социалистік реализм және бүгінгі өмір» атты үлкен мәжіліс өтті. Онда С.Қирабаев, Х.Әдібаев, З.Ахметов, Ж.Ысмағұлов, Т.Әбдіков, Қ.Жұмаділов, З.Қабдолов, Ә.Нарымбетов, М.Қаратаев, С.Шәймерденов, т.б. осы мәселе төңірегінде өткір пікір алысты. Мәжілістің материалдары «Қазақ әдебиеті» (25.01.1991) газетінде айқара бетте жарияланды.

Пікір алысуды С.Қирабаев бастады. Ол өз баяндамасында кейінгі кездерде «өткендегінің бәрін, совет үкімет жылдарында іске асқан жетістіктерді жаппай жоққа шығаруға тырысушылық» бар екенін айта келіп, «Бізді шатастырып отырған жайдың бірі – социалистік реализмді совет әдебиетінің бірден-бір әдісі есебінде танудың қателігі» – деген ойды ортаға көкпар ғып тастады. Ол «Бізде кейінгі жылдары социалистік реализмді жоққа шығару, әдебиет саласындағы олқылықтардың бәрін содан көру, сөйтіп одан безіну сияқты пікірлер жиі жазылып жүр. Шындығында, бұған социалистік реализм кінәлі емес» – деген пікір айтты. Осы пікірді Х.Әдібаев «Социалистік реализм тәсілінің басты кемшілігі – ой-сезім, қиялды қалыпқа салып, бой жаздырмай өнер адамының бәрін бір түсті, біркелкі роботқа айналдыруында деп ойлаймын. Қиялға қанат, ойға самғау жоқ жерде өнер қайдан көгілдір көкте шарықтасын» – деп, жалғастырыпты.

Академик З.Ахметов «Біз қаншама сын тезіне салғанымызбен, социализмнен құтыла алмаймыз. Одан да социалистік реализмнің жаңа замандағы көрінісі қандай болуы керектігін айқындап алу керек» – деп, әдебиеттегі олқылықтарды социалистік реализмнен емес, жазушылардың қандай әдіске бой ұрғанынан, саясаттың әсерінен көреді. Ж.Ысмағұлов та негізінен осы пікірді қолдап, әдебиетті дағдарысқа ұшатқан социалистік реализм емес, «аты шулы эміршілдік-әкімшілік жүйенің асыра сілтеулері... Өу басында дұрыс ой, ізгі ниеттен туған ол бағдар оңды-солды бұрмаланып, ақырында партиялық аппараттың қолшоқпары болып алды» – деді.

Жазушы Т.Әбдіков «Өмір шындығын қаншалықты әділ, қаншалықты тура жеткізе білді – әдебиеттің құны сонысымен өлшенуге тиісті... Бірақ сол шындық соцреализм тудырған әдеби шығармаларда көрінді ме? Көрінді, бірақ мүлде керісінше, халқымызды ұшпаққа жеткізген, бақытқа кенелткен дәуір боп көрінді. Бұл – шындықты бұрмалау деген сөз... Ал әдебиеттің партиялылығы деген қағида біздің әдебиет туралы түсінігіміздегі ең үлкен қате болуға тиісті. Әдебиет ешқандай партияның саяси қаруы ия қолжаулығы бола алмайды» – деген пікірін айтты.

Қ.Жұмаділов социалистік реализмнің «дайын қалып, дайын рецептпен» «Өмір шындығын боямалап көрсететін, тек табыстарды ғана жырлайтын жалаң идея, жалған плакатқа құрылған дарынсыз сұрқай шығармаларды» қапталғанын айта келіп, «ескі сұрлеуден бас тартып, оқулықтарды қайта қарайтын уақыт жетті. Әсілі, әдебиет тарихы партия съездерінің

ауқымындағы саяси ұрандармен емес, ұлттық сананың жаңғыру кезеңдерімен межелеуге тиіс» – деген ұсыныс айтты. Ә.Бөпежанова да «Қазақ әдебиетін мектептерде қазіргі принциппен оқытуға болмайды. «Қазақ әдебиеті тарихы» емес, «Қазақтың әдеби тарихы» бар шындығымен қайта жазылуы міндет» – санайды. Ә.Нарымбетов «Әдебиеттің тарихын қайта қарау – қазіргі таңдағы басты борышымыз» – деді.

Академик-жазушы З.Қабдолов «Социалистік реализм керек пе?» – дегенді «парықсыз сұрақ» деп біледі. Өйткені, «Реализм – әдебиеттегі шындықтың синонимі. Шындық жоқ жерде әдебиет бола ма?» Оның ойынша, бар мәселе – шеберлікте: «Шынайы шыншыл шығарма әлдекім өлшеп-пішіп қалыпқа айналдырған «әдістен» тумады, керісінше, әдіс туралы ұғым мен тұжырым шебер жазылған шығарманы шебер талдаудан туады».

Академик М.Қаратаев «социалистік реализмді мансұқ қылғандар – әдебиеттен, оның әдісінен, теориясынан хабары жоқ, айқайшы белсенділер, аты шықпаса жер өртейтіндер» – деді. Ол «рас, социалистік реализм мінсіз, мүлтіксіз таза құбылыс дей алмаймыз», оған кі-нәлі әдістің өзі емес, «оның негізгі принциптерін (халықтық, демократиялық, адамгершілік) теріс айналдырған сталиндік, партиялық үстемдіктің зорлықшыл, әміршіл саясаты» – деген пікір білдірді. Ол «бұрмаланған бүгінгі әдістің зиянды салдарын анықтауға», «әдеби процесті терең зерттеуге, пайымды талдауға», «теориялық, методологиялық тұрғыда әдеби құбылысты пайымдауға, ненің не екенін түсінуге, ұғынуға» шақырды.

Жазушы С.Шәймерденов бірден М.Қаратаевтың пікіріне қарсы шықты. Мұханның социалистік реализмді қорғаушылардың бірі болып келгендігін бетке басып, «Ал, Мұқа, сіз шығармалар жинағыңызды ұсына қалсаңыз, оқырмандарыңызды өзіңіз пір тұтқан «әдісіңізбен» «қаруланған» дүниелеріңізден басқа немен қуантар едіңіз?» – деген ауыр сауал тастады.

Сөйтіп, социалистік реализм әдісі туралы талқылауда бірнеше пікір бой көрсетті. Бұл әдіс бізге керек, оның кемшілікті жақтарынан арылсақ, қолдана беруге болады деген пікірмен қатар оған мүлдем қарсы шыққандардың да болғанын көреміз. Сонымен бірге осында айтылған басты мәселе әдісте емес, шығармашылық шеберлікте» (З.Қабдолов) деген пікірге жиынды қортындылаған С.Қирабаев қатысушылардың назарын аударған.

Ф.Оразаев «Реализм үшін дауыс берем» («Қазақ әдебиеті», 15.02.1991) – деді. Ол реализм, социалистік реализм туралы айта келіп, «Қорыта айтқанда, өткенге салауат, соцреализм деп бұрын зерттеп, сөз етіп келгеніміз сол өткен шақ күйінде қала берер. Сен солай едің деп жағандан алып, көзге шұқып қайтеміз, онсыз да көзімізге шұқылап, көзтүрткі болып жүргеніміз аз емес қой. Ендігі мәселе бүгінгінің, ертеңгінің қамы болса керек. Қандай бір теория болмасын, ол қол-аяқты байлап-матайтын болса, ой, идея еркіндігіне кедергі келтірер болса, ол кімге керек?!.. Өз басым реалистік әдебиет, реалистік әдебиеттану ғылымы, сыны үшін дауыс беремін» – деген пікірін білдірді.

Ш.Елеукеновтің «Социалистік реализмнен бас тартамыз ба?» («Ақиқат», 1991, №10) тақырыбындағы мақаласы да осы бір әдіснамалық тұрғыдан аса маңызды мәселенің ғылыми, шығармашылық жақтарына кеңінен тоқталды. Ол қоғамның өзгеруімен бірге «күні кеше аузымен құс тістеп тұрған социалистік реализм әдісі де бүгіндер өзін туғызған әкімшілік-әміршілдік системамен бірге аты өше бастағандай» болғанымен де қазақ әдебиетінің озық туындыларының осы кездерде өмірге келгеніне назар аударады; «оның ішкі заңдарын терең сезінген талант талай асыра сілтеулерге оншалықты бой алдыраған жоқ». Ғалымның пайымдауынша, «кілтпап қағиданың екінші бөлімінде дер едім мен. Өйткені онда шарт қойылады: не жазсаң да оны иіп әкеліп, еңбекшілерді идеялық жөнінен қайта өзгертіп, социализм рухында тәрбиелеуге бағыштауың керек. Яғни, социалистік реализм шығармасы оқушыны социалист, коммунист етіп баулуы тиіс. Іс жүзінде бұл әмірлі талап неге әкеліп соққанын бәз жақсы білеміз». Шерияздан «социалистік реализмнің ірі туындылары әдебиет тарихынан тиісті орын алатыны даусыз. Бұл әдістің келешегі, әрине, еліміздегі социализмнің бұдан былайғы тағдырына көп байланысты болатыны күмән келтірмеске керек. Меніңше, қазір қалай сыналып-мінеліп жатса да социалистік идеал, коммунистік мұрат алдағы уақытта да адамдардың ой-сезімін тербеп, адамдардың санасына қанат бітіреді... Сөз жоқ, социалистік идеал құрымайды, оны бұрмалау құриды. Сонымен бірге жалған, жасанды шығармалар жойылады» – деп біледі. Қоғамдық өмірді жаңғырту мақсатында жүргізіліп жатқан қайта құру, жариялылық, демократияны жетілдіре түсу саясаты сексенінші жылдардың соңына қарай қарқын алып, әлеуметтік-

мәдени өмірге айтарлықтай өзгерістер әкелді. Өткеннің әдеби мұраларын, жазықсыз жазауға ұшыраған қоғам, мәдениет, әдебиет қайраткерлерін ақтау мәселесі көтеріле бастады.

Жазықсыз жазаланғандардың ішінде алдымен ақталған Шәкәрім Құдайбердиев болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті «Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» арнайы мәселе қарап, әдеби және ғылыми жұртшылықтың тілегіне орай құрылған комиссияның оны ақтау туралы ұсынысын қабылдады. Қаулыда «Шәкәрімнің әдеби творчествосы идеялық-тақырыптық мазмұнының ауқымдылығымен, әсерлі де көркемдік қуатының молдығымен ерекшеленді. Жалпы алғанда, оның творчестволық мұрасы мол да, мағыналы да және ол ХІХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен ерекше орын алады. Бұл мұра ұзақ жылдардағы «үнсідік» пен нақақ жаладан кейін халыққа оралуға тиіс» – дей келіп, «ұлы Абайдың талантты шәкірті және оның реалистік дәстүрін жалғастырушы Шәкәрімнің шығармаларын сыншылдық тұрғыдан қарай отырып игеру, сөйтіп оларды халыққа жеткізу жөнінде оның «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» және «Мұсылмандық шарты» аталатын кітаптарынан басқа барлық шығармалары еңбекшілер тәрбиесіне зардап тигізерлік зиянды идеялардан мүлдем ада екені өз алдына, олардың қоғамымызды рухани байыту ісіне, оның гуманистік және адамгершілік мұраттарын бекітуге қызмет ететіндігін» атап өткен («Қазақ әдебиеті», 15.04.1988).

«Қазақ әдебиеті» газеті Ш.Құдайбердиевті ақтаған қаулымен бірге Қ.Мұхамеджановтың «Шәкәрім» атты көлемді мақаласын да қатар жариялапты. Қазақ әдебиетіндегі Абай мектебінің білгір зерттеушісі Шәкәрімді «Абай шәкірттерінің ішінде көп жасағаны да, көп жазғаны да – Шәкәрім. Ол – әрі лирик, әрі эпик ақын және прозаик, ол – композитор және музыкант, орыс және шығыс классиктерімен қазақ оқушыларын таныстырған шебер аудармашы, ол – терен ойшыл әрі бармағынан мөрі тамған сегіз қырлы өнерпаз – үлкен мәдениет қайраткері» – деп бағалаған. М.Мағауиннің «Абайдың ақын інісі» («Жұлдыз», 1988, 8) атты көлемді мақаласында да Шәкәрімнің азаматтық тағдыры, шығармашылық қырлары кеңінен әңгімеленді.

Т.Кәкішев «Қағидаға айналған қателер түзелсе» («Жұлдыз», 1987, №11) – деп, қазақтың мәдени-әдеби тарихында коммунистік партиялық саясатты жүргізудің салдарынан орын алған кемшіліктерді жоюға шақырды. Ғ.Есім «Жаңаша ойлау – диалектикалық ойлау» («Жұлдыз», 1987, №10), «Жаңаша ойлау және «әдебиет»» («Жұлдыз», 1988, №8), Б.Дәрімбетов «Әдеби мұраға қиянат болмасын!» (Алматы ақшамы», 1.09.1988) мақалаларын жазып, әдебиетке бүгінгі күн талаптары биігінен қарау мәселесін көтерді. Осылардың ішінде Р.Бердібаев пен М.Базарбаевтың алғысөзімен газеттің «Жариялылық мінбесі» айдарында «пікір алысу ретін де» жарияланған Батырханның мақаласы мәселені батыл, өткір қоя білуімен көзге түсті. Автор қазірге дейін Қазақстан тарихын, қазақ әдебиетінің тарихын ескі көзқараспен қарастырып келе жатқанымызды төзгісіз жағдай санай отырып, алаш әдебиетін, оның ішінде М.Жұмабаевты ақтау мәселесін көтереді. Мағжанның ақталуына С.Мұқановтың 1932 жылы жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінде тұжырымдалған үстірт тұжырымдардың күні бүгінге дейін кедергі келтіріп, керек десеңіз, жалғасып келе жатқандығын қатал сынға алған.

Б.Қойшыбаевтың Қазақ ССР Жоғарғы сотының төрағасы Тамас Қалмұхамбетұлы Айтмұхамбетовпен сұхбатында депрессия жылдарында жазалы болған құрбандарды ақтау мәселесі көтерілген. Жоғарғы сот төрағасының сөзіне қарағанда, «Еліміздегі қайта құру процесі, қоғам өмірін жаппай демократияландыру және кең өріс алған жариялылық 30–50-жылдардағы заңсыздықтарды түгелдеу ашуға қолайлы жағдай туғызған» («Қазақ әдебиеті», 9.12.1988); «Халық жауы» атанып, жазаланғандардың істерін қайта қарау жөнінде беделді комиссия құрылған. «Қылмыстық істері» қайта қаралып жатқандардың қатарында А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, т.б. есімдері аталған.

Көп ұзамай-ақ Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті «Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» қаулы қабылдады. Орталық Комитет осы үш қаламгердің әдеби мұрасын зерттеу жөніндегі комиссияның оларды барлық жағынан ақтаған «қорытындысын» қабыл алды. Қаулыда мынадай жолдар бар: «Жазықсыз жазаға ұшырап, республикада отызыншы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, социалистік заңдылықты бұзудың құрбаны болған аса көрнекті қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың, ірі ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсыновтың, қазақ романының негізін салушылардың бірі белгілі лингвист, ақын-аудармашы Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасын

зерттеген комиссияның жұмыс қорытындыларын қарай келіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы комиссияның М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың және Ж.Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметі туралы тарихи шындықты толық көлемінде қалпына келтіру, олардың жеке шығармаларын, баспасөзде көрсетілген қателіктері мен уақытша адауларын сын тұрғыдан зерделеу жөніндегі тұжырымдарымен келісті...» («Қазақ әдебиеті», 06.01.1989). Сонымен бірге ақталған қаламгер туралы мақалалар жариялап, оларды жұртшылыққа кеңінен таныстыру, насихаттау жұмыстарын жүргізуді, таңдамалы шығармаларын басып шығаруды тиісті орындарға міндеттеді.

Баспасөзде осы қаулымен бірге «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың творчестволық мұрасын зерттеу жөніндегі комиссиясының қорытындысы» да қоса жарияланды. «Қорытындыға» қол қойған отыз екі комиссия мүшесінің ішінде Т.Әбдіқов, Ә.Әлімжанов, З.Ахметов, М.Базарбаев, С.Байжанов, Г.Бельгер, Р.Бердібаев, Ш.Елеуенов, М.Қаратаев, Ә.Кекілбаев, С.Қирабаев, М.Мағауин, Р.Нұрғалиев, Ш.Сәтбаева, М.Сқақбаев, Ә.Тәжібаев, Ә.Шәріпов сынды қаламгерлер бар.

Бұл қаулыда тағы да бір алаштың азаматы Міржақып Дулатовтың есімі кездеспейді. Ол халық батыры Амангелдінің қазасына қатысы бар деген күдікпен қалып қойған болатын. Көп ұзамай-ақ М.Дулатов та ақталып, әдебиетімізге қайта оралды. Оны ақтаған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының шешімі баспасөз бетінде жарияланды («Қазақ әдебиеті», 28.07.1989). М.Дулатовтың өмір жолына, шығармашылығына, өмірлік ұстанымына сыпаттама берген комиссияның қорытындысында мынадай жолдар бар: «Ұзақ жылдар бойы шығармашылық мұрасы нақақтан ауызға алынбай, алына қалса буржуазиялық-ұлтшылдық рухта, немесе Совет үкіметіне қарсы бағытта деп теріс бағаланып келген Міржақып Дулатов Октябрь мен Азамат соғысы кезінде қарсы жақта болғанымен, кейіннен өткеннен қол үзіп, еңбекшіл халық жағына шыққан қазақ интеллигенциясының қатарында болды».

Қазақ әдебиетінің өткендегі тарихын зерттеуде жіберілген қателіктерді қалпына келтіруді көздеген тағы бір аса маңызды құжат – «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30–40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының қорытындысы» («Қазақ әдебиеті», 15.12.1989) қабылданды. Осы қаулы бойынша, ұлттық, діни бағытта болғандығы үшін ғана қуғын көрген, немесе шығармалары «халыққа жат» саналынған бірсыпыра ақын-жазушылар, әдебиет зерттеушілері ақталды; ауыз әдебиетінің озық үлгілері халқына қайта оралды.

Қаулыда былай делінген: «Қайта құру, жариялылық және қоғамды демократиялық жаңғырту жағдайында жеке басқа табыну кезеңіндегі дүмшелікпен жадағай теріске шығару мен халық тарихын зерттеу мәселелерінде тоқыраушылық тежеу салдарын батыл түрде жою қажет. Осынау өзекті міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Комиссиясы төменде аталатын партиялық документтердің күшін жою қажет санайды: ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің мәдениет және насихат бөлімі мен Қазақстанның марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» түсіндірме-хаты (10.01.1932), сондай-ақ Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел қателіктер туралы» (21.01.1947), «Қазақстан совет жазушылар одағының жұмысындағы үлкен қателіктер мен кемішіліктер туралы, оларды жою жөніндегі шаралар туралы» (17.08.1951), «Социалистік Қазақстан» газетінде «Көпеев – ұлтшыл, діндар ақын» деген атпен жарияланған мақала туралы» (10.12.1952), «Қазақ әдебиеті антологиясының жаңа басылымы туралы» (07.01.1953) және «Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысы туралы» (01.08.1953) қаулылары» («Қазақ әдебиеті», 15.12.1989).

Сондай-ақ кезінде С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, С.Бегалиннің, Қ.Аманжоловтың, Қ.Әбдіқадыровтың, А.Тоқмағамбетовтің, Ж.Сыздықовтың, Ә.Тәжібаевтың, Ә.Әбішевтің жеке-леген шығармаларына тағылған кінәлар да алып тасталынды. Қазақ әдебиетінің сыны мен ғылымына елеулі еңбек сіңірген М.Әуезовтің, Қ.Жұмалиевтің, Е.Ысмайыловтың, Т.Нұртазиннің, Ә.Қоңыратбаевтың, Ә.Мәметованың кейбір еңбектеріне тағылған сындар да негізсіз деп табылды.

Тоталитарлық заманда жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтаған қаулыларда олардың өмірі мен шығармашылығын өмір сүрген дәуірімен тұтастай терең зерттеп, түбегейлі

саралау міндеттерін алға қойды. Ә.Меңдекенің «Өзінді өзін таны» тақырыбындағы мақаласы «Тарихымызды таразыласақ» айдарымен берілген. Автор халық аузында жүрген Мүйізді Өтеген айтыпты деген «Жұт – жеті ағайынды болса, апат – алты ағайынды. Бірінші апат – алауыздық, екіншісі – содырлық, үшіншісі – қорқақтық, төртіншісі – бақастық, бесіншісі – бейғамдық, алтыншысы және ең жаманы – шыдамсыздық» деген даналық сөзін келтіре отырып, әңгімені осының алтыншысынан бастап, ары қарай өрбітіп әкеткен: «Жадысыздыққа жол бермеуіміз үшін азаматтық тарихымыздың, әдеби-мәдени тарихымыздың өн бойындағы өнегелі ісімізге де, өкінішті ісімізге де, кесек ісімізге де, кеміс ісімізге де ұдайы оралып отыруымыз – шарт. Өткенімізге «өтті-кетті» деп құлықсыз қарауға ешқайсымыздың хақымыз да, құқымыз да жоқ. Тарихымыздың тағылымдық мәнін айқындайтын және сол арқылы өсер ұрпақты пайымсыздықтан, парықсыздықтан сақтандыратын, аяғын жаңсақ басудан қорғайтын киелі күш – ақиқат, тек қана ақиқат» («Қазақ әдебиеті», 05.01.1990).

Әмірхан өткен тарихымызда орын алған келеңсіз жағдайлардың, ұлтжанды қаламгерлердің құғын көруінің шындығын айтуға шақырады. Шынайы шындықты айту арқылы барып, өзімізді өзіміз танимыз, «кешегіміз түгенделмей, бүгінгіміз бүтінделмейді» (Қошқе Кемеңгеров) деген ой түйеді.

Тарих ғылымдарының докторы Талас Омарбеков мақаласында «Сталин қайтыс болғаннан кейінгі онжылдықтың жылуы мен тұманына» тоқталды. Оның пайымдауынша, осы кездерде «интернационализмге адал екендіктерін іс жүзінде дәлелдеуге тырысқан кейінгі республика басшылары да Брежневтің «Лениндік бағытынан» айнымады. Дегенмен, 50-ші жылдардың екінші жартысында кезінде қудаланған ұлттық интеллигенция өкілдерін бағалауға жол ашылды. Мысалы, Б.Кенжебаевтың, М.Қаратаевтың, Б.Шалабаевтың, Т.Нұртазиннің табысты еңбек етіп жүргені айтыла бастады. Е.Ысмайыловтың «Ақындар» кітабына, Т.Нұртазиннің «С.Мұқанов» атты еңбегіне заңды да лайықты бағалар берілді. Қ.И.Сәтбаевтың, М.О.Әуезовтің Лениндік сыйлықтарға ие болуы өткендегі өкініштердің орнын толтырғандай еді» (Т.Омарбеков. Жылымық. «Лениншіл жас», 19.01.1990). Мақалада елуінші және алпысыншы жылдардың ортасында орын алған жылымық одан кейінгі кездерде жалғаспай қалғандығына назар аударады. «Алда тоқыраудың тұңғыық толқындары, әміршіл, әкімшіл әдісті қайтадан жарыққа шығармақ болып, буырқана тулап жатты» (сонда).

Алаштың арыстары ақталған соң, олардың өмірі мен шығармашылығымен таныстыруды мақсат тұтқан материалдар баспасөз бетінде жүйелі түрде беріліп тұрды. «Қазақ әдебиеті» газеті ақталғандарға тұтастай номер, беттер арнады. Осы газеттің 1988 жылғы 22 желтоқсандағы санында Ж.Аймауытовтың 1928 жылдың 3-нші қаңтарында өз қолымен жазған автобиографиясын, С.Құдаштың «Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев», М.Әуезовтің «Аханның елу жылдық тойы» мақалаларын берген. Осы газеттің жаңа жылдық номерінде М.Жұмабаевтың өлеңдерін айқара бетке, сондай-ақ Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесін (Қ.Мұхаметжановтың анықтамасымен), А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақынын» жариялаған. 6-шы қаңтарда алаш ардагерлерін ақтаған қаулымен бірге М.Жұмабаевтың «Ақан сері», Ж.Аймауытовтың «Аударма туралы», «Сұңқар жыры», сонымен қатар С.Шәймерденовтің, Р.Сыздықованың, Р.Нұрғалиевтің мақалалары басылған. Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласын да оқырмандарға таныстырған осы газет («Қазақ әдебиеті», 20.01.1989).

Осы кезде жарық көрген Букетов пен Қарасартовтың «Білмедім Шәкәрімді кім атқанын» («Қазақ әдебиеті», 10.02.1989), Ә.Меңдекенің «Ұлтшылдық дедік не үшін?» («Қазақ әдебиеті», 03.03.1989), Қ.Мұхамеджановтың «Құдай» деген сөзден құдай сақтасын» («Қазақ әдебиеті», 17.03.1989), «Міржақып Дулатов» («Қазақ әдебиеті», 28.07.1989), Ғ.Мұстафиннің «Сыр дәптері» («Қазақ әдебиеті», 14.04.1989), Р.Нұрғалиевтің «Алып бәйтерек» («Қазақ әдебиеті», 21.04.1989), Қ.Мырзалиевтің «Құлшыну мен тұншығу» («Қазақ әдебиеті», 28.04.1989), Ә.Әбішевтің «Жан сөзі» («Қазақ әдебиеті», 28.04.1989), Б.Қойшыбаевтың «Ә.Бөкейханов» («Қазақ әдебиеті», 09.06.1989), Г.Бельгердің «Аймауытов айшықтары» («Қазақ әдебиеті», 30.03.1990), Б.Бегалиевтің «Аймауытовтың бүркеншік аттары» («Қазақ әдебиеті», 30.03.1990), З.Ақышевтің «Жүсіпбек және оның Қартқожасы» («Жұлдыз», 1990, №8), Д.Ысқақовтың «Ақбілек әлемі» («Жұлдыз», 1990, №8), «37 жыл ойраны» («Жалын», 1991, №1), Б.Әбдіғазиевтің «Ақынның асқақ үні» («Жалын», 1990, №5), Д.Досжановтың «Байтұрсынов қалай айыпты болды?» («Қазақ әдебиеті», 17.05.1991), Д.Әшімханұлының «Жүсіпбектің сыншылығы туралы»

(«Қазақ әдебиеті», 29.11.1991), Қ.Жүсіповтің «Мағжанның шеберлігі» («Жұлдыз», 1991, №11), Ж.Ысмағұловтың «Міржақып Дулатов туралы сөз» («Жұлдыз», 1991, №2), Ш.Елеу-кеновтің «Мағжанның алғашқы сотталуы» («Жұлдыз», 1991, №4), Ш.Елеу-кеновтің «Сағындырған сұлу жыр» («Социалистік Қазақстан», 21.12.1989), М.Мағауиннің «Сөз нарқы – өлең өрнегі» («Қазақ әдебиеті», 24.08.1990), М.Базарбаевтың «Шәкәрім ақын» («Жұлдыз», 1989, №12), Б.Сарбалаевтың «Бес бәйтерек» («Қазақ әдебиеті», 23.7.1990) т.б. мақалаларында алаш қайраткерлерінің тұлғасы қазақ әдебиетінде жарқырай түсті.

С.Сәдуақасовтың «Әдебиет әңгімелері» («Қазақ әдебиеті», 12.05.1989), Қ.Кеменгеровтың «Көркем әдебиет туралы» («Қазақ әдебиеті», 21.07.1989), Ш.Құдайбердиевтің «Қазақтың қайдан шыққаны» («Қазақ әдебиеті», 14.09.1990), М.Дулатовтың «Қазақ тілінің мұны» («Қазақ әдебиеті», 28.07.1989), т.б. туындылары баспасөз бетінде оқырмандарымен қауышты.

«Жалын» журналы «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы» айдарымен М.Дулатовқа (1989, №5), Ж.Аймауытовқа (1989, №3), С.Сәдуақасовқа (1990, №3), т.б. арнап топтама материалдар берді.

Г.Бельгер «Аймауытов айшықтары» дегенде, оның тіл көркемдігін айтып отыр. Ол «Қазақтың түпсіз-тұңғыш сөз байлығын аямай, емін-еркін қолданған Аймауытов творчествосының озық үлгілерінен біз үйренетін тағылым-тәрбие де аз емес. Әсіресе, сөз деген шіркінді орайын келтіріп, орнын тауып қолданған жағдайда мұның күдірет-күші әлемет екенін Абайдан, Әуезовтен кейін мен енді міне, Аймауытовтан көріп отырмын. Мен өзімді қазақ жазушыларының бар-бар шығармаларын көз бен көңілден өткізген, анау-мынауға селт етпейтін кәркесте оқушы санаймын. Шынында да, қазір анау-мынаумен бізді таң қалдыру қиын да. Ал Аймауытовты оқығанда, еріксіз таң қаласың. Аймауытовтың әсіресе сөз кестесі, айшықты әшекей тілі кәркесте оқушының өзін бірден баурап, үйіріп әкетеді. Шын мағынасында, эстетикалық ләззат алып, шынайы сезімге бөленесіз...

Аймауытов прозасындағы психологиялық иірімдер, ішкі монологтар, сюжет құру сипаты, тұлғаны мүсіндеу, сомдау тәсілі, композиция жасаудағы зерделілігі – оның өз заманының озық үлгілі хәм мәдениетті, аса ірі реалист суреткер екеніне бірден бір айғақ» («Қазақ әдебиеті», 30.03.1990) – деп жазады. Жүсіпбектің тіл жауһарларынан көптеген мысалдар келтіре отырып, оның шын мәніндегі сөз зергері болғанына көз жеткізеді.

М.Әлімбаевтың «Мағжанды оқығанда» атты эссесі ақынның халқына қайта оралған Мағжандай ақынның рухы алдындағы жан толғанысы іспеттес. Бүгінгі күннің ақыны қазақтың ұлы ақынының шығармашылығы жайлы тебірене сыр шертеді; ақындық күдіретіне таң қалады. Мысалы, М.Жұмабаевтың «Еділде» өлеңін «Түрлі-түсті фильмге түсірілген ашық бояулы пейзаж – өзенді-өлке, орман-тоғай, жасыл бел, жасанған дала! Басқаша бағалауың мүмкін емес. Бәрі де етене, ежелден ыстық, көз жауын алар шырайлы штрихтер, өмір-тірлік үзіктері! Кемел көркемдік! «Сүтке тойған марка», «Түйір-түйір малта», «Қылмындаған қалқа», «Мойнындағы алқа» қыздан басқа жерден таппайтын сұлу сурет» («Жалын», 1990, №5) – деп бағалапты. Осы сияқты Мұзафар ақын өзіне ұнаған өлеңдерін келтіріп отырып, жүрек-жарды пікірлерін білдірген.

«Мағжанды оқығанда» мынадай ойлармен түйінделген: «Таудай талант Мағжан – қазақ халқының күнгірт тартпас мәңгілік мақтанышы, ол әрі көптің жүрек жарасындай ұмытылмас өкініш – қасіреті... Жоғалып барып, қайта табылған ұл – әке-шешесіне қандай қымбат?! Ал ақынмен ақын ұл қайта тіріліп, қатарға қосылса, халқы үшін қандай аяулы?!»

М.Неталиев «Біздің қауіптенгеніміз...» («Қазақ әдебиеті», 14.09.1990) атты мақаласында М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың шығармаларының алғашқы томдарын басып шығарған ұйытқы топтың жетекшісі ретінде өз ойларын ортаға салыпты. Мағжанның таңдамалы томын дайындағанда, «оның кейбір, тым батылдау жырлары мен жеке жолдарын, сөздерін» оған сөз келмесін деген ниетпен кіргізбепті. «Орал», «Шын айт», «Ақсақ Темір сөзі», «Жазды күні қалада», «Жер жүзін топан басса екен», «Адастым», «Еңбек өлім жан қанатын қиятын», «Шойын жол», «Төбет» өлеңдері, «Оқжетпестің қиясында» поэмасы осындай себептермен жинақтан қалып қойған. Сол сияқты «Қазағымдағы» «хохолдар» сөзі «біреулермен» ауыстырылған. «Пайғамбар», «Орал тауы», «От», «Түркістан» өлеңдері де осындай себептермен қысқартуларға ұшыраған. Мағжанның, Ахметтің, Жүсіпбектің, Шәкәрімнің шығармалар жинақтарын әзірлеу барысында көптеген мәтіндік мәселелер туындаған, стильдік селкеуліктерді, әріп, тыныс белгісі қателіктерін жөндеуге тура келген. Бұл мәселеде алдағы уақыттарда да шешімін табуы тиіс мәселелер баршылық.

Х.Абдуллин М.Неталиевтің мақаласына орай өз пікірін білдірді. Ол әңгімесін «Осыдан 29 жыл бұрын қазақ жырының дүлдүлі жайында Мәскеуге өтініш жазып, ақтау қағазын қолыма алған мен едім» – деп бастап, ары қарай Мағжан өлеңдерінің басылып шығуында кеткен кемшіліктерді көрсеткен. Ол ақынның кітабына Мағжанның «Өмірбаянын мен жазған едім, бірақ амал қанша, «өз жазғанымды» өзім оқи алмай, «өз сөздерімді» өзім түсіне алмай, «Жазушы» баспасының «қамқорлығы» арқылы сауатсыздар тобына қосылғаныма қатты ренжідім» – депті. Кітапта кеткен көптеген кемшілік-қателіктерді тізіп, оның ішінде кейбір өлеңдерінен өткір пікірлі жолдарының түсіп қалғанын айта келіп, «Бұл – жәй ғана өлең жолдарын алып тастау емес, Мағжанның өзін өмірден, тарихтан алып тастау деген сөз! Мағжан осындай ерлікке, өжеттікке, білгірлікке толы өлеңдерімен ғана Мағжан! Мағжанды аспанға өрлеткен де осы сияқты тарихи шындықты суреттейтін өлеңдері!» («Қазақ әдебиеті», 11.01.1991) – деген.

Хамзаның мақаласында «Мағжан эпикалық ақын еді» дегені үшін сыналған Ш.Елеуенов осы көтеріліп отырған мәселеге орай «Күзеу де, түзеу де қажетсіз» («Қазақ әдебиеті», 01.02.1991) деген тақырыппен жауап беріпті. Көлемді мақалада автор өзінің мұндай сөзді айтпағанын, тек «ол эпикалық құлашы кең ақын еді» дегенін ескертіпті. Шерияздан Х.Абдуллиннің көптеген пікірлерін дәйексіз деп тапқан. Әсіресе, оның Мағжанның жары Зылиха туралы жазғандарына реніш білдірген.

Ақталған арыстардың әдеби мұрасын игеру, насихаттау мақсатымен түрлі жиындар өтіп жатты. Сондай жиындардың бірі Қазақстан Жазушылар одағының ұйытқы болуымен ұйымдастырылған ғылыми конференциялар еді. Шәкәрім Құдайбердіұлына арналған теориялық-практикалық конференцияда оның дастандары жайлы Т.Молдағалиев, «Түрік, қырғыз, қазақ, һәм хандар шежіресі» хақында Қ.Мұхаметжанов, лирикасы жайында С.Жиенбаев, өлең құрылысы туралы М.Мағауин, аудармасы турасынан Ә.Жұмабаев баяндаған. Конференцияның материалдары «Даналы сөздің дарасы» деген ортақ тақырыппен «Қазақ әдебиеті» газетінде (25.05.1990) жарияланды.

Осындай бір конференция А.Байтұрсыновқа да арналды («Сөз арқауы – Ахмет. «Қазақ әдебиеті», 20.07.1990). Онда С.Қирабаев, Р.Сыздықова, З.Қабдолов, Ж.Ысмағұлов баяндама жасап, Ахметтің алаштық шығармашылық болмысын жан-жақты сыпаттап берген.

«Қара сөздің хас шебері» Ж.Аймауытовтың да шығармашылығына арналған конференция өтті. Конференцияда С.Мұратбеков, А.Сатаев, Р.Тұрысбеков, Б.Құндақбаев сөз сөйлеген (қараңыз: «Қазақ әдебиеті», 07.12.1990). Осындай жиындар М.Дулатов пен М.Жұмабаевқа да арналып өтті. М.Дулатовты еске түсіру кешінде Ж.Ысмағұлов баяндама жасады («Қазақ әдебиеті», 17.11.1989). М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған салтанатты жиында Қ.Мырзалиев баяндама жасап, М.Базарбаев, С.Шәймерденов, М.Мағауин, ақынның жұбайы Зылиха сөз сөйледі («Қазақ әдебиеті», 14.04.1989).

Сөйтіп, сексенінші жылдардың соңына қарай әдебиетіміздің тарихындағы ақтаңдақтарды игеру қызу қолға алынды. Нәтижесінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тұтас бір дәуірі қалпына келе бастады; алашшыл әдебиеті өзіне лайықты орнын алды. Ұлтын сүйгендігі үшін ғана қуғын көрген Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды қазақ әдебиетінің классиктері туған халқымен қайта қауышты.

16.3. СУРЕТКЕР СЫНЫ

Осы кезде қазақ әдебиетінің алдыңғы буын өкілдері де әдеби өмірден тыс қалмай, оның зәру мәселелері хақында ұдайы пікірлер білдіріп отырған. Әдебиет ақсақалдары сұхбат жанрында көбірек көрініпті. Қазақ әдебиетінің көшбасшысы Ғ.Мүсірепов сексен жасқа толуына орай «Қазақ әдебиеті» газетіне сұхбат беріпті. Сыншы С.Жұмабековтің қазіргі қазақ әдебиеті жайлы қойған сұрақтарына берген жауаптарында көркемдік процеске деген сыншылдық көзқарас басым. Ғабең қазақ әдебиетінің «Жалпы алғанда, көркемдік пен шеберлік деңгейінің анағұрлым өскені тайға таңба басқандай. Әдебиеттің профессионалдық сипаты қазір әлдеқайда биік. Жанр заңдылықтарын меңгеріп қана қоймай, ұлттық топырағымызға өскелең әдебиеттердің озық құнарлы нәрін бойға сіңіріп, толыса кемелдене түстік» («Қазақ әдебиеті», 26.03.1982) – деп, жоғары бағалайды. Солай бола тұра «сүреңсіз, сұрқай туындылар қай жанрдан алсақ та шаш етектен келеді». «Әдебиеттің ары мен мерейін ойласақ, көздесек, көп болып, қолға алатын істің бірі – әдебиеттегі сүреңсіздікпен қатал күресу» керектігін ескерткен.

Ғ.Мүсірепов жастар газеті «Лениншіл жасқа» берген интервьюінде «Ақындық, жазушылық талант екінің бірінде бола бермейтіні белгілі. Оны баптап ұстау міндет. Ол бап ақшада, машинада, жиһаз жинауда емес, еңбек мәдениетін көтере білуде; жазған сөздерінің әрбір әрпі өз орнына қойылса ғана сөз ажары кіретінін сезініп отыруда... ойыңа ақша, машина, жиһаз түсіп кетсе, жазуды тоқтата қой! Ондайлар ылғи ойыңда жүре берсе, сенен жазушы шықпайды» («Лениншіл жас», 27.02.1985) – депті.

Қазқа әдебиеті ақсақалдарының бірі Ғ.Мұстафин осы жылдарда бірнеше әдеби басылым беттерінде сұхбаттасыпты. С.Оразғалиев «Ғабиден Мұстафинмен әңгімесін», «Жүректің көзі ашылса» («Жұлдыз», 1982, №11) атапты. Сұхбат журналист пен жазушының әңгімесінен ғана тұрмайды; ара-арасында Сұлтан суреткер туралы өз пікірлерін авторлық шегініс арқылы орайластыра беріп отыруы да жазушының шығармашылық портретін жан-жақты аша түсуге айтарлықтай септігін тигізген: «иә, Ғабекеннің қаламынан туған әр шығарма тек жазушы творчествосында ғана емес, бүкіл әдебиетіміздің де қадау-қадау биіктері»; «Ғ.Мұстафин – ешкімге ұқсамайтын дара талант. Оның өмірді көруі, суреттеуі, адамдарды бейнелеу тәсілі, сөз қолдану, сөйлем құру ерекшелігі, яғни жазушылық стилі барынша айқын, әрі өзіне ғана тән қасиетімен көзге түседі... Мұстафин туындылары қайталанбас болмыс-бітімімен Мұстафин қаламынан туғанының өзі-ақ айқындап тұрады»; «Ал Ғабекен келетін болсақ, ол жалт еткен ойды көңілінде әбден пісіріп, қауызынан аршып барып, асылын ғана күнделігіне жазады».

Ғ.Мұстафиннің сөздері қысқалылығымен, нақтылығымен, шыншылдығымен ерекшеленеді. «Біз қазір оғы азайған аңшы тәріздіміз. Таңдап, талғап, дәлдеп атпасқа лаж жоқ. Менің жасымда көр-жерді сөз етіп жаза беру жараспайды. Алжымай, дұрыс қартаю да – қасиет. Сондықтан, шама келгенше, ой мен сөздің ұлпасын кейінге мирас ету – арман боп тұр-ау».

«Шындықты айтсам, жас күнімнен жазушылықты арман етіп, соған арпалысып жеткен адам емеспін. Тіпті алғашқы еңбегім шыққанға дейін жазушылықтан хабарым да болған жоқ» – деген сияқты жолдарда пендешілік шындық шырайлана түскен.

Жазушының әдебиет жайлы ойлары қызғылықты: «Жазушылық болған оқиғаны қағазға көшіре беру емес, көрген, түйгеніңді қиялда қорытып, ой елегінен, талғам таразысынан өткізіп барып жазуда ғой»; «Меніңше, ой, мақсат, идея дегеннің бәрі де тұрмыстан туады. Бастан кешу, көзден көрудің суреткер үшін мәні зор... Ойдың ұйытқысы – тұрмыс. Көргені жоқ-тың айтары да болмайды»;

«Өмірде жазушы қызметінен қиын іс бар деп айта алмаймын. Бір кезде дүниеге жаңа келген радиоға да, өмірге кірген электрге де, аспанға ұшқан космонавтарға да айрықша таңырқаған халық біраз уақыт өтіп, бойға сіңісті болған соң, оны жөнді елей бермейді. Ал жазушы еңбегі шын мәніндегі, көркемдігі биік, ұлы туынды болса, оқушысын үнемі қуантып, таңырқатып отырады. Ол жазушының өз замандастарын ғана емес, келешек ұрпақтарды да сондай сезімге бөлейді;

«Мен жас кезімде шапшаң жазатынмын... өскен сайын, кемелденген сайын менің жазу қарқыным да төмендей береді. Ал дұрысында, тәжірибе көбейген кезде көбірек жазуым керек емес пе? Жоқ, адам есейген сайын жауапкершілігінің де көбейетін көрінеді. Жас кезде жастықтың қуаты бар, сонан соң әдебиетке деген құмарлық бар, тез жазатын болсақ, ал қазір әр сөйлемге жатып та, тұрып та, оңынан да, солынан да қарап, тәуірін таңдайсың. Өзіңе ұнаған бір бетті шығару үшін кемінде бес-алты бет қағаз жазып, оны өшіріп, түзеп отырғаның. Сәбәндер күй талғамай, көп қиналмай жаза беруші еді. Ал мен болсам, ой қысып, ионамымы келгенде ғана столға отырамын. Оның өзінде де өнімім шамалы, екі беттен артық жаза алмаймын. Екі бетті толтырған соң, біреу қолымнан қағып жібергендей, орнымнан тұрып кетемін де ақ қағазға қарай беттей алмаймын»;

«Бойға біткен талантты қастерлеумен бірге, адамшылықты да ұмытпау керек. Мейіріңді қандыратын мөлдір шығамра тек мөлдір көңілден шығады. Сондықтан жастар жүрегін кір-қоқыстан, бойын жаман әдеттерден таза ұстаған жөн. Екіншіден, халықтық тіл, дәстүрді сүйе біл, оны дамыта білу керек. Өз халқын сүйген адам өзге халықтың да қадірін біледі... Немқұрайды қарасаң, асылыңды да кір басып, топырақ басып тоздырады. Халықтық дәстүр мен тілге сергек сезіммен қараған жөн. Оған жаңа ой, мазмұн беріп, асылын аршып, жаңғыртып отыруды жастардың да парызы дер едім»;

«Әркімнің дүниеден алашағы, дүниеге берешегі бар. Көп адам алатынын ала алмай, беретінін бере алмай, арманда кетіп жатады. Мен өз сыбағамды алып та, беретінімді беріп те үлгерген адаммын».

Бұл жолдардан «жазушылық – қасиетті ұғым», «сондықтан шындықты, тек шындықты жаздым» деген абыз жазушының өмір, өзі, шығармашылығы жайлы айтқан бүкпесіз сырлары жатыр.

Т.Жұртбайдың Ф.Мұстафинмен болған әңгімесінде негізінен жазушының шығармашылық болмысы ашылған. «Қазақ әдебиеті» газетінің (17.01.1986) «Жазушы лабораториясы» айдарымен берілген «Өмір сабағы мен ой әуенінде» Тұрсын әңгіменің бағытын негізінен Ғабиден шығармашылығының нақтылы қырларына қарай бұрған. Сұхбатта оның әдебиетке келу, шығармаларының туу тарихы, жалпы әдебиет туралы әңгіме өрбіте отырып, яғни жазушыны сөйлете отырып, оның өз сөзі арқылы оның шығармашылық портретін жасаған.

Ғабиденнің «Талант бар да, ақыл бар. Екеуінің сай келуі сирек. Қазақтар – тума, орыстар самородок дейді оны. Талантты кісі ақылды бола бермейді, ақылды адам қашан да талантты. Ал үлкен талант ақылды бастайды... Табиғат кейде бар болмыс-бітімін бір адамға төге салады. Әрине, ол – дән. Оны оқу, көру, білу арқылы кеңейту керек. Сонда ғана ол үлкен өнім береді. Адам өзін-өзі тәрбиелеп, өздігінен талпынғаны ләзім» дегені – әркімге ой саларлық ұлағатты сөз.

«Көркем шығарманың тұтқасы – идея. Сол идеяны орындау, жүзеге асыру барысында қилы көркемдік ізденіске, ситуацияға барасың. Үлкен бір құбылысты, әлеуметтік проблеманы көтергің келеді»; «Сыншы – үлкен ойдың, парасаттың иесі, әдебиет пен қоғам, адам өмірінің әлеуметтік астарына үңіле біліп, тұжырым жасауы керек... Нағыз сын – тәлімді, тәрбиелі, танымды ой салуы тиіс»; «Табиғильықтан асқан күдіретті мен өз басым таппадым. Дарын да, талант та, сыншылдық та, парасат та солай. Болатын, толатын адам ерте кимылдайды-ау деймін» деген сияқты жолдардан көпті көрген қаламгердің ойға тсүйгендері сол қалпында көрініс тапқан.

Сыншы Б.Сарбалаевтың Ғабиден Мұстафиннің 85 жылдығына орай жариялаған жазушымен сұхбаты – автордың шығармашылық ізденісінен туған сәтті табысы. Бақыт Ф.Мұстафиннің қазақ әдебиеті классиктерінің бірі екендігін айта келіп, «Құрметті оқырман қауым! Сонымен, біз бүгін әйгілі жазушымыздың туғанына 85 жыл толуына орай, Ғабен тірі болса, қояр сауалдарымызды назарларыңызға ұсына отырып, сол сұрақтардың жауабын үлкен суреткердің әр жылдарда айтып, жазып кеткен өз ойлары арқылы беруді жөн көрдік» – деуі арқылы баяндаудың мақалалық түрі енді сұрақ-жауапқа, яғни интервьюге айналады.

Сонымен сыншы қойған сұрақтарға өзі бұл өмірде жоқ Ғабиден көзі тірісінде жазып кеткен ой-пікірлері арқылы жауап береді. Жазушының «Ғылымда даңғыл жол болмаса, көркем әдебиетте де даңғыл жол жоқ. Мен біраз жасадым, біраз еңбек еттім, қаламым әбден төселгендей болды. Сонда да әрбір жаңа шығармада бастықпаған тайдай бұлтақтай беремін, шарқ ұрып, іздене беремін. Ойларымды, жазғанымды сан рет өшіріп, сан електен өткізіп барып, жарамды дегенімді ғана қалдырамын. Сол жарамдымды жазып отырғанымда күлемін, қуанамын, қайғырамын, жылаймын. Жазғаның өзіңе осылай әсер етпесе, басқаға мүлде әсер етпеске керек. Қиналмасаң, қиналып тапқан бір сөзің, не бір ойың «Мен бақытты!» дегізбесе, ондай жазушыға жазудың керегі не?»;

«Нағыз сын қисықты түзейді. Сынсымақ түзудің өзін қисайтады. Біздің бәріміздің көксеніміз – нағыз сын»;

«Жазушы – ең әуелі өз Отанының азаматы. Содан кейін ғана жазушы. Жазушылық сипат жұрттың, бәрінен талап етілмейді, ал азаматтық сипат әркімнен талап етіледі» – деген сияқты пікірлерін азаматтық болмысын, биік парасатын, шығармашылық портретін аша түскен.

Ф.Мұстафин әр кезде ойға оралған пікірлерін, ешкімге айта бермейтін жан сырларын «Сыр дәптеріне» жазып отырыпты. «Қазақ әдебиеті» (14.04.1989) осы дәптерден жазушының «Төрт арыс» және «Қазақ тілінің қайғысы» атты шағын екі мақаласын жариялапты. 1979 жылдың 6-шы ақпанында жазылған «Төрт арыстан» «Абайдан кейін біздің заманымызға дейін қазақтан туған білімді, талантты адамдардың ішінде аты мәлім төрт адам атаусыз қалып, ұмытылып барады. Олар – Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиев,, Қазқа тарихы, қазақ әдебиеті жойылмаса, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Шәкәрімдер жойылуы мүмкін емес. Тарихымыздың төрінен орын алады олар» – деген жолдарды оқимыз да жазушының көрегендігіне, болашақ ұрпақтың оларды қалай да ақтап алатындығына деген сенімнің күштілігіне қайран қаламыз. Төрт арыс осы жолдар жазылғаннан 10 жыл өткен соң барып ақталып, халқымыздың ұлттық мақтаныштарына айналып отыр.

Халық жазушысы Ғ.Мұстафиннің «Жауқазын буынға хаты» аға ұрпақтың келешек ұрпақтарға деген өсиеті іспеттес. Көпті көрген абыз жазушыны жастардың адамгершілік мәселелері ойлантады: «Адамды адам етіп келе жатқан бір ұлы қасиет бар. Оның аты – ұят.

Махаббат неғұрлым ұятты, әдепті келсе, соғұрлым қадірлі, ләззатты болмай ма?!..

Сабыр, ынсап, ар, ұят, әдеп – бірінсіз бірінің күні жоқ. Бәрі қиналып, махаббатты құрайды. Бірін жоғалтсақ, бәрін жоғалтасың...

Қазақ обал, рақым, иба, қанағат, борыш деген ұғымдар бар. Бұлар – ескіден келе жатса да ескірмеуге тиісті асылдарымыз...

Жаңа ғасырға алып берер тарту-таралғыларыңның ең қымбаты, ең қадірлісі – мейірім, рақым, қанағат болғай!» («Жалын», 1985, №1).

Халық жазушысы Ғ.Мұстафиннің «Жауқазын буынға хаты» аға ұрпақтың келешек ұрпақтарға деген өсиеті іспеттес. Көпті көрген абыз жазушыны жастардың адамгершілік мәселелері ойлантады. «Адамды адам етіп келе жатқан бір ұлы қасиет бар. Оның аты – ұят.

Осы жылдары баспасөз бетінде Ә.Нұршайықов («Жалын», 1986, №3), Ә.Тарази («Жалын», 1986, №5), О.Сәрсенбаев («Жалын», 1986, №6), («Қазақ әдебиеті», 03.08.1990), Д.Досжанов («Жалын», 1990, №3), А.Сүлейменов («Қазақ әдебиеті», 23.06.1990), С.Шәймерденов («Қазақ әдебиеті», 26.10.1990), т.б. сұхбат беріп, қазақ әдебиеті, шығармашылық жұмыс, өмір тағлымы турасындағы ойға түйгендерін ортаға салыпты; өздерінің жазушылық лабораториясымен таныстырыпты. Қаламгерлердің сұхбаттарынан олардың суреткерлік келбеті, азаматтық болмысы айқын көрінеді; әдебиет, өмір жайлы тосын ойларды кездестіресіз.

Ә.Нұршайықов «Шынайы өмірдің өзегі – шындық. Шынайы шығарма да шындықтан туады. Шығармаға керек шындық біреу ғана емес, бірнешеу. Олар: өмір шындығы, оқиға (деталь) шындығы, сөз шындығы және сезім шындығы. Осы төрт шындық тұтас келіп, оған шеберлік пен шешен (көркем) тіл қосылса ғана оқырман жүрегін тебірентеді. Көркем шығарма шимайлай салған сөз емес, жазушының шырқыраған жаны, шымырлаған сүйегі болуы керек» («Жалын», 1986, №3) – депті.

Ә.Тарази «Әдеби сын жоқ емес, бар. Бірақ қара қылды қақ жарып, ақиқатты айту жетіспей жатады» (Дегенмен үміт үзбейік. «Қазақ әдебиеті», 03.08.1990), Д.Досжанов «Поэзия деген – мінез, проза деген – төзім» («Менің жалғыз қызығым жазу ғана». «Жалын», 1990, №3) – дейді.

А.Сүлейменов «Меніңше, цивилизация сияқты мың сан үйірден тұратын ұлтты ұғымның ішіндегі алмауыты осы – ойлана білу, оның мәдениеті. Бұл болмайынша, ұлттық сананың ілгерілеуі қиын; бұл болмайынша манағы айтқан еркіндігіңіз саяси-философиялық түсіндірме сөздіктердің ішіндегі жеті жол ергежейлі-петит боп қала береді. Мәдениетін былай қойғанда, біз ойланудың өзінен қорқамыз... Шындық – көп, ақиқат – жалқы. Ақиқат бірінші кезекте, иемденгенің емес – айрылғаның; қапысыз басқаның емес – жіберген қатең. Кімнен айрылмадық, неден айрылмадық, қашан, қанша рет айрылмадық? Қанша шате жібермедік?» (Шындық – көп, ақиқат – жалқы. «Қазақ әдебиеті», 29.06.1990) – деп, қоғамдық өмір, адам өміріндегі мәдениеттің, әдебиеттің орны жайлы толғанады. Асқардың жауаптарында философиялық толғанысы басым.

О.Сәрсенбаев «Шығарма жазу барысында ұстанатын негізгі принципіңіз қандай деген сауалға «Өмірде болған, нақты адресі бар деректі жазу. Әрине, бұл жерде өмірден фотографиялық көшірме жасау керек деген түсінік тұмаса керек, суреткер фантазияға, ойдан шығаруға жүгінбей тұра алмайды. Ал болған нәрсеге өтірік қоспау шеберлікке байланысты» (Шығарма шырайы – шындық. «Жалын», 1986, №6) – деп жауап беріпті. Ал сын жазудағы мақсатын «Әрбір профессионал жазушы әдеби процестен тыс қалмаса керек деп ойлаймын. Мен сыни мақалаларды қазіргі әдеби құбылыстарды оқырманға түсіндіру, насихаттау үшін ғана емес (бұл меніңше «таза» сыншылардың міндеті), өзімнің кейбір көркемдік-эстетикалық принциптерімнен өзгелерді хабардар ету үшін, бәлкім сол принциптерімді қорғау мақсатында жазатын болуым керек» деп түсіндіріпті.

«Мен жазушыны өз халқының рухани көсемі деп білемін... Ең алдымен, жазушыға адалдық, тазалық, ойын саясатқа бұрмай, тура айта білушілік қажет» – деп білетін С.Шәймерденов әдебиеттің ұлтқа қызмет етуіне назар аударады. «Ұлттық қасиет дегенде үш нәрсені айрықша атау керек. Ол – ұлттық психология, ұлттық дәстүр және ұлттық киім. Ұлттық психология, дәстүр, киім болмаған жерде ана тілі өріс алмайды» – дей келіп, «ана тіліміздің мемлекеттік

статус алуына байланысты қазақ тілін білмейтін қазақтарға қойылатын талап былай болуы керек. Оларды қызметке аларда, немесе жоғарылатарда өз тілін қалай білетінін ескеру керек... Ал керісінше, қазақ тілін білетін басқа ұлт өкілдеріне жол ашу керек, тіпті олардың жалақысына үстеме ақша қосып, сыйлық беруді ойластырған жөн» (Жазушы – өз халқының рухани көсемі. «Қазақ әдебиеті», 26.10.1990) – деген нақтылы ұсыныстар айтады.

«Қазақ әдебиеті» газеті «Жазушының жан сыры» деген айдар ашып, онда Ә.Тәжібаевтың (03.10.1986), М.Қаратаевтың (14.11.1986), Қ.Бекхожиннің (26.12.1986), С.Мәуленовтің (24.04.1987), Б.Кенжебаевтың (21.08.1987), т.б. әлеуметтік, әдеби ой-пікірлері, толғаныстары жарияланды.

Б.Кенжебаевтың Қ.Ергөбекпен сұхбаты «Рухани сабақтастық үзілмесін!» аталыпты. Қазақ әдебиетінің тарихын есте жоқ ескі замандардан бастауды ұсынуымен танымал ғалым «Мен қазақ әдебиеті тарихын осы халықтың ру-ұлыстық кезеңінен бастап, азаматтық тарихы ізімен жасайық дегенде ойлағаным – қара басымның пайдасы емес, ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастық үзілмесін дегендік. Көптеген түркі халықтарынан бұл мәселені бұрын бастап, кейін қалдық. Менің өкінерім сол ғана» депті. Бейсембайдың айтуынша, «Жазушы – ардақты ат. Ардақты атты арзандатпаған жөн»; «Өзіне дейінгі, өз тұстастары, өзінен кейінгі – осы үш буынның еңбегіне сын көзбен қарай алмау, тек атаққа бас ию – өз көзқарастарымыздың жоқтығын аңғартады. Өз көзқарасы болмау – рухани мешеулік. Сыншы болу, Сұлтанмахмұт айтқандай, әділдік үшін жағада жалғыз қалу. Сын – принцип. Сыншылық – принциптілік. ... Көне мұрасын қастерлей білмеуден асқан қасірет жоқ» («Қазақ әдебиеті», 21.08.1987).

Ғ.Мүсірепов «Көңілде жүрген көп ойларында» («Қазақ әдебиеті», 16.08.1985) ағынан жарылып, әдебиет жайлы біраз ойларын жайып салыпты. Жазушылық ұстаным дегенде «Менің ешбір кредом жоқ... Мен өзім батылдық та, жалқаулық та көргенім жоқ. Аз жазсаң да тәуір жазған дұрыс болар» – деп білетін жазушы «Менің жазудан гөрі ізденуге, әлденелердің себебін ашуға, оқиға түйіншектерінің табиғи шешімін табуға уақытым көп кетеді... Қартайғандық жазуды тоқтатуға дәлел емес. Жазушылықты өнер емес, кәсіп көрсен, өзіңнен-өзің тоқталасың. Шын жазушы есейе келе жас шағындағы әртүрлі әуестіктен безініп, барлық жігері, талап-таланты жазу өнеріне түгел шоқталады, түгел ауысады» – деп жазады.

Ақсақал жазушыны қазіргі әдеби сын қанағаттандырмайды. Пікіріне нақтылы мысалдар келтіріп отырған. Мысалы, Ә.Кекілбаевтың бір мақаласында «Әлемдік оқушының көңіл аспанын шарлап кеткен «Абай жолы», «Қан мен тер» деп, «Абай романына «Қан мен терді» иық тірестіре қатар қойыпты. Маған мұнысы Мұхтар Әуезовке Әбдіжәміл Нұрпейісовті иық тірестіре қойғандай орынсыз көрінді» – дейді.

Жазушының ана тілі туралы айтқан мына бір сөздері әдебиетте еншісі бар әркімнің есінде сақтарлық өсиет іспеттес: «Ақын-жазушы боламын деген адам ең алдымен ана тілін өте жақсы білу керек. Ана тілі ақын-жазушының бірінші құралы екенін қайталап жатудың керегі де болмас. Дегенмен, ана тілін аяққа басуға тиым салынуы керек-ақ. Бұл – асқынып болған мәселе. Шығарма аудармасы арқылы бағаланбай, ана тілінде қалай шыққаны арқылы бағалану керек. Аударма – кейде аударушының еңбегі, жазушы – тіл жасаушы емес, бар тілді байырғы түрінде орынды пайдаланушы... Сөз сұлулығын бейнелеу, теңеу байлығын біз ана тілімізде жасауымыз керек».

Суреткер сынының тағы бір көрінісі «Қазақ әдебиеті» газетінде «Сіз қалай жазасыз?» айдарымен беріліп тұрған материалдар болды. Осы сауалға жауап беру үшін елге кеңінен танымал, белгілі қаламгерлер сөз алды. Олардың қатарында Б.Сокпақбаев (Мыңнан біреу. «Қазақ әдебиеті», 16.01.1981), Т.Әлімқұлов (Жазушылық оңай ма? «Қазақ әдебиеті», 22.05.1981), С.Бақберген (Өмір және еліктеу. «Қазақ әдебиеті», 20.11.1981), К.Ахметбеков (Шығарманың атасы – ой, анасы – тіл... «Қазақ әдебиеті», 20.07.1984), С.Шәймерденов (Сырласу. «Қазақ әдебиеті», 16.08.1985), Б.Тоғысбаев (Шығарма шырайы – шындық. «Қазақ әдебиеті», 13.12.1985), М.Сүндетов (Кейіпкердің кішкентайы жоқ. «Қазақ әдебиеті», 7.05.1982), Қ.Жұмәділов («Соңғы көш» осылай туған. «Қазақ әдебиеті», 2.10.1981), т.б. бар.

«Сіз қалай жазасыз?» айдарымен берілген материалдардың қай-қайсысын оқысаңыз да жалықпайсыз. Керісінше, көркем тілмен жазылып, көркемдік сипат танытатын әдебиет туралы эсселік ойлар өзіне тарта түседі. Көркем тілмен көмкерілген әдеби әдемі ойлар елітіп, бейне бір әдебиет туралы көркем әңгіме оқығандай боласыз. Жазушылық өнерден, әдеби

шығармашылықтан мол мағлұматтар беретін мұндай мақалалардың танымдық, зерттеушілік, талдаушылық, эстетикалық, тәрбиелік сипаттары айқын.

«Сіз қалай жазасыз?» айдарының қонақтары негізінен өздерінің шығармашылық лабораториясымен таныстырған. Енді солардың кейбіреуіне құлақ түрейік:

Б.Соқпақбаев: «Бір сөзбен айтсам, сол өзін жазатын жазушы менмін. Алыстан арбалап материал тасымаймын, архивтің шаңын жұтпаймын. Жақыннан: өз басымнан кешкенді, өзім байқап-түйгендерімді, өзімді, өз айналамды тербеткен жайттарды дорбалап жинаймын. Солар туралы жазамын».

Т.Өлімқұлов: «Бұл күнде, өркені өскен қоғамда тіл мен жаққа сүйену өнер санатына қосылмайды. Мен жазу үстінде осындай мәнерден бойымды аулақ ұстаймын... Мен прозада өзіммен өзім дауласып жазамын. Бұл – келешек даукестерге күнілгері әзірлеген жауап! Осы орайда мен көркем прозада вариант екшеймін. Баспаға ең құнарлы дегенін ұсынамын... Мен өз шығармамды көшіріп жазғанда айрықша рахатқа батамын... Бірыңғай әдебиетпен тіршілік ететін болғандықтан мен барлық жанрада дерлік жазамын. Соның негізгісі – проза. Екіншісі – поэзия». Қ.Жұмәділов: «Әдебиет – халықтың рухани өмірінің шежіресі, әрі өзіне-өзі зер салып, бой түзейтін айнасы іспетті... Қазіргі қазақ әдебиеті өзінің тақырып ауқымы жағынан туған халқымыздың тұтас тұлғасын толық бейнелейтін дәрежеге әлдеқашан көтерілген».

С.Бақбергенов: «Өмір – мектеп. Одан асқан оқу жоқ... Өмір мектеп болғанда, таусылмайтын, орта түспейтін қазына, асылға толы екен... Кітапты оқу қашпас, өмірдің өзін оқып көрейін деген ниет дұрыс жолға бастады... Ал шынымды айтсам, жазудан оқуым көп. Қолыма түскен жаңа оқымаған кітаптарды оқи берем... Айлап емес, жылдап қолыма қалам ұстамайтын уақыттарым болады. Солардың бәрінде оқимын. Еліктеу дегенді білмеймін».

К.Ахметбеков: «Көркем туындының атасы – ой, анасы – тіл, жаны сезім. Шығарма не ақылға (ой), не ашуға (сезім) тимейтін болса, ол – бос әуре... Дегенмен, кітап сайын ой мен сезімнің тең түсіп жатуы тағы да шарт емес: дара-дара туындының бірінде ойдың басым келуі, бірінде сезімнің үстем шығып жатуы – өнер заңдылығы».

С.Шәймерденов: «Осы ретте жазушы алдынан екі проблема келіп шығады: нені жазуың керек, қалай жазуың керек? Қалай жазу керек? – бұл шеберлік мәселесі. Ал нені жазу керек? – дегенге дүние танымның, өмір сүрген ортаң, көзбен көріп, бастан кешкен өмірлік жайларың, іс-тәжірибең жатады. Бір сөзбен айтқанда, мұны тақырып таңдай білу дейді. Ал екеуі қосылып, талант дәрежесін анықтамақ».

М.Сүндетов: «Өзімді толғандырмаған, тебірентпеген тақырыпты жазбаймын. Тақырыпты деп айтудың өзі ыңғайсыз; адам тағдыры десе де болар, иә, сол адам жанының бір сырынан жаңа, ешкім айта қоймаған, тың ой қозғағанға не жетсін?! Иә, кей жазушы шығармасына кіріспес бұрын жоспар жасап алады. Болашақ кейіпкерінің жан-дүниесіне терең үңілмей, әлгі өзі құрған қалыпқа салатыны бар. Жасандылыққа, қарадүрсінділікке соның кесірінен ілінеді».

«Жалын» журналы да «Жазушы лабораториясы» айдарымен бірнеше қаламгердің мақаласын беріпті. Д.Досжановтың «Сөз киесінде» өзінің әдеби өмірін емес, шығармашылық психология мәселелері көбірек сөз болады. Ол «Шыны керек, өзімді столға сүйрелеп, «жаз, жаз, жаз» деп тұрған іштей итермеші күшті сезінем ылғи; рухани тойымсыздық дейміз бе, көруге, білуге, қағазға кестелеуге келгенде ашкөз қанағатсыздық дейміз бе, білмеймін. Әйтеуір, сырттағы сұлу, еліктіргіш, желіктіргіш қыздырмалы тіршілікке мойын бұрғызбай, тегі қызықтырмай, алды-артыма қарапмай, дамыл таптырмай қинап қойған «күдәйдің күдіреті» бар. Қағаз бен қаламға сүйреп тұрған ерекше тартылыс күшін сезінемін. ...Жазушылық деген адам мінезін өзіңше аңғару ғой, сол аңғарғаныңды көркем сөзбен кестелей білу болар» («Жалын», 1985, №1) – деп біледі.

Т.Нұрмағамбетовтің «Аптапқа бет алуы» («Жалын», 1987, №1) көркем әңгімедей оқылады. Балалық шағын оңтүстіктің аптап ыстығында өткізген Тынымбай жазушылықты да аптапқа теңейді. Мақаланы оқи отырып шығармашылық өнердің қыр-сырларына үңіліп, ерекше бір сиқырлы әлемге кіріп кеткентей боласыз: «Ал, таза көркем шығарма жазу үшін өмірде көрген, естіген жайларыңның дайын күйінде кәдеге аса қалуына менің шүбәм бар. Алдымен, ой – қымбат... Ой болса болды, сюжет, бейне, тіл өз-өзінен туа қалады дегенді, әрине, тағы айта алмаймыз. Таланттылық дегеннің өзі сол – айтып отырғанымыздың бәрі жымдасып келгенде, тұтас, әрі өміршең дүние туып, ол дүниенің өз күдіретімен оқушыны байлап-матап тырп

еткізбей тастауында емес пе?.. Тақырып – жазушының егіс егетін алаңы. Мәселе жазушы – диханның сол жерден қандай өнім алуында... Көзқарас дегеніңіз шыңға бастайтын жалғыз аяқ жол болуға тиіс қой!»

Б.Нұржекеев «... жақсы жазудың сыры көп, жаман жазудың да себебі көп. Жалпы, қандай жазушы болмасын, өзінің қалай жазаты сырын қаншалықты жасырмай ашқанмен, басқаға қалай жақсы сөйлем құруды бәрібір үйрете алмайды... Менің ойымша, жазушының өмір шындығын тануы және оны бағалауы тікелей өз өмірбаянына байланысты. Өзің көрген шындықты өзгеге де өзі көріп отырғандай етіп суреттеп бере алсаң, шеберлік деген сол. Ойы жоқ жылтырақ сөздер, сөздің сыртқы жарқылын қуалап кететін желбуаздық – шеберліктен, яғни шындық пен нанымдылықтан алыстататын әдістер» (Бітпейтін сыр. «Жалын», 1987, №2) – деп сыр шертеді.

«Жалын» альманағы әдебиеттің ақ жолына түскен жастарға шығамрашылық сабақ болсын, үйренсін деген үмітпен әлемдік әдебиеттің бірнеше өкілдеріне сөз беріпті. Солардың бір-екеуіне көз салайық. Орыс ақыны Е.Евтушенко «Жастарға айтарым – мұндайда жасып қалудың реті жоқ. Өзіңнің дұрыстығыңды дәлелдей алмау – қылмыспен тең. Ал «ұлыларға» айтарым – өз бойыңдағы надандықты жеңбей тұрып, өзгеге қалай сыйлы болмақсың» – дейді. Ол «Өз басым өлеңнің техникасынан гөрі айтар ойына, мазмұнына баса назар аударамын. Форманы өлеңнің өзі жасайды. Поэманың белгілі бір тарауы үшін қара сөз керек пе, мен оны жасқанбай, қысылмай еркін пайдаланамын. Себебі, дәл сол сәт көкейдегі ойды жеткізу үшін осы әдістің қолайлы екенін ұғып отырамын. Ұйқас, буын, ырғақ, форма – мұның бәрі де идеяға қызмет етеді. Демек, мен олардың маған қолбайлау болғанын қаламаймын» («Жалын», 1986, №2) – дейді.

Ал Л.Толстой үшін «Сөзбен сырласу дегеніміз – жұмыстың азабын ұмыттыратын рақат. Сөзді әуреленіп, іздеп табудың қажеті жоқ. Ол ұшқындай жарқ етеді. Өлі сөз деген болмайды – сөздің бәрі бір-бірімен сәулеленіп, тіріліп кетеді... Көбірек шимайлау керек, жазғаның неғұрлым көп шимайланса, соғұрлым жақсы болмақ. Шимайламай жазуға болмайды. Әгәрәки, бір бетте сызылмаған, немесе түзетілмеген бір де бір сөз болмаса, онда бұл жаныңды азапқа салуы мүмкін» («Жалын», 1984, №6).

Атақты ағылшын жазушысы Джек Лондон жастарға «Ал сіз қандайсыз, жас жазушы, адамзатқа айтарыңыз бар ма? Бар болса, айтуыңызға кедергі не? Егер бүкіл әлем, тіршілік тосқан, естуге құштарланған ойды дамыта алатын болсаңыз, дамытыңыз, өз көкейіңізде қандай болып тұрса, сондай етіп жұртқа жеткізіңіз. Егер ойыңыз айқын болса, жазғаныңыз да айқын шықпақ, егер ойыңыз құнды болса, шығармаңыз да құнды болмақ... Өз тіршілік, жазушылық философияңызды қалыптастырудың жалғыз-ақ жолы – іздену, әлемдік мәдениет пен білім қазынасынан қажетті нәрсені таңдап ала білу» (Жазушының тіршілік философиясы туралы. «Жалын», 1985, №1) – деген өсиет айтыпты.

16.4. СЫННЫҢ КӨРКЕМ ЖАНРЛАРЫ

Әдеби сынға қойылатын басты талаптардың бірі – оның көркем тілмен жазылуы, оқушысын оқуға тартып тұруы. «Құрғақ қасық ауыз қыртады» дегендей, қасаң тілмен әркім жазған «мақаласымалардың» сынға абырой әперіп жүргені шамалы. Сынның өміршендігін, өтімділігін арттыра түсу мақсатымен көркем тілмен жазылған сын мақалалар әдеби басылым беттерінде сирек болса да көрініп тұрды. «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қожанасыр қоржыны» бойынша «Сықақ, мысқыл, эзіл, әжуа-оспақ» жүйелі түрде жарияланып жатты. Осы газет бетінде жарық көрген Б.Қалаубаевтың «Сен – маған, мен – сағанда» («Қазақ әдебиеті», 20.02.1981) әдеби сында жаппай етек алып кеткен мақтампаз мақалалардың қалай жазылатындығын суреттеп берген. «Суреттеп берген» дегенде мақаланың белгілі бір сюжетке құрылып, көркем тілмен жазылуын айтып отырмыз. Әңгіме желісі мынадай: Есепбайға студенттік өмірді бірге өткізген досы Жолтабар Жалықпасов хат жазып, онда өзінің тұңғыш өлеңдер жинағына рецензия жазуын өтінеді. «Сенің де ғалымдық жолына мүмкіндік табылар» – деп, өзінің де қарыздар болып қалмайтындығын ескерте кеткен. Ол мақаланы жариялауға «Ағалап-жағалап жүріп, үлкен ауылдағы үлкен газеттің бірінде бөлім меңгерушісі Қолдағышовқа келіскенмін. Жазғаныңды тура сол кісінің атына жолда. Жөнін өзі табады» дейді. Мақаланы қалай жазу үшін таныспақ болып, газет-журналдарды ақтарса, аңғарғаны: «дені мақтауға кең, сынауға кем екен». Сонымен болашақ ғалым «тұңғышқа» рецензия жазуға кірісіп кетеді.

«Жас ақын Жолтабар Жалықпасовтың тұңғышының біздің қолымызға түскеніне көп уақыт өте қойған жоқ. Осы аз мерзімнің ішінде-ақ шағын кітапты бірнеше рет қайталап парактадық. Әрине, нашар дүние бір қарауға да татымайды. Жақсы ақынның қаламынан туғандықтан «Көшкен бұлт» жиі оқылып, тозуға айналды. Осы жерге дейін ол кітаптың бетін ашпай жазған. Енді барып «тұңғыштың» несімен жақсы екендігін дәлелдеу үшін бетін парактап көреді. Оқи бастағанда «тұңшығып қалады». Бірақ қалайда «достық парызды» өтеу үшін мақала жазу керек. Көп ойланған сыншы ақырында «жол тауып» кетеді:

«Ж.Жалықпасовтың ақындық жүрегін өзінің туған ауылы Батпақтыдан бастап, ту көз жетер жердегі тіршілік иелерінің тағдыры тынымсыз мазалайды. Бүгінгі заманымыздың еңбек ерлері – жас ақынның лирикалық жырларының басты кейіпкерлері. Өлең еліне өз керуенімен шыққан талантты талапкердің достық, махаббат тақырыптарына арнаған жырлары сағыныш саздарына толы. Оқырманына әсерлі жетеді».

Тұңғышқа сын айтқан түрі:

«Дегенмен, жас ақынға құлаққағыс етеріміз де жоқ емес. Келесі жинағын құрастырғанда автордың тіл шұрайлылығына, ой тереңдігіне, сезім әуезділігіне қатты көңіл бөлгені жөн. Бірақ бұл аталған кемшіліктер кітапты тұтастай оқып шыққанда байқала да бермейді. Жинаққа анау айтқандай көлеңкесін түсіріп тұрған жоқ».

Рецензия былайша айқталады:

«Өз пікірімізді қорытындылай келгенде, жас ақынның, талантты ақынның болашағынан күтер үмітіміз мол. Ж.Жалықпасов поэзия әлемінде дара келбетімен таныла алады деп сенеміз».

Шартты фельетон түрінде жазылған «Сен – маған, мен – сағанда» әдеби сында өріс алған татымсыз мақалалардың қалай жазылатындығы, «ішкі анатомиясы» барынша ашып көрсетілген. Мақаланы оқып шығасыз да ойланасыз. Сонда барып бұл жағдайдың қаншалықты күрделілігіне, одан шығар жолдың қиындығына көзіңіз жетеді.

Т.Әлімбаевтің «Рецензия туралы рецепті» («Қазақ әдебиеті», 18.12.1987) де алдыңғы сарындас, яғни рецензияның өлең түріндегі қалпы. Мәтінді толық келтірген жөн.

«РЕЦЕНЗИЯ ТУРАЛЫ РЕЦЕПТ

Кіріспе

Қолымызға әдебиеттегі
 Мәуелі ағаштың бір бұтағы тиді.
 Болашағынан үміті бар
 Жақсы қаламгеріміздің кітабы тиді.
 Жүрегіміз дүрсілдеп,
 Жөтелеміз гүрсілдеп,
 Көзіміз қыпылықтап,
 Өзіміз қыпылықтап,
 Үгілеп-аһылап,
 Жинақты жүрексіне аштық.
Негізгі бөлім
 Жоқ, күдік сейілді,
 Бұрынғы біраз кеселден
 Ақын арылған да төселген.
 Сынға шыдамды, құйқасы мықты,
 Көп өлеңдерінің ұйқасы мықты.
 Әр-әр тұста,
 Соны бояу, жап-жаңа тақырып тұрады,
 Сол тақырыптары
 «Мені көрдің бе!» деп ақырып тұрады.
 Оқырман ақырған тақырыпқа
 Қолын соғып, аһ ұрып тұрады.
 Мықтылығы – жасына қарамай.
 Махаббатты да жырлай біледі,
 Сонысымен адам сезімін ұрлай біледі.
 Тілі шұрайлы,
 Бұл бәрімізге де ұнайды.

Жетістігі жеткілікті
 Сөйтіп автор сейілтті
 Көкейдегі көп күдікті.
Қосымша бөлім
 Дей тұрсақ та...
 Шындықты «жей» алмаймыз.
 Бұл мақтаумен жинақ
 «Төрт аяғын тең басып тұр» дей
 Алмаймыз...
 Кемшіліксіз дүние болмайды,
 Кейде төрт аяқтың да
 Бірі түзу, бірі ұзын келеді.
 Біздің авторымыз да оқырманға
 Бірде қышқыл,
 Бірде тәтті жүзім береді.
 Олқылық жоқ емес, бар,
 Әуелі, тақырып аясы тар.
 Сосын бір тақырыпқа
 Бір емес, жүз келеді,
 Әрине «көш жүре түзеледі».
 Сөйлем саптауы мықты емес,
 Сондай-ақ кітаптың қалыңдығы
 Биттің қабындай, жүкті емес.
 Соны келешекте ескерер,
 Бірақ жаңа жинағын,
 Ерте берер, кеш берер,
 Қалыңдатар деген үміттеміз.

Қорытынды

Әйтсе де, бұл кемшіліктер
 Жинаққа көлеңкесін түсіріп тұрған жоқ.
 Автордың көзін көгертіп,
 Шекесін ісіріп тұрған жоқ.
 Мұндай кемшілік
 Қысқада да, ұзында да болады.
 Тіпті ханның қызында да болады.
 Сондықтан кешірім сұрап,
 Қатты кетсек, сынымызды қайта аламыз,
 Ал жинақты – Әдебиетімізге қосылған үлкен үлес деп,
 Қорықпай айта аламыз.

* * *

Мейлі шыда, шыдама,
 Осындай сын жазсақ.
 (Жазылып жүр ғой)
 Құдағи да тыныш, құда да!

Толымбек Әлімбеков

Пародияда рецензия жанрында етек алып кеткен жаттанды қалып барынша келемеж-денген. Осындай стандарт сынды кез-келген кітапқа бір сөйлемін өзгертпей, жаза беруге болады. Өкінішке орай, рецензия жанрының өзіндік табиғатынан туындаған осы бір қалып, баспасөз бетінде әбден жауыр болып, күні бүгінге дейін көрініс табуда.

К.Әмірбековтің «Қызық сөз бен қызыл сөз хикаясы» («Қазақ әдебиеті», 10.02.1983) шартты фельетонға жатады. Мұнда сын нысанына ілінген шығармалар ретімен сынала бермейді. Белгілі бір оқиға желісіне құрылған мақаланың композициялық құрылымы шымыр. Оқиға автордың Тайпақ деген құрдасымен кездесіп, оған «Сан ойлансаң да санаңа кірмейтін бір қызық сөз айтайын, табасың ба?» – деуінен басталады. Әңгіме ары қарай екеуінің жауаптасуымен өрбиді.

Мысалы, Тайпақ «Колхоздың бұрынғы қызыл бұқасы неге қаңғып жүр? – деді» деген секілді сөйлем қызық емес пе?

– Несі қызық?

– «Қаңғып жүр» деген тіркес адамға ғана байланысты айтылмай ма? Бұқаның қаңғығанын қайдан көрдің?»

Мақалада осылайша екі адамның сұхбаттасуы арқылы Ж.Молдағалиевтің «Ескі дос», биология ғылымының кандидаты Смағұл Махмұтовтың «Жаратылыстың құпия сырлары», «Қазақ календары» (1982) сияқты кітаптардағы өрескелдіктер аяусыз сынға ұшыраған. Сондай-ақ Т.Рақымжановтың, Н.Аитовтың, А.Қожамбаевтың, Е.Бағаевтың, Қ.Сарыбаевтың, Ә.Мейірбековтің, Ғ.Қайырбековтің өлеңдеріндегі «от өріп» пен «көтеріп» тіркесінің қаптап жүргенін де сөз етіпті.

«Лениншіл жастың» «Сүзеген сөзінде» жарық көрген К.Әмірбековтің «Шайтанға шарық кигізген кім?» атты мақала-диалогына тағы да қосымша «Қызыл сөзден қуырдақ қуырған кім?» тақырып қосақталып беріліпті. «Жақында ғана аттылы атынан түсіп, жаяу жата қалып таңырқайтын тосын оқиға болды. «Сүзегеннің» талыстай табалдырығынан өнертау ғылымының кандидаты, өнер зерттеушісі Бағыбек Құндақбаев аттай бере:

– Ассалаумағалейкүм, Сүзеке! – деді жарқын сәлемдесіп...» – деп бастайды Көпен әңгімесін. Сөйтсе Б.Құндақбаев «Сүзеген сөзге» Т.Жұртбаевтың Қалыбек Қуанышбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы жазған «Дара тұлға» атты кітабын оқығанда туған ойларын ортаға салуға келіпті. Зерттеуші «Кітаптың бірінші бөлімі Тұрсынның баяндауында көркем шығарма сияқты, ұлы актердің театрға келгенге дейінгі өмір белестері қамтылған. Көркемдік еркіндік, қиял жүйріктігі авторға есепсіз көмек көрсеткен. Ал театр, сахна, актерлік өнер жайына көшкенде автор әлгі жүйріктіктен айрылып, кібіртіктей береді. Тұрсынның театрдан арнайы дайындығы жоқтығы осы тұста көріне бастайды. Тұрсын келтірген кейбір деректер мен жасаған қорытындылар әлсіз де дәлелсіз» – деп, ары қарай осы пікірін нақтылы фактілермен дәлелдей түседі.

Әдеби сынды «көркемдеп» жазып, сыншы ретінде таныла бастаған Көпеннің бұл белсенділігі ескерусіз қалған жоқ. «Жұлдыз» журналында (1982, №3) жарық көрген «Көрген көзде жазық жоқ» деген мақала жұрттың шығармаларына сын жазып жүрген К.Әмірбековтің «Аты жоқ кітап» (1977) жинағына шұқшиыпты. Сөйтсе, Көпеннің өзінің де «қолкесерлігі» бар екен. Редакция атынан «Кітап аласы ішінде» айдарымен жазылған мақалада Көпен С.Михалковтан, С.Кенжеахметовтен өлең жымқырған деп сыналған.

«Жалын» журналында «Қисық кебеже» айдарымен батыл сындар айтылып жатты. Оның «тұрақты авторы» Мізбақпас Беткеайтаров өзінің өткір мақалаларымен аты шыққан «сол баяғы Тураби Туғансызовтан қалған тұяқ екен».

Мізбақпас Беткеайтаровтың «Көрген көзде жазық жоғы» («Жалын», 1987, №1) екі бөлімнен тұрады. «Теміржол лирикасында» Рахымжан Өтегеновтің «Роезд зулап барады» атты өлеңі, ал «Көңілде өлең емес, көлем тұрсада» Тұяқ Абдрабиевтің «Сырласайық, Жер-Ана» (1986) жыр жинағы сын нысанына ілініпті. Осы сияқты «Тілашар» айдарымен шыққан «дала көркі – мал» (1986) атты суретті кітапшадағы кемшіліктер оны оқып шыққан автордың немересімен арадағы диалогтар арқылы ашылады («Жалын», 1987, №2).

«Автобустағы әңгіме» де көркем әңгіме сияқты оқылады. Оның бірінші бөліміндегі «Білем ғой, Жымеке, білемде» аялдама кездесіп, автобуска бірге мінген Жымқырғыш Жымпиев жол бойы өзімдікі деп, «Коммунист ғасыр», «Балғашы ойы», «Мұнайшы қыз», «Ана» атты өлеңдерін оқиды. Сөйтсе, бұл өлеңдер оныкі емес, ол ұрлаған Көпжасар Оспағамбетовтің «Соны сокпақтар» (1986) атты жинағынан ұрланған екен. «Иемденсең де дұрыстауын иемденбейсің бе? Қай бетін ашып қалсаң да, қарабайыр, қан-сөлі жоқ бұл өлеңдер кімге керек?» дегенге Жымқырғыш Жымпиевтің «Дұрыс өлеңдерді иемденсем, сен ғана емес, бүкіл халық біліп қояды. Бізге осындай елеусіз, өзің айтқандай, кемшілігі молдау өлеңдер де жарай береді ғой» – деп жауап беруі – тосындық.

Мақаланың екінші бөлімі «Жұмбақ диалогта» келесі автобуска отырған Жымқырғыш Жымпиев пен автор Мізбақпас Беткеайтаров жұмбақтасады. Жымқырғыш өлең оқып, «бұл кімдікі?» дейді. Оқығандары – ылғи да кемшілігі бар өлеңдер. Олардың, яғни сыналып отырған өлеңдер Қайырғазы Исалиндікі болып шығады.

Мақаланың белгілі бір сюжеттік желіге құрылып, өмірде болған оқиғадай суреттеулерге құрылуы оқырманды өзіне тартып, айтылған сыни пікірлердің нанымдылығын арттыра түскен.

Әдеби сынның көркем жанрларының бірі – әдеби пародия. Сексенінші жылдардың әдеби сынында пародия сиректеу болса да шаң беріп тұрды. Айқын Таразиннің «Далбасаға» салмаса, ән болмай ма?» пародиясында «далбаса» сөзін қолданған Қ.Мырзалиевтің, М.Шахановтың, Т.Рахимовтың өлеңдерінен мысалдар келтіріп, оған:

«Жаңа ырғаққа, жаңа әуенге салмаса,
Өлеңінде өз ұйқасың болмаса,
Мұхтардан соң Тынымбайларға жалғаса,
«Амал қанша өз сенімін алдаса»
Өлеңінде өзің айтқан пікірдей:
Оның достым, Өлең емес, далбаса!»
(«Жұлдыз», 1983, №1)

– Деген пікірін білдіріпті.

– Абдрахман Асылбеков Ж.Өмірбековтің («Неге қайттым Гаградан?»),

А.Бақтыгерееваның («Айналайын ағалар»), Т.Медетбековтің («Жер мен жырдың салмағы»), Ж.Жақыпбаевтың («Шөпшекті өлең») жыр жолдарына пародия жазыпты. Мұнда қатты сын жоқ; ақынның осы қалай болар екен деген кейбір пікірлеріне күмәнмен қарау бар. Оның үстіне пародиялар шұбалаңқылау шыққан.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1987 жылғы 24 маусымдағы нөміріндегі «Қожанасыр қоржынынан» берілген материалдар «Бұл әңгімеге куә болған» Б.Көкесенеұлының (Б.Сарбалаев) Қожанасырмен әңгімелескен алғысөзімен шығыпты.

«– Баршамыз сияқты сүйек-еттен жаралған ақындарымыздың сыр ашып, кейбір осал мінез-құлықтарын мойындаулары жарасымды ғой. Бірақ сондай олқылыққа өзім де ұрынып, мен де біраз ақындарға «ақыншылап» әзіл айтып жіберіппін».

«Қожанасыр қоржынынан ұсынылған үш материал «Ақындардың мойындауы және оқырманның уайымдауы» («Қазақ әдебиеті», 24.07.1987) атты ортақ тақырыппен беріліпті. Мұнда үш ақынның үш шумақ өлеңдерінде айтылған ойлар пародияланған. Мысалы, Тоқаш Бердияровтың

«Жігіт шағында төртбақ балуан пішінде,
Жұмсап жүрдік Қажымұқанның күшін де.
О, ағайын, керек екен денсаулық
Ішімдікті сілтеп тастау үшін де!» – өлең шумағына «Оқырман» атынан
«Жұмсап жүрдің Қажымұқанның күшін де,
Жігіт шақта төртбақ палуан пішінде.
О, ақын, керек және денсаулық
Жақсы жырды жазып тастау үшін де» – деген пікір жазылыпты.

Осы сияқты Қ.Бұғыбаеваның

«Бұлбұл құсың бұл күні торғай болды-ау
Ән іздемей, көмейі дән іздегеніне»
«Оқырман»
«Торғай құсың қайтадан болсын бұлбұл
Дән іздемей көмейі ән іздеген»,

Ж.Жақыпбаевтың

«Жазар ем сені, дәрі қайналуға болмайды-ау
Өлеңдерімнің ішіндегі ғажап шөптерденіне»
«Оқырман»
«Дәріні қойып, борық қайнатуға болмайды-ау

Өлеңдерінің ішіндегі ғажап шөптерден» – деген сияқты ойларын білдіріпті. Бұл жердегі ақындардың өлең жолдарында айтылған «сырларды» олардың кемшіліктерін оқырман атынан сынауға пайдалануы – бір жағынан, тапқырлық болса, екінші жағынан, шеберлік.

Б.Түкібаев К.Өмірбековтің

«Ойбо-ой,
Енді не етеміз?

Біразымыз
Пәлен жылға кетеміз»

және

«– Жемді жеп-жеп мойныңа
Ақша мінсе не етеміз.
Кәмәсияға бәріміз
Қуырдақ боп кетеміз» – деген жолдарына
«Ұйқас деген құрыды, ә!
Ойбо-ой, енді не етеміз?
Әр өлеңге осылай
Ұйқас болып кетеміз.
– Жо-жоқ, енді нетеміз?!.. – түрінде пародиялапты.

Базарбек Ш.Әлдибековтің «Көгілдір көкжиек» (1987) өлеңдер жинағында жиі кездескен мақал-мәтелдерді келтіре отырып,
«Бәрі-бәрі халықтың даналығы,
Қане, сонда ақынның жаңалығы?» («Қазақ әдебиеті», 13.05.1988) – деген сауал тастайды.

Қ.Тұрманбетұлы «Инкубаторында» Қ.Смағұловтың «Бәрін де біліп жүрміз» (1988) өлеңдер жинағында кездескен инкубатордың балапандарындай ұқсас тіркестерді, ұйқастарды төмендегіше мінепті:

«Тарта алмай оқырманды күлкің жатыр,
Жүр ме екен итермелеп «Құлқын батыр!»
Алғашқы кітабында-ақ болдық «Көкек»,
Ұйқасың тұнып тұрған «инкубатор»... («Қазақ әдебиеті», 27.10.1989).

«Пародияның парызы не?» («Қазақ әдебиеті», 14.05.1982) Қожанасыр мен оның қолбаласы К.Әмірбековтың сұхбаты түрінде жазылған. Мұнда қазақ поэзиясында орын алған кейбір кемшіліктер сатиралық стильде сынға алынған. Сын көбіне Қожанасырдың аузынан шығады. Қожекеннің «Қазіргі ақындардың басты кемшілігі буын, ырғақты шегелеп, ұйқасын қызыл кірпіштей қалай біледі де, ой айтуға келгенде орта жолда шоқырақтап, оқушы сезімін оята алмайды. Ой айтудан, мағыналы мазмұннан ұятты болғасын амал жоқ, астарлы ақындарға арқа сүйейді. Яғни, біреудің әп-әдемі ой-суретін өз жырына өзек етеді» деп бастаған әңгімесін қолбаласы ары қарай суыртпақтап, тарта түседі. Содан кейін Қожанасыр Ж.Әбдірашевтің Қ.Мырзалиевке қатты еліктегенін көптеген мысалдармен дәлелдейді. Ол мұнымен шектелмей, Т.Айбергеновтен, Т.Молдағалиевтен де ой ұрлапты.

«Қазіргі ақындарда «мен, мен!..» – деп төс қағып, кеуде керген өлеңдер моды боп барады» (Қожанасыр). Мұндай «әдет» Тұманбай Молдағалиевте бар екен. Ал М.Неталиев «өз айтарын тышқаншылауға көшіпті». «Лак ақыны Н.Юсуповтың «Голубь и пшеничное зерно» деген 147 жолдық ертегі өлеңін Мақсұт талтүсте «талан-таражға» салған. Сыпайылап айтқанда, одан 142 жолдық «Кептер мен дән» деген ертегі өлең жазған». Нанбасаңыз, келтірілген мысалдарды оқыңыз.

Ө.Қожамұратовтың «Жол аяқталмайды» (1981) атты өлеңдер жинағында «айтады ән – қайтадан» тіркесі ұйқас ретінде төрт рет қайталаныпты. Жинақта қаптап жүрген «Аймалашы, аялашы, аппағым», «Аппақ айдай аққуларым келе ме?», «Аяулым, Аппақ арманым» деген сияқты қаптап жүрген «аппақ» тіркестерді оқығанда, автордың шабыты қозып, мынадай пародия жазып жіберіпті:

«Аппағым-ау, аппағым,
Май тамызып, мақтадым.
Ұнасам да өзіңе
Сыншыларға жақпадым.
Аппағым-ау, аппағым,
Жөнді теңеу таппадым.
Сосын жанды қинамай,
Сүрлеу жолды таппадым.
Аппағым-ау, аппағым,
Сені қайтіп ақтадым.

Баспа басып шығарған
 Жинағым да қап-қалың.
 Аппағым-өлең, дастаным,
 Қарадым бір сәт – қас-қағым.
 Қарады екен қай жакқа,
 Редакторы баспаның».

Бұл жолдар сын нысанына айналып отырған Ө.Қожамұратовтың аузымен айтылған. Өлеңде Өмірзактың сөз саптауы, ұйқасы, тіркестері қолданылып, монолог түрінде көрінген. Осындай «аппак» сөздермен, ұйқаспен, оймен өлең жазатын ақынның туындыларын өздерін байқап көріндер дегенді меңзейді. Пародияның жеке басылмай, мақаланың ішінде берілуі де – тосын.

Пародияда нақтылы бір шығарма, немесе бір кемшілік мінелсе, эпиграмmanın нысаны – қаламгер, оның өзіне ғана тән бір, не бірнеше кемшілігі, немесе, осы қалай болар екен дегізетін өзгешеліктері. «Қазақ әдебиеті» газеті эпиграммаларды «Қожанасыр қоржынынан» беріп тұрыпты. Газеттің осы айдары 1988 жылдың I қаңтарындағы номерінде «Аттестация», «Алғашқы сынақ» деген ортақ тақырыппен шығыпты. Онда бірнеше сықақ әңгімелермен бірге Қожанасырға қолбалалық жасап жүрген Ж.Әбдірашевтің Ө.Әбішевке, С.Жүнісовке, М.Айтхожинаға, С.Тұрғынбековке арналған эпиграммалары беріліпті. Бұларда олардың шығармашылығынан гөрі мінез-құлық ерекшеліктері көбірек нысанаға айналыпты. Мысалы, С.Тұрғынбековке мынадай эпиграмма арналған.

«Өзін кейде ұстайды:
 Елестетіп Мұстайды.
 – Басын қайдам,
 Әйтеуір,
 Шашы сондай ұқсайды.
 Серік оның ағы екен –
 Демейді бұл қате екен.
 Кей уақытта аумаған
 Өзіміздің Гафекен...
 Кеңес берген кіл оған
 Кей уақытта Сыраған.
 Мінез-мінез бола ма,
 Одан-бұдан құраған...»

Осы газеттің тағы бір нөмірінде Жарасқанның Қ.Қайсеновке, Г.Бельгерге, С.Сейітовке, С.Бердіқұловқа эпиграммасы жарияланған. Бұларда да олардың адами болмыстары, кейбір шығармашылық қырлары жеңіл ғана әзілденеді. Мысалы, Г.Бельгер төмендегідей жолдардан көрінеді:

«Герольд Бельгер білгір-ақ,
 Белгілі жай – бұл, бірақ.
 Кейде қазақ сөзінің
 Орысшасын түзетіп,
 Кейбір орыс сөзінің
 Қазақшасын түзетіп,
 Қарасындай көзінің
 Отырады күзетіп...
 Немішесін өзінің
 Көрсө, шіркін, бір оқып» («Қазақ әдебиеті», 01.04.1988).

«Жұлдыз» журналында «Эпиграмма» айдары тұрақты түрде беріліп тұрды. Мұнда жарияланған материалдардың да дені – Ж.Әбдірашевтікі. Қазақ қаламгерлерінің көпшілігіне дерлік эпиграммалар жазылыпты. Олардың қатарында З.Қабдолов, Ө.Нұршайықов, С.Шәймерденов, Р.Бердібаев, Х.Абдуллин, А.Егеубаев, М.Қаратаев, Б.Соқпақбаев, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, С.Жиенбаев, Р.Тоқтаров, С.Мұратбеков, Ә.Тәжібаев, Т.Әбдіков, С.Сматаев, Х.Ерғалиев, Ж.Нәжімеденов, О.Бөкеев, Ә.Жұмабаев, Ф.Оңғарсынова, Қ.Жұмағалиев, А.Бақтыгереева, Д.Әбілов, Қ.Бекхожин, Д.Исабеков, Б.Нұржекеев, Ә.Сәрсенбаев, С.Мәуленов, Ш.Смаханұлы,

Ө.Нұрғалиев, Ә.Тарази, А.Сүлейменов, Ш.Сариев, С.Әшімбаев, С.Асанов, Т.Бердияров, О.Сәрсембаев, Т.Медетбеков, К.Мырзабеков, Е.Әукебаев, Т.Қожакеев, О.Әубәкіров, Қ.Ысқақов, Т.Нұрмағамбетов, Р.Нұрғалиев, А.Сейдімбеков, С.Адамбеков, Д.Досжанов, Б.Алдамжаров, Қ.Найманбаев, М.Шаханов, Қ.Сәрсекеев, т.б. бар. Бұлардың барлығы дерлік – жағымды эпиграмма. Жанды жаралайтын ауыр сын жоқ – ары кеткенде, жеңіл мысқыл ғана.

З.Қабдоловқа эпиграмма екі шумақтан тұрады:

«Жазушылық ғалымдыққа жол беріп,
Ғалымдығын ұстаздығы өңгеріп
Бара жатыр...
Зерттегендер Зекеңді
Қиналады-ау үш салаға тең бөліп.
Мұндай мінез мықтылардан жұғады,
Ұқса сырын – әмбебаптар ұғады...
Анық ойлы үш Зекеңді қосқанда –
Абыройлы бір Қабдолов шығады! («Жұлдыз», 1982, №7)

Мұнда сын жоқ, керісінше З.Қабдолов шығармашылығының үш қырлы екендігін, сондықтан да мықты екендігін айту бар.

Р.Бердібаевқа жазылған эпиграмманы да түгел келтірейік:

«Зерттеулерін оқиын,
Зердеме бір тоқиын!» – десең...
Досым біліп ал,
Рахаңның өз «тілі» бар.
Оның кейбір «лұғатын»
Оқырман аз ұғатын...
«Нәшрид» – баспа да,
«Санаткер де»,
Басқа да
Айтар қалай?
«Зайыр!» – деп.
Жазса, ақынды:
«Шайыр!» – деп.
Және оларға ашынып;
– Нағыз «шығармашылық», «уәзипалы»,
Ойлы бір
«Жаратылдым» – дейді – бұл!
Ал, осының біразын
«Тәржімалау – лазым!» («Жұлдыз», 1985, №1)

Эпиграмма – шұбалаңқылау. Мұнда аздап болса да сын бар. Сатирашы Р.Бердібаевтың өз еңбектерінде орыстан енген кейбір сөздердің қазақша баламасына шығыс сөздерін көбірек қолданатындығын құптай бермейді. Олар қалың көпшілікке, оның ішінде маған да ұғуға қиын, сондықтан да «осының біразын тәржімалау – лазым» дейді. Р.Бердібаевтың мұндай «лұғаттары» сол эпиграмма жазылған 1985 жылдары аздап түсініксіз болса, болған шығар, ал қазір бұл сөздердің көпшілігі қалың оқырманға ұғынықты болып кеткенін де айта кеткен жөн.

Жарасқанның эпиграммаларында Х.Абдуллин «Ұйғырлардың – серкесі, қазақтардың еркесі», А.Егеубаев «Ашуланса, сын жазып, жыр жазады – шаттанса» («Жұлдыз», 1985, №1), Б.Соқпақбаев «Дулатты Төленменен, ал Төленді – алады Бексұлтанмен шатастырып», («Жұлдыз», 1982, №8), Т.Молдағалиев «Жетілдім!» – деп айтпай қойды-ау, Тұмаған» («Жұлдыз», 1982, №8), Қ.Жұмағалиев – «Кетеді кейде сайрап тым, таппайсың, тіпті, ойлап мін!» («Жұлдыз», 1983, №10), С.Мәуленов «Жырының, бірақ, қызуы баяғы «гра-ду-сын-да!», Ә.Сәрсенбаев «Шамырқанған шабыттың – қызуынан, шаштың өзі қалғандай ширатылып» («Жұлдыз», 1983, №9), «А.Сүлейменов «Асекең барлық жанрда ауызша жазып жүр қазір» («Жұлдыз», 1984, №1), С.Әшімбаев «Қаламдастарға келгенде – қаламы жүрмей қалады!» («Жұлдыз», 1984, №1), Т.Медетбеков «Темірхан деген білгіш бар, темірден өлең кемірген!» («Жұлдыз», 1984, №5), О.Әубәкіров «Оспанхан өзін жазады» («Жұлдыз», 1984, №6), Қ.Найманбаев «Көрген

емес жолынан бір «жаңылып», алмай-бермей атанды «Мырза жігіт» («Жұлдыз», 1985, №3), М.Шаханов «Еңбегі ақындыққа сіңген артист, Артистікке еңбегі сіңген ақын» («Жұлдыз», 1985, №3) ретінде көрінеді. Эпиграммалардың көпшілігі достық рәуіште жазылған.

Р.Токтаровқа жазылған эпиграммада мынадай жолдар бар:

«Ғасыр наны» –
дейді өзі, «Тыңның наны!»
Дейді біреу: «Сыншының,
Сынның наны!»
Ал, ағайын өздерің айтыңдаршы:
«Ғасыр наны», шынында, кімнің наны?» («Жұлдыз», 1982, №9).

Бұл жерде сатирашы жазушының баспасөз бетінде сынға ұшырап жатқан «Ғасыр нанын» айтып отыр. Автордың ойынша, романның «сынға нан» болып жатуы онда кемшіліктердің айтарлықтай болуынан.

«Сыншылар сілкілей ме,
бұтарлай ма?
Жібегін жүн ете ме,
Түте алмай ма?..
Бәрі де шыбын құрлы көрінбейді –
Білетін өз «есебін» Дүкенбайға!..
Шынында не қылады батылсынып,
аударып атын алмас ақылшы жұрт.
Жарамай қалғаны жоқ жазғанының,
Токтамай том-том болып жатыр шығып...» («Жұлдыз», 1984, №10).

Бұл – жазушы Д.Досжановқа айтылған эпиграмма. Оқып шыққанда, бір карағанда, Дүкенбай – жазушының мықтылығын паш етіп отырғандай. Сәл ойланыңқырасаңыз, «шығармаларыңа сын айтылып жатқанына қарамастан кітаптарың «тоқтамай том-том болып жатыр шығып», бұл қалай деген сияқты сауалдар алдыңнан шыға бастайды.

Ж.Әбдірашевтің

«Жүрген біреу емеспін мен беталды,
Әбеке,
Қолыңды жай,

бер батаңды!»... – деп басталатын эпиграммасы Ә.Тәжібаевқа арналған. Онда сіз Төлеген, Ахметова сияқты бірсыпыра ақындарға ағалық батаңызды беріп, дұрыс жасадыңыз. Бірақ соңғы кездерде С.Дәуітовке дейін батаңызды беріп, көбейтіп жібердіңіз, енді «бағасын батаңыздың түсірмеңіз» – деген ұсынысын айтады.

Асқар Сүлейменов жайлы Жарасқанның мына бір эпиграммасын оқиық:

«Сүлейменнің Асқары
Әуелі сыннан бастады.
Ауызы толмай ешкімге,
Артынша оны тастады.
Қара сөзге де тұщынып,
Қалған-ды ептеп ысылып.
Ойынан шықпай өзінің
Оны да қойды ысырып.
Бірде сын айтып,
Бірде әзіл,
Артамыз үміт жылма-жыл.
Асекең барлық жанрда –
Ауызша жазып жүр қазір!» («Жұлдыз», 1984, №1).

Мұнда әдеби сында жарқ етіп, әдебиетке келген аса дарынды қаламгер одан кейін прозада қалам сілтеп жақсы шығармалар жазғанымен де соңғы кездерде жазушы ретінде көрінбей кетті; тек әдебиет жайлы «ауызша жазып жүр қазір!» – деп, мысқылдайды; яғни, А.Сүлейменовке соңғы кездерде мүлдем жазбай кеттің деп, інілік наз білдіреді.

«Қожанасыр қоржынынан» Т.Медетбековтің бір топ жұмбақтары беріліпті. Жұмбақ дегенде, әр нәрсені емес, өзінің қаламдас замандастарын жұмбақтапты. Жұмбақтағанда

да олардың азаматтық-ақындық болмысын аша түсетін, ерекшелендіріп тұратын сипатын, мінез-құлықтарын өлеңмен жасырыпты. Ол И.Сапарбаевты

«Иілген достарына,
Күйінген қастарына».
Үндемей бітіретін
Жұмысты... басқаны да кім?» – деп,
И.Оразбаевты
«Жиналыстан сау кетпейтін,
басынан дау кетпейтін – кім?» – деп,

Н.Оразалинді

«Өлең жазғанда,
Театрға қызығып отыратын.
Театрда жүргенде
өлең жазғысы кеп

«бұзылып» отыратын – кім?» – деп, жұмбақтайды. Осы сияқты Д.Қанатбаевқа, К.Ахметоваға, Е.Дүйсенбаевқа, Ж.Әбдірашевқа, С.Тұрғынбековке, Т.Рахимовқа, Ж.Жақыпбековке, Ұ.Есдәулетовке, Н.Айтовқа, Д.Стамбековке, Ж.Бөдешовке де жұмбақ жазып, олардың сыпатты ерекшеліктерін дөп басып бейнелей алған.

16.5. СУРЕТКЕР СЫМБАТЫ

Сын жанларының бір түрі – шығармашылық портрет. Белгілі бір қаламгердің өнерпаздық жолын жан-жақты талқылаған мақалалар сексенінші жылдары да ұдайы жарияланып тұрды. Қ.Ергөбековтің «Аманат» («Қазақ әдебиеті», 01.05.1980, С.Мұқанов), Қ.Жұмағалиевтің «Шабдытты шак» («Қазақ әдебиеті», 05.06.1981, Қ.Бекхожин), Ә.Тәжібаевтың «Мәрттік пен сұлулықты жырлаған» («Қазақ әдебиеті», 04.12.1981, С.Бердіқұлов), А.Нысаналиннің «Жауһар жырдың маркасқасы» («Қазақ әдебиеті», 13.02.1981, М.Мақатаев), Қ.Мырзалиевтің «Жаймашуақ» («Қазақ әдебиеті», 08.05.1981, О.Асқар), «Жаралы жырлар мен шежіре жырлар» («Қазақ әдебиеті», 15.05.1981, Ө.Нұрғалиев), Т.Сыдықовтың «Талант табиғаты» («Қазақ әдебиеті», 15.05.1981, Т.Ахтанов), Н.Ғабдуллиннің «Жетекші ойлар» («Қазақ әдебиеті», 12.03.1982, Ғ.Мүсірепов), З.Қабдоловтың «Сырлы дүние» («Қазақ әдебиеті», 19.03.1982, Ғ.Мүсірепов), Ж.Нәжімеденовтің «Іздену жолында» («Қазақ әдебиеті», 25.06.1982, С.Асанов), Х.Әдібаевтың «Даланың бояуымен өлең жазған» («Жұлдыз», 1981, №3), «Тағдыр мен талант» («Жалын», 1982, №5, Қ.Жұмаділов), Ғ.Қайырбековтің «Өмір жыршысы» («Жұлдыз», 1981, №10, Қ.Аманжолов), М.Хакімжанованың «Өнердің шебер салған мол өрнегін» («Жұлдыз», 1981, №11, Т.Әбдірахманова), Т.Кәкішевтің «Еңбегімен ел есінде» («Жұлдыз», 1981, №12, Е.Ысмайылов), «Қос қанатты дарын» («Қазақ әдебиеті», 10.12.1982, Ө.Нұршайықов), М.Қаратаевтың «Сарабал суреткер» («Қазақ әдебиеті», 03.12.1982, Ғ.Мұстафин), «Дарқан дәстүр дінгегі» («Жұлдыз», 1982, №3, Ғ.Мүсірепов), Р.Бердібаевтың «Замана жыршысы» («Жұлдыз», 1982, №11, Ғ.Мұстафин), Б.Сарбалаевтың «Қаламгер мұраты» («Жалын», 1982, №2, С.Шәймерденов), Қ.Мұхаметхановтың «Ақылбай Абайұлы Құнанбаев» («Жұлдыз», 1984, №1), Т.Молдағалиевтің «Іздегенін тапқан талант» («Қазақ әдебиеті», 04.01.1985, Қ.Мырзалиев), «Ұстаз акын туралы ойлар» («Қазақ әдебиеті», 03.11.1989, Ә.Тәжібаев), Т.Жұртбаевтың «Қажырлы қалам» («Қазақ әдебиеті», 11.01.1985, І.Есенберлин), «Қайсар ғалым» («Жұлдыз», 1986, №1, Қ.Мұхаметханов), Д.Әшімхановтың «Бағытқа бағдар» («Қазақ әдебиеті», 06.12.1985), Б.Майтановтың «Сыншы мерейі» («Жұлдыз», 1985, №12), С.Қирабаевтың «Ақынның тіршілігі өлеңімен» («Қазақ әдебиеті», 04.09.1987, Ф.Оңғарсынова), «Дара сипат» («Қазақ әдебиеті», 12.06.1987, Ә.Тәжібаев), «Дара тұлға еді» («Жұлдыз», 1989, №1, Ғ.Мұстафин), Ә.Кекілбаевтың «Дәуір перзенті» («Қазақ әдебиеті», 25.09.1987), Т.Қожақеевтің «Бізге белгісіз Бейімбет» («Жұлдыз», 1988, №11, Б.Майлин), А.Нысаналиннің «Шыңғыс шыңы» («Қазақ әдебиеті», 09.12.1988, Ш.Айтматов), С.Жұмабековтің «Өз ғасыры – өзінің ішінде» («Жалын», 1989, №1, Т.Медетбек), Т.Токбергеновтің «Ой сезімге бойлаған» («Қазақ әдебиеті», 27.01.1989, Қ.Ысқақов), «Сәукең туралы сөз айтсам» («Қазақ әдебиеті», 13.10.1909, С.Бакбергенов), Қ.Жұмаділовтің «Талант табиғаты» («Қазақ әдебиеті», 02.02.1990, М.Мағауин), Қ.Құрманғалиевтің «Уақыт тамыршысы» («Қазақ әдебиеті», 02.02.1990, К.Ахметбеков), К.Ахметованың «Мұзбалақ» («Қазақ әдебиеті», 06.

07.1991, М.Махатаев), С.Негимовтің «Ғылымның еңбек торысы» («Қазақ әдебиеті», 01.11.1991, Е.Ысмайылов), т.б. мақалаларында белгілі қаламгерлердің шығармашылық болмысы жан-жақты ашылды.

Бұлардың көбі ақын-жазушылардың түрлі мерейтойларына орай жазылған. Осы жылдарда С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтің, Б.Майлиннің 90, М.Әуезовтің 80, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, Ғ.Мұстафиннің 80, 90, Ә.Тәжібаевтың 75, М.Қаратаевтың, Е.Ысмайыловтың, Қ.Аманжоловтың, Ғ.Слановтың, Ж.Тілековтің 70, Е.Әукебаевтың, Т.Әбдірахманованың, Т.Ахтановтың, Ә.Нұрпейісовтің, М.Махатаевтың, С.Қирабаевтың, Т.Кәкішевтің, З.Қабдоловтың, Р.Бердібаевтың 60, Қ.Мырзалиевтің, О.Сүлейменовтің, Қ.Жұмәділовтің, Ә.Кекілбаевтың, Р.Нұрғалиевтің 50, т.б. мерейтойлары болып өтті.

Қазақ әдебиетіндегі осы сияқты елеулі оқиғаларға байланысты әдеби басылымдар жекелеген мақалалар берумен қатар, басқа да формалық ізденістерге барды. Мысалы, М.Әуезовтің 80 жылдығына орай «Қазақ әдебиеті» ұлы жазушының қырларын әр жағынан қарастырған Р.Бердібаевтың «Суреткер ерлігі» («Қазақ әдебиеті», 18.09.1987), Ә.Кекілбаевтың «Дәуір перзенті», З.Қабдоловтың «Сахна саздары», Т.Жұртбаевтың «Жүрегімнің түбіне терең бойла» («Қазақ әдебиеті», 25.09.1987) мақалалар топтамасын берсе, «Жалын» альманағы (1987, №2) З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінен үзінді берумен шектелген. С.Мұқановтың 80 жылдығына байланысты «Жұлдыз» журналы (1980, №5) Ә.Сәрсенбаевтың «Көркемдік бағбаны», Қ.Бекхожиннің «Ұстаз аға», Т.Әлімқұловтың «Мол пішім», Н.Жантуриннің «Сол бір күндер есімде», М.Мұқанованың «Сәбен туралы естеліктер» сияқты материалдар жарияласа, 90 жылдығында Х.Ерғалиевтің «Жырдың бас ағасы» атты (1900, №4) мақаласын ғана беріпті.

«Жалын» альманағы мерейтойлық материалдарды, қаламгерлердің жазушылығы жайлы мақалаларды «Творчестволық портрет», «Қаламгер дидары», «Өлді деуге бола ма, айтындаршы» айдарларымен беріп тұрған. «Өлді деуге бола ма айтындаршыда» көбіне мақалалары шоғыры жарияланып тұрған. Осы айдармен басылымда Х.Есенжановқа (1988, №1), З.Шашкинге (1988, №2), С.Сейфуллинге (1988, №4), Ғ.Мүсіреповке (1987, №1), Т.Айбергеновке (1987, №2), Ғ.Мұстафинге (1987, №3), М.Дулаговқа (1989, №5), Ж.Аймауытовқа (1989, №3), т.б. арналған топтама материалдар берілген. Бұлардың ішінде сын мақала да, ғылыми зерттеу де, естелік те, эссе де бар.

Шығармашылық портрет «Қазақ әдебиетінде» «Суреткер сымбаты», «Ақын ақын туралы», «Қаламдас туралы сөз», «Шабыттың шаңқай түсі», «Жұлдыз» журналында «Сын және библиография», «Мүшелтой» айдарларында сөз алған. Бір ғана «Жұлдыз» журналында шығармашылық портрет 1980-жылы 16, 1981-де 9, 1982-де 14, 1983-те 12, 1984-те 20, 1985-те 26, 1986-да 18, 1987-де 13, 1988-де 12, 1989-да жоқ, 1990-да 2 рет көрініпті. Басқа басылымдарда да осы деңгейде. Келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, сексенінші жылдарда шығармашылық портрет жанры сан жағынан әдеби сынның басқа жанрларға қарағанда, көңіл көншітетінін байқаймыз. Ал сапа жағы арнайы әңгіме етуге тұрарлық. Кейбірі қасаң, құрғақ тілмен, белгілі бір жаттанды қалыппен жазылып, ойдан шыға бермесе, жанрдың шырайын кіргізгендері де баршылық. Енді солардың кейбіреулеріне тоқтала кетейік.

М.Қаратаевтың 70 жылдығына орай, барлық қазақ басылымдары мерейтойлық материалдар басты. «Жалын», Ә.Нағыметовтің («Сын саңлағы», «Жалын», 1980, №6), «Социалистік Қазақстан» З.Қабдоловтың («Суреткер сыншы, ғұлама ғалым»), мақалаларын, «Лениншіл жас» арнайы бет берді. Ә.Нағыметов М.Қаратаевтың «Көп қырлы ғалым, жан-жақты зерттеуші, көрнекті сыншы» екендігіне көңіл бөлсе, З.Қабдолов оның суреткерлігін атап айтады: «Мұхаметжан Қаратаев – бәрінен бұрын – суреткер. Бұл оның «Даладағы дабыл» романын жазғандығында, Максим Горькийдің «Менің университеттерім» повесін, Михаил Шолоховтың «Тынық Дон» эпопеясының үшінші кітабын аударғандығында ғана емес, Мұхаметжан Қаратаев әдебиет пен өнер мәселелерін шын мағынасындағы ақынша толғайды, өзі байыптап отырған эстетикалық құбылысқа ең жар қарай алмайды, отты құштарлықпен лапылдап, маздап, тербеліп кетеді. Асылы, сыршыл толғану, тебірену бар жерде эмоция бар. Эмоция бар жерде тұтқындағыш күш бар. Мұның бәрі – теориялық білімі терең сыншы ғана емес, көркем творчествоның психологиясына еркін сүңгітін, жазушылық шеберлік құпияларын бес саусақтай білетін нағыз суреткерге ғана тән ерекшелік. Осы ерекшеліктің арқасында Мұхаметжан Қаратаев қаламынан туған әдеби-сын мақалалар оқушыны терең баурап, мейлінше тартымды оқылады».

«Лениншіл жастың» М.Қаратаевқа арнаған бетінде С.Қирабаевтың «Мұхаметжан туралы сөз», Х.Ерғалиевтің «Сынақтан өткен сын», Х.Әдібаевтың «Мұқалмас қайрат», Б.Сарбалаев-

тың «Алыптың ақиқаты» мақалаларымен бірге М.Қалдыбаевтың «Ақ айдын» арнау өлеңі орналасқан. Тақырып бір болғанмен төрт мақала бірін-бірі қайталамайды. С.Қирабаев сыншының еңбек жолын кеңірек қамтыса, Х.Ерғалиев пен Х.Әдібаевтың, Б.Сарбалаевтың материалдары сыншы тұлғасын әр қырынан толықтыра түскен. Ақын Хамиттің пікірі – эмоцияға толы. Ғалым Хасен «Мұхаметжан Қаратаевтың сын жанрындағы қайталанбас тұлғасы, әсіресе бүгінгі таңда ерекше айқын көрінеді... Мұхаметжан Қаратаев творчествосы – ұлттық сын жанрының тарихындағы бір дәуір, ұзақ дәуір» – деп бағалайды. Жас сыншы Бакыт М.Қаратаевты «Алдымен сыншы болып тууымен, жаратылуымен алып. Содан соң сонау отызыншы жылдардың басынан бұлақ болып басталған, содан бергі елу жылға жуық уақыт ішінде сын дариясына айналған тұтас творчествосымен алып. Біздің ойымызша, Мұханның екінші аты, әдеби есімі – Сындария» – дейді.

Д.Әшімхановтың сыншы С.Әшімбаев туралы жазған «Бағытқа бағдар» мақаласы «Қаламдас туралы сөз» айдарында орын алған. Автор мұнда Сағаттың өмір жолын, не істеп, не бітіргенін тәптіштеп жатпаған; сыншы туралы кейбір пікірлерін, ойларын ғана білдірген. Оның «Талантқа тағзым» (1982), «Парасатқа құштарлық» (1985) атты соңғы екі кітабын оқып шыққаннан кейінгі ой ұшқындары іспеттес. Мысалы, «Азаматтық формуласы» мақаласын оқи отырып, «С.Әшімбаев творчествосынан біздің аңғарғанымыз – ол өмірден, әдебиеттен танымдық фактілерді жинақтай отырып, сол фактілердің неғұрлым тәрбиелік маңызына үңілуді түпқазық ететін секілді» («Қазақ әдебиеті», 06.12.1985) – деген ой түйеді.

З.Серікқалиев әріптесі Төлеген Токбергенов елуге толғанда, «Мағыналы мүшел» деген мақала жазды. Төлегеннің әдебиетке нағыз өмірден, ауылда быраз жыл қызмет етіп барып келгенінен хабардар студент басталған мақалада әңгіме негізінен оның «Тоғыз тарау», «Үш тоғыс», «Қос қағыс» сын жинақтары төңірегінде өрбиді. Автор Т.Токбергеновтің сыншылық қызметін «Біз бүгін әзірше үш кітаппен өрісі айқындалған сыншылық өнерді негізінен алпысыншы-жетпісінші жылдар прозасының көрнекі құбылыстарын, біртұтас картинасын біршама әділ бағдарлаған жүйелі таным» («Қазақ әдебиеті», 14.10.1985) – деп бағалаған.

Қазақ әдебиетіндегі болмыс-бітімі өзгеше қаламгердің бірі – Асқар Сүлейменов. «Жылқы мінезді келеді» дегендей, Асқардың өзі де, шығармашылығы да – өзгеше ұқсамайтын мінезді. Осы бір дарынды жазушы туралы Т.Токбергенов оның «мінезін» ашып берген мақала жазыпты. Төлеген А.Сүлейменовтің алғашқы кітабы «Бесінді» «Әу баста Сөз жаратылды, сол сөз күдіреттің аузына түсіп, сонсоң күдіреттің лебізі боп қайта шыққанда, Сөздің өзі күдіретке айналып еді десек, сол күдіреттің қасиетін қылапсыз ұқтырған азын аулақ дүниенің бірі Асқардың сол бір тұтам ғана кітабы екені даусыз» («Қазақ әдебиеті», 16.03.1990) – деп біледі. Ал «Адасқаттың» атой сап тұрар артықшылығы тілінде. Асқардың жүрек-ділін жарып шыққан шымыр, шыны ойлары көз алдында тіріліп, қолыңа ұстатқандай бедерлі суретпен астасқанда шым-шым қайнарға малып-малып алғандай күй кешесің. Қалыптан тыс теңеу, шендестірулер, мүлде жаңа, тосын тіркестер, бедерлі ұғым, ұғымды бедер астарлап тұрар бөлек байлам, оқыс орамдар, қайталап соғып, күшейе беретін қағыс-қайырымдар – Асқар тілінің артық нышандары. Асқардың сол айрықша қасиеті кейде кемшілігіне айналар болса, ол өзі бояудың, нақыш-нақыстың қоюлығынан, бедердің қалың, қабат-қабат молдығынан шығар дейміз. Ұғымға ауыр сөз тіркестерге көз сүрінгенде, кейде өзін тамсанып, сұқтанып отырған тіл көркемінен басыңды ала қашқандай боласың... Ол оңайдан ойнап жазбай, қиыннан қиналып жазады» (сонда).

Т.Токбергеновтің пікірінше «Асқарда сөз бөлек, ой ерек. Анықтаңқырап айтсақ, тіл мен ойдың астасып барып табысатын жері – адамның ділі, жан сыры. Сұңғыла сезік, сұмдық түсініктер, ой күдік, ой толғақтар іштей арбасқан, ырғасқан сөз күдіретпен мүлде басқа қырынан ашылып, ақтарылып сала береді. Өзгеше динамикалық қуат, өріс алады» (сонда).

Тілге – шандоз, ойға терең А.Сүлейменовтің көрінгенге жалынан ұстаға бермейтін шаңқан-боз шығармашылығы жайлы Т.Токбергенов толымды да тиянақты пікір айта білген. Ең бастысы «жылқы мінездес» жазушының ешкімге ұқсамайтын өзіндік болмысын, шығармашылық шырайын кілтін тауып, ашып бере алған.

Ә.Кекілбаевтың Ғ.Мүсіреповтің 80 жылдығына орай жазған «Өнегелі өмір, өміршең өнерін» қаламгер шығармашылығы туралы жазылған мақала дегеннен гөрі жазушының жазушы туралы толғанысы, эссе деп қабылдаған жөн сияқты. Мұнда шығармаларды көркемдік тұрғыдан талдау жоқ, Ғабит туындыларының тағлымы, Ғабит ғибраты сөз болады: «Ғабит Мүсірепов – әлгі айтулы буынға тән азаматтық тұрлауды, тарихи жауапкершілікті, қоғамшылдықты мейлінше мол, мейлінше айқын, мейлінше табанды танытып келе жатқан бірегей тұлға.

Оның суреткерлігі ескі қазақ аулында базарға айдалатын жылқыларға «достеберен» жазып беруге жетерліктей машықтан тек ұлттық әдебиетіміздің ғана емес, көп ұлтты совет әдебиетінің ең таңдаулы шеберлерінің бірі атанған биік деңгейге дейін кемелденді» («Қазақ әдебиеті», 19.03.1982).

Ары қарай ойын «Мүсірепов талантының байыптылығы сонда, ол жаңаны жырлай отыра, бұрынғының бойындағы өміршең мен өтпеліні саралай біледі. Мүсірепов қандай жаңа құбылысты, қандай жай адамды жазсын мейлі, оның түп-төркінін халықтың бойынан табады; қандай өрелі проблема көтерсін мейлі, халықтың өз көкірегінен іздейді. Айды аспанға шығару үшін қайдағы бір дүдәмалға ұрынбайды. Жақын жақсы көргеннің жөні осы екен деп, ол жайында қайдағы жоқты қыстырмай, әуелі оның бойында шыннан бар абзал мен асылды мұқият зерттеп, мұқият танытады. Халқын жақсы көргеннің жөні осы екен деп, жауырды жаба тоқымайды. Ол халықтың жақсыға талпынған ықыласы тұрғысынан жазады. Мүсірепов суреткерлігін сүйекті етіп тұрған ол көтеретін проблемалардың әлеуметтік салмағы, суреттейтін кейіпкерлердің азаматтық кемелділігі, ұсынар ойдың тарихи пайымдылығы» – деп жалғастыра түскен.

Өзі де жазушы Әбіш Ғабиттің суреткерлігі жайында тебірене сөйлеп, шабыттана жазған. Ғ.Мүсірепов туралы әңгімемен байланыстыра өмір, заман, өнер, әдебиет жайлы да толғанған. Қазақ әдебиетіндегі аға буынның ардақты бір азаматының алдында тағзым ете отырып, оның кейінгі ұрпақтың кәдесіне жарарлық өнегесі жайлы сыр шертеді: «Мүсірепов өмірі – өнегелі өмір. Өнегелі болатыны – күрескен өмір. Биік мұраттар жолындағы мәмілесіз күресті өзек еткен өмір. Мүсірепов өмірі – өміршең өнер. Өміршең болатыны – шыншыл өнер. Шындықты мұрат тұтқан өмір де, өнер де – ең алдымен, ел игілігі, ел мерейі» (сонда).

Жазушы Ә.Кекілбаев жазушы, онда да сырбаз суреткер Ғ.Мүсірепов туралы терең ойларын сырлы сөздің құдіретімен әсем де бейнелі түрде мөлдіретіп, төгіп-төгіп жіберген. «Өнегелі өмір, өміршең өнерді» оқып отырғанда, бейне бір көркем әңгімедегідей сұлу сөздің сиқыры бірден баурап алып, ерекше бір сұлулық әлеміне алып кетеді. Әсем сөздің сыңғырына елітіп, ерекше бір романтикалық күй кешесіз; бейне бір әсем әңгіме оқып отырғандай, сұлулықтан эстетикалық ләззат аласыз. Ғ.Мүсірепов туралы көркем әңгіме оқып отырғандай боласыз: «Соған қарағанда, ұланғайыр қазақ жерінің теріскей пұшпағындағы Елтіңжал ауылында және бір «ат әкелер» жарыққа келгенде, адамзаттың жаңа ғасырдың, жиырмасыншы ғасырдың табалдырығынан аттағанына екінші жыл болып бара жатқанын әлі сезіп үлгере қоймаған қазақ тек сол тал бесікке жаңа түскен қызыл шақа ғана болмаса керек. Көзге көрініп, қолға ұстатпайтын жұмыр уақыт түгілі маңырап кіріп, маңырап шығып жатқан қорадағы қойының санын жөндеп білмей басынан өтіп бара жатқан баянсыз дәуренді «шай қайнатым», «сүт пісіріммен», әрі асқанда, оқтын-оқтын бір соғып, дүрліктіріп кетіп отыратын «қоянның жұты», «жыланның жұтымен» межелеп отырған ескі ауылда қарын шашын алдырған сол қазақтың өмір жолы бір кездегідей тек сұңғыланың сұңғыласы, ғұламаның ғұламасы ғана емес, бүгінде кез-келген жұмыр басты пендені толғандыратын «Заман адам үшін не жасай алады? Адам Заман үшін не жасай алады?» деген өзекті сауалға айдан анық жауап бере алғандай» – деген жолдарды тұтастай оқып шығу үшін оқырманға салқын сабырлылық пен онда не жайында әңгіме болып жатқанын түсіне алатындай білім, сезіне алатындай эстетикалық түйсік болуы керек. Әбіштің бір бұл ғана мақаласы емес, оның қаламынан шыққан дүниелердің барлығы дерлік әдебиетке деген қызығушылығы, белгілі бір дайындығы бар оқырмандарға арналған. Ал біз әңгіме етіп отырған «негелі өмір, өміршең өнер» суреткер сынының классикалық үлгісіндей.

Ақын Абдолла Жұмағалиевтің 70 жылдығына орай жазылған мақаласының жанрын Ә.Сәрсенбаев эссе-монолог деп айқындапты. «Абдолла, сыбызғы сырлы Абдолла!» деп басталып, хат түрінде, Абдолланың рухымен сырласу ретінде жазылған мақала бірден оқырманын өзіне тартып алып кетеді. Сен де осындай сирек кездесетін аңыздар тобына жататынсың, Абдолла! Рас, сен бір кезде өз ортамыздың ғана аңызы едің, қазір жалпыхалықтық аңызға айналдың! Сен бір кезде сыпайы сыршылдықтың, кір шалмас ақпейілділіктің, әулие аямпаздықтың үлгісі едің, қазір сол абзал қасиеттеріңнің үстіне мәшһүр ерлік үлгісіне айналдың. Сен мәңгілік өмірді, мәңгілік албырттықты армандап, «өлмес өмір дастаны» жайлы толғанар едің. Сол «Өлмес өмір дастанын» өз жүрегіңнің қанымен жазып, мәңгі өлмейтін, мәңгі қартаймайтын албырт та сом тұлғаға айналдың.

Я, солай бауырым. Сен үнемі бір арман биігіне талпынып, жалпы адам тағдыры төңірегінде тебірене толғанатын нәзік жанды, мөлдір мейірімді, қыршын жігіт едің-ау. Ал қазір жет-

піске толыпсын» (Әбу Сәрсенбаев. Ақын рухымен сырласу. «Лениншіл жас», 26.02.1985) – деп тебіренеді жастық жылдарын әдебиет ауылында бірге өткізген Әбу досы.

Мақалада өткен күндерді, бірге жүрген кездерді еске ала отырып, аңызға айналған ақын А.Жұмағалиевтің азаматтық, ақындық болмысын жасайды. Мысалы, оның «Ей, адамзат, адамзат, жұмыр жердің үстінен жүріп өтер жолаушысы, сен қонағысың ғой өмірдің. Кейінге жол беру табиғат заңы ежелден. Думанды мынау өмірден сыбағанды ала біл. Ал келешек ұрпаққа келгенің жайлы із қалдыр. Миуасын үзген бақшаңа шыбығың қанша қадаған? Есеп бер, жөнер алдында!.. Беймаза сағат, сен маған осыны ескертесің-ау. Орынды, әбден орынды. Өзім де соны сеземін, сондықтан да асығам... Атым адам болған соң, борышым көп қой мойнымда. Атқарғаным тым қораш. Осыны ойлап қайғырам. Орным суыр өмірден өкінбей өтсем деп едім!...» (сонда) – деген сөзін беру арқылы Абдолланың өмір, өмірдің мәні жайлы өрелі ойдың иесі екенін білдірумен бірге оның азаматтық тұлғасын да сомдай алған.

Автор Абдолламен бірге өткізген күндерден естеліктер, штрихтар, өлеңдерінен үзінділер келтіре отырып, оны өзінің ой-пікірлерімен өрнектей түседі: «Сен келешегіңнен үлкен үміт күттіретер санаулы дарындарымыздың бірі едің-ау, Абдолла! Бірақ та өз бойыңдағы бай сарынды өрістетіп те үлгермей, думанды «өмір көшесін» мезгілсіз артта қалдырдың!»

Алайда өз артына «сыршыл ұрпақ» сүйсіне үңілер елеулі мұра қалдырдың. Әрине, біз бұл мұраны сарқырай келіп, таси алмай үзілген шалқар, дарияның толқындары ғана деп қабылдаймыз. Өттең, дүние-ай, мол тасыр да, мол шалқыр да еді ол дария, ұрланып келген жауыз қол дәл сағадан үзді де «күміс толқын» күмбірлей түсіп, тынысын ерте тоқтатты» – деп, тебіренеді қыршып кеткен Абдолла ақын туралы Әбу ақын.

Ә.Сәрсенбаевтың Абдолла ақын туралы эссесі көркем поэтикалық тілмен жазылған; төгіліп, құйылып тұр. Қысқа ғана өмірі соғысқа дейінгі дәуірде өткен ақынның шығармашылық өмірі романтикалық халде елес беріп, алыстағы қалған армандай әсер етеді. Сондықтан да Әбудің «Ақын рухымен сырласуы» әдеби сындағы шығармашылық портрет жанрының сәтімен бір жазылған сәтті бір үлгілерінің бірінен саналады.

16.6. ӘДЕБИЕТ ДЕГЕНІМІЗ – ТІЛ

Әдебиет дегеніміз – тіл. Көркем шығарма – сұлу сөзден сомдалып соғылған сөз өнері. Сондықтан да әдебиет жайлы сөз болғанда, оның тіліне соқпай өте алмайды. Әдебиет туындысын талдау оның тілін талдаудан басталады. Тілі нашар шығарма ары қарай сөз қылуға тұрмайды да. «Қазақ әдебиеті» газеті «Ауру сөйлемдердің емханасын» ашып, тілінде кінәраты бар шығармаларды «емдеп» отырды.

Е.Домбаевтың «Бір сөйлемнің сырқаты мен анатомиясы» фельетон үлгісімен жазылған. Газетте бұрыннан бар «Қожанасыр қоржынының» иесі Қожанасыр «Тапқан-таянғанына «Ауру сөйлемдердің емханасын» салдырып, пайдалануға берді. Қожекеннің ойынша: «Сөйлем дегеніміз – тіл. Тіл дегеніміз – сөйлем. Ол да – кәдімгі тірі организм. Оның да «басы», «колы», тағы-тағы мүшелері түгел келеді екен. Сол тіліміз осы күні бір-бірімізге көбіне-көп әдеби, ғылыми, аударма деп аталатын кітаптармен жетеді. Ал кітаптардағы сөйлемдердің көбі, Қожекенше, ауруға шалдыққан, кейде тіпті ауруы қатты асқынған қалпында жүретін көрінеді» («Қазақ әдебиеті», 21.06.1985) – деп, осындай қадамға барған. Сонымен, «Ауру сөйлемдердің емханасына» бірінші болып «Қос тізесін қаусыра құшақтап, екі бұтының арасынан басын төмен иген Мергенбай сол қалпын өзгертпей, қабағының астымен сүзіле қарап, Перизаттың сөзін таңырқай тындап қалыпты» (Адам Мекебаев. Періште келіншек. А., 1984, 203-бет) – түседі. Ауру сөйлемнен «алғаш анализ алған екі маман» Қ.Ысқақов пен Д.Исабеков болады. «Қауырт шақырылған мамандар консилиумы» ауруды емдеу үшін төрт пункттен тұратын шешім қабылдайды. Соның бірі – әдеби асқынған ауруды «дереу операцияға жатқызу» болған.

Осы ауруханаға Т.Жексенбаевтың «Азулылар айқасы» (А., 1985) кітабының бір топ сөйлемі түсіп қалыпты. Қожанасырдың «Қолғанатының» атынан жарияланған мақала хат түрінде жазылған. «Уа, құрметті де қадірлі қариямыз Қожекен!» деп басталған мақала амандық-саулық сұрасқаннан кейін ары-қарай әңгімені «Қожекен, науқас сөйлемдерді тең көтерп, емдеуді ұйымдастырмасак, емхананың емделгіштерікөбейіп кеткелі тұр» («Қазақ әдебиеті», 26.07.1985) – деп жалғастырады да «Аққулар айқасы» кітабының ішінде «дімкәс, сырқат, жарым-жан, көксау сөйлемдер көп болып шықты. Солардың ішіндегі ауруы аса асқынып кеткен

кейбірін аяғын буып, салып жіберіп отырмын» дейді. Мақаланың тақырыбы сол «аяқ-қолы» буылған», «көксау» сөйлемдердің бірі. «Бір уақытта басқа бір қарғаның әуелі қаңқ, қаңқ еткен даусы естілді, одан кейін осы еменге қарай жалбандап ұшып келе жатқан өзі де көрінді» деген сөйлемнің ізімен «Қарғалары қаңқылдап» аталыпты. Сатиралық стильде жазылған мақаланың тілі – ұытты.

«Сыншыға жауап» («Қазақ әдебиеті», 04.07.1980) «Бүйенбай жазбаларынан» деп беріліпті. Сатиралық сарынмен жазылған мақалада кейбір қаламгерлердің көп оқымайтындығы, ізденбейтіндігі сын садағына ілінген. Мақала бір әдеби жиында сыншының «Бүйенбай оқымайды, ізденбейді» деген сынына орай Бүйенбай жазушының жауабы ретінде жазылған. Бүйенбай не дейді дейсіз ғой: «Өз басымның Толстойды оқымағаннан талантым төмендеген жоқ. Сенбесеңіз, өскен жолымды қараңыз. Майда-шүйде жел қуық өлеңсымақтан бастап, ақ семсер фельетонға көштім, онан драматургияны біраз еңсеріп тастап, кейінгі жылдары романдар циклін жазып жүрмін. Қою-сұйығын араластырғанда төрт-бес кітап шығарыппын. Ал алтын уақытымды оқуға жұмсасам, осының бір де бірі жазылмауы мүмкін еді ғой». Бүйенбай осылайша біраз өзінің өмірден, шығармашылықтан «түйгендерін» ортаға салады. Соңында сыншыға «Сондықтан сіз бұдан былай кімді сынайсыз, қалай санайсыз, соны ең алдымен, біліп алуыңыз керек» – деп доң айбат көрсетеді, ақыл айтады.

«Жұлдыз» журналы да «Кітап аласы ішінде» деп, көркем шығармалардағы тілдік келеңсіздіктерге қарсы күрес ашты. Сатиралық сарынмен жазылып, редакция атынан жарияланып отырған мақалалар кемшіліктерді батыл айтқан принципшілдігімен, жазылу формасымен, көркем баяндалуымен ерекшеленеді.

«Әдептен озбайықта» («Жұлдыз», 1982, №5) «Әдетте әдемілік туралы сөз қозғағанда, ойына әдептілік оралады. Сұлулықты сүйгенге, оны қадірлегенге не жетсін. Ал жан сұлулығын дәріптеу, жас ұрпақты рухани тазалыққа баулу – бүгінгі таңдағы ісі өнер атаулының, оның ішінде әдебиеттің басты міндеті болып табылады» – дей келіп, Е.Тоқтасыновтың «Екі жүз отыз жетінші шақырым», К.Оспанованың «Жүрек лүпілі» шығармаларындағы қыз бен жігіт арасындағы интимдік қарым-қатынастардың суреттелуіндегі дөрекілікті, стильдік селкеуліктер қатал сынға алады. Мақала «Әңгіме әдеп пен мәдениет, оның ішінде жазушылық мәдениет, шығарманың эстетикалық тәрбиесі туралы. Сезімді сырлы жеткізу бір басқа да, сидаң сұғанақтық бір басқа ғой. Қаншама толғанып, буырқанғанмен де ғашық жүрек алып ұшқанмен де әдеп сақтағанға не жетсін. Қысқасы, «жүректен қозғайық», бірақ әдептен озбайық» деген тоқтау түйінмен аяқталған.

«Қайран, Құттыкекем-айда» Жақан Сатаевтың «Алакөбең» (А., 1981) повесіндегі тілдік кемшіліктер барынша сыналады. «Әлқисса, жазушы повестің басынан аяғына дейін өзінің сүйікті кейіпкері Құтымды пір қылып алып, соның аузынан шыққан әр сөзді алтынға балап, басқа кейіпкерлеріне: «Қайран-Құттыкекем-ай! Ол тірі жүргенде керемет едік, қазір не боп барамыз», немесе «Құттыкекем өлсе, не болар екенбіз?» деген сәулесіз сөздерді бет сайын қайталап қоятынын ескерте кетеміз» – дейді де. Мақалада повестегі сәтсіз құрылған сөйлемдердің ішінен 38 мысал келтіріп, ондағы кемшіліктерді көзге шұқығандай етіп көрсетеді.

С.Елубаевтың «Аңсау», «Асау мен қала», «Махаббат маусымы», «Білте шамның жарығы» да махаббат көріністерін суреттеудегі тұрпайылығы үшін сынға алынған (Кісінеген кейіпкерлер. «Жұлдыз», 1982, №9).

«Сырты жылтырап, іші қалтырап» («Жұлдыз», 1982, №7) автор мен оқырманның диалогымен басталған. Мұнда ақын Мұхамедия Жұмағалиевтің «Гүлдәурен» атты өлеңдер жинағындағы кейбір өлеңдерінің өзінің, болмаса Т.Айбергенов пен Қ.Мырзалиевтің өлеңдеріне ұқсап кететіні келемежденеді. «Ал енді автор басқа біреуге еліктемей, өзінше сөйлеуге келгенде, тілі күрмеліп, бір сөзін орынды-орынсыз қайталап, тұсаулы аттай шоқырақтайды да қалады. Осы жинақта «гүл», «гүлзар» деген сөздерден аяқ алып жүре алмайсың. Гүл емес, ширатылған шырмауық дерсің» – деп, осы айтқанына дәлел ретінде 34 мысал келтіріпті. Мұндай өлең кітабының жарық көруін оның авторының баспада қызмет істеуінен көреді.

«Тіл өнері дертпен тенде» («Қазақ әдебиеті», 27.07.1981) соңғы жылдарда жарық көрген прозалық шығармалардағы кейбір тілдік, стильдік кемістіктер сынға алынған. Бұл ретте Ө.Күмісбаев, Ө.Ахметов, Қ.Исабаев, А.Шамкенов, Д.Досжанов туындыларынан мысалдар келтірілген. Н.Қазыбеков жас жазушылар Қ.Жиенбаев («Теңіздегі бір тамшы», А., 1986) пен О.Исмайыловтың («Шанды жол», А., 1985) кітаптарындағы стильдік селкеуліктерді сын

тезіне салған. (Әр сөздің әрі бөлек аңдағанға.»Қазақ әдебиеті», 28.08.1987). А.Сейдімбеков «Бастамасын байқасаң» («Қазақ әдебиеті», 05.01.1990) деп, жиі қолданылып жүрген орыс сөздерінің қазақша баламаларын ұсыныпты.

«Қазақ әдебиеті» газеті «Толғауы тоқсан қызыл тіл» айдарымен тіл мәселелеріне арналған мақалаларды тұрақты түрде жариялап тұрды. Тілші ғалымдар М.Балақаев пен Н.Уәлиевтің («Қазақ әдебиеті», 10.04.1981), Ә.Болғанбаевтың («Қазақ әдебиеті», 05.03.1982), Ә.Қайдаровтың («Қазақ әдебиеті», 29.07.1983), М.Серғалиевтің («Қазақ әдебиеті», 23.04.1982, 19.10.1984), М.Томановтың («Қазақ әдебиеті», 08.10.1982), Н.Уәлиевтің («Қазақ әдебиеті», 22.10.1982, 04.02.1983, 31.08.1984), Р.Сыздықованың («Қазақ әдебиеті», 16.03.1990) т.б. мақалаларында қазақ тілінің қоғамдық қызметі, ғылыми сипаты сияқты көптеген мәселелері кеңінен сөз болды.

Ә.Қайдаровтың «Сөз өнері – дертпен тен» («Қазақ әдебиеті», 29.07.1983) атты көлемді мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінің «Толғауы тоқсан қызыл тіл» айдарымен болып өткен тіл туралы пікірталасудың қорытындысы ретінде жазылыпты. Сол себепті де автор тіл туралы әңгімені кеңінен, тереңінен қозғаған. «Әдеби тілдің жазу нормасын сақтау – сауаттылықтың бірінші шарты» – деп біледі автор. Ары қарай:

«Қазақ тілінің басқа туыстас тілдерден кереметтей бір өзгешелігі – оның біртұтастығы, монолиттігі...

Тіл де – қоғам өмірі тәрізді жанды құбылыс; ол ылғи дамып, толығып, кемелденіп отырады; қоғам мүшелерінің қатынас құралы ретіндегі өз қызметін толық өтеу үшін ол жаңалыққа бейім, өмір талабына сай өзгерістерге сезімтал келеді» – деп жалғастырған.

Р.Сыздықова мақаласына «Әдебиет – тілмен әдебиет» (М.Әуезов) деген тақырып қойыпты. Қазақтың әдеби тілі туралы пікірлерін Мұхтардың осы бір ойы төңірегінде өрбіткен автор «Абай – қазақтың ұлттық тілінің қазіргі жазба әдеби кезеңінің бастаушысы болса, М.Әуезов – сол тілдің көркем проза, драматургия, публицистика стилі деп танылатын тарамдардың іргетасын қалаушы... Әсіресе, төлтума тіліндегі «Абай жолының» ғажайып тартымдылығы, сүйіндірер қасиеті – тілінің поэтикалық феноменінде» – деп жазады.

Көркем әдебиеттегі тіл туралы белгілі қаламгерлер М.Сқақбаевтың (Тілдегі түйткілдер. «Қазақ әдебиеті», 12.02.1982), Т.Әлімқұловтың (Сөз құдіреті. «Қазақ әдебиеті», 09.08.1982), Ж.Алтайбаевтың (Орнын таппаса, сөз жетім. «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», 1983, №8), И.Сапарбаевтың (Сөз төркінін танысақ. «Қазақ әдебиеті», 05.04.1985), М.Қаратаевтың «Тіл шұрайына зер салсақ. «Қазақ әдебиеті», 26.06.1985), Қ.Жұмаділовтің «Ана тіліміздің алтын сандығы. «Қазақ әдебиеті», 06.12.1985), Ғ.Қабышевтің (Ойландырар ортақ парыз.»қазақ әдебиеті», 21.03.1986), Н.Қазыбековтің (Әр сөздің әрі басқа аңдағанға. «Қазақ әдебиеті», 28.08.1987, 16.03.1990), С.Әшімбаевтың (Өнер алды – қызыл тілдің қызығы неде? «жалын», 1987, №4), Б.Момышұлының (Қазақ тілі туралы. «Қазақ әдебиеті», 29.05.1987), Ғ.Мүсіреповтің (Тілді құрметтеу, өсіру керек. «Қазақ әдебиеті», 29.05.1987), Ғ.Мұстафиннің (Қазақ тілінің қайғысы. «Қазақ әдебиеті», 14.04.1989), Б.Қыдырбекұлының (Сөз туралы сөз. «Қазақ әдебиеті», 02.02.1990), Ү.Уайдиннің (Барымызды базарлай білейік. «Қазақ әдебиеті», 16.03.1990), Ә.Меңдеевтің (Тілдің әулие тұт, сөздіңді-пір. «Уақыт және қаламгер». А., 1990), т.б. мақалалары жарық көрді. Ақын-жазушылар әдебиет тілі жайлы ойларын ортаға салысып, кеңінен пікірлесті. Бұларда сөз құдіреті, әдебиет, сөз өнері жайлы небір құнарлы пікірлер айтылды. Енді солардың кейбіріне құлақ түрейік.

М.Сқақбаев: «Менің түсінігімше, нағыз жазушы – ең алдымен, тілдің бүкіл иірім, қырларын жанымен түйсінер, тіпті нәзік бояуларын да жай кісі аңғармауы мүмкін ара жігіне дейін дөп басып ажырата алардай, екінің бірінің құлағына шалына бермейтін болымсыз сыбдыры мен әлсіз сыңғырын да есітердей құлағы түрік, көзі жіті, көңілі сергек адам. Ол тұтас бір халықтың ғасырлар бойы саралап, байытып, жадында сақтап, тіршілік қажетіне жаратып келген ұлан-ғайыр дәулетін өз бойына мейлінше мол сіңіруші, қазіргі техника тілімен сөйлесек, халық тілінің аккумуляторы».

«Қазақ тілі – ғаламат бай тіл. Оның әлі ашылмаған ішкі мүмкіндіктері орасан мол. Осы күнге дейін есепке алынбаған, ешқандай лұғаттарға кіріп үлгермеген жалпы ұлттық сөздердің өзі қаншама!»

Қ.Жұмаділов: «Қазақ тілі – дүние жүзіндегі ең бай, бедерлі де бейнелі тілдердің бірі. Ол күні кешегі «өнер алды – қызыл тіл» деп ұққан көшпенділердің, ердің құнын екі ауыз сөзбен тындырған көшелі билердің тілі. Бабаларымыз кейінгі ұрпақтарына төрт түлік малдан басқа материалдық байлық қалдырмаса да тіл байлығын аямаған».

Ғ.Қабышев: «Тілді ауырлату – тілді сыйламаудың, оған немқұрайды караудың бір көрінісі; тілдің жасалу, қалыптасу тәсіл-тарихын елемедің, даму, жетілу жолын бағаламаудың бір нышаны».

«Тіл мәдениеті – халықтың мәдениеті. Тіл қарым-қатынас құралың болумен қатар халқыңды басқаларға таныту құралына айналып отырғанда оны қасиеттеп, қадір тұтуың керек».

Ғ.Мұстафин: «Тіл – сол табыстардың ішіндегі адамды адам еткен, ұлтты ұлт еткен ең қымбаты. Осы қымбатымыздың тамырына балта шауып жүрген шолақ ойлы, шолақ белсенділерді Қазақстанды басқарып отырған қазақ жігіттері көрмей ме? Көрсен, неге үндемейді?»

«Өнер алды – қызыл тіл. Тілді ұлт болып жасаған. Тілі жоқтың ұлты жоқ. Ұлты жоқтың бойында ұлттық қасиет жоқ. Өз ұлтыңның қасиеті бойыңа дарымаса, басқа ұлтікі қалай дариды? Интернационалист болу үшін бойыңда әуелі ұлттық қасиет болу керек. Сонда ғана басқа ұлттардың қасиетін бағалауға болады. Мұнсыз құр интернационалистің деу – алау, не алдану».

Ғ.Мүсірепов: «Тіл мәселесін мемлекеттік мәселе етіп көтеретін уақыт жетті. Баяндамалар, жарыс сөздер, ғылыми кітаптар қазақ тілінде көп болса, ол тілді байытатын негізгі жағдайлардың бірі...»

Тілдің өсуін арт жақтан іздемеу керек. Алдыңғы жақтан іздеу керек... Тіл заман тілі болу керек...

Тілді құрметтеу, өсіру керек. Ел үшін мемлекеттік мәселе ретінде әрі кең, әрі терең қойылуға тиісті».

Ғ.Мүсіреповтің бұл сөздері оның 1944 жылдың 29 наурызында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы М.Әбдіхалықовқа жазған хатынан алынып отыр. Хатты дайындап, газетке жариялаған – М.Мырзахметов.

М.Мырзахметов қазақтың тағы бір аяулы азаматы Б.Момышұлының 1944 жылдың 25 ақпанында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне жолдаған «Қазақ тілі туралы» хатын да «Қазақ әдебиетінің» (29.05.1987) оқырмандарына ұсыныпты. Хаттан ұлтжанды азаматтың ана тілі жайлы жазған жүрекжарды пікірлерін оқимыз. «Тіл маманы болмасам да Алматыға келгелі Орталық «Социалистік Қазақстан» газетін оқып, кейбір кейінгі кезде бағылған қазақ тіліндегі кітаптарды желе-жорта қарап шығып, күннен-күнге ұлғайып, шымшытырық «тіл шұбарлығының» көзбен көре, құлақпен ести отырып, дәтім шыдамай жаза-йын деп отырғаным тіл мәселелері» – деп, әңгімесін бастаған Бауыржан тілдің адамзат қоғамындағы орны, қазақ тілінің қазіргі жай-күйі жайлы парасатты ойлар айта білген:

«Тілсізді айуан дейді. Тілі кедей елді мәдениетсіз, анайы, надан халық санайды.

Тіл адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан, тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғамдық құрылысын, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің – мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелді мөлшері (мерило).

Тілдің көмегімен өнер-білімге, мәдениет-ғылымға жетіп, өткен, кеткенмен әлемді танып, өзімізді жұртқа, әлемге танытамыз, сөйлейміз, оқимыз, жазамыз, өз басымызды, үй-ішімізді, қоғам-халықты, ел-жұртты, мемлекетті меңгереміз – сондықтан «өнер алды – қызыл тіл» дегендейін адам баласының байлығында тілден артық не бар?..

Қазақ тілінің байлығы жетпегендіктен деген дәлелсіз былжыр өзінің ана тілінің үдесіне жете алмай, құр қалған, оған көңіл бөлмеген сор мандайлардың, ұлт мақтанышы сезімінен, ұлт намысынан ажырап, «шөре-шөре» болып, артта қалған надандықтан туған сылтау ғана болуы керек». Отанынан алыста қан майданда жүріп, аз уақытқа елге демалысқа келгенде көргендерін, сезгендерін ашына ашық жазған Бауыржан батырдың парасатты пайымдауларына, өресі биік ойларына риза боласыз.

Қазақ тілінің қамы халықтың көзі, құлағы, сезімі саналатын ұлтжанды ақын-жазушыларды толғандырмай қоймады. Қазақ тілінің мәртебесі жайында 1923, 1956 және 1986 жылдары арнайы қаулылар қабылдағанымен де отаршылдық саясаттың салдарынан олар жүзеге аспай қалды. Ұлт өміріндегі аса маңызды осы бір тіл мәселесі Қазақстанда «қайта құрулар» кезінде тағы да қайта көтеріліп, қоғамдық қарқын ала түсті. Бұл мәселе 1988 жылдың қараша айында өткен Қазақстан Жазушылар Одағының пленумында қалып, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру жөнінде үндеу қабылдады. Мұны қалың жұртшылық кеңінен қолдады.

«Қазақ әдебиеті» (26.05.1989) газетінде «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деген тақырыппен барлығы жүзге тарта әдебиет пен өнер, ғылым қайраткерлері қол қойған «Редакцияға хаты» жарияланды. Хат «Дүние жүзінің басқа халықтары сияқты халқының да ең асыл, ең киелі

рухани игілігі болып табылатын ана тілі – өзінің тарихи тағдыры шешілетін кезеңде тұр. Қазақ халқының ең жарқын қасиеті ретінде соңғы төрт-бес ғасыр бойында Батыс пен Шығыстың небір озық ойлы адамдары тіліміздің байлығын, сөзге шешендігімізді алдымен ауызға алып, сөз етіп келсе, бұл күнде қазақ тілі қарабайыр тұрмыстық тіл деңгейінде ғана тұтынылуда. Ең өкініштісі – ана тілін білмейтіндер негізінен, жастар. Мұның өзі, енді бір ұрпақ алмасса, қазақ халқы өзінің тарихи, мәдени сабақтастығын үзіп алады деген сөз. Тіл тағдыры – ел тағдыры» – деген жолдармен басталған.

Тіл саясатының дұрыс жүргізілмеуі салдарынан Қазақстанда соңғы отыз жылдың ішінде 700-дей мектептің жабылғанын, соның салдарынан қазақша оқитын, сөйлейтін жастардың кеміп бара жатқанын, «қазақ халқының республикадағы 40 проценттің ол жақ, бұл жағындағы үлес салмағының» бұған кедергі келтірмеуін айта келіп, «Өз республикасында өркен жаймаған қазақ тілі өзге қай жерде өркен жаймақ?» – деп сауалды төтесінен қояды. «Сол себепті, Қазақстанда да қазақ тілі осы республиканың мемлекеттік тілі статусын алуы заңды әрі табиғи акт болуға тиіс».

«Қазақ әдебиеті» газеті осы мәселеге бір бетін арнаға (26.05.1989). Онда Қазақстан әдебиет және ғылым қайраткерлерінің ашық хатымен бірге қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе көтеруді қолдаған Ә.Нұртаевтың, Е.Керімбековтің, сондай-ақ әртүрлі мамандық иелерінен 1530 адам қол қойған қолдау хаттары жарияланған.

«Қазақ әдебиеті» газетінде (26.07.1991) Қ.Жүкешовтің «Синонимнің көптігі тіл байлығы емес» деген, айтарының таяздығы тақырыбынан-ақ көрініп тұрған мақаласы жарияланды. Осыған қарсы дау айтқан Б.Нұржекеұлының «Кешіресіз, синонимнің көптігі – тіл байлығы» («Қазақ әдебиеті», 16.08.1991) мақаласы да артынша-ақ шықты. Тілдің табиғаты, ұлт өмірінде атқаратын қызметі жайлы кертартпа пікірлер айтқан Қ.Жүкешовке Б.Нұржекеұлы лайықты тойтарыс бере отырып, өзі де пайымды пікірлер айта алған. Бексұлтан Қ.Жүкешовтің әрбір пікіріне нақтылы жауап береді. Мысалы, «Орыс тіліндегі әрбір тұрақты ұғымның қазақ тіліндегі баламасын дәл тауып бекітіп алмай, әр ұғымды көп сөзбен, кейде мағынасы алыс жатқан сөздермен тұспалдап аударып беретін болсақ, синонимдерді шұбыртып, айтар ойға көлеңке түсіре беретін болсақ, қазақ тілі түсініксіз, кібіртік, тұсалған тілге айналады» деген Қ.Жүкешовтің пікіріне «Әрине, аударма дәл болуға тиіс, оған ешкім дауласпайды. Бірақ қазақ тілі орыс сөздерін аудару үшін ғана өмір сүрмейді, ол қазақтардың бір-біріне ой-пікірін білдіретін құралы және құрал болғанда да ұлттық құралы. Орыстың бір сөзін неге қазақтың бес сөзімен аударамыз, бір сөзіне бір ғана сөз бекітейік деген қағида тілдің ішкі табиғатына келмейді» – деген дәлелді жауап береді. Бексұлтаннның ойынша, «синонимдерді, яғни сөздік қорды азайту арқылы тіл байлығын арттыру еш мүмкін емес».

1984 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Жазушылар Одағының ұйымдастыруымен «Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» атты конференция өтті. Онда негізгі баяндаманы қазақ әдебиетінің ақсақалы Ғ.Мүсірепов жасады. Ә.Қайдаров «Шығарма тілі – көркем әдебиет өзегі», М.Базарбаев «Қазіргі қазақ көркем шығармаларының тілі жайында», Р.Бердібаев «Қасиетті қазына», М.Қаратаев «Күдіретті құрал», Ә.Әбішев «Туған тілдің тағдырын ойласақ», Ә.Қарағұлов «Шығарма көркі – шұрайлы тіл», Г.Бельгер «Сайланып шықса сырлы сөз», Р.Сыздықова «Бүгінгі көркем проза тілі және әдеби норма», Ә.Болғанбаев «Тіл және шеберлік», С.Қирабаев «Асыл парыз», т.б. тақырыптар бойынша баяндады. «Қазақ әдебиеті» газеті өзінің 21 желтоқсандағы санын тұтастай осы конференцияға арнады. Шығармашылық конференцияның материалдары кейіннен «Өнер алды – қызыл тіл» (А., 1986) деген атпен жеке кітап болып жарық көрді.

Конференцияда бас баяндамашы ретінде үш сағаттай сөйлеген сексен екідегі Ғ.Мүсірепов баяндамасын «Ана тілін анамыздай ардақтайық» атапты. Бұрын да ана тіліміз жайлы айшықты ойлар айтып келе жатқан Ғабең бұл жолы да осы салада орын алып келе жатқан кемшіліктерді бетің бар, жүзің бар демей, ортаға жайып тастайды. Баяндамада Б.Алдамжаровтың, М.Қаназовтың, Д.Досжановтың, М.Қабанбаевтың, Қ.Ысқақовтың, Т.Сәукетаевтың, А.Сатаевтың, Ш.Құмарованың, И.Саввин мен Ж.Тәшеновтің, Қ.Исабаевтың, Д.Исабековтің, Ө.Жайлауовтың, М.Неталиевтің, Ш.Сариевтің, И.Исаевтың, Т.Жамбыловтың, М.Сүндетов т.б. шығармаларындағы тілдік кемістіктерді қатал сынға алады.

Жиында қосымша баяндама жасаған Ә.Қайдаровтың, сондай-ақ Р.Сыздықованың, Ә.Қарағұловтың, М.Қарақұловтың, Ә.Болғанбаевтың, Қ.Мырзалиевтің сөздерінде қазақ прозасына тілші көзімен қарау басым.

«Қазіргі қазақ көркем шығармаларының тілі жайында» қосымша баяндама жасаған М.Базарбаев «Әңгіме, повесть, романдарды, өлеңдер мен пьеса текстерін оқып отырғанда көп ұшырайтын олқылықтар: тәптіштеп көп қайталау, бейтаныс сөздерді көп қолдану. Олар көбіне жергілікті сөйлеу мәнерінен алынған, көпшілікқолданатындай дәрежеге жетелеген сөздер: әйтпесе, автор фантазиясынан ғана шыққан, паспорт алардай бұғанасы қатпаған әлжуаз сөздер, керексіз еніп кеткен орыс сөздері, ақыр соңында, бірінен бірі қашып, қуырған жүгерідей бытырап тұрған дұрдараз сөздер» – дей келіп, осы айтқандарына қазақ прозасынан көптеген мысалдар келтіріп, сын тезіне салады.

Жиында тебірене сөйлеген Ә.Әбішев «Өзінің жазуы, мәдениеті, елдігі бар халық үшін тілден асқан байлық жоқ. Тіл – оның тіршілігінің тірегі. Тіл – оның басқа халықтармен терезесі тең екендігінің негізгі белгісі... Менің түсінігімше, тіл деген – халықтық бақыт. Ана тіліміздің тағдыры – біздің тағдырымыз. Ол қазір үлкен сөз етуді керек ететін кезеңге келді. Біз өз тағдырымызға немкетті қарай алмаймыз. Ана тілімізді ойыншыққа айналдырғысы келетіндермен ымырасыз күрес жүргіземіз. Тіл – біздің ұлттық намысымыз, арымыз, қорытып айтсақ, барымыз. Ендеше, тіл тағдырына біз – өз халқын, өз анасын сүйетін баршамыз бірдей жауаптымыз» – депті.

Р.Бердібаев тіл байлығымызды «қасиетті қазына» атаған. Ол «Әдеби тіл шарттарына немқұрайды қараушылық бұдан былай небір сорақылықтарға душар етуі мүмкін. Сол үшін халқымыздың мәңгілік қазынасы – тіліміздің ережесі анық, нормасы берік болып даму жолдарын қарастыруымыз керек» дей келіп, шеттен енген сөздерді қазақ тілінің заңдылықтарына сай жазу керектігін көтереді. Сонымен бірге «арғы түбірі шығыс тілдерінен ауысқан, бірақ ертедегі көне жазба мұраларымызда ғана емес, классикалық әдебиетімізде де орын тепкен жекелеген сөздерді қайта тірілтіп, бүгінгі күннің кәдесіне жаратуды» алға қояды. «Европа халықтары тілдерінен ондап, жүздеп, мыңдап терминдерді тоғытып алып жатқан шағымызда өзімізге ежелден етене, мағынасы анық, қазіргі тілімізді байыта алатын жекелеген сөздерді алуға келгенде, табандап қарсы тұруымыз – адам түсініп болмастай бір хикмет... Мұның бәрі біздің тарихи біліміміздің біржақтылығынан» санайды. Тіл тазалығы үшін күресті көркем әдебиетпен бірге мектептерде, жоғары оқу орындарында да қатар жүргізу керек дейді. Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру үшін жоғары оқу орындарында қазақ бөлімін ашу мәселесін бүгінгі күннің басты талабы ретінде көтереді.

Қазақ, орыс, неміс тілдерін жетік білетін Г.Бельгердің «Сайланып шықса, сырлы сөз» бойынша сөйлеген сөзі жұртшылық көңілінен шықты. Қазақ әдебиетін орыс тіліне аудару тәжірибелеріне сүйене отырып, ол қазақ тілінің табиғаты, ерекшеліктері жайлы аса құнарлы ойлар айта білді. Қазақ тілі де әрбір ұлттық тіл сияқты арғы түбі ата кәсіппен тамырласып, салт-сана, үрдіс-тұрмыстық, экономикалық, этикалық, этнографиялық, эстетикалық мән-мағынаны бойына жан-жақты сіңіріп, өзіне тән ажар-көрік, бояу тапқан, қалыптасқан, кемелденген тіл».

Қазақ тілінің қадір-қасиеті жайлы басқа ұлт өкілдерінің айтқан жылы сөздері аз емес. Десек те ана тілін неміс тілі деп білетін, орыс тілінде көркем шығармалар жазатын, қазақ аулында өсіп, қазақ тілінде бір қазақтай сөйлейтін, оның үстіне қазақ тіліндегі көркем шығармаларды орыс, неміс тілдеріне аударумен шұғылданатын, яғни көп тіл білгірі Бельгердің пікірі біз үшін қымбат. Ол қазақ тілін жай сырттай бақылаушы ғана емес, іштей, жүрегімен сезініп, қабылдайтын, қазір қалада өскен анау-мынау қазағыңнан қазақ тілін жақсы сөйлейтін «неміс қазақ» десе де болғандай. Сондықтан да оның аузынан, қаламынан шыққан әрбір сөзі жүрегінен шығып, жүрекке жетіп жатады. Бельгерді тыңдайық: «Дәстүрсіз тіл жоқ. Ал қазақ тілінің дәстүрі әрі бай, әрі ұлттық топыраққа тамыры терең бойлап кеткен... Сол сияқты осы кезге дейін ғылыми жүйеге, немесе сықийып, қатып қалған тіл заңдарына онша көңгісі келмей, таудан құлаған тасқындай бұрқ-сарқ қайнап жататын қазақтың ауыз әдебиетін айтудан да аулақпын. Менің айтпағым: қазақ тілінің үстірті көзге көріне қоймайтын ішкі күш-қуаты мен философиялық түбегейлі, терең толғамы, ой оралымдылығы, бейнелілігі, «өзегі тола ақ жалын» атқылаған өжеттігі. Елу жыл жасаған ғұмырымның, міне, биыл дәл айтсақ, қырық үш жылын қазақтардың арасында қазақ тіліне құлағымның құрышын қандырумен келген екенмін. Менің ұғым-түсінігімде қазақ тілі құдды қазақтың сонау кеңпейіл, мейірбан, дарқан даласы сияқты ғажайып ұшан-теңіз бай, шешен де көсем тіл. Тек сол оралымда бай тілді «қиыннан қиыстырар ер данасы керек».

Г.Бельгер «Менің топшылауымша, қазіргі қазақ тіліндегі кемшіліктер: көпсөзділік, бөспелік, лепірме ділмарлық, орысша қалыптасқан орамдар, русизмдер, салыстыру мен теңеу-

лердің жиілігіне байланысты» – деп, осы пікірін қазақ прозасынан көптеген мысалдар келтіре отырып, дәлелдейді.

Г.Бельгерге түсініктеме беріп жатқаннан оның өзін сөйлеткен жөн: «Ұзаққа созылған ойымызды қорыта келе айтарымыз – қазақтың қара сөзінде түп жоқ, оралымдылығы өз алдына, мейлінше сырлы, бейнелі, бай...

Қисынын тауып, сөйлете білген жағдайда қазақтың қара сөзі қазіргі кемелдеп шарықтау шегіне жеткен ойлы да сезімтал прозаның небір психологиялық нәзік иірімдерін, адам жандуниесінің қатпар-қатпар астарларын, табиғат көріністерін дүниежүзілік алдыңғы қатарлы әдебиет дәрежесінен бір де кем түсірмей, тамаша бере алатынын атақты қазақ жазушыларының шығармаларынан көруге болады. Әттең, қазақ әдеби тілін тағы да айтамын – орнын тауып, сөйлете білсең, несін айтасың, бұл бір адам жанына жол тапқыш тіл ғой. Бұл мұңаяды, налиды, жылайды, жүрек жара күрсінеді, бұл жұбатады, шаттандыра да алады. Сөз жарықтық та адам іспеттес. Оның да жаны бар. Тіпті, нәзік жанды. Ел-жұрт болып, алақанда мәпелеп ұстаған қыз сияқты халық болған халықтың бойындағы рухани құдірет күштің, қуаттың бірден-бір айғағы болып танылатын тіл байлығына, әсіресе, акын, жазушылардың немқұрайды, салақ қарауы, оны жәбірлеп, кемсітіп, қорлауы – обал-ақ! Иә, айып, қылмыс десе де болады». Бұл сөздер бізге терең ойларымен ғана емес, басқа ұлттың өкілі Герольд Бельгердің аузынан шыққанымен де құнды.

Қ.Жұмаділов «Біздің ойымызша, таланттың көзге көрініп тұратын бірден-бір белгісі де, шын жазушы мен жалған жазушының ара-жігін айқындап беретін өлшем таразысы да – тіл. Қысқасы, жазушының дарын-қабілеті сөзге қаншалық дәрежеде жан бітіре алуымен өлшенеді. «...көркем әдебиеттің бірегей қаруы да, құрылыс материалы да – тіл. Дүниеде сөзден көне, сөзден берік ескерткіш жоқ.

Әрине, жеке-дара тұрғанда сөздердің бір-бірінен артық-кемі, жақсы-жаманы жоқ. Грамматикада сөз атаулының правосы бірдей. Алайда, жаңа ғана бейнүнә тұрған сол жеке сөздер белгілі контекстке қалай түсті, солай, қолма-қол жан бітіп, өзінше тіршілік ете бастайды. Сөздердің жарқырап, жақұтқа айналуы да, немесе күлді-көмеш тартып, қор болуы да оның қалаушысына байланысты. Сөздің алхимиясы міне, осы арадан басталады» – дейді.

Қабдеш М.Әуезовтің «Абай жолын» қайта оқып шыққандағы, «Тіпті, табынуым мен таңырқауым бұрынғыдан да күштірек болды ма деп ойлаймын.

Ең кереметі, төрт кітапты аяғына дейін оқып шыққанда, «осы қалай?» дейтін бірде-бір мүкіс сөйлем, не орнын таппаған сөз бен тіркес кездеспеді ғой. Бір өңкей сылдыраған сұлу келісім, сөзбен салынған әсем суреттер жүрісінен танбас жорғадай төгіледі де отырады. Оқып отырғанда, сахараның саумал ауасын жұтқандай, рахаттанып демеласыз» – деген әсерін де айтыпты. Сөз өнеріне осындай үлкен жауапкершілікпен қарайтын Қ.Жұмаділов сөзін жалаң қылмай, Ә.Кекілбаевтың, Д.Досжановтың, С.Мұқановтың кейбір прозалық шығармаларында кеткен тілдік кемшіліктерді де көрсете кеткен.

16.7. ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ШОЛҒАНДА

Қазақ әдебиетінің тарихын тереңдете зерттеу мәселесі бүкіл сексенінші жылдардың күн тәртібінен түскен жоқ. Ауыз әдебиетінің мәселелері Р.Бердібаевтың «Заманалар сыры, немесе мәдени мұраны меңгеру жайында («Қазақ әдебиеті», 10.10.1980), «Фольклор және көркемдік даму» («Қазақ әдебиеті», 16.07.1982), «Тапқырлық – айтыс көркі» («Жалын», 1983, №1), «Эпостың тарихилығы» («Қазақ әдебиеті», 03.08.1984), «Ш.Уәлиханов – фольклоршы» («Жұлдыз», 1985, №10), С.Қайнарбаевтың «Ақын Сараның Біржан салмен айтысы» («Жалын», 1980, №1), М.Дүйсеновтің «Қазіргі қазақ ертегілері жайлы бірер сөз» («Қазақ әдебиеті», 25.01.1985), Б.Адамбаевтың «Сырымның сөздері» («Жұлдыз», 1985, №4), «Пешендік пернелер» («Жұлдыз», 1985, №5), А.Сейдімбековтің «Жанрдың жаңа нышандары» («Жұлдыз», 1989, №8), С.Негімовтің «Мен бір тілек айтайын» («Қазақ әдебиеті», 03.02.1989), т.б. мақалаларында ауыз әдебиетінің кейбір мәселелері көтерілді. Десек те осы тізімнің өзінен-ақ әлі де болса, қазақ фольклортану ғылымының қанат жайып, тереңдей алмай жатқандығы байқалады. Мұның басты себептері біріншіден, ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдардың тапшылығы, шамасы келмей жатқандығы болса, екіншіден, көп тақырыптардың жабық күйінде қалып келгендігі еді.

Сондықтан да 30–40–50 жылдарда қабылданған қаулылардың күшін жойған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысында «Қазақ халқының ауызша жыраулық творчествосының көптеген ескерткіштеріне, әсіресе, ноғайлы циклындағы «Ер Төстік», «Едіге батыр», «Қарасай-Қазы», «Орақ-Мамай», «Ер Сайын», «Шора батыр», «Қазтуған батыр» секілді батырлар жырына да дәл осындай («феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық және діншіл шығармалар») баға берілді» – дей келіп, «халықтың ауызша творчествосының шығармаларын қоғам дамуының диалектикасы, қоғамдық-саяси қазіргі жағдайы ескерілген тұрғыдағы түсініктемелермен қоса басып шығару ұсынылады» – деп жазылды. Сөйтіп, ауыз әдебиеті үлгілерін игеру саласында қазақ фольклористерінің алдына үлкен міндеттер қойылды.

Осы қаулыда «Бұл документтерде XVIII, XIX ғасырлардағы және XX ғасырдың басындағы қазақтың ауызша поэзиясының ірі өкілдері Бұқар жырау, Базар жырау, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қарашев, Нарманбет Орманбетов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәшһүр Жүсіп Көпеев творчестволық мұралары зілді де дәлелсіз түрде теріске шығарылды. Олардың шығармалары феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық және діншіл шығармалар деп танылды» («Қазақ әдебиеті», 15.12.1989) – делінді. Сөйтіп, өткен ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ұлтшыл, діншіл бағыттағы қаламгерлер толық ақталды. Жалпы айтқанда, «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30–40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының Қорытындысы» қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде бұрынғы барлық шектеулерді алып тастаған, нақтылы деректерге сүйенген ғылыми негізді қазақ әдебиетінің тарихын жасауға жол ашты.

Десек те түрлі саяси сыпаттағы шектеулерге қарамастан қазақ әдебиетінің тарихына қатысты зерттеулер сексенінші жылдардың өн бойында толассыз жүріп жатты. Ө.Күмісбаевтың «Шал ақын» («Жалын», 1980, №6), М.Дүйсеновтің «Көне жазу төркіндері» («Қазақ әдебиеті», 04.09.1981), «Сынтастардағы жазу сырлары» («Қазақ әдебиеті», 30.01.1981), «Атаулар төркініне үңілсек» («Қазақ әдебиеті», 08.01.1982), Ә.Сарайдың «Тағы да жыраулық өнер хақында» («Қазақ әдебиеті», 01.01.1982), Н.Келімбетовтің «Жыраулар поэзиясын сөз етсек...» («Қазақ әдебиеті», 12.03.1982), «Бабыр-наме» туралы бірер сөз» («Қазақ әдебиеті», 18.02.1983), Б.Ысқақовтың «Ақмолла ақын» («Жұлдыз», 1981, №8), Ә.Дербісәлиевтің «Көне жазба мұралары» («Жұлдыз», 1981, №5), «Байырғы әдебиет бастаулары» («Жұлдыз», 1982, №9), И.Кенжалиевтің «Махаббаттың тағы бір толғауы» («Жұлдыз», 1981, №5), Қ.Өмірәлиевтің «Күлтегін» («Қазақ әдебиеті», 23.07.1982), Қ.Мұхаметхановтың «Бұхар жырау» («Қазақ әдебиеті», 30.07.1982), Ә.Марғұланнның «Қорқыт туралы жазбалар» («Қазақ әдебиеті», 12.11.1982), М.Мырзахметовтің «Бабыр-наме» және Абай» («Қазақ әдебиеті», 15.07.1983), Қ.Өмірәлиев пен М.Мырзахметовтің «Қазақ филологиясының актуальды проблемалары» («Қазақ әдебиеті», 16.09.1989), Е.Өтебаевтың «Ақын жайындағы ақиқаттар» («Қазақ әдебиеті», 13.12.1984), Қ.Мұхамедхановтың «Мағауия Абайұлы Құнанбаев» («Жұлдыз», 1985, №4), «Семсер жырға сергек қарайық» («Қазақ әдебиеті», 09.05.1986), Р.Сыздықованың «Дулат ақын» («Қазақ әдебиеті», 10.07.1987), Б.Сарбалаевтың «Таза бұлақ» («Қазақ әдебиеті», 24.07.1987), Ә.Дербісәлиевтің «Әбу-Насыр әл-Фараби» («Жалын», 1987, №1), Ә.Қоныратбаевтың «Қорқыт туралы ақиқат пен аңыз» («Жалын», 1987, №4), К.Жүнісовтің «Шортанбай жырау» («Қазақ әдебиеті», 08.09.1989), О.Исмаиловтың «Осы жұрт Бақтыбайды біле ме екен?» («Қазақ әдебиеті», 13.07.1990), Қ.Ергөбековтің «Сүйінбай жырдың пырағы» («Қазақ әдебиеті», 21.09.1990), Қ.Сыдықовтың «Махамбет жинағы қалай құрастырылды» («Қазақ әдебиеті», 12.10.1990), Ж.Әлмашевтің «Құлан ақын» («Қазақ әдебиеті», 26.07.1991), Х.Сүйіншәлиевтің «Мұрат ақын» («Жұлдыз», 1991, №1), т.б. мақалаларында қазақ әдебиеті тарихының мәселелері түрліше деңгейде сөз болды.

Ә.Дербісәлиев «Көне әдебиет және оның зерттелуі» сөз еткенде, осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру мәселесін көтереді. Автордың ойынша, «Әдебиет тарихын жасаудың өзіндік ішкі, сыртқы көптеген заңдылықтары бар. Ішкі заңдылықтары тікелей көркемдік дүниесіне, оның өсу, өрбу, өзара жалғасу, жүйелілік жайларына байланысты болса, сыртқы заңдылықтары сол тарихты жасауға дайындықтың жеткілікті, жеткіліксіздігіне, ғылымның және оның маман кадрларының дәрежесіне, аз-көптігіне, т.б. байланысты» («Қазақ әдебиеті», 06.05.1983). Түркі халықтарына ортақ ежелгі әдебиет ескерткіштерін зерттегенде, олардың «қазақ халқына, оның көркемдік ойына, тарихына несімен жақын деген мәселелерден ұзамауымыз қажет. Осы тұрғыдан келгенде, бұл жазбалардың өзге түркі тілдес халықтармен бірге бізге де етене жақындығын көреміз» – дейді ғалым.

Қ.Өмірәлиев пен М.Мырзахметов «Қазақ филологиясының актуалды проблемаларын» қозғады. Авторлар қазақ филологиясының тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының бір-бірімен тығыз байланыста екенін айта келіп, оларды біртұтас зерттеу қажеттігін ұсынады. Әдебиеттің тарихынсыз қазақ әдеби тілінің тарихын жасау мүмкін емес екендігін ескертті. Осы орайда ежелгі дәуір әдебиетінің, қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттің өз дәрежесінде зерттелінбей келе жатқандығын еске салады. Осы саладағы міндеттерді «Біріншіден, университет пен педагогикалық институттың филология факультеттерінің студенттеріне қазақтың көне дәуір (VIII–XII ғасыр және XIII–XV ғасыр, XV–XVIII ғасыр) әдебиеті мен тілінен, қазақ тілі тарихынан мазмұны терең, жоғары сапалы білім беру – қазақ филологтарының алдында тұрған негізгі және өте зәру міндет. Екіншіден, мұның өзі қазақ филология ғылымының алдында қазақ әдебиетінің көне тарихы және қазақ әдеби тілі тарихы мен қазақ тарихы деген ірі-ірі үш ғылым саласын теориялық әрі ғылыми сипаты бойынша терең үлгіде жасауды керек етеді. Үшіншіден, бұл үшін зерттеудің жаңа әдістері болуы шарт; тектес проблемаларды комплексті түрде алып, біртұтас бірлікте қарау сияқты зерттеу әдісі керек» («Қазақ әдебиеті», 16.09.1983) – тұрғыда анықтады.

Қазақ әдебиетінің тарихында көпке дейін өзіне тиісті орнын ала алмай келген ақындардың бірі – Дулат Бабатайұлы. «Қазақ әдебиеті» газеті Дулаттың ақындығын зерттеген Қ.Өмірәлиевтің Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары О.Сүлейменов пен академик М.Қаратаевқа 1984 жылдың 16 ақпанында Дулат мұрасы жайлы жазған хатын С.Ғаббасовтың алғысөзімен 1990 жылдың 12 қаңтарында жариялапты. Кезінде түрлі себептермен жарық көре алмаған хатта Дулат мұрасын игеру мәселесін күн тәртібіне өткіріп қояды: «... Дулатты, оның шығармаларын өз дәуірінің тарихи шындығымен бірлікте ала отырып, әлі күнге дейін толық тани қойған жоқпыз... Ал Дулатты толық танымау деген сөз – «Абай алдындағы қазақ әдебиеті» деген әдебиет тарихының толық жасалмауы деген сөз. Екінші кезекте мұның өзі осы дәуірдің бай рухани қазынасын ғылымның мүлкіне толық аудармау деген сөз... Неге біз халықтың тарихи мұрасына келгенде, халық тарихына келгенде кеш ойлап, кем түсе береміз?» («Қазақ әдебиеті», 12.01.1990).

Ұлы Абайдың әдеби мұрасын игеру XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымының орталық мәселесі болды. Абайтану белгілі бір дәрежеде қазақ әдебиеттану ғылымының деңгейін де аңғартады. Жиырмасыншы-отызыншы жылдарда ескішіл, феодал ақыны атанған Абай ғасыр соңына қарай қазақтың ұлы, ойшыл ақыны ретінде танылып, ұлт мақтанышына, ұлт ұлылығының символына айналды. Сөйтіп, Абай дегеніміз – қазақ, қазақ дегеніміз – Абай деп ұғынылды.

М.Әлімбаевтың «Абайды қайта оқығанда» атты эссесінде («Жалын», 1981, №3) ұлы ақынның ұлылығы алдында тағзым етушілік бар. Ақын Мұзафар ақын Абайдың өлеңдерін ақындық көзбен оқып, ақынша сезінгендерін жайып салады. Автордың айтуынша, Абай оның өмірінің мәніне айналған: «Көзімен көрмеген кісі нанбас та, сенбес те; бірақ шыным, ақиқатым сол – Абай жырлары күндіз столымда, түнде жастығымның астында.

Тіл өнерінің тылсымды тұңғығына тап болғанда, соны қияндарға беттегенде, ақындық сырлары хақында пікір таластырып, әділ қазыға жүгінгенде, өзгені былай қойып, күнделікті тірліктің күйбендерінен бір сәтке демалғың келгенде, жаныңды ақ самалға желпігің келгенде... Абай томын қолға алатының ақиқат.

Абай – тойдырмайтын тоят.

Абай жырларынан жалыққан жан – тірі аруақ.

Тірлігіміздің мағыналы-мәнділігіне куә – рухани ләззаттың бірі болғандығынан да Абай жырлары мені сусындата шөліктегі, құмарттыра түседі».

Мұзафар Абай өлеңдерін талдамайды; алған әсерін айтады. Ақындық шеберлігіне, ойшылдығына, ғибраттылығына назар аударады. «Абай теңеулері, ұқсатулары, метафоралары тұтқиыл тосын бола тұра оқып шыққанда да, тыңдағанында да тосансытпайды. «Осы қалай?» – дегізбейді. Бәрі де ретті, орынды, лайықты, өз орнында, жарасымды» – деуден ары ғылыми талдауларға бармайды. «Инабатты Абайға риясыз иланасыз. Оның сөзінде, яғни сезінуінде, ой толғанысында жалғандық атымен жоқ, боямалылық атымен жоқ. Сондықтан да солардан ғұмырға керекті ғибраттар табасың, керегінді табасың, тапқан соң аласың. Абайдың өз сөзімен айтсақ: «Нанасың, не айтса да амалың жоқ...» Соның бәрі өзіңнің жан дүниенді, адамгершілік парасатыңды жарқырата жақсартуыңа себін тигізіп жатқан ізгіліктер» – деп,

Абай поэзиясының несімен қымбат екендігіне назар аударады. Яғни, Абай бізге адамның ізгі жанды, парасат иесі болып қалуы үшін, өмірдің мәнін түсіну үшін, өмірдегі өз орнын біліп, бақытты ғұмыр кешуі үшін қажет.

Автор Ә.Тәжібаевтың «Абай – әлі біздің бітірмеген мектебіміз» деген сөзін ары дамытып, «Бұл мектептің шәкірттері, әрі ғұмырлық шәкірттері – дүйім қазақ баласы! Барша поэзия жанашырлары! Өзін алғыр шәкірт бола білсең, ұстазыңның қапысы жоқ дегенді қоса айтқым келеді» – деген. Мұзағанның ойынша, қазақтың қазақ болып, адам болып қалуы үшін Абай мектебінен өтуі керек, Абай поэзиясы – өмір мектебі.

Осы жылдарда Абайтану мәселелеріне арналған Х.Сүйіншілиевтің «Абайдың эстетикалық көзқарасы» («Қазақ әдебиеті», 18.07.1980), С.Әшімбаевтың «Абай айтқан» («Жұлдыз», 1983, №12), Р.Бердібаевтың «Кемеңгерлік ғибраты» («Қазақ әдебиеті», 26.10.1984), М.Қаратаевтың «Өлең сөздің биігі» («Қазақ әдебиеті», 10.08.1984), М.Мырзахметов пен Қ.Өмірәлиевтің «Абайды танып біттік пе?» («Қазақ әдебиеті», 29.03.1985), Т.Медетбековтің «Менің Абайым» («Қазақ әдебиеті», 12.04.1985), Г.Бельгердің «Асылға абай болайық» («Қазақ әдебиеті», 09.05.1985), Қ.Мұхаметхановтың «Маржанды тозан тұтпасын» («Қазақ әдебиеті» (21.06.1985), «Абайдың бір өлеңі» («Қазақ әдебиеті», 17.01.1985), «Түзетілгені қане? Түсініктері қайсы?» («Қазақ әдебиеті», 10.10.1986), «Иә, Абай мұрасына абай болғанымыз жөн» («Қазақ әдебиеті», 09.08.1991), С.Ақатаевтың «Абайдың элеуметтік позициясы» («Қазақ әдебиеті», 28.06.1985), Т.Жұртбаевтың «Алты өлеңнен білінді істің жайы» («Жалын», 1986, №6), М.Мағауиннің «Абайдың белгісіз өнегесі» («Қазақ әдебиеті», 15.12.1989), И.Оразбаевтың «Поэзия пайғамбары» («Қазақ әдебиеті», 19.10.1990), Ғ.Есімнің «Абай және ренессанс» («Қазақ әдебиеті», 10.08.1990), Б.Сапаралиннің «Тірінің мерейі үшін» («Қазақ әдебиеті», 13.07.1990), И.Сапарбаевтың «Ойланшы сыртын қойып, сөздің ішін» («Қазақ әдебиеті», 23.08.1991), т.б. зерттеу мақалалары жарық көрді. Бұларда қазақтың ұлы ақынының өмірі, шығармашылығы жайлы өрелі ойлар айтылды.

Иранбек Оразбаев Абайды «поэзия пайғамбары» санайды. Өйткені, «Пайғамбар – ақыл-ойдың алыбы, ой-қиялдың озығы, бүкіл адамзат баласының ортағы. Оның ұлты – ұғымында – ұлылығында. Кім ұлы перзент – сол пайғамбар. ... тегі қазақ екеніне қарамастан Абай да – сөз жоқ, пайғамбар! Абай санасы – данышпандық парасы – халық санасы... Абай жазбайды. Ол – жыр тәңірі – жаратады. Толғантады. Туады. Пайғамбар дейтініміз де сондықтан» («Қазақ әдебиеті», 19.10.1990).

Оразбаев пайғамбар ақынның әдеби мұрасы жайлы былайша толғанады: «Абай кітабы – поэзия академиясы... Абай жырлары мазмұн-мағынасын былай қойғанда, түр жағынан да бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Тумысынан талғампаз ақын бұл кітабын көктен түскен төрт кітаптың біріндегі құндап, қиыннан қиыстырған. Оқымасқа зорлық жоқ. Оқимын, көрдей қараңғы көңілімнің көзін ашып, халық қатарына қосыламын дегенге – таусылмас байлық, түпсіз қазына...

Абай сөзі – алтын сақталған сайын сафтанып, жұмырбастының жылан-нәпсісінің бауырында сана бағының сабыр гүліндей сарғайып, мәңгі шешек ата береді.

Абай өлеңі – күн санап күрделеніп, жыл түгендеп жасанып, ғасыр бүтіндеп жаңара түседі. Өйткені, ол қоғам мен адамның рухани бапкері – пайғамбардың аузымен айтылған хадис, ақыл мен ойдың бағбаны – алып Ақынның қан-жүрегін жарып шыққан хас шындық. Ол – асылдан да алғыр, ақиқаттан да таза.

Абай мұңы – кешенің кесел мұраты, бүгін мен ертеңнің дабыл алаңына ту көтеріп шығар көсем ұраны. Ақын жырынан жәй әншейін жан бағып тұрған бір бұралқы жол таба алмайсыз – бәрі кемел, көреген – туралыққа бастайды...

Оның сүйгені – халқы – қазақ халқы. Ол сол үшін отқа да күйеді, суға да түседі. Күйіп-пісіп отырып, ішке тартқан демін сыртқа шығара алмай қырылдап жатқан дімкәс халқының кеңірдегіне қол салады...

Абай бізге, ең дұрысы, өмірімен емес, өнерімен қымбат... Абай бізге қашанда сана қуатының астамдығымен, ақыл-ойының үстемдігімен – Абай» (сонда).

Ғ.Есім Абайды қазақ ренессансын жасаған ұлы ақын санайды («Қазақ әдебиеті», 10.08.1990). Ренессанс – ұлттың кім екендігін, оның ұлылығын өзгелерге мойындататын, қоғамдық даму барысында сирек кездесетін оқиға. Абай қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл рухани мәдениетінің, ақыл-ойының биік шыңына айналды. Сөйтіп, қазақ халқының әлемдік өркениеттегі алар орнын биіктете түсті.

Сайын сахарда сайран салып, бейбіт өмір сүріп жатқан халықтың ұлылық қасиеттерін паш еткен Абай қазақтан шыққан «пайғамбар», ақыл-ойдың алыбы, қазақтың азаматтық болмысы ретінде көрініп, ар-ожданына, ар-намысына айналды. Міне, осындай жағдайда Мәскеуде шығып тұрған «Книжное обозрение» (1990, 17.08.1990) газетінде Абайға топырақ шашқан мақаланың шығуы қасиетінді қорлағандай болып, ұлтжанды зиялы қауымды дүр сілкіндірді. Қазақстандық ақын Евгений Курдаков 430 мың данамен одақ көлеміне тарайтын «Книжное обозрение» апталық басылымында «Абайдың өлімі» («Смерть Абая») мақаласын жариялап, онда ұлы ақынды, оның балаларын нашақорлықтан өлді деп, «жаңалық» ашты.

Асылы аяққа тапталып жатқанда, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтар мұндай бассыздыққа үзілді-кесілді қарсы шықты. Ішінде Абайдың ұрпағы Мәкен Тұрағұлқызы бар, барлығы 12 қаламгер «Ұлы ақынның аруағын қорлатпайық!» («Қазақ әдебиеті», 21.09.1990) – деп, дауыс көтерді. Б.Сапаралин «Абайды пір тұтамыз» дейміз біз...» деген мақала жазып, онда «Біздің үзілді-кесілді байламымыз сол, ақын Евгений Курдаковтың «Абай өлімі» деп аталатын мақаласы барша шындықты қасақана бұрмалап, қазақ халқының ұлы перзенті аруағын қорлайтын аса ауыр ойлары баспасөз беті арқылы бүкіл Одаққа әйгілі болған соң автор қатаң жауапқа тартылуы тиіс» (сонда) – деп, ұлт намысын көтерді.

Е.Курдаковтың бұл мақаласы қазақ оқырмандарының ұлттық намысын қоздырып, өздерінің пікірлерін ашық білдірген хаттарын Алматы мен Мәскеуге қарай тоғытып жатты. Редакцияға келген осындай хаттардың біразымен «Қазақ әдебиеті» газеті өз оқырмандарына таныстырыпты. «Абай – арымыз, жер – намысымыз» деген ортақ тақырыппен берілген хаттарға шолу «Үйге кірген жыланның да басына ақ құйып шығаратын халқымыз адал ас, ақ дастарқанын кімнің алдына тартпаған. Сол дастарқаннан дәм татып, төбедей болып төрінде кімдер отырмаған. Бұл жақсылықты білгендер қазақ атын елден-елге жеткізіп, оның дәстүр-салтын, өнерін, жайсаң, жомарт мінезін тамсана айтып жазған да. Сөйтіп, олар қазақты таныту арқылы өздерін де танытқан» («Қазақ әдебиеті», 26.10.1990) – деген жолдармен бас талыпты. Ары қарай, сөйтудің орнына «өзі су ішкен құдығына өзі түкіргендей болған, орыс деуге қимайтын, демесең ішке сыймайтын» – дей келіп, «Абай өлімі» атты мақаласында ұлы Ақынды нашақорлықтан өлді деуге аузы барған, сөйтіп ең қасиеттімізге қара күйе жакқысы келген Е.Курдаковқа халық бір ауыздан қарғыс айтады» деген.

Редакцияға келіп түскен хаттарды шолғанда, олардың сан жағынан едәуір екендігі көрінеді. Олардың ішінде Абайдың Ақылбайының ұлы Исраилдың қызы Гүлзира Исраилқызы, Маңғыстау облысы Бейнеу ауданынан барлығы 347 адам, Ақтау қаласындағы С.М.Киров атындағы орта мектептің 8 «В» сыныбының 18 оқушысы, Ақтөбе облысы Жабасау орта мектебінің директоры Б.Құдайбергенов, Алматы облысы Нарынқол ауданынан Т.Сақалов пен М.Әкімханов, Талдықорған облысы Талдықорған ауданынан Ә.Байысов, Қызылорда облысы Арал қаласынан Б.Үсенов, т.б. ондаған ұлтжанды азаматтар бар.

Ақтөбе облысы Ақтөбе ауданы Қарғалы ауылының 36 тұрғыны төмендегідей пікір айтыпты:

«Біз Е.Курдаковтың мақаласын былайша бағалаймыз:

Бұл – халқымыздың ұлттық намысын аяқ асты еткендік;

Абайды бұрмалау – қазақ әдебиеті мен оның классикасына ғана емес, барлық рухани мұраларымызға тас лақтыру;

Абай және оның ұрпақтары нашақор болды деу – қазіргі атом сынағының бар қасіретін тартып отырған барша бауырымыздың ата-тегін қорлау;

бұның бәрін жинақтай келгенде, Курдаков мақсаты – бізді ұлт ретінде жоққа шығару деп білеміз».

Шығыс Қазақстан облысы Большенарым ауданы Майемер селосының тұрғындары Е.Курдаковтың мақаласына қарсы жиын өткізіпті. Аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Қ.Нұрсарықов бас болып, барлығы 252 адам қол қойған ашық хатта төмендегідей жолдар жазылған:

«Беймәлім ақын! Атыңызды шығарғыңыз келіп, жер орнына қазақтың ар-намысын өртемек болыпсыз. Оныыздан түк шықпайды. Сіз жазды екен деп, қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбаевтың біздің жүрегіміздегі жарқын бейнесіне иненің жасауындай да сызат түсіре алмаймыз. Абайдың адамгершілік, ар-ұят, өнер-білім хақындағы, ұлы орыс халқымен достық орнату жайындағы өнеге-кенестерінің біз үшін, біле білсеңіз, Мәскеу жазып берген том-том оқулықтан мәні де, әсері де зор. Абайдың өмірі мен шығармашылығы қазақ халқының ғұмыр жолынан ешбір ажырағысыз».

Редакцияға келіп түскен ашулы хаттардың барлығында дерлік оны «қазақ халқының алдында, оның әдебиетінің алдында, орыс пен қазақ достығының алдында айыпты» санап, кешірім сұрауын сұраған. Тіпті оған «қарғыс айту да аз, оны ССРО Жазушылар одағының мүшелігінен шығарып, өзін заң жүзінде жауапқа тартуды» талап еткен. Осындай хаттарға жазылған шолу оқырман қауымының Абай туралы пікірлерінің жоғарылап, оның ұлттық символына, ар-ожданына айнала бастағанына, сонымен бірге халықтың ұлттық сана-сезімінің өсе түскендігін аңғартты.

* * *

Сексенінші жылдарда 1972 жылғы сын туралы қаулыдан кейін жыл сайын шыға бастаған «Уақыт және қаламгер» жинақтары үзбей шығып тұрды. Жинақтарға қазақ қаламгерлерінің қазіргі әдеби өмірдің өзекті мәселелеріне арналған, сол кездегі әдеби сыншылық ой-пікірдің өресін, қарымын аңғарта алатын мақалалар кірді. Авторлар қатарында академик-сыншы М.Қаратаевтан бастап жас сыншыларға дейін бар. Сонымен бірге белгілі қаламгерлердің ой-пікірлеріне де кеңірек орын берілген. Әр кітапты белгілі сыншы құрастырып отырған. Атап айтқанда, М.Мағауин (7) С.Қирабаев (8), Р.Бердібаев (10), С.Әсіпов (11), А.Жақсыбаев (12), М.Атым (13), Б.Сарбалаев (14) сын жыйнақтарын құрастырып, кітап арналған жылдағы әдеби өмірдің ахуалынан хабардар етуді мақсат тұтқан.

«Уақыт және қаламгер» 1981 жылғы сегізінші кітабынан бастап, іштей нақтылы бір проблемаларға арналған тарауларға бөлініп шыға бастады. Мысалы, сын мақалалары сегізінші томда (құрастырған С.Қирабаев) «Заман және қаһарман», «Қаламдастар туралы сыр», «Жанр жайы немесе көркемдік көкжиегі», төртіншіде «Кіріспе», «Қайта құру қадамдары», «Достық – біздің туымыз», «Уақыт және қаламгердің талқылау трибунасы», «Әдеби шежіре-1987» тарауларына жіктеліп берілген. Он бірінші, он екінші кітаптарда әдеби жылдың қорытындысында жасалынған баяндамалар «Жыл жемісі» тақырыбымен жеке тарауда орын алған. 1984 жылы жарық көрген оныншы кітаптан бастап, Ә.Нарымбетов дайындаған әдеби жыл шежіресі беріліп отырған.

Әрине, «Уақыт және қаламгердің» әр кітабы жеке әңгіме нысаны болуға лайық. Олай етуге мүмкіндіктің жоқтығынан, бір жыйнаққа ғана көз жүгіртіп өтсек. Оныншы томның (құрастырған Р.Бердібаев) негізін «Толғауы тоқсан қызыл тіл» тарауы құрапты. Онда Т.Әлімқұловтың «Сөз сарасы», С.Әшімбаевтың «Ағыны терен ақ дария», Ә.Тәжібаевтың «Жалын мен оттан жаралып», Ә.Кекілбаевтың «Кемелділік», М.Сқақбаевтың «Өнер алды», Б.Ыбырайымовтың «Зергерлік пен зерделілік», З.Қабдоловтың «Монолог», Б.Майтановтың «Авторлық баяндау», М.Дүйсеновтің «Сылдырап өңкей келісім», З.Серікқалиевтің «Кейіпкер кім?», В.Владимировтің «Жусан иісі», Р.Сыздықованың «Сәйкестік» мақалалары берілген. «Жанр және шеберлік» бойынша А.Жақсыбаев («Бүгінгі күн биігінен»), Қ.Мұханбетқалиев («Қарапайымдылық – қарадүрсіндік»), Р.Нұрғалиев («Саралау мен жинақтау») пікірлесіпті. «Уақыт және қаламгердің» пікіржарысы» тарауында «Тіл өнері» тақырыбымен Ғ.Мұстафиннің, Б.Кенжебаевтың, Т.Ахтановтың, М.Балақаевтың, М.Әлімбаевтың, Қ.Мырзалиевтің, Қ.Ергөбековтің, С.Омаровтың сөз алуы да сәтті шыққан.

Сексенінші жылдардың әдеби өміріндегі тағы бір жаңалық жас әдебиетшілерге арналған «Сөзстан» жыйнақтарының шыға бастауы еді. Кітаптың мақсаты мен міндеті «Сөзстан» – тау тұлғалы таланттарымыз нені (тақырыбы – автор суреттеген өмір шындығы) неге (автордың қолданған құралы – тілі) және қалай (автордың зергерлік шеберлігі) жазды, сол жайларды аңғартатын, олардың тың да тамаша творчествосының қат-қат қырлары мен қабағат сырларын аңғарып-ашып, қаламгерлік лабораторияның құпиялары мен сабақтарын танып-тауып, жалпақ жұртқа жайып салатын кітап («Сөзстан», А., 1980, 5-бет) – деп, айқындалған. Сонымен бірге «Сөзстан» жалпы әдебиетті сүйген жастарды, қолына жаңа қалам алған талапкерлерді сырлы да сұлу сөз өнері әлеміне, оның қызық та парасатты процестеріне тағылымды да ғибратты саяхат жасатып қана қоймай, олардың сенімді серігі, ойланып оқыр «оқулығы» болуды, асырып айтсақ, сөз өнері көгіне оқырман ретінде де, қаламгер ретінде де түлеп ұшар бір ұясы; асырмай айтсақ, ең болмағанда, қолтығынан көтеріп демеп жіберер «таныс-бейтаныс» болуды мұрат етеді» (сонда).

«Сөзстанның» жастарға арналып шығуы онда берілген материалдардың да сипатын айқындайды. Алғашқы кітабында «Өнер алды – қызыл тіл» туралы М.Горькийдің «Мен қа-

лай жазамын?», М.Шолоховтың «Өмірімнің өзегі – күрес», Л.Леоновтың «Еңбек суреткерлікке қалыптастырады», С.Мұқановтың «Шығарма иесі – халық», Ф.Мұстафиннің «Талант – жүрек сыры» мақалалары берілген. «Суреткерден шыққан сөз» аталған екінші тарауға М.Әуезовтің «Қазақтың әдеби тілі туралы», Ш.Айтматовтың «Өзгелер және өзін жайлы», Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» қалай жазылды?», Ә.Тәжібаевтың «Өлең – біздің анамыз», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» қалай жазылды?», Қ.Құлиевтің «Арқа сүйер асқар тауымыз» сияқты жазғандары енген. Сондай-ақ А.Сүлейменовтің Ф.Мүсірепов туралы «Өлшеніп өнер тартылса», Ф.Қабышевтің А.Токмағамбетов жайлы жазған «Сырлы сөздің сардары» шығармашылық портреттері орын алған. «Жас әдебиетшілер мінбесінен» С.Әшімбаев («Қазіргі қазақ әдеби сыны қандай?»), Б.Сарбалаев («Саф алтынның сом сынығы»), А.Алдашева («М.Әуезов тіл туралы») сөз алыпты.

«Сөзстан» кітаптарының құрылымынан қатып қалған қалып (стандарт) байқалмайды. Керісінше, әр кітаптың мазмұны өзгешелік танытады. Мысалы, екінші кітап (құрастырған Б.Сарбалаев) сегіз тараудан және түйіннен тұрады. Бірінші тарауда «КПСС Орталық Комитетінің «Творчестволық жастармен жұмыс туралы» қаулысы жарияланған. Тараулар «Терең тамырлар», «Өнер алды – қызыл тіл», «Суреткерден шыққан сөз», «Әуезов әлемінде», «Творчестволық портрет», «Шетел жазушыларының ой-таразысынан», «Жас әдебиетші мінбесі» аталған. «Түйінде» «Жастық шақ – шабыт кезеңі» (дарындардың жастай көрінуі), «Нобель сыйлығы қалай тағайындалды?», «Саңлақтардың соңғы сөзі» жайлы қызықты деректер бар. Соңында әр мақалаға түсініктеме берілген.

«Сөзстан» жинақтары негізінен дарынды сыншы Б.Сарбалаевтың құрастыруымен шығып тұрған. Тек 1982 жылғысын Ф.Оразаев, 1983 жылғыны Қ.Ергөбек, 1984 жылғыны З.Серікқалиев дайындапты. Осылардың барлығына тән ортақ бір ұстаным жыйнаққа кіретін материалдарды сұрыптағанда, олардың жас әдебиетшілерге теориялық жағынан ғана емес, сонымен бірге практикалық пайдасын да ескеріп отырған.

Жас қаламгерлерді ең алдымен, жазу-сызудың қыр-сырлары қызықтыратын болса, осыған орай Д.Досжановтың «Жібек жолы» қалай жазылды?» (6), Х.Ерғалиевтің «Өз творчеством төңірегінде» (7), С.Бақбергеновтің «Бейтаныс оқушыға хат» (7), С.Мәуленов «Өлеңім – өмірім» (7), Д.Әбіловтің «Ақын арманы» туралы сөз» (5), Қ.Жұмәділовтің «Соңғы көштің» арқауы» (5), М.Әуезовтің «Абай» романының жазылуы жайынан» (3), С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат» былай жазылды» (3), т.б. көркем туындының шығармашылық тарихын баяндаған мақалалары басылды.

«Суреткерден шыққан сөз», «Творчестволық портрет», «Шығарма өзегі – өмір», «Таланттар тәлімі», «Қаламгер келбеті» айдарларымен беріліп тұрған материалдардың да тағлымдық мәні зор. Осы айдарлармен көрнекті ақын-жазушылардың шығармашылық лабораториясы, қыр-сырлары кеңінен ашыла түскен. Сонымен бірге «Сөзстан» қазақ әдебиетімен ғана шектеліп қалмай, әлемдік әдебиет классиктерінің де әдеби ой-пікірлерімен кеңінен таныстырған. Мысалы, М.Горькийдің «Мен қалай жазамын?» (1), М.Шолоховтың «Өмірімнің өзегі – күрес» (1), Л.Леонов «Еңбек суреткерлікке қалыптастырады» (1), В.Распутиннің «Адам жаны – зерттеу нысанам» (2), В.Маяковскийдің «Өмірге өлең келерде» (2), Ю.Казаковтың «Қаламгер ерлігі туралы» (5), Габриэль Гарсия Маркестің «Шындық поэзиясы мен қиял парасаты» (5), М.Кәрімнің «Ақын және драматургия», «Жазушының жан сыры», «Жорж Сименонның т.б. шығармашылық өнер жайлы жазғандары кімді де болса қызықтырады анық.

Сондай-ақ, «Аға лебізінен» Ә.Тәжібаев (3), «Жас әдебиетшілер мінбесінен» С.Әшімбаев, Б.Сарбалаев (1), А.Егеубаев (2), «Інілер лебізінен» Қ.Жұмалиев (3), С.Жұмабеков (3), сөз алыпты. Жинақтарда аға ұрпақ қаламгердің шығармашылық тағлымы мен олардың жолын жалғастырып келе жатқан жас ұрпақтың аяқ алысын байқататын материалдардың қатар орын алуы үйлесімдік танытқан.

«Сөзстан» сияқты белгілі бір мақсатта шыққан кітаптың бірі «Жастар жастар туралы» (1981). 1976 жылдың қазан айында қабылданған КПСС Орталық Комитетінің «Творчестволық жастармен жұмыс туралы» қаулысын жүзеге асыру мақсатымен жарық көрген бұл жинақ тұтастай жас ақын-жазушылардың шығармашылықтарын саралаған сын мақалалардан тұрады. Мақала авторлары да – жастар. Олар жас әдебиет, қатар-құрбыларының әдебиет әлеміндегі аяқ алыстары жайлы өз ойларын ортаға салған.

«Жастар жастар туралы» төрт тараудан тұрады. «Қара сөздің маржаны» тақырыбындағы алғашқысы прозаға арналған. Тұрылбек Мәмесейітовтің «Жас жазушы және жұмысшы тұлғасы», Нұржан Мұраталиевтің «Әңгіме туралы әңгіме», Батырхан Дәрімбетовтің «Алып шынардың жас бұтақтары», Нұрдәулет Ақышевтің «Өнегесімен өміршең», Баянғали Әлімжановтың «Оқиға мен баяндау», Мұқадес Есләмғалиевтің «Биікке бағыт алғанда», Жанғара Дәдебаевтың «Тарихи прозадағы жастар ізденісі және дәстүр», Ұзақбай Доспанбетовтің «Жас прозашылар және сын» мақалаларында соңғы толқын прозаның жай-күйі кеңінен әңгімеленген.

Сәрсенбі Дәуітовтің «Табиғаттан сыр тартып», Дәуіталі Стамбековтің «Оймен сезініп, сезіммен ойласақ», Бақыт Сарбалаевтың «Өзінді өзің таптың ба?», Ұлықбек Есдәулетовтің «Албырт сезімдер сыры немесе тұңғыштар туралы сөз», Серик Негимовтің «Ақындық мәдениет» сияқты мақалалары топтастырылған «Өлең – сөздің өрнегі» тарауында жас толқынның поэзиясы сөз болады.

Р.Баймаханов («Жүгі ауыр жанр») пен Т.Мыңжасаров («Келешек көкжиегіне көз тіксек») қазақ фантастикасына көз жіберсе, Қ.Ергөбеков («Күлкі сыры») жас сатираны саралауға ұмтылыпты.

Сағат Әшімбаевтың құрастыруымен шыққан «Жастар жастар туралыдан» жас әдебиетшілердің сын әлеміндегі алғашқы аяқ алыстарын байқауға болады. Бұлардың көпшілігі сексенінші жылдардың әдеби өмірінде өздерін сыншы ретінде танытып та үлгерген болатын. Осы жинаққа кірген авторлардың кейбірі кейіннен сыннан кеткенімен де әдебиеттен кеткен жоқ; күні бүгінге дейін әдебиеттің прозасы, поэзиясы, ғылымы салаларында жемісті еңбек етіп жүр.

Сексенінші жылдары Б.Кенжебаевтың «Жылдар жемісі» (1984), «Әдебиет белестері» (1986), Е.Ысмайыловтың «Ақын және революция» (1983), З.Қабдоловтың «Әуезовтің әсемдік әлемі» (1986), «Арна» (1988), Т.Қожақеевтің «Адам. Қоғам. Сатира» (1980), «Сатиралық жанрлар» (1983), «Сатира – күштілер қаруы» (1985), Ә.Нарымбетовтің «Қалижан Бекхожин творчествосы» (1983), «Қазіргі қазақ поэмасы» (1982), «Қазақ поэзиясындағы замандас бейнесі» (1984), «Уақыт шындығы көркемдік кепілі» (1989), Н.Ғабдуллиннің «Уақыт сыры» (1981), «Ғ.Мүсірепов – драматург» (1982), С.Әшімбаевтың «Талантқа тағзым» (1982), «Парасатқа құштарлық» (1985), С.Қирабаевтың «Шындық және шығарма» (1981), «Шындық және шеберлік» (1983), «Талантқа құрмет» (1988), «Жүсіпбек Аймауытов» (1990), Р.Бердібаевтың «Биік парыз» (1980), «Өшпес өнеге» (1984), «Замана сазы» (1985), «Кәусар бұлақ» (1990), Ә.Қоңыратбаевтың «Шеберлік сырлары» (1980), А.Нұрқатовтың «Жалғасқан дәстүр» (1980), М.Қаратаевтың «Казахская литература на современном этапе» (1980), «Ізденіс іздері» (1984), З.Ахметовтің «Поэтика эпоей «Путь Абая» в свете истории ее создания» (1984), Т.Кәкішевтің «Онаша отау» (1982), «Дәуір дидары» (1985), М.Дүйсеновтің «Ұлы Октябрь шуағы» (1982), Т.Кәкішевпен бірге), М.Атымовтың «Қазіргі қазақ романдарындағы замандас бейнесі» (1985), «Қазақ революциялық поэзиясы» (1987), С.Ордалиевтің «Сөз зергері» (1982), Р.Нұрғалиевтің «Айдын» (1985), «Телағыс» (1986), М.Хасеновтің «Ғабиден Мұстафиннің шеберлігі» (1987), Т.Сыдықовтың «Мұрат пен міндет» (1987), Ә.Дербісалиннің «Әдебиет туралы толғаныстар» (1990), Ә.Райымбековтің «Жұмысшы мәртебесі» (1980), М.Бекбергеновтің «Дүбірлі дәуір шежіресі» (1987), Т.Токбергеновтің «Қос қағыс» (1981), «Ай мүйіз» (1990), Ф.Оразаевтың «Замана қаһарманы» (1981), Б.Сарбалаевтың «Қызыл алма» (1981), «Ақиқат алдында» (1986), С.Негимовтің «Өлең өрімі» (1980), А.Егеубаевтың «Сөз жүйесі» (1985), Ж.Дәдебаевтың «Қазіргі кезеңдегі қазақ тарихи прозасының дамуындағы М.Әуезов дәстүрі» (1981), «Әдеби шығарма» (1987), «Шымырлап бойға жайылған» (1988), «Қазақ тарихи романы» (1989), Б.Ыбырайымовтың «Көркемдік көкжиегі» (1981), «Ой мен сөз» (1985), Б.Майтановтың «Көркемдік нәрі» (1983), «Қаһарманның рухани әлемі» (1987), Қ.Керейқұловтың «Келісім кестесі» (1985), А.Нағыметовтің «Қазіргі повесть және көркемдік ізденіс» (1985), Б.Кәрібаеваның «Талап деңгейі» (1984), «Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы» (1988), Т.Мәмесейітовтің «Зерделілік айнасы» (1988), Қ.Ергөбековтің «Жан жылуы» (1981), «Мейірім шуағы» (1985), Р.Рүстембекованың «Қазіргі қазақ әңгімелері» (1988), Ә.Ахметалиевтің «Егіз елдің әуені: қазақ-қырғыз әдеби байланысы хақында» (1989), Ә.Әзиевтің «Қазақ повесі» (1989), Ш.Елеукеновтің «Жаңа жолдан» (1989), Б.Шалабаевтың «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» (1983), С.Жұмабековтің «Сын пернесі» (1989), М.Серғалиевтің «Кең өріс» (1983), «Сөз сарасы» (1989), Т.Шапаевтың «Ой түбінде жатқан сөз» (1989), т.б. сын-зерттеу кітаптары жарық көрді.

Ғ.Мүсіреповтің «Әдебиет – кәсіп емес, өнер» (1987), «Дәуір дидары» (1986), «Заман және әдебиет» (1982), Д.Әбілевтің «Ой толғауы» (1981), Т.Ахтановтың «Көкейкесті» (1980), Ғ.Қайырбековтің «Бір кемеңнің үстінде» (1981), А.Тоқмағамбетовтің «Өтеді күндер» (1981), Қ.Мырзалиевтің «Сөз сиқыры» (1982), Ә.Жәмішевтің «Кезең кестелері» (1989), С.Сейітовтің «Өлең өлкесінде» (1984), Қ.Бекхожиннің «Өлең өткелдері» (1986), С.Досановтың «Қазына» (1984), С.Шәймерденовтің «Әдеби толқындар» (1986), Ә.Нұршайықовтың «Өмір өрнектері» (1987), І.Омаровтың «Әдеби толғамдар» (1988), С.Мәуленовтің «Телтолқын» (1989), т.б. сияқты қазақ қаламгерлерінің әдебиет туралы толғаныстар, эссе, естелік кітаптары басылып шығып, сыншылық ой-пікірдің өрісін кеңейте түсті.

Ғалымдар қазіргі әдебиеттің мәселелерін кешенді түрде зерттей бастады. Әдебиеттің теориясына, оның ішінде жанр, стиль, дәстүр мен жаңашылдық, көркемдік ізденістер сияқты өзекті мәселелеріне арналған «Әдебиеттану ғылымының негіздері» (1988), «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы» (1990), «Дәстүр және жаңашылдық» (1980), «Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы» (1981), «Көркемдік кілті – шеберлік (1985), «Қазақ көркем шығармаларының жанры мен стилі» (1982), «Қазақ әдебиеті: стиль мәселелері» (1986) сияқты ұжымдық зерттеу еңбектері тақырыбының өзектілігімен, теориялық жағынан тиянақтылығымен ерекшеленеді.

Осы жылдарда жаңадан ақталған алашшыл қаламгерлердің шығармашылық жолымен таныстырған С.Қирабаевтың «Жүсіпбек Аймауытов» (1990), Ш.Елеуеновтің «Мағжан Жұмабаев» (1990), Ш.Сәтбаеваның «Шәкәрім Құдайбердиев» (1990), Р.Сыздықованың «Ахмет Байтұрсын» (1990), т.б. кітаптар оқырмандар қолына тиді.

Қазақ фольклоры мен әдебиет тарихына арналған Р.Бердібаевтың «Жыршылық дәстүр» (1980), «Саркылмас қазына» (1983), «Кәусар бұлақ» (1989), «Қазақ эпосы» (1982), Т.Сыдықовтың «Ғасырлардың кәусар бұлағы» (1980), М.Дүйсенов, К.Сейдаханов, С.Негимовтің «Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты» (1982), М.Мырзахметовтің «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» (1982), «Абай жүрген ізбенен» (1985), Ә.Оспанұлының «Қаратау ағырабының ақындары» (1983), Қ.Өмірәлиевтің «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі» (1983), Б.Уахаговтың «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» (1983), Б.Адамбаевтың «Қазақтың шешендік өнері» (1984), «Алтын сандық» (1989), С.Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» (1984), М.Жолдасбековтің «Асыл арналар» (1986), Н.Келімбетовтің «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» (1986), Ш.Сәтбаеваның «Шоқан Уәлиханов – филолог» (1987), Х.Сүйіншәлиевтің «Ғасырлар поэзиясы» (1987), «VIII–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (1990), Т.Әбдірахмановтың «Таланттар тағлымы» (1988), М.Әуезовтің «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» (1988), М.Бейсенбаевтың «Абай және оның заманы» (1988), З.Бисенғалиевтің «XX ғасырдың басындағы қазақ прозасы» (1989), А.Қыраубаеваның «Ғасырлар мұрасы» (1989), Ә.Дербісалиннің «Әдебиет туралы толғаныстар» (1990), т.б. өмірге келді. Сондай-ақ ұжымдық «Қазақ әдебиетіндегі қисса жанры» (1981), «Қазақ фольклорының типологиясы» (1981), «XX ғасыр басындағы қазақ ақындары» (1982), «Қазақ әдебиетінің мәселелері» (1983), «Қазақ фольклоры мен әдеби шығармаларының текстологиялық зерттелуі» (1983), «Мұхаббатнама» және ол туралы түсінік» (1983), «Абай тағлымы» (1986), «XIX ғасырдағы қазақ ақындары» (1988), «Фольклор шындығы» (1990), т.б. жарық көрді. Сөйтіп, қазақ әдебиетінің өткендегі мұраларын игеру, зерттеу істерінде қазақ әдебиеттану ғылымы тереңдей түсті.

Осы кездерде әдеби сынның ғылыми сипаты артып, әдебиет сыншылары көркем шығарманың өзіндік табиғатын, шеберлік қырларын аша түсу барысында ғылыми-теориялық талдауларға ұмтылды. Нәтижесінде көптеген жекелеген туындылар, қаламгерлер, әдеби өмір жайлы іргелі еңбектер жазылды. Сөйтіп, сыншылардың біразы әдебиеттің ғылымы ауылына қарай бет бұрды. Аға буынды былай қойғанда, осы жылдардағы әдеби сынның ауыр жүгін жастық қайратымен биікке көтере білген кейінгі толқындағы З.Серікқалиев, Ә.Сығабас, Ж.Дәдебаев, Б.Дәрімбетов, Б.Ыбырайымов, А.Егеубаев, Б.Майтанов, Қ.Ергөбеков, Т.Жұртбаев, Н.Ақышев, Қ.Әбдезұлы, Қ.Керейқұлов, Ә.Бейсебаев, Б.Кәрібаева, Қ.Мәдібаева, Г.Пірәлиева, А.Ісмақова, С.Дәуітов сынды әдебиетшілер кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғап, ғалым сыншылар атанды. Т.Тоқбергенов, С.Әшімбаев, Б.Сарбалаев, С.Жұмабеков, Ә.Бөпежанова, Т.Шапаев сияқты әдебиетшілер ғана адалдық танытып, әдеби сында табандылықпен еңбек етті.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ СЫН (ТОҚСАНЫНШЫ ЖЫЛДАР)



1. ҰЛТТЫҚ ТІЛ, РУХАНИЯТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еліміз тәуелсіздік алғаннан соң, халқымыздың рухани мұрасын ұлттық тұрғыдан қайта саралау басталды. Ұлттық құндылықтарымыз кеңестік кезеңде қандай күйде болды, қазір ше, алдағы уақыттарда қандай болмақ деген сауалдарға жауап ізделді. Ұлттық рухани мұраны айқындауға көмектесетін ұлттық идеологияны жасау күн тәртібіне ұсынылды. Мұндай мақалалар тоқсаныншы жылдардың екінші жарымынан бастап жиі көріне бастады. Ғ.Есімнің «Санадағы дерттің салқыны» («Қазақ әдебиеті», 07.01.1994), Қ.Жұмаділовтің «Қазаққа идеология қажет пе?» («Қазақ әдебиеті», 23.04.1993), «Кешір бізді, келер ұрпақ» («Қазақ әдебиеті», 12.11.1999), Н.Оразалиннің «Ұлттық рух пен сананың рухани дінгеі» («Қазақ әдебиеті», 25.03.1997), «Рухани кеңістік: таным мен пайым» (Сауалнамаға Б.Ыбырайым, Д.Амантай жауап берген. «Қазақ әдебиеті», 01.04.1997), М.Ақдәулетұлының «Жаралы рухты ібіліс билейді» («Қазақ әдебиеті», 17.02.1998), «Қазақы дағдарыс» («Қазақ әдебиеті», 01.01.1999), А.Әлімнің «Рухани иммунитет» («Қазақ әдебиеті», 29.10.1999), «Ұлтымыз интеллигенциядан не күтеді?», 18.08.2000), «Қазаққа патриотизм керек пе?» («Қазақ әдебиеті», 01.02.2000), Е.Раушановтың «Ауылға кетсек пе, әлде эмиграцияға ма?» («Қазақ әдебиеті», 05.11.1999), М.Мағауиннің «Рухани езгі және отарлық сана» («Жұлдыз», 1999, №9–10), А.Мекебайдың «Кісі шошитын шындық» («Қазақ әдебиеті», 21.04.2000), Б.Нұржекеевтің «Жазушы заманға ілеспей отырған жоқ, заман жазушыға ілеспей отыр» («Қазақ әдебиеті», 07.07.2000), т.б. мақалаларында қазіргі кездегі қазақ руханиятының өзекті мәселелері, әдебиеттің қоғамдық өмірдегі орны кеңінен талқыланды; ұлттық рухани құндылықтарды сақтау, көтеру қажеттіліктері күн тәртібіне қойылды.

Қазақ қоғамының кешегісі, бүгінгі, ертеңі жайлы ой қозғаған С.Ақатай өз ойын «ұлт мүддесін сатқандарды бүгінгі ұрпақ та, келер ұрпақ та кешіре қоймас» деп түйіндепті. Ол «біздің тарихымызды басқалар жазды. Енді өзіміз жазсақ. Тарихнама – ресми құжаттардың тізбегі емес, ол тарихи сана-сезімді ұстартудың күшті құралы, ұлттық менталитеттің қайнар көзі... Ұлт неғұрлым шағын, неғұрлым қарау болса, соғұрлым сатқындар жиі кездеседі, олар қабілетті, құйтырқы бола бастайды... Ұлт ішінде бірін-бірі қаралау, дұшпандық өршісе, мұның өзі ұлтқа емес, империяға ғана тиімді болып шықпақ... Қазіргі қазақтың да тектілік қасиеті бар – бодан болғысы келмейді. Сөйте тұра ешкімге гегемон болғысы да жоқ» («Қазақ әдебиеті», 07.01.1998) – деген ойлар айта отырып, қазақтың басынан өткен небір қысылтаяң кездерде кездескен сатқындықтарды қазақ әдебиетінен мысалға келтіре отырып, ұлт бірлігіне шақырады.

Р.Бердібайдың «Көзқамандар кімдер?» мақаласында ұлттық сана-сезімінен айрылған адамдардың ұлт өміріне қауіпті екендігін еске салады («Қазақ әдебиеті», 30.04.1996).

Жазушы А.Мекебайұлы ұлттық сана турасында ой тербепті. Ол қазақ қоғамында болып жатқан келеңсіздіктің барлығын ұлттық сананың төмендігінен, ал оның төмен болуын «ұлттық идеологияның жоқтығынан» («Қазақ әдебиеті», 21.04.2000) – деп біледі. Ғ.Есім ұлттық сананың әлсіреуінен туындап отырған рухани дерттерге тоқталған («Қазақ әдебиеті», 07.01.1994). С.Асылбекұлы «Қазақ мәдениеті – қазақ мемлекеттігінің жүрегі» («Қазақ әдебиеті», 18.03.1997) – деді.

Қ.Жұмаділов «Қазаққа идеология қажет пе?» деген сауалға «қажет» деп, мақала жазды. Ағылшынның әйгілі идеологы Уинстон Черчиллдің «Бізде мәңгілік дос та, мәңгілік жау да жоқ. Тек Британия халқының мүддесі ғана тұрақты» дегенін алға тарта отырып, бізде де «ұлт мүддесі бүкіл саясаттың өлшемі болуға тиіс дейді. Қабдештің ойынша, «қазаққа қажеті – бүкіл адамзаттық қазыналардан бойын аулақ салмайтын, барша ұлт өкілдерінің демократиялық құқықтарын құрмет тұтатын, бірақ өз тәуелсіздігі мен ұлттық мүддесіне ешқашан кір жуытпайтын, қазақтың салт-сана, ата-дәстүрімен қабысып жатқан, гуманистік негіздегі мүлде жана идеология болса керек» («Қазақ әдебиеті», 23.04.1993).

Қабдештің тағы бір мақаласында ұлттық идеологияға тікелей қатысы бар әдебиет жайлы «Әрине, озық елдер әдебиетін үлгі тұтқан жақсы. Бірақ, ол табыну, көзсіз еліктеу дәрежесіне көтерілмеуі керек. Жалпы әлем әдебиетін бір қораға қамап, бір шыбықпен айдау – ағаттық. Өйткені, ұлттан тыс тұратын әдебиет жоқ. Әмбеге ортақ адамзаттың әдебиеті, «адамзаттың жазушысы» болады деген – бекер сөз. Өз ұлтынан асып, өзге халықтардың игілігіне айналған некен-саяқ таланттардың өзі де белгілі бір топырақтан, ұлт бойындағы рухани қуаттан өсіп шыққан. ...шетел капиталының да жат жұрттық мамандардың да қолынан келмейтін бір нәрсе бар. Ол – әдебиет пен өнер. Оны тек қазақ ұлтының төл таланттары ғана жасай алады» («Қазақ әдебиеті», 12.11.1999) – деген пікірі де ойландырарлық.

Н.Оразалин ұлттық рух пен сананың негізі әдебиет деп біледі. «Өнер де, әдебиет те кез-келген халықтың рухымен біте қайнасқан ұғымдар. Біз бұл екі ұғымды қорғай отырып, түптеп келгенде, ұлт пен ұлысты қорғайтынымызды ұмытпауымыз керек» («Қазақ әдебиеті», 25.03.1997) – деді. Ол «Сөз төркіні көркемдік әлеміндегі ұлттық сипат пен нышандарды әлсірету арқылы ұлттар мен этностардың жұлынжігіне құрт түсіруге талпынған сүренсіз әрекеттер» жасалынып жатқандығына алаңдаушылық білдірді.

Кезінде (сексенінші жылдары) «қазақ жастарын ұлттық психологиядан ажыратудың өзі орыстандыруға даңғыл жол ашатынын сезген» Қ.Жарықбаев «ұлттық психологияны оқыту – ұлтшылдық емес» («Қазақ әдебиеті», 01.09.1999) деді. «Қазақ әдебиеті» газеті (22.01.1999) ұйымдастырған «Халің қалай, жаңа ғасырға беттеген рух?» деген сауалға А.Кеңшілікұлы Батыс «этнорухани құндылықтарды санадан тықсырып, құнарлы топырақта туған мәдениеттің өзін эрозияға ұшыратып барады», М.Шаханов «әлімсақтан бері рухтың, әдептің, дәстүр мен ғұрыптың киесінен аттап көрмеген ортаазиялық мемлекеттердің өздері де әлемді жайлап, әлекедей жаланып бара жатқан батыстық тобырлық мәдениетінің әсеріне беріле бастаған-ды. Менің ойымша, мұның себебін аталмыш мемлекеттердің жұртшылығының мұндай бүлдіргі былықтырушылыққа өздерінің имани принциптерін қарсы қоя алмағандығынан ғана емес, осы бір буынкүрттай бұзғыш идеялардың қайырсыздығын дер кезінде ұға алмауынан іздеу керек»; Мұрат Ғуезов «қазақ әдебиеті үшін нағыз философиялық кезең енді басталды»; Ж.Шаштайұлы «Көркем эстетикадан іргеміз алыс тартып бара жатқан сыңайлы. Бейнелі сөйлейтін көшпенді ел ұрпағының лексикасы бүгін өте жұтаң. Қазір жаппай батыстанып бара жатқан ұлтқа айналып, дүние құбылыстарын бейнелі түрде түсіндіре алмаймыз. Біздің жазуымызда батыстың абстрактылы ойлары басымдау. Бір қызығы, кейінгі толқын соны жанына жақын қабылдайды. Батыс моделіндегі жастар оқыған-тоқығандарын өз ұлтына дайындаған тәңірі сыбағасы ретінде ұсынуға тырысады. Ал ауылдағы халық Робинзон Крузоның халіне душар болып, томаға-тұйық хал кешіп жатыр. Егер осы жағдай ары қарай жалғаса берсе, ақсүйектік тәрбиеден біржола ажыраймыз. Қазақтың жалпақ даласына жабайылық үстемдік ете бастайды» – деп жауап беріпті.

Ақын Аманхан Әлім ұлттық рухани иммунитет мәселесін көтерді. Ол «сол халық өмір сүріп, сол халықтың мекен-жайы, сол халыққа атын беріп, мемлекет атандырып отырған жер, ұлттық мақсат-мүддесі, жай-күйі алдымен тілге тиек етілуі керек» – дей келіп, бүгінгі таңда орын алып отырған ұлттық сана-сезім дағдарысына тоқталады. «Бұған тосқауыл болатын бірден-бір күш – рухани иммунитет, ру мен жүзге, жік пен топқа бөлінбейтін ұлттық тұтастық... Президенттен бастап, көзі ашық, көкірегі күмбірлеп тұрған әрбір қазақ сан айтылып, сан жазылып жатқан әлеуметтік-экономикалық қиындықты індетіп, қаузап бермей, ұлттық сана-сезім үшін де күресейік» («Қазақ әдебиеті», 29.10.1999) – деп, батыл қимылдарға шақырады. Тағы бір мақаласында (Қазақ патриотизм керек пе? «Қазақ әдебиеті», 01.09.2000) ұлттық патриотизм туралы әңгіме қозғай келіп, «Қазір рухтар қақтығысы жүріп жатыр. Ол бірде ашық қылаң ұрса, енді бірде су асты ағыстарындай әсерде жүруде. Ендеше, қазақ патриотизмінің бір сәт те болса, қалғып-мүлгуге ешқандай да құқығы жоқ» («Қазақ әдебиеті», 01.09.2000) – депті.

Е.Раушанов қазіргі қазақ қоғамының, руханиятының, әдебиетінің жай-күйіне көз жіберген мақаласын «Ауылға кетсек пе, әлде эмиграцияға ма?» атапты. «Білетіміз – бұлай өмір сүруге болмайды. Біздер, жазушылар – барынан айрылып қалғалы отырған халықпыз. Біз кім едік, неміз бар еді?» – деген сауалдарға жауап іздейді («Қазақ әдебиеті», 05.11.1999).

«Қазақ әдебиетінің пікірлесу отауында» «Ел рухын қаламгер көтермегенде кім көтереді?» («Қазақ әдебиеті», 24.07.1998) деген сауалға Ж.Кенжалин, Т.Медетбек, С.Балғабаяв, Р.Токтаров, Ә.Қайырбеков, Қ.Түменбай, Т.Әсемқұлов, Ә.Бөпежанова жауап іздепті.

Жиынды ашқан Ж.Кенжалин «Бүгінгі күн тақырыбына қалам тарту», «елдің рухын көтеретін, халықтың қайратын жанатын шығармалар тудыру» жайынан ой қосуға шақырған. Т.Медетбеков «Дүние қазір толқып-шайқалып, бір көтеріліп, бір басылып тұр. Әрине, толқып, шайқалып, бір көтеріліп, бір басылып, аударылып, төңкеріліп тұрған дүние шінде қолға қалам мен қағаз алып, кең тынысты шығарма жаза қою қиын... Олай болса, дүние сәл саябырсып, сабасына түскеннен кейін үлкен дүниелер бой көрсетеді деп білем. Қазір көру, көңілге түю, барлау-зерттеу, оны қорыту, елеп-екшеу процестері жүріп жатыр» деген ойын білдіріпті. Р.Токтаров «Бүгінгі күн тақырыбы дегенді мен өмірбойы күн тәртібінен түспейтін адамгершілік ар-ождан мәселесі, әйтпесе, тіпті ұлт мұңы деп ұғамын. Ол – ешқашан ескірмейтін, тот басып көнермейтін, мәңгі-бақи алдыңнан шыға беретін өміршең тақырып... Бірақ әр дәуірдің өз суреті, ерекше рельефі бар. Жазушы міндеті – соны дәл танып, көзге айқын елестетіп беруде. Ол үшін ең бірінші қажетті фактор – дарын. Ол неғұрлым қуатты, қоспасыз болса, өмір шындығын да соғұрлым терең талдап көрсете алады» – деген. Ә.Қайырбек «Қазіргі өмір шындығын терең бейнелеген күрделі көркем шығарма әлі дүниеге келген жоқ... Рас, қоғам өзгерді, адам өзгерді. Әдебиет те өзгермек. Өмір шындығын түйсіну, түсіну, қорыту және оны оқырманға көркем образбен жеткізу қай заманда қаламгерге оңай шаруа болып еді»; С.Балғабаев «Бүгінгі күн тақырыбын, қазіргі өмірдің шындығын көрсетуге қазақ қаламгерлерінің кәсіби шеберлігі де, дарыны мен қабілеті де әбден жетеді. Жалпы, қазақ қаламгерлерінің шығармашылық шеберлік деңгейі өзге елдердегі әріптестерінің ешқайсысынан да кем емес. Тек соны түсіну, бағалау, ең өкініштісі – оны таныту жағы жетіспей отыр»; Қ.Түменбай «Әуелі рухты тазарту керек. Соңғы ұрпақтың рухын кір шалды» – деген бағытта ой-пікірлер айтыпты.

Р.Нұрғали «Жас алашқа» берген сұхбатында «Әдебиет, мәдениет, ғылымға мемлекеттік қамқорлық болмаса, рухани қайыршылық қазіргіден де масқара жағдайға түседі деп ойлаймын. Бүгіннің өзінде жалған әдебиет, жалған мәдениет, жалған ғылым деген арам сандырауқұлақша қаптап барады. Ақша берсең, естелік пе, ғұмырнама ма, дайын. Жазылуы да, басылуы да оңай. Сатып алынатын дүние, мүлік, қызметке енді өтірік туындылар да қосылды. Бір күн кітапханада, лабораторияда, архивте отырмаған, құл жалдап «жазушы», «ғалым» атана бастағандарды көргенде, жағанды ұстайсың» («Лениншіл жас», 04.12.2000) – деп, дабыл қақты.

Ұлттық руханияттың, оны жасайтын ұлттық идеологияның орталық негізгі мәселесі – тіл. Ұлттық тілдің қоғам өмірінде алатын орны қандай екендігінде көптеген мәселелердің шешімі жатыр. Сол ұлтпен бірге оның тілі де үстемдік құрса, оның руханияты толыққанды өмір сүреді. Бодан халықтың тілі де, сонымен бірге рухы да әлсірей береді. Демек, тіл – ұлттың ұлт болып өмір сүруінің, ұлттық руханияттың салтанат құруының бірден-бір өлшемі, өзегі, ұлттық дамудың бірден-бір шарты, көрсеткіші, болашағы. Тілдің қоғам, ұлт өміріндегі осындай аса маңызды орын алатындығына байланысты тәуелсіздік алғаннан соңғы жылдарда осы бір аса маңызды мәселені көтерген мақалалар баспасөз бетінде жиі көрінді. Бұлардың барлығында дерлік ғасырлар бойы бодандықта болып келген қазақ ұлтының тілін жандандыру, тілді дамыту арқылы ұлттық жаңғыруға қол жеткізу, оның рухани өміріміздегі көшбасшылық рөлін арттыра түсу мәселелері батыл көтерілді.

Қ.Жұмәділовтің «Тұралап қалған тұлпарым-ай» («Қазақ әдебиеті», 04.06.1993), Ж.Ысмағұловтың «Тіл талғамын төмендетіп алмайық» («Қазақ әдебиеті», 04.06.1993), С.Жүнісовтің «Басбұзарға сот бар, ал тіл бұзарға ше?» («Қазақ әдебиеті», 20.05.1994), З.Валидидің «Тілден, діннен айрылмаңдар» («Қазақ әдебиеті», 09.04.1996), Ә.Қайдаров пен Ә.Қайранның «Мемлекеттік тілдің мәртебесі неге төмен?» («Қазақ әдебиеті», 1996, №15), М.Ақдәулетұлының «Анамның тілі дегелі алты жыл өтті» («Қазақ әдебиеті», 07.05.1996), «Қазақ тілі: үміті мен күдігі» («Қазақ әдебиеті», 25.03.1997), С.Балғабаевтың «Тағы да тіл туралы» («Қазақ әдебиеті», 14.05.1996), С.Оразалиновтың «Тілімнің тауқиметі тоғыз багпан» («Қазақ әдебиеті», 21.05.1996), «Қазақ тілін меңгеру – қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі» («Қазақ әдебиеті», 12.08.1997), Р.Сыздықованың «Толғауы тоқсан қызыл тіл» («Жұлдыз», 1996, №12), С.Асылбекұлының «Ұлттың тәуелсіздігі оның ана тілінің тәуелсіздігінен басталады» («Қазақ әдебиеті», 10, 17.02.1998), Қ.Жұмаханұлының «Ана тілінен ажыраған қазақтар қанша?» («Қазақ әдебиеті», 10.04.1998), Ғ.Қабышевтің «Бабамның тілі – бақытымның тілі» («Қазақ әдебиеті», 07.08.1998), М.Серғалиевтің «Тіл өз тұғырына шықпақ деген осы» (сұхбат, «Қазақ әдебиеті», 13.11.1998), Н.Оразалиннің «Қазақ тіліне кеңістік керек» («Қазақ әдебиеті»,

12.03.1998), А.Османнның «Қазақ тілінің Қазақстаннан басқа отаны жоқ» («Қазақ әдебиеті», 18.08.2000), т.б. мақалаларда қазіргі таңдағы қазақ тілінің кезек күттірмейтін зәру мәселелері кеңінен сөз болды.

Тіл адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге олардың рухани өмірінің басты айқындаушысы да. Адам негізінен қай тілде сөйлесе, сол ұлттың рухымен өмір сүреді. Сондықтан да тіл мәселесінің ұлт өміріндегі аса маңызды шешуші рөліне ұлт зиялылары, оның ішінде қаламгерлер алдымен назар аударды. Ұлттың көзі, құлағы, сезімі саналатын ақын-жазушылар отаршылдық саясаттың зардабынан әбден қалжыраған қазақ тілінің халін көріп, бұлай жалғаса берсе, ұлт болашағына үлкен қауіп төніп тұрғанын айтып, дабыл қақты.

Қазақ тілінің қазіргі халі жайында ой толғаған Қ.Жұмаділов оған «Тұралап қалған тұлпарым-ай?» деп тіл қағыпты. Тәуелсіздік алған Қазақстанның мемлекеттік тілі саналатын қазақ тілінің қазіргі жағдайына жазушының көңілі толмайды: «Қазіргі қазақ тілінің жағдайын ойлағанда, менің көз алдыма көп жылдар көрінген жайдақтап, құйрық-жалынан айрылған, арқасы ошақтай жауыр, әбден қанжілік болып, төрт аяғынан бірдей тұралап қалған тұлпар елестейді. Сол жүдеп-жадаған жүйрікті көргенде, «сені тұлпардың басы деп кім айтар, мені Толыбай сыншының баласы деп кім айтар?» дегендей, егіліп жылағың келеді». Ал, шын мәнінде қазақ тілі қандай еді? «Қазақ тілі – өзінің даласындай мол пішілген, жайдары да жалпақ тіл. Оған қысылып-қымытырылу, асығып-аптығу, ерін ұшынан шүлдірлеп-былдырлау мүлде жат... Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңкылдап, еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақамы – домбыраның күмбір қаққан сазындай. Асқақ әуенділігі – шырқап салар әніндей. Шешендердің аузынан шыққан кара сөздің өзінде өлеңге бергісіз келісім, іштей үйлескен ырғақ болады. Сөз бен сөз, дыбыс пен дыбыс өзара ұйқасып, жымдасып жатады. Тыңдаушысын бірден ұйытып әкететін осы үндестік пен әсем ырғақ құлақ түбінде хрустальдай сынғырлап, қазақ тілін сұлу да сиқырлы етіп көрсетеді» («Қазақ әдебиеті», 04.06.1993).

Қабдештің түсіндіруінше, тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, «Тіл сол ұлттың тарихы, басып өткен жолы, мінез-құлқы, салт-сана, діл-иманы, бір сөзбен айтқанда, жаны деуге болады. Тілді алмастыру – жаныңды алмастырумен бірдей. Дүниеде ана тілінің адамға беретін рахат-ләззатының орнын басқа ешнәрсе толтыра алмайды. Кейде қазақ болып туғаның үшін және әлемдегі ең бай, ең сұлу тілде сөйлегенің үшін өзінді бақытты сезінесің. Қазақ тілі – шын шебердің қолынан шыққан домбыра тәрізді. Шерте білгенге шаңағынан саулаған ағыл-тегіл күй сыйлайды да, ой қонбаған олаққа сыр ұшығын ұстапайды» (сонда). Автор қазақ тілін толыққанды мемлекеттік тіл ету үшін ел президентінен, парламенттен бастап, барлық мемлекеттік жүйеде қазақша сөйлеуді міндеттеу қажет деп біледі.

«Қазақ әдебиеті» газеті башқұрттың белгілі қоғам қайраткері Зәки Валидидің өмірімен қысқаша таныстырып, оның кеңес үкіметінің қудалауынан қашып, елінен кетерде жазған қоштасу хатын «Тілден, діннен айрылмандар!» деген тақырыппен басыпты. З.Валидидің түркі бәйтерегінің бір бұтағы башқұрттарға арнап айтқан өсиет сөздерінің қазаққа да жат емес екендігі көрініп тұр. Ертеңін ойлаған әрбір азаматтың есінде жүрер осы бір сөздерге назар аударалық. Онда тілге қатысты мынадай ойлар айтылған:

«1. Жастарды, ұл-қыздарыңызды ана тілінде оқытыңыздар. Олардан ғалымдар мен техникалық мамандарды көбірек даярлауға күш салыңыздар...

2. Дінді қорғаңыздар. Тілді сақтаңыздар. Қайткен күнде де дін мен тілден айрылмаңыздар. Сіздерді дін мен тілден, яки, ұлтты ұстап тұратын негізгі екі ұстыннан айырудың бүкіл қитұрқы амал-айласы жасалады. Барша ынта-ықыластарыңызды дін мен тілді қорғауға жұмсаңыздар. Егер заңның күші жетіп жатса, заң жүзінде, ал жетпей жатса, заңнан тыс жасырын күресуге әрекеттеніңіздер» («Қазақ әдебиеті», 09.04.1996). Кезінде шетелдердің баспасөз беттерінде «Қазақстанда орыстандыру саясаты өте қарқынды жүргізіліп жатыр» (1958), «Қазақстандағы ұлттық мектептердің саны кеміп барады» (1964) деп, дабыл қаққан З.Валидидің елмен қоштасу хатын қазақшалап, алғысөзбен ұсынған «Қазақ әдебиетінің» бұл адымы – құптарлық.

С.Жүнісов мақаласының тақырыбын айқайлатып, «Басбұзарға сот бар, ал тілбұзарға ше?» – деп қойыпты. Мұнда сөздерді, әсіресе шеттен енген терминдерді орынды қолдануға шақырады. «Тілімізді бас-басымызға жұмалап, көкпарға салуды қоялық. Тілге еркелік те, бұзақылық та жүрмейді» («Қазақ әдебиеті», 20.05.1994) – дей келіп, бұл мәселеде аса сақтық пен жүйелілік

қажет екендігін ескертеді. Мақала «Иә, тіл тазалығы, тіл байлығы жеке бастың қамына, дәрежесіне бағынбайды, ол – халық игілігі, мемлекет байлығы, ұлт қазынасы. Ұлт қазынасына суық қолды сұқпай, оның байи, дами түсуіне, қадари халімізше атсалысу – анамыздың, ата-тегіміздің алдындағы азаматтық саналы борышымыз» (сонда) – деген маңызды да ой саларлық жолдармен аяқталған. С.Балғабаевтың «Тағы да тіл туралы» мақаласын «Қазақ әдебиеті» газеті айқара бетке басыпты. Мақалада Қазақстанның мемлекеттік тілі саналатын қазақ тілінің қазіргі жай-күйі әлеуметтік тұрғыдан жан-жақты сараланған. «Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті.

Қазақ халқы ХХ ғасырдың соңына қарай тәуелсіздігін алып, тарих сахнасына шықты. Сол себепті де «дәл қазіргі ұрпақ – бақытты ұрпақ». Бұл – осы жылдарда ұлт үшін күресте батыл пікірлерімен жарқырай көрінген талантты жазушы Марат Қабанбайдың ойы. Десе де «Білге Қаған, Күлтегін, Тонькөк тұсында хатқа түскен кестелі тілімізді кейбіреулердің менсінбей ылғи да сойылға жығып, қан құстырып келген отаршы тіліне жармасқанымыз не жорық? Мынадай қиын-қыстау кезді пайдаланып, өз тіліңді өзге ұлттың тіліне зорлап таңу – мына мазасыз ғасырда басқа бір де бір елдің басына түспеген сұмдық. Бұл төбе шашынды тік тұрғызатын, жауыңа да тілемейтін сатқындық пен надандықты кешірсе, қазақ қана кешіреді» («Қазақ әдебиеті», 6.01.1995) – деп, намысқа шаба үн қатқан жазушы. Марат тіл, руханияттағы жағдайды ашық айтып, «біз ана тіліміз бен жерімізге ие болып, ұлт болып, тарих сахнасында қаламыз ба, жоқ әлде АҚШ-тағы үндістер тәрізді тек этнографтар ғана қызығатын раритет, музейлік халыққа айналамыз ба, міне, мәселе күні бүгін шешіліп жатыр... Осы ұрымтал тұста ана тіліңді басқа теуіп, жеріңді өзгеге сатып, ұлтыңнан безіну – алдымен, тірдей өлу, соңынан қазақ ретінде мәңгілікке мүлдем кету деген сөз... Рухани тәуелсіздік – ең алдымен, тіл тәуелсіздігі. Қалғанының бәрі осыдан туындайды» (сонда) – деп, мәселені төтесінен қояды, ұлт жанашырларын ұлттың болашағы үшін күреске шақырады. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола алмайды. Болуы мүмкін де емес.

Яғни, қазақ халқы болашақта өз ана тілін сақтап, дамыта алмаса, күндердің күні өз алдына жеке мемлекет болып өмір сүруін тоқтатады...

Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке киімім көк, тамағым тоқ болсын деп қана емес, керісінше, ең алдымен, ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан да кез-келген мемлекет өзінің территориялық тұтастығын ғана емес, ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін, ана тілін де айрықша ыждағаттылықпен қорғайды» («Қазақ әдебиеті», 14.05.1996). Сұлтанәлі халқының осындай ұлттық мүддесін экономиканың құрбаны етіп жіберуге түбірімен қарсы: «Халықты ұлт ретінде жоюға апарып ұрындыратын мұндай экономикалық дамудың бізге не керегі бар?»

Жазушы айтар негізгі ойларын төмендегіше өрнектеген: «Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанның бүгінгі тәуелсіздігіне мүдделі екеніміз рас болса, онда ең алдымен, қазақ халқының ұлттық мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрін, ана тілін дамытуға күш салғанымыз жөн...

Егер біздің әрқайсымыз өзіміз ұмтылмасақ, ұлттық қадір-қасиетімізді, ана тілімізді әрқайсымыз өзіміз қорғамасақ, онда айтып, жазып жүрген арман-мақсаттарымыздың бәрі – бос қиял.

Ондай жағдайда қазіргі тәуелсіздік алғанымыз да, ана тілімізге мемлекеттік мәртебе бергеніміз де – бәрі әншейін уақытша жетістік болмақ» (сонда). С.Балғабаев қазақ тілінің, қазақ халқының болашағына үлкен үмітпен қарайды.

С.Оразалинов «Соңғы жылдардағы құбылыстар, нарықтық қарым-қатынас, экономикалық аласапыран, бұрыннан қалыптасқан жүйенің ыдырауы, күнкөріс қамы мен тоз-тоз болған ұлттық интеллигенция, қазақ тілінің алтын қазығы саналатын ауылдың іргесі ыдырап, жоқшылыққа ұшырауы, ұлттық рухани қазынасын сақтауға деген үкіметтің салғырт саясаты, қабылданған заңдардың орындалмауы қазақ тілінің қайтадан құлдырауына әкеліп соқты» («Қазақ әдебиеті», 21.05.1996) – деп, қазақ тілінің сол кездегі хал-ахуалына тереңірек үнілген. Тіл халықтың ғасырлар бойы жасаған рухани байлығының мәйегі, билеп-төстеудің құралы, ұлттық мәртебесі екендігін айта келіп, «Халқымыздың келешегі тілі мен жерінде ғой. Тексіздер оны қанша тұқыртқысы келсе де асыл пышақ қап түбінде жаппайды. Күні ертең-ақ өз жерімізде көпшіліктің тіліне айналып көркемдік жиегі кеніп, оны үйренген жұртты таңырқатар көріктіміз болар» (сонда) – деген ойын білдіреді.

Сұлтан осы газеттің тілшісі Болат Жетекбаймен сұхбатында «Қазақ тілін меңгеру қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі» санаған. Ол «сайып келгенде, тіл билігі дегеніміз,

елдіктің іргесін бекіту, ұлт көсегесін көгерту, барлық қазақстандықтардың ынтымақ бірлігін нығайту ғой. Демек, мансабын ел мүддесінен, заңнан жоғары қоятындарға жол берілмеуі керек» («Қазақ әдебиеті», 12.08.1997) – деп, мәселені төтесінен қояды.

М.Ақдәулетұлы «Анамның тілі» дегелі алты жыл өтті» («Қазақ әдебиеті», 07.05.1996) – деп, елімізде мемлекеттік тіл саналатын қазақ тілінің жай-күйіне көңілі толмайтындығын білдірді. Осы мәселеге тағы да оралып, қазақ тілінің болашағына деген үміті мен күдігін де жасырмады: «Ана тіліміз туралы даңғаз аңгіме мен дау-шардың ұзаққа созылғаны соншалықты, ендігі жерде айтқыштай беруге арлы ауыз ұялатындай болды» («Қазақ тілі: үміті мен күдігі». «Қазақ әдебиеті», 25.03.1997).

Жазушы Ж.Қорғасбек «Тіл үшін күрес әсіреұлтшылдық емес» деп мәлімдеді. «Орыс тілі қазір біздің өмірімізде барлық жағынан басым болып отыр. Ұлтының тағдырын емес, ұлының ғана тағдырын ойлайтын кейбіреулердің: «баламды орыс мектебіне беремін» деп, қысқа күнде қырық құбылып жүргені де соның салдары... Басқалар шыққан төбеге өз ана тіліміз неге жетелеп шықпайды?.. Орысша оқығанымыз орысшаның, ағылшынша оқығанымыз ағылшыншаның, қытайша оқығанымыз қытайшаның жетегінде кете берсек, біздің өз ұлтымызды кім алға сүйрейді, кім жетелеп, ілгері бастырады?!.. Ұлтымыз тәуелсіз, тіліміз тәуелді, сондай-ақ еліміз тәуелсіз, жеріміз тәуелді болса, ол онда жартыкеш тәуелсіздік болып шықпай ма?!» – дей келіп, «Ендеше, тіл үшін күресті қашан толық жеңіске жеткенше, тоқтатпаған абзал» («Қазақ әдебиеті», 18.11.1997) – деп біледі.

С.Асылбекұлының «Ұлттың тәуелсіздігі оның ана тілінің тәуелсіздігінен басталады» деген мақаласы «ана тілінің бүгіні мен болашағына немқұрайлы, салғырт қарайтын кісі өз Отанының мүддесіне дәл солай қарамақ, сол себепті де кейде оның өзінің жеке басының пайдасы үшін жұртшылыққа ортақ Отанның мүддесіне көп басын қатырып жатпай-ақ сатып жібере салуы бек мүмкін. Олай болса, ана тілін ұмытқан адам Отанға қауіпті болмай не болады?!

Қоғамның адамгершілік жағынан деградацияға ұшырауы нақ осы ана тілінің тағдырына салғырт, немқұрайлы қарауынан басталады. Өзін дүниеге алып келген анасының тіліне, оның аяулы үніне жаны ашымайтын қоғамнан қандай рухани өрлеуді, нендей адамгершілікті, өркениетті күтуге болады?! Мемлекеттің лингвистикалық тоқырауға ұшырауы жақсылықтың басы емес. Ұлттық тіл жоқ жерде ұлт та, ұлттық мемлекет те жоқ. Ұлттың барша қадір-қасиеті – оның ғасырлар бойы тірнектеп жинаған рухани тәжірибесі, ақыл-ойы мен сана-сезімі, салт-дәстүрі, тарихы мен дүниетанымының бір сөзбен айтқанда, бүкіл рухы – нақ осы тілінде жатыр... Өйткені, тілі әлсіз, әлжуаз халықтың – рухы да әлсіз, әлжуаз, ал рухы осындай күйге ұшыраған ұлттың өркендеген тәуелсіз мемлекет, дамыған экономика құруы екіталай.

Түбінде рухы биік елдер ғана өз тәуелсіздігіне ие болып қалмақ» («Қазақ әдебиеті», 10.02.1998) – деген ойлармен басталған.

Тілдің күшті болуы – ұлттың, сол ұлт құрған мемлекеттің қуатты болуы деген сөз. Өздерінен басқалардың күшті болуын қаламайтындар да бар. «Қазақта «жаман үйді қонағы билейді» деген сөз бар. Бұндайлардың бар арманы – осы мақалдың мәнінен шығарып, бейнелеп айтсақ, қазақ елін жаман үйге айналдыру, яғни Қазақстанның мемлекеттік тілін оның қонақтарының тілінің астына салып беріп, қазақ тілін өзінің тарихи Отанында сол баяғы басқаларға бағынышты, жалынышты күйінде мәңгіге қалдыру» (сонда) – екендігін ашық айтты.

Серік ана тілінің мемлекеттік тіл ретінде салтанат құруы үшін бүкіл тәлім-тәрбие, білім беру істерінің ұлттық дәстүр негізінде жүргізілуі қажеттілігін қаперге салды. «Әрбір тірі организм секілді ұлттық тілдің де өзіндік жаны, рухы болады. Жаны сау, рухы биік тіл тым тәтті, жағымпаз, майысқақ болмайды» (сонда).

Белгілі журналист Қ.Жұмаханұлы Қазақстанда қазақ тілінің толыққанды мемлекеттік тіл бола алмай келе жатқандығын сыртқы күштердің империялық пиғылдарынан көреді: «қандай империя болсын, өзінің боданын тек қарудың күшімен ұстап тұра алмайтыны белгілі. Олар өздерінің дінін, тілін бодан халыққа таңа отырып қана үстемдігін сақтай алады. ...империядағы аса күшті насихат құралдары арқылы бодан болған ұлттарды тәуелсіздік алған соң да іштен іріту, бір-бірімен жауластыруда, экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени кіріптар етуінде де тілдің маңызы аса зор...

Ендеше, тілдік тәуелсіздік болмайынша, елдің тәуелсіздігі баянды бола алмақ емес... Сөйтсе де тәуелсіздігімізді қазақ тілі арқылы ғана сақтап қала алатынымыз, ана тілі ғана шет-

жұрттықтардың алдап-арбап үстемдік етуінен қорғайтын ең берік қалқан екенін қазақ зиялыларының бәрі бірдей түсіне қойған жоқ» («Қазақ әдебиеті», 26.08.1997). Тақырыбын «Қазақ тіліне шабуыл неге өршіп барады?» – деп, сұрай қойған Қуанбек тілдің ұлт тағдырындағы, тәуелсіздігіндегі аса маңызды рөліне әлемдік тәжірибеден көптеген мысалдар келтіре отырып, «Қазақтар ана тілінде түсінісе алмағандықтан орыс тілінде қоректеніп, күнін көре алмақ. Қазақтар орыс тіліне жаппай көшпесе, әлемдік қоғамдық дамуға ілесе алмай құриды. Конституцияда қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуі қазақтың әсіре ұлтшылдарының күштеп таңуы екен. Қызмет орындарының бұрынғыдай орысша жұмыс істеуі қазақ тілінің әлсіздігінен, нәрсіздігінен, жұтандығынан, өмір ағысынан қалғандығынан. Қазақ тілін өзгені қойып, қазақтардың өздерінің де үйренгісі келмейтіні осыдан» (сонда) дейтін сияқты сынар-жақ пікірлердің негізсіз, ешқандай шындыққа жанаспайтындығын дәлелдейді.

Белгілі ғалым, прозашы Х.Әдібаев осы кездерде қазақ тілінің мәселелеріне арнап «Абай және ана тілі» («Қазақ әдебиеті», 07.08.1998), «Ұлттық тіліміз құрақ көрпеге ұқсап бара ма? Қалай?» («Қазақ әдебиеті», 21.07.2000), «Біз Дон Кихот емеспіз» («Қазақ әдебиеті», 27.10.2000), т.б. мақалаларын жазды. Ол қазақ тілінің сиқырлы қасиеттерін ұлы Абайдың поэзиясынан көреді. «Қазіргі алақожазақ, ту-талапайға түскен ана тілінің мәртебесі үшін шыбын жанын пидатқан Абайдың жанарынан қайтадан қанды жас ағар ма еді, қайтер еді?» – деп, ренжиді автор қазақ тілінің бүгінгі мүшкіл халін көргенде. Мұндай жағдайға шыдауға болмайды. «Қоғамдағы шұғыл өзгеріс өмірдің барлық саласына айрықша әсерін тигізіп жатқанда, ана тілдің қасиетті құнарын сақтап қалу – зор мүдде. Тіл – халық рухы, айбыны мен айдыны, тарих күүгері».

Хасен орыс тіліндегі кейбір сөздердің қазақшалануын қабылдай бермейді. Мысалы, ол «сөзжасам» сөзін түсінбедім, «Ал «Алма-Ата»-да қазақ сөзі ғой!», «латын жазуының үлгісі онша жұғымды көріне» қоймайды» деген сияқты пікірлер білдірді. Ғалымның осы сияқты ойларына қарсы Ғ.Қабышұлы «Хасен Әдібайдың мұнысы қай сасқаны» («Қазақ әдебиеті», 29.09.2000) – деп, мақала жазды. Бұған Х.Әдібаев та үнсіз қалмай, «Біз Дон Кихот емеспіз» («Қазақ әдебиеті», 27.10.2000) – деп, Ғаббас Қабышұлының айтқан сыни пікірлерімен келісе бермейтіндігін білдірді.

Н.Оразалин «қазақпын» деп айтуды ар санаған нигилистер мен өзінің туған ана тілінде сөйлеуді намыс көрген ұлтсыздардың ұятсыз іс-әрекеті жүректі сыздатқан, сананы мұздатқан дәурді, тұтастай бір халықтың жанына жара салған, көңіліне қаяу қондырған жылдарды қалай оп-онай ұмытуға болады?.. Қазақ тілі тынысының тарылуы қазақ елінің тұтастығы мен баяндылығына күдік ұялату емес пе?» – дей келіп, «Қазақ тіліне кеністік керек! Қазақ тіліне болашақ керек! Қазақ тілін алдағы ғасырларға аман алып өтер арлы, тұлғалы, жүректі азаматтар керек!» («Қазақ әдебиеті», 12.03.1999) – деген тұжырымдары төңірегінде өз ойларын ортаға салған.

Тіл мәселесі – аса ауқымды мәселе. Адам баласының рухани өмірінде тілдің қатыспайтын жері жоқ, керек десеңіз, басты роль атқарады. Сондықтан да тіл мәселесін көтеріп, тоқсаныншы жылдары жарық көрген материалдарда осыған қатысты айтылмай қалған пікір болмады деуге де боларлық. Тек есітерге құлақ, түсінуге түйсік жағы жетіспей жатқандығы да – ащы шындық. Тағы да осы кезде айтылған мына бір пікірлерге құлақ тігелік: «Мен орыс тілінде берілетін телекөрілімдер арқылы қазақ халқына рухани диверсия жүргізіліп жатыр деп есептеймін» (Қ.Қайсенов, «Қазақ әдебиеті», 12.03.1999); «Тіл туралы сөз еткенде, екі нәрсені есте ұстау керек. Біріншісі – тілдің өрісі – яғни, қолдану аясы жайлы. Екінші мәселе – тілдің өресі туралы. Бұл мамандардың білік-біліміне тікелей қатысты» (Р.Сыздықова, сонда); «Түрлі елдердің ескірген әндері мен спектакльдерін сахнаға шығарып, ақша табатындар жастардың санасын улап, теріс жолға бағыттайтындар көбеюде. Мұның біз үшін орыс отарлауынан да зиянды құбылыс екенін түсіну қажет» (Қ.Ысқақов, сонда); «Дуалы ауыз деп, добырайтып жүрген үлкен кісілеріміз бас баққаннан басқаны білмейді» (Ә.Сығай, сонда); «Біздер көптеген кісілердің бойында өліп қалған намысты тірілтуіміз керек. Бұлармен қатар Конституциядағы 7-ші баптың орыс тілі мемлекеттік тілмен қатар ресми тіл болып саналады деген тармағын алып тастауды Парламентке ұсыну қажет» (Ш.Мұртаза, сонда); «Менің түсінуімше, тілге мемлекеттік мәртебе беру жолындағы күрес ең алдымен, геноцид зардаптарын жою, тілдік органы қалыптастыру үшін күрестен басталуға тиісті» (С.Әсіпов, сонда); Мемлекеттік тіл «тек қана қаржыны, сол арқылы ақшаға байланысты іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізу

арқылы ғана іске асады. Онсыз мемлекеттік тілге көшем деу – бос сөз... Көшеде, базарда ақша қай тілде сөйлесе, адамдар сол тілде сөйлеуге мүдделі (А.Мекебаев, сонда).

Ұлты әзербайжан Асылы Османның «Қазақ тілінің Қазақстаннан басқа отаны жоқ» деген тақырыппен жарияланған мақаласы басқа ұлт өкілінің қазақ халқына, оның тіліне деген шын жанашырлығын аңғартатын ыстық сезімдерге толы. «Тіл – ұлт келбетінің көрсеткіші дегенді жиі айтамыз. Онда, тілдің ахуалы да – сол халқымыздың рухани деңгейінің көрсеткіші. Мәселеге осы тұрғыдан келсек, тіліміздің жұтаң тартуының басты себебін жалпы ұлттық рухымыздың ахуалымен байланыстыра қараған дұрыс» («Қазақ әдебиеті», 18.08.2000) – дейді ғалым. Ал Қазақстанда қазақ тілінің өзіне лайықты орнын ала алмай келе жатқандығының басты себептері «Меніңше, мұның бәрі талап қойылмаудан, қазақ тілін менсінбеуден, еле-меуден деп білем. Түсіне білген адамға тіл үйрену – ұлтты сыйлау, халықты құрметтеу ғой. Оны ұқпайды екен, енді насихатты қойып, тура талап қою керек» (сонда).

Кеңестік кезеңде қазақ ғылымында негізінен орысша терминдер қолданылып келсе, енді соларды қазақ тілінің заңдылықтарына орай қазақшалау міндеті күн тәртібіне шықты. Қазақ тілінің Мемлекеттік мәртебеге сай қызмет атқаруындағы ғылым тілі болуы аса маңызды рөл атқаратындықтан да бұл салада да көптеген теориялық, тәжірибелік мәселелерді шығармашылықпен шешу міндеті алда тұрды. Міне, осы бір мәселе бойынша ғалым Р.Сыздықова «Ана тілдің қасиетін білейік?» («Қазақ әдебиеті», 05.03.1996) – деген тақырыппен көлемді проблемалық мақала жариялады. Мұнда қазақ тілінде ғылыми терминдер жасау, қазақ тілінің қадір-қасиеті жайлы құнды пікірлер айтылды.

Академик Зәки Ахметов те қазақ әдебиеттану ғылымының терминдерін жетілдірудің зәрулігі жайлы «Тіл – тиексіз, ой – түпсіз» («Қазақ әдебиеті», 29.10.1996) тақырыбында ғылыми-проблемалық мақаласын ұсынды. Ғалым термин мәселесіне келгенде, барынша абай болуға, ғылыми негізге сүйенуге шақырды.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1999 жылғы 12-наурыздағы санында «Ана тілдің алдында хакімнің де бір бала!» деген тақырыппен Қазақстан қаламгерлерінің, ғалымдарының және өнер қайраткерлерінің үндеуі басылды. Үндеуде қазақ тілінің болашағына мазасызданған ұлтжанды зиялы азаматтар «Ана тіліміздің Мемлекеттік тіл ретінде толыққанды жүзеге асуы үшін Парламентіміз Ата заңымыздағы 7-бабын қайта қарауын сұраймыз» – деген.

Бұл жердегі әңгіме Конституцияның 7-бабындағы орыс тілі мемлекеттік тілмен қатар ресми тіл болып саналады деген тармақ жайында болып отыр.

Тіл тағдыры – ұлт тағдыры, ұрпақ тағдыры. Тоқсаныншы жылдардың басында тәуелсіздігін алған қазақ қауымы да ұлттық мемлекетін құрып, қоғамдық дамудың сан алуан әлеуметтік, экономикалық мәселелерімен қатар ана тіліміздің де бодандық замандарда қордаланып, өбден шиырланып қалған өзекті проблемаларын да шешуге батыл кірісіп кетті. Бұл істе әсіресе, қазақ қаламгерлері, әдебиетші, тілші ғалымдар белсенділік танытты. Ең бастысы – осы кездерде қазақ тіліне қатысты жарияланған пікірлерде ұлт тілінің қазақ қоғамының жемісті жолда дамуындағы аса маңызды рөліне жұртшылық көзін жеткізе білді. Тіл – ұлттық дамудың рухани көрсеткіші болғандықтан да осы кездерде қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің өсе түсуінде айтарлықтай ілгерілеулер болғанын алдымен, атап өткен жөн. Десек те қоғам дамуымен бірге рухани салада туындап отырған проблемалардың түрлі себептерге байланысты замана талабына сай уақтылы шешімін тауып отырмағандығы салдарынан қазақ тілінің де көптеген мәселелерінің шешім табуы жаңа ғасырға қарай ұласты.

2. ӘДЕБИЕТТІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ

Жиырмамыншы ғасырдың соңына қарай қазақ тарихындағы ең бір жарқын оқиға болды; ғасырлар бойы алты алаштың аңсаған арманы – азаттықтың ақ таңы арайланып атып, қазақ халқы өзінің тәуелсіздігін жариялады. 1991 жылдың сол бір ызғарлы күндерінде күллі әлемге паш етілген тәуелсіздігіміз үш жүз жылдай орыс отаршылдығына қарсы азаттық үшін алысқан ата-бабаларымыздың төгілген қанының бодауындай, алла-тағаланың нұры жауған қазақ еліне тәңірінің сиындай болды. Алғашында сенерін де, сенбесін де білмей, абдырап қалған қазақ халқы бетті тәуелсіздік даму жолына қарай бұрды.

Бұрын социалистік қоғамның барлық адамға жайлы жағдайына үйреніп қалған халық енді қимылдамаса, материалдық игіліктер үшін тырбанбаса болмайтын базар экономикасы негізді

қоғамға қарай бет түзеді. Жаңа нәрсенің қиындықтары болатыны белгілі. Тәуелсіздіктің туын көтеріп шыққан сол бір тарихи күндердің қуанышын жаңа қоғамның қатал экономикалық, мәдени қарым-қатынастары су сепкендей баса бастады; экономика дағдарысқа ұшырап, халықтың әл-қуаты нашарлай түсті; мұның аяғы рухани өмірде де түрлі келеңсіздіктерге апарып соқтырды. Білім-ғылым, мәдениет-әдебиет түгілі халықтың тамағын тойдыру, киімін бүтіндеудің өзі қиындап кетті. Жабайы жүргізілген жекешелендірудің салдарынан мәдениет орындарының көпшілігі жабылып, қалталылардың қолына көшті. Жазушылар Одағы сияқты шығармашылық одақтардың барлығы дерлік мемлекеттік қаржыландыру жүйесінен шығарылып, қоғамдық ұйымдарға айналды. Мұның өзі қазақ әдебиетінің дамуына да әсер етіп, қаламгерлер көркем шығарма жазбақ түгілі қарақан басының камын күйттеп кетті.

Қоғамда жүріп жатқан түбірлі өзгерістер бар күшті экономикаға жұмсап, мәдениет мәселелерін екінші кезекке ысырды. Осының салдарынан, әсіресе, көркем әдебиеттің, оның сынының дамуында айтарлықтай дағдарыстар туындады. Материалдық қиындықтарға байланысты баспадан шығып жатқан көркем әдебиет кітаптарының саны да, таралымы да күрт азайды. Әдеби беттерінде көркем шығармалардың, сыни материалдардың жариялануы да көп кеміп, тіпті «Жұлдыз», «Жалын» сияқты әдеби журналдардың уақтылы шығып тұруының өзі проблемаға айналды. «Жалын» бұрын ай сайын шығып тұрса, енді екі айда бір жарық көрді.

Баспасөз бетінде әдебиеттің көркемдік проблемаларынан гөрі оның әлеуметтік мәселелері көбірек көтерілді. Мысалы, «Жалын» журналында Т.Шапаев (№1), Н.Байоралова (№1), А.Алтай (№1), С.Оспанов (№1), «Әдебиет пен нарық», Ш.Құмарова (№3), Г.Бельгер (№3), М.Сқақбаев (№3), С.Адамбеков (№4), Қ.Жұмәділов (№4), К.Ахметбекұлы (№4), Қ.Сәрсекеев (№4) «Жазушы және нарық» бойынша өз ойларын ортаға салыпты. Бұларда әдебиетіміздің жай-күйі, дамуы, болашағы жайлы алаңдаушылық бар: «Қарап тұрсаңыз, дәл қазір әдебиеттің таза өз жайы, яғни, творчестволық хал-күйі, жеке процесс ретіндегі тірлік-тынысы сөз болудан қалып барады... Қайғымыз да, жырымыз да күнкөрістің қамына ойысты. ... ақын мен прозашының тағдыры бұлай болғанда, сыншының жайын сұрап қайтесіз... Не істеу керек? ...ен алдымен, мемлекет қамқор болып, үкімет қараспаса, әдебиет қана емес, жалпы мәдениетімізді, өнерді, ғылымды құтқарып қалар басқа еш найла жоқ... Экономикалық дағдарыспен, жалпы кедейшілікпен ақталу – келешекті ойламағандық. Өнер-білімнен іріккен дүние айлық азық, жылдық үнем болмайды, қасірет болады. Бұл – хақ» (Т.Шапаев). «Қазіргі жұрт қайда кетерін білмей, аңырайып тұрғандай көрінеді маған. Өмір не ілгері, не кері ақпай қалған сияқты... Әдебиет адамдардан алыстап бара жатқандай... Міне, осылайша үмітіміз үзіле жаздап тұрса да біз қайткен күнде де әдебиетті, поэзияны сақтауымыз керек» (Н.Байоралова). «Күллі жұмыр басты пенделер секілді ертегіге алданып, келер күннен «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманды күтіп жүргенде, қоғам мүлде басқа арнаға бет бұрды... Нарықтық жағдайда оқырман өмірге де, өнерге де басқа тұрғыдан келеді... Жастар әдебиетке бұрынғыдай лек-лек, толқын-толқын болып келмейді... Меніңше, жас қаламгерлер әдебиет үшін де, күнкөріс үшін де ауыр күндерді бастан кешуге тура келеді (С.Оспанов). Бұлар – әдебиеттегі кейінгі толқын өкілдерінің ойлары.

Ал «Жазушының жағдайы қайтсе, жақсарады?», «Жазушылық биік мақсат па, әлде күнкөріс кәсіп пе?» деген сауалдар төңірегінде аға буын қаламгерлер төмендегідей пікірлер білдіріпті: «Әркімді өз мұңы тебірткен заман, ақырзаман десек те лайық... Бәрінен, бәрінен төбеден жай түскендей, талтүсте есенгіреткен осынау қымбатшылық, тапшылық қысып барады бүйірден» (Ш.Құмарова). «Қазақ тілін, қазақ әдебиеті мен өнерін көркейтуді үкімет өзінің мемлекеттік саясатына айналдырмаса болмайды... Бірақ, қай заманда болмасын, өнерге қойылатын талап төмендемеуі керек» (Қ.Жұмәділов). «Өйткені, біз адамзаттың табиғи даму жолынан кілт бұрылып, ешқандай ақылға сыймайтын жасанды жолға түсіп, әбден тығырыққа тірелген жағдайда отырмыз... Расын айтсам, мені қазіргі күнде «жазушы қалай жан сақтайды?» дегеннен гөрі, «ұлттық тәуелсіздігімізді қалай сақтап қаламыз?» деген мәселе көбірек қинайды» (К.Ахметбеков). «Жазушының дәл бүгінде жағдайы жақсаруы үшін мемлекет тарапынан қорғау (защита) керек... Шығармашылық өнерге ештеңені айырбастамас едім... Ақ қағаз – қасиетті! Жазу керек, жазу керек және жазу керек... Тек қана шындықты жазу керек, бізге тек Шындық керек. Сөзден құдіретті не бар екен?!» (Қ.Сәрсекеев).

Күн тәртібінде жаңа дәуірдегі, нарықтық қатынастар жағдайындағы әдебиеттің тағдыры қалай болады, өмірдегі орны қандай, қандай бағытта болуы керек деген сияқты мәселелер

тұрды. Баспасөз бетінде осы мәселелер төңірегінде ой толғаған бірсыпыра мақалалар жарық көрді. Әдеби басылымдар түрлі пікір алысулар ұйымдастырып, қаламгерлер арасында әдеби өмірдің өткір проблемалары хақында сауалнамалар жүргізді. Қазақ қаламгерлерінің бас газеті «Қазақ әдебиеті» газеті «Азат елдің әдебиеті қандай болуы керек?» тақырыбы бойынша, 7 сауал ұсынған:

«1. Қазақта ұлттық әдебиет бар ма? Қазақ совет әдебиеті деп жүргеніміз қандай әдебиет?

2. Егер қазақта классикалық әдебиет бар дейтін болсақ, оның өзіндік түр-түрпаты, сыр-сымбаты неде деп ойлайсыз?

3. Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы классиктеріміз қазақ әдебиетінің классигі болып, ғасырдан ғасырға көше ала ма?

4. Тарихи шығармаларда халқымыздың шынайы тарихы көрініс тапты ма?

5. ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиетін қалай елестетесіз? Алғы шарттары бар ма?

6. Нарықтың көркем әдебиетке әсері.

7. Бүгінгі жағдайда әдеби сынның міндеті) («Қазақ әдебиеті», 9.10.1992)».

Қазақ әдебиетінің осы бір аса маңызды мәселелері төңірегінде Ә.Тарази, О.Сәрсенбаев, Қ.Ысқақов ой бөлісіпті. Қ.Ысқақов «Қазақта ұлттық әдебиет бар ма дейсіз. Момақансып жүріп-ақ тар заманның тақиясын шыр айналдырған біздің буынды қайда қоясыз? Аттарын ата дейсіз ба? Құп. Сайын, Қалихан, Қабдеш, Ақан Нұрманов... Нарықты елді парықсыз басшы басқарса, оған, әрине, әдебиетің де, өнерің де қажет емес... Қазақ болып жаралу қиын емес шығар, бірақ, қазақ болып қалыптасу, қазақ болып қалу – қиынның қиыны... Қазақ болу қиын десек, қазақтың жазушысы болу одан да қиын» депті. Ал О.Сәрсенбаев болса, «Шынында, С.Сейфуллин, Ғ.Мұстафин, Т.Жароков, А.Тоқмағамбетов, т.б. көрнекті ақын-жазушыларымыздың мұрасына ревизия жасамағанмен, қайта айналып соғып, бүгінгі саясат пен конъюнктура талабымен емес, әлгі жоғарыда айтқан өмір шындығы мен көркемдік шындық тұрғысынан баға беретін кезіміз туды. С.Сейфуллиннің негізгі шығармасы аталып келген «Тар жол, тайғақ кешу» романы таза тарих үшін креек болғанмен, қазақ әдебиетінің игіліктері қатарына қосыла қояр ма? Сондай-ақ, Ғ.Мұстафиннің «Миллионер», «Шығанақ» повестері қазақ көркем ойының жетістігіне жата берер ме?» – деп, әдебиеттің өткен жолдарын қайта саралау мәселесін көтерді. «Ал нарық пен әдебиет – қазіргі ең көкейкесті тақырыптардың бірі... Жалпы, мәдениет, әдебиет тағдырын дәл бүгінгі таңда нарықтың ырқына беріп қою келіспейді» – деп, биліктің әдебиетке қамқорлық жасау қажеттігін еске салды. «Қазақ совет әдебиеті деп жүргеніміз – қисық айна... Социалистік реализм дегенді қазақ жазушылары әйтеуір дақпырт ретінде қабылдағаны болмаса, түсінген емес. Өз басым конъюнктураның барлығын соц.реализмге жатқызар едім. ...қазақ әдебиетінің бар болмысы – реализм» деген Қ.Ысқақов кеңестік дәуірдегі өмір шындығына тереңдеудің, оның себептерін ашудың, асығыс-үсігіс жазылатындығын «не тіл, не образ, не ой, не тұжырым жоқтығын» айтып, «демек, мұның бәрі де көркем әдебиет емес, автордың уақытша атақ-дәрежесіне пайдасы тиер, ал көркем әдебиет болып жарытпайды, оны ХХІ ғасырға сүйресек, әлем алдында ұятқа қаламыз» – деп қатты кетті.

Бұл пікір алысудың барысы «Егер кез-келген шығармада өмір шындығы елес бергенмен, ол шынайы көркем бейнелеуге айналмаса, бұл әдебиет емес»; «Қазақ болу қиын, қазақ жазушысы болу – одан да қиын»; «Бүгін қанша даттасаң да большевиктер сөз күдіретінің иесі – жазушылардың қадірін білуші еді»; «Жақсы заман жақсы әдебиеттің тууына кепіл емес, тар заман дархан әдебиетке тұсау болса да біржола тұншықтырып тастай алмайды»; «Қазақтың тілін, әдебиетін, мәдениетін сарсаңға ұшыратпай сақтап қалу үшін мемлекетіміздің өзі бағыттап, бас-көз болып отыратын бағыттаушы (идеологиясы) қажет» – деген тұжырымдарға сайды.

«Қазақ әдебиеті» газетінің әдебиеттің хал-ахуалын әңгіме еткен осындай бір бас қосуы «Әдеби дастарқан» аталыпты. Әңгімені осы басылымның бас редакторы Оралхан Бөкей жүргізіп отырған. «Біздің тәуелсіздік алған тұсымызға нарық тұспа-тұс келіп, тұтқиылдан қос өкпеден қысып бара жатыр» – дей келіп, осы бір қиын-қыстаудан шығудың жолдары жайлы ой бөлісуге шақырған. Пікіралыу барысында әдебиеттің қоғамдағы орнының құлдырап бара жатқандығы, мұның ұлт болашағы үшін орны толмас олықлықтарға апарып соқтыратындығы жайлы ащы пікірлер айтылды: «Бүгініміз – тұман, ертеңіміз – бұлдыр. Әдебиет жайлы сөз болса, көңіліміз бұзылатын болды... Мен кейде шошымын. Осы нарықтың арғы астарында халықтың

қаймағын тағы бір қалқып тастау саясаты тұрған жоқ па екен деп. Егер ел рухани азығынан айрылса, қаймағы сыпырылмағанда несі қалады» (Д.Исабеков); «Елдің экономикасын ұстап отырған кісілер экономика мен мәдениетті бөліп қарауға болмайтынын, мәдениет пен әдебиеттің төмендеуі ұлттың төмендеуі екенін пайымдай бермейтін секілді. Әдебиетке жана-шырлық керек. Бұл сайып келгенде, ұлтқа жан ашу болып шығады» (Т.Әбдіков); «Елдің ертені болар ұрпақты білімсіз өсіру – тарих алдындағы қылмыс» (К.Сегізбаев).

Сонымен бірге, енді не істеу керек дегенде, «Мұның бәрі – әлдекім әдейі жасап отырған кедергілер емес, нарық дүниесінің заңды талабы. Оған бейімделуіміз керек, одан шығатын жолды іздестіруге тиіспіз» (Б.Нұржекеев); «Бізде әдебиет пен өнерге қатысты мемлекеттік концепция жасалмай отыр. Сыртқы модельді көшіре салу – біздің ұлттық психологиямызды ескермегендіктен туып отыр» (А.Сейдімбек); «Әдебиет пен өнерді нарық өлтіре де алмайды, өсіре де алмайды» (О.Бөкей); «Біріншіден, әлі ешбір жазушы жаңа талапқа сай жаңа туындысын баспаға әкеле қойған жоқ, бәрінің шығара алмай жүргені – бұрынғы жазғандары. Екіншіден, кітапқа деген сұраным өзгерді. Өзгергенде, мүлде азайды деуге болады» (Б.Нұржекеев); «Біз шын мәніндегі ұлттық әдебиетті жасауымыз керек» (Т.Әбдіков) – дегендей, тығырықтан шығар жолды іздеген, нақтылы ұсыныстар айтқан пікірлер де айтылды.

1996 жылдың 27-ақпан күні ҚР ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Қазіргі заман. Көркем әдебиет. Әдебиеттану» деген тақырыппен әдебиеттанушы ғалымдар мен жазушылардың бас қосқан мәжілісін өткізді. Пікір алысушылар қазіргі көркем әдебиет пен әдебиеттану ғылымының хал-ахуалы жайлы кеңінен кеңесті. Негізінен әдебиетті зерттеу институтының алдында тұрған міндеттер төңірегінде ой қозғаған Ш.Ибраев «Біздіңше, социалистік реализм мүлдем аластап, лактырып тастайтындай жүрек айнытарлық нәрсе емес. Көркемдік ізденіс тұрғысынан келгенде, өмірді бейнелеудің бір жолы ретінде әдебиетте қала беруге тиіс тәрізді. Бірақ, бұрынғыдай әдебиетіміздің бірден-бір және жалғыз әдісі болмайтындығы – даусыз. ...Модернизм, абстракционизм, авангардизм, мифологизм, экзистенциализм, сюрреализм сияқты өркениетті елдер әдебиетінің тарихында өз ізін қалдырды. Енді осы әдіс-тәсілдерге үрке қарауды кою керек сияқты. Көркемдік ізденістері алуан түрлі, егемен еліміздің ешкімге ұқсамайтын жаңа дәуірінің ұлттық әдебиетін жасау – алдымызда тұрған зор міндет» («Қазақ әдебиеті», 5.03.1996) – деп, әңгімені әдебиеттің даму бағыттарына, оны зерттеудің әдіснамалық қырларына қарай бұрды.

Академик З.Қабдолов «Қаламгерлер – халықтың ар-ожданы. Қаламгерлерге қамқорлық жасалмауы, жазушылар жағдайының үкімет назарынан тыс қалуы – халықтың ар-ожданына жасалған қиянат. ... Әдебиет заманды, қоғамды, саясатты даналық оппозиция тұрғысынан байыптайды» (сонда) – деді. Қазақстанның халық жазушысы Д.Әбілов «Шегіне-шегіне жетер жерге жеттік қой. Әдебиет – жан азығы. Қамқорлық қайда?» – деп, іштегі ашуын сыртқа шығарды. М.Мағауин «Бірақ әрқайсымыз ұлттық борышымызды ұмытпайық. Ғалымдық борышымызды, жазушылық борышымызды естен шығармайық. Жазайық, айтайық. Шындықты жазайық, ақиқатты айтайық» – деп, қаламгерлердің ұлт алдындағы азаматтық борышын еске салды.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты осындай бір жиынды ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттікпен бірлесіп өткізді. «Әдебиетіміздің мұны көп пе, міні көп пе?» деген тақырыпта өткен басқосуда әдебиеттанушы ғалымдар, қаламгерлер сөз алған. «Бүгіндері бірсыпыра жазушыларымыздың «қандай идеологияны басшылыққа аламыз? Қандай бағыт-бағдар ұстанамыз?» – деп, абдырап қалғаны да жасырын емес. Бағытымыз – елдік, халықтық бағыт болуға тиіс» – деген Ш.Ибраевтың пікіріне Ә.Қодаров «Дәл қазір идеология қажет» деудің өзі – ұят. Идеология – адамды өзіндік ойлаудан, өзіндік ой айту мүмкіндігінен ажырататын алапат құбыжық емес пе? Оның несін аңсаймыз» («Қазақ әдебиеті», 7.05.1996), – деп, қарсы шықты. С.Асылбеков «Қазақты қазақ етіп отырған ең басты белгісі – оның ұлттық тілі... Ұлт – автономды құбылыс. Ұлт та – мәңгілік, ұлттық өнер де – мәңгілік» десе, жазушы Д.Әшімханұлы «көп жылғы отарлық пен бодандық қазақ халқының да рухын жасытып, сағын сындырып кетті. Ал енді халқымыздың жасыған рухын кім көтереді? Меніңше, мұны тек әдебиет қана көтере алады. Сондықтан да әдебиетіміздің қазіргі кездегі міндеті, парызы – халқымыздың рухын көтеруге бағытталуы керек» (сонда) – деген ой айтты.

«Қазақ әдебиеті» газеті бетінде нарық заманы кезіндегі әдебиеттің жай-күйі жайлы пікір алысулар жалғаса түсті. «Рухани кеңістік: таным мен пайым» туралы пікір айтқан Б.Ыбырайымов «Қиындықтың салдарынан тәуелсіздіктің рахатын қалың ел, әсіресе, ауыл оншалық сезіне алмай отыр. Әрине, объективті факторлардан түсінеміз, сондықтан да ертеңгі күнге асыға, үміттене қараймыз. Міне, осыған байланысты рухани-мәдени кеңістігімізде қым-қуыт қайшылықты процестер жүріп жатыр... Адамды ойлауға, жалпы болмысты жүйелі де терең сезінуге бастайтын ең құдіретті күш – кітап, көркем әдебиет» – десе, Д.Амантай «... әдебиет ешқашан халтурадан құтыла алмайды, арпа ішінде бір бидайдың ғана жүруі – әдебиеттің, жалпы мәдениеттің табиғи күйі» («Қазақ әдебиеті», 1.04.1997) – дегенді айтқан. Ал, Р.Токтаров «Қазақ әдебиетінде халық өмірі, оның соңғы екі ғасыр бойына созылған сұмдық қасірет-намасы толық көрінбей келеді. Талап қылған көп ниеттер әбілет атқыр соцреализм елегінен өткенде, бары жоққа айналып, халыққа оның кебегі ғана ұсынылатын. Тәуелсіз елдің әдебиеті ешқандай шарттылыққа мойынсұнбай, бір ғұламаның айтқанындай, еш нәрсеге иек артпай, ештеңеге сүйенбей, өз бетімен айналып тұрған Жер шары құсап дербес өмір сүруі керек. Әдебиет пен өнер толық бостандық алмай, еркін шырқамай, халық та өзінің бас еркіндігін толық сезіне алмайтын болуы керек» («Қазақ әдебиеті», 14.01.1997) – деген ойландырарлық ойлар білдірді.

«Заман-Қазақстанда» Қ.Мәдібай иен Е.Раушанов «Сыншылық ойдың сорабын жоғалтып алған жоқпыз ба?» деген сауал төңірегінде ой өрбіткен. Қанипаш «Сыншылық ой бар. ...сыншыл ой бар замандарда көбіне сөз өнері арқылы көрініс тауып отырды. Сол тұрғыда 60-жылдардан былай қарай қазақ әдебиетінде қайтадан тереңнен қозғап өрбіген сыншылық тенденция бүгінде де бағытынан жазған жоқ... Сыншылық ойда консерватизм басым сияқты. Не дегенде де қазіргі біздің қоғамда сыншылық ой өрісі бар... Рухани құндылығы жоқ қоғамның әрі қарай дамып, жасауы күмәнді» десе, Есенғали «Біз қазір дауыл алдындағы тыныштық секілді кезенді бастан кешіріп отырмыз. Өкінішке орай, бұл тыныштық әлі де ұзаққа созылуы мүмкін. Жаман айтты деменіз, жақын ортада, тақау арада өлеңімізге жаңа лек келіп қосылатынына мен сенбеймін. Сенер-ақ едім, оған негіз таба алмаймын» («Заман-Қазақстан», 11.04.1997) – деп, әдебиеттің ертеңіне алаңдаушылық білдірген.

Осындай бір ойласу «Қазақ әдебиетінің» пікірлесу отауында» («Қазақ әдебиеті», 20.03.1998) өтіпті. «Жел өтіндегі қоғам және қалам қабілетінің салмағы» тақырыбында өткен жиында негізінен «Жазушы және қоғам» төңірегінде әңгіме өрбіген. Жиынды ашқан Ж.Кенжалин «Егер ашығын айтсақ, соңғы кездері қоғамның даму динамикасына қаламгерлеріміз ілесе алмай келеді... этникалық инфантилизм неге қазақ қаламгерлерінің арасынан көрініс табу керек. ...мемлекет қалам қайраткерлеріне қамқорлық жасалуы керек... Онсыз болмайды. Ал бірақ оның механизмі қандай?» – деген мәселелер төңірегінде «ой-жосық тарқатуды» ұсынды. Он шақты қаламгер қатысқан пікір алысуда қазақ әдебиетінің қазіргі проблемалары хақында назар аударарлық пікірлер айтылды.

Алдымен сөз алған Ж.Шаштайұлы «Жазушының өзі өмір сүрген қоғамнан тыс қалуы еш мүмкін еместігі – аксиома. Ол қоғамның сыздауық проблемалары мен көңілге сәуле-үміт ұялатар белгілеріне әрқалай, әртүрлі форма мен деңгейде араласады... Қазір біздің ұлттымызға, өзгесін айтпағанда ағартушылық, танытушылық бағыттағы жұмыс ауадай қажет екенін біле отырып, қол қусырып, бей-жай қалу – жазушының даму динамикасына азаматтық позициясына сын. ...халық ұғымында жазушы, ақын – халықтың ең жақын адамы, әділет үшін күрескер азамат» («Қазақ әдебиеті», 20.03.1998) – деп, қалам иелерін қоғамдық белсенділікке шақырған. М.Құлқенов те «Біз қазір санаға уақыт, қоғам салмағы ерекше түсетін кезеңде өмір сүріп жатырмыз... Бүгінге келсек, қаламгерлер қауымы ғана емес, үрдісі, салты, адамға қояр талабы, артар жүгі мүлде бөлек заманмен дербес елдің қауымы ретінде бетпе-бет келген кезде бәріміздің сәл-пәл абдырап қалғанымыз, «сөзі түзеле бастаған» уақыт пен қоғамға орай «түзеле бастағанымыз құпия емес. Рас, білместіктен, жете түсінбестіктен туындайтын шалағайлық пен шылықтың едәуір бой көрсетуі қынжылтады. Дегенмен, сабыр, рухани бірлік пен туыстық керек біздерге» (сонда) – деп, алдыңғы айтылған ойлардың арнасын кеңейте түскен.

Б.Ыбырайым «...біздің жазушылардың қоғамдық белсенділігі төмен екенін жасырмауымыз керек» – дей келіп, бізде ұлттық идеологияның жоқтығын, сол себепті де әдебиетіміз осындай күйге ұшырап отыр дегенді аңғартты. Ал «Мемлекеттік идеологияның өміршеңдігі

жалпыадамзаттық, гуманистік арман-ансарларға қаншалықты үйлесуіне, сол мемлекеттің дамуына қажетті рухани алғышарттарды дұрыс іріктеп, халықтың сол кезеңдегі және келешектегі өміріне, арман-тілегіне қаншалықты қызмет етуіне сабақтас» (сонда) – деді.

Ә.Меңдеке тек қана өмір шындығын, ақиқатты айтуға тиіс қаламгерлердің «қоғамдық белсенділігі өте бәсеңдігін» айта келіп, «Жазушының оқырманға бейімделгені – өлгені» (Достоевский). Жазушы оқырманға емес, Ақиқатқа бейімделуі керек. Егер Абай оқырманға бейімделгенде, өз оқушысының көңілінен шығам деп әуреленгенде, не болар еді» (сонда) – деген ой тастады. Қазақ зиялыларын мүшкіл халдегі қазақ тілінің, әдебиетінің, мәдениетінің ертеңін ойлауға шақырды.

Тоқсаныншы жылдардың бүкіл өн бойында тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында нарықтық заманның қыспағында қалған әдебиеттің жай-күйін толғаған мақалалар баспасөз бетінде үзбей жарияланып тұрды. Алғашында бір жағынан, тәуелсіздікке қолы жетіп, екінші жағынан, нарықтың қыспағында абдырап қалған, аңдысын аңдығандай сыңай байқалғанмен де тоқсаныншы жылдардың соңына қарай қазақ әдебиетінің тағдыры жайлы пікір алысу күшейе түсті. Сол кезде әдебиеттің жай-күйі жайлы батыл пікірлер айта білген, қоғамдық пікір туғызған мақаланың бірі – Б.Кәрібаеваның «Шын әдебиет енді туадысы» болды.

«Бүгінгі қазақтың асыл сөзі (әдебиеті) экологиялық зардаптан әбден тозып, жүдеген қасиетті қара жеріміз сынды («Қазақ әдебиеті», 19.11.1999) – деп басталуынан-ақ мақала авторының қазақ әдебиетіне деген көзқарасы айқын көрінеді. Бақыт әдебиетке үлкен талаптар үдесінен қарайды: «Шын асыл көп болмайды. Жоспар орындау заманында біз тым көбейіп кеттік. Қазіргі түсінісіе алмай жүру себебіміз де содан. Сөз көп, түйін аз. Аз сөйлесе, көп тындаса жөнге түсер едік» («Қазақ әдебиеті», 19.11.1999) – деп, тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінің болашағынан үлкен үміт күтеді.

Б.Кәрібаеваның мақаласында көтерілген мәселені тілге тиек ете отырып, «Қазақ әдебиеті» газеті қаламгерлерді жалпы қазақ әдебиеті жайлы кеңінен пікір алысуға шақырып, ой қозғау үшін нақтылы сұрақтар ұсынды. Ұсынылған 16 сұрақтың әрқайсысы--әдеби жұртшылықтың көкейінде жүрген жеке-жеке проблема. Пікір алысудың ауқымын, зәрулігін байқау үшін сауалнамаға назар аударалық:

«1. Жақында «Қазақ әдебиетінің» бетінде сыншы, филология ғылымдарының докторы Бақыт Кәрібаева «Шын әдебиет енді туады» деді. Осы пікір оқырмандар арасында түрлі талас та тудырды (әзірге ауызша). Сіздің пікіріңіз?

2. «На атеистическом фундаменте не было построено еще ни одна культура!» «Достоевский». Қазақ жазушылығының кеңестік кезеңде атеистік бағытты ұстанғаны өздеріңізге де белгілі. Бірақ олар әдебиет те, мәдениет те жасады. Сонда Достоевскийдің сөзі әдірам қалғаны ма? Дінге қалай қарайсыз? Өз шығармаларыңызда дінді басшылыққа алған жеріңіз болды ма?

3. Бұлай қарасаңыз, әдебиет те – шаруашылық. Және өте ірі әрі аса қажетті шаруашылық. Республикамыздағы тиісті мекемелердің әдебиет шаруашылығын ұйымдастыру ісіне, ұйымдастыру шараларын жүргізуіне көңіліңіз тола ма?

4. Жазушыға ең әуелі жазушы жақсылық жасауға тиіс. Әлемдік әдебиеттен бұған мыңдаған мысалдар келтіре аламыз. Қазіргі қазақ әдебиеті өмірінен осыған мысал келтіре аласыз ба?

5. Орыс тілінде жазатын қазақ жазушыларына қалай қарайсыз? Мұны қалыпты құбылыс деп есептейсіз бе? Жоқ, әлде...

6. Қазақ жазушыларының, әдебиеттанушыларының, әдебиет сыншыларының әдеби-мәдени деңгейіне, кәсіби даярлығына көңіліңіз тола ма? Толмаса, несіне толмайды? Толса, несіне толады?

7. «Әр сөздің ұяты болады. Жақсы кітап – ұяттың антологиясы» дейді білімпаздар. Бізде осындай кітаптар бар ма? Бар болса, ол кімнің кітабы?

8. Қазақ әдебиетіне ХХ ғасырда өте зор үлес қосқан шұғылалы, нұрлы туындыларды атаңызшы.

9. Псевдолитература, яки жалған әдебиет дейтін де дерт бар. Осы жалған әдебиеттің мысалына жататын кембағыл шығармалар қазақ әдебиетінде де аз емес. Соның ең болмаса, біреуін атаңызшы.

10. «Қазақ әдебиеті» жақында «ХХ ғасыр: қазақтың жүз әңгімесі» дейтін жинақ шығармақ. Егер Сізге осы жинаққа бір жазушыны енгізуге ерік берсе, кімді және қандай әңгімесін атар едіңіз?

11. Қазақтың әдеби сынының тарихында шығарманы пәлсапалық тұрғыдан емес, полицейлік тұрғыдан, әдебиеттану тұрғысынан емес, өзінің шолақ танымы тұрғысынан «сараланған» сындар өте көп ұшырады. Осыған мысал келтіре алар ма едіңіз?

12. Егер әлемнің әдеби картасы жасалса, бұл картаға тек мықтылар ғана енгізілсе, Қазақстаннан кімдер енеді деп ойлайсыз? Және не үшін, қандай қасиеті үшін?

13. Бағаланбай жүрген жазушылар, әдебиетшілер бар ма? Бар болса, кімдер? Артық бағаланып, артық көтермеленіп жүргендер бар ма? Бар болса, кімдер?

14. Әйгілі Диккенстің әлсіз романы жарық көргенде, бір сыншының «Он не писал, а работал» дегені бар. Бізде де жазды деуге келмейтін, тек «құрап-сұрап шыққан» деуге ғана болатын шығармалар аз емес. Осылардың атын атай алар ма едіңіз?

15. Сыншыларға сенсек, ұлттық әдебиеттің абыройын көтеретін бірден-бір жанр – психологиялық-пәлсапалық роман екен. Осындай роман бар ма бізде?

16. ХХІ ғасырдың қазақтары Сізді оқиды деп ойлайсыз ба? Оқыса, қай шығармаңызды? Оқымаса, неге оқымайды деп ойлайсыз?» («Қазақ әдебиеті», 10.12.1999).

Осындағы Б.Кәрібаеваның «Шын әдебиет енді туады» деген пікірін тек ақын Аманхан Әлімов қана қолдапты. Осы сұрақтар бойынша пікір білдірген Ә.Қодар, Ж.Шаштайұлы, Ә.Қайырбеков, Б.Ыбырайым, А.Кеңшілікұлы, М.Айтхожина, Иран-ғайып бұған әртүрлі ыңғайда сенбейтіндігін білдіріпті. М.Айтхожина «Қандай қиын заманда, қиын күнде де әдебиет болған, болады... Сондықтан да өткенді жоққа шығара алмаймын. Шын әдебиет уақыт таңдамайды» («Қазақ әдебиеті», 24.12.1999), Ж.Шаштайұлы «Күні бүгінге дейін жасалынған көркем құндылықтарды сонда қайда қоямыз» («Қазақ әдебиеті», 15.12.1999), Ә.Қайырбеков «Сонда қалай? Өткеннің бәрі – өтірік, келешектің бәрі – шын ба?.. Қазақ әдебиетінің дамуында ХХ ғасыр, сөз жоқ, ерекше орын алады. Келер ғасырдан да күтеріміз көп. Күмән де жеткілікті. Күдік басым» (сонда), Ә.Қодар «Меніңше, тумай қалуы да әбден мүмкін. Себебі, әдебиетті тек жеке дара талант иесі тудырмайды, әдеби орта тудырады. Ал менің қазіргі әдеби ортаға көңілім толмайды... Ал теориялық тұжырым ретінде Бақыт Кәрібаеванікі дұрыс. Қазір нағыз жаңа әдебиет тудыратын заман» («Қазақ әдебиеті», 10.12.1999) – деген уәж айтса, А.Кеңшілікұлы «Шынайы әдебиет енді туады» деу – арзанқол жарнама» («Қазақ әдебиеті», 15.12.1999), Иран-Ғайып «түкке тұрмайтын нәрсе» деп, қысқасынан қайырыпты.

Сауалнамаға қойылған 16 сұраққа берілген қаламгерлердің пікірлерін түгелдей беріп жатудың қажеті де шамалы шығар. Десек те, сол кездегі сыншыл ойдың өрісін, сипатын байқау үшін кейбір пікірлерді келтіре кетудің артықтығы жоқ та сияқты. Сауалнамада 5-ші болып тұрған орыс тілді жазушылар туралы көзқарасыңыз дегенге Ә.Қодар «Орыс тілін ұмытсақ, мәңгүрттік сонда басталады. Білімге, мәдениетке, өркениетке деген мәңгүрттік» («Қазақ әдебиеті», 10.12.1999), А.Кеңшілікұлы «Дұрыс қараймын» («Қазақ әдебиеті», 15.12.1999), М.Айтхожина «Бұл – уақыт, заман қалыптастырған жағдай. Бірақ, орыс тілінде жазатындар – өзгенің емес, өзіміздің рухани әлеміміз» («Қазақ әдебиеті», 24.12.1999), – деп, жауап беріпті. Осы сауалға Ж.Шаштайұлы «Орыс тілінде жазу рухани қажеттіліктен тумаған» («Қазақ әдебиеті», 15.12.1999), Ә.Қайырбеков «Шүршіт тілінде жазса да әркімнің өз еркі. Бірақ, қазақ үшін тек қана қазақ тілінде жазу керек» (сонда), Б.Ыбырайым «Әрі түсіністікпен, әрі қызыға, әрі жаным аши қараймын... Әдетте шығарманы қай тілде жазса, сол тілдегі әдебиет саналады. Кейіпкері – қазақ, дүние-таным, іс-әрекетінде, тағы басқа тұстарында қазақы бояулар қаншама көлеңдегенімен, жазылған тілдегі әдебиет болатыны анық. Үйді кірпіштен салып, мынау қарағайдан тұрғызылған деу қисынсыз ғой» («Қазақ әдебиеті», 15.12.1999), Иран-Ғайып «Құбылыс емес. Қасірет!» («Қазақ әдебиеті», 24.12.1999) деген өзгеше пікірлер білдірген.

«Жалған әдебиеттің» бір мысалын атаңызшы дегенге сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі оның бар екендігін мойындағанымен де нақтылы мысал келтіруден тайсақтаған. Тек Ж.Шаштайұлы ғана «Бұл сұрақты оқып отырып-ақ Сәбит Досанов ағамның «аяулы» бейнесі көз алдыма келе қалғаны тегін емес шығар» («Қазақ әдебиеті», 15.12.1999) – депті.

«Қазақ әдебиеті» көтерген осы мәселеге орай Т.Шапай «Бұл кісі» («Ғасыр халтуршигі» тақырыбына» (10.11.2000) атты көркем тілді юморлық мақала жазды. Жалған әдебиетшілердің иненің көзінен өтетіндей епті, өміршең келетіндігін айта келіп, «Бастықпен болған әңгімеден мен үш нәрсені ұқтым. Біріншіден, бұл кісіні тоқтату мүмкін емес; екіншіден, бұл кісілер тоқтап та көрген емес, тоқтамайды да; үшіншіден, бұл кісілерді тоқтатып әуре болудың да

қажеті жоқ. Бұл кісілер болған, бар, бағымызға һәм сорымызға бола бермек те» – деген ойларын дәлелдеген кезде еріксіз қол қоясыз. Автор юморлық тәсілмен әдебиеттегі «халтурщиктердің» «көркем бейнесін» жасай алған.

Әлемдік әдебиетке қазақтан кімді қосар едіңіз деген сұраққа А.Әлімов Абай, Мағжан, Илияс, Мұхтар есімдерімен қатар Қ.Шаңғытбаевтың, Т.Әлімқұловтың, Ә.Кекілбаевтың, А.Сүлейменовтің, Қ.Ысқақовтың, Қ.Жүмәділовтің, Ә.Қодар Ш.Әлімбаевтың, Ә.Қайырбеков Абайдың, Б.Ыбырайым Қазтуған, Абаймен бірге І.Жансүгіровтің, Қ.Аманжоловтың, М.Әуезовтің, Ә.Нұрпейісовтің, С.Жүнісовтің, Ә.Кекілбаевтың, С.Мұратбековтің, Т.Шапайдың, М.Айтхожина Абай мен М.Әуезовтің, Иран-Ғайып пен Ж.Шаштайұлы М.Әуезовтің есімдерін атапты.

Өзіне лайықты бағасын ала алмай келе жатқан қаламгерлерге А.Әлімов Т.Әлімқұлов, Б.Соқпақбаев, Ө.Қожамұратов, (ал артық бағаланып жүргендерге О.Сүлейменов, Ә.Нұрпейісов, М.Шаханов), Ә.Қодар Мұрат Әуезов, Өтежан Нұрғалиев, Ж.Шаштайұлы Т.Әлімқұлов, Б.Соқпақбаевтарды жағқызыпты.

«XX ғасырдың қазақтары Сізді оқиды деп ойлайсыз ба?» деген соңғы сауалға А.Әлімов «Құдайдан үмітім бар. Оқиды деп ойлаймын», Ә.Қодар «Мені оқымағанда, кімді оқиды?! Нұрпейісовтер әулетін бе?», Ж.Шаштайұлы «...бірсыпыра қазақ оқитын сияқты көрінеді де тұрады», Ә.Қайырбеков «Қазақ қай ғасырда да өлең оқыған. XXI ғасырда да оқиды. Менің өлеңдерімді де», М.Айтхожина «Келер ғасырда адамдар роботқа айналмас, жырмен жанын емдер, сондай сәттерде менің де жырларымды оқыр деп ойлаймын» депті. Ал Б.Ыбырайым «Алдағы уақытта жазамыз ба деген үміт бар, жағдай жоқ. Қалғанын құдай біледі», А.Кеңшілікұлы «Өте қиын сұрақ. Әуелі мынадай қысылтаяң кезеңде ұлт ретінде жойылып кетпеудің алғышарттарын жасаудың қамын ойластыру керек» – деген күмәнді жауап беріпті.

Қ.Уәлиев Бақыт Кәрібаеваның «Шын әдебиет енді туады» деген мақаласына орай арнайы мақала жазды. Ол автордың қазақтың бүгінгі күнге дейінгі әдебиетінің барлығын жоққа шығарып, оны жиырма бірінші ғасырдан күткеніне түбірімен қарсылық көрсетеді. Бұл жерде Бақыт «бір қарапайым қағиданы ұмытып кеткен, немесе ескермеген. Ол – әрбір жаңа қоғам, формация, талап-талғам өзіне дейін жасалған, өмір сүрген, пайдаланылған мәдени, әдеби, өнерін – жалпы рухани құндылықтарды өз қажеттеріне шығармашылықпен жаратып жататындығы болса керек еді. Ал бұл кісі бәрін талқандап, іліп алар ештеңе таппай отыр. Сонда қалайша тап-тақыр немесе күмекиен құладүзде шын әдебиет жасалмақ, тумак?» («Қазақ әдебиеті», 07.01.2000) – дейді автор.

«Қазақ әдебиеті» газеті сол кездегі әдебиеттің зәру мәселелеріне қатысты ой-пікірлерді өрбіте беру мақсатымен түрлі формалық ізденістерге барды. Солардың ішінде әсіресе, сауалнама түрін кеңінен пайдаланған. Мұның бір артықшылығы жұртты жалықтыратын көпсөзділік жоқ; нақтылы сұрақтарға тиісті жауаптар алынады. «Қазақ әдебиетінің» төте сауалдары» айдарымен қаламгерлерге ұсынылған сауалнама сұрақтарының әдеттегіден көптігі көзге түседі. Сондай сауалнаманың бірі негізінен, Қазақстан Жазушылар Одағының қызметіне арналғанымен де сұрақтары (11) қамтыған мәселелердің ауқымы өте кең.

«Әдебиет – бәсеке заңына тәуелді» дейді бірсыпыра әдебиетшілер. Сіздің пікіріңіз?» деген сауалға М.Қаназ «Бәсекемен жазылған шығармада қалай да шикілік сызат беріп, түп-төркіні көрініп тұрады» («Қазақ әдебиеті», 11.08.2000), Г.Бельгер «Өмір – күрес, бәсеке», ал «Әдебиет – өмір», демек, әдебиет те бәсеке заңына бағынады» (сонда), Ж.Ерман «Нарық заманының бәсекесі әдебиетшілерге жұрмейтін шығар» (сонда), М.Қожахметова «... бәсеке деген не, тәйірі-ай» (сонда), Ш.Елеуқенов «Әрине, тәуелді. Көркем шығарма автордан ажырап, жеке ғұмыр кеше бастағанда, құдды бір аламан бәйгеге түскендей күй кешеді. Сондықтан шығарманың бойында бәсекеге түсетіндей, алысқа шабатындай қасиет болмаса, шаң жұтып қалады. Бәсеке дегенді осы тұрғыда түсінемін» («Қазақ әдебиеті», 04.08.2000), Б.Ыбырайым «Бәсекеден шығарма туады» деген пікірге мүсіркей қараймын» (сонда), М.Райымбекұлы «Әдебиет те – бәсеке емес, имандылық» («Қазақ әдебиеті», 25.08.2000), Ғ.Қабышұлы «Бәсеке заңына әдебиет қана емес, бәрі де тәуелді» (сонда), С.Оспан «Әдебиет – бәсеке заңына тәуелді» дегенді өз басым түсінбеймін» (сонда), Н.Айтұлы «Әдебиет бәсекемен жасалмайды. Бәсекенің арты – бақталастық» («Қазақ әдебиеті», 04.08.2000), – депті.

«Сіздіңше қалай, бізде шынымен-ақ лайықты бағасын ала алмай жүрген шығармалар бар ма?» дегенге Н.Айтұлы Қанипа Бұғыбаеваның, Темірхан Медетбектің, Жүрсін Ермановтың,

Иран-Ғайыптың, С.Тұрғынбековтің, Ұлықбек Есдәулетовтің, Есенғали Раушановтың, Гүлнәр Салықбаеваның, Т.Жұртбаевтың, Ж.Шаштайұлының, Т.Шапайдың, М.Райымбекұлы Өмірзақ Қожамұратовтың, Серік Томановтың, Сабыр Адайдың, Болат Жетекбайдың, Әбділда Аймақтың, Керім Елеместің, Ғ.Қабышұлы Жанат Ахмадидың, Исраил Сапарбайдың, С.Оспан Өтежан Нұрғалиевтің, Мағира Қожахметқызының есімдерін атапты. М.Қаназ, Ж.Ерман, М.Қожахметова, Ш.Елеуқенов, Б.Ыбырайым дарындардың дер кезінде бағаланбауының түрлі себептерін айқындап, нақтылы мысалдар келтірмеген.

Он бір сұрақтың ең соңғысы «қандай арманыңыз барға?» М.Қаназ «Бас еркім өзіме тисе... Қалған күш-қуат тек творчествоға ғана кетсе, творчество үшін ғана шаршасам екен деп, арман етем баяғы», Г.Бельгер «Арман мынау: «Әй, сен қайда тұрасың, қайдан келдің?» деген сұраққа мен мақтан етіп: «Қазақстанда», «Қазақстаннан» деп жауап бергенімде, менің Германиядағы замандастарым «О-о-о?» деп, қызғаныштан жүректері жарыла, тамсанса ғой, шіркін!», Ж.Ерман «биыл Алматыға қыс түсірмей қойса... Шыбынсыз жаз болса...», М.Қожахметова «Арнайы сериямен арғы-бергі тарихтағы бүкіл қазақ қыздарының творчествосын дүние жүзіне танытатын мүмкіндік туып, Шолпан, Зияш, Айманкүл, Мәриям Хакімжанова, Сара Мыңжасарова және басқаларының көп томдықтары жарыққа шықса. Шіркін, солардың арасында өзімнің де дүниелерім түгелдей жарық көрсе ғой», Ш.Елеуқенов «Қазақ елі туралы жақсы сөзді көбірек естігім келеді», Н.Айтұлы «Арманның үлкені – аман жүру, елдің, Отанның жамандығын көрмеу», Б.Ыбырайым «Көкірегің қарс айыратын арман кімде жоқ... Қандай арман барын айтып, өзімді де, сізді де қинап қайтейін», Ғ.Қабышұлы «Келер ұрпағымыз тілі мен ділін, дінін аяқасты ететін мәңгірттіктен, бейнет пен өлімнен басқаны қимайтын қаныпезерліктен, тексіздіктен ада болса екен!» – депті.

«Қазақ әдебиеті» жүргізген сауалнамаларға көбіне ақын-жазушылардың тартылғаны көрінеді. Берілген жауаптарды оқи отырып, сол бір нарық қыспағында қалған кездегі қазақ әдебиетінің жай-күйіне қаламгер көзімен «ішінен» қарап, онда жүріп жатқан түбірлі өзгерістер, шешімін күтіп тұрған проблемалар көз алдыңызға келгендей болады.

Қоғамда жүріп жатқан түбірлі өзгерістер тоқсаныншы жылдардың ортасына қарай ушыға түсіп, көптеген қалам қайраткерлерінің мазасын алып, қолына қалам алдырды. Міне, осындай жағдайда 1995 жылғы қараша айының 14-і күні «Қазақ әдебиеті» газетінде Жазушылар Одағы жанындағы «Ағалар алқасы» бастаған бір топ жазушының «Сөйтіп, әдебиет пен мәдениеттің, өнер мен ғылымның қызметкерлері осылайша қайыршы болып, көшеде қалды, Нүреке!» – деп, Президент атына жолдаған ашық хаты жарияланды. Тура бір айдан соң «Ана тілінің» №49–50-санында Жарылқасын Боранбаев пен Ләззат Омарованың әлгі – жоғарыда айтылған пікірге қарсы «Қадірлі Нүреке! Егер Сіз тағы да баспаларға, Жазушылар одағына, Суретшілер одағына, т.т. ақша бөле бастасаңыз, Өнер дейтін киелі әлем қайтадан қара жамылады» деген мазмұндағы мақаласы тағы да жарық көрді.

Адам Мекебаев «Жазушыға не керек?» деген көлемді проблемалық мақала жазып, нарық заманындағы қазақ әдебиетінің жай-күйіне тереңірек үңілді. «Біздіңше, бұл тұйықтан шығудың жолы кешегі социалистік жүйе қалыптастырған дағдыдан бас тартып, жаңа нарықтық экономика ұсынып отырған бағдар-бағытқа қарай бет бұру. Яғни, айтқанда, әрбір автор жаңа қоғамның басқа мүшелері сияқты өз еңбегінің қорытындысын тауар деп қарауды үйренуге тиіс. Ол үшін бұдан былай кез келген жазушы сатылған кітабына ғана қаламақы алуы шарт» («Қазақ әдебиеті», 02.04.1996) – деген жолдар – автордың негізгі ой түйіні.

«Қазақ әдебиеті» газеті «Ашық әңгіме» айдарымен бірнеше қаламгермен сұхбат жүргізді. Р.Тұрысбековтің академик С.Қирабаевпен, Д.Рамазановтың Т.Жұртбаевпен, Р.Бердібаймен, Ә.Меңдекенің Б.Мұқаймен, А.Мекебайұлының Х.Әдібаевпен, Ә.Меңдекенің Ә.Нұрпейісовпен жүргізген сұхбаттарында қазіргі қазақ әдебиетінің жай-күйі түрлі жақтарынан сөз болған. С.Қирабаев «Дәл бүгінгі әдебиеттің дамуы, оның бағыт-бағдары жайлы бірдемес айту қиын. Әдебиет ұзақ жылдар қалыптасқан жүрісінен жаңылып қалды. Бұрынғыша жазу мүмкін емес. Жаңаша қалай жазу керек? Тақырып таңдау, кейіпкерлерді іріктеу қалай болады? Бұрын адам еңбегі қоғамның ісімен өлшенетін еді, кейіпкерлерді өндірістен, ауыл шаруашылығынан, зиялы ортадан іздейтін едік. Енді ондай ортаның өзі ыдырады. Ал ортадан, еңбекші қауымнан тыс қаһарман не бітіреді, оны қалай көрсету керек? Саудагерді, бизнес адамдарын қаһарман ете аламыз ба? Мұның бәрі ойлануды керек етеді. Бірыңғай өткеннің көлеңкелі жақтарын жасыра

жазу әдебиетті қандай мұратқа жеткізеді? Уақыт көрсетер, дағдарыстан жол тауып шығар шығармалар туар деген үмітке ғана сенеміз» («Қазақ әдебиеті», 13.02.1996) – деп, біраз күпті мәселенің шетін ашты.

Р.Бердібай «Ұлттың ұлы мұраты» жайлы әңгіме қозғапты. Ол әдебиеттің, мәдениеттің түп қазығы тіл екеніне назар аудара отырып, «Әр халық, ең алдымен, өз тілін өзі қадірлеуі керек. Онсыз іс алға баспайды, бәріміз де республикадағы халықтардың татулығын, ынтымағын қалаймыз. Бірақ оның бәрі қазақ халқының есебінен бола бермеуі керек қой. Қалайда халқымыздың мақсат-мүддесіне сай қызмет етіп, оған нұқсан келтірмеу жағын ойластырған жөн. Өз басым республикамызда ең алдымен, қазақ халқының бүгіні мен болашақ мұқтажы ескерілмей, өзге ұлт өкілдерінің көсегесі көгеретініне сенбеймін. Бәрі қазақ халқының айналасына ұйысуы керек. Өзге ұлт өкілдері жергілікті халықтың тарихы мен тіліне, дәстүріне құрмет көрсеткенде ғана шынайы ынтымақ, береке-бірлік болмақ. Халықтың татулығы қазақ тілінің құлдырауына емес, қайта гүлденуіне байланысты. Қазақ тілі мен мәдениеті «татулық, бірлік, ынтымақтастық» деген ұғымдардың тасасында қалмауы керек қой» («Қазақ әдебиеті», 29.07.1997) – деген ойланарлық ойларды ортаға тастады.

Б.Мұқай «Рухани өмірі кемелдікке көтерілмеген мемлекет ешқашан мұрат-мақсатына жете алмайды... Руханият – мемлекеттің қос қанатының бірі» («Қазақ әдебиеті», 10.02.1998) – деді. Т.Жұртбай «Әдебиет – жеке меншіктің мүддесін көздемейді», ұлттың мүддесін көздеуі керек дегенді қадап айтты («Қазақ әдебиеті», 26.08.1996).

Токсаныншы жылдардағы экономикалық құлдырау рухани өмірде де көптеген келеңсіздіктер тудырды. Әсіресе, руханияттың күретамамы іспеттес әдебиет пен өнер зардап шекті. Қоғамның көзі, құлағы, сезімі саналатын қаламгерлер төтеннен душар болған жағдайды алдымен байқап, дабыл қақты. Оның себеп-салдарларын, шығу жолдарын іздеген мақалалар баспасөз бетінде жиі көрінді. Көпшілігінде әдебиетіміз басынан кешіріп отырған ауыр хал ашына айтылды. Әдебиеттің болашағына деген үміттен гөрі күдік көбірек көрінді. «Ұлттық руханият, мәдениет келер ғасырда әлемдік империяның қалтарыс шошаласында қала ма деген күдік бар» («Қазақ әдебиеті», 05.02.1999) – деген ойын Әлия Бөпежанова жасырмады.

«Әкесі өлгенді де естіртеді дегендей, шынын айтайық, әдебиетіміз әл үстінде. Ол өзінің жарық сүйгіш мінезінен ғана айрылып қоймаған сияқты, сыншылдық, әшкерелегіштік қабілеттерімен қоса, әсем үні мен сұлу сазынан да көз жазып қалғанға ұқсайды. Мұның үстіне кейінгі кездерде қаламгерлер қатарына қосылып жүрген «батысшыл» жазушыларымыздың кейбіреулері «біздің тыныш жатқан әдебиетіміздің тұнығына тас лақтыруда». Мұның да төл әдебиетіміздің өмір сүруіне кәдімгідей кері ықпалы бар екенін естен шығармау керек. Жалпы ұлттың ұлылығы тілінен білінетін болса, тілдің тіл екендігі әдебиетінен білінеді. Сондықтан қазақ әдебиетіне қатер төндіруші, тосқауыл жасаушы қандай күштерге болсын жан-тәнімізбен қарсы шығуымыз керек» (сонда). Бұл сөздерді жазған – ақын Әбубәкір Қайранов.

Жазушы Б.Нұржекеев «Жазушы заманға ілеспей отырған жоқ, заман жазушыға ілеспей отыр» деп, оның тоғыз түрлі себебін көрсетті. Оның бастылары «өнер адамы заман өзгерісін бойына сіңіруі керек. Көзқарасы қалыптасқан соң ғана қолына қалам алады. Оған, сөз жоқ, уақыт керек. ... әр заман өз жазушысын тудырады. Біздің ұрпақтың көбі бұл заманға сырттай бақылаушы болып қалды... Білмегенін жазу екінің бірінің қолынан келе бермейді. ...бұрын айрықша ілтипатқа ие боп жүрген ақын-жазушылар жаңа заман өздерін шеттетіп тастағандай сезінуде» – екендіктерін көрсетті («Қазақ әдебиеті», 07.07.2000).

Халықтың тұрмыс-тіршілігінің нашарлай түсуі, соның салдарынан бүкіл ұлттық мәдениет атаулының құлдырап, рухани құндылықтардың құнсыздана бастауы ұлт ертеңін ойлаған қаламгерлердің мазасын ала берді. «Көбіміз балаларымыз бен немерелерімізге қандай тәрбие беруден жаңыла бастадық. «Адал бол, ақылды бол, қайырымды бол, кісі ақысын жеме, наныңды адал еңбекпен тап, жақсы оқы, үлгілі бол», тағы сол сияқты парасат пен кісілік жолына тәрбиелейін десең, ол ертең есейген кезде әумесер әпенденің күйін кешкелі тұр, ал «кісәпір бол, алда, арба, амалын тап та дүние тап, обал, сауап дегенінді ұмыт» – деп тәрбиелейін десең, оған арың жібермейді. Сонан соң, адал бол деп те, адам бол деп те ақыл айта алмай, «әзірге аман болсын, өскен соң өзі көре жатар» деп, тиіп-қашты тәрбие беріп, аулаға шығарып жібересің. Жазушылар да бүгінгі таңда дәл осындай күй кешуде. Нені жазарын, қалай жазарын, кімге жазарын, неге жазарын, кімді дәріптерін, неден жеріндірерін білмей, дел-сал күйде қалды.

Далада дауыл. Көл беті аласапыран, әзірге тыншығар түрі жоқ. Ал көл беті тулап жатқанда, балықшы балық ауламайды. Жазушылар да солай. Олар көл бетінің тынышталғанын күтеді» («Қазақ әдебиеті», 11.02.1997). Бұл сөздер жазушы Дулат Исабековтің аузынан шыққан.

Жазушы Сайын Мұратбеков былай дейді: «Бүгінгі күн туралы шығарма жазу – қиын. Кеңес үкіметін, социализмді тәрк ете отырып, мынау күнде өзгеріп жатқан, аунақшып жатқан, бірақ әлі бір қалыпқа түсе алмай отырған тұрақсыз кезең туралы жазу асығыстық болар еді. Жақсы мен жаманның ара жігі ажырап, әлі екшеліп болмаған, біреулері қулығымен байыса, екіншілері адалдығынан, аңқаулығынан бәрінен жүрдай айрылып отырған, әлдісі әлсізіне күш көрсеткен, зорлық, жұмыссыздық, ұрлық-қарлық етек алған шақта, қалада да, далада да қайыршылыққа ұшырағандар кездесіп қалып жүргенде, кеңестік жүйеде өсіп, озық идеал үшін шығарма жазып машықтанған қаламгерлердің қапелімде мынау өмір туралы толғануы, әрине, қиын. Және еліңнің тәуелсіздік алғанда, әлгіндей күйге түсуі тіпті де қинайды. Жаныңды жаншылайды. Сондықтан да салмақты жазушылар уақыттың әлі де оза түскенін, жақсылық пен жамандықтың екшеле түскенін күтеді» («Қазақ әдебиеті», 11.11.1997).

3. СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Кеңестік кезеңдегі әдебиеттің негізгі шығармашылық әдісі социалистік реализм әдісінің жаңа жағдайдағы теориялық мәселелері қазақ әдебиетінде тоқсаныншы жылдардың басында-ақ талқылана бастаған-тұғын. «Қазақ әдебиеті» газеті (25.01.1991) осы тақырып бойынша «дөңгелек стол» ұйымдастырды да (ол жөнінде алдыңғы тарауда толығырақ айтылды). Енді осы мәселеге Мәди Қайыңбаев «Социалистік реализм: ағыспен кімдер ықты?» («Қазақ әдебиеті», 10.01.1992) мақала жазып, қазақ әдебиетіндегі социалистік реализм әдебиетінің қалыптасу, даму жолдары жайлы өз ойларын ортаға салыпты. Автор социалистік реализмнің негізгі қателіктерін айта отырып, әдебиетіміздегі орнын жоққа шығармайды: «Иә, бәрі болды... бірақ нағыз әдебиет көші тоқтаған жоқ... Өмір шындығын жеткізу үшін жанталасу, соцреализмнің қасаң аясынан шапшып сыртқа ұмтылу – не бір тосын әдеби әдістерді туғызды... Олар соцреализмнің маскасын кие отырып, өмірді шынайы суреттей білді. Сондықтан да біз соцреализм деп аталатын әдеби әдісті жоққа шығарғанмен совет әдебиеті кезеңіндегі әдебиетті жоққа шығара алмаймыз. Соцреализмнің қасаң аясы, өлі мен тірінің арасындағы өлара цензура шынайы әдебиет үшін шырылдаған нағыз күрескер таланттарды туғызды».

М.Қайыңбаев «Бір поэманың екі тағдыры немесе социалистік реализм кілтипандары» («Жұлдыз», 1992, №2) атты мақаласында да осы әдістің қазақ әдебиетіне тигізген терең әсерін Қ.Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» поэмасы мысалында нақтылы әңгімелейді. Поэманың 1950-жылғы бірінші нұсқасы мен 1955-жылы шыққан екінші нұсқасын салыстыра отырып, екеуінің арасындағы жер мен көктей айырмашылықтарды көрсетеді. Шынайылығы басым алғашқы нұсқасы шыққанда, поэма социалистік реализм әдісі тұрғысынан көп сынға ұшырайды. Көркемдігі емес, саяси жағынан қатты сыналған дастанын қайта жазып, көптеген өзгертулер, тіпті жаңадан тараулар қосады. Нәтижесінде поэма көркемдік жағынан да, идеялық тұрғыдан да көп төмендеп кеткен. Сондықтан да М.Қайыңбаев «Мәриям Жагорқызы» поэмасының 1950 жылы шыққан алғашқы нұсқасын қайта шығарып, оқырман қауымға таныстыруды ұсынады.

Мәдениеттанушы Ә.Наурызбаева «Біздің бүгінгі кезең әл-әзір шынайы, салмақты зердеден өткен жоқ, тек мерекелік эйфория мен шектен шыққан пессимизм шекарасындағы сезімдер төңірегінде баяндалып, сөз болуда. Біз өткенімізді, тарихымызды бүгінгіміздің тереңіне сұңғи алатындай етіп түбегейлі де орнықты зерделей алған жоқпыз» – деді. Ойын ары қарай: «Өмірді танып білуде «шындық» ұғымы басым түскенде, поэманың орнына классикалық роман жанры келді. Ал, қазір классикалық роман «тақтан түсті» деуге болады, өйткені өмірлік шындық ұғымы өзінің эпикалық біртұтастығынан, ұзақтығынан айрылды. Өмірді игеру, тану ендігі жерде фрагментарлы, бөлек-бөлшек. Сондықтан да шығармашылық элитадан «бүгінгі заманды бейнелеуді» талап етудің қажеті шамалы, өйткені өнер ешқашанда өмірді бейнелемейді, оны өмірді әрқилы тану арқылы екінші «жасанды» шындық тудырады» («Қазақ әдебиеті», 07.07.2000) – деп, жалғастыра түсті. Автордың ойынша, бүгінгі әдебиет «соншалықты қиын, жан күйінерліктей» жағдайда емес. Мәселе, «бүгінгі замандағы» әдебиетті дұрыс түсінуде жатыр. Өйткені, «бүгінгі заман» – постмодернизм заманы». Ал «постмодернизм деп аталатын

мәдениет шығармашылықтан әлдебір мән-мағына іздеуден бас тартып, тұтасымен үзік-үзінділерге, құрғақ ақпаратқа ден қойған жалпылық (бұқаралық) мәдениетке деген бейтарап қарым-қатынасын танытты, толеранттығын жариялады. Осыдан да келіп шығармашылықтың бұрынғы классикалық формалары түрлік өзгерістерге тууде, шығармашылықтағы қандай да бір тақырып, жанр, түрлердің билік алуы (басымдық танытуы) мен ықпалынан бас тарту басталды».

«Қазақ әдебиеті» газетінде С.Ақатаевтың «Ұлт мүддесін сатқандарды бүгінгі ұрпақ та, келер ұрпақ та кешіре қоймас» (07.01.1998) деген сұхбаты шықты. Онда социализм тұсындағы қазақ әдебиетіне, оның С.Сейфуллин, С.Мұқанов сияқты көрнекті өкілдерінің шығармашылықтарына тәуелсіздік тұғырынан, ұлттық мүдде тұрғысынан қарай отырып, күмән келтірген тұстары бар. Мысалы, «Ашығын айтсам, мұндай сатқындық жасағандардың біразы әлі күнге дейін қайраткер, классик қатарында жүр. Бұл арада Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» деген кітабының саяси мәнін айтпай өтуге болмас. Осы кітап арқылы-ақ кезінде талай боздақтар айдалды да, ағылып та кетті» – деген жолдарда Сәкенді ашық айыптаушылық бар. Міне, С.Ақатаевтың тура осы пікіріне А.Арынұлы қарсы мақала жазып, бұған өзінің мүлдем келіспейтіндігін білдіріпті. Ол «Ақатайдың сөзіне қарағанда, солардың бәрін сатқын, қоғамның жауы деп жариялау керек сияқты... Егер біз өткен тарихымызға оқ атып, Сәкен Сейфуллин секілді біртуар жақсы мен жайсаңдарымызды ғайбаттап, беделін түсіретін болсақ, бұл елдігімізге сын емес пе?.. Сондықтан ел ішінен жау іздеушілердің әрекеттеріне тоқтау салған жөн сияқты. Қалай десек те, өткен тарихымызға құрметпен қарауды да ескерелік. Ал Сәкен Сейфуллин қазақ халқының ұлттық мақтанышы ретінде ұрпаққа үлгі-өнеге бола береді» – деген ойын ашық білдіреді.

Б.Дәрімбет «Қазақ әдебиеті тарихына қайта оралуымыз керек» («Қазақ әдебиеті», 10.06.1997). Оның себебі кеңестік кезеңде «Қазақ әдебиеттану ғылымы тек коммунистік идеологияның жетегінде жүрді және соның айдауына көнді», сол себепті де «өткен жолымызға тағы бір рет сын көзімен қарап», қазақ әдебиетінің ғылыми негізді тарихын жасау – өмір талабы деді.

Б.Ыбырайымның «Әдеби тарихымыздың ащы сабақтары» («Қазақ әдебиеті», 17.04.1998) кеңестік дәуірдегі (отызыншы жылдар) қазақ поэзиясын зерттеудің әдіснамалық негіздерін сөз етеді. Автордың пайымдауынша, отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясының құлдырап кетуі – «сол тұстағы жаппай жазалау пен зорлықтың салдарынан». Сыншының «Қандай да болсын ұлттың жүрекжарды үні, жан дауысы қай дәуірде қаншалықты тұмшаланып-түншықтырылса, сол дәуірдегі қоғам сол ұлттың алдында соншалықты деңгейде айыпкер, тарихи кезең алдында соншалықты қылмыскер яки жауапкер. Әрине, тұтас қоғамды айыптау – артықтау, бірақ қалай дегенмен де жекелеген адамдардың шексіз билік жүргізуіне, үстемдік етуіне мүмкіндік берген қоғам немесе мемлекет өзінің әлеуметтік-қоғамдық құрылымы жағынан көңілдегідей биік деңгейде жетілмеген демеске амал жоқ»; «Уақытша ұранға үн қосу, тосын түрлер, жаңа идеялар қаншама жақсы, қаншама тың көрінгенімен көркемдік кемелдік деңгейіне көтерілмесе, әдебиеттегі жаңалық деп бағалайтын болсақ, не әдебиетті түсінбейтіндігіміздің, не идеологиялық қыспаққа бас изектеп, иілуіміздің куәсі демеске шара жоқ. Сондықтан алдағы уақытта әдебиетіміздің тарихын таразылағанда, барлық оқулықтар мен ғылыми монографияларда, сын-зерттеу еңбектерде әдебиет туындысын көркемдік сапасына қарап байыптау басшылыққа алынуға тиіс»; «Егер шындық түгел айтылмаса, қоғам айыпты, шын парасат пен сұлулық ардақталмаса, халық, мемлекет айыпты, халық қадірленбесе, заман, мемлекет айыпты» – деген пікірлері оқырманды ойландырары анық.

Қазақ әдебиетінің өткенін жаңа заман биігінен саралау Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі Ұлттық агенттігі мен «Заман» әдеби-ғылыми ассоциациясы бірлесіп өткізген жиынның да негізгі мақсаты болды. Пікір алысуға белгілі ғалымдар, әдебиетшілер, сыншылар, жазушылар қатысты. Басқосудағы А.Егеубаевтың «Тәуелсіз қазақ елі әдебиетінің тарихы және заман талабы» баяндамасын талқылауға Ш.Ибраев, Т.Кәкішев, М.Ысқақбай, С.Қирабаев, Ә.Дербісәлиев, Қ.Қайсенов, К.Ахметбеков, Х.Әдібаев, Б.Мұқай қатысқан. Баяндамашы қазақ әдебиетінің тарихын қайта қарастыру қажеттілігін айта келіп, «тәуелсіз Қазақстанның ұлттық әдебиетінің академиялық үлгідегі жаңа тарихы жоқ. Қазіргі тәуелсіз еліміздің талабына жауап бере алмайтын, ұлттық, көркемдік ой үрдісінің белгілі бір кезеңдерін ғана белгілі бір саяси тізгінің қақпалауымен қарастырған, ұлттық әдебиеттің

ежелгі түпкі қайнарлары мүлде елеусіз қалған, қазіргісі мен болашағы концептуалды түрде зерделенбеген әдебиет тарихы кімді қанағаттандырды? Әр кезең, әр қаламгер тарих алдында өз бағасын алуға тиіс» – деді. Шығып сөйлеушілер көп томдық қазақ әдебиетінің тарихын қайтадан жасау, оған шетелдегі қазақ әдебиетін де қосу, түркі халықтарымен ортақ дәуірдің әдебиетін бірлесіп зерттеу, тың көзқарастарды пайдалану сияқты көптеген пікірлер айтылды.

Ә.Меңдекенің «Қазақ әдебиетінің қасіреті неде?» атты көлемді мақаласы «Қазақ әдебиетінің 1997 жылғы 28 қаңтар, 4 ақпан күнгі сандарында «Сөз өнері: серті мен дерті» айдарымен шықты. Мақаланың теориялық, проблемалық сипаты айқын. Эссе үлгісінде жазылған мақала әдебиеттің мәні мен мазмұны, мақсаты мен міндеті, сыр-сыйпаты жайлы толғаныс іспеттес. Автордың ойы өзгешелеу: «Балталасаң, бұзылмайтындай боп әбден орнығып алған әдеби схема бойынша, қазақ қаламгерлерінің дені адам жанының қайшылығын қоғамнан, қоғамның қайшылықтарынан іздейді. Біздіңше, қазақ әдебиетінің үлкен қасіреттерінің бірі де – осы... Адамның табиғаты да, адамның жаны да – аса қайшылықты. Адам жанының қайшылығы үшін қоғамды жазғыру – жартықеш, жетілмеген ғылымның тірлігі... Ал бастапқы қайшылық – қоғамның қайшылығы емес, адам жанының қайшылығы. ...қалыптасқан дағды бойынша, қазақ қаламгерлерінің дені алдыңғы планға идеяны шығарады да өз кейіпкерлерін осы идеяға қызмет етуге «жұмылдырады». Тек кейіпкерлер ғана емес, бүкіл көркемдік компоненттер (тіпті пейзажға дейін) әлгі идеяға қызмет етеді» – дей келіп, «Жақсы жазушы да заманға күйлемейді, заманның сойылын соқпайды. Ақиқатқа күйлейді. Ақиқатты қүйттейді. Заман мен қоғамға күйлеусіз, саясатқа күлбілтілеусіз қарай алған («Ақиқатты ғана мойындап, Аллаға ғана мойынсұнатын») қаламгер ғана адам жанының ішкі ағыс-иірімдерін... саяси идеялармен көлегейлемей, табиғи-ақиқат қалпында бейнелей алады... Демек, адамды қоғам арқылы емес, қоғамды адамның жан-дүниесі арқылы ашуымыз ләзім екен. ...әдебиет үшін ең қымбаты, ең бағалысы – табиғи адам» – екендігін еске салады.

Әмірхан В.Г.Белинскийдің көркем әдебиетке идея-қоғам-адам талабын қойса, Ф.Достоевский Алла (яки ақиқат)-еркіндік-шығармашылық-адам жүйесін ұсынғанын, қаламгердің табан тірейтін төрт тұғырын: ұлт (халық), дәстүр, ұлттық топырақ пен ұлттық тек екенін көрсетіп бергеніне назар аударады. Белинскийдің талабы публицистикаға сай да, Достоевскийдікі нағыз әдебиеткісі деп біледі. Ұлы жазушының әдебиетті жасайтындар мен дамытатындар космополиттер, яғни ұлттық әдеби ассимиляторлар емес, почвенниктер, яғни ұлттық топыраққа аяқты нық тірегендер деген пікіріне айрықша мән береді.

Д.Қамзабекұлы «Қазақ әдебиетіне тойып секіретін күн әлі туған жоқ» (Қошкө) атты мақаласында алдымен, қазақ әдебиетінің түрлі себептермен белгісіз болып келген үлгілерін жинап, бастыру, жүйелеу, ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеу мәселелерін көтерді. Руханият мәселелеріне келгенде, өзге елдердікіне абай болу қажеттілігін ескертеді. «Біздің пікірімізше, математика, химия, т.б. ғылым жетістігін өзге елден игеруге, үйренуге болар, ал руханият мәселесін қарастырар әдебиет пен тіл, тарих ғылымы тек өзімізде ғана жаслады. Олай болса, соңғы аталған ғылымдардың басымдылығы (приоритеті) айрықша болуы тиіс» («Қазақ әдебиеті», 04.02.2000) – деп біледі.

Қазақ әдебиеті бұрын қандай болды, алдағы уақыттардағы даму жолы қай бағытта болмақ деген мәселелер төңірегінде жазушы Ә.Кекілбаев та ой тербеген. Ол қазақ әдебиетінің тарихын шөла келіп, тәуелсіздігінен айрылған тұстардағы «жалпыұлттық дағдарыс жағдайы әдебиетті де жаңаша жіктеді. Бір жағынан, өткенді көксеп, өзгенің тепкісіне мойынсұнбай, жаңа жерұйықты іздейтін, екінші жағынан, ашық ереуілге үндейтін Қорқыт пен Асанқайғы замандастарынан далалық әдебиетке тән рухани екіұдайлық қайтадан өріс алды» дей келіп, «социалистік реализм сорақылығы жайлап алған әдеби сүреңсіздік жағдайында» да қазақ әдебиетіндегі «аршыл» дарындардың шығармашылықтары ұлттық аядан асып, «адамзаттық сарын елеулі үдеу алды, әлеуметтік-психологиялық талдау біршама тереңдеді. Қызықты пайымдық және көркемдік ізденістер байқалды» («Қазақ әдебиеті», 03.07.1998) – деп жазады. Ал енді қазақ әдебиеті қай бағытта дамуы керек дегенде, «оның болашақ және толымды табысы қазір Қазақстанда жүріп жатқан процестердің ақырғы нәтижелеріне ғана байланысты болмақ емес» деп, әлемде жүріп жатқан түбірлі өзгерістердің барысымен байланыстырады.

«Қазақ әдебиеті» (14.07.2000) газетінде сыншы Ә.Бөпежанованың мәдениеттанушы Әуезхан Қодармен «Өнер-өмір, өнер-көркем текст немесе таным тайталастары» тақырыбындағы

сұхбаты жарияланды. Әңгімелесудің негізгі сарыны ендігі жерде қазақ әдебиеті өзінің ұлттық дәстүрінен қол үзіп, бағыл түрде батыстық жолға түсу, қазіргі жаңа заманның талабы осы дегенге құрылған. Қазақ әдебиетіндегі жаңашыл бағыттың алғашқы өкілдері қатарында А.Сүлейменовтің, Ө.Нұрғалиевтің, Д.Амантайдың есімдері аталған. Осы сұхбатта ұсынған ойларға орай, бірнеше қаламгер пікір білдірді.

Ақын Аманхан Әлім бұл екеуінің бірге айтқан пікірлерімен мүлдем келіспеді. Ұлттық жолдан бас тартып, қазақ әдебиетін батыстық үлгідегі «модернизм», «постмодернизм» бағытында жасау керек деушілерді «дәстүрді жоққа шығаратын табанының бүрі, нық жері жоқ, космополиттік бағдар» санап, оларды «нигилизммен» айыптайды. Ол «өткеннің дәстүрі мен эстетикасын жоққа шығарып, әдебиет пен мәдениеттегі, жалпы өнердегі эксперимент пен стиль шарттылығын насихаттайтын модернизм, постмодернизмді таланты, бойындағы интеллектуальды шығармашылық қуаты сарқылғандар ғана жасайды. Құрастырады» – дей келіп, «Қазіргі либерализм өкілдерінің мақсат-мүддесі – біздің дәстүрге негізделген сана-сезімімізді «ләззаттану мен тояттану принципіне жүгіндіріп, ғасырлар бойы қалыптасқан менталитетімізді шайқап, жарымжан ету» («Қазақ әдебиеті», 21.07.2000) – екендігін баса ескерткен.

Т.Шапай да Ә.Бөпежанова мен Ә.Қодардың ұсынған пікірлеріне қосылмаған. Олардың қазіргі әдебиеттің кейбір өкілдері хақында «постмодернистік» тұрғыдан айтқан пікірлеріне дауласады. Ойын «Әлем кешкен ағындарға ерте ме, кеш пе, біз де түсеміз. Өмір дүние кешінің қарқыны біздің еліктеу деңгейіндегі балаң кітаби-мәдени пайымдардан гөрі сенімді, тура жолмен соған дедектетіп, өзі алып келе жатыр деп ойлаймын – таң атпайын десе де күн қоймайды. ... ол таңнан күтер біздің несібеміздің де өзіндік дәмі, өзіндік құны болса дейміз» (сонда) – деп, түйіндеген.

«Мұндай тексіз, тамырсыз, топырақсыз, баянсыз, космополиттік дүниетанымды кім қабилдай қойсын. ...әлдекімдердің қаңсығын қазақ мәдениеті, қазақ әдебиеті, қазақ өнері неге таңсық көруі керек? (сонда) – деп, Ә.Мендеке батыстық «постмодернизм» атаулыға мүлдем қарсы шықты.

Тоқсаныншы жылдары сирек болса да әдеби сынның жай-күйіне арналған пікірлер үзілген жоқ. Сынсыз әдебиеттің дамуы мүмкін емес, сондықтан да сынға жеткілікті деңгейде көңіл бөлу қажеттігі ұдайы айтып тұрды. «Қазақ әдебиеті» газеті ұйымдастырған «Азат елдің әдебиеті қандай болуы керек?» деген сауалнаманың бір сұрағы «Бүгінгі жағдайдағы әдеби сынның міндеті» хақында қойылды. Сауалнамаға қатысқандардың ішінде Ә.Таразиден өзгесі сын туралы ауыз ашпапты. Әдебиеттің нарықтық қоғамдағы орнына қатысты пікір алмасқандардың көпшілігі сынға соқпаған, соқса да жалпылама желіп өте шыққан. Олай болатын басты себебі бұл кезде сын түгілі сол сынның зерттеу нысаны көркем әдебиеттің жай-күйінің өзі аумалы-төкпелі болуында еді.

Десек те, сын туралы әңгіме оқта-текте болса да, сөз арасында да тоқтай қойған жоқ. Өйткені, әдебиеттің болашағы туралы әңгімеде сынға соқпай өту қиындау болатын. Оның үстіне шығармалары хақында артық-кем пікірлер естіген қаламгерлер де сынның қоңырауын бір соқпай өте алмайтын.

«Бізде сынның болуы мүмкін емес!» («Қазақ әдебиеті», 05.02.1999) атты мақалада осы мәселенің неге бұлай болатын себептерін ашып берген. «Бізде сынның болуы мүмкін емес: соңы бітпейтін дауға, ерегіске айналады. Мен өзіме ұнайтындар туралы жазам. Ұнамаса, жазбаймын» – дейді мақала авторы Автор. «Сынның жоқ болатыны – бізде бәрі бір қолда. Бізде айтып көр... жұмысыңнан қуыласың. Белгілі жазушының бәрі – бедел» дей келіп, бізде Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Ә.Нұрпейісов, Қ.Ысқақов, Ә.Тарази сияқты үлкен жазушылар ылғи да мақталады, сыналатындар – белгісіздер дейді. Мақала сын болмаған соң, «әдебиет күні еңкейіп барады» деп, дабыл қаққан.

Тоқсаныншы жылдарда әдеби сынның мәселелерін түрлі деңгейде қарастырған Б.Наурызбаевтың «Сын мәдениеті неге төмен?» («Қазақ әдебиеті», 14.02.1992), С.Ордалиевтің «Сын айтсақ, шын айтсақ» («Қазақ әдебиеті», 29.05.1992), Т.Кәкішевтің «Сын ызғары» («Жұлдыз», 1992, №8), «Көне дәуірдегі сыншыл ойлар» («Жұлдыз», 1993, №12), Д.Ысқақұлының «Мағжанды қапаса қамаған сын» («Жұлдыз», 1993, №12), Р.Сағымбекұлының «Сын туралы бір үзік сыр» («Қазақ әдебиеті», 10.09.1996), О.Сүлейменовтің «Бет-жүзің демей» («Жұлдыз», 1996, №6), Ғ.Қабышевтің «Сын жоқ, себебі «мін» жоқ» («Қазақ әдебиеті», 20.03.1998), Ш.Елеукуновтің

«Сын мен сыншы» («Ақиқат», 1998, №4), Р.Тоқтаровтың «Сыншылар қауымымен менің тұзым жарасқан емес» («Қазақ әдебиеті», 16.07.1999), т.б. мақалалар жарық көрді. Осы қысқа ғана тізімнің өзінен-ақ әдеби сынның толғақты проблемаларын кеңінен көтерген мақалалардың болмағаны көзге ұрып тұр.

О.Сүлейменовтің «Бет-жүзің демей» атты көлемді мақаласы қазақ әдебиеті мен оның сынының кейбір мәселелері хақында. Ақын орыс тілді басылым беттерінде жарық көрген сыни материалдарға сүйене отырып, ойландырарлық ойлар айтады. Сынның нашар болуын оған қойылатын талаптардың қиындығымен байланыстырады: «Сыншы – таза жазудың ұстазы емес, шындықты тауып жазудың ұстазы. Қайсар ұстаз, ойға кенен шебер, әдебиеттің әсіре қызғаншақ әкесі, сынды қызмет деп емес, сынға қызмет етемін деп, өмір кешкен кешегі ұлы энтузиаст, қатыгез Виссарион секілді. ...қазіргі кезде қазақ әдебиетінің жалпы деңгейінен сыншылық ой-толғамның көп төмен жатқанын, жанрдың шалағай екенін айту да – біздің міндет. Сын әдеби және мәдени процеске жетекші болуға жарамай отыр... Нағыз сыншы – ең жеккөрінішті сүйкімсіз адам» («Жұлдыз», 1996, №3). Олжас қазақ әдеби сынының алдында тұрған міндеттерге тоқталады.

Белгілі ғалым Ш.Елеуқенов «Сын мен сыншы» хақында мақала жазды. Мұнда қазақ әдеби сынының мәдени, ғылыми сауаттылығы арнайы проблема ретінде көтерілді. Ғалымның пікірінше, әдебиеттану ғылымының құрамдас бір бөлегі саналатын әдеби сынның теориялық жақтары бізде әлі негізделмеген. Ғалым «сынтану» атауын ұсынып, «Сынтану негіздері арнайы ғылым ретінде өз алдына жеке отау құруы тиіс» – дейді.

Сынтану ғылымының құрамдас бөліктеріне төмендегілерді жатқызады:

«– Сынтану негіздері, немесе жалпы сынтану. Мұнда осы ғылым методологиясы мәселелері қаралады.

– Сынтану теориясы. Ғылым объектісі, пәні, құрылым жүйесін теориялық жағынан негіздеу. Әдеби сын типологиясы принциптерін талдап шешу. Сын туралы ғылымның әдебиеттану және басқа ғылымдармен байланысын, арақатынасын анықтау.

– Сынтану тарихы. Қазақ сыны тарихы. Сын туралы білім тарихы. Сынның тууы, дамуы, әдіс, формаларының өзгеру жолдары.

– Сынтану поэтикасы. Сын жанрлары мен түрлері. Тілі, стилистикасы» («Ақиқат», 1998, №4, 54-бет).

Сын – аса күрделі сала. Оның табиғаты, теориялық негіздері жайлы түрліше пікірлер күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Оны бір зерттеушілер көркем әдебиеттің бір саласы деп білсе, енді біреулері әдебиеттану ғылымына, журналистикаға, т.б. жатқызып жүр. Ш.Елеуқенов сынның осындай сан сипатты екендігін айта келіп, оған «Сын – көркем әдебиет пен әдебиеттану ғылымының саласы және сынтанудың зерттеу объектісі» (сонда) деген анықтама береді.

Зерттеуші кеңестік кездегі әдеби сын мен қазіргі замандағы сынды салыстыра отырып, тәуелсіздік тұсында әдебиет пен сында ұлттық принциптің алға шығуын ұсынады. Қазақ әдебиетінде Мағжанның поэзиясында, Илияс пен Қабдештің романдарында ұлттық тақырыптың көріністерін әңгіме ете отырып, «сынның қырғидай іліп түсетін, шұғыл кірісетін мәселелерінен ұлттық ынтымақ мәселесінің әдебиеттегі көріністерін саралауды бөліп айтар едім» (сонда, 59-бет) – дейді.

Шығармалары сыншылардың қармағына жиірек ілініп қалатын Рамазан Тоқтаров «Сыншылар қауымымен менің тұзым жарасқан емес» («Қазақ әдебиеті», 16.07.1999) – деп мақала жазды. Рамазан өз туындыларына қатысты сыншылардың көкейінен шықпай жүрген кейбір жәйттерді түсіндіре кетуді жөн санаған. Романдарының көбіне батыстық үлгіде жазылатындығынан сыншылар түсіне бермейді деген ойын да жасырмайды. «Сынға шыдамсыздық жасау, одан жанталасып ақталуға тырысу да – жазушыға үлкен мін. Керісінше, сынға төзімділік, одан денеге батса да шипалы дәрі қасиетін сезіну жазушыны шынықтыра, жігерлендіре түсуі керек» – дейді.

Ә.Меңдекенің «Әдебиет! Әдебиет! Әдебиет!» атты мақаласы жазылу формасымен де, айтылған ойларымен де оқырман назарын өзіне аударады. Автордың жалпы көркем шығармашылық, қазақ әдебиеті, оның кейбір өкілдерінің шығармашылықтары жайлы пікірлері жекелеген ой үзіктері түрінде ұсынылған. Мақала әдебиет атты қасиетті өнердің сыр-сипаты жайлы жазылған эссе іспеттес.

Міне, осы мақаласында Әмірхан Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы жайлы «аттылы кісінің жанындағы жаяудай, тым жұпыны», «қағыну жоқ, Әуезовше қағыну жоқ», Әуезовтегідей интеллектуальды конструкция жоқ. Магиялық қуат жоқ» («Қазақ әдебиеті», 25.05.2000) – деп, сынға алған.

Міне, осындағы өзіне айтылған сыни пікірлерге қарсы Р.Тоқтаров «Мен ешкіммен конгениалды емеспін» («Қазақ әдебиеті», 02.06.2000) – деген жауап мақаласын жариялады. Мұнда Рамазан Әмірханның айтқан сындарына келіспейтіндігін айтып, пікір жарыстырған. Мақалада қарсы даумен қатар әдебиет, жазушының шығармашылық қырлары хақында құнарлы ойлар баршылық.

Қазақстан Жазушылар одағында (24.08.2000) өткен Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романын талқылауда Ж.Ысмағұлов баяндама жасап, С.Қирабаев, С.Жүнісов, Т.Кәкішев, Ә.Тарази, Ш.Елеукуенов, Ж.Әмірбеков, З.Серікқалиев, Ғ.Қабышев, А.Фаризов ойларын бөліскен. Бірлі-жарымды кемшіліктерін айтқаны болмаса, шығып сөйлегендердің барлығы дерлік романды қазақ әдебиетінің үлкен табысы санаған. Осы жиыннан жазған есебінің тақырыбын Ә.Балқыбек «Романға ода ма, жоқ талқылау ма?» атапты. Қысқаша берілген пікірлерден соң автордың атынан берілген «Біздің пікірімізде» мынадай жолдар бар: «Талқылауды шын талқылау ететін не нәрсе? Әрине, терең анализ, сындарлы таным, профессионалды баға. Осы тұрғыдан келгенде, жазушы Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағын» талқылау талқылаудан гөрі романға одаға көбірек ұқсаған секілді. Талқылау негізінен, Мұхтар Әуезовтің романында айтылмаған жайлар Рамазан Тоқтаровтың роман-хамсасында айтылған, қамтылған...» дегенге сайды. Қош, дұрыс-ақ делік. Бірақ, сол айтылған, қамтылған мәселелерді «оформить ету» қай деңгейде? Ойға алған нәрсенің орындалуы қалай? Олардың көркемдігі, салауат-салмағы нешік? Шеберлік мәселесі ше? Мұндай маңызды мәселелерге (ең керектісі де осы ғой!) өкінішке орай, талқылау барысында назар аударылмады» («Қазақ әдебиеті», 01.09.2000). Романды талқылауға риза болмаған автор есебін «Тек айтарымыз, пікірлеріміз мадақ пен марапатқа емес, дәлелге құрылса екен» – деген тілекпен аяқтапты.

2000 жылдың 6 сәуірі күні Қазақстан Жазушылар одағында Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» (А., 1999) атты романын талқылау өтті. Жиында Д.Исабеков, З.Қабдолов, К.Смаилов, Қ.Мұхаметқалиев, А.Мекебаев, Ә.Әзиев, Б.Иманғазина, Ш.Елеукуенов, Ә.Райымбеков шығып сөйлеп, жазушының жаңа романы жайыл ойларын ортаға салды. Қилы-қилы пікірлер де айтылды. Талқылау барысында Ә.Нұрпейісовтің өзі де сөйлеген. Сөйлегенде, сыншыларының түрлі пікірлеріне жауап беруге ұмтылмай, керісінше, осы шығармасының жазылуына орай туындаған ойларымен бөліскен. Есесіне «Қазақ әдебиеті» газеті бетінде бұрындары бір айтылған егер Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы талқыланса, ол «міндетті түрде мақталады» ғой дегенін сөзбен іле кетіпті. Сондай-ақ, Ә.Қодардың ХХ ғасырдың қазақтары «Мені оқымағанда кімді оқиды? Нұрпейісовтер әулетін бе?...» – деген сөзін жастарға жараспайтын астамшылық санаған.

«Қазақ әдебиеті» газетінің «Жазушының жан сыры» айдарымен бірнеше жазушының өз шығармашылығы, жалпы әдебиет жайлы жүрекжарды ойлары жарияланды. Б.Тілегенов «Сіз не жазып жүрсіз?» деген сауал төңірегінде ой тербепті. Ол біраз жылдар бойы қызмет бабына байланысты шығармашылықпен жөнді айналыса алмай келгенін, соңғы жылдарда ғана оған мүмкіндік туып, «Тұйық өмірдің құпиясы», «Қара жел», «Сексен алтыншы жыл» романдарын жазғанын, бұлардың алды жарыққа шығып, енді біреулерін бастыра алмай жүргенін айта келіп, жалпы жазушылық, әдебиет жайлы толғанады. «Әдебиеттен жазушыға да, оқырманға да пайда жоқ екен. Ендеше, несіне сабылып, қу жанымыз қуырдақ болып, кітап жазып жатырмыз?» – деп, сауал қояды да оған «Жазушылық – менің өмірім, тағдырым, кәсібім. Бүкіл арман-ойымды, көңіл-күйімді толқытып, толғандырған тәтті қиял, елестерді, жан тебіренісін қағаз бетіне түсіремін. Бұл сәтте мен осы қағаз жазуға неге отырдым, не үшін, кім үшін жазып жатырмын, мұнымды кім шығарады, кім оқиды деген сұрақтарға жауап іздеп, ойланып-толғануға, күмәнданып тартынуға мұршаң жоқ. Шығарма сені еріксіз жетелейді, жазбауға шамаң келмейді. Жазу алдында – шарасызсың. Ендеше, жазу деген, жазушылық деген – еріксіздік, қажеттілік, жаныңды азапқа салатын, ешбір емі жоқ ауруың, дертің. Одан сен қашып құтыла алмайсың, жазбай отыра алмайсың. Бұл тағдырдың сыйы ма? Әлде жазасы ма, кім білсін» («Қазақ әдебиеті», 23.01.1996) – деп, жауап береді. Жазушының шығармашылық психологиясын аша түсетін мақала шынайы толғаныстарға толы.

Ары қарай жазушы ойларын «...өмірде халықпен бірге тұрақты, өзгеріссіз, мәңгілік тұрағын рухани қазына – әдебиет бар. Қандай қиын кезең тумасын, әдебиет болуы керек. Қан кешкен соғыс кезінде де, қуғын-сүргін заманында да әдебиет болған. Ал ел аман, жұрт тынышта әдебиетті жойып алу деген маскара емес пе? Елдің тарихына дақ түсіретін қылмыс осы болмай ма? Әдебиетсіз рухани өмір жоқ. Рухани өмірсіз ел де, жұрт та, қоғам да азады, тозады. Тек шетінен тиын санаған азғындаған тоғышарлар ғана қалады» – деп жалғастырғанда, әдебиеттің адам өміріндегі аса маңызды орнын барынша айқындай түскен.

Жазушы нарықтық жүйемен қайта құрылып жатқан жаңа заманнан үлкен үміт күтеді. «Қазіргі кезең шынайы жазушылықты талап етеді. Ал жазушы болу үшін талант, дарынмен бірге адалдық пен жауапкершілік те қажет» – деп, қаламгерлікке үлкен жүк артады. Осы ойларын «Жазушы болғым келедіде» («Қазақ әдебиеті», 17.09.1996) жалғастырыпты: «Менің қолымнан жазушылықтан басқа шаруа келмейді. Менің басқа өнерім, басқа мамандығым, басқа қабілетім жоқ. Мен жазушы болғым келеді». Мұнда да автор өз шығармашылығының кейбір қыр-сырларын ортаға салған.

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дүкенбай Досжановтың «Мен қандаймын?» мақаласы «Поэзия деген – мінез, проза деген – төзім» деген сөздерімен басталыпты. Жазушы осы төзімділікті талап ететін проза саласында жүргеніне 30 жылдан асқанын, осы уақыттар ішінде 20-дан астам кітаптары шығып, әлемнің 19 тіліне аударылғанын айта келіп, өзінің шығармашылық болмысымен таныстырған. «Өмір деген – тұңғық. Кей-кейде ойлаймын: қалам мен қағаз болмағанда, қиялымды қайда сиғызар едім деп. Мені жетелеп жүрген – ұшы-қыры жоқ шексіз қиял, тіршіліктің мәнін, ырғағын кестелеуге құмар ғып қойған тағы сол – ұлы Бейнет!» – дейді Дүкенбай жазушы.

«Жазушының жан сыры» айдарында Д.Досжанов «Өз жайымды өзім айтам» депті. «Мен қандаймын?» дегенде, негізінен өзінің өнімді жазу себептерін ашып берсе, мына мақаласында шығармашылық лабораториясын көбірек көрсетіпті. «Шығарма қалай жазылады? Әуелі өзім көркем туындының атын іздеймін. Сәтімен табыла қалса, тілге тиек, кітапқа өзек болар сөзді тауып, соны көз алдыма елестетуге тырысамын. «Қой, ә, кісінің, суретті, даланы көзге елестетуге болар, ал сөзді елестету деген не пәле ол» деушілер табылар. Өзімнің көз алдыма әрдайым әуелі сөздің сұлбасы, сосын пішімі, сосын салмағы кәдуілгідей елестейді. Сөз сөйлемді құрайды, ойды туғызады. Сол сөйлеммен дүниеге келісімді ырғақ пен оралым келеді. Құйылып жеткен ойдың ырғағынан парақ беті толады. Параққа парақ қосылады. Осындайда таң қалатын бір нәрсе: қазақ тілінің суреті мен көркі – ғаламат, ешбір тілге бергісіз, бояуының молдығы» («Қазақ әдебиеті», 01.07.1997) – деп, шығарманы жазу үстіндегі жан-дүниесінен хабардар етеді.

«Енді қаламгерлік мақсат туралы бірер сөз. Қазір ғасыр тоғысында тұрмыз. Төбеге шыққан кісінің жанары алысты шолады. Артымызға қарасақ, қызылала қан, қазан төңкерісі бейне халқымызға ошақта асулы тұрған қазанды төңкергендей әсер етті... Енді осының бәріне өкси бермей, қатты бір сілкініп, алға қарауға, өркеніет көшіне ілесуге күш салар күн жетті. Гәй-гәймен ешкімді таң қалдыра алмайсың. Таң қалса, соның бойындағы қажырыңа, табанды мінезіңе, алғыр, болжампаз дарыныңа таң қалады. Мына заманда қуатты әрекет қана кісіні мұратына жеткізеді... Адамда арман өлмейді, үміт үзілмейді. Ұлтымның келешегі – өзімнің келешегім» (сонда) – дейді арманшыл жазушы.

О.Сүлейменовтің «Өзім туралы» («Жұлдыз», 1997, №8) мақаласында өзінің әдебиетке, оның ішінде поэзияға қалай келгендігі жайлы қызғылықты мағлұматтар бар.

4. ПРОЗА ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Токсаныншы жылдардың соңына қарай әдеби өмір жандана түсті. Бұрындары әдеби басылым беттерінде нарықтық замандағы руханияттың, әдебиеттің қоғамдағы орнын айқындау көбірек сөз болса, енді әдебиеттің өз жайын – көркемдік мәселелерін талқылауға бет бұра бастады. Бұл ретте, әсіресе, «Қазақ әдебиеті» газеті әдеби-сыншылдық ой-пікірді дамыта түсу үшін біршама жұмыстар атқарды.

А.Исмақованың «Ұлт прозасы» атты мақаласы «2000 жылға 1 жыл қалды» деген айдармен беріліпті. Жүз жылдық қазақ прозасына ғасыр биігінен көз салған Айгүл «Қазақ әдебиеті дүниежүзілік әдеби процестің ұлы көшімен келе жатыр» («Қазақ әдебиеті», 24.12.1999) –

дейді нық сеніммен. Жүсіпбектен Жұмабайға дейінгі қазақ прозасының қадау-қадау жетістіктерін сыншыл көзбен шолып өткен ғалым «Осы төңіректе әлі де болса көптеген шығармалардың туары анық және олар бүгінгі сананың өркендеуіне сай жаңа формамен, жаңа мазмұнмен, жаңа пішінмен дүниеге келеріне күмән жоқ» деген тұжырымға келген.

Ә.Меңдеке «Қазақ әдебиеті» газетінде соңғы айларда жарияланған Ә.Кекілбаевтың «Міне, керемет!», Қ.Түменбайдың «Момын», А.Алтайдың «АҚШ консулының тас лақаты», Ә.Салықбайдың «Түн түнегіндегі екеу» әңгімелерін оқи отырып, «қазір жазушы болу қиын» деген ой түйіпті. Шағын шолуда негізінен Әбіш әңгімесінің сәттілігі сөз болады да қалғандары жайлы қысқасынан қайырған.

Д.Рамазан бір мақаласын «Егер менен біреу: – Сіз Әбіш Кекілбаевты не үшін бағалайсыз? – деп сұраса, ойланбастан:

– Қаламының қуаттылығы үшін дер едім.

– Асқар Сүлейменовті ше?

– Аз жазса да саз жазған талғампаздығы үшін.

– Дүкенбай Досжановты ше?

– Жазудан жалықпайтын жанкештілігі үшін» («Қазақ әдебиеті», 09.09.1997) – деген жолдармен бастапты. Сыншы қысқа да нұсқа аз сөзбен бірнеше қаламгердің өзіндік болмысын, өзгешелігін дөп басқан. Думан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына лайықтыларды ұсыну туралы өз ойларын ортаға салыпты.

«Қазақ әдебиеті» газетінде Мемлекеттік сыйлық алғандарға арналған «Лауреат лебізі», «Лауреат туралы лебіз» айдарлары жұмыс істеді. Қазақтың аса бір дарынды жазушысы Асқар Сүлейменовтің Мемлекеттік сыйлық алуына орай, сыншы З.Серікқалиев әріптесі туралы лебіз білдіріпті. Автордың ұғымынша, бұл оқиға – «қоғамдық-рухани ойымыздағы жанарудың жемісі, барша руханият әлеміміздің жеңісі» («Қазақ әдебиеті», 07.01.1997). Шағын мақалада Асқардың шығармашылығын талдау жоқ; ол бізге несімен құнды деген сауалдарға қысқа ғана тұжырымдама бар.

Сыншы З.Серікқалиевтың алпысқа толуына орай «Жалын» журналы оның «Жаның шырқырар шындық» (1998, №1–2) мақаласын жариялапты. Мұнда Зейнолла А.Сүлейменовтің драмалық шығармаларына тереңірек үңіліп, толымды ойлар айта біліпті.

1997 жылы оқырман қауым М.Әуезовтің жүз жылдығын салтанатпен атап өтті. Осы бір айтулы датаға орай Д.Досжановтың «Алыптың азабы» атты кітабы жарық көрді. Ұлы жазушының басынан өткен ауыр күндерді суреттеген кітап басылып шығысымен-ақ екі ұдай пікір туғызды. «Қазақ әдебиеті» газеті «Таразы» айдарымен осындай екі түрлі пікірді қатар беріпті. Оның бірін жазған М.Әліш: «Дүкенбай Досжан өз кітабын «Алыптың азабы» деп атауын атаған. Ал енді роман алыптың, яки Мұхтар Әуезовтің азабын көрсете алған ба? Меніңше, көрсете алған» («Қазақ әдебиеті», 20.03.1998) – дейді.

Жазушы Ұзақбай Доспанбетидің пікірі бұған қарама-қайшы. Ол «Хош, Д.Досжан М.Әуезов жайында бұрын да жазған. Тағы да оралған шығар. Оның еш айыбы жоқ. Бірақ осы кітапты оқи отырып, әлдене кеудемізге қадақтай тигенін жасыра алмаймыз. Қолға қалам алдырған да сол» (сонда) – деп, оның В.Г. Белинский мен Н.Гогольдің ара қатынастары, әсіресе, ұлы сыншы жайлы жазғандарына келіспейтіндігін ашық айтады.

Осы пікірді Әмірхан Меңдеке де тереңдете түсіпті. Ол «Гогольдің өлімі мен оның «Өлі жандарды» өртеп жіберуіне Белинскийді кінәлі деп табу және бұны осылайша түсіндіру – өте ұят нәрсе» («Қазақ әдебиеті», 24.09.1999) – деп біледі. Әмірхан Д.Досжанның М.Әуезовті Қожахмет Иасауидің рухымен тілдестіруін де сөкет көреді. Ә.Меңдекенің «Гоголь, Әуезов, Иасауи және Д.Досжан» атты мақаласы «Біздің жоғарыда сөз еткеніміз – «Алыптың азабы» романының кемшіліктері. Ал енді осы романда жетістік бар ма? Жоқ. Өйткені, автор жетістікке апаратын жолды өз қолымен бітеп тастаған. Үңілетін жерге (яки М.Әуезовтің дүниетанымына, дүниежүйелеуіне, жан-жүйесіне, жаратылысына, ішкі әлеміне, азабына) үңіле алмаған. Тек ұлы суреткердің сыртқы ғамалын ғана «қызықтаған» – деген жолдармен тұжырымдалған.

Әр шығармасы шыққан сайын түрліше пікірлер бой көрсетіп жататын жазушы Д.Досжановқа «Жауларыңыз неге көп? Әр кітабыңызға шығып жататын пікірталастарға қалай қарайсыз?» – деген сауал қойылғанда, ол: «Жау» деп кеудеге нұқып айту қате болар, олар шекараның арғы бетінен өніп шыққан, өліспей беріспейтін адамдар емес. Көп болғанда, бір

кезде кеткен қарымтасын қайтаруды ойлаған әдеби оппоненттер, ұпай жинап, жұрт көзіне түсуге құлшынған сыншылар, бақталас, бәсекелестер... Сыншыларым өзімді қамшылауды үрдіс етсе, өз басым ізденуді үдеттім. Нәтижеде үнемі айнаға қарағандай, қалтылдаған қыл көпірден өткендей, әдеби құрал-жабдығың жетіліп, тақырып аяң кени түспек» («Қазақ әдебиеті», 15.10.1999) – деп, жауап берді.

Бұл сөздерді Дүкенбай «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында айтқан. «Қаламгер және нарық» айдарымен берілген сұхбатқа «Жазбаса отыра алмайтын адам» деген тақырып қойылуының өзі жазушы Досжановтың шығармашылық болмысын барынша аша түскен. Нарық заманындағы әдебиет жайлы толғанған жазушы ойлы пікірлер айта алған: «Рынок жағдайында жұртты жігерге, күрескерлікке үндейтін діні таза әдебиет өмірлі. Мұндай әдебиетті жазбаса отыра алмайтын, жазғанына соншалық қадалып ақы-пұл сұрамайтын рухы мықтылар ғана жасайды. Бұл – бір. Екінші, оқырманның ой-қиялына, наным-сеніміне қызмет қылатын қалтқысыз әдебиет қажет, яғни автор ізшіл оқырманын өзі іздеп тауып, шүйір-келесетін, шендесетін заман туды... Ұлттың көзі ашылмай көмулі жатқан кәусар күштерін ояту, алғы күндерге үміт жалғау, рухты іздеу – қаламгер мойнына түскен асыл мұрат осы» («Қазақ әдебиеті», 15.10.1999).

Б.Майтановтың «Заман және роман» («Қазақ әдебиеті», 26.03.1993), З.Бисенғалиевтің «Роман тарихы» («Жалын», 1998, №5–6), «Тарихи тақырыпты игерудегі кейбір мәселелер» (дөңгелек стол, 1998, №11–12), Г.Бельгердің «Дүкенбай Досжанның шеберлік ізденістері» («Жалын», 1998, №7–8), А.Исмақованың «Төрт әңгіме хақында» («Қазақ әдебиеті», 05.11.1999), Ә.Мендекенің «Адасқақ» («Қазақ әдебиеті», 26.11.1999), Қ.Тұлкиевтің «Тәкен прозасындағы өнер адамдарының тұлғасы» («Жалын», 1999, №3–4), Д.Исабековтің «Қазақ прозасы «Соңғы парызбен» жаңа кезеңге аяқ басты» («Қазақ әдебиеті», 28.04.2000), т.б. мақалаларда қазақ прозасының түрлі мұқтаждықтары сөз болды.

«Қазақ әдебиеті» газеті әдеби сынды өрістете түсуге бағышталған бірсыпыра шығармашылық шараларды жүзеге асырды. Сыни материалдарды бергенде, оның жанрлық және формалық жағынан әралуан болып келу жағын ойластыра бастады. Қазақ әдебиетінің зәру мәселелеріне арналған пікір алысулар, сауалнамалар, айтыс мақалалар газет бетінде жүйелі түрде жарияланып тұрды. Жанрлық ізденістер байқалды.

«Бұл – ХХ ғасырдың көркем тарихын қорлаған, қорлауға арналған роман» «Пародия орнына» айдарымен берілген. Онда алдымен С.Досановтың «Жиырмасыншы ғасыр» (1998) атты романына жазылған аннотация келтірілген: «Кезінде оқырмандардан жоғары баға алған «Тау жолы», «Екінші өмір» романдары, «Ардана», «Қыран қалғымайды», «Алыстағы аяулым» хикаялары және басқа да көптеген көркем шығармалар арқылы кеңінен таныс көркемсөз шебері Сәбит Досанов өзінің жаңа романында ХХ ғасырдың басты оқиғалары: қазан төңкерісі, колхоздастыру, қуғын-сүргін (репрессия), геноцид, аштық... сияқты өмірдің ащы шындықтарын баяндайды. Роман оқиғалары мен кейіпкерлер тағдырына жымдаса, шебер өрілген аңыз-әңгімелер мен құнарлы кестелі тіл, кейіпкерлердің кесек іс-әрекеттерімен кескінделген ірі тұлғалар, жазушының халық тарихын жете білетіндігі, сөз өнеріне деген жоғары жауапкершілігі шығарманың көркемдік деңгейін көтеріп, тартымдылығын арттыра түскен. Бұл – ХХ ғасырдың көркем тарихын жасауға жасалған алғашқы қадам». Енді осыған автор «Біз де романды бастан-аяқ асықпай, ықтияттап оқып шықтық. Егер әділет бар болатын болса, онда С.Досановтың аталмыш романына аннотация төмендегіше жазылуға тиіс еді» – деп, өз мәтінін ұсынады. Ол мынадай:

«Кезінде оқырмандардан өте төмен баға алған «Тау жолы», «Екінші өмір» романдары, «Аруана», «Қыран қалғымайды», «Алыстағы аяулым» хикаялары және басқа да көптеген көркемдік талапқа жауап бере алмайтын шығармалары арқылы кеңінен таныс компимессөздің шебері Сәбит Досанов өзінің жаңа романында ХХ ғасырдың басты оқиғалары: қазан төңкерісі, колхоздастыру, қуғын-сүргін (репрессия), геноцид, аштық... сияқты өмірдің ащы шындықтарын ашып бере алмайды. Роман оқиғалары мен кейіпкерлер тағдырына мүлде жымдаспайтын, жанаспайтын аңыз әңгімелер мен құнарсыз, жылтырақ тіл, кейіпкерлердің жасанды іс-әрекеттері мен «кескінделген» өтірік бейнелер, жазушының халық тарихын жете білмейтіндігі, сөз өнеріне деген жауапсыздығы, сөз өнеріне деген даярлығы мен дайындығының жоқтығы шығарманың көркемдік деңгейін құлдыратып, тартымсыздығын онан бетер арттыра түскен. Бұл – ХХ ғасырдың көркем тарихын қорлаған, қорлауға арналған алғашқы қадам» («Қазақ әдебиеті», 08.10.1999).

Пародия әдетте өлең түрінде болады. Бұл жерде қара сөзбен жазылған аннотацияның формасын сақтап, болымсыз етістерді болымсыз бірлі-жарым антоним сөздерді қолдану арқылы «Қаламгер» роман жайлы пікірін оқырман назар аударарлықтай, өзгеше айта алған.

Қ.Ергөбектің «Құрдастарыма хаты» да («Қазақ әдебиеті», 07.01.1994) – формалық жағынан сәтті ізденістің жемісі. Қазақ әдеби сынында бұрыннан бар бұл дәстүрді Құлбек шығармашылықпен жалғастыра алған. Ол сыншы ретінде «өз буынының» жетістігі мен кемшілігі туралы ойларын ортаға салсам, бұл ретте «сын жанрына алда да адал болсам деген ойдамын» – деп, алғашқы хатын Шаштайұлына арнайды. Өз қатарласы жазушы Жұмабайға «Суреткерлік санаттан көргім келеді» дей отырып, оның шығармасы, әсіресе кеңестік кезеңде көп сынға ұшыраған «Қызыл қар» повесі туралы, оның жетістіктерін де кемшіліктерін де бүкпесіз жайып салады.

Осындай бір хат-мақала (Қасіреттен қасиет тауып. «Қазақ әдебиеті», 14.01.1994) жазушы Болат Қанатбаевқа да арналды.

Онжылдықтың соңына қарай сыншыл ойлар өрістей түсіп, баспасөз бетінде айтыс мақалалар жиі көріне бастады. Бұл ретте Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-түқияннан өзіме шейін» (1993) кітабының шығуы әрқилы пікірлер туғызғанын айта кеткен жөн. Кітаптың қадір-қасиетін сипаттап жазған Б.Нұржекеевтің (Бұл кітап былықтырмайды). Қазақ әдебиеті», 29.01.1993; Шежіре. «Қазақ әдебиеті», 25.02.2000, т.б.), Б.Қыдырбекқызының (Қазыбек бек Қабанбайдың қасында болдым дейді, Қабдеш бәрін білем дейді. «Қазақ әдебиеті», 03.03.2000) т.б. мақалаларына қарсы Қ.Жұмәділовтің «Бір шежіренің құпиясы, немесе «алдамшы» билер, қуыршақ хандар хақында» («Қазақ әдебиеті», 24.12.1993), «Тарихты талапайға салмайық» («Қазақ әдебиеті», 25.02.2000), Қ.Жуасовтың «Тарихқа жасалған қиянат» («Жұлдыз», 2000, №11), т.б. айтыс мақалалары тарихи шындыққа көз жеткізудің жолы шырғалаң екендігін байқатты. Қ.Жұмәділов «Мен білетін ақиқатта» («Қазақ әдебиеті», 24.11.2000) «Дарабоз» диалогиясында суреттелген Қабанбай батыр туралы айтылған кейбір пікірлерге тойтарыс берген.

Осындай бір пікірталас М.О.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбайдың бейнесі жайында өрбиді. Т.Жұртбай «М.Әуезовті Құнанбайдың алдында ақтаудың қажеттігі неде?» («Қазақ әдебиеті», 07.04.2000) атты мақала жазып, өмірдегі Құнанбайдың атақты роман-эпопеяда бейнеленуінің кейбір қырларына тоқталды. Онда мынадай пікірлер бар: «М.Әуезовтің Құнанбайды саналы түрде жауыз, қатыгез, парақор, шынжыр балақ, шұбар төс» етіп көрсетіп, кесіп-пішіп үкім айтуға хақысы жоқ. Өйткені, Құнанбай – ұлттық руханияттан орын алған тарихи тұлға. Яғни, Құнанбайдың өмір жолы бұрмаланса, қазақ тарихы, ұлттық таным да бұрмаланады. Ал солай жасауға мәжбүр етсе, әңгіме – басқа. Бұл орайда Мұхтардың азамат ретінде өзін ақтауы – заңды. Ал жазушы ретінде ше?» «Баласы – дана, әкесі – пәле, демек, Абай – пәледен туған дана болып шығады. Көркем әдебиет миллиондаған данамен ондаған тілде араға жылдар салып барып қайталанып, таралып отырады. Оның қайсысына барып, тарихи дәлелді түсіндіріп отырасың. Тіпті, қазақ әлеуметінің өзі де Құнанбайды қатыгез, қара жүрек, қара ниет адам деп қабылдайды».

Б.Майтанов «Әуезов пен Құнанбайға ара ағайын қажет пе? («Қазақ әдебиеті», 21.04.2000) тақырыбында қарсы мақала жазып, Тұрсынның мұндай пікірлеріне келіспейтіндігін білдірді. М.Әуезовті, оның «Абай жолы» шығармасын түрлі пікірлерден қорғай отырып, ойын «жоғарыдағы даулы мәселелерді дұрыс түсіну үшін «Абай жолы» романын асықпай оқу шарт. М.Әуезов Құнанбайдың қадірін білмеді дегенге зиялы қауым сенбейді. Құнанбай образы өз дәрежесінде суреттелмеді дегенге ешкім қосылмайды. Жазушы өмірдегі Құнанбайды зор етіп сомдамаса, қор етіп пайымдаған жоқ. Тегінде, Мұхтар Әуезов пен Құнанбайға ара ағайын қажет емес» – деп, тұжырымдайды. Бақытжан әріптесінің бұл пайымдауларымен келіспеген Т.Жұртбай кейіннен «Тағы да М.Әуезов пен Құнанбай хақында» («Қазақ әдебиеті», 05.05.2000; 07.07.2000) жазып, өз пікірінде қалып қойды.

Осы кездерде қазақ прозасының түрлі мәселелеріне арналған А.Рамазанованың «Экологиялық повестердегі ұлттық ерекшеліктер» («Қазақ әдебиеті», 28.08.1992), С.Тахановтың «Қаһарманның жан сұлулығы» («Жұлдыз», 1992, №2), А.Еспенбетовтің «Соны жанр өрісі» («Жұлдыз», 1992, №9), Б.Майтановтың «Ақбілек» – психологиялық роман» («Жұлдыз», 1992, №10), «Ұлы эпопеядағы жан сыры» («Жұлдыз», 1993, №11), А.Ісмақованың «Тиым салынған тақырыптар толғандырады» («Жалын», 1992, №2), Т.Рақымжановтың «Психологизм – адам жанының ай-

насы» («Жалын», 1993, №11-12), Г.Пірәлиеваның «Сана ағымы және аңыз» («Жұлдыз», 1994, №1), Х.Әдібаевтың «Тарих және идея сабақтары» («Қазақ әдебиеті», 10.09.1996), «Ғасырдың көркем ойы» («Қазақ әдебиеті», 15.10.1999), Б.Ыбырайымның «Ұлттық әдебиет және әлемдік рухани даму» («Жалын», 1996, №9-10), «Әдеби тарихымыздың ащы сабақтары» («Қазақ әдебиеті», 24.04.1998), Қ.Қалиасқарұлының «Моңғолиядағы қазақ әдебиеті» («Жұлдыз», 1996, №2), Н.Ақыштың «Халың қалай, қазақ детективі?» («Қазақ әдебиеті», 16.12.1997), Х.Арғынбаевтың «Абай жолы» романы – қазақ өмірінің энциклопедиясы» («Жұлдыз», 1997, №10), С.Асылбекұлының «Жазушы әлеуметтік әділетсіздіктерде шыңдалады» («Қазақ әдебиеті», 07.01.1998), Қ.Әбдешұлының «Өнер сыры – өнерпаз тағдыры» («Қазақ әдебиеті», 26.03.1999), Т.Әбдіқовтың «Оң қол» менің өзге шығармаларыма обал жасап жүрген секілді» («Қазақ әдебиеті», 22.09.2000), А.Алтайдың «Ұлт әдебиеті және ұлттық таным» («Жұлдыз», 2000, №4), т.б. мақалалары жарық көрді. Авторларының көпшілігі ғалым әдебиетшілер болғандығы байқалады. Сол себептен де болса керек, мақалалардың көпшілігінің проблема-лық, ғылыми сипаты басымдау.

«Жалын» журналының 1995 жылғы 3–4 нөмірі бауырлас түрік әдебиетіне арналды. Түрік Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Мұстафа Ашуланың алғы сөзімен, Сайым Хакимоғлының «Біздің әдебиетіміздің тамыры – ортақ, тегі – бір», Ф.Әлидің «Мұстафа Кемал Ататүрік» мақалаларымен бірге Хүсейін Ниһал Атсыздың «Көк бөрілердің өлімі» романынан үзінді, Рахми Өзеннің «Соңғы құрбандық», Наджати Гунгордың «Кинотеатрдың құсы болған сүйіктім», Махмұт Алыштекиннің «Туннель тығырығы» әңгімелері, Халифа Алтайдың «Атажұрттан Анадольға дейін» деректі хикаяты, Зия Гөкалыптың «Түркілер», Ыбырайым Аладин Совсаның «Түрік туы», Салахатдин Ертүріктің «Түркия», Зия Қарағашлының «Мен – жауынгермін», Мехмет Акифгүннеридің «Гүлмира» өлеңдері қазақ оқырмандарына ұсынылған. Журнал жариялаған түрік әдебиеті үлгілерімен танысып отырғанда, «Бүгінгі түрік әдебиеті бауырлас түркі жұмхуриеттерінің әдебиетімен қосылып, көркейіп, нығайып, неше ғасыр бұрын жазылмай қалған қапастан болашақ жарыққа жетелейді. Бір-бірімізді жақын таныған сайын адамгершілігіміз артып, жан-дүниеміздің толысып, жүректер махаббатпен ізгіленетінін байқайтынымыз хақ» («Жалын», 1995, №3–4, 19-бет) екендігіне көзіміз жетеді.

Журналда «Ататүрік өсиеттері» тақырыбымен Мұстафа Кемалдың ғибратты сөздері беріліпті. Ол мынадай жолдармен басталған: «Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз – бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, ісімізбен, бүкіл кимыл-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын біліп қойғанымыз жөн» («Жалын», 1995, №3–4). Мұндағы «ұлттық бейне» делініп отырғанның ұлттық руханиятқа, оның ішінде көркем әдебиетке де тікелей қатысы бар. Демек, ұлт болуы үшін оның сол ұлттың тілінде жасалынған дамыған әдебиеті де болу керек.

Ататүріктің мына бір сөздері әрбір зиялы азаматтың есінде жүрер қағида секілді: «Түркия Республикасын құрған – түрік халқы, түрік ұлты. Түрік ұлты деген сөз – түрік тілі деген сөз. Түрік тілі – түрік ұлтының қасиетті қазынасы. Өйткені, түрік ұлты өткендегі шексіз бақытсыздықтардың ішінде өзінің адамгершілігінің, дәстүрінің, естеліктерінің, мүдделерінің, қысқасы бүгін өзін ұлт ретінде қалыптастырған барлық қасиетті тілінің арқасында сақталғанын көріп отыр. Түрік тілі – түрік халқының жүрегі, ақыл-ойы».

«Ұлттық сезім мен тіл арасындағы байланыс өте күшті. Тілдің ұлттық деңгейде және бай болуы – ұлттық сезімнің дамуына әсер ететін құбылыс... Елін, мәртебелі тәуелсіздігін қорғай білген түрік ұлты тілін де шет тілдердің мойынтұрығынан құтқаруға тиіс» (сонда).

5. ҚАЛАМҒЕР МЕРЕЙІ

Токсаныншы жылдардың әдеби сынында қаламгерлердің шығармашылық қарымын саралауға арналған портреттік мақалалар біршама көрінді. Мұндай мақалалар жазушылардың түрлі мерейтойлары қарсаңында жиірек жазылды. Мерейтойлар әдетте сын назарына көп іліне бермейтін ақын-жазушылардың шығармашылықтарына тағы да бір назар аударып, оқырман талғамына ұсынуға себепкер болғандай. Б.Әбдіразақовтың «Сағындырған сол

бейне» (Қ.Мүсірепов-60, «Қазақ әдебиеті», 01.05.1992), Т.Молдағалиевтің «Ақын көктемі жаңа шығып келеді» (Ә.Абайдлдаев-60, «Қазақ әдебиеті», 03.04.1992), Р.Нұрғалиевтің «Өлең жолы кесілмейді» (Т.Исмаилов-60, «Қазақ әдебиеті», 28.05.1992), С.Оразалиновтің «Сарабдал жазушы» (Ғ.Мұстафин-90, «Қазақ әдебиеті», 16.10.1992), З.Ахметовтің «Суреткердің биік нысанасы» (М.Әуезов-95, «Қазақ әдебиеті», 23.10.1995), Б.Кәрібаеваның «Құндылық өлшемі» (Т.Әлімқұлов, «Жұлдыз», 1992, №5), Ш.Елеуқеновтің «Ғабеннің асқақ бейнесі» («Жалын», 1992, №2), Н.Айтұлының «Өлең етіп өмірін» (Т.Молдағалиев, «Қазақ әдебиеті», 26.05.1993), Ә.Нарымбетовтің «Жырдың гүлін терген ақын» (Қ.Бекхожин-80, «Қазақ әдебиеті», 10.12.1993), Б.Майтановтың «Өлеңнің сырлы өрнегі» (Т.Әбдірахманова, «Жұлдыз», 1993, №7), Қ.Ергөбековтің «Шырынын алып шындықтың» (Б.Соқпақбаев, «Қазақ әдебиеті», 22.07.1994), С.Тұрғынбековтің «Мұнаралар еліндегі маңғаз» (Т.Медетбек-50, «Қазақ әдебиеті», 18.07.1995), З.Серікқалиевтің «Темірқазық» (Ж.Нәжімеденов-60, «Қазақ әдебиеті», 03.10.1995), Х.Ерғалиевтің «Тозбайтын толғау» (Ә.Сәрсенбаев-90, «Қазақ әдебиеті», 26.09.1995), С.Дәуітовтің «Қырғи тілді Асқар» (А.Токмағамбетов-90, «Қазақ әдебиеті», 19.12.1995), Т.Жұртбайдың «Тағдырлы тұлға» (Қ.Жұмаділов-60, «Қазақ әдебиеті», 23.04.1996), А.Тойшанұлының «Жүмекен ақынның жұмбақ әлемі» («Жұлдыз», 1996, №6), И.Сапарбайдың «Ет-жүрегі елжіреген жан еді» (Т.Иманбеков, «Қазақ әдебиеті», 25.02.1997), Қ. Мәдібайдың «Сиқырлы әлемнің сырын ұқтырған» (С.Қирабаев, «Заман-Қазақстан», 21. 03. 1997), С.Мұратбековтің «Өресі биік талант» (Н.Оразалин-50, «Қазақ әдебиеті», 24.06.1997), К.Сегізбаевтың «Бала жанының бапкері» (Т.Дәуренбеков-70, «Қазақ әдебиеті», 05.08.1997), Т.Молдағалиевтің «Сабырхан туралы сағыныш сөз» (С.Асанов-60, «Қазақ әдебиеті», 18.11.1997), С.Оспановтың «Шындалып өскен шымыр ақын» (Қ.Жұмағалиев-60, «Қазақ әдебиеті», 25.11.1997), Е.Раушановтың «Көке» (Т.Бердияров, «Қазақ әдебиеті», 18.02.2000), Н.Оразалиннің «Арғымақ ойдың желкені» (Р.Нұрғали-60, «Қазақ әдебиеті», 02.06.2000), «Жыр мен жаратылыс» (Жұбан Молдағалиев, «Қазақ әдебиеті», 15.12.2000), Қ.Алпысбаевтың «Өлеңнің өтеуі» (М.Мақатаев, «Қазақ әдебиеті», 29.12.2000), т.б. мақалаларда танымал ақын-жазушылардың суреткерлік қырлары қазақ әдебиетіндегі алатын орны кеңінен сараланып жатты.

Қазақтың белгілі ақын-жазушыларын оқырманға таныстыра түсу, насихаттау, олардың шығармашылықтарының өзіндік ерекшеліктерін, әдебиетіміздегі орнын айқындай түсу мақсатымен «Қазақ әдебиеті» газеті арнайы «Қаламгер келбеті» айдарын ашып, онда танымал жазушылардың суреткерлік портреттерін жүйелі түрде беріп тұрды. Осы айдармен берілген алғашқы мақала Мұхтар Мағауинге арналған. «Сұлулық пен сыршылдыққа құштарлық» жазушы туралы әңгімені бірден бастамай, алдымен, әдебиеттің халық өміріндегі аса маңызды рөлі туралы мәселе қозғайды. «Жазушы ұлттың үні, рухы, тілі екеніне шәк келтіру – нәмәрттік, сондай-ақ сөз өнерінің хас шебері ұлттық сана мен сезімнің, парасат пен ойдың, дүниетанымның материалданған көрінісі де: сезімтал халықтан сезімтал жазушы, сұлулыққа құштар ұлттан эстетикалық талғамы биік, жаны сұлу шайыр тумай тұрмақ емес, тоқсан ауыз сөзді бір леппен түйіндеп тастар қазақы мінезімізге жүгінсек: «қанына тартпағанның қары сынсын!.. Қолдағы алтынды қадірлемейтін қазақы мінезіміз, қыңыр әдетіміз болмаса, қазақ қаламгерлері арасында қай әдебиеттің де аспанында Темірқазық жұлдыздай жарқырауға қабілеті жетер, бақ-талайымды биіктеттім дер таланттылар аз болмаған, арғы-бергі алыптарымызды санамағанның өзінде ондай сөзі асыл, көкірегі жұмбыл жазушылар әдебиетімізде де бар: алайда таза ұлттық мінезді жазушы кім деген сауалға жауаптан жауап іздер болсақ, онда әуелгілердің бірі болып, тіл ұшына белгілі жазушы Мұхтар Мағауин есімі оралары хақ» («Қазақ әдебиеті», 12.03.1993) – деп, ой толғап, барып, негізгі әңгімеге кіріседі Жаңабек Шағатай. Көркем тілмен көсіле жазылған мақалада М.Мағауиннің ғалымдық, жазушылық жолын шола келіп, негізінен оның басты шығармасы «Аласапыран» тарихи романдарының өзіндік сипаттарын аша түсуге көбірек көңіл бөлген.

М.Мағауиннің алпыс жылдығына орай жазылған Қ.Жұмаділовтің мерейтойлық мақаласы «Мұхтар Мағауин туралы сөз» аталады. Қабдеш әңгімені қазақ елінің тәуелсіздік алуынан бастаған. Оның ойынша, «Астыртын ұйымы, не партиясы жоқ, етекбасты елде халықты осы өзгеріске біртіндеп уайымдаған, империяның іргесін шайқалтып, бостандық туралы пікір қалыптастырған қандай күш деп ойлайсыз? Біздіңше, ол міндетті абыроймен атқарған – қашанда ұлттық сананың басты тірегі саналатын көркем әдебиет, алдыңғы қатарлы қаламгер қауым» («Қазақ әдебиеті», 28.01.2000).

Қабдеш Мағауин шығармашылығын талдап жатпайды, ол бізге несімен құнды деген сауал төңірегінде әңгіме өрбітеді. Оның ұлттық тарихымызды, рухани құндылықтарымызды игеру жолындағы ғылыми, шығармашылық ізденістерін жоғары бағалайды. «Аласапыранды» қазақ прозасындағы «ұлы роман» санайды. Қаламгердің суреткерлік қолтаңбасы жайлы: «Тіл, стиль жөніне келсек, Мағауин қолтаңбасы барынша айқын, оны жәй текстің өзінен-ақ ешкімге шатыстырмай танып алуға болады. Онда қосақ арасында бос жүретін, басы артық, бұралқы сөз кездеспейді. Көбенсіген көбігі жоқ, бірыңғай бұлшық еттен тұратын таза проза. Мұхтар шығармаларының басқа тілге аударылғанда, азайып-ашылмай, қалпын сақтап қалатыны да сондықтан. Жазушы «Аласапыранда» пайдаланған көне сөздерді, немесе жаңадан жасалған тіл қорын түгел терсек, тұтас бір сөздік жасауға болар еді» – депті.

Ә.Кекілбаев «Шындық шыңырауынан сыр тартқан» дегенде, Т.Ахтановты айтқан. Автор бірден жазушы шығармашылығына көшпей, алдымен, тәуелсіздік туралы толғанып, содан кейін М.Әуезовтің Тахауиден үлкен үміт күткенін еске салып барып, негізгі мәселеге кіріседі. Әбіш Т.Ахтановтың туындыларын шетінен тізіп, талдап жатпайды; оларда қазақ өміріне қатысты аса маңызды әлеуметтік, гуманистік мәселелердің көтерілгеніне назар аударады. Мақала жазушы шығармашылығы, қоғам өмірі, адамзат туралы толғаныстардан тұрады. Мысалы, «Тойымсыз нәпсі – тек жеке адамның ғана емес, күллі адамзаттың тағдырын зобалаңға ұшыратар бірден-бір топалаң. Түптеп келгенде, барша халықтар, барша адамзат бастан кешіп келген тақсіреттер мен тауқыметтердің түп бастауында сол жатыр. Тойымсыз құлқынды толтырудың талай тәсілін тауып, табиғи хайуандықтан, тағылықтан арылған адам нәсілі тойымсыз нәпсіден арылудың жолын әлі таба алмай отыр. Сондықтан да зорлық-зомбылықты, қылмыс пен қиянатты қойша қоздатқан «әлеуметтік хайуан» қалпынан әлі күнге тапжылар емес. Ал мұндай «әлеуметтік хайуандық» бір кездегі көп болса бір тоғайдың ішін дүрліктірер «табиғи хайуандықтан» – тағылықтан әлдеқайда қауіпті. Тойымсыз нәсіп, құрдым құлқыннан гөрі көбірек қиратып, көбірек бүлдіреді. Қаласа, күллі әлемді астаң-кестен етіп, күллі адамзатты қарын суға алдыра алады. Әлеуметтік нысапсыздық бар жерде ағаттық, әділет, ізгілік сынды асқар биік мұраттар түгілі жұрт қатарлы жұмыр жерді басып, жарық күнді көріп жүретін қарапайым тіршіліктің басынан қатер кетпейді. Бұл шындықты жеріне жеткізе аша алған шығарма – «Шырағың сөнбесін» («Қазақ әдебиеті», 21.01.1994) – деп толғанады Әбіш. Осындай жолмен Т.Ахтановтың басқа шығармаларының әлеуметтік сырларына үніледі; бүгінгі оқырманға не береді деген сауалға жауап береді.

Ә.Кекілбаевтың суреткер Т.Ахтанов туралы толғаныстарының түйіні төмендегі жолдарда жатыр: «...ар мен жанның тізгінін ұстайтын әдебиетіміз тарих талқысында тұрған тәуелсіз қоғамымызды тезірек есейтетін естиярлық жаршысы болуға тиісті. Назырқаңқы намысты жігерге толтырып, сапырмайтын сананы сабырға шақырып, әрі-сәрі дәурен кешіп жатқан абыр-сабыр дүрмекті әулекілікке ұрынтпай, ұрпақтар үмітінің үдесінен шыға алағындай арлы қауымға айналдыра білу – біздің алдымызда тұрған бірегей міндет» (сонда). Бұл жерде автор Т.Ахтановтың шығармашылығы туралы айта отырып, әдебиеттің қоғам өміріндегі, адамзат баласының рухани дінгегі ретіндегі аса маңызды орнын айшықтай түскендігі көрініп тұр.

Н.Оразалиннің Жұбан ақын жайлы жазған мақаласы «Жыр мен жаратылыс» аталған. «Өмір мен өлең, жаратылыс пен жыр – қашанда егіз. Бірінсіз бірі – өгей, бірінсіз бірі – жетім» деген жолдармен басталып, ары қарай оның ақындығы мен азаматтығы хақында сыр шертеді. Автор Жұбанның шығармашылығын баяндап, талдап жатпайды. Ақынның басты екі ерекшелігін айта отырып, оның ақындық, азаматтық портретін жасайды:

«Ақын! Азамат!.. Қос ұғым жымдаса келіп, жұмыла көтеріліп, бір бүгін тұлғаның қайталанбас болмысын – Жұбан Молдағалиевті тарихтың ұлы құшағына – рухы таза мәңгілік кеңістігіне тапсырып тұрғандай әсерге бөлейді.

Алғашқы Жұбанның өмір бойы қаламы қолынан түспей, ақтық сәті, ақырғы демі біткенше, көркем жырға өзін-өзі арнағаны, күбірлеп жыр жазып, жалындап, жанып, жарқырап ғұмыр кешкені белгілі. Ал екінші Жұбан? Қолына мылтық ұстап майдан өтінде жүргенде алғаш көзге шалынса, «Мен қазақтың – мың өліп, мың тірілген, жөрегімде таныстым мұң тілімен...» – деп басталатын тарихи ұлы дастанын айдай әлемге жария ету арқылы қайта танылғаны – қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ шығармашылық ерлік жасағаны ел есінде...» («Қазақ әдебиеті», 15.12.2000). Нұрлан ақын Ж.Молдағалиевтің Желтоқсан оқиғасы кезінде жасаған ерлігін аса жоғары бағалайды.

Автордың ақын Жұбан Молдағалиев туралы пікірінің түйіні мына жолдарда жатыр: «Ақын Жұбан мен Азамат Жұбанның, Қаламгер Жұбан мен Қайраткер Жұбанның арасында шек-шекара жоқ. Тұлға тұтастығын танытар бұл ұғымдардың қалай біте қайнасып кеткенін ақынның ой-санасын кернеп, жан-жүрегін тербеп шыққан өміршең жыр жолдары дәлелдей түседі. Ақын ұлылықты ұлтқа қызмет ету, ұрпаққа үлгі болардай ғұмыр кешу деп санайды. Ол өз халқын сүйе отырып, өзге ұлттарды құрметтеуге, кең Даласын кие тұта отырып, кең Ғаламды кеудесіне перзентіндей басып қысуға шақырады. Ірілі-ұсақты құбылыс атаулының қай-қайсысын да санамен екшеп, жұмыр жерді жұдырықтай жүрегі арқылы өткізеді» (сонда).

Д.Досжанның «Есенберлиннің шындығы» «шығармашылық туралы әңгіме» деп анықталған және де «Бүгінгі проза» айдарында көркем туынды ретінде ұсынылған. Бірақ, бұл – біздіңше, көркем әңгімеден гөрі көркемдік әдісімен жазылған жазушы өмірінің кейбір сәтері, қырлары туралы эссе. Өйткені, мұнда оқиға, көркем образ жоқ, есесіне Илияс Есенберлин шығармашылығы, ол өмір сүрген кезең хақында толғанысты баяндау, психологизмге толы сыр ашу бар. Автор көркем шығармадағы монологты жазушының ішкі жан сырын ашуға шебер пайдаланған. «Шығармашылық туралы әңгіме»

«Ойлап келе жатса: дүниеде дарынды адамдармен достасу оңай, кетісу қиын. Қиындығы ондай кісілер барша кемшілігінді кешіре біледі, ойынды қалыбыңнан, мінезінді емеуріннен түсінеді; ал оңайлылығы – ол баладай аңқау, дүниелік, пендешілік ойдан ада-күде таза жүреді, тіршілігін есепке құрып үйренбеген... Керісінше, мына қақ-соғы мол тіршілікте пысық адамдармен жолдас болу, былайғы өмір сапарында қосыла жолаушылау аса қиын, алмағайып. Адасып, адастырып кетуі мүмкін» («Қазақ әдебиеті», 27.10.2000) – деген кімді де болса ойға қалдырар ойлы жолдармен басталған. Содан кейінгі әңгіме жазушының өткен өмірді еске түсіруі арқылы баяндалады.

І.Есенберлиннің шығармашылық толғаныс үстіндегі күйі төмендегіше суреттелген: «Басы толы Мамай баатыр мен Дмитририй Донскойдың алапат майданы, жекпе-жек қырқысы, құлағына алыс қиырдан, ғасырлар қойнауынан сұрапыл ұрыс сарыны жетеді; ұрыс дабылын естіген сайын делебесі қозып, өз-өзінен арқаланып, зорайып, аруақтанып кетеді. «Қазір, қазір» – деп, шайына да қарамай, жазу бөлмесіне жүгіреді. Үстеліне шегеленіп, қарындашын сусылдата жүгіртіп, түн жарымы ауғанша жазады, ұйқы қысқанша шамалы отырайыншы деп, түнгі үшке дейін қағазға қадалып отыра беріпті.

Оттан түспеген қазан секілді миы қабынып, көзі талып, әбден шаршағанда барып басын көтерді. Жатын бөлмеге жете алмай, белін қос қолымен сығымдап ұстаған күйінше іргедегі көне диванға келіп, гүрс құлады. «Уһ, жан-ай!...» – деп, терең-терең тыныстады, құлағы тарс бітіп қалғандай, дүние маңай меңіреу күйге еніп, тынышталды» (сонда). Бұл – жазушының «Алтын Орда» романын жазу үстіндегі жайы. «Жібек жолын» жазған Дүкенбай І.Есенберлиннің атақты тарихи романдарының өмірге келу үстіндегі көңіл-күйін көркем тілмен дәл де әсерлі, шебер жеткізе білген. Бұл жерде суреткер сыншыға тән әдеби сынның мүмкіндіктері көркемдік құралдары арқылы барынша жарқырап көрінеді.

Осы орайда жазылған шығармашылық портреттердің денінің авторы – ақын-жазушылардың өздері. Өздері жақсы білетін, түсінетін әріптестері жайлы ой қозғағанда, олардың қаламдары бауырын жазып, көсіледі. Сезімге ерік беріп, ордалы ойлар ойға оралып, қаламгер хақындағы жүрекжарды пікірлерді көріктендіре түседі. Осылайша тілге, сезімге, ойға кенен жазылған мақалаларды оқығанда, бейне бір көркем әңгіме оқып отырғандай әсер аласыз. Қаламгер қаламынан туындаған суреткер сынының көркемдік сипаты айқын. Мұндай мақалаларда ғылыми талдау жоқ, есесіне бүлкілдеген жүректің ыстық сезімі, өмір туралы толғақты толғамы бар. Суреткер сыншы қаламдасы хақында айта отырып, әдебиет, қоғам, руханият жайлы да кесек-кесек ойларды тастап-тастап жібереді. Мысал керек пе? «Жазушыға тіл керек деп жатамыз. Ақынға тілмен қоса діл керек. Дүние дүбірін құлағыңмен қоса құлқыңмен, жүрегіңмен қоса жан-діліңмен сезінген сайын жаратқанға мақұл, жаратылысқа жақын тартасың. Ділмен сезінгенді тілмен жеткізбек – ақын мұратына айналған сәрдар бір шақта ғана шабыт көгі шаңқай түстеніп, көкірек көзі аршылып, өлең өріліп өрнек құрайды. Өкінішке орай, қазіргі қала баласы тілден де, ділден де кемшін» («Қазақ әдебиеті», 04.06.1996). Бұл жолдар ақын Исраил Сапарбаевтың Кеңшілік Мырзабековтің туғанына 50 жыл толуына орай жазған «Жақсыға жақын жүрдім жанасуға...» атты мақаласынан алынып отыр. Автор Кеңшіліктің поэзиясын осы сияқты көркем ойлармен көріктей отырып, әңгіме етеді.

Д.Әшімханұлының «Өкініш» атты мақаласы – ақын Ақтан Нұрбаев туралы. Мақаланың басталуы – тапқырлық: бұрындары студент кезінде демалысқа аулына қайтып бара жатқанда, купе ішінде жатқан жыртылған газетке көзі түседі. Бас-аяғы жоқ жарты беттік газеттегі «Жауам деп келіп, жауа алмай кеткен бұлттар-ай» деген жолдар өмір бойы есінде қалып қояды. Автор осы бір жол өлең төңірегінде «өмірде өкініштен көп не бар?», «өмірде өкініштен қиын не бар?» – деп, ой толғайды. Міне, өмірі сондай өкінішті ақынның бірі Ақтан Нұрбаев болса, оның «Сырымды айтам» өлеңдер жинағы туралы Дидахмет толғана отырып, ойын айтыпты. Мақала өмірдегі өкініш, ақын Ақтан Нұрбаевтың шығармашылық тағдырының өкініші жайлы эссе іспеттес.

Эссе – сын жанрларының ішіндегі көркем әдебиетке ең жақыны. Кейде оны сынға жатқызбай, көркем жанрлардың қатарында да қарастырып жүр. Қалай дегенмен де эссенің мақсаты көркем шығармадағыдай өмірді бейнелеу емес, жазушының шығармашылық болмысын жасау, ол туралы пікір айту болғандықтан да әдеби сынға жақындау. Эссені оқып отырғанда, көркем әңгіме оқып отырғандай болатындығыңыз әдеби ойларды да көркем бейнелі түрде жеткізуге де мүмкіндіктің барлығынан. Мәселе өміршен ойларды шебер жеткізе білуде жатыр. Е.Раушановтың «Көке» атты эссесі – осындай, яғни, орайын тауып ойлы пікірлер айтылған, әдеби әңгімедегідей жүрек жылуымен, ақынға деген ыстық сезіммен кестеленген көркем дүние.

«Көке» – қазақтың біртуар ақыны Тоқаш Бердияров хақында. Есенғали эссесінің тақырыбына оңтүстік қазақтарының ең жақсы көретін ағаларын атайтын «көке» сөзін алыпты. Тақырыптың өзінен-ақ оңтүстікте туып-өскен ақын туралы Е.Раушановтың айтар ақжарма ойлары мен мұңдалап тұр. Эсселе Тоқаш Бердияровтың адами болмысы, ақындық ерекшелігі жарқырай көрінген. Ақын ақын туралы сүйіспеншілікке толы ойларын естеліктің элементтерін пайдалана отырып, әсерлі жеткізе алған.

Алдымен, автор Тоқаштың портретін сөзбен салады. «Жалпы, ол өзі ерекше адам еді. Алғаш көргенде, мен оны акробат немесе цирк ойыншысы болар деп ойлағам. Құдай-тағала әуел баста Тоқаштың бойын оймен өлшеп, кейін соған мөлшерлеп таспа қара сіңір тартып, басқа мүшелерін осы сіңірге әкеліп рет-ретімен қондырған секілді» – деп, суреттеп болған соң барып, оның ақындық болмысына қарай ойысады: «Тоқаш – өмір бақи өз ісімен ғана айналысып өткен ақын. Мұндай бақыт кешегі Кеңес дәуірінде екінші біріне бұйырған жоқ. Енді ес біліп, етек жаптық па дегенде, қос бүйірден қыса келген нарыққа тап болған біздердің ешқайсымызға бұйырмауы да мүмкін. Қайтеміз, бұрынғы шалдар айтпақшы, маңдайға жазылғанын көреміз-дағы. Үкіметтің жұмысына жегілмей, Жазушылар Одағындағы айтыс-тартыстарға араласпай, қоғамдық жұмыстардан да аулақ, ақын жүрегі, патша көңілі қалаған жалғыз кәсібі – өлең жазумен ғана өмірі өткен көкеміз өлең туралы аз айтатын, тіпті айтпайтын деуге болады. Өз шығармалары туралы әрегідік жарияланып жататын рецензияларды, ірілі-ұсақты мақалаларды да оқымайтын («Бәрібір, сыншылар өлеңді түсінбейді»). Ол қазақ әдеби сыны үшін сол жұмбақ күйінде өмірден өтті» («Қазақ әдебиеті», 18.02.2000). Осыдан кейін барып ақынның өлеңдеріне талдаулар жасау арқылы «Тоқаш поэзиясының ерекшелігі – ойшылдығы» деген негізгі пікірін дәлелдей түседі. Ара-арасында Тоқашпен бірге болған сәттерді еске түсіріп, оның азаматтық-пенделік болмысын, ақындық өзгешеліктерін сәтті детальдар арқылы аша түседі.

Ақын «Әбділда Тәжібаев туралы сөзді» ақын Нұрлан Оразалин жазды. Лирик ақын туралы әңгімеге лирик Нұрлан алдымен, рух туралы толғанып, жол салып барып негізгі әңгімеге – Ә.Тәжібаевқа содан кейін кіріседі: «Тоқсанның толайым асуын халқының ортасында отырып қарсы алуға, төрінде жайғасып, өлмес өлеңдерімен өркениет әлеміне қайыра бір жар салуға үш ай, небәрі үш ай ғана жетпей, былтырғы жылдың қара күзінде сабыр шақырып, саябыр тауып, дүниеден озған ардақты да аруақты Әбекең – алып ғасырдың алып ақыны, аты аңызға айналған Әбділда Тәжібаев та осынау Ұлы Рухтар кеңістігіне көзі тірісінде-ақ кірген айрықша Тұлға, ақберен мінезді ұлы ақынымыз!» («Қазақ әдебиеті», 03.03.2000).

Мақалада Әбділда ақынның шығармашылық жолын саралау, яғни оның ақындық туындылары, сыншылығы, ғалымдығы, драматургтігі жайлы мәліметтер – жоқтың қасы. Автор алдына ондай мақсат қоймаған да. Мақсат Ә.Тәжібаев поэзиясындағы ұлттық рухтың күштілігін көрсету болған. Нұрланның ұғымынша, «Ұлы Рухтар қашанда, қай кезде де халқына, халқының игілігіне, елінің амандығы мен тұтастығына қалтқысыз қызмет етеді... Нұрын шашады... Жы-

луын береді... Ұлт ойы мен Санасының көкжиегін жолға салып, тауларымызды асқақтатады, даламызды кеңейтеді, елдігімізді жырлайды, ерлігімізді паш етеді» (сонда). Міне, осындай ұлттық руханият кеңістігінде Ә.Тәжібаев поэзиясының да өзіндік орны бар. Нұрланның мақаласы осы Әбділла поэзиясының рухани әлеміне назар аударған.

Мақала автордың Ә.Тәжібаев жырларын оқып отырғандағы тебіреністерінен тұратын-дай: «Мінезі дара, ойы асқақ, көкірегі қара көріктей, өмір мен өлеңнің отын қатар үрлеген Әбділла – Жыр оқылған сайын оқырманын өз тереңіне тартып, сүңгітеді; өз асқарына көтеріп, биіктетеді. Тосын мектеп, тосырқаға бермес жүйелі бейнелеу дәстүрі «менмұндалап» алдына шығады. Сізді өз құшағына алып, тербей бастайды. Ананың әсем сазды әлдиіндей құлағыңызға жұғымды, жаныңызға жағымды осынау күдіретті үн-ырғақтар қара жерді, жасыл орманды, шымқай аспанды, шалқыған теңіз-көлдерді баурайды, тербейді. Табиғат пен адам тұтасып, бірігіп кеткендей күй кешесіз» (сонда). Ақын туралы мұндай жолдарды оның поэзиясын ақындық жүрегімен қабылдаған ақын ғана жаза алады.

1997 жылы М.Әуезовтің жүз жылдығы кеңінен аталып өтті. Осы бір айтулы датаға орай жыл бойына ұлы қаламгердің әдеби мұрасын насихаттау, қайтадан тану мақсатымен бірсыпыра еңбектер жазылды. «Жалын» журналы З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» атты көркем дүниесі мен (1997, 7–8) М.Мағауин мен Ш.Жұбатованың «Ұстаз» (1997, №1–2) сұхбатын, Ә.Марғұланның «Мұхтар туралы сөз» (1997, №3–4), Т.Жұртбайдың «Әлем таныған суреткер» (1997, №5–6) мақалаларын жариялады. «Менің Әуезовім» тақырыбы бойынша екі нөмірінде (1997, №3–4, 5–6) сауалнама жүргізді. Әуезов туралы қойылған бес сұраққа Ә.Нұрпейісов, Р.Сыздықова, А.Бақтыгереева, Ж.Шаштайұлы, Д.Әшімханов жауап беріпті.

«Жұлдыз» журналы О.Сүлейменовтің «Мұхтар Әуезов туралы сөз» (1997, №1), Т.Жұртбайдың «Талқы» (1997, №1, 4), Н.Мұхамедхановтың «Манас және Әуезов» (1997, №6), Т.Қожакеевтің «Мұхтар Әуезов сатира саласында» (1997, №9), «Әуезов Абай сатирасы туралы» («Жұлдыз», 1995, №5–6), К.Сыздықовтың «Алғашқы ізденістер» (1997, №9), Ш.Елеукеповтің «Мағжан мен Мұхтар» (1997, №9), «Қазақ әдебиеті» газеті Қ.Жұмәділовтің «Ұлылық ғибраттары» (24.06.1997), Р.Сыздықованың «Әдебиет – тілімен әдебиет» (19.08.1997), Ә.Кекілбаевтың «Әуезов туралы сөз» (30.09.1997), Ө.Күмісбаевтың «Мұхтар Әуезов және Шығыс» («Қазақ әдебиеті», 25.12.1998), Ж.Молдабековтің «Ойшылдық өрісі» («Қазақ әдебиеті», 30.04.1999) мақалалары жарияланды.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 23 қыркүйектегі саны түгелдей М.Әуезовтің 100 жылдығына арналды. Онда ұлы жазушы туралы З.Қабдолов, Ә.Нұрпейісов, С.Шәймерденов, Қ.Мұхаметханов, С.Қирабаев, Ш.Айтматов, Р.Нұрғалиев, Т.Әбдірахманова, М.Әлімбаев, С.Жүнісов, Д.Исабеков, А.Тайжанов, Д.Досжанов, Т.Жұртбай, С.Садырбаев сөз алған. З.Қабдолов ұлы жазушыны «бүтін бітім» атады.

2000 жылы С.Мұқановтың туылғанына жүз жыл толды. Т.Кәкішевтің «Әдебиетіміздің атымтай жомарты» («Қазақ әдебиеті», 03.03.2000), Ә.Кекілбаевтың «Келешек керегі – кемелдік» («Қазақ әдебиеті», 26.05.2000), Ж.Ысмағұловтың «Сәбит Мұқанов – абайтанушы» («Қазақ әдебиеті», 09.06.2000), А.Кәкеновтің «37-ші жылы Сәбең қалай тірі қалды?» («Қазақ әдебиеті», 09.06.2000), Т.Медетбековтің «Дәуірмен бетпе-бет» («Қазақ әдебиеті», 09.06.2000), Т.Рахымжановтың «Психологиялық талдау» («Жұлдыз», 2000, №6), т.б. мақалаларында С.Мұқановтың шығармашылығы кеңінен әңгімеленді. «Қазақ әдебиеті» газеті өзінің 2000 жылғы 9-шы маусымдағы санын осы оқиғаға арнады.

Кеңестік империя құлап, еліміз тәуелсіздігін алған соң, рухани құндылықтарымызды ұлттық көзқараспен қайта қарау басталды. Міне, осы кезде кеңес қазақ әдебиеті жайлы әрқилы пікірлер айтыла бастағанда, соның бастысы С.Мұқановтың шығармашылығы хақында да түрліше көзқарастар бой көрсетті. С.Мұқанов туралы жазылған мақалаларда осындай жағдайға байланысты айтылған түрліше пікірлерге аса сақтықпен қарап, сындарлы пікірлер айтылды. «Өткен заманның жалшысы, жаңа заманның жаршысы болған Сәбит Мұқанов қазақ өлеңін жаңа құйылым, жарқын леп, сардарлы қуат, тың біраз, тосын теңеулермен байытқаны» («Қазақ әдебиеті», 03.06.2000) сөз болды.

Токсаныншы жылдардың өн бойында халқымен қайта қауышқан алашшыл әдебиеттің аса көрнекті өкілдерінің шығармашылықтарымен таныстыру жүріп жатты. Ж.Ысмағұловтың «Ахмет Байтұрсынов» («Жұлдыз», 1992, №1), Т.Шонанұлының «Ахмет Байтұрсынов халық

ағарту және әдебиет саласында» («Жұлдыз», 1992, №2), Х.Абдуллиннің «Мағжан жыр жұлдызы» («Қазақ әдебиеті», 1992, №2), Д.Қамзабекұлының «Алаштың ұлы – Смағұл» («Жұлдыз», 1993, №4), «Смағұл Садуақасұлының көсемсөз мұрасы» («Жұлдыз», 1995, №9–10), «Аханның алдында» («Қазақ әдебиеті», 12.03.1996), «Жарияланбаған роман» («Жұлдыз», 1996, №2) «Мағжанның еленбеген еңбегі» («Қазақ әдебиеті», 27.05.1997), С.Аққұлұлының «Әлихан – әдебиетші ретінде» («Жұлдыз», 1993, №5), «Әлихан Бөкейхан» («Жұлдыз», 1996, №1), Ғ.Қаһарманұлының «Мағжан поэзиясы жайлы» («Жұлдыз», 1993, №6), Р.Нұрғалидың «Сөз өнерінің ұлы зерттеушісі» (А.Байтұрынов, «Қазақ әдебиеті», 28.01.1994), «Алаш» деп ұран салған» (М.Дулатов, «Жалын», 1994, №3–4), Т.Қасенұлының «Аханың шығармашылық даралығы» («Жұлдыз», 1994, №7), Ә.Дәулетханның «Мағжан және қазақ поэзиясы» («Жұлдыз», 1994, №5–6), М.Мұсағитовтың «Батыр Баяндағы» таным және шындық» («Жұлдыз», 1994, №8), З.Бисенғалиевтің «Бақытсыз Жамал тағдыры» («Жұлдыз», 1994, №9), Ш.Елеу-кеновтің «Мағжанның «Әдеби-эстетикалық көзқарастары» («Жұлдыз», 1992, №6), «Мағжан шығармаларындағы психологизм» («Жұлдыз», 1994, №10–11–12), Р.Сыздықованың «Ахметтану: бүгін мен болашағы» («Қазақ әдебиеті», 12.11.1993), Д.Қамзабекұлының «Алаш тұлғалары» («Жұлдыз», 1998, №7), Т.Қожакеевтің «Сұлтанбек сырлары» (С.Қожанов, «Қазақ әдебиеті», 05.08.1994), Е.Ерденбекұлының «Мағжан Жұмабаевтың романтизмі» («Жұлдыз», 1996, №9) т.б. мақалаларының таныстырушылық, зерттеушілік сипаты басым.

М.Жұмабаев «...алдымен, Мағжан – ақын. Шығыстан құланиектеніп қайта көтерілген Мағжан поэзиясының таңы бүгінгі дүниені өзгеше нұрға бөлеп, бүгін тіршілікке қозғау салып, рухани өмірімізге де өзге рең бергендей. Мағжан поэзиясының құдіретінің өзі ұлы табиғатпен үндес жатқан тылсым құпиялығында... Қазақ лирикасында Абайдан кейінгі кесек тұлға – Мағжан, сөз жоқ, жанр аясын кеңейтті. Реформатор Абай эстетикалық өлшемде, психологизмде, тіпті өлең пішімін жаңалауда негізінен реализмге жүгінсе, Мағжан асқақ романтизмнен ажыраған емес. Қасқа бұлақтай көсілген Мағжан поэзиясы қазақтың қанындағы шешендікпен аста-сып, шешек ататындай. Сөйтіп барып, қазақтың кара өлеңі аспандай қалықтайды. Құдіретті қазақ поэзиясының түңілігі түріледі» (Б.Кәрібаева. Қазақ лирикасының қайнары. «Қазақ әдебиеті», 07.05.1993) – деп бағаланды. Қазақтың біртуар алаштық ақын-жазушылар хақында жазылған мақалалардың барлығында дерлік олар осы тұрғыда жоғары бағаланып жатты.

Ж.Меңдекенің Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесі жайлы мақаласы рецензия емес, өзінің жазылу формасы жағынан ерекшелену. Өдеттегі сыни мақаладан тақырыбы да, жазылу түрі, стилі де басқашалау, оның үстіне «Әңгіме туралы әңгіме» айдарымен берілген «Адасқақ» – Әмірханның сыншылық қарымын байқатады. («Қазақ әдебиеті», 26.11.1999).

Әмірханның «Тіріден артық өлі барын ұқтырып бізге келесің» аталған сұхбаты да оқырман назарын өзіне аударады. Тақырыптан соң берілген «Жүсіпбек Аймауытов пен «ҚӘ»-нің арнаулы тілшісі, сыншы Әмірхан Меңдекенің сұхбаты» деген қосымша анықтаманың берілуі оқырманды бірден ойландырады анық. Ең алдымен, әдетте көзі тірі қаламгермен сұхбаттасушы еді, ал мынау түсініксіздеу екен, не нәрсе деп, үңіліп оқи бастайсыз. Рас, шынында да отызыншы жылдары жазықсыз жаламен опат болған алашшыл жазушы Жүсіпбек Аймауытовпен, онда да оның рухымен, оның артында қалған әдеби мұрасын оқи отырып, ойланған сұхбат екен.

Сұхбатта автор қойған 15 сұраққа Жүсіпбектің жазғандарының ішінен жауаптар беріледі. Мысалы, «Әдебиет қалай көркейеді?» деген сауалға «Әдебиет сынмен көркейеді. Бәйгеге қосатын атты жаратып, құйрық-жалын күзеп жіберсе, көрікті болып, жұтынып шығады. Әдебиетке сондай бап, сондай сын керек. Әсіресе, әдебиетті сынау біз сияқты жұртқа керек...» деген жауап алынған. «Сіздіңше, ақындықтың шарты неде? Өлеңге қойылатын шарт қандай болмақ?» дегенге «Өлең бір мақсатқа жұмсалатын құрал болу керек емес. Еркін, азығы талғаусыз өнер болуы керек. Өлеңге қоятын шарт: еркін ой, шарықтаған терең қиял, нәзік сезім һәм өткір сезім, құйылған сұлу сурет, кестелі, таза, қысқа, анық, дәлді, нығыз тіл» («Қазақ әдебиеті», 14.01.2000) – депті.

Мақаланы оқып отырғанда, Ж.Аймауытовтың осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын айтып кеткен пікірлерінің күні бүгінге дейін өзінің құнын, зәрулігін жоймағандығын, керісінше маңызы арта түскендігіне көзіңіз жетеді. Жалпы, тоқсаныншы жылдардың әдеби сынында белсенділік танытқан Ә.Меңдекенің «Адасқақ» пен «Тіріден артық өлі барын ұқтырып бізге келесіңі» – сыншының шығармашылық ізденістерінің жемісі .

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде шығармалары жабық болып келген алашшыл әдебиет өкілдерінің көптомдықтары шыға бастады. Олардың шығармашылықтарына арналған С.Қирабаевтың «Ж.Аймауытов» (1993), М.Базарбаев пен С.Аққұлұлының «Ә.Бөкейхан», Р.Сыздықованың «А.Байтұрсынов», Т.Кәкішевтің «Мағжан-Сәкен», Ш.Елеуқеновтің «Мағжан» (1995), Ш.Сәтбаеваның «Ш.Құдайбердиев» (1994), М.Әбсәметовтің «М.Дулатов творчествосы» (1993), «Міржақып» (1996), Р.Тұрысбектің «Жүсіпбек» (1997), Д.Қамзабекұлының «С.Сәдуақасов» (199), Г.Орданың «Қ.Кемеңгерұлы», Р.Әлімұханқызының, Х.Досмұхамедұлы» (199), Ө.Әбдімановтың «А.Байтұрсынұлының әдеби-публицистикалық қызметі» (1992), С.Жәмбековтің «Б.Күлеевтің мұрасы» (1997), Б.Әбдіғалиевтің «Ш.Құдайбердиев мұрасы» (1990), т.б. зерттеу еңбектерінде жан-жақты саралана түсті.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің түрлі мәселелеріне арналған М.Базарбаевтың «Көрікті ойдан – көркем сөз» (1994), «Замана тудырған әдебиет» (1997), Р.Бердібаевтың «Эпос мұраты» (1997), «Ел боламыз десек» (2000), С.Қирабаевтың «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» (1995), «Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» (1995), Т.Бейісқұловтың «Дарын даралығы» (1994), «Бейімбетті атқан кім?» (2000), Ә.Нарымбетовтің «70–80 жылдардағы қазақ поэзиясы» (1999), Ш.Елеуқеновтің «Әдебиет және ұлт тағдыры» (1997), Т.Кәкішевтің «Санадағы жаралар» (1997), «Керзаманның кереғар ойлары» (1995), «Сәбен әлемі» (2000), З.Қабдоловтың «Көзқарас» (1996), З.Ахметовтің «М.Әуезовтің роман-эпопеясы» (1997), Т.Қожақеевтің «Көк сенгірлер» (1992), «Қым-қуыт іздер» (1999), А.Мархабаевтың «Қазақ фантастикалық әдебиеті» (1998), Р.Нұрғалидың «Әуезов және алаш» (1997), Ж.Дәдебаевтың «Өмір шындығы және көркемдік шешім» (1991), Қ.Жүсіповтің «Өлең – сөздің патшасы» (1991), З.Бисенғалидың «XX ғасыр басындағы қазақ романы» (1997), К.Сыздықовтың «Мұхтаранудың беймәлім беттері» (1997), Б.Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау» (1996), Қ.Жүсіптің «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» (1999), Д.Ысқақұлының «Сын жанрлары» (1999), Р.Тұрысбектің «Сөз сарасы» (1996), А.Шәріптің «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» (2000), Т.Шапайдың «Шын жүрек – бір жүрек» (1999), Ж.Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999), З.Сейітжановтың «Шынжаң қазақ әдебиеті» (1999), Т.Рақымжановтың «Романның көркемдік әлемі» (1997), Б.Ыбырайымның «Сырлы әлемі» (1997), Қ.Ергөбектің «С.Мұқановтың творчестволық лабораториясы» (1995), А.Ісмақованың «XX ғасыр басындағы қазақ көркем прозасының поэтикасы, жанр стилі» (1998, орыс тілінде), Т.Есембековтің «Қазақ прозасындағы драматизм» (1998), т.б. кітаптар жарық көрді.

Поэзия, прозадан басқа да әдебиеттің түрлі мәселелеріне арналған Г.Бельгердің «Орман патшасына ой жүгірткенде» (аударма, «Қазақ әдебиеті», 24.01.1992), М.Әлімбаевтың «Әдебиетіміздің бір отауы» (Қытайдағы қазақ әдебиеті, «Қазақ әдебиеті», 10.04.1992), З.Ахметовтің «Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы» (Абай орыс тілінде, «Қазақ әдебиеті», 29.05.1992), Х.Атсыздың «Түрік эпосы» («Қазақ әдебиеті», 23.10.1992), С.Кұлбарақовтың «Драмадағы ақ өлең дәстүрі» («Жалын», 1993, №7), С.Аққұлұлының «Ә.Бөкейханов – аудармашы» («Қазақ әдебиеті», 01.12.1994), Ә.Дербісәлиевтің «Тұрандық ойшылдар» («Жұлдыз», 1994, №9), Д.Ысқақұлының «Қазақ рецензиясы» («Жалын», 1994, №1), «Тасқа басса «тотияйын»» («Жалын», 1996, №7–8), «Қаламгер келбеті», («Жұлдыз», 1996, №5), И.Сапарбаевтың «Айтыс та мүшәйра да өнер» («Қазақ әдебиеті», 23.07.1996), Әли Аббас Шынардың «Түріктер Әуезовті қалай таныды?» («Қазақ әдебиеті», 21.10.1997), Ш.Елеуқеновтің «Сын мен сыншы немесе сынтану ғылымы туралы толғаныс» («Ақиқат», 1998, №4), С.Абдрахмановтың «Аударма ма? Нәзира ма? Мазмұндама ма?» («Қазақ әдебиеті», 24.12.1999), А.Кемелбаеваның «Әдебиет те көз жасы» («Қазақ әдебиеті», 01.12.2000), т.б. мақалалары баспасөз бетінде көрінді.

6. ТАРИХТЫ ТАРАЗЫЛАҒАНДА

Тәуелсіз ел алдымен, тарихын біледі. Ғасырлар бойы отаршылдардың көзқарасымен жазылып келген қазақ әдебиетінің тарихына ұлттық сана-сезім биігінен көз жіберу басталды. Өткен кездерде жасаған қазақ әдебиетінің үлкенді-кішілі өкілдерінің шығармашылықтарына, ауыз әдебиеті үлгілеріне арналған зерттеу мақалалар ұдайы жарияланып тұрды. Солардың қатарында Р.Бердібаевтың «Ер Шора» жыры жайында» («Жұлдыз», 1992, №2), «Эпос тудырған дәуір» («Жұлдыз», 1994, №8), Е.Мағауиннің «Едіге жыры және Шоқан» («Жұлдыз», 1992, №3), Р.Сыздықованың «Дулатты таныдық па?» («Қазақ әдебиеті», 25.12.1992), С.Қас-

кабасовтың «Қазақ фольклористикасындағы тұтастану құбылысы» («Жұлдыз», 1992, №11), Х.Сүйіншіәлиевтің «Дулат акын» («Жұлдыз», 1992, №12), Ө.Күмісбаевтың «Бабыр ғазалдары» («Қазақ әдебиеті», 23.10.1992), Н.Айтұлының «Майкөт акын немесе екі өлеңнің бір тарихы» («Қазақ әдебиеті», 08.01.1993), С.Садырбаевтың «Фольклордың этнографиялық сипаты» («Қазақ әдебиеті», 29.01.1993), «Едіге батыр жыры» («Қазақ әдебиеті», 11.06.1993), «Бақсы және бақсы сарыны» («Қазақ әдебиеті», 05.11.1999), С.Дәуітұлының «Ғұлама» (Иассауи, «Қазақ әдебиеті», 09.04.1993), Қ.Мұхаметханұлының «Бұхар жырау» («Қазақ әдебиеті», 09.04.1993), А.Қайбарұлының «Көне әдебиет көгіндегі көк бөрі» («Қазақ әдебиеті», 06.08.1996), Б.Омаровтың «Зар заманның заңғары» (Мұрат Мөңкеұлы, «Қазақ әдебиеті», 24.09.1993), Ә.Дербісәлиевтің «Мұхаммед Хайдар Дулати» («Жұлдыз», 1995, №7–8), А.Егеубайдың «Жүсіп Баласағұн «Құдатқу білік (11 ғ.)» («Жұлдыз», 1996, №3), «Махмуд Қашқари «Диуани лұғат-ит-түрк» («Жұлдыз», 1997, №1), К.Жүністігіннің «Шортанбай жыраудың ғұмырнаамасы» («Жұлдыз», 1996, №10), Е.Тұрсыновтың «Қорқыт туралы аңыз» («Жұлдыз», 1996, №1), А.Нұрмахановтың «Мақал сөздің түбі бір» («Жұлдыз», 1996, №6), Қ.Мәдібаеваның «Жыраулар поэзиясы: негіз бен дәстүр» («Заман-Қазақстан», 25.10.1996), «Зар заман ағымы» («Жұлдыз», 1997, №3), «Қазақ әдебиеті тарихындағы зар заман ағымының Мұхтар Әуезов зерттеулерінде айқындалуы» («Заман-Қазақстан», 22.08.1997), А.Ахметбекованың «Иассауи хикметтерінің ерекшеліктері» («Қазақ әдебиеті», 04.11.1997), Али Аббас Шынардың «Эпостағы арғымақ аттар» («Жұлдыз», 1998, №10), С.Қасқабасовтың «Қазақ мифі және әлемдік мифология» («Жұлдыз», 1998, №11, 12), С.Мұхтарұлының «Қорқыттану баспалдағы» («Жалын», 1998, №11–12), Ж.Асановтың «Ақпан акын» («Жұлдыз», 2000, №2), «Мөңке би» («Жұлдыз», 2000, №4), Ш.Керімнің «Шешендік сөз және жұмбақ» («Жұлдыз», 1999, №3), Д.Досжановтың «Пушкин рухымен тілдесу» («Жұлдыз», 1999, №5), т.б. бар.

Амантай Шәріптің «Бұл да – ақырдың мысалына» қосымша тағы да «қазақ поэзиясындағы фаталистік және эсхатологиялық сарындар» («Қазақ әдебиеті», 21.01.2000) тақырыпшасы қоса берілген. Өткен ғасырлардағы қазақ поэзиясын зерделей отырып, автор «... қазақ қазақ болғалы, көркем сөздің көсемдері қоғам алдында ұдайы тұратын «Не болады?, Қашан болады?» деген түп-тереңі жоқ сауалдарға жауап іздеу арқылы әдебиеттің өрісін кеңейтіп, өресін биіктетіп отырды» – деген тұжырым жасаған.

А.Қыраубайдың «Қазақ мифологиясы және «Авеста»» («Жұлдыз», 1998, №11) атты зерттеуі де тақырып сонылығымен көзге түседі. Алма осы уақытқа дейін парсы әдебиетінің классикалық үлгісі саналып келген «Авестаның» түркі халықтарына, оның ішіндегі қазақ әдебиетіне де тікелей қатысы бар деп біледі. «Авестаның» қазақ мифологиясындағы қайнарлардың бірі» екендігін айтудан бірден басталған мақалада көптеген мысалдар келтіре отырып, осы пікірін дәлелдеп шыққан.

Ұлы Абай – қазақ әдебиетіндегі, оның тарихындағы басты мәселелердің бірі. XX ғасырдың басында басталған Абайтану ілімі тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық арнада қарқынды дами түсті. Баспасөз бетінде жарияланып жатқан мақалаларда ұлы ақынның сан қырлы поэзиясы жарқырай жанып, жаңаша қырлары ашыла берді. Ғ.Есімнің «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» («Қазақ әдебиеті», 22.01.1993), «Абай ағартушы болған ба?» («Қазақ әдебиеті», 12.12.1995), О.Асқардың «Абайдың ашылмаған сырлары көп» («Қазақ әдебиеті», 15.10.1993), Қ.Мұхаметқалиұлының «Абай сөзіне үңілсек, дұрыс үңілейік» («Қазақ әдебиеті», 26.11.1993), Т.Жұртбаевтың «Абайды арандатпайық» («Қазақ әдебиеті», 26.11.1993), «Бұл сөзімде жалған жоқ» («Қазақ әдебиеті», 06.01.1995), «Ел жамаған билер жоқ» («Жұлдыз», 1995, №3), «Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі» («Қазақ әдебиеті», 25.11.1994), С.Исаевтың «Абай және қазақтың әдеби тілі» («Жұлдыз», 1993, №10), Қ.Жүсіповтің «Көкірегінде болсын көз» («Қазақ әдебиеті», 22.07.1994), Р.Сыздықованың «Абайдың тіл тағлымы» («Қазақ әдебиеті», 11.11.1994), З.Ахметовтің «Өзіне өзі сыншы» («Қазақ әдебиеті», 21.02.1995), Ж.Қамайұлының «Абай әлемі және будда ілімі» («Жұлдыз», 1995, №2), Ж.Ысмағұловтың «Абай тағлымы» («Жұлдыз», 1995, №2), «Абайдың ақындық тағлымы» («Жұлдыз», 1995, №3), «Абай поэзиясындағы сезім иірімдері» («Жалын», 1995, №5–6), Ха-Байдың «Абай және Абай шығармалары» («Жұлдыз», 1995, №5–6), Д.Досжановтың «Абай айнасы» («Жұлдыз», 1995, №7–8), Б.Майтановтың «Абайдың мұңы» («Жұлдыз», 1995, №7–8), Ш.Елеукеновтің «Абай өнегесі» («Жұлдыз», 1995, №9–10), И.Шамшатұлының «Абай дастандарындағы әлеуметтік мотивтер» («Жұлдыз», 1995, №9–10), Д.Қабдрахманұлының «Абай және халықтық дүниетаным» («Жалын», 1995, №1–2),

Ә.Қалмырзаевтың «Аристотель және Абай» («Жалын», 1995, №3–4), Ә.Ыбыраевтың «Абайдың эстетикалық көзқарастары – Әуезов шығармаларында» («Жалын», 1995, №7–8), Д.Омаровтың «Өлді» деп, ат қойыпты өңкей білмес» («Жалын», 1995, №5–6), С.Негимовтың «Бас ақынымыздың бай мұрасы» («Қазақ әдебиеті», 19.03.1996), Т.Тілеухановтың «Абай туралы толғамдар» («Жұлдыз», 1996, №8), Т.Шапайдың «Анық Абай» («Жұлдыз», 1999, №1, 2), А.Шәріптің «Абай және ұлт» («Қазақ әдебиеті», 24.03.2000), «Абайдың үнілгені қай «екі жақ?»» («Қазақ әдебиеті», 11.08.2000), т.б. мақалаларында ұлы Абайдың ақындық болмысы жан-жақты зерттелінді.

Абай туралы зерттеулердің көп жазылған тұсы – 1995 жыл. Осы жылы ақынның 150 жылдығы елімізде кеңінен аталып өтті. «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Жалын» осы мерекелік датаға нөмірлерін арнады. Мысалы, осы айтулы оқиғаға орай шығарған «Қазақ әдебиеті» (08.08.1995) газетінің мерейтойлық санында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Абай туралы сөзімен» бірге Ж.Әбділдиннің «Ұлы ойшыл», Т.Жұртбайдың «Абайдың күретамыры», С.Қирабаевтың «Абайтану ғылымының бел-белестері», Ә.Кекілбаевтың «Пайғамбардай пір тұтқан ақыл-ой алыбы» мақалалары берілген.

Енді Абайдың поэзиясын қарастыру дегеніміз бүкіл қазақ поэзиясын, қазақ әдебиетін сөз етуге айналды. Абайдың мәселесі ұлттық проблемалармен астасып жататындығы айқындала түсті. Бір сөзбен айтқанда, Абай мен қазақ сөзі қатар айтылып, қатар жүрді. «Абай» дегенде, қазақ, «қазақ» дегенде, Абай есте тұрды. Абайдың 150 жылдығы тұсында жазылған мақалалардың дені осы тұрғыдан көрінді. Осындай мақаланың бірі – А.Шәріптің «Абай және ұлт». Көлемді мақалаға тақырыптың астына «Мерейтойлық емес мақала» деген анықтаманы қосымша беріпті. Мақалада Абайдың азаматтық, ойшылдық, ақындық болмысы қазақ халқының ұлт ретінде жетілуі, дамуы үстінде қарастырылған. Қазақ әдебиетін, ұлттық сана-сезімін шырқау биікке көтерген ұлы гуманист көреді. «Қысқасы, Абай – жаңа, жасампаз рухани формацияның ақыны. Оны өзіне дейінгі өлең дегдарларының кез келгенімен қатар қоя салыстырғанда, бұрынғыдан бетер өркештеніп, әдепкіден әрмен өреленіп кететіні содан. Абай – ұлттың мәңгі ұяты, ожданы, ұйтқысы» («Қазақ әдебиеті», 31.03.2000) – деген жолдарда Амантай ойларының негізгі сілемдері көрінеді.

Тәуелсіздік тұғырында Абайтану ілімі жаңа биіктерге бет алды. 1995-жылы Абайдың екі томдық академиялық басылымы шықты. Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған бірсыпыра кітаптар жарық көрді. 1993-жылы басылған «Абайды оқы, таңырқа» атты жинақта Абай туралы әр кезде айтылған таңдаулы пікірлер іріктеліп берілді. Осы жинақты құрастырған белгілі абайтанушы М.Мырзахметов өзінің «Абайтану тарихы» (1994) монографиясын жариялады. Мұнда алашшыл қайраткерлерден бастап кезінде түрлі себептермен айтылмай келген Абай туралы жазылған еңбектер ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, сараланды.

Кезінде Абайды зерттеймін деп қуғын көрген Қ.Мұхаметхановтың «Абайдың ақын шәкірттері» атты төрт томдық еңбегі де осы кезде баспадан шықты. Осы автордың 1995 жылы «Абай мұрагерлері» атты зерттеуі басылды. «Абайдың ақын шәкірттерінің 1-ші кітабы Абайдың балалары Ақылбай, Мағауия, Тұрғаұл, 2-ші кітап Кәкітай, Көкбай, Уәйіс, 3-шісі Әріп, Әсет, Мұқа, Әубәкір, 4-ші кітап Т.Жомартбаев, Б.Айтқожаұлы, И.Қазанғапұлы, Ә.Кәкітайұлы туралы материалдардан тұрады. Ал «Абайдың мұрагерлері» Шәкәрімнен бастап, Кәкітай, Тұрғаұл, Көкбай, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов туралы сөз етеді.

Ғ.Есімнің «Хакім Абай» (1994) атты монографиялық зерттеуінде философ ақынның ойшылдық қырлары жан-жақты зерттелінді.

Сөйтіп, тәуелсіздіктен кейінгі жолдарда Абайға арналып жазылған мақала-зерттеулерде ұлы ақын қазақ поэзиясының ғана емес, ұлттық руханияттың алып ұстындарының, жарық жұлдыздарының бірі ретінде таныла түсті. Абайдың 150 жылдығы қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ руханиятының салтанатына, бүкілхалықтық тойға айналды.

Десек те Абайдың 150 жылдық мерекелі тойына бүкіл ел болып дайындалып жатқан кезде қазақтың рухани көсеміне айналып кеткен ұлы ақынға қарай топырақ шашқан бір жағдайды да айта кеткен жөн. 1993 жылғы №5 санында Қызылжар қаласында шығып тұратын «Вознесенский проспект» газеті Б.Ф.Супрунюктің «Абай: өсиет сөздер» атты мақаласын жариялады. Мұнда Абайдың қарасөздеріндегі қазақ туралы ашына айтқан сөздерін теріп алып, «міне, қазақтың сиқы осы» деп, тұтас бір халықты кемсіткендей болды. Мұны мен айтқан

жоқпын, өздеріңнің ұлы санап жүрген Абайларын айтты деп, шірденді. Мақаланың жай бір қатардағы оқырман емес, кезінде Мәскеу университетін бітірген, облыстық газеттің редакторы болған, Ресейдегі бір газеттің Қазақстандағы тілшісі, Солтүстік Қазақстан облысындағы орыс қауымдастығының төрағасының жазуы біраз нәрсені аңғартса керек.

Қазақ туралы пиғылы теріс осы мақаланың авторын ұлтжанды азаматтар сотқа беріп, ұлт намысына дақ түсірмеуге тырысты. Міне, осы бір келеңсіз оқиғаға байланысты Т.Жұртбай «Абайды арандатпайық» деген тақырыппен мақала жазып, ұлыорыстық шовинистік көзқараспен ұлтаралық қатынастарды шиеленістіру мақсатымен жазылған мақаланың теріс пиғылдарын әшкереледі. Тұрсын мақаласын «Қазақ халқының қасиетті тұлғасы – Абайды өзінің елінде дәл осындай келекеге ұшыратсақ, онда дүние жүзіне қалай насихатталмақпыз? Өзгені қайдам, дәл осы мақала ұлт арасындағы іштей егестің өршуіне мұрындық болатыны сөзсіз. Ал мұндай ығысулардың жақсылыққа әкелмейтіні белгілі. Ендеше, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік тәртіпті талап етуіне толық хақысы бар. Төзімді текетіреспен сынауға болмайды. Абай – ұлттық қасиетіміз. Абайды ардақтайық, арандатпайық» («Қазақ әдебиеті», 26.11.1993) – деген саналы азаматқа ой саларлық түйіндермен аяқтаған.

«Біз Абайды қорладық. Абайдың ілімін, дүниетанымын, көзқарасын қорладық.

Біз Әуезовті қорладық. Әуезовтің мұрасын қорладық.

Біз дінімізді, яғни мұсылман дінін қорладық.

Осылайша, біз ұлтты қорладық, бүкіл қазақ ұлтын қорладық.

Қашан? Қай уақытта? Осы жақында ғана. Қайтіп?» («Қазақ әдебиеті», 03.09.1999) – деген ұлттық намысы бар адамның делебесін қоздырар сөздермен басталған Ә.Мендекенің «Жынның кітабы» мақаласы. Абайды, Әуезовті, дінімізді, ұлтымызды қорлап жатқан кім екен деп, мақаланы асыға оқисыз. Сөйтсек, «жау» сырттан келмепті, іштен шығыпты. Осындай мазмұнмен Досым Омаров «Абайтануға кіріспе» (1998), «Ұлылар үндестігі» (1999) кітаптарын шығарыпты. Әмірхан осы екі кітаптың жоғарыда көрсетілгендей теріс жақтарын әшке-релеуге батыл кіріскен.

«Д.Омаровтың бірінші кітабы «Абайтануға кіріспе» аталғанымен, шын мәнінде, бұл «Кришнатануға кіріспе» (сонда) – деп біледі. Екіншіден, бұл кітаптарда Абайды кришнаиттық дүниетаным жүйесімен қарастырып, кришна дінін насихаттайды. «Абай ілімі Веда (Кришна) ілімімен керемет үндеседі» – деп, керемет жаңалық ашқан Д.Омаровты автор барынша сынға алады.

Сонысымен қоймай, Д.Омаровтың «Абайтануға кіріспесін» қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп, гимназия шәкірттеріне, студенттер мен мектеп мұғалімдеріне арналған оқу құралы ретінде Қазақстан Республикасының білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі бекіткендігін сорақылық санайды. Бұл кітаптардың шығуына жол ашып, қолғабыс көрсеткен рецензенттері профессорлар М.С.Сәбитов пен Ж.Молдабековті, оң пікір білдірген академик З.Ахметов, ғалымдар Қ.Әлжанов, І.Ерғалиев, Қ.Нұрланова болғанына реніш білдіреді. Осындай мықты қолдаумен шыққан кітаптарға барынша шүйілген автор мақаласын қалай бастаса, соңын да солай аяқтаған.

Осы жылдарда қазақ ауыз әдебиетіне, халықтың өткендегі әдеби мұрасына арналған А.Қыраубаеваның «Ежелгі әдебиет» (1994), «Шығыстың қисса-дастандар» (1997), С.Садырбаевтың «Фольклор және Жамбыл» (1996), М.Жолдасбековтің «Асыл сөздің атасы» (1996), Н.Келімбетовтің «Қазақ әдебиеті бастаулары» (1998), «Ежелгі түркі поэзиясы әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы» (1998), А.Егеубаевтың «Ежелгі дәстүрдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі» (1999), Қ.Мәдібайдың «Зарзаман ағымы» (1997), Б.Омаровтың «Мұрат Мөңкеұлы» (1993), «Зар заман поэзиясы» (2000), З.Сейітжановтың «Тарихи эпос» (1994), Р.Бердібаевтың «Эпос мұраты» (1997), «Жұлдыздар жарығы» (2000), Ә.Дербісәлінің «Қазақ даласының жұлдыздары» (1997), М.Мағауиннің «Ғасырлар бедері» (1991), Ө.Күмісбаевтың «Абай және Шығыс» (1995), А.Сейдімбектің «Күй – шежіре» (1997), М.Үмбетбаевтың «Менің пірім – Сүйінбай» (1992), С.Негимовтің «Шешендік өнер» (1997), Б.Әзібаеваның «Қазақ халық романдық дастандары» (1990), Б.Абылқасымовтың «Телқоңыр» (1993), Б.Рахимовтың «Тарихи жырлар тағлымы» (1997), «Тарихи жырлар табиғаты» (1999), Т.Еңсегеновтің «Қарасақал Ерімбет акын» (1994), «Оғызнама – Сыр бойында туған шығарма» (1995), «Көне түркі шығармалары» (1995), «Түркі ру-тайпаларының көне өлендері» (1996), «Әдебиетіміздің бастауы – «Авестада» (1996), «Қорқыт ата әлемі» (2000), «Сыр бойы ақын-жыраулары» (2000), т.б. еңбектер жарық көрді.

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



1. ЖАҢА ҒАСЫР КӨГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН РУХАНИЯТЫ

Қазақ халқы үлкен үмітпен жаңа – жиырма бірінші ғасырға аяқ басты. Нарықтың қыспағында қалған экономиканың бойына қан жүріп, ел тұрмысында оң өзгерістер байқалды. Десек те руханият саласы халықтың көңілін көншіте бермеді. Ғасырларға созылған рухани езгі өз дегенін істетпей қоймады. Еліміз саяси тәуелсіздік алған тоқсаныншы жылдардағы рухани сілкіністер екі мыңыншы жылдарға қарай бәсеңдей түсті. Мұны алдымен байқаған ұлт жанашырлары батыл дабыл қағып жатты. Халықтың көзі, құлағы, сезімі саналатын қаламгерлер баспасөз бетінде белсенділік танытып, батыл пікірлер айта білді.

Тілдің, әдебиеттің болашақ тағдыры ең алдымен, сол мемлекет басшылыққа алып, жүргізіп отырған идеологияға байланысты. Мемлекетте ұлттық идеология үстемдік құрса, сол ұлттың тілі арқылы рухы қанат жаяды; әдебиетінің дамуына да кең мүмкіндіктер ашылады. Қазақ тілінің қоғамдық өмірде өзіне лайықты орнын ала алмай, сол себепті де әдебиетінің дамымай, руханиятының өрістемей жатқандығының басты себебін қазақ мемлекеті Қазақстанда ұлттық идеологияның жасалмауынан, жүргізілмеуінен көрген бірсыпыра мақалалар жарық көрді. А.Әлім «Мәдени империализм» («Қазақ әдебиеті», 12.01.01), «Батыс сізді әуре етпей-ақ өзі келді. Қарсы алыңыз!» («Қазақ әдебиеті», 02.02.01), «Тағы да сол батысшылдық туралы» («Қазақ әдебиеті», 16.03.01) мақалаларында ұлттық идеология болмаған жерде басқа жат идеяларға жол ашылатынын ашына жазды. Аманханның айтуынша, бізде ұлттық идеологияның жоқтығынан батыстың мәдени империализмі күшейіп келеді. «Бүгінгі күндердегі бастан кешіп жатқан қиындықтарымыздың көпшілігі өткенімізден сабақ алмай, жетістігіне қарағанда кемшілігіне бейімделіп, сол батысқа көзсіз еліктеген батысшылдардың бұратартқан ой-пікірлері, іс-әрекеттерінің жемісі. Себебі, олар қашан да тамырын тереңге жіберген дәстүрді жоққа шығарып, барлығын да, қай мәселені де болмасын, жаңаша бастап, өткенімізге реформа жасағысы келеді. ...біз қазақтар... ұлт, сосын мемлекет санатында болуға тиіспіз. Сол үшін ғана өзімізді сақтап, алғы ғасырларға ұлттық дәстүрімізбен кірмесек, кінә мен күнәнің көкесі сонда болады» («Қазақ әдебиеті», 16.03.2001) – деп, ұлттық құндылықтарды қорғауға шақырады.

Ә.Нысанбаев жаһандану туралы арнайы мақала жазып, «Егер ғаламдастыру баршамызды, бәрімізді «біркелкілікке» ұрындырса, онда мұндай ғаламдастырудың кімге керекі бар?» – деп, өз ойларын ортаға салған. Ғалым ғаламдасу үдерісінің пайдалы, зиянды жақтарын саралай келе «Қазақстанның дәстүрлі мәдениеті сырттан келетін мәдени ағымдарға төтеп бере алатындай дәрежеде болуы керек. Яғни, батыстық мәдениетпен бәсекелес бола алатындай, өз мәдениетімізді дамытуымыз керек» («Қазақ әдебиеті», 09.11.2001) – деген түйін жасайды.

Тәуелсіздік алғалы бері елімізде ұлттық идеологияның болмауы салдарынан рухани өмірде туындаған сана дағдарысы жайлы мәселе көтерген Болатбек Төлепбергеннің «Рухани әке, қайдасың?» («Жас қазақ», 03.11.2000) аты проблемалық мақаласы жарық көрді. Осыған үн қосу ретінде «Батысқа бас иген батысшылдар, Киркоровсыз күн көре алмайтын орысшылдар, Батыс пен Шығыстың қайсысының түп етегінен ұстарын білмей жүрген дүбаралар, жат дінді дүмшелер... әрқайсысы әр жаққа тартып, әсіресе жастарымызды бағдардан айырып, бұзып барады. Бәрінен де Батыстың әсері мен дүмпуі қатты» («Қазақ әдебиеті», 21.12.2001) – дей келіп, Ж.Сомжүрек ұлтымызда сана дағдарысы орын алып отырғандығын айтып, «Мұншалықты жойқын шабуылға қарсы тұрып, төтеп берер күш – тек ұлттық идея» – деп дабыл қақты. Жұмаштың айтуында ұлттық идеологияның бастау бұлағы – әдебиет, сондықтан да рухани әке саналатын әдебиетке айрықша көңіл бөлінуі керек. Ол осы тақырыпқа тағы бір «Әдебиет – адам рухының қолбасшысы» («Қазақ әдебиеті», 21.12.2001) атты мақала арнады. Онда мынадай жолдар бар: «Әдебиет – адамды адам, нағыз азамат ететін, оның рухын шыңдайтын, жанына жолбасшы болатын ерекше ғылым әрі ғажайып өнер. Ол нағыз рухани әке болып, адамға адамгершілік, азаматтық тәрбие береді; адам бойына адалдық, ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік, әдептілік, кішіпейілділік, сыпайылық, әділеттілік, отаншыл-патриот-

тық, сергектік, махаббат-сүйіспеншілік сияқты адами асыл қасиеттерді егіп сіңіреді; адамды мәдениеттендіріп, оның эстетикалық талғамын қалыптастырып, жанын сұлулайды; парасатты тұлға етіп қалыптастырады; бірнеше институт, университет оқып бітіргендей білім береді» – дей келіп, «әдебиеттің адам тәрбиелеудегі жетекшілік ролі танылып, айқындалып, шынында нағыз рухани әке есебінде төрге шығуы тиіс... Ал сана дағдарысынан серпіліп шыға алмаған жағдайда халық халықтығынан, ел елдігінен, адам адамшылығынан, кісі кісілігінен айрылады».

Осы кездерде қазақ зиялылары көтерген, көп талқылаған тақырыптың бірі ұлттық идеология болды. Қазақ қоғамында болып жатқан кемшіліктердің басты себебін дамудың темірқазығы болатын стратегиялық бағыттың, яғни ұлттық идеологияның болмауынан көрді. Осы мәселе А.Сейдімбектің «Ұлттық идеясында» («Қазақ әдебиеті», 15.08.2003) толығырақ көтерілді. Ақселеудің ойынша, «Қазақстан үшін іргетас болатын жалғыз ғана идея бар. Ол – Қазақ идеясы. Қазақ идеясы ғана Қазақстанды дербес мемлекет ретінде даралап, жалпы қазақстандықтардың бүгінгі және тарихи перспективадағы мақсат-мүдделеріне іргетас бола алады...

Ұлттық идея деген – ұлттың, мемлекеттің тек бүгін ғана емес, ұзақ мерзім аясында бақытты да кемел өмір сүруін қапысыз қамтамасыз ететін тетік және халықтың ынта-жігерін оятатын белсенді өмір салты».

Ал ұлттық идея мен жаһандандудың арақатынасы – аса күрделі. Сондықтан да «жаһандану үрдісін әрбір ұлт, әрбір мемлекет өзінің төл болмысына бейімдеп, жерсіндіре алғанда ғана (оны жүзеге асыруға әбден болады), әрбір этникалық орта осынау әрі құпиялау, әрі қауіптілеу болып көрінетін құбылыстың тек қана игілігін көруге тиіс. Ал егер жаһандандуды ұлттық-мемлекеттік болмысқа сай жерсіндіре алмай, оның әсер-ықпалына табына мойын ұсынып, үлгі-өнегесіне жалаң еліктеуге ұрынатын болса, ондай ұлт та, мемлекет те өз көрін өзі қазандай күй кешіп, көп ұзамай геосаяси тобырға ұласып, одан әрі тарихтың өткен шақпен айтылар естелігіне айналады».

Ал тілге келетін болсақ, Ақселеу «ұлтты ұлт ететін, тәуелсіздікті баянды ететін, төлтума мәдениеттің іргетасы болып табылатын мемлекеттік тіл – қазақ тілінің» қазіргі жағдайы сын көтермейді. «Қазақ халқының ұлы тілінің күн өткен сайын ығыстырылып, көз алдымызда солғын тартып бара жатқанына» көнуге болмайды. Өйткені, «ұлттың жаны болып табылатын тілге қағажу көрсету – ақтауға да, ақталуға да болмайтын тарихи қылмыспен тең құбылыс. Тіл жанды процес – тұтынған сайын жетіледі, тұқыртқан сайын кетіледі. ...тіл тұқыртылған сайын халықтың рухы солады, ұлттың еңсесі басылады, елдің патриоттық сезімі сөнеді...». Ұлт патриоты А.Сейдімбектің бұл сөздерінде ұлттың болашағына деген алаңдаушылық байқалады.

С.Ерғалиев «Ұлттық идеология туралы бас қатыруда» («Жас алаш», 22.01.2005) «Қазақстан ұлттық мемлекет құру жолында өресін өсіретін бағыт ұстанғанда ғана» ұлттық дамудың даңғыл жолына түседі; «ал соңғы кезде пайда болған «қазақстандық ұлт» турасындағы дүмбілез идеология» – теріс жол деп біледі. Ал Т.Әбсәлімұлы «Орыс тілін Қазақстанда үстем тілге, мемлекет тіліне айналдыру – қазақ ұлтының өмір сүру құқығын жою деген сөз. Ол – қазақ ұлты өмірден ығыстырып шығарудың, жоюдың амалы» («Қазақстан-Заман», 12.01.2007) – деп, мәселені төтесінен қойды. Ол Қазақстанның өркениетті дұрыс жолда дамуын, «ұлт өмірінің тарихи-табиғи қорғанышы» болатын, қазақ тілінің, қазақ әдебиетінің, қазақ руханиятының қанат жаюын қамтамасыз ететін ұлттық идеология жасау қажеттілігін көтерді.

Ғ.Есімнің «Қазақ философиясы» («Қазақ әдебиеті», 20.06.2003) ұлттық руханият үшін аса маңызды мәселені көтереді. Ол философияның ұлттық сипатын оның тілдік негізінен көреді. «Қазақ философиясын зерттегісі келген адамға да айтарым, қазақ тілін меңгермей тұрып, небір мәнді ойлар айтуы мүмкін емес. Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ол өз болмысын халықтың тәжірибесін сіңіріп алған феномен, тілде тарихи сана жинақталған. Тіл – дүниетанымдық, философиялық тәжірибенің синтезі. Осы мәнде ұлттық тіл – ұлттық философияның негізі» – деп, тілдің ұлттық болмыстағы, дүниетанымдағы, руханияттағы шешуші рөл атқаратындығына оқырман назарын аударды. Ол «Қазақ ренессансы» («Егемен Қазақстан», 14.03.2006) атты мақаласында да қазіргі таңдағы қазақ қоғамындағы ұлттық идея, ұлттық тіл, ұлттық әдебиет жайлы өз ойларын білдіріпті.

«Ұлтын ойлайтындарды сол ұлттың өздері-ақ мазақ етеді» деген Ғ.Нұрмұратұлының мақаласына тағы да «Аллен Даллестің ұлтты азғындататын «ақылы» – жайлап жарылатын мина» деген қосымша тақырыпша беріліпті. Автор бұрын Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы, Орталық барлау басқармасының бастығы болған Аллен Даллестің 1950 жылы шыққан «Соғыс не бейбітшілік» кітабын оқи отырып, ой бөліседі. Екінші дү-

ниежүзілік соғыстан кейінгі жағдайда АҚШ-тың бүкіл әлемді билеу туралы зымиян ойларын жүзеге асыру жолдарын айқындап берген, әлемдік екі түрлі қоғамдық жүйенің арасындағы идеология майданындағы «қырғиқабақ соғыстың» негізін салған А. Даллестің бұл кітабы қазіргі руханият айдынында болып жатқан өзгерістердің шын мәнін ашып, көп нәрсеге көзіңізді жеткізгендей болады. Онда мынадай жолдар бар: «Соғыс аяқталды. Енді тіршілік біртіндеп түзелуге бет алып, дүние тыныштала бастады. Осындай кезде біз қолымыздағының бәрін, яғни, алтынымызды, басқа да байлығымызды, бар күшімізді басқаларды ақымақ, мәңгүрт етуге жұмсауға тиіспіз. Адамның миы, санасы өзгеруге бейім. Дүниені алақұйын етіп, басқалардың асылын жасанды жасыққа айналдыруға және де олардың сол жасанды жасығын «асылым» деп қабылдауға мәжбүр етуіміз керек. Қалайша?» – деп келеді де оған төмендегіше жауап береді: «Әдебиеті мен өнерін, мысалы, олардың әлеуметтік мақсат-мүддесін өшіріп, салт-дәстүрін мазак қып көрсетіп, суреткерлерін қалың көпшіліктің көкейкесті ой-ниеттерін зерттеуден, айшықтап көрсетуден айырамыз... Рухани бейшара, байғұс етіп, адамгершілік атаулыны мүлде ұмыттырамыз. Ұлтын ойлайтындарды, әсіресе, ұлтшыл деп, жанын беретіндерді, салт-дәстүрді дәріптейтіндерді ескішіл, білімсіз деп, өздері-ақ мазак ететін болады. Бала кездерінен, жасөспірім шақтарынан шырғаланға душар етіп, әбден азғындатамыз. Ибалы қыздарын ардан жүрдай етеміз. Сөйтіп, олардан түйсіксіз, Отансыз тобыр жасаймыз». Автор «жаппай мәдениет», «ғаламдасу» сияқты Батыстан шыққан болмай қоймайтын заңды құбылыс ретінде насихатталып келе жатқан «заңдылықтарды» кітаптың өзін сөйлету арқылы түп-тамырымен ашып көрсетеді. «Мұны оқыған кез-келген қазағым өзінің кімге, немесе кімдерге еліктеп, ұрпағын тәрбиелеп жатқанын ұғынары сөзсіз» («Жас қазақ үні», 12.01.2007) дейді.

Академик Р.Нұрғали «Жаһандану бүгін ғана пайда болған ұғым емес. Адамзаттың мәдениеті, өкреніеті дамыған күннен бастап жаһандану жүріп жатыр. Ұлы Жібек жолы – жаһандану, Қытай ойлап тапқан компастық, қағаздың тарауы – жаһандану, түркілер жасаған ер-тоқымның үзеңгісі – ол да жаһандану.

Қазіргі замандағы үлкен алпауыттар, империялық пиғылды көкसेген елдер үшін жаһандану деген сөз – азды бұғаулап тұтып алу, күші кемді бағындыру. Жаһандануда ұлт жоқ. Ұлттық тіл, ұлттық мәдениет жоқ («Қазақ әдебиеті», 23.11.2004) – деді.

Ұлт мүддесі үшін жанын салып жүрген ақын Мұхтар Шаханов:

«Қазір әлемде рухсыздану үрдісі жүріп жатыр. Біздің елде де аз жылдың ішінде рухсыздану дерті терең тамырын жайды. Билік те бірінші қатарға экономиканы қойып, адами, рухани құндылықтарды екінші қатарға ысырып тастады. Бұл – түбегейлі қате! Себебі, экономиканы жасайтын – адам. Ал адамда рухани парасат болмаса, ол қоғамға үлкен қауіп төндіреді. Сондықтан бұндай саясатты алға тарту қоғамның адасуы деп білемін» («Жас алаш», 14.05.2010) – деп, дабыл қақты.

Саясаттанушы Н.Қошаманұлының «Бүгінгі реализмді жазушыларымыз қалай түсінеді?» («Қазақстан», 02.02.2007), Қ.Тоқмырзаұлының «Қазақ болу – мазак болу сияқты еді» («Ана тілі», 17.05.2007) т.б. мақалаларда осы уақытқа дейінгі қазақтың рухани өмірінің келеңсіз жақтары сөз болып, соларды дұрыстауға шақырды. С.Ақатай қазақ дүниетанымының рухани негіздері саналатын әдеби мұраларға ғылыми сараптамалар жасау барысында мемлекет ұлттық идеяларға арқа сүйейді, сондықтан да ұлттық рухани құндылықтарды қорғау мемлекеттің басты міндеті деп білді (Рухани әлемнің кәусар бұлағы. «Қазақ әдебиеті», 07.11.2008).

«Елімізге тағы бір реформа керек. Ол – руханият реформасы» деген тақырыппен «Қазақ әдебиеті» (24.02.2005) газеті Қ.Қайсеновтің, Қ.Исабаевтың, С.Әсіпұлының, С.Оспановтың, Ө.Ғалидың ортақ пікірлерін берді. О.Асанғазы М.Әуезовтің тіл мәдениетіне сіңірген еңбегін айта отырып, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қоғамдық өмірдің барлық саласында қолдандудың болашақ ұрпақты дұрыс жолда тәрбиелеу ісінде аса маңызды екендігіне зер салды.

Саясаттанушы Б.Тайжан «Қазақстан үкіметі Еуропадағы, Азиядағы, Африкадағы дербес мемлекет құру тарихын, тәжірибелерін жақсы білгенде, сол тәжірибені қолданғанда, Қазақстанда мемлекеттік тілмен жат, бөтен орыс тілі жағаласып, тартысып отырмаған болар еді» (Дербестік алған елдердің саясаты. «Президент және халық», 07.07.2006) – деп, шетелдердегі тіл саясатын жүргізудегі озық тәжірибелерді алға тартады. Әсіресе, Қазақстанға жағдайы ұқсас Малайзияда малай тілін мемлекеттік тілге айналдыру тәжірибесін үлгі етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қазақ әдебиеті, оның дамуы мен қоғамда алар орны, жалпы ұлттық рухани құндылықтар жайлы «Қазақ әдебиеті» (12,

24.03.2016) газетінің бас редакторы Ұлықбек Есдәулетовке «Әдебиет – руханият қайнары» деген тақырыппен көлемді сұхбат берді. Қоғамның рухани өмірінің аса маңызды жақтарын көтерген бұл сұхбатта ел басшысының ұлттық мәдениетті дамыта түсу жолындағы көзқарастары мен осы салада атқарылып жатқан игі істер біршама көрініс тапқан. Әсіресе, қазақ әдебиетінің өткені, бүгіні, ертеңі жайлы құнарлы ойлар баршылдық.

Елбасы осы жылы «Ана тілі» газетінің бас редакторы М.Құлкеновке берген сұхбатында әңгіменің негізгі арқауын қазақ тілінің зәру мәселелеріне арнады. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген президент қазақ тілін өркендетудің нақты 8 жолын белгілеп берді, «Тілдер туралы» заңды қайта қарап, замана талабына сай өзгерістер кіргізуді ұсынды. Ең бастысы 2010 жылға дейін қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәселелері тұтастай шешімін табуы тиіс екендігін мәлімдеді.

ҚР Президентінің тіл, әдебиет жайлы берген сұхбаттарында айтқан пікірлерін қолдаған Ұ.Есдәулетовтің, Ә.Нілібаевтың, Ш.Күмісбайұлының, т.б. («Қазақ әдебиеті», 26.05.2006) үнқосулары баспасөз беттерінде жарияланды.

2006 жылдың 28 мамыры күні Қазақстан Жазушылар үйінде «Мемлекеттік тіл – ұлт тағдыры», Алматы қалалық қазақ тілі қоғамы, Қазақстан Жазушылар одағы және бірқатар қоғамдық ұйымдар мен шығармашылық одақтар бірлесіп, «Мемлекеттік тілге – Мемлекеттік қамқорлық» атты үлкен жиын өтті. М.Шаханов бастаған тіл жанашырларының сөздерінде қазіргі қазақ тілінің замана талабына жауап бере алмай, «Тіл туралы» заң қабылданғанына 17 жыл өтсе де оның орындалмауы салдарынан рухани салада көптеген келеңсіз жағдайлардың орын алып келе жатқандығы кеңінен сөз болды. Жиын Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне, Қазақстан Республикасының үкіметіне қазақ тілінің жағдайын жақсартуға байғытталған 11 пункттен тұратын ұсыныс айтқан үндеуі қабылдады («Әдебиет айдыны», 01.06.2006).

Екі мыңыншы жылдардың екінші жарымына қарай тіл мәселесі қазақ қоғамында күрделілене түсті. «Тіл туралы» заңда, елбасының сөздерінде қазақ тілін мемлекеттік тілге айналдыру бағытында оң бағыттар межеленгенімен де оларды жүзеге асыру барысында қиындықтарға кездесіп, жақсара түсудің орнына керісінше, ушыға түсті. Қазақ тілі мемлекеттік тілге айналып, ұлттың рухы көтерілмей жатқанда, «қазақстандық ұлт», «үш тұғырлы тіл» мәселелері бой көтерді. Ұлтжанды зиялылар бұл концепцияға да қарсы шықты.

Белгілі қоғам қайраткері, ақын Мұхтар Шахановтың бастамасымен түрлі партиялар мен қоғамдық бірлестік өкілдері бас қосқан дөңгелек үстел басында «қазақстандық ұлт» пен «үш тұғырлы тіл» мәселесі талқыланды. М.Шаханов жүргізіп отырған дөңгелек үстелде С.Ғаббасов, Иран-Ғайып, Т.Медетбек, Т.Әлжан, Ұ.Исабекова, А.Осман, Ж.Ілиясов, А.Көшербаев, Б.Үсенов, Ә.Қасенов, Б.Нұрахмедов, Қ.Иса, Б.Иманқожа сынды түрлі ұлттық қозғалыс өкілдері, қоғам қайраткерлері, саясаттанушылар, ғалымдар, ақын-жазушылар шығып сөйлеп, бірауыздан бұл екі түрлі ұстанымның да ғылыми жағынан негізсіз, тәжірибелік жағынан қажетсіз екенін дәлелдеді («Жалын», 2007, №12).

«Қазақ тілі – үш тұғырлы тілдің, қазақ ұлты – қазақстандық ұлттың құрбанына айнала ма?» – деген тақырыппен 25 мың адам қол қойған хат жарияланды. Мұнда 150 шалақазақ кәсіпкердің биліктің жасырын түрде қолдауымен ұсынған «қазақстандық ұлт» идеясының («Казakhstanская правда», 22.12.1994) «Қазақстан-2030» стратегиялық жоспарына енуі, «үш тұғырлы тілдің» насихаттала бастауы шын мәнінде қазақтардың Қазақстанда мемлекет құрушы ұлт екендігін, мұның өзі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін мойындамаушылыққа апарып соқтыратындығына жұртшылық назарын аударды.

Осы жылдарда белгілі сыншы-ғалым Рахманқұл Бердібай ұлт мүддесін қорғаған өткір пікірлерімен көзге түсті. Оның баспасөз бетінде жарияланған бірнеше сұхбаттарында (Т.Момбеқұлы. Парасат. «Тұран әлем», 2001, №10; Б.Шарахымбай. «Ұлт деген сөз ұлықталмай, тереземіз теңелмейді. «Қазақ әдебиеті», 12.12.2003; С.Сыбанбай, Ж.Әкімжан. «Президент үш хатыма жауап жазды, төртіншісі жауапсыз қалды». «Жас алаш», 23.11.2004; М. Әжібекұлы. Ұлтшылық үшін қудаланғаныма өкінбеймін. «Жас қазақ үні», 22.12.2006, т.б.) рухани өмірдің өзекті өңірлеріне қатысты батыл пікір айтушылық бар. Ғұлама «...көпұлтты Қазақстан» деген сөздің өзі – қате. Қазақстан көпұлтты мемлекет емес. Біздің елде бір-ақ ұлт бар, ол – қазақ. Қалғандары – диаспоралар және этникалық топтар»; «Ондай (ұлттық даму. Д.Ы.) бағдарлама болмаса, біз жаһандану деген жалмауыздың аузына бірінші болып түсетін

космополит ұлттың бірі боламыз да шығамыз» («Жас алаш», 23.11.2004); «Меніңше, жаһандандудың астарын түсіну үшін, дүние жүзі философиясын оқып тауысудың қажеттігі жоқ. Қазіргі Америка Құрама Штаттары бастаған империалистік күштер ешбір елдің өздігінше, өз қалауынша өмір сүруіне ырық бермей, «берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан» деген астамдық принципті күшпен заңдастырғысы келеді. Ал жаһандандудың «бейбіт» варианты экономикалық, техникалық жағынан артта қалған әлсіз елдерді терең ойластырылған арамза әдіспен рухани құлдыққа түсіруді көздейтіні жасырын емес» («Қазақ әдебиеті», 12.12.2003) дейді. Ұлтжанды азаматтың қоғамдық өмірдің түрлі жақтары жайлы айтқан ой-пікірлері ащы шындықты батыл айтқан шынайылығымен, өміршендігімен ерекшеленеді.

Қазақ тілінің тағдыры тәуелсіз Қазақстандағы ең басты идеологиялық мәселеге айналды. «Ана тілі» газетінен бастап, «Қазақ әдебиеті», «Әдебиет айдыны», «Жұлдыз», «Жалын» сияқты басылым беттерінде тіл мәселесі рухани өмірдің негізгі тақырыбына айналды. Басылымдар осы мәселеге арнайы айдарлар ашып, материалдарды жүйелі түрде беріп тұрды. «Әдебиет айдыны» газеті «Тіл тағдыры» айдарында «Мемлекеттік тілдің мерейі аса күрделі түйінді мәселеге айналып тұр. Біздегі тарихи-әлеуметтік жағдаймен, біздің мінез-құлқымызбен, менталитетімізбен дәл қазіргідей толғауы тоқсан қызыл тілді безей берсек, 15 жылдан кейін де дәл бүгінгідей межеден аспаймыз.

Тіл – ұлттың рухани тарихы, әлеуметтік, танымдық, дәстүрлік, әрі жан дүниесінің энциклопедиясы. Қоғамда қай тіл үстемдік етсе, сол тілді дүниеге келтірген ұлттың дүниетанымы белгілі мөлшерде үстемдік етеді. Сондықтан да әрбір мемлекет өз тілінің аясының кеңіп, өсе өркендей түсуіне айрықша мән беріп, мемлекеттік саясатының аса маңызды бөлігі, бірегейі ретінде ерекше еңбек етеді.

Ғасырлар бойы қалыптасқан тіл жағдайын өзгерте салудың өте қиын екеніне көзіміз жетті. Енді өткен 15 жылға көз жүгіртіп, кемшілік неден деген сұраққа көп болып, ақылдасар уақыт келді» («Әдебиет айдыны», 23.03.2007) – деп, оқырманды пікір алысуға шақырды.

Осы орайда Х.Әдібаев «Туған тілді тұғырына қондырсақ» («Әдебиет айдыны», 29.03.2007), өйткені «Әлем таныған мемлекетке айналдық. Мемлекеттің негізі, ұлан-байтақ жер иесі, байлық иесі – ғасырларға созылған тарихы мен мәдениеті бар халықтың – мемлекет негізі халықтың әлеуметтік саяси, рухани маңызы зор мемлекеттік тілі болуы – табиғи да заңды құбылыс. Күллі әлемде солай» – депті.

Көрнекті ғалым, әдебиет зерттеушісі тәуелсіздік жылдарында батыл айтқан пікірлерімен көзге түсті. Ол «Жас қазақ үніне» (05.05.2006) берген сұхбатында нарық заманындағы қазақ қоғамының жай-күйі жайлы өз ойларымен бөлісіпті. «Құлдық заманында өскен зиялылар нарық заманына дайын емес» дей келіп, «Ең алдымен, қазақ тілінің мәселесін шешуіміз керек... Сәкен... 1923 жылы 22-қарашада алғаш рет қазақ тіліне мемлекеттік статус әперді... Сол қазақ тілі күні бүгінге дейін саудаға салынуда... Елбасы барлық сөзін қазақша сөйлеуі тиіс» – деген ойларын да ашық айтқан.

Ғалым Т.Бейісқұлов «Тәуелсіздіктің сақталуының көп шарттары бар. Оның негізгілері – жерінің, тілінің, ұлттық салт-санасының сақталуы» – дей келіп, «Депутаттардың қазақ бола тұрып, өз тілінде сөйлемейтіні көпшіліктің зығырын қайнатып жүргені жасырын емес... Қазақ тілінде сөйлеу – олардың міндеті» («Қазақ әдебиеті», 19.03.2004) – деп жазды.

«Қазақ әдебиеті» газетінің осы санында депутаттардың қайсысының қай тілде сөйлейтіндігі жөнінде статистикалық мәлімет беріліпті. Сонда парламенттің 76 депутатының 15-і ғана қазақша сөйлесе, қалғандары орыс тілді екен.

Екі мыңыншы жылдары қазақ тілінің, әдебиетінің, руханиятының жай-күйін қарастырған мақалалар сан жағынан да артып, ауқымды мәселелерді кеңінен талқылап жатты. Ж.Сомжүректің «Сана дағдарысы» («Қазақ әдебиеті», 09.11.2001), А. Османованың «Мен үшін дүниедегі ең әуезді, ең тәтті, ең сүйкімді тіл – қазақ тілі» (Сұхбат, «Қазақ әдебиеті», 21.09.2001), «Әдебиет – адам рухының қолбасшысы» («Қазақ әдебиеті», 21.12.2001), Н.Оразалиннің «Әдебиет – ардың айнасы» («Қазақ әдебиеті», 23.11.2001), «Ұлттан, ұлт киесінен ешкім де биік емес» (Сұхбат, «Әдебиет айдыны», 16.03.2006), Т.Жұртбайдың «Ой түрткі» («Жұлдыз», 2001, №7), Т.Еңсегеновтің «Рухы биік ел екенімізді айқындайық» («Жұлдыз», 2001, №10), З.Қабдоловтың «Әдебиет ұлы болмай, ұлт ұлы болмайды» (Сұхбат, «Қазақ әдебиеті», 06.12.2002), С.Әмірғазиннің «Жаһандану мәселесі» («Жұлдыз», 2003, №8), А.Мекебаевтың «Қаламгер парызы ұлт мүддесінен туады» (Сұхбат, «Қазақ әдебиеті», 01.10.2004), Қ.Жұмәділовтің «Ұлттың жаны –

тілде» («Тіл және қоғам», 2004, №2), М.Мағауиннің «Ұлтсыздану ұраны» «Жұлдыз», 2004, №7), Р.Бердібайдың «Тіл тағдыры» («Жалын», 2004, №12), А.Кеншілікұлының «Халыққа ақын керек пе?» («Қазақ әдебиеті», 24.06.2003), С.Қышқашұлының «Абай не дейді? Ахаң не дейді? Жахаң не дейді? Қазақ не дейді? Біз не дейміз?» («Жас алаш», 06.01.2005), Ә. Қайдаридың «Тіл – елдіктің кепілі» («Тіл және қоғам», 2005, №3), Ә. Нұршайықовтың «Тіл үшін майдан – ең ұлы майдан» («Тіл және қоғам», 2005, №3), (А.Сейдімбектің «Ұлт және мәдениет» («Қазақ әдебиеті», 23.09.2005), «Тіл тағдыры – әдебиет тағдыры» (Конференция материалдары, «Қазақ әдебиеті», 30.12.2005), О.Тұржанның «Жаһандану және қазақ әдебиеті» («Қазақ әдебиеті», 13.03.2006), С.Асылбековтің «Ана тілі мен әдебиет, мәдениет – ұлттың рухани қорғаны, иммунитеті» («Қазақ әдебиеті», 14.07.2006), «Әдебиет туралы заң керек пе?» («Қазақ әдебиеті», 11.08.2006), Н.Қазыбектің «Тіл мәселесі – ұлт мәселесі» («Әдебиет айдыны», 16.02.2006), С.Елубайдың «Әдебиет – халықтың рухани бейнесі» («Әдебиет айдыны», 23.03.2006), «Тіл тағдыры – ел тағдыры» («Әдебиет айдыны», 01.06.2006), А.Мауқарұлының «Ұлт тірегі – тіл» («Әдебиет айдыны», 29.06.2006), Е.Раушановтың «Ұлт болу үшін рух болу керек» («Әдебиет айдыны», 14.12.2006), М.Шахановтың «Мемлекеттік тілді қадірлеуді парламент қабырғасынан бастайық» («Қазақ әдебиеті», 12.01.2007), «Қазақ тілі тәуелсіздік алған жоқ» («Қазақ әдебиеті», 16.02.2007), Ж.Жүнісұлының «Діл сөйлемей, тіл сөйлемейді» («Қазақ әдебиеті», 23.02.2007), З.Салқынбаевтың «Тіл саясаты» («Қазақ әдебиеті», 05.10.2007), Д. Ысқақұлының «Тіл-ұлттың рухани негізі» («Тіл және қоғам», 2008, №4), Ә. Кекілбаевтың «Тіл және тәуелсіздік» («Тіл және қоғам», 2009, №2, 4), Б.Момышұлының «Тіл сізді айуан дейді» («Жалын», 2009, №5), т.б. мақалаларында бүгінгі күнгі қазақ тілінің зәру проблемалары батыл көтерілді.

А. Османова «Қазақ тілінің байлығы мен қуаты ағылшын, орыс тілдерінен артық болмаса, кем емес. Ал түркі тілдерінің ішінде ең шоқтығы биік қазақ тілі екеніне менің көзім айқын жетеді. Жалпы ғылыми орталардағы сараптаулар мен тұжырымдарға зер салсақ, «Араб тілі басты тіл, парсы тілі тәтті тіл, түрік тілі өнерлі тіл». Қазақ тілі соның ішіндегі ең әуезді, ең мәнді, ең мағыналы, ең бай тіл» («Қазақ әдебиеті», 21.09.2001)-деп, ана тіліміздің жай ғана емес, әлемдегі мақтануға тұрарлық әсем тілдердің бірі екенін есітер құлақ болса, ғылыми негізде, жеріне жеткізе айтты. Бұл пікір – қазақтың емес, басқа ұлт өкілінің-әзербайжан қызының аузынан шығуымен де аса құнды.

Б. Кәрібаева тілдің жалпы рухани өмірдегі, әдебиеттегі аса маңызды роліне тоқтала келіп, «Тіл – грамматика ғана емес, әлдеқайда күрделі процесс. Ой тапшы болса, тіл мүдiredі. Кемел ойдан ғана келісті тіл көрініс табады» («Қазақ әдебиеті», 7.03.2003) – деді.

С.Елубай «Ұлтымыздың сорына айналған 10 сорақылықты» («Қазақ әдебиеті», 03.06.2005) көрсетіп, оларды жоюға бағытталған 10 ұсыныс жасады. Жазушы көрсеткен 10 сорақылықтың 7-уі тілге қатысты: тіл туралы заңның орындалмауы, мекемелердің осы күнге дейін қазақша сөйлемей, оқу орындарында тәрбиенің орысша жүргізілуі, т.б. Ол тағы бір мақаласында (Әдебиет – халықтың рухани бет-бейнесі, «Әдебиет айдыны», 23.03.2006) «...Қазақстан мемлекет болып қалғысы келсе, ұлттық құндылықтар үшін күресуі керек. Ұлттық құндылықтар құрғыанда, Қазақстан мемлекеті де жоғалады. Ол Ресейдің губерниясына айналары сөзсіз. Өйткені, қорғайтын, сақтайтын, аялайтын, киелейтін еш нәрсе қалмауы мүмкін» – деп жазды.

Н.Қазыбеков «Тіл мәселесі – ұлт мәселесі» («Әдебиет айдыны», 16.02.2006) екендігін еске салды.

Ұлты неміс Герольд Бельгер руханият, тіл жайындағы басты «мақсат – ұлттың рухын ояту», тіл саясатының жүзеге аспай жатуы осыдан деді.

Ұлты азербайжан Асылы Осман «Қазақстанның баршаға ортақ тілі – қазақ тілі болуы тиіс. Өйткені, мемлекеттік тіл – кез келген елдің көрсеткіші, беделі. Тұрған мемлекетіне ұйытқы болған ұлтты жақсы тану үшін ең алдымен, сол елдің ана тілін, мемлекеттік тілін үйреніп, меңгеру керек. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде күллі қазақстандықтарға ортақ тіл екенін мойындайтын уақыт жетті... Егер тілді өз тұғырына қондыра білсек, зор боламыз, айтпесе қор боламыз... Қазақ тілімен өмір сүру – Қазақстанның өркениетке барар жолы!» («Қазақ әдебиеті», 16.09.2005) – деп мәлімдеді.

Қазақ тілінің қазақ мемлекетінде мүшкіл хал кешуі, оған мемлекеттік тіл мәртебесін берген тіл туралы заңның орындалмауы ұлт зиялыларын, әсіресе қазақ қаламгерлерін ойландырмай қоймады. Тіл тағдырын көтерген мақалалармен қатар оның жай-күйін талқылаған түрлі жиындар өте бастады. 2005 жылдың 26-желтоқсаны күні Қазақстан Жазушылар Одағы мен

ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тіл комитеті бірігіп, «Қазіргі қазақ әдебиеті және көркем тіл мәселесі» деген тақырыпта конференция өткізді. Конференцияда Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы Н.Оразалиннің «Көркем тіл – көркем әдебиеттің алтын арқауы», Тіл комитетінің республикалық мемлекеттік тілді жеделдете оқыту орталығының директоры Е.Тілешовтің «Қазіргі көркем проза тілі» бойынша баяндамаларын тындады. Жиында Қ.Ысқақ «Бейнелі тіл – суреткердің басты құралы», Ғ.Қабышев «Күлкінің де қос қанаты бар», С.Елубаев «Тіл тағдыры – әдебиет пен елдің тағдыры», Б.Сарбалаев «Қазақ өлеңінің келбеті – кестелі тіл», Н.Шәкеев «Көркем аударма тілі», С.Әбдірайымов «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі проза тілі» тақырыбында баяндамалар жасады.

Жазушы А.Мекебай «Қазақ әдебиеті» газетінің (01.10.2004) тілшісіне берген интервьюінде әдебиеттің дұрыс жолда дамуына ұлттық идеологияның аса маңызды роль атқаратындығын айтып, бізде әлі оның жоқ екендігін дәлелдейді. Тәуелсіздігімізді заң жүзінде алғанымызбен де іс жүзінде «ұлттық тәуелсіздігіміздің» жоқтығы, рухани өмірімізде орын алып жатқан көптеген кемшіліктердің соның салдары екендігі тілге тиек болған. «Оған қазақ тілінің өз елімізде, өз жерімізде қатынас құралына айнала алмай отырғаны дәлел. Мұның басты өкінішті жайы қазіргі кейбір саясаткерлер орыс тілін қолпаштау арқылы Қазақстанда қоғам дамуының тежегіш күшіне айналуы» – деп, тәуелсіз елде оның тілінің өріс ала алмай отырғандығына өкініш білдіреді.

Белгілі қаламгер М.Ысқақбай «Он ғасырға созылған ұлы күрес («Қазақ әдебиеті», 03.02.2006), яғни қазақ тілі үшін күрес жолдарын шолған мақала жазып, тіл үшін күрестің ұлт үшін күрес екендігін, тілі әлсіресе ол ұлттың «рухани иммунитетінің біртіндеп азайып, енді тіпті жоғалуға дайын тұратынын» мысалдар келтіре отырып, дәлелдеген. «Менің көзім жеткен бір нәрсе – кез келген басы жұмыр пенде әйтеуір бір ұлттық дәстүрде тәрбиеленуі керек екен, әйтпесе, ол тасқа өскен қынадай рухани тамыр тартпайтын көрінді. Не орыс халқының дәстүрлі ұлттық құндылықтарын, не қазақ халқының дәстүрлі ұлттық құндылықтарын бойға сіңірмегесін, сонау ғасырлардан жалғасып жеткен киелі ұғымдарды шыбын қаққаннан да оңай мансұқ ете салатын түрі бар. Ал ондай түсінік адам бойына тек тіл арқылы ғана сінеді... Демек, тілдің бұзылуы – ділдің бұзылуы, ділдің бұзылуы – тілдің бұзылуына алып келмек... Тіл – бүкіл ұлттық дүниетанымның бастауы: салт та, дәстүр де, діл де тек осы тіл арқылы сінеді адам бойына, тек тіл арқылы жетеді ұрпақтан ұрпаққа деп қайталай беретініміз содан. Тіл жоқ жерде ұлт та жоқ, ұлттық мәдениет те жоқ. Ана тіліміздің басына төнген бұл қауіп бізді ұлтсыздануға апарып соқпақ» – дей келіп, тілдің бұзылуы бізде бірнеше бағытта жүріп жатыр деп, оның ең бастысы орфоэпиялық норманың бұзылуын көрсетеді; көптеген мысалдар келтіре отырып, сөздің түбірін сақтап жазу керек дейтін орфографиялық ережені қатты сынға алады.

Маралдың мақаласы «Біздің тіліміз – тірі тіл. Жар басына таяп барып тоқтағанымызбен, құлап кеткелі тұрғамыз жоқ. Қағынан жеріген бауырларымызды тілдік ортаға қайтарып алар мүмкіндігіміз жеткілікті. Бізге қазақтың қазақша сөйлегені аз, өйткені, қазақ тілі «от басы, ошақ қасының» тілі емес, ол – әлемдегі ең бай, оралымды тілдің бірі. Біз оны көркем әдебиеттің, сөз патшасы – поэзияның, ғылымның, ресми құжаттардың, мекеменің, іс жұмысының тілі болуын қалаймыз. Біз оның қазақ жеріндегі мәртебесі үшін күресуіміз керек. Тіл мәртебесін ту ғып көтеріп жүрген ақпарат құралдарының өздері тілге мұқият болуын сұраймыз. Біз қазақтардың таза қазақ тілінде сөйлескенін қалаймыз. Бай әдемі тіліміз мұрты бұзылмай сақталуын қалаймыз. Мемлекеттік тілдің мемлекеттік мәртебесіне лайық болуын қалаймыз» – деген оптимизмге толы сарында аяқталған.

Жазушы Жолдасбай Тұрлыбайұлының айтуынша да қазақ тілі – әлемдегі сөздік қоры бай, көркем, оралымды тілдердің бірі. Осындай әсем тілдің бөтен сөзбен былғанып, азып-тозып, аударма тілге айналып бара жатқанын жүрек сыздатады. «Шіркін-ай, деймін, осылай тарта берсек, тау бұлағының мөлдір суындай тұнық, жауһардай таза, алмастай өткір, жібектей жұмсақ, дариядай тасқынды тіліміздің кейінгі ұрпақтарымызға әр ел тілінің жұғындысымен былыққан, қойыртпақ, қайыршының киіміндей алым-жұлым, жамау-жасқау бірдеңе қалады-ау дегенді ойлағанда, төбе шашым тік тұрып, жүрегім шымырлайды. Құдай түбін бергей!» («Қазақ әдебиеті», 29.03.2007) – деп толғанады сезімтал суреткер.

Оңалбек Кенжебеков «Тіл үшін күрес – өмір үшін күрес» («Әдебиет айдыны», 12.07.2007) – деп біледі. «Тіл де – ел қауіпсіздігінің кепілі. Тілі жоқ ел қалайша ел болмақ? Отарландыру саясаты өз дегенін істеп кетті. Қайда, өркөкірек ер Түріктің ұрпағы?» – деп, ашынған кейіп танытады. «Тіл аман болса, ұлт та, ұлттық мүдде де аман болады. Қатер төніп, жанымыз қысылып бара жатқан соң, ашына айтамыз» – дейді.

«Адам бойындағы жад та, ұлттық рух та, ең алдымен, ұлы мәртебелі Тіл арқылы қалыпта-сады. Тілсіз жад та, дәстүр де, толыққанды ұлттық рух та қалыптасуы мүлде мүмкін емес...

Қайратты тілсіз ұлттық рух болуы мүмкін емес. Ал тіліміз – төтесінен айтайық – кіріптар-лық күн кешуде. ...Тіліміз орыс тіліне кіріптар.

Қазақ ұлтының ұлт болып сақталып қалуы үшін бір-ақ сүйеніш, бір-ақ тірек бар. Ол – Тіл. Егер тіл әлсіресе, немесе жоғалса, онда ұлтқа да, сонан кейін мемлекетке де қатер. Өйткені патриотизм де, рух та тек тілмен қоректенеді, тілден нәр алады, содан қуаттанады. Тілді сақтау – ұлтты сақтау, мемлекетті сақтау. Тілді дамыту – ұлтты дамыту, мемлекетті дамыту. Тіліміз құласа, сүйеніш, тірексіз қаламыз. Бәрі әдіре қалады. Байлығын да, басқаң да? Өйткені, басқа ұлттарды былай қойғанда, бір ұлттың өзі екі тілде сөйлеп бара жатқанда, оның түбі жақсылыққа апарып соқпайды». Бұл жолдар ақын Темірхан Медетбектің «Егемен Қазақстан» (05.03.2004) газетінде жарияланған «Бір ұлт неге екі тілде сөйлейді, немесе мәңгірттікке зомбылық келіп қосылмай ма?» атты көлемді мақаласынан келтіріліп отыр.

Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрлан Оразалин «Әдебиет айдынының» (16.03.2006) тілшісімен сұхбаттасқанда, жаһандану дәуіріндегі тіл, әдебиет, мәдениеттің жай-күйіне қатысты батыл пікірлер айта білген. Ақын «дү-ниені ақпараттар ағыны жаулап алған» дәуірде «Әдебиетке орын қалмайды» дегенді «өте ұшқары айтылған пікір» санайды. Жаһанданудың «адам баласын жақындастыра» түсетін прогрессивті жағымен бірге терең ойлануды қажет ететін тұстары да бар екенін еске са-лады: «Ал жаһанданудың көлеңкелі жағында ұсақ ұлттардың жойылып кету қаупі тұр. Бұл дегеніміз, ұлттармен қоса сол ондаған ұлттардың мәдениеті, тілі, салт-дәстүрі де құрдымға кетеді деген сөз. Жаһанданудың негізгі мақсаттарының бірі – көркемдік қабылдау әлемімізді жақындастырып, тіпті ыңғайы келсе, әлемде бір тілдің билігін орнатуға жағдай жасау. Бұл – шағын ұлттарға, ұлттық әдебиеттерге төне бастаған қауіп пен қатердің нышаны. Алла адам баласын әу баста жаратқан кезде әр түсті, әр тілді етіп жаратты. Мыңдаған, миллиондаған жылдар бойы қалыптасып, тамыр жайып кеткен мәдениеттерді бір арнаға тоғыстырамыз деу ақылға сия қояр ма екен?».

Жаһандану – біздің рухани қазыналарымызға, санамызға, ұлттық құндылықтарымызға тежеу салатын өзгеше құбылыс. Осы кезеңде Әдебиетке қойылатын талаптар өзгереді. Енде-ше, осындай алмағайып мінезді өтпелі кезеңде әдебиет ұлттық, елдік тұтастығымыздың сақталуына қызмет етуі керек». Бұл жолдардан жаһандану дәуіріндегі ұлттық әдебиеттің бо-лашағына деген алаңдаушылықты байқауға болады.

Нұрланның пайымдауынша, «Әдебиет – ұлттық сананы қалыптастыратын және ұлттық рухты күшейтетін бірден-бір қозғаушы күш. Ұлттық рухтың әлсіреуі мемлекет пен тәуелсіздікке нұқсан келтіреді. Ұрпақты отаншылдық, патриоттық рухта тәрбиелеуде әдебиеттің ат-қарар рөлі зор. Сондықтан әлем жаһандануға бет бұрған бүгінгідей аса күрделі кезеңде әде-биетке мемлекеттік қамқорлық арта түсуі қажет. Сонда ғана біз жаңа кезең әдебиетін қалып-тастыра аламыз».

Ақынның «Әдебиеті мықты елдің әдебі де, мінезі де мықты болады. Ал бұл қасиеттер ұлт-ты, тәуелсіздікті сақтаудың басты-басты кепілдері дер едім...

Бүгінде жаһандану дейтін процесті жеделдете жүргізгісі келетін күштер сөзсіз біздің сол билігімізді аласартқысы келеді. Өйткені әдебиеті, мәдениеті биік елді өзге мәдениетпен жаулау, жеңу қиын. Ал өзге мәдениеттің омырауына апарып теліп қою үшін ең әуелі халықты өз әдебиетінің тұма бастауларынан, ұлттық құндылықтарынан жеріту қажет. Міне, әдебиет-ті екінші планға ысырудың астарында жатқан әбжылан, айдаһар идеяңыз осы!» – дегені әр-бір ұлтжанды азаматтың есінде болғаны лазым.

Ал тілдің ұлт, халық өмірінде шешуші орны «Ана тілінің алдында тұрып, бәтуаға келе алған ұлдарын қазақ халқы алақанына салып, қай кезде де төбесіне көрері хақ! Мұндай ұлт-ты дау да, жау да ала алмайды» – деген сөздермен айқындалыпты.

Айтулы ақын Қадыр Мырза-Әлі «Тілінді өзгертсең, ұлтың өзгереді, дініңді өзгертсең, се-німің өзгереді» – депті «Жас қазақ үніне» (16.12.2005) берген сұхбатында. Ол әдебиет, ұлт-тық саясат жайлы айта келіп, «Тіл туралы сөз болғанда, үйде қалай шыдап отырамын. Ол – сенің негізгі саясатың. Ұлттың бірінші белгісі – дін емес, тіл. Халық бір діннен шығып, екін-ші дінге өтіп кете береді... Ал тілінді өзгертсең ұлтың өзгереді, дініңді өзгертсең, сенімің өз-гереді. Біздің тіл – өте бай тіл» – деп, болашақта оның салтанат құратынына кәміл сенеді.

Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Аңқыма хақында бірер сөзі» ақынның қазақ ұлты, ұлттық руханият, тіл туралы толғаныстарынан тұрады. Газеттің бес номеріне жарияланған мақаланың іштей тараушыларға бөлінуі де ерекше. «Абай айғайы», «Саясат – сайтан оқуы», «Ұлттық «мутант» мемлекет», «Атам қазақ есін «ұрғашыландырудың» бір белгісі», «Көшпелі – еркек», «Отырықшы – ұрғашы», «Тіл туралы шындықтарды түгендеу», «Әр кәллада – бір қиял», «Шоқынды» синдромы», «Қазақ тілінің алапат аңқыр қуағы мен мүңкір қуағы», «Қазақ – әлем пайғамбары», т.б. сияқты тақырыпшалардан тұратын эсседен Тыныштықбектің қазіргі қазақ қоғамының рухани өмірі жайлы ақындық сезімге оранған азаматтық ой ұшқындарын көреміз.

Ақын өз ойларын жай айта салмайды. Нені айтса да толғанып, шамырқанып, ақындық сезімге ерік беріп сөйлейді. «Әділет бойынша, біздің Отау Мемлекетіміздің қамқор иесі – қазақ... Жалғыз. Ал Мемлекеттік тіл, шынтуайтына келгенде – екеу. Ол дегеніңіз – «мемлекеттік идея да – екеу» деген сөз. Мемлекеттік қамқор ие біреу бола тұра екі түрлі идеямен өмір сүретін екіжүзді мемлекет болушы ма еді? Болса болар, бірақ ондай мемлекеттің ғұмыры да ұзаққа созылмас» – деп, өз ойын жасырмайды.

«Ұлттық Тілдің өлгені – Ұлттық Идеяның жойылғаны. Әйтсе де Қазақ Тілін Қазақтың Идеясы архитектурасының сансыз «кірпіштерінің» бірі ретінде ғана бағалайтындар көп. Дұрыс емес. Қазақ үшін жан алып, жан берісетін бірден-бір ең басты идея – Қазақтың өзінің Ұлттық Тілі...

Ұлттық Тіл дегеніміз – ұлттық мінез-құлық, ұлттық намыс-жігер, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық өнер-білім, ұлттық мәдениет, т.с.с. құндылықтар. Қысқасы, Ұлттық Рух пен оның Төл Дүниетанымы һәм Ұлттық Рухтың өзіндік Сол Дүниетаным негізіндегі барша тыныс-тіршілігі бәрі-бәрі Ұлттық Тіл деген аса қасиетті ұғымның аясында ғана айқындалады» – деп, толғанады ақын жүрегі.

Т.Әбдікәкімұлы «Түптің түбінде ұлттық мемлекеттік тұтастығымызға кесепат бір келсе, осы алуан-алуан ала ауыз діндерден келеді. ...идеология атаулының көкесі дін болып табылады» – деп, елімізде түрлі діни ұйымдардың көбейіп бара жатқандығынан секем алады, өзгелерді де сақтандырады.

«Қазіргі күйім... шыным осы. Тіл жанымның ең жанды жеріне кірген улы тікен секілді күн кешудемін: «Қазақ тілі! Қазақ тілі! Қазақ тілім!!!» – деп, күні-түні қадалып сыздайды да тұрады. Түнде көзіме жас келсе, күндіз көкірегімді ашу кернейді. Жас келетіні – «қазақ тілінен өзге қандай қымбаттысы бар еді?!» – деген ащы ой, өзекті өртейтін сағыныш». Бұл жолдар алыстағы Моңғолиядан «елім» деп, «атамекенім» деп, Қазақстанға қоныс аударған Абай Мауқарұлының аузынан шығып отыр. «Сол тілім мені атажұртта қалған қара орман қазағыма қайта табыстырды емес пе?! «Тілім менің!» – деп, көз жас келетіні содан! Ашу кернейтіні басқадан. Сол алмас жүзді асыл тілімнің атажұртта мазаққа ұшырап, қайыршы халге түскендігі. Отаршыл тілдің оның желкесіне мініп, үстемдік істеуі. Қазақтың қанымен, жасымен, терімен келген тәуелсіздігінің өз тіліне түк те көмек етпегендігі. Отаршылардың бүкіл қорлығының ішінен ең бірінші құтқарылуға тиіс, киелі тілімнің әлі құлдық қамытта жатқандығы. Әсіресе, осы масқараға күн өткен сайын етіміздің үйреніп бара жатқандығы» («Әдебиет айдыны», 29.06.2006) – деп, намыстың шоғын үрлеген Абай «Тіл кімдікі болса, жер соныкі» екенін еске салады.

Ханбибі Есқараева тіл туралы алаш тағлымы туралы айта келіп: «Тіл – ұлттың паспорты, ұлттың ұстанатыны да – тіл. Ұлтты ұстап тұрған да, рухты ұстап тұрған да – тіл. Алдаспандай өткір тілі, қырандай шамырқанған өр екпіні жоқ қазақ қазақ емес» – депті.

Жазушы С.Асылбеков «Ана тіл мен әдебиет, мәдениет – ұлттың рухани қорғанышы, иммунитеті» («Қазақ әдебиеті», 14.07.2006) – деп, оның ұлт өміріндегі аса маңызды рөліне тоқталды: «Қазақ әдебиеті сонау үш ғасырға созылған кешегі отаршылдық заманында рухына үнемі нәр беріп отыру арқылы қазақ халқын ұлт ретінде жойылып кетуден сақтап қалды. Демек, қазақ халқы өзінің ұлттық әдебиетіне өлшеусіз қарыздар. Сондықтан бүгінгі таңда отаршылдықтан құтылып, тізгінін өз қолына алған Қазақ үкіметі Парламенті, Елбасы ендігі заманда ұлтымыздың баға жетпес рухани құндылығы өзге алпауыт мемлекеттердің өнешіне жұтылып, сіңісіп кетпеуі үшін әдебиет туралы арнайы заң қабылдап, оны қазіргі сыртқы мәдени экспансиядан қорғап қалуы керек».

Қ.Есқалиев «әдебиет дегеніміз – тіл, тіл дегеніміз – ұлт, яғни тілдің дамуы ұлттың дамуы, әдебиет – тіл қорының қоймасы, ол тіл атты ұлттың рухани қуаттың генераторы. Олай болса,

ашы да болса айтуымыз керек, әдебиетсіз тіл жоқ, тіл болмаса – ұлт жоқ» (Әдебиет – тіл қайнары. «Үш қоңыр», 15.09.2010) – деп жазды.

Өмірден қыршын кеткен Жәнібек Кәрменов өмір туралы толғанысын ақ қағазға түсіргенде, тілдің кемуінен қоғамдық өмірде туындап жатқан келеңсіз жәйттерді «қол созым жердегі ата-баба туғызған өнердің ұлы құдіретінен үйренуге «арланып», жырақтап бара жатқан сияқтымыз. Өз жанымыздан асыл деп тапқанымыз, адамзат әулетінің, тіпті өз жұртының ақыл-пайымынан тиянақ таппай, уақыт шаңына көміліп қалып жатыр. Неге? Себебі біреу-ақ. Халықтық, ұлттық дәстүрден тамырын үзген өнер тап осындай дертке ұшырайды... Қарап отырсақ, біздің заман техникалық прогрестің заманы екен. Информациялық бұғаудың қоршауындамыз. Шекараларды көктей өтіп, келіп жатқан алуан түрлі тексіз өнердің дертімен уланып, қалтырай бастадық. Ол бізді дәстүрден ғана айырған жоқ. Күллі тәрбиемізге, болмысымызға әсер етті. Жан сұлулығымыздан, әдебімізден қол үздірер шаққа іліктірді. Қара дүрсін, тұрпайы толқын пайда болды. Осы ауру күллі өнерімізді арам шөптей шырғап алды. Әдебиетте де, өнерде де, мейлі, ол жақсы болсын, жаман болсын, еліктеу, салықтаудың дүрмегіндеміз. Қазіргі әдебиет тілі бүгінгі оқырманның түсінігіне лайықталып жазылатын күйге жеттік» («Қазақ әдебиеті», 05.01.2001) – деп, суреттеді.

Қазақ тілінің қоғамдағы мүшкіл халі тілші ғалымдарды да ойландырмай қоймады. С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дің қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, доцент И.Жәлелұлы мен осы университеттің аға оқытушысы Т.Зайсанбаев «Орыстандыру жалғаса бере ме? Қазақ тіліне тәуелсіздікті қашан, қалай әпереміз?» («Қазақ әдебиеті», 14.01.2005) – деп, жұртшылыққа жар салды. Бейбіт Жәлелұлы қазақ тілінің табиғи қалпын сақтау үшін қазіргі тіліміздегі жат тілдік сөздерден, әсерлерден арылу үшін латын графикасына көшуді ұсынады (Қазақ тілінің табиғи қалпын сақтау қазақ үшін керек. «Қазақ әдебиеті», 27.01.2006).

Осы жылдарда Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы елімізде ана тілінің өзіне лайықты қоғамдық орнын алуы жолында қыруар жұмыстар жасады. Оның президенті филология ғылымының докторы, академик Ө.Айтбаевтың қазақ тілінің зәру мәселелерін көтерген мақала, сұхбаттары республикалық баспасөз беттерінде жиі көрінді. Ол «Әдебиет айдынына» (06.04.2006) берген сұхбатын «Тіл – ұлтымыздың негізі, болашағымыздың іргетасы» атапты. Ал «Егемен Қазақстанда» (22.09.2009) қазіргі қазақ тілінің өзекті өңірлеріне батыл барып, «Тіл үшін күрес – тәуелсіздік үшін күрес» – деп мәлімдеді.

«Ана тілі» (17–23.09.2009) газеті өткізген дөңгелек столға заңгер академик С.Сартаев, тілші академик Ө.Айтбаев, әдебиетші ғалым К.Матыжанов, ұстаз А.Миразова және А.Темірбекова қатысқан. Журналист Н.Домбай жүргізіп отырған әңгіме барысында түрлі орталардағы қазақ тілінің жай-күйі жан-жақты сараланып, оны жақсарту түсу жолдары жайлы ой бөлісті. Көпшіліктің пікірі «Заң түзелсе, тіл де түзеледі дегенге сайды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің төрағасы Е.Шәймерденов «Тіл азат болмай, діл азат болмайды, тіл азат болмай, құл азат болмайды» – деп, оның себеп-салдарлары жайындағы ойларын ортаға салды («Айқын», 22.09.2009).

«Қазақ әдебиеті» (14.05.2010) газеті «Бүгінгінің бес сауалы» айдарымен «Тіл туралы ойлау – өмір туралы ойлау» тақырыбында пікір алысу өткізіпті. Белгілі тілші ғалымдар М.Серғалиев, Н.Уәлиұлы, Ш.Құрманбайұлы, Б.Жәлелұлы

«1. Біз өз тілімізді өзіміз қалай түсініп жүрміз?

2. Сөздерді дұрыс мағынасында қолданып, тіліміздің табиғи заңдылықтарын сақтап жүрміз бе?

3. Термин сөздерді аудару мәселесі қандай?

4. Еліміздегі өзге ұлт өкілдері тіл үйренуге ұмтылып жатқанда, үлкен орталықтардағы қазақтардың туған тіліне деген қызығушылығы байқалмайтын сияқты. Себебі неде деп ойлайсыз?

5. Жалпы әлем бойынша қазақ тілінде қанша адам сөйлейді?» – деген сауалдарға жауап берген. Сауалнама барысында қазақ тілінің кешегісі, бүгінгі зәру проблемалары, ертеңі жайлы құнды пікірлер айтылды.

Қ.Жүкешов «Тіл философиясында» («Жалын», 2004, №8) қазақ тілінің қазіргі жай-күйін философиялық тұрғыдан ғылыми саралаған, өзіндік өзгеше пікірлер айтқан. Ол қазақ тілін екі түрлі күйде көреді.

«Біріншіден, қазақ тілі – көркемдігі және көлемі жағынан дүние жүзінде теңдесі жоқ, өзге ешбір халық жасай алмаған, аса бай фольклорлық шығармалар жасалған тіл. Қазақ тілі

бүкіл дүние жүзін тітіреткен империялардың мемлекеттік тілі болған көне түркі және қыпшақ тілдерінің мұрагері. Қазақ тілі – әйгілі ғұламалар А.Иассауи, М.Қашғари, Ж.Баласағұни, Абай, М.Әуезов, М.Жұмабаевтың өлмес шығармаларын жазған тіл. Қазақ тілі – тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Екіншіден, ғасырлар тоғысындағы қазақ тілі – заңды түрде мемлекеттік мәртебесі бола тұра, іс жүзінде мемлекеттік істер жүргізілмейтін, экономикалық айналыста, өндірісті басқаруда қолданылмайтын, ғылымда, білім беруде ішінара қолданылатын, ережелері толық бірзділікке түсірілмеген, стильдері ажыратылмаған, орнықтылығы сақталмайтын, сонысымен түсініксіз, үйренуге қиын, сондықтан автохонды (ел мен жердің иесі емес, кірме) емес ұлттар өкілдері мүлдем, ал мемлекеттің атауын алып отырған ұлттың өзінің белгілі бір бөлігі білмейтін тіл жағдайында қалып отыр».

Автор біріншіге емес, екінші жағдайға назар аударып, қазақ тілінің не себептен қазіргі қазақ қоғамында өзіне лайықты биік орнын ала алмай отырған себептерін ашуға ұмтылады. Бұл ретте философ Қ.Жүкешовтің назар аударарлық пікірлері баршылық.

Қанағаттың «Тіл – рух өзі сусындайтын қайнарлары қаңсып қалмайды деген үмітті сеніммен толқындарын ағызатын арна», «Халықтың рухын ойсырату үшін зиялыны құрту керек, өйткені рухты, халықтың ділін алып жүрушілер, ұлтты келбеттейтіндер – солар. Зиялы қауым жойылғаннан кейін олардың орнын басқандардың ділі басқа болады»; «Мәдениетті басқаруға жіберілген өзінің мәдениеті кемшін шенеунік оны құлдыратқанда, тіл онымен бірге құлдырады»; «Бұқара әр танымал жазушының соңғы шығармасын іздеп жүріп оқымаса, театрдың әр қойылымына билетті таласып алып жатпаса, ғылымда қандай жаңалықтар ашылып жатқанымен ісі болмаса, күнделікті ақпаратқа ынтықпаса, мектепте не оқытылып жатқанымен ісі болмаса, ол – рухтың көмескілене бастағанының белгісі»; «өткен ғасырдың алғашқы жартысында ұлт зиялысының жойылуымен ұлттық мәдениет те құлдырай бастады, тіл де жойыла бастады, оның орнын қазақ плебейлерінің қарадүрсін тұрмыстық тілі басты. Мұның арты рухани салалардағы жаппай құлдырауға алып келді» – деген сияқты пікірлері рухани әлемде жүріп жатқан құбылыстардың мәнін тереңірек ұғына түсуге көмектеседі.

Дей тұрғанмен де мәселеге тарихшылық тұрғыдан келмегендіктен, қазақ халқының, оның тілінің тарихи дамудағы өзіндік ерекшеліктерін ескермей, Еуропа тілдерімен механикалы түрде салыстырып зерттеудің барысында қолданылған әдіснаманың дұрыс болмауынан кейбір ағаттықтарға жол беріп алған. Оның ең бастысы – Қ.Жүкешов қазақ тілінің осындай күйге түсуінің басты себебін ауылдан көреді. «Қазақ тілінің барлық проблемасы оның әлеуметтік тірегі ауыл болуынан туындап отыр. ...ауыл тілі де тарихтан, мәдениеттен тысқары тұрады, онда келешек болмайды. Тіл қалалық болғанда ғана өзінің келешегін жасай алады».

Қ.Жүкешов мұның алдында да бір мақала жазып, онда ауылды қазақ қоғамының дамуына тежеу салып, кері тартып отыр деп, айыптаған болатын. Бұл жолы да қазақ тілінің бар кемшіліктерінің себебін оның ауыл тілі болуынан көреді. Қазақ тілі қала тілі, индустрия тілі бола алмағандықтан да ол еуропа тілдерімен салыстырғанда төменгі сатыда қалып қойып, мемлекеттік тіл болуға жарамай жүр дегенді айтады. Автордың өзін сөйлетейік:

«Мысалы, қазақ тележурналистерінің бәрінің басын қосып, қалай қинасан да роботтар жасап шығаратын зауыттағы технологиялық процестер туралы телеберілім дайындай алмас еді»;

«Қазақ тілінің лексикасында қала өміріне, өнеркәсіпке қатысты сөздік қор қанша аз болса, қазақ тілінде шығарма жазатын жазушының ойы да сол салада имманентті жұтан»;

«Қазақ тілінде сипаты мен мазмұны жағынан нағыз плебейлік мәдениет жасалды»;

«О.Сүлейменов айтқандай, «ауылдан шыққан, филология факультетінде оқыған» қазіргі қазақ авторларының ойлау стильдерінің орашолоқтығын, түсініктерінің біржақтылығын, дүниетанымдарының тарлығын, көргендерінің аздығын, ауылдық шектеулігін олардың шығармалары айқын көрсетіп отырды:»

«Қазақ жазушылары драма жазатын деңгейге көтеріле алмады»;

«Ауыл ауруына» қазақ өнері де ұшырады»;

«Таптаурындардың көп болуының себебін қазақ ақындарының бытырап жатқан сөзінің шашырап жатқан ойдағы көрінісінен, олардың жалпы білімі-интеллектуалдық деңгейлерінің төмендігінен іздеу керек»;

«Орта білім мен тәрбиені қазақ аулынан алған, балалық шағын сонда өткізген жазушы дарыннан құралақан болмаса да классиканы меңгеретін деңгейге дейін өсіп үлгірмеді, қойшы мен тракторшы талғамына тұрарлықтан аса алмады».

Бұл пікірлерге баға беруді оқырманның өзіне қалдырайық.

Қ.Жүкешов тілдің байлығы жайлы да өзгеше пікір айтады. Оның ойынша, тілдің бейнелілігі, мақал-мәтелдердің көп болуы – оның дамуда артта қалғандығының белгісі. Синонимдер де тіл байлығына жатпайды: «Синоним көп болған тілде берілген ақпарат логикалық бұлыңғырлыққа ұшырайды, тіл түсініксіз тілге айналады»; «Тілдегі синонимдер жүйесінің болуы басы артық нәрсе; бір ұғымды бірнеше сөзбен атау қауышуда қиындық тудыратынын түсіну қиын емес». Ол «Қос сөздер ғылыми-техникалық прогрестің табиғатына жат, экономикалық айналыс стилімен үйлеспейді. Қос сөздері көбейген тіл ғылыми-техникалық прогрестен аулақтай береді. Қос сөздерді көбейту – қазақ тілінің келешегіне тосқауыл қоюмен тең» – деп біледі.

Ол қазақ тілінің осындай күй кешуіне оның әлеуметтік, ғылыми мәселелерін дұрыс талдап, шешіп бере алмаған тілші ғалымдарды кінәлі санайды.

Осындай ғылыми ізденістерінің нәтижесінде Қ.Жүкешов «Қазіргі өркениеттер дамуының рухани негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғамақшы болды. Әрине, ғалымның қазақ тілінің, әдебиетінің, мәдениетінің бүгіні мен келешегіне күмәнмен қарайтындығы, қазақ халқының өркениетті елдер қатарына қосылуына деген сенімсіздігі зиялы қауым тарапынан қатал сынға алынды. Қ.Жүкешовтің ғылыми жұмыстарының қателіктері баспасөз беттерінде, теле-радио хабарларда жан-жақты әшкереленіп жатты.

Осы мәселеге арнап жазған әдебиетші Жабал Шойынбеттің мақалаларында («Философ» Қ.Жүкешовтің бұл қай далбасасы? «Жас қазақ үні», 21.09.2007; Қанағат та қақпанға түсті. «Ана тілі», 11.10.2007; Қазақты, Абайды қорлап, докторлық диссертация қорғамақшы. «Қазақ әдебиеті», 12.10.2007) Қанағаттың қателіктері жан-жақты дәлелденілді. Ғылыми көзқарастарына қатты сындар айтылғанына қарамастан академик Ә.Нысанбаевтың ғылыми жетекшілігімен докторлық диссертация қорғамақшы болғанда академик Ә.Қайдары бастаған бір топ қазақ ақын-жазушылары мен ғалымдары «ҚР Парламенті мәжілісі депутаттарының назарына!» хат жазды. Онда Қ.Жүкешовтің еңбектерінде кездесетін «Қазақтардың ауылын сүйетіні сондай, оны әспеттеуден жалықпайды, ауылдың «артықшылығы» туралы ғылыммен де, нағыздықпен де үш қайнаса сорпасы қосылмайтын ахинеяға басады да отырады»; «қазақтар үшін қала жат, тосын, тылсым және үрейлі», «ауыл ешқашан қазаққа абырой әперіп көрген жоқ»; «қазақтілді қазақтардың басты ерекшелігі – өркениетті елдерде қабылдаған құндылықтардан жырақ қалуында»; қазақ тілі әдеби тіл дәрежесіне көтерілмеген, мағынасы бұлдыр сөздерден тұрады деген сияқты пікірлерін келтіре отырып, «Қ.Жүкешовтің диссертациясы қазақ ұлтын, оның мемлекетін жалаң қаралаудан тұратын, тіпті әлдебір «қараниет» сыртқы күштің тапсырмасымен жазылған жадағай еңбек» деген қорытындыға келіп, тиісті мемлекеттік органдар мен мамандардан бұл жұмысқа қарсы шара қолдануды сұраған («Қазақ әдебиеті», 02.11.2007). Осыдан екі апта өте «Қазақ әдебиеті» (16.11.2007) газетінде философия ғылымдары бойынша диссертациялық кеңестің төрағасы, философия ғылымдарының докторы, профессор М.З.Изов бастаған 6 профессордың «Диссертация қорғалған жоқ» деген тақырыппен Қ.Жүкешовтің докторлық диссертациясы бойынша жауаптары жарияланды.

Белгілі ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов осы жылдарда тіл үшін күрестің бас қолбасшысына айналды. Ол жайлы «Ұлттың нағыз жанашыр қаһарманы, атағы алысқа кеткен ақын ағамыз Мұхтар Шаханов нағыз зиялы қайраткер ретінде тіл мәселесін қай трибунадан болса да жасқанбай айтып, жасырынбақ ойнамай-ақ, тіке қабырғасынан қойып та жатыр. Шынымызды айтсақ, ақын ағаның шынайы ел үшін туған нағыз ержүрек батыл да, шыншыл ақын екенін көріп, біліп отырмыз. Айтудай-ақ айтып жатыр, тіл үшін отқа да, суға да түсуге бар» («Әдебиет айдыны», 12.07.2007) – деп жазыпты сол кезде бір оқырман.

М.Шаханов Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты бола жүріп, биік мінберлерден қазақ тілінің мәселелерін үкіметтік мекемелердің алдына ресми түрде қоя білді. Оның парламентте сөйлеген сөздері, депутаттық мәлімдемелері, сұрау салулары (Мемлекеттік тілді қорғау – ел бірлігін қорғау. «Азат», 20.10.2005; Рухсыз байлықта қауіп бар. «Ана тілі», 29.09.2006; Қазақ тілі тәуелсіздік алған жоқ. «Қазақ әдебиеті», 16.02.2007; Мемлекеттік тілді қадірлеуді парламент қабырғасынан бастайық. «Қазақ әдебиеті», 12.01.2007; Жаңа премьер-министрге тілек. «Қазақ әдебиеті», 12.01.2007; Халық Президентке 10 талап қойды. «Жас алаш», 22.09.2009; т.б.) қоғамда үлкен қолдау тауып отырды. Ол жасаған депутаттық мәлімдемелердің көпшілігін парламент мүшелері де қуаттап, қол қойған.

Осы жылдардағы ақиық ақынның бүкіл шығармашылығы, қоғамдық қызметі қазақ тілін қорғауға, ұлттық руханиятты асқақтата беруге арналды десек, артық айтқандық емес.

Ол басқарып тұрған «Жалын» журналында бұл мәселе тұрақты тақырыпқа айналып, ұлт жанашырларының материалдары үзбей беріліп тұрды. Ақынның «Өркениеттің адасуы» (2001), «Компьютер басты адам» секілді туындыларында осы тақырып көркемдік шешім тапқан.

Ақынның «Намыссыздардың сатқындығы немесе бірінші мен оныншы кезектегі істі шастастырғандар» («Жас қазақ үні», 05.10.2007) атты өлеңінің публицистикалық сипаты бөлек.

«Қазақ тілі – қазақ халқы деген сөз,

Тілін қорғай алмаған ұлт – жойылар.

Тілін қорғай алмаған ұлт – санасыз,

Қасиетсіз, құдіретсіз, панасыз» – деп, жырлайды ақын.

Шахановшылардың шырылдап жүргені бекерден бекер емес еді. Сол кездегі орыс тілді ақпарат беттерінде қазақ тіліне, ұлтына қарсы бағытталған арандатушылық бағыттағы материалдар тарай бастады. Мысалы, Ресей Федерациясы Мемлекеттік думасының вице-спикері атышулы Владимир Жириновский «Эхо Москвы» радиостанциясына берген интервьюінде «Нет казахского языка. И письменности не было. Вообще ничего нет там... О языке. И я говорю, я жил там 18 лет, только 40 лет назад уехал оттуда. Они все по-русский говорили и с удовольствием. На казахском языке нет ни одного учебника, ни одного литературного труда. Вообще ничего. Письменности не было. Какой язык без письменности. Это племена в Африке могут говорить что-то такое... Исконная территория Казахстана – это Чимкент, Джамбул, Кызылорда. Все исконно казахские земли. Но Север Казахстана... – все это Россия, Исконная Россия» («Республика», 20.01.2005) – деп соқты. Қазақстанда туылып, Ресей азаматы болып, орыс ұлтшылдарының туын көтеріп жүрген әсіре саясаткердің бұл айтқандары тәуелсіздігін алғанымен әлі де бойын тіктеп, есін жинап, бар-жоғын түгендеп жатқан қазақ халқына деген оспадарсыз құқайы болатын. Мұндай империялық сипаттағы өктемдік, қоқан-лоққы өзін қазақ санайтын кімді де болса, ойландырмай қоймады.

Осы кездерде Қазақстанның орыс тілді баспасөз беттерінде қазақ тіліне, ұлттық руханиятқа, тіпті қазақ ұлтына ашықтан-ашық қарсы шыққан пікірлер айтыла бастады. Бұрындары қазақ тіліне қарсылық астыртын жүргізіліп келсе, енді қазаққа қарсы пікірлердің бұқаралық баспасөз беттерінде ашық айтыла бастауы көп нәрсені аңғартса керек. Енді солардың кейбіреулеріне назар аударайық. Мағынасы өзгеріп кетпес үшін мәтіндерді сол күйінде ұсынуды жөн көрдік.

«Без создания «казахстанской нации» демократия не имеет ни имени, ни социального адреса» (Р.Мадинов. «Для всех нас наша Родина – Казахстан», 2004);

«Казахский язык – это язык застолия, песен и айтысов. Он был у нас на кухне, там и останется. Так зачем надевать на высохшее дерево праздничные букеты. Там должен висеть венок» (В.Нусипханов. «Известия-Казахстан», 15.10.2002);

«...партия «Нур Отан» действительно не педалировала «русский вопрос». Но она позиционирует себя как партия всех казахстанцев. Она стремится к формированию казахстанской нации» (Б.Султанов. «Аргументы и факты», 2007, №40);

«...Слияние нации, стирание нации или формирование единой казахстанской нации означает процесс ликвидации всех национальных различий, а значит, и самих национальностей» (Р.Абсаттаров. «Простор», 2003, №6);

«Президенттің «қазақстандық ұлт» дегеннен «қазақстандық ел» атағаны жөн тәрізді дегені – біздің қоғамдық санадағы дұрыс бағыт» (Ғ.Есім. «Егемен Қазақстан», 04.07.2008), т.б.

Ұлтжанды азаматтар қазақтың тілін, сол арқылы ұлттық болмысты, мүддені шыркырай қорғап жатқанда, «іштен шыққан жаудың» да қарап жатпағаны көрінеді. Әсіресе, «Известия-Казахстан» газетінің 2002 жылғы 15-қазандағы санында Владимир Нусипханов дегеннің «Бұл тілдің тыныш өлуіне мұрсат беріңіздер» («Дайте этому языку спокойно умереть») атты арам пиғылды мақаласы қазақ атаулының қатты ашу-ызасын тудырды. Атының өзі-ақ айтып тұрғандай, мақалаға қазақ тілінің сол кездегі мүшкіл жай-күйі өзек болған. В.Нусипханов «Қазақ тілінің болашағы жоқ екенін біле тұрып, ол туралы қиял-ғажайып аңызға берілудің не қажеті бар? Әлем әлдеқашан ағылшын тіліне көшіп кетті, біз оған өзіміздің қазақ тіліміз арқылы қарсы тұрамыз ба?» – деп, ұлт жанашырларының жан-айқайын, іс-әрекеттерін түкке алғысыз етті.

Осы бір келеңсіз оқиғаға байланысты «Қазақ әдебиеті» газеті (25.10.2002) «Қазақ тіліне қанжар сілтеп жатыр» деген ортақ тақырыппен материалдар берді. «Известия-Казахстан» газетінің арандатушылық мақаласын «күмәнді біреулердің қолымен қазақ тіліне қанжар сілтеп жатыр» – деп, бағалаған редакция оған тойтарыс беруді ұйымдастырған. Жазушы Г.Бельгердің,

ҚР Парламент Мәжілісі аппарат жетекшісінің орынбасары В.Осиповтың, Қазақстан-Британ техникалық университетінің ректоры Ә.Ахметовтің пікірлерін бере отырып, қаскөйлікпен жазылған пікірдің арамдық ниетін әшкере етті.

Ұлт зиялылары «қазақстандық ұлт» идеясына да батыл қарсы шықты. Барлығы 73 адам «Қазақ тілі – үш тұғырлы тілдің, қазақ ұлты – қазақстандық ұлттың құрбанына айнала ма?» («Жалын», 2007, №12) – деген сауал тастай отырып, қарсылықтарын білдірді. «Қазақстандық ұлт» идеясы бірте-бірте біздің сан ғасырлық ата-баба рухымен байланысымызды мүлде жойып, жаңа космополиттік болашақ қалыптастыратыны ешкімге құпия сыр емес. ... «қазақстандық ұлт» қазақтардың мемлекет құрушы ұлт екендіктерін жоққа шығарды... Бір сөзбен айтқанда, бұл жолмен жүрер болсақ, келешекте қазақ халқы өз Отанында ұлт ретінде мемлекет басқару билігінен айрылады» – деген жолдарда бұл идеяның қазақ халқының ұлттық мүддесіне жат екендігі ашық айтылған.

Жас саясаттанушы Ерлан Қарин: «Қазақстандық ұлтты» өмірге әкелу ұлтаралық қақтығыстарға апарып соғуы мүмкін» («Казакстанская правда», 29.10.2007) – деп, қауіптен сақтандырады.

Төмендегі пікірлерге көз салайық.

С.Елубай: «Кезінде «кеңес халқы» деген эксперимент жасалынбап па еді?! Елдің бәрін орыстандыру, орыс тілінде сөйлету үшін... Бір құбыжық саясаттан эзер құтылып, екінші бір құбыжық саясаттың торына шырмалып жатқанымыз, қай қылғанымыз?.. Мен қазақ боп тудым, қазақ боп өлем. «Кеңес халқы» деген ұғымды енгізгендерге (Ленинге, Сталинге) жұртшылық бүгін қалай қарғыс айтса, «қазақстандық ұлт» дегенді енгізушілерге де ертең халық дәл солай қарғыс айтады».

Ш.Пәттеев: «Біздің сақтанатын тұсымыз – «қазақстандық ұлт» болып, оның мәдениеті орыс мәдениетінің негізінде болуы».

М.Бұлұтай: «...қазақ еліне мұхиттың арғы жағындағы АҚШ-тың үлгі етіп алынуы дұрыс емес... Оларда «ұлт» деген ұғым жоқ... Біздің биліктің «қазақстандық ел» дегеніне не жорық?».

М.Қойгелді: «Тарихшы ретінде айтсам, «қазақстандық ұлттың» ешбір тарихи негізі жоқ. Мемлекет құрушы ұлт – біреу, ол – қазақ халқы».

Р.Сәрсенбай: «Қазақстандық ұлт» идеясы сырттан келді және өз ішіміздегі шала қазақтардан туып отыр... Не десек те, сырттан келсе де, іштен пайда болса да, желеп-жебеушілері – орыс тілді қазақтар екен. Осы идея орыстандыру саясатының жалғасы іспетті... «Қазақстандық ел» дегеніміз – мемлекеттің келешегіне үлкен қауіп төндіретін бастама».

Астаналық К.Сармолдатегі «Әлемдік деңгейге шығамыз деп, орыс, ағылшын тілін қатар дамытамыз» деп жүріп, «ана тілімізден ажырап қалып жүрмейік» («Жас алаш», 18.08.2008) – деп, отандастарын мәңгірттенуден сақтандырды.

Іштен шыққан жау жаман. «Ана тілі» газеті «Ашиды жаның» айдарымен «Мұрат Әуезов неге әке рухын сыйламайды?» («Ана тілі», 06.07.2006) деген мақала жариялады. Авторлар С.Батыршаұлы, Ж.Омаров, Н.Құрманов қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің ұлы Мұрат Әуезовтің қазаққа сай емес, сүйкімсіз істері жайлы ашына жазады. «Жақсы әке атын қырық жыл азық еткен Мұрат Әуезов кейінгі жылдары сөзден жаңылыса бастады. Оның алғашқы көрінісі – тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары белгі берген еді. Сол жылдары мемлекетіміздің атауы Қазақ ССР-нан өзінен-өзі Қазақ республикасына айналғалы тұрғанда: «Біздің мемлекет көп ұлтты. Мұнда тек қазақтар ғана тұрып жатқан жоқ. Сондықтан Қазақстан республикасы дегеніміз дұрыс» – деп, бетбақтырмай, табан тіреп тұрып алғандардың бірі Мұрат Әуезов болатын. Алайда ол кезде М.Әуезовтің республикамыздың ұлт атын иемденуіне қарсы шыққандығына ешкім жете мән берген жоқ. Өз сөзін өткізген Мұрат мырза содан кейін-ақ қимдердің жоғын жоқтайтынын ашық аңғарта бастады» – дей келіп, соңғы жылдарда оның «ұлттық тіл мен дінге ашықтан ашық қарсы шығуын» қатты сынға алады. Оның себебін «оның адами болмыс-бітімі өзге тілде қалыптасқан. Бір адамның бойына екі ұлттық мінез қатар қона алмайды. Оның бірі екіншісін ығыстырады. Дұрысы – өлтіреді. Сірә, адам болмысы өзгерген соң, оған ұлттық дін де жат көрінетін болса керек» – деп түсіндіреді. Мақала «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп, өз ұлтына ұлағатты сөз арнаған әйгілі Әуезов рухы туған халқының тілі мен дініне тас атып жүрген Мұрат сынды «орыс бесікте» тәрбиеленген ұрпағын кеше қояр ма екен?» – деп қатқыл сөздермен аяқталыпты.

Еліміз тәуелсіздігін алған соң бұрынғы Қазақ Советтік Социалистік Республикасын «Қазақ Республикасы» деп атау Парламентте талқыланғанда, «Қазақстанды» ұсынып, оны өт-

кізуге бар күшін салғандардың бірі Олжас Сүлейменов болатын. Кезінде орысша тәрбиеленіп, орысша өлең жазып Одаққа танымал болған Олжастың саяси-әдеби көзқарастары егеменді ел болған кезде де өзгермеді. Отаршылдық күйреп, КСРО тарап кеткен соң да «Ресей мен Қазақстан – Еуразия одағының негізі. Біз өзіміздің бір-бірімізден алшақтай алмайтындығымызды күн өткен сайын жақсы сезініп келеміз. Ресей қаншалықты қуатты және тыныш болған сайын Қазақстан да соншалықты тыныш болып гүлдене түспек. Біз өзіміздің екі еліміздің де патриоттары болуға тиістіміз» («Қазақ әдебиеті», 21.11.2003) деген, яғни қазақ елінің болашағын Ресеймен бірге көретін ол осы бағыттағы пікірлерін жалғастыра берді.

О.Сүлейменов егемендік алғаннан кейін де қазақ елінің тәуелсіз келешегіне сенімдірек болмады. Ол қазақтың ұлт екендігіне де күмәнді. Қазақтар ұлт деңгейіне жетпеген тайпалардың бірлігі ғана, сондықтан да оған мемлекеттік тілдің, ұлттық мәдениетінің қажеттілігіне шүбә келтіреді («Сөз», 04.11.2004).

Ол 1993 жылдың 22 маусым күні Мәскеу теледидарынан «Қазақстан қайтадан Ресейге өз еркімен қосылуы тиіс» («Казахстан должен снова добровольно присоединиться к России») – деп мәлімдеді. 1998 жылы 12 тамыздағы «Литературная газета» бетінде Қазақстанның Ресейге қайта өз еркімен қосылуы сөзсіз («Повторное добровольное присоединение Казахстана к России неизбежно!») – деді. Ал 1999 жылдың қазан айында орыстың НТВ каналы арқылы «Болашақ Қазақстанда бір ғана ұлт – қазақстандық ұлт өмір сүретін болады» («В будущем в Казахстане будет жить одна нация – казахстанская») – деп, «көрегендік» жасады. «Комсомольская правда» газетіне берген сұхбатында Қазақстанда орыс тілі қазақ тілімен бірдей жүруі керек («В Казахстане русский язык должен быть уравнен с казахским») – деген талап қойды. Осы ойын жүзеге асыру үшін орыс тіліне «ресми тіл» («официальный язык») мәртебесін әперді. Оның ойынша, тек қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берсек, қазақтар «шала қазақ», «таза қазақ» болып бөлініп, араларына жік түседі-міс («Сөз», 16.12.2004). Ол ұлт жанашырларын ұлттық мәселелерді көтере беруден сақтандырады, өйткені бұдан ұлтымыз ұтпайды (сонда).

Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы өкілі О.Сүлейменов өз елінде қазақ тілінің бірден-бір Мемлекеттік тіл болуына ашық қарсы шықты. Ол 2005 жылы қазан айында «Вот это поспешность, это растерянность... не понимаю, как можно делопроизводство Алма-Аты перевести с 1-января... на казахский язык?»

Если это закон, то, это антиказахстанский закон!.. Есть такие законы, которые на пользу республике. А есть – во вред, которые взрывают... этот закон» – деп, Тіл туралы Заңның біртіндеп жүзеге аса бастауына, соның бір сатысы ретінде Алматы қаласында іс жүргізуді қазақ тілінде бастауға үзілді-кесілді қарсылық білдірді.

Олжас осы бағыттағы пікірлерін күні бүгінге дейін жалғастырып келеді. Ол соңғы берген бір сұхбатында қазақ тіліне қарсы еместігін айта келіп, «Мен тек қазақтардың соңғы ғасырда тарихтың өзі қолға әкеліп түсірген кымбат қазынасынан – орыс тілін баршамыз толық игергендігімізден бас тартпағанын қалаймын. Олай болмайтынына сенемін» («Егемен Қазақстан», 12.03.2010) – депті. Сол сияқты «қазақстандық ұлтты» қолдайтындығын Қазақстанның тәуелсіздігін алған, мемлекеттігін құрған тек қазақтар ғана емес, онда тұрып жатқан барлық ұлттар, «қазақстандықтар» деген пікірін де ашық білдіреді.

О.Сүлейменовтің осы бағыттағы пікірін көбіне орыс тілді қазақтар қолдады. Адам қай тілде тәрбиеленсе, сол ұлттың мүддесін қорғайтындығын өмір осылайша көрсетіп отыр.

Әрине, билікке жақындау жүрген орыстілділердің мұндай әрекеттерін ұлтжанды қазақ зиялылары қабылдай бермеді. Олжастың орысшылдық бағыттағы көзқарастарын сынға алған материалдар баспасөз бетінде көріне бастады. Соның бірі – мемлекеттік тілдің жүзеге асуына қарсылық білдірген Олжасқа қарсы бір топ қазақ зиялылары қол қойған «Мемлекеттік тілді қорғау – ел бірлігін қорғау» («Азат», 20.10.2005) тақырыбындағы мәлімдемесі. Онда «Егемен ел атанғанымызға 14 жылға жақындаса да бастауын Сталиннің ұлтсыздандыру идеясынан алған қауіпті қадам әлі жалғасумен келеді. Тіл жойылса, ұлт жойылады. Сондықтан еліміздің зиялы қауымының мемлекеттік тілді қорғауға талпынысын ұлтшылдықпен шатастыруға болмайды... Түптеп келгенде, қазір біз тіл төңірегіндегі қабылданған мемлекеттік қаулылардың орындалуын ғана талап етіп отырмыз» – делінген.

Олжастың саяси-әлеуметтік көзқарастарын сынаған Б.Атабаевтың, А.Брагиннің, Ж.Кеттебектің, А.Әлімовтің, т.б. мақалалары жарық көрді. Енді соларда айтылған негізгі пікірлерге күлақ салайық. Қарағандылық А.Брагин О.Сүлейменовтің өлеңдерінде ауыл өмірі жырлан-

байтындығын, оның себебі ол қазақтар туралы ойланбайды да дей келіп, ол патриот болса неге қазақ тілін білмейді (Почему такой патриот не знает своего родного языка? «Сөз», 20.01.2005) депті.

«Казахская правда» (2005, ақпан) Олжаста ұлттық сана-сезімнің ұшқыны да жоқ, ол қазақтарды әлі рулық деңгейдегі тайпа ғана деп, қорлады; осындай пікірлері арқылы ол ел ішінде беделін жоғалтты; ол – саяси өлік» («У него нет и следов национального сознания. Он унизил казахов, внушая нам, что они на стадии родо-племенного сознания... Олжас – политический труп. Он потерял свой авторитет у казахского народа») – деп жазды. Газет қазақ тілінің, ұлтының дами түсуіне қатысты осындай пікірлер білдіріп жүрген Олжасты қазақ халқының қас жауы Жириновскиймен қатар қойған.

«Жас қазақ үнінде» (03.02.2006) жазушы Жәлел Кеттебектің «№1 маргинал» деген мақаласы жарық көрді. Мақалаға «Ардақты ақынымыз қазақтың дәрежесіне түсуді төмендеу деп ұққан секілді» анықтама тақырыпшаны қоса беріпті. Автор кезінде Кремльдің «орыс тілді өкілдері арқылы орыстандыру саясатын» жүргізгендігін, олардың барынша көтермелетіп, марапатталғандығын айта келіп, «Олжас осы элитаның жыршысы» екендігін дәлелдейді. Жәлелдің дәлелдеуінше, «Турасын айтқанда, Олжас шынайы қазақ болмады. Бола алмады! Бәрінен де өкініштісі – осы. Қазақтың дәрежесіне түсуді ол өзінше төмендеу деп ұққан секілді. Ол өзін жоғары қойды.

Құрып кеткен одақтың орнына әлдебір «жалпыадамзаттық» деген күмәнді ұғымдар мен өлшемдерді ойлап тауып, өз оқырмандарын сондай бір қасиетті мақсатқа қызмет етіп жүрмін деп сендіруге тырысты. Сөйтіп, қазақ болғысы келмегендер мен қазақ ұлтын менсінбей жүргендерге тамаша идея тауып берді, сол қылығымен ұлтымызға орыстанған үкіметімізден де зор зардап әкелді...

Ашығын айтсақ, Олжас негізін салып берген идеяның астарында қазақ ұлтына орыстардың етегінен ұстаудан басқа амал жоқ дегенге саятын ұғым сайрап жатыр...

Соңғы кезде қазақ тілінің өрісін кеңейтуге қарсы пікірлер айтып, ұлттық өрлеу мен ұлттық жаңғыруды тұншықтыруға тырысып жүрген жоқ па?..

Ол өзінің азаматтық өресін «жалпыадамзаттық өлшемдермен» өлшеуге тырысып жүрген ақын, бірақ Құдайға барар жолдың адамдардың жүрегі арқылы өтетіні секілді, біз үшін жалпыадамзаттыққа барар жол да қазақ ұлты арқылы өтуге тиіс...

Олжасты шатастырған тағы бір жайт – оның билікке тым жақындығы... Билік дегенде, негізгі айтпағымыз, біздің ұлтымыздың ең қасиетті ұғымдарын қамтитын Қазақ мемлекетінің орнына «ішіп-жемдік» ұғымдағы философияға негізделген Қазақстан мемлекеті дүниеге келді. Өкінішке орай, билік басындағылар... шынайы қазақ мемлекетін құрғылары келмеді. Оның орнына былдырық-сылдырық дегізіп, тәуелсіздіктің атымен не қазақ емес, не шүршіт емес, дүбәрә бірдемені күштеп таңды.

«Ұлтжандылық секілді қасиетті ұғым қалайша зиянды болады?» – деп ойлайтын Ж.Кеттебектің мақаласынан Олжас ойларының терістігін дәлелдеумен бірге қазақ ұлтының болашағына деген мазасыздық байқалады.

Құдияр Біләл «Рухты ұлт – әмәнда үстем. Сондықтан да ол өзге ұлттар илеуіне көне бермейді. Басындырмайды» (Тіл мен діл. «Шәмші», 2010, №1) – деп жазады. Құдияр мәселеге тек тілде емес, одан да тереңде жатқанын, яғни тілдің адамның бүкіл болмысын, ділін, рухын айқындайтын негіз екенін дәлелдеп береді. Тіл арқылы әрбір адам рухани азық алады. Ал рухани азық қандай тілмен алынса, ол адамның болмысы, рухы солай қалыптасады. «Ана тілін білмейтін қазақ қазақ тіліндегі басылымдарды оқымайды. Неге? Біріншіден, түсінбейді. Екіншіден, қажетсінбейді. Себебі, рух қабылдамайды. Яғни, азықсынбайды. Өйткені, гәп тілде емес, болмыста. Тіл – адам рухының, болмысының айнасы». Автордың «Енді қалыптасқан ұлттық болмысқа өзге тілдің неге үйлеспейтіндігін зерделеп көрелік. Шынтуайтына келсек, үйлеспейді деу бекер. Үйлеседі. Бірақ ұлттық болмыс соның әсерінен өзіндік мәнін жоғалтады. Өзгереді. Жаттанады. Енді оған бастапқы тіл азық болудан қалады. Тілмен бірге ұлт та жойылады. Демек, тіл – ділдің де, ұлттық болмыстың да қорғаны» – дегеніне де еріксіз қол қоясыз.

Ж.Әкімовтің «Орта ғасырда – Иордан, бүгін – Олжас...» деген мақаласы «Адасқанның алды жөн» деген айдармен «Жас қазақ үні» (20.04.2010) газетінде жарияланды. Тақырыптағы Иордан «Атииланың» өлімінен кейін ғұннан шыққан Рим тарихшысы Иордан деген өмір бойы ғұндарды жабайы, Атииланы қанішер деп жамандаумен өткен» екен. Күні бүгінге дейін

Еуропалық тарихшылар ғұн тарихына барғанда, өз пікірлеріне сол Иорданның айтқандарын дәлелге келтіреді екен. Автор сол Иордан бүлдірген тарихымызды әлі тазалай алмай келе жатырмыз деп, қынжылады. Бүгінгі Олжасты сол Иорданмен салыстырады. Олжастың бүгінгі күні ұлтымыз жайлы жазғандарын кейін біреулер пайдаланып, өзімізге қарсы қолданбасына кім кепіл дейді.

Мақаланы жазуға О.Сүлейменовтің қазаққа қатысты айтып жүрген пікірлері себеп болған. Автор Олжастың ұлттың намысына тигеніне, дұшпанның табасына қалдырғанына шамырқанады. Жанұзақ «ол сөз теру емес, ана тілдің тағдыры мен ел намысына байланысты болғандықтан, оған немқұрайды қарап отыруға болмайды. Себебі, ана тілі – ол дүниедегі бар байлықтың құндысы, ұлттық болмыстың құдіреті, иісі қазақ баласын біріктіретін қасиетті күш, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін асыл мұра! Сол асыл мұраны аялап, керек кезінде қорғай білу, дамыту және келесі ұрпаққа аманат етіп тапсыру – ол әрбір баршаның қасиетті міндеті» – деп, ана тілінің адам баласы өміріндегі шешуші орнын шынайы айтып бере алған.

Ж.Әкімовтің пайымдауынша, «Қазақстандағы тұрақтылықтың негізгі кепілі – қазақ халқы... Мәселе, біздегі билік, оппозиция мен зиялылардың бір бөлігі отарлық санадан арылып, мемлекет құратын ұлттық идеяның маңына топтаса алмауында. Осы мәселе шешілмей, біздің елдің бағы ашылмайды». Ол америкалық ұлтқа негізделген «қазақстандық ұлт» үлгісіне қарсы пікірін ашық айтқан.

Ә.Мендекенің «Ұлтбездерлік, немесе ұлтбездерлікті мемлекеттік саясаттың құралына айналдыруға бола ма?» («Жас алаш», 05.05.2010) атты проблемалық мақаласы жазылу түрімен де, көтерген мәселесінің зәрулігімен де, айтқан пікірлерінің ғылыми негізділігімен де, батылдығымен де ерекшеленеді. Ол орыс философы П.Флоренскийдің «Белгілі бір ұлттың мыңдаған, миллиондаған жылдар бойы тірнектеп жетілдіріп, тырнақтап қалыптастырған ұшан-теңіз ұлттық құндылықтары сол ұлт өкілінің бойына қалай сіңеді және не арқылы сіңеді? Тек тіл арқылы. Тек ұлттық тіл арқылы ғана. Демек, ұлттық тіл – энтелехияның нағыз қайнар көзі» – деген пікірін келтіре отырып, осындағы энтелехия терминіне тоқталады. Энтелехия дегеніміз, ұлттық тіл арқылы қалыптасатын «көзге көрінбейтін, бірақ сезінуге болатын энергия. Энергиялық өріс» – екен. Сонда ұлттық тіл энтелехиялық энергияның көзі, ошағы, қайнар бұлағы, яғни адам баласының табиғаттың, қоғамның даму заңдарына сай табиғи өмір сүруінің бірден-бір шарты болып шығады. Бұл ретте Әмірхан «Ал енді ортақ энтелехияны – яғни, ортақ рухтастықты, ортақ тілеулестікті, ортақ өрісті, ортақ кеңістікті, ортақ мұраттастықты, ортақ тілектестікті, ортақ мүдделестікті қалыптастыратын, қалыптастыра алатын не? Тек тіл ғана! Тіл болғанда да, ортақ тіл!» – дейді.

Ә.Мендеке тіл бірлігінің ел бірлігін сақтайтынын айта келіп, қазіргі қазақ қоғамында орыс тілділердің пайда болуы салдарынан «қазақ ұлты бірін-бірі іздемейтін, бірін-бірі түсінбейтін, бірін-бірі ұқпайтын, бірін-бірі жағырқайтын, бірін-бірі бөгде санайтын, біріннің айтқаны екіншісіне ерсі көрініп тұратын, не болмаса екіншісінің айтқаны біріншісіне оғаш боп көрінетін, бірімен-бірі ортақ тіл табыса алмайтын бөлек-бөлек екі ұлтқа айналды. Бұл ұлттың бірі – қазақ тілді қазақтар болса, екіншісі – орыстілді қазақтар. Қазақ тілді қазақтарды «байырғы қазақ ұлтының бүгінгі көзі, бүгінге жеткен жұрнағы, қара шаңырақ иесі» деп қабылдасаңыз, ал орыстілді қазақтар туралы бұлай деп айта алмайсыз. Бұларда қазаққа тән, қазақтыққа тән ешқандай сипат, ешқандай із, ешқандай тұщыным жоқ, ұлттық түп-тамыр жоқ, ұлттық өріс жоқ, ұлттық діл жоқ, ұлттық рух жоқ, ұлттық тіл жоқ, ұлттық намыс жоқ» – деп, ащы шындықты шырылдай жазады.

Жағдайды жөндеу үшін не істеу керек. Мұның бір-ақ жолы бар. Біз қазаққа, қазақтыққа және қазақ тіліне қатысты қазіргі күнгі ұлтбездерлік саясатты түп-тамырымен өзгертуіміз керек. Ұлтбездерлікті саясаттың құралына айналдыруды үзілді-кесілді тоқтатуымыз керек. Сонда ғана қазақ тілі Қазақстанда шын мәніндегі мемлекеттік тілге, ортақ тілге айналады – деп біледі.

«Туы жығылған ел тізе бүгеді. Ел туынан ел тілі кем емес. Туы жығылған ел қайтадан туын көтере алады, ал тілі жойылған ел қайтадан тілін қалпына келтіре алмайды...

Ел бодандығынан тіл бодандығы жаман. Тілі жойылған елдің даңқы шықпаған, аты өшкен. Егер, еліміздің, халқымыздың аты өшпесін десек, өз тілімізді – түрік тектес халықтар ішіндегі ең бай, ең көркем қазақ тілін сақтауға әрқайсымыз үлес қосайық.» («Үш қоңыр», 15.09.2010) – деп жазады белгілі журналист Базарбай Исаев «Кім ұмытса туған тілін, жүрегі оның жүрек емес, тас шығар» атты Қазақстандағы тіл мәселесін көтерген проблемалық мақаласында.

Дастан Елдосов мақаласының тақырыбын «Жаһандандудың аққу әні» («Лебединая песня глобализации», «Жас қазақ», 27.04.2010–03.05.2010) қойыпты. Сонда аққу әнін шырмап жүрген кім екен десек, Олжас Сүлейменов екен. Автор қазір елімізде жүріп жатқан ұлт туралы саясаттың кейбір мәселелерімен келіспейтіндігін ашық айтып, мұның түп-тамырлары 1992 жылы Олжас ұсынған «еуразиялық идеяда» жатқандығына назар аударады. Бұл идея кейіннен мемлекеттік саясатқа айналып, соңы жаһандандуға ұласты деп біледі. Қазақстанның түрлі халықаралық ұйымдарға мүше болуынан жаһанданду жоспарының Олжастың ойлағанындай жүзеге асып жатқандығын көреді. Соның бір көрінісі ретінде кедендік одақты іс жүзінде Қазақстанның экономикалық, одан кейін саяси тәуелсіздігін жоғалтуға алып баратын ұйым санайды.

Автор еліміздің Қазақстан Республикасы болып дұрыс аталмауына да кінәлі О.Сүлейменов дейді. Еліміздің, жеріміздің иесі, мемлекет құрып отырған негізгі халық қазақ болғандықтан да Қазақ Республикасы аталуын дұрыс санайды.

Билік маңында жүрген орыстілді топтардың ұйымдастыруымен болып жатқан «Олжастың ойыны» әлі жалғасуда. «Көш жүре түзеледі» – дейді қазақ. Қазақ халқының ұлттық даму жолындағы барлық кедергілерді жеңіп, ұлттық жаңғырту арқылы әлемдік өркениеттен өзіне лайықты биік орнын алатындығына елімізде осы сала бойынша қолға алынып жатқан жұмыстар дәлел. Соның бірі қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін иеленгеніне 20 жыл толуына орай Алматыда өткен ұлт тұлғалары мен қоғамдың ұйым өкілдерінің бастамасымен өткен «Мемлекеттік тілді қолдау акциясы» болды. Мындаған адамның қатысуымен Республика сарайында өткен алқалы жиында сөз алған М.Шаханов, Б.Әбілов, Ә.Қосанов, В.Козлов, Д.Көшімов, А.Осман, Иран-Ғайып, Т.Медетбек, Р.Сәрсенбай, Қ.Иса, Қ.Ғабжалилов, А.Қадырбаева, Ж.Қуанышәлин, М.Елеусізов, М.Қалматаев, Е.Шәймерденов сынды ұлт жанашырлары мемлекеттік тілдің келешегіне алаңдаушылық білдірді; қазақ тілінің қазіргі мүшкіл халіне жұртшылық назарын аударды. Жиынға қатысушылар Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевқа «Ашық хат» («Жас алаш», 22.09.2009) жариялады. 10 тараудан тұратын хатта қазақ тілін шын мәніндегі мемлекеттік тілге айналдыруды көздейтін нақтылы ұсыныстар айтылған. Қысқа айтқанда, олардың негізгілері:

1. Қазақстан Парламенті «Мемлекеттік Тіл туралы» заңды тез арада қабылдауы тиіс;
2. Негізгі бастауын «американдық ұлттан» алатын Қазақстандағы қазақ ұлты мен басқа да ұлт өкілдерін тікелей жоюға алып баратын «қазақстандық ұлт» идеясына тосқауыл қойылсын;
3. «...Үштұғырлы тіл» ұранының орнына «Мемлекеттік тілді білу – қазақстандық әрбір азаматтың міндеті. Ал басқа тілдерді білуге шек қойылмайды» деген тұжырым ұсынамыз»;
4. «Мемлекеттік тіл агенттігін құруды ұсынамыз»;
5. «Тіл инспекциясын құру қажет деп білеміз»;
6. «Мемлекет басшылары мен лауазымды қызмет иелері барлық отандық, шетелдік ресми кездесулерде мемлекеттік тілде сөйлеуге міндеттеліп, республика көлеміндегі мемлекеттік іс-шаралар мемлекеттік тілде жүргізілсін»;
7. «Мемлекеттік тілді барлық салаға бір жүйемен ендіру үшін онымен арнайы институт айналыспай болмайды»;
8. «...мемлекеттік тілде 24 сағат хабар тарататын бір телеарнаның болмауы елдігімізге сын»;
9. «...Қазақстанның ақпарат кеңістігін басқа елдердің идеологиясын насихаттау мақсатында пайдалануға жол берілмесін»;
10. «Қазір мемлекеттік тілді дамыту-дамытпау, қазақ ұлтын сақтап қалуға тырысу, не тырыспау бір-ақ адамның, негізінен сіздің ғана қолыңызда тұр».

Қазақстан үкіметі жұртшылықтың қазақ тіліне қатысты айтылған осындай пікірлерін ескере отырып жасалған жаңа тіл туралы заңының әзірленіп жатқанын, оның жуық арада қабылданатынын мәлімдеді.

Дей тұрғанмен де ресми билік «үш тұғырлы тіл», «қазақстандық ұлт» саясатын жалғастыра берді. Елінің ертеңі ойландырған ұлтжанды азаматтардың тағы да қолына қалам алуына тура келді. Баспасөз беттерінде «Ұлтсыздандыруға бастайтын қадамға ұрынбайық» деген тақырыппен барлығы 5219 адам қуаттап қол қойған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевқа, қазақ халқына және республикамыздағы өзге ұлт өкілдеріне ашық хаты жарияланды. Онда Қазақстан халықтары ассамблеясы ұсынып отырған «Ел бірлігі доктринасындағы» ұлттың «тілін, салт-санасын, рухани құндылықтарын тікелей жоюға апаратын, өзінің негізгі бастауын «американдық ұлттан» алатын» «қазақстандық ұлт»

жобасының «қасіреті» шаш етектен болатынын айта келіп, «Әрбір ұлт өз тілін, өз болмысын сақтап қалуға хұқылы. Қазақстан билігінің бұл қадамы Біріккен Ұлттар Ұйымы мен ЮНЕСКО қабылдаған құжаттарға кереғар. Қазақ халқын және республикамыздағы өзге ұлт өкілдерін ұлтсыздандыруға бастайтын, бұл американдық, космополиттік қадамға демократиялық үрдіс аясында ашық түрде қарсылығымызды білдіреміз!» – делінген.

Осындай бүкіл халықтық қозғалыстың барысында 2010 жылдың көктемінде қабылданған «Қазақстанның ұлт бірлігі доктринасы» елімізде орын алған ұлттық мәселелердің шешімін табуға бағытталған үлкен адым болды. Мұнда Қазақстандағы барлық халықтардың тату-тәтті өмір сүруінің басты шарты ретінде «республиканың барша азаматын қазақ халқының төңірегіне ұйымдастыру» көзделген. Ал тіл туралы, «Бұл, ең алдымен, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданыс аясын кеңейтуге қатысты. Оны меңгеру әркімнің парызы мен міндеті... Бұл – шешуші басымдық, рухани және ұлттық бірліктің негізгі факторы» – деп атап көрсетілді.

Доктринада бұрынғыдай «орыс тілі – ресми тіл», «үш тұғырлы тіл» деген сияқты тіркестер жоқ. Оның орнына «Сонымен қатар мемлекет тарапынан Қазақстанда тұрып жатқан барлық этностың мәдени, рухан және тілдік қажеттіліктерін қанағаттандыруға қамқорлық көрсетілуі тиіс» («Қазақстан», 06.05.2010) – делінген.

Қазақстанда қазақ тілі мәселесінің түпкілікті шешілмеуінің саяси-әлеуметтік қатпарлары басым. Сонымен бірге мұның басты бір себебі ұлттық, мемлекеттік идеологияның жоқтығынан. Ал Қазақстанның мемлекеттік идеологиясының негізіне елбасы Н.Назарбаевтың «Біздің, бүкіл қазақстандықтардың басын біріктіретін басты фактор – мемлекеттік тіл. Қазақ халқының туған тілін дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз керек.

Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» – деген сөздері алынуға тиіс.

Тіл дегеніміз – ұлт. Тіл мықты болса, ұлт та, сол ұлт бақытты өмір сүруі үшін құрып отырған мемлекет те қуатты болады. Сондықтан да Қазақстанның болашағы қазақ тілінің дамуына тікелей байланысты. Елінің ертеңіне елденулі ұлт зиялылары ешуақытта да бұл мәселені естен шығарған емес. Ғасырларға созылған тіл үшін күрес қай заманда болмасын толастаған емес. Тіл үшін, ұлт үшін, Қазақстан үшін күрес жалғаса бермек. Өйткені, қазақ үшін қазақша сөйлеп, қазақтың жайын ойлаудан, қазақша өмір сүруден, сөйтіп қазақ болудан басқа жол жоқ.

2. СЫН ТУРАЛЫ СЫН

Дамудың бірден-бір шарты саналатын әдеби сынның мәселелері күн тәртібінен түскен жоқ. Тіл мәселесінің шешілмеуі, соған байланысты қоғамда жүріп жатқан өзгерістер, оның көркем әдебиетке әсері, руханият әлеміне жаңаша көзқарас – барлығы бір-бірімен байланысып жатқан болса, мұның өзі әдеби сынға да әсер етпей қоймады. Бұрынғы социалистік көзқарас тұрғысынан қалыптасқан рухани құндылықтар тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық мүдделерге сай қайта қарастырыла бастаған кезде Батыста күшейе түскен жаһандану үдерісі қазақ даласына да жетіп, мүлдем жаңаша жағдай туды. Ғасырлар бойы жасалынған рухани құндылықтарына шын мәнінде енді қолы жете бастағанда, жаһандану жетіп, жағаға жармасты. Мұның өзі көркем әдебиетті эстетикалық – рухани тұрғыдан бағалайтын әдеби сынға да оңайға түспеді. Көркемдік танудың ұлттық, батыстық жолының қайсысына түсерін білмеген әдеби сын да дағдарғандай күй кешті, әдеби өмірдегі өзінің негізгі көшбасшылық рөлінен айрыла бастады. Әдебиетпен бірге оның сынында да тоқыраушылық байқалды.

Десек те сын әлсірегенмен, ол жоғалып кеткен жоқ. Бұрынғыдай дүркіремегенмен де өз міндетін шама-шарқынша атқарып жатты. Сынды жоқтаған, жағдайын анықтаған, алда не істеу керектігін саралаған пікірлер сирек те болса, бой көрсетіп тұрды. Мұндай пікірлерді көбіне әдеби басылымдар ұйымдастырды.

«Қазақ әдебиеті» (29.11.2002) газеті оқырмандарын қазіргі сын туралы сауалнамаға қатысуға шақырды. Онда мынадай сұрақтар бар:

«1. Кешегі кеңес әдебиеті кезінде жазылған сынға қазір сын айтыла бастады. Мұның себебі не деп түсінесіз?

2. Добролюбов «сыншы – қаламгердің адвокаты» дейді. Бұл тұжырымға сіздің қосарыңыз бар ма?

3. Бүгінгі әдеби орта «сын жоқ» деп жүр. Біздіңше, «сын жоқ» дегеннен бұрын көркем сын туралы түсінікті екшеп алған жөн сияқты. Келісесіз бе?

4. Сіз – сыншысыз. Кезінде сыныңызға кейіпкер болған қаламгерлермен қазір қарым-қатынасыңыз қандай?

5. Сіз – ақынсыз (жазушысыз). Сыншылар тарапынан шығармашылығыңыз сыналған кез болды ма? Ол сынды қалай қабылдадыңыз?»

Қойылған сұрақтардың өзі-ақ осы кездегі әдеби сынның жай-күйін, толғандырар мәселелерін аздап болса да аңғарта алады. Сауалнамаға ғалым сыншы Бекен Ыбырайым мен жазушы, философ, драматург Дидар Амантай қатысқан. Б.Ыбырайым бұрындары сынның мықты болғандығын айта келіп, «Добролюбовтың сөзін тура мағынасында түсіну жөнсіз. Талантты қаламгер нақақтан қараланса, немесе оның шығармасын түсіне алмағандар бұтарлап жатса, сын арашаға түседі, ақиқатты айтады. Адвокат дегенде осындай мағынада түсіну керек... Шын мәніндегі сыншы – эстетикалық талғамы жетілген ойшыл Тұлға. Ондай Тұлғаға заман да, қай қоғам да зәру. Талантты ақын-жазушылар көп, ал талантты сыншы – ілуде біреу. ... Кезінде сын жазғаным рас. Бірақ қазір сыншы емеспін, әдебиетшімін» – деген жауаптар беріпті.

Ал кейінгі толқынның өкілі «батыстық үлгідегі» жазушы Д.Амантай «Сын бүгінгі әдебиетпен тек уақыт өткізіп барып қана айналысады... Себебі, оған пікір айту тек білімді ғана емес, көрегенділік пен дөп басар болжамды да қажет етеді. Бүгінгі ұлттық әдебиет кейде әлемде жүріп жатқан басқа процестермен де байланыста болады, кейде оның тамыры сыртта жатуы да мүмкін. Қалай десек те, әдебиетті маргиналдық талаппен де, ұлттық аямен де шектеуге болмайды» – депті. Ол «Менің сынға байланысты қалыптасқан өз ұстанымым бар: екеуіміз бір-бірімізді мойындамаймыз. Ең үлкен сыншы менің кеудемде отыр, ол өз шығармамды, не өзге бір туындыны қайтара оқығанда оянады. Сондықтан мен сыншылардың айтқанына мән бермеймін, өзінің пікірі өзіне қажет, менің оған еш қажетім жоқ» – деген өзгеше пікір білдіріпті. Яғни, әрбір қаламгердің әдебиет жайлы өз түсінігі, өз талғамы бар, көркем шығарманың тууына осылар тікелей әсер етеді. Сол сияқты әркімнің де қалыптасқан өз пікірі болғандықтан да әдеби туындының оған ұнауы да, ұнамауы да – заңдылық. Сол себепті де ұнату, ұнатпау әркімнің жеке мәселесі, оның маған қатысы жоқ деп, әдеби сынды мойындай бермейтіндігін ашық айтқан.

Сауалнамаға жазушы, драматург Р.Мұқанова, сыншы С.Жұмабек, сыншы Ә.Бөпежанова жауап берген. Р.Мұқанова «Кеңес заманында көркем әдебиет те, сын да әлсіз болған жоқ. Бірақ, екеуі де сол заманға жанкешті қызмет етті. Тіпті сын көркем әдебиеттен де қауіптірек, күштірек болды. ...сыншының айтқанына әулиенің айтқанындай сенетін едік қой... Сыншыда талғам күшті. Сыншы жазушыдан әлдеқайда талантты, білімді болуы шарт. Жазушының тобығынан келмей жатып, сын жазбақ болады цитат келтіріп. Қазіргі сынның сиқы – сол... Сын жазу үшін білім ғана емес, талант та керек шығар...» – депті.

С.Жұмабек «Сыншы белгілі бір қаламгерге емес, әдебиетке қызмет етуі тиіс. Ақын өз поэзиясын, жазушы өз прозасын, драматург өз пьесасын қалау еркін жазса, ешкімнің міндеттеуінсіз жазса, сыншы да өз сынын осылай еркін, міндеттеусіз жазуы тиіс. ...шын сыншы әрқашан тек шын әдебиеттің ғана адвокаты болуы тиіс» – десе, Ә.Бөпежанова «...адвокатқа зәру жазушыны көргенім де, естігенім де жоқ. Жазушы өз шығармасының үлкен сыншысы да – оны түйсігі алып шығады. Сыншы жазушының түйсік-сезімін, мүмкін сана астарындағы – қатпарларындағы ой ағындарын, идеяларын танып алушы, таратып талдауы мүмкін. Бұл ретте сыншыны интерпретатор десе де орынды... Сын дегеніңіз – творчество. Бүгінде таза сын, яғни, әдеби сын жанрымен шектелетін жанның аясы тарылды. Бүгінгі сын кеңістігі ұшан-теңіз. Сын – бүгінде әдебиет, өнер, философия, мәдениет арасындағы шекаралық жанр» – деп, жазыпты.

Сынның осындай күйге душар болу себептерін анықтауға әрекеттер жасалды. «Қазақ әдебиеті» (09.04.2004, 23.04.2004) газеті «Қанша шырақ алып іздесен де, әдеби сын жоқ. Болса, онда да сұлбасы ғана. Сонда, расында да әдеби сын қайда кетті?» – деп, осы мәселенің түп-тамырын ашуға ұмтылған сауалнама жүргізді. Онда әдеби жұртшылыққа төмендегідей сауалдарға жауап беру ұсынылды.

«1. Қазір әдеби сын жоқ деген әңгіме көп айтылып жүр. ...олай болса, әдеби сын ахуалының бұлай қалыптасуына не себеп деп ойлайсыздар?» – деген сауалға Б.Ыбырайым «Бүгінгі әдеби сынның ахуалы нашар екені талассыз. Мүлдем жоқ деген обал шығар... Бірақ әдеби сынға қарап, қазіргі қазақ әдебиетінде қандай көркемдік құбылыстар дүниеге келіп жатқанын, жанрлардың жай-күйін... аңғару қиын. Бұған себеп: қазіргі қоғамға әдеби сынның қажетсіздігі, материалдық, моральдық камқорлықтың жоқтығы»; Ә.Қодар «Сын жоқ емес, бар. Бірақ, оның объектісі өзгерген. ...Кеңес Одағы, кеңестік идеология құлағанда, оның құндылықтарының

да құлдырауы заңды еді... Қорытып айтқанда, қазіргі әдеби сын мәдениеттанушылық сынға айналған»; Т.Әсемқұлов «Сынның неге жоқ екендігінің себебін бұрын да, әр кезде жазған мақалаларымызда, берген интервьюлерімізде айтқанбыз, тағы да қайталап айтып көрейік: қазақтың сыни өнері өнерден бөлініп жеке жанр болып қалыптаспаған өнер... Кейбір әдебиетшілер сын неге болмасын, болған, әлі де бар деп жатады. Әлбетте, кеңес заманында идеологияға қызмет қылған ағымдағы сын болған... Алайда, ол – сын деп айтуға келмейтін, адамның жеке көзқарасын, талғамдағы плюрализмді мойындамайтын, тоталитарлық принципке құрылған «сын» болатын. Дәлірек айтқанда, ол сын – цензураның жалғасы болатын, ал шынына келетін болсақ, сол цензураның өзі болатын... Сын неге жоқ деген сауалға бас қатырудың керегі шамалы... Кеңес заманындағы сын деп жүрген «құбылыс» сол өзін тудырған системамен бірге дүниеден көшті. Сыншы деген қызмет жоқ. Сыншылық деген, сын деген – үлкен білімнің, терең парасат-пайымның көрінісі»; Б.Кәрібаева «Әдеби сын ахуалы бүгін ғана бұлай қалыптасқан жоқ. Күні кеше «бар» мен «жоқ» ортасында текетірескен, жан алып, жан беріскен. Сол тарихи процесс жалғасуда»; А.Мырзабек «...әдеби сын жоқ деген әңгімені айтпас бұрын қазір әдебиет бар ма?» деген сауал төңірегінде ойланып-толғану қажет шығар. Егер әдебиет бар болса, онда әдеби сынның болмауы да мүмкін емес қой... Нағыз әдебиет сыны болуы үшін, ең алдымен, оның жазатын объектісі дүниеге келуі керек. Әдеби сынның проза мен поэзиядан бөлек өмір сүруі беймүмкін... Әдеби сынның пайда болуына әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі – еркіндік. Ой еркіндігі... Ендігі уақытта белгілі бір топтың сойылын соғатындардың айы оңынан туды»; Д.Қуат «Түптеп келгенде, осының бәрі біздегі кәсіби сынның, сын мектебінің қалыптасып үлгермей жатқанын, дербес сын мәдениетінің әлі туа қоймағанын аңғартса керек» – деп, жауап беріпті.

Сауалнамада қойылған әдеби топтардың арасында әдеби емес сындардың өріс алуы, қолшоқпар сын, сыншыларды дайындау, сын этикасы, сыншының әлеуметтік, материалдық жағынан қамтамасыз етілуі жайлы сауалдар әдеби сынның жай-күйін әртүрлі жақтарынан аша түсуге көмектеседі. Сауалнамаға қатысқандардың қазіргі әдеби сынның ахуалы жайлы айтқан пікірлерінің ойланарлық тұстары баршылық.

«Қолшоқпар сын қашанда болған, бола береді де... Қазақта ақын да, жазушы да, құдайға шүкір, көп болмаса да, біраз бар... Әдеби сын әдебиеттегі жетістіктерге тікелей байланысты болып отырған жоқ... Сыншыларды тәрбиелеу ең алдымен, талғамды өсіруден басталады... Біздегі мадақ сынның көптігі – сын мәдениетінің төмендеуінің тағы бір көрінісі... Ал сынның биігі – әркімнің өзіне өзі сыншы бола білуінде». Бұл сыншы Бекен Ыбырайымның ойлары.

Ал мәдениеттанушы Ә.Қодар «Сыншыларды тек өз тәжірибесі ғана шынықтыра алады. Қазір бізге ресми сыншылар дайындау ерте. Ол тірі ойды өлтіреді... Әдебиетіміздің қоғамдық өмірден шетте қалғаны рас... Сыншының жағдайын ешқашан да ешкім жасамаған. Жағдайы жасалған сыншы асыранды қазға айналады, ал асыранды мақұлық сыншы бола алмайды. Нағыз сынды жоқтық пен жеккөрініш тудырады» – деген.

Т.Әсемқұлов «Өздерің айтып отырған «әдеби топтар», топқа бөліну бүгін болған нәрсе емес. Және бүгін тоқтайтын нәрсе емес. Баяғыдан бар, бүгінде де бар, бұдан кейін де бола бермек. Және бұл ешқандай сөкеттігі жоқ, болуға тиіс құбылыс... «Әдеби киллер» деген терминді қабылдай алмаймын... Сын көтеріп үйрену керек... Таланттардың бастары ешқашан бірікпейді, әркімнің өз жолы бар. Талант осынысымен керемет. ...әдеби сын, өнер сыны – әдебиеттің, жалпы өнердің жаратындысы, содан бастау алады... Менің ойымша, сыншыларды «дайындау», «тәрбиелеу» мүмкін емес. ...ұлттық мәдениетте білімді адамның өсіп-қалыптасуына қажетті алғышарттар, құнар болуы керек... Қазіргі қазақ сыны профессионал сын емес»;

Б.Кәрібаева «Сынға жалпы қауымды тәрбиелеу керек... Қашаннан қоғам мен әдебиет – тең дәрежелі... Азулы сын әлдекімнен «жетімдік көреді» деп айта алмаймын»;

А.Мырзабек «...әдебиет бір орында тұралап қалған кезде қандай да бір айтыстардың болып тұрғанының зияны жоқ деп ойлаймын... Сыншы тәрбиелеу мүмкін емес. Сыншылық та адамның бойында Құдайдан дарыған қасиет. Сыншыға тек жағдай туғызу қажет»;

Д.Қуат «Сынның әдебиеттен бөлек өнер саласы екені анықталып, қазақ сыны өз әлемін әйгілегенге дейін бізде Батыраштың қолына балта ұстататын пиғылдың еш тиылмасына бәс тігемін. ...Сынның тарихы, сыни ағымдар, тың табиғаты туралы мағлұмат беретін мектеп керек. ...байқайсыздар ма, біздің әдебиет адамдардан алыстап барады... Ал сыншыға жалақы тағайындау, бері дегенде бойкүйездік «дертің» ушықтыра түседі» – деген пікірлер білдірген.

«Қазақ әдебиеті» газеті (07.07.2006) сын бөлімінің меңгерушісі Заря Жұманованың Мұрат Мұхтарұлы Әуезовпен сұхбаты «Көркем сын: белесте ме, еңісте ме?» аталыпты. Оған М.М.Әуезов «Көркемөнер мен әдебиетте беделді сыншының пікір, кеңесі өте маңызды және ол міндетті түрде керек. Өкінішке орай, бейтараптық сақтай отырып, әділ де жан-жақты сараптама жасайтын, белгілі бір салаға бейімделген сыншылар бізде өте аз... Санамызды тәуелсіздікке сәйкестендіру керек... Сыншы шығарманың осал тұсын сынап-мінегенімен, тұтас шығармаға, авторға көлеңке түсірмейтіндей сөз оралымдарын қолдануға тиіс деп санаймын. Әдеби сын әдебиет беделін түсірмеу үшін керек. Кез келген сын іс жүзінде жарнама болады» – деп, жауап беріпті.

Әдебиет газетінің тілшісі А.Мантаева соңғы кездерде жаңа кітаптарға мадақ рецензиялардың көп жазылып жатқандығын айта келіп, мұның өзі «Сын жанр ретінде жойылып бара жатқан жоқ па?» деген сауал тудырып отырғанын жасырмай, сыншы Б.Сарбалаұлынан, ақындар И.Сапарбай мен Ә.Балқыбектен осы төңіректе пікір білдіруін сұрапты. Төтесінен тура қойылған сұраққа Б.Сарбалаұлы «...әдебиет бар жерде сынның да болатыны, ал сын жоқ жерде әдебиеттің де әлсіреп, әлденеге айналатыны әзелден айқын ақиқат», И.Сапарбай «қысқасы, «сын» сөзі әдеби айналымнан да, қоғамдық алыс-беріс, қарым-қатынастан да өзінен-өзі, ешкім «әй-шәй» демей-ақ шығып қалды... Қажеттілік болмаған жерге осы бір беззада жанр орынсыз бас сұғып қайтсін?!.. Тағы да айтам, сын өлген. Кеше ғана. Өлтірген – біз бен сіз, одан қалса, мынау сынсыз, «мінсіз», үнсіз қоғам... Сын – эстетика. Сын – эрудиция. Сын – әділдік. Сын – адалдық... Амал не, біз аз күннің ішінде осылардың бәрін жоғалтып алдық. Ендігі сынның обал-сауабы көпшіліктің өзінде... Ендігі бір-ақ алданыш – сын мына менің өзімде. Өзіме-өзім сыншымын. Өте-мөте катал сыншымын», Ә.Балқыбек «біздегі сын жоқ, әдебиет насихатталмайды деген ыңғайдағы байбаламның бәрі ақын-жазушылардың өздерінің дәрменсіздігін ғана көрсетеді. Енді қазақ әдебиетін көркейтеміз, әлемдік деңгейге шығарамыз дейтін болса, кез-келген ақын-жазушымыз кемі қазақ әдебиетіне баға бере алатындай сыншы болуға тиіс. Басқалай жол жоқ» – депті.

«Әдебиет айдыны» газеті (17.01.2008) «Көкейкесті» айдарымен қаламгерлерге үш сауал ұсыныпты. Соның екіншісі «Бүгінгі әдеби сын көркем әдебиетті дамытуға қаншалықты қызмет атқарып келеді?» – деген сауалға О.Асқар «Қазір әдеби сын жоқ» деп, тікесінен қайырған. Жазушы С.Елубай «Сын жанры қанша шабандап қалғанымен, тоқыраған емес» – деп білсе, ақын К.Елемес «Шынын айту керек, бізде қазір сынның қарқыны, сын болғанда дашын мәніндегі Хахты танып, қара қылды қақ жарып, ағын – ақ, қарасын – қара деп, ешкімнің аты-жөніне емес, ол берген әдебиетке қарап айтып жатқан сын жоқтың қасы. Бұл мүмкін, сыншының жоқтығынан емес, әрине. Қазіргі немесе тәуелсіздіктен кейінгі жазылған біраз сынның бағыты – бізге сыннан гөрі, тәуелсіздікке дейін қаламгерлер ортасында қордаланып қалған бір-біріне деген наразылық, ашу-ызадан туған жеке бастың әңгімесіне ауысып кетті. Сосын әдеби сынның тонын жамылыпайтып жатқандай сезіледі... Бұл, әрине, сын емес. Бір ауыз сөзбен айтқанда, қазіргі сынның әдебиетке жасап жатқан ықпалы тым әлсіз» – деген пікірін тарата айтыпты.

Қазіргі жас буын әдебиеті жайлы сауалға «қазіргі жастар әдебиеті – барлық жанрда қаулап өсіп келе жатқан әдебиет... Дәстүрлі қазақ өлеңінің жалғасы бола отырып, мүлдем жаңа заман тынысын ала келді.Талғам тұрғысынан қарасақ, шын мәніндегі таза, нәзік, жоғары деңгейлі поэзия. Асылы, дәл қазір өтпелі кезең тұсында оза шауып, айдарынан жел есіп тұрған жанр, меніңше – поэзия. Бұл жанрда жанартаулар жиі атқылап жатыр» (С.Елубай); «Әсіресе, поэзиядағы қарқын өте күшті. Жастарымыздың бұл екпінін, әдебиеттегі берген нәтижелерін дәл қазір емес, бір мезгілден кейін айқын сезінетін боламыз. Бастысы, жас қаламгерлердегі жетістік – ойдағы еркіндік дер едім» (К.Елемес) – деген жауаптардан әсіресе бүгінгі поэзия жас өкілдерінің сәтті аяқ алысын байқаймыз.

Баспасөз бетінде сынның жағдайы қайтсе жақсарады дегенді қозғаған И.Сапарбайдың «Сын өлді» («Қазақ әдебиеті», 26.04.2002), Б.Кәрібаеваның «Сын тірі» («Қазақ әдебиеті», 26.04.2002), Т.Тоқбергеновтің «Әдеби сынға әділет керек» («Қазақ әдебиеті», 18.08.2006), Д.Ысқақұлының «Соғыс кезіндегі әдеби сын» («Жалын», 2007, №3), «Сын жанры жойылып бара жатқан жоқ па?» (дөңгелек стол. «Қазақ әдебиеті», 11.07.2008), т.б. мақалалар жарық көрді. Сынның хал-ахуалын саралаған дөңгелек столдар, сауалнамалар, сұхбаттар ұйымдастырылды.

Қ.Аманжолұлы «Біздегі сын неге жалдамалы?» («Қазақ әдебиеті», 06.04.2001) деген сауалға жауап іздеген. Сынның мерейтойлар, немесе түрлі сыйлықтарға ұсынылған кезде ғана жазылып жүргенін, басқа кездерде көріне бермейтінін үлкен кемшілік санайды. «Сынға қойылатын қысымның үлкендігі, соның кесірінен сынның жалдамалы түрге енуі – оған деген әдебиетшілердің жек көрінішін туғызды» дейді. Сынның тағы бір кемшілігін оның «шектен тыс ғылымилығынан» көреді.

Екі мыңыншы жылдарда әдебиет туралы әңгіме бола қалса, оның қоғам дамуына ілесе алмай отырғандығын, оқырман ойынан шықпай жатқандығын ең алдымен, сыннан көрді. Сол себепті де әдеби сынның әлсіреп кеткендігі, тіпті жоқтығы әдеби қауымның заңды алаңдаушылығын туғызды.

И.Сапарбаевтың «Сын өлді...» («Қазақ әдебиеті», 26.04.2002) атты мақаласы «Сын өлді. Әдеби сын. Өлді екен деп, азалап жатқан ешкім жоқ» – деген жолдармен басталады. Ары қарай «Сын өлгенмен, оны жоқтап жүрген біреу-міреу болсайшы!.. Сыннан бір айрылған, оқырманнан екі айрылған біздің халді енді өзіңіз де шамалай беріңіз... Сын өлген соң, әдебиеттің аузынан тісі, қолынан ісі кетеді екен... Сын – әдебиеттің Ары... Сын болмаған жерде, мін тұрмақ, әсіреқызыл әпербақан да, даңғой «данышпан» да, ұятсыз «ұлы» да, кісімсіген «классик» те көбейе бастайды. Қасқырдай ұлыған «ұлылар», қаптаған «данышпандар» кімді тыңдап, кімді мұндай қойсын!» – деп, ақынға тән сезімтал жүректің алаңдаушылығын білдіреді. Сынды орнына келтіру үшін не істеу керек? «Ең бірінші – өлген сынның кебінін сыпырып тастап, астына Тақ, қолына Ту ұстатып, ақ киізге орап, қайтадан өзінің қасиетті орнына отырғызу керек» – деген ұсынысын айтумен бірге оқырманға да «Иә, Сын өлді. Енді не істеу керек?» деген сауал тастайды.

Жазушы, сыншы Т.Әсемқұлов «Қазақ әдебиетіне» (18.07.2003) берген сұхбатында «Сын әдебиеттің көсегесін көгертеді» деген пікіріне келісе алмаймын. Қазақтың байырғы әдебиетінде сын жанры болмаған. Бірақ қазақ поэзиясы қандай биікке көтерілгенін жақсы білесің», кеңестік кезеңде болған идеологиялық сын кеңес үкіметімен «бірге о дүниеге кетті» – дейді. Ары қарай ойын «Біздің қазақ – ғажап халық. Ғажаптығын айтайын, сол идеологияланған сынның өзін амалын тауып ру мен жүздің мүддесіне бағындырып қойды. Бүгінде кеңес заманындағы сынның сол сырқаты асқынып, шегіне жетіп отыр, әдеби әулеттердің (кларндардың) есеп айырысу құралына айналып отыр. Сол себепті, «сынның басынан бағы тайып тұр». Дәлірек айтқанда, қазақтың сынына ешқашан бақ қонған емес. Сақалы сапсифан «ақсақалитет» дүниеден кетпейінше, қазақтың көзі ешқашан ашылмайды» – деп жалғастырып, ащы бір шындықты батыл сынға алған.

Б.Кәрібаева кеңес үкіметі кезінде сын саясат құралына айналғанын, кеңестік әдебиеттану да саяси сыпатта жасалғандығын айта келіп, жаңа заманда «сын мәдениетін көтеру үшін алдымен, сын мектебін өзін негіздеп алсақ» («Қазақ әдебиеті», 07.03.2003) – дейді.

Жазушы С.Асылбеков «Қазақ әдебиеті» (14.07.2006) газетіне берген сұхбатында «...сынға келсек, сыншылық талант – сирек талант, сыншы дегеніміз, ол әдебиетші ғана емес, философ. Меніңше, сыншыда осы ғылымдық және суреткерлік қабілеттер қатар болуы керек. Ал, табиғатта бойында осындай екі бірдей талант тоғысатын адамдар өте сирек ұшырасады. Сондықтан да болар, кәсіби, турашыл сыншылардың өте сирек кездесетіндігі» деп жазды.

Қытайлық қазақ сыншысы Асан Әбеуұлы «осы күні, манағы айтқан базар шаруашылығына ылайық сыншылар бой көрсетіп жүр. Оларда көркемдік өлшем де, идеялық (нәр) өлшемі де жоқ, әйтеуір міндетті түрде «пәленшекен» болғаны үшін мақтау өлшемі ғана бар. Бізше, мұндай сыншыларды да базар шаруашылығы тудырған «тауар-сыншылары» деп атаған жөн» («Әдебиет айдыны», 24.01.2008) – дейді.

Ж.Сомжүрек «Әдебиет сыны қай елдің әдебиеті екеніне қарамай шығармалардың сынын сындайды, мінін міндейді, бағалайды, асылы мен жасығын айырады, маңызы мен мәнін анықтайды, оқырмандардың әдеби талғамын тәрбиелейді, авторлардың жетістіктері мен кемшіліктерін көрсетіп, жалпы әдеби процесті жіті бақылап отырады» («Әдебиет айдыны», 21.07.2005) – дей келіп, болашақ сыншыларды тәрбиелеу жайындағы ойларын ортаға салады.

Қазіргі қазақ әдеби сынының, оның ішінде проза сынының мәселелері Т.Рыскелдиевтің «Бүгінгі проза, немесе қазақ әдебиеті сынының беталысы хақында бірер сөз» («Әдебиет айдыны», 17.01.2008) мақаласында егжей-тегжейлі сөз болған.

Сын – әдебиеттану ғылымының құрамдас бір бөлігі. Демек, әдебиеттану дегеніміздің өзі оның сынынан басталады. Сын – әдебиеттануды өрге сүйрейтін локоматив. Өз кезегінде

әдебиет туралы ғылымның деңгейі сынның да дәрежесін аңғартады. Б.Ыбырайым нарықтық қарым-қатынастарға құрылған қазіргі кездегі әдебиеттану ғылымының жай-күйін сараласа (Ұлттық әдебиеттанудың ахуалы қандай? «Қазақ әдебиеті», 13.07.2001), Б.Майтанов Бекеннің осы әңгімесін жалғастырып, «Әдебиет теориясының қазіргі жай-күйі» («Қазақ әдебиеті», 20.07.2001) жайлы проблемалық мақала жазды.

Филология ғылымының докторы Гүлзия Пирәлиеваның академик Серік Қирабаевпен сұхбатында қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі мен ертеңіне терең үңілушілік бар. Академик «Қазіргі сынның басты олқылығы шығарманы нақты талдауға бармай, жалпылама шолуға құмарлығында деп білемін» («Егемен Қазақстан», 22.04.2006) – депті.

Қытай әдебиетін жақсы білетін әрі ақын, әрі ғалым, әрі сыншы Дүкен Мәсімхан «Тамырға тағзым, немесе әдебиет пен өнердің түп-төркіні туралы» («Жұлдыз», 2001, №6) теориялық мақала жазды. Автор әдебиет пен өнердің шығу тегі жайлы әлемдік ғылымда айтылып келе жатқан түрлі көзқарастарға шолу жасайды. Осы орайда «Көңіл-күй-сезім», «Эмблемалық түс», «Өндірістік еңбек», «Еліктеу», «Ойын-сауық», «Әсемдік аңсар», «Бақсы-балгерлік», «Әмбебап» теорияларын шола келіп, қазіргі әдебиеттің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады.

Әдеби сынның жай-күйін саралаған Қазақстан Жазушылар Одағы сын секциясының мәжілісі болып өтті. Жиында шығып сөйлеген Т.Ахметжанның, Д.Ысқақұлының, Қ.Әбдезұлының, С.Негимовтің, Қ.Алпысбаевтың, Р.Тұрысбектің, А.Егеубаевтың, Б.Ибраимовтың, С.Қамшыгердің сөздерінде қазақ әдеби сынының зәру мәселелерін саралаушылық бар.

«Алтын жамбы» (2001)сын кітабы үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын (2002) алған көрнекті сыншы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері З.Серікқалиев «Қазақ әдебиеті» (11.02.2005) газетінде жарияланған соңғы сұхбатында «91-жылға дейін дұрыс дамыған әдебиеттің 4–5 жыл ішінде быт-шыты шықты» – дей келіп, әдеби сын мәселелеріне келгенде, И.Сапарбайдың сын жоқ, «сын өлді» деген пікірімен келіспейтіндігін білдірді. «Съезд қарсаңында Исраил Сапарбай «Қазақ әдебиеті» газетінде «сын өлді» деп жазды. Алдымен ақын, сонсоң, бір есептен «Қазақ әдебиетінде» сол кездегі басшылығы сынға кесек лақтырды. ...оның «сын өлді» деуі – беспардонный тіршілік. Тіпті жала. Мен бұған неге соншалықты шұқшиып отырмын. Өйткені, «сын жоқ, сын пәлен, сын түген» деген бір жаппай әдет болған сияқты» дей тұрса да ол сындағы кемшіліктер бар екенін мойындайды. «Мысалы, «Қазақ әдебиетінде» съезге дейін жібі түзу бір рецензия болмады. Сын дегеніңіз тек қарсы пікір болды». Оның кемшіліктерінің себебі сынның дамуына мемлекет мүдделі емес... мемлекеттің идеологиялық саясатына сынның онша керегі жоқ» – деп көрсетті.

Профессор Қ.Әбдезұлы «Бүгінгі қазақ әдеби сынының тоқырап тұрған тұсы. Мұның себебін де түсіндіруге болады. Қаламгерлердің шығып жатқан кітаптарының таралымы өте аз. Ұсыныстар бағаланбайды. Қаламақы деген мүлдем жоқ» – депті «Қазақ әдебиетіне» (17.08.2007) берген сұхбатында.

Ақын Ж.Сәрсек қазіргі сын туралы ойын еркіндеу білдіріпті: «Қазақ әдебиеті сыншысыз қалды... Сыншы жебесі ең әлсіз деген ақынның өзін райынан қайтара алмаған кезең де осы тұс... Үнемі осы бізде сыннан ешкім өлмейді, жараланады... Нәтижесінде бүгінгі әдебиет әлемінде батагөйлер көбейіп кетті. Әр автордың өз батагөйі бар. Сондай-ақ әдеби қасапшылар да бой көтере бастады. Ең қауіптісі – осылар. Олар пышағын жалаңдатып, шығарма емес, шығарма авторын іздейді. Аямайды, осып-осып тастайды. Шіркіндердің арасында жалдамалылар да жырылып айрылады. Әдеби сыынның қалай десен де сиқы осы, жабайыланып барады. Сағат Әшімбаев, Зейнолла Серікқалиев, Сайлаубек Жұмабекұлы сияқты сарабал сыншылар бел асып кетті. Арамызда жүрген Тұрсынжан Шапай, Әлия Бөпежанова, Бақыт Сарбалаевтарға өкпе жоқ. Өлара кезеңде өз міндеттерін атқарды. Десек те майдан даласынан ара-тұра болса да хабар алып тұрғандары артық болмас еді» («Қазақ әдебиеті», 25.12.2008).

Екі мыңыншы жылдардың өн бойында «қазіргі әдебиеттің дамуында тоқырау байқалады, оның сынының да өрісі тарылып, құлдырап барады» деген сияқты пікірлер ұдайы айтылып, дабыл қағылып жатты. Сынның әдебиетпен, ал әдебиеттің жалпы руханиятпен байланыстылығы ескеріліп, мұндай келеңсіз құбылыстардың орын алуы заманның сипатымен, соған байланысты рухани құндылықтардың өзгеруімен деп түсіндірілді; бұған жол беруге болмайтындығы ескертіліп, тығырықтан шығудың жолдары іздестірілді. Әдеби сын бұрынғыдай күшті болмаса да жаңа дәуірге сай өзіне тиесілі міндеттерін атқарып жатты.

Осы кездерде қазақ әдеби сыны мен әдебиеттану ғылымына айтарлықтай еңбек сіңірген бірнеше қайраткерлердің мерейтойлары атап өтіліп, олардың шығармашылықтарына арналған бірсыпыра мақалалар жарық көрді. Н.Оразалиннің «Өміршең ойдың өрісі» (І.Омаров-90, «Қазақ әдебиеті», 13.12.2002), С.Қасқабасовтың «Академик Ахметов» (З.Ахметов-75, «Егемен Қазақстан», 05.05.2003), Қ.Ергөбектің «Қайран да қайран, Бейсекең!» (Б.Кенжебаев-100, «Егемен Қазақстан», 06.10.2004), М.Құлмұхамедтің «Алашұлы» (Р.Нұрғали-65, «Егемен Қазақстан», 28.09.2006), Ө.Айтбайұлының «Жазушы, аудармашы, ғалым» (С.Талжанов-100, «Егемен Қазақстан», 22.11.2006), Р.Отарбаевтың «Сағынды халқы Сағатын» (С.Әшімбаев-60, «Қазақ әдебиеті», 27.09.2007), Т.Мәмесейіттің «Сымбаты бөлек сыншыл ой» (С.Әшімбаев-60, «Қазақ әдебиеті», 27.04.2007), Қ. Мәдібайдың «Тумысы бөлек тура адам» (З. Қабдолов-80, «Қазақ әдебиеті», 07.12.2007), Д. Ысқақұлының «Ұстаз» (Қабдолов-80, «Таң-Шолпан», 2008, №2), Т.Жұртбайдың «Сырты – сыпайы, іші – толған намыс еді» (А.Егеубаев-60, «Қазақ әдебиеті», 25.12.2008), Т.Тебегеновтің «Қазақ әдебиетінің қалғымайтын сақшысы (Б.Сарбалаев-60, «Әдебиет айдыны», 06.12.2007), Р.Нұрғалидың «Үш тоғыс» (А.Еспенбетов-60, «Егемен Қазақстан», 16.02.2005), Б.Майтановтың «Әуез – шырқалып бітпеген әуез» (Ә.Бейсебаев-50, «Қазақ әдебиеті», 19.09.2003), т.б. мақалаларда сыншы-ғалымдардың шығармашылық болмысын, әсіресе сыншылық қызметі жайлы қызғылықты мағлұматтар баршылық.

Қ.Ергөбектің Б.Кенжебаев жайындағы эссесіне «Ғалым аға рухымен сырласу» деген қосымша тақырып берілген. Автор еске алу, монолог, баяндау тәсілдерін қолдана отырып, қазақ әдебиеттануының алыбы Б.Кенжебаевтың азаматтық, ғалымдық тұлғасын жарқырата түскен.

«Зейнолла Қабдолов аға өмір сүрудің сирек бақыты бұйырған ғажап бір жаратылыс еді. Ол адамның қанаты кең жайылған, жүрегі бөлек соғатындай көрінетін маған. Өмірде бойына шақ келмейтін даңқ даңқ қуып, дабырлап күн көретіндер бар. Асып, төгіліп жатқан абырой да, атақ-даңқ та артық туған адамшылықтың жанында аласарып қалатын құбылыстар бар. Зейнолла Қабдолов дүние-жаратылыстағы жақсылықтың бәрі бойына сыйымды, бақытты адам» (Қазақ әдебиеті», 07.12.2007) – деп, толғанады Қ.Мәдібай ұстазы З.Қабдоловтың рухы алдында.

Ө.Ахметтің «Келдік талай жерге енді» атты эссесінің бір тарауы академик Рымғали Нұрғалиға арналыпты («Қазақ», 23–30.04.2010). Мақаланың жазылу формасы – тартымды. Автор өзінің курстасы жайлы баяндай бермей, студенттік кездерде жазылған күнделікке сөз беру арқылы өз кейіпкері болашақ академик Р.Нұрғалидың адамдық, азаматтық, ғалымдық тұлғасын жан-жақты жарқырата алған.

Лира Қоныстың Ж.Әбіловтің 50 жылдығына орай жазған «Театр теориясының тарланы – Жұмабай Әбіл» («Көзқарас», 1–15, 11.2004) жазылу түрі жағынан ерекшеленді. Автор сыншы, ғалым Ж.Әбіловтің шығармашылық болмысын жасауға бұрыннан таптаурын болған жолмен емес, өзінше келген. «Шегініс», «Ағаның еңбектері», «Ағаның өзі айтады», «Ағаның аспиранты айтады», «Екінші шегініс», «Сөз соңы» тараушаларына бөлініп берілуі арқылы Ж.Әбіловтің шығармашылық, адамдық болмысы жан-жақты ашыла түскен. Мақалаға О.Әмірқұлдың «Сағындым сені, сыншы жігіт!» атты шағын мақаласының және де академик С.Қирабаевтың, академик З.Ахметовтің, ғалым Ш.Елеуқеновтің, Б.Әзібаеваның жылы лебіздерінің қоса берілуі де Ж.Әбілдің сыншылық, ғалымдық, азаматтық тұлғасын әр қырынан көрсетуге ұтымды пайдаланылған.

Белгілі қоғам қайраткері, сыншы І.Қабыловтың 100 жылдығына орай Б.Бүркітбайұлының «Қабыловты халық ұмытпайды, ал биліктегілер ше?» («Дала мен қала», 19.08.2005; «Қазақстан-Заман», 09.09.2005) мақаласы жарық көрді. Мақалада І.Қабыловтың кезінде түрлі биік лауазымды қызметтер атқарып, қазақ елінің көркейе беруіне атсалысқан ардақты азаматтардың бірі екендігін айта келіп, оның жүз жылдығының атаусыз өтіп бара жатқандығына алаңдаушылық білдірген. Мақала І.Қабылов туралы алғашқы мақалалардың бірі болғандықтан да оның әдеби сыншылық қызметі хақында мәселе көтерілмеген.

Әдеби өмірде сынның кемдігі, оның өзіне жүктелген міндетті атқара алмай жатқандығы, қайтсе, жаңғыртуға болады деген мәселелер күні бүгінге дейін күн тәртібінен түспей келеді. Әдебиет жайлы әңгіме болғанда, оның артта қалуын сыннан, ал сынның кешеуілдеуін өз кезегінде әдебиеттен көріп жатты. Ал жалпы әдебиеттің, сынның құлдырау себептерін базар экономикасына негізделген қоғамда рухани құндылықтардың өзгеруінен іздеді.

4. ӘДЕБИЕТ ЖАЙЛЫ ОЙЛАССАҚ...

Қоғамдық, экономикалық қарым-қатынастардың өзгеруі рухани өмірде де көптеген проблемалар туғызды. Батыс өркениетіне бет түзеген жаңа заман бұрынғы социалистік идеялар негізінде қалыптасқан рухани қазынаның бағасын жойып жібергендей болды. Бұрындары социалистік реализм бағытымен дамыған әдебиет енді қалай қарай бет түзерін білмей, аңтарылып қалғандай еді. Бұл жайында Д.Қамзабек:

«Қазіргі әдебиеттануда да іркіліс, іркіліс емес, ойланғыс дәуірі болып жатыр. Жастардың өзі де көп нәрсеге теориялық-методологиялық тұрғыдан таяныш таппай жатқандығы байқалады. Жүріп өткен жолымыздың бәрін мансұқтауға болмайды, дегенмен де Еуропалық, Азиялық озық мемлекеттердің үлгілерін алуға болатын шығар, бірақ әдебиет өз топырағымызда жасалынғандықтан ізденістің өзімізге тән болғаны жөн... Әдебиеттану – ол идеология емес, дегенмен де, ұлттың мүддесінен шығып жатуы керек. Өзіміздің сұраныстың, өзіміздің денгейдің дәрежесінен шығып жатуы керек» («Қазақ әдебиеті», 05.01.2001) – деді.

Осы кездерде негізінен әдебиеттің мәселесін қоғамдық пікір денгейінде көтеріп, сыншының рөлін атқарған қаламгерлердің өздері болды. Олардың көпшілігі өз пікірлерін түрлі жиындарда, баспасөздік сұхбаттарда, дөңгелек столдарда кеңінен білдіріп жатты. Қ.Мұхамеджановтың А.Әліммен («Қазақ әдебиеті», 11.05.2001), Ә.Асқаровтың («Қазақ әдебиеті», 01.06.2001), Ж.Ерманның Д.Рамазанмен («Қазақ әдебиеті», 01.06.2001), Ғ.Мүсіреповтің Т.Кәкішевпен («Егемен Қазақстан», 09.02.2002), Т.Ешенұлының Н.Байырбекпен («Қазақ әдебиеті», 04.10.2002), З.Қабдоловтың Е.Жаппасұлымен («Қазақ әдебиеті», 06.12.2002), Ә.Кекілбаевтың Н.Байырбекпен («Қазақ әдебиеті», 05.07.2002), Қ.Ысқақтың Ә.Бөпежановмен («Алтын орда», 12–18.03.2004), Р.Нұрғалидың К.Әмірбекпен («Қазақ әдебиеті», 26.03.2004), С.Жүнісовтың Д.Рамазанмен («Қазақ әдебиеті», 14.05.2004), Ә.Таразидың Ы.Дүйсембайұлымен («Нұр-Астана», 10.06.2004), Д.Досжанның Н.Байырбекпен («Ақ жол Қазақстан», 07.05.2004), Қ.Жұмәділовтің Ә.Мендеке мен Е.Женісұлымен («Жас алаш», 22.06.2004), Т.Әсемқұловтың Д.Рамазанмен («Қазақ әдебиеті», 18.07.2003), Т.Әсемқұловтың Д.Рамазанмен («Қазақ әдебиеті», 18.07.2003), Қ.Мырзалиевтің К.Әмірбекпен («Жалын», 2004, №7), М.Құлмұхамедтің Ж.Аупбаевпен («Егемен Қазақстан», 15.10.2004), Қ.Мырзалиевтің Ә.Балқыбек пен Е.Қуатайұлымен («Жас қазақ», 11.02.2005), Т.Әбдіқұлының Қ.Жиенбаймен («Қазақ әдебиеті», 18.02.2005), А.Смайылдың К.Ахметовпен («Қазақ әдебиеті», 11.03.2005), С.Досановтың Ә.Әуелбекпен («Әдебиет айдыны», 21.04.2005), Ә.Таразидың Т.Ахметжанмен («Әдебиет айдыны», 15.01.2005), Н.Оразалиннің («Әдебиет айдыны», 05.10.2006), А.Әлімнің С.Әбілмәжінмен («Қазақ әдебиеті», 13.10.2006), Е.Раушановтың А.Әбдірәсілқызымен («Әдебиет айдыны», 14.12.2006), Д.Исабековтің А.Мантаевамен («Қазақ әдебиеті», 30.03.2007), Ш.Құмарұлының Ә.Әшімұлымен («Әдебиет айдыны», 15.11.2007), Ә.Таразидың Ғ.Есембаевпен («Қазақ әдебиеті», 18–24, 01.2008), Ж.Қорғасбектің Н.Дүтбаевамен («Қазақ әдебиеті», 30.05.2008), Д.Әшімханның Д.Мыңжасарқызымен («Түркістан», 10.06.2010), т.б. сұхбаттарында жалпы әдебиет, қазақ әдебиетінің өзекті проблемалары хақында өрелі ойлар айтылды.

Енді солардың кейбіреулеріне назар аударалық:

«...Жазушы – пайғамбар... Әдебиет – ардың ісі. Солай, әдебиет – халықтың көркем тарихы ғана емес, ары, ақыл-ойы, абыройы. Демек, әдебиет әлемінде арға ар қосатын, адамдардың абыройын асыратын Адам деген ардақты, аяулы тұлғаның өзін өзіне танытатын, тап-таза ардан туған, арман қуған таланттар ғана жүруі шарт.

Жазушы – елдің биі, шешені ғана емес, ұлттың көсемі. Шешендер мен көсемдер туғызған әдебиеттің ұлылығы да осы арада жатыр. Кешегі де, бүгінгі шын, шынайы таланттар осы ақиқатты жақсы біледі, терең түсінеді...

Әдебиет пен өнер ұлы болмай, ешбір ұлт ұлы бола алмайды.

Адам баласының ар-ожданына, ақыл-ойына, сыр-сезіміне суарылған көркем әдебиет, яки әр халықтың автопортреті, ұлттың кескін-келбеті, тағдыры мен тіршілігінің көркем шежіресі болып табылатын сөз өнері әрқашан өз орнында тапжылмайды, өзінің түбегейлі тарихи миссиясын атқару абыройында қала береді...

Батысқа табынудың керегі жоқ, әрине. Задында, әр нәрсеге бет алды табына беру – тума таланттың, нұсқалы дараы бітімді дарынның табиғатына жат нәрсе. Ал жалпы әлем әдебиетіндегі жақсылықтарды жатырқамай, жақсыларына сүйсіну, оны салыстырмалы түрде қабылдау ұлттық әдебиетті өсірмесе, өшірмейді» (З.Қабдолов).

«Ақындық – тылсым, оның құпиясын ашып, жұмбағын шешкен күні поэзия өнер болудан қалады... Ақындық талант – ғайыптың ісі, қазір – бар, қазір – жоқ. Ана сүтімен бойыңа дарыған, қаныңа сіңген тылсым күшті сәбидей уілдетіп, үкідей үлпілдетіп мәпелеп, тәрбиелеп, жарымжан болып қала беретініне күмән келтірмеймін. ...ақындық қасиет адамға алғашқы жүрек лүпілімен бірге байланатын табиғи қасиет, оны тәрбиелеу, қанаттандыру – әркімнің өз бағына, немесе сорына байланысты» (Ж.Ерман).

«...ұлттық болмысымызды өрелі ізденістерге ұмтылдыратын әдебиет керек. ...Рухани саламаттылық жолындағы күрестен суреткер қауым, әрине, тысқары тұра алмайды.

Оқырмандардың азайып, көрермендердің көбейіп бара жатқандығы ақпараттық төңкерістен туындаған әлемдік құбылыс. Мұндай жағдайда әдебиет бұрынғы мәртебесін қалай қайтарып алмақ? Әрине, жалаң наразылықпен емес, жанкешті ізденістер арқылы ғана әдебиет шайқалған шаңырағын қайта түзей алады.

...ұлттық мәдениетті ұлттық экономика ғана көркейте алатынын, оған ұлттық капиталды жасақтайтын барлық күштерді тегіс қатыстырмай, жағдай түзелмейтінін түсінетін уақытымыз жетті» (Ө.Кекілбаев).

«Әдебиет – негізінен, өз дәуіріндегі жағдаятты бейнелеп, суреттейтін сөз өнері. ...олар сөз құдіретімен қағазға түсіп, көркем шығарманың кейіпкерлеріне айналса, сол типтер де жасайтын болады. Солар арқылы кейінші ұрпақ өткен заманның тыныс-тіршілігін аңғартады».

«...қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабына» енді шықты. Қай жолмен жүрмейік, негізі, халқының кіндігінен айрылып қалған әдебиет жесір әдебиет екенін ұмытпау шарт» (Р.Нұрғали).

«Әдебиет – революция кезінде, қоғамдық күйреу кезінде, ел басына күн туған кезде қалың бұқараны адастырмай алға жетектейтін сала ретінде дамиды әрі қалыптасады...

Қазақ деген сөзді Абай деген сөз биікке көтеріп тұр...

Неғұрлым жазушы талантсыз болса, соғұрлым ол жасық болады... Ал нағыз талант еш-уақытта біреудің кеңірегіндегінен алмайды...

Қазақ әдебиеті – дүние жүзіндегі ең бай әдебиет...

Негізі әдебиетті бәйгеге айналдыруға болмайды. Бұл – қауіп» (Ө.Тарази).

«Қазіргі өтпелі дәуір – бұрқ-сарқ қайнап жатқан қазан секілді... Жазушылардың қазір бөгіліп жатқанының бір себебі мынадан ба деймін: өте көзі қарақты, өте сұңғыла, бірден байқап, бірден тамырын басатын жазушы болмаса, көп адамдар заманның оны қайсы, терісі қайсы, қаһарман кім, кейіпкер кім, осыны ажырата алмай жүрген сияқты...

Идеология қажет болмаған жерде әдебиет қажет пе?» деген мәселе туады...

...әдебиет бар болғанымен, әдеби процесс тоқтап қалды. Өкініштісі де осы. Әдеби процесс менің қолжазбам емес, мың данамен шыққан кітабым емес. Әдеби процесс деген – жазушы, баспа, кітап саудасы, сыншы, кітапхана, оқырман. Осының бәрін қосқанда ғана әдеби процесс жүреді. Бізде ол тоқтады, күйреді. Қазір әдеби сын да тоқтап тұр» (Қ.Жұмәділов).

«Әлемге танылу үшін қазақ әдебиеті шын мәнінде ұлттық профессионал әдебиет болу керек» (Т.Әсемқұлов).

«Әдебиет пен ұлт – бір-біріне өте жақын ұғымдар. Біріншіден, әдебиет, негізінен, ұлттық көркем ойдың жемісі болса, екінші жағынан, ұлттың өзі белгілі бір дәрежеде әдебиет беретін тәрбиенің жемісі. Өйткені, ұрпақ тәрбиені әдебиет пен өнерден алады...

Әдебиет өзінің құнын жоғалтса, ұлттық сипат та бірте-бірте өз ерекшелігінен айрыла бастайды. Ал ұлттың құруы – адамдардың қырылып қалуы емес, әрине, ұлттың жойылуы – оның өзіндік ерекшелігінен – тілінен, дәстүрінен айрылып, сипатсыз тобырға айналуы» (Т.Әбдікұлы).

«Біз қалайық, немесе, қаламайық, әдебиет, жалпы өнер идеологиялық болған, солай болып қала береді. Сезімге, санаға әсер ететіннің бәрі – идеологиялық қуатқа ие. Әдебиет – сонысымен мәңгілік. Оның адамгершілік, имандылық, таза эстетикалық және саяси астарлары бар... Ал ұлттық идея – идеология атаулының шыңы» (А.Смайыл).

«Әдебиеттің беделі – елдің беделі.

Құдайға шүкір, бізде үлкен, беделді әдебиет бар.

Жиырмасыншы ғасырдың соңғы ширегі деңгейі биік, үлкен әдебиетті жаратқанын қазақ халқы мақтан тұтуы керек. Алған биікті төмендетіп алмауымыз, бар нәрсені жоғалтып алмауымыз – парыз» (Н.Оразалин).

«Рухани тоқыраудан әдебиет қана алып шығады» (А.Кеңшілікұлы).

Қ.Мәдібайдың сыншы Әлия Бөпежановамен сұхбаты (Өнер – жеке тәжірибе. «Алтын Орда», 17–23.01. 2003) пішіні жағынан да, көтерген мәселесі жағынан да назар аударарлық. Автор алдымен, Әлияның шығармашылық болмысымен оқырмандарын таныстырып алып барып, әңгімелесуге кіріседі. Сұхбатта қазіргі заман әдебиетінің өзіндік даму ерекшеліктері, постмодеризм, әдіснамасы сияқты аса маңызды мәселелері батыл көтерілген. Сондай-ақ қазақтың біртуар дарындарының бірі Асқар Сүлейменовтің шығармашылығы хақында да құнды пікірлер бар. Сұхбаттың соңында берілген С.Нарымбетовтің, А.Ісімақованың, Ә.Қодардың, Б.Атабаевтың, Д.Амантайдың Ә.Бөпежанова жайлы лебіздері де орайлы шыққан. Сонда «Өнер-жеке тәжірибе» тақырыбымен берілген сұхбат автордың кіріспе ретінде берілген шағын анықтамасымен, кинорежиссер, филолог, философ, театр режиссері, жазушы пікірлерімен қосылып, Ә. Бөпежанованың шығармашылығы жайлы триптих портретті құрағандай әсер етеді.

«Қазақ әдебиеті» (24.03.2006) газетінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың осы басылымның бас редакторы Ұ.Есдәулетке берген сұхбаты жарияланды. Сұхбатты оқып отырғанда, елбасымыздың қазақ әдебиетін, оның бүгінгі жай-күйін, проблемаларын жақсы білетіндігі аңғарылады. «Жақсы шығарма – жан серігің. Сәтті сомдалған кейіпкерімен қоса қуантады, ойландырады, мұңайтады. Жаңа шығармаларды оқуға әркез уақыт табамын...

Абай өлеңдерін қайта айналып оқыған сайын жаңа қырынан тани түсемін. Асыл ой, тоз-бас тұжырым алдымнан шығады да тұрады. Абайдың қос томдығын қайта-қайта оқудамын.

«Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» деген дауысы алыстан талып естіледі...

Ұлылықтың ешбір шектері мен өлшемге көнбес құдіреті осындай-ақ болар!

Су шайқалмас жорғадай қазақтың әсем де кербез тілін сағынғанда Мұханды, Мұхтар Әуезовті қолға аламын» – дейді ол.

Елбасы қазақ, одан қалды әлемдік әдебиеттен де жақсы хабардар. Қазақ әдебиетінің асыл қазынасынан оқымағаны кемде-кем. Ж.Молдағалиевтің «Мен – қазақпын», І.Есенберлиннің «Қаһар», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», Ә.Әлімжановтың «Көгілдір таулар», «Ұстаздың оралуы», О.Сүлейменовтің «Аз и Я» – сияқты туындыларды жоғары бағалайды. Ойын ары қарай «...ұлт санасын серпілткен, тарихымызды түгендеген, өткен шақтағы бағымыз бен сорымызды безбендеген Әбіш Кекілбаевтың «Үркері», «Елең-алаңы», «Мұхтар Мағауиннің «Аласапыраны», Қабдеш Жұмәділовтің «Дарабозы», Софы Сматаевтың «Елім-айы» сияқты көркемдіктің көрігінен шыққан шығармалар шоғыры өмірге келді» – деп, бұл шығармалардың қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің оянуында айтарлықтай орны бар екенін атап айтады.

Президент «Әдебиетімізге өткен ғасырдың алпысыншы, жетпісінші жылдарында аса қуатты толқын келді» – деп, осы топтың дарынды өкілдері қатарында Ш.Мұртазаның, Т.Молдағалиевтің, Ф.Оңғарсынованың, С.Жүнісовтің, Қ.Ысқақовтың, С.Мұратбековтің, Ә.Таразидың, М.Шахановтың, Д.Досжановтың, Д.Исабековтің, Т.Әбдіқовтің, А.Сейдімбектің, Қ.Салғариннің, т.б. есімдерін атайды. «Қызыл тілі көмейін күйдірген шешен Әбіш Кекілбаевтың бір өзі неге тұрады?» – деп, жазушының шығармашылығын жоғары бағалаған.

«Жазам деген жазушыға бүгінгі күннің шыңдығы да шығармашылыққа өзі сұранып тұрған тақырып емес пе?» – деп, қаламгерлерді бүгінгі жаңа заманды, егеменді еліміздің тәуелсіздігінің баянды болуы жолында атқарылып жатқан ұлы істерді көркем бейнелеуге шақырды.

Әдеби өмірді жандандыру, сыншыл ойларға өріс беру мақсатында әдеби басылым беттерінде белгілі қаламгерлермен болған сұхбаттармен бірге түрлі тақырыптағы дөңгелек столдар, сауалнамалар да жиі ұйымдастырылып тұрды. Бұларда негізінен әдебиет жайлы жалпы сөзден гөрі әдеби өмірді толғандырып отырған нақтылы проблемалар хақында нақтылы пікірлер айту мақсұт тұтылды. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» газеті «Қ.Ә»-нің төте сауалы» айдарымен ұсынған 12 сұраққа 9 қаламгер жауап беріпті. Қойылған сұрақтар мен оған берілген жауаптардан осы кездегі қазақ әдебиетінің, оның сынының жай-күйі, қоғамды, әдеби жұртшылықты алаңдатып отырған келелі мәселелер анық байқалады. Пікір алысуға төмендегідей сұрақтар сұзынылған:

«1. Қазір жазушылардың беделі де, ықпалы да өте төмендеп кетті... Жазушының беделі мен ықпалының күрт төмендеп кетуін Сіз қалай түсіндірер едіңіз? Заманнан ба, қоғамнан ба, жок әлде жазушылардың өздерінен бе?

2. Бүгіндері «жеңілген мәдениет» деген сөз тіркесі пайда болды. Өзіндік бет-бағдары мен ұлттық ерекшелігі жойылған, жасампаздық рухы мен жаратушылық қабілеті сөнген, топырақ пен тамырдан айрылған, өзге үлкен мәдениеттердің нашар көшірмесі іспетті қасаң, қайталама, еліктеп-солықтағыш, көшірмешіл сыпаттағы мәдениетті «жеңілген мәдениет» деседі.

Кейбір ғалымдар қазақ мәдениетін «жеңілген мәдениетке» жатқызып жүр. Сіз осы пікірмен келісер ме едіңіз?

3. Қазір екiнiң бiрi «Заман қатыгезденiп кеттi. Мейiрiм азып, қайырым кемiп барады» дейдi. Демек, бұл – бiздiң мәдениетiмiз де төмендеп кеттi деген сөз ғой.

4. Бiзде оқырманы жоқ жазушылар бар. Атап айтып бере алар ма едiңiз?

5. Қазiр егер андай алған болсаңыз, республикалық баспасөзде қилы-қилы әдеби пiкiр-таластар жүрiп жатыр. Осы жөнiнде өз көзқарасыңыз?

6. Соңғы екi-үш жылда ұлы тұлғаларымыз (Абай, Иассауи, Абылай, Шыңғысхан, Қаракерей Қабанбай, Кенесары, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, т.б.) туралы бiрсыпыра көркем дүниелер жарық көрдi. Осылардың шiнiндегi ең тәуiрiн атаңызшы.

7. Әйелдер поэзиясы. Әйелдер прозасы. Қандай жақсылық-жаңалық байқадыңыз?

8. Бiр сәт өз кемшiлiктерiңiз туралы толғанып көрдiңiз бе? Өзiңiзге толыққанды талантты туынды тудыруға не жетпей жүр деп ойлайсыз?

9. «Өлi жандардың» идеясын Гогольдің Пушкиннен алғаны белгiлi. Өзiңiз iске асыра алмай жүрген, бiрақ әрiптестерiңiзге қиюға болатын идеяларыңыз бар шығар? Бар болса, айта кетсеңiз?

10. «Шеңберден шығу керек!» дейдi кейбiреулер. Сiз өз басыңыз «шеңберден шығу» дегендi қалай ұғасыз?

11. «Литература – это посмертная справедливость» (Достоевский). Келiсесiз бе, келiспейсiз бе?

12. «XVIII ғасырдың екiншi жартысында орыс жазушыларының 72 пайызы дворяндар (аксүйектер) болыпты. Жазушылыққа тектiң, нәсiлдiң қатысы бар ма?»

Ұсынылған сұрақтардың әрқайсысы әдебиет үшiн аса маңызды мәселенi көтерген. Бiр сұрақтың өзi арнайы талқылау ұйымдастыруға тұрарлық. Сондықтан да сауалнамаға қатысқандар барынша қысқа да нақты жауап беруге ұмтылған. Ең қысқа жауапты А.Шәрiп берсе, көлемдiрегi Х.Әдiбаевтiкi.

Бiрiншi сұраққа Ә.Тарази «...Өзiмiзден. Өзiмiзден. Өзiмiзден. ...Таратып айтатын болсам, ешбiр мемлекет жазушының аса беделдi болуына құштар емес. Қай қоғамда болмасын, жазушы – оппозиционер. Тiптi, кейде маска киген оппозиционер... Әкiмдерге жағынып, жақсы ақын боламын деп жүргендер бар... Ақын әкiмнiң тiлiн таппасын, ақын халықтың тiлiн таппасын», А.Шәрiп «Бiзде ақындық пен әкiмдiктiң тiзгiнiн тең ұстаған қаламгер-қайраткерлер бар. Бiрақ билiкке байлану деген нәрсе – әрдайым жазушылықтың өре, өлшеми болмақ емес», Х.Әдiбаев «Әдетте, өнер күллi болмысымен саяси үстемдiкке жайбарақат қарай алмайды. Кемшiлiктi бетке айтып, кемшiндi мiнеген. Қазiргi жағдай басқа: әрбiр адал азамат-қайраткер – уақыт соны қалайды», Ж.Шаштайұлы «Шығармашылық беделден басқа бедел – жазушылық үшiн бекершiлiк», Қ.Исабай «Жазушылардың депутаттыққа өтпеуi – олардың беделiнiң төмендiгiнен емес, ақшасы жоқтығынан», Н.Ораз «Жазушының беделi, ықпалы шығармашылық еңбегiне қарайлас болуы керек» – деп жауап берiптi.

Қазақ мәдениетi жеңiлген мәдениетке жата ма деген сауалға Ә.Тарази «Қазақтың әдебиетi де, мәдениетi де ешкiмге елiктеп, солықтап дамыған емес, А.Шәрiп «Келiспеймiн», Х.Әдiбаев «Жеңiлдiк» деу – ерте!», Т.Медетбек «Бұл сөздер өздерiң айтып отырғандай, «Өздерiнiң бетбағдары мен ұлттық ерекшелiгi жойылған, жасапаздық рухы мен жаратушылық қабiлетi сөнген, топырақ пен тамырдан айрылған, өзге мәдениеттердiң жетегiнде кеткен» мәстек бродскийлер мен мыртық кенжеевтердiң, яғни дүбәралар мен космополиттердiң сөздерi ғой», Ж.Шаштайұлы «Бұл тұрғыдан алғанда, қазақ өнерiнiң жеңiлiс тапқан салалары жеткiлiктi», Қ.Исабай «Қазақ ұлтының мәдениетi жеңiлген жоқ», Н.Ораз «Мәдениеттiң жеңiлуi ұлттың жеңiлуi деп түсiнемiн» – дептi.

Сауалнама барысында көтерiлген мәселелер хақында ой саларлық пiкiрлер баршылық: «Жаңа әдебиет жақсы заманда туады деп кiм айтты... Қилы-қилы пiкiрдiң болғаны жақсы. Ең сорақысын ата десең, атайың, ол Қаныш Сәтбаев туралы «роман». Рамазан Токтаровтың Абай туралы жазған романы шын бағасын кейiн алады деп ойлаймын... Тектiлiк – таланттың қайнар бұлағы» (Ә.Тарази); «Қазақтың қыз-келiншектер поэзиясы Гүлнәр (Салықбаеваны айтамын) бағындырған биiкте аялдап тұрған сияқты... Кемшiлiк көп» (А.Шәрiп); «Ұлттың рухани даму мен өрлеу ислам жолымен тығыз байланысты екенiн қалай бұлттарсақ та мойындайтын уақыт жеткенiн бiздiң зиялы қауым жақсы бiле тұра, жол бастап, жетекшiлiк етуден ретiн тауып жалтарып келедi... Менiң таңқалатыным, сол – әдеби таластың көпшiлiгiнiң сауатсыздығы... «Шеңберден шығу керек!» деген ұранды түбегейлi қолдаймын». Дүниеде тектiлiкке не жет-

сін!» (Х.Әдібаев); «...постмодернизм дегенді жалаулатып жүргендер бар. Бұл да – сол ұлттық топырақта тамыры жоқ дүбәра тыраштардың шығарып жүргендері... Адам кемшілігін білмеген күннен бастап рухани күйзелуге ұшырайды... Шеңберден шығам деген сөз – әлемнің жарасымдылығы мен үйлесімділігін бұзам деген сөз. Бұл – даңғойлық... Дүниені бүлдіріп жүргендер тексіздер мен нәсілсіздер және тегі мен нәсілін ұмытқандар ғой» (Т.Медетбек); «Басқа өлшемдердің қалай болып жатқанын білмеймін. Ал біздің әдеби өмірге ең жетіспей тұрған нәрсе – сол тектілік» (Ж.Шаштайұлы), «Мәдениет деңгейінің төмендеуі мен жоғарылауы экономикамен тікелей байланысты. Қатыгездікті экономика шырғалаңы туғызып отыр. Мен бір әңгіме жазып, оны қайта оқып шыққаннан кейін кәдуілгідей еңіреп тұрып жылайын. Өйткені, әңгімемнен кемшілік таба алмағаннан кейін «осымен жазушы ретінде біткен екенмін» деген ойдан жыладым мен» (Қ.Исабаев); «Жазушы – текті әулеттің жемісі» (Н.Ораз).

«Қазақ әдебиеті» газетінің тағы бір «төте сауалдарына

«1. Қазіргі әдеби ахуал туралы өз пікіріңізді айтыңызшы?

2. Кейінгі кездері қандай кітаптар оқыдыңыз? Ұнағаны қайсы, ұнамағаны қайсы? Ашық айтып бере аласыз ба?

3. Әдебиетке келіп қосылып жатқан қандай жас ақын-жазушылардан үміт күтесіз? Нәсімімен ұнайды?

4. Қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясындағы (соңғы 5–6 жылдағы) қандай ізденістерді (немесе, сүренсіздікті) атап айта аласыз?» («Қазақ әдебиеті», 12.04.2002) – деген сұрақ ұсынылыпты.

Алдымен, сөз алған С.Иманасов «...сол әдебиетіміздің қазіргі хал-ахуалы қалай дегенде, едәуір кібіртіктеп, бірден жөпшенді жауап бере алмай қиналасың... Қазір өзі кімнің не жазып, не шығарып жатқанын қадағалап отыру да оңай болмай барады. Нұрғали Ораз, Асқар Алтай, Роза Мұқанова, Думан Рамазан, Айгүл Кемелбаева сияқты жастардың аяқ алысы ұнайды... Қазіргі қазақ поэзиясындағы ізденістер, ілгерілеу мені айрықша қуанышқа бөлейді... Тағы бір ерекшелік – ақындарымыз ұйқастырмай өлең жазуды бастапты. Бұл да маған ұнамайды» – десе, Н.Ораз «Қазіргі әдебиетке келген жастардың өз пікірін бүкпесіз, ашық айтатын мінезі ұнайды... Әмірхан Балқыбек, Думан Рамазан, Нұржан Қуантайұлы, Айгүл Кемелбаева, Мәдина Омар, Дидар Амантай, Қасым Аманжол, Дәурен Қуат, Қанағат Әбілқайырұлы, Болат Мүрсәлім, Жәмила Мамырәлі секілді жас прозашы қыз-жігіттердің шығармашылығынан үміт күтемін» – десе, Д.Исабеков «Қазіргі әдеби ахуал ма? Тыныштық... Тарихи тақырыппен жаппай әуестенушіліктің кезеңі артта қалды... Бүгінгі өмірге бет бұру қайта басталды. Кез келген жазушының ең асыл парызы – өз заманының бейнесін жасау... Шығарманы саралаудың орнына жеке басты қаралау тенденциясы бас көтеріп келеді... Қазақ әдебиетіндегі соңғы кездің сүбелі туындысы – Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парызы» десе, А.Бақтыгереева «Қазіргі әдеби ахуалға келсек, әдебиетіміздің жетімсіреп тұрғаны өтірік емес... Әдебиеттің қоғамға ықпалы, әдебиетшінің қоғамдағы орны әлсіреп кетті... Өмір тоқтамайтын көш болса, әдебиет те солай... Қазіргі жазғыштардың біразы ана тілді терең білмейтіндей көрінеді маған» десе, А.Әлім «Әдебиетке келіп қосылып жатқан ақындардың ішінен өз басым Амантай Шәріпті, Нұржан Қуантайұлын және Әмірхан Балқыбекті бөле-жара атар едім. Ал прозада Думан Рамазанның есімін ерекше атар едім... Жақсы ізденістер жоқ емес» – десе, Р.Мұқанова «Меніңше, дарынсыз адам кінәмшіл келеді... Әдебиетті жасайтын – талантты тұлғалар... Оқығандарымнан айтсам, әдебиетте өз орнын ойып алуға тиісті жастар бар. Олар: Сабыр Адай, Маралтай, Дәурен Берікқажыұлы шеберліктері тәнті етеді» – депті. Ақын Ғалым Жайлыбай «Әдебиетте тек жанкештілер ғана қалғанын» («Қазақ әдебиеті», 19.04.2002) айтқан.

«Қазақ әдебиеті» газеті әдеби өмірде жүріп жатқан құбылыстарды қаламгер көзімен саралап отыру мақсатымен пікір білдірудің сауалнама түрін жиі пайдаланып отырған. Осы газеттің 2003 жылдың 8-ші тамыздағы санында А.Исәділдің «Қазіргі әдебиеттегі қазақ бейнесі. Ол қандай?» мақаласында осы бір аса өзекті тақырып жайлы өз ойларын ортаға салған. Ол «Науқандық дүние көп нәрсені өз шеңберінде ұстап қалды. Саясат адамды бұзса, әдебиет тәрбиелейді. Біз мұны аңғармадық... Қазіргі кейіпкерлердің көбісі шынайы өмірдегі өз прототиптерінен мүлде басқаша. Кейбір шығармаларда нақты кейіпкер жоқ. Жан, Рух, Елес, Қиялдағы бейне секілді көзге көрінбейтін «күдіреттер» замандастарымыздың типтік көркем образдарының орнын басқан... Қарапайым оқырманға, бәрібір, шынайы дүние құнды. Жазушыға бағасын беретін де сол оқырман. Сондықтан да қаламгер оқырманнан биік тұра алмайды» – дей келіп, – менің ойым осындай, ал енді сіздер не дейсіздер?» – дегендей, әдеби жұртшылыққа үш сауал ұсыныпты. Оған Т.Ахметжан, Н.Ораз, Т.Әсемқұлов, Қ.Түменбай жауап беріпті.

А.Мантаева ұсынған

«1. Бүгінгі уақыт тынысы Сіздің шығармашылықпен айналысуға қаншалықты мүмкіндік тудырып отыр. Қазір не жазып жүрсіз?

2. Сізді қоғамдағы және әдебиетке қатысты қандай мәселе жиі толғандырады?

3. Бүгінгі әдебиет жайлы пікіріңіз?» – деген сауалдарға Т.Нұрмағамбетов, Г.Бельгер, С.Асылбекұлы пікір бөліскен. Т.Нұрмағамбетов «ендігі жерде әдебиетте де, өнерде де өлермендер, айналысып жүрген кәсібінің тауқыметіне көнгендер ғана қала алады... Мені қоғамдағы да, әдебиеттегі де ұятсыздықтар толғандырады... Мұның енді боямайтын ештеңесі қалған жоқ. Ұлттың бірте-бірте азып-тозуға қарай аяқ басуы деп ұқсақ та болады» – дейді.

Ал Г.Бельгер «Қазіргі заманның тынысын әдебиетте көрсететін уақыт жетті... Мені толғандыратын негізгі мәселе – қоғамымыздағы келенсіздіктер... Меніңше, қоғамға әдебиеттің керегі болмай қалған сияқты... Бұл – әдебиетіміздің ең басты трагедиясы» – деп, ащылау айтқан.

С.Асылбекұлы «Біздің атқарушы да, заң шығарушы билігіміз де қазір ұлттық мемлекеттің жүрегі, негізгі өзегі болып табылатын қазақ тілін де, қазақ әдебиетін де, қазақ мәдениетін де онша керек қылып отырған жоқ... Біз ең басы құндылықтың капитал, ақша емес, кісілік екенін бірте-бірте ұмытып бара жатырмыз... Әдеби ортаның жылдан-жылға күші қайтып барады» – деп, мәселені төтесінен қайырған.

Әдеби ой-пікірді жандандыра түсу, күн тәртібінде тұрған өзекті сауалдарға бірлесіп жауап іздеу, өткір мәселелер төңірегінде ой бөлісу мақсатымен «Әдебиет айдыны» газеті «Көкейкесті» айдарымен қаламгерлерді нақтылы сұрақтар бойынша пікірлесуге шақырды. Солардың бірі «Қазақ әдебиетін жоққа шығарғысы келетіндердің көксегені не?» («Әдебиет айдыны», 02.03.2006) – турасында болды. Мәселеге қатысты редакцияның пікірін «Әдебиетті жоққа шығарумен елдің көсегесі көгермейді» деп, ашық айтып, берілген материалдардың негізгі ой дінгегін эпиграф түрінде берілуі де құптарлық. Ой қозғау мақсатымен берілген алғысөзде мынадай жолдар бар: «Қазіргі кезде көркем әдебиет жоқ, ол өткен ғасырмен бірге тарих қойнауына еніп кетті деген алыпқашпа, ұшқары пікірлер әр жерден төбе көрсетіп қалып жүр. Әдебиетті жоққа шығарғысы келетіндердің көкейінде не жатыр?

Әдебиет болған, бар, халық аман тұрғанда бола береді де. Әрине, ол қандай әдебиет, оның сапасы, дәрежесі қандай күйде деген сұрақ төңірегінде пікірталасқа шыққанымыз орынды».

Койылған мәселе бойынша пікір білдірген И.Исаевтың, Ж.Бөдешұлының, Қ.Түменбайдың, Е.Дүйсенбайұлының, Ә.Бөпежанованың, Н.Ақыштың жауаптарын «тұздықтай» түсу мақсатымен Ж.Аймауытовтың «Әдебиет – өнер. Өнер азды-көпті еркіндік тілейді. Әр нәрсенің себебін, жағдайын, арғы-бергісін, жақсы-жаман жағын түгел тексеретін, көз алдындағы емес, алысты болжайтын қырағы көз. Әдебиетті сынауға жалаң саясатқа сауатты болу жетпес, әдебиетші де, ғылым иесі де болу керек», М.Әуезовтің «Өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адамды сауатты, мәдениетті деуге болмайды», Қ.Білалдың «Біздің ұлттық негізіміз – әдебиетте. Ал оған балта шабылса, ұлт та өзінен-өзі жойылады» – деген ойларының қатар беріліп отыруы материалдардың берілу формасы жағынан да, негізгі ой-мазмұнды аша түсуде де көп ұтқан.

Күллі қазақ әдебиетіне қарай күл шашатын осы бір о жар ойға қарсы И.Исаев «Әдебиетіміздің деңгейін талғамсыз оқырманның түсінігімен таразыламайық», Ж.Бөдешұлы «Түсінбеймін. Қазақ әдебиеті бар ма, жоқ па деген сауалға түсінбеймін. Көзінді ашсаң да, жұмсаң да көрініп тұрған шындыққа соншалық дабыра іздеу салуға түсінбеймін. Қазақ әдебиеті бұрын да болған, қазір де бар. Мұнан кейін де бола бермек. Қазақ тілі, қазақ елі өмір сүріп тұрғанда, оның әдебиеті өлмек емес... Мен ойлаймын, таяу заманда поэзияда үлкен жаңалық, үлкен бұрылыс болағандығына күмән жоқ», Қ.Түменбай «Әдебиет жоқ дейтіндер – теледидардың құрбаны... Бұл – әдебиеттің де, елдің де сыйламау деген сөз» («Әдебиет айдыны», 02.03.2006), Е.Дүйсенбайұлы «Әдебиет жоқ деу – сыпайылап айтқанда, әдепсіздік. Әдебиет бар болды дегеніміз қазіргі заманда ғана, капитализмнің Қазақстандағы болмысын ғана бейнелей емес! Сондықтан бүгінгі уақыт шындығын жазайық дегенді баяғы қызыл идеологияның санаға сіңіріп тастаған көрінісі санаймын. Алайда біздің ұлттық әдебиет кеше де, қазір де тіптен де алға, өз дәуірінен де ілгері кеткенін байқауға болады ғой... Талантты танымаудан артық тантық, әдебиетті мансұқтаудан асып түсер әпербақандық жоқ», Ә.Бөпежанова «Әдебиет жоқ» деушілердің көксегені не?» Бұл – қызғылықты психологиялық талдаулар жасауға тұрарлық сауал. ...Мұндай пікірлердің тууына бүгінгі ахуал негіз беретіні жасырын емес», Н.Ақыш

«Кез келген дүниені жоққа шығару оңай. ...белгілі бір көзқарас иелері жоқ деп айтты екен деп, шала бүлінбейік, шалағайлықпен қарадан қарап шаң қауып жүрмейік дегім келеді. Басы ашық нәрсе сол – қазақ әдебиеті, шүкіршілік, баяулау болса да, замана ағымына ілесе отырып алға даму үстінде» («Әдебиет айдыны», 08.03.2006) – деген орайда пікірлер айтқан. Байқалатын бір нәрсе сауалнамаға қатысқандардың барлығы дерлік, бұл пікірдің қате екендігін, жауапсыз айтылғандығын айтқан.

«Әдебиет айдынының» 16-шы наурыздағы (2006) санында осы тақырыптағы пікір алысу ары қарай жалғасқан. О.Асқар қазақ әдебиеті «Халықаралық деңгейге көтерілген... Ауызды қу шөппен сүртіп емес, ауызды толтырып, кеуде кере мақтанышпен айтарлық көркем әдебиетіміз бар. Оның ауыз әдебиеті қаншалық көл-көсір болса, жазба әдебиеті де соған сай соншалық ұшан-теңіз... Қазақ әдебиетінде бәрі бар. Тек не аз десек, әдебиетті саралар сын да, сыншы да аз» – депті.

А.Әлім қазақ әдебиетін жоққа шығарғысы келетіндерді «Әдебиеттегі нигилизм» атаған. Ол «Жалпы әдебиетті жоқ деу сүріп отырған өмірің, тыныстап отырған ауанды жоққа шығарумен пара-пар ұғым-түсініктер» («Әдебиет айдыны», 16.03.2006) – дейді. Пікір білдірген С.Қалидың, Р.Сейілханның, Б.Шарақымбайдың ойлары да осы орайда шыққан.

«Қазақ әдебиеті» (25.04.2008) газеті ұйымдастырған тағы бір шараға Д.Исабеков, Қ.Сегізбайұлы, Б.Майтанов, А.Әлімұлы қатысып, «Қазаққа қандай әдебиет керек?» деген сауал төңірегінде ой өрбіткен. Сауалнаманы жүргізген А.Мантаева «Сіз байқайсыз ба, әлемді «рухани соғыстың» шарпып жатқанын. Ұлт ретінде жойылып кетпес үшін қорғануымыз керек. Қалай қорғанамыз?» – деп, қазіргі қазақ руханиятының күйіп тұрған мәселесі жөнінде пікірлесуге шақырған. Д.Исабеков «Қазір әдебиеттің заманы емес. Өздеріне қандай әдебиет керек екенін дәл қазіргі кезеңде ағылшын да, неміс те, француз да, орыс та айтып бере алмайды» – дей келіп, «Бүгінгі таңда қазақ оқушысына өз замандастарының бейнесі қажет. Орыстанбаған, ағылшынданбаған, кім екені белгісіз боп, «адамзаттанбаған», әлемдік қайғы-қуаныштың бояуын бойына қазақ боп сіңіріп, қазақ боп өзін таныта алатын әдебиет керек» – десе, Қ.Сегізбайұлы «Меніңше, ең ұлы «изм» – ұлттың жоғын жоқтап, мұңын мұңдайтын, үлкен-кішісіне, жанрына қарамай өмір шындығын дәл көрсетер әдебиет – қазаққа бүгінде керегі осы әдебиет», Б.Майтанов «Біз қажет ететін әдеби туындылар әркімнің жеке талғамымен тікелей байланысты», А.Әлімұлы «қазаққа болашақта жалпы халықтық емес, ұлттық әдебиет керек» – деген пікірлер білдірген.

«Қазақ әдебиеті және әдеби ағымдар» тақырыбындағы сауалнаманы «Қазақ әдебиеті» газеті (23.05.2008) «Замансөз» айдарымен беріпті. Материалдың басында әдеби ағым туралы А.Мантаеваның кіріспесі, соңында қорытынды берілуіне қарай, мұны жеке мақала түрінде де қарастыруға болады.

Сонымен қазақ әдебиетіндегі жаңа ағымдар, постмодернизм бар ма деген сауалға Т.Медетбек «Мен жалпы қай ағымға да қарсы емеспін, тек ол ағымдар адам жанының терең қағпарлары мен өзі өмір сүріп жатқан қоғамның қатерлі астарларын ашып көрсетуге қызмет етсе болғаны. Ең алдымен, ол ағымдар ұлттық тамырдан нәр алуы керек. Сонда ғана ол өміршен болмақ. Олай болмады ма, онда ол жасанды қондырғы қалпында қалып қояды» – деп, жауап берген. Ал Н.Ораз «Бірақ жазушыға белгілі бір ағымға, белгілі бір формаға еліктеудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Ол өздігінен нұқтаға басын сұғып қайтеді. Шын талант шеңбердің ішінде қалып қоймайды», жас ақын Е.Жүніс «Біз болашаққа бару үшін, тамырымызға қайта оралуымыз керек!» – депті.

«Көркем әдебиет қоғамнан тыс тұмайды» тақырыбындағы О.Сәрсенбай, Д.Әшімхан, Қ.Мұханбетқалиұлы, А.Ісмақова қатысқан. «Әдебиеттің беталысы қай уақытта да оның қоғамдағы алатын орнымен байланысты. Меніңше, бүгінгі жас әдебиеттің өкілдері өзінің жаңа бағыт-бағдарын әлі айқындай алмай жүргенге ұқсайды» – деген О.Сәрсенбайдың сөзімен басталған әңгіме барысында әдебиеттің бүгінгі жайына қатысты біраз мәселе қозғалды. Жиында Д.Әшімхан «Мен бір нәрседен қорқамын: қазір бізде идеология жұмысы өте төмен дәрежеде. Дәлірегінде мемлекеттік идеология бар да ұлттық идеология – жоқтың қасы. Идеологиямыз өз дәрежесінде болмаса, ертеңгі болашағымыз қалай болады?..

Қазір кейбір жастар өткен әдебиетті жоққа шығара бастады. Олар өткен әдебиетті өздіктерінен жоққа шығарып жатқан жоқ, сырттан айтақтап жатқандар бар. Олардың көксегендері қазақ әдебиетін ұлттық тамырынан ажырату. Бұл – трагедия...

Біздің әдебиетте бір жаман тенденция бар: өзгеге табынатын... Құрметте, бірақ табынба! Бірінші өзіңнің ұлттық әдебиетіңді құрметте, сонда әдебиетің жоғары өрлейді...», Қ.Мұханбетқалиұлы «Біреу білер, біреу білмес, қоғамға тәуелсіздік идеясын ең алдымен, әкелген осы қаламгерлер...

Публицистика әдебиеттің алдына түсті... Ерте ме, кеш пе, ұлы әдебиет ұлы арнасына қайта оралатынына сенемін.

Көркем шығарманы тек қазақ халқына ғана пайдасы тисін деп емес, жалпы адамзаттың рухани игілігіне жаратылсын деп жазу керек...

Тәуелсіздік әдебиетімізге сөз бостандығын әперді. Мұнан басқа тәуелсіздігіміздің төл әдебиетке көмегі болмады» («Қазақ әдебиеті», 25.11.2005) – деді.

Ғалым А.Исмакова «Тәуелсіздік бізге руханилықты еркін менгеруді берді. Рухани бостандық ақын-жазушылардың жылдар бойғы арманы еді...

Өткенді жоқтауды азайтып, бүгінгімізге ие болатын кез келді. Ол үшін рухани сауаттылық пен азаматтық жауапкершілігі бар жаңа кейіпкерлер қажет» – деді.

Т.Рыскелдиев, С.Қыпшақбай, С.Нұғыман «Тәуелсіздік дәуірінің әдебиеті» («Қазақ әдебиеті», 31.12.2008) хақында ой бөлісіпті. Қазіргі әдебиеттегі «модернизмді» Т.Рыскелдиев «Әлем әдебиетінде модернизм (осы заманшылық) басым бола бастады. Модернизм – жеке-лік субъективтік растықты, өмірді орағытып бейнелеуді, көркем өнер дербестігіне мән беруді, дәстүрлі ерекше мәмле жасауды, бейреализмдік көркемдік әдісті дәріптейді. Әлем әдебиеті осыған бейімделіп барады» – деп, айқындаған С.Қыпшақбай «Жаңа заман, жас әдебиеттің, сілкініс-толқыныстардың да бір ұябұзар жағы, тентек қимылдар болуы керек еді. Ондай жоқ» – деген ренішін білдірген. Ал, С.Нұғыман «...қазақ әдебиетінің дәл қазіргі кезде үлкен бір іркілісті, кібіртік кезеңде тұрғаны анық жай. Ләйім, бұл дауыл алдындағы сәттік тыныштық болмай» – деп, алдағы күндерден үлкен үміт күтеді.

«Әдебиет айдыны» (08.03.2006) газетінің халықаралық әйелдер күніне арналған нөмірінде қазақ әйелдер әдебиеті жайлы сауалнама ұйымдастырылыпты. Ш.Құмарова, Р.Мұқанова, К.Құдабаева, М.Қожахметова сияқты прозашы қаламгерлерге

«1. Бүгінгі әдебиеттегі қыз-келіншектер шығармашылығына қандай баға бересіз? Олардың қоғам өміріне араласуы қандай деңгейде?

2. Соңғы уақыттарда қазіргі заман проблемасын арқау етіп, оны шынайы бүкпесіз көрсетіп жүрген қай ақын-жазушы қыз-келіншекті атар едіңіз?

3. Қазіргі уақытта қазақ әдебиеті дамуы жағынан кенжелеп қалды деген пікір жиі айтылады. Осы сөздің жаны бар ма? Қазақ әдебиетінің заман талабына сай дамуы үшін не істелуі керек деп ойлайсыз?» – деген сауалдар қойылған. Сауалнамаға Ш.Құмарова «Қазақстан жазушыларының тізім жағынан жартысына жетпесе дағы, деңгейімен шамалас ақын, жазушы, драматург әйел қаламгерлердің осынау ұлттық әдебиетімізге қосқан үлесі ересен... Дегенмен, әйел-қаламгерлер шығармашылығына арнайы қалам сілтеген бір де бір сыншы ағайынды соңғы әлетте көре алмай келемін...

«Қазақ әдебиеті» соңғы әдетте кенжелеп қалды» дегенге қалайша төзуге болады! Теңіз толқынындай бірінен соң бірі жас талант толқындар әдебиет айдынына келіп жатса, қалайша көзжұмбай боп, «көрмес түйені де көрмес» деп, тымырайып отыра береміз», Р.Мұқанова «Баға беру оқырмандардың үлесінде. Ал әдебиетті жынысқа бөлгенді қою керек шығар... Меніңше, қыз-келіншектер шығармашылығы дегенде астарында кекесін, менсінбей жатқандай көрінеді...

Қоғамдық сананы сілкінітіп тастаған шығарма жазылған жоқ...

Қазақ әдебиеті кенжелеп қалды ма, жүрісінен жаңылып қалды ма, жүрісінен жаңылып адасып қалды ма, әйтеуір бір өліара дәуірді бастан кешіріп жатқан сияқтымық...

Қазақ әдебиеті заман талабынан қалмауы үшін шын әдебиетті, тірі әдебиетті қалыптастыруы керек. Өнер – билікке қызмет еткен күні ұлт алдындағы беделінен айрылады», К.Құдабаева «Қазақ әдебиеті кенжелеп қалды дегенге қосылмаймын», М.Қожахметова «Өздеріне тән нәзіктігімен, тылсым тереңдігімен қыз-келіншектер шығармашылығы оқырман жүрегін әлдеқашан баурап алған. Өкінішке орай, бұл даму процесі лайықты талданған жоқ...

Рухани пәрмені зор, сұлулықты сезінуі ғажап қазақ ұлтының әдебиеті ешқашан кенжелеп қалған емес және олай болмайды да» – деген мазмұнда жауаптар берген.

«Сіздіңше, тәуелсіздік дәуіріндегі ақын-жазушылардың басты міндеті не?» («Қазақ әдебиеті», 02.06.2006) деген сауалға Қ.Сегізбайұлы «Жазушы әлеуметтік-психологиялық дағ-

дарысқа ұшырады... Тәуелді кезең бе, тәуелсіздік кезең бе, жазушының бір-ақ міндеті бар. Ол – жазу... Ал нені жазу керек? Ол замана келбетін жырлап қана қою емес, оның келбетіне келіспей тұрған жайларды көрнекті оқиғалар мен образдар арқылы жария ету»; Т.Медетбек «Жалпы қай дәуірде болсын, ақын-жазушылардың ең басты міндеті – құнды көркем туынды тудыру. Заманның астарын ашып көрсететін, халықтың қайғысын, мұңын айтатын шығармалар жазу... Ақын-жазушылар қоғамдық мәселелерге дер кезінде үн қосып, қоғамның дамуына ұйытқы болу керек»; Ә.Қайырбеков «Ақынның да, жазушының да міндеті ұлт тәуелсіздігі жолындағы күресін жырлау болған. Сол күрес тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де тоқтап қалмақ емес... Тәуелсіздік дәуіріндегі жазушының міндеті – сол ұлттық рухты асқақтату!» – деп жауап беріпті.

Әдеби өмірдегі басты тұлға – оқырман. Оқырман ойы әдебиет үшін – аса құнды. «Қазақ әдебиеті» газеті «Оқырман отауы» айдарымен әдеби жұртшылық пікірін жариялап отырған. Газеттің 2002 жылғы 8-ші қарашадағы санында бір топ оқырманның пікірі жарияланған. Солардың ішінде Ж.Қашқынов балалар әдебиеті мәселесін көтеріп, «балалар әдебиетіне насихат жетіспейді» – дейді.

Осы басылым балалар әдебиетіне арнайы сауалнама ұйымдастырған. Онда мынадай сұрақтар бар:

«1. Балалар әдебиетінің бүгінгі жай-күйі қандай?

2. Қазір Б.Соқпақбаев, Ж.Смақов секілді балалар әдебиетінің көшбастар қаламгерлері жоқ дегенге келісесіз бе?

3. Балалар әні туралы не айтасыз?

4. Бүгінгі мектеп оқулықтарына енген балаларға арналған шығармалар деңгейінің төмендігі жиі әңгіме болады. Осыған көзқарасыңыз қандай?

5. Балабақшадағы, мектептегі балалар тәрбиесіне көңіліңіз тола ма?

6. Балалар әдебиетін дамыту үшін не істеу керек?» («Қазақ әдебиеті», 23.06.2006). Жалпы балалар әдебиеті, тәрбиесі мәселесін қамтыған осы сауалнама сұрақтарына осы салада еңбектеніп жүрген Е.Елубай, Ш.Күмісбайұлы, Қ.Омарұлы, Н.Ораз, Қ.Әбділдақызы ой бөлісіпті. «Біз тірлік жасап отырған осы заманның амалына әбден қанық болып, ұққанымыз, көркем әдебиеттің жағдайы оңала ма десек, барған сайын қиындай түсуде. Әсіресе, балалар әдебиетінің жай-күйі. Оның кешегінен бүгінгі халі нашар, ал бүгінгісінен ертеңгі халі одан әрмен төмендей беретін түрі бар... Білген кісіге балалар әдебиеті – көркем әдебиеттің ішіндегі ең бірінші әдебиеті, бастау көзі... Балалар әдебиетін дамыту үшін оны үлкендер әдебиетімен тең ұстап, бірдей құрметпен бағалап отыру керек» (Е.Елубаев); «Бала жалғандықты қаламайды. Табиғаты мөлдір, адал, аңқау. Шығарманды ұнатпады екен, бетін аулақ салады (Ш.Күмісбайұлы); «Балалар әдебиетін дамытуға мемлекет араласпай, қомақты қаржы бөлмей, ештеңе шешілмейді» (Қ.Омарұлы); «Жалпы бүгінгі әдебиетіміздің жағдайы қандай болса, балалар әдебиетінің жай-күйі де дәл сондай. Тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы тек нарық шарттары бойынша ғана қаланып жатыр. Ұлттық мүдде, рухани қазына, ел болашағы секілді іргелі мәселелер ескерілуден қалып барады» (Н.Ораз); «Бұрын қандай, бүгін сондай. Өскен де, өшкен де жоқ. Өсер еді, кедергі көп... Балалар әдебиетін дамыту үшін балаларға арнап жазатын ақын-жазушыларға айрықша көңіл бөлу керек» (Қ.Әбділдақызы) – деген ыңғайдағы пікірлерден балалар әдебиетімен тікелей айналысып жүрген ақын-жазушылардың оның бүгінгі жай-күйіне, ертеңгі болашағына деген алаңдаушылығын көруге болады.

Осы кездерде қазақ әдебиетінің өзекті проблемалары жайлы қаламгерлерді ой бөлісуге шақырған сауалнамалар жиі ұйымдастырылды. Осылайша айтылған пікірлердің әдеби өмірді жандандыра түсуге септігін тигізгені анық.

4. ОЙЛАР, ПРОБЛЕМАЛАР

Жаңа дәуірдегі жаңа әдебиеттің әлеуметтік, көркемдік мәселелерін талқылауды көбіне әдеби басылымдар ұйымдастырып отырды. Сонымен бірге кейбір қаламгерлердің өткір, батыл пікірлер айтқан мақалалары да баспасөз беттерінде көрініп, әдеби жұртшылықтың назарын өзіне аударып жатты. Сондай мақаланың бірі А. Мекебайұлының «Тәуелсіздік талабында» («Қазақ әдебиеті», 09.03.2001) «Ұлт үшін Тәуелсіздіктен асқан бақыт жоқ» дей келіп, «Біздіңше Тәуелсіздікті баянды етудің де, ете алмай жоғалтудың да құпиясы қашан да ұлтты сол Тәуелсіздікке жеткізетін Идеология мен Қаражат (экономика) дербестігін үйлесімге

келтіретін немесе келтіре алмай далбасалап кететін саясатқа байланысты болмақ» – деп жазды. Жазушы-драматург Роза Мұқанова тәуелсіздік тұсындағы рухани өміріміздің жұтаңдығы жайлы «Өзектегі өкініштер» («Егемен Қазақстан», 04.08.2009) тақырыбында өз ойларын ортаға салды. Ол орыстардың Достоевскийді әулие көретіндігін айта келіп, біздің де ұлыларымызды құрметтей білуге шақырады. Қазақта Абайдың орны бөлек: «Абайды пір тұту-қазақты пір тұту. Абайға жүгіну-қазақты ұлт ретінде де, мемлекет ретінде де тану». Роза тәуелсіздік алғанымызбен соған сай өмір сүріп жатырмыз ба, ұлттық сана-сезіміміз тәуелсіздігімізді сақтап тұра ала ма, егемендігіміздің еңсесін басып, қауіп-қатер төндіріп отырған кейбір келеңсіз құбылыстарға қарсы күресе аламыз ба деген сауалдар төңірегінде ой қозғаған. «Бабалардың арманы болған тәуелсіздік қаламгерге нег басты тақырып болмай қалды? Әлде біз мұндай тәуелсіздікті аңсаған жоқ па едік?..» – деп толғанады. Жазушы «кешегі армандап келген тәуелсіз елдің маңайына ор қазып, опырып жатқан» жемқорлыққа қарсы аяусыз күреске шақырады. Өйткені, «Жемқорлықтың төркіні біреу-өз ұлтына жаны ашымау, өз ұлтын надан сезініп, мойындамау, өз ұлтын өзгеден қор көру. Өз ұлтын ұлт ретінде мойындамау» – санайды.

Сапабек Әсіпұлының «Қазақ жазушыларының қайыршылық күйінде» («Қазақ әдебиеті», 02.02.2007) атынан-ақ көрініп тұрғандай, халықтың көзі, құлағы, сезімі саналатын қалам иелерінің мүшкіл халі қоғамдық проблема ретінде көтерілді. Халықтың рухани көшбасшысы болмақ түгілі күн көруінің өзі қиындап кеткен ұлт зиялыларының жағдайы кімді де болса ойлантпай қоймады. Осы мақалаға орай «Қазақстан жастары» газетінің бас редакторы Мақсат Илиясұлы «Қазақ жазушысы қайыршы болса, кім кінәлі?» («Қазақ әдебиеті», 30.03.2007) – деп, мәселені төтесінен қойды. Оның ойынша, «Бүгінде қазақ ұлтының алдында үлкен-үлкен қауіп-қатерлер тұр. XXI ғасырда қазақ ұлты ұлт ретінде жойылып кету қаупі тұр. Күллі дүниені жаулаған жаһандану қазақ ұлтының сан ғасырлардан сақталған ұлы өнерін өлтіріп, мәдениетін өшіріп, тілін жоюға күшін салудай-ақ салып бағуда». Міне, осындай жағдайда зиялы қауымның жеке басының емес, ұлт мүддесі үшін барынша күресуі керек еді, өкінішке орай, олай болмай тұр. «Өз қадірінді білмесең, қайыршы болудан басқа не амалың бар, оған кімді кінәлайсың?»

Қ.Сімәділ «Кітап дәурені өтті ме?» («Қазақ әдебиеті», 18.07.2008) – деп, осы сауал төңірегінде ой қозғады. Аягүл Мантаева қазақ әдебиетінің әлеуметтік мәселелерін көтерген «Әдебиеттің «алтын ғасыры» артта қалды ма?» («Қазақ әдебиетінің «алтын ғасыры» туатынына сенгіміз келеді». «Қазақ әдебиеті», 09.05.2008), «Роман неге оқылмайды?» («Тәуелсіздік оқырманның ойлау жүйесін, танымын, талғамын өзгертті. Кешегі құндылықтар жоққа шығарылып, ұлттық құндылықтарымызды «бет-пердеміз» етіп ала бастадық». «Қазақ әдебиеті», 07.03.2008), «Қазақ жазушысын әлем біле ме?» («Танымалдылық демекші, танымал жазушылардың барлығының шығармаларының көркемдік деңгейі жоғары емес... Қазақ жазушысының әлемге танылуының бірден-бір жолы – шығармаларының шет тілдерге аударылуы». «Қазақ әдебиеті», 13.06.2008), т.б. мақалаларымен әдебиеттің қоғамдағы орнының түсіп кету себептерін айқындауға тырысты.

Қазақ әдебиеті әлемдік ауқымға шығуы үшін алдымен танылуы керек. Ал танылу үшін халықаралық сыйлықтар айтарлықтай рөл атқарады. Сондай беделді сыйлықтардың бірі Нобель сыйлығын қазақ жазушысы ала ала ма деген сауал төңірегінде әңгіме қозғалды. Ә.Балқыбек «Бір білетінім, Нобель сыйлығы қазақ жазушыларынан алыстап барады. Алпысыншы жылғылардың бірқатары лайық деуге болар еді, енді олардан да қайран қалмағандай» (Қазақ жазушысы Нобель сыйлығын қашан алады? «Қазақ әдебиеті», 19.10.2001) десе, Х.Әдібаев «Ал мен бір ғасырлық туған әдебиетіміздің тарихын саралап, кеменгер Абайдан басқа осынау үлкен марапатқа лайық жан таба алмадым... Япыр-ау, қазақ әдебиетінің қамын ойлаған, Нобель сыйлығына қашан қолымыз жетер екен деп күйзеліп жүрген намысшыл азаматтар бізде нақ қазір Нобель сыйлығына лайық шығармалардың жоқ екеніне неге назар аудармады екен» (Қазақ жазушысы Нобель сыйлығын алмайды. «Қазақ әдебиеті», 26.10.2001) – деп, кесіп айтты.

А.Кеңшілікұлы «Нобель сыйлығы кімге керек?» («Жас қазақ», 01.12.2006) деген мақаласында осы сыйлықтың тарихына, қазіргі жай-жапсарына кеңінен тоқталды. Кейінгі жылдарда осы бір ағышулы сыйлықтың саяси сыпат алып, шын мәніндегі көркемдік өлшем бола алмай жүргенін дәлелдеді. Оның орнына түркі тектес халықтардың осы сыйлыққа пара-пар өз сыйлығының болуын қалайды. «Кез-келген ұлттың ең алдымен, өзі үшін ғана керек... Ешқашан да біздің әдебиетіміздің маңдайына бұйырмайтын Нобель сыйлығына ауыз ашып, тамсана берудің қажеті шамалы. Әрі беріден соң, тұтас бір ұлттың әдебиетін бағаламайтын мұндай Нобель сыйлығы кімге керек?» – деп біледі Амангелді.

Әдебиеттің тура жолда дамуында оның ұлттық руханияттағы алар орнын дұрыс анықтап, әділ бағалаудың мәні зор. Сондықтан да жақсыны жақсы, жаманды жаман деп, жаңа туындыны тура бағалап отыру – қаламгер үшін де, сол шығарманы оқып, рухани қажетіне жарататын ұлттық оқырман үшін де аса маңызды. Әдебиеттің әлемдік аренаға шығуы үшін халықаралық сыйлықтарға ие болуы қаншалықты маңызды болса, ұлттық деңгейде бағаланауы үшін Мемлекеттік сыйлыққа, басқа да түрлі дәрежедегі марапаттарға ие болуы да соншалықты қажет. Жазушы Бейбіт Қойшыбаев «Мемлекеттік сыйлықты не үшін, кімдерге және қалай берген жөн?» («Қазақ әдебиеті», 23.02.2007) жайында ой бөлісіпті. Оның ойынша, «1. Мемлекеттік сыйлық мемлекет мүддесіне қызмет ететін, тәуелсіз ел азаматын тәрбиелеуге үлес қоса алатын, көркемдік тұрғыдан елеулі жетістігі бар шығармаға берілуі тиіс. 2. Таза өнер мүлтіксіздігін көздеген туындыға сыйлықты мемлекет емес, қоғамдық ұйымдар бергені мақұл... Шындықтың буырқанған күшін көркемсөзбен таныту арқылы әдебиет халық сүйіспеншілігіне бөлене алады. Қауқарсыз құр ойласу емес, әрекетке шақыратын, текті жүгер білдіретін әдебиет – шын әдебиет. Осындай әдебиет жасауға үлес қосып жүрмін деп есептейтін жазушылардың Мемлекеттік сыйлықтан дәмеленуі – әбден табиғи құбылыс».

Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Нұрлан Оразалин жазушылардың түрлі жиындарында сөйлеген сөздерінде әдебиетіміздің зәру мәселелеріне тоқталып отырған. Оның жас жазушылардың республикалық форумында айтқан ойлары елге, өнерге деген шынайы сезімдерге толы: «Сөз тағдырын ел тағдырынан, тіл тағдырын ұлт тағдырынан бөле-жара қарамайтын нағыз жауапты кезең келгенін қай-қайсымыз да екі елі де естен шығармауымыз керек. Әдебиет ертеңі ел ертеңі деуіміздің себебі де осында жатыр...

Ұрпақ пен ұрпақ арасын жалғап жатқан көзге көріне бермейтін жібек жіпті үзіп алмау үшін күресу – ұлтқа сын, іздену, батылдық көрсетіп, жаңа барлаулар жасау – өсудің кепілі. Бірақ барлау өз тамырыңды өз қолыңмен қиюға, өз жапырағыңды өзің желге ұшыруға жұмыс істемеуі керек...

Бізге өркениет әлемінің ұлы өрістерін талдап қана қоймай, сол әлемдегі қазақ ұлтының орны мен жаңа шығар биіктерін де қамтамасыз етер, көп ғасырлық тарихымыз жасаған ғажайып мұраларымызды, інжу-маржандарымызды өксітпей, өгейсітпей, ғаламдастыру дәуірінің шаңына көміп, тұншықтырмай, рухани сұраныстар айдынында ұстай білер ұлтжанды ұрпақ керек» («Қазақ әдебиеті», 23.11.2001).

Н.Оразалиннің Қазақстан Жазушылар Одағының XII (05.2002), XIII (06.2007) құрылтайында, түрлі пленумдарында жасаған баяндамаларында есепті кезең ішіндегі қазақ әдебиетін кеңінен шолып, саралаушылық бар. Жаңа дәуірдегі жаңа әдебиет мәселелеріне арналған Жазушылар Одағының пленумында ол әдебиетті «ұлт болмысының алтын қайнары» атады («Қазақ әдебиеті», 13.04.2007). Осында сөз алған М.Мырзахметов «Бүгінгі басты мақсат – әдебиетті жаңа дүниетанымға алып келу... Халықтың сөзін айта алмаса, ол несіне жазушы?! Мейлі әдебиет болсын, сын болсын, тарих дерлік қайта жазылу керек. Жүрегімізді ауыртатыны – ескі көзқарас шеңберінен шыға алмай келе жатқанымыз» (сонда) – деді. Шығып сөйлеген С.Қирабаевтың, Ә.Таразидың, Ш.Мұртазаның, К.Әмірбектің, Қ.Ысқақтың, Ә.Асқаровтың сөздерінде әдеби өмірдің әлеуметтік мәселелері тілге тиек болды.

2005 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Жазушылар Одағы, ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі бірігіп «Қазіргі кезең әдебиеті. Көркем тіл мәселесі» деген тақырыпта конференция өткізді. Онда қазіргі әдебиет пен тілдің хал-ахуалы, соңғы жылдардағы әдеби тіл кеңінен талқыланды. Негізгі баяндаманы Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Н.Оразалин жасады. Е.Тілешов «Қазіргі көркем проза тілі» бойынша сөз сөйледі. Қ.Ысқақов, Ғ.Қабаншев, С.Қирабаев, С.Елубаев, Б.Сарбалаев, Н.Шәкеев, С.Әбдірайымов, Б.Майтанов, З.Бисенғалиев әдебиеттің, тілдің ұлт руханиятындағы шешуші орнына назар аударды.

Н.Оразалин «Өтпелі кезеңнің өкпе буар салқыны нағыз әдебиетті тұншықтыра алмады. Шынайы көркем тіл өз биігінде қалды. Қазақтың көркем сөзі тоқсаныншы жылдардың қиын, күрделі «тосқауылдарынан» сүрінбей өтіп, қатарын талантты жастармен толықтырды...

Біздің болжауымызда жаһандануға ұлт рухы, ұлт әдебиеті, ұлт тілі секілді ұғымдар жат секілді...

Тіл тағдыры – әдебиет тағдырын, әдебиет тағдыры – тіл тағдырын қызғыштай қорып, ұлт ертеңін қорғау ұмтылатын кезең келді.

...Жаһандану дейтін күрделі дәуірде ұлт рухының негізі – ұлт тілінің ұстара жүзіне ілігіп тұрғанын жасыруға болмайды...

Тіл – ұлттың мына ұлы дүниемен байланысын танытар ұлы құрал.

Тіл – ғасырлар, дәуірлер бойына өсіп-жетілген, қабырғасы қатып, буыны бекіген, жүз мыңдаған ұрпақтың өзін-өзі сақтауының көрінісі, кемел белгісі саналар көркем әдебиеттің негізі, алтын арқауы» («Қазақ әдебиеті», 29.12.2005) – деп, тебірене сөйледі.

Жазушы Қ.Ысқақ «мемлекеттік тіліміздің тағдырын он төрт жыл бойы жыр қылып, қазақ деген халықтың өз тілін өзіне қимай, ешбір таласқа жатпайтын аксиоманы додаға салып, ұлт қасиетін мазақ қылғандай келімсектер мен өзіміздің кемшін «қайраткерлерімізге» мысқыл мен қорлықтың объектісі етіп қойғанымызды, көркем әдебиеттің тілін сөз ету үшін апта емес, ай емес, дайындықтың өзіне жыл керек еді.

Тілсіз мәдениет жоқ екенін мылқау да біледі. Мәдениетсіз ел геосаяси картадан орын алып, мемлекет те бола алмайды. Демек, тіл проблемасы – ең алдымен, саяси мәселе...

Жалпы тіл мәселесін былай қойғанда, жыл өткен сайын көркем сөз көркем әдебиеттен көшіп бара жатыр, көркем әдебиет көше жаргонына буаз боп, көркем сөз иесі көшенің бомжына қарсы боп қонған сияқты бойға жеркениш, ойға жетім былғанышты әсер қалдырады» (сонда) – деп, ашына сөз айтты.

Б.Сарбалаұлы «Үлкен ел, ұлы ұлт болуға беттеп келеміз... Жалпы үлкен мемлекетке үлкен әдебиет қажет, ұлық ұлтқа ұлы сөз қажет» (сонда) – деді.

Тілдің, ұлттық әдебиеттің, ұлттық руханияттың болашақ тағдыры кімді де болса ойландырмай қоймады. Жаһандану дәуіріндегі тілдің, әдебиеттің мәселелері баспасөз бетінен, түрлі дәрежедегі жиындардың күн тәртібінен түспей қойды. Сондай жиынның бірі С.Демирел атындағы университет пен Халықаралық «ДА» Диалог Еуразия Платформасының ұйымдастыруымен өткен «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция да осы мәселеге арналды. Баяндама жасаған Қазақстан Жазушылар Одағының және Халықаралық «ДА» Диалог Еуразия Платформасының Төрағасы Н.Оразалин «Әдебиет, мәдениет, тіл – кез-келген ұлттың алтын қазығы, арқауы. Мәдениеті, әдебиеті, тілі болмаған ел халық ретінде, ұлт ретінде өмір сүруі мүмкін емес («Қазақ әдебиеті», 01.05.2009) – деп, жаһандану жағдайындағы рухани құндылықтардың жағдайына ерекше назар аударды.

«Әдебиет айдыны» (06.04.2006) газетінің «Көкейкесті» айдарында «Әдебиет – руханият қайнары» тақырыбында Т.Кәкішев, Б.Майтанов, Қ.Елемес, Э.Төреханов пікір алысты.

Л.Конис тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиетті әңгімелеу үшін жалпы әдебиеттің сыр-сипатына тоқталған. «Әдебиетке белгілі бір идеологияға құл болу жат» болса, қазақ әдебиеті кешегі күндері кеңестік идеологияның жыртысын жыртып, нәтижесінде «қазақтың рухани мәдениетіне үлес қоса алған жоқ. Адам жанының жоқ болуы диалектикалық материализмнің ең үлкен қателігі» («Қазақ әдебиеті», 23.07.2004). Сондықтан да бұл кезең әдебиетін «биік талғам елегінен өткізу шарт». Ал «көркем шығарма мен творчествоны бағалаудағы басты критерий – ұлттық сипат» (сонда) – болмақ.

С.Елікбаевтың «Қазақ әдебиеті: өткені, бүгіні, келешегі» («Қазақ әдебиеті», 05.11.2004) мақаласында ұлттық әдебиеттің кешегінің шола отырып, ертеңіне елендеушілік бар. Отаршылық кезде пайда болған «орыс тілді ұрпақ өзектегі құрт, егіске түскен өрт, денендегі дерт. Жүйкедегі жусаң кетпес орыстық ұғым көп күресер, аяусыз майданның әлі талай негізгі мақсаты болары күмәнсіз... санайды. Серік «Әлдекім «өлең жазса, өзі үшін!» дер. Жоқ! Ақын тек Алаш үшін өмір сүреді. Ақынға араша түсер Алаштың өзі ғана!» («Қазақ әдебиеті», 05.11.2004) – дейді.

Ақын М.Ерімбетов «Жалпы мен жанымды тыныштандыру үшін жазады екем. Біреулер халқы үшін, оқырманы үшін жазамыз деп жатады. Жазу жаныңды түрлі ойлардан алып қашып, тыныштандырудан басқа түк емес... Менің кітаптарым – қазіргі кезде қажетсіз болса да, елім есін жиып, етегін жапқан соң мынау қымбатшылық өтіп, қолы аузына жетіп, тойынған соң, іздейтін рухани азықтары боларына, ең құрығанда Мырзашөл деген өлкеден бір ауыз алғыс айтып, аруағыма дұға оқитын адам шығарына бір құдірет, бір сезім сендіреді» («Қазақ әдебиеті», 23.12.2005) – депті.

Екі мыңыншы жылдары да кеңестік кезеңдегі әдебиетті қалай бағалауымыз керек деген мәселе күн тәртібінде тұрды. «Біз барын алдырған, қанатын талдырған ұрпақпыз. Демек, әдебиетіміз де сондай. Қазақ әдебиеті қасіретті де қасиетті мұра» – дей келіп, С.Елікбаев кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетін «бодан әдебиет» атап, олардың рухани құндылықтарына күмән келтірді. Бұл кезде «келешекке керексіз, ұлтқа қажетсіз шығармалар шығарылды» («Қазақ әдебиеті», 24.02.2006) – деген пікір айтты.

Ғалым Н.Нұрпейісов С.Елікбаевтың бұл пікірімен келіспейтіндігін білдіріп, «Бодан әдебиет қана емес, бостан әдебиет те болады» деген қарсы мақала жазды. Ол «Тарихтың әділеттілігі үшін кейбір жағдаяттар, ақтандақтар айтылуы керек, бірақ өткенді жоққа шығару үшін емес, «өлі дүние» деп тану үшін емес. «Шын әдебиет енді туады» – деп жар салуға дайынбыз, бірақ ол әдебиетті – өткен әдебиеттің (әңгіме – кеңес әдебиеті туралы) бәрін жоққа шығарып барып жасаудың қандай қажеттілігі бар... Біз неге жаңа әдебиет жасаудың орнына ескі әдебиетті күстаналауды әдетке айналдырып барамыз, әдепке қашан жетпекпіз?» («Қазақ әдебиеті», 28.12.2006) – деген уәж айтты. «Кешегі бабаларымыздың бодандықта жүріп те бостандық жайлы, азаттықты ардақтайтын, ұлт руханиятының тамыршысындай болған әдебиет жасағанын ұмытпауымыз керек» – екенін еске салды.

«Азат» газетінің 2005 жылғы мамыр айындағы сандарында жарияланған Қ.Тоқмырзаұлының «Шығарма шырайы – шындықта» атты естелігінде кеңестік кезеңде жасалынған қазақ әдебиетіне, оның өкілдеріне қатысты сыни бірсыпыра көзқарастар білдірген; әдеби өмірдің көлеңкелі жақтарына, қаламгерлердің пендешілік әрекеттеріне назар аударыңқыраған.

Қ.Тоқмырзаұлы «Тағлымсыз шығармалар тәуелсіз елге не береді?» – деп толғанған. Ол әдебиетте тәуелсіздік кезеңінде көрініс берген түрлі келеңсіз құбылыстарды сынай келе «Мойындасақ та, мойындамасақ та әдебиетте нағыз шындық осы күнге дейін жазылған жоқ. Тарих пен әдебиет – егіз. Екеуі де былығып жатыр. Жалған тарих жапырағын жайып, желісін тартып, түйнектеген жеміске айналған...

Тағамды таза, бұзылмай сақтау үшін тұз қажет. Қоғамды пәк, таза сақтау үшін шындық оның шырқау көгінде самғауы жөн. Шындық тұз сияқты ащы. Сондықтан оны жақтыратын адам аз. Бірақ, адамзат үшін, тіршілік үшін тағам қандай қажет болса, қоғам үшін шындық та сондай қажет екенін түбінде амалсыздан мойындайтын кез келеді» («Қазақ әдебиеті», 10.11.2006) – деп, қаламгерлерді шындық үшін, қоғамның тазалығы үшін күреске шақырды.

Ақын О.Тұржан жаһандану дәуіріндегі қазақ әдебиетінің, жалпы әдебиеттің жай-күйіне ой жіберіпті. Қазір әдебиет «бос уақыттағы ермекке» айналған. Қазір «бір-ақ рет оқылатын әдебиет» пайда болды. «Қазіргі жаһан әдебиетінде табиғатты суреттеуге жарты бет арнайтын бұрынғы стиль жоқ, керісінше, оқиғалар бір сөйлемнің ішіне сыйып кететін табиғаттың ішінде бірін-бірі кимелеп, кейіпкерлер тез орын ауыстырып, шығарма ішіндегі қозғалыстар қазіргі жылдамдыққа ілесіп отырады. Сол сияқты жаһандану кезеңінің қаламгерлерінің екпіні де шапшаңдық дәуірімен жанталаса жарысып барады» («Қазақ әдебиеті», 17.03.2006).

Оңайгүл «мемлекеттің әлем алдында өзінің ежелден келе жатқан жеке мемлекет, ежелгі ұлт екендігін дәлелдей алуының бұлтартпас жалғыз факторы – оның ұлттық тілі. Мемлекеттік ту да, мемлекеттік стандарт та, әнұран да өзгермелі. Оны кез-келген уақытта бір бұйрықпен өзгертуге болады. Ешбір патшаның ешбір бұйрығымен өзгертуге келмейтіні – ұлттық тіл» – деп біледі. Ал «сол тілді өлтірмеймін деп, жағаласып келе жатқандар – сөз майданының батырлары, яғни, қаламгерлер. Сөз және олардың жаңаша мазмұн, бояу табуы – тілдің өлмеуінің басты кепілі...» (сонда).

Б.Кәрібаеваның айтуынша, «Қазақстан ғылымы, көркем ойы – ежелден-ақ әлемдік өркениетпен етене сырмінез. Кенеттен үзілген сол дәстүрді тірілту – бүгінгі бізге сын» («Қазақ әдебиеті», 16.11.2007).

А.Сейілова тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасына көз жібере отырып «Әдебиет – киелі өнер. Бар ғұмырын шынайы сөз жасауға арнап, дүние жалғанның қызылды-жасылды әлеміштерінен биік тұратын қаламгер де тегін емес...

Әдебиет – қасиетті әлем...

Қазір прозадан гөрі поэзия мықты, жазушылар мемуар жазумен шұғылдандуда», «оқитын роман жоқ, бұрынғыларды оқи берген қызық емес», «Әдебиет хаос жағдайында тұр», «Нағыз проза енді жазылмақ» деген сияқты әдеби кеңістікті шарлап жүрген ұшқары пікірлер объективті бағалаудың орнын толтыра алмайды» («Жас қазақ», 09.06.2006) – деп ойлайды.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінің түрлі мәселелері А.Мекебаевтың «Өкпек желдің пәрмені» («Қазақ әдебиеті», 09.11.2001), Ә.Балқыбектің «Бір сәт әдебиетке де зер салсақ» («Қазақ әдебиеті», 16.01.2004), Қ.Мұқашұлының «Қыз Жібек Қодарға қосылып алғандай» («Қазақ әдебиеті», 13.02.2004), Б.Мүрсәлімовтің «Әдебиетті қазақша тану» («Қазақ әдебиеті», 20.02.2004), А.Сейдімбектің «Қара тақтаға жазуға асықпайық» («Егемен Қазақстан», 28.09.2004), Т.Тебегеновтің «Қазақ әдебиеті – әлем өркениетінің көрнекті саласы» («Әдебиет

айдыны», 28.05.2005), Ш.Елеуеновтің «Сұлуды сүйемтік – пайғамбар сүннеті» немесе әдебиеттен аманат» («Қазақ әдебиеті», 04.11.2005), Ж.Шәкеннің «Орыссыз қазақ әдебиеті жасалмас па еді?» («Жас қазақ», 24.02.2006), Ә.Нұршайықовтың «Қазақ әскери әдебиетінің оты өшіп барады» («Әдебиет айдыны», 24.02.2005), Ш.Күмісбайұлының «Өзгелер балалар әдебиетін төбесіне көтереді, бізде қалай?» («Әдебиет айдыны», 17.02.2005), т.б. мақалаларында кеңінен қозғалды.

А.Сейдімбектің кеңестік кезеңдегі әдебиет жайлы пікірі – өзгешелеу. Бұл кезде шын мәніндегі әдебиет болмады, әдебиет құлдық сипатта болды дегенге қарсы ол «Бір ақиқаттың басы ашық, қазақ халқы дара этнос ретінде тарих сахнасына шыққаннан бергі уақыт аясында мәдени-рухани құндылықтардың туындауы жөнінен ең бір құнарлы кезең деп ХХ ғасырды, соның ішінде кеңестік социалистік жүйе заманын атауға болар еді... Нәтижесінде халқымыз ХХ ғасыр аясында ғана мәдени-рухани идеалдың ұлттық біртұтастығына толық қол жеткізді. ... Кеңестік өктемшіл заманда туындаған рухани дәулетіміздің бәрі де астарлы, емеурінді, тыйымдалған мәдениет болар еді... Ендеше, кеңестік Қазақстан мәдениеті мен зиялыларын кара тақтаға жауға асықпайық. Ол да – біздің тарихымыздың бір парағы» («Егемен Қазақстан», 29.09.2004) – дейді.

Профессор Т.Тебегенов қазақ әдебиетін әлемдік деңгейде бағаланған «әлем әдебиетінің көрнекті саласы» («Әдебиет айдыны», 28.05.2005) – санаған.

Әдебиеттану ғылымындағы қазақ әдебиетінің осындай дәрежеге жетуі, бар жақсы қасиеттері орыс әдебиетінен үйренудің арқасында деген кеңестік кезеңде қалыптасқан «қағидаға» орай «Орыссыз қазақ әдебиеті жасалмас па еді?» – деген сауалға Ж.Шәкен «Біздің төл әдебиетімізді өзімізге қайтарып алатын кезіміз жетті, оның атасы да, бағасы да – қазақ; Қазақ әдебиеті қашан да тек қазақ ұлтының әдебиеті болып қала береді. Оған орыстың шапанын жапқанмен, қап-қара мойылдай көзін ешқашан көкшіл түске өзгерте алмаймыз. Қазақ тек өз үнімен ғана қазақ!» – деген жауап ұсыныпты.

Әдебиетке жаңадан келіп жатқан жас толқынның аяқ алысы, шығармашылық проблемалары жайында Ә.Балқыбектің «Ақ бұлт көрсең, сәлем айт» («Қазақ әдебиеті», 29.06.2001), Л.Қоныстың «Оның жүрегі әдебиет деп соғады» («Қазақ әдебиеті», 12.08.2005), «Аңсағандай иісін көптен сүр еттің...», немесе талант пен талантты оқырманды қалай ажыратамыз?» («Қазақ әдебиеті», 09.03.2007), С.Нұралықызының «Нарцис қалам мен постмодерндік пішін» («Қазақ әдебиеті», 25.12.2008), т.б. мақалалары жарияланды. Бұларда тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиеттің өзіндік ерекшеліктері, оның жекелеген өкілдері, туындылары хақында пікірлер айтылды.

«Жалын» журналының «Күлдібадам» айдарында «Қазақстан» (Қ.Біләл.Бас кітаптағы былықтар. «Жалын», 2009, №7), «Жетісу» (Н.Қазыбекұлы. Көңілсіздіктен көп нәрсе бүлінген. «Жалын», 2004, №9) энциклопедияларында кеткен кемшіліктер қатты сынға алынды. Сыналған кемшіліктердің дені қазақ әдебиетіне тікелей қатысты болды.

Ө.Ақжігіттің «Ғасыр ақымақшылығы немесе «Көріпкел ақын-ғалым» Көктәндінің балдырбатпақтары» да «Жалынның» (2004, 2) «Күлдібадам» айдарында жарияланған. Көлемді мақала Хамза Көктәндінің (ақын Әмзе Қалмырзаев) «Аспан мен Даланың төрт ұмытылған тарихы» атты кітабында айтылған кейбір пікірлердің дәйексіз екендігіне арналған. Осы кітабы шықпай тұрып-ақ «Мен Шыңғысханның қабірін таптым» – деп, жар салған Көктәндінің, әсіресе, Шыңғыс хан туралы жазғандарының ғылыми негізсіздігіне оқырман назарын аударады.

«Маңқа төбет неге әуілдейдіде?» («Қазақстан», 01.05.2008), С.Арынұлы Р.Отарбаевтың «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Ыстық көл» атты элегиясын қатты сынға алыпты. Автор Р.Отарбаевпен бірге ол туралы жылы лебіз білдірген Г.Ниетқалиеваға да сыбағасын берген. Пікір айтқаны, пікір таластырғаны жөн. Бірақ та жеке басқа тиюге болмайды. Автор Рахымжанды «жетесіз жазғыштың суайттығына қайран болмасқа болмайды», «Отарбаев құдайдан қорқатын адам емес», Ниетқалиеваны «Осы жасымда талай жазғыштарды көріп едім. Ал, Ниетқалиева солардың көбіне шаң қаптырып кететін сияқты» – деп, кекетіп мұқатады.

5. ӘДЕБИ АЙТЫСТАР, ДАУ-ДАМАЙЛАР

Екі мыңыншы жылдардың рухани өмірінде қазақ әдебиетінің түрлі мәселелеріне қатысты бірсыпыра қызу айтыстар болып өтті. Әдеби пікірталастардың өріс алуына елімізде кеңінен қанат жая бастаған демократиялық үрдістер, сөз бостандығы, ең бастысы рухани құндылық-

тарға деген көзқарастың өзгере бастауы сияқты факторлар тікелей әсер етті. Өткенде жасалынған әдеби мұра ғана емес, көзі тірі қаламгерлердің шығармашылықтары да тәуелсіздік тұрғысынан қайта сарапталып, жаңаша пікірлер айтыла бастады. Мұндай пікірлердің кейбіреулері дау-дамайларға, әдеби айтыстарға ұласып жатты.

«Қазақ әдебиеті» (29.03.2002) газетінде «Мен» мен «Ол»-дың арасы» деген тақырыппен «Жетеудің» – А.Әшімовтің, К.Ахметбекұлының, Қ.Салғараұлының, К.Сегізбаевтың, Қ.Құрманғалидың, С.Әбдірайымұлының, Ж.Әбдіхалықтың «Жұлдыз» журналының бас редакторы Мұхтар Мағауинге ашық хаты жарияланды. Мұнда «Жетеу» «Жұлдыз» журналының соңғы жылдары басқаша сипат ала бастауына, дәлірек айтсақ, жеке бастың пендешіл пиғыл-ниетін жүзеге асыратын трибунаға айналып бара жатқанына, әсіресе, қазақ зиялыларының арасына іріткі салатын, сөйтіп қоғамдық-ұлттық пәтуа-бірлікке зиян келтіру қаупін тудырып отырған және мұндай жағымсыз үрдіске Сіздің тікелей мұрындық болып отырғаныңызға үлкен өкінішпен алаңдаушылық білдіреміз» – дей келіп, осы журнал беттерінде Әз-Тәуке хан, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ж.Молдағалиев, Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, Қ.Жұмалиев, Ш.Мұртаза, М.Базарбаев, С.Мұратбеков, Н.Жанділдин, С.Имашев, Қ.Зақирьянов. А.Сейдімбек хақында жағымсыз пікірлердің айтылып жатқанына наразылық білдіреді. Ашық хат «Қысқасы Мұхтар Мағауин мырза, ұдайы «Мен!», «Мен!» деп кеуде қаға бергеннен гөрі бір мезгіл «Ол!», «Ол!» деп, тым болмаса, «Біз!» деп, өлі-тірімен де санасып отыру әрі әділдік, әрі имандылықтың жөні, әрі былайғы жұртқа үлгі-өнеге болады демекпіз» («Қазақ әдебиеті», 29.03.2002) – деген жолдармен аяқталған.

М.Мағауин жауабын кешіктірген жоқ. Осы газеттің келесі санында «Мен»-нен «Ол»-ға дұғай сәлем» («Қазақ әдебиеті», 05.04.2002) деген «Мұхтар Мағауиннің жетеуге жауапхаты» жарық көрді. М.Мағауин өзіне айтылған сындармен келісе бермейді. Ол «Өтірік пе, Сейфуллиннің қызыл белсенді болғаны? Жанділдиннің қазақ рухын қудалағаны? Мұқановтың Алаш қайраткерлерін айыптағаны?.. Әр жерден үзіп алған, зорлықпен тіркелген жарым сөзбен ақты қараға айналдыра беріпсіз. Әз-Тәуке... Менің белгілі кітабымда тұтас бір тарау арналған, ірілігін айта отырып, хандық билікте жіберген ғапыл істерін де жасырмадық сонда. Сіздіңше, «Колбиннің көреген саясаты» деп, сыпырта беру керек пе еді? Сіз Әз-Тәуке ханмен қатар қойып отырған Әбдіжәміл Нұрпейісов... Мен үшін ортадан төмен ғана жазушы. Басқаны былай қойғанда, қарапайым оқырман, қатардағы қазақ ретінде өз пікірімізді айтуға болмай ма?.. Баяғы бала кезімізде Мені ұлтшыл деп, айыптаушы еді. Сіз жікшіл деп, қорқытқыңыз келеді... Мені тайғақ кешулі қанды-терлі большевизм жолына түсіре алмайсыз» – деп, өз көзқарастарын тағы да нығарлай түсіп, алған бағытынан қайтпайтындығын ашық айтқан. «Жетеудің» жасы үлкені, әрі тізімде бірінші тұрған А.Әшімовке бағышталып жазылған жауапхатта Асанәліні «бауырым», «қазақтағы бір тұлғасыз», кейін «жақсылап тұрып бір шай ішейікші» дей отырып, оның өзін де желтоқсан оқиғалары, демократиялық таңдау қозғалыстары кездерінде тайғақтық көрсеттіңіз деп, қағыта кеткен. Осы жолы да мені айыптаған топқа қосылып кетіпсіз дегенді қадай айтқан.

Осы жылдардың әдеби сынында Бегділда Алдамжаров белсенділік танытты. Оның қаламынан шыққан әрбір мақала әдеби жұртшылық арасында қызу пікірталастар туғызып жатты. «Соңғы парыз» – қай парыз?» («Жұлдыз», 2001, №4), «Күлдібадам күлше» («Жұлдыз», 2002, №11), «Евгений Онегинді» Гоголь неге жазбаған?» («Жұлдыз», 2003, №9), «Өмірге өрелі өлең келетін кез» («Жұлдыз», 2003, №10), «Жампоз жанр көтерер жүк» («Жұлдыз», 2004, №1), «Өткіңші өлең өрісі: магнит өрісіндегі сол қол заңы» («Жұлдыз», 2004, №8), «Басқа ел неге «бесбармақ аса алмайды, немесе ұлттың екі нышаны» («Ана тілі», 2006, №34–38), т.б. мақалаларын жазып, жалпы қазақ әдебиетіне деген өзіндік өзгеше пікірін танытты.

Жалпы, Б.Алдамжаровтың сын мақалаларына тән басты ерекшелік: бетің бар, жүзің бар демей, қатты айтушылық, кейде туралығын бағыл айтамын деп, артық кетіп қалушылық. Осындай себептерден Бегділданың мақалаларының арты қызу пікірталастарға ұласып, дау-дамайлар туындап жатты. Даулылық – оның барлық мақалаларына тән қасиет десе де болғандай. Мысалы, сыншының бүгінгі қазақ поэзиясы хақындағы «Өмірге өрелі өлең келетін кезінде» сыналмаған ақын, қазіргі қазақ хикаялары жайындағы «Жампоз жанр көтерер жүк» сын-зерттеуінде сынға ұшырамаған прозашы жоқтың қасы. Осыны ескергендіктен де болу керек, мақалалардың соңында «пікір алмасу ретінде беріліп отыр», «даулы, таласты пікір болуы мүмкін. Біраз (көпшілік, бірталай) мәселенің жаңсақ айтылуы да ықтимал» дегенді де ескерте кетіпті.

Б.Алдамжаров «Басқа ел неге «бесбармақ» аса алмайды, немесе ұлттың екі нышаны» атты көлемді мақаласын «Ана тілі» (2006, №34–38) газетінің бес нөміріне жариялады. Көлеміне орай, мақала көтерген мәселелер де ауқымды. Мұнда ұлттық тілден бастап, рухани өмірдің әдебиеті. Мәдениет, діл, дін сияқты көптеген салаларын өмірдің өзгеруімен қабат туындаған өзекті өңірлеріне батыл барушылық бар. Кей мәселелерді кеңінен қамтып, енді біреулерін келтесінен қайырып отырған автордың қаттылау айтқан да, кем түскен жерлері де жеткілікті. Мысалы, оның «Шын мәнінде, әртүрлі халықтың өкілдері атсалысқан орыстың 19-ғасырда жасалған әдебиетін оның ұлтының әдебиеті деуге негіз жоқ», «...Р.Ғамзатов, Д.Кугульдинов, Қ.Құлиев, М.Кәрім, т.б. секілді қолдан жасалынған «классиктер» пайда болды» («Ана тілі», 14.09.2006) – деген сияқты пікірлеріне қол қою қиын. Сол сияқты, автордың қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері, ұлттық идеология, дін жайында айтқан кейбір пікірлерінде де даулы мәселелер баршылық.

Бегділда баспасөз бетінде мақталған Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романын сәтті туынды қатарына жатқызбайды; одан көптеген кемшіліктер тауып, сынға алады. Қазақ әдебиетінің соңғы жылдардағы табысы саналып жүрген романды, оның авторы белгілі қаламгер Ә.Нұрпейісовті ақтаған Ш.Елеукуеновтің (Адамзат, енді сен оян. «Қазақ әдебиеті», 06.07.2001; Бір қайғыдан жүз қайғы. «Қазақ әдебиеті», 17.08.2009), Д.Исабековтің («Қазақ әдебиеті», 19.04.2002) пікірлері жарияланды. Алған бетінен қайтпаған Б.Алдамжаров Шерияздан мен Дулаттың пікірлерімен келіспейтіндігін айтып, тағы да жауап (Күлдібадам күлше. «Жұлдыз», 2002, №11) жазды.

Б.Алдамжаровтың «Шерхан шынын айтты ма?» («Азат», 11.08.2004), «Отырсаң – опақ, тұрсаң – сопақтың кері» («Жұлдыз», 2005, №2), «Қабдештің қырық қалталы қулығы, немесе ол Президент Н.Ә.Назарбаевты қалайша қаралауға тырысты?» («Ана тілі», 8–15.06.2006), «Әзіржауап Әзілхан ақсақал... тым ауытқып кетіпті» («Ана тілі», 06.07.2006), «Байботаның батпағы» («Ана тілі», 9.10.2006), т.б. сияқты мақалаларында негізгі әңгіме көркем шығарма төңірегінде өрбімей, қаламгердің жеке басына тиісушілік басым. Жалпы, сынның семсерін көркем туындыдағы жетіспеушіліктерге қарай емес, оның авторының жеке бас кемшіліктеріне қарай сілтеу – әдеби сынға жат құбылыс.

Сынағанын сындырмай қоймайтын Бегділда атақты ақын Мұхтар Шахановтың шығармашылығын сын тезінен өткізіп, оқырман әдетте байқай бермейтін кемшіліктерін ашуға біраз күш жұмсады. «М.Шахановтың «варианты» немесе механиканың алтын заңы қалайша қара бақырға айналды» («Жұлдыз», 2003, №2), «Шахановтың монологу» («Алтын орда», 10–16.2004), «Күзға құлар қос мұңлық немесе Ш.Айтматов не деп аңырайды, М.Шаханов не деп шарылдайды» («Жұлдыз», 2005, №6), «Шаханов депутат па, «жепутат» па?» («Азамат», 7–13.11.2005), т.б. мақалаларын жазып, ақынның бүкіл шығармашылығынан іске аларлық ештеңе таппады, онымен қоймай, оның жеке басына тиісті. Ол Шахановты ғана қоймай, онымен біраз жыл шығармашылық байланыста болған Ш.Айтматовты да біраз жерге апарып тастады.

Б.Алдамжаровтың сынындағы осындай өрескелдіктерді сынаған С.Дауымовтың «Некрасовшыл сыншының аузын білеміз... Ал, беті қандай?» («Қазақ әдебиеті», 21.11.2003), М.Есмағамбетовтің «Әдебиетті Алдамжаровша ревизиялау» («Қазақ әдебиеті», 28.11.2003), К.Құныпияұлының «Әдепсіздік пен ұятсыздықтың чемпионы, немесе қазақ әдебиетіндегі жо-сықсыз киллерлік хақында» («Жалын», 2004, №1), М.Кенжебайдың «Дарақылықтың түрі көбейді-ау» («Азат», 16.03.2005), Қ.Білалдің «Әдеби қауымның соты» («Қазақ әдебиеті», 12.09.2004), т.б. мақалалар жарық көрді.

М.Мағауиннің «Ешкі жетектеген екеу, немесе Зор мен Шоң ақыл айтады» («Жұлдыз», 2003, №1), «А.А.» ашуланып жатыр» («Жұлдыз», 2005, №5) мақалаларында да қазақ ақыны М.Шаханов пен қырғыз жазушысы Ш.Айтматов бірге сыналып, сынның көрігін қыздыра түсті. Мұның аяғы екі Мұхтардың Шыңғыс хан туралы ымырасыз айтысына жалғасты.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кеңестік кезеңде жасалынған рухани қазынамызды қайта саралау басталды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жүргізілген зерттеулердің барысында бір кездерде әлемді тітіренткен Шыңғысханның тұлғасы хақында да өзгеше пікірлер естіле бастады. Бұрындары ол еуроцентристік көзқарас тұрғысынан қанішер, басқыншы аталып келсе, енді басқаша көзқарастар бой көрсете бастады. Шыңғысханның қазаққа қатысы, дала тарихындағы орны туралы айтыс қыза түсті.

Қ.Данияров (Шыңғыс хан – қазақ. «Жас қазақ», 22.04.2005), Қ.Закириянов (Еще раз о происхождении Чингизхана. «Алма-Ата ИНФО», 02.08.2005; Тағы да Шыңғысханның тегі туралы.

«Жас қазақ» 03.03.2006), Т.Омарбеков, Т.Әбенайұлы (Шыңғысханның қазаққа қатысы қанша? «Қазақстан-Заман», 09.12.2005), Ғ.Есім (Шыңғысхан вирусы. «Егемен Қазақстан», 08.05.2001), М.Бұлұтай (Әдептен озбайық, Отырарды қорғайық. «Қазақ әдебиеті», 07.12.2001), т.б. сияқты тарихшы-қоғамтанушылармен қатар Ә.Балқыбек (Шыңғысхан жайлы шындық неге біржақты бейнеленуге тиіс. «Қазақ әдебиеті», 25.05.2001; Шыңғыс хан – далалық тұлға. «Қазақ әдебиеті», 30.11.2001), Т.Ахметжан (Рухсыздық апатынан сақтандыру. «Қазақ әдебиеті», 15.06.2001), Х.Әдібаев («Қара күйе жақпайық, Отырарды сақтайық. «Қазақ әдебиеті», 14.12.2001; «Отырар ойраны» Шахановтың шайпауына көнетін шығарма емес. «Қазақ әдебиеті», 01.02.2002), Д.Досжанов (Отырарды біз қорғадық па, алдық па? «Жас қазақ үні», 15–17.07.2005), т.б. әдебиетшілер де қызу дауға кірісіп, пікірлерін білдіріп жатты. Пікір алысу барысында пікір екіге жарылды. Бір топ Шыңғысханды бұрынғыша «қанішер» қазаққа қатысы жоқ десе, екінші бір топ ол «ұлы» қайраткер, керек десеніз, ол – қазақ деп, оның руына дейін таласып жатты. Өкінішке орай, осы бір дабырлы дау-дамайдың барысында екі Мұхтар – Шаханов пен Мағауин қарама-қарсы жақта қалып, бір-бірімен ымырасыз айтысқа көшті.

Осы бір даулы мәселеге орай М.Шаханов «Кұлдық сана формуласы, немесе Шыңғыс ханды пір тұтушылар әлегі» («Қазақ әдебиеті», 05.01.2002), «Шыңғысханшылар, немесе гуманистік бағыттағы және адамды мезі ететін ұзын сонар, сыңаржақ пікірлерге байланған ұштаған-толғау» («Жалын», 2006, №5), «Шыңғыс хан төңірегіндегі пенделіктер» («Қазақ әдебиеті», 01.02.2002), т.б. мақалаларын жазып, Шыңғысханды даланың қатыгез, қанішер ханы десе, М.Мағауин «О дүниеден жеткен дабыл» («Жұлдыз», 2005, №7), «Отырарды «ҚТ»-дан қорғайық» («Қазақ әдебиеті», 01.07.2005), «Ешқашан бітпейміз» («Жұлдыз», 2005, №12), т.б. деп, аттасының пікірлерін теріске шығарып, оны шығыстың ұлы қайраткері деп бағалады.

Шыңғысхан туралы пікір алысудың аяғы бір-бірін қаралаған, топ жинаған, қол жинаған дау-дамайға айналды. «Қазақ әдебиеті» (15.07.2005) газетінде М.Шаханов пен М.Мағауинды қолдаушылардың бірін-бірі қаралап, жоғарғы жаққа жазған ашық хаттары жарияланды. М.Шахановты қолдаған Қ.Қайсенов бастаған барлығы 15 адам қол қойған, Елбасы назарына жолданған хаты М.Мағауинның «рухани басбұзарлығына тоқтау қоюды» талап еткен.

Ал Ә.Нұршайықов, С.Мұратбеков, Қ.Ысқақов, Қ.Жұмәділов, О.Сәрсенбаев, Г.Бельгер, С.Қасқабасов, Ж.Ысмағұлов, Б.Мұқай, Б.Тоғысбаев, Ә.Сығай, А.Жақсыбаев, М.Қожахметова, Қ.Омаров, Н.Дәутайұлы, З.Тілеужанов М.Мағауиннің пікірін қорғап, ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрі Е.М.Қосыбаевқа ашық хат жолдапты. Мұнда демократиялық қоғамға тән өзгеше пікір айтқандығы үшін М.Мағауинді қудаламауға шақырған.

Осындай бір дау-дамай Ә.Нұрпейісов пен Қ.Жұмәділовтің арасында туындады. Дау Қ.Жұмәділовтің «Таңғажайып дүние» кітабында және баспасөз беттерінде Әбдіжәміл жайлы айтқан кейбір пікірлерінен басталған. Өзін жағылған күйеден тазарту мақсатымен Ә.Нұрпейісов арнайы мақала жазып, онда қойылған кінәлардың теріс екендігін дәлелдеумен бірге Қабдештің өзінің де жетісіп тұрмағандығын айтып, енді оған тиісті (Қалай ойлайсыңдар, жазушы адамға жалған сөйлеу лайық па. «Жас алаш», 08.07.2004).

Бұған Қабдеш те қарап қалмады. «Қазына қаржысын қашан қайтарасыз, Әбеке?» («Жас алаш», 13.07.2004) – деп, қарсы мақала жазды. Ол да есесін жібермеді; тілінің жеткенінше өзін ақтап, қарсыласының пенделік, шығармашылық болмысынан кемшіліктер іздеп, қазбалады. Қ.Жұмәділовтің мақаласына Ә.Нұрпейісов тағы да жауап жазды («Жас алаш», 15.01.2005). Мұнымен де тынбай, іс аяғында сотқа кетті. Қабдеш тағы да «Ар-намысыңыз қанша тұрады?» («Қазақ әдебиеті», 10.06.2005) – деп, кекете сұрап, мақала жазды.

Сөйтіп, екі жылдай уақытқа созылған дау-дамайдың соны сотпен аяқталды: Алматы қалалық соты Ә.Нұрпейісовтің пайдасына Қ.Жұмәділовтен 1000 000 (миллион) теңге өндірілсін деген шешім шығарды. Сот шешімі шыққан соң, Ә.Нұрпейісов тағы да «Шындықтың аты – шындық» («Ана тілі», 03.08.2006) атты көлемді мақаласын жазып, Қабдешті одан сайын тұқырта түсті. Қайта соттасқан екеуінің дауы Ә.Нұрпейісовтің 50 мың теңге, Қ.Жұмәділовтің 150 мың теңге берешек болуымен аяқталды («Жас алаш», 27.02.2007).

Қ.Жұмәділов Ә.Нұрпейісов екеуі әбден шатысып, соттасып жатқанда, Жәди Шәкенұлының «Халық жазушысы халыққа не деп ақталады?» («Ана тілі», 18.05.2006) атты мақаласы шықты. Мұнда Қ.Жұмәділовтің «Тағдыр», «Таңғажайып дүние» атты романдарындағы тарихта белгілі қайраткерлердің бұрмаланып берілді деп, қатал сынға алынды. Қабдеш те көп ұзатпай, жауабын берді (Аспанға тас лақтырма, төбене түседі. «Қазақ әдебиеті», 26.05.2006). Автор

Жәди мақаласының рушылдық тұрғыдан қаскөйлікпен жазылғанын айта келіп, өзіне таңылған кінәларға нақтылы жауаптар берген.

Мәселе мұнымен бітпеді. «Ана тілі» (22.06.2006) газеті Жәдиді жақтап, Қабдешті қаралаған үш оқырманның (Ш.Күнгейұлы, Д.Күнгейұлы. Әкемізді қорлағанын кешіре алмаймыз; Қ.Әскерманұлы. Қабдеш те өзі дағтаған сол халықтың ортасынан шықпады ма?; Ж.Оралхан. Өтірік өрге сүйрелемесе, шындық шырылдамас еді) үн қосуын жариялады. Қабдештің өзінің шығармашылығының төңірегінде болып жатқан әртүрлі әңгімеге ағалық, арағайындық сөз айтқан Ә.Нұршайықовтың «Қабдеш және оның «достары» туралы сөз» («Әдебиет айдыны», 29.06.2006), С.Әсіпұлының «Жақсыға жаңсақтық жараспайды. «Ана тілі», 13.07.2006), Б.Нұржекеевтің «Қабдеш, қайда барасың?» («Жас алаш»), Қ.Ілиясұлының «Халық жазушысы және оған жабылған жала, жағылған күйе» («Алтын Орда», 01.09.2006), Е.Мергенбайұлының «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» («Алтын Орда», 24–30.11.2006), Б.Алдамжаровтың «Қабдештің қырық қалталы қулығы немесе ол президент Н.Ә.Назарбаевты қалайша қаралауға тырысты» («Ана тілі», 8–15.06.2006) мақалалары жарық көрді.

Ескерте кететін бір жәйт: осы бір келеңсіз дау-дамайдың барлығы дерлік Қ.Жұмәділовтің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында, тұсында өтті. Қазақстанның халық жазушысының шығармашылығы жайлы жылы сөздер айтылып, бағасын берудің орнына етегінен тартып, жазғандарының ішінен артық-кем кеткендерін іздестіріп, шу шығарып жатқаны көңілсіз ойларға жетелейді. Әдеби сынның негізгі мақсаты көркем шығармалардағы кемшіліктерді көрсету болса, оған ешкімнің таласы жоқ. Ал енді сынды жазушының жазғандарын емес, өзін сынауға, мұқатуға пайдаланса, бұл – пендешіліктің көрінісі.

Екі мыңыншы жылдардың әдеби сынында Ә.Нұрпейісов, М.Шаханов, М.Мағауин, Қ.Жұмәділов сияқты қабырғалы қаламгерлердің төңірегінде шығармашылықтан гөрі пендешілік сындардың көбірек болғандығы назар аударады. Тырнақ астынан кір іздегендей, олардың көркем туындыларынан кейбір кемшіліктерді тауып алып, тасты тасқа ұрып, айқайлатып, шу көтеріп, оның аяғын жазушының жеке басына тиісу үшін пайдалану сын мәдениетінің төмендігін көрсетсе керек. Сынаған дұрыс. Бірақ, қалай сынау керек? Мәселе осыған келіп тіреледі. Ол сыншы өресінің биіктігіне, азаматтық болмысына байланысты болса керек.

Ә.Нұрпейісов Қабдешті «соттап», енді тынышталды-ау дегенде, тағы да сын садағына ілінді. Кезінде «Қан мен тер» трилогиясы баспадан шығарда редакторы болған Байбота Қошым-Ноғай «Қан мен терге» төгілген арам тер» («Қазақ әдебиеті», 01.02.2008) атты көлемді мақала жариялады. Онда кітапты редакциялау кезінде жазушымен жұмыс барысында орын алған түсінбестіктер, үштомдықтың тіліндегі түйткілдер әңгіме болған. Осы кітапты талап-сай редакциялаймын деп, өзінің нақақтан жұмыстан шығып қалғанын тілге тиек еткен.

Байботаның мақаласы да үлкен дүрбелең туғызды. Қазақ түгілі, әлемдік оқырмандарға кеңінен танымал, КСРО Мемлекеттік сыйлығының және Халықаралық М.Шолохов атындағы сыйлықтың лауреаты, стилист Ә.Нұрпейісовтің бас кітабының тіліндегі селкеуліктер жағынан сыналдып жатуы кімнің де болмасын, назарын аудармай қоймады. Десек те мықтының аты мықты ғой; екі аптадан соң осы мақаланы жариялаған «Қазақ әдебиеті» (15.02.2008) газетінің бас редакторы Ұлықбек Есдәулетов Б.Қошым-Ноғайдың мақаласын жариялағаны үшін «Ұлылығыңыз ұлтымызға керек» деп, Ә.Нұрпейісовтің алдында кешірім сұрады. Газеттің осы санында С.Елубай «Әдебиет-ардың ісі» мақаласында «Жариялық дегеніміз осылай жаға жыртуға айналғаны ма?» – деп, Байботаны Құлагерге шокпар сілтеген Батырашқа теңеген. Б.Қошым-Ноғайды айыптаған, Ә.Нұрпейісовті жақтаған Т.Мансұровтың (Нұрпейісов менің қорғап-қолпаштауымды қажетсінбейді. «Қазақ әдебиеті», 15.02.2008), А.Арцишевскийдің (Нұрпейісовке тас лақтыру тағы да басталды. «Ана тілі», 20.03.2008), Д.Исабековтің («Қазақ әдебиеті» қазақ әдебиетінің кемеңгерін кемсітпек болыпты. «Ана тілі», 20.03.2008), В.Бадиковтің (Ұлттық мәдениеттің киесін қорлау. «Ана тілі», 20.02.1008), т.б. мақалалар жарық көрді.

Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» кітабына жазылған сын мақала ақыры оны жариялаған «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Ұ.Есдәулетовтің кешірім сұрауымен, ҚР Жазушылар Одағы секретариатының мәлімдеме жасауымен, белгілі бірнеше қаламгердің наразылық білдіруімен аяқталғандай болған. Десек те осындай шаралар қолданылғанына қарамастан, кейіннен бұл мақала орыс тіліне аударылып, «Дайджест.kz» газетінде жарық көрді...

Осы кездің әдеби сынында әдеби қауымды елең еткізген тағы бір оқиға болды. Жазушы Д.Досжанның «Жан тәтті» атты кітабында Мұхаммед пайғамбардың сүйікті жары Айшаны

зинакорлық жасады деп суреттеуіне байланысты оған қатты сындар айтылды. Қайрат Иса, Өтеген Махмұт, Қалиолла Маджанов, Жабал Шойынбет, Қалдыбек Құрманәлі құраған топ «бұл – мұсылман әлеміне жабылған жала», сондықтан да бұл кітап, өртеліп, оның авторы Д.Досжан, оны «Жұлдызда» жариялаған, оның кітап болып басылуын мақұлдап рецензия жазған М.Мағауин, арнаулы редактор Т.Сәукетай барша мұсылмандардан баспасөз бетінде кешірім сұрауын талап етті («Қазақ әдебиеті», 29.09.2006).

Ғ.Қабышұлы да Дүкенбайды айыптап, оның өмірде де жасаған пендешіліктерінен бесеуін нақтылы айтып, оның жеке бас кемшіліктерін тізбеледі («Қазақ әдебиеті», 29.09.2006). Белгілі дінтанушы Мұртаза Бұлұтай да «Дүкенбай Досжан жазған нәрселер өте жиіренішті нәрселер, өте ұятты нәрселер, адам ауызға ала алмайтын, көре алмайтын, көрсе оқи алмайтын, әрбір өзін иманды санайтын мұсылманның ар-намысына тиетін сөздер. Тарихты бұрмалаушылық» санап, «касиетсіз кітап жойылуға тиіс» («Президент және халық», 29.09.2006) – деді.

Осы шығарманы журналда жариялап, кітап болып басылуына оң пікір берген М.Мағауин бұл жағдай туралы «Дүкенбай Досжановтың абыройсыз «атақ-даңқы» дәуірлеп тұр... Фәнидегі қалған тіршілігі – азап, бақидағы барлық көрешегі – тозақ болмақ» («Әдебиет айдыны», 05.10.2006) – деп, қатты кетті. Осы мазмұнда «Жас алаш», «Түркістан», «Зан», «Ана тілі», «Жас қазақ» газеттері де материалдар берді.

М.Мағауиннің осы мақаласына орай Қ.Құрманәлі қарсы мақала жазды. «Құрметті Мұхтар Мағауин көке!» – деп тіл қатқан Қалдыбек «Мұндай сорақы былыққа өзіңіздің қатысыңыздың жоқтығы жөнінде қысқаша ғана анықтама берудің орнына «Ғайбат пен былық» деп, көлдей мақала жазғанын, онда Дүкенбайды барынша балағаттағанын, халық жауынша қарғап-сілегенін үлкен жазушының этикасына жат қылық санап, сынға алыпты. «Дүкенбай адам өлтірген жоқ, бар болғаны қателесті» (Ғайбат па, айбат па? «Қазақ әдебиеті», 13.10.2006) – ғой деп, Дүкенбайға араша түседі. Д.Досжановтың жеке басына соншалықты ауыр сөздер айтатын сіз кімсіз дегендей, оның өзінің де періште емес екендігін, былықтары толып жатқандығына мысалдар келтіреді.

Д.Досжанов өзі туралы айтылып жатқан сындарға жауап жазды. Ғ.Қабышұлының «Өтірікті жазу – өзіңді өзін сыйламау» («Қазақ әдебиеті», 29.09.2006) мақаласында айтылған айыптауларды негізінен теріске шығарып, нақтылы айғақтар ұсынады. Ал «Жан тәтті» кітабындағы пайғамбардың жары Айша анаға қатысты жазғанын өкініш санайды. Өзінің 49 жыл бойы әдебиетте еңбек жасап, 11 роман, 20-дан аса хикаят, 100-ге жуық әңгіме жазғанын, басты мақсаты – «адамнан жақсылық іздеу, кісіге жүрек шамының жарығын түсіре жүру... ұлтыма жан аямай қызмет ету!» болғанын айта келіп, «кейіпкерлерді көркемдеймін деп, кейде бояу қалыңдау, баз бірде солғындау жағылып кетуі мүмкін» – деп, өзіне тағылған кінәні мойындайды.

Дүкенбай «Алла жолындағы ораза ұстаған үмбеті ретінде өсек-ғайбат айтпасын деп тілге, әдепсіз нәрсені көрмесін деп көзге, ұятты сөзді естімесін деп құлаққа, теріс пиғылды ойлаамасын деп ойға, басы артық бояуға бармасын деп қаламыма ораза бұйырттым...

Шын мәнінде өкініштімін. Сол үшін тәуба-истигфар етіп, Алла-Тағаладан мені ғафу етуін тілеймін!.. Сонымен қатар, рухани құқықтарына қол сұғылған пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммедтің, Хазіреті Айша анамыздың, Хазіреті Сафуан сахабаның және де басқа сахабалардың рухани тұлғаларының алдында кешірім тілеймін» (Дүние тіршілігі емтихан ғана. «Қазақ әдебиеті», 06.10.2006) – деді.

Осыдан бір апта өткен соң, Д.Досжанға тағы да бір кешірім хаты жарияланды. «Мұсылман қауымға ғарызда» («Қазақ әдебиеті». 13.10.2006) ол өзінің қателігін толық мойындайтынын айтып, бүкіл мұсылман қауымнан кешірім сұрайды. 6 пункттен тұратын Алла-Тағаладан кешірім сұраған хатта мынадай жолдар бар: «Хазіреті Айша анамызға жала жапқанымды мойындаймын»; «Аталмыш кітаптың жалаға толы беттерін түгел жойғызып, ҚМДБ-ның құзырына мәлімдеймін»; «Бұдан кейінгі өмірімде ислам дінінің құндылықтарымен салыспайтынымды, қалған ғұмырымды бүгінге дейін жіберген қателіктерімнің орнын толтыратын қайырлы да сауапты амалдар жасаумен өткізетінімді жария етемін!»

Баспасөз бетінде аяусыз сынға ұшыраған Д.Досжан осы мәселеге қатысты үшінші мақаласын – «Ғұмырымды сауапты амалдар жасаумен өткіземінді» («Қазақ әдебиеті», 20.10.2006) жазды. Мұнда да ол өзінің үлкен қателік жасағанын, оны мойындайтынын айта келіп, М.Мағауиннің өзіне телефондап, арада ымыра болғанын, сол келісім бойынша бар жауапкершілікті өз мойнына алғанын, бірақ кейіннен Мұхтардың уәдеде тұрмай, «Ғайбат пен былық» («Қазақ

әдебиеті», 06.10.2006) мақаласын жазып, оны 6 бірдей газетте жариялағанын жұртшылыққа хабарлапты.

Осы мәселеге орай республикалық «Қазақ әдебиеті» (13.10.2006), «Жас алаш» (12.10.2006) газеттерінде ҚМДБ-ның төрағасы, бас муфти Ә.Дербісәлінің «Дүкенбай бауырымыздың қателігі өзгелерге ғибрат болса екен дейміз» атты үндеу хаты жарық көрді. Онда Д.Досжанның «Жан тәтті» кітабында Мұхаммед пайғамбардың жұбайы Айша анамызға білместікпен тұрпайы жала жапқаны, осыған байланысты кешірім сұрағаны айтыла келе, қазақ мұсылман қауымының арасына жік түспеуі үшін қаламгерді кешіріп, дауға нүкте қоюға шақырды.

Бас муфтидің төрелігінен кейін Д.Досжанға қатысты дау-дамай басылғандай болды. Бірақ та рухани өмірдегі, оның ішінде әдебиеттегі ислам тақырыбы өрістей берді. Мысалы, Н.Нұрғазина жазушы Д.Исабековтің «Діннің өзгеруі мүмкін, мәдениет өзгермесін» («50 де 50», 13.10.2006) деген пікіріне дау айтты («Қазақ әдебиеті», 20.10.2006). Ішінде Қ.Білал, Ж.Шойынбет сияқты әдебиетшілер бар 12 адам қол қойып, Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғайдың «Тәңірі таразысы» кітабына кірген «Аруақ қашты біздерден» деген өлеңінде аллаға, ислам дініне қарсы айтылған пікірлерді сынап, жұртшылыққа жария етіпті («Қазақ әдебиеті», 20.10.2006).

2007 жылы қаңтар айының 25-і күні орыс тілінде шығатын «Свобода слова» газетінде Ербол Құрманбаевтың «Қарасай батыр – қазақтың Илья Муромеці» атты мақаласы жарық көрді. Мақалада Қарасай батыр деген өмірде болмаған, ол – аңыз, Қарасай батыр туралы аңыздың негізі 1993 жылы жарық көрген Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме дейін» кітабында қаланған деген пікір айтумен бірге Жамбылдың да үлкен ақын болғандығына күмән келтірді. Демократияға, сөз бостандығына арқа сүйей отырып жазылған мақалаға орай түрліше пікірлер бой көрсетті. Т.Аязбаев мұны «Жамбылға жабылған жала, яки «мен не деймін, домбырам не дейдінің» кері» («Қазақ әдебиеті», 09.03.2007) – деп бағалады. Төлеуханның мақаласына қарсы өз пікірін дәлелдеп, Е.Құрманбаев тағы да мақала жазды (Ұлылығы үшін кінәлі емес. «Қазақ әдебиеті», 14.04.2007).

Е.Құрманбаевтың Жамбыл туралы айтқан пікірімен келіспейтін Б.Әшірбаевтың «Жамбыл туралы ақиқат пен аңыз, немесе әркім өзінің ақыл-ойы жеткен жеріне дейін әділетті болады» («Қазақ әдебиеті», 13.04.2007) мақаласы шықты.

Қазақстан Жазушылар Одағы поэзия кеңесінің мәжілісінде осы мәселе талқыланды. Жиында сөйлеген Ә.Қайырбеков, А.Әлім, Қ.Ілиясұлы, Ш.Сариев, Қ. Құныпия, С.Иманасов, Ғ.Жайлыбай, Р.Ниязбек, Ж.Аманұлы, О.Асқар, Т.Молдағалиев, К.Ахметова сөз сөйлеп, бірауыздан бұл мақаланы қағаң айыптап, халқымыздың ұлы тұлғаларына негізсіз тиіскен жосықсыз әрекет деп бағалады. Е.Құрманбаев осы жиында айтылған әр пікірге нақтылы жауаптар бере отырып, өз пікірін нығарлай түсетін тағы да бірсыпыра қосымша мағлұматтар ұсынды («Свобода слова», 29.03.2007).

Е.Құрманбаевтың пікірін қолдаған С.Әсіптің (Недостаточный иск. «Свобода слова», 14.06.2007), Касинаның (За правдивого Джамбула. «Свобода слова», 14.06.2007), Я.Упоровтың (За правдивого Джамбула. «Свобода слова», 14.06.2007), А.Әлімқұловтың (Рассказ очевидца. «Свобода слова», 14.06.2007), М.Әленовтің (Лучше о предках спорить не в суде. «Свобода слова», 05.07.2007). т.б. мақалалары, композитор Е.Брусилковскийдің «Нағыз Жамбыл 1936 жылдан басталады» деп пікір айтқан ақын туралы естелігі (Брусилковский – О Джамбуле. «Свобода слова», 05.07.2007) жарық көрді.

Жамбыл туралы пікірталас бір мәмілеге келе алмай, ақыр соңында сотқа кетті. Қарасай батыр мен Жамбыл ақынның ұрпақтары Ж.Жамбылов, А.Жамбылов, Қ.Әбдіқалықов мақала авторы журналист Ербол Құрманбаев пен оны жариялаған «Свобода слова» газетін сотқа беріп, келтірген «ауыр моральдық шығын» үшін 800 миллион теңге талап етті. Іс сотқа кетсе де жауапкер Е.Құрманбаев «бәрінен де шындық қымбат» деп, өзінің жеңіп шығатындығына сенімділігін байқатқан мақалалар жазуын тоқтатпады (Джамбул святой? Но, истина дороже. «Свобода слова», 14.06.2007)...

2007 жылы аталып өткен қазақтың біртуар жазушысы М.Әуезовтің 110 жылдығына байланысты, баспасөз бетінде бірсыпыра мақалалар жарияланып, ғылыми конференциялар өтті. Осы айтулы датаға орай Николай Анастасьевтің Мәскеудегі «Молодая гвардия» баспасынан «Тамаша адамдар» сериясымен «Мұхтар Әуезов» (2006) деген ғұмырнамалық кітабы жарық көріп, әдебиетсүйер қауымның жылы лебізіне ие болды. Ғалым Т.Жұртбай осы кітапқа байланысты көңілге кірбің ұялатар түйткіл ойын бүкпесіз жайып салыпты. Автор

А.Анастасьевтің бұл еңбегінің шығуын «қуанышты іс» санап отырғанымен де «сол кітаптың 27 жерінде мазмұндалған, 13 жерінде жолма-жол тәржімаланған өз сөзімді көргенде де сабыр еттім. Ал ең соңында пайдаланған әдебиеттердің тізімінен, не сілтемеден өз атымды көрмегенде, қорланып-ақ кеттім» (Жаңа төралқаға түйметағар, немесе сілтемесіз сілтемендер, ағайын! «Қазақ әдебиеті», 22.06.2007) – деген ренішін де жасырмапты. Тұрсын Қазақстан Жазушылар Одағында «Жазушының жеке басы мен авторлық құқық қорғайтын комиссия құру» мәселесін көтереді.

Б.Серікбайұлы Қошым-Ноғай өзінің «Тіл ұшындағы тарих» атты еңбегін түкке алғысыз еткен Б.Тәжиевтің «Құмға түскен ізінде» («Жұлдыз», 2003, №10) айтылған пікірлермен келісе бермейтіндігін білдіріп, «Ақын жүрегін жаралау – оңайдың оңайы» («Жұлдыз», 2004, №4) атты мақаласын жариялады. Автор өзіне қойылған «Бәрі де бұрыннан таныс, ана кітап, мына мақаладан көшіріліп алынған» деген кінәға «Мен «Тіл ұшындағы тарих» атты кітабымда ештеңені де «ана кітап, мына мақаладан» көшіріп алған жоқпын» – деп, жауап берген және де осынысын дәлелдеп көрсетуге тырысқан.

Байботаның «Ал бұл кімнің батпағы» («Алтын Орда». 24–30.11.2006) мақаласы кезінде «Байботаның батпағы» деген сын мақала жазған Б.Алдамжаровқа жауап түрінде жазылған. Ол өзіне айтылған сындардың барлығын жоққа шығарып, Бегділданы жалақор деп айыптайды.

Осы сияқты Т.Бейісқұловтың «Сыпыра сынау ма, сес көрсету ме?» («Қазақ әдебиеті», 23.07.2005), Н.Шәкеевтің «Шындықтың бетін шимайлауға бола ма?» («Қазақ әдебиеті», 02.03.2007) тақырыбындағы қарсы мақалалары жарық көрді. Мұның алғашқысында А.Брагиннің «А король-то голый» («Сөз», 20.01.2005) атты мақаласында қазақ зиялылары, оның көрнекті өкілдері хақында айтқан пікірлерінен «ішін мысық тырнап жатқан кесірлі пиғылды, менмендік білгіштік сыңайды» байқап, қатты сынға алса, Н.Шәкеев жазушы Қ.Токмырзалының «Жазушылар Одағында тыныштық па?» («Қазақ әдебиеті», 22.12.2006) – деп, мазасыздық білдірген ойларына шүйілген.

Бұл кездегі әдеби сынның бір ерекшелігі сыналмаған, атына артық-кем сын айтылмаған белгілі қаламгер қалмады десе де болғандай. Бұрынғыларды былай қойғанда, Ә.Нұрпейісовтен бастап, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Қ.Жүмәділовтердің барлығы да сынның ащы дәмін татып жатты. Өз жазушысын көтермелеу, өзгені тұқырта түсу сияқты келеңсіз құбылыстар да орын алды. Сондай бір келеңсіздік Әбіш Кекілбаевтың төңірегінде өрбіді.

Әсіресе, тарихи тақырыптарға қатысты туындылары арқылы қазақ әдебиетінен өзіне тиесілі биік орнын алған Ә.Кекілбаевтың шығармашылығы хақында «Жас алаш» (29.1, 3.2.2004), «Жұлдыз» (2003, №9). «Алтын Орда» (2004), т.б. басылымдарда қатты сыни пікірлер айтылды. Осыған орай Әбішті қолдап, сынағандарға қарсы дау айтқан М.Болатовтың «Кие мен күйе» («Үш қиян», 11.03.2004; «Жұлдыз», 2004, №4), Д.Әріповтің «Орынсыз «сынға» орынды жауап» (08.04.2004) мақалалары жарық көрді. Бұларда қызды-қыздымен артықтау кеткен жерлері де болды. Екі автордың дара стильді суреткер ретінде атақ-даңқы жер дүниеге кеткен Ә.Кекілбаев, «Аты мәңгілікке кететін Әбіштей алып біздің қорғауымызға зәру болмас!»», «Әбіштің жазушылық құдіретіне көлеңке түсіргісі келгендерге құлаққағыс: бұрынғы-соңғы қазақтың өлеңінде – Абай! Жазушылығында – Әбіш! Біріншілік осы екеуінде ғана!» деген сияқты көтеріңкі пікірлеріне қарсы Д.Нұрмұхамет «Кімнің «мәңгілік», кімнің әңгүдік екенін бір алла біледі» («Азат», 12.05.2004) деген мақала жазды.

Екі мыңыншы жылдардың бас кезінде жарық көрген Қадыр Мырзалиевтің «Жазмыш» (А., 2001), «Иірім» (А., 2004) кітаптары оқырмандар арасында әртүрлі пікірлер туғызды. Алдымен «Жас алаш» газетінде жариялана бастаған естеліктердегі қазақтың көрнекті қалам қайраткерлері, өнер иелері жайлы боямасыз, ащылау жазылған жағдайларды түсінгендер де, қабылдамағандар да болды. Осы газетте жарияланған Әлия Бейсенованың мақаласында «Иірімді» «елдің өсегіне сүйеніп жазылған», «ойға сыймайды» деп сыналды. Ал М.Мағауин «Өтірік қостым ішіне...», яғни, Қадыр Мырза Әли кейіптеген Ілияс Есенберлин» («Жұлдыз», 2004, №6) деген атпен көлемді мақала жазды.

Мұхтардың мақаласы хат түрінде жазылып, «Құрметті Қадыр!» деп, басталған. Автор «Жазмышты» «мұнда ешқандай жазмыш жоқ, арғы-бергі, әрқилы халық ортасынан шыққан жазармандар туралы деректі-дерексіз, өтірік-шынды, дүмбілез-күмәнді, өсек-аянды, қайткенде де өзі де қалам ұстаған азаматтың тергіштеп жинақтауы қолайсыз, әнтек, шетін жағдайлар жиынтығы ғана... Жалғыз-ақ қорытынды – бұрын-соңғы ақын, жазушы атаулы түгел азған,

тозған жұрт екен-ау деген түніліс емес, жиреніш қана» – деп, бағалаған. Әсіресе, «қазақ халқының ұлттық рухының бірден-бір айқын көрінісі, әлемдік деңгейдегі әулие Абай есіміне көлеңке түсірмек былғаныш әрекетіңді қалай бағалау керек?.. Өнері ғана емес, өмірі де мәңгілік үлгі, адамдық пен адалдықтан ғана жаралған, мінезі кесек, болмысы мінсіз ұлы Абайға соншама күйе жағып отырып, артың қуыс, «Жазмыш» деген дерексіз, жалғыз сөзбен құтылып кеткің келеді» – деп, Қадырдың Абай туралы «арағыңды да ішкен», «наша тартса, қайтіп кінә тағасың?» – дегенін «жалалы өтірік» санайды. Осындай жолдарды жазып отырған авторға «Сонда сенің осыншама имансыздығың да «жазмыш» па?» – деп, қатты кетеді.

«Іірім» туралы «Кітаптың жалпы құрылымы туралы айтар болсақ, мұнда не хронологиялық, не тақырыптық жүйе жоқ, әлденендей композициялық желі де байқалмайды, әйтеуір мыйдай араласып жатқан қойыртпақ» – деген.

Мұхтар «Іірімді» осылай бағалап алған соң, ондағы жәйттерді санамалап жатпай, бірден тек І.Есенберлин туралы айтқандарына шүйіледі. Ілияс туралы кітаптың 9 жерінде айтылғандарды түгелдей үзінді ретінде келтіре отырып, осыларда артық-кем санайтын тұстарын нақтылы дәлелдермен теріске шығарады. Қадырға «ең басты қателігің – Ілияс Есенберлин туралы айтылған мынау тоғыз бөлек әңгімен – түгел өтірік. Жай ғана емес, бықсыған өсек емес, көпе-көрнеу жала. Түгел ойдан шығарылған. Бұрмаланған, әсіреленген, теріп алынған емес, бастан-аяқ дүмше қиялдан туған қисынсыз өтірік» – дейді.

М.Мағауин Қадырдың І.Есенберлин туралы жазғандарына тым қатал баға берген: «Ал енді, І.Есенберлин турасындағы мына, жеке өзіңе ғана тиесілі жазбаларың баяғыдан он, жүз есе артық күнә. Адам алдындағы ғана емес, әдебиет алдындағы, қазақ халқының ХХ ғасырдағы рухани тарихы алдындағы. Сыпайылап айтқанда, елден ұят болды... Бүлінген істі түзеуге болады. Ол үшін басқасын көре жатарсың, дәл осы «естеліктің» Ілияс Есенберлинге қатысты баптарын кері айналдырып, қайта жаз. Қайыра қапсырып, жаңадан жазарда мынау қазақ деген халқыңнан, Ілекеңнің кім екенін білетін қаламгер қауымнан кешірім, ең бастысы – ардагер ақсақалдың өшпес рухынан кешу сұрап, жаздым-жанылдым мақала шығар... Өйткені, сенің кітабыңда... бәрі былғып, бәрі былғанып жатыр!».

Өзіне айтылған ауыр айыптарға Қадырдың жауаптары «Әулие Есенберлиннің адами Есенберлинімді айырбастағым келмейді» («Жас алаш», 19.08.2004) деген тақырыппен жарық көрді. Бірден аңғарылатын нәрсе: Қадыр өзіне тағылған кінәлардың бірде-бірін мойындамайды, сондықтан кешірім сұрамайды; өз пікірлерінде қалатындығын дәлелдейді. Тіпті М.Мағауиннің айтқандарын терістеп, оған қарсы «шабуылға» шыққан.

Қадыр да мақаласын «Құрметті Мұхтар!» – деп бастап, бірден «Сен маған өмір бойы өкпе артумен келесің. Қит етсең болды, себепсізден-себепсіз кінә тағасың» – деп, мәселеге тура кіріскен.

М.Мағауиннің қойған негізгі кінәсі І.Есенберлинге қатысты болса, Қадыр оған «Ілияс Есенберлин туралы менің пікірлерімнің қалыптасуына ақиқат қана себепкер. Өзің айтқандай, мен ол кісіден ешқандай зиян көрген жоқпын. Бірақ солай екен деп, шындықты қалай айтпай, қалай жазбай тұра аламыз?.. Замандас әріптестерімнің шынайы портретін жасау – негізгі мақсатым. Біржақты болмау, сыңаржақ болмау – принципім. Сөйте тұра көргенімді көрмеген болып, естігенімді естімеген болып, қалай жәдігөйлік істей аламын?! Қалай қабылдасам, солай суреттедім... Мен шындықтан жалтармайтын, сыннан қорқа қоймайтын қазақпын. Тек, дұрысын айт. Ал Сен бұрмалайсың» – дей келіп, «Менің Есенберлинге байланысты қаламынан шыққан әр сөз, әр сөйлем – жүз пайыз ақиқат. Тұнып тұрған шындық. Бұл үзінділердің растығына Құран ұстап тұрып ант-су іше аламын!» – деп, жауап берген. Бұл сөздердің шынайылығына сенгіңіз келеді. Сонда оқырман І.Есенберлин туралы айтылған Мұхтар мен Қадыр пікірлерінің қайсысын қабылдайды? Екеуі де мен ғана шындықты айтып отырмын деп, айтқандарынан қайтпайды. Бұл жердегі шындық осы екі пікірдің арасында жатса керек. М.Мағауин І.Есенберлинді пір тұтса, Қ.Мырза-Әлі қарапайым, жұмыр басты пенденің бірі ретінде қабылдайды. Бұл турасында Қадыр «Ал, сен ол кісіні пайғамбар тұтады екенсің – тұт! Әулие көреді екенсің – көр! Солай жаз!.. Саған да, маған да өз Есенберлинімізбен қалған дұрыс шығар. Сенің әулие Есенберлиннің мен өзімнің адами Есенберлинімді айырбастағым келмейді» – депті.

М.Мағауиннің мақаласы бастан-аяқ қатқыл тонмен, Қадырды «имансыз» атап, тұқыртумен жазылса, Қ.Мырза Әлі де «есесін» жібермейді. І.Есенберлинге қатысты жауабын беріп алған соң, енді оның өзінің жеке басына тиіседі. «Жұлдыз» журналына редактор бола отырып,

қазақ әдебиеті үшін ештеңе тындырған жоқсың, «тапқаның – жалғыз Бекділда! Оның өзі жаңа дарын емес, «Жұлдыздың» босағасында жүрген әдеби бомж» – дейді.

«Жас алаштың» тұтас бір бетін алған «Қарсы мақаланың» жартысы М.Мағауиннің жеке бас кемшіліктерін қазбалауға арналған. Сөйтіп, сен біреуге ақыл айтпақ түгілі, өз жөніңді жөндеп ал дегенді аңғартқан. Сөздің салмағын сезе білетін Қадыр да Мұхтар хақында айтқанда, аянып қалмаған; қызды-қыздымен қызыл тілді еркіне жіберіп, жіберіп алады: «Ал сен не істедің? ... сен қара бастың қамымен кеттің. Сенің негізгі творчествоң – жұртпен, өзің жек көретін адамдармен есеп айырысуға арналды.

Сенің журналың, өзің ұсақ-түйекті (рушылдықты, жүзілдікті) қоздырғанша, ұлтқа қадау-қадау мәселелерді неге көтермейді?.. Айтайын дегенім, ұсақ-түйекті тергіштеп, өсектің отын кесегенше, қазаққа ортақ әңгімені неге айтпаймыз?.. Уақыттың бәрін ұзыннан – өш, қысқадан кек алуға жібергенше. журналыңды тірілтуді ойламайсың ба?.. Сен «Жұлдыз» журналын және өз қолыңдағы абырой-билікті сол жалпақ табан техникаға айналдырып, асфальтты емес, әріптестеріңді таптадың. Өйткені, сенің қауіпін – дарынды тұлғалар! Сенің ішің – өте тар. Біреудің табысына ағынан жарылып, бір қуанғаныңды көргем жоқ! Керісінше, жақсы нәрсе байқап қалсаң, өргеніп кете жаздайсың!» Осы пікіріне дәлел ретінде М.Мағауиннің А.Сейдімбек, Қ.Салғарин, М.Шаханов сияқты қаламгерлердің шығармашылықтары хақында айтқан сыни пікірлерін алға тартқан.

Қыза-қыза келе Қадыр тізгінді мүлдем еркіне жібереді; «Мұхтар! Сен болмысыңмен диктат жігітсің. Өте өзімшілсің! Мен – сөздің жақсы мағынасында кешірімпаз адаммын. Өз болмысыңа байланысты кесіп-пішесің, жұрттың бәрін менің көзіммен көріп, менің құлағыммен естіп, менің ақылыммен қорытынды жасасын деп, талап етесің. Сонда маған көз бен құлақты және ақылды Құдай не үшін берді? Екінші Мағауин болу үшін бе? Жоқ, бауырым! Екінші Мағауинді айтамыз, екінші Абай да болғым келмейді. Өйткені, екінші болу деген қайталау, көшірме болу деген сөз. Сондықтан не болса да, өзім боп қалғаным абзал.

Қашан да екпіні қатты, мысы басып тұратын М.Мағауинді осылайша тұқыртып алған соң барып «Әйтсе де бұл мәселеге үлкен кісілік, байсалды парасатпен қарайтын болсақ, біз екеуіміз жағаласа кететін ештеңе жоқ... Алды-артымызға көз жүгіртіп, ойланайық. Ашу – дұшпан. ақыл – дос... Қай кезде сырласқың келсе, мен сол кезге дайынмын. Бір ғана тілегім – тырнақ астынан кір іздеп керегі не? ... мен – сенің дұшпаның емеспін... Артық кеткендері болса, өзіме қайыра сал. Мен оларды ақылдың алауына лақтырып, өртеп жіберемін» – деп, өзін де, қарсыласын да сабырға шақырып, арада болған іске өкініш білдіргендей күй танытады.

Қазақ әдебиетінің көшбасшыларының, ақсақалдарының біріне айналған М.Мағауин мен Қ.Мырза Әлінің І.Есенберлин туралы пікірталасы туралы осылайша бірін-бірі мұқатуға, жеке басқа тиісушілікке дейін барып, дөрекілік сипат алды. Кемшіліксіз адам болмайды. Оны сынау да керек шығар. Әсіресе, не айтар екен деп, халық аузына қараған қалам қайраткерлерінің, зиялы қауым өкілдерінің кемшіліктерді ортаға салып, сынап жатса, мұның пайдадан басқа зияны жоқ. Бар мәселе – сол кемшіліктерді тігісін жатқызып, келістіріп айта білуде жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, біз әдейі тоқталыңқыраған Мұхтар мен Қадырдың пікірталастарында айтысу мәдениеті жетісіңкіремей, онды-солды сілтенген сөзсөйылдан екі жақтың да жанын жараланып жатқаны байқалады.

Қадырдың тағы бір айтыс мақаласы – «Арка сүйер ақиқатың болмаса, айтысып керегі не?» («Жас алаш», 10.07.2004). Бұл мақала Ғаббасқа хат түрінде жазылды. Мұның алдында Ғ.Қабышұлының «Әнуардың түбіне жеткен Илияс емес» («Жас алаш», 18.03.2004) атты Қадырдың «Иірім» кітабына сын айтқан мақаласы жарық көрген болатын. Қадыр «Иірімдегі» пікірлерінен қайтпай, өз бағытын табандылықпен қорғап, дұрыс екендігін нақтылы деректермен дәлелдейді. Ол «Егер біреу-міреудің жағымсыз әрекеттері туралы біреу ауыз сөз айтса, өзің ескерткендей, көргендерді айттым» – деп, С.Әшімбаевтың М.Мақағаев туралы жазған сын мақаласы, Ә.Әлімжанов пен І.Есенберлиннің бірі Жазушылар Одағының басшысы, екіншісі орынбасары болып тұрған кездеріндегі арасындағы қызметтік қарым-қатынастары хақындағы өзі жазған жәйттерді тағы да нақтылай түскен.

«Өкінішке орай, «Иірімді» оқыған ағайындардың бәрі бірдей болмағанмен, біразы замандастарымның күнгей жақтарымен бірге көлеңкелі, күңгірт жақтарын қоса суреттесем, дұрыс түсінгілері келмейді. Кейде тіпті жек көрудің нышаны деп қалатын да сияқты... Жоқ, ағайын, мүлдем олай емес. Ақиқаттың алдында алдымен жауап бере алам. Бұл – тек объективті баяндау. Тарихтың екі басын тең ұстау...

Менің тек өзіме ғана берілген көз, тек өзіме ғана бұйырған құлақ және тек өзіме ғана лайық ақыл-парасатым бар. Сен неге олай етесің, сен неге олай көресің, сен неге олай ойлайсың деуге кімнің қандай хақы бар?! Мен өзім ұстанған позицияма сенемін, өз көзқарасыма берікімін. Біреулер қосылар, біреулер қосылмас, ол – оның шаруасы» – деп, осы кітапты жазу барысында ұстанған негізгі принциптерімен де таныстыра кеткен.

Қ.Мырза Әлінің әріптесін «кұрметті», «кұрдас» дегендей, «көпшік» қойып отырып, әзіл айтып отыруы да сәтті шыққан. «Сынау да, сыналу да – әдеби өмірде заңды құбылыс. Дұрыс болсын, бұрыс болсын, мұндай майданнан ешбір қаламгер қашып құтыла алмайды» – дей отырып, Ғаббастың өзінің де қателіктері бар екенін Сағи Жиенбаев туралы жазған естеліктерінен мысалдар келтіріп айта кетуді артық көрмейтін.

Осы мақаланың соңынан «Кұрметті Қабдеш мырзаға» хаты да қоса берілген. Мұнда «Сен менің Мұқағали туралы әңгімелеріме күдік келтіріпсің. Бекер» – дей отырып, бұған келіспейтіндігін білдіріпті. Құрдасының мұны сараң дегенін еске түсіріп, «мен қанша мақтансам да қатардағы қарапайым ғана сараңмын. Саған жету қайда! Сен суперсің!» – деп, мақтанмен бауыздағандай, әңгіменің соңын әзілге айналдырып жіберген. Мақаланың соңындағы «Сенің қай-қай жағынан да алдына жан салмайтын сегіз қырлы, бір сырлы талантыңа таң қаламын» – деген сөйлемде де құрдастықты алға тартқан мысқыл, ащы әзіл жатыр.

Қ.Мырза Әлі «Жазмыш», «Иірім» кітаптарына қатысты сыни пікірлерге берген жауаптары арқылы айтыс мақаланың нағыз шебері ретінде көрінді. Хат түрінде көркем тілмен келістіре жазылған мақалалар композициялық шебер құрылымымен, деректерді, дәлелдерді орынды қолдана білуімен, пікір дәйектілігімен, қажетті жерінде әжуа, мысқыл сияқты ирониялық, юморлық тәсілдерді оңтайлы қолдана білуімен де ерекшеленеді. Сол себепті де оқырманын жалықтырмай, жеңіл оқылып, өзіне тартып отырады.

«Иірімнің» дауы мұнымен бітпеді. Өмірдің ащы шындығының айтылуы, белгілі адамның пендешілік жағының қазбалуы, өзі көрген, араласқан жандар жайлы артық-кем айтылған объективті пікірлер осыған тікелей қатысы барлардың қарсылығын туғызуы да заңды болатын. Әсіресе, бірге жүрген замандасың туралы қара қылды қақ жарып, әділ пікір айту – қиынның қиыны. Автордың өзі жазып отырған замандасы жайында симпатиясын, не болмаса антипатиясын білдірмей, естелік жазуы мүмкін емес. Осы тұрғыдан келгенде, өзі араласқан ағалары, замандастары жайлы есте қалғандарын, ойларын ортаға, көптің көзіне жайып салған Қадырдың кейбір пікірлері оқырмандар көңілінен шықпай жатса, оған таңдануға болмайды.

«Иірімге» дау айтқан кейіпкердің бірі жазушы С. Мұратбеков болды. Сайынның «Иірім» туралы жалпы бағасы – теріс: «Жалпы естелігің туралы пікірім оң емес еді. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің іргетасын қалаған, халқымыздың тарихында айтулы іздерін қалдырған ұлы тұлғалармен қалай пікірлес, аралас-құралас болғаныңнан бастайсың да, әрқайсысының іс-әрекеттеріне, жүріс-тұрысына, айтқан сөздеріне, тірліктеріне бүгінгі тұрғыңмен бірде бойың мен ойыңды олардан биіктете тұрып сөйлеп, бірде жымысқылана күліп, өзің білмеген, көрмеген өсекті көсіле әңгімелеп, жерлегендей етіп жазуың, әрине, қанша «жолдас» болсақ та маған мүлде ұнаған жоқ еді. Әсіресе, көзі жоқ адамдар туралы «олар солай еді» деп, олардың айтқан-айтпағаны мәлімсіз пікірлерін ортаға салуың, сөйтіп оларды ұрпақ алдында кемсітуің көңілге сыймайды. «Өлген адам туралы жаман айтуға болмайды, ал жақсы сөз айтқың келмесе үндемей-ақ қой» деген қағиданы ертеден-ақ ескерткен еді... Бәріміздің де қолымызда қаламымыз бар, бәріміз де ептеп жаза білеміз. Күні ертең өлгендерімізді өстіп мұқатып, кек қайтару үшін естелік жариялай бастасақ, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің күні не болады» (Әдебиет – конвейер емес. «Жас алаш», 20.01.2005). Кітапты осылай бағалай отырып, оның өзіне қатысты кезінде «Жазушы» баспасындағы басшылық қызметі жайлы жазғандарының шындыққа сай келмейтіндігіне түсініктемелер берген.

Екі мыңыншы жылдары қазақ әдебиетінің тарихына қатысты тың деректерді игеру жалғаса түсті. Араб тілін жетік меңгерген Ә.Дербісәлиев, парсы тілінде ана тіліндей сөйлейтін И.Жеменей, «қытай» Д.Мәсімхан, М.Оразбай сынды ғалымдар қазақ әдебиеттану ғылымын тың деректермен байыта түсті. Қазақ әдебиетінің жат жұрттардың мұрағаттарында сақталынып қалған мұраларын іздеп тауып, оны ғылыми айналымға салу, сөйтіп ұлттың рухани қазынасын байыта түсу үдерісі де қатар жүріп жатты. Десек те, жананың жолы – әрдайым тайғақ. Жаңаның бірден қабылданып кетуі – қиын құбылыс.

Кегменер ақын жөніндегі зерттеулер жаңалығымен бірге шу да туғызды. Алғаш Дүкен Мәсімханның «Сарай» (А., 2001) кітабына кірген «Көне Қытай жазбаларындағы түрік ақын-

дары» (1996) атты зерттеу мақаласынан бастау алып, кейіннен өлеңдері «Екі мың жылдық дала жыры» (А., 2000) антологиясына, «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихына» (А., 2001) кірген Кегменер ақын жайлы С.Сұңғатайдың «Кан-Ман-Эр деген қандай ер?» («Қазақ әдебиеті», 22.02.2008) мақаласы жарық көрді. Осы жерде осы автордың тура осы мақаласы басқа атпен «Ақжол Қазақстан» (09.01.2004) газетінде жарық көргенін, кейіннен, бір жыл сегіз айдан соң өзгермеген қалпы «Біздің «Қытайтанушылар» ғылымды неге былғайды? Немесе, қазақ әдебиеті тарихына еніп кеткен жалған ақын туралы бір ауыз сөз» тақырыбымен «Қазақстан» (05.11.2009) газетінде тағы жарияланғанын айта кеткен жөн.

Мақала авторы осы ақынды зерттеп, өлеңдерін қазақ тіліне аударып, насихаттап жүрген Дүкен Мәсімхан мен Мұхтархан Оразбайды айыптап, мұндай ақын өмірде болмаған деген пікір айтты. Оның ойынша, «Исі түркі тарихында Кегменер Үлгеұлы деген ақын болған емес. Бұл – кезінде жүңге елінде түбі түрік деп (шындығында, көне ұйғыр деп) қолдан жасалған ақын. Қытай ғалымдары саясат үшін ойлап тапқан. Осы өтіріктің антологияға еніп кетуі – сүйекке таңба».

Сағынтай Кан-Ман-Эрдің Қытайдағы «мәдениет төңкерісі» кезінде саяси мақсатпен қолдан қалай жасалғандығы жайлы өз нұсқасын ұсынған. «Бұл ақын Қытайдағы саяси науқанның таптырмас құралы болды. Ұлттардың «тарихи ынтымақтастығын» дәріптеу, шағын ұлттарды ассимиляцияға бейімдеу, советтік шовинизмге қарсы тұрудың қаруы болғандығын» алға тартты. Дей тұрғанымен де «Тарихқа жүгінсек, ерте және орта ғасырларда Қытайға қоныс аударып барған, қытай тілінде шығарма жазған түркі ғұламалары мен ақындары көп болған» дегенді де ескерте кеткен.

С.Сұңғатай айтқан пікірлердің жаңсақтығын дәлелдеген Дүкен Мәсімханұлының «Кан-Ман-Эр» деген қарлұқ ақыны Кегменер» («Қазақ әдебиеті», 14.03.2008) атты қарсы мақаласы жарық көрді. Дүкен «Қысқасы бір ақиқат бар, ол – Кегменер атты түркі тайпасынан шыққан, шығармаларын қытай тілінде жазған ақын тарихта болған. Оған дәлел – оның артында қалған, бізге жетіп отырған өлеңдері» – екендігін шегелей айтқан. Ол Сағынтайдың Кегменер туралы жазғандарының негізсіз екендігіне өз деректерін ұсына отырып, «олай болса, онсыз да әр істе мың өлшеп, бір кесетін қытайларды бір жақтағы түркі халықтарына «ойдан ойдырып, ақын жасап берді» дегенді қандай қисынға сиғызамыз» – дейді. Сөйтіп әріптесінің пікірлерін ғылыми негізсіз, ойдан шығарылған, сын көтермейді деп, түгелімен теріске шығарған.

Мұхтархан Оразбайдың Қытайдың классик ақыны Ли Бао хақындағы мақаласының «Қазақ әдебиеті» газетінің 2007 жылғы 13–19 және 20–26 сәуірдегі нөмірлерінде жарық көруі оқырман ойын селт еткізіп, қоғамдық пікір туғызған елеулі оқиға болды. Мұхтархан қытай ғалымдарының зерттеулеріне, ақынның өлеңдеріне сүйене отырып, батыл пікір айтады. Оның ойынша, Елдібай (Ли Бао) түрік текті ақын, ақынның туған жері – Қазақстан, ежелгі Шу қаласы, сондықтан да бұдан мың үш жүз жыл бұрын жасап, артына өшпес мұра қалдырып, Қытай, одан қалды, әлем әдебиетінің классигі атанған Елдібайдың қазаққа да қатысы бар, сол себепті де ұлы ақынның шығармаларын қазақ әдебиетінің тарихы ауқымында зерттеп, қазақ тіліне аударып, бүгінгі оқырманның рухани мұрасына айналдыру – перзенттік парызымыз.

М.Оразбай «Елібай – тарихта қытайша жыр жазған қазақ ақыны. Біздің ертедегі тарихи ұлы жерлестеріміздің бірі. Елі Жамбыл облысындағы Шу өзенінің бойындағы Щуе қаласы деп айтылады...

Елібай – өз өмірінде тоғыз мың өлең жазған күдіретті ақын... Қазіргі күнге ақынның жиырма бес томдық қытай тіліндегі жыр жинағы қолымызға тиіп отыр...

Елібай шамамен 701 жылы туылып, 762 жылы қайтыс болады («Қазақ әдебиеті», 13.04.2007) – дей келіп, оның ақындық болмысымен қазақ оқырманын алғаш рет таныстырды. Өлеңдерін талдай отырып, ондағы далалық, түркілік, қазақтық сарындарға назар аударады. Ақын поэзиясының негізі туған жерге, елге деген сағыныштан, адамзаттық асыл идеалдарды жырлаудан тұратындығын дәлелдейді. Сөйтіп, ерекше дарынымен, өлмес туындыларымен қытай әдебиетінің классигі. «жыр періштесі» атанған ақынды қазақ еліне алып келді.

Мұхтарханның осы мақаласы «Егемен Қазақстан» (Қытайды қайран қалдырған қандасымыз Елібай ақын туралы не білеміз. «Егемен Қазақстан», 05.02.2008) газетінде де жарияланып, 2008 жылы оның «Елімен қауышқан Елібай ақын» атты кітабына кірді. Осы кітапта Елібайдың (Ли-Бо) өлеңдері алғаш рет қазақ тілінде сөйледі.

М.Оразбайдың мақаласын оқыған халық жазушысы Шерхан Мұртаза «көне заманда өмір сүріп, қытай классиктерінің қатарында жүрген қандас бабамыздың өлеңдерін өз ұрпақтары қазақша оқыса, Құдай тілекті бергені емес пе? Білсін, әлем, қазақ тілінің ұлылары қайда жатқанын» («Егемен Қазақстан», 06.02.2008) – деген лебіз білдірді.

«Егемен Қазақстан» (07.10–11.04.2009) газетінде С.Абдрахмановтың «Жыр жұлдызы» атты көлемді зерттеу мақаласы шықты. Сауытбек Ли Бо мұрасының зерттелуі, оның әлемдік әдебиетте бағалануы, поэзиясының сыр сипаты жайлы айта келіп, «Мұндай тұлғаларды біз қазаққа атымен қатысы болмаса білуге, бағалауға тиіспіз. ... оның Олжас Сүлейменов сөзімен айтқанда, «Тағдырдың талайымен ұлы Қытай ақынына айналған түркі жұртының перзенті» екенін дәлелдеуге бір қадам болса жасауға әрекет еттік» – депті.

Ө.Күмісбаев (Үшпаққа шыққан ақын. «Егемен Қазақстан», 08.05.2009), С.Досанов (Еңбекті бағалау елдікке сын. «Егемен Қазақстан», 01.08.2009) Елібай жайлы жазылған зерттеулерді қолдай отырып, «Ұлыларымызды түгендеу ұлтты ұлылыққа бастайтын алтын баспалдақ болғай» дегендей тілектестік білдірді. Сенатор Ө.Бәйгелді де («Қазақстан», 02.04.2009) Елібайды зерттеуге кіріскенін мәлімдеді.

Осылайша қазақ еліне бет бұрған Елібайды қабылдағандар да болды. «Алты алаш» (03.07.2009) газеті «Қайдағы қазақ ол 701–762 жылдары өмір сүретін? ... бас ақынымыз Қытайды таң қалдырған екен деп, бүгінгі қазақтың арты жыртылуы керек пе?.. Бас ақының қытай болса, жетіскен екенсің, қазағым» – деп, күмән келтірді.

Белгілі қытайтанушы, тарих ғылымының докторы Клара Хафизова «Қазір біздегі Ли Бай туралы айтылып жатқанның бәрі – көзбояушылық!.. Ли Бай қазақ, не түрік болса, сірә да жақсы. Алайда оның хан екені тайға таңба басқандай анық қой» («Алаш айнасы», 16.09.2009) – деді.

Тарих ғылымының кандидаты Әлімғазы Дәулетханның «Қазақстан» (01.10.2009) газетінде «Пікіргалас» айдарымен берілген «Тарих түйінін сізше тарқтау күнә» деген тақырыппен жарияланған сенатор Өмірбек Бәйгелді мырзаға ашық хаты отқа май құйып жібергендей болды. Әлімғазы Ө.Бәйгелдінің «Қазақстан» газетінің тілшісі Сәуле Қабанбайға берген сұхбатындағы Елібайға қатысты айтқан пікірлерін түгелдей жоққа шығарады. «Құрметті Өмірбек Бәйгелді мырза» деп, сөз бастаған ол алдымен, «тарихи сауатыңыздың соншама шалалығы мен баландығына көзім жеткен соң», «сіз осы аралықта тіпті шектен шығып, өзіңіз шатаسقаныңызбен қоймай, тарихи санасы мен білім-білігі жаңа ғана қалыптасып келе жатқан жас ұрпақ пен қарапайым қазақты да шатастыратын ақпараттық әуейілікке ұрынған үстіне ұрынып кеттіңіз» – деп, қатқыл үнмен әріптесінің мысын басып, содан кейін барып, өз ойларын дәлелдеуге кіріседі. Автор: «Қырғыздарға тиісіп нең бар еді?», «Абайды қойып, Абылайдан да безейін дедіңіз бе?», «Ех, Александр, Александр», «Қай қырғынды айтып отырсыз, сенатор мырза?», «Қиялдаудың да шегі болатын еді», «Ештен кеш жақсы» деген, ойланыңыз, сенатор мырза» деген тараушаларға бөліп, нақтылап айтыпты.

Ө.Дәулетхан түрлі тарихи деректерге сүйене отырып, «Ли Бай ақынды еш жерде де, уақытта да қытайлар өз халқының ұрпағы емес деп айтқан да, жазған да емес. Ал туылған жері туралы өткен ғасырдың екінші ширегінде, әсіресе, 60–70 жылдардағы коммунистік авантюра құтырынған кезеңде партиялық әрі ұлы хандық шовинистік идеология қажеті үшін Орталық Азияға, Шу өңіріне қарай бейімдейтін зерттеушілер бой көтергені болмаса, Қытайдың Ли Бай зерттеушілері ақын Таң патшалығына қарасты Шу өлкесінің Шаңмин өңіріндегі Шинман қыстағының адамы, жанама аты Тай Бай, лақабы «Шинлиандық кісі» деп жазудан еш жазылған емес» («Қазақстан», 01.10.2009) – деген қорытынды жасайды.

«Ақиқат пен аңыз» («Қазақстан», 15.10.2009) мақаласында бұл мәселені кеңінен қопарды. Ол Д.Мәсімхан мен М.Оразбайдың Кан-Ман-Эрдан бастап, Ли Бай туралы да айтылып келе жатқан пікірлерінің негізсіз екендігін Қытай тарихының деректеріне сүйене отырып дәйектейді. Өзінің бұрынғы айтқандарын кеңейтіп, тереңдете түскен. Мұны «бос әурешілік, тіпті халықты арандатып, адастыруға бастайтын жат қылық», «еліміздің тәуелсіздігі мен аумақтың тұтастығына қатер төндіретін, қазақ-қытай қарым-қатынасына сызат түсіретін әрекет» санайды. Ли Бай турасындағы «сенатор Өмірбек Бәйгелді мырза мен доктор Сауытбек Абдрахмановтың және Мұхтархан Оразбайдың айтқандары – құр далбаса» («Қазақстан», 15.10.2009) – дейді.

«Жас алаш» (03.12.2009) газетінің тілшісі Әмірхан Мендекеге берген сұхбатында Ө.Дәулетхан бұл мәселені «Жалған тарих жасау – жалған ақша жасағанмен бірдей сорақы қылмыс» сана-

ды. Сұхбатқа редакция атынан жасалған қорытындыда «Естуімізше, М.Оразбайдың сөзіне сенген бір топ қазақ азаматтары Ли Бай ақынға Таразда ескерткіш орнатып, көп сериялы фильм түсірмек көрінеді. Көршілес елдерге, қала берді күллі әлемге маскара болмас үшін бұл дау-дамайға нүкте қоюымыз керек-ақ сияқты. Аскынбай, ушықпай тұрғанда!» – деген ескерту бар.

Елібай (Ли Бай) «мәселесін» көп жазған «Қазақстан» газеті болды. Басылым бетінде Ә.Дайырбаевтың «Либай – қазақ емес!» («Қазақстан», 12.11.2009), Т.Омарбектің «Жалған ғалымның жетегінде кетпейік» («Қазақстан», 2009), И.Қошқаридың «Үй артында кісі бар» («Қазақстан», 21.01.2010), Б.Шыңғыстың «Жойқын шабуыл басталар» («Қазақстан», 08.10.2009), К.Жұмағұлдың «Шопан қой бағып, ғылыммен ғалым шұғылдану керек» («Қазақстан», 08.10.2009) мақалалары, К.Хафизованың «Біздің елде Қытайтанумен көбіне Қытайды білмейтін адамдар айналысады» («Қазақстан», 08.10.2009) сұхбаты, т.б. жарық көрді. Осы мәселеге орай «Абай.кз» интернет газеті Ли Байды қазақ әдебиетіне қатысы бар деген пікір білдірген М.Оразбай, Ө.Бәйгелді, С.Абдрахмановтарды айыптап, Ә.Дәулетханды қолдаған 22 адамның пікірлерін жариялады.

Осындай қарсылықтарға қарамастан Ли Байдың өлеңдерін қазақ оқырмандары оқи бастады. Алдымен Мұхтархан Оразбайдың «Елімен қауышқан Елібай ақын» (Алматы, 2008), сосын «Елібай. Ли Бай. Ли Бо» (Алматы, 2009) кітаптары жарық көрді. Бұларда М.Оразбай мен С.Абдрахмановтың Ли Бай туралы зерттеулерімен бірге ақынның қазақ тіліне аударылған өлеңдері мольнан берілді. Соңғы кітаптың таныстырылымында ақын туралы түсірілген құжатты фильм көрсетілді. Сөйтіп қытай әдебиетінің, әлемдік әдебиеттің классигі Ли Бай түрік тектес ақын ретінде Елібай деген атпен қазақ тілінде сөйлеп, қазақ даласына қарай жол тартты. Оның тегі қытай ма, түркі ме – оны алдағы уақыттар анықтай жатар, белгілісі – қазақ оқырманы әлемдік әдебиеттің тағы бір өкілі Ли Бай – Елібай ақынның өлмес өлеңдерімен танысып, рухани сусындай бастады.

Екі мыңыншы жылдардағы елеулі бір пікірталас атақты Сегіз сері хақында болды. Ол жөнінде осы уақытқа дейін 252 мақала, 43 кітап жарық көріпті. Сегіз сері хақындағы зерттеулер 1970 жылдардан бастап көріне бастады. Осы кездерде серінің өмірбаянын, шығармашылығын зерттеген тарихшы И.Кенжалиевтің бірнеше мақалалары жарық көрді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Сегіз сері жайлы зерттеулер қанат жайып, түрліше пікірлер бой көрсетті. Сегіз сері туралы пікірталастың өрши түсуіне 18 жылдан соң И.Кенжалиевтің бұрынғы айтқан пікірлерінен өзгеше – серінің өмірде болғанына, оның шығармашылығына күмән келтірген «Сегіз сері деген кім?» атты мақаласының «Жалын» журналында жариялануы себеп болды. Сөйтіп 2006 жылы Сегіз сері туралы пікірталас бұрқ ете қалды.

И.Кенжалиевтің жаңа пікіріне алғаш дау айтқан Д.Кәпұлы болды. Дәулеткерей Сегіз сері жайлы жазылған зерттеулерді, түрлі деректерді алға тарта отырып, оның өмірде болғанына, өлмес туындылар туғызғанына күмән келтірмейді. «Сегіздің шығармашылық қыры әлі де болса айшықтала түсетініне мен имандай сенемін» («Қазақ әдебиеті», 10.03.2006) – деп, үкілі үмітін алдан күтеді.

Осы кездерде Сегіз сері хақында Ш.Керім (Өкінішті әрекет. «Ана тілі», 05.04.2001), Т.Қараменде тегі (Сегіз сері – халқымыздың ұлы тұлғасы. «Қазақ әдебиеті», 20.06.2006), Қ.Омаров (Серілерді жайпап, жырауларға ауыз салған қаскөйлік пе, жетесіздік пе? «Қазақ әдебиеті», 03.11.2006; Жалған ойға жармасқан топ. «Қазақ әдебиеті», 29.06.2007), Б.Кәртен (Сергелдең бітпейді. «Қазақ әдебиеті», 21.04.2006; Сегіз сері ертегісі. «Ана тілі», 07-08.12.2000; Тірегіміз – архивтік деректер мен нақты айғақтар. «Қазақ әдебиеті». 11.08.2006), А.Сатаев (Ізденіс іздері. «Қазақ әдебиеті», 11.08.2006), С.Қосан (Әдебиет – ардың ісі. «Ана тілі», 18.04.2002; Ғасыр жұмбағы. «Қазақ әдебиеті», 08, 15, 22.09.2006), Б.Нұржекеев (Қазақ тарихына билік айтатын Могильный мен Шостакович және соған қуанатын қазақтар туралы. «Жас алаш», 27.02.2007; Ғылыми мекеменің ғылыми үлгісі осы ма? «Әдебиет айдыны», 04.10.2007), А.Бегенов (Атамыздың жазығы не? «Қазақ әдебиеті», 29.06.2007), т.б. баспасөз бетінде Сегіз сері жайлы түрліше пікір білдіріп, айтысты қыздыра түсті.

Сегіз сері хақында «Асылында, Сегіз серінің айрықша өмірбаяны бар. ғажайып тағдырлы адам болғаны енді-енді айқындалып келеді» (А.Сатаев); «Түрлі ғылыми әдістемелер мен текстологиялық, типологиялық салыстырулар нәтижесінде Сегіз сері Баһрамұлының көптеген шығармаларының жасанды туынды екеніне көз жеткізді» (С.Қосанов); «Айта кетелік, «Сегіз

сері» деген кейіпкерді ойлап шығарып, ол турасындағы жалған деректерді алғаш жұртқа таратушылар – Қарағай Биғожин мен Сейітқали Қарамендин дегендер еді» (Б.Кәрген); «Демек, Б.Кәрген мен С.Қосанды рухани қазынамызға балта шаппақшы болып, зерттеушілерге күйе жағып, ар-намысына жала жапқаны үшін ҚР Қылмыстық Кодекспен сотқа беру керек. Әйтпесе, жүйелі сөзге олардың тоқтамайтыны анық» (Т.Қарамендетегі) деген мазмұнда ой өрбіп, пікір екіге жарылды. Пікірталастың ушыққаны соншалық – мәмілеге келмейтін қарама-қарсы екі топ пайда болып, бірінің үстінен бірі жоғары жақтарға арыздана бастады.

Сегіз сері жайындағы айтыста аса белсенділік танытып, бірнеше мақала жазған Бөрібай Кәрген осы мәселеге төрелік айтуды сұрап, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Бірғаным Сарықызы Әйтимова ханымға, Білім және ғылым саласындағы қадағалау, аттестациялау комитетінің төрағасына хат жолдады. Хатта «Соңғы жылдары қазақ тарихы бұрмаланып, ғылымда өрескел жағдаяттардың орын алып жүргені жасырын емес» – деп бастап, соның мысалы «Сегіз сері, яғни «Мұхаммед-Қанафия Баһрамұлы» деген жалған тұлғаға байланысты. Аталған кейіпкер тарихта болмаған. Бұны ойлап табушы әдебиетке де, тарихқа да қатысы жоқ Қарағай Биғожин деген біреу» – дей келіп, «осы жан төзгісіз әдепсіз әрекетке, тарихты бұрмалап қиянат жасап жүргендерге тыйым салып, «Сегіз сері», яғни «Мұхаммед-Қанафия Баһрамұлы» деген күмәнді кейіпкер турасындағы даулы мәселенің түбегейлі шешіліп, нүктесі қойылуына ықпал етуін» сұраған («Жұлдыз», 2007, №3, 901-бет).

Баспасөзде осы хатқа жауап жарияланды. Оған Білім және ғылым министрлігінің комитет төрағасының орынбасары В.Могильный қол қойған. Министрліктің берген жауабында негізінен Б.Кәргендікінің Сегіз сері хақындағы пікірлері қошталып, 5 пункттен тұратын қорытынды жасаған:

«1. Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақовтың XIX ғасырда (1818–1854) өмір сүрген тұлға екендігі әлі де дәлелдеуді қажет етеді.

2. Сегіз серіні тарихи тұлға ретінде қарастырып, жеке бір руға телу асығыстық. Ол – фольклорлық, немесе эпостық кейіпкер.

3. «Гауһаргас», «Акерке», «Қарғаш», «Жылыой», «Тілеу-Қабак», «Мақпал», «Ғайни», «Илиғай» сынды бірқатар халық әндерін, ақын-сазгер Б.Тәжібаевтың Ақбұлақ» әнін Сегіз сері шығарды деу орынсыз.

4. «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», т.б. эпостық жырларды Сегіз сері шығаруы мүмкін емес. Сегіз сері шығарды деген мәтіндер еш сын көтермегендіктен әдеби мұра ретінде жариялауға болмайды.

5. ӘӨИ қолжазба қорына Қ.Биғожин мен М.Болатұлы өткізген Сегіз сері мұралары (766, 801, 853, 863-бумалар) негізінен алғанда, ешбір оқу бағдарламасына да, жоғары және орта оқу орындары студенттері мен мектеп оқушыларына арналған әдебиет оқулықтарына да енгізу жарамсыз деп есептейміз («Қазақ әдебиеті», 02.02.2007; «Жұлдыз», 2007, №3, 206-бет).

Осы жауаптың соңынан «Сіздің 2006 жылғы 8 желтоқсандағы ҚР Президентінің Әкімшілігіне жолдаған арызыңызды қарап, нәтижесі туралы өзіңізге жауап қайтару үшін М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жолдағанымызды хабарлаймыз» деген ҚР Президентінің баспасөз қызметінің хабарламасы қоса берілді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жауабы «Қазақ әдебиеті» (20.07.2007) газетінде «Тағы да Сегіз сері хақында» деген тақырыппен жарияланды. Оған институт құрған комиссия мүшелері филология ғылымының докторы, профессорлар Ж.Ысмағұлов (төраға), С.Дәуітов, филология ғылымының кандидаты Т.Әлібеков қол қойған. Комиссияның қорытындысы да министрліктің жауабымен сарындас: «Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақов XIX ғасырда өмір сүрген адам дейді, бірақ артына мол мұра қалдырған тарихи тұлға екендігі әлі де ғылыми тұрғыдан дәлелдеуді қажет етеді. ...Сегіз сері Баһрамұлына телініп жүрген шығармалар түпнұсқа болып саналмайды ...фольклорлық шығармаларды С.Баһрамұлының мұрасы ретінде танығысы келетін мақалаларды ғылыми тұрғыдан негізсіз деп есептейді. Сол сияқты халықтың ән-күйлері санатындағы көптеген жәдігерлерді С.Баһрамұлына телу әрекеттері де негізсіз, ғылымға жат тұжырым болып саналады».

«Ана тілі» (01.02.2007) газеті «Айтысқан азар, тартысқан тозар» деген тақырыпта «Сегіз сері төңірегіндегі дау-дамайды доғаратын уақыт жетті» – деп жазды. Б.Кәргеннің Білім және ғылым министрлігіне төрелік айтуды сұрап жазған хаты, оған ресми берілген жауап «Қазақ әдебиеті» (02.02.2007) газетінде «Сегіз сері сергелденіне нүкте қойылды» деген ортақ тақырыппен шыққан

еді. Бірақ, нүкте қойылмады. Ресми органның ресми жауабынан кейін де Сегіз сері мәселесі күн тәртібінен түспеді. Көп ұзамай-ақ Б.Нұржекеұлының «Қазақ тарихына билік айтатын Могильный мен Шостакович және соған қуанатын қазақтар туралы» («Жас алаш», 27.02.2007) атты тақырыбынан-ақ көрініп тұрғандай, ресми жауапқа таласы бар, келіспейтіндігін білдірген, дау айтқан қарсы мақаласы шықты. Бексұлтаннның уәждері төмендегіше: «Сегіз серіге қатысты менің де өз пікірім болғандықтан, Могильныйдың бұл айтысқа қалайша нүкте қоя білгендігіне бірден қайран қалдым. Байқағаным: оның жауабы түгелдей дерлік ғылыми дәлелді емес...

Менің білуімше, «көркемділік құндылығы төмен» шығармалар Сегіз серінің өмірде болмағанына дәлел бола алмайды.

Мұның бәрін (Сегіз сері туралы жазылған пікірлерді. Д.Ы.) Могильный оқыды ма, жоқ па, ол жағын білмеймін, алайда осының өзі де Сегіз серіні Могильный айтып отырғандай, «тарихи тұлға ретінде қарастырып, жеке бір руға телу асығыстық» емес екенін дәлелдейді. Және оның Могильный айтып отырғандай, жеке рудың ғана адамы емес, жалпы қазақтың мақтанышы болуға ылайық перзент екенін айғақтайды. Меніңше, Сегіз серіні жақтаушылар оны белгілі бір руға теліп жүрген жоқ, қайта оған қарсылар рудың намысы мен жоғын жоқтап жүр. Ал Сегіз сері – рулық деңгейден әлдеқайда және әлдеқашан биікке көтеріліп кеткен тұлға...

Сонда деймін-ау, бұл қазақ Жаяу Мұсаға, Біржанға, Сәбитке, Ғабитке, Нұржан Наушабаевқа, Әлікейге сенбей, Могильныйға неге сенуі керек. Кезінде патша үкіметі қудалаған Сегіз серіні енді неге Могильныйға қудалатуға тиіспіз?..

Тіпті орыс Могильный тұрмақ, қазақ Әйтимова да Сегіз серінің тағдырына нүкте қою мүмкін емес. Өйткені, ол – қазақ халқының ғажап ұлының бірі, біздің бәріміздің ортақ асылымыз, халықтық қазынамыз» («Жас алаш», 27.02.2007).

Бексұлтан мақаласында «Мен Могильныйды түсінсем де Могильныйдың солай жазғанына қуана кеткен «Ана тілі» мен «Қазақ әдебиетіндегі» қазақ бауырларымды түсіне алмадым» десе, «Қазақ әдебиеті» (23.06.2007) өзінің бағытын аңдатып, тура осыған жауап бергендей «Иә, қыңыр комиссияның қисынсыз «үкімінен» кейін оған наразылық білдірген хаттар бізге көптеп келді. Шындықты жоққа шығаруға тырысушылардың әрекеттерін айыптаған хаттар... Сегіз серідей тарихи тұлғаның аруағын сыйлау – ісі қазақтың парызы. Шындыққа қарсы шабу, құйтырқы алыпқашты сөз, өсек-аяң тарату, әдейі өтірік долбар жасау мына ақиқат әңгімелерден кейін тәмам болсын дейміз» – деп, Сегіз серінің шөбересі Амантай Бегенов пен Қосыл Омаровқа сөз беріпті.

А.Бегенов «В.Могильный дегеннің қолымен шығарылған «қорытынды тұжырым» қазақ әдебиетінен хабары барларға күлкі болса да, бізді күйіндіреді» – дей келіп, оның өмірде болғанын, шын аты Мұхамед-Қанафия екенін, кейін Сегіз сері атанып кеткенін, артында жеті ұл, бір қыз қалғанын, үлкен ұлы Мұстафа Кенесарының інісі Наурызбайдың қызы Меңсұлуға үйленіп, одан әкесі Беген туылғанын, өзінің шөбере болып келетіндігін баяндаған.

«Соңғы жылдары Б.Кәртен, С.Қосан, Ш.Керім, И.Кенжәлиев... бар, бір топ халыққа кең тараған «Елім-ай» жырының авторы Қожаберген жыраудың, оның шөбересі Сегіз серінің (Мұхамед-Қанафия) аруағына қайта-қайта шүйлігіп, екеуін тарихтан сызып тастауға арпалысуда. Оңды-солды жазып жүрген мақалаларында Қожабергеннің «Елім-айды» жазғанына күмәнданады, Сегіз серіні ауыз әдебиетінің кейіпкері, ол шығарды деген өлең-жырлардың авторы Қаратай Биғожин» («Қазақ әдебиеті», 29.06.2007) – дей келіп, Қосыл Омаров олай емес екендігін нақтылы мысалдармен дәлелдейді. Автор «аруақтың сауда затына айналғанын» батыл айыптайды.

Сегіз серіге қатысты ҚР Білім және ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында құрылған комиссияның (Ж.Ысмағұлов – төраға, С.Дәуітов, Т.Әлібеков – мүшелері) шешімдерінің шығуына байланысты Б.Нұржекеұлының «Ғылыми мекеменің ғылыми үлгісі осы ма?» деген көлемді мақаласы («Әдебиет айдыны», 04.10.2007) жарияланды. Автор «Енді мына комиссияның Сегіз серіні қалай талқандамақ болғанына тоқталайық» – деп, ондағы әрбір тұжырым мен дәлелдерді жоққа шығарып, пікір таластырады. Үш ғалымнан тұратын тексеру комиссиясының қорытындыларын терістеп, «Бұл комиссия мемлекеттің мүддесін қорғай ма, ғылымның ба, шындықтың ба, әлде әдекімдердің бе – не үшін, немесе кім үшін шырылдап жүргенін түсіне алмадым» – деп, жалпы жұмысына сенімсіздік танытады.

Осы мәселеге қатысты өзінің азаматтық ұстанымы «Ғылымның табиғаты-жойымпаздық емес, жасампаздық. Барымызды бағалап, жоғымызды үнемі іздеп тауып отырмасак, мәдени

жағынан да, рухани жағынан да жұтай береміз. Онымыз өткен бабалардың алдында да, келер болашақтың алдында да өзімізге ұят» – екендігін ой тұжырымы ретінде ұсыныпты.

Екі мыңыншы жылдардың әдеби өмірінде әдеби айтыстардың туындауына қоғамда демократияландыру бағытында жүріп жатқан өзгерістер, жаңарулар тікелей әсер етті. Сын қоғамдық дамудың бірден-бір шарты десек, осы кездердің әдеби өмірінде орын алған әдебиеттің бүгінгісіне, кешегісіне қатысты туындаған пікір алысулар кейбір кемшіліктеріне қарамастан рухани өміріміздің жетіле, ширай түсуіне айтарлықтай септігін тигізгені анық.

Жаңаның өмірге жол тартуы қашанда ауыр, оның үстіне кемшіліксіз де болмайды. Сол сияқты жаңа ғасыр көгіндегі қазақ әдеби сынындағы қызу пікір алысулар барысында пікір айтудың орнына сынамапздыққа ұрынған, көркем шығарманы сынаудың орнына оның авторының жеке басына тиіскен, қыза-қыза келе есе қайтарысып, соттасуға дейін барған жағдайлардың да көрініс табуы бір жағынан, әдеби өмірге жаңа бір лептің, өзгерістің келгенін, екінші жағынан, әдебиеттің де күрделене түсіп, оны түсіне білудің өзі де қиындай түскенін байқатты. Оның үстіне демократиялық қоғамда плюрализм, яғни әртүрлі пікірлердің болуы заңдылық болса, сол көп пікірліліктің қазақ әдеби сынында да орныға бастағанын аңғартты. Сонымен бірге мұндай келеңсіз құбылыстардың көрініс табуы әдеби өмірде сөз бостандығын пайдалану ісінде сыншылық мәдениеттің жетіспей, яғни, менікі ғана дұрыс деп, өзге пікірлердің де өмір сүруге хұқы бар екендігін мойындамай, кеуде қаққан пендешілік пиғылға беріліп кетудің қалмай келе жатқандығынан да болса керек.

Қалай десек те, осы кездерде әдебиеттің түрлі салаларында жүріп жатқан әдеби айтыстардың әдеби өмірді жандандырып, жаппай жаһандану үдерісі жүріп жатқан заманда ұлттық әдебиетіміздің дұрыс бағытта, тура жолда дамуына, әдеби ой-пікірлердің жетіле түсуіне айтарлықтай септігін тигізгені анық. Мұндайда дана қазақ «көре-көре көсем боларсың», «қорқа-қорқа батыр боларсың», тағы да «көш жүре түзеледі» деген.

6. ПРОЗА ПАЙЫМДАРЫ

Екі мыңыншы жылдарға қарай, тоқырауда қалған қазақ әдебиеті жандана түскендей болды. Әдебиетпен бірге оның сыны да қозғала бастады. Баспасөз бетінде жаңадан шыққан кітаптар жайлы жазылған рецензиялар шығып жатты. Ш.Мұртазаның «Романға бергісіз повесть» («Қазақ әдебиеті», 26.01.01, Ә.Асқардың «Өр Алтай мен қайтейін биігінді» туралы), Б.Алдамжаровтың «Соңғы парыз» – қай парыз? («Жұлдыз», 2001, №4; Ә.Нұрпейісовтің романы жайлы), Н.Ақышевтің «Қазақ солдатын» қайта оқығанда («Жұлдыз», 2002, №5), Қ.Мәдібайдың «Мындардың жүрегіндегі мұн» («Егемен Қазақстан», 20.10.2004, Р.Мұқанованың «Муза» кітабы туралы), Ә.Ыдырысовтың «Ғашықтық жайлы ерек туынды» («Қазақ әдебиеті», 29.07.2005; Ә.Нұршайықов), Л.Мұсалының «Абай жолы» роман-эпопеясының көркем бейнелеу жүйесі («Әдебиет айдыны», 27.09.2007), Ш.Елеукуновтің «Адамзат, енді сен оян» («Қазақ әдебиеті», 06.07.2001; Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парызы»), «Ай мен Айша» («Әдебиет айдыны», 04.10.2007; Ш.Мұртазаның осы аттас повесі жайлы), Г.Пірәлиеваның «Қазақ прозасының көшбасшысы» («Әдебиет айдыны», 15.11.2007; М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы хақында), Қ.Әбдәзұлының «Ұлт тағдырын толғаған» («Жұлдыз», 2007, №7; С.Елубайдың «Ақ боз үй» романы жайлы), «Философиялық проза» («Қазақ әдебиеті», 11.07.2008; Ф.Есімнің кітабы туралы), Б.Майтановтың «Абайдың жұмбағындағы ажарлау сөз» («Қазақ әдебиеті», 28.03.2008; Р.Тоқтаровтың романы), С.Асылбектың «Қилы заманның» тағлымы» («Қазақ әдебиеті», 22.08.2008), т.б. рецензия, рецензия-зерттеу мақалаларында жекелеген шығармалардың көркемдік әлемі арнайы әңгіме болды, жаңалығы, кемшілігі хақында пікір айтылды.

М.Әуезовтің атақты роман-эпопеясының көркемдік көрінісін бүгінгі күн көзімен шолған А.Мұсалы «Абай жолының» әлеміне енгенде, көркем сөз мұражайын тамашалағандай, қазақ сөзінің құбылған, түрленген талай үлгілерін танып, ләззатқа бөленесін» («Әдебиет айдыны», 27.03.2007) – дейді. Романның сырлы әлеміндегі символдар жүйесіне үнілген зерттеуші бірсыпыра қызғылықты байқаулар жасай алған. Шығарманың соңындағы шынар бейнесі жайлы «автор бұл образ арқылы Абай өмірінің бүкіл мән-мағынасын, өміршендігін, оның идеялары мен шығармашылығының ғұмыры мәңгілік екенін айтқысы келгенін көреміз. Шынар ағашының ғұмыры космос ғұмырындай мәңгілік болып, ол әрқашан қайта туып, өркендеп, табиғатпен жарасым тауып отырса, Абай ғұмыры да қазақ ұлтымен біте қайнасып, жарасып, әрқашан ұлт

санасында жаңғырып, қайта туып, жасарып отыратын өлмес ғұмыр екенін жалғыз символмен бейнелеп береді» (сонда) – деген ой түйіпті.

Ш.Елеукуенов Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының соны сипаттарын әңгімелей отырып, жоғары бағалаған: «Сөз жоқ, қазіргі қазақ әдебиеті айналдырған бір ғасыр ішінде идеялық-көркемдік сапасын болып көрмеген дәрежеде арттырды. Ол енді адамзат ісіне араласып, тәуелсіз дауысын ғаламдық ауқымда көтеруде. Аударма ісі жолға қойылса, өскелең қазақ әдебиеті әлемдік әдебиетке қосар мықты үлесін мойындағары хақ. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің жаңа романы – бұл айтылғанға елеулі дәлел. Өйткені, оның өзі елеулі әдебиетке жатады. Қазақ көркем сөзінің бұл табысы осы замандық формасымен де, көркемдік парасаттылық қуатымен де қымбат. Халықаралық аренада ұялмай ұсынар мүлкіміз» («Қазақ әдебиеті», 06.07.2001).

Лира Қоныс жас жазушы Дидар Амантайдың «Шайыр мен Шайтан» романы жайлы: «Роман – әдеби әдіс-тәсілдерді сәтті қолданған бес қаруы бойына сай, ғарыштық-пәлсапалық түрде жазылған, өз шама-шарқынша толғанта білетін трагедиясы да бар тамаша дүние... Жалпы «Шайыр мен Шайтанды» қазақ әдебиетінің тәуелсіздік алған жылдардағы елеулі жемісі деп қарастыруымыз ләзім. Д.Амантай шығармашылығы әдебиет түсіндірушілері арасында өз бағасын толық ала алған жоқ, белгілі аудиторияларды мойындатумен ғана шектеліп келеді. Қай аспектіде қарастырмақ болсақ та үлкен теориялық ойларға арқау болатын шынайы творчество» («Қазақ әдебиеті», 31.10.2003) – деп жазыпты.

Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы жайлы да қайшылықты пікірлер көрінді. Дәстүрлі әдебиеттің өкілдері Дидарды жазуы көркем емес, тілі қасаң, бейнелеуі бітпеген, ойы бұлыңғыр, көркемдіктің заңдылықтарын сақтай бермейді деп сынады. Мысалы, Д.Исабеков «Гүлдер мен кітаптар» жайында «Оны роман деп айтатын болсақ, онда бүкіл дүние романға деген көзқарасын өзгерту керек. Және оны роман деп айтуға да болмайды. Мәселен, жазушы тұтастай бір бетке гүлдердің атын теріп жазыпты. Осыны да роман деп атауға бола ма?» («Азамат», 7–13.04.2006) – деп, романды онша қабылдай бермегенін білдірді.

Дидардың осы романы жайлы арнайы пікір жазған Г.Бельгер «Өз басым, Дидарды таңғажайып қайталанбас адам, досым Асқар Сүлейменовке ұқсатамын. Жүрт оның да күрделі дүниетанымын түсінбеген, кезінде оны тұғырға тұрады, сәнденіп-нәштенеді деп айыптайтын» – дей келіп, «Дидардың романында тамаша байқағыштықтың үлгілері, өткір сентенциялар шашырап түскен ойлар мен афоризмдер көп.

Бұндай романды асықпай жай оқу керек, ойланып, толғанып оқу керек.

Қайталап айтамын, Дидар сипаттамайды, көрсетеді. Көркемдемейді – жаратады... Ол оқырманның бірге ойласу қабілетіне сенеді, оның өзінше толғануына, тұжыруына жол береді. Оның бейнеленуінде кеңістік, лифт көп, Хэмингуэйдің «Айсбергiмен» үндесіп тұрады» («Азамат», 7–13.04.2006) – деп, аса жоғары бағалады. Ол Дулат сынаған гүлдер туралы «Гүл рухани ізденісте жүрген жанның бір қыры болып табылады... Гүлдер сезімтал ойды тудырады. Олар – еркіндік пен жалғыздықтың символы» (сонда) – деп, түсіндіріпті.

«Қазақ әдебиеті» (25.12.2008) газетінде «Көркемдік құпиясы» айдарымен жарияланған «Құланның ажалы» қалай жазылды?» берілу, жазылу формасы жағынан өзгеше. Бір тақырыппен екі жазушының – Қ.Ысқақ пен С.Асылбекұлының Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» туралы пікірлері қатар беріліпті. Екі қаламгер де өмірден ерте кеткен қаламгердің романын аса жоғары бағалаған. Қалихан Ақанның осы шығарманы алғаш қолжазба күйінде оқығандағы әсерін баяндаса, С.Асылбекұлы шағын талдауында роман туралы «Бірақ Ақан Нұрманов көптеген совет жазушылары, оның ішінде қазақ совет жазушылары сияқты сол кездегі тоталитарлық-социалистік қоғамды жырлап, соның жетістіктерін мадақтау үшін емес, ұлттық сана сезімінде өшіп бара жаққан халықтың рухын қайта тірілту үшін осы романды жазып бізге қалдырып кетті. Сондықтан да осы шығарманы мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламасына енгізіп, халық әдебиетінің тарихында ерекше орын алатын айтулы шығармалар қатарына қойып, ғылыми зерттеулерде осы романның стилистикасын, поэтикасын, көркемдік ерекшеліктерін, идеялық қабат-қабат қыртыстарын ашуға ұмтылуымыз керек» – деген ұсыныспен пікірін тиянақтапты.

Қазақ прозасының негізі саналатын әңгіме, роман жанрларының жай-күйін талқылаған бір-сыпыра материалдар жарық көрді. Жазушы Думан Рамазанның «Әңгіме туралы әңгімесінде» соңғы жылдарда елеулі туындыларымен көрініп жүрген Н.Ораздың, Т.Ахметжанның, А.Алтайды, Р.Мұқанованың, А.Кемелбаеваның, Ә.Салықбайдың, Қ.Аманжолдың, Д.Қуаттың,

Қ.Әбілқайырұлының, Б.Атығайдың, А.Жалбағайдың бір-бір әңгімесін талдап, олардың сөз өрнектеріндегі өзіндік ерекшеліктеріне назар аударыңқырайды. Ал З.Жұманова болса, редакцияға келген әңгімелерге шолуында бір топ автордың туындыларындағы жетіспей жатқан жақтарын көрсетеді.

Жұма-Назар Сомжүректің «Әңгіме туралы әңгімесі» («Қазақ», 23–30.04.2010) де негізінен осы жанр бойынша баспасөз беттерінде жарық көрген туындыларды саралауға арналған. Автор Қ.Түменбайдың «Шаштараз» «Ертеңгі күннің елесі», Қ.Жиенбайдың «Әкім кетіп қалды», «Байқоңыр мен Ватисонның арасы», Н.Дәутайұлының «Өзеннің арғы жағы, бергі жағы», Ш.Қазығұлдың «Композитордың соңғы монологы», Д.Досжанның «Суретші», Б.Қанапияновтың «Нан иісі» сияқты шығармаларды тілге тиек ете отырып, олардың көпшілігінде шеберліктің жетіспей, көпсөзділікке ұрынғандығын нақтылы мысалдармен көрсетеді. Бүгінгі қазақ әңгімесін шола отырып, ол «Көпсөзділік – қазіргі қазақ әңгімелерінің ішіне дендей кіріп алған вирус. Қай жазушының әңгімесінен де сол вирус тілін сумандатып шыға келеді. Жазушылар жазған әңгімесі газеттің бір бетін толтыра алмаса, ол әңгіме болмай қалатындай.

Көпсөзділік, нақтылықтың жоқтығы, қисынсыздықтар, диалогтардағы орашалақтық, сезімді селт еткізбейтін сезімсіз сөйлемдер бүгінде көптеген әңгімелердің ортақ кемшілігіне айналған. Қазіргі әдебиет әлемінде «әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ» дейтіндей жағдай қалыптасқан» – деген тұжырым жасайды.

Жас жазушылардың шығармашылығы Д.Әшімханұлының да мақаласына (Қазіргі жастар прозасы. «Қазақ әдебиеті», 23.02.2001) арқау болған. Дидахмет алдымен, әдебиет жайлы пікір білдіргенде басшылыққа алатын ұстанымдарын алға тартыпты.

«Біріншіден, әдебиет туралы ой айтқанда, «айттым – бітті, үзілді-кесілді менікі дұрыс» деген ойдан аулақ болған дұрыс...

Екіншіден, әдебиет туралы пікір айтқанда, бір нәрсені жоққа шығару, бір жазушыны мүлде іске алғысыз етіп тастау дегенге мен о бастан қарсымын...

Үшіншіден, әдебиетте көп жазғанды көсем көру, анау-мынау сыйлық, атак дегенді көбірек алғандарды нағыз жазушы деп бағалау да шартты дүние...

Төртіншіден, әдебиеттегі жас жазушы, жасамыз жазушы, қыз-келіншектер поэзиясы, жігіттер прозасы деп, бөліп-жарып, әрқайсысына айдар тағып, соған орай пікір айтуға да келісу қиын...

Әдебиетте бір-ақ кредо бар: ол – шын мәніндегі көркем шығарманы дүниеге әкелу». Ол осы жүйеге сүйене отырып, бірсыпыра жас прозашылардың шығармашылықтары хақында қысқа да нұсқа пікірлер білдіріпті. Мысалы, «Мен Жүсіпбектің 1995 жылы жарық көрген «Жансебіл» атты повестер мен әңгімелер жинағынан өте жинақы, сайдың тасындай жұп-жұмыр, қылаусыз таза дүниелер көрем. Талаптан Ахметжановтың «Тұма» жинағынан тұмадай мөлдір сезімді, қылаусыз тұнық ойды, Асқар Алтайдың «Қыр мен қала хикаяларынан» бір сөзін артық жібермейтін сөзге сырдан, ойға жомарттықты, Максот Ізімұлының «Аяқталмайтын әңгімесінен» әлеуметтік терең толғаныстарды, Талғат Кеңесбаевтың «Қызғыш құсынан» әр сөйлемді басқаша жазсам, әр сөзім ешкімге ұқсамаса екен деген формалық ізденістерді, Әділбек Салықбайдың «Нартайынан» жібектей есілген жұмсақ ырғақ пен балалар әдебиетіне тән сезім тазалығын, Нұрғали Ораздың «Қазығұрт оқиғаларынан қай жағынан да ерте қалыптасып үлгерген жазушыны аңғарғанмын» – деп, әрқайсысының өзіндік қолтаңбасын, шығармашылық болмысын дәл айқындап бере алған.

Роза Мұқанова мен Айгүл Кемелбаеваны мен әдебиеттегі құбылыс деп еш қысылмай айта аламын. Ал Айгүл Кемелбаева... баспасөзде жарияланған шығармаларымен-ақ көпшілікке танылған және сирек кездесетін талант ретінде бағаланған жазушы» – деп, екеуінің шығармашылықтарын оң бағалайды. Осындай ретпен Д.Амантай, Ә.Ыбырайымов, Д.Рамазан, Д.Қуат, М.Омарова сияқты жас прозашылардың шығармашылықтарынан жақсы нышандар көріп, олардың болашақтарына деген нық сенімін білдірген.

Қазақ прозасының түрлі мәселелері Б.Майтановтың «Қасқыр және әлем заңдылығы» («Жұлдыз», 2001, №1), «Алғашқы қазақ романдарындағы модернистік назар» («Қазақ әдебиеті», 25.12.2008), «Кейіпкердің әрекет философиясы» («Қазақ әдебиеті», 30.12.2005), «Суреткер тілінің айшығы және эпитет» («Жұлдыз», 2007, №9), Д.Исабековтің «Жарты жыл сайын роман шығатындығына қайранмын» («Қазақ әдебиеті», 19.02.2002), Т.Әсемқұловтың «Тарихты сауаға салмайық» («Жұлдыз», 2002, №1), «Қазіргі қазақ прозасының көкжиегі» («Қазақ әде-

биеті», 01.07.2005), А.Кемелбаеваның «Оралхан Бөкей әңгіме жанрында» («Қазақ әдебиеті», 15.08.2003), «Әуезов және фольклор» («Қазақ әдебиеті», 04.02.2005), Д.Рамазанның «Көркем әдебиет көріксізденіп бара жатқан сияқты» («Қазақ әдебиеті», 24.10.2003), С.Қирабаевтың «Дәуір шындығынан тыс әдебиет жасалмайды» («Қазақ әдебиеті», 25.02.2005), Л.Қоныстың «Оның жүрегі әдебиет деп соғады» («Қазақ әдебиеті», 12.08.2005), Г.Пірәлиеваның «Жанр және жауапкершілік» («Қазақ әдебиеті», 07.10.2005), М.Оразбектің «Қаламгер санасы және символдық образ» («Қазақ әдебиеті», 21.10.2005), Л.Мұсалының «Қазақ әдебиетіндегі берне-символ» («Қазақ әдебиеті», 03.03.2006), Ж.Шәкеннің «Жастар шығармашылығында поэзия биік, ал проза» («Қазақ әдебиеті», 02.02.2007), Р.Мұқанованың «Көркем сөз көнерген сөзге айналмасын десек» («Әдебиет айдыны», 29.11.2007), т.б. мақалаларында сөз болды.

Әдебиет – сөз өнері. Өнер туындысын шын шебер ғана жасай алады. Суреткер де сөз өнерінің хас шебері болуы керек. «Шеберліктің түп атасы – талғам. Талғамы биік жазушы ешқашан арзанға алданбайды. Ол әр әңгімесін ғана емес, әр сөйлемін, тіпті әрбір сөзін талғам таразысында он өлшеп, он пішіп, шын тәуіптің қара құманда бабымен қайнатып өлтірген сынабындай қара сөзді көкіректе әбден қайнатып барып, иін қандырып, илеуін тауып, асау тіркестерді жуасытқан сынаптай еркіне оңай көндіріп, самғау биікте сап түзеген тырналардың сұлу тізбегіндей тізілген ақаусыз сөйлемдерден тірі бейне, сурет жасап шығады». Бұл сөздерді «Биікке беттеген үшеу» атты мақаласында жазушы Исабеков айтты.

Дулат «Қазақ прозасы жайлы сөз бола қалса, ең әуелі кейінгі толқын әдебиетіне деген көңіл толмастық байқалып жатады. Оның да жөні бар секілді. Әдебиетпен айналысу соңғы кезде еріккеннің ермегіне айналып, том-том романдар, құлаш-құлаш әңгіме, повестер шыға бастады. Кітап көп, жазушы жоқ, өлең көп, ақын аз заман көші басталды» – дей келіп, «Түйсігім алдамапты. Арзанды қуып, арам тер болмай, таза әдебиетті ғана мансұқ еткен, ұмтылса, биікке ұмтылып, көркемдік әлемінің шыңына талпынып келе жатқан шынайы жазушылар, құдайға шүкір, баршылық екен» («Қазақ әдебиеті», 27.12.2008) – деп, өзі шығармаларын оқып сүйсінген үш жазушы – Рақымжан Отарбаев, Асқар Алтай, Нұрғали Ораз туындылары хақында және жылы лебіз білдірген. Үшеуі туралы пікірін «олар шеберліктің азапты жолына енді түсті. Кім сол азапқа төзе біледі, шыдай біледі – оны келешек көрсетер» – деген оптимистік тонда аяқталған.

Қазақ прозасы жайлы құнарлы ойлар прозашы жазушылардың түрлі мерейтойларына орай жазылған мақалаларда да айтылып жатты. Осы кезде қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезовтің 110 жылдық мерейтойына орай жазылған мақалаларда ұлы суреткердің шығармашылық болмысы жан-жақты ашыла түсті. М.Әуезовтің 100 жылдығына орай өткен халықаралық симпозиумда Н.Оразалин (Азаттық рухының алтын адамы) мен О.Сүлейменовтің сөйлеген сөздерін (Әуезов шыңы) «Әдебиет айдыны» (27.09.2007) газеті қайта басып шығарды. Нұрлан жасаған баяндамадағы «Әуезов – қазақ болмысы мен мінезінің ғажап айнасы, қазақ өмірінің кең тынысты көркем әдебиет пен көркем өнердегі келісті кескіні, қайталанбас полотносы, реалды шындығы, кемеңгерлік кестесі. Өзі туған ұлттын бар артық-кемімен ішінен үңгі отырып тану, зерттеу, соны өзіне ғана, яғни қазаққа ғана емес, жұмыр жердің ұлы төсін жайлаған кез келген ұлтқа, кез келген жұмыр басты пендеге түсінікті ете отырып, таныту – Әуезов әлемінің сиқырлы да сырлы құпиясы» – деген жолдарға редакция оқырман назарын аударыңқырапты.

Мемлекеттік сыйлықтың иегері Д.Досжан «Әуезов – әдеби тіліміздің бас сәулетшісі» атты мақаласын 1929 жылғы 19 сәуірде КирЦикке және Орталық Партия комитетіне Қазақстаннан түскен арыз-хаттан үзінді келтіруден бастапты. Онда Мәскеуде шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» М.Әуезов туралы «Ол қазіргі замандағы аса көрнекті жазушы, оның көркем шығармалары таңғажайып дәлдігімен және тарихи шындығымен дараланды деген баға берілгеніне келіспей, оны ұлтшыл деп айыптаған. Әңгімені осылайша бастаған Дүкенбай осы тақырыптағы өз ойларын ары қарай жалғастырған. Дүкенбай жазушы Мұхтар жазушының бес түрлі жазушылық ерекшелігіне назар аударып, айрықша атайды. Олар: «тақырып таңдауының өзімен-ақ шынайы суреткерлікке ауадай қажет таңғажайып дәлдікке қол жеткізді»; «әр кейіпкерді әдебиет аренасына өз шындығымен шығаруы»; «сөз құрамының, тілдік бояуының байлығы»; «М.Әуезовтің біз таныған реализмі»; «тарихи шындығы» («Жас қазақ үні», 05.10.2007).

Автор Әуезов шығармашылығының осы бес түрлі ерекшелігі төңірегінде тұщымды ойлар айта білген. Солардың кейбіреулерін келтіре кетейік: «Әуезовтің тіл әлемі – кісіге ертегі елінен естілгендей соншама алыс, алыс та болса жақын, жүрекке жылы, ойға азық. Толқын-толқын

болып келетін оралымы, ғажайып сырлы ұнасымы, лықсыған ішкі ұйқасы бұрын-соңды ешкім қолданып көрмеген жақұттай жарқыраған жарасымы әлі күнге мына біздерді таңқалдырып, тамсандырумен келеді»;

«М.Әуезовтің тіл оралымы – ешқандай жазушымен салыстыруға келмейтін өзгеше өзекті құбылыс»;

«Әуезов шындығы, Әуезов суреткерлігі, сұлу торы аттай Әуезов толғаған қазақтың қаймағы бұзылмаған тілі – маңдайымызға ұстаған темірқазық іспетті» (сонда).

Ұлы суреткердің шығармашылығы ешуақытта ескірмейді. Әр ұрпақ оған өз заманы биігінен келіп, бағасын беріп, рухани құндылықтарын игеріп, кәдесіне жаратып отырады. Қазақ әдебиетінің алыбы М.Әуезов кеңестік кезеңде өмір сүріп, ұлы шығармаларын жазды. Әдебиет ұлттық ұлы идеялар айтуымен құнды. Ал бодандық қамытын киген қазақ халқының өкілі М.Әуезовке өзінің өлмес туындыларын жазу кеңестік дәуірде оңайға түскен жоқ. Жазушының осы бір қытымыр заманда басынан өткен қиындықтары, шығармашылық ой-толғаныстары Ш.Елеуқеновтің «Шырғаланда» атты филологиялық эссесінде әңгіме арқауы болған. Жалпы, соңғы жылдардағы әдеби сынында өзінің шығармашылық ізденістерімен көзге түсіп жүрген Шериазданның бұл эссесі де жанрлық жаңалықтарымен ерекшеленетінін айта кеткен жөн.

Сыншы М.Әуезов өмірінің қиындықтарын құрғақ баяндаудан аулақ. Әңгіме жазушының суретіндегі қабағының қатулы көрінуінен басталған. Неге бұлай? Не себептен? Автор осы сауалдардың жауабын табуды мақсат еткен. Ол үшін әдеби-көркем тәсіл монологты, яғни жазушыны шығармашылық ой үстінде бейнелеуді қолданған. Сырттай қарағанда академик-жазушы М.Әуезов халық, билік тарапынан бағалану, сый-құрмет көру жағынан кемдік көрмейті. Ал оның ішкі жан дүниесіне үңіліп қарасақ, бір-бірімен қайшыласқан, жанды жегідей жер ауыр ойлардың жазушының ішкі әлемін астаң-кестеңін шығарып, майдандасып, жазушының мазасын алғанын Ш.Елеуқенов шебер бере білген. Абай «жасынан түсін билеп, сыр бермеген» дегені сияқты Мұхтардың сырты бүтін көрінгенімен де іштей арпалысқан ойлардың жетегінде жүргенін көреміз.

«Мұхтар басын шайқады. Бұл отаршылдық дегенің ар-ұяттан әбден кеткен. Отырсаң опақ, тұрсаң сопақ. Қанша жалбарынсаң да жазықтысың...

Тұтас бір халықты жерінен, тілінен, ділінен айырып, құрдымға жіберуге бағытталған осы бір кеудемсоқ, озбыр саясаттың бүге-шігесін романына кіргізіп жіберсе ғой. Әттең, не керек, олай ете алмайды. Ондай күн әлі туа қойған жоқ. Қазақ тілінің құрып бара жатқанын ЦҚ-ға жазам деп, Кеңестің он көзі саналатын Сәбиттің өзі де арандап қала жаздады. Жаздым-жаңылдым деп әрең құтылды» («Қазақ әдебиеті», 30.11.2001) – деген сияқты жолдардан М.Әуезовтің азаматтық бағдары айқын көрінеді. Сыншы жазушының суреткерлік сырларын әлеуметтік бағытымен байланыстыра аша түсу үшін монологты шебер пайдаланған. Негізінен жазушының ішкі толғаныстарына құрылған эсседе монолог кей тұстарда авторлық баяндаулармен тұтаса түссе, тағы бір жерлерде естеліктер орынды баяндалған. Прологы, эпилогы бар эссе көркем тұтастық танытып, көркем әңгімедей оқылады.

Ш.Елеуқенов Ғ.Мүсірепов туралы жазған «Сұлулық күні тұтылмайдының» («Қазақ әдебиеті», 11.01.2002) жанрын да филологиялық эссе деп айқындапты. Шындығында да Ғабиттің шығармашылық, пендешілік болмысынан сыр шерткен «Сұлулық күні тұтылмайдының» табиғаты мақаладан гөрі көркем әңгімеге жақын. Автор жазушының шығармашылық өмір жолын бастан-аяқ баяндап бермей, оның азаматтық, суреткерлік болмысын көрсету үшін әртүрлі штрихтарын, детальдарын көркем бейнелеу әдісін қолданған. Өткенді еске түсіру, күнделік жазу, ойлану, диалог, монолог сияқты тәсілдерді пайдалану арқылы жазушының суреткерлік, адамдық ажарын аша түскен.

Жазушы С.Досанов «Үш үзік сырда» («Қазақ әдебиеті», 27.08.2004) Ғ.Мүсіреповтің қаламгерлік келбетін оның өз сөздерін келтіру арқылы көрсеткен. Суреткердің 1975 жылғы ақпан айының жиырма сегізі күні сөйлеген сөзі негізінен ұзақ жасап, көпті көрген жазушының өмірде көргендері мен түсінгендерінен сыр шертеді: «Тіл қасаңсып кетті. Өрісі тар. Сол жаңыма батыңқырап жүр...

Өз басым өз столымнан басқа жерде жаза алмаймын. Белгілі уақытта жаза алмаймын, телефоннан кейін екі сағат, арыздан соң бес сағат. «Қозы Көрпешті» 15 күн, «Оянған өлкені» 8 ай, «Ұлпанды» 2 ай, «Қазақ солдатын» 45 күн, «Кездеспей кеткен бір бейнені» 1 ай жаздым...

«Оянған өлкеде» бір жарым жыл тақырыпты төңіректен жүрдім. Қарағандыға 5 рет бардым. Әр нәрсеге әркімнің көзімен қарадым...»

Осылайша жазушының шығармашылық үш ерекшелігін көрсеткен автор енді оның азаматтық үш ерлігін баяндайды. Оның біріншісі 1932 жылы «Бесеудің» бірі болып, Мәскеуге елдің мүшкіл жайын айтып хат жазуы болса, екіншісі – 1937 жылғы нәубетте Б.Майлинді халық жауы деп, қаралап жатқанда, «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» – деп араша түсуі. Ғабеннің үшінші ерлігі деп, оның өмірден өтерде жазған қоштасу хатын атаған. Онда әрбір азаматты ойландыратын мынадай жолдар бар: «Үмітпен, күреспен, сеніммен өткізген ұзақ ғұмырымды қорыта қарасам, қуанышым да, ренішім де мол екен. Жаңа қазақ мемлекетінің биік туы менің көз алдымда көтерілді. Бүгінде күллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық, бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы болып есептелмейтінін ұмытпайықшы. Жан сүйсіңтер бірлік жоқ жерде саналы тірлік те жоқ. Кейде мыстың алтынға, қыранның қарғаға телініп жататыны осының кесірі».

Автор жазушының соңғы қоштасу сөзіндегі әдебиет пен өнер ұлы болмай, ұлт ұлы бола алмайды, бірлік жоқ жерде саналы тірлік те жоқ деген секілді ұлт өміріндегі аса маңызды мәселеге жұртшылық назарын аудару арқылы Ғ.Мүсіреповтің азаматтық биік тұлғасын жарқыратып көрсете алған.

Қазақ әдебиетінде болмысы өзгеше қаламгердің бірі – Асқар Сүлейменов. Тума талантпен сұғарылған суреткердің «Адасқақ», «Бесатар» кітаптары кезінде әртүрлі пікірлер туғызған. Кезінде әдеби түр туралы өзгеше пікір айтып, әдебиетке өз жолымен келген жазушының шығармаларын қалың оқырманның қабылдауы да түрліше болды; шындығында мұндай шын өнер туындыларын түсінуге оқырманның өресі жете бермеді. Алғашқы кітабының өзін Ғ.Мүсірепов «ойға мырза, образға бай, бос сөзге сараң» – деп, бағалаған А.Сүлейменов өзіне лайықты бағасын ала алмай келді. Міне, осындай кезде жазылған сыншы Зейнолла Серікқалиұлының «Тектілік» атты мақаласы Асқартануға қосылған айтарлықтай үлес дерлік. Автор А.Сүлейменовтің шығармаларын талдап жатпайды, жазушы шығармашылығы алдында толғанып, толымды ойларын ұсынып отырған. «Қазақ әдебиеті, мәдениетінің тек қазіргі жолайырық шағында ғана емес, келер ғасыр өзегінде, бұдан былайғы тарихи даму жолының қандай белеңінде де өзінің тұлғалық тектілігімен, парасат байлығы, қаламгерлік шеберлігімен ұрпақ ырзығына дәйім қызмет етер жазушылардың бірі – Асқар Сүлейменов» («Қазақ әдебиеті», 09.03.2001) – деп, басталған мақала соңына дейін осы ырғағынан жаңылмайды.

«Қай жанр, қай салада еңбек етпесін, көркем проза, драмалық диалог, аударма, сыншылдық-эсселердің қандай түрінде де Асқардың жалпы қаламгерлік басты ерекшелігінің өзі – тіл мәдениетінде, сөз қолданыс, сөйлем құраудан бастап, шешендік сөз саптау сұлулығына, әсіресе қариялар бейнесі, жан-сезімі арқылы халықтың даналық қайнарлар байлығына ұласатын төгілген ой, символ, тебіреніс тереңдігінде. Қолынан шыққан дүниелердің қай-қайсысы да – мықты деген оқушының өзін сын тезіне салар туындылар» (сонда) – деген сияқты төгіліп түскен жолдарды А.Сүлейменовтің суреткерлік сырлары бедерлене түскен.

Осы кездерде жазылған Қ.Мәдібайдың «Абайға әркімнің-ақ бар таласы...» («Алтын орда», 02.11.2001), М.Ахат пен Б.Атығайдың «Сын мен сыншы хақында» («Қазақ әдебиеті», 23.03.2002, Б.Майтанов), Е.Раушановтың «Ар туралы аз сөз» («Қазақ әдебиеті», 10.05.2002; Қ.Шаңғытбаев), Т.Медетбектің «Өлең әлеміндегі шертпе күй» («Қазақ әдебиеті», 12.07.2002; Ғ.Жайлыбай), А.Исәділдің «Ажалын да күтіп қарсы алған» («Қазақ әдебиеті», 16.08.2002, Т.Исмаилов), Қ.Әбдезұлының «Қазақ прозасындағы қоңыр күй» («Қазақ әдебиеті», 27.09.2002, Т.Әлімқұлов), «Талант қуаты», («Қазақ әдебиеті», 28.10.2005; Т.Токбергенов), А.Ісмақованың «Ұлт рухы» («Қазақ әдебиеті», 25.10.2002; Р.Бердібай), Н.Оразалиннің «Өміршен ойдың өрісі» («Қазақ әдебиеті», 13.12.2002; І.Омаров), «Сан қырлы суреткер» («Әдебиет айдыны», 20.07.2006. С.Жүнісов), «Тұлға биігі» («Қазақ әдебиеті», 17.10.2003, Ә.Тарази), «Мен Зекеңді жиі іздеймін» («Әдебиет айдыны», 17.03.2005; З.Серікқалиев), Б.Ыбырайымның «Жан жарасы жаңғырыққан жырларында» («Қазақ әдебиеті», 14.02.2003; Ж.Әбдірашев), М.Әлімбаевтың «Сатираның сардары» («Қазақ әдебиеті», 28.02.2003; О.Әубәкіров), «Жыр майданының сардары» («Әдебиет айдыны», 31.07.2008; Н.Айтұлы), Ә.Қодардың «Еленбеген асулар» («Қазақ әдебиеті», 04.04.2003; Ө.Нұрғалиев), Д.Әшімханның «Сағыныштан жаралған жан еді» («Қазақ әдебиеті», 03.10.2003; О.Бөкей), Т.Ахметжанның «Қазақ прозасының мұзтауы» («Қазақ әдебиеті», 05.12.2003; О.Бөкей), А.Егеубаевтың «Мұзбалақ» («Жұлдыз», 2003, №12; О.Бөкей), Т.Молдағалиевтің «Мен білетін Әбекең» («Қазақ әдебиеті», 12.03.2004; Ә.Тәжібаев), Т.Жұртбайдың «Тұспалды тұлға» («Қазақ әдебиеті», 31.12.2004, Д.Әшімханұлы), «Сырты –

сыпайы, іші толған намыс еді» («Қазақ әдебиеті», 25.12.2008; А.Егеубай), С.Негимовтің «Тауқыметті ғұмыр, тағдырлы жырлар» («Қазақ әдебиеті», 31.12.2004; Б.Ысқақов), «Қажырлы қаламгер» («Қазақ әдебиеті», 04.11.2005; Р.Токтаров), Д.Ысқақұлының «Қазақ әдебиетінің кемеңгері» («Жұлдыз», 2004, №10; Б.Кенжебаев), Ө.Әбдіманұлының «Ұстазға тағзым» («Жалын», 2004, №6; А.Қыраубаева), «Ұлт рухын ұлықтаған» («Жұлдыз», 2007, №8; Т.Кәкішев), «Ғұлама» («Жұлдыз», 2008, №11; Р.Бердібай), О.Асқардың «Қаңтарда туған қыран» («Қазақ әдебиеті», 07.01.2005; Қ.Мырзалиев), С.Жұмабектің «Ой олимпіндегі ойшыл суреткер» («Қазақ әдебиеті», 21.01.2005), Ғ.Есімнің «Бекзада ақын» («Қазақ әдебиеті», 11.03.2005); Т.Медетбек), Е.Жаппасұлының «Қаламы қарымды қайраткер» («Қазақ әдебиеті», 08.04.2005; Ғ.Қабышев), М.Кенжебайдың «Қазыналы қайнар» («Қазақ әдебиеті», 29.05.2005; Р.Отарбаев), С.Оспанның «Қанағат жырдың қанатты ғұмыры» («Қазақ әдебиеті», 27.05.2005; О.Асқар), Д.Қанатбаевтың «Ақша бұлт ақын» («Қазақ әдебиеті», 21.10.2005, Ә.Сәрсенбаев), Т.Медетбектің «Тереңдік» («Қазақ әдебиеті», 11.11.2005; Ж.Нәжімеденов), «Аңсар сағыныш пен сезім ақыны» («Қазақ әдебиеті», 25.10.2007; С.Асанов), Ж.Шәкеннің «Тас түрменің дауысы» («Қазақ әдебиеті», 02.12.2005; Қ.Шабданұлы), Ж.Сәрсектің «Жан дірілі табиғатпен үндескен» («Әдебиет айдыны», 10.03.2005; Қ.Ысқақ), М.Әлімбаевтың «Ән – өлеңнің зергері» («Әдебиет айдыны», 17.03.2005; Т.Молдағалиев), С.Мұратбековтің «Жайсаң жазушы» («Қазақ әдебиеті», 10.02.2006; Б.Тоғысбаев), С.Жүнісовтің «Өлеңнің ақжал толқыны» («Қазақ әдебиеті», 24.02.2006; С.Тұрғынбеков), С.Досановтың «Ұлттық рухты оятқан суреткер» («Қазақ әдебиеті», 31.03.2006; І.Есенберлин), «Шынның жүзі» («Әдебиет айдыны», 04.10.2007; Т.Кәкішев), Ғ.Қабышевтің «Арманына жеткен қазақ» («Қазақ әдебиеті», 21.04.2006; А.Тоқмағамбетов), А.Әлімұлының «Парасатпен сырласу» («Қазақ әдебиеті», 13.05.2006; Қ.Мырзалиев), О.Асқардың «Халықтың Хамиті» («Қазақ әдебиеті», 03.11.2006; Х.Ерғалиев), Ж.Дәдебаевтың «Жусан иісті талант» («Қазақ әдебиеті», 04.08.2006; С.Мұратбеков), А.Егеубаевтың «Ұлттық тарихи сана әліппесі» («Әдебиет айдыны», 23.06.2006; Қ.Жұмәділов), С.Иманасовтың «Қазақ поэзиясының патриархы» («Әдебиет айдыны», 02.11.2006; Х.Ерғалиев), Қ.Алпысбаевтың «Тарлан талант тағлымы» («Жұлдыз», 2006, №9; І.Есенберлин), Г.Орданың «Біз көрген Мүсілім Базарбайұлы» («Жалын», 2007, №5), Т.Молдағалиевтің «Жетпістің қарлы шыңында» («Қазақ әдебиеті», 19.01.2007; К.Салықов), Т.Бекниязовтың «Болмысы бөлек Темкен» («Қазақ әдебиеті», 16.02.2007; Т.Қожақеев), Ж.Ерманның «Дамылда, Дос!» («Қазақ әдебиеті», 07.09.2007; А.Егеубай), Т.Мәмесейітовтің «Сындарлы сынның сардары» («Әдебиет айдыны», 03.05.2007; С.Әшімбаев), А.Кемелбаеваның «Көкірекке құс берген поэзия» («Әдебиет айдыны», 03.05.2007; Н.Оразалин), О.Егеубаевтың «Миллиардтар еліндегі қазақ қаламгері» («Әдебиет айдыны», 06.06.2007, С.Жанболатов), Ж.Камалқызының «Сынның саңлағы» («Әдебиет айдыны», 23.08.2007; Р.Бердібай), Б.Майтановтың «Парасат поэзиясы» («Әдебиет айдыны», 15.11.2007; Н.Оразалин), Т.Тебегеновтің «Қазақ әдебиетінің қалғымайтын сақшысы» («Әдебиет айдыны», 06.12.2007; Б.Сарбалаұлы), Ә.Ыдырысовтың «Заңғар» («Әдебиет айдыны», 13.12.2007, З.Қабдолов), А.Кеңшіліктің «Рухтар мәңгі жасайды» («Қазақ әдебиеті», 29.02.2008; Ж.Әбдірәшев), Ш.Елеукуеновтің «Сафуан сері» («Қазақ әдебиеті», 07.03.2008; С.Шәймерденов), М.Оразбектің «Зәки заңғары» («Қазақ әдебиеті», 02.05.2008; З.Ахметов), Т.Әбдіәкімұлының «Сұлу да сұсты өлең-жыр» («Жұлдыз», 2008, №8; Ф.Оңғарсынова), Ж.Бөдешұлының «Сары көбелек сағыныш» («Жас қазақ», 08.05.2008), Н.Ақышевтің «Сан қырлы талант» («Жұлдыз», 2009, №5; М.Дүйсенев), т.б. мақалаларда қазақ әдебиетінің үлкенді-кішілі өкілдерінің суреткерлік болмысымен таныстыруды мақсат еткен шығармашылық портреттің мүмкіндіктері барынша пайдаланылды.

Осы жылдардың әдеби сынында белсенділік танытып, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері, зәру мәселелері жайлы толымды ойлар айта алған сыншылардың бірі – Ш.Елеукуенов. Ол, әсіресе, жазушылардың болмысын танытатын шығармашылық портреттің шебері ретінде көрінді. Оның қазақ қаламгерлерінің суреткерлік келбетін айқындауға арнап жазған мақалаларының қай-қайсысы болмасын, жұртты жауыр қылған жаттандылықтан, стандарттан ада, шын шығармашылық ізденістерден туған өзіндік түрі, айтар ойы бар соны дүниелер. Сыншының сондай назар аударарлық мақаласының бірі – «Ілияс Есенберлиннің мәңгілік өмірі».

І.Есенберлиннің шығармашылығын тұтас қамтыған көлемді мақаланы (30 бет) ілиястануға қосылған сүбелі үлес деп қарауға болады. Сыншы жазушы жайлы әңгімеге кіріспестен бұрын оның шығармаларының қиын кездерде жарық көргеніне өзінің де қатысы болғандығын

«Алмас қылышқа» жазып берген автографын келтіру арқылы аңғартқан. І.Есенберлинді толық тану болашақтың еншісінде екенін айта келіп, «Менің мына, ұлы жазушының шығармашылық жолын түгел қамтуға тырысқан мақалам – Ілекеңнің алдағы тоқсан жылдық торқалы тойы қарсаңындағы беташар сөз болсын» («Жұлдыз», 2005, №5) – деп, ескерткен.

Мақала «Қазақ әдебиетінің тарихында жазушы Ілияс Есенберлин төрگی орындардың бірін алады. Ол туған жеріне, өскен еліне шығармагерлік алапат еңбегімен, талмас талантымен танылған ардақты азамат, ірі қаламгер» – деген жолдармен басталған. «Өмірбаяны», «Әдебиеттегі алғашқы адымдары», «Дастандары», «Өнер өрінде» тараушаларында жазушының шығармашылық өмір жолдары жүйеленіп, тұтас қамтылған. Соңғысында жазушының даңқын шығарған атақты тарихи романдары кеңінен сөз болады.

Сыншы І.Есенберлиннің шығармашылығын бастан-аяқ мақтай беруден аулақ; барынша әділ болуға тырысқан. Бүгінгі күн биігінен бағалай отырып, кемшіліктерін де көрсетіп отырған. Кеңес үкіметі билеген қытымыр заманда жазылған кітаптарды оқи отырып, барынша объективті талдаулар жасаған. Мысалы, «Жазушы Ілияс Есенберлин талантының бағын ашқан туындысы – «Айқас» романы (1966). Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алған бұл туынды оның авторының жетістігі үстіне, қазақ кеңес әдебиетінің тарихында белесті шығарма» – дей отырып, «Рас, «Айқас» социалистік реализмнің қалыптасқан дәстүрлерінен мүлде қол үзіп кеткен жоқ» («Жұлдыз», 2005, №5, 106, 107-беттер) – екендігін де ескерте кетеді. Сол сияқты жұмысшы тақырыбына жазылған романдарының бірі «Маңғыстау майданы» да «тарихи-әлеуметтік қартуамықты (?) туынды» деп, жоғары бағаласа да «көркемдік талдау мен тарихи-социологиялық талдау қабыспаған. Роман кеңес әдебиетінің адамды таптық тегіне қарай жағымды, жағымсыз кейіпкерге жіктейтін бэзбаяғы ерғашты схемасына құрылған» (сонда, 111-бет) – деп, сыни көзқарас білдірген.

Автор кезінде жазушының туындылары хақында айтылған әртүрлі пікірлерді де әдеби, ғылыми айналымға салып отырған. Автор «ұлттық идея салтанатын бейнелейтін «Алмас қылыш» романы кезінде мақталды да, датталды да» – дей келіп, оған мысал ретінде жылы лебіз білдірген Мырзабек Дүйсенов пен сынаған Зейнолла Серікқалиевтің пікірлерін келтіріпті. Кезінде І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» және басқа да тарихи романдарын әдебиеттің партиялығы тұрғысынан қатты сынға алған З.Серікқалиевтің «Тарихи шындық бұрмаланбасын» атты мақаласы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің органы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланып, жазушының шығармашылық тағдырына үлкен қауіп төндірген болатын. Ондағы «біз қай туындыға болсын, таптық тұрғыдан, партиямыздың тарихқа көзқарасы тұрғысынан қарауға міндеттіміз» дей келіп, Ілияс романының негізгі идеялық бағытын халыққа жат санайды. Осы сияқты пікірді кеңестік идеология жетекшілерінің бірі А.Яковлев «Литературная газетінің» бетінде айтқан. Шерияздан осы сияқты түрлі пікірлерді сараптай отырып, «Есенберлиннің көшпенділер туралы роман-трилогиясының сындарлы идеологиясы – ұлттық идея» (сонда, 122-бет) – деген тұжырым жасаған. Мақала «халқына қаруымен де, қаламымен де ерен қызмет еткен, қазағы арасынан «басқаға жақсылық ойлайтын жақсы адам» көбірек өсуін көкसेген Ілекеңнің, Ілияс Есенберлиннің мәңгі өшпес екінші өмірі, ұлы өмірі үстіміздегі ХХІ ғасырда жалғасып та кетті» (сонда, 130-бет) – деген оптимистік жолдармен аяқталған.

Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің есімі қалың оқырманға кеңінен танымал. Өмірінде бірде-бір рет туған күнін, мерейтойын атап өтпеген жазушының 80 жылдық мерейтойы қарсаңында жазушы Смағұл Елубайдың «Әбе әлемі» атты мақаласы жарық көрді. Мақалада мынадай бір деталь бар. Сексен жылдығыңызды тойлау керек дегендерге Әбекен елп етпейді екен. Ә.Нұрпейісов «Жазушы үшін салтанат, нағыз той талантты шығарма жазу ғана, оны оқырманның ақжарылып бағалауы... Миллиондаған оқырманың сен жазған кітаппен қауышқанда шын толқыса, әсер әлеміне бөлense нағыз мереке, нағыз той сол. Сен сезіммен, жаныңмен, қаныңмен жылдар бойы қағаз бетінде сомдаған кейіпкерлеріңнің миллиондардың рухани серігіне айналғанын көру (егер оны көруге жазса), жазушының нағыз жеңісі сол. Өзгенің бәрі – жалған. Бәрі – пендешілік» («Егемен Қазақстан», 29.10.2004) – деп біледі.

Смағұл Ә.Нұрпейісовтің азаматтық ажарын ашуға ұмтылған. Сондықтан да жазушының өмірлік ұстанымдарын аңғарта алатын оқиғаларды, ой-пікірлерін тілге тиек ете отырып, халқына адал қызмет етіп келе жатқан қаламгердің азаматтық тұлғасын жасай алған.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары кезінде Кремльдің қазақ ұлтына қара күйе жағып, айтылғанына қарсы «Правда» газеті бетінде егеменді елдің етегіне жармасқан Солженициннің

сандырағына «Известия» газетінде тойтарыс бергені, 1990 жылы экологиялық жағдайға байланысты күн көру мақсатымен Алматы маңына көшіп келген 120 үй Аралдық босқындарға жоғары органдарға кіріп жүріп, тұрғын жай мәселесінің дұрыс шешілуіне жәрдемдескені сияқты фактілерді баян етуі арқылы жазушының ұлттына еткен қызметін өзгеге үлгі етеді.

Ә.Нұрпейісов әдебиеттің ұлт өміріндегі орны хақында «ұлтқа қызмет етудегі жазушының басты парызы – жазу. Жақсы жазу, ұлт ұйытқысы болар әдебиет тудыру. Үлкен әдебиет жоқ жерде үлкен ұлт жоқ... Ұлт болу кепілі – үлкен әдебиет. Қазақ әдебиеті өспей, қазақ елі өспейді» – деп біледі. Сондықтан да оған қамқорлық жасап отыру – ертеңін ойлаған мемлекет басшыларының барлық уақытта да естен шығармайтын міндеті.

Әдебиет дегеніміз, ең алдымен, көркем тіл. Ал тіл дегеніміз – ұлт. Тілі дамыған болса, ұлты да дамиды, күшейеді. Сондықтан да елінің ертеңін ойлайтын зиялылардың жанын жегідей жеп, күндіз-түні мазалайтын – тіл. Тәуелсіздік алғаннан кейін жан-жақты дамуына барлық жолдар ашылып, мүмкіндіктер туған қазақ тілінің бүгінгі жетімсіреген жай-күйі жазушының жан-жүрегін мазалайды: «Тілің болса, анау, дінің болса, мынау... Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары ел еңсесі қандай көтеріліп еді! Қайда соның бәрі?» (сонда).

С.Елубайдың «Әбе әлемі» – Ә.Нұрпейісовтің қаламгерлік келбетін шығармашылығымен астастыра отырып, азаматтық тұрғыдан жасаған сынның үздік үлгілерінің бірі дерлік шығармашылық портрет.

Смағұлдың С.Нарымбетовтің 60 жылдығына орай жазған «Сатыбалды» атты мақаласында оның жазушылығын қысқа қайырып, негізінен қазақ киносына сіңірген еңбегін жоғары бағалапты. «Сатыбалды сараң жазады. Сапаны ойлайды... біз онымен мақтанатынымызды ғана білдіргіміз келді» («Қазақ әдебиеті», 17.03.2006) – депті.

С.Елубайдың өзі алпысқа келгенде қаламгер ағасы Әбіш Кекілбаев жылы лебіз білдіріпті. Әбіш Смағұл туралы әңгімені бірден бастамайды; алпысыншы жылдары Түркіменстанға ағайындарын іздеп, туысқаншылап жүріп, құмның ортасында отырған малды ауылда болып, көрген-білгендігін еске алады. Ел басына ауыр күн туғанда, бас сауғалап, жат жұртқа аууға мәжбүр болған, өзге елде жүрсе де туған жерін, елін ұмытпаған сол бір қауым қазақтың тұрмыс-тіршілігі, арман-аңсары С.Елубайдың «Ақ боз үй», «Мінжат», «Жалған дүние» трилогиясында шынайы көрініс тапқанын тебірене отырып жазыпты. Мақала «Смағұлдың белдеуіне арқыратып арғымақ байлаған ақ боз үйінен естір қуанышымыз көп болғай...» («Егемен Қазақстан», 21.03.2007) – деген ағалық ақ тілекпен аяқталған.

Әбіштің тағы бір мақаласы драматург Қалтай Мұхаметжановтың шығармашылығына арналыпты (Шерменде шерткен шежіре. «Егемен Қазақстан», 24.12.2008). «Қалтай Мұхаметжанов – қазақ драматургиясындағы қайталанбас тұлға» екендігін айтқан автор драматургтың азаматтық болмысын, адами қасиеттерін ашуды алдына мақсат етіп қойыпты. Сонымен бірге Қалтай пьесаларының әлеуметтік астарларына көбірек үнілген.

Әдебиетке өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында келген Ә.Кекілбаев – бүгінгі күндері қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Шығармашылық жолын өлең жазудан бастаған ол кейіннен прозаға ауысып, қазақ өмірінің тұтас бір кезеңдерін көркем кестелеген туындыларымен әйгілі жазушы болды; Әдебиеттің сынымен айналысып, қазақ әдебиетінің бірсыпыра өкілдерінің шығармашылықтары жайлы пікір білдіріп, әдеби эсселер жазды. Олардың кейбіреулеріне жоғарыда тоқталып өттік. Сынның әдеби сипаты бар, сондықтан да ол әдеби көркем сын аталады десек, соның жарқын мысалы, суреткер сынының озық үлгісі ретінде Ә.Кекілбаевтың қазақ қаламгерлері жайлы жазған эсселерін атауға болады.

«Өз басым мерейтой түгілі, үйлену тойымды да өткізген емеспін. Балалардың үйлену тойын өткіздім... Ешкімге ешқашан «мені ұмытпа» деп қолқа салып, «мені ұмытпаңдар» деп, бопса айтып көрмеген секілдімін. Барға қанағат, шүкіршілік» – деп білетін қазақтың үлкен жазушысы Әбіш Кекілбаевтың мерейтойларын қазақ әдебиетінің тойы ретінде әдеби жұртшылық кеңінен атап өтіп отырды.

2003 жылы Ә.Кекілбаевтың 70-ке толуына орай оның шығармашылық жолына назар аударып, пікір білдірген бірнеше мақала жарық көрді. Солардың ішінде М.Жолдасбековтің «Әулие немесе Кекілбаев феномені» туралы толғаныс («Егемен Қазақстан», 27.01.2009), С.Қирабаевтың «Суреткер» («Егемен Қазақстан», 24.07.2009), Т.Медетбектің «Шыңырау» («Егемен Қазақстан», 25.08.2009), мақалаларына арнайы тоқтала кеткен жөн.

Мырзатай Әбіштің мерейтойына орай білдірген жылы лебізінің тақырыбынан-ақ не айтқалы тұрғанын байқатқан. Ең алдымен, Ә.Кекілбаевты Маңғыстаудан шыққан 363-ші әулие

деп атайды. Содан кейін Әбішті бүгінгі қазақ қоғамындағы феномен құбылыс санайды. Өйткені, «Әбіш – философ, ойшыл, шешен, терең жазушы, үлкен саясаткер, көрнекті мемлекет әрі қоғам қайраткері». Автор өз ойларын ары қарай осы пікірі төңірегінде өрбіткен. «Өз басым Әбішті адам аяғы баспаған арал секілді күнде ашамын, ашқан сайын жаңа қырынан танимын» – дей келе өзі ашқан Әбіш әлемін толғана әңгімелейді.

Ә.Кекілбаев – алдымен үлкен суреткер. Автор суреткердің шығармаларын талдап жатпайды, оның негізгі қасиеттеріне, қазақ әдебиетіне әкелген жаңалықтарына назар аударады. Әдебиет сөз өнері десек, Мырзатай Ә.Кекілбаевтың сөз өрнегіне ерекше мән берген: «Жазушының лексикасы бай, шұрайлы, нәрлі сөздік қоры баурай береді. Күнделікті қолданыста жоқ, әзелгі бабалардың қойны-қонышынан ұмытылып түсіп қалған сөзді тап басып, «сөйлеткенде» еріксіз ризалық сезімге бөленесіз... Көз алдыңызға көркем сурет қалқып шығады.

Жазушының көркем ойлауы – туған, өскен ортасымен егіз тамшыдай. Ешбір қаламгердің сөз саптасына ұқсамайды. Өзінше бөлек, қиыр көкжиегі кең, бірегей тынысты құбылыс. Үстірт шешендердің төгіп сөйлейтін суырып салмасын, тапқырлығын еске түсіреді. Сөйлемдері жағаға жылжыған теңіз толқынына ұқсап, бірін-бірі асықтырып, ығыстырып, ентелеп, әдемі бір көрініс құрайды. Ішкі ырғағы басым. Ұйқасқа бейім...

Қазақ тілінің тасқайнарынан буырқанып шығып жатқан ғажайып тіл байлығына тәнті боласыз...

Ең ғанибеті жазушы сөздің жанын сезіне алады. Бейне, виртуоз сазгерлер секілді тілдің тас бұлақтай көзінен нәр алып, ана тіліміздегі байтақ байлықты мольнан қолданып, стильдік жаңалық ашады. Сөздің бір-бірімен құйылып келетін ұнасы мен жарасымын ұстаған кезде абыз шешеннің кестелі сөзіндей ерекше өрнек туғызады!» («Егемен Қазақстан», 27.01.2009).

Автор Ә.Кекілбаевтың адамшылық, азаматтық қырларын да жарқырата ашқан. «Адамның өз бағасын білуі – үлкен олжа. Өз бағасын білмегендер өмірден көп опық жейді. Ал Әбіштің қай ортаға барса да судай сіңіп, тастай бататыны, ортақ тіл тауып, сөйлесе алатыны, үлкеннің алдында жөнсіз пәсеймей-ақ, кішінің алдында ретсіз көсемсімей-ақ өз шындығымен жүріп, өз шырайын ашып көріне алатыны, ұлықтығы дер едім» – деген жолдарды оқығанда, ақын болу емес, алдымен адам болуы керектігі жайлы ұлағатты ойларға жетелейді.

Мырзатай өзі жақсы білетін Ә.Кекілбаевтың «ұшан-теңіз білімін», «дегдарлығын», суреткерлік сырларын, тіл жанашырлығын, ең бастысы ұлтын сүйген азамат екендігін мысалдар келтіре отырып, майын тамызып, жеріне жеткізіп, тебірене баяндайды. Ара-арасында келтіріп отырған естеліктер, кейбір детальдар, штрихтар, сілтемелер Әбіштей сан қырлы қаламгердің суреткерлік сырларын аша түсуге сәтті қолданылған.

«Бір өзі бір дәуірге тұрарлық, мазмұны терең кітаптар жазып, санамызға самаладай жарық сәуелі ой салып, қандай жаңа құбылысқа қуансын, қандай жаңа мінезді ашсын, мейлі, сөз төркінін ұлтының өз көкірегіне салған ұлттық сананы ұлықтауға жұмсаған заңғар суреткер, ірі мемлекет, қоғам қайраткері Кекілбаевтың бүгінгі шыққан биігі – ұлт – мәртебесі» – деген жолдар М.Жолдасбековтің жазушы Ә.Кекілбаев хақындағы ойларының негізгі түйіні болған.

М.Жолдасбеков Әбіштің тұлғасын тұтастай жасауға ұмтылса, С.Қирабаев негізінен суреткерлік сырларына тоқталған. Автор қаламгер туралы әңгімесін бірден бастамай, алдымен, әдебиет жайлы «Суреткер деген – үлкен атақ. Суреткер деп, ең биік дәрежедегі сапалы шығарма жасаушыны айтады. Суреткердің еңбегі шығармашылық тұтастығымен, ойын және өзі дйттеген шындықты көркем түрде жеткізіп суреттей алуымен, оны жанды бейнеге айналдыру өнерінің жоғарылығымен, талғамының биіктігімен мойындауға тиіс» («Егемен Қазақстан», 24.07.2009) – дей келіп, осындай биік талаптарға Ә.Кекілбаевтың шығармашылығы толықтай жауап бере алатындығын атап айтады.

«Шынайы көркемдік дегеніміз, өмірдің өзіндей қарапайым қалпын сақтайды. Ол шындықтың сырын да, жарқын суретін де, әдемілігін де көз алдыға жайып салады.

Әдебиет тақырып таңдамайды. Өйткені, өмір бар жерде әдебиет бар. Әр халықтың әдебиеті – оның сана-сезімінің көрінісі. Көркем туындыда әдебиет сол өмірдің өзімен тұтасып, бірігіп кететін. Ұлттық ойды, халықтық сырды ашады» – деп білетін академик-сыншы Ә.Кекілбаевтың шығармашылығы хақында осындай биік талаптар тұрғысынан пікір айтады.

«Заман сырын жан-жүрегімен сезіну, мұқтаждықты, халық тілегін терең оймен барлау – ұлы жазушыға тән қасиет» болса, «Әбіш суреткер ретінде адам өмірінің әлеуметтік мән-мағынасына үңіліп, оны философиялық ойшылдықпен өрнектейді...

Жазушы суреттеуінде қазақ елі, оның тіршілігі – жалпы адамзат тіршілігінен бөлек, оқшау өмір емес, соның бір бөлігі. Оның тарихы да, рухани өмірі де әлемдік өркениетпен байланыста» (сонда).

Ә.Кекілбаевтың шығармашылығын тұтастай осылайша таныған автор енді осы тұжырымдарын нақтылай түсу мақсатымен оның негізгі туындыларына талдаулар жасайды. Соның ішінде «Күй» повесінің элеуметтік-философиялық қатпарлары хақында айтқан «Ол өткен күндердің ащы шындығы қалай туғаны жайында, алыс-жұлыс, тартыс, адамға деген өшпенділік, кекшілдік не үшін жасалатыны, оның қайдан туатыны туралы ой тоқтатады. Адамшылық басы жек көруде, жауласушылықта емес, достасуда, аяушылықта екені «Күй» хикаяты арқылы көрінген Әбіш философиясы осындай.

Қай заманда болсын, зорлықты тудырушы – билік иесі мен соған жақын топ. Олардың қалың халықпен табыса алмауы да ұғым-түсінігінің сәйкеспейтіндігінен, рухани жақындықтың жоқтығынан. Өмірді ұстап тұрған халық рухы екенін олар ұғынбайды. Мұндай ұғыныс болған жерде түсінушілік болады» (сонда) – деген пікірі кім-кімді болса да ойлантары хақ. Осындай ретпен жазушының бас еңбегі «Үркер», «Елең-алан» романдарынан тұратын диалогиясы да жан-жақты талданылып, жоғары бағаланған.

Ә.Кекілбаев әдебиеттегі өнер жолын өлең жазудан бастаған. Бірнеше поэзиялық жинақтың авторы Әбіштің ақындық жолын талдауға да мақалада біршама бөлініпті. Сондай-ақ «Абылай хан» пьесасы да сөз болған. Ал жазушының аудармашылық, сыншылық, публицистік еңбектері аталып қана өткен. Мақалада автор өзі басында ескерткендей, Ә.Кекілбаевтың «жазушылықта жеткен табыстары, суреткерлік бейнесі жайлы» ғана сөз қозғалған. Автор Әбіштің суреткерлік портретін жасауды мақсат тұтқандықтан да оның азаматтық ажары жағын қозғамаған.

Екі мыңыншы жылдардың әдеби сынында жанрлық, түр жағынан ізденістердің ұдайы жүріп отырғандығын көреміз. Бұл әсіресе мерейтойлық материалдарда айқын байқалады.

Ғ.Мұстафиннің 100 жылдығына «Қазақ әдебиеті» (22.11.2002) бір бет арнап, «Ғ.Мұстафин – 100» деген ортақ тақырыппен Б.Дәулетбаеваның «Күпия есіктің құлпын ашқан қаламгер», А.Жалбағайдың «Әдебиеттегі экспериментке біз енді барамыз», Б.Асанұлының «Алғашқылардың авторы» мақалаларын топтастырып беріпті.

Академик З.Қабдолов 75-ке толғанда, «Қазақ әдебиеті» газеті (06.12.2002) арнайы бет беріп, «Жазушы. Ғалым. Ұстаз» деген тақырыппен осы үш қырын ашу үшін үш шәкірті сөз алды. Жазушы С.Әбдірайымұлы «Жазушының тілі», профессор З.Бисенғали «Ғалымның стилі», профессор Ж.Дәдебаев «Ұстаз ұлағаты» жайлы айтқан. Үш мақаланың үш авторы болғанымен де, үшеуі бірігіп, жазушы, ғалым, ұстаз Зейнолла Қабдолов туралы триптих құраған. Жан-жақты дарын иесі З.Қабдоловтың шығармашылық портретін үш автордың жазушының үш қырын әңгімелеген мақалаларын беруі де әдеби басылымның сәтті ізденістерінің бірі.

Қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің бірі Оралхан Бөкейдің 60 жылдығына орай Т.Ахметжанның «Қазақ прозасының мұзтауы» («Қазақ әдебиеті», 05.12.2003), А.Егеубайдың «Мұзбалақ» («Жұлдыз», 2003, №12), т.б. мақалалар жарық көрді. Талаптан Оралханды Мұзтауға теңесе, Асқар сол Мұзтауда өмір сүретін Мұзбалақ атапты. Алтай тауларының мұзды шыңдарына қарап өскен О.Бөкейдің Мұзтауға, Мұзбалаққа теңелуі – сәтті қолданыс.

А.Егеубай Оралхан туралы толғаныстарға толы ойларының жанрын эссе деп анықтаған. Шындығында да Асқардың «Мұзбалағы» жазушы О.Бөкейдің қаламгерлік тұлғасы туралы ақынжанды інісінің жүрекжарды толғанысы іспеттес. Оралхан қазақ прозасында қара сөзбен жырлап өтсе, оны ізбасары Асқар да ағасына еліктеп, қара сөздің майын ағызып тұрғандай әсер аласыз.

«Мұзтаудың мұзбалағы» деп, бір өзі бір абзац атаулы сөйлеммен басталған эссе соңына дейін осы ырғағынан, ағынынан танбай, төгіледі де отырады. «Очерк жазсын, мақала жазсын, хикаят тербетсін, сорғалап құйылады да тұрады. Мұзарт шындардан құйылған ақбұлақ толқынды ағыс. Қуатты бұла ағыс тамсандырды, тандандырды».

Автор О.Бөкей шығармашылығының өзіндік қырларын дөп басып айта алған: «Атау-кере» баяны көркем шығарма болумен бірге қоғамдық-элеуметтік болмысты социологиялық талдау. Элеуметтік-психологиялық зерделеу... Шығарма болғанда қазақ халқы тұрғанда, сол халықтың тағдырын түсінгісі келетін ұрпақтары тұрғанда құнын жоғалтпайтын мәңгілік мұра. «Қауіпті будан» ұлттық элеуметтік көркем талдау. Арзымас саясаттардан биік тұрған, Еуразия деген алып кеңістіктің тарихи шындығын ақтарып, сол жердегі адам баласының психологиялық

коллизиясын саралап, жаратылысын танытқан туынды. «Атау кере» де Қазақстанға тән ақиқаттың, трагедиялы ақиқаттың ақ-қарасын парасатпен пайымдап берген тебіреніс. Аспаннан шабыт шалқуымен ағып түскен толғау емес, жер басып жүрген адам баласының жер бетіндегі тарихи тағдырын таразыға тартқан философиялық толғам»;

«Жазушы осынау жолжазба, эсселерімен қазақ журналистикасының публицистика жанрын бас айналдырар биікке көтеріп кетті. Публицистикаға көркемөнер туындысындай өр рух, өшпес тірлік дарытты» («Жұлдыз», №12, 108–109 беттер).

Осы сарында көркем тілмен көсілген Асқар пікір білдіріп отырған Оралхан ағасы сияқты өзі де қара сөзбен жырлап кеткендей. Негізінен О.Бөкей шығармаларының әлеуметтік сырларына үңілген эссе көркем сын, суреткер сыны қалай болуы керек деген сауалға толық жауап бере алатындай.

Қ.Жұмәділов 70 жасқа толғанда, А.Егеубай «Ұлт – тарихи сана әліппесін» («Әдебиет айдыны», 29.06.2006) жазды. Қазіргі қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі Мемлекеттік және тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмәділов туралы эссесін Асқар «Ұлттық тарихи сананың әліппесі – әдебиет» – деген сөйлеммен бастапты. Сонда «Қаламгер Қабдеш Жұмәділовтің «Көкейкесті», «Сарыжайлау», «Дарабоз», «Соңғы көш», «Тағдыр», «Прометей алаңы», «Атамекен», «Таңғажайып дүние» романдарынан, тағы бір қазақ тарихының қилы суреттерін сомдаған ондаған хикаяттар мен әңгімелерінен кейін ойға Әдебиет атаулының осынау бір халықтың парасат пайымы оралады. Ұлттық тарихи сананың әліппесі – сол ұлттың төл әдебиеті».

Жазушының мерейтойында жасалынған баяндама болғандықтан да Асқар Қабдештің шығармаларын талдап жатпайды; олардың қазақ әдебиетінде алатын орнын анықтап, өзіндік ерекшеліктеріне, жаңалықтарына назар аударады. Мысалы, «Соңғы көш» дилогиясы мен «Тағдыр» романы қазақ прозасының социалистік реализм шеңберінде шыр айналған геосаяси тынысын шарт бұзып, этнографиялық аясын кеңейтіп жіберген туындылар болды. Халықтың бұған дейін үлкен әдебиет тақырыбынан бейтарап қалып, шиыршық атып ширыққан шындығының томағасын сыпырып тастады» (сонда).

Жазушы дегеніміз – стиль. Әр қаламгер – ешкімге ұқсамайтын ерекше тұлға. «...Бальзактың кез-келген шығармасын оқысаң, одан Бальзакты бірден танысың, сол сияқты жазушының қай шығармасында болмасын, Дүкенбай менмұндалап тұрады» («Қазақ әдебиеті», 16.12.2005) – деген жолдарда Ғ.Есім Д.Досжанның шығармашылығы хақында айтыпты. Автор негізінен жазушының «Үш қасиет» (2005) кітабына пікір білдіре отырып, оның суреткерлік сыпаты, өзіндік ерекшеліктері туралы да ойлар білдірген.

Тәуелсіздікпен, жаңа заманмен бірге әдебиетке деген көзқарас та өзгерді. Сондай бір пікірді М.Мағауин айтыпты: «Менің ойымша, қаламгердің жазушы болсын, ақын болсын, мықтылығы мен танымдылығы шет елде шыққан кітабының санымен өлшенбеуі керек. Әсіресе, ұлттық әдебиетіміз бен өнердегі үрдістерді бағалаудың жөн-жосығы бөлекше. Ең бастысы – өз жұртымыздың қажетіне жарау. Осы орайда өз басым пәленбай деген халықтың әлем таныған кереметін Абай мен Мұхаң тұрыпты, Шортанбай мен Мұратқа айырбастамаймын. Басқалардың классигі кім болса да маған Нүрпейісов қымбат...»

Қазақ әдебиеті де жазаңдағы жалғыз шоқы емес, сол Алатау сияқты іркес-тіркес, жүлгелі аумақ, айдынды, басы бұлтқа жеткен заңғар, ұлы тіл, ұлы рух, үш мың жылдық үздік дәстүр туғызған өзгеше құбылыс» («Егемен Қазақстан», 26.04.2006).

Бұл жолдар Ж.Елшібектің Мұхтар Мағауиннің шығармашылығы хақындағы «Алдаспан» мақаласынан алынып отыр. Автор М.Мағауиннің алғашқы кітабының аты «Алдаспан» аталса, соны жазушы туралы шығармашылық портретінің тақырыбы етіп алып, Мұхтар бұрынғы ақын-жырауларды алдаспанға теңесе, Жанат бүгінгі үлкен қаламгердің өзін алдаспан атапты. «Өнеге өрнектері» айдарымен «Егемен Қазақстан» газетінде бір бет болып жарияланған мақаланың композициялық құрылымы да өзгеше. Авторы жазушы болғандықтан да болса керек, жазушының өмір жолын, шығармаларын тізбелеп жатпайды; оның бейнесін аша түсетін детальдарды баяндау арқылы көп ұтқан. Мақала көркем әңгімедей қызықты оқылады. «Алтын жұмыртқа», «Әдебиеттің археологы», «Жазығы жақсы жыр жазғаны ма?», «Қастеріміз де қасиетіміз де», «Жазушының ерлігі» аталған тарауларда М.Мағауиннің азаматтық, қаламгерлік келбеті әр қырынан жарқырай көрінген.

Жәркен Бөдешұлының «Сары көбелек сағынышы» «Мұхтар Мағауинге хат» түрінде жазуымен де, айтылған ойларымен де оқырман назарын өзіне аударады. Соңғы жылдары Прагада

тұрып жатқан жазушыға жолданған хат формасында жазылған мақала бірден өзіне баурап алады. Авторы ақын болғандықтан да болу керек мақала жазушыға деген, әдебиетке деген, Отанға деген ыстық сезімге толы. Жәркен Мұхтардың бүкіл шығармашылығын қамтымайды, соңғы кезде шыққан «Жармақ» романын тілге тиек ете отырып, кей шығармаларының атын атаумен ғана шектеліп, жазушының шығармашылық, адами болмысын шынайы ашып бере алған. «Бейуаз қазақ бұрын-соңды бастан кешпеген осы заманның қатыгез нарық қыспағында қалып, есеңгіреп тұрғанда, орайдам пайдаланған алаяқтар халқымыздың қазына-мүлкін, жер, аспанын талан-таражға салып, бұлап, талағанын аяусыз әшкерелейді. Шақша басының пайдасы үшін тұтастұлтты, жалпақ жұртты сатып жіберуден тайынбайтын тас мандай, тас бауыртасырларды, атакқұмар, таққұмар алпауыттарды ендігі жауың осы деп, көзге шұқып, көрсетіп береді. Ұлтсыздандудың айықпас дертіне шалдыққан ұлт сатқындарын атын атап, түсін түстеп отырып, оның бетіне қарғыс таңбасын басады». Бұл – жолдар автордың «Жармақ» романына берген бағасы.

Автор Мұхтардың жазушылық, азаматтық бағытын аса жоғары бағалап жыр жолдарын арнайды. Тәуелсіз елінде өмір сүріп, жыр жазып жүргеніне өзін бақытты санайды: «Ақ боран, көк боранда адаспай, қасқырға жем болмай, ата жұртты адаспай тапқаным үшін бақыттымын. Бауырына басып, маңдайымды сипаған, баспана беріп, бақыт сыйлаған тәуелсіз Қазақстанға өле-өлгенше борыштымын» («Жас қазақ», 08.05.2008). М.Мағауин жетпіске толғанда, «Талант тұғыры» («Қазақ», 23–30.04.2010) атты мақаланы оның сыныптас досы, бүгінгі биология докторы, профессор Блок Шайкенов жазыпты. Балалық кезінен жақсы білетін Блок досы туралы әңгімені мектепке барған сол бір сағым жылдар туралы естеліктен бастапты. Бүгінгі дана Мұхтардың мектепте жүріп-ақ ерекшелене бастағанын баяндауға мақаланың үштен екідей көлемі арналған. Текті жерден шыққандығын әкесі Мұқан, атасы Құрымбай туралы айтқандарынан аңғарылады. Оның ғалымдығы, жазушылығы, азаматтығы соңғы жағында қысқа қайрылған.

Белгілі жазушы Тұтқабай Иманбеков жайында әріптес інісі Нұрғали Ораз «Тұқаң және тұт ағашының көлеңкесі» («Әдебиет айдыны», 11.01.2007) атты мақала жазды. Мақаладан гөрі бір үзік сыр сияқты. Автор «Тұт ағашының көлеңкесі», «Үш айдың үш күні» атты прозалық кітаптар жазған Т. Иманбековтің шығармашылық қырларынан гөрі адамшылық қырларын аша түсуге ұмтылған. «Елден келген кісілер: «Тұқаңа сәлем берейік» – деуші еді» – деген сөйлеммен басталып, «Тұқаң елден келген кісілерді көкорай көктемнің жаймашуағындай жылы көңілмен қабылдап, шертпе күйдің сазындай сыршыл да биязы үнмен сыпайы ғана әңгіме шертіп отыратын-ды.

Тұқаң елді, ел Тұқанды жақсы көруші еді...

Тұқаңдай елге жақын, Тұқаңдай елмен тату қаламгер сирек еді ғой.. Екеу болса, біреуі – Тұқаң, жалғыз болса – ол да – Тұқаң еді» – деген жолдарды оқығанда ұлтжанды, елжанды, ең бастысы үлкен мағынасындағы нағыз адам, азамат Тұтқабай Иманбековтің биік тұлғасы, иманды бейнесі жарқырап көрінеді.

Қ.Әбдезұлының «Қазақ прозасындағы қоңыр күйі» («Қазақ әдебиеті», 23.12.2008) «Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет айтамын» деп аяқталуына қарағанда жазушы Тәкен Әлімқұловтың 90 жылдығына арналған жиында жасалған баяндаманың газеттік нұсқасы сияқты. Жазушының шығармашылық жолымен толық таныстырған Қансейіт оның суреткерлік стилін, өзіндік қолтаңбасын дәл басып көрсете алған. Қазақтың ұлттық тұрмыс-тіршілігін, тіл байлығын жетік білетін Тәкеңнің шығармалары шынайылығымен, ұлттық бояуының қанықтығымен, тілдік қорының жетіктігімен, терең психологизмімен ерекшеленеді. Бұл турасында автор «Тәкен талантының айрықша қырын – оның туындыларының шынайы ұлттық болмыс-бітімін танытады. Яғни, оның шығармаларынан ұлтжандылық қасиет ұдайы қоңыр самалдай есіп, жаныңды тербеп отырады» – деп жазыпты.

Шығармашылық портрет белгілі бір қаламгердің суреткерлік сырларын ашуға қолайлы жанр болса, әдеби өмірдің зәру мәселелерін көтеруде сұхбат өміршендік танытты. Осы жылдарда бірсыпыра қалам иелері әдебиет жайлы қордаланып қалған ой-пікірлерін сұхбат арқылы оқырмандар ортасына салды. Атап айтқанда, Қ.Мұхамеджанов (Шыңғысхан туралы жазуға шамам жетпеді. А.Әліммен сұхбат. «Қазақ әдебиеті», 11.05.2001), А.Алтай (Жан әлемін жайдақтанбасын. Ә.Балқыбекпен сұхбат. «Қазақ әдебиеті», 09.11.2001), Ә.Кекілбаев (Саналы ғұмырың сапырылысқан өзгерістер.Н.Байырбековамен сұхбат, «Қазақ әдебиеті», 05.07.2002), Қ.Қасенов (Алдыңда ағаларың азаймасын. Е.Нұразханмен сұхбат. «Қазақ әдебиеті», 25.04.2003),

Р.Нұрғали (Сөз билейді халықты. К.Әмірбекпен сұхбат. «Қазақ әдебиеті», 23.03.2004), М.Мырзахметов (Күреспен өткен күндерімді бақыт деп санаймын. «Қазақ әдебиеті», 19.09.2004), З.Серікқалиев (Интеллектуалды ортаның әлсіздігі дүмбілездікке даңғыл жол ашады. Ә.Бөпежановамен сұхбат. «Қазақ әдебиеті», 11.02.2005), Т.Әбдіқұлы (Рухани кемелдену – адамның өзіне-өзі үнілуінен, өзімен-өзі күресуінен басталады. Қ.Жиенбаевпен сұхбат. «Қазақ әдебиеті», 18.02.2005), А.Смайыл (Әдебиеттің құны қанша? «Қазақ әдебиеті», 11.03.2005), Ә.Тарази (Алла тағала өзі – хақиқат, растықтың жылы, «Әдебиет айдыны», 15.11.2005), Шығарма шырайы көркемдік құпиясында, «Қазақ әдебиеті», 18.01.2008), Сөз киесі («Қазақ әдебиеті», 31.12.2008), Д.Досжан (Басым отта тұрған қазан секілді. К.Әмірбекпен сұхбат. «Қазақ әдебиеті», 16.06.2006), Ш.Елеукенов (Туған әдебиетіміз жаңа жолда. Г.Пірәлиевамен сұхбат. «Қазақ әдебиеті», 21.04.2006), Д.Исабеков (Таза әдебиеттің заманы өтіп бара ма деп қорқамын. А.Манабаевамен сұхбат. «Қазақ әдебиеті», 30.03.2007), С.Елубай (Тағдыр менің қолыма қалам ұстатты. З.Жұмановамен сұхбат. «Қазақ әдебиеті», 06.04.2007), Ш.Құмарова (Мені жазушы еткен – ортам. «Қазақ әдебиеті», 13.07.2007), С.Досанов (Қарудың ең үлкені – қалам. «Қазақ әдебиеті», 03.08.2007), Ж.Ахмади (Бағбанның маңдай тері – жемісін жегенге қарыз. «Әдебиет айдыны», 26.04.2007), Г.Бельгер (Нағыз жазушы арсыздыққа бармайды. А.Мантаевамен сұхбат. «Қазақ әдебиеті», 31.12.2008), т.б. өз шығармашылығы, өзін толғандырып жүрген мәселелер, қазіргі әдебиеттің жай-күйі жайлы баспасөз беттерінде ой бөлісіпті.

Әдеби сұхбаттарда ең алдымен, жазушының шығармашылық тұлғасы, суреткерлік сыры, лабораториясы көрінеді. Д.Исабеков бір сұхбатында жазушылық жан сырын жасырмай жайып салыпты. Жыл өткен сайын «Жазған бірде-бір сөйлемің ұнамайды. Сызып тастайсың. Сыза бермейінші деп, басқа бетке жазасың... Екі сағат көлемінде екі сөйлем жаза алмай тұрып бара жатып, күн сайын оншақты бет, ал жарты жыл сайын бір роман бітіре салатындарға қайран қаламын. Қызығамын, қызғанамын...

Жазбай ой үстінде жүрген кезінде бәрі жақсы, бәрі түзу, ал жазуға отыра қалсаң, бәрінің киюі қашады, басы бірікпейді, құр сұлдерінді қалдырып, көрікті сөздер сені жападан жалғыз тастап кеткендей. Оқиғаның сұлбасы дайын болғанымен, шығарманы құрайтын кірпіш – детальдар, ою-өрнек пен әшекейлер, кейіпкеріңнің дәл сол сәттегі көңіл-күйі мен жан толқуларын анық та қанық бере алатын бір сөз, бір бояуын таппай, санадағы сөздік қорды мың ақтарып, жүз саралап, сарсаңға түсесің. Ұзақ уақыт қалам мен қағазға жоламай кететініміздің бір сыры осы болса керек.

Әр кейіпкер – әр адам. Өмірде қандай болса, ол да сондай тұлға. Мен оның мінезі мен түр-тұлғасын ғана емес, шығармада көрсетілмейтін салмағына шейін күні бұрын біліп алуым керек» («Қазақ әдебиеті», 19.07.2002).

Қаламгерлердің түрлі сұхбаттарында өздерінің шығармашылық лабораториясынан, жазушылық ерекшеліктерінен хабар беретін мағлұматтар көп кездеседі. Солардың кейбіріне назар аударалық.

С.Жүнісов: «Мен өзі көп ойланып жүремін де, тез жазып тастаймын... Жалпы, қазақ халқының тағдырына менің тіршілігім келеді. Соларды жаза алмай келемін, өкінетін-ақ нәрселер. Құдай өмір берсе, бес-алты жылдың ішінде жазам ғой деп ойлаймын» («Әдебиет айдыны», 24.02.2005).

Қ.Жұмәділов: «Жетпіс деген оңай жас емес, әрине. Өмірдің ащы-тұщысын көріп жүріп, бұл жасқа қалай жеткенімізді де аңғармай қалыппыз. Дегенмен, өз басым негізгі дүниелерімді бойымда күш-қуатым барда жазып тастағаным дән ризамын... Қаламым қолдан түскен күні тіршілік те тоқтайды деп білемін... Соңғы кезде публицистикаға көбірек бет бұрып жүрмін. Біреулер «Осы сенің публицистикада не шаруаң бар. Көркем дүниенді жазып жүре бермейсің бе, жоғары жаққа ұнамай қалуың мүмкін ғой» – деп, ділмәрсиді. Оған мен «Жазушы әркімге ұнағысы келіп тұратын бойжеткен қыз емес қой деймін. Солай емес пе?» («Қазақ әдебиеті», 21.04.2006).

Д.Досжан: «Қаламымды қолдан түсірмегеннің әсері шығар. Жыл сайын я түпнұсқа, я аударма жаңа кітабым жарық көреді. Сонда да қанағатсызбын. Әрдайым жазудың бабында болуға тырысасың. Басым отта тұрған қазан секілді» («Қазақ әдебиеті», 16.06.2006).

Ш.Құмарова: «Еш уақытта күй талғаған емеспін және мен үшін уақыт деген жоқ. Кез келген жағдайда жаза беремін. Бір ерекшелігім – алғашқы үш кітабымнан басқасының бәрін машинкамен жазғам. Ол әрі уақытты үнемдейді, әрі үстінен қарауға да оңай болады. Қолмен жазған жазуыма адам баласы түсінбейді» («Қазақ әдебиеті», 13.07.2007).

Р.Мұқанова: «Шығарма жазып жүргенде көңіл-күйім көтеріңкі болады. Ол сәтте өкпе де, реніш те болмайды. Тіпті балаларымның да айтқанына көніп, ақкөңілденіп кететін тұстарым болады. Өйткені, жазу – бақыт. Ширығып, терісіне сыймай, әркімге бір ұрынып жүрген жазушыны көрсем, жаза алмай, қиналып жүр-ау деп ойлаймын. Жазып жүрген адамның жүрегінде өкпе де, кек те болмайды. Сол сәт Алланың өзі тазаруға мұрша береді суреткерге. Жазу – тазару, иман келтіруіңмен бірдей сәт...

Айтамын дегенімді айтып жүрмін, жазуда да сол. Бірақ қалыптасқан жазу тәсілімді өзгерткім келіп, жеріп жүргенім де рас. Басқаша... мүлдем басқаша бір жанрда дүние жазғым келеді... Ол маған қай кезде санама құйылады, ол санама құйылған кезде мен шау тартып, әдебиетті жатсынып қалмаймын ба, бір Алла біледі...» («Әдебиет айдыны», 23.11.2007).

«Қазақ әдебиеті» газеті С.Әшімбаевтың 1989-жылы Ғ.Мүсірепов туралы жазған триптих мақаласынан үзінді берілген. Онда Ғабиттің өзінің шығармашылық машығы жайлы айтқан мынадай жолдар бар: «Маған басқасынан да күз бен қыс айлары жұмыс істеуіме өте қолайлы. Орысша айтқанда, өзімді подтянутой сезініп, сергек жүремін. Мына көктем мен жаз кейде ойлауға көп мұрша бермейді. Күзгі табиғаттағы өзгерістер мен қыстағы қытымыр шақ еріксіз ойлауға мұрындық болатын сияқты...

Жазу столымда әрқалай отырамын. Мына творчествода көп нәрсе тікелей көңіл-күйге байланысты ғой. Кейде бір жағдайлар ойымды бөліп, көңілімді аландатса, ұзақ отыра алмаймын. Ал, енді бірде көкейге кептелген ойлардың тасқыны алып кеткенде, он сағатқа дейін жазып отыра беремін.

Мен өзім негізінен түнде жазуға әдеттеніп кеткен адаммын. Ертеректе балалар жас болды, үйдің жағдайына байланысты оларды ұйықтағып барып жазуға отыратынмын. Мен кәдуілгі қара қарындашпен жазуға машықтанып кеткен адаммын. Жазатын күні алдын ала бір тобын ұштап, дайындап, өшіретін резеңкемді даярлап қоямын» («Қазақ әдебиеті», 08.11.2002).

Бұлардан жалпы жазушылық жолы бір болғанымен, әр қаламгердің өз сүрлеуімен жүргендігі, әдебиет даңғылына түсуі түрліше екендігі көрінеді. Олардың қазіргі әдебиет жайлы пікірлері де өзгеше. Мысалы, Д.Исабеков «Қазіргі поэзияның жағдайы жаман емес. Өлең жазып жүрген талантты жастар көзге көрініп те жүр. Ал проза мүлдем бөлек әңгіме. Базарда өтпей қалған тауарын арқалап бара жатқан адамдарды көресің ғой. Қазіргі кезде прозаиктердің де жағдайы осындай... Ал жастардың әдебиетке келуі мүлдем байқалмайды...

Бұрын көркем әдебиет арқылы айтылмай жүрген шындықтың ұшын шығарушы едік. Соны жұрт жазған шығарманың арасынан іздеп табатын. Шындықты айта білген жазушыларды қарапайым халық ұлттық тұлға деп есептейтін. Ал, қазір өмірдің ащы шындығын журналистер бізден бұрын айтып қойып жатыр... «Жазбай-ақ қойсам қайтеді?» – деген ой да болады» («Ақ жол Қазақстан», 02.09.2005) – десе, тағы бірде «Қазақ әдебиетіне» (19.07.2002) берген сұхбатында қазір басқа заман екендігін айта келіп, «ол шығармалар – өткен кезеңнің құрылысы. Қазір басқа құрылыс жүріп жатыр. Ол кезеңнің материалдары мен дизайны бүгінгі талапқа сай емес... Ол – тым күрделі, Галактикадай шексіз, таулы өңірдің ауа райындай құбылмалы» – депті.

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты С.Жүнісов Ә.Әуелбекпен әңгімесінде әдебиеттің жай-күйін қоғамда болып жатқан өзгерістермен байланыстырып, алаңдаушылық білдіріпті: «Мына заман өзгерген кезде бізді, тіпті, қиын жағдайда қалдырды... Ал біздер ит тіршілікке ауысып бара жатқандаймыз. Өйткені, біздің жазғанымызды місе тұтып, талқылап, қорытынды жасап жатқан ешкім жоқ. Біз ескерусіз қалдық, ескерусіз қалып бара жатырмыз. Теледидардан сөйлесек те, газетте де ешкім мән беріп жатқан жоқ. Өрі-беріден соң, кітабымызға ақша да төлемейді. Кітабымыздың өзін шығармайды» («Әдебиет айдыны», 24.02.2005).

Қ.Жүмәділов 70-ке толғанда Б.Шарахымбай мен Ғ.Жайлыбай жазушыны сұхбатқа тартыпты. Қазақ әдебиеті, шығармашылығы, рухани өмір жайлы қойылған сұрақтарға Қабдеш «Шынайы жазушы әдебиетке өз тағдырымен келеді», «Отанын іздейтін қазақ қалмай қала ма деп қауіптенемін», «Жазушы әркімге ұнағысы кеп тұратын бойжеткен қыз емес» деген тұрпатта жауап бере келіп, қазақ әдебиетінің болашағы жайында «Әйтеуір әдебиеттің бар екеніне сенемін. Әсіресе, тұлпар мінезді жанр поэзияның қадамы сүйіндіреді... Форма жағынан болсын, мазмұны жағынан болсын, ішкі иірім, ширығу, мінезі – бәрі орнықты. Прозаға келгенде бұлай деп ауыз толтырып айта алмаймыз. «Мынау қайтеді-ей!» дегізетін ешкімді көріп отырғам жоқ. Прозаға қарағанда поэзияның аяқ алысы алымдырақ секілді» («Қазақ әдебиеті», 21.04.2006) – деген пікір білдіріпті.

К.Әмірбектің Д.Досжанмен жүргізген әңгімесі жанрдың биік талаптарынан көрінген, оқырман ойынан шығатын әдеби сұхбаттың нағыз үлгісі іспеттес. Көпен әдетте осындайда жиі қолданылатын сұрақ-жауап (интервью) үлгісінен бас тартып, өзінше өрнектеген. Бірден жазушымен әңгімеге кіріспей, алдымен, онымен, оның шығармаларымен қалай танысқанын баяндаған прологтың, соңында эпилогтың берілуін шығармашылық ізденістің жемісі санаймыз. Сұхбатшы әңгімені бастарда Д.Досжанның «Дидарына қарасам – жаңа піскен қауынның жүзіндей, көзінде – шуақ, бойында – қуат» көруі де біраз нәрсені аңғартады.

Автор сұрақ қоюшы ғана емес, Дүкенбаймен тең дәрежеде әңгіме-дүкен құрушы да; ол белгілі бір мәселе төңірегінде жазушыны әңгімеге тарту үшін оның ойына тамызық тастап отырған. «Жазуды тым ерте бастаған адаммын, жасымнан кітапты көп оқыдым, әлі де үзбей келемін. Соншама ақ тер, көк тер азабына, әлгіндегі көлденең кісілерге жеккөрінішті болғаным, көз майымды сарқып, сұқ саусақты сүйел етіп, арзымайтын қаламақы алғанымға қармай, бәрібір жазушы болар едім. Тағдырыма қаламды серік етер едім деп ойлаймын» – деген Д.Досжан «Әдебиетке шын берілген кісі көркемделген сөзі үшін шен-шекпен, орден, мәртебе, марапат дәметпейді, жүректегі шер-шындығымды сыртқа шығарамын деп, күйіп жанады»; «Тап осылай жазайыншы деп алдыма ұстаған классигім болмапты» («Қазақ әдебиеті», 16.06.2006) – деп, сыр ашыпты.

Көпеннің «Қазіргі қазақ әдебиетінде Нобель сыйлығына кім лайық деп ойлайсыз?» – деген сауалына «Бір шындық бар, әдебиет пен өнердегі Нобель сыйлығы тек қана сол өнерге қосқан жеке-дара айрықша өзіндік қолтанбасы, орысша айтқанда, индивидуальный, самобытный почерк ерекшелігі үшін беріледі. Я ұлтқа сіңірген еңбегі, я қаламгердің қыруар том кітап жазғанына берілмейді... Өз басым көзі тірі екі прозашыны мәртебелі сыйлыққа лайық деймін. Бірінші: Әбіш Кекілбаев прозасында баяғы билердің сөйлеу мәнеріне сай, мұхиттың тасуы мен қайтуы секілді толқынданып келіп жататын пәлсапалық сарыны мен сипатын әлгі айтқан айрықша ерекшелікке жатқызар едім. Екінші: Мұхтар Мағауиннің мазмұнды тіліне, тұжырып айтатын силлогизміне қазіргі таңда пар келетін дүниелік әдебиетте жазушы некен-саяқ. Жапон Юкио Мисиманың тілі жұтаң, ал бразилиялық Пауло Коэльоның пәлсапалық түйіні шиыршық атқан кемел емес. Қазақ әдебиетіндегі қазып айтудан айрықша ерекшелік деп, «Қыпшақ аруы», я «Шахан шеріні» айтар едік» – дей келіп, «Қаны бетіне шығып тұрған қазақ мінездер галереясын жасау ерекшелігі менің шығармаларыма да тән деп қымсынбай айта аламын» – деген өзінің ішкі ойын да жасырмай айтып салыпты.

Екі қаламгердің сұхбаты Көпеннің балалардың эстрадалық бір концертінде бір оқушы қыздың айсбергті жұмбақтағанын айта келіп, «Дүкенбай ағам да «Көп дүнием көрінбей жатыр» дегендей, өзін-өзі Айсберг мұзтауындай сезінетін сияқты» – деген оқырманын ойға жетелейтін сөйлеммен аяқталған.

Т.Әбдіктің «Қазақ әдебиетіне» (18.08.2006) берген сұхбаты «Жамандықты жеңу үшін өзімізді өзіміз жеңе білуіміз керек» деген өз сөзімен аталған. Жазушы әдебиет, өз шығармашылығы хақында оқырманын ойландырушы ойлар айтады. Ол «шын жақсы шығарма бүкіл адамзатқа ортақ. Өйткені, шындық, әділдік, тазалық, сүйіспеншілік, адамгершілік, қиянат, зорлық, қатыгездік, өзімшілдік деген ұғымдардың мағынасы барлық халықта бірдей. Сондықтан өзге халықтардың жастарына түсінікті болу үшін өзіңнің ұлттық сипатыңнан бас тартудың ешқандай қажеті жоқ деп ойлаймын...

Қазақ тілінде жазатын қазақ қаламгерлерінің ішінде ұлттық өрістен ауа жайылып жүрген ешкімді байқамаған секілдімін...

Жалпы бүгінгі қазақ әдебиетінде ештеңе жоқтай ауызды қу шөптен сүртетіндерге мүлде қарсымын. Жақсы әңгімелер де, повестер де баршылық» – деп біледі.

Әлемдік оқырманды аузына қаратып жүрген бразилиялық жазушы Пауло Коэльо туралы пікірі де өзгеше: «Ал Пауло Коэльоның шығармашылығы туралы менің пікірімді сұрасаңыз, мен өзімді бұл жазушыны аса жоғары бағалайтындардың қатарына жатқыза алмаймын. Себебі, оның мақталып жүрген «Вероника өлуге бекінді» атты кітабын оқып шыққанмын. Біріншіден, шығарманың кейіпкері де, оны қоршаған орта да көзге елестемейді. Жалпылама баяндау. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің себеп-салдары ашылмаған. Өңкей бір қисынсыз әрекеттерге бейім жандар. Верониканың неге өлгісі келгені де белгісіз... Қысқасы, оқып отырғанда, көңілдегі күдігің барған сайын көбейіп, жауабы жоқ сұрақтардың ортасында қаласың. ...Пауло Коэльоны біздің елде осындай әспеттеу мені де таңқалдырады».

Төлен бүгінгі әдебиет жайлы «біз сол кеңестік әдеби санадан әлі арыла алмаған секілдіміз. Әдебиеттану, әдеби сын салаларында, әдеби энциклопедиялық кітаптарда сол баяғы мұз ерімей тұрғанға ұқсайды. Ескі тізім, ескі баға, ескі ой...

Кез келген көркем шығарманың концепциясы заманның рухани бет-бейнесімен байланысып жатуға тиісті» – депті.

Жазушы Смағұл Елубаевпен сұхбаттасқан Заря Жұманованың осыны жазарда біраз еңбектенгені, ізденгені көрінеді. «Тағдыр менің қолыма қалам ұстатты» («Қазақ әдебиеті», 06.04.2007) деген тақырып қойылған сұхбаттың композициялық құрылымы да өзгеше шыққан. Автор қаламгерге сұрақ қойып, оған берілген жауапты келтірген де содан соң оған жалғастыра оның романдарынан да осы бағыттағы үзінділер беріп отыруы мәселенің мән-жайын тереңірек аша түсуге көмектескен. Мысалы, «Арманыңыз?» деген сауалға Смағұл «Кешегі жетпіс жылдық тоталитарлық режим тепкісінен тілдік тұрғыдан бөлшектенген, дінінен, ділінен ажыраған қазақтың тұтас өз тілінде сөйлеп, қалыпқа келуін көру арман. Бірақ, ол күн қайда-а-а!» – деп жауап беріпті. Енді осы ойды тереңдетіп түсу мақсатымен жауаптан сон жазушының «Жалған дүние» романынан мынадай үзінді келтірілген: «Көшеге шықсаң болды, өзара орысша былдырласқан баланы көресің. Немересімен жат тілде шүлдірлескен атаны көресің. Қызымен орысша шүңкілдескен ананы көресің. Сонда шошисың. Айдың-Күннің аманында бұл қазаққа не болды деп. Қараптан-қарап тұрып ызаға булығысың. Ашуға тығыласың. Қаның басыңа тебеді. Мына таскерің жұрт, таскерің заманның бетіне былш-былш ұрып, біраз нәрсе айтқың келеді. Айқай салғың келеді. Бірақ шықпайды үнің. Іштей бұлықсисың. Іштей тұтанып, іштей жанасың. Дыбыс шығаруға болмайды. Дыбысың шықты екен, мына «интернационализм идеясы салтанат құрып тұрған заманның» шырқын бұзасың. Сен «сүттей ұйыған қоғамның шырқын бұзушы ұлтшыл, хулиган, бұзақы» болып шығасың. Екі қолың артыңа байланып, «қара есекке теріс отырғызылып, бетіңе қара күйе жағылып» абақтыға айдаласың. Сондай сәттерде, кейде, Алматы көшесінде келе жатып, мына мәңгүрт болған жұртты күнде көріп, күнде күйгенше, екі қолыңды тас төбеңе қойып, бет алды қаңғып кеткің келер. Сөйтіп, бұндай елден бұратала безгің келер еді». Бұл жолдардан ұлтжанды жазушының жүрек бұлқынысы, жан сыры барынша жарқырай көрінген. Сұраққа қысқа берілген жауаптың тебіренген терең ойлардың сығындысы ғана екендігі аңғарылады.

Сұхбатта әдебиеттен гөрі бүгінгі күннің зәрі әлеуметтік, идеологиялық мәселелеріне көбірек назар аударылған. Заря алдына қаламгердің азаматтық тұлғасын өзін сөйлету арқылы, қоғамды толғандырып отырған өткір мәселелер хақындағы пікірлері арқылы аша түсуге ұмтылғандығы байқалады. Сол себепті де суреткерге әдебиет жайлы сұрақтар қойылмаған. Оның орнына «Жалған дүние» романынан үзінділер келтіріп, С.Елубаевтың шығармашылығын жоғары бағалаған Т.Ахтановтың, С.Мұратбековтың, З.Қабдоловтың, Ә.Кекілбаевтың қысқа пікірлерін беруі де ұтымды шыққан.

Елубайдың өмір, қазіргі қазақ қауымы хақындағы ойлары терең. Ол «Бақыт деген не?» деген сауалға төмендегіше жауап берген:

«Менің ойымша, ең бақытты жан – өзге адамға қуаныш сыйлай білетін жан. Ең бақытсыз жан – жүрегіне кек, қызғаныш ұя салған жан. Ең бақытты жан – Құдайды сүйген жан... Жүрегіміздегі Құдайға деген махаббат айналып келгенде, адамға деген махаббат қой. Құдайды сүймеген – адамды сүймейді. «Құдайдан қорықпағаннан қорық» дейді қазақ... Қазақ неғұрлым тез Аллаға қауышса, ұлттық қалыптасуымыз да соғұрлым шапшаң өз мәресіне жетпек».

Смағұлдың дін туралы «Мемлекеттің есік-терезені ашып тастап, кез-келген діни ағымдарды қапатуын өз басым дұрыс деп ойламаймын. Өйткені көптеген діни ұйымдар қалтасыз қазақты ақшамен сатып алып жатыр»; «қазақтың жауы» хақындағы «Қазақтың жауы санасында отыр. Қазақтың ұлтсыздануы. Мемлекет пен ұлт мүддесін сатып жіберетін қазақ – қазақтың жауы. Содан соң тәуелсіздікке жеткеннен кейін де ұрпағын ана тілінде тәрбиелемей, орыстандырып отырған қазақ – ол да қазақтың жауы. Қазақтың туын саналы түрде өз үйінде құлатып отыр олар... Осымен күрес, ақпараттық күрес керек» – деген пікірлері – әрбір саналы азаматтың ойланарлық мәселесі. Бұл жолдардан ұлтжанды қаламгердің ұлт үшін күресіп жүрген азаматтық тұлғасы айқын көрінеді. Өз сөзі арқылы жазушының адамдық болмысы барынша ашыла түспек.

Сондай-ақ сұхбатта ұлттық кино жағдайы да проблема ретінде көтерілген. «Сөз соңында» берілген «Тумысынан мен деп кеуде ұрмай-ақ, елеусіз жүріп, көп іс тындыратын қаламгерлер көбіне-көп құрмет-марапаттан кенжелеу қалып жатады. Талантқа тасада тұрып тас ататындар

да, алға басқан арбасының дөңгелегіне таяқ тығатындар да аз болмаса керек... Алайда, бізбен сұхбатында жеке басының өкпе-наласы емес, халқымыздың жанындағы парасатын айтып, ой бөліскен оның үлкен жүректілігіне іштей тәнті болдық» – деген жолдарда сұхбат жүргізген З.Жұманова ұлтын сүйген Смағұлдың бейнесін жарқырата тұлғаландырады.

З.Жұманова С.Елубаймен әңгімені негізінен рухани өмір төңірегінде өрбітсе, «Терезелер», «Сәуірдің ақ таңы», «Қазбауыр бұлттар», «Әйел шырағы», «Жердің тұзы», «Құлжа жолы», «Сезім патшалығы» атты прозалық шығармалар жазған Шәрбану Құмаровамен сұхбатында басты назарда әйел жазушының шығармашылық жолына, қыр-сырларына аударыпты. Автор мұнда да әңгімелесіп отырған қаламгердің өзіндік ерекшеліктері жайлы өзі айтпай, суреткерге сұрақтар қойып, сөйлетіп отырған; сонымен бірге Б.Тоғысбайұлының, Б.Нұржекеұлының, Т.Молдағалиевтің қысқа пікірлерімен шектелген.

Артымыздан еріп келе жатқан жас прозашыларға не айтар едіңіз деген сауалға Ш.Құмарова «Былай жаз» деп ақыл айтудан аулақпын. Дегенмен, оларға айтар апалық алғашқы тілегім – ұсақ-түйекті әңгіме ете берудің қажеті жоқ, тақырып аясын кеңейтсе болды.

Екіншіден, тіл қолданысын дұрыстаса, кейбіреулер қасаң, таптаурын газет тілімен жаза береді. Тіл деген – теңіз, мұхит, ол шалқып, толқып, құбыла ойнап тұруы керек. Ең бастысы, қаламгер қыз-келіншектер өздерінің шыққан төбесін асқар шың деп түсініп, рухани тоқырауға ұшыраудан аулақ болса екен...» («Қазақ «дебиеті», 13.07.2007) – деген тілек білдіріпті.

Ш.Құмарова үміт артқан сіңлісі Роза Мұқанова да «Көркем сөз көнерген сөзге айналмасын десек» («Әдебиет айдыны», 29.11.2007) төңірегінде біраз ойлар айтыпты. Ол «Қазақтың сөз құдіреті образдылығында. Қазақ сөзінің қасиеттілігі, ұтқырлығы, өжеттігі, батырлығы, кеменгерлігі көркемсөзбен ғана анықталады... Тіл көркемдігі ұрпақтан ұрпаққа көркем әдебиет арқылы жалғасын табады. Ал көркем тіл – нақтылап айтқанда, жанның ләззаты, жанның ғарыштық әуезі ғой. Мысалы, Мағжан, Мұқағали, Тәкен тілінің көркемдігі – музыка деген болар едім» – деп, толғаныпты.

Жазушыңыз «Әдебиетке оқырман сенген кезде, өзінің дертінің шипасын Әдебиеттен тапқан кезде Әдебиет көркейеді, соңынан халықты ертіп алады, беделі артады. Күшті әдебиет оқырманның сеніміне ене алады. Ал, керісінше, оқырман талғамы күшейіп, әдебиеттен биіктеп кеткен тұста Әдебиет құлайды. Керек десеніз, Әдебиет сол қоғамға масыл боп көрінеді. Әдебиеттің беделінің түсуі – Әдебиеттің құлдырауы деп ойлаймын» – дегеніне сөзсіз иланасыз.

Әдебиеттің соңғы толқыны хақында «Менің сүйсініп оқитын ақыным Маралтай болды. Маралтайдың «мінезді» кездегі өлеңдерінен ғажап суреттерді көретінмін. Танақөз Ілиясованың өлеңдерін ұнаттым, мақала жазғаным да бар. Оның өлеңдері проза сияқты тағдырдың драмалық тұстарын сендіріп көрсетуге бейім. Өлеңі терең, ойлы келеді. Лирика Қоныстың өжет ойлары, сын мақалалары ұнады» – деген.

«Мен ойлаймын, құдіреті күшті Құдай-Тағала әдебиетті жаратпаса, жазушы дейтін өзінің сүйікті құлын жарытпаса, мына жарық дүниені әлдеқашан түнек басып кетер еді. Дүниені билейтін – сөз. Інжілде де «Сөз – ең бірінші» деп жазылған. Күнделікті жоқшылықтың орнын толтыра аласың, ал рухани олқылықтың орнын толтыру мүмкін емес. Жылдар бойы жинаған мәдениетті, рухани байлықты бір-ақ сәтте жоғалтып алуға болады, ал оның орнын толтыру үшін ондаған, бәлкім жүздеген жылдар керек. Рухани байлықты жасаушылардың алдыңғы легінде жазушылар тұр» («Қазақ әдебиеті», 03.08.2007). Бұл жолдар жазушы Сәбит Досановтың Әдеби газетке берген сұхбатынан алынып отыр.

Газет тілшісі З.Жұмановамен әңгімесінде Сәбит қаламгер, оның қоғамдағы орны туралы «нағыз шын жазушы түрмеге қамап қойса да, қатал жаза қолданамын десе де жазбай отыра алмайды. Жазушы болудың алғы шарты – ең бірінші, киелі өнерге қол созған адамның табиғат берген таланты болуы керек. Алайда бұл таланттың болса болды, оқудың, ізденудің қажеті жоқ деген ой тұмайды. Жазушылық өнерді қыранға теңесек, бір қанаты – талант та, екінші қанаты – еңбек. Жазушының табиғи таланты болмаса, тілді жетік біліп, шебер меңгеру де аз. Қаламгер мен халық – егіз. Нағыз жазушы көптің көкейіндегі ойын тап басып айтып, халқының жоғын жоқтауы керек. Адам жанының инженері болу үшін адамды сүйе білуі шарт. Адамдарды жек көретін, үлкен азаматтығы жоқ адамнан үлкен суреткер де шықпайды. Жазушы халықтың қамын ойламай тұра алмайды» – деген.

«Сіздің жаныңызды мазалап, жүрегіңізді толғандырып жүрген ойларға» С. Досанов «Қазір мынау жаһандану келе жатыр, басқа да неше алуан апаттар бар. ... адамдар мен адамдар

дың арасы алшақтап кетті. Адамның жаны қасаңданып барады. Қазақта керемет екі сөз бар еді: ұят болады, обал болады деген. Соны да ұмытты кейбіреулер. Адамдардың жан дүниелері жұтанданып, жүдеп бара жатқан шақта әлемді апаттан құтқаратын – өнер. Адамзатты құтқаратын – әдебиет. Адам өнер мен әдебиетке неғұрлым жақын болса, ол солғұрлым жасампаздыққа жақын болады, ол алыстаған сайын жойымпаз болады» (сонда) – деп, тебіренеді.

Жазушының ойынша, біздің қоғамымызға ұлттық идеология жетіспейді. «Идеологиясыз мемлекет бола ма, жалпы. Менің ойымша, идеологияның негізі – ұлттық идеология болуы керек. Кеңестік кезеңдегі идеологияны немен толтыруға болады. Бірінші – ұлттық идеямен. Алдымен тіл, діл, дін (дінді тек дін деп қарамау керек). Екінші, Абайдың қара сөздері – ұлттық идеологияның алтын қазығы деп ойлаймын».

С.Досановтың жеке басына, шығармашылық жолына, жалпы әдебиетке қатысты қойылған бес сұрақтың жауаптары «Қарудың ең үлкені қалам» деген тақырыптың төңірегінде тоқайласқан. «Қарудың ең үлкені қалам», «Нағыз жазушы түрмеге қамап қойса да жазбай отыра алмайды, «Адамзатты құтқаратын – әдебиет», біздің «идеологияның негізі ұлттық идея болуы керек» деген жазушының сұхбатынан ұлтын, ұлттық әдебиетін сүйген азаматтың жүрекжарды пікірлері бүкпесіз ортаға салыныпты.

Тәуелсіздік жылдарында өзінің қоғам, әдебиет жайлы өткір пікірлерімен баспасөз бетінде жиі көрінген қаламгердің бірі – Әкім Тарази. «Қазақ әдебиеті» газетінің тілшісі Айнара Ашанованың «Сөз киесі» («Қазақ әдебиеті», 32.12.2008) тақырыбымен дайындалған материал өзінің композициялық құрылымымен көзге түседі. Мұнда Ә.Таразидің әр жылдарда баспасөз бетінде жарық көрген сұхбаттарының ішінен әдебиет жайлы айтқан пікірлерінен үзінділер топтастырылған. Қысқа кіріспеден соң, әдеби газетте әр кездерде жарияланған 5 сұхбаттың айшықты ойлармен, пайымды пікірлерімен сұғарылған тұстарымен таныстырған тілші соңынан авторға екі сауал қойған. Бұрын осындай пікірлер айтып едіңіз, қазір соған қалай қарайсыз деген сауалға Ә.Тарази өз ойын еш өзгертіпегенін айта келіп, «Мен қазір әдебиетіміз ешбір тоқтаусыз дамып бара жатқанына кәміл сенемін. Прозада, поэзияда, драматургияда біздің әдебиетіміз ешуақытта тоқырап қалған емес» – депті.

Еліміз егемендік алып, әлеуметтік, рухани өмірімізде үлкен өзгерістер болуымен бірге оның сыны да қоғамдағы алар орны да бәсеңсі түсті. Бұрын рухани өмірде әдебиет көш басшы болса, жаңа заманда журналистика алдыңғы қатарға шықты. Баспасөз бетінде өмір сүретін әдеби сын жанрларының ішінде сұхбат жанры өміршеңдік танытты. Әдебиеттің бір ғана тақырыбын қаулап жазатын сынның негізгі жанрлары саналатын рецензия, мақалаға қарағанда, сұхбат өмір ұсынып отырған зәру проблемаларды жан-жақты дер кезінде қозғай білуімен қамту нысананың ауқымдылығымен, жанрдың көтеріп отырған мәселені игеруге деген икемділігімен ерекшеленеді. Әдеби тақырыпқа жазылған сұхбат жанрының осындай мол мүмкіндіктері С.Оразалыұлының Ә.Кекілбаевпен жүргізген әңгімесінде барынша пайдаланылған. Жазушының «Оңтүстік Қазақстан» (19.06.2007) газетіне берген сұхбаты «Ғұмырдария» айдарымен берілген. Мақсат үлкен қаламгер, әрі қоғам және мемлекет қайраткері Ә.Кекілбаевтың рухани өміріміздің түрлі салалары бойынша туындап жатқан өткір мәселелер турасындағы ой-пікірлерімен таныстыру болған. Сол себепті де сұхбат барысында көтерілген мәселелердің ауқымы кең. Ә.Кекілбаев «Оңтүстік өлкесі туралы», «Тарихи атаулар хақында», «Қазақтың баласын арман өсірген», «Ақылыңнан айналайын» «Латын әліпбиі туралы», «Ұлттық құндылықтарымыз туралы», «Алдымен экономика ма, идеология ма?» «Гендерлік саясат туралы», «Тарихи тұлғалар жөнінде», «Әдебиет туралы» кеңінен ой қозғапты. Әдебиетке келгенде, мәңгірттік, жаңа шығармалары, өлеңдері хақында қысқа қайрылған.

«Қазақ әдебиеті» (05.10.2001) газеті «Өзек өртеген өмір шындығы» деген тақырыппен жазушы Адам Мекебаевтың шығармашылығын талқылаған жиыннан материал беріпті. Әдетте мұндай талқылаудан есеп жазылады. Бұл жолы газет басқаша жолды таңдаған. Қазақстан Жазушылар одағында А.Мекебаевтың шығармашылығын талқылаған жиын өткенін, оны Т.Медетбеков ашқанын, Ұ.Досмағамбетов жазушы шығармашылығы жайлы баяндама жасағанын хабарлаған шағын анықтамадан соң, пікір білдірушілердің сөздерінің қысқа нұсқасын ұсыныпты. Он шақты қаламгердің негізгі ойлары «Адам осы романы («Қазына сыры») арқылы шеберліктің жетер биігіне жеткен сияқты. Мен қаншама сығалай қарағанмен араарасында ұшырасып қалатын жергілікті сөз ерекшелігі болмаса, мін іздеп таба алған жоқпын. Көркемдігі биік, айтары мол роман» (М.Ысқақбай); «Иә, «Қазына сыры» қазақ халқының жартысын опат еткен ана жылғы алапат ашаршылыққа арналып жазылған тұңғыш роман...

романның көлемі шағын. Бірақ жаны жоқ қалың романдардың бірде біріне ешқашан да айырбастамас едім» (Х.Әдібаев); «Адам Мекебаев – қай шығармасында да пәлсапалық астар жататын, ойлы қаламгер. Ол не нәрсені де жалаң айтып қоя салмайды, ар жағында түйін, астар жатады» (Д.Досжан); «Адам Мекебаев шығармашылығы туралы ең бірінші айтарым, ол жазу техникасын меңгерген қаламгер. Жазу техникасы – біз ойлап тапқан жаңалық емес, ол ұлы жазушылардың қалдырып кеткен жол-жобасы» (А.Жақсыбаев); «Сөйтсем бұрын білмейді екенмін, ол қазақ прозасының маңдай алдында жүрген ірі тұлғалардың бірі екен. Әсіресе, «Жаза», «Жадыра», «Жезтырнақ», «Жар жағалаған қыз», «Кездік» повестеріндегі психологиялық талдаулар кісіні қайран қалдырады. Ал «Дауылды жер», «Періште келіншек» романдарының көркемдігі, ұлт дәстүрінің басқа идеологияның ықпалымен бүліншілікке ұшырау сыры жан ауыртқан оқиғалар арқылы шебер беріледі. Мен «Қазына сыры» романын көркемдігі биік, бұрын-соңды еш жерде ұшыраспайтын тың бейнелер жасалған шығарма деп есептеймін» (С.Оспанов); «Адам Мекебаевтай шебер суреттеген жазушы сирек дер ем. Ұлт санасының деформацияға ұшырауы – ол қоғамдық идеологияның әділетсіздігін, қатыгездігін айғақтайтын көрсеткіш десек, енді осы әлеуметтік залалды ашу – оқшау таланттың ғана қолынан келетін шеберлік пен ерекше суреткерлік қасиет екенін бізден бұрынғылар әлдеқашан айтып кеткен ғой. Осы тұрғыдан Адам Мекебаевта әлгіде сөйлеген жігіттердің әдебиетіміздегі орны ерекше деген бағасына толық қосыламын» (З.Серікқалиев) – дегенге сайған. Талқылауға қатысқандар бірауыздан «Адам Мекебаев шығармалары тек жазушының өзінің ғана табысы емес, жалпы қазақ әдебиетінің де жетістігі» деген ортақ пікірге келген.

«Қазақ әдебиеті» газетінің «Жас қалам» қосымшасы жас жазушы Думан Рамазанның таңдаулы екі әңгімесі – «Көкжал», «Жылап аққан тамшылар» хақында пікір білдіруді бірнеше ақын-жазушыдан өтініпті. Ә. Меңдеке «Әңгімені шебер жазады», Н.Ораз «Сағыныш сазы еседі», А.Әлімұлы «Аймауытов үлгісіндегі жетістік», Ә.Балқыбек «Шын мәнісіндегі көкжал әңгіме», А.Мырзабек «Дүние жалғанның қаталдығын бейнелеуге тырысқан» – деп, талдауға ұсынылған екі әңгімені, онымен қоса авторы Д.Рамазанның шығармашылық адымдарын да оң бағалапты.

Қазақстан Жазушылар одағының проза кеңесі «Қазіргі қазақ прозасының хал-ахуалы қалай?» деген тақырыппен дөңгелек үстел ұйымдастырды. «Әдебиет айдыны» газеті (14.04.2005) осы жиынға қатысып, пікір білдіргендердің сөздерін беріпті. Оған қатысқан ақын-жазушылар бүгінгі прозаның деңгейін бағамдай отырып, қазіргі қоғамда қалыптасып отырған әдеби жағдайға ерекше ден қойды. С.Сматаев «Әдебиет тоқтады. Жазушылар тоқырады деген сөзбен келіспеймін. Мәселе ара-қатынасты, бұрынғы қалыптасқан арналарды жалғау керек. Оны істейтін біз емес, мемлекет! Жазушылық тірлік – өзінді өзін қанау. Ал соның есесі екінші бірінде өтеліп жаппайды»; Т.Тілеухан «Жазушылар өзі бір бөлек, оқырман өзі бір бөлек қалды, қоғамдық ұйымдар өз бетімен болып, арасындағы байланыс үзілді. Жас жазушылар мен алдыңғы буындар арасы алшақтады, бірін-бірі түсінбеушілік дендеп алды»; Б.Нұржеке «Біздің халық қазір наданданып бара жатыр... Бізде кітапты қажетсінбейтін ұрпақ қалыптасып келеді... Бізде қазақ халқы дегенді, қазақ тілі дегенді жанымен ұқпайтын жастар билік тармақтарында отыр. Олардың дәурені жүріп тұрғанда, бізді тындамайды. Олар тек саясат үшін «қазақ», «тіл» деген сөздерді айтады. Былай шыға басқаша сайрайды. Олар жанымен сезінбейді, жақсы көрмейді... Мемлекеттік қызметкер неге мемлекет тілінде сөйлемейді? Егер мемлекет тілінде сөйлемесе, ол мемлекеттік қызметкер емес деген сөз. Бұл – заңды нәрсе» – деп дабыл қақты.

Дөңгелек үстелде сөйлеген Қ.Құрманғалиұлының, Т.Ахметжанның, Н.Қапалбекұлының, Ш.Құмарованың, М. Рәштің сөздерінде де қазіргі әдебиеттің хал-ахуалына деген алаңдаушылық бар. Көркем шығармалардың аз тиражбен шығатындығы салдарынан кітапты қажетсінбейтін, оқымайтын ұрпақ өсіп келе жатқандығына жұртшылық назарын аударды.

7. ӨЛЕҢ ӨҢІРІНДЕ

Екі мыңыншы жылдары ауыр салмақты прозаға қарағанда, жеңілдеу поэзия жаңа өмірдің тынысын тез сезініп, әсіресе ұшқыр да шағын лирика белсенділік танытып қоғамда болып жатқан әлеуметтік өзгерістерге деген өз үнін шапшаң білдіріп жатты. Осы кездерде халықтың қамын ойлап, мұның жырлаған, ұлттың арын арлаған азаматтық лириканың даусы жарқын шықты. Әдеби сында да осы ұлттық поэзияның жай-күйін саралаған мақалалар көбірек көрінді.

Ұ.Есдәулеттің жаңа жыр жинағы «Киіз кітапты» жылы қабылдаған бірнеше рецензия жарық көрді. Ә.Кекілбаев «Ұлықбек таланты сондай ұлағатты талант. Ондай талант жан ашуын емес, жан сырын ғана ортаға салады. Бүгінгідей күндері ортамызда ондай пәтуалы ауыздардың жүргенінің өзі қандай ғанибет!

Мынау кітап тартып отырған талай тауқыметіміздің басын шалса да кеудені үміт гүлін егіп, жігеріне жігер қосатын, тәуекелге мінгізіп, тәубені келтіретін парасатты жырларға толы.

Ұлықбек сөздері жер жаралып, су аққалы бардай соншама етене естіледі. Мына дүние тұрғанша тұратындай өміршен де өршіл ұғылады.

Өркені өсер өнер, өрісі шалқар өлең осындай болса керек-ті» («Жұлдыз», 2005, №5) – деп, шын қуанғанын жасыра алмай, ағынан жарыла ақ батасын берді. Әбіш Ұлықбектің өлеңдерін талдап жатпайды, одан алған әсерін, қуанышын ғана тебірене отырып, ортаға салған.

Ақын С.Ақсұңқарұлы да «Киіз кітап» жайлы пікір білдіріпті. Серік те жинақты талдап жатпайды. Ол «Ұлықбек Есдәулеттің азаматтық лирикасын интимдік лирика секілді құмартып, құныға оқисың» («Жұлдыз», 2002, №8) – дей келіп, ақын поэзиясындағы ұлттық рухтың өміршендігіне назар аударған.

«Ұлықбектің «Киіз кітабын» оқып болып, мұқабасын жапқаннан кейін-ақ мынадай күй кештім: «Ау, мынау тақырыптар неге менің көзіме шалынбаған, мынау идеялар неге менің қиялымнан табылмаған, мынандай көркемдегіш құралдар неге менің қаламыма оралмаған?!» Бұл қызғану емес, әрине, қызығу еді» («Жас алаш», 06.05.2004). Бұл жолдар Қазақстанның халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтің Ұ.Есдәулеттің ердің жасы елуге толғанда жазған «Жанымның жапырағын жамыратып» атты мақаласынан алынып отыр. Ақын Мұзафар ақын інісі туралы әңгімесін оның 9-сыныпта оқып жүргенде өлеңдері «Лениншіл жас» газетінің жарты бетін алып шыққан кезінен білетіндігінен бастап, Ұлықбек поэзиясының өзіндік ерекшеліктеріне, көркемдік-идеялық жетістіктеріне қадау-қадау мысалдар келтіре отырып, ағалық ақ лебізін білдіріпті.

Ұ.Есдәулеттің «Киіз кітабын» сын астына алған мақалалар да бой көрсетті (М.Кенжебай. Сынды ұнатпайтын адам шындықты да ұнатпайды, немесе «Ебелек пен Көбелек». «Азат», 26.05.2004. Б.Алдамжаров. Ақын және Мемлекеттік хатшы. Мемлекеттік сыйлықты алудың ең төте жолы. «Азат», 21.07.2004). Мырзан «Ұлықбек Есдәулет өзін ешкім сын айтуға болмайтын адаммын деп ойлайтын сын айтсаң, дереу шыж-быж болып, әлгіге қарсы дау айтқанша, жаны тыным таппайтын күйгелек сияқты» – дей келіп, «Киіз кітапқа» біраз сын айтқан. Ал Б.Алдамжаров Ұ.Есдәулеттің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алуын оның поэзиясының мықтылығынан емес, жағымпаздығынан, ұлықтарды мақтап жазған марапат өлеңдерінен көреді. Осыған дәлел ретінде ақынның Ә.Кекілбаевқа, И.Тасмағамбетовке арнаған өлеңдерін қатал сынға алған. Сондай-ақ Ұлықбектің кей өлеңдерінен қазақты қорлаған, мазақтаған, мысқылдаған нышандар байқаған.

М.Райымбекұлының «Соңғы жыр немесе тәңір биі» «Мыңжылдықтар тоғысы. Әдебиет тәрк етілді. Рухани құндылықтар кейінгі орынға шегерілді. Жер бетін үмітсіздік жайлады» («Қазақ әдебиеті», 05.11.2004) – деген жолдармен басталған. Міне, осындай кездегі поэзия қандай болуы керектігінен Әмірхан Балқыбектің «Сынған сәуленің шағылысуы» атты жыр жинағынан мысалдар келтіреді. Рецензияда автордың кімнің қандай өлеңдерін талдап отырғандығы соңына дейін белгісіз қалуы да шеберліктен туса керек.

Ал Ә.Балқыбектің өзі болса, «Журналистикалық жанр деңгейіне дейін төмендеген поэзия немесе тағы да халтура хақында» («Қазақ әдебиеті», 29.03.2002) сөз қозғап, Е.Әукебаев, Қ.Күзембаев сияқты ақындардың өлеңдеріндегі көңілге қаяу түсірер тұстарын сөз етіпті.

Филология ғылымдарының кандидаты Жанат Әскербекқызы ақын Есенғали Раушановтың поэзиялық әлеміне үніліп, «Е.Раушанов лирикасындағы «іңірдің» поэтикалық суреттемесі» («Қазақ әдебиеті», 17.10.2003) және «Қара сөзбен жазылған өлең: бейнелілік және мифотектоника» («Қазақ әдебиеті», 12.10.2007) мақалаларын жазып, «Е.Раушанов өлеңінде іңір суретінің барынша жанданып, әрекетке көшірілгенінің, табиғаттың «адамдануының», іңірдің пері қызы болып бейнеленуінің бір негізі (мифологиялық ойлау, Д.Б.) осында деп түсінгеніміз жөн», «Есенғали Раушанов қара сөзбен өлең жазуда да сөз бен ой үйлесімін терең сезініп, меңгерген, бұл жанрда да өзінің суреткерлік шеберлігін көрсете алған ақын» – деген қорытындыға келген.

«Поэзия – өзінше бір өмір. Өмір – Тәңір Поэзиясы. Жасампаз жандар ғана өмір сүреді. Басқалардікі – тірлік ету, күнелту, сайтанмен өрмек құрысу. Сайтанда мекен жоқ, пендеде

бекем жоқ. Ұлтымыздың тағдырына алаңдап, қазіргі заманды ойлап отырсақ, көз түгілі, безден де улы жас саулап қоя береді, көкіректің көзесіне құйылады...

«Өтпелі кезең» аталмыш осы әбжылан заманның құйрығының ұшына көз жетпейтіндей. Енді осындай заманның ақындары қандай күйде болмақшы?.. Ал, тегінде ақыны жылауық аламанның бақытты болмасы айдай анық. Мұны алдымен, ақындардың өздері ұғынуға тиіс. Рас, ақын мұны хатшы қайғысынан да ауыр. Өйткені, ақын – өз елінің рухани патшасы» («Жұлдыз», 2005, №2). Тыныштықбек Әбдікәкімұлын мұндай ойларға жетелеген – Асқар Егеубайдың «Тайқазан» өлеңдер жинағы. Автор «кейінгі жылдары көз жасымызды көл-көсір ететін сентиментализм мен өз төбемізді өзімізге ұрғылататын пессимизмге бой алдырған «зар заман» ақындары бой көтерді» – дей келіп, Асқардың кітабын оқығанда, бұл ойынан серпілгенін айтып, өлеңдерге талдаулар жасайды. «Тайқазан» кітабы да қалың оқырман қауымды көркем де көсем ойлауға баулиды, көркем де көсем өмір сүруге жетелейді» – деп жоғары бағалаған.

«Адамды шырқау биікке көтеретін де, шыңырау зынданға құлататын да – Жан. Жанның екінші баламасы – Рух. Яғни, рухы асқақтағанда адам шырқау биікке көтеріледі де, рухы түскенде шыңырау зынданға құлайды деген сөз. Адам жаны мәңгілік деген ұғымға жүректі иландырып, сенімді бекіткен кезде ғана рухтың биіктеуіне жол ашылмақ» – деген жолдармен басталған Т.Ахметжанның мақаласы ары қарай «Ұлы ақындардың барлығы да – ойшыл. Өлең ой мен сезімнен туады. Ал ойдың ең биікке көтерілгендегі табатын түп тиянағы – Жаратушы. Өйткені, адамның жаратылысын ой таразысына тартар болсаңыз, еріксіз Жаратушыны еске аласыз. Әлем әдебиетін ақтарып отырсаңыз, Тәңірді, Алланы ауызға алмаған ұлы ақын кем де кем.

Мұқағали – ойшыл, философ ақын. Мұқағали философиясын түсіну үшін Абай философиясымен толық сусындау керек» («Әдебиет айдыны», 10.03.2005) – болып жалғасқан. Автордың осылайша ой топшылауына М.Мақатаевтың «Жырлар жазам» атты өлеңі себепші болған. Автордың мақаласы түгелдей Мұқағалидың осы өлеңіндегі рухани қатпарларды ашуға арналған.

Философ Ә.Нысанбаев «дала поэзиясы – қазақы дүниетануды түсінудің, халықтың өзін-өзі танудың қайнар бұлағы. Мұнда дүниенің қазақы ұлттық түсініктегі бейнесі, философиялық және поэтикалық астары қабыса, асқан көркемдікпен кестеленген. Халқымыздың кемел ойы, пәк гуманизмі, асыл мұраты, терең сезімі, ұлт болып ұйысу тарихы, өкініштері мен сүйініштері – бәрі-бәрі оның поэзиясында сайрап жатыр. Қазақ поэзиясы – қазақ халқының рухани даму эволюциясының шежіресі іспеттес» («Қазақ әдебиеті», 29.06.2001) – деп жазды. «Екі мың жылдық дала жыры Алурамаздадан Маралтайға дейін» деген мақаласында.

Қазақ поэзиясының екі мың жылдық тарихын қамтыған. «Екі мың жылдық дала жыры» атты поэзиялық антология туралы жазылған мақаланың «Ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ғұмылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи жадын, бірегей ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ерекше ділін, төл мәдениетін дамыту, аман алып қалу жолында жанталасуы қажет. Осы тұрғыдан бағаласақ, қолдарыңыздағы жинақ қастерлеп ұстар қасиетті кітап болары анық. Себебі, қазақ жыры бар кезде, оны оқитын ұрпақ өсіп-өніп жатқан кеңістіктер қазақ ұлты да ғұмыр кеше бермек» (сонда) – деген жолдарымен аяқталуы да оқырманын ойландырады хақ.

Екі мыңыншы жылдары жекелеген ақындардың шығармашылықтарын арнайы сөз еткен А.Егеубайдың «Ұлар үні» («Қазақ әдебиеті», 23.03.2001. Ж.Ерман), «Сырбайын сағынып жүр қалың қазақ» («Жалын», 2004, №11. С.Мәуленов), Ә.Қайырбековтің «Қазақ жырының қара бурасы» («Қазақ әдебиеті», 27.07.2001. М.Мақатаев), Н.Оразалиннің «Өмірін өлеңмен өрген» («Қазақ әдебиеті», 12.10.2001. Қ.Аманжолов), «Ой мен жырдың алыбы» («Қазақ әдебиеті», 24.10.2003. М.Әлімбаев), «Жыр жүрегі тоқтау білмеген» («Әдебиет айдыны», 02.07.06. Х.Ерғалиев), К.Әмірбековтің «Поэзия паравозы» («Қазақ әдебиеті», 02.11.2001. Ә.Дүйсенбиев), М.Әлімбаевтың «Барар жері – болашақ» («Қазақ әдебиеті», 08.11.2002. Ж.Әбдірашев), «Құландай жүйрік Қуандық» («Қазақ әдебиеті», 01.04.2005). Қ.Шаңғытбаев), Б.Баянның «Айтарын ашып айтқан ақын еді» («Қазақ әдебиеті», 19.12.2003. Қ.Бекқожин), А.Кеңшілікұлының «Жалғыз досым – жүрегім» («Жұлдыз», 2003, №2. М.Ақдәулетұлы), «Рухтар мәңгі жасайды» («Қазақ әдебиеті», 29.02.2008. Ж.Әбдірашев), «Поэзия сәулесі» («Қазақ әдебиеті», 24.10.2008). Ф.Оңғарсынова), А.Жақыповтың «Біртуар ақын – Тұманбай» («Қазақ әдебиеті», 06.02.2004. Т.Молдағалиев), С.Тойлыбаевтың «Жұлдызды ақын – Жұматай»

(«Қазақ әдебиеті», 06.02.2004), Е.Дүйсенбайұлының «Сағидың дауысы» («Қазақ әдебиеті», 20.02.2004. С.Жиенбаев), Р.Шәріпханқызының «Өрмелеп көкке барасың, үркер» («Қазақ әдебиеті», 04.06.2004. Н.Мәукенұлы), Ұ.Есдәулеттің «Ақ шағала ақын, ақжайық жырлар» («Қазақ әдебиеті», 28.10.2004. А.Бактыгереева), Н.Нұрғалиқызының «Ақындық пен ғашықтық» («Жалын», 2004, №1. Ж.Әбдірашев), Р.Ниязбековтің «Бозала таңның боз жаңбыры» («Жалын», 2004, №8. Е.Дүйсенбайұлы), Қ.Бұғыбаеваның «Мұқағали мұзарты» («Қазақ әдебиеті», 04.02.2005. М.Мақтаев), К.Әмірбектің «Күзгі бактың шуағы» («Қазақ әдебиеті», 11.05.2005. Қ.Асанов), К.Салықовтың «Тума жырдың Тұманбайы». («Қазақ әдебиеті», 18.03.2005. Т.Молдағалиев), Ж.Әскербекқызының «Бұлт қой анау жылаған» («Қазақ әдебиеті», 29.07.2005. Е.Раушанов), Б.Ыбырайымның «Сапырды дауыл, тебіренді теңіз» («Әдебиет айдыны», 24.03.2005. Қ.Аманжолов), Б.Алдамжаровтың «Темірханның тепсеңі» («Жұлдыз», 2005, №2. Т.Медетбеков), А.Жиенқұлованың «Әуезді лебі» («Жұлдыз», 2005, №6. С.Асанов), Д.Мәсімханның «Бір өзі – тұтас бір әлем» («Жалын», 2005, №8. Қ.Толыбаев), С.Жүнісовтің «Өлеңнің ақжал толқыны» («Қазақ әдебиеті», 24.02.2006. С.Тұрғынбеков), Т.Медетбектің «Таны мені, ашып көр құпиямды» («Қазақ әдебиеті», 13.06.2006. Б.Жақыпов), Ғ.Қабышевтің «Арманына жеткен қазақ» («Қазақ әдебиеті», 24.04.2006. А.Токмағамбетов), Б.Қанапияновтың «Әлем таныған Олжас» («Қазақ әдебиеті», 12.05.2006. О.Сүлейменов), Қ.Бегмановтың «Халқына бақ пен құт сыйлаған ақын» («Қазақ әдебиеті», 19.05.2006. К.Ахметова), Н.Назарбаевтың «Менің досым Олжас туралы сөз» («Қазақ әдебиеті», 19.05.2006), А.Әлімұлының «Ақжарма ақын» («Қазақ әдебиеті», 23.06.2006. К.Мырзабеков), Т.Әбдікімұлының «Езу тартып күлген мұң» («Қазақ әдебиеті», 10.11.2006. Акберен), Б.Ерсалимовтың «Өлең өлкесінің киігі» («Қазақ әдебиеті», 17.11.2006. Т.Исмаилов), С.Иманасовтың «Жүрсін өткен жол» («Қазақ әдебиеті», 14.07.2006. Ж.Ерман), «Өлеңмен ұрпағы қанаттанған» («Әдебиет айдыны», 02.11.2006. Х.Ерғалиев), «Өлеңмен ұрпағы қанаттанған» («Әдебиет айдыны», 16.11.2006. Қ.Баянбаев), С.Досановтың «Ақсұңқар ақын» («Әдебиет айдыны», 02.03.2006. С.Тұрғынбеков), Ж.Сомжүректің «Сезім мен ойдың өрімі» («Әдебиет айдыны», 08.03.2006), «Жырларына ғашықпын» («Қазақ әдебиеті», 03.08.2007. А.Бактыгереева), Ғ.Жайлыбайдың «Табиғат пен тазалық жыршысы» («Әдебиет айдыны», 13.07.2006. К.Мырзабеков), Н.Мұқатовтың «Сергек жырдың Серісі» («Әдебиет айдыны», 27.07.2006. С.Тұрғынбеков), С.Иманасовтың «Қазақ поэзиясының патриархы» («Әдебиет айдыны», 02.11.2006. Х.Ерғалиев), Б.Асылжанұлының «Ұзын аққан Әбудария айдыны» («Жұлдыз», 2006, №2), Ж.Жүнісулының «Шаханов әлемі» («Жалын», 2006, №6), К.Елеместің «Ішкі шындықты танытқан ақын» («Жалын», 2007, №8. Д.Байтұрсынұлы), Т.Молдағалиевтің «Жетпістің қарлы шыңында» («Қазақ әдебиеті», 19.01.2007. К.Салықов), М.Ершуованың «Махамбет мінездемесі» («Қазақ әдебиеті», 03.11.2007. М.Сатыбалдиев), С.Мәдиевтің «Сезімдерге өрілген жібек тін боп» («Қазақ әдебиеті», 27.07.2007. М.Ысқақов), Ш.Сариевтің «Жүрсін» («Қазақ әдебиеті», 18.08.2007. Ж.Ерман), Д.Байтұрсынұлының «Кең дүние, төсінді аш, мен келемін» («Әдебиет айдыны», 08.02.2007, М.Мақтаев), С.Негимовтің «Ғаламдық ғазиз жырлары» («Әдебиет айдыны», 21.06.2007. Ғ.Орманов), Ғ.Оразғалиқызының «Ақын тағдыры» («Әдебиет айдыны», 05.07.2007. Т.Исмаилов), Ж.Әнесұлының «Жыр тұлпары Сыраған» («Әдебиет айдыны», 26.07.2007. С.Мәуленов), Ғ.Жайлыбаевтың «Ақындық әлем, арда өлең» («Жұлдыз», 2007, №6. И.Оразбаев), Г.Орданың «Майталман Лирик» («Жұлдыз», 2007, №7. Ғ.Орманов), А.Кіребайұлының «Таланттан тақ мінген» («Қазақ әдебиеті», 18.01.2008. Иран-Ғайып), Қ.Мәдібаеваның «Жүрегі жыр Жүмекен» («Қазақ әдебиеті», 23.03.2008. Ж.Нәжімеденов), А.Сейдімбектің «Дегдар ақын» («Қазақ әдебиеті», 05.09.2008. М.Бектемірова), С.Оспанның «Қайрат ақын» («Әдебиет айдыны», 10.01.2008. Қ.Жұмағалиев), С.Дәуіттің «Өлеңнің төрі» («Жұлдыз», 2008, №8. О.Асқар), А.Мекебаевтың «Теңіздің дәмі тамшыдай» («Жұлдыз», 2008, №11. С.Жиенбаев), Ө.Оралбаевтың «Шығарма арқауы – замана шындығы» («Жалын», 2009, №7. Н.Оразалин), Қ. Мәдібайдың «Өлең өзегіндегі өмір» («Ана тілі», 09–15.12.2010, Б.Ысқақ), т.б. мақалалары жарық көрді. Бұларда қазақ поэзиясының соңғы жүзжылдықтағы үлкенді-кішілі қайраткерлерінің поэтикалық туындылары жан-жақты талданылып, әдеби сүзгіден өтті.

Жоғарыда келтірілген тізімге көз жүгіртсек, авторларының көбі ақындардың өзі екендігі байқалады. Ақын туралы ақынның пікір айтуы, яғни, өз әріптестерінің не істеп, не бітіріп жатқанын біліп отыруы, демек, қаламгерлердің әдеби өмірге араласып, өз ойларын ортаға салуы жағымды құбылыс. Жаманы – әдебиеттің оқылмауы. Өзгелердің өлеңдерін оқымайтын, өз қайнауы ішінде, өзгелерді онша мойындай бермейтін, өзім ғана дейтін өзімшіл ақындар-

дың да жоқ еместігі анық. Сонымен ақын туралы ақын жазғанда, ақындық көзбен қарап, ақындық сезіммен жазғанда жорғадай тайпалып, тұлпардай көсілген суреткер сынының небір тамаша үлгілерін көреміз.

Е.Раушановтың Ғ.Қайырбеков туралы жазған «Ақберен немесе Ғафусаз ғапыл дүниесі» («Егемен Қазақстан», 04.06.2002) көркем әңгімедей оқылады. Композициялық құрылымы да көркемдік талаптарға жақын. «... маған несіне кейиді, – деп ойлайды оянып кетіп, – неге маған ұрса бересіз, Ғафеке?».

Ағасы, әрине, жауап бермеді. Мұндай да түс болады екен-ау, тоба. Сол Ғафекең, таяғын көтеріп, төніп тұр. Ашулы. Көзі от шашады. Екі бетіндегі шешек дақтарына шейін ап-анық көрінеді – деген көркем әңгімедегідей жолдармен басталып, ары қарай лирикалық кейіпкер ақынның (автор) кейіпкер туралы толғаныстарына ұласқан. Өмірден өтіп кеткен арқаның арқалы ақынның туған жермен байланыстыра (Алтай, Торғай) әңгімелей отырып, оның өзіндік болмысын монолог, бейнелеу, баяндау тәсілдерін шебер қиюластыра отырып, сәтті сомдаған.

Ақынның монологы түріндегі «Қалай болғанда да осы күнге дейін қазақта ақын халқы қадірлі болып келгені рас. Әңгіме әкім-қараның кінәлі-кінәсіз еместігінде емес, әңгіме ақындардың Құдайға (халықтың бір аты Құдай деген сөз бар) бір табан жақындығында. Осы аксиомаға шүбә келтірген қоғам не ұры-қарыға, не надан, көрсауыт біреулерге жем болады. Ондай қоғамды тазарту керек, емдеу керек» деген жолдар Ғ.Қайырбековтің азаматтық болмысын, бағытын жарқырата көрсетіп тұр.

«Ғафекең бір ғасыр, тіпті жарты ғасырда бұрын туғанда, сөз жоқ, ақпа-төкпе жырау, немесе таңдайы жарқыраған шешен, маңдайы жарқыраған би болар ма еді деп ойлайсың.

Шынында, көздемей тартып қалатын, қолмерген, ақ мылтық ақындардың бір парасы Ғафекеңмен аяқталған еді. Біз мұны енді-енді түсініп келе жатырмыз, өткен сайын оның жоқтығы біліне түседі». Автор ақын Ғ.Қайырбековтің ақындық болмысын осылайша пайымдайды. Осы ойын дәлелдеу үшін ақынның бүкіл поэзиясын шолып, талдап жатпайды, бірлі-жарым мысалдар келтірумен ғана шектелген.

Көркем әңгімеше басталып, көркем тілмен көмкерілген эссе әдеби шығарма сияқты «Төменде Ақбұрқак қалып барады. Ақынның іздейтін болар, аласұрады» – дейтін біраз ойларға жетелейтін бейнелі жолдармен аяқталған.

Е.Раушанов ақын Аманхан Әлімұлы туралы жазған «Жапанда жалғыз ағашы» («Жас алаш», 21.07.2009) да өзінше өрнекті. Сөз өнерін қасиет тұтатын Есенғали өз замандасы, күнде көріп, қатар жүрген әріптесі жайлы жай ғана жаза салмайды, ойланып, толғанып, дәлірек айтқанда, ұзақ уақыттар бойы ойға түйгендерін достық көңілмен сол күйінде қағазға түсірген. Автор не айтса да жүрек түкпіріндегі пәк ойларын шынайы сезімге орап береді.

Есенғали Аманхан туралы әңгімені бірден емес, оның аталары Майлықожа мен Мәделікожа болғанын, ақынның Сыр бойындағы Қожатоғай ауылында туып өскенінен бастаған. Онда да жалаң баяндай бермей, ұтымды қолданылған детальдар арқылы кейіпкерінің адамдық, азаматтық, ақындық болмысын біртіндеп барып аша түседі.

Е.Раушанов А.Әлімұлының ауылы Қожатоғайға бара жатқанда жон далада жол бойында өсіп тұрған ағашты көреді де осы жерде ой келеді: «Осы ағашты мен Аманхан Әлімге ұқсатамын. Дара бітімімен! Жалғыздығымен. Қорықпайтындығымен. Не көрсем де өзім көремін дейтін жанкештілігімен! Өленде де, өмірде де!». Мақаланың өн бойында осы ойларға дәйек болар детальдар келтіріліп, дәлелденілген.

Адам дегеніміз – мінез, суреткер дегеніміз – стиль десек, ақын дегеніміз – ақындық мінез. Есенғали да мәселеге осы тұрғыдан келген: «Арнау өлең дегенде, қай-қайсымыз да шошып қаламыз. Бізді мезі еткен ана бастыққа, мына бастыққа, Үкіметке, ісі түсетіндерге арналған жәдігөй, жарамсақ өлеңдерді оның шығармашылығынан таппайсыз. Меніңше, ол өмірде бәрінен де өлеңді жоғары қояды. Бұрылу, ыңғайға жығылу, үндемей қоя салу деген қасиеттер Аманханға мүлде жат. Өлең үшін (Өлең мен Ұлт Аманхан үшін бір ұғым) кіммен болса да жаға жыртосуға дейін барады. Ұлт деген ұғым ол үшін бөлек бір әлем... Замандастары Аманханға Ұлт мүддесі деген ойға осыншалықты жан жүрегімен берілгеніне қарап таңғалады».

Есенғалидың ақын Аманхан туралы ойларын ары қарай тыңдайық: «Ағысқа қарсы жүзу – Аманхан өлеңдерінің айнымас тақырыптарының бірі...

Қазақстан елінде қаламақы үшін де, атақ-мансап үшін де, кітап шығару үшін де жазбайтын екі ақын қалса, бірі Аманхан боларына сенемін...

Революцияны Аманхан секілділер жасайды. Пайдасын басқалар көреді. Көріп қана қоймайды, айдап салады. Өз есебін түгендейді...

Осылайша бір қарағанда аумалы-төкпелі, бәлкім тұрақсыздау көрінетін мінезі бар десек те, ақынның жүрегіннің түү түбінде қрғасындай бір салмақ бар. Ол беті толқығанмен, түбі қозғалмайтын терең көл секілді. Бұлжымайтын, өзгермейтін, бір орнынан жылжымайтын принциптері екінің біріне ұнай бермейді. Жалпы Аманханда біреулерге ұнау керек деген ой мүлде болмайтын сияқты».

Автор ақынның шығармашылық портретін жасағанда оның адами, азаматтық болмысына ерекше назар аударып, осы қасиеттердің ақындық болмысына нәр беріп, биіктете түскеніне ерекше мән береді. Соңында ақын Аманхан Әлімұлының бейнесін ақын Есенғалидың көзімен «Аманхан – ешкімге ұқсамайтын азамат, сондықтан да ешкімге ұқсамайтын ақын. Не десек те, оның осы күнге дейін шен-шекпен, қызмет, атақ-даңқ деген керуендерге қосқан жетім тайлағы да жоғы рас. Ортамызда осындай ақынның барына өз басым қуанамын. Әлбетте, мұндай ақындар көп болса, нұр үстіне нұр. Бірақ, Аманхан – жалғыз. Қожағоғай жолындағы жалғыз ағаш секілді. Жақсылардың аз болатыны, жалғыз болатыны несі екен осы?» – түрінде көреміз.

Ж.Ерман Мұхтар Шахановтың 60-қа толуына орай жазған мақаласын «Шығыстың Шахановы» («Қазақ әдебиеті», 28.06.2002) атапты. Автор қазақтың атақты ақынының поэзиясына жаңа көзқараспен қарағандығын ескерткен. Мұнда Мұхтар ақынның шығармашылығы хақында ұзақ талдаулар, баяндаулар жоқ. Оның бір-екі өлеңінен ғана мысалдар келтіре отырып, М.Шахановтың қазіргі қазақ әдебиетіндегі әлемдік деңгейге көтерілген бірден-бір ақын екендігін тілге тиек еткен:

«Ауыл арасының аламан жарысын былай қойып, халықаралық аламанда үстінен құс ұшырмай келе жатқан Шахановтың ұлт ордасына салған олжаларын олқысынғандай, мен-сінбегендей боламыз.

«Адамзаттың Айтматовы» атанған Шыңғыспен бірге бүкіл мұсылман әлемінде теңдесі жоқ талант деп мойындалып, марапатталып жатса, «бұл да бір қажымайтын пысық екен» деп, өзіміздің іштарлығымызды әндермен бүркемелеп, күлмен көмкерген боламыз». Осы бір екі сөйлем ақын Ж.Ерманның ақын ағасы Мұхтар Шаханов туралы айтпақ болған негізгі ойларының өзегі іспеттес. Ол өз ойын «Дүниежүзінің аузы дуалы, сөзі уәлі қасқа-жайсандарына, игі жақсыларына осылайша өз талантының орасан зор қуатын мойындатып қойған Мұхтар Шаханов шығармашылығының ең басты ерекшелігі, озбас-тозбас қасиеті – оның тізе бүкпес, бас еңкейтпес өршіл рухы, күрескер қайраты» – деп түйіндеген.

«Үш досым бар өмірде – Жүрсін, Тұрсын, Несіпбек» – деп өлең жазған ақын, ғалым Асқар Егеубаевтың өмірден өткеніне бір жыл толуына орай Жүрсіннің жазған мақаласы «Дамылда, дос» («Қазақ әдебиеті», 07.09.2007) әдеби сын мақала дегеннен гөрі мақала-жоқтау, эссе-реквием деп атаған жөн сияқты. Мұнда Асқармен қалай танысқанынан бастап, оның азаматтығы, ақындығы, ғалымдығы жайлы сәтті пайдаланылған штрихтар арқылы кестелі баяндалған. Оқып шыққанда, тумысынан әдебиетші боп туылған Асқар Егеубаевтың сан қырлы бейнесімен толық көргендей боламыз.

Қазақ поэзиясына жарқ етіп келіп, кейіннен шығармашылығы әртүрлі пікірлердің нысанына айналған ағышулы ақындардың бірі – Өтежан Нұрғалиев. Әдебиетшілердің өзі «түсіне алмай» жүрген ақын туралы пікір айтуға белгілі мәдениеттанушы Әуезхан Қодар қолына қалам алыпты. «Мені қайран қалдыратын нәрсе, кезінде Ақтөбе облысынан атойлап келіп, 17 жасында «қазақтың Пушкині» деп танылған зор талант иесі кейін Алматыдан ауылына қайта көшіп барып, біраз жылдан соң Алматыға кері көшіп келіп, бірнеше кітап шығарып, ақыры 80-жылдары «Қазақ әдебиеті» ұйымдастырған «сағат алу» жанжалына ұрынып, соның ақырында жоғары оқу орнына түскен жалғыз ұлынан айрылып, енді міне, елі егемендік алған жарқын заманда да ешкімге керек болмай отыр. Неге?» («Қазақ әдебиеті», 04.04.2003) – деген мәселеге Әуезхан жауап беруге ұмтылған. «Еленбеген асулар» деген тақырып қойылған шығармашылық портретте Өтежанның өмірбаяны жоғарыдағы жолдармен ғана шектелген. Сондай-ақ оның өлеңдерін де талдап жатпайды. Автор мәселеге дүниетанымдық, мәдениеттанушылық, философиялық тұрғыдан келіп, әлемдік мәдени үрдісті тілге тиек ете отырып, ақын Ө.Нұрғалиевтің ақындық ерекшеліктерін ашуға тырысқан. Кезінде көп сыналған «Соғыстың соңғы жазын» Әуесхан «...шындыққа бару ол кездегі идеология саласындағы саясатқа мүлде қайшы еді. Міне, бір-біріне қабаттасқан осы себептер қазақ поэзиясының жаңа

бір шыңы, ғажайып жетістігі болатын дүниені үнсіздік шөлейтіне тастап, шарықтап шығып, қанатын жаюына мүмкіндік бермейді. Іс жүзінде Ө.Нұрғалиевтің бұл шығармасының өз биігінен бағаланбауы қазақ поэзиясының ерікті түрде есеюден бас тартуымен пара-пар еді. Себебі, Өтекеңнің бұл шығармасы Абай үрдісін дамытудың бір амалы болатын» (сонда) – деп, өзгеше бағалаған.

Замандастары тарапынан түсіністік таппаған Ө.Нұрғалиев енді бетті Батысқа қарай бұрады. Нәтижесінде «Афина мектебі» өмірге келеді. Бұл да онша елене қоймады. Автор ақынның бұл кітабынан постмодернизм үрдісін көреді. Әуесхан бұл жинақты да өте жоғары бағалайды: «Бұл ағым (постмодернизм, Д.Ы.) тек кемел мәдениетте пайда болады. Ендеше, өз дамуында бірнеше кезеңнен өткен, өрімдеріне батыстық та, шығыстық та таза нақыштар қоса білген Өтежан Нұрғалиевтің поэзиясына қарап, біз жан-жақты салаланған, ғасырлар қойнауынан керекті маржандарын тере білген кемел мәдениеттің иесіміз деп толық айтуға болады» (сонда).

Батыстық үлгідегі мәдениеттанушы Ә.Қодар Өтежан Нұрғалиевті «...ол француздардың Кола Брюньоны секілді, ешбір философия өзгерте алмайтын еркіндік рухына айналған тұлға. Ал еркіндік дегеніміз – ойдың да, болмыстың да, өнер-шығармашылықтың да алғышарты. Еркіндік бар кезде ғана жұмыр басты пенденің көкірегі ашылып, бүкіл әлеммен диалогты шығармашылық деп атаймыз» – деп бағалаған. Қазақ әдебиетіне өзіндік үнімен, жаңалықтарымен келіп, біраз асулардан асқан ақынның күні бүгінге дейін еленбей келе жатқанына, лаяқты бағаланбай жүргеніне реніш білдіреді.

Ақын Қадыр Мырза Әли 70-ке толуына орай қазақ баспасөзі беттерінде бірсыпыра мақалалар жарық көрді. «Қазақ әдебиеті» (07.01.2005) газеті айқара бет берді. Онда О.Асқардың «Қаңтарда туған қыран», К.Ахметованың «Тағлымы терең ұстаз-ақын» мақалаларымен бірге Ү.Уайдиннің, В.В.Михайловтың, Ж.Бөдешұлының, Ж.Дәдебаевтың, А.Әлімұлының, М.Райымбекұлының әр кездерде айтқан пікірлерінен қысқа үзінділер және К.Әмір-Бек пен А.Жақыповтың арнау өлеңдерімен қоса Қадырмен сұхбат та бірге беріліпті. Қай шығармаңызды ерекшелер едіңіз деген сауалға ақын «бәрі де бірегей көрінеді» депті. Ал тәуелсіздік кезінде әдебиет қай бағытта дамиды дегенге «Мен әулие емеспін. Пайғамбарлығым да жоқ. Ізденістер, соған байланысты әртүрлі ауытқулар болады, әрине. Бірақ менің ойымша, негізінен дәстүрлі қазақы бағытта дамитын шығар деп ойлаймын... Түптің түбінде парасатты қаламгердің бәрі осы түйінге келіп тынады. Бұл – менің сенімім. Өйткені, іздену, даму тек қана көне әдебиеттің негізінде, көне дәстүрдің негізінде ғұмырлы болмақ. Топырақтан қол үзген туынды болып жарытпайды!» – деп жауап беріпті.

«Көкке шапшып, күн жеп тастаған жалаңаш құзарттың ұшар басында алақандай көк майса алқапта жан-жағынан сұқтанған сұрқия көздерден қорғаймыз деп арпалыса айқас салған алты ағасының бәрін жау жалмап, желдің өтінде жаудың бетінде жалғыз қалған аяулы ару Фирюзаның көз жасындай мөлдір бұлақ әлі ағып жатыр». Бұл жолдар көркем әңгімеден емес, Ә.Кекілбайұлының «Егемен Қазақстанда» (21.01.2005) жарияланған ақын Фариза Оңғарсынова жайлы мақаласынан келтіріп отыр. Шындығында да Әбіштің «Фаризась» көркем дүниедей оқылады. Суреткер сынының әдеби сыпаты басым, яғни көркем туындыға жақын болады десек, Ә.Кекілбайұлы замандасы Ф.Оңғарсынова туралы пікір айтқанда, жүрекжарды ойларын ақ сезімге толы сырлы сөздермен барынша көркем айта біліпті. Жанрлық жағынан көркем эссеге жататын «Фаризада» автор ақынның шығармашылығын талдап жатпайды, оны осындай ақын қып шығарған адамдық, адамзаттық қырларына үңіледі. Жай ғана баяндай салмай, өз көрген, байқаған жәйттерді айта отырып, ой толғайды.

Көркем эссенің төрттен бірі Фаризаның туып-өскен, ержеткен елінің өткенін баяндауға арналған. Жай баяндай салмайды, Фаризаны туған жердің құнарынан нәр алған, тарихынан тағлым алып, рухтанып, арқалы ақын болғандығын дәлелдеу мақсатымен еске салады. «Кез-келген атауда сиқыр күш бар деседі» – деп, Фариза атының сырына үңіледі. Фаризаның ақындық болмысын оның өсіп-өнген өлкесінің өнегесімен байланыстыра отырып баяндауы өте сәтті шыққан. «Мен Фаризаның өзінен гөрі сөзіне бұрын ұшырасқанмын» – дей отырып, кейіннен онымен жақсы қарым-қатынаста болғанын, соның дәлеліндей түрлі кездесулерді, ойда қалған оқиғаларды, детальдарды айта отырып, ақынның азаматтық биік тұлғасын жасай алған. Эссе бастан-аяқ қазақтың ақиық ақындарының бірі Фариза Оңғарсынованың ақындық, азаматтық болмысы жайлы толғаныс іспеттес.

Ә.Кекілбаев Ф.Оңғарсынова туралы толғаныстарын «Әр шумағынан қынаптан суырған алмас қылыштай қайсар шабыт жарқ ете қалады. Әр жолынан сарт-сұрт найзағайдай сорғалап шаншылар өжет намыс өрекіп тұрады.

Қаһарланса қаусыратып кететін, қайғырса қалжыратып тастайтын құдіретті ой ойқастайды.

Қаламды қанжарға емес, нағыз наркескен семсерге балай алатындай сезім бет шарпиды.

Фариза – аспанға алау атып, шоқ шашыратып жатқан рух жанартауы. Өшпейтін де сөнбейтін өжеттік қайнары.

Екі ұдай дәурен кешіп жатқан бүгінгі қауымымызға ең керек ақын. Қайта қалғып кетпеуіміз үшін, асқақ арман үлесінен шыққанымызша, алауымызды әлсіретпей, лапылдап маздай беруіміз үшін қажет өлен» («Егемен Қазақстан», 21.01.2005) – деп тұжырыпты.

Е.Дүйсенбайұлы Ф.Оңғарсынова жайлы ой қозғағанда, Әбіштің осы бір ойларын тереңдеті, жалғастыра түскен. Сондықтан да мақала «Ақындық қызмет Фариза Оңғарсынова һәм ұлттық рух» аталған («Қазақ әдебиеті», 20.08.2009). Фариза «Асау азаматтық рух пен тарихи зерде һәм ертеңгі ел-жұрт тағдыр-талайына деген көңіл мазасыздығы туғызған өжет уайым, өміршең күрсініс поэзиясымен ақындық мүддені мүлде жаңа көкжиектерге көтерді...

Соның бәрінде де ақын ұлттық рухты асқақтату тұрғысынан толымды философиялық ойлар толғайды. Лирика мен публицистиканың қорытпасы боп құйылған мұндай әуендерде дәуір перзентінің ел иесілік, жер иесілік парыз-сезімі алғы шепке шығып отырады.

...Фариза поэзиясындағы мәрт мінез бен ірілік, өрлік пафосында жоғарыдағыдай ой ағысын құрайтын, үзілмей өріліп отыратын поэтикалық тұжырнама тіні бар...

Фариза ақынның да қоғамдық-әлеуметтік лирикаларының сыр-сымбаты сондай ішкі сезім толқындарының бұрқаныстарымен, жалған дыбыс, жасанды бояу-фальшсыз, табиғи таза-лығымен ерекшеленеді...

Фариза поэзиясында сезім мен рух үнемі үйлесім тауып, қандай тақырыпты да үлкен биікке көтеріп әкетеді. Ол сондықтан да өзгеше қуатқа ие» («Қазақ әдебиеті», 20.08.2009) – деп, толғанады. Есенбай ақын поэзиясы хақында.

Автор қазіргі қазақ қоғамында «ұлттық сана сілкінісі сезілмейтіндігіне» күйініп, кейбір ақындардың өлеңдерінде «жағымпаздық пен жарамсақтықтың жаңғырықтары» өріс алып бара жатқандығын қатал сынға алады. Міне, осындай мадақ өлеңдері өрлеп тұрған кезде Фариза ақынның поэзиясы «жалған дыбыс, жасанды бояу – фальшсыз, табиғи қалпымен ерекшеленеді».

Ақын – алдымен, өз ұлтының үні, өз халқының сөзін сөйлеуші. Оның бағасы бірінші кезекте қазақ өлеңінің қанына тән халықтық, ұлттық ерекшелігімен айқындалса керек» – дей келіп, «Ендеше, ертедегі жыраулар поэзиясымен және «ереулі атқа ер салдырардай» Махамбеттік мақаммен нәрленген, өлең әлемінің ең озық, үздік өкілдерінен үлгі-өнеге үйреніп, ХХ ғасырдағы қазақ лирикасын ХХІ ғасырға әкеп жалғаған Фариза Оңғарсынованы осы заманғы ең рухты ұлттық ақынымыз деу әділетті болмақ» (сонда) – дей, Фариза поэзиясын аса жоғары бағалаған.

Арқалы ақын Темірхан Медетбек алпысқа толғанда, Ә.Кекілбайұлы «Жортқанда жолың болсын, жолбарысым» («Егемен Қазақстан», 05.03.2005) деп, ағынын жарылып, ақ тілегін білдірді. Ақын болу міндет емес, алдымен, азамат болу – парыз. Әбіш Темірханнның азаматтық болмысын жоғары бағалап, ол туралы ерекше бір жылы сезіммен баяндаған. Өзінің әдетінше, прозашы Әбіш ақынның өлеңдерін талдап жатпайды; тіпті бір де бір өлеңінің атын да атамайды. Оның өмір жолын, кездескен кездерін айта отырып, ақынның азаматтық адами тұлғасын жасауды алдына мақсат еткен.

1964 жылдың жазында «Лениншіл жастың» әдебиет бөлімінде қызмет істеп жүрген Әбішке Ә.Сәрсенбаев өлең жаза бастаған бір жас жігітті әкеліп таныстырады. Назар салып қараса, жігіттің «Құлағының шоғы күшейе түспесе, басылар емес. Бұдырайған жұтқыншағы алқымына сыймай бара жатқандай, әуелей қарайды. Қысылып тұрғаны тек сонысынан байқалады. Әйтпесе, мандайы ашық. Қабағы жазық. Жанары жарқын. Кірпіктері қайқы. Еріні түртіңкі. Жеңін шынтақтан аса түрініп алған. Күншалды қара торы білегінде бұлт-бұлт діріл бар. Соны сездіргісі келмейтіндей, жұдырықтарын тарс түйіп алыпты. Тап ауызынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұрған ынжықтардың сойынан емес. Назарын ауытқытпай тік қарайды» («Егемен Қазақстан», 05.03.2005). Бұл ақын боламын деп, арман қуып жүрген, өлеңін газетке шығарсам деп редакцияға келген болашақ үлкен ақын Т.Медетбектің сол бір он жеті-он сегіз жасар кездегі келбеті болатын. Әбіштің көзімен көріп, көкірегінде сақталып қалған осы бір сөз-суреттің өзі-ақ көп нәрсені аңғартады.

«Темірхан – тәуелсіздікті жан-тәнімен қабылдап, жан-тәнімен жырлап келе жатқан, қарнының ашқанына емес, қауымынан қасиет қашқанына қайғыратын, елдіктің мәселесінде күні кешегі таңдайындағы азды-кем тәттіні аңсайтын еркенің емес, бәз-баяғыдан маңдайы ашылмай келген халқының жолының мұнша неге қатты болғанына шамырқанған еркектің сөзін сөйлеп, дәйім ірі турап келе жатқан арқалы ақын...

Темірхан Медетбектің ақындық атымен қоса, азаматтық аты да сол кезеңнен бастап, айрықша аспандай түсті. Оның халқының қалтқысыз перзенті, елінің елгезек тілеуқоры екендігіне қаламынан шыққан әр сөйлем, әр шумақ куә бола алады» (сонда) – деген жолдардан арқалы ақынның азаматтық биік тұлғасын көреміз.

Осыдан қырық жылдай бұрын көргенде екі құлағына дейін қызарып, «бұдырайған жұтқыншағы алқымына сыймай» қысылып тұрған жасөспірім Темірхан да алпысқа келіп қалыпты. «Қазір ұлы майдан, ұлан жорықтан оралған тарлан аттай талтандай басып, күз басындағы құлжадай алшайып кеп тұратын болыпты. Маңдайын желге төсеп, омырауын көкке ұсынып, маңқия қарап, қира-қира сакалын оңды-солды осқылай тырналап, мойыл кара мұртын масаттана ширағатынды шығарыпты» (сонда). Бұл – әбден кемеліне келіп, толысқан кезіндегі азамат ақын Темірхан Медетбектің Әбіш сомдаған сыртқы келбет-тұлғасы. Осы «алшайып тұрысынан» оның қандай адам, қандай ақын екендігі барынша ағойлап тұр.

Ә.Кекілбайұлы «Құбажонда құланиек таң атса да» («Қазақ әдебиеті», 23.11.2007) ақын Қайрат Жұмағалиев жайлы жылы лебіз білдіріпті. Мұнда суреткер Әбіш ақынның өлеңдерін емес, оның адами қасиеттерін сөз етеді. Балалық шағы соғыстың қиын кездерінде өткен Қайрат та кейіннен қиял қуып, Алматыға келеді. Әбіш бірге өткізген сол бір арманға толы студенттік күндерден әдемі бір сыр шертеді. Жастықтың жалынды жылдарын жалғыз анасының арқасында жарқырап өткізген Қайраттың адами болмысымен, адамгершілік қасиеттерімен шынайы танысасыз. Мақала бүгінгі аға буын атанып отырған бір топ ақын-жазушының жастық шағы туралы естелік-лебіз іспеттес.

Қайрат – қарапайым бір адам ғана емес, ақын. «Оның әр өлені – қырық құбылып отыратын көңіл-күйіңнің қайталанбас бір тұсы... Сәл нәрсеге масайрай қуанып, сәл нәрседен мээ-мәйрам жасай алады. Бұл оның таланты ғана емес, табиғаты. Өнері ғана емес, өмірі. Суреткерлік ұстанымы ғана емес, адамдық өмірлік кредосы. Өленді оның құлағына періште сыбырламайды. Өзі іздеп табады.

...ол адал жеген нан мен айнымас ыстық ықыластың жыршысы. Адамгершілік пен мейірбандықтың жыршысы» («Қазақ әдебиеті», 23.11.2007).

Жалпы Ә.Кекілбайұлының әдеби сындары өзінің көркем тілімен, бейнелілігімен, сезімге толы толғаныстарымен, көлемді келуімен ерекшеленеді. Мақала ішінде тұтас бір эпизодтар, оқиғалар жүреді. Әбіш – «алыстан сермеп, жүректен тербеп», өзі жақсы білетін қаламгер хақында көсіле шауып, ойын бейнелі түрде жеткізе білуге шебер.

Әдеби сынның идеалы – философиялық сын. Әбіштің мақалаларында қаламгер туралы айтылар ой кеңінен қамтылып, жалпы өмір туралы философиялық толғаныстарға ұласып жатады. Тіпті, кей жағдайларда әдебиет жайлы, қаламгер хақында пікір білдіруден гөрі пәни тіршіліктің мәңгілік проблемалары хақында ұзақ-ұзақ толғаныстарға түсіп ктееді. Бұл да Ә.Кекілбаевтай үлкен суреткердің бір қасиеті болса керек.

Орыс ақыны Леонид Мартынов «Қазақ ақыны Олжас Сүлейменов орыс тілінде жазғанына қарамастан, бүкіл болмысымен қазақ ақыны, атамзаманнан бері үміт-арман орыс халқының үміт-арманымен ұштастырып келе жатқан асқақ рухты өз халқының адал перзенті» – деп бағалаған О.Сүлейменовтің 70 жылдығы 2006-жылы аталып өтті. Осы бір дағаға байланысты елбасы Н.Назарбаев («Менің досым Олжас туралы сөз», «Қазақ әдебиеті», 19.05.2006) жылы лебіз білдірді. Орыс тілінде жазатын ақын Б.Қанапиянов «Әлем таныған Олжас» («Қазақ әдебиеті», 12.05.2006) деп, оны «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясының жарқын өкілі, ғалым, әрі дипломат» – деп бағалады.

С.Құттықадам «Олжас феномені немесе рух құйыны» («Қазақ әдебиеті», 19.05.2006) атты мақала жазып, оның ақындық, азаматтық болмысына үңілді. Ол О.Сүлейменов «ренессанстық үлгінің соңғы өкілі. Ол жалғыз, оны түсінетіндер аз, тіпті оның өзіне де тәңірдің қандай міндет жүктегенін және оның қай уақытта орындау қажеттігін жете түсінбейтін сияқты» – деп. Дей отыра оның «ана тілі мен мәдениетінің бүгінгі жай-күйіне шынымен аландап, шырылдап жүрген жандарды» түсінбей жүргендігін де орынды ескерте кеткен.

Бұл ретте автор Олжас төңірегіндегі түрлі әңгімелер төңірегінде төрелік айтудан аулақ. Оның орнына ақынның «Мен туралы қандай сұмдық қауесеттер таралып жатса да ақталып жатуды өзіме ар санаймын. Бірақ ендігі жерде тікелей менің өмірлік көзқарасым мен жеке тұлғама қатысты айтылған сөздерге қарсылық білдіруіме тура келеді.

Өткен өмірімде өзім арланатын минуттар мен сағаттар жоқ емес. Бірақ менің айтқым келетіні: адам ретінде де, азамат ретінде де өз іс-әрекеттеріме қашан да адал бола білгеніме мақтанам, қандай жағдайда болмасын адамдарға деген сенімнен, берген уәдемнен тайған емеспін» – деген сөзін берумен шектеліпті. Сонымен бірге «Соңғы жарты ғасырда Олжасыз біздің халықтың кім боларын болжап білу де қиын» – деген өз ойын білдіріпті.

Н.Нәжімеденовтің 70 жылдығына орай, Т.Медетбек арнайы мақала жазды. «Тереңдік» аталған мақала өзінің алғаш Жүмекенмен қалай кездескенін еске түсіруден басталған. Өмірде жақсы араласқан Жүмекеннің адамдық болмысынан да, ақындық өнерінен де ылғи да тереңдік көретінін ескерткен автор енді осы ойына оның өлеңдерін талдау арқылы оқырманның көзін жеткізуге ұмтылған.

«Ақын – ұлттың ұлы ақыны деңгейіне көтерілуі үшін ол сол ұлттың қайғы-қасіретінің қанды жасын ішіп, оның бүкіл азабын жан-жүрегімен көтере білуі керек. Қанша ол тынысты, қанша ол қуатты болғанмен, қанша ол образ, теңеу, метафораларыңызды иіріп алып кеп өлеңге қызмет еткізіп қойғанмен, ол өлеңдердің өзегінде ұлттық рух пен ұлттық мүдде жатпаса, онда ол ұлы ақын бола алмайды» – деп білетін Темірхан Ж.Нәжімеденовтің ақындығын да осы тұрғыдан бағалаған. «Әдетте, табиғат тереңге асылын жасырады. Ал халық немесе адам тереңге ең алдымен, қайғы-қасіретін жасырады. Өйткені, қайғы-қасіретін асылындай сақтамаған халық та немесе адамда қадір-қасиет болмайды. Менің түсінігімде, Жүмекен Нәжімеденов халқының сол қайғы-қасіретін бар табиғатымен, бар жан-жүрегімен, бар болмыс-бітімімен сезіне отырып жұмыс істеген ақын» («Қазақ әдебиеті», 11.11.2005) – деп жазады өзі де өршіл ақын Т.Медетбек. Ол «Жүмекен Нәжімеденовті қазақ өлеңіндегі саусақпен санап аларлықтай оқшау құбылыстардың бірі» санайды.

«Ғалидың ғазиз сырлары» – Негімовтің қазақтың көрнекті ақыны Ғали Ормановтың туғанына 100 жыл толуына орай жазылған мақаласы. Серік суреткер сыншыдай қаламға қамшыны басып, ұзаққа көсілмейді; әңгімені бірден Ғ.Ормановтың ақындығын айқындаудан бастайды. Мұнда Ғалидың шығармашылық өмірбаяны әңгіме болмай, өнерпаздық ерекшеліктерін айқындай түсу үшін оның өлеңдерінен нақтылы мысалдар келтіріліп отырған. Ғалымның пайымдауынша «Тегінде, Ғ.Орманов поэзиясына сыршылдық, сымбаттылық, Күйлілік, нәзіктік тән. Яғни, лирикалық, символикалық, философиялық сипаттарымен ерекшеленеді. Ғабит Мүсіреповше айтқанда «тереңге шымырлап батқан асыл тастай әсем иірім қалдырады. Жан сусыныңды қандырады» («Әдебиет айдыны», 21.06.2007).

Сондай-ақ, автор ақынның аудармашылық қызметін де жоғары бағалаған. Әсіресе, Ғ.Ормановтың түркімен әдебиетінің классигі Мақтымқұлының жыр жинағын 1948 жылы аударып бастырғанын, оның өте сәтті аударылғанына мысал келтіре отырып, атап өтеді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты ақын, драматург Н.Оразалин 60-қа толғанда, Б.Майтанов арнайы мақала жазды. Автор Нұрланның өмір, шығармашылық жолын айта келіп, өлеңдерін «Парасат поэзиясы» атады. Ақын поэзиясын жоғары бағалаған Бақытжан «...алпысқа қылаң ұрып жеткен ақын, драматург, сыншы, қоғам қайраткерінің бүгінгі асқары әуелден-ақ Алатаудың қарлы асуларындай жоғары өріске табан тірегені туралы» («Әдебиет айдыны», 15.11.2007) әңгімелейді.

«Қазақ әдебиеті» (16–22.11.2007) газеті осыған орай, айқара бет берді. Онда Н.Оразалиннің шығармашылығы хақында Ғ.Мүсірепов, С.Михалков, Ш.Айтматов, О. Сүлейменов, Т.Молдағалиев, Ф.Оңғарсынова, А.Сүлейменов, С.Мұратбеков, Р.Нұрғали, С.Жұмабек әр кездерде білдірген пікірлер топтамасымен бірге жазушы С.Елубайдың «Нұрлан ақын» деген көлемді мақаласы қатар орын алған. Кезінде университетте Нұрланмен бірге оқыған Смағұл әңгімені осыдан 40 жыл бұрынғы сол бір бақытты студенттік жылдардан бастапты.

Автор өз ойларын көп шашыратпай, Нұрлан ақынның үш түрлі қыры төңірегіне құрған. «Достық» аталған бірінші тарауында студенттік өмірді бірге өткізген жас Нұрлан жайында әңгімелейді. Сол кездегі жасөспірім болашақ ақынды Смағұл былайша суреттейді: «Өндіріс жас Нұрлан өмірге мөлдір жас жанармен қарайтын. Кісінің кемшілігін көрмейтін. Алдымен артықшылығын көретін. Іштегі балғын тазалық, әлі дақ түспеген жан тазалығы сыртына сәуле

шашып тұратын. Досқа адалдық, ата-жұртына деген махаббат, өмірге деген құштарлық өлең болып көкірегінен саулайтын». Міне, содан бері 40 жыл өтіпті. Ол кезде 20-ның о жақ, бұ жағындағы періштедей таза, қиял қуған арманшыл жас болса, бұл күндері алпыстың асуына шығып, өмірдің не бір қиындықтарынан өтіп, әбден ысылған азаматпен бірге жүргенімен де автор «мен кейде досымның сол бейнесін сағынамын» – деп сыр айтыпты.

«Ақындықта» Смағұл ақынның өлеңдерін талдайды; жылы лебізін білдіреді. Ақындық кемелденуі тәуелсіздік кезеңіне тұспа-тұс келген Нұрланның өлеңдерінде сол дәуірдің келбеті барынша шынайы кестеленген. «Өткен ғасыр аяғында өрбіткен ақынның өлең өрнектері – шындық іздеп, шарқ ұрған толайым қазақ санасының айнасы. Сырмінез емес, бейтаныс заман үскірігі алды-артыңды орап улеп бергенде, гулеп берген ақын жанының апшы қуырар аптабы. Тек жалғыз ақынның ғана емес, толайым қазақ жырының осынау сарсаңды жылдар аламаньында топ жарып, төбе көрсеткен жампозы».

Смағұл Н.Оразалиннің азаматтығын жоғары бағалайды. Өмірдің өрге өрлеген күресті жылдарының денінде Нұрлан жеңе білді; сөйтіп азаматтық биіктен көрінді. «Сонысымен төңірегін тәнті етті. Бірақ, періште емес, ол да пенде» – деп, өз кейіпкерінің ет пен сүйектен жаралған адам екендігін де еске салған.

«Қысы ызғарлы сол жылдың көктемі ерекше жаңбырлы болды». Бұл жолдар көркем әңгімеден емес; А.Кеңшілікұлының «Рухтар мәңгі өлмейді» («Қазақ әдебиеті», 29.02.2008) атты эссесінен алынып отыр. Эссенің композициялық құрылымы да өзгеше. Алғаш рет ақын Жарасқан Әбдірашевті қалай кездестіргенінен басталып, соңы соңғы рет көргенін, о дүниеге аттандырып салғанын көркем тілмен баяндаумен аяқталған. Әкесі Кеңшілік Мырзабекұлымен аралас-құралас жүрген Жарасқанның өмірде қалай болғанын суреттей отырып, ақын шығармашылығы хақында әдемі сыр шертеді: «Мені ақын жырларындағы әдемі тартылған аттың айыл тартпасындай шашау тұрған бір ауыз артық сөздің кездеспейтіндігі таң қалдырды. Өмірдің өзіндей қарапайым, өмірдің өзіндей шынайы ақын жырлары пернелерін дәл басып, ой-сананды жаулап алады. Менің түсінгенім, Жарасқан – қазақ ақындарының ешқайсысына да ұқсамай жазатын үлкен талант. Тіпті, ол адам баласының бәріне тән махаббат сезімін де ешкімге ұқсамай жырлайды екен» («Қазақ әдебиеті», 23.02.2008).

Заря Жұманованың ақын Сақыпжамал Өтеғалиева жайлы жазған «Тасада жүрген талант» («Жұлдыз», 2008, №3) атты мақаласы да қызғылықты оқылады. Тақырыбынан-ақ көрініп тұрғандай, әңгіме белгілі ақын жайында емес. Өдетте, шығармашылық портрет атақты ақын-жазушылар хақында жазылса, Заря қатарда жүрген, көп алдында арқаланып өлең оқитын атышулы ақын емес, қарапайым ғана өмір сүріп, басқа салада қызмет жасаса да поэзия аулынан кетпей, тылсым бір құпия күштің құдіретімен жыр жазып жүрген қазақтың бір дарынды қызы жайлы сыр шертіпті.

Мақаланың құрылымы да басқаша: авторлық баяндаумен қатар кейіпкердің өз сөздері қатар беріліп, бір арнада өрбіп отырады. Мұны автордың шеберлігі деп ұққан жөн. Мамандығы экономист Сақыпжамалдың өлең жазып, ақын атануының себебін «Алланы үнсіз, жүрегімен сүйгенді ғана саналылық деп танитын ол ақындықты да «мен – ақынмын» деп, мойындаудан жасқанады. Себебі, бұл – оның өзіне де жұмбақ, тылсым сыр бүккен дүние. Түсінетіні: ол жазбайды, оған жазғызады... Ол кім? Қандай құдірет? Әйтеуір, өзі емес... Адамдар көріп, ләззат алсын деп жаратқан табиғат сұлулығы сияқты өлеңді де сол ғажайыптардың бірі деп ұғады» – деп түсіндіріпті.

Шығармашылық портрет «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды», «Баукең де ол жайлы ой тербетіпті», «Гер-аға хатынан үзінді», «Аннамен «ауырған» аудармашы», «Аудармадан соң, өзім өлең жаза алмай қалдым», «Сен өтпеген одаққа кім өтеді?» деген соң», «Қаламдастар не дейді?» – деген тақырыпшаларға бөлінген. Автор көбіне Сақыпжамалдың өзін сөйлетіп, оның шығармашылық жолы, лабораториясы, ақындық өнер жайлы жан сырын жайып салады. С.Өтеғалиеваның шығармашылығы жайлы Б.Момышұлының, Г.Бельгердің, О.Асқардың, Д.Қанатбаевтың, А.Егеубайдың пікірлерін орайластыра беруі де өте ұтымды.

Қазақтың тағы бір ақын қызы Марфуға Бектемірова жайлы А.Сейдімбек жылы лебіз білдіріпті. Ақселеу ойын «Ақын, жазушы деген сөздер балалық бал дәурен кездерден бері-ақ біздің санамызға ақыл мен парасаттылықтың баламасындай болып ұялаған... Неге екені белгісіз, сол кезде болашақта бай болуды емес, жүрегі жырға толы, нұрға толы адам болуды аңсадық. Сірә, ақын дегеніміз пенде шіркіннің жанына нұр құятын, шипалы сөзін дәру ететін жандар

болу керек» («Қазақ әдебиеті», 05.09.2008) – деген жолдармен бастап, негізгі мәселеге содан соң барып ауысады. Автор «Марфуға үшін аяулы сезім мен асқақ рухтың тұғыры – туған жер, атамекен, қазақтың қадір-қасиеттері...

Шындықтың жолы даңғыл болмауы мүмкін, оның есесіне шындықтың жүзі қашан да жарқын. Марфуға Бектемірова шынайы сезімнің ақыны. Оның өлеңдерінің де алтын арқауы – адам, қоғам, табиғат» (сонда) – дейді.

Ғалым Қ.Мәдібайдың ақын Бақыткерей Ысқақ туралы мақаласы «Ақын атаулы өлеңмен ғұмыр кешіп, өлеңге өзек өртеген өкінішін құйып, өкпесін артып, сұлу таңдай таза, жарық үмітін жалғап, өмірге ғашық алапат жырларымен жасайды»-деген жолдармен басталған. Қанпаш Бақыткерейдің өзіне ғана тән ақындық болмысын танытатын өлеңдеріне талдаулар жасай келіп, «Бақыткерей Ысқақ әсіреқызыл сөзге әуестенбейді, орынсыз есіліп, дүниені билеп-төстемейді. Шындықпен суарылған жүрек сөзімен елінің ерте күндері, ертеңгі үміті, бүгінгі болмысы туралы аямай жанып, аялап айтып жыр төгеді» – деген пікір айтады.

Жаңа ғасырдың әдеби сынында ақындар жайлы көбіне ақындардың өздері қалам тербегені байқалады. Сол себепті де олардың көпшілігінде шынайы сезімге оранған көркемдік сипат басым. Кейбіреуі эссе, естелік түрінде жазылып, көркем әңгімедей оқылады.

8. ПОЭЗИЯ ХАҚЫНДАҒЫ ӨНІМДІ ОЙЛАР

Өлеңнің өзекті өңірлеріне барып, толғақты мәселелерін талқылау әдеби сынның күн тәртібінен түспеді. Қазіргі қазақ поэзиясы, оның даму жолдары, жаңа дәуірдегі оның рухани өмірге алатын орны жайлы пікір алысқан мақалалар баспасөз бетінде үзбей жарияланып тұрды. Бұл ретте өлеңді өмірінің «мәні тұтқан» ақындардың өздері негізгі пікір қозғаушылар болды.

А.Әлімов поэзия жайлы мақаласын «Өлең! Өлең? Өлең...» («Қазақ әдебиеті», 19.01.2001 ж.) атапты. Онда «Өлең оқыс пайда болған сұрапыл (стихиялық) сезімдерді бас білдіре, сол қас-қағымда туған сөздер мен сөйлемдерді шашпай-төкпей үнемдей, не образ бен музыкаға орай, көркем тілмен құйылып тұрған ырғақта бір тыныспен қағазға түсіру» – деп анықтама берген.

Аманхан тағы бір мақаласында осы бір анықтамасын әрі қарай тағы да тарата түсіпті. Ақын мен поэзияның «қай-қайсысы да жұмбақ әрі құпия. Жұмбақ шешіліп, құпия ашылған тұста ақынның да, поэзияның да қадір-қасиеті кетеді. Оны ғылымға зерттеп, зерделейтін объектіге айналдыруға болмайды» («Қазақ әдебиеті», 23.12.2008). «Түйсік тамшылар» атты ортақ тақырыппен берілген қысқа-қысқа үзінділер төмендегіше ой толғайды:

«Ақын ұлттың тілі мен ділі, құлағы һәм көзі болу керек деудің сыры оның ұлт перзенті екендігінде»;

«Жалпы поэзия немесе жалқы өлең газет сияқты оқылмауы тиіс. Оның журналистикадан да, көркем прозадан да айырмашылығы сонда. Газет – ақпарат береді. Проза – ауқымды жанр. Лирика, лиризм оны көтермейді. Ол – жан қозғалысы»;

«Ақын сезінеді, сонеді. Данышпан көреді, көрегендік танытады. Екеуінің арасының жер мен көктейлігі сонда»;

«Талантты ақынды түсіну үшін талантты оқырман керек»;

«Өлең – жан. Ал жанның иесі – Алла» («Қазақ әдебиеті», 28.12.2008);

«Қазақта орындалуы тәп-тәуір, көп жылғы тәжірибемен (туа бітті ақындықтан емес) құрастырылған өлеңдер өте көп. Олардағы ең басты кемшілік – жан жоқтығы (образ, музыка, тіл туғызған»);

«Жалпы өлеңдегі басты мәселе – өтірік айтпау. Сонда ақынның бүкіл поэзиялық шығармашылығында ақиқат өріліп, жүректерге жол табары анық» («Қазақ әдебиеті», 19.01.2001).

Жазушы Н.Ақыш Аманханның поэзия жайлы айтқан кейбір пікірлерімен келіспейтіндігін білдірді. «Айтып отырғаның рас, бірақ өлеңді өлең ететін ең басты әдеби өлшемді айтуды ұмытып кеткенің түсініксіз» («Қазақ әдебиеті», 16.02.2001) дей келіп, басты өлшем «көркемдік деп аталатын құдірет» екендігін еске салады.

Нұрдаулет А.Әлімұлының өлеңдерді «жақсы»; не «жаман» деп бөлуін дәлелсіз, сондай-ақ «өлең оқыс пайда болған сұрапыл сезімдерді қағазға түсіру», «поэзия – жалпы, өлең – жалқы» деген пікірлерін даулы санап, пікірталасқа барады. Ойын «Ең бастысы, ғасырлар бойы қалыптасқан поэзия турасындағы тиянақты түсінігімізді, орныққан көркемдік талғамымызды бұзып алудан сақ болайықшы» – деп түйіндеген.

«Қазақ әдебиеті» газеті Н.Ақыштың «Қайсысы жақсы, қайсысы жаман» деген тақырыптағы «Ақын Аманхан Әлімге хатымен» бірге А.Әлімнің «Жақсысы – жақсы, жаманы – жаман» деген жауабын да қатар жариялапты. «Өзін шын мәніндегі талантты ақын, не жазушы «Әдебиет теориясын» негізге алып шығарма тудырмайды. Талантты шығармалар арқылы «Әдебиет теориясын» сыншы-ғалымдар, әдебиеттанушылар қалыптастырады. Сондықтан өзін шын мәніндегі ақын санайтын қаламгерлер ешуақытта да «Әдебиет теориясына» бағынып шығарма жазбайды. Сондай-ақ дәстүрді де бұзбайды» («Қазақ әдебиеті», 16.02.2001) – деп түсінетін Аманхан өз пікірлерін тағы да нақтылай түсіп, Нұрдәулеттің ескертпелерімен келіспейтіндігін білдіреді.

Белгілі ақын, сыншы Ж.Сомжүрек «Поэзия – рухани әкеміз – әдебиеттің тұңғыш бел баласы және қызу қанды асқақ жанды, от жүректі жауынгер ұланы. Оның тілін табу, жан дүниесін ұғынып, жүрегіне терен бойлап көркем ойын, сергек сезімін түсіну кез келген оқытушының, тіпті кез келген сыншының маңдайына жазылмаған» («Қазақ әдебиеті», 30.11.2001) – деп, оқушыларға қазіргі қазақ поэзиясын оқыту, насихаттау мәселелерін көтерді.

Жұмаш осы ойын «Ақындар туралы ақиқат» («Қазақ әдебиеті», 14.05.2010) атты көлемді мақаласында өрбіте түскен. Автордың айтуынша «Адам – рухани дамып-жетілуімен, ішкі жан-дүниесінің байлығымен адам; өзім деп емес, елім деп елжірей соғатын жүрегінің шуақты жылуымен, бойына сіңірген адамгершілік ізгі асыл-қасиеттерімен адам» болса, «барша адамзат өзінің рухани дамуындағы бүгінге дейін жеткен жетістіктері мен жеңістері үшін, ең алдымен, ақындарға борышты! Бұл – қарсы дау айтқызбайтын аксиома».

Қазір адамзат қоғамында рухани дағдарыс жүріп жатыр. Оның басты себептерінің бірі «рухани тәрбиені Жер бетінде адамзат қауымы жаралғаннан бері ақындар атқарып келсе», ХХ ғасырдан бастап, біздің ақындар «рухани қолбасшылық міндетін арқаларына арта алған жоқ». «Ақындарымыз қоғам дамуындағы, адамдарға рухани тәрбие берудегі, ой-сананы өсірудегі терен жауапкершіліктерін түсінбеді. Соның салдарынан рухани мешеулікке, сана дағдарысына ұшырап отырмыз» («Қазақ әдебиеті», 14.05.2010).

Адам рухани жағынан жетілу үшін ол поэзиядан сусындауы керек, ал өлеңді түсініп оқу үшін поэзия пәні керек дейді Жұмаш. Ол осы мақсатпен «Сегіз қырлы сері өлең» атты оқулық та жазып шыққан. Қазақ поэзиясының бүгінгі таңда көркемдік, әлеуметтік мәселелеріне арналған осы еңбектің тараулары «Азат» газетінің 2005 жылғы мамыр, маусым айларындағы сандарында жарияланды.

Тақырыбынан-ақ көрініп тұрғандай автор өлең өнерінің сегіз түрлі сипаты төңірегінде әңгіме қозғаған. Авторы өлеңнің ыстық-суығын бірдей көріп ішінде жүрген ақын болғандықтан да бүкіл қазақ поэзиясына ақындық көзбен қарап, бүгінгі күн биігінен бағалаушылық, байындаушылық бар. Әрине, көлемді еңбекті талдап жатуға мүмкіншілік жоқ болғанымен де кейбір өнімді ойларына назар аудара кетейік:

«Өлеңде «балталасан бұзылмайтын» келісті ұйқас, кестелі кілем түріндей, жайнаған көктем гүліндей көркемдік болумен бірге оқығанда, тыңдағанда айтар салмақты ойы болуы керек... Ойсыз өлең – тұзсыз, татымсыз тамақ, сылдыраған су... поэзия, өлең – образда ой, яғни бейнелі ой, суретті ой, ойдың көркем сөздермен өрнектеліп айтылуы.

Өлеңнің бәрінде бірдей салмақты ой жатуы міндетті емес. Бірақ өлеңнің өзінде ой болмағанымен, оқырманға басқа жағынан, көркемдігімен ой салуы керек».

С.Ақсұңқарұлының «Анти-поэзиясы» (2002) «Қазақ әдебиеті» газетінің қараша, желтоқсан айларындағы сандарында жарияланды. «Анти-поэзия» кәріне мініп тұр» деген сөйлеммен басталған көлемді мақалада қазіргі заманғы поэзияның қоғамымыздың әлеуметтік өміріндегі орны мәселесі көтеріледі. «Ақын дегеніміз – еріккенде өлең жазып, есінегенде шарап ішетін құбыжық пенде емес. Ел-жұртының еңірегінде етегіне толар көз жасы, күңіренгенде көзіне көрінер қарасы еді ғой» («Қазақ әдебиеті», 29.11.2002) – деп, бүгінгі рухани өміріміздегі поэзияның аянышты халіне оқырман назарын аударады.

Поэзияның өзіне лайықты орнынан төмен сырғуы надандықтан, ұлттық сана-сезімнің төмендігінен. Сол себепті де «Енді ел егемен болып, етек-жеңімізді жиғалы төңкерісшіл-социалистік надандығымыз жабайы капитализм тұсында Махамбет–Абай рухын аяққа таптап, базарлардың лас түкпірінде қу құлқынның жыбырлаған құрттарына балапандап жатар! Ана тіліміз – Абай тілі – өгей шешенің тілі секілді. Мемлекеттік – деген аты ғана. Ендеше, ел-жұртты қыранша қияға бастайтын Махамбеттің поэзиясын кім оқиды?! Исі қазақ баласы жанына,

канына сіңіре алмаған қайран Махамбет рухы кіндік жұрты қазаққа керексіз болса, кімге керек болғаны? Аты – егемен, заты – тәуелді қазақ қалайша жұрт қатарына қосылып, көштен қалмай, көзін қияға салады? Жауап біреу: Ықыластардың айтқандарына көніп, айдауына ерсең, жылан болып, жырымға қарайсың. Махамбеттің соңына еріп, рухына кенелсең, қыран болып, Қырымға қарайсың! Дәл қазір, өткен мен ертеңнің өлі арасында бізге Махамбеттің рухы керек!» («Қазақ әдебиеті», 06.12.2002) – деп, шамырқанады арқалы ақын.

Ақынның ойынша, поэзиясыз өмір – рухсыз өмір. Өйткені, өлең – рух, рух – адамзат баласын өрге сүйрейтін ұлы күш. Десек те, қазақ басқаны қойғанның өзінде Абайсыз өмір сүріп келеді. Ал «Абай – Алаштың рентгені! Егер исі қазақтың әрбір баласы кеудесін ашып, соның алдына барса, оның адамдығы мен иттігі, адамзаттығы мен пенделігі айнадан көрінгендей көрінер еді.

Қазақтың көпшілігінің Абайға жоламайтындығы – кеудесінде құрт ауруы бар пенденің рентгеннен ат тонын ала қашатындай әрі түсінікті, әрі түсініксіз нәрсе» («Қазақ әдебиеті», 06.12.2002) – деп, толғанады ақын жүрегі.

Серік орыс тілінде жазатын қазақ ақыны О.Сүлейменовтің шығармашылығын аса жоғары бағалаған. Әсіресе «Аз и Я» – Азияның Еуразия мен Америка құрлықтарындағы азаматтық паспорты!» («Қазақ әдебиеті», 20.12.2002) – деп, биік баға берген Олжастың төңірегінде айтылып жүрген әртүрлі пікірлерді жөнсіз санайды.

Жаңа ғасырдағы қазақ поэзиясының болашағы ойландырмай қоймады. Өйткені біз өркениетті ел деп көз тігіп отырған «Американдықтардың ақындар жайлы пікірлері өте төмен. Олар өлең жазатын қай-қай жанды да мінезсіз, өмірден өз орнын таппаған, жолы болмаған, жүйкесі жұқа, қияли жандар санайды. Жалпы, Америкада поэзия оқылмайды» (Ә.Балқыбек Халиң қалай әлемнің ақындары? «Қазақ әдебиеті», 09.07.2004). Ал, мұнымен салыстырғанда «Қазақ ақынының сағы әлі сына қойған жоқ. Ол өзін тыңдайтын, тыңдағысы келетін құлақ әлі бар екенін жақсы біледі. Түгел болмаса да халықтың белгілі бір тобына поэзия керек екенін жақсы түсінеді. Және бұл топтың саны басқа халықтарға шаққанда көп-ақ. Токетерін айтсақ, ең нашар деген қазақ ақынының өзінің де оқырманы жоқ деп қайғыруына әзірше негіз жоқ. Ең таңдаулы американдық ақынының кітабы 500-ақ дана таралыммен тарайды. Кемі миллион қазақ тілді оқырманы бар Мұхтар Шахановтың... оқырманы бүкіл Америка мен Еуропаның ең таңдаулы деген ақындарының оқырманынан көп...» (сонда) – деп, шүкіршілік қылады ақын, сыншы Әмірхан Балқыбек.

Моңғолиялық С.Рахметұлы «Поэзия еш үлгіге сыймайды» («Қазақ әдебиеті», 09.07.2004) дейді. Өйткені, «Поэзия жаппай сауаттандыруға арналған версификатор немесе бір схемаға түсірілген, уағыздардың бәріне көнетін бірсарын науқанды шаруа емес. Поэзия – құбылыс. Айсберг секілді құбылыс... Поэзияны көпшілік қалың бұқараның бәрі бірдей түсінбеуі дұрыс. Түсіндірем деп құдай көрсетіп, хәм науқаншылайын десек, опық жейміз. Себебі, адам өмірі бір үлгіге сыймайды. Поэзия да солай».

Сұраған «Поэзияның негізгі мақсаты – белгісіз бір бейнекеңістіктің атрибутын көз алдына айқын көрсету, сомдау... Поэзия дегеніміз, біртекті, кешенді түсінік» – деп біледі, «бүгін қазақ поэзиясы тарихи қайта өрлеу кезеңінің тағы бір белесі алдында тұр. Қазақ поэзиясы соцреализм кезіндегі дерт-дербездерден мұра болып қалған жаттанды үлгіден іргесін аулақ салатын түрі бар. Жаттанды үлгіден қашу дегеніміз, біздің әдебиет, әлемдік әдебиет дамуымен иық тіресу кезеңіне келді деген сөз. Қазақ поэзиясы дәл осындай өзгеру, жаңару сипатындағы ішкі құбылыстарды жан дүниесіне қорландыра бастады. Бұл ұлттық нышандағы поэзиялық сана дамуының ілгері қадам басуын байқатады» – деген жолдардан бүгінгі қазақ өлеңінің даму бет-бағдарын байқағандай боламыз.

Қазақ өлеңінің бүгінгі жай-күйін, дамуын саралау мақсатымен «Қазақ әдебиеті» (09.09.2005) газеті «Бүгінгі поэзия: өре мен өріс» атты пікір алысу клубын ашып, белгілі ақындарды, сыншыларды ой бөлісуге шақырды. Алғашқы болып Әділғазы Қайырбеков «Тәуелсіздік және қазақ жыры» («Қазақ әдебиеті», 14.10.2005) атты көлемді мақаласымен үн қатты. Мұнда тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясына ақындық тұрғыдан көз жіберушілік бар.

Келесі болып, ақын С.Иманасов сөз алған. Мақаласының «Бұл күнде анау да «ақын», мынау да «ақын» («Қазақ әдебиеті», 28.10.2005) – деп аталуынан-ақ автордың аса маңызды мәселені көтергені көрінеді. Онда соңғы кездерде жер-жерлерде көбейіп кеткен ақынсымақтар, поэзияға еш қатысы жоқ өлеңсымақтар аяусыз сынға алынған. Ал ақын кім? «Ақын дегенді өз басым

Ақыл деп те ұғамын. Өйткені нағыз шынайы Ақын ақыл иесі болуымен бірге қатарлас, сапарлас тірлік кешіп жатқан әртүрлі мамандықтағы замандастарының қай-қайсысынан да ғұлама болуы шарт... ол миллиондаған тонна кенді ақтарып-төңкеріп, соның арасынан өзіне қажет бір түйір алтын тапқанша, инемен құдық қазғандай, адам зорығар ауыр еңбек, жанкешті тірлік кеше жүріп, сөз асылын, оның ішкі иірім, әуен-сазын іздеуде ащы тері үгіле, аш қолтығы сөгіле рахат-әуреге түсу ғана емес, әр өлең бастан кешкен ауыр ойдың ақыл-тақыл жемісі екенін, шындық іздеу жолындағы адам өсер тағы бір шың екенін бар жан-дүние, тұтас тірлігімен сезінуі керек».

Автор «қазір екінің бірі «ақын». Ақын болғанда да жәй емес, «аса көрнекті», «белгілі ақын» екендігін айта келіп, осы төңіректе ойласуға, осы бір әдебиеттің әлеуметтің дертіне бірлесіп күресуге шақырады».

«Атаққұмар, данққұмар әлдебіреулер әдебиет деген киелі өнердің арғы тегі кімдерден басталатынын, оның қолдан жонып жасай салуға болатын өнер емес екенін түсінбек тұрмақ, ластаумен, былғаумен жүр... Құдды қазақтың бәрі ақын болып кеткендей» («Қазақ әдебиеті», 30.12.2005). Бұл – «Өлең сөздің обалы» деп, мақала жазған Роза Сейліханнның пікірі. Ойларына тамызық ретінде Ә.Тұрабаевтың, Т.Асқартегінің, С.Имамбеттің өлең кітаптарын сынға алған.

Ақын, журналист Д.Қанатбаев «Күні кеше ғана атой сап, ұрандап тұрған небір ұғымдардың, қайсыбір құндылықтардың дәл бүгін бұрынғы бәсін, мән-мағынасын жоғалтып жатуы әбден ықтимал. Солай болып та жатыр» («Қазақ әдебиеті», 23.06.2006) – деп, бүгінгі оқырманның сана-сезімінде рухани құндылықтар жайлы өзгерістердің болып жатқандығына назар аударды.

Адамның рухани жағынан қалыптасуына оның өскен отбасы, мектебі, араласқан ортасы тікелей әсер етеді. «Дүниеге жаңа келген нәресте ең әуелі қоршаған ортаның рухани ауасын жұғатыны – анықталған ақиқат. Ол айналасындағы рухани энергияға, тегеурінді толқындарға төтеп беруге тырысады. Өлгі тегеуріндер әлі есін біле қоймаған нәрестенің болмысына өшпестей із қалдырады, білдірмей-ақ жанын жетілдіреді» (сонда). Сол себепті де жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу міндеті алда тұрады. Сонда ғана рухани жағынан сау адамды тәрбиелей аламыз.

Белгілі бір ортада өскен адам өмір шындығын көріп өседі. Сондықтан да «Өлеңді жазады екенсің, өмірдің дәл шындығын айта білуің керек. Ол шындық тек өзіне ғана емес, өзгерлерге де ерекше әсер етуге тиіс. Шын ақынның өлеңі қашан да шынайы» (сонда).

«Поэзия – қасиетті ұғым. Поэзия – адамның ішкі сезімінің тіл жетпес тылсымында жатқан әсем әлемі. Поэзия – адамның ішкі ішегінің қырындысы. Поэзия – жеке адамның ешкімге айтпас құпия қастерлі ішкі сыры. Сонымен бірге поэзия – әлемдік ұғым. Поэзия тек қана ішкі сезім емес. Поэзия – адам жанының алаулаған алтын жалыны. Поэзия – адам жанының жанартауы. Поэзия – адам жанының жыршысы. Поэзия – тарихтан да, тіпті философиядан да жоғары екенін бағзы заманнан-ақ ұлы Аристотель айтып берген ғой. Поэзия – әлемнің жыршысы. Поэзия – субстанция. Поэзия – ақылдың айнасы. Поэзия – халық мұңы, өнердің шыңы» («Жас қазақ», 06.08.2010). Бұл жолдар қазақтың белгілі ақыны, Үндістанның Халықаралық Падма Шри сыйлығының лауреаты, Пәкістанның Икбал Академиясы Икбалдың Алтын Ескерткіш сыйлығының иегері Әубәкір Нілібаевтың «Поэзия және философия» мақаласынан келтіріліп отыр. «Жас қазақ» газетінің бірнеше санында жарық көрген көлемді мақаланы поэзияның қоғам өміріндегі орны, әлеуметтік, рухани дамуындағы ролі, «поэзия мен философияның байланысы, тарихы, мән-мағынасы, көкейкесті проблемалары хақындағы» тұтас бір зерттеу десе де боларлық.

Ә.Нілібаев «...Сөздің қайнар бастауы – поэзия. Яғни, поэзия-бірінші, проза-екінші. Сонымен, сөз бірінші деп танысақ, сөз иесі Адам – ақын. Яғни, адам біткеннің бәрі ақын десек керек. Қашанда бірінші сөз ақындікі. Бірақ адам өсе келе өзгереді. Екшеле-екшеле келе бойында Құдай берген таланты барлар ғана шынайы ақын болады. Ақындық – ерекше өнер» (сонда) – деп, ақындық өнердің, яғни, поэзияның философиялық астарына тереңірек үңіледі. Мақалада өлең өнерінің тарихы Адам-Ата сөйлей бастағаннан бастап, бүгінгі күнге дейінгі тарихы философиялық тұрғыдан шолынады. Әубәкірдің айтуынша «Адам-Ата Хауа-Анаға «мен сені сүйемін» деп тіл қатқаны белгілі. Ойлай қарасақ, «сүйемін» деген алғашқы сөз – поэзия» (сонда).

С.Ержанова «Қазіргі қазақ поэзиясының даму үрдісіне» («Әдебиет айдыны», 28.08.2008) көз жіберіп, жалпы әлемдік әдебиетте жүріп жатқан постмодернистік ағым, оның қазақ өлеңіндегі көріністерін сөз етеді. Р.Ниязбектің, Е.Раушановтың, Ә.Қайранның, Иран-Ғайыптың, Ғ.Жайлыбайдың, Б.Шарақымбайдың, М.Райымбекұлының, Т.Әбдікәкімұлының, М.Шахановтың шығармашылықтарындағы ұлттық дәстүр негізіндегі жаңалықтарға тоқталған.

«Кейінгі кезде қолына қалам алып, сын жазуға отырғандардың аузынан «модернизм», «постмодернизм» деген сияқты оңаза терминдер түспейтін болыпты. Біз ең алдымен, қайдағы бір ағымды емес, ақынды іздеуіміз керек емес пе? Өлең талдасак, оның сыртқы сұлбасына ғана, әшекей-үшекейіне ғана емес, ішкі қуатына, тылсым-тынысына (егер бар болса) неге үнлмейміз?» («Қазақ әдебиеті», 31.12.2008) – дейді ақын Ә.Қайран.

Оның айтуынша, қазір адамдар рухани дағдарысты басынан кешіп жатыр. «Менің ойымша, қазіргі біздің әдебиет, оның ішінде поэзия өзінің бұрынғы өршіл, күрескер рухынан айрылған. Мойындау керек, кешегі кеңес дәуіріндегі әдебиеттің «үгітшілік үлгілерінің» өзі керемет жойқын күш болатын. Жетпіс жыл бойы жер таянып қалған қазақты әдебиеті ғана әлдиледі, әдебиеті ғана ұлттық рухты өлтірмей, тірі сақтады десем, ешкім дау айта алмас. Кеңес үкіметінің саясатының сойылын соққан бола отырып, біздің әдебиет бүкіл ұлттық арнамысымызды, арман-мүддемізді биіктерге алып шықты. Содыр, сойқан саясаттың өзін алдап соқты. Сөйтіп ғасырлар бойы қалыптасқан қасиетті әдебиетіміздің атаулы белгілерін аман-есен тәуелсіз елдің қолына тапсырды» (сонда). Ал, тәуелсіздігімізді алғаннан соң, әдебиетіміз неге мүшкіл халге түсті? «Себеп біреу – әдебиет билік назарынан тыс қалды». Соның салдарынан қазір әдебиетті қажетсінбейтін қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Десек те бізге әдебиет керек. «Өзіңді-өзің тану үшін кітап керек. Өзгені де тану үшін кітап керек. Кітабы жоқ халық көзін таңып алған кісімен бірдей. Ол дүниені көрмейді. Кітабы жоқ халық айнасы жоқ адаммен бірдей. Ол өз жүзін өзі көрмейді» (сонда).

Ақын Т.Медетбек «Алтын көпірліктер» («Жұлдыз», 2008, №1; 2009, №2) атты көлемді мақаласында бүгінгі қазақ поэзиясына алғашқы қадамын жасап, еніп жатқан, болашағынан үміт күттірер бір топ жас ақынның поэзиясына ақындық көзбен барлайды. Жай ғана емес, жас поэзияның ішіне кіріп, соңғы толқында кімдер келе жатқандығын ақындық көзбен саралаған. Жалпылама сыдыртпай, әрқайсысының ақындық адымына зер салып, ағалық пікір айтқан. Іштей «Рухымды қан мен сүтке илеп ем» (Маралтай Райымбекұлы), «Көңіліме тауды алып, сеніміме «аспанды ап» (Әмірхан Балқыбек), «Ақын болу азап қандай, тәңірім» (Жарас Сәрсек), «Кіріптіне қан қатып қоғамың тұр» (Бауыржан Бабажанұлы), «Орманды сөздің аймағын омбылаған сөз бұзар» (Нұржан Қуантайұлы), «Сордан бакыт тартып алдым бір сәттік» (Батырболат Айболатұлы), «Көңілді мұңмен көктеппін» (Әлібек Шегебай), «Зарынды айтып көкке ұшады тырналар» (Бақыт Беделханұлы), «Улаған сайын жанарың, ұлы ақын болып барамын» (Дәурен Бердіқожаұлы), «Тамұқтамыз күндіз, табыттамыз түнде» (Бақытжан Алдияр), «Күрсінүмен күн өтіп, өкінумен өтті түн» (Алмас Темірбай), «Ұйықтай кет, қайғы, сен де енді» (Танакөз Толқынқызы), «Сергелден етпей сертімді не жолға баста, не сорға» (Айнұр Әбдірәсілқызы), «Күздің суық желі едім мен егілген» (Ұларбек Дәлел, Тоқтарәлі Танжарық, Отар Шауханұлы) деп аталған тараулардан-ақ онда сөз болған ақындардың бет алысы, аяқ тастасы, өзіндік ерекшеліктері көрініп тұр.

Сыншы Б.Сарбалаев бүгінгі жастар поэзиясын бағдарлаған мақаласының тақырыбын «Баян сұлу жүр базарда жан бағып» («Жұлдыз», 2009, №8) деп қойыпты. Ол алдымен, ақынның кім екенін анықтап алады: «Ақындық деген, жазушылық деген – Алла берген, адамның туа болмысына біткен Талант. Ол шаруа да тапшы болмай, шалқар да терең болса, ғанибет. Талант болса, бітті деген де – бос сөз. Оны алдымен иесінің өзі бағалап, тауып-танып, бұлақтай көзін ашса, оқып-тоқумен, ізденіспен ілгерілеп, маңдай термен жетілдіріп, жаңа жыр өзеніне, соны да сұлу сөз әлеміне айналдыра алса, бақытты... Оқырман талабы да, қоғам қажеттілігі де сол – бізге жаңа Ақын, жақсы Жазушы керек» – дей келіп, жас поэзияға көз жібереді.

Бақыт жас поэзияның өзін іштей екі топқа бөліп қарастырады. Біріншісі – «жас емес, жасамыс ақындар». Бұған М.Райымбекұлын («Маралтай Райымбекұлының мына кітабы («Кентавр») – бүгінгі қазақ поэзиясындағы құбылыс кітап. Тұтасынан алғанда да жаңа лепес, жақсы да жарқын жырлар топтамасы»), А.Исабекұлын («Асанқадырдың таланттан құралақан еместігі, тақырып байлығы, көп еңбектенгені байқалады»), Д.Байтұрсынұлын («Десек те ол тазалық тектілігімен, ақ адал алымымен, солардан қанаттанған ақындық арынымен назар аударады. Көптің қатарынан кетіп, аздың санатына жеткен ақын»), Ж.Сәрсекті («Жарас Сәрсек – бұрыннан да белгілі ақын. Ал мына жинағы – оның өсе түскенінің, өрлегенінің, тіпті белді ақынға айналғанының айғағы») жатқызған.

Екіншісіне Хамит Есаманов, Танакөз Толқынқызы, Дәурен Берікқажыұлы, Саят Қамшыгер, Алмат Исәділ, Алмас Темірбай, Қуат Бораш, Тоқтаралы Танжарық, Құралай Омар,

Ықылас Ожайұлы сияқты жас ақындарды топтап, олардың тұңғыш өлеңдер жинақтарындағы әрқайсысының аяқ алыстарына пікір айтқан.

Сыншы бүгінгі өлең өрендеріне көз жібере отырып, «Адалдық жоқ жерде «ақындық» – арамдық, алаяқтық; азаматтық жоқ жерде ақындық – тұл, құл; қарақан басының қамынан артылмаған, қазақтың қамын түгендемеген жерде ақындық – жайдақ, қажетсіз, жоқ» – дей келіп, «Ал айтыңызшы, жат идеологияның тықпалап жатқан жаһандануынан қорғанбай, ұлы ұлттың рухын қарсы қоймай, қазақ неге құруға тиіс; қасақы күштердің адамды арсыздандыруы, аруды, ананы жалаңаштауы, махаббатты сауда деңгейіне түсіруі – кімге керек?!» – деген сауал тастайды. Жас поэзияны оқи отырып, «Жалған айту, жарқыраған сәулені көрмеу, анық асылды танымау, немесе қадірлей алмау, әйтпесе жалпақшешейлік – көңіл жықпай, өзі жақсы деп, көзі жақсы деп көлгірсеу, шындықты белінен басып, шімірікпей мадақтау – ақындарымызға ғана зиян емес, әдебиетімізге де, Ақиқатқа да, Алашқа да зиян. Әділеттілікке – шет. Иманға да қоңсы қонбайды» – деген өлең өлкесінде жүрген жастар ғана емес, оның оқушылары да ойландыратын түйін түйген.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 2004 жылғы 12 наурыздағы санының «Жас қалам» қосымшасы жастар поэзиясына арналыпты. Мұнда республикалық Серік Томанов атындағы жастар мүшәйрасының қорытындысы жарияланған. Осында 1-ші орын алған Дәурен Берікқажыұлымен бірге Ақжан Жәутік, Гүлжайнар Қалдина, Азамат Есалы, Алматы Исәділ, Асанқадыр Исабек, Ықылас Олжай, Токтарәлі Таңжарық сияқты бір топ жас ақындардың өлеңдері басылған.

Лира Қоныстың «Жүректе – сыр, қолымда – қаламсабым» атты шолуында әдебиеттің есігін енді ашып, кіріп жатқан жас ақындардың өлең жолдарын саралап, өзіндік ерекшеліктерін, жетістіктері мен кемшіліктері төңірегінде ой бөлісушілік бар. Жастардың өлең өнерінің өріндегі аяқ алыстарының мүлтік кеткен жерлері мен жетістіктерінің жігі аңғара алған.

М.Ершуованың «Әдебиет деген әлем бары» («Қазақ әдебиеті», 12.05.2006) – формалық жағынан да, мазмұны, айтар ойы жағынан да өзгеше. Алты қыздың ақындық болмысы жайлы Маржан ұзақ баяндамай, сәтті штрихтар, өлеңдер арқылы мөлдіретіп, алдына жайып салады. Тақырыбы бір болғанымен, оның кіріспесі, қорытындысы жоқ, қысқа-қысқа этюдтардан тұрады. Тараушаларға қойылған тақырыптардан-ақ онда әңгімеленетін ақынның бейнесі көрінгендей болады. «Балмұздақ» (Қ.Бұғыбаева), «Ас үйі» (О.Тұржан), «Қызғалдақ» (Г.Салықбай), «Гамбургер» (А.Кемелбаева), «Қолжазба» (Ж.Әскербекқызы), «Нарқыз» (Е.Әбдіхалықова) аталған тарауларда әр ақынның (Айгүл Кемелбаева ғана прозашы) өзіндік қырлары, стилі, адами болмысы шынайы көрініс тапқан.

Автор олардың туындыларын талдап жатпайды; ақындық бағытын айқындайтын өлеңдерінен мысалдар келтіріп, өздерін сөйлету, өмірінен детальдар келтіру арқылы айтар ойын аңғартқан. Айтқанның өзінде де «Оңайгүл жырларынан жыраулар поэзиясымен ғана емес, Мағжанның түркілік танымның өшпес рухымен де мол сусындағаны айқын аңғарылады» дегендей, қысқа қайырады. Ал Ж.Әскербекқызының поэзиясы жайлы «Жанат Әскербекқызы – ойлы ақын. Ойлы ақынның сөзі өлі болмайды. Өлі болмайтын себебі – оның өлеңінде Жан бар. Жүрек бар. Тамыр бар. Жанат – мінезді ақын. Өкініштісі, әдебиеттегі бағасын ала алмай келеді. Осы бір қағілез, құйттай қара қыздың өлең-теңізіне үңілсеңіз бар ғой, ғажайып көрініске, өзіндік өзгеше мәнерге, әдемі айшықтарға елітіп, қайран қаласыз! Қайран қалдырады!» – деген пікірін толығырақ білдіріпті.

Шындықты, әділеттілікті жырлау, надандықты аяусыз сынау – өлеңнің өмірін ұзартар басты шарттарының бірі. Өмірдің тура жолын жырлау қай кезде де басты мұрат болған. Бірақ бұл ақынның ақынының ғана қолынан келген. І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасында сырттай қарағанда, аламан бәйгеде Құлагердің қастандықтан мерт болуы жырланады. Ал үңіле қарасақ, ойлана оқысақ, бұл бергі жағы ғана. «Тар қапа, шер қиялдан көсем сөзі өткірлене түскен Ілияс Құлагерді мерт қылу, қас жүректі қасақана құртудың ащы зарын егіле жырламасақ лажы қалмаған сияқты. Қуыс қурай тексіздік тепкіге салған әзиз жаны өз өмірінің құрдымға құлаған трагедиясынан бұрын ақындық бекзат болмысының бағаланбаған, күншілдерге жақпаған күйігін осылайша астарлап, «жыры – жылқы» Құлагер образымен бүркемелеп, эпикалық сарынмен персонификациялап беруді лайық көрді» («Қазақ әдебиеті», 17.02.2006) – дейді. А.Кемелбаева «Құлагерге қиянат» эссесінде. Айгүл қазақтың ұлы ақыны І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы туралы ой қозғай отырып, «Поэмадағы жықлы культі – материяның сыртқы қабығы, жарқыраған жоғары әлемі. Ал оның төменгі, жердегі зорлықшыл өмірге тән бұлтартпас қылмысты жағын көрмеу – асылық күнә» санайды.

Абайдан бастау алып, кейіннен қазақ поэзиясында тұтас бір дәстүрге айналған осы бір үрдістің кейінгі ақындардың өлеңдерінде де үзілмей келе жатқандығына М.Мақатаевтың, Ж.Жақыпбаевтың, Ғ.Жайлыбайдың, Е.Раушановтың, М.Қосымбаевтың, Н.Мәуленұлының, Ф.Оңғарсынованың, С.Адайдың, Н.Айтовтың туындыларынан мысалдар келтіре отырып, «Құлагер – жүйрік ат, жеті қазынаның бірі болғандықтан жаны, заты қазақ оның рухынан өлсе айрылуға көнбес. Ұлттық поэзияда құлагершілдіктің ұшы-қиыры жоқ екенін тек осылай ұққан дұрыс» – деген ой түйеді.

Шындықты жырлау, әділін айту – поэзияның басты мұраты. Десек те шындықты айту ақындарға қай кездерде де оңайға түспеген. Көп ақын шындықты жырлағысы келгенмен түрлі әлеуметтік себептермен өйте алмайды. Шындықты айта білу ең алдымен, дарындылықты, содан кейін батылдықты, шеберлікті қажет етеді. Мұндай қасиеттер ілуде біреуде ғана кездесетіні тағы бар. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы». Сол себепті де өлең өнерінің аламан бәйгесінде озу үшін ақындар түрлі айла-амалдарға барып жүргені де жасырын емес. Соның бірі – жағымпаздық. Қазақ поэзиясындағы «жағымпаздық» ауруды сынап, арнайы жазылған мақаланың бірі – Сағат Арынұлының «Алақан жаю – абырой әпермейдісі» («Қазақия», 5–10.08.2010).

«Сыйлықты сұрап алатындар көбейіп келеді» деген анықтамамен басылған мақала Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып, ала алмай қалған Несіпбек Айтұлына хат түрінде жазылған. Танымал ақынның «жақсысына сүйініп, жаманына күйініп» жүрген авторға оның «Бәйтерегі» ұнамайды. Өйткені бұл дастан – жағымпаздықтың көрінісі. Мақалада осы туралы жазылған «Ақынға жағымпаздық жараспайды» деген сын өлеңінің мәтіні толық берілген. Сол сияқты осы сыйлыққа ұсынылып, өтпей қалған тағы бір ақын Серік Ақсұңқарұлының кейбір өлеңдеріндегі жағымпаздықтың сарынын сынға алған өлеңін де қоса жариялапты.

«Мемлекеттік сыйлық алмадық деп, өкпелері қара қазандай болып, алқынып отырған Н.Айтұлы мен С.Ақсұңқарұлына «Сыйлық пен атақты жалайырға жар салып, екі тізерлеп, еңбектеп сұрап ала ма? Намыс қайда? «Сұраншақтың сүйген асын кім берер?» деген мәтелді естімеген сияқтысың» – деп намысын жаниды, қоғамның аса маңызды мәселелеріне пікірлерін білдірмей жүргендерін сынға алады. «Ұлт жанашырлары қоғамға қажетті құжатты ұсынғанда, қайда қалдыңдар? Нан тауып жеп отырған кәсіптерің – қазақ өлеңін қорлап жатқанда, неге жұмған ауыздарыңды ашпадыңдар?... Қаны шығып тұрған осы тақырыпқа қалам тартуға батылы бармайды, биліктен қорқады. Солар әріптес ағалары Ғ.Қабышұлынан, С.Сматайұлынан және М.Шахановтан неге үлгі алмайды? Мықты болса, айтылған кемшіліктерді түзетуге белсене неге атсалыспайды?!» (сонда) – деп, екі ақынды елдің камын ойлап, жырын жырлап жүрген жоқ, жеке басының, «өздерінің жағдайын жасауға көбірек тер төгетінін» айыптаған.

Құл Керім Елемес қазақтың XIX ғасырдағы ұлы ақыны Абай мен XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі Мұқағалидың поэзиясына діни тұрғыдан көз жіберіп, қызғылықты байқаулар жасайды. «Абай – қазақтың ақылы, Мұқағали – тілі» («Жалын», 2007, №12), екі ақынның да өлеңдеріне өміршең өң беріп, қуаттандырып тұрған ұлы күш олардың халқын сүюі, Алланы сүюі дейді. Өйткені «Аллаһты танымаған, Оның нұрымен нұрланбаған өнерлі де, өнер де адасады. Адасқан өнердің ақиқаты жоқ. Ғұмыры келте.

Ал Абай мен Мұқағали неге адаспады? Олардың жырлары неге ғұмырлы болып қалды? Себеп біреу ғана – олар Аллаһтың адал құлы бола білді. Оның (Аллаһтың) алдында тазара білді. Одан шын тілей білді» (сонда).

Автор Абай мен Мұқағалидың өлеңдерінен көптеген мысалдар келтіре отырып, «Сөзімізді қорытар болсақ, соңғы екі ғасырда Құранға сүйеніп, Аллаһтың нұрымен нұрлана отырып, шынайы нұрлы сөз айтқан ақын екеу. Олар – Абай мен Мұқағали» (сонда) – деген ой түйеді.

Қ.К.Елеместің «...ақын халқын сүйді деген сөз – Ұлы Аллаһын бір қырынан, Оның Жаратушылық қырынан, Жаратушылық сипатынан сүйді деген сөз»;

«Дүние әуелі баянсыз. Баянсыз дүниенің өзгеріп, жаңарып, түрленіп, құбылып отыратыны – шындық. Бірақ оны жәй пенде өзгерместей, өшпестей, ұзақ қиырға балайды. Сөйтпесе, пенденің пендешілігі қайсы? Оның бәрі кеменгер, бәрі дүниенің сырын білетін ақылды, кенен болып тууы әуелден жоқ. Олай болуы мүмкін де емес. Өмір міне, осындай ала-құлалығымен құнды. Мәнді»;

«Ақылдағы көзсіздік (дінсіздік) – Аллаһты, имани ілімді танымаушылық. Аллаһты танымаған, ақылы көзсіздің ғылымға баруы ғылымдағы көзсіздікке тірейді. Ал ғылымдағы көзсіздік, айналып келгенде, күллі адамзатты құртып-жоюдың себепшісі болып шыға келеді»;

«Демек, Аллахсыз, дінсіз ғылым жоқ. Дінсіз ғылым адамзатқа бақыт әкелмейді» – деген сияқты мағынасы терең пікірлері кімді де болса, ойландырары хақ.

Белгілі ақын О.Асқар «Қазақтың қара өлеңі» («Қазақ әдебиеті», 24.12.2004) атты мақаласында осы бір ежелден келе жатқан өлең түрі туралы кеңінен әңгіме қозғапты. Мақала қара өлеңнің өзіндік ерекшеліктері, оның рухани өміріміздегі орны, ұлттық поэзиямыздағы өзіндік дәстүрі, жиналып, басылып шығуы, зерттелуі сияқты мәселелер сөз болған. Қара өлең «ежелгі ата-бабадан қалған, ол ұшы-қиырсыз көп, ұшан-теңіз. Ол – халықпен біте қайнасып, бірге жасасып келе жатқан көне мұра. Сөйтіп, өлеңнің атының өзі-ақ оның қазақтың барлық өлеңінің атасы екенін дәлелдеп отыр» («Қазақ әдебиеті», 24.12.2004) – деп жазады. Ақын қара өлең туралы ойларын кейін жазған тағы бір мақаласында да (Қара өлең. «Әдебиет айдыны», 24.03.2005) жалғастырады.

Қазақ поэзиясының түрлі мәселелері А.Әлімнің (Жақсысы – жақсы, жаманы – жаман. «Қазақ әдебиеті», 16.02.2001), Ә.Балқыбектің (Болашағы өлеңнің ойландықанда. «Қазақ әдебиеті», 20.07.2001), Е.Зікібаевтың (Ауыз өзімдікі десең де... «Қазақ әдебиеті», 10.08.2001), А.Кеңшіліктің (Ақындық тағдыр – ақ қайың. «Жұлдыз», 2001, №4), Т.Тебегеновтің (Шығармашылық болжау психологиясы өлеңдері. «Жұлдыз», 2001, №8), Ә.Балқыбектің (Журналистикалық жанр деңгейіне дейін төмендеген поэзия немесе тағы да халтура хақында. «Қазақ әдебиеті», 29.03.2002), М.Райымбекұлының (Жырларым менің күнәмнің күллі тізбегі. «Қазақ әдебиеті», 04.10.2002), А.Кемелбаеваның (Мағжанның поэзиясы. «Қазақ әдебиеті», 09.05.2003), Л.Қоңыстың (Ақынның анты адалдық. «Қазақ әдебиеті», 09.04.2004), Г.Ниетқалиеваның (Есенғали поэзиясындағы параллелизм. «Қазақ әдебиеті», 04.06.2004), Ә.Кәріпжантегінің (Жастар поэзиясы. «Қазақ әдебиеті», 29.04.2005), О.Егеубаевтың (Арғы беттегі ақындар айтысы. «Әдебиет айдыны», 07.04.2005), Ө.Әбдіманұлының (Мағжан дастандарындағы азатшыл сарын. «Жалын», 2005, №8), Ж.Әскербектің (Бір өлең – бір әлем. «Қазақ әдебиеті», 14.04.2006), Қ.Қалмұрзаеваның (Поэзиядағы формалық ізденістер. «Жұлдыз», 2009, №1), т.б. мақалаларында әр қырынан сөз болды.

9. ӨЛЕҢ ТУРАЛЫ ОЙЛАСУ

Жазушылар Одағында, әдеби басылымдарда ұйымдастырылған түрлі басқосуларда поэзия туралы, оның шешімін күтіп тұрған зәру проблемалары хақында пікір алысуларда ой саларлық мәселелер көтерілді. Сондай бір жиын одақтың поэзия секциясында өтті. Онда сөз алған С.Иманасов, И.Сапарбай, Қ.Бегман, Қ.Глиясов, О.Асқар, Қ.Құныпияұлы, З.Елғондиева, Ж.Сәрсек, Ә.Қайырбеков, Б.Жақып, Б.Бекетова, К.Әмірбектер баспасөз беттерінде өріс алып бара жатқан ұр да жық сындардың, атап айтқанда, Б.Алдамжаровтың, Ұ.Доспанбетидің қазақ әдебиетінің белгілі қайраткерлері хақындағы пікірлерінің дәйексіз екендігін ортаға салды. Басқосуда ақын Т.Молдағалиев «Ақын жаны – тым нәзік. Болмасыз нәрседен жарақат алып қалса, жазыла қоюы тым қиын.

Ақынды соңына сын деген итті айтақтап салып, деміктіріп, дерттендіріп қоймай, аялап ұстаған, қамқор көңілмен қараған жөн.

Сын да қылыш секілді. Қантөгісті бастап бере алады, бейбітшілік те орната алады. Бізге керегі бейбітшілік орнататын, бітімге бастайтын сын» («Қазақ әдебиеті», 30.01.2004) – деп, пікірталастырығандарға басалқалы сөз айтып, мәжілісті қорытындылаған.

«Қазақ әдебиетінің» жастарға арналған «Жас қалам» қосымшасы бір топ жастың тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясы туралы пікір алысуын ұйымдастырыпты. Қатысушылардың ойына от тастау мақсатымен берілген алғысөзде «Ақындық – қазақтың мандайына біткен қасиет, бірақ нағыз өлең кез-келгеннің кеудесін жарып шыға бермейді. Поэзия еріккендердің ермегі емес, оның заңдары тіпті қатал. Оның ғажабына сүйсініп, азабына көне білгендер ғана биікке көтеріле алады. Өлең – өмірдің өзі десек, ендеше, ол да біз үшін қымбат, әрі ыстық және қасиетті. Алайда, осынау өлең атты үлкен дүниенің қадірін, қазіргі уақытта қаншалықты бағалап жүрміз? Арамызда өлең оқымайтын да жандар бар... Сонда ол кім үшін және не үшін жазылады. Құдайға шүкір, қазіргі қазақ поэзиясының пәрмені жаман емес. Поэзияның жаңа жас буын өкілдері өсіп келеді. Ақын және оның Өлеңі туралы олар не дейді?» («Қазақ әдебиеті», 04.10.2002) – деген жолдар бар.

Осы басқосу барысында айтылған «өткен ғасырларда ғұмыр кешкен ақын-жыраулардың шығармаларының биік деңгейіне біз әлі күнге дейін таңқалып келеміз. Олар біз сияқты ананы

бір оқып, мынаны бір оқып, ешкімге еліктеген жоқ. Өмірді қалай көріп қабылдады – солай жырлады. Сондықтан да ол кездегі поэзия таза болды деуге болады... Дегенмен, «өлең былай жазылу керек» деген ереже болмау керек... Кім нені қалай жазады, өзі біледі. ...белгілі бір қалыпқа бағынбай өлең жазу бара-бара стиль болып қалыптасуы да мүмкін ғой. Қазақтың поэзиясы тек қана қара өлең емес. Керек болса, ақ өлең, қызыл өлең, қоңыр өлең деген сияқты өлеңнің де түрлі-түстісі бар. Ал ол жақсы ма, жаман ба – оны оқырман өзі екшеп алады» (А.Ақынбабақызы); «Өлең біреуге ұнау үшін жазылмаса керек. Ол бір ғана адамның, яғни ақынның бір сәттік көңіл-күйі болуы мүмкін... Шын ақын өтірік айта алмайды» (Р.Сейілхан); «Бүгінгі біздердің өмір сүру жағдайымыз мүлде басқа. Сондықтан өлеңіміз де өзгеше. Кей сәтте ағаларымыз інілерін түсінбей де жатады. Кешегі поэзия мен бүгінгі поэзияның арасында айырмашылық бар... Баяғыда өлеңге қойылатын белгілі бір талаптар болған. Ол қазір жоқ. Бүгінгі жастар поэзиясы дербес әрі еркін. Олар бұған дейін қалыптасқан дәстүрлерді бұзып шықты» (С.Қамшыгер) – деген сияқты пікірлерден бүгінгі жас поэзия өкілдерінің өлең, оның қоғамдағы орны туралы түсініктерінің өзгешелеу екендігі көрінеді. Осындай ойларды Ж.Әшімжан, Е.Жеңісұлы да жалғастырған.

Бүгінгі жас буынның поэзиясы хақында дарынды ақын Маралтай Райымбекұлы оларды «танымтағындай тағдырлы туындылар әлі жазыла қойған жоқ» – дей келіп, «әдебиетке мутант-құлыншақтар келіп жатыр... Өркениеттің емшегінен концентрантты уыз емген ұрпақтың өлеңі Ұлттың топырағына сіңгенше әлі қанша уақыт өтетіні мәлім емес» («Қазақ әдебиеті», 04.09.2002) – депті. Бұл пікірлерден жаңа заманда әдебиетке араласқан жас буынның поэзиясында ұлттық дәстүрмен қатар батыстық өркениеттің әсерін де байқаймыз. Кейбіреулерінің аға ұрпақ, қазіргі оқырман бізді түсінбейді дегендерінен өткенді менсінбеушіліктің, бізді түсінбейді, мойындамайды деп, кінәлаушылықтың салқыны да сезіледі. Бүкіл әлемді жаһандану жайлаған, батыстық өркениеттің ықпалы күшті мына заманда әдебиетімізге келген жас ұрпақтың өзі жүретін әдеби жол іздегенде басқа жақтарда не боп жатыр екен деп, жат жұрттарға көз салмауы мүмкін емес. Сондықтан да әрбір жас дарынның өзжолын тапқанша, оның шығармашылығында еліктеушіліктің болатынын да түсінушілікпен қараған жөн.

Белгілі әдебиетші Т.Бейісқұлов «Шетелдік әуенге шек қойыла ма?» («Қазақ әдебиеті», 28.01.2005) мақаласын жазып, қазіргі әндердің ұлттық топырақтан ажырап, батысшыл болып бара жатқандығын, ал ән мәтіндерінің мүлдем сын көтермейтіндігін көтерді. Осыған орай, «Қазақ әдебиеті», газеті (04.02.2005) «Қазақ әні қайда барады?» деген тақырыпта пікір алысу, сауалнама ұйымдастырды. Сауалнамада ұсынылған «Сіздіңше ән мәтіндерінің санасыздығы тілімізге қаншалықты қауіпті?» – деген сауалға М.Маңғытаев «Жалпы әнге сөз жазғанда халық әндерінен үлгі алған жөн», Н.Нүсіпжанов «Ән мәтіндерінің сапасыздығының қауіп өте үлкен. Ол тек тілге ғана емес, күллі қазақ мәдениетіне, ол мәдениеттің жастар ұғымында қалыптасуына қауіпті», С.Сыбанбай «Қауіп өте зор. Бірақ ол қауіпті көп адам жеткілікті дәрежеде сезіне алмай жүр», К.Елемес «Ондағы ән мәтіндерінің сапасыздығы сөз жоқ, тіліміздің көркемдігіне үлкен залалын тигізеді», Б.Жолдасқызы «Қазіргі ән мәтіндерінің сапасыздығы тілімізге қауіп төндіретінін жаны «қазақ» деп ауыратын азаматтар ғана біледі, ал жаны ауырмайтындар мұндай мәселенің бар екенін де білмейді» – деген жауаптар беріпті.

Ақын Несіпбек Айтұлы елуге толғанда, «Жұлдыз» (2000, №10) журналында сұхбаты жарияланды. Жазушы Талаптан Ахметжанмен әңгімелесе отырып, мерейтой үстінде ақын біраз сырларын сыртқа шығарыпты. «Біреулер «өлең үшін, халқым үшін жазамын» – деп жатады. Ал мен өзім үшін жазамын. Ақын боп қалыптасқан соң, өзімді өлтіріп алмас үшін... өзімнің ақындығымды жоғалтып алмас үшін жазамын... Әйтеуір өзімнің қолымнан келген, кеудемнен, жүрегімнен шыққан нәрсемді қағазға түсіремін. Оны жұрт қалай қабылдайды, ол әркімнің өз еркінде» – деп, ағынан жарылады ақын. Ары қарай «Менде жоспар деген болмайды. Көңіл-күйге байланысты өлең өнеді. Соны дер кезінде жазып қалу керек... Бәрі де сол сәттегі көңіл-күйіңе байланысты... Өлең өзі келеді, келген өлеңнен айрылып қалмау керек» – дейді.

Ақын қазақ поэзиясының З.Қалауова, Ф.Оңғарсынова, М.Айтхожина, К.Ахметова, А.Бақтыгереева, Қ.Бұғыбаева, О.Тұржанова, Ш.Жұбатова, Г.Шәмшиева, Г.Салықбаева сияқты ақын қыздарының, Ұ.Есдәулетов, Е.Раушанов, Б.Жақыпов, Ә.Қайран, Н.Мәукенұлы, Т.Әбдікәкімов, М.Ыбыраев сынды інілерінің поэзиясын жоғары бағалайды.

Н.Айтұлын әдебиеттің, ұлттың ертеңі ойлантады. «Өнерсіз, әдебиетсіз ел ешқайда бара алмайды. Халық тоналып болды. Рухани тоналатын болса, онда ұлт ретінде сақталуымыз

екіталай. Рухани тәуелсіздіктен айрылу, ұлттық тәуелсіздіктен айрылу деген сөз» – деп, шырылдайды ақын жүрегі.

Жазушы Д.Рамазанның ақын Аманхан Әлімұлымен сұхбатында өлең өнерінің аса маңызды мәселелері көтерілген. Әсіресе, ақынның поэзиядағы түрлік ізденістер жөніндегі пікірі назар аударарлық. «Сөз – құдайдың бір аты. Қазіргі әлдебіреулер жалаулатып жүрген футуризм, иманизм, акмизм, модернизм, постмодернизм – бәрі сол ізденіс, ізденістің ішінде формалық әртүрлілік іздеп, сөзбен ойнаудан шыққан. Сөзбен ойнауға болмайды... Өз басым кез келген «ізденістің» формалық жағынан ғана емес, мазмұндық жағынан да табиғи шыққанын қалаймын» («Қазақ әдебиеті», 25.07.2003) – дейтін ақын осы тұрғыдан Т.Әбдікәкімовті үлкен талант дей отырып, кей өлеңдеріндегі формалық ізденістерді сәтсіз санайды.

Аманханның лирика туралы ойы да өзгешелеу: «Өзгеше бір ой айтуым керек деген талпыныс – жаңылыс нәрсе. Өлеңді ойлы аяқтаймын дедің бе, онда үлкен қателік жасағаның. Лирика деген ұғымды мен сіріңкені тартып қалған сәтпен тең құбылыс деп есептеймін... Лирикалық өлең қысқа, жинақы болу керек. Ол сенің қас-қағым сәттегі көңіл-күйіңнің қағазға түскен көшірмесі. Қай тұста сенің көңіл-күйіңнің «ыстығы» басылды. Сол тұста өлеі бітті, аяқталды деген сөз» (сонда).

Сұхбаттың тақырыбының «Сөзбен ойнау – құдайдың атымен ойнау» – деп қойылуынан, іштей «Ақынның өзіндік қолтаңбасы – мінезі», «Ұлттық өлең топырақтан өледі», «Форма ізденістің көрсеткіші емес», «Менің қателесуім мүмкін», «Қазақ әдебиетінің деңгейі төмен деген жоқ», «Сыншыға жарыған емеспін» тараушаларға бөлінуінен әңгіме барысында көтерілген негізгі мәселелерді, айтылған негізгі ойдың барысын байқауға болады.

Осыдан көп өтпей-ақ Аманхан «...ізденіс пен өсудің жолын жаңылыстырып алды. Өлеңі хаосқа айнала бастады. Мен өз басым бұдан өткен ақынның трагедиясын білмеймін» – деп сынаған ақын Т.Әбдікәкімовтің сұхбаты осы газетте жарық көрді. Әңгімені жүргізуші Д.Рамазанның Аманханның өзінгізге айтқан сынына қалай қарайсыз деген сауалына Тыныштыбек келісе бермейтіндігін айтып, пікір жарыстырыпты. Ол сындарды жоққа шығарып, ақын, өлең табиғаты, әдебиет жайлы өз түйгендерін ортаға салады.

«Тегінде Аманхан өзін «Құдаймен күресіп көрген Жақыптай» сезінеді. Оның аталмыш сұхбатында «Мендельштам жарықтыққа, Шыңғыс Айтматовқа, Әбдіжәміл Нұрпейісов пен Мұхтар Шахановтарға соқтығуды місе тұтпай, Абайдың өзін сөз етуі – соның дәлілі» – дей келіп, «Ал Абай жөніне келсек, ол академиялық түсініктер бойынша, академиктер айтағындай «жаңашыл ақын» да емес, Аманхан айтқандай, «дәстүршіл ақын» да емес. Абай – пайғамбар Ақын. Өлеңді ол пенделерді адамдыққа баулу жолында көркем өсиет етіп алған» («Қазақ әдебиеті», 19.09.2003) – дейді Тыныштықбек.

«Аманханның «лирикалық өлеңді ойлы аяқтауға болмайды» дегені де – жаңсақтық. Лирикалық өлең де «ойлы аяқталуы» керек, белгілі бір мөлшерде тұжырым жасалуға да тиіс. Себебі, лирикалық өлең «қас-қағым сәттегі көңіл-күйіңнің қағазға түскен көшірмесі ғана емес, ол сонымен қатар адамдық махаббаттан бусанған ақыл-есіңнің періштелік обалы ретінде жұпар өмір сүруі де! Мәселе басқада, ондай өлеңдер ақыл айтпасын, пәлсапа соқпасын деңіз» (сонда) – деп біледі.

Поэзиядағы қолтаңбасы да, ол туралы ойлары да өзгеше Тыныштықбектің сұхбатта айтқан пікірлері кімді де болса ойландырарлық. Мысалы, ол Аманханның поэзиядағы ұлттық сипат туралы айтқан пікірлерімен ой жарыстыра отырып, былай дейді: «Жадынды жаңғырта біл» дей салу да – әдемі қиял. Өйткені, жадынды мың жерден жаңғыртсаң да, ұлттық ақын бола алмайсың, егер еліңнің ұстанғаны ұлттық өмір салты болмаса!.. Ұлттық ақындар дүниеге келу үшін елімізді үш-төрт ғасыр кері көшіріп тастау керек» (сонда). Әрине, ақынның бұл пікірімен дауласуға да болады, сонымен бірге «ұлттым» деп соққан ақын жүрегінің мазасыздануын сезінгендей де боласыз. Әйтпесе, «сөздің маңызы кетіп, самал қалды, адамның жақсысы кетіп, жаманы қалды» – деп Мөңке бабамыз айтты дейді; біз Сөзді тыңдамайтын, Сөзге тоқтамайтын соқыр да дөкір заманға дөп келдік. Қазір Сөздің маңызы тұрмақ, самалы да жоқ...

Қазақтың Өлеңі түзелмей, өмірі ешуақытта түзелмек емес...

Әр елдің тілі өз мемлекетінде байлаулы құл секілді күнелтпеу керек, құлқынды пенде секілді мұңкір тірлік етпеу керек! Ол өмір сүру керек! Біз үшін Ата Тілдің көркем де кемел болуы – ел өмірінің өлеңге, ел өлеңінің өмірге аяналуы деген сөз!» (сонда) – деген биік те парасатты сөздер айтылмас еді.

Аманхан, Тыныштықбек ақындармен сұхбат жүргізген Думан рамазан келесі әңгімеге Темірхан Медетбекті шақырыпты. Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін қамтыған өткір сұрақтарымен көзге түскен Думан бұл жолы да бірсыпыра зәру сауалдар тастапты. Оған берген Темірханның жауаптары да батылдығымен, нақтылығымен ерекшеленеді. Алдымен, байқалатыны – ақынның азаматтық позициясы. «Рухани қанағатсыздық, рухани тойымсыздық, рухани ашқарақтық, рухани қомағайлық адамды асқақтатын, ажарландыратын, тек жеке адамды ғана емес, ұлтты ұлт ететін, тіпті мемлекеттің іргетасын бекітетін асыл, аса қастерлі ұғымдар», – деп ұғынатын, «Құдайым-ау, өз жері, өз елінде сая таба алмаған қазақ тілі соншалықты сорлы, соншалықты бейшара ма еді. Күні кеше ғана «ақырып теңдік сұраған – тіл емес пе еді?! Енді не боп қалды» («Қазақ әдебиеті», 01.08.2003) – деп, туған тілінің бүгінгі мүшкіл халіне күйінетін ақынның азаматтық бағыты айқын. Ол қандай мәселеге болмасын, ұлттық мүдде тұрғысынан баға берген.

Темірханның айтуынша, «...шын ақынды уақыт пен заманның өзі тудырады». Абайды да, Махамбетті де заманы тудырған. Абай Аманхан айтқандай «дәстүршіл ақын» ғана емес, ол – реформатор. Бүгінгі түршіл ақын Тыныштықбекті А.Әлімұлы сынаса, Темірхан «бүгінгі таңда саусақпен санап аларлықтай ең талантты ақындарымыздың бірі» – деп бағалаған. Сол сияқты Ә.Нұрпейісов жайлы айтылып жүрген кейбір сындармен де келіспейтіндігін білдірген.

Ақынды бүгінгі рухани өмірімізде болып жатқан өзгерістер алаңдатады. Ал әдебиетке келсек, «Постмодернизм деген ағымды қайта-қайта алға тартады. Олардың мұнысын түсінуге болады. Өйткені олардың одан басқа қорған-бекінісі жоқ. Топырақ жоқ, тамыр жоқ. Ұлттық болмыс-бітімнен ада. Кейбіреулері таланттан жұрдай. Сонан кейін «постмодернизм!» деп, айқайлап жар салмай қайтсын!» (сонда). Бұл жолдардан көк түріктер сарынын қайта тірілтіп, бүгінгі қазақ поэзиясына үлкен олжа салып жүрген ақынның Бағыстан келіп жатқан әсіреқызыл жаппай мәдениетке деген ашық қарсылығы көрінеді.

Дегенмен де ақын қазақ әдебиетінің болашағына үлкен үмітпен қарайды. «Шүкір, әдебиет алқабы игеріліп, жаңа дәндер себіліп жатыр» («Үш қиян», 15.01.2009) – дейді тағы бір берген сұхбатында. «Үш қиян» газетіне берген сұхбатында да Темірхан қазіргі рухани өмірімізге қатысты өзінің кейбір ойларын ашық айтыпты. Өзі ақын ретінде таныла отыра Т.Медетбек «Өлең мені ешуақытта асыраған емес, журналистика асырады» дейді.

Өмірі жайлы «Өмірге өкпем жоқ. Өкініштерім бар, пендемің ғой, реніштерім де бар, бірақ өкпем жоқ. Қалай өкпелеймін, өлең жаздым, шығармашылықпен айналыстым, ұрпақ сүйдім. Бірақ өте бақыттымын деп айта алмаймын. Өйткені, ақын – қоғамның үні, заманның сөзі. Сол тұрғыдан келсек, тіл мәселесі шешілмей, дін мәселесінде айтыс-тартыс көбейіп, сыбайлас жемқорлық қазақтың байлығын ғана емес, халықтың сенімін де жеп жатыр. Соны көре отырып, ақын, азамат ретінде бақыттымын дей аласың ба?! Сондықтан ақын ретінде өзімді бақыттымын дей алмаймын, пендешілік, отбасылық өмірімде, Құдайға шүкіршілік» – депті, ұлтын сүйген, ұлтының сөзін сөйлеп, жырын жырлап жүрген Темірхан ақын.

Белгілі сатира ақыны К.Әмірбек ақын Ш.Сариевпен сұхбаттасып, көбіне оның адами, шығармашылық ортамен қарым-қағынасы мәселелерін қозғапты. Көпенді ақын өмірінің пендешілік қырлары қызықтырған. Атына байланысты қойылған сауалға Шөмішбай «Бір кейуана әжеміз түс көріп, «Атын Шөмішбай қойсаң, балаң тұрады. Шөміш – бір әулие атаның аты» депті. Сөйтіп, атымды Шөмішбай қойыпты, қазір жеті ағайындымыз» («Қазақ әдебиеті», 14.04.2006) – деп, жауап беріпті.

«Менен үлкен ақын жоқ! Мен өленді жазып жатқан кезімде», «Озбау үшін көлеңкем, Күнге қарай жүремін!» – деп жыр жазатын Ш.Сариевтің шығармашылық болмысын Көпен оңтайлы қойылған сұрақтарға берілген жауаптар арқылы шынайы ашып бере алған. Ал ақынның өлеңдерін талдап, бағалап жатпайды, оның орнына жеті жерде үзінділер келтіріп, өзін сөйлеткен; «Азаматтық пафос. Шөмішбайдың сарыны солай» – дегеннен арыға бара бермейді.

Иран-Ғайыптың «Әдебиет айдынына» (19.04.2007) берген сұхбатында да әдебиет туралы пікір айтудан гөрі шығармашыл ақынның болмысына үнілу басым. Әңгімелесуші А.Исәділдің «Сізді «жақсы ақын», бірақ «мінезі мінез емес» деп жататындар да кездеседі» дегеніне Иран-Ғайып «Жақсы ақын, бірақ мінезі – жаман» деген пікірлермен үзілді-кесілді келісе алмаймын! Әдетте Адамның Ақындығы қандай болса, Адамгершілігі де сондай болады! Бұл – аксиома! Ақынды Адамгершіліктен бөліп қарауға болмайды, екеуі – бір-ақ нәрсе! Жақсы Ақынның жаман Адам болуы мүмкін емес! Адамның Өмірінен Өлеңін, Өлеңінен Өмірін бөліп алып қарау – барып тұрған қиянаттың қиянаты!» – деген жауап айтқан.

«Масак терген ұрпақпыз – біздер. Біздің буынды қарап отырсаңыз, анау Дәуітәліңіз, Кеңшілігіңіз, Жұматайыңыз, Жарасканыңыз, Тынышбайыңыз – барлығы зәредей арамдығы жоқ, ақкөңіл шетінен... қолындағы барын жайып салатын, жаны да жомарт, ойы да жомарт шын ардақтар еді» (сонда) – деген ол замандастарын жылы еске алады.

Өз шығармашылығына келгенде, «хайуандық комедияның» жазылуын былайша түсіндіріпті: «...Хайуандық комедия» («Зверская комедия») трагедиясының дүниеге келуі – табиғи заңдылық болатын. Бүгінде әр Пенденің екі иінінде екі Шайтан отырғанына кімнің күмәні бар дерсің, тек Жамандыққа бағыштап... бастап!.. Осы күні «басқаға да болсын-шы» деген «Қожанасыр» «Мерседеспен» іздесеңіз таптырмайды» (сонда). Солай болса да алпыстың асқарына шыққан Иранбек, ақын Иран-Ғайып «Тәуелсіздік... тыныштық... тәубе» – деп, шүкіршілік қылады.

Ал Бекжан Әшірбаевпен болған әңгімесінде де ақын өзінің поэзияға қалай келгенін, өмірінің кейбір сәттері, өмір туралы армандары жайын баяндаған. Сұхбаттың бір ерекшелігі соңына қарай қойылған «өлеңді не үшін жазасыз?», «тұрмыс-тіршілігіңізге, қоғамыңызға разы еместей көрінесіз», «Бодандығым – Алас! дейсіз?», «Сіз бен Біз қазір қандай күйдеміз?» – деген сауалдарға өлеңдермен жауап беріпті. Мұнда да поэзияға баға беру жоқ, есесіне оны оқырманның өзі берсін дегендей, қойылған сұрақтарға жауап-өлеңдер ұсынылған («Қазақ әдебиеті», 20.04.2007).

«Қазақ әдебиеті», газетінің Бас редакторы, белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ұлықбек Есдәулет «Жас қазақ» (11.05.2007) газетінің тілшісінің қазақ қаламгерлері арасындағы ахуал, бүгінгі әдеби өмір хақында қойған сұрақтарына сұхбат беріпті. Ол қазіргі қазақ әдебиеті жайлы «Біз үрерге иті, сығарға биті жоқ нарық кезеңін де бастан кештік. Қорасында шошқа үрген, қасапшысы өзін оташы, дәлдүріші сыншы сезінген сұрқай заманның әдебиетіне қандай анықтама бере аласыз? Бірақ шынайы әдебиет өлген жоқ. Егер тіл безеуді қойып айтар болсам, анықтамасы тәуелсіздік әдебиеті болу керек шығар.

Оның он бес жылын өлара кезең, өтпелі кезең, есею кезеңі деп шартты түрде бөлуге болар. Ал биылдан былайғы жылдар жаңа кезең болып аталуы мүмкін» – деп, сипаттапты.

Ал «бүгінгі заманның, сіздің кейіпкеріңіз кім?» деген сауалға «Бүгінгі заманның кейіпкері – ақша мен арды таразыға тең тартатын адам, безбеннің екі басы кезек-кезек әткеншек тебеді, әйтсе де ақша жағы басыңқырай береді. Ал менің кейіпкерім – бүгінгі заманға әлі сенімсіздікпен тосырқай қарайтын кешегі біреу. Аяғындағы етігі тар, қалтасы тесік, мойнындағы галстугінен қылқынып, отырайын десе орын жоқ, уысындағы қалта телефонын біресе аузына, біресе құлағына апарып, әлдекімнен, әлде о дүниемен сөйлесіп тұрған сыңайлы» – деген жауаптар айтылыпты.

Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері ақын С.Иманасов «Әдебиет айдыны» (02.08.2007) газетінде «Ашық әңгіме» айдарында сұхбатқа шығыпты. «Қаламгердің таланты жасына қарай өлшенбейді», «Талғамға да таразы керек» деп білетін ақынның «Кейінгі жастарды кітап оқымайды деп сөгеміз. Оқитын кітап болса, неге оқымасын. Жуырда шенеунігі бар, бизнесмені, тағы басқасы бар бір той жас азаматтардың ортасында болдым. Тындап отырсам, қазіргі дүनियाуи тірліктің барлық қыры жайында оқымаған пәлелері жоқ. Мен олардың біраз ойларына бойлап бара алмадым, сөздерінің көбіне түсінбедім. Сонда ойладым: олар да менің өлеңдерімді түсінбейді-ау, түсінсе де сүйсіне, бойларына сіңіре қабылдамайды-ау деп. Ендеше үлкен-кішінің, кешегі мен бүгінгінің деңгейіне, қысқасы, адамзатқа ортақ ойға ауысуымыз, бүгінгі күнге лайықты кітап жазуымыз керек сияқты» – деуі қалам ұстағандардың көбін ойлантары анық.

Сәкен де «өтірік пен екіжүзділікке белшемізден батып болдық. Қазіргі құдай атымен айтқан сөзіңе естияр адам түгілі, бала шағаның өзі де нанбайды...»

Бірақ айналаңның бәрі таскерен екен деп, үндемеуге және болмайды. Айтпасаң, сөздің атасы өлетінін де жақсы білеміз. Білеміз де – жазамыз» – деп, бүгінгі рухани өмірімізде бой көрсетіп жатқан түрлі келеңсіздіктер жайлы ашына айтады да, осындай қысылтаяң кездегі қоғам өміріндегі қалам иелерінің қиын да ауыр, аса жауапты миссиясына оқырман назарын аударады.

«Философия – әлемнің жол нұсқаушысы. Философия – жер бетіндегі барша ғылымның атасы. Философиясыз өнер өнер емес. Философиясыз ғылым ғылым емес... Философия жас адамды ойшыл «қарт» етеді, қарт адамның бойына жастық жалын дарытады» («Әдебиет айдыны», 01.12.2005). Бұл жолдар – атақ-даңқы әлемге жайылған философтың емес, ақын-аудармашы Әубәкір Нілібаевтың сөзі. Ә.Нілібаев кім? Оның өзінің айтуынша, өмір бойы өлең жа-

зып, аударма жасап, әлемдік философиямен сусындап келе жатқан ақынның шығармашылық жолы ауыр болыпты. Күндіз-түні әдебиет майданында еңбек етіп, «Махаббат дастаны» романын, юрнеше поэзиялық жинақтар жазып, аудармалар жасаған еңбеккер ақын соңғы он жылдар бойы баспа бетін көрмеген. «Менің еңбегім тек 76 жасымда ғана өзімізде емес, басқа шет елде бағаланды». Ақын үнді әдебиетінің классикалық туындысы «Махабхаратаны» қазақ тіліне аударғаны үшін 76 жасында Үндістанның «Падма Шри» сыйлығымен марапатталады. «Ештен де кеш жақсы» деген осы. Қазір ақынның барлық жазғандары 20 том болады екен. Оның көпшілігі бұрын еш жерде жарияланбаған. Ә.Нілібаевтың «Әдебиет айдынының» тілшісі Дәулетбек Байтұрсынұлына берген жауаптарынан осындай жағдайда танысып, «мен бастан-аяқ еңбектерімнің бәрін сыйлық алу үшін емес, халқыма қызмет ету үшін жазып келдім» дейтін ақынның еңбекқорлығына, ұлтына қызмет етудің бейбіт күндегі, әдебиет майданындағы асқан үлгісіне сүйсінесіз.

Ә.Нілібаев қазіргі қазақ поэзиясы жайлы төмендегідей түйінді ойлар айтқан: «біріншіден, бүгінгі поэзиямызда стиль жаңалығы аз. Екіншіден, форма жаңалығы аз. Үшіншіден, ойлауға, тереңге бойлауға қауқарымыз төмен. Өйткені, біз философиялық аштықты бастан кешудеміз. Қазіргі поэзиямыздан медиативтік лириканы іздесең, таба алмайсың. Төртіншіден, орындау, суреттеу, көркемдік шешім, жалпы поэзиялық мәдениеттілік төмен. Бізде суреттеу, сезім поэзиясынан гөрі баяндау, журналистика, риторика басым. Бесіншіден, поэзиямызға ошақ басы, от қасынан әрі шығу керек. Бізге кеңдік (масштабность), эпикалық тыныс, ірілік, батылдық қажет. Жоғары мәдениеттілікке, интеллектуальдыққа, интуицияға зәруміз» (сонда).

Көп жасап, көпті көрген, көпті түйген ақынның соңғы сауалға берген жауабы «Айналайын жұртым, атақ іздеп алқынып, жанталаспа. Ақыл іздеп, ақырын алға бас. Атақ – мәңгүдік, аздырады. Ақыл – мәңгілік, оздырады. Іздесең, табасың, қусаң, жетесің. Іздесең тапқанға дейін тоқтама. Қусаң, жеткенге дейін тоқтама» (сонда) – деген аталы сөздермен түйінделіпті.

Саят Қамшыгердің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты ақын Марфуға Айтхожинамен сұхбаты «Мен поэзияны ешнәрсеге айырбастамаймын» («Әдебиет айдыны», 22.12.2005) аталыныпты. Ақынның «Дара тұлға», «Исламабад аспаны», «Сарбаздар» әнінің қалай туғандығы жайлы айтқан әңгімелері қызғылықты. Сондай-ақ ақын атқа шапқан қазақ қыздарының бірі екен. «Мен жиырма жасыма дейін аттың үстінде өскенмін. Керемет жүйрік, сұлу ат көрсем, әлі күнге дейін қатты қызығамын. Келесі жылдары облыстарға бара қалсам, жүйрік атқа мініп шауып, көсілемін» – деп армандайды қазақтың ақын қызы.

Ал қазақ әдебиетіне келгенде, «Қазақ әдебиеті ешқашан да толастаған емес. Бізден кейін де үлкен лек келе жатыр. Қазақ халқы жері қанша бай, қанша шалқар болса, әдебиетке де көңілі сондай болған. Алдыңғы толқынның қазір өздері жоқ болса, шығармалары жаңғырып жатыр. Өз қатарластарым жайлы мен үлкен мақтанышпен айта аламын. Бізден кейінгі өкшесізді басып келе жатқан топ та мықты» – дейді оптимист ақын.

Өзі туралы «Адамды тағдыр барлық жағынан бақытты етіп қоймайды. Адамның бағын бір нәрседен ашады. Менің бағым поэзиядан ашылған. Менің бағым халқыммен бірге. Мен туған елімнен, халқымнан өз бағамды әлдеқашан алғанмын... Ал мен поэзияны өмірде ештеңеге айырбастаған емеспін. Атаққа да, баққа да, таққа да, мансапқа да айырбастамаймын... Мен өзімнің халыққа пайда тигізетін жағымды білемін. Ол – поэзия. Поэзия менің өмірім, тағдырым» – деп тебіренеді өмірдегі бағытын әдебиеттен тапқан Марфуға.

Ақиық ақын С.Ақсұңқарұлы «Жас қазақ» газетінің тілшісімен әңгімесінде әңгіменің арнасын көбіне рухани өмірге, әдебиеттің қоғамдағы орнына қарай бұрыпты. Ақынның ең алдымен, айтары – «Қазақстан тәуелсіздік алғанына 17 жыл болса да тіліміз әлі күнге өзінің шынайы мемлекеттік мәртебесін ала алмай келеді». Бұлай деп отырғаны – тіл төрге шықпай, ұлт ұлы болмай, тәуелсіздік тұғырлы болмайды. Бұл жөнінде Серік ашына айтқан: «Біздің билік өз ұлтын сүймейді, жек көреді. Өз ұлтының есебінен өзге ұлттарға еркіндік беріп қойды. Бізде бір мәселе көтерілсе, оған қазақ кінәлі болып шыға келеді. Бұл – маскар-а!.. Қазақтың репрессияға ұшыраған ұлттарды құшағына алып, ел қылғаннан басқа жазығы жоқ. Ал бүгін ең мүшкіл халде отырған кім? Қазақ халқы. Қазақ өзгені сүйгені үшін, қадірлегені үшін осыншама азапқа түсуі керек пе? Бұл – тарихи әділетсіздік. Мұны басқа түсінбесе де бауырымызға басқан ұлттар түсінуі керек қой... Шындап келгенде, қазақтан асқан интернационалист халық жоқ...»

Біз тәуелсіздік алдық. Бірақ сорымызға қарай, тәуелсіздік алғаннан кейін отарсыздану процесін жүргізбедік. Орыстың ұлыорыстық шовинизміне қарсы күрес жүргізілмеді. Қайта

қазақтың ұлтшылдығына қарсы күрес жүргізілді. Қазақ ұлтшылдарының сөзін сөйлегендердің аузын жауып тастады. ...әлі де отарсыздану процесін жүргізе алмай отырмыз... Бұл – адамның ақылына сыймайтын нәрсе... Тәуелсіздік деген сөз – қазақтың ұлттық мемлекетін құру деген сөз. Ал біз 17 жылдан бері ұлттық мемлекет құра алмай отырмыз. Мінеки, біздің бүгінгі трагедиямыз осында» («Жас қазақ», 16.01.2009).

«Неге бұлай?» деген сауалға Серік «Жұлдызға» (2005, №2) берген сұхбатында «Бүгін бізде дамудың батыстық-американдық нұсқасы көзді арбап, көңілді алдаусыратып тұр. Экономиканы да, әлеуметтік тіршілікті, қоғамдық құрылысты, тіпті, рухани саланы да батысша құрғымыз келеді» – депті. Енді не істеуіміз керек дегенге жауапты Абайдан табады: «Абайға жүгінуіміз керек, әрине. Қазақтың жәру мәселесінің бәрін Абай жіпке тізіп кеткелі қашан. Абай – Алаштың әліппесі. Біздің қазақ Абайға қараудың орнына Оспанға қараумен келеді... Абайдың айтқанын терең түсінбей, оның сөздерін үстен қарпудың ақыры ұлттық трагедияға ұласты» («Жұлдыз», 2005, №2, 138-139-беттер) – деген.

С.Ақсұңқарұлының ойынша, ұлтты сақтап қалу үшін бірден-бір жолы – Абай жолы. «Абайды түсінбеу – азап, ұлттық қасірет. Ал Абайды шала түсіну – ұлт үшін одан да өткен трагедия болғалы тұр. Бұған біздің көзіміз күннен күнге жетіп келеді. Қазақтың көпшілігі өзі пір тұтатын осы жалғыз ұлттың оқшау тұлғасын әлі күнге дейін салғырт оқып, шала түсінеді. Содан бұл ел бауыры бүтін бір ұлтқа айнала алмай, рулық-тайпалық, шала ұлттық деңгейде қалып отыр. Аспаннан Алла тағаланың өзі сыйға бере салған ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ қадір-қасиетін де жете түсіне алмай, дағдарған сыңайда. Жердің үстіндегі ғана емес, астындағы көл-көсір қазынаны көшедегі көрінгенге үлестіріп жатыр» (сонда) – деп, дабыл қағады.

Енді не істеу керек? «Дамудың батыстық үлгісіне түсерде тағы да Абайға жүгінуіміз керек. Көзімізді арбап тұрған қызылды-жасылды батыс дүниесін сол қалпында қабылдай салу тағы да ұлттық трагедияға ұрындырғалы тұр. Қазір жер бетінде ғаламдасу үрдісі жүріп жатыр. Одан ешқандай ұлт пен ұлыс ат басын алып қаша алмайды. Сол ғаламдасу дүбіріне біздің қазақ чукчаша кіре ме, жоқ, әлде, жапонша кіре ме? Ғаламзатпен ғаламдасам деп жүріп, ділінді, тілінді, болмысыңды құрбандыққа шаласың ба, жоқ, әлде, өзіндік ұлттық дәстүр-салт, мәдениетінді жоғалтпай өркениетті елдердің озығын алып, тозығын тастауға ұлттық шама-шарқын жете ме? Мәселе осында ғой» – деп, ұлттық дамудың даңғыл жолын тапқандай болады. Серік өз ойын «Абайдың тереңіне бойламай, қазақ кемел ел бола алмайды» (сонда) – деп, түйіндепті өз ойын.

Жүрегі елім деп соғып, мазасызданатын ақиық ақынның бұл сөздерін ұзақ та болса, әдемі келтірдік. Халқының сөзін сөйлеп, жырын жырлап жүрген, ертеңін ойлап мазасыз күй кешетін Серік ақынның жаны сыры, ақындық ұстанымы, азаматтық тұлғасы осы жолдардан анық көрінеді.

С.Ақсұңқарұлы рухани өмірдің өзекті мәселелеріне батыл барған. Ол «қазақстандық ұлт» идеясына» түбірімен қарсы. «Бұл – өте қауіпті идея. ...қазақстандық ұлт дегеніміз – қазақ халқының тобырға айналдырудың үлгісі. Тобырдың ақындары болады. Олар тек тобырды мақтайды. Тобыр оларға айтқанын істетіп отыр» – дейді.

«Менің пікірімше, қазақ әдебиеті ешқашан өлмейді. Өйткені, біздің әдебиетіміздей әдебиет, поэзиямыздай поэзия бұ дүниеде жоқ» («Жас қазақ», 16.01.2009) деп, ұлттық әдебиетімізді жоғары бағалайды, оның болашағының зор болатындығына үлкен сеніммен қарайды.

Т.Тілеубай жүргізген сұхбаттан «Тәуелсіздік – ұлттық мемлекет құру деген сөз», «Ұлтын сүйетін адам ұлттық мәселеден қашпайды», «Мағжан мен Қасымның, Мұқағали мен Жүмекеннің, Жұматайдың кегін әлі алған жоқпын», «Президенттің стипендиясы болмаса, аштан өліп қалатын едім» деген С.Ақсұңқарұлының өз мүддесінен (Мемлекеттік сыйлық алу) гөрі ұлттық, халықтық мүддені жоғары қоятындығы, сол үшін әдебиет майданында, руханият айдынында қайтпай күресін жалғастыра беретін өр мінезді ақынның өрелі ойларының өрісі байқалады.

Көрнекті ақын Қ.Мырза Әли осы жылдарда бірнеше рет баспасөз бетінде сұхбат беріпті. Қазақтың айтулы азаматтарының бірі, оның үстіне тауып жаза білетін қасиеттерімен оқырманның ойынан шығып жүрген қадірлі де сүйікті ақынының сұхбаттарын кімнің де болса қызыға оқытыны анық. «Азамат» газетіне берген сұхбатында өзінің адами, ақындық болмысын аңғартатын біраз ойларын ортаға салыпты. Қадыр өзінің ақындық мектебін айта келіп, «Жұрт Абайдан үйрендік дейді. Менің көзқарасымша, Абайдан үйрену өте қиын. Абай Пушкин сияқты баспалдағын әрі қарай алып кеткен адам. Абайды үйрендім деу – ауыр сөз, оны тек оқи

беру керек. Абайдан бір сөз үйрендім деп айта алмаймын. Абайды оқыған сайын түрлі-түсті қарындашпен оқимын. «Абайды біттім-ау» десем, Абай келесі ашқанда, қайта басталады. Сөйтіп, Абай маған ұстатқан жоқ» («Азамат», 06.04.2006) – деп, ұлы Абайдың қол жетпес, түпсіз тереңдігін тағы да еске салыпты.

Шығармашылық жолының басталған тұстары жайлы «Алғашқы кезде қорлықты содан көрдім. Ойым көп, образым бар. Айтайын десем, қиналып-қиналып түсетін. Жылдар өткен сайын әбден ысыласыз. Жас кезіңде он сағат әуре боп таба алмайтын сөзінді қазірде табасың. Ұйқасымен, сезімімен, бояуымен келеді. Ол – жылдар әкелетін дүние. Профессионализмі үйренбей, таза әдебиетші болу өте қиын... Бүкіл дүниежүзілік әдебиетті ему қажет» – дейді көпті көрген ақын өз тәжірибелерін ортаға сала отырып.

Қадыр бүгінгі рухани өміріміздегі әдебиеттің алатын орны жайында да тосын пікір айтқан: «Таңдамға жуық нәрселерді шығару керек. Қазір жұрттың оқитын уақыты жоқ. Шет елде, романдарды, мәселен, Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігін» оқымайды. Америкада кітаптардың өзін бүгінде касетамен шығарады. Жалпы сюжетін жоғалтпай, мықты редакторлар ықшамдап, шауып-шауып алып тастап, касетаға басады. Мына заманда кітап шығару да өтіп баратқан сияқты. Мен бұны, әрине, түсінемін. Бірақ іштей көңімім келмейді. Кітаптың барлық қасиеті, әдемілігі оқиғасында емес, кейде мен қазақ тілімен сусындағым келеді» (сонда).

Жеке бас мәселесінде «Салыстырмалы түрде алғанда, өзің өмір сүрген заманыңның мүмкіндігіне қарағанда, діттеген жеріме жеттім-ау деп ойлаймын... Имандай шынымды айтайын, кеңес үкіметі жек көрген мемлекетім емес... Ақшаның соңына түскен адам емеспін... Ақша үшін жазған жоқпын. Бақытым – шығарма жазу міндетім болды... Мұсылмандықты мойындаймын» (сонда) – деп, ағынан жарылыпты.

Қадыр «Жұлдызға» (2007, №5) берген сұхбатында әдебиет, мәдениет, тіл төңірегінде әңгімелепті. Адам ретіндегі қоғаммен, ақын ретіндегі әдеби ортамен байланыстарын, бұрындары өткен мемлекет, мәдениет қайраткерлері жайлы ойларымен бөліскен. Ақындығын өмір туралы өміршең ойлары биіктетіп тұрған Қадыр ақын «Адам әр минуттың қадірін білу керек», «Оқымаған қазақтың сөзіне Ленин қатты риза болыпты», «Тіл болмаған жерде әдебиетіңіз де, мәдениетіңіз де тоқтайды», «Ол мемуарлардың көбі «Иірім» сияқты оқылмады» – деп, оқырманмен сырласқан.

Белгілі ақын Өтежан Нұрғалиев екінші жылдары басқаларға қарағанда, баспасөз бетінде көбірек сұхбаттасыпты. Оның басты себебі әдебиетке алпысыншы жылдары өз үнімен атойлай келген ақынның одан кейінгі кездердегі ешкімге ұқсамайтын ақындық тағдыры, ақындық болмысы болса керек. Адамды бақытқа жеткізетін де, не болмаса, өмірдің не бір қиындықтарына апарып соқтыратын да мінез. Өмірдің не бір иірімдерінен айналып өту, жол іздеу, амалын табу дегендерге онша мән бермей, төтесінен кету, шындыққа, әділдікке тура тарту өр мінезді ақын Өтежанға да оңайға түспеген. Бұл турасында жетпістің қырқасына шыққан Өтежан ақынның айтары да баршылық екен. Ақынды біз әдетте өлеңдері арқылы танып білетін болсақ, оның жан сырын түсінуде, адамдық болмысына бойлауда бұл жеткіліксіз. Ө.Нұрғалидың сұхбаттарынан осы байқалады.

Жұмсартып, жалтарып жауап беру дегенді білмейтін Ө.Нұрғалиев өзіне қойылған сұрақтарға турасын айтып отырған. «Менің өмірім сәтті басталған сияқты еді. Жұрт мағыналы өмір сүреді, арманына жетеді. Мен арманға жету былай тұрсын, жұлдызымның қай жақта екенін де білмеймін...

Менің арманым – дүниежүзінің ең ұлы ақыны, көрген жерде бәрі «Ассалаумағалейкум!» деп тұратын ең бақытты жан болу еді...

Ал өлеңімнің тойы тез тарқап кетті. Қызғаныштан ба, жоқ әлде басқа себептерден бе, әйтеуір, Өтежан ешкімге керек болмай қалды. Осыдан кейін жегенім тек – таяқ, естігенім – боқтық, сосын – жалақорлық...

Мінезімнің қиырлығын жақтырмайтын болса керек солар» («Қазақ әдебиеті», 19.07.2002).

Тағы бірде ол «Мен керісінше, шындықты ғана сүйетін адаммын. Жалғыз қалсам да мың мыңмен алысамын. Жаманшылықтың жағында ең соңында бір адам қалса, соны жойып барып, қайтадан жердің бетінде жақсылық орнатуға талпынамын...

Менің өз категорияларым бар. Шындық, қорықпау, кеңірдегім жұлынса да жазуға басымды, жанымды, сырымды бермеу» («Жұма-таймс», 19.05.2005) депті. Бұл жолдардан турашыл ақынның қандай жағдай болса да, қайтпайтын өжет те қиыр мінезін көреміз. Өмірдің қулық-сұмдықтарына иіле бермейтін осындай өр мінездер де болады.

Өтежан өз шығармашылығы жайында «Мен бүгінгі замандағы ең тыйым салынған тақырыптарға қалам тербеймін. Соған құмартып тұрамын...

Дәл қазір мен музейге айналған адаммын. Жұрттың бәрі қызықтайды, көргендер «осы адам әлі тірі ме еді» деп таңданысын жасыра алмай жатады. Елу жасымнан соң, ешқандай өлең кітабым жарық көрмеді... Жазғандарым қазіргі уақытқа да керек болмай қалды. Ал Кеңес үкіметі тұсында 20 жыр жинағым жарық көрген. Сонымен тоқтадым» («Қазақ әдебиеті», 25.04.2008) – деп, ащы шындықты жайып салған.

Ө.Нұрғалиев «Мемлекеттікті қалыптастыру үшін алдымен, әскер емес, ақын, жазушы, драматург керек» – деп білетін ақын ары қарай «Біз осы отансүйгіштік қасиетті мықтап бойымызға сіңіре алмай келеміз. Неге десеңіз, сол рухта жазылатын әдебиет, өнер туындылары жоқтың қасы. Ал оны мемлекеттік қолдау болып, арнайы бағдарламасы жасалып, оған үлкен қаржы құйылғанда ғана іске асыра аламыз.

Бізге өзімізге тән идеологияны жасау қажет» («Қазақ әдебиеті», 25.04.2008) – дегенді қаддап айтқан.

Ал қазіргі жүріп жатқан жаһандану жайлы «Әлемде мәдениет біреу. Екі мәдениет жоқ... Міне, жаһандану осындай ортақ мәдениетке жету» (сонда) – депті. «Батыс мәдениетінің құдіреттілігі неде? Ол үшін тарихи саналатын дүниенің бәрі қадірлі», солай бола тұра, ойланатын мәселелер баршылық. Мысалы, жаһандануда «оның ұлтының кім болғаны, басқасы есеп емес. Біз тек қана солар жасаған мәдениеттің үстінен өтіп барып қана өзіміздің туымызды тігеміз. Біздің өз бетімізбен жасаған мәдениетіміз бен әдебиетіміз де ештеңеге тұрмайды» (сонда) – деп біледі.

Соңғы бір сұхбатында Өтежан ақын «Әдебиет жоқ қой. Бұрын болған. Ол-сол уақыттың әдебиеті ғой. Ол ескірді. Қол сұртуден басқаға жарамайды», «Жалаң көркемдік деген жоқ, ең бастысы – идеология! Идеология өлгенде, көркемдік қоса өледі» («Жас қазақ үні», 18.02.2011–24.02.2011) – депті. Ақындық тағдыры өзгеге ұқсамайтын, өзгеше, өзін өзі «Музейге айналған адаммын» дейтін, кітаптары шықпаса да өлең жазуын тоқтатпаған, оқымаған кітабы жоқ ақынның қызды-қызды келе артық-кемдеу кетіп жататын, инабаттылық жетіспей жататын жерлері де жоқ емес. Мысалы, «Себебім, менің шеберлігім мықты ғой. Анау сол кездегі советтік шындықты айтып жүрген Айтматов та, Евтушенко да, оның біреуі де менің тобығым келмейді», «Прозаик деген ақынның дворнигі», «...мен қайыршы емес, мен Пушкинмін ғой», «Қадыр менің алдымда жорғалап жүре береді деймін...», «...ал мен Әбішті жек көремін», «Маған қарсы бір тайный ұйым бар», «Менің жақсы жазатынымды қазір жауымның өзі мойындаған. Және бүкіл ақындар бір ауыздан мені е-ең бөгет жасайтын бірінші жау деп есептейді», т.б. Әрине, қазақ әдебиетінде жарты ғасырдай еңбек етіп, өзіндік бетімен танылған, өз оқырманы бар ақынға бұл жолдардың жарасып тұрмағаны анық.

Екі мыңыншы жылдарда әдеби басылым беттерінде С.Асылбектің Қ.Аманжоловпен (Жазушы Әулие де емес, Әмбие де емес. «Қазақ әдебиеті», 24.08.2001), Ж.Ерманның Е.Жаппаспен (Көңілге неге сыймайды көзіне салған құбылыс. «Қазақ әдебиеті», 2002, 2004), К.Ахметованың К.Әмірбекпен (Әйелдің мықтылығы – мейірімділігінде. «Қазақ әдебиеті», 05.03.2004), Д.Қанатбаевтың (Мен де жүрмін туған жерге нұр шашып. «Қазақ әдебиеті», 12.11.2004), Қ.Мырзалиевтің К.Әмірбекпен (Сөзмерген. «Жалын», 2004, №7), К.Салықовтың Ғ.Жайлыбаймен (Өткелдер мен өткендер. «Қазақ әдебиеті», 10.06.2005), Қ.Мырза Әлидің Ғ.Жайлыбаймен («Ғұмыр сәттерден тұрады. «Қазақ әдебиеті», 18.11.2005), И.Сапарбайдың (Толғамға талас... бар. «Әдебиет айдыны», 26.07.2007), Қ. Ысқақтың С.Әмірбекұлымен (Шыңғыс хан – түркі халқының қауіпсіздігін қамтамасыз етуші Ұлы Қаған. «Айқын», 11.12.2010) т.б. жарық көрді. Не айтса да толғана сезіммен сөйлейтін ақындардың баспасөзге берген сұхбаттары олардың адами, шығармашылық болмыстарын, өмірге, әдебиетке деген көзқарастарын, жан-дүниесін танытатын мол мағлұматтар беретін бірден-бір құнарлы арна деп таныған жөн.

10. АУДАРМА АЖАРЫ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАР

Халықтың томаға тұйық өмір сүруі аралас-құралас күшейген заманда мүмкін болмаса, әдебиеттің дамуында да рухани байланыстар ерекше орынға ие. Даму барысында ұлттық әдебиет өзін өзгелермен салыстыра отырып, бой теңестіреді; жетістігін үкілеп, жетпей жатқан жерлерін өзгелерден үйрене отырып, жетілдіре түседі. Сондықтан да әдеби даму барысында әдеби аударма, түрлі шығармашылық қарым-қатынастар аса маңызды.

Социализм кезіндегі қазақ әдебиетінде әдеби аудармаға ерекше көңіл бөлініп, әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен қазақ оқырмандары кеңірек танысты. Әсіресе орыс әдебиетінен қазақшаға көбірек аударылып, бұл «совет халқының», «коммунизм құрылысшыларының» ортақ рухани қазынасын жасаудағы аса маңызды міндеттердің бірінен саналды. Сонымен бірге әлемдік әдебиеттің озық үлгілерінің бірсыпырасының қазақ тілінде жарық көргенін де айта кету керек. Қазақ әдебиетін орыс тіліне ауару саласында да біршама жұмыстар аударылды. Ал олардың аударма сапасы – өз алдына жеке әңгіме.

Кенес үкіметі жылдарында әдеби аударма ісіне коммунистік тәрбие берудің маңызды бір саласы ретінде мән берілсе, енді еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бұл мақсат мүлдем өзгеріп, басқаша сипат алуына байланысты алға жаңа міндеттер қойылды. Тәуелсіз мемлекет ретінде тарихтың сахнасына шыққан қазақ ұлтының әдебиетін бүкіл адамзаттық өркениеттің бір саласы ретінде әлемге таныту күн тәртібіне шықты. Бұл істің хал-жағдайын О.Асқардың «Қазақ әдебиетін өзге тілге аударушылардың қарасы көрінбейді. Өзі іздеп жүрген де, ұйымдастырып жүрген де ешкім жоқ», С.Елубайдың «Қазақ әдебиетінің шет тілдерге аударылу проблемасына келетін болсақ, бұл – біздің әдебиетіміз үшін, ұлттық мемлекетіміз үшін мұрты бұзылмай тұрған бір проблема. Кешегі кеңестік әдебиеттің ішіндегі ең бір озық әдебиет – қазақ әдебиеті болса, сол қазақ әдебиетінің өзгесін былай қойғанда, уақыт сынынан өткен жауһарлары да өз шетел оқырмандарына толық жеткен жоқ. «Абай жолынан» бастап, таңдаулы әдеби үлгілерімізді қайта аударып, шетелде насихаттауды мемлекет болып қолға алатын кез келді. Өйткені, қазақты ұлт ретінде өзге құрлықтарға таныстыратын, табыстыратын – қазақтың ұлттық әдебиеті», К.Елеместің «Бар, әрине. Бірақ толық түгіл, қалыптаса алған жоқ. Тіпті енді басталып жатқан секілді... Абай мен Әуезовтің өзі дүниенің барлық тіліне аударылып үлгерген жоқ. Бұл біздің әдебиеттің шетелге үгіттелу мүмкіндігінің өте әлсіз екендігін білдіреді» («Әдебиет айдыны», 17.01.2008) – деген пікірлері біршама аңғарта алады.

Белгілі аудармашы С.Ақтаевтың пікірінше, «Қазір айғайшылар мен байбаламшылар қаптап кетті. Жалғыз аударма саласы ғана емес, мұндайлар жалпы қазақ әдебиетін жоққа шығара бастады» («Әдебиет айдыны», 16.08.2007); «...біздің аударма ісінде кемінде 10–15 жыл кідіріс болды деп айтуға болады. Мынау «Мәдени мұра» бағдарламасы қолға алынып, арнайы «Аударма» баспасы ұйымдастырылғаннан кейін ғана бұл мәселеге көңіл бөліне бастады» («Кітап жарқысы», №9, қыркүйек, 2009).

«Дүниеде ешбір ұлт, ешбір мәдениет, ешбір әдебиет өз алдына томаға тұйық өмір сүре алмайды. Олар әрқашан бір-бірімен сабақтас, өзектес, ықпалдас дамып отырған. Осы ықпалдасудың бәрінде аударма әманда алтын көпір қызметін атқарғаны мәлім. Сондықтан болар, дамыған елдер тәржімаға өзін-өзі рухани байытудың бірден-бір құралы ретінде қарайды» («Қазақ әдебиеті», 14–20.03.2008) – деген жолдармен бастаған Болат Шарахымбай белгілі аудармашы, «Әлем әдебиеті» журналының бас редакторы Кенес Юсуповпен сұхбаты. «Солай болса, аударманың қазақ әдебиетіндегі ахуалы қандай?» деген тақырыпта екеуара келелі әңгіме болған.

Танымал тәржімашы К.Юсупов «Өздерін өркениетті санайтын елдерде аударма әдебиеттің 39 пайыз шамасында екен. Бұл мәселе бізді де ойландыруға тиіс. Әйтпесе, жаһандану дәуірін бастан кешіріп жатқан қазіргі уақытта томаға-тұйықтық абырой әпермейді. Мұның аяғы рухани кембағалдыққа алып келуі мүмкін. Басқалардың жақсы дәстүрін, табиғатын, тілін, ділін, озық технологиясын дер кезінде игеріп, ұғынып, үйреніп, бойымызға сіңіріп отырғаннан ұтпасақ, ұтылмасымыз анық. Тіпті жаһанданудың аждаһа аранында жұтылып кетуден сақтанудың бір жолы осы үйрену, игеру болатын шығар» – деп, пайымдайды. Ол қазақ аудармасының тарихы, қазіргісі жайлы айта келіп, өзінің тәржімашылық тәжірибелері турасынан да ой бөліседі. Әлем әдебиетін қазақшалау ісінде Дастан Көксегеновтің корей, Дәурен Берікқажының ағылшын, Танакөз Толқынқызының француз, Бакыт Батыршаұлының араб тілдерінен тікелей жасаған аудармашылық аяқ алыстарынан үлкен үміт күтеді.

Қазақ әдебиетіндегі әдеби байланыстар, аударма мәселесі М.Жолдыбайдың «Ата Заң аудармасындағы ақаулықтар...» («Заң газеті», 27.02.2002), С.Абдрахмановтың «Евгений Онегин» («Егемен Қазақстан», 31.05.2002), К.Юсуповтың «Көркем аудармаға бастар жол үзілген жоқ» («Қазақ әдебиеті», 06.09.2002); Ө.Күмісбаевтың «Шекспир тілінде шешен сөйлеген парсының патша ақыны Омар Хаям қазақ әдебиетінде» («Қазақ әдебиеті», 01.11.2002), «Авеста» («Қазақ әдебиеті», 20.01.2006), «Бабыр ғазалдары» («Қазақ әдебиеті», 17.09.2007), «Шәкәрім және

Хафиз» («Әдебиет айдыны», 11.10.2007), «Мағжан Жұмабаев және араб поэзиясы» («Қазақ әдебиеті», 04.04.2008); С.Мырзабектің «Аударма сөздікті аударыстыр анда...» («Жас алаш», 20.03.2004), С.Бәйменшенің «Бейімбет – аудармашы» («Жұлдыз», 2002, №10); М.Байғұтовтың «Менің Пушкинім» («Қазақ әдебиеті», 06.02.2004), «Шахнама» ақиқатқа араша сұрайды» («Қазақ әдебиеті», 31.12.2004); А.Түгелбаевтың «Қытай ғалымдары әл-Фараби, Абай және Кеңестер одағы туралы» («Жалын», 2004, №4); Т.Қыдырдың «Шығыс әдебиетіндегі шеберлік» («Қазақ әдебиеті», 07.01.2005); Н.Рсалиеваның «Көшпенділердің ағылшын тіліндегі аудармасы қандай?» («Қазақ әдебиеті», 29.07.2005, 12.08.2005), «Көшпенділерге» тосқауыл керек» («Қазақ әдебиеті», 16.02.2007), «Көшпенділердің» аудармасы қазақты кемсітуге бағытталған» («Әдебиет айдыны», 12.06.2008), «Қызыл империяға құлдық ұрған аударма» («Сын», 2007, №11); С.Әбдірахмановтың «Төлтума және телтума» («Қазақ әдебиеті», 20.10.2006), «Аударма ағаттықтарының типологиясы» («Жалын», 2007, №9), «Аудармашы» («Қазақ әдебиеті», 14.09.2007), «Аударма асулары» («Жұлдыз», 2007, №9); З.Жұмажанованың «Менің Пушкинім» («Қазақ әдебиеті», 10.11.2006); А.Кемелбаеваның «Абай мен Омар ибн Абн Рабиа» («Қазақ әдебиеті», 19.08.2005); Ж.Шәкеннің «Шетелдегі қазақ әдебиетінің зерттеулеріне зер салсақ» («Қазақ әдебиеті», 21.10.2005); М.Иманғазиновтың «Нұқ пайғамбар – әлем әдебиетінде» («Қазақ әдебиеті», 09.12.2005); Ғ.Есімнің «Ой мен образ» («Әдебиет айдыны», 03.11.2005); Ғ.Қамбарбекованың «Шәкәрім мен Руми» («Жұлдыз», 2005, №1); Р.Зақанқызының «Мажар ақындары қазақ әдебиеті жөнінде» («Жұлдыз», 2005, №9); Н.Шәкеевтің «Аударма мұраты – нақтылық пен сәттілік» («Әдебиет айдыны», 16.02.2006); А.Нұрғазыұлының «Нобель әдебиет сыйлығы» («Әдебиет айдыны», 8, 16.03.2006); Б.Майтановтың «Тамырлас рух» (Пушкин мен Абай. «Әдебиет айдыны», 03.08.2006); Е.Жанпейісовтің «Абай және Шумер» («Жұлдыз», 2006, №1); Р.Имаханбетованың «Ақан және аударма мәселесі» («Жұлдыз», 2006, №11–12); Г.Тастемірованың «Әзиз Несин сатирасындағы ұлттық өрнек» («Жалын», 2007, №1); О.Егеубаевтың «Қытайдағы қазақ әдебиеті» («Жалын», 2005, №5); И.Жеменейдің «Шәкәрім және парсы әдебиеті» («Қазақ әдебиеті», 16.03.2007), «Тұрмағамбет және парсы әдебиеті» («Әдебиет айдыны», 22.07.2007); Х.Сафарханидың «Иран Багты мәдениетін қабылдамайды» («Қазақ әдебиеті», 23.03.2007); А.Әбіловтің «Көркем проза тәржімасы және ырғақ» («Қазақ әдебиеті», 30.03.2007); Б.Жүсіповтің «Тұрмағамбет шайыр жырлаған «Шахнама» («Қазақ әдебиеті», 25.10.2007); Ә.Бостановтың «Герольд Бельгер – соңғы қазақ» («Қазақ әдебиеті», 13.07.2007); С.Дәуіттің «Ғасырлар үндестігі» (Иассауи-Тәжібаев. «Әдебиет айдыны», 08.03.2007); Ұ.Доспамбеттің «Сәтті аударма» (И.Калашниковтың Н.Шакеев аударған «Сұм заман» романы хақында. «Жұлдыз» 2007, №10); О.Жолдыбайдың «Рахманқұл Бердібай және қазақ-түрік эпостарындағы сабақтастық мәселелері» («Жұлдыз», 2007, №12); О.Жанайдаровтың «Абай деңгейіне көтерілген орыс аудармашысы жоқ» («Қазақ әдебиеті», 18.04.2008); Б.Кәрібаеваның «Айтматов әлемі» («Қазақ әдебиеті», 18.07.2008); Н.Оразалиннің «Айтматов төрі» («Қазақ әдебиеті», 25.12.2008); С.Абдулланың «Әлемнің Әуезові» («Әдебиет айдыны», 07.02.2008); Д.Ысқақұлының «Физули қазақ тілінде» («Әдебиет айдыны», 22.05.2008); С.Әбдікәрімовтың «Аудармашы» («Әдебиет айдыны», 18.09.2008 ж.); Ә.Дәулетханның «Қытайдағы қазақ әдебиеті» («Жалын», 2008, №2); С.Ержанованың «Түркілік сарын» («Жалын», 2008, №10); Б.Дуанинаның «Аударма мәдениеті» («Жалын», 2008, №11), «Түпнұсқа мен аударманың ара-қатынасы» («Жұлдыз», 2009, №6); Ә.Дербісәлінің «Түркиядағы жазба жәдігерліктеріміз» («Жалын», 2009, №6), т.б. мақалаларда түрлі жақтарынан сөз болды.

М.Жолдыбай қазіргі қазақ аудармасының жай-күйін еліміздің Ата заңы – Конституция мәтінінің орыс тілінен аударма екендігін, оның өзі де шалағай екендігіне заңдық тұрғыдан мән беріп, қатты сынға алады. Орыс тілінде жазылған Конституцияны қазақшалау барысында өрескел қателіктер жіберілгені соншалық, «...егер қазақ тіліндегі Конституция қазіргі күйінде толыққанды жүзеге асырылса, онда мемлекетте конституциялық дағдарыс қаупі туады» («Заң газеті», 27.02.2002), сондықтан да Ата Заңның қазақша нұсқасын қайта жасау керек деген мәселе көтереді.

Орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің шығармашылығы, оның 93 тілде 1750 аудармасы бар екендігі, жалпы әдебиеттің әлемге танылуындағы аударманың аса маңызды рөлі жайлы айта келіп, С.Абдрахманов «Біздің Абайымыз «Евгений Онегинді» төлтумамен телтуманы таластырып тұрып аударғанда, Европаның өзінде көптеген халықтар Пушкин шығармашылығымен шала-шарпы таныс болатын. Осы орайда біз, қазақ оқырмандары, «Евгений Онегин» сынды аса

көркем, аса күрделі туындыны өткен ғасырдың өзінде-ақ ғажайып шеберлікпен аударған ұлы Абайға қарыздармыз, романды толық аударып шыққан Лияс Жансүгіров, Қуандық Шаңғытбаев сияқты классиктеріміздің туған тілдің құдіретін танытқан шеберлігіне тәнтіміз» («Егемен Қазақстан», 31.05.2002) – деп жазды.

Қазақ, орыс, неміс тілдерінде еркін сөйлеп, бірдей жазатын Герольд Бельгер аударма саласында өнімді еңбек етті. Оның тәржіма туралы ондаған мақала, сұхбаттары баспасөз бетінде жарық көрді. 2005 жылы «Ода переводу» атты кітабы баспадан шықты. Тәржіма тақырыбында зерттеу, монография, диссертация, кітап, көптеген мақала, рецензия жазған кәнігі қаламгер теориялық жағынан да, практикалық жағынан да құнды, пайдалы пікірлер айта білді.

Г.Бельгер әсіресе екі нәсерге назар аударады: «Біріншісі – қазақшадан орысшаға (я басқа тілдерге) аударма жасаған кезде қазақ тілінің ежелгі күш-қуатына, көркемдігіне, бейнелілігіне, сөз саптауына, синтаксистік құрылымына айрықша мән беріп, оның табиғи ерекшеліктерін (лексика, морфологиялық жүйе, синтаксис) ашып көрсетудің қажеттілігі.

Екіншісі – орыс тілінен (я басқа тілдерден) қазақшаға аудару кезінде қазақ тілінің шешендік мәдениетіне, қазақ ұлтының түсінік-ұғымына, дүниетанымына, сезім үндестігіне сәйкес балама іздеу жолдары.

Сайып келгенде, аударма өнерінің негізгі мақсат-талабы да, көркемдік нысана, қасиеті де осы екі қағидаға саяды» («Жас алаш», 15.08.2006).

Аудармаға осындай үлкен талаптармен өнер деп қарайтын Герольд қазақ әдебиетін орысшаға аудару кезінде үстірт, немқұрайлы қараушылықты сынға алады. Қазақ қаламгерлерінің шығармаларын орысшаға тәржімалағанда осындай жағдайларға сақ болуын сұрайды.

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын өткен ғасырдың орта шенінде Леонид Соболевицтің орыс тіліне аударып, сол арқылы әлемдік әдебиетке танылғаны белгілі. Қазақ әдебиетінің ұлттық мақтанышына айналған осы роман-эпопеяны араға жарты ғасырдай уақыт салып барып, Анатолий Ким қайта орысшалады. Баспасөз бетінде жылы лебіздер айтылған осы романның жаңа аудармасы жайлы Г.Бельгер де пікір білдірді. Ол тәржіманың табысты тұстары көп екендігін айта отырып, ұлттық иірімдерді аударғанда түпнұсқадан кейбір мағыналық, стилистикалық ауытқушылықтардың да бар екендігін көрсетті. Бұрын осы аудармасы үшін тек мақтау естіген А.Ким бұл сындарға келіспейтіндігін білдірді («Свобода слова», 02.07.2009).

Осыған байланысты Г.Бельгер арнайы мақала жазды (Охотно признаю – я переводчик толмач. «Свобода слова», 06.08.2009), мұнда ол А.Кимнің аудармашы түпнұсқаның тілін білмей-ақ, жолма-жол аудармадан тәржіма жасау бірден-бір дұрыс жол дегенін «түбірімен қате ұстаным» деп қатал сынға алған. Автордың пікірінше, «переводчик тот, кто знает языки и переводит с языка на язык. А тот кто переводит по подстрочнику, вынужден пользоваться посяхом, поводом, интуицией, чувством и соразмерностью, если этими качествами в той или иной мере наградил его Бог» – екендігін нақтылай түскен.

Г.Бельгердің аударма хақындағы осы бағыттағы пікірлері оның баспасөзге берген сұхбаттарында (Б.Шарахымбай. Кей-кейде ашылау айтқан пікірімді жөнсіз десеніздер, кешірім сұрауға дайынмын. «Әдебиет айдыны», 02.10.2008 ж.; А.Мантаева. Нағыз жазушы арсыздыққа бармайды. «Қазақ әдебиеті», 31.12.2008, т.б.), мақалаларында (Сөз, сөздік, аударма. «Жас алаш», №47, 62, 64, 65. 08.2006; Охотно признаю – я переводчик толмач. «Свобода слова», 06.08.2009, т.б.) көрініс тапты.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ әдебиетінің озық үлгілері шет тілдерге аударуда алға басқа мақсаттар қойыла бастады. Бұрынғы аударматану қазақ тілінен орыс тіліне, немесе орыс тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері төңірегінде болса, енді басқа шетел тілдеріне тәржімалау алға шықты. Сондай бір үлкен әңгіме Г.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының ағылшын тіліне аударылуы жайында өрбіді.

Қазақ әдебиетінің шоқтығы биік шығармаларының бірі Лияс Есенберлиннің үш кітаптан тұратын «Көшпенділер» роман-эпопеясы 1986 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы Морис Симашконың аударуымен орыс тілінде жарық көрді. М.Симашко осы және Ф.Мүсіреповтің «Жат қолында» романдарының аудармалары үшін Қазақ КСР-інің Абай атындағы мемлекеттік сыйлығын иеленді. Енді осы бір болары болып, бояуы сіңіп, мемлекеттік тұрғыдан жоғары бағаланған іске Нұрсәуле Рсалиева қайта соғып, көптеген былықтардың бетін ашты: «Көшпенділер» трилогиясының орыс, ағылшын тілдеріне аударылуы сын көтермейді.

Н.Рсалиева осы мәселеге арнап бірнеше мақала жазды. Атап айтқанда, «Көшпенділердің» ағылшын тіліндегі аудармасы қандай?» («Қазақ әдебиеті», 29.07.2005), «Көшпенділердегі» қазақты қанішер қылып аударғанда нені көздеген?» («Ана тілі», 2005, №41, 42, 43), «Қазақ ұлтына жасалған қастандық» («Жалын», 2006, №1), «Аудармалардан кеткен ағат атаулар» («Жалын», 2006, №12), «Көшпенділердің» аудармасы көкейге қонбайды» («Алтын бесік», 2006, №5), «Көшпенділерге» тосқауыл керек» («Қазақ әдебиеті», 16.03.2007), «Қызыл империяға құлдық ұрған аударма» («Сын», 2007, №11), т.б. мақалаларында және де «Әдебиет айдыны» (12.06.2008) газетінің тілшісі Д.Батырға берген «Көшпенділердің» аудармасы қазақты кемсітуге бағытталған» тақырыбындағы сұқбатында трилогияның орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқаларындағы өрескел кемшіліктерді, кей жерлеріндегі саяси бағыттағы қаскөй зұлымдықтарды аяусыз сынға алады.

Нұрсәуленің дәлелдеуінше, «Көшпенділердің» орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары – сәтсіз. І.Есенберлиннің қаламынан шыққан қазақ романдары өзге тілдерде өзінің көркемдік бояуын жоғалтқан, төлтумадан алшақ, жайылып, өзінше кеткен. Сол себепті де, «Көшпенділер» орыс, ағылшын тілдеріне қайта аударылуы, шығарманың мейлінше түпнұсқаға жақын нұсқасы жарыққа шығуы керек. Оның үстіне Морис Симашко жасаған аударма жамап-жасқауға мүлде келмейді, ол аударманың алға қойған мақсаты – қазақты керісінше көрсету, сол мақсатқа орай, «авторизованный перевод» деген атты жамылып, мәтін тұтасынан қайта жазылып шыққан» («Әдебиет айдыны», 12.06.2008).

Автор мұндай үзілді-кесілді пікірді жайдан-жай айта салмаған. «Көшпенділердің» үш тілдегі нұсқаларын салыстыра отырып, көп нәрсеге көзін жеткізіп барып, осылайша кесіп айтуға мәжбүр болған. Сонымен, зерттеуші «Көшпенділердің» қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі нұсқаларын зерделей келе, төмендегідей нәтижелерге көз жеткізеді:

«1. Ономастикалық атаулар (әсіресе ағылшын тілінде) мейлінше әркелкі жазылып, бұрмаланады, кейде мүлде танымастай күйге жетеді, кей атаулар тыннан пайда болып, кей атаулар із-түзсіз жоғалып кетеді;

2. Көптеген реалий (ұлттық) сөздердің мағынасы ашылмайды, түсініксіз қалпында қалады, не болмаса бұрмаланады; түсіндірмелерде жүйе жоқ (кездескен сөз бірінші қолданысында емес, екінші, үшінші қолданысында түсіндірілуі мүмкін);

3. Аудармасы бар сөздердің де аударылмай қолданылуы жиі кездеседі;

4. Көптеген тілдік құбылыстардың түпнұсқасы мен аудармасы мәдениетаралық коммуникация үдерісінде ортақ мәмілеге келе алмайды;

5. Сандық көрсеткіштер кейде сақталады, кейде аудармашының өз «деректері» бойынша беріледі, кейде тіпті берілмейді, дәлдіктен қашқақтау бар;

6. Автор афоризмдері мен өзіндік стилі көп жағдайда ескерілмейді, аудармалар лингвистикалық тұрғыдағы мәселелерден гөрі саяси тұрғыдағы мәселелерді «реттеу» ісін маңызды санайды;

7. Қазақ хандарының қол астына қараған территория сөз болатын тұстарда аудармашылар ел, жер аттарын атамауға тырысады;

8. Қазақ қыз-келіншектерінің сұлулығы мен батыр тұлғалы ер-азаматтарының бейнесі аудармаларда кейде суреттелмейді, кейде (қызды «красавица» деумен шектелу сияқты) жетімсіз күйде қалады;

9. Қазақ табиғатына тән қасиет, мәдениет (биязылық, үлкенге құрмет, т.б.) бүркемеленеді;

10. Қазақ тапқырлығы, шеберлігі және терең философиясы ашылмайды;

11. Халықтың «Мәдени мұрасына» нұқсан келтіріледі;

12. Қазақтың батыр халық екендігі көмескі суреттеледі;

13. «Алтынмен апталып, күміспен қапталған» қазақ дәулеті аудармашылардың «кеден бекетінен» оңайлықпен өтпейді;

14. Дінге қатысты тұстар дінаралық қатынасты бұзуға бастайды;

15. Саяси мағынаға ие мәселелер не қысқартылып, не көздеген мақсатқа «оңтайлы» аударылады, «аударылады» дегеннен гөрі «мұндай беттер тұтас тұтасымен басқаша жазылады» деу лайық;

16. Жақсылықты жасырып, жамандықты асыру көптеп кездеседі;

17. Ел бірлігі деген сөзді ауызға алғысы да келмейді;

18. Үрей, аяныш тудыратын көріністердің бояуы қанық суреттеледі, кейде ойдан құрас-тырылады;

19. «Қазақ – қанішер, қаннан басқа көргені жоқ халық» деген ұстаным бар;
20. Ел басқарған ерлер мен хандарды біржақты абыройсыз етіп, суреттейді, қаралайды;
21. Бүтін халықты қаралайды, қорлайды, халыққа қазақ деген атты да қимайды;
22. Патшалық Ресейдің бейкүнә елді қырып-жойғанын жасырады, керісінше орысты дәріптеу мүддесі басымдық алған» («Сын», 2007, №11. 73-74-беттер).

Осыншама кемшіліктер жіберген «Көшпенділердің» орыс, ағылшын тілдеріндегі нұсқалары қазақ әдебиетін шетелдік оқырмандарға таныстырып, мерейін асырмайды; керісінше, ұлтымызды «құбыжық» қып көрсетеді. Сол себепті де «Көшпенділер» трилогиясының аудармалары ғана емес, өз кезеңінің «жемісі» болған, бүгінгі уақыттың талаптарына жауап бере алмайтын сандаған сапасыз аудармалар тоталитарлық жүйенің қалып кеткен қаңқалары тәрізді сөрелерден тазартылатын болар. «Көшпенділердің» аудармалары қазақтың өзіндей көретін қас батырға тән аңғал табиғатынан қырық жыл бойы назарға ілікпей келген екен, ендігі жерде ол құлдық қаспағынан, бодандық бұғауынан құтылуы қажет-ақ» (сонда, 107–108-беттер) – деген ой түйеді автор.

Осы жылдарда аударматану мәселелеріне С.Абдрахманов көбірек қалам тартты. Сауытбектің «Тәржіме және төл әдебиеті» («Түркістан», 13.09.2007) атты мақаласы күні кешеге дейін Асан қайғынікі делініп келген «Таза мінсіз асыл тас» – деп басталатын өлеңнің А.Байтұрсыновтың орыс ақыны Ю.Жадовскаядан аудармасы екендігін дәлелдей түсумен басталған. Рас, бұған дейін де бұл мәселе жайында С.Мақпырұлының «Таза мінсіз асыл тасты» шатастырмайық» («Қазақ әдебиеті», 31.07.1998), Н.Мешітбаевтың «Өлеңің ұлы Ахаң аударған Жадовская кім еді?» («Қазақ әдебиеті», 10.03.2006) секілді арнайы мақалалар жазылып, кезінде Т.Шонанов, кейіннен С.Дәуіт, Ж.Ысмағұлов, Г.Қосымова, т.б. пікірлер білдірген. С.Абдрахманов та осы пікірді қолдап, «Иә, қазақ жырының қымбат қазынасына қосылған, бәріміз Асан қайғы ағамыздың айтқан сөзі екеніне титтей де күмән келтірмей келген бұл жолдар – Ахмет Байтұрсыновтың XIX ғасырда өмір сүрген орыс ақыны Юлия Жадовскаядан жасаған аудармасы» – деп, нақтылай түседі. Ол бұл өлеңді А.Байтұрсынов «барынша ширатып, жұмырлап, афористік айшыққа жеткізген. Аударманың мінсіздігі, сөз саптауының қазақшылығы сондай, 1970 жылы Ахмет Байтұрсынов аудармасын бәрібір бастыра алмайтынын білген Мұхтар Мағауин Асан Қайғы бабамызға басыбайлы етіп бергеніне де күмән келтірген ешкім болған жоқ. осы бір мысалдың өзі тамаша тәржімеленген туынды ұлттық сөз өнеріне қандайлық табиғи кірігіп кететіні даусыз дәлел. Бұл әрі аударманың керемет мүмкіндігіне де нақты айғақ» – деген ой түйеді.

Сауытбекті аударматанушы ретінде тәржімашы тұлғасы қызықтырады. Аударма турасындағы пікірлерін тәржімашы тұлғасын танып білуден бастайды. Зерттеушінің пікірінше «... аудармашы еңбегінің жетіден бір бөлігін ғана судың бетіне шығып тұратын мұқиттағы айсбергке теңей алар едік. Аудармашының білімі, ой-өрісінің кеңдігі, тәржімелейтін авторының шығармашылығымен жақсы таныстығы, сол ел, сол заман туралы пайым-түсінігі... осылардың барлығы оқырманға көрінбей тұратын, бірақ бәрібір сезілмей қоймайтын нәрселер...

Белгілі бір дәрежеде аудармашыға актердің кейіпкержандылығы да керек. Ол аударма барысында аударатын авторына айналып кетуге тура келеді...

Аудармашының өзі аударатын авторға құрметпен қарауы орынды, алайда құлай берілуі тіпті де шарт емес...

Аудармашы өз оқырманының талғамын жаңа өрістерге тартып жатса, күнес биіктерге көтеріп жатса, ғанибеттің ғанибеті» («Түркістан», 13.09.2007).

С.Абдрахманов «Тәржімашы тұлғасы» («Қазақ әдебиеті», 14.09.2007) туралы арнайы мақала жазды. Аударма туралы бұрын-соңды айтылған пікірлерді зерделей отырып, Сауытбектің өзі де құнарлы ойлар айта білді:

«Аудармашы ақындар – жыр жиһан кездері. Олар тәржіме туындылары арқылы бұрын ашылмаған аралдарды ашады, кейде тіпті тұтас құрлықтарды алдымызға алып келуі де әбден мүмкін...

Бүгінгі нарық тіліне салып сөйлесек, әдебиетіміздің экспортқа шығуы да, әдебиетімізге импорт келуі де ең алдымен, аудармашылардың қолында...

Нашар аударма тілді бұзады, оның табиғатына жат белгілерді тықпалау арқылы тілдің өзіне тән бояуын, сазын бүлдіреді...

Түпнұсқаның тіл өнерін ғана емес, ақынның жалпы стилін де сақтау – аудармашыға қойылар талаптың бірі...

Айналып келгенде, бәрінен бұрын оның (аудармашыдан Д.Б.) суреткер болғаны маңызды». Зерттеуші аударма өнеріндегі бір шығарманың қайта-қайта аударылу жағдайына үңіледі. Орыс поэзиясының қазақ тіліне, атап айтқанда Пушкиннің қазақшалану тәжірибелеріне сүйене отырып, қызғылықты байқаулар жасаған. Мысалы, ақын Тайыр Жароков А.С.Пушкиннің «Сығандар» поэмасын төрт рет (1935, 1936, 1949, 1953) аударған. Орыс ақынының «А.П.Кернге» деген өлеңін Ғ.Орманов, Қ.Шаңғытбаев, К.Салықов, М.Ақынбеков, Ф.Оңғарсынова қазақшалапты. Автор осы нұсқаларды салыстыра отырып, «Қайталама аударманы уақыттың өз қажеттігі туғызады дейміз. Сонымен бірге тәржіме өнерінің таза шығармашылық тұрғыдағы талабына орай, әдейі жасалатын қайталама аудармалар да болады. Олар аударма өнерінің кәсіби тұрғыдан шындалуына, тәржіме тануға нақты ықпал ете алуымен де бағалы...

Қайталама аударма – қай әдебиеттің де толысқандығының, кемеліне келгенінің бір белгісі...

Көркем аудармаға, әсіресе поэзия аудармасына қайталамалық феномені тән. Мұндай аударма әр ақынның өз ойын әр аудармашының өз ерекшелігі арқылы ашуымен бағалы. Түпнұсқаның әрбір жаңа байыптамасы тәржімелік тәжірибені байыта түседі де, дәстүрді қалыптастырады, келесі буынның аудармашылары енді сол дәстүрге арқа сүйейтін болады... Бұл жалпы аударманың қиындығын көрсетумен бірге әр шығарманың әр аударма барысында сан түрлі интерпретацияға түсу арқылы тыңнан түлеуіне мүмкіндік те ашады» («Әдебиет айдыны», 20.09.2001) – деген ой түйеді.

Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Оразақын Асқар А.С.Пушкиннің қазақша аудармалары хақында сөз қозғап, қазақ ақындары оның «өлеңдерін аудару арқылы оны қазақша сөйлетуді ғана мақсат етіп қоймай, Пушкиннің поэтикалық аса жоғары сападағы нәзік те көркем туындылары арқылы өз ақындық шеберлігін ұштай түсуді көздейтіндігіне» назар аударған. Ұлы Абай «Евгений Онегин» романын «Жеріне жеткізе аударуды ғана алдына мақсат етіп қоймай, жарыса, бәсекелесе, талантын тайталастыра, артылдыра аударды» («Әдебиет айдыны», 08.06.2006) – дейді.

«Жас жүрек жайып саусағын,

Талпынған шығар айға алыс» – деп, Абай қазақ, орыс поэзиясында ғана емес, бүкіл әлем әдебиетіне таңдай қақтырар соны метафора жасады» (сонда) – деп, қазақ ақынының аудармашылық шеберлігіне тәнті болады.

Кейінгі аудармашылардың ішінен Мұқағали Мақатаевтың Пушкиннің «Ескерткіш» өлеңіне жасаған тәржімесін аса жоғары бағалаған.

Философ Ғарифолла Есім Абайдың аудармашылығы туралы «Ұлт және ғалам үндестігін» («Әдебиет айдыны», 13.04.2006) жазды. Әңгімені «Аудармашыға екі қасиет қажет. Бірі – талғампаздық, екіншісі – ой тереңдігі» – деп бастаған ол «Абай бас салып кім көрінгенді аудармаған, ол аудармақшы болған автормен өзі бәсекеге түскен. Абайдың аудармалары – шын мәнінде, ой жарыстыру» екендігіне, оның орыстың ұлы ақындары А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовты дөп басып, танып аударуы тектен-тек еместігіне баса назар аударады. Автор А.С.Пушкиннің «Евгений Онегинге», М.Ю.Лермонтовтан аударған 27 өлеңнің ішінен бірнешеуіне, «Шайтан» поэмасына әлеуметтік тұрғыдан талдаулар жасай отырып, Абай поэзиясының әлемдік деңгейдегі биік шоқтығына, ой тереңдігіне, өзі аударып отырған орыстың ұлы ақындарынан бір елі де кем емес, керісінше кей тұстарда ой жарыстырып, шығанға шыққан ұлылық қасиетіне көз жеткізеді.

Белгілі аудармашы Нұрғазы Шакеев соңғы жылдардағы аударма ахуалына көз жібереді. Т.Иманбековтің В.Астафьевтің «Қилы-қилы қиямет», Қ.Мұхаметжановтың «Мың бір түн», Қ.Мұханбетқалиевтің А.Скалонның «Бақыттың алтай түлкісі» атты туындыларынан жасаған аудармаларын сәтті шыққан деп бағалаған. Сондай-ақ кейбір тәржімелерде мүлт кеткен жерлерді, шеберліктің жетіспеушіліктерін нақтылы мысалдармен ортаға салған («Әдебиет айдыны», 16.02.2006).

Н.Шәкеев «Көркем аударма көркем әдебиеттің өгей баласындай күй кешуде... Түпнұсқаның рухын өзге халықтың рухына жеткізу жолындағы еңбекте даналық та көп. Жақсы аударма – даналық, жаман аударма – шалалық» (сонда) – деген ойлар түйеді.

Аударматанушы Алдажар Әбілов көркем проза тәржімасындағы ырғақ мәселесін арнайы сөз етті. Ж.Сименонның, Майн Ридтің, А.Дюманың, Л.Толстойдың, О.Гурьянның, А.Гриннің, И.Тургеневтің, К.Паустовскийдің, Л.Гумилевтің, т.б. туындыларын қазақша «сөйлеткен» кәнігі тәржімашы Әбілмәжін Жұмабаевтың шығармашылық тәжірибесіне сүйене, талдай отырып,

«Көркем проза ырғағы – көркем әдебиет заңдылығы. Ол шығарманың тілдік-көркемдік құрылымының үндестігі, оның тыныс-тіршілігі, қан айналысы, жүрек соғысы, өмір бейнесінің көркем шындыққа айналуындағы ерекшеліктердің түп қазығы. Ал мұның аударма өнерінде сақталуы – ең басты талап, ең басты міндет болмақ» («Қазақ әдебиеті», 30.03.2007) – деген қорытынды жасайды.

Өмірде не болмайды? Бәрі де болады екен. Бұған Бекжан Әшірбаевтың «Беляевтар поэзиясы: ақша және аударма» («Азамат», 13–20.05.2005) деген мақаласын оқығанда көз жетеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қол жеткен еркіндікті өзінің жеке бас мүдделеріне пайдаланған небір сорақылықтар шықты. Соның бірі – қолдан ақын жасау. Осы жылдарда қарағандылық қаржыгер, «Валют-Транзит» банкінің президенті Андрей Беляевтің «ақындық даңқы» шыға бастады. Аты-жөні орысша, өлеңді орысша жазатын «қазақ ақынының өлеңдері» баспасөз беттерінде жарияланып, ол туралы беделді авторлар жылы лебіз білдірді. Сөйтсек, солай емес, былай екен – ақшаның күшімен қаржыгер Беляев «ақын Беляев» болып кетіпті. Оны ақын жасауға қазақтың айтулы деген ақындарының өздері қатысыпты.

Б.Әшірбаев Андрей, Әлия Беляевтардың «Ароматы радости, или за утром – день» деген өлеңдер жинағын тілге тиек ете отырып, осы бір масқараны барынша әшкере етеді. Бекжан Беляевтардың «Примерение» және «Нурзие» деген екі өлеңінің орысша, қазақша мәтіндерін салыстыра келіп, «Түпнұсқада өлеңге ең алдымен қажетті ұйқас деген нәрсе атымен жоқ. Әр жолы әр әкеден туғандай шашырап тұр. Ал аудармада балталаса бұзылмайтын шымыр ұйқас та, айтылар ойдың айқындылығы да, ырғақтық үйлесімділік те бар. Бұл қандай көзбояу сонда?... Жинақтағы мұндай түпнұсқаны түзеу мен күзеу мысалынан аяқ алып жүре алмай-сын» – дейді.

Сонда орыстілді «ақынды» қазақша сөйлеткен Фариза Оңғарсынова да, «Андрей Беляевтің өлеңдері маған бірден ұнады» – деп, аспанға көтере мақтап, кітабының алғысөзін жазған ақияқ ақын Серік Ақсұңқарұлы екен. Әсем безендіріліп, қымбат қағазға басылған кітаптың таралымы – 100 000 дана. Салыстыру үшін: мемлекеттік тапсырыспен шығып жатқан кітаптардың тиражы 2 000 дана ғана. «Қателеспесек, қазақтың әдеби пайғамбары, рухани көсемі саналар Абай Құнанбаев жинақтары да мұндай таралымға ие емес» – деп, күйінеді автор.

Бекжан дүние қуған, атақ қуған мына заманда ақшаның күшімен бәрін жасауға болады дейтіндерге әдебиеттің қасиетті әлемін былайша былғауға болмайды дегенді батыл айта білді. Орысша түкке тұрғысыз «өлеңсымақтарды» мықты ақындарға қазақшалату арқылы, күштілерге арқа сүйеп, ақын болғысы келгендердің бет-пердесін ашып, көпшілік алдында масқара етті. Әдеби жұртшылықты мұндай ақындардан сақтандырды.

А.Беляевтің «ақындығы» ең бастысы – әдеби аударманың мықты ақынды «жүнін түте алмай», қор ететін, не нашар ақынның жүнін жібекке айналдырып, зор ете де алатын құдыретін дәлелдеп берді.

Қазақ әдебиетінің басқа да халықтар мәдениетімен байланыстары дегенде көбіне орыс әдебиетінен үйрену төңірегінде әңгімеленетін. Тәуелсіздік алғаннан кейін шығыс әдебиетімен, оның ішінде араб, парсы поэзиясының игі әсеріне назар аударыла бастады. Осы мәселеге орай белгілі шығыстанушы Өтеген Күмісбаев бірнеше мақала жазды. Оның «Мағжан Жұмабаев және араб поэзиясы» («Қазақ әдебиеті», 04.04.2008) атты мақаласында қазақ ақынының араб ақыны Әбу Фирастан аудармалары хақында сөз болады. Араб, парсы, түрік тілдерін біршама меңгерген Мағжанның араб поэзиясымен де танысып, оның ішінен өзіне өршіл үнді Әбу Фирастай рухтас, мұңдас тауып, өлеңдерін тәржімалағаны нақты мысалдармен дәйектелген. «Әбу Фирас Х ғасырдың, ал Мағжан Жұмабаев ХХ ғасыр перзенті. Біреуі араб, біреуі қазақ, екеуін тербеткен тағдыр толқындары ұқсас, ащысы, тәттісі ұқсас, өмірі, көңілі ұқсас, ақылы, нақылы ұқсас, түрмелері, түндіктері ұқсас, аналары, даналары ұқсас, зары да, жары да ұқсас қос мұңлық, қос лирик, қос эпиктің дүние поэзиясының тарихында тіккен тулары биікте тұруға тиіс» – деген Ө.Күмісбаев.

Тұран өңірінде қатар өмір сүрген қазақ, иран мәдени байланыстары ерте кездерден үзілмей келеді. Әсіресе Орта Азия халықтарына кеңінен тараған Ә.Фердаусидің «Шаһнама» дастанының басқа халықтар әдебиетіне әсері де айтарлықтай болды. Қазақ ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуов «Шаһнаманы» қазақша алғаш сөйлетушілердің бірі болды. Тоталитарлық жүйемен Еуропацентризм басым болып тұрғанда шығыс әдебиетінің інжу-маржандарының бірі саналатын «Шаһнаманың» желісімен жырланған «Рүстем–Дастан» 1936 жылы-ақ дайын болғанымен

де тек 1961 жылы ғана баспадан жарық көрді. Қолжазба басылып шыққанға дейін көптеген қиындықтарға ұшырады. Б.Жүсіп «Шаһнама» туралы шындық» («Қазақ әдебиеті», 15.12.2004) турасында жазып, осы дастанның соңғы басылымына байланысты оны шығарушылардың атына арнап, бірсыпыра сындар айтты. Этикалық тұрғыдан жеке басқа қатысты айтылған сындарға А.Алматов (Тағы да «Шаһнама» хақында. «Қазақ әдебиеті», 15.12.2004), Б.Қошымноғай («Шаһнама» ақиқатқа араша сұрайды. «Қазақ әдебиеті», 31.12.2004) жауап берген. Бұл айтыс мақалаларда «Шаһнама», оның қазақша нұсқасын жасаған Тұрмағамбет Ізтілеуовтің шығармашылығы хақында жаңа зерттеу деректері, талдау пікірлері жоқ десе де боларлық, есесіне бірін-бірі көре алмаушылық, жеке басқа тиісушілік нышандары бой көрсеткен.

Осы бір дау-дамайға байланысты М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары С.Қорабай «мәселенің мәнісін» түсіндіріпті. Серікқазы институттың қолжазба қорында сақталып келген Тұрмағамбеттің «Шаһнама» дастанының тағдырына тоқтала келіп, «Қолжазбаның халық мұрасы, мемлекет қазынасы ретінде Институт қорына қайтарылуы – Алмасқа үлкен аманат» («Қазақ әдебиеті», 14.01.2005) – деп, осы қолжазбаны алып кеткен А.Алматовқа ауыр жүк артады.

Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы Мәдениет өкілдігінің жетекшісі Хасан Сафархани наурыз мерекесі қарсаңында «Қазақ әдебиеті» газетіне сұхбат беріпті. Әлемдік өркениетке небір әдебиет алыптарын берген елдің мәдениет елшісі «Иран Батыс мәдениетін қабылдамайды... Мемлекеттік идеологиямыз оларды (жастарды, Д.Ы.) өз діні мен салт-дәстүрін сүйеге бағыттайды. Біз өз елімізде Батыс мәдениетін насихаттауға жол бермейміз...

Өнер адамдары – ұлттық идеологияның насихатшысы...

Біз балет өнерін мұсылман халқына жат өнер деп қабылдаймыз. Бұл пікірдің астарында Батыстың мәдениетін насихаттау жатыр деп ойлаймын. Менің түсінуімше, өркениет деген ұғым опера және балет театрының болуымен ғана өлшенбесе керек...

Иран режиссерлері шығармаларында бірінші кезекте ұлттық рухтың болуын назарда ұстайды. Бір нәрсе анық: өзге елді өзінің ұлттық құндылықтарың арқылы ғана таңдандыра аласың» («Қазақ әдебиеті», 23.03.2007) – депті. Бүкіл әлемді жайлап келе жатқан жаһандану үдерісіне қарсы тұрып, еуропацентризмді мойындамайтын ел өкілінің пікірлері өзгешелігімен ерекшеленеді.

Араб жұртында болған Ләйлі мен Мәжнүн арасындағы шынайы махабатты парсы ақындары нақышына келтіре жырлап, әлемдік әдебиеттің інжу-маржандарының біріне айналған дастан өмірге келді. Жырды түрік тілінде қайта жырлаған Низами, Ә.Науайы, Гүл Шахри, Ашиқ Паша, Шахиди сияқты шайырлардың қатарында қазақтан Шәкәрім де бар. Жас ғалым Төрәлі Қыдыр Шәкәрімнің «Ләйлі–Мәжнүн» басқа нұсқалармен салыстыра зерттеп, діни сипаты жайлы қызғылықты пікірлер айта біліпті. «Қайыс ақын қызға ғашық болғандықтан жынды болмаған, қайта Хақты тану жолында бұл дүниенің бар қызығынан бас тартқандықтан Мәжнүн атанған. Сопылардың түсінігіндегі Мәжнүн – ақиқатты іздеп, Хақ жолына түскен адам. Осы жолда жынды болу – әр сопының арманы...

Мұндағы Ләйлі қыз аты емес, ол бұл дүниеде Ләйлә сипатында көрініс тауып, жұрттың бәрін өзіне Мәжнүндей ынтық ететін Алланың бір көрінісі» («Түркістан», 22.07.2004) – деген сияқты өзгешелеу, тың ойлар оқырманға соньлығымен әсер етеді.

Тәуелсіздік алғанға дейін қазақ елінің Түркиямен тікелей байланыстары болмады. Соның салдарынан туыстас халықтардың рухани дамуында қолдан әдейі жасалынған алшақтықтар пайда болды. Еліміз егемендік алғаннан кейін осындай олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған істер қолға алынды. Қазақ-түрік мәдени қарым-қатынастарын нығайтуға бағытталған материалдар баспасөз бетінде жиі көріне бастады. Бұл салада әсіресе белгілі түріктанушы, «Түрік дүниесі алдында сіңірген еңбегі үшін» халықаралық сыйлығының иегері Фадли Әлидің еңбегін алдымен атап өткен жөн. Шын мәніндегі қазақ-түрік достығының жаршысы бола білген ол осы тақырыпта ондаған мақала жазып, түрік тілінен Х.Н.Атсыздың тарихи романдарын және «Иман» кітабын қазақ тіліне тәржімалады.

Фадли Х.Атсыз туралы жазған мақаласының тақырыбын «Түрікшілдік жаршысы» («Қазақ әдебиеті», 20.08.2009) қойыпты. Мұнда Түркияда кітаптары ең көп оқылатын, «Көкбөрілердің өлімі» (1946), «Көкбөрілердің тірілуі» (1949), «Көкжал» (1958), «Рух – адам» (1972) романдарының, «Жолдардың соңы» жыр жинағының, «Түрік мұраты», «Түрік тарихының мәселелері», т.б. ғылыми-публицистикалық кітаптар авторының «түрік әлемінің тарихы тұ-

тастығын, рухани және мәдени бірлігін насихаттауды, жырлауды мұрат тұтқан жазушы» ретіндегі сіңірген еңбегі сөз болады.

«Атсыз өмірде мінезі жұмсақ, кішіпейіл, нәзік жанды, өте сезімтал адам болыпты. Алайда түрікшілдік мұратына байланысты мәселелерде ол қатты табандылық танытқан, ешкімге есесін жібермеген, ымырашылдыққа әсте бармаған. Өз пікірлерін қорғау үшін ол бір әдебиетші айтқандай, «аттыны аттан түсіретіндей» өткір де батыл мақалалар жазған...

Ұлттық ерекшеліктерден алыстау, космополитизм тенденциясы Атсыз бар пәрменімен қарсы күрескен бағыттар болып табылады. Түрік мәдениетін бұзатын (деградация жасайтын) іс-әрекеттің бәріне Атсыз қарсы шыққан...

Атсыз моральдық ұстанымдарымызға да ерекше мән берген. Атсыздың пікірінше, ұлттың негізі – мораль. Моральдың шайқалуы, тарихи сананың зақымдануы төрт тарапы да жаулармен қоршалған түрік нәсілінің қорғаныс қабілетін әлсірететіні анық» (сонда).

Г.Тастемірованың «Әзиз Несин сатирасындағы ұлттық өрнек» («Жалын», 2007, №1) тақырыбындағы мақаласында белгілі түрік жазушысының шеберлік қырларына үңілген. Әзиз Несин соңғы ғасырдағы түрік қаламгерлерінің ішінде алғашқылардың бірі болып қазақ оқырмандарымен қауышқан жазушы болатын.

Қ.Мәмбетов «Түркі әдебиетіндегі әскери тақырыпты» («Қазақ әдебиеті», 24.08.2007) зерттеді. М.Мырзахметұлы түрік халықтарының рухани әлеміндегі өзгерістерді әңгімелеген «Тарих тереңінен болашақ биігіне» («Әдебиет айдыны», 01.03.2007) мақаласын жазды. М.Мырзахметұлы, М.Ақар, И.Жеменей, Д.Қыдырәлінің құрастыруымен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Түрік халықтары әдебиеті тарихының» (2005) хрестоматиясы жарық көрді.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап түркі халықтарының әдебиетіне «Адамзаттың Айтматовы» атанған қырғыз Шыңғыс Айтматовтың шығармашылық әсері айтарлықтай болды. Ш.Айтматовтың әдебиет әлеміне кіруіне М.Әуезовтің тікелей ықпалы болса, кейіннен әлем таныған жазушыға айналған Шыңғыстың қазақ әдебиетімен байланысы да ерекше болды. Соңғы зерттеулер бойынша, Шыңғыс шығармаларының 70 пайызында қазақ тақырыбы орын алған екен. Қазақ қаламгерлерімен аралас-құралас, дос жүрген Ш.Айтматовтың туындылары түгелге жуық қазақ тілінде жарық көріпті. Осындай үлкен тұлғаның шығармашылығы хақында қазақ баспасөзінің бетінде бірсыпыра материалдар жарияланды.

Назарбек Байжігітов Ш.Айтматовпен болған сұхбатын «Әлем шексіздігінің бір баяны – адам рухы» деген жазушының өз сөзімен атапты. Жазушының 80 жылдығы қарсаңында өткен әңгімеде Шыңғыс өзі, шығармашылығы, руханият, қазақ әдебиеті жайлы сыр шерткен. Ол өзі туралы айта келіп, «Өзінің тау арасындағы елі, жері қайда, ол жақта не болып жатыр, саясаты, тұрмысы, халқының келешегі қандай, соны неге жазбайды дегендер болған. Мен болсам, кітабым бүкіл дүниеге тиесілі болсын деген әрекетпен жаздым. Сол үшін космополит атандым. Еш ренжімеймін, мейлі сондай болайын. Ал, мынау кейінгі жазғаным («Таулар құлағанда». Д.Ы.) мені кәналағандарға жауап сияқты; қырғыз халқының бүкіл салт-дәстүрінен, замандастарымыздың тұрмысынан алып жаздым. Жазушылар, біз адам баласының бұл дүниедегі тағдырын, оның орнын, өмірдің мәні неде екенін жазуға міндеттіміз... Адамзат кім? Неге жаралған? Жер бетінде не істеп жүр? Бұл – еш таусылмас мәселелер. Әлем шексіздігінің бір баяны – адам рухы. Қолымнан келгенінше, осыны айтуға әрекет жасап көремін» («Дала мен қала», 25.10.2007) – депті.

Ш.Айтматов адамзат баласы үшін тыныштықтан қымбат нәрсе жоқ. «Тыныштықты, тұрақтылықты сақтау әр адамның жүрегінде бүлкілдеп жанып тұруы керек» дейді. Ол үшін «Бізге қазір елді біріктіріп, алдағы нәрселерді шешетін, оған елді жұмылдыра түсетін идеология керек».

«Маған қазақ елі – өзгеше жақын халық» – деп білетін Ш.Айтматов «Әуезовтің шығармашылығына жасаған аталық қамқорлығы маңдайыма біткен бақыттай», ал М.Шаханов «Бұл уникальней адам, өзгеше жан. Он жыл елші болып тұрды. Қан-жағымыз бірге болды. Оған елші деп емес, өз адамымыз деп қарадық» – деп, ағынан жарылады.

Осы сұхбатында ол «Мен туралы әртүрлі сөздер айтыларынан хабардармын. Айтқандар айта береді. Тап-тақыр, сөз тимес адам жоқ, пайғамбарлар ғана болмаса. Тірі кісі кейде оңға, кейде солға ауытқыңқырап кетуі мүмкін» – депті. Өзі айтқандай, алғашқы шығармаларын қырғыз тілінде жазып, кейінгілерінде орысшаға көшкен жазушы туралы тілін сатқан космополит деген сияқты кейбір сындардың айтылып жатуы да өмір шындығы болатын. Сондай пікір білдірген кейбір мақалалар қазақ баспасөзінің бетінде де көрінді.

Солардың ішінде Бегділла Алдамжаров көзге түсті. Оның «Адамзаттың Айтматовы: аңыздың ақыры» («Жұлдыз», 2003, №5), «Құзға құлар қос мұңлық немесе Ш.Айтматов не деп аңырайды, М.Шаханов не деп шарылдайды?» («Жұлдыз», 2005, №6) сияқты мақалаларында қырғыз жазушысының шығармашылығы хақында қатты сындар айтылды; артық кеткен, кем жатқан, басқаша ұстанымдарымен келген жерлері көп болды.

Есенгүл Кәпқызы Ш.Айтматовтың «Егер Ресей империясы болмағанда, біз іргедегі варвар Ауғанстанның кебін киер едік» – деген пікірін теріс көріп, «қалай дегенмен де Шыңғыс сияқты ел серкесі аузынан «біздің отарда болғанамыз жақсы болыпты» деген сөздің шығуы жақсы емес. Ресей империясының жақсылығын ескеріп, зұлымдығын есепке алмауға болмайды» («Адамзаттың Айтматовы» империяны аңсай ма? «Түркістан», 04.08.2005) – деп, күмәнмен қарады.

«Ш.Айтматовты шын сыйлайтындардың арасында едік. Әлі де солаймыз. Алайда, біз сырттан сыйлап, мәз болып жүргенде ол кісінің, бас алаңымызда төгілген желтоқсан көтерілісшілерінің қаны кеппей жатып, Колбинмен бірге шәй ішіп отырып «Колбинмен біраз сөйлестім, сөйлестім де жете таныдым, бұл басшы туралы тым тәуір пікірдемін. Қазақстанның бағы ашылады-ау» – дегенін қалай түсінуге болар?» – деп жазды «Азамат» газеті өзінің 2005 жылғы №18-санында.

Жазушы М.Мағауин «Адамзаттың Айтматовы» ашуланып жатыр» деген тақырыппен Ш.Айтматовқа барынша шүйілген мақаласын жазды. Ш.Айтматовты «Хрушевтің кезінде санатқа жетті. Брежневтің тұсында атакқа жетті. Горбачевтің заманында тіпті дәуірледі», «Колбин сияқты көсемі бар Қазақстан қандай бақытты! – деді», «Алмағаны жоқ, қанағат етіп, алғыс айтқаны және жоқ», «Адамзаттың Айтматовы! Жер әлемде бұрын-соңды ешбір жазушы, қайраткер алмаған, ақылға сыймас атак», «бір көрімге тәп-тәуір, екінші қайыра оқуға жарамайтын, жүгі жеңіл, орта дәрежедегі шет жұрт жазушысы қазақтың ғажайып прозасы бар ұлы әдебиеттің төбесіне шығарылды», соның салдарынан «зерделі қазақ оқырманы дағдарысқа түсті, талғамын бұзды, өзінің барын бағаламау тұрыпты, үлкен әдебиет туралы ұғымы басқа бір, теріс жадағай кейіпке көшті. Мұның ақыр түбі бүгінгі қазақ әдебиетін кемшін санаған топас надандыққа алып келді», «мейманасы тасып, шектен шығуының ең соңғы бір көрінісі – сайыпқыран Шыңғыс ханға, қазақ тарихына қатысты, қазақ ғалымдары мен қазақ жазушыларының дәреже, деңгейін белгілеген қаралы үкім айтқан...», оның шығармаларында «Тіс арасына ілінетін бірденесі бар ма екен. Кәрікұлақ зейнеткердің өзі алданатын ештеңе жоқ. Уақыты өтіп кеткен өтірік өлен», «Лениннен әулие емес» – деп кіналай келіп, «Пәленбай деген халықтың әлем таныған кереметін Абай мен Мұхаң тұрыпты, Шортанбай мен Мұратқа айырбастамаймын. Айтматовыңыз кім болса да, маған Нұрпейісов қымбат... Марат Қабанбаев пен көпжасағыр Сұлтанәлі Балғабаевтардың өзінің «Адамзаттың Айтматовы!» деңгейінен аттап кеткелі қашан» («Азамат», 8–14.07.2005) – дейді.

Мақала «Жат жұртқа табынумен өткен отарлық тәртіп құрдымға кеткен. Енді отарлықтың кіріптар санадағы ауыр зардаптарынан арылуға керек. Көп қажеттінің бірі – әуелі өзімізді тану (сонда) – деген уәлі сөзбен аяқталған.

Әрине, бұл жерде алыстағы қырғыз айылынан шығып, тек қырғыз емес, күллі түркі әлемінің мақтанышына айналған, шығармалары дүние жүзінің 159 тіліне аударылып, «Адамзаттың Айтматовы» атанған заманының заңғар жазушысының атына, шығармашылығы хақында айтылған сындарға төрелік айту уақыттың еншісінде. Десек те, сыннан жоғары тұрған ешкім жоқ. Оның үстіне демократиялық қоғамда түрліше пікірлердің қатар өмір сүруі – заңдылық; бір мәселе төңірегінде әртүрлі, қарама-қарсы пікірлердің бой көрсетуі – қалыпты жағдай. Түрліше пікірлердің айтылуы оқырманның азаматтық, дүниетанымдық, эстетикалық бағытын айқындай түсіп, ойын оятуға септігін тигізеді – тағы да анық.

Десек те осы жылдарда жазушының шығармашылығын жоғары бағалаған мақалалар қазақ баспасөзі бетінде үзілген жоқ. Ш.Айтматовтың 75, 80 жылдық мерейтойларын қазақтың әдеби жұртшылығы кеңінен атап өтті. Әдеби басылымдар жазушы шығармашылығымен жан-жақты таныстырған мақалалар беріп, беттер арнады.

Ш.Айтматовтың қаламгерлігі хақында кереғар пікірлердің көріне бастауына байланысты Тынымбай Нұрмағамбетов «Соңғы кезде жазушыларымыз баспасөз беттеріндегі өз мақалалары мен интервьюлерінде Айтматовқа тиісе сөйлеуді үрдіс етіп бара жатқандай. Тіпті қайсыбір қаламгер ағаларымыз Айтматовтың Әуезов жайлы айтқан сөздерінен де «ақау» іздей бастаған. Бұл – тіпті ұят әңгіме...

Аңғартып отырғандары «атасы басқа аттан түс!» болса, ол сөз рухани салаға жүре алмайды, ал Айтматов атына айтылуы көргенсіздікпен шамалас іс боларын дәлелдеп жатудың өзі артық шығар. Өйткені, шын талантқа ұлттық шекара әлімсақтан бері болған емес» («Қазақ әдебиеті», 12.12.2003) – депті. Ол бұл пікірін Ш.Айтматовтың 75 жылдық мерейтойына орай жазылған «Адам жанының әндері» атты мақаласында айтты.

Тынымбай Ш.Айтматовтың шығармашылығы хақында суреткерлік сезіммен жылы лебіз білдірген. Алғаш ауылда мектеп оқушысы кезінде «Қазақстан әйелдері» журналында жарияланған «Құс жолы» повесімен қалай кездесіп, оқып шыққанын суреттеумен басталған мақала бірден өз ағынымен алып кетеді. Автор Шыңғыстың шығармаларын талдап жатпайды, ойға түйгендерін ортаға салады.

Ол «Айтматов шығармаларының құдірет-құпиясы не еді?!» – деген сауал қойып, оған өзі «Ол құдірет – құпия шығармалардың өмірдің өзінен ойып алғандай шыншылдығы, кейіпкерлердің жан сырын әуеніндей сырлы сезімдермен кестелеген сөз құдіретінде еді» (сонда) – деп жауап береді. Одан әрі қарай «Ш.Айтматов әлем оқырмандарына кең танымал болуының тағы бір сыры – оның жаңашылдығы екеніне дау болмас. Жазушының әрбір жаңа шығармасында өз халқына немесе адамзат баласына тән проблемалар көтеріліп отырды» – деп жалғастырады.

Т.Нұрмағамбетов Айтматовтың әдеби әлемі хақында «Ш.Айтматов шығармаларының бәрі де – гуманистік рухта жазылған дүниелер. Қай шығармасының кейіпкерінің табиғаты да, олардың аузынан шыққан сөздер де, ой-қиялдары да оқырман санасын мейірім нұрына бөлеп, өзін тәтті қиялдар әлеміне ертетін романтикалық сезімдерге өте бай... Ш.Айтматовқа деген оқырман құштарлығы да, кейінгі толқын қаламгерлердің оған көбірек еліктеулері де, жазушы қаламынан осы романтикалық сезімдердің дәл және мөлдіреген қалпында түсе қалатындығынан болса керек» – деп, толғанады.

Жазушының «Теңіз жағалаған тарғыл төбет» повесі жайлы «Айтматов бұл повесі арқылы бүкіл аз ұлттар тағдырын, олардың мұңын сөз етті деуімізге болады. Өсуі де, өшуі де теңізге байланысты осы халық өкілдерінің сол теңізге күнделікті тіршіліктері – ас-ауқат үшін жасаған бір сапарын суреттей отырып, ұрпақ алдындағы жауапкершілік жайын сөз етеді. Ұрпақ үшін ажалмен айқасу, ұрпақ өнсің, ұрпақ аман қалсын деп өлу... Міне, Айтматов кейіпкерлерінің алдында тұрған таңдау мен парыз» – деген пікір білдіріпті.

Ш.Айтматовтың 80 жылдығына орай Н.Оразалин «Аты көзі тірісінде аңызға айналып, есімі жер дейтін алып планетаға кеңінен жайылған, өз ұлтының болмыс-бітімін айғақтар ұғымның заңғарына көтерілген, орасан оқиғалар мен тарихи катаклизмдерге толы бейдауа мінезді жиырмасыншы ғасыр кіндігін кескен ұлы суреткер, күні кеше ғана Батыс пен Шығыстың арасына алтын көпір салып, арамызда жүрген әулие бітімді, планетарлық сом тұлға – Шыңғыс Айтматов – берісі туған қырғыз жұрты үшін, әрісі тамыры бір, тағдыры ортақ түркі дүниесі мен адамзат өркениеті үшін мың жылда бір туар ғаламдық тұлға» («Қазақ әдебиеті», 25.12.2008) – деп жазды «Айтматов төрі» аталған мақаласында. Авторы ақын болғандықтан да мұнда Ш.Айтматов шығармаларымен таныстыру, болмаса талдау мүлдем жоқ; есесіне ұлы жазушының дарқан дарыны алдындағы жүрекжарды толғаныстарға толы. Нұрлан Ш.Айтматов бізге несімен қымбат деген сауал төңірегінде ақындық сезіммен сыр шерткен.

Нұрлан «Суреткер әлемі – арқауы берік, ұлттық таным мен ғаламдық танымның бірігіп, кірігіп кеткен ғажайып үйлесімінен жаралған сарқылмас ой мен түгесілмес сырдың мәңгілік мекені іспетті...

Жазушының қоғам өмірінің күңгей-көлеңкесін соншама шыншыл, соншама сыршыл сезіммен тебірене толғап, кезең кескіні мен келбетін өзіне дейінгілерден, өз тұрғыластарынан мүлдем өзгеше суреттеуі, философиялық-психологиялық астары қалың өмір иірімдеріне батыл баруы, көркемдік барлаудың қилы-қилы жаңа тәсілдерін қаймықпай ұсынуы Айтматовтың баяндау үлгісі мен Айтматовтық дүниетаным мектебін берік қалыптастырды...

Қатігез өмірдің құйтырқы мінезіне, арсыз әрекетіне күйіне қарап, дүниеге асқан сабырмен, тегеурінді төзіммен, дінгегі берік философиялық тоқтаммен қарайтын көшпелі өркениеттің көнбіс мінезді көзіндей болған, берекесіз дәуірге бейімделе алмай, шарасыз ғұмыр кешіп, өмір-тағдырлары өксікпен өткен қайыспас, қайсар жандардың қайталанбас бейнелері әлем әдебиетіне олжа болып қосылды» (сонда) – деп, толғанады. Бұл жолдарды оқып отырғанда, қарасөзбен жазылған жыр оқып отырғандай, басқаша айтқанда, Нұрлан Айтматов туралы жырлап жатқандай сезім-күйде боласыз.

Ш.Айтматовтың 80 жылдығына орай «Әдебиет айдыны» (30.10.2008) газеті айқара бет берді. Онда Қ.Мұхамметжановтың, Н.Оразалиннің, Ш.Мұртазаның, Д.Қырықбаеваның, С.Раевтың (Қырғызстан) әр жылдарда жазушы жайында айтқан пікірлерінен топтама берген. Осындағы Ә.Кекілбаевтың «Қалғандарын қайдам, әйтеуір Айтматовтың жөні бөлек. Ол әу бастан-ақ ел көріп жатқанды көргенмен, ел айтпай жатқанды айтуды арнайы мақсат еткендей. Бұл жағынан келгенде, ол – бір кезде отқа өртелетін Галилей мен Брунодай тоғышарлық шарифағының шаңырағын ортаға түсіретін дін бұзар, еретик» – деген пікірі де Айтматов феноменінің ерекше болмысын барынша сипаттап тұр.

Жас сыншы Амангелді Кеңшіліктің сыншылық қарымын танытқан ойлы мақалалары оқырман назарын өзіне аударды. Нарық заманында сыннан опа көре алмай, көбі кетіп қалғанда, сынның сорабынан шықпай, адалдық көрсеткен бірден-бір сыншы осы Амангелді болатын. Оның мақалалары талдау тереңдігімен, ой өміршеңдігімен ерекшеленді. «Гогольдің өлімі» («Қазақ», 3–10.11.2006) – сыншының қалам сілтесін, ой өрісін байқатар, оқырманын ойға жетелер озық дүние.

Қазақ сыншысы XIX ғасырдағы орыс әдебиеті классиктерінің бірі Н.В.Гогольге жайдан-жай бара салмаған. Бүгінгі қазақ, орыс қоғамында болып жатқан оқиғалар туралы ойлар авторды Гогольге қарай жетелеген. Амангелдіні қазіргі қоғамдағы азғындық құбылыстар ойлатады. Ал азғыратын кім? Азғыратын – сайтан. Орыс жазушылары ішінде осы сайтан тақырыбына алғаш барған Н.В.Гоголь екен.

Ал сайтан кім? «Сайтан деп, шошып жүргеніміз, күнде қасымызда жүрген адамзат баласының бәрі секілді, тіпті өзімізден аумайтын пенде болып шықты... Санасын сайтан жаулап алған қоғамда бұл азаптан құтылудың екі-ақ жолы бартын. Сайтанның айтқанына көнесің, немесе оның құрығынан құтылу үшін өзінді өлімге қиясың» – дейді автор.

Автордың пайымдауынша, сайтандар жер бетінде қаптап жүр. «Сайтан деп жүргеніміз, күнде қасымызда жүрген адамзат баласының бәрі секілді, тіпті өзімізден аумайтын пенде болып шықты... Адамдардың бәрімен тіл табысып алған мұндай ауыр жағдайда сайтанның берік қамалын бұзу мүмкін емес еді... Ең қорқыныштысы, сайтанның азғыруымен істелінетін зұлымдықтардың бәрі де біз ойлап жүрген үлкен дүниелерде емес, өзіміз күнде жасап жүрген, көзге көрінбейтін кішкентай ғана пендешілікте жатады екен. Кішкентай пендешілігің үшін билікке сатылу, лауазымы жоғары шенеуніктерге жағыну, ар-ұятты ұмыту, өтірік айту сияқты сайтан белгілеп берген шеңбердегі заңдылықтардың бәрі де – «адами» тіршіліктегі өмір сүрудің қалыпты жағдайына айналыпты. Бойы да, ойы да қортық сайтан жер бетінде жүрген пенделердің кішкентай жүрегіне ұялап, өз орнын тауып үлгеріпті. Сайтанның көмегінің арқасында кішкентай пенделер биіктегі үлкен орындарға нық сеніммен жайғасыпты. Сайтан қолдаған соң, санасында сәулесі жоқ, кішкентай пенделер үшін үлкен өнерге даңғыл жол ашылыпты» (сонда).

А.Кеңшілік орыс қоғамындағы сайтани құбылыстарға қарсы бүкіл шығармашылығымен аяусыз күрес ашқан Н.В.Гогольдің туындыларына әлеуметтік талдаулар жасай отырып, оның күні бүгінге дейін маңызын жоймағандығына назар аударады. Сайтанның араласуымен тобырлық деңгейге түсіп кеткен орыс қоғамын әшкерелеген Гогольді сайтани қоғам түтіп жеді, жынды қылып, ажалынан бұрын көмді.

Сыншы орыс жазушысының туындыларын талдағанда, олардың әлеуметтік астарларына үңіледі, бүгінгі қоғам үшін де қажетті философиялық ойлар түйеді. «Сайтанның мың құбыла алатындығы әсіресе Гогольдің «Ревизорында» бояуы қанық, айшығы анық етіп суреттеледі. Хлестаковтың өтірік айту шеберлігінің қасында тіпті, кейбір шын сайтандарының өзі жіп есе алмайды. Билікке жағыну үшін өтірік айтудың дертіне шалдыққан қоғамды жөнге салу Құдайдың иелігінен де кетіп қалыпты. Ең сорақысы қоғам өзінің айтып отырған өтірігіне жан-тәнімен шын сене бастапты. Хлестаковтың өтірікті соншама шебер ойластыра білетіндігі сізді еш таң қалдырмайды. Себебі бүкіл қоғам осы өтіріктің арқасында күнін көріп отыр. Өтірік таным. Өтірік мораль. Өтірік өмір. Өтірік саясат».

Амангелдінің орыс жазушысының шығармашылығы хақында айтқан «Сайтан салтанат құрған қоғамда саналы ойдың өмір сүруінің мүмкін еместігін түсінесіз», «Осы уақытқа шейін орыс қоғамының Құдай деп танып жүргені сайтанның сандырағы екен», «Гоголь барлық кінәраттың тірі өлікке айналған халықтың өзінде екендігін көрді», «Адам Құдайды шын жүрегімен сүймейінше зұлымдық мәңгі жалғаса береді», «Құдайға құр босқа өтірік табынғаннан гөрі, оны шын жүректен сүю мың есе маңызды», «Әдебиет дегеніміз – адам жанының қасиетті

шіркеуі, оған кім көрінгенді кіргізе берсе, ат қораға айналады», «...өмір дегеніміздің адам мен сайтанның арпалысы екендігіне көзім жете түскендей болады», «Адамды жаратқан Құдайда ешқандай жазық жоқ. Бар бәле, Құдай салып берген сара жолды танығысы келмегендіктен, пендешілікке салынып, оның өсиетін бұрмалап, басқаша түсіндіріп жүрген, санасын сайтан билеген тобырдың арасынан шыққан надандарын хан көтеріп, жұртқа шын жүрегімен жаны ашитын ақындарын тозаққа салып қоятын, тірі өлікке айналған халықтың өзінде», «Шын мәнісінде Гоголь қаны бұзылып кеткен өз заманының бір түйір таза тамшысы болатын», «Менің ойымша, өз халқының келешегі үшін шын жаны ашитын жазушы оны өтірік мақтап емес, Гоголь сияқты ашына сүю керек, ашына. Халықтың жақсы жағын айту қайда қашар дейсің, оның толмай, кемшін түсіп жатқан жеріне көбірек назар аудару керек», «Халықты шын сүю дегеніміз – оның құлы болу емес, сол құлдықтан құтқаруға талпыну. Қара тобырдың арасынан белсеніп шығатын бір-екі сүмелектен қорқып, үндемей қалу – азаматтығыңа, ар-ұятыңа ғана сын емес, халыққа жасаған сатқындығың. Халықтың арқасынан өтірік қағып қойып, оны сауын сиырдай сауу – опасыздықтың ең биік шыңы», «Отанға жасалатын сатқындықтың үлкені, немесе кішкентайы болмайды. Сатқындықтың бір-ақ аты бар. Ол – азғындық», «Адамды мына дүниеге байлап тұрған бір-ақ нәрсе бар. Ол – Құдайға деген сенім. Сол сенім жоғалған күні адам хайуан кебін киеді», «рухсыз жандарды еркіндікте ұстайтын сайтан рухы мықтыларды қанша ышқынса да рақым ойлап, жібермейді. Рухсыздар қайырған малдай сайтанға өздері қайтып оралады», «Алланың назары түскен адамның бойына ғана өнер дариды», «Өркениет – Құдайдың алтын сарайы», «Құдайдың қазынасының бағасын білмейтін халық Ұлы Жаратушының жолынан адасып, бақытсыздыққа ұшырайды», «Мейірімі мол Алла-Тағала бір тілегімді орындаса, мына қатігез әлемде не істерін білмей жалғызсыраған, өзімнің кішкентай ұлтымның келешегі үшін Ресей секілді айдаһар елдің санасын, қайтадан сайтан тұмандандырмауын сұрар едім» – деген сияқты түбі терең, айтары айқын пікірлерінің әрбір саналы оқырманды әдебиет, қоғам жайында өрісті ойларға жетелері анық.

Жалпы А.Кеңшілікұлының «Гогольдің өлімі» эссесі әдеби сынның рухани өмірімізде атқарар қызметін, келелі ойлар айтарлық мол мүмкіндіктерін барынша таныта алған, тек орыс жазушысының шығармашылығы хақында ғана емес, жалпы әдебиет, өнер, қоғам, сол қоғамдағы әдебиеттің орны, әлеуметтік әділеттілік, бүгінгі өмір жайлы терең толғаныстарға, ойларға толы көркем-публицистикалық трактат іспеттес. «Гогольдің өлімі» Кеңшіліктің ғана емес, соңғы жылдардағы қазақ әдеби сынының алымды аяқ алысын аңғартар озық үлгілердің қатарында көрінеді.

Жазушы Таласбек Әсемқұлов «Алтын Орда» (10–16.11.2006) газетіне берген сұхбатында орыстың ұлы ақыны деп жүрген А.С.Пушкин хақында өзгешелеу пікір айтыпты: «Пушкиннің поэзиясы сол өз заманында-ақ ескіріп қалған... Орыстың надан қауымының ортасында азантай талантымен, азантай білімімен жарқырап отырған Пушкинге ұнаған сияқты. «Пушкиннің пейзажы» деген – тұтастай миф. Пушкиннің өлеңдерінде пейзаж жоқ. Әншейін ландшафттық түрлі суреттері бар. Пушкин өлеңіндегі «пейзаж» жылдың төрт маусымын қарабайыр тілмен баяндап берген, аяғы ұйқасатын қарапайым суреттер ғана.

Пушкинді гений қылған – зерттеушілер. Орыс империясына ұлттық гений керек болды... Міне, осылайша, орташа ғана ақын «әлемде теңдесі жоқ ақынға айналды... Мәдениеті төмен, дамымаған халық қана Пушкиннің аталмыш шығармаларын шедевр деп бағалар еді» – деп жазады Таласбек. Талғамға таласуға болмайтындығы көрініп тұр.

Әрбір ұлттық әдебиет әлемдік әдебиеттің құрамдас бір бөлігі болса, әлемдік әдебиеттің өзі сол ұлттық әдебиеттердің озық үлгілерінен тұрады. Ұлттық дегеніміздің өзі – жалпы адамзаттықтың бір сипаты. Бұл жағынан келгенде әдебиеттің ұлттығы дегеніміз – жалпы адамзаттың ұғымына қайшы емес, керісінше, соны толықтыра түсетін бір қыры ғана. Шын мәнінде, ұлттық әдебиеттің озық үлгілері әлемдік әдебиетті жаңаша қырларымен, сырларымен байыта түседі. Сонда ұлттық әдебиет пен әлемдік әдебиеттің арасын алтын көпірдей жалғастырып тұрған не десек, бұл екеуіне де ортақ жалпы адамзаттың сипаты бар дер едік. Міне, осындай жалпы адамзаттық сипатта жазылған озық туындылар жыл сайын әдебиет саласындағы Халықаралық Нобель сыйлығымен марапатталып отырады.

А.Нұрғазыұлының «Нобель әдебиет сыйлығында» («Әдебиет айдыны», 08.03.2006) осы сыйлықтың берілу тарихы, оны алған қаламгерлердің қысқаша суреткерлік сипаты егжей-тегжейлі әңгімеленген. «Өткен бір ғасырда Нобель әдебиет сыйлығы А.Нобельдің өсиетіне

сай, өзін адамгершілікті, бауырмалдықты, әділеттілікті, бостандық сүйгіш рухты дәріптейтін күллі адамзаттық асыл құндылықтардың символы етіп тұлғалап шықты. Ал бұл рух әдебиет атаулының бәрінде болуға тиісті ортақ құндылық» (сонда).

11. ҚОРЫТЫНДЫ ОРНЫНА

Заманның өзгеруімен байланысты жаңа дәуір көркем әдебиетке де жаңа талаптар қойды. Бұрынғы социалистік реализм әдебиетінің негізгі қағидаларының өзгеруі әдебиеттің әдіснамалық негізіне соны жаңалықтар әкеліп, оны қазақ әдебиетінің ұлттық дәстүрлеріне әсер етіп жатқан әлемдік әдебиетте жүріп жатқан шығармашылық үрдістер аясында зерделеу жұмыстарын күн тәртібіне шығарды. Қазақ әдебиетін теориялық тұрғыдан жаңаша пайымдауға ұмтылған бірсыпыра материалдар шықты.

Сыншы Ә.Бөпежанованың пайымдауынша, «бүгінгі таңда негізінен постмодернизм мәдениеті» өріс алып келеді. «Қазақ әдебиеті үшін классикалық кезең аяқталған жоқ, мүмкін, аяқталмауы да – дәстүрлі танымда жазатын жазушы және оны қызыға оқытын оқырман барда бұл әдебиет күн кеше береді. Дей тұрғанда әлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі қазақ өнерінде постмодернизм туралы толымды әңгіме қозғау ертерек шығар, ал модернистік кезең әлдеқашан басталған». Әлия постмодернизмге «біздің шындық деп жүргеніміздің бәрі іс жүзінде шындық туралы түсінік танымымыз ғана, оның өзінде де таным иесінің таңдаған көзқарасына тәуелді және ол көзқарас өзгергенде, әлгі түсінік-танымның өзін түбегейлі өзгертетін таным. Сондықтан да әдебиет, мысалы, өмірдің көркем бейнесі емес, өмірді әрқилы тану арқылы екінші, «жасанды» шындықтар жасаудың жолы» («Алтын Орда», 17–23.01.2003) деген анықтама берген.

«Қазақ әдебиеті» газеті әдеби өмірде жүріп жатқан өзгерістер жайлы сауалнама ұйымдастырып, әдебиетшілерге үш сұрақ тастады:

«1. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму бағыты Сізді қанағаттандыра ма?

2. Постмодернизм. Бұл терминнің түсіндірмесін беріңіз. Және осы ұғыммен біздің әдебиетімізді байланыстыруға бола ма?

3. Бір халықтың әдебиеті әлемдік классика деңгейінен көрінуі үшін қандай алғышарттар керек?» («Қазақ әдебиеті», 09.05.2003).

Біріншісіне ақын Аманхан Әлім «қанағаттандырады» десе, сыншы Әлия Бөпежанова «бүгінгі қоғам әдебиетшілігінен ажырады», сонда да болса, бұл «соншалықты күйінішті жағдай емес» – депті.

Постмодернизм жайлы Аманхан «белгілі бір уақытқа иек артып, дәстүрлі тек-тұрақ тауып, топыраққа негізделмеген тенденция. Оның уақытша модада жүретіні де сондықтан... Өнер өткенінің дәстүрі мен этикасын жоққа шығарып, әдебиет пен мәдениеттегі, жалпы өнердегі эксперимент пен стиль шарттылығын насихаттайтын, нақтылықтан қол үзген модернизм, постмодернизмді таланты, бойындағы интеллектуалды шығармашылық қуаты сарқылғандар ғана құрайды... Ал қансіңді емес, менталитетінде, туа бітті табиғатында жоқ нәрсені қалай қабылдайсың. Соған қарамай, олар дәстүрмен жағаласып, оның аяғынан шалып өмір сүреді» (сонда) – деп, онша қабылдай бермейтінін байқатқан.

Ал Ә.Бөпежанова «Постмодернизм туралы анықтама әргүрлі. Бір сөзбен түйгенде, ол – жаңа заман философиясы, өмір салты: постиндустриалды әлемнің ахуалы... Постмодернизм несімен тартымды? Әдебиеттегі авторитарлық позицияларды «шайқауымен», мәтінге фетис жасауымен және көп нұсқалығымен. Постмодернизм – таным бойынша, біздің көркемдік шындық туралы түсінік-танымымыз ғана. Мәтіннен мәтін іздеу – қызық. Ал оның деңгейі оқырманның өлшемі мен танымына байланысты. Қазіргі қазақ әдебиетінде нағыз постмодернистік текст жоқ. Мүмкін, мүлде келмеуі. Мүмкін, бірер жылда бір қызғылықты роман шығар. Күтелік» (сонда) – депті. Автордың негізгі ойы – өмірдің өзі көрсетеді.

Б.Майтановтың «Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар» («Қазақ әдебиеті», 29.10.2004) және «Алғашқы қазақ романдарындағы модернистік назар» («Қазақ әдебиеті», 25.12.2008) мақалаларында бұл ағымның қазақ әдебиетіндегі көрінісі хақында мәселе қозғалды. Оның ойынша, постмодернизм қазақ әдебиетіне де жат емес. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі М.Әуезовтің, Ж.Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың, С.Сейфуллиннің, С.Ерұбаевтың, Р.Тоқтаровтың, С.Мұратбековтың, М.Мағауиннің, Ә.Кекілбаевтың, Т.Әбдікөктің, Ә.Таразидың, Қ.Ысқақовтың, А.Нұрмановтың,

Д.Досжановтың, т.б. жазушылардың шығармашылықтарынан постмодернизмнің іздерін көреді. Қазіргі әдебиетте бұл бағытқа Д.Амантайдың «Тоты құс түсті көбелек» және «Шайтан мен шайыр» романдары мейлінше жақын деген пікір айтады.

Жазушы Таласбек Әсемқұловтың «Қазіргі қазақ прозасының жаңа көкжиегі» («Қазақ әдебиеті», 01.07.2005) атты мақаласында да осыған қатысты пікірлер баршылық. Ол Амантайдың «Мен сізді сағынып жүрмін» деген повестін талдай келіп, «Дидарда сюжет қана емес, тұтастай форма емес, сөздің, сөйлемнің ішкі құрылымы бұзылған» (сонда) – деп жазады. Мұның Батыстық постмодернизмге еліктеудің салдарынан туған кемшілік екенін ескертеді.

Дәстүрлік үлгіде жазылған А.Кемелбаеваның «Қоңыр қаз» атты әңгімесінің жетістіктері мен кемшіліктерін саралай отырып, «Айгүл Кемелбаеваның жазу стиліндегі ерекшелік қазіргі қазақ прозасындағы соны стильдік ізденістерді танытары сөзсіз» – деген пікір білдіреді.

Б.Майтановтың «Романның баяндау жүйесіндегі автор» (2003), «Көркем әдебиеттегі психологизм» (2004), «Монолог құрылымы» (2006), «Абай: портрет поэтикасы» (2006), К.Ахметовтің «Әдебиеттануға кіріспе» (2004), Л.В.Сафронованың «Постмодернистская литература и современное литературоведение Казахстана» (2006), «Автор и герой в постмодернистской прозе» (2006), Ф.Райыстың «Сөз өнерінің теориясы» (2010), Қ.Жанұзақованың «Романтизм» (2007), «Қазіргі қазақ прозасындағы романтизм» (2008), «Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі» (2010), А.Үсенованың «Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері» (2010), А.Ищанованың «Типология литературной игры. От барокко до постмодернизма» (2005), Г.Шарипованың «Интертекстуальное пространство литературы» (2007), К.Уразаеваның «Ранняя проза М.О.Ауэзова: фольклорные традиции и национальное своеобразие» (2000), «Ю.Н.Тынянов и М.О.Ауэзов: рецензии русской литературы национального своеобразия» (2008), Б.Жетпісбаеваның «Образные миры Магжана Жумабаева» (2008), «Древнетюркская литература» (2001, 2007), Г.Пірәлиеваның «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» (2003), А.Исмақованың «Возвращение пляды» (2002), «Асыл сөздің теориясы» (2009), Х.Садықовтың «Теория литературы» (2002), «Әдебиеттану» (терминдер сөздігі, 2006), С. Алтыбаеваның «Казахская проза периода независимости: традиция, новаторство, перспективы» (2009), А. Тенбаеваның «Композиция стихотворного текста: методология, монтаж, генезис (на материале литературы Казахстана 1980–2000 годов)» (2010), К.Әбдіқалықтың «Текстология» (2009), «Дала уалаятының газетіндегі» қазақ әдебиеті мәселелері» (2010), т.б. еңбектерде әдебиеттің теориялық мәселелері әлемдік әдебиетте болып жатқан өзгерістермен ұштастырыла зерттелді. «Аруна» баспасынан шыққан «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясы қалың оқырманға арналып жазылғандықтан да танымдық сипаты басым.

Тәуелсіздік тұсында әдебиеттің сын-зерттеу саласында жүргізілген ізденістердің барысында бірнеше іргелі еңбектер өмірге келді. Бұл ретте әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ғалымдарының күшімен шыққан екі томдық «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихын» алдымен атаған жөн. Жалпы редакциясын филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Халықаралық жоғары мектептер ғылым академиясының құрметті академигі, профессор Т.Кәкішұлы басқарған іргелі еңбектің бірінші кітабы қазақ әдебиетінің көне кездерден бастап, XX ғасырға дейінгі кезеңіне арналған. Бірінші кітаптың іштей құрылымынан-ақ оның бұрынғылардан өзіндік ерекшеліктері байқалады.

«Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихының» бірінші кітабы «Ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті», «Ежелгі түрік әдебиеті» (VI–XV ғғ.), «Қазақтың төл әдебиеті» (XV–XVIII ғғ.), «XIX ғасыр әдебиеті» атанған төрт бөлімнен тұрады. Осы еңбектің басты жаңалығы бірінші бөлімнен көрінеді. Мұндағы «Аталар жырының айғағы» (Мұхтархан Оразбай), «Тарих тұнығы теренде» (Зейнолла Сәнік), «Көне әдебиет көгіндегі көк бөрі» (А.Қайбарұлы), «Авеста» әлемі» (Т.Еңсегенов) аталған бірінші бөлімдегі тараулар көтерілген мәселелерінің сонылығымен, тарихи деректерінің тындығымен, қазақ әдебиетінің тарихын терендете түсуімен ерекшеленеді.

Тарихтағы «Ежелгі әдебиетті» А.Қыраубаева, «Қазақтың төл әдебиетін» (XV–XVIII ғғ.) Қаннипаш Мәдібаева мен Шоқан Шортанбай, «XIX ғасыр әдебиеті», «Зар заман әдебиеті», «Айтыс», «Махамбет» тарауларын Қ.Мәдібай, «Ыбырай Алтынсарин», «Сүйінбай Аронұлын» Х.Сүйіншәлиев, «Сал-серілер поэзиясы», «Шешендік өнерді» Ш.Шортанбай жазған.

Ежелгі түркі әдебиеті, XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті жайлы бөлімдерде оның көрнекті өкілдері жеке-жеке тараушаларда арнайы әңгімеленген. Сонымен бірге сол дәуір әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерімен жалпы таныстыратын «Түрік ескерткіштері», «Түрік қағанаты дәуіріндегі әдебиет», «Ислам дәуіріндегі әдебиет», «Қарахан

әдебиеті», «Сыр бойы әдебиеті», «Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет», «Жыраулар поэзиясының зерттелу жайы», «Жыраудың әлеуметтік тұлғасы, жырау поэзиясының басты сарындары, көркемдік ерекшеліктері», «Жыраулар поэзиясының көркемдік негіздері, дәстүрлі арналары», «Ұлт-азаттық күрес жырлары», «Тарихи өлеңдер», «Зар заман әдебиеті», «Қоқан хандығы және әдебиет», «Айтыс», «Сал-серілер поэзиясы», «Шешендік өнер табиғаты», «Қазақ арасына тараған шығыс қисса-дастандары», «Жаңа жазба әдебиет» тараушаларының ғылыми сипаты айқын.

Кітаптың негізгі тараулары жаңадан жазылғанымен де осы саладағы бұрынғы жетістіктер де пайдаланылған. Мысалы, М.Әуезовтің «Тарихи өлеңдері» осыдан орын алған. Авторлар тобының негізін университет ғалымдары құрғанымен де еңбекті жазысуға осы саланың белді мамандарының қатыстырылуы да еңбектің маңызын арттырып тұр. Мысалы, «Шоқан Уәлихановты» Ш.Сәтбаева, «Абай Құнанбаевты» Т.Жұртбай, «Шәкәрім Құдайбердіұлы» Б.Әбдіғазиев, «Сұлтанмахмұт Торайғыровты» А.Еспенбетов жазған.

«Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихының» екінші кітабы ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетіне арналған. Кітапты жазысуға Ж.Дәдебаев («Жамбыл»), Т.Кәкішев («Кеңес заманы – қазақ әдебиеті дамуындағы бір кезең»), Р.Тұрысбек («І.Жансүгіров», «С.Мұқанов», «Қазақ әдебиеті – әлем халықтары тілінде»), З.Сейітжанұлы («Шетелдегі қазақ әдебиеті»), Д.Ысқақұлы («Ж.Аймауытов», «Ғ.Мүсірепов»), Б.Әбдіғазиев («Ш.Құдайбердиев»), А.Еспембетов («С.Торайғыров»), Ө.Әбдиманұлы («Алаштың азатшыл әдебиеті») сияқты белгілі ғалымдар қатысқан.

Кітап негізгі екі бөлімнен тұрады: «ХХ ғасыр басындағы әдебиет» және «Кеңес дәуіріндегі әдебиет». Бірінші бөлімде «Алаштың азатшыл әдебиеті», «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ізденістер» тарауларымен бірге А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтың, Ш.Құдайбердіұлының, С.Торайғыровтың, Ж.Аймауытовтың шығармашылықтары арнайы әңгімеленген.

«Кеңес дәуіріндегі әдебиет» «Кеңес заманы – қазақ әдебиетінің дамуындағы бір кезең» (Т.Кәкішев) аталған сол кез әдебиетінің жалпы сипатын, өзіндік ерекшеліктерін шолған тараумен ашылған. Осында кеңестік әдебиеттің аса көрнекті өкілдері С.Сейфуллиннің, І.Жансүгірұлының, Б.Майлиннің, Ж.Жабаевтың, М.Әуезовтің, С.Мұқанұлының, Ғ.Мүсіреповтың өнерпаздық қырларына арналған шығармашылық портреттер орын алған. Бұларда бұрыннан белгілі қалам қайраткерлерінің туындыларын жаңа дәуірдің көзімен бағалаушылық бар.

Екінші бөлімнің екінші тарауын «Шетелдегі қазақ әдебиеті» мен «Қазақ әдебиеті – әлем халықтары тілінде» құрауы да – жаңалық. Қазақ әдебиетінің тарихына арналған еңбектерде күні бүгінге дейін шетелдегі қазақ әдебиеті сөз бола бермейтін болса, осы еңбекте алғаш рет осы мәселе өзіне лайықты орнын алды. Басқасын былай қойғанда, қазақтар біршама шоғырланған Қытайдағы, Моңғолиядағы қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылықтарымен қалың оқырманның танысуына мүмкіндік туды.

Жоғары оқу орындарына оқу құралы ретінде жазылған екі томдық «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» (2001, 2002) қазақ әдебиетінің тарихын жаңаша жүйелеген, оның даму белестерін көне кезендерден бастап, бүгінгі күнге дейін алып келіп, қазақтың рухани тарихында өшпестей із қалдырған көрнекті өкілдерінің әдеби мұрасын дәуір биігінен саралаған ғылыми сипаты басым елеулі еңбек болды.

Екі томдық «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008, 2009) атты еңбек ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу, даму жолдарын ғылыми тұрғыдан бір ізге салып, оның әдебиеттің теориясы, тарихы, сыны саласындағы ізденістері мен жеткен жетістіктерін ғылыми тұрғыдан саралаған, бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық деңгейінің биіктей түскенін байқатты.

«Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихының» бірінші кітабы төрт тараудан тұрады. «Ежелгі дәуірдегі таным арналарында» VI–XIV ғасырларда түркі халықтарының арасынан шыққан ғұламалардың еңбектерінде осы кездерде жарық көрген әдеби жәдігерліктерде сөз өнеріне қатысты айтылған айшықты ойларға назар аударылса, «Қазақ әдебиеттану ғылымының бастауы» аталған тарауда ағартушы-демократтар Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбайұлының әдеби-эстетикалық ой-пікірлері сөз болған.

Авторлар профессионалды қазақ әдебиеттану ғылымы 1900–1932 жылдары Ә.Бөкейханның, А.Байтұрсынұлының, С.Сейфуллиннің осы саладағы ізденістері арқылы қалыптасты деп санайтындығын арнайы тарауда баяндаған.

Төртінші тарау «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеттануының дамуы» аталып, мұнда 1932 мен 1956 жылдардың арасы қамтылған. М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, Ә.Марғұлан, Т.Нұртазин сияқты ғалымдарға арналған шығармашылық портреттер осында берілген.

«Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында» кеңестік кезеңнің 1957–1991 жылдарына жеке тарау арналған. Мұнда осы кезеңнің әдебиеттануы жалпы сипатталған шолумен бірге М.Базарбаевтың, Ш.Сәтбаеваның, З.Ахметовтің, З.Қабдоловтың, Т.Кәкішевтің, Р.Бердібайдың, Ш.Елеукуеновтің, Н.Келімбетовтің, М.Жолдасбековтің, Р.Нұрғалидың, С.Қасқабасовтың сын-зерттеу еңбектері жеке-жеке қарастырылады.

Әдебиеттану ғылымының бірінші томын дайындауға Ж.Смағұлов, А.Ісмақова, Г.Пірәлиева, Г.Елеукуенова, А.Ойсылбай, Д.Ысқақұлы, С.Қирабаев, Т.Кәкішұлы, Б.Майтанов, С.Сәкенов, Г.Орда, С.Қорабай, С.Қасқабасов, Ж.Дәдебаев, Б.Ыбырайым, А.Зекенова, Д.Жақанова, Ә.Нарымбетов, Р.Әлмұханова, С.Дәуітов, С.Негимов, Қ.Мұқатаева сияқты ғалымдар қатысқан.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ әдебиеттану ғылымының жай-күйі – екінші томның негізгі нысаны. Кітаптың негізгі авторлары: А.Ісмақова, Г.Пірәлиева, Г.Елеукуенов, Ұ.Еркінбаев. Сондай-ақ томды жазысуға Д.Жақан, А.Далабаева, А.Ойсылбай қатысқан.

А.Ісмақова жазған «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетті танытудың теориялық мәселелері» атты негізгі тарау осы еңбектің негізгі салмағын көтеріп тұр. Мұнда тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеттануының жай-күйі «Ежелгі әдебиет үлгілерінің зерттелуі», «Тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану», «Қазіргі кезеңдегі әдебиет тарихы мен әдебиеттанудың теориялық мәселелері», «Қазақ әдебиеттануының зерттелуі», «Әдеби байланыстардың теориялық негізі», «Бүгінгі постмодернистік зерттеулер» түрінде жүйеленіп, зерделенеді. Сондай-ақ осы тараудағы Ұ.Еркінбайдың «Әдебиеттануықшыстың» қазіргі әдебиеттанудағы орны. Теориялық аспект», «Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы герменевтикалық, структуралистік және семиотикалық зерттеу тәсілдерінде» де бүгінгі әдебиеттану ғылымының аса маңызды теориялық, әдіснамалық мәселелері қозғалған.

Қазақ әдебиетінің тарихын бір кездерде Бұқар жыраудан, одан кейініректе Орхон-Енисей жазбаларынан бастап келсек, кейінгі кездердегі зерттеулер оны одан да арғы ғасырларға тереңдете түсті. Г.Пірәлиева тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің тарихы бойынша жүргізілген ғылыми ізденістерді шолған («Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ әдебиеті тарихын жазу»).
Қазақ әдебиеттану ғылымының түрлі мәселелеріне арналып өткізілген ондаған конференциялардың да қазақ әдебиеттану ғылымының іргесінің беки түсуіне септігін тигізери анық. Кітапта солардың ішінен Абайға, Әуезовке, Нұрпейісовке арналып өткізілген конференциялардың материалдары жарияланған «Абай әлемі» (2004), «Әуезов әлемі» (2004), «Нұрпейісов әлемі» (2006) жинақтарына енген баяндамаларға талдаулар жасалынған.

Үшінші тарау «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби сынға» арналыпты. Мұнда осы кездерде жарық көрген қыруар сын-зерттеу материалдарының барлығын қамтып шолудың өзі осы тарауды жазған Г.Елеукуеноваға оңайға түспегені байқалады.

Әр томның соңында орыс, ағылшын тілдерінде түйіннің берілуі «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихының» ғылыми сипатын арттырып, өрісін кеңейте түскен.

Қазақ әдебиетінің өткен замандарда жасалынған рухани құндылықтарын игеруде мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. «Мәдени мұраның» 2004–2006 жылдарға арналған бірінші кезеңі, 2007–2009 жылдарға арналған екінші кезеңі жүзеге асып, күткендей нәтиже берді. «Мәдени мұра» ұлттық жобасының 2009–2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы бойынша да игілікті істерді жүзеге асыру көзделген.

«Мәдени мұра» жобасының ауқымы өте кең. Қазақ руханиятының барлық саласын қамтитын бағдарлама бойынша отыздан астам сериямен еңбектер жарық көрді. Оның ішінде қазақ әдебиетіне қатысты «Бабалар сөзі», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Әлем әдебиеті кітапханасы» серияларымен шығып жатқан еңбектер рухани өмірдегі елеулі оқиға дерлік. «Қазақ тіл білімінің антологиясы» шығып, оған қазақ тілін зерттеген 45 ғалымның еңбегі еніп, 45 том болып шыққаны қазақ филологиясындағы айтулы оқиғалардың бірі болғанын да айта кеткен жөн.

Бір ғана көркем әдебиет саласында «Қазіргі қазақ прозасы», «Қазіргі қазақ поэзиясы», «Алтын қор», «Отырар кітапханасы», «Аманат», «Дүние жүзі қазақтарының шығармалары», «Әдеби мемуарлар», «Алаш мұрасы», «Жетінші сөз», «Қазіргі қазақ сатирасы», «Қазіргі қазақ дра-

матургиясы», «Ауыл кітапханасы», «Балдырғандарға арналған әдебиет», «Әлем балалар әдебиеті», «Сардар», «Жас толқын», «Аударма әдебиет», т.б. сериялармен жарық көрген кітаптар қазіргі қазақ әдебиетінің жан-жақты дамып келе жатқандығына көзіңізді жеткізеді. Осы сериялармен қазақ әдебиеті классиктерінің, бүгінгі әдебиет өкілдерінің айтулы шығармалары да оқырмандар қолына жетуде.

Бұлардың барлығы да әдеби құндылықтарды жинақтап, жұртшылықтың кәдесіне жарату бағытында жүргізіліп жатқан шаралар болса, екінші бір бағыт: бұларды ғылыми жағынан игеру, зерттеу саласында да бірсыпыра жұмыстар атқарылды. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әзірлеген он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» сан ғасырлық әдебиетімізді ғылыми тұрғыдан саралап, жұртшылыққа ұсынуы ұлттық әдебиеттану ғылымын биік белеске көтерген, елеулі үлес болып қосылған тарихи іргелі еңбек болды. Қалың оқырманға арналып жазылғандықтан да танымдық сипаты басым.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» академиялық басылым ретінде алпысыншы жылдары (1960–1967) әрқайсысы екі кітаптан тұратын үш том болып шыққан еді. Оның біріншісі ауыз әдебиетіне, екіншісі әдебиет тарихына, үшіншісі кеңестік дәуір әдебиетіне арналған. Үш томдық кеңестік кезеңде жазылғандықтан да коммунистік идеологияның қалпына сыймаған көптеген әдеби жәдігерліктер қамтылмай қалған болатын. Жаңадан шыққан он томдықтың басты құндылығы – мұнда қазақ халқының ғасырлар бойғы рухани дамуында жинақтаған әдеби мұрасының тұңғыш рет тұтастай ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, көпшілікке ұсынылуы.

Он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихының» бірінші томы «Қазақ фольклорының тарихына» арналған. Жалпы бұрынғы зерттеулерде ауыз әдебиеті негізінен жанрлық жүйе бойынша зерттелініп келсе, бірінші томда алғаш рет қазақ фольклорының ұзақ даму жолдары тарихи тұрғыдан қарастырылды. Фольклордың есте жоқ ескі замандарда адамдардың тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімдері барысында пайда болып, кейіннен даму барысында формалық, мазмұндық жағынан жетіле түсіп, қазақ руханиятының асыл қазынасына айналған жолдары көрініс тапқан.

«Ежелгі замандағы рухани мәдениет» үш тараудан тұрады. «Еңбек фольклоры» аталған бірінші тарауда «терімшілік пен аңшылыққа», «мал шаруашылығына» қатысты, «егіншілік жөніндегі» фольклор қарастырылған. Бұлар қазақ ауыз әдебиетінің бастау бұлақтары ретінде алынған.

«Ғұрыптық фольклор» аталған екінші тарау іштей маусымдық-ғұрып, отбасылық ғұрып, магиялық болып бөлінген. Маусымдық-ғұрып фольклорына наурыз мейрамына, қымызмұрындыққа арналған және жарапазан өлеңдері жатқызылған. Ал магиялық фольклорда қазақ ауыз әдебиетінде бұрын-сонды көп қозғалмаған арбау, жалбарыну, алғыс (бата), қарғыс, ант, бәдік, бақсы сарыны сияқты жанрлар алғаш рет ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, талданылған.

Келесі тараудағы «Байырғы фольклорға» миф, хикая, этиологиялық ертегі, қиял-ғажайып ертегі, көне эпос, жұмбақ жатқызылған.

Үшінші бөлім «Орта ғасырлардағы фольклорға» арналған. Оның «Түркі жазбаларындағы фольклор» аталған бірінші тарауында түркі қағанаты, оғыз-қыпшақ, Алтын Орда кезіндегі фольклор сөз болған.

XV ғасырда қазақ хандығы тарих сахнасына шықты. Осы кездерден қазақ халқының төл әдебиеті жасалына бастады. Қазақы тұрмыс-тіршіліктен туындаған хайуанаттар, батырлық туралы ертегілер, батырлар жыры, ғашықтық жырлары, аңыз, әпсана, хикаят, шешендік сөз, тарихи жыр, мақал-мәтел, жаңылтпаштар сөз болған. «Алпамыс», «Қобыланды», «Едіге» сияқты батырлар жыры, «Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз Жібек» секілді ғашықтық жырлары осы тарауда талданылған.

«Жаңа дәуірдегі фольклор» аталған үшінші бөлімде екі тарау бар. Жаңа дәуір дегенде, он сегізінші ғасырдан бергі дәуірді алған. XVIII–XIX ғасырлардағы фольклорды новеллалық ертегі, сатиралық ертегі, аңыз (тарихи аңыз, күй аңыз), тарихи жыр, тарихи өлең, дастан (хикаялық дастан, діни дастан, ғашықтық дастан, әлеуметтік-сүйіспеншілік дастан), лиро-эпикалық (балладалық) жыр, айтыс, лирикалық өлең, қара өлең, әңгіме деп жіктеген. XX ғасыр фольклорындағы 1916 жылғы көтеріліс туралы фольклор, жұмысшылар фольклоры, өлең, жұмбақ, мақал-мәтел, әңгіме жеке тарауларда қарастырылған.

Қазақ әдебиетінің фольклорлық кезеңін жазысуға С.Қасқабасов, Р.Бердібай, Ш.Ыбыраев, З.Ахметов, Б.Ақмұқанова, Б.Әбілқасымов, К.Матыжан, Ш.Керім, Б.Әзібаева, М.Жармұхамед-

ұлы, Б.Уахатов, А.Сейдімбек, Т.Қоңыратбай сияқты белгілі фольклористермен бірге бір топ жас ғалымдар қатысқан. Көлемі 60 баспа табақтық «Қазақ фольклорының тарихы» томы – қазақ фольклористикасының әлемдік деңгейге көтерілген биік өресін байқатқан іргелі еңбек.

«Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томы «Ежелгі дәуір және орта ғасыр әдебиеті» аталады. Бұл кітаптың негізіне Н.Келімбетовтің бірнеше басылым көрген «Ежелгі дәуір әдебиеті» алынған. Сонымен бірге «Қорқыт Ата кітабын» Р.Бердібай мен Ш.Ыбыраев, «Оғыз-нама», «Ахмет Иассауиды» М.Жармұхамедұлы, «Қарахандықтар тұсындағы әдебиет», «Жүсіп Баласағұн», «Махмұт Қашқариды» А.Егеубаев, «Сүлеймен Бақырғаниды» Т.Қыдыр, «Хуастуанифт» әдеби жәдігерін» А.Әлібекұлы, «Ахмет Іүгінекиді» Г.Құрманғали, «Оғыз-қыпшақ заманындағы әдебиетті» А.Әбдірәсілқызы жазған.

«Алтын Орда дәуірі әдебиеті» мен «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» үшінші томды құрайды. Мұндағы Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет те алдағы томдағыдай негізінен Н.Келімбетовтің «Ежелгі дәуір әдебиеті» бойынша түзілген. Ал «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиетті» жазысуға жаңа авторлар тартылған. Олардың қатарында М.Жармұхамедұлы («Сыпыра жырау», «Асан қайғы», «Бұқар жырау», «Шешендер шығармашылығы», «Қазыбек би»), Ө.Күмісбаев («Үмбетей»), Ж.Дәдебаев («Төле би», «Сырым шешен», «Бөлітік шешен»), М.Мағауин («Тәтікара»), Қ.Сыдықұлы («Шалкиіз жырау»), С.Қорабай («Дана Хикар хикаясы», «Доспамбет», «Қазтуған», «Ақтамберді», «Ақтайлақ би»), С.Қосан («Әли», «Жиёмбет», «Әйтеке би»), А.Әлібекұлы («Мысырдағы қыпшақ әдебиеті»), Г.Құрманғали («Марғасқа») бар. Сондай-ақ Алтын Орда дәуірі әдебиетінің кейбір өкілдерін жазуға Ә.Дербісәлі («Мұхаммед Хайдар Дулати»), Р.Сыздықова мен М.Койгелдиев («Қадырғали Жалайыр») қатысқан.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіне 4-ші, 5-ші томдар арналған. Төртінші томдағы «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті», бесіншідегі «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті» аталған негізгі шолу мақаланы жазған – филология ғылымдарының докторы, профессор А.Қ.Егеубаев. Бұл екі том да осы кезде жасаған ақындардың мольна камтылуымен ерекшеленеді. Бұлардың бірсыпырасы әдебиет тарихы секілді академиялық еңбекте тұңғыш рет жеке тарауда қарастырылған.

Төртінші том Көтеш Райымбекұлы (А.Егеубаев), Шал ақын Құлекеұлы (Ж.Ысмағұлов), Қобылан Бөрібайұлы (Ж.Тілепов), Жанақ Сағындықұлы (С.Қирабаев), Абыл Тілеуұлы (Қ.Сыдықов), Түбек Байқошқарұлы (С.Қамшыгер), Сабырбай Ақтайлақұлы (С.Қорабай), Дулат Бабатайұлы (Қ.Раев), Махамбет Өтемісұлы (С.Қасқабасов), Шернияз Жарылғасұлы (Қ.Жұмалиев), Шөже Қаржаубайұлы (Ә.Дербісәлин), Орынбай Бертағылұлы (С.Негимов пен Н.Ахат), Шортанбай Қанайұлы (М.Жармұхамедов), Сүйінбай Аронұлы (С.Қамшыгер), Ұлбике Жанкелдіқызы (К.Ахметова, М.Төлепбергенов), Нұрым Шыршығұлұлы (Қ.Сыдықов) сияқты ақындардың шығармашылықтарына арналған.

Бесінші томда Абай (С.Қасқабасов), Шоқан (З.Ахметов), Ыбырайлармен (Ж.Ысмағұлов) бірге Ақмолла Мұхамедиярұлы (У.Қалижан), Мұрат Мөңкеұлы (Б.Омаров), Базар Өтемісов (М.Жармұхамедұлы), Ақан Қорамсаұлы (А.Нұрқатов), Шәңгерей Бөкеев (З.Ахметов), Мұсабек Байзақұлы (Р.Бердібай), Ақтан Керейұлы (Қ.Сыдықов), Біржан Қожағұлұлы (Е.Ысмайылов), Шәді Жәңгірұлы (Н.Келімбетов), Майлықожа Сұлтанқожаұлы (Ә.Оспанов), Әріп Тәңірбергеноұлы (Б.Ердембеков), Н.Наушабайұлы (Ж.Ысмағұлов), Ә.Найманбаев (С.Қожағұлұлы) сынды ағартушы демократтардың, сал-серілердің зар заман әдебиеті өкілдерінің әдеби мұралары сөз болады.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті ақындарының шығармашылықтары жайлы жазылған портреттік мақалалармен ғана шектеліп қалмай, сол кез әдебиетін зерттеудің әлеуметтік-көркемдік проблемалары да қозғалған. Олар А.Егеубаев жазған «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиетінде» «Жаңа дәуірдегі әдебиет», «Жаңа әдебиеттің тарихи-әлеуметтік алғышарттары», «XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиетінің негізгі сипаттары, басты сарындары», «Әдеби шығармалардың жанрлық-көркемдік сипаттары. Әдебиет және қазақ қауымының әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі», «Заман және ақын-жыраулар, ел мен жер тағдыры және ұлттық әдебиет. Жаңа дәуірдегі әдеби дәстүрдің жаңғыруы», «Жаңа дәуір әдебиетінің көрнекті таланттары, әдебиеттегі саяси ағым белгілері», «Ірі жанрдың ішкі түрленуі», «Жер мен жыр. Ұлттық саяси лирика», ал «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінде» «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ даласындағы қоғамдық-саяси ахуал», «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің негізгі даму сипаттары, басты көр-

кемдік бағыттары мен тақырыптық желілері», «Зар заман әдебиеті», «Әдеби туындылардың ел ішіндегі ықпалы және әдеби байланыстар. Қазақ әдебиеті шығармаларының баспа беттерінде жариялануы», «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің шығыс елдері әдебиетімен байланысы», «Тарихи жырлар мен тарих сабақтастығы», «Жаңа дәуір әдебиетінің ірі тұлғалары және олардың қазақ әдебиетіне әкелген жаңалықтары», «Әнші ақындар. Сал-серілер», «Айтас», «Хикаялық дастандар мен діни дастандар», «XIX ғасырдың екінші жартысындағы ақындар шығармашылығы» түрінде көрініс тапқан.

«Қазақ әдебиеті тарихының» алтыншы томы XX ғасырдың басындағы әдебиетке арналған. Абайдан басталған шын мәніндегі қазақтың жазба әдебиеті осы кезде барлық жанрларда дерлік дамып, идеялық жағынан да көркемдігімен де биік белестерге шықты. Жалпы редакциясын А.Егеубаев басқарған бұл кітаптың негізгі мәселелері «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Абайдың әдеби мектебі» тарауларында көтерілген. Кітапта Ә.Бөкейхан, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғырұлы, С.Дөнентайұлы, М.Дулатұлы, Ғ.Қараш, М.Сералин, М.Ж.Көпейұлы, Ж.Тілепбергенов, Б.Күлеев, Т.Жомартбаев, С.Көбеев, Н.Орманбетұлыларының шығармашылықтары арнайы қарастырылған. «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған поэзия» жеке сөз болған.

А.Егеубаев жазған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде» сол кездің «Әдебиеттану», «Сын», «Драматургия», «Аударма», «Балалар әдебиеті», «Поэзия», «Проза», «XX ғасыр басындағы әдеби байланыс», «Бағыттар мен ағымдар», «1917 жылға дейінгі қазақ әдебиетіндегі цензура» мәселелері нақтылы қарастырылады.

«Абайдың ақындық мектебі» де соңғы деректермен толығымен түскен. Абай салған ақындық мектеп оны жалғастырған өз балалары мен баулыған шәкірттері ыңғайында әңгімеленген.

Қазақ әдебиетінің кеңестік дәуірінің 1917–1940 жылдардағы кезеңіне арналған жетінші томының жалпы редакциясын академик С.Қирабаев басқарған. Осы кітаптың «20–30 жылдар әдебиетін шолуға кіріспе», «20–30 жылдардағы халық поэзиясының дамуы», «20-жылдардағы проза» сияқты негізгі шолу мақалаларды, сондай-ақ «Жүсіпбек Аймауытов», «Сәкен Сейфуллин», «Жамбыл Жабаев» тараулары мен «Кіріспені» де жазған – ол.

Кітапта 20–30 жылдардағы қазақ әдебиеті сала-сала, атап айтқанда «Поэзия» (Б.Ыбырайым, Ә.Нарымбетов), «Проза» (С.Қирабаев, Б.Майтанов, Г.Елеукунова), «Драматургия» (Р.Нұрғали), «Әдеби сын» (Т.Кәкішев, Д.Ысқақұлы) тақырыптары бойынша жіктеліп, сөз болады. Сонымен бірге осы кездің көрнекті әдебиет өкілдерінен Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ж.Жабаев, Н.Байғанин, Иса Байзақов шығармашылықтары іріктеліп алынған.

Осы жерде мына бір нәрсе назар аударады. 2002 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихында» (жалпы редакциясын басқарған академик Т.Кәкішұлы) М.Жұмабаев пен Ж.Аймауытов, ал профессор Ө.Әбдиманұлының «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінде» (2002) Мағжан XX ғасыр басындағы әдебиеттің өкіліне жатқызылса, академиялық тарихта бұл екеуі де кеңестік кезеңнің қаламгері ретінде қарастырылыпты. Бұл жерде алдыңғылардың ақын-жазушыларды әдеби дәуірге жатқызуда негізінен олардың шығармашылықтарындағы басты бағыттар, сарындар басшылыққа алынса, көп томдықта авторлардың хронологияға жүгінгені байқалады.

Сегізінші том 1941–1956 жылдардағы қазақ әдебиетіне арналған. Бұл кезең Ұлы Отан соғысы мен соғыстан кейінгі дәуірді қамтиды. Кітапты жазуға С.Қирабаев («Кіріспе», «Проза», «Әдеби сын», «Сәбит Мұқанов»), З.Ахметов («Мұхтар Әуезов»), Ә.Нарымбетов («Поэма», «Тайыр Жароков», «Қалижан Бекқожин», «Әдеби өмірдің шежіресі», «Әдебиеттер көрсеткіші»), Ш.Елеукунов («Ғабиден Мұстафин», «Әбділда Тәжібаев»), Х.Әдібаев пен Ж.Ысмағұлов («Ғабит Мүсірепов»), Т.Кәкішев («Әдеби сын»), Б.Ыбырайым («Поэзия», «Қасым Аманжолов»), А.Егеубаев («Әдеби байланыстар»), З.Сейітжанов («Қытай мен Моңғолия қазақтарының әдебиеті»), Б.Құндақбаев («Драматургия»), Г.Елеукунова («Проза»), Г.Орда («Ғали Орманов») қатысқан. Осы дәуірдің әдебиеті сала-сала бойынша да, жекелеген жазушыларға арналған портреттік очерктер арқылы да тұтастай қамтылған.

Жиырмамыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің 1960–1980 жылдардағы кезеңін қарастырған тоғызыншы том көлем (60 б.т.) жағынан ауқымды шыққан. Тәуелсіздік алғанға дейінгі дәуірде қазақ әдебиеті барлық жанрларда дамып, біршама жетістіктерге жеткені белгілі. Тоғызыншы кітапта осы кездің әдебиеті жан-жақты сараланып, әдебиет тарихының тұтас бір кезеңі ретінде ғылыми тұрғыдан жүйеге түскен.

«1960–1980 жылдардағы қазақ әдебиетінің» (С.Қирабаев) поэзиясы (Ә.Нарымбетов, А.Егеубаев), прозасы (Ш.Елеуқенов, Т.Сыдықов, Г.Орда, Н.Ақыш), драматургиясы (Б.Құндақбаев), әдебиеттануы мен сыны (Р.Нұрғали) жеке тарауларды құрайды. «Орыс тілді қазақ әдебиеті» (В.Бадиков), «Әдеби байланыстар» (Ж.Ысмағұлов), «Қытай мен Моңғолия қазақтарының әдебиеті» (З.Сейітжанов) арнайы сөз болған.

Кенестік дәуірдің соңғы кезеңіндегі қазақ әдебиетінің І.Есенберлин (Ш.Елеуқенов), Х.Ерғалиев (Н.Ақыш), Ж.Молдағалиев (М.Базарбаев), С.Мәуленов (Б.Ыбырайым), Т.Ахтанов (Ш.Елеуқенов), Қалтай Мұхамеджанов (Б.Құндақбаев), Ғафу Қайырбеков (Ж.Ысмағұлов), Сәкен Жүнісов (Г.Балтабаева), Мұқағали Мақатаев (А.Егеубаев), Шерхан Мұртаза (Г.Орда), Қадыр Мырза Әли (Ә.Нарымбетов), Тұманбай Молдағалиев (С.Қирабаев), Қалихан Ысқақов (Г.Балтабаева), Әбіш Кекілбаев (Г.Орда), Мұхтар Мағауин (Н.Ақыш) секілді өкілдерінің шығармалары жеке-жеке талданылған.

Тоғызыншы томда да өткен томдағыдай «Әдеби байланыстар» мен «Қытай және Моңғолия қазақтарының әдебиетімен» бірге «Орыс тілді қазақ әдебиетіне» де орын беріліпті. Мұнда әдебиетке елуінші жылдары келген Б.Момышұлы, М.Жұмағұлов, алпысыншы жылдарда қосылған Ә.Әлімжанов, О.Сүлейменов, С.Санбаев, Э.Ғаббасов, одан кейінгі М.М.Әуезов, А.Еженова, Ү.Тәжікенова, Б.Б.Момышұлы, Р.Сейсенбаев, С.Бәйменов, Б.Қанапиянов, Б.Қайырбеков, Қ.Бақберген, Ш.Құсайынов, Қ.Қабдырахманов, О.Жанайдаров, А.Жақсылықов, Д.Нақыпов, Х.Бөлекбеков т.б. шығармашылықтары хақында әңгіме қозғалады.

Оныншы том «Қазақ әдебиетінің тарихы. Тәуелсіздік кезеңі» (1991–2001) аталады. Қазақ әдебиетінің егемендік алғаннан кейінгі даму жолдарына сараптама жасалынған бұл кітаптың жазылуына профессор Ш.Елеуқенов жетекшілік жасаған. Әлі көркемдік-идеялық мәселелері айқындала қоймаған осы дәуірдің әдебиеті жайлы жалпы мағлұматтар «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде» деген негізгі тарауда берілген. «Проза», «Повесть, хикаяттар», «Әңгіме», «Деректі әдебиет», «Сатира», «Фантастика», «Лирика», «Поэма», «Драматургия», «Қазақстан халықтарының әдебиеті», «Әдебиеттану», «Әдеби-көркем сын», «Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары» сияқты тарауларда осы дәуірдің әдебиеті жанрлық тұрғыдан да, сала бойынша да жан-жақты талданылады.

Бұл томның алдыңғылардан бір ерекшелігі мұнда жекелеген қаламгерлерге арналған портреттік очерктер жоқ. Олардың шығармалары негізгі шолуда және жанрлық жүйемен құрылған тарауларда қарастырылады. Мысалы «Проза» тарауында Ә.Нұрпейісовтың «Соңғы парыз», Б.Мұқайдың «Өмірзая», Ж.Бектұровтың «Таңба», С.Елубайдың «Мінажат», «Ақ боз үй», Ә.Таразидың «Жаза», Ж.Шаштайұлының «Біздің заманның Аяз биі», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романдары, «Әңгімеде» М.Мағауиннің, Ш.Мұртазаның, Қ.Жұмәділовтың, Б.Нұржекеұлының, Қ.Түменбайдың, Н.Ораздың, Т.Ахметжанның т.б. шағын жанрдағы ізденістері талданылады.

Он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» академиялық басылымының екінші томынан бастап, әрқайсысы библиографиямен қамтамасыз етілген; 4, 5-томдарда қосымша бар. Ал 7, 8, 9, 10 томдарға берілген «Әдеби өмір шежіресінің» әдебиетті зерттеушілерге, әдебиет сүйер қауымға берері мол.

Қорыта айтқанда, «Қазақ әдебиеті тарихының» он томдық академиялық басылымының шығуы рухани өміріміздегі сан ғасырлық қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыдан жүйелеген, әдеби мұраны сын-зерттеу жетістіктеріне сүйене отырып, бүгінгі күн биігінен қайта саралап, бағалаған, ұлттық сөз өнеріміздің шынайы болмысын, өзіндік даму ерекшеліктерін халық тарихымен, мәдениетімен байланыстыра отырып, ұлттық мүдде аясында зерделеген, әлемдік әдебиетке қосар неміз бар, әдеби-эстетикалық деңгейіміз қаншалықты деген сауалдарға жауаптар берілген айтулы оқиға болды. Сонымен бірге, он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» ұлттық әдебиеттің сыны мен ғылымының әдеби дамудың алдында тұрған қандай мәселе болса да көтере аларлық биік өресін байқатып, жеткен жетістіктерін жинақтаған, қорытындылаған іргелі еңбекке айналды.

ТҮЙІН

Қоғамдық өмірдің жеттіге түсуі ондағы сын мен өзара сынның дамуына тікелей қатысты болса, көркем әдебиеттің көркеюі де оның сынымен тығыз байланысты. Қазақ әдеби сынының тарихы есте жоқ ескі замандардағы халықтың рухани қажеттілігінен бастау алып, қоғамның дамуымен бірге дамып, жетіліп, әдебиеттің, оның ғылымының, баспасөздің тоғысқан түйінінде әдеби өмірді зерттеп, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, бағалап, оқырманның көркем әдебиетті дұрыс түсінуіне көмектесіп, келе жатқан әдеби-ғылыми-публицистикалық сипаттағы шығармашылықтың, қоғамдық сананың бір саласы ретінде ұзақ жолдардан өтті.

Қазақ әдеби сынының қайнар көзі ауыз әдебиетінің не бір асыл үлгілерін тудырған халықтық эстетикада жатыр. Сөзді қасиет санап, пір тұтқан, сөзге тұрған қазақ халқының бүкіл рухани өмірінің негізі осы ғасырлар бойы халықтың, уақыттың қатал сынынан өткен әдеби мұрада қаланған десек, артық айтқандық емес. Сөз, өнерлі жайлы айтылған не бір айшықты ойлар ауыз әдебиетінде, көне дәуірдегі жазба ескерткіштерінде, ақын-жыраулардың жырларында жиі кездеседі.

Қоғамдық өмірдің дамуымен бірге білім-ғылым да жетіле түсті. Қазақ арасынан шыққан Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев сияқты ғалым, педагог, ақындардың туындыларында әртүрлі ыңғайда айтылған әдебиет жайлы айтылған құнарлы ойлар баршылық.

Негізінде, сын баспасөз бетінде өмір сүреді. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында шыға бастаған «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» беттерінде қазақ әдебиеті жайлы айтылған пікірлердің сыншылық сипаты анық. Кейіннен «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті қазақ әдеби сынының қалыптасуына тарихи еңбек сіңірді. Осы басылымдарда жарияланған материалдарда әдеби сын жанрлық жағынан да, идеялық жағынан қалыптасып, ұлттық әдеби сынның негізі қаланды. Алашшыл әдеби сын аталған бұл бағыттың аса көрнекті өкілдері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов т.б. жазған сын мақалалар сын өнерінің үлгісіндей күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

1917 жылы Ресейде болған большевиктер төңкеріс жаңа дәуірдің – социалистік қоғам орнатудың басталғанын жариялады. Қоғамдық құрылыспен бірге рухани өмірде де үлкен өзгерістер жүрді. Жаңа заман әдебиетке де, оның сынына да жаңа талаптар қойды. Сөйтіп, көркем әдебиетке социалистік реализм әдісі келді. Тек қана социализм идеяларын, жұмысшы табының қоғамдық дамудың жетекші күш екендігін ғана жазуды талап еткен бұл әдіс бойынша әдебиет бір қалыпқа салынды. Басқаша пікір айтылса, ондай шығарма халыққа жат саналып, авторы қуғынға ұшырады. Ақын қай дәуірде жасаса, сол заманның сойылын соғады деп танылып, өткен ғасырларда өмір сүрген қазақ ақындарының барлығы дерлік, Абайдан бастап, феодализмнің ақыны деп жарияланды. Жаңа заманды, яғни социализмді оның өз ұрпақтары жырлайды деп, өткен кездерде жасалған халықтық сипаты басым асыл сөз үлгілерінің барлығын да тарихтың тастандысына айналдырғысы келді.

Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңінде-жиырмасыншы жылдарында қазақ әдеби сынында әдебиет деген не, ол қандай жолмен дамиды деген сауалдар төңірегінде әдебиеттің ұлттық дәстүр жолында жүруін қолдаушылар мен өткеннің бәрін сызып тастап, социалистік әдебиетті жаңадан, тыңнан жасауды жақтаушылар арасында үлкен айтыстар жүріп өтті. Коммунистік парияның әдебиет саласындағы саясатын жүзеге асыруға тиіс болған ҚазАПП тұсында әдеби шығарманың негізгі көркемдік қасиеттеріне мән берілмей, тек қана идеялық жақтарын қуалаған әсіре солақай социологиялық сындар өріс алып, мұның аяғы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерін қуғындауға апарып соқтырды.

Отызыншы жылдары қазақ әдебиетінің барлық жанрларда дерлік дамып, қалыптасуында оның сыны айтарлықтай роль атқарды. Әдеби сынның өрістей түсуіне әсіресе 1934 жылы өткен Қазақстан Жазушылар Одағының тұңғыш съезінен кейінгі жүзеге асырылған түрлі ұйымдастыру жұмыстары, «Қазақ әдебиеті» газетінің шыға бастауы қолайлы жағдайлар туғызды. Осы кезде қазақ әдеби сыны барлық жанрларда дерлік шапшаң дамып, өзіне жүктелген міндеттерді атқаруда едәуір жетістіктерге жетті. Фольклорлық және әдеби мұраны игеруде де бірсыпыра жұмыстар жасалды. Десек те, бұл кездегі әдеби сын өзінің қызметінде басты ұс-

таным етіп, әдебиеттің партиялығы принципін ұстанып, социалистік реализм теориясының аясында өмір сүрді. Көркем әдебиеттің басты қасиеті оның бейнелілік сипатынан гөрі көтерілген әлеуметтік мәселелерін басты назарда ұстаудың ақыры 1937 жылдың ойранына алып келді. Көркем шығармалардан ұлтшылдық, байшылдық нышандарын іздеген солақай социологиялық сындар соңында қаламгерлерге саяси айып таққан идеологиялық құралға айналды. Қазақ әдебиетінің ұлттық кадрларын әдебиет майданынан аластатып, халықты, оның басты азығы саналатын әдебиетті ұлттық рухынан күшпен айырған осы бір кез тарихта қара әріптермен жазылып қалды.

1941–1945 жылдарды қамтыған соғыс кезіндегі әдеби сын өзінің әлсіздігіне қарамастан өмір сүруін тоқтатқан жоқ. Халық ақындарының шығармашылықтары, батырлар, тарихи жырлар жайында жазылған сын-зерттеулер фашистерге қарсы соғысып жатқан қазақ жауынгерлерінің, елдің рухын көтеруге қызмет етті. Осы кездегі ең бір елеулі оқиға М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының алғашқы кітабының жарық көруі болды. Мұхтардың бұл шығармасын әдеби сын жоғары бағалады.

Соғыстан кейін идеологиялық құрсау қайтадан тарыла түсті. Әдебиетке тікелей қатысты бірнеше қаулы шығып, көркемөнердің партиялығы принципі қатаң талап етілді. Әсіресе Е.Бекмахановтың Кенесары көтерілісіне қатысты зерттеуіне байланысты компартия ұйымдастырған шаралардың барысында қазақ қаламгерлерін, зиялыларын ұлтшылдықпен айыптаған науқан өріс алды. Осы бір қиын кезде әдеби сын тағы да қаламгерлерді саяси жағынан айыптау құралына айналды. Қуғын-сүргін 1953 жылы И.В.Сталин қайтыс болғаннан кейін барып тоқтап, қазақтың рухани өмірінде де «жылылық» туды. Қуғындалған қазақ қаламгерлерінің шығармашылыққа қайта оралуымен бірге әдеби сын да жаңылған жолына қайта түсіп, жандана түсті.

«Жеңген социализм», «Кемелденген социализм», «Қайта құрулар» атанған алпысыншы, жетпісінші, сексенінші жылдарда қазақ әдеби сыны бірқанша табыстарға жетті. Көркем әдебиеттің түрлі теориялық, шығармашылық мәселелері бойынша баспасөз бетінде қызу пікір алысулар жүрді. Сын, зерттеу саласындағы ізденістердің барысында 1960–1967 жылдары үш томдық алты кітаптан тұратын «Қазақ әдебиетінің тарихы» жасалынды.

Әдеби сынның дамуына 1972 жылы СОКП Орталық Комитеті қабылдаған әдеби сын туралы қаулысы кең мүмкіндіктер ашты. Мерзімді басылым беттерінде әдеби сынға көбірек орын берілді. Қазақ әдебиетінің сыны мен ғылымына арналған арнайы басылымдар ашылып, «Уақыт және қаламгер», «Жастар туралы» сияқты сын жинақтары жүйелі түрде шығып тұрды. Сыншылардың сын-зерттеу жинақтары, зерттеулері жиі көрінді. Бұрындары сын саласында тәжірибеде болмаған М.Қаратаевтың, С.Қирабаевтың, Р.Бердібай шығармаларының көптомдықтары жарық көрді. Сыншылардың еңбегіне көңіл бөлініп, олар мемлекеттік тұрғыдан түрлі марапаттарға ие болды.

Сексенінші жылдардың екінші жарымында басталған «қайта құрулар» әдеби өмірге де үлкен жаңалықтар әкелді. Кезінде түрлі саяси айыптаулармен айыпталған А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды алашшыл жазушылармен қазақ халқы қайта қауышты. Олардың шығармашылықтарын бүгінгі күн тұрғысынан тану, халыққа таныстыру, насихаттау жұмыстарында әдеби сын маңызды роль атқарды.

Тоқсаныншы жылдардың басында Ресей империясының шаңырағы қирап, ортасына түсті. Үш ғасырға жуық орыс отаршылдарының боданында болған қазақ халқы тәуелсіздігін алып, азаттықтың ақ жолына түсті. Қазақ әдебиеті өзін ғасырлар бойы тұмшалап, қыспақта ұстап келген социалистік реализмнің, отаршылдықтың тар қамауынан шығып, ұлттық құндылықтар дәстүрінде дамуға қайта оралды. Рухани өмірде қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған фольклорлық, әдеби мұрасын ұлттық мүдде тұрғысынан қайта бағалау басталды. Осы бір аса маңызды мәселені жүзеге асыру әдеби сынның мойнына жүктелді.

Жалпы ұлттық тұрмыс-тіршіліктің, руханияттың өзегі тіл болса, тәуелсіздік тұсында қазақ тілінің жай-күйі қазақ қаламгерлерін көп толғандырды. Әлемдік ауқымда қарқынды жүріп жатқан жаһандандудың әсерінен ұлттық руханияттың, оның негізі саналатын көркем әдебиеттің қоғамдық өмірімізде алатын орнының құлдырап түсіп бара жатқандығын байқап, дабыл қаққан қаламгерлердің мақалалары осы кездегі басылым беттерінде жиі көрінді. Сөз өнерінің әдіснамалық негіздері қандай болуы керек деген сауалға әдеби сын жауап іздеді.

Демократиялық даму жолына түскен қазақ қоғамының рухани мәселелері де ашық талқыланып жатты. Осы жылдарда әдебиет дегеніміздің өзі не, қай бағытта дамуы керек, жаһандану жағдайындағы әдебиеттің жай-күйі, постмодернизм және қазақ әдебиеті деген сияқты дәуірдің өзі ұсынып отырған аса маңызды проблемалар әдеби сында қызу талқыланды. Қазіргі қазақ әдеби сынына еркіндік, батылдық тән. Мұның аяғы кей кездерде артық-кем пікірлердің айтылуына, сынампаздыққа соқтырып, дау-дамайларға ұласып жатады.

Десек те, тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдеби сыны кейбір келеңсіз кемшіліктеріне қарамастан, дәуір талабынан туындаған міндеттерін орындап келеді. Сын-зерттеу саласындағы шығармашылық ізденістердің нәтижесінде өмірге келген екі томдық «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы (2008–2009)», он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» (2004–2008) сияқты күрделі академиялық еңбектердің өмірге келуі қазіргі қазақ әдеби сынының өрелі өресін байқата алады.

РЕЗЮМЕ

Если совершенствование общественной жизни напрямую зависит от уровня развития в ней критики и самокритики, то процветание художественной литературы также тесно связано с литературной критикой. История казахской литературной критики берет свое начало из духовных потребностей народа с незапамятных древнейших времен. Она развивалась, совершенствовалась вместе с развитием общества, исследовала жизнь на перепутье литературы, науки о ней, печатных изданий, таким образом анализировались, оценивались достижения и недостатки литературы. Казахская литературная критика прошла длительный путь в качестве помощника читателя в процессе правильного понимания литературных произведений.

Основным источником казахской литературной критики является народная эстетика, которая породила множество бесценных сокровищ устной казахской литературы. Основу духовной жизни казахского народа, который считал слово священным явлением, чтит его как своего духовного наставника, а верность к сказанному слову осознавал как главный долг своей жизни – все это составляет литературное наследие, выдержавшее самые суровые испытания многих веков, что вовсе не является преувеличением. В образцах устной литературы, древних письменных памятниках, сочинениях акынов и жырау часто встречаются замечательные умозаключения об искусстве слова.

Вместе с развитием общественной жизни совершенствовались наука и образование. Научные и художественные произведения великих просветителей – Ч.Валиханова, И.Алтынсарина, А.Кунанбаева, являющимися выходцами из среды казахской нации, отличаются обилием ценных литературных мыслей, написанных в различных обстоятельствах.

В действительности критика живет на страницах печатных изданий. В размышлениях о казахской литературе, опубликованных на страницах «Газеты туркестанского края», «Газеты степного края», наблюдаются отчетливые признаки критики. После этого периода историческую заслугу в развитии казахской литературной критики оказали журнал «Айкап» и газета «Казак». На материалах, опубликованных на страницах вышеназванных периодических изданий, осуществлялось становление литературной критики, как с жанровой, так и с идейной стороны, формировалась основа национальной литературной критики. Статьи выдающихся представителей этого направления, которое называется алашская литературная критика, А.Байтурсынова, М.Дулатова, М.Жумабаева, Ж.Аймауытова и других в качестве лучших образцов искусства критики до сих пор не потеряли актуальности и научного значения.

Большевистская революция 1917 года в России стала предвестником начала построения нового социалистического общества. Глубокие изменения произошли как в общественном строе, так и в духовной жизни. Новая эпоха выдвигала свои требования и к литературе, и к ее критике. Таким образом в художественную литературу был внедрен метод художественного реализма. С применением этого метода, который требовал пропагандировать только социалистические идеи, руководящую роль рабочего класса в общественном развитии – литература приняла форму однообразия. При господстве такой идеологической установки всякое инакомыслие подвергалось суровому наказанию, произведения, в которых обнаруживались такие идеи, считались чуждыми для народа, авторы таких произведений преследовались. Укоренилось такое мнение, что каждый поэт обязан был быть глашатаем своего времени, вследствие такой идейной установки все акыны, которые жили до победы социалистического переворота, начиная с Абая, причислялись к акынам феодализма. На первых порах существования советской власти, в 20-х годах прошлого века, в казахской литературе вокруг таких вопросов, какими являются: что такое литература, какими путями она развивается – разгорались глобальные дискуссии: часть участвующих в этих дискуссиях поддерживали преемственность национальных традиций в литературе, а другие, наоборот, предлагали все наследие прошлого вычеркнуть, создать новую социалистическую литературу. При КазАППе, которому было поручено претворение в жизнь политики коммунистической партии в области литературы, получила волю социологическая критика левого толка, по требованию которой игнорировались художественные ценности произведений, предпочтения отдавались идейному содержанию, это привело к преследованиям видных представителей казахской литературы.

В 30-е годы прошлого века литературная критика оказывала заметное влияние на развитие и формирование всех жанров казахской литературы. Для развития литературной критики особенно благоприятную обстановку создавали организационные работы, которые были осуществлены после первого съезда Союза Писателей Казахстана в 1934 году, началось издание газеты «Казак әдебиети». В это время казахская литература быстро развивалась во всех своих жанрах, достигла заметных успехов в деле выполнения своих обязанностей.

Огромная работа была проведена в области освоения фольклорного и литературного наследия, но несмотря на эти достижения, в указанное время литературная критика в качестве главной концепции придерживалась принципа «партийности литературы», ограничивалась рамками теории социалистического реализма, чтобы соблюсти принцип «партийности литературы» писатели обязаны были в произведениях поднимать социальные и политические вопросы, а не обращать внимания на художественные свойства произведения, которые являются главным достоянием казахской литературы, в конце концов борьба с инакомыслием привела к репрессиям 1937 года.

В период войны, которая охватила 1941–1945 гг., литературная критика, несмотря на свою слабость, не прекратила свое существование. Творчество народных акынов, критические произведения и исследования героического и исторического эпоса служили мощным стимулом для поднятия духа воинов, которые сражались против фашистов. Самым выдающимся достижением этого времени явилось появление в свет первого тома эпопеи «Путь Абая» М.Ауэзова. Это произведение Мухтара получило высокую оценку литературной критики.

Идеологические оковы особенно заметно сузились в послевоенные годы. В это время было принято несколько постановлений Центрального Комитета Казахстанской Компартии о литературе, в которых строго требовалось соблюдение принципов «партийности» в искусстве. В рамках мероприятий, организованных компартией в связи с научным трудом Е.Бекмаханова о восстании Кенесары Касымова, широкий размах получила кампания обвинения казахских писателей и творческой интеллигенции в национализме. В это трудное время литературная критика опять превратилась в средство политического обвинения писателей. Репрессии прекратились только после смерти И.В.Сталина в 1953 году, это событие повлияло на потепление и в духовной жизни казахского народа. С возвращением репрессированных писателей в творческую деятельность литературная критика стала следовать по правильному пути и бурно развиваться.

В 60–80 гг., когда правящий режим Советского Союза стал называть плоды своей политической деятельности «победившим социализмом», «развитым социализмом», «перестройкой», казахская литературная критика достигла ощутимых успехов. На страницах периодической печати шли горячие дискуссии по различным теоретическим, творческим проблемам художественной литературы. В результате исканий в области критических, исследовательских работ в 1960–1967 гг. увидели свет три тома «История казахской литературы», каждый из которых состоит из двух книг.

Постановление о литературной критике Центрального Комитета КПСС, которое было принято в 1972 году, открыло огромные возможности для развития литературной критики. Благодаря этому на страницах периодической печати литературной критике стало уделяться больше места. Открылись новые издания, посвященные казахской литературной критике и литературоведению, периодически издавались такие сборники литературной критики, какими являются «Литература и писатель», «О молодежи». Часто стали издаваться литературно-исследовательские сборники, исследования критиков. Увидели свет многотомники М.Каратаева, С.Кирабаева, Р.Бердибая, раньше такое явление практически не наблюдалось в области литературной критики. Стало уделяться больше внимания трудам литературных критиков, а многие литературные критики получили со стороны государства различные награды.

Начавшиеся подвижки во второй половине «перестройки» внесли огромные изменения и в литературную жизнь. Казахский народ получил новую возможность пользоваться духовным наследием репрессированных деятелей алашской литературы – А.Байтурсынова, М.Дулатова, М.Жумабаева, Ж.Аймаутова и др. В работе указана важная функция литературной критики, заключающаяся в ознакомлении народа с сутью творчества вышеназванных казахских литераторов с позиции современности.

В начале 90-х годов Российская империя распалась, и на ее месте появились отдельные независимые государства. Казахский народ, который испытывал в течение трех веков униженное подданство, обрел независимость, стал активно укреплять свой суверенитет. Казахская литература освободилась от тесных тисков социалистического реализма, колониализма и возвратилась на путь развития, опираясь на традиции национальных ценностей. В духовной жизни началась переоценка фольклорного, литературного наследия, которое было создано казахским народом в течение многих веков, с позиций национальных интересов. Благородная миссия осуществления этой важной задачи возложена на литературную критику.

Если основой жизни и духовности является язык, то в периоде независимости состояние казахского языка часто волновало деятелей литературы. Замечая, что под влиянием глобализации, которая набирает сокрушительные обороты во всемирном масштабе, место в общественной жизни национальной духовности, литературы, которая является основой духовности, переживает постепенный распад день за днем, казахские мастера слова бьют тревогу, публикуя свои статьи на эту тему на страницах современной периодической печати. Литературная критика стремится определить необходимые методологические основы искусства слова.

Открыто рассматриваются и духовные проблемы казахского общества, следовавшего по пути демократического развития. В последние годы в литературной критике горячо обсуждаются важнейшие проблемы – повестку дня диктует сама эпоха: что такое литература, в каком направлении она должна развиваться, состояние литературы в условиях эпохи глобализации, постмодернизм и казахская литература – вот неполный перечень таких вопросов. Современной казахской литературной критике присущи свобода и смелость. Иногда вследствие этого в обществе возникают необъективные мнения, необоснованные споры.

Несмотря на эти негативные явления, которые являются закономерными в условиях начального периода независимости, казахская литературная критика успешно справляется со своими задачами, возложенными на нее требованиями нынешнего времени. Публикация таких фундаментальных трудов, какими являются двухтомник «История казахской литературоведческой науки» (2005–2009), десяти томник «История казахской литературы» (2008–2010), позволяют обнаруживать перспективные возможности современной казахской литературной критики.

SUMMARY

If the improvement of social life is depended directly on the level of criticism and self-criticism development in it, then the prosperity of literature is also associated closely with the literary criticism. The history of the Kazakh literary criticism originated from the spiritual needs of the people since the dawn of the ancient times. It has evolved, improved with the development of society, to explore the life at the crossroads of literature, science about it, printed publications, thus analyze, evaluate achievements and shortcomings of the literature. The Kazakh literary criticism passed a long way as an assistant to the reader in the process of correct understanding of the literary works.

The main source of the Kazakh literary criticism is folk aesthetic, which spawned many priceless treasures of oral Kazakh literature. The basis of the spiritual life of Kazakh people, who believed the word sacred phenomenon, revered it as their spiritual mentor, and fidelity to the spoken word was conscious as the chief duty of their lives – all of these are literary legacy that has stood the severest tests of many centuries, that is not an exaggeration. The remarkable inferences about the art of words are often found in the samples of oral literature, ancient literary monuments, works of akyns and zhyrau.

Science and education were improved together with the development of social life. Scientific and artistic works of great philosophers – Ch.Valikhanov, I.Altynsarin, A.Kunanbaev which are representatives of Kazakh nation, characterized by an abundance of valuable literary thoughts, written in different circumstances.

In fact, the critic lives on the pages of publications. There are clear signs of criticism in thinking about Kazakh literature published on the pages of «Turkestan newspapers», «Steppe newspapers». After this period, the historic merit in the development of the Kazakh literary criticism had «Aikap» magazine and «Kazakh» newspaper. The basis of national literary criticism was formed on material, published on the pages of the above mentioned periodicals, carried out the formation of literary criticism as with genre, as with the ideological sides. The articles of outstanding representatives of this trend, which is called alashskaya literary criticism, A.Baitursynov, M.Dulatov, M.Zhumabayev, Zh.Aymaulytov and others as the best examples of art critics still have not lost the urgency and scientific value.

The Bolshevik Revolution of 1917 in Russia became a harbinger of the beginning of a new socialist society building. The profound changes have been occurred both in the social order, and in the spiritual life. New era expressed their demands and to the literature, and to its criticism. Thus, in fiction was introduced a method of artistic realism. The literature took the form of monotony using this method, which required promoting only socialist ideas, the leadership of the working class in social development. Any dissent was severely punished, the works with these ideas were considered alien to people, the authors of these works were persecuted under the supremacy of such ideological setting. The opinion that every poet had to be the herald of his time is inculcated, in consequence of such ideological setting all akyns who lived before the victory of socialist revolution, starting from Abaya were considered as the akyns of feudalism. The supporters of this extreme view tried to turn all the best samples of the Kazakh literary heritage, which were created in the past into historical rubbish, referring to the need for glorifying the new era by a new generation.

At the beginning of the existence of Soviet authority in the 1920s of last century, in Kazakh literature around these issues, such as: what is literature, the ways in which it develops – the global debates flared up: the part of participants in these discussions supported the continuity of national traditions in literature, and others, by contrast, offered all the heritage of the past to cross, and to create a new socialist literature. Under the supervision of KazAPP which was entrusted the implementation of the Communist Party policy in literature, the sociological critique of the left sense was received the rights, according to its requirements the artistic value of works were neglected, and preferences to ideological content were given, it led to harassment of prominent representatives of Kazakh literature.

The literary criticism had a significant influence on the development and formation of all genres of Kazakh literature in the 1930s of last century. For the development of literary criticism, the organizational activities created particularly favorable environment that were implemented after the first congress of the Writers' Union of Kazakhstan in 1934, «Kazakh adiebieti» newspaper publishing was

started. At this time Kazakh literature has developed rapidly in all genres, achieved notable success in fulfilling their duties.

A huge work has been done in the development of folklore and literary heritage, but despite of these achievements, at this time literary criticism as a core concept followed the principle of «party literature», confined by the frame of socialist realism theory, writers were obliged to raise the social and political issues in the works to comply with the principle of «party literature», and to ignore the artistic properties of works which are the main asset of Kazakh literature, in the end the struggle with another ideas led to the repression of 1937. This period, which is memorized by the expulsion of national staff of the Kazakh literature from the literary front, the violent rupture of the spiritual food of people – the literature of the national spirit, in the history was marked by black letters.

During the war, 1941–1945, the literary criticism did not cease its existence, despite of its weaknesses. The creative works of national akuns, critical works and researches of the heroic and historical eposes served as a powerful stimulus to raise the spirits of warriors who fought against the fascists. The most outstanding achievement of this period was the emergence of the first volume of «Abai's Way» epic by M.Auezov. This work of Mukhtar was received high praise of literary criticism.

In the postwar years, the ideological shackles narrowed notably. At that time, several decrees of the Central Committee of Communist Party of Kazakhstan on the literature were accepted, which required to follow strictly the principles of «partiinosti» in art. As part of activities was organized by the Communist Party in relation to the scientific work E. Bekmakhanov about Kenesary Kasumov uprising, the company has been received widespread accusations in nationalism of Kazakh writers and art intelligentsia. In this difficult time, the literary criticism again became a tool of political prosecution of writers. The repressions were ended only after the death of I.V.Stalin in 1953, this event contributed to the warming in the spiritual life of Kazakh people. The creative activity of literary criticism began to follow the right path and to flourish with the return of the repressed writers.

In the 1960s–1980s, when the Soviet Union regime began to call its political career fruit «victorious socialism», «developed socialism», «perestroika», the Kazakh literary criticism achieved tangible success. On the periodical press pages were hot discussions on various theoretical and creative problems of fiction. As a result of searches in the critical, research works in 1960–1967 the three volumes of «The history of Kazakh literature» appeared, each of which consists of two books.

The decree on literary criticism of the Central Committee of the CPSU, which was adopted in 1972, has opened enormous opportunities for the development of literary criticism. Thanks to these on pages of periodical press to literary criticism has been given more space. The new publications devoted to the Kazakh literary criticism and the literary criticism were opened, such collections of the literary criticism, what are the «Literature and Writer», «About young people» were published from time to time. The literature and research collections, studies of critics were often started to publish. The multivolume of M.Karataeva, S.Kirabaeva, R.Berdibaya were published, before such a phenomenon was hardly observed in the field of literary criticism. More attention to the writings of literary critics has been paid, and many literary critics have received various awards from the state.

The progress in the second half of «perestroika» made huge changes in the literary life. Kazakh people got a new opportunity to enjoy the spiritual legacy of repressed personalities of alashskoy literature – A.Baitursynov, M.Dulatov, M.Zhumabayev, J.Aimautov, etc. In this paper we give an important function of the literary criticism is to familiarize people with the essence of creativity of Kazakh writers from modern position mentioned above.

The Russian empire collapsed in the early 1990s, and on its place there were separate independent states. Kazakh people, who suffered humiliating citizenship for three centuries, gained its independence, became to strengthen actively their sovereignty. Kazakh literature liberated from the tight grip of socialist realism, colonialism, and returned to the path of development, based on the traditions of our national values. In the spiritual life began reappraisal of folklore, literary heritage, which was created by Kazakh people for many centuries, from the position of national interests. The noble mission of realization of this important task was entrusted to the literary criticism.

If the foundation of life and spirituality is the language, in the period of independence the state of Kazakh language was often troubled by writers. Noting that under the influence of globalization, which is gaining devastating momentum in the global scale, the place in the social life of their national spirit, literature, which is the foundation of spirituality, is experiencing a gradual decay, day

after day, the Kazakh masters of words sound the alarm by publishing their articles on this topic on pages of contemporary periodicals. Literary criticism seeks to identify the necessary methodological foundations of art expression.

The spiritual problems of the Kazakh society are discussed openly, followed the democratic development path. In recent years, in the literary criticism is debated hotly critical issues – the era dictates the agenda: what is literature, in what direction should it develop, the state of literature in the globalization era, postmodernism and Kazakh literature – these are incomplete list of such questions. Modern Kazakh literary criticism, freedom and liberty are inherent. Sometimes, in consequence of this biased opinions, unreasonable arguments are appeared in the society.

Despite these negative phenomena, which are regular in the initial period of independence, the Kazakh literary criticism copes successfully with their tasks, was entrusted to it by the requirements of the modern era. The publications of such fundamental works, what is the two-volume «History of the Kazakh literary science» (2005–2009), ten-volume «History of the Kazakh literature» (2008–2010) is permitted to detect long-term possibilities of the modern Kazakh literary criticism.

ÖZET

Toplumsal hayatın gelişmesi tenkit sanatının gelişmesiyle direk bağlantılı ise edebiyatın gelişmesi de tenkit sanatı ile direk bağlantılıdır. Kazak edebiyatının eleştiri tarihi eskilerden başlayarak toplumun gelişmesiyle beraber gelişerek edebiyatın, ilmin, yayının birleştiği yerde hayatı araştırıp, eksiklikleri ile fazlalıklarını araştırıp, değerlendirip okurların edebiyatı doğru anlamalarına yardımcı olarak edebi – ilmi – yayınsal çalışmaların, toplumsal bakışın bir dalı olarak uzun yol katetti.

Kazak edebi tenkidinin kaynağı sözlü edebiyat örneklerini oluşturan halk kültürünün temelindedir. Ağızdan çıkan söze önem veren kazak halkının manevi hayatı asırlarca devam eden bu edebi mirasımızda dersek fazla olmaz. Söz sanatıyla ilgili derin düşüncelere sözlü edebiyatımızda, eski devirlerdeki taş yazılarda, şairlerin şiirlerinde rastlamak mümkündür.

Toplumsal hayatın gelişmesiyle ilim de gelişti. Kazak ünlülerinden Ş.Ualihanov, I.Altınсарin, A.Kunanbayev gibi aydınların eserlerinde de edebiyatla ilgili kaydedeğer fikirleri bulabiliriz.

Edebi tenkid basın yayımla hayat bulur. 19. asrın ikinci yarısında çıkmaya başlayan «Türkistan vilayeti» gazetesi, «Dala vilayeti» gazetesinde Kazak edebiyatı ile ilgili yazılan yazıların eleştirisel yönü vardır. Sonradan «Aykın» dergisi ile «Kazak» gazetesi Kazak edebi tenkidinin oluşmasına neden oldu. Bu gazete dergilerde yayınlanan makalelerde edebi tenkid dalı tür olarak da düşünce olarak da gelişerek temelleri atıldı. Alaşçı edebi tenkid olarak bilinen bu dalın önemli temsilcileri A.Baytursunov, M.Dulatov, M.Cumabayev, vs. Yazdıkları eleştirel makaleleri günümüze kadar değerini kaybetmedi.

1917 yılında Rusyada gerçekleşen bolşevik devrim yeni bir devrin, yani sosyalist bir toplumun oluşacağına başlangıcı idi. Toplumsal değişikliklerle beraber milli hayatımızda da büyük değişiklikler meydana geldi. Yeni sistem edebiyata ve tenkide yeni şartlar koydu. Böylece edebiyata sosyal realizm yöntemi uygulandı. Sadece sosyalizm fikrini yaymaya, işçilerin toplumsal gelişmenin ana gücü olduğunu yazmaya zorlayan bu sistem edebiyatı tek bir yolda yürümeye zorladı. Bunun dışında fikir beyan edenler sürüldü. Şair yaşadığı dönemin taraftarıdır diye tanılıp eskide yaşayan tüm Kazak şairleri, Abay'dan başlayarak, feodalizm şairi olarak ilan edildi.

Yeni dönemi yani sosyalizmi kendi nesli şiirleştirecek düşüncesiyle eskide yazılan tüm eserleri tarihe gömmek istediler. Sovyetler birliğinin ilk yıllarında edebiyat nedir, nasıl gelişmeli gibi konular etrafında edebiyatın milli olması gerekir diyenlerle eski edebiyat üzerine bir sed çizerek her şeyi sosyalizme uygun olarak yeniden yapmalıyız diyenler arasında büyük bir tartışma meydana geldi. Komünist partinin edebiyat alanındaki politikasını gerçekleştirmekle sorumlu kurum edebiyatı sadece ideolojik yönden değerlendirdiği için Kazak edebiyatının büyük şahsiyetlerini sürmekle uğraştı.

Edebi tenkid 30. yıllarda edebiyatın tüm türlerinde gelişerek edebiyat türlerinin gelişmesine sebep oldu. Edebi tenkidin gelişmesine 1934 yılında yapılan Kazakistan Yazarlar Birliğinin ilk kongresinden sonra gerçekleştirilen değişik faaliyetler, «Kazak edebiyatı» gazetesinin yayına başlaması sebep oldu. Bu dönemlerde Kazak edebi eleştirisi tüm türlerde hızlı gelişerek, görevini üst düzeyde gerçekleştirdi. Folklor ve milli mirasımız üzerinde de çok çalışmalar yapıldı. Gene de bu dönemde edebi tenkid prensip olarak sosyalist realizm teorisinin çemberinde faaliyet gösterdi. Edebi eserleri edebi yönüyle değil, toplumsal meselelerini konu etmesi yönüyle incelemeleri sonucu 1937 yılındaki faciaya sebep oldu. Edebi eserlerden milliyetçiliğin izini arayan solcu sosyalistlerin eleştirileri yazarlara siyasi suçlamalarda bulunacak ideolojik kurala dönüştü. Kazak edebiyatının ünlü şahsiyetlerini edebiyattan uzaklaştırmakla halkı milli ruh bakımından besleyen edebiyattan zorla ayırması tarihe kara harflerle yazıldı.

1941–1945 yıllarında devam eden savaş şartlarının zorluklarına rağmen edebi tenkid zayıf kaldı ama yaşamını yitirmedi. Halk şairlerinin şiirleri, kahramanlık ve tarihi destanlarla ilgili yazılan yazılar faşistlerle savaşmakta olan askerlerin ve halkın moralini yükseltmeye hizmet etti. Bu dönemdeki önemli olaylardan biri de Muhtar Auezov'un «Abay yolu» romanının birinci cildinin basılması idi. Muhtar'ın bu eserini edebi tenkid takdire değer buldular. Savaştan sonra ideolojik baskı artmaya başladı. Direk edebiyatla ilgili birkaç karar onaylandı ve edebiyatın parti prensiplerine uyması talep edildi. Özellikle E.Bekmahanov'un Kenesarı başkaldırmasıyla ilgili yaptığı araştırmaları sonucu Komünist Partinin Kazak aydınlarını milliyetçilikle suçlaması yaygın hale geldi. Bu zor dönemde edebi tenkid aydınlara siyasi suç atma konusunda alet olarak kullanıldı. Sürgünler 1953 yılında

İ.V.Stalin öldükten sonra durakladı ve halkın milli, manevi hayatında bir «ılıklik» meydana geldi. Sürülen Kazak aydınlarının edebiyata yeniden dönmeleriyle beraber edebi eleştiri de saptığı yoldan geri dönüp canlılık kazandı.

«Galip sosyalizm», «Kemalermiş sosyalizm», «Yeniden yapılandırma» gibi 60. 70. 80. Yıllardaki dönemlerde edebi tenkid büyük başarılarla imza attı. Gazete ve dergilerde edebiyatla ilgili değişik konularda tartışmalar meydana geldi. Eleştiri ve edebiyat alanındaki araştırmalar sayesinde 1960–1967 yıllar arasında altı kitaptan meydana gelen üç ciltli «Kazak edebiyatının tarihi» adlı kitap basıldı. 1972 yılında merkez komitenin edebi tenkid ile ilgili kararları büyük imkanlara yol açtı. Gazete ve dergilerde edebi tenkidlere büyük önem verildi. Kazak edebiyatının eleştirisine ve araştırılmasına önem verilerek «Zaman ve yazar», «Gençler hakkında» gibi yayınlar sistemli bir şekilde basıldı. Eleştirmenlerin çalışmaları sık sık gazete ve dergilerde yayınlanmaya başladı. Eleştiri alanında tecrübe edinmemiş M.Karataev, S.Kirabayev, R.Berdibay'ların birkaç ciltli eserleri yayımlandı. Eleştirmenlerin çalışmaları takdir edilerek devlet ödülleri kazandılar.

80. yılın ikinci yarısında başlayan «yeni yapılandırma» sistemi edebiyata büyük yenilikler getirdi. Vakti zamanında değişik siyasi suçlamalarla idam edilen A.Baytursunov, M.Dulatov, M.Gumabayev, C.Aymautov gibi yazarların eserlerine halkı yeniden kavuştu. Onların eserlerini günümüz açısından değerlendirme, halka tanıtmaya ve yayma adına edebi tenkid büyük işler yaptı. 90. yılların başında Rusya imparatorluğu yıkıldı. Üç asır boyunca Rusların esiri olan Kazak halkı bağımsızlığına kavuştu. Kazak edebiyatı asırlardır üzerinde olan baskıdan kurtularak milli değerler doğrultusunda gelişmeye başladı. Kazak halkının milli değerlerini taşıyan edebi eserlerini tekrar ele alıp değerlendirdiler. Bu görevi de edebi tenkid üstlendi.

En büyük milli değerimiz dilimiz olduğu için aydınları en çok düşündüren de bu mesele oldu. Hızlı yayılmakta olan küreselleşme ve edebiyatın değerinin kaybolmaya başlaması aydınların gazete ve dergilerde bu konuya eğilmelerine sebep oldu. Edebiyat nasıl bir metod uygulamalı sorusuna edebiyat eleştirmenleri cevap aradı.

Demokratik sisteme giten toplumun da toplumsal meseleleri gündemden düşmedi. Bu yıllarda edebiyat nedir, hangi yönde gelişmeli, küreselleşme durumunda edebiyatın durumu nasıl olur, post-modernizm ve Kazak edebiyatı gibi asrın sunduğu problemler tenkid alanında tartışmalar oluşturdu. Günümüzdeki eleştirmenler cesur ve hürdür. Bu durum bazen aşırılıklara ve dolayısıyla da tartışmalara sebep oluyor.

Gene de bağımsızlık kazandıktan sonraki edebi tenkid bazı aksaklıklara rağmen görevini yerine getiriyor. Eleştiri ve araştırma alanındaki çalışmalar sonucu basılan iki ciltli «Kazak edebiyatını araştırmanın tarihi» (2005–2009), on ciltli «Kazak edebiyatının tarihi» (2004–2008,) gibi çaplı çalışmaların meydana gelmesi günümüzdeki edebi eleştirinin önemini vurgular.

评论

社会的进步与文学批评写作当然要遵循一般写作的规范，但文学批评的特殊性决定了这一写作门类具有其独特规定性。哈萨克文学批评史的创作，同样，古老的精神文明的发展史分不开的。文学写作的语言表达而言，与一般应用文学写作的语言程式化不同，也与文学创作的语言个性化追求不同，文学批评的语言运用有其自身的规定性。一方面，批评写作的语言具有科学性，也就是在专业术语的运用上要遵守概念内涵的明确性、语言表达的准确性、说理推论的逻辑性。

哈萨克文学批评在其发展过程中形成了自己的民族特色的欣赏概念系统，如古代文论中的意境、兴味、风骨、虚静等，哈萨克民族心理的突出表现，在世世代代流传到如今是不可区别开来基础。现代文论中的形象、典型、风格、文本、情结等，只有哈萨克民间文学的基础上恰当选择运用这些术语，才能使文学批评规范化，具有学术性。

除了社会的迅速发展之外，科学也日益发展。哈萨克文学史上具有代表性的人物有瓦里哈诺夫，阿里丁萨林，库南巴耶夫等学者也谈到了文学批评的对象毕竟是以文学作品为核心的写作活动。

所以，批评写作还要注意语言的艺术性，它的生存环境是媒体。十九世纪初出版的“土耳其斯坦州报”，“草原报”等报刊上发表了很多人批评性文章。后来，在“阿里卡普”杂志和“哈萨克报”

上为批评和文学评论为目的的作品

大量刊登，这也是为了作品的完善以及对作品的更深入了解，是一个提升和发现的过程，理论的渗透是为了更方便地言说作品，而不是将作品完全地拆解开来印证某种理论。因而，“阿拉士”观点的代表人物中拜吐尔孙，杜拉托夫，朱马拜耶夫，艾毛托夫等著名的批评家，在批评的写作中做到语言的科学性和艺术性的融合。如今还能得到赞赏。

1917年后原苏联十月革命的胜利和社会主义时代的逐步建立，对文学的内容带来改天换地的变化，对文学有了新的要求。就形成了社会主义现实主义为新的方法。当时的文学批评对旧的观点进行史无前例的攻击，对阿拜的作品评价也是一律否定，认定为反动观点的代表作，他的作品都有旧社会的影音来对待的错误认识。

社会主义时代的作品都有该时代的烙印，它的主要特点是对文学不需要审美观和文学艺术的高度的要求，反而，思想和宣传为主题写作的内容来衡量的歪曲文学批评的本来面目。

1934年“哈萨克文学报”的创刊，对哈萨克民族文学有了新的开拓，在此年代的作品大量描写了阶级和批判封建思想为主题的内容较多，为此，该年代对哈萨克文学史来说一个黑暗的年代。因为，当时的左倾思潮的影响，对深渊历史意义的哈萨克民族精神财富进行了不可挽救的毁灭和摧残。

1941\1945年间的哈萨克文学评论，因爆发二次世界大战而未停顿下来，一直坚持了他的发展过程。当时，搜集了大量的历史诗词和历史文献，反战文学得到了空前提高。木合塔尔，阿瓦左夫完成了他的名著“阿拜之路”长篇小说的写作。文学品论对他的作品进行了大量的评价。

以后的六十，七十年代和八十年代到九十年代在文学品论和文学批评带来很多有利条件，呈现出很多文学批评家和文学批论学者，成长一批卡拉塔耶夫，别尔德巴耶夫等文学批评家和学者。

在文学批评对接受者的影响，从文学批评与接受者的关系，文学批评可以帮助接受者深入理解作品，对接受者的文学价值观念具有重要的影响与塑造作用方面做出了理论性转变。说明了文学批评是加深接受者与作品沟通的桥梁。文学作品是一种审美的精神产品，它本身具有的价值只有在消费、接受过程中才能得以实现，也就是说作品首先要为读者所理解的观点。

哈萨克斯坦独立后不管文学批评遭到一些阻挠和障碍，在大体上有了很大的发展。文学批评和文学研究方面有了很有影响力的研究著作，例如，“哈萨克文学概论史”上，下（2005\2009年），“哈萨克文学史”一至十卷（2004\2008年）等作品的出版发行，可以说明在当代哈萨克文学批评新阶段的开始。

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
---------------	---

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1. Әдеби сынның қайнар бастаулары	4
2. Көне дәуірдегі әдеби сын	5
3. Ағартушы-демократтардың әдеби ой-пікірлері	11
4. Баспасөз және әдеби сын	16
5. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы әдеби сын	19
6. «Айқап» пен «Қазақтағы» әдеби сын	25
7. Алашшыл әдеби сын	37

КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕГІ ӘДЕБИ СЫН

1. Жаңа заман-жаңа талап	53
2. Әдебиет туралы айтыстар	62
3. ҚазАПП-тың қызметі	73
4. Тұрпайы әлеуметтік сындар	78
5. Әдеби өмір және сын	92
6. Сын жанрларының дамуы	95
7. Теориялық ізденістер жолында	115
8. Әдеби фольклорлық мұра және сын	135
9. Сындағы саяси сорақылықтар	158
10. Соғыс кезіндегі әдеби ахуал	191
11. Соғыстан кейінгі әдеби сын	203
12. Зобалаң	214
13. «Жылымық» жылдарындағы әдебиеттану	252
14. «Жеңген социализм» тұсындағы әдеби сын	276
15. «Кемелденген социализм» тұсындағы әдеби сын	302
15.1. Әдеби сынға қамқорлық	303
15.2. Жанрлардың жаңғыруы	309
15.3. Әдебиет проблемалары	323
15.4. Тіл – әдебиеттің негізі	339
16. «Қайта құрулар» кезеңі және әдебиет	345
16.1. Сын туралы сырласу	346
16.2. Сындағы соны ізденістер	352
16.3. Суреткер сыны	372
16.4. Сынның көркем жанрлары	378
16.5. Суреткер сымбаты	387
16.6. Әдебиет дегеніміз – тіл	391
16.7. Әдебиет тарихын шолғанда	397

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ СЫН

1. Ұлттық тіл, руханият мәселелері	406
2. Әдебиеттің қоғамдағы орны	413
3. Сөз өнерінің әдіснамалық мәселелері	423
4. Проза проблемалары	429

5. Қаламгер мерейі	433
6. Тарихты таразылағанда	440

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

1. Жаңа ғасыр көгіндегі қазақ руханияты	444
2. Сын туралы сын	462
3. Әдебиет жайлы ойласақ... ..	469
4. Ойлар, проблемалар	477
5. Әдеби айтыстар, дау-дамайлар	482
6. Проза пайымдары	498
7. Өлең өңірінде	517
8. Поэзия хақындағы өнімді ойлар	528
9. Өлең туралы ойласу	535
10. Аударма ажары әдеби байланыстар	543
11. Қорытынды орнына	557
Түйін	565
Резюме	568
Summary	571
Özet	574

ЫСҚАҚҰЛЫ Д.
ӘДЕБИ СЫН ТАРИХЫ

Оқу құралы

Редакторы
Ұлан Еркінбаев

Тех. редакторы
Санат Төребайұлы

Корректоры
Самат Төрекүл

Теруге 12.12.2011 жылы берілді.
Басуға 27.04.2012 жылы қол қойылды.
Пішімі 70x100/16. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі Times New Roman.
Шартты баспа табағы 48,75. Есептік баспа табағы 50,5.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № ?????.

Біздің мекен-жайымыз:

Алматы қ., Алатау ауд., Молодежная көшесі, 11-үй.
Электронды адресіміз: tanbalykz@gmail.com
Қалта телефондары: +7 701 710 21 94; +7 701 232 90 57; +7 700 492 87 48